



МУХТАР АУЕЗОВ



ЭНЦИКЛОПЕДИЯ





# МУХТАР ӘУЕЗОВ

---

## ЭНЦИКЛОПЕДИЯ



АЛМАТЫ  
2011

# МУХТАР ӘУЕЗОВ

---

## ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

### Бас редакторы

С. ҚАСҚАБАСОВ

### Бас редакция мүшелері:

Ж.ӘБДІЛДИН

М.М. ӘУЕЗОВ

Б. ЖАҚЫПОВ

С.З. ЗИМАНОВ

Ә. КЕКІЛБАЕВ

Ә.Т. ҚАЙДАР

С.С. ҚИРАБАЕВ

М.А. ҚҰЛ-МҰХАММЕД

**Р. НҰРФАЛИ**

Е. РАХМАДИЕВ

Р. СЫЗДЫҚОВА

Б.ЖҰМАҒҰЛОВ

И. ХАСЕНҰЛЫ (жауапты редакторы)

АЛМАТЫ  
2011

# МУХТАР ӘУЕЗОВ

---

## ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

### Бас ғылыми кеңесші

М. МЫРЗАХМЕТҰЛЫ

### Бас редакция алқасы:

Б.Қ. МАЙТАНОВ (төрағасы)  
Н.Е. АҚБАЙ (арнайы редакторы)  
Р. ӘБДІҒҰЛОВ  
Т. ӘКІМ  
Т. ЖҰРТБАЙ  
Т. ИБРАГИМОВ  
Д. ҚОНАЕВ  
С.С. ҚОРАБАЙ  
Р.А. ҚҰЛ-МҰХАММЕД  
Б. ҚҰНДАҚБАЙҰЛЫ  
Ә.Б. ПІРМАНОВ



АТАМҰРА

УДК 821.0 (031)  
ББК 83.3 Қаз я 2  
М 86

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ  
«ӘУЕЗОВ ҮЙІ» ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ  
«АТАМҰРА» КОРПОРАЦИЯСЫ

М 86 МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ. – (Бас ред. С. Қасқабасов; ред. алқасы: Б. Қ. Майтанов, Н. Е. Ақбай, Р. Әбдіғұлов т.б.). – Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011. – 688 бет + 48 бет түрлі түсті жапсырма.

ISBN 978-601-282-175-8

«Мұхтар Әуезов энциклопедиясында» ұлы жазушының өскен ортасы, шығармашылық бай мұрасы, поэтикасы, дәстүр-тағылымы бар қырынан қамтылған. Кітапта суреткердің өмір жолын бейнелейтін фотошежіреге мол орын берілген.

УДК 821.0 (031)  
ББК 83.3 Қаз я 2

ISBN 978-601-282-175-8

© «Атамұра», 2011

## АЛҒЫ СӨЗ

«Мұхтар Әуезов энциклопедиясын» баспаға әзірлеу мәселесі алғаш ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойын дүниежүзілік деңгейде атап өту туралы ЮНЕСКО шешіміне (1994) орай ойластырылған болатын. Жеке тұлғаға арнап «Абай» энциклопедиясын шығару кезінде тәжірибе жинақтаған Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының ғылыми институттары мен республиканың жоғары оқу орындарының, мұхтартанумен шұғылданып жүрген ғалымдары, әдебиет, тіл мамандары, жазушы, журналистер, тарихшы-этнографтар, өнер қайраткерлері осынау аса күрделі еңбектің сөзсізбесін құрастыруға тартылды. Бұл іске 1996 ж. «Атамұра» баспасы жанынан құрылған «Мұхтар Әуезов редакциясы» (редакция меңгерушісі Н. Ақбай) басшылық жасады. Ұлы суреткердің өсіп-өнген ортасы, шығармашылық бай мұрасы, дүниетанымы, эстетикасы, поэтикасы, қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірлері, дәстүр-тағылымы туралы мәселелерді жан-жақты баяндауды көздеген сөзсізбеге енгізілетін терминдер (мақала аттары) мынадай тақырыптар бойынша жинақталды: 1) М. Әуезовтің шығармалары; 2) М. Әуезов шығармаларындағы тарихи кейіпкерлер немесе олардың прототиптері; 3) М. Әуезов және әдебиеттану ғылымы; 4) М. Әуезов және абайтану ғылымы; 5) М. Әуезов және тіл білімі; 6) М. Әуезов және Шығыс әдебиеті; 7) М. Әуезов және Батыс әдебиеті; 8) М. Әуезов және орыс әдебиеті; 9) М. Әуезов және туысқан халықтар әдебиеті; 10) жазушының дүниетанымы мен көзқарастары; 11) М. Әуезов және өнер; 12) М. Әуезовтің өскен ортасы; 13) жазушы шығармаларын зерттеушілер; 14) М. Әуезов шығармаларының аударылуы (аудармашылар); 15) М. Әуезов оқыған, біліп-зерттеген, шығармаларында атаған, еңбектерін пайдаланған белгілі тарихи адамдар, хандар, билер, шешендер, ғалымдар; 16) жазушының туған-туысқандары, дос-жарандары, жолдас-жоралары; 17) М. Әуезовке қатысты географиялық атаулар. Осындай негізгі тақырыптар бойынша жасақталған сөзсізбеге Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының ғылыми институттарында, бірнеше жоғары оқу орын-

дарында талқыланып, әдебиет зерттеуші ғалымдардың сарабынан өткізілді. Сөйтіп болашақ энциклопедияның сөзсізбесіне 3 мыңдай атау енгізілді. Оны әзірлеуде М. Әуезовтің 12 томдық (1967–69) және 20 томдық (1979–85) шығармалар жинақтары, сондай-ақ 50 томдық академиялық толық жинағының жарық көрген 46 томы (1997–2010) негізге алынды.

Энциклопедияның авторлары – негізінен мұхтартану мәселесімен, әдебиетпен шұғылданып жүрген белгілі ғалымдар, зерттеушілер, ақын-жазушылар, журналистер, филологтар. Энциклопедия белгілі әдебиет зерттеуші ғалым академик З. Ахметовтың «Әуезов әлемі» атты кіріспе мақаласымен ашылады. Қазіргі кезде М. Әуезов мұрасын зерттеп жүрген ғалымдармен қатар, кезінде абайтану мен мұхтартану ғылымына зор үлес қосқан, бүгінде тарихқа айналған А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Қ. Жұбанов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Т. Әлімқұлов, А. Нұрқатов, Ә. Жиреншин, Л. Әуезова, З. Кедрина, Е. Лизунова, Н. Смирнова, Ғ. Сағди, А. Әуезов т. б. еңбектері де ескерілді.

Томға М. Әуезовтің қаламынан шыққан туындыларының баспа бетін көргендері, сондай-ақ қолжазба күйіндегі еңбектерінің бәрі дерлік енгізіліп, тиісінше ғылыми сипаттама жасалды. Әуезов көптеген шығармаларын екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде қатар жазған немесе өзі орысшаға тікелей аударып жариялаған. Энциклопедияда ондай еңбектердің қазақша атауы алдымен, одан кейін орысша аты таратылып берілді. Сондай-ақ мақалаларды жазу барысында бірлі-жарым болмаса, қысқартулар қолданылған жоқ. Тек қана энциклопедиялық талапқа орай, әр термин атауы өз мәтіні ішінде, сонымен бірге М.О. Әуезов есімі барлық жерде қысқартылып (Ө.) алынды.

Ұлы жазушыға арналған энциклопедияны әзірлеуде «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының, Абайдың Семей қаласындағы әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының, М.О. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры мұражайының материалдары пайдаланылды.

## ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ

*Зәки Ахметов*

Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі, 20 ғасырдағы қазақ халқының ұлттық ой-санасының, сөз өнерінің, көркем прозасының асқар биігі. Ол – теңдесі жоқ суреткер жазушы, драматург, ғұлама ғалым – әдебиет зерттеуші, ұлағатты ұстаз, ірі қоғам қайраткері.

Әуезов 1897 ж. 28 қыркүйекте қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Қасқабулақ мекенінде туып, балалық шағы көшпенді ауылда өтті. Оның бала жастан байқағаны, алған әсерлері қазақ патриархалдық-феодалдық қоғамына тән әлеуметтік, отбасы салт-ғұрпы бар ауыл өмірімен тығыз байланысты болды. Бұл жылдары Мұхтар өзара жауласқан топтардың арасындағы барымта т. б. кескілескен шайқастар үстінде қаза болған, не кемтарлыққа ұшыраған ер дауы (құнын төлеу, айып кесу), қосағынан айрылған жесір дауы немесе қалыңмал беру, көп әйел алу сияқты әдет-салттарды берік ұстанған ескі ауыл өміріне жақсы қанықты. Болашақ жазушы ұлы Абай өз шығармаларында сонша терең әрі жан-жақты суреттеген сол кездегі қазақ қоғамының өзіндік сипаты мол, қайшылыққа толы өмір-тұрмысын көзімен көрді. Сол жылдарда байқаған, танып-білген жәйттерінің көбісі кейін оның шығармаларынан көрініс тапты. Қазақ сахарасындағы көзі ашық, алдыңғы қатарлы адамдар мәдениетке, білімге ұмтылатын. Жас Мұхтар Семей қаласында медресе, онан соң 5 сыныптық орыс мектебінде, ал 1915–1919 ж. мұғалімдер семинариясында оқып, білім алады. Ол осы кезде қазақтың жыры, жырау ақындарының өлең-жырларымен, сондай-ақ орыс жазушыларының шығармалармен де таныса бастайды. Шығыс, еуропа ақындарының жыр, дастандарына да көп үнілді. Көркем әдебиетке деген ынтасы күннен-күнге күшейіп, жазушы болмаққа ықыласы ауады. 1917 ж. семинарида оқып жүрген кезінде, халық аңызы бойынша «Еңлік – Кебек» пьесасын жазады. Бұл қазақ ұлттық драмасының қарлығашы еді. Кейін жазушының жаңартуы, жетілдіруі нәтижесінде, пьеса қазақ драма театрының сахнасынан құрметті орын алды. Пьеса екі жас – Еңлік пен Кебектің бір-біріне деген шексіз махаббатын баяндайды. Алайда патриархалдық-феодалдық қоғамның салт-ғұрыптары мен қағидалары, ескілікті жақтаушы күштер олардың жолында асу берместей болып, кесе-көлденеу тұрады. Өз тағдырларын өздері шешкісі келген Еңлік пен Кебекті өлім жазасына кеседі. Ө-тің бұл алғашқы елеулі туындысы негізгі оқиғаларының шыншылдығымен, бас кейіпкерлерінің сом-

дап соғылған тұлғасымен, тамаша мөлдір тілімен ерекше әсер етеді. Пьесадан сондай-ақ драматургтың халық шығармашылығына көзқарасы, аңыз-әңгімелердің рухын, негізін сақтай отырып, дамытып, жаңарта білетін шеберлігі айқын көрінеді. Осы пьесасы мен 1921 ж. жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесі арқылы Әуезов өзінің жазушылық ерекше дарынын айқын танытты. Осы жылдарда ол Семейде, Орынборда әр түрлі қызмет істей жүріп, Алаш партиясының көсемдері Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов т. б. белгілі әдебиет, мәдениет қайраткерлерімен жақындасты. «Абай» журналын шығаруға ат салысып, қоғамдық өмірдің, әдебиет пен мәдениеттің алға қойған әеру мәселелерін талқылауға қатысты. Қоғамдық өмірге белсене араласқан Ө-ке жазушы болумен қатар, қоғам қайраткері, саяси күрескер болуға тура келді. Бөкейханов, Байтұрсынов, Дулатов сынды алаш көсемдері, халықтың еркіндік алуын, мәдениетке, өнер-білімге деген ықыласын арттыруды туғып ұстап, «Оян, қазақ!» деп ұран тастаған қозғалыс, олардың азатшыл, демократияшыл идеялары Ө-тің өмірлік мақсат-нысанасын белгілеуіне тірек болды. Абай дәстүрін жаңа дәуірде ұластырып, өрістеткен алаш көсемдерінің, әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің ел тағдыры, егемендігі, рухани еркіндік үшін, ғылым-білімге, озық мәдениетке қол жеткізу үшін күресі жас Мұхтардың қанаттандырды. Алашорда қайраткерлері өкімет орындарынан, ресми саясаттан ығыстырыла бастаған соң, 1922 жылдан бастап Ө. саяси қызметтен бой тартып, көркем шығармашылық жолға бар күш-қуатын жұмсады. Қоғамдық құрылыс күрт өзгерген аумалы-төпелі заманда, алаш ұранды қайраткерлердің өрісі тарыла бастаған кезде, саясаттан гөрі әдебиет саласында қызмет ету туған халқы үшін де, өзі үшін де әлдеқайда өнімді, келешегі зор іс болатынын тез түсінді. Бұл Ө-тің көрегендігі еді. Ол 1923–26 ж. «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» т. б. әңгімелерін, «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз» пьесаларын жазды. Әдеби шығармашылық ісімен айналыса жүріп, білімін толықтырып, тереңдетіп, ғылымды игеруге ден қойды. 1923–28 ж. Ленинград университетінде оқып, тіл және әдебиет факультетін бітірді. Одан кейін Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып, шығыс фольклоры бойынша маманданды. Ө-тің суреткерлік шеберлігі көбінесе әңгіме жанрынан игеру үстінде қалыптасты. «Қорғансыздың



күні», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?», «Ескілік көлеңкесінде», «Жетім», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» секілді әңгімелерінің қай-қайсысынан да жазушының ауыл өмірін, елдің тұрмыс-жайын, әдет-ғұрпын жетік білетіні айқын танылады. Әсіресе оның барған сайын суреткерлік, баяндаушылық шеберлігі арта түсіп, сан түрлі адамдардың мінез-ерекшелігін, психологиясын, ойлау-сөйлеу мәнерін тап басып, тани білетін көрегендігі мен сезімталдығы назар аударды. Сол замандағы қоғамдық өмірде орын алған көптеген мәселелерді – ауыл адамдарының өмір-тұрмысы, күн көрісі, үйлену, үй болу, құдаласу, күйеу келу, қыз көру сияқты ескі әдет-ғұрыптар, оқыған жігіттердің мінезі, іс-әрекеттері – осының бәрі адамгершілік идеяларынан – әйелдің бас бостандығы, әділеттікті жақтау тұрғысынан ашық көрсетілді. «Қыр суреттері» аталған үш әңгімеде шынайы қылқалам шеберінің қолымен салынғандай бедерлі сурет бар. Бірақ бұл суреттер – қимыл-қозғалысқа толы жанды суреттер. Бірінші сурет: жаздың бір жайлы кезіндегі ауыл өмірінің сырт көрінісі: өзен жағасында жылқы аралап жүрген еркектер, ойнап-күліп, әзілдесіп жүрген қыз-келіншектер тобынан бөлініп шыққан ақ көйлек, қара қамзол киген сұлу қыз, солардың ішінен әсіресе көз тартатыны – жігіттің қолындағы қыранын ұшырып, қаз ілдіргені. Екінші сурет: ақтүтек болып, ұйтқып соққан боранның ызғары кішкене үйдің іргесінен өтіп, долы желдің ысқырығы естіліп тұрғандай. Азамат баласы мен келіні өлген кемпір-шалдың сүзек болып, демі бітіп, үзілгелі жатқан жас баланы – немересінің жанында сарылып отырған қалпы. Осы суретте өзгеріс, қимыл-қозғалыс та байқалмайды. Тек екі бейшараның аянышты халі әбден санамызға сіңгендей. Баланың өмірі таусылып, жарығы сөнді деген соңғы сөздер ғана селт еткізіп, жанашырлық сезімін күшейте түседі. Үшінші сурет: бейуақыт мезгіл, қалың қар, қатты боранда алпысқа келген көрі шалға тиіп, өмірін қайғы-шермен өткізуден бас тартып, қашып келе жатқан жас жесір әйел. Ат әкелмекші болған бауыры оны суыққа тоңып, талып жығылып жатқан жерінен тауып алады. Әйелдің жай-күйін қысқы даланың сусты, суық көрінісінен де анық аңғарғандаймыз. Саяси қызметтен бас тартып, бірыңғай әдеби шығарма жазуға, әдебиет тарихын зерттеуге ойсықан кезде Ө. әдебиетшіге де саясаттың шырмауынан шығу қиын екенін ұға білді. Ұлтшыл деген айып тағылып, 1930–32 ж. тұтқынға ұсталған ол 1932 ж. өзінің «қателерін» мойындап, ашық хат жазуға мәжбүр болды. Ол хат орталық газетте жарияланды. Алайда жазушы өзінің бұрынғы жазғандарын сын көзімен бағаласа да, «Хан Кене», «Қилы заман» сияқты шығармаларынан шынымен бас тартқан жоқ. Бұларда жазушы отаршылдықты әшкерелеп, халықтың басына түскен ауыр жағдайды тебірене бейнелегені белгілі. Кейін мүмкіндік туғанда, «Хан Кененің» қазақша екі нұсқасын қолынан өткізіп, орыс тілінде үшінші нұсқасын жазып шыққаны және тегін емес. Бұл кезеңде жазушы колхоз құрылысы туралы әңгімелер жазып, ауыл өміріндегі өзгерістерді көрсетуге назар салды. Еңбек адамдарының бизнесін суреттеп, олардың адамгершілік қасиеттерін нақтылы сипаттап беруді мақсат етті. Жазушының шығармашылық өсуіндегі елеулі кадам ретінде Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліске арналып 1934 ж. жазылған «Түңгі

сарын» атты пьесасын атауға болады. Ө. көтерілістің тууы мен бүкіл барысын реалистік түрде суреттеп, империалистік соғыс жылдарында қазақтарды соғыс майданындағы қара жұмысқа алуға қарсы стихиялық күрестің бірте-бірте жергілікті ел билеуші болыстар мен патша өкіметі шенеуніктерінің езгісі мен зорлығына қарсы бағытталған қуатты халықтық қозғалысқа айналғанын көрсетеді. Суреткер өктем саясатпен есептесуге мәжбүр болса да, амалсыз кенсе де, шығарма жазғанда ылажсыз шындыққа жүгінген. Тегінде ұлы жазушы қандай да қатып қалған теориялық принциптің тері шеңберінде қалып қоймайды. Халқының арғы-барғы тарихын терең білетін, орыс және еуропа әдебиетімен, шығыстан, түркология саласындағы іргелі ғылыми еңбектермен жақсы таныс, ой-өрісі мейлінше кең Ө-тің идеологиялық таяз түсініктерге, жасанды принциптерге сын көзімен қарай алғаны дау тудырмаса керек. Өйткені жазушының танымы мен талғамы, өмір шындығын, адамның мінез-құлқын, психологиясын тап басып, тани білетін көрегендігі мен сезімталдығы оны ешқашан жасандылыққа жібермейтіні хақ. Ө-тің жылдар бойы тарихқа терең бойлауы да, бір жағынан, халықтың тағдырын арғы заманнан бастап, терендеп түсіну мақсатынан туса, екінші жағынан, кеңестік дәуірдің саясаты мен идеологиялық қағидаларынан – стереотиптерінен алысырақ тұруды көздегендік екені де рас. Ал оның тарихи тақырыпқа баруының тамыры тереңде жатыр. Тұңғыш көркем туындысы «Еңлік – Кебек», одан кейін жазылған «Хан Кене» мен «Қилы заман» сияқты шығармаларынан да, «Айман – Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды» драмаларынан да мұны анық байқаймыз. Бұлардың кейбіреуі ел арасында кең тараған, бұрыннан белгілі сюжетке жазылса, «Хан Кене», «Қилы заман» тарихта болған нақтылы оқиғаларды арқау еткен. Біріншісінде патша өкіметінің отаршылық саясатына халық наразылығын негізінен бір ғана эпизод – Кенесарының көтерілісінің сәтсіз аяқталуы арқылы көрсетсе, екіншісінде отаршылдыққа қарсы ұзақ жылдар бойына үзілмей келе жатқан күрестің ең бір өршіген тұсын – 1916 жылғы халық көтерілісін толық, әсерлі бейнелейді.

Ал Ө-тің ұлы Абаймен рухани жақындығы қазақ әдебиетінің биік шыңға көтерілуіне игілікті әсерін тигізді. Ө. Абай арқылы қазақ елі тарихының эпопеясын сомдады. Ал Абайдың өмірі мен әдеби мұрасына келсек, Ө. аған ерте кезден-ақ зер салған. 1918 ж. ол «Абай», 1925 ж. «Таң» журналдарында ұлы ақынның шығармаларын «Абайдың Әбдрахман деген баласы өлгенде жоқтап айтқан өлеңдері», «Абайдың кейбір өсиет сөздері» деген атпен бастырғанды. Арada жылдар өткен сайын Абай мұрасына жазушы тереңірек үңіле бастады. Енді сарыла зерттей бастаған Абай заманы мүлде жоқ болып, келмеске кеткен тарих емес-тін. Ол замандағы өмір салтын, тұрмыс қалтын қанша тамырына балта шауып, жоқ қылуға әрекет жасалып жатса да, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана-сезімді, ұлттық менталитетті түп-тамырымен жойып жіберу мүмкін емес еді. Сондықтан кеңестік дәуірдегі өзгерістерді толық түсіну үшін өткен заманның шындығын білу қажет болды. 30-жылдары Абай мұрасына әрқилы баға беріліп, қым-қиғаш пікірлер айтылып жүргенде, ақынның ұлылығын, қалдырған

мұрасының аса құндылығын тани білгені Ө-тің кемегерлігі еді. Ол Л. Соболевпен бірігіп жазған «Абай» трагедиясын 1940 ж. Мәскеуде бастырды, кейін ұлы ақынның өмірін бейнелейтін опера либреттосын, киносценарий жазды. «Абай» трагедиясында ақын өмірінің соңғы кезеңі бейнеленген. Мұнда Абай – халықтың ортасынан шыққан ең таңдаулы адамдардың қамқоршысы, халық мүддесін жақтайтын күрескер, өнер-білімді уағыздаған өнерпаз ақын, әнші жастардың тұтас бір ұрпағының тәрбиешісі. Пьеса біздің көз алдымызға үлкен ойшыл, прогресс пен мәдениет жолындағы күрескердің алып тұлғасын елестетеді. Ондағы Абай бейнесінен адам характерін терең аша алатын жазушылық шеберлік айқын аңғарылады. Ө. бұл трагедияға дейін Абай жайында роман жазуға бел байлайды. 1937 ж. жазылған «Татьянаның қырдағы өні» атты үзінді болашақ романның тарауы ретінде жоспарланған еді. Жазушы өз шығармасын Абайдың ұлы Пушкинмен рухани жақындасуын көрсетуден бастаған. Бұл автордың ойынша романның негізгі идеясын айқындайтын өзекті тақырыптардың бірі болатын. Кейін баспасөзде жарияланған «Татьянаның қырдағы өнін» оқушылар жылы қабылдады. Көп ұзамай Ө. өз ойын жүзеге асыруға тікелей кірісті. Алғашқыда романаға «Телқара» деген ат бермекші еді. Автордың мөлшерлеуінше роман 3 кітаптан құралмақшы. Алайда жұмыс барысында оның шеңбері кеңейтіле түсті. Ө. әуелі 2 кітаптан тұратын «Абай», одан кейін мұның жалғасы ретінде тағы 2 кітаптан тұратын «Абай жолы» романын жазды. Алғашқы екі кітаптан тұратын «Абай» романы үшін жазушыға КСРО Мемлекеттік сыйлығы беріліп, 4 томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы жарық көргеннен кейін Лениндік сыйлықтың лауреаты атанды. Абайдың заманы, өмірі мен өнерпаздық, қайраткерлік, ұстаздық өнегесі жайында кесек көркем шығарма жазуға Ө-тің мол дайындығы бар еді. Бұл жазушының дүниетанымы, ойшылдығы тереңдеп, кемеліне келген, суреткерлік шеберлігі шыңдалып, әбден жетілген кез болатын. Өңгіме, постерінде-ақ қоғамдық өмірдің қайшылықтарын терең ашып көрсететін, кейіпкерлердің мінезін, психологиясын айқын сипаттайтын көркемдік баяндау тәсілін толық игерген-ді. Ал драмалық шығармаларында өмірдегі, адамдардың қарым-қатынастарындағы шиеленіскен конфликт, қақтығыстарды кейіпкерлердің сөзі (монологы), оларды сөйлестіру (диалог) арқылы ұтымды, ширақ түрде жеткізу тәсілдерін қолдануда да айрықша тапқырлық таныта алған. Өрине бүгін бір тарихи дәуірді, бір халықтың ұлттық өмір-салтын, көптеген оқиғаларды, сан алуан кейіпкерлердің бейнесін, іс-әрекетін, бір-бірімен қарым-қатынасын ұлы ақын, ойшыл, ұстаз Абайдың өмір жолымен ұштастыра суреттеу үшін мүлде жаңа, тың көркемдік шешімдер тауып, ұлттық көркем прозада зор жаңашылдық таныту қажет еді. Мұның бәрі өмір шындығына терең бойлап, тарихи шындықты бүгінгі заманның талғам-танымына үйлестіріп, жалпы адамзаттық түбегейлі мүдделермен сабақтастырғанда ғана іске асатынын жазушы жақсы сезінді. Өзінің дарындылығы, ойшыл-даналығы, халықтың тілек-арманын, тарих тағылымын терең ұға алатын білгірлігі арқасында Ө. алдына қойған осы мақсатына жетті.

Біздің назарымызды көбірек аударуға тиіс мәселе – Ө-тің ұлы Абаймен рухани жақындығы, жалғастығы. Мұның өзі – дүние жүзі әдебиетіндегі айрықша құбылыс. Кесек, кең тынысты, сан миллион оқырмандардың жүрегіне жол табатын көркем шығарма арқылы Абайды әлемге әйгілеу үшін Ө. қандай қажет болса, Ө-тің дүние жүзі мәдениетінің биігіне көтерілуіне Абай мұрасы, Абайдың өнерпаздық, ойшылдық дәстүріндей үлкен тірек сондай қажет еді. «Абай жолы» эпопеясы уақыт сынынан мүдірмей өтіп, адамзаттың ақыл ойы, көркемдік даналығы туғызған ең үздік, ең таңдаулы шығармалардың қатарынан орын алды. Эпопеядағы Абайдың тұлғасы, қай жағынан алсақ та, халықтың тағдырымен тамырлас, ажырамас бірлікте көрінетін, әлем әдебиетіндегі аса ірі көркем бейне. Сонымен бірге ол – жазушының өмір бойы жинақтаған саналы ой-түйіндерінің, ақыл-сезім кенінің қорытпасы, көркемдік ойының, суреткерлік шеберлігінің асқар шыңы. Ө. айналадағы өмірді, дүниеболмсты, кейіпкерлердің психологиясын, табиғатты суреттегенде, бейнелі түрде айтсақ, «темірге тіл, жаңқаға жан бітіреді». Нағыз классиканың суреткерлік шеберлігі деп соны айтамыз. «Абай жолы» қазақ өмірінің энциклопедиясы деп тегін айтылмаған. Эпопеяда қоғамдық өмір жан-жақты, кең қамтылғаны талассыз. Өрине эпопея елдің тарихы мен тұлғасы-салтының көл-көсір көп суреті ғана емес. Сол өмірдің философиясы мен поэзиясы да, әр түрлі топтардың іс-әрекеті, талас-тартысы арқылы ашылатын ұлттық психологияның, ұлттық менталитеттің де көрінісі. «Абай жолы» – жай ғана тарих емес, көркемдік ойдың көрігінен өткен, сомдап бейнеленген өмір шындығы, халықтың тағдыры, өткені мен келешегі жайындағы терең толғаныс. Қоғамдық мәселелерді толғайтын жазушы – ойшыл, тарихи жанрда жазса – тарихтанушы, сан алуан адамдардың қарым-қатынасын, мінезін, құлқын, іс-әрекетін терең ашып көрсете алса, ол сонымен қатар психолог. Сондықтан біз эпопеяда тарихи шындық, өмірдің философиясы мен поэзиясы ұштасқан дейміз. Тарихи тақырыпқа жазылған шығарманы бағалағанда, әдебиеттің теориясы тұрғысынан қарасақ, үш түрлі көркемдік уақыт мөлшерін есте тұту шарт. Бірінші, эпопеяда бейнеленген Абай заманы – тарихи уақыт. Екінші, эпопеяның жазылған уақыты – Ө. заманы, бұл да бүгінгі біздер үшін – өткен шақ. Үшінші, бүгінгі оқырмандардың, сын айтушылардың заманы – солардың позициясын, дүниетанымын, көзқарасын белгілейтін уақыт мөлшері. Осы үш түрлі уақытқа үш түрлі өлшем қажет десек, оларды ұштастыру кімге де болсын оңай емес. Ал ұштастыра білмей пікір айту, өрине, ағаттық. Алдымен Абай заманы туралы таным-түсінігіміз толымды ма? Ол заман қатал заман, қараңғы түнек орнаған заман деген стереотиптік ұғымдар кеңес дәуірін көтермелеу үшін айтылған. Ал кеңес дәуірі туралы әркілі пікірлер әлі де бір арнаға түсіп, тиянақты сипат таппай келеді. Осыны ескере отырып, заманына қарай таным-білігін мойындасақ, әркімнің зердесіне сай түсінік-түйсігі болатынын мойындаймыз. Тағы бір айқындай түсетін жай – эпопеяда қазақ халқының жарты ғасырлық тарихы қамтылған деген пікірге қатысты. Жарты ғасыр – тек Абайдың, басты қаһарманның өмір жолымен шектелген уақыт шеңбері. Ал көркемдік уақыттың шеңбері одан әлдеқайда кең, ақымды. Жазушы қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өмір

салтын, тұрмыс қалпын, оның ең жоғарғы сатысына жеткен кезеңін, яғни бір кезеңін көрсету арқылы толық, айқын елестете алған.

«Абай жолы» эпопеясының *абайтану* саласындағы зерттеулер үшін құндылығын кең мағынасында, яғни Абайдың тұлғасын, өмірі мен өнерпаздық жолын тереңдеп түсінуге әсері жағынан да, сонымен қатар нақтылы мәселелерге қатысты жағын да айтуға болады. Мысалы, эпопеяда Абайдың кейбір шығармаларының жазылу тарихи немесе Абай өлеңдерінің, әндерінің әр түрлі ортада айтылуы, жұртқа таралуы, тыңдаушылардың оларды қалай қабылдап, қандай әсер алатыны сияқты бірталай жайлар нанымды суреттелген. Жазушының осындай тұстардағы пайымдаулары зерттеушілерге ой салады, бұл мәселелерге көңіл аударуға себепші болады. Ал жалпы халықтық мүдделер тұрғысынан келгенде, «Абай жолы» эпопеясының ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді, ана тілімізді өркендетудегі орасан зор рөлін баса айтуымыз қажет. Ізденіске, күреске толы «Абай жолы» – бұл Абайдан кейінгі қоғамдық ой алыптарының жүрген жолы. Бұл – елдің елдігін сақтап қалу үшін, халықты мәдениетке, прогреске жеткізу үшін, ұлттық әдебиет пен өнерді дамыту үшін күрес жолы. Абай мұрасының аса зор қоғамдық мәнін жан-жақты терең ашып көрсетуге Ә. саналы өмірінің бәрін дерлік жұмсады, тек 4 томдық көркем туынды «Абай жолы» дәуірнамасын жазуға 20 жылға таяу уақытын арнады. Абай мұрасын ұзақ жылдар бойы сарылып зерттегенде де, «Абай жолы» эпопеясын қажымай-талмай іздене отырып, сомдап шығарғанда да, Ә. үнемі идеологиялық күрестің ортасында жүрді. Абайға, оның тұлғасына, әдеби, рухани мұрасына, қазақ тарихындағы алатын орнына өз көзқарасын, бүгін тұжырымын дәлелдеп, әр түрлі бұра тартқан, жала жапқан қатаң сындарға тойтарыс берумен болды. Ар жағын айтпағанда, Кенесары бастаған патша үкіметіне қарсы қозғалыс 1837–47 ж. түгелдей феодалдық-монархиялық сипат алды, яғни ол қазақ феодалдары мен ақсүйектерінің жоғын жоқтады, халық мүддесіне мүлде қарама-қайшы деп саналып, осы қозғалыс туралы жазған адамдар қатты сынға ұшыраған кезде Мұхтар Өуезовтің ертеректе «Хан Кене» атты пьесасын жазғаны, Кенесары мен Наурызбайды жырлаған Нысанбай сияқты ақындарды жерден алып, жерге салып, олардың бұл тақырыпқа барғаны кешірілмес күнә, саяси қате деп бағаланады. Кенесарыны әшкерелеуден басталған бұл науқан бұрынғы ақындардың мұрасына қатаң сын пікірлер айтумен жалғасты. Сол жылдары Абай шығармаларына қатысты кейбір мәселелер төңірегінде айтыстар бел алған тұста Ә-ке «байшылдық, ұлтшылдық көзқарасты уағыздаған» деген сияқты айып тағуға жол берілді. Және соны дәлелдеу үшін Абайдың ақын шәкірттері туралы әр түрлі таяз, біржақты пайымдаулар айтылды. 1950 ж. жарық көрген «Ақын аға» романында Абайдың ұстаздық өнегесі, айналасындағы ақын шәкірттерінің образы жан-жақты, толық бейнеленген еді. Ғалым-жазушының абайтану саласындағы зерттеулері мен Абайдың өмір жолын суреттейтін көркем шығармасының идеялық тұжырымы негізінен бір. Осы жағдайларды ескерсек, жаңағы айтылған қызыр, біржақты сындар Ә-тің тек ғылыми зерттеулеріне жалған шабуыл ғана емес, Абай туралы жазылған алғашқы екі кітабы талай тілдерге аударылып, атағын әлемге әйгілей бастаған жазушының солар-

дың жалғасы саналатын «Ақын аға» романына жасалған шабуыл еді. Үстем саясатқа қарсы тұру қиын екенін, сол саясаттан саңылау тауып, соған табан тіреп, айтылған пікірлерді мүлде есепке алмауға болмайтынын әбден түсінген Ә. «Ақын аға» кітабын тез арада өңдеп, көп жерін өзгертіп, қайтадан жазып, 1952 ж. «Абай жолы» деген атпен басып шығарды (бұл кейін 4 томдық «Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабы болды). Бұл айтылғандардан анық байқалатын жай – Абай мұрасын түрліше бұрмалаудан, солақай көзқарастан аршып алу – Ә. үшін өз басын қорғау емес, халық мүддесін жоқтау, ұлы Абайды арашалау мақсатында жүргізілген ымырасыз идеологиялық күрес еді. Осы мақсатты кездеген ол үлкен роман-эпопея, салмақты, ірі зерттеу еңбектер жазумен қатар, ондаған ғылыми мақалалар бастырды, баяндамалар жасады, студенттер мен аспиранттарға өзінің көп жылғы зерттеулері негізінде абайтану саласы бойынша арнаулы курс оқыды. Әрине абайтанудың бастамасы, қайнар бұлағы әріде жатыр. Абайдың өмірбаянына тірек боларлық алғашқы деректерді берген Кәкітай Ысқақұлы, сол деректерге сүйене отырып, ұлы ақынның шығармашылық өмірбаянын қысқаша баяндап берген Ә. Бөкейханов болатын. Абайдың әдеби мұрасының зор қоғамдық, тарихи-әлеуметтік, көркемдік мәнін ашып көрсеткен А. Байтұрсынов, М. Дулатов және кейінірек соларға ілесе шыққан талай әдебиет, мәдениет, қоғам қайраткерлері тағы бар. Алайда мұның бәрі Абай шығармашылығын зерттеудегі алғашқы қадамдар болатын. Ал Ә-ке келсек, оның абайтанудағы орны бөлек, ол абайтануды дербес ғылым саласы деңгейіне көтерді, осы ғылыми-зерттеу саласының кең мағынасында негізін салды, зерттеу бағыт-бағдарларын, принциптерін анықтады, абайтанудың жүйелі, біртұтас ғылыми тұжырымдамасын жасады. Ә-тің абайтану саласындағы еңбектерінің ғылыми маңызы зор екенін мойындай отырып, оның әдебиет тарихын кең көлемде қарастырып, көптеген ақын-жыршылар туралы құнды пікірлер түйгенін айту қажет. 1927 ж. жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде Ә. халықтың салт жырлары мен тарихи өлеңдеріне, батырлар жырлары мен ғашықтық жырларға, айтқын өлеңдері мен ертегілерге тыңғылықты талдау жасады. Сонымен қатар бірталай көрнекті ақындардың шығармашылығына лайықты баға берді. Шортанбай шығармашылығы, әдебиеттегі орны 40–50 жыл бойы әр сақпа жүгіртіліп, қымқиғаш пікірлер айтылып келген еді. Ал Ә. кезінде ақынның шығармашылық бағыт-бағдарын, идеялық мазмұнын негізінен дұрыс, әділ бағалаған. Ал Шортанбайды дұрыс бағалау соған үндес, бірақ талай жыл даулы болып келген Мұрат, Дулат секілді ақындарға да салауатты жол ашты. Ә. сол кездің өзінде-ақ әдебиет тарихының «Қазақ мектебінде ана тілінің іргесін нығайтып, толық білім беру үшін» қажет екенін жете түсінді. «Әдебиет мектеп ішіндегі ақыл, сезім тәрбиелеп, қалыптап жетілуден басқа, оқушыға қазақ деген елдің өткендері мен бүгінгі пішінін танытуға керек» деді. Аталған кітапта шолу түрінде айтылатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырлары кейінірек, 1948 ж. жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбектің фольклорға арналған 1-томында (редакциясын Ә. басқарған) ғылыми тұрғыдан терең баяндалған, бұл жыр-

лардың тарихи мәні, көркемдік сипаты, жанрлық ерекшелігі айқын көрсетілген. Бұл орайда Ә-тің, мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры туралы оның барлық нұсқаларын мұқият зерттеу негізінде қорытынды пікір айтағыны көңіл аударды. Айтыс туралы сөз қозғағанда, «Біржан мен Сараның айтысына» ерекше тоқталады. Кейінірек жазған бір зерттеуінде ақындар айтысының ерекшелігін ашып көрсетіп, Жамбылдың өлең-жырды суырып салып айту шеберлігін, импровизаторлық өнерін өте жоғары бағалады. Ал Ә-тің қазақ ертегілері туралы еңбектерінде ертегілерді жүйелеп, жанрға бөлуі, әрқайсысының басты сипаттарын ашып беруі зерттеушілерге бұл бай мұраны тереңдеп тексеруге жол ашты. Ұлы жазушы ескі аңыз-ертегілерді, эпостық жырларды зерттегенде, Қорқыт, Асан Қайғы сияқты түркі тілдес, туыстас халықтарға ортақ тұлғалар жайында пікір толғағанда, қазақ әдебиетінің, поэзиясының түп төркіні өріде, көне дәуірде жатқанына, тамыры бірнеше мың жылдарға тереңдейтініне ерекше назар аударған. Зерттеушінің қазақпен туыстас өзбек, түрікмен т. б. түркі тілдес халықтарға ортақ «Манас», «Көрұғлы», «Алпамыс» секілді көне мұраларға айрықша назар аударғаны да тегін емес. Қырғыздың «Манас» эпосын Ә. арнайы тексеріп, көлемді ғылыми-зерттеу жазды. 50-жылдарда «Манас» туралы қым-қиғаш пікірлер айтылып, жырды солқақ сының соққысынан сақтап қалу қажеттігі туғанда, Ә. асқан біліктілікпен «Манас» жырының нағыз халықтық ұлы туынды екенін дәлелдеп берді. Ә-тің бұл еңбегін қырғыз ағайындар жоғары бағалап, үнемі атап айтып келеді. 1995 ж. «Манас» жырының 1000 жылдығы тойланғанда, одан бұрынырақ ұлы манасын Саяқбай Қаралаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған мереке жиындарда Ә-тің «Манас» эпосын зерттеуге, насихаттауға қосқан үлесі айрықша аталды.

Ал Абайдан бастау алатын жана дәуір әдебиеті туралы еңбектерінде Ә. қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысына үлкен мән берді. Абайдың орыс классиктерінің шығармаларын аударуы, Пушкинді қазақша сөйлету мәселесі Ә. еңбектерінде тыңғылықты зерттелді. Қазіргі замандағы әдебиет туралы сөз қозғағанда, Ә. халықтар арасындағы әдеби байланыстардың нығаюы, аударма теориясы сияқты мәселелер төңірегінде аса құнды пікірлер айтты. Әдебиеттану ғылымы саласындағы аса құнды, іргелі зерттеулері оған филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін және профессор атағын беруге негіз болды. Ол 1946 жылы құрылған Қазақ КСР-і Ғылым академиясының алғашқы академиктерінің бірі болды. Атақты ғылым, ұлағатты ұстаз ұзақ жылдар бойы Қазақ мемлекеттік университетінде (қазір әл-Фараби атындағы) фольклор, абайтану, Орта Азия халықтарының әдебиеті пәндерінен дәріс оқып, маман-әдебиетшілер, журналистер дайындау ісіне зор үлес қосты. Сонымен Ә. мұрасының екі асқар шыңы бар дейміз, бірі – көркем шығармаларының ұшар биігі «Абай жолы» да, екіншісі – ғылымдағы ұшар самғауы абайтануда жатыр.

Ә. өмірінің соңғы жылдарында бүгінгі заманға арналған «Өскен өркен» атты шығармасын жазды. Мұнда ол замандастар өмірін әр қырынан суреттеді. Оқиға желісі біресе қалада, біресе совхозда жалғасады. Автор интеллигенция өкілдерін бейнелеп, шопандар, мақташылар, құрылысшылар өмірі-

нен де айқын елес береді. Жазушы өз шығармасында моральдық проблемаларды нық қойды. Романның басты кейіпкері бір облыстың саяси басшысы Нил Карповқа тән қасиеттер – шексіз адалдық, жалпыға ортақ іске жан-тәнімен берілгендік, адам өміріне үңіле қарап, әр нәрсені бағдарлай алатын байсалдылық, халық алдындағы міндет-борышын мемлекеттік тұрғыдан түсіне білушілік. Жазылып бітпеген романында жазушының Нил Карповты қазақ тілін, мәдениетін білуге өте ықыласы етіп көрсетпек болғаны да көңіл аударарлық. Ә-тің театр және кино өнері, әдебиет тарихы мен фольклор, әсіресе абайтану, көркем аударма саласындағы өлшеусіз еңбегімен қатар, ана тілімізді байытуға қосқан үлесі аса зор. Ана тілінің жай қатынас құралы ғана емес екенін, ана тілін білмейтін адамның ұлттық сезімі, ұлттық санасы толымды бола алмайтынын ұлы суреткер терең түсінді. Бүгінгі жағдайда ана тілінің қоғамдық мәнін осылай, Ә-ше түсіну – бізге ауадай қажет. Ә. шығармаларының құндылығы, өміршеңдігі еліміз егемендік алған, ғасырлар тоғысында тұрған қазіргі кезеңде айқын сезіледі.

Ә. 30-жылдарда қудаланды, одан кейін шығармаларына сыңаржақ сындар айтылды, бірақ бұдан жазушы тек басқа елдерде ғана мәшһүр болып, өз елінде жете бағаланбады деген ұғым тұмау керек. Ә-тің жазушылық дарыны жұртшылыққа ерте танылды, кемелденген кезінде ол ылғи алдыңғы сапта жүрді, 40–50-жылдарда маңдай алды жазушылардың бірі болды. Ғұлама ғалым ретінде де беделі зор еді. 50-інші, әсіресе 60-жылдардан бастап Ә. шығармашылығы жайында ондаған кітаптар, монографиялық зерттеулер, диссертациялар, естелік-эсселер, жүздеген ірілі-ұсақты мақалалар жазылды. Жазушының көзі тірісінде шығармалары үзбей жарияланды. Өріне өктем саясаттың қысымы да аз болған жоқ. Мысалы, «Қилы заман» повесі 1928 ж. алғаш жарық көргеннен кейін тыйым салынып, 1972 ж. орысша «Новый мир» журналында басылып, одан кейін неміс тілінде жарияланған соң ғана, қазақша қайта жарық көрді. Ал «Хан Кене» пьесасының бірінші қойылымы қатал сынға ұшырап, жылдар бойы жарық көрмей, жазушы қайта өңдеп, түзеген нұсқасы оның қолжазба архивінен алынып, алғаш 80-жылдары 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді. Классик жазушының шығармаларымен қазақ оқырмандары негізінен осы, соңғы жинағы арқылы танысып келді. 50 томдық ғылыми, толық жинақ шығару ісі кейінгі кезде қолға алынды. Жазушының 100 жылдық мерейтойына орай жарық көрген зерттеулер, монографиялар мен мақалалар, эссе, естеліктер мұхтаранудың көкжиегін кеңейте түсті. Әсіресе бұрын айтылмай келген жаңаша жайлардың алдымызға тартылғанын күптай отырып, әдебиетке жаңаша көзқарас тұрғысынан айтылған тың пікірлер екшеліп, тартымды, құнды ой-түйіндер кедіге асатынына сенеміз. Жариялау жатқан еңбектерге, мақала, зерттеулерге зер салғанда, жазушының ұлылығы, оның дара тұлғасының ірілігі, рухы мен жігерінің қуаттылығы – бәрі-бәрі ең алдымен биік деңгейде шығармаларынан анық танылатынына күмән жоқ, өйткені шығарманы оқып-түсіну мен талдап-зерттеуде классик жазушының ой тереңіне бойлау мүмкіндігі шексіз екеніне көзің жетеді. Ә-тің халық даналығынан нәр алған, өмір өзенінің тұңғығынан суарылған тағылымы мол, тартымды шығармалары қайталап оқыған сайын рухани дүниемізді байытып, баға жетпес жан азығы бола бермек.



**«АБАЙ»**, Ө-тің 1933 ж. жазған зерттеу еңбегі. «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралына» енген. Ғылыми мақала Абайдың өмірі және Абайдың ақындығы деп аталатын екі бөлімнен тұрады. Ө-тің «Әдебиет тарихы» (1927) деп аталатын зерттеу еңбегінің жалғасы. Осы еңбекте «Қазақ әдебиетінің тарихы зар заман дәуірінен соң, Абайға келіп тіреледі. Сол себепті «енді Абайға көшеміз» деп ескерткен Ө-тің сөзі Абай шығармаларының 2 томдық жинағында (1933), одан соң осы оқу құралында жүзеге асты. 2 томдықтағы ғылыми-зерттеу еңбек «Абайдың туысы мен өмірі» деп аталады. Абайдың тегін сөз еткен тұста: «...Шыққан руы Тобықты. Ата-тегі сол Тобықты ішінде билік құрып, ықпалын жүргізіп, үстемдік етіп келген тұқым» дегенді Ө. «А-да» алғаш рет жазады. Абайдың ақындығын сөз еткенде де заман талабына орай таптық нысананы ұстанғаны аңғарылады. Зерттеу еңбекте Абайдың негізінен қоғамдық тақырыптағы, ақынның жеке басының жай-күйлерін білдіретін шығармалары ғана талданған. Ғылым-білім, табиғат, махаббат тақырыбы қарастырылмайды. «А-дың» тілі жеңіл, оқушы ұғымына лайықты жазылған.

*Т. Әкім.*

**«АБАЙ»**, жазушының әдеби сценарийі. Автор Абайдың ақындық өнерін суреттеуді шәкірт ақындар шығармашылығымен қатар өрбітуді мақсат еткен. Ал Абай төңірегіндегі ақындық орта айналасы М. Ө-тің көркем туындылары мен ғылыми еңбектерінде назардан тыс қалмай қатар зерттеліп отырған. «А» сценарийінде де жазушы осы мәселелерді өзекті желіге айналдырған. Онда әуелі Абай өлеңдерінің туу, жазылу себептері алдыңғы қатарда сөз етілсе, екінші жағынан, ақын маңына топтаса бастаған өнерлі жастар тобы арқылы Абай шығармаларының насихатталуы және қолжазба көшірмелер ретінде таралу жолдары кеңінен суреттелген. Үшіншіден, Абай өмірінің соңғы он жылдық кезеңінде ақындық өнерде белсенді жеміс бере бастаған шәкірт ақындармен шығармашылық қызметі мольнан баяндалған. Ө. мұнымен қатар, Ажар мен Абайдың тағдыры арқылы Абайдың рухани-адамгершілік, философиялық жан сарайына тереңдеп баруды көздеген. 30-жылдардан бастап Ө-тің ғылыми-шығармашылық тұрғыдан көп ізденіп-қарастырған «Абай ақындығының айналасы», «Абайдың әдеби ортасы», «Абайдың әдеби мектебі» немесе «Абайдың ақын шәкірттері», «Абайдың ақындық дәстүрі» деп, әр түрлі мағынада аталып келген күрделі әрі көп салалы зерттеу еңбектегі бір-бірін толықтырып, тұтас бір полотно құрайтыны да сондықтан. Сценарий соңында Көкбай өзінің дастанын Қарлығашқа оқып отырғанын Абай естиді. Осы арада Көкбай өлеңі беріледі. Сценарийдің ұзындығы – осы. Ал композициялық құрылысы жағынан поэтикалық, сахналық пьесаларға, радиоқо-

йылымдарға жақындау, демек оны әдеби-драмалық шығарма деп таныған жөн. «А» сценарийі қазақ және орыс тілдерінде бірнеше нұсқада жазылып, жазушы мұрағатында сақталған. Солардың ең үздік түрі (143-папка, 65-бет) алғаш рет жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 12-кітабында жарияланды (1983).

*Н. Ақбай.*

**«АБАЙ»**, деректі фильм. 1954 ж. Алматы киностудиясы шығарған. Сценарийін жазғандар – В. Рапопорт пен О. Әбішев, режиссері – О. Әбішев, операторы – О. Зекки. Фильм Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 50 жыл толуына арналған. Онда ұлы ақынның Семей қаласындағы әдеби-мемориалдық мұражайына қойылған заттарды, ақынның кітаптарын, қолжазбалары мен фотосуреттерін көрсету барысында Абайдың шығармалары туралы әңгімеленіп, өлеңдерінен үзінділер оқылады. «Абай» операсынан үзінділер берілген. Абайдың Жидебайда, Семей мен Алматыда орнатылған ескерткіштерінің ашылуына байланысты түсірілген кадрлар орын алған.

**«АБАЙ»**, диафильм. 1956 ж. Мәскеу «Диафильм» студиясы шығарған. Сценарийін С. Даронян жазған, кеңесшісі – Ө. Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты фотосуреттерді, басқа да қажетті материалдарды Ө. Алматы мен Семейдегі мұражайдан алдырған. Бұл жөнінде сценарий авторы былай дейді: «Мұхаж Москваға келгенде іздеп бардым. «Абай» диафильмі туралы «Абай» романының авторы не дер екен деп күтудемін. Ол менің сценарийімді оқып отырып, дөңгелек үстел үстіне жайып тастаған иллюстрацияларға қарап қояды. Мен оның әрбір қимылын бағып отырмын. Жекелеген «кадрларды» ауыстырып қойып, тексе тзетулер енгізіп жатқанына қызыға қарап отырмын! Мұхаж бұл дүниені, қарсы алдында отырған мені – бәр-бәрін ұмытқан тәрізді. Кенет: «Енді бітті!» деді. Сөйтіп сценарий тексіне қол қойды. Мен иығымнан ауыр жүкті біреу алып тастағандай, еркін бір дем алдым». Диафильм түсіріліп біткеннен кейін, Мәскеу университетінде Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиетінің тарихынан дәріс тыңдайтын курс студенттеріне алғаш рет көрсетілді. **«АБАЙ»**, жазушының кинодрамасы. Қолжазба жазушы мұрағатында сақтаулы (№141-папка), араб әрпімен жазылған, көлемі 53 бет. Алғаш рет Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 11-кітабында жарық көрді (1982), орысша нұсқасы (1943) жазушы мұрағатында сақтаулы. Кинодрамалық тақырыбы мен негізгі ой желісі, кейіпкерлер құрамы «Абай» трагедиясына сәйкес келсе де, біршама эпизодтық көріністер мен кейбір кейіпкерлер басқаша аталған. Мысалы, Әлизаде, Баймағамбет оқиғасы немесе найман, керей арасындағы жер дауы т.б. ахуалдар. «Абай» пьесасындағы Долгов – Долгополов, Өзімхан – Арғыман, Әйгерім – Еркежан болып өзгертілсе, Әлизаде, Самойлов, Жортар, Орман, Тайкар, Қартбай сияқты тың кейіпкерлер ендірілген. Ал негізгі кейіпкерлері сол күйінде қалған. Кинодраманың басты оқиғасы – Абай ақындығының айналасы. Жазушы бұл ойын 1934 ж. баспасөзде көтеріп, 1943 ж. ҚазПИ-де хабарлаған («Жетісу», 1978, 13 қазан), ал 1944 ж. «Абайдың әдеби мектебі туралы» баяндамасын-



логтар автографта жоқ. Пьесада жаңадан жазылған. Қолжазбадағы тағы бір өзгешелік – мұнда ақын-әнші Әсет бар. Ол Абай аулына Зейнеппен келеді. Әсет кітаптан мүлде шығып қалған, оның кейбір сөздері Зейнепке көшірілген. Бұл өте дұрыс жасалған редакция еді. Өйткені қолжазбада Әсет қосақ арасында жүрген қаһарман, оның тартысқа, шытырман оқиғаға тікелей қатысы жоқ. Қолжазба Абай өлімінен кейін Әсет айтатын жоқтау өлеңмен аяқталады. Қазақтың ежелгі дәстүрі – жоқтау сарынында жазылған ақ өлең. Әсет аузынан Абайға деген халық ілтипаты, халық бағасы, өлімді аза тұтып, қайғыға көмілуден Абай тындырған істі, аңсап өткен асыл болашақты мезгеген ой жатыр мұнда. Бірақ драмалық қуаттан да эпикалық ауқым мол. Қолжазбадағы көптеген беттер ғажып келген жалынды шабыттан іркілмей төгіліп отырғандай. Билік сценасындағы Жиренше, Керім, Абайлардың аузынан айтылатын ғажап шебер, орасан шешен, өрнекті, неше түрлі теңеумен, астар емеурімен қабаттасып, шендесіп жататын қуатты монологтар қағазға біз білетін қалпында күні бүгін көркемдігіне таңданып, тамсанатын күйінде түсіп отырғанды. Бірді-екілі сөздер ғана өзгертілген. Бұл – Ө-тің жазушылық талантына қатты әсер етіп, оның қалыптасуында үлкен рөл атқарған қазақтың байырғы шешендік өнерінен келіп жатқан нәрлі қасиет. Түйдектетіп, төгіп-төгіп тастау дәстүрі.

«А.» трагедиясының орыс тілінде жарияланған 1941 жылғы нұсқасы мен 1944, 1948 ж. жарияланған нұсқаларының арасында айырмашылықтар бар. 1944, 1948 жылғы нұсқалары өзара бірдей келеді. «А.» трагедиясының орыс тілінде алғаш рет басылған нұсқасы кейінгі 1944 жылғы жариялануында бірталай өзгерістерге ұшырады. Әуелі қаһармандар саны азайтылды. Пьесаның құрылысына, сюжет желісіне әжептеуір өзгерістер енгізді. Шығарма алғашқы қалпынан ықшамдалып, бір сурет қысқартылып, алты суретті болып шықты. Пьесаның жинақылығы күшейіп, композициясы ширағанмен, тарихи дәлдікке құрған келді. Бұл нұсқа орыс оқырмандары, орыс көрермендеріне лайықталғандықтан, пьесаның алғашқы қалпындағы тұрмыстық-этнографиялық детальдар әдейі алынып қалды. Осындай өзгерістен кейін бұрынғы көріністердің реті ауысты, кейбірі қысқарды, кейбіріне жаңадан қосымшалар жазылды.

Айтыс, беташар, жар-жар, бата беру, туған жермен қоштасу сияқты ауыз әдебиетіндегі үлгілерді Ө. трагедияларына орындап, қисынды ендіріп, жақ-

сы пайдаланған. Шешендік дауы, билер айтысы – қазақтың халықтық әдебиетінде ерекше өріс алып, кемел дамыған, мазмұн, форма жағынан драматургияға өте жақын нұсқалар. Әуезов қазақтың ежелгі шешендік өнері арнасында жетілген билік айту дәстүрін драмалық шығармаға зор суреткерлік батылдықпен енгізеді. Олар – пьесаның көркемдік пішінімен біте қайнасып кеткен, шығарманың жанрлық қалпына ұлттық колорит беріп, әрлендіріп, байытып тұрған компоненттердің бірі. Билік сценасындағы негізгі тартыс – ескілік әдет заңы мен жаңа дәуір талабының, зұлымдық пен адамшылық арасындағы күрес. Әуелде Жиренше – Керім, кейіннен Жиренше – Абай арасында бой көрсететін бұл айқас – пікір, байламдардың тек логикалық жүйеге құрылған таласы емес. Жиреншенің, Керімнің, Абайдың ұзақ-ұзақ монологтарынан олардың дүниетаным көкжиегі, адамшылық кескіні, мінез қалпы, темперамент шамасы, ой дәрежесі, ақыл мөлшері – баршасы көрініс береді. Талай ұрпақтарды қан қақсатқан зұлымдықты, Өнет, Кеңгірбай, Құнанбайлар қолымен жасалған масқара әділетсіздікті дәстүр деп, ата жолы деп таныған жуандарды Абайдың жерлеп, аяқ асты етер сәті осы орайда. Қара қапас надандық пен сәуелі адамгершіліктің айқасы! Суық жылдар қойнауында халық зарына – зар халық тілегіне тілек қосқан ұлы гуманистік өршіл бейнесі дауылды теңіз бетінде талмай қалықтаған сұңқарды көз алдыңызға әкеледі. Айдар – Ажар басын арашалап қалу – жуандықтың жеңілуі, әділеттің салтанат құруы. Бұл халық жеңісі – халықтың сүйікті ұлы Абайдың жеңісі. Билік сценасындағы монологтар сан алуан психологиялық халдерді, терең тәбірленістерді, күрделі ойларды береді. Инверсия, шешендік сұрау, іліп әкету, түйдектеп тарту, кілт түйіп тастау, неше түрлі тосқауыл жиі қайталанады. Әсіресе Абай монологтары туралы осыны айту шарт. Оның сөйлемдерінің синтаксистік құрылысы сан алуан. Пікірдің салмағына, айтулы ретіне қарай сөйлемдер құбылып отырады. Айтылмыш сценадағы Абай, Жиренше, Керім сөздері – драмалық ішкі қуатқа толы, серпінді, әрекетті, өте көркем монологтар.

«А.» трагедиясынан үзінділер алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1940 жылғы 5 қаңтарындағы нөмірінде, 10-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясында (1947, 1948) жарық көрді, 1950 ж. жеке кітап болып шықты. Бұдан кейін Ө-тің «Қараш-Қараш» кітабына (1960, 403–447-беттер), 12 томдық (1969, 9-кітап, 445–515-беттер), 20 томдық (1982, 10-кітап, 307–422-беттер) шығармалар жинақтарына енгізілді.

*Р. Нұрғали.*

Спектакльдің қойылымы. Трагедия алғаш 1940 ж. 30 қазанда А. Токпановтың режиссерлігімен Қазақ драма театры сахнасында қойылды, суретшісі – Ө. Чарномский. Мұнда өткен ғасырдың соңындағы қазақ халқының әлеуметтік-қоғамдық тіршілігі, Абайдың адамгершілік, ақындық һәм өз елінің бостандығы жолындағы күресі бейнеленген. Феодалдық-рулық шиеленіске, талас-тартысқа құрылған шығармада қазақ халқының өткен ғасырдағы өмірі эпикалық үлгіде көрініс тапқан. Қойылым тарихи-көркемдік шындық дәлдігімен, режиссерлік ой-тұжырым айқындығымен, орындаушылық шеберлігімен қымбат.

«Абай» спектаклі. Әбіш рөлінде – Р. Сейтметов,  
Абай рөлінде – Ы. Ноғайбаев. 1962.



Спектакльдің мол табысы – Қ. Қуанышбаев жасаған Абай бейнесі. Психологиялық толғаныс сәттері, сөз мағынасын терең ашу, ақындық шабыт пен парасаттылықты жеткізу, ішкі сезім мен тебіреніс актерлік ізденістің басты бағыты болған. Ұзақ жылғы үзілістен кейін, трагедия Қазақ драма театрының сахнасында 1962 ж. 29 мамырда қойылды; қоюшы-режиссер Ә. Мәмбетов, суретші А. Ненашев. Жаңа қойылымда тұрмыс-салтты бейнелеу дәстүрінен бас тартып, шынайы көркемдік шарттылыққа барған. Қойылымға басқаша тыныс-қарқын, көркемдік сипат берілген. Абай өлеңдерін қолдану драма әрекетін күшейтіп, қойылымның поэтикалық бейнесін айқындады. Жеке рөлдерге берілген тұжырым-түсіндемеде бұрынғы тап-таурындықтан арылып, уақыт талабына сай тың сахналық ойға негізделді. Абай рөліне Ы. Ноғайбаев пен М. Сүртібаев өзіндік актерлік орындау даралықтарымен келген.

«Абай» романының негізінде Қазақ драма театрының сахнасына қойылған спектакль – ақын бейнесін жасаудағы күрделі табыс. Бұл көрермендерге алғаш рет 1949 ж. 28 желтоқсанда ұсынылды. Кезінде МХАТ қолданған «автор атынан» роман оқиғасын байланыстыратын тәсілді Ш. Айманов пен Х. Бөкеева атқарды. Бұл, бір жағынан, романның тарихи жүйесіне нұқсан келтірмей, көркемдік ерекшелігін сақтай отырып, сахна заңдылығына бағындыруға септігін тигізді. Екінші жағынан, сахналық жүйеге ең маңызды әлеуметтік құбылыстарды, Абайдың шығармашылығымен, ағартушылық һәм қоғам өміріндегі тірлігімен байланыстыруды көздеген. Бұл әдіс спектакльге көркемдік тұтастық беріп, көрермендердің қабылдауына ыңғайлылық танытты. Мұнда биік көркемдік деңгейде бейнелеу тапқан – Қ. Қуанышбаев жасаған Құнанбай тұлғасы. Өз заманының алғыры, ақылды, айлалы Құнанбай актердің суреттеуінде мінезді, өткір, қатал да қайсар, ешкімді бетіне қаратпайтын, ұстаған бағытынан таймайтын, феодалдық қоғамның негізін өле-өлгенше қорғап бағатын табанды жан ретінде бейнеленді.

Романның осы сахналық жүйесі бойынша облыстық театрларда қойылған спектакльдерде сәтті шықты. 1951 ж. Қарағанды театрының сахнасына Б. А. Лурьев қойған «Абай» спектаклі аса жоғары бағаланды. Ақынның рөлін М. Сүртібаев ойнал, ол Абайдың жастық шағынан есеу кезеңіне дейінгі сәттерін үйлесімді қарастырып, ақынның толыққанды бейнесін жасады. Шымкент облыстық қазақ театрында Ф. Хайруллинаның роман негізінде 1950 ж. қойған спектаклі ұжымның зор табысы болды. Абайдың жас шағын бейнелеген М. Өтебаев, есейген шағын сомдаған С. Ергалиев ақынның халқына деген сүйіспеншілігімен бірге, оның кескіндік ұқсастығын да дәл беруге ұмтылған.

Атырау театрында А. Тоқпанов қойған «Абай» спектаклі мол дайындық пен ізденістен туындап, тарихи шындыққа терең барлау жасаған. Абайдың өмір сүрген ортасын, дәуір тынысын және оның бейнесін дұрыс түсінуге режиссер көп еңбек сіңірген. Абайдың жастық шағын ойнаған Теңелбаев, есейген шағын ойнаған Төлеков Абайдың психологиялық толғаныстарымен бірге, оның ақындық пен ойшылдық қасиеттерін ашуға ұмтылған. Жоғарыдағы үш спектакльден басқа Семейде «Абай» трагедия-

сының қойылымы да театр тарихынан көрнекті орын алды. Талантты актерлер Х. Ешмұратов (жас Абай) пен Р. Жәкенов (орта жастағы Абай) шынайы сахналық бейнелер сомдады. Абай әлемі сахна қайраткерлерін үнемі қызықтырып, әр театр, әр драматург өз ізденісін байқатты. Солардың бірі – Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрының сахнасына қойылған «Жас Абай» спектаклі. Абайдың жастық шағы мен азамат болып қалыптасуын, ақын тірлік кешкен ортаның әлеуметтік тынысын бейнелеуді мақсат тұтқан бұл қойылымда (режиссері әрі әдеби-сахналық нұсқасын жасаған – Ш. Айманов) Абай рөлін актер А. Кенжеков ойнады. Спектакль ақынның балалық һәм жастық шағын көркем бейнелеуде жасалған алғашқы барлау еді. Ал 1980 ж. қойылған «Абай – Өйгерім» спектаклі Ө-тің «Абай» романындағы Абай мен Өйгерім арасындағы махаббат, адамгершілік қарым-қатынасына құрылған (романның сахналық жүйесін түсірген – Б. Римова, режиссері – Ж. Омаров, суретшісі – О. Мұқанов, музыкасын жазған – С. Мұхамеджанов). Ө. Боранбаев пен Ө. Кенжеев сомдаған Абайдың қызу қанды, бірде ширақ, бірде байсалды, саликалы тұлғасы – спектакльдің табысы. 1995 ж. ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойына байланысты фестивалда бас жүлдеге ие болған Жезқазған ұжымы қойған «Абай» спектаклі (реж. Ж. Хаджиев) қазақ театрларының ішіндегі кезеңдік табысы ретінде қабылданды.

Б. Құндақбайұлы.

«АБАЙ», Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде жасалған инсценировка. Авторлары – Ш. Айманов пен Я. Штейн. Оқиға романның 1 және 2-кітабы бойынша өрбиді. Авторлар қазақ халқының 19 ғасырда басынан кешкен тарихи оқиғаларды мол қамту мақсатында, инсценировканың көлемін тым ұлғайтып, 3 актілі, 25 көріністі етіп алған. Соның салдарынан оқиға басты кейіпкер Абайдың айналасына шоғырланбай, бытырап, шашыраңқы сипатқа ие болды. Кейінірек М. Өуезовтің тікелей араласуымен көптеген өзгерістер енгізіліп, инсценировка сахнаға лайықталып, 3 актілі, 13 көріністі етіп ықшамдалды. Оқиғалар да қоюланып, шәкірт Абайдың оқудан қайтқан көрінісінен басталып, ақын, ойшыл, гуманист Абайдың биік деңгейге көтерілген кезімен аяқталады. Инсценировка алғаш рет 1949 ж. 28 желтоқсанда Алматы қаласындағы Қазақ академиялық драма театрында қойылды. Режиссері Ш. Айманов, суретшісі – В. Голубович. 1952 ж. осы қойылымға қатысқандардың бір тобына (Айманов, Голубович, Қ. Бадуров, Қ. Қуанышбаев, Е. Өмірзақов, С. Қожамқұлов, Р. Қойшыбаева, Х. Бөкеева) КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

«АБАЙ», Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясы желісімен жазылған сценарий бойынша түсірілген көркем фильм (1995 ж.) Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына арналды. Екі сериялы. Қоюшы-режиссері – А. Өмірқұлов. Сценарий авторлары – А. Өмірқұлов, Л. Ақынжанова, А. Баранов, С. Апырмов. Бастапқы әдеби сценарий «Абайдың жастық шағы» деп аталып, нұсқа ретінде «Абай жолы» романының 1–2-томдарындағы оқиғалар қамтылған. Әдеби кеңесші – Ө. Кекілбаев, бас оператор – Ө. Сүлеев, композиторлар – Қ. Шілдебаев, Б. Тілеуханов, бас суретші – Ө. Шманов, басты рөлдерде Т. Жаманқұлов, Ф. Тұрықбаев, Б. Римова, Ф. Жантілеуова, Б. Бейшеналиевтер ойнады. Фильмге ақынның жастық шағы, медреседе оқып



жүрген кезеңдері, алғашқы өлең-жырлары мен өмірге қалыптаса бастаған азаматтық көзқарастары арқау етіп алынған. Суреткердің шебер қаламынан шыққан Абай бейнесі, оның өмір сүрген ортасы, әлеуметтік майданда қалыптасу ерекшеліктері, жастық шаққа жарасымды үміт-армандары, күйініш-сүйініш т. б. қасиеттерден жинақталған ұлы ақын тұлғасы әдеби нұсқадан экранзаңдылығына сүйене отырып, мүлдем жаңа қырынан көрінеді. Фильм оқиғасы тарихи шығарма желісімен өрбітілгендіктен де, жалпы көркемдік жинақтаудың ортақ заңдылықтарынан алшақтамайды. Шырыққан тартыс романның алғашқы тарауларынан-ақ көріне бастаса, экрандық шығармадағы жас Абайдың сипаты оның айналасындағы адамдармен арақатынасы арқылы айқындалады. «А.» фильмінің сюжеті ең алдымен Құнанбай – Абай төңірегінде өрбиді. Фильм авторлары романдағы оқиға суреттемелерін экранға көшіруде екі кейіпкер арасында тең қашықтықта ұстайды. Фильмдегі күмбезді ғимараттар, қазақ үй жиназдары, актерлердің киім киістеріндегі ұлттық ерекшеліктер біршама үндестік тапқан. Фильмнің сценарийлік қисын-жолдары қысқа әрі нақты. Тарихи-ғұмырнамалық жанр болғандықтан, онда әдеби нұсқадағы негізгі деректер сол қалпында сақталған.

*Г. Құрманғалиқызы.*

**«АБАЙ»**, осы аттас операның қойылымына арналған орыс тіліндегі жарнама кітапша. 1958 ж. Қазақ КСР Мәдениет министрлігі шығарған. Ол либреттоның авторы Ө-тің, музыкасын жазған композиторлар А. Жұбанов пен Л. Хамидидің фотосуреттерімен ашылады, сондай-ақ операны сахнаға шығарған өнер қайраткерлерінің, басты рөлдерде ойнайтындардың суреттері, бірнеше сахналық көріністер беріліп, операның қысқаша мазмұны баяндалған. **«АБАЙ»**, 1918 ж. Ө. негізін салған (Ж. Аймауытовпен бірге) әдеби журнал. С. Шикібаев ұйымдастырған «Уақ қарыз серіктестігінің» демеуімен 12 саны жарық көрген. Сол кездегі солақай, әсіреқызыл идеологияның салдарынан «ұлтшыл» деген айып тағылып, журнал бір жылға толмай жабылып қалған. Журнал Алаш партиясының ұлттық бағдарын нысана етіп, қазақ елін прогреске тартуды, ғылым мен білімді насихаттауды, жастардың саяси-қоғамдық белсенділігін арттыруды көздеді. Ө-тің жазушылық қызметі осы журналда істеп жүрген кезде айқындала бастады. Ө. «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында бұл журнал кезінде «әдебиеттің беті өзгермесе де, түрі көбейе» бастағанын, «қазақ тілінде пьесалар, әңгімелер» көптеп жазылғанын, «аз уақыт шығып тұрса да, ғылыми, әдеби журнал болып, «Абай» журналы азын-аулақ түр шығарды» деп, басылымның жақсы қызмет атқарғанын атап көрсеткен. Оның барлық санында дерлік ұлы қаламгердің еліміздің тағдыр-талайын, болашақтағы бағдарын сөз еткен бірнеше материалдары басылды. Солардың ішінде: «Ғылым», «Будда», «Абайдың өнері нәм қызметі», «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?», «Философия жайынан», «Абайдан соңғы ақындар», «Екеу», «Жапония», «Бірінші жалпы жастар съезі», «Жастар ұйымдарына ашық хат», «Ғылым тілі», «Қазақ әйелі», «Мәдениет нәм ұлт», «Земство нәм кооператив қауымдары», «Оқу ісі» деген мақалалары тек өз атымен беріле, ел ішінен жинаған немесе авторсыз жарық көргендерінің өзі бір жосын. Ұлы Абайдың әлемдік деңгейде аталып өткен 150 жылдық тойы қарсаңында «А.» журналы қайтадан шық-

ты. Бастапқы кезде екі жарым жыл бойы «Парыз» шығармашылық тобының ұйымдастыруымен жарық көрді. 1994 ж. журналға республикалық мөртебе беріліп, республикалық бюджетке алынды. Бұл басылым да ұлы ақынның мұрасын насихаттауға, халқымыздың тарихы мен тағдырына байланысты материалдарға айрықша назар салады. Осы орайда «Әуезов әлемінен» деген айдар ашып, кемеңгер жазушының өмірі, туып-өскен ортасы, шығармашылық жолы, артына қалдырған баға жетпес қазынасы туралы мақалалар, зерттеу еңбектер, естеліктер, көркем жариялауды жолға қойды. Ө-тің 100 жылдық тойы қарсаңында 208 беттік арнайы мерекелік нөмір шығарылды. Ол тұтастай ұлы жазушының қилы-қиан тағдыры мен шығармашылығын өзек етті. Журналдың бас редакторы – Р. Мұсаұлы.

*М. Оспанұлы.*

**«АБАЙ»**, энциклопедия. Бас редакторы – Р. Нұрғали. «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы дайындап, 1995 ж. «Атамұра» баспасы шығарған. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойына арналған. Онда ақынның өскен-өнген ортасы, бай мұрасы, дүниеге көзқарасы, эстетикасы, поэтикасы, қоғамдық-саяси ой-пікірлері, тағылымы мен дәстүрі жан-жақты әрі кеңінен сөз болады. Энциклопедияны дайындауға қатысқан З. Ахметов, Р. Сыздықова, М. Мырзахметұлы, Қ. Мұқаметханов, М. Құл-Мұхаммед 1996 ж. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарын алды, бас редактор Нұрғалиға Қазақстан Республикасының ғылым қайраткері атағы берілді (1998). Кітапта Ө-тің өмірі, шығармашылық, қоғамдық қызметі туралы көлемді мақала беріліп, ұлы жазушының абайтану ғылымының негізін салып, оны дамыту мен қалыптастыру жолындағы аса зор еңбегі атап айтылған. Бұдан басқа жазушының әдеби-мемориалдық музейі, «Абай жолы» эпопеясы, «Абай жолы» эпопеясының тілі, ақынға байланысты драмалық шығармалары т. б. жөнінде ғылыми мақалалар орын алған. Сондай-ақ Ө-тің Абай туралы жазған «Қазақ халқының ұлы ақыны», «Әлифби», «Мағауия Абайұлы Құнанбаев», «Көкбай Жанатайұлы» т. б. зерттеу мақалалары бар. Жалпы энциклопедияда Ө-тің есімі 187 жерде аталып, қаламгердің Абай туралы айтқан пікірлері мен тұжырымдарына жүгініп отырған. Көлемі 120,3 баспа табак, таралымы 100 000 дана.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«АБАЙ АҚЫНДЫҒЫНЫҢ АЙНАЛАСЫ»**, жазушының мақаласы. «Әдебиет майданы» журналының 1934 ж. 11–12-санында, сол жылы «Социалды Қазақстан» газетінің 30 желтоқсандағы нөмірінде жарияланды. Кейін Ө-тің 20 томдық (15-том), «Абай Құнанбаев» шығармалар жинақтарына енді. Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына орайластырылып жазылған. Бұл ұзақ жылдар бойы ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы жинап-терген, зерделеп-зерттеген ізденістері мен пікірлерін бір арнаға тоғыстырған, қысқаша түрде жүйелеп қорытындылаған абайтану ғылымының бағдарламалық тұжырымдамасы еді. Мақала екі шешенің тәрбиесін бірдей көріп өскен Телғараның (Абайдың) Шығыс, Батыс сияқты екі арнадан рухани нәр алған тұстарын атап өткен. *Науаи, Шәмси, Сейхали* сияқты Шығыс ақындарына еліктеп, бәйіт, жыр жазғанын, бұл кез Абайдың

шағатай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді. Рухани нәр алған үш саласының тұңғышы осы Шығыс жағасы екендігіне назар аударады, шығыс әсерінің Абайға дейінгі кезеңде де, яғни Ыбырай, Албан Асан, Мәшһүр, Ақан сері сияқты Арқа, Жетісу ақындары, әсіресе Сыр бойы ақындары мен Шортанбай бастаған Шәді, тағы басқа ақын шығармаларында көп болғандығын айтып өтеді. Ұлы ақынның «Шығысым – батыс, батысым – шығыс боп кетті» деген сөзін оның рухани нәрінің екінші бұлағы – еуропа әдебиетімен желі болып тартылған Пушкин, Лермонтов шығармаларын аударуымен байланыстырып, Абайдың қазақ поэзиясына әкелген жаңалықтарын ашып көрсетеді. Абайдың Еуропаның *Гете*, *Лермонтов* сияқты ұлы ақындарының жоғары сатыдағы жыр мәдениетін жете меңгеріп, Еуропа жағасынан... махаббат жырының өте шебер, өте нәзік, көркем үлгісін туғызғанын, ерекше атайды. Мақалада екі рухани нәрден бөлек, Абайдың өзгеге берген нәрі турасында қысқаша сөз болып, ұлы ақынның «өз тұлғасы сияқты боп қалыптанған» әдеби тумалары – шәкірттері, өз балалары Ақылбай мен Мағауиялардың шығармашылығына тоқталады. Ақылбайдың Байрон, Пушкин үлгісін тұтынып, Мағауияның қазақ тұрмысынан Абылай хан туралы тарихи жыр мен «Еңлік Кебек» жырын поэмаға айналдырғанына, Абайдың ақындық мектебін игі ықпалына ерекше тоқталған.

С. Қарабай.

**АБАЙ АУДАНЫ.** Шығыс Қазақстан (бұрынғы Семей) облысындағы аудан. 1928 ж. 3 қыркүйекте ұйымдастырылған. Жер көлемі – 34,5 мың шаршы шақырым. Орталығы – Қарауыл селосы. Ауданда Абайдың өмір кешкен ортасы, шығармашылығы жөнінен мағлұмат беретін жәдігерлер өте мол. Ұлы Абайдың қыс қыстауы, жаз жайлауы осы өңір болған. Мұнда Абай мен Ә-тің тарихи-өлкетану мұражайлары бар. Ұлы жазушының «Абай жолы» эпопеясына негізгі кейіпкерлер болып енген Абайдың аналары – Зере мен Ұлжанның, жұбайлары Ділде мен Әйгерімнің, балаларының ескерткіш-мазарлары осы Қарауылда. Ә-тің трагедиясына тақырып болған Еңлік пен Кебектің кесенесі де осында. Өке ұлы ақын туралы мол деректер берген Абайдың шәкірттері Көкбай мен Шәкәрім, Ш. Әбенов те осы ауданның перзенттері. Ә-тің кіндік қаны тамған жер. **«АБАЙ АУДАНЫНДА»**, Ә-тің мақаласы. Шығыс Түркістан Республикасында (қазіргі Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы) тұратын қазақтарға арналып, араб әрпімен шығып тұрған «Қазақ елі» журналының 1945 жылғы 6-санында жарияланған. Бұл – негізінен осының алдында сол журналда жарық көрген «Абай елінде өткізілген мерекелер» (1945, № 3) атты очеркінің жалғасы. Онда Абайдың туғанына 100 жыл толуына орай Абай ауданында өткен мерекелік салтанат пен Шығыс өңірін аралаған кезіндегі ойға түйген жайлар, ел адамдары, жер тарихы туралы пікірлері қамтылған. Бұл мақала «Қазақ елі» журналынан кейін, қайтадан дербес басылымдарда жарияланған жоқ.

Т. Жұртбай.

**«АБАЙ АУЛЫНДА»**, Ә-тің балалық шағына арналған көркем туынды. Авторы – Т. Жұртбаев. 1987 ж. «Жалын» баспасынан жарық көрген. Онда жас Мұхтардың атасы Әуезбен бірге Абайдың аулына бар-

ғаны, ұлы ақынның туған жерінің өсем табиғаты, балғын да уайымсыз балалық шақ, сол кездегі ел өмірі суреттелген. Кітап бастаушы сынып оқушыларына арналып, хрестоматиялық қосымша оқу құралы есебінде көркем безендірілген. Көлемі 1,5 баспа табақ, таралымы 50 мың дана.

**«АБАЙ АУЛЫНА САЯХАТ»**, деректі әңгімелер жинағы. Авторы – К. Оразалин. 1994 ж. «Жалын» баспасы шығарған. Кітапта барлық оқиға ұлы ақын аулының өткені мен бүгінгі өмір-тіршілігін зерделей отырып, Абай, Шәкәрім, Мұхтар есімдеріне байланысты өрбиді. Ә-тің туып-өскен, табығы тиген Шыңғыс, Жидебай, Қарауыл, Ақшоқы, Бөрілі, Қалба, Архат, Шілікті, Семей т. б. жер-су, елді мекендердің тарихи туралы қызықты әңгімелер жаныңды баурап, олардың «Абай жолында» қалай көрініс тапқаны туралы суреттемелер қиялыңа қанат бітіреді, көңіліңе нұр құяды. Ұлы жазушының шығармаларына негіз, арқау болған өзге де тарихи орындар, оқиғалар, кезінде таныс-біліс, аралас-құралас өмір кешкен зиялы қауым өкілдері, қаламгерді айдай әлемге танытқан дәуірнамасы, сондай-ақ кейбір шығармалары жөнінде тың деректер шебер баяндалған. Ә-тің өз замандастарына, дос-жолдастарына тигізген әсер-ықпалы, көмегі, рухани жәрдемі де назардан тыс қалмаған. Көлемі 16,2 баспа табақ, таралымы 100 мың дана. **«АБАЙ АУЛЫНЫҢ АҚИЫҚТАРЫ»**, Ә-тің туған еліне барған сапарлары жөнінде дерек беретін кітап. Авторы – Х. Матаев. 1984 ж. «Қайнар» баспасы шығарған. Онда ұлы ақын туып-өскен Абай ауданының шаруашылық, экономикалық, мәдени өсу жолдарын нақтылы деректермен жүйелі баяндаған. «Аңыздар өлкесі» тарауында Абайдың 100, 125 жылдық, Ә-тің 60, 70, 80 жылдық мерейтойларының туған өлкеде ерекше салтанатпен тойланғанын суреттеген. Сондай-ақ Абай ұрпақтарының өнерге, мәдениетке, ән-күйге деген құштарлық сезімі, Ә-тің еліне барған сапарлары туралы да айтылған. Көлемі 8,3 баспа табақ, таралымы 3500 дана.

М. Бейсенбаев.

**«АБАЙ – ӘЙГЕРІМ»**, драмалық туынды. Ә-тің «Абай жолы» эпопеясы негізінде сценарийін жазған – Б. Римова. Оқиға желісі Абай мен Әйгерім арасындағы сүйіспеншілік пен сыйластық қатынасқа құрылған. Спектакль 1981 ж. 29 сәуірде Қазақ мемлекеттік драма театрында алғаш рет қойылды. Режиссері – Ж. Омаров, көркемдеуші суретшісі – Ф. Мұқанов, музыкасын С. Мұхаметжанов жазды. **«АБАЙ ӘНІ»**, толық метражды көркем фильм. Ә-тің сценарийі (Г. Рощальне бірге) бойынша түсірілген. Режиссерлары Г. Рощаль, Е. Аронов; операторы Г. Поникова, бас суретшісі К. Қожықов; музыкасын жазған Л. Хамиди, муз. режиссері Н. Бейсеков. Абай рөлін Қ. Қуанышбаев ойнаған. Фильмде Абай бірін-бірі сүйген жастардың ақ махаббатының арашасы ретінде көрінеді. Айдар ата салтын бұзып, көрші ауылдың жесірін алып қашып, үйленеді. Абай билер кеңесінде өзінің сүйген қызы үшін ата-бабаның салт-дәстүрін бұзуға мәжбүр болған Айдар әрекетін ақтап, жақтап шығады. Бұған Абайдың достары сүйінсе, дұшпандары күйінеді, өштеңеді. Ерден бай мен діндар Шәріп Абайды халықпен арыздастыруға әрекет жасайды. Мақсатына жете алмаған соң, ақырында Айдарға у беріп өлтіреді. Фильмді түсіруге Ә-тің «Абай» әдеби сценарийі негіз болған. Фильмде кейіпкерлер диалогтары көп қысқартуға ұшыраған. Автордың астарлы ойға құрылған, қаһармандарының ішкі мінез-

құлқын ашатын сөздері экранда тым жадағайла-нып, бояуын жоғалтып алған. Ал «А. ә.» фильмі киноспектакльге бой ұрып, сахналық қойылымға үндесіп кеткендей әсер қалдырады.

**АБАЙ БҰЛАҒЫ**, жер атауы. Абай еліндегі екі бұлақ осылай аталады. Біріншісі – Абай ауданының М. Әуезов атындағы шаруашылық қожалығына қарайды. Тарихи атауы – Қасқабұлақ, Сырт Қасқабұлақ деген төбенің қос бүйіріндегі үш бұлақты Құнанбай кейін үш баласына бөліп берген. Сырт Қасқабұлағында Абай дүниеге келгендіктен, кейін ақынның еншісіне тиген. Уақыт өте келе, жұрт Сырт Қасқабұлақты «Абай бұлағы» деп атап кеткен. Абай «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» атты өлеңдерін осында жазған. Бұл көрініс Ә-тің «Абай жолы» эпопеясында барынша кең суреттелген. Екіншісі Шыңғыс тауының сыртындағы бұлақ, Бақанас өзеніне құяды. Бұл – Абайдың жаз жайлауы болған. Роман-эпопеяда Қуандық ақын келіп Абайға сәлем беретін жер.

*Т. Жұртбай.*

**«АБАЙ ЕЛІ»**, альбом-шежіре. Абайдың 150 жылдық мерейтойына орай 1994 ж. «Өнер» баспасынан шыққан. Алғы сөзі мен суреттерге берілген түсініктер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған. Альбомның құрастырушысы – С. Оразалинов. Кеңесшілері Қ. Мұқағатханов, К. Оразалин, А. Гаркавец. Арнайы фотосуреттерін түсірген В. Якушкин. Ұлы Абай туған Шыңғыстау өңірі мен Семей қаласының табиғат көріністерін, тарихи ескерткіштерін оқырманның көз алдына келтіреді. Ә-тің өмірі мен шығармашылығына байланысты көптеген фотосуреттер бар. Алғы сөзде Ә. туралы деректер келтірілген. Ағылшын тіліндегі бөлім алдына Ә-тің портреті берілген (суретші С. Мәмбетов, 1967). Альбомда Ә-тің шығармаларына қатысты Еңлік пен Кебектің өмірінің соңғы күндерін өткізген үңгір, Нысан абыз бейіті, «Қорғанысдың күні» әңгімесінде суреттелген Күшкібай асуы, «Абай жолы» роман-эпопеясында суреттелген көптеген табиғат көріністері көз тартады. Ә-тің туып-өскен жері Бөрілі, жазушының ондағы мұражайы, оның ішкі көріністері, Қанай ауылы, Ә-тің Н. Нұрмұхамедов салған (1962) портреті бар. Жазушы өмірінің әр кезеңін бейнелейтін суреттер топтамасы өз алдына бір бөлек. Ә-тің Алматыдағы мұражайының ішкі көрінісі (жұмыс бөлмесі), И. Исабаевтың «М. Әуезов өз кейіпкерлерінің ортасында» (1967) атты графикалық еңбегі бар. Альбом көлемі 36,5 баспа табак, таралымы 25 мың дана.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«АБАЙ ЕЛІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН МЕРЕКЕ»**, жазушының очеркі. Ұлы Абайдың 100 жылдық мерейтойында көрген-сезген жайлардан туған ойларын жазған. Очерк «Қазақ елі» журналының 1945 жылғы 3–4-санында, кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағында (18-кітап, 1985) жарияланды. Ә. очерк-мақаласында Абайдың ел жұртының қадірлі қонақтарды желілеп бие байлап, көгендеп-матап мал сойып, үй-жайларды безендіріп күтіп алғандарын сипаттап өтеді де, оның салтанатты аталып, бақытты ұрпақтардың алғысқа бөленгеніне тоқталады. Мұның арты ақындар айтысы, ат жарысы, қыз қуу, төнге алу, жамбы ату, жаю жұрыс, балуан күресі секілді ұлттық ойын-сауыққа ұласқанын айтады. Үш күнге созылған мерей тойы – халық тойы, мәдениет пен салтанат тойы болып өтті деп тұжырымдайды ойын автор.

*Н. Оспангері.*

**«АБАЙ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БИК НЫСАНАСЫ»**, жазушының мақаласы. Абайдың туғанына 100 жыл толуына байланысты жазылып, алғаш рет «Социалистік Қазақстан» (18. VIII. 1945), «Ленин туы» (23. VIII. 1945), «Алтай большевигі» (26. VIII. 1945) газеттерінде жарияланды. Жазушының «Әр жылдар ойлары» (А., 1959, 206–212-беттер), «Абай Құнанбайұлы. Мақалалар мен зерттеулер» (А., 1967, 267–275-беттер), 20 томдық шығармалар жинағы (18-кітап, А., 1985, 34–41-беттер) кітаптарына енді. Мақала ақын поэзиясының нәр алған қайнарлары туралы мәселе көтереді. Бір қазақтың ғана емес, жалпы жұрттың ақыны болған Абайды ұғыну үшін ол тәлім алған мектептерді білу керек. Абайдың «өз халқынан және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төргіні барын байқаймыз. Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры. Екінші араб, парсы, түрік тіліндегі шығармалардың көркем классикалық поэзиясы. Үшінші үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті». Мақалада Абай поэзиясы нәр алған осы үш түрлі қазынаның әрқайсысына қысқаша сипаттамалар берілген. Абай олардан талғамай, үйрене берген жоқ: «баршасын да өзінің үлкен ойлы, терең толғаулы ірі ақындық ерекшелігі арқылы үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайнар жүрегінен шыққан бұйым-табысы етіп ала білді». Абайға әсер еткен әлемдік өркениеттің алыптарының есімдері аталады.

*Д. Ысқақұлы.*


**«АБАЙ ЖАЙЫН ЗЕРТТЕУШІЛЕРГЕ»**, жазушының мақаласы. Семей облыстық «Екпінді» газетінің 1940 жылғы 17 шілде күнгі санында жарияланған. 1940 ж. Абайдың туғанына 95 жыл толуына орай Қазақстан үкіметі арнайы қаулы шығарып, оны кең көлемде атап өту жөнінде шешім қабылдады. Ақынның толық шығармалар жинағын шығару мәселесі қойылды. Бұрынғы Семей облысының Шыңғыстау (қазіргі Абай) ауданына арнайы топ жіберілді. Оны Ә. басқарып барды. Мақала сол сапарда жазылды. Мұнда Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді жинау мен жариялау барысында қандай мәселелерге ерекше ден қою керек екендігі баса ескерілді. Мақалада қозғалған негізгі мәселелер мыналар: Абайдың ақын шәкірттері Абайға еліктеп, Абайша өлең жазуды дәстүр ретінде ұстанған. Сондықтан жанадан табылған өлеңдерді жариялауда барынша ықтиятты болу шарт. Екінші, Абайдың заманы мен тұстаы, сол кездегі белді-белді оқиғалардың жай-жапсары, мекені, дау-шар кесімі туралы деректерді барынша толық жинастыру. Үшінші, этнографиялық салт-дәстүр мен саят өнеріне, киім үлгілеріне, тұрмыстық жағдайларға, жол-жора, ырым-сенімге қатысты бар әңгімелерді тиянақты түрде қағазға түсіру. Төртінші, табиғат көріністері мен ауа райына қатысты атауларды, олардың нышандарын назарда ұстау. Бесінші, Абайдың және оның үй ішінің ұсақ-түйегіне дейін суреттеп жазып, киім үлгілерін сызып алу. Алтыншы, Абайдың мұражайы үшін заттар жию және ол туралы естеліктерді хатқа түсіру. Жазушы Абай мұраларын зерттеушілерге осындай нұсқау беріп, өтініш

бiлдiрген. Мақала Ө-тiң 1967, 1995 ж. жарық көрген «Абай Құнанбаев» атты мақалалар мен зерттеулер жинағына және 12 томдық шығармалар жинағының 11-томына (1969) енгiзiлген.

Т. Жұртбай.

**«АБАЙ» ЖӘНЕ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНДАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ ТУРАЛЫ** («Как я работал над романами «Абай» и «Путь Абая»), жазушының мақаласы. Оқырмандармен кездесу кештерiнде ойға оралған ой-пiкiрлерi мен оқырмандар сұрауына қайтарған жауаптары негiзiнде, әсiресе М. Горький атындағы Әдебиет институтында оқитын студенттермен кездесу үстiнде сөйлеген сөздерi негiзiнде жазылған. Мақаланы ұзақ ойлану, пiкiр тезистерiн жазу, алдын ала мақаланың жоспарын құру арқылы деректер көзiн жүйелеп, айтар ой-пiкiрлерiн жинақтап барып, қағазға түсiрген. Бұл ерекшелiктер Ө-тiң «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» атты кітабына енген «Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихынан» деген бөлімінде берілген шашпа пікірлері мен тезистер жүйесінде келтірілген. Мақала орыс тілінде алғаш рет «Вопросы литературы» (1959, № 6) журналында жарияланып, сол жылы Бүкілодақтық радио арқылы оқылды. Кейінірек 1959 ж. «Мысли разных лет» жинағында (397–413-беттер), 1967 ж. «Абай Құнанбаев» монографиясында (357–376-беттер), Мәскеуде орыс тілінде жарық көрген 5 томдығында (1975, 5-кітап, 439–460-беттер), жазушының 20 томдық шығармалар жинағында (1985, 20-кітап, 257–279-беттер) басылым көрді. Мақаланың қазақ тіліне аударылған қысқаша нұсқасы (З. Қабдолов аудармасы) «Абай» романының жазылу жайынан» деген атпен М. Өуезовтың 12 томдық шығармалар жинағының 12-томында (1969, 106–124-беттер) жарияланды. Мақалада «Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихы романға деректер іздеп, мұрағат көздері болмағандықтан, мыңнан астам кісілермен әңгімелесу, естеліктер жазып алу арқылы, өткен тарихи шындықты табиғи қалпына келтіруге сүйенгені баяндалған. Романдағы кейіпкерлер, жер атаулары, рулар, ел билеу жүйесіндегі өзгерістер өмірде болған қалпында өзгеріссіз беріліп, ойдан алынған кейіпкерлер болса, олар бірлі-жарым ғана екені айтылған. Романды жазудағы басты мақсат 19 ғасырдағы қайталанбас көшпелі қазақ тұрмысы мен олардың басынан өткерген тарихи оқиғалардың энциклопедиялық болмысын беруге құрылғанын, әрі роман өнер адамының шығармашылық өмір жолын суреттеуге арналған ерекшелігін ескерткен. Ө-тің бұл жолдағы өзінің көздеген мақсаты Абайдың барлық еңбегімен, шығармашылық ерекшелігімен түгел қамтып, «осы тұлғаға заманының барлық жарқын, алдыңғы қатарлы, прогрес-

«Абай» романының мұқаба беті



шіл құбылыстарын жинақтай көрсету және оның сахара өмірінде, халық өмірінде бірден бола қалмай, бірте-бірте қалыптасқан, күреспен дамыған зор тарихи процесс екенін көрсету еді» (12 томдық шығармалар жинағы, 1969, 12-кітап, 108-бет).

М. Мұрзахметұлы.

**АБАЙ ЖӘНЕ ӨУЕЗОВ**, Абай тәлімі, Ө-тің Абайды танып-білуге қосқан үлесі. Мұның өзі – екі үлкен сала. Бірі – Ө-тің абайтануға, яғни Абайдың өмірі мен шығармашылығын, оларға қатысты мәселелерді баяндайтын ғылыми еңбектерін, зерттеулері мен мақалаларын талдап бағалау. Екіншісі – Ө-тің көркем шығармаларында Абай бейнесін суреттеуі, оның заманын, өмір жолын, ақындық, ағартушылық, қоғамдық қызметін сипаттап көрсетуі, яғни жазушының Абайға арналған пьесасы, опералық либреттосы, киносценарийі, әсіресе төрт томдық «Абай жолы» эпопеясы төңірегінде айтылған, қорытылған ой-пікірлер. Тағы бір өте маңызды қыры бар. Ол – Абай шығармашылығының, әдеби мұрасының Ө-ке әсер-ықпалы туралы, әсіресе «Абай жолы» роман-эпопеясында жазушының Абай шығармаларын деректік тірек етуіне қатысты айтылатын жайлар. Мәселе бұдан да кеңірек келсе, Абай мен Ө-ті қазақ әдебиетіндегі екі дәуірдің, екі ғасырдың (яғни өткен ғасыр мен 20 ғасырдың) аса ірі екілері ретінде алып, ұлттық сөз өнеріндегі дәстүр жалғастығы тұрғысынан қарап, олардың үндестігі мен өзгешелігі қандай екенін байыптаудың өзі осы екі сөз шеберінің өнерпаздығы тұлғасын айқынырақ түсінуімізге себін тигізеді. Абай мен Ө-тің екі заманын перзенті екені рас. Алайда Ө. өмір сүрген, әдебиетке араласып, шығармашылық ғұмыр кешкен дәуірі Абай заманынан тым қашық емес, сипаты, мазмұны мүлде өзгеше заман болса да, мерзімдік жағынан жалғас, өзектес. Ө. жасы ұлғайған Абайды бес жастағы кезінде бір ғана көріп, ол кезде оның кім екендігін, ұлы екендігін біліп, түсіне алмаса да, ол кейінірек сол ортада, Абайды көрген, білген, өлеңдерін естіген, сөздеріне әбден қанық адамдардың ортасында өсіп, ержетті. Ө-тің Абайдың өлеңдерін, қалдырған өнегесін осындай ортада жүріп қабылдап, жасынан көңіліне құйып өскені, олардың арасында рухани жалғастық тууына жағдай жасағанын толық ескеру қажет.

Жалпы тарихи-әдеби заңдылық шеңберінде осылай бола тұра, Ө-тің Абаймен рухани жақындығының сыры мен сипаты бөлек. Өзгені былай қойғанда, «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай заманы, дәуірі, халықтың тағдыры аса мол, терең бейнеленетінін ескерсек, осы мәселелерге Абайдың көзқарасы мен Ө-тің көзқарасы, ұғым-түсініктері арасындағы үндестіктер бар екені анық аңғарылады. Абай мен Ө. үндес, жақын болумен қатар, бірін-бірі қайталамайтын, біртуар өзгеше дарын екенін де есте тұту шарт. Абай ойшыл, философ, сазгер, ағартушы екені рас, бірақ ең алдымен – ақын. Ақын болғанда, ұлы ақын, классик ақын. Ө. ақын емес, бірақ шебер прозаик-суреткер, драматург ретінде ақынға жақын. Ө-тің прозалық шығармаларында да, драмалық туындыларында да лирикалық сарындар, лирикалық сезімталдық айқын көрініс беретін тұмар аз емес. Бірақ ол – алдымен кең құлашты романтист-жазушы. Эпостық жанрдың асқан шебері және оқиғаны шиеленіскен талас-тартыс, қақтығыстармен көрсете білетін драматург. Бұлар – оның өнерпаздық шеберлігіне тән сипаттар, Ө-тің шығармаларында Абайдың ақындық

өнерімен астаса алатын бұл айтылған жайлар бір-бірі ешбір жоққа шығара алмайды. Өнер салалары, қырлары әр алуан, арасында пышақ кесті жік жоқ, ауыс-түйіс болуы толық мүмкін, тіпті қажет те. Тек Абай поэзиясындағы кейбір сарындардың Ө. прозасынан, айталық, «Абай жолы» роман-эпопеясынан көрініс табуы үлкен ізденісті, жаңаша көркемдік шешім табуы қажет еткен.

Абайдың әдебиеттегі орнын тұңғыш рет бағалап, ақынның әдеби мұрасы туралы құнды деректер берген *Кәкітай Құнанбайұлы мен Ө. Бөкейханов* мақалаларына қоса, *А. Байтұрсыновтың* және *М. Дулатовтың* құнды пікірлері ұлы ақын шығармашылығын дұрыс танып-бағалауға жол ашқанын, мұның абайтану ғылымына тірек боларлық алғашқы қадамдар екенін айтуымыз керек. Абайтануды дербес ғылым дәрежесіне көтерген Ө. болды. Оның Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылым саласының мызғымас негізі болып табылады.

Абай шығармаларының 1933 жылғы жинағын баспаға дайындау барысында Ө. ақынның жас кезінде шығарған, ел арасында ауызша айтылып жүрген бір топ өлеңдерін жазып алып, сол жинаққа енгізді, «Өзім» поэмасы да алғаш осы жинаққа жарық көрді. Ө. осы кезден бастап 1957 жылға дейін ақын шығармаларын жариялауда, олардың ғылыми басылымын жасауда орасан зор еңбек етті. Бұл басылымдар ақынның 1909 жылғы жинағы мен Мүрсейіттің бірнеше қолжазбасы және басқа кейбір белгілі жазбалар негізінде жүзеге асырылды. Өсіресе 1957 ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрген, Ө-тің басшылығымен және тікелей қатынасуымен дайындалған Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының абайтану ғылымындағы елеулі табыс болғанын атап айту қажет. Өйткені осы 1957 жылғы жинаққа Ө. жай өңшөйін сыртта жүріп редактор бола салған жоқ, текстологиялық жұмыстың барысында қолжазбалар мен бұрынғы басылымдар салыстырылып тексерілгенде, алты ай бойы үзбей басы-қасында болды. Ө. Академияға, өзі қызмет істейтін сол кездегі Тіл және әдебиет институтына бейсенбі сайын танертеңгі 9-да келіп, түске дейін болып жүрді. Абайдың 1957 ж. басылған екі томдық толық жинағының ерекше құндылығы – Ө-тің текстологиялық жұмыстарға тікелей қатынасуының, ерінбей-жалықпай басшылық етуінің нәтижесі.

Ө-тің айрықша бағалы еңбегі – ол ұзақ жылдар бойы ізденіп, сан алуан деректерді зерттеп, жүйеге түсіріп, Абайдың тұңғыш ғылыми өмірбаянын жазып шықты және оны бірнеше рет өңдеп, толықтырды. Ұзақ уақыт Қазақ мемлекеттік университетінде абайтану пәні бойынша оқыған дәрістерін жинақтап, үлкен монографиялық зерттеу жазды. Ол еңбегі кейін «Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер)» атты кітапқа енгізілді (1967, 15–228-беттер). Бұл еңбегінде Ө. Абайдың ең басты-басты дерлік өлеңдеріне, сонымен қатар поэмалары мен қарасөздеріне талдау жасап баға берген, олардың тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерін тиянақты түрде сипаттаған. Абай шығармаларының жазылған жылдарын анықтап, оларды өзінше топтастыру жағынан да Ө-тің атқарған еңбегі айтарлықтай.

Ө. Абайдың өлеңдерін талдап бағалағанда, кейде әр түрлі сын пікірлер айтатын тұстары да кездесіп отырады. Мысалға, «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» атты өлең туралы келелі де келісті пікір айтқан: «Дәл осы өлеңнің тұсында, Абай әйел жы-

нысына қазақы көзбен, әсіресе бойжеткен қызға феодалдық орта қарайтын көзбен қарағандай болады. Сол себепті сұлудың жүзін бізге айтып беріп отырған ақынның көзі көбінесе қыз көре келген жігіттің, келін айттыра келген құданың көзқарасы сияқты. Нақтылы дәлдік болғанмен ішкі сезім сыры жоқ шығарма көрінеді. Белдеуге сұлу атты байлап қойып, мүсін-тұлғасына көлденең қарап отырған бағалаушының мінезін аңғарамыз. Кейінірек жазылатын «АТ сынын» осы қыз суретінің тұсында еріксіз еске алуға тура келеді. Онда да аттың кекілі, құлағы, қабағы, мойны аталып келіп, ұлы денесі сипатталып кетеді. Бірақ атақ солайша сырт мүсінін санап, сынау қаншалықты қонымды болса да, адамзатқа қолданған әдіс оншалық орынды емес». Алдымен Ө-тің осы өлеңді «нақтылы дәлдік болғанмен, ішкі сезім сыры жоқ шығарма» дейін бұл көркем туындының кемшілігінен гөрі өзіндік өзгешелігін көрсеткен деп түсінгеніміз жөн сияқты. Өйткені өлеңдегі негізгі мақсаттың өзі қыздың бет пішінін, келбетін, сымбатын, сыртқы көрінісін сөзбен бейнелеу ғой. Абайдың қазақ поэзиясында қалыптасқан осы дәстүрге назар аударып, өлең тілінің сөз ернектерін мол пайдаланып, сұлу қыздың кескін-келбетін, бой сымбатын бейнелеуде өнер өлшесіп байқағаны таңқаларлық іс болмаса керек. Қалай бағаласақ та, бұл салада Абайдың енегелі еңбегі бар екені даусыз. Ө. те өлеңнің сұлу қызды сипаттайтын алғашқы жағын «күшті бөлімі» деп бағалап, екінші бөлімін көбірек сынаған: «Екінші бөлімі Абайдың бұл өлеңін композициялық тұтастық, көркемдік күйден айырып, өлсіздікке ауыстырып әкетеді. Оның себебі өлеңнің бас жағы бір тақырыптан басталып, аяқ жағы екінші бөлек тақырыпқа ауысқанмен, әуелде іш пен мінез жоқ, тек сурет болса, кейін сырт жоқ, тек мінез аталады. Басында сұлулыққа сүйсіне сөйлеп, кейін ұрсып тоқтайды. Сондай екіұдайлық сыртқы түрден, ақындық теңеу лексикасында айқын көрінеді». Өлеңді тұтас алғанда әр қырынан қарап, әрқелкі айтылған қарама-қарсы пікір, керісінше сезім-әсер шарпысқаншақ болады. Қыздың сұлулығын тамашалап, идеал түрінде бейнелеу өзінше ұтымды десек те, ақынның бір сәт іркіліп, толқуы, өмірде сұлулық пен мінезділік, тұрақтылық аламын бойында бірдей кездесе бермейтінін ойлап, өкініп-күйінуі де табиғи нәрсе емес пе? Ендеше осы өлеңдегі тосын нәрседей көрінген қарама-қайшылық өмір шындығынан алыс деп үзілді-кесілді айта аламыз ба? «Ө, дегенде көрінер сұлу артық, Көбі көпшіл келеді ондай қаншық» дегенді басқа өлеңдерінде де ашынып айтатын Абайдың сыншыл ойы сұлулықты мақтап, мадақтаған сөздерімен жарыса келіп, өлеңнің екінші бөлігінде ақынның ішіне сыймай, кемерінен асып төгіліп сыртқа шыққандай әсер етеді.

Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы сұлу қыздың бейнесін суреттеуіне назар салсақ, Абай қолданған кейбір сипаттауларды өзі де жат көрмейтінін байқар едік. Бір ғана мысал айтсақ, «Білектей арқасында өрген бұрым» дейтін өлеңінде Абай қыздың бұрымына сән беретін сыңғырлаған шолпы екенін тап басып, дәл көрсеткен. Ө. Тоғжанның портретін бейнелегенде, оның шолпысының сылдырын жас Абайдың жүрегіні толқатын сиқырлы күші бардай етіп, үлкен мән беріп, арнайы су-

реттейтінін білеміз. Шолпының әдемі сылдыры жас қыздың қимыл-қозғалысының, жүрісінің бір ажырамас белгісіндей көрініп, Абай мен Тоғжанның алғашқы кездескен сәттері суреттелгенде-ақ, біздің көңілімізге берік ұялайды. Шолпының дыбыстық әсері жас қыздың қимыл-қозғалысының айрықша келісті сәнділігін көзге елестетеді. Ө-тің бұл тұста Абайдың өз өлеңімен үндес шығуы әбден заңды. Ал Мағжанның да «Шолпы» атты әдемі лирикалық өлең жазғанын Ө., сөз жок, білген. Мәселе тікелей сабақтастық іздеуде емес, кең мағынасындағы әдеби дәстүр жалғастығын ескеруде. Көлемді прозалық шығармада қыздың мінезін, іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын жан-жақты бейнелейтіндіктен, роман-эпопеядағы портреттің ауқымы кеңірек. Бір-ақ сөзбен мүсінделіп берілгендіктен, ол портрет те әр түрлі көркемдік детальдар – жеке сипат-белгілер арқылы жасалады.

Ө-тің «Абай жолы» дәуірнамасында Абай бейнесі, Абай заманының келбеті қалай суреттелген деген мәселелер төңірегінде әлі де айта түсетін, анықтай түсетін жайлар баршылық. Солардың көбі шығармадағы көркемдік шындық пен тарихи шындық қалай ұштасқан деген мәселеге жаяды. Мысалы, Ө. «Абай жолы» эпопеясында жас Абай мен Құнанбайды – әкелі-балалы екі адамды бір-біріне қарсы қойып, қарама-қайшы тұлғалар етіп бейнелеуінің мәнісі қалай деген сауал жиі қойылып жүр. Абай баласы Өбдірахманның дүниеден жас кеткеніне налып шығарған жырында оны жасынан ғылым жолына түскен жаңа буынның өкілі, жаңа заманның, «жаңа жылдың басшысы» еді деп, өзін «мен – ескінің арты едім» деген болса, Ө-тің роман-эпопеясында Құнанбайды – ата жолын өзгертпей ұстауға тырысқан бұрынғылардың өкілі, «ескінің арты еді», ал Абай өнер үйренуге, білім-ғылым игеруге ұмтылған прогресс жолына бет алған жаңашыл жастардың ішіндегі ең бір озық жарқын тұлға деп қарағаны, солай етіп бейнеленгені көңілге қонымды. Егер байыптап дұрыс аңғарсақ, Құнанбай мен Абай, әке мен бала ретінде бір-бірімен қайшы көрінбейді, көбінесе – екі заманның өкілі, екі мақсаттың, екі қоғамдық көзқарастың адамы тұрғысында қарсы қойылады. Ал екеуінің мінезі екі түрлі болса, Құнанбай айлакер, қатал көрініп, Абай адал, әділет іздеген ақын жанды мінезде көрінсе, мұның өз қисыңдылығы бар. Құнанбай ел арасындағы түрлі талас-тартыстың, қайшылық-шиеленістердің тізгінін қолына ұстап отырған, әбден әккі болған ел билеуші екенін, ал Абайдың қоғам өміріндегі қарым-қатынастарға енді ғана көз тігіп, араласып жүргенін естен шығармаған абзал. Роман-эпопеядағы көркем шындықты өмірде болған оқиғалардың қаз-қалпындағы көрінісі деп қарауға болмайды. Оның өзі көбінесе автордың көркемдік парасатынан өсіп, жетілген, сөйтіп өзара байланыс жүісінен тапқан өмір көріністері боп табылады. Тек оқиғалар мен талас-тартыс төңірегінде ғана емес, белгілі кейіпкерлер мен оларға берілген көркем мінездемелер жөнінде де осыны айтуға болады. Эпопеяда автор ойынан туған көркем бейнелер мен қақтығыс жайларының өзі қаншама! Мұның қайсысы да автордың қоғам өміріндегі өзекті мәселелерді көтеру барысында сол ортадағы әлеуметтік күштердің сан салалығын, айрықша күрделілігін жарқын бейнелеп көрсету мақса-


тынан туған. Эпопеяның түптеп келгенде, негізгі кейіпкері – халық. Халық өмірінің алуан түрлі көріністері, құбылыстары шығармада ірілене, жинақтала, типтендіріле бейнеленеді. Романдағы бүкіл ірілі-ұсақты оқиға, тартыс, коллизиялар Абай арқылы, не оның тікелей қатысуымен, не әйтеуір қалайда араласуымен, не оның көңіл күйіне, ой дүниесіне, жалпы көзқарасына, дүниетанымына байланысы арқылы суреттеліп, бір-біріне ұласып, тұтасып жатады.

3. Ахметов.

«АБАЙ ЖОЛЫ», жазушының роман-эпопеясы. Қазақ әдебиетінің тарихындағы дала тағдырын мұхит тектес тереңдікпен толғаған «А. ж.» роман-эпопеясының авторы Ө-тің көпке дейін, дәлірек айтқанда, қырықтың үстіне шыққанша, ұлы ақынның өмірі, туған-өскен ортасы туралы шығарма жазу жоспары болмағанын ескерткен бар. Абай өлеңдерін бастыру, ғұмырбаянын жасау, зерттеу еңбектер жариялауды романға барар жол деп санамаған екен. Сондықтан ұлкен шығарма идеясы әбден піскен кезде, қажетті уақытты өткізіп алғанына бармақты шайнаған. Дегенмен, ескі жұртта әлі де көп естелік бар-ды. Абай заманының сан салалы сырларын, дәуірдің қат-қабат тартыстарын, дәлді оқиғалар, аңыз-әңгімелерді даланың жезтаңдай, ескі көз, құйма құлақ адамдарды кейде саф таза күйінде, кейде мың құбылтып жеткізген болатын. Абайдың мінезін қаңқырған қасындағы жары – Өйгерім, ұлы – Турағұл, інісі Шәкәрім, іні-шәкірттері – Көкбай, Қатпа, Баймағамбеттер. Көп нәрсенің түбіне, түкпірлі табанына үңілу керек болған. Ел аузы Қамқа мен Қодар неісі үшін қылмысқа барған деседі. Абай үш әйел алған кісі: Ділде, Өйгерім, Еркежан. Дәрмен деген ақын болмаған. Жазушылық мақсатқа орай автор өмірлік дәлді деректерді қажет жерінде өзгерткен, керекті орайда жаңа кейіпкерлер, оқиғалар ойлап тапқан.

Романда қаламгердің бұрынғы шығармаларындағы әуен-сарындар жалғасып, тереңдеп, байып, жаңа саладағы көркем оялар, кемел бейнелер туған, қазақ тілінің адам психологиясын, әлеуметтік қайшылықтарды ашып берудегі орасан зор байлығы көрініп, жанрдың ең жоғары талаптарына жауап беретін мол мүмкіндіктері ашылған. Ө. қазақ тұрмысы, моральдық институттарының өмірлік материалдары негізінде қатал реализм, сұлулық, әсемдік талаптарына дөп келетін тарихи роман тудыру арқылы қазақ әдебиетінің деңгейін биік әлемдік дәрежеге көтеріп, жаңа эстетикалық игіліктер жаратып, қаламгерлік ерлік жасады.

Төрт томдық эпопеялық мол көлемді роман қазақ қоғамының жарты ғасырлық әлеуметтік, тұрмыстық, отбасылық ғұмырын мейлінше дәл, айқын, адал бейнелейді. Оқиғалар жыл маусымдарының төрт мезгілінде бірдей, тәуліктің әр түрлі сәттерінде, күн демей, түн демей, толассыз өтіп жатады. Аталар буыны Құнанбайлар өмірінің соңғы кезеңі, орта буын Абайлар өмірі түгелдей дерлік, жаңа буын Өзімбайлар өмірінің тал түсі, жас төл Рақымдар өмірінің басы – бірімен-бірі жалғас, үзілмейтін тіршілік көшінін керуені іспеттес, бір-бірі қуалай жосыған дария толқындары секілді сабақтас, жалғас қалпында көрініс табады. Бұл бір мәңгілік толас таппас жақсылық пен жамандық, махаббат пен ғанадауат, әділет пен зұлымдық шайқасы ретінде бейнеленеді.



«Абай жолы» романының өңір беті.

Жазушы бір рулы ел жайлаған ортаны бейнелеу арқылы қазақ тұрмысын, тұтас алғанда көшпелілер мәдениетін түгел көрсетіп беретін биік деңгейге көтеріледі. Көші-қонның бүге-шігесіне дейін анықтап, шаруашылық орайына байланысты, мал жаю талабына сәйкес жер отын тиімді пайдалану үшін шаруа қазақтар қолданған кәсіби әрекеттердің әлеуметтік тамырлары ашылады, теңсіздік, зорлық-зомбылық, тіршілік үшін күрес сарындағы сабақтас жүреді, осы арнадағы адамдар тағдыры тарақталады.

Көшпелі өмірдің көбесі сөгіліп, қазақ елі патша өкіметінің отарлық табанына түскеннен кейін, бекіністер, қалалар салынып, ендігі биліктің түп қазығы сол шаһарларда қағылған. Сондықтан қырыда басталған дау-шар, бітімсіз күрес, лап еткен өрт түптің-түбінде ұлық кеңсесіне тұмсық тірейді. Соңғы шешім сол жерде. Сол себептен романдағы бірқыдыру оқиға Қарқаралы, Семей, Алматы қалаларында өтеді. Әсіресе Абайдың бала кезінде оқыған, кейін білім қуған, әділет іздеген, достар тапқан күндерінің куәсі – Семей. Жазушы негізінен өмірдің табиғи ағымын, уақыттың ілгері жылжу құбылысын көрсетеді. Абайдың он үш жасынан бастап дүние салғанына дейінгі қырық алты жылда оны қоршаған ортада өткен басты оқиғалар тізбекті сабақтастықта, бірінен-бірі туып, өрістеп, тарамданып, асқынып, шорт сынып, тағы бастау алып, шығандап, қатарласа дамып, лаулап барып өшіп, қайта жанып, құбылып, өзгеріп, осы арнада ондаған, жүздеген, мыңдаған адамдар тағдыры шешіліп жатады: жас шынар гүл шаады, кәрі бәйтерек құлайды. Кейіпкерлердің қазіргі өміріне тікелей қатысы жоқ, бұрын өткен бірен-саран оқиғалар еске түсіру арқылы белгілі болады. Жарны ғасыр уақытты қамтитын кең тынысты, сан арналы ұлы шығарманың барлық тарау, бөлімдерінде көшпелі қазақ тұрмысына етене көрініс, сурет, тартыстармен астарлас жалпы адам баласына тән қайшылық күрес, қасиеттер мол қамтылып, кең көлемде терең де сенімді бейнеленген.

Роман бірінші бетінен бастап соңғы жолына дейін сұсты өмірдің қатал шындығына суарылған. Әдемі, таза шаһарда үлкен ұстаздардан білім алып жатқан он үш жасар шәкірттің оқуын еріксіз үзіп, қырыдағы күрес майданына салмақшы әке әрекеті зорлық емей немене? Ауылға деген сағыныш тағы бар. Қодар-Қамқа трагедиясының үстінен шыққан соң, екі ұдай көңілдегі Абайдың мұрттай ұшуы тән жарасы ғана емес, жан жарасы болып бейнеленеді. Жас жүректі отқа қарығандай болған осы қанды өлімнен кейін бала көңіл айнала қоршаған ортаға, үлкендер әрекетіне шошыған көзбен қарап, бірте-бірте суық та қатал шындықтарды сезіп қана қоймай, олардың әлеуметтік, философиялық астарлы мәндерін ұға бастайды. Содан барып, әуелгі үнісіз қарсылық, іші наразылық ұлғая келіп, саналы күрес жолына қарай беттетедеі. Абайдың азамат, қайраткер ретіндегі өсіп-толығуы

ақындық дарынының түйін тастап, бүршік атып, гүл шашып, жапырақ жаюымен қатар – егіз отырады. Көне жыр, ескі әңгіме, аталы сөзді жадына тұтып, көңілге тоқып, Шығыс, Батыс әдебиеттері теңіздеріне құлаш ұрып барып, поэзияның ұлы айданына шыққан Абай талантының небір тылсым сырларын, шығармашылық психологисын терең бейнелеген Ә. өнегесі – әлемдік прозадағы жаңа бір дәстүрлерге мұрындық болғанын, оны өз тәжірибелерінде пайдаланғанын көптеген қаламгерлер айтқан болатын. Кейіпкерлерін бір жақсылық, бір жаманшылықта сынау – Ә. поэтикасындағы ерекше шебер қолданылатын өнімді көркемдік тәсілдердің бірі екенін, әсіресе, Абай характерін сомдау принципінен көреміз. Қараныз: жылы сөз айтып, маңдайдан бір іскемейтін қатал әке, мейіршафқат төгіп, елжіреп, еміреніп отырған әже мен ана, жаттан бетер жауығып кеткен туған аға, қоң етін кесіп берсе, қыңқ етпейтін туған іні, ата дәстүрімен қосылып балаларына ана боп отырған құшағы суық әйел. Бұл бір шаңырақ астындағы кереғар жәйттер. Ал енді бұдан сыртқа шығып көріңіз. Кеше ғана тізе қосып, елтізгінін қатар ұстаған Құнанбай мен Бөкей бүгін Ырғызбай мен Жігіттекті соғыстырып, кісі өліміне дейін барып отыр. Бұл екі қошқардың басы бір қазанға сыймағаннан туған бақастық, күншілдік кикілжің емес, алыс түкпірлі ниетті тіршіліктің қамы, өз нәсілі үшін қоныс кеңейту, жер алу мақсатынан шыққан арпалыс. Шындап келгенде, бұл ауызбірліктің жоқтығынан өршітін таза қазақы рулық қақтығыс емес, жалпы адам баласының мәні бар, әулет пен әулетті, ұрпақ пен ұрпақты, халық пен халықты, ел мен елді, мемлекет пен мемлекетті соғыстыратын мәңгілік майдан. Сол үшін шекара күзетіледі, қару-жарақ жасалады, елшілік жүреді, ұйымдар құрылады.

Абай бейнесін жасауда ақын өмірінің белгілі оқиғалары кеңінен суреттеледі, оның шығармаларындағы әуез-сарындар, мотивтер, идеялар пайдаланылады. Бірақ жеке елеңдеген иллюстрация, жалаңаш еліктеу, қайта баяндап беру дегеніңіз атымен жоқ. Абай сөздері, диалогтағы, монологтағы лебіздер түп-түгел ақын лексикасын, синтаксисті ескере отырып, тыңнан жасалған, Ә. тудырған. Ұлы ақын, ұлы күрескердің шытырман, қатқабат құмыры диалектикалық қайшылықта реалистік шыншылдықпен ашылады. Бір жағынан бұл қазақтың жаңа жазба әдебиетінің классигі, өмірдегі іздері халық жанысында сайрап жатқан нақты, тарихи тұлға болса, екінші жағынан бұл ұлы жазушы қиялында балқып туған, зор талант күшімен кескінделген нақты әрі жинақтаушылық мәні бар, мың сан қыры жарқыраған, образдық, символдық қуаты күшті, дүние жүзі өнеріндегі биік, көркем, ұмытылмас әдеби бейнелердің бірі. Адамдар рухының мың сан өзара шарпысуын кең көлемді, терең психологиялық таңдау арқылы ашып берген күрделі романдағы ел үлкен сезім ағыстарының бірі – сан салалы махаббаты алуан түрлі, құлпырған көрік боюымен, сәт кезеңдегі әуез-сарынымен, бұлқына жосыған күй-толқынымен бейнеленген. Көлденең көк аттыға елеусіз ғана көрінетін туған жердің тау-тасы, өзен-көлі, аймақ-даласы жазушының шабытты қаламында қайтадан жаратылғандай болып, құлпырып, жайнап, небір ғажап қалыпта көрінеді: қыс, көктем, жаз, күз – бәрі

бар. Нәсерлетіп жаңбыр жауады, ат құлағын көрсетпей боран соғады. Абайдың аналарына (Зере, Ұлжан), бауырларына (Оспан, Шөке, Кәкітай), достарына (Ербол, Базаралы, Дәркембай), балаларына (Әбіш, Мағауия) деген ыстық ықылас, қымбат пейілін биік адамгершілік тұрғысынан өмірдің сан қилы кезеңіне ден қойып, зор шабытпен, ақындық ғаламат қуатпен бейнелеген психологиялық сезімі – ғашықтық сырлар, махаббат әуездері. Бұл күй, бұл қалып ең алдымен Абай басына тән. Табиғатынан ерекше сезімтал, рухы таза, бала күнінен халық әдебиетінен, жадына тұтып, шығыс поэзиясынан ғашық жырларын оқып, тәрбие алған жас бозбаланың сұлулыққа, пәктікке, әсемдікке құлауы – Тоғжанмен тұңғыш танысуымен дәл келеді. Бұл бір ақынға, асқақ тұлғаға жарасуып келіскен романтикалық, ғажайып махаббат. Екі жағы да өртеніп, жанып, лаулап тұр. Сол күйлерді жазушы бірде Абай, бірде Тоғжан толғау, монолоттары, тебіреністі лебіздері арқылы жас ғұмырдың салтанат жыры етіп тегілетеді. Астарлар, тоғысулар, ұла-сулар Ләйлі-Мәжнүн, Қозы-Баян, Татьяна-Онегин болып жалғасады. Түптөп келгенде, Тоғжан тазалығы, сұлулығы, пәктігі Абайдың әсемдік мұратының биік нысанына секілденіп кетеді, ол канша ұсынса қолы жетпес алып тұғыр, мәңгі тарқамас ұлы сағыныш, орны толмас арман секілді. Бұл күйлердің жалғасы, жаңа замандағы соны көрінісі болып Әмір-Үмітей, Әбіш-Мағаш, Дәрмен-Мәкен махаббат хикаялары, сол сапардағы трагедиялық халдер, романтикалық серпіндер ішкі толқынды әлемді жайып салған, биік адамгершілік тұғырлардан шырқалған қымбат, асыл, жалынды ән болып төгіліп, мол сарынды симфониядай бойынды балқытып, жан-жүйенді елжіретеді. Бұл арнада батыр, бағылан Базаралы мен Нұржүзді, Науша-Нұрғаным арақатынасы, сыйластық, сүйіспеншілігі оқшау әсер етіп, естен кетпей, ойда қалып қояды.

Шығармадағы диалектикалық қайшылық, тартыс, күрес сан салалы, тарам-тарам, жұлге-жұлге. Әуелде зорлықпен оқудан қол үзген Абай темір нокта кигендей болып, сүйгенінен айрылып, атастыру жөнімен үйленіп, опық жейді. Бірте-бірте өз әкесінің жуандығынан басталған әділетсіздік толқыны оны басқа жағаға, қорланғандар, қорғансыздар тобына қарай ығыстырады. Дұшпан жаттан да, жақыннан да шығады. Бір әкенің екі баласы Абай бір қиырға, Тәкежан екінші қиырға тартады. Күнделікті отын бықсытып жүрген Күнке, Мәніке, Қаражан, Ділделер, анау жауыздықтың жас жолбарысы Әзімбай өсіп келе жатыр. Бір жағынан жамандық қауласа, екінші жағынан жасқылық көктей бастайды. Исі Ырғызбай дұшпаны есепті Дәркембай, Базаралы бірте-бірте жақындай түсіп, ақыры Абай қасынан табылады. Өз бауырында жаралған қанаттары қандай: Әбіш, Мағауия, Дәрмен, Көкбай, өле-өлгенше ақ, адал пейілімен, таза достығынан таймаған Ерболды айтсаңыз.

Көшпелі мәдениетке тән этнографиялық, тұрмыс-салттық, сенім-нанымдық, құқықтық, әскери-саяси, адамгершілік-моральдық көріністердің барлық белгілерін толық та кең, терең де қыл қамтыған шығармада ерекше ықшамдылық, лаконизм бар. Қазақ елінің ежелгі бір дәстүрі, арғы замандарда басталған, тіпті шаріғаттың өзі де мұртын бұза алмаған белгілі адамға ас беру, жылы өткенше

өліктің артын күту, азалы үй тігіп, ат тұлдап, қаралы көш жүргізу, дауыс айтып, көрісу дәстүрі Бөжей өлімі тұсында кеңінен бейнеленеді. Екінші қайтара мұндай ситуацияға оралу жоқ. Өншілік, серілік, аңшылық, саятшылық, құсбегілік өнерлерінің үлкен-үлкен бір-бір тарауларда арнайы түрде суреттелуінен осындай көркемдік шарттарын, қаламгерлік қатал позицияны аңғарамыз. Сол секілді мезгілді уақыты жеткен соң, өзіне тиесілі көркемдік-эстетикалық міндетін атқарғаннан кейін қосалқы персонаждар ұлы оқиға арасынан түсіп қалып, олардың орнын жаңа, басқа мақсат үшін көрсетілетін кейіпкерлер басып, соны ситуация, тың әрекет бел бала бастайды. Өмірдің небір тамаша нұрлы жақтары – әже мен ананың перзентке деген шексіз махаббаты (Зере, Ұлжан-Абай), аға мен іні арасындағы қаяусыз адалдық (Абай-Оспан), өле-өлгенше сызат түспеген тамаша достық (Абай-Ербол), мәңгілік махаббат (Абай-Тоғжан), азамат басын сыйлап жасалған қарымтасыз жақсылық (Абай-Салтанат), ерегіспен кек алу (Тәкежан малын қуып әкету, Оразбай ауылын шабу), жігіттіктің ләззатты түндері (Абай-Қуандық), серілік рақаты (салбурын аңшылық), ақындық шабыттың тәтті сәттері (өлең туған мезгілдер), биік әнмен қауышқан бақыт (Біржанның келуі, Әйгерімнің Татьяна әнін салуы), туған жердің ыстық құшағы (жайлау суреттері) секілді сан алуан кез-кездер романда айрықша бейнелі, кең тынысты, өрнекті, ырғақты бай тілмен, дәстүрлі прозаның реалистік әдістерімен, зор шабытпен суреттеледі. Іштей өзін-өзі қажап, екі ұдай болып арпалысып, ой ұшығына жете алмай, қате қадам басып, бармақ шайнап, от басынан опық жеп, ортасына сыймай, шідер үзіп кетіп, басты тауға, тасқа соғып, ұрт қимылға барып, содан таяқ жеп, қылмысты атауын, жазықсыз жаза шегіп, көп уақыттан кейін туған жерге оралып, саналы әрекетке көшкен Базаралының іші-сыртын жазушы тамашалай отырып, іш тартуын жасырмай, ашық пейілмен жарқырата көрсетеді. Бұл тұлға жазушы қаламынан ертеректе туған ірі қимыл иелері Бақтығұл, Ұзақтардың рухани туысы, дәлірек айтса, әлем әдебиетіндегі күрескерлер қатарына еркін аттап барып, тең қосылған үздік қаһарман.

Ө-тің үлкен суреткерлік шеберлігінен терең ашылып көрінетін айқын тұсы – адам кескіндерін бейнелейтін шақ. Кейіпкер алғаш әрекет сахнасына шыққан бетте автор оның келбетінің есте қаларлық сипат-белгілерін суреттеп береді. Адамның жалпы тұрпаты, бойы, дене бітімі, қимыл-қозғалысы, әсіресе, бас бітімі, бет пішіні, көзі, мұрны, ерні, тісі атамалап көрсетілмей, бір-бірімен байланыста, әрекет, қимыл үстінде, жанды – тірі қалыпта, сан алуан көңіл күйімен толқыған, тебіренген, ренжіген, қуанған, жек көрген сәтінде бой көрсетеді. Жазушының қырағы көзі әр түрлі нәсілді, сан алуан әулетті дәл көріп, анық басып, қапысыз танытады. Суретші қаламгер бір-біріне ұқсамайтын ондаған адамның реалистік портретін жасайды, олар тұтас көрмелерді толтыруға жетіп жатыр. Ө. құдіретімен жаратылған әйелдер бейнелері бірінен-бірі өткендей сулу, нұрлы, әсем: Тоғжан, Қуандық, Салтанат, Әйгерім, Үмітей, Керім-бала, Нұрғаным, Мағаш, Мәкен. Атал азаматтар, батыр жігіттер қандай: Базаралы, Балағыз, Оспан, Дәрмен, Әбіш, қыртысты билер, қат-қабат жуандар: Бөжей, Оразбай, Әзімбай. Осынау қалың шоғырдың бір тұғырында – Құнанбай, бір тұғы-



рында – Абай. Екеуінің де үй ішінде, көпшілік ортасында, далада, шұрай топ алдында, отырған, жүрген, ат үстінде, ойға батқан, ашуға мінген шақтардағы, әр кездердегі шешім қабылдап, билік айтқандағы кескін-келбеті барша бояуымен көз алдыңызға келеді. Бірі – қаттылықтың, зорлық-зомбылықтың, екіншісі адамгершіліктің, әділет-мархабаттың бейнесіндей. Жазушы кейіпкер келбетін сомдау үшін авторлық баяндау, персонаждың өткен күндерін еске түсіру, өзіндік сөздік сипаттама, басқалардың берген бағасы, психологиялық саралау, ой ағым, диалог, монолог, полилог секілді көркемдік құралдарды мейлінше еркін қолданады. Қаһарман оңаша күйде, екеуара, топ ортасында, мәжіліс үстінде, әрекет-күрес басында, қолма-қол шайқаста, бір қуаныш, бір қайғыда, барлық болмысымен толық ашылып, оқырман назарына түседі. Әрбір кейіпкердің мойнына жүктелген көркемдік мақсат, идеялық салмақ бар. Романның басынан аяғына дейін көрініп, характерлік даралығымен толық ашылатын ұлы қаһармандар бір төбе болса, жеке оқиғаларға, эпизодтарға ғана қатысатын кейіпкерлер де бар. Өмір сахнасына бір буын келіп, өсіп, жетіліп, күресіп, шайқасып, жақсылы-жаманды тіршілік кешіп, мерзімді уақыт өткен соң, ажал қармағына ілінді. Көшті келесі ұрпақ жалғастырады. Тағы да қуаныш, тағы да қайғы. Тағы да талас, тағы да күрес. Сол мәңгілік майданның әлеуметтік-психологиялық, философиялық роман беттеріне түскен ақиқаты, шындығы оқырманды эстетикалық ләззатқа бөлеп, сан тарау тебіреністе ойға жетелейді. Әлемде алғашқы екі кітап «Абай», үшінші кітап – «Абай аға», кейін төрт кітап «Абай жолы» аталуында меззеулік мән бар. Жеке тарау аттарының символдық мағынасын алғаш көрсеткен Ғабит Мүсірепов болатын. Шығарманы орыс тіліне аудару кезінде тарау аттарын өзгерту ұсынысына автордың мүлде келіспеудің үлкен негіз бар еді. Бір қарағанда, орасан зор көлемді болып көрінетін шығармаға жітірек назар салсаңыз, ықшамдылық, келісім, гармония заңдылықтарына ерекше мән берілгеніне көз жеткізесіз. Бірінші кітап жеті тарау (Қайтқанда, Қат-қабатта, Жолда, Шытырманда, Бел-Белесте, Өрде, Қияда), екінші кітапта жеті тарау (Тайғакта, Жайлауда, Еңісте, Оқалта, Асуда, Тарауда, Биікте), бір эпизод, үшінші кітапта алты тарау (Абай аға, Кек жолында, Қарашығын, Өкініште, Қақтығыста, Қоршауда), төртінші кітапта алты тарау (Түн-түнекте, Құз-қияда, Қалада, Қастықта, Шайқаста, Жұтта), бір эпизод – эпопеяда барлығы жиырма алты тарау, екі эпизод бар. Өз ішінен әр тарау тағы бірнеше тараушаға бөлінген. Олар және жеке көрініс, ситуациялардан тұрады. Әрбір тараудың аты сол бөлімде өтетін басты оқиғаның психологиялық қалпын дәл береді. Жинақтай келгенде, Абай өмірінің, жеке адам тағдырының бір шақтағы болмыс-бітімін анықтайтын образдық-символдық мәні күшті бейнелі сөз. Екі тарау аты, екі эпизодтан өзге жиырма төрт тарау аты түгелдей бір-бірімен ұйқасып, сабақтасып, жалғасып тұр. Нұрлы, бақытты, сәулелі сәттерден гөрі, қайғылы, драмалы, трагедиялы күйлер көп. Мыңмен жалғыз алысқан данышпан, ақын ғұмырының мұңлы-зарлы шежіресі іспетті. Бірінші кітаптың соңында бейнеленетін шыңға шыққан жалғыз балғын шынар төртінші кітаптың аяғында зәулім болып өсіп барып, ақыры құлайды. Бұл да символ. Айта берсе, романда мұндай жинақтаушылық

мәнге ие болып кететін образ бейнелер көп, осы қатарда теңіз кейпіне айналатын дала, ондағы болашаққа тартқан кеме, тарих белестері іспеттес боп көрінетін таулар тізбегін де қосу керек. Әлем әдебиеті қазынасына ерекше қымбат көркемдік-эстетикалық игілік болып қосылған «Абай жолы» эпопеясының шығармашылық тарихында, жазушының ұстаханалық баянында бірнеше оқшау белгі, қасиет-сапа бар. Қаламгердің болашақ роман қаһармандары, олардың ұрпақ-нәсілдері ортасында туып, алаңсыз сәбилік, бақытты балалық, бозбалалық күндерін солар кешкен қат-қабат әлеуметтік-психологиялық, тұрмыстық-этнографиялық, табиғи-экологиялық қоршауда, қаймағы бұзылмаған көшпелілер мәдениеті құшағында өткізуі бір олжа болса, екінші сәттілік Құнанбай – Әуез, Абай – Омархан әулеті өзара қыз беріп, қыз алысқан, нағашылы-жиендік орайда туысып, ортақ қуаныш, ортақ қайғы бөліскен, сүйек-шатысты, жүз жылдық күйеулік, мың жылдық құдалық рәсімін берік ұстанған жақын, бауыр адамдар екендігінде жатыр. Кезінде Ө-тің өзі ескерткендей, бір ру, бір бұтақ болып, біте қайнасып кеткен. Мұның үстіне жазушы көптомдық шығарма тудыруға бел байлаған соң, өзі бейнелейтін дәуірдің басты кісілері, басты оқиғалары туралы тарихи құжаттарды, сол кезеңді көрген, білген адамдардың жаздына қалған ескі сөздерді арнайы теріп, жинап, екшеп пайдаланған. Осыларға қоса әлемдік реалистік проза үлгілері, классикалық тарихи романдар тағылымы, қазақ қара сөзінің өз мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылып, терең зерттеліп, автордың эстетикалық мұраттарына бағындырылып, батыл шешіммен, соны шеберлікпен қаламгерлік нақты тәжірибеде ғажайып жемістерін берді. Сөйтіп Ө. өнер адамы мен халық тағдырын тұтас бірлікке көрсететін зор реалистік шығарма жазудың жаңа көркемдік мектебін ашты. Негізінен өмірде өткен адамдардың басында болған оқиғалардың жалпы сорабын сақтай отырып, жазушы көркемдік логика, эстетикалық мұратты, реалистік шығарма жасау талап-шарттарын бірінші орынға қойған. Өз атымен, өзінің тіршіліктерін нақты, дәмді әрекеттерімен бейнеленген кейіпкерлердің өзін сомдауда жазушы қиялға, авторлық фантазияға мол орын береді. Тыңнан, ойдан шығарылған оқиғалар, ситуациялар, бейнелер толып жатыр. Бұл реттегі Ө. шеберлігін шомбал шұбар тасты ойып, қашап, жан бітіріп, көркем тұлға, жауһар туынды жасайтын тынымсыз еңбекқор мүсіншінің азапты да рақат әрекеттерін еске түсіреді. Бір адамның, бір шаңырақтың, бір тайпаның, бір халықтың іштей жарылуы, осы іргеден туып, өрістейтін неше түрлі психологиялық халде: түңілу мен үміт, қайратсыздық пен батырлық, نادандық пен мәдениет, жақсылық пен жамандық, алауыздық пен бірлік дейсіз бе, әйтеуір қарама-қарсы полюстер, контраст бояулар шарпысуын, ұстасулар, қақтығысулар кернеуін бейнелеудің хас шебері Ө., түтпеп келгенде, ең биік тұғыр – өмір мен өлімнің соңғы айқасының сан алуан түрлерін жан-жақты суреттейді. Жазушы алғашқы шығармаларында-ақ өмір мен өлімді қатар егіз алып, екеуін де тең күйде бейнеледі. Жиырмасының жылдардағы жас Әуезов әңгіме, повестерінің көбі адамдардың ерікті-еріксіз ажалдарымен, өліммен аяқталады.

Бұл енді тарих сахнасынан кетіп бара жатқан көшегі көшпелі өркениеттің мерт болуы деген идеямен сабақтас көркем ой. Осы сарынның тереңдеген тосқыны «Абай жолы» эпопеясының басынан аяғына дейін ыңыранып ағып жатыр: Қодар мен Қамқаның зорлықпен жасалған қанды өлімі, намыстан күйіп кеткен Бөжейдің кекті өлімі, ауыр сырқаттан көктей қиылған Әбіштің аяншыты өлімі, асарын асап, жасарын жасап, ұрпағын өсіріп болған Зеренің разы өлімі, қатыгез, тас жүрек рубасыларының құрбандығына шалынған титтей Кәмшаттың ашы өлімі, кезінде қылғышынан қан тамған Құнанбайдың шымылдық артындағы сопылық мінажат өлімі, ең ақырында халқының ары мен ұяты, жаны мен сыры, өлеңі мен үні болған дана Абайдың трагедиялық өлімі бар. Ұлы жазушының бас шығармасында бейнеленген негізгі тартыс – әділет пен зорлық, тұтастық пен алауыздық, білім мен надандық, махаббат пен ғадауат майданында түптің-түбінде жарқын өмірдің, нұр сәуленің, береке-бірліктің жеңетінін мадақтаған, өзі құлай сүйіп, сол жолға барлық қайрат-жігерін, өр талантын, сапалы ғұмырын арнаған – қазақ халқының өрісті келешегі мәңгілік деген асқақ арманды үміттің оты маздап жанып тұр.

«Абай жолы» эпопеясын *А. Нұрғали, М. Қаратаев, Б. Кенжебаев, Т. Нұртазин, З. Ахметов, Ә. Байтанаев, Е. Лизунова, Л. Әуезова, Б. Шалабаев, З. Кедрина, Р. Бердібаев, З. Қабдолов, Ш. Елеуқенов, Р. Нұрғали* арнайы зерттеді. Жазушылар *Л. Арагон, А. Стиль, А. Фадеев, Н. Тихонов, Ш. Айтматов, Ф. Мүсірепов, С. Мұқанов, Н. Погодин, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, Ә. Кекілбаев* романды ұлы шығарма деп таныды. Академик *Қ. Сәтбаев* бұл туындыны «Қазақ өмірінің энциклопедиясы» деп бағалады. «Абай» романының 1-кітабы 1942 ж. Алматыда шықты, 2-кітап 1947 ж. жарық көрді. 1949 ж. 2 томдық романға 1-дәрежелі Мемлекеттік (Сталиндік) сыйлық берілді. «Абай жолы» эпопеясының 3-томы алғаш «Ақын аға» деген атпен «Әдебиет және искусство» журналында (1949, № 4, 5, 6, 7, 8, 9) жарияланды да, 1950 ж. кітап болып шықты. 4 томдық «Абай жолы» роман-эпопеясына 1959 ж. Лениндік сыйлық берілді. Дүркін-дүркін шығып тұрған жеке басылымдардың үстіне, бұл роман-эпопея жазушының 6, 12, 20, 50 томдық шығармалар жинағына енді. Орыс тілінде бірнеше рет Алматыда, Мәскеуде жарияланды, 200 томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы» сериясында басылды. Романды орыс тіліне *А. Никольская, Т. Нұртазин, Л. Соболев, Н. Анов, З. Кедрина*лар аударды. Өлемдік даңққа ие болған ұлы роман-эпопея орыс, ағылшын, неміс, француз, қытай, түрік, урду, поляк, чех, венгр, румын, болгар, әзірбайжан, армян, татар, украин, тәжік, түрікмен, қырғыз, якут (саха), монғол, өзбек, парсы т. б. тілдерге аударылған. Роман желісімен бірнеше инсценировка жасалып, радио мен теледидардан көрсетілді, сахнаға қойылған.

*Р. Нұрғали.*

«АБАЙ ЖОЛЫ» («Путь Абая»), жазушының шағын мақаласы. «Литературная газетада» 1954 ж. 13 қарашада шыққан. Газеттің бұл нөмірінде Косогор металлургия зауыты жұмысшыларының «Литературная газетада» сол жылдың 10 тамызында басылған «Чего мы ждем от наших писателей» атты

хатына жауап ретінде Ө. пен Б. Полевойдың жауаптары берілген. Металлургтардың хаты үлкен резонансқа ие болып, баспасөзде көп талқыланған. Хат 50-жылдардағы үкіметтің идеологиялық талаптарын алға шығару мақсатында жазылғаны анық байқалады. Хатта КСРО жазушыларының көптеген шығармалары ауызға алынған, жоғары баға берілген шығармалардың бірі – Ө-тің «Абай» романы. Мақаладағы романның 4-кітабын біткені, енді біздің заманымызға дейінгі уақытты қамтитын кең көлемді эпопея жазу ойында бар екені туралы айтқандары Ө-тің шығармашылық лабораториясынан біршама хабар береді. Өңгіме кейбір деректерде 5 том етіп, кей деректерде 7 том етіп жоспарланған «Өскен өркен» романы жайында болып отыр. Мақала суреткердің халық қолдаса, шығармашылық еңбек те жемісті бола түседі деген ойымен аяқталған.

*Р. Әбдігүлов.*

«АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ», монографиялық зерттеу. Авторы – *З. Ахметов*. 1984 ж. орыс тілінде «Ғылым» баспасынан жарық көрген. Еңбекте «Абай жолы» эпопеясының кейбір поэтикалық мәселелері – идеялық-көркемдік ерекшеліктері, кейіпкерлердің образдары сомдау, сюжеттік-композициялық құрылысы шығарманың жазылу тарихымен байланысты талданған. Мұнымен қоса романның өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын автордың түпкі ойы, оның жүзеге асуы, көркемдік шындық пен тарихи шындықты қабасып, жарасым табуы, тарихи тұлғаның образы, тарихты жасаушы халықтың рөлі жан-жақты қарастырылған. Сондай-ақ эпопеяның, оның жеке кітаптарының жариялану тарихы, қолжазбаның сақталған нұсқаларын ой елегінен өткізу, қазақша түпнұсқа мен орысша аудармасын салыстыру, Ө-тің романда бірқатар көркемдік шешім табуына себепші болған Абай шығармашылығы жөніндегі ғылыми-зерттеу еңбектерін талдау зерттеуші назарынан тыс қалмаған. Жалпы алғанда, монографияда көркемдік, характер шындығы мен тарихи шындық, тарихи тұлғаға жазушының көзқарасы, эпопеядағы көркемдік-идеялық жүйенің бірлігі туралы мәселелерге баса көңіл аударылған. Кітаптың жауапты редакторы – *З. Кедрина*, пікір жазған – *Е. Лизунова*. Көлемі 13,9 баспа табақ, таралымы 1500 дана. «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ», монография. Авторы – *Л. Әуезова*. 1969 ж. орыс тілінде «Ғылым» баспасынан жарық көрген. Кітап 4 тарауға бөлінген: а) «Абай жолы» эпопеясындағы тарихи өмір шындығы; ә) екі ғасыр межесіндегі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық өзгерістері және олардың эпопеяда бейнеленуі; б) Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы; в) Абайдың саяси жер аударылған орыс достары. Автор Ө-тің тарихи материалдарды іріктеп-екшеп, шебер пайдалана білгенін дәлелдеуді қарастырған. Зерттеуші тарихи мәселелерге талдау жасаумен қатар, сол деректердің көркем шығармдан келісім тауып, тартымды бейнеленгенін орында көрсеткен. Ол тарихи романды талдау барысында оған тарих тұрғысынан қарауды, яғни дәуірді сипаттағанда қоғамдық-саяси қатынастардың төркінін терең қамтып, өткенге ғылыми негізде қарауды, оны дәл әрі нақты аша білуді ұсынады. Кітаптың көлемі 17,5 баспа табақ, таралымы 3400 дана. Жауапты редакторы – *М. Сильченко*. Еңбек та-

рихшыларға, филологтарға, студенттер мен әдебиет жанашырларына арналған.

**«АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ТІЛІ.** Абай шығармаларының тілі мен ортақтас-тығы, әсері. Абай шығармалары халықтың ауызша және жазба ескерткіштерінде сақталған көне қазақ мәдениетінен, шығыс мәдениетінің ұлы шығармаларынан – тәжіктің, өзірбайжанның, өзбектің классикалық поэзиясынан, орыс, сол арқылы еуропа мәдениетінен нәр алған. Ө. көрсеткен осы «үш ұлы қайнар бұлақтың» ізі оның өз шығармаларында да, әсіресе, «Абай жолында» сайрап жатыр. Жазушы «сөздік жағынан менің романдарымның Абай өмір сүрген тарихи дәуірге сәйкес ерекшеліктері мол. Оның үстіне мен Абайдың өз шығармаларының сөздік қорынан да мейлінше пайдаландым» (20 томдық шығармалар жинағы, А., 1985, 12-том, 3-бет) дегенді сірә кеменгер ақынмен өз арасындағы сол рухани ортақтықтан шығарып айтса керек. Абай шығармаларында да, эпоепедя да халқымыздың 19 ғасырдың 2-жартысындағы өмірі суреттеледі. Абай да, Ө. те сол кезеңдегі көне қазақ мәдениетін, яғни халық тілі байлығын, әсіресе, ондағы байырғы құбылыстарды, шешендік нақыл сөздерді, мақал-мәтелді, билер айтысындағы түрлі көне және дәстүрлі сөз қолданыстарды, афоризмдік орамдарды, аңшылыққа, сондай-ақ халқымыздың тапқыр жауғатарында қалыптасқан ежелгі тілдік дәстүрді, ас беруге, қыз ұзатып, келін түсіруге, өлікті аттандыруға, той-томалақ түрлеріне, әр алуан этнограф., заттық-рухани мәдениетке байланысты лексикалық қабаттардың қай-қайсысын да қажетінше қамти пайдаланды. Абай заманында Орта Азия мен Араб шығысының классик ақындарының шығармалары кеңінен тараған. Бұларды, яғни шығыс мәдениетінің ұлы шығармалары – Рудаки шығармалары тілінің данышпан қарапайымдылығын, Фирдауси ғазелдеріндегі әуезді ырғақты, Низами мен Руми жырларының өн бойынан айқын сезілетін дыбыстық, сондай-ақ жеке сөз түріндегі қайталауларды, синтаксистік егіздеулерді, ассонанс пен аллитерациялық тәсілдерді, Сағди мен Хафиз өлеңдерінің сырт әуенділігі мен саздылығын барынша жетік білді. Шығыстың көркем сөз өнерінде кенінен тараған **садж, тавзе, илтизом, таносуб, иштиқок** тәсілдерін өздерінің шығармаларында Абай да, Ө. те жиі пайдаланды.

Абай өлеңдерінде, эпоепедя дыбыстық қайталаулармен қоса жеке сөз түріндегі қайталаулар да кездесіп отырады. Негізгі ойды ұстап тұрған сөзді бұлай екі рет немесе бір рет көп қайталап қолдану әдісі шығыс әдебиетінде жалпы әріден келе жатқан көне тәсіл. Көркем тіл тәжірибесіндегі қайталаудың мұндай түрін **илтизом** тәсілі дейді. Рас, **илтизом** тәсілі поэзиядан гөрі прозада жиірек ұшырасады.

«Көп жасамай, көк орган,  
Жарасы үлкен жас **өлім**.  
Күн шалған жерді тез орган,  
Күншіл дүние қас **өлім**.

Артына белгі қалдырмай,  
Бауыры қатты тас **өлім**  
Жыламайын десе де  
Шыдарлық па осы **өлім**...

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы **Бөкең**.  
Адалдыққа бар елдің зоры **Бөкең**.  
Ұры-қары көбейіп, к... шөмейтіп,  
Неге болды бар елдің қоры **Бөкең**...

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,  
Ақылдылар арланып ұялған соң,  
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын...

(Абай.)

«Абай жолында» тіркес ынғайындағы қайталаулар да ұшырасады: «Сол кеште шашырай тараған жастар топтары еркін, әсем ән шырқады». Осындағы **сол кеште** тіркесін келесі бетте жазушы бірнеше рет қайталайды: «**Сол кеште** Әнетке қарай беттеген Базарлы ат үстінде ән салып келе жатқан Балбаланың сымбатты сұңғақ бойына, қыпша беліне тамашалай қарайды. Сол кеште Керімбала мен Оралбай қосылып ән сөндейді. **Сол кеште**, жарық айлы сырқұмар кеште, көп жолдастың қоршауында келе жатып, Әмір мен Үмітей саз қосады. **Сол кеште**, үлкен өнер, әсерлі әнмен қоштасар кеште... Әйгерім ән шырқап отыр».

«Абай жолының» 2-кітабының эпилогындағы мұндай қайталаулар бұдан да көлемді, бұдан да күрделірек. Ол эпоепеның өн бойынан кездесіп отыратын сан сала тілдік қайталаулардың барлық сипатын жан-жақты танытарлықтай, солардың бөрінің жиынтық ерекшелігін аңғартарлықтай, жалпы илтизомдың сөз қолданыстың Ө. шығармаларындағы көрінісін барынша сарқып, топтап көрсетерліктей. «**Ақшоқыда туған өлең**, өлең мен ән сан саналы жырлар көшіріліп жатталып, әуендеп толқып тарап жатты», 2-кітаптағы эпилог осылай басталады. Осы сөйлем сөз ғана өзгеріспен эпилогтың өр тұсында тағы төрт рет қайталаанады: «**Ақшоқыда туған өлең**, өлең мен ән жатталып, көшіріліп әуендеп толқып Ералыға жетті. **Ақшоқыда туған өлең**, өлең мен ән көшіріліп жатталып Мұхаметжан өуенімен Ұлжан аулына жеткен еді... **Ақшоқыда туған ән жатталып**, сол күндердің кешінде ұйқысыз жатқан Құнанбайдың құлағына жетті... **Ақшоқыда туған өлең**, өлең мен ән жатталып, әуенге қосылып, кең атырапқа тарап жатты».

2-кітаптың ең ақырындағы осы сөйлем 3-кітаптың соңын ала, араға тура төрт жазушы бел салып тағы кездеседі. 4-кітаптың орта тұсында да қайталаанады. Сөйтіп, Абай өлеңдеріндегі, Ө. шығармаларындағы осы алуан құрамды илтизомдық сөз қолданыстардың шығыс әдебиетіндегі көне тілдік дәстүр мен халқымыздың бүгінгі көркем сөз өнері арасындағы жалғастық айқын көрінеді. Абай мен Ө. өздерінің шығармаларында таносуб тәсілін де пайдаланады, яғни бір-бірімен мағыналас ұғымы өзара жақын сөздерді қат-қабаттап қосарлап, үстемелеп қолданады: сұм-сұрқия, қу заман, айбаттайды, даттайды, қырмызы, қызыл жібек бозбалалар; шабан, шардақ жөне шау; сыбыр, өсек дегенді сырттай жүріп (Абай). Шабуыл-шандуыл, өмір-бұйрық, өмір-құдірет, шолақ-шолтырақ, шағым-арыз, қамау-қоршау, қостаушы-құптаушы, бөгет-аяң, тор-шырға, байлық-барлық, тең-тұсы, саяқ-сандырақ, бейіс-райыс-шафақ, бүлік-бұзақы-қанқұйлы, ақша-пұл, күміс-қазына (Ө.).

Ал иштиқок тәсілінің (яғни түбірлес сөздерді жағыстыра, жанастыра қолданудың) ақын тіліндегі, «Абай жолындағы» кейбір үлгісі мынадай: Керемәу кердең, бір керім... Сәнқой, даңғой, ойнашы, керім-кербез... Шалықтап, шалқып, шашпай ма... Сендіре алмай, сене алмай сенделеді... Есер,

есірік болмасаң (Абай). Қызықты, қызуды, қыздырманы ғана айтағын күлкіші, сауықшыл Барлас емес... Базаралы көңілін алаң етерлік оның ынтқы, ынтызар сөзі... Абай өзінің сүйіп-сүйсініп берілетін еңбегінің соңында... Барлық күтші қызметші атаулының баршасы тамашалап қарап қалысты... Көкшенің қарт-қариясы Қаратайдікіне келген (Ә.). Ежелгі шығыс әдебиетінің, әсіресе, поэзияның тіліне тән тағы бір басты ерекшелік – анықтауыштық сөз тіркестерінің жиі ұшырасатындығы. Әдетте тағына жағынан өзара қосақтап айтуға, басын біріктіруге келе бермейтін, ұғымы әр түрлі екі, кейде үш сөзді бір-біріне бұлай тели жұмсау – Абай мен Ә. шығармаларындағы тіл ортақтастығының тағы бір көрінісі: Қызыл балақ қыранның... Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе... Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген... Жапырағы қуарған ескі үмітпен... Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек... Асау жүрек аяғын шалыс басқан... Епке көнер ет жүрек... Ызалы жүрек, долы қол... Жастықтың оты жалындап Жас жүрекке жанған шоқ (Абай). Көр кеуде, надан кеуде, ызалы кеуде, бітеу кеуде, теріс азу, сәнді салмақ, назды сүйкімділік, нәзік сүйкімділік, тәрбиелі ұстамдылық, жас мәжіліс, жасты мұң, намыскер жүрек, үркек жүрек (Ә.). Абай мен Ә. шығыстың көркем сөз тәжірибесінде кең тараған тавзе тәсілін де осылай шебер пайдаланады. Екеуі де жеке сөздердің дыбыстық құрамы жағынан өзара әуезді болып келуіне қатты мән береді. Мысалы: Әсемсіп сәнсіп, Білгенсіп бәлсіп Әр нәрсенің орынын... Үкі тақтық, Күлкі бақтық Жоқ немеге сүйініп... Алса қоймас Араны тағы тоймас (Абай). Қымыз ішіп жатқан... Бұрынғы кейбір надан ақынды, сатымсақ сөзді мәңсап мәзді шенепті баласы... Сазды кеште назды көңіл сыр ашады (Ә.). «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Сен оның тілін білсең, көкірек-көзін ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағуасына кіреді» (Абай). «Орыс тілінің мәдениетінен қазақша әдебиет тіліне қонымды үлгі алғанда, оны қазақ сөзімен қалыптап, жаңғыртып, өзгертіп бергенде, ең әуелі сол көркем, шебер істелген қорытпа болсын. Бұл жөнде қылдай мін болса, одағай, өрескел боп тұрады» (Ә.). Шынында ақын мен жазушының осындай ортақ бағыт ұстанғаны шығармаларынан да айқын сезіледі. Қазақ тілі заңдылығына сай, орыс тілінің ықпалымен жасалған «қонымды үлгілер», «көркем шебер істелген қорытпалар» қай-қайсысынан да кездесіп отырады.

«Құнанбай өзінің көрілік оңашалығында осындай бір орынды өзі де көксейтін... Жұқалау, қып-қызыл еріндері мінсіз, кінәсіз тазалықпен тыныс алады... Анау көрініп тұрған төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл қонысы, қой өрісі – барлығы да соншалық таныс, жақын... Қыздар кіргенде, Әбіш скрипкасын тоқтатып, жаңа келген сыйпайы топқа тәрбиелі илтитап білдірді... Смирнов подполковник чиніндегі ісіл, ширақ адам болатын» (Ә.). Абай өлеңдерінде, Ә. шығармаларында орыс тілінің ізі әр түрде байқалады. Мыс., тұлғалық жағы өзгертілмей, дәл орыс тіліндегі қалпында алынған сөздер де кездеседі. Олар: коренной, майор, кандидат, назначение, прошение, самородный,

дознание, единица, элемент (Абай), потрава, недоимка, космогония, депеша, вексель, околоток, ходок, урядник (Ә.). Сондай-ақ тұлғасы сәл-пәл өзгертіліп қолданылған да сөздер бар. Олар төмендегі тәрізділер: зауат, нөл, нөмір, ояз, оязнай, самаурын, сот, бодам, бөтелке, жеребе, старшын (Абай), майыр, кіршіме, барабай, зәуезнай, боқырау, бодам, имампос, оқап, охотшы, дабернай, старшын, шербешнай, мәліш, прәшке (Ә.).

*Е. Жанпейісов.*

«АБАЙ (ИБРАИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫ (1845–1904)», жазушының монографиясы. Ө-тің бүкіл саналы өмірі Абайдың өмірі мен шығармашылығын, мұраларын зерттеуге арналғаны, осылардың ішінде «Абай жолы» эпопеясын жаза жүріп, оның өміріне қатысты 4 нұсқадағы өмірбаянын, үлкен зерттеу еңбегін – монографиясын жазғаны белгілі. Бұл жерде Абайға қатысты ізденулерін екі бағытта жүргізіп отырғандығы көрінеді. Соның біріншісіне ғылыми-зерттеу мақсатындағы, екіншісіне «Абай жолына» байланысты көркемдік ізденістері жатады. Өлгі 4 нұсқадағы өмірбаянының бірінші – «Абайдың туысы мен өмірі» (1927–1933), бұдан кейін екіншісі (1940), үшіншісі (1944), төртіншісі (1950) – бәрі де «Абайдың өмірбаяны» деген атпен жазылды. Бұл монография – сол нұсқалардың қорытындысы. Монографияда Ә. алдымен ақын өмір сүрген заманнан бастап оны танудың жолдарын, жас шағы мен есейіп-ержеткендегі шығармаларын, олардың жанрлық ерекшеліктерін бөліп-бөліп қарастырды және мұнымен бірге Ақылбай мен Мағауия шығармашылығына да тоқталды. Осы зерттеулерін жазу барысында әр нұсқаға өткен сайын жаңа танымдармен толтырып, кейде кейбір тұстарын кейінгі жөндеулеріне жібермей, алып қалып отырды. Тұтас алғанда, алдыңғы ой, алдыңғы таным, көзқарастарын жетілдіріп қорытындылаған монография мақсаты – Абай өмірі мен шығармаларын топтап, жинақтап, дүниетанымын ашып, бүкіл болмыс-бітім ерекшеліктерін жүйелі, біртұтас дүниеге айналдыру еді. Абайды тудырған дәуір, Абайдың тарихи ортасы, сол кездегі қоғамдық, әлеуметтік жағдайдың бәрін қамтып, көрсетіп барып, оның кім екендігін, ақындығы мен ойшылдығын, оны білу үшін 19 ғасырдың 2-жартысындағы Қазақстанның тарихи халін бірлікте түсіндіруге керек екендігін есінде сақтады. Бұл шақ патшалық Ресейдің отарлау саясатының аяқталып, оның

Абайдың отбасы. Бірінші қатарда Бәкізат, Турағұл, Өубәкір; екінші қатарда: Абай, Еркежан, Кемалия; үшінші қатарда: Мағауия.



жемісі мен қызығын көре бастаған уақыт еді. Ішкі Ресейдің шаруаларын қоныс аударғанда, оларға қазақ ауылдарының ең шұрайлы, нулы, сулы жерлерін иемдендірді. Бұл кезде қазақты билеудің жаңа тәртіп жолдары да енгізілген-ді. Солардың барлығы ақынның ой, танымына із-белгісін қалдырмай тұра алмады. Үш жылда бір сайланып тұратын болыс ауылда ең беделді болса, оның қызметін Абайдың өзі де басынан өткерді. Билеу сатысындағы ұлықтардың барлығын жемқорлық, парақорлық жайлағанын көрді. Биліктегі осындай былықты, ел салтындағы құн, жесір, жер дауы, барымта, басқа да жолсыздықтардан туындайтын ескілік әдеттерді патшалық билік мейлінше қолдап, қуаттап, қайта соған итермелеп отыратынын ақын барынша ұғынды. Отарлаудың, мұндай билеушіліктің сырын Абайдың түсінуі әрі түсіндіре білуі оны өзінен алдыңғылардың дәреже-деңгейінде қалдырмады. Монографияда ақынның оқып-ізденуіне себепші болған жағдайлар мен орыстың озық ойы азаматтарының әсер-ықпалын, онан соң өзінше жол тауып, ой биігіне көтерілгенін сөз етеді. Олардың көмегін айтқанда, орыс мектебін көрмеген, отаршыл шенеуніктерінен басқа орыс интеллигенциясын кездестіргенмен Абайға жаңа ізденіп жүрген кезіндегі көмекшілік қызметін ғана айту керек дегенді, іздене, біле келе жетіліп, толысқан Абай алдында олар көп төмендеп қалғанын айтады. Орыс классиктері қалай зерттелсе, Ә. те бұл еңбектеріне орыс әдебиеті тарихы ғылымын тексеретін әдісті қолданды: ол әдісте ақын шығармалары жазылған жылдары бойынша топтастырып, қарастырылады. Ақынның өмірі мен оны танудың жолдарын айтқаннан кейін, шығармашылығын осындай бағытта тексергенді дұрыс деп тапты. Бұл зерттеуін шәкірттер алдында оқып жүрген дәрістерінен, әр кез, әр уақытта жазылып келген сындары мен мақалаларынан жөні, жолы бөлек екенін еске салады. Абайдың анық ақын ретінде танылуы 40 жасынан кейін басталған. Жас шағында жазғандарынан сақталып қалғандары: «Иузи раушан», «Фазули, Шамси», «Өліп би», «Сап-сап көңілім» деген өлеңдері. Лирикалары өзінің көңіл күйлерімен қатар мұншыл, сыршыл ойлары танытады; пайдалы еңбекті, ғылым ізденуді мұрат еткен ақын жұртына игілік орнауын армандаумен бірге, күдігін, құнарсыз ортаның тарттырған қианатын, дос болып жүріп, сырт бергендердің татымсыз істерін жырларына қосады. Осындайды сезінуден, ойландыра түған жалғыздық ызалы мұң, сарынды туындатады. Шығармаларының барлығы да өзі өмір кешкен тарихи ортаның тарихтық болмысы күнделікті өмір шындығымен байланыстырылды. Осыларды реалист ақын болып айта да, жеткізе білді. Сөйтіп оның басты тақырыбына халық қамы, көпшілік мұңы арқау болды. Ол өлең жазуды халқы алдындағы қарызым деп білді; мұндай өлеңдеріне жаңа идея, көркемдік қасиет беріп, оған сыншылдығы мен мысқылшылдығын қосты, суреттеп отырған адамының кескіні мен мінезін, құлқы мен қимыл-әрекетінен сол сыншылдығы мен мысқылшылдығы көрінді. Оның ойынша, өлмейтін ой мен өшпейтін сөз қажет, сондықтан өнер мен білімді, білмекке құмарлықты үгіттеді, өзге елдердің үздік үлгілерімен ойын байланыстырды. Зерттеушінің «Ойланбай илануды емес, ойлану үшін илану керектігін қалады» дейтіні осыны сезінуден туды. Бұны ақынның «Міні қайда екенін біле алмассың,

Терең ойдың телміріп соңына ермей» деген толғанысы бекіте түседі. Ақыннан 3 поэма қалғаны белгілі, олар: «Масғұт», «Ескендір», «Өзім әңгімесі». Мұндағы бір ерекшелік өлеңдеріндегідей үшеуі де қазақтың өз өмір шындығынан алынып жазылмағандығы. Үшеуі де шығысты аңыздарға, соның ішінде атақты «Мың бір түн» («Өзім әңгімесі») желісіне құрылды. «Масғұтта» ұлтжанды, адамгершілігі жоғары тұлғаны үлгі етеді. Ол оқшауланбай, дараланбай көптің бірі болып суреттелінеді. «Ескендір» тақырыбы ертедегі шығыс ақындарының көпшілігінен кездеседі. Бұл жерде Абай бұрыннан келе жатқан үлгі – «назираны» қолданып, белгілі тақырыпты жаңа мазмұн, жаңа сипатпен өзінше жырлады. Бірақ шығыс ақындарының дәстүріне байланып, бағынып қалмай, аңызды реалистік өмірге бұрып өкелді. Басқа ақындарда Ескендірге ақылшы – Қызыр (Қыдыр), ал Абай дас-танянда – *Аристотель* болды. «Өзім әңгімесінде» туралығы, жазықсыздығы арқылы арманына жеткен жігіттің басынан кешкендерін сөз қылды. Мұнда қара тасты алтыңға айналдырарлық амалы бар әр шал арқылы алхимия ғылымы көрсетіледі. Бірақ жыр аяқталмай қалды. Жырды жазудағы ақынның кездегі ойшылдықты, тәрбиелікті көрсету еді. Аудармашылығына келсе, ол да ақын шығармашылығының басты салаларының біріне жатады. Монографияда оның үздік үлгі ретіндегі ерекшеліктері талданып көрсетілді. Еуропа ақындары *И. Гете*, *Дж. Байрон*, *А. Мицкевич*, орыс ақыны *И. А. Буниннен* аударған бір-бір өлеңдерінің өзі де өзгеше даралықты танытады. Оның рухына жақын, ықыласын аударғандар *А.С. Пушкин*, *М. Лермонтов*, *И. Крыловтар* болды. Пушкиннің Татьяна-сы оның аударуында («Амал жоқ – қайттым білдірмей», «Тәңрі қосқан жар едің сен») қазақ даласының төл туындысындай өн болып тарап кетті. Ендігі мол саланың бірі – қарасөздері. Бірақ бұл салаға келгенде зерттеуші тереңдеп бармайды. Өсіресе ақынның Шығысын, исламиятпен қарым-қатынасын соншалықты жетік білгеніне қарамастан, арнайы сөз қозғаудан таясақтайды. Шындығына келсе, Шығыс ақыл-ойы Батысқа бармастан бұрын ақын жанына әрі жақын, әрі түсінікті еді. Заман ыңғайына қарап, Ә. бұл жөніндегі байламдарын қысқа қайырумен шектеліп отырды. Ойды философиясына бұрса, оның көпшілігі тағы да шығысымен байланысып жатады. «Абайдың философиясы деген тақырыптарды оның кейбір өлеңдерінен және қарасөздерінен теріп, сүзіп қарауға болады» (папка №193) дегенді жеңілдетіп айтқанымен, оған аса түсіністіктен және терең пайыммен қарайтыны басқа тұстағы ойларынан көрініс береді. Қарасөздерінің ішіндегі ең көлемдісі, үлкен ой-толғауға құрылғаны «Ғақлиат-тасдиқат» деп аталатын 38-сөзі. Тағы бір алуандықты танытатын Сократ пен Аристотель арасындағы есiet түріндегі әңгімесі – 25, авторизмдерден тұратын – 37-сөз. Ә. қарасөздердің өзіндік бітімі мен кейбір ерекшеліктеріне тоқталады да, толып жатқан оралымдық иірімдерін қысқа қайырып, басты-басты дегендеріне тезис түрінде бағыт берумен ғана шектеледі.

Монографияның соңын *Ақылбай* мен *Мағауияның* шығармашылығын талдаумен аяқтады. Бірақ бұл еңбегін әлі де толықтырып жазу ойында барлығын қолжазбасындағы сызылмаған, белгі қойылмаған беттердің жоқ екендігі көрсетеді. Ондағы «Бұл бөлімге *С. Мұқановтың*, *Қ. Жұмалиевтің* кемшіліктерін көрсеткен тексеру де қосылады» (14-бет). «Бұл бөлімге көп түзетулер қосылады» (32-бет), «Из 46-11, разбор 35» (306-бет), «Түзеу керек, өзі дауласатын дін басылармен өз тілінде сөйлескен» (314-бет) дегендері қай тұсын ұлғайтатындығын нақтылай түссе, сұрақ қойған беттер де жиі кездеседі. 1959 жылғы «Әр жылдар ойлары» деп аталатын кітапқа монографияның кей тұстары қысқартылып берілді, бұлардың барлығы 20 томдық шығармалар жинағында (1985 жыл, 20-том) қайта қалпына келтірілді. Түпнұсқадағы ең соңғы сөйлем: «Абайдан соңғы сол тұстағы ең бір талантты, анық озғын идеялы адам Мағауияның ақындық еңбектерін біз сонымен аяқтаймыз» (344-бет) деген жолдар жарық көрген басылымдардың ешқайсысына енбей қалған.

*Т. Әкім.*

«**АБАЙ (ИБРАНИМ) ҚҰНАНБАЕВ (1845–1904)**», жазушының зерттеу еңбегі. 1945 ж. жазған. Ұлы ақынның туғанына 100 жыл толу мерекесі қарсаңында Абайдың әдеби мұрасы жөнінде алдын ала қамданып, әр түрлі салада атқарылар жұмыстардың жөн-жобасы жасалған-ды. Осындай жүзеге асырар жұмыстардың жоспарына ақын мұрасы жөнінде жазылар ғылыми-зерттеу еңбек те бар еді. Абайға арналған мұндай ғылыми жинаққа қатысатын авторлар құрамы да белгіленді. Бұл ұжымдық жинақтың жалпы көлемі 350 бет болып, оны жазуға *Ө.* бастаған көрнекті әдебиет зерттеушілер – *Е. Ысмайылов*, *М. Сильченко*, *Б. Кенжебаев*, *Н. Смирнова*, *І. Омаров*, *А. Машанов*, *Б. Шалабаевтар* қатынасты, сонымен бірге Абайдың досы – *Көкбай Жаңатайұлының* ақын өмірі жайлы естелігі қоса берілді. Бірақ кітапта қамтылатын тақырыбы мен мазмұны нақты анықталып, даяр болғанмен, белгісіз себептермен шықпай қалған. Осы ғылыми жинаққа *Ө.* көлемі 2 баспа табақтай осы ғылыми зерттеуін ұсынған, қазір жазушының архивінде сақтаулы. Мақала қолжазбаның соңғы бөліміне орналасқан, күлгін сиямен бөгде кісінің қолымен көшірілген. «Авторы – профессор Мұхтар Әуезов» деп көрсетілген. Шығармадағы өзекті ой желісі *Ө-тің* 1945 ж. жарияланған «Абайдың еңбектері» («Социалды құрылыс», 1945, 8 тамыз), «Қазақ халқының ұлы ақыны» («Социалистік Қазақстан», 1945, 15 мамыр), *Б. Кенжебаевпен* бірігіп жазған «Абай» (А., 1945) атты мақалаларында баяндалған. Аталмыш зерттеу еңбек жазушының 20 томдық шығармалар жинағында жарық көрді (А., 1985, 18-том, 143–173-беттер). Еңбекте ұлы ақынның өмірі, өсіп-өнген ортасы, шығармаларының қайнар көзі, сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдай, жанашылдығы, батыс-шығыс әдебиеттерімен байланысы туралы толғамдар жасап, «қазақтың жаңа мәдениетінің негізін қалаған, қазақ халқының классикалық поэзиясының жарық жұлдызы болған» Абайдың даңқы мәңгі өшпейді деп аяқтаған пікірін.

*Қ. Мұқаметханов.*

«**АБАЙДЫ БІЛМЕК КЕРЕК ОЙЛЫ ЖАСҚА**», *Ө.* жазған оқу құралы. 1997 ж. «Санат» баспасының

толық нұсқасы жарық көрді. Кітап құрастырушы әрі ғалым *М. Мырзахметұлының* «Мұхтар Әуезов және Абай әлемі» деген көлемді алғы сөзімен ашылады. Екінші бөлімде жазушының қаламынан туған ақын Абайдың 4 түрлі өмірбаяны жүйеленіп берілген. Абайдың өмірі мен шығармашылығын 20-жылдардан бастап зерттеген *Ө. ұлы ақынның* ғылыми өмірбаянының алғашқы нұсқасын 1933 ж., кейін жаңа деректермен толықтырып, 1940 ж. екінші, 1945 ж. үшінші, 1950 ж. ең соңғы нұсқасын жазды. Бұған сол кездегі қоғамдық-саяси ахуал, тарих талқысы, жаппай етек алған қуғын-сүргіннің әсері де аз болмады. Бұл жайлардың бәрі әр кезеңге сай жүйелі түрде баяндалған. Кітап студенттер мен оқушыларға, мұғалімдер мен көпшілік оқырман қауымға арналған. Көлемі 22,8 баспа табақ, таралымы 2000 дана.

**АБАЙ КҮНДЕРІ.** А. к. ұлы ақынның қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай, Семей қаласында 1914 ж. 26 қаңтарда өткен әдеби-музыкалық және этнографиялық кештен басталады. Кешті Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі ұйымдастырды. *Н. Құлжанова* «Қазақ ақыны Ибраһим (Абай) Құнанбаев және оның поэзиясы» деген тақырыпта баяндама жасап, соңынан Абай өлеңдері оқылды, әндер айтылды. Ал 1924 ж. шілде-тамыз айларында Семейдегі Луначарский театрында Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына байланысты еске түсіру кешін ұйымдастырды. *Х. Ғаббасов* «Абайдың өмірбаяны», *Ө.* «Абайдың қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі» туралы қазақ тілінде баяндамалар жасады. Абайдың замандасы, ақын *Көкбай Жаңатаев* естелік айтты. Абай әндері тамылжыта шырықалды. Осыдан бастап 1961 жылдың алғашқы жартысына дейін ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық қызметіне қатысты мерейтойлар мен жыр мерекелері *Ө-тің* тікелей ұйымдастыруымен, басқаруымен, ұсынысымен, қатысуымен өтті.

*Н. Оспантегі*

«**АБАЙ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ**», («Абай – казахский классик»), *Ө-тің* мақаласы. Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына орай жазылып, «Литературный Казахстан» журналында (1935, № 2, 5–9-беттер) жарияланған. Осы журналдың бірінші бетінде Қазақстан өкіметінің Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына байланысты Алматы қаласында Абайға ескерткіш орнату, Қазақ педагогика институты мен Семейдегі педагогика техникумына, Алматыдағы Фонтан көшесіне, Семейдегі ақын тұрған көшеге Абайдың есімін беру, академиялық шығармалар жинағын шығару т. б. туралы қаулы қабылданғаны хабарланған. *Ө.* мақалада осындай игілікті істер атқарылғалы жатқанын күнпай отырып, Абайдың ұлы тұлғасын ашып көрсетуге ұмтылады. Абайдың медреседе оқып, ескіше дәріс алғаны, шығыстың поэзиясын көп оқып, Сағди, Фирдауси, Хафиз сияқты ұлы шайырларға еліктегені айтылады. Айдауда жүрген *Е. Михаэлис*, *Н. Долгополов*, *С. Гросс* сияқты орыс зиялыларымен кездесуі оның өміріне үлкен өзгерістер әкелді. Ол орыс әдебиетімен танысып, А. Пушкиннің, М. Лермонтовтың шығармаларын аударды; батыстың Э. Спенсер, Б. Спиноза, Э. Дарвин сияқты ғұламаларының еңбектерімен танысып, Дж. Дрэйлердің «Еуропа ақыл-ойының даму тарихын» қайта-қайта оқиды. Сол сияқты будданы әлемдегі ойлы, терең діни ілімдердің бірі деп білген. Оның он шақты әні бізге жеткен. За-

манындағы әділетсіздіктерге қарсы аяусыз күресті. Сатиралық шығармаларында билік құлағында жүрген арамзалар барынша әшкереленеді. Өмірінің соңында мұңлы өлеңдер жазған. Қоғамдағы қайшылықтар ақын жүрегіне ауыр тиді. Оның үстіне 1904 ж. сүйікті ұлы Мағауия қайтыс болады да, қайғыны көтере алмаған өзі де қырық күннен кейін көз жұмады деген пікір ақиқат еді. Мақалада сол кездегі ресми саясаттың салдарынан Абайды үстем тапқа, алашордашыларға қарсы қоюшылық бар. Мақала «М. О. Өуезовтің қолжазба мұрасында» сипатталған (323-бет).

*Д. Ысқақұлы.*

**«АБАЙ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ»**, Ө-тің туындысы (*Б. Кенжебаевпен* бірге). Абайдың туғанына 100 жыл толуына байланысты 1945 ж. жарық көрген. Көпшілік оқырманға арналып жазылған кітапша іштей бес тарауға бөлінген. Алғашқы тарау кіріспе іспеттес. Мұнда «қазақ халқының ұлы ақыны, ақыл-ойышы ұлы, кеменгері ұлы Абайдың» еліміз үшін несімен қадірлі екендігіне тоқталады. Қалған тарауларда ақынның өмір сүрген заманы, өмір жолы, шығармашылық мектебі, поэзиясының тақырыптық, көркемдік ерекшеліктері, әкелген жаңалықтары, сөз өнеріне қойған биік талаптары, т. б. хақында сындалып сөз болады. Кітапша «Абай халқының асыл азаматы болғандықтан, мәңгі өлмейді» деген жолдармен аяқталады. «Абай қазақтың жаңа әдебиетін – мағынасы терең, тілі орамды, өрнегі шебер, кестесі көркем әдебиетін жасады; шын мағынасында өлең өнерін жасады... Абай өз халқын мейлінше сүйді... Абай – халқының шын ұлы. Ол өмір бойы халқының қайғы-шерін жазып, мерейін көтеру жолында қызмет етті. Халқына тек өз тұсында ғана қызмет етіп қойған жоқ, ол өзінің жарқын бейнесімен, асыл сөздерімен бүгін де қызмет етіп отыр» деген ой-ірімдері Абайдың қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын дәл көрсетіп тұр.

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ»**, Ө-тің ғылыми еңбектерінің жинағы. Абайдың 150 жылдық мерейтойына байланысты «Санат» баспасынан 1995 ж. жарық көрген. Кітап екі бөлімнен тұрады. «Монографиялық зерттеу» атты алғашқы бөлімге жазушының Абай туралы ғылыми зерттеулері енген. Бұларда ұлы ақынның туып-өскен жері, балалық-жастық шағы, ақындық ортасы, шеберлігі, әлеуметтік, саяси, қоғамдық, діни, дүниеге көзқарасы, балалары Ақылбай мен Мағауияға әдеби тағылымы, өзінен кейінгі қазақ әдебиетіне жасаған ықпалы жан-жақты әрі терең баяндалған. Екінші бөлімдегі: «Абайдың ақындық айналасы», «Абай жайын зерттеушілерге», «Орыс классиктері мен Абай», «Абай еңбектерінің биік нысанасы», «Абай мұрасы жайында», «Сәбит Мұқановтың «Абай Құнанбаев» атты монографиясы туралы», «Әбіш Жиреншиннің «Абай Құнанбаев» деген кітабы туралы пікір», «Көкбайдың ақындығы» дейтін мақалаларында Ө. Абай шығармаларының өз кезіндегі және одан кейінгі қаламгерлерге қаншалықты зор әсер еткені, сондай-ақ Абай сынды сөз алыбын байыппен, ұқыпты, бұра тартпай, жете зерттеу, оның шәкірті Көкбай Жанатайұлының өмірі мен шығармагерлігі, абайтануға қосқан үлесі туралы сөз етеді. Жиі «Абай Құнанбаев» (1967), «Жиырма томдық шығармалар жинағы» (1979–85), «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (1988) атты басылымдары негізінде әзірленген. Құрастырған Н. Ақбаев. Кітап студенттер мен көпшілік оқырмандарға арналған. Көлемі 17 баспа табақ, таралымы 12 мың дана.

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ»**, библиографиялық көрсеткіш. 1965 ж. «Қазақстан» баспасынан шыққан. Құрастырғандар: М. Мырзахметов, Б. Қойшыбаева, Ф. Эльконина; ғылыми кеңесшісі Қ. Жұмалиев. Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық қызметіне қатысты материалдар қазақ тілінде, екінші бөлімде орыс тілінде берілген. Алғы сөзін (екі тілде) Қ. Жұмалиев жазған. Көрсеткіште Ө-тің Абай туралы жазған 80-ге жуық еңбегінің библиографиясы қазақ және орыс тілдерінде орын алған. Кітаптың көлемі 18,9 баспа табақ, таралымы 5000 дана.

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ»**, Ө-тің ғылыми-зерттеу еңбектерінің жинағы. 1967 ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрген. Кітаптың жалпы редакциясымен басқарып, алғы сөзін жазған Ы. Дүйсенбаев. Онда «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясы, «Абай жәйін зерттеушілерге», «Орыс классиктері мен Абай», «Абай еңбектерінің биік нысанасы», «Абай мұрасы жайында», сондай-ақ «Идейно-культурные искания Абая», «Традиции русского реализма и казахская дореволюционная литература», «Великий поэт казахского народа Абай Құнанбаев», «Народность и реализм Абая», «Великий сын народа», «Как я работал над романами «Абай» и «Путь Абая» деген тақырыптарға орыс тілінде жазған абайтану саласындағы мақалалары бар. Ө. ұзақ жылдар бойы ізденіп, зерттеумен айналысқан «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» деп аталатын абайтану саласындағы басты еңбегі – өзіндік ерекшелігі басым, әлем әдебиеті тарихында өте сирек ұшырасатын құбылыс. Өйткені автор Абай мұрасын зерттеу-іздену жолында екі салада, яғни әрі ғылыми, әрі шығармашылық тұрғыда негізделген: «Бұл күнде өзім түсінген Абайды тану ғылымының бір нәтижесі – «Абай» романы деп білемін. Екінші нәтижесі – биылғы жылы (1950 ж.) мен жазып бітірген, әзірше қолжазба түрде жүрген ғылымдық зерттеу – Абай жөніндегі монография» деп, арнайы ескерткен. Бұл ғылыми зерттеуді аяқтағанын 1954 ж. 27 тамызда «Екпінді» газетінің сұрауына берген жауабында: «С. М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінде бірнеше жыл бойында мен оқыған Абайды тану атты курстан құралап келген көлемді монография болатын. Ол – Абайдың өмірін, дәуірін, шығармалық мұраларын зерттейтін еңбек. Абай жөніндегі өзімнің соңғы бір көлемді еңбегім ретінде сол монографияны қазақша және орысша әзірлеп, жақын жылдар ішінде жарияласам деген мақсат бар» деген. Кітап әдебиет зерттеушілерге, филологтарға, студенттер мен аспиранттарға арналған.

*М. Мырзахметұлы.*

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845–1904)»**, жазушының шағын мақаласы. Абайдың 100 жылдық мерейтойына байланысты 1954 ж. орыс тілінде жазған. Ақынның өмірі, шығармалары, өскен ортасы, орыс жазушыларын ұстаз-үлгі тұтқаны туралы қысқа-қысқа мәлімет келтірілген. Мақала «М. Өуезовтің қолжазба мұрасында» бірінші рет сипатталып (218-бет), «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» кітабында жарық көрген.

*Д. Ысқақұлы.*

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ»**, Ө. зерттеу еңбектері негізінде құрастырылған кітапша. Абайдың туғанына

125 жыл толуы мерекесіне орай, «Жазушы» баспасынан 1971 ж. орыс тілінде жарық көрген. Кітапшаға Ә-тің «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» деген мақаласы негіз болған. Түрлі түсті суреттермен безендірілген. Көлемі 0,8 баспа табақ, таралымы мыңдана.

*Д. Ысқақұлы.*

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АҚЫНЫ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫСЫ»** («Абай Құнанбаев – поэт и просветитель казахского народа»), Ә-тің мақаласы. Абайдың 100 жылдығына орай орыс тілінде жазылып, «Актюбинская правда» (10. VIII. 1945) газетінде жарияланған. Мақалада Абайдың ақындық өмір жолымен қалың оқырманды таныстыру мақсат тұтылып, негізінен өмірбаяндық деректер қамтылған. Онда Абайдың әулеті, өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі, қазақ ауыз әдебиетінен, шығыс поэзиясынан, орыс-батыс әдебиетінен үйренуі жүйелі өңгімеленеді. Абай рубасының отбасында өмірге келгенімен, кейін өсе келе халықтың жағында болып, ел ішіндегі әділетсіздіктерге қарсы шыққандығына назар аударады. Қуғын көрген орыс зиялыларының Абайдың аулына жиі келіп, араласып, пікірлесіп тұрғандығы, мұның өзі ақынның прогрессшілдік бағытта болуына И. Крылов, А. Пушкин, М. Лермонтов сияқты орыс ақындарының шығармаларын қазақша сөйлетуге тікелей әсер еткендігі сөз болады. Абайдың ізбасарларынан Мағауия мен Ақылбайдың, Көкбайдың, Бейсембайдың аттары аталған. Бұлардың патшаға қарсы күрескен Шәміл мен «халық батыры Кенесарының» көтерілісі туралы тікелей Абайдың тапсырмасымен поэма жазғандығын айтқан.

*Д. Ысқақұлы.*

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ»** («Абай Құнанбаев – великий поэт казахского народа»), Ә-тің зерттеу еңбегі. 1954 ж. «Знание» баспасынан орыс тілінде жарық көрген. Автор Абайдың жастық шағын, өскен ортасын, өмір сүрген дәуірін, қазақ қоғамының даму сатысын, халықтың әлеуметтік тыныс-тіршілігін жан-жақты талдай отырып, ұлы ақынның шығармаларын әдеби-теориялық тұрғыдан қарастырған, ақын поэтикасының ұлағатты сырын, тәлім-тәрбиелік қасиетін ашқан. Сондай-ақ Абай мұраларының бастау алған қайнар көздерін сөз еткен. Көлемі 1,5 баспа табақ, таралымы 72 мың дана. **«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ТВОРЧЕСТВОСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**, Ә-тің мақаласы. Алғаш рет 1954 жылы «Қазақстан мұғалімі» газетінің 1 шілдедегі санында жарияланды. Мақала ұлы ақынның қайтыс болғанына жарты ғасыр толуына орай жазылған. Абайды тану жолындағы елу жыл ішінде басылым көрген ғылыми-зерттеу жұмыстарына көңіл бөле отырып, алдағы кезеңде абайтану саласындағы ғылыми проблемаларды анықтауды мақсат еткен. Өйткені ақын қайтыс болғаннан кейінгі кезеңде абайтану саласында жазылған әдеби-ғылыми еңбектер де молыға бастаған. Абай мұрасы жөніндегі тұңғыш библиографиялық көрсеткіш те осы тұста жарық көріп, онда мыңға жуық мақала, зерттеу жұмыстары мен жекелеген кітаптар, арнау өлеңдер тақырыптық жүйемен топтастырылған. Ә. осы мақаласында Абай мұрасының рухани нәр алған көздері туралы бұрынғы танымына қайта оралып, жаңа ой, соны пікірлер

айтқан. Сол тұстағы саяси-әлеуметтік, идеологиялық келенсіз жағдайларға орай өз басында болып өткен кейбір танымдық өзгерістердің себебін де жасырмай, КОКП Орталық Комитетінің космополитизм туралы 1949 жылғы арнайы қаулысының талабына сәйкес Абайдың Шығысқа қатысын тек Орта Азия классиктерімен шектеп қараған. Өйткені орталықтың саяси ызғарынан сырт айналып, космополиттік айыптаудан бой тасалаудың ұрымтал бір тәсілі ретінде ертеде айтылған пікірін шегінген. Ә. Абайдың шығармашылық жолын «реформадан кейінгі дәуір шындығының тарихи жағдайлары анықтады» деген іргелі пікір ұсынады. Абайтану саласында жүргізілген келешек жұмыстарының нысанасын осы таным тұрғысынан сөз етіп, алдымен Абай мұрасының халықтың зерттеу мәселесіне айрықша мән берген. Екіншіден, Абай мен орыс әдебиеті туралы проблеманы орыс философиясына, мәдениетіне, публицистикасы мен эстетикасына қатысты қарастырып, ақынның орыс достарының ықпалын асыра бағалаудан арылу жолын меңзейді. Үшіншіден, Абайдың исламиятқа қарым-қатысын зерттеу жолындағы ұстанар бағыт-бағдарын сын көзімен қарай отырып зерттеуді алға қойған. Төртіншіден, Абайдың шығысқа қарым-қатысы аз зерттелгендіктен, бұл салада нысанға алынар мәселелердің молдығына назар аударған. Ақырында, автордың ерекше мән берген мәселесі – Абайдың әдеби мектебі, бұл дәстүрдің қазақ әдебиетінде жалғастық тауып, даму жолында қандай мәселелерді қамту керек екеніне ден қойған.

*М. Мырзахметұлы.*

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ӨЗІРЛІК ЖӨНІНДЕГІ ОЙЛАР»** («Соображения по поводу подготовки к 100-летию юбилею Абая Құнанбаева»), Ә-тің 1940 ж. жазған мақаласы (Ә. Тәжібаевпен бірге). Онда Абайдың 100 жылдық мерейтойына әзірлік және ақын есімін мәңгі есте қалдыру жөнінде 3 түрлі шараны жүзеге асыру ұсынылған. Біріншіден, Абайдың өмірі мен қызметіне қатысты орындарды қалпына келтіріп, жаңаларын салу; екіншіден, ақынның өмір сүрген дәуірі мен қоғамдық-шығармашылық қызметін сипаттайтын мәдени-ғылыми мекемелер, мәдени көркем өнер ғимараттарын салу, ғылыми-көркем фильмдер мен опералық-музыкалық туындылар жасау; үшіншіден, Абай мұраларын игеру мен насихаттау жөніндегі ғылыми-зерттеу, әдеби-сын жұмыстарын жүзеге асыру. Авторлар ұлы ақынның академиялық толық жинағын шығаруға ерекше көңіл бөлген. Бұл ұсыныс ресми орынға тапсыру үшін әзірленген. Мақала Ә-тің қолжазба қорында сипатталып, «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» жинағында тұңғыш рет жарияланған.

**«АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ»** («Жизнь и творчество Абая Құнанбаева») Абайдың қайтыс болуының 50 жылдығына байланысты 1954 ж. қазақ, орыс тілдерінде «Ғылым» баспасынан жарық көрген зерттеу мақалалар жинағы. Жинаққа Абай мұрасын әр қырынан танып-білуге бағытталған бір топ әдебиетші-ғалымдардың Т. Нұрғазин, Б. Кенжебаев, М. Сильченко, З. Ахметов, М. Хасенов, Ф. Әбетов, Н. Полибина, көрнекті қоғам қайраткерлері мен ғылым саңлақтары Н. Сауранбаев, Т. Тәжібаев, өнер зерттеушісі Т. Шомбалова т. б.-дың мақалалары кірген. Кітап Ә-тің «Абай (Ибраһим) Құнанбаев»



тың өмірі мен творчествосы» деген 1940 ж. орыс тілінде жазған мақаласымен ашылады. Көлемі 16,5 баспа табак, таралымы 30000 дана.

*М. Мырзахметұлы.*

**«АБАЙ (ИБРАИМ) ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ»** («Жизнь и творчество Абая (Ибрагим) Кунанбаева»), Ә-тің мақаласы. Абай Құнанбаевтың «Лирикалары мен поэмалары» атты 1940 ж. «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде жарық көрген жинағына жазған алғы сөзі. Кітап Л. Соболевтің редакторлығымен шыққан. Аталған кітапқа арнап жазылған алғы сөзде Ә. Абайдың өмірі, өскен ортасы, ақындық мектептері, көркемдік құбылыс ретіндегі ерекшеліктері жайында өте нақты, терең мағыналы мәліметтер берген. Мақаланың көлемі, мазмұны – аударма жинақтың талаптарына сай. Абайдың өмірі мен шығармаларына қатысты деректерді түгел берген. Абайдың адам ретінде қалыптасуына шешесі Ұлжан мен әжесі Зеренді әсерін ерекше атап өткен. Абайдың ақындық мектептері – төл әдебиеті мен Шығыс поэзиясы, орыс, Еуропаның классикалық әдебиеті мен философиясы бала кезінен-ақ игілікті ықпал еткенін көрсетеді. Абайдың ақындық тұлғасының қалыптасуына бұлармен қатар ерекше табиғи дарынның, бай өмірлік материалдың болуының шешуші ықпалы болды дейді. Мақалада Абай өмірі мен шығармашылығына әр түрлі дәрежеде әсер еткен Е. Михаэлис, Н. Долгополов, С. Гросс, Леонтьевтер, А. Пушкин, М. Лермонтов, И. Крылов, М. Салтыков-Щедрин, Л. Толстойлармен қатар қазақ ақындары да аталған. Абайдың ақындығын жоғары бағалағандардың ішінде Шортанбай, шәкірттерінің ішінде Шекерім аты аталған. Ақынның ел басқару ісіне араласуы, жамандықпен күресуіне қатысты нақты мысалдар бар. Алғы сөздің екінші бөлімінде негізінен ақын шығармашылығына талдау жасалған. Абайдың ақындық мектебіне арнайы тоқталған. Аудармашылық қызметіне өте жоғары баға берілген. Ақынның «Ғақлия» – қарасөздеріне, композиторлық қырына да назар аударған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«АБАЙ (ИБРАИМ) ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ»** («Жизнь и творчество Абая (Ибрагим) Кунанбаева»), Ә-тің мақаласы. Алғаш рет 1940 ж. 6 қазанда «Приоритетская правда» газетінде жарияланған. Кейінірек 1945 ж. Мәскеуде шыққан таңдамалы өлеңдер жинағына алғы сөз ретінде енгізілген. Көлемі – 19 бет. Кейін «Бір жылдар ойларында» (1959, 414–433-беттер) жарияланды. Мақала орыс оқырмандарына Абайды таныстыру мақсатымен жазылғандықтан, ұлы ақынның өмірімен, шығармашылығымен, өзіндік өзгешелігімен, Абайтану ілімінің жай-күйімен кеңінен таныстырады. Абайдың орыс, шығыс әдебиетінен алған тәліміне назар аударыңқыраған. Ақынның шығармашылық ортасына тоқталған. Абайдың лирикасы, аудармалары, қарасөздері қысқаша сипатталған. Абайды танып-білудің, әсіресе ақын шығармашылығының халықтығы, орыс, шығыс әдебиеттерімен байланысы, ақындық мектебі, қазіргі қазақ әдебиетіндегі дәстүрі сияқты мәселелердің төңірегінде ойларын ортаға салып, міндеттер белгілейді. Мақала жана тұрпатты қазақ мәдениетінің негізін қалаушы, қазақтың классикалық поэзиясының жарқыраған шыңы – ұлы Абайдың жыр-

лары ұрпақтан-ұрпаққа кете береді деген көтеріңкі рухпен аяқталған.

*Д. Ысқақұлы.*

**АБАЙ МЕКТЕБІНІҢ АҚЫНДАРЫ.** Абайдың ақындық мектебі. Ә. зерттеу еңбектерімен де, көркем шығармадағы бейнелерін суреттеп жеткізуімен де Абайдың шәкірттерін тандудың жолдарын қарастырды. Бірақ мұндай танымдық көзқарасты тұрақтандыруға жасаған әрекеттері қатты сынға ұшырады. 1953 ж. қаңтар айында «Правда» газетінде «Сынау орнына – мадақтау» деген мақаланың жарық көруі Ә-ті «Менің қателерім жайында» деп аталатын түсініктеме хатын жазуға итермеледі. Бұл хатта ол әдеби беталысы мен Абайдың ақын шәкірттеріне қатысты мынадай еріксіз мойындауларға барды: «...бірінші Кенесары Қасымов қозғалысына байланысты мәселеде, екіншісі – Абай мектебі дейтін мәселеде және үшінші осы аталғандарға жалғас патриархалдық-феодалдық салт-сананың кейбір адамдарын дәріптеу мәселесінде... Абайдың ақындық мектебі бар деген өзімнің көптен келе жатқан, кейін анықталған аса бір теріс түсініктерім бойынша, «Абай» романына жалғастыра «Ақын аға» деген кітап жаздым. Осы кітапта романның жағымды адамның бірі етіп, Көкбай деген реакцияшыл кертартпа ақынды бейнеледім. Осы айтылғандарға байланысты «Абай мектебі» дейтуғын мәселе жөніндегі өз қателерімнің тамырын ашу қажет деп білемін» (папка №464, 3–5-беттер). Сөйтіп «Правда» газетіндегі мақаланың жарға жығарынан қауіптенген жазушы өзінің өмір бойы зерттеуі нәтижесінде тапқан танымдары мен кейбір туындыларынан бас тартуға дейін барды. 40-жылдардың аяғы мен 50-жылдардың басындағы теріс саясат *Көкбайды* ескішіл, молда, *Турағұлды* байшыл, алашордашыл десе, *Әріп, Әсет* тағы басқаларын айыптар міндері дайын тұрды. А. Ә. бұл кезде Абай шәкірттерінің әдебиет тарихынан алар орнына қарап, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындарлық пікір қалыптастырған еді. «Шәкірт» деген сөз аталған жерде «ұстаз» деген сөздің тұратынын, олай болса, аға ақындар мен іні ақындардың буыны құралатынын айтты. Аға ақын Абайдың беталыс-бағыты, стилі, идеясы, өз халқының әдебиетіне енгізген жаңалықтары ұстаз боларлық дәрежеге көтерілгенін, таланты да, ағартушылық, әлеуметтік, көркемдік масштабтағы деңгейі де жоғары екенін, қай жағынан алып қарағанда да, ол шәкірт ақындарға аға боларлық тұлғалық бітімін дәлелдеді. Абайдың айналасындағы ақындарды ауызға алғанда, алдымен Көкбай есімі бұрынырақ түседі. Тағы бір ауыз толтыра айтатын шәкірттің бірі *Шекерім* болса, оның шығармаларын талдаудың, сол кездің бағасы өлшеммен атын атаудың өзі жақсылыққа апармайтын. Мұсылманшылықты біршама жақсы оқыған Көкбай өңшіліктің, ақындықтың жолына түсіп кетеді. Оны Абайға жақын еткен де – осы өнері. Шәкірттер арасында ол суырып салып айтқыштығымен де ерекшеленді. Абайдың сенім артқаны сонша, өзінің алғашқы жазған өлеңдерін де соның атынан жазды. Ұстазы дүниеден қайтқаннан кейін ғана, Көкбай ауылда медресе ашып, бала оқытуға ауысады. Абай өмірін толықтыратын деректердің көпшілігін Ә. осы Көкбайдан алған-ды. Бұдан соң ұлы суреткер Абай мектебіне жататын ақындардан *Ақылбай* мен *Мағауияны* ерекше бөліп атады. Тақырып, мазмұн

жағынан Абай шығармаларындағы армандармен астасып жататын олардың поэмалары қазақ әдебиетіне қосылған елеулі табыс ретінде бағаланды. Бұлардан кейін Абай шәкіртіне лайығы бар деп Әріп пен Өсетті, Мұха мен Өтүбекідрі, Бейсенбайларды қосты. Осылардың барлығы ақынның қасында болып, күнделікті байланысу арқылы тікелей ұстаздық тәрбиесін, үлгісін көргендер. Жалпы ол Абайдың әсер-ықпалымен жетілген өзге ақындардың шығармашылығын жан-жақты зерттеудің қажеттігін ұғынды, Абай шәкірті аталған жастардың бәрі де оқыған, кітап арқылы жазба әдебиеттің өкілдері ретінде қалыптасты, олардың бірі – тақырып, бірі – сюжет, енді біреулері – мазмұн, стиль, тіл жағынан ұстазынан үйренді. Шәкірттерінің жаңа өлең мәдениетін игеруін, әлеуметтік іс-әрекеттерге ұмтылуын, даму өрісін қадағалап отырған Абай шығыс поэзиясы шеңберінде қалдырмай, еуропаның да өлең үлгілеріне үңілдірді. Сыныпшыл реализм рухында жазылған Мағауияның «Медғат-Қасым», Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлсы» поэмалары А. Пушкин, М. Лермонтов, Дж. Байрон тәсілдерін байқатумен бірге, бұрын қазақ әдебиетінде кездеспейтін романтизм әдісін әкелгенін де көрсетті. Шәкірттеріне берген ақыл-көнесінің жемісін ақын көзінің тірі кезінде-ақ көрді. Ө. осыларды зерттегенде, бәрін де Абайдың әсері өлшемнен алысатпай, бірлікте тексеру қажет деп білді.

*Қ. Мұқаметханов, Т. Әкім.*

**«АБАЙ МҰРАСЫ ЖАЙЫНДА»**, жазушының мақаласы. Пікір сайысына құрылған бұл мақаланың 1951 ж. «Лениншіл жас» газетінің 7-санында қысқартылған түрі, ал «Қазақ КСР Ғылым академиясының хабаршысы» журналының 2-санында толық түрі қатар жарияланды. Ө-тің «Абай Құнанбаев» (1967, 275–289-беттер), 20 томдық шығармалар жинағының 19-томында (1985, 12–27-беттер) жарияланды. Мақаланың жазылуына С. Нұрышевтың «Лениншіл жас» газетінің 1951 жылғы 14 қаңтардағы санында «Абай ақындығының алғашқы кезеңі туралы» және «Вестник Академии Наук Казахской ССР» журналындағы «До конца искоренить буржуазно-националистические извращения в изучении творчества Абая» (1951, № 4) деген мақалалары себеп болды. С. Нұрышев Абай шығармаларының Ө. құрастырып жариялаған толық жинағындағы алғашқы кезеңдегі өлеңдерін қоспауды және Абай мұрасының Шығысқа қатысын үзілді-кесілді терістеуді көздеді. Мұнда негізінен Абай ақындығының алғашқы кезеңі, яғни жастық шағында жазылған өлеңдері дәлелсіз жоққа шығарылып, ол туралы ертеректе айтылған Ө-тің пікір танымдары айыпталды. Бұған 1947–1953 ж. Қазақстанда өріс алып, қабындаған саяси-идеологиялық ауа жайылу оқиғалары ықпал етті. Нұрышевтың ұрда-жық сыңға құрылған, дау емес, далбайға ұрынған жалалы мақаласы негізінен айыптайшылық мақсатты көздейді. Бұл даулы әрі өрескел мақалаға Ө. «А. м. ж.» деген мақаласымен жауап берді.

Ө. бұл мақаласын жазуға алдын ала үлкен даярылық жүргізіп, Абай шығармаларының текстологиялық жағын қайтадан сын көзімен қарап, талдаған. Жазушы архивінде сақталған «Абайдың басылымдары жайында», «Дәлелдер», «Справкалар» деген атпен қағаз бетіне түсірілген өзінің нақтылы, ғылыми дәлелдерін ұсына отырып: «...Құрғақ күдік

ғылымды есірмейді, ол дәнсіз гүлдей өмірі жоқ, нәсілі жоқ гүл болатынын» қадай айтқан. Осылайша деректер көзін сұрыптап, оларды жүйелеп, талдау үстіндегі ізденістері мен ой байламдарының ғалымның зерттеушілік лабораториясының сыры мен сипаты да ашыла түскен. Ө. архив сөресіндегі шашпа пікірлерінде Мүрсейіт туралы алғаш рет деректі ұғым беріп, ол көшірген Абай шығармаларының көшірме нұсқасының дүниеге келуіне Абайдың өзі тікелей себепкер болғанын: «...Абай жинағы тек 1896 жылы ғана қағазға жиналып, топталатын болған. Ол істі істеген Мүрсейіт емес, Мағауия, Ақылбай, Кәкітай, Көкбайлар. Бұлар алғашқы істі Абайдың өзінің тапсыруымен сол 1896 жылы бастайды» деп, біздерге беймағлұм көп нәрседен сыр шертеді. Абайдың Көкбай бастаған ақын шәкірттерінің арқасында, солардың Абай өлеңдерін жаттап алуынан ұлы ақын шығармаларының жоғалуға жақын өлең жолдарының үштен бірі қалпына келтірілген. Абай шығармаларының шығысқа қарым-қатысын дәлелсіз терістеген Нұрышевтің көрсөкырлық ісін аяусыз әшкерелеген. Сөйтіп алмағайым кезде Абайдың жастық шақтағы өлеңдері мен сол өлең сарынындағы шығыстық белгілері арқылы абайтанудың ғылыми негізде сөз етілмеген соны қырларын аша түскен.

*М. Мырзахметұлы.*

**АБАЙ ӨМІРБАЯНЫ.** Абайдың өмірбаянын жазуға алғаш Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, К. Ысқақов, Н. Рамазанов, Х. Ғаббасов қалам тартты. Кеңес дәуірінде Абайдың өмірбаяны мектеп оқулықтарына қысқаша түрде енгізіле бастады. Абайтанудың алғашқы қалыптасу кезеңінде С. Мұқанов, Ө. Жиреншин, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев т. б. Абай өмірбаянын жазуға, оқытуға ат салысты. Ө. Абайдың ғылыми өмірбаянын жазуға ерекше кірісіп, ғылыми тұрғыдан жазуды қолға алды. Абайдың өмірі мен ата тегі туралы Ө. 1924–27 ж. арасында кең көлемде жазып, хатқа түсірді, ақын туралы естеліктерді де қоса қарастырды. Абайдың қайтыс болуының 20 жылдығына орай, оның шығармаларының толық жинағы даярланып, өмірбаяны да жазылды. Сол кездің әрқилы жағдайына байланысты бұл нұсқа 1933 ж. Қызылорда қаласында латын әрпімен басылып шықты. Бұдан кейін А. өн жазуға Ө. 1940, 1945, 1950 жылдары қайта оралып, бастапқы жазғандарын толықтырып, дерек көздерін молықтырып, көп деректерді қайтара екшеп, жетілдіріп отырды. Өйткені жазушының өз сөзімен айтқанда, «Өмірбаянды жазу – ғылыми ембек, зерттеу болатын. Оны оп-онай ала салып, тізе салған кісі жоқ. Сондықтан 1927 жылдан бері қарай қайта-қайта үстеліп, түзеліп келеді. Дұрыс талып өсіп, тереңдеп келеді». Ө. «Абай жолы» эпопеясын жазу үшін ақын ғұмыр кешкен әлеуметтік ортаны, онымен тікелей араласқан адамдарды, олар шыққан руларды, жайлаған елді мекен мен жер аттарын, билік атауларын анықтауға ерекше мән беріп, осы жолдағы танымын эпопеяға жастық ретінде пайдаланды. Ө. Абайдың басынан өткен қайталанбас өмір жолымен, оның ой-сана-сына өз таңбасын түсірген әрқилы саяси-әлеуметтік оқиғалардың тарихымен терең танысқан сайын, ақын шығармаларының қыр-сырына қанығуға ерекше ден қойды. Абай өмірбаянын жазудағы сүйенген өдісі – ауызша сұрау, естеліктер жинау, мұрағат деректеріне сүйену және ақын шығармаларындағы басты сарынды тудырған құбылыстардың мәнін ұғын-түсіну еді.

Ұлы қаламгер Ө. А. ө-н жазу жолында ұзақ жылдар толассыз ізденіп, оған төрт рет қайта оралды (1933, 1940, 1945, 1950), жетілдірді, нәтижесінде қазақ ақын-жазушыларының ішінде бірінші рет Абайдың ғылыми өмірбаяны, яғни абайтанудың іргелі саласы өмірге келді.

*М. Мырзахметұлы.*

**«АБАЙ» РОМАНЫ ТУРАЛЫ ӨНГІМЕГЕ.** Ө-тің шашпа пікірлері. Ө. осы ретпен күрделі бір тақырып төңірегінде ой қорытып, нақты тұжырымдарын қысқа-қысқа тезис түрінде қағазға түсірген, сөйтіп «Абай жолы» эпопеясына қаншалықты даярлықпен келгенін аңғартқан. Жазушының лабораториясына терең бойласақ, зерттеушіге таптырмас мол деректер көзі кездеседі. Мысалы, бұл тезистерінде эпопея туралы айтылған пікірлердің бәрін жазушы қабылдай бермегенін, бірақ ақылға қонатын, дәлелді дегендерінен бойын аулақ салмағанын аңғару қиын емес. Тезис-пікірлер «М. О. Өуезовтің қолжазба мұрасында» сипатталған (№529, 539, 540-папкалар). «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» кітабында жарық көрген.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«АБАЙ СӨЗІ ДЕЙДІ»,** жазушының Абай өлеңінің ауызша таралуы туралы пікірі. Ө. мұндай өлеңдерге бұрыннан-ақ жіті көңіл бөліп, назар аударып отырған. Абайдың жылы белгісіз «Ойландың да толғандың» өлеңінің ауызша нұсқасын Ө. Алматы тұрғыны Бекжан Төреден жазып алған. Одан кейін ауызша таралып жүрген «Ойландым да құрғалдым» деген 10 жол өлең Ө-ті ойға қалдырған. Ол бұл екі өлеңнің текстологиялық өзгерістеріне зер салып, табиғатына үңіледі. Сөйтіп бұл өлең Абай шығармаларының 1945 жылғы басылымдарына «Соңғы жылдарда табылған өлеңдер» деген айдармен «Ойға түстім, толғандым» деп беріледі. Бұл өлең «М. Өуезовтің қолжазба мұрасында» сипатталып (605-бет), «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» жинағында бірінші рет жарияланған.

**«АБАЙ ҰРПАҚТАРЫ»,** қолжазба журнал. Ө. 1939 ж. жазда Семей облысының Шыңғыстау ауданына келіп, ұлы ақынның ғұмыры мен заманы жайлы деректер жинайды. Аудан орталығы – Қарауылда болған кезінде Абайдың ел аузындағы шығармаларын жинау мақсатында, әрі талантты жастардың басын біріктіру үшін қолжазба журнал шығаруды ұсынады. Журналдың алғашқы редакторы – Талғат Өбенов. Журнал 1939 жылдан бері қоғамдық негізде 3 айда бір рет шығып келеді. Журналды шығаруға мұрындық болған мектепке 1940 ж. Абай есімі берілді. Журнал жанашырлары – Абай ұрпақтары мен жерлестері туған өлкенің өткен тарихын, ел аузында сақталған халық әдебиеті үлгілерін, ұлы ақын мен Ө. туралы естеліктер, әңгімелер жинайды, жер-жердегі тілшілері арқылы бүкіл облыс, республика бойынша ауқымды жұмыстар жүргізеді. Журнал беттерінде гиратты сөз, көркем әңгімелер мен очерктер, туған жер, Абай мен Ө., Шәкәрім туралы өлеңдер мен мақалалар, естеліктер т. б. материалдар жарияланады. Журнал Абайдың 100, 125, 150 жылдық, Ө-тің 70, 80, 90, 100 жылдық мерейтойларына бір-бір нөмірлерін арнады. 1959 ж. журналдың шыққанына 20 жыл толуына орай жолдаған құттықтауында Ө.: «... бәрімізге ортақ ұлы Абай ағамыздың қадірлі ұрпақтарын журналдың XX жылдық даңқты мерекесі күні жалынды, достық сәлеммен құттықтаймын» деп, жүрекжарды сәлемін жеткізіп, үлкен табыс тіледі.

*С. Қорабай.*

**«АБАЙ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ.** Бұрынғы Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысының Абай ауданындағы Қарауыл мекеніндегі мәдениет үйі жанынан ұйымдасқан көркемөнерпаздардың драма үйірмесі негізінде құрылды. 1917 ж. маусымда Ойқұдықта Ө-тің «Еңлік-Көбек» пьесасымен шымылдығын ашты. 1967 ж. «Халық театры» атағы берілді. Театрдың көркемдік жетекшісі әрі режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Б. Баймұратов. Театр 1984 ж. Ө-тің «Абай» трагедиясын сахнаға шығарды.

**«АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ»** («Творчество Абая»), жазушының мақаласы. Бұрынғы Семей облыстық «Прииртышская правда» газетінің 1945 ж. 15 тамыздағы санында жарияланған. Абайдың туғанына 100 жыл толуына арналған беттегі бұл көлемді мақалада ақын шығармашылығы жан-жақты, терең талданған. Ұлы ақынның әдеби мұрасын ол сусызданған «ұлттық және жалпы адамзаттық мәдениеттің үш ұлы қайнары»: «көне қазақ әдебиеті», «шығыс мәдениетінің озық үлгілері, араб-иран және түркі классикалық поэзиясы» және «орыс (осы арқылы еуропа) мәдениеті» мысалында қарастырады. Абайдың осы үш рухани қайнарды меңгеріп отырып, өзінің талант қуатын еш кемітпей, өз шығармашылығының сапалық жағын әлсіретпегендігін, «кең тынысты» суреткер ретінде жаңа мәдениетті өз қажетіне шебер пайдаланып, кәдеге асырғанын, осы арқылы қазақ мәдениетінің рухани өлемін байытып, көп пайда тапқанын әсерлі әңгімелейді. Ұлы ақын поэзиясының ауыз әдебиетінен мүлдем өзгеше сарында өрбіп, сөздік қоры, образдар жүйесі, стилистикалық әдістер көркемдік жағынан жаңа ой иірімдерімен терең де жаңа көркем мағынаға ие болғанын, «қазақ әдебиетінде үй-іші, ата-аналық парыз бен жас ұрпақты тәрбиелеуге және өн бастысы, әйел мәселесіне жаңаша көзқарас алғаш рет нақты да жоғары моральдық тұрғыда айтылғаны» ерекше аталады. Абай поэзиясының еңбек, табиғат тақырыптарын ашудағы жаңашылдығы, оқу-білімге шақырған азаматтық үні мақаланың өн бойынан аңғарылады. Абайдың шығыс поэзиясымен байланысы жан-жақты айтылып, оның ақындық мұрасында көне шығыс классикалық поэзиясының озық дәстүрлерінен ғана үлгі алғандығын, «араб-мұсылман шығысы Абай шығармашылығына жеке іріктеліп алынған бөліктерімен кіргендігін» баян етеді. Абайдың орыс әдебиеті арқылы еуропа мәдениетіне бой ұруы күрделі де соны және сан алуан болғандығын сөз етіп, оның А. Пушкин, М. Лермонтов, И. Крылов шығармашылығын игерудегі аудармашылық өнерінің шеберлік тұстарына тоқталады. Абай сатирасының М. Салтыков-Щедринге көркемдік және саяси жағынан да өзіндік ерекшелігі айта келіп, «Абай өз поэзиясының бүкіл мазмұнымен өз кезінің үкіметтік құрылымын жоққа шығарды, сол себепті де оның үкіметке қарсылық білдірген орыс классиктеріне көңілінің Шәміл мен Кенесарыға ықыласымен терең байланысы бар» деп түйеді. Абайдың талантты да өзіндік ерекшелігі бар композитор болғанына назар аударылып, музыкада да жаңашылдығымен танылғандығын атап өтеді.

*С. Қорабай.*

**«АБАЙ ЮБИЛЕЙІ ТУРАЛЫ»,** жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1940 жылғы 5

қаңтардағы санында жарияланған. Абайдың туғанына 95 жыл толуы қарсаңындағы мерейтой шараларын ұйымдастыруға байланысты ұсыныстар айтылады. Сонымен бірге мерейтой деңгейіндегі жазушы қауымы мен ғылым орындары атқаратын міндеттерге байланысты өз ойын ортаға салады. Бұл ретте ең алдымен Абайдың Семей қаласында келіп-кетіп жүрген екі үйінен қатар, ақын оқыған Ахмет Риза медресесінің ғимаратын еске салып, оған бір белгі қою керектігін, ақын зираты тұрған Жидебай қыстауын мұражайға айналдырып, Ақшоқыдағы қыстауын да сақтау қажеттігін, Абай қабіріне мрамор тас қойып, ерекше қамқорлыққа алуды мәселе етіп көрсетеді. Осы шаралармен бірге Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісіндегі тың жұмыстардың ең ауқымды бөлігі ретінде Семейдің архивін, жандарал, ояз кеңселерінің, облыстық, ояздық соттар архивін тексеру Абай туралы көп мағлұматтар беретіндігіне, Дала генерал губернаторының орналасқан орталығы – Омбы қаласының мұрағатын да зерттеуге зор үлкен мән берген. Мұрағаттардағы Абай туралы мәліметтерді іздестіргенде, жалғыз ғана «Құнанбаев» деген фамилияны ғана қарастырмай, ақынның Өскенбаев болып жазылуы да мүмкін екендігін еске сала кетеді. Ибраһим Құнанбаев жайындағы істі зерттей отырып, Абайдың туыстарымен дос та, қас та болған адамдардың істерін қарастырудың ақын өмірбаянын жете білуге көмегін тигізетіндігін ескертеді. Абайдың Е. Михаэлис, Н. Долгополов, Гросс сияқты орыс достарының да істерін, Семей облыстық, қалалық анықтамалықтары мен тағы басқа түрлі баспасөз және статистика материалдарын зерттеуді, бұларда Абай атының әбден кездесіп қалу мүмкіндігін баса айтады. Осы ұсыныстарынан басқа Семей қаласы мен ауыл-ауылда Абайды көрген замандастарынан ақын жайлы білгендерін сол қалпында жазып алудың үлкен септігі тиетіндігін еске салады. Бұл жұмыстарды Семей облысы ғана емес, бүкіл ғылыми және әдеби қауым жұмыла істегенде ғана, мерейтойдың нәтижелі өтетіндігін пайымдайды. Мақала Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 15-томында жарық көрді (1984, 144–146-беттер).

*Н. Жанақова.*

**«АБАЙДАН СОҒЫ АҚЫНДАР»**, Ө-тің мақаласы. Алғаш рет «Абай» журналының 1918 жылғы 5-санында жарияланған. Кейін «Қазақ әдебиеті» газетінде (1990, 10 тамыз), «Жұлдыз» журналында (1997, №9), шығармаларының 50 томдық толық жинағының 1-томында (1997) басылды. Мақалаға «Екеу» (Ж. Аймауытовпен бірге жазған) деп қол қойған. Мұнда Абайдан соңғы кезеңде әдебиетімізде өлең жазушылардың көбейіп, халықтың сана-сезімі оянып, жаңаша сипат ала бастағаны сөз болады. Оған «бірінші Абай, екінші – «Қазақ» газеті, үшінші – жалпы жұрттың ғылымға бет алуы себеп болды» дейді. Абайдың қазақтың қоғамдық тұрмыс-тіршілігін шынайы суреттеп, мінезін, мінін, сырын терең ашып, халықты ілгері жетектеп, оянуына, ойлануына себепші, түрткі болғандығы туралы «Абайдың өнері хәм қызметі» атты мақаласындағы ой-пікірлерін жалғастырып, дамыта түседі. «Бұған жалғас ояңған ойдың бетін түзеп, жолға салып, ілгерілеуіне қамшы болған – «Қазақ» газеті. Бұл газет халықтың саяси көзі ашылуына,

«жұрттық» деген ойдың кіруіне қандай себеп болса, әдебиеттің гүлденіп, өркендеуіне де сондай себеп болды» деп, қазақ әдебиетінің тақырып, мазмұн, түр жағынан байып, мән-мағынасының тереңдей түсуіне идеялық бағыт-бет нұсқап, жол ашқанын атап көрсетеді. Абайдан соңғы қазақ ақындарын биік талап тұрғысынан саралап, негізгі үш топқа бөліп жіктейді. Бірінші топқа «сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер» жазатын сыршыл (лирик) ақындарға: Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт хәм Ахмет Мәметовтерді жатқызып, өлеңдеріне көркемдік талдаулар жасайды. Екінші топтың өкілдері ретінде «халықтың (народник) ақындар»: Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнен-таев, Шәкәрім Құдайбердиев, Бекет Өтетілеуовтерді атайды. «Бұлардың өлеңі сырты төгілген сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті» деп, олардың сөзінің алғашқы топтағыларға қарағанда, халыққа бір атасының жақын тұратынын, өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие-әсері аз, ақылға азығының мол екенін, олардың әрқайсысының өзіндік өрнектерін қысқаша, дәл сипаттау арқылы ашып көрсетеді. Үшінші топқа «ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеп, желе жортақта-тып, құбажондатып кететін» ескінің сарқыты Омар Қарашевты жатқызады. Бұл аталған ақындардың жетістік жақтарымен қатар кемшілік жайларына да тоқталып, әлі де көп ақындарымыз да шын «ақыңдықтан» гөрі «өлеңшіліктен» басымдау екенін атап айтады. Өлеңге қойылатын негізгі шарттарды айқындай келіп, ақындық өнері кем кісілердің «өлеңге салынып, бойдағы өзге өнерін жойып алуға мүмкін» екенін ескертеді. Әдебиеттің күшеюіне өлеңнен өзге түрлерімен де, «қара сөзбен қызмет етуге де болады», «тегіңде әр жақты болмай, бірбеткей, сыңар жақ болу да қате деп білеміз» деген тұжырым жасайды.

*К. Сыздықов.*

**«АБАЙДЫҢ АТА ТЕГІ ТУРАЛЫ»**, жазушының мақаласы. Абайдың туғанына 95 жыл толуына орай КСРО Ғылым академиясының қазақстандық бөлімі Абайдың екі томдық толық шығармалар жинағын бастырып шығарды. 1-томы 1939 ж. С. Мұқановтың, 2-томы 1940 ж. Ө-тің алғы сөздерімен және ғылыми түсініктемелерімен жарық көрді. Алматы, Семей мұрағаттарындағы құжаттарымен таныса отырып, Семей өңірінде болып қайтқан ғылыми экспедицияның жиған деректерінің нәтижесінде Абай шығармаларының ғылыми толық басылымын тұңғыш рет жүзеге асырды. Бұл ғылыми түсініктер бұдан кейін жарық көрген Абай шығармаларының толық немесе академиялық басылымдарының барлығына ғылыми негіз болды. Түсініктеме-мақалада Абайдың өмірбаяны мен шығармашылық жолын ғылыми негізге түсіру, мұражайлардағы құжаттық деректерді жинастыру, ел аузынан жазып алынған мағлұматтарды, естеліктерді бір жүйеге келтіру, ақынның шәкірттері, сол кезде өмір сүрген белгілі тарихи адамдар мен өнер иелері жөніндегі мәліметтерді іздестіру бағытындағы жүргізілген КСРО Ғылым академиясының қазақстандық бөлімшесінің Жамбыл атындағы әдебиет және халық шығармашылығы секторы ғалымдарының жұмысына тоқтала келіп, Абайдың ата тегі туралы мұрағаттан табылған құжаттарға шолу жасайды. Кенгірбай, Ырғызбай, Өскенбай, Құнанбай, Серікбай, Бөжей, Айпара, Қожамберді ақын, Құсбек, Жамантай төре, Байсал, Қисық би іспетті тарихи адамдардың өмірі мен іс-әрекеттері және

олардың арасындағы дау-шар, билік таласының түпкі себептері туралы егжей-тегжейлі баяндап, түйінді пікір түйеді. Соның ішінде Омбы облыстық соты қараған Аякөз сыртқы округі приказындағы «Бостанбек Өскенбайұлының қазасы» туралы тергеу ісіне ерекше тоқталған. Іс барысында екі жақтың да кінәсі анықталмайды. Барымта дауы қазақтың билік жолымен шешімін тапқан көрінеді. Мақалада Қожамбердінің өлеңдері келтірілген. Құнанбайдың старшың, болыс, аға сұлтан сайлануы, ел ішіндегі жүргізген биліктері, Қодар мен Қамқа оқиғасы, Құнанбай мен Бөжей арасындағы қақтығыстың себептері, Құнанбайдың аға сұлтан кезінде Омбы түрмесіне қамалуы, кейінгі қажылық өмірі, жеке басының әр түрлі қасиеттері кеңінен қамтылған. Кеңестік өсіре солшыл сыныштардың тарапынан мақала қатты сынға ұшырады. 1943, 1947, 1949, 1951–1953 ж. саяси қысым тұсында жазушының бұл мақаладағы тұжырымдары қатты, Кеңес өкіметіне жат көзқарас, Құнанбайды ақтайды, оның қатал биліктерін іштей жақтап отыр, феодализмді көксейді деген жалған айыптар тағылады. 1953 ж. 18 мамырда «Литературная газетаға» жазған ашық хатында жазушы өзінің осы мақаладағы пікірлерінің қате екенін мойындап, одан бас тартуға мәжбүр болды. Мақала 1984 ж. ғана жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 15-томында қайтадан басылды.

*Т. Жұртбай.*

**АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ.** Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді жинастырып, оны сақтап, зерттеп, насихаттайтын мәдени-ағарту мекемесі. 1980 ж. 30 қазанда Қарағанды облыстық мұражайының бөлімшесі ретінде Абай қаласында (бұрынғы Шерубай) ашылған. Мұражайында Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты, Абай қаласының өткені мен бүгінгісіне арналған және Ө-тің абайтанудағы еңбектеріне байланысты көптеген материалдар көрініске қойылған. Мұражай экспозициясы арнайы тақырыпқа жіктелген.

*М. Әбдеш.*

**«АБАЙДЫҢ БАСЫЛЫМДАРЫ ЖАЙЫНДА»**, жазушының шашпа пікірлері. 1953 ж. жазылған. Мұны жазуға С. Нурлышевтың мақаласы түрткі болған («Қазақ КСР Ғылым академиясының хабаршысы», 1953, №4). Бұл мақала абайтану саласында ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізген Ө-тің еңбегін айыптауға арналған еді. Ө бұл мақала жарияланған соң, өз ойларының желісін нақты дәлелдермен көрсетіп, дәлелсіз түрде айтылған айыптау пікірлерді жоққа шығарудың алдын ала жоспарын жасаған. Осы тезистердің негізінде «Абай мұрасы жайында» деген мақала жазған. Сөйтіп жазушы әрбір еңбегін жазу үстінде құрғақ, көпірме пікірден қашып, алдын ала нақтылы деректерге сүйеніп, даярлық жасаған, айтылар ойын, пікір желісін анықтаған. «А. б. ж.» мақаласы Ө-тің «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» жинағында алғаш рет жарияланды.

**«АБАЙДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ»**, Ө-тің мақаласы. Гурьев (қазіргі Атырау) облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1945 жылғы 8 тамыздағы санында жарияланған. Абай шығармаларын қазақ халқының көп ғасырлық қасиетін бойына жиған ерекше қазына ретінде зерделеп, ақынның туған халқының және күллі адамзаттың өнер, ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні, үш қайнар бұлағы бар екендігін жеке-жеке қарастырады. Мұның

біріншісіне қазақ халқының бағзы заманнан есте сақтап, дамытып келе жатқан ауыз әдебиетінен Абай көп нәр алып, сол арқылы өз поэзиясының көркейтумен қатар, өзіне дейінгі құрғақ насихатқа құрылған ақындар шығармашылығын қатты сынға алғандығын, ескі, зиянды әдеттерден арылып, жаңа қоғамды Еуропа мәдениетінен үлгі алуға шақырғандығын паш етеді, қоғамды қайта құру мен тәрбиелеу арқылы халыққа қызмет етуді өзі негізін салған жаңа поэзияның жоғары мақсаты, тарихи парызы екендігіне оқырман назарын аударады. Екінші рухани қайнар бұлақ – Абайдың шығыс поэзиясымен байланысы да өзгеше болып, оған Фирдауси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули, Бабыр шығармалары қатты әсер еткендігін, сонымен бірге шығыс әдебиетінің кері бағыттағы ағымдарынан бас тартқандығын айта келіп: «араб-мұсылман Шығысының әдебиетін де Абай өз шығармаларына жаңапа енгізгендігін» тілге тиек етеді. Ұлы ақын поэзиясының үшінші рухани нәрі – орыс және еуропа әдебиетін, орыс және еуропа әдебиетінің әсері нәтижесінде «Абай қазақ поэзиясына өлеңнің жаңа түрлерін, жаңа тақырыптарын енгізді, жаңа әлеуметтік мазмұн берді. Бұның өзі қазақ поэзиясының сапасын ерекше арттырды» деп, Абай поэзиясының Пушкин шығармашылығымен, Абай сатирасының Салтыков-Щедрин сатирасымен ұқсастық жақтарына талдау жасайды. Абайдың ірі ойшыл, талантты композитор ретіндегі еңбектеріне қысқаша тоқталып, «қазақтың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақтың классикалық поэзиясының биік шыңы» ретінде үлкен баға береді.

*Н. Жанакова.*

**АБАЙДЫҢ ЖИДЕБАЙДАҒЫ ҚОРЫҚ-МҰРАЖАЙЫ.** 1971 ж. Жидебайдағы Абай қыстауы үкімет қаулысымен қалпына келтіріліп, мұражай ретінде ашылды. Үй – дәлізден, ас үйден, қонақжайдан, Абайдың жұмыс бөлмесінен, Ділденің, Әйгерім мен Еркежанның отауынан, соғым сүрлейтін шшаладан, лапастан, екі себеттен тұрады. Өр бөлмеге Абайдың өзі Семей өлкетану мұражайына өткізген экспонаттармен қоса, сол үйге тікелей қатысты заттар орналасқан. Ақынның көзі тірісіндегі жиназ-мүліктер, Ділде мен Еркежанның жасаулары, саят құралдары, жиған кітаптары, тоғызқұмалақ тақ-

Абайдың Жидебайдағы мұражай-үйі.



тасы, ақынның қойын сағаты мен тісқабы, жазу үстелі мен орындықтары, ат әбзелдері, сондай-ақ өзге де тұрмыстық-этнографиялық мемориалдық мұралар қойылған. 1990 ж. сәуір айынан бастап қорық-мұражай болып қайта құрылды. Жидебайдың айналасындағы Абайға тиесілі 6 400 га жер қорық ретінде мемлекеттік қорғауға алынды. Қорықтың аймағында Зере, Ұлжан, Құдайберді, Ғабитхан кесенесі, Абай мен Шәкәрімнің ғимарат-кешені, Кеңгірбай бидің мазары, Оспан көлі, Мұсақұл төбесі, Турағұл қыстауы, Тәкежанның қоныстары орын тепкен. М. Ө-тің ұсынысы бойынша, мұражай 1957 жылдан бастап қоршалып, түрлі мұрағаттық жабдықтармен толықтырыла бастады. Жазушы бала кезінде атасы Өуезге еріп, Жидебайға келген, Абайды көріп, батасын алған. «Абай жолы» эпопеясында Жидебай қыстауы кеңінен суреттелген. «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында ұлы жазушының өзі сызып, қағазға түсірген Жидебайдағы Абай үйінің жобасы сақтаулы.

*Т. Жұртбай.*

**«АБАЙДЫҢ ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕСІ АЛДЫНДА»**, жазушының мақаласы. «Қызыл армия» газетінде 1945 ж. 27 шілдеде жарияланған. Онда Абайдың 100 жылдық мерейтойына әзірлік шаралары туралы баяндалған. Осы мақсатта істеліп жатқан жұмыстарға тоқталып өтеді: Абай шығармаларының академиялық толық жинағы Алматыда тыңнан басылып шыққалы жатқандығы туралы хабардар етіп, оған ақынның бұрын басылмаған бірнеше жаңа өлеңдері де кіретіндігін, осындай үлкен жинақтың орыс тілінде де шығатындығын, мұның өзі Абайды орыс халқына және орыс тілі арқылы басқа халықтарға таныстыруда мәні зор болатындығын, жинақты аудару жұмысын «қазақ әдебиетінің ескі досы» жазушы Леонид Соболев басқаратындығын хабарлайды. Екінші бір мерекелік кітап ретінде Абайдың өмірі мен еңбектері жөніндегі «ғылымдық тексермелер жинағын» атап, оның жазылуына қазақ пен орыс оқымысты, сыншы, жазушыларының көбі қатынасқандығы баяндалған. Сонымен бірге үкімет тарапынан істелетін үлкен шаралардың ең зоры – Алматыда Абай ескерткішін орнату, өнер саласында да Абай тойына лайықты тартулар жасалмақ, 1944 ж. желтоқсанда Алматы мемлекеттік опера және балет театрында «Абай» атты жаңа опера қойылды, астанада «Абай» атты үлкен «кино-сурет» (кинофильм) шығып, бүкіл одақ бойынша көрсетіліп деп, ерекше мақтаншы сезіммен жазады. С. Мұқановтың Абайдың өмірі мен еңбектері туралы ғылыми зерттеу жазып жатқандығын, өзінің «Абай» атты романының бірінші кітабы орыс тілінде Мәскеуде шыққанын хабардар етеді.

*Н. Жанақова.*

**«АБАЙДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ»** («Идейно-культурное наследие Абая»), жазушының мақаласы. «Казхастанская правда» газетінің 1939 жылғы 23 маусымдағы санында жарияланған. Шығарма «Идейно-культурное искания Абая» деген атпен сол жылы «Литература и искусство Казахстана» журналының 7-санында, кейін осы тақырыппен Ө-тің «Мысли разных лет» кітабында (1961) жарияланды. Газеттік нұсқасы «Абайдың идеялық-мәдени мұрасы» деп аталғанымен, журналдағы «Абайдың идеялық-мәдени ізденістері»

атты мақала мазмұнымен бірдей, тек сөйлемдерде кейбір сөздер басқа сөздермен ауыстырылып келтірілгені болмаса, екі мақала түгел дерлік бір мәтін негізінде жарияланған.

*С. Қарабай.*

**«АБАЙДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-МӘДЕНИ ІЗДЕНІСТЕРІ»** («Идейно-культурные искания Абая»), жазушының мақаласы. Орысша нұсқасы «Литература и искусство Казахстана» журналында, ал қазақшасы «Әдебиет және искусство» журналында (1939, № 7) жарияланды. Кейін Ө-тің «Өр жылдар ойлары. Мысли разных лет» (1959, 1961), «Абай Құнанбаев» (1967, 1995), «Таңдамалы» (1997) атты шығармалар жинақтарында қайта жарық көрді. Автор Абайдың тек қазақ тарихында ғана емес, бүкіл шығыс тарихында айрықша орны бар, қайталанбас құбылыс екенін айтады. Абай өзі оқып үйренген Шығыс әдебиетінің өкілдері мысырлық Жалелетдин Ауғани мен Мұхаммед Ғабдукиді және сол дәуірде бүкіл Ресей мұсылмандары арасында аса танымал Исмайыл бей Гапринскийді жақсы білгенімен, олардың ілімін онша жақын қабылдай қоймады. Абай өз бойына бүкіл көне Шығыс мәдениетінен араб-иран және көне шағатай тілдеріндегі классикалық поэзияның рухани нәрлерін таңдап сіңірді. Абай тек Фирдауси, Хафиз, Сағди, Низами, Науаи, Физули туындыларының құдіретін сезініп, оларға құрметпен бас иіді. Шығыс поэзиясымен жас шағында танысқан Абай енді оны азсынып, Батысқа бет бұрды. Абай тек қазақ арасынан ғана емес, бүкіл Шығыстан орыс поэзиясы арқылы Батысқа бет бұрған алғашқы адам еді. Ол батыс поэзиясын терең игеріп, жетілдіргеннен кейін, оны өзі бұған дейін жақсы білетін шығыс әдебиетімен байланыстыра отырып, қазақ мәдениетін көтеруге ықпал етті деп, ұлы ақынның туған әдебиетті рухани жағынан марқайтқанына назар аударады. Сонымен бірге Ө.: «Абайдың қалың жұртшылыққа танымал болуы оның ақындығы мен азаматтығына ғана қатысты емес, аудармашылығымен де терең байланысты» деп атап көрсетеді. Абайдың ұлылығы оның бүкіл мәдениет тарихына түбегейлі өзгерістер енгізіп қана қоймай, өзін қоршаған ортаны тәрбиелеудің озық үлгісін көрсетугінде еді. 80-жылдары Абай қазақ даласына кеңінен танымал болуымен қоса, бұрын қарапайым қазақ үшін мүлде бейтаныс есімдер А. Пушкин, М. Лермонтов, И. Крылов т. б. орыс ақын-жазушыларының да аттарын таныс етті. Татьяна мен Онегиннің арасындағы ғашықтық халді қазақ тілінде шебер суреттеп, оған лайықты әуен тауып, олардың мұңын сол кездегі қазақ қызы мен жігітінің мұңына қосып, «Татьянаның әнін» қырға қалықтатып жіберді. Қазақ халқы үшін Татьяна бейнесі халықтың лиро-эпостық жырлары сияқтанып кете барды. Абай орысша аудармасы арқылы батыс философиясы Г. Спенсер, Б. Спинозалардың еңбегін жете түсініп, оған өз пікірін айтқан. Солардың еңбегіне Абай шығармаларында эллинистік элементтер де бой көрсетеді. Осы арада көзге айқын түсіп тұрған тамаша саралау бар. Еуропа мәдениеті мен шығыстың классикалық үлгілерін араластыра отырып, Абай жақсы бір бастау бұлақтың көзін ашады. Осыдан барып Абай Сократ жайлы трактаттар жазып, Ескендір Зұлқарнайын мен оның ұстазы Аристотель хақында терең ойлы драма туғызады. Уақыт талабы мен өмір сүрген ортасына қарамастан, Абай сол кезде-ақ өзінің ақындық мектебін ұйымдастырып, төңірегіне та-

лантты шәкірттер жинап, білгенін үйретумен айналысқан дей келіп, Ө. ұлы ақын төңірегіндегі даулы мәселелерге дәлелді жауап айтады, Абайдың қазақ мәдениеті мен әдебиетінде, тарихында алар орнын айқын көрсетіп берді.

*Б. Мамыраев.*

### **АБАЙДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ ЖӘНЕ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ ҚОРЫҚ-МҰРАЖАЙЫ.**

Ең алғаш Ө-тің ұсынысы бойынша, үкімет қаулысымен, Абайдың туғанына 95 жыл толуына орай 1940 ж. 16 қазанда Семей қаласында ашылған. 1940–1995 ж. «Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық мұражайы» деп аталды. Ақынның туғанына 150 жыл толуына байланысты ЮНЕСКО деңгейінде өткізілген мерейтойдың қарсаңында Семей өңіріндегі Абайға қатысты мәдени мұражайлардың басы бір араға шоғырланып, Ахмет Риза медресесі мен мешіті мұражайдың қасына көшірілді, қалпына келтірілді. Жидебайдан 6400 га мөлшерде табиғи қорық аймағы бөлініп, 1990 ж. Абайдың мемлекеттік тарихи және әдеби-мәдени мемориалдық мұражайы болып қайта құрылды. Оған Семей қаласындағы Абай мұражайы, Ө. және Алаш арыстары мұражайы, Абайдың Жидебайдағы қорық-мұражайы, Ө-тің Бөрілідегі әдеби-мемориалдық мұражайы, Мақаншыдағы Әсет Найманбаевтың мұражайы және Көкбайдың мешіт-медресесі кешені қарайды. Мұражай-қорықтың құрылуына *Т. Ибрагимов* көп еңбек сіңіріп, қазіргі қалпына келтіруге елеулі үлес қосты. Мұражайда Абайдың өмірі мен шығармашылық қызметіне және қазақ елінің тарихы мен этнографиясына қатысты құнды мұрағаттар (архивтер), заттай айғақтар, сирек қолжазбалар, суреттер, көркемсуреттер, кино, дыбыс (фоно) таспалары, мемориалдық дүниелер, соның ішінде Н. Долгополов арқылы Семейдің өлкетану мұражайына тапсырылған Абайдың өзі жинаған экспонаттар орын алған. Мұнда Ө. өткізген экспонаттар мен қолжазбалар, жазушының дауысы жазылған үнтаспа сақтаулы. Жалпы алғанда мұражай-қорықтың қорында 20 мыңға жуық экспонат бар.

**«АБАЙДЫҢ ӨМІРІ. АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ»**, Ө-тің мақаласы Ө. пен М. Жолдыбаевтың «*XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы*» жарияланған (1933, 7-сыныпқа арналған, 79–99-беттер). Автор ұлы ақынның өмірі, өскен ортасы, тәлім-тәрбие алған айналасы туралы егжей-тегжейлі баяндап, шығармаларын тақырыпқа бөліп қарастырған; олардың мазмұн-мағынасы оқушылардың ұғымына түсінікті болу жағын көздеп, көптеген өлеңдерінен үзінділер келтірген.

**«АБАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ»**, Ө-тің мақаласы. 1945 ж. ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойына байланысты Қазақстан Жазушылар одағының арнайы пленумында жасаған баяндамасы. Ө-тің «Абайтану дәрістерінің дерек көздері» жинағында орысша нұсқасымен қоса жарық көрді (А., 1997, 231–271-беттер). Баяндамашы: «Өсер ұрпақ, келер дәурен, туар тарих қауымына ақын арнап кеткен мұндай, сырлы бір сәлем, наз сәлем осы еді» деп бастап, Абайдың өміріне, туып-өскен ортасына шолу жасай келіп, ақынның бітім-кескінін, тарихтық тұлғасын танытатын ерекше қасиеттеріне тоқталған. Бірінші ерекшелігі – әкенің ұлы болмай, халықтың ұлы болып, адамгершілік, гуманистік жолды таңдады. Мұны ісінде де, өлеңдерінде де ақтап шығуды арман етті. Екінші ерекшелігі – ел билеген жуандардан іргесін аулақ са-

лып, бірден халықты, соның мұңын тапты, жоғын берер жаңалықты іздеді, сондай үлгіні өнерлі елден, орыс халқынан іздеді, тапты. Оған туған халқының қолын жеткізуді мақсат тұтты. Үшінші ерекшелігі – биік ақындығын әлеуметтік тартысқа, тарих құралына айналдырды. Соқыр шаңандықты табандап ұрып, тура нұсқап, көзіне судық, жермен-жекпен етіп, батыл шабуыл жасады. Қазақтың қоғамдық тарихында, әдебиет дүниесінде осындай ерекше жан бұрын-соңды болған жоқ. Төртінші ерекшелігі – өзі үшін, елі үшін іздегенін тапты, тапқанын, тудырғанын ұстаздыққа жұмсады, өсер ақынды тәрбиеледі, жаңа әдебиеттің, классикалық әдебиеттің негізін қалады, сөйтіп әдебиетке басшы, халыққа қамқор қайраткер болды. Ұзақ жылдар бойы асыл ойдың үздіксіз жемісі болған ақын мұрасы – қазақ халқының көп ғасырлық қасиетін бойына жиган, ерекше бір қазынасы сияқты деп, дана Абайдың рухани мұрасының үш үлкен түп-төркіні барын атап көрсетеді. Алғашқысы – қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған ауызша әдебиет қоры. Абай осы қордан көп нәр алып, өз өлеңін көркейтті. Екінші – араб, парсы, түркі тіліндегі Шығыстың классикалық көркем поэзиясынан сусындады. Үшінші – үлкен нәр, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті, сол арқылы қолы жеткен Еуропа мәдениеті. Ө. бұдан соң Абайдың бұл үш қазынаға еліктеп бармай, оларды ой елегінен өткізіп, қорытып пайдаланды дейді. Кезінде А. Пушкин ескі антик әдебиетінен, орта ғасыр мәдениетінен, Батыс әдебиетінен үлгі алған еді, ендеше Пушкин де, Абай да өз елінің әрі ұлттық, әрі халықтық ақындары болды деп ой қорытады зерттеуші.

*Б. Майтанов.*

**«АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ»**, жазушының мақаласы. М. Әуезов ғұмыр бойы қазақ ақындарының ғылыми өмірбаянын жазуға айрықша мән берумен бірге, Абайдың ғылыми өмірбаянын 4 рет қайта жазып, оларды оқтын-оқтын жаңадан редакциялап, жетілдіріп отырған. Абайдың алғашқы өмірбаянын 1924–27 жылдар ішінде жазып, ұлы ақынның қайтыс болуының 30 жылдығы қарсаңында – 1933 ж. жариялаған. Абайдың өмірбаянын жазудың оңай еместігін, өйткені ол жөнінде жазба материалдың сақталмағанын, соңғы толық жинақты әзірлеу үшін Семей облысына барғанын айтуына қарағанда, бұл мақаланы, ұлы ақынның 100 жылдық мерекесіне дайындық кезінде (1943 ж.) жазған сияқты. Бұл сапарында жазушы Семей, Алматы архивін ақтарып, Абайдың көзін көрген, дәмдес болған көнекөз адамдармен сөйлесіп, әңгімелеседі. Сөйтіп Абайдың толықтырылып, екінші рет жазылатын өмірбаянын жазуға материалдар жинаған. «А. ө.» мақаласы М. Ө-тің «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» кітабына енді.

*Б. Майтанов.*

**«АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫНА ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР»**, жазушының мақаласы. «Абай Құнанбайұлының шығармаларының» 1940 ж. шыққан 2 томдық жинағының 2-томында жарық көрген. «А. ө. қ. м.» кітаптың 268–300-беттерінде. Алдымен «Бұл жинақта Абайдың өмірбаяны бірқыдыру толықталып жазылса да, әлі де соған кірмей қалған қосымша материалдар аз емес. Бұл соңғы материалдар ақын өмірі үлкен кезең, үлкен іс,

мінездерін баян етпесе де, оның ұсақ әдет-машықтарын білдіреді» деп ескерткен. Жазушы бұл мақалаға ақын өміріндегі кейбір интимдік жағдайларды баяндайтын әңгімелерді кіргізбегенін айтып, аңшылық сауықтары, үй ішіне, келімді-кетімді кісілерге қатысты мінездері, кейбір айтқан сөздері туралы соңғы бөлімде айттық дейді. Бұлар көбіне Абайды көрген адамдардың айтуынан жазып алынған, солардың ішінде, әсіресе, Көкбай мен Турағұлдың айтқандары маңызды деген. Көкбай тұлғасына арнайы тоқталып, Абайды адам ретінде, ақын ретінде өте жоғары бағалағанын айтқан. Сонымен қатар «Қосымша материалдардың бір алуанын бергендер: Мәдиар Түсіпұлы, Қорамжанұлы Қатпа, Әрхам Ысқақұлы т. б.» дейді. Олардың да Абаймен жақын араласқанын, бірақ әңгімелерінің «желісі болып құралған, жыл мөлшерімен тізілген, кезегімен келетін әңгімелер емес» екенін ескерттеді. Қалған материалдардың («Абай өмірбаянына қосымша материалдар») кітапқа енгізілу қажеттілігі жайында: «Ақынның өмірбаянына жанасатын материалдардың бір алуаны осылайша болғанын біз теріс те көрмедік. Сондықтан бұлар айтқан әңгімелер, сол айтылған қалпында үзінді-үзінді болып тізіледі. Оның ішінде кейбір адамдардың Абайға айтқан үлкенді-кішілі сөздері болса, көріне, қисынына қарай айтыла отырады» дейді. Көкбай әңгімесінде Абайдың өлеңге, поэзияға қоятын талабы, биліктегі ерекше тұрашы, әділдігі, қонақжай-мырзалығы, шаруаға қарау ерекшелігі, ақын, әнші, күйші, ертегішілерді бағалауы, аңшылыққа құмарлығы, кісі қабылдау, бағалау, сөйлеу ерекшеліктері т. б. жайында деректер келтірілген. Еуропа әдебиеті мен ғылымын қабылдау, түсінудегі мақсаты жайында қызықты мәлімет берген. Семейге келген Сергей деген миссионермен сөйлесуге (айтысуға) бүкіл Семей өңіріндегі қожамолдалардың ішінен жалғыз Абай ғана жарап, жеңіп шығуы туралы әңгіме – Абай образын аша түсетін қызықты факт. Тұраш әңгімесінде көбіне Абайдың адамшылық қасиеттері айтылған. Бұл жағынан Көкбаймен бір жерден шығып жатады. Кавказдықтарды (каторгдан қашқан) жасырып, асырағандығы, Н. Долгополовтың Абайды сынағаны жайында қызықты фактілер бар. Мәдиар, Қатпа, Әрхам айтқан әңгімелерде Абайдың жас жігіт кезіндегі бір сүйіспеншілік тарихы, аңшылық қызықтары, тапқыр, әділ биліктері, мақал-мәтел болып кеткен сөздері, Абай өмірінде кездескен мінезі қызық адамдар т. б. жайында айтылған. Абайдың композиторлық дарыны жайында айтылып, 16 өнімін тізімі берілген. Абай мен Базаралының арасындағы тартыстың барысы қызықты әңгімеленген. Абай өмірінің соңғы күндері жайында айтылған. Осыларға қарағанда, Ә-тің болшақ «Абай жолы» эпопеясына қажетті материалдарды ерте жинай бастағаны көрінеді.

Р. Әбдіғұлов.

«АБАЙДЫҢ ӨНЕРІ ҺӘМ ҚЫЗМЕТІ», жазушының мақаласы (Турағұл Құнанбаевпен бірге). Алғаш рет 1918 ж. «Абай» журналының 2-санында жарық көрді. Соңына «Екеу» деп қол қойылған. Бұдан кейін 1995 ж. осы журналдың бірікен 1–2-санында қайта жарияланды. Ә. шығармаларының 50 томдық толық жинағының 1-кітабына енгізілді. Мақала – абайтану саласында авторлар жазған тұңғыш

ғылыми еңбек. Онда ұлы ақынның шығармалары мен өміріне шолу жасалған. «Абайдың берік бағыт ұстап, оны ақылға, адалдыққа, көңілдің шабытына билеткен, көз тұнарлық мін мен кемшіліктің қалың ортасында жүрсе де, бәріне ашық көзбен қарады, барлық кем-кетікті мүлтіксіз суреттеді. Шалымды қиялын, терең ойын, ақыл-білімін туған халқының көкірек көзін оятуға жұмсады. Абайдың ақындық өнері әр тараулы, сегіз қырлы болды. Ол тараулар мыналар: мінез тәзететіндік (ахлақ), тереңнен толғайтындық (пәлсапа), сыншылдық (критика), суретшілік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), ашы тілділік, ызалықпен күлетін (сатира) һәм керемет переводшілік» деп, авторлар ақынның поэзиясына өрнектер мен нақыштарды мысалға келтіреді, біраз өлеңдерін талдайды, философиялық көзқарастарына назар аударады. Абайдың көп өнерінің бірі – аударма. Бұл салада да ол ешкімге дес бермеген. Кейбір өлеңдерді қазақ тіліне аударғанда, түпнұсқадан да артық шыққан. «Орыстың әдеби болған толғаулы, ырғақты, нақысты бай тілімен жазылған сөздерін қазақтың кедей, дөкір тілімен ұғымды, мағыналы, терең, тілге жеңілдетіп тәржімалап, шын ұсталық танытқан зерттеушілер. Ал кей жерлерде сөздің мағынасын ғана алып, қазақ ұғымна ыңғайлап, сырт пішінін өзгерткен, еркін кетіп, кейбір өлеңді өз өлеңінен асырып, түрленіп жіберген. Бұған «Теректің сыйы» мен «Өнегинің хатын» мысалға алады авторлар. Авторлар енді Абайды бұрынғы ақындармен салыстырады да, таразы басының салмақты жағын ұлы ақынға телиді. «Өйткені ол, біріншіден, мінезді мінеп, мінді айтып, адамшылыққа жөн сілтеді, бұрынғы ақындардың ұстаған бетін тастап, тыңнан жол салды; екіншіден, қазақ тілін шындап түрлеп, керекке жаратты, түзеді, поэзияға өзгеше түр енгізді. Қазақ әдебиеті ілгері басып, өрлейтін болса, Абайдың бұл қызметі әдебиетімізге негіз қалап, келешекте өрлеуіне тұғыр болмақ, ол сөйтіп өзіне мәңгілік ескерткіш орнатып кетті» деп ой тұяді, тұжырым жасайды мақала авторлары.

К. Сыздықов.

«АБАЙДЫҢ ТУАЫСЫ МЕН ӨМІРІ», жазушының мақаласы. Ә. Абай өмірбаянының 4 нұсқасын жазды. Соның алғашқысы – «А. т. м. ө.». Бұл 1933 ж. Қызылордада шыққан Абай шығармаларының толық жинағында басылды. Бұған дейінгі жарық көргендердің ішінде көлемі, мән-мазмұндылығы жағынан Абай өмірі мен шығармашылығын зерттеудегі бірінші еңбек. Еңбекте әңгімені ақынның ата тегінен бастайды, шығармаларының жазылуы мен ерекшеліктеріне тоқталады. Көкбай, Турағұлдың естеліктері мен «Абай жазған кейбір өлеңдердің қай кезде, не себептен айтылғаны туралы түсіндіру қосымшалары» қамтылады. «Бұл уақытқа шейін Абайдан арғы ақынның өмірі туралы жиналған мағлұмат жоқ. Бүгінде қазақ ескілігіне көз салып, жинастырып жүрген азаматтардың қатты ескеретін бір жұмысы осы болу керек» деп, үлгі тұтарлық соқпақтың жоқ екенін ескерттеді. Тынымсыз іздестіріп, еңбектену жазушыны Абайдың бірден бір биографы етті. Ә. Абайдың жұрт білмейтін өлеңдерін ертедегі газет-журналдарда, әсіресе 1924–25 ж. Семейдің педагогика техникумында сабақ беріп жүрген уақытында «Тан» журналында жарияласа, 1933 ж. толық жинақта ақын өлеңдерінің жартысына жуығын қалпына келтірді. 1909 ж. Санкт-Петербургтегі, одан соң 1922 ж. Ташкенттегі



басылымдары қателіктерге толы еді. Өлеңге ат қойылуы, жазылған жылдарының көрсетілуі, басқа да ауытқушылықтар көп болатын. Ұзақ жылдар салыстырып, зерделей жүріп, Ө. бәрін орын-орнына қойды. Жалпы бұл мақала абайтанудағы ең алғашқы іргелі еңбек болып қала береді.

Т. Әкім.

**«АБАЙДЫҢ ТҰҢҒЫШ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ»**, жазушының қолжазбасы. Онда Абай шығармаларының 1933 жылғы басылымына енгізілген текстологиялық өзгерістер қарастырылған. Ө. тұңғыш рет 1909 ж. Петерборда жарық көрген ақын өлеңдерінің мәтінін қайта қарап, кітап үстінен көп түзетулер енгізген. Өйткені Абайдың туғанына 95 жыл толуына байланысты, оның екінші толық жинағын баспаға даярлау барысында арнайы текстологиялық жұмыстар жүргізген. Мұндай түзетулер екі салада, екі сипатта орындалған: а) Мүрсейіт нұсқасындағы қалпы дұрыс, бірақ әріп терушілер тарапынан кеткен қателерді қалпына келтіру; ә) Абай өлеңдерінде бұрыннан орын алып келген кейбір текстологиялық олқылықтарды, мәтін өзгерістерін қалпына келтіру. Түзетулердің бәрі жасыл сиямен қолжазбаның 206 жеріне түсірілген. Бұлар Абайдың келесі толық жинағында түгел түзетілді. Өзгерістер мәтіні Ө-тің «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» жинағында бірінші рет жарияланды.

Р. Сыздықова.

**«АБАЙДЫҢ ХАЛЫҚТЫҒЫ МЕН РЕАЛИЗМІ»** («Народность и реализм Абая»), жазушының мақаласы. Алғаш рет қазақ тілінде «Коммунизм таңы» газетінің 1954 жылғы 5 қыркүйектегі санында, онда кейін орыс тілінде «Литературная газета» (7. IX. 1954), «Ученые записки КазГУ» (19-т. 1955, 1-6-беттер), «Мысли разных лет» (1961, 205-211-б.), «Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер» (1967, 340-346-б.), «М. Өүезов. Собрание сочинений», (5-т., М., 1975, 291-297-б.), «20 томдық шығармалар жинағы» (19-кітап, 1985, 53-59-б.) басылымдарында жарияланды. Ө. мақалада ұлы ақын шығармаларының құндылық жақтарын саралайды. Ақын поэзиясының өміршеңдігі – онда халық өмірінің, арман-мұңының, жарқын болашаққа ұмтылысының шынайы бейнелеуінде жатыр. Өз халқының, батыс, шығыс әдебиетінен мол сусын даған Абайдың поэзиясы қазақ халқының асыл қазынасына қаусар бұлақ болып құйылып, бүгінгі заманымызда да рухани игілікке айналып отыр. Абай өлеңдерінің өміршеңдігі оның халықтығы мен реалистігінде жатыр. Қазақ өмірінің әлеуметтік қайшылықтарға толы тұрмыс-тіршілігінің барынша шынайы суреттелуі Абай поэзиясының жаңашылдық сипатын танытады. Өршіл отаншылдықты, гуманистік идеяларды, әділетсіздік пен надандықты барынша өшкерелей шарлаған ұлы Абайды қазақ халқы мақтан тұтады. Мақала қазақ ақынының ұлылық сипаттарын орыс оқырмандарына таныстыру мақсатымен, Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына орай жазылған.

Д. Ысқақұлы.

**«АБАЙТАНУ»**, жазушының шәкірттерге арналған дәрісі. Ө. 1942 жылдан бастап жоғары оқу орындарында абайтанудың арнаулы курсын жүргізді. Ақын мұрасын ұзақ жылдар бойы зерттеп, жинастырған деректері мен ой толғаныстарын жыл өткен сайын қорландырып, тыңдаушыларын таным жағынан өсіріп, бііктетіп отырған. 20 жылдай оқыған дәрістің сапалық, мазмұндық жағынан жетіліп, жаңғырып тұруына үнемі зер салған. Бұл арқылы

ұстаз екі мақсат көздеген тәрізді: а) дәріс үстінде айтылған ой желісін шәкірттер қай дәрежеде қабылдап, түсінгенін аңғару; ә) сабақ үстінде сөйлеп тұрғанда айтылған ойлары мен сөздерін қадағалап отыру. Жазушының абайтанудан әр жылдар оқыған дәрісінің мазмұны, дерек көздері өзгеріп, толысып, жаңғырып отырған. Мысалы, 1950 ж. наурыз, сәуір, мамыр айларындағы дәріс нұсқаларының 1945 ж. дәрістерімен салыстырғанда біршама өзгергендігі аңғарылды. Мұндай ерекшелік өсіресе сабақты тақырыптарға саралауда, Абайдың дүниетанымын танытуда, ақын мұрасын талдауда айқынырақ көзге түседі. Ө-тің ең алғашқы дәріс нұсқасы (1942 ж.) сақталған.

Ө. Абай шығармаларының революцияға дейін үш түрлі жолмен таралу тарихын бір бөліп алады да, соның баспасөз арқылы таралуына кеңірек тоқталады. Одан әрі Абай мұрасының зерттелу тарихын қамтып, өз ойын жинақтап, рет-ретімен салалайды, жүйелейді. Ғалым одан әрі: «Мен шамам келгенше, ғылым жолымен өмірім, шындығын зерттемекпін. Ал шығармашылық еңбектерімнен пьеса, роман туралы да өз ойым ақынды ғылымдық зерттеумен негізі бір деймін» деп ағынан жарылады. Абай шығармаларының жоғары оқу орындарында оқытуға байланысты, Ө. 30 түрлі тақырыпты ұсынып, бұларды негізінен шәкіртпен пікір алысу сабақтарында өткізген. Бұл арада ұстаз Абай мұрасын жан-жақты танып, толық қамтуды ескерген. Ал абайтануға қатысты өз тұсынан пікір айта алтын, даярлығы бар шәкірттерге ұсынып отырған. Ө. өз дәрісінде Абайдың өлеңдерімен бірге қарасөздер де қарастырған. Ақынның өлеңі мен қарасөздері арасындағы сабақтастықты сараптап, оларды идеялық жағынан жіктеуді мақұл көрген. Жазушы абайтанудан оқыған дәрістерінде өзінің ізденістері мен зерттеулерін бір ізге түсіріп, жүйелеуді естен шығармаған. Өзі оқыған дәрісін стенографист арқылы жаздырып, қайтадан сын көзімен қарап, жетілдірген тұстары да бар. Сөйтіп көлемі ғылыми монографияның негізін қалаған. Абайтану туралы лекциялардың бағдарламалары 1951 ж. жазылды. Өйткені бұл кезде абайтанудан өткен пікірталастардың өткір қойылуы осыны талап етті. Сондықтан Ө. абайтанудың арнайы курсын бағдарламасын сол жылы 8 ақпанда жазып бітіреді. Онда алғаш рет Абайдың ақын шәкірттері туралы толығырақ, нақтырақ жазылған. Алайда 1954 ж. шілдеде өткен айтыстан кейін бағдарлама қайта жазылып, Абайдың ақындық мектебі туралы деректер алынып тасталады. Соңғы нұсқа 15 қарашада даяр болады. Осы жылы монографиялық еңбек те әзір болады. Сөйтіп абайтанудан оқылған дәрістер ұлы ақын туралы үлкен зерттеудің негізін қалайды. 40-жылдары Р. Рүстембекова ҚазМУ-да студент кезінде жазып алған лекцияның бір нұсқасы Ө-тің мұрағатында сақтаулы, тағы бір нұсқасын жазушы С. Жүнісов 1995 ж. кітап етіп шығарды. Ө-тің «А.» дәрісі алғаш рет «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» жинағында жарық көрді (125–203-беттер).

Н. Ақбай.

**АБАЙТАНУ.** Қазақ әдебиеттану ғылымының Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттейтін саласы. Абайды тану, мұрасына қамқорлық жасау 20 ғасырдың бас кезінде басталды. Көп

томдық «Россия. Полное полиграфическое описание нашего общества» еңбегінің 18-томына жазған «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» деген мақаласында (1903) Ө. Бөкейханов Абайға ерекше тоқталып, оны қазақтың жаңа әдебиетінің көш бастаушысы ретінде бағалайды. Сөйтіп ұлы ақынды көзі тірісінде оқырман қауымға бірінші рет таныстырады. Абай қайтыс болғанда, Бөкейханов ақынның тұңғыш өмірбаянын орыс тілінде жазып, «Семипалатинский листок» газетіне жариялайды. *Көкітай Ысқақұлы* 1909 ж. Абайдың өмірбаянын жазып, Петербургтен өлеңдер жинағын шығарды. Ал *Ағайынды Белослюдовтар*, *Н. Рамазанов*, *Н. Төрқұлов*, *Н. Құлжанов*, *Зейнеғабиден ибн Өміре* т. б. Абай шығармаларын орыс, қазақ оқырмандарына насихаттауға ат салысқан. *М. Жұмбаев* «Алтын хакім Абайға» өлеңін арнайды (1912). *А. Байтұрсын* «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында (1913) Абайдың тарихтағы орнын дәл анықтап, оны қазақтың бірінші, ең озық ақыны деп көрсетеді. Кеңес заманында өткен мұраға қамқорлық жасау жаңа көзқарас негізінде жүргізілді. *Т. Құнанбаев* Абайдың өмірі мен қызметіне ерте көңіл аударып, өзінің ой-пікірін «Екеу» деген бүркеншік атпен жариялаған мақаласында баяндайды (Фуезовпен бірге, 1918). Көрнекті ғалым *Ф. Сағди* «Абай» атты зерттеу еңбегінде ақынның өлең өлшеміне, текстологиясына, шеберлігіне, бір сөзбен айтқанда, Абай поэзиясының сырына терең үңілген. Ө. 1933 ж. Абайдың тұңғыш ғылыми өмірбаянын жазып А-дың негізін қалады. Алайда 30-жылдардың соңына дейін Абайды бағалауда тұрпайы социологиялық, компаративтік тәріс танымға көбірек жол берілді. Абайдың 95 және 100 жылдық мерейтойына орай көптеген әдеби-сын, зерттеу мақалалар жазылды. Содан бері әр түрлі ғылым саласында ақын мұрасын әр қырынан қарастырып, ізденістер жасалды. Абай тақырыбына 7 докторлық, 24 кандидаттық диссертация қорғалып, ондаған монография жарық көрді. Ө. ақын мұрасын зерттеуді ғылыми еңбектер мен көркем шығармалар жазу арқылы үдетіп, сегіз түрлі күрделі мәселе төңірегінде қарастырды. Абайдың өмірі мен шығармашылығы жөнінде бір монография, 40-қа жуық ғылыми мақалалар жазып, А. ғылымын дамытып, қалыптастырды, тіпті ақынның өмірбаянының төрт нұсқасын жасады. Көрнекті ғалымдар, әдебиеттанушылар – *С. Мұқанов*, *Қ. Жұмалиев*, *М. Сильченко*, *Б. Кенжебаев*, *Т. Тәжібаев*, *З. Ахметов*, *Қ. Мұқаметханов*, *Е. Ысмайылов*, *Қ. Бейсенбиев*, *Х. Сүйіншәлиев* т. б. А-ды одан әрі жалғастырды. Республика жоғары оқу орындарында 1942 жылдан бері қарай А-дан арнайы курс, семинар сабақтары өткізіледі. Абай мұрасын зерттеумен ғалымдар ғана шұғылданбай, көркемөнердің басқа саласында, мысалы, көркем әдебиетте (Ө-тің «Абай жолы» эпопеясы мен «Абай» трагедиясы, Б. Римваның «Абай-Әйгерім» пьесасы, И. Оразбаевтың «Мен ішпеген у бар ма?» драмасы т. б.), музыка, кино, сурет, мүсін, театр, опера салаларында да Абай туралы жаңа туындылар туды. А. тақырыбы жағынан жіктеліп, күрделі мәселелерді шешу ісі сапалық жаңа деңгейге көтерілді. Бұл орайда білікті абайтанушылар *З. Қабдолов*, *Р. Сыздықова*, *М. Мырзахметұлы*, *Ж. Ысмағұлов*, *Д. Досжанов*,

*Т. Жұртбаев* т. б. өнікті еңбек етті. Қазір зерттеу нысаналарында Абайдың дүниетанымы, шығармаларының рухани көздері, ақындық дәстүрі, әдеби ортасы, реализмі, халықтығы, орыс классиктерімен қатысы, өмірбаяны, текстологиясы, архивтегі дерек көздері қамтыла бастады. Ақын шығармаларының академиялық толық жинағын шығару, туысқан халықтар мен шетел тілдеріне аудару жұмысы жолға қойылды. Сөйтіп Үезов ұсынған 8 проблеманы шешу басты бағыт болды.

*М. Мырзахметұлы.*

«АБАЙТАНУ», библиографиялық көрсеткіш. 1988 ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрген. Құрастырған *М. Мырзахметұлы*. Абай Құнанбаевтың туғанына 140 жыл толуына байланысты жасалған. Көрсеткіште 1889–1985 ж. аралығында ақынның мұрасы туралы жазылған материалдар қазақ және орыс тілдерінде екі бөлімге жіктеліп берілген. Табаға оңай болу үшін олар 60-тан астам тақырыпқа бөлінген. Көрсеткіште Ө-тің Абай туралы жазған еңбектерінің толық библиографиясымен бірге, ұлы жазушы жөнінде жазылған мақалалардың да тізімі арнайы тарауда берілген. Көлемі 13,46 баспа табақ, таралымы 1990 дана.

*М. Мырзахметұлы.*

**АБАЙТАНУ БАҒДАРЛАМАСЫ.** Республиканың жоғары оқу орындарында ақынның мұрасын зерттеп, тереңірек танысатын абайтану арнайы курсы мен абайтану сабағы 1942–43 оқу жылынан басталады. 1951 ж. республиканың саяси-әлеуметтік өмірінде тұрпайы социологиялық танымның қысымы күшейе түсті. Соның салдарынан Абайдың шәкірті – *Көкбайдың* «Сабалақ» дастаны туралы Ө. айтқан тұжырымына байланысты ұлы жазушының ғылыми-шығармашылық туындыларына жатырқай қарау сарындары белгі берді. Осыған байланысты және абайтану саласы бойынша өткен пікір таласынан кейін, абайтанудан оқылатын арнайы курстың бағдарламасын жасау Ө-ке ұсынылды. Бағдарламаның алғашқы нұсқасын Үезов «Абайды тану» атты арнаулы курстың *С. М. Киров* атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің әдебиет факультетіне лайықталған бағдарламасы» деген атпен жазып шықты (1951). Нұсқада Абайдың ақын шәкірттері жайындағы таным толығырақ, нақтырақ қамтылды. Алайда А. б. сол кезде әдебиет саласында орын алған бұрмалаушылықтардың қысымымен сыңға алынып, 1951 ж. қараша айында еріксіз қайта жазылды. Бұл нұсқадан Абайдың ақындық мектебі мен ақын шәкірттері туралы деректер алынып тасалды. Абайдың әдеби мұрасы туралы жазылған монографиясының «Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер» қолжазбасынан да «Абайдың әдеби мектебі» деген тарауы қысқартылды. Ө. жасаған абайтанудың арнайы курсының бағдарламасы тұңғыш рет «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» кітабында жарық көрді (1988).

*М. Мырзахметұлы.*

**АБАЙТАНУ БӨЛІМІ.** Абайдың әдеби мұрасын тереңдеп зерттеу мақсатымен 1944 ж. ҚазКСР Ғ-ның Тіл және әдебиет институты жанынан *М. Өуезовтің* жетекшілігімен ұйымдастырылған. А. б-нің 1945–46 жылға арналған ғылыми-зерттеу жоспары «Абай дүниетанымының тарихы», «Абай – қазақ әдебиетінің негізін салушы», «Абай Құнанбаевтың дүниетанымы», «Абай (Өмірбаян және естеліктердің деректі көздері)» сынды тақырыптарғы негізделді. А. б. 1947 ж. Қазақстан КП ОК-нің «Тіл және әдебиет институттарының өрескел саяси идеялық

кателіктері» деген қаулысынан кейін жабылды. Алайда Абай мұрасын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіле берді. Қазақстан КП ОК мен ҚазКСР Министрлер Кеңесінің «Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлік және оны өткізу туралы» 1990 жылғы қаулысына сәйкес А.б. бөлімі қайта ашылап, жемісті жұмыс істеп келеді.

*М. Мырзахметұлы.*

**«АБАЙТАНУДАН ЖАРИЯЛАНБАҒАН МАТЕРИАЛДАР»**, Ө-тің ғылыми-зерттеу мақалалары мен құжаттар жинағы. 1988 ж. «Ғылым» баспасынан шыққан. Ө-тің бұрын жарық көрмеген туындыларын құрастырып, баспаға әзірлегендер – Л. Әуезова мен М. Мырзахметұлы. Жинақ көлемді 8 тақырыпқа жіктелген. Мұнда Ө-тің абайтану мәселелеріне байланысты орыс және қазақ тілінде жазылған зерттеулері, баяндамалары, оқыған дәрістері, хаттары, жоспарлары енгізілген. Сондай-ақ Абайдың өмірбаянынан бастап, оның шығармаларының басылымдарына енгізген текстологиялық өзгерістері, мұрасының рухани көздеріне, ақындық дәстүріне байланысты ғылыми болжамдары мен нақты тұжырымдарын танытатын еңбектері топтастырылған. Жоғары оқу орындарында абайтанудың арнаулы курсына оқыған дәрістері жеке тарауға жинақталған. Кітап соңында Ө-тің осы жинаққа енгізілген мақалаларына ғылыми түсініктеме берілген. Әр түрлі себептермен жинақтан шығып қалған материалдар 1994 ж. «Абайтану дәрістері» деген атпен жарық көрді. «А. ж. м.» толықтырылып 1997 ж. «Абайтанудың дерек көздері» деген атпен басылым көрді. Кітап әдебиетшілерге, тарихшыларға, философтарға, көпшілік оқырмандарға арналған. Көлемі 19 баспа табак, таралымы 2300 дана.

*Н. Ақбай.*

**«АБАЙТАНУ ДӘРІСТЕРІНІҢ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ»**, Ө-тің зерттеу еңбектеріне негізделген оқу құралы. Құрастырған және алғы сөзін жазған – М. Мырзахметұлы. Жинақта Ө-тің бұрын жарияланбаған Абай мұрасы туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен көркем туындылары, олардың әр түрлі қолжазба нұсқалары, тезистері, шашпа пікірлері, баяндамалары мен сөйлеген сөздері, хаттары 8 тарауға бөлініп берілген. Кітаптың соңында қолжазбаларға арнайы берілген түсініктемелер бар. Оқу құралында Ө-тің абайтану ғылымының негізін салу жолындағы мол мұрасы қамтылған. Кітап студенттерге, әдебиетшілерге, жалпы оқырмандарға арналған. Көлемі 25 баспа табак, таралымы мың дана.

**АБАЙТАНУ САБАҒЫ**, республиканың жоғары оқу орындарында студент жастарды Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасымен терең таныстыру үшін өтілетін арнайы семинар-сабақ. 1942–43 оқу жылында ҚазМУ-дың филология факультетінде Ө-тің жетекшілігімен ұйымдастырылған. А. с-нда Әуезов негізінен ақынның шығармаларын оқып-білу, мән-мағынасын жете түсіну, өз бетімен талдау арқылы ой қорыту, сын пікір айту, реферат жазу, баяндама жасау жолдарына ерекше мән берген. Мәселен, «Абай жөніндегі тақырыптарды» ұсынғанда, Әуезов ақын шығармаларының толық қамтылуын, оларды студенттердің жан-жақты танып-білуін ескерген. Ө. «Отыз бесінші сөз» деп аталатын сабақтарында студенттердің Абай поэзиясы мен қарасөздеріндегі ой сабақтастығын, олардың тақырып жағынан үндестігін ажырата білуіне ден қойған.

*М. Мырзахметұлы.*

**АБАЙТАНУ ТАРИХЫ.** 1889 ж. басталып, қазақ әдебиетінде 50-жылдары өріс алды. Бұл мәселені

тұңғыш рет сөз етіп, өз алдына арнайы түрде зерттеу қажеттілігі ең алдымен Ө-тің, сонымен бірге С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, М. Сильченко, Ә. Жиреншин еңбектерінде көрініс тапты. Академик Қ. Жұмалиевтің жетекшілігімен осы тақырыпқа «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасының зерттелу жайы» деп аталатын кандидаттық диссертация қорғалып, ақын мұрасы туралы жазылған еңбектердің тұңғыш библиографиялық көрсеткіші «Абай Құнанбаев» деген атпен жарық көрді (1965). Осы еңбектер негізінде М. Мырзахметұлының «Абайтану тарихы» деген тақырыпта монографиялық ғылыми-зерттеу жұмысы жарияланды (1994). Ендігі жерде абайтанудың негізін салушы Ө. дәуірін аяқтап, 1965–95 ж. аралығындағы А. т-н жазу міндеті алға шықты. Абайтану саласындағы ақтандақтар қатпары жазылып, бұрын назардан тыс қалған мақалалар мен зерттеулер арнайы топтастырылған жинақ «Абайды оқы, таңырма» деген атпен оқырман қолына тиді (1993). А. т. жоғары оқу орындарында 1966 жылдан бастап арнайы курс ретінде бастады.

*М. Мырзахметұлы.*

**АБАЙТАНУДЫҢ АРНАЙЫ КУРСЫ.** Республиканың жоғары оқу орындарында оқылатын арнаулы пән. Ө. ҚазМУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасы жанынан 1942–43 оқу жылында А. а. к-нда шығармашылық тұрғыда жетілдіріп, пайдалануы нәтижесінде Ө-тің «Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер» ғылыми еңбегі жарық көрді (1967). А. а. к. негізінен Ө-тің ұлы ақын мұрасын зерттеп, танып-білудегі ізденістерін туындаған шығармаларымен қатар, Абайдың әдеби мұрасын тікелей не жанама түрде зерттеген ғалымдардың еңбектеріне де сүйенді. Курсты 1942–61 ж. аралығында Ө. жүргізді. Абайтану мен абайтану тарихы бойынша арнайы курс 1966 жылдан бастап қазақ әдебиеті кафедраларында оқытылады. Осы мақсатқа сәйкес хронологиялық және тақырыптық жүйедегі библиографиялық көрсеткіштер мен абайтану бағдарламасы жарық көрді.

*М. Мырзахметұлы.*

**АБАЛКИН** Николай Александрович (1906 – ө.ж.б.), орыс театр сыншысы. «Станиславский жүйесі және совет театры» (1954), «Драматургтің дүниетанымы» (1957) т. б. еңбектері театрды дамыту мәселелеріне арналған. «Шынайы мойындау» деген мақаласында («Правда», 1969, 10 маусым) Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыланды» спектаклінің қойылымы туралы өз ойларын алға тартып, шығарманы жазушының зор жетістігі, үлкен табысы деп бағалаған.

**АБАШИДЗЕ** Ираклий Виссарионович (1909–1992), грузин ақыны, қоғам қайраткері, Грузия Ғылым академиясының академигі (1960), Социалистік Еңбек Ері (1979). Грузия Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1966). Ө-пен достық-жолдастық, сыйластық қатынаста, шығармашылық байланыста болған.

**АБДУЛЛИН** Мүсілім Мүкімұлы (1916–1996), әнші, актер. Қазақстанның халық артисі (1974). Ө-тің «Айман–Шолпан» жыры бойынша жазылған муз. пьесасында Арыстан рөлін сомдады. «Абай» операсында Әзім рөлін ойнап, Абайдың сүйікті шәкірті Айдардың өліміне себепкер болған жағымсыз кейіпкердің бейнесін жасады.



P. М. Абдуллин Абай рөлінде.

**АБДУЛЛИН** Ришат Мүкiмұлы (1916–1988), әнші, актер. КСРО халық артисі (1967), Қазақстанның халық артисі (1947). ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1978). 1939 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ опера және балет театрының сахнасында алуан саздағы опералық бейнелер жасап, ұлттық операның өркендеуіне үлкен үлес қосты. Ерекше көзге түскені «Абай» операсында ұлы акын әрі философ, ағартушы, композитор Абай бейнесі. А. дарынды әншілігі әрі туа біткен актерлік таланты арқылы ұлы ақынның шынайы тұлғасын аса көркем дәрежеде, биік рухпен сомдады. Сондай-ақ ол Абай әндерін операда, концерт залдарында үлкен шабытпен, терең сезіммен орындады.

З. Қоспақов.

**АБДУЛЛИН** Хамза Жармұхаметұлы (1919–2001), акын, аудармашы. «Теңізден – теңізге» (1965) атты өлеңдер жинағы шықты. Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһангез» дастанын қазақ тіліне аударды (1974). Ө-тің шығармашылық шеберлігі туралы «Жақсыдан шарапат» («Қазақ әдебиеті», 1977. 23 қыркүйек), «Қараш-Қараш оқиғасы» (Е. Базарбаевпен бірге; «Социалистік Қазақстан», 1969, 22 маусым) мақалаларын жазып, «Әлмәс өмірге» деген өлеңінде ұлы жазушының есімі мен мұрасының мәңгі жасайтынын жырга қосқан.

**АБОВЯН** Хачатур (1805–1848), армян жазушысы, ағартушы-демократ, педагог, этнограф. Армян әдебиеті мен тілінің негізін салушы. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» деген еңбегінде А. сынды ағартушы демократтардың орыс классиктерінен реализм өнерін үйренгенін айта келіп: «Хачатур Абовян – армян халқының жаңа әдебиетінің атасы, ағартушы және гуманист жазушы. Абовяның «Армения жаралары» деген романы 1826–27 жылдардағы Россия–Персия соғысы тұсында болған ирандықтардың жауыз зұлымдығын көрсетеді. Ереван қамалының алынуы суреттеледі. Абовян – халықтар достығының жыршысы. Әсіресе армян-орыс халықтарының достығын көп жырлаған. Армян халқының әдебиеттік тілін жасауда да Абовяның рөлі зор болған» деп жазды.

Д. Қонаев.

**АБРАМОВ** Николай Алексеевич (1812–1870), орыс тарихшысы. Ғылыми еңбектері Сібір мен Қазақстанның археологиясын, тарихын, статистикасы мен этнографиясын зерттеуге арналған. Ө. өзінің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» деп аталатын еңбегінде А-тың 1858 ж. Қозы мен Баянның бейітін көріп, оны Аягөздің шығыс жағасында, жарты шақырым жерде тұр деп сипаттағанын, кейін бұл өңгімені «Тобыл губерниялық хабаршысына» бастырғанын жазған. **АБЫЗ**, аса білгер, білімдар адам. Көне заманда бақсы-балгерлерді А. деп туан аңғарылады. Рулық құрылыс дәуірінде ру басшысы ретінде А. ұлыс

өміріне, ел басқару ісіне, жорық мәселесіне араласып, саяси тұлғаға айналған. Сөйтіп ру ағасы, әскери жоралғыларды атқарушы, жортуыл сәуегейі болған. Ө. «Әдебиет тарихы» зерттеуінде: «Кей уақытта мұсылманшылық пен ескіліктің бітім қылған жері де бар. Ел әуелгі кезде мұсылманшылықты ұстаса да, мұсылманның молдасынан өзінің бақсысын артық көрген. Бақсыда үлкен қуат болып, елдің ықыласын өзіне тартып, билеп отырған. Сондықтан кей жерлерде бақсыға мұсылман әулиелерінің сипатын алып келіп, жамағаны бар. Мысалы, ескі замандарда «абыз» дегендер болған. «Абыз» деген сөз арабша «хапыздан» шығады. «Езгу», «әулие» деген сөз. Бақсы өзі әулие орнында күтулі болады. Мінекей, бұл – ескілік пен жаңалық жасаған бітімі» деп А-дың қоғамдағы дәрежесіне түсінік берген. Ұлы жазушы «Еңлік-Кебек» пьесасын Нысан абыздың монологоммен бастап, сонымен аяқтаған, яғни ескі мен жаңаның арасын сол арқылы байланыстырған. Өйткені А. намысы – ру намысы, ел намысы.

Н. Оспантегі.

**АБЫЛАЙ** (Әбілмансұр; 1711–1781), қазақ халқының ұлы мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат. Арғы тегі – Жошы, бергі бабалары – Өз-Жәнібек, одан кейін Есім хан. А. – Салқам Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. 15 жасында жоңғарларға қарсы соғыста асқан өрлік көрсетеді. Бұдан кейін Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен бірлесіп, елді шығыстан торыған жауға қарсы күреске ұйымдастырады. 1771 ж. Әбілмәмбет өлгеннен кейін, А. хан атанады. А. Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақ Ордасының ұлы ханы болды. Ол Ресей патшасы, Қытай империясы, Жоңғар, Бұхар, Хиуа хандарымен қарым-қатынас жасайды. Үш жүздің басын қосып, күшін біріктіріп, 18 ғасырдың орта шенінде жоңғарлар басып алған қазақ жерлерін қайтарып алу үшін Жоңғар хандығын біржола күйретеді. Бұл кезде А. орыс мемлекеті мен Қытай арасында алма-кезек саясат жүргізеді. Өмірінің соңғы 15 жылын ат үстінде өткізіп, қазақ жерін шетелдік басқыншылардан азат етті. Шаруашылық пен сауданы дамытты, көрші халықтармен байланысты нығайтты. А-дың артында 30 ұлы, 40 қызы қалды. Оның есімі тәуелсіздік символына, жауынгерлік ұранға айналды. 20 ғасырдың бас кезіндегі қазақ интеллигенциясы, Алашорда азаматтары, «Алаш» партиясы жетекшілері халықты бірлікке шақырып, «Абылайдың ақ туы астына бірігейік» деген үндеу тастады. Ө. өзінің «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде Абылай заманында: «елдің алдында темір нокта мен қайыс ноктаның» тандауы шыққан заман... Ескі қазақ елдігін, ескі жұрттың тілегін ту көтеріп, бір араға жиған Абылай болатын. ...кейінгі заманда туатын үлкен тарихи оқиғалар мен тарихи жырлары түгелімен Абылай заманынан суат алады» деп көрсетеді. Өрі қарай, «сол Абылай тұсында ілгері күннің талай жұмбағына шешу айтылған сияқты болып, саяси бет, негізгі пікір сол кезде белгіленіп, қалыптаса бастаған сол күнде-ақ, мүмкін болса, патша үкіметіне бағынбай, елдің өз іргесін өз бетімен бөлек сақтау түбегейлі ниет сияқты нық байланған болатын» деп, шегелей тұжырымдайды.

Ж. Қасымбаев, М. Әбдеш.

**АБЫЛҒАЗЫ**, Ө-тің кейіпкері. Жігіттен шыққан Қарашаның баласы. Қараша мен Қаумен бір туысқан, Қауменнің балалары «Абай жолы» эпопеясынан аты мәлім – Балағаз, Базаралы, Қарашаның көп балаларынан А-дан басқасының аттары атал-

майды. Құнанбай мен Бөжейдің арасының ушығуына Қараша мен оның сотқар балаларының Майбасар жіберген атшабарларды сабауы себеп болады. Ө-тің ел аузынан жинаған деректерінің ішінде А-ның есімі алғаш Токмабет, одан кейін Мұсақұл оқиғасының тұсында айтылады. Бұлардың барлығында оның өрлігі, ежеттігі, батылдығы көрінеді. А. бейнесі ұлы жазушының эпопеясында шынайы сомдалып, көркемдіктің тамаша үлгісіне көтерілген.

*Т. Әкім.*

**АБЫРАЛЫ,** тау, Сарыарқа қыратындағы Ку, Балқан тауларының шығыс сілемі. Ол жоталанып келіп, Шыңғыс тауына қосылады. Ө. «Абай жолы» эпопеясында А. өңірі табиғатын әсерлі суреттеген. Құнанбай мен Абайдың Қарқаралыға барған, қайтқан сапарларында түнейтін жері – осы А. Құнанбай әкесі Өскенбайдың асын А. тауының етегіндегі Көжжайдақта берген. Аса құнарлы, құйкалы, бетегелі, суы мол, малға жайлы жер. Асан Қайғы жыраудың осы араға келгенде: «Абыралы, Жалаулы, Қызыл қиың қалауы. Бір түп жусаның, Бір тоқтыға балауы» – деп баға бергенін жазушы «Абай жолы» эпопеясында мысалға келтірген.

*Т. Жұртбай.*

**АБЫРАЛЫ** Мырзабаев (1827–1918), Абай елінің адамы. Абайдың «Абыралыға» деген өлеңі бар. Абайдың інісі Ысқақ Құнанбаев болыстық құрғанда, А. б жыл оның кандидаты болған. Өзі оқымаған адам болса да ораза-намаздан қалмаған. Содан барып «Абыралыға» деген өлеңі туған. А-ның бейіті «Қосқұдық» деген жерде. Ө.: «Абайдың біртіндеп өсуіне қонымды, сыйымды тек Абай ғана айтарлық өлеңдер болса, неге беземіз? «Абыралыға», «Сап-сап көңілім», «Тайға міндік», «Жарқ етпес» Абай жазуға лайық емес деп кім айта алады. Осылардан реалист сатирик болатын сыншы, ойшыл Абай көрінп тұрған жоқ па? «Абыралыға» тіпті қызық, «пошел» деген орыс сөзімен құран аятын араластыра мысқылдайды, богохульство... бұны да Абай ғана айта алады» деген («Абайтанудан жарияланбаған материалдар», 47-бет).

*М. Бейсенбаев.*

**АВТОРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА,** белгілі бір адамдардың өз қолымен жазған жазуы, қойған қолдары немесе жазған хаттары мен шығармаларының қолжазбалары. Осыған байланысты А.қ. ұлы ойшылдар мен жазушылардың, ғалымдардың, мемлекет, қоғам қайраткерлерінің қолтаңбаларын зерттеу нысаны болып табылады. А. қ. негізінен мемлекет иелігіндегі мекемелер мен кітапханаларда, жеке мұрағаттар мен кітапханаларда сақталады. Ал Ө-тің мұрағаты мен кітапханасында жеке өзінің және көптеген ақын-жазушылар мен ғылым, өнер, қоғам қайраткерлеріне сыйға тартқан кітаптарында оның А.қ.-сы бар. «Абай» романының алғашқы кітабының шығуына үлкен септігін тигізген Б. Кенжебаевқа тарту еткен кітабына: «Бейсембайға! Кітаптың дүниеге шығуына еткен еңбегің мен достық, інілік көңіліңді айрықша бағалаған жүректен сыйлаймын. Мұхтар. 31.VIII.42» деп жазса, орыстың атақты жазушысы В. В. Ивановқа: «Аса қадірлі жерлесім, қазақ халқының айнымас досы, қымбатты Всеволод Вячеславовиче. М. Өуезов. 12.V.46» деген ықылас білдірген. Ал шығармаларына қатысты қолтаңбалары өз алдына бір төбе, ол арнайы талдауды, зерттеуді қажет етеді.

*Т. Әкім.*

**АВТОЦЕНЗУРА,** Ақын, ғалым, жазушы, қоғам қайраткерлерінің өзі жазған туындыларына, қоғам

дағы саяси-әлеуметтік жағдайдан туындайтын қысым түріне, ой-пікірді, қатаң түрде бақылайтын жағдайға қарай автордың өз шығармасын өзі іштей бақылап, өз цензурасынан өткізіп, баспаға ұсынуы А. деп атайды. А. – мемлекет атаулының бәрінде билеуші топ тарапынан ақыл-ойға, пікір танымға жасалатын қысымның салдары, ол билеуші топ мүддесіне қарсы келер пікір атаулыны қудалаудан туындайды. Бізде Ресей империясы, кеңес үкіметі билік құрған тұста айтылар ой-пікірге тұсау салатын арнайы цензуралық ұйымдар өмір сүрді. Автор кім болса да, оның атақ-данқына қарамай, цензура оған өз дегенін істетті. Тек мақала, өлең, ғылыми монографиялар ғана емес, радио, теледидар, кино, театр репертуарлары мен оқылатын лекциялар да қатаң цензура елегінен өтті. Цензура атаулының бәрі де мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне бағынды. Цензура сүзгісінен теріс пікірі өтіп кеткен шығарманың авторы міндетті түрде жазаланды. Міне, осындай жағдайға бейімделген шығарма авторлары өздері ұстанған ой-пікірін, дүниетанымын оқырманға жеткізудің түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіріп, А. тәсілі арқылы өз идеясын өткізіп отырған. Мұндай А-ның қазақ әдебиеті тарихындағы классикалық үлгісі Ө. өзінің атақты «Абай жолы» эпопеясында қолданған. Патша үкіметі ұстанған отар халықтарды шоқындыру, орыстандыру жолындағы миссионерлік саясатты терең танып білген кеменгер жазушы мұндай идеяны кеңес үкіметі әрі қарай интернационалистік ұранмен бүркемелеп, жалғастырып отырғанын сезген. Ол миссионерлік саясатпен оқырмандарын хабардар етіп, бұл мәселеге сын көзімен қарауды мақсат еткен. 1951 ж. басылым көрген «Ақын аға» романында автор өз идеясын, яғни миссионерлік саясатты ғылыми-ағартушылық жолмен жүзеге асырушы миссионер-профессорлар Н. Ильинский (Орынбор), А. Алекторов (Омбы), Остроумов (Ташкент) әрекеттерін Семей генерал-губернаторының аузымен айтылатын көркемдік әдісті пайдаланған. Бұл роман шыға салысымен-ақ тұрпайы социологиялық сынның шабуылына ұшырады. Ө. романды қайта жазып, «Абай жолы» деген атпен жариялады. «Ақын аға» романында әшкереленген миссионерлік саясатқа А. жасап, жаңаша көркемдік тәсіл арқылы бүркемелеп жеткізеді. Патша үкіметінің миссионерлік саясатын Абайға оның орыс достарының бірі – Михайловтың пікірін жеткізу арқылы білдірген.

*М. Мырзахметұлы.*

**АҒАЙЫНДЫ БЕЛОСЛЮДОВТАР,** өлкетанушылар. Олар төрт ағайынды, бәрі Семей жерінде туып-өскен. Төртеуі де Семей өлкесін зерттеп, алғаш рет мұражай ұйымдастырды. Семей қаласындағы санақ комитеті, бастауыш білім беру қоғамы, географиялық қоғам бөлімшесі сияқты ұйымдарға мүше болып, өлке мәдениетін дамытуға барлық күш-жігерін жұмсады. Абай поэзиясын жоғары бағалап, мақалалар жазған, кеңінен насихаттаған. **Виктор** (1882–1916), суретші. Абай өлеңдерін аударып, иллюстрация жасауды ойластырған. Семейдің құрылғанына 200 жыл толуына байланысты 1918 ж. «Семипалатинский край» газетіне тарихи очерк жазған. **Николай** (1880–1943) да сурет салумен шұғылданған. Семей мұғалімдер училищесінде жас Мұхтарға сабақ берген. Викторға жазған хатында (1911): «Абайдың ең таңдаулы

өлеңдерін іріктеп алып, «Сибирский студентке» бастырып таныстырды. Абай өлеңдерін кара сөзбен аударуды ұсыған. Николай Ө-пен, сондай-ақ Ж. Шанин, Х. Ғаббасов, Ө. Ермеков, Н. Құлжановтармен пікірлесіп, дос-жаран болған. **Федор** (1884–1944) сурет түсірумен (фотограф) әуестенген. Көптеген суреттері Ресейдің музейлері мен архивтерінде сақтаулы. «Түйе мінген қазақ», «Қазақ қызы», «Татар мешіті», «Махмұтов Ахадри», «Қазақ әйелі», «Қазақ баласы», «Жүн жуу», «Қазақ қыстауы», «Киіз үй тігу» т. б. суреттері қазақтың өмірі мен тіршілігін бейнелеген. **Алексей** (1887–1939), педагог. Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, зерттеу жұмыстарын жүргізген, орыс халқын Абай, Ыбырай Алтынсарин шығармаларымен таныстыруды мақсат еткен. К. Сәтбаевпен жақсы таныс болған, Баянауылға барып, қазақ халқының әдеби мұрасын жинаған. Ө-тің т. б. ақыл-кеңесі бойынша қолындағы мұрағат материалдарын Қазақстанның Ғылым академиясына өткізген. Ө. Николай және Алексей Николаевичтермен бірге Семей географиялық қоғамына мүше болған. Ұлы суреткер 1950 ж. сәуірде Николайдың жұбайы Ольга Дмитриевнаға дербес пенсия тағайындау жөнінде тиісті орындарға хат жолдаған.

*М. Бейсенбаев.*

**«АҒАЙЫНДЫ СЕРАПИОНДАР»** («Братья Серапионы»), әдеби бірлестік. 1922 ж. басында құрылған, әдебиетші-жазушылар бірлестігі. Петроградтағы «Всемирная литература» баспасының жанынан құрылып, мүшелерінің көпшілігі осында В. Шкловскийдің, В. Замятиннің семинарларында оқыған. Бірлестікте Вс. Иванов, М. Слонимский, М. Зошенко, В. Каверин, Н. Никитин, К. Федин, Н. Тихонов, Е. Полонская, И. Груздев т. б. болды. Бірлестік атауы неміс романтигі Э. Т. А. Гофманның осы аттас кітабынан алынған. Мүшелері көркем шығарма жазуды, жазу техникасын меңгеруді негізгі мақсат етіп қойды. Олар әдебиеттегі ұраншылдық пен нашар мағынадағы қарапайымдылыққа, қарадүрсіндікке қарсы шықты. Бірлестік мүшелерінің жалпы теориялық тұжырымдары, оймақсаттары «Жизнь искусства» газеті редакциясына жазған хаттарынан айқын көрінді. Бірлестік мүшелері ерекше аналитикалық ақыл, талдау тереңдігімен көзге түсті. Мүшелерінің көбі үлкен жазушы, ғалым болды. Ө. Ленинград университетінде оқып жүргенде бірлестіктің біраз мүшелерімен танысты, араласып тұрды. Бірлестік мүшелері ұйымдастырған шараларға қатысып жүрді. Бұл жағдайлар Ө-тің терең әдеби білім алуына, әдебиеттегі ұраншыл бағыттан гөрі таза көркемдікті мұрат ететін әдебиетке ойысуына ықпал жасады.

*Д. Қонаев.*

**АҒАРТУ ІСІ**, жазушының халық ағарту туралы ойларының өмір жолының әр кезеңінде көрініс беріп отырады. Ө. ғылыми-педагогикалық, мемлекеттік және қоғамдық қызметінде өмір бойы халық ағарту, оқу ісі, ұрпақ тәрбиесі мәселелеріне жете көңіл бөліп, бұл туралы көптеген мақалалары мен жұртшылық алдында сөйлеген сөздерінде айтқан. «Сарыарқа» газетінде 1917 ж. жарияланған «Оқудағы құрбыларыма!» атты алғашқы мақалаларының бірінде жас жазушы оқуда жүрген құрбы-құрдас-тарын уақытты бос өткізбей, халықты оқу-білімге бастап, үлгі көрсетуге шақырса, «Қайсысын қол-

данамыз» деген мақаласында орысша және ескіше – мұсылманша оқыған азаматтардың оқу ісін жүргізуде бір ауызды болуы жайында орнықты шешімге келу қажеттігі туралы сөз қозғайды. Ж. Аймауытовпен бірге шығарысқан «Абай» журналының 1918 ж. 11-санында жарияланған «Оқу ісі» атты мақаласында қараңғылықтың құшағында қалған туған халқын мәдениетке, елдікке жетелеудің үлкен бір жолы – оқу-ағарту ісін дұрыс жолға қоюды, бұл үшін бірінші мақсатта ана тіліндегі ұлт мектептерін ашуды көбейту қажеттігін тілге тиек етіп, мұғалім кадрларының тапшылығын, оқу құралдарының жеткіліксіздігін сөз қылады. Бұл істерді дұрыс жолға қоюдың бірінші кезектегі міндеттеріне тоқталып, өз ұсыныстарын айтады. 1919–21 ж. Семей губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары және төрағасы болып тұрған кезінде Семейде шыққан «Қазақ тілі» газетіне ағартушылық жұмысын жолға қою мәселесін көтерген бірнеше мақалалар жариялайды. 1922 ж. 27 тамызда осы газет бетінде жазушының (Орынборда Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің басшылығында істеп жүріп) Семей губерниясындағы қазақ қызметкерлеріне ашық хаты басылады. Хатта жер-жерде оқыған қазақ қызметкерлерінің халықты сауаттандыру жолында өнер-білімге жұмылдыру ісіндегі самарқалуығы сыналады. 1930 ж. Қазақстан Оқу комиссариаты білім кеңесінің шешімімен Қызылордада басылып шыққан «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хаттар» деген халық ағарту саласы үшін маңызды жинақтың қазақ әдебиеті пәніне арналған «Суретті әдебиет туралы» атты бөлімін Ө. Бейімбет Майлин, Әлкей Марғұланмен бірлесіп жазған. Бағдарламада қазақ шаруа жастарының үш жыл ішінде қазақ әдебиетінен нені оқып үйрену қажеттігін айтып, қазақ әдебиетіндегі дәуірлеу мәселесін ұсынады. 1957 ж. қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға арналған республикалық кеңес қарсаңында «Қазақстан мұғалімі» газетінде (28 наурыз) «Ана тіл әдебиетін сүйіндер» деген күн тәртібіндегі осы мәселеге байланысты кезек күттірмес шаралар туралы ой қозғайды. Қазақ әдеби тілі мен көркем әдебиет тілі жөнінде шынайы жанашырлық сезіммен жазылған көлемді мақалалары қазақ тілінің өрісі, сөз қолдану сипаты, орыс тілінен аудару мәселелеріне көңіл аудартады. Туған тіл мен әдебиетті сүюге шақырып, бұрынғы одақтық «Учительская газетада» жарияланған «Орыс тілінің біздің халық үшін маңызы туралы» мақаласында (1956, 9 мамыр) бұл тілдің қазақ халқы үшін үлкен рөл атқарғандығын тілге тиек етеді. Ө. мектептермен, жоғары және арнаулы орта оқу орындары ұжымдарымен тығыз байланыс жасап, олармен кездесулерінде, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқыған дәрістерінде де халық ағарту, оқу-тәрбие ісі үшін пайдалы пікірлер мен ұсыныстар айтады.

*Н. Жаңақова.*

**АҒАШАЯҚ**, Берікбол Көпенұлы (1862–1932), әнші-ақын, күйші, биші әрі қуақы, өнерпаз болған. Аяғына бақан байлап аттылымен жарысқан А. өнеріне Е. жас күнінен тәнті болған. Онымен талай рет кездесіп, Абай өңдерін, ол туралы әңгімелерін естіген. Ол Абай туралы зерттеулерінде ұлы ақын мұрасын жинап, насихаттаушылар қатарында А. есімін де құрметтеп атап, «Абай жолы» роман-эпопеясында әнші-өнерпаз ретінде суреттеген. А. шығарған «Ағашаяқ» әнін Өміре Қашау-

**АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІ.** Еуропадағы көне де бай әдебиеттің бірі, оның Шекспирден бастап Б. Шоуга дейінгі қаламгерлерін Ә. мектеп қабырғасында жүрген кездің өзінде-ақ оқып білді. «Қазақ жағасы бір сәрі – Еуропа әдебиеттерінен көп дүниеге көз қадап көрдім» деп ағынан жарыла жазушының сыры осында. Ә. «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» мақаласында: «XVI ғасырда Англияның патшасы Елизавета деген әйел болатын. Ағылшын театры Шекспир мен Елизаветаның тұсында бұрынғыдан көп ілгерілеп, көп ірілеп кетті деп тарих айтады. Шекспирдің Гамлетін ойнап жүрген театр мен сол замандағы театрдың жайын салыстырып көрсек, ескі театрдың таң қалдыратын үлгісі көрінбейді, Шекспир театрынан соңғы заманда жалпы Еуропа театры заман өткен сайын түр тауып көркейе берді» деп, Шекспирдің әлемдік драматургиядағы орнына ерекше мән берді. Драматургия заңдарын «Глобус» театрының актеры болып жүріп терең ұғынған Шекспир соған сәйкестендіріп шығармалар жазуды қолға алды. Ол өзінен алдыңғы драматургтердей өмір мен күресті мифтік жағдайда емес, реалистік әдісте суреттеді, заманының ауыртпалығы шығармаларының көпшілігін трагедиялық сарында жазуына себепкер болды.

«Еңлік – Кебектің» жазылуы «Ромео мен Джульеттаның» жазылуы сияқты, Еңлік пен Кебекке байланысты «қайғылы оқиға» Ә. жазғанға дейін Шәкәрім мен Мағауияның жырлауында белгілі болса, Ромео мен Джульетта туралы Шекспирге дейін А. Брук дастан жазған. Шекспир шығармашылығынан шәкірт кезінде хабары бар Ә-ке бұл әдістің ықпал етуі өбден мүмкін. Бертін келе ол ұлы драматургтың «Отелло», «Асауға тұсау» атты екі шығармасын қазақшаға аударды. «Отеллоны» Б. Пастернак, А. Радлова орысшалаған. Ә. Ұлы жазушы Радлованың аударуындағы 1935 жылғы басылымын пайдаланды. Ә-тің жеке кітапханасында Шекспирдің 1902–04 ж. «Ұлы жазушылар кітапханасы» сериясымен «Брокгауз-Ефрон» баспасы шығарған және 1937–49 ж. «Академидадан» шыққан толық жинақтары бар. Бұлар Шекспирді білуіне мол мүмкіндік берді. Ағартушылық дәуірінде Дж. Аддисон, Д. Дэфо, Дж. Свифт, Г. Филдинг дараланып шықты, бұлар бүкіл дүниеге танымал болды. Осы дәуірдің екінші сатысында романтизм басты орынға көтерілді. Прозада С. Ричардсон (1689–1761), Т. Смоллетт (1721–71), О. Голдсмит, Л. Стерн, драматургияда Дж. Лилло, Э. Мур, Р. Шеридан айрықша көзге түсті. Ричардсон шығармалары Ә-ке ертеден таныс, «Қазақ әдебиетінің казиргі дәуірі» деп аталатын мақаласында: «Екі кісінің айтысуынан немесе екі кісінің жайынан туатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде Грандисон, Ричардсон, Достоевский уақыттарында туылған» деп жазды («Шолпан», 1923, №4). Өйткені оның романтикалық бағыттағы, әсіресе, «Памела», «Кларисса Харлоу» романдары жас Мұхтардың ойына қозғау салған, ондағы романтикалық кейіпкерлердің суреттелу тәсілдері, сомдалуы өзі ойластырып, жазып жүрген шығармаларына жақын, сәйкес келетіндей болып көрінді. Бұл бағыттағы суреткерлер шығармашылығы алғашқы кездегі әңгіме-повесть, пьесаларын жазу кезінде ғана емес, кейінгі «Абай жолының» жол-жобаларын қарастырып, оның алуан қырлары мен сырла-

рын іздестіріп жүрген шақтарында да ойын аударды. Ә-тің еуропа әдебиеттерінен көп дүниеге көз қадап көрдім дейтін де осы кезде. «Екі сала әдебиеттер көрдім: Стендаль, Шатобриан, Альфред де Мюссе, Бенжамен-Констан, Булвер-Литтондар да, екінші сала – өмірді еңбекпен, шығармашылық еңбекпен түземек болғандар жайы: Ромен Роллан, Жан Кристоф, Стефан Цвейг – үш мистер, үш жыршы, Моруа – Байрон, Шелли» (папка №643, 9-бет) деп, өзінің қандайлық бағыт, өрістерге бой ұрғандығынан хабардар етеді. Ә. Булвер-Литтон есімі ағылшын романтизмімен байланысты аталады. Ол лордтар парлатасының мүшесі, 1832 ж. парламентке реформа жүргізілгенде халық алдында беделден айрылғаны үшін билік басындағыларды сынады, сөйте жүріп өзін толғандырған ойын шығармалары арқылы жеткізіп отырды. Алғашқы романдарында романтизм мен ағартушылықты қатар ұстанды, бұл қатарға «Поль Клиффорд», «Юджин Эрам» романдары қосылса, «Помпейдің соңғы күні», «Риенци – Рим трибуналарының соңғысы», «Ақрұғы барон», «Соңғы саксондық – Гарольд» романдарында тарихи тақырыпқа барды, сондағы мақсаты тарих қателігін қайталамауды көркем түрде жеткізу еді. Өз заманына көне мәдениеттің күйреу кезеңі деп қарады. Ол өмірді жаңа ағымға бейімдеп, сәнді, әсем түрде көрсетуді жақсы көрді, алдындағы ірі драматургтардың ізімен «Герцогиня де ля-Вальер», «Ришелье», «Леондық леди» сияқты тарихи драмаларын жазды. Чарльз Диккенс, Уильям Теккерей, Дж. Байрон т. б. Литтонның қатты еліктеушісі болды. Байрон «Гияур», «Абидос қалыңдығы», «Корсар», «Лара» атты шығыс циклындағы поэмаларында сол еліктеудің әсерінен шыға алмаса, «Манфред», «Дантенің көрегендігі», «Қиямет елесі», «Дон Жуан» поэмалары романтизмнен реализмге ойысқандығын танытты. Ә. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында ұлы ақынның еуропа ақындарынан оқығандарынан: Гете, Байрон, философ білгіштерінен: Спенсер, Спиноза, Дарвин, Дрепер сияқты талайларды оқығанын жазса, Батыс Еуропа ақындарынан аударғандарының кейбіреулерін құр аударма деп қарамай, Пушкин, Лермонтов, Байрон сарынымен жазылған шығармалар» деп тану керектігін ескерткен (12 томдық шығармалар жинағы, А., 1969, 286, 303-беттер). Ә-тің өз кітапханасында көптеген ағылшын қаламгерлерінің туындылары кездеседі. Байрон мен Шиллердің «Брокгауз-Ефрон» баспасынан шыққан толық жинақтары, Диккенс, Джонсон, Шелли, Б. Шоу, Джейвстың әр алуан кітаптары ағылшын әдебиетін тереңдеп білуіне септігін тигізді. Әсіресе осы әдебиет туралы зерттеулерді оқыған кездерінде өзінің дағдылы сызу белгілерін қойып отырған.

Т. Әкім.

**АДАМБАЕВ** Балтабай Әбдірахманұлы (1919–1990), әдебиет зерттеуші, фольклоршы, ақын. Филология ғылымының кандидаты (1962). «Шешендік өнер» (1969), «Халық даналығы» (1976), «Қазақтың шешендік өнері» (1984) деген монографиялары шықты. Бұл еңбектерінде Ә-тің фольклор туралы айтқан аса құнды ой-пікірлеріне сүйеніп, өзіндік топшылаулар, қорытындылар жасады, соны ғылыми ұсыныстар айтты. «Ұмытылмас ұстаз» («Семей

таңы», 1966, 28 қыркүйек), «Ұмытылмас тұлға» («Социалистік Қазақстан», 1967, 30 қараша) естеліктерінде ұлы жазушының ұстаздық бейнесін тебіреніспен еске алған.

*С. Қарабай.*

**АДАМБЕКОВ** Садықбек (1922–2002), сатирик жазушы. Ө-тің шығармашылығы туралы «Астанада өткен жазушылар күні» («Қазақ әдебиеті», 1957, 29 наурыз), «Үлкен жүрекке құйылған нұр» («Қазақ әдебиеті», 1957, 4 қазан) т. б. мақалалар жазды. Ө. «Мәлік Ғабдуллинге жауап хатында»: «Ақындық тәжірибесінде мол пайдаланбаса да, фелетон, әзіл-ажуа түріне ауысып, сол кішкене көркем жанрда өз өнерін өткірлеп, айқындап ашып келе жатқан С. Адамбековтің тілі де сүйсінердей нәр танытты» деп, жылы лебіз білдірген.

**«АДАМДЫҚ НЕГІЗІ – ӘЙЕЛ»**, жазушының мақаласы. Ө-тің қалам алды туындыларының бірінен саналатын бұл мақала Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 5 қыркүйектегі 12-санында жарияланған. Кейін «Лениншіл жас» газетінде (1966, 8 маусым), жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томында (1969, 7–9-беттер), 20 томдық шығармалар жинағының 15-томында (1984, 7–9-беттер), 1997 жылғы «Таңдамалысында» (327–328-беттер) қайта басылды. Бұл мақаланың жазылып, жариялануы жайлы Ө-тің өзі 1928 ж. жазған өмірбаяны «Өз жайымнан мағлұматта» былай деп мәлімдейді: «Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, жалпы газет, журнал мақалаларынан басталады. Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сарыарқа» газетінде: «Адамдық негізі – әйел» деген нәрсе еді. Бұл анығында менің жалғыз өзімдікі емес. Тұраш екеуміздікі болатын. Негізгі пікір соныкі еді, мен соның пікірімен жаздым. Мақаланы бергенімізде ешқайсымыздың қолымыз жоқ еді. Басқармадағы Сәбит Денентай баласы ма, болмаса Әлімбеков пе, біреуі мен әкеп берген соң «Семинарист Әуезов» деп аяғына қол қойып жіберіпті» (Ө. мұражайының архиві, 382-папка, 7-бет). Мақала сол кезең үшін қазақ арасындағы маңызды қоғамдық-әлеуметтік мәселелердің бірінен саналатын әйел теңдігі туралы жазылған еді. Мұнда әйел затының қоғам өмірінде алатын орны туралы және қазақ арасындағы кейбір әдет-ғұрыптар мен әйелге деген көртерпа көзқарастың халықтың тұрмыс халінің оңалуына тигізер зиянды әсері мен кедергілері ғылыми-философиялық тұрғыдан талданып қарастырылған. Қоғамдық дамудың негізгі тетіктерінің бірі – адам баласының сана-сезімі, адамгершілік құлық, білім деңгейіне тікелей байланысты деп түсінетін автор осы бағытта, тәлім-тәрбие ісінде әйел затының атқарар қызметіне ерекше мән беріп, жоғары атап көрсетеді. Адам баласының пайда болуының әуелгі кезеңінде, әлі де тағылық дәрежеден қол үзіп, ұзап кете алмай жүрген дәуірде әйелден бала туып, олар анасының айналасына үйіріліп тамақ асырап, жан сақтап келген. Осыдан үй ішілік, туыстық ұйымы пайда болған. Содан барып адам баласы хайуандықтан адамшылық қалықа біртіндеп ауысқан деген ой болжамын ұсынады. Қазіргі күні де адам баласы ес кіріп есейгенге дейінгі алғашқы тәрбиені анасының ақ сүті мен елжіреген мейірімінен алады. Кейін бала қаншама үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие көрсесе де, «әуелгі анадан алған өрнек

ішкі сырының арқауы болады». Демек адамзат қоғамының өркендеуіне әйел мол үлес қосқан, жас ұрпақтың тәрбиелі болып өсуі үшін ең алдымен қоғамдағы әйелдің хал-жағдайын түзеу, оңалту қажет. Әйтпейінше қоғам, мемлекет, ел гүлденіп, көркеймек емес. «Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесен, тағлімінді, бесігінді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе» деп, кемел де көрген ой айтумен аяқталады мақала.

*К. Сыздықов.*

**АДАМОВИЧ** Александр Михайлович (1927–1997), белорус жазушысы, әдебиет зерттеуші. Республика ҒА-ның корреспондент мүшесі (1980). Ө-тің 80 жылдық мерейтойына қатысып, Семей қаласындағы салтанатты жиында сөз сөйледі. Дәл осында, Абай мен Мұхтар туған жерде ұлы ойшылдар мен дарындардың бастау алып, қанаттанғанын имандыдай сезіне түсетіндей дей келіп, Еділ мен Сырдарияның толқындарындай тоғысқан қазақ және белорус әдебиеттеріндегі адам тағдырлары да ұқсап жататынына назар аударды («Мұхтар Ауэзов – классик советской литературы», А., 1980, 49-бет).

**АЖАР** (Соқыр Ажар) Жұртыбайқызы (1865 – ө. ж. б.), әнші, ақын. Суырыпсалма айтыс өнерінің белді өкілі. 7 жасында қорасан ауруынан екі көзі көрмей қалады да, өз қасіреті туралы өлеңдер шығарып, әндер айтады. Соқыр Ажар деген атпен әнші-ақын атанып, көптеген думан-тойларға, ақындар айтысына қатысады. 1884 ж. Қоянды жәрмеңкесінде өнер көрсетіп, Абаймен танысады, ақын аулына әдейілеп барып, Абай өлеңдері мен әндерін ел арасына таратады. Ө. А-дың Абай шығармаларын насихаттап, халыққа таратудағы еңбегіне Ө. жоғары баға беріп, «Қазақ ССР тарихының» (1957) Абай туралы тарауында (492-бет), «Ұлы ақын-ағартушы Абай Құнанбаев» деген еңбегінде: «Атақты Біржан... соқыр әйел-ақын Ажар... Абайдың жазған өлеңдерін жаттап, шығарған әндерін салды» деп атап көрсетеді. «Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында: «Абайға оның тірісінде... әдейілеп келіп, көп өлеңдерін жаттап алып, әнге салып, елдеріне жаңалық, үздік-тәлім есебінде таратып жүрген көп әнші-ақын өнерпаздар болған» дей келіп: «Солардың бастылары – әйелдерден: Ажар, Зейнеп, Сара, Қуандық сияқты талай талантты атақты әнші-ақындар болады» деп ерекше бөліп айтқан.

*С. Қарабай.*

**АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРЫ.** Алғаш Индия жазушыларының бастамасымен 1956 ж. Дели қаласында Азия жазушыларының кездесуі өтті. Сол мәжілісте Азия және Африка елдері жазушыларының ортақ мүддесін кездейтін халықаралық қоғамдық ұйым құру туралы ұсыныс айтылып, жаппай қолдауға ие болды. КСРО мәдениет өкілдері қос құрлық жазушыларының I конференциясын Кеңес Одағында өткізу туралы ұсыныс білдірді. Азия және Африка елдері жазушыларының тұңғыш конференциясы 1958 ж. қазан айының 7–13 күндері Ташкент қаласында өтті. Оған Азия мен Африканы мекендеген 37 елден Еуропа мен Американың 13 мемлекетінен жазушылар қатысты. Сол конференцияда қозғалыстың қызметін реттеп, жүргізіп отыратын тұрақты бюро құрылды. Ө. конференцияны ұйымдастырушылардың бірі және тұрақты бюросының мүшесі болды. Ол мәжіліске Қазақстан деле-





Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясында. Ташкент. 1958.

гациясын бастап барды. Конференцияның 8 қазан күнгі кешкі мәжілісінде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан жазушыларының атынан Ә. сөз сөйлеп, Орта Азия халықтары әдебиетінің даму жолы туралы терең талдау жасады. Жазушының бұл сөзі шетел жазушыларының аса зор ықыласын аударып, жарыссөзді «Ұлы мүшәйра» (Ә. Әлімжанов, «Ұлы мүшәйра», «Советтік Қазақстан», 1957, №12, 166-бет) деп атады. Ә. өзінің сөзін: «1957 жылы Жапонияға барған сапарымда мен жапондардың мынадай халықтық мәтелін естідім: «Солар: «Егер сен Никконы көрмесең, онда «ғажап» деген сөзді аузына алма!» дейді екен. Өрине, мен де Никкоға барып, оның таңғажайып табиғатын көзіммен көрдім. Осынау оқиғаны еске ала отырып, біздің конференциямызға қатысушылардың көргендері мен естігендерін екшей келіп, оған «ғажап!» – деп баға беруге толық татиды демекпін» деп аяқтады (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 20-том, 294-бет). А. ж. А. е. к. мұнан кейін Каирде (II конференция; 1962), Бейрутта (III конференция; 1967), Делиде (IV конференция; 1970), Алматыда (V конференция; 1973), Луандада (VI конф.; 1974), Ташкентте (VII конф.; 1983), Тунисте (VIII конф.; 1988) өтті.

А. Әсәулетов.

**АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТИ.** Ә. Азия және Африка елдері жазушыларының ынтымағы мен бірлігі, әдебиеттер байланысы тарихына үлкен үлес қосты. Орталық Азия әдебиеттерінен қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түрікмен, тәжік әдебиетін жетік білді, қазақтың суырып-салма айтыс өнерін зерттеген кезде ақындарды қырғыз манасшыларымен, өзбек бахшыларымен, тәжік ғазиздерімен, әзірбайжан ашуғтарымен, араб, парсы ақындарымен салыстыра талдады, халық ауыз әдебиетіндегі ортақ заңдылықтарды тап басып, дәл көрсетті. Қырғыздың «Манасын» Шоқаннан кейін жан-жақты терең зерттеп, әлемдік деңгейге көтерген де, 1952 ж. айтыс-тартыс кезінде дәлелді сөзін айтып қорғап қалған да Ә. еді. «Қырғыздың батырлық эпосы – Манас» атты монографиялық зерттеу жазуы – соның айқын дәлелі. Грузиннің ұлы ақыны Шота Руставели туралы «Мәңгі жасайтын ақын – Шота Руставели», «Көркем жырдың ұлы ақыны» өзбектің ұлы ойшыл ақыны Әлішер Науаи шығармашылығы туралы «Әлішер Науаи» зерттеу мақалаларын, шығыс классигі, парсы-тәжік ақыны Фирдаусидің «Рүстем-дастан» жырына алғы сөз (1960) жазды. Орталық Азия мен Кавказ жазушыларына ағалық қамқорлығын жасап, олардың әдебиеті туралы одақтық, әлемдік мәслихаттарда сөз сөйледі, көптеген зерттеу мақалалар жариялады. «Правда» газетінде «Пушкин және кеңестік шығыстың бауырлас әдебиеттері» деген мақала (1949, 5 маусым) жариялап, қазақ, қырғыз, әзірбайжан, түрікмен, тәжік ақындарының Пушкин тақырыбын игеру мәселесін қозғады, «Социалистік ұлттар әдебиетінің даму ерекшеліктері» атты (М. Фетисовпен бірге) орыс тіліндегі мақаласында КСРО-дағы басқа ұлттар әдебиетімен қатар, Орталық Азия, Кавказ, Сібір халықта-

ры әдебиеттерінің тарихи дамуындағы ерекшеліктер мен жаңа қоғам туралы тақырып ауқымын көтерудегі 1001 түн ертегісі мен «Көрұғлы» батырлық жырдың, Низами мен Науаи поэзиясының бір халықтың ғана еншісінде болмай, қазақ, қарақалпақ, әзірбайжан, өзбек, тәжік, түрікмен халықтарының көптеген буындарына ортақ мұра болғандығы жөнінде баса айтты. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты көлемді еңбегінде (1958) одақтас республикалар әдебиеттерін салыстыра зерттеп, төрт топқа бөліп қарастырады да, «Кавказ халықтарының әдебиеттері» деген үшінші топта – грузин, армян, әзірбайжан және солтүстік Кавказ әдебиеттерін, «Орта Азия, Қазақстан халықтарының әдебиеттері» атты төртінші топта – қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен және тәжік әдебиеттерін зерттейді. Бұл әдебиеттердің бұрынғы-соңғы тарихына шолу жасап, өткен ғасырлар мен қазіргі кезеңдегі көрнекті өкілдерінің шығармашылығын қысқаша баяндады. Бауырлас қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен әдебиеттерінің шығармашылық байланыстары туралы «Біздің әдебиеттеріміздің туыстылығы» мақаласында (1959), осы халықтардың жаңа әдебиеті туралы Е. Лизуновамен бірлесіп жазған «Социализм дәуіріндегі Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиеттерінің дамуы туралы» мақаласында кеңінен әңгімеледі. Жазушы өзінің ғылыми және жазушылық шығармашылығында қазақ әдебиетінің шығыстық арнасын да кеңейтіп, байытты. Өзі негізін салған абайтану ғылымына арналған монографиялық зерттеулері мен ғылыми мақалаларында Абай және басқа қазақ ақындары сусындаған рухани нәр – шығыс классикалық әдебиетінің қазақ әдебиетіне әсері мен дәстүрін, қазақ ақындары шығармаларындағы шығыстық сарындарды тізбектеп, осы ықпалмен Абайдың «Масфұт», «Ескендір» дастандарын жазып, «Мың бір түннің» ізімен «Әзімді» жыр қып шығарғандығын, Фердаусидің үлгісімен, Тұрмағамбеттің ізімен «Рүстем-дастан» поэмасын дүниеге әкелгенін атап өтеді. Өкімшіл-әміршіл жүйенің шығыс әсері туралы сөз қозғауға тыйым салғандығына қарамастан, Ә. Абай бастаған қазақ ақындарының рухани үш бұлағының бірі осы шығыс әдебиеті болғаны жайында батыл айтты. Өзі де таяу шығыс, арабтық шығыс, шетелдік шығыстың біраз халықтарының әдеби, мәдени өмірімен әр түрлі деңгейде байланыс жасады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қазақ әдебиетінде шетел тақырыбы бейбітшілік пен ұлттық прогресс үшін күрескен Азия және Африка халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы жандануымен және азаттыққа жетуімен байланысты болса, бұл жылдары Ә. қоғам қайраткері ретінде, әрі көп ұлтты кеңес әдебиетінің белделі өкілі ретінде кеңес жазушылары делегациясы құрамында шет елдерге барып қайтты. Алғаш рет 1955 ж. КСРО мәдениет қайраткерлері делегациясы құрамында Үндістанға сапар шегіп, екінші рет бұл елде 1961 ж. III Халықаралық бейбітшілік қорғау конгресінің жұмысына қатысты. 1957 ж. кеңес делегациясы құрамында Жапонияда өткен атом және сутегі бомбаларына қарсы III Халықаралық конференцияға қатысты. Осы сапарларында өзі көрген шындықты ізін суытпай, көркем шығармаға айналдырды. Үндістан сапары, көне үнді елінің әдебиеті мен

мәдениеті туралы «*Индия очерктері*» кітабын шығарды (1973 ж. «Индия кездесулері» деген атпен орыс тілінде жарық көрді). Үнді халқының ұлы перзенті, жазушы Р. Тагордың 100 жылдық мерейтойына арнап жазылған «*Тагордың кемеңгерлігі*» мақаласы қазақ әдебиетінің үнді әдебиетімен достық байланысын нығайтуға себін тигізді. Ә. ғылыми қызметінде де Азия халықтарының әдебиеті мен мәдениеті, тарихына жете көңіл бөліп, Шығыс зерттеушілерінің Мәскеуде өткен халықаралық XXV конгресінде алтайтану секциясының жұмысын басқарды. Азия және Африка елдері жазушыларының бейбітшілік, прогресс үшін күресі мен отаршылдық қарсы ұлт-азаттық қозғалысын кызу қолдап, бұл туралы көптеген публицистикалық мақалалар жазды, Азия және Африка елдерінің әдебиет өкілдері қозғалысына белсенді түрде қатысып, өзінің азаматтық үнін қосты. 1958 ж. 7–13 қазанда Ташкентте тұңғыш рет өткізілген Азия және Африка елдері жазушыларының 1-конференциясын ұйымдастырушылардың бірі болды, әрі Қазақстан жазушыларының делегациясын басқарып барды. Осы конференцияның негізгі пленарлық мәжілісінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан жазушыларының делегациялары атынан сөз сөйлеп, Орталық Азияның осы 5 елінің әдебиеті туралы қысқаша болса да, мазмұнды әрі мәнді әңгіме айтты. Орыс жазушысы, аудармашы А. Пантиелев Ө-тің бұл сөзінің конференцияға қатысушыларға ерекше әсер еткендігі туралы «бұл сөз жоғарғы вольтті, аса қуатты сөз» деп жазды. Осы конференция қарсаңында Алматыда қазақ тілінде жарық көрген «Азия-Африка ақындары» атты өлеңдер жинағына алғы сөз жазып, шығыс поэзиясының әлем әдебиетіне қосқан өлшеусіз үлесін ерекше атап өтті. Екі құрлық елдерінің әдебиетіне деген шынайы жанашырлық «Отаршылдық – маскарашылдық» мақаласында (1956), Кеңес үкімет делегациясының Үндістан, Ауғанстан, Бирма елдеріне сапарына байланысты жазылған «*Дуниехүзілік маңызы бар оқиға*» публицистикалық толғағысы мен 1960 ж. 10–12 қазанда Тәжікстанда өткен Азия, Африка халықтары ынтымақтастығының бірінші кеңестік конференциясында сөйлеген сөзінде («Өкел достық қолыңды, бауырларым» деген атпен 1960 ж. 21 қазанда «Қазақ әдебиетінде» жарияланды) айқын байқалады. Ә. шығармалары Азия және Африка елдерінің көптеген тілдерінде аударылды: «Абай жолы» романы «Абайдың жастық шағы» деген атпен вьетнам тілінде (1965), «Қараш-Қараш оқиғасы» бенгал және хинди тілдерінде (1966, 1967), парсы және араб тілдерінде (1966), «Абай жолы» романы моңғол тілінде (1974), түрік, парсы тілдерінде (1997), үзінді күйінде корей тілінде (1959), «Қорғансыздың күні» повесі араб тілінде (1967) жарық көрді, Орталық Азия халықтары мен қазақ әдебиеті туралы, Абай шығармашылығы туралы зерттеу мақалалары мен Абайдың шетелдік басылымдарына алғы сөздері араб, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, парсы, түрік, түрікмен, ұйғыр тілдеріндегі кітаптар мен жинақтарда жарияланды. Көрнекті араб ақыны Әбдірахман әл-Хамиси Ө-ке «Күн сөнбесе – сөнбейді» (1987) деген өлең арнап: «Мұхтар тірі! Ол – жүректер төрінде. Оның өмірі – сөздерінде өлмейтін» деп, шабыттана жырға қос-

ты. Ө-тің Орталық Азия мен Кавказ халықтары әдебиетіне тигізген зор ықпалы туралы Р. Ғамзатов, Айбек, М. Каноат, К. Яшен, Ш. Айтматов т. б. көрнекті ақындар мен жазушылар тебірене жазды. Аудармашы-зерттеуші З. Ысмайылдың аударуымен 1997 ж. түрік тілінде Ө-тің таңдамалы повестері мен әңгімелерінің жинағы, Ө. шығармашылығы туралы қазақ ғалымдарының мақалалар жинағы жарық көрді.

С. Қорабай.

**АЙБЕК** (лақап аты; шын аты-жөні Мұса Ташмұхамедов; (1905–1968), өзбек әдебиетінің классигі, әдебиеттанушы, аудармашы, қоғам қайраткері. Өзбекстан халық жазушысы (1965). Өзбекстан ҒА-ның академигі (1943). Ө-пен әдеби-шығармашылық қарым-қатынаста болған. 60 жылдық мерейтойына арнап жолдаған жеделхатында және «Әдебиет мерекесі» атты мақаласында Ө-тің асқар таудай алып жазушы екенін, сондықтан оның өзін, мазмұны терең, тілі мерuertтегі таза шығармаларын аса қадірлейтінін, өмір бойы құрметтейтінін жазған («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек), сөйтіп ұлы қаламгердің таланты алдында тағзым етеді. Ал Ө. өзінің «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі», «Кейбір ұлт жазушыларының романдары» деп аталатын зерттеуінде А-тің «Қасиетті қан», «Алтын атыраптан ескен жел» романдарында қаһармандардың психологиясын, халықтың салт-дәстүрлерін үлкен шеберлікпен бейнелегенін, «Науай» романында өзбек әдебиетінің ұлы атасының образын реалистік тұрғыда күшті сомдағанын, бұл ретте орыстың революцияшыл-демократиялық бағыттағы қаламгерлерінің де әсері болғанын атап көрсеткен.

Р. Бердібай.

**АЙБЕРГЕНОВ** Төлеген (1937–1967), ақын. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1974). Ташкент педагогика институтын бітірген (1959). «Арман сапары», «Өмірге саяхат» (1963), «Құмдағы мұнаралар» (1968), «Мен саған ғашық едім» (1970), «Бір тойым бар» (1981, 1989), «Бақшаға саяхат» (1985) деген өлеңдер мен поэмалар жинақтары жарық көрді. А. жазушы рухына арнаған «Семей», «Мұхтарға», «Өуезов...» т. б. өлеңдерінде Мұханның өшпес, асқақ бейнесін шабыттана жырлады («Таңдамалы», 1997, 14-бет).

Б. Жақып.

**АЙҒЫЗ** (т.-ө. ж. б.), Құнанбайдың Күнке (Әйібек) мен Ұлжаннан кейінгі үшінші әйелі. Басқа әйелдеріне қарағанда, Ұлжан мен Айғыздың ауыл-қонысы бір болып, балалары араласып, бірге өседі. Құнанбайдың шешесі Зере өз қалауымен осылардың қолында тұрған. Ө-тің ел аузынан жинаған деректерінде мынадай жолдар кездеседі: «Абайдың екі шешесінің бірі – Айғыз (бұл адамның сұлуы болған), Қажы: «Көкшені Бақанасқа, бұл өзенге Мамайды салам». Онда Сүйіндік болыс, Жуантаяқты да көшреді, бұның аулын көшірмейді. Соны көшіріп келе жатып бір сұлу қыз көреді, қыз – Айғыз, соны алады. Абайдың екі шешесі содан» (№29-папка, 144-бет). Сондықтан жеңгелері екі шешені тел еміп өсті деп, Абайды «Телқара» атандырған. Жазушы «Абай жолы» эпопеясында А-дың шынайы, әсем тұлғасын жасаған.

Т. Әкім

«**АЙДЫН**», монография. Авторы – Р. Нұрғали. 1985 ж. «Өнер» баспасынан жарық көрген. Қазақ драматургиясының жанр жүйесін зерделеуге арналған. Негізгі нысана – Ө-тің драмалық туындылары

Кітап үш тараудан тұрады. Зерттеуші («Трагедия») жазушының трагедиялық шығармаларын жан-жақты талдап, «Еңлік-Кебекті» эпикалық трагедияға, «Бейбіше-тоқал» мен «Қарағөзді» адамгершілік-тұрмыстық трагедияға, «Абайды» тарихи трагедияға жатқызады. Демек ол трагедияны үш түрге жіктеген. Автор қазіргі әдеби процеске сүйеніп отырып, қазақ комедиясын екіге бөлген: а) сатиралық комедия («Айман-Шолпан»), ә) лирикалық комедия («Алма бағында»). Ғалым қазақ драмасын үш салаға топтастырған: а) қаһармандық драма («Түнгі сарын»), ә) саяси-әлеуметтік драма («Октябрь үшін», «Тартыс», «Тас түлек», «Шекарада», «Алуа», «Асыл нәсілдер»), ғұмырнаамалық драма («Бекет»). Зерттеу еңбегінде автор Ө-тің эпостық дәстүрлер мен әлемдік драматургия сабақтарын шебер ұштастыра білуі арқылы қайталанбас, классикалық драмалар тұдырғанын ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдеген. Көлемі 21,6 баспа табақ, таралымы мың дана.

**«АЙҚАП»**, журнал, қоғамдық-әдеби, саяси басылым. 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың қыркүйегіне дейін Троицк қаласында алдында айына бір, кейін екі рет қазақ тілінде шығып тұрған. 88 нөмірі жарық көргеннен кейін тоқтап қалды. Көлемі 24 бет, таралымы 1000–2000 дана. Тұңғыш редакторы – демократ жазушы М. Сералин, 1911–12 ж. хатшысы – Ө. Ғалымов, 1913–14 ж. С. Торайғыров. Сұлтанмахмұт редактормен келісе алмай, қызметтен кетіп қалады. С. Сейфуллин, Б. Майлин, С. Денентаев, С. Көбеев т. б. журналдың тілшілері болды. Ө-тің «Айқап» туралы айтқан сөздері ертедегі мақалалары мен кейінгі зерттеулерінде де кездесіп отырады. Журналға деген көзқарастың дұрыс болмай келгені 1959 ж. 15–19 маусымда өткен ғылыми-теориялық конференцияда ұлы жазушының қорытынды сөзінен көрінеді, «...жақсы өсіп келе жатқан жас ғалымның бірі Н. Қарашева жолдас бұл күнге дейін толық айтылмай, ашылмай жүрген біраз бағалы жаңалықтар айтып берді. Рас, бұл бағдаманың тақырыбы «Айқап» журналы мен М. Сералин туралы болғандықтан, Нүсіпбеков жолдастың орынды, салмақты ескертпелерін бұдан кейінгі зерттеулерде ескермеуге болмайды» деп («Уақыт және әдебиет», 153–бет), басылымды толық зерттеуге көңіл аударды.

**«АЙМАҚТАНУ, БІЛІМ АРТТЫРУ»**, жазушының мақаласы. «Жаңа мектеп» журналының 1929 ж. 11-санында жарияланған. Жазушының шығармалар жинағының 50 томдық толық басылымының 3-томында (1998) қайта басылды. Мақаланың соңына «Мұхтар» деп қол қойған. Негізінде «А. б. а.» деген тақырып журналдың жаңа айдағы болса керек. Автор «Бөлім мақсаты» деген тақырыпша қойған. Онда бөлімнің алдына қойған міндеттері айтылады. Өнер мен білім туралы мақалаларды алдағы уақытта осы айдармен жариялап тұратынын хабарлайды. Содан кейін «Жаратылыстағы дағдылық» атты мақала берілген. Мұнда жаратылыстану ілімінің негізгі қағидалары, табиғаттың тылсым заңдары, жыл мезгілдерінің ауысу себептері, оған жан-жануардың бейімделуі баяндалады. Ал «Өлкетану туралы» атты екінші мақала: «Өрбір мәдениетті қоғам өзінің жұмысын ғылым негізіне құрып жүргізуге ұмтылады... Қоғам тұрмысын құру үшін алдымен сол қоғамның мән-жайын, айналасындағы табиғаттың мәдени қалпын жақсы білу керек. Басқа шартқа да, жергілікті мәдениетті де, өлкені де үзбестен, ұдайымен арымай-талмай аударып қарап, актара тексеріп зерттеуге тура келеді.

Міне, осы жұмыстардан барып өлкетану деген қозғалыс туады» деген сөздермен басталады. Бұдан соң өлкетану ілімінің қоғамдағы орны, тәрбиелік және мәдени маңызы, оны жүзеге асырудың жолдары пайымдалады. Аймақтанушылардың арнайы құрылтайын өткізу туралы ұсыныс айтады.

Т. Жұртбай

**АЙМАНОВ** Шәкен Көңжетайұлы (1914–1970), актер, режиссер. Қазақстанның (1947) және КСРО (1959) халық артисі, КСРО (1952) және Қазақстан (1967) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. 1984 ж. «Қазақфильм» киностудиясына А. есімі берілді. А. түсірген «Біздің сүйікті дәрігері» (1957), «Алдар Көсе» (1964), «Атамекен» (1966), «Атаманның ақыры» (1970) т. б. фильмдері ұлттық өнердің зор табысына айналды. Ө-тің «Түнгі сарынында» Казанцевтің, «Абайында» Керімнің сатиралық бейнелерін сомдады, сондай-ақ ұлы жазушының сценарийі бойынша жасалған «Абай өні» фильмінде (1945) Шәріптің рөлін ойнады. У. Шекспирдің «Асауға тұсау» пьесасындағы Петруччионың, «Отелло» трагедиясындағы Отеллоның рөлдерін асқан шеберлікпен сомдады (екі пьесаның екеуін де Ө. аударған). «Абай» трагедиясын сахнаға шығарды (1971). «Ұлттық театр туралы ойлар» атты мақаласында («Советская культура», 1955, 29 қазан) Ө-тің театрмен шығармашылық байланысы жайында келелі пікірлер айтқан.

**«АЙМАН – ШОЛПАН»**, жазушының мақаласы. Ө. «Айман – Шолпан» жырын терең зерттеп, әрі драма желісін пайдаланған. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген көлемді зерттеуінде ол «Айман – Шолпан» да сипаттама берген. Біріншіден, бұл داستانғы шығарушының аты-жөні мәлім емес, жыр көп уақыт ел арасында ауызша айтылып, таралып келген (Шығармалары, 1-том, 1969, 246-бет). Демек шығарманың әуел бастағы нұсқасы ешкеліп, өңделі турмен деген сөз. Екіншіден, «Айман – Шолпан» қаһармандарының кейбіреулері (Көтібар, Есет т. б.) тарихта белгілі адамдар болғанына қарағанда жырдың шығу межесі өткен ғасырдың орта тұсы деп шамалауға келеді. Үшіншіден, жырдың көркемдік кестесінде классикалық эпосқа тән өсірелеулер аз, оның есесіне қазақ елі тұрмысының реалистік суреттері басым. Жырда қазақ қоғамының ішіндегі бірсыпыра қайшылықтар көрініс береді. Соның бірі – ру шонжарлары арасын-

«Отелло» спектаклі. Эмилия рөлінде Х. Бөкеева, Отелло рөлінде Ш. К. Айманов. 1964.



дағы баққұндестік, бәсекелестік. Маман бай мен Көтібар батырдың өзара ерегісі «Кім мықты» дейтін өркөкірек мінезден туады. Осы ерегіс үстінде «жеңген» Көтібар батырдың кейіннен өзі жар етпек болған Айманға қолы жетпей, күлкілі халге ұшырасуы жалаң батырлықтың дәурені өткенін аңғартады. Жырда көтерілген тағы да бір күрделі нәрсе – әйел теңдігін, бас бостандығын құрметтеу мәселесіне саяды. Айманның өз басын және сіңлісі Шолпанды өктемдік зорлығынан құтқару жолындағы айла-әрекеттері дастанның тартыстық желісін құрайды. «Айман – Шолпан» қаһармандардың мінез-құлқы, көңіл күйлері, өзара қарым-қатынасы нанымды бейнеленген. Ақырында Айманның Көтібар зорлығынан құтылуы қазақ қоғамында адам құқы туралы жаңа ұғымдар мен дүниетанымдардың бірте-бірте белала бастағанын байқатады. Басы қаһарлы, адуын басталған әрекеттердің ақыры бейбіт шешіммен аяқталады. Өзін алпауыт сезінген Көтібарлар жастар тағдырын баса-көктеп шешуге дәрменсіз екенін мойындайды. Жырда ақылды, сұлу қыз Айманның айдалы, парасатты әрекеттері сенімді ашылады, Айман бейнесі шыншыл, тартымды бейне болып шығады. «Қара күшке сүйенген ежет Көтібар әрекеттері ерлік емес, есерлік екені мәлім болады. Дастандағы осы ахуалды суреткер Ө. жақсы аңғарып, «Айман – Шолпан» фабуласының негізінде комедия жазды, ол шығармамен 1934 ж. қазақтың музыкалық театры өз сахнасының шымылдығын ашты.

*Р. Бердібай.*

«АЙМАН ШОЛПАН», драмалық комедия. «Айман – Шолпан» жырының өн бойында әдемі юмор жатыр. Осы ерекшелікті терең ұққан Ө. халық жырының материалын комедия жазу үшін сәтімен пайдаланды. Қазақтың тұңғыш музыкалық театрының шымылдығы «А. – Ш.» комедиясымен ашылды. Пьесадағы сюжет жыр сюжетінің негізінен ауытқымайды. Драматург тартысты тереңдетіп, образдарды айқындап, идеяны ұштап, жаңа бояулар, соны өрнектер қосқан. Пьесадағы 17 кейіпкердің жетеуі жырда бар, өзгелерін автор қиялы, шығармашылық мақсат тудырған. Жырдағы тартыс Маман мен Көтібардың сәнді үйге таласуынан бас-

талса, пьесадағы тартыс Өлібек, Маман байлардың Көтібарды адам санатына қоспай, намысына тиюінен өрбиді. Жырда жоқ, драматург қиялынан туған кейіпкер – Жарас барлық күлкілі ситуациялардың бел ортасында жүреді. Комедияда Ө. тың образ, тамаша тип жасаумен бірге, шеберліктің биік деңгейіне жеткендігін, халықтық фольклор мен классикалық дәстүрді терең ұштас-

тыра білетін жаңашыл қаламгер екендігін танытты. Халық жырында нобайы ғана көрінген персонаждар комедияда тереңдетіліп, характерлік даралық сипаттарын тапқан. Әсіресе Айман мен Шолпан образдарының ерекшеленуі драматург шеберлігін көрсетеді. Айман – байыпты, байсалды, ақылды; Шолпан – ерке, тентек, тапқыр, өткір тілді. Пьесада жаңа бояулармен толысқан, жан-жақты ашылған кейіпкерлердің бірі – Арыстан ақын-сәрі тұлғасында бой көрсетеді. Жарас қулықпен, тапқырлықпен ширата түсетін коллизиялардың шешілуі жеткен кезде сахнаға ақылды, ойлы ақын Арыстан шығады. Сондықтан бұл екі образ бірін-бірі толықтырып тұр. Өлібектің Айманды, Арыстанның Шолпанды алуында кездейсоқтық емес, заңдылық жатыр. Жыр негізінен он бір буынды қара өлең, 7–8 буынды жыр өлшемінен тұрса, комедияда ақ өлең, қара сөз аралас келеді. Жырдағы жеке тіркестер, троп түрлері пьесада кеңінен пайдаланылған. Жыр мен комедия арасындағы негізгі ұқсастық – сюжет, композиция, идея деңгейіндегі пафостағы ұқсастық. Ө. шығармашылық кемел шағына келгенде, ертеде жазған көптеген туындыларына қайтадан оралып, жаңа нұсқалар, редакциялар жасады. Осындай мақсатпен 1956 ж. автор «А. – Ш.-ның» екінші редакциясын жасады. Алдымен өзбек саудагері, ұлық, биші, әнші орыс әйелі секілді қосалқы кейіпкерлер көркемдік мақсат атқарып тұрмағандықтан, ықшамдау, лаконизм шарттары ескеріліп, екінші нұсқада қысқарып қалды. Стиль талаптарының негізінде қара сөз атаулы түгелдей-ақ өлеңге көшті. Комедияның 1-актісі жанадан жазылды. Қыз көре келген жігіттер қақтығысы жырда да, алғашқы нұсқада да жоқ. Ал Шөмекей тойы 2-актіге ауысты. Жеке сценалар әр жерде орын ауыстырылған. Жантық – Балпық ақындардың айтысы арасында енді Өлібек пен Арыстан әр түрлі сөз қосып, тартысты күшейтіп, ширатып отырады. Жеке репликалар тұтасып, монологқа ұласқан мысалдар бар. Алғашқы вариантта қосалқы кейіпкер, Көтібар қасында жүретін елеусіз шал екінші нұсқада характерлік даралығы бар халық өкілінің бейнесінде көрінеді. Комедия финалында Көтібар далаға жүгіре шығып, аспанға мылтық атып, айдалаға жүгіре қашады. Дәурені өтіп, күні біткен заманның өкілі жаңа толқын жастарға не қайратымен қарсы тұрады? Еріксіз күлкіге айналып отыр. Комедия қазақ театрының сахнасынан түспейтін классикалық шығармалардың бірі болып қалды. Сахналық шешім, актерлер ойыны жөнінде көптеген пікір жазылды. «А. – Ш.» комедиясын 1934 ж. Ж. Шанин сахнаға шығарса, соңғы қойылымдар ішінде режиссер Ө. Мәмбетовтің еңбегі ерекше. Комедия 1934 ж. жеке кітап болып шықты, 1937 ж. «Әдебиет майданы» журналының 5-санында жарияланды, кейін Ө-тің 6 томдық (1956, 5-кітап, 195–270-беттер), 12 томдық (1969, 8-кітап, 299–367-беттер), 20 томдық (1981, 9-кітап, 311–378-беттер) шығармалар жинағына енгізілді.

*Р. Нұрғали.*

Спектакльдің қойылымы. 1934 ж. 13 қаңтарда композитор И. Б. Кошыхтың өңдеуімен көптеген халық әндері мен күйлері енгізіліп, «А. – Ш.» музыкалық комедия үлгісінде қойылды. Ж. Шанин мен Қ. Жандарбековтің халық өнерінің тамаша туындыларын қиюын тауып, шебер пайдалануы арқасында қойылған қазақ халқының ұлттық болмысын кеңінен танытқан көркем дүние болып шықты. Өн мен өлең, би мен хор, ақындар айтысы т. б.



«Айман-Шолпан» спектаклі.  
Шолпан – Ш. Жандарбекова,  
Айман – З. Шәріпова. 1960.



Ж. Аймауытов.

бір сахналық арнада тоғысып, синтетикалық өнердің көркемдік шарттарына толық жауап берді. Спектакльдің премьерасы драма театрының үйінде өтті. Қазақ музыка театры дүниеге осылай келді. 30-жылдардың орта шенінде ұйымдаса бастаған облыстық қазақ театрларының репертуарынан «А. – Ш.» берік орын алды. 1935 ж. О. Беков пен Ш. Ғатаулин Семейде комедияны сахнаға

шығарды. Қойылымның музыкалық жағына басшылық еткен композитор Л. Хамиди ән-музыкаларын қайта қарап, кейбіреулерін ықшамдап, қызықты да әсерлі етуге күш салды. Қазақ академиялық драма театрының сахнасына комедия тұңғыш рет 1960 ж. қойылды. Режиссер *Ө. Мәмбетов* өмір болмысы мен кейіпкерлер бейнелерін әдейі әсерлеу үлгісімен шешкен. Халық ойындары, тұрмыс-салт көріністері де пайдаланылып, *А. Жұбановтың* әуенді музыкасы қойылымның мазмұнын тереңдетіп түскен. 1958 ж. Семей театрының Алматыда көрсеткен спектаклі (режиссері *Б. Омаров*) халық ойындары мен бидің ұтымды қойылып, көрерменге етене таныс әндердің шебер орындалуынан көп ұтты. Кейбір театрлар комедияның өздеріне жақын, жеңіл менгерлетін жағынан келген. Қарағанды ұжымындағы Аймаң мен Шолпан рөліндегі *Ө. Абылаева* мен *Р. Омарханова* драмалық шеберліктерінің үстіне, әншілік өнерімен қойылым рухын биікете түскен. Торғай мен Жетісай театрлары ән мен биге, хор жағына баса көңіл бөлген. Көп қойылымдарда көмескі болып жүрген Жарас бейнесі торғайлықтардың сахнасында шыннайы түрде шықты. Жамбыл театрының (1973, режиссері *Ө. Құлданов*) спектаклі өзгеше қойылған. Сахна шымылдығы ашылмастан бұрын төгілген ән мен музыка, би мен хор ерекше әсерге бөлейді. Халықтың көне бұйымдарымен безендірілген ұлт киімін киген актерлер көрермендерді шырқаған әсем әнімен, тамаша алтыбақан ойынымен, шатшадымнан көңілмен қарсы алуы – қойылымды тұтас өнер мерекесіне айналдырып жіберген. Комедияға қайта оралғанда, оның халықтық түп-тамырынан жырақ кетіп, экспериментке баруы – кейбір театрларды сәтсіздікке ұрындырды. 80-жылдары театрларда бұрынғы музыкалық бағыт қайта жаңғырып, 1985 ж. Семейде (режиссері *Е. Обаев*), Павлодарда (1991, режиссері *Е. Тәленов*), Ақтөбеде (1992, режиссері *М. Бақытжанов*) қойылған музыкалық спектакльдер көрермен қауымының ықыласына бөленді. Бұларда ұтымды режиссерлік шешімдермен бірге, ән мен би, хор, ариялар мен дуэттер спектакльдердің басты компоненттері болды. Актерлер драмалық қабілеттерімен бірге, тамаша әншілік өнерімен ерекше көрінді. Павлодар театрының спектаклі 1995 ж. Мысырда өткен фестивальде жоғары бағаланып, Шығыс әлемі ұлы *Ө-тің* талант құдіретіне тағзым етті.

*Б. Құндақбайұлы.*

**«АЙМАН – ШОЛПАН»**, лиро-эпос жыры. Әдебиет зерттеушілерге 1894 ж. мәлім болған. Жүсіпбек жожа Шайхысламұлы жинап, бастырған (Қазан, 1896, 1900, 1901, 1910, 1913). Жырдың оқиғасы өмірден алынған. 19 ғасырдың орта шеніндегі қазақ аулындағы әлеуметтік қарым-қатынастар, қоғам

өміріне, тұрмыс-салтқа енген өзгерістер мен жаңалықтар бейнеленген. Қиссада қазақ әйелінің бас бостандығы жолындағы жігерлі күресі, ескі тіршіліктің кейбір келеңсіз көріністері жырланған. Жырда Арыстан, Көтібар сияқты тарихи адамдар да кездеседі. Осы жырдың негізінде *Ө. «Айман – Шолпан»* комедиясы, осы аттас макаласын жазды. **«АЙМАН–ШОЛПАН»**, опера. Либреттосын *Ө.*, музыкасын *Е. Брусиловский* жазған. Премьерасы 1938 ж. 28 сәуірде болды. Қоюшы режиссерлары: *Қ. Байсейітов* пен *А. Винер*, дирижерлері – *Н. Шкаровский* мен *Ф. Кузьмич*, суретшісі – *А. Ненашев*. Басты рөлдерде *К. Байсейітова*, *Х. Нұрмағамбетова*, *М. Ержанов*, *Қ. Жандарбеков* т. б. ойнады. *Е. Брусиловскийдің* пікірі бойынша, бұл опера қазақ музыкалық комедиясын жасаудың алғашқы талпынысы еді. Әдемі либреттоға музыкасы сай келмей, көп жері ақсап жатты, созылыңқы, тартымсыз шықты. Құрылысы жағынан тұтастық, композиторлық реттілік пен айқындық жетіспеді. Сондықтан опера ғұмыры ұзақ болмады.

*А. Омарова.*

**АЙМАНКҮЛ** Тәжібаева (1888–1952), ақын. *Ө. Тәжібаевтың* анасы. 7 жасынан бастап ауыл молдасынан хат танып, парсы, шағатай тілдерінде жазылған дастандарды оқиды, насихаттайды. Қазақ ауыз әдебиетін жетік білген. Алғашқы өлендерінің бірі – 1915 ж. күміейі Тұлбайдың қазасына шығарған жоқтауы. «Ана даусы» (1948), «Ана сыры» (1952) өлең-жыр жинақтары жарық көрді. *Ө-ті* өмір бойы құрметтеп, сыйлап өткен, талантына тәнті болған. Ұлы жазушы *«Әбділда Тәжібаев»* деген мақаласында *А-дің* өмірбаянынан біраз мағлұмат бере келіп: «Далдабай өз баласы болмай, жиені Аймаңкүлді бесіктегі бала кезінде бала қылып, бауырына салып өсірген. Аймаңкүлді оқытушы Ділдахан молда Бұхарда отыз жыл оқып қайтқан, ескі медресе тәрбиесі бойынша көп білім алған кісі деп саналағын. Аймаңкүлдің кітап оқығыштық мінезін құптаған Ділдахан молда өзі өбден қартайған шағында «ең жақсы шөкіртім осы» деп, бар кітапханасын Аймаңкүлге сыйлайды» деп, болашақ ақын қыздың тәлім-тәрбие алған ортасынан хабар береді. «Осы шығармаларды Аймаңкүл өзі оқып, жұртқа тыңдатумен қатар, баласының санасына ақындыққа құмарлықты еге жүреді».

*Н. Оспантегі.*

**АЙМАУЫТОВ** Жүсіпбек (1889–1931), ақын, жазушы, драматург, аудармашы, ғалым, әдебиет зерттеуші, ұстаз. Қазақ әдебиетіндегі ең алғашқы реалистік проза талаптарына, жарндың еуропалық шарттарына жауап беретін толыққанды, көркем, күрделі шығармаларының бірі – «Қартқожа» романы 1926 ж. Қызылордада басылып шықты. Романда жазушының әлеуметтік көзқарасы айқын, қазақ аулындағы тап күресі дәл ажыратылып, айқын дараланып, нақты адам тағдырлары жанды тірі тұлғалар арқылы бейнеленді. Қаламгердің проза жанрында шебер, ықшам, көркем жазылған шығармаларының бірі – «Күнкейдің жазығы» повесі. Бұл повесті қазақтың көшпелі ауылының бұрынғы тіршілігін қаз-қалпында бейнелеген асыл реалистік туынды деп бағалау керек. *А. әдеби мұрасының* негізгі салмақты саласы – драматургия. Ол көптеген пьесалар жазумен қоса, кезінде өз шығармаларын үзенгілес қаламдастар туындыларын

сахнаға қойған алғашқы режиссер де болған. Халық өмірінің терең шындығы, ауылдағы байлар мен кедейлердің ара жігінің ашылуы, әйгілі 1916 жылдың зарлы оқиғасы «Қанапия – Шәрбану» драмасында тап басып, дәл көрсетіледі. «Рәбиға» пьесасында да (1926 ж. Мәскеуде басылған) осы күйікті мәселе көтеріледі. Ескі қазақ ауылының қат-қабат, шытырман тұрмысынан алынған «Мансапқорлар» драмасының негізгі тартысына қатысатын адамдар көп емес. Бас-аяғы сегіз-ақ кейіпкер. Сахналық әрекет ширақ, салған жерден кеселді түйіннің үстінен түсеміз. Негізгі тартыс бірден ашық көрінеді. Уақыттың көкейтесті әлеуметтік қайшылықтарын А. айқын көріп, әр жанрдағы шығармаларында жан-жақты бейнелеп отырды. Ол көп мәселелерді қалың қауым алдына тайсалмай, ашық жайып салды. 1925 ж. Ташкентте басшылып шыққан «Ел қорғаны» драмасында жазушы позициясы, оның саяси көзқарасы «Оқыған» деген атпен берілген кейіпкердің аузымен айтылатын толғау сөздерде анық көрінеді. Аймауытов 1927–29 ж. арасында жазған хаттарының бірінде: «Бытлар ойын кітабын жазуға бәйге жариялағанда, «Шернияз» деген кітап жазып қосып едім. Соған бірінші бәйге беріліпті. Мен оны алғам жоқ, екінші бәйге алған Мұхтар Әуезовтың «Қаракөзіне» беріндер дедім, өйткені ол шетте оқып жүрген шәкірт, ақша менен гөрі оған қерегірек қой» деп жазыпты.

Әдеби-сын мақалаларын, публицистикалық еңбектерін, аудармаларын былай қойғанда, А. таза ғылым саласына, оның ішінде педагогикаға, психологияға арналған күрделі, маңызды, терең еңбектер берген көшелі ғалым, білікті зерттеуші. Бұл ретте әсіресе «Психология» кітабын ерекше бөліп айту керек. Он екі бөлімнен тұратын, оқу құралы үлгісінде жазылған бұл зерттеу қазақ тіліндегі осы бағыттағы алғашқы жемісті ізденістердің, олжалы табыстардың қатарына жатады. Екінші ғылыми еңбек «Психология (жан жүйесі) мен өнер таңдау» (1926) деп аталады.

А. Семей мұғалімдер семинариясында Ә-пен бір мезгілде оқыған, сырлас, пікірлес болған. Алаш партиясын қолдаған. 1918 ж. Семей қаласында екеуі бірлесіп «Абай» журналының 13 санын шығарған. «Қазақтың өзгеше мінездері», «Абайдан соңғы ақындар» атты мақалаларды бірге жазу – екі жас автордың талант егіздігін, дүниетаным ортақтығын, стильдік ұқсастығын анықтап тұр. А. «Қорғаныстың күні» мақаласында («Қазақ тілі», 1922, 22 сәуір) Ә-тің осы аттас шығармасы қазақ прозасындағы аса көркем туынды екенін атап көрсеткен. 1919 ж. Семейде Кеңес үкіметі түпкілікті орнап, Губревком құрылды. Оның «Инородческий педотдел» бөлімінің бастығына Ә., нұсқаушылар бөлімінің бастығына А. тағайындалған. Сөйтіп екеуі бірге қызмет істейді. Кейінірек Ә. оқуға бармақ болып, қызметінен босағанда, орнына А-ты бөлім бастығы етіп қалдырады. Ал 1921 ж. Семей губревкомының төрағалығына Ә. сайланғанда, А. оқу бөлімінің бастығы болады (Қ. Мұқаметханов. «Абай мұрагерлері», А., 1995, 164–165-беттер). Кейінгі қоғамдық әрекетте, қаламгерлік істе олардың ортақ нысанасы – қазақ елінің азаттығы, өнер эстетикасы деген биік тұғырдан табысып жатты.

Р. Нұрғали.



Низамидің 800 жылдық мерейтойында. М. Әуезов  
С. Айнимен бірге. 1947.

**АЙНИ** (лақап аты; шын аты-жөні – Садриддин Саидмұрадзада; (1878–1954), жазушы, тәжік әдебиетінің негізін салушы, ғалым, қоғам қайраткері, Өзбекстан ҒА-ның құрметті академигі (1943), Тәжікстан ҒА-ның алғашқы президенті (1951). Тәжікстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1950). Шығармаларын тәжік және өзбек тілінде жазған. Орта Азия халықтарының әдебиеті, мәдениеті мен тарихы туралы көптеген еңбектер жазды. «Бұхара», «Құлдар» романдары, «Мектеп» повесі қазақ тілінде басылып шықты. Ә. А-ді тәжік прозасының іргесін қалаған қаламгер, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде бағалай келіп («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»), өмір тарихын суреттеу ерекшелігін, өзіндік жазу мәнері мен көркемдік шеберлік, зерттеу еңбектерінің зор маңызы бар екенін айрықша атайды. Қазақ жазушысы А-мен бірнеше рет кездесіп әңгімелескен, пікірлес болған.

Ө. Күмбасев.

**АЙПАРА** (т.-ө. ж. б.), Тобықты руының ішіндегі Олжай табының пір тұтатын қасиетті анасы, Абайдың төртінші атасы Айдостың әйелі. 17 ғасырдың ортасында өмір сүрген. Әйгілі Қаракерей Қабанбайдың қарындасы-мыс, Кіші жүз Әйтеке бидің қызы-мыс деген екі түрлі болжам бар. А. туралы аңыз-әңгімелерге жүгінсек, Қабанбайдың қарындасы екендігі туралы жорамалды әр түрлі оқиғалар растайды. Ә-тің жазуынша, «ерте кездерден бері көп ауыздан өткен, әр түрлі болып өзгерген ұзын сүре сөзге... сенсек, Айпара ер қайраты бар, есті, адуын әйел болған. Өзінде бір жағынан – тапқыр шешендік, бір жағынан – бақсы-құшынаштық сияқты сәуегейлік қасиет те болған».

Момын, «шөккен түйеге міне алмайтын Айдостан» туған ұрпақтардың аузы, кеуделі, шешен, сыншыл болуы Айпара ананың ақ сүтінен екен» деген мәтел бар. А-ның төрт ұлының біреуі атақты Ырғызбай. Ырғызбайдан – Өскенбай, Өскенбайдан

Құнанбай, Құнанбайдан – Абай туады. А. 18 ғасырдың 3-ширегінде Шыңғыс тауының сілемінде қайтыс болады. Зираты – Бөкенші өзенінің бойындағы Айдос қорымында.

Т. Жұртбай.

**АЙТ** Несіпбек Тұрысбекұлы (1950 ж. т.), ақын. «Мұхтарға», «Әнім саған аманат», «Абай елінде», «Оразбайдың зираты», «Абыз бен Мұхтар» атты толғауларында ұлы жазушының бейнесі лирикалық кейіпкер ретінде сомдалып, ой толғанысы, рухани азабы мен жігер қайраты, арман-мақсаты көркем суреттелген, адамның қиын кезеңдегі психо-

логиялык тебіренісі шынайы бейнеленген. А. ұлы суреткердің 100 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген Халықаралық ақындар мүшәйрасында бас бәйгені жеңіп алған.

С. Жұртбай.

**АЙТМАТОВ** Шыңғыс Төрөкүлұлы (1928-2007), қырғыз жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, дипломат. Қырғызстан халық жазушысы (1968), Қырғызстан (1974), Еуропа (1990) Ғылым академияларының академигі, Социалистік Еңбек Ері (1978), Лениндік (1963), КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1968, 1977, 1983) лауреаты, Ыстықкөл форумының, Орта Азия халықтары мәдени ассамблеясының президенті. Шығармаларын қырғыз және орыс тілдерінде жазады. Негізгі туындылары – «Жәмила», «Құс жолы», «Шынарым менің – шырайлым менің», «Алғашқы ұстаз», «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Көктөбедегі кездесу» (Қ. Мұхамеджановпен бірге), «Боранды бекет», «Жанпида», «Кассандра таңбасы». Ө. А-тың шығармашылығын жоғары бағалап, жас жазушының «Жәмила» повесіне алғы сөз жазды. Онда ұлы жазушы А-қа ақ батасын беріп, тамаша талант иесін әлем жұртшылығына таныстырды, ал «Айтматовтың ерекше қуантарлық жағы – адамдарды суреттеуінде, олардың қарым-қатынастарын ішкі жағынан көрсете білуінде» еді. 1961 ж. «Жәмила» повесі Лениндік сыйлыққа ұсынылғанда, Ө. комитет секциясында (6 сәуір) толғамды сөз сөйлеп, «сіздер авторды әлі жас, шығармасы шағын деп отырсыздар, бұл үстірт, жаңсақтау пікір, ол осы шығармасының өзімен-ақ үлкен марапат мәртебеге әбден лайық, келешегі бұдан да айдынды» деген көрегендік ой-пікірін төгіп айтқан. А. «Ұстаз туралы сөз» деген мақаласында (1967): «Мен қазақпын ба, қырғызбын ба? Мұны білгісі келгендерге мен Манас жөнін, Мұхтар Әуезов жайын айтып берем. Бұл екеуі – менің қандас халықтарымның мерейі; осы екеуіне иек артсам болғаны, жат жұрт арасында жалым күдірейіп шыға келеді» деп мақтаншыын жасырмады. Ол Ө. шығармашылығының туысқан халықтар әдебиетіне жасаған ықпалы мен әсері жөнінде сындарлы пікірлер айтты (1977). 1997 ж. шілде айында Ө-тің ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде өткен Ө-тің 100 жылдық мерейтойына арналған конференцияны А. басқарып, сөйлеген сөзінде ұлы жазушыға деген өз сүйіспеншілігі мен ыстық ықыласын, талант күдіретіне бағытталған ақ ниетін білдірді.

Б. Мамыраев.

Ш. Айтматовтың М. Әуезов мұражайында қолтаңба қалдыру сәті.



Айттыс ақындарының бір тобы. 1913.

«**АЙТЫС**», жазушының зерттеу еңбегі. «Қазақ әдебиетінің тарихына» енген (1-том, 2-кітап, 1960, 671–714-беттер). Ал Ө-тің 1948 ж. жазған «Айттыс өлеңдері» атты еңбегінде ол «Совет ақындарының айтысы» деген атпен берілген. Еңбекте автор қазақ халқының ежелден келе жатқан төл өнері – айтыстың жаңа заман, жаңа кезеңдегі өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Егер өткен дәуірлердегі айтыстарда ақынның негізгі арқа сүйері ру, ата-баба сияқты ескі әдет-салттар болса, кейінгі ақындар өздерінің елі, ұжымшар, аудан, қала, облыс жайын тілге тиек етеді. Сол арқылы сын мен өзара сынды өткірілеп, өрістетіе түседі. 1922 ж. Семейдің екі ақыны (Иса мен Нұрлыбек) бірі қала, екіншісі ауыл атынан айтысқанын, «Шашубайдың қасқырмен айтысын» (1932) мысалға келтіріп, айтыс өнерінің жанаша мазмұн, түр сипатқа ие бола бастағанын сөз етеді. Осы сияқты «Қасқыр мен қойдың айтысы», «Қарагер ат пен директордың айтысы», «Бай мен кедей айтысы» туралы, 1939 ж. Алматыда өткен Нартай мен Нұрлыбектің айтысына және 1943 ж. республикалық көлемде өткен үлкен айтыстың кейбіріне қысқаша тоқталады. Жазушы кенес кезеңіндегі айтыстарда қоғамдық-әлеуметтік, шаруашылық мәселелерді мейлінше кең, терең толғаныспен сөз болатынын атап көрсетеді.

К. Сыздықов.

**АЙТЫС**, Айтыс туралы ой-пікірлері. Ө-тің айтыс жанры туралы сүбелі еңбегінің бірі – 1946 ж. Жамбылдың 100 жылдық мерейтойында жасаған «Жамбылдың айтыстағы өнері» дейтін баяндамасы («ҚазКСР ҒА-ның хабарлары. Әдебиет сериясы», 1948, № 55). Бұл еңбегінде автор ақындар айтысының үш халықта – қазақ, қырғыз, қарақалпақтарда бар екенін айтады. Ақындар айтысына ұқсас жанрдың көшпелі араб тайпаларында бар екеніне (мұғалақат) тоқталып, қазір ірі жанр ретінде жоқ болғанмен, ертерек уақыттарда Еуропа халықтарында да айтысқа ұқсас жанрлар болғанын атап көрсетеді. Айтыскер ақынға тән қасиеттер ретінде алғыр импровизаторлық қасиет, дүниетанымының кеңдігі, тапқырлық, батылдық т. б. қасиеттерді санамалап айтқан. Жамбыл айтыскерлігін мысалға ала отырып, айтыстағы демократиялық үрдістің дамуын және жыршылық дәстүрдің айтыс ішіне кіру ерекшеліктерін талдаған. Айтыс жанры – 19 ғасырда Ш. Уәлиханов, В. Радловтардан басталған үлкен ғылыми-зерттеу тарихы бар жанр. Ө-тің әсіресе 50-жылдардағы зерттеулері бұл саланы жаңа сапалық биікке көтерді. Қазақ КСР Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Өде-



Ақындар айтысының қазылары: К. Байсейітова, М. Әуезов, Қ. Сәтбаев, Ф. Мүсірепов. Алматы. 1943.

биет және өнер институтының 1960, 1964 ж. шығарған «Қазақ әдебиеті тарихында» (1-том, 1, 2-кітаптар) дәстүрлі айтысқа және кеңес дәуіріндегі айтыстарға арналған тарауларында айтыс жанрының зерттелуі туралы салықалы оялар келтірілген. Ондағы «Айтыс» тарауын, 60-жылдарда шыққан 3 томдық «Айтыс» жинағының алғы сөздерін Ә. жазып, айтыс поэтикасы туралы озық оялар, тартымды тұжырымдар айтқан. Айтыстың жиналуына, зерттелуіне қал-қадерінше еңбек сіңірген алғашқы ғалымдар Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Ә. Диваевтардың еңбектеріне тоқталған. Ә-тің «Ақындар айтысы – көпшілік алдында, тыңдаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып, орындалады. Өнмен не әр ақынның арнаулы сарынымен: қобызға, домбыраға, гармонға қосылып айтылады. Ақындардың бірі жеңіп, бірінің жеңілгеніне төрелік айтушы да сол жиынның өзі болады» деген пікірлерін айтыс поэтикасының негізі, әліппесі деу керек. Тыңдаушы орта жайындағы пікірлері де әлі күнге дейін өте маңызды. «Оның үстіне, көбінесе, тыңдаушы жұрт екі жақ болып, екі ақынның туысы, тілеулесі, жақын ортасы болады. Сондықтан тартыс, талас тек екі ақын арасында ғана емес, бәсеке тілеуестік екі жарылған жиында да болады» деген қағидалар ұсынады. «Осы айтылған ерекшеліктердің барлығы, ақындар айтысының, тыңдаушы көпшілік үшін әр кезде театрлық, драмалық аса қызу әсері бар, өнер түріне айналдырады» деп, айтыста драматизм элементтері, театрлық белгілер бар екеніне ден қояды. Ә. ақындар айтысы салт айтысының дамуы негізінде шыққанын, 16–18 ғасырлардағы ақындар айтысының бізге жетпегенін айтады. Арабтардағы «мұғаллақат», Индия, Иран елдерінде «мұшайра» жанрлары талданған Еуропа халықтарындағы импровизация белгілері бар әдеби фактілер келтірілген. Ә. ақындар айтысы (қазіргідей, бірден жазып алынбаған) дәл айтылған қалпында сақталмайды, айтушылар – ақынның өзі, одан ұғып алған басқа ақындар, шәкірттері негізін сақтай отыра жырлайды, бірақ бәрібір өзгеріске ұшырап, редакцияланады. Жену мен жеңілу мәселесіне талдау жасалып, құр шешендіктен, төкпеліктен гөрі логикалық қарым негізгі себеп екенін дәлелдеген. Айтыстың тақырыбы мен идеясына келгенде, таптың, халықтың мәселелерін қарап, ақынның идеялық көзқарастары-

нан барып туындайтын айтыскерлік бітім, шығармашылық ерекшеліктері талданады. Ә. айтысты негізінде – әдет-салт айтысы және ақындар айтысы – деп екі түрге жіктеген. Ақындар айтысын – түре айтыс және сүре айтысқа бөледі. Ғалымның айтыс түрлеріне берген анықтамалары әлі күнге айтыс түрлерін ажыратудағы негізгі пікір болып келеді. Түре айтыстың бір шумақ өлеңін екі түрге ажыратқан. Бірі – қайым өлең, екіншісі – қара өлең. Әдет-салт айтыстары «аса ескісі, жекелеген айтыс емес, топ-топ болып айтысқан, салтан туған, ескілікті наным әдеттерден туған айтыс» деп, бұл айтыстарды діни салт айтыстарына (бәдік), үйлену салт айтыстарына (жар-жар) жіктеген. «... әдет-салт айтыстарында «жеңу», «жеңілу» сияқты қорытындылар болмайды» дейді. Ақындар айтысына түсуші ақындардың өзіндік стили, ерекшеліктері болғанымен, көп ақындарға тән тақырыптар, мотивтер болатынын айта келіп, ең алдымен көп жағдайда ақындар алдымен өздерін мадақтайтынын, белгілі бір ру, тайпаның мүддесін көздейтіндігін, белгілі бір әлеуметтік топтың жоқшысы болатындығын айтады. Бір топ ақындар ауқатты үстем тап өкілдерінің мүддесін кездесе, екінші бір топ ақындардың жалпы халық мүддесіне жақын тұратынын мысалдармен дәлелдеген. Бұл еңбекте Жамбыл, Құлмамбет, Майкөт, Сүйінбай, Біржан-Сара айтыстарына баға беріліп талданған. Тараудың соңында діни айтыстардың табиғатына тоқталады. «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томының 2-кітабындағы «Айтыс» тарауында кеңес дәуіріндегі айтыстар қаралады. Бұл дәуірдегі айтыстың дәстүрлі айтыспен қарым-қатынасы, ұқсайтын, ұқсамайтын жақтары қарастырылып, осы ерекшеліктерді тудыратын себептер айтылған. Қоғамдағы ірі өзгерістерге, белгілі оқиғаларға байланысты жаңа тақырыптардың тууы, ақындардың өзіне баға берудегі өзгешеліктер, жаңа жағдай туғызған ақындық этика нормалары, шаруашылық мәселелерін тақырып ету, белгілі оқиға, тақырыпқа бейімдеп айтысу, жазып айтысу т. б. айтыс проблемаларын Ә-тің зерттеулерінен көреміз. Кеңес өкіметі кезіндегі ақындар айтысы туралы ояларын сол кездегі идеологиялық талаптарға сәйкес талдаған жерлері де бар. Иса Байзақов, Шашубай Қошқарбаев, Нұрлыбек Баймұратов, Көшен Елеуов, Нартай Бекжанов т. б. ақындардың айтыскерлік ерекшеліктеріне жан-жақты баға берілген. Ә. 1943 ж. Алматыда өткен 1-республикалық ақындар айтысына ғылыми қорытынды жасап, баға берді. 1961 ж. өткен халық ақындарының республикалық мәслихатына да басқарады. Осы күнге дейін Ә-тің айтыс жанры туралы, әсіресе айтыс поэтикасы туралы зерттеулері қазақ әдебиеттану ғылымындағы ең озық еңбектер болып саналады.

*Р. Әбдіғұлов*

**«АЙТЫС АЯҚТАЛДЫ, ЖҰМЫС ЖАЛҒАСУДА»** («Дискуссия окончена – работа продолжается»), мақала. «Литературная газетада» 1959 ж. 24 ақпанда жарияланған. Мәскеудегі Орталық әдебиетшілер үйінде өзбек әдебиетін талқылау туралы жиында Ә. бұл туысқан әдебиеттің сол кездегі жағдайы мен дамуы жөнінде келелі пікір қозғап, салықалы оялар айтқан. Орыс әдебиет сыншысы А. Караваева сынаған П. Қадыровтың «Үш тамыр» романына өзінің жылы пікірін білдірген. Сондай-ақ Ә. бүкіл өзбек әдебиетінің жай-күйіне де әділ баға беріп, оның алдағы уақытта даму процесі туралы нақты ұсыныстарын ор-



таға салған. КСРО кезінде ұлттық әдебиеттің одақтас республикалар әдебиеті мен өнерінің онкүндігін өткізіп тұру дәстүрі ұлттық әдебиетті дамытуға игі ықпалын тигізген еді. Ол ұлттық әдебиеттің жетістік-кемшіліктерін кеңінен талдауға мүмкіндік берді. Сөйтіп жазушы немесе ақын өз шығармасына назар аударылғанын бірден сезінді. Сондықтан Ө-тің бұл мақаласы бауырлас өзбек қаламгерлеріне шабыт беріп, жаңа шығармаларын терең құлшыныспен жазуға жетелегені анық.

*Б. Мамырәев.*

**«АЙТЫС ӨЛЕНДЕРІ»**, жазушының зерттеу еңбегі. 1948 ж. шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихына» (1-том, 237–267-беттер) арнап жазған. Кейін Ө-тің «Әр жылдар ойлары» атты (1959, 318–359-беттер), 12 томдық (11-том, 1969, 421–471-беттер), 20 томдық (17-том, 1985, 279–336-беттер) шығармалар жинағына енген. Ал 1960 ж. шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихына» (1-том, 1-кітап, 671–714-беттер) енген нұсқасында айтыс өлеңдерінің жиналып, зерттелуі жайлы және басқа аздаған толықтырулар қосылған. 1948 ж. нұсқадағы «Совет ақындарының айтысы» атты тарауы «Қазақ әдебиетінің тарихы» 1-том, 2-кітабына (1964, 194–240-беттер) «Айтыс» деген атаумен еніп, оны *О. Нұрмағамбетова* жалғастырып, толықтырған. Айтыс өлеңдері туралы Ө. алғаш рет 1927 ж. шыққан «Әдебиет тарихы» кітабында және 1939–1940 ж. Л. Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» («Эпос и фольклор казахского народа») атты еңбегінде қысқаша тоқталған. Ө. кейінгі зерттеуінде айтыс өлеңдерінің жиналып, зерттелу тарихына және басқа халықтардың ауыз әдебиетінде кездесетін кейбір ұқсас жанрларына қысқаша шолу жасап, қазақ айтыс өлеңдерінің өзіндік әр алуан ерекшелік, өзгешеліктерін ашып айқындайды. Айтыс өлеңдері ауыз әдебиетінің сонау ескі замандардан келе жатқан ең көне әрі кең тараған мол түрі болумен қатар, онда халық театр өнерінің де «анық, дәл ұрығы бар деуге болады» деген пікір айтады. Айтыс өлеңдерін автор әдет-салт айтысы және ақындар айтысы деп, үлкен екі түрге бөліп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, талдаулар жасайды. Әдет-салт айтысын өте ескіден келе жатқан түрлі наным, салттан туған, топ-топ болып айтысатын «бәдік айтыс» және «жар-жар» деп екі түрге бөліп қарастырады. Ақындар айтысын сыртқы көлеміне, түр ерекшелігіне қарай «түре айтыс» және «сүре айтыс» деп екі топқа бөліп, түре айтыстың өзін «қайым өлең», «қара өлең» деп екі үлгіге жіктейді. Мұнда жазушы айтыс өнерінің жүйірігі ретінде аты шыққан Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Шөже, Жамбыл, Әсет, Ырысжан, Кемпірбай, Шәді төре, Манат қыз, Түбек т. б. ақындар айтысының кейбір үлгілеріне тоқталған.

*К. Сыздықов.*

**«АКАДЕМИК-ЖАЗУШЫ МҰХТАР ӨВЕЗОВТИҢ ЖАҢАЖЫЛДЫҚ АНКЕТАСЫ»** («Новогодняя анкета писателя-академика Мухтара Ауэзова»), жазушының «Литературная газетада» 1957 ж. 5 қаңтарда басылған анкетасы. Газеттің бірінші бетінде Ө-пен қатар О. Гончар, Л. Кассиль, Ю. Нагибин, М. Рагим т. б. қаламгерлердің шағын-шағын анкетаға жауаптары басылған. Ө. өткен жылы Индия сапары туралы кітап жазғанын, 5 томдық шығармалар жинағына қатысты бірталай туындыларын қайта қарағанын, «Еңлік-Кебек» пьесасының соңғы нұсқасын жасағанын айтқан. Алдағы жылы Октябрь революциясының 40 жылды-

ғына арнап пьеса жазбақ екені және социалистік құрылысқа арналған романдар сериясының 1-кітабын жазуды бастайтыны туралы хабар берген. Абай туралы монографияны да осы жылы аяқтайтынын айтқан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«АКАДЕМИК ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТ-БАЕВТЫҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫ»** («60-летие академика Каныша Имантаевича Сатпаева»), жазушының мақаласы. Ж. Айталиев және П. Аворовпен бірге жазған. «Вестник» Академии наук Казахской ССР» журналының 1959 жылғы 4-санында орысша басылған. Мақала К. Сәтбаевтың туғанына 60 жыл толуына арналған. Онда авторлар ол кезде Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті, Қазақ КСР Ғылым академиясының Геология институтының директоры, аса көрнекті ғалымның қызметі мен лауазымдарын атаудан бастап, «аса ірі ғалым-геолог пен мемлекет қайраткері» Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың аты біздің елде ғана емес, одан әрі шет аймақтарда терең құрметке» бөленгенін мақтанышымен жазған. Одан әрі ұлы ғалымның қысқаша өмірбаяны мен ғылыми, қоғамдық, мемлекеттік, ұйымдастырушылық қызметіне сипаттама берген.

*З. Ахметов.*

**АКАДЕМИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМ**, ақын-жазушылар шығармаларының ғылыми басылымдары. Мұндай туындылар текстологиялық негізде дайындалып, әр шығарманың дұрыстығы, дәлдігі түпнұсқалар сақталған қолжазбалармен салыстырылады, бірқалыпқа түсіріледі, олардың жазылу тарихын, қоғамдық мәнін, көркемдік сипатын айқындайтын түсініктемелер жазылады. Шығармалардың негізгі мәтіндерінен басқа, мүмкіндігіне қарай, өзге де нұсқалары беріледі. Ө-тің 12 томдық (1967–69), 20 томдық (1979–86) шығармалар жинақтары, сондай-ақ 1997 жылдан алғашқы кітаптары жарық көре бастаған шығармаларының 50 томдық толық жинағы А. б-ға жатады.

*Н. Ерсарыұлы.*

**АКЕРМАН** Борис Александрович (1892–1974), өнер зерттеуші. Семейдегі Абай мұражайының ғылыми хатшысы қызметін атқарған. Мұражай үйі тарихына қатысты фотосуреттердің, деректі жазбалардың тарихын зерттеген. Сапарғали Молдабаев, Төлеу Көбдіков, Т. В. Ксенофонтова, Шәбеп Ақылбаев, Рақым Жандыбаев, Кәмәлия Оспановалармен кездесіп, Абай және оның ұрпақтары туралы құнды деректер, архивтерден Құнанбаевтардың қолтаңбаларын тапқан. Ө. өнер зерттеушімен талай рет кездесіп, әңгімелескен, жинаған мәліметтерімен танысқан.

*М. Бейсенбаев.*

**АКОВИРОВ** Юсуф (1937 ж. т.), тәжік жазушысы. Тәжікстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980), республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1987). «Рудаки» драмасы (1958), «Диірмен тоқтағанда» (1964), «Мұнира» (1965), «Есею» (1968) повестері, «Атамекен» (1974), «Үмітке толы» (1985) романдары, «Садриддин Айни» кітабы (1968), көптеген әңгімелері мен очерктері, көркем сценарийлері жарияланды. Ө-тің шығармаларын тәжік халқына насихаттауда көп еңбек сіңірді. Қазақ қаламгерінің «Қаралы сұлу» әңгімесін (1967), «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін (1977) тәжік тіліне аудар-

ды. «Қазақ жерінде өткен он күн» жолжазбасында ұлы Мұхтардың елінде болғанын мақтанш сезіммен баяндайды.

Л. Шаджүлова.

**АКОПЯН** Акоп (1866–1937), армян ақыны, Армения мен Грузияның халық ақыны (1923). «Кочегар» (1904), «Тағы да сок» (1905), «Революция» (1905), «Өлдік, бірақ өшпедік» (1906), «Таң атарда» (1910), «Қала» (1911), «Күзет» (1913) өлеңдерінде, «Жаңа таң» (1909), «Қызыл толқындар» (1911), «Теңдік» (1917), «Құдайлар сөйлей жөнелді» (1922), «Шир Кең-Канал» (1924), «Волхов құрылысы» (1925) поэмаларында революциялық романтизм, азаттық, теңдік идеяларын көтереді. Ө. оны «прлетарлық поэзияның іргесін қалаушы, әнбекші бұқараның қайраткері, қорғаны және жаршысы болған, алпауыттар әлемінің зулымдығын әшкерелеген ақын» деп дәріптеген («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»).

**«АҚАН-ЗАЙРА»**, жазушының пьесасы. 1936 ж. С. Мұқановпен бірігіп жазған. Үзінділері 1936 ж. 17 мамырда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енді (11-кітап, 1982, 5–42-беттер). Жазушының мұрағатында пьесаның араб әрпінде жазылған қолжазбасы мен латын әрпінде машинаға басылған нұсқасы сақталған. Шығарманың жанры жөнінде авторлар: «Ақындар, әншілер өмірінен алып жазылған 6 суретті күйлі пьеса» деген. Сондай-ақ олар пьеса сюжеті бойынша опера жазуды да жоспарлаған. Туындының мазмұнын ашу үшін дәлдік пен аллегорияның, шындық пен шарттылықтың, айқындық пен жасырын ойдың еркін байланысын көрсететін аса күрделі полифониялық форма алынған. Ө. «Қазақтың халық музыкасы мен музыка театры» атты мақаласында: «Музыка театры осындайлық барлық талап табыстары арқылы енді өз сахнасында нағыз толық үнді операны қоюға жақындап келіп отыр. Ол опера, музыка театрына арнап белгілі композитор Асафьев жазып жатқан жаңа қазақ операсы «Ақан-Зайра» болмақшы» деп жазды. Ал 1936 ж. С. Мұқанов бұл операның «Дала дастаны» деп аталғанын айта келе: «Бірінші либреттоны М. Әуезов қара сөзбен жазды, мен оны өлең тіліне аудардым, содан кейін Әуезов бұл өлеңді орыс тіліне аударды, ал Вс. Рождественский поэтикалық аудармасын жасады». Мұқановтың көзқарасы бойынша, неізгі кейіпкерлер – Ақан, Біржан, Ыбырай, Шолақ сынды әнші-ақындар музыкалық көркемдеуге қолайлы материал екендігін айтқан. Бірақ опера аяқталмай, музыкасы бітпей қалған.

А. Омарова.

**АҚАН СЕРІ**, Ақжігіт Қорамсаұлы (1843–1913), әнші, композитор, ақын. Өзінің бақытын өнерден тапқан болашақ дарын иесі ат жалын тартып мінгеннен бастап серілік жолына түседі. Жанына өнерлі жігіттерді ертіп, ел аралап салдық құрады. Ит жүгіртіп, құс салады, жүйрік ат мініп, сауықсайранның ну ортасында болады. Осылардың бәрі халық композиторының әндеріне арқау болғаны анық. Олар – «Ақтоқты», «Ғашық жарға», «Жамал қызға», «Үш тоты құс», «Сырымбет», «Балқадияш», «Құлагер», «Маңғандар», «Көк жендет» т. б. Ө. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеу еңбегінде А. с-нің ақындық өнерін жоғары ба-

ғалап, оның жел жетпес жүйрігіне арнаған «Құлагер», қыран бүркітіне арнаған «Көк жендет» әндерін жоқтау өлеңіне жатқызған (219-бет).

З. Қоспақов.

**АҚШЕВА** Сәлима Сәлімқызы (1952 ж. т.), әдебиеттанушы, библиограф. Филология ғылымының кандидаты. «Қазақстандағы орыс әдебиеті (1917–1980)» библиографиялық көрсеткішін әзірлеуге қатысып, Ө-тің қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген кітаптары мен мақалаларына талдау жасады, бір жүйеге түсірді. «Әуезов және Гоголь: қазақ прозасындағы «кішкене адамдар» мәселесі» («Мысль», 1997, №9), «М. Әуезовтің алғашқы әңгімелеріндегі Гоголь дәстүрі» («Мұхтар мұрасы», жинақ, А., 1997, 198–209-беттер), «М. Әуезовтің шығармашылығындағы орыс әдебиетінің орны» («Ұлы суреткер ұлағаты», жинақ, А., 1997) атты мақалаларында ұлы жазушының көркемдік шеберлігін тілге тиек еткен.

С. Сәкенов.

**«АҚ АЮ» ТУРАЛЫ**, жазушының мақаласы. «Социалды Қазақстан» газетінің 1935 жылғы 11 маусымдағы 133-санында жарияланған. Кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 17-томына енген (1985, 28–31-беттер). Мақала – С. Мұқановтың осы аттас поэмасына жазылған сын. Қазақстан Жазушылар одағы мен «Социалды Қазақстан» газеті редакциясы «Челюскин» жорығы тақырыбына жазылған шығармаларға әдеби конкурс жарияланған. Оған түскен 26 поэманың ішінен С. Мұқановтың «Ақ аю» поэмасына екінші бәйге берілген. 1-бәйге ешкімге берілмеген, 3-бәйге Ф. Орманұлының «Алынған камал» мен А. Тоқмағамбетұлының «Уборщица» поэмаларына беріліпті. «Ақ аю» поэмасын бәйгеге ұсынушылардың бірі Ө. болған екен. Мақалада автор алдымен әдебиет сынының жаңа туған шығармаға «алғашқы бусанып тұрған жалынды ыстық шағы» өтпей, дер кезінде ұн қатып, жетістік, кемістігін де айқын көрсетіп, ұшқырлық танытарлық ерекшелігін, міндет-парызын ескерте кетеді. Поэманың осы тақырыпқа жазылған көп туындыларының ішінде жалпы құрылысы мен қолданған әдісі жағынан өркені асып тұрғанына сүйсініс білдіріп, «бір-екі ерекше жайды ескертіп» өтеді. Ол жорық оқиғаларын тізіп, «протокол түрінде төкпектеп шаппай», көп материалдың «астында бөксებაсты боп» қалмай, поэзия заңымен топтап, шоғырлап, әрі жинақы, әрі соқталы күйде көрсету арқылы «үлкен бір суретті – пәлсәпәлі мағыналар» тудыра білген. Поэманың тілі мен стилі оның аса бағалы идеялы ішкі мазмұнына сайма-сай шыққан. «Өлеңнің сыртқы кескіні үнді, мүсінді, сергек, санлақты келген» деп, жетістік жәйттерін айқындап, жоғары бағалайды. Шығарманың «бірден-бір елеулі кемшілігі» ретінде аяқ жағының жете тиянақталмай, босаңсып кетуі салдарынан, «көркем суретті жерінің өсерін бәсеңдетіп» алғандығы деп санайды.

К. Сыздықов.

**«АҚ ЖОЛ»**, газет. 1920–1925 ж. Ташкент қаласында шыққан. Түркістан Компартиясы мен Орталық атқару комитетінің органы. 1925–1926 ж. Сырдария губкомының органы ретінде Шымкент қаласында аптасына 2 рет шығып тұрды. Газет кеңестік басылымдардың арасындағы барынша еркін пікірлі, әсіресолшыл даурықпадан аулақ, өмір шындығын нақты баға бере отырып жазатын бірден-бір мерзімді басылым болды. 1922–1923 ж. Ө. Ташкент қаласында тұрған кезде «А. ж.» газетін шыға-



Ж. Ақбаев.

руға қатысты. «Шолпан» журналының басқарма мүшесі міндетін атқара жүріп, газет жұмысына да араласты. Ө-тің тікелей ықпалымен 1922 ж. Абайдың Ташкентте шыққан кітабы туралы профессор F Сағдидің «Абай» атты мақалалар топтамасы басылды. Сол жылы газетте Ө-тің «Ақаңның елу жылдық тойы (юбилейі)» атты көлемді мақаласы жарық көрді.

Т. Жұртбай.

**«АҚ ҚАЙЫҢ»,** жазушының пьесасы. Ө. Тәжібаевпен бірігіп жазған. Ө-тің мұрағатында сақталған, латын әрпімен машинаға басылған нұсқасының бөтешар 1-парағында: «Бәйге алған пьеса», «Реперткомнан ұлықсат берілген, №166/39, 25 сентябрь, 1939 жыл» деген жазулар бар. Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 10-кітабында жарияланған (1982, 255–306-беттер). 30-жылдары Ө. фольклорлық сюжет, тарихи тақырыпты игерумен қатар, жаңа заман тақырыбын драматургияда бейнелеуге күш салды. Сөйтіп кеңес өмірінің шындығы туралы осы пьесаны жазды. Бірақ бұл кездегі шығармаларда авторлық идеялар мен ойлардың жеткілікті ашылмауы себепті төрт аяғын тең басқан туынды шықпады. «А. қ.» пьесасында Октябрь революциясы женгеннен кейін, Қазақстанда азаттық, еркіндік үшін жүргізілген күрес кезеңін көрсетпек болған. Алайда авторлар таңдап алған тақырыбын толық шеше алмаған. «Бұрынғы шығармаларындағы тарихи шындықты көркемдік шындықпен ұластыратын тәсілден тайқып, тақырып еркіндігінен айрылған жазушы бос насихат, жалған тартысқа құрылған өзін кеңестік жазушы ретінде танытуға ұмтылған», «бұрынғы дүниелерімен салыстыруға келмейтін, идеологиялық қысымнан құтылу үшін жазылған орта қол шығармалар еді» (Б. Құнанбаев). Мұхтар Әуезов және театр, А., 1997, 243-бет). Осындай шығармалардың қатарына «А. қ.» пьесасы да жатады.

Н. Ақбай.

**АҚБАЕВ** Жақып (1876–1934), Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы, қоғам қайраткері, қазақ халқынан шыққан тұңғыш құқық магистрі. С.-Петербург ун-тінің заң ф-тін алтын медальмен бітірген (1903). 1903–05 ж. Омбы сот мекемелерінде қызмет еткен. 1905–07 жылдардағы бірінші ресейлік революция А-тың саяси қозғалысының шыңдалуына үлкен әсер етті. Бұл жылдары А. Омбы, Петропавл, Семей, Павлодар, Баянауыл, Қарқаралы қалаларында шерулерге қатысып, митингдер мен жиналыстарда сөз сөйледі. «Степной край» (Омбы) газетінде отарлау аппаратының озбырлығы мен жүгенсіздік әрекеттерін, самодержавиенің халыққа жат саясатын әшкерелеген мақалалар жазып, еңбекшілерді патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен езгісіне қарсы күреске шақырды. 1906–18 ж. (ішінара үзілістермен) Семей округтік сотында қызмет істеді. 1906 ж. императорға тіл тигізгені, патша үкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізген мемлекеттік қылмысы үшін тұтқындалып, 1908 ж. Омбы арқылы Якутияға, ал 1910 ж. патша үкіметіне қарсы күресін тоқтатпағаны үшін Тобыл қ-на жер аударылды. 1917 жылғы Ақпан бурж.-демокр. революциясын Якутияда айдауда жүріп қарсы алды. 1917 ж. наурызда саяси қызметі үшін қуғындалып, тұтқынға алынды.

1917 ж. Алашорда үкіметінің мүшесі болып сайланды. 1917 ж. шілдеде Колчактың әскери-далалық соты А-тың әскери-казак диктатурасын құлатып, Кеңес өкіметін қалпына келтіру үшін халықты көтеріліске шақырды деген айыппен өлім жазасына кесті. Кеңес өкіметінің қалпына келтірілуімен азаттық алған А. 1919–27 ж. Семей губервкомының құрамында заң бөлімін басқарып, Семей обл. сот мекемелерін ұйымдастыру ісіне белсене қатысты. 1927–28 ж. Сырдария округтік адвокаттар алқасының мүшесі болды. 1929 ж. жалған айыптармен репрессияға ұшырап, Мәскеуге жер аударылды. 1934 ж. сырқатының мендеуіне байланысты түрмеден босатылып, Алматыға келген соң көп ұзамай қайтыс болды. А-тың өмірі мен қызметі, саяси серіктері А. Байтұрысов және Ж. Досмұхамедов т.б. Алаш ардагерлерімен үндес келеді. А. қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, соның ішінде отбасы-неке құқығын зерттеп, баспасөз бетінде публицистикалық материалдар жариялады. Қазақтың әдет-ғұрып, неке-отбасы мәселелері туралы көптеген еңбектер жазды. Абай аулымен қонысы қонып, жастайынан ұлы ақынның өлеңдерін жаттап өсті. 1909 ж. Абай жырларының Петербургте кітап болып шығуына қолғабыс жасады. «Қазақстандағы семья-неке қатынастары» (1907), «Қазақтың шығу тегі туралы» (1927) т. б. ғылыми зерттеулері Абайдың қарасөздері мен «Бірін сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» шығармаларымен үндеседі. Алашорда қозғалысына белсене қатынасып, Семейде қызметте жүрген кезде Ө-пен таныс-біліс, пікірлес, аралас-құралас болған.

М. Құл-Мұхаммед.

**АҚБАЕВА** Лейла Наурызбайқызы (1966 ж. т.), ғалым, философ, педагог. Философия ғылымының кандидаты (1994), доцент. Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты (1994). «Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларындағы адамтану мәселелері» атты монографиясында (1993) жеке адамның қоғамдағы еркіндігі, шығармашылық еркіндік жөнінде Ө. айтқан пікірлерді дәйектеме ретінде пайдаланып, өз тұжырымдарымен байланыстырған. «М. Әуезов туындыларындағы фольклор эстетикасы» деген мақаласында ұлы жазушының халық ауыз әдебиетіне қатысты көзқарастары мен ой-пікірлерін талдап қарастырған («Қазақ тілі мен әдебиеті», 2003, №10, 51–56-беттер).

**АҚБЕРДИН** Құлатай (1905–1964), Абайдың немере інісі, педагог, кеңес қызметкері. Семей мұғалімдер гимназиясында оқыған. Жастайынан Абай аулында өскен. Ө-пен балалық шағынан бастап таныс болған. Алғашқы «Еңлік-Кебек» пьесасының киіз үйде сахнаға қойылғанын көрген куәлардың бірі, кейіннен ол жазушының «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз» пьесаларын Семейдегі көркемөнерпаздар үйірмесінде сахнаға шығаруға ат салысты. Ө. туралы «Найзағай астында», «Жас Әуезовтің өмірінен көріністер» («Простор», 1963, №6), «Мұхтар Әуезовтің жастық шағы» («Простор», 1966, №2) атты естеліктер жазды. Ол «М. Ауэзов в воспоминаниях современников» (1972, 1997), «Біздің Мұхтар» (1975), «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» (1997) атты жинақтарда казак, орыс тілдерінде жарияланды. «Абайдың рухани мұрагерлерінің ішінде асқан талант иесі, қымбатты да ұмытылмас

Мұхтардың орны бөлекше» деп тебірене жазған («Біздің Мұхтар», А., 1976, 358–360-беттер).

*Т. Құдакелдіұлы.*

**«АҚИҚАТ»**, ұлттық қоғамдық-саяси журнал. 1921 ж. 15 қыркүйекте «Қызыл Қазақстан» деген атаумен Орынборда 1-нөмірі шықты. 1925 ж. шілдеден бастап 1929 жылдың соңына дейін екі тілде «Қызыл Қазақстан» – «Красный Казахстан», 1930–31 ж. Алматыда «Қазақстан большевигі» – «Большевик Казахстана», 1932–38 ж. «Ауыл коммунисті», 1938–41 ж. «Коммунист», 1952–57 ж. «Қазақстан коммунисті» – «Коммунист Казахстана», 1958–91 ж. «Қазақстан коммунисті» деген атаулармен жарық көрді. 1991 жылдан «А.» деп аталды. Басылым беттерінде қоғам дамуының теориялық үрдістерімен қатар, жалпы адамзаттық құндылықтар, әдебиеттану мәселелері, соның ішінде Ө-тің өмірі мен шығармашылығы туралы материалдар да жарияланды. Мысалы, Ө-тің «Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері жайында» мақаласы («Коммунист», 1951, № 3) басылса, З. Ахметов пен Ы. Дүйсенбаевтың «Мұхтар Әуезовтің Абай туралы романдары» («Қазақстан коммунисті», 1956, №11), М. Фетисовтың «Қазақ әдебиетінің көрнекті шығармасы» («Қазақстан большевигі» – «Большевик Казахстана», 1946, №7) т. б. сыни-зерттеулері ұлы жазушының қаламгерлік шеберлігіне арналды. Ал Ө-тің 100 жылдық мерейтойына әзірлік барысында арнайы жоспар жасалып, суреткердің өмірі мен шығармашылығы жөнінде жұртшылыққа беймәлім материалдар басылым көрді. Атап айтсақ: Ө. Өбішевтің «Бетпе-бет» (1996, № 10), Б. Ерзаковичтің «Мұхтардың Абай әндерін ноталау тәсірі» (1996, № 11), Б. Құлжановтың «Естеліктер ешқашан ескірмейді» (1977, № 1), М. Әрхамқызының «Ұлы адамның ұлылығы» (1997, № 2), А. Асубаевтың «Қасиет қоршауындағы қаралы сұл» (1997, №3), Н. Нұрғашқызының «Мұхаңның Абай тойындағы күндері» (1977, №3), Т. Өлімқұловтың «Өмірді сүйген суреткер» (1997, №4), Ө. Молдахановтың «Із салу» (1997, №5), Н. Мұхамедханұлының «Мұхаң «Манасты» қалай қорғап қалды?» (1997, №8) деген еңбектер жарияланды. 1951 ж. 14 маусымда Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты мен Жазушылар одағы бірігіп өткізген абайтану мәселесіне арналған мәжілісте Ө. жасаған баяндаманың стенограммасы журналда жарық көрді. Журналдың 1997 жылғы 9-нөмірі түгелдей Ө-ке арналды.

*Ж. Кенжалин.*

**«АҚҚАСҚА»**, Ө-тің аударма әңгімесі. А. Чеховтың 1955–57 ж. қазақ тілінде жарық көрген 3 томдық таңдамалы шығармалар жинағының 2-томында, 1979 ж. шыққан 2 томдық таңдамалысының 2-томында жарияланған. Сонан соң Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 14-томына енгізілген (1983, 156–191-беттер). Шығармада үш бөлірігіне жемтік іздеген қаншық қасқырдың – жол бойындағы жалғыз ұй қыстауда тұратын күзетші шалдың қорасына түсіп, қараңғы қарбаласта сасқалақтағаннан қозы орнына күшік алып қашқан хикаясы әңгімеленеді. Өзі ашы өрі дімкәс, кәрі қаншықтың қатерлі жорықтан жолы болмай, ыза-лы қайтқан күйі мен дала тағысының тіршілігінен мүлде бейхабар асыранды ұй күшігінің аңқаулығы арасындағы психологиялық кереғарлық тартымды суреттелген. Әңгіме аш қасқыр,

аңғал күшік және парықсыз шал арасындағы осындай түйсік алағын суреттейтін жеңіл мысқылға құрылған. Жалпы аудармашы автордың түпнұсқадағы идеясын, шығарманың мазмұнын бұзбай, көркем тәржімалаған. Басылымдардағы аударма мәтінінде өзгеріс жоқ. Жалғыз-ақ 1958 ж. шыққан томдағы: «Аңға бару үшін аш қасқыр орнынан тұрды» деген алғашқы сөйлем кейінгі екі басылымда: «Аш қасқыр аңға бару үшін орнынан тұрды» деп өзгертілген, сөздердің орны ауыстырылған.

*Ж. Ысмағұлов.*

**АҚМАҒАМБЕТОВ** Ақкенже (1896–1932), Алаш қозғалысын қолдаушы. 1918 ж. Семейде құрылған Алаш әскеріне келіп, қаражатпен жәрдем берген. Қызылдарға қарсы соғысқа шығып, қол бастаған. Турағұл Абайұлымен достық қарым-қатынаста болған. Мұқтаж шәкірттерге, аштыққа ұшыраған Жетісу, Сырдария қазақтарына мол жылу берген. 1928 ж. тәркіленіп, 200-ге жуық малы тартып алынған, отбасымен бірге (6 адам) Сырдария округіне жер аударылған. А. Шыңғыстағы «Талап» игілік ұйымына қолғабыс жасап, ақшалай жәрдем көрсеткен. Ұйым мүшелерінің көмегімен, Ө-тің режиссерлігімен қойылған «Еңлік – Кебек» спектаклінде Кебектің рөлін ойнаған.

*Б. Байғалиев.*

**АҚМАТАЛИЕВ** Абдылдажан Амантұрұлы (1956 ж. т.), қырғыз әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымының докторы (1991), профессор (1991), Калифорния Халықаралық ғылым, білім және индустрия академиясының академигі (1996), Халықаралық қоғамдық Айтматов академиясының президенті (1996). 1980 жылдан Ө. шығармашылығының әдеби байланыстарын зерттеп бастады. «Ш. Айтматов және қырғыз-қазақ әдеби байланыстары» атты монографиясында (1981) ұлы жазушының Ш. Айтматов және басқа қырғыз жазушыларының шығармашылығына тигізген ықпалын қарастырды. Әдеби байланыстардың өзара әсерінің әр түрлі формаларына талдау жасап, қырғыз және қазақ көркемсөз шеберлерінің тағдырындағы өзара шығармашылық қарым-қатынастардың мән-маңызына тоқталды. Қырғыз жазушыларының шығармашылығы туралы айта келіп, Ө-тің «Қорғансыздың күні» әңгімесімен К. Баялиновтың «Ад-жар» атты әңгімесінің рухани байланысын атап өтті. Т. Сыдықбековтың «Тау арасында» романында Ө. шығармашылығының эпикалық дәстүрі сезілетіндігіне назар аударды. Ал Ө-тің «Қилы заман» повесінің тақырыбы А. Тоқомбаевтың «Таң алдында» атты повесть жазуына ықпал етті. «Манас» эпосының толық халықтық нұсқасын жасау жолындағы рөлін ерекше атап өтті. Әуезов шығармашылығына деген ықыласқа тұрақты зейін аударып, А. «Түркі тілдес елдер әдебиетіндегі Әуезовтің рөлі» деген зерттеу еңбек жазды («Заман», 1997), сөйтіп ұлы жазушының шығармашылығын «әлемнің жалпы тізбегіндегі маңызды бөлік ретінде» қарастырды («М. Әуезов және қырғыз әдебиеті», 1989).

*Б. Мамырбаев.*

**АҚМОЛЛА** (шын аты: М у ф т а х е д д и н) Мұхамедияров; (1831–1895), қазақ, башқұрт, татар әдебиетіне ортақ ақын, ағартушы. Өлеңдері сыни-философиялық, ағартушылық көзқараста жазылды. Башқұрт ақыны С. Құдаш: «Үш ақынның алған бағыттарына үніле қарасақ, Абай мен Ыбырай, Ақ-молла творчестволары өзара үндесіп жатқанын

байқаймыз» деп А-ның өлеңдерін («Жастық ізімен», М., 1967) жоғары бағалады. 1911–16 ж. Троицкі қаласында «Ақмолла» атты әдеби журнал шығып тұрды. С. Сейфуллин А-ның өлеңдер жинағын құрастырып, алғы сөз жазып, 1935 ж. Алматы қаласында қазақ тілінде бастырып шығарды. Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімінің меңгерушісі, абайтанушы ретінде Ә. А-ның шығармаларын жинауға, зерттеуге үлкен көңіл бөлді. Д. Қашқынбаев, Т. Ізтілеуов, О. Шипин тапсырған А. өлеңдерінің қолжазбалары институттың қорында сақтаулы. «Зар заман» ақындары» мен «Абайдың ақындық мектебі», «Кітаби ақындар» туралы 1949–53 ж. саяси-идеологиялық қысым тұсында А-ның мұралары да қатты сынаға алынды. Алайда Ә. өзінің ғылымдағы шәкірттеріне жазған хаттарында бұл ақынға ерекше көңіл бөліп, зерттеуге кеңес берді. «Ақмолла» журналының атына еліктеп, Ж. Аймауытов екеуі 1918 ж. «Абай» ғылыми-көпшілік журналын шығарды.

**АҚНАЗАР** (Х а қ н а з а р ; т. ж. б. 1580), хан (1538–1580), Қазым ханның баласы. Қазақ хандығының ішінде тақта ең ұзақ отырып, 42 жыл ел билеуінен-ақ А-дың халыққа жайлы болғандығы аңғарылады. Ол қазақ жұртының бірегей ұлт ретінде қалыптасып, ішкі-сыртқы саяси жағдай мен шекараның тұрақтануына үлкен еңбек сіңірді. Қазақ пен ноғайлының, маңғыт пен ноғайлының арасындағы алауыздықты басып, «түгел сөздің түбін» бір түбірден шығарды. «Ұлы түркі бірлігі» (М. Әуезов) саясатын ұстанды. Соның нәтижесінде Моғолстан ханының жаугершілік жорығына тойтарыс беріп, Жетісуды, Ташкентті бұрынғыша қазақ хандығының құрамына қосып алды. Көрші хандармен одақтаса отырып, мемлекетті нығайтты әрі олардың бірлігін күшейтті. Тарихи жырлар мен аңыздарда А-дың тұсында «қой үстіне бозторғай жұмыртқалады» деп баяндалады. Ә. «Әдебиет тарихы» монографиясында сол дәуірдегі туған батырлық дастандар мен тарихи жырларды саралай келіп, оны қазақ әдебиетіндегі «хандық-аламандық кезі» деп атап, тарихшылардың кейбірі көрсетіп отырған дәуірлерге қарасақ, қазақтың ескі рулары Шыңғысханнан бергі түрік, монғол тарихының барлық дәуіріне түгел кіріп, толық араласып отырғанын, кейінгі Жәнібек, Керей, Қасым, Ақназар хандардың тұсында қазақ бірігіп жасаған рулар ескі уақытта, әлгідей, Қазан хандығы, ноғайлы, өзбек бірлігінің бөріне де кірісіп, бірталай өмір жасасып шыққанын, бұл кітаптың ішінде тексерілетін батырлар әңгімелерінің барлығы жаңағы айтылған пікірге ел әдебиетінің берген дәлелі, белгісі сияқты болатынын айтқан.

*Т. Жұртбай.*

**АҚ ОРДА**, феодалдық мемлекет. Қазіргі Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанды мекендеген көшпелі тайпалардың 13–15 ғасырлардағы жалпы атауы. Негізін салған – Шыңғысханның немересі Орда-Ежен. Әуелгі кезде Алтын Орданың құрамында болды да, Жошы өлгеннен кейін, оның балалары мемлекетті бөліске салды. Ә. «Әдебиет тарихы» атты монографиясында (1927) Ақ Орда тұсындағы тарихи оқиғаларды талдай келе, көп дәуір – «ісі түркі жұртының бірлігі мен елдігін ойлаған ұлы батырларды туғызды» деген пікір түйеді. Ондай шығармалардың қатарына «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Шора батыр» жырларын жатқызады. Жазушы бұл тұжырымын: «Батырлар әңгімесінің басы ескі түркі бірлігінің заманындағы әң-

гімелерден шығады. Қазақ елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп саналуға керек. Бұрынғы түрік, монғол дәуірі жүрген заманда «Алтын Орда, Ақ Орда күндері» айтылатын жерлер бар. Ноғайлы, қырым, қыпшақ, қырғыздардың бір жалаудың астында бір ел болып жүрген кездерін айтады. Бұл түрік жұрттарының жік-жікке бөлінбей тұрған күндері бірін-бірі жат демей, бауыр көріп жүрген кездері. Қазақтағы батырлар әңгімесінің осы кездерде шыққаны бір жік болып, кейінгі замандағы шыққандары екінші бір жік болады. Алғашқы жіктегі – ұлы батырлар» деп одан әрі дамытады. Осы еңбекте түркі тілдес халықтардың бірлігін ансаған тарихи жырларды ерекше бөліп қарағаны үшін оған 1927–32 және 1945–51 ж. «ұлтшыл – ұлы түрікшіл», «Алтын Орда» мен «Ақ Орда» дәуірінің тұсындағы хандықты көксіеп отыр» деген айып тағылды.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**АҚ ӨЛЕҢ**, буын саны әр түрлі болып келген, ырғағы бар, ұйқассыз өлең. Ежелгі қазақ поэзиясында ұйқассыз өлең аз болғандықтан, ол шын мәнінде өлең деп танылмаған. Бірақ шешендік сөздердің кейбір үлгілері А. ө. түрінде айтылған. Жазба әдебиетте ол драма жанрында дамыды. Өйткені кейіпкердің аузына орамды сөз, дауыс екпініне жігерлері ырғақ, бай интонация беруге қолайлы. Қазақ драматургиясына А. ө-ді Ә. енгізіп, тұрақтандырды. Мысалы, «Бекет», «Бес дос», «Айман – Шолпан» драмаларында А. ө. молынан кездеседі. Ал «Қара қыпшақ Қобыланды» драмасы бастан-аяқ А. ө. түрімен жазылған:

Асау жолын адастырған шақ екен,  
Жылғағанды іздесем,  
Жетіскенге тап екем...  
Аямасқа ауырған  
Ақ семсерді адасып,  
Айға білеп жүр екем.  
Айып етпе ай сұлу,  
Мен келместей жол екен...

(20 томдық шығармалар жинағы, 11-том, 151-бет).  
**АЛЛИТЕРАЦИЯ**, бір ойды, мағынаны, сөзді баса айтып, қуатты әрі күшті жеткізу үшін белгілі бір дауыссыз дыбысты қайталау. «Абай» операсында Әзім қымызға у қосып, Айдарға бермек болып жатып былай дейді:

Кеттің бе аялдамай асқақ жолға,  
Кеттің бе мені санап әлсіз қорға.  
Кеттің бе Абайды ертіп, ата жау бол,  
Кеттім де алендеше қалып сорға!  
Кеткен сен, жеткенің жөн ажалына,  
Кеткен сен, қос енгізбен адаулыма,  
Кеткенге кесер қылып тосқауыл сен,  
Кескен сен, сендім бүгін амалыңа!

(20 томдық шығармалар жинағы, 10-том, 414-бет).  
Мұнда «к» әрпінен басталатын «Кеттің бе» деген сөзді қайталау арқылы ажалдың жақын екенін сездіреді.  
**АССОНАНС**, өлеңде немесе прозада бір тектес дауысты дыбысты қайталау. Бұл әдеби тілдің өркен-кестесіне әдемі ажар, айшық қосады. Сөздің айтылу әуезін, мәнін арттырып, бояу мен әсерлілігін күшейтеді. Мысалы, жазушының «Абай» операсында шырқалатын Айдар мен Ажардың дуэтіінде «Жан жарым» сөздеріне байланысты «ж» дыбысы бірнеше рет қайталананды:

Ей, жарым, жаным бірге жаныңменен,  
Ей, жарым, құшағыңа – аләңгіменен!  
Ей, жарым, ұзақ дәурен сөнбес шырақ,  
Ей, жарым, тілек етем барыңменен!  
Жан жарым, кетсін күндер қаралы өткен,  
Жан жарым, жас жанымың жаралы өткен.  
Арманды асыларай айырма деп,  
Жан жарым, құшам сені зар тілекең!

(20 томдық шығармалар жинағы, 10-том, 414-бет).

**АҚСУ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ**, әуесқой өнерпаздардың драмалық ұжымы. Бұрынғы Талдықорған (қазіргі Алматы) облысының Ақсу ауданындағы Мәдениет үйі жанынан 1958 ж. құрылған, 1959 ж. халық театры атағы берілді. Құрамы қарапайым еңбек адамдарынан құралған. Алғашқыда Н. Әміргалиев, А. Дәрубаев көркемдік жағын басқарды. Ұжым 1962, 1978 ж. республикалық халық театрлары байқауының лауреаты атанды. Театр Ә-тің «Қарагөз» трагедиясын сахнаға шығарды.

**«АҚСҮЙЕКТЕР»**, жазушының аударма пьесасы. Автор – Н. Погодин. Мұнда кеңес өкіметінің алғашқы кезеңінде жаңа құрылыстың аяқ алысына ілесе алмай қалған ұры-қары, қаныпезер қарақшы, тағы сондай қылмысты топтар мен жаңа тәртіп жағдайында арамтамақ қанаушы тап өкілдері деп жарияланған адамдардың еңбекпен түзеу орында-рындағы өмірі суреттеледі. Ә-тің аудармасы бойынша алғашқы спектакль 1936 ж. Алматыдағы Қазақ драма театрының сахнасында қойылды. Содан былай қарай 30-жылдардың аяғына дейін театрдың маусымдық репертуарына енгізіліп тұрды. 1937 ж. аударма пьесалардың бастпадан шығаруға жоспарланған 2 жинағының 1-кітабына, Ә-тің 20 томдық шығармалар жинағының 14-кітабына енгізілген. Сол кезеңде жанадан қалыптасқан ұлттық сахна өнерін дамытуда, артистердің шеберлігін жетілдіруде едәуір рөл атқарған аударма пьесалардың қатарында саналады. Осы орайда Ә. «Литературный Казахстан» журналының 1937 жылғы 4-санында: «...«Ақсүйектер» мен «Ревизорды» аударып, театр ұжымымен бірлесіп отырып, көп қызмет көрсетті. Сонымен қатар аудармаларда әрбір автордың стилін, әр заманның ұлттық, әлеуметтік ерекшеліктерін бере алдық деп ойлаймыз» деп жазды. Шынында Ә. драманың негізгі идеясын, мазмұнын толық сақтап, шебер аударған. Қазақ КСР Ағарту халық комиссариатының 1939 ж. 15 ақпандағы №103 бұйрығында: «Ақсүйектердің» драма театрындағы қойылымы театр ұжымының шығармашылық жағынан іріленіп өскендігін, жалпы мәдениетінің артқандығын көрсетті» деп атап айтылып, сол үшін бүкіл ұжымға алғыс жарияланған («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 186-бет).

Ж. Ысмағұлов.

**АҚТАЙЛАҚ БИ** Байқараұлы (18 ғ-дың ортасы, – 19 ғ-дың I жартысы), би, шешен, жырау. Орта жүзге билік айтқан, қоғам және мемлекет қайраткері. 1773 ж. Болат ханның атынан Қытай императорына елші болып барған. Ә. оның ақындық, шешендік талантына, билер айтысындағы әділ төрелігіне жоғары баға берген; көркем шығармалары мен зерттеулерінде А. б-дің, оның ақын ұрпақтары, баласы Сабырбай, немересі Қуандық туралы жылы лебіз білдірген. Алғаш рет А. б. туралы Абайдың шәкірті, ақын Көкбай Жаңатайұлының аузынан жазып алып, «Тан» журналының 1925 жылғы 2-са-

нында «Сыбан Ақтайлақ би. Көкбай ақсақал айтуынша» деп жариялайды. М. Әуезов А. б-дің бұл билігін «Әдебиет тарихы» атты кітабында билер айтысының тамаша үлгісі ретінде мысалға келтірген. Ұлы жазушы «Қазақтың ауыз әдебиеті» деген зерттеуінде (1957): «...Ел аузындағы аңыздар мен ауыз әдебиетінде сұлтан Солтабайдың пара алатынына қарсы найман руынан шыққан Ақтайлақ бидің әділ сөздерін халық мықтап, көтеріп айтады» деп, ерекше атап өтеді. Ал «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай үлгі тұтқан ақын-дардың ұстазы ретінде бейнелеген.

С. Қарабай.

**АҚТАМБЕРДІ** Сарыұлы (1675–1768), жырау, жоңғар қалмақтарымен болған соғыстың атақты батыры. 17 жасынан бастап Отан қорғау соғыстарына қатысып, ерен ерлігімен көзге түскен. Қолбасшылық қасиетімен, өткір, шешен сөздерімен жауынгерлерді ерлікке бастау қабілетімен ерекшеленген. Ел басқару, қазақтың тайпа, руларын қалмақтан босатылған жерлерге орналастыру жұмыстарына көп еңбек сіңірген. Жауынгерлік поэзияның үздік үлгілері – «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Отбасар орны отаудай» толғаулары т. б. өлеңдері қазақ поэзиясының алтын қорына қосылады. Ә. «Қазақ ССР тарихының» I-томындағы (1957) «Қазақтың ауыз әдебиеті» тарауында 18 ғасырдағы жыраулық поэзияны талдай келіп: «Ақтамберді жырау эпостық жанр ақыны еді. Өзінің толғауларында ол батырлардың ерлігі мен батылдығын таңдана жырлады» деген. Жыраудың атақты толғауынан үзінді келтіріп, жас ұрпақты ерлікке тәрбиелеуші ақын ретінде бағалаған. Бір топ жыраулармен бірге А-нің қазақтың дара ақындық өнерінде алатын орнын көрсеткен. Булардың өлеңдерінде бұрынғы заманның әдет-ғұрыптық, тұрмыстық поэзияларынан көптеген айырмашылықтар бар; бұл шығармаларда азаматтық сарындар, халық тұрмысы бұрынғыдан күштірек көрсетілді деп, қазақ әдебиетінің тарихынан ерекше орын алатынын айтқан.

Р. Әбдіғұлов.

**АҚТОҒАЙ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ**, әуесқой көркемөнерпаздардың драмалық ұжымы. 1952 ж. бұрынғы Жезқазған (қазіргі Қарағанды) облысының Ақтоғай ауданындағы Мәдениет үйі жанынан құрылған. 1971 ж. оған халық театры атағы берілді. Алғашқыда көркемдік жетекшісі К. Рахманов (1971–76), кейін А. Шайбеков (1977 жылдан) болды. Ұжым құрамында жұмысшылар, мұғалімдер, студенттер бар. Гастрольдік сапармен облыстарды аралап өнер көрсетіп, Ә-тің «Еңлік – Кебек» трагедиясын сахнаға шығарды. 1981 ж. республикалық халық театрлары байқауының лауреаты атанды.

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ**, мәдени және ойын-сауық мекемесі. Ақтөбеде кезінде қазақ және орыс театрлары жұмыс істеді. Бірақ әр түрлі жағдайлармен жабылып қалып отырған. Орыс театры 1934 ж. ашылды. 1943 жылдан бастап театрда орыс және қазақ труппасы жұмыс істеді. Қазақ труппасы сахнасында Ә-тің «Еңлік – Кебек», «Қарагөз» трагедиялары орын алып, көрермендердің жоғары бағасына ие болды. Қазақ театры 1992 ж. Т. Ахтановтың «Күшік күйеу» комедиясымен ашылды. Театр Ә-тің мерейтойына арналған фестивалда (1997) «Айман – Шолтан» қойылымымен қатысты. Театрдың бас режиссері Мағзом Бақытжанов.

Б. Құмдақбайұлы



Б. Ә. Ақылбаев.

**АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІ,** Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті жоғары оқу орны. Негізі 1935 ж. қыздар мұғалімдер институты ретінде қаланды. 1954 ж. ол Н. Байғанин атындағы Ақтөбе педагогика институты деп аталды. 1966 ж. қайта ашылды. 1996 жылдан бастап қазіргі атауы берілді. Ө. бұлоқу орны туралы арнайы пікір айтпағанымен, ойшыл-философ, ұлы суреткер, ғалым-ұстаздың ғылым мен білім, оқу мен

тәрбие, қоғамның дамуы мен жас ұрпақ тәрбиесі туралы ой-толғамдарының мән-маңызы зор. Сондықтан данышпан жазушыны насихаттау жолында біршама істер атқарылды. Университет ұстазы, белгілі философ әрі әдебиеттанушы-ғалым А. Тайжанов Ө-тің шығармашылығы жөнінде іргелі зерттеулер жазып, «Абайтану» және «Мұхтартану» атты курстарды жүргізеді. Сөйтіп жазушы шығармашылығының сан қырын жай насихаттап қана қоймай, оны іс жүзінде практикамен ұштастырып келеді. Ал арнаулы курстар болашақ тіл мамандары мен әдебиетшілердің білім көкжиегін кеңейтіп, рухани танымын тереңдете түсуге зор әсер етеді. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты республика Ғылым академиясының мерекелік сессиясына, ҚазМУ-да өткен ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, баяндамалар жасады. Халқына мәңгілік рухани азық қалдырып кеткен Ө-тің мұрасын тану, зерттеп-зерделеу болашақта жалғасын таба береді.

*Н. Алдашев.*

**АҚШОҚЫ,** тау. Шығыс Қазақстан облысында Абай ауданының солтүстігінде орналасқан. Солтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Ұзындығы 40 км-дей, екі 10 км. Ең биік жері – Майлықара тауы (571 м). Девон дәуірінің граниттері мен гранодиориттерінен, жоғары протерозойдың негізгі эффузивтерінен түзілген. Тау беткейлері тілімделген, етектерінде бұлақ көп, Қара қоңыр топырағында бетеге, селеу, шалғынды аңғарларында тал, қарақат т.б. өседі. Жері шүйгін, сулы, жаздыгүні жанға рақат, малға жайлы орын болғандықтан, Абай аулының жайлауына айналған. Сәуірдің бас кезінде-ақ қыс ерте шығып, жердің көктеуі қауырт басталады. «Бүгін Ақшоқыдағы ауылда қалың думан бар, ауыл өбiгерде. Кешкі шайдан соң, Абай отырған үлкен бөлмеге қонақтардан бас-

Абайдың Ақшоқыдағы қыстауы.



қа барлық ауыл адамдары да бірі артынан бірі көп, лық толған еді. Бұл кеш – түн ортасына шейін созылған ән мен өлең, әсем өнер жарысының қызу еркін сауығы болды. Бұл кезге шейін қонақтар мен ауыл адамдарының ішінде ән айтпағандар аз-ақ. Татьянаң мұңды сазы мен шерлі назы қуанытып, өшкөндерін жандыра табыстырды» («Биікте»). Өйткені 1887 жылдың қысында орыстың ұлы ақыны Пушкиннің сүйікті Татьянасы данышпан Абайдың аудармасы арқылы кең қазақ сахарасына, А-ға қадам басқан еді. «Ақшоқыда туған өлең, өлеңмен ән, сан салалы жырлар көшіріліп, жатталып, әуендеп толқып, тарап жатты. Барлық сергек ой, сезімтал жүректер үшін, тынымсыз ойлар үшін, алысар жігер үшін туған жырлар еді ол» («Эпилог»). Сөйтіп «Тәңір қосқан жар едің сен», «Татьяна хаты», «Онегин жауабы», «Татьянаның екінші сөзі» әндері тыныштықта, қоңыр кеште, бұрын естілмеген нәзік, терең мұң» қазақ жерінде, қазақ аспанында, А. биігінде қалқып тұрды.

*Н. Ерсарыұлы.*

**АҚШОЛАҚОВ** Төлеутай (1915–2010), педагог-ғалым, әдіскер-ұстаз. Педагогика ғылымының докторы (1975), профессор (1980). «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының тұңғыш редакторы. Көптеген әдістемелік оқу құралдары, зерттеу, монографиялардың авторы. Ө. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының алғашқы санына құттықтау жазып (1958), жылы лебіз айтты, ақ батасын беріп, жас ұрпақты туған тілі мен әдебиетке деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелейтін құнды басылым болатынына сенім білдірді. А. зерттеу еңбектерінде ұлы жазушының шығармашылығына кеңінен тоқталып, оның негізгі кесек туындыларына талдау жасады. «Шығарманың көркем компоненттерін оқыту» атты еңбегінде (1968) орта мектепте көркем шығарманы оқып үйрену барысында Ө. туындыларының сюжеті мен композициясын көптеген мысалдардың бірі ретінде қарастырып, идея мен түрдің тұтастық бірлігін бұзбай талдау қажеттігін сөз етті. «Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту» монографиясында (1975) Ө-тің оқу бағдарламасына енген шығармаларын оқып үйренуде әр түрлі әдістерді қолдана отырып, көркем туындыдағы идеялық-эстетикалық мән-мазмұнды ашуды көздеді. Бұл ретте «Абай жолындағы» Қодардың өлімі, Бөжей асы сияқты сюжеттік жетістіктерге эстетикалық талдау жасаудың үлгілерін ұсынды. Ал «Көркем шығармаға талдау жасау» деген монографиясында (1983) негізгі ой-тұжырымдарын «Қараш-Қараш» повесін, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай т. б. кейіпкерлер характерлерін талдау негізінде өрбітті. «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» атты зерттеуінде (1994) «Қараш-Қараш» повесі мен «Абай жолы» эпопеясын үздік шығармалар қатарында жан-жақты талдады.

*Н. Жаңақова.*

**АҚЫЛБАЕВ** Бағұфұр Әлімқұлұлы (1910–1981), Абайдың шөбересі, мал дәрігері. К. Мыңбаев атындағы Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас маманы болып 25 жыл қызмет етті. Ол Ө-тің ағасы Разак Омарханұлының қызы Ғафураға үйленген. Одан Эрнест (1935–1982), Бауэр (1937–1979), Айдар (1949 ж. т.) атты үш ұл көрген. А. ұлы жазушымен сырлас іні, сыйлы күйеу бала ретінде етене араласып тұрған. Құнанбайдың,

Абайдың, Мұхтардың ескерткіш заттарын ұлы ақынның Семейдегі мұражайына тапсырды. Соның ішінде Құнанбайдың Меккеден киіп келген тақиясы бар. Ө. 1923 ж. Ленинградтан сатып алып, Кәмила Мағауияқызына сыйлаған «Зингер» тігін машинасы осы үйде сақталған. Оны Ғазел Мағауияқызы «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қорына 1997 ж. тапсырды.

Т. Жұртбай.

**АҚЫЛБАЙ** Құнанбаев (1861–1904), Абайдың бәйбішесі Ділдедан туған ұлы. Ол Құнанбайдың тоқалы Нұрғанымның бауырында өседі. Жас кезінде Ғабитхан молдадан 4–5 жыл оқиды. Өсе келе өнерге жақын, әнші, домбырашы, скрипкашы болып шығады. Абайға алыс ағайын сияқты жуымай, қашық жүреді. Осыны кейбір қарсыластары пайдаланып, араларын ажыратуға дейін барған. «Ата-анаға көз қуаныш» деген өлеңін (1890) ақынның күйініп жазуы осыдан болу керек. Ө. жинаған деректерде оның Абайға: «Егер болыс сайлама-сан, Оразбай жағына шығам» деп қиғылық салғаны да кездеседі. Жалпы алғанда А. – Абай айналасындағы шәкірттердің ішіндегі ең таланттысы. Бірде ауылына келген Долгополовқа Абай өзі туралы да, балалары туралы да сын айтуын өтінгенде, ол А-ды: «Жай ұғады, шабан қозғалады. Бірақ ұқаны мен алғаны қайтып жоғалтпайтын өнімі бар талант иесі. Тек онысын су түбіне кетіріп жүрген – жалқаулық» дегенді айтады. Ол «Дағыстан» («Кәрі Жүсіп»), «Зулыс», «Жаррақ батыр» атты поэмалар жазды. Ө. 1923 ж. «Сана» журналының 2–3-сандарында Абайдың жарияланбаған өлеңдерінің қатарында «Зулысты» да бастырды. «Дағыстанның» үзіндісі 1918 ж. «Абай» журналының 5-санында жарық көрген. Қанша дегенмен А. Абайдың ықпалынан кете алмады, оның әсері оған орыс ақындарын өз бетінше оқыттырды. Пушкин, Лермонтовты оқуы Кавказ тақырыбына барғыздырды, екіншіден, бұған Абай себепші болды. А. 1904 ж. Семейде Абайдың қырқын берген күні қайтыс болады. Нөбері 43 жас өмір сүрді, денесі Аралтөбедегі өз қыстауына қойылды.

Т. Өкім.

**«АҚЫЛБАЙДЫҢ ӘНІ»**, Абайдың үлкен ұлы Ақылбай шығарған ән. Абайдың кенже ұлы Мекайыл көрші Матай елінен қалыңдық айттырып, соны ұзатып алып келуге Абайдың әншісі Әлмағамбет бас болып, құдалыққа аттанады. Жолай Ақылбайдың үйіне соғып: «Матайлар өнерпаз ел. Абай әндерін олар да жатқа біледі. Олар естімеген жаңа ән керек. Соны сізден қолқалай келдік. Абай атамның кенже ұлының үйлену тойына базарлық болсын» деп өтініш білдіреді. Сонда Ақылбайдың табан астында шығарған әні кейін «А. ә.» деген атпен қазақ даласына кеңінен тараған. Ән кең тынысты дауысқа арналған.

«Ішік кидім бұлғыннан күндіз жаға,  
Жас дәуренді өткіздім бермей баға  
«Ақылжан» деп тұрушы ед талай қыздар,  
Сұмдық шықты дейтұғын «Қылаға».  
Бірән тауып Әлекен бәр деген соң,  
Матайды алыс бір талай жер деген соң,  
Он минутта ойым осы ән түсті,  
Қапаш-құпаш қолымды сермеген соң,» –

деген екі шумақтан тұрады. Мұндағы «Әлекен» деп отырғаны – Абайдың әншісі Әлмағамбет Қапса-



Ақылбай.



Ақылия (Ақыш) Оразбаева.

лемұлы (1870–1932). «А. ә.» кейіннен ұмытылып кеткен. Ө. әншілер К. Байсейітова мен Ж. Елебековті үйіне арнайы шақырып, оларға осы әнді үйреткен. Мәкен Мұхамеджанованың айтуымен музыка зерттеушісі Б. Ерзакович нотаға түсірген.

Т. Жұртбай.

**АҚЫЛИЯ** (Ақыш) Турағұлқызы Оразбаева (1901–1990), Абайдың бауырына салған немересі, сондықтан әкесі Турағұлды – аға, атасы Абайды әке деп атаған. «Ақылия» (араб сөзі, ақылды, зейінді деген мағына береді) деген атты Абайдың өзі қойған. «Мың жылдық жаулық та жоқ, мың жылдық достық та жоқ» деп, Ақылия туғанда Оразбай Аққұлұлымен бесік құда болған. А. 1917 ж. 7 шілде күні Санияз Медеуұлы Оразбаева тұрмысқа шықты. Абайдың кенже баласының ұзатылуына ерекше тосын сый жасау мақсатымен, Ө. Шәкәрімнің «Жолсыз жаз» хиссасы негізінде «Әңлік – Кебек» пьесасын жазып, Ералы жазығындағы Ойқұдық деген жерде, Әйгерімнің киіз үйінде, Ақылияның тойы үстінде сахнаға шығарды. 1918–22 ж. арасында Алашорда көсемдері Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров т. б. қазақ қайраткерлері бастарына қиыншылық туғанда, осы үйге келіп бас сауғалаған. Күйеуі Санияз Оразбаев 1931 ж. кеңес өкіметіне қарсы астыртын ұйым құрды, қарулы көтеріліс ұйымдастырды деген айыппен түрмеге қамалып, атылып кетті. А. Абай атындағы опера және балет театрында Уәсила Мағауияқызы екеуі ұзақ жылдар бойы тігінші болып еңбек етті. 1945 ж. Ө-тің ұсынысы бойынша, Абайдың ұрпақтарына арнайы үкімет зейнетақысы тағайындалды. Ақылия да сол тізім бойынша жәрдемақы алып тұрды. А. Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты көптеген деректер берген. Ө. туралы естеліктер жазып қалдырған зиялы адам.

**АҚЫН**, бойына шайырлық қасиет дарыған өнер иесі, сөз шебері. А. – ауқымы кең ұғым, ол жырау, жыршы, өлеңші сияқты ұғымдарды қамтиды. Ауыз әдебиетінде А. өлең, жыр-дастардарды таратушы ретінде танылған. Жазба әдебиетінің өкілін де А. деп атайды. Ө. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген зерттеу еңбегінде қазақ халқын «ақын халық, жыршы халық» деп: «Ақын өз жанынан ғана жыр шығарып қоймаған. Ол қыз бен жігіттің, кәріжастың ойын-тойда, қостасқанда, қаза үстінде айтатын өлең-жырларының бәр-бәрине құлақ тосып та отырған. Сөйтіп басқа мұраны да зер сала жинайтын кәрі құлақты ақындар өз жырларымен бірге, халық арасынан естіген сол жырларды да қоса айтқан. Кім шығарғаны беймағлұм өлең-жыр жалпақ даланың бір түкпірінен бір түкпіріне, ғасырдан-ғасырға осылай таралып отырған» деген тұжырым айтқан. Ауыз әдебиеті үлгілерінің біздің заманымызға жетуде А-ның еңбегіне зор баға беріп:



«Эпос ақындардың арқасында ғана сақталды» дейді. «Әдебиет тарихы», «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)», «Жамбылдың айтыстағы өнері» т. б. шығармаларында «ақын» терминіне кеңінен талдау жасаған.

С. Қасқабасов.

**«АҚЫН АҒА»**, жазушының романы. 1950 ж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарық көрді. Қолжазбасы, «Әдебиет және искусство» журналында жарияланған нұсқасы (1949, №4–9) «Ақындар ағасы» деп аталған. Шығарманы кейін қайта жазған кезде Ә. мынадай түсініктеме берген. «Қазір қазақ тілінде ең алғаш жарияланғалы отырған «Қарашығын» және «Қастық» атты екі бөлек үзінді – «Ақын аға» романына кейіннен қосылған бөлімшелер. Соңғы айларда қазақ оқушысына кітап болып жеткен «Ақын аға» романының ішінде бұл бөлімдер болмағандықтан, жазушы романның келесі баспасын тоспай-ақ, қазір осындай өзгерту жасап, бұларды жариялауды өзінің міндеті деп түсінді. Аталған қосымшалар романның қазір жарыққа шығуға әзірленіп, орысша аудармасының ішіне кіргізген жаңалықтар еді. Бүкіл Одақ жұртшылығының мол оқушысының алдына тартылу – біздің туысқан елдер әдебиеттеріндегі зор жауапты оқиға. Ұлы орыс халқының тілінде шығармаларымыздың басылып шығуы біздерге, туысқан елдер жазушыларына зор абырой да, қуаныш та және сонымен бірге қасиетті жауаптылығы бар ұлы міндет. Осы жайларды ойлау себебінен «Ақын аға» романының орыс тілінде шығуын әзірлегенде, жазушы әдейі мынау үзінділерді және бұлардан басқа да бірнеше ұзақ қоспа, үстеме жайларды тыңнан кірістіре жазған болатын. Тегінде, әр жазушының көп еңбек, бейіл бөлген, өзінше ең көлемді, салмақты деген шығармасын әрбір қайта бастыруда қайта қарап, ажарлап, үстемелеп көріктей түсуі жұртшылық алдындағы қымбат бағалы қарыздайды болмақ керек. «Ақын аға» жөнінде жазушының ой-мүддесі, еңбек ізденуі осы қалыпта болған еді. Сондай қосымша еңбектен туған қосымша бөлімшелер болса да, қазақ оқушыларына әзірше мәлім емес, жоғарыда аталған екі бөлек тың тартыстар баянын әдейі білдірмекке бекінді. Осылайша жариялаған екі үзіндінің біріншісі – романың «Достықта» деген бөліміне, Әбіш пен Долговтар «Қоңырәулиеге» жүрер алдынан қосылады. Екіншісі, ұзақтау үзінді – «Қазада» деген тарауға, Оспанның жылын берер алдынан қосылады» (№202-папка, 28–29-беттер). Автор алғашқы нұсқада патша үкіметінің отарлау саясатын, жергілікті халықтарды орыстандыру бағытын ашығырақ, анығырақ, айқын көрсеткен еді. Бірақ автордың бұл идеясы, көзқарасы кезінде теріс бағаланды. Оның үстіне 50-жылдардағы саяси науқан да жазушыны бұл райдан қайтуға мәжбүр етті, кітапты қайта жазуға итермеледі. «Абай жолы» деп аталуына дейін шығармаға жаңадан тараулар қосып, қалғандарын қайта жазды, бұрынғы «Достықта», «Қазада» деген тараулар «Өкініште», «Қақтығыста» деп өзгертілді, «Қарашығын» деген тың тарау қосты. «Достықта» тарауының бас жағын «Қарашығынға», қалғанын «Өкініштеге» қосты. Қолжазбадағы Долгополов – Долгов, одан кейін Павлов болып өзгертілді. Долгов Әбішпен бірге ауылға екі рет келсе, кейінгі түзетулерінде екіншісін қалдырып, алдыңғысын алып тастады. Онымен байланысты көп көрініс, оқиғалар Әбішке көшірілді, антропология мен Ломброзо туралы әң-

гімелер, Долговтың Абай мен оның балалары жөніндегі сын-бағалары соңғы басылымдарға жіберілмеді. Сөйтіп 4 кітаптан тұратын эпопеяның бұл бөлімі кейінгілерінен көп айырмы-айырмашылығы бар нұсқа ретінде қалып қойды.

Т. Әкім.

**«АҚЫН, КҮРЕСКЕР, КОММУНИСТ»** («Поэт, борец, коммунист»), мақала. «Индустриальная Караганда» газетінің 1964 жылғы 29 мамырдағы санында жарияланған. Бұл – С. Сейфуллиннің туғанына 70 жыл толуына байланысты Ә-тің «Литературная газетаның» 1964 ж. 23 мамырда жарияланған «Писатель-революционер» атты мақаласынан алынған шағын үзінді. Онда Сәкен шығармашылығына байланысты салмақты да ойлы пікірлері берілген. Тар жол, тайғақ кешуден өткен Сәкеннің ақындық жолына уақыт таразы болғандығын айта келіп, шығармашылық 20 жылын басып озғандығын, халық жырышысы мен оның арман-тілегін білдіруші қайраткерге айналғандығын паш етеді. «Бүкіл ақындық жолында жарқын болашақ үшін қазақтарды өрлікке үндеп: «Қанатсыз емеспіз, біз – сұңқармыз!» деп, ояңған халқына жар салған «Альбатрос» жырын Сәкен шығармашылығының биік шыңы етіп келтіреді. «Сәкен поэзиясының болашақты мегзеген шабытты шақыруға толы екендігі» айтып, оның кең ауқымдағы, ұшқыр самғаудағы және терең ойы ақын екендігіне көз жеткізеді. «Күш-қуаты шын толған кезіне, кемеліне жеткен Сәкеннен» алдағы уақытта сүбелі еңбектер күтетініне кәміл сенім білдіреді.

С. Қарабай.

**«АҚЫНДАР АҒАСЫ»**, жазушының романы. Қолжазба нұсқасы сақталған (№ 9-папка, 1–418-беттер). Қолжазбаға едәуір өңдеу, түзеу енгізіп, 1949 ж. «Әдебиет және искусство» журналының 4–9-сандарында жариялаған. Бұл «Абай жолының» үшінші кітабы еді. Кейін тағы да түзеп, толықтырып, өзгерістер енгізіп, 1950 ж. «Ақын аға» деген атпен жеке кітап етіп шығарды. Автор идеялық өзгерістен гөрі, редакциялық, текстологиялық өзгерістер жасаған, өйткені бұрынғы тарау аттары, кейіпкерлер сол қалпында қалған. Алайда журналдың нұсқасы мен кейінгі басылымдарында айтарлықтай айырмашылық бар. Жалпы кейінгі өлшеммен қарағанда, «Ақындар ағасы» өзінің құрылыс ерекшеліктерімен эпопеяның 3-кітабының алғашқы басқышы іспеттес болып қалды. Сөйтіп бұл нұсқа ұлы туындының күрделілігін арттыра түсті.

Т. Әкім.

**«АҚЫН ЕЛІНДЕ»**, очеркі. Ә. 1943 ж. Абайдың 100 жылдық мерейтойына даярлық кезінде қажетті деректерді жинау мақсатымен ақын еліне ғылыми экспедицияны басқарып барған кезінде жазған. Бұл очерк әуелгі кезде «Ақынның аулында» деген тақырыппен «Социалистік Қазақстан» (17. 10. 1943) газетінде, соңынан Қытай қазақтарына арналған «Қазақ елі» журналы (1945, №6–7, 14–16-беттер) мен аудандық «Совхоз туы» газетінде (3, 5, 8, 15 тамыз, 1967) басылым көрді. Жазушының 80 жылдық мерейтойына орай «Мәдениет және тұрмыс» журналында жарияланды (1977, № 6). Очерк алғашқы кезде «Романға деректер іздеу жолында» деп аталған. Бірақ ол оқырман қауымға арналғандықтан, бастапқы атын өзгертіп, «Ақын елінде» деген тақырып қойылды. Жазушының мұражай үйіндегі

мурағатында (МӨМА, №353-папка, 1–19-беттер) түпнұсқасы сақталған. Очерк осы түпнұсқа негізінде өзгеріссіз қалпында Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 8-томында соңғы рет жарияланды (1981, 8-том, 87–98-беттер).

«Абай жолы» эпопеясын жазуға даярлық үстінде жазушы мыңнан астам әр қилы кісімен әңгімелесіп, сұрақ-жауап түрінде деректер көзін қорландыра түскен. Қалагер осы сапарында да көнекөз ауыл қарияларымен әңгіме-дүкен құрып, сырласу үстінде Абай өмірбаяны, жасаған заманы мен әлеуметтік ортасы, онда бастан кешкен сан қилы оқиғалардың сырына қанығып, көптеген соны деректер көзін табады. «Ақынның өміріне байланысты деректер мен романның бүкіл оқиғаларын Абайды көзімен көрген, жақын білген жандардан ұзақ уақыт бойына ауызба-ауыз сұрау, әңгімелесу арқылы жинауға тура келді» деп ескертеді Әуезов «Менің өмірбаяным» деген шығармасында. Е. Ысмайыловтың естелігінде де жазушының түн бойы қаламы қолынан түспей, ел адамдарының аузынан Абай туралы айтылған соны деректер көзін қағазға түсіріп, толассыз жұмыс үстінде болғаны айтылады. Бұл сапарда қолға түскен жаңа деректерді ой елегінен өткізіп, қорытқан соң, олардың роман желісіне арқау еткен және 1943 ж. үшінші рет қайта өңдеп жазған Абайдың ғылыми өмірбаянына да пайдаланған. Очеркте Абай өмір кешкен, оның өлденерінің жазылуына күе болған елді мекен, ата-жұртын аралап, көзбен көріп, көңіліне түйген табиғат көріністерін: өзен, тау, қойтас, қырқа, бұлақ, шалғындарды ойқылына қайта оралтады. Кейін жазушы осы табиғат көріністерінің (пейзаж) бәрін роман желісіне енгізген. Очеркті жазу мақсатын М. Ғабдуллинге жазған хатында да айтады.

*М. Мырзахметұлы.*

**«АҚЫННЫҢ АУЛЫНДА»**, жазушының очеркі. 1943 ж. Абайдың туғанына 100 жыл толуына мерекелеу ісіне әзірлік басталып, осыған орай мерейтойға дайындық барысын қадағалау үшін, екіншіден, өзі жазып жатқан «Абай жолы» роман-эпопеясына тың материалдар жинап қайту, Абайды көрген-білген замандастарымен кездесіп, өзі туған мекенін, ауыл-аймағын аралап көре қайту мақсатымен, сол жылы маусым айының соңында Е. Ысмайылов, С. Бегалин, Бақи Урманче, Қ. Мұқаметхановтарды ертіп, Семей облысының Абай ауданында үш күн болады. Бұл жолғы келу себебін 1943 ж. 11 маусымда М. Ғабдуллинге жазған хатында: «Абай ауданына жүрейін деп отырмын. Бұл барыста романның екінші кітабына керек пейзаж көріністері, табиғат ерекшелігі сияқты бояуларды, әсіресе, айрықша жия қайтармын. Бұрын роман жазбай жүргенде өз ауданымызды жалпы біліп жүргеніміз жеткілікті сияқты еді. Арнап, қадағалап суреттеуге кірісем дегенде, қайта қарап сол Жидебай, Түйеөрекштерді қайтадан көріп алу сияқты мақсаттарым бар» деп білдірген («Қазақ әдебиеті», 1955, 11 қараша). Елге барған осы сапары туралы бұл очерк 1943 ж. 17 қазанда «Социалистік Қазақстан» газетінде басылды. Очерк үш бөлімнен тұрады. «Ел өзі зерттеуші» бөлімінде Аякөз қаласынан шығып, Абай ауданының орталығы Қарауыл аулына дейінгі аралықта орналасқан «Жаңа арна», «Жүрекадыр» ұжымшарларында Абай туралы

естелік айтушылардың көптеп кездескендігін тілге тиек етеді. Мақаланың «Жер әңгімеші» деген екінші бөлімінде Абай туған, өскен өңірдің тірі куәлары – жер-су атауларын өздері сапар барысында тоқтаған жерлер арқылы растап әңгімелейді. Мақала соңында «Қоңыр әулие» деген жарғас туралы өзгеше бір жаңалық қып айтады. Шаған өзеніне қатарласа кеп тірелетін биік жалды басқа таудан рені бөлек, ақ тасты, тақыр биіктің өзенге төніп келіп құлай біткен бір тұйығында Шақа қыстауы (Абайдың тоқалы Еркежанның туып-өскен мекені) қасындағы жартаста «Қоңыр әулие» тас үңгірі орналасқанына, бұл жердің де Абай жайынан көп сыр шертетіндігіне тоқталады. Үңгірге кіре берісте көл жағасындағы көп жазу арасында 1887 ж. 30 шілдеде осында келіп-кеткен Абай балалары Әбдірахман, Ақылбай, Мағауия қолдары, олармен бірге келген ақын досы Долгополов қолы бар екендігі туралы деректер келтіреді. 1887 жыл – «қазақтың поэзия тарихына аса көп асыл қазына қосқан, төлі көп жыл», «Абайдың ең көп жазған жылы» деп тебірене жазып, осы жақсы шабыт жылының бір күесі «Қоңыр әулие» болғандығын айтады. Сонымен бірге «Қоңыр әулие» үңгірі сыртындағы қазақтың көп руларының таңбасы соғылған бейіттердің ертеде қырғын соғыста қаза тапқан ер-азаматтарға тұрғызылғаны, мұның үлкен тарихи мәні бар екеніне назар аудару керектігі туралы мәселе көтереді.

*Н. Жаңақова*

**«АҚЫННЫҢ ӨЗБЕК ӨНЕРІНДЕГІ БЕЙНЕСІ»**, жазушының мақаласы. 1948 ж. 15 мамырда қазақ тілінде «Социалистік Қазақстан» және «Живой Навои» деген атпен орыс тілінде «Казахстанская правда» газеттерінде шықты. Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 18-томына «Социалистік Қазақстан» газетіндегі нұсқасы өзгеріссіз енгізілді. Мақалада өзбек әдебиетінің классигі Әлішер Науаидің өзбек кеңес өнеріндегі бейнеленуі жайында ойлар айтылады. Шығарма мазмұнына қарағанда, Ө. тек Науаи шығармашылығын ғана біліп қоймаған, сан ғасырлық өзбек тарихын, өнерін, мәдениеті мен әдебиетін өте жақсы білгені байқалады. Науаиді энциклопедист ретінде – ақын, философ, мемлекет қайраткері, музыка білгірі, сурет, сәулет өнерінің ірі маманы, шебер каллиграф (әдемі жазудың шебері), жан-жақты ұстаз, ірі ғалым деп суреттейді. Әйгілі ұлы моғолдар мемлекетін құрушы Захир ад-дин Бабурдың еңбектерін де мысалға алып, Науаидің сан қырлы қасиеттерін, көптеген сазгерлер, суретшілер, каллиграфтар, тарихшы-ғалымдар тәрбиелегенін айтады. «Қазақтың атақты классигі Абайдың Науаи қасиетін кеңінен таныуына себепкер, бір жағынан, Науаидің өз шығармалары болса, екінші жағынан – осы Бабурдың берген бағалары болған». Жазушы өткен ғасырлардағы Науаиге қатысты заттың белгілері көбіне біздің заманға жеткен жоқ, жеткені халыққа мәлім болған жоқ дейді. Кітап бетіне түскен белгілер жақсырақ сақталғанмен, олар да ел игілігіне айналмағанын айтқан. Бұл саладағы олқылықтар Октябрь революциясынан кейін ғана орнына келе бастағанына тоқталып: «Ендігі Науаиге арналған ескерткіштер айрықша екі үлкен салаға бөлінеді. Мұның бірі Науаи шығармаларының тақырып мазмұндарына туған ғажайып жаңалықтар. Екіншісі – Науаидің өз өмірі, өзінің ұлы бейнесі турасында жасалған өнер мұралары, ескерткіштері» деп жіктейді. Науаи шығармалары бойынша

музыкалық спектакльдер, опералар, көркем спектакльдер, балеттер қойылғанын айтып, оларға қысқа-қысқа баға берген.

*Р. Әбдіғұлов.*

**АҚЫНДЫҒЫ.** Ө. жігіт кезінен ақындық өнерге жақын болды. Оның қарапайым проза тілінде «Қасым деуге қимайтын, досым деуге сыймайтын. Табанды дос пейілін тоса алмайтын тәуекел сынында табаны тайғақ, қорғалақ, қорғаншақ, әрі дұшпаным дейтіндей қысастық-қиастығы жоқ, шөрсөре құбақан ғана пенденің» сиқын алты сөзбен айшықтап шығудың өзі-ақ авторға ақынның мандатын ұстатады. Шеберлік тұрғысынан қарағанда, ұйқастары балталасаң да, бұзылмастай берік, аяққы ғана емес, басқы ұйқастар да ой легін әсем саздай сыңғырлатады. Бұл «Қарақыпшақ Қобыланды» деп аталатын дастан-драмасындағы бір диалогтың үзіндісі ғана. Тағы бір мысал: «Көкте жанған күні сөнсің – дәрі емес! Тұнжыраған түні солсын – дәрі емес!». Соңғы екі тармақтағы көркемдік қуатқа қараңыз: «Күні сөнсің» және «түні солсын» – түп-тұтас төрт бұынды, толымды үйлесім, ал екі тармақтың басындағы «көкте жанған» және «тұнжыраған» – екеуі де сазды әуенмен ұйқасып жатқан жоқ па! Кәсіпқой ақын сияқты поэзияны толассыз күйттемеген автор өлеңді бір ғана жанрда – драматургияда қаламына оралтқан. Ал жанрдың сипатты төл ерекшеліктері, әрине, Мұханды тар шеңберде ұстап, қолын байлайды. Лирик ақын өз көңіл күйін немесе лирикалық кейіпкер көңіл күйін қалай айтаман десе де, қандай көлемде толғаймын десе де, ерікті; ал драматург ондай емін-еркін емес. Ол драма кейіпкерінің ойы мен сезімін өлеңде өте ықшам, шымыр түрде ғана суреттеуге мәжбүр... Тәңірінің өзі туасы ақындық өнер дарытқан Ө. әлгіндей аз мүмкіншілік, аядай алаңқайда да қысылмайды, кәсілмелі көркемдікке басады. Жау шапқан елдің ауыр халін хабарлаған қолбасы: «Ері қырғын, ел сургін» сияқты сыңар тармақ өлеңмен де көп жәйтті аңдатады.

Ақын Мұхтар – адам портретін сомдауға аса шебер: «Ел талайын сенгендей, ер егесін бергендей». Бұл – Қобыландының кескін-келбеті, рухани асқақ тұлғасы, халыққа пана, қаһармандығы, асқаралы азаматтығы! Адамдардың жан аяспас жақындығын айтқанда, Құртқа сұлу: «Өзегін берер аз болса, өзіндей жақын кез болса», дейді. Өлеңнің «бүкіл әлемдік стандарт» деңгейіне көтерілгенін айтсақ, әр тіркесі, әр сөйлемшесі, әр тармағы жай шырын ғана емес, сол шырынның квітэссенциясы деу ләзім. «Тоқта, жетсін бар батыр. Ұшқындаған тобымен араңдайтын жер емес.» Осындағы «ұшқындаған топ» әдеттегіден тыс, тосын бейне, тың метафора! Қалың қолдан жырылып, шағыншағын топтардың жауға тиюіне тыйым салынған. Өлеңнің кез келгенінде Ө. өңшең тың тіркестер жасайды, сөздердің басын жаңаша байлайды, сөйтіп сурет-картина сызады. «Жас ару жаны егіліп жылап отыр» деген жұпыны хабарды күйкер аузынан жеткізгенде автор: «Қарақаттай қайран көз қамшы бойы жас төгіп отыр, мінеки!» дейді. Бүкіл Қыпшақ жұртына жаттың батыры Алшағыр: «Ат қып мінген Құланды, Ас қып жеген жыланды» деп сипаттама береді. «Қарағөз» қасіретнамасында да әсем әсірелемелер бар: «Менің қамшыым оқ жыландан өрілген, қолда найзам жай отымен үштелген». Қандайда қанатты талант ең алдымен халық анасынан үйреніп, ұлттық рухты бойына сіңіреді. Өуез атасының бауырында, Шыңғыстаудың әні аспан-

дап, күйі шалқыған, өлеңі өрге шапқан өлкесінде, Абай поэзиясының адамгершілігін аясында арда өскен Мұхтарға үйренер үлгі-өнеге, еліктер ерекшеліктер мол болған. «Асыл дос, егіз өскен сыңарымдай, Ер едің – өр тепсеннің шыныарындай... Кетейін кетерімде жадыма алып, айтшы бір таркатқандай құмарымды-ай». «Бекет» пьесасындағы дербес шумақ – тозбас зердей туған поэзиямызда мәңгілікке сақталар мұра! Қазақтың қара өлеңіндегі тегілімелі еркіндік те, көсілімелі кесте де көрініс береді. Мәселен, «Еңлік – Кебек» қасіретнамасындағы есерсоқ Есен батырдың аузына салған сыңар шумақты тыңдаған қазақ тап осының өзі халықтың төл туындысы болар-ау деп ойлап қалуы ғажай емес: «Қадалған қара көзің мөлдіресін, Үніңді досың естіп, елжіресін. Сырнай мен жау тартатын сыбызғыдай, Белгіні кімге беріп келтіресің?» Еңліктің туған елімен, жақын-жамағайынымен зарлана қоштасуы: «Ата-анам, ақ батаңды аттап кеттім, тентек ел талқысына тастап кеттім. Болсам да шұбар жылан іштен шыққан, «Қарғамас!» деген сенім сақтап кеттім.» Осы өлең халық әні болып шырылып жүр. «Ер болсақ, бізге қарыз намыс құмақ» деп жазушының өзі айтпақшы, басты туындыларында орайын тапқан оңтайлы тұстарда осы идеяны бүкіл елдік арман өзегіндей ұстанған. «Бекет» пьесасындағы қыздар хорындағы: «Пана бол, зар илеген ел-анаң, Пана бол жөргектей жас балаға. Ел зары – намысы бар ердің зары, Пана бол, тентіретпе қу далаға!» деп, бүкіл алашына астыртын әрі жанама жар шапқандай әлпет көрсетеді. Осы пьесада «қан жылатқан халықты қара орнынан айырған» деген өлеңді естіген әр қазақтың көкейінде сонау 1931–33 ж. аштықта миллиондаған мүскіндердің шетелдерге босқаны, не туған топырақта жер құшқаны тұрмады ма екен?! Халық бостандығы, ел тәуелсіздігі, ердің бас еркіндігі, әсіресе «Абай» операсы либреттосында терендетіле, тебіреніспен жырланған. «Алып бар бізден сәлем кең далаға, ерікті қиял еткен ел-далаға». 19 ғасырда осы отаршылдығын шенеген «Бекетте» автор осылай дейді. Ежелгі көне ұғымдарды, қимас-әрекеттерді халық аузындағы қашанғы қалыптан қашақтап, өзінше өрнектейді. Мәселен, «Мерейі үстем болған Бекет» деудің орнына «Туы аспандап Бекет тұр» дейді де, дөп бейнелеме бедер соғады. «Қарағөз» қасіретнамасында Сырым ақын аузынан айтылатын: «Асан сал – сал ішінде бір алуаны, Тозған заң, аздаған заман балуаны» «жолдарындағы тозған» және «азған» – ішкі ұйқастар өлеңге күйлілік, өуезділік дарытқан. Ө. осы тәсілді – ішкі ұйқасқа үйірлікті төл туындылары түгілі, аудармаларында да жиі байқатады. Мәселен, В. Шекспирдің «Асауға тұсауында» «Қыз қыңыр болса, мен шымырмын!» деп уытты сөзді ойната қолданады.

Ө. поэзиясының аса айқын артықшылығы өлең жолдарын ассонансқа және аллитерацияға жиі бөлейтіндігі: «Ата-анам, ақ батаңды аттап кеттім. Тентек ел талқысына тастап кеттім.» Бірінші тармақтағы төрт сөздің бәрі бірдей «а» дауысты дыбысынан басталуы немесе екінші жолдағы үш бірдей сөздің «т» дауыссыз дыбысынан басталуы саздылықтың сарындамасындай құлаққа жағымды-ақ. Сөзімге де, ақылға да әсерлілігі басым шендетіру тәсілін де жазушы өлеңдерінен тапқан сайын сүйсініміз. «Сал болмай, көбінесе жеңге бо-

лып» деген жалғыз жол өлеңмен-ақ Сырым ақын Асан салды әжуалап жайратып-ақ салғандай. «Еңлік – Кебектегі» Абыздың айтулы толғанысында «Асылымның бәрі – бор» деген қарғысынан да салмақты жалғыз тармақ азған заманның аянышты халінен хабар береді. Сом болаттай деп жүрген сойларымның барлығы шетінен бордай егілген ез болса, елім кайтпай оңар? Ә. осындай ұлы өкінішті бас-аяғы үш сөздің аясына осықап сыйғызын! Ә. поэзиясында көркемдегіш құралдар әрі жана, әрі тосын... әрі сан алуан сипатта. «Бәйгі алған, ту құлатқан желді аяғым, қара көк қирата озған бестіңде.» Екпінімен жаудың жалауын жер жастандырған тұлпар осал ма?! «Сызы өткен мынау неткен дәурен еді?» Жас дәуреннің басына зауал төнді деуге оқтанған автор ойын осылай кестелейді.

Жалпы өнер өлкесіндегі сияқты Ә. өлеңдерінде де туыстас тілдер лексикасынан ана тілімізге асылдар косуды ұмытпаған. Мәселен, қырғыздың «аяш» (аяулы), «түгенің бітпес» (таусылмас), «ақ мөңгілі тау» (мөңгі мұз басқан тау) секілді тірестері, фарсы тілінен бізге ауысқан «жанан» (нақ сүйер) сөзді соның айғағы Ана тіліміздегі архаизмдерді қолдануда да Ә. тартынбайды. Бұл үрдістер де былайғыларға, кейінгілерге үлгі! Ұйқастама жүйесінде де жүйріктік таңытады. Еңлік қоштаса әніндегі: «Туған ел, амаңдас жас-көріңе, Бірге өскен құрбы-құрдас, дос бәріңе. Жарасқан әзіл-сауық, Аға-жеңге, аласың мені не деп естеріңе?». «Жас-көріңе» – «дос бәріңе» – «естеріңе» немесе басқа өлеңдегі «бет пердесіз» – «жек көрменіңіз» – «шет көрменіңіз» сияқты төрт буынды толымды сом ұйқастар.

Ә-тің ақпа ақындығын «Абай» операсы либреттосындағы хүсни құндылығы арқылы терең тани түсеміз. «Тыныштықта мезгіл бедеу: жырт тумайды. Сәттер бар: Қасіреттен ой тұлайды. Толқыған теңіз атқан меруерттей сол шақта найзағайдай сөз зулайды». Шұғылалы бұл шумакты поэзияға арналған өлемдік антологияға тартынбастан өбден қосуға болар еді. Иә, мұндағы ақындық құдіреттің қуаттылығы да сондай күшті, зор. «Тыныштықта мезгіл бедеу» – өзі бір алтын алқайдай дербес туған нақыл, ақыл тұнбасы. Өлі, жансыз мезгілді жандыға айналдырған бейнелі метафора – «бедеу» сөзі. Либреттоның өн бойында үзілмейтін желі – Абайдың «Сары даңда сарылған елінің» сабаз қамқоршысы екендігі: «Ей, халайық, барым ең сен, Зарыңа зар қосып ем. Жатын емес, досың ең мен, дос пейілін тосып ем! Баурым жара, сөзім нала, Дертпен келем мен бүгін. Аямас жас мені айнала Салды салмақ сұмдығын!» Қазақ «дертпен келем мен бүгін» дегенен. «Дертке ұшырадым» сияқты түрде айтқан. «Сұмдығын салу» – өте соны тың метафора. «Өрт салды» дегенмен қалыптас. Халық қамқоршысы атаңған күрескер ақындардың ғұмыры толассыз қасіретке толы болып келеді. Осы шынықтық автор өз кейіпкері Абай аузымен айшықтайды: «Азға тынбас ақын зары, Қамап тұрсын, қалың соры! Айт дегенді айтпақ емес, Айтпағанды мәнзәр жолы!». Көшбасшы ақын бейнесін ақын-драматург осылай сомдаған. Шынайы поэзия жалын оты бұрқ-сарқ қайнаған жанартаудай бұрқанған сезімдердің лапылдаған сәтінде, ақыл-ойдың арыстанның ашуындай ашынған мезетінде туады. Мұхтар ақындығы да осының ақиқат айғағы, дана дәлелі! Өлеңнің хүсни-көркем қасиеттілігі

тарапынан алғанда, ала бөтен оқшау туындылар, әсіресе «Абай» операсының либреттосы, «Бекет» пьесасы, «Айман – Шолпан» комедиясынан көрініс беруі. Замандас қазақ ақындарының аға буын, іні буын өкілдерінің әмбесі Ә-тің қайталанбас үрдісінен үлгі алды, айшықты сөйлеуге үйрелді. Өйткені Ә-тің көркем сөз үлгісі – солғын тартпас сәулетті үлгі.

*М. Әлімбаев*

**АҚЫНЖАНОВ** Мұсатай Бекболатұлы (1905–1986), тарихшы, драматург, әдебиет зерттеуші. Тарих ғылымының докторы (1971), профессор. «Біздің ән», «Исатай мен Махамбет», «Бағытай-Бағила», «Жеңіс қамы», «Алтын сақа» т. б. пьесалары, «Абайдың өмірі мен творчествосы» (1955), «Қазақ ағартушыларының саяси-қоғамдық көзқарастарының қалыптасуы» (1955), «Қазақ халқының шығуы мен қалыптасуы» (1971) ғылыми-зерттеу еңбектері т. б. жарияланды. 1946–53 ж. кеңестік саяси-идеологиялық тұсында әсіресе солшыл көзқарас ұстанып, белді ғалымдардың ғылыми позициясын сынға алды. Жаңсақ пікірлер мен орынсыз байбаламдарға ұрынды. Мұның өзі белгілі бір дәрежеде Ә-тің Мәскеуге бас сауғалап кетуіне мәжбүр етті. Ә. өзінің Ғылым академиясы өткізген халықтық әдебиет муралары туралы конференциясы мен Жазушылар одағындағы сөйлеген сөздерінде А-тың қателіктеріне тоқталып, оның жалаң тұжырымдарын сынады. Арада біраз жылдардан кейін нағашылы-жиенді екеуі қайта табысып, қалыпты қарым-қатынас орнады. А. Ә. туралы әр жылдары «Абай» пьесасы туралы («Социалистік Қазақстан»), «Шыңғыс топырағында» («Біздің Мұхтар», А., 1975, 1977) атты естеліктер жазды. Оның М. Әуезов пен Т. Рысқұлов туралы деректі шығармасы көзі тірісінде жарияланбай, қолжазба күйінде қалып қойды. Ал ұлы жазушы «Қайта туған халықтың әдебиеті» атты мақаласында А-ты қазақтың көрнекті драматургтерінің қатарында атаған.

**АҚЫШЕВ** Зейітн (1911–1991), жазушы, драматург. «Ақбел асуы» (1971), «Жесірлер» (1973), «Бұршақ соққан жер» (1976), «Жаяу Мұса» (1978), «Шынардың шыбығы» (1987) романдары, «Жаяу Мұса» (1965), «Келіндер» (1967), «Құтылмайды ол» (1969) пьесалары жарық көрді. «Түңгі сарын» – кеше мен бүгін» атты мақаласында («Лениншіл жас», 1969, 12 сәуір) М. Әуезов драмасының 1935 және 1969 жылғы екі қойылымын салыстыра отырып, актерлердің ойнау шеберлігіне талдау жасаған, сондай-ақ пьесаның алғашқы және соңғы нұсқаларындағы елеулі өзгерістер, жаңалықтар туралы келелі пікірлер айтқан.

*И. Хасенұлы*

**«АЛАШ»**, газет. 1916 жылғы 20 қарашадан бастап, 1917 жылдың 25 мамырына (соңғы 22 нөмірі сақталған) дейін Ташкент қаласында аптасына бір рет шығып тұрған. Газетті шығарушылар – ерлі-зайыпты Көлбай және Мариям Тегісөвтер. «Алаш» газетінің 1917 жылғы 30 наурыздағы 16-санында «Семей семинариясында оқитын: Аймауытов хәм Әуезов» деп, бірігіп жазып, қолдарын қойған «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақала басылды. Бұл Ә-тің жарыққа шыққан алғашқы мақаласы еді. Мақалада қазақ ішіндегі кейбір жағымсыз әдет-ғұрыптың орын алуы тарихи кезеңдермен қабаттастыра қарастырылған, қазақ оқығандарының ел мәдениетін алға бастырудағы рөлін көрсеткен

*М. Әбден*

**АЛАШ**, қала. Ертіс өзенінің оң жағына орналасқан Семей қаласының бір бөлігі. Алашорда үкіметінің 1917 ж. желтоқсандағы шешімі бойынша А. қаласы аталып, Алаш автономиясының шығыс астанасы деп ресми түрде жарияланды. 1927 жылға дейін барлық мемлекеттік құжаттарда солай жазылып келді. Кейіннен қаланың бұл бөлігі Жаңа Семей ауданы деп өзгертілді. М. Әуезов пен Ж. Аймауытовтың 20-жылдардың алғашқы жартысында жазған әңгімелерінде «Алаш қаласы» деп жазылған. Ұлы жазушы А. қаласында тұрған. Онда Алашорда үкіметінің үйі, Тінібай мешіті т. б. тарихи үйлер орналасқан.

*Т. Жұртбай.*

**АЛАШОРДА**. Ұлт Кеңесі – Алаш автономиясының үкіметі (1917 ж. желтоқсан – 1920). 1917 ж. желтоқсан айының 5 – 13 күндері Орынборда өткен 2-жалпықазақ съезінде сайланды. Құрамындағы мүшесі 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды. А-ның құрамына Қазақстанның барлық аймақтарынан 15 адам сайланды: Уәлихан Танашев (Бөкей Ордасынан), Х. Досмұхамедов (Орал обл.), А. Тұрлыбаев (Ақмола обл.), Х. Ғаббасов (Семей обл.), М. Шоқай (Сырдария обл.), С. Аманжолов (Жетісу обл.) т.б. А. құрамына облыстардан тыс халыққа кеңінен таныс қайраткерлер: Ө. Бөкейханов, Ж. Досмұхамедов, Ө. Ермеков, М. Тынышбаев, Б. Құлманов, Ж. Ақбаев, Б. Мамытов, О. Әлжанов сайланды. А. құрамына сайланғандар түгелге дерлік жоғары білімді зиялылар еді. Олар Санкт-Петербургтің, Мәскеудің, Қазанның, Томскінің т.б. қалалардың жоғары оқу орындарын заңгер, экономист, дәрігер, математик, тау-кен және темір жол инженерлері т.б. мамандықтар бойынша бітіргендер. Бұлардың басым көпшілігі өз мамандықтары бойынша қызмет атқарумен қатар ғыл.-шығармашылық жұмыс атқарды. Ал 1917 жылғы қос төңкеріс аралығында олар қоғамдық-саяси өмірге белсенді түрде ат салысып, Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құруда Бөкейхановқа сенімді серік болған қайраткерлер еді. Үкімет төрағалығына үш қайраткер – Бөкейханов, Құлманов және Тұрлыбаев ұсынылды. Көп дауыс алған Бөкейханов төраға болып сайланды. Алаш автономиясының үкіметі сайланғаннан кейін көп кешікпей Ғаббасов А-ға бүкіл «қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметіміз деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті (Кеңес үкіметін) танымай, өз үкіметінің өмірін екі қылмай орындау керек» деп жазды («Сарыарқа», 1918, 22 қаңтар). А. өз алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай атқару үшін Алаш Автономиясының «халықтық милиция» атанған қарулы күштерін жасақтауға үлкен мән берді. Оған қажетті офицерлер дайындау үшін атаман Дутов басқарған Орынбор казак әскерінің тәжірибесі мен көмегін пайдалану қажет деп табылды. А-ның Дутовпен жақындасуы Алаш жетекшілерінің жағдайын қиындата түсті. Өйткені Оңт. Оралда Ө. Жангелдин ұйымдастырған қызылдар жасағы П. Кобозев пен С. Павлов басқарған қызылгвардия отрядымен бірлесе отырып 1918 жылғы 18 қаңтарда Орынборды басып алды. Қызылдардан қашқан Дутовпен бірген алашордашылар да Орынборды тастап кетуге мәжбүр болды. Осыған байланысты А. біртұтас казак автономиясын құрып үлгермей, барлық қазақ жерлеріндегі үкімет бірлігінен айырылып қалды. Үкімет мүшелерінің біразы Семей маңындағы Алаш қаласы атанған (бұрынғы Жаңа Семей) елді мекеніне келіп, өздерін

А-ның шығыс бөлімі деп жариялады. Үкімет мүшелерінің 2-бөлігі Орал облысындағы Жымпиты қаласына келіп, өздерін А. үкіметінің батыс бөлімі немесе Ойыл уәлаяты деп атады. Үкіметтің тағы бір бөлігі Жетісу обл-нда әрекет етті. Елде азамат соғысы басталған 1918 жылдың жазында А. бастаған күштер және большевиктер мен Кеңес өкіметінің соңынан ерген күштер қарама-қарсы жақта қалып, өкімет үшін бір-бірімен ашық күреске шықты. А. азамат соғысы жылдарында кеңес құрылысына жау күштер жағында болды. Нәтижесінде азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі Алаш партиясы мен А. үкіметін таратты. Кеңес өкіметі Алаш пен А-ны Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластауда алдау мен арбау әдісін де, қару жұмсап, күштеу жолын да қолданды. Кезінде (1919–20) Кеңес өкіметі Алаш қозғалысына белсене қатысқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, олар түгелге дерлік сталиншіл өкімшіл өміршіл жүйенің құрбандарына айналды.

Ө. Алашорданың әлеуметтік қоғамдық жұмыстарына араласып, қарулы күштерін құруға, 2-жалпы-қазақ съезіне қатысты. Жалпы алғанда Мұхаң алашшыларға барында жақын жүріп, солармен дос, ниеттес болды. Сол үшін де түрменің дәмін татып, өмір бойы тоталитарлық жүйеге сенімсіз адамдар қатарында саналды, моральдық қысым көрді, жазықсыз жапа шекті, қуғынға ұшырады.

*К. Нурпейіс.*

**«АЛАШ АРЫСТАРЫ – МҰХТАР ӘУЕЗОВ»**, Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының бөлімі. 1997 ж. 23 қыркүйекте Ө-тің 100 жылдық мерейтойына орай Семей қаласында ашылған. Музей экспозициясы Комиссар көшесіндегі Әнияр Молдабаевтың үйінде орналасқан. Бұл үйде 1920–1922 ж. Ө., Ж. Аймауытовтар тұрған. Мұражайдың 4 экспозициялық бөлімінде ұлы жазушы өмірінің 1908–1925 жылдардағы кезеңі көрсетілген. Мұрағат деректері, фотосуреттер, сирек кездесетін кітаптар, афишалар, бейнелеу өнерінің туындылары Ө-тің алғашқы жазушылық, журналистикалық, педагогикалық, қоғамдық саладағы еңбектерімен таныстырады. Бір бөлім Алаш арыстары Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсын, М. Дулатов, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев, М. Тынышбаев, Ө. Ермеков, Х. Ғаббасовтарға т. б. арналған. Мұрағат деректері 1918 ж. Семейде орналасқан бірінші ұлттық мемлекет – Алаш автономиясының тарихымен таныстырады.

*Р. Жанболатова.*

**АЛАШ ПАРТИЯСЫ**, саяси ұйым. Қазақ интеллигенциясының ұлттық-демократиялық саяси ұйымы (1917–1920). 1917 ж. 21–26 шілдеде Орынбор қаласында өткен І-Бүкілқазақтық съезде құрылды. Алаш партиясын құру үшін ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясының жұрт таныған жетекшілері Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсын, Мұстафа Шоқай, М. Тынышбаев, М. Дулатов, Х., Ж. Досмұхамедовтер, Ө. Ермеков, Ж. Ақбаев, Х. Ғаббасов т. б. қайраткерлер 1905–1917 ж. қажырлы еңбек етті. Алаш партиясы кеңес өкіметінің идеяларын қабылдамады. Алаш партиясының бағдарламалық тұжырымдары сол кезде елдің әр түрлі қалаларында оқып жүрген жастар тарапынан, солардың ішінде Семейдегі мұғалімдер семинария-

сында оқыған (1915–1919) Ө-тен қолдау тапты. 1918 ж. қазан айында Омбы қаласында өткен қазақ жастарының Құрылтайына Ө. Алашорданың Семейдегі шығыс бөлімшесінің жастар өкілі ретінде қатысып, баяндама жасады. Кейін де рухани қолдау, көмек көрсетті. Осындай әрекеттерін ғайбаттап, Колчак пен Алашорданы жақтады деп, 1929 ж. 19 сәуірде «Советская степь» газетінде сұрқия мақала жарияланды («М. О. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 40, 105-беттер).

*К. Нұрпейіс.*

**АЛАШ ҰРАНДЫ ӨДЕБИЕТ**, Алаш партиясы, Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметіне қатысқан қоғам қайраткерлері, жазушылар тудырған өдебиет. Бастау көзін ғасыр басында (1909) шыққан А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев (1912) т. б. шығармаларынан алады. Ұзақ жылдар бойы жабық болып келген бұл тақырып 1986 жылдан кейінгі, әсіресе Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң айқындала бастады. 1988 ж. қурылған арнайы мемлекет комиссиясы тарихи құжаттармен, архив материалдарымен, сот істерімен, нақты шығармалармен таныса келіп, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып, Шәкәрім, Әлихан есімдерін халыққа қайтару туралы ұсыныс жасап, үкіметтің арнаулы қаулысымен олардың бәрі де ұзақ жылдар бойы жабылып келген жаладан, жағылып келген жаладан, жасалып келген қиянаттан арылды.

Желісі үзілмеген жеке адамдар арасындағы ұстаздық-шәкірттік, ағалық-інілік, туыстық-бауырлық қарым-қатынастар қаншама: Мағжан мен Сәкеннің семинарияда қатар оқуы, Жүсіпбек пен Мұхтардың «Абай» журналында бірге істеуі, Смағұлдың Әлиханға күйеу бала болуы, Ахметтің І. Кеңесбаевты, Жүсіпбектің М. Балақаевты, Мағжанның Б. Кенжебаевты оқытуы – Алаш қозғалысы рухын кейінгі ұрпақпен жалғастырған мың сан тамырлар. Мұның үстіне мәдениет министрі Лияс Омаровтың Мағжанды ағартуға күш салуы, А. Жұбановтың жүрген жерлерінде Мағжан өлеңдерін жатқа айтып отырғанын, Әди Шәріпов Ахметтің «Өдебиет танытқыш», Бауыржан Момышұлы Ахметтің «Маса», «40 мысал», Кенжебаев Жүсіпбектің «Психология», Ахметтің «Өдебиет танытқыш», Құрманбай Толыбаев Міржақыптың «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал» кітаптарын сақтап келгендігін, оларды жасырын түрде кейінгі буының оқығандығын қоссаңыз, ұлы арнаның үзілмегеніне әбден көзіңіз жетеді.

Ауыл мұғалімдігінен бастап бұлар істемеген қоғамдық-әлеуметтік жұмыс жоқ десе де болады: газет-журнал шығару, адам емдеу, сот болу, темір жол салу, жер өлшеу, Ресей Думасына мүше болу, ұлттық Алашорда өкіметін жасау. Алаш қайраткерлері табиғатынан асыл туған, айрықша дарынды хандар. Олар сол сөзбен отты нәрсіз іске, аз күндік мақсатқа, өткінші атақ-даңқ алуға, қайырсыз байлық-дәулет табуға емес, ұлтқа қызмет ету деп аталатын мәңгілік арманға жұмсаған. Күрес жолына шыққан кезде бұл ерлердің бес қаруы сай еді. Сол замандағы кез келген озық елдің зиялыларынан асып түспесе, кем соқпайтын, әр түрлі ғылым негіздерін менгерген, сегіз қырлы, бір сырлы тұлғалар еді. Алаш қозғалысына қатысып, Алаш партиясын құрысып, Алашорда үкіметін жасаған қайраткерлер ішінен қазақ әдебиетінің алтын діңгек, сом тұғырлары шықты. Отаршылдықпен шайқас,

артта қалушылыққа қарсылық, надандықты мансұқ ету, азат, тәуелсіз демократиялық, дербес мемлекет құруды биік нысана ету, белгілі бір тап мүддесі емес, жалпы ұлт мақсаты үшін күресу, өркениетті нысана тұту, жаңа татар әдебиеттеріндегі бірталай идеялармен сарындастық, – бұл ағымда болған ұлылы-кішілі азаматтардың баршасының дүниетанымына ортақ, етене қасиет, сапалар еді.

Бұл идеялар қазақ әдебиетінде бұрыннан бар үлгілермен қоса жаңа жанрлық формалар арқылы жүзеге асырылып, роман, драма, публицистиканың соны түрлері туды. Өлем әдебиетінің классикалық шығармалары аударылды. Сөйтіп әсіресе Абай сабақтарын нысана тұтқан, бұрынғы озық дәстүрлерді жалғастырған жаңа сапалы Алаш ұранды әдебиет рухани тарихымыздағы ерекше кезең болып табылады. Бұл толқын өкілдерін түгелдей қырып тастағанмен, олардың шығармаларындағы рух, идея, нысана кейінгі әдебиеттен жалғасын тапты.

Түгелдей болшевиктер ықпалында болған, кеңес саясатына әбден сөнген Сәкен, Лиястардың өзі басты шығармаларында («Аққудың айрылуы», «Көкшетау», «Күй», «Күйші», «Құлагер») Алаш ұранды әдебиетпен тақырыптас қана емес, идеялық тұрғыдан сарындас, әуендес. Ө. Абай заманының психологиялық портретін жасау арқылы халқымызды күллі әлемге танытты. Өзін Алаш ұранды әдебиеттің серкелері Ахметтің, Әлиханның, Міржақыптың, Мағжанның, Жүсіпбектің, Шәкәрімнің тікелей шәкірті, олардың тарихи миссиясын жалғастырушы екенін терең сезініп, айқын ұққан, осы жолда сан алуан келісімге барып, көптеген қиындықтарды бастан кешіріп, абақтыға қамалып, одан құтылып шыққаннан кейін де үнемі қуғын-сүргін көрген Ө. қазақ прозасы мен драматургиясын әлемдік биік көркемдік деңгейге көтерді. Сонымен қатар ол әдебиеттану, фольклор, эстетика, философия, тарих салаларында да аса бай ғылыми мұра қалдырған энциклопедист-ғалым. Ең бастысы Алаш қозғалысының, Алаш ұранды әдебиеттің негізгі идеологиялық, эстетикалық, көркемдік мұраттары негізінде жазылған ұлы шығарма – «Абай жолы» роман-эпопеясы дала тағдырын мұхит тектес тереңдікпен бейнелеп, қазақ топырағында жүздеген жылдар атой берген азаттық сарындарын әлем халықтарының жүрегіне жеткізіп берді.

*Р. Нұрғали.*

**АЛБАН АСАН** Барманбекұлы (1866–1916), Албан руынан шыққан ақын, ағартушы. Қазақ, қырғыз (бұғы руы) арасында бала оқытып, шәкірт тәрбиелеп, молда атаған. Оның «Жеті қисса» атты ретпаулар топтамасының үзінділерін алғаш толғау. Жансүгірұлы «Жаңа мектеп» журналына (1926, №9–10) жариялаған. Кейін 1934 ж. «Ақыр заман» деген жеке жинағын жарыққа шығарды. Ақын өмірінің соңына дейін өз заманының әлеуметтік теңсіздігін, Ресейдің отарлау саясаты салдарынан еркіндігінен, жерінен айрылған елінің мұң-зарын толғауларына арқау етті. Жалпы А. А. жырлары Шортанбай, Мұрат, Дулат, Кердері Әубәкір шығармаларымен үндес. Ө. 1927 жылғы Жетісу ақындарына арналған қолжазбасында Асан ақын шығармашылығына ерекше тоқталады. Онда Асанның шығармашылығы, кеш те болса, тұтас алғанда сол кездегі кедейлік жайлаған қазақ халқының өмірін шырғап алған бүкіл әділетсіздік атаулыға қарсылықты білдіретінін, ол 16 жылғы оқиға қарсаңында дүние салса да, орыс шенеуніктерінің көз алдында еңбек сіңірмей-ақ, өз пайдасы үшін даланың сана-

лы адамдары құрметіне ие болған би-болыс, барлық атқамінерлердің өн бойындағы пасық қылықтарды шықпырта сынап, зәрлі күлкі етумен өткенін тілге тиек етеді.

*Т. Әлібек.*

**«АЛҒАШҚЫ ӨСЕР»**, жазушының мақаласы. Бірінші рет 1937 ж. 17 қаңтарда «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланды, сол нұсқа Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (1985, 17-кітап, 55–58-беттер). Мақала «Ер Тарғын» операсының (либреттосы – С. Камаловтікі, музыкасы – Е. Брусиловскийдікі) тұңғыш рет 1937 ж. 15 қаңтарда Қазақ мемлекеттік музыка театрында (қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театры) қойылуына байланысты жазылған. Онда ұлы жазушының алғашқы әсері, ой-толғаныстары баяндалған. Автор күн сайын қадірі артып, беделге ие бола бастаған опера театрының тағы бір жаңа еңбегіне ризашылығын білдіре отырып, «Тарғын» операсының барлық жағынан үйлесімді, әдемі шыққанына сүйсініс білдірген. Қойылымның жұп-жұмыр болып шығуына режиссер Қ. Жандарбектің сіңірген еңбегін ерекше атаған. Мұнан басқа К. Байсейітова, Қ. Бадыров, М. Ержанов, Ш. Жиенқұлова т. б. шебер ойнаған рөлдеріне зор баға берген. «Брусиловский жолдастың аса қымбат бір ісі – би атаулының көпшілігі қазақтың белгілі ән, белгілі күй ырғақтарына құрандығы. Бұл операда композитор халық ән-күйіне бұрынғыдан да көп тереңдеп, көп сүйенеміз деген негізгі дұрыс бағытқа беттеп, сол халық музыкасының арқау, бояуын әлсіретпеген де бұзбаған» деп, зор мақтау айтқан. Ұлы жазушы бұдан әрі өзінің кейбір сын-пікірлерін ортаға салған. Оның ойынша, халық арасына кеңінен мәлім әндерді оңды-солды пайдалануда талғампаздық таныту керек тәрізді. Сондай-ақ ескі күйлерді өнге айналдырып пайдаланса ізденіс те, жаңалық та мол сезілер еді. Сонымен қатар сахнада жүріп-тұруда кемшіліктер бар, опера созылыңқы, ұзактау шыққан деп, автор өзінің театр өнерін жетік білетінін анық танытқан.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«АЛҒЫСЫМ САҒАН, ТУҒАН ЖЕР»**, жазушының мақаласы. 1957 ж. қыркүйек айында 60 жылдық тойында туған жерінде сөйлеген сөзі. Жазушы мұражайының қолжазба қорында сақтаулы. Машинкамен басылған қолжазбаның соңында «Лен-тадан жазып алған Б. Ибраев» деген ескертпе бар. Осыған қарағанда, баспа бетінен емес, туған жердегі жиналыс-кездесу кезінде магнитофон таспасына түсірілген болу керек. 1957 ж. жазушының 60 жылдық мерейтойы КСРО-ның астанасы Мәскеуден бастап одақтас республикаларда, Қазақстанда кең шеңберде тойланған болатын. Қазақстандағы той республика астанасы Алматыда, облыс орталықтарында, аудандарда, ұжымдар, кеңешарларда, мектептерде аталып өткен болатын. Семей облысындағы той Семейдің өзінен басталып, Абай ауданында, жазушының туған жерінде жалғасты. Туған жерін жазушы өзі тіленіп, жанына жолдастарын ертіп салт атпен аралаған. Абай бейнесіне тәу еткен. Жазушы сөзіне қарағанда, бұл кездесу облыс, ауданда емес, жазушының туған жеріндегі кейін «Мұхтар Өуезов» кеңшары болған ауылда өткенін байқаймыз. Осы жайында жазушы К. Оразалин «Абай ауылына саяхат» кітабында: «Мұхтар Өуезов» атындағы совхоздың орталығы бұрынғы Қасқабулақ колхозының негізінде ұлғайтылды. Ауылдың алдыңғы жағын-

да көлмен жалғас алаң бар. Дәл осы жерде 1957 ж. Мұхаң алпыс жасқа толып, туған еліне келгенде, ауылдың еңбектеген шалы мен еңкейген көрісіне дейін тосып алған. Мұхаң аса қатты қобалжып сөз сөйлеген» дейді (127–128-беттер). Сөйлеу стилінде үлкен орталықтардағы ресмилеу жиындардан гөрі ет жақындар арасында болуға тиісті жылы, ыстық сезім, қарапайым сөздермен берілген туыстық ықылас айқын сезіледі. «Бұдан былай да, ендігі қал-қуаттың барлығын жұмсап, сіздердің көңілдеріңіздегі менің еңбегіме жақсы пейілмен қарап, жақсы бағалатын алғыс айтарлық туысқандық, аталық, аналық, бауырлық сезімдер өзгермейтіндей мүмкін болса, өсе беретіндей еңбек етуді арман» еткенін айтқан. Мақала жазушы өмірінің ең бір тәтті, кимас сәттерін аңғартады.

*Р. Әбдігүлов.*

**АЛДАБЕРГЕНОВ** Нұрмолда (1906–1967), ауыл шаруашылығын ұйымдастырушы, қоғам қайраткері. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері (1948, 1958). Отыз жылдай өзі басқарған ұжымдарда (1935–67) азат тәжірибе мен ғылыми жаңалықтарды енгізіп, қала үлгісінде құрылыс салуды жүзеге асырды. Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің депутаты арналған екінші мақала. 1955 ж. 31 желтоқсандағы санында жарияланған, кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 19-кітабына енгізілген (1985, 349–350-беттер). Автор зауышлар газетінің мазмұны, мәдениеті, тілі, түрі, үлгі-өрнегі партия мен халықтың талабына дөп келуіне тілек білдіре отырып, өз ойларын ортаға салады. Оқырманның ыстық ықыласына бөленіп, қадірлі болу үшін:

а) әр жазушы осы газет жүзінде большевиктік негізде, объективті, әділ, талабы мол сын, шын сөзге мығым болсын; ә) әдебиеттегі, әдебиет айналасындағы мінез-мерзімде зор сапаға ие болсын; б) осыларды социалистік мәдениет қайраткерлері «адам жанының инженері» деген атақты таныта білсін; в) ол үшін Коммунистік партияның адамгершілік, гуманистік даналық дәстүрінен үлгі алып, үйренейік, өнегелі өсейік деп, газетке тілек айтады. Бұл, әрине, заман талабына сай, сол кездегі идеология тұрғысында жазылған шығарма еді.

*Н. Османгері.*

**АЛДАЖАРОВ** Ниязбек Әбдіғалиұлы (1915–1988), шежіреші. Абайдың Жидебайдағы қорық-мұражайының меңгерушісі болып ұзақ жылдар қызмет еткен. Құнанбай мен Абай ұрпақтарының тарихы мен тағдырын жақсы білген. Абайдың Жидебайдағы қорық-мұражайын мемориалдық тұрғыдан қалпына келтіруге үлкен үлес қосқан. Шәкәрімнің, Ағашаяқ Берікболдың, Қабыш Шәкәрімұлының әдеби, музыкалық мұраларын таспаға түсіріп, Абайдың Семейдегі мұражайының қорына тапсырған. Сондай-ақ Құнанбай мен Абайдың өмірбаянына қатысты деректер мен тобықтың руының шежіресін жинақтап, бір ізге түсірген. «Абай туралы естеліктері»

«Жұлдыз» журналының 1992 жылғы 1-санында жарияланды. Ө-пен сыйлас іні ретінде араласып тұрған. Ұлы жазушы туралы естеліктерінің қолжазбасы Семейдегі Абай мұражайы мен «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақтаулы. Онда «Абай жолы» эпопеясындағы тарихи тұлғалардың өмірбаяны мен тағдыры туралы тың деректер бар. А. Мұхаңның ата-бабаларының шежіресін бір жүйеге келтіріп, негіздеп жазған.

Т. Жұртбай.

**АЛДАР КӨСЕ.** ауыз әдебиетіндегі кейіпкер. Бұл жайында Ө. толғамдары «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген зерттеуінде берілген; «Қазақ әдебиеті тарихында» (1960) кеңінен баяндалған. Адамдар бойындағы сарандықты, қараулықты, дүниеқоңыздықты, аңғырттықты өткір әшкерелейтін Алдар бейнесі – халық қиялы сомдаған ең жарқын, ең тартымды бейненің бірі. Ел қашан да зорлықшы, алдаушыны, дүлей өктемдікті таңбалап, момын көпшіліктің «есесін» қайтаратындардың болатынына сенген. Осы сенім А. К. сыйды мәңгі өлмейтін тұлғаны жасаудан көрінген. А. К. туралы новеллалық ертегілерден зұлымдық пен сұмдық атаулыны өткір түйреп, әжуалап отыратын халық күлкісінің, оның өршіл оптимизмнің қуатты тегеуріні танылады, ауыз әдебиеті шығармаларының қарапайым бұқара өкілдерінің терең мүдделерінен орайластығы аңғарылады. Жазушы А. К. туралы аңыздардың қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікмен елдерінде де ұшырайтынын да көрсеткен. «Алдар аты – күлкі аты. Күлкіге өлім жоқ, ендеше сол күлкі өшпейтіндей Алдар да өлмес жан бейнесінде әңгімеленуі шарт. Қазақ аңызында Алдардың туысы айтылмаса, өлімінің де айтылмайтын мәні осыдан» екенін ескерткен («Қазақ әдебиеті тарихы», 1960, 255-бет).

Р. Бердібай.

**АЛЕКСАНДРОВ** Николай Павлович (1924 ж. т.), суретші-бездерішү. 1963 ж. Ө-тің жаңадан құрылған әдеби-мемориалдық мұражай үйіндегі: «Халық ауыз әдебиеті», «Қазақтың ағартушы-демократтары», «М. О. Өуезовтің балалық, жастық шағы», «Әдеби шығармашылық жолының басталуы», «20–30 жылдардағы қазақ әдебиеті», «М. Өуезов – жазушы, драматург және аудармашы», «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы», «М. Өуезов әдебиет сынында», «М. Өуезов және КСРО халықтары әдебиеті», «Абай жолы» шет елдерде», «Қазіргі заман туралы жазылған «Өскен өркен» романы», «М. Өуезов – ғалым және ұстаз», «М. Өуезов – қоғам қайраткері», «М. Өуезовтің туғанына 60 жыл толуының аталық өтуі», «М. О. Өуезовтің жұмыс бөлмесі», «Мұхтар Өуезов және қазақ музыка өнері», «Мұхтар Өуезов және қазақ драма театры» деген тақырыптық көрмелерді безендірді. Көрме 1963–73 ж. тұрақты жұмыс істеді.

А. Қуанышбаев.

**АЛЕКТОРОВ** (Рын-Песковский) Александр Ефимович (1861–1918) – орыс ориенталисі, библиограф, этнограф. Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамының толық мүшесі (1889). Қазақ халқының тарихын, экономикасын, этнографиясын, ауыз әдебиетін, тілін зерттеген. Жүзден аса еңбек жазған («Даналық баспалдағы», «Қырғыз хрестоматиясы», «Қырғыздар туралы кітаптардың, журналдар мен газет-

тер мақалаларының және хабарлардың көрсеткіші» т. б.). Ө. «Ақаңның елу жылдық тойы» атты мақаласында А. Байтұрсынұлының А-пен жақсы таныс екенін жазады: «Омбыға барып Аекторовпен көрісуі Ақаңның кейінгі күндегі адамшылығы мен ісіне екі түрлі әсер берген. Біреуі – Аекторовтың қазақ турасындағы отаршылдық саясатының басын біліп, көздеп жүрген мақсатын сазқын болар, атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін осы оқуы керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Аекторовтың ниетімен жақын келіп, танысқан соң, Ахмет қазақ халқының халінің ауырлығын ұғып, ел турасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған. Аекторовпен танысуының екінші әсері – Ақаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған». А. пен Байтұрсынұлының пікірлес, ниеттес екенін Өуезов 1923 ж. «Ақ жол» газетінде шыққан мақаласында, «Ақын аға» романында (1951) автоцензура арқылы бүркемелеп көрсетеді. Ал жазушы «Ертегілер» деген зерттеуінде А-тың қазақ ауыз әдебиетін жинап, зерттегенін, орысшаға аударып жарияланғанын құптап, зор бағалаған. «Қазақ ертегілерінде кейде Солтүстік елдердің ертегілік әсері байқалып, «Баба аға» сияқты заттар араласады. Тіл қататын хайуандар қатысып жүреді деп, Аекторов орыс ертегісі мен қазақ ертегісінің ұқсастық жайын дәл айтады» деп жазған М. Өуезов. «Абай жолы» эпопеясында Мекен деген жетім баланың Мишка, Михаил Ивашкин аталып, шоқындырылып, тек орыс тілінде сөйлейтінін баяндай келіп, А. сияқты миссионерлердің жымсықы әрекеттерінің салдарынан отар халықтардың орыстандырылып жатқанынан емеурін танытқан.

М. Мырзахметұлы.

**«АЛҚА»**, әдеби үйірме. 1924–25 ж. ұйымдастырылған Пролетар жазушылардың ассоциациясына (КазАПП) кірмеген өзіндік көркемдік-ұлттық бағыт ұстаған қазақ жазушыларының еркін ұйымы. Үйірмені Мәскеудегі Әдебиет институтының студенті М. Жұмабаев ұйымдастырып, оның «Табалдырық» атты бағдарламасын жазған. Бағдарламаны талқылауға Ж. Аймауытов, М. Ө., А. Байтасов, Қ. Кемелгерев т. б. әдебиетшілер қатысқан. Баспасөз бетінде ашық талдауға мүмкіндік берілмегендіктен, бағдарлама хат арқылы таратылған. «А.» үйірмесі ресми түрде тіркеуден өткен жоқ. Сондықтан оның мүшелері 1929–30 ж. түрмеге қамалып, оларға: «жауапты орындарға кіріп алып, кеңес өкіметіне жат идеяны насихаттады, оны «Алқа» үйірмесі арқылы жүзеге асырды; жоғары оқу орындарының шәкірттеріне оқулықтар жазып, араңдау әрекеттерін жүргізді; әдебиеттің таптық мүддесін, партиялық сипатын, үгіт-насихаттық қызметін мойындамады; ұлтшыл-буржуазияшыл идеологияны көркем шығармалар арқылы насихаттады» деген айып тағылды. Оның мүшелері қуғынға ұшырап, жазықсыз жазаланды.

Т. Жұртбай.

**АЛЛА, ҚУДАЙ**, тіршілік дүниені және Қияметқайымыды жаратушы. Исламда А. – жалғыз Құдай, адамдарға өзінің елшісі ретінде Мұхаммедті жіберді. Мұсылмандардың сенім-ұраны: «Алла хак, Мұхаммед (с.ғ.с.) оның елшісі, Алладан басқа жаратушы жоқ», ал Құран – А-ның сөзі. А. бұл сөзін Мұхаммедке тікелей өзі немесе періште арқылы жеткізген. Ондағы уағыздың негізі – А-ны дәріптеу.



Құранның мазмұны да, тақырыбы да бір ғана А-ға сену болғандықтан, көп құдайлы ғұтқа табынушылыққа қарсы тұрған. А. – жалғыз, оның ешқандай теңдесі жоқ; ол – мәңгілік, ол тұмайды, оны ешкім туғызған жоқ, оған тең келер ешкім жоқ. 18 мың ғаламның барлығы А-ға бағынғандықтан, дүниеде оның әмірінсіз ештеңе істелмейді, тіршіліктің дамуы оның әмірі негізінде ғана жүреді. Құран сурелері осыны дәлелдейді. А. өзі жаратқан дүниеге әмірін жүргізеді, демек тіршілікті дамытады, өзгертеді, барлық құбылысты өзі жасайды. Оладамзатқа өте қайырымды, себебі ол адамның санасына сенеді, адамға кешірімді. Адам А-ның құдіретіне сенгендіктен, өзін Құдайдың құлымын деп түсінеді; дін жолына түсіп, оған құлшылық етеді. А-ның даналығы – оның тек адамзат үшін істеп жатқан ізгілік ниетінің нәтижесі. Құран қағидасының негізгі мақсаты – адам баласын тек адал өмір сүруге, істеген ісіне жауапкершілікпен қарауға, күнәсін мойынына алуға шақырып, А-ға күнәсін кешіруін сұрап, жалбырыну. Дер кезінде күнәсін кешіруді өтінбесе, о дүниеде күнәға батып, А-ның алдында жазаға тартылады. Ислам дінінде А. туралы ілімнің негізі – Құдайға, бір А-ның өзіне құлшылық ету, Құдай жаратқан пенденің барлық өмірі бір жаратқанға қызмет етумен өтпек. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясында Құдай – 220 рет, А. 15 рет келтірілген. Бұл екі ұлы атау Бөжей қазасы кезінде, Оспан қайтыс болғанда, Абайдың сүйікті балалары өмірден өткенде жиі еске алынады. Ал Абайдың шығармашылығы туралы зерттеулерінде, атап айтқанда, «Кезімнің қарасы» өлеңін талдағанда, бұл өлеңде тәңір, ие сөздері көп кездеседі, өйткені Алланың рақметін айтып, «махаббаттың бағасын алланың, пайғамбардың беделімен бағалатпақ болғандай» дейді. Абай «Лай суға май бітпес» деген өлеңінде: «Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі, өзіне құмар қылған оның әмірі» деп жазып, ақынның Алласына бас иген пенде екенін танығады. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, рас сөз ешуақытта жалған болмас» дегенде, Абай А-ның бар екенін мойындап, оны таныған, сөйтіп А-ның растығына айырықша көңіл бөлген деп тұжырымдайды өз ойын жазушы («Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы (1845–1904).

Ә. Дербісәлі.

**АЛЛАЯР СОФЫ**, Со ф ы Ал л а я р (т.-ө. ж. б.), 18 ғасырда өмір сүрген діни ақын. Мұсылман дінін дәріптеп, 4 кітап жазған («алаяр» – Алланың досы; «софы» – діндар деген мағына береді). Олардың ең негізгісі – «Ғазизаға бағыштау» («Рисалаи Ғазизи» немесе «Шархи Сунбатул Ғазизин») деп аталады. Кітап 1893 ж. Қазанда жарық көрген, көлемі 344 бет. Мұнда Құдайдың пайғамбарларға (Мұса, Дәуіт, Иса, Мұхаммед) жиберген төрт кітабы аталған. Олар – «Таурат (Библия), Забур (Зенд Авесты), Інжіл (Евангелие), Құран немесе Кәләм Шәриф. «Аллар Софы» кітабы 1889 ж. араб, парсы, түрік тілдерінде Стамбулда басылып шықты. Ал 1840 ж. Қазанда басылым көрген «Рисалаи Ғазизи» кітабының 3-бетінде автор: «Бұхар халқы жалқау екен. Қауын-қарбыз сатып жүреді екен» деп жазған. Демек А. С. Орта Азияға дін үйретуге барған. Революцияға дейін қазақ молдалары шөкірттерге бұл кітапты «Софы Алдияр» деп оқытқан. Абай бұл шығарманы білген, өзінің 38-сөзінде А. С-ның айтқан діни тұжырымдарына дәлелдер келтірген. Ө. өзінің «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты монографиясында діни мистика сарынында жазылған А. С-ның шығармаларынан емес, керісінше,

Шығыс классик ақындарынан үлгі алғанын, тіпті соларға еліктеп өлең де жазғанын атап көрсеткен.

Ә. Дербісәлі.

**«АЛМА БАҒЫНДА»**, жазушының пьесасы. Алғаш рет 1937 ж. «Әдебиет майданы» журналының 2–3-сандарында жарық көрді. Жазушы архивінде оның сақталған 3 нұсқасының бірі – араб, енді бірі латын әрпімен жазылған. Латын әрпіндегі қолжазбада 3-актінің ең соңғы 7-суреті жоқ, пьеса 6 суретпен аяқталған. Араб жазуындағы нұсқаның кей суреттері мен көріністері 1937 жылғы басылымға ұқсамайды. Машинкаға басылған 3-нұсқасы журналда жарияланған, оның да әр жері редакцияланып, қысқартылған, өшірілген. 7 мәтін сөздер жаңадан қосылған. Осы нұсқа Ө-тің 12 және 20 томдық шығармалар жинағының тиісінше 9 (1968, 151–206-беттер), 10 (1982, 87–152-беттер) томдарында жарияланған. Пьесаға «Алма пісер шағында» деп, жақша ішіне екінші ат қойған. 30-жылдары Ө. тек тарихи тақырыппен, өткен күнді бейнелеумен ғана шектеліп қалған жоқ. Бұл кезеңде оның шығармашылығында кеңес өмірі, кеңес тақырыбы жетекші әрі негізгі орын алды. Соның бірі осы пьеса. Шығармада автор жоғары оқу орындарында жүрген кеңес жастарының өмірін көрсетпек болған. Алайда бұл туынды драматургтің ойынан шықпаған. Бірақ шығармада тауып айтылған әзіл, қалжың сөздер, жастарға тән көңілділік, албырттық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен сипаттар, оған өміршеңдік ажар, кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы характерлер терең ашылмаған, өткір драмалық жағдаяттар көрсетілмеген.

Н. Ақбай.

**АЛМАЖАН** Азаматқызы (1823 – ө. ж. б.), ақын. Әкесі Азамат Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, қаза тапқан. А. жас кезінен өлең шығарып, ақын қыз атанған, сөзді ұстартып айтуға шебер болған. Өлең-жырларынан бізге жеткені – «Жетім қыз» поэмасы. Шығармада хандар мен билердің, бай-манаптардың елге жасаған зорлық-зомбылық, зұлымдық әрекеттері әшкере-леніп, өмір шындығы шебер суреттелген. Ө. әдебиет тарихына, соның ішінде 19 ғасыр әдебиетіне зор ықпал қойып, толымды да кемел пікірлер айтып отырған. Ол өткен заман әдебиетін зерттегенде, А. сияқты ақын қыздардың әлеуметтік теңсіздік пен ханға қарсы айтқан сөздерін мықты мысал етіп пайдалануды ұсынған («Әдеби мұра және оны зерттеу», А., 1961, 367-бет).

**АЛМАСОВ** Омар (Ғұмар) (т.ж. б. – 1920), Алаш қозғалысының қайраткері. Мұғалімдер семинариясында оқыған. 1916 ж. тамыз айында Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу облыстары өкілдерінің Орынборда өткен кеңесінің хатшысы болды. Онда Ө. Бөкейханов, М. Дулатов сияқты Алаш қозғалысы басшыларының пікірін қолдады. 1917 ж. 2–8 сәуірде Торғай облысы қазақтарынның съезін ұйымдастырушыларының бірі әрі хатшысы болды (Орынбор). 2–Бүкілқазақ съезінде (5–13.12. 1917, Орынбор) Қазақ автономиясын жақтап дауыс берді. Съезде А-ты Халық Кеңесінің мүшелігіне кандидат етіп сайлады. Торғай өңірінде кеңес өкіметіне қарулы қарсылықты ұйымдастыруға белсене қатысты. Торғай облысы бойынша Алашорда сотының бастығы қызметін атқарды. А. Байтұрсынновпен бірге Кеңес үкіметімен келіссөз жүргізді (наурыз, 1918). Аққұм

мекенінде тұтқындауға келген қызыл әскерлермен атыста мерт болды. Келелі жиындарда Ө-пен кездестіп, таныс-біліс, пікірлес болғаны сөзсіз.

*Ж. Сүлеймен.*

**АЛМАТЫ.** қала. Іргесі 1854 ж. қаланған. Алматы облысының орталығы, республикалық мәртебесі бар. 1929–97 ж. Қазақстанның астанасы болды. Ө-тің өмірі мен шығармашылық қызметі қала тіршілігімен тікелей байланысты. Жазушы А-ға тұңғыш рет 1927 ж. шілде айының ортасында келіп, қазіргі Достық және Төле би даңғылдарының қиылысындағы Б. Сүлейев пен Ф. Фабитованың үйіне ат басын тірейді. Сапар мақсаты туралы «Тілші» газетінде «Алматыға Мұхтар Әуезұлы келді» деген хабар жарияланып, Жетісу өлкесіндегі қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілерін, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен Кенесары-Наурызбай жайында деректер жинау ойында бар екені айтылған. Сол жолы І. Жансүгіровпен, О. Жандосов бірге Қарқара, Асы, Қордай өңірін аралап, көп мағлұматтар жинайды. Осы сапардың нәтижесінде «Қараш-Қараш оқиғасы» (1927, қыркүйек), «Қилы заман» (1927–28), «Хан Кене» (1928) атты шығармаларын жазды. 1930 ж. 16 қыркүйек күні Ташкент қаласында қамауға алынып, қазан айының басында А. түрмесіне әкелінді. Екі жыл тұтқында болып, одан 1930 ж. мамыр айының басында шартты жаза алып, бостандыққа шықты. Содан бастап Ө-тің былайғы өмірі де, шығармашылық жұмысы да бірыңғай А. қаласында өтті. Ол 1932–38 ж. Артиллерия және Өзбек (қазіргі Шевченко және Сейфуллин көшелерінің бұрышы), ал 1938–51 ж. Калинин мен Панфилов (қазіргі Қабанбай мен Панфилов көшесіндегі үйде), ал 1951 жылдан өмірінің ақырына дейін Абай (кейіннен М. Төлбаев) көшесіндегі 185-үйде тұрды. Жазушының 1932 ж. жазылған «Октябрь үшін» пьесасынан бастап ең соңғы «Өскен өркен» романына дейінгі барлық туындылары осы қалада дүниеге келді. Ол А. қаласының мәдени-рухани, ғылыми өміріне белсене араласты. «Өскен өркен» романында А-ның келешектегі келбеті туралы бағыт пікірлер білдіріп, ұсыныстар айтты. Абай даңғылының атауы, Абай ескерткіші Ө-тің ұсынысы бойынша қойылды. Ұлы суреткер «Ол күнгі Алматы» деген очеркін жазды (1936) Алматы қаласында ауданға, көше, Қазақ академиялық драма театры мен мектепке Ө. есімі берілген, мұражай-үйі, екі ескерткіші бар.

*Т. Жұртбай.*

**«АЛМАТЫ»**, энциклопедия. 1983 ж. «Қазақ энциклопедиясы» баспасы қазақ және орыс тілдерінде шығарған. Бас редакторы – М. Қозыбаев. Энциклопедияның толықтырылып, өңделген нұсқасы 1996 ж. орыс тілінде жарық көрді. Бас редакторы – Р. Нұрғалиев. Ө-тің өмірі мен шығармашылығы туралы көлемді мақалада: «Әуезов есімі ұлттық рухани мәдениеттің шырқау символына айналды» деп жазылған. Сондай-ақ ұлы жазушының мұражай-үйі, оның атындағы көше, аудан, ескерткіштері жөнінде мағлұматтар орын алған.

**«АЛМАТЫ АҚШАМЫ»**, калалық газет. Газеттің алғашқы саны 1988 ж. 1 шілдеде жарық көрді. Ол әуелі «Вечерняя Алма-Ата» газетінің аудармасы негізінде шықты. 1989 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазіргі атауымен шығып келеді. Газет әрдайым әдебиетке, өнерге, мәдениет пен ғылымға ерекше көңіл

бөліп отырады. 1989 ж. 20 қазанда әдебиетші-ғалым Т. Әкімовтің «Мұрамызды игеру – парыз» атты мақаласы М. Әуезов мұражай-үйіндегі қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінің жұмысын талқылауға арналса, ал Қазақстан халық жазушысы С. Мәуленовтің сол жылғы 5 шілдедегі «Қазақ әдебиетінің досы» атты мақаласы Л. Соболев пен М. Әуезовтің достық қарым-қатынасына бағышталды. 1995 ж. ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына байланысты газетте 200-ден астам танымдық мақалалар, ғылыми-зерттеулер жарияланды. Солардың ішінде тікелей М. Әуезовке қатысты еңбектер орын алды. 1997 жыл – ЮНЕСКО бойынша Мұхтар Әуезов жылы деп жарияланды. Газет оған дайындықты 1996 жылдан бастады. Сол жылғы 30 желтоқсандағы санында Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған М. Әуезовті еске алу кеші туралы газет тілшісі Ө. Тарақтың «Жыл асуындағы жүздесу» хабары мен әл-Фараби атындағы ҚазМУУ-да өткен «Әуезов оқуларынан» Ө. Өріннің «Ұйлық ұлағаты» мақаласы басылды. Н. Төреқұлдың «Ұлағатымен ұялаған ұлы жүрек», Ж. Дәдебаевтың «М. Әуезов және халық мәдениеті», Ж. Ысмағұловтың «Ұлының шапағаты ұлының нәсібі», М. Қараевтың «Ұлы дарынның драматургиядағы қарымы», Д. Ысмақтың «Достықтың жалынды жаршысы», К. Қармысовтың «Мұхамменің Мұхаммеді!», М. Әлімбаевтың «Мұхтар Әуезов жайындағы эссе», Ө. Ыдырысовтың «Қазағым дана халық», Ж. Өмірбекұлының «Ұлтжанды ұлы тұлға», Е. Құлпейісовтың «Мұхаңнан қалған мәнді сөз», Б. Өмірбаевтың «Даналық дәрістері – мәңгі жадымда», М. Сармурзинаның «Жаңа дәуір данышпаны», З. Асабаевтың «Әуезовтің Арагонға хаты», Қ. Алпысбаевтың «Өнерімзді өркендеткен ұлы тұлға», Р. Жасынованың «Мұражай мұраларын ақтарғанда», «Еркежанның есіндегілер», А. Дайырбековтің «Туыстық тағылымдары» т. б. елудей зерттеу мақала, естелік-өңгіме жарық көрді.

Ш. Ыбыраевтың «Ғұлама ғалым ғибраты дарыған отау», Г. Серғазының М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры туралы «Қазақ драмасының діңгегі» мақалалары шықты. 1997 ж. 26 қыркүйекте Ө. тойына тұтас бір нөмір арналды. Әуезов ауданы жөнінде «Ұлы қаламгер атындағы аудан» деген арнайы бет берілді. Газет Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретариаты мен Алматы қаласы әкімінің бірлескен шешімі бойынша, Ө-тің 100 жылдығына арналған шыр-бәйгесі – мұшәйра өткізуге ұйтқы болып, 30 ақынның өлеңдерін жариялады.

*Е. Сағат.*

**АЛМАТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ**, қазір Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орны. Қазақ мемлекеттік университеті деген атаумен 1928 ж. құрылған. Алғашқы ректоры С. Аспандияров болды. Әуелгі оқу жылында 124 студент оқыды, 9 оқытушы жұмыс істеді. 1930 ж. Қазақ педагогика институты деп өзгертілді, 1935 ж. оған Абай есімі берілді. Оқу орны 1990 ж. Қазақ мемлекеттік университеті, ал 1992 жылдан бастап қазіргі ата-



О. Алмасов.



Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бас ғимараты.

уымен аталып, классикалық университет дәрежесін алды. Жоғары оқу орнының қалыптасуына А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, С. Аспандияров, М. Әуезов, Қ. Сәтбаев, С. Мұқанов, Қ. Жұбанов, Н. Ворожцов, В. Догел, А. Думанский, К. Персидский, Б. Домбровский, М. Усанович т. б. көп көмек көрсетті, зор үлес қосты. 1932–49 ж. М. Әуезов осында аға оқытушы, профессор болып қызмет істеді. «Мәдениетті Қазақстан» атты очеркінде ҚазПИ-дің 11 жылдық тарихына, қол жеткен жетістіктеріне, оның өркендеуіне игілікті еңбек еткен ғалымдарға арнайы тоқталып, Қазақстан жастарының «қай білімді, қай өнерді аламын десе, талғау-таңдауынды шек жоқ» екенін, сондай білім ордасының бірі – ҚазПИ «кел мұңдалап», өнер-білімнің үлкен кеніне айналғанын жазған (20 томдық шығармалар жинағы, А., 1981, 8-том, 51–68-беттер).

*Б. Әбдіғазиев.*

**«АЛПАМЫС БАТЫР»**, қазақ эпосы. Жырдың түркі тілдес халықтарға ортақ бірнеше нұсқасы бар. Қазақша нұсқасы 1899 ж. Қазанда жарық көрді. Қиссаны жинап, жариялауда Ә. Диваев көп еңбек сіңірді. Ә. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеу еңбегінде бұл жырды 16 ғасырда қазақтар мен ноғайлының бірлесіп жасаған жорықтарын суреттейтін туындаға жатқызады. Кейіпкерлерді – батырларды Қобыланды, Қамбар, Тарғын сияқты аға батырлар мен Алпамыс, Сайын тәрізді іні батырларға жіктейді. Аға батырлар жайындағы жырларда жеке бастың қамынан гөрі әлеуметтік сарын басым. Мұнда рулық коллективтің қуат-күші батырдың бірегейі, тұтас образы арқылы бейнеленеді, ол өзінің қайрат-жігерін сыртқы жауға қарсы соғыста көрсетеді. Ол бірде ел шетіне тиген жауға қарсы шықса, енді бірде өш руға қарсы көк алуға өзі аттанады. Барлық жағдайда да батыр – өз руын бастап шығушы өрі соның қайтпас қажырының көрінісі. Олар жорыққа жеке бастың намысын іздеп шықпайды. Ал Сайын, Алпамыс сияқты іні батырлар өздері үшін жорыққа аттанады, не кегін қуады, не қалыңдық үшін аттанады. Олардың туған аулына жорық жасаған немесе қалыңдыққа таласқан бақастары да – солардың өздері сияқты іні батырлар деген тұжырымға келеді. Бірақ ұлы жазушының «аға батыр», «іні батыр» деген пікірі қазақ әдебиетінде жалғасын тапқан жоқ.

*И. Хасенұлы.*

**АЛПЫСБАЕВ** (А л т а й) Асқар (1963 ж. т.), жазушы, әдебиет сыншысы. ҚазПИ-дің филология фа-

культетін бітірген (1984). Халықаралық «Сорос қоры» бәйгесінің (1995), Қазақстан Жазушылар одағының Т. Айбергенов атындағы сыйлығының (1997) лауреаты. «Қыр мен дала хикаялары», «Ұлт әдебиеті және ұлттық таным» деген мақаласында Ә-тің шығармашылығына тоқталып, «Абай жолы» эпопеясына кеңестік идеологияның салқыны, ұлы суреткердің заманға орай қайғылы тағдыры мен шығарма қайшылықтары туралы ой толғаған («Жұлдыз», 2000, №4).

**АЛПЫСБАЕВ** Құныпия Қожахметұлы (1949 ж. т.), әдебиет зерттеуші, филология ғылымының докторы (2001), профессор (2001). Ә-тің шығармашылық шеберханасы мен көркемдік әлеміне байланысты ғылыми зерттеулер, шығармаларындағы өнер адамдарының тағдыры, әншілік дәстүрдің бейнеленуі, сал-серілердің өмірі, өнері туралы мақалалар жазды. «Абай жолындағы» әншілік дәстүр», «Абай жолындағы» сал-серілердің өңдері», «М. Әуезов шығармаларындағы әншілік дәстүрдің бейнеленуі» атты телехабар ұйымдастырып, бейнетаспаға түсірді. «Өн әуені, әнші әлемі» (1987), «Өнер мен өнерпаз әлемі» (1987), «Өн мен күй тоғысы» (1987), «Мұхтар Әуезов шығармаларындағы өнер тақырыбы» (1990), «Сұлулық орамы» (1987), «Мұхтар Әуезов шығармаларындағы өнер мен өнерпаз тұлғасы» (1997) т. б. еңбектерінде ұлы суреткердің өсемдік әлемі жан-жақты қарастырылған.

*С. Жұртбай.*

**АЛПЫСБАЙ** Бақытбек (1947 ж. т.), актер. ҚазКСР-інің еңбек сіңірген артисі (1990). М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрының жанындағы актерлік студияның (1997), Т. Жүргенов атындағы Театр және кино институтының актерлік факультетін (1996) бітірген. Содан бері Н. Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ драма театрында қызмет атқарып келеді. Оның актерлік өнерінің дамып-қалыптасуына Ә. пьесаларының негізіндегі қойылымдарда ойнаған рөлдері, соның ішінде Арыстан, Жарас («Айман – Шолланд»), Жапал («Еңлік – Кебекте»), Кәрім («Түнгі сарында»), Дәулеткелді («Қарагөздер»), ұлы драматург аударған Н. В. Гогольдің «Ревизорындағы» Лука Лукич бейнелері ерекше ықпал етті.

*Б. Құндақбайұлы.*

**«60-ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАЗА ӨНЕР ПОЭЗИЯСЫ»** («Поэзия чистого искусства 60-х годов»), Ә-тің әдеби-теориялық сипаттағы мақаласы. Мәтіні «Әуезов үйі» FMO қолжазба қорында сақталған. 238-буманың 116–121-беттерінде қолжазба автордың өз қолымен қара қарындашпен жазылған. Сақталуы нашар. Мақала алғаш рет Ә-тің 50 томдық толық шығармалар жинағына дайындалды (20-том, 2005, 29–41-б.). Ленинградтағы студент кезінде жазылған баяндама мақаланың қолжазба мәтіні автор қолымен көп өңделген. Түзетулер жасалған. А. Фет лирикасын талдаған жұмыста Ф. Тютчев, А. Толстой, Я. Полонский, В. Майков поэзиясына қатысты да ойлар айтқан. Автор алдымен таза өнер поэзиясының көркемдік қасиеттерін, поэтикалық ерекшеліктерін анықтап алып, А. Пушкиннің лицейлік кезеңінен бастау алатынын атап өтеді. Таза поэзияның басты ерекшеліктеріне француз ақыны П. Верленнен келе жатқан «ен алдымен музыка» деген ұстаныммен қатар табиғат пен адамның сыртқы сұлулығын

құмарта суреттейтін ерекшелігі, тарихтан, әлеуметтік ойлау жүйесінен аулақтығы сияқты қалыптасқан тұжырымдарды, теориялық ұстанымдарды алға салып, Феттегі лирикалық кейіпкердің де табиғат тұлғасына терең бойлағанын, тарихтан, әлеуметтік ойдан тыс тұратындығын мысалдармен дәлелдейді. Сөзімізге суарылған сұлулықты суреттеудің шырақу шыңына шыққан Фет поэзиясын сөзбен түсіндіріп беру қаншалықты қиын болса да Ә. Соңдай «ұстайтын жері» тым нәзік тақырыпты жоғары деңгейде игерген. Фет өлеңдерінің нәзік қырларын талдауда әдебиет сыны деңгейінен биіктеп, ғылыми-теориялық тұрғыда талдауға ыңғай беруі қиын материалды жүйелеп, көзге ілігуі қиын белгілерін деп басып айтқан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«АЛПЫСЫНШЫ ЖЫЛДЫҢ ТАБАЛДЫРЫ-ҒЫНДА...»** («На пороге шестидесятого...»), жазушының мақаласы. Алғаш рет «Современный восток» журналында жарияланған (1960, №1). Жаңа жылдың табалдырығында тұрып 20 ғасырдың тарихқа кетіп бара жатқан елу тоғызыншы жылы бізге не қалдырды деген ой келеді. Сонда мен зор қанағат пен қуанышты сенім сезіміне бөленемін. Бұл бұлдыр уақыт пен алданған үміт жылы емес, миллиондаған адамдар жүрегінде жарқын із қалдырған, қиялдағы арманды шындыққа айналдырған жыл болды дейді автор. Сондай ізгі табыстардың бірі дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау жолындағы қозғалыстың белең алғандығы. Бейбітшілік ұраны әсіресе Шығыс елдерінің жүрегіне жақын. Өйткені Азия мен Африка құрлықтарының халықтары ғасырлар бойы отарлық құлдықтың құрсауында азап шегіп, ұзақ соғыстардың зардабын тартты. Сондықтан бейбітшілікті қорғау қозғалысын қазіргі Шығыстың рухани және интеллектуалдық бет бейнесін білдіретін ақындар, жазушылар, суретшілер, журналистер, күллі мәдениет қайраткерлері бірауыздан қолдайды. Шынайы мәдениет – әрдайым адамгершіл, әрдайым ізгі ниетті. Ол әрбір адамның өмірін өрлендіріп, сәндендіруге қызмет етеді. Сондықтан соғыс атаулы оның табиғатына мүлде жат. Адам баласын қырып-жоюға арналған соғыс құралдары адам қолымен жасалған әсемдік атаулыны, асқақ өнер атаулыны қорлау болып табылады деп ой түйеді жазушы. Ақыр аяғында, деп түйіндейді өз ойын мақала авторы, мен жазушы ретінде, жаңа, 1960 жылдың адамзатты адам рухының мәңгі жасайтын асыл қазыналарымен молықтыра түсетін, ғажапты ғылыми жаңалықтарға кенелте түсетін жыл болуын тілеймін. Адам ханының ең ізгі, ең асыл арман-тілектерін бейнелейтін өнер туындыларының дүниеге көбірек келуін, тамаша романдар, поэмалар, мүсіндер, сурет кескіндемелер, сәулетті ғимараттар, көркем фильмдер жасалуын барлық жүрек қалауымен арман етемін деп аяқтайды айтар ой-пікірін.

*Ж. Ысмағұлов.*

**«АЛТАЙ ЖҮРЕГІ» ТУРАЛЫ**, жазушының мақаласы. 1953 ж. *Д. Әбілөтін* осы аттас роман-дастанына алғы сөз ретінде жазған. Роман авторы еңбегі басылмай тұрып, М. Әуезовтен оқып шығып, ақыл-кеңес беруін өтінген. Мақала сол өтініштің нәтижесі еді. Роман арқауына патшалық Ресей кезінде басталған Кенді Алтай өндірісінің жұмысшылар өмірі негіз болды. Олардың өткен өмірі мен

кейінгі өмірі салыстырыла көрсетілді. Дүрбелен жылдардағы халықтың қиын-қыстадан, шытырман оқиғалы тірлік-болмысы суреттеледі. Осындағы орыс пролетариатының саналы тобының Қазақстанның артта қалған өлкесінде жұмысшы қауымын қалыптастырудағы әрекеттері зорлап қиыластырылмай, схемадан аулақ сипатта көрінеді, қазына-байлықты игеру жолындағы қажырлы еңбектері нанымды, табиғи қайырлады деп қараған Ә.: «Туыс-бітіміне тұтас шолып қарағанда, шығарма өзінің бар көсілмелі оқиға-өрнегімен, көшелі ой-түкпірімен, соң бітіміндегі соны қасиеттерімен көңілге біртүрлі бір жақсы, жайлы әсер салады» деген түйіндеулерін айтады. Дегенмен романда суреттелетін кейіпкерлердің әрқайсысын өзіне тән бітімде саралап жеткізуге тырысса да, олардың стилінен, сөз суреттілігінен алақолдық, кей эпизодтарының өлеңдері жасандылық, жасандық танытатынын ескерте кетеді. Ал фольклоризм мен этнографизмнен арылғанын дұрыстыққа балайды. Романды оқыған кездегі белгілері, кеңіл аударулары көп болғанмен, мақаланы өте ықшамдап жазған. Мақала Ә-тің «Уақыт және әдебиет» жинағына, 20 томдық шығармалар жинағының 19-кітабына енді.

*Т. Әкім.*

**АЛТАЙСКИЙ** Константин Николаевич (1902–1978), орыс жазушысы, аудармашы. Ә-пен 1936 ж. кездесіп, танысқан. А. «Кемел ой, алып талант» атты естелігінде «*Біздің Мұхтар*», А., 1976, 52–61-беттер) Мұхтар тек қазақ әдебиетінің ғана классигі емес, бар әлемнің оқырман қауымына мәшһүр жазушы деп, ұлы қаламгердің кемеңгер ақыл-парасатына, алуан сырлы алып талантына, өмірге деген алымды көзқарасына, елден ерекше еңбеккерлігіне тәнті болады. «XX ғасыр әдебиетінің тарихы жазылған кезде, Мұхтар Әуезовтің есімі Горький, Драйзер, Роллан, Шоу есімдері қатарынан орын алатын болады» деп, қазақ жазушысының шығармашылық өресіне зор баға берген. «Жазушы мәдениетінің бір көрсеткіші – оның сөздігі, ол қолданған сөздер қоры. Әуезов шығармаларының орыс тіліндегі аудармаларының өзі лексикалық байлығымен адамды қайран қалдырады. Қазақ әдебиетінде сөздік байлығы жөнінен, Әуезовтен асатын сөз шеберін табу қиын болар» деп ұлы суреткердің де шөбер екенін мойындайды.

*Н. Жуанышбеков.*

**АЛТЫАЯҚ**, өлең түрі. Алты тармақты, басқа да шумақ түрлері жекелеген өлеңдерде кездескенімен, поэзияда бұрын-соңды әбден орнықпаған еді. Өлеңнің бұл түрін қазақ поэзиясында түпкілікті Абай қалыптастырды. Мысалы, «Бойы бұлғаң» өлеңіндегі шумақтар осындай 6 тармақты: «Бойы бұлғаң, / Сөзі жылмаң, / Кімді көрсем, мен сонан / Бетті бастым, / Қатты састым, / Тұра қаштым жалма-жан». Бұл бұрынғы 7–8 буынды өлең өрнегіне негізделген, 8 буынды тармақ 4 буыннан екіге бөлініп, өзара ұйқасады да, 7 буынды үшінші тармақ алтыншы тармақпен ұйқасады. «Қор болды жаным», «Бай сөйлді», «Буынсыз тілін», «Ем таба алмай», «Қуаты оттай бұрқырап», «Кешегі Оспан» деген өлеңдері осы тәсілмен жазылған. М. Әуезов «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында ұлы ақын бірнеше өлеңін «жаңаша шумақ, үзін өлшеулермен, өзгеше бір ұйқаспен», алты жолды шумақпен жазғанын айтқан (20 томдық шығармалар жинағы, А., 1985, 20-кітап, 154-бет).

*Н. Оспантегі*

**АЛТЫНБАЕВ** Қалихан Қалиасқарұлы (1927–2002), ақын, айтыс өнерінің ірі өкілі. Ауыз әдебиеті мұраларын, оның тарихын зерттеумен айналысады. Өтің 60 жылдық мерейтойына арнап «Халық қалаулысы» өлеңін жазды. Ал ұлы жазушының туғанына 70 жыл толуына орай Абай ауданының орталығы – Қарауыл аулында өткен үлкен жиында «Ұлылық ордасында» атты ұзақ толғауын оқыды. «Аралдағы ақ қайын» дастаны, «Ол алыс тұр көк тіреп Гималайша» өлеңі Өтің 80, 90 жылдық мерейтойларына арналды. А. ұлы суреткер шығармаларындағы кісі, жер аттарына байланысты зерттеулер жүргізіп, мақалалар жазды: «Эпопеядағы бір есім» («Семей таңы», 1985, 20 шілде), «Зере әже» («Абай», 1996, №2), «Он жетінің» аңызы мен ақиқаты» («Семей таңы», 1983, 1 шілде) т. б. Өтің туғанына 100 жыл толуына арналған бұрынғы Семей облысы ақындарының айтысына төрелік жасап, аталы сөзбен айтысқа қатысқан ақындарға тиесілі бағасын берді («Семей таңы», 1997, 17 мамыр).

*С. Қарабай.*

**АЛТЫНБЕКОВ** Қырым (1952 ж. т.), суретші-қалпына келтіруші, асыл және түсті металдардан жасалған көне мұразаттарды дәнекерлеуші шебер. Қазақстан мұражайлары қорындағы жауынгерлік қарулардың дені қолынан өткен. Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұражайдағы сак дәуірі алтын әшекейлерін, Жидебайдағы Абай мен Шәкәрім кесенесінің шырақтары мен күмбездерін, Қазақстан Республикасы Президентінің қабылдау бөлмесіндегі бөрілі ақ байрақ ұстаған түркі қағанының бедерін, Қожа Ахмет Ясауи мен Арыстан бабтағы шырақтар мен қазандықтарды шекімелері, Өтің мұражай үйіндегі Құнанбайдың шапанының түймесін, мұражай шырақтарын, жазушының ордендері мен медальдарын қалпына келтірді, көрмеге қоюға арналған көшірмелерін жасады.

*С. Журтбай.*

**«АЛТЫНДАЙ АСЫЛ БОЛАШАҚТЫ ҰРПАҚ БАР»**, жазушының мақаласы. Өтің 1957 ж. 6 қарашада Қазан төңкерісінің 40 жылдық мерекесіне байланысты Қазақ радиосы арқылы сөйлеген сөзі. «Коммунизм таңы» газетінің 1962 жылғы 28 қыркүйектегі санында осы тақырыппен жарияланса, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1967 жылғы 5 қарашадағы нөмірінде «Менің туған өлкем» деген атпен қайта басылды. Одан кейін осы екі жарияланымға салыстыру жүргізіліп, М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағында «Алтындай асыл болашақты ұрпақ бар» деген тақырыпта жарық көрді (19-том, 380–385-беттер). Кеңестер Одағы құрамындағы Қазақстан жөнінде 40 жыл тұрғысынан қарап, өткені мен бүгінгі салыстыра таразылаған, парасат биігінен мағыналы да мәнді ой қорытқан терең философиялық сөз, өз заманы, өз туған өлкесі туралы толғаған. Автор өз сөзінде «Елу жылда – ел жаңа», «Қырық жылда қазан» деген сияқты тапқыр нақылдарға қысқа түйген философиялық ой-толғам негізінде сипаттама береді. Қазіргі кезеңдегі жас ұрпақтың 40 жыл ішіндегі қарқыннан да тез дамып, шапшаң өсетіндіктерін айтып, «бұдан былайғы болашақты – толық бақыт, шалқар шаттық арнасы мен ансары деп санаймыз» деп, үлкен үмітті оймен сөзін қорытындылайды.

*Н. Жаңақова.*

**«АЛТЫН КІЛТТЕР»** («Золотые ключи»), жазушының мақаласы. М. Воронцовпен бірлесіп жазған. «Казakhstanская правда» газетінің 1937 ж. 1 мамырдағы санында жарияланған. Жаңа өмір

салтымен рухтанған халық шығармашылығына арналған. Жас жыршы Жамбылдың бай есігінде жүріп, аянышты балалық шағын, қуанышы жоқ болашақты жырға қосқанын әңгімелеуден бастайды. «Қазақтардың соңғы жылдарда өсіп-өнген барлық саладағы жас та толыққанды өнері көбінесе халық шығармашылығының өмірлік нәрлі топырағында туды» дей келе, қазақ ұлттық театрының ақындық айтыс пен ауылдың ойын-сауығы негізінде дамығандығы, халық жырлары мен аңыз-әңгімелері «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» сияқты әдемі де нақышты спектакльдерге әр беріп, халық өңдерінің операға айналғандығы, ою-өрнектің сурет өнерінің шеберлігінің артуына әсері тигендігі мақтанышпен баяндайды. Мақалада халық шығармашылығының қазақ әдебиетіне тигізген үлкен ықпалы да сөз етіліп, Жамбыл бастаған халық ақындарының өз шығармалары арқылы жаңа түр жасау мен көне дәстүрді бұзудан енегелі сабақ беріп жатқандықтарын үлгі қылады. Фольклортанушы ғалымдардың халық ауыз әдебиетін қайта екшеп, бағалау қажеттігін айтып, ақындық тұлға мәселесіне көзқарасты фольклортанудағы бұрын аты-жөні белгісіз ақын мен қазіргі танымал ақын тағдырларын салғастыру негізінде қарастыруды ұсынады. Қазіргі халық ақыны шығармашылығында бұрынғыдай зарлы, қайғылы сарындар жоғалып, бақытты күндермен арайланған қуаныш, шаттық жырлармен орын алмастырғанына қуанышын білдіреді.

*С. Қарабай.*

**АЛТЫН ОРДА**, Ж о ш ы ұ л ы с ы, феодалдық мемлекет. 13 ғасырдың орта шенінде монғолдардың Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Еуропа жерлерін жаулап алуы негізінде құрылып, 15 ғасырдың соңына дейін өмір сүрді. Ол өзара тектес бірнеше халықтың тарихи дамуы нәтижесінде қалыптасқан мемлекет емес еді. Керісінше, халықтарды жаппай құлдыққа ұшыратып, қарудың күшімен құрылды. Астанасы – Сарайшық қаласы. Орта халқы қыпшақ, қоңырат, керей, адай, арғын, уақ, найман, қаңлы тайпаларынан, сонымен бірге бұлғарлардан, армяндардан, гректерден, славяндардан құралды. Бұлдардың көпшілігі кейін қазақ халқының құрамына енді. Ал Шыңғысхан ұрпақтарымен еріп келген хан ұрпақтары, әскерлер мұсылман дінін қабылдап, біртіндеп жергілікті халықтың құрамына сіңіп кетті. Негізгі әскери күш қыпшақ тайпаларынан құралды, сондықтан кейбір деректерде Орта Қыпшақ мемлекеті деп те аталады. Батый, Берке, Мөңке-Темір, Туда-Мөңке, Төле-Бұқа, Тоқты, Өзбек, Жәнібек хандар кезінде А.О-ның қуаты кемеліне келіп, билігі мейлінше күшейді. Мәселен, бұрын Монғолиядағы ұлы ханға біршама дәрежеде бағынышты болса, Берке хан тұсында өздерін тәуелсіздік деп санады. Көрші елдермен сауда-саттық өрістеді, қолөнері дамыды. Берке хан тұсында ислам діні ене бастап, Өзбек хан кезінде үстем дәуір айналды. Феодалдық қатынастар дамыған сайын Орданы билеуге талас күшейіп, феодалдардың өзара күресі мемлекетті жегідей жеді. Мұның үстіне тәуелді халықтардың азаттық үшін күресі етек алды. Осының бәрі А. О-ны бірте-бірте әлсірете берді. Бұл аз болғандай, Мәскеу мемлекеті күшейіп, 1380 ж. Куликов шайқасында монғолдар қатты жеңілді. Ал Ақсақ Темір 1391, 1399 жылдары оларға бас көтертпестей екі рет күйрете соққы берді. Оның

үстіне Тоқтамыс пен Едігенің өзара таласы А. О-ны әбден әлсіретті. Сөйтіп 15 ғасырда мемлекет бір-жола жойылып бітті. А. О. жерінде Қырым, Қазан, Қасым, Астрахан, Башқұрт хандықтары пайда болды. Қазақ хандығы да осы кезеңде (1466) пайда болды. Ө. «Қобыланды батыр» зерттеуінде бұл жырдың шығу тарихына сипаттама бере келіп, көптеген түркі тайпаларының А. О. мемлекетінің түп негізін қалағанынан мағлұмат берген. «Кейінгі заманда қазақ бірлігін жасаған рулар бұрын Алтын Орда бірлігінде болған. Осы сияқты тарихи дәуірлердің әрқайсысынан қазақтың бүгінде сақталып келген әдебиетінде айқын із болмаса да, долбар жасатарлық ұлы сүрлеу бар. Алтын Орда бірлігінің мерзілінен Едіге батыр әңгімесін алып шыққан» деп, үлкен тарихи шолу жасаған.

*М. Құл-Мұхаммед.*

**«АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ»**, Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының ұлысына қараған Алтын Орда мемлекетінде пайда болған әдебиет. Алтын Орда мемлекетінің халқы, негізінен, түркі текті ру-тайпалардан құралған. Олардың арасында қыпшақ, оғыз тайпалары елеулі орын алған. Жалпы түркі тілді халықтардың бәріне, әсіресе қыпшақ, оғыз тайпаларына түсінікті шағатай тілінде жазылған әдеби шығармалар көптеп өмірге келді. Бірақ олардың көбі уақытқа, түрлі саяси-әлеуметтік сапырылыстарға байланысты сақталмай, жоғалып, жойылып отырса да, Рабғузидің «Қисасул-л-әнбия», ақын Әлидің «Қисса Жүсіп», Саиф Сарайдің «Гүлстан», Хорезмидің «Мұхаббатнама», Хатибтің «Жұм-жұма», Дүрбектің «Жүсіп – Зылиха» деп аталатын шығармалары қазіргі Қазақстан, Орта Азия мен Еділ бойы халықтары арасында бүгінге дейін жырланып, кеңінен таралған. Ө. Мәскеу университетінде оқыған дәрістерінде, әсіресе Абайдың ақындық кітапханасы жайында сөз еткенде бұларды Алтын Орда дәуіріндегі көркем әдебиет ескерткіштері ретінде өзінің ғылыми-шығармашылық ізденістерінде кеңінен пайдаланып, пікір білдіріп отырған. «Қобыланды батыр» деп аталатын ғылыми мақаласында «кейінгі заманда қазақ бірлігін жасаған рулар бұрын Алтын Орда бірлігінде» болғанын, мұндай деректер қазақ әдебиетінің тарихын жасауда сүрлеу болатынын ескерткен. Едіге батыр жыры осы дәуірден хабар берсе, Ер Тарғын, Шора, Қобыланды әңгімелері Алтын Орда бірлігі құлағаннан кейінгі кезеңді елестетеді дейді ұлы жазушы (20 томдық шығармалар жинағы, 1984, 15-кітап, 46-бет). «Абай жолы» эпопеясында Абайдың рухани нәр алған батыс пен шығыстың қиуар роман, дастан, қиссалар мен тарихи-философиялық еңбектер аталып өтумен қатар олардың арасында Алтын Орда дәуіріндегі әдеби көркем туындылар да ұшырасып отырады.

*М. Мырзахметұлы.*

**АЛТЫНСАРИН Ыбырай** (1841–1889), аса көрнекті ағартушы ұстаз, жазушы, ақын, аудармашы. 1857 ж. Орынбор шекара комиссиясының жанындағы қазақ мектебін бітіргеннен қазақ даласында мектеп ашу, оқулық, әдістемелік кітап жазу, ағартушылық ісіне бар өмірін сарп етеді. Сондықтан Ө. **«Алтынсарыұлы Ыбырай»** атты мақаласында: «Ыбырай – тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты... Ол – мектептің өзіне бөлек ерекшелігі бар программала-

рын, оқу құралдарын жасаушы» деп, шынайы бағасын берді. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясында Өбдірахманға: «Алдағы күнге арналған байлауым – өз білімін қазақ жастарын оқытуға жұмсап, көп жерде мектеп салдырған, артына шәкірт қалдырған Алтынсариннің ісін жалғастыру» деп айтқызу тегін емес. Ө-тің айтуынша, Абай А-ді жақсы білген, тіпті кейбір мәселелер жөнінде одан үйренуді де жат санамаған. Сонымен Ө. А. туралы зерттеу мақаласын жазып, «Абай жолы» эпопеясында кейіпкерлерінің айтуымен оның ағартушылық іс-әрекеттерін бірнеше рет еске салады («Қақтығыста» тарауы, 3-бөлім). «Ал Алтынсарин русско-киргизскай школа ашқан. Өз білімін қазақ жасын оқытуға жұмсаған. Көп жерде школдар салдырып, артына шәкірт қалдырған. Және кітап та, өлең де жазған. Халық үшін іс те, өсиет те қалдырған, анық жемісті еңбекке берілген сол адам екен!» деген сөздерді Өбішке айтқызады.

*М. Әбдеш.*

**«АЛТЫНСАРИҰЛЫ ЫБЫРАЙ** (1841–1889)», жазушының мақаласы. Орта және орталау мектептің 7-сыныбына арналған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» деп аталатын кітапта (1933) басылған бұл мақала ұлы ағартушының өмірін, шығармашылығын сөз етеді. Қызылордада 1927 ж. шыққан «Әдебиет тарихында» «Зар заман ақындары» атты бөлім бар. Ө. осы бөлімде Ы. Алтынсаринге де тоқталады: «Зар заман ағымына өлеңнің кейбір сарынымен қосылатын ақын – Ыбырай Алтынсарин. Бірақ сонымен бірге сол ақынның өзгелерден бөлек бір жаңалығы бар. Бұл – мәдениетті ақын. Сондықтан кейбір өлеңдері оқымысты, үлгілі ақындардың салтымен жазылған. Ондай үлгінің мысалы: «Сәуірде көтеріл рахмет тұя» деп даланың жазғы түрін суреттеп айтқан өлеңі» дейді («Әдебиет тарихы», 1927, 218-бет). Қазақ әдебиетіндегі сипаттау өлең, қыр тұрмысының көркін суреттеу үлгісі Алтынсариннен басталғанын айтады. Жүдеген елге өсиет айтуы, жұбатқысы келуі, кейбір өлеңдердің сыртқы күй сарыны бұрынғы ақындарға ұқсайды, сол жағынан да зар заман ақындарына келеді деп біледі. Оның бір ерекшелігі зар заман ақындары сияқты түңілуге салынбай, мүмкіндігінше ем айтқысы, жол сілтегісі келеді, онысын әсіресе, жас буынға, солардың көкейіне құйғысы келеді. Онысы кейде көмескі, оқымаған елге үміт арта алмайтындай болып көрінеді. Дін сарынындағы өлеңдерінде ұятты, иманды болуға икемдейді, оны дін жақсыларының өміріндегі мысалдармен дәлелдейді. Балалардың ұғымына лайықтап жазған мақаласында жазушы ақын шығармашылығындағы сарындарға тоқталмай, алдымен өмір тарихынан хабардар етеді де: «Үміт еткен көзімізін нұры балам, жаныңа жәрдем берсін құдай тағалам!», «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар» деген секілді ғылым-білімге шақырған мұралары жөнінде сөз қозғайды. Ыбырай Алтынсариннің тілмаштық және халық ағарту қызметтерінде жүріп, халықтың оқусыз, ғылым-білімсіз еспейтінін, өнерге жетпейтінін түсінгенін. Оны ұғындырудың, түсіндірудің жолы деп, өлең, әңгімелер жазуға ден қойғанын, бұл ретте орыстың ақын-жазушылары мен педагогтарын үлгі тұтқанын айтады. Жазушы өзінің түйінді ойын «Ыбырай Алтынсары ұлын қазақ өлкесінде туып келе жатқан жаңалықтың жыл құсы деп айтуымызға болады. Қазақты батыс мәдениетіне тартып, оның өнер-білім, техникасын дәріптеді,

«АЛУА», жазушының пьесасы. Анда-санда, оқатекте бір соққанымен, Әуезовтің кинодраматургиядағы ізденістері әр түрлі ойға мезгейді. «Әйел жолы» сценарийімен жете танысқанда, автордың кино талаптарын ерекше ескергенін, оператор, режиссер қиялына қозғау салатын детальдарға айрықша мән бергенін аңғарамыз. Көзге елестер суреттерге ірі планға, контрастка ден қойған. Тізбектелген эпизодтар, көпшілік сценалары, әр түрлі қосалқы персонаждар мол. Тұтастай қарағанда, «Әйел жолы» болашақ кинофильмінің жоспары, ат үсті жасалған эскиз нобайы емес, бас-аяғы тиянақталған, көркемдік деңгейі жоғары шығарма. Бұл туындыны шындау, редакциялау, қайта қарау арқылы автор жаңа бір шығарма – «А.» пьесасын жазған. Басты қаһарман Алуа есімі драмаға ат болып берілген. Негізін кинодраматургия, театр драматургиясы – өзектес жанрлар. Дегенмен экранға сыйып кететін өмір құбылыстары, тіршілік суреттері сахнаға бәз қалпында келе алмайтыны хақ. Диалогке, монологке қойылатын талаптар ортақ болғанымен, сценарий композициясы мен пьеса композициясы арасында көп айырма бар. Осындай жәйттерді ойлана отырып, «Әйел жолы» кино әңгімесінің етек-жеңін ықшамдап, кино көрермендерге лайықталған картиналарды драмалық сценарийлермен ауыстырып, персонаждар санын шағындап, драматизмді күшейткен. Сценарийде Алуаның әкесі Сатайдың өлімі тұтас эпизод, пьесада бұл қысқа монологпен беріледі. Жаппар, Алуа арасындағы сезім күйлері сценарийде әжептәуір орын алса, пьесада Алуа Басынан кезінде екіншіті хал кешкендігі ғана аңғартылады. Майдандағы Арманның артынан Алуаның іздеп бару көрінісі пьесада қысқартылған. Түркісіб құрылысына қатысты көпшілік сценалары пьесада жоқ. Мезгіл жағынан пьеса көп уақытты қамтиды. Алғашқы актідегі оқиға 1926 ж. соңғы актідегі оқиға 50-жылдардың ішінде өтеді. Драматург Қазақстан өмірінде орын алған ерекше мәнді әлеуметтік, саяси факторлардың әйел тағдырына жасаған ықпалын, әйелдердің күресін, Отан қорғаудағы еңбегін, ғылымдағы табысын, бір сөзбен, кеңес заманындағы қазақ қызының бейнесін көрсетуді мақсат тұтқан. Авторлық ниет, нысана пьесаның композициясына ерекше ықпал жасаған. Шағын ортадағы аз уақыттық ішіндегі тартыс емес, мол мерзімді қамтитын әрекет шығарманың көркемдік бітіміне хронологиялық сипат берген. Әрбір жаңа актіде көп жыл өткеннен кейінгі Алуамен дидактикасымыз. Басынан қандай күйлер кешкенін, ұтқан, ұтылған жайларын өзі ортаға салады. Қысылмай, қымтырылмай сыр бөліседі. Бұдан кейін сегіз жылдың белесті кезеңдері әкелген өзгерістерді Алуаның 3-актінің басындағы ұзақ монологынан білеміз. Уақыт өткен сайын қаһармандар тұлғасы іріленіп өседі. Бұл сөздің Алуаға тікелей қатысы бар. Бір кездегі ауылдың аяншақ, қорғансыз қызы келе-келе маңызды мәселелер орайында кесек ой толғайтын, күрделі шаруаларды өзі шешетін қайраткер деңгейіне көтеріледі. Оның қабырғасына қатты бататын әсіресе қыздардың келешегі, әйелдердің құнделікті тіршілігі. Қазан-ошақтың қасындағы, отын-судың маңындағы күйбеңмен ғана қалып қоймаса екен деген ойды тілек етіп айтпайды, қажетті кезде талап қылып қояды. Жеке

бастың рақат-тыныштығын, көпшілік ісінің ауыртпалығына айырбастаған Алуаның мінезіндегі қатқылдықты ұзақ жылдар сынап, саралап жүріп ақыры инженер Арман оның суықтық, сезімсіздік емес, мезгіл, заман әсерінен туған сипат екенін ұғынады. Өмір тақысынан, тіршілік күресінен өтіп, білісіп барып табысқан жандар. Айтылмыш пьесаның мол эпизодтылығы, хроникалығы, көп жылдарды қамтуы әуелгі сценарий негізінен жасалғандығына да байланысты. Драматург қазақ әйелінің өсу жолын көрсететін патетикалық, публицистикалық сарынды шығарма тудырған. Пьеса 1953 ж. жазылған. Ө-тің 12 томдық (1969, 10-том, 235–295-беттер), 20 томдық (1983, 12-том, 54–114-беттер) шығармалар жинақтарына енгізілді.

Р. Нурғали.

«АЛЫПТАР АДЫМЫ» («Путь гигантов»), шағын мақала. «Литературная газетада» 1950 ж. 22 ақпанда шыққан. Газетте 1950 ж. 14 ақпанда жасалған Совет-Қытай келісіміне орай Ө-тің, В. Катаевтың, Б. Лавреневтің мақалалары жарияланды. Шағын мақалада Әуезов бұл келісімнің маңызына жоғары баға беріп, 1917 ж. октябрде басталған эпостың жалғасы дейді. Екі алып елдің – КСРО мен 700 миллион халқы бар Қытайдың арасындағы бекітілген келісімнің маңызынан тоқталады. «АЛЫПТЫҢ АЗАБЫ», жинақ. Авторы – Д. Досжанов. 1997 ж. «Рауан» баспасы шығарған. Кітап 3 бөлімнен құралған. Біріншісі – «Алыптың азабы» романы, екіншісі – әңгімелер, үшіншісі – «Түсіне соғыс кіретін кісі» повесі. Роман Ө-тің өмір жолына арналған, ғұмырнамалық дерекке, мұрағат құжаттарына, көз көрген кісілердің естелігіне сүйеніп жазылған. Автор көп жыл ізденіп, мол еңбек еткен. Сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатындағы материалдарға, жазушының қатарыста қалған қолжазбаларына иек сүйеген әрі классикалық өмірбаяндық шығармаларға табан тіреген. Ұлы жазушының абақтыда жатқан кездегі рухани азабын, жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырауын оқиға желісі етіп алып, суреткер-ұстаздың «айтып кеткен, айтсам деген, жазбақшы болып ниеттенген ой ұшқынын» оқырманның көз алдынан тізілтіп өткізеді. Кітаптың көлемі 32 баспа табак.

Н. Оспантегі.

«АЛЫС-ЖАҚЫН» («Далеко-близко»), жазушының мақаласы. «Огни Алатау» газетінде 60 жылдан бері шыққан мақала-материалдардан, біраз жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің сөздерінен шағын үзінділер жарияланған. Бұл нөмірде Тоқаш Бокин, Дмитрий Фурманов, Константин Симонов, Пьер Пумяд («Нормандия» авиаполкының командирі) т. б. бар. Ө-тің мақаласында қазақ әнінің опера сахнасынан орын алу ерекшелігі және одақтас республикалар драма театрының міндеттері жайында айтылады. Топтама газеттің 1978 жылғы 5 сәуірдегі санында басылған. АМАДУ Жоржи (1912–2001), бразилия жазушысы, публицист, қоғам қайраткері. Халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты (1951). «Карнавалдар елі» (1931), «Какао» (1933), «Тер» (1934), «Шексіз жер» (1943), «Ильус қаласы» (1944), «Қызыл көктеу» (1946), «Тас қамал» (1952), «Габриэла» (1961), «Адасқан қыздың оралуы» (1977), «Әскери киім, академиялық күрте, ішкөйлек» (1979) романдары, көптеген повестері мен әңгімелер жинақтары жа-

рық көрді. Ә. А-мен Дүниежүзілік бейбітшілік қорғау комитетінің мәжілістерінде талай жүздесіп, әңгімелескен, сұхбаттасып, оның өмірі мен шығармашылық жолына көңіл аударған. Ұлы жазушының мұрағатында сақталған блокноттарындағы жазбаларға қарағанда, А-дың кейбір туындыларын оқып-танысқан. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» деген мақаласында жас талапкерлерге көпсөзділікке бой алдырмау туралы айта келіп, «көпсөзділікке терең ой қосылса, нұр үстіне нұр» болатынын ескертеді де, осындай ұзағырақ жазатын қаламгерлердің қатарына А-ды қосады.

Т. Тұрғанбаев.

**АМАНГЕЛДІ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ.** Әуесқой көркем-өнерпаздардың драмалық ұжымы. Бұрынғы Қостанай облысының Амангелді аудандық Мәдениет үйі жанынан 1937 ж. құрылған. Тұңғыш жетекшісі – ақын Н. Ахметбеков. 1960 ж. ұжымға халық театры атағы берілді. Репертуарында қазақ, орыс әдебиеті классиктерінің пьесалары орын алған. Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты», Ф. Мустафиннің «Кек алу», І. Есенберлиннің «Ғашықтар» драмалары т. б. Театр Ә-тің «Еңлік – Кебек» пьесасын сахнаға шығарды.

**АМАНДӨСОВ** Тауман Салықбайұлы (1921–1991), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1983), профессор (1971). Қазақстанның еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері (1982). А. қазақ журналистикасын қалыптастырып, дамытуға көп үлес қосты. Ә-пен бір жоғары оқу орнында дәріс оқып, қызметтес, пікірлес болған. «Ұлы достықтың тарихи тамырлары» («Социалистік құрылыс», 1966, 27 қараша), «Ақылыңа аға еді» («Лениншіл жас», 1967, 19 тамыз) т. б. мақала, естеліктерінде «Абай жолы» эпопеясындағы халықтар достығы мәселесін сөз етеді, ұлы жазушының ұстаздық, тәлімгерлік өнегесі мен кішіпейіл, ақкөңіл қасиеттерін ыстық ілтипатпен еске алды.

**АМАНЖОЛОВ** Қасым Рақымжанұлы (1911–1955), ақын, аудармашы. Қазақтың бай ауыз әдебиетін, Абай поэзиясының күшін, шығыс пен батыс ақындарының туындыларын жете түсініп, сонылыққа, жаңалыққа ұмтылды, туған әдебиетке өршіл де отты өлеңдерін әкелді. Қазақ өлең өрнегіне жаңа түр, жаңа өркен енгізді. «Орал», «Туған ел», «Өзім туралы», «Дариға, сол қыз» өлеңдері, «Ақын өлімі туралы аңыз», «Біздің дастан», «Бикеш», «Құпия қыз», «Боран» поэмалары қазақ поэзиясының інжу-маржандары қатарына жатады. «Өмір сыры» (1939), «Дауыл» (1948), «Нурлы дүние» (1950), «Таңдамалы шығармалары» (1952), «Шығармаларының 3 томдық толық жинағы» (1955–56), «Шығармаларының 4 томдық жинағы» (1977–80) т. б. кітаптары жарық көрді. Ә-ті ұстаз санап, құрмет тұтқан, шығармаларына үнемі зер салып, назар аударып отырған. «Алма бағында» («Лениншіл жас», 1937, 18 шілде), «Ұлы ақын туралы трагедия» («Социалистік Қазақстан», 1940, 5 қаңтар) т. б. мақалаларында ұлы жазушының драмалық шығармалары туралы салиқалы да салмақты ойлар айтқан. Ә-тің Мемлекеттік сыйлық алуына байланысты «Мұхтар аға» деген өлең шығарып (1949), елінің емендей биік, теңіздей терең ойлы қаламгерін мадақтаған. Ә. «*Октябрь өркені*», «*Қайта туған халықтың әдебиеті*» атты мақалаларында А. поэзиясының биік санаға жеткенін атап көрсетсе, «*Жыл*

*келгендей жаңалық сеземіз*» деген мақаласында: «Сәкеннен бастап Қасымға дейін, Қасымнан бастап М. Әлімбаевқа дейін бір буын ілгері жастарға келетін тақырыптар біздің поэзияда азайып кеткен сияқты» деп, А-тың жырларын жоғары бағалаған. Ал «*Мәлік Абдуллинге жауап хатында*» Қасымның мұңды, күйлі, қысқа қайырылған сыршыл өлеңдеріне көп қызығып, ден қойып оқитынын нақтылап жазған.



С. А. Аманжолов.

Н. Оспантегі.

**АМАНЖОЛОВ** Садық Аюкеұлы (1885–1941), Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер. Верный гимназиясын (1902), Қазан университетінің заң факультетін (1907) бітірген. 1917 жылға дейін Жетісу облысының заң орындарында қызмет атқарған. Ақпан төңкерісінен кейін Үржар уезінде құрылған қазақ комитетінің төрағасы болды. Алаштың 21–26 шілдеде Орынборда өткен Бірінші бүкілқазақ съезінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутат; сол жылғы 5–13 желтоқсанда өткен Екінші бүкілқазақ съезінде Алашорда үкіметі – Ұлт Кеңесіне Жетісу облысынан мүше болып сайланған. А. Жетісуда Алаш партиясының жергілікті ұйымдарын құруға белсене араласып, Алашорда милициясын жақсартуға басшылық етті. 1923–30 жылдары ҚазАКСР-і Заң халкоматы саласында қызмет атқарды. 1930 жылдары Қазақстаннан кетуге мәжбүр болып, Қырғызстан мен Өзбекстанда жұмыс істеген. Ә-пен таныс-біліс болған, араласып тұрған.

М. Құл-Мұхаммед.

**АМАНЖОЛОВ** Сәрсен (1903–1958), тілтанушы-түрколог, филология ғылымының докторы (1948), Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1954). Мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен бағдарламалар жасауға қатысты және жаңа жобасын жасады. Тіл тарихы мен лексикология, фольклор, диалектология, грамматика және басқа да мәселелермен шұғылданды. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеді. Ә. А-тың қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау саласындағы еңбектерін атап өтіп, ғылыми еңбектеріне жоғары баға берген. «ҚазПИ-дің оқытушылары – С. Аманжолов, С. Кеңесбаев сияқты жолдастар. Бұл екеуі – филология ғылымының кандидаты, қазақтың соңғы кезде өскен жас оқымыстылары, бұлар жазып шығарған тіл ғылымының оқу кітаптары бүкіл қазақстандық абырой алып, мектептеріміздің тіл жөніндегі сүйеніші болып отыр» деп жазған «Білімнің тұңғыш ордасы» атты мақаласында (20 томдық шығ. жин., 1981; 8-том, 58–64-б.).

М. Әбдеш.

**АМЕРИКА ӘДЕБИЕТІ.** 20 ғасырдың басында АҚШ-та публицистикалық шығармалар арқылы ұлт-азаттық идеясы насихатталды. Бұл мәселеге М. Әуезов те белсене араласты. Сол тұста ол Америка руханияты бастау алар саяси-мәдени ахуалды саралай келіп, ғылым мен білім жүйесі туралы пікір алысу кезінде: «Ғылымдарды жалғыз жаттап қоймай, алған білімін іске асыра білсін деп, мысалы, Америкада әуел бастағанда іспен араластырып оқытады» деген ойын айтты (Шығармаларының 50 томдық толық жинағы, 1997, 1-том, 55-бет). Бұл арада



Ө. АҚШ-тың қазіргі ғылыми-оқу саясатының негізін қалаған Тейлор Бруктің тәжірибесін еске салып отыр. Ол ғылыми жаңалықтың маңызын оның тигізетін пайдасына қарай бағалау керек деген болатын. Жазушы американ публицистерінің саяси мақалаларына ерекше назар аударып, қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрес жолындағы нысанаға айналдырды. Ол өзінің «Қазіргі қазақ күйі» атты мақаласында Ресейдің бізге автономия бермеймін дегені – жерімізге, елімізге қызықпаны, қомағайлығы, өзіншілдігі» деген пікір білдірді (сонда, 56-бет). Бұл пікірден Т. Джефферсонның «Тәуелсіздік декларациясының» әсері байқалады. Ө. АҚШ-тың көсемсөз шеберлерінің еңбектерін үнемі қадағалап оқыды. Ол өзінің мақалалары мен көркем шығармаларында, зерттеулерінде Джон Дрәпердің «Американың азаматтық дамуы» (1885), Джордж Кеннаның «Сібір және жер аударылғандар» (1889), Дж. Ридтің «Дуниені дүр сілкіндірген он күн» (1919), Джон Гунтердің «Африкада» (1956) атты еңбектеріне баға беріп, ішінара мысалдар келтірді. Жазушы «Америка әсерлері» (1960) жолжазбасында АҚШ-тың белді-белді газеттері мен журналдарында істейтін публицистерімен әңгімелесіп, олардың ішкі лабораториясымен жете танысқаны жайы кеңінен баяндалды. Ө. Америка жазушыларының шығармаларымен бала кезінен таныс болды. Абайдың ертеқисі Баймағамбеттің аузынан сан рет естіді. Ш. Құдайбердиев «Том негрдің лашығы» деген атпен Г. Бичер-Стоудын романын қазақша аударған болатын (қолжазбасы жоғалып кеткен). Кейін гимназияда оқып жүрген кезінде олардың шығармашылық жолы туралы арнайы дәріс тындады. Соның ішінде Э. По, Г. Лонгфелло, Уитмен, М. Твендердің туындыларын өте жоғары бағалады. 1960 ж. Америкаға барғанда, Уитмен қызмет істеген үйге арнайы соғады. Сол жолы Уитмен мен Твен туралы өз пікірін білдіреді. Ол: «Америка ақындарының ішінде Щипачевтің ең қадірлеп сүйетіні ұлы ақын Уолт Уитмен болатын. Сол Уитмен жас шағында осы үйде санитар болып қызмет істеген шақтары болған екен. Сөйтіп көп қонақтар арасында біз жүрген бөлмелер, залдар, неше алуан кіріс-шығыс жолдар – бәрі де бүгінгі қонақ ақынға бұрын болып өткен ұлы ұстаз ақынның жылы ізін сездіргендей болды» деп жазды «Америка әсерлері» атты жолжазбасында.

Ө. Америка жазушыларының шығармаларына Абай туралы роман жазуға бел шешкен кезінде ерекше ден қойды. Соның ішінде Лондонның тағдыр талқысына түскен аязды өлкедегі адамдардың өр рухы мен жан-жануарлар туралы шығармаларын сүйсіне оқыды. Өзі де соған еліктегендей болып «Көксерек» хикаятын жазды (1927). Дж. Лондонның «Ақ азу» хикаятын «Қасқыр» деген атпен қазақ тіліне аударды (1936). Ол өр рухты жазушының шығармасына деген сүйсіненшілікті өмірінің соңына дейін сақтап қалды. «Америка әсерлері» жолжазбасында ол: «Нью-Йорктағы ұшырасулардың тағы бір есте қалған сәті Американың атақты қарт ақыны Карл Сэндбергке ұшырасу болды. Жасы сексен екіге келген, әлі қапсағай бойы тік, сергек келген қызыл жүз, ақ шаш, ақ мұрт қарт сырт пішіні жағынан өз Отанымызда ұшырасатын кейбір әдебиет, ғылым адамдарына ұқсайды. Москвада болған, ауыл шаруашылық көрмесінен қазақ, өзбек павильондарын жақсылап аралағандарын айтады... Барлық әңгіме үстінде бұл дос қарттың пішінінен мен көз алдыма осындай ауыр кәрілікке

жеткен жас шағында осы кісі айтқандай ауыр өмір, у-зәрін ішіп-кешіп өткен Америка жазушысы, біздің халықтарға аса мәлім Джек Лондонды көріп отырғандай болдым» деп жазды. Америкадағы кездесулерде: «Бір ғана орыс тілі емес, одақтағы көп туысқан елдеріміздің көптен көбінің тілдеріне Американың Марк Твендер бастаған классиктерінен бері қарай бүгінгі Хэмингуэй, Митчелл, Уилсон, бүгінгі қарт ақындар Роберт Форст, Карл Сэндберг, негр ақыны Ленгстон Хьюз, бүгінгі Америка драматургтері Лилян Хильман, Артур Миллер сияқты көп адамдарды советтік елдері, оқушылары бір орыс тілі емес, өздерінің ана тілдерінде де оқи білетіндерін айтты. Осы сапарда ол жазушы-публицистер А. Кейн, Н. Казинс, К. Сэндберг, Л. Хьюз, Э. Райспен пікір алысты. Нью-Йорк қаласындағы жазушылардың пен-клубында: «бүгінгі Америка әдебиетін қалай бағалайсыз?» деген сұраққа Ө.: «Менің кезіме тасын салынған небоскребтардан құралған қала сипаты бейне бір Манхеттен аралының аспанына таспен жазылған поэма боп көрінеді. Ол поэманың әрбір жолы – әрбір зәулім үй. Американың өлеңінің бір жолы ұзын, бір жолы қысқа. Және сол жолдардың ішіндегі ең ұзын, ең мазмұнды жол – жүз екі этаждық Импей-эр стэйт билдинг. Ол поэманың бұл жолы дүние жүзі халқының бәрі біледі, бәрінің де жадында» деп жауап береді. Жазушының бұл теңеуін кейін С. Щипачев «Нью-Йорк» деген өлеңіне пайдаланды. Сол жолы американ драматургтерінің пьесаларымен танысты және театрдағы спектакльдерін көрді. Қилы-қилы оқиға қуып, адамның төбе құйқасын шымырлататын, күш қолдануды, қатыгездікті суреттейтін туындыларды әдебиетке қатысы жоқ шалағай шығармалар деп бағалады. Қорыта айтқанда, Ө. Америка әдебиетінің тарихын өте жақсы білді және ол туралы өзінің ойларын әр тұста білдіріп отырды.

АҚШ-та Ө-тің төл шығармалары басылған жоқ. Әдеби журналдар мен кеңес әдебиеті жөніндегі анықтамаларда жекелеген мақалалары мен ол туралы өмірбаяндық шолулар жарияланды. Оның басты себебі, Ө-тің өзі айтқандай, 60-жылдарға дейін кеңес әдебиетіне көңіл бөлінбеген, «көпшілігі совет әдебиеті дейтін көп ұлтты, көп тілді туыстар әдебиеттер қатары бар екенін біле қоймайтын». Бұған АҚШ пен КСРО-ның арасындағы қырғи қабақ жағдайдың да әсері тиген. Алайда АҚШ-тың мемлекеттік тілі – ағылшын тілі болғандықтан да, кез келген мемлекеттегі осы тілде жарияланған кітаптарды алдырып оқуға мүмкіндік жасалған. Сондықтан Ө-тің Англияда, Мәскеуде т. б. елдерде ағылшын тіліне аударылған шығармалары мен мақалалары американдық зиялы қауымға мағлұм болған. Вашингтон қаласындағы Конгресс және Шекспир кітапханаларына барған кезінде көргені туралы: «Осы күндерде Совет Одағынан жылына сегіз мыңдай кітапты алдырып тұрады екен. Сол қатарда Украинадан жылына бес жүздей, Қазақстаннан қазақ кітабынан жылына елу шамасын алдырып тұрады екен... Осы кітапхана ішінде төрт жазушы – біздің төртеуімізге де өз кітаптарымыздың Конгресс кітапханасындағы бар тізімнен қаталог жинап берісті. Менің кітабым орыс, ағылшын тілінде болумен қатар, сол менің еңбегім туралы жазылған Кедрина, Айқын Нұрқатов еңбектері

де бар» деп жазды. Ө-тің «Абай» романы (1–2-кітап, аударған Л. Наврозова, 1957), «Өскен өркен» (аударған Н. Перхам, 1971), «Көксөрек» (аударған Е. Монинг, 1967) хикаяттары ағылшын тіліне аударылған. Сонымен қатар «Абай Құнанбаев», «Эпостың кеңестік айтушылары», «Қазақ совет әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық туралы», «Жазушы өзінің шығармашылығы жөнінде», «Роман туралы пікір» деген өз еңбектері және ол туралы жазылған З. Кедринаның, А. Нұрқатовтың, Т. Өлімқұловтың, Г. Ломидзенің, В. Оскоцкийдің, Г. Зелинскийдің, Ш. Елеуеновтің, Ю. Суворцевтің макалалары ағылшын тілінде жарық көрді. Ө-тің туғанына 100 жыл толуы мерейтойы қарсаңында Американың университеттерінде арнайы лекциялар оқылды. Осындай игі шаралардың жүзеге асуына қарамастан, Ө-тің өмірі мен шығармашылығы туралы АҚШ жұртшылығының хабары шектеулі, анықтамалық дәрежеде ғана қалған.

Т. Жұртбай.

«АМЕРИКА ӘСЕРЛЕРІ», Ө-тің 1960 ж. ақпан, наурыз айларында кеңес жазушылары құрамында Л. Леонов, О. Гончар, С. Щипачевтермен бірге Америка Құрама Штаттарына барып қайтқан жол сапарынан кейін жазған очеркі. Жазушының науқастанып қалуына байланысты үлкен очерктің екінші бөлімі жазылмай қалған. Очерктің бірінші бөлімінде айтылғандай, мұхиттың арғы бетінде айдан астам уақыт жүргенде Вашингтонда екі рет, Нью-Йоркте екі рет, Калифорнияда, Лос-Анжелес пен сол штаттың Фресно графтығында, одан кейін Аризона штатында, оның орталығы Феникс қаласында, қайтарда Бостон шаһарында бірнеше күн болған. Жолсапар очеркте жазушының алғашқы екі қала – Вашингтон мен Нью-Йорктен алған әсерлері, аңғарып, түйген жай-жағдаяттары баяндалады. Көлемді очерктің алғашқы бөлімін: «Біз қарлы, жауын-шашынды, әлі қысы аяқталмаған Вашингтон, Нью-Йорк тұрған Атлант теңізі жағасынан бұл мемлекеттің мауғарған жылы жағы – Тынық мұхит жағасындағы Калифорния штатына ұшуға беттедік. Алдымыздағы ендігі біздің көңіл қиялымызды тартқан үлкен қала – Лос-Анжелес» деп аяқтауынан, автордың өзге штаттар мен қалаларда болғандығы, көрген-білгендерін, көңілге түйгендерін жалғастырып жазуды жоспарлағанын,

М. Өуезовтің АҚШ журналистерімен кездесу сәті.  
Солдан оңға қарай: О. Гончар, М. Өуезов, Л. Леонов,  
С. Щипачев, С. Кучерская. Нью-Йорк. 1960.



көпшілікке беймәлім, оңай таныла қоймайтын қат-қабат, қатпар-қатпарлары мол елдің жай-жапсары жайында біраз сөз айтуды мақсат еткені байқалады. Мақсат демекші, автор очеркке кіріспес бұрын «үш түрлі жайдан өзіміздің ардақты оқушылар алдынан өтініп алу мақұл деп білдім» деп, алдына қойған міндетін өте бір үлкен жауапкершілікпен анықтап алады да, «осы менің жазатын сөздерімде өзіміздің оқушының бөлігдеріне, сезінетанып жүргендеріне аз да болса, қосымша боларлық жөн-жосықтар баяндай түспекпін. ... бірінші еске салар, оқушыдан өтініп өтер жайымның бірі осы» дейді. «Екінші жай: менің бұл жазатыным тек көргеннен, көзбен көргеннен алған тікелей әсерлер ғана» деп, өзінің саяхатшы емес екенін, жазғанының сахатнама емес екендігін тәптіштеп айтады. Себебі Өуезовтің бағалауына, Америка Құрама Штаттары «тарихтық, мемлекеттік, қоғамдық аса шебер техникалық өндірісті, мәдениет, ғылым, көркемөнер – бәр-бәрінің ұзақ өскелең алуан-алуан ерекшеліктері, қайшылықтары, даму-өрлеу заңдары қым-қуыт қиын дүниелер». Сондықтан «білгір кісі болып сөйлемек те емеспін» дейді. Үшінші ескертпегі – осы. Бұдан заңғар жазушының деректі шығармада оқырманды ақиқаттан титтей де болса, ауытқытпай ұстайтынын, қалам қуаты, көркемдік деңгейі биік бола тұра, шындықты бәрінен жоғары қоятынын аңғарамыз. Өрі жазатын нысанына соншалық жауапкершілікпен қарайтынын, оны бүгешігесіне дейін зерттемей, көпке арнап сөз айтпағанын аңғарамыз.

Осы очерк жазылатын 60-жылдары бұрынғы Кеңестер Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы саяси хал-ахуалдың шиеленісіп тұрған кезінде: «Совет әдебиеті өкілдеріне арналған қырыс-теріс қабақты, қас-қияс көңіл де біліне қойған жоқ» дегені – батылдық. Нью-Йорк қаласын аралағаннан кейін «ойланғанда озын адамзат цивилизациясы жиырмасыншы ғасырдың орта кезінде осылайша қалыптап келген анық мәдениеті зор, анық зәулім алып қала осы дейсің» деп жазуы – ақиқаттан аттап кетпегендіктен туған тұжырым екені даусыз. Сол елдегі өркеніетке «ірге, негіз» болған ең алдыңғы мәдениет көздеріне, өнер түрлеріне жасалған білгір де әділ талдау автордың білім таным кеңістігінің ғажайып кеңдігімен таңдандырады. Ұлы суреткердің қай шығармасынан болсын, анық сезілетін «мың бояудың той-тоғысы» бұл очеркте де жеткілікті. Мысалы, алғаш мұхиттың арғы жағындағы Нью-Йорктың Айдл-Уайл аэропортына келіп түскенде, әр түрлі ұшақтар қозғалысын бейне бір үлкен теңіз түбіндегі әр алуан, әр атаның ұлы балықтар, жайындар теңіз түбінің өзгеше айуанаттары тәрізді. Біріне бірі жылжи тақай келіп тұрысып, бір кішілеуі жүйкіп өтіп, кейбір үлкендері қалғығандай мелшіп, бір сәт тұрып қалып, енді бірде үнсіз ағыз жөнелетін тәрізді» дейді. «А. ә.» – Ө-тің дерегі мол, танымдық талдауы терең, көркемдік қуаты биік публицистикалық шығармасы. Очерк алғаш рет 1964 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінің 3, 10, 17, 24 шілде күнгі нөмірлерінде «Социалистік Қазақстанда» (1960, 24 сөуір), «Сапарлар, кездесулер, әсерлер» жинағында (1966, 10–45-беттер) жарияланды. Жазушының 12 томдық (3-кітап) және 20 томдық (8-кітап) шығармалар жинақтарына енгізілді.

Н. Омаршұлы

**«АМИРАНИ»**, грузиннің ежелгі эпосы «Амиранидің» қаһарманы. «Күн перзенті» деген ұғымды білдіреді. Ол адамдарды дию-периден құтқарып, оларға от жағуды, металл өндүреді үйретеді, құдайларға қарсы шығады. Сол үшін құдай оны қатал жазалап, Кавказ тауының шыңына бұғаулап қояды. Бұл аңыз б. з. д. 5–4 ғасырға саяды. Одан Ежелгі Грекияға көшіп, Прометей туралы мифке ауысқан. Біздің дәуіріміздің 4–5 ғасырында Грузияға христиан дінінің кіруіне байланысты А. Жөніндегі аңыздар өзгеріп, көп құдайдың орнына Христос келеді. Эпос өлең аралас қара сөзбен жазылған, оның ғылыми басылымының 120-дай нұсқасы бар. Ө. **«СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»** атты еңбегінде «грузия тарихында халықтың ауыз әдебиетінің көп ғасырлық дәстүрлері маңызы мол» болғанын, «ауызша әдебиет пен жазба әдебиет дәстүрлерінің алғаш дәуірде тығыз байланысты» дамығанын топшылай келіп, солардың ішінде «Грузия эпосы «Амиран» жайы бөлек орын алады» деп жазды.

**АНАНЬЕВ** Анатолий Андреевич (1925 ж. т.), орыс жазушысы. Социалистік Еңбек Ері (1984). 1971 ж. Қазақстан Жазушылар одағының 6-съезіне қатысып, сөз сөйледі. Онда қазақ әдебиетін жоғары бағалап, оның өлем әдебиетіндегі орнын: «Абай – қазақ халқының мақтанышы. Ол – философ, ойшыл және халық өнерін жетік білетін адам еді. Абайдың өлеңдері халықтың жүрегінде мәңгі орын алды. Ірі гуманист, дарынды суреткер Абай қазақ әдебиетін нағыз өнер шыңына көтерді. Сондықтан Мұхтар Әуезовтің қазақ романистерінің ең ірі өкілі ретінде Абай тақырыбына баруы, Абай туралы шығарма жазуы кездейсоқ емес. Бұл туынды М. Әуезовке дүниежүзілік абырой әкелді» деп сипаттады.

*Б. Мамырбаев.*

**АНАНЬЕВА** Светлана Викторовна (1959 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты «Дәстүр және жалғастық. Ө. және Қазақстандағы қазіргі тарихи роман» атты еңбегінде «Абай жолы» эпопеясының жанрлық ерекшелігін, әлеуметтік-философиялық маңызын қарастырса, «М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы: жаңаша бағамдау» мақаласында бұл тарихи шығарманы бүгінгі заман биігінен зерделеген.

**«АНА ТІЛІ»**, баспа. 1990 ж. 5 маусымда ұйымдастырылды. Баспа еліміздің байырғы баспаларының бірі, мектеп оқулықтарын шығаратын «Мектеп» (қазіргі «Рауан») баспасының құрамындағы үш редакция негізінде отау тікті. 1991 жылдың 1 қаңтарынан бастап өнім шығаруға кірісті. Жаңа баспаның беташар кітабы Ө-тің «Әдебиет тарихы» еңбегі болды. Кезінде әдебиетке берілген теріс бағалардың «салқыны» тиіп, қаламгердің көп томдығына да біраз жері күзеліп енгізілген бұл еңбек қоғамымыздағы оң өзгерістерге орай алғашқы толық нұсқасы бойынша шықты. Баспа Абай мен Ө. тақырыбына арналған әдебиеттерді үзбей шығарып келеді. Мысалы, З. Ахметовтің «Абайдың ақындық өлемі», М. Мырзахметовтің «Абайтану тарихы», М. Әуезовтің «Путь Абая» (орыс тілінде) эпопеясы, ғалым Т. Әкімовтің «Даналық мәйегі», ғалым-журналист Б. Жақыптың «Мұхтар Әуезов – публицист» кітаптары жарық көрді.

*Ж. Дәуренбекұлы.*

**«АНА ТІЛІ ӘДЕБИЕТІН СҮЙІНДЕР»**, жазушының мақаласы. 1957 ж. жазылып, сол жылы «Қазақ-

стан мұғалімі» газетінде жарияланды. Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 19-кітабына сол күйінде өзгеріссіз енгізілді (1985, 410–414-беттер). Автор мақалада ана тілі мен туған әдебиетінің қадір-қасиетін сөз еткен. Жас буынға ана тілін, ана тіліндегі әдебиетті оқытып-үйретудің екі жолы бар: біріншісі – мектеп арқылы жүзеге асырылса, екіншісі – әр адамның өз бетінше ұзақ уақыт ізденіп, үйренуі. Автор одан әрі: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес» деп, жастарға зор міндет, үлкен сенім жүктейді. Жазушының ойынша, бала күннен бастап кітаппен достасқан адам ғана, өзін интеллигент санатына қосылған деугіне болады. Бұл – рас сөз. Өйткені бір ғана мамандықпен тар көлемде қалып, ізденбей, тоқырап қалған адамды мәнді интеллигент деу қиын. Жазушы өз пікірін дәлелдеу үшін, орыстың, еуропаның мәдениетті адамдарының кітапты аса көп оқитынын мысалға келтіреді. «Тіпті үйде отырған, тек үй қызметкері аналар, қарт әжелер, қартаң аталар болсын, бәрінің де көркем әдебиетке көңіл-пейілі, құмарлана өзирленуі, тану бағалауы өзгеше» деп, ағартушылық, ұстаздық біліктілігін асыра, өсіре айтады. Ұлы жазушы өз ана тіліндегі әдебиетті аудармадан, орыс тілінен ғана оқытандарды қош көрмейді, ондайларды «сорлылық» деп кінәлейді, ондайлар толық интеллигенттік сипатқа ие бола алмайды деп тұжырымдайды ойын.

*Р. Сыдықова.*

**АНДРОНИКОВ** (Андроникашвили) Ираклий Луарсабович (1908–1990), орыс жазушысы, әдебиет зерттеуші. Ауызекі өңіменің шебері. Филология ғылымының докторы. Ленинград университетін бітірген (1930). М. Әуезовпен қатар оқыған. КСРО халық артисі (1982). КСРО Мемлекеттік (1967), Лениндік (1976) сыйлықтарының лауреаты. «Әуезовтің еңбегі» деген мақаласында («Культура и жизнь», 1959, № 8) «Абай жолы» эпопеясының үлкен сыйлық алғанын туын жүрекпен құттықтай отырып, мұндай бірегей шыңның өмірі ұзаққа баратынын, оның өлем әдебиеті тарихынан мәңгі орын алатынын атап көрсеткен. Ө. туралы «Аңыз адам» естелігінде («Казakhstanская правда», 1967, 8 желтоқсан; «Біздің Мұхтар», А., 1976, 32-бет) Мұхтар Омарханұлы біздің өмірімізге тек тамаша жазушы ретінде ғана енген жоқ. Оның өр таланты – ғажайып бір құбылыс, біздің өміріміздің ұлы символы. Ол – аты аңызға айналған адам, жаңа дәуірдің данышпаны, жалынды жыршысы әрі азамат. Адам жанының небір қат-қабат қалтарысындағы жазбай танытын зерделі ой, сергек сезім иесі, адал әрі айтып жеткізгісіз мейірбанды жан. Ол әрқайсымыз өз деңгейімізді, алға басқан қадамымызды салыстырып, мөлшерлейтін ең үлкен өлшем, биік меже еді. Ондай адамдар біздің әдебиетімізде саусақпен санағандай-ақ деп, ұлы қазақ жазушысының өлемдік мәдениет тарихындағы биік орнын мақтаныш еткен.


*Н. Жуанышбеков.*

**АННЕНКОВА-БЕРНАР** Нина Павловна (1864–1933), орыс актрисасы. Қазақстанның халық артисі (1924). Сахнадан қол үзген соң (1888) әдебиетпен шұғылданды. 1922–24 ж. Қазақстанға келді. Халық дастанының желісі бойынша «Бекет» пьесасын жазды (1923). Сол жылы 12 сәуірде Орынборда, 1927

ж. 19 наурызда Қостанайда орыс тілінде көрсетілді. Соңғы қойылымды көруге С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ф. Мүсірепов қатысқан. «Бекет» драмасы Ө-те де бар (1933). Осы аттас опера да жазған (1938). Жазушының архивінен А.-Б. пьесасының табылуына қарағанда, олар бірін-бірі білуі, шығармашылық қарым-қатынаста болуы мүмкін. Қалай десек те, Ө. А.-Б-тың бұл шығармасын оқыған, өйткені екі пьесаның сюжеті ұқсас жатыр.

*Н. Оспантегі.*

**АНОВ** (И в а н о в) Николай Иванович (1891–1980), орыс жазушысы. ҚазКСР-і Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970). 1951 жылдан бастап Қазақстанда тұрып, бірыңғай шығармашылық қызметпен шұғылданды. «Жарқын бейне жадымда» деп аталатын естелігінде Ө-пен 1924 жылдан таныс екенін, «Шахта» журналында өзінің «Айдағанның сегізінші әйелі» атты әңгімесінің жарияланғанын, оны Мұханның қатал сынағанын жазған: «Өзіңіз тұрмысын, тарихын білмейтін халық туралы жазуға қандай хақыңыз бар? Сіздің «сегіз әйел» жөніндегі шатпағыңызға қазақтар түгілі, бұл жердің орыстары да күледі ғой!» деп ренжігенін елжірей есіне алады. Одан әрі бұл керістің өзіне пайда бергенін, дамылсыз ауыл аралап, жергілікті халық өмірімен жете танысқанын, көптеген достар тапқанын тілге тиек етеді. «Абай жолы» эпопеясының 4-кітабын орыс тіліне аударғанда кезіккен тағы бір оқиғаны еске салады. «Сізге Анатолий Франс ұнаса, маған Бальзак ұнайды. Сөйлем қомақты, қосалқылы болуға керек. Сөйткенде автордың стилі мәнерлі, әсерлі болып шығады» деп, А-тың эпопеяны қысқаша сөйлемдермен аударған жерін ұнатпай, пайдалы кеңес



Депутат М. Өуезовтің жазушы Н. Ановқа жазған хаты. 1957.

береді ұлы жазушы. А. «Қазақстанда театрдың пайда болуы» (1929), «Өлімді жеңген махаббат туралы аңыз» (1957), «Жылдар, кездесулер» (1967), «Абай жыршысы» (1977), «Көптен-көп қарыздармын» (1977) т. б. мақалаларында М. Өуезовтің бірқатар туындыларының көркемдік шеберлігін зерделеп, «Мұхтардың өз өмірі үлкен бір көркем полотноға арқау-өзек етерлік өмір екенін» атап айтқан.

*Н. Жуанымбеков.*

**АНТОКОЛЬСКИЙ** Павел Григорьевич (1896–1978), орыс ақыны. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1946). Ө-пен достық-жолдастық қарым-қатынаста болған. Бұл әсіресе Жазушылар одағында ұйымдастырылған белгілі бір шаралар кезінде (қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігінде, КСРО ҒА-ның Өлем әдебиеті институтында өткен жиналыстар мен дискуссияларда) айқын сезілетін. 2-Бүкілодақтық жазушылар съезінде Ө. А-мен және М. Рыльскиймен бірге «СССР халықтары әдебиетін аудару мәселелері туралы» баяндама

жасады (1954). А. «Тойға шашу» деген мақаласында (К. Симоновпен бірге; «Жұлдыз», 1977, №9) ұлы жазушының ұлттық әдебиеттің көркеуіне қосқан баға жетпес еңбегін атап көрсеткен.

*Д. Қонаев.*

**АҢЫЗ**, фольклор жанры. Қазақ халық ауыз әдебиетінің тарихи негізі бар мол саласы. Онда айтылатын оқиғалардың, кейіпкер аттарының, елді мекен, жер атауларының, мезгіл мөлшерінің деректілігі басым келеді. Ө. аңыз жанры жайында Л. Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты монографиясында, 1957 ж. шыққан «Қазақ ССР тарихының» 1-томында жарияланған «Қазақтың ауыз әдебиеті» атты көлемді еңбегінде жан-жақты айтқан. Алғашқы еңбектің «Аңыз ертегілері» деген тарауында: «Қазақ аңыздарының ертегілерден ерекшелігі сол – барлығы да тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме болып келеді. Кейін оларға қоспалар қосылады да, халық творчасының ерекше бір саласын құрайды» деп бірден екі жанрдың жігін ашып алады. Монографияда эпос пен аңыздың негізгі ерекшелігі – соңғысының қара сөзбен баяндалатындығы эпостағыдай кейіпкерді тарихи прототипінен көп алшақтатпайтындығы, циклды боп келуі дейді. Қазақ аңыздарын Қорқыт, Асан Қайғы, Алдар Көсе сияқты тарихи адамдар туралы аңыздар мен күй аңыздары деп екі түрге бөлген. Бұл еңбекте Қорқыт, Асан Қайғы, Алдар Көсе, Жиренше, Күй аңызы деп жеке тарауларға бөліп те талданған. «Қазақтың ауыз әдебиеті» мақаласында аңыз жанрын ертегілермен бірге алып қарастырған. Алғашқы еңбекке қарағанда, көлемі шағын болғандықтан, ауыз әдебиеті жанрларын айқын ажыратып жіктемеген. Ертегі мен аңыздардың түп-төркіні халықтың арман-қиялы екенін негізге ала отырып, екі жанрға қатар талдау жүргізген. Өйтсе де «Бергі кезде Жамбыл жазған «Өтеген батыр» поэмасының сюжеті Асан Қайғы жайындағы аңызға тығыз байланысты» деп, ертегі мен аңыздың айырмашылығын айырып айтқан.

*С. Қасқабасов*

**АҢЫЗ КҮЙЛЕР**, қазақтың ежелден келе жатқан аспаптық музыка жанры. Ол негізінен домбыра күйлері, қобыз күйлері, сыбызғы күйлері болып бөлінеді. Күйлердің мазмұны аңыз-ертегілерге, нақтылы тарихи оқиғаларға құрады. Оларда халықтың басынан кешірген тауқыметі мен әділетсіздікке қарсы күресі, азат өмірді ансаған асыл арманы мен қуаныш сезімі терең толғаныспен өрнек-бояуын тапты. Ө. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген мақаласында: «Күй аңызы әлі тексеріліп, ерекше жиналып зерттелмеген түрдің бірі. Бірақ қазақ халқының музыкалық фольклорын біліп, аңғарған адамның барлығына сыбызғы, қобыз, домбыра баян ететін көп күйлермен қатар, сол күйлердің ауызша айтылатын көркем, шебер әңгімесі болатыны мәлім» деп, күйді нотаға түсіргенде, тарихын да қоса жазып алуды жүктейді. Күйлер шартты түрде – аңыз күйлер, тарихи күйлер, арқау күйлері болып бөлінгенмен, олардың барлығының да белгісі аңызға құрылған оқиғасы, шежіресі бар дегенді айта келіп, олардың қатарына «Ақсақ құлан», «Нар идірген», «Балжынкер», «Желмая», «Жорға аю», «Боз інген» т. б. көптеген күйлерді жатқызады

*З. Қоспақов*

**АРАБАЕВ** Ишеналы (Ишанғали) (1882–1933), қырғыз ағартушысы, қоғам қайраткері. «Орыс-түзем»



И. Арабаев.

мектебін, «Ғалия» (Уфа) медресесін бітірген, «Хусаиния» (Орынбор) медресесінде оқыған. Төрт-Күл Нарын, Қаракөл Кантондарында мектептер ашқан. 1911 ж. Қазан қаласында ақын Молда Қылыштың (Молда Кылыч) «Зил-зала» қиссасын, Уфадағы «Шарқ» (Шығыс) баспахананысынан қазақ ағартушысы Қ. Сәрсекеевпен бірігіп жазған «Өліппе яки төте оқу» (қазақ және қырғыз тілдерінде аралас) кітабын, 1912 ж. Орынборда таза қазақ тілінде «Жазу өрнектері» атты оқулық шығарды. А. Байтұрсыновтың ықпалымен қазақ басылымдарының белсенді авторы болды (әдеби бүркеншік аты – «Қырғыз»). 1916 ж. қырғызға ұшыраған елін бастап Қытайға қоныс аударып, 1917 ж. қайта оралды. А-тың «Бейшара қырғыз бауырларыңды ұмытпаңдар!» («Қазақ», 1917 ж., 17 маусым) деген хаты қырғыздарға қазақ жұртшылығы тарапынан жәрдем беруге түрткі болды. Сол жылы А. Садықов, Қ. Тыныстановпен бірге «Алаш» партиясының Бішкектегі бөлімшесін ұйымдастырды. 1920–23 ж. Алматыда «Қосшы» одағы төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 1923 ж. Х. Досмұхамедовтің шақыруымен Ташкентке келді. Түркістан АКСР-ы Ғылым орталығының жетекшісі болды әрі Орта Азия үн-тінде қазақ тілінен сабақ берді. А. – 1924 ж. маусымда өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының I-съезін ұйымдастырушылардың бірі. 1926 ж. I-түркітану съезіне (Баку) қатысты. Ол қырғыз халқының өзін-өзі билеу құқын іске асыруға көп күш салды. 1924 ж. Қарақорғыз автономиялық облысы құрылғанда облревком мүшесі және облыстың ғылым комиссиясының төрағасы болды. А-тың Байтұрсынов үлгісінмен жазған «Қырғыз әліппесі» (Ташкент, 1924) қырғыз мектебіне арналған тұңғыш оқулық болды. Ол қырғыз тіліндегі алғашқы газет – «Еркини тооның» редакторы, «Манас» эпосының қағазға түсуіне басшылық жасап, «Семетей» жырын жазып алып, алғаш жарыққа шығарды. 1925 ж. Ресей Компартиясының Қырғызстандағы саясатын сынға алған «отыздың мәлімдемесі» аталған құжаттың авторы ретінде қуғынға ұшырады. 1933 ж. «Туран әлеуметтік партиясының» ісі бойынша тұтқындалып, түрмеде белгісіз жағдайда қаза тапты. Ө-ті шығармалары арқылы білген, онымен пікірлес, ниеттес болған.

Ж. Сүлейменов.

**АРАБ ӨДЕБИЕТИ.** Өл-Фарабиден Абайға, Ө-ке дейінгі ұлттық тұлғалардың көзқарасы араб мәдениеті мен ғылымының, философиясы мен әдебиетінің негізінде арна тартты. М. Әуезов те 6 жастан бастап «Әліпби» оқыды, «Мұхтасарды» тәмамдап, еуропалық мектепке ауысты. Ол «Өзім жайлы мағлұмат» атты өмірбаяндық мақаласында: «Оқуды бес-алты жасқа келген соң, өзімнің үлкен әкемнен оқи бастадым. Сол кісінің алдынан хат танып, түркі оқитын болған соң, 9–10 жасыма әкеммен бір туысқан ағам Қасымбек қасына алып, басында бір жыл Семейдегі Камали деген қазіреттің медресесінде мұсылманша оқытты» деп жазды (Шығармаларының 50 томдық толық жинағы, 1998, 3-том, 69-бет). Медреседегі оқу жүйесі туралы Ө.: «Медресе жабық мектепке жақын, тәртібі қатал, діншілдік жолында софьлық күшті бола-

тын... Негізінде дін оқуы, ислам дінінің жайы, исламият, ислам дінінің тарихы... осы діннің негізгі қағидалары, жолы айтылған тіл – араб тілі. Құран сөзін басқа тілге аудару ислам дінінде мүмкін емес. Сондықтан бәрі араб тілінде оқылатын... Әрі қарай тереңдегенде араб тілінің грамматикасы, әр нәрсе жайында ой жіберу мантихын (логика) оқитын. Ислам діні бір замандар поэзияда, ғылымда бірнеше ғалымдар тудырды...» деген ойды айтады («Абайтану дәрістері», 1994, 42-бет).

Ғылыми ортада араб әдебиетінің даму жолы 7 сағатқа бөлінеді. Ө. өзінің мақалалары мен ғылыми зерттеулерінде сол 7 сағатын әрқайсысына дербес тоқталып, оның қазақ әдебиетіндегі көріністерінен мысал келтіре отырып, тиісті тұжырым жасады. 20 ғасырдың басында қазақ ұлтының алдында саяси әрі рухани тандаудың екі жолы тұрды. Біріншісі – ұлттық тәуелсіздік, екіншісі – ғылымды игерудің еуропалық және арабтық жолы. Әуезов осы тұста жазған «Қайсысын қолданамыз?», «Философия жайынан», «Ғылым», «Ғылым тілі», «Мәдениет нем ұлт», «Оқу ісі» атты мақалаларында ғылыми тіл мен оқу бағдарламасының алдағы міндеттеріне тоқталып: «Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін олар арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар жолы, ғылым тілін орысшаға, Еуропа негізіне тартады. Бұл жік – тәртіп бастауыш мектептердің нәм курстардың оқуында айқын білініп тұр. Әркімнің өз білген негізіне тартатыны мәлім нәрсе дей келіп, араб әдебиеті мен мәдениетінің қазақ дүниетанымына әсерін талдай отырып, заманға лайық білімді және ғылыми бағдарды еуропалық үлгіге түсіруді жақтайды. (Шығармаларының 50 томдық толық жинағы, 1998, 3-том, 103–104-беттер). Бұл арада жазушы еуропалық ғылыми үстемдікті қостамайды, ғылым дүниесіне тура бастайтын білім бағдарламасын алға тартады. М. Әуезов «Әдебиет тарихы», «Айтсы өлеңдері», «Абай (Ибраһим) Құнанбаев», «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеулерінде ежелгі араб ауыз әдебиетінің қазақ ауыз әдебиетіне жасаған ықпалына барынша көң тоқталды. Араб поэзиясындағы айтсы, жоқтау, толғау, жұмбақ айтсы, бәйіттік жырлардың және батырлар мен ғашықтар туралы дастандық үлгілердің қазақ ауыз әдебиетіндегі белгілерін өзара салыстыра келіп: «Айтсы жанры ерте замандарда бір қазақ емес... жүзіндегі Шығыс, Батыстың көп елдерінде орас. Мысалы, арабта жәрмеңкелерге жиылған ақындардың айтсынан жарыс өлеңдері қағазға жазылып, көпшілік оқуына, сынауына қолайлы етіп, жәрмеңке ортасына ілініп қойылатын болған. Ол айтсы өлеңдерін арабтар «мұғаллақат» деген» деп анықтама береді (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 17-том, 282-бет).

Ө. өзінің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері», «Ертегілер» атты зерттеулерінде «араб елінен ауысқан өфсаналық аңыздар» мен тарихи тұлғалар туралы ертегілік сыпаттағы оқиғаларды баяндай келіп: «Қазақ халқы айтатын қиял-ғажайып ертегілердің санын малайтқан бұл айтылған ертегілер тобына да халық өз творчестволық еңбегін қоса отырған. Ең алдымен сол ертегілердің бар

оқиғасын қазақ ертекшісі халықтың өз тілінде әңгімелейді. Кейбіреулері сол шығыста классик ақындардың өздерінің өмірін аңыз еткен қазақ әңгімесіне айналады» деген пікір білдірді.

Араб әдебиетінің даму сатысының тағы бір кезеңі «Құранның» дүниеге келуімен тікелей байланысты. 7–8 ғасырда араб әдебиетінде саяси лирика мен проза өзінің шырақ биігіне көтерілді. Бүкіл араб жұрты дүниені жаңаша көзқараспен тануға бет бұрды. Мұсылман дінін қабылдағандар мен көп құдайға сиынушылардың, христиан дініндегілердің арасындағы танымдық және саяси күрес әдебиетке ерекше ықпал жасады. «Құран» – араб тілінің барлық мүмкіндігін танытқан ұлы әдеби ескерткіш. Ондағы ішкі ырғақтар, ұйқасты сөз қолданыстары, аңыздар мен философиялық пайымдаулар, шебер қиыстырылған композициялық құрылым мен таңғажайып көркемдік қуат, айтқанына сендіре білетін шынайылық пен ғаламдық ой ұйытқысы исі адамзаттың ойлау жүйесіне өзгеріс әкелді. Арабтардың жазбаша әдебиеті осы «Құран-кәрімнен» басталды және оның алдағы даму бағдарын анықтап берді. «Құран» тек араб әдебиетінің ғана емес, бүкіл әлем әдебиетінің, оның ішінде қазақ әдебиетінің де даму тарихына тікелей шешуші ықпал жасады. Ә. «Құранды» толық оқыған, оның сүрелерін жатқа білген, «Құранның» тәфсірлерімен жете танысқан. «Мұхтасарды» оқу арқылы «Құранның» аяттарына түсінік беру дәрежесі жеткен. Онда айтылатын пайғамбарлар мен сақабалардың тарихын білген. Медреседі өзі айтқандай, «ислам тарихын, исламның құқық тарихын, исламның философиялық және логикалық танымын, шығыс поэзиясын, араб тілін еркін меңгеріп шыққан». Кеңес өкіметінің саяси қысымына байланысты М. Әуезовтің «Құран» туралы нақты пікір білдіруге мүмкіндігі болмаған. Алайда мұсылмандық философияның негіздері, діни хиссалардың таралуы, Абайдың исламға көзқарасы туралы еңбектерінің барлығында да «Құранның» қағидалары мен діни аңыздардың түп төркініне талдау жасаған. «Сал-сал», «Жүм-жұма», «Бозжігіт», «Мұхаммед-Қанафия», «Ғали арыстан», «Хадиша», «Хасен-Хұсайын», «Сейтбаттал» сияқты діни дастандардың оқиғасы «Құраннан» алынғандығын және кітаби ақындардың шығармашылығы діни аңызға құрылғандығын, Абайдың да «Алланың өзі де рас, сөзі де – рас» деп «Құранды» мойындағанын абайтану туралы жазылған еңбектерінде және «Қазақ әдебиетінің тарихынан», «Айтты», «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» т. б. зерттеулерінде ерекше атап өтеді.

Араб әдебиеті дамуының жаңа кезеңі 19 ғасырдан басталады. Еуропаның отарына айналған араб елі өзінің тәуелсіздігі үшін күрес жолына түсті. Бұл ретте жәдідтік қозғалыстың маңызы ерекше орын алды. Мәдениет пен ғылымға сүйенбеген елдің бодандықтан құтылуы мүмкін емес екендігін түсінген Жалаладдин Ауғани, Мұхаммед Ғабдуки сияқты ғұламалар мен саяси қайраткерлер шығып, діни пайымдауларға өзгеріс кіргізуді ұсынды. Олар: «Құран» сөзі – рас, тек оны заманына лайық түсіндіріп, ұлттық мүддеге байланыстыру керек. Ғылым мен мәдениетке, әдебиетке еркін жол ашылсын» деген ұран тастады. Бұл тұста әлемге мәшһүр әдеби шығармалар өмірге келмегенмен

де, көсемсөз иелері исі мұсылман қауымын жаңа жәдідтік бағытты ұстану қажеттігіне сендіре білді. Бұл тек араб халқы ғана емес, исі мұсылман жұртының ұлттық тәуелсіздік рухын оятты. Жәдідтік ағым қазақ халқының да отаршылдарға қарсы күрес жолын бастауына негіз қалады. Абай жәдідтік бағытты өте жақсы білді. М. Әуезовтің де қоғамдық-саяси, шығармашылық көзқарасы жәдідтік нысанада қалыптасты. Ол өзінің алғашқы мақалаларында-ақ бұл пікірін ашық білдірді. «Ғылым тілі», «Мәдениет хәм ұлт», «Қайсысын қолданамыз?» атты мақалаларында араб мәдениетінің тоқырауға ұшырағанын талдай келіп, ұлттық рухани оянуға шақырды, өркениеттің талабына сай жәдідтік негіздегі ғылым жүйесін таңдауды ұсынды. Абайтану мәселелеріне арналған барлық мақалалары мен зерттеулерінде «санашылдық»-жәдідтік бағытты қалыптастырған Ж. Ауғани мен М. Ғабдукиді, Ш. Маржанді, К. Насырді, С. Гаспаралыны мысалға келтіріп: «Мысырмен Мұхаммед Ғабдуку шықты. Бірнеше медреселер болды. Мұсылманшылықтың логика, философиясын оқыды. Бірақ ертеде жазылған кітаптан ғана оқыды. Онан тысқары кете алмады. Панисламизм көтерілісі Ресейде пантүркизм деген қозғалыстың тууына әсер етті. Халықтың патшалыққа қарсы көтерілісін біріктіріп, түрікшілдікті қозғады. Халықты діни арқылы үгіттеді. Абай, Ыбырай сияқты жаңа дүниеге жаңа көзқарас туғызу керек деген ұғымды бастаушы аз болды. Өзірбайжан халқынан Мырза Фатали Ахундов шықты... Осыған жақын татардан шыққан Маржани. Тәрбиені ескі медреседен алды. Өзі біткен көп ізденіп білім алған. Араб, иран әдебиет тарихын оқуға беріледі. Математика, химия ғылымын оқып, сол пәннің медреседе оқилуын талап етеді. Өзі медресе салғызады. Араб, парсы тарихынан көп жаңа деректер жинап еңбектер жазды. Орыс мектептеріне мұсылманша береді. Бұл да орыс мәдениетіне көңіл бөледі. Абайға әсері күшті болды. Осыдан кейін татарда Абаймен замандас татар баспасөз әдебиетінің қайраткері Қажым Насыри болды. Ол XIX ғасырдың 70–80-жылдары көп еңбек сіңірген адам. Буратана елдегі хал-жай осындай еді. Башқұрда, өзбекте жаңалыққа қол созған Абай, Ыбырай сияқты адам жоқ еді» деп түсініктемесі берді. Жәдідтік ілімге сүйенген араб елі бірте-бірте ұлттық бірлікке келіп, тәуелсіздік алды. Жаңа араб әдебиеті қалыптасты. Ерлік жырлары әлемге әйгілі «Һарун Рашидтің қарындасы» атты романның авторы Дждидж Зейден, Нобель сыйлығының лауреаты Махпуз сияқты ірі қаламгерлер шықты. 1958 ж. Ә. қазақ тілінде басылған «Азия, Африка ақындары» атты жинаққа «Оянған халықтар үні» деген тақырыппен алай сөз жазды. Онда: «Жинаққа кірген өлеңдердің бәрі де соңғы ұлы соғыстан кейінгі туған шығармалар. Бұл жылдарда көп тілдер мен бірінен бірі жырақ жатқан жарың-жырлар үндері өзді-өз отанының тарихы мен тағдырын бүгінгі барлық азаттық сүйген адамзаттың үн-ұранына жалғастырады... Сол жайлардың бәрінде өз отандарының басынан кешкен бағы замандарымен жалғастырып жырлау да бар. Баяғысы сондайлық болған ұлы халықтардың ендігі ояну, өрлеу дәуірі бейбітшілікті сүйші еңбек әлемінің бар талабы, зор талабымен табысып жатқанын жыр етіседі» деп, өз ойын қорытты (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 20-том, 286-бет). Азия-Африка жазушыларының конференцияларында әл-Ара-

би, Айша Абдель Рахман, Галал, Әбу Сальма сияқты араб жазушыларымен танысты. Пікір алысты. М. Әуезов араб әдебиетіне ерекше ықылас қойды және оның ежелгі заманнан бастап 20 ғасырдың 2-жартысына дейінгі даму тарихы туралы үнемі пікір білдіріп отырды. Ө-тің өмірі мен шығармашылығы туралы ақпараттық хабарлар мен өмірбаяндық анықтамалар Азия-Африка елдері жазушыларының органы «Лотос» журналында әр жылдары беріліп тұрды. Төл шығармаларының ішінен «Қараш-Қараш оқиғасы» (М., 1966), «Жетім» (М., «Прогресс», 1967), «Абай» (аударған – Бурхан әл-Фатиб, «Радуга», М., 1984) романы араб тіліне аударылды. Сондай-ақ «Абай Құнанбаев» атты мақаласы 1971 ж. ақынның араб тілінде жарық көрген жинағының алғы сөзі ретінде жарияланды.

Ө. Дербісәлі, Т. Жұртбай.

**АРАБ ЖАЗУЫ.** Ө. араб жазуын қалай үйренгені туралы: «Немерелерін атамыз Әуездің өзі оқытаын. Атам маған кітаптағы араб әріптерін көрсете бастайды. Бұл кітап – Абай өлеңдерінің жинағы. Әуез оның өлеңдерін кітап қып көшіріп алады да, бізге сол арқылы қара танытқан болады. Аздап қара таныған соң, өлеңдерін бірінен соң бірін жаттадым. Молдаға ұқсап, атамыз бізге таң атқаннан күн батқанға дейін кітаптан бас алғызбайтын. Ал күні бойы жаттағанмызды кешкісін атамыз бен әкемізге айтып береміз деген. Болашақ жазушы араб жазуын оқып, жаза білуді осылай үйренді. Замандас қаламдастары сияқты М. Әуезов те өзінің тұңғыш көркем шығармасы – «Қорғансыздың күні» әңгімесін, сондай-ақ «Қайсысын қолданамыз?» («Ғылым тілі» атты ғылыми-публицистикалық мақалаларын, А. ж-мен жазды. 1929 жылға дейін жарияланған «Көксерек», «Қараш-Қараш», «Қилы заман», «Еңлік – Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз» сияқты роман-повестерін, пьесаларын, «Қаралы сұлу» тәрізді көптеген әңгімелерін осы графикада жазды. А. ж. – М. Әуезовтің бүкіл шығармашылығында өмір бойы сүйіп қолданған, көп пайдаланған жазуы. Ол 30-жылдары араб әрпінен латын жазуына көшуге қарсы болды (М. Мырзахметов. Қазақ қалай орыстандырылды. А., 1993, 21–23-беттер). Автор көп еңбектерін кейінгі латын жазуы тұсында, тіпті орыс кириллицасы кезінде де А. ж-да түсірген. 30–40-жылдарда жарияланған «Тас түлек», «Түнгі сарын», «Алма бағында», «Шекара», «Абай» (трагедия), «Абай» (кинодрама), «Ақан-Зайра», «Сын сағатта», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Асыл нәсілдер», «Құм мен асқар», «Шатқалаң», «Қасеннің құбылыстары» т. б. туындыларының араб әрпімен жазылған нұсқалары, 1942 ж. шыққан «Абай» романының 447 беттен тұратын араб жазуындағы түпнұсқасы жазушының мұражайында сақтаулы. Өйгілі «Абай жолы» эпопеясының кейбір тараулары да А. ж-мен жазылған.

Е. Жанпейісов.

**АРАВИН** Петр Васильевич (1908–1979), музыка зерттеуші. Өнертану ғылымының докторы (1976), профессор. Қазақ музыкасын насихаттауда елеулі еңбек сіңірді. «Ахмет Жұбанов» атты еңбегінде (1966) Ө-тің «Абай» пьесасы мен «Абай» операсының либреттосына А. Жұбановтың музыка жазу жолындағы қызметіне назар аударған. Онда Е. Рахмадиевтің ұлы жазушыны еске түсіруге арналған лирикалық поэма-реквиемне білдірген пікірінде: «Лирикалық поэма-реквием күрделі синтетикалық жанрдағы шығармаға жатады. Ұлы

суреткерге деген нәзік сезім мен құрметке толы бұл шығармада сонымен бірге жазушының терең толғанысынан туған көркем образдар, өмір мен шығармашылық қызметтің мән-мағынасы, туған жер табиғатының сұлулығы мен байлығы, Ө. жарқырата ашып көрсеткен қазақ халқының ұлы мұраттары мен бостандық сүйгіш идеалдары түгелдей көрініс тапқан» дейді.

Р. Сариева, Ф. Исахан.

**АРАВИН** Юрий Петрович (1941 ж. т.), музыка зерттеуші, сыншы, педагог. П. Аравиннің баласы. Е. Г. Брусиловскийдің «Жалғыз қайың», А. Жұбановтың «Абай», Г. И. Гризбильдің «Абай өні» симфониялық поэмаларының жанрлық ерекшеліктері, Абай өңдерінің тақырыптық жағынан жаңаша берілу тәсілдері, қазақ ұлттық аспаптарының тарихы, А. В. Загаевтің еңбегі туралы т. б. зерттеу мақалалары бар. Ө-тің шығармаларындағы халық композиторлары, атақты өңшілер, жазушының музыкалық талғамы мен көзқарасы жайында телевизиялық хабарлар шоғырын жасады. Жазушының 100 жылдығына байланысты «Қазақстан-1» телеарнасы бойынша «Дыбыстар мұражайы» («Музей звуков») айдарымен арнаулы 2 хабар, «Таң» телеарнасы арқылы «Музыкадағы есімдер» («Музыка имен») рубрикасымен 5 хабар дайындап көрсетті.

Р. Сариева, Ф. Исахан.

**АРАГОН** Луи (1897–1982), француз жазушысы, қоғам қайраткері. Халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты (1957). Париж және Мәскеу университеттерінің құрметті ғылым докторы. «Совет әдебиеті» деген кітабында (1955) Абай Құнанбаев, Ө., С. Мұқанов сынды қазақ қаламгерлерінің туындылары туралы жақсы пікір айтты. Ол онда «Абай жолы» эпопеясының екі ұлы ойшылдың жазушы мен ақынның пікір тоғысынан туғанын атап көрсетті. Эпопеяның француз тілінде шыққан 1-кітабына алғы сөз жазып, «эпикалық «Абай» романы, менің ойымша, 20 ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі. Бұл роман оқырманға қызықты қиял мен ерен ой өлкесін кездіріп, талай терең толғаныстар тудырады» деп тебіренді («Біздің Мұхтар», А., 1976, 123-бет). Ал Ө. 1958 ж. 29 сәуірде А-ға жазған хатында Абай туралы романның француз тілінде жарық көруіне жұмсаған зор еңбегіне алғысын, өзінің дән ризашылығын білдірген (М. Маданова. «Әуезовтің Бальзак еліне сапар шегуі», А., 1997, 46–48-беттер).

Н. Жуаншбекөв.

**АРАЛТӨБЕ**, жер атауы. Семей қаласының оңтүстігіндегі Орда тауының құйрық сілемі. Семей – Алматы бекет жолының бойында. 1880 жылдардан бастап Абайдың екінші әйелі Өйгерімнің қыстауы қоныс тепкен. Абай А-де 10 жылдай тұрып, шығармашылықпен белсене айналыған. Ақын шығармаларының дені осындағы қыстауда жазылды. Соның ішінде А. Пушкин, М. Лермонтов, И. Крыловтан аударған өлеңдер де бар. А. Семейге ұрымтал әрі бекет жолының бойында болғандықтан, Абай әдейі таңдап алған. Баласы Ақылбайдың қыстауы да А-ден үш-төрт шақырым жердегі Тышқан деген бұлақтың басына орналасқан. Өуездің мекені – Бөрілі Аралтөбеден 7–8 шақырымдай ғана қашықтықта жатыр. А-нің көріністері мен табиғат суреттері Ө-тің «Абай жолы» эпопея-

сында барынша қанық бейнеленген. Абайдың бәйбішесі Ділде мен Әйгерімнің зираты осы А-де. Абайдың қолжазбалары мен үй жиһаздарын 1927 ж. Жағыпар Мағауияұлы тәркіден жасырып, А-дегі зираттың қасына көмген. Ол асыл мұра қолды болып кеткен. 1950 ж. М. Әуезов Қ. Мұқаметханов, Қ. Аманжолов, И. Жағыпароваларды арнайы А-ге жіберген. Бірақ тығылған қолжазбалар табылмады. Қазір А-де Ділде мен Әйгерімнің ақ ұлутастан тұрғызылған сағаналары бар. *Т. Жұртбай.*

**АРБАУ ӨЛЕҢ**, тұрмыс-салт өлеңдерінің бір түрі. Адамды, малды жылан, қарақұрт, бүйі т. б. улы жәндіктер шаққанда айтылатын өлең түрі. Улы жәндіктердің таратушы иесі, тәңірі болады деп есептеген сенімнен туған А. ө. соларға қарата айтылып, уытын әлсіретіп, сөз арқылы жалбарынып, тірі қалдыруға тырысқан. Бұл жанрдың тарихы ислам дінінен анағұрлым ерте замандардан бастау алады. Шаманизммен тығыз байланысты. Арбау өлеңде қорқыту, сескендіру, үрейлендіру әрекеттері жасалады. Негізінде 7–8 буынды шұбыртпалы ұйқаспен айтылады.

Ә. 1927 ж. Қызылордада шыққан «Әдебиет тарихы» оқулығында салт өлеңдерінің көптеген түрлерін атап, арнайы тоқталған. Бұлардың ішінде А. ө. арнайы аталмайды. Оқулықтың кіріспе тарауында халықтың А. ө-ді туғызған кезеңдеріне шолу жасалған. Әр құбылыстың, заттың, жәндіктің иесі бар деп есептеп, соған табынған кезді, сол кездің фольклорлық, салттық өлеңдерін талдаған. Соның ішінде ауру-індеттерден құтылу мақсатында қолданылатын өлеңдер айтылған дейді. Ә. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты мақаласында («Литературный критик», 1939, №10–11, 1940, №1; Л. Соболевпен бірге) алғаш рет «арбау» терминін қолданды. Аталған монографиялық еңбектің «Халық поэзиясының шағын түрлері» атты тарауында: «Жыланның, қарақұрттың және басқа да зұлым күштердің уытын қайтару мақсатымен «арбау», «жалбарыну» жыры туған» дейді (20 томдық шығармалар жинағы, 17-том, 171-бет). Осы арада бақсы сарыны жайында айтып, оны арбаудан басқа түрге жатқызған.

*С. Қасқабасов.*

**АРҒЫНБАЕВ** Халел (1924–1998), тарихшы. Тарих ғылымының докторы (1976), профессор (1982). Ғылыми жұмыстары негізінен қазақ халқының тарихи этнографиясына арналған. «Абай жолы» романы – қазақ өмірінің энциклопедиясы» атты мақаласында («Жұлдыз», №10, 1997) Ә-тің эпопеясындағы көптеген этнографиялық сюжеттерге жанжақты сипаттама берген.

*Н. Оспантегі.*

**«АРДАҚТЫ ЖӘКЕ»**, жазушының мақаласы. Жамбылдың ақындық қызметінің 75 жылдығына орай жазылған. Алғаш рет «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 5-санында жарияланған. Кейін Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағының 11-томына (1969, 197–198-беттер), 20 томдық шығармалар жинағының 17-томына (1985, 139-бет) енді. Жамбыл шығармашылығын сөз еткен, зерттегендердің ішінде бірегей, тереңдеп барғаны – Ә. Әсіресе Жамбылдың 100 жылдық мерейтойына арнап ақынның айтыскерлік өнері туралы жазылған мақаласы – осы тақырыптағы мақалалардың

ішіндегі ең мәндісі. Бұл – Ә-тің қарт ақынның әдебиет тарихында көзі тірісінде сирек кездесетін мерейтойына арнап жазған шын жүректен шыққан асыл сөздің үлгісіндей болған ыстық сәлемі, табиғаттағы өлім мен өлмейтін өнер жайындағы әдемі тілек сөздер. Қарт ақынның шығармашылық, ақындық тұлғасын асқақтатып көрілік жеңбеген Жамбылдың өлім де жеңбейтінін, өйткені жырау есімі ұлы заманның ұмытылмас атының бірі екенінде күмән жоқ екенін ағынан жарыла айтқан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«АРДАҚТЫ ОҚУШЫ»**, мақала. 1958 ж. 19 маусымда жазған. Сол жылы күзде Ташкентте өткен Азия және Африка елдері ақын-жазушыларының кеңесі қарсаңында Алматыда жарық көрген «Азия, Африка ақындары» атты өлеңдер жинағына алғы сөз ретінде берілген. Онда жинақтың республика оқырмандары үшін тосын екендігін, оған кірген ақындардың көпшілігін ел білмесе де, барынша пейіл бұрып, көңіл аудару, ынтыға танысарлық жырлар осы жинаққа молынан енгендігін айтады. Қазақ тіліндегі бұл кітап авторлары – «ұлы Азия мен алыс алып Африканың көрнекті ақын-жазушылары» екендігіне назар аударады. «Осы жинақта ұлы дос елдеріміз: Қытай, Индия, Араб елдерімен қатар, Кореяның, Бирманың, Монғолияның, Вьетнамның ақындары, жырақ Япония, Индонезия, Малайзия, Пакистан, Турция, одан бері де Иран, Ирак, Ауған тәрізді сол елдердің сан алуан ақындарының үндері» шоғырланғанын білдіреді. Шығыс әдебиетінің әлемдік мәдениетке тигізген әсері барысында «... дана қарт – Қытай, игі өнерлі Индия, Иран тәрізділер қадым замандардан өлем әдебиетіне бал-бұлақтай көп асыл татті сырлар, жырлар, көркем күйлер берген әдебиеттер саналады. Осыдан кейінгі Европа, Америка, бар дүние ақындары, жазушылары сан алуан үлгі, нәр алғаны мәлім» екенін ашып көрсетеді. Өз пікірін «Жаңа Еуропаның ең ұлы ойшыл ақындарының бірі – Гетенің» Шығыс поэзиясының қадір-қасиетін зор бағалаған сөздерімен бекітеді. Сол ұлы Шығыс елдерінің соңғы ғасырларда құлдықта, қанауда, отаршылдық езгіде қалып, соғыстан кейінгі жылдары ғана солардың көпшілігінің тәуелсіздікке қол жеткізуі жинаққа енген өлең-жырларда көрініс бергендігіне көңіл аударады. Бұл шығармалардың басым сарыны есебінде азат болған, тәуелсіздікті көксеген елдердің арман-мүддесі, отаршылдық қорлығынан құтылу, соғысқа қарсы қайратты жігер үндері атап өтіледі. Азия, Африка ақындарының өлеңдерінің тақырыбы өз елдерінің ендігі ояну, өрлеу дәуірімен, бейбітшілік сүйгіш идеясымен астасып жатқандығы жазушы-ғалым назарынан тыс қалмаған. Қазақ оқушыларына арналған сөзінің соңында мәні де, жөні де өзгеше жинақпен көңіл қойып танысатындығына үміт артады.

*Н. Жанақова.*

**АРИСТОТЕЛЬ** (б. з. б. 384–322 ж.), грек философы, ғалым. Платоннан оқып, білім алған. Ескендір патшаның ұстазы болған. Шығармалары сол кездегі ғылымның барлық салаларын қамтыған. Өзіне дейінгі философияны, ілім жетістіктерін қорытып, бір жүйеге келтірген. А-дің философиялық көзқарастары «Метафизика», «Жан туралы», «Категориялар», «Аналитика», «Этика», «Саясат», «Риторика» т. б. шығармаларында баяндалған. Ұлы ғалым адамгершіліктің негізі бөлсенділік пен жасампаздықтан басталады, әділет игілікті іспен байланысты деді. А-дің ілімін даудытып, дүние жүзіне танытқан



шәкірттерінің бірі – Әбу Нәсір әл-Фараби. М. Әуезов «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1945–1904)» атты монографиясында ұлы ақынның философиясын зерттей келіп, «...кейін Аристотель философия да арабтар арқылы мұсылманшылық мәдениеті көлемінде көбірек өріс алып» тарағаны туралы пікір айтқан. «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында: «Театр елдің ең терең, ең асыл сезіміне есер етсін, театр тыңдаушы мен көрушінің денесін мұздатып, жүрегі еліккендей болсын. Көңілді ыстық сезім, ұлы толқын қалпын жеткізетін» деген А-дің сөздерін келтірген. Одан өрі оның азат ойын, гуманистік көзқарасын жоғары бағалап, Абайдың поэмасында Ескендірге «ақылшы болған Аристотель өзінің әмірші патшасынан сонауғұрым биікте, анық қасиет иесі» боп суреттелетінін» құптады, «бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық» деп, ғылым-білімнің мән-маңызын ерекше дәріптеген. «Абай жолы» эпопеясында («Еңісте» тарауы) Абайдың аузына сөз салып: «Ғылым демек, шексіз кең дүние демек емес пе еді. Мұсылман ғұламаларының даналары Сократ хақимнен, Афлатоннан, Аристотельден оқымап па еді?» деп, ғылымның адамзат баласына ортақ екенін ескертті.

*Н. Оспантегі.*

**«АРҚАЛАНУДЫ ҚАЛДЫРУ КЕРЕК»**, жазушының мақаласы. 1922 ж. «Қазақ тілі» газетінің 28 қыркүйектегі санында шыққан. Жазушының 100 жылдық мерейтойына байланысты шыға бастаған 50 томдық толық шығармалар жинағының 2-томында басылды (А., Ғылым, 1998, 55–57-беттер). Мақалада «Қазақ тілі» газетінде шыққан Сыбанұлының, «200 түйе күн» материалында айтылған күн дауы жайында түсінік берілген. Материал авторының газет арқылы біреулерді айыптағанымен, тікелей мекемелерге барып іс шешудің орнына құр сөзбен тынатынын мінеген. Қазақ ішінде бұрыннан келе жатқан ру, ата, жерлестіктің салдарынан туындайтын жаман әдеттердің, әділетсіз билердің қазір де бар екенін айтқан. Халықтың ескі әдеттен арыла алмай, жергілікті жерлерде құрылып жатқан әкімшілік орындары арқылы әділдік іздеудің орнына, беделді әлдекімдерді арқалану салтын қоймағанын айыптайды. «Өрине, зорлықшылар – айыпты, сонымен бірге құрғақ зорлық, өзіншіл билікке бас иіп, мойынсұнып отырған Сыбан айыпты. Сыбан дайын тұрған хукімет кеңселеріне шауып барып, неге көмек сұрап алмайды?» деп, халыққа жаңа жол ұсынып, ескі әдеттен арылуға шақырған. Мақалада күн іздеп жүргендер ретінде Абайдың балалары Турағұл мен Мекайыл аталған. Ө. бұл екеуін Абайдың қатарына қоюға болмайтынын айтып, осы даудың мәнісін заң бабтарына қойып, талдап беруге тырысқан. Шығарманың соңында іс басындағы азамат та өте сақ болып, әділетсіздігінен айрылмау керек, арқаланып қылмыс істеушілерге арқа болған азаматтың өзі көз болып, қуғын салу керек... іс басына келген азаматсымақтың ескі әдетті қолданылуы сезілсе, алдын ала тыйым салып, тиісті жазасын тарттыру керек деп, үкімет мекемелерінің жұмысына қатысты ойлар айтқан.

*Р. Өбдіғұлов.*

**АРҚАЛЫҚ**, тау. Семей қаласынан шығатын тас жолдың бойында екі тау бар: бірі – А., екіншісі – Шолақ А. Батыс сілемі Көкен тауына тіреледі. Бұл өңірді ертеде уақ, бура-матай жұрты мекендеген, кеңес заманында Шар, Жаңа Семей аудандары-

ның шаруашылықтары орналасты. Ө-тің балалық, жастық шағы осы өңірде өтті. Сондықтан бұл ара жазушыға аса ыстық, етене жақын, жақсы таныс. «Даланың көңілісін ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп, дәмелендіріп тұрады. Жолдың аузында көлденен созылып жатқан, тұрқы он шақырымдай болғанмен, еңсіз кереге секілді, жалғыз тау» деп суреттейді қаламгер «Қорғансыздың күні» әңгімесінде.

*Т. Ибрагимов.*

**АРМЯН ӘДЕБИЕТІ.** Ө. көзі тірісінде-ақ туған елінен тыс жерлерде кеңінен танылды. Оның «Абай жолы» роман-эпопеясы, повестері, әңгімелері, драмалық шығармалары, әдебиеттану саласындағы терең мазмұнды еңбектері, публицистикасы мен педагогтік қызметі бұрынғы Кеңес Одағы халықтарымен бірге армян халқына да кеңінен танылып, өте жоғары бағаланды. Көп ұлтты кеңес әдебиетінің ең биік табыстарының, қазақ халқының рухани мәдениетінің өшпес ескерткіштерінің қатарына қойылды. Қазақстан Армениядан алыста жатқанмен, рухани туыстықтың көпірі қазақ халқы мен армян халқы бір-біріне жақындатып, біріктіріп тұрады. Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясын армян мәдениеті мен әдебиеті өз табысындай қабылдады. Ө. шығармашылығымен алдымен орыс тілінде танысқан армян оқырмандары көп ұзамай өз ана тілінде танысты. 1952 ж. Г. Баразанян «Абай жолы» романын армян тіліне аударды. Аударма ұлы жазушының қолтаңбасын біршама жақсы сақтаған. Сәтті еңбектер қатарынан саналады. 1988 ж. Э. Масумян М. Әуезовтің повестері мен әңгімелер жинағын «Асудағы атыс» деген атпен армян тілінде шығарды. Бұл жинаққа «Қараш-Қараш», «Қорғансыздың күні», «Көксерек», «Бүркітші» т. б. повесть, әңгімелері кірді. М. Әуезов жайында армян әдеби баспасөзіндегі алғашқы жарияланымдар оның 1949 ж. Сталиндік сыйлық алған кезінен басталады. 1952 ж. «Абай жолы» романы армян тіліне аударылып шыққанда және 1959 ж. Лениндік сыйлық алғанда Армения мерзімдік баспасөзінде Әуезовтің тамаша романы туралы терең профессионалдық талдау жасалған, жоғары баға берілген көлемді екі мақала шықты. Алғашқы мақаланы А. Матханиян республикалық «Коммунист» газетінде 1949 ж. 8 маусымда жариялады. Мақала аты – «Абай». Газет мақаласы көлемінің шектеулілігіне қарамастан, қазақтың проза шеберінің эпикалық масштабтағы шығармасына жан-жақты аналитикалық шолу, байсалды, дәлелді талдау жасалып, қазақтың тарихи шығармасына баға берілген.

Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясының армян тіліне аударылуына және Лениндік сыйлық алуына байланысты Арменияның әдеби-қоғамдық «Советакан гракапгуюн» («Совет әдебиеті») журналында 1959 ж. 9-нөмірінде Л. Григорьяның «Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы» атты мақаласы шықты. Мақала авторы ең алдымен қазақ халқының 19 ғасырдағы бірнеше онжылдықтар бойындағы мызғымас тұтастығын, эпикалық рухын атап көрсетеді. Ол В. Г. Белинскийдің роман-эпопея атаулығы берген классикалық анықтамасына сүйеніп отырып, Ө. кітабын халықтың тарихи даму жолын шыңшылдықпен көрсететін, феодалдық құрылыстың бірте-бірте жойылуы мен қазақ даласын-

дағы халықтың әлеуметтік ояну ерекшеліктерін ашатын ірі эпикалық туындыға жатқызады. Григорян Абайды библиографиялық тұрғыдан өз халқының кең полотнолы өмірімен байланыстыра, оның барлық өмір өткелдеріне жіті қарап, халық тұрмысымен тығыз байланысты рухани өсу жолына барлау жасаған. Романын өзіне ұнаған үзінділерді молынан келтіре отырып, Абай мен оның әкесі ірі билік иесі Құнанбайдың арасындағы контрасты ашады. Григорян интерпретациясында Абай – халықтың нағыз ұлы, табиғат берген әділетсіздікке қарсылық өкілі, басқаның қайғы-мұңын түсіну дарыны мол ақын. Бала Абайдың өмірінде ерекше қаталдығымен із қалдырған Қодар мен Қамқаны жазалау оқиғасы тәптіштей талданған. Зерттеуші Абайдың негізгі ерекшелігі ретінде оның қарапайым халық өміріндегі әрбір қиын, қайғылы жағдайға жанымен беріліп, қорғауға, көмектесуге ұмтылуын баса айтады. Және осы жолда оның ең негізгі серігі поэзия дейді. Абай мен Пушкин линиясы, «Евгений Онегиннің» қазақ топырағындағы тағдыры жайында да талдаулар бар. Мақала авторы романдағы әйелдер бейнесіне де арнайы тоқталған. Ол роман авторы лирикалық, романтикалық көркемдік құралдарды пайдалана отырып, бұл бейнелерді саналы түрде биікке көтерген деп тұжырымдайды. Олардың бәрі көз тоқтар сұлу керемет әнші, әділетсіздік пен зұлымдыққа жанымен қас жандар болып шыққан. Сынышы кейбір зерттеушілердің «Әуезов қазақтың ескі тұрмысын идеализациялады» дегеніне келіспейді. Жазушы қазақ халқындағы ас беру, тұрмыс құру, құдалық сияқты халықтың ертеден келе жатқан салттарын шеберлікпен суреттеу арқылы қазақ ауылының объективті суретін бергенін мақұлдайды. Армян зерттеушісі кейбір сыншылардың романда көрсетілген жер аударылған орыс революционерлерінің бейнелері айқын ашылмаған деген пікірлерімен келіспейді. Ә. олардың бейнесін Абайдың қабылдауы арқылы ашып, Абайға олардың патша өкіметіне қарсылығы, ағартушылық ықпалы, Михайлов пен басқа да жер аударылғандардың прогрессивті идеялары, орыс мәдениетін таратуы арқылы ғана жақын екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл бейнелер романдағы өз қызметін толықтай атқарып тұр. Шамамен шығарманың орта тұсынан бастап баяндауда эпикалық сипат күшейіп, негізгі қаһарман өмірі ұлттық тағдырды тудырушы халық өмірімен тұтасып кетеді дейді автор. Ол романның негізгі екінші кейіпкері ретінде Базаралыны алған. Егер Абай татуластырушы, айыптаушы, үкім айтушы болса, Базаралы аябай шегіп, кек алушы дейді. Осы орайда Әуезов шығармашылығының кейбір қырларын А. Горький шығармаларымен салыстырады. Осы мақалалар арқылы армян баспасөзінде, әдеби сынында М. Әуезовтің роман-эпопеясына лайықты, жоғары баға беріліп, ол армян халқының рухани мұрасына қосылды. Армян халқы мен қазақ халықтарының тарихи тағдырлары әрқилы қалыптасқанмен, екі халықтың да көркемдік шежірелерінде ұқсас жерлері де аз емес. Осы орайда екі халықтың да эпикалық мұраларында аса жақын болмағанмен, типологиялық байланыстардың бар екенін байқаймыз. С. Ханжырданның «Мхитар Спаралет», Х. Даштенцтің «Диқан даусы», А. Сайняның «Аңсау» т. б. романда-

ры «Абай жолы» роман-эпопеясындағы секілді кейіпкерлерінің тағдыры халық тағдырымен байланысып жатқан, ұлттық мінез тарихи даму барысында алынған, халықтың ұзақ жылдарға созылған өмірі суреттелген, идеялық, көркемдік тенденциялары ұқсас, кейіпкер сомдау принциптері, ұлттық тұрмысты бейнелеу әдістері бір, кең ганды эпикалық шығармалар.

Армян әдебиетінде жазушы ағартушылық қызметі жағынан да, өмірімен де, талант тағдырларымен де, азаматтығымен де Ә-тің ұлы кейіпкеріне ұқсас Х. Абовян жайында эпикалық біртұтас шығарма әзір жазылған жоқ. Абовяның орыс мәдениетімен байланысы да Абайға ұқсас. Ә. армяның ұлы ағартушысы және жазушысы Х. Абовянды және революцияшыл демократ, жазушы М. Налбандянды, Грузияның И. Чавчавадзе, Украинаның Т. Шевченко сияқты дәуірлік маңызды мәселелерді шешкен, туған халықтарының тілін реформалаған, халық мүддесін жан-тәндірімен қорғаған патриот-жазушылардың қатарына тектен-тек қоймаған. Бір өкініштісі Ә. шығармаларының біразын армян оқырмандары өз тілдерінде әзірше оқи алмай келеді. Өйткенмен жазушының негізгі кітабы – «Абай жолы» роман-эпопеясының, біраз өңгімелерінің аударылуы армян халқының қазақ мәдениетіне деген шынайы қызығушылығын көрсетеді. Ә. өзінің бір әдеби-сын мақаласында қазақ халқын бақыт іздеу жолында ең дала мен ғасырлар қойнауында көшіп жүрген «қасірет арқаулаған кезбе» («трагический странник») деген екен. Арменияда кең дала жоқ, көшпелі өмір армяндарға тән емес, бірақ қазақ халқының ұлы жазушысы айтқан бұл сөз армян халқының қасіретті тағдырына өте ұқсас.

*Е. Алексанян.*

**АРОН** Ефим Ефимович (1906–1970), кинорежиссер. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері (1944). 1926 ж. Мәскеудегі А. Роомның киношеберханасын бітірген соң, қызметін сол жылы режиссердің көмекшісі ретінде бастады. Қазақстандағы темір жол құрылысына арналған «Түрксіб» фильмін қойды (1929), сценарийін А. Мачерет, В. Шкловский, В. Туриндермен бірге жазды. Осыдан бастап оның шығармашылық жолы қазақ киноөнерімен байланысты болды. А. режиссура-сымен көркем фильмдер мен деректі киноочерктер түсірілді. 1945 ж. Ә-тің қазақ халқының ұлы ақыны туралы романы негізінде «Абай әні» көркем фильмін қойды (Г. Рошальмен бірге). 1967 ж. осы фильмің жаңа нұсқасын жасауға қатысты. Бұл туралы, сондай-ақ фильмді алғаш түсірген кезде ұлы жазушының ақыл-кеңесі, көмегі жөнінде «Абай өнінің» жаңа редакциясы» деген мақаласында жан-жақты баяндады («Алма-Атинская кинонеделя», 1967, 11–17 желтоқсан). А. қойған фильмдер қазақ халқына тән ұлттық бояу мен тұрмыс көріністерін шынайы бейнелеумен ерекшеленді.

*К. Нұрпейісов*

**АРТАМОНОВ** Михаил Илларионович (1898–1972), ежелгі шығыс тарихын зерттеуші, ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор. 1951–1964 ж. Эрмитаждың директоры болды. Санкт-Петербургтің шығыстану ғылыми мектебінің түлегі әрі осы саладағы аса ірі оқымыстының бірі. Ол өзінің бүкіл саналы өмірін Орталық және Кіші Азияны көне дәуірде мекендеген халықтар мен көшпелі мемлекеттердің тарихын зерттеуге арнады. Соның ішінде бүгінгі қазақ ұлтының ежелгі тарихына ті-

келей қатысы бар скифтер, кемерліктер, хазарлар туралы «Хазар тарихының очерктері» (1936), «Көне Дербент» (1946), «Хазар тарихы» (1962), «Скиф қорғандарындағы қазыналар» (1967), «Кемерліктер мен скифтер» (1975) атты ғылыми монографиялары осы бағыттағы іргелі еңбек болып табылады. Әсіресе оқымыстының «Хазар тарихы» монографиясында түркі және хазар қағанаттарының көшпелілер әлемі мен рухани таным-дәстүріне қатысты бөлімінде М. Өуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы дәстүрлік-этнографиялық, тектік-рулық, жауынгерлік рухтық көріністерге тоқталып: екі оқиғаның арасында мың жыл өтсе де тарихи шындық пен көркемдік шындықтың байланысып жатуы – көшпелілер қоғамының даму сатысындағы өзіндік ерекшелікті танытады деген пікір қорытады. Бұдан бұрын тарихи оқиғаның шындығын дәлелдеу үшін ғылыми дәйектеме ретінде «Ильгамеше», «Одиссея», «Илиада», «Шаһнама», «Игорь жасағы туралы жыр», «Манас» іспетті эпостарда ғана суреттелген жайлар мысалға алынатын. Ғұлама тарихшының көркем шығарманың өзін тарихи шындықты дәлелдеуге тәмсіл етуі арқылы Ө-тің жазушылық қасиетін ғана емес, оның ғалымдық пайымдауын жоғары бағалағандығын көрсетеді. Кейін А-тың шәкірті А. Н. Гумилев өз ұстазының осы тұжырымына сілтеме жасай отырып, «Абай жолындағы» жайлауға көшу кезіндегі көрініс арқылы өзінің «еуразиялық қисынын» дәлелдеу үшін тілге тиек етті.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**АРХАИЗМ**, көнерген сөздер. Бұған ескі әдебиеттерде кездесетін, қазіргі кезде жиі қолданылмайтын сөздер, сөз тіркестері жатады. А. көркем әдебиетте белгілі бір стильдік мақсат үшін жұмсалады. Ө. «Тіл және әдебиет мәселесі» деген мақаласында өзбек, татар, араб, иран тілдерінен енген көне сөздерден қашудың жөні жоқ екенін ескертеді. Мысалы, «Жамбыл» сөзінің шығу тегін білмегендіктен, Жамбыл ақынның есімін таумен шатастырады. Ал өзбек тілінде «Жамбыл» – гүлдің аты, «мартук» атауы – «мартүк» деген шептің атынан шыққанын тілге тиек еткен.

*Н. Оспантегі.*

**АРЫНБАСАРОВА** Наталья Өтеуліқызы (1946 ж. т.), киноактриса. КСРО Мемлекеттік (1980), Бүкілодақтық Ленин комсомолы (1978) сыйлықтарының лауреаты, Ресейдің (1979), Қазақстанның (1996) еңбек сіңірген артисі. Мәскеу хореография училищесін (1964), ВГИК-тің актерлік факультетін (1971) бітірген. 1964 жылдан киноға түскен. «Алғашқы мұғалім» (1965), «Көл жағасында» (1969), «Жамила», «Мәншүк туралы ән» (екеуі де – 1970), «ТрансСибір экспресі» (1978), «Нан дәмі» (1979) т. б. фильмдерге негізгі рөлдерді ойнады. М. Өуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесінің желісі бойынша жасалған (режиссері Е. Шынарбаев, 1983) қысқа метражды фильмде Қарағөз бейнесін сомдап, басты кейіпкердің ішкі жан дүниесін күйзелісін, сезім тереңдігін жаңа қырынан көрсетті.

*Г. Құрманғалиқызы.*

**АРЫҚОВА** Нағима Ыдырысқызы (1902–1956), партия және кеңес қызметкері. «Өкіл әйелдер не істеу керек?» деген кітапшаның және жүзге тарта публицистикалық мақалалар мен аудармалардың авторы. Ө-пен Семей губерниялық атқару комитетінде қазақ бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеп жүрген кезінде танымасқан. Қызмет бабында жиі араласып, түрлі мәжілістерде пікір алыс-

қан. Кейбір көзқарас алшақтықтарына қарамастан, сыйластық қарым-қатынастарын сақтаған. Ө. өзінің кездесулерде сөйлеген сөздерінде күрескер әйелдің көркем бейнесіне «Н. Құлжанова, Н. Арықова, Ө. Мәмбетова сияқты қайраткер қазақ қыздарын прототип етіп алу» ойында барын бірнеше жерде қайталап айтқан. Сол мақсатпен 1954 ж. жазда А-мен ұзақ әңгімелесіп, тиісті мәліметтер алған. Ол оны «Дос – Бедел дос» пьесасында қылаң берді. Трилогия етіп шығармақ болған үлкен прозалық шығарма жазылмай қалды.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**АРЫНБЕКОВ** Құдыры (т.-ө. ж. б.), немере інісі, Өуезұлы Арынбектен туады. В. Н. Өуезова: «Өуез ата» Мұхтар мен Ахметке «Құранның» «Құдірі» деген аятын оқытып жатқанында туған Арынбектің ұлының атын Құдірі деп қойыпты» деп жазады («Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», А., 1997, 76-бет). Құдыры Ұлы Отан соғысына қатысып, жаракаттанып келіп Алматыда емделген. Мұхтар немере інісін ерекше қамқорлыққа алады. 40-жылдардың аяғында Құдыры ағасына еркелеп отырып: «Қашанға тар үйде қысылып отырасың. Өз қаражатың өзіңе жетеді. Бау-бақшалы жеке үй неге салып алмайсың?» деген екен әзіл-шыны аралас. «Ойланатын іс екен» деп пікірін ішіне сақтап қалады. Қазіргі мұражай-үйді салуға Құдыридің сол сөзі қозғау болса керек. Құдыриді Кеген ауданындағы Жалаңаш ауылына мал маманы етіп орналастырған. Аталас ағайындарының ішінде ерекше ықыласпен бауырына тартқан інісінің бірі – осы Құдыры.

*Т. Жұртбай.*

**АСАН ҚАЙҒЫ**, Х а с а н С ә б и т ұ л ы, ақын-жырау, философ. 14 ғасырдың соңында, 15 ғасырдың алғашқы жартысында Еділ бойында дүниеге келіп, Ұлытауда өмір кешкен. Аңыз-әңгімелерде, жырларда елінің болашағын ойлап, үнемі мұңға батып жүретіндіктен, замандастары «Асан Қайғы» атандырып жіберген. Өмір сүрген дәуірі Алтын Орданың ыдырау кезіне саяды. Оны Қазандағы Ұлы Мұхаммед ханның ықпалды билеушілерінің бірі болған деседі. 15 ғасырдың 20-жылдарында Ұлы Мұхаммед ордадан қуылғанда, А.Қ. өз өміршісімен бірге кетеді. Ол өлген соң, ақын Дешті Қыпшаққа қайтып оралады. Бұл қазақ ұлысының екіге бөлінген кезі еді: бірі – Өбілқайыр қол астына кетсе, екіншісі 1456 ж. Шу алқабында Қазақ Ордасын көтерген Керей. Жәнібектермен қалады. А.Қ. осы мемлекеттің ұраншысына айналды. Бір ұлыстың екі бөлінуін әрине жақсы көрген жоқ, бірақ Өбілқайыр ордасындағы тартыстың осыған алып бармай қоймайтынын түсінді, сөйтсе де оның ата мекені Дешті Қыпшақты тастап кетуіне наразы болды. Ол Жәнібек, Керей хандарды оңтүстікке емес, Жайық, Жем бойына қоныстануға үгіттеді, одан ары іргені бекітуді ойлады. Жырау нақыл сөздердің, афористік, философиялық толғаулардың авторы. Сондықтан Ш. Уәлиханов А.Қ-ны «кешпенді қазақ-ноғай ұлысының философы» деген. Ө. ол жөнінде алғаш рет 1927 ж. шыққан «Әдебиет тарихында» өз ой, болжамын айтты. Ол айтты деген сөздерге сүйеніп, Жәнібек заманынан бөріректе төмір сүрген болу керек деген оқтамға келді. Ол онын: «Асанның қатты қиналып айтқан сөзі заман жайы туралы, қиналған заман қазақтың орыс-

қа бағынуға жақындап қалған мезгілі. Сол кезде алдында төніп келе жатқан қарғыс күнді ойлап:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,  
Заман азып, заң тозып, заман болар.  
Қарағайдың басына шортан шығып,  
Балалардың дәурені тамам болар.  
Ол күнде қарындастан қайырғын кетер,  
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.  
Ұлы, қызы орысқа бодан болып,  
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер», –

дегенмен білдіреді. Ұлы жазушы 30-жылдардағы және одан кейінгі зерттеулерінде Асанды аңыз кейіпкері ретінде сөз етеді, ой-толғанысының мазмұн ерекшелігіне тоқталады. Архивіндегі жазбаларында жырауды Майқы бидің 6-немересі (№ 29-папка) дейді. Әсіресе, «Жер ұйықты іздеуі Асан қасиетін өзгеше сипатқа ие етеді. Аңыздарда Асанның осы жағы көп айтылады, мұнысынан халық қамын ойлайтын әулиелік танылады». Онысында елді жау алмайтын, малды жұт шалмайтын, шөбі шүйгін, суы мол қоныста бәрі бірдей қамқайғысыз тіршілік кешуін ойлауы, ел аласы, ру таласы болмай, ырысқа кенелетін заманды армандауы жатыр.

Т. Әкім.

«АСАУҒА ТҰСАУ», жазушының аударма пьесасы. Ө-тің тамаша аудармасымен қойылған Шекспирдің бұл комедиясы қазақ театры сахнасынан берік орын алды. 1943 ж. О. И. Пыжова мен Б. В. Бибиқовтың қойылымымен сахнаға шыққан спектакль халықтық ойын-сауық дәстүрінде шешілген. Қойылым өзінің көркемдік ерекшелігі жағынан қазақ ғана емес, әлемдік театр жемісі дәрежесіне көтерілді. 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде бұл спектакль аса жоғары бағаланды. 60 жылдай сахнада жүріп келе жатқан комедияда қазақ актерлерінің барлық буындары түгел өнер көрсетіп, актерлік шеберліктерін ұштады. Бұған алғаш қатысқан сахна шебері К. Қуанышбаевтың сөзімен айтқанда, «аударма деуге аузың бармайды».

«Асауға тұсау» деген атының өзі қандай! Мұндағы өзіміздің күндіргі шығармалардағыдай өтірқалжың, жарасымды әзіл-оспақ, әжуа-мысқыл – бәрі де ұлттық көрермен мен актерлерге етене жақын, халықтық сипатымен, баурап алатын көркемдік құдіретімен қымбат. Қойылымның сахналық шешімі кезбе труппалардың импровизация (суырыпсалма) тәсілін негізге алған. Бұл шешім комедияның халықтық сипатына сай, актерлердің емін-

еркін қимыл-әрекет жасауына жол ашқан. Қойылымның осы сахналық тұрпаты қазақ актерлерінің өнер ерекшеліктеріне дөп келген. Халық ойындары мен баяғы Қоянды жәрмеңкесіндегі кезбе труппаның орындаушылық тәсілі жаңаша тіріліп келгендей. Өздерімен біте қайнасқан бұл тәсіл қазақ актерлеріне қанат бітіріп, ерекше шабытқа бөледі. Шекспир комедиясын жан-тәнімен, отты қызулықпен беріле ойнауынан көрермен қауым оны өзінің ұлттық туындысындай қабылдады. Мұндағы актерлік табыстар сайдың тасындай, ақаусыз, сирек кездесетін сахналық ансамбльдің өзі болып шыққан. Ш. Айманов (Петручио), Х. Бөкеева (Катарина), Қ. Қуанышбаев (Баттиста), Е. Өмірзақов (Гремио), М. Сүртібаев (Слай) т. б. актерлердің ойындары – орындаушылық өнердің шырқау биігі. Бұлардан кейін Петручио мен Катарина рөлдеріне келген Ы. Ноғайбаев пен Ф. Шәріпова ойындары қойылымға бірін-бірі шабыттандыратын жастық қызулық, сахнаны жайнатып, құлпытрып жіберетін сымбаттылық әкелді. Ә. аудармасы арқылы қазақ халқына жеткен «Отелло» мен «Асауға тұсау» уақыт сынынан мүдірмей өтіп, ұлттық драматургия мен театрымыздың төл туындысына, халқымыздың асыл рухани қазынасына айналды.

Б. Құндақбайұлы.

**АСАФЬЕВ** Борис Владимирович (лақап аты Игорь Глебов; 1884–1949), музыка зерттеуші, композитор, педагог, қоғам, музыка қайраткері. КСРО халық артисі (1946), КСРО ҒА-ның академигі (1943), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1943, 1948). Ленинград консерваториясының профессоры (1925). Ө. пен С. Мұқановтың либреттосына жазылған «Ақан-Зайра» («Дала дастаны») операсының авторы (аяқталмаған). «1935 ж. 20 қарашада М. Әуезов пен С. Мұқанов бірлесіп Қазақ АКСР Оқу халық комиссары Т. Жүргеновке «Композитор Б. Асафьевтің қазақ операсын жазуға кірісуі жөнінде және оған біздің қарым-қатынасымыз жайындағы пікірлеріміз» атты хат жазды» (М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. А., Ғылым, 1997, 153-бет). «Қазақстанская правда» газетінің арнайы тілшісімен сұхбатында өзін қазақ жазушылары С. Мұқанов пен М. Ө-тің жазған либреттосы, сондай-ақ либреттоны аударған ақын Всеволод Рощественскийдің шеберлігі тәнті етті деп, қатты қуантқанын атап өтсе (1936), Ө-ке арналған хатында сюжеттік драманың негізі мен лиризмді, іс-әрекет дамуының сезім байлығы мен поэзиялық тереңдігі менің көңіліме өте жақты. Мұнда музыкаға деген мол еркіндік, сондай-ақ әдемі образдар мен айқын характерлер бар. Бір сөзбен айтқанда, опералық материалды мен басқадан іздемеймін деген еді (1935).

А. Омарова.

**АСҚАРОВА** Жанат Асанбайқызы (1955 ж. т.), әдебиет зерттеуші, жазушының жиен келіні. Филология ғылымының кандидаты (1984). ҚазМУ-ды бітірген (1977). 1979–86 ж. М. Ө. атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші, аға ғылыми қызметкер, 1986 жылдан ҚазМУ-да оқытушы. 1999 жылдан бері Қонаевтың халықаралық қорының бас директоры. Ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің басқа елдер әдебиетімен байланыстарына арналған. «М. О. Әуезов және тәжік әдебиеті» деген мақаласында (1982) ұлы жазушының *Фирдауси, Сағди, Хафиз, С. Айни, Ө. Лахути, Улұғ-заде, Тұрсын-заде, Миришакар, Ж. Икрани* сынды тәжік ақын-жазушыларымен рухани байланысы, бір-біріне



«Асауға тұсау» спектаклі.  
Катарина рөлінде Х. Бөкеева,  
Петручио рөлінде  
Ш. Айманов 1942.

**АСПАНДИЯРОВ** Санжар Жапарұлы (1889–1938), тарихшы-ғалым, дәрігер, мемлекет және қоғам қайраткері. «Исламның пайда болу себептері» (Самарқан–Ташкент, 1930), «Қазақстан тарихы» (А., 1935), «Қазақ тарихының очеркі» (Қызылорда, 1935), «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы» (А., 1936) атты зерттеу еңбектері жарық көрді. Қазақ әдебиетіне қатысты көптеген мақалалар жазып, эпос пен фольклор жөнінде келелі пікірлер айтты. Орыс тілінде «Әлем шаңырағы» (А., 1936) деген повесть жазды. Ө-пен достық, шығармашылық қарым-қатынаста болып, үнемі байланыс жасап тұрған. Ө., С. Сейфуллин үшеуі «Манас» жырының құрама нұсқасын (сводный вариант) әзірлеп, баспаға дайындаған, алайда 30-жылдарда басталған қуғын-дау салдарынан шығарма жарық көрмей қалған («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 38, 42-беттер). 1958 ж. ақталғаннан кейін, Мұхам А-тың шығармаларын жариялауды, 70 жылдық мерейтойын өткізуді ойластырған (сонда, 947-бет).

М. Қозыбаев.

**«АСЫЛ ЕЛДІҢ АЛЫП ҰЛЫ»**, жазушының мақаласы. 1942 ж. 23 ақпанда «Социалистік Қазақстан» газетінде, сол жылы 20 ақпанда біраз толықтырумен Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінде жарияланды. Ө. мақаланы Қызыл Армияның құрылған күніне арнап жазған. Жас Кеңес өкіметінің сыртқы жаулармен шайқаста шындалып, өмірге келген армиясының қысқаша тарихын Ленин, Сталин есімдерімен байланыстырып, социалистік қоғам құрылысындағы ерлік ұғымның жаңа сипатына: «Бұрын ерлік білекпен танылған сияқты еді, бүгін ерлік жүректен орын төгті» деп түсініктеме береді. Құрманғазының қайратты, жігер күйлеріндегі еңіреп өткен ерлер Исатай мен Махамбет ерліктерін өнеге етеді, оны Ұлы Отан соғысының майдандарында жаппай ерлік үлгісін көрсетіп жатқан қазақстандық батырлар мысалымен ұштастырады. Қаһарман қолбасшылар қатарында Панфилов пен Семенченко сияқты генералдарды, «Хасан шөлінде жапондықтармен жұлжыған, бүгінгі Панфилов дивизиясының полк командирі болып, айлар бойы ерен ерлік көрсетіп келе жатқан Бауыржан Момышұлы» деп ерекше атап көрсетеді. Мәскеуді қорғауда ерекше көзге түскен 28 панфиловшы батырлар мен олардың саяси жетекшісі Клочков, солардың бірі, «от жүректі батыр ұл Қожаберген» ерліктерін мақтан етеді, армияны «ұлы Сталин» басқарып отырғандығын марапаттайды, оны «асыл елдің батыр ұлына» теңейді.

Н. Жаңақова.

**«АСЫЛ ҚОРЫТПА»** («Благородный сплав»), жазушының шағын мақаласы. 1957 ж. 6 қарашада «Известия» газетінде шыққан. Ө. мақаланы Октябрь революциясының 40 жылдығына орай жазған. Өдеттегі сарымен революция әкелген жаңалықтар мен жақсылықтарды дәріптеп, жаңа адам қалыптасқаны жайында айтады. «Асыл қорытпа» («Благородный сплав») деп отырғаны – осы революциядан кейін қалыптасқан жаңа адам. Мақалада «Өзіміздің қоғамдық қызметімізді кеңес аппаратының қызметтері, кейінірек КазЦИК-тің мүшесі ретінде бастағанмен қазақтың патриархалдық-феодалдық қоғамы жағдайында біздің өкіметтің кедей-кепшіктерді, езілгендерді қалай

қорғағанын жақсы білемін» деген сөздер М. Әуезов өмірінің кей жылдарынан көрініс береді. Мұнда 1919–1921 ж. Семей губерниялық атқару комитетінде инородчески (буратана) бөлімді (кейін қазақ бөлімі) басқарып, губком төрағасына дейін қызмет атқарғаны, 1921–22 ж. Орынборға ауысып КирЦИК-тің жауапты хатшысы болған кездері айтылады. Мақалада Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі депутаттарының саны мен сапалық құрамы көрсетілген. Қоғамдағы барлық жетістіктерге жеткізілу құш – совет үкіметінің В. И. Ленин идеяларымен қаруланған дана басқарушылығы деген ойлармен мақала аяқталады.

Р. Әбдіғұлов.

**«АСЫЛ НӘСІЛДЕР»**, жазушының әңгімесі. Повесть деп те жүргендер бар. Ө-тің архивінде 3 түрлі нұсқасы сақталған (№ 47, 48, 49-папка). Бұлардан басқа жинаған материалдары, араб әрпімен жазған жоспар түріндегі қолжазбалары бар. Демек қаламгер туындыны жетілдіріп, дамытып, жаңа, тың ойлармен толықтырып отырған. Әңгіме 1947 ж. «Әдебиет және искусство» журналының 3-санында, онан соң Қазақстан Жазушылар одағының бесжылдықтың қайраткерлеріне арнап шығарған «Өрлеу» жинағында (1947), 12 томдық (2-кітап, 1967), 20 томдық (2-кітап, 1979) шығармалар жинағында жарияланды. Қазақстанда мал тұқымын асылдандыру туралы мәселе соғыстан кейінгі жылдары баспасөздерде көбірек көріне бастады. Жазушы бұл саланың мамандарымен, малшылардың өмір тұрмысымен танысу мақсатында, Алматы маңындағы ауылдар мен мал жайылымдарын аралауға шығады. Бұл сапардың өсері іле-шала «Үшқоңыр жайлауында», «Ворошилов атындағы колхозда» деген очерктерін жаздырды. Малшылар өмірін, тұрмыс-күйін өз көзімен көріп қайтқаннан кейін, олар туралы көркем шығарма жазудың жолдарын қарастырды. Алдымен мәселенің ғылымдық жағын біліп алуға қажеттігін түсініп, Ч. Дарвин мен К. Тимирязевтің биологиялық, физиологиялық, И. Мичурин мен К. Мыңбаевтың селекциялық еңбектерін оқыды; испан, американы, аргентина, уругвай, австралия, жаңазеландия және ағылшын мериностарын зерттеген академик М. Ф. Ивановтың, қазақтың биязы жүнді қойын шығарумен айналысқан Б. А. Бальмонттың, будандастыру тәжірибесімен шұғылданған М. Ермековтің кітаптарын конспектіледі. Англияда ғылыми жолмен асылдандырған қойдың 33 нәсілі барлығын, Бальмонт басқарған Қазақ мал шаруашылығы институтының ғалымдары Американың «Рамбульсін», Англияның «Перекосын», Батыс Еуропаның «Вюртенбергін», Шығыстың «Гиссары» мен «Саргиджасын» тоғыстыру арқылы қойдың жаңа тұқымын шығару нәтижелеріне жеткенін білді. Сөйтіп шағын шығармасы үшін көптеген еңбектермен танысты, терең зерттеді, ізденулер жасады. Ойлана келіп жазушы әңгімесін ғалымдар мен еңбек адамдарының іс-әрекеттеріне құруға бекінді. Ондағы Есіркеп, Балжан, келіні Әсия, қызы Қанипа сияқты кейіпкерлер асыл тұқымды қойларды бағып-күтеді. Бұл кезде ер-азаматтардың жарайтыны майданға аттанып, елде қарттар мен әйелдер, жас балалар ғана қалған. Армияға кеткендердің қатарында Есіркеп пен Балжанның жалғыз ұлы бар. Қолдарында қалған келінінің со-

ғыста хабарсыз кеткен ұлынан емес, бөтен адамнан бала күтуі Есіркепті қатты азапқа түсіреді. Олардың үғынысуына ғылыми мекемені басқарушы ғалым Бобров, әйелі Балжан, қызы Қанипа ықпал етеді. Бұл үғыныспаушылық ерекше күтімді тілейтін малға кесірін тигізе жаздайды. Қалпына келген үй ішінің ынтымағы – асыл тұқымды қойды қатал қыстың боранында ит-құсқа жем қылмай, аман алып шығады. Сөйтіп әңгіме Отан соғысының ауыр жылдарында колхозшылардың, шопандар мен ғалымдардың игілікті еңбегін дәріптеген құнды шығармаға жатады.

*Т. Әкім.*

**«АСЫЛ НӘСІЛДЕР»**, пьеса. Ә. қайтыс болғаннан кейін жарияланған көп томдық шығармалар жинағына «А. н.» атты екі туынды енді: бірі – әңгіме, бірі – пьеса. Әуезовтің әдеби-мемориалдық мұражайы мұрағатында бұл екі шығарманың әр түрлі нұсқалары сақтаулы. Оларды салыстырып зерттеу көп қызық ойларға мұрындық болары сөзсіз, ал айтылымш туындыларда қандай ұқсастық, айырма, өзгешелік бар? Бұлардың өзегіне алынған материал, арқау болған дүние ортақ. Соғыс жылдарындағы шопандар, ғалымдар өмірі. Оқиға Алматы шаһарында, Қарғалы бойында, құм арасында өтеді. Әсия, Есіркеп, Молтай, Қанипа, Балжан – екі шығармада да бар кейіпкерлер. Әңгімедегі профессор Бобров – пьесадағы профессор Балашов. Пьесадағы жаңа кейіпкерлер – министр Иса Дәуренбаев, ғылым орталығының басшысы Сәлім Есенов, институт директоры Бек Назарбеков, ғылым кандидаты Сапар Бектенов, аспирант Сара Сейтнова, мал маманы Першин. Пьесаға қарағанда, әңгіменің сюжет желісі қысқа қайырылған. Мұнда ғалымдардың асыл төл, жаңа нәсіл жөніндегі талас-тартысы, күресі, психологиясы көрсетілмейді. Соғыс зардабына ұшыраған шопан отбасындағы хал-күй алынған. Әсия мен Молтайдың той үстіндегі шарпысуы. Айттыс пьесада үлкен бір суретпен берілсе, әңгімеде ол шағын еске түсіру көрінісі ғана. Әңгімедегі кейбір диалогтердің пьесаға ауысқанда редакцияланып, өткіріленіп, тереңдетілгені айқын аңғарылады. Тұтас қарағанда, әңгімедегі мотивтер, сарындар, идеялар пьесада ұлғая дамып, тереңдеп көрінген. Драматург соғыс жылдарындағы ғылым мен тәжірибенің қабысып, егіз қатар өрлеп-өсуін бейнелеген, ғалымдар бір төбе емес, екеуі туған ағайындай жақын, бауырластықта, еңбек майданында білекке-білек, тілекке-тілек қосқан жағдайда алынған.

Халықтың айттыс дәстүрін драматургияға енгізуде Ә. көп ізденді, батыл тәжірибе жасады. Театр заңдылықтарына сәйкес азды-көпті өзгертілген, лайықталған қалыпта айттыс сценалары пьесаларының бәрінде де бар. «Асыл нәсілдер» пьесасының екінші актісіндегі айттыс суырыпсалма, ақпа, төкпе ақындардың тайталасынан көркемдік жағынан, сөз сұлулығы жөнінен кем түспесе, мағына, салмақтарға келгенде осал соғып тұрған жоқ. Шопандар арасындағы жарыс төл басын аман сақтау, малды өсіру қиындығын ғалым Бектің өзі ықастыра термелеп сөйлеп кетеді. Бірте-бірте додаға Молтай шопан мен Әсия шопан білек сыбанып түседі. Драматург шопан тірлігінің қиын-қыстау, ауыр, қысталған күйлерін дәл бейнелеген. Соғыс жылдарында талай шаңырақтың үстінен басқан

трагедияның бір көрінісін «А. н.» пьесасынан аңғарамыз. Жеке бастың мұң-шері, қуаныш, қайғысы қоғамдық мүдде, әлеуметтік мақсат жолында жаңа сапаға, соны сипатқа көшеді. Ескі дәстүр жеңіліп, гуманистік, адамгершілік салтқа жол береді. Қырсық шал, қысық бұтақ Есіркепті жас сәби, күнәсіз бөбек жеңеді. Көктеммен қоса жаңғырған құмды дала, соңына төл ерткен асыл нәсіл, немере сүйген ата – пьесаның заңды, жарасты финалы. «А. н.» – қазақ драматургиясының Отан соғысы кезіндегі алғашқы қырды, колхозды ауылды, шопандардың ерлік күресін, ғалымдар еңбегін бейнелейтін нәрлі туындысы. Пьеса Ә-тің 12 томдық (1969, 10-кітап), 20 томдық (1982, 11-кітап) шығармалар жинағына енгізілді.

*Р. Нұрғали.*

**АСЫЛБЕК** Сүйіндікұлы (т.-ө. ж. б.), Абайдың замандасы, ақынның ғашығы Тоғжанның туған ағасы. Тобықты руының бөкенші табынан шыққан би, кезінде болыс болған. Абайдан біраз жас үлкен. Ол Абайды аса қадір тұтқан. Өзінің қайын жұрты сыбан *Сабырбай* ақынның ауылына қонаққа ертіп барған. Сол жылы Абай *Қуандық Сабырбай* қызымен танысады. Бұл оқиға Ә-тің «Абай жолы» эпопеясында барынша қанық суреттелген. А. пен Абай екеуара өлеңмен хат жазысып тұрған. Кейіннен ру арасындағы қырғи қабақ тайларға байланысты аралары суып кеткен. Оған Зағипа Әбдіқызының оқиғасы себеп болған. Зағипа өзінің сүйген жігітін менсінбей, басына бостандық сұраған. Абай ояз арқалы қызға еркіндік алып береді. Алайда бұл істің соңы үлкен дауға ұласып, ел арасында іріткі туып, жаугершілікке ұшыратады, біраз адам Итжеккенге айдалады. Зағипа құса болып, екі жылдан кейін дүниеден өтеді. Бұл жәйт «Абай жолы» эпопеясында Мәкен-Дәрмен арасындағы махаббат желісіне арқау болған.

**АСЫЛБЕКОВ** Абдолла Әбдірахманұлы (1896–1938), журналист, жазушы және қоғам қайраткері. «Біздің де күніміз туды», «Оқтайыр күнінде» атты деректі повестері 1921 ж. Орынбор қаласында жеке кітап болып басылып шықты. С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты романында А. туралы толық мағлұмат берілген. Турашыл, ер мінезді, ұлт мүддесін түсінетін азамат ретінде А. «Алашорда» үкіметі қайраткерлерінің оқу-ағарту, жерге қоныстандыру, дербес экономикалық бағытты ұстану жөніндегі көзқарастарына іш тартты. Ол 1922 ж. қазақ қызметкерлерінің кеңесінде А. Байтұрсынов пен С. Сәдуақасовтың, Ә-тің «коммунистік-колонизаторлық саясатқа қарсы» пікірлері мен ашаршылықтың зардаптарын жою туралы ұсыныстарын қолдады. 1921 ж. Ә-пен бірге Қоянды жәрмеңкесінде қазақ автономиясының бір жылдық тойын өткізуге жетекшілік етті. Қажымұқан, Майра, Иса, Жыңды Омар, Зәрубай, Әміре, Шашубай, Ғаббас, Қалибек сияқты ел өнерпаздарын жәрмеңкеге қатыстырып, ойын-сауық ұйымдастырды. М. Әуезовтің шығармашылығын жоғары бағалады. Ол 1932 жылғы ашаршылықты айыптап, үкіметтің алдына тиісті мәселе қойған. А. пен Ә-тің арасындағы достық қарым-қатынас туралы деректер С. Бегалиннің, Қ. Қуанышбаевтың, Қ. Тоғызақовтың естеліктерінде баяндалған.

*Т. Жұртбай.*

**АСЫЛХАНОВ** Сәулебек (1949 ж. т.), актер, режиссер. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1998) 1966 ж. М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрының жанындағы актерлік студияны, 1974 ж.

Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген. Қазақ драма театрында дипломдық жұмысы ретінде Ә-тің «Айман – Шолпан» комедиясын қойса, 1975 ж. Талдықорғанда жаңа театрды ұйымдастыруға араласып, Т. Ахтановтың «Әке мен бала», «Күшік күйеу», Қ. Мұхамеджановтың «Қайдасың, Қайдарбек» (Ш. Айтматовтың «Армысың, ақ кеме» повесінің негізінде) т. б. сахнаға шығарды. Ә-тің «Түнгі сарын» қойылымы – режиссердің ізденісін көрсеткен спектакль.

*Б. Құндақбайұлы.*

**АССУИРОВ** Серафим Павлович (1906–1964), орыс актері. Қазақстан Республикасының халық артисі (1955). Алматыдағы Орыс драма театрының негізін салушылардың бірі. Саран қаласындағы мектепті бітірген соң, осындағы театр труппасында актер болды (1924–26). Бұдан кейін Ресейдің бірқатар театрларында қызмет істеді. 1934–64 ж. М. Лермонтов атындағы Орыс драма театрының труппасында қызмет етті. А. шығармашылық өнер жолында сан алуан сахналық мінез-көйпінгер жасады. Ол 1937 ж. Ә-тің «Түнгі сарын» спектаклінде оқыған, бұла өскен бай баласы Жүністің бейнесін аса қу, екі жүзді, жымысқы жан ретінде кескіндеді.

*К. Нұрпейісов.*

**АТАБАЕВА** Зухра (1909–1974), актриса. Қазақ драма театрында Ж. Шаниннің «Арқалық батырындағы» Қарагөз, Б. Майлиннің «Майданындағы» Пүліш т. б. бейнелерін сахнаға шығарды. Ә-тің «Қарагөз» және «Бәбіше-тоқал» трагедияларындағы бас бостандығын аңсаған қыздардың Қарагөз бен Дәмештің рөлдерін орындап, шеберлігін танытқан. Ә. «Қазақстан мемлекет театры» атты мақаласында жаңадан құрылған қазақ театрындағы саны аз актрисалардың ішінен А-ның өнерін бөлекше атап, «Зура Қарагөз рөлінде қайта туғандай» әсер қалдыратынын жазған (12 томдық шығармалар жинағы, А., 1967, 11-том, 64–65-беттер).

**АТАЕВ** Өмірзақ (1900–1948), жазушының досы. Шыңғыс елінің тумасы, руы – тобықты. Тілі майда, жолдастыққа сенімді, саятшы адам болған, Абай ауылында өскен. Ә. Семейде оқып жүрген кезінде демалысқа шыққан шақтарында көлік әкеп, ауылға алып қайтып жүрген. Сауатты, кейін кеңсе қызметінде істеген. Ә. 1920 ж. Кәмила Мағауияқызына үйленген кезде екеуінің қосылуына көп септігін тигізген. Сот ісінде күәлік жасаған. Кәмила ны ұзатылған жерінің адамдары қайта алып кетуге әрекеттенгенде, оны жасырып ұстаған. Кейін үйіші тәркіге ұшыраған. Оңтүстік Қазақстан облысының Шаян ауданына барып паналаған. А. Алматыға қызмет бабымен келген сапарында Уәсила Мағауияқызының үйінде кенеттен қан қысымынан қайтыс болған. Оны ақырғы сапарға шығарып салу рәсімінің бәрін Ә. өз мойнына алған.

**АТАМҚҰЛОВ** Сатылған (1907–1955), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1946). Шығармашылық жолы әр түрлі көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысудан басталады. Абай атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрының өркендеуіне белсене ат салысты. Кәбінесе ер мінезді, ер қайратты рөлдерде ойнады. Ә-тің «Еңлік – Кебегіндегі» Кебек, Кеңгірбай, «Түнгі сарындағы» Тәнеке бейнелерін жасады.

**«АТАМҰРА»**, полиграфия, баспа ісі, кітап саудасы бойынша маманданған корпорация. 1992 жылы құрылған. Президенті баспагер-ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рахымғали Абрарұлы Құл-Мұхаммед. «А.» корпорациясы: «Атамұра»

баспасы, «Атамұра» полиграфкомбинаты, транспорт компаниясы, мамандандырылған кітап үйлерінен тұрады. «Атамұра» баспасы барлық полиграфиялық өнімдер – оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар (ОӘҚ), ғылыми, ғылыми-танымдық, көркем-әдеби, энциклопедиялық басылымдар шығаратын әмбебап баспа. Баспа әр түрлі тендерлердің, соның ішінде 1997–2000 жылдары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Азия даму банкі ұйымдастырған тендердің жеңімпазы. «Атамұра» «Әліппе» мен «Букварьдан» бастап 1–7-сынып оқулықтарын: қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде және 8–11-сыныптардың балама оқулықтарын қазақ, орыс тілдерінде басып шығарды. 300-ден астам оқулық пен 600-дей оқу-әдістемелік кешендері 43,7 млн дана таралымен жарық көрді. Баспа ұлы Абайдың 150 жылдығы қарсаңында «Абай» тұлғалық энциклопедиясын басып шығарды. Баспадан Абайдың даналық дүниетанымын саралауға арналған абайтанушы-ғалым, академик Ғ. Есімовтің «Хакім Абай» кітабы (1994) және белгілі әдебиетші, абайтанушы-ғалым Қ. Мұқатамхановтың «Абай мұрагерлері» (1995) атты зерттеу еңбегі жарық көрді. «Атамұра кітапханасы» сериясымен елге белгілі ақын-жазушылардың туындылары, қазақ әдебиетінің үздік үлгілері басылып шықты. «Атамұра кітапханасының» көшін Абайдың «Қалың елім, қазағым» өлеңдер жинағы бастады. М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» атты әңгімелер мен повестер жинағы жарық көрді. Ұлы Мұханның 100 жылдық мерекесіне орай «Әуезов және архив» аталатын деректі құжаттар жинағы және Н. А. Анастасьевицтің «Трагедия триумфатора» романы басылып шықты. «Әуезов» энциклопедиясы «Атамұра» баспасында әзірленіп, жарық көрді.

*Ө. Пірманов.*

**АТАХАНОВ** Нұритдин Мұхметқалиұлы (1905–1974), актер. Қазақстанның халық артисі (1958). Актерлік һәм режиссерлік өнерді зеректігінің арқасында өз бетінше үйреніп, менгерді. Оның шығармашылық жолында М. Әуезовтің драматургиясы актерлік өнерінің профессионалдык деңгейде қалыптасуына ықпал жасады. Жас кезінде «Еңлік – Кебектегі» махаббат жолында шейіт болған Кебекті жігері жалын атқан батыр етіп суреттесе, «Абай» трагедиясында ұлы ақынның, «Абай» романы негізінде жасалған қойылымда Құнанбайдың, «Түнгі сарында» Казанцевтің, М. Әуезов аударған «Ревизордағы» Земляниканың реалистік бейнелерін жасады.

*Б. Құндақбайұлы.*

**АТ-ТАБАРИ** Әли Жафар Мұхаммед бин Жарир (шамамен 839–923), араб тарихшысы. Өз заманының аса оқымысты адамы ретінде Тау Шығыстағы елдердің әдет-дәстүрін, салт-санасын, діни және тұрмыстық аңыздарын, поэзиясы мен қара сөзбен жазылған хикаяларын, патшалар мен мемлекеттердің тарихын, пайғамбарлардың шығу тегі мен шежіресін зерттеді. Соның нәтижесінде ол ежелгі заманнан бастап 10 ғасырға дейінгі Тау Шығыстың тарихын егжей-тегжейлі баяндаған «Китаб джәми әл байан фи тафсир әл-Құран» және «Пайғамбарлар мен патшалар тарихы» атты 10 томдық кітап жазды. Ғалымның бұл еңбегі әлемдік тарих ғылымына қосылған аса үлкен үлес болып табылады. Бұл шығарма барлық медреселер мен ғылыми жоғары оқу орындарында жеке пән ретінде

оқытылды. Сондықтан Абай мен Ө. Ат-Т-дің «Тарихымен» бала кезінен таныс болды. Ғалымның мұсылман елінің рухани өмірінде алатын орнын ерекше бағалай келіп, абайтану саласына арналған барлық еңбектерінде Ө. ерекше атаған. Абайдың танымдық үш қайнар көзі ретінде Шығыс мәдениетінен нәр алған: «Абай араб-мұсылман мәдениетін кең зерттей отырып, Табари, Рабғузи, Рашид-ад-дин, Бабыр, Әбілғазы Баһадүр хан және басқалары сияқты шығыс ғалымдарының тарихи еңбектерімен танысты, мұсылман дінінің барлық шариғат негіздерін біліп алды. Абай Шығыс елдерінің бағзы замандағы тарихымен ғана танысып қойған жоқ, ол сонымен қатар Таяудағы Шығыстың өз тұсындағы мәдениетін де өте жақсы білді» (20 томдық шығармалар жинағы, 18-том, 165-бет).

*Т. Жұртбай.*

**АТЫМОВ** Мекерия (1935–1994), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1975). Ғалымның қазіргі заман әдебиеті туралы 100-ден астам зерттеу мақалалары, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған бірнеше оқу құралы, монографиялық еңбектері жарық көрді. Солардың ішінде «М. О. Әуезовтің «Абай жолы» романының поэтикасы» (1989), «Шындық және шығарма» (1990), «Қазақ романдарындағы замандастар бейнесі» (1977), «Идея және композиция» (1970), «Қазақ совет романдарының поэтикасы» (1975) т. б. зерттеулерінде Ө-тің кең қарымды шығармашылық болмысын жан-жақты ашуға күш салды, оның роман жанры дамуы жолындағы ерөн еңбегі туралы тартымды ойлар айтты.

*Ж. Тілепов.*

#### **АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ.**

1938 ж. үкімет қаулысымен мемлекеттік театр болып құрылды. Бұған Петропавл мен Орал қазақ труппалары қосылып, 9 мамырда М. Әуезовтің «Түнгі сарынымен» театрдың шымылдығы ашылды. Оның репертуарында басқа жазушылармен қатар, М. Әуезовтің «Абай» трагедиясы мен романның жүйесі бойынша, «Айман – Шолпан», «Еңлік – Кебек», «Алма бағында», «Тас түлектер», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қарагөз», «Алуа», М. Әуезов аударған Шекспирдің «Асауға тұсау», Гогольдің «Ревизор», К. Треневтің «Любовь Яровая» пьесалары сахнаға қойылып, театрдың әр кезеңдегі даму белестерін анықтады. Бұлардың ішінде уақыт талабына қарай қайталап қойылғандары да бар.

*Б. Құндақбайұлы.*

**АУҒАНИ** Мұхаммед ибн Сафдар Жалал ад-дин (1839–1897), аса ірі діни-саяси қайраткер, мұсылман дүниесіндегі жәдиттік бағыттың негізін қалаушы. Шетел отаршылдарына бүкіл ислам әлемінің бірігіп қарсы күресу жолын ұсынды. «Усу-сул жадид» – «Жаңа жол» деп аталған бұл рухани қозғалыс 19 ғасырдың 2-жартысынан бастап бүкіл мұсылман әлемін қамтыды. Соның нәтижесінде Таяу Шығыспен қоса Орта Азия мен Қазақстан халқының да ұлттық-діни санасы оянып, оқу-ағарту ісін қатты қолға алды. Татардан шыққан Маржани, Насыри, қырымдық Гаспринский сияқты ғұламалар түркі ұлттарының бірлігін нысана етіп ұсынды. Әр халық өз тілінде «Әліпби» оқып, білім алуға ұмтылды. Абай Жалал ад-диннің жәдиттік бағытын ғылымға, ұлттық дамуға бастайтын тура жол деп түсініп, сол идеяны «Қарасөздері» мен өлеңдерінде

үзбей насихаттады. Абайдың ағартушылық-демократиялық көзқарасы «Усу-сул жадидпен» тікелей байланысты болды. Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсын-нов, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, М. Тынышбаев, Х. және Ж. Досмұхамедовтер сияқты «Алаш» қозғалысының көсемдері мен олардың жолын қуған М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов те сол бағытты ұстанды. Қазақтың жазу үлгісі, қазақ тілінің оқулығы пайда болды, ұлттық мәдениет пен әдебиет дербес дамыды. М. Әуезов өзінің «Қайсысын қолданамыз?» (1917), «Ғылым» (1918), «Япония» (1918), «Ғылым тілі» (1918), «Мәдениет һәм ұлт» (1918), «Оқу ісі» (1918) атты алғашқы мақалаларында оқу-ағарту жүйесіне жәдиттік бағытты ұстану қажеттігі мәселесін көтерді. Өйткені бұл кезде Ташкент, Самарқан, Бұхара, Шымкент, Ақмешіт қалаларында қадымдық бағытты қолдаушылардың ұйымы құрылып, әскери қарулы қолдауға та орын алып, ушығып тұрды. Жәдитшілерді таспен атып өлтіріп, өртеп жіберуге дейін барды. Мысалы, өзбек ақыны Хамза мен Әмен Мәшһүр Жүсіпұлы қадымшылардың қолынан қаза тапты. Ө. мұның барлығын біліп, сол күреске өзі де белсене араласты. Ө. өзінің Абай туралы зерттеу еңбектері мен дәрістерінде Жалал ад-диннің есімін үнемі атап, оны ақынның жақсы білгені туралы дәлелді пікірлермен тиянақтай тұжырымдайды. Бірақ та кеңестік идеологияның қысымының кесірінен «Абай – діншіл ақын», «М. Әуезов – түрікшіл» деген жала жабылған кезеңде жәдиттік қозғалыс туралы ойындағысын тура айта алмайды: «Египет жазушысы Мұхаммед Ғабдуки, Жалалдин Афганский таратқан панисламизм ағымының идеясы бірте-бірте өршіп, бұл ағым Ресейдегі мұсылмандар арасына да жайылды. Аланның құлы болу, айға табыну, халфелерге бағыну сияқты жалған саясат ұстаған бұл ағымды қазақ елінің қажы-молдалары, делдал-бектері де жақтады. Соның бірі әйгілі пантүрікшіл Исмайыл Гаспринскийдің басшылығымен Бақшасарайда шығатын «Тәржіман» газеті Абай заманының өзінде-ақ қазақ даласына көп тарады. Абай бұл ағымның ауанына түскен жоқ... орыс халқының ұлы мәдениетінен үлгі алды» деп (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 165-бет) жанамалап жазды. Әр мақаласында жәдиттік ағымның әр саласынан мағлұмат беріп, М. Әуезов өзінің А. туралы ойын толық жеткізуге ұмтылған.

*Ө. Дербісәлі, Т. Жұртбай.*

**АУДАРМАЛАРЫ.** Ө-тің шығармашылық мұрасында көркем аударма едәуір орын алады. Ол алғаш рет Л. Толстойдың «Будда» деген әңгімесін аударып, 1918 ж. «Абай» журналының 1-санында жариялаған. Сөйтіп «бұл өзі қазақ әдебиетінің тарихында үлкен із қалдырған Мұхтар Әуезовтің де жазушылық өнерінің баспасөз бетін көрген тұңғыш туындысы деп айта аламыз» (Ө. Сатыбалдиев Рухани қазына. А., Жазушы, 1987). 1924 ж. Ленинградта университетте оқып жүрген кезінде, Ю. Вагнердің «Жер жаратылысы жайындағы әңгімелерін» аударып, Түркістан мемлекет баспасында (Ташкент) бастырған. Бұдан кейін 30-жылдары, Қазақ академиялық драма театрында әдебиет бөлімін басқарып тұрған кезде, көркем аударма жұмысын белсене шұғылданып, дүние жүзі, орыс және кеңес драматургтерінің бірсыпыра шығармаларын қазақ тіліне аударды және олардың ұлттық театр сахнасында қойылуына көмектеседі. Атап айтқанда, Ө-тің аудармасымен 1933 ж. желтоқсанда Б. Пруттың «Жойқын князь Мстислав»



пьесасы («Мстислав удалой», О. Бековпен бірігіп) сахнаға шығарылды; 1934 ж. А. Афиногеновтің «Қорқыныш» («Страх») пьесасы ішінара өзгерте аударылып, Қазақстан мемлекеттік баспасынан жарық көрді; 1936 ж. 29 қаңтарда Н. Погодиннің «Аксүйектер» пьесасының қазақша премьерасы көрсетілді; сол жылы 20 қазанда Н. Гогольдің «Ревизор» пьесасы қойылды; 1937 ж. 4 қарашада К. Треневтің «Любовь Яровая» пьесасы сахнаға шығарылды; 1939 ж. 23 сәуірде Шекспирдің «Отелло» трагедиясының премьерасы көрсетілді; 1943 ж. Шекспирдің «Асауға тұсауы» («Укрощение строптивой») комедиясы аударылып, Қазақ академиялық драма театрының және бірсыпыра облыстық театрлардың сахнасында көрсетіле бастады. Аталған шығармалардың аудармалары – М. Әуезовтің және жалпы қазақ драматургиясының қорына қосылған зор үлес, ал сол аудармалар бойынша жүзеге асырылған қойылымдар қазақ театр өнерін ілгері дамытуда белесті кезең болды.

Бұлардың сыртында М. Әуезов әр жылдары дүние жүзі әдебиетінің таңдаулы үлгілерінен прозалық шығармаларды да аударып отырды. Жоғарыда аталған екі әңгімеден басқа М. Әуезов қаламынан Л. Толстойдың «Той тарқар» (1931), «Булька» (1936), А. Чеховтың «Аққасқа», Дж. Лондонның «Қасқыр» (1936) атты әңгімелерін, И. Тургеневтің «Дворян ұясы» романын (1952) аударған. Солардың ішіндегі көлемі жағынан да, аудару принципіндегі өзгешеліктері жағынан да ерекше назар аударатыны, әрине, «Дворян ұясының» тәржімасы. Олай болатын себебі, біріншіден, И. Тургенев – Ө-тің шығармашылық тәжірибесіне қатты әсер еткен суреткер. Екіншіден, бұл шығарманы тәржімалау үстінде Мұхтар Омарханұлы өзінің ұзақ жылғы аудармашылық қызметінде түйген ойлары мен пікірлерін, жинақтаған тәжірибесін қорытып, іс жүзінде қолдануға тырысқан. Ол ниетін аудармашы «Дворян ұясы» романының аудармасы туралы жазған мақаласында былай деп баяндайды: «Мен шамам келгенше ең алдымен романды дәл аударуға тырыстым. Тек дәл аудару ғана үлкен жазушының тіл, стиль, сөйлем ерекшеліктерін бере алатын болады, бұл жөніндегі дәл аударуды мен сөйлеміне сөйлем орай етіп аудару деп түсінемін... Сөйлемін дәл беру жазушының стилін дәл беруге төтелей себепші болады. Стилін білсе, сол жазушының өзгешелік, ерекшелік қасиеттерін де толық танытып болады».

Ө. әдеби тәржімаға көзқарасы мен принципті пікірлерін бұдан басқа «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері», «Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері» деген мақалаларында да баяндап берді. Өкінішке қарай, қазақ әдебиеті классигінің бұл айтқандары әлі күнге дейін тиісінше пайымдалып, өзге аудармашылардың тәжірибесімен салғастыра зерттелмей келеді. Ө-тің аударма еңбектері әр кездері жеке басылым түрінде немесе әр түрлі жинақтарда жарияланып келді. Олар 12 томдық басылманың 9, 10-кітаптарында, 20 томдықтың 13, 14-кітаптарында жарияланды.

Ж. Ысмағұлов.

**АУДАРМАЛЫ КҮНПАРАҚ** (Перекидной календарь), Ө-тің 100 жылдық мерейтойына арналған. 1997 ж. «Жібек жолы» баспа үйі шығарған. Құрастырғандар: Д. Қонаев, А. Қуанышбаев. Күнпарақ халықаралық Ө. қорымен бірлесіп дайындалған. Оның әр парағы классик жазушының өміріндегі елеулі оқиғалармен, шығармашылық жолы-

ның жылнамасымен толықтырылған. Сондай-ақ суреткердің туған-туысқандарына қатысты мағлұматтар, көрнекті әдебиет, мәдениет қайраткерлерінің М. Әуезов туралы айтқан пікірлері келтірілген, басқа да қызықты мағлұматтар, деректер бар. Көлемі 11 баспа табак, таралымы 5000 дана.

Н. Оспанғи.

**АУДИТОРИЯ**, М. О. Әуезов атындағы аудитория, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіндегі филология факультетінің дәрісхана бөлмесі. Бұл атау жазушының туғанына 90 жыл толу қарсаңында берілген. Бөлме тақырыптық бағдарламаға сай безендіріліп, төрге ұлы суреткердің бюсті қойылған. Аудитория сондай-ақ факультеттің ғылыми диссертация қорғау кеңестерінің мәжілістері мен түрлі кездесулер, диспуттар, мәдени ойын-сауықтар өтетін салтанатты орынға айналды.

Қ. Алтысбаев.

**АУПБАЕВ** Жанболат Әлиханұлы (1951 ж. т.), журналист. Негізгі тақырыбы – қазақ елінің кешегі, бүгінгі тарихындағы тағдыры, сирек мамандық иелері, табиғат құпиялары, Ө. өмірінің беймәлім беттеріне қатысты ақтаңдақтар. А. мұхтартануға 1977 ж. араласты. Ол жазушының 1959 ж. «Өскен өркен» романына қажетті материалдар жинау үшін Оңтүстік өңіріне жасаған Шымкент – Темірлан – Шаян – Созақ – Кентау – Түркістан – Шәуілдір – Арыс сапарының ізімен 18 жылдан соң жүріп өтті. Осының нәтижесінде бір кездері Мұханды көріп-білген адамдармен кездесіп, олардың ауызекі айтқан естеліктері мен сақталып қалған қолтаңба, фотосуреттерді жинастырып, Ө-тің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында «Тұлпар тұяғы тиген жер» атты танымдық мақалалар сериясын жазды («Лениншіл жас», 18, 20, 22, 25, 27 қараша, 1977). М. Әуезов мұражайының директоры, Ләйла Мұхтарқызы жөнінде «Музей-апа» («Қазақстан пионері», 7 наурыз, 1978), орнитолог Ернар Мұхтарұлы туралы «Алакөлде бір құс бар...» («Лениншіл жас», 16 шілде, 1980), Мұрат Мұхтарұлы жайында «Әуезов – Әуезовтің ұлы» («Халық кеңесі», 8 қаңтар, 1993) атты мақалалар жариялады.

**АУЫЗ ӘДЕБИЕТИ**, халықтың ауызша туып, тараған көркем сөз өнері. Ол жазу пайда болғанға дейінгі кене дәуірлердегі ел өмірінің маңызды кезеңдерін бейнелейтін ел естелігі. Ауыз әдебиеті – ғасырлар көлемінде қауымның өмірлік тәжірибесі мен даналығын буыннан буынға жеткізген «өмір оқулығы», адамшылыққа, адалдыққа, ерлікке, отаншылдыққа тәрбиелеу құралы, халықтың идеялық-эстетикалық қазынасын жинақтаған көркемдік энциклопедия.

20 ғасырда қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеушілердің қатарында Әуезовтің алатын орны үлкен. Ол өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясымен, көркемдігі биік әңгімелерімен, талантты драмаларымен, шебер аудармаларымен қазақ халқының көркемдік мәдениетін дүниежүзілік деңгейге көтерсе, әдебиеттану саласындағы еңбектерімен, соның ішінде әсіресе фольклоршылық зерттеулерімен ауыз әдебиеті туралы ғылымның тұғырын қалап, құмбезін тұрғызды. Ол «Әдебиет тарихы» деген кітабында (1927) қазақ фольклоры мен халық әдебиетінің жанлары, генезисі, поэтикасы жөнінде толымды талдаулар жасады, терең,

байсалды еңбектің үлгісін көрсетті. Ғалым «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеуінде (1939–40) қазақ фольклорының жанрлары мен түрлерін жүйеледі. Ө. Қоңыратбаевпен, М. Жолдыбаевпен бірігіп жазған «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығында «Бұқар жырау», «Махамбет», «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірілей бастаған кездің әдебиеті» (1870 жылдар мен 1905 жылдар арасы), «Шортанбайдың ақындығы», «Әбубәкір», «Шәңгерей» тарауларын жазды. Ғалым қазақ ертегерлеріне арналған күрделі еңбегінде бұл жанрды негізгі үш тобын – қиял-ғажайып, хайуанаттар хақында және тұрмыс ертегерлерін жан-жақты талдады. Ө. эпикалық жырлардың әрбір түрінің ерекшеліктерін ашып көрсетті: батырлық эпостан «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», ғашықтық дастандардан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», тарихи жырлардан Бөгенбай, Жәнібек, Қабанбайларға қатысты аңыздамаларды, Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет, Жанқожа жайындағы шығармаларды зерттеу нысанасы етті. Аңыздар, отбасылық ғұрып, бақташылыққа, аңшылыққа арналған өлеңдердің тарихи негіздерін, оларды танымдық-тәрбиелік мәнін сөз етті. Ө. назарына ілінбеген ауыз әдебиетінің жанрлары мен түрлері кемде-кем.

Ғұлама-ұстаздың ұзақ жылдар бойында жоғары оқу орындары филология факультетінің студенттеріне фольклордан дәріс оқығаны да оның бұл саладағы зерттеушілігімен тығыз байланысты. Оның ауыз әдебиеті туралы көптеген мақалалары ғылыми тереңдігі мен дәйектілігі жағынан әлі күнге дейін мәнін жоймаған зерттеулер қатарына қосылады. Солардың бірі – ақындар айтысы туралы рисаласы (толғамдары) классикалық туынды. Қазақ ауыз әдебиетінің шеңберімен шектелмей, туысқан түркі халықтарының фольклорын қамти отырып зерттеулер жазған бірден-бір қазақ ғалымы да Ө. болды. Оның қырғыз халқының қаһармандық эпосы «Манас» туралы монографиясы бұл ұлы ескерткіштің дұрыс бағалануына шешуші ықпал жасағаны көміл. Ғалымның өзбек, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, әзірбайжан, түрікмен, ноғай әдебиеті мен фольклоры жөніндегі құнды ойлары – өз алдына бір төбе.

*Р. Бердібай.*

«АУЫЛ», газет. Алғашқы саны 1923 ж. 1 қыркүйекте жарық көрді. 1931 жылға дейін Қостанай губерниялық, кейінірек округтік партия комитеті мен кеңесінің органы ретінде шықты. Тұңғыш редакторы М. Сералин, жауапты хатшысы Б. Майлин болды. Еңбекшілердің жаңа тұрмыс құру жолындағы күресін, халық мәдениетін көтеру, ұйымдас-тыру мәселелерін көтерді. Онда Ө-тің «Еңлік – Кебек» пьесасы туралы рецензия (1930, 27 қаңтар) жарияланды.

«АУЫР ҚАЗА», жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1956 жылғы 18 мамырдағы санында жарияланған. Ө-тің «Уақыт және әдебиет» (1962, 394–400-беттер), 12 томдық (12-том, 1969, 156–159-беттер), 20 томдық (19-том, 1985, 356–359-беттер) шығармалар жинағына енген. Мақала орыс жазушысы А. Фадеевтің қайтыс болуына қазанама ретінде жазылған. Көрнекті орыс жазушысының адамшылық, азаматтық, қайраткерлік, сурет-

керлік ерекше қасиеттері, жанының таза, мөлдір әсемдігі, талғампаздық, талапшылдығы, шыншыл, әділдігі, дарқан мінезділігі, үлкен, өр мінезді басшылық қабілеті, сегіз қырлы, терең сырлы сипат қасиеттері аса мейірімді тебіреніс, толғаныспен сипатталған. «Оның ұзақ жылдардағы үздіксіз талап, табыс өмірі өзі де бір ұзақ аққан ырыс өзеніндей болатын. Жақын жағасын да, өңір-өлкесін де ол өзен байытып, көгертіп аққан болатын. Ол өзі көмген ұрықтан дәні толы талай-талай жемістер тудырған» деп, ұлы орыс қаламгерінің жан жоғарттығын, көңіл шауғын, жүрек жылуын асыра бағалаған. Автор өзінің «Абай» романының тұсында «қолжазба күйінде және орысшаға тек подстрочник дәрежесінде аударылған қалпында да» қатты көңіл бөліп, көп ақыл қосқанын ерекше атап көрсеткен.

*К. Сыздықов.*

«АУЫР ҚАЗА» («Тяжелая утрата»), жазушының шағын мақаласы. 1945 ж. «Литературная газетаның» 2 қазандағы санында шыққан. Ө. мақаланы орыс халқының ұлы актері В. И. Качаловтың қайтыс болуына орай жазған. Мәскеудің академиялық драма театрының (МХАТ) үздік актері Качаловтың театр өнеріндегі орны жайында айта келіп: «Егер театр көркемдік деңгейі биік драмасыз өмір сүре алмаса, драматургияның өзі де Василий Иванович Качалов сияқты ұлы таланттарсыз өмір сүре алмайды» деп, өкініш білдірген. Качаловтың өз кейіпкерінің ішкі жан дүниесін ашудағы, характер жасаудағы шеберлігін атап көрсеткен. Сонымен қатар оның ұстаздық еңбегін, қазақ театр өнеріне тигізген игі ықпалдарын айтқан. Қ. Қуанышбаев, С. Қожамқұлов, Ш. Айманов, Х. Бөкеева т.б. актерлер өздерінің МХАТ пен Качаловты өнердегі университеттері қатарында санап, бұл ауыр қазаға қатты қайғыратындарын баяндаған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**АФАНАСЬЕВА** Татьяна Ивановна (1918–1989), суретші. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. 1959 жылдан бастап Қазақстанда тұрып, еңбек етті. Алматыдағы орыс драма театрында 40-қа жуық спектакльді көркемдеді. Соның ішінде Қазақ драма театрында М. Әуезов пен Ө. Әбешевтің «Намыс гвардиясы» драмасы бойынша қойылған спектакльді безендіріп (режиссері А. Мадиевский), сахнаға шығарды (1965).

*А. Қуанышбаев.*

**АФИНОГЕНОВ** Александр Николаевич (1904–1941), орыс драматургі. «Өпенде» (1929), «Алыс шак» (1935), «Салют, Испания» (1936), «Машенька» (1940), «Қарсаңда» (1941) пьесаларында кеңес адамдарының еңбегін, социализм құрылысын, азамат соғысын бейнеледі. Кеңес дәуірінде интеллигенция санасының өзгеруін суреттеген «Қорқыныш» пьесасын (1930) Ө. 1934 ж. еркін аударып, Қызылордада кітап етіп шығарды. Жалпы А-тің стилінде публицистика мен лиризм ұштасып, сабақта-сы өрбиді. Ө-тің 30-жылдары жазған бірқатар драмалық туындыларында (мысалы, «Райхан» т. б.) орыс драматургиясы әсері байқалады.

*Н. Жуанышбеков.*

**АФОРИЗМ**, қысқа сөзбен түйінделген тиянақты, бейнелі ой. Ө. ғылыми және әдеби-көркем шығармашылық еңбегінде А-ге үлкен мән беріп, оны жинауға ерекше көңіл бөледі. Ол ертедегі билер, шешендер, ел арасындағы көнекөз қариялар немесе әлем әдебиетінің белгілі мыйталмандары айтқан А. сөздерді жадында сақтаған, қажеттілерін хатқа түсіріп алып отырған. Солардың бірқатары



Ахат Шәкәрімұлы  
Құдайбердиев.

баспасөз бетінде, жазушының 20 томдық шығармалар жинағында «Есте болар сөздер» деген тақырыппен жарияланды, енді біразы жазушының мұрағатында сақтаулы. Ә. афоризмді жинаумен қатар, оның жанрлық сипаты, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері, сөз өнерінің өзге жанрының поэтикалық жүйесінде пайдаланылуы мен атқаратын көркемдік қызметі туралы да маңызды байымдаулар жасаған. А-нің, оның қасиеттерінің ақындар айтысында, шешендік өнерде пайдаланылу жолдары мен олардың көркемдік-эстетикалық қызметі жазушының бірнеше зерттеу мақалаларында көрсетілген. «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904)» атты монографиясында «бір-екі өлең жолының бойына сыйған тұжырымды көркем сөз Абайда көбінесе афоризм боп қалыптасқанын» айта келіп, А-нің әр түрлі жайлардан «түйіп айтқан нақыл, ақыл, терең ойлар» екенін атап көрсетеді.

Ж. Дәдебаев.

**«АХАҢНЫҢ ЕЛУ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ»**, жазушының 1923 ж. жазған мақаласы. Мұнда Ә. «Қазақ» газеті мен оның ректоры Ахмет Байтұрсынов жөнінде салқалы ой сабақтайды. «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ахаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырга тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш» деген жазушы ойлары мәңгілік мәнін жоймақ емес. Шығарма 1923 ж. қазақтың аса ірі ағартушы-ғалымы, әдебиеттегі үлкен тұлға Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 50 жыл толуына орай жазылды да, «Ақ жол» газетінің бетінде жарияланды. Бүгінгі күнге дейін Байтұрсынов еңбегінің ақиқат бағасын беріп, шынайы таразылаған шығарма ретінде ауызға жиі алынып жүр. Мақалада халыққа ой салып, шуақты күндей шапағатын төккен «Қазақ» газетінің сол кездегі рөлін және оның редакторы А. Байтұрсыновтың сіңірген еңбегін автор дәл көрсете білген. Қалың көпшілікке баспасөз органы ықпалының аса зор болғандығын, қазақ халқының рухани тарихында үлкен орны бар басылым екендігін Ә. зор бағалаған. Шығармада айтылған М. Әуезов тұжырымдары сонау кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында тайсалмай айтылған батыл ойлар еді. А. Байтұрсынов туралы сол кезде С. Сейфуллин, С. Сәдуақасов, Ғ. Тоғжановтар да мақала жариялады. Ал Мұханның осы толғанысының, жүрекжарды тебіренісінің, өткір ойларының орны бір бөлек. Жоғарыда келтірілген үзінділер «Қазақ» газетінің тарихтағы алатын орнын дәлме-дәл анықтай түседі. Сондай-ақ бұл газеттің атқарған ісі туралы, оның ұстанған бағыты мен Байтұрсынов еңбегі жайлы пікірлері Ә-тің Алаш қозғалысына деген қоғамдық-саяси көзқарасын жақынырақ тануымызға да, ұлы жазушының бірбеткей адал азаматтық тұлғасын оқшаулауымызға да жол ашады. Мақала 1989 ж. наурызда «Қазақ әдебиеті» газетінде қайта басылды.

Б. Жақып.

**АХАТ** Шәкәрімұлы Құдайбердиев (1900–1984), ақын, фольклоршы, шежіреші, ұстаз. Шәкәрімнің кенже ұлы. Ұзақ жылдар бойы Жидебайдағы Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайының менеджері, одан кейін Абайдың Семейдегі қорық-мұражайының ғылыми қызметкері болды. Құнанбай мен Абайдың, Шәкәрімнің өміріне қатысты орасан мол деректер жинастырып, Абай мұражайының ғылыми қорына тапсырды. Мақалалары, естеліктері, өлеңдері мерзімді баспасөздерде жарияланды. М. Әлиакпаровтың құрастыруымен А-тың естеліктері мен өлеңдері 1997 ж. жарық көрді. М. Әуезов А-қа әкесі Шәкәрімнің суреттерін сыйлаған және ақынның қолжазбаларын жинап, ретке келтіруді тапсырған. Жазушының тапсырмасы бойынша, Шәкәрімнің өлеңдері мен дастандарын 2 том етіп құрастырып, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөліміне өткізді. Ақын шығармаларының кейінгі басылымдары сол қолжазбаның негізінде жүзеге асырылды. **АХВЕРДЯН** Леон Оганесович (1924 ж. т.), армян әдебиет және театр зерттеушісі. Арменияның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1972). Армян драматургиясы, театры, прозасы туралы бірнеше зерттеулері шықты. Ө-тің 80 жылдық мерейтойына байланысты Алматыда өткен салтанатты мерекеге қатысып, сөз сөйледі. «Аса көрнекті қазақ жазушысының шығармалары өзіндік өрнегімен және аса көркем қасиетімен ерекшеленеді. Оның туындылары қазақ халқының рухани байлығы мен өзгеше мәдениетін әлемге танытты. Сондықтан М. Әуезовтің кітаптары әлем әдебиетінің ең таңдаулы шығармаларымен қатар тұруы тегін емес» деген келелі ойларын ортаға салды («Мұхтар Әуезов – совет әдебиетінің классигі», А., 1980, 38-бет).

Н. Оспантегі.

**АХЕТОВ** Мамай Қаниұлы (1967 ж.т.), әдебиет зерттеуші ғалым, филология ғылымының кандидаты (1994). 1999 жылдан «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында қызметкер. «М. Әуезов драматургиясындағы шешендік дәстүр» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады (2003). Онда шешендік сөздердің жанрлық-жүйелік сипаты жанаша сараланып, көркемдік қызметі жаңаша ұстанымдар тұрғысынан талданды. Жазушының шығармашылығына байланысты «Еңлік-Кебек» – М. Әуезовтің белгілі трагедиясы («Қазақстан», Ұлттық энциклопедия, том, 384-бет), «М. Әуезовтің түрмедегі күндері» («Заман-Қазақстан», 2002 ж. 11 қаңтар); «Ойбатыры» («Қазақ әдебиеті», 2001 ж. 29 маусым) мақалаларын жазды.

Р. Әбдіғұлов.

**АХМЕДОВ** Ғалым Хакімұлы (1906–2002), жазушы, аудармашы. Ел өміріне, тарихына байланысты терең ойлы, зерделі еңбектер жазды. Тарихи тақырыпқа арналған «Жорық жылдары» (1977), «Жем бойында» романдары, «Ескі достар» әңгімелер кітабы, «Түркістан үшін күрескендер» очеркі («Жұлдыз», 1996, № 2), «Алаш» «Алаш» болғанда» естеліктері (1996) т. б. жарық көрді. Аударма саласында кемісті еңбек етті. А. Толстой, А. Чехов, Б. Горбатов, Н. Анов, В. Кожевников, М. Бубенков, И. Тургенев, К. Федин, Ю. Смуул сынды жазушылардың бірқатар туындыларын қазақ тіліне аударды. Ө-пен қызмет бабында қарым-қатынас жасап, достық-шығармашылық байланыста болған.

«Алаш-Алаш» болғанда» кітабында ұлы жазушы мен оның шығармалары туралы жылы пікірлер білдіріп, бірге жүрген кездерін тебірене еске алған. **АХМЕТ** Әуезов (1897–1974), жазушының тетелес інісі, 15 күндегі айырмашылығы бар. Әуездің үлкен әйелі Дінәсілден Мұхтардың әкесі Омархан, кіші әйелі Сақыштан Арынбек, Қасымбек, Ағзам және Ахмет туған. Бұлар бірге өседі, атасы Әуездің тәрбиесін бірге көреді. Алғаш ауылда хат таныған олар Қасымбектің ұйғарымымен Семейдегі 5 сыныптық орыс мектебінде, одан соң оқытушылар семинариясында оқиды. А. әр түрлі қызметтер атқарады. 20–30-жылдардың саяси ағымына байланысты Қазақстанның оңтүстік облысына қоныс аударады да, өмірінің соңына дейін сонда тұрып қалады. 1917 ж. Абайдың Ойқұдықтағы ауылында Әйгерімнің екі отауын біріктіріп, Ө-тің режиссерлік, суфлерлік етуімен қойылған «Еңлік – Кебек» пьесасында Еңліктің рөлін ойнады. Кейін А-тің «Өсердің өсері бар» («Қызыл ту», 1967, 24 қараша), «Сұлу да шырқау үнді жазушы» («Коммунизм таңы», 1967, 9 желтоқсан), «Бала Мұхтар» («Жазушы», 1967, 50-бет) дейтін естеліктері жарияланды. Бала-лық, жастық шағын еске алатын кітабында: «Ералы жайлауы, Ойқұдық. Мұхтар, Біләл үшеуміз атаммен бірге Әйгерім апамның үйіне талай-талай барғанбыз. Сонда алты қанат ақ үйдің қақ төрінде жатқан жазық мандай, шұнақ құлақ, өңі қара торы, кеуделі, қапсағай келген, үлкен мейірімді көзді ақсақал бізді үнемі қушағын жайып қарсы алатын. Ол үшеуміздің де мандаймыздан сүйетін. Мұхтарды орысша оқытып, көзін ашқан, үлкен адам болуға себепші болған Қаске. Біз аяулы аға Қаске алдында көп-көп борыштармыз... Аулымыз Абай ауылымен қысы-жазы аралас, қойы өрісте, ағайын-туыстай араласып кеткенбіз. Сөз жоқ, Мұхтар ес білгелі Абай, Абайдың есті балаларынан үлкен тәрбие алды, үлгі-өнеге алды» деп жазды («Бала Мұхтар», 1967, 12, 31-беттер). Бұл кітаптың жалғасының қолжазбасы жазушының архивінде сақтаулы түр (602-папка).

*Т. Әкім.*

**АХМЕТБЕК** Ысқақұлы (1872–1937), жазушының туған ағасы Қасымбектің қайын атасы. Абайдың інісі Ысқақтың баласы. Сауатты, ел арасында аузы дуалы атанған беделді адам болған. Абайдың өмірі мен шығармашылық жолын жақсы білген, ағасы Кәкітай Ысқақов ұлы ақынның жинағын шығару жолындағы ізденісіне қол ұшын беріп, ат салысқан. А-тің тұңғыш қызы Ғалияны Ө-тің ағасы Қасымбек алған. Ғалия Қасымбектің қазасына шыдамай, құсудан 1914 ж. қайтыс болған. А. «Алашорданың» көсемдері Шыңғыстауға келгенде, оларды қарсы алған. Ө. Мағауия Абайұлының қызы Кәмилаға үйленгенде, Турағұл Абайұлы екеуі бата берген. 1928 ж. Құнанбайдың ұрпағы ретінде төркіге ұшырап, қуғынға түскен. 1937 жылғы жазалау науқанында жазықсыз жазаға ілінген. Ө. Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы деректердің біразын осы А-тен жазып алған.

**АХМЕТ ЯСАУИ**, Қожа Ахмет Яссауи (1094–1166), ақын, философ, сопылық әдебиеттің түркілік бағыты Яссауи тариқатының негізін салушы. Алғашқы білімді әкесі Ибраһим шайықтан алады. Жас кезінен Шығыс әдебиетін, филосо-

фиясын оқып үйренеді, өлең жазады. Одан кейін Отырарға келіп, Арыстан бабты ұстаз тұтады. 20 жасқа келгенде «Сұфра тұтмақ үшін» Йасы еліне барады. Осында өзінің діни-философиялық ілімімен шұғылданады. 63 жасқа толғанда: «Пайғамбар жасына жеттім, бұдан әрі өмір сүруім – күпірлік» деп, жер асты мешітін (хилует) салдырып, қалған өмірін сонда өткізеді.



Ахмет Әуезов.

Біраз өлеңдері біздің заманымызда «Әлем әдебиетінің кітапханасы» сериясымен Мәскеуде жарық көрді. Атақты «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») Қазанда (1887, 1901), Ыстамболда (1901), Ташкентте (1902, 1911) бірнеше рет басылды. А. Й-дың «Диуани хикметі» (аударған М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафғи, 1993), «Хикметтері» (аударған Ә. Жәмшіұлы, 1995) қазақ тілінде жарық көрді. Ө. «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты монографиясында Абай медреселерде оқып жүргенде, Яссауидің ... сопылық мистиканы уағыздайтын шығармаларын үлгі тұтпай, реалистік бағыты таңдағанын құптапайды. Сол кезде әдеби мұралар туралы партиялық теріс көзқарасқа байланысты, бұл пікірін қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған 1959 жылғы конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде де қайталайды. «Яссауи сияқты адамдарды кітаби жазушылардың да қатарына кіргізуге мүлде болмайды. Яссауи ескі шағатай тілі деп аталатын, беріде, қазірде көне өзбек тілі деп аталып жүрген тілде жазған. Ол тарихқа кірсе, тек өзбек әдебиет тарихына кірер еді. Бірақ мұрасының залалды мистикалық діншілдік, кертартпалық санасы себепті өзбек тарихынан да шығарып тасталған. Бір кезде оны өзбек ұлтшылдары әдебиет тарихына кіргізе бастаса да, кейінгі маркстік-лениндік әдебиеттану негізі бойынша, өзбек ғалымдары Яссауиді, жоғарыда айтқандай, әдебиет тарихынан мүлде өшірген» деген, заманның ыңғайына қарай еді («Әдеби мұра және оны зерттеу», А., 1961, 354-бет).

*З. Жандарбеков.*

**АХМЕТОВ** Зәки (1928–2002), әдебиет зерттеуші. ҚР ҒА-ның академигі (1983), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1978), филология ғылымының докторы (1965), профес-

Ахмет Яссауи кесенесі.



сор (1966), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының (1997), ҚР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты (1980). Ө-тің шәкірті. Ғылыми зерттеулері мен монографиялары қазақ әдебиеті тарихының мәселелеріне, абайтану мен мұхтартануға арналған. «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы және оның жазылу тарихы» атты монографиясы (1984) – Ө-тің шығармашылық лабораториясын көп жыл зерттеген еңбегінің жемісі. Монография мұхтартану ғылымына қосылған сүбелі еңбек ретінде белгілі әдебиеттанушы-ғалымдардың сын мақалаларында ерекше атап өтілді. А. жазушының роман-эпопеясында тарихи шындық көркем шындыққа ұластыру шеберлігін мұрағат, түрлі құжат, қолжазба материалдар негізінде ашып көрсеткен. «Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы» атты келесі монографиясында (1997) жазушының кейіпкерлер бейнесін ашудағы шеберлік иірімдері, роман-эпопеяның сюжеттік-композициялық құрылымы, көркем және тарихи шындық мәселесі жаңа қырынан қарастырылған. «Шығыстың Шолоховы» (1977), «Эпопеяның туу тарихынан» (кітапта: «Мұхтар Әуезов тағылымы», А., 1987) ғылыми мақалаларында ұлы жазушының қазақ әдебиеті тарихындағы тұлғасы мен суреткерлік, шығармашылық шеберлігін жан-жақты ашып, баяндаған. А. жазушының 20 томдық шығармалар жинағын шығаруға қатысты. Ұстазының 100 жылдық мерейтойы кезінде Ресейде (Мәскеу мен Санкт-Петербургте), Қырғызстанда өткен ғылыми мәслихаттарда Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының «М. Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі» атты мерекелік сессиясында сөз сөйлеп, терең мазмұнды баяндамалар жасады. Жазушының 50 томдық академиялық толық жинағының 1-томына (1998) «Әуезовтанудағы жаңа биік белес» атты алғы сөз жазды. 1997 ж. республикалық газеттер мен журналдарда ұлы суреткердің шығармашылығы туралы 30-ға жуық ғылыми мақалалары жарияланды. Түркияда шыққан арнайы жинақта «Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихы» деген зерттеуі жарық көрді.

Ө. 1959 ж. 15-19 маусымда Алматыда өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзінде: «Зәки Ахметовтың Шәңгерей мұрасы туралы жасаған зерттеуінде жан-жақты, кең көлемді, байыпты сын бар. Ақын мұрасының қайшылық қос-қыртысы екіқатар дүниесі кеңінен дәлелді, деректі боп ашылған да, сынымен қонымды болып талданған» деп жоғары баға берді («Әдеби мұра және оны зерттеу», А., 1961, 350-бет).

*С. Қорабай.*

**АХМЕТОВ** Шеген (Шегебай; 1914–1983), әдебиет зерттеуші, жазушы. Филология ғылымының кандидаты (1957). А. «Қазақ әдебиетіндегі өнегелі адамдар образы» (1971), «Балалар әдебиеті – өмір оқулығы» (1972), «Қазақ балалар әдебиеті» (1974), «Балалар әдебиетінің кәзіргі жайы» (1977), «Асыл сөз асыл ойдан», «Ғұлама ғалым және балалар әдебиеті» деп аталатын мақалаларында (1977) Ө-тің жас жеткіншектерге арнап жазған туындыларын баян етсе, «Қазақ совет балалар әдебиеті» оқулығының (1976) бір тарауын ұлы қаламгердің өмірі мен шығармашылық қызметіне арнаған, сондай-ақ «Жетім», «Қорғансыздың күні», «Көксерек» атты әңгімелері мен повесінен үзінділер келтіріп,

оларды балалар ұғымына жақын, түсінуге жеңіл етіп талдаған.

*С. Майлыбаева*

**АХМЕТОВА** Алма (1920 ж. т.), актриса. Қазақстанның халық артисі (1975). 1939 ж. Алматы театры-сурет училищесін бітіргеннен кейін Атырау облыстық драма театры труппасының құрамына қабылданды. Осы театрдың сахнасында актерлік өнерінің қалыптасып, дамуының барлық белестерінен өтті. Ө-тің шығармалары негізінде қойылған спектакльдерге қатысып, шеберлігін шыңдады. «Айман – Шолпандағы» Шолпанның рөлінен бастап, Қарағөз (жас кезінде), Мөржан («Қарагөз»), Көкжан, Күнекей («Қарақыпшақ Қобыланды»), Ұлжан («Абай»), Жүзтаылақ («Түнгі сарын»), Алуа («Алуа») сияқты сан қилы әйелдер бейнелерінің галереясын жасады.

*Б. Құндақбайұлы.*

**АХМЕТОВА** Шайза (Шайза; 1948 ж. т.), актриса. Қазақстан Республикасының халық артисі (1998). Алматы консерваториясын бітірген (1970). Содан бері М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық театрында қызмет істейді. Адуынды, әр мінезді көптеген кейіпкерлердің бейнесін сомдады. Солардың ішінде Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыландысында» Қарлығаның, «Айман-Шолпандағы» Теңгенің, У. Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Катаринаның рөлдерін ойнап, шеберлігін танытты.

**АХМЕТЖАНОВА** Райгүл (1955 ж. т.), суретші, педагог. Ұлттық өнер түрлерін кеңінен насихаттап келеді. Ши тоқу, шимен өрнек салу саласымен шұғылданады. Абайдың 150 жылдық мерейтойына арнап әсем нақыш, жарасымды ою-өрнекпен жасаған бұйымдары қоңақтарға сыйға тартылды. М. Әуезовтің шиден тоқылған портреті 1997 ж. Францияда Париж консерваториясында, Париж мэриясында көрмелерге қойылды. Арнайы тоқылған ұлы жазушының бейнесі (көлемі 150x120 см) сонда ЮНЕСКО-ның бас хатшысы Федерико Майор мырзаға табыс етілді.

*Р. Досымбекова.*

**АХМЕТ РИЗА МЕШІТ-МЕДРЕСЕСІ**, мешіт-медресе. 19 ғасырдың 50-жылдарында Семей қаласынан ашылған. Мешіттің имамы Қазанның «Маржани» медресесін бітіріп келген Ахмет Риза деген оқымысты адам болған. Ол мешіттің қасынан шәкірттер тұрақты жатып оқитыны медресе ашады. Бұл медресенің өзге діни оқу орындарынан өзгешелігі – ислам мен түркі ғылыми өлемінде аса үлкен реформаторлық-жадидтік ілімді қалыптастырған ғұлама Шаһабуддин Маржанидің ағартушылық бағытын ұстанады. Ахмет Риза имам «Шарифат», «Тарихат», «Мағрифат» атты үш негізден тұратын тарихи, философиялық қоғамтану ғылымдарын тереңдетіп оқытты. Түркі, араб, фарсы тілдері және шығыс поэзиясы мен сөз өнерінің заңдылықтары, математика, жағырафия, жаратылыстану пәндері негізгі дәріс ретінде жүргізілді. «Алланы – ғылым мен ақыл-сана арқылы тану керек» деген үрдісті оқу бағдарламасына енгізді. Құнанбайдың әуелде Абайды Ғабдулжаппар деген имамға беріп, артынан Ахмет Ризаның мешіт-медресесіне ауыстыруы да мұндағы ғылым жолын тереңдетіп оқытатынына көзі жеткендіктен болса керек. Оның үстіне Құнанбай Со-

**АХТАНОВ** Тахауи (1923–1994), жазушы, драматург, аудармашы. Республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1966). Қазақстанның халық жазушысы (1992). Ө-тің шығармаларына үнемі зер салып, өзінің ой-пікірлерін, жылы лебіздерін білдіріп отырған. «Әуезовтің «Абай жолы» романдары туралы» (1953), «Кең арна», «Халық сапары», «Көп толғантқан ойлар», «Әуезов туралы сөз» («Керуен» жинағы, 1969) т. б. әдеби-сын мақалаларында ұлы жазушының шығармашылығын ең жарқын құбылыс ретінде таныған. «Сөз сиқыршысы» («Подвиг писателя») деген естелігінде ұлы суреткер «жас жазба әдебиеттердің тек зерделі шәкірт қана емес, өнегелі ұстаз бола алатынын» дәлелдегенін, сондай-ақ оның «жалаң еліктеушінің, жадағай шәкірттің дәрежесінде» қалмай, «бірден өз заманындағы озық әдебиеттің биік деңгейіне шырқап шықты да, жас әдебиетке күллі әлем алдында зор абырой алып» бергенін тебірене баяндаған («Мұхтар Әуезов әлемі», А., 1997, 92–94-беттер). Ө. «*Октябрь өркені*» атты мақаласында А-ты реалист жазушы, шыншыл сыншылар қатарында атап өткен. Мәскеуде сырқаттанып жатқанда А-қа жазған хатында жас әріптесіне зор үміт артқан.



Ахмет Риза мешіт-медресесі.

фы Аллаярдың діни уағызын өте құрмет тұтып, балаларына үйретіп отырған. Ал Ш. Маржани сол Аллаярдың ілімін одан әрі дамытуды мақсат еткен ғұлама еді. Абай бұл мешіт-медреседе шамамен 1855–1858 жылдардың арасында дәріс алды. Жәдидтік бағыттың аса ықпалды болғаны сондай, Абай осы үш жылдың ішінде шығыс тарихы мен философиясын, тілін, поэзиясын жетік меңгеріп шығады. Фарсы тілінде өлең жазатындай дәрежеге жетеді.

Ахмет Риза медресесінен дұрыс ғылыми бағыт алған шәкірттің көзқарасы сол жәдидтік арнада дамып, ғұламалық танымға негіз қалады. Мұны Абайдың өзі де ерекше мойындаған. Біліммен сусындауға толық еркіндік берілгенін оның орыс мектебінен қосымша дәріс алуына мүмкіндік жасалуынан-ақ аңғарылады. Абай медреседен алған білімін есінде қатты сақтап, кейіннен өзінің шәкірттері мен балаларына айтып беріп, пәлен кітаптың пәлен бетінде солай жазылған деп сілтеме жасап отырған. Бұл жөнінде Ө. өзінің «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904)» атты монографиясында толық жазған (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-т., 73–74-беттер). *Аллаяр Софы* мен Ш. Маржанидің ғылыми-діни ілімдері Абайдың философиялық көзқарасын қалыптастыруға тікелей негіз қалағаны туралы Ө. барлық зерттеулері мен мақалаларында баса айтады.

Патшалық-миссионерлік саясаттың жазалау саясаты мен мұсылмандық діни оқуларға шектеу қою жөніндегі ерекше нұсқаудың кесірінен және қадымша оқытуды діни оқудың бірден-бір жолы деп санаған ескішіл молдалардың қысым көрсетуі салдарынан Ахмет Риза мешіті кейіннен медресеге бала қабылдауды тоқтатады. Қадым мен жәдид оқуының қайсысын таңдау жөніндегі Семей мешіттерінің арасындағы дау-дамайға Абайдың да қатысқанын Ө. өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясында барынша шынайы суреттеді. Ахмет Ризаның жолын Камараддин қазірет жалғастырды. Алайда ол Баянауылға ауысқа мәжбүр болды. Ахмет Риза мешіт-медресесінің үйі Кеңес өкіметі тұсында қоймаға, кеңсеге айналды. Соғыс жылдарында мешіт үйі өртеніп кетті. Шәкірттер оқитын медресе үйі ғана сақталып қалды. Ол үй қазір өзінің бұрынғы орнынан көшіріліп, Абайдың қорық-мұражайы кешенінің қасына орналастырылды.

Т. Құдакелдіұлы.

Б. Құндақбайұлы.

**АХУНДОВ** Мирза Фатали (1812–1878), әзірбайжан жазушысы, ағартушы, философ, әзірбайжанның реалистік әдебиетінің негізін салушы. Өнердің міндеті – қоғамға қызмет ету деп танып, еңбекші халықтың мүддесін қорғады. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» деген еңбегінде А-ты әлеуметтік теңсіздікті жіті көре білген, зорлықшыл, әділетсіз алпауыттарды қатты сынап-мінеген, шығармалары әзірбайжан әдебиетінің өсіп-дамуына игі әсер еткен ойшыл жазушы ретінде бағаланды.

**АШИРОВ** Чары (1910 ж.т.), түрікмен ақыны. Түрікменстанның халық жазушысы (1970) Ө-тің 80 жылдық мерейтойы тойлауға қатысып, салтанатты кеште сөз сөйледі. «Әуезов шығармаларының тәрбиелік мәні аса зор, сондықтан олар Түрікменстанда бірнеше рет басылып шықты. Оларға деген құштарлық таусылар емес. Оның туындыларында биік гуманизм, адамзаттың болашағына деген сенім ерекше көрініс тапқан» деді ойын қорытып («Мұхтар Әуезов – совет классигі» А., 1980, 38-бет).

**АШРАПОВ** Асхат Тазетдинович (1931–1999), кинооператор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1980), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1966). 1955 ж. ВГИК-тің операторлық факультетін бітірген. Шығармашылық жолын деректі фильмдерден бастады. Операторлық жеңісі М. Әуезовтің «Өскен өркен» романының желісімен түсірілген «*Шыңдағы шынар*» фильмінен көрінді. Мұндағы кейіпкерлік ішкі тартыс шешімі оператордың қысқа кадрларды алма-кезек ұтымды орналастыра білгендігінің нәтижесінде көңілге қонымды шыққан.

Г. Құрманғалиқызы.

**«АШЫҚ ХАТ»** (Семей губерниясындағы қазақ қызметкерлеріне), жазушының мақаласы. «Қазақ тілі» газетінің 1922 жылғы 17 тамыз күнгі 64-санында жарияланды. Ө-тің шығармалар жинағының 50 томдық толық басылымының 2-томында (1998) жарық көрді. 1922 ж. сәуір айы мен қазан айының аралығында Қазақ автономиялы кеңес республикасының Орталық атқару комитетінің, облыстық партия комитетінің

және Кәсіпшілер одағының орталық комитетінің төтенше өкілетті өкілі ретінде Семей губерниясына келген жазушы Ә. Досовпен бірге мемлекеттік саяси ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Семей ревкомы Сібір ревкомының құрамынан шығып, Қазақстанға қосылды. Бұл Ресей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынасты шиеленістіріп жіберді. Тегеурінді билік большевиктердің қолында екендігі анық болса да, ұлттық наразылықтан сақтанып, Ақмола мен Семей губернияларын Қазақ автономиясының қарамағына беруге мәжбүр болды. Бұған Ленин мен Алашорда үкіметінің арасындағы келісім шешуші ықпал етті. Семей губерниясы Қазақстанға қосылғаннан кейін, мамыр-тамыз айларында ұлы державалық пиғылдағы орыс большевиктері мен қазақ қызметкерлерінің жер туралы айтысы барған сайын өрши түсті. Большевиктердің ықпалындағы кейбір қазақ белсенділері ұлттық мүддені ұмытып, ашықтан-ашық Сібір ревкомы жағына шығып кетті. Ел ішіне іріткі салды. Бұл туралы пікірталастары «Қазақ тілі» газетінде үзбей жарияланып тұрды. Қазақ автономиясының Семейдегі ықпалын күшейту, сот, өндіріс, өкімет биліктері, шаруашылық мәселелері, оқу-білім жүйесі іспетті күрделі істерді ұйымдастырған Ә. пен Ә. Досов өзінгі ойларын газет арқылы көпшілік қауымға жеткізіп, автономияның негізгі міндеттерін түсіндіріп отырды. Мәскеудегі орталық та бұл мәселені тез шеше қоймады. Түрлі өкілетті өкілдер мен комиссияларды үсті-үстіне жіберіп, мәселені ушықтырып жіберді. Ақыры 1922 ж. тамыз айында большевиктер партиясының Орталық комитеті арнайы шешім қабылдады. Сөйтіп Семей, Ақмола уездері Қазақстанның құрамына заңды түрде қабылданды. Ендігі мәселе 5 қыркүйек күні өтетін Семей губерниясының үшінші кеңесіндегі ресми талқылау мен дауысқа салу кезіндегі істің нәтижесіне тіреліп тұр еді. Сондықтан қазақ оқығандарының бұл мәселеде бірауызды болуы ауадай қажет болатын. Осыған байланысты «Қазақ тілі» газеті арқылы Ә. қазақ қызметкерлеріне ашық хат жолдап, оларға бағыт-бағдар, жөн-жоба көрсетті. Газеттің 63-санында жарияланған «Нұсқаунамаға» орай өзінің пікірін білдірді. Бұдан кейінгі газет сандарында Ә. Досовтың да мақаласы жарияланды. «А. х-тың» басты мақсаты: 1) қазақ ұлтының автономиялық дербестігін нығайту, қазақтың тарихи шекарасын қалпына келтіру, біртұтас мемлекет ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету; 2) қазақ жерінің бөлшектеніп кетуіне жол бермеу; 3) ұлы державалық-большевиктік орыстандыру саясатына тосқауыл қойып, ұлттық экономикалық-мәдени даму жолын таңдау; 4) қазақ автономиясы негізінде мемлекеттік басқару жүйесін күшейту; 5) әрбір қызметкердің азаматтық-отаншылдық сезімін оятып, қазақ елінің іргетасын қалауға белсене ат салысуға шақыру еді. «А. х.» түйткілді мәселені шешуге тікелей әсер етпегенімен, орыс большевиктерінің шылауында кеткен біраз қазақ белсенділерінің көзқарасын өзгертуге септігін тигізді. Олардың ара жігін ашып, мәселеге байыпты қарауға назарын аударды. Сондықтан «А. х-тың» мәтінін жариялауға кеңес өкіметі тұсында тыйым салынды. Сол үшін М. Әуезов талай рет сынға ұшырап, түрмеге түсті.

*Т. Жұртбай.*



**ӘБДІҒАЛИ** Алдажарұлы (1890–1937), әнші, өнерпаз. Ырғызбайдың қара шаңырағының иесі, оның кенже ұлы Жортардың немересі. Атасы Иемберді Жортарұлы аса дәулетті адам болған. Алдажар Иембердіұлы 1910 ж. Меккеге қажылыққа барып қайтар жолда қайтыс болған. Сүйегі Медине қаласының зиратына жерленген. Ә. атадан қалған жалғыз ұл болғандықтан, ерке өскен, сал-серілік құрған. Абайдың, Шәкәрімнің, Шәкәрімнің Қабышының, Ағашаяқ Берікболдың әндерін ел арасына кеңінен насихаттаған. Шәкәрім Шақпақтағы шошаласында жалғыз жатқан кезде шығарған әндерін өзі ойлап тапқан сандық (цифрлық) нотаға түсіріп Ә-ға жолдап отырған. Ә. 1922–28 ж. Шыңғыстау болысының орынбасары, төрағасы болып қызмет істеген. 1928 ж. тәркіге алынып, түрмеге қамалған. 3 айдан кейін абақтыдан босап, Шөлтіқақ деген жерде қоныстанады, Семей радиосына арақидік ән айтып, қымыз сатып күнелтеді. 1931 ж. тағы да қамауға алынып, бір жарым жылдан соң босап шығады. М. Әуезов Ә-дан Әмірдің, Майбасардың, Мұхамеджанның әндерін жазып алып, «Абай жолы» эпопеясына пайдаланған. Ұлы суреткер Ә-мен бірге Шыңғысқа келген сайын сауық-сайран құрып, саятқа шығып тұрған.

**ӘБДІКӨРІМОВ** Мұздыбек (1914–1974), актер. ҚазКСР-інің еңбек сіңірген артисі (1944). Театр сахнасында көбіне өткір мінезді рөлдерде ойнады. М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Айман – Шолпан» драмалары бойынша қойылған спектакльдерде қағілез қойшы бала Жапалдың, қатал да алғыр, әмірші ханның, Көбікті, тапқыр әрі сауықшыл Жарастың жан дүниесін негізінен комедиялық бояуды мол қолдану арқылы аша түсті; ал «Абай» романының инсценировкасы негізінде жасалған қойылымда әнші-ақын Біржанның, жарлы-жақыбайлардың көшбасшысы Дәркембайдың сахналық бейнесін реалистік тұрғыда сомдады.

*К. Нұрпейісов.*

**ӘБДІҚАДЫРОВ** Қалмақан (1903–1964), ақын, жазушы. Мұхқан Ә-тың ақындық еңбегінің 10 жылдығына байланысты «Қалмақаннан не тілер едік?» атты мақала жазып: «Тілі де, күйі де сол өзі жырып отырған көп еңбекшінің көкейіне қонымды көптің ақыны болып отыр. Өлеңнің сыртқы ұйқасы, өлшеуі, ырғағы ешбір орасандық ерсілікке кетпейді. Шодырайып тұрған міні аса келеді» деп, әділ бағаласа, «Ізденудің оты, ұшқыны, серпіні жеткілікті емес» деп, шарқ ұрып ізденіп, кең құлаш сермеу керектігін айтқан.

«ӘБДІЛДА АҚЫН», М. Әуезовтің ақын Ә. Тәжібаевқа арнап жазған үш мақаласының алғашқысы. Мақала 1939 ж. 8 ақпанда «Социалистік Қазақстан» газетінде бірінші рет жарық көрді, кейін сол нұсқа бірен-саран орфографиялық түзетулер жасалып, жазушының 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (17-том, 148-бет). Автор онда Ә. Тәжібаевтың ақындық талантын ерте танып, үлкен үміт артқан, проза мен драматургия жанрларындағы қабілет-дарынына сүйсінген. Өйткені ол «шыншыл, жалынды ақын», сондықтан оның поэзиясы – «тереңнен, жүректен, қайнар көзден шығып жатқан, жайлап аққан тас бұлақтай» мөлдір, таза екеніне баса назар аударған.

*Н. Ақбай.*

«ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ», жазушының мақаласы. Бұл еңбегін Ә. «Қазақ әдебиеті тарихының очерктерінде» жариялаған. Бұдан кейін жазушының «Уақыт және әдебиет» атты мақала жинағында (1962), шығармаларының 12 және 20 томдық топтамаларында басылды. Мақалада ақынның өмірі мен ақындық жолына тұңғыш рет жүйелі талдау берілген. Мұнда ақынның 20–40-жылдардағы өлеңдері мен поэмаларының, драматургиялық шығармаларының идеялық мазмұны мен шеберлік деңгейі туралы сипаттама бар. Ә. «...ақындық ізденулер Әбділданың өнімді жолға, мәдениеттегі поэзия жолына беттегенін, қазақ әдебиетін жаңа үлгіге бастайтын талабын» атап өткен. Әбділданың ақындық пырағына мініп, поэзия көгіне шығуына оның қазақ қана емес, шығыс жанрларының шығармаларын жетік білетін, дарынды анасы Айманкүлдің мықты ықпалы тигені айтылады. Ақынның уақыт алға тартқан заманагей тақырыптарға саясы үгіттік өлең жазудан бастап, үлкен ойлар түйіндеген дастан, толғаулар шығаруға дейінгі сапары нақтылы баяндалған. Әуезов Әбділда шығармашылығында сыршылдық саздың басым көрінетінін ерекше бағалайды, отызыншы жылдардың орта тұсында жазылған «Сырдария» өлеңінде «нәзік сезім, нақысты күй, әлеуметтік үлкен армандармен» біте қайнасқанын аңғартады. Осы қатарда «Тараспен әңгіме», «Елден сәлем», «Күзет әні», «Ат үстінде», «Келіншекпен кеңес», «Достық жыры» тәрізді өлеңдерді атайды; «Оркестр», «Еске алу» сынды поэмаларында Әбділда лирикасының «Өзгеше өнімді бітімді... жаңа санадан туған сыршылдығы» анық сезілетінін бөліп айтады. Ақынның «Абыл», «Аққу», «Кілемшілер туралы ертегі», «Толғай», «Мерген» тарихи, аңыздық тақырыпқа жазылған поэмаларының күрделі ойлар көтеретінін көрсетеді. «Көтерілген күмбез», «Аққу» атты драма-дастандарына да тоқталады. Әбділданың поэзиялық шығармаларында сыр-шындық, ойшылдық, азаматтық сарындардың үйлесім тапқанын алғаш рет арнайы тексеріп, пікір қалыптастырған бұл еңбектің мәні үлкен.

*Р. Бердібай.*

ӘБДІЛДИН Жабайхан Мүбәрақұлы (1933 ж. т.), философ. Философия ғылымының докторы (1968), профессор (1970), ҚРПА-ның академигі (1983), ҚазКСР Мемл. сыйлығының (1984), ҚР Президентінің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының (1994) лауреаты, еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1990). Ғылыми еңбектері негізінен диалектикалық логиканың өзекті

мәселелеріне арналған. Ә-тің 100 жылдық мерейтойына арналған салтанатты сессияда сөз сөйлеп, адам мәселесінің Абай шығармаларында қалай көрініс тапқанына, оны ұлы қаламгердің «Абай жолы» эпопеясында қалай жалғастырғанына тоқталды. М. Әуезов өз туындыларында адам мәселесін кең көлемде, кең ауқымда, қоғамдық-тарихи процестердің заңдылықтарымен байланыстыра қарастырды, сондықтан кемеңгер суреткердің шығармашылық мұрасы қазіргі кезде де аса маңызды, ол біздің ұлттық және әлемдік қазынамызға айналды деп тұжырымдайды ойын («М. Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі», А., 1997, 40–48-беттер).

*Н. Оспантегі.*

ӘБДІРАМАНОВ Балтабай (1923–1995), Әуезовтің кейіпкері. Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы «Созақ» кеншарын 30-40 жылдай басқарған. М. Әуезовке «Өскен өркен» романына енген біраз мағлұмат, деректер берген. Ол туралы ұлы жазушы «Оңтүстік сапарынан» атты очеркінде: «Қаратаудың іші-тысың, бар жерін жақсы білетін Созақ совхозының агрономы Балтабайға осы өңірдегі Қаратаудың Кентауға шейін кездесетін көріністерін айтқызып ек, ол санаған жер аттары өзі бір шежіредей. Бұл жолда кезігетіндер: Көктөбе, Ақтөбе, Ақназар, Сынаын сазы, Қызтөккен (бір қыз, жігіттің өлімін баяндайтын аңызбен байланысты жер), содан әрі Балықшы әулие, Бөкенбай әулие, Құлметей әулие (аттарына қарағанда, бір дәуірде Қаратауды көрмеген ишан-перілердің, қожа-молдалардың қарапайым қазақтан да қас әулиелер жасап жүргендігін танытады), тағы да жолдағы жерлер аттары атасақ: Бәжінің бөлі, Жамантас, Мүзбел, Қоғашық өзені, Көксарай (Қойтас) боп саналады да, содан әрі қарай Түркістан ауданына кететін еңіс, бөктер басталады» деп суреттеген.

*К. Сыздықов.*

ӘБДІРАХМАН (Ә б і ш) Өскенбаев (1868–1895), Абайдың баласы. Бәйбішесі Ділдәдан туған. Семей қаласындағы уездік мектепте оқып, Төмен қаласындағы Александров реалды училищесін (1889), Санкт-Петербургтегі Михайлов артиллерия училищесін (1892) бітірген. 1890 ж. унтер-офицер, 1892 ж. портупей-юнкер, подпоручик деген әскери атақ алған. Сол жылы Ташкентте артиллерия гарнизонында қызмет істеді. Неміс тілін жетік білген. Абай сүйікті ұлына арнап бірнеше хат-өлең, жоқтаулар шығарған. Ә. – ұлы жазушының «Абай жолы» эпопеясындағы басты кейіпкердің бірі. Романның 2-кітабында Ә-ның, оның жұбайының қазасын аса зор тебіреніспен, ауыр күйінішпен суреттеген.

ӘБДІРАХМАНОВ Төкен (1917–1991), ақын, жазушы, әдебиет зерттеуші, педагог. Филология ғылымының кандидаты (1961). Бастауыш мектептің 3–4-сыныптарына арналған «Ана тілі» оқулықтарының, жоғары мектеп студенттері үшін «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» хрестоматиясының (Қ. Жармағамбетовпен бірге; 1959, 1983) бір-бір тарауы М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық қызметіне арналып, ұлы жазушыны насихаттауды жеткіншек ұрпақтан бастаған.



Әбдірахман (Әбіш).



**ӨБДІРАХМАНОВА** Гүлсім (1917–1970), актриса. Қазақстанның халық артисі (1964). Семей облыстық музыкалық драма театрында қызмет істеді. Ө. драмалық және музыкалық спектакльдерде бірдей ойнап, әйелдердің жарқын, нәзік, бояуы қанық бейнелерін жасады. М. Әуезовтің пьесаларындағы Еңлік («Еңлік – Кебек»), Қарлыға («Қарақыпшақ Қобыланды»), Айман, Төңге («Айман – Шолпан»), Алтыншаш («Ақ қайың»), Мөржан («Қарагөз») образдарын сомдады.

**ӨБДІРАХМАНОВА** Тұрсынхан (1921–2003), әдебиет зерттеуші, ақын. Қазақстанның халық жазушысы (1984). Филология ғылымының докторы (1981). М. Әуезов 1943 ж. бұрынғы Семей облысына барғанда, аудандағы жастар ұйымының жетекшісі қызметінде жүрген Ө-мен танысып-білседі. Бұл туралы жазушы «Ақын ауылында» деген очеркінде баяндаған. Біраз жылдардан кейін Ө. Мұханның аспиранты болады. Ө. «Мұхтар аға туралы сөз» деп аталатын естелігінде («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997) ұлы суреткердің ізгі, адамгершілік қасиеттерін үлгі ете отырып айтқан. Ал «Ол елім деп ғұмыр кешті» деген мақаласында («Қазақ әдебиеті», 23.9.1997) «Абай жолында» көрініс тапқан ұлттық мінез-құлықты, үлгі-өнегені, салт-дәстүрді қазіргі өмір-тіршілігімізге сөйкес жаңғыртып қолдануды ескерткен.

*Н. Жаңақова.*

**ӨБДІРӘСІЛОВ** Құрбан (1932 ж. т.), ұйғыр актері. ҚазКСР-інің халық артисі (1987). 1956 ж. Ташкент театр-көркемсурет институтының актерлік факультетін бітіргеннен кейін, Алматыдағы Ұйғыр музыкалы комедия театрына қабылданды. Алғашқы ойнаған елеулі рөлі – Қ. Мұхамеджановтың «Бәлтірік бөрік астында» спектакліндегі Әнуар. Ө. негізінен өткір мінезді рөлдерді орындаумен көрермендер сүйіспеншілігіне бөленді. Ө-тің 1968 ж. ұйғыр театры сахнасында қойылған «Айман – Шолпан» комедиясындағы аңғал, адуын батыр Басыбардың рөлін шебер орындады.

*К. Нұрпейісов.*

**ӨБДІРӘШЕВ** Жарасқан (1948–2001), ақын, әдебиет сыншысы. Шығармалары өткір ойға, терең сезімге, соны ізденіске құрылған. Ол «Мұхтар Әуезов кешінде» (оптимистік элегия), «Арызым бар, табиғат» (реквием), «Туған дала!..», «Қалалар сол бір жадымда», «Тарих заңы» деген өлеңдерінде ұлы жазушының асыл мұраттарын асқақ рухпен жырлады. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ақындар мүшәйрасында Алаш ардагерлерінің тұлғаларын бейнелеген топтамасы үшін бас жүлдені (ақын Н. Айтөзпен бірге) жеңіп алды.

*С. Жұртбай.*

**ӨБЕНОВ** Шәкір (1901–1994), ақын, фольклоршы, композитор. «Борсықтар» деген алғашқы өлеңі 1916 ж. «Айқап» журналында жарияланған. 1928 ж. тәркіге ұшырап, Алтай өлкесіне барып паналаған. 1931–32 ж. ашаршылықтың зардаптарын жою туралы үкімет комиссиясының Семей облысының Үржар ауданына ресми өкілі болып келген С. Сейфуллиннің атқосшысы болып істейді, оның шақыруымен 1934 ж. Алматыға келеді. 1936 ж. Ө-тің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастаны С. Сейфуллиннің көмегімен жарық көрді. Жамбылдың әдеби хатшыларының бірі болды. 1940 ж. жазықсыз түрмеге қамалып, Бішкек абақтысында жатады. Түрмеде айып батальонының тізіміне жазылып, Ұлы Отан соғысының майданына аттанады. Одан жараланып қайтып келген соң, Абай ауданында

мәдениет бөліміне әнші, ақын ретінде қызметке тұрып, ел аралап өнер көрсетеді. М. Әуезовтің ұсынысымен КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің халық шығармашылығы секторының ел ішіндегі өкілі міндетін атқарады. Дулат Бабатайұлы мен Ақтамберді жыраудың өлеңдері Ш. Әбеновтің жинауымен бүгінгі күнге жетті. Қоғамдағы жағымсыз қылықтарды, жемқорлар мен жағымпаздарды, солақай басшыларды сынап жазған өлеңдері ел арасында кеңінен тарап кетуіне байланысты: «Кеңес өкіметіне қарсы өлең шығарды, әйгілі адамдарды келеке етті» деген желеумен Ө. 1945 ж. түрмеге жабылды. Одан қайтып келгеннен кейін, 1949–53 ж. саяси қысымның тезіне түсіп, 25 жылға сотталды. Тек 1956 ж. ақталып шығады. Бұдан кейін 1961–85 ж. «Таңшебер – Жапал», «Кейпін батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ортак арал», «Шыңғыстау сазы», «Абыз» атты кітаптары жарияланды, 20-дан астам әні бар. Ө. Абайдың ұрпақтары, замандастары туралы М. Әуезовке көптеген әңгімелер, естеліктер айтқан.

*Т. Жұртбай.*

**ӨБЕНТАЕВ** Әбубәкір (1924–1976), жазушының кейіпкері. Көп жылдар Оңтүстік Қазақстан облысында аудандық партия, кеңес қызметінде болған. «Өскен өркен» романының 4-тарауында қыстың қақаған боранында қалған малшыларды құтқарысушы Ноян (ол кезде Шаян, қазір Бәйдібек) ауданы басшыларының бірі ретінде кейіптелген. Романда аудандық партия комитетінің 2-хатшысы Есентаев деп суреттелген. Ө. «Өмір шындығы – өміршен» деген естелігінде еліміздің оңтүстігіне шығармашылық сапармен келген Әуезовпен қалай танысқанын, ұлы жазушының ашық-жарқын, ақ көңіл, аңқылдаған мінезін айта келіп: «Өскен өркен» романы – өмірдің өзінен алынған шындық. Оның басты кейіпкерлері – біздің өзіміз. Мен өз басым Мұханның осы еңбегіне материал бергенін үшін және сол романның бір кейіпкері болғаным үшін өзімді шексіз бақыттымын деп санаймын. Сол күні менің кішкентай ұлым Мыңбайға өз автографын қалдырды. Үйдегі «Абай Құнанбаев» деген кітапқа: «Кішкентай Мыңбайға! Үлкен бол, ақылды бол, бақытты бол деген көңілмен – жазушы М. Әуезов» деп қол қойған кітабын үй ішімізбен көздің қарашығындай қастерлеп сақтаймыз» деген жүрек тебіренісін білдірген.

*К. Сыздықов.*

**ӨБЕТОВ** Ғали Темірболатұлы (1922–1976), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1960). Қазақ әдебиеті тарихына байланысты көптеген зерттеулер жазды. М. Әуезовтің редакциясымен шыққан 6 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 1–2-томдарын жазуға қатысты. «Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткішін (1917–1946)» құрастырып, оған Ө-тің шығармаларын енгізді. «Абайдың саяси сатираларының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясында М. Әуезовтің ұлы ақын туралы зерттеулерін кеңінен пайдаланды, пікірлеріне сілтеме жасап, ой ербітті. Ө. «Қайта туған халықтың әдебиеті» деген мақаласында «жазушылармен тізе қосып, білекке-білек жалғасып, қатар жасасып келе жатқан» сыншыларымыздың қатарында Ө-ті де атаған.

*С. Қорабай.*

**ӘБСӘЛЕМОВ** Файзолла (1911–1993), кинооператор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1969). ВГИК-тің операторлық факультетін бітірген (1948). Кинодағы алғашқы қадамын деректі фильмдер түсіруден бастады. Республика өмірі туралы апта сайын экранға үздіксіз шығып тұрған «Советтік Қазақстан» киножурналында М. Әуезовке байланысты түсірілген кадрлардың орны бөлек. Мысалы, 1957 жылғы 39-санында (режиссері Х. Дәулетбаев) ұлы жазушының 60 жылдық мерейтойының Мәскеуде тойлану кешінен көріністер берілген. Осы журналдың 1960 жылғы 45-санында жазушының оқырмандарға қолтаңба беріп жатқан сәті, ал 1961 жылғы 19-санында үнді жазушысы Р. Тагордың 100 жылдық тойында М. Әуезовтің сөйлеп тұрған кезд бейнеленген. Сондай-ақ Ә. «Абай әні» көркем фильмінің (сценарийін М. Әуезов жазған) бас операторы болды.

*Г. Құрманғалиқызы.*

**ӘБСЕМЕТ**, Абайдың жиені. Құнанбайдың інісі Жақыптың қызынан туған. М. Әуезов Ә. жөніндегі мағлұматтармен бала кезінен таныс болған. «Тұрысбек 1882 жылы туған» деп аталатын қолжазбада Ұстамабекұлы Әбсемет туралы деректер бар («Абайтанудан жарияланбаған материалдар», 323-бет). Жазушы Ә. туралы деректер көзін әсіресе «Абай жолының» соңғы кітабында толығырақ пайдалану мақсатымен көбірек іздестірген. Абайдың 1933 ж. шыққан жинағындағы «Әбдірахман науқастанып жатқанда» өлеңінің: «Әбсемет жиенің» деген өлең жолына түсінік бере келіп: «Әбсемет Алматының адамы. Мағауия соның үйінде жатып, күтіміне, көмегіне қатты риза бол, Абайға хат жазған» деп, жазушы Ә. туралы оқиғаларды қайдан алғанын әңгімелейді. М. Әуезовтің тілге тиек етіп отырған дерекке екі түрлі себеппен қараған: біріншісі – Ә-тің кім екенін анықтау. Өйткені оны романда суреттегенде, нақты деректерді негізге алуды мақсат еткен. Екіншіден, Ә. – Мұхтардың нағашы атасы, Омархан Ә-тің қызы Нұржамалға үйленген, Мұхтар осы Нұржамалдан туған. Ал жазушының жұбайы В. Әуезова «Алғашқы жылдар» естелігінде Ә-тің «Қилы заман», «Қараш-Қараш» повестерін жазуға дерек іздеп, Алматыға нағашыларын іздеп барғанын айтады. Сөйтіп Ә-ке қатысты деректерді зерттеп, жинастырудың нәтижесінде «Абай жолы» эпопеясының 4-кітабындағы «Қапада» деп аталатын тарауында Ә. пен оның үй іші жақсы суреттелген.

*Н. Ақбай.*

**«ӘБУБӘКІР»**, жазушының мақаласы. «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы. 7-сыныпқа арналған» деп аталатын кітапта жарияланды. Ә. бұл зерттеуін «Өмірі мен шығармалары» деп атапты. Онда Әбубәкірдің өмірі туралы мағлұматтың аз екендігін және 1905 ж. Каримов баспасында Нығметжан Нығматуллиннің бастырған «Әдебиет қазақия» атты кітабынан басқа шығармаларын кездестіре алмағанын айтады. Оның өмір тарихынан белгілісі – Кіші жүз ішіндегі Жетіру, оның кердерісі екендігі. Ауылы Жайық алабындағы Кербуғғы суының жағасында, сол жерде «Әбубәкір ағашы» деген ағаш кейінгі замандарға дейін сақталып келіпті. Жасында хат таныған ақын ерте молдалық құрады, содан да «бала молда» атанады. Ол өз ауылында тұрмай, Түзтөбенің қа-

сындағы Томареткел деген жерге қоныстанады. Алғашында осында өзге молдалар секілді жаназашығарып, садақа алуды кәсіп етеді. Томареткелде Сейіт Нұрмұхамет баласы, Сейітқадыр Әлі баласы, Сабыр Байәділ баласы сияқты төре-билердің жыршысы, мақтаушысы болып жүреді, «көңілашар ақын» атанады. Орынбордың бай саудагерлерімен де араласады, болыстың пәсірі болып та істейді. 20 ғасырдың басында 60 жас шамасында қайтыс болады.

Әбубәкір өз айналасында даңқты ақын сөздерін жаттап алып, айтып жүретіндер көп болыпты. Ол салт-санаға өте жүйрік ақын ретінде танылған. Сырқат болып жатқанда жазылған «Жел кірді өміріме он бесімде», өлеңін өмірбаянға туынды десе де болады. Мұнда айтпағы: жасты ғылым ізде, білім алып, өнер табу, жақсыға ілесіп, жақсы болу, өсу, қатардан қалмау еді. Жазушы мұнда терең суретті көрініске ұмтылу жоқ екенін айтады да: «Бар сөзін өсиеттік жағынан, мағына жағынан ұғымды жырламаққа тырысады. Тілі – тақ-тақ жадағай, екінші бірі сөйлеп жүрген тіл. Қолына қалам ұстап отырып жекешеленіп, үңіліп отырып жазған өлең. Сондықтан бұнда айнымайтын бір қалыптылық бар» дегенге тоқтайды. «Еменшілік заманда» т. б. жырларында қазақ басындағы, өмірдегі әркілі жайларды сөз етеді. Таптық тұрғысынан, әлеуметтік, қоғамдық жағынан болсын, Абай заманының ақыны екендігін айтып, М. Әуезов онымен салыстырады. Ә. жалпы заман мен ханды, биді, батырды бас мақтайтынын және көп нәрсені сынағанмен, онысын көкейіне қондырмайтынын, Абай болса терең шомып бағасын беретінін, өлшеуден аспай жыр ұшығын тұспалдаумен тынатынын әңгіме етеді.

*Т. Әкім.*

**ӘБУБӘКІР** (К е р д е р і) Боранқұлұлы (1861–1903), ақын. Зираты Жабасай қорымында. Кіші жүз Жетіру тайпасының Кердері руынан шыққандықтан, ел арасында «Кердері Әбубәкір» атанған. Бабасы – Таран тұқымынан, өнерпаздар көп шыққан. Өз әкесі Боранқұл қолөнер шебері әрі сауықшы адам болған. Ер шауып, ағаштан түйін түйіп, тыным тапай, шоқандар отыратындықтан, женгелері «Шоқан» атаған. Ел арасындағы осы лақап атымен бірқатар зерттеушілер Ә-ді Шоқанұлы деп келді. Ә. ауыл молдасынан сабақ алып, кейін Орынбор, Троицк қалаларындағы мектеп, медреселерді бітірді. Түзтөбе, Орал, Ақтөбе, Ор, Орынбор маңындағы елдерде бала оқытты, дін шариғат жолын ұстады. Сауатты, сергек, шешен, ақындық өнерді ардақ тұтатын Ә. біраз жыл ел әкімдерінің қасында жүріп, хатшылық қызметтер атқарды. Сарыарқа, Оңтүстік және Батыс Қазақстан өңіріндегі ақын, жырауларды жақсы білген. Шығармалары 1902, 1905 ж. «Әдебиет қазақия, яки Әбубәкір молланың сөздері» деген атпен екі дүркін жарияланған. Өлең-толғаулары ел арасына кең тараған. Туындылары өлең, толғаулар, хат-өлеңдер, арнаулар, айтыстар, шежіре-жырлар түрінде келеді. Өлең толғауларында заман, адам, дін, өнер, ғылым, әдет-ғұрып, имандылық, мінез-дағды туралы тебіренді, дәуір бағдарын байқап, халқымыздың бағзы тұрмыс-тіршілігі мен хал-жағдайын жырлады. Өлең, толғаулары «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Бес ғасыр жырлайды» (1985, 1989) жинақтарында жарияланған. «Қазағым» аталатын жеке жинағы 1993 ж. жарық көрген. Ә. «Әбубәкір өмірі мен шығармалары» жөнінде зерттеу-мақала жаз-

ған. Ол зерттеуі М. Жолдыбайұлымен және Ө. Қоңыратбайұлымен бірігіп жазған «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құрамы» деген кітапта жарияланған (7-сыныпқа арналған, А., 99–102-беттер, 1933).

Қ. Сыдықұлы.

**ӨБІЛЕВ** Дикан (1907–2003), ақын, аудармашы. Қазақстанның халық жазушысы (1987). «Жақсы ата-ның жарқын өмірінен» (1962), «Ой толғауы» (1981) естеліктерінде, «Өлмейтін өмір» өлеңінде (1967) ұлы жазушының қалдырған рухани мұрасының мәңгі өлмейтінін айта келіп: «Мен өз басым М. Өуезов деген есімді көкірегіме түнеген күмбірлі әулие тәрізді көретінмін» дейді. Ал Мұхтар Ө-тің шығармаларын қадағалап оқып, үнемі пікір білдіріп отырған. «*Алтай жүрегі туралы*» атты мақаласында Ө-тің өлеңмен жазылған романына қысқаша талдау жасап: «Роман жүрделі күреске, елеулі оқиғаға, кейіпкерлердің қажырлы қарекет, өнімді қимылдарына толы, мәйегі тоқ. Автор өз позициясындағы ежелгі фольклоризм мен этнографизмнен саналы түрде әбден арылған» дей келе, шығарманы жеке кітап етіп шығаруға ұсыныс жасаған.

Р. Сариева, Ф. Исахан.

**ӨБІЛҚАЙЫР**, Әбілқайыр Мұқамбет Ғази Баһадүр хан (1693–1748), хан, қолбасшы, Шығысхан әулетінің кіші буыны – Өсеке ұрпағы, Қажы сұлтанның баласы. Соғыстарда батырлығымен, айлакерлігімен, шабуылдарды ұйымдастыра білуімен аты шығып, мұрагерлік жолмен емес, өз беделімен Кіші жүздің ханы болды (1710–12.08.1748). 1715 ж. Тәуке хан өлгеннен кейін үш жүздің бас хандығы тағына үміткерлердің бірі болды. Бірақ мұрагерлік жолмен Тәуекенің ұлы Болат бас хан сайланды. Ө. 1723 жылға дейін Түркістанда тұрып, одан жоңғар басқыншылары қуып шыққаннан кейін Бұхар мен Хиуа хандықтарының шекарасындағы өзіне қарайтын көшпелі тайпаларға қоныс аударды. Ө. 1726 ж. Ордабасыдағы халық жиналысында қазақ жасақтарының қолбасшысы болып сайланды. Бұланты өзінің жағасындағы (1728), Аңырақайдағы (1729–30) жоңғарларды талқандаған соғыстарда қолбасшылық қабілеті ерекше көрінді. Аңырақай шайқасында бас қолбасшылықты өз еркімен Болат ханға бергенімен үш жүздің қолын үйлестіруде көп жұмыс атқарды. Ө. қазақ хандары мен сұлтандарының алауыздығы артып, сыртқы қауіп күшейген шақта, Ресей империясына арқа сүйеуді ойлады. 1731 ж. қазанда Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант берді (Бұл антты 1738, 1740, 1742 ж. қайталады). Ант беру арқылы ол Ресеймен тату тұруды, оның қарамағына өткен башқұрт пен Еділ қалмақтарының қазақ қоныстарына шапқыншылығын тоқтатуды, Ресейдің көмегімен жоңғар қалмақтарының қол астында қалған қазақ жері мен қалаларын қайтарып алуды, империя өкімшілігіне сүйеніп, қазақ арасындағы беделін арттырып, үш жүздің басын біріктіріп өзі билеуді, хандықты балаларына сайлау тәртібімен емес, мұрагерлік жолымен қалдыруды көздеді. Сөйтіп ол жеке мүддесімен бірге халықты апаттан сақтауды да ойлады. Алайда Ресей саясаты да тереңде жатты. Империя қазақ жерін бүтіндей отарлауды ойлады. Ө. Петербург сарайы мен оның Орынбор өкімшілігінің саясатын дер кезінде түсінді. Орыс үкіметімен әр түрлі қатынастарды үзбей, Ө. сонымен қатар жоңғар қоңтайшысы Қалдан Серенмен (Церенмен) астыртын байланысты. Жоңғар шапқыншылығы өлсіреген сайын Ресейден бойын

аулақ салуға тырысты. 1740 ж. Хиуаны басып алып, аз уақыт осында хан атанды. Бірақ Иранның Нәдір шаһынан ығысып, тастап шығуға мәжбүр болды. Ө. үш жүздің билеуші, қадірлі билерімен, белгілі батырларымен, саяси қайраткерімен тығыз қарым-қатынас жасады. Өзінен жас, беделі өсіп келе жатқан Абылаймен әр кезде түсінісе білді. Абылайдың бір әйелі Қарашай – Ө-дің қызы. Кіші жүз ханы ретінде оның саясатында қайшылықтар да болды. Қазақ даласын отарлаудың тірегі болған Ор бекінісін салуды өзі ұсынды (1735). 1737–38 жылғы башқұрт халқының отаршылық езгіге қарсы көтерілісін басуға қатысуы екі елдің қарым-қатынасын шиеленістірді. Ө-дың дербестігі мен қазақ даласына жайылып кеткен атағы кейбір сұлтандарға ұнамады. Солардың бірі Орта жүздің сұлтаны Барақ Ор бекінісінен қайтып келе жатқан Ө-мен ең далادا кездесіп қалып, оны өлтіреді. Ханның серіктері де сол жерде қаза тапқан. Бірақ Барақ Ө-ды «орысшылдығы» үшін емес, өзінің жеке басының мүдделерін көздеп «қарақшылық» іске барған еді. Ө-дың моласы Қабырға өз-нің Ұлқұяққа құятын тұсында, Торғай қ-нан 80 шақырым жерде. Кейін бұл ара Хан моласы аталды. Ө-дан көптеген ұрпақ қалған. Оның 3 ұлы, 9 немересі, 5 шөбересі хандық дәрежеге көтерілді. Өуезов өзінің «Әдебиет тарихы» деген еңбегінде: «Бұрынғы заманда ... қазақ елі ... артқы өмірі асусыз тау, өткелсіз су сияқты белгісіздік кезеңнің астында жатса, мына заманда тарихтың асу кезеңіне шығып, бергі бетке қарай құлаған сияқты болады. Тарихта бұл екі дәуірдің жапсары Әбілқайыр, Тәуке, Қайып, Абылай хандардың заманына келеді. ... Қазақ елін орысқа бағындыруға зорлаған себептер көп. Бір жағынан қалмақ сияқты елдің тізесі батқан жаулығы болса, екінші Орта Азия хандықтарының қысымшылығы, үшінші орыс үкіметінің қазақты бағындыруды мақсат қылғандығы. Осымен бірге тағы бір зор себеп, қазақтың өз хандарының алаулығы» деп атап көрсеткен. Ал «*Қобыланды батыр*» деп аталатын мақаласында Қобыландыны Әбілқайыр ханның қадірлі адамы болғанын жазған. Ө. 1748 ж. Барақ сұлтанның қолына қаза тапқан.

Ж. Қасымбаев, М. Әбдеш.

**ӨБІЛМӘМБЕТ** (т. ж. б. – 1771), Орта жүздің ханы (1734–1771), Тәуке ханның немересі. Ө-тің 36 жылға созылған хандығы тұтасымен жоңғар шапқыншылығы тұсында өтті. Сондықтан да бүкіл өмірі жорықта өтіп, әскери-саяси одақ іздеуге мәжбүр болды. Ол немере інісі Әбілмансұрдың – Абылайдың қолбасшылық және ұйымдастырушылық қабілетін танып, оны Орта жүздің бас сұлтаны етіп, әскери-жауынгерлік билікті соның қолына табыс етті. Өзі тек хан ордасына ғана пәрмен береді. Жоңғарларды талқандаған қытай әскері қазақ даласына бет алғанда Ө. Абылайдың кеңесімен 1740 ж. Орынбор қаласына барып, Орта жүздің Ресей қол астына кіретіндігі туралы келісімге мөр басты. Ресми ант беруден бас тартқан жоқ, бірақ шұғыл шаруаны сылтауратып Түркістанға қайтып оралды. Келе сала жоңғар қоңтайшысымен мәмілеге келіп, оның да дәрегейін қабылдады. Сөйтіп, Ө. Абылайдың саяси-әскери тұрғыдан тәуелсіз шешім қабылдауына мүмкіндік жасады. Өуезов өзінің «Әдебиет тарихы» атты зерттеуі мен «*Хан Кене*» пьесасында Ө. пен Абылайдың ішкі-сыртқы саяса-

тын, қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы күресін, елдің бірлігін сақтаудағы тарихи орнын өте жоғары бағалады. 20-жылдардың соңында, одан кейін өмірінің аяқталар тұсында «Абылай» атты тарихи роман жазуды мақсат етіп, Ө. пен Абылайдың Қытай мен Ресей империясына жолдаған хаттары мен қатынас қағаздарын жинастыруды досы, академик Ө. Марғұланға табыстаған. Бұл іске Академияның президенті Қ. Сәтбаев тікелей араласып, Ресей мұрағаттарына ресми түрде хат жолдаған. Ол деректердің біразы Қазақстан Мемлекеттік Орталық мұрағатының қорында жеке сақтаулы тұр. Әбілмәмбет көзінің тірсіінде Абылайды әуелі Орта жүздің ханы, содан кейін үш жүздің ханы етіп сайлау туралы тілек білдірген. Бірақ Абылайдың өзі қазақ хандарының арасындағы өзара қырқыс пен тақ таласын тудырмас үшін бұл ұсыныстан бас тартқан. Тек Әбілмәмбет өлген соң ғана хандықты қабылдаған. Әбілмәмбет пен Абылайдың заманын М. Әуезов: «Орыс сияқты шет жұртқа бағынуға айналды, елдің алдында «Темір ноқта мен қайыс ноқтаның» таңдауы шыққан заман» деп («Әдебиет тарихы», 1991, 142-бет) баға берді және оның себеп-салдарын тарихи тұрғыдан талдады. Бұқар жыраудың Абылай орыспен соғыспақ болғанда айтқан толғауын мысалға келтіру арқылы жазушы М. Әуезов: «Сөйткен Әбілмәмбеттің сөзіне күлак аспадын» деп, Бұқар жыраудың Абылайға емеурін білдіріп, райынан қайтаруы Әбілмәмбеттің ақылгөй хан болғандығын танытады» деген.

Т. Жұртбай.

**ӘБІЛТАЕВ** Жақып (1910–1982), актер, режиссер. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген артисі (1947). Лениногор, Семей, Талдықорған театрларында қызмет істеді, жергілікті халық театрларын ұйымдастырып, өркендетуге көп еңбек сіңірді. Ө-тің «Еңлік – Кебек» драмасындағы Есен, Қараманд, Абыз образдарын өзіндік психологиялық сезіммен, өрнек-нақышпен орындады.

**ӘБІШЕВ** Әлжаппар (1907–2001), жазушы, драматург. Қазақстанның халық жазушысы (1985). Драматургия саласын дамытуға зор үлес қосты, «Намыс гвардиясын» Ө-пен бірге жазды. Шығармаларында негізінен еңбек адамдары, олардың тыныс-тіршілігі, арман-тілегі, биік мақсаты бейнелеген. «Тамаша пьеса» («Социалды Қазақстан», 1938, 6 мамыр), «Ортақ қуаныш» («Социалистік Қазақстан», 1949, 29 сәуір), «Аға өсиетін ұмытпайық» («Қазақ әдебиеті», 1961, 7 шілде), «Быт как Мухтар-ага» («Казакстанская правда», 1967, 9 желтоқсан) мақалаларында Ө-тің жазушылық шеберлігі хақында сөз қозғаған. Ал «Бетпе-бет» атты естелігінде Мұханның қарапайым, пендешілік мінездерін, ұлыға тән биік рухын шынайы суреттеген. Ө. өзінің «Дәстүр мен жаңашылдық жайында», «Октябрь өркені» мақаласында Әлжаппардың туындыларынан жоғары бағалай келіп, «Бағалы еңбек» атты мақаласында оның «Бір семья» атты драмасына талдау жасаған. «Пьесаның қасиеті реалистік толық нәрінен тарайды. Идея мен образдар бұл пьесада жалған тартыспен, үстірт бояумен суреттелмеген. Ізденгіш ойлар жаңаша өрістеп, өрлейді» дей келіп, Ө-тің бұл пьеса арқылы қазақ әдебиетінің «соңғы жылдардағы өсуіне, жаналық табыстарына елеулі» үлес қосқанын атап көрсеткен.

З. Бисенғали

**ӘБІШЕВ** Ораз (1916 ж. т.), кинорежиссер. Қазақстанда деректі кино негізін салушылардың бірі. ҚазКМР-інің халық артисі (1966), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974). 1939 жылдан бастап кино түсірумен шұғылданады. Ғылыми-көпшілік, деректі фильмдер режиссердің өзіндік қолтаңбасын айқын танытты. Ө-тің М. Әуезов туралы деректі фильмдері ұлттық кино тарихына қосылған елеулі үлес болды. Ө. түсірген «Советтік Қазақстан» киножурналының бірнеше нөмірі (1949, №7, 21; 1957, №3; 1977, №35) ұлы жазушының шығармашылық, қоғамдық қызметіне арналды. «Қазақ әндері» атты киноочеркі (1949) Ө-тің бастама-сымен Мәскеуде өткен қазақ әдебиетінің онкүндігінен мағлұмат береді. Абай Құнанбаевтың қайтыс болуының 50 жылдығына байланысты түсірілген «Абай» киноочеркінде классик жазушының үлкен жиянда сөйлеп тұрған сәті бейнеленген.

Г. Құрманғалиқызы.

**ӘБІШЕВА** Райхан Әлжаппарқызы (1945–1996) – әдебиет зерттеуші. Шығармаларын орыс тілінде жазды. Ө-тің әдебиеттер байланысын дамыту жөніндегі еңбектері бойынша кандидаттық диссертация қорғады (1990). Ғылыми еңбектері негізінен ұлы жазушының шығармашылығына арналған. «Әдебиеттерді жақындастыруда Ө-тің 30-жылдардағы шығармаларының маңызы» (1981), «М. Әуезовтің орыс әдебиетін аударуы» (1982), «Л. Толстойдың «Той тарқар» әңгімесін М. Әуезовтің аударуы» (1983), «М. Әуезов – орыс классикасының аудармашысы» (1984), «М. Әуезовтің 30-жылдардағы шығармаларындағы халықтар достығы тақырыбы» (1986) т. б. 10-нан аса мақала жариялады.

Р. Қайлыбаева

**ӘДЕБИ ӘДІС**, көркем шығарманы зерттеу жолы. Марксистік эстетиканың категориясы, РАПП көсемдерінің эстетикерінде, тек Ресей әдебиеттануында 20 ғасырдың 20-жылдары қалыптасқан әдеби түсінік. Негізгі мазмұны – шындықты бейнелеу амалы, жазушының маңайындағы ақиқатты сұрыптап, таңдап ал арқылы баға беру. Соц-реализммен бірге өшіп, қазір қолданылмайтын ұғым. Оның орнына әдебиет теориясы, стиль тұжырымы орнықты. Кеңес әдебиеттануында 1930–1950 жылдары орныққан шығармашылық эстетиканың бұл категориясы шынайы көркем өнерден тым алыс еді. РАПП-тың диалектикалық-материалистік шығармашылық әдісі таза көркем шығармашылықтан гөрі саясатқа, оның идеологиясына жақынырақ болды. К. Маркс пен Ф. Энгельстің әдебиет туралы пікірлерін алға тартып, 80 жылдан астам кеңес әдебиетінің шартты ұранына айналды, ұлттық әдебиеттерді өздерінің басты мұраларынан айырды. Жеке шығарманың әдістен әлдеқайда кемеңгерлеу екені А. Байтұрсынұлының «Әдебиеттанушы» (1926) Х. Досмұхаммедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1927) М. Әуезовтың «Әдебиет тарихы» (1928), атты дара еңбектерде орын алды. Кеңес кезіндегі әдебиеттану әр бағыттың өзінен бөліп қарады: классицизм әдісі, романтизм, символизм, реализм әдістері арнайы зерттелді. 20 ғасырдың жаңа әдісі болып соцреализм саналды (1934 жылғы Жазушылар одағының 1-съезіндегі жарғы негізінде). Чернышевский өнерді «өмір оқулығы» деп санады. 20-жылдардың басында КазАПП өкілдері өнердің көркемдік табиғатынан бас тартып, оны саяси идеологияның ұраны болуын талап етті. К. Маркс пен Ф. Энгельстің ойларын іске асырушылар өмір шындығын, сол кездегі таптық күрес, жү-

мысшы табының үстемдігін ғана бейнелеуді көз-деді. Әдіс пен жеке дүниетаным арасындағы қайшылық Ә-тің соңғы туындыларында анық байқалды, 50–60-жылдары жазуға мәжбүр болған еңбектері екені ашық. Өйткені 1930–1991 ж. қазақ әдебиетінде соцреализм әдісі салтанат құрған кезең еді. Батыс Еуропа, АҚШ, Латын Америка әдебиеттерінде қалыптасқан постмодернистік, постструктуралистік әдістер кеңінен қолданыла бастады. Абай алғаш рет қазақ әдебиетінде реализм әдісін қолданды.

Сыншыл реализм әдісінің басты ерекшелігі – өмірдің шынайылығын бейнелеу, адам тағдырының, типтік мінез-бітімін типтік жағдайда көрсете отырып, саяси-қоғамдық өмірдегі қайшылықтар мен кемшіліктерді сынау болып табылады. Сыншыл реализм әдісі орыс классикасымен таныс, шығыс реализмін жетік білген Абайдың шығармаларында орын алды. 20 ғасырдың 20-жылдары Шәкәрім, бұл әдісті А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытов, С. Торайғыров, М. Әуезов дамыта түсті.

Көркемдік әдіс – өмір шындығын суреттеудің ерекшелігі, соны айқындайтын негізгі принциптер. Өнер мен әдебиетте бір бағыттағы жазушылардың идеялық нысанасы өмір құбылыстарын бейнелеп көрсетуде қолданылатын амал-тәсілдері жағынан да ұқсас, жақын келетіні сөзсіз. Ортақ-сипат белгілер тақырып таңдау, белгілі жанрлық түрлерді қолдану, адамның бейнесін суреттеу өзгешеліктерін анық көрінеді. Бұл сипат көбінесе белгілі әдеби бағыт, әдеби ағым аясында қалыптасады. Ал көркемдік әдіс – суреткердің өмірді бейнелеуде нақты өмір құбылыстарын тірек етуі немесе өмірдің өзі қандай болуы қажет деген ой-түсінігіне сүйенуін аңғартады.

Абай поэзиясында реализм әдісі кең өріс алды. Бұл әдіс өмір шындығын терең, жан-жақты ашып көрсетуге мүмкіндік берді. Соцреализм әдісі қарапайым адамдардың бейнесін таптық тұрғыдан суреттеуді көздейтін реализмнің осы тұсын ғана бөліп алып дамытты. Жазба әдебиетте реализмнің қанатын Абай жазып кетсе, оны 20 ғасырдың басындағы қазақ жазушылары жалғастырды.

Романтизм әдісі қазақ әдебиетінде болды ма? Кеңес кезінде Махамбеттің поэзиясындағы асқақ арман, күрескерлік әуен романтикалық әдіс сарыны деп түсіндіріліп келді. Махамбеттің әр өлең жолы еуропалық романтизм емес, маңайындағы қоғамдық боданға қарсы құса мен өкінішке толы екені бүгін айқындалды. Кеңес әдебиеттануы қазақтың әдебиетін төл табиғатында емес, басқа схемаға салып зерттегеннің салдарынан ғана мұндай өкінішті жайлар орын алған еді. Ұлттық көркем дәстүрдің бастауы – реалистік нақтылық, саяси, қоғамдық өмірдің қайшылығын ашатын сыншылдық толғаулар екені айқын. Социалистік реализм әдісі өмір шындығын революциялық даму тұрғысынан ғана бейнелеуді қажетті басты ұстаным ретінде қарады. Сондықтан бұл әдіс жаңа қоғам құрушы еңбекші, күрескер адамның бейнесін жасауды, оны насихаттауды басты мақсат етіп қойды. Тақырып, идея, стиль біркелкілігінен туған жасанды, жалған идеяшылдық, ұраншылдық, әдебиеттің ұлттық көркемдік қасиеттеріне жеткілікті мән бермеу, әсіресе жеке адамға табыну дәуірінде басым болды. Бұл әдістің салдарынан қазақ әдебиетінің асыл тұлғаларының еңбектері де өздерімен бірге репрессияға ұшырады.

Бүгінгі қазақ жазушылары дүниежүзілік эстетикалық ағымдармен, олардың озық шығармаларымен жете таныс. Нәтижесінде реалистік, постмодернистік туындылар дүниеге келуде. Қазір көркемдік әдіс түсінігін стиль категориясы анықтайды. Батыс Еуропа, Латын Америкасы, АҚШ әдебиет туындылары арқылы қазақ әдебиетінде постмодернистік әдістердің өнуі заңдылық. Сондықтан қазақ әдебиеттану ғылымында Ә-тің алғашқы әңгімелерінің постмодернистік, экзистенциалдық ағымдар әдісінің төңірегінде қарастырылуы да уақыты жеткен тарихи шындық.

А. Исмақова.

**ӘДЕБИ БАҒЫТ**, әдеби процестің көркемдік-эстетикалық ұстанымдарын құрайтын түсініктер. Әдеби ағымдармен әдеби мектептердің бірімен бірі пікір алмасып, дамуы – әдеби процестің заңдылығы болып саналады. Ө. б. ағымдар мен мектептерге тән ортақ руханы мазмұндағы көркем ұстанымдардың негізгі шарттарын қамтиды. Көбіне аталған терминдер синоним ретінде де қолданылуы мүмкін. Ө. б. көбінесе көркемдік әдіс, стиль орында қолданылады. Еуропалық әдебиет тарихындағы болған белгілі бағыттар: ренессанстық реализм бағыты, барокко, классицизм, ағартушылық реализм, сентиментализм, романтизм, сыншыл реализм, модернизм, соцреализм постмодернизм. Натурализм, символизм, маңьеризм, рококо, импрессионизм, экспрессионизм, экзистенциализм әдеби ағымдар болып саналады. Аталған бағыттардың ұлттық әдебиеттерде орын алуы мойындалған тұжырым. Әр бағыттың өзіне тән стилі болады. Әр түрлі ұлттық әдебиеттерде Ө. б-тардың бірдей алмасуы олардың нақты жүйе ретімен қалыптасқанын дәлелдейді. Әдебиеттің ұлттық арнасы шешуші рөл атқаратыны сөзсіз. «Бағыт» деген түсінік алғаш рет Белинский, Чернышевский, Добролюбов еңбектерінде қалыптасты. Ө. б-пен қатар әдеби ағым түсінігі синоним ретінде қолданылып келеді. 20 ғасыр басындағы әдебиеттануда стиль ұғымы кең қолданыла басталды, кейінірек «дәуір стилі» деген ұғым орнықты. Кеңес кезіндегі бағыт пен ағым түсініктері қатар қолданылды. Ең кең тараған көзқарас бойынша, бағыт – бір шығармашылық әдіс біріктіріп тұрған кең көлемдегі әдеби-шығармашылық құрылым. Модернизм кеңес әдебиеттануында ауызға алынбай келді, тек теріс бағыт ретінде аталды. Әр бағыттың өзіне тән мазмұнды негіздері бар. Сонымен қатар ол бірден үзілмейтін дәстүр. Мысалы, романтизм бірден үзілмей жалғасып жатты.

Қазақ жазба әдебиетінде реализм Абайдан бастап қалыптасты. Реалистік бейнелеу тәсілдері жыраулар поэзиясында да орын алғанын ескерсек, қазақ сөз өнерінің о бастан реалистік бағытқа жақын екені белгілі. Жыраулардың толғауларындағы нақтылық пен өмірдің шынайылығын баяндау қазақ әдебиетінің басты көркемдік бағыты болып табылады. Әдеби ағым – әр бағыттың ішінде орын алатын әдеби құбылыс. Басты ерекшеліктері эстетикалық, идеологиялық негіздерде болуы ықтимал. Мысалы, романтизм революциялық және консервативтік ағым түрлерінде қарастырылып келді. 19 ғасырдағы Ресей әдебиетінде реализмнің психологиялық және социологиялық түрлері шықты. Соцреализмнің әдеби ізденістерге бейім және таза

идеялық бірнеше ағымдары болды. Реализм мен модернизмнің көптеген ағымдары мен мектептері өмірге келді. Модернизм ағымдары: барокко, натурализм, маньеризм, рококо, импрессионизм, экзистенциализм, футуризм. Батыс әдебиеттануы бағыт пен ағымдардың бар екенін ескермейді. Әдебиет теоретиктері бұл түсініктердің нақты емес, бір жерден шықпайтынын алға тартады. Бірақ бірдей әдеби бағдарламалардың бар екенін ескере отырып, бұның орнына олар ұлттық әдебиеттердегі кезенді – дәуір түсінігін қолдануды нұсқайды. Абай жыраулардың тарихи шындықты батыл баяндау дәстүрін жазба әдебиетке әкелді. Ж. Аймауытовты өзіне ұстаз санаған Ә-тің де стильдік дәстүрін дамытқан шәкірті бар. 20 ғасыр басындағы А. Байтұрсынұв, Ш. Құдайбердиев, Ж. Аймауытов, М. Жұмбабаев, М. Дулатов, Ә. ұлттық әдебиетте реализм бағытын орнықтырды. С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Х. Есенжанов, Ғ. Мұстафин, Ғ. Мүсірепов, З. Шашкиндер т.б. социалистік ағымның өдісін өз шығармаларында іске асырды. Ал Ә. осы екі ағымды ұштастырып, жаңа стиль таба білді. Сөйтіп ол өз туындыларын осы бағытта жазды.

А. Исмақова.

**ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫ.** М. Әуезов өз заманында әр түрлі елдер мен халықтардың әдеби өмірімен кең көлемде жан-жақты шығармашылық байланыста болды. Бұл байланыс негізінен мынадай негізгі төрт арнада дамытылды. Бірінші – жазушының өз шығармаларының дүние жүзі елдеріне кең таралуы арқылы. Мәліметтерге қарағанда, бір ғана «Абай жолы» эпопеясының өзі дүние жүзі халықтарының 40-қа жуық тіліне аударылған. Оны өз тілінде оқыған мыңдаған оқырмандар шығармадан алған әсерлерін айтып, сол үшін алғыс сезімдерін білдіріп, автормен тікелей байланысқа шықты. Мұның өзі тек жазушының ғана емес, оны тудырған халықтың да атақ-абыройын асырып, бүкіл әлемге әйгіл етті. Екінші – Ө. бұрынғы Кеңес Одағының ішіндегі және одан сыртқары елдердегі көршілес, қандас халықтардың әдебиеттерін жетік білгендіктен, олардың арғы-бергі тарихын жасау, әдеби ескерткіштері мен мұраларын зерттеу ісіне, күнделікті әдеби өміріне белсене араласып, келелі ой-пікірлерін білдіріп отырды. Мысалы, 1947 ж. Қазақ КСР Ғылым академиясының сессиясында жасаған «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері туралы» баяндамасында өткен зерттеудің халықтық, нақты-тарихи принциптері туралы айта келіп, туысқан өзбек, әзірбайжан, қырғыз, тәжік халықтарының әдебиет тарихын зерттеу проблемаларына тоқталып өтеді. Ал қырғыз халқының ұлы дастаны «Манасты» зерттеу, оны өсіре солақай шабуылдардан қорғап қалу жөніндегі Ә-тің ерлік еңбегі баршаға аян. Ә-тің туысқан халықтар әдебиетінен мол хабардар болғандығына оның Қазақ мемлекеттік университетінде Орта Азия республикаларының әдебиеттері тарихынан лекция оқығаны, М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің КСРО халықтары әдебиеттерінің кафедрасында профессор қызметін атқарғаны айқын дәлел бола алады. Үшінші – ірі суреткерлігімен, кең өрісті білімдарлығымен танылған жазушы. Одақ көлемінде әдеби процеске белсене араласа жүріп, Кеңес Одағы көлеміндегі көптеген халықтардың қаламгерлерімен тығыз қарым-

қатынаста болды. КСРО Жазушылар одағы басқармасының, Лениндік сыйлықтар комитетінің, бірқатар орталық баспа, басылым ұйымдары алқаларының мүшесі болғандықтан, ол ұлт әдебиеттеріндегі маңызды оқиғаларды, жаңа тұлғалар мен туындыларды жіті қадағалап отырды және солардың Одақ көлемінде танылуына ықпал жасады. Төртінші – есімі дүние жүзіне әйгіл қаламгер және қоғам қайраткері ретінде Ә. Бейбітшілік қорғау жөніндегі кеңестік комитеттің мүшесі, Азия және Африка елдерінің ынтымағы жөніндегі Кеңестік комитет төрағасының орынбасары ретінде дүниежүзілік өкілетті жиындарға қатынасып жүргенде, талай елдердің беделді қаламгерлерімен диалогтасы, олармен жақын танысып, дүниежүзілік әдеби дамудың проблемаларын бірлесе талқыласты. Өз тұрғындарының ішінде аса көрнекті орыс жазушылары М. Шолохов, Л. Леонов, А. Фадеев, К. Федин, Л. Соболев, Н. Тихонов, одақтас республикалардың ақын-жазушылары М. Рылский, М. Бажан, А. Корнейчук, О. Гончар, И. Абшидзев, Айбек, Ш. Айтматов, Ғ. Ғұлам, М. Ибрагимов, Б. Кербабаяев, сол кездегі шетелдік қаламгерлер Луи Арагон, Андре Стиль, Альфред Курелла, Бенжамин Матай, тағы басқа дүниежүзілік ірі тұлғалар тарапынан ол туралы әр жылдары жоғары бағалар, жылы лебіздер айтылуы – Ә-тің әдеби байланыстары өте кең, ауқымды болғандығының айғағы.

Ж. Ысмағұлов.

**ӘДЕБИ БІРЛЕСТІК.** М. Әуезов атындағы әдеби бірлестік, студент жастар ұйымы. 1941 ж. мамыр айында Қазақ мемлекеттік университетінде ұлы жазушының өзі ұйымдастырған. Қайтыс болғаннан кейін, бірлестікке оның есімі берілді. Бірлестікке кезінде З. Қабдолов, Б. Кенжебаев, Т. Нұртазин, С. Садырбаевтар жетекшілік етті. 1960 ж. 26 желтоқсанда Ә. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» деген тақырып бойынша жастар алдында сөз сөйлеп, көркемдік мұраты мен мақсаты жөнінде мәңгі, ғыбатты сөздер айтты. Абай, Ақан, Біржандар жеткен ән дәстүрінің Л. Хамидидің «Қазақ балсы», Ш. Қалдаяқовтың «Ақ маңдайлымы» арқылы жалғасын тапқанына сүйінші білдірді. Бейнелеу өнерінде Ә. Қастеев, О. Таңсықбаевтардың өкшесін баса шыққан М. Кенбаев, С. Мәмбетов, Қ. Телжанов сынды жас бұынға үміт артты. Қазақ поэзиясын жанр жағынан дамытып, мазмұнын байыта түскен І. Мәмбетов, Т. Шопашев, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаевтардың шығармашылық ерекшеліктерін жеке сөз етті. Алыс-жақын шетел әдебиет өкілдеріне тоқталып, көркемдік ізденістеріне барлау жасады. «Жақсы жазғандарыңыз далаға кетпейді, ешбір қасиет бағаланбай қалмайды, алтының танылмай қалмайды. Жақсылық арта түседі» деп түйіндеді ойын. Ұлы ғұламаның бұл айтқандары бірлестіктің бағыт-бағдарына жөн сілтеп, арналы ағысын белгілеп берді. Бірлестікке мүше болғандардың, әсіресе жастардың шығармалары талқыланып, баспаларға жолдама алды. Жас талапкерлер жоғары оқу орындары арасында өтетін өнер-білім сайысына, ойын-сауыққа қатысып тұрады. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің мерейтойларына байланысты ғылыми-теориялық конференциялар өткізілді. Мысалы, Ә-тің 100 жылдық мерейтойына орай, «М. Әуезов және Қазақстан Жазушылар одағы», «М. Әуезов және халық мәдениеті» деген тақырыптар бойынша кездесу кештері ұйымдастырылды. Мұндай сыр-сұхбат, сырласу жиындары жұртшы-

**ӘДЕБИ МЕКТЕБІ.** Ө-тің алғаш білім алып, сауат ашқан мектебі – атасы Әуездің алды. Әуез немересі Мұхтардың сауатын ашуды Абайдың шығармаларын оқуға үйретуден бастайды. Аздап қаратаныған соң, бала шәкірт Абайдың өлеңдерін бірінен соң бірін жаттауға көшеді, күні бойы жаттағанын кешке атасы мен әкесіне айтып береді. Ө-тің алғаш сауатын ашқан Абайдың ақындық шығармашылығы оның өмір бойы үйренген, талмай оқыған басты әдеби мектебіне айналды. Абайдың өмірбаянын жасау (төрт нұсқасы), шығармашылық мұрасын зерттеу, ол туралы, оның заманы туралы роман-эпопея жазу осы мектеп берген білімінің, осы мектеп ашқан таланттың, осы мектеп қабырғасындағы ой бағу мен ойлануды, оқу мен тоқудың, еңбек пен бейнеттің нәтижесі еді. Семей мұғалімдер семинариясындағы, Ташкент Орта Азия мемлекеттік университетіндегі, Санкт-Петербург (Ленинград) мемлекеттік университетіндегі, одан кейін Ташкент аспирантурасындағы оқу Ө-тің әдеби білімін одан әрі өлшеусіз дамытты. Шығыс халықтары мен орыс әдебиетін, әлем әдебиетінің асыл үлгілерін, халық (ауыз) әдебиетін оқып-біліп қана қоймай, олар туралы, жалпы әдебиет туралы ғылыми-зерттеу еңбектерді де зерделей игеру Ө-тің әдеби білімі өз заманының қатарынан майталман әдебиетші ретінде қалыптастырған еді. Аталған оқу орындарында Ө. жалпы, қоғамдық-гуманитарлық біліммен қатар, терең әдеби білім алды, шығармашылық еңбек сырларына қанықты, жазушылық шеберліктің әлемдік әдебиеттегі асқан үлгілерімен табысты. Ө-тің үлгі алған, ұлағат тапқан әдеби мектебі әдебиеттің өзі болды. Осы ретте орыс әдебиетінің алатын орны зор. Бұл «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихынан анық байқалады. Роман-эпопеяны жазуға қажетті материалдарды жинау мен сұрыптау үстінде жазушы М. Горькийдің: «Үндемей қалуға ықтиярың жоқ нәрсе жайында ғана жаз» деген есиетін іштей қайталап айта беруден танбаған. Л. Толстой, Ф. Достоевский, А. Толстой, Ю. Тынянов секілді ірі суреткерлердің шығармашылық тәжірибесінен «Абай жолы» роман-эпопеясын жазуда автор үлкен сабақ алады. Неміс, француз, ағылшын әдебиеті де жазушының ойына ой қосып, қиялын ұштаған, адам жанының шындығын ашудың тиімді, ұтымды тәсілдерін ұсынған. Сонымен бірге автор Абай білім алған әдеби мектептен де көп өнеге тапқан. Абайдың орыс әдебиетімен рухани үндестігін таныту мақсаты М. Әуезовті А. Пушкин, М. Лермонтов, Салтыков-Щедрин, И. Крылов секілді суреткерлердің көркемдік-эстетикалық даралығы мен даналығын саралауға, зерттеп-зерделеуге алып келді. М. Әуезовтің үлгі алған әдеби мектебі, осылайша, бірнеше сатылы, бірнеше салалы: а) Абайдың шығармашылық мұрасы; ә) халық ауыз әдебиеті; б) Шығыс халықтарының әдебиеті; в) орыс әдебиеті; г) әлем әдебиеті. Жазушы өзі үлгі алған әдеби мектебінің барлық сатылары мен салаларын «Абай жолында» Абайдың шығармашылық мұрасының басты эстетикалық нысанасы тұрғысынан сараптады.

Ж. Дәдебаев.

**«ӘДЕБИ МҰРА ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУ»,** жинақ. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналып өткізілген 1959 жылғы ғылыми-теориялық

конференцияның материалдарынан құралған. Оған 8 баяндама, 9 қосымша баяндама, 29 жарыссөз, Ө-тің қорытынды сөзі енгізілген. Кітапта қазақ әдебиетін зерттеудің келелі мәселелері, атап айтқанда, қазақ кеңес әдебиеттану ғылымының міндеттері, дәстүр мен жаңашылдық, қазақтың революцияға дейінгі және кеңес дәуіріндегі ауыз әдебиетін зерттеу 18 ғасырдан 20 ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ әдебиетінің даму үрдісі мен бағыты сөз болады. Баяндамашылар да, жарыссөзге шыққандар да Ө-тің жазушылық шеберлігін, әдебиет туралы ой-пікірлерін мысалға келтіріп, үлгі тұтқан. Ал үлгі жазушы конференцияның жұмысын қорытындылай келіп әрбір қаламгердің эстетикалық ерекшелікті, ұлттық характерді, сөз стилін, ең алдымен, өмірді таныту ескеру қажеттігіне тоқталған. Жинақ 1961 ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрді. Көлемі 36 баспа табақ, таралымы 1800 дана.

**ӘДЕБИ МҰРАҒАТ,** жазушының мұрағаты. Бір заманда өмір сүріп, ой-ниет, мақсат-мүдделері бір алаш азаматтарының ішінде Ө-тің мұрағаты бүгінге толығырақ жетті. Дегенмен 30-жылдарға дейінгі жазғандарының қолжазбалары сақталмаған. Сол қолжазбаларымен бірге «Ел ағасы» пьесасы, 1927 ж. Қызылордада басылып шыққан «Әдебиет тарихының» 2-кітабы, «Жетісу қазақтарының фольклоры» деп аталатын үлкен монографиясы, А. Кронның «Мстислав Удалой» пьесасының аудармасы, Абылай туралы жазбалары, әр түрлі жоба-жоспарлары қоса жоғалды. 1928 ж. жазылған «Өз жайымнан мағлұмат» деп аталатын өмірбаяндық мақаласында мыналарды айтады: «22–23-жылдың қысында Ташкенде «Шолпан» журналын шығардық, сонда біраз әңгімелер бастырдым, 1924 жылы қыс елде тұрып, бір роман жазып едім, ол әлі баспадан шыққан жоқ... 1925 жылы Семейде «Таң» журналын шығардық, сонда бірнеше әңгімелерім басылды. Сол қыста «Қаракезді» жаздым, 26–27-жылы «Сұғанақ сұр» деген повесть жазып едім, баспаға шықпады» (папка № 382, 5-бет).

30-жылға дейін жазғанынан мұрағатын толықтаратыны – жанағы «Өз жайымнан мағлұмат», «Хан Кенә» пьесасының араб әрпіндегі алғашқы нұсқасы, оны өзінің орыс тіліне аударғандағы қолжазбалары, қырғыздың батырлық эпосы «Манасты» зерттеу мақсатымен Ыстықкөл, Бішкек маңайындағы ауылдарда болып, сонда естіген әңгімелер мен манасшылардың айтқан жыраларын жазып алғандағы шағын блокнот қана. 1932 ж. түрмеден босап шыққан Ө. шығармашылық жолдамамен Қазақстанның өңүстік өңірінде болды. Сонда Жуалы, Түлкібас аудандарының бірсыпыра шаруашылықтарымен таныса жүріп жазған қойын дәптерін бастап, одан бергі әрбір дүниелерінің түпнұсқалары түгелге жуық сақталған. Ондаған пьесалар, әңгімелер, очерктер, әдеби-сын, публицистикалық макалалар, ғылыми-зерттеу еңбектері, аудармалары, Абай туралы зерттеулері мен романға қатысты аса ауқымды деректері осы тұстарда қағазға түсті. Көптеген блокнот-дәптер, жекелеген қағаздардағы көркем шығармаларына, зерттеу еңбектеріне қозғау салған ой-толғаныстардан тұратын жазбалары да мұрағат құндылығын арттыра түседі. Ал еңбектерінің орыс тілінде жазылуы «Манас» эпосы туралы монографиялық зерттеулерінен бас-

талды. Сөйтіп жазушының әдеби мұрағат «Көксе-ректің» 2–3 беттік қолжазбасынан бастап, ең соңғы Қунцево ауруханасында қағазға түскен ой-толғаныстары аралығындағы қалың-қалың папкалар, бір беттік, жарты беттік жазбалары құрайды. Ө-ті өлемге танытқан дүниелердің барлығы осыларда жатыр. Қаламгердің бұл мұрағатында бөтен адамдардың еңбектері де бар; олар: өзі жетекшілік еткен студенттер мен аспиранттардың дипломдық, диссертациялық жұмыстары, әдебиет тарихы мен мәселелеріне қатысты ақыл-кеңес берген, өз қолымен жөндеп, түзеп, бағыт-бағдар нұсқаған еңбектер. Бұлардың ішінде Жүсіпбек Аймауытовтың өмірбаяндық мақаласы мен «Ақ білек» романы, І. Жансүгіров, С. Мұқанов, Ж. Сыздықов, С. Сәдуақасовтар берген алты сұраққа қайтарған жауабы, Б. Күлеевтің бір томдық қолжазбалары, С. Сәдуақасовтың «Сәрсенбек» романы бар. Бұлардан бөлек біраз жазбалары Мәскеудегі Шығыс институты мен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында, Ұлттық Ғылым академиясының кітапханасында тұр. Ғылыми-мәдени орталықтағы архиві 700-дей папкаға жинақталған. Одан тыс есепке алынбағандары да бар. Енді осы папкалардағы дүниелер былай жүйеленген: 1-ден 37-папкаға дейінгісі «Абай жолы» эпопеясының қолжазбалары мен машинкада басылғандары, түрлі нұсқалары, қосымшалары, ел аузынан жинаған деректері, өзгелердің және өзінің орыс тіліне аудармалары, аудармашыларға идиомалық, фразалық сөз тіркестерін теріп алып, түсіндірулері, толып жатқан жоба-жоспарлары болса, осыған жалғас отыздан астам папкалардан әңгіме-повестері мен очерктері орын алады. Бұлардан кейінгі папкаларда драмалық шығармалары мен ғылыми-зерттеу еңбектері, сын мен публицистикалық мақалалары, көптеген ғылыми еңбектер мен дипломдық, диссертациялық жұмыстарға жазған пікірлері, жолжазбалары, хаттары сияқты болып жалғасып кете барады. Хаттарда өзінің жазғандары және өзгелердің оған жазғандары жатады. Бұлардың қатарында «Сақталып қалған» дейтін біралуан материалдар бар, олар: жазушыға жіберілген ғылыми, көркем еңбектер, тарихи деректер, дипломдық, кандидаттық, докторлық жұмыстар, ауыз әдебиетінің белгілі өкілдері мен фольклорлық туындылардың нұсқалары. Осылардың ішінде Шәкәрімнің «Қалқаман – Мамыр» (сөз басы), «Еңлік – Кебек» дастанының алдыңғы бөлімі, оның Әріпке жазғаны, Әріптің Байкөкшеге жазғаны, Мағауияның «Хисса Жүсіп Кавказдағы», «Медғат – Қасым», «Еңлік – Кебек», «Манастың» Қырғызстанда жинақталған көп томдық жазбалары, Күдеріқожа мен Ұлбиженің айтысы, Мырзаби оқиғасы тағы басқалар. Бірлі-жарым болмаса, мұрағатында 30-жылдарға дейінгі шығармаларының қолжазбалары немесе машинкада басылған сияқты нұсқалары жоқ. Өйткені 1930 ж. өзін ұстағанда, бүкіл қолжазбалары мен кітаптарын қоса әкеткен. Әуезов қолынан шыққан еңбектердің жай-жағдайына көз жүгіртсек, мынадай нәрселер байқалады: 30-жылдардағы шығармаларының түпнұсқалары негізінен қолмен латын, араб әріптерінде жазылып, машинкада басылғандары сирек болса, 50-жылдарға келгенде бұл машықтың өзгергендігі көрінеді. Бұрынғы шығармалары көп жағдайда қалың-қалың дөп-

терлерге жазылған, ал жай қағаздағылары ұқыпты түптелген. Бұл әдіс «Абай жолының» алғашқы кітаптарында да сақталған. Кейінгі жылдары көрген-білгенін, оқыған, ізденген кездерде туындаған ойларын, кейбір жоба-жоспарлары мен жолжазбаларын қағазға түсіргені болмаса, қалғандарының барлығы машинкада басылған. Жалпы Ө. қолынан туындаған туындылар түгел дерлік осы мұрағаттан табылады. Көпшілігінің бірнеше нұсқалары бар, бұл әсіресе зерттеушілер үшін қажет. Шығармашылық лабораториясы осыларды салыстырулардан, тексерулерден шығады, сөйтіп жазушы бітімі тұлғалана түседі, бұлар әлі де жазушыны биіктеге, ірілендіре береді. Тұтас мұрағаттағы дүниелер – жазушы болмысын, бүкіл жаратылыс-бітімін бойына жинаған баға жетпес ескерткіш.

Т. Әкім

**ӘДЕБИ МҰРАСЫ.** Жазушы, драматург, ғалым, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері ретінде Ө-тің ө. м. аса мол әр жан-жақты. Бұрын жазылып, кейін қайта айналып соғуға мүмкіндігі болмаған кейбір көркем шығармалары, ғылыми еңбектері мен мақалаларының жобалары, хаттары, жолжазбалары, ғылыми диссертациялық еңбектерге жазған пікірлері де Ө. м-ға жатады. Алғашқы туындысы – «Қазақтың өзгеше мінездерінен» бастап, бітпей қалған соңғы «Өскен өркен» романы, «Америка әсерлері» атты сапарнамасы мен «Есте болар сөздер» деген атпен жазып жүрген әр алуан ойлар, толғаныстар, бейнелі сөздер жиынтығынан тұратын жазбалары сияқты мұралары көпке мәлім. Мұралық құнын арттыра түсетін «Еңлік – Кебек», «Қарагөз», «Хан Кене» пьесаларының 2–3 нұсқалары болса, одан кейінгі туындыларының көпшілігінде бұл жағдай жиі кездеседі. 30-жылдарға дейінгі жазғандарының қолжазбалары бізге жетпегендіктен, олардың ерекшеліктері туралы айту қиын. Одан бергі «Түнгі сарын», «Тартыс», «Абай» (трагедия), «Абай жолы», «Алуа», «Әйел жолы», «Түркістан солай туған», «Дос – бедел дос», «Өскен өркеннің» нұсқалары да мұра ретінде саналады.

Тақырыбы, көтерген мәселесі бір болғанмен, әр түрлі бағыт пен мақсатта көркемдік шешімін тапқандары мұралық қасиетін биіктеге, түрлендіре түседі. Абай туралы жазған пьесаларының өзі салаланып жатыр: «Абай» – трагедия, «Абай» – кино-сценарий, «Абай» – либретто, «Абай» – әдеби сценарий. Бұлардың аты бірдей де, мазмұн-мәні, түрқұрылысы бөлек-бөлек. «Абай жолының» алғаш жарық көрген кезінен бастап, соңғы басылымына дейін бірнеше нұсқалары қалыптанды. Қазіргі оқырманға белгілі 4 кітабынан басқа «Ақындар ағасы», «Ақын аға» және жеке бастыруға болатын алғашқы қолжазбалық нұсқалары бар. Бұларға ақын туралы ел аузынан жинаған естелік, деректер де енеді.

Ұлы суреткер жинаған деректерге қатысты жазбаларының ішінде өзінің бітім-болмысын танытарлық толғаныстары бар. 1943 ж. ел-жерді көз алдынан тағы бір өткізіп, көңіл-көкейіне тоқып, жаңа, тың өңгімелер есту үшін Абай ауданына барады. Сонда көрген, естіп-білгендері туралы былай деп жазыпты: «Сағынып кел, тағы да баяғы сабаққа бара жатқан күндердегі әрбір түп шилерге, әрбір асық ойнаған тауларға енді қайта айналып сендерді көрем бе, жоқ па» деген қимас көңілмен қоштасып, үлкен көңілмен кетіп барам. Ағам (әкем). жеңемем (шешем), кәрі апам (үлкен шешем), қадірлі ағам Қаске (Қасымбек), жаны жылы, жақсы жеңгем Қалия, апам Күлсім, інім Сабидал – бәрің-



нің де қабірінді көріп өттім. Бірде-біріннен титтей де реніш шеккен шағым жоқ екен. Ойласам: мен өзімді соншама жақсы көрген, соншалық сүйген мендей жаман баладан көрген-көп үміт еткен жақсы жандар ортасында туып өскен екем. Соңғы күндер Қаске түсіме енді: өппақ киімі бар, бірақ ренішті халде көрінді. Жан ағам жаңылмаспын: «Жақсы бол, ұл бол, ел сүйетін азамат бол. Құр бос күн көргіш пысықай бірдеме болам десең, ата-анаңның үмітін жер еткенің» деген сөзіңнен. Ендігі қалған тірлікте қарызым да сол, іздер, барар мұратым да сол ғана» («Жидебайға барғанда», №29-папка, 90–91-беттер). Осы секілді көптеген жазбалары әдеби нұсқа болуға жарайды.

«Абай» трагедиясына қатысты ізденістері эпopeяның жазу барысындағы ізденістерінен мүлде бөлек. Трагедиясында романдағыдай нақты өмірлік деректерден гөрі, ойға шақыратын арғы-бергі дүниелерге көбірек назар аударатындығы байқалады. Олардан Абай ойына, айналасындағыларға үйлесетін, түйін түйіндеуге жарайтын ойлар көзтесің, қағазға түртіп алып отырған. Ондайларды: «1. Инемен құдық қазу кей көкіректен қаскөйлікті куудан оңайырақ-ау. 4. Атімің жау іздеп қайтесің, жау өзіңнің ішінде (надандығында, ісінде). 6. Жүз оқ атып желге кетіргенше, бір оқ атып жебе бұз. 7. Отты тіл жағады (Оразбай, Әзімбай туралы. – Абай). 12. Қапқан иттен өш алам деп, мен де қапсам, аузымда не қасиет қалады. 17. Жолға қарсы болса, су да ішеп, пәтуа соны тілесе, қан да төк. 19. Қанды ауыз қорқау үзіп жейтін жолбарыс барын ойлай ма?» (№-28-папка) тәрізді бейнелі сөз бен ойларды батыс пен шығыстың ойшылдарынан, қазақтың өз шешендік сөздері мен мақал-мәтелдерінен іздеді. Бұлар да мұралық қалпымен, өзіндік ерекшелігімен көңіл аударарды.

Т. Әкім.

**ӘДЕБИ ОРТАСЫ.** 1. Ә-тің әдеби-шығармашылық қарым-қатынасының аясы үлкен. Оны іштей өзара сабақтас екі түрлі дәрежеде пайымдау дұрыс: а) ұлт ішіндегі әдеби-шығармашылық; ә) ұлтаралық дәрежедегі әдеби-шығармашылық қарым-қатынастар. Жазушының әдеби ортасы осы екі арна, екі желі болып тартылған өзара сабақтас әдеби байланыстар нәтижесінде қалыптасқан. Ә-тің қазақ әдебиеті өкілдерімен әдеби-шығармашылық қарым-қатынастары оның әдеби ортасының ұлттық дәрежедегі аясын белгілейді. Бұл аяның өзі үш сатылы: а) жазушының өзінің алдындағы буын өкілдерімен әдеби қарым-қатынастары; ә) жазушының өзімен қатар, қанаттас қаламгерлермен әдеби қарым-қатынастары; б) жазушының өзінен кейінгі буын өкілдерімен әдеби қарым-қатынастары. Ә. қазақ әдебиетінің өз тұсындағы алдыңғы буынының ірі өкілдерінің көпшілігімен тығыз қарым-қатынаста болды. А. Байтұрсын, М. Дулатов, Ж. Аймауытов бастаған әдеби-шығармашылық топпен қарым-қатынас Ә-тің көркемдік-эстетикалық ізденістерін ұлттық, халықтық мазмұнмен байытты, оның шығармашылық нысана-тұрғысының қалыптасуына зор ықпалын тигізді. Жамбыл Жабаев секілді халық поэзиясының алыбымен жақын қарым-қатынаста болу, оның ақындық шеберлігі, айтыстағы асқан өнері туралы, халық поэзиясының даму мәселелерін жайында әр жылдарда ой толғап, зерделі зерттеу жүргізу нәтижесінде Әуезов өзінің әдеби ортасын тың сала, жаңа сапамен байытты. Жазушының өзі тұстас, өзімен замандас, қанаттас қаламгерлермен қарым-қатынасы оның әдеби ор-

тасынан аса үлкен орын алады. Бұл орайда С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Жұмабаев секілді суреткерлермен тікелей немесе шығармашылық еңбек арқылы байланыста болудың маңызы зор болды. Ә-тің әдеби ортасының басты сипатын, мазмұнын оның *Ф. Мүсірепов, Ф. Мұстафин, С. Мұқанов, Ә. Тәжібаев* сынды қаламгерлермен әдеби-шығармашылық қарым-қатынастары одан әрі аша түседі. Ә. аталған қаламгерлердің шығармалары, шығармашылық ізденістері мен жетістіктері туралы ой-пікірлерін білдіріп, терең пайымдаулар, маңызды талдаулар жасап отырған. Олар да Ә-тің шығармашылық нысана-тұрғысы, суреткерлік болмыс-бітімі, талпыныстары мен табыстары жайында өз пікірлерін білдіріп, тиісті ұсыныстары мен бағаларын батыл айтқан. Осы аталған қаламгерлердің шығармашылығы мен әдеби-шығармашылық қарым-қатынастары олардың әдеби ортасын ғана емес, олардың тұсындағы әдеби процесс бағдарын айқындаған маңызды да күрделі мәдени-әлеуметтік құбылыстар қатарына жатады. Жазушының әдеби ортасының ендігі бір басты құрамдас бөлігі – оның өзінен кейінгі әдеби буын өкілдерімен қарым-қатынастары. Бұл жолда сыншылық жоқ та, сыршылдық мол. Ә. тарапынан әдебиеттің жас буын, жаңа толқынына деген қамқорлық, ұстаздық өсиет, ғұбрат айтылса, жастар тарапынан Ә-ке деген құрмет сезімі ерекше жарқырап, көрініс тапты. Бұл буынның сол тұстағы басты өкілдері Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, Ә. Әлімжанов, З. Қабдолов, жас талаптары Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаев еді.

Ұстаздық әдеби қарым-қатынас деңгейінде Әуезов өз заманының ірі таланттарының бәрімен тығыз байланыста болды. Украин Павло Тычина, Александр Корнейчук, О. Гончар, белорус Я. Купала, Я. Колас, латыш А. Упит, В. Лацис, эстон А. Якобсон, армян А. Акопян, әзірбайжан С. Вургун, өзбек С. Айни, тәжік М. Тұрсын-заде, түрікмен Б. Кербабаев, қырғыз А. Тоқамбаев, Түгелбай Сыдықбеков, Шыңғыс Айтматов, авар Расул Гамзатов, қалмақ Д. Кугультинов, орыс А. Фадеев, Н. Тихонов, Л. Соболев, Вс. Иванов, М. Шолохов, Н. Гогодин, алыс шетел қаламгерлері Л. Арагон, А. Зегерс т. б.

Ә-тің тығыз әдеби қарым-қатынаста болған қаламдастары. Ә. шығармашылығы туралы олардың пікірлерінің маңызы да зор. Ол бұлармен әдеби жиындарда баса қосып, әдебиет мәселелерін талдап-талқылап қана қоймай, олардың жеке шығармашылығы жайында да ой қозғап, зерттеу жүргізген. Бұл зерттеу нәтижелерін жазушы өзінің жоғары оқу орындарының студенттеріне оқыған лекцияларында пайдаланған. Ә-тің әдеби ортасын кеңейткен әдеби қарым-қатынастардың ішінде аудармашылық қызметтің алатын орны да үлкен. А. Никольская, Л. Соболев, Н. Анов, З. Кедрина, З. Шашкин, Т. Нұртазин, А. Пангилев М. Әуезовтің шығармаларын аудару процесінде жазушының өзімен ақылдасып, кеңесіп отырып, аудармада шығарманың ұлттық сипатын, жазушының шығармашылық даралығы мен стилін ойдағыдай сақтауға ғана емес, сонымен қатар олардың ортақ шығармашылық еңбегі еді. Ә-тің әдеби ортасына тән басты ерекшелік осындай шығармашылық тұтастық пен бірлік арқылы анықталады.

Ж. Дәдебаев.

**ӘДЕБИ СЫЙЛЫҚТАР.** Ө. с-дың түрлері көп. Әдебиет саласында Ө. «Абай» романы үшін 1949 ж. КСРО-ның I-дәрежелі Сталиндік сыйлығын, 1959 ж. «Абай жолы» эпопеясы үшін Лениндік сыйлық алды. Ұлы жазушы бұрынғы Одақ кезінде бірнеше жыл Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар беру комитетінің мүшесі болды. Ол бұл кезде М. Жәлил, Ш. Айтматов, Р. Ғамзатовтардың Лениндік сыйлық алуына көп жәрдемің тигізді. Қазақстан Жазушылар одағы М. Өуезов атындағы әдеби сыйлық белгілеген.

**ӘДЕБИ ТІЛ,** жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары сараланған, қоғамдық қызметі әр түрлі қатынас құралы. Ол – сөз шеберлерінің өңдеуінен өткен халық тілі; ауызекі сөйлеу тіліне қарама-қарсы құбылыс, жазу тілі, кітаби тіл; белгілі бір халыққа жаппай ұғымды, түсінікті тіл. Ө. т-дің осындай сипаттамалары бар. Ө. «Тіл және әдебиет мәселесі» атты мақаласында осы әдеби тіл мәселесіне кеңінен тоқталған.

*Н. Ақбай.*

**«ӘДЕБИЕТ ЕСКІЛІГІН ЖИНАУШЫЛАРҒА»,** жазушының мақаласы. «Қазақ тілі» газетінде жарияланған (1925 ж. 23 сәуір). Соңында «Семей техникумы» деп қол қойылған. Мақаланың авторы Өуезов екендігін белгілі ғалым Қ. Мұқаметханов архив деректерімен дәлелдеп, оны «Қазақ әдебиеті» газетінің 1971 ж. 15 қаңтардағы санында қайта бастырды. Мұнда келтірілген дәлелдердің нанымдылығы, мақаланың тілі, ой оралымдары оны Ө-тің жазғандығына күман келтірмейді. Ө. 1924–25 ж. Ленинград университетіндегі оқуын үзіп, Семейдегі педтехникумда т. б. оқу орындарында ұстаздық еткен. Сол жылдары «Таң» журналының шығарысып, онда өзінің көркем туындыларымен қоса ел арасынан жинаған ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихына қатысты шығармаларды жариялап отырған. Екіншіден, Мұқаметхановтың көрсеткеніндей, Өуезов Семей губерниялық оқу бөлімінің жанындағы ғылыми-әдістемелік кеңестің мүшесі ретінде 1925 ж. 15 сәуір күнгі мәжілісінде (№ 21-хаттама) жазғы демалыс айларында қазақ ауыз әдебиетін, тарихи деректерді жинау мәселесі туралы баяндама жасап, жинаушылар үшін нұсқаудың үлгісін бекіттірген. Үшіншіден, Мұқаметхановтың дәлелдеріне қосымша, бұл мақаладағы негізгі ой-пікірлер Ө-тің осы жылдары жазылып, 1927 ж. жарыққа шыққан «Әдебиет тарихы» кітабының «Жазушыдан» деп аталатын арнау сөзімен тікелей үйлесім жатса, мақаладағы Қодар бейнесіне берілген міндеттеме мен жырдан келтірілген мысал-үзінді кітаптаңың «Қозы Көрпеш – Баянның мәнісі» атты тарауында сол күйінде өзгеріссіз дерлік қайталанып келеді. Мақалада автор қазақ әдебиетінің шашылып жатқан деректерін жинау – барша жұртшылықтың міндеті екенін ескертіп, оның қажеттілік маңызын таратып түсіндіреді. Бірінші керегі, «қазақ оқушысына ой, сезім азығын беру болса, одан кейінгі зор пайдасы... көрі қазақтың бұл күнге шейін көмескі болып келген ақыл, сезім жолындағы бітімін айқын көрсетеді». Өткен күннің ұғымы мен наным, әдеті мен салты анықталып екшелмесе, алдыңғыға, келешекке бет түзелмейді. Ирегі мен бұралаңы көбейеді деп санайды. Ескілікті тірілудің үшінші керегі: ұл мектебінің өз пішінін сақтап қалыптануы қажет деген пікірді дәлелдейді.

Әдебиет жайынан жазып алатындарға арнап 11 түрлі, тарих жайынан жазып алатындарға – 5 түрлі нұсқау-ескертепте түзген. Олар ғылыми тұрғыдан өте айқын, мәнді. Айталық, «Бұндай өлеңдердің барлық кездескен түрлерін түгел жинау керек. Кім шығарды, қай заманда, кімге арналғаны жазылуы керек... Жинаушыларға қойылатын шарт: барлық сөз айтушының дәл өз аузынан шыққан қалпында ғана жазылуы керек» деп ескертеді. Автор осы жазда Семей техникумынан 100 шәкіртті арнайы дайындап шығаратынын айтып, осындай игілікті істі жүзеге асыруға Қарқаралыдағы қазақ техникумын да шақырған. Оларға бұл жұмыста Семей техникумымен айрықша қатынас жасау керектігін өтінген.

*К. Сыздықов.*

**«ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ КИНО»** («Литература и кино»), жазушының мақаласы. 1944 ж. «Казахстанская правда» газетінің 5 наурыздағы санында жарияланған. Кейін Өуезовтің шығармалар жинақтарына, басқа да басылымдарға енгенен. Мақаланың қолжазбасы жазушының өз архивінде сақтаулы. Ө. қазақ кино өнерінің туып, қалыптасу кезеңінің басы-қасында жүріп, оған мол үлес қосқан. «Райхан» (1940), «Абай әні» (1945), «Әйел жолы» киносценарийлерін жазып, киностудия көркемдік кеңесінің тұрақты мүшесі болды. 1944 ж. бұрынғы қазақ кинохроника студиясы (1936) мен көркем фильм студиясы (1941) біріктіріліп, Алматы көркем фильм және хроникалы-документті фильм студиясы болып қайта құрылған еді. Осы тұста жазушы аталмыш мақаласын жариялап, әдебиет пен кино өнерінің байланысы, ішкі үйлесім, ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері және қазақтың жас кино өнерінің алдағы міндеттері туралы ой-пікір білдіреді. Ө. жалпы кино өнерінің туып-қалыптасуына әдебиеттің тигізер әсер-ықпалы жан-жақты ашып, өте жоғары бағалайды. Қайсы елдің болсын кино өнері өзінің туып, өсіп-даму кезеңдерінде халық шығармашылығымен, әдебиетімен тығыз байланыста болғандығын, соның нәтижесінде айтарлықтай жетістіктерге, мол табысқа жетіп отырғанын нақты мысалдар арқылы дәлелдейді. Ленин, Киров, Чапаев, сондай-ақ тарихи тұлғалар: Александр Невский, Суворов, Сухэ-Батор туралы жасалған үздік фильмдерді үлгі ретінде атайды. Ал кино өнері де өсіп-даму барысында, өз кезегінде өнердің басқа түрлеріне, әдебиетке де игі ықпалын тигізіп, мол мүмкіндіктер жасай алатынын, жасампаз қоғамның бүгінгі тыныс-тіршілігін кеңінен қамтып, тарихи дәуірлерді де тереңінен тартып суреттеуде жетекшілік қызмет атқаратынын айтады. Сондықтан жазушыларымыздың кино өнеріне белсене араласуы қажет екендігін, қазақ жазушыларының жас кино өнерінің қалыптасып, даму жолына тікелей жауапкер болатынын баса ескертіп, үлкен міндеттер жүктейді. Қазақ халқының бүгінгі өміріндегі үлкен өзгерістер, жедел қарқынды өсіп-дамулардың адам санасында, ішкі жан дүниесінде сәулеленуі арқылы кино тілінде суреттелуі қажет. Сондай-ақ халқымыздың басынан өткен бай тарихы мен шығармашылық тұлғалары: Абай, Шоқан, Біржан, Құрманғазы, Жамбыл; батырлары: Абылай, Сырым, Исатай, Кенесары, Амангелді; эпостық жыр-аңыздардағы: Баян, Қыз Жібек, Қаншайым, Қорқыт, Асан Қайғы, Алдар Көселер туралы да шынайы көркем фильмдер қою арқылы қазақ кино өнерін өркендетіп, өсіруіміз керек деген толғақты ой-пікірлерін ортаға салады. 2002 ж. бастап жыл сайын, жас

**ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ**, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, ғылыми-зерттеу мекемесі, қазақ фольклортану, әдебиеттану және өнертану ғылымдарының орталығы. 1933 ж. ашылған. 1961 ж. Әдебиет және өнер институты болып құрылып, сол жылы маусымда Ә. есімі берілді. 1963 ж. институт құрамында ғылыми бөлім ретінде Ө-тің әдеби-мемориалдық мұражайы ашылды. 1996 жылдан бастап бұл мұражай «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығына айналды. Әр жылдары институт директоры болып М. Базарбаев, Ө. Шәріпов, З. Ахметов, Ш. Елеуенов, Ш. Ыбыраев істеді. Институттың қалыптасуына Ө. үлкен үлес қосты. Ол 1943 ж. қаңтар айынан институттың әдебиет секторының аға ғылыми қызметкері, 1946 жылдан – қазақ әдебиеті тарихы секторының, 1957 ж. халық ауыз әдебиеті бөлімінің меңгерушісі болды. 1946 ж. Ғылым академиясы құрылған кезде академияның тұңғыш толық мүшелігіне сайланды. Институтта жұмыс істеген жылдары Ө. ауыз әдебиеті, әдебиет тарихы бойынша, Абай шығармашылығы туралы көп еңбек етіп, іргелі зерттеулер жазды. Абайдың 100 жылдық мерекесіне орай, Абай мұрасын зерттеу бөлімі ашылып, жетекшілік етті, сонда М. Сильченко, Б. Жақыпбаев, Ф. Сағди, С. Мұқанов т. б. қызмет етті. «Қазақ әдебиеті тарихының» (1948, 1960) 1-томының әрі авторы, әрі бас редакторы болды. 1959 ж. «Әр жылдар ойлары», 1962 ж. «Уақыт және әдебиет» деген ғылыми жинақтары жарық көрді. Абайтану ғылымының негізін қалап, 30 жылдан астам уақытын ұлы ақын өмірін, әдеби мұрасын зерттеу, жинақтау, бастыру ісіне арнады. Абай шығармаларының 1933, 1939, 1940, 1945, 1949 ж. толық жинақтары Ө. редакциясымен жарық көрді. «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты көлемді монографиясы 1967 ж. басылып шықты.

Институтта 1991 ж. Абайтану бөлімі қайта ашылып, оның құрамындағы шығармашылық топ (З. Ахметов, С. Қирабаев, Қ. Мұқаметханов, М. Мырзахметов, Ж. Ысмағұлов) Абайдың шығармашылық мұрасын басып шығарғаны және ол туралы ғылыми-зерттеу еңбектері үшін республикалық Мемлекеттік сыйлығын алды (1996). Институт ғалымдары Ө. мұрасын 1967–69 ж. М. Базарбаевтың басшылығымен 12 том, 1979–85 ж. 20 том етіп жариялады. 1997 ж. 50 томдық толық жинағын шығару қолға алынды. Ө-тің шығармашылығы туралы З. Ахметов, Р. Бердібай, М. Мырзахметұлы, Б. Құндақбайұлы, Т. Жұртбай, Т. Әкімов т. б. еңбектері жарық көріп, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Институттың қатысуымен Ө-тің 80 жылдығына арналған салтанатты жиналыстар мен ғылыми-теориялық конференциялардың материалдары «Мұхтар Әуезов – совет әдебиетінің классигі» (1980), 90 жылдығына байланысты мерекелік шаралар мен ғылыми конференциялар материалдары «Мұхтар Әуезов және қазіргі заманғы әдебиет» (1989) жинақтары жарық көрді. Ұлы суреткердің ЮНЕСКО көлемінде атаулы өткен 100 жылдық мерейтойына арналған мерекелік сессиясы мен халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылып, олардың материалдары жеке жинақ болып шықты. Институт ғалымдарының

рының «Мұхтар мұрасы. Наследие Мухтара» атты ғылыми зерттеулер мен мақалалар жинағы екі тілде жарық көрді (1997). 2002 жылдан бастап «Әуезов оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп келеді.

С. Қорабай

**ӘДЕБИЕТ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕГІ.** Ө. шығармашылық өмірінің алғашқы кезеңінен бастап көркем шығармалар жазумен қатар, әдеби сын, зерттеу еңбектер тудырған. Оның ең алғаш баспа бетінде жарияланған еңбектері әдеби-публицистикалық сын мақалалар еді. Жазушы 1928 ж. «Өз жайымнан мағлұмат» атты өмірбаянында: «Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, жалпы газет, журнал мақалаларынан басталды» деп жазған еді. Ө. қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқылардың бірі болып, әдебиет тарихына байланысты зерттеу мақалалар, оқулық еңбектер жазып, тыңнан жол салды, мол ғылыми мұра қалдырды. 1918 ж. «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» атты мақалалардан бастап, 20-жылдары «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі», «Қызыл сұңқарлар» (1922–23), «Алтынсарыұлы Ыбырай» (1923), «Халық әдебиеті туралы» (1924), «Қорбыланды батыр» (1925), «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» (1926), т. б. мақалалар мен «Әдебиет тарихы» (1927) атты көлемді зерттеу кітабын жариялады. Жазушы осы кезеңнен бастап өмірінің соңына дейін қазақ ауыз әдебиеті мен жазбаша әдебиетінің тарихы, оның басты өкілдері мен негізгі туындылары туралы зерттеу еңбектер жазған. Ө. әуел бастан әдебиет тарихын халықтың жалпы азаматтық тарихымен тығыз біріктіре қарастыру қажет деп білді. Ол қазақ фольклористикасында ауызша әдебиеттің түрлерін: «1) сыршылдық салт өлеңдері; 2) әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел поэмалары, тарихи өлеңдер; 3) айтыс-тақпақ; 4) ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ» деп топтастырады. Ғалым кейінірек осы өзекті мәселеге қайта оралып, өз үлгісін дамытып, жетілдіре түсті. Олардың кейбіреулерін кең таратып, алмастырып, басқаша атағанымен, сол алғашқы топтастырудың негізі сақталып, іргетас болып қаланды. 30-жылдардың соңында Ө. Л. Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеуі кейін өзінің тікелей жетекшілігімен, 1948 және 1960 ж. шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» (1-т., 1-кітап) академиялық басылымында мейлінше толықтырылып, жетілдіріліп жарияланды. «Әдебиет тарихы» зерттеу еңбегінің 1-бөлімінде автор сыршылдық салт өлеңдерін: «жалпақ елдің салтымен байланысқан ел өлеңдері, дін салты мен ұғымынан туатын өлеңдер, қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдер» деп үш түрге бөліп қарастырды. Олардың әрқайсысының туып, таралуын халықтың күнделікті тұрмыстық, әдет-ғұрып салтымен тікелей сабақтастырып айқындады. Салт өлеңдерінің кейбірін басқа ел әдебиеттерінде кездесетін үлгілермен де салыстыра отырып қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік өзгешелік-ерекшеліктерін ашып көрсетті. Ал естірту, көңіл айту өлеңдерінің де тікелей тұрмыс тауқыметі мен соның қажетінен туғандығын, «қайғы үстіндегі сүйеу сөз, көңіл айтып жұбатқан сөз болатынын», яғни егер естіртуде көбіне туспал, жұмбақпен ауыр хабарға алдын ала

дайындап алса, көңіл айтуда «ауыр хабар алғашқы рет естілетін жерде құр ғана қайғының бірін айтып, жараның аузын ашып қоймай, қазақтағы бауырмалдық, туысқандық, жанкүйерлік жолмен соның емі сияқты жұбату да айтылады» деді. Дінмен байланысты өлеңдердің ішінде басқа халықтардың ауыз әдебиетінде көп кездесе қоймайтын қазақ арасындағы ескі діннің сарқыты саналатын «бақсы сарының» ерекшеліктері жайлы да жазушының ой-пікірі көңіл аударарлықтай.

Ә. Батырлар жырын мағыналық, көркемдік ерекшеліктерімен қатар тарихи тұрғыдан да тексеріп тану қажет деп санайды. «Батырлар әңгімесінің басы ескі түркі бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады... Қазақтағы батырлар әңгімелерін басынан аяғына дейін анықтап, тексеріп қарағанда, бізге тіпті анық қылып тарих бетін ашып береді демесек те, сол ескі тарих көлемінде болған ірі мезгілдердің барлығының да ұлы суретін нобайымен, түспалмен көрсеткендей болады» деп, оларды талдау барысында әрбір жырдың тарихи негізін, ел тарихымен жанасатын тұстарын айырып айқындап, өзіндік таным-болжамын білдіріп отырады («Әдебиет тарихы», 64-бет).

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» көркем, іңкәр ғаықтық жыры болумен қатар көшпелі қазақ елінің өзгеден бөлек тұрмыс-тіршілігінен, салт, кәсібінен көп мағлұмат беретін, «қалың қазақ жайлаған жібектей шалғыны, көлеңкелі ағашы, қоңыр желі, малға шүйгін ақ көдесі бар Сарыарқаның жыры, барлық қазақ елінің ішкі, сыртқы өмірінің күйі, даласы мен кәсібі, салтының жыры» деп жазады. «Қозы Көрпеш – Баянның» мәнісі» атты талдауында жазушы жыр кейіпкерлерінің әрқайсысы бір-біріне де, басқаларға да мүлде ұқсайтын өте шебер жасалған өзіндік типтік бейнелердің әсем тізбегі сияқты. Жырдағы, бір жағынан, өте нәзік, сулу сезімді махаббат иелері мен, екінші жағынан, қара күш пен дүниеқор пақырлардың тарғысын «қасын түйген қара булт пен жүйрік, өткір найзағайды алыстырғандай болады» деп дәл сипаттайды. Ғалым «Қыз Жібек» жырын да осылайша, өзіндік әсем ерекшеліктерін түптен тартып, жан-жақты да терең талдай келе, оны «ел әдебиетінің ішінде жазбаның романы сияқты көрінеді» деп өте жоғары бағалайды. Бұл екі жыр туралы жазушы 1939, 1948, 1960 ж. қайта толықтырып, жаңадан өңдеп жазған болатын. Автор нұқтаға бас иіп, орысқа бағынуға қарсы халық наразылығынан туған қозғалыс, көтерілістер туралы жырлардың «өзірге қолда бары» деп, «Кенесары – Наурызбай», «Исатай – Махамбет», «Бекет батыр» жырларын талдап қарастырады. Олардың жеке-жеке өзіндік ерекшелік қасиеттерін ашып, анықтай отырып, жалпы осы тарихи жырларға тән, ауыз әдебиетінің басқа түрлерінен, батырлар жырынан айырым өзгешеліктерін де саралап айқындайды. Тарихи жырларда өзге өлең-жырлардай түспалмен асыра, айдарлай суреттеуге бой ұра қоймайды, өйткені күні кеше ғана өткен «барлық оқиғалардың бетінде тарих басып өткен жер сорғалаған қан, сойқақтаған із болып ашық жатыр». Сондықтан оларда ақын қиялы қаншалық шарықтаймын дегенімен «өмір кісенімен тұсалып», бұрынғы өлеңдердегі жасырынып сүйетін тұманды сарын

сейіліп, әдебиетте жаңа бағыт туғызып, өмірге жанасу басымдау бола берген.

Айтқыс өлеңдерінің «қазақ ескілігінде өте жанды, өте қызулы, бағалы сөз болғандығын, ... айтқыс сөздерінің молдығы мен көп жайылғандығына қарасақ, қазақ елі ақындық теңізі сияқты көрінеді» деп, оны басқа халықтардың әдебиетіндегі кейбір анда-санда кездесетін өлең жарысына ұқсаған шашыранды өлеңдерге қарағанда, айтқыс «қазақ әдебиетінің өзіне ғана меншікті саналады» деген түйінді пікірін білдіреді (М. Өуезов. Әдебиет тарихы. А., 1991, 172–173-беттер). Кейінгі зерттеулерінде автор айтқыс өлеңдерін: әдет-салт айтқысы және ақындар айтқысы деп үлкен екі топқа бөліп, ақындар айтқысын сыртқы түр ерекшеліктеріне қарай: түре айтқы және сұра айтқы деп, түре айтқысы – қайым өлең, қара өлең деп топтап жіктейді. 1946 ж. «Жамбылдың айтқыстағы өнері» атты ғылыми баяндамасында Ә. айтқыс ақындарына тән өзгеше ерекшеліктерді айқындап, саралай келіп, ол ақындарға халық «суырпалма ақын» деген атақ беретінін, олардың «қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, отты, өткір өнер иесі» болатынын; «шабыты келген ақпа ақын бабындағы аш қыранға меңдес, тұрғыдан томағасын тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт етіп бұққан түлкі түгін ілезде шалып қалғандай. Айтқыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескіні көргіш, булдырды білгіш болмақ шарт» деп айқындайды (Әр жылдар ойлары. А., 1959, 360-бет). 1922 ж. жазған «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты тарихи-әдеби сын еңбегінде әдебиеттің өткен дәуірлеріне қысқаша шолу жасап, жазба әдебиеттің басын, басталу кезеңін «көшпелі дәуір әдебиеті» деп атаған еді. Кейінгі «Әдебиет тарихы» атты кітапта жазушы осы ой-танымын ары қарай кеңейтіп, дамытып, «көшпелі дәуір» деген жалпы атауды нақтылай түсіп, ол кезеңдегі әдебиетті «Зар заман ақындары» деп атайды. Бұл атауды автор Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңнің аты болса да, «Шортанбайдың өлеңі ілгері соңғы ірі ақындардың барлық күйі, сарынын бір араға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман ақындары» деген ат қойдық» деп түсіндіреді (Әдебиет тарихы. А., 1991, 192-бет).

Жазушы өзінің бала кезінен Абай өлеңдерін жаттап өсіп, одан рухани нәр алып, сүйегіне сіңіріп, өсіп жетілгенін үнемі айтып, жазып келген. Семей семинариясында оқып жүрген кезінде 1918 ж. Ж. Аймауытовпен бірге «Абай» атты журнал шығарысып, «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» атты мақалалар жарияланған. 1922–23 ж. «Шолпан» журналында бастырған «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты тарихи-әдеби сын мақаласында Абай шығармашылығына кеңінен тоқталып, қазақ әдебиетінің тарихын Абайға дейінгі және Абай дәуірі деп жіктейді. Осы еңбектерден бастап Абай тақырыбына арнап үзбей көркем туындылар мен ғылыми-зерттеулер жазды. Ө. ерте бастан Абай туындыларын жинап, оның толық шығармалар жинағын 1933, 1939–40, 1945, 1957 ж. құрастырып, толықтырып жариялады. Оның ішінде ақын еңбектерінің жартысына жуығын өзі іздестіріп-тауып енгізді. Орыс, өзбек, қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ т. б. көптеген тілдерге аудартып, бірнеше дүркін басылып шығуына тікелей ат са-

лысып, басшылық жасады. Абайдың ғылыми өмірбаянын тынбай зерттеп, 4 рет толықтырып жазып шықты. Жеке тақырыптарға жазған мақала, зерттеулерінен, абайтану курсынан оқыған дәрістері мен баяндамаларынан басқа 1959 ж. шыққан «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты монографиялық зерттеуінде ақынның өмірі мен шығармашылығын жан-жақты талдап, қарастырған. Ә. осы монографиялық зерттеуінде Абайдың ақындық айналасының, ақындық мектебінің төл шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Көкбайлардың шығармалары жайлы, олардың тақырыптық, көркемдік жаңалықтарына Абай дәстүрінің әсер-ықпалы, шығармашылық ерекшеліктеріне байланысты алғаш рет тұжырым байлаулар жасап, кейінгі зерттеушілерге жөн-жоба, жол көрсетіп берді. Ақылбайдың «Дағыстан», «Зулыс» поэмаларына талдау жасап, онда Абайдың антик дәуірінен «Ескендір», араб ескілігінен «Масғұт» поэмаларының үлгісімен «ұлттық шенберден көңірек өріс іздеген дәстүрін» жалғастырғанын атап өтеді. Поэмаларда қызық оқиғалы тартыс түйіндерін өте шебер қалыптап, адам образын көрсетуде махаббат, кек сияқты өте сезімді күйлерді аса зорайтып жырлайды. Өлең тілінде, теңеулерінде «көтере көріктеу, асыра сипаттау мысалдары көп кездеседі» деп, жалпы «Ақылбайдың суретшілігінде өзгеше бір өңдімелі кендік пен үйлескен анық дәлдік бар» деген тұжырым айтты. Мағауияның романтизм сарынындағы «Медғат Қасым» поэмасына кеңірек тоқталып, оны «барлық құрылыс» стилімен, сюжеттік, образдық мәдениет өрнегімен және қазақ поэма жанрына кіргізген жаңаша шеберліктерімен орыс поэмаларынан көп үлгі алғанын айқын танытады.

1994 ж. жарияланған «Абайтану дәрістері» атты кітапқа енген Ә-тің «Абай мектебінің ақындары» деген тезис жазбасында: «Абай шәкірттерінің дәл осы жөніндегі табыс нәтижелерін айтқанда, олардың бірде-бірі Абай жеткен дәрежеге жеткен жоқ» деген әділ пікірін айтқан. Осы кітаптағы «Көкбайдың ақындығы» атты мақаласында оның «Абай айналасындағы бар ақынның ішінде суырыпсалма, импровизацияға ең жүйрік ақын» болғандығын атап көрсетіп, 1924 жылдан бастап Абайдың өмірбаянын жазушыларға және шығармаларының толық жинағын құрастыруға «Көкбай барынша зор көмек көрсеткен еді» деп, мол ризашылықпен дәріптейді. Ә. ілгергі «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушылар ретінде А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев, М. Дулатов, С. Торайғыров, С. Денентаев, А. Мәметов, Б. Өтегілеуов, Ф. Қарашевтарды атап, оларды өлеңдерінің мазмұн-мағынасына, өрнек үлгісіне қарай, теориялық, тарихи ерекшелік тұрғысынан үш түрлі негізгі топқа бөліп саралап қарастырған. Жазушы жеке мақала, зерттеулерінде кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің басты өкілдерінің өмірі мен шығармашылығы туралы, әдебиеттердің өзара байланысы және кейбір ұлт әдебиеттерінің шығармалары туралы, жас ақын-жазушылардың алғашқы сәтті туындылары жайлы да өзіндік ой-пікірлерін білдірген. Өүезовтің жоғарыда аталған үлкенді, кішілі зерттеу еңбектерінде айтылған ой-тұжырымдары, баға-байламдары науқандық, кезеңдік өткінішлігімен емес, нағыз ғұлама зерттеушіге, суреткер-ғалымға тән өзіндік терең теориялық танымымен, кемел көрегендік болжамымен айқын ерекшеленеді, сонысымен құнды.

К. Сыздықов.

«ӘДЕБИЕТ МАЙДАНЫ», журнал. Әдеби-бұқаралық, қоғамдық-саяси басылым ретінде 1932–39 ж. шықты. Қазақ жазушыларының көркем шығармалары, ауыз әдебиетінің үлгілері, әдеби-сын туындылары, публицистика, очерктер жиі жарияланды. Басылымның қалыптасуына С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқановтар көп еңбек сіңірді. Ә. үзбей мақала жазып, журналдың көркемдік сапасын арттыруға мол ықпал етті. «Өүезулының сөзі» (1933, №1), «Абай ақындығының айналасы» (1934, №11), «Абайдың мәдени ізденулері» (1937, №7), «Қалмақаннан не тілер едік» (1937, №9), «Ардақты Жәке» (1938, №5), «Жұмбақ туралы» (1938, №10) деген мақалаларын жариялады.

«ӘДЕБИЕТ МАЙДАНЫДА» («На литературной строюке»), жазушының мақаласы. 1934 ж. «Литературный Казахстан» газетінің мамырдағы санында шыққан. Ә-тің орыс тілінде жазылған мақалаларының ішіндегі тілі өте көркем, ширақтығымен көзге түседі. 30-жылдардың алғашқы жартысындағы қоғамдағы қазақ әдебиетіндегі саяси-әлеуметтік, идеологиялық ахуалды айқын байқайтын, әдебиетті, әлеуметтік жағдайды терең түсінетін жазушының заман тынысына қарай амалсыз мойынсұна отырып жазылған мақаланың үлгісі. Әйтсе де қызыл сөз, ұранды үгіт, көсемдерді дәріптеу жоқтың қасы. Мақала жазушының жартылай туземдік қалалық мектепте оқып жүрген кезінде классикалық орыс әдебиетінен білетін тыныш орыс деревнясы мен «құдайға қараған» орыс шаруасының қалпы шын өмірде мүлде ондай емес болып шыққанын айтудан басталады. Бүгінгі қазақ жастарының сана-сезімі аз жылдардың ішінде ғасырлар ғана өзгерте алатын дәрежеде өскенін айтып, бұрынғы әдебиетке қарсы пролетарлық орыс әдебиетінің кейбір үлгілерін мысалға алған. Көркем шыңдық жайында идеологиялық талаптар тұрғысынан ойлар, жазушылардың өмірдің, қоғамның дамуына ілесе алмай жатқанын айтқан. Мақалада өзінің қолхоз, интернационализм тақырыбына арналған екі пьеса және бір повесть жазып жатқанын еске салған. Сонымен қатар бұрыннан жазып жүрген тарихи тақырыпты жалғастыра беретінін еске салған. Мақаланың соңында Бүкілодақтық Кеңес жазушылары одағының ұйымдастыру комитетінің І-пленумының жазушыларға қойған шығармашылық талаптарына сәйкес, оларды өнімді еңбек етуге шақырған.

Р. Өбдіғұлов.

ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР ОНКҮНДІГІ (Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндіктері), мәдени-көркем шара. Қазақ әдебиеті мен өнерінің 1-онкүндігі 1936 ж. 17–27 мамыр аралығында Мәскеу қаласында өтті. Онкүндік қазақ әдебиеті мен өнерін әлемдік деңгейге көтерген және барлық рухани қуаты мен болмысын танытқан тарихи оқиға болды. Мәскеу сахнасында «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» опералары қойылды. ҚазЦИК атындағы (1944 жылдан бастап Құрманғазы атындағы) ұлт аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен халық әндері мен билері, күйлер орындалды. Қазақ жазушыларының әңгіме, өлеңдері, пьесалары орыс тіліне аударылды. Ә-тің «Татьянаның қырдағы әні» әңгімесі ішқамдалып, «Я, казахскому песню пою» деген атпен «Известия» газетінің 1936 жылғы 23 мамыр күнгі санында Вс. Ивановтың аударуымен



Оқырмандармен жүздесу. Әдебиет пен өнер онкүндігі.  
Мәскеу. 1958.

жарияланды. Онкүндікке Ж. Жабаев, К. Әзірбаев, Ф. Қалмағанбетұлы, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Өуезов, С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов, Ф. Тоғжанов, Т. Жароков, А. Тоқмағамбетов, Ө. Тәжібаев қатысты. Ө. «Қазақтың халық музыкасы мен театры» («Қазақ әдебиеті», 1936, 5 мамыр), «Ең дана заңды, ең жас мемлекет» («Социалды Қазақстан», 1936, 18 маусым), «Культура возрожденной страны» («Советское искусство», 1936, 11 мамыр), «Казахская музыка» («Известия», 1936, 21 мамыр) атты мақалаларында онкүндіктің маңызы мен оның өту деңгейіне, ұйымдастырылу барысына жоғары баға берді.

Қазақ әдебиетінің Мәскеудегі 2-онкүндігі 1949 ж. 10–19 мамырда өтті. Осы мәдени шараға орай С. Мұқановтың «Ботагөз», Ф. Мүсіреповтің «Қазақ солдатты», Ф. Мұстафиннің «Шығанақ» романдары орыс тіліне аударылды. Ал Ө-тің «Абай» романының 1–2-кітабы Л. Соболевтің аударуымен «Советский писатель» және «Молодая гвардия» баспаларынан бір жылда қатар жарық көрді. Ұлы жазушы КСРО Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бөлімінде және Мәскеу мемлекеттік университетінде ұйымдастырылған әдеби кештерде сөз сөйледі. «Игілікті сапар» («Қазақ әдебиеті», 1949, 10 мамыр), «Онкүндіктен кейін» («Театр», 1949, № 7), «Ең зор бақыт» («Литературная газета», 1949, 24 желтоқсан) атты мақалаларында Өуезов өзінің осы әдеби онкүндіктен алған әсері мен түйген пікірлерін жазды. «Культура и жизнь» газетінде (1949 ж. 31 мамыр) жарияланған «Тамаша туынды» атты мақалада Өуезовтің «Абай» романына аса жоғары баға берілді.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі 3-онкүндігі 1958 ж. 12–21 желтоқсан күндері өтті. Бұл онкүндік – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің әлемдік деңгейде көтерілгендігін дәлелдейді. Оған Қазақстанның жетекші өнер шаңырақтары мен мәдениет, ғылым қайраткерлері қатысты. Мәскеу қаласының әр түрлі театрларының сахнасында, Абай атындағы академиялық опера және балет театры М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» (либреттосы К. Жұмалиевтікі), А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» (либреттосы М. Өуезовтікі), Б. В. Асафьевтің «Бақшасарай фонтаны», қазақ драма театры Ө-тің «Еңлік-Кебек», Ф. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» («Ақан трагедиясы» деген атпен), Ө. Тәжібаевтің «Жалғыз ағаш орман емес», орыс драма театры – Н. Ановтың «Мұрагерлер», Окулевичтің

«Джордано Бруно», А. Николаеваның «Жолдағы шайқас» спектакльдерін көрсетті. Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясы Л. Соболевтің жетекшілігімен Мәскеу мемлекеттік әдебиет баспасынан жарық көрді. Бұл басылымға 1959 ж. Лениндік сыйлық берілді. Жазушы Мәскеу мемлекеттік университетінде, М. Горький атындағы Өлем әдебиеті институтында, кітапханалар мен зауыт-фабрикаларда өткен кездесулерде сөз сөйледі. Онкүндік туралы «Үзілмес достық өреніміз» («Социалистік Қазақстан», 1958 ж. 12 желтоқсан), «Шабыт шалқары» («Литературная газета», 1959 ж. 23 желтоқсан), «Гүлденген бақта» («Правда», 1958 ж. 12 желтоқсан), «Отан, халық, партия» («Знамя», 1959 ж. №1), «Шығарма шаттығы» («Советский союз», 1959, №1) атты мақалалар жарияланды. Ө. 1936 және 1958 жылғы әдебиет пен өнердің Мәскеуде өткен онкүндіктерін салыстыра келіп: «Бұл оқиға біздің халқымыз, біздің мәдениетіміз өзінің алтын ғасырын басынан кешіріп отыр деп айтуға толық мүмкіндік береді» деп жоғары бағалады («Шабыт шалқары», «Естен кетпес он күн», А., 1961, 225-бет).

Т. Жұртбай, Ж. Шалғынбаева.

**ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР СЫНЫ.** Өуезов әдебиет сыны туралы арнайы теориялық еңбек жазбағанымен, түрлі жиын-мәжілістерде сөйлеген сөздерінде, әдебиет пен өнердің жай-жапсары жайлы айтқан мақала, зерттеулерінде арагидік әдеби сынның міндеті, ерекшеліктері туралы өз ой-пікірлерін ортаға салып отырған. Жазушы өз шығармалары туралы кейбір жөн-жосықсыз сын айтқан авторларға қайтарған жауап-мақалаларында да әдеби сынның ерекшелігі, сын мәдениеті жөнінде ойын жалғастырып, тереңдетіп түседі. С. Мұқанов «Халық қазынасын дұрыс пайдаланайық» атты мақаласында («Социалистік Қазақстан», 27.02.1939) Ө-тің «Айман – Шолпан» либреттосына таптық тұрғыдан саяси айып тағып, сын айтқан екен. Араға күн салып жариялаған «Жақсы сынға – жан пида» деген мақаласында жазушы оған нақты, өкір жауап қайтарып: «Сынай көрме» деп сенің қаламыңа ешкім жармаспайды. Құры белден шылып, жаптым жала, жақтым күйе болмасын, сын орнына қиястық жүрмесін, дәлел орнына далбай жүрмесін» дейді. С. Нұрышев «Абай ақындығының алғашқы кезеңі» («Лениншіл жас», 14.01.1951) атты мақаласында Абайға Шығыс ақындарының тигізген әсерін жоққа шығаруға ұмтылып, Ө-тің осы саладағы еңбектерінен саяси астар іздеп, өрескел пікірлер айтады. Оған жауап-мақаласында жазушы осы кезге дейінгі Абай мұрасын зерттеуде ғалымдарымыздың әр алуан салада еңбек етіп, бұл жолда өнімді табыстарға да жетіп, арагидік кемшілік, қайшылықтарға да кезігіп отырғандарын аңғартады. «...Ғылым атынан сөйлеп отырған жолдас Нұрышев қарға адым жердей, кішкене ғана мақаласының бойында өзіне-өзі қайшы келіп, екі түрлі сөз сөйлейді. Өз сөзіне өзі оралып жығылады» деп сыншы пікірінің қайшылықты, қауқарсыз екенін қадап айтады. Көрнекті тіл маманы М. Балақаев 1954 ж. «Социалистік Қазақстан» газетінде «Көркем әдебиеттің тілі жайында» деген мақала жариялап, Ө-тің, С. Мұқановтың, Ф. Мұстафиннің шығармаларының тіліне қатты сын айтқан. Онда «Абай жолы» романындағы кейбір сөз тіркестері, сөйлемдері туралы көп жерлерде сөздерді мүлде орынсыз, ретсіз тіркестіре салу, сөйлемдерді ауыр етіп құру салдарынан тілінің әсерлі болуы былай тұрсын, тіпті кейде автордың не айтқысы келетінін түсіну қиын деген сияқты ар-

тық-ауыс пікірлер айтылған. Ө. «Тағы да көркем әдебиеттің тілі туралы» мақаласында сыншының әрбір даулы пікіріне нақпа-нақ, жеріне жеткізе, тіпті кейде қатаң да өткір жауаптар қайтарған. Айталық, тіл маманының «ажарын сезді» деген тіркесті әбес санап, оның орнына «ажарын көрді» деп айту керек деген ұсынысына: «Ажар» деген бет пішін ғана емес, ол адамның кейде іші де, кейде тысы да боп ауыса отырады. Ал адамның ішін атаған кез болса, ол ішті көруге болмайды, сезуге ғана болады... «Ажарың ақ түлкінің ажарындай» деген өленде түлкінің серейген құлағын, сүйір тұмсығын, жылтың қаққан көзін айта ма? Сол көрініп тұрған сипаттарына теңей ме? Жоқ, жүйрік, жылпаң тағының қайнар қуатқылығына теңейді» дейді. Сонымен қатар суреткер-ғалым тіл маманының артық-кем, ұшқарылау айтқан кекесін сөздеріне шамданып қалып, шамырқанып, қатуланып кеткендей, кейі тұстарда, әдептен аттамай-ақ, сыйайылап, сыналап батыра сөз айтады. Әсіресе тілшінің жазушыны «Халық тілінен қашқақтап барарды» деген сынына қайтарма, қатқылдау жауаптар берген. Ө. бұл мақаласында, негізінен, әдеби тіл туралы өрелі тың ой-пікірлер айтумен қатар, көркем әдебиеттің тілін зерттеп, танудың да басты жөн-жобасын белгілеп бергендей. Бұл бағытта терең, әділ-өрлі сын айту үшін тек жалаң тілші ғалым болу жетіспейді, тілші-әдебиетші болу қажет деген кесімді пікірін қадап айтып, таратып түсіндіреді.

Автор кім жайлы, қай шығарма туралы жазса да, біздегі әдеби сында әуел бастан қалыптасып-орнығып, әлі күнге айығып, арыла алмай келе жатқан, бір жағынан, ұрда-жық, өпербақандық, екінші жағынан, жалпақ шешей, көңіл жықпастық, көз-жұмбайлық, бірбеткейлік сияқты ұнамсыз ауру-әдеттерге мүмкіндігінше бой алдырмай, әділеттің ақ жолынан ауытқымай, барын-барша, жоғын-жоқтай ашып береді. Мысалы, 1922 ж. С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасын аяусыз, ащы сынға алса, 1936 ж. жазған «Шыншыл, төкөббер ақын» атты мақаласында өсіп-толысқан ақын поэзиясының лайықты жоғары бағасын айтады. Ал 1935 ж. «Ақ аю» поэмасы шыққанда арнайы мақала жазып, жетістіктерін құп алып қуаттап, жеке-жарым кем-кетік жерлерін де атап көрсетеді. Әйгілі Челюскиншілер жорығы туралы жазылып, кейіннен республикалық 2-жұлдені жеңіп алған бұл поэма-ны жарыққа шыққан бойда ұн қатып, сол тақырыпқа жазылған көп туындылар ішінде жалпы құрылысы мен қолданған әдісі жағынан өркеші асып тұрғандығына сүйсініс білдіреді.

Ө. әдебиеттің мүддесін, келешегін кеңінен ойлағандықтан, жастар шығармашылығына, олардың жаңа туындыларына арнайы көңіл бөліп, он тілектер айтып отырған. 1934 ж. «Қалмақаннан не тілер едік?» атты мақаласында ақындық өнердің мән-жайынан қысқаша түсінік бере келіп, сол тұрғыдан Қалмақан өлеңдерінің ерекшелігіне тоқталады. Ақын өлеңдерінің «өрнегі бірақтар қалыптасып, тұр, сырларын недәуір баурап алғанын», тілінің көпшілікке ұғымды, «көп еңбекшінің көкейіне қонымды» екенін, бұл оның қолжеткен табысы деп атап көрсетеді. Сонымен қатар сын, ақыл-кеңес, ұсыныстарын да қоса айтады. 1936 жылы Мәдениетшілер съезінің қарсаңында Е. Өмірзақов туралы жазған мақаласында автор жас өнерпаздың оншақты жыл ішіндегі үздіксіз іздену, өсу, толып-псіу жолына жіті зер салып, оның актерлік ерекшелік сипатын терең ашып, танытқан. Ө. 1939 және 1949 ж.

Ө. Тәжібаевтың шығармашылығы туралы, 1952 ж. Ғабиден Мұстафиннің 50 жылдық мерейтойына арнап мақалалар жазған. Бұл еңбектерде ұлы жазушы сыпыра мақтау сияқты әдеттен өзгеше жетістік ерекшеліктерін дәл тауып, терең ашып танытумен қатар кемшілік, олқылық жайларын да атап көрсетеді. Сол арқылы автор ақын-жазушылардың шығармашылық ерекшеліктерін айқын сипаттай отырып, өсіп-даму өрісінің бағыт-бетін де белгілеп береді. Ө. жас ақын-жазушыларға ағалық, аталық қамқорлық жасап, Қ. Шаңғытбаев, Ө. Өлімжановтардың алғашқы кітаптарына алғы сөз жазып, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, З. Қабдолов, Т. Әлімқұлов, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиевтердің т. б. шығармашылық қадамдарына жылы лебіз білдіріп, сәт сапар тілеген. «Литературная газетаның» 1958 жылғы 23 қазандағы санында жарияланған «Путь добрый» атты мақаласында жас Ш. Айтматовтың «Жәмила» повесіне тоқталып, бұл шығарманың тек қырғыз әдебиетінде ғана емес, басқа да туыстар халықтар әдебиетінде елең еткізەر ерекше құбылыс екеніне баса назар аударған. Осындай зерделі зерттеулерімен, терең толғамды теориялық ой-пікірлерімен, сындарлы сын-қағидаларымен М. Өуезов әдебиетіміз бен әдебиеттану ғылымымыздың сондай-ақ өнердің өсіп-дамуына мол үлес қосқан.

К. Сыздықов.

**ӘДЕБИЕТТАНУ.** Ө. қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы туып, қалыптасу кезеңінен бастап ұзақ уақыт өнімді еңбек етті. 20–30-жылдары әдебиет сынына, баспасөзге белсене араласқан Ғ. Тоғжанов: «Бұдан екі-үш жыл бұрын көркем әдебиет жайында бірен-саран адамдар жазатын. Өуезұлы Мұхтар жазатын еді, Аймауытұлы Жүсіпбек жазатын еді. Анда-санда Сәкен мен Нәзір айтысып қоюшы еді. Қазақ оқығандарының ішінде Жүсіпбек, Мұхтарлар – «маңдай оқығандарымыз», білімі де бар, қаламы да жүйрік оқығандар. Өздері сыншы, өздері ақын. Алғаш әдебиетті тексеріп, сын жазғандар осылар» депті (Ғ. Тоғжанов. «Әдебиет пен сын мәселелері», Қызылорда, 1929, 3-бет). Ө. әуел бастан әдебиет пен өнердің, ғылымның, мәдениеттің қоғам өмірінде алатын орнын, адамның сана-сезімі мен мінез-құлқын тәрбиелеп-өсіруде үлкен қызмет атқаратынын терең түсініп, көміл таңыды. Бұл жазушының 1917 жылдан бастап жазған: «Қазақтың өзгеше мінездері», «Адамдық негізі – өйел», «Ғылым», «Мәдениет һәм ұлт» т. б. ғылыми-публицистикалық макалаларындағы ой-пікірлерінен айқын аңғарылады. Сондай-ақ ол әдебиеттің теориялық мәселелерін поэзия, проза, драматургия жанрларының, әдебиеттің өсіп, даму заңдылықтарын да жете танып, алғаш қалам тартушылардың бірі болды. 1922 жылдың соңында ол қызметті өз еркімен қалдырып, шығармашылық еңбекке ауысып, ғылымға біржола ден қояды. 1933 ж. жазған «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабында» сол кезеңдегі әдебиеттің басты өкілдері – ақын-жыраулардың ерекшеліктеріне теориялық көркемдік-эстетикалық талдаулар жасаған. Айталық, Махамбет өлеңдері туралы ол Бұқар жыраудың толғауларындай алуаны мол күрделі емес, бір-ақ түйіне арналып, бір ғана негізгі тақырыпқа құрылғандай, «бұрынғы өлең-жырда әр жерден шаң беріп, басы

қосылмай, бытырап жүретін суреттер мынада қаты жымдасып, екшеліп, бір бас, бір тас боп алады... «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін автор ұзақ бір-ақ сөйлем есепті, «...неше алуан қатар жарысқан, жеке-жеке суреттердің байлауы ең аяққы жолда – «ерлердің өзі бітер ме?» деген бір қайырыммен аяқтайды. Ауыша айтылған желдірме болғандықтан, ұйқасы кейде келіп, кейде келмейді. Бір жерінде қат-қабаттап кетіп, өзге бір жерінде шанжау-шанжау түсіп, тырағайлап отыратын ұйқасты... қыздырма сөздің құйылыс-тасқыны билейді» деп, ақын өлеңдерінде жиі кездесетін ассонанс, аллитерацияларды да өзіндік көркемдік ерекшеліктер сипатына жатқызған.

Студенттер алдында 1960 ж. сөйлеген сөзінде соңғы 40 жыл ішінде қазақ өнерінің музыка, сурет, поэзия саласында айтарлықтай жетістік табыстарға жеткендігін, келешегінен мол үміт күттеретін жаңа буын жас күштердің алғашқы сәтті қадамдарына сүйсініс білдірген. Алғашқы өлеңдерімен, тұсау кесер жинақтарымен енді ғана көріне бастаған: І. Мәмбетов, Т. Молдағалиев, С. Жиенбаев, Қ. Мырзалиев сияқты жас ақындардың кей өлеңдерінде «жұртшылық аузына түсе қоймаған талай оралымдар, шеберліктер сезілетініне», әдебиетімізге мәдениетті ақындар, оқыған ақындардың келе бастағанына ризашылық көңілмен қуанады. Олар тек қазақ әдебиетіндегі дәстүрлерді үйренумен шектеліп қалмай, айналасын көріп, шарлап, ізденіп, тұртініп жүреді», «бірқыдыру өзіндік жаңалық тапқысы келеді, өзін өзі танығысы келеді, өз өмірінің үлкен шындығын» айтуға ұмтылады. «Жастардың «мені» біртүрлі еліктеретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас игізетін соншалық шындықпен бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шыншылдық бар, поэзияға керек нәрсе – осы шыншылдық» («Лениншіл жас», 1960, 28 желтоқсан). Жас ақындардың «газет, радио тіліндей» шорқақтықтан арылып, нағыз поэтикалық тілді меңгере бастағанына, «көпсөзділіктің азайғанына ризашылық бейіл білдіріп, «өлеңнің өлшеуі өзіндік мөлшерімен қадірлі», «ой болмаса, шығарма терең қасиетті болмайды... Образ болмай, ойдың да қасиеті болмайды» деген тұжырымын айтады. Ә. проза мен роман жанрына байланысты «*Үзінділер*» (1934), «3а большие художественные обобщения» (1936), «Литература и кино» (1944), «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» (1950), «*Өнер өрінде*» (1952), «*Абай*» романының жазылуы жайынан» (1955), «*Өмір мен шығарма*» (1956), «*Заман шарты*» (1960), «*Қазіргі роман және оның геройлары*» (1961) т. б. мақала, зерттеулерін жазды. Алғашқы аталған мақалада автор әдебиеттің заман талабына, уақыт ерекшелігіне сай өзгеріп, өсіп отыратынын, біздің «бұл күнге шейін жер қорқақтау боп, жасаң соғып, ...бойдағы азды-көпті күрделі үлкенге салмай, соныға беттетпей, мейір қандыратын белгі тудыра алмай» келе жатқанымызды айтып, «бізде үлкен проза кешеуілдеп тұр. Шынында, үлкен прозасыз – үлкен әдебиет жоқ» деп атап көрсетті («Социалды Қазақстан», 1934, 29 қазан).

Ә. үлкен проза тудыру үшін соған ылайық тақырып пен өмір материалдарын дұрыс таңдап, талғап, тану қажет деп білді. Алдымен әрбір суреткер өзі тақырып етпек өмір ортасының жеке сәттері

мен құбылыстарын жан-жақты терең зерттеп, тексерумен қатар сол ортадағы түрлі тағдыр мен тартисты, қуаныш пен күйіншіті өз басынан өткергендей етіп, өзінің ішкі-сыртқы болмыс-бітімімен түгел шомғанда ғана, «қысқасы, бар тынысы балқыған жазушылық жүректен ғана шын шығарма туады... өзің талдап алған материалды сую ғана емес, барлық шерін, нәзік жайларына шейін түгелімен хиялдап та іштен кешіру шарт. Таңдап алған ортасын және тиісті, байланысты жайларын сүйіп сезінген көңілге ғана шыншыл терең, сенімді суреттер сай келеді» деді (М. Әуезов. Уақыт және әдебиет. А., 1962, 395-бет). Ә. мұндай теориялық толғамдарын драматургия жанры жайлы, театр, кино өнері, музыка туралы мақала еңбектерінде жалғастырып, тереңдете түседі. Қазақстан жазушыларының 1-съезіндегі баяндамасында автор: «Жаңа үлгідегі социалистік реализм драматургиясының жаңаша, саяси-таптық мағынасы оның: 1) тақырыбынан, 2) драмалық түйінінен, 3) тұлғасынан (образынан), 4) сюжетінен (әңгіме өлнерін) көрінетін болады» деп, мысал дәлелдер келтіріп, теориялық талдаулар жасады («Қазақ әдебиеті», 1934, 7 шілде).

Ә. өзінің кейбір мақала-зерттеулерінде әдебиеттің сын-сықақ түрі, комедия, сатира жанры, эстетиканың өзін-сықақ категориясы туралы да алғаш теориялық ой-пікір қалыптастырған екен. 1925 ж. Ташкентте «Ақ жол» газетіне қосымша ретінде «Шаншар» атты сықақ журналы шыққанда ол туралы «Таң» журналының 3-санында мақала жариялап, сықақ журналының шығуы қазақ мәдениетінің, өнер білімінің өскендігінің бір көрінісі болумен қатар, ол өз кезегінде халықтың сана-сезімін өсіруге де мол үлесін қоса алатынын атап көрсетеді. Автор өзін-сықақ жанрының өзіндік ерекшелік әдісі – «ол күле отырып, біле отыр дейді, ойнап отырып, ойлап отыр, біреудің мініне күлсең, өзін сол міннен бойыңды арши отыр дейді». Осындай нұсқалы тәлім-тәрбиеге сай болу үшін күлкінің табиғаты, болмысы қандай болу керек дегенде, автор: «Нағыз күлкі сөзде емес, күлкі қылған халде болады. Күлкі сөздің шатасатын тумайды. Сырт пішіні дарақы, оспадарлау келген сөзден шын күлкі шықпайды... күлкі іспен аралас келсе, бір жағы шыға тіреліп, қысылшаң кезде ауыр мен жеңілдің жапсарында келсе, көбінесе оқыс қиындыққа ұшырап қалатын жерден туса, сонда дәмді болмақ» деп, күтпеген жерде тосыннан, оқыстан келіп, тез шығып, тез басылатын қылт етпе, иек артпаны іздейтінін айтады.

Ә. 1937–38 ж. екі рет басылып шыққан, 6-сыныпқа арналған «*Әдебиет хрестоматиясы*» кітабында «Алдар Көсе, Жиренше шешен, Қожа Нәсір әңгімелері туралы» сөз еткенде, халықтың сүйіп тыңдайтын, ғасырлар бойы ескірмей, қайта еселене жаңғырып, жаңара түсетін осы сын-сықақ жанрының ерекшелігін, күлкі табиғатының тамыр бүлкілін тап басып тауып бергендей. Олардың күлкісінің ерекше болып, сыртқы пішіні аңқау келуімен өзіне ішартып аяушылық тудырғандай, «ал ішін, түбін байқай келсең, ол аңқаулықтың астары үнемі ашы мазақ, шебер кулық болып шығады» дейді. Автор Қожанасырдың базардан май сатып алу әңгімесін мысалға алып, осындай «таза аңқаулықтың өзінің де ең бір адам иланғысыз түрін алып», сонымен шын, риясыз таза күлкі тудыра алғандығына да айрықша ақжарма жықлас-бейіл танытады. Жазушы өзін-сықақ жанры жайлы ой-толғамдарын



кейінгі еңбектерінде де ары қарай өрбітіп, дамыта түсті. Бұл жанрдың қоғамдық-әлеуметтік мәнін, тәрбиелік қызметі мен өзіндік ерекшелік сыр-сипатын айқындаумен қатар, оның алуан түрлі мол мүмкіндіктерін саралап танытады. 1959 ж. «Лениншіл жас» газетінде (12 сәуір) жарияланған сол жылы сахнаға шыққан драматург Қ. Мұхаметжановтың «Белгірек бөрік астында» атты тұңғыш комедиясындағы әрбір жеке типтік кейіпкерді өздерінің күлкілі жәйттерінің өзгешелік ерекшеліктеріне орай, орын-орнымен жіктеп, жіліктеп берген.

Ә. әдебиет пен өнердің өсіп даму жолында дәстүр мен жаңашылдық мәселесінің шешуші қызмет атқаратынын ерте бастан кәміл түсінген. Сондықтан ол өзіннің әдебиеттануға байланысты алғашқы мақалаларынан бастап, кейінгі зерттеу еңбектерінде бұл өзекті мәселені үнемі назардан тыс қалдырмай, ой-толғап, тұжырымдарын айтып отырған. Қазақ ауыз әдебиетінде берік қалыптасқан халықтық игі дәстүрлерді Асан Қайғы кеңінен игеріп, даралай, нақтыландыра түссе, оны кейінгі жырауларымыз жалғастыра дамытты. Асан Қайғының арттағыларға тастап кеткен жұмбағын шешуге жұмылған Бұқар жыраудың алуаны мол, күрделі толғауларындағы «басы қосылмай, бытырап жүретін суреттерді» Махамбеттер екшеп, қат-қабаттап келіп бір-ақ түйінге қатты жымдастырған байлауға тірейді. Данышпан Абайдың өзіне дейінгі асыл қазыналы дәстүрлерді бойына терең сіңіріп, әдебиетіміз бен өнеріміздің мазмұн-мағынасын, түр-тұлғасын жаңартып, биік белеске, шырақуыңа көтерсе, бертінгі ақын-жазушы, өнерпаздарымыз одан нұр алып, жекелей, сала-саласы бойынша жалғастырып жаңғыртуда. Автор әдебиетіміздің осы ұзын-ырға тарихи даму жолына жалғасқан жарастықты желі тартып, ұлттық дәстүрдің өзгеру, өсу заңдылықтарын зерделеп қарастырады. Сол ой-тұжырымдарының жиынтық қорытындысы іспетті 1960 ж. Мәскеуде өткен шығыстанушылардың 25-Халықаралық конгресінде жасаған «Дәстүр мен жаңашылдық» атты баяндамасында ол әдеби дәстүр болмысты көркем образдарға айналдырудың ғасырлар бойы машықталған тәсілдерінен және айналамызды қоршаған қоғамдық орта мен табиғатты ой таразысына сала отырып бейнелеудің ұрпақтарға мирас болып келе жатқан қағидаларынан құралады, халықтың эстетикалық талғамына төтеп беріп, ғасырдан-ғасырға әкеп тапсыратын эстафета іспеттес болды деген анықтама береді.

Ұлы қаламгер әдебиеттердің өзара байланысының айқын көрінісі, ең өнімді жолы – көркем аударма деп санайды. Өзі 1918 ж. Л. Толстойдың «Будда» әңгімесін аударса, кейінірек қаламы әбден төселген кездің өзінде, У. Шекспирдің, Дж. Лондонның, Н. Гогольдің, И. Тургеневтің, Н. Погодиннің, К. Треневтің т. б. орыс, батыс классиктерінің үздік туындыларын тәржімалады. Жазушының аударма ісіне ерекше ықылас қиюы – жай машық іздеуден емес, қайта, оны өзінің төл шығармашылық қызметімен тікелей байланыстырды. Біріншіден, әдебиет пен мәдениеттің өскелең қажетін өтеуге қосылған өрнек, үлгі-өнеге деп, екіншіден, осы жолда өзінің жазушылық, суреткерлік шеберлігін шындап, шираға түсудің өтімді тәсілі деп түсінген. Мұны, әсіресе, автордың аударма ісінің теориялық-проблемалық, тәжірибелік мәселелеріне тікелей арналған «Пушкинді қазақша аудару тәжірибелері туралы», «Ревизордың» аударма-

сы туралы», «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар», «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы», «Жәңгір» жыры қазақ тілінде», «Пушкин и братские литературы советского народа», «Дворян ұясы» романының аудармасы туралы» (1952), «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» сияқты мақала, зерттеулерінен айқын аңғарамыз. Бұл еңбектерінде Әуезов қазақ әдебиеттану ғылымында аударма өнерінің теориялық мәселелерін алғаш зерттеп, жан-жақты қарастырып, сөз еткен. Сондай-ақ ол кезінде бүкілодақтық деңгейдегі келелі жиын-мәжілістерде баяндама жасап, ой-тұжырымдарын ортаға салып отырған. Көркем аудармаға байланысты күні бүгінге дейін екіұдай көзқарас тайталасып, текетіресіп келе жатқаны белгілі: бірінші кезектегі басты талап – аударманың түпнұсқаға дәлме-дәл келуі ме, жоқ, жатық-жарастықты болуы ма деген мәселе. Әуезов көркем аударманың түпнұсқаға мейлінше дәл келу жағын бірінші кезекке қояды, тіпті «сөйлеміне сөйлем орай етіп аудару» принципін ұсынған. Ол 1940 ж. «Жәңгір» жырының аудармасы туралы жазған мақаласының өзінде аударылатын шығармалардың ұлттық формаларының өз дәрежесінде сақталуы арқылы түпнұсқаның негізгі қасиеттері айқын көрінумен қатар, басқа ұлт әдебиеттерінде қалыптасқан ұлттық дәстүрлер байып, дамиы деп санайды. Әуезовтің мақала, зерттеулерінде әдебиеттанудың негізгі мәселелерінің бірі болып саналатын әдеби тіл, көркем әдебиеттің тілі туралы келелі, кенеулі ой-пікірлер айтылған. Ауыз әдебиетіндегі өлең-жырлардың тіл көркемдігі, әдебиет тарихының басты өкілдерінің, Абай шығармаларының, кейінгі ақын-жазушылардың тіл ерекшеліктері, стиль өзгешеліктері жан-жақты, терең талданып, сараланады. Сонымен қатар жазушының «Қазақ әдебиет тілін дамытудың кейбір мәселелері», «Көркем әдебиеттің тілі туралы», «Ана тілі әдебиетін сүйіңіздер» (1957) т. б. мақала, еңбектері осы өзекті мәселеге тікелей арналған. «Жазушы өз дәуіріндегі әдебиет тілін өсіруге, саралауға, шеберлендіруге міндеткер», өйткені әр жазушы өзіндік стилімен, өзгеше тіл орнамымен жазады. Оның үстіне әрбір кейіпкерге әр алуан тілдік мінездемелер бергенде, әр түрлі құбылысты, көңіл күй сәттерін т. б. суреттегенде, жазушы тілді алуан түрлі құбылта, түрлендіре, жаңаша жарастықпен қолдануы шарт. «Мұндайы болмаған жазушылықта жан жоқ, қасиет жоқ, жыпылық, жарастық та жоқ». Сонымен Ә. еңбектерінде әдебиеттанудың негізгі өзекті мәселелері мейлінше кең, мол қамтылып, қарастырылған. Ол қазақ әдебиеттану ғылымының іргетасын қаласып, еңсесін көтеріп, шаңырағын биіктетушілердің бірегейі болды. Сондықтан қаламгердің ғылыми-сын еңбектерінің маңыз-мәні әрқашанда жоғары, мәртебелі.

К. Сыздықов.

«ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ», жазушының зерттеу еңбегі. Алаш ұранды әдебиеттің серкелері Ахметтің, Әлиханнның, Міржақыптың тікелей шәкірті, жалғасы Ә., негізінен, қазақ прозасы мен драматургиясының әлемдік биікке көтерген үлгі суреткер. Сонымен қатар ол әдебиеттану, фольклор, тарих, философия, эстетика саласында да аса бай мұра қалдырған энциклопедиялық қуаты бар тамаша ғалым еді. Әлемге танылған «Абай жолы» эпопея-

сына дейін отыздағы жас Мұхтар қаламынан туған, Алаш ұрандары әдебиеттің азаттық идеясын тағы да бір аспапқа көтерген үш туынды бар, олар: «Әдебиет тарихы» (арғы дәуірлер), «Хан Кене» (XIX ғасыр), «Қиылы заман» (1916 жыл). 20-жылдардың 2-жартысында әділет өбден бұзылып, билікті қолға мықтап алған Сталин және оның төңірегіндегілер, олардың жер-жердегі сойылсоғарлары ұлттық мәдениетті қудалап, көрнекті қайраткерлерді абақтыға жаба бастады. Ахмет, Мағжан, Шәкәрім, Жүсіпбек, Міржақып, Мұхтар... бәрі де қамалды, түрмеге, лагерьге жөнелтілді, кейбіреуі сол айдаһар аузынан қайтпай қалды. Осы тұста көптеген кітаптар да «тұтқындалып», ұзақ жылдар бойы абақтыға қамалды. Сол еңбектің бірі – Ө-тің «Ө. т.» (1928). Автор Лениндік сыйлық алып, дүниежүзілік данққа ие болса да, бұл еңбегі көзі тірісінде қайтадан басылған жоқ. Тіпті, аталмай да келді. Сөз жоқ, «Ө. т.» жазылғаннан кейінгі көптеген жылдар ішінде, ең алдымен Ө-тің өзінің эстетикалық көзқарастары сан алуан өзгерістерге түсті, дамыды, кемелденді, екінші жағынан, жалпы қазақ әдебиеттану ғылымы терендеді, жаңа концепциялар, бағыттар пайда болды, толып жатқан зерттеулер, монографиялар, диссертациялар жазылды. Бұл саладағы табыстарды, жемістерді мүлде мансұқ ету барып тұрған солақайлық, нигилизм болар еді. Сөйтсе де, идеологиядағы солақайлық, тұрпайы догматизм кесірінен әдебиет тарихын теріс түсіндірген, ірі тұлғалардың өзін қаралап көрсеткен, тіпті мүлде ауызға алмай қойған кездердің кесірі әлі де жойылып біткен жоқ. Ал «Ө. т-да» мезгілінде объективті ғылыми тұрғыдан айтылған терең тұжырымдар қатарында қазақ елінің отарлануы, өз тәуелсіздігінен айрылуы, осыдан туған кесепаттардың әдебиеттегі көріністері туралы байлам-пайымдауларды жатқызу керек.

Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселелеріне келгенде, автордың исламға дейінгі және исламнан кейінгі әдебиет деп ұзақ тарихты екі орасан үлкен кезеңге бөліп қарауында ғылыми негіз жатыр. Бұл, әсіресе, фольклорға ерекше деу келеді. Мұндай идеяны ең алдымен Ахмет Байтұрсынұв айтқанын да естен шығармау қажет. Ал сол ұлы ұстазынан кейін, Семей семинариясында, Ленинград университетінде оқып алған арнаулы біліммен, орыс, Еуропа әдебиеттері тарихы туралы үлкен ғалымдардың алдынан дәріс тындап жинаған тәжірибе, өз ізденістері қосылып, биік кемелдікке көтерілген зор талант иесі, жас, қажырлы Ө-тің «Ө. т.» деген еңбек жазуында шығармашылық заңдылық бар еді. Бұрын «Абай», «Таң», «Шолпан», «Сана» журналдарының беттерінде фольклор нұсқаларын, ел ақындарының шығармаларын, шешендік сөздерін жариялаған, Абай туралы, қазақ әдебиетінің арғы бергі тарихы хақында, даму бағдарлары жөнінде мақалалар, зерттеулер тудырған жас ғалым 20-жылдардың ортасында жүйелі, тұтас монографиялық еңбек беретін биік ғылыми, ойшылдық дәрежеге көтерілген болатын. Сол тұстағы баспасөзде жарияланған бірқыдыру әдеби-сын мақалаларда эстетикалық талғам төмен, саяси ұран, солақай дақпырттан аспайды. Әділін айтқанда, Ө. еңбегінде классикалық әдебиеттанудың орнықты, ғылыми жүйесі, үлкен мәдениет, ой терендігі, стиль сұлулығы сайрап жатыр. Өнерді өмірдің об-

раздары, суретті бейнесі, жанды, тірі көрінісі деп қарау, жалпы адам баласының көркемдік игіліктерді бірінші қатарға шығару, ұлттық сұлулық категориялары, терминдер әлемдік әдебиеттің биік-биік тұғырларымен салыстырыла, шендестіріле алынады. Кітапта ерекше ықтиятпен талданған проблема – «Зар заман» дәуірінің әдебиеті, Шортанбай өлеңінен алынған оялдары пайдалана отырып, Ө. қазақтың әдебиетіндегі ең ұлы сатын – елдік, тәуелсіздік, азаттық, бостандық ұранының көркемсөздегі көріністерін нақты шығармаларды айқын сарапал талдау арқылы көрсетіп береді. Өкінішке орай, 50–60 жыл бойы әдебиетіміздегі отаршылдыққа, басқаға басыбайлы құл болуға қарсылыққа құрылған жігерлі, өр, қайсар ағыс туралы айтуға тыйым салынып келді. Тіпті, тәуелсіздіктен айырылуды мадақтаған том-том шығармалар пайда болып, солар дәріптеліп, қолпашталып жатты. Ал Ө-тің «Ө. т-нда» Асан Қайғыдан басталып, Бұқар арқылы өрлеп, Махамбет, Мұраттар тұсында дамып, Шортанбай кезінде шығандап шырқаған азаттық рухы зор поэзияның әлеуметтік, саяси, ұлттық, эстетикалық арна-негіздері, мағына-мәністері тамаша ашылып берілген. Мұның үстіне тарихи жырлардағы өмірлік материал туралы тұжырымдарды қосыңыз. Исатай–Махамбет, Сырым Датов, Кенесары – Наурызбай қозғалыстарының түп мөнісін, негізгі өзегін Ө. бір қазыққа байлайды, ол – отаршылыққа қарсылық, табанға түсіп, мөңгүрт болмаймын деп шапшу, құрылған зеңбірек, оқтаулы мылтыққа қарсы тұру, бір сөзбен, азаттық, тәуелсіздік ұраны. Халқымыздың ежелден арман еткен, күрескен, ғасырлар бойы ұмтылған нысанасы – егемендік идеясы бүгінгі тәуелсіздік мақсұттарымен астасып жатқанына көзініз жетеді. Кітапта «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары ұлттық табиғатты, тарихи-өмірлік негіздері тұрғысынан да, көркемдік-эстетикалық, жанрлық-образдық аспектіден де терең талданады. Осы эпостық шығармалар туралы кейін жазылған көптеген еңбектерінде айтылмаған оялдардың өзін Ө. зерттеуінен табуға болады. Кезінде зиянды, жаулық идеясы бар шығармалар қатарына іліккен туындылар кітапханалардан жиналып алынып, жойылған, өртелген, ондай кітаптарды сақтаған бірен-саран адамдар сотталған, жауапқа тартылған, тіпті түрмеге қамалып, атылып кеткендер де аз емес. Ө-тің «Ө. т.» түгелге жуық жойылып жіберілген, тіпті автордың өзінде жалғыз данасы қалмаған. «Ө. т.» зерттеуінің баспа талаптарымен еріксіз қысқартылып, ықшамдалған нұсқасы Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 16-томында басылды. Жеке кітап болып, толық күйінде 1991 ж. басылды.

*Р. Нұрғали.*

**«ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ»** («О литературе»), жинақ. Авторы – Ө. Құрастырған Н. Ақбай. 1997 ж. «Санат» баспасынан оқу құралы ретінде жарық көрген. Кітапқа жазушының әдебиет мәселелері жөнінде қазақша жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айтис өлеңдері», «Жұмбақ туралы» деп аталатын сүбелі ғылыми-зерттеу еңбектері енгізілген. Ал екінші бөлімге әр жылдары орыс тілінде жазған бір топ шығармалары топтастырылған («Великий поэт казахского народа Абай Құнанбаев», «Народность и реализм Абая», «Как я работал над романами «Абай» и «Путь Абая», «Манас» – героическая поэма киргизского народа».

«Ф. М. Достоевский и Чокан Валиханов», «Путь добрый», «Брат наш, друг наш»). Ұлы жазушының жалпы әдебиет проблемаларына, соның ішінде әсіресе қазақ әдебиетіне арналып жазылған аса құнды туындыларын жеке-дара жинақ етіп шығару – студенттер, әдебиет мамандары, тіпті мектеп оқушылары үшін аса пайдалы құрал болып табылады. Көлемі 16,6 баспа табақ, таралымы 2000 дана. **«ӘДЕБИЕТ ХРЕСТОМАТИЯСЫ»**, оқу құралы. Авторы – Ө. Орта және орталық мектептің 6-сыныбына арналған, 1937–38 ж. қатарынан 2 рет басылып шықты. Онда авторлардың өмірі мен шығармалары, фольклорлық мұралар жөнінде оқушылар жан-жақты түсінік алатындай деңгейде мағлұматтар беріліп, талданған, яғни әрі хрестоматиялық, әрі оқулық сипатында жазылған. Қалам қайраткерлерінің белгілі шығармаларынан үзінділер енгізіліп, балаларға ұғынықты болу жағы ескерілген. Мазмұны кітаптағы қандай бағыт-мақсат ұстанғандығын анық аңдата алады: Гогольдің «Ревизоры» мен Толстойдың «Той тарқар» әңгімесін автор өзінің аударуында берген. Кітаптың 1937 және 1938 жылғы басылымының арасында аздаған айырмашылықтар бар: Мұса Молда, Сәбит Дөненбаев туралы жазылған материалдар кейінгісінен алынып тасталған, ал «Қырық өтіріктің мағынасы», «Қобыландының Тайбурылы туралы» деп аталатын материал жаңадан қосылған. Осылардан басқа мән-мазмұнында, құрылысында, сөз-сөйлемдерінде атап айтарлықтай өзгерістер кездеспейді. Жазушы бұл екі басылымға 1933 ж. М. Жолдыбаев, Ө. Қоңыратбаевтармен бірігіп жазған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. 7-классқа арналған» деп аталатын кітаптағы материалдардың кейбіреулерін пайдаланған. Бұдан кейін «Ө. х.» қайта басылмады. Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 9-кітабында «Әдебиет хрестоматиясынан» деген атаумен осы оқулықтан үзінділер жарияланды.

*T. Әкім.*

**«ӘДЕБИЕТТЕРІМІЗДІҢ ТУЫСҚАНДЫҒЫ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1959 ж. 15 мамыр күні «Жазушылардың бүкілөлке-тәуелсіз алдында» деген айдармен жарияланған. Сонында «Правда» 8 май 1959 ж.» деп көрсеткеніне қарағанда, «Братство наших литераторов» деген орыс тілінде жазылған нұсқасынан аударылып басылған. Кімнің аударғаны көрсетілмеген. Мақала жазушының орыс тілінде Мәскеуде шыққан 5 томдық шығармалар жинағының 5-томында (1975, 338–343-беттер), 20 томдық шығармалар жинағының 20-томында (А., 1985, 295–300-беттер) қайта жарық көрген. Мақалада Ө. Компартияның 21-съезінің алға қойған міндеттеріне сәйкес, кеңес жазушыларының атқарар істерін саралап, талдап өтуді мақсат етеді. Автор әдебиеттегі ұлттық түр категориясының басты белгілерін айқындап ашып береді. Кейбір әдебиетші, ғалымдарымыз бұл мәселені жеңіл-желпі ұғынып, оның белгісі ретінде сыртқы ұсақ өзгешеліктерді ұсынып немесе тек ұлт тілімен ғана шектеліп қалады. Ал шын мәнінде ұлттық түр дегенде, көркем шығармадағы кісі аттары, жер аттарымен, тек тілдік өзгешеліктерімен ғана қанағаттануға болмайды. Шығарма бір тілден екінші тілге аударылады. Сонда ұлттық түр өзгеріп, өшіп кетуге тиіс пе? Әрине, олай емес. Қай тілге аударылса да, ол шығарманың «біз сол халық өкілдерінің өз тілінде сөйлеп тұрған жүрек лүпілін сезуге» тиіспіз. Олай болса, ұлттық түрдің басты белгісі

– «қандай бір тарихи әдебиеттік ортада болмасын, ұлттық характерді бейнелей отырып, туған әдебиетінің топырағында социалистік реализм әдісін дамыта түсу» деген пікірді ұсынады. Ұлттық характер де ұлттық түр, дәстүр сияқты диалектикалық даму процесінде болады: «Жаңа ұлттық форма өмірдің өз әсерінен туады. Біріншіден, өткенде жасалған туындылардың бәріне сын көзқарас, дұрыс баға беріледі. Халықтың ұғымына, талғамына, психологиясына төтеп бере алатын туындылар іріктеледі. Озғын прогрессивтік нәрселер өзінің бұлжымас орнын алады... Екіншіден, жаңа дәстүрлер жаңа көркемдік элементтер жасап, ұлттық форма өзгеріп отырады. Үшіншіден, мәдени дамудың қазіргі жағдайында ұлттық форма жаңа сипаттармен байи түседі. Отанымыздың басқа халықтарының әдебиеттерінің қол жеткен формаларын қабылдай отырып, жаңа қасиеттерге ие болады» дейді ұлы жазушы мақаланың соңында. Автор кеңестік Шығыс әдебиеттерінің өсіп-өркендеуіне, проза, драматургия жанрларының туып-қалыптасуына, реалистік дәстүрлерді игеруіне орыс әдебиетінің игі әсері болғандығын баса атап көрсеткен.

*K. Сыздықов.*

**ӘДІБАЕВ** Марат Хасенұлы (1952 ж. т.), әдебиет зерттеуші, аудармашы. 1973 ж. Абай атындағы Қазақ педагогика институтының орыс филологиясы факультетін, М. Ө. атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын (1977) бітірген. 1987 ж. «Жырымасыны жылдардағы М. О. Өуезов повестері мен әңгімелерінің поэтикасы» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғады. «М. Өуезов прозасының поэтикасы» («Простор», 1977, №7), «Қараш-Қараш сырлары» («Қазақстан мектебі», 1977, №6), «Плеяда» («Новое поколение», 1997, №8), «Эпикалық баяндау» («Абай», 1997, №3), «Өуезовтің поэтикасы туралы мәселеге» («Мұхтар Өуезов әлемі», А., 1997) т. б. мақалаларында Ө-тің прозалық шығармашылығының көркемдік ерекшеліктері әр қырынан талданған. 1978 ж. «Тұлпар тік тұрып ұйықтайды» атты кітабы шықты.

*C. Майльбаева.*

**ӘДІБАЕВ** Хасен (1924 ж. т.), әдебиеттанушы. Филология ғылымының докторы (1970), профессор (1973). Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері (1978). 1986 ж. шыққан филология факультеттерінің орыс бөлімдеріне арналған оқулықтың «М. Өуезов» тарауын жазды. КСРО ҒА шығарған көптомдық «История многонациональной советской литературы» атты еңбектің қазақ прозасына арналған тарауын жазып, Өуезов шығармаларына талдау жасады. Сонымен қатар орыс мектептерінің 10–11-сыныптарына арналған оқулықтың және орта арнаулы оқу орындарына арналған қазақ әдебиеті оқулықтарының Ө-ке арналған тарауларын жазды. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына орай жарық көрген «Мұхтар Өуезов әлемі» деген жинақтағы «Алыптың тұлғасы» мақаласында «Абай жолы» эпопеясына жан-жақты көркемдік талдау жасалды.

**ӘДІЛБЕК** Сүйіндікұлы (т.-ө. ж. б.), Сүйіндіктің Асылбектен кейінгі ұлы, Тоғжанның ағасы, Абайдың: «Сап-сап кәңгілім, сап көңілім» өлеңінің «Қай мезгілде тойғыздың аюдайын ағасын, қатыны мен

қалашын. Қарсақ жортпас кара адыр, қарамай неге шабасың. Сонда тәуір болар ма, ұстап аң біреу шабасың» деген жолдарындағы аюдай ағасы да, ұстаса сабайтын да осы Ә. Ол Тоғжан мен Абайдың арасындағы жағдайдан бір сыбыс естігендей болғанда, аңду салып, бір-біріне жолатпай қояды. «Абай жолындағы» «Сүйіндіктің үйінде Абайдың үндемей қалғанына ішінен күліп отырған да кісі бар. Ол Сүйіндіктің кіші баласы – Әділбек. Асылбектей емес, ол ожар, тоң мінезді болатын. Енді Абайдың аңырып, дағдарып қалған пішініне қарап, өз ішінен: «Ал тілегенің осы болса, қарық бол!» деп, жымып отырған көріністің өзімен-ақ көп нәрсені ұғындырып тастайды. Елдің айтуынша жазып алған әңгімелердің ішінде оның Асылбекпен туысқандығы және мінезі жөнінде айтылар бірер сөз болмаса, одан басқа дерек кездеспейді.

*Т. Әкім.*

**«ӘДІЛЕТ ЖЕҢДІ»** («*Жизнь победила*»), жазушының мақаласы. «Литературная газетада» 1945 ж. 5 мамырда жарық көрген. Мақала кеңес халқының 2-дүниежүзілік соғыста герман фашизмінен жеңуіне арналған. Ә. мақаланы қазақ халқында: «Ұзаққа созылған қаралы, азалы күндерден кейін, ақ қанатты бақыт құсы ұшып келеді» деген қанатты сөз бар деп бастап, қараңғы түнек, қапас өмірден кейін жеңіс туының желбірегенін аса көтеріңкі пафоспен жазған. Өйткені ұлы жеңіс біздерді шабыттандырып, біздің қаруымыздың күш-қуатын әлемге әйгілі етті, әділет жеңіп, Кеңес Одағының даңқын шығарды дейді ұлы жазушы жеңіске деген қуанышын, жүрекжарды сезімін жасыра алмай. Бұл шығармаға Ә-тен басқа А. Первенцев, С. Бородин, Вера Инбер сынды қаламгерлер қол қойған.

*Б. Мамыраев.*

**ӘДІЛОВ** Ике (1881–1938), қоғам қайраткері. Тобықты елінің беделді, ықпалды адамы. Дәулетті отбасында дүниеге келді. Мұсылманша, орысша сауатты. Патша заманында бірнеше жыл болыс болған. Алаш қозғалысына белсене қатысып, Семей уездік, облыстық қазақ съездеріне делегат болып қатысқан. Алашорда үкіметіне, Алаш әскеріне қаржылай көп жәрдемдескен. Ә. 1927 ж. КСРО Ғылым академиясының Өндіргіш күштерді зерттейтін ерекше комиссиясының, Семей облысындағы қазақтардың төрт түлік малын зерттейтін топтың жетекшісі, биология ғылымының докторы Ю. А. Филипченко арқылы Ә. бастаған ел адамдарына хат жазып, олардың зерттеуші-ғалымдарға көмектесуін өтінген. Ә-тің хатына орай, Ә. ғалымдарды керекті азық-түлік, көлік, баспанамен қамтамасыз еткен.

*Б. Байғалиев.*

**ӘДІЛШИНОВ** Қалкен Шәкенұлы (1913–1980), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1945). Алғашқы ойнаған рөлі – М. Ә-тің «Еңлік-Кебегіндегі» Ақан (бұрынғы нұсқада осындай кейіпкер болған). Кейінгі жылдары Михайлов, Жиренше («Абайда»), Көкбай («Еңлік-Кебекте») бейнелерін жасады. Табиғатынан дарынды актер ірі сахналық бейнелер сомдады.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ӘДҒӘМОВА** Сәуар Сабырқызы (1901–1978), таттар жазушысы, аудармашы. Шығармалары 1926 жылдан жарық көрген. 1948 ж. «Достар» атты

әңгімелер жинағы, 1953 ж. «Менің сінділерім» деген өлеңдер топтамасы шыққан. А. Пушкиннің «Белкиннің хикаялары» повесін, Л. Толстойдың «Балдан кейін», «Кавказ тұтқыны», А. Чеховтың бір-қатар әңгімелерін татар тіліне тәржімалаған. Ә-тің «Абай жолы» эпопеясын татар тіліне аударды (1957). Романды аудару барысында Сәуар ұлы жазушымен пікір алысып, хат жазысқан, ақыл-кеңес сұрап, байланысып тұрған.

*Р. Досымбекова.*

**ӘЖИЕВ** Үкі (1924 ж. т.), суретші, акварельші. Қазақстанда кәсіпқой акварель өнерінің негізін қалаушылардың бірі. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980). Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1984). 1969 ж. Ә-тің портретін жасады. Автор бұл туындысында Ә-тің өз кабинетінде, креслода ойлану отырған келбетін шеберлікпен сомдай білген. Бұл портрет сол жылы Қазақстанда өткен Ресей мәдениетінің күндері кезінде Қазақстан үкіметі атынан МХАТ театрының мұражайына сыйға тартылды.

*К. Ахметжанов.*

**ӘЗИЕВ** Әмен Мақатұлы (1927–2003), жазушы, ғалым, Ә-тің күйеу баласы. Жазушының қарындасы Гүлнарға үйленген. Филология ғылымының кандидаты (1966), профессор (1991), тарих ғылымының докторы (1986). Шығармаларында қазақтың ұлттық парасаты, халықтар достығы, өндіріс тақырыптары көтерілсе, ғылыми еңбектері Орталық Қазақстанның индустрия тарихына арналды. Ұлы жазушы туралы «Мұхтар аға» деп аталатын естеліктер кітабын жазды (Г. Омархановамен бірге, 1997). Онда Ә-тің ғажап шығармалар тудырған жемісті жылдары, өмір-тіршілігінің көпшілікке беймәлім тұстары баяндалған.

**ӘЗІЛ**, сатира жанры. Оның екі түрлі мағынасы бар. Бірі – өмірден орын алған бір нәрсеге – құбылысқа, оқиға, фактіге немесе біреудің ұғым-түсінігіне, айтқан пікіріне көзқарас білдірудің, бағалаудың әдіс-тәсілі, жолы, яғни болмысқа эстетикалық қатыстың бір түрі. Ә-тің шығармаларында әзіл-қалжың көп ұшырасады. Мысалы, эпопеяда Абайлар түңделетін Семейге келіп, Дөмежанның үйіне түседі. Ауладағы жайдақ арбаның ішінде сақалдары күйектей боп ұйықтап жатқан адамдарды көріп, ақын Дөмежанға мынадай әзіл айтады: «Үйлеріңде қонақ жоқ, оңаша шығар деп ем. Жаңағы арбаның үстіне тиіп қойған сақалдарың немене? Бұ қап-қап сақал жиып, базарға сатқалы отырсыңдар ма? Сенің қолыңа мұндай молшылық қайдан түсті, Дөмежан? Қайдан келген, қандай сақалдар бұлар?» Осында жазушы сақалдарға деген Абайдың өзіндік қатысын, көзқарасын, бағасын білдірген. Екінші мағынасы – жұртты күлдіру, көңілдендіру ниетімен немесе сөз таластырып отырған кісіні жүйеге жығып, сөзден жеңілдіру ниетімен айтылатын өткір де тапқыр, іліп-шалма пікір. Мысалы, бірде Сабырбайлар дікендей берген Майбасардың шалбарын сыпырып алып, «етпетінен тізерлетіп қойып, құйрығының арасына түйенің қатқан құмалактарын батырып-батырып жіберіп» абыройын кетіреді. Кейін Базаралы қыз қойнына барам деп ұсталып, Торғай елінің жігіттерінен басы жарақаттанады. Сонда әлгі Майбасар: «Торғайлар басына мініп, қырғи боп кеткен бе?» деп кекетеді. Оған Базаралы: «Е, торғайдың торғай болмай, қырғи шыққан жаңа біліп пе ең, сығыр? Әуелі артыңа шоқайтып дөңдеткен ең емес пе ең? Менің басыма, сенің артыңа мінген

соң кырғи болмай, кім болушы еді?» деп салады. Майбасар қак басына бір салғандай отырып қалады. Ұлы жазушы «Шаншар» журналы» атты мақаласында әзіл-күлкінің табиғаты жөнінде толымды пікір, татымды ойлар айтқан. «Нағыз күлкі сөзде емес, күлкі қылған халде болады. Күлкі сөздің шатасынан тумайды. Сырт пішіні дарақы, оспадарлау келген сөзден шын күлкі шықпайды. Күлкі іспен аралас келсе, бір жағы шыңға тіреліп, қысылшаң кезде ауыр мен жеңілдің жапсарында келсе, көбінесе оқыс қиындыққа ұшырап қалатын жерден тұса сонда дәмді болмақ». Сондықтан жұртты күлдіру үшін сөз айтпай-ақ, күлкі боларлық жайларды алу керектігін ескертеді.

*Т. Қожакеев.*

**ӘЗІМБАЙ** Тәңірбергенұлы (1866–1918), Абайдың ағасы Тәңірбергеннің (Тәжежанның) үлкен ұлы, тобықтының биі. Ө. жастайынан ел ішіндегі билікке араласқан. Ол 1895 ж. Шыңғыс болысының басқарушысы, 1902–1905 ж. сол болыстың биі болып сайланған. Ө-дан – Бердеш (Фирдауси), Басари, Қашым, Ғабдылманап, Зұлғарыш, Зұлпықан, Дінісләм (Шөпіш), Шайхыслам, Нығман, Аңсары тарайды. Ө. қолы қатты, қызба мінезді, ағайын арасындағы істі қысқа қайырып шешетін, тура мінезді адам екен. Кей тұстарда Абайдың иықтасып жүрген адамы Оразбай Аққұлұмын жең ұшынан жалғасқан. Бірақ Құнанбай мен Абайдың дәстүрлі жолын қадір тұтқан. Балаларының барлығын оқытқан, білімге тәрбиелеген. Ө-дың балалары Өуез ауылымен құда-жеқжат, күйеу-келін болып етене араласып, өмір сүрген. Оның қызы Әліле жазушының ағасы Разаққа тұрмысқа шықты, ал Ақылбайдың немересі Бағұфүр Әлімқұлов Разақтың қызы Ғафураға үйленді. Шөпіш (Дінісләм) Әзімбайұлы Шыңғыс болысының тізгінін ұстады. Қайырымдылығымен, әділдігімен аты шықты. Оның ұлы Фатих Дінісләмөв қазақ баспасөзін қалыптасуына өзіндік үлес қосты. Шығыс классиктерін аударды. Ө. оның шығармашылығына үнемі қамқорлық жасап, жоғары баға берген. Қатіра Зұлғарашқызы Әзімбаева 40 жыл бойы қазақ радиосында диктор болып қызмет істеді. Бердеш Әзімбаев кеңес өкіметінің қуғын-сүргініне ұшырап, шет елде бас паналауға мәжбүр болды. Ө-дың зираты – өзінің қыстауының қасындағы «Домазақ төбе» деген жерде. Оның бейнесі «Абай жолы» эпопеясында көркемдік шындық тұрғысынан суреттелген («Қастықта» тарауы).

*Қ. Мәшһүр Жүсіп.*

**ӘЗІМХАН**, жазушының кейіпкері. «Абай жолы» роман-эпопеясының төртінші кітабында суреттелетін қазақ оқығандарының жиынтық белгісі. Белгілі бір мөлшерде Әзімхан образын 20 ғасырдың басындағы қазақтың рухани көсемі – Әлихан Бөкейханұлының өмірлік және қоғамдық күрес жолы арқау болған. Жазушы кейіпкерлердің ауызекі сөздері арқылы баяндаған: «Айтуларыңша ол Петербургте оқу бітірген. Бұл жүрген қазақ баласының бәрінен білімді. Өзі орыстың Петербург, Москвадағы өңшең ақсүйек, князь, дворяндарының жастарымен бірге араласып өскен. Орыстың анық ақ патшаға жуық ортасын біледі. «Сонау сегіз санат министрлерге тақау жерлерде болған!», «Мынау корпуснойларыңыздан үлкен жандармдардың інілері, балалары осының қасында өскен!», «Орыстың талай миллионшік байларының жас буындарын да ол біледі!», «Орта жүз қазағын бір заманда «бүлік еткізбей» билеген Жабай ханның немересі

екен...»; «Былай салсаң да төре, олай салсаң да хан-төре. Ұлықтық осыған тауып қонған. Қазіргі қазақтың Ресей заманындағы бастығы осы болар»; «Кешкі майдан бұрын ол бұл отырған тобықты жуандарын, ру басыларын, ата текті жақсы білеміз дейтін қазақтарды таң қалдырды. Кітаптың айтқаны ма, өзінің хан баласы болған тегінен, жастайынан естігені ме, әйтеуір қазақ деген елдің арғы-бергісін бұл өңірде, бұл отырған қазақтар айтып та, естіп те көрмеген түрде баяндайды. Сондай бір шағында Әзімхан қазақ даласының Ресей патшалығына қараған жайын сөйлей жөнеледі»; «Ресейге қараған қазақ пәлен миллионнан астам» деп оны бір қайырып тастады. Содан әрі ... 1895 жылы Петербургта басылып шыққан «Энциклопедический словарьдің» 15-томында, қазақ деген халықтың әр болыстағы санын айтқан фактілерді үсті-үстіне төпей түсіп, Әзімхан айтып жатыр» дегендегі (20 томдық шығармалар жинағы, 6-том, 253-254, 260-беттер) деректердің барлығы да Әлихан Бөкейхановтың өмірбаяны мен іс-әрекетінен нақты мағлұмат береді («Қастықта» тарауы). Әзімхан жазушының қиялынан туған, тарихи шындықтан тыс көркем кейіпкер ретінде оқиғаға араласып, Абайға қарсы топты жақтап, Оразбайдың сөзін сөйлейді. Өуелдегі авторлық нысанасы мүлде басқа болса да, жазушы Әзімхан бейнесіне жағымсыз кейіпкерлерге тән оқиғаларды тели суреттеуге мәжбүр болды. Өйткені 1949–1953 жылдарғы саяси-идеологиялық қысым мен қудалау тұсында Ө-ке: «Көркем шығармаларындағы кейіпкерлердің іс-әрекеті мен сөзі арқылы «Алашорданың» ұлтшыл-буржуазияшыл идеясын насихаттады» деген үлкен айып тағылды. Еріксізден-еріксіз «Абай», «Ақын аға» романдарына түзету енгізуге, үш кітаппен аяқталатын шығарманы төрт кітап етіп көлемін ұзартуына тура келді. Жаңадан «Қарашығын», «Кек жолында», «Қастықта» атты тарауларды қосты. Сонда да Әзімханды жағымсыз кейіпкерлер тобына қоса отырып, әдеби әдіс арқылы оның ұлттық-қайраткерлік күрес жолынан ретін таба отырып мәліметтер беріп үлгерді. Бұл – сол тұстағы зиялы оқырмандар іштей түсінетін көркемдік ишара, өзіндік бір әдеби тәсіл еді. Соның нәтижесінде «Абай жолы» оқи отырып Алаш ардагері Әлихан Бөкейханұлының идеясынан мағлұмат алуға мүмкіндік туды. Мұның өзі де Ө-тің ұлылығы мен жазушылық шеберлігін танытады. Мұхқан Ө. Бөкейханұлын рухани көсем тұтқан, оны Семейде қарсы алып, Шыңғыстауға ертіп барған. 1920 ж. тамыз айында Кемгилта Мағауияқызы мен Мұхтардың үйлену тойына Ө. Бөкейханов, М. Дулатов, Х. Ғаббасов, Ө. Қашаубаев, И. Байзақовтар қатысқан. Жазушы сол сапардағы көріністерді «Абай жолында» көркем суреттеп берген.

*Т. Жұртбай.*

**ӘЗІРБАЕВ** Кенен (1884 – 1976), ақын, әнші, композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1956), Қазақстанның халық ақыны (1961). Қазақ халық әндері мен кәсіби композиторларының шығармаларын орындап, насихаттаған. 1960 ж. Ө-тің ұсынысымен Мәскеуде өткен дүниежүзілік шығыстанушы ғалымдардың халықаралық конгресінде «Қобыланды» жырындағы Тайбурдың шабасын суреттеген жерін орындап, зор табысқа жетеді. Мұхтар осы жолы Ө-қа қатты қамқорлық жасады.

Жас балаша қолымнан жетектеп жүріп үстіме ұлттық киім киізді, домбыра жасатты... Сонда Мұхтар: «Кенеке, мен сізді осыған дейін анық танымаған екенмін, тек әнші ғана ма деуші едім. Сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне, әрі ғұлама жырау, әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізе білген талантыңызға дән ризамын» депті (Т. Кененқызы. Кенен. Естелік-эссе. А., 1998, 51-бет). Бұл жөнінде ғалым О. Нұрмағамбетова былай дейді: «Эпос кеші бітті. Біз Кенекенді алып, мейманханаға кеттік. Біраздан кейін Мұхтар аға телефон соғып: «Ертең мен Кенен Әзірбаевтың құрметіне арнап үлкен қабылдау жасаймын, той дастарқанын жаямын. Соған міндетті түрде Кененді алып келіңдер» депті («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997, 428-бет).

З. Қослақов.

**ӘЗІРБАЙЖАН ӘДЕБИЕТИ.** Әзірбайжан әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланысы түркі тілдес болғандығына қарамастан, әзірбайжан-орыс әдеби байланыстарына қарағанда аз зерттелген. Екі халық та ертеде түрік қағанатының құрамында болып, ауыз әдебиетінде өлендік, поэзиялық жанрларға көп көңіл бөлген. Бұл халықтардың фольклорлық жанрлары, ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке ауысу жолдары ұқсас. 19 ғасырда екі ел де Ресейдің құрамында болғандықтан, әдеби қатынастарда орыстық-еуропалық әсер де ықпал еткен. Бұл орайда Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, М. Ф. Ахундов, М. Ш. Вазех тұлғалары әзірбайжан халқының әдебиетінен үлкен орын алды. Әзірбайжан-қазақ әдеби байланыстарында А. Құнанбаев пен Жамбыл шығармашылығы көбірек қаралған. Аудармалар жасалып, зерттеу мақалалар жарияланған.

1954 ж. әзірбайжан оқырмандары алғаш Ө-тің қазақ халқының ұлы ақыны А. Құнанбаев жайындағы романымен ана тілінде танысты. Екі кітаптан тұратын романды Алекпер Аббасов аударып, баспадан шыққаннан кейін, әзірбайжан оқырмандары мен сыншыларының көңілін аударды. «Коммунист» газетінде (2.7.1956) Дж. Маметов пен Г. Гезаловтың «Абай» аудармасы туралы мақаласы шықты. Бұл аударма Ө-тің шығармашылығын әзірбайжан әдебиетінде зерттеуге бастау болды. 1977 ж. қыркүйекте Ө-тің 80 жылдық мерейтойы кезінде әзірбайжан жазушысы, академик М. Ибрагимов «Адабият ве Инджесенет» газетінде (27.9.1977) «Халықтың ұлы суреткері» мақаласын жариялап, қазақ халқының өмірін оның ең озық өкілі – ақын, ойшыл Абай Құнанбаев бейнесі арқылы жан-жақты ашқан монументтік шығармалар «Абай», «Абай жолы» романдарына терең талдау жасады. Ол: «...өзінің эпопеясымен биік көркемдік табыстарға жетіп, туған елінің 19 ғасырдың екінші жартысы мен 20 ғасырдың басындағы өмірі мен рухани күресінің жан-жақты картинасын жасады, айқын бояулармен жаңа прогресшіл ағымдардың ескі тамыры ескі ғасырларға кеткен феодалдық-патриархалдық ағымдармен күресін суреттеді» деп жазды. Ө. шығармашылығының тағы бір қыры ретінде «... халықтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, адам тағдырлары арқылы халықтың рухани бейнесін, рулар мен әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды көрсетуін» атады. Ибрагимов

романның «М. Ф. Ахундов, И. Чавчавадзе т. б. әдебиеттер өкілдері шығармаларындағы сияқты» жаңа заман ойларымен, алдыңғы қатарлы орыс әдебиеті өкілдерімен үндес екенін атап көрсетті. Мақалада Ө-тің С. Вургунмен, А. Фадеевпен шығармашылық байланыстары жайында да айтылған. Бұл турасында «...мен өзім де Әуезовпен жақын болдым, оның С. Вургунмен, А. Фадеевпен жақын болуына олардың шыншыл, терең мазмұнды әдебиетке деген сүйіспеншіліктері... патриоттық сезімдерінің биіктігі әсер еткеніне куә болдым» деген. Бұдан бұрынырақ Ибрагимов «Әзірбайжан» журналында Ө. туралы «Дос туралы естелік» атты мақала жариялады. Онда әзірбайжан әдебиеті мен қазақ әдебиетінің байланыстарын кең ауқымда қарастырған. Қазақ халқының ұлы жазушысы «...қимылы, әрекеттері, әңгімесі өте салмақты, байсалды болатын. Бойшаң емес, айналаның бәрін күйдірген аптап ыстыққа да, шөл даланың құрғақ желі де сындыра алмайтын кең далада тамырын тереңге жіберген алып, саялы ағашқа ұқсайтын». Ө-пен он үш жыл достық қарым-қатынаста болған Ибрагимовтың ол маған біздің Алекпер ашугіміз сияқты өмірінде көпті көрген шығыстың данасы болып көрінетін деген бағасы анық ақиқат еді.

«Әзірбайжан» журналында (1977, №10) Ө-тің 80 жылдық мерейтойына қарсы «Қазақ халқының ұлы жазушысы» атты мақала шықты. Мақаланы журналдың редакторы, атақты әзірбайжан жазушысы И. Шихла жазған. Онда кеңес әдебиетінің классигі Ө-тің шығармашылығын жан-жақты талдаумен қатар, жазушының суреткерлік жолының бастауларына шолу жасалған. «Абай өлеңдерін жастайынан жүйелі түрде оқуы Ө-тің сауатын ашуына, шеберлігінің кемелденуіне, ойлау жүйесінің қалыптасуына әсер етті» деп, жазушы өмірінде Абайдың орнын көрсеткен. Абай поэзиясының Ө. тағдырына әсерін талдай келе Абайдың Әуезов-прозаикке әсері Вагиф поэзиясының Самед Вургун прозасына әсері сияқты болды дейді. Екеуінде де классика ақындардың шығармаларындағы халықтық пен реализмнің сырларын терең түсінгендік қасиет бар. Автор Ө-тің үлкен әдеби-көркемдік табысы ретінде Абайды үнемі халықпен бірге алып (Абай – халық, халық – Абай), эпопеяда айшықты бояулармен суреттеп шыққанын атаған. Ө-тің жас кезіндегі шығармалары жайында айтылып, қазақ драматургиясын қалыптастырудағы («Еңлік – Кебек») қызметі көрсетілген.

Ө-тің 80 жылдық мерейтойына қарсы әзірбайжан ақыны, аудармашысы, ғалым, қоғам қайраткері Х. Рза (Ұлытүрік) «Көркем сөздің алыбы» мақаласында Ө-тің ең халқының ең асыл қасиеттерін бойына жинап, ұлы роман-эпопея «Абай жолынан» басқа да «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман», қазақ халқының Ромео мен Джульеттасы сияқты «Еңлік – Кебек» пьесасы, «Манас», «Игорь полкі туралы жыр», «Жолбарыс терісін жамылған батыр» сияқты әдеби ескерткіштерді зерттеуге арналған ғылыми еңбектер жазғанын айтты. Х. Рза ұлы ақын Абай Құнанбаевтың жауынгер гуманизмімен, орнықты демократизмімен, жарқын талантымен қазақ халқының поэзиялық мәдениетін, қоғамдық-саяси ойлау жүйесін үлкен биікке көтергенін, осы ерекше тарихи тұлға жайындағы ұлы шығарманың Ө. қаламынан туғанына сүйсініс білдірген. Зерттеуші эпопеяны талдай келіп, шығармада артық-ауыс сөз-сөйлемдердің жоқ екенін, қазақ халқы-

ның жарты ғасырлық өмірін ескі мен жаңаның аяусыз күресі арқылы суреттеуі «Абай жолы» роман-эпопеясының әлеуметтік мәнін күшейткен деген тұжырым жасаған. Рза да Ө-тің әзірбайжан әдебиеті мен мәдениетінің үлкен досы болғанын айтқан. Ө-тің өнер мен поэзия жайындағы мақалаларының бәрінде дерлік ұлы ақындар Низами мен Физулидің аты аталады дейді. Ө. Самед Вургун жасаған А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының аудармасын, Ибрагимовтың «Күн туады», М. Гусейннің «Апшерон» романдарын жоғары бағалаған. Гусейн «Жүрегі жомарт адам» деген мақаласында «Абай» романын оқығанда бүкіл қазақ халқының өмірі мен көп жылғы тарихын асқан шеберлікпен, шыншылдықпен суреттегеніне таң қалып, тәнті болумен қатар, жақсы мағынасындағы қызғаныш сезіміне де тап болдым деген. Мақала авторы Ө-пен көп жыл достық қарым-қатынаста болып, оны өмір тәжірибесі мол, көркем шығармашылық мәселелерін терең түсінетін, көрген, көп ұлтты, көп тілді әдебиеттің даму жолдарын жіті бақылап, біліп отыратын адам ретінде таныдым дейді. Гусейн осы еңбегінде «...Вургунге ерекше иттипатпен қарап, оның поэтикалық тілін тазалық пен айқындықтың үлгісі деп есептеді. Ол Вургунды әзірбайжан поэзиясының тілін араб, парсы сөздерінен тазалаған керемет стилист деп бағалады. Ө-тің әзірбайжанның ұлы ақыны Вургун шығармашылығы туралы ойлары оның тек қана көркем сөздің үлкен шебері ғана емес, жалпы түркі тілдерінің үлкен білгірі екенін көрсетеді деп, Ө. шығармашылығының тағы бір қырын ашқан. Гусейннің қызы Зивер ханумның айтуы бойынша, 1955 ж. жазушылар съезінде сөйлеген сөзінде Гусейн Шығыс прозаиктері Ө-тің, Мұқановтың, Кербабаетын, Ибрагимовтың көп ұлтты кеңес әдебиетінің дамуында үлкен орын алатынын еске салған. К. Симонов баяндамасында Шығыс прозаиктерінің еңбектеріне жоғары баға берілмеген еді. Бұдан біз М. Гусейннің Ө-ті классик, көркем прозаның үлкен шебері, ғылыми мұрасы көпшілікке белгілі болуға тиіс ірі ғалым деп бағалағанын көреміз. Осы айтылғандардан әзірбайжан халқының, жазушылар мен ғалымдардың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ықыласпен қарағанын байқауымыз. Жамбыл Жабаев пен Абай Құнанбаевтан басталып Ө. шығармашылығы арқылы жалғасқан әдеби, мәдени, рухани байланыстардың жібі әлі де үзілген жоқ.

*М. Ибрагимова.*

**ӘЗІМБАЕВ** Бердеш (шын аты – Ф и р д а у с и; 1890–1963), Абайдың туған ағасы Төңірбергеннің ұлы Әзімбайдың баласы. Орысша хат таныған, болыс старшыны, ауылнай болған. Кеңес өкіметінің коллективтендіру мен конфискациялау науқанының елді күйзелетінін ерте түсінген. 1931 ж. қырдағы ел жаппай ашаршылыққа ұшырай бастағанда Жабағытай, Шәпет, Зият Шәкәрімұлы ұйытқы болған, жұрт «Ақ сиырдың дүрбелеңі» деп атап кеткен Шыңғыстау көтерілісінің басшыларының бірі болған. НКВД-ның әскерімен қақтығысып қалған. Немере ағасы, ақын Шәкәрім Құдайбердиевтің ақылымен өкіметке өз еркімен берілуге келе жатқан кезде таң қараңғысында А. Қарасартов бастаған топ Шәкәрімді атып өлтіргеннен кейін, Шығыс Түркістанға қоныс аударған. Сол жолы НКВД әскерлері Мекайыл Ибрагимов (Абайдың ұлы), Санязз Медеуов (Оразбайдың немересі; Ақылы Тұрағұлқызының күйеуі) бастаған отыздан астам адамды тұтқындап, «контрреволюциялық бүлік шығарғаны

үшін» өзге адамдармен бірге Семей түрмесінде атып тастайды. Көтерілістің ішінде Ө-тің немере ағасы Қарабала да (лақап аты; шын аты – Қасымбек) болды. Бердеш 1956 ж. Кеңес Одағына қайтып оралып, әуелі Қырғызстанның Нарын өлкесінде тұрды. Содан кейін 50-жылдардың аяғында туған жеріне қайтып оралды. Қауіпсіздік комитеті оны бірнеше рет тергеуге алды. Ш. Құдайбердиевтің атып өлтіруінің нақты дерегін айтып беруші куә да осы Бердеш. Үрім-бұтақтары қазір Семей облысының Абай ауданында тұрады. «Абай жолы» роман-эпопеясында аты аталады.

**ӘЙГЕРІМ** (1856–1918), Абайдың Ділдәдан кейінгі екінші әйелі, 1874 ж. үйленген. Шын аты – Шүкілман. Оның еңшілігі мен көркіне таңданудан туған «Әйкөрім» сөзі «Әйгерім» деп атандырып жіберген. Абай алғаш рет «Ә-ді Орда тауының Шілікті кезеңі» деп аталатын жердегі аулында Семейден қайтып келе жатқанда көрген. Роман үшін жинаған деректерінде мыналар жазылған: «Әйгерімді алу жайы, Жиренше жүреді араға, Құлқай – Байшораның басты кісісі. Беріп отырған жеріне Аюбайдың Мұсасы мен Құлқай малды көп қайырып, бұрынғы жерінен бұзады, Абай: «Жиренше, өзің барып көріп, ұнатсаң, Қажының (Құнанбай) да рұхсатын ал» дейді. Ол кезде Абай Қоңыра болыс, Қоңыркөкше болысы деп аталады» (№29-папка, 178-бет). Осыларға қарағанда, алдымен Абай Әйгерімнің айттырған жерін де, ауылының туыстарын да риза еткендігі көрінеді, содан кейін ғана құда түсіп айттырып алады. Екі жақтың тілін тауып, араға Жиреншенің жүргендігі деректердің басқа тұстарынан да кездеседі. Бұл шындықты жазушы «Абай жолында» онша ауытқытпай, көркем де, әсерлі де суреттеген. Әйгерім қайтыс болғанда, оның сүйегі Аралтебегі Ақылбайдың бұлағы аталған жердегі бейітке қойылады. Одан 6 жыл өткенде, 1924 ж. дүниеден өткен Ділдә өлерінің алдында: «Күндес еді демесін, мені Әйгерімнің қасына жерлендер» деген тілек айтады. Ол тілегі орындалып, қазір екеуі қатар жатыр. Ө-нің бейігі 1993 ж. қалпына келтіріліп, қайта салынды.

*Т. Әкім.*

**«ӘЙЕЛ ЖОЛЫ»**, жазушының кино әңгімесі. 1952 ж. жазылған. Ө-тің мұрағатында оның машинкаға басылған бірнеше нұсқасы сақталған. Әуелі «Бақталай», «Зорталай» деп атаса, орысшаларын «Её доля» (киносценарий). Часть 1», «Большая судьба (киносценарий)», «Из дали веков», «Путь женщины, или ее доля», «Такой не бывали» деген. Қазақша нұсқасына: «Бұндай әйел бұрын болған емес, болуға мүмкін де емес», орысша нұсқасына: «Такой женщины не бывало, и не могло быть в старое время» деген И. Сталиннің сөздері эпиграф етіп алынған. Сол үшеуінің автор өз қолымен редакциялаған соңғы нұсқасы Ө-тің 12 және 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді. Мәтін жағынан салыстырғанда, кино әңгіме Ө-тің «Алуа» пьесасымен ұқсас, сарындас, екеуінде де бас кейіпкер біреу – Алуа. Көптеген жерлері сөзбесөз келеді, жолма-жол қайталанады. Бірнеше кейіпкерлері ортақ (Нина, Бейсен, Доғал, Сексек, Арман, Сапар, Мардан, Назарбек т. б.). Тақырыбы – әйел төндігі мәселесі. Негізгі идеясы – қазақ халқының социалистік санасының қалыптасуын бейнелеу. Жетім жалшы қыз Алуаның кеңес зама-

нында теңеліп, жетіліп, партия қызметкері, ғалым болғаны суреттелген. Ө. сценарийді жазғанда, кино талаптарын ерекше ескерген, оператор мен режиссердің қиялына қозғау салатын детальдарға көп мән берген. Көзге елестетер суреттерге, ірі көріністерге, контрастка ден қойған. Тізбектелген эпизодтар, көпшілік сахналары, әр түрлі қосалқы кейіпкерлер мол. Жалпы алғанда, «Ә. ж.» кино өңгімесі – бас-аяғы жұп-жұмыр, тиянақталған, көркемдік деңгейі жоғары шығарма.

*Н. Ақбай.*

**ӘЙТІЕВ** Әбдірахман (1886–1936), Қазақстанның көрнекті мемлекет және саяси қайраткері. Орал өңірінде кеңес өкіметін орнатуға, азамат соғысы жылдарында осы өкіметті оның жауларынан қорғау ісіне белсене қатынасты: 1919–20 ж. Қызыл Армияның 25 дивизиясының (кезінде В. И. Чапаев командир болған) саяси бөлімінің бастығы, Орал облыстық ревком төрағасының орынбасары, 1920 ж. Қазақ өлкесін басқаратын Қазревком, Қазақ Автономиялы КСР Орталық Атқару Комитетінің және оның төрағасының мүшесі, 1921–25 ж. Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссары, кейінгі жылдарда Ақтөбе губерниялық ревкомының төрағасы болды, әр түрлі деңгейдегі кеңес және партия органдарында жауапты қызметтер атқарды. Ө. 1921 ж. Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің жауапты (саяси) хатшысы болып сайланғаннан бастап Ә-пен 1–2 жыл ресми (қызмет бабындағы) қарым-қатынаста болып, араласып тұрған.

*К. Нұрпейіс.*

**«ӘКЕЛ ДОСТЫҚ ҚОЛЫНДЫ, БАУЫРЛАРЫМ»**, жазушының мақаласы. 1960 ж. 10–12 қазанда Душанбеде өткен Азия және Африка халықтарының отаршылдыққа қарсы күресіне арналған конференциясында сөйлеген сөзінің негізінде жазылған. Сол жылы 21 қазанда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Кейін Ә-тің 20 томдық шығармалар жинағына енді (1985). Сөз басын БҰҰ Бас Ассамблеясының 15-сессиясы өтіп жатқаны туралы оқиғамен байланыстырып, «адам атаулының азаттық пен тәуелсіздік үшін төккен қаны қай құрлықта болса да, бір-біріне ұқсас, демек олардың жүректерін кернеген қасиетті үміт те ортақ» деген биік адамгершілік рухқа толы жолдар арқылы «дүние жүзі халықтарының бейбіт өмір сүруін, халықаралық шиеленісті бәсеңдетіп, толық және жаппай қарусыздануды, соғыс өртен өшіріп, мүлдем жоюды, отаршылдықты құртып, бүлелдерге азаттық әперуді халықтардың ұлы арманы ретінде сараптайды», «осы заманғы тарих дамуы адам баласының алдына осындай талаптар қойып отыр» дейді. Рухани мәдениеттің, ғылым мен халық ағарту ісінің, өнер мен әдебиеттің қарыштап дамығандығы туралы Қазақстанды үлгі етіп көрсетеді: жаппай сауатты, ғылыми «адам айтқысыз гүлденіп» көркейген республиканың алдыңғы қатарлы зиялы қауымын, әсіресе «әйгілі оқымысты, Академия президенті, геолог, Лениндік сыйлықтың лауреаты Қаныш Сәтбаевты» ерекше мақтанышпен айтады, оқымысты қазақ әйелдерінің де бар екенін, Душанбедегі конференцияға қатысынып отырған ғалым Кәмила Фтегенова, қоғам қайраткері Балжан Бөлтірікова, өнер сыншысы Ләйле Ғалымжанова, мұғалима Әлия Дүйсенова есімдерін атау арқылы дәлелдейді. «Қазақ халқының өнер өр-

кендеуіндегі тамаша табыстары» – «екі шекті қу карағай» домбырадан симфониялық оркестр шыңына көтерілу жолы, «жалғыз өнші – жаяу серінде» «мың дауысты хор биігіне шырқау жолы» ретінде бағаланады. Азат халықтардың жарқын өмірін айқындайтын осындай өнегелі мысалдар арқылы Орта Азия және Қазақстан жетістіктерін ұлы ақиқат деп танып, осы жолда «бейбітшілік пен туысқандық үшін, отаршылдықтың құруы үшін, әкел достық қолынды, Азия мен Африка елдері!» деген үндеумен аяқтайды.

*Н. Жанақова.*

**ӘКІМ** Талатбек (1936 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1992). «М. Өуезовтің «Өскен өркен» романының творчестволық лабораториясы» атты тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғады. «Даналық мәйегі» деп аталатын зерттеуінде (1997) ұлы жазушының шығармашылық жолына терең барлау жасап, Ә-тің суреткерлік тұлғасына қосылған үш сүрлеуді – ойлылыққа, ойшылдыққа алып барған оқу-ізденулерді, өмір материалдарын көркемдікке айналдыруды және шеберлікті меңгеруді жатқызған. Ә. жазушының 12, 20 томдық шығармалар жинағын, 50 томдық толық жинағын шығаруға қатысты. «М. О. Өуезовтің өмірі мен творчествосы туралы библиографиялық көрсеткіш» (1972), «М. О. Өуезовтің қолжазба мұрасы» (1977), «М. О. Өуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы библиографиялық көрсеткіш» (1984), «М. О. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» (1997) т. б. кітаптарды әзірлеуге белсене ат салысты, елу томдық академиялық толық жинағының жауапты шығарушысы. **ӘКІМБАЙ** (Х а к і м б а й) (1866–1873), Абайдың Ділдәдан туған баласы. Құнанбай аулының молдасы Ғабитқан Ғабдыназар ұғылы 1866 ж. 4 ақпанда Омбыда кадет корпусында оқып жатқан Халиолла Өскенбаевқа хат жазғанда: «Тәңірберді ағаныздың қатыны бір ұғыл тапты, аты – Өзімбай, Ибрагим ағаныздың қатыны – бір ұғыл туды, аты – Хакімбай» депті. Бұл бала 7–8 жасында қайтыс болған. Ө. жастай өлгендіктен, басқа деректер жоқ. М. Ә-тің «Абай жолында» жоқтау жырға байланысты Ә. туралы көркем сурет берілген.

*М. Бейсенбаев.*

**ӘКІРӘМ** Ғалымов (1892–1913), қазақ-татар ақыны, драматург, аудармашы, педагог. Жастайынан қазақ балаларына дәріс беріп, өлең жазба бастады. Ә-тің әдеби-сын еңбектерінде Ә-нің шығармашылығы жоғары бағаланған. Ұлы жазушы ақынның «Не екен сұлу қыздың түсін алған» атты өлеңінің тақырып, мазмұн, идея жағынан Абайдың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңімен ұқсастығы туралы жазып, Ә. шығармашылығының 20 ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің дамуы тарихына қосқан елеулі үлесін атап көрсетті.

*Б. Мамырәев.*

**ӘКІРӘМ** Разақов (1930–1999), жазушының немере інісі, Разақ Самарханұлының бәйбішесі Мәкіжаннан туған. 50-жылдардың ортасынан бастап Ә. өзінің қамқорлығына алған. Мұхтардың жеке машинасын жүргізді. Үй шаруашылығы жұмыстарына бас-көз болды. Мұхтар тұрмыс-тіршілікке қатысты жеке тапсырмаларын Ә-ға тапсырып отырған. Келіншегі Күлияға үйленгенде тойын Ә-тің өзі жасап беріп, жасау-жабдығымен отау етіп шығарған. Жазушының той-томалағы мен қонақтарын қарсы алу, құту рәсімін Ә-нің мойнына жүктеген. Мұхтардың саятқа, аң аулауға Ә. алып шығып



тұрған. Кейіннен жазушының машинасын жөндеп жүргенде мәртігіп, бір аяғы кемтар болып қалған. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы қайта жаңғыртылған тұста мұражай-үйдің ішкі жиһаздары мен орналасу реттерін қалпына келтіруге көмектескен. Ө-нің ұлдары: Еріктен – Әлібек, Әлия; Қанаттан – Әмір, Асан тарайды.

**ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ.** Ө-тің дүние жүзі әдебиетіндегі орны. Ө. – ұлттық көркемдік ойымыздың көкжиегін кеңейтіп, қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерген, 20 ғасырдың ең озық классиктерінің қатарынан орын алған жазушы. Әуезов шығармашылығы, әсіресе, қаламгердің халқымыздың тарихи жолын сомдап бейнелеген «Абай жолы» дәуірнамасы – дүние жүзі мәдениетінің алтын қорына үлкен үлес болып қосылған баға жетпес қазына. Ө-ті әлемдік деңгейдегі алып тұлға, әлемдік құбылыс ететін алдымен оның шығармашылығы жаңа ғана белеске көтерілген ұлттық сана-сезімінің жарқын көрінісі болғандығы. Ұлы жазушы шығармашылығының қайнар көзі, сарқылмас бастау-бұлағы ұлттық сөз өнерімізде, ана тілімізде екенін, ол туған халқының өмір-тұрмысын, тарихын, арман-мүдделерін, психологиясын терең, көркем бейнелеу арқылы ұлттық ой-санамызға, сөз өнерімізге шексіз мол жаңалық әкелді. Ө-тің әдеби мұрасы түбегейлі ұлттық мүдделерге сәйкестігі жағынан алсақ та, әлемдік адамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарасақ та, алдымен туған халқының өмірімен тығыз байланысты, тарихи тағдырымен тамырлас болуымен бағалы.

Батыс пен Шығысқа, дүние жүзі елдерінің оқырмандарына Ө. шығармалары қазақ халқының өмірі мен тұрмысын, бүгінгі егемендік алған еліміздің тарихи жолын, асқақ арман, асыл мұраттарын терең толғап баяндай отырып, бүкіл адамзатты толғандыратын аса зәру әлеуметтік, моральдық мәселелермен ұштастыра білуімен етене жақын. Жазушының орыс әдебиетін, Шығыс пен Еуропа әдебиетін, әсіресе, классик жазушылардың шығармаларын жетік білгенін, олардан нәр алғанын, сонымен қатар керемет суреткерлігін, асқан ойшылдығымен, мәңгілік биік мұраттарды қажымал талмай уағыздауымен өзге елдердің де әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне үлкен ықпал жасады. Бұл орайда Ө. әлем классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, бар қасиет-сипатымен жеткізгені, жазушының өз шығармаларының басқа тілдерге қалай аударылып, қаншалықты таралып, оқырман қауымға танылып келе жатқаны және белгілі жазушы-әдебиетшілер тарапынан айтылған пікірлер де айрықша көңіл қоярлық мәселелер. Ө-тің өрісті жолы қазақ қоғамының өміріндегі өзгерістерден, өнер-білім, ғылымды игеруге, рухани тәуелсіздікке жетуге ұмтылған жаңа серпіннен бастау алады.

Тағдырдың Ө-ке тартқан үлкен сыйы оның айрықша дарындылығы болса, тарихи жағдайдың оған артқан ауыр жүгі – күрескерлік, туған халқының қамқоры болып, елінің келешегі үшін тынымсыз еңбек ету еді. Абай дәстүрлерін үлгі еткен ортадан нәр алған ол жас кезінен-ақ қазақ, түркі ақын-жазушыларының өлең-жыр, дастандарына қоса әлемге әйгілі шығыс классиктері Фирдауси, Физули, Низами, Науаи, Сағди, Омар Нәйям, Қожа Хафиз шығармаларын қызыға оқиды. Кейін де олардың шығармашылығына айрықша зейін қойып, тереңдеп тануға ықыласты болғанын «Абай жолы» эпопеясынан да, мақала-зерттеулерінен де айқын

аңғарылады. Санкт-Петербургта, Ташкентте оқыған кезінде шығыс әдебиеті, мәдениетімен қатар орыс классиктерінің, Еуропа жазушыларының шығармаларымен, дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілерімен жете танысып, әдебиеттің даму процесін, сөз өнерінің өзгешелігін маманданған әдебиетшінің көзімен қарап терең түсінетін дәрежеге көтеріледі. Ташкентте аспирант болып жүргенде Манас эпосын арнайы тереңдеп зерттеп, ғылыми еңбек жазып шығады. Мұның өзі 50-жылдарда «Манас» жыры төңірегінде айтыс басталып, осы үлкен эпостың халықтық сипатына күмән келтірушілер оны ескі заманды, ескі көзқарасты уағыздайтын шығарма деп дәлелдеуге тырысқанда Әуезовтің үлкен білгірлікпен, ғылыми дәйектілікпен пікір таластырып, баға жетпес асыл қазынаны жанын сала қорғап қалуына мүмкіндік берді. Ал жасынан орыс тілін еркін меңгерген, кейінірек Л. Толстой, Н. Гоголь, И. Тургенев, Н. Погодин шығармаларын аударған Ө. жазушы ретінде де, ғалым-зерттеуші ретінде де орыс классиктерінің, өзімен замандас жазушылардың шығармаларын көп оқыған, жақсы білген. Тіпті соның өзінде орыс ақындарының көптеген өлеңдерін жадында сақтай білгені – таңқаларлық. Осыған бір ғана дәлел келтірейік. Лидия Либединская бір кездесуде Ө-тің Александр Фадеевпен жарыса Пушкин өлеңдерін еркін жатқа айтқанын сүйсіне есіне алады. «Фадеевтің өлеңдерді жатқа білетіні сонша, тіпті ақындардың өзі онымен бәсекеге түсуге жарауы сирек болатын» дей келіп, Л. Либединская: «Фадеев нені бастаса, Мұхтар Әуезов жалғастырып алып кетеді. Ол жайбарақат қана айтады, бірақ бұл сыртыңа ғана жайбарақаттық еді. Әдетте, сәл бейқамдау, бұл етпейтіндей көрінетін бет өлпеті бейне бір ішкі жалынның жарық шұғылына бөленгендей өзгеріп сала берді, қара кездері бұрынғысынан да жайнай түсті» деп сөзін жалғастырады.

Ө-тің алғашқы әңгімесі «Қорғансыздың күні», онан кейінгі кездерде жарияланған «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?», «Қаралы сұлу» секілді әңгімелерінен-ақ орыс, дүние жүзі әдебиетінде жинақталған құнды көркемдік тәжірибені еркін игергенін, негізінен, реалистік әдісті қолдана отырып, символикаға, полемикалық сарыңды да жат көрмеген. Бұл шығармалардың айрықша құндылығы жас жазушының ауыл өмірін, елдің тұрмыс жайын, әдет-ғұрпын жетік білетіндігінде. Осы қасиет-сипаттар драмалық шығармаларда толыса, молая келіп, «Абай жолы» эпопеясына кең арна болып құйылды.

«Абай жолы», сөз жоқ, әлем әдебиетіндегі қайталанбайтын үздік туынды. Десек те, оны адам рухының, ақыл-ойының орасан зор қуаттылығын көрсете алған Гетенің «Фауст» драмасын, алып шығармашылық тұлғаның бейнесін сомдап суреттеген Ромен Ролланьның «Жан Кристоф» романын салыстыра қараудың да қисыны болуы мүмкін. Немесе Ө. өзі «Отелло», «Асауға тұсау» пьесаларын зор шабытпен қазақшалаған Шекспир қаламынан тұрған аса күрделі характерлермен «Абай жолы» эпопеясында кейбір кейіпкерлерді қатар алса, кейбір ортақ, ұқсас белгілер көзге түсуі ғажап емес. Бірақ мәселе онда емес, әрбір ұлы жазушының суреткерлік шеберлігі оның көркемдік ойының, эстетика-

қалық сезімінің өзгешелігін танытатынын байыптап түсіне білуде Мұхқан А. Моруаның Байрон бейнесін, Ю. Тынъяновтың Грибоедов бейнесін суреттеуіне сын көзімен қарағанын айтатыны тегін емес. Ө-ті Лев Толстоймен, Бальзакпен, Гетемен, Достоевскиймен, Тургеневпен, Шолоховпен салыстыру жиі кездеседі. Әлем әдебиетінің алыптарымен қатар қою жағынан алғанда бұл дұрыс та. Алайда әр классик жазушы – дара тұлға. Ө. – қазақ халқының ұлы перзенті, қазақтың Өуезові, сонан кейін барып адамзаттың Өуезові. Классик болу үшін қалыптасқан қуатты, тамыры терең ұлттық дәстүр керек, әдеби орта керек. Халықтың рухы берік, таза, ұлттық санасы жоғары болса, сонда ғана әдебиеті өркендеп, классикалық сипат ала алатыны бұлжымас заңдылық.

«Абай жолы» дәуірнамасының алғашқы кітабымен танысқанда-ақ, өте жағымды пікір айтқан француз жазушысы Луи Арагон да, орыс жазушылары Л. Соболев, В. Иванов және басқалар да осы тұрғыдан келіп баға береді. Луи Арагон «Абай» романында қазақ халқының көшпелі өмір-тұрмысының шыншайы көріністері мол екеніне көңіл аударып, түйінді пайымдаулар жасаған. Сонымен бірге ол француз оқырмандары таңданарлық жәйт ретінде Абайдың айтуымен қазақ сахарасында сол кездің өзінде шығыс аңыз-дастандарын да, Пушкиннің «Евгений Онегинінен» аударылған өлеңдер де, «Ақсақ француз» деп аталған сюжет те, Генрих Навардың өрлік істерін, үш мүшкетердің жайын баяндайтын хикая да, Фенимор Купер мен Майн Рид романдарындағы оқиғалары да ауызекі әңгіме түрінде кеңінен таралғанына айрықша мән береді. Атақты француз жазушыларының әр сөзінен байқайтынымыз ол қазақ халқының сөз өнерін, поэзияны өте жоғары бағалайтынын, басқа елдердің әдебиетіндегі құндылықтарды да жатсынбай қабылдауға бейім екенін және соған өте қабылеттілігін жақсы аңғарған. «Абай жолы» эпопеясының 1-кітабын (кейінгі кітаптарын да) аударуға көп еңбек сіңірген жазушы Л. Соболев: «Мұхтар Өуезовтің «Абайы» – бұл нағыз роман, басқаша айтқанда өмірдің тұтас қыртыстарын қопарған, тұрмыстың, адамдар арасындағы құштарлықтың, махаббат пен өшпенділіктің айқын бояулы картиналарын жасаған және ең бастысы – есте қаларлық жарқын образдар арқылы халық тарихының өмірлік процестерін жинақтаған, құлашы кең кітап» деп жазды. Неміс әдебиетшісі Альфред Курелла Ө-тің қазақ сахарасының өмір-тұрмыс өзгешелігін бар болмыс-бітіммен кезге елестететініне, сөзбен мүсінделген әрбір суретке жан бітіргендей беретін керемет суреткерлігіне айрықша назар аударып, оған өзі де сұқтанып, қайран қалып, өзгені де тамсандыра сипаттайды: «Абай жолы» роман-эпопеясын Луи Арагон «20 ғасырдағы ең ұлы шығармалардың бірі» десе, Вс. Иванов: «Бұл аса зор мәдени құбылыс, мен оны ұлы туынды деуден тартынбаймын» деген болатын.

«Абай жолы» дәуірнамасында қоғам өмірінің шындығын кеңінен қамтуы, алуан түрлі топтардың өкілдерін бейнелеп, мінез-құлқы, психологиясы, іс-әрекеттері бір-біріне ұқсаймайтын адамдардың тұтас галереясы жасалуы, өмір құбылыстарын жан-жақты, терең танып білу, тексеріп талдау негізінде бейнелейтін реалистік көркемдік әдісті қолдануы

жағынан Ө. Лев Толстой мен Бальзактың суреткерлік дәстүрлеріне жақын. Жазушы өзі Абай бейнесін, сол ортаны, заманды суреттегенде, Достоевский мен Тургенев романдарын ескергенін, сондай-ақ І Петр мен Иван Грозныйдың көркем әдебиеттегі бейнелерін, неміс, француз әдебиетінің классиктерінің шығармаларындағы ұқсас жәйттерді есепке алғанын атап айтады. Өрине Ө. шығармаларында кейде әлем классиктерімен үндестік сезілуі мүмкін дегенде, ондай жақындық-жалғастықты қандай да дайын үлгіні пайдалану, соны қайталау деп түсінбей, желеленген сырттай жай кездейсоқ ұқсастықтан іздемей, шығарманың үлкен эстетикалық мұратқа бағытталған рухынан, ірі қоғамдық, адамгершілік мәселелерді батыл көтеріп, толғап айтудан байқалатын жаңашылдық деп түсінген жөн.

Өси әдебиетінің М. Шолохов, Л. Леонов, К. Федин, А. Фадеев, Н. Тихонов, К. Симонов секілді көрнекті қайраткерлері, Айбек, Ғ. Ғүләм, М. Тұрсын-заде, А. Тоқамбаев, Т. Сыдықбеков, Г. Баширов, Б. Кербабаев, О. Гончар, М. Ибрагимов, Н. Зарьян, Р. Ғамзатов, М. Көрім секілді Кеңес Одағына белгілі болған ұлттық әдебиеттердің өкілдері Ө-тің шығармашылығын жоғары бағалады. Санкт-Петербург университетінде бірге оқыған, Мұханның адамгершілік қасиеттерін де ертеден білген жазушы Ираклий Андроников Ө-тің «Өр таланы – ғажайып бір құбылыс, біздің өміріміздің ұлы символы» дей келіп, «өз басым Мұхтар Омарханұлын жас кезімнен-ақ жақсы білетінмін. Аяулы дос әрі ақылшы аға ретінде шексіз құрмет тұтып, мақтан ететінмін» дейді.

Ө. шығармашылығының дүниежүзілік мәні де, қырғыз халқының мәдениеті үшін айрықша маңыздылығы да Шығыс Айтматов терең ашып көрсетті. Оның: «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, арқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық басылым бар: бірі – «Манас», бірі – Мұхтар Өуезов» деген сөздері қандас қырғыз, қазақ халықтарының мерейі бір екенін тебірене сезініп айтылған. Ө-тің игілікті ықпалымен қазақ әдебиетінде ғана емес, басқа көптеген ұлттық әдебиеттерде де халқына рухани көшбасшы болған қайраткер бейнесін суреттейтін қомақты тарихи романдар дүниеге келді. Ө. шығармалары Қытайда, Моңғолияда, Түркияда, Вьетнамда, Болгарияда, Польшада, Мажарстанда басылды, орыс, украин, қырғыз, өзбек, түрікмен, татар, башқұрт, тәжік, белорус, өзбекбайжан, армян, ұйғыр, латыш, литва, эстон, молдаван, саха, сондай-ақ ағылшын, неміс, француз, чех, словак, румын сияқты қырық шақты тілге аударылды.

Қазіргі кезде Ө-тің 30-жылдарда құдаланғаны, одан кейін де шығармаларына сыңаржақ сыңдар айтылғаны жиі сөз болып жүр. Алайда ұлы жазушы тек басқа елдерде мәшһүр болып, өз елінде жете бағаланбады деген ұғым тұмау керек. Ө-тің жазушылық дарыны жұртшылыққа ерте танылды, кемелденген кезінде ол ылғи алдыңғы сапта жүрді, 40-50-жылдарда маңдай алды жазушылардың бірі болды. Ғұлама ғалым ретінде де белелі зор еді. 50-ші, әсіресе 60-шы жылдардан бастап Ө. шығармашылығы жайында ондаған кітаптар, монографиялық зерттеулер, диссертациялар, естелік-эсселер, жүздеген ірілі-ұсақты мақалалар жазылды. Жазушының көзі тірісінде шығармалары үнемі, үзбей жарияланып жатты. Өрине өктем саясаттың

қысымы да аз болған жоқ. Мысалы, «Қилы заман» повесі 1928 ж. алғаш жарық көргеннен кейін, тыйым салынып, 1972 ж. орысша «Новый мир» журналында басылып, онан кейін неміс тілінде жарияланған соң ғана, кейін қазақша қайталанып басылды. Ал «Хан Кене» пьесасы бірінші қойылымы қатал сығға ұшырап, жылдар бойы жарық көрмей, жазушы қайта өндеп, түзеген нұсқасы оның қолжазба архивінен алынып, алғашқы рет 20 томдық шығармалар жинағына 80-жылдарда енгізілді.

*З. Ахметов.*

**«ӘЛЕМНИҢ ҰЛЫ АЗАМАТЫ»** («Человек мира»), жазушының мақаласы. Қазақ және орыс тілдерінде жазған. Тұңғыш рет 1959 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған, одан кейін «Ө-тің «Өр жылдар ойлары» (1959), «Уақыт және әдебиет» (1962) кітаптарында, сондай-ақ «Знамя» журналында, «Казахстанская правда» газетінде (1960) басылған. Осы нұсқалар 20 томдық шығармалар жинағына енген. Мақала коммунистік партияны құрушы, кеңес мемлекетін орнатушы В. И. Лениннің тарихи орны мен мәнін сипаттауға арналған. Жазушы кеменгер мемлекет қайраткері туралы адамзат арманының орындалғанын Ленин бейнесінен көреді, ал жаңа қоғамды социалистік Ояну (Возрождение) дәуірі деп бағалайды. Кеңес еліндегі өзгерістерді адамзаттың тарихында аса зор маңыз атқарған Ояну дәуіріне салыстыру әсірелеу екені шүбәсіз. Мұндай пікірге Ө. сол кезде кеңестік баспасөзде орын алған, социализмді дәріптейтін жаттанды ойлардың ықпалымен келгені күмән тудырмайды. Заманының үстем идеологиясы, партия кесемдерін асыра мақтау, оларға табыну дәстүрі өмір құбылыстарын реалистікпен бейнелеудің жарқын үлгісін жасаған суреткерді де біржақтылыққа апарғаны айқын. Күллі шығармашылық өмірінде ұлтшыл деп айыпталып, белсенді догматиктердің тұрпайы сынына душар болған жазушы мұндай әсіре мадақтау сөздерді өзіне «идеялық қалқан» етіп ұстағысы келген сияқты.

*Р. Бердібай.*

**ӨЛЖАНОВ** Отыншы (1873–1918), Алашорда үкіметінің мүшесі, қоғам қайраткері, ағартушы. Зайсандағы орыс-қазақ училищесін (1887), Омбының қалалық училищесін (1890), Омбы мұғалімдер семинариясын (1894) үздік бітірген. Дала ген.-губернаторының кеңесінде іс жүргізуші (1894–95), Ақмола округтік сотының аудармашысы (1895–1907), Көкпекті қ-ндағы орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі (1907–09) болып қызмет еткен. 1907 жылдың қазан айында С.-Петербург қ-нда Ресей халық ағарту министрлігі тарапынан құрылған «Бұратана халықтардың оқу ісі мен мектептері туралы заң жобаларын қайта құру комиссиясының» жұмысына Дала ген.-губернаторына қарасты қазақтардың өкілі ретінде қатысады. Отаншыл азамат, білікті педагог «Дала уәлаяты газетінде» («Киргизская степная газета») елдекегі оқу-ағарту ісінің күрделі проблемалары, әлдекі тыныс-тіршілігі туралы қазақ және орыс тілдерінде өзекті мақалалар жариялайды. Қазақ жерінің шұрайлы бөліктерін иемденіп алған келімсектердің туған халқына жасап отырған озбырлықтары мен әділетсіздіктерін әшкерелеп, отаршылдық басқару механизмдеріне арыз-шағымдар жазады. Халқының саяси санасезімін оятып, құлдық жағдайдан шығуына көмектеспеші болған Ө-тен қауіптенген отаршыл әкімшілік Дала ген.-губернаторының жарлығымен оны 1909 жылы Жетісу обл-ның Лепсі қаласына 5 жыл-

ға жер аудартады. Ө. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Уақытша үкіметтің Жетісу облысы Лепсі уезі комиссарының орынбасары болып тағайындалады. 1917 жылғы 5–13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Екінші бүкілқазақ съезінде Алаш қозғалысының белсенді қайраткері ретінде Алашорда үкіметі – Ұлт Кеңесіне мүше болып сайланды. Ө. Жетісу облысында жергілікті халық (Алашорда) милициясын құрып, жасақтауда зор еңбек сіңірді. Еліне қорған болып, Алаш жолында қызылдармен кескілескен қан майданда 1918 ж. 21 тамызда ерлікпен қаза тапты.

*М. Құл-Мұхаммед.*

**ӨЛЖАНОВ** Шарафи Есмұханбетұлы (1901–1938), педагог, профессор. Ғылыми жұмыспен шұғылданып, қазақ кеңес педагогикасын дамытуға көп улес қосты. 30-ға жуық еңбек жазды. 1934–37 ж. ҚазПИ-де кафедра меңгерушісі болды. «Эстетикалық тәрбиенің көздері» мақаласы (1937), «Ес және есте қалдыру мәселелері» (1936), «Ауылда әскерлік үгіт-насихат жұмысы» (1929) оқу құралдары т. б. шығармалары жарық көрді. «Абайдың педагогика туралы көзқарасы» деген мақаласында ұлы ақынның ағартушылық пікірлеріне талдау жүргізген. Ө-пен қарым-қатынас жасап, достық, шығармашылық байланыста болған.

**ӘЛИӨКПАРОВ** Мақаш Тыныштықбайұлы (1937 ж. т.), дәрігер-рентгенолог, әуесқой суретші. Медицина ғылымының докторы (1984), профессор (1984). Ұлттық ғылым академиясының академигі (2003). 1975–77 ж. өзінің туып-өскен жерін аралап, Абай мен Мұхтардың аяқ басқан елін көрген әсерден «Абай болған жерлерде» атты картиналар топтамасын жазды. «Абай жолы» эпопеясының кейіпкерлері туралы импрессионистік мәнерде майлы бояумен салынған «Абайдың әжесі Зеремен қоштасуы», «Абайдың үйге оралуы», «Қатыгездік» т. б. суреттерінен қылқалам шеберінің өзіндік мәнері аңғарылады. Ө-тің Бөрілдегі мұражайын көргеннен кейін (1975) «Дала шұғыласы», «Мұхтар мұражайы» картиналарын жазды. Ұлы жазушының 80 жылдық мерейтойында Абай ауданына барған немересі Диарға бота сыйлаған сәтті бейнелеп, 1978 ж. қаламгердің Алматыдағы мұражайына тарту етті. Абай, Шәкәрім, Мұхтар әлемінен сыр шертен 92 түрлі түсті және графика суреттерінен құралған «Ізгілік» атты кітабы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрді (Калининград, 1997). Суреттерінің көпшілігі Семейдегі Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайында сақталуы.

*С. Қорабай.*

**ӘЛИН** Ишмұхамед (1900 – ө. ж. б.), жазушының жерлесі, кеңсе қызметкері. Ө-пен 1912 ж. Семей қаласындағы екі жылдық орыс-қазақ мектебінде жазушының інісі Ахмет Әуезовпен бірге оқып жүрген шөкірт шағында танысқан. Ол кезде Мұхтар қалалық училищеде дәріс алып жүрген. Аға ретінде қамқорлық жасап, сабақ үлгерімін жақсартуға көмектескен. 1920 ж. ақпан айында өткен Семей губерниялық қазақ құрылтайына И. Әлин ел уәкілі болып қатысқан. Ө. құрылтайда сөз сөйлеген сол құрылтайда губкомның қазақ бөлімшесінің меңгерушісі болып сайланады. 1920–21 ж. Ө-пен қызметтес болған. Оның қол қойған өкілдік бұйрығымен ел ішін аралаған. 1921 ж. Әуезов, Н. Нұрма-

ков, М. Тұрғанбаев, Ә. Лекерев, И. Әлин Қазақ Автономиясын жариялау туралы бірінші Бүкілқазақстандық құрылтайға өкіл болып сайланады. Ал Ә-тің науқастанып қалуына байланысты Орынборға бара алмайды. Соған қарамастан ол Қазақ Автономиясы орталық атқару комитетінің саяси хатшылығына бекітіледі. 1922 ж. Ә. Семейге төтенше өкіл болып келіп, Торғайдағы аштыққа ұшыраған елге қаражат, мал-мүлік жинауға басшылық етеді. М. Әуезовтің 1922 ж. 24 маусым күні Ә-ге берген № 73 куәлік қағазы және сол жылы күзде Бақанас өзені бойынан мойынсерік ашып, тоған қазуға қаражат бөлуге көмектесуі туралы хаты сақталған. 1945 ж. Абайдың туғанына 100 жыл толуы мерекесінің Қарауылдағы тоы кезінде Ә-пен кездесіп, жастық шақтарын еске түсірген. Ә. – «Есте қалған деректер» («Қазақ әдебиеті», 1967, 16 маусым), «Ел үшін туған ер» («Қазақ әдебиеті», 1967, 8 желтоқсан), «Қоғамдық қызметінің басы» («М. Әуезов: замандастарының естеліктерінде», А., 1972), «Ол қоғамшыл еді» («Біздің Мұхтар», А., 1976), «Мұхтар туралы естеліктер» («Семей таңы», 1977, 1 наурыз), «Жалындап тұрған жас кезде» («Қазақ әдебиеті», 1977, 2 қыркүйек), «Қасқабұлақ: ұлылық» («Семей таңы», 1977, 2 қазан) атты естелік-мақалалардың авторы.

**ӘЛИЛӘ** Әзімбайқызы (шамамен 1898 – 1968), жазушының жеңгесі, немере ағасы Разақ Самарханұлының екінші әйелі. Абайдың ағасы Төкежанның ұлы Әзімбайдың қызы. Разақтың бірінші әйелі Мәкіжаннан он жас кіші. Ә-дан – Зайра, Гүлнар, Болат атты балалар туады. Мұхтар 1942 ж. жұбайы Фатиманы Меркедегі ағасы Разақ пен Әлиленің жанына көшіріп апарды. Олардың ұлы Мұрат сонда туады. Кейін 1946 ж. Разақ он жылға сотталып кетеді. Мұхтар жеңгесі Ә. мен кішкентай інісі Болатты Кеген ауданындағы Жалаңаш селосындағы бауыры Құдыры Арынбековтің қасына апарып қоныстандырады. Талғардың түбіндегі Қорамға қоныс аударады. Ә. 1968 ж. Қарағанды қаласындағы Гүлнар атты қызының қолында қайтыс болды. Сүйегі сонда жерленген.

**«ӘЛИФБИ»**, Абайдың өлеңі. Ә. ұлы классиктің өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арналған монографиясында (20 томдық шығармалар жинағы, 6-том, 245-беттер) өлеңнің жазылған уақытын – 1864 жыл деп, жанрын – бәйіт деп анықтайды. Ұлы жазушының айтуы бойынша, өлең Шығыс ақындарының үлгісімен және ауызша емес, жаз-баша түрде шығарылған туынды (сонда, 92–96-беттер). Жас жігіттің ғашық болған қызына арнаған бұл өлеңі әрбір жолдың бастапқы сөзіне араб әліппесінің әріптерін рет-ретімен қолдана отырып жазылған. Ғашығының бет әлпетіндегі мүшелерге әріп жетпей қалғанда, ақын: «мәт-қасың, тәштит – кірпік, сәкін – көзің» дей, жазуындағы сөздерді дұрыс оқу үшін қойылатын айырым белгілерін де қосып жібереді. Ә. өленді жаңа жаза бастаған жас Абайдың Шығыс ақындары ішінде көп шығармаларын ежелгі түрік тілінде жазған Науаи мен Физулиге көбірек өліктеп, жақынырақ тұрғанын, мына өлеңнің де Науаи үлгісінде жазылғанын айтады. Жалғыз-ақ айырмасы: Науаи өлең жолдарының ақырғы буынын кезекті араб әрімінен ұйқастырады. Әрбір өлең жолында айтылатын ой сол сөздің мағынасына орайластырылады немесе қыз ажа-

рының көркі сол әріптен басталарын бір биік ұғымға теңестіріледі. Өлең алғаш рет ақынның 1933 ж. жарық көрген толық жинағына енгізілген. Содан бергі барлық басылымдарда қайталанып келеді. Алғашқы қолжазбада қате жазылып немесе теріс оқылып кеткен. Соның салдарынан түсінік бөлімінде мағынасы бұрмаланған сөздер кезекті толық жинақтарды мүмкіндігінше түзеліп, түсінік бөлімдерінде мағынасы дөлдөніп отырған. 1995 ж. мерекелік қос томдықта солардың бірқатары түзетіліп, ақын өлеңдерінің мәтіннамасында канондық нұсқаға жақындағандай үміт пайда болды. Мәселен, 1995 жылы екі томдық академиялық басылымның (Абай. Бірінші том, Өлеңдер мен аудармалар. Алматы, 1995) түсінік бөлімінде өлеңнің алғашқы екі жолының әр түрлі жинақтарда қандай өзгеріске түскені баяндалады. Жалпы «Ә.» өлеңіне текстологиялық зерттеу жеткілікті жүргізілмеген. 1933 жылғы жинақта өлеңнің бастапқы жолы «Әлиф деп ай жүзіңе ғыйрат еттім» деп басталса, 1939 жылғы жинақта: «Әлифдек...» деп бастылған. 1943 жылғы жинақта да «Әлифдек...» деп басылып, «Әлифдек» (Әліптей) деген теңеу шағайташа (412-бет) деп түсінік берілген. 1939 жылдан бастап, одан кейінгі жинақтардың бәрінде «Әлифдек» деп басылып келеді. Өлең жолын тұтас оқысақ, мағынасы: «Әлифтей ай жүзіңе ғыйрат еттім» болады. Сонда сұлу қыздың жүзін (ай жүзін) араб әліппесінің бірінші харігі (әрпі) «ا – А-ға» (арабша «әлиф» деп аталады) теңеу көңілге қонбаса керек. Сондықтан 1933 жылғы жинақта: «Әлиф, деп ай жүзіңе ғыйрат еттім» деп басылған дұрыс болады. Яғни сүйген қызға арнап жазған хатын «Әлиф деп бастап, айдай жүзіңе ғыйрат еткен» (сонда, 251–252-беттер). Абайдың 150 жылдық мерейтойына арнап шығарылған екі томдық академиялық басылымда мұндай қате басылған сөздер біршама түзетілді. Өлеңдегі араб, парсы сөздерінің негізгі жазылу түрі көрсетіліп, мағынасына түсінік берілді.

Ж. Ысмағұлов.

**ӘЛИХАНОВ** Фазылағзам Ақатайұлы (1891–1938), Алаш зиялысы, Ә-пен істес болған. Арғы атасы «Абай жолында» айтылатын «Әлхамжан, шақшанды тасташы бері» дейтін Әлихан – Көкпекті округінің аға сұлтан, Тілеуберді Қозыбаевтың баласы, Саржомарт елін билеген. Оқыған, парасатты, ел сыйлаған азамат болған. Фазылағзам Өскемен, Омбыда оқыған. Өскемен уезінде Алаш қозғалысына араласқан. 1920–22 ж. Ә-пен бірге Резкомда, Семей губерниялық атқару комитетінде бірге қызмет еткен, араласып тұрған. 20-жылдары Ә., Н. Нұрмақов, Ж. Кудериндерді «Алтайзолотоның» басшылығында болған Ж. Тәттібаевпен бірге Алтай өңірін аралаптан. Сол кезде оларға қытай жақтан Р. Мәрсеков қосылған. Әр түрлі кеңестік, шаруашылық қызметтерде жүріп, 1930 ж. Ә-пен бірге ұсталып, тергелген. Босатылған соң, 1937 ж. қайтара тұтқындалып, атылған. Ә-тың Семейдің губаткомында 1921–22 ж. Н. Ежовпен бірге қызмет істегенін бейнелеген фотосуреті Ә-тің мұражай-үйінде сақтаулы.

М. Әбдеш.

**ӘЛ-МАҒРИ** Әбу-л-Ала (973–1057), араб ақыны, жазушы, ойшыл. «Міндетті еместің міндеті» атты өлеңдер кітабында философ-гуманист ретінде, әлеуметтік теңсіздікті сынады. «Кешірім туралы жыр» (1033), «Періштелер туралы жыр» деген прозалық шығармаларында адам өмірі мен рухы туралы баяндады. «Фәйнәл үсідә тәтбағуһа зиһабен,

уағұрбәнен фәмен ғүрен уәғұр жән» «Арыстан жүріп өткен ізбен ақсақ, соқыр бәрі де, қарға-құзғын да ілесе жүріп азық айырады» деген сөздерін Ә. «Абай жолында» Сармолданың аузына салады және ақынның араб тіліндегі шығармаларын оқи отырып, көңіл ойын аударған тұстарын қағазға түсіреді: «1. Иманның болса қас қылма, Иман мен қастық – арыстан мен оқ сияқты бір орында тұра алмас; 16. Заманға ешбір уақыт менен бөленді ал демеімін, Не тілесе де ісіне сын – өйткені заманың қаттысы мен ашысы барабар; 25. Азғындар кімге сөжде қылғанына қам жемейді; 26. Нелер шашы ағарған, тасбих татқан пірлер де зинаға батады» (папка № 29, 15-16-беттер). Ал жоғарыдағы Сармолда айтқан сөздер осы жазбаларының ішінде 23-санда тұр.

*Т. Әкім.*

**ӘЛ-ФАРАБИ**, Әбу Нәсір ибн Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби (870–950), білімнің барлық саласын меңгерген ғұлама. Аристотелден кейін екінші ұстаз атанған данышпан, ойшыл, энциклопедист атанған ғалым. Арабтар Сырдария бойындағы Отырарды Фараб деп атаған, сол бойынша ұлы ұстаз өзін әл-Фараби деп атаған. Бұл шаһарды ертеден қыпшақ, қаңлы, қоңырат тайпалары мекендеген. Онда байлығы жөнінен әлемде ең алдыңғы қатарда тұрған кітапхана болған, оны монғол шапқыншылығы кезінде жойып жіберген. Ғалымның білім, ғылымға деген құмарлық ойын тұтаңдырған осы қаланың медресесі, кітапханасы болған еді. Алғыр, зерек жас дүниежүзілік ғылымның ордасы Бағдатқа келіп ұзақ уақыт тұрады. Мұнда ірі ғалымдармен кездеседі, сырлас болады. Араб, түркі, парсы тілдерін де жақсы білген. Басқа да көптеген тілде сөйлей алған. Өз бетінше көп оқып, көп ізденген, философия, логика, этика, математика, физика, тіл білімі, жаратылыстану, география, медицина, музыка салалары бойынша 170-ке жуық трактат қалдырған. Жалпы әл-Фарабидің із қалдырмаған ғылым-білім саласы жоқ. Ал «Ислам» атты мәдениет 8 ғасыр бойы (7-15) бар ғылымның қайнар көзі болып келді. Бағдатта білім мен өнердің бәрі дәрлік мықтап дамыды. Онда ғалымдар үйі, университеттер, емханалар, клубтар ашылды. Әл-Фарабидің ашықтан-ашық рационалистік бағытты ұстап, соның рухани атасы болды. «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақытқа жету» сияқты шығармаларында дүниедегі ең бақытты шарт ғылымды меңгеру, сол арқылы кемелге жету деп санайды. «Ғылымдар тізбегі» деген трактатында ғылымды үлкен бес топқа бөледі: тіл білімі; логика; физика; математика; азаматтық ғылым, және дін ғылымы. Ғалым бұлардың бәрінің пәнін анықтап, қысқаша мазмұнын баяндайды. Математика мен жаратылыстану саласында аса құнды, ірі еңбектер жазды. Солардың бірі – «Мұзыканың ұлы кітабы». Мұнда әрі музыка, әрі математика туралы күрделі мәселелерді қамтып, музыканың акустикасы бойынша кең қамтылған, дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы жөнінде тың пікірлер айтылған. «Геометриялық денелердің егжей-тегжейі жөнінде табиғи сырлары мен рухани әдіс-айлалар кітабында» геометриялық салу есептері сұрыпталып, бір жүйеге келтірілген, жүзден аса есептің салу әдістері көрсетілген. Медицинаға байланысты «Темперамент туралы», «Медицинаның негіздері», оқыту мен тәрбие жөнінде «Ғылымдардың шығуы», адамгершілік пен тәрбие туралы «Философияны үйрену үшін алдын ала не білу керек?», өз заманындағы қоғам

көрінісін, әлеуметтік утопияны, әділетті әкімді суреттейтін «Мемлекет қайраткерлерінің шешен сөздері», «Қайырлы қала адамдарының көзқарастары» т.б. шығармалары бізге жетті. Ғалым этика мәселесінде білімді, мейірбандық пен сулулықты бірге қарастырды. Өйткені этика жақсылық пен жамандықты ажырату үшін керек ғылым деп есептеді. Әл-Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ал философиялық көзқарастарын ғылыми-теориядан ажыратуға болмайды. Ұлы ғалым Шам қаласында (Дамаск) қайтыс болғанда елдің әміршісі Сайф ад-Даула өз қолымен Сиридағы Баб-әс-Сағир зиратына жерленген. Ә. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында ақынның философиялық көзқарастарын зерттей келіп: «ислам ғалымында грек философиясынан келген неоплатониктердің көп әсері бар, мұсылман философтарында Бағдаттағы әл-Фараби сол жолда еңбек жазған» деп ұлы ғұлама жайында мағлұмат берген.

*М. Құл-Мұхаммед.*

**ӘЛ-ХАМИСИ** Әбдірахман (1920–1987), араб жазушысы, публицист, ақын (Египет). Лениндік сыйлықтың лауреаты (1980). Ұлт-азаттық қозғалысынан кейін (1952) әдебиетте демократиялық бағытты, жаңа реализмді қалыптастырушылардың бірі. Шығармаларында халық бұқарасының турмыс-тіршілігін, еңбегі мен күресін суреттеген. Ә.-Х. Мұханның талантына тәнті болып, құрмет тұтқан, халықаралық жазушылар конференцияларында кездесіп жүрген. «Күн сөнбесе – сөнбейді» деген өлеңінде («Қазақ әдебиеті», 1987, 25 қыркүйек) ұлы жазушы есімінің мәңгі өшпейтінін жырлаған. «**ӘЛШАРХИАТ**» («Восточный сборник»), жинақ. Көрнекті ғалым, академик А. Н. Веселовскийдің құрметіне 1914 ж. шығарылған (43-шығарылымы). Редакциясы басқарған – академик В. А. Гордлевский. С. Сабатаев Абайдың «Жаз», Н. Рамазанов «Желіс түнде жарық ай», «Адамның кейбір кездері», «Өлсем, оным қара жер сыз болмай ма» өлеңдерінің мазмұнын қара сөзбен орыс тіліне аударып, осы жинақта жариялаған. «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 8- және 9 тамыздағы сандарында «Көркем әдебиет» туралы «Екеу» деген бүркеншік атпен жарық көрген мақала авторлары (М. Әуезов пен Ж. Аймауытов) «Сатылған Сабатайшы неше факультет бітірсе де, отыз жыл оқыса да, түк болмаған» деп, налып жазған. Бірақ Мәскеудегі ғылыми басылымда Абай өлеңдерінің басылып, Ресей жұртшылығына таныстырылуын үлкен еңбек деп бағалау қажет.

*М. Әбдеш.*

**ӘЛІМБАЙ** Мұзафар (1923 ж. т.), ақын, публицист, әдебиет зерттеуші, аудармашы. Қазақстанның халық жазушысы (1994), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының (1984), Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың (1996) лауреаты, республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978), Ы. Алтынсарин медалімен марапатталған. Мұхаж кезінде Ә.-дың ақындығына зор үміт артып, жоғары бағалаған. «Октябрь өркені» атты мақаласында (1957), 1960 ж. 26 желтоқсанда ҚазМУ студенттерінің алдында сөйлеген сөзінде («Жыл келгендей жаңалық сеземі?» ең. жырларындағы жаңалық үшкындарын көріп қанса, «Қараш-Қараш» кітабының өңірбетіне: «Асыл ақын інім,

досым Мұзафарға ағалық тілектес көңіл пейілмен сыйлаймын. Мұхтар. 1960 ж. 30 октябрь» деп, қамқор көңіл білдірген. 1949 ж. «Абай» романы үшін Ө-ке 1-дәрежелі Сталиндік сыйлық берілгенде, журналист Ө. автордан интервью алып, «Тамаша кітап» деген атпен «Пионер» журналында жарияланған (1949, №5). Ө. ұлы жазушы туралы: «Көмеңгердің көленкесі де ыстық» («Жұлдыз», 1967, №9; «Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», А., 1997), «Көптің көңіл лебізі» («Егемен Қазақстан», 1997, 18 ақпан), «Әмбебаптың алыбы» («Жетісу», 1997, 25 маусым), «Туа тұлпар мінген» («Ұлан», 1997, 22 шілде), «Қымбат гираттар» («Қазақ елі», 19.09.1997) естеліктерінде көмеңгер қаламгердің «ой санаға өшпес сәуле тастап, алға кезе жіберетін» өнегесіне ретті болғанын жазды. Ө. ұлы жазушымен сапарлас болып, Мәскеуде 3 рет барған (1951, 1954, 1958). 1956 ж. Мұхтар бұрынғы Талдықорған облысын аралап қайтуға Ө-ті өзі шақырған. Жас ақын осы сапар жөнінде «Өсем көріністер мен «өттегенайлар» атты очеркінде баяндаған («Қазақ әдебиеті», 1956, 31 шілде; «Көргендерім көңілде», А., 1992). Автордың сеніп аманаттауымен «Индия очерктерін» редакциясын қарап, «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған (1956, шілде-тамыз). Ө. рухани ұстазына бірнеше өлең арнады. («Алыстан шалынады асқар биік», «Семей қаласының», «Мұхандай кең тыныс көмеңгер», «М. Өуезов пен Ж. Аймауытов», «Өкеге сенген ұл болғам», «Сезбепіз-ау», «Абай еккен, Мұхтар еккен арманның», «Дарига-ай, туар ма екен?!», «Есімізде мәңгіге», «Сұхбат», «Мұхтар аға мұратымен», «Қосшы бала», «Ұлы Мұхтар Өуезов», «Ұлағатты ұлылық» т. б.). Ақын бұл жырларында ұлы тұлғаны туған халқының ары мен абыройы, иманы, аяулысы ретінде асқақ бейнелеген. Ө. академик-жазушының шығармашылығын зерттеумен де шұғылданды. «Өрнекті сөз – ортақ қазына» (1967), «Көңіл күнделігі» (1996), «Халық ғажап тәлімгер» (1994), «Зергерліктің зерлері» (1997), «Өз зарым сонау зармен араласты» (1997) т. б. еңбектерінде Ө. туындыларының поэтикасына, адам баласына рухани нәр беретін құнарлы қасиетіне назар аударған.

*Н. Ақбай.*

**ӘЛІМБЕТОВ** Сапарғали (1888–1956), ақын. Ө. Сапарғали ақынның өлеңдері мен айтыстарын, қисса-дастандарын жас кезінен біліп өсті. Кейін ақынмен бірнеше рет кездесіп, одан Абайдың, Сұлтанмахмұттың, Әріптің өлеңдерін жазып алады. Абайдың ақындық мектебін үлгі тұтқан Ө. Пушкиннің «Евгений Онегин» романын қазақша жырлап шығады (А. С. Пушкин. Таңдамалы шығармалары, 1937, 2-том). Сондай-ақ «Мейір батыр», «Молдабай палуан», «Қамбадағы айқас», «Қойгелді батыр», «Ақтардың әрекеті», «Қос жалшының өлімі» дастандарын жазды. Ө. 1943 ж. ұлы жазушының баласы Ернар дүниеге келгенде үйіне құтты болсын айта барып, арнау өлең шығарған («Жұлдыз», 1977, №9, 35-бет).

*Т. Жұртбай.*

**ӘЛІМЖАНОВ** Әнуар Тұрлыбекұлы (1930–1993), жазушы, публицист, қоғам қайраткері. Қазақстанның халық жазушысы (1992), республика Мемлекеттік сыйлығының (1967), Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлықтың (1969), халықаралық «Лотос» сыйлығының (1974), халықаралық А. Нето сыйлығының (1985) лауреаты. Шығармаларын орыс тілінде жаз-

ған. Студент кезінде Ө-тің лекциясын тыңдаған, университеттің әдеби үйірмесінде жазушының қатысуымен «Абай жолы» эпопеясын талқылауды ұйымдастырған. «Литературная газетаның» меншікті тілшісі ретінде 1955 ж. наурыз айынан бастап Ө-пен бірге халықаралық мәжілістер мен форумдарға қатысқан. 1958 ж. Азия және Африка елдері жазушыларының Ташкент конференциясында ұлы суреткердің Пәкстан ақын Ф. А. Фаизбен танысып, сұхбаттасқанының куәсі болса, 1960 ж. Азия және Африка халықтары ынтымақтастығының 1-кеңес конференциясына бірге қатысады («Оғни Ала-тау», 1972, 28 қыркүйек). Ұлы жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы орыс тілінде «Қазақ әдебиетінің мақтаншы» («Алма-Атинская правда», 1957, 1 қазан), «Мұхтар аға» («Алма-Атинская правда», 1962, 28 қыркүйек; О. Сүлейменовпен бірге), «Өрлмес талант» («Правда», 1977, 23 қыркүйек), «Суреткер, галым, ойшыл» («Прикаспийская коммуна», 1977, 28 қыркүйек), қазақ тілінде «Ұстаз ұлағаты» («Қазақ әдебиеті», 1977, 23 қыркүйек), «Шұғылалы шапал» («Қазақ әдебиеті», 1977, 30 желтоқсан), «Дарын даналығы» («Жұлдыз», 1977, №9) т. б. мақалаларын, Ө-тің «Индиядағы кездесу» атты кітабына (1973, орыс тілінде) «Халықтар достығының дәнекері» деген алғы сөз жазды. «Талант парасаты» («Біздің Мұхтар», А., 1976, 205–206-беттер), «Дарын даналығы» («Мұхтар Өуезов өлемі», А., 1997, 158-бет) мақалаларында жүрекжарды сөздерін айтқан. Ө. дарынды жас қаламгерлердің шығармаларын қадағалап оқып, олардың өсуіне көмегін аяған емес. Ө-тің «Күнге бет алған керуен» кітабына «Ігі бастама» атты алғы сөз жазып, жас жазушының болашақ тағдырына игі ықпал жасады, шығармашылық қызметіне даңғыл жол ашты.

*А. Есдәулетов.*

**ӘЛІМҚҰЛ** Ақылбайұлы (1879–1914), Абайдың немересі. Жастайынан Абайдың інісі Оспан бауырына салып алғандықтан, ол өзінің аты-жөнін «Әлімқұл Оспанов» деп жазған. Ө-дан – Шәбеп, Бағұфур, Зәбила, Қауаш (Қауария) туады. Оның балалары Құнанбай мен Абай тұтыңған мүлік-жиһаздарын, қолжазбаларын Абайдың Семейдегі мұражайына тапсырды. Мұхтар Кәмила Мағауиқызына үйленген кезде, Кәмиляның айттырған жері бірнеше рет күштеп алып кетпек болғанда, оған Ө-дың үй іші мен қызы Қауария араша түсіп, оны тау ішіне жасырған. Ө-дың отауы Құнанбайдың қара шаңырағы есепті болғандықтан, ешкім оған батып кіре алмаған. Абай мұражайында Ө. тапсырған құжаттарды ұлы жазушы өзінің эпопеясында пайдаланған.

**ӘЛІМҚҰЛОВ** Тәкен (Т әң і р б е р г е н) (1918–1987), жазушы, сыншы, әдебиет пен өнер зерттеуші, ұлдармашы. Мұхтанмен көп жыл қызметтес, пікірлес, достас көңілде болған, Оңтүстік Қазақстанды аралаған шығармашылық сапарында бірге жүрген. «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» (1956), «Достар лебізі» (1957), «Мұхтар Өуезов» (1958), «Әрі зерттеуші, әрі суреткер» (1961), «Өуезовті еске алу» (1961) деп аталатын қазақ, орыс тілдерінде жазған мақалаларында ұлы қаламгердің шығармашылық шеберлігі туралы жүрекжарды ой-пікірлері мен ізгі тілектерін білдірген. «Өмірді сүйген суреткер» деген естелігінде «Ақиқат», 1997, №4, 68–74-беттер) Ө-пен алғашқы таныстығы, ұлы жазушының басынан өткен тар жол, тайғақ кешулері, жас қаламгерлерге берген ақ батасы сияқты оқиғалар әсерлі баяндалған. Әдеби мұраларды бағалау жөнінде өткен бір мәжілісте Ө-тің қазақ ауыз әде-

биетінің аса білгірі, шын бағалаушысы екеніне тәнті болады. Одан әрі заңғар жазушының бар болмыс-қалпын, данышпандық тұлғасын танытқан. Ө. қазақтар үшін көркем мәдениеттің бірегей құбылысы болып қалады деп ой түйген.

*К. Сыздықов.*

**ӘЛІППЕ**, балаға сауат танытатын оқулық. Баланың тілін дамытатын, логикалық ойлауға үйрететін суретті әліппелер, сонымен қатар жас баланың эстетикалық танымын қалыптастыру жолындағы алғашқы оқулық. Әліппелер сауат танытудың әр түрлі жолдарына орай (дыбыстық, буындық, бүтін сөз әдістері) жасалады. Орыс тіліне арналған әліппелер аналитикалық-синтетикалық жолмен жасалады. Қазақ балаларына арналған алғашқы орысша әліппені дайындаушының бірі – Ө. Оның Д. Ысқақовпен бірге жазған әліппе оқулығы 1929 ж. Қызылорда қаласында «Казиздат» баспасынан шыққан. Жирмасыншы жылдары Қазақстанда әр түрлі саптадағы жалпы білім беретін, сауат ашатын мектептер санының, арнаулы оқу орындарының күрт көбеюіне байланысты үкімет орындары бірнеше қаулылар қабылдады. Бұл қаулылардың негізгі талаптарының бірі түрлі оқулықтар жазу болатын. Алдыңғы қатарлы басқа қазақ зиялыларымен қатар Ө. бірнеше оқулық жазды. Д. Ысқақов та жазушылық, аудармашылық жұмыстарымен қатар оқу-ағартушылық қызметке де көп еңбек сіңірген. Аталған әліппе шыққан 1929 ж. ол «Балдырған» атты Өзбекстандағы қазақ балаларына арналған жаңа әліппі жазды. Аталған оқулықтардың жазылуына бірнеше себептер әсер еткен. Оның бірі жоғарыда айтылған мектептер санының өсуі. 1927 ж. Қызылорда қаласындағы «Қазақтың жаңа әліппе комитеті» 103 беттен тұратын «Жаңа әліппе жолында» атты оқу-әдістемелік құрал шығарған (басқарушылары: Тоқтабайұлы К., Мырзабайұлы М.). Бұл еңбекте әліппе жасау жолындағы талаптар, теориялық, әдістемелік түсініктер жан-жақты берілген. Ө. пен Д. Ысқақовтың орысша әліппесі осындай себептердің тоғысуынан барып жазылған. Әліппе кейін қайта басылмаған. Энциклопедиялық, педагогикалық еңбектерде бұл әліппе жайында деректер жоқ. Педагогикалық еңбектерде, мақалаларда сол кезеңдерде шыққан әліппелер тізімінде аталмайды. Мұның себебі әліппе шыққаннан кейін көп ұзамай-ақ Ө-тің де, Д. Ысқақовтың да камалып, НКВД түрмесіне түсуінде, айдалып кетуінде еді. Әйтпесе қазіргі күнгі педагогика, әдістеме ғылымдарының талаптары тұрғысынан қарағанда, К.Д. Ушинский қалыптастырған аналитикалық-синтетикалық әдістер негізінде жазылған мінсіз дерлік еңбек. Әліппе 67 параграфқа бөлінген. Көлемі 115 бет. Екі бөлімнен және сөздіктен тұрады. Алғашқы бөлімі – әліппе, екінші бөлімі – хрестоматия. Оқулық бастан-аяқ мақсатты түрде беріліп отырған суреттермен безендірілген. Әліппе бөлімінде әр атаудың жанында суреті бар. Алдымен айтуға, оқуға жеңіл сөздер беріліп, бірте-бірте күрделендірілген. Суреттер мен сөздер оқушы баланың түсінуіне, еске сақтауына оңай, ыңғайлы түрде алынған. Баланың ойлау дәрежесіне орай бірте-бірте жеке сөздерден екі-үш сөзді тіркестерге, қысқа сөйлемдерге ауысады. Оқулық материалдарын педагогика, әдістеме принциптеріне сәйкес дамыта қиындатып отырған. Әліппелік бөлімнен кейін жеке тақырыптық параграфтарға, одан әрі қысқа мәтіндерге, диалогтарға, сұрақ-жауап үлгілеріне ауысқан. Берілген мәтіндермен

жүйелі түрдегі байланыста грамматикалық, синтаксистік ережелер нақты мысалдармен түсіндірілген. Әліппе бөлімінің соңында орыс әліппісі, тыныс белгілері, арифметикалық амалдар белгілері бір бетте сызба (схема) түрінде берілген. Бұл арада оқытушының түсіндіруіне қажет материалдар да бар. Кітаптың II бөлімі (хрестоматия) екіге бөлінген. Алғашқы бөлімінде (37–47-параграфтар) мәтіндер беріліп, осы мәтіндер бойынша жазу тапсырмалары беріліп отырған. Мәтіндер грамматикалық, синтаксистік ережелерді бекітіп отыру мақсатында алынған. Осы үшін бөлек мысалдар да келтірілген. Хрестоматияның екінші бөлімінде көлемі үлкендеу, мөлтек әңгіме үлгісіндегі мәтіндер орын алған. Осы бөлімде хат жазу үлгілері, күн тәртібін жасау мысалдары бар. Тұрмысқа қатысты мысалдар балалар өміріне негізделген. Ұғымды, түсінікті түрде шаруашылық түрлеріне байланысты мәтіндер кездеседі. Жыл, жыл мезгілдері, ай аттары жүйелі түсінік сызба арқылы көрсетілген. Жұмбақ тақырыптары өмірдегі жаңа құбылыстармен (электр, телеграф) сабақтас. Әліппе-оқулық педагогикалық, әдістемелік ережелерге сай жазылған. Баланың ұғынуына жеңіл, ыңғайлы. Мысалдар, мәтіндер сәтті алынған. Барлығы сөздік қорды байыту, грамматикалық, синтаксистік ерекшеліктерді бекіту қызметін атқарып тұр. Сол дәуірдегі қоғамдық идеологияның әсері байқалмайды. Әліппе-оқулықты қазіргі кезде де баспаушы мектептің 1-сыныбы үшін өте тиімді қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ӘЛІШЕР НАУАИ»**, жазушының мақаласы. 1948 ж. өзбек ақынының қазақ тілінде шыққан таңдамалы шығармаларына алғы сөз ретінде жарияланған. Кейін «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары» атты кітапта (А., 1964, 234–245-беттер), жазушының 12 томдық (11-том, 1969, 276–285-беттер), 20 томдық (18-том, 1985, 291–301-беттер) шығармалар жинағында қайта басылған. Қолжазбасы сақталмаған. Ө. әлем әдебиетінен батыс, шығыс халықтары әдебиетінің тарихын аса жетік білген. Көп жылдар бойы ҚазМУ-да, ММУ-да КСРО халықтары әдебиетінен дәріс жүргізген. Шығыстың ұлы данышпаны Ө. Науаи туралы бірнеше мақала, еңбектер жазған («Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі», «Живой Навои», «Любимый поэт»). Соның алғашқысы болып саналатын бұл мақаласында автор ақын өмір сүрген заманның тарихи жағдайына шолу жасап, дәуір ерекшелігін қысқаша болса да, өте айқын ашып көрсетеді. Өлішерден 40–50 жыл бұрын Түркістан, Ауғанстан, Иран, Оңтүстік Кавказ жерінде патшалық құрған ұлы қолбасшы Әмір Темірді кеңестік идеология тұрғысынан айыптай тұра, оның кезінде «Ескі грек, Рим мәдениеті, үнді, араб, парсы мәдениеттерінің неше алуан салалары Орта Азиядан көп орын тебуге айналды» деп, мәдениет, өнер-білімге айрықша көңіл бөліп, кең өріс жайғанын атап айтады. Сол заманда ақсүйектер отбасында дүниеге келіп, сарайдағы бек балаларымен бірге тәрбиеленіп, жан-жақты білім-өнерді бойына сіңіріп өскен әсершіл, талапты Өлішердің талантының ерте оянып, жастайынан ілтифатқа ілініп, кең таныла бастағанын дәлелді де дәйекті баян етеді. Ұлы ақынның есіп қалыптасуына себепші болған араб, парсы, түркі әдебиеті

мен өнерінің әйгілі өкілдерін, оның өзіне тікелей әсер етіп, тәлім-тәрбие берген ұстаздары – Әбдірахман Жәми, Хожа Юсиф Бұрхан, Жалалиддин Абуллантардың есімі мен еңбектерін әспеттеп атайды. Болашақ ақындык өнеріне ышпестей із қалдырған Фадриддин Аттардың «Мантхуттаир» («Құстар сөзі») кітабы мен Хожа Хафиз Ширази жырларына деген ынтықтығын да еске алады.

Ө. Әлішердің өзімен алты жасында бірге оқыған Ғираттың патшасы Құсайын Байқараның сарайында мөршілік қызметте, кейін уәзір, Астрабад қаласында өкім болған жылдары төңірегіне атақты ақын, ғалым, суретші, сазгер, хуснихатшы (каллиграф) сияқты үздік өнерпаздарды ұйыстырып, олардың кең қанат жайып, өрістеуіне кең мүмкіндіктер туғызып, өзбек мәдениетінің өсіп дамуына қолма-қол тигізген мол үлестерін атап көрсетеді. Науаидің атақты «Хамса» («Бес кітап») еңбегінің жазылу тарихынан мол мағлұматтар беріп, әр кітабының мазмұн-мағынасын, ерекшеліктерін талдап сипаттайды. Айталық, «Хамсаның» 2-кітабы «Ләйл – Мәжнүн» атты 7200 жол дастанының ауызша әңгімесі арабтан шығып, кейін оны Низами Гәнжеуи, Хусрау Дехлеуи, Әбдірахман Жәмилидің жырлаған нұсқаларымен салыстыра сөз етеді. Ал 11 404 жол «Фархад – Шырын» дастанын Әбілқасым Фирдауси жырлаған «Хусрау – Шырын» т. б. нұсқаларымен салыстыра қарастырып, жаңаша мазмұн-мағына бергендігін дәлелдеп көрсетеді. Сол сияқты «Сәбғәй сәярә» («Жеті планета»), «Сәдди Искәндәр» («Ескендір дуалы») жыр кітабын өзінен бұрынғы жырлаған атақты ақындардан асыра түскенін атап айтады. Алғы сөзінде автор Әлішердің бұл туындыларын сол өз кезінде-ақ Ө. Жәמידің тек өзбек әдебиетінің ғана емес, барлық шығыс әдебиетінің биік шоқысы деп жоғары баға бергенін келтірген. Ө. ұлы ақынның басқа шығармаларын сөз етіп, оның өзбек әдебиетін, әдеби тілін өсіріп, дамытып қана қоймай, Шығыстағы, Орта Азиядағы көп елдердің әдебиетіне игі әсер етіп, көп нәрлі жемістер бергенін баса айтқан. Автор ойын 19 ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Абай, Шәңгерей, Шәді, Шортанбай, Ақандардың шығармаларынан «Әлішер ғазалдарының, дастандарының айқын сарындарын сезіп отырамыз» деген пікірмен түйіндеген.

*К. Сыздықов.*

**ӨМЕН** Мәшһүр Жүсіпұлы (1889–1921), мұғалім. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтың ортаншы ұлы. ҚазАКСР Орталық Атқару комитетінің «Қазақ оқығандарына үндеуіне» (1921) байланысты Ташкент қаласындағы №4 мектепте ұстаздық етеді. Он үш жасар оқушы қызды зорлықпен ұзатпақшы болып жатқан кезде араша түседі. Қыздың әке-шешесі қарсылық көрсетеді. Сол арада Өменді көше қаззаптары пышақтап өлтіреді. «Ақ жол» газетінде М. Ж. Көпеевке көңіл айтқан азнама басылды. Бұл қанды оқиға қазақ оқығандарының үлкен наразылығын тудырады. Ең соңында үкімет мүшелерінің араласуымен бітімге келеді. Осы оқиға Ө-ті де алаңдатады. Ол өзінің «Әдебиет тарихы» кітабындағы «Жоқтаулар» туралы тарауында тәмсіл етеді. «Тұман айығарда» романының жобасында осы оқиғаны жазу ниеті байқалады. «Тартыс» пьесасында сөз арасында еске алынады.

*Т. Құдажелдіұлы.*

**ӨМІР ТЕМІР**, Ақсақ Темір, Темірлан (1336–1405), Моңғолдың түркіленген Барлас тайпасынан шыққан Тарағай бектің баласы. Алғашында 1361 ж. Қашқария уәлаятының әмірі болды. Осы кезден бастап ол Моғолстан хандарымен және Балх пен Самарқан әміршісімен билік үшін күрес жүргізді. 1370 ж. Ө.Т. жеңіп шығып, Мауараннахрдағы билікті өз қолына алды. Ө. Т-дің үздіксіз жүргізген соғыстарының нәтижесінде алып империя – Темір мемлекеті құрылды. 1388 ж. Тоқтамыс хан билеген Алтын Орданы құратты. Индияға, Иранға, Кіші Азияға жорыққа аттанды, 1405 ж. Қытаймен соғысуға шыққан жолда қайтыс болды. Ө. «*Әлішер Науаи*» атты мақаласында талай жұрттың ескі мәдениетін ойрандап, ел-жұртын ығыр қып жүрген кезінде, Ақсақ Темір бар табысын Самарқанға тасыған; халық үстіне ауыр-ауыр салық салып, Самарқан қаласын салтанатты сарайлармен, зор ғимараттармен безендірді; жеңген елдердің көбінен ғимарат салатын ұсталар, оюшы суретшілер, дәрігер, білімпаздар сияқты талай жандарды сол Самарқанға жиды; Темірдің өз тілек-талабы ірі феодалдар мен үлкен саудагер тобының мақсат-мүддесін көздеген болса да, халықтар тарихының кеңірек тілегімен қайсықан білім-өнерді, өз бетімен молырақ өндіре бастады деп, Ө.Т. кезінде өнер-білімнің, ғылымның, мәдениеттің өркен жайғанын баян еткен.

*Н. Баутан.*

**ӨМІРЕ** Қашаубаев (1888–1934), әнші, актер, қазақ ұлттық театр өнерінің негізін салушылардың бірі. Өнер жолын 1917 ж. бастады. Ө. бойына біткен табиғи дарынның арқасында ел аралап, ән салады. Атақты ән жұлдыздары Сәтмағанбет, Ғазиз, Қали, Майра т. б.-мен танысып, бірге өнер көрсетеді. 1923 ж. РСФСР Халық ағарту комиссары А. В. Луначарскийдің шақыруымен Париж қаласында қазақ әндерін үлкен шабытпен орындайды. «Ағаш аяқ», «Үш дос», «Қос балапан», «Қызыл бидай», «Смет», «Жалғыз арша» әндерін домбырамен айтып, француз халқын тәнті етеді. Баспасөз беттерінде қазақ әншісінің өнерін жоғары бағалайды. Осы жолы Ө. екінші орынға ие болып, күміс медальды жеңіп алады. 1924 ж. Семей қаласында өткен өнерпаздардың байқауында бас бәйгеге ие болады. 1927 ж. Мәскеу консерваториясының залында Ө. тағы да концерт береді. Әншілігімен қатар, ол актер ретінде Қазақ драма театрында Ө-тің «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан», «Қарағөз», «Бәйбіше-тоқал» пьесаларында көптеген тұлғаларды сомдады (Жапал, Қойшы, Жарас, Ақын). Ө-нің әншілік қабілетін Мұхтар жоғары бағалады: «Өміренің еңінде ақындық тазалықтың шамшырағы жанғандай Жүрек тербетіп, қуантатын, аспандаған қуаныш белгісі, балалық жарастығы бар. Ө. әншіліктің ақыны, әрбір ырғағынан жанын салған шыншылдығы көрінеді. Жүрегінің түкпірінде жалтылдап жанар өнер оты сезілгенді» дейді «Қазақстан мемлекет театры» мақаласында. Сондай-ақ ұлы жазушы Ө-ге қатал талап қояды, «Қазақстанның әрбір облысының әндерін орындауың керек» деп сынап қарайды.

*З. Қоспақов.*

**ӨМІРЕНОВ** Тәңірберген (1907–1985), ақын, ауыз әдебиетін жинаушы. Жасында ауыл мұғалімінен оқып хат таниды. Бұдан кейін өз бетінше білімін толықтырған. Отызыншы жылдан бастап өлеңдері баспасөзде тұрақты жарияланып тұрады. 1937 ж., республикалық айтысқа қатысты. Ол – Маясар



Жапақов, Жолдыкей Нұрмағамбетов, Шәкір Әбе-нов, Қалихан Алтынбаев сынды халық ақындарымен айтысты («Айтыс», А., 1966, 3-том), Т. Әміре-новтің «Жұмбақ тас» (1967), «Қанды қанжар» (1973), «Жол мұраты» (1977), «Өмір өткелдері» (1985) өлеңдер мен дастандар жинағы жарық көрді. Ол сонымен қатар Құнанбай, Абай, Қиясбай, Ағашаяқ, Тәуке, Шәкәрім, Қатпа туралы тарихи деректерді жинастырып, Абайдың Семейдегі мұражайы мен М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырды. Ө-пен жақсы таныс болған. Шыңғыстауға келгенде, қасына еріп жүріп, Абай туралы ел аузындағы деректерді айтып берген. Мұнаң арнап шығарған ұзақ толғау өлеңі бар.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ӘМІРЖАН** Аянбайұлы (1880–1975), Абайдың өлеңдерін жинаушы. Жігітек руынан. Жас кезінде ақын аулының қызметші қолбаласы болған. Әнді жақсы айтып, домбыраны шебер тартқан. Абай өлеңдерін жазып, жинап жүрген. Кеңес өкіметі қудалағаннан кейін, қолжазбаларын Қарашоқы тауының қуысына тыққан. 1974 ж. «Тоғжан» жас шопандар бригадасы оны тауып алып, Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайына тапсырған. Табылған мұра Абайдың 1909 ж. Петербургте жарық көрген өлеңдер жинағы мен Ө-нің өз қолымен араб қарпімен жазған Абайдың 44 өлеңі еді. Мұхтар Ө-ді жақсы білген, талай рет онымен кездесіп, сұхбаттасқан, ұлы ақын туралы естеліктерін тыңдаған. Ө. жинаған өлеңдер Абай мұрасының текстологиясын анықтауға көп көмегін тигізген.

**ӘМІРҚҰЛОВ** Ардақ Жамансарыұлы (1955 ж. т.), кинорежиссер. Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтын (ВГИК) бітірген (1988). ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1992). Көптеген халықаралық кинофестивальдардың жүлдегері, жеңімпазы. «Отырардың күйреуі» атты екі сериялы фильмді түсірген (1994), «Мутанттар» фильмінің сценарийін жазған (1987). Тарихи тақырыптарды жаңаша көзқараспен зерделейді. Ө-тің эпопеясы бойынша екі сериялы «Абай» атты көркем фильмде (сценарийін жазғандар: А. Әмірқұлов, Е. Шынарбаев, Л. Ақынжанова, А. Баранов) дана Абайдың жігіт шағындағы нұрлы дидарын бейнеледі.

*Н. Оспантегі.*

**ӘНЕТ БАБА** (1626–1723), тарихи тұлға, би. Тобықтының бір руы да әнет деп аталады. Тобықтыдан – Мұсабай, Мұсабайдан – Сүйірбас, Сүйірбастан – Сары, Сарыдан – Кішік, Кішіктен – Әнет, Әйтек тарайды. Ол Орта жүздің биі, Өз-Тәукенің «Жеті жарғысын» жасауға қатысқан. Қаз дауысты Қазыбек би Ө. б-ның қасына бір жыл қонсы қонып тәрбие алған. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде босқан елге ере алмай, Қаратаудың басында інісі Көкшемен бірге қалып қойған. Әнеттің бес ұлы бірдей 1723 ж. жоңғарлармен болған соғыста қаза тапқан. Тек оның Байболат деген баласынан Балуан, Бақай деген екі ұл аман қалады. Олар кейіннен рулы елге айналған. Әнет елі Ырғызбай тұқымымен қонсы қонып, қоралас өмір сүрген. Абайдың өлеңдерін көшіруші Мүрсейіт Бікеұлы осы әнет табынан шыққан. Мұхтар Ө. б-ға қатысты оқиғаларды «Еңлік – Кебек» пьесасы мен «Абай жолы» эпопеясында пайдаланған («Бел-белесте» тарауы).

**ӘНИЯР** Қожамбайұлы Молдабаев (1856–1934), Абай ауылының адамы. Тобықтының Әнет атасынан. Ұлы ақынның жәрдемімен оқып, білім алған.



Әнияр Молдабаевтың үйі. Семей қаласы.

Семей уездік училищесін бітірген (1877). 1919 жылға дейін банк қызметкері болып, зейнетке шыққан. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясында Ө-дың өмір жолы Данияр Қондыбаев деген атпен берілген: «Қаланың орталау тұсынан басталып, татар жаққа қарай созылатын Мир-Құрбан көшесінде құм сәл азырақ еді. Осы көшенің бастала берген шенінде, сол жақтағы пұшпақта тұрған асты ақ кірпіш, үсті жаңа бөренеден салынған кіші ғана ықшам үйдің иесі Данияр Қондыбаев. Данияр болса алты жылдай орысша оқып, бастауыш бес жылдық шолды бітірді. Ешкімге аты-жөнін, ой-ниетін айтпастан, өзімен бірге оқыған Түркістан жағының бір жас жігітіне еріп, Ташкентке кеткен. Содан екі жылдай Ташкентте, үш жыл бойы Марғұлана, патшалық кеңселерде қызмет етті. Жақсылап тұрып ақша-пұл тапты. Сол Марғұланың мынау бүгінгі Афтаптай келісті бір қызына үйленіп қайтқан. Семейге келісімен банкіге қызметке түсе сала, Түркістаннан жиып келген ақша-пұлын жұмсап, осынау үйді сатып алған» (12 томдық шығармалар жинағы, 7-кітап, 55–60-беттер). Ал үйдің қашан салынғаны белгісіз. 1898 ж. 10 қаңтарда Абай мен оның балалары көмектесіп, орыс көпесі Москвиннен сатып алып берген. Кезінде ақынның туған-туысқандары қонып кетіп жүрген. 1920 жылдары Ө. те осы үйде тұрған. Абайдың өлебі-мемориалдық мұражайы 1944–67 ж. осында жұмыс істеді. 1988 жылға дейін қалалық балалар кітапханасы орналасты. 1991 ж. үй қайта жабдықтылып, Абай мұражайына қайтарылды, экспозициялар жаңғыртылды. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына байланысты, 1997 ж. мұражайда «Алаш арыстары және Мұхтар Әуезов» атты экспозиция-көрме ұйымдастырылды. Онда жазушының Семей дәуірі толық бейнеленді.

*М. Бейсенбаев, К. Құрманова.*

**«ӘННИҢ СӨЗІ»** («Я, казахская песня, пою»), жазушының шағын мақаласы. 1936 ж. «Литературный Казахстан» журналының 3-санында шыққан. Мақала атауынан кейін жазса ішінде «Стихотворение в прозе» деп жазылған. Эссеге,

стили ақ өлеңге келеді. Көтеріңкі екпінмен, шабытты интонациямен жазылған. Поэзиялық ұйқасқа жақын жерлері, екпін, ырғақ үйлестігі айқын көрінеді. Қысқа, ықшам жай сөйлемдерден немесе құрамындағы жай сөйлемдерді шағын, өзара үндесіп жатқан құрмалас сөйлемдерден тұрады. Мақала Сталинге жағыну науқанының ең қызып тұрған, репрессияның етек ала бастаған, сонымен қатар ұлт республикаларының әдебиеттері мен өнерінің күндері Мәскеуде дүркіреп өтіп жатқан кезінде жазылған. Автор қазақ даласын таптап өткен сансыз жау жорықтарын, хан-сұлтандардың халыққа көрсеткен қорлықтарын, орыс отаршылдығы көріністерін суреттейді. Осы көңілсіз күйден кенет өзгеріп, Октябрь революциясынан кейінгі күйге ауысады да, қазақ даласындағы тарихи өзгерістерді көтеріңкі күймен суреттейді. Мақаланың соңына қарай сол замандағы дәстүрлі сарынмен «халқымыздың көсемі, біздің досымыз» Сталинге арнаған мадақ сөздер кездеседі.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ӘҢГІМЕ**, проза жанры. Әдебиет тарихында (әңгіме, повесть, новелла, ертегі т. б.) әр түрлі аталып келеді. Өлең адам өміріндегі жеке оқиға баяндалады. Көлемі шағын, кейіпкерлері аз, уақиғаның басталуы, шарықтау шегі, шешімі болады. Ө-тің «Қорғасыздың күні» шығармасы қазақ әңгімесін шырақ ау бикке көтерді. Ал «Қайта туған халықтың әдебиеті» атты мақаласында біздің «реалистік прозамызды жасаған жазушылар – роман жазушылар мен әңгіме жазушылар» деп, Ө. жанрын дамытқан көрнекті қаламгерлерді атап көрсетеді. *«Дәстүр мен жаңашылдық жайында»* деген мақаласында қазақ прозасына күрделі сюжеттік шығармалармен қатар психологиялық новелланың келгенін айтады. Ұлы жазушы өзінің *«Қаралы сұлу»* туындысы арқылы психологиялық әңгіменің негізін салып, одан әрі үдете дамытты. *«Әдебиет тарихы»* атты зерттеуінде Ө. терминін батырлық эпос пен тарихи жырдың атауы ретінде түсіндіреді, бірақ кейінгі еңбектерінде бұл терминдерді өз орнында қолданды.

*Қ. Мәшһүр Жүсіп.*

**ӘПСАНА** (парсы тілінде: а ф с а н с – оқиғалы әңгіме, аңыз), қазақ ауыз әдебиетінің жанры. Шығыс әдебиетінде, оның ішінде қазақ фольклорында «әпсана» деп көне дәуірде өтіп кеткен, бірақ та тарихи-тұлғалық негізі бар оқиғаның аңызға айналған нұсқасын айтады. Ескендір Зұлқарнайын, Қызыр, Қорқыт, Әзірет Өлі, Мәді, Нұқ, Жерұйық, Жиделібайсын туралы қарасөзбен айтылған әңгіме-аңыз әңгімелер – Ө. жанрына жатады. Мысалы: Абай дастандарының әпсаналық негізі туралы Ө. өзінің «Абайтану» дәрісінде: «Абайдың өзінен шыққан үш поэмасын алсақ: «Масғұт», «Әзім», «Ескендір»... Бұл үш поэманың мазмұнына қарағанда, қазақ тарихынан емес, Шығыстың классик әдебиетінен, эпсана-лардан, дастаннан алған сияқты. «Масғұт» – Бағдатта болған оқиға, шығыстың өсиет әпсанасы (легенда) болу керек. «Бақ иесі – Қызыр» деп айтуы: «Қызыр кімге көрінсе, соған бақ әкеледі, мал-дәулет әкеледі» деген наным шығыс елінің бәрінде бар» деп («Абайтану дәрістері», 1994, 73–74-беттер) пікір білдірді. Ол «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегінде Ө-ны «аңыз ертегі» деп қолданды (сонда, 17-т., 179-бет).

*С. Қасқабасов.*

**ӘПСӘМЕТҚЫЗЫ** Нұржамал (1876–1912), жазушының анасы. Ауызекі деректерде Нұржамал – Әбсәмет Берекеұлының қарындасы деген мәліметтер де кездеседі. Бірақ бұл өмірлік дерекке сәйкес келмейді. Өйткені Абай 1894 ж. сүйікті ұлы Әбдірахман науқастанып жатқанда жолдаған өлеңіндегі: «Әбсәмет – жиенің, ол сенің сүйеуің. Достығын достықпен өтемек – тілеуім» деген шумақтың мағыналық ретіне жүгірсек, Әбсәметтің жас мөлшері Абаймен қатарлас, «дос» болатындай деңгейде. Жазушы К. Оразалиннің дерегі бойынша, «арлы-берлі кіре тасып, көпенстік жасаған Береке жол шетіндегі отырған Әуезбен танысады. Ол Алматының түбіндегі Байсерке ауылының азаматы. Сол Берекенің немересі Нұржамалды Омарханға айттырады» («Семей таңы», 1967, 17 қараша). Ал Әуездің жиені М. Діқанбаев Омархан Сәбікеймен бірге Алматыға кіре тартып, 20–30 арбамен шілде айында аттанады да күзде Семейге алма әкеліп сатпақ болады. Сонда Әбсәмет деген қазақ көпесімен танысып, екі-үш жылдан соң оның Нұржамал атты қызын айттырып, алма керуенімен бірге елге алып қайтады. Нұржамал нұрлы, қара торы, келбетті әйел еді деген мағлұмат береді (*«Мұхтар Әуезов туралы естеліктер»*, А., 1997, 7-бет). Нұржамалдан Қорлықа (1889), Рахия (1893), Гүлсім (1891–1918), Зүбәйла (1895–1919), Мұхтар (1897–1961), Үмия (1901–1989) туады. Үлкен қыздарының бірекеуі ерте шетінеп кеткен. Олардың туған-өлген жылдары туралы нақты дерек тапшы. Нұржамал сауатты, өнерге бейім бар, таза киініп, таза жүруді ұнататын адам болған. Ұл-қыздарын білімге баулыған. 1912 ж. 56 жасында сүзектен қайтыс болады. Ө. Бөрілі қыстағына жерленген. 1997 ж. басына күмбез орнатылды.

*Т. Жұртбай.*

**«ӘР ЖЫЛДАР ОЙЛАРЫ»** («Мысли разных лет»), жазушының кітабы. 1959 ж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан қазақ және орыс тілдерінде шыққан жинақ. Жалпы редакциясын басқарған – Ы. Дүйсенбаев. Басылымға қазақ тілінде жазылған 10, орыс тілінде жазылған 8 еңбек атуызілген. Шығармаларды автордың өзі таңдап, іріктеп алған. Оның тең жартысы Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеулер мен ғылыми мақалалар. Солардың ішінде «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» деген монографиясы бар. Өзгелері – қазақ ертегілері, ғашықтық жырлары, айтыс өлеңдері, сондай-ақ «Манас» жыры туралы зерттеу еңбектері. Бұл туындылар – Ө-тің өмір бойы зерттеген тақырыптары. Олардың танымдық, тағылымдық маңыз-мәні қай кезеңде, қай заманда да жаңғырып, жанара береді. Көлемі 40,93 баспа табак, таралымы 5000 дана.

*К. Сыздықов.*

**«ӘРҚАШАН БІЗБЕН БІРГЕ»** («Всегда с нами»), жазушының мақаласы. 1955 ж. «Советская культура» газетінің 22 сәуірдегі санында шыққан. Газет нөмірі түгелдей В. И. Лениннің туған күніне арналған. Мақала «Владимир Ильич Лениннің есіміндей даңқ пен сүйіспеншілікке бөленген басқа есім адамзат тарихында болған емес» деген секілді көтеріңкі жолдармен басталған. Шығарманың тілі өте көркем, жинақы. Революциядан кейінгі Орта Азия халықтарының түрмыста, шаруашылықта, мәдениетте жеткен табыстарын автор үнемі Ленин атымен байланыстырып отырады. Әсіресе халықты сауаттандырудағы, оқу, білім беру жұмысын алға қоюдағы табыстарды ерекше атаған.

Бұрын болмаған өнер түрлері, жаңа мамандықтар пайда болды дейді. Әдеби даму жайында Октябрь революциясынан кейін барлық ұлт әдебиеттері өркендеп, оларда поэзия, проза, драма жанрлары қарыштап дамыды, әдебиеттану, журналистика ғылымы өсті деп, ақиқат жағдайларды айтқан. Мақала қаншалықты коммунистік партияның көсеміне арналса да, мәдениетті, ұстамды шыққан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ӨР ТЫНЫСЫҢ «ОТАН» ДЕЙТІН КҮН БҮГІН!»**, жазушының 1941 ж. жазылған публицистикалық мақаласы. Соғыс басталған кездері Қазақстандағы ірі кәсіпорындарда болған Ө. тылдағы еңбек тынысын сездірерлік публицистикалық шығармалар тудырды. Соның бірі – осы мақала. Онда Балқаш, Қоңырат кен орындарындағы еңбек ырғағын көрсетеді. Мақала тылдағы еңбеккерлерді жігерлендіретіндей, патетикалық пафоспен, ерекше шабытпен оқылады. Ел үшін аянбай тұр тегіп жүрген шахтер, кеншілердің бірнеше буын өкілдерінің аттары мақтанышпен аталады. Қазақ ұлтынан шыққан Күзембаев, Байжұманов, Өзімбаев, Кәдіржанов, Төлегенов, Мұстафин, Ақтанов, Нурғалиев, Рысбеков, Біргебаев сияқты білікті инженерлер мен жұмысшылардың есімдерін жас ұрпақ жадына сіңіреді. Тереңнен кайнап шыққан қаламгер шабытының мөлдір ойлары жүрекке жоқ тауып жатады. Тегіліп түскен өңкей бір тас бұлақтың суындай келісім – арысы Абай, берісі Жүсіпбек Аймауытовтан бастау алып жатқандай әсер қалдырады. Бұл шығарманың түпнұсқасы жазушы мұрағатында сақталған. Бірақ «Социалистік Қазақстан» газетінің 1941 жылғы 19 шілдедегі санында «Отан ұран салғанда» деген атпен басылған. Жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 2-кітабында, 20 томдық шығармалар жинағының 8-кітабында мұрағаттағы қолжазба нұсқасы негізінде, кейбір сөздерге аз-кем редакция жасалып жарияланды.

*Б. Жақып.*

**ӘРХАМ** Кәкітайұлы Ысқақов (1885–1962), ақын, әдебиет мұрасын жинаушы, Абайдың немере інісі. Жастайынан Абайдың қолында тәрбиеленген. 1922–27 ж. Ө-тің тікелей басшылық етуімен Бақанас өзенінің бойынан тоған қазып, суармалы егістікпен шұғылданатын серіктестік құрған. Несие қарыз бен тоғанның жобасын жасайтын арнаулы мамандарды табуға жазушының өзі тікелей араласқан. 1928 ж. жалпыға ортақ тәркілеу саясатының жүргізілуіне байланысты, бұл серіктестік тараған. 1940 ж. Ө-тің ұсынысы бойынша, Абайдың Семейде ашылған мұражай-үйінің директоры болып тағайындалды. Ө-ның ықтиятты, тиянақты еңбегінің нәтижесінде Абайдың сүйектен өрліген төсегі, ыдыс-аяғы, ер-тұрманы, суреттері, киім-кешектері және өзге мемориалдық заттары мұражайға қойылды. 1935 ж. Ө. басқарған ғылыми экспедицияға ерекше көмек көрсетіп, ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты аса құнды деректер берді. Қаламгер «Абай жолы» эпопеясын жазу барысында осы Ө-ның мәліметтеріне сүйенді. Ол Құнанбай, Абай, Шәкәрім туралы аса құнды деректер жинап, естеліктер жазды. Ө-ның орындауында Абайдың 30-ға жуық әнін Л. Хамиди мен Б. Ерзакович нотаға түсірді. Оның «Зағипа» атты дастаны 1962 ж. жеке кітап болып шықты. Ө-ның Абай туралы мақалалары әр кезде мерзімдік баспасөзде, «Жұлдыз» журналының 1993 жылғы 6-санында жарияланды, сондай-ақ ол «Абайдың өмір жолы» атты естелік жазды.

**«ӘРХАМ ЫСҚАҚОВТЫҢ «АБАЙ ӨМІРІ» ДЕГЕН АТПЕН ЖАЗЫЛҒАН ҚОЛЖАЗБАСЫ ЖӨНІНДЕ»**, жазушының мақаласы. Әрхам Кәкітайұлы кезінде Ө-ке көп дерек берген. Ол өзі білетіндерінің баsyn біріктіріп, қолжазбасын ұсынған. Оқып танысқанда, оның Абай өмірін жаңаша жазбақ болғандығы көрінеді: атасы Өскенбай, әкесі Құнанбайдан бастап, шеше жағының тегі мен ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі тоқтайды. Абайдың бала, ер жеткен шағы мен өмірінің соңғы кезеңін де баяндап беруге тырысқан. Ұлы жазушы оның бұл әрекеттерін ақынды көпшілікке таныс емес қырымен таныстырмақ, тандандырмақ болғандығы деп бағалады. Егер осы қалпында жарияланатын болса, онда мектептер мен жоғары оқу орындарында ғылыми, тарихтық тұрғыда оқытылып жүрген Абай болмай шығады. Әрхам көп нәрсені өзінше топшылап, өзінше түйіндейді: Құнанбайдың зорлықшылығы мен қиянатын бүркемелеп, оны Майбасар істеген етіп көрсетеді; Абай басындағы көп қайшылықтар термеленеді, мұнысымен бүгінгі оқушысын алыстата түседі; ақын қаланың байымен де, елдің жуандарымен де көп араласып, сыбайлас болып, былайғы ел-жұртпен байланысы жоқ сияқтанады; жас шағындағы Тоғжанмен ұшырасуы қазақы, дәрекі түрде сипатталмады; Әйгерім арасындағы әңгімені одан да сорақы түрде береді; Еркежанды алу жайын басқаша баяндап, оны тіпті Ақылбай тоқалдыққа алмақ болған деп жаңалық ашқандай болады.

Қолжазба олқылығы осыларда деп ұғынған Ө. басты кемшіліктер деп мыналарды көрсетеді: ең әуелі, Құнанбай басына келсек, бірінші – Құнанбайдың Қодарды өлтіргенін жасырады; екінші – Бөкенші, Борсақтың жерін тартып алғанын атамайды; үшінші – Құнанбайдың Бөкейді сабағанын, Тоқламбетке шабуыл жасағанын бүркемелейді; төртінші – Мұсақұлда Бөкейдің көшіне шауып, төбелес жасағанын жеңілдетеді; жігіттердің 18 кісісін айдатқан Құнанбай емес, Төкежан болады және айдалу себебі Жігіттеңіз өз кінәсін деп баяндалады; бесінші – Құнанбайдың пара алатыны, оны Шеже, Сүйіндіктер әшкерелегені жасырылады; алтыншы – Абаймен арасында тұқ қайшылық болмағандай, тілмен жалағандай жамау-жасқау жасайды. Жалпы бұл қолжазбадан Ө. Абайдың өмірбаянын көре алмады, іріктеп, саралап алғанның өзінде 2–3 баспа табақтайы ғана пайдалануға жарайды, оның өзінде өмірлік фактілері мен нақтылы деректері ғана. Тұтас алғанда баспаға ұсынуға жарамайды, Абайдың жұрт танымындағы болмысына зиянын келтіреді деген қорытынды жасады. Мақала 1960 ж. 4 қазанда жасалған. Алғаш рет Ө-тің «Абайтану дәрістерінің дерек көздері» деген жинағында жарық көрді. (1997, 333–337-беттер).

*Т. Әкім.*

**ӘРІП** (М ұ х а м е д ғ а р ы п) Тәңірбергенұлы (1856–1924), ақын. Абайдың талантты шәкірттерінің бірі. Татар, орыс тілдерін жетік білумен қатар, араб, парсы, түрік, қытай тілдерін жақсы меңгерген. Шығыс және орыс классикалық әдебиетін көп білген, айтыс өнерінің өрен жүйрігі болған. Шығыстың ғажайып оқиғалы ертегілік сюжетіне құрылған бірнеше дастан жазып, Абай сынынан кейін әлеуметтік өмір шындығын жырлауға бет бұрған. Абайдың сыншыл реалистік дәстүрін ілгері жалғас-

тырып, қазақ әдебиеті тарихында елеулі із қалдырды. Ә. «Көкбайдың ақындығы» атты мақаласында Абай мектебінің кейіннен қосылатын елеулі, ірі талантты, үлкен ақынның бірі – Әріп деп ерекше атайды да, Ә. шығармашылығына жете көңіл бөлу керектігін айтады (М. Өуезов. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. А., 1988, 101–102-беттер). Ә. Ә-тің Біржан мен Сара айтысына қатысы туралы екі маңызды пікір айтқан. Соның бірі – 1933 ж. Абай жинағындағы өмірбаяндық зерттеуде Ә-тің Абайдың өзіне айтқан белгілі сынына жауап ретінде Абайдан есесін қайырмақ болып, «Біржан – Сараның» айтысын шығарған... Біржан, Сара Әріпке әншейін ойдан шығарған геройлар есепті ғана келе деп жазады да, айтысты жазған Ә. екенін дәлелдеп береді (Абай. Толық жинақ. 1933, 383-бет). Ардада көп жыл өткеннен кейін бұрынғы пікірін өзгертіп, Біржан мен Сараның айтысы болған жоқ, болса сақталмай қалып қойған. Бұл айтысты шығарушы Әріп ақын деген де пікірлер бар, бірақ бұл қате пікір дейді деді. Әріп өзі ақын және қазақша, орысша оқыған адам. Ақындығы, шешендігі, талқыр тілділігі бар ірі ақынның бірі деп оның талантын, айтысқа сіңірген еңбегін атап көрсетеді (Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, А., 1948, 251–252-беттер). Ұлы жазушы Ә-ті «Абай жолы» роман-эпопеясының «Абай аға» тарауында Базаралының Сібір айдауынан қайтқан кезінде, оны Семейде қарсы алушылар ортасында келістіре суреттейді.

*С. Қорабай.*

**ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ,** Жазушының көркемдік эстетикасы. Болашақ алып суреткердің әлеуметтік ой-пікірлері ертерек пісіп, эстетикалық көзқарасы ертерек қалыптасқан. Қалам қызметіндегі алғашқы адымдарының өзінен ойшылдық, азаматтық ауқым аңғарылады, парасат әлемінің ойы мен қырын көп кезіп, басын тауға ұрып, тасқа соғып дағендей, тынымсыз ізденгені, халық, ел, қоғам халында толассыз толғанғаны сайрап білініп тұр. Тұңғыш жарық көрген тырнақалды туындысы «Адамдық негізі – әйел» (1917) деген публицистикасында автор әйел азаттығы туралы келелі мәселені көз қозғайды. Тақырыпты талдау мәнерінен, түрлі жайды топшылау, толғау машығынан оның өз ортасынан озғын білімі мен мәдениеті саз береді. Ә-тің пайымдауынша, әйелдің бас бостандығы, азаматтық құқы деген тек бір әйелдің жеке қара басы үшін ғана емес, сол әйел негіз болып отырған бүкіл адам қауымының тағдыр-тіршілігі үшін қажет. Өуезов алған тақырыбының ішкі астарына, түпкі тамыр-тереңіне сүңгіп барып, тарихи салыстырулар жасайды. «Отан от басынан басталады» дегендей, әйелді қоғамдық ортаның ұйытқысы ретінде танытады. Ерлер жағы өздерімен-өздері, салт ат, сабау қамшымен бет-бетінде жүргенде, төңірегін уыздай ұйытып, «балаларын баулып, асырап, үйлік ұйымының басын құраған – әйел». Осы әйелге теңдік бермей құйкі халде құңғып ұстау тек бір адамға ғана емес, барлық қоғамға жасалған қиянат екенін үйіп айтады. Өйткені адам қоғамындағы адамгершілік – ана төрбиесінің нәтижесі. Ал «өмірде әділет, мархабат, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың» адамды адамдыққа төрбиелеудегі өрісі қандай болмақ? Демек, адам бойындағы жаман қылық, жат

мінездің бәрі бас бостандығы жоқ, сондықтан екі үйдің арасындағы пыш-пыш өсек-ғайбаттан әрі асып ешқайда бара алмай қалған көрбала, бұйығы, рухани мүгедек әйелдің сорлылығына байланысты екенін дәлелдей келе «әйел басындағы тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал қазақ мешел болып қалам демесең, тағылімінді, бесіңді түзе! Оны түзейін десен, әйелдің халін түзе!» деп, өзінен бұрынғы ілгерішіл ағартушы-демократтар тұрғысынан озат идея, ойшыл тұжырым ұсынады.

Әйел, әйелге байланысты әсемдік әлемі әдебиеттің мәңгілік тақырыбы. Өткен ғасырдағы орыс әдебиетінде әлемге әйгілі «Тургенев әйелдері» бар десек, қазіргі қазақ әдебиетінде «Өуезов әйелдері» деп аңыздауға болатын жан тебіренер сыр-баз, сұлу образдар галереясы жасалды.

«Еңлік – Кебек» пьесасының мазмұны көне – сол Өуезов туып-өскен Абай елінде, Шыңғыстау жерінде 18 ғасырдың 80-жылдарында болған қанды оқиға: бір-біріне жауыққан екі рудың ер жігіті Кебек пен ерке қызы Еңлік бірін-бірі сүйіп қосылғанын екі жақтың да ел билеуші шонжар-феодалдары кешірмей, өзара қызыл қырғын ерегіске, айтысқа, айқасқа түсіп, бір-бірінен құн даулап, ақыр-аяғында жан түршігер маскара мәмілеге келеді де, тағы ортаның тағылық заңын аттап өткен екі жасты тірілей ат құйрығына байлап, сүйретіп өлтіреді. Екеуінен туған сәби нәресте есіз таудың еңіс шатқалында жападан-жалғыз зарлап қала береді... Бұл оқиға ел аузында аңызға айналған. Осынау көне мазмұнды Ә. қазақтардың сөз өнерінде бұрын-соңды болмаған су жаңа соны пішінге кешіріп, «Еңлік – Кебек» трагедиясын жазып шыққан. Демек драматургия – қазақ әдебиетінде тек Өуезов қана тудырған жанр деп Сәбит Мұқанов әділ айтқан. Еңлік – қазақ әдебиетіндегі әсем әлем, «Өуезов әйелдерінің» тұла бойы тұңғышы. Осыдан былай қарай қазақ даласын мәңгі-бақи «азиялық орта ғасыр» түнегінде ұстамақ болған тоңмойын феодалдық қоғамның темір тәртібіне бой ұсынбай, атам заманнан келе жатқан «шарият заңын» бұза бұлжынып, азаттық ансаған бұла жандар, адамгершілік, ар, намыс, адал махаббат жолында құрбан болған қазақ қыздары Ә-тің пьесалары мен әңгімелерінде бүтін бір образдар галереясын жасайды да, «Абай жолы» эпопеясындағы тамаша типтер мен характерлерге ұласады. «Еңлік – Кебектің» алғашқы нұсқасынан кейін Өуезов араға бір жыл салып (1918) «Бәйбіше-тоқал» драмасын жазды. Бұл да революциядан бұрынғы қазақ өміріне арналған. Тақырыпты көркем игерудегі жазушының сәтті табысы – пьесаның затын атына сәйкестендірме деп тартысты күндес қатындар арасындағы күйкі әрекеттерге құрмай, ескі ауылдағы әйел теңсіздігінен, қалың мал қырсығынан туындаған әлеуметтік сипаттағы қайғылы халге құрғандығы. Сонда бір семьядағы ешқандай келеге келмес күндестік кесепаты – бәйбіше мен тоқалдан туған балалар (Төлеужан, Демеужан, Қуатжан) арасындағы бақақтық, оны пайдаланған ауыл атқамінерлерінің (Өбділдә, Бейсембі) аярлығы, алаяқтығы, бұлардың көкайыл тоқалға (Қайша) дем беріп, туыстар арасын ала-тайдай бұлдіртіп, ақыры бірін-бірі атып өлтірумен тынған жікшілдік, зұлымдық зардабы ұтымды психологиялық дәлелденген нанымды суреттелген. Сөйтіп мұның өзі күні өтіп бара жатқан көне ауылдағы бірер адам басына түскен ауыр қасірет қана

емес, күйрегелі тұрған күллі кертартпа заман трагедиясы болып шыққан.

20-жылдардағы драматургиясында айрықша орны бар тағы бір елеулі туынды – әйгілі «Қарагөз» трагедиясы (1926). «Қарагөз» – суреткер қаламын мықтап ұштаған, тілін айта қалғандай ұстартқан шығарма: бұрынғы шалқыма шешендік, яки буырқана тулаған сөз тасқыны мұнда шымырлаған ағысқа көшкен. Трагедияның сюжет желісі, композициялық құрылымы, тартыс арқауы, образдар жүйесі өте шебер өріліп, есіле, көсіле, еркін дамиды. Сайып келгенде, бұл классикалық трагедияның бәрінен бағалы жері – «Өуезов әйелдерінің» шоғырына бітімі мен болмысы, мүсіні мен мінезі біз білетін әсемдік әлемінде бұрын-соңды көп көріне қоймаған Қарагөз сынды тың тұлға әкеліп қосынында. «Түнгі сарын» – Ө. драматургиясындағы кезеңді туынды: идеялық-көркемдік дәрежесі талалпақ сай, адам образдары ойдағыдай, табиғи тартысқа, психологиялық анализге құрылған сюжетті шымыр, композициясы жұп-жұмыр бұл пьесада драматург қаламгерлік шеберлік жағынан өзінің тағы бір тың сатыға көтерілгенін аңғартып қана қойған жоқ, өзі ұстанған шығармашылық өдісінің жаңа сапаға көшкенін қоса танытты. Орасан шебер жасалған образ – Жүзтайлақ: әрі сұлу, әрі сиқыр, әрі сылқым, әрі сұңғыла, әрі ақылды, әрі айналы, зымиян, жауыз әйел! Жұып кеткен еркекті жыландай арбайды. Кезінде Жантасты жолдан тайғызған. Енді Сапаның есін тандырып, Жүністің дінкесін құртып жүр. Құшағы кең, бәріне жететін, бірақ кілті қиын, амалмен ашылады. Өз сөзімен айтқанда, «Жүзтайлақ сүйсе де, тістеп сүйіп әдеттенген». Сайқал қатынның ең құймыр қылығы мен кексе мінезі осы сөзге сыйып тұр. Қаншық қасқыр секілді... Бірақ бар пәле бұл арада емес, пәленің ең үлкені Жүзтайлақ нәпсіден шығып, әккілікке көшкен жерде. Жүзтайлақ – қырық қыртыс күрделі, күшті тип. Өйткені бір Жүзтайлақ – өзіне ұқсас жүз әйелден құралған жиынтық образ. «Түнгі сарындағы» тип пен характер жайы осындай. Осы себептен де бұл пьеса Ө. драматургиясындағы таза реалистік шығарманың үлгісі болып қалып отыр. Жазушылық жолын драматургиядан бастаған және оны өнерінің өзге салаларымен қатар жарыстыра өмірінің аяғына дейін дамыта жетілдіріп, құбылта құлпыртып әкелген Ө. 1921 ж. «Қорғансыздың күні» деген әңгіме жазады. Бұл оның көркем прозасының басы еді. «Қорғансыздың күнін» оқыған адамды, ең алдымен, жиырманың аз-ақ үстіндегі жас жазушының шеберлігі қайран қалдырады, оның сол кездің өзінде Батыс-Шығыс әдебиеттерін біраз шымырлап тастаған білімі мен мәдениеті танылады. «Қорғансыздың күніне» дейінгі қазақ прозасында аспан, жер, ай, күн сияқты табиғаттың әр алуан суреттері жасалатын, бірақ жалаңдау және жалпылау жататын еді. Ал мұнда олай емес, мұнда нақтылық және жинақтау мол. Жазушы аспанды аспан, жерді жер қалпында түгел, тұтас алып, әдеттегі машықпен әйтеуір суреттей беруді мақсат етпейді. Бұл тұста автор батар күннің сәулесін әдейі алып, бүкіл дүниені осы нұрға арнайы малып отыр. Осынау жасын төгіп-түгесіп болған көздей қыпқызыл күн, алау өрт шарпыған қанаттай қысқы бұлт, борай ұшқан қызыл қиыршық қар – бәрі жылылып келіп дүниеге тағы да бір ғажайып терең сыр береді: әңгімеде жан-жақты көрінген бейшара жетімдердің жіңішкеріп, жұқарып барып үзілер соңғы үміт көріністері тәрізді... Бұл – тамаша сим-

вол! Нағыз шебер қолдан шыққан пейзаж оқырман көз алдына осылай жайылып, оқырман сезіміне осылай әсер етсе керек.

Пейзаждан, басқа жай-жағдайды суреттеуден кейін автор жолаушылардың кескін-кейпіне ауысып, оны мінез-құлқымен астақтыра тағы да әсем суреттер жасайды. Портрет беруде де әлгі бір сарабал талғампаздық, ұтымды ұсталық. Ақанға сыртқы түрінен де, ішкі сырымен де қарама-қарсы образ – Ғазиза. Уыз жас Ғазиза, оның басындағы қайғы-қасірет оқырманға ерекше әсер етеді де, оқырманның ықылас-назары осынау жас қызға ауады, онымен қалтқысыз ұғысқан сыралғы дос, оны есіркейтін қорғаныш, оған қамқор серік боп кетеді. Ғазиза басындағы ауыр уайым не? Жазушы оны да жан-жақты ашып, оқырманды Ғазизаның сыртқы түрінен ішкі сырына үндіреді. Ғазизаның «уайымы осы үйдегі үш әйелге ортақ болған жесірлік, жетімдік». Жан түшіктіреп ауыр хал, қатал шындық. Адам бұл тұста алуан сезімге түседі, сан түрлі ойға шомады. Тағдыр неткен қатал? Қорғансыздар тұрмыс-тіршілігі неткен ауыр? Тағдыр талқысы қандай шытырман!.. Осы аянышты халге кеудесінде жүрегі бар адам бір тебіренбей өтпес еді. Ал Ақан болыс ше? Ақан болыс бұған міз бақпайды. Сексеннен асқан көрі кемпір соқыр келінінің қасында отырып, «тақырлау сүйік қабақтың астынан көрінген кішкене өлкіз көздерін қабыған салқын жанармен жалтылдатып» қойып, өздерінің адам айтқысыз ауыр тағдырын шешіле баяндағанда Ақан тұқ шімірпейді, ойы құла далада: «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын» дегендей... Жазушы кемпірді бостан-бос сөйлетпейді. Үш жетім әйелдің жай-жағдайы түп-түгел кемпір аузымен айтылады. Ол ұзақ сөйлейді, бірақ ұзақтығы сезілмейді. Асылы, гөп диалогтың ұзын-қысқалығында емес, мазмұн-мағынасында жатады. Жетім кемпірдің әңгімесін Ақан болыс шынында тындап отыраған жоқ, өзіне тән анайы сезім, көзсіз құмарлық жетегінде ғана отыр еді. Кінәсіз кішкене Ғазизаның жүріс-тұрысын мысықша баққан Қалтай екеуі ретін тауып, шөп қорада жас қызға сұмдық зәбір жасайды... «Сезімі жоқ жауыз кара күштің қылған күнәсі мен зұлмыңғына қатты тоң жер, суық балшық, көрдей қап-қараңғы дүние куә болды...» ...Ғазиза әкесі мен бауырының қабіріне барып үсіп өледі. Тегінде, шын мәніндегі нағыз үлкен талант өзінің өнерінен жаттығу жасап, онша ұзақ күйбемдемейтін болса керек. Өуезовтің осынау алғашқы әңгімесінің өзінде өзгеге ұқсаятын өзіндік мәннер-машығы бар: кібіртіксіз кәсіле жөнеген жорға қаламның ізі сайрап жатыр. Мұндағы шұрайлы тіл, шұрайлы стиль, дараланған адам характерлері, нәзік лиризм, терең психологиялық нәтижесінде, нақты әлеуметтік ортаның айқын сипатын беретін таза, мөлдір шындық С. Мұқановтың дәл айтылған тұжырымын сөзсіз растайды. «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы еуропалық прозаның дәрежесіне көтерілді. Революциядан бұрынғы қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, озбырлық туралы, адамдар арасындағы қым-қиғаш қайшылық, жан басындағы ауыр хал, айықлас мұң, қайғы хақында жазушы сол жиырмасыншы жылдардың жемістері «Қорғансыздың күнінен» «Қараш-Қараш

оқиғасына» дейінгі екі аралықта тағы да бір алуан әңгімелер топтамын жазды: «Оқыған азамат», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде», «Барымта», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Жуандық» т. б. Өгейлік, өктемдік құрбаны болған қорғансыздар тағдыры бұл әңгімелерде де қатал реализм арнасында үлкен суреткерлік күшпен бейнеленеді. Тозығы жеткен кертартпа әменгерлік салтқа лағынет айтып, өзін зорлап қоспақ болған кәрі шалдан қашып жүріп ақ кірпік боранға ұшыраған Рабиға («Қыр суреттері»), сүйген жігіті Исламға қосыла алмай, Жақып болысқа әйел үстіне баруға көнбегені үшін соққыға жығылып, дертке ұшырап, құсудан өлген Ғазиза («Кім кінәлі»), өзі сүйемген кісіге тұрмысқа шығуға үлкендердің күштеуімен амалсыз көніп, соның күйігінен көзі жасқа, көкірегі шерге толған Жәмילה («Сөніп-жану»), дүниеқоңыз, безбұйрек ағайынсымағы Иса мен оның «ұрысқақ долы қатыны Қадишаның» өгейлік тепкісіне төзе алмай жанжалдасып шығып, қараңғы түн ішінде ата-анасының зыратын іздеп келе жатып үрейі ұшып өлген он жасар кішкене Қасым («Жетім») ... Осылардың бәрі өзара тағдырлас: бірінші бейнесін бірі толықтырып, бірінші мінезін бірі тереңдетіп тұрғандай.

Тақырыбы ортақ, сюжеті желілес осы әңгімелердегі ұнамды кейіпкерлерді бір жерге жасамақ, бәрі қосылып, «ескілік көлеңкесіндегі» «қорғансыздың» аянышты ауыр халін ер қырынан өсерлі танытып қана қоймайды, сол ескіліктің еңбек адамдарын еркін айырып, қараңғы қапас түнекте тұншықтырған абақты екенін, одан құтылудың жолы біреу-ақ, ол тек қана азаттық үшін айқас екенін аңғартады.

«Абай жолы» – Өуезовтің бас кітабы. Оның суреткер ретіндегі бақыты да осында еді. Қазақтың сөз өнеріндегі «Өуезов әйелдері» деп атауға болатын айрықша есем образдар галереясы ұлы эпопеяның жан тебіренер ғажайып жана бейнелерімен толықты да молықты. Төрт кітапта үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты жүзге тарта әйел кейіпкерлер бар. Романның бұларға арналған беттері оқырманның көзі мен көңілін қатар жаулап, жан-жүрегің қоса баурайды. Бұлар жүрген жерлер кейде шетсіз-шексіз мұхит бойын түгел жайлаған шарапатты жылы ағыс (гольфстрим) секілді, кейде қиырсыз кең-байтақ құрлықтың ойы-қырын тегіс сәуленелендіре шүлен шұғыласына бөлеген күн нұры тәрізді, кейде көк жиекті керіп әкеткен көрбес теңіздің көз жеткісіз көк айдынына сән берген аппақ ақ шағалалар сияқты... Әйел-ана ма, жар-жұбай ма, бұла-бойжеткен бе... Әйтеуір қияпаты бөлек қазақ қызының мінез-құлқын, іс-әрекетін, сыр-сезімін, қимыл-қылығын дәл, терең, нәзік суреттеуге келгенде шіркін шебер алдына жан салмайды. Сонда әр бейненің тас-тан қашалғандай бедер табатыны сондай, әрқайсысы бір адам ғана емес, бір топ адамның жиынтық бейнесі бол, оқырманның көз алдында тұрады да, есінде қалады. Сонда әр кейіпкер – тип, әркімнің қашанғы таныс-бейтанысы бол шығады. Сонда бар ожданы тап-таза иманнан құйылғандай мейірім-шафхатқа толы Зере – әжелердің үлгісі; салқын қанды, сарабдал, сабырлы ақыл иесі Ұлжан – аналардың үлгісі; «сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен» бар сыры мен назын Абайға ғана құпия баян ететін «ақ еті атқан таңдай

аппақ» ару Тоғжан – алыстан арайлайтын қол жетпес арман секілді махаббат таңының үлгісі; әні сәніне, сәні әніне астасқан асыл, аяулы Әйгерім – жас жігіттің нақ сүйер сұлу жарының үлгісі... Қысқасы, кітаптың пейзажды беттері – қағаз емес, нақ тірі табиғаттың өзі. Бұл – біріншіден, Өуезов құрғақ, сылдыр сөйлем құрмайды, ең әуелі өзі тебірене толқып алады да, сол тілсіз сезім тілімен сөйлейді; екіншіден, Абай емес-ау, алдымен Өуезовтің өзі анық ақын; тұтанбай, ұшқындамай, лапылдамай, өртенбей жаза алмайтын нәзік дірілді сыршыл ақын; үшіншіден, Өуезов – суретші, нағыз художник – қағазды, кітап парақтарын аспанға, жерге, құбылысқа, дүние-тіршілікке айналдырып жіберетін шебер; төртіншіден, Өуезов – терең психолог, оқырманның жан дүниесін сілкіп-сілкіп жіберетін күш! Демек «Абай жолы» секілді ғасырлық туындыны тек осындай қабілет пен қасиеттің адамы ғана туғыза алады. Классикалық эпопеяда жан тебіренер көркемдік күшпен жинақталған өмірдің синтездік шыңдығы ғылымның ер саласындағы маман адамдар үшін осындай таным-тағлым қайнары болса, қалың оқырман үшін Еңліктер бастап Әйгерімге дейінгі барлық қыз-келіншектер ақыл мен санадың, арман мен ойдың, сұлулық пен нәзіктіктің сарқылмас кені секілденеді. Демек шығармаға ауадай керек нәрсе – парасат (интеллект) десек, «Абай жолын» оқыған адам өмірдің өнерге айналған академиясын өткендей болады. Ал профессор Өуезовтің жарты ғұмыры қабырғасында өткен Қазақ ұлттық университеті, отыз жыл бойы ұлы ұстаздың майда қоныр үніне бөленген, дариядай шалқыған ақыл-парасатына кенелген университет аудиториялары буын-буын зиялы ұрпақты әрқашан тек кемелдікке ғана меңзейді. Өуезовтің әйелдер бейнесіне әсемдік әлеміне хас мәнгілік қасиеттердің біралуаны осы арада жатыр.

З. Қабдолов.

**ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫНЫҢ МҰРАЖАЙЫ**, Семейдегі Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының бір бөлімі. 1992 ж. 24 сәуірде бұрынғы Семей облысының Мақаншы ауданындағы Мақаншы ауылында ашылған. Мұражайда Абайдың ақын шәкірті, әнші Әсет Найманбайұлының өмірі мен ақындық, әншілік жолына байланысты материалдар жинақталған. Экспозицияда «Әсеттің өмірі мен ортасы», «Абай және Әсет», «Әсеттің шығармашылығы», «Әсет – айтты ақыны», «Әсет – әнші-композитор» атты тақырыптар бойынша архивтік құжаттар, құнды материалдар мен фотосуреттер қойылған. Ақынның Ырысжанмен айттысының қолжазба түрлері, дастандары мен қиссаларының қолжазбалары мен басылымдары, 1916 ж. Әсеттің Алашорда үкіметінің өкілдерімен Шәуешекте түскен фотосуреті бар. Ақынның мұралары туралы Ә-тің т. б. зерттеуші-ғалымдардың еңбектері, ақын шығармаларының қытай елінде шыққан басылымдары, туыстары, достары, жақындары, сондай-ақ ұрпақтарына қатысты құжаттар мен фотосуреттер жинақталған. Ақынның ұрпақтары мен жерлестері тапсырған тұрмыс заттары, сол кездегі үй-мүліктер, әшекейлі бұйымдар, киімдер Әсет өмір сүрген дәуір мен ортаның этнографиясымен таныстырады.

М. Мұхамедова.

**ӘСЕТ ПЕН ЫРЫСЖАННЫҢ АЙТЫСЫ**. Бұл айтыс 1885 ж. Қоянды жәрмеңкесінде өткен. Ол алғаш рет 1931 ж. шыққан «Қазақ әдебиеті нұсқалары» кітабында басылды. Одан кейін 1942 ж.

С. Мұқановтың редакторлығымен «Айтыс» жинағында шықты. 3 томдық «Айтыс» жинағының 1-томына кірді. Айтысты талдап, әділ бағасын айтқан – Ө. Айтыс алдымен бірнеше кезектен тұратын қыз бен жігіт айтысымен басталып, әрі қарай төрт кезектен тұратын жұмбақ айтысына ұласады. 1964 ж. жарық көрген 3 томдық «Айтыстың» 1-томындағы Өуезов жазған алғы сөзде осы айтысқа дәл сипаттама берген. Оның пікірі бойынша, «бұл айтыстағы ерекшелік: екеуі де байгеге тек өздерінің ақындық өнерін қосады. Ел, жер, бай-жуандар, рушылдық таластардай тартыс мұнда жеңіс дәлелі ретінде ауызға алынбайды... Өсеттің ашық жарыста алдырмайтынына көзі жеткен Ырысжан жұмбақ сөзбен тор құрады. Өсет жұмбақтарды шеше отырып, заманындағы әкімшімақтарды мейлінше мақсқаралайды... Өсет пен Ырысжан айтысы – жарыс айтыста өзгеше бір арна. Бұл кездесіп қалған қыз бен жігіттің жеңіл-желпі шекісуі емес, екі елдің сайлап кездестірген... нағыз ақындық тапқырлыққа жарысқан іргелі айтысы». Ө. бұл айтыс туралы «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томының 1-кітабында да айтқан.

*М. Жармұхамедов.*

**ӘСПЕТОВА** Гүлжан (1946 ж. т.), актриса. Қазақстанның халық артисі (1996). Тұңғыш сахнада ойнаған рөлі – Ө-тің «Қарагөз» трагедиясындағы Қарагөз. Оны дипломдық қойылымынан бастап, кейін театрға қабылданғанда да ойнап келді. Ұлы жазушының басқа шығармаларынан осы аттас телефильмде де осы бейнені жасап шықты. Ө. аударған У. Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Катерина рөлін орындаған. Мұнан басқа да әр түрлі жанрадағы сан қилы сахналық бейнелер жасаған. Сонымен бірге кинофильмдерге түсіп, өзіндік қайталанбас экрандық бейнелер жасаған.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ӘСІРЕЛЕУ**, гротеск, бейнелі сөз, шынайы өмір құбылыстарын немесе белгілі бір нәрсені шамадан тыс асырып айту тәсілі. Ол әдеби тілдің әсемдігін, бейнелілігін, әсерлігін арттыру үшін қолданылады. Оның түп тамырын 15–16 ғасырларда үңгірлерде табылған өсімдіктер мен жануарлардың өзара қарым-қатынасын бейнелейтін ою-өрнектерден байқауға болады. Бұдан әрі бұл термин көркемсурет өнеріне, әдебиетке, музыкаға қолданылды. М. Өуезов 1946 ж. Жамбылдың 100 жылдық тойында жасаған «Жамбылдың айтыстағы өнері» атты баяндамасында: «...Шашубаймен айтысында Байбұлған туралы төбеден түскен жәйдей жайратқыш бір отын атады. Бұндағы Жамбыл гротеск, шарж, мысқылдың неше атасын тапқандай» деп ақындар айтысындағы Ө-дің бір үлгісін көрсеткен.

**ӘСІРЖАНОВ** Қабдеш (1880–1957), жазушының жездесі. Ө-тің апасы Зүбәйлаға үйленген. Ол қайтыс болған соң, қарындасы Үмияға қосылған, бұдан кейін Мұханның немере ағасы Әзімханның қызымен тұрмыс құрған. Одан Жаһангер, Роза деген балалары туған. Ол ұзақ жыл Шыңғыстауда мал шаруашылығымен айналысты, бай болды. Қудалауға ұшырап, ел ауып, Меркеде тұрып, тіршілік етті. Кезінде жазушы Ө-тың ауылына барып, апа-жездесінің үйіне келіп, демалып, сол өңір туралы материал жинаған; жігіттердің басын қосып, аң аулап, серуен құрған. Бұл жөнінде жергілікті газет-журналдар мақалалар жазған.

*М. Бейсенбаев.*

**ӘСІРЖАНҚЫЗЫ** Мәкіжан (шамамен 1888–1967), жазушының жеңгесі. Ағасы Разақтың бірінші әйелі.

лі. Өке-шешесі қайтыс болғаннан кейін Мұхтар осы Мәкіжанның қолында өскен. Бірінші әйелі Райхан Кәкенқызын осы үлкен жеңгесінің шаңырағына түсірген. Кейіннен Шоқан атты ұлы Мәкіжанның қолында қалып, іш сүзегінен дүние салған. Отызыншы жылдардағы тәркілеу қысымы мен ашаршылық тұсында Разақ Қырғызстанға барып бас паналауға мәжбүр болады. Разақтың қызы Г. Омарханованың айтуынша, «Өуезге қараған туған-туыс боп селбесіп, бір қалада күн көрейік, өмір құрайық десе керек, Мұхаң 1934 жылы үлкен жеңгесі Мәкіжанды толты балаларымен Алматыға алыдырады. Уақытша жалдап, қала шетінен пәтер тауып береді... Разаққа, Мәкіжанға қаражат жағынан қарайласып та тұрды» («Мұхтар аға», А., 1997, 12-бет). Мәкіжан жеті құрсақ көтереді. Олар: Сафура (1909–1947), Ғафура (1911–1973), Мәнсура (1913), Пәрзана (1917), Нәупіл (1923–1943), Толы (1927), Бекназар (1927–29), Әкірәм (1930–99).

*Т. Жұртбай.*

**ӘУБӘКІР** Ақылбайұлы (1881–1934), ақын, әнші, композитор. Абайдың туған немересі әрі шәкірті. Кішкентайынан Оспанның әйелі Еркежанның бауырында өседі. Бұл туралы Ө. «Абайдың өмірбаяны» атты зерттеу еңбегінде (1944): «Оспан тірісінде өз баласы болмаған соң, Абайдың Ақылбай деген үлкен баласынан туған немересі Әубәкірді асырап алған еді. Еркежан қолында қазірде сол бала болады да, үлкен үйдің иесі боп тұратын болады» деп, нақты деректер келтіреді. Осылайша Абай тәрбиесін көріп, жастайынан ән-күй мен жырға құмартып өседі. Абайдың тапсырмасымен әзіл, мысқыл, ащы тілді әжуа, сықақ өлең шығару дәстүрін берік ұстап, 20 ғасырдың бас кезіндегі қазақ сатирасына өзіндік үлесін қосқан. «Мамай батыр», «Әнет бабан», «Ақтабан шұбырынды» атты тарихи дастандарын, «Оралбай мен Керімбала», «Әреке мен Береке» деген әлеуметтік тақырыптағы дастандарын шығарған. 1930 жылғы ашаршылықты суреттеген «Шыңғыстау» поэмасын жазды, «Көкен қалқам», «Әубәкірдің әні», «Дариға» т. б. өндері халық арасына тараған. Жазықсыз қудалауға ұшырап, соның салдарынан шырқаптаншып, қайтыс болады. Ө. «Қазақтың ұлы ақыны – қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбаев туралы өмірбаяндық тезис жоспарында» Абайдың атақты шәкірттері қатарында Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Әубәкір есімдерін атайды. «Бұл ретте Мағауия, Ақылбай, Көкбай, Өріп, Бейсембай, Әубәкір және басқа шәкірттерінің шығармашылық мұрасы Абайдың өз шығармашылығынан поэзиядағы үлкен жанрларды, атап айтқанда, сюжеттік поэмаларды... дамытумен ерекшеленді» (Абайтанудан жарияланбаған материалдар. А., 1988, 89–90-беттер).

*С. Қорабай.*

**ӘУЕЗ** Бердіқожаұлы (1830–1918), жазушының атасы. Құнанбай өзінің балаларына хат таныту үшін Ө-ді жас кезінен бастап қасында ұстайды. Ө. Абайдан он бес жас үлкен екен. Құнанбай Ө-дің Нұрғаным деген қарындасына үйленгеннен кейін, Бөрілідегі өзінің қыстауынан жер бөліп беріп, құрмет көрсетіп, сыйлайды. Өкесі Бердіқожа өлгеннен кейін «Өуез қожа» атанады. Құнанбай Абай ауылының балаларын, бертін келе өзінің немере, шөберелерін оқытады. Ол аса ұстамды, мінезді, ел арасында сыйымды, ақыл-ойлы, тәртіпке қатал

қарайтын адам болған. Шежіре жазған, ғылымның әр саласынан хабардан болып, шағын кітапхана ұстаған. Араб, парсы, шағатай тілін білген. Құнанбаймен, Абаймен қадірлес, пікірлес, дос-жар ретінде араласқан. Олар да Ә-ді құрметтеп, ақылдасып отырған. Абайдың: «Үлкен қожа – ортан қол» деп мақтайтын адамы – осы Ә. Ә-дің бәйбішесі – Дінәсіл Жарқынбайқызы Найман ішіндегі Сыбан руының бекді ауылынан шыққан адам. Дінәсілден жалғыз ұл Омархан, Омарханның бәйбішесі Нұржамалдан – Мұхтар, екінші әйелі Сақыштан (Сақыпжамал) – Арғынбек, Қасымбек, Ағзам, Ахметбек туады. Қыздары Қорлыға, Рақия, Гүлсім, Зүбәйла, Үмия. Ә. немересінің атын Мұхтар (құдіретті) деп қойған. Бала Мұхтарды Абайдың алдына ертіп апарып, ақынның батасын алған. «Оқуды бес-алты жасқа келген соң өзімің үлкен әкемнен оқи бастадым. Сол кісінің алдында хат таныдым... Ел қыстаудан көшкенше күндіз-түні өзі үйде болған уақытта Абай өлеңдерін жаттатып, соны ылғи айтқызып, тыңдап, жақсылап жаттап алмаған жерлерімді қайтадан отырғызып, қайта жаттатушы еді. Абайдың өлеңін жақсы көрдім» деп жазды Мұхтар ағасы Ә. туралы. Кейіннен Ә. Мұхтарды Семейдегі Камалидиннің медресесіне, одан соң бес сыныпты орыс мектебіне оқуға берді.

*Т. Жұртбай.*

**«ӘУЕЗОВ»**, жинақ. Авторы – З. Қабдолов. 1997 ж. «Санат» баспасы шығарған. Жинақ екі кітаптан құралған: біріншісі «Менің Әуезовім» роман-эссе. Автор кезінде Ә-тің шәкірті, кейін әріптесі болғандықтан, ұстаз бейнесін сомдауға еркін де батыл кірісіп, бас кейіпкердің образын үш қырлы алмастай айрықша, жарқыратып бейнелеген. Роман-эсседе қилы-қилы қызмет атқарып, шығармаға шырай үстеп тұрған детальдар, эпизодтар аса мол. Ал екінші бөлімде («Әуезовтің әсемдік әлемі») ұлы жазушының көркем шығармашылығын талдап, толғаған ғылыми зерттеулері топтастырылған. Нәтижесінде автордың беллетристикалық және публицистикалық туындылары өзара тұтасып, сабақтаса келіп, Мұханның дана дидарын тұлғаландырады да, кеменгер суреткердің әсемдік әлеміне жетелеп әкеледі. Кітаптың көлемі 19,84 баспа табақ, таралымы 7 мың дана.

**ӘУЕЗОВ** Ағзам (шамамен 1890–1968), жазушының немере ағасы, Әуездің екінші әйелі Сақыштан туған үшінші ұлы. Ескіше, жаңаша хат таныған, сауатты. Жасынан сері, Абай ауылының қыз-бозбалаларымен араласып, серілік құрып, ит жүгіртіп, құс салғанды ұнатқан. Жүйрік тазы, қыран құс, қаршыға ұстаған. Семей мен Бөрілінің арасына жүріп, кәсіпкерлікпен айналысқан. Мұхтарды саятшылыққа баулыған. Ә. Марғұлан арқылы Кереку өңірінен Аққасқа тазыны алдыраып аңға салған. Ә-тің «Көксерек» хикаясындағы Хасеннің прототипі. Ол туралы Ахмет Әуезовтің естелігінде дерек бар («Жас Мұхтар», А., 1977). Ағзамнан – Халел, Халелден – Мұрат тарайды.

**ӘУЕЗОВ** Арынбек (А р ы м б е к , А р ғы н б е к ; шамамен 1884–1969), жазушының немере ағасы. Әуездің екінші әйелі Сақыштан туған тұңғышы. Құнанбай көзі тірісінде Әуезге Бөріліден еншіге жер бөліп береді. Олар бөлек көшкенде ескі әдет бойынша Сақышты (шын аты – Сақыпжамал) Әуезге тоқалдыққа береді. «Сақыштың әке-шешесі

Құнанбайдың үлкен үйінің қара шаруасын істеп күн көрген адамдар екен. Сол Сақыштан бес еркек бала, бір қыз туады. Оның ең ұлшан – Арынбек. Одан кейінгілері: Қасымбек, Ағзам, Ахмет, Ғазиз. Қыздан – Райхан» деп жазды Әуездің туған жиені М. Діқанбаев «Мен білетін өмірбаян» атты естелігінде («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997, 7-бет). Арынбек сауатты, ел ісіне араласқан. Омархан ағасы өлгеннен кейін ағалары Смайылхан, Разақ үшеуі Әуездің қара шаңырағының ауыртыпалығын бірге көтеріп, үй тұрмысы мен шаруашылықтың қам-қарекетімен көбірек айналысқан. М. Діқанбаевтың, А. Әуезовтің, М. Мұхамеджанованың естеліктерінің негізіне сүйенсек, Мұхтардың бірінші әйелі Райханға құда түсіп, жөн-жоралғысын жасап, тойды өткеруге бел шешіп ат салысқан адамның бірі осы Арынбек. Арынбектің нақты туған жылы белгісіз, естеліктерде әр түрлі деректер айтылады. Өзінен кейінгі інісі Қасымбек 1886 ж. туған. Соған қарап ол шамамен 1884 ж. дүниеге келген деп жорамалдауға болады. Арынбектің Құдыри атты ұлы Ұлы Отан соғысынан қайтып оралған соң Ә. өзінің қамқорлығына алды. Мал маманы етіп орналастырған. Құдыш деп еркелетіп, үнемі бауырына тартып жүрген. Жазушының аталас туыстарының ішінде өзіне жақын ұстаған аз бауырларының бірі – осы Арынбектің ұрпақтары.

*Т. Жұртбай.*

**ӘУЕЗОВ** Асқар Ернарұлы (1975 ж. т.), жазушының немересі. Ернар Мұхтарұлының ұлы. Шешесі Галина Антоновна Әуезова. Симферополь қаласындағы Халықаралық менеджмент университетінде оқыған. Ағылшын тілінен аудармашы (синхронды) болып жұмыс істеген. Алматы сәулет және құрылыс академиясын бітірген.

**ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ МЕКЕМЕЛЕР МЕН ҰЙЫМДАР.** Жазушы қайтыс болғаннан кейін Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1961 жылғы 10 тамыздағы № 550 қаулысына сәйкес, ұлы жазушының есімін мәңгі есте қалдыру жөнінде біраз іс-шаралар жүзеге асырылды. Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына, республика Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтына, бұрынғы Семей облысының Абай ауданындағы Қызылгас орта мектебіне, Сталин атындағы ұжымшарға, Семей қаласындағы бір көшеге (Комиссар көшесіне), Алматыдағы бір көшеге (5-линияға), бір ауданға, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Алғабас ауданының орталығы Шаян мекеніне, жазушының ұсынысымен сонда салынған мектепке – Ә. есімі берілді. 1977 ж. ұлы суреткердің 80 жылдық мерекесін өткізу комиссиясы КСРО Теңіз флоты министрлігінің қарамағындағы бір кемені Әуезов есімімен атау жөнінде ұсыныс жасады. Осыған орай 1978 ж. Окадағы Навашино қаласында жасалған жүк кемесі «М. Әуезов» деп аталды. Қаламгердің 90 жылдық мерейтойына байланысты бұрынғы Шымкент педагогика институты Әуезов атын алды. Бұл оқу орны 1998 ж. қайта құрылып, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті деп аталды. Ал еліміздің облыстарында оңдаған мектеп, кітапхана т. б. классик жазушының есімін иеленген. Ұлы суреткердің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Алматы қаласындағы №128 мектепке, Маңғыстау облысының Ақтау облысындағы №20 мектепке, Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданындағы №53 мектепке Ә. есімі берілді. Сондай-ақ ғалым-ұстаздың



өзі лекция оқыған әл-Фараби атындағы ҚазМУ-да «Әуезов аудиториясы», «Әуезов атындағы әдеби бірлестік» т.б. бар.

*Р. Досымбекова.*

**ӘУЕЗОВ АУДАНЫ.** Алматы қаласының әкімшілік-аумақтық бөлінісі. 1972 ж. 10 наурызда ұйымдастырылып, жазушының есімі берілді. Алғашқы кезде Ленин және Калинин аудандарын ірілендіру есебінен құрылып, 1996 ж. Алатау ауданының кейбір аумағының қосылуы негізінде қайта құрылды. Оның ауданы 77,2 шаршы шақырымға тең. Қаланың батыс жағына орналасқан. Оңтүстік-батысында – Қарасай, оңтүстік-шығысында – Бостандық, шығысында – Алмалы, солтүстігінде Жетісу аудандарымен шектескен. Әл-Фараби, Абай, Рысқұлов даңғылдары, Мате Залка, Жандосов, Тұрғыт Өзал, Розыбакиев, Түркебаев, Төле би, Райымбек, Науай, Сәтбаев, Шалапин, Саин, Жұбанов көшелері сияқты ірі қатынас жолдары бар. Аумағында шаруашылық, өндіріс кәсіпорындары, жоғары оқу орындары, ауруханалар, емханалар, кинотеатрлар, дүкендер, «Динамо» демалыс аймағы, Мәдениет сарайы, ашытқы және маргарин зауыттары, «Бахус» акционерлік қоғамы, мектептер, мәдени-ағарту мекемелері, «Саيران» демалыс аймағы, «Қарғалы» демалыс үйі т. б. орналасқан. Ауданда 300 мыңдай халық тұрады.

**ӘУЕЗОВ ДӘУІРІ.** Жазушының өмір сүрген заманы. Ө-тің әдебиет өлемінде қалам тартқан кезеңі 1917–1961 жылдар арасы. Осы тұста қазақ кеңес әдебиеті барлық жанрда өсіп-өркендеді. Мұнда бірнеше буын ақын, жазушылардың үлесі бар. Ө. қазіргі дәуір қазақ әдебиетінің көшбасшылары А. Байтұрсынұовтың, М. Дулатовтың, Ж. Аймауытовтың, М. Жұмабаевтың ізін баса шыққан, кейде олармен қанаттаса қызмет еткен, мақсат, мұраты жарасқан қаламгер. Сол үшін ол қазақ әдебиетінің осы қарифейлері саяси айып тағылып, мерт болғаннан кейін де ұзақ жылдар бойында нақақ айыптауларға душар болды; ауыр талқыны бастан өткерді. Ө-тің 1932 жылға дейінгі шығармашылық өмірі кеңес өкіметінің идеологиясын қабыл көрмеген, байшыл-буржуазияшыл көзқарасы басым болған кезең деп сипатталады. Ал осы көрсетілген уақыт ішінде жазушы көптеген классикалық әңгімелердің, «Еңлік – Кебек», «Қарагөз» сынды пьесалар авторы ретінде жұртшылыққа кеңінен танылған еді. 1930–32 ж. Ө. жалған кінә тағылып, түрме азабын шекті. Отызыншы жылдарда кеңес заманының шындығынан алып, әңгімелер, пьесалар жазды. Бірақ социалистік реализм аталған «теорияның» қасаң қағидалары мен талаптары өзге әріптестері секілді Ө-тің құлашын жаздырмады. Социалистік реализм ережелері сөз жүзінде жаңалықтарға көң жол ашатын секілденгенмен, іс жүзінде шығармашылық еркіндікке мүмкіндік бермеді. Осындай жағдайда жазушы келешегі үлкен, баянды бағытын таба білді; ауыз әдебиетін зерттеп, монографиялар жариялады, көркем шығармашылықта тарихи, фольклорлық тақырыпқа бет бұрды. Ол 30-жылдардың ақырғы кезеңінен бастап, өзінің бас шығармасы Абай туралы романдар жазуға кірісті, бұл жұмыс оннан артық жылға созылып, 50-жылдардың 1-жартысында «Абай жолы» роман-эпопеясының бітуімен аяқталды.

Ө-тің ғылыми және көркем шығармашылығы аталған кезеңнің бәрінде де бір-біріне кереғар пікір, бағалар тудырып отырды. Оның 30-жылдарға дейінгі туындылары социалистік реализм шарттарына

жат деп есептелді. Шындығында жазушының бұл кездегі жаратындылары қазақтың жазба кәсіби әдебиетін еуропалық, әлемдік деңгейге көтерген еді. «Қорғанысздың күні», «Ескілік көлеңкесінде», «Жуандық», «Жетім», «Барымта», «Қаралы сұлу» әңгімелерінде, «Қараш-Қараш», «Қилы заман» роман, повестерінде, «Еңлік – Кебек», «Қарагөз» пьесаларында ескі қазақ қоғамындағы әлеуметтік ақиқаттар, қайшылықтар мен тартыстар биік реалистік деңгейде суреттелді, жазба әдебиет мәдениеті орасан өсті. Ө-тің әдебиет тарихы мен фольклор зерттеу саласындағы ірі жетістіктерінің де негізі жырмасыншы жылдарда қаланды: оның «Әдебиет тарихы» деген кітабында (1927) ауыз әдебиетінің байлығы жаңаша жүйеленіп, талданды; ұлы ақын Абай Құнанбаев шығармаларының толық жинағы әзірленді. Осы еңбектерде бекіген көзқарастар мен қисындар әдебиеттану мен фольклортанудың болашағын белгіледі.

Қазақтың өткен ғасырдағы ұлт-азаттық күресін әдебиетте алғаш рет кесек бейнелеген «Хан Кенә» трагедиясы тарихи тақырыпты игерудің ұлы желісін салды. 1934 ж. театр сахнасында бір-ақ рет қойылып, ауыр сындарға ұшыраған бұл шығарма арада ондаған жыл өткен соң, қайта жарияланды. 19 ғасырдағы Кенесары–Наурызбай бастаған көтеріліс шындығына арналған кейінгі шығармалар алдында асқар шыншайды болып «Хан Кененің» үлгісі тұрды. Ө. Абай мұрасын ғана емес, ақынның әдеби мектебін де тұңғыш рет сөз етті, ұлы ақын ғибраты 20 ғасыр басындағы ақындардың көбіне ықпал еткенін дәлелдеді. Осындай игі әрекеті үшін де солақай сын соққысын тартты, шәкірттері аяусыз жазаға ұшырады. Ақырында шындық үстем болып, Абайдың әдеби ортасы, ақындық мектебі деген ғылыми тұжырымдама – концепция мойындалды. Ө-тің «Әдебиет тарихы» монографиясында, оның басшылығымен шыққан «Қазақ әдебиеті тарихы» (1948) бірітбеткей, қиянат сындардың нысанасына айналғаны да, мұның салдары Ө-тің өміріне қауіп төндіргені де белгілі. 1953 жылғы эпос туралы дискуссияның да мақсаты ғылымда Ө. негізін салған методологиялық принциптерді қаралауды көздегені анық. Ал осы дискуссияда қазақтың сан ғасырларда жасаған ондаған эпикалық мұрасының тағдыры таразыға түскен еді. Сол байлықты ардақ тұтып, адал зерттеген Ө-ті «ақсату» бүкіл фольклортану ғылымының дамуын ширек ғасырға тежеді. Бірақ уақыт өте келе ғұлама қалыптастырған фольклортану ғылымы оның ой-пікірлерінің өміршендігі, ізденістерінің азаматтық ұмтылыстан туғандығын растайды.

«Абай жолы» роман-эпопеясының әрбір кітабы зор кедергіге ұшырап, жарыққа шыққаны да, шығармаға әділетсіз сын садағының жаудырылуы қазақ әдебиетінің даңқы мен абыройы болған жазушының адал ісін айыптай, өзін жазалау ниетінен туған. Шындығында оның бетке ұстар суреткерінің шығармашылығын «мансұқтау» қазақ елінің ұлттық тамыры терең өзіндік келбеті бар рухани мәдениетіне шабуыл жасаумен пара-пар еді. «Абай» романының алғашқы екі кітабында қазақ ескілігін дәріптеген деген сынның астары тым қорқынышты болатын. Бұл – қазақта Октябрь төңкерісінен бұрын іске татитын өзіндік мәдениет болмаған деген еуропоцентристік көзқарасты жұртшылық санасына зор

лап сіңірумен бірдей әрекет еді. Романда қоғамдағы таптық қайшылықтар әлсіз көрінген деп, шығарманың әлем жұртшылығы мойындаған қасиеттеріне көз жұмып қараушылық та жоғарыда айтылғандармен сабақтас. 1959 ж. «Абай жолы» роман-эпопеясына Лениндік сыйлық берілуі Ә-тің қазақ әдебиетіндегі ең ірі суреткер екенін көрсетті, әдебиетке тек қана идеологиялық тұрғыдан қарайтын белсенділердің арыны басылды, қазақ жазушыларының биік көркемдікке бөленген туындысы туралы әлем жұртшылығы өз бағасын айтты. Дегенмен ұлы суреткердің роман-эпопеясынан мін іздеу бұдан кейін де бой көрсеткені белгілі. Бұған 1971 ж. «Вопросы литературы» журналында «Абай жолы» мұқатқа мақсатымен жарияланған мақала дәлел. Мұнда А.Марченко қазақ жазушысының теңдесі жоқ көркем туындысын роман емес, аңыз деуге дейін барған. Бұл да қазақ халқының өзіндік бай көркемдік дәстүрін елемей, тек қана Еуропа әдебиетінде қалыптасқан романдық түрлерді бірден-бір үлгі етіп ұсынудың тұрпайы әрекеті болатын. Марченконың әдепсіз мақаласының залалы сол кездегі бүкілодақтық әдебиетінде ашықталды, Ә-тің көркемдік көруіні 20 ғасырдағы ең биік жетістіктер ретінде бағаланып, кең әлемге жол тарта берді. Кезінде қаншама тұрпайы тосқауылдар мен қысымға ұшыраса да, суреткердің жігерін жасытып, адал азаматтық бағытын қаралауды көздеушілік орын алса да, «Әбиет түбі зейнет» болды. Ә-тің фольклор мен әдебиет тарихын тексерудегі, қазақ тарихындағы аса ірі оқиғалар мен әлеуметтік қайшылықтарды көрсетудегі жемістері күллі қазақ әдебиетінің жемістері болып қалды. Сондықтан қазақ әдебиетінің жиырмасыншы жылдардан алпысыншы жылдарға дейінгі дәуірін осы кезеңде өзінің шығармалары арқылы жаһандық биікке көтерген «Әуезов дәуірі» деп атау лайық, Ә-тің өзіне бағытталған саяси айыптауларға да төтеп беріп, қазақ халқының сан ғасырлық рухани байлығын сақтап қалудағы, өз елінің дүние жүзі өркениетінен орын аларлық құндылықтар жасағанын суреттеу, өз ұлтының мәртебесін көтеру мұратынан таймаған азаматтық тегеуріні оның шын мәніндегі санат күрескері болғанын әңгімелейді.

*Р. Бердібай.*

**ӘУЕЗОВ** Елдар Мұхтарұлы (1941–1944), жазушының Валентина Николаевнадан туған ұлы. Туа мешелдік дәуріне шалдыққан. Ұл баланың айықпас дертке ұшырауы және бұдан бұрынғы Шоқан, Елдес атты ұлдарының да сәби кезінде шетінеуі Мұхтардың жүрегіне айықпас қайғы ізін қалдырған.

**ӘУЕЗОВ** Елдес Мұхтарұлы (1927–1928), жазушының Валентина Николаевна Кузьминадан туған ұлы. Тосын науқастан шетінеген. Бұл – Ә-тің Ленинград университетін бітіріп, Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына түскен және Ташкент қазақ педагогика институтында оқытушы болып орналасқан кезі.

**ӘУЕЗОВ** Ернар Мұхтарұлы (1943–1995), жазушының ұлы. Орнитолог-ғалым. Зоология ғылымының кандидаты (1980). ҚазМУ-дың биология факультетін бітірген (1966). 1966–1988 ж. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Зоология институтында, 1988–1995 ж. Министрлер Кеңесі жанындағы Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқармада жұмыс істеді. Жануар-

лардың қоныс аудару мәселесімен шұғылданды. Көп жылғы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1969 ж. Алақолде шағаланың сирек кездесетін түрін тапты. Бұл ғылыми еңбек жазуға негіз қалады. Ә. ғылымды дамытудағы жетістіктері үшін республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды (1982). 80-ге жуық ғылыми еңбек жазды. «Қазақстан құстары» атты 5 томдық басылымды шығаруға қатысты.

*Д. Қонаев.*

**ӘУЕЗОВ ЕСКЕРТКІШТЕРІ.** Алматы қаласындағы ескерткіштері: 1. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрының скверінде 1967 ж. орнатылған сыралғы ескерткіш. Мүсіншісі Т. С. Досмағамбетов, сәулетші – М. Меңдіғұлов. Сыралғы шойыннан құйылған, тұғыры сұр граниттен текше үлгіде орнатылған. 2. Жазушының іргелі ескерткіші 1980 ж. М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының үйі алдында орнатылды. Мүсіншісі Е. А. Сіргебаев, сәулетшілері – О. Баймырзаев, А. Қайнарбаев (Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы, 1982), М. Жақсылықов. Ескерткіштің биіктігі – 6,8 м, жалпы биіктігі 10 м. Мүсін қоладан құйылған, тұғыры қара сұр граниттен текше үлгіде орнатылған. Жазушының креслода ойға шомып отырған бітімболмысы, оң қолына ұстаған кітабы, желбегей жамылған шапаны мүсіннің дәстүрлі сипатта жасалғанын аңғартады. Ескерткіш театр ғимаратымен қарастымызды үйлесім тапқан. С е м е й қ а л а с ы н д а ғы е с к е р т к і ш і 1987 ж. 28 қыркүйекте ашылды. Дулатов көшесі бойындағы алаңға, қалалық саябаққа қаратып қойылған. Тұғыры сұр граниттен орнатылған. Мүсіннің биіктігі – 5 м, қоладан құйылған. Авторы – Т. Досмағамбетов, сәулетшілері – В. Кацев (КСРО Мемлекеттік сыйлығы, 1975) және А. Қайнарбаев. 1995 ж. ескерткіш қаладағы М. Әуезов алаңына көшірілді. Ш ы м к е н т қ а л а с ы н д а ғы е с к е р т к і ш і : М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ғимараты алдында 2000 ж. орнатылды. Ескерткіш-бюстің биіктігі тұғырымен қоса есептегенде – 4 м, мәрмәр тастан қашалып жасалған. Мүсінші Е. Сіргебаев.

Қырғызстанның астанасы Бішкек қаласындағы ескерткіші 2001 жылы шілде айында ашылды.

**«ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ АБАЙ»**, ғылыми-көпшілік басылым. Авторы – М. Мырзахметов. 1997 ж. «Қазақстан» баспасынан жарық көрген. Кітап 5 тарауға бөлінген. «Ғылымның соқпақпала соқпақтары» деп аталатын бірінші тарауда Ә-тің Абайды қай кезден зерттей бастауы, оның шығармаларын оқып үйрену жылдары сөз болады. Екінші тарау «Абайтанушы ғұлама» жазушының Абайтанудағы ізденістері, батыс-шығыс әдеби, мәдени байланыстар арналары, тезис түріндегі ой-пікірлерінің төркіндері талданған. «Мұхтартану» тарауы бұл ғылымның өзекті мәселелерін, қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөлу жөніндегі Әуезов пікірлерін, ұстаздық жолын, мұраларының сақталуын қарастыруға арналған. Сондай-ақ жазушы қолданған автоцензура тәсілінің табиғатын ашып, оның тағы бір қырымен оқырманды таныстырған. Келесі тарауларда қаламгердің жарияланбаған еңбектері және «Абай жолын» оқыған оқырмандардың ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігін жеткізген хаттары берілген. Кітаптың көлемі 15 баспа табақ, таралымы 3000 дана.

**«ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН»** («М. Ауэзов и современность»), жинақ, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университеті 1998 ж. шығарған. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына байланысты осы оқу орнында 1997 ж. 16–17 қазанда өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары топтастырылған. Алғы сөзін жазған – университет ректоры, профессор Е. Медеу, редакторы – профессор Ә. Қалыбекова. Жинақ төрт бөлімнен тұрады: «М. Әуезов және Қазақстанның филология ғылымы» деп аталатын 1-бөлімде 25 мақала; «М. Әуезовтің шығармаларындағы адамгершілік және тағлымдық проблемалары» атты 2-бөлімде 10 мақала; «М. Әуезов және Қазақстанның рухани мәдениетінің дамуы» деп аталатын 3-бөлімде 15 мақала; «М. Әуезов шығармашылығындағы халық салт-дәстүрлерінің бейнеленуі» атты 4-бөлімде 26 мақала бар. Жиын саны – 76 мақала жарияланған. Авторлар құрамында профессор Е. А. Костюхин (Санкт-Петербург), университет профессорлары Б. Байтанаев, Қ. Ералан, Ә. Құлымбетов, К. Сыздықов, В. Скитневский сынды ғалымдар еңбек еткен. Кітаптың көлемі 10 баспа табақ, таралымы 300 дана. Студенттерге, әдебиет зерттеушілерге арналған.

*К. Сыздықов.*

**«ӘУЕЗОВ М. – ЗАМАҢДАСТАРЫНЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕ»** («М. Ауэзов в воспоминаниях современников»), естеліктер жинағы. Жазушының 70 жылдық мерейтойына орай 1972, 1997 ж. «Жазушы» баспасынан орыс тілінде жарық көрген. Құрастырып, кіріспесін жазған – қызы Л. Әуезова. Кітапқа Әуезовпен замандас, көзін көрген, қызметтес, аралас-құралас болған жазушылардың, ғалымдардың, әдебиет сыншыларының, әріптестерінің, дос-жарандарының – барлығы 55 адамның естеліктері енгізілген. Бұл жазбаларда Ә-тің өмірі мен шығармашылық, сан қырлы әдеби және қоғамдық қызметінің негізгі кезеңдері қамтылған. Соңында жазушының *«Менің өмірбаяным»* атты мақаласы, авторлар туралы түсініктер берілген. Көлемі 18 баспа табақ, таралымы 12 мың дана.

**ӘУЕЗОВ ЗИРАТЫ.** М. Әуезов 1961 ж. 1 шілдеде Алматы қаласының Орталық зиратында (бас аллеяда) жерленген (Райымбек даңғылы бойында). Қабір басына 1964 ж. 26 маусымда ақ мәрмәрдан ескерткіш (мүсінші Е. Вучетич, архитекторы В. Демин) қойылды. Жазушының портреттік бейнесі бюст түрінде жасалған. Ескерткіш тұғыры қара, ал сыралғысы ақ мәрмәрдан қашалған. Тұғырдың мәрмәр тақтасында Абайдың қазақша: «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» және орысша: «Вечно жив тот, кто оставил бессмертное слово» деген сөздері қашалып жазылған. 1973 ж. ескерткіш жөндеуден өткізіліп, ақ мәрмәрдан жасалған бюстің орнына сұр граниттен жасалған бюст қойылды. Ақ мәрмәр бюст М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрының фойесіне қойылды. 1977 ж. бейбітін жаңына жазушының әйелі Валентина Николаевна Әуезова (Кузьмина) жерленіп, басына мүсінші О. М. Исаев жасаған құлпытас-стела орнатылды. Сұр граниттен қашалған стелда Валентина Николаевнаның қола тақтаға бедерленген бет бейнесі орнатылған.

*Д. Қонаев.*

**ӘУЕЗОВ КӨШЕСІ,** Алматы қаласындағы көше. 1936 ж. қала құрылысының бас жобасына сәйкес,



Әуезов зираты.

Есентай (Весновка) өзенінен бастап оңтүстік-батыс бағытына қарай салынған. 1945 жылға дейін «5 линия» деп аталып, 1961 ж. Ә-тің есімі беріледі. Меридиан бағытымен алғанда, оңтүстіктен солтүстікке қарай – Тимирязев көшесінен бастап Гоголь көшесіне дейін созылып жатыр. Ұзындығы – 3,4 шақырым. Ә. к-н Ғабдуллин, Бұқар жырау, Жандосов, Сәтбаев, Мыңбаев, Құрманғазы, Шевченко, Жамбыл, Қабанбай батыр, Қарасай батыр, Бөгенбай батыр, Төле би көшелері мен Абай даңғылы киіп өтеді. Шығыс жағында Әйтиев, батыс жағында Жароков көшелері қатарласа созылған. Көшені бойлай осы заманғы үйлер мен ғимараттар, сондай-ақ отызға тарта мекеме орналасқан. Мысалы, «Атакент» іскерлік орталығы, Қазақ автомобиль ғылыми-зерттеу институты, Автомобиль көлігі министрлігі, қалалық трамвай-троллейбус басқармасы, № 1 троллейбус паркі, И. А. Крылов атындағы кітапхана, «Құрылысшы» мәдениет үйі, № 55 орта мектеп, дүкендер, сән салоны, «Бахус» акционерлік қоғамы т. б. бар. Көшемен №1, 2, 6, 12 троллейбустар жүреді. Ә. к. – қаладағы әсем безендіріліп, көріктендірілген, көгалдандырылған сәулетті көшелердің бірі.

*Н. Оспантегі.*

**«ӘУЕЗОВ КҮНДЕРІ»,** жазушының өмірі мен шығармашылығын зерттеп, насихаттауға арналған халықтық, мемлекеттік, ресми ғылыми-мәдени шаралар. «Әуезов күні» тұңғыш рет жазушының көзі тірі кезінде – 1957 ж. 25 наурыз күні *«Абай»* романы – қазақтың тұңғыш эпопеясы» деген тақырып бойынша шығармашылық ғылыми конференция ретінде Алматы қаласында өткізілді. Онда М. Қаратаев «Қазақтың тұңғыш эпопеясы», А. Нұрқатов «Абай және оның дәуірі эпопеяда», Қ. Құттыбаев «Эпопеядағы халық өкілдерінің об-

разы», Т. Нұртазин «Абай», «Абай жолы» романдарындағы Құнанбай мен Құнанбай типтестер» З. Ахметов «Мұхтар Әуезовтің «Абай» эпопеясындағы әйел образдары», З. Шашкин «Абай» романының көркем ерекшеліктері», Ф. Мұсабаев «Қазақ әдеби тілін дамытқан эпопея», З. Қабдолов «Бірекі пікір» атты баяндамалар жасады. Ғылыми конференцияның материалдары сол жылы «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өтетін онкүндігіне және Ә-тің 60 жасқа толуына орай «Абай жолы» роман-эпопеясы Мәскеу мен Алматыда қазақ және орыс тілдерінде, Алматыда жазушының «Абай Құнанбаев» монографиясы, таңдамалы шығармаларының 4–6-томы, «Индия очерктері» кітабы және А. Нұрқатовтың «М. Әуезов», М. Сильченко мен Н. Смирнованың «М. О. Әуезовтің творчестволық жолы», Е. Лизунова мен Ы. Дүйсенбаевтың «Мұхтар Әуезов» атты ғылыми монографиялық очерктері жарияланды. Қазақ академиялық драма театры «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан», «Түнгі сарын» және ол аударған В. Шекспирдің «Асауға тусау», Н. Гогольдің «Ревизор» спектакльдерін, ал Абай атындағы опера және балет театры «Абай» операсын (музыкасы А. Жұбанов пен Л. Хамидидікі) сахнаға шығарды. Қазақ КСР Ғылым академиясының 15 тамыз күні өткен мәжілісінде академик Ә-тің жазушылық қызметіне 40, ғылыми-педагогикалық қызметіне 45 жыл толуын атап өту туралы шешім қабылданып, арнайы мерейтой комиссиясы құралды. Комиссияның төрағалығына Ф. Мүсірепов бекітілді. 20–24 қыркүйек арасында «Ә. к.» жазушының туған өлкесі Семей өңірінде ресми түрде аталып өтті. Семей қаласындағы Абай атындағы облыстық драма театрының үйінде және Абай ауданының барлық елді мекендерінде салтанатты кездесулер мен кештер ұйымдастырылып, оған жазушының қаламдас достары қатысып, сөз сөйледі. 27 қыркүйек күні Ә. Ленин орденімен марапатталды. Сол күні жазушының 60 жасқа және шығармашылық қызметіне 40 жыл толуына орай Алматы қаласы жұртшылығының салтанатты жиыны болды. 28 қыркүйек күні Абай атындағы опера және балет театрында Қазақ КСР Ғылым академиясының, Қазақстан Жазушылар одағының және Мәдениет министрлігі мен Қазақ мемлекеттік университетінің біріккен салтанатты ресми мәжілісі өткізілді. Кешті Ф. Мүсірепов ашты. С. Мұқанов мерейтой иесі туралы баяндама жасады. Жазушыға Ленин орденін және «Республиканың еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағының күәлігін тапсырылды. Кеште К. Симонов, С. Бәйішев, С. Омаров, Я. Козловский, О. Гончар, А. Звонак, Ф. Ғұләм, Б. Кербәбаев, Ф. Ниязи, Қ. Маликов т. б. сөйледі. «Ә. к.» 4 қазан күні Мәскеу қаласында өткен әдеби кешпен аяқталды. Кешті И. Андроников жүргізді. Мерейтой аса кең ауқымда халықаралық дәрежеде аталып өтті. Жазушының шығармалары мен ғылыми зерттеулері және ол туралы мақалалар дүние жүзінің 30-ға жуық тілінде жарияланды. «Ә. к.» материалдары «М. О. Әуезовке: оның 60 жасқа толуына арналған мақалалар жинағы» деген атпен 1959 ж. жеке жинақ болып басылып шықты. Бұдан кейінгі «Ә. к.» жазушының туғанына 70, 80, 90, 100 жыл толуына орай мемлекеттік деңгейде өтіп отырды.

1967 ж. «Ә. к-не» орай қазақ тілінде жазушының 12 томдық шығармалар жинағы және орыс тілінде таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді. «Қараш-Қараш» хикаятының желісімен «Асауда атылған оқ» атты көркем (режиссері Б. Шәмшиев) және «Мұхтар аға» атты деректі (режиссері Т. Ескендіров, сценарийі З. Қабдоловтікі) фильмдер түсірілді. М. Қаратаевтың «М. Әуезов» (орыс, қазақ тілдерінде), Р. Нұрғалиевтің «Трагедия табиғаты», Е. Лизунованың «Мұхтар Әуезовтің шеберлігі», Л. М. Әуезованың «Абай жолы» эпопеясының тарихи негізінде» атты монографиялары басылып шықты. «Қарағөз», «Түнгі сарын», «Еңлік – Кебек» пьесалары сахнаға қойылды. Жазушының салтанатты мерейтойы желтоқсан айының ішінде әуелі Семей өңірінде, содан кейін Алматы, Мәскеу қалаларында аталып өтті. Оған шетел мен одақтас республикалардан 50-ге тарта әдебиет пен мәдениет қайраткерлері қатысып, сөз сөйледі. Қазақ КСР Ғылым академиясы мен Қазақстан Жазушылар одағы Ә-тің өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми конференция мен мерекелік сессия мәжілісін ұйымдастырды. Мәскеу қаласында – Әдебиетшілер үйінде, қалалық кинотеатрларда, Мәскеу университетінде, Одақтар үйінде «Ә. к.» деген атпен салтанатты кештер мен кездесулер өткізілді, жазушының сценарийі бойынша түсірілген «Абай әндері», «Асаудағы атыс» және «Мұхтар аға» атты фильмдер көрсетілді.

Жазушының туғанына 80 жыл толуына орай 1977 ж. ұйымдастырылған «Ә. к.» Баку, Киев, Ташкент, Семей, Алматы, Фрунзе, Мәскеу қалаларында кеңінен аталды. Осы мерейтойға байланысты Мәскеу қаласынан жазушы шығармаларының 5 томдығы орыс тілінде шықты. «М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасы» атты көлемді анықтама басылды. 1977 ж. қыркүйек айының 23 күні Алматы қаласындағы Республика сарайында «Ә. к.» мемлекеттік деңгейде салтанатты түрде ашылды. Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің төрағасы Б. Әшімов кіріспе сөз сөйлеп, жазушы Әнуар Әлімжанов баяндама жасады. Кеште одақтас республикалардан келген жазушы-ғалымдар – А. Кешоков, Е. Кирилюк, А. Чепуров, Ш. Айтматов, В. Захидов, И. Касумов, П. Браженас, А. Маньянов, Л. Ахвердян, А. Бусуюк, Ч. Аширов сөз сөйледі. Салтанатты кездесулер 24–26 қыркүйек аралығында Семей қаласы мен Абай ауданында өзінің жалғасын тапты. Онда Семей облыстық атқару комитетінің төрағасы Е. Қашағанов баяндама жасап, мейман қаламгерлер – Д. Гранин, Д. Гринко, А. Адамович, А. Якубов, Г. Мадан, А. Кашаускас, Р. Салури өз пікірлерін білдірді. 28 қыркүйек күні Алматы қаласында Ғылым академиясының ұйымдастыруымен «Мұхтар Әуезов және оның мұралары» атты ғылыми теориялық конференция болды. Онда ғалым-сыншылар – Б. Төлепбаев, Г. Ломидзе, Ә. Марғұлан, А. Нүсіпбеков, М. Қаратаев, З. Ахметов, З. Кедрина, Е. Лизунова, А. Садықов, Қ. Сейданов, З. Қабдолов баяндама жасады. 29 қыркүйек күні «Халықтар достығының жыршысы» деген тақырыпта Киев қаласында салтанатты кеш өтті. «Ә. к.» Мәскеудің үлкен театрында 24 қараша күні өткен салтанатты мәжіліспен аяқталды. Онда кешті К. Симонов ашты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы С. Имашев баяндама жасап, С. Михалков, А. Кешоков, А. Чепуров сөз сөйледі. Кеш соңынан үлкен үкімет концерті берілді. Бұл материалдар «Мұхтар

Өезов – совет әдебиетінің классигі» деген атпен 1980 ж. жеке кітап болып басылып шықты.

1987 ж. өткен «Ә. к.» 25 қыркүйек күні Алматы қаласындағы Республика сарайында өткен салтанатты мәжіліспен ашылды. Жазушы О. Сүлейменов баяндама жасады. Ақын-жазушылар А. Михалков, К. Яшен, Ш. Айтматов, М. Карим, С. Фролов, М. Каноат сөз сөйледі. Салтанатты шеру 26–28 қыркүйекте жазушының туған өңірі, Семейде жалғасты. Онда Д. Снегин, А. Хорунжий, Ә. Кекілбаев, Н. Горбачев, Г. Бабаев, А. Валтян, Р. Файзуллин, А. Калве, У. Рахинашвили, Е. Лецко, Г. Балувев сөз сөйледі. 2 қазан күні Мәскеу қаласындағы Одақтар үйінде «Ә. к-нің» қорытынды кеші өтті. Онда А. Карпов, З. Камалиденов, А. Чановский, М. Ибрагимов, С. Баруздин, П. Загребельный, Л. Ошанин, О. Сүлейменов сөз сөйледі. Сондай-ақ 23 қыркүйекте Қазақстан Ғылым академиясы «Мұхтар Өезов және қазіргі әдебиет» деген тақырыпта ғылыми, ал 24–25 қыркүйекте «Совет жастарына интернационалдық тәрбие берудегі М. Өезов шығармаларының маңызы» атты жас ғалымдар мен оқытушылардың теориялық конференциялары болды. Онда 45 баяндама жасалды. Өезов күндерінің материалдары «Мұхтар Өезов және қазіргі заман әдебиеті» деген атпен жеке жинақ болып басылып шықты (1989).

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 19 шілде күні «М. О. Өезовтің туғанына 100 жыл толуына дайындық және оны өткізу туралы» қаулысы шықты. 1995 ж. қараша айында өткен ЮНЕСКО-ның 18-сессиясының Бас конференциясында Ә-тің 100 жылдық мерейтойын 1997 ж. дүниежүзілік деңгейде аталып өтуге тиісті мәдени шараның бірі ретінде шешім қабылданды. «Ә. к-н» әлемдік дәрежеде атап өту мақсатына орай арнайы үкімет комиссиясы құрылды. Аса үлкен ауқымды ұйымдастыру шаралары жүргізілді. Жазушы шығармаларының 50 томдық академиялық басылымын шығару ісі қолға алынып, алғашқы томдары жарық көрді. Ә-тің Алматыдағы мұражай-үйі, Бөрілідегі мемориалдық мұражай қалпына келтіріліп, күрделі жөндеуден өтті. Семей қаласында «Алаш арыстары» атты жаңа мұражай ашылды. Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік мекемелерінде «Ә. к.» өткізілді. Жоғары және арнайы оқу орындары мен мектептерде, балабақшаларда «Өезов сабақтары» жүргізілді. Республикалық әдеби конкурстар мен спорт жарыстары ұйымдастырылды. Ә-тің драматургиялық шығармалары бойынша театрлық қойылымдардың республикалық фестивалі, республикалық ақындар айтысы өтті. Жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми зерттеулер мен мақалалар дүние жүзі халықтарының 22 тілінде жарық көрді. «Ә. к.» Түркияда (Ақпан), Ресейде (Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларында, сәуір), Ташкентте (маусым), Бішкекте (тамыз), Белоруссияда (шілде), Украинада (тамыз) ресми түрде ашылып, оған Қазақстаннан өнер, әдебиет, ғылым қайраткерлері қатысты. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының елшіліктері орналасқан бірнеше мемлекетте, Ресейдің Астрахан, Орынбор, Омбы облыстарында арнайы салтанатты кештер өткізіліп, ғылыми пікір алысулар ұйымдастырылды. 1997 ж. 4 маусым күні ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде «Мұхтар Өезов ұлттық болмыстың ұлы жыршысы» деген атпен ғылыми конференция ашылды. Конференцияға Қазақстан өкілдерін Рес-

публика Премьер-министрінің орынбасары И. Тасмағамбетов бастап барды. Конференцияны ЮНЕСКО-ның бас хатшысы Федерико Майор мырза жүргізіп отырды және ол «Дәуір данасы» деген тақырыпта кіріспе сөз сөйледі. Конференцияда Ш. Айтматов «Абай және Өезов. Уақыт үндестігі», Ә. Нұрпейісов «Өезов арқылы ұлы дала сөйледі», Альбер Фишлер «М. Өезов – сайын дала жыршысы», Жак Моннье «Мұхтар Өезовтің туған жеріндегі ядролық сынақтар», Катрин Пужоло «Мұхтар Өезов – өз дәуірінің айнасы, келешекті кескіндеуші», Клотель Лемерсье Келкетай «Мұхтар Өезов – ұлттық рух бейнесі», Леон Робель «Антуан Витез және «Абай» романы», Реми Дор «Қазақ әдебиеті» деген тақырыпта ғылыми баяндама жасады. Париждің көрнекті сарайларында Қазақстан өнер шеберлерінің концерті берілді. Конференция материалдары 1998 ж. «Мұхтар Өезов – ұлттық болмыстың ұлы жыршысы» деген атпен қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде «Қазақстан даму институты» баспасынан жарық көрді. Жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған «Белгісіз Өезов» (сценарийі Е. Аманшаевтікі, режиссері С. Өзимов) атты деректі телефильм түсірілді. Қыркүйек айының 22–28 күндері Алматы қаласында республика жұртшылығының салтанатты кеші мен Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының жалпы жиналысы, «М. Өезов және XX ғасырдағы әлем әдебиеті» атты ғылыми-теориялық конференция өтті. «Ұлы ғасырдың ұмытылмас перзенті» деген халықтық серуен ұйымдастырылды. 28 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Өезов үйі» ғылыми-мәдени орталығын ресми түрде ашты. Сол күні Ә-тің туғанына 100 жыл толуына орай Республика сарайында салтанатты кеш басталды. Кеште Президент «Мұхтар Өезовтің шығармашылық мұрасы – адамзаттың байлығы» деген тақырыпта баяндама жасады. «Ә. к-нің» салтанатты шеруіне дүние жүзінің әр елдерінен 90-ға жуық өкілдер қатысты. Мерейтой салтанатына байланысты материалдар «М. Өезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті» деген атпен 1997 ж. «Ғылым» баспасынан жеке кітап болып басылып шықты.

Т. Жұртбай

**ӨВЕЗОВ КІТАПХАНАСЫ.** жазушының жеке кітапханасы. Қазір ғылыми-мәдени орталыққа айналған мұражайында сақтаулы тұр. Мұнда дүние жүзі әдебиеті классиктерінің жекелеген шығармаларынан бастап, толық жинақтары мен таңдамалылары, ежелгі Шығыс, Грекия, Рим, орта ғасыр, Қайта өрлеу дәуіріндегі ұлы ойшылдардың ер саладағы кітаптары, одан бергі еуропа мен орыс әдебиеті, тәуелсіз республикалар әдебиетінің үздік үлгілері дәуіріне, тегіне қарай жүйелі орналасқан. Алдыңғы сөрелерде энциклопедиялар мен сөздіктер, В. И. Ленин шығармалары, оған жалғас философия, тарих, мемуар, көркем әдебиет, өнер, әдебиеттану, соңғы сөрелерде қазақ әдебиеті мен ғылымы, жазушының өз шығармалары қатар тұзеді. Кітапхана – мазмұны, түр байлығы жағынан сан алуан, осылардың ішінде сирек кездесетін кітаптар да мол; мұндағы ойды бөлетін басты нәрсе – жазушының оқиған кезде сызған, белгілеген, бос жиектеріне жазған ой-пікірлері. 19 ғасырда шыққан кітаптар бір сала болса, 20 ғасырдың басын-

дағы «Библиотека великих писателей» сериясындағы Шекспир, Мольер, Гете, Гейне, Пушкиннің толық жинақтары, А. Виль, Ч. Дарвин, Э. Ренан, Р. Фуанкаре, Д. Флетчер, Л. Стрейс, Г. Потанин, А. Веселовскийлердің кітаптары безендірілуімен сапасы жағынан көз тартады.

Ә. Батыс пен орыс классикасынан біраз шығармалар аударды; қазақ оқушыларына Шекспир мен Толстойды, Гоголь мен Погодинді, Джек Лондон мен Афиногеновті, Тренев пен Чеховты, Мамин-Сибиряқты алғаш таныстырды. Драматургия мен театрға қатысты еңбектер ерекше орын алған: Лессинг, Станиславский, Тальма, Фриче, Мокульский, Игнатов сияқты авторлардың кітаптарын осы салаға жатады. Оның тарихына, теориясына арналған кітаптар өз алдына және бұл қатарға шетел авторларының еңбектері де қосылады. Ендігі мол дүние – әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы, әдебиеттану, фольклор, тіл білімі, осы саладағы туысқан халықтардың әдебиеттері. Кітап авторларының дені өздерінің қолтаңбаларын жазып сыйлаған. Бұлардың қатарында: Л. Леонов, Н. Тихонов, К. Паустовский, Ю. Тынянов, Вс. Иванов, Айбек, Кербабаяев, С. Вургун, М. Тұрсын-заде, Р. Ғамзатов, Ш. Айтматов, Малов, Брагинский, Бертельс, Зелинский, Жирмунскийлер бар. Қазақтың белгілі ғылым, өнер, әдебиет қайраткерлері сыйлаған кітаптар да осылар сияқты, оларды да жазушы өзіне тән әдіс-тәсілдермен оқып, әдеттегі белгілері мен ой-пікірлерін жазып қалдырған.

20-жылдары 65 томдық, 50-жылдары қайта шыққан «Үлкен совет энциклопедиясы», «Кіші энциклопедия», философия, әдебиет энциклопедияларында әдебиет пен өнер, архитектура, тарих, дипломатия, соғыс ісі, биология, медицина, техника, жеке адамдар мен мемлекеттерге, терминдік атауларға қатысты оқымға белгілері бастан-аяқ кездесіп отырады. Оның қаламы тиген мақалалар: «И. Герцен», «Персидская литература», «Египетская литература», «Миология», «Гигрометр», «Буддизм», «Яфетическая теория», «Бой», «Артиллерия», «Америка» сияқты болып жалғаса береді. Бұлардың барлығы Ә. ойын нелердің аударып, нелердің қызықтырып, баурап отыратындығын көрсетеді. Осы жағынан келгенде, Ә. к. мол зерттеулерді қажет ететін өнер дүниесі, өйткені оның берері мен ұқтыраны аса көп.

*Т. Әкім.*

**«ӘУЕЗОВ ҚОРЫ»**, жазушы атындағы халықаралық қор. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1992 ж. 30 қыркүйекте тіркелген. Қор Ә. мұражай-үйінің ұжымының ұсынысымен құрылған. Қордың құрылуын республиканың ірі жазушылары мен ғалымдары Ә. Нүрпейісов, О. Сүлейменов, М. Мағауин, Д. Снегин, З. Ахметов, С. Қирабаев, М. Қабадолов, Е. Рахмадиев, жазушының қызы Ләйла Мұхтарқызы Әуезова, Т. Жұртбай т. б. қолдады. Қордың қоғамдық ұйым ретіндегі қызметінің негізгі мақсаты – ұлы жазушының мұражай-үйінің негізінде Ә-тің шығармашылық мұрасын сақтау және насихаттау. Қор Ә. шығармаларын зерттеу, жариялау, жазушы шығармаларын экранға шығару, Ә-тің өмірі мен шығармашылығы туралы деректі, ғылыми-көпшілік фильмдер түсіру, өмірі мен шығармашылығы мәселелеріне арналған ғылыми-практикалық, шығармашылық конференциялар,

семинарлар, симпозиумдар өткізу, жазушының әдеби-мемориалдық мұражайының материалдық базасын нығайту, халықаралық мәдени қатынастардың соны түрлерін дамытуға қатысу, Ә-тің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой шараларына дайындалу, осы мерейтойға қатысты арнайы бағдарлама дайындап, оны іске асыру жұмыстарымен айналысуға тиіс болды. 1997 ж. қордың қатысуымен жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған мерейтойлық аударма күнтізбе шығарылды. 4 тілде концептуалды брошюра дайындалды, 4 кітап жарық көрді, арнайы жарияланған бәйге негізінде мерейтойдың ресми эмблемасы жасалып, тіркелді; Ә-тің 100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық футбол жарысы ұйымдастырылды; құнды мақалалар мен телехабарлар жарыққа шықты; Ә. өміріне арналған «Сестра моя жизнь» атты кен форматты деректі фильм түсірілді т. б. маңызды жұмыстар атқарылды. Қор қазіргі кезде гуманитарлық білім беру жүйесін терендету зерттеу, әдебиетті, тарихты зерттеудегі жаңа тұжырымлама бағдарламасын жасау жұмыстарына қатысуда. Ә-тің шығармашылық мұрасын зерттеуді жаңа сапалық деңгейге көтеруді, жазушының 50 томдық толық жинағын сапалы шығаруға көмектесуді, ұлы жазушы шығармаларын өлемдік оқырманға жеткізіп, насихаттауды мақсат етіп отыр. «Ә. қ.» Алматы қаласында, Төлебаев көшесінің 185-үйінде орналасқан.

*М. Әдібаев.*

**ӘУЕЗОВ** Мағжан Мұратұлы (1975 ж. т.), жазушының немересі. Алматыдағы № 15 мектепті алтын медальмен, 1996 ж. әл-Ғараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің халықаралық қатынастар факультетін үздік дипломмен бітірген. 1994–96 ж. АҚШ-та Джорджтаун университетінің халықаралық экономика және дипломатиялық қызмет факультетін бітіріп, бакалавр дәрежесін, 1996–98 ж. Колумбия университетінің халықаралық қатынастар және мемлекеттік басқару факультетінде оқып, халықаралық финанстық қатынастар және банк ісі мамандығы бойынша магистр атағын алды. ҚазМУ жанындағы Экономика және құқық институтының оқытушысы. «Қазкоммерцбанкін» атқарушы директоры.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ӘУЕЗОВ** Мұрат Мұхтарұлы (1943 ж. т.), жазушының ұлы. Мәдениеттанушы ғалым, публицист жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері. ҚР еңбек сіңірген қайраткері. Филология ғылымының кандидаты (1969). Мәскеу мемлекеттік университетінің шығыс тілдері факультетін (1965), М. Горький атындағы Әдебиет институтының аспирантурасын (1969) бітірген. 1970–78 ж. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Философия және құқық институтында кіші, аға ғылыми қызметкер, 1978–80 ж. республика Жазушылар одағында әдеби кеңесші, 1989–90 ж. сонда көркем аударма жөніндегі бас редакция алқасының төрағасы, 1980–87 ж. «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор, 1990–92 ж. ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1992–95 ж. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі, 1995–98 ж. Қазақстандағы «Мир» телекомпаниясының көркемдік жетекшісі, 1998–99 ж. ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Алматы облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы, 1999–2003 ж. «Сорос-Қазақстан» қорының атқарушы ди-

ректоры, президенті болды. 2003 жылдан ҚР Ұлттық кітапхананың директоры. Шығармаларында заман, қоғам, болашақ туралы ой толғайды. «Времен связующая нить» (1972), «Хожделение по колодецам времен» (1997) «Уйти чтобы вернуться» (...) кітаптары жарық көрді. «Ыстықкөл формуласы» атты мақаласында Ө-тің әкелік қамқорлығын, туысқан қырғыз халқының ұлы жазушыға деген қадір-құрметін, оның Шолпанатадағы музей-үйін қызғыштай қорғап, аялап отырғанын үлкен тебіреніспен баяндаған. Ал «Адам-адам, көсем-көсем болуға тиіс» («Семей таңы» 1997, 12 тамыз), «Көшпенділер» және «Әлем дінгегі» («Ана тілі», 1997, 25 қыркүйек), «Мәңгілік мұралар зергері» («Қазақ елі», 1997, 26 қыркүйек) мақалалары суреткердің өмірі мен шығармаларын сөз еткен.

*Д. Қонаев.*

**ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ**, жазушы шығармашылығын насихаттау шарасының бір түрі. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы ашылды. Содан бері онда Ө. о. ы жүргізіліп келеді. Университет жылына 16 дәріс өткізеді, соның алғашқысын және кейінгі бірқатар сабақтарын Ө-ке арнайды. Онда Ө-тің фольклоршы, прозашы, драматург, аудармашы, педагог-ғалым, қоғам қайраткері, абайтанушы ретіндегі толып жатқан қырлары мен сырлары сараланды. Белгілі ақын-жазушы, ғалымдар, өнер, мәдениет қайраткерлері ол туралы естеліктерін айтса, Ө-ті зерттеуші мамандар шығармашылық, суреткерлік лабораториясынан сыр толғады. Осылардан Ө-тің суреткерлік тұлғасы биіктеп көрінді. Академик Ө. Марғұланның өзі Ө-ті фольклормен, әдебиет тарихымен, көне эпос мұраларымен, «Манас» жырымен байланыстырып, бірнеше сабақ өткізді. Бұдан басқа «Абай және Мұхтар», «Өмірбаянына қатысты жаңа деректер», «Өскен өркен» романының шығармашылық тарихы, «Әдеби мұрасын зерттеудің өзекті мәселелері», «20 томдық шығармаларының басылуы жайынан», «Әуезов және абайтану проблемалары», «Әуезов энциклопедиясы хақында» т. б. тақырыптар салаланып, тармақтанып, молай береді. 2001 жылдан М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында «Әуезов оқулары» атты жас ғалымдардың ғылыми-теориялық конференциясы өтіп тұрады.

*Т. Тұрғанбаев.*

**«ӘУЕЗОВ – ОРЫС СОВЕТ КЛАССИКАЛЫҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ АУДАРМАШЫСЫ»**, әдеби зерттеу еңбек. Авторы – С. Мұқашева. 1977 ж. «Мектеп» баспасынан орыс тілінде жарық көрген. Ө-тің драмалық шығармаларды қазақ тіліне аудару жайын қарастыруға арналған. Автор орыс жазушылары А. Афиногеновтің «Қорқыныш», Н. Погдиннің «Ақсүйектер», К. Треневтің «Любовь Яровая» пьесаларының аудармасын стилдік және теориялық жағынан талдап, Ө-тің көркем аудармаға қосқан үлесін жоғары бағалайды. Ө. аударма арқылы өзінің жазушылық шеберлігін шындай түссе, екінші жағынан, ұлттық мәдениетті, қазақ әдеби тілін байытты деп қорытындылайды ойын автор. Кітаптың көлемі 4,3 баспа табақ, таралымы 8 мың дана.

**«ӘУЕЗОВ СЕМЕЙДЕ»** («М. Ауэзов в Семипалатинске»), анықтамалық кітапша. 1997 ж. Семей облыстық мұрағат мекемесі М. Ө-тің 100 жылдық тойына орай, орыс тілінде шығарған. Кітапшаның мақсаты – 1919–25 ж. М. Ө-тің Семейде атқарған қоғамдық қызметі туралы облыс мұрағатында сақталған құжаттармен таныстыруды көз-

деген еді. 37 беттік кітапшада Ө-тің қызметтес жүз-деген жолдас-дос жараңдарының есімдері аталып, қарым-қатынастарын баяндаған. Зерттеуші, тарихшы ғалымдар үшін көп септігі тиетін басылым.

*М. Бейсенбаев.*

**«ӘУЕЗОВ ТВОРЧЕСТВОСЫ БОЙЫНША БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ»** («Библиографический указатель по творчеству М. О. Ауэзова»), көрсеткіш. 1972 ж. «Ғылым» баспасы қазақ және орыс тілдерінде шығарған. Жауапты редакторы – Л. Әуезова. Онда ұлы жазушының шығармалары, өмірі мен жазушылық қызметі туралы еңбектер топтастырылған, ол 1917–1971 ж. аралығын қамтыған. Кітап екі бөлімнен тұрады. 1-бөлімде қазақ, орыс, КСРО халықтары, шетел тілдерінде жарық көрген туындыларының тізімі берілсе, 2-бөлімде жазушының өмірі мен шығармашылық қызметі жөніндегі әдебиеттер келтірілген. Көрсеткіштің соңында Ө. шығармаларының қазақ және орыс тілдеріндегі алфавиттік және есім көрсеткіштері орын алған. Еңбек филологтарға, кітапхана қызметкерлеріне, жалпы оқырмандарға арналған. Көлемі 17,5 баспа табақ, таралымы 2500 дана. Ал осы көрсеткіш өңделіп, толықтырылып, Ө-тің шығармашылығы туралы 1972–1997 жылдар аралығындағы әдебиеттерді қамтыған жаңа библиографиялық көрсеткіш жарық көрді. Жауапты шығарушылары – Р. Досымбекова мен С. Майлыбаева. Көлемі – 36,0 баспа табақ, таралымы 2 мың дана («Жібек жолы» баспасы, 2005).

**«ӘУЕЗОВ ТВОРЧЕСТВОСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ»**, монографиялық зерттеу. Авторы – Л. Әуезова. 1977 ж. «Мектеп», 1997 ж. «Санат» баспасында жарық көрген. Еңбектің негізгі мақсаты – «Абай жолы» эпопеясының тарихи ұстанымдарын қарастыру. Романда жазушы дәуірдің шынайы көріністерін тарихи дәлдікте көрсету арқылы сол кезеңдегі әлеуметтік қарама-қайшылықтарды, ішкі процестерді жарқырата ашып көрсетті. Ө-тің көркемдік қиялы тарих, әдебиеттану, экономика, этнография саласындағы білім деңгейіне сай болды. Ол тарихи шындықты көркемдік жинақтау арқылы эпопеяда халық өмірін үлкен шеңберде суреттеді. Жазушы бұл тұрғыда ғылымға негізделген тарихи материалдарға, сын елегінен өткен деректерге сүйенген. Соның нәтижесінде Ө. халықтың тұтас бір кезеңдегі тұрмыс-тіршілігін «Абай жолында» бірінші болып бейнелеп берді. Зерттеу еңбектің негізгі мазмұны – осындай. Кітаптың көлемі 18,7 баспа табақ, таралымы 6 мың дана.

**«ӘУЕЗОВ ҮЙІ» ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ**, жазушының мұражайы. 1951–1961 ж. Ө. тұрған үйге орналасқан әдеби-мемориалдық, ғылыми-мәдени мекеме. Ол ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1961 жылғы 10 тамыздағы №550 қаулысына сәйкес құрылған. Жазушының әдеби мұралары хатталып, көзі тірісінде тұтыңған жеке заттары, үй жиһаздары, қолжазбалары жүйеге келтіріліп, тақырыптық көрмелер жасалып, 1963 ж. 28 қарашада әдеби-мұражай ретінде ресми түрде ашылды. Сонымен қатар Әдебиет және өнер институтының Ө-тің шығармашылық мұраларын зерттеу бөлімі есебінде ғылыми жұмыспен шұғылданады. Мұражай-үйдің негізін қалап, оған 30 жыл бойы жетекшілік еткен жазушының қызы Л. Әуезова үлкен еңбек сіңірді.

Жазушының зайыбы В. Өуезова үйді және ондағы жиһаздар мен мемориалдық заттарды сыйға тартты. ҚР Үкіметінің «М. О. Өуезовтің туғанына 100 жыл толуы мерейтойына дайындық және оны өткізу туралы» 1994 жылғы 19 шілдедегі №810 қаулысына сәйкес, мұражай-үй «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы болып, дербес мекеме ретінде қайта құрылды. 1993–1997 ж. жазушы тұрған үй күрделі жөндеуден өтіп, Мұханның кезі тірісіндегідей етіп, мемориалдық қалпына келтірілді. Жаңа көрме ғимараты салынды.

Орталық үш бағытта жұмыс жүргізеді. Бірінші бағыты: жазушының өмірі мен шығармашылық қызметіне байланысты барлық деректерді, шығармашылық мұраларын жинақтау, оны ғылыми жүйеге түсіріп, саралау, жариялау және Ө-тің шеберлігі мен ғылыми, қоғамдық қызметтері туралы зерттеу, ол жөніндегі дүние жүзінде жарияланған деректерді бір орталыққа шоғырландыру. Бұл ретте мұражай-үйдің ғылыми қызметкерлері аса маңызды іс атқарды. Жазушының 12 томдық (1967–69), 20 томдық (1979–85), 5 томдық (1973–75, М., орыс тілінде) басылымдарын жарыққа шығарды. Шығармалар жинағының 50 томдық толық басылымын баспаға ұсынды (1997), қазір бұл академиялық жинақтың жартысынан астамы жарық көрді. «М. О. Өуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш» (2-кітап, 1972), «Біздің Мұхтар» (1975), «М. Ауэзов в воспоминаниях современников» (1972), «Мухтар Ауэзов – классик советской литературы» (1980), «Мухтар Омарханович Ауэзов» (1985), «Мухтар Өуезовтің мұражай-үйі» (1977, қазақ, орыс, ағылшын, француз тілдерінде), «М. О. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» (1997), «Мұхтар Өуезов туралы естеліктер» (1997), «Мұхтар Өуезов өлемі» (1997), «М. Ауэзов в воспоминаниях современников» (1997), «Мухтар Омарханович Ауэзов» (1997, Анкара), «Сұлу сөзді сүйемін» (1997), «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы» (1998), «М. О. Өуезов шығармаларындағы этномәдени дәстүрлер» (2004), «М. О. Өуезовтің 20–30-жылдардағы көркемдік-эстетикалық ізденістері» т. б. ғылыми монографиялар мен зерттеу жинақтарын жарыққа шығарды. Орталықтың екінші жұмыс бағыты – мұражай-үйдің қолжазба, экспонат, кино, фото, дыбыс қорларындағы мұраларды ғылыми жүйеге түсіру, көрме ұйымдастыру, жазушы шығармаларын насихаттау, сирек кездесетін қолжазбаларды ретке келтіру. Қолжазба қорында 74 мыңнан астам мұрағаттар, сирек кездесетін кітаптар, жазушының күнделіктері мен жолжазбалары, архивтерден жинаған құнды деректері, жеке басқұжаттары, шығармашылық лабораториясын ашатын деректер бар. Сондай-ақ С. Сәдуақасовтың, Ж. Аймауытовтың, Б. Күлеевтің қолжазбалары сақталған. Абай және оның заманы туралы деректер де мол. Сирек кездесетін фотосуреттер мен ұнтаспалар, бейнежазулар, кинотаспалар да бар. Экспонат қорында 8 мыңға жуық мемориалдық заттар мен жазушының тұтыныған жеке бұйымдары, киім-кешектері сақтаулы. Алаш қозғалысы туралы сирек құжаттар, Құнанбай, Абай, А. Байтұрсынұв, М. Тынышбаев, М. Дулатов, Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан пайдаланған сирек заттар да назар аударды. Бұлардың біразы көрмеге қойылған. Орталықтың үшінші

жұмыс бағдары – Ө-тің азаматтық, шығармашылық құқық қорғау, оның идеясын бұрмалаушылыққа жол бермеу және шығармаларын кеңінен насихаттау арқылы қазақ ұлтының мәдени-әдеби руханият мұраларымен әлем жұртшылығын таныстыру. Мұражай-үйдегі мемориалдық көрмеден жазушының өмірі мен жеке тұрмыстық жағдайы, шығармашылық лабораториясы, кітапхана қоры, үй іші туралы толық мағлұмат алуға болады. Ал жаңа көрме ғимараты Ө-тің туған, өскен ортасы, жазушылық жолы, қоғамдық қызметі, Алаш қозғалысы, кеңестік жазалау саясаты тұсындағы көрсетілген қысымдары мен 1930–32 ж. түрмедегі өмірі, шетел сапарлары жөнінде жан-жақты мағлұмат береді. Салтанат ғимаратында жазушының өзі туралы деректі фильмдермен қоса, оның шығармалары бойынша түсірілген «Абай әндері», «Райхан», «Асудағы атыс», «Көксерек» көркемсуретті фильмдері, замандастарының жазушы туралы айтқан естеліктерінің бейнестаспалары көрсетіледі. М. Өуезов атындағы Алматы қалалық халық университетінің дәстүрлі сабағы өткізіліп тұрады. Сонымен қатар тақырыптық көшпелі көрме жұмыс істейді. Реставрация шеберханасы мен компьютер орталығы бар. Өткен 55 жыл ішінде мұражайды 500 мыңнан аса адам келіп көрді.

Д. Қонаев.

**ӨУЕЗОВ** Шоқан Мұхтарұлы (1919–1922), жазушының бірінші әйелі Райханнан туған ұлы. 1920 ж. Райханнан ажырасқаннан кейін Разақ Самарханұлының қолында тәрбиеленді. Өңі Мұхтардың өзіне тартқан, бұйра шашты, кең маңдайлы, ұялы қара көзді Шоқан тілі шығып, сөйлеп жүрген кезінде екі жасында өзімен тете Разақтың ұлы екеуі бір мезгілде іш сүзегінен қайтыс болады. Мұғамила Мұхтарқызы Өуезова мен бір жастан аса бергенде Мұхтар Омарханұлының екінші баласы Шоқан туды, оның атын да әкем өзі қойыпты; әкем Райхан апаммен ұзақ тұрмады, бұл отаса алмағандықтан емес; екеуі айырылысқанда, Шоқан бауырым әлі емшектен шықпапты; үш-төрт жыл бірге тұрған екеуінің мәселесін халық соты қарапты. Сол кездегі ұйғарым бойынша ұл – әкеге, қыз – шешеге бұйырады екен; біздің әке-шешемізге де солай үкім шығарыпты... үлкендердің айтуынша, Шоқан әкемізге қатты ұқсайды екен; ол бір жарым жасқа аяқ басқанда, жазға салым уақытта іш ауруынан қайтыс болады деп жазды («Тұңғышы едім әкемнің», А., 1997, 11-бет).

**ӨУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ.** Мектептің әдеби білім мазмұнына жазушы шығармаларын ендіруде алдымен ұлы ғұламаның 1930 ж. Қызылорда қаласында шыққан «Қазақ шаруа жастары мектебіне арналған программа мен түсінік хат» деген бағдарламаның қазақ әдебиеті пәнін оқытуға арналған «Суретті әдебиет туралы» бөлімінде қолданған қағидасы назар аударарлық. Ө-тің «Әдебиетті түсіну бір дәуірдің күрғақ шаруасын ғана түсінуде емес, сол шаруа жағдайынан туған шығармалардың барлығының суретін қоса білуде» дегені келелі ойға жетелейді. Сол кездің өзінде-ақ кеменгер ойшыл әдебиеттің дәуірмен байланысын ашуды айта отырып, оның сан сипатты болатынын аңғартуға тұспал жасайды. Мәселен, жазушының өзі айтқандай, сол шаруа жағдайынан туған шығармалардың іріктеліп, оқушыларға ұсынылуында әрбір шығарманың «шаруа жағдайынан туған» детальдарын оның шын суреткерлік болмыс сапасынан ажырата отырып са-



раптаудағы Ө-тің ойын методологиялық ұстаным (принцип) деуге болады. Тағы бір құндылық – әр жазушыны жеке-дара қарастырмай, оларды оқыту шеберлігі «барлығының суретін қоса білуде» екенін тап басып көрсеткені. Бұл пікірде әдебиет пәнін белгілі бір дәуірдің сипатын, ондағы жалпы әдеби ағымдарды көрсете алатын синтездік тұтастық құра алатындай тұрғыдан іріктеу дұрыс болды деп, көркем әдебиеттің түрлі ғылыми, саяси әдебиеттен басқаша болатынын байқату керектігін ұсынады. Сайып келгенде, Ө. шығармашылығын орта мектепте оқыту мәселесі дидактикалық ұстанымдарға негізделген, методологиялық құрылымы айқындалған үздіксіз үрдіс болып табылады. Ө-тің 1925 ж. «Қазақ тілі» газетінің 40-санындағы мақаласында: «Ескілікті тірілудің зор керегі – мектеп үшін. Әрбір мектеп нағыз ұлт мектебі болу үшін екі дінгекке тіреледі. Біреуі – сол елдің тілі, екіншісі – тарихы. Осы екі тараудағы білімнен әрбір мектептің бір ұлтқа тиісті пішіні құралады» деп, көрегендікпен айтқан гибрат сөзінің құны бүгінде арпаса, кеміген жоқ. Ө-тің педагогика теориясы мен тарихы салаларында арнайы зерттеу еңбектерін жазбаса да, оқу мен оқыту әдістемесіне ерекше мән бергенін тілге тиек ете отырып, оның көркем туындыларын жалпы білім беретін орта мектеп жүйесіне кіргізу үлесін алдымен ауызға аламыз. Қазақ әдебиетінің пән ретінде қалыптасуына Ө-тің де тікелей қатысы бар. Жазушының ауыз әдебиеті үлгілерін талдауға арналған тұңғыш оқулығы «Әдебиет тарихы» 1927 ж. Қызылорда қаласында жарияланды. Мектептегі әдебиет пәніне арналған «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы» (1933) авторларының бірі Ө. еді. Сонымен қатар орталау, орта мектептің басыныбына арналған «Әдебиет хрестоматиясы» тағы бар (1937). Қазақ әдебиеті пәнін әдістемелік тұрғыда оқыту бұл кезде әлі жақсы жолға қойылмаған еді, сол себепті ғалымның бұл еңбектері қазақ әдебиетін оқитудың әдіс-амалдары мен теориясын да қоса берген алғашқы әдістемелік құрал болды. Бұл бағдарлама негізінде Ө-тің шығармаларын мектепте оқыту жүйесі бұрынғы кезеңдердегі әдістемені толықтырып, молайта түсті. Ө. – әр ұрпақтың әр заманындағы назарынан тыс қалмай айтылатын зор тұлға. Ал ол өзінің өшпес мұрасын жасаған кезде жазушы атаулының «негізгі құралы» – социалистік реализм еді. Оның негізгі ережесі бойынша, өмірдің әдебиеттегі көрінісі екіге бөлініп, кейіпкердің бірі жағымды, екіншісі жағымсыз болуы керек. Осы әдеби нормадан алшақтаған қаламгер сынға алынып, әшкереленді. Мұндай қырсықты қыспақтың тезіне түскен Ө-ке де Құнанбайдан бастап, көп кейіпкерлерін жағымсыз қалыпқа салуға тура келді. Әдеби сыншылар семсері жазушылардың қаламына осы тұрғыдан қадалып, оған илікпегендерді қағажуға салды. Өмірдегі нағыз Құнанбайды біле тұра, Мұхқан оны жағымсыз етіп көрсетті. Мектеп оқулықтарында да сол жағымсыз бейне қалпында оқытылды. Қазір Құнанбайға деген көзқарас өзгерді, оның елін, жұртын сүйген, әділ билік айтар адам болғанын айтар күн туды. Қалай болғанда да дәуір шеңберімен шектеуге көне бермейтін бір ақиқат бар, ол – Ө-тің шығармаларының барлық кезеңдерде, барлық сыншыларда оқытылып келгендігі; Ө. арқылы 20 ғасырдың 1-жартысындағы қазақ әдебиетінің биік деңгейін, сыр-сипатын тануға болатыны. Осы орайда 1997 жылғы қазақ әдебиеті бағдарламасы-



Мұхтар мен Валентина, ұлдары Ернар.

ның жаңа жобасына Ө. шығармалары енгізілді. Сайып келгенде, М. Өуезов шығармашылығы орта мектеп жүйесінің әдеби білім мазмұнында дәуір талабына сай, ғылыми және әдістемелік тұрғыда оқытылып келеді.

*Б. Әрінова.*

**ӨУЕЗОВ ШЫҢЫ,** Іле Алатауы жоталарының тоғысқан жеріндегі шың. Биіктігі 4200 м, жал тәрізді. Ө. ш-ның солтүстік-батыс жағында жатқан Трезубец тау сілемі Оң Ақсай мен Мыңжылқы өзендерінің аңғарын бөлген. Шыңға 1949 ж. В. Н. Колоддж бастаған альпинистер тобы шыққан.

**ӨУЕЗОВА** (К у з ь м и н а) Валентина Николаевна (1904–1977), жазушының әйелі. Ленинград мемлекеттік университетін бітірген (1926). Ө-пен осында оқып жүргенде танысқан. 1926 ж. екеуі қосылып, 35 жыл бірге өмір сүрді. Елдес, Елдар, Ләйла, Ернар есімді балаларды өмірге әкелді. Ұлы жазушының айнымас, адал жары болды. Валентина Николаевна Мұхқанмен екеуінің жұбайлық өмірінің алғашқы жылдарын есіне алып, «Алғашқы жылдар» атты естелігінде былай деп жазыпты: «Ленинград. 1926 жыл. 25 февраль – менің туған күнім. Мұхтар алғаш рет өзінің фотосуретіне мынадай жазу жазып, маған сыйлады: «Сүйгенім Валечкаға. Күн шуақты қызық шағымыздың ескерткіші үшін ұмытпассың, ұмытылмасың деген үмітті сеніммен сыйлаймын. Мұхтарың» («Біздің Мұхтар», 1976, 380-бет). Ал Ө-тің соңғы хаты мұрагерлікке жазған өсиет хат еді. «Валечка, жаным! Не сен немесе мен бір-бірімізден айырылып, қайғы шегер мезгіл әйтеуір бір келеді ғой. Мен сенің артыңда қалғым келмейді, балалар үшін де, бір семьяның ақыры дұрыс боп бітуі үшін де сенің қалғаның жөн, қайратты, адамгершілігі таза қалпыңда, менің сүйікті балаларымның алтын анасы болып қал. Міне, сондай жағдай бола қалса деп, мына «өсиет хат» жазылды. Тағдырдың күтпеген талқысы келе қалса, осы хат әрдайым сенде болсын. Сағыныспен сүйдім өзіңді, әмәндө менің сүйіктім. Сенің М.» (бұл да сонда, 381-бет). Иә, бұл екі хаттың арасында 35 жыл өмір жатыр.

*Д. Қонаев.*

**ӨУЕЗОВА** Зере Мұхтарқызы, жазушының екінші әйелі – Кәмила Мағауияқызынан туған тұңғышы. 1921 ж. Семей қаласында туған. Дүниеге келгеніне бес ай толғанда шетінеп кеткен. М. Мұхамеджано-

ваның айтуынша, «Мұхтарға тұрмысқа шыққан соң, Кәмеш екі бала көтереді, бірақ екеуі де жастайынан шетінен дертке шалдығып, қыршып кеткен (Жұртбай Т. «Бесігіңді түзе!..», А., 1997, 380-бет). Ал Мұғамила Мұхтарқызы Әуезова өзінің ол кезде 4–5 жаста екенін (1918 ж. т.), Кәмиләнің екі рет бала көтергенін, бір баласының атын Зере қойғанын, бірақ олардың өмірі ұзақ болмағанын, нәресте кезінде шетінегенін, өйткені Кәмиләнің өкпесі аурушаң болып, соның кесірі сәбидің денсаулығына да іште жатқанда әсер еткенін жазған («Жас жүрек жайып саусағын», А., 1997).

**ӘУЕЗОВА** Зифа-Алуа Мұратқызы (1966 ж. т.), жазушының немересі. Алматыдағы №120 мектепті алтын медальмен бітірген. 1987 ж. Ленинград мемлекеттік университетінің шығыстану факультетін бітірді. Содан кейін ҚазМУ-да сабақ беріп, ғылыми-зерттеу жұмыстар жасады. 1993 ж. орта ғасырлардағы араб әдебиетінің тарихынан диссертация қорғап, филология ғылымының кандидаты дәрежесін алды.

**ӘУЕЗОВА** Ләйла Мұхтарқызы (1929–1993), жазушының Валентина Николаевна Кузьминадан туған қызы, тарихшы, көрнекті қоғам және ғылым қайраткері. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының негізін қалаушы, тарих ғылымының докторы (1975), Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты (1980). Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің тарих факультетін (1952) және аспирантурасын (1955) бітірген. «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда егін шаруашылығының дамуы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бұл еңбекте экономикалық мәселелермен қатар, 19 ғасырда өмір сүрген қазақ зиялыларының, оның ішінде Абайдың көшпелі және отырықшылық өмір туралы көзқарастары арнайы талданды. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясында бұл мәселенің қалай көтерілгені тарихи деректермен салыстырылып көрсетілді. 1963–93 ж. Ә. тұрған үйде ашылған әдеби-мемориалдық мұражайдың меңгерушісі, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ө-тің шығармашылық мұраларын зерттеу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Жазушының әдеби және эпистолярлық мұраларын, қолжазбаларын, мұражай қорын ғылыми жүйеге түсіруге ерекше үлес қосты. Ө-тің шығармашылық мұраларын жинақтап, жазушының 12 (1967–1969), 20 (1979–1985) томдық басылымдарын дайындау жұмысына жетекшілік етті. «Исторические основы эпопеи «Путь Абая» (1969), «М. О. Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары» (1977), «История Казахстана в творчестве М. Ауэзова» (1997) атты монографиялар жазды. Бұл еңбектерде Ө-тің «Абай жолы», «Қилы заман», «Қараш-Қараш», «Абай» (пьеса) т. б. туындыларының тарихи негізін, көркемдік пен тарихи шындық арасындағы байланыстары мен айырмашылықтарын, өмірлік деректерді көркем бейнелеудегі жазушы шеберлігін жан-жақты талдады. Ұлы жазушының «Абай Құнанбаев» (1967), «Собрание сочинения в пяти томах» (М., 1973–1975), «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (1988), «Абай дәрістері» (1994) атты кітаптарын құрастырды. Ө-ның жетекшілігімен «М. О. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш» (1972), «М. О. Әуезовтің қол-

жазба мұрасы» (1977), «Мұхтар Омарханович Ауэзов» (1984), «Біздің Мұхтар» (1976), «М. Ауэзов в воспоминаниях современников» (1972), «Мұхтар Ауэзов – классик советской литературы» (1980), «М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» (1997), «Мұхтар Әуезов әлемі» (1997), «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» (1997), «Мұхтар Ауэзов и современная литература» (1987), «Голоса друзей» (1987) атты жинақтар жарық көрді. Бұл басылымдар мұхтартаңдағы іргелі ғылыми еңбектер болып табылады. Сөйтіп Ө. бүкіл саналы өмірін әкесінің өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арнады. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының бір бөлмесінде Ө-ға арналған мемориалдық көрме бар.

Т. Жұртбай.

**ӘУЕЗОВА** Лола Ернарқызы (1964 ж. т.), жазушының немересі. 1986 ж. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірді. 1987–1989 ж. осы университетте стажер-зерттеуші, 1993 ж. осы оқу орнының аспирантурасын аяқтады. 1993–95 ж. «Аэротурсервис» авиакомпаниясының, 1995 жылдан «Гиацинт-Рахат» авиакомпаниясының бөлім бастығы.

**ӘУЕЗОВА** Мағрипа Мұхтарқызы (1926 ж. т.), жазушының екінші әйелі Кәмиләдан туған екінші қызы. Сәбидің айы-күні толып, дені сау, ширақ болып туады. Оның атын Абайдың сүйікті ұлы Өбдірахманның келіншегі Мағрипаның (Мағыштың) құрметіне орай қойған. Алайда нәрестенің ғұмыры ұзаққа созылмайды. Абай мен Әуезге ортақ немере бол келетін Мағрипаның кіндік шешесі болуға ұмтылған Кәмиләнің жеңгелерінің біреуі таласып-тартысып жүріп кіндікті түбіне жақын кесіп жібереді. Мағрипа қырықтан шыққаннан кейін барып шетінейді. Бұл оқиғаны кейін барып естіген Мұхтар қатты өкініп, өзінің Кәмиләмен ажырасуына, баланың тоқтамауы себеп болды деп жазған 1926 жылғы хатына қатты өкініп, 1927 ж. кешірім өтініп, екінші рет хат жолдайды. Кәмиләдан туған Зере мен Мағрипаның нәресте кезінде шетінеуі Мұхтардың көңіліне үлкен мұң ұялатқан тағдыр талқысы болып саналады.

**ӘУЕЗОВА** Мұғамила Мұхтарқызы (1918–2009), жазушының қызы. Бірінші әйелі Райханнан туған. Ол 1937 жылға дейін әкесінің қолында тұрып тәрбиеленген. 1930–32 ж. Ө. Алматы түрмесінде жатқанда, әкесіне қолжазба жасап, абақтыға үзбей қатынап, киім-кешегін жуып, азық-түлікпен қамтамасыз еткен. Ө-ған жазушының гимназия шәкірті кезінен бастап дос болған Ахмет Шкімбаев көмектескен. Бақтияр, Гүлжанан есімді екі баласы бар. Алматы қаласында тұрады. Әкесі туралы «Жас жүрек жайып саусағын» (1996), «Тұңғышы едім өкемнің» (1997) деген естелік кітапшалардың авторы. Шешесі Райхан мен әкесіне қатысты деректерді олардың көзі тірісінде пайдаланған, тұтыңған заттарын жинап, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының арнайы қорына тапсырған.

**ӘУЕЗОВА** Ольга Николаевна (1955 ж. т.), жазушының келіні, ұлы Ернардың зайыбы, биолог. 1959 жылдан Қазақстанда тұрады. Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биология факультетін бітірген (1978).



Л. М. Әуезова.



Мұғамила Әуезованың отбасы. Солдан оңға қарай (түререн тұрғандар): ұлы – Бақтир, немерелері – Зере мен Бәйкен, күйеу баласы – Тәуке; отырғандар Мұғашәже, жиені – Аида, қызы – Гүлжаһан.

Осы кезден бастап Қазақстан ҒА-ның зоология, микробиология және вирусология, топырақтану институттарында жұмыс істеп келеді. Табиғи ортадағы микроорганизмдерді зерттеумен шұғылданады. 20-дан астам ғылыми еңбектің авторы.

**ӘУЕЗОВА** Халима Турағұлқызы (1903–1983), Абайдың Әйгерімінен туған ұлы Турағұлдың бәйбішесі Миса Бәкейқызынан туған. Кейіннен Мұхтардың тетелесі (арасы он күн) Ахмет Әуезұлына тұрмысқа шыққан. Мұғамила Мұхтарқызы Әуезованың айтуы бойынша, әкесі Мұхтардың ағалары Ахметпен, Ағзаммен араласып тұрған, кейін олар Шымкентке көшіп барады. Екеуі де Абайдың немерелеріне үйленген. Жасы үлкен Ағзам Ақылбайдың қызы Ғазизамен, Ахмет Турағұлдың қызы Халимамен тұрмыс құрады. Ағзам қайтыс болғаннан кейін оның баласы Халелді Халима қолына алып, тәрбиелеп өсіреді, жеке үй етіп шығарады. Қазір ол Сарыағаш қаласында тұрады. Ал Ахметтің Халимадан туған Фаузия және Раузия деген қыздарының бірі – Қарағандыда, екіншісі Жезқазғанда тұрады («*Тұңғышы едім өкемің*», 1997, 108-бет).

*Т. Жұртбай.*

**«ӘУЕЗОВКЕ ҚАЙТА ОРАЛУ»**, зерттеу еңбек. Авторы – Ж. Жұмат. 1997 ж. «Өл-Фараби» баспасы шығарған. Кітапта бұрын-соңды толыққанды сөз етілмеген сатира мен юморды Ә-тің өз шығармаларында қалай пайдаланғаны қарастырылған. «Мұхтар – сатира жанашыры», «Көркем шығарманың шырайы», «Сатираны зерделеген ғалым», «Көркем шығарманың кілті» атты бөлімдерге жіктеліп, айтар ой-тұжырым соларға сәйкес өрбіген. «Мұхтар Әуезов арнайы сатиралық дүниелер жазбаған, алайда оны әрбір дүниесінде өдіс ретінде пайдаланып, бұл салаға өзіндік үлес қосқаны айқын аңғарылады. Оның көркем әңгімелерінің бірқатарында әзіл-қалжың, кекесінді күлкі қатар өрбіп отырады, сөйтіп ең соңында астарлы мысқылға ұласады. Жазушы өмірдегі кез келген құбылысты, оқиғаны сөз ете отырып, соның өзінен күлкі көреді, әжуа табады. Сол арқылы бәрімізді де бір күлуге, бірге әжуалауға шақырады» деп ой түйеді. Еңбектің көлемі 10 баспа табақ, таралымы 500 дана; жоғары оқу орындарының студенттеріне, әдебиет сүйер қауымға арналған.

**«ӘУЕЗОВКЕ ІҢКӨРЛІК НЕМЕСЕ ҰЛЫЛЫҚТАН ҮЗІК СЫР»**, естелік-новеллалар. Авторы Ә. Ыдырысов. 1997 ж. «Атамұра» баспасы шығарған. Кітап Ә-тің 100 жылдық мерейтойына арналған. Автор онда өз құлағымен естіп, куәгер болған, Мұхаметнен сыр шерткен жайларды жазған. Шығарма «Әуезов әулие жайындағы толғау», «Қазаның – дана халық», «Олар әлі-ақ ортамызға оралды», «Азаттыққа аттанысты жастар бастайды», «Ол әлі-ақ адамзаттық болады!», «Қазақтың кім екенін әлі-ақ білесіңдер!», «Естіміз, есті өңді естігенде», «Болатын бала ... басынан!», «Жалған-ай, Әуезовтің де бұл дүниеден өткені ме?» деген тарауларға бөлініп, әрқайсысында ұлы жазушылық көрегендік ой-пікірлері, әулиелік сөздері кеңінен баяндалған, олар атақты қаламгерлерді өлең-жырларымен, айтқандарымен өрнектеліп, ұштал түскен. Еңбек Мұхтартанушы жұртшылыққа арналған. Таралымы 5 мың дана, көлемі 8 баспа табақ.

*Н. Ақбай.*

**«ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНЫҢ ЖИЛІК СӨЗДІГІ»**, жазушының эпопеясындағы сөздердің қолданылу жиілігіне арналған сөздік. 1979 ж. «Ғылым» баспасынан шыққан. Сөздікті жасағандар – Қ. Бектаев, А. Жұбанов, С. Мырзабеков, А. Белботаев. Сөздік үш бөлімнен құрылған: олар алфавитті-жиілік, жиілік және кері алфавитті-жиілік сөздіктер. Мұның бәрі жеке автордың сөз қолдану машығындағы ерекшеліктердің сыр-сипатын ашып көрсетеді. Сөйтіп Ә. эпопеясының тілін жан-жақты зерттеуде, жазушының сөз байлығына, сөздерді қолдану тәсіліне, стильдік ерекшеліктеріне сандық сипаттама берілген. «Абай жолында» 450-дей адам ата кездессе, антропоним, этноним, топонимдердің жалпы саны 1019 сөз екен. Ал жалқы есімдер мен фонетикалық варианттарды қоса есептегенде, эпопеяның 4 кітабында 16 мың лексикалық единица қамтылыпты. Салыстырар болсақ, А. С. Пушкин 21197, У. Шекспир 15000, Абай 6017 сөз қолданыпты. Сонымен мұндай сөздік қазақ лексикографиясының тарихында тұңғыш рет жасалған екен. Демек ол түркі тілдеріне ғана емес, басқа тілдерге де бастама әрі түрткі болуға жарайды. Кітап тілтанушыларға, аспиранттарға, филологтарға, студенттер мен ұстаздарға, оқушыларға арналған. Көлемі 18,0 баспа табақ, таралымы 1700 дана.

*Ш. Сарыбаев.*

**«ӘУЕЗОВТИҢ АЛПЫС ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ»**, жазушының 60 жылдық мерейтойына орай 1959 ж. Қазақ КСР ҒА-ның баспасынан қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген мақалалар жинағы. Редакция алқасы: академик І. Кеңесбаев, Ы. Дүйсенбаев (жауапты редакторы), Е. Лизунова, А. Нұрқатов. Кітап Ә-тің Ленин орденімен наградталуы, жазушыға «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағын беру туралы жарлықтармен, Қазақстан Үкіметінің, «Правда» газетінің, Қазақ КСР ҒА-ның, КСРО бір топ жазушыларының, Қазақстан Жазушылар одағының құттықтауларымен басталып, одан әрі 18 адамның – қоғам және мемлекет қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың, ғалымдардың, әдебиет сыншыларының мақалалары топтастырылған. Бұларда қаламгердің жазушылық, ғылыми-педагогтық қызметі, оның дүние жүзі әдебиетіне, әсіресе қазақ әдебиетіне қосқан зор

үлесі – проза және драматургия жанрын дамытудағы жемісті еңбегі атап көрсетілген. Жинақтың көлемі – 19 баспа табақ, таралымы – 1090 дана.

**«ӨУЕЗОВТІҢ БАЛЪЗАК ЕЛІНЕ САПАР ШЕГУІ»** («Путь Ауэзова в страну Балъзака»), монография. Авторы – М. Маданова. 1997 ж. «Ниса» баспасы орыс тілінде шығарған. Кітап Ө-тің «Абай» және «Абай жолы» роман-эпопеясының Францияда жарық көру тарихына арналған. Автор ұлы жазушының әдебиет әлемінде жұлдызы оңынан туған эпопеясының француз еліндегі тағдыры өте сәтті басталғанын, өйткені Ө. шығармаларын насихаттауда Л. Арагон сынды абзал азаматтың, А. Витез сияқты аса шебер аудармашының кездескенін тілге тиек еткен. Абай туралы романды француз оқырмандары аса жылы қабылдаған. Себебі Ө-тің жазу шеберлігі О. де Балъзактың стиліне ұқсас еді дейді зерттеуші. Бұған Н. Анюва айтқан сөзін дәлелге алған. Келесі тарауларда француз баспасөзінің, көрнекті әдебиет, мәдениет қайраткерлерінің Ө. шығармашылығына берген зор бағасы мен ыстық илтипатынан үзінділер келтірілген. Қорыта айтқанда, қазақ жазушысының роман-эпопеясы екі халықтың әдебиет пен мәдениет саласындағы достық рәмізі болып қала бермек. Монография филологтарға, мәдениеттанушылар мен қалың оқырман қауымға арналған. Көлемі 7,5 баспа табақ, таралымы 1000 дана.

**«ӨУЕЗОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕЖІРЕСІ»** («Летопись жизни и творчества М. О. Ауэзова»), архивтік деректер жинағы. Кітапта Ө-тің өмірі мен шығармашылық мұраларынан, ғалымдық, ұстаздық, қоғамдық қызметтерінен аса мол әрі қызықты мағлұматтар келтірілген; орыс және шетел жазушыларымен, ғалымдарымен, басқа да ұлт өкілдерімен жазықар хаттарынан, әдеби байланыстарынан хабардар ететін үзінділер берілген. Бұл ретте жазушының туған күнінен бастап қайтыс болғанға дейінгі кезең аралығындағы шежірені жинау, салыстыру, зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ғылыми жүйеге түсірілген. Оның шығармашылық тағдыры бұл құжаттарда нақты тарихи көрініс тауып, суреткердің өмірімен тікелей байланыста өткен әдеби, ғылыми орта, театр айналасы терең зерделенген. Құжатқа негізделген куәліктер Ө-тің жекелеген жазушылармен, ғалым-әдебиетшілермен, актерлермен, режиссерлермен, композиторлармен арадағы қарым-қатынастары, көркемдік ізденістері, суреткердің пьесалары мен либреттоларын сахналаған өнер ордаларының даму жолдары жөнінде толық, нақты хабардар еткен. Сондай-ақ Ө-тің өмірінде ерекше із қалдырған, шығармашылық еңбегі мен қызмет бабындағы қайраткерлігіне, қоғамдық қызметіне аса зор өзгерістер әкелген оқиғалар да назардан тыс қалмаған. Қаламгердің шығармашылық өмірінің әр қырынан мәлімет беретін баспасөз беттеріндегі ақпараттар мен әдеби-ғылыми басылымдардағы мағлұматтар да топтастырылған. Бұл деректердің бәрі жылы, айы мен күні көрсетіліп, хронологиялық тәртіппен орналастырылған, олар қай тілде жазылса, нұсқасы сол тілде берілген. Сонымен бұл шежіре – халықаралық, ұлтаралық әдеби-мәдени, ғылыми, қоғамдық байланыстарды, қазақ әдебиеті мен өнерінің даму жолын құжаттар, деректер арқылы көрсеткен, тұңғыш рет

ғылыми айналымға түскен, жеке адамның өмірі мен шығармашылығына арналған қазақ әдебиеттану ғылымындағы тұңғыш еңбек. Ол келешекте зерттеушілердің ізденіс аясын кеңейтіп, тарихи-мәдени маңызы зор міндеттерді шешуге бағыт-бағдар бере алады. Кітаптың ғылыми жетекшілері – Л. Әуезова, Т. Жұртбай, әзірлеген – «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының ұжымы. «Ғылым» баспасы 1997 ж. шығарған. Көлемі 63,7 баспа табақ, таралымы 3 мың дана.

Ш. Сарыбаев.

**«ӨУЕЗОВТІҢ РУХАНИ МҰРАСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕРІ»** («Этнокультурные традиции в духовном наследии М. О. Ауэзова»), зерттеу еңбек. Авторлары – Ө. Нысанбаев пен А. Тайжанов. 1997 ж. «Қазақ энциклопедиясы» баспасы шығарған. Кітап ұлы жазушының дүниеге көзқарасы, ағартушылық-педагогтік, мәдени-әдеби, оқу-тәрбие аспектілері, сондай-ақ жаңашылдық пен дәстүрлердің, гуманизм мен патриоттық тәрбиенің өзара қарым-қатынастары туралы мәселелер этномәдени проблемаларына байланысты қарастырылған. Қаламгер бұл мәселелер жөнінде арнайы еңбектер жазбаса да, халық ауыз әдебиеті, оқу-ағарту, мәдениет туралы туындыларында, сондай-ақ оқулықтарында, оқу құралдары мен бағдарламаларында айтқан көзқарастары, ой-пікірлері әлі де тереңірек зерттей түсуді қажет етеді. Авторлар Ө-тің рухани мұраларындағы ұлттық мәдениет көріністерін зерттеу барысында мынадай мәселелерге жан-жақты тоқталған: а) Ө. – қазақ ағартушыларының идеяларын жалғастырушы; ә) ғалым-ұстаз, әдебиеттанушы; б) Ө-тің педагогикалық мұраларындағы оқу-тәрбие проблемалары; в) халық педагогикасының маңызы туралы көзқарастары; г) жазушы шығармаларындағы ұлттық психология мен танымның бірлігі туралы; д) этномәдени дәстүрлері мен жаңашылдық диалектикасы; е) гуманизм мен отаншылдыққа тәрбиелеу мәселелері; ө) қоғамның ауысуы – білім беру үлгілерін тандау. «Біздің пікірімізше, М. О. Әуезовтің шығармашылығын одан әрі зерттеу оның философиялық прозаға, ұлттық сананың өсуіне, халықтар достығының өркендеуіне жасаған ықпалының жаңа қырларын тани түсуге сөзсіз мүмкіндік берер еді» деп аяқтаған монографияны зерттеуші-ғалымдар. Кітап әдебиеттанушыларға, аспиранттарға, студенттерге, мұғалімдерге арналған. Көлемі 7,7 баспа табақ, таралымы 1000 дана.

Б. Кәмеков.

**«ӨУЕЗУЛЫ МҰХТАРДЫҢ ХАТЫ»**, жазушының 1932 ж. 10 маусым күні «Социалды Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінде қазақ, орыс тілдерінде қатар жарияланған ашық хаты. Газеттің жоғары жағына: «Алашорда» көсемдері өзінің кеңес өкіметіне қарсы істеген қылмыстарын кеңес еңбекшілерінің алдында ашық мойындайды» деген мазмұндағы сөздер үлкен қара өріптермен терілген. Бұл бетке Ө. Ермековтің де ашық хаты қоса басылды. Ө. 1930 ж. 17 күрүйек күні Ташкент қаласында тұтқындалды. Оған: «Қазақ ұлтшылдарының астыртын ұйымына қатысып, Қазақстандағы кеңестік науқандар мен шаралардың мазмұнын бұрмалау мақсатын көздегені, өкімет мекемелері мен ВКП(б)-ны, жерге қоныстандыру мекемелерін, мәдени-ағарту және оқу орындарын, баспасөзді өздерінің ықпалына қаратып, жаулап алуға ұмтылғаны; Орта Азиядағы басмашылардың

қозғалысына жетекшілік жасап, сондай қозғалысты Қазақстанда да ұйымдастыруға әрекеттенгені, кеңес өкіметін құлатуды алдына мақсат етіп қойғаны толық әшкереленгендіктен де... УПИ-дің 128-тармағына сәйкес азамат Өвезов Мұхтарға №2370 тергеу ісі бойынша ...қылмыстық істер кодексінің 58–71 және 58–11-баптары бойынша айып тағылды». Тергеу ісі 1932 ж. 20 көкек күні аяқталып, Ө. пен Ө. Ермеков қылмыс кодексінің 58/7, 10, 11-баптары бойынша айыпталып, үш жыл концлагерьде тұтқында ұстау туралы сот үкімі шықты. Сот үкімінің соңына: «Ермеков пен Өвезовтің үкімі шартты түрде есептелсін» деген ескертпе берілді. Сот үкімінің жеңілдеуіне Ө-тің сол күні Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының (ОГПУ) Қазақ АКСР-індегі өкілетті өкіліне өзінің айыпты екенін мойындап жазған: «Шындап келгенде мен Қазақстанның төңкерісшіл жазушыларының қатарында болғамын жоқ, керісінше, ұлтшыл пиғылдағы жазушылардың сабында болдым. Ал бұл жол заңды түрде контрреволюциялық жолға алып келетін еді... Мен өзімнің бұрынғы әдеби көзқарарымды жазушы ретінде ғана теріске шығармаймын, керісінше, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші ретіндегі ғылыми еңбектерімді де айыптаймын» деген мәлімдемесі себепкер болды. Ө. пен Ө. Ермековтің мұндай мәлімдеме жасауына Алашорда ісі бойынша жауапқа тартылып, түрмеде жатқан А. Байтұрсынов пен М. Дулатов ықпал етті. Олар бұл екеуінің жастығын ескерді және алаш идеясын кейінгі ұрпаққа жеткізе алатындай білімі мен шығармашылық қуатына сенді. Сондай-ақ олардың Алашорда үкіметінің мүшесі болмағандығын назарға ұстады. Басында екеуі де қарсы болып, артынан ашық хат жазып, көшірім сұрап, мәлімдеме жазуға келісті. Тергеу ісінің төрт жылдан астам уақытқа созылып кетуіне, басталқыда тағылған айыптардың толық дәлелденбеуіне және РАПП-ты тарату туралы БОАК-тың қаулысы шығуына байланысты дағдарып қалған тергеу мекемелері бұл мәлімдемені «Ашық хат» ретінде баспасөзде жариялануына мүдделі болды. «Алашорданың» көсемдері кеңес өкіметіне қарсы жүргізген қастандық әрекеттерін мойындап, кеңес еңбекшілерінен көшірім сұрады» деген қара әріппен көрнекті етіп терілген тақырыптың өзі-ақ олардың шын кінәлі екендігіне еріксіз сендіретін. Ө. пен Ө. Ермеков мамыр айында түрмеден босатылды. Ал маусым айының 10 күні түрмедегі мәлімдеменің өңделген, Қазақ өлкелік партия комитетінің мақұлдауынан өткен нұсқасы жарияланды. Ашық хатта Ө.: «Менің әдебиет пен саясат жолында бұрын қандай адам болғандығым туралы Қазақстан партиялық кеңестік жұртшылығы өзінің қоғамдық сынын айтқан болатын. Ол сын ашық, нық айтылған дұрыс сын еді. Ондағы берілген баға бойынша мен: «байшыл, алашордашы одағындағылардың салт-санасын әдебиет жүзінде іске асырушы кісі» болғам. Осы жай барлық жұртшылыққа да, менің өзіме де мәлім... Мен қазір осы сөзді жазып отырғанда, сол сотта өзімнің ендігі көзқарасым қандай – соны жұртқа салмақпын. Қазір мен өзімнің сол бұрын басып өткен ізімнен қайтып, соны қатып айыптайтынымды білдірмекпін» деп, 1922–1930 ж. арасындағы қоғамдық және әдеби қызметтерінің барлығы да кеңес өкіметінің саясатына қарсы бағытталғанын өзінің еркінен тыс мойындауға мәжбүр болды. Ашық хаттағы негізгі айтылған пікірлер мынадай: бірінші – жазушы әдебиетті,

жалпы көркемөнерді таптық тартыстан тыс қалдыру керек, көркем шығармада ұлттық мүдде мен адам тағдыры ғана суреттелуі тиіс, Қазақстан жағдайында коллективтендіру науқанын жүргізуге болмайды, ол ашаршылыққа әкеп соғады, әдебиет пен мәдениет тарихын зерттегенде, оны бай мен кедейдің әдебиеті деп жіктеп қарауға болмайды, қазақ ұлты бұрын отар ұлттың тағдырын басынан кешкендіктен, келімсектер иемденіп отырған жерді жергілікті жұртқа қайтару керек, қазақ тілі – мемлекеттік тіл болуы қажет, Қазақстанның шикізаты сыртқа шығарылмай, өзінде өңделуі тиіс деп келген пікірлері дұрыс емес екен. Оның бұл көзқарасы Алашорда үкіметі саясатының ұлтшылдық ықпалында жүрген кезінде қалыптасыпты. Бұған кеңес өкіметі мен оның аз ұлттар туралы саясатын маркстік-лениндік тұрғыдан түсінбегендігі және оны қабылдамағаны себепкерлік еткен. Екінші: Қазақстан пролетар жазушыларының ассоциациясының мүшелерінің әдебиет, мәдениет, тарих туралы пікірлеріне саналы түрде қарсы шыққан. Ұлттық және таза әдеби мүддені көздейтін «Алқа» үйірмесін ұйымдастыруға қатысқан. Төңкерісшіл, маркстіл сыншылар мен жазушылардың сынына, баспасөздегі мақалалардағы «жолдастық пікірлерге» құлақ аспаған. Тек кедейлердің ғана мүддесін көздейтін насихаттық, науқандық бағыттағы шығармаларды әдеби туынды деп мойындамаған, сөйтіп пролетарлық мәдениеттің қалыптасуына күдікпен қараған. Оған себеп: «Маркс-Лениннің даусыз ақиқат есебінде айырып айтқан дұрыс жолы бойынша, әдебиет барлық мемлекет құрылысы мен соның саясатына ежелден бағынатын нәрсе екенін ескермеген, қабылдамаған». Үшінші: кеңес өкіметінің саясатын қолдайтын әдеби және зерттеу еңбектерін жазудан бас тартып келген, оның есесіне, ұлттық рухани мүддені уағыздайтын, қазақтың өткен тарихы мен бостандық сезімін насихаттайтын, сол арқылы еңбекші жастардың ұлттық «сезімін оятатын» «Еңлік – Кебек», «Қарағөз», «Құлы заман», «Хан Кене» сияқты шығармаларды жазған. Әдебиет тарихын «хандық, бектік дәуірдегі әдебиет» деп бөліп, шәкірттерді кеңес өкіметіне қарсы пиғылда тәрбиелеуге тырысқан. Абайды да ұлы ақын деп қате бағалаған, оның үстем тап өкілі екендігін қасақана жасырып қалған. Оған себеп: «...әдебиетті өзге қоғамдық шаруашылық жағдайлардың барлығынан жырып алып, жекелеп қарап, оның арналған мұратын, рөлін, бітімін жеке-дара қып ұстау қажет деп» түсінгеніне және «бүгінгі төңкеріс дәуірінен алыстағы қазақ салтын көрсетумен қатар, өздерінің екшеліп алынған тақырыптары бойынша төңкеріс тематикасынан әдейі аулаққа жайылып кеткендігі және ұлтшыл жазушылардың тобына кеткендігі». Осындай «қателіктерін мойындай» келе, жазушы «Ашық хаттың» соңында: «Енді «Қазақстан правдасы» мен «Социалды Қазақстан» арқылы барлық Қазақстан жұртшылығының алдында өзімнің бұрынғы әдеби-саяси істерімді осылайша айқын күйінде айыптайтынымды ашық жарияламақ боламын. Сонымен бірге енді бұрынғы қатарларымыз төңкеріс ісіне барынша бой салып, ұдайы, адал қызметпен түзетуге бекінгенімді білдірмекпін. Енді мәдениет, салт-сана майданындағы ең жауапты, ең қызу тартысының кезеңде-

рінде іс істеуге өзімді-өзім міндеттеймін деп санаймын» деген уәде берді. Өрине, жазушы үшін мұндай шешімге бару оңайға түскен жоқ. Бірақ «Ашық хатты» жазбаса жеке басының амандығына тікелей қауіп төніп тұрғандығын білді. Хат оның өмір сүруінің кепілі іспетті еді. Бұл сол кездегі жазалау саясатының тырнағынан құтылудың бірден-бір тура және сенімді жолы болатын. Соның нәтижесінде жазушы 1937–1938, 1949–1953 жылдардағы қысым науқанынан аман қалды. «Абай жолы» сияқты ұлы туындыны дүниеге әкелуге зор мүмкіндік алды. «Еңлік – Кебек», «Қарагөз» пьесаларын көркемдік тұрғыдан өңдеп, сахнаға шығарды. «Қилы заман», «Хан Кене» жазушы қайтыс болғаннан кейін сол қалпында жарық көрді. Ал тарихтың өзі Ө. ұстанған бағыттың, ол айтқан пікірлердің қате емес, дұрыс екендігін дәлелдеп берді. «Ашық хаттың» құндылығы да осында.

*Т. Жұртбай.*

**«ӨУЕЗУЛЫНЫҢ СӨЗІ»**, жазушының мақаласы. 30-жылдардан бастап газет-журналдарда «М. Өуезовтің сөзі», «Мұхтар жолдастың сөзі» деген атпен бірнеше мақала, мазмұндау берілген.

1. «Өуезулының сөзі», 1933 ж. «Әдебиет майданы» журналының 1-санында жарияланған. Кейінгі баслымдарға еңбеген қолжазбасы сақталмаған. 1932 ж. 26–31 желтоқсанда Қазақстан Кеңес Жазушылар одағы өлкелік ұйымдастыру комитетінің 1-пленумында І. Жансүгірұлы «Көркем әдебиет туралы партия қаулысын орындау және қазақтың кеңес әдебиетінің міндеттері» туралы баяндама жасады («Социалды Қазақстан», 1932, 26 желтоқсан; «Әдебиет майданы», 1933, №1). Онда Алашорда әдебиетшілерін қатты сынға алып, Өуезулы Мұхтар өзінің көп жылдан бері ұлтшылдық пікірде болып, енді ол пікірден, ол жолынан қайтып, кеңес үкіметі жағына, қазақ еңбекшілерінің тілегіне келгендігін жариялап жазған арызында ҚазАПП-тың әдебиеттегі ұстанған әдісі терістеу еді. Сондықтан біздің жаңа жұртшылық жағына шығуымызға ҚазАПП-тың қылығы да қақпай болды дегендей емеуріні негізінен дұрыстыққа жатпайды деген пікір айтқан. Үштіктің: «Қалған уақытта бостандықта жүргенде бақылауда болуға ұйғарылсын» деген үкімімен жақында түрмеден шыққан Ө. үшін мұндай сын пікір оңай тиіместі түсінікті. Сондықтан ол Пленумда сөйлеген сөзінде мен Жансүгірұлының баяндамасының ішінде Алаш Орда әдебиеті туралы айтқан жеріне тоқталмақпын деп, «сол әдебиеттің нағыз ортасында болған» өзінің өткен кезеңде жазған шығармаларының «қоғамдық тарихи тамырлары мен таптық саяси талаптарын» ғылыми тұрғыдан талдап, ашып салмақ болады. «Еңлік Кебек», «Қарагөз» пьесаларын сол жылдардың идеологиясы тұрғысынан: «...алыстағы тарихтың ескі-құсқы шаң тозаңын қайта қопарып, мол ақтарып жүргенде тауып алған ескілікпен жұрттың көңлін алаң қылмақ, бүгінгі тартыс, құрылыс мәселелерінен жыраққа әкетпек» әдістерін, «ең бері кеп, ...жақынырақ уақиғаға жазған «Қилы заманда» 16-жылдың жетекші күші есебінде «атқа мінер, жуан атаны көрсеткен» қателіктерін қатал сынға алып, ендігі жерде «бұрынғы топтан серпіліп үзіліп шығып, ... төңкерісшіл пролетариаттың туына жазылған ұлы ұранға» түсініп, мойынсұнып отырғанын айтқан.

2. «Әдебиет кабинетінде» деген мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің 1935 жылғы 23 наурыз күнгі санында жарияланды. Онда: «Марттың 16-күні әдебиет кабинетінде қазақтың атақты жазушысы-драматургі Өуезулы Мұхтар жолдас өзінің шығармалық тәжірибелері туралы баяндама жасады» деп, жазушының өз сөзін береді. Мақаланың авторы көрсетілмеген, редакция атынан жазылса керек. Ол кезде газеттің уақытша жауапты редакторы Кенжебайұлы Бейсенбай болған екен. Ө.: «Еңлік – Кебек» – менің жазушылық ісіне араласа бастағандары тырнақалды еңбегім» деп, оның жазылу жағдайына, себептеріне тоқталады. «Түңгі сарын» – соңғы жазған пьесам» деп, 16-жылдың уақиғасын Ленинград архивтерінен, қазақ еңбекшілерін отарлау саясатындағы мәліметтерді, көтеріліс жайлы жазылған еңбектерді, ел аузындағы фактілерді мол жинастырып, көп зерттегенін айтады. Пьесаны жазарда менің алдымда 16-жылдың барлық суреті тұрды деп, автор драматургияның заңдарын, Шекспир сияқты әлемдік дарындардың үздік тәжірибесін терең танып білуге ұмтылғанын баян етеді. Шекспирдің жазған пьесасындағы шеберлік-оқиғаларының тұтас бір дүйдірі алып жатқан кесек келетіндігін, кейіпкерлерінің күшті мемлекеттік биік сатыдағы кейіпкер екендігін, ал біздің «тәжірибесі аз драматургтердің тақырыпты таңдап ала алмай, алған күнде оқиғасын шиеленістіріп, кейіпкерлерінің мінез-құлқын, психологиялық сырларын толық жеткізе алмай, үстірт келетіндігін» ескертеді. Бұл жөнде өзімізде де кемшілік бар деген пікірді көлтіреді.

3. «Мұхтар жолдастың сөзі». «Қазақ әдебиеті» газетінің 1936 жылғы 25 сәуірдегі санында «Әдебиеттегі формализм мен натурализм туралы айтыс» деген айдармен берілген. Қайта жарияланбаған. Қолжазбасы сақталмаған. 1936 ж. 11–13 сәуірде Алматыда осы тақырыпқа жиналыс өтіп, онда Лекерұлы Өзімбай баяндама жасаған С. Сейфоллаулы, С. Мұқанұлы, М. Өуезулы, Ө. Тәжібайұлы т. б. көптеген ақын-жазушылар сөз сөйлеген. Баяндамашы искусстводағы натурализм мен формализм туралы «Правдада» шыққан мақалаларға байланысты Мәскеуде және Ленинградта болған айтыс совет әдебиетінің кейбір бөлігі эпиханың тілектеріне сайма-сай емес екендігін, социалды реализмнің қарқынына ілесе алмай келе жатқандығын, социалды реализмнің шарттарына төтеп бере алмай отырғандығын көрсетті деп бастап, біздің ірі жазушыларымыздың, оның ішінде Ө-тің соңғы драмасы – «Тас түлекте» де схематизмнің элементтері бар екенін ескертеді. Одан әрі үлкен шебер, жақсы драматург, қазақ драматургиясының өркендеу дәрежесінен көрнекті орын алған «Түңгі сарын» сияқты үлкен шығарманың иесі Өуезов жолдас «Тас түлек» пьесасында теріс жолға – схематизм жолына түсіп кеткен, соның салдарынан пьеса нашар болып шыққан деген пікірді сөз сөйлеген басқа жолдастар да қуаттаған. Ө. сын айтқан жолдастардың сөздеріне «бірталай дұрыстық бар деймін. Мен де өзара сын ретінде осы жөнінде айтпақпын» деп ғылыми тұрғыдан өз кемшіліктерін терендеп талдайды. Жазушы бұл сөзінде өз кемшіліктерін тізіп, мойындап қана қоймай, көркемдік, шеберлік мәселесіне қатысты теориялық тың пікірлер келтіреді. «Тас түлекте» тарихи үлкен көлемді оқиғалардың бәрі де аттама-көктемге түсіп кеткен көрінеді... Үлкен дәуірдің өсулерін қысқалай қармаған сияқтымын, үстірт,

жеңілдеу кеткен сияқтымын» дейді. Екінші кемшілігіне байланысты кеңес драматургиясында хронологиялық әдісті қолданудың кейбір үлгілеріне еліктегенін еске салады. «Петр I» пьесасында Петрдің жас күнінен өмірінің соңғы сәттеріне дейінгі аралықты қамтиды, бірақ шебер етіп істелгендіктен, бұл кемшілік байқалмайды деп, өз пьесасында 8–10 жыл оқиғасын тиісті дәрежесінде көрсете алмағанын, схематизмге ұрынудан деп біледі. Ал 32-жылғы лияс, Қанабек, Орынбектермен ақылдаса отырып, жазып шыққан «Октябрь үшін» атты кеңес бағытындағы алғашқы пьесасын Д. Фурмановтың «Мятежіне» сәйкестендіреміз деп отырып, тікелей соның ізімен кетіп қалғандығын мәлімдейді. Өйткені «оқиғаны ғылыми тексермей жазуға болмайды, сезінумен, қалыппен тереңдеп бойлау керек деп түсінеді. Одан әрі автор жастар жайында жазып келе жатқан бір пьесам бар, Мәскеуде жартысын жазып келдім. Жастардың арасында көбірек болып, солардың арасынан, жеке-жеке топтардың арасынан бірталай мәліметтер жыпыл алып жазғалы отырмын деп, әлі күнге жете игере алмай келген «сол тақырыптың өзін осы жастар жайындағы жаңа пьесаммен жөндөймін деп ойлаймын» деген сенім білдіреді. Ө. сөзінің соңында С. Сейфуллиннің жұртшылыққа кеңінен танылған, әдебиетшілер арасында түрлі пікірлер тудырған, осы айтыста да тілге тиік болған «...Қызыл ат» – бірталай мәселенің басын түйген жазушының басындағы толқынын қалдырмай, көпшіліктің ойына салған шығарма... Бірталай жерлерде күшті келіп, кейбір жерлерде төмендеп кетіп отырады деп, тіл жағынан жетер өрісіне жете бермейтінін атап көрсетеді.

4. «Мұхтар жолдастың сөзі», «Қазақ әдебиеті» газетінің 1937 жылғы 20 сәуірдегі санында; Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 17-томында (1985, 76–77-беттер) жарияланған. Қолжазба сақталмаған. Қазақстан кеңес Жазушылар одағы басқармасының кеңейтілген 1-пленумы (26–30 сәуір) қарсаңында Алматыда әдебиетшілер жиналысы (17 сәуір) өтті. Онда басқа жазушылармен қатар Ө. те сөз сөйлеген. Ол: «Мен драматургия жөнінде сөйлемекпін» деп бастап, бізде Мәскеу, Ленинград драма секцияларындағы сияқты ұйымдасқан жұмыстың дұрыс жолға қойылмай келе жатқанын, «әсіресе жас жазушыларды драматургия жолына үйрету жөнінде» дұрыс көмек берілмей отырғанын атап айтады. Театр Бейімбет, Ғабит, Мұхтар сияқты кісілердің монополиясы сияқты болып отыр деп, басқа ірі ақын-жазушыларымыздың да бұл салаға тиісті дәрежеде көңіл бөліп атсалыса алмай отырғанын, облыстық театрлардың, Семей, Ақтөбе, Шымкент театрларының осы күнгі шыққан пьесаларды меңгеріп алып, жаңа шығармалар күтіп отырғанын, ал драматургтеріміздің осы ескеңез қарқынға ілесе алмай жүргенін сыңға алады. Театрдың бүгінгі талаптарына сәйкес, драма жанрына жаңа есімдерді, жас қаламгерлерді ұйымдастырып, үйретіп, мольнан тартудың басты міндеттерін, нақты жолдарын ұсынады.

5. «М. Әуезов жолдастың сөзінен». «Қазақ әдебиеті» газетінің 1937 жылғы 14 шілдедегі санында жарияланған. Қолжазбасы жоқ, жинақтарда қайта жарияланбаған. 1937 жылдың 2-жартысында жазушылардың науқандық жиналыстары жиі өтіп, талқыға салыну үрдіске айналған. Сондай жиналыстың бірінде «Саяси поэзия

және Әбділданың шығармалары туралы» деген тақырыпқа М. Қаратаев баяндама жасап, біраз кісілер, соның ішінде Ө. те сөз сөйледі. Ол кезде ондай жиналыстарға қатыспау, сөз сөйлемей қалудың өзі де қатер еді. Жиналыстың есебі «Қазақ әдебиеті, «Лениншіл жас» т. б. газеттерде «Тәжібаев Әбділда және оның достары» деген айдармен берілген. Сөйлеушілердің сын пікірлерін ғана келтірген сияқты. Ө. өз сөзінде Әбділда бүгінгі күннің саяси өткір мазмұнды тақырыптарына ат салмай, ескі ақындар үлгісіне жалтарғанда, бірінші – өзін өрлетіп өсіретін соны жаңалықтан қалып қойып отыр; екінші – ескіге бағдарда да, керексіз іздерді қайта басып, өзіне залал келтіретін шиырларды аралап кетті. Осы ретте дарашылдық, «меншілдік» сияқты сары жұрттарға қонақтап барады деп, ғылыми теориялық тұрғыдан сын айтып, сонында сол кезеңнің әдет-үрдісіне саяси айып тағып, үкім айтап, бүгінгі айтылып отырған сынның барлығын достық сын, түзеуші, жәрдемші сын деп қарсы алуың керек деген салихалы жана-шырлық сөзбен аяқтады.

6. «Әуезовтің съезді ашардағы сөзі». «Қазақстан жазушыларының III съезі» атты кітапта (1956, 3–5-беттер); 20 томдық шығармалар жинағында (19-том, 1985, 296–299-беттер) жарияланған. Қолжазбасы жазушының өз архивінде сақталуы (№240-п., 59–65-беттер). 1954 ж. 3–8 қыркүйекте Қазақстан кеңес жазушыларының 3-съезі болып, оны кіріспе сөзбен Ө. ашқан. Жазушы бұл съездің республиканың мәдениет тарихындағы үлкен бір бел, асу екендігін, оған барлық кеңес халқы зор көңіл бөлетінін, себебі, әдебиет ісі – бүкіл халықтық іс екендігін айтып бастайды. Съезд қазақ кеңес әдебиетінің 1939 жылдан бергі 15 жыл ішінде жүріп өткен жолына шолу жасап, баға берген. Өткенге қорыту, байлау жасап, келешектегі өсіп-өрлеудің бағдарын, барысын болжап беретіндігін айта келіп, әдебиет жайындағы сынау, ойлау, талдау сөздер проблемалы болса ғана, әдебиеттік құрылысқа, процеске әсерлі, пайдалы болады деп, нақты міндеттер қойып, ұсыныстар айтады. Баяндамалар мен айтылатын сөздерге партиялық негізді объективті әділ сындар молырақ айтылып, негізгі шығармашылық мәселелер көбірек көтерілсін, проблемалы жауапты ойға толы сын сөзі – өсуге арналған сөз, ол сын өшіру үшін емес, өсіру үшін айтылады дейді. Ұлы жазушы сол өз заманының бұлжымас дағдысына сай, коммунистік партияның кеңес халқының атынан қойған талабын ойдағыдай жүзеге асыру жазушылардың да ең қадірлі мақсаты болсын деген сөзбен съезді ашқан.

К. Сыздықов.

ӨШІМБАЕВ Сағат (1947–1991), жазушы, әдебиеттанушы. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1976). «Таланттың шайқай түсі» деген мақаласында («Лениншіл жас», 1971, 26 маусым) Ө-тің ұстаздық ұлағаты жайында ой толғаған. Ал «Ұлы дарын» мақаласында ұлы суреткерді әр ұрпақтың өз биігінен тануы, түйсінуді, түсінуі жөнінде сөз етіп, «ұлттық сана-сезім оянуының басы Абай болса, оның көмелетке жетіп, толық-сып, тола бастауының жарқын мысалы Ө. творчествосы» дейді («Лениншіл жас», 1972, 27 қыркүйек).

**ӘШІМОВ** Асанәлі (1937 ж. т.), актер. КСРО (1980) және Қазақстанның (1976) халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974). Шынайы актерлік таланты кино өнерінде танылды. Тұрар



«Абай» спектаклі. А. Әшімов Айдар рөлінде. 1962.

«Тұлпардың ізі», 1963), Бекежан («Қыз Жібек», 1971), Шадиар («Атаманның ақыры», 1971), Шыңғыс («Шоқан Уәлиханов», 1984), Қасымханов («Транссібір экспресі», 1977), Қаражал («Жаушы асығады», 1980) т. б. кейіпкерлердің бейнелерін шынайы сомдады. Ө-тің (Л. Соболевпен бірге жазған) «Абай» трагедиясында Абайдың, «Еңлік – Кебегінде» Кебектің, «Қарақыпшақ Қобыландыда» Шуақтың бейнелерін театр сахнасына шығарып, актерлік дарынын танытты. Режиссер ретінде «Аждаһа жылы» (1981), «Шоқан Уәлиханов» (1984), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (1991) фильмдерін түсірді. «Драма өнерінің тарланы» атты мақаласында Ө. пьесаларының сахнада қойылуы, олардың тәрбиелік мән-маңызы жайында келелі ой, тұшымды пікір айтқан («Социалистік Қазақстан», 1987, 25 қыркүйек).

**ӘШІМОВ** Әкім Үртайұлы (Ә к і м Т а р а з и; 1933 ж. т.), жазушы, драматург, сценарист. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2002). «Қараш-Қараш» (1969), «Тұлпардың ізі» (1964), «Арман-атаман» (1965) т. б. кинофильмдердің сценарийін жазды. Ө-тің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі негізінде (Б. Шәмшиевпен бірігіп) жазған сценарийі бойынша түсірілген фильм Минскіде өткен халықаралық кинофестивальде (1978) бірінші орын алды. Ө. жайлы «Ұлағат» («Парасат», 1996, №2), «Знать и помнить» («Наука Казахстана», 1987, №15) т. б. естелік-әңгімелері жарық көрген.

**ӘШІМОВ** Бәйкен (1917–2009), зоолог-фитопатолог, мемлекет, партия, кеңес қайраткері. Социалистік Еңбек Ері (1977). Ө-тің 80 жасқа толу мерекесін тойлауға арналған 1977 жылғы 23 қыркүйекте Алматыда өткен салтанатты жиында кірпісе сөз сөйлеп, аса көрнекті жазушының шығармалары қазақ совет әдебиетінің тарихына алтын әріптермен жазылды деді. Одан әрі суреткердің өмірі мен шығармалары туралы өз ойларын ортаға салды. «Қазақ әдебиетінің барлық жанрының қалыптасуы мен дамуында Мұхтар Омарханұлының рөлі аса зор. Жас әдебиетшілер марқаюы үшін ол көп еңбек сіңірді, жаңа дарындарға қамқорлық жасады. Қазақстанның көптеген жас жазушыларының, ақындары мен драматургтерінің шығармашылық тағдыры Мұханның есімімен байланысты» деп аяқтаған сөзін («Мұхтар Әуезов – совет әдебиетінің классигі», А., 1980, 8–14-беттер).

*Н. Оспангері.*



**БАБА ТҮКТІ ШАШТЫ ӨЗІЗ**, ауыз әдебиетінің кейіпкері. Қазақ ауыз әдебиетінде есімі жиі кездесіп, медет беруші әулие, пір, демеуші сипатында көрінеді. Мекені, қазіргі жатқан жері – Оңтүстік Қазақстан облысының Құмкент қаласының (Созақ ауданы) маңындағы Қызылкөлдің жағасында. Ол туралы аңыздардың бірінде шын есімі Баба Туклас деп көрсетілген. Әкесі – Керемет Өзіз. Баба Тукластың өзі Меккеде патша болған. Мұсылмандар арасында әулие сааналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әлем Музтазы Сейіттің, содан соң осы Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Келесі бір аңыздарда ол – Қожа Ахмет Иасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға қарай бастаған кезде өмір сүрген кісі. Қорқыттың замандасы. Баб Ата күмбезі сол кісінің қабірінің басына салынған. Ө. Марғұлан осы аңыздың тарихи негізі бар деп санайды. Үшінші аңыз бойынша, Баба Тукластың баласы Еділ – Жайыққа дейін келген, оның Құллубек атты ұлынан Едіге батыр туған. Ал «Едіге батыр» жырында Б. Т. Ш. Ө. сол батырдың тікелей әкесі болып суреттеледі. Ол су жағасында намаз оқып отырып, үш пері қызын көреді. Намазын бітірген соң, әлгі үш қыздың біреуінің қолынан ұстайды. Қыз суға сүнгиді, әулие де сүнгіді. Ақырында соған үйленеді. Қыз үш түрлі шарт қояды: аяқ киіміді шешкенде аяғыма қарама, киіміді шешкенде қолтығымға қарама. шашымды жуғанда, төбеме қарама дейді. Алайда, Б. Т. Ш. Ө. әлгі үш шартты бұзады. Оны сезген пері: «Шімде алты айлық балаң бар! Соны мен Көк Дария жағасындағы Құмкент деген жерге тастап кетем, іздеп тауып ал!» дейді де, аспанға ұшып кетіп, уәделі жерден құндақтаулы нәрестені тауып алады. Айдалада туғандықтан есімін «Едіге» қояды. Қазақ шежірелерінің кейбір нұсқаларында ол Маңғыт руынан деп айтылады. Оған Едігенің осы рудан шыққандығы негіз болған секілді. Мұның бәрі аңыз. Аңыз негізінде белгілі мөлшерде тарихи дерек немесе оқиға жатады. Б. Т. Ш. Ө. нақты болған адам деген бұлтартпайтын дерек жоқ. Сондықтан ғылымда ол мифтік бейне ретінде қабылданған. Қазақ фольклорында ол әулие кейпінде суреттеледі. Батырлық жырларда бас кейіпкерлер қиналған кезде демеуші, аян беруші аруақ тұлғасында бейнеленеді. Мыс., «Алпамыс батырда» әулиден әулие қоймай, тентіреп жүрген Байбөрінің түсіне Б. Т. Ш. Ө. кіріп, әйелінің бір ұл, бір қыз табатыны туралы аян береді. Бұдан былайғы жерде ол Алпамыстың демеушісі болады. Басына қиындық түскенде Б. Т. Ш. Ө-ге сиынып, жалбарыну дәстүрі халық арасында күні бүгінге дейін сақталған. Ө. «Өскен өркен» романына дерек жинау үшін, 1959 ж. Оңтүстік Қазақстанға жасаған сапары кезінде Бабатада, Шашты Өзіздің қабірінің ба-





Елбасы Н. Назарбаевтың жазушының 100 жылдық мерейтойы салтанатын ашу сәті. 1997.

Жазушының ескерткішіне гүлшоғын қою . 1997.





**Н. Назарбаев, ЮНЕСКО-ның бас директоры Ф. Майор, Ш. Айтматов, Д. Кугультинов, Ө. Кекілбаев, Т. Жұртбай ұлы жазушының мұражай-үйінде. 1997.**

**М. Өуезовтің мұражай-үйінде 100 жылдық мерейтойының ашылу салтанаты. 1997.**





Шынғыстау алқабы.

Бақсайыс кесенесі.  
Байкенже ауылы. Қызылорда облысы.





Жазушының қарындасы  
Зубейла.



Қызы Мұғамиланың  
бойжеткен кезі.

М. Өуезов өз отбасы мен достары ортасында. Оң жақтан: М. Өуезов, Кәмила, қызы Мұғамила, Ахметбек Шикібаев, Қапажан Шикібайкеліні, Иса Байзақов, Жәбірәйіл Турағұлұлы; түрегеп тұрғандар: Ағзам Шикібаев, Ғафура Разыққызы, Төңірберген.





**М. Өуезов (оң жақта) пен ағасы Қасымбек (Қаске) Өуезұлының (сол жақта) Семейдегі бес сыныптық қалалық училищеде оқып жүрген кезі. 1908.**

**М. Өуезов қарындасы Гүлнәр және күйеу баласы Ө. Өзиевпен бірге. Алматы. 1952.**





Жазушының анасы Нұржамалдың Байсерке ауылындағы үйі. 1963.

«Абай өні». Бала Мұхтар мен атасы Өуез. Қ. Телжановтың картинасы. 1962.





Валентина Николаевна Кузьмина (Өуезова) – гимназия оқушысы.



Мұхтар – семинария шәкірті.  
Семей. 1912.

Мұхтар оқыған семинария  
ғимараты. Семей.





Отыздағы орда бұзар шақ. Семей.  
1921.



Студенттік кез. Ленинград.  
1926.

Солдан оңға қарай: Қалиман Турағұлқызы мен оның ағасы Ахмет Өуезов, Құдыри Арым-  
беков, Сақыпжамал (Сақыш – Өуездің тоқалы), Райхан Абайқызы.







Елудегі ел ағасы. 40-жылдар.



Ләйла Мұхтарқызы  
Әуезованың студент кезі.  
40-жылдар.

Мұрат Мұхтарұлы Әуезов.



Жиені Диар Асқарұлы Қонаев.






Жиені Асқарұлы Елдармен.

Мұхтар зайыбы Валентинамен. 1959.







Ұлы Ернар мен келіні  
Ольга.




Немересі Лола мен  
күйеу баласы Нұрлан.

# Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің


Бәйбішесінен тараған ұрпақтар (Алқоз, Мыңбұлақ ауылына қонысты)



# ата-тегі



Тоқалынан тараған ұрпақтар (Орда тауы, Арқат ауылына қоныстанған)





М. Өуезовтің Ыстықкөлдегі мұражайы.



Жазушының ең алғашқы жұмыс үстелі.




Жазушының мұражай-үйі.



Жазушының жұмыс бөлмесі.

Жазушының ас үйі.





М. Өуезов еккен жанғақ ағашы.



сында болды. Жолжазбаларында мынадай жолдар кездеседі: «28 күні (қыркүйек) біз Құмкенттен шығып, 45 шақырым жүріп, Мырзабай даласын басып, Қызылкөлдi жағалап отырып, атақты Бабатаға келдік, онда – мешіт, мазарлар. Жері жақсы – өзен, жартастар. Қызылтас, ұйтас – Бабата жоны... Түн ортасында Баба түкті Шашты Өзiз моласының қасымен жүріп, тағы да адаса-адаса кеп, ақыры Құмкент совхозын таптық. Қондық... Едігенің әкесі Баба түкті емес, осының батасынан туған дейді (папка № 543, 34-бет).

С. Қажабаев, Т. Әкім.

**БАБАЕВСКИЙ** Семен Петрович (1909 – ө. ж. б.), орыс жазушысы. «Алтын жұлдызды жігіт» (1–2-кітабы, 1947–1948), оның жалғасы «Жер бетіндегі жарық» (1–2-кітабы, 1949–1950) романдары үшін 1949, 1950, 1951 ж. КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты болды. Б-дің есімі мен оның «Алтын жұлдызды жігіт», «Жер бетіндегі жарық» романдары Ө-тің «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» мақаласында аталады. Жазушы сол кезде жарық көрген бірнеше шығармаларды атап, Б-дің екі романының социалистік деревняның Отан соғысынан кейінгі хал-жайларын суреттеуге арналғанын, шеберлік жағынан алғанда шұбарлаңқылау екенін айтқан. Сонымен қатар бұл шығармалар еңбек процесін көрсету жөнінде, колхоз деревнясы жайында жазылған жақсы романдардың бірі Бабаевский романынан біз қажымай-талмай, белгілі мақсатпен үдетілген еңбекті көреміз. Осы қарқынды еңбек романның бір кітабынан екінші кітабына ұтасып, басты кейіпкерлердің қажырлы күресіне айналады. Бабаевский совет прозасында бірінші болып, бүкіл елімізде мал шаруашылығымен шұғылданып, оған қолма-қол басшылық ететін адамдардың алдына үлкен проблемалы мәселе қойды деп, Ө. жазушының суреткерлігіне әділ баға берген.

Р. Батырбекова.

**БАБАҚОВ** Қосымжан (1891–1956), әнші (тенор), композитор. Өз жаынан «Теміріші», «Запод», «Машина», «Отан үшін», «Жұр жолдастар майданға» т. б. әндер шығарды. Ө. Б-тың өзіндік дауысы мен орындау мәнерін ерекше ұнатып, жылы пікірлер білдірген. Біржан салдың әндерін Б-қа айтқызып, содан алған әсері бойынша «Абай жолы» романында әншіні суреттеген. Өншінің нотаға түсірткен әндері «Абай» операсында кеңінен пайдаланылды. **БАБИЧ** Шайықзада Мұхаметзакирұлы (1895–1919), башқұрт және татар ақыны. Жырларында ұлт тағдырын, революцияны жырлады. «Біз қызылдарға неге қосылдық» деген атпен поэзиялық кітабы шықты (1919). Жас кезінде қазақ арасында болып, ауыз әдебиетімен, Абай жырларымен жақсы танысқан, мақал-мәтелдерді жинаған. Абай өлеңдерінің көркемдік қасиетін жоғары бағалап, оны Ғ. Тоқай поэзиясымен теңестірген (Х. Усманов). Егіз жырлар. «Қазақ әдебиеті», 1962, 26 қазан). Ө. Б-тің жырларын оқып, танысқан, Абай туралы айтқан пікірлерін жоғары бағалап, үлгі тұтқан.

**БАБЫР** Заһирид-дин Мұхаммед (1483–1530), қолбасшы, жазушы. Ұлы Моғолдар империясын құрушы. Империяның астанасы Аградағы сарай маңына әдебиет, өнер қайраткерлерін топтастырып, өзі поэзиямен шұғылданған, түркі және парсы тілдерінде өлеңдер жазған. «Бабырнама» атты тарихи шығармасында өз жорықтарының тарихын баяндаған. Онда әр түрлі мемлекет, қоғам, әдебиет, мәдениет қайраткерлері туралы көп мәліметтер келтіріл-

ген. Қазақ еліне де қатысты деректер бар. Бұл еңбек қазақ тілінде 1995 ж. жарық көрді. Ө. Бабырдың тарихын жақсы білген. Ол өзінің «Индия очерктері» деген шығармасында Бабыр жөнінде біршама мағлұматтар келтірген. 330 жыл бойында Индияның көп жерлерін билеп тұрған бір патшалар нәсілін дүние тарихында «Ұлы моғолдар нәсілі» деп атайды. Бұл патшалардың ең біріншісі, Индияны ең алғаш басып алушы Өмірдің немересі Заһириддан Бабур болатын. Ол Орта Азияда Ферғананы билеп тұрған жерінен Ақсақ Темір нәсілдерінің қым-қуыт тартыстары кезінде өз тәж-тағынан айрылып, Индияға қарай қашып шыққан. Сонда өзіне ерген әскерімен барып, қорғану мұршасына, әзірлігі болмаған Индияның терістік жағын, мол өлкесін басып алған. «Заманында Европа тарихшылары Бабырды мұңғыл текті деп теріс түсінгендіктен, мұңғылды «моңғол» деп жаңсақ атап, жалпы тарихта жаңағы топ патшалардан басталған Индия әкімдерінің нәсілін «Ұлы моғолдар нәсілі» деп атандырағанын аңғартып өтеді. Бабырдан тарағандар – Хамаюн, Ақбар, Жиһангер, Шаһжихан, Ауранзепп, Баһадүршах – 1858 жылға дейін билік жүргізген.

М. Мырзахметұлы.

**«БАҒАЛЫ ЕҢБЕК»**, жазушының мақаласы. Алғашында «Социалистік Қазақстан» газетінің 1949 ж. 14 тамыздағы санында жарық көрді. Кейін Ө-тің «Уақыт және әдебиеті» (1962, 305–312-беттер), 12 томдық (11-том, 413–420-беттер), 20 томдық (18-том, 336–344-беттер) шығармалар жинағында жарияланды. Мақалада Ө. Әбішевтің «Бір семья» пьесасы мен оның алғашқы сахналық қойылымына жан-жақты талдау жасалған. «Реалистік сипаты келісті шыққан пьеса. Қазақ академиялық драма театрының сахнасында көптен күтілген, талап етілген, бірақ қолдан келмей жүрген анық маңызды, реалистік спектакль туғызуға себепші болды» деп ерекше атап көрсетеді де, драматургтің бұл пьесасы алғашқы нұсқасынан-ақ Жазушылар одағы пленумында, қазақ әдебиетінің онкүндігінде жасалған баяндамаларда тәуір бағалағандығын айтады. «Бірақ сахна – сыншы, театр – таразы» екендігіне назар аударады. Идея мен образдар бұл пьесада жалған тартыспен, үстірт бояумен суреттелмегенін, ізденгіш ойлар жаңаша өрістеп, өрлейтінін айта келіп, пьесаны талдауға көшеді. Пьесада екі арна: ұлы арна мен қосалқы арна, яғни өндіріске арналған еңбек арқауы және адамдық тартыс арқауы екендігін басты кейіпкерлер Айдос, Жанар, Кремлев образдарына сипаттама беру арқылы нақты көрсетеді, «Пьесаның үш адам арасына арналған көріністерінің көбі психологиялық шебер түйіндерге соғады. Көңілге қонымды, болмысқа дәл үйлесетін тартыстар тудырып отырады» деп түйіндейді. Пьеса авторының драматургтік талантына тәнті болып, ол бұл пьесасымен қазақ совет әдебиетінің соңғы жылдардағы өсуіне, жаңалық табыстарына елеулі үлес қосты, жаңа тақырыпты жақсы меңгерді. Шығарманы анық бағалатын бірі деп санаймыз» деп, жоғары баға береді. Сонымен бірге «Пьеса – ойлы, саналы пьеса» дей келіп, кейбір даулы жайларын, кемшіліктерін де жасырмайды. Бұл ретте сюжет қайталау, екінші қатардағы кейіпкерлердің толық жетіліп болмағандығы сияқты олқылықтарды атай-

ды. Пьесаны сахнаға шығарудағы театр ұжымының қомақты табысына да қысқаша тоқталып, суретші жасаған декорацияда ұқыпты, жинақты көріктілік бар, спектакльдің композициясы да пьесаның өзекті ой-сезімдерімен үнемі үндес, үйлес шыққан дейді. Жаңа маусымда да театр ұжымының жемісті еңбек етуіне «татитын спектакль екенін ұмытпау керек», «соңғы жылдардың репертуарына кіріп жүрген қазақша пьесалардың көбінің қатарынан «Бір семья» сияқты спектакльді жоғары бағалау шарт», «оны көп еңбек сіңіріп, жаңғыртып өсіре түсу – автордың да, театр коллективінің де міндеті» екеніне көңіл аударған.

*Н. Жанақова.*

**БАҒЛАНОВА** Роза Тәжібайқызы (1922 ж.т.), әнші (сопрано). Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы (1996). Репертуарында қазақ халқының, сондай-ақ дүние жүзі халықтарының 1000 шамалы әні бар. Ұлы Отан соғысы жылдарында концерттік бригаданың құрамында жүріп, майдандағы жауынгерлерге мәдени қызмет көрсетті. Гастрольдік сапармен дүние жүзінің көптеген елдерін аралады. Мұхтар Б-ның әншілік өнерін жоғары бағалаған. Әсіресе Б. Жамақәевтың «Махаббат вальсі» оның орындауында сүйсіне тыңдаған. 1958 ж. қазан айында қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онжүзінші қорытынды концертінде атакты өнер, мәдениет қайраткерлерін арнайы шақырып, Мұхтар Б-ға бірнеше ән айтықзады. Розаның орындаушылық талантына аса ризашылық білдіріп, қазақта мұндай күміс көмей әншілер баршылық деп, қонақтарға масаттана әңгімелеген. Ұлы жазушы сол жылы Лениндік сыйлық алғанда Б. жеделхат жолдап, Мұханды мақтан тұтанатынын айтқан («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 660-бет).

*Н. Ақбай.*

**БАҒЫСОВА** Жібек Есекейқызы (1940 ж. т.), актер. Қазақстанның халық артисі (1980). Ойнаған рөлдерінің ішінде Ә. пьесалары негізіндегі қойылымдарда «Қарагөзде» Қарагөз, «Қарақыпшақ Қобыландыда» Қарлыға, «Түңгі сарында» Жүзтайлақ бейнелерін сомдады. Б. кейіпкерлердің ішкі көңіл күйі мен сезім иірімдеріне баса назар аударатын актриса.

**БАДЫРОВ** Қапан Оралулы (1904–2000), актер. Қазақстанның халық артисі (1942), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1952). Қазақтың кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі. 1926–31 ж. Алматы жұмысшы жастар театрына жіберіліп, онда Ә-тің «Қарагөз», «Еңлік – Кебек», Ә. Оспановтың «Зарлық» пьесаларын сахнаға шығарды, өзі де рөлдерде ойнады. 1931–66 ж. М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік драма театрында қызмет етті. Жалпы саны 170-тен аса рөл ойнады, соның ішінде Ә-тің драмалық шығармалары бойынша қойылған спектакльдерде 29 кейіпкердің бейнесін жасады. «Хан Кенедегі» Кәрібоз батыр, «Шекарадағы» Майор, «Намыс гвардиясындағы» Сталин мен Намысұлы, «Сын сағаттағы» Сталин, «Қынаптан қылыштағы» полковник, «Ақ қайындағы» Бөрібасар, «Қарагөздегі» Жарылқап, «Еңлік – Кебектегі» Кембай, Көбей, Қараменде, Еспембет, Абыз, «Абайда» Керім, Абай, «Түңгі сарында» Сапа, Майқан болыс, «Бәйбіше-тоқалда» Демеужан, «Айман – Шолпанда» Шаман, «Қа-

рақыпшақ Қобыландыда» Қобыланды, «Тас түлекте» Қамбар, «Отан үшінде» лейтенант, ұлы драматург аударған К. Треневтің «Любовь Яроваясындағы» Яровой, Н. Гогольдің «Ревизорындағы» Дуанбасы рөлдері актердің зор талантын, шынайы шеберлігі мен мол мүмкіндігін таңытты. Б. қазақ халқының көрнекті қалам қайраткерлері туралы 120-дан аса мақала жазды. Өнер санлақтары жайында «Өткендер мен өткелдер» (1974), «Естен кетпес есімдер» (1981) атты кітаптары шықты. Бұл еңбектерінің бәрінде Ә-тің ұстаздық тағылымы туралы ой толғап, жазушы айтқан пікірлерге жүгініс жасаған. Сондай-ақ «Актерлердің ақылшысы еді» («Жетісу», 1967, 9 желтоқсан), «Жастық қуаты» («Жұлдыз», 1964, №5), «Ұмытылмас бейне» («Қазақ әдебиеті», 1980, 17 қазан) т. б. мақалаларында Ә-тің актерлер мен режиссерлер арасындағы достық, шығармашылық қарым-қатынастарын, ағалық қамқорлығын баяндаған. «Сәулесі мол жан еді» естелігінде ұлы суреткерді ерекше ілтипатпен еске алады («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997, 276–282-беттер). Ә. Б-тың театрдағы өнеріне сүйсініп, үнемі назар аударып, ақыл-кеңес беріп отырған. «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» атты мақаласында мұндай «пьесалардың ірі образдарын жақсы қып ойнап шығу арқылы біздің бүгінгі бірнеше ірі актеріміз үлкен сыннан өткендей боп, тәжірибе көріп, ірі табыс тапқаны бар» деп, солардың қатарында Б-ты атаған. «Абай» романының 1-томы шыққанда: «Үлкен, үлкен сындарда өнімі мен өнері көп. Бергені бекем болса да, әлі талай берері көп, сенімді күш иесі, ойлы, жақсы Қапанға шын көңілмен» деп жазса, 2-томы шыққанда: «Қадірлі Қапанға! Көп жылдық көп еңбекті бірге кешкендік белгісіне» деген қолтаңба түсіріп, сыйға тартқан. 1952 ж. Б-ты КСРО Мемлекеттік сыйлығына ұсынғанда, Мәскеуден Ю. Завадский бастап келген комиссияға берген мінздемесінде Б. сынды шын дарынды жоғары бағалаған.

*Б. Құндақбайұлы.*

**БАЖАН** Микола (Николай Платонович; 1904–1983), украин ақыны, қоғам қайраткері, Украин ҒА-ның академигі (1951). Өлеңдері мен поэмаларында жинағында халықтар достығын, олардың ерлігін, бейбіт өмірді, адамгершілікті жырлады. Өлеңдері «Ағылшын ұсқыны» деген атпен 1952 ж. қазақ тілінде жарық көрді. Ә. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында Б-ның шығармаларын салыстыру арқылы зерттеуді ұсынады. Ал Б. Мұханның 60 жылдық мерейтойына жолдаған жеделхаттың жазушының дарынды, терең білімін, үлкен адамгершілігін қадір тұтатынын айта келіп, зор денсаулық, шығармашылық табыс тілейді.



«Отелло» спектаклі. Қ. Бадыров  
Отелло рөлінде; Дездемона –  
А. Абдуллина. 1939.

**БАЗАНОВА** Нәйла Оразғұлқызы (1911–1993), физиолог, қоғам қайраткері. Биология ғылымының докторы (1945), профессор (1946), ҚазКСР ҒА-ның академигі (1951), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1960). Негізгі еңбектері мал физиологиясына арналған. М. Ә. Әшпейтін жарық сәуле» деген мақаласында республика ҒА-ның жұмысына зор баға беріп, бізде аса көрнекті биологтар бар екенін, мысалы, ғылым докторы, өзіміздің белгілі қоғам қайраткеріміз, бейбітшілік жолындағы қажымас күрескер Нәйла Базанова солардың қатарына жататынын айтқан. (М. Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 19-том, 221-бет).

**БАЗАРАЛЫ** Қауменұлы (1833–1887), «Абай жолындағы» типтендірілген кейіпкерлердің бірі. Жалпы ырғасы сақталғанмен, өмірдегі Б. мен кейіпкер ретіндегі Базаралының арасында айырмашылық бар. Өмірде ол Абаймен жауласып өткен, ал романда ақынның ең жақын сыйлас, сырлас, мұраттас досы ретінде суреттеледі. Ел аузынан жинаған деректерде оның ерлігі, өжеттігі, батырға лайық іс-қимылдары айтылады. Көргендер оның пішінін: «Дәл Кенесары сықылды, бойшаң, өте сұлу, тентек, қалжыңқой» деп сипаттайды. Мұхаң 1935, 1943 ж. Абай аулына барып, деректер жинағанда, Б. туралы айтылған көптеген әңгімелер жазып алады. Солардың көбі романның ең көркем, өз әсерлі беттерін тудыруына себеп болды. Көп әңгімелерде оның сөзге аса шешен, тапқырлығы жөнінде айтылады. Айдаудан қайтып оралғанда Абай: «Орысша білдің бе?» деп сұрапты, сонда ол: «Е, қарағым, өзімнің көкмилығы болмаса, тәуір-ақ орысша білетін жерге жібердің ғой» депті (№ 29-папка, 185-бет). Абайдың: «Ұрғашыша аузына жауабы тез түсетін Базаралыдай шапшаңды көргем жоқ» деген сөзі әлгідей ерекшеліктерін дәл көрсетеді. Эпопеяда Б-ның ерлігі – інісі Оралбайдың Керімбаланы алып қашқаннан кейінгі Бөбең (Қайдостан тарайтындар) мен Кішекең (Жігітек) арасында туындаған жанжал, қақтығыста, сонан соң Төкежанның жылқысын айдап кету тұсында және Оразбай ауылын шабуға ашынған жұртты қайрап, айдап салу кезінде көрінеді. Ол Төкежанның жылқысын шауып, қырғыздырып тастайды. Оның дауы Семейдегі Шербешнайда билер алдына жүгініске барғызады. Деректерде Жігіттектің билер сотынан кейін мал басына екіден, үштен айып төлеп, тақыр кедей болып қалғандығы айтылады. Осы жылы Кішекеңнің Әбді. Сарбас сияқты көп кісілері өліпті, Базаралы да өледі, бұны ел жылқының қырылуынан деп ырым етеді екен. Ал романда Базаралы Абай қайтыс болардың алдына дейін өмір сүрген болып көрінеді. Жалпы ол сөзімен, мінезімен, алуан-алуан іс-қимылымен болсын эпопеяда аса кесек бітімді тұлға ретінде суреттеледі.

*Т. Әкім.*

**БАЗАРБАЕВ** Мүсілім (1927–1995), әдебиеттанушы, мемлекет және қоғам қайраткері. Филология ғылымының докторы (1971), профессор (1993). Ә. алғыр, талантты жас ғалымның үлкен ұйымдас-тырушылық қабілетін байқап, Б-ты ҒА-ның Тіл және әдебиет институтын басқаруға ұсынады, оның ғылыми, басшылық қызметтеріне әрқес қолдау көрсетіп, зерттеушілік жұмысына өз пікірін білдірді. 1959 ж. әдеби мұраға арналған қорытынды сөзінде қазіргі қазақ әдебиетін зерттеу ісіне үлес қосып келе жатқан ғалымдар шоғырына Б. есімін қосады. Б-тың «Уақыт және әдебиет» (1962),

«Абай Құнанбаев» (1967) атты мақалалар мен зерттеу жинақтары шықты. Ұлы суреткердің 12 томдық шығармалар жинағына алғаш сөз жазып, бас редакторы болды (1967–69). Ә-тің тікелей басшылығымен қолға алынып, 1-томына ғана жетекшілік етіп үлгерген 6 кітаптан тұратын «Қазақ әдебиетінің тарихына» Б. одан әрі басшылық жасап, автор ретінде қатысты (1960–67). Өзінің қазақ әдебиетіне байланысты көптеген зерттеулерінде Ә. шығармашылығына жоғары баға берді. «Қазақ поэзиясындағы еңбек адамының бейнесі» атты орыс тіліндегі монографиясында (1961) Ә-тің драматургиясына тоқталып, «Абай жолы» роман-эпопеясын «республиканың ғана емес, барлық Одақтың әдеби өміріндегі аса көрнекті оқиға болып табылады» деді. «Керікті ойдан – көркем сөз» зерттеулер жинағындағы (1994) «Алып тұлға» деген мақаласында Ә-тің шығармаларын талдап, көркемдік ерекшеліктерін саралады. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» монографиясында (1973), «Біздің әдебиетіміздің эстетикалық байлығы» (1976, орыс тілінде), «Замана тудырған әдебиет» (1997) атты зерттеулерінде «Абай жолы» роман-эпопеясын «қазақ әдебиетінің идеялық-көркемдік сапасы аса жоғары туындысы» деп қарастырды, романдағы Дәрмен образының прототипі ретінде жазушының Шөкәрімді алғанын дәлелдеп көрсетті.

*С. Қарабай.*

**БАЗАРБАЕВ** Теміржан (1935–2008), композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1982). Жанрлық диапазоны өте кең: симфония, опера, кантата, хор, ән, романс т. б. шығармалар авторы. Басты тақырыбы – Отан, туған өлке сұлулығы, ел тарихы, достық, сүйіспеншілік. Ә-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты Т. Жұртбаевтың «Құнанбай мырза» деген пьесасына музыка жазып, А. Манабаевтың өлеңіне «Мұхтар аға», М. Сұлтанбековтің өлеңіне «Мұхтар туралы ән», ұлы жазушы туралы оратория т. б. туындыларын шығарды.

**БАЙБАЛА** Жайсаңбайқызы (18 ғасырдың соңы – 19 ғасырдың бас кезі), ақын. «Ақындар елі» атанған Сыбан ішінде тәрбиеленіп, жастайынан ақындар айтысына түскен. Ел аузына кеңінен тарап, халық сүйіспеншілігіне бөленген Сарыбай ақынмен айтысы. Ә. бұл айтысқа үлкен мән беріп, Біржан мен Сара айтысы деңгейінде бағалаған. Өзінің «Айтыс өлеңдері» атты зерттеу еңбегінде Сабырбай ақын Байбала қызбен жігіт кезінде тынымсыз айтысады. Бірінің-бірі қапысын аңдып, көш жекеекпей, мезгілсіз ертелі-кеш те, түнде де айтысып жүреді дей келіп, ұзақ жылдар жеңісе алмай, аяғында Сабырбай өзінің айтқан бір тұрпайы қалжыны үшін, бұны мұрттай ұйыраған, мірдің оғындай ашы мысқыл жауапты Байбаладан алады да, жеңіледі деп, Б-ның ақындық талантына тәнті болады. Мұнымен қоса солайша жеңілгендігін кейінгі буындарға, өз тұсындағы тыңдаушыларға Сабырбай өзі айтып беріп кеткен деп, ақындық этиканың үлкен мәнге ие болғандығын атап өтеді зерттеуші.

*С. Қарабай.*

**БАЙҒАЛИЕВ** Бейсенбай Қайырбайұлы (1944–1998), әдебиет зерттеушісі, архивтанушы. Ә-тің өмірі мен шығармашылығына байланысты архив материалдарын қазіргі қазақ тіліне жоспарлы түрде дәлме-дәл көшіру мәселесін тұңғыш рет

ұсынып, бұл игі істің жүзеге асуына үлкен үлес қосты. Абай мен Мұхтардың өмірі мен шығармашылығына байланысты архив деректері негізінде жазылған көптеген мақалалары республикалық баспасөзге жарияланды. Ә. дайындап, бастырған Абайдың толық жинағының 1933, 1940, 1945, 1954, 1957 ж. және одан бұрынғы баслымдарды салыстыра отырып, ұлы ақын шығармаларының 2 томдық академиялық толық жинағын дайындауға (1995), араб, латын таңбаларында шыққан мәтіндерді, қолжазбаларды тексеруге, ғылыми түсініктерді жазуға қатысты. «Даңғыл жолдың алғашқы соқпақтары» деген шағын мақаласында ұлы жазушының өмірбаяны мен шығармашылық қызметінде осы күнге дейін «ақтандақ» болып келген тұстарын толықтыра қайта зерттеу, жаңаша пайымдау өте қажет екенін ескертті («Мұхтар мұрасы. Нәследие Мухтара», А., 1997, 38–43-беттер). Ө-тің туғанына 100 жыл толуына арнап 1997 ж. 23–26 шілдеде Семей қаласында өткізілген «Мұхтар Әуезов мұражайтануда» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, «М. Әуезов өмірбаянына байланысты сирек кездесетін архив деректері» деген тақырыпта баяндама жасады.

*Н. Жаңақова.*

**БАЙҒАНИН** Нүрпейіс (1860–1945), ақын, жырау. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1939). «Құбығұл», «Қобыланды», «Төрехан» және т. б., мұнымен қатар «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» т. б. эпостарды жырлаған. Өлеңдерінің, толғауларының көркемдігі жоғары. Батырлық туралы жырларында ауыз әдебиетінің үлгілерін шебер пайдаланып, оны жазба әдебиетінің көркемдік биігіне көтере білді. Өлеңдерінің көпшілігі толғау, терме, нақыл сөз түрінде келеді. Ұлы Отан соғысы кезінде Б. халықтың рухын көтеретін көптеген дастан, поэмалар, толғаулар шығарған. Олар: «Ер туралы жыр», «Жырма бес», «Капитан Гастелло». Кезінде айтысқа түсіп, өз ізін қалдырған. Ә. Жамбыл шығармашылығымен қатар Б-нің өлеңдеріне, дастандарына қатты қызығушылық білдірген. Жамбылдың ақындығын қалай бағаласа, Нүрпейістің эпикалық ақындық қуатын, жыраулық, жыршылығын солай жоғары бағалаған. «Қобыланды батыр» жырын зерттеу кезінде Нүрпейіс жырлаған нұсқаға да ерекше көңіл аударған. Ө. ақынға хатты тағайындауға, оның жырларын қағаз бетіне түсіріп алуға Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімінің меңгерушісі ретінде көп еңбек еткен. 1947 ж. Қазақ ССР ҒА-ның хабарларында шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері» атты мақаласында халық ақындары Нүрпейіс, Нұрлыбек, Жақсыбай поэмалары сияқты тән шығармаларға бөлімінің жеткілікті дәрежеде мың бермей отырғанын айтады.

*А. Бұлдыбаев.*

**БАЙҒҰЛАҚ** (т.-ө. ж. б.), Тобықтының Жуантаяқ руынан, оның әкесі Базыл Құнанбаймен кең алысқан. Абайдың сабалына себеп болған Қадидша қыз – Базылдың қызы, Байғұлақтың қарындасы. Жастығына қараймай, Құнанбай Б-ты руаралық дау-жанжалды бітістіру ісіне жұмсап отырған. Омбыға айдалғанда артындағы ағайынды қайта арыздандырмас үшін, екі жағының сөзін ұстап жүруге ол Қаратай мен Байғұлақты таңдаған. Осы жай романда: «Сол жағын ескерген Құнанбай араға жүретін

кісілерді атап берді. Бұның бірі – Тоғалақ ішіндегі мықты, жас Байғұлақ» («Абай жолы», 1997, 177-бет) деп жазылған. Өз басы тікелей жаулық істемегенмен, Б. Абайдың қарсыластары тобынан табылып отырған. Бірақ Абай оның алымы мен кең қарымдылығын, шешендігін қатты бағалаған. Мағауия дүниеден өткенде Байғұлақ: «Ақсұңқар қолдан ұшты, бәрінен құдайдың күдіреті күшті» деп көңіл айтыпты. Эпопеяда Б. «Салика қыз дауында», Абай қарсыластарының оған қарсы баталасуы түсінді және Оспан мүлкін бөліске салу кезінде кеңірек көрінген. Шешендігін романда мына бір суырып сөйлеуінің өзімен-ақ аңғартқан: «Бұл түгел Тобықты жиыны сияқты. Болыстардан Молдабай, Дүтбай және Құнанбай балалары да теріс. Ата ұлдарының атқамінерлерін айтсақ Сақ-Тоғалақтан осы жиынның үлкені Байғұлақ сөйлеп отыр екен. – Ағайын! Күн сынаиды, күдері бел шыдайды, Күйсіз белге кезігіп отырған күнім жоқ. Күйлі, келелі Тобықтының тобы боп отырмын. Іргең кеп төрт арстың жиыны қонды. Төбедегі айға ұмтылсан, арманды, шерменді кезім деп отырған жоқсың. Осы отырған ортана үлкен бір сыбаға тасталып отыр...» (сонда, 272-бет). Ө. Б-тың баласы Ермағамбетті (Ерімұшық) жақсы білген. Одан Абай айналасы және Б. туралы көп әңгімелер естіген.

*Т. Әкім.*

**БАЙҒҰТОВ** Мархабат (1945 ж. т.), жазушы. ҚазМУ-ды бітірген (1973). Ө-тің шығармалары туралы «Көксеректі» көргенде («Оңтүстік Қазақстан», 1974, 25 сәуір), «Білекке-білек» ізімен («Қазақ әдебиеті», 1981, 15 мамыр), «Қарағөз» («Оңтүстік Қазақстан», 1987, 20 мамыр), «Әуезов. Тіл. Оңтүстік» (Кітапта: «Сөз және оның мәдени-ұлттық мазмұны», А., 1997, 105–108-беттер), «Ұлыдан ұлағат алған» («Оңтүстік Қазақстан», 15 қазан), «Сырсандық кітап сырлары» («Егемен Қазақстан», 1997, 4 желтоқсан), «Атамекен» (сонда, 2001, 12 желтоқсан) мақалаларын жазып, ұлы суреткердің жазу стилі, шеберлігі, шығармаларындағы ұлттық бояу сырлары туралы келелі пікір, келтелі ойлар айтқан.

*Н. Ерсарыұлы.*

**БАЙДАЛЫ** (т.-ө. ж. б.), Жігітек руының Бөжеймен үзеңгілес, қатар жүрген белді адамы. Ел аузынан жинаған деректерде «Байдалы Байсалдан бұрын, Бөжейден кейін өлген дегендер айтылады. Өз қатарластарының ішінде қазақтың бұрынғы жол-жоралғы, дәстүр-салтына одан жүйрігі болмапты. Эпопеяда Бөжейдің қазасы, асы Байдалының ұғындырып айтуына қалай тәртіппен өтеді; атты тұлдау, тең бұзу, қаралы туды жығу, септі тарқату сияқты толып жатқан ырым-салттар Б-ның нұсқауымен жүзеге асады. Романда Абай әкесінің сөлемін алдымен Құлыншаққа, одан кейін Сүйіндікке, соңында Б-ға алып барады. Б-ның сөзге шешендігін, өзгеше бітімді адам екендігін сонда көреді. Құнанбайдың сөлемін естіген ол: «Ендеше, жаттан айтсам, сырттан айтқан болады. Саған айтсам, екеңнің өз кезіне айтқандым? «Татуласық, табыстық» деп екі кеше тамам Арғынның тобында. Сол татуласқан сиқым осы ма? Тәтті күнде артыма тағы қалжуыр байлайтын болса, анадағы араздықтан мұның неси озды? Үлкендердің әр алуан кең мінезі, терең сыры болатыны бар ғой, бірақ тап мынадай ашуы мен сабырын оңай жұмсап, оңай тежеп, оп-оңай бұрып салып отыратын шын ұстамды адамды Абай осы Байдалыдан ен алғаш рет көріп отыр» («Абай

**БАЙДІЛДИН** Әбдірахман (1898–1930), әдебиетші, журналист, партия, кеңес, қоғам қайраткері. Қызылжарда кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысты. 1921–30 ж. партия, комсомол, кәсіподақ органдарында басты қызметтер атқарды. «Еңбекшіл қазақ» (Орынбор, 1921–32), «Өртең» (Орынбор, 1922) газеттерінің редакторы болды. Қазақстанның сол кездегі астанасы – Орынбор қаласында жұмыс істеп жүргенде, Ә-пен танысып, араласып тұрған. Екеуі де «Беднота» газетінің (1918–31) редакция алкасына мүше болған. 1927 ж. 19 мамырда БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті баспасөз бөлімінің алкасы М. Өуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» туралы кітабын талқылап, Б-ге бұл жөнінде өз пікірін білдіруді әрі алғы сөз жазып беруді талсырады. Алайда Ә-тің шығармалары маркстік көзқарасқа мүлде жат, жазушының өзі саясатта да, әдебиетте де буржуазияшыл-ұлтшыл пиғылдан арылмаған деп қаралған мақалаға жеті адамның бірі болып қол қойған («М. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 101, 109-беттер).

Н. Ақбай.

**БАЙЖАНБАЕВ** Әнуарбек Нығметжанұлы (1923 – 1989), мәнерлі оқу шебері, диктор. Қазақстанның халық артисі (1973). 1944–1989 ж. Қазақ радиосында (1958–1961 ж. Қазақ телевизиясында да) диктор болды. Эфир арқылы көптеген ақын-жазушылардың туындыларын бояу-нақышпен, мәнеріне келтіріп оқыды. Оның көркем сөз оқу шеберлігін кезінде Ә. жоғары бағалаған. Ұлы жазушының «*Абай жолы*» эпопеясы бойынша жасалған радиокөпшіліктің, басқа да шығармаларының үзінділерін майын тамызып оқыған.

**БАЙЖАНОВ** Қали (1877–1966), әнші (бас). Қазақстанның халық артисі (1945). Атақты әнші әрі композитор Жарылғапбердінің шәкірті. Өзінің «Шама», «Топай көк», «Ардақ» деген әндерін, Біржанның, Ақан мен Жаяу Мұса т. б. композиторлардың, халық әндерін шебер орындаушы ретінде танылған. «Көкжәдет», «Хаулау», «Құлбай» әндерін өзгеше, ерекше нақышпен, өрнекпен орындаған. Өуезов олар орындаған әндерге ерекше мән берген. Әншінің өзіндік орындау ерекшеліктерін бағалаған, Абай әндерін де өзінше бір үн, леп сарынмен айтатын. «Қараңғы түнде тау қалғып», «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем қаламқастар» ешкімді қайталамай, Қалидың орындау шеберлігін танытқан. Б. 75 жыл бойы ән салып, қазақ әншілік өнерінде өшпес із қалдырды.

**БАЙЖАНОВ** Сапар (1930–1999), жазушы. Филология ғылымының кандидаты (1974). «Қазақ әдебиеті» газетінде (1998, мамыр) жарияланған «Дарын әлемі – кенен сыр» мақаласында Зейнолла Қабдоловтың «Менің Өуезовім» роман-эссесінде және Т. Жұртбаевтың «Талқы» кітабында Өуезов шығармашылығы мен өмірінің әр түрлі кезеңдерін суреттеу ерекшеліктерін ашқан. «Өскеннен – мұрағат, өркенге – ұлағат» кітабына енген (А., 1998) «М. Өуезов жайлы студенттік естеліктерден» атты мақаласында Ә-тің ұстаздық тұлғасы жайында қызықты деректер келтіріп, ұлы жазушы өмірінің бір қиын сәтін суреттеген.

Н. Оспантегі.

**БАЙЗАҚОВ** Иса (1900–1946), ақын, әнші, композитор. 1920 ж. Семейде құрылған «Ес-аймақ» драмалық труппасында Өуезовпен танысады. Бұл кездесу оның шығармашылық өсуіне үлкен әсерін

тигізеді. Ә-пен бірге жүріп, қазақтың тұңғыш ұлт театрының негізін салып, 1926 ж. Қызылордада осы театрдың алғашқы қойылымдарында – «Еңлік – Кебек», «Бәйбіше-тоқал» пьесаларында басты рөлдерде ойнайды, кейін «Қарағөз» пьесасында Нарша бейнесін сомдап, жұртшылықты талтанумен тәнті етеді. 1922 ж. Ә. пен Ж. Шаниннің ұсынсыстарымен Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтына оқуға жіберіледі. 1934 ж. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрының шымылдығы «Айман – Шолпан» музыкалық драмасымен ашылғанда, әнші-ақын Жарқын бейнесін ойнайды. Ә. Б-тың айтыстағы суырыпсалма өнеріне жоғары баға берген. Бұл орайда өзінің «Айтыс өлеңдері» зерттеуінде Б-тың 1922 ж. Нұрлыбек Баймұратовпен болған айтысын ерекше атап өтеді. 1928 ж. жазылған «Қазақстан мемлекет театры» атты еңбегінде: ол ойнаған қазақ театрының дәуірін ерекше тума талант дәуірі ретінде бағалайды. 1938 ж. Мария, Расковалардың Мәскеуден Қиыр Шығысқа қонбай ұшқан өрлігі туралы табын астында өлеңмен жырлаған шеберлігіне Ә. сол кеште таңқалыс білдіріп, мұндай қабілет ешқандай ақында жоқтығын айтқан, «Шапшаң поэзия ағыны» деп баға берген. 1946 ж. Б. қайтыс болғанда Ә. ақынды жерлеуді ұйымдастыру комиссиясын басқарды. 1956 ж. Б-ты еске алу кешінде сөз сөйлеп, 1940 ж. болған қазақ пен қырғыз ақындарының айтысын Исаның өз талантынан да асып түскендігін, өзінің де Иса сияқты осындай ұлды берген халықтан туғандығын мақтан еткен. Осы кеште Ә. Абай туралы кітабын аяқтағаннан кейін, Исаның өмірі мен шығармашылығы туралы роман жазбақ ойы бар екендігін мәлім еткен. Ә. пен Б-тың достық, шығармашылық байланыстары туралы ақынның қызы М. Байзақованың естелік кітабында толық айтылған («Порыв вдохновенный», А., 1987, 65, 68, 93–94, 113–114, 129–130-беттер).

С. Қорабай.

**БАЙКЕНОВ** Райысхан (1906–1978), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1944). 1935 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Шымкент облыстық қазақ драма театрында қызмет істеді. Б-тің актерлік өнерінде елеулі із қалдырған рөлдері Ә-тің пьесалары негізінде қойылған спектакльдермен тығыз байланысты. Ол әккі қарт Қыдыштың («*Түнгі сарында*»), орыс азаматы Сергейдің (Ә. пен Ә. Тәжібаевтің «*Ақ қайыңында*»), Көбей бидің («*Еңлік – Кебекте*»), қызу қанды Қобыланды батырдың («*Қарақыпшақ Қобыландыда*») сахналық тұлғаларын өзіне тән суреткерлік шеберлігімен нанымды, мағыналы етіп сомдады.

К. Нұрпейісов.

**БАЙКӨКШЕ** Балғынбайұлы (1813–1892), Абай заманындағы белгілі ақын. Абай оның шешендігін, турашыл, айтқыштығын жоғары бағалаған, қадір тұтқанының белгісі сол: ығи «Байкөкше» деп отырған. Б-нің де Абайды қадірлейтіндігі Құнанбайдың бата оқырындағы мына бір сөздерінен көрінеді: «Құнан кетті – алдынан жарылқасын, артында алтын қалды ат басындай». Қарамола сиясында Б-ні ерткен Абай үш елдің жақсыларын бірігіп қонақ етіп отырған Дұтбай мен Айтқазыныкіне түседі. Осы жерде Б. ұзақ өлеңін толғайды. Ә. ақынның бұл өлеңде айтқан түсіні романында мұндай жиынның алдында емес, осы сиязға келе

жатқан жолда: «Жә, бәрің де ат шалдыр! Түс тегісі!» («Абай жолы», 1997, 3-кітап, 267-бет) дегізіп алып айтқыздырады. Басқы екі жолды Абай бастап, соңғы екі жол: «Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң, қашан түсіп қалғанша жеп бітеді» (сонда, 2-кітап, 263-бет) деген белгілі өлеңді Балқыбек сиязындағы болыстардың алдында аузына салады. Ө. Б-нің осындай жиын кездерінде ғана көрсетеді де, анда-санда аты аталғаны болмаса, шығармасының басқа тұсында оған оншалықты тоқталып жатпайды.

*Т. Әкім.*

**БАЙҚАДАМОВА** Данабике (1913 – 1993), стенографист-машинистка. Алматы қалалық екі жылдық стенографистер курсы бітірген. Республикалық газеттер мен баспасөз орындарында қызмет істеген. Құдайберген және Ахмет Жұбанов, Б. Майлин, Ж. Жабаяев т.б. ақын жазушылардың шығармаларын, Жазушылар одағының съездері пленумдарының материалдарын стенографиялаған. «Қазақ стенографиясы» оқулығын, бірнеше том естеліктер жазып қалдырды. 1948 жылдан Ө-тің «Абай жолы» романын жазушының ауызша айтуы арқылы стенографияға түсірген. «Мен білетін Өуезов» естелігінде (1961) ұлы жазушының сырт көзге белгісіз мінез-құлықтарынан, отбасылық тіршілігінен, сондай-ақ еңбекқорлығынан, аса биік адамгершілігінен, зор парасаттылығынан, кішіпейілділігінен т.б. көптеген жайлардан хабардар етеді. Мұхаж қаза болғанда, жоқтау шығарған («Ана тілі», 21–22 маусым, 2004 ж.).

*Н. Бауған.*

**БАЙМАҒАМБЕТ** Мырзаханұлы (1865–1925), Абайдың досы, ертегіші. Ескене ішіндегі Жуантаяқ руынан. Атасы Тұғанбай – Өскенбай бидің шабарманы – жауына жұмсайтын, қорықпайтын, еркекірек жігіт болған. Тұған әкесі Мырзахан ер көңілді, пысықтығы арқасында Құнанбайдың қасында жүрген. Б. Абайдың өмір бойы сенімді серігі боп, оның аузынан естіп-білгенінің барлығын халыққа таратып, насихаттауда үлкен еңбек сіңірген. Абай «Баймағамбетке» деп, әйелінің атынан әзіл өлең шығарған. Жастайынан сөзге жүйрік, сырға берік, зерделі, жертанығыш Б. «Абай ертекшісі» деген атаққа лайық болды. Ө. Б-ті өз көзімен көріп, ертегі-әңгімелерін тыңдаған. Абай, Құнанбай әулеті жөнінде құнды деректер естіген. «Біздің

бағымызға, менің бағыма ертекші Баймағамбет ұзақ өмір сүрді. Жасымда оны көп көрдім, тыңдадым. Бір ғажабы – Абай аузынан естігендерін ұмытпаған еді. Соның бәрі маған ауадай сіңіп, көңіліме ұйыды» деп жазды ұлы суреткер. «Абай жолы» эпопеясында Б. бейнесі аса шебер, жылы юмормен суреттелген.

*Л. Баймағамбетова.*

**«БАЙМУҚАМБЕТҰЛЫ ЖОЛДАС»**, жазушының очеркі. 1935 жылы жазылған. Шығарма Алтайдағы Ақжал алтын қазу кен орнындағы саяси басшы Жанай Баймұқаметұлының ұйымдастыру, тәрбиелік қызметін көрсетуге арналған. Очерк жанрлық жағынан – портреттік очерк. Оның композициялық құрылысынан, сюжеттік желісінен аңғаратын жәйт – онда әрбір эпизод, әрбір деталь, штрихтар басты кейіпкердің образын ашуға қызмет етеді. Автор суреттеуінде Баймұқаметұлы тек салмақты пікірлер білдіретін білікті маман, жұмысшыларды бір мақсатқа жұмылдыратын іскер басшы ғана емес, сонымен қатар ол қазақ өміс күйін сүйетін, әдеби кітаптарды ден қойып оқитын, соған ой айта білетін мәдениетті азамат та. Мұның бәрі очерк кейіпкерінің бейнесін жанжақты ашуға септігін тигізеді. Ақжалдың құлазыған кешегісі мен көркейген бүгінгісі кең байтақ Қазақстанда енді-енді жұмыс істей бастаған бірнеше өндіріс орындарының өткен тарихы мен алғашқы адамдарын танытса, қойшы-қоланнан шыққан қарапайым Жанай бейнесі – сол кездегі кен орындарындағы басшылардың жинақталған, тұтасқан тұлғасы. Автор сөз арасында 1932–1933 ж. ашаршылыққа соқтырған асыра сілтеу саясатының зардаптары туралы да жанамалай сыр аңғартып өтеді. Очерктің келесі бір тұсында Ө. жаңа қалыптасып келе жатқан алғашқы қазақ жұмысшыларының өкілдерімен таныстырады. Тәжірибелі кеншілер Бокин, Қарауылұлы, Ырғызбайұлы сияқты азаматтардың әңгімелері арқылы бас кейіпкер Жанайдың алғашқы ұлттық жұмысшы кадрларын даярлауда, қалыптастыруда сіңірген еңбегі ашыла түседі. 30-жылдары жүргізілген индустрияландыру саясаты кезіндегі, алғашқы бесжылдықтар тұсындағы еңбек адамдарының ерлік істерін көрсету мақсатында жазушы алыс аудандардағы өнеркәсіп орындарын да аралаған. Шығыс Қазақстандағы қазақ жұмысшылары тіршілігінен сыр шертетін очерктерінің бірі – осы шығарма. Ө-тің өндіріс орнының саяси басшысы туралы жазған бұл очеркінде қаламгердің тілдік, стильдік өзгешелігін көрсететін тұстар баршылық. Қазақ публицистикасының сөздік қорын орыс тілінен енген саяси-әлеуметтік, мәдени терминдермен, өндіріске қатысты кәсіби сөздермен байыта түскен. Шығарманың қолжазбасы сақталмаған. Алғаш рет 1935 ж. 26 қазандағы «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 8-ші кітабына сол газеттегі нұсқасы өзгеріссіз енгізілген.

*Н. Ақбай.*

**БАЙМУҚАМБЕТОВ** Жанай (1903–1937), жазушының кейіпкері. Азамат соғысы жылдарында бөлімше комиссары болған. 1933 ж. Мәскеуде Қызыл профессура институтын бітіріп, 1933–35 ж. «Алтай-алтын» тресіне қарасты Ақжал кен басқармасында партиялық жұмысты ұйымдастырушы болып істеген. 1935–37 ж. Б. Шығыс Қазақстан облысы партия комитетінде өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі, облыстық партия комитетінің 2-хатшысы қызметін

Мұхаж жұмыс үстінде. Машинада Д. Байқадамова. 1943.



атқарған. Ө. 1935 ж. Ақжалда болған кезінде Б-тың ұйымдастыру-тәрбиелік іс-әрекетін көзімен көріп, «Баймұханбетұлы жолдас» деген мақала жазып, сол жылғы 26 қазанда «Социалистік Қазақстан» газетінде жариялаған. Одан бұрын 1935 ж. 23 қазанда «Правда» газетінде «Товарищ Жанай» деген атпен басылып шықты.

*Қ. Керейбаев.*

**БАЙМУРАТОВ** Болат (1936 ж. т.), режиссер. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1976); Ө-тің «Қарагөз», «Еңлік-Көбек», Б. Майлиннің «Жалбыр», А. Шамкеновтың «Адасқан қаз» пьесаларын сахнада қойды. Спектакльдері Мәскеу, Алматы театрларында көрсетілді. Ө-тің туғанына 70, 80, 90, 100 жыл толуына орай, Қарауылда өткен халық ойындары мен сахналандырылған көріністерді ұйымдастырды.

*С. Жұртбай.*

**БАЙМУРАТОВ** Нұрлыбек (1887–1969), ақын. Айтыс өнерінің ірі өкілі. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1939). Б-тың ақындық талантына Ө. жоғары баға беріп, қолдау көрсетті. 1922 ж. Семейде өткен Б. пен Исаның айтысына куә болған жазушы «Айтыс өлеңдері» атты зерттеу еңбегінде (1948) айтыстың тыңнан салған ерекшелігіне тоқталады да, айтыстың олқы тұсын да, жетістік жағын да атап өтеді. Ө-тің кеңесімен Нұрлыбек «Қала сұлуы» атты поэма жазады. Бұл туралы өзі: «Менің «Қала сұлуы» атты поэмалды жазуға Мұхаң үлкен әсер етті. Осы поэманы оған оқығанда, өте бір ықыласпен ұнатты» деп еске алады. Қаланың кейбір оғаш мінезді, жеңілтек, бояма «сұлуларының» жат қылықтарын шебер суреттеген бұл поэманы Ө. өте ұнатып, 1925 ж. «Таң» журналында жариялатқан. Бұл Б-тың баспа бетін көрген тұңғыш шығармасы еді. 1939 ж. қарашаның 10–12 күндері халық ақындарының республикалық бірінші слөті өтіп, Б. Сыр сұлейі Нартай Бекежановпен айтысты. Ө.: «Ең алғашқы күрделі, көркем, терең мазмұнда айтыс 1939 жылы Алматы қаласында Нартай, Нұрлыбек сияқты екі атақты ақынның айтысы түрінде өтті. Айтысушы екі ақын жалынды, көркем жырларды суырыпсалма өлеңмен, қалың жұртшылық алдында тудырып жарысты. Еңбек жемісін айту ретінде Нартай мен Нұрлыбек өздерінің... облыстарын салыстырып та сөйледі. Бірі шалқар өзен Ертістен, екіншісі Сырдан шыққан ақындар, социалистік дәуірде жаңғырып көркейген табиғат көріністерін де, ел тірлігін де айтыстың кең жарқын тақырыбы етіп алды» деп, екі ақын шеберлігін ауызға алады.

*С. Қорабай*

**БАЙМЫРЗАЕВ** Орысбай Жұбайұлы (1939 ж. т.), сәулетші. Профессор (1992), Қазақстанның еңбек сіңірген сәулетшісі (1981). ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1983). Республика көркемсурет мектеп-интернаты (1986), жер серіктерімен байланысу лабораториясы (1986), бұрынғы «Крамдс Банк» (1992) ғимараттарының авторы. М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрының жаңа ғимаратының жаңа жобасын (1980), М. Әуезов монументін (авторлармен бірге, 1980) жасады.

**БАЙРОН** Джордж Ноэл Гордон (1788–1824), ағылшын ақыны, революцияшыл романтизмнің көрнекті өкілі. Шығармаларында бүлікшіл жеке қаһарманның бейнесін жасады, ұлт-азаттық қозғалысын жырлады, үстем тап өкілдерін өлтіре сынады, жұмысшыларды жақтады. Туындыларында ақындық қызулық, терең лиризм, батыл идея, айқын суреттілік басым болды. Ө. «Абай (Ибраһим) Құнан-

байұлы (1845–1904)» атты монографиясында ұлы ақынның М. Ю. Лермонтовтың тәржімасы арқылы Б-ның жырларын жақсы білгенін және оның «Көңілім менің қараңғы, бол, бол, ақын!»; «Альбомға» («Сал демеймін сөзіме ықыласыңды») қазақ тіліне аса шебер аударғанын жазған.

**БАЙСАЛ** (1816–1875), жазушы кейіпкерінің прототипі. Руы – Көтібақ. Дерек айтушылар 59 жасында өлген еді дейді. Ел аузындағы естеліктерде: «Орынқожа сықылды, имектеу, ұзын, қызыл, қойкөз» десе, тағы бір жерде «Байсал арам кісі емес еді. Қараторы, жіңішке, сұлу кісі» (папка №29, 145-бет) деген пішіндемелер кездеседі. Орынқожа – Байсалдың ұлы, жазушы оны білетін болған соң, көргендер әдейі онымен салыстырып отыр. Абай жас кезінде суға түсіп жүргенде, өтіп бара жатқан Бөжей, Байсалдарды көреді де, алдарынан киініп шығып, сәлем береді. Сонда Байсал: «Сәлемін алып неғыласың аңғұрғанның баласының» дейді. Бірақ оған қарамай, Бөжей батасын береді. Ал осы бір мезетті жазушы «Абай жолы» романында ауылда емес, Құнанбай, Бөжейлердің Қарқаралыға дауласа барған кезіндегі жағдайлармен байланыстырып көрсетеді. Осындай аздаған өзгерістер болмаса, тұтас алғанда Байсалға қатысты әңгімелердегі мінез, пішін, іс-әрекеттері эпопеяда сол қалпында суреттелген.

*Т. Әкім.*

**«БАЙСАЛДЫ ЗЕРТТЕУ ҚАЖЕТ»**, жазушының мақаласы. Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиетінің очерктерін жасау жөнінде 1955 ж. Алматыда өткен республикааралық мәслихатта сөйлеген сөзі. Осының негізінде жазылған мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің сол жылғы 24 маусымдағы санында жарияланды. Кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағында жарық көрді (19-том, 336–340-беттер). Жазушы бұл мәслихатта жарысөзге қатысушы ретінде сөйлеп, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының қазіргі әдебиетін зерттеу мәселелері жөнінде ой-ұсыныстарын айтқан. Бұл ретте дәстүр мен жаңашылдық проблемасын халықтық дәстүрлерді өркендетуге байланысты көтеріп, шеберлікті үйрену мәселесін де ұмытпауды айтады. Реализм әдісін игеру мәселесін сөз етіп, шығармалардың идеялық мазмұн, заман шындығын суреттеу жағынан реалистік туынды дәрежесіне көтерілуіне септігін тигізетін жайларды әңгімелейді. Біріккен мәслихат жұмысындағы кейбір кемшіліктерге де тоқталып, проблемалық мәселелерді талқылауда жалпы шолу жасау, шығармалардың аттарын тізумен шектеле, қазіргі әдебиет мәселелерін айтудан ауытқып, өткен ғасырлар әдебиеті туралы сөз қозғау жайларын сынға алады. Жоғары дәрежелі көркем шығарма жазатын «әдебиетшілер үшін, әсіресе жас әдебиетшілер үшін оқу, оқу және оқу керек дер едім» деген аталы пікірімен қоса, «шеберлікті қажымай-талмай үйренбейінше болмайды» деп кеңес береді.

*Н. Жанақова.*

**БАЙСЕЙІТОВ** Қанабек (1905–1979), әнші-актер, режиссер, драматург, ұлттық музыкалы театрдың негізін қалаушылардың бірі. Қазақстанның халық артисі (1936). 1930–33 ж. Қазақ драма театрының труппасына қабылданып, оның студиясында білім жетілдіреді. Мұнда ол Ө. жазған «Еңлік – Көбектегі» Мекбек (1933), жаңадан ұйымдасқан музы-

калы театрда «Айман – Шолпандағы» Арыстан (1934) рөлдерін, мұнан кейін Төлеген («Қыз Жібек»), Тарғын («Ер Тарғын»), Сүгір («Жалбыр»), Абай («Абай») т. б. басты партияларды орындады. Опера театрындағы алғашқы режиссерлердің бірі болды. Оның режиссурасымен «Абай» (1967, республикалық Мемлекеттік сыйлығы), «Қыз Жібек», «Амангелді», «Қамар сұлу», «Алтыншаш», «Дударай», «Даиси», «Евгений Онегин» опералары қойылды. Көптеген кинофильмдерге түсті. «Қазақ драма театрының тамаша табысы» (1935), «Ревизор» ойыны туралы» (1936), «Алма бағында» туралы» (1937, К. Байсейітовамен бірге), «Сүйсінерлік іс» («Түнгі сарын» туралы, 1937) т. б. мақалаларында Ө-тің 30-жылдардағы драмалық шығармалары туралы өз ойларын білдірген. Ал «Есімде қалған ескерту», «Соңғы «охота» атты естеліктерінде ұлы жазушының жайдары әрі аңқау мінезін, теңіздей терең білімін, ұлттық театрды дамытып, қалыптастыруға қосқан ұшан-теңіз еңбегін сөз ете келіп, «алып мұнараның шынар басын жанында тұрып көру мүмкін емес; ол үшін араға ұлан-ғайыр кеңістік салып, ұзаққырап барып, көз салу қажет; сонда алыстаған сайын мұнараның биіктігіне тәпті боларың хақ; Мұхтар Әуезов туралы ойға батқан шағымда осындай алып мұнара көз алдыма елестейді де тұрады» деп, данышпан қаламгердің аруағына бас иеді.

*Б. Құндақбайұлы.*

**БАЙСЕЙТОВА КҮЛӘШ** (Гүлбархам) Жасынқызы (1912–1957, Алматыда жерленген), әнші (лирика-колоратуралық сопрано), актер, қазақ опера өнерінің негізін қалаушылардың бірі. КСРО халық артисі (1936). 1930 ж. өзінің өмір жолын Қазақ драма театрында актерлік қызметтен бастаған дарын иесі көптеген драмалық пьесаларда әр түрлі сахналық бейнелерді жасады. Қазақтың музыкалық комедиясындағы Айман рөлінен бастап, опера және балет театрында Е. Г. Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын», М. Төлебаевтің «Біжан мен Сара», А. Жубанов пен Л. Хамидидің (либреттосы Әуезовтікі) «Абай» т. б. операларда түрлі партияларды орындап, әншілік-актерлік талантын танытты. Ө. «*Алғашқы әсер*» мақаласында «Ер Тарғын» операсы туралы толғана жазды: «Күләшқа-Ақжүніске келгенде, бұрын қазақ әдебиеті, қазақ сахнасы көрмеген жолбарыс тұлғалы, құбылмалы, сайқал, сегіз қырлы мүсінді көрдік. Күләш бұл рөлде өзіне де, өзеге де соншалық жат, жаңа рөлде тақ қырланған алмастай төңкеріле құбылады. Барлық мінез қылығының өрі мен ылдиы, күңгейі мен теріскейі көрушіге мастерлік әнін де, әсіресе, жарқ-жүрк еткен ойынынан да өте әдемі көрініп отырады» («Социалды Қазақстан», 1937, 17 қаңтар). Б. ұлы жазушы аударған «Ревизор» пьесасының қойылымы туралы өзінің жүрекжарды ақ тілегін арнаса, Қанабек екеуі 1937 ж. Қазақ драма театрында қойылған Ө-тің «Алма бағында» пьесасы туралы жақсы лебіздер білдірді («Социалды Қазақстан», 1937, 24 маусым). Ал Ө-тің орыс тілінде қойылған «Түнгі сарын» пьесасын жұртшылық сүйсіне көретін дәрежеге жеткізе орындады. («Қазақ әдебиеті», 1937, 15 наурыз).

*З. Қоспақов.*

**БАЙСЕРКЕНОВ** Маман (1937 ж. т.), актер, режиссер, ұстаз. Құрманғазы атындағы Алматы мемле-

кеттік консерваториясының актерлік бөлімін бітірген (1961). Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1970). Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты. Атырау, Қызылорда, Жамбыл, Алматы театрларында еңбек етті. Ө-тің «Қобыланды» пьесасын Қызылорда театрында қойып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Б. шығармашылық қызметпен де шұғылдананды. Ал «Абылайдың үш аманаты» деген пьесасын М. Әуезов атындағы театрда өзі қойды.

**БАЙСЕРКЕ** Жетішұлы (1841–1906), күйші, композитор. Қалыптасып күйшілік өнердің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол Шу алабында өскен, ел аралап күй тартуды кәсіп еткен, тартқан күйлерінің тарихын, шығу тегін сөзбен әңгімелеп отырған. «Ат ойын», «Жекпе-жек», «Жетпіс бұтақ», «Сылқылдақ», «Қоңыр», «Қалипа-Қалыш», «Тұл қатын», «Келіншек», «Төрт қарға», «Ұран күй» сияқты күйлері заманында кеңінен мәлім болды. Оны кейін көптеген күйшілер орындап, елге белгілі етті. А. Жубанов өзінің зерттеулерінде сөз етсе, Ө. те ауыз әдебиетке қатысты жазбаларында әншілік, күйшілік, жыршылыққа халықтық асыл мұра ретінде қарап, толып жатқан күйшілердің қатарында Б-ге де көңіл аударған.

**БАЙТАНАЕВ** Әбіш (1910–1993), әдебиет зерттеуші, аудармашы, педагог. Филология ғылымының докторы (1976), профессор (1977). Қазақ КСР жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері (1971). «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік поэтикасы, ерекшеліктері туралы «Шын шеберлік» монографиясы (1969) және «Абай жолы» айшықтары атты кітабы (1995) жарық көрді. Б. ұлы жазушының шығармашылығы жөнінде ондаған мақала, еңбектер жазды. 1959–1961 ж. Ө. Оңтүстік Қазақстанға келген сапарында облысты бірге аралаған.

*К. Сыздықов.*

**БАЙТАНАЕВ** Болат Әбішұлы (1944–1998), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1994) профессор. Шығармаларын орыс тілінде жазды. Ғылыми еңбектері әдебиеттану мәселелеріне арналған. «Жанрдың төркіні» кітабында (1987) Ө-тің «Қорғансыздың күні», «Көксерек» әңгімелерінің жанрлық ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан талдады. «Қазақ романының көркемдік құрылымындағы поэтикалық дәстүрлер» атты монографиясында (1994) «Абай жолы» эпопеясындағы ауыз әдебиеті дәстүрлері мен ауызекі әңгімелеу үрдістері кеңінен баяндалған.

*К. Сыздықов.*

**БАЙТАСОВ** Абдолла (1901 – ө. ж. б.), журналист, қоғам қайраткері. Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген (1917), Орта Азия мемлекеттік университетінің Шығыстану факультетінде оқыған (1924–27). Алаш қозғалысын қолдап, Қазақ комитеттерін құруға қатысқан. Петропавлдағы «Бостандық туы» газетінде (1921–23), Ташкенттегі жұмысшы факультетінде, Қазақ халық ағарту институтында қызмет еткен (1923). «Ақ жол» газетінің редакциясында ғылым мен техника бөлімін басқарған (1928). «Алқа» әдеби ұйымын құруға қатысқан. 1929 ж. қуғын-сүргін кезінде тұтқындалып, 1930 ж. 4 сәуірде Ресейдегі Архангельск қаласына жер аударылған, сонда қаза тапқан. «Жас алаш», «Жас қайрат», «Еңбекші қазақ» газеттерінде сол замандағы көкейкесті мәселелер туралы көптеген мақалалары жарияланған. Ташкентте жүргенде Ө-мен танысып, тығыз қарым-қатынаста болған, өмірге қоғамға көзқарастары ұштасып, бір пікірді ұстанған.





М. Әуезов пен Н. Байтеміров Ыстықкөлде. 1960.

Болашақ жазушымен Қызылордада бірге түскен суреті сақталған (1926).

**БАЙТЕМІРОВ** Насирдин (1916 ж. т.), қырғыз жазушысы. Балаларға арналған «Ертегілер» кітабы 1948 ж. жарық көрді. Бұдан кейін «Азамат» повесі (1948), «Салтанат» (1949), «Соңғы патрон» (1955), «Жұлдызым» (1958), «Тарих ескерткіші» (1966), «Санта» (1970), «Өмір елегі» (1972) романдары т. б. жарияланды. Ө-ті 30-жылдардың соңынан бастап білген. Әр түрлі жиындарда, конференциялар мен съездерде, Бішкек пен Алматыда ұлы жазушымен кездесіп, ой-пікір алмасып жүрген. Бұл туралы қолжазба естелігінде жазған (№642-папка, 1–4-беттер) және Мұхаңа «Көлде жүрөт» деген ұзақ өлең арнаған. Б-тің көптеген кітаптары Ө-тің кітапханасында сақталған, солардың біразына автор қолтаңба жазып сыйлаған.

**БАЙТОҒАЕВА** Гүлбараш (1928 ж.т.), педагог, ғалым. ҚазМУ-дың филология факультетін (1949), ҰҒА-ның аспирантурасын (1957) бітірген. Филология ғылымының кандидаты (1959), доцент (1963). «Қазақ тіліндегі күрделі анықтауыш сөйлемдер» (1962), «Қазақ және орыс тілдеріндегі күрделі сөйлемдерде салаластырудың сабақтастарға ауысуы» (1968) т.б. ғылыми еңбектері жарық көрді. «Есте жүрген естелік» («Егемен Қазақстан», 29 маусым, 1996), «Ұмытылмас ұшырасулар» (сонда, 24 қыркүйек, 1996), «Жадымда жүрген жаңғырық» (сонда, 25 қыркүйек, 1996), «Ұлы ұстаз шапағаты» (сонда, 19 қараша, 1996), «Ұлы ұстазбен ақырғы ұшырасу» (сонда, 10 қыркүйек, 1997), «Мұхаңның мұражайы осылай ашылған» («Жас алаш», 15 наурыз, 1997) т.б. мақалаларында Ө-тің өмір кезеңдерінен елес беріп, оның төңірегінде адамдармен қарым-қатынасы, адамгершілігі, білімпаздығы, жүрегінің кіршіксіз тазалығы сияқты асыл қасиеттері туралы өз пайымдауларын баяндаған. Б-ның осындай естеліктері «Біз және біздің замандастар» атты кітабында қайта жарияланды (А., 2001, 16–59-беттер).

*Н. Оспантегі.*

**БАЙТҰРСЫНОВ** Ахмет (1873–1938), ақын, түркітанушы, әдебиет зерттеуші, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882–84 ж. әуелі көзі қаракты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886–1891 ж. Торғай қаласындағы екі

класты орысша-қазақша училищеде, 1891–95 ж. Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады. 1895 жылдың 1 мамырынан бастап мұғалім болады: Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күйбеңіне араласады, әділет үшін күреседі, жуандарға, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылдық саясатын айыптайды. Бостандық аңсаған, күреске шақырған өлеңдер жазады. Ақыры Қазақстанда тұру ұқыынан айрылғандықтан, 1910 ж. 21 ақпанда түрмеден шығып, наурыз айында Орынбор қаласына келеді. Бұдан кейін Б-тың өмірінде ең күрделі, қызықты, қажырлы кезеңдер басталады. 1913–18 ж. арасында «Қазақ» газетінде редактор болып, орасан зор әлеуметтік-тарихи қызмет атқарады, халық өмірінің сан алуан көкейтесті мәселелерін көтереді, елді прогреске, өнер-білімге үндейді. Алаш қозғалысы тұсында (1917–19 жылдың басы) Б. жаңа өткел, соны өріс іздейді. Азапты толғаныс, өзгерту эволюциясынан өтіп барып, 1919 жылдың наурыз айында бұрынғы ұлт интеллигенциясының көптеген өкілдерін өзімен бірге алып, кеңес өкіметі жағына өтеді – Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитеттің мүшесі ретінде оның жұмысына белсене араласады. Республика оқу халық комиссары, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі (1920–26 ж.), Қазақстан Академиялық орталығының жетекшісі, Ташкент, Алматы жоғары оқу орындарында профессор болады, сөйтіп жаңа заман үшін күреске түседі. Адамгершілік нормалар бұзылып, сталинизм қылышынан қан тамған кезеңде Б. әуелі 1929 ж. бір ұсталып, абақтыға қамалады, лагерь тепкісінде ұзақ азап көріп, 1936 ж. қайтып келеді, бірақ 1937 ж. тағы да репрессияға ұшырап, 1938 ж. атылады. Ұлы жүректің ауыр тағдыры осындай.

Өз уақытының қилы құбылыстарын бағалауға, болашақ алыс өрістерді көруге келгенде жас Ө-тің даналығына таң қалмасқа болмайды. Алмағайып ағыстарға малтығып, қалың тұманда адаспай, Б-тың тарихындағы орнына қатысты дәл бүгінгі күннен үндес, қайта құру рухына орайлас пікір-тұжырымды қалай тауып айтқан десенші. Ол: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытқанда да тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды» деп жазған («Ақжол», 1923, 4 ақпан). Б-тың қазақша өліпке жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін халқымыздың бейнелі ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топтарымыздан табуы, оларға тұңғыш анықтама беруі, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығаруы – ұлан ғайыр еңбек. Кезінде Ө. ауызға алған, қазір кейбір зерттеушілер айтып жүрген «Мәдениет тарихы» деген еңбегі болған. Б. жинап, реттеп, сұрыптап бастырған екінші фольклорлық мұра – 1926 ж. Мәскеуде жарияланған «23 жоқтау». Қазақ тарихының 400 жылдық мерзімін қамтитын 23 жоқтау, қайғы-қасірет жылдары берілген. Бұлардың ішінде Бапай батыр, Қаз дауысты Қазыбек би, бірнеше

тарихи тұлғалар бар, түсініктемелердегі деректері дәлелді. Б-тың ғылым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындап беретін күрделі, толымды, жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 ж. «Әдебиет танытқыш» («Теория словестности») деген атпен басылған. Араға екі-үш жыл салып, авторы ұсталып кеткен соң бұл еңбек көпшілік арасына мол тарап үлгермеді. Бірақ қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған.

Б. өз шығармаларымен, әлеуметтік қызметімен, күрес өнегесімен Ө-ке, оның буынына ерекше ықпал жасаған киелі тұлға болды. Ө. «Ахаңның елу жылдық тойы» деп аталатын макаласында: «Ахаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері біздің де есімізде. Ахаңның қазақ оқушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманан бір ой ұзағамыз жоқ. Қаламынан туған өсиет-үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы үкіметтік әр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға сіңірген пікірі әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп, Б-тың шығармашылық және қайраткерлік қызметіне аса зор әрі әділ баға берген.

*Р. Нұрғали.*

**БАЙУЗАҚ** (т.-ө. ж. б.), Абайдың замандасы. Тобықтының Бөкең деген руынан тарайды. Абай онымен жақсы сыйлас болған. «Қыздарға» деген өлеңінде мынадай жолдар бар: «Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бөкең» деп, олардың алып-жұлып кетер істерімен шаруасы жоқ, адал, момындығын меңзейді. Б. – сол қыздардың ағасы. Кейін Абаймен құдандалы болып кеткендігі Мінәш Әрхамқызының: «Атам Оразымбет пен енем Үмітей өжемді (Көкітайдың екінші әйелі Биби) құшақ жая қарсы алды. Анық білетінім, біздің үй мен осы Байұзақ би баба шаңырағымен бұрын да құдандалы, сыйлас адамдар екен. Өжем ескілік салтты өте қатаң сақтайтын иманжүзді адам еді» деп еске алуынан көрінеді («*Мұхтар Әуезов туралы естеліктер*», 1997, 201–202-беттер).

**БАЙЫРМАНОВ** Хасен (1905–1986), актер, өнші. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1944). 1930 ж. Қазақ драма театрына қабылданып, Ө-тің «Еңлік – Кебегінде» Жапалдың, Ж. Шаниннің «Шахтасы» мен «Торсықбайында» Жалшының рөлдерін ойнап, актерлік өнерге бейімділігін танытты. 1934 ж. ашылған Семей театрында өмірінің соңына дейін еңбек етіп, көптеген сахналық бейнелер жасады. Мұнда Ө-тің пьесалары бойынша қойылған спектакльдердің барлығына қатысып, мырзасын жанын салып мақтайтын Жантқы («*Айман – Шолпан*»), майталман би Қараманде («Еңлік – Кебек»), Төлеген («Қыз Жібек»), Қонқай («Ақан сері – Ақтоқты»), Қарабай («Қозы Көрпеш – Баян сұлу») рөлдерін т. б. ойнады. Халық әндерін орындауда өзіне тән ерекшелігімен танылды. Иса Байзақовтың «Желдірмесін» келістіріп орындаған.

*Б. Құндақбайұлы.*

**БАКУ**, Әзірбайжан Республикасының астанасы, ірі өнеркәсібі бар, ғылыми және мәдени орталық. Каспий теңізінің батыс жағалауында, Апшерон түбегінің оңтүстігінде орналасқан. Мұхаж Б-де бірнеше рет болды. 1947 ж. Низамидің 800 жылды-

ғын Әзірбайжан Ғылым академиясы, Жазушылар одағы Әзірбайжан халқының, әдебиеті мен мәдениетінің тойы ретінде өткізді. Тойға Қазақстаннан Ө. қатысты. Жазушының сөйлеген сөзі «Азербайжан муәллими» (26.9.1947) газетінде «Совет халқларының ифтихары» деген атпен басылды. Мерекеге байланысты түсірілген «Халық жыршысы» атты кинотаспаның көшірмесі Ө. мұражайының қорында сақтаулы. 1954 ж. 15 сәуірде Әзірбайжан Жазушылар одағының съезіне шақырылған делегаттардың ішінде К. Симонов, П. Антокольский, М. Танк, Ө. болды. Жазушының кітапханасында Әзірбайжан жазушыларының еңбектері, Низами шығармалары бар.



*А. Байтұрсынұв.*

*Р. Досымбекова.*  
**БАҚАНАС**, Шыңғыс тауының «Сырт» деп аталатын батыс оңтүстік беткейінен бастау алатын өзен. Қар қалың түскен жылдары Байқошқар өзенімен қосылып Балқаш көліне құяды. Көбінесе Емілтаудың құрдымына сіңіп, қаққа айналады. Жағасы – жартасты, талды, шілкті, қияқты, сарғалдақты болып келеді. Тобықты елінің жайлауы. Ө. өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясында Б. өзенінің жылдың төрт мезгіліндегі көріністерін барынша әсерлі бейнелеп жазған. Ө. 1922–24 ж. Б. өзеніне бөгет жасатып, тұран арқылы оның суын жазыққа шығартып, егін салдырған. Оған Әрхам Ысқақов пен Бердеш Әзімбаев жетекшілік еткен. Бұл оқиға жазушының «Үш күн» атты өңімесіне арқау болды.

**БАҚАНАС КАНАЛЫ** (Мұхтар каналы), суландыру арығы. Шыңғыс тауының теріскейіндегі Бақанас өзенінің бойынан 1922–24 ж. қазылған. Ұзындығы – 12 км. 1922 ж. сәуір айының 2-жартысында сол кезде Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің саяси хатшысы қызметінде істеп жүрген Ө. Семей облысына төтенше өкілетті әкім болып келді. Қазақ қызметкерлерінен кеңес мекемелеріне тарту, несие-қарыз кооперативтерін құрып, жергілікті халықты кәсіпшілікке үйрету, егін салуға бойсындыру мәселелері бойынша ел арасына үгіт-насихат жүргізді. Сол жылы туған еліне барып, егін шаруашылығының қандай тиімді екендігіне көздерін жеткізді. Сөйтіп Семей губерниялық жер бөлімінің бастығы И. Өлінгеге поселка салуға жәрдемдес, үкіметтің заңы бойынша берілетін көмек-жәрдемді бер деп хат жазды. Ө-тің өзі қаладан су техникін шақырып, каналдың орнын анықтатты. 70 адамнан құрылған кооператив мүшелері 12 шақырымдық каналды үш айда қазып бітірді. Несие қаражатпен қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде Шыңғыс өңірі астыққа деген мұқтаждықтан құтылды. Канал 1927 жылғы жаппай тәркілеу науқанына дейін үзбей жұмыс істеді. Арықты ұзын арнасы мен тоспа қойған бөгетінің аңғары қазірге дейін шаруашылықтың қадесіне жарап келеді. Жергілікті халық оны «Мұхтар каналы» деп атайды.

*Т. Жұртбай*

**БАҚБЕРГЕНОВ** Сәуірбек (1920–1997), жазушы, аудармашы. Қазақстанның халық жазушысы (1996). «Талғат» (1950), «Менің досым» (1953), «Алтын күрек» (1958), «Алтынкемелден асқанда» (1961), «Ақбоз атты ару» (1986) повестерінде, «Қайран шешем» (1963), «Қарға тамған қан» (1967), «Қан тозақ» (1984), «Берте Шыңғыс ханның жұбайы»

(1986) т. б. романдарында соғыс пен бейбітшілікті, тарихи адамдардың өмірін, жасампаз еңбекті, дәуір тынысын суреттеді. «Ақын туралы постановка» атты мақаласында Ө-тің «Абай» трагедиясының сахнада сәтті қойылуы, шығарманың шымырлығы туралы сыр бөліскен («Социалистік Қазақстан», 1950, 11 қаңтар).

**БАҚСАЙЫС**, Бақшайыш (8 ғ-дың соңында), сопылық ағымының ірі өкілі, Ө-тің арғы аталарының бірі. Б-тың шыққан тегі араб халифатының төртінші халифы Өзірет Өлінің баласы Мұхаметханафияға барып тіреледі. Қожа Ахмет Йасауи атынд. халықар. қазақ-түрік үн-ті жанындағы тарих және этнофиология ғылыми-зерттеу орталығының қолжазба қорында Созақ ауд-нан табылып сақталып келе жатқан «Темірнама» деп аталатын қолжазбада Ферғана мен Құжантағы шейх Камаладдиннің баласы Насреддин еді деген дерек-мағлұмат беріледі. Осы Насреддиннің Сайд ата қойған лақап аты «Бақсайыс» еді деп беріледі. Сайд ата Б-ты жеті жасында Дешті Қыпшаққа халифа әрі бір етіп тағайындайды. Осы себепті Дешті Қыпшақтың хаы Б-ты Қысырау деген кісінің қызына үйлендіреді. Б. Сайд атаның шәкірті. Сайд атаның өзі Айқожа ишанның (лақап аты Зәңгі ата) шәкірті, Зәңгі ата С. Бақырғанидың (Хакім ата) шәкірті. С. Бақырғанидың өзі Қожа Ахмет Йасауи хазіреттің шәкірті болатын. Ө. Диваевтың «Өзбектер тегінің шығуы жөнінде аңыз» деп аталатын зерттеу еңбегінде: «Бақшайыш ата қыпшақ руынан» еді деп мағлұмат беретін бар. Бұл дерек Сайд атаның Б-ты Дешті Қыпшаққа бір сайлады деген пікірімен сабақтасып жататын жақтары да бар. Ал 8 ғ-да араб тіліндегі нұсқадан түрік тіліне аударған Йасауидің ағасы Садыр шайхтың немересі Сафи ад-Дин Орын Қойлақядан қалған қолжазба «Насабнама» деп аталады. Осы қолжазба 1992 ж. жеке кітап болып, Түркістан қ-ндағы «Мұра» баспасынан басылым көрді. Осы аталмыш кітапта да Бақсайыс (Бақшайыш) Садыр шаһтың шебересі еді деп көрсетіледі.

*М. Мырзахметұлы.*

**БАҚСЫ САРЫНЫ**, наным-сенімге байланысты өлең. Ерте кезде бақсылар («бақсы» – монғолша «ұстаз» деген сөз) ауырған адамды, малды емдегенде немесе жауын шақырғанда қобызға не асатаяққа даусын қосып, сарын айтқан. Ө. «*Әдебиет тарихы*» деген зерттеуінде: «Бақсының сарынында сөз қуаты ерекше күй алғандай болады. Сөздерінің бірімен бірінде байланыс аз болса да, әрбіреуі кезек-кезек болып, түйдектеліп түсіп отырады. Сипат сөзінің барлығындағы салыстырылған суретті қайдағы қиыннан, жат жерден, ойда жоқ белгісізден алады» деп, Б. с-на тамаша сипаттама берген. Жамансарт, Берікбай бақсылардың сарынынан үзінділер келтіріп, бертін келе Б. с-ның жоғала бастағанын, бақсылықтың ескі діннің сарқыншағы екенін айтқан. Бірақ автордың: «Бұрынғы кездегі бақсы көмескіні болжайтын сәуегейлігіне қарап, өз дінінің пайғамбар әулиесі сияқты құдайлармен жасырын елшілер арқылы жалғасады, тіл алады деген сеніс болған. Бері келгенде, ел сол емшінің бәрін бекер дей алмаған» деуіне қарағанда, бақсылық Б. с. дұрыстық, шындық жолына қайшы келмейтінін аңғартады.

*Н. Осантери.*

**«БАҚТАЖАР»**, қисса. Тәжік-парсы әдебиеті арқылы тараған, оны Ө. зерттеген, «Абай жолы» романында пайдаланған. Эпопеяның жиілік сөздігінде «Бақтажар» деген атау бес рет көрсетілген. Ро-

манның «Биікте» деген тарауында («Татьянаның қырдағы әні») көп оқыған, ізденгіш, ұдайы араб, парсы хикаяларын «жадына жиған» жас Ырсайдың Ысқағы туралы мынадай жолдар бар: «Өзі білмеген «Жәмшит», «Қаһарман Қатран», «Рүстем дастан», «Бақтажар», «Мың бір түн», «Көр ұғлы сұлтан» әңгімелері жоқ деуге болады».

*Б. Мекшіев.*

**БАҚТЫГЕРЕЕВ** Мұхтар (1933–1999), актер. ҚР халық артисі (1993), Алматы театр училищесін бітірген (1954). Ол жасаған сахналық бейнелердің ішінде – Асанбай (Ш. Хұсайыновтың «Біздің Ғайни»), Нұри (Назым Хикметтің «Өпендесінде»), Фафур (Х. Н. Хамзаның «Бай мен кедейінде»), Осман (Р. Ғамазатовтың «Тау қызында»), Дәруіш (М. Кәрімнің «Ай тұтылған түнінде»), Король (У. Шекспирдің «Гамлетінде»), Науаи (Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысында») актердің шығармалық ізденістерінің табысы. Б. сомдаған Құнанбай (Ө-тің романы бойынша Ш. Айманов жазған «Жас Абай»), Доғал (Ө-тің «Алуасында», Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы, 1984) бейнелері актерлік өнердегі биік жетістіктер болып табылады.

*Б. Құндақбаев.*

**БАҚЫРҒАНИ** Сүлеймен, Х а к і м а т а (1125–1186), ақын, ғалым. А. Йасауидің төрт шәкіртінің бірі. Үш жасынан бастап әкесі Шащылған атадан білім алады. 7 жасында әкесі Сүлейменді Қожа Ахмет Йасауидің тәрбиесіне береді. 20 жылдан кейін Үргенішке барып, ілім-білім үйренеді. Сонда Боғра ханның Өнуар ана деген қызына үйленеді. Б-дың қыпшақ тілінде жазылған «Бақырғани» өлеңдер жинағы 1846 жылдан бастап отыз шақты рет жарық көрді. «Хакім ата», «Ақырзаман», «Биби Мәрия кітабы» дін мен сопылықты, салт-сана мен әдет-ғұрыпты баяндайды. Ө. «*Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)*» монографиясында Абайдың Б. жырлаған сопылық поэзиясына еліктемей, реалистік бағытты таңдағанын жазады.

*З. Жаңдарбеков.*

**БАЛАҒАЗ** Қауменұлы (т.-ө. ж. б.), «Абай жолында» суреттелген Базаралының ағасы. Бұның да батырға лайық іс-қимылдарымен аты шыққан. Тоқпамбет, Мұсақұл қақтығыстары кезінде ерекше ерлігімен оның аты шығады. Бұларды жазушы романында жеткізе суреттесе, ел аузынан жинаған деректерде былай айтылады: «Жігітек пен Ай-дос жанжалы. «Балағазға кім шығаді» дейді Қажы. Сонда Тұрсынбай «мен шығам» дейді. Әуелі Айдостар аттарын қуып алысады. Тұрсынбай, Б. жаяу балта ұстасып жүгіріседі. Бұл оқиға Бөжей қыстауының үстінде, Тоқпамбет жанында болады» (№ 29-папка, 271-бет). Романда Қараша баласы Абылғазы мен Б-дың бай ауылдардың жылқысын ұрлағаны, содан Құнанбайдың анду салуымен ұсталғаны, жер аударылғаны көрсетіледі. Сөйтіп ұрлыққа қатыскандар тобы жер аударылып, Абылғазы, артынан Әділхан қашып құтылады да, Б. сол кеткеннен қайтып оралмайды.

**БАЛАҚАЕВ** Мәулен (1907–1996), тіл білімі маманы. Филология ғылымының докторы (1951), профессор (1952), Қазақстан ҒА-ның корреспондент мүшесі (1958), ҚазКСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1968). Қазақ тілі тарихы мен стилистикасы, тіл мәдениеті туралы ойлары қазақ тіл білімі

ғылымында ерекше орын алады. Б-тың кейбір ой, танымдары туралы Ә. арнайы мақалалар жазды. Олар: «Қазақстаның әдеби тілі туралы» («Әдебиет және искусство», 1951, № 4), «Қазақ әдеби тілінің кейбір мәселелері жайында» («Коммунист», 1951, №3), «Көркем әдебиеттің тілі туралы» («Социалистік Қазақстан», 1954, 27 ақпан).

*Н. Ақбай.*

«БАЛАЛАРҒА АРНАП ЖАЗА БЕРЕМІЗ» («Будем писать для детей»), жазушының мақаласы. «Ленинская смена» газетінде 1940 ж. 20 қаңтарда «Қазақстанда балалар әдебиетінің тууы» айдарымен жарияланды. Мақалада Ә. оқырмандар мен жасөспірімдерден балаларға арнап кітап жазуды өтінген хаттардың көп келетінін айта келіп, бұл салада шығармалар тудыру оңай іс емес екеніне айрықша назар аударады. Ол өзінің негізінен екі жанрда – драматургия және проза саласында еңбек ететінін атап көрсетеді. Балаларға кітап жазу үшін жазушыға баланың ой-өрісіне сәйкес ойлай білу, тартымды тіл, бала қабылетіне сай, оны қызықтырап тақырып таба білу талаптары қойылатынын ескертеді. Балалар әдебиетінің стилі мен тақырыбы ғана емес, оның мазмұны жеңіл әрі қызықты шығып, оқырманның бойына адамгершілік, ізгі қасиеттерді еге білетін тәлімгер ұстаз, сенімді дос болуы да аса қажет. Егер бала қиялындағы жеке тұлғаны сомдауға қызмет ете алса ғана, балаларға арналған кітап өзінің негізгі мақсатына жете алады дейді автор. Ол балаларға арналған пьеса жайында ой толғап, Қазақстанда жастар мен балаларға арналған театрдың жоқтығына қынжылыс, өкініш білдіреді. Мақала соңында автор болашақта Қазақстанда балалар мен жасөспірімдер үшін әдебиет пен мәдениет саласында көптеген игі істер атқарылатынына зор сенім білдіреді.

*Б. Мамыраев.*

**БАЛАСАҒҰНИ** Жүсіп (1019–1070), түркі халықтарына ортақ ақын, ғалым. Хас Хахыб (нағыз дана, ғұлама) деген қосымша атақ ие болған. Ол Қарахан мемлекетінің астанасы Баласағұнда дүниеге келді. Жас кезінде хан сарайында өлең айтып, күй тартып, қызмет көрсеткен. Сөйтп жүріп білімге құнығады, жаратылыстану, қоғамдық ғылымдардан мол мағлұмат алады. Осының барлығы оның кітабы «Құтадғу біліктен» молынан сезіледі. «Құт әкелетін білім» деген мағынаны беретін бұл кітап сол замандардағы түркі тілдес халықтардың қоғамдық ой-санасының қандай екендігінен толық хабардар етеді. Адамгершілік қасиеттерді, өз заманына лайық таным-тұрғыны көркем баяндайды. Мемлекет басқару мен әскери істерді, басқа да елдік жай-күйлерді өлеңмен толғап жеткізген философиялық толғаныс түріндегі бұл шығармада кейіпкерлердің бақыт, ақыл, сана, әділет жөніндегі ойлары диалог түрінде беріледі. Бұл кітаппен Абай жақсы таныс болған, оның көп ойлары мұнымен тақырласып жатады. «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма өрнеге» деген өлеңдерінен осыны байқау қиын емес. Толық адам, мұлахаза, хахим, пенделіктің көмалаттығы сияқты ұғымдар да үндестікті, байланыстып жатқан төркіндікті танытады. Ал Ә. Шығыстың мұраларына зер салғанда, көз алдында үнемі Абайдың оларға қандай жолмен барғаны, қаншалықты игергендігі және қандай деңгейге көтергендігі тұрады. Осылардың біріне

Баласағұндың осы құт дарытар кітабын жатқызды. Бұл шығарманың аты Орта Азия халықтарының әдебиеті бағдарламасын жасағандағы және басқа да оқып-ізденгендегі жазбаларынан кездеседі. «Үш арыс» деген мақаласында ұлы жазушы Ә. Науай, Ж. Баласағұни, Тоқылықтың өмірі мен заманы, бүгінгі рухани ахуал туралы ой толғаған («Білім және еңбек», 1987, №5, 36–43-беттер).

**БАЛҚЫБЕК СИЯЗЫ**, тетешке съезд. «Абай жолында» («Тарауда» бөлімі) бұл ақынның білік құрған съезі ретінде көрінеді және оның Дөркембай, Дәндібай бастаған кедей жатақтарға өз ағайын-туғандарынан есе өперіп, айып төлеткендігі, жолсыз ісі үшін жазаланғалы тұрған жерінен Көкбайды құтқарып алғандығы, «Салика қыз дауы» атанған оқиға түйінін шешкендігі суреттеледі. Бәріне келіскен Керей, Сыбан Салика қыз дауына Асылбектің білік айтуын қаламады. Ағайынның жаласына қалам деп, бұдан Асылбектің өзі де бас тартады. Ақыры келіп, екі жағы да Абайдың білік айтуына тоқтайды. Абай қыздың өзімен сөйлесіп, ойын білмек болғанда, ол Балқыбек пен Бақанастың қара суларының тұңғиығына батып өлуге бар, ал өменгерлік жолмен алмақ болып отырған Сабатар шалға баруға жоқ екенін көрген ақын қызға теңдік әпереді. Осы үшін дос боп жүрген Жириңше, Оразбайлар одан айрылысып кетеді.

*Т. Әкім.*

**«БАЛНИЯЗ»**, поляк композиторы М. Огинскийдің «Полонез» атты музыкалық шығармасы. 1831–33 ж. ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан поляк күрескерлерінің біразы Семей қаласына жер аударылды. Абай саяси бас еркінен айырылған поляктардың бас қосуларына жиі барып тұрды. Соның ішінде П. Михаэлиспен дос болды. Түрлі кештерде Еуропа композиторларының музыкалары орындалады. Абай өзінің балалары Мағауияны, Ақылбайды, қызы Күләндамды, скрипкашысы Мұқаны өнер үйрену үшін Семейге жібереді. Қырға қайтқанда, Огинскийдің «Полонезін» – «Балнияз», В. Моцар்த்தың «Рондосын» – «Ренді», «Түрік маршын» – «Түрік шеруі» деп домбыра, мандолин, скрипкаға қосып тартатын болған. Ол туралы Ә. «Абай жолы» роман-эпопеясының 2–3 кітаптарында суреттеп жазған, сондай-ақ «Абайтану мәселелері» (20 томдық шығармалар жинағы, 15-т., 126–226-беттер) атты зерттеулер топтамасындағы Ә. Ысқақовтың естелігінде айтылады.

*С. Жұртбай.*

**БАЛЛАДА**, өлең жанры; шағын сюжетті лирика. Онда ақын өзінің көңіл күйін, толғанысын, оларды туғызған себептерді суреттейді. Мазмұны көбіне тарихи шындық, өткір фантастика, ерлік әрекет түрінде келеді. Мысалы, Англияда Робин Гуд туралы балладалар кеңінен тараған. Қазақ кеңес әдебиетінде Қ. Жармағамбетов балладаның кейбір нұсқаларын дамытып, қалыптастырды. Абай Құнанбаевтың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңі «етімді шал сипаған құрт жесін деп», жартастан құлап өлген қыздың ерлігінен басталады да, одан әрі әлеуметтік теңсіздік – қыз бен шалдың тең еместігі жырланады, қорлық-зорлық, әділетсіздік сыналады. Ә. өзінің «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында «шалға тигісі келмеген жас сұлудың трагедиясын қысқа баллада тәрізді баян етеді» деп, бұл өлеңді Б. түріне жатқызған.

*Р. Бердібай.*

**БАЛТА** Бұқарбекұлы (т.-ө. ж. б.), ақын, 19 ғасырда Семей облысының Абыралы өңірінде өмір сүрген.

Әдебиетте Қаракесек Шаншар дегеннің асында Шөжемен кездескендегі айтысы арқылы белгілі. Тобықтының аға сұлтаны Құнанбайды, Арғын билері Алшынбайды, Жолшораларды мақтап өлең айтқан. Дәстүрлі әдебиеттану еңбектерінде Б-ға үстем тап өкілдеріне жағынып өлең айтты деген кінә қойылады. Б-ның негізгі айтысы – Шөжемен айтысқаны. Алғаш С. Сейфуллин құрастырған «Қазақ әдебиетінің ескі нұсқалары» кітабына (1933, Қызылорда), кейін «Ақын жырлары» (1958), «Айтыс» (1964, 1-том) жинақтарына енді. Ө. 3 томдық «Айтыс» жинағына жазған алғы сөз-мақаласында Шөже мен Б. айтысына арнайы тоқталған. Бір жиында Шөжеге Кемпірбай, Тезекбай, Қалдыбай, Жамшыбайлар жабылып, Шөженің соқырлығын айтса да, жеңіліп қалады. Алшынбай мен Құнанбайдың таз, соқырлығын айтып салғанда, олар айтысқа Б-ны қосқан. Ө. «Таықпен Шөжеден төндік ала алмайтынын сезген Құнанбай мен Алшынбай: «Мұны сөзбен тұқыртайтық» деген оймен Балта ақыңды шақырып алып айтыстырады. Ашынып отырған Шөже Балтаға да есе бермейді» дейді. Ө. айтыс ақыны ретінде Б-ны онша жоғары бағаламайды. Осы пікірді көп томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томының 1-кітабындағы «Айтыс» тарауының «Ақындар айтысы» бөлімінде де қайталайды.

**БАЛТАБАЕВ** Мұрат Хамитұлы (1940 ж. т.), ғалым, педагог, композитор, ақын. Мәскеу мәдениет институтын бітірген (1966). Педагогика ғылымының докторы (1994), профессор (1992). Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Халықаралық әкмуэология ғылымдары академиясының толық мүшесі (1995). Негізгі ғылыми еңбектері қазақтың дәстүрлік көркем мәдениеті мәселелеріне арналған. «Өсем саз әліппесі» (1992), «Білім беру жүйесіндегі қазақтың дәстүрлік мәдениеті» (1994), «Қазақстанның қазіргі көркем мәдениеті» (1998), «Педагогикалық мәдениеттану» (2003) атты монографияларында халық мәдени мұрасы, сонымен бірге ауызша мәдениетіміз жайында Ө. айтқан ой-пікірлерге жүгініс жасап, мысалдар келтірген, өз тұжырымдарын баяндаған.

*Н. Ақбай.*

**БАЛТАҚАЙ** Толғамбаев (1901–1973), жазушының досы. Ө-пен жас кезінен таныс, ауылдары көрші болған. 1919 ж. жаз айында ақгвардияшылар мен қызыл әскерлер қазақ ауылдарын кезек-кезек қырығна ұшыратып, күйзелген тұста Ө. елді орынсыз қырғыннан құтқару үшін, қызылдың екі барлаушысына жол бастатып, Семейге Б-ды жұмсап жібереді. Ауылға қайтпай, жұмысқа орналасып қалуды тапсырады. Содан 1922 жылдың күзіне дейін Семей қаласында мектептің күзетшісі болып орналасады, қосымша дәріс алады. 1924 ж. жаз айында Б. Шыңғыстың сыртындағы жайлауға Ө-ті ертіп барады. Мұхтар кооперативтік серіктестікті ашады. 107 шаңқар Бақанастың бойына көшіп барып, тоған қазып еркін салады. Сөйтіп ел аштықтың құрығынан құтылады. Кооператив 1928 ж. тәжікке ұшырап, соңы аштыққа ұласады. Ұзақ үзілістен соң Ө. 1939 ж. Шыңғыстауға сапарлап келеді. «Абай» романына керекті деректерді жиыстырады. Сол сапарда Б-дың үйінде жатып, Абайдың өмірбаянын жақсы білетін Өрхам, Исрайыл, Қатпа, Боқаш, Тілеке, Қабыш, Өлімбет, Ермұса, Мұхтар Бәшев, Жұмақұлбай, Жақып, Орзалы іспетті шөжіре адамдардың естеліктерін жазып алады. Бұдан кейін 1943, 1945, 1957 ж. Шыңғыстауға келген сапарларында да Б-дың үйінде жатқан.

Оның Манатай атты баласын 1945–46 ж. Алматыға алдырып, өз үйінде тұрғызып, оқытады. Ө. өзіне арнайы жасатқан домбырасын Б. кейін әнші Ж. Кәрменовке сыйға берген. Мұхтар мен Б-дың арасындағы достық қарым-қатынасқа өздері ғұмырдан озғанша ешқандай кіреуке түспеген. 1955 ж. Мұхаң Б-ға хат жазып, Бөрілдіге әке-шешесінің, аға-қарындасының зиратына белгі қойып, кейін тас бейіт орнатуды тапсырады. Бұл өтінішін Б. орындайды. Ал күмбіз тұрғызуға шамасы жетпейді, бірақ қорымнан белгі тұрғызады. Б. туралы Ө. өзінің «Ақын елінде», «Көрген, сезген жайлардан» атты мақалаларында ерекше айтқан. Б-дың суреті жазушының мұражай-үйінің көрмесіне қойылған.

*Т. Жұртбай.*

**БАЛУАН ШОЛАҚ** (шын аты: Н ұ р м а ғ а м б е т) Баймырзаұлы (1864–1919), палуан, әнші-өнерпаз, өнерпаз. Серілік, әншілік, палуандық атағы шыққан кезде «Балуан Шолақ» атанады. Жалғыз-жарым жүрмей, әнші-күйші, өнерлі жастарды айналасына жиып, серілік құрады, топ болып өнер көрсету оның дәстүрлі салтына айналады. «Балуан Шолақ», «Желдірме», «Дікілдек», «Көкшетау», «Қос алқа», «Қос перне», «Кенже қоңыр» сияқты әндері ел арасына кең тарайды. Әсіресе «Ғалия» көпшіліктің үнемі айтып жүретін әндердің бірі болады. Ө. Балуан Шолақ есімін Сәбит Мұқанов шығармашылығын сөз еткенде, халықтың ауыз әдебиетін зерттеген жазбаларында атайды. «Жолы кең жазушы» деген мақаласында «Балуан Шолақ» сияқты ұзақ өңгіме бұрын қазақ әдебиеті тарихында болмаған көркем қара сөздің туғанын және кең өріспен дамығанын дәлелдейді. Бір «Балуан Шолақ» болмаса, бұл шығармалардың бәрінің тақырыбы – бүгінгі совет дәуірінің тақырыбы деп пікір айтқан (20 томдық шығармалар жинағы, 18-том, 385–286-беттер).

*Н. Бауған.*

**БАЛЬЗАК** Оноре де (1799–1850), француз жазушысы. 150 томдық «Адам комедиясы» атты жүлгелі романдар жүйесін жасасақ болған. Асқан еңбек-қорлығының нәтижесінде, бұл мақсатының денін жүзеге асырды. 85 шығарма жазды, тағы да 50 туындысы аяқталмай қалды. Жазушының өзі айтқандай: «Қоғамның әдеби хатшысы» болды. Ө. Б-тың жазу мәнерін, көркемдік тәсілін, кейіпкерлер жүйесін іріктеудегі тәжірибесін үлгі тұтты. «Бальзактың өзі – бір мемлекет. Оның мемлекетінің жері де кең, адамдары да көп. Кейіпкерлері әр түрлі адамдар. Бальзак өзі құрған мемлекеттен барлығына – қарақшыларға да, қаңғыбастарға да, шаруаларға да, сарандарға да, тақуаларға да, мансапқорларға да, алыпсатарларға да, өсімқорларға да, күншілдерге де, қызғаншақтарға да орын тауып берді. Бальзактың баяндау тәсілі күрделі, оның ойы үнемі арнасына сыймай, асып-төгіліп жатады... Маған Бальзак ұнайды. Сөйлемнің етек-жеңі кең, қосарлы орамдары мол болуы керек. Бұл жазушының стилдік көркемдікке жетуіне және көңіл күйді әсерлі баяндауына мүмкіндік береді, ал мен үнемі соған жетуге ұмтыламын» деп жоғары пікір білдірген.

*М. Маданова.*

**БАЛЬХОЗИН** Игорь Борисович (1913–1988), театр суретшісі. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1966). 1934 жылдан Қазақстанда тұрды. 1934–1987 ж. Алматыдағы орыс драма театрында

суретші, бас суретші болды. 1949 ж. Қазақ драма театрында қойылған Ө. Өбішевтің «Бір семья» спектаклінің Б. жасаған декорациялық жасаулары туралы Ө.: «Суретші жасаған декорацияда ұқыпты, жинақы, көріктілік бардай, спектакльдің барлық элементтерінде осындай біркелкі, тұтас, көркем бітім бар. Бытыранды, құрама, аламыштық жоқ. Спектакльдің композициясы да пьесаның өзекті ой-сезімдерімен үнемі үндес, үйлес шыққан» деп жоғары бағалаған. Б. 1960 ж. Өуезовтің «Түнгі сарын» (Орыс драма театры) және 1979 ж. «Қарақышпақ Қобыланды» (Корей музыкалы комедия театры) спектакльдерінің декорациясын жасауда ұлттық бояуды мол қолданды. 1967 ж. Орыс драма театрында қойылған Ө. пен Л. Соболевтің «Абай» спектаклі декорациясының нобайын жасады (1966, гуашь; Қазақстан Суретшілер одағы қорының меншігі). Ол өзінің суретшілік шығармашылығы арқылы республика театр-декорация өнерінің өркендеуіне елеулі үлес қосты.

*К. Нүрпейісов.*

**БАНЗАРОВ** Доржи (1822–1855), бурят ғалымы, шығыстанушы. Филология ғылымы бойынша зерттеулер жазып, 1846 ж. «Кесалат сенім немесе монғолдардың шаман дініне сенуі» атты ғылыми еңбегін жариялады. 1955 ж. Мәскеуде шығармалар жинағы жарық көрді. Өуезов «Социалистік ұлттар әдебиеттерінің даму ерекшеліктері» деген мақаласында туысқан халықтардың ғылым-білімін ілгері апарған аяулы перзенттерін атай келіп, бурят халқының тұңғыш ғалымы әрі ағартушысы Б.-ты, «Банзардың ұлы Доржи» атты роман жазған Ч. Цыдендамбаевты ерекше дәріптеген (20 томдық шығармалар жинағы, А., 1985, 19-том, 226-бет). **БАРАҚ** (т. ж. б. – 1428), Ақ Орда ханы (1422–28), Орыс ханның немересі. Барақтың хандығы «Алтын Орда» мен «Ақ Орданың» ыдырауы тұсына тура келді. Барақтың бар ниеті «Ақ Орданың» әскериясы және аймақтық тұрғыдан қалпына келтіру және «түркі жұртының ұлы бірлігін сақтау» болды. «Сондықтанда ол замандағы елдің сүйеніші – қол бастаған батыры, ел бастаған ханы мен биі болған. Ел қиялында жүретін елдің шын қадірлі басшысы осы үш мінездің үшеуіне кім бірдей жетік болса, сол деп саналған. Сондықтан толық жақсы – әрі батыр, әрі би, әрі ел билеген хан болуы керек... Елдің елдігін сақтаған шын азаматы: «ық жағына – қала, жел жағына – пана» болған, ірге бермес еркесі болған... Түркі жұртының ескілігінде осы айтылғандар батырлар жорығын көп әңгіме қылған, көп көтеріп қызықтаған кез «Алтын Орданың» кезі... Сол кездегі ұсақ руларды құрастырып бір тілеу, бір ниетке жамастырған үлкен ұйым ұлы шеңбер, сол «Алтын Орданың бірлігі болуға лайық» деп жазды Ә. («Әдебиет тарихы», 1991, 78–79-беттер). Ө-тің пайымдауынша, тарихи жырлар осындай «ұлы оқиғалар» тұсында дүниеге келген. Барақ хан өлген соң Дешті Қыпшақты Өбілқайыр хан (1428–68) билеп, «Ақ Орда» мүлдем ыдырап, ел іргесі қазақ пен өзбек хандығы болып екіге бөлінді. Барақ ханмен бірге «Ақ Орда» да тарихтың тылсымына батты. Ө. бұл дәуірді «ұлы батырлар мен хандар, билер кезі» деп бағалады.

*Т. Жұртбай.*

**БАРАҚ** (т.-ө. ж. б.), төре. Қазақта 4 Барақтың есімі белгілі: біріншісі – Ақ Орданың ханы Барақ

(1428 ж. өлген), екіншісі – Ташкент, Сырдария аймақтарын билеген Барақ хан (Наурыз Ахмет) 1556 ж. өлген, үшіншісі – Кіші жүздің ханы Өбілмансұр, оның баласы Өбілпейіздің әйелі Кете ханымнан туған төртінші Барақ – Құнанбайдың замандасы. Оның есімі Балта т. б. біраз ақындардың жырларында кездеседі, Ө. деректерінде де жиі аталып отырады. Ермұсаның Ө-ке берген дерегінен: «Базаралы Барақты іздеп барып, күресіп жеңді» деген жолдар кездеседі. Соған қарағанда, оның да батыр пішінді мінезі болғандығы көрінеді. Оның әкесі Бопы – Найманның төресі. Ал Б. та қайындап барған кездегі қалыңдығына жолығар түні жеңгетайлық жасағандардың додасына түскенде: «Қамалдан қорықпаған жүрегім қатындардан қорықты» дегенді айтыпты (№ 28-папка). Құнанбаймен жақсы сыйлас болған, сондықтан өзін тергегенде, оны айыптайтын сөздер айтпапты.

*Т. Әкім.*

**БАРЛАС**, жазушының кейіпкері. «Абай жолының» 1942, 1948–49 жылдардағы басылымдарында Дулат атанып, 1952 жылдан бастап Барлас есіміне ауыстырылды. Оның себебін жазушы былай түсіндіреді: «Қазір екі түрлі орынды себеп, дәлел бойынша, мен Дулат атын романдан мүлде өшіремін де, оның орнына жаннан шығарылған жиын бейне ретінде суреттелетін Барлас деген ақын атын қолданамын. Бұның бірінші себебі: 1951 ж. қазақ тарихы мен қазақ әдебиеті тарихын зерттеудегі жіберілген идеялық-саясаттық өрескел қателіктер жөнінде партиялық әділ сын, қаулы-қарар туды. Осы ретте менің өзімнен де кеткен зор қателіктер болғанын партия сыны әділ, айқын ашты. Соның бір түрі осы Дулат, Шортанбай сияқты феодалдық-хандық салт-сананың жоқшыларын зиянды түрде дәріптей зерттеу болатын». Осындай жолмен кейіпкерге айналған Барлас эпопеяда бір-ақ жерде, Қодар өлімін көрген Абайдың ұзақ науқастанып жатқан кезінде осында қонақ болуымен байланысты көрінеді. Барлас пен Байкөкшені Зере мен Ұлжаннан бастап, бәрі де қуана қарсы алады. Абайдың тілегі бойынша, оларды бірнеше күн жібермей қонақ етеді. «Тағлым, үлгі – кітапта: білім, өнер – медреседе ғана деп түсінетін. Оған дастан шебері – Низами, Науаи, Физулиде; мұң нәзігі – Шайх Сағди, Қожа Хафиз, батыр жыры – Фирдоусиде көрінетін» («Абай жолы», 1997, 54-бет). Абайға бұлардың жыр-толғау, өсиет сөздері де үлкен әсер қалдырды. Абайға батасын береді. Домбырасын ұсынып: «Шындасаң шынға жетерсің» дейді.

*Т. Әкім.*

**«БАРСА КЕЛМЕС» ЕНДІ ЖОҚ** («Нет больше «Барса-Кельмес»), жазушының шағын мақаласы. 1934 ж. «Литературный Казахстан» газетінің 1 мамырдағы санында шыққан «КСР Одағының даңқты қаһармандарына бірінші мамыр сәлемі!» атты айдарында Мұзды мұхитта мұз құрсауында қалып, батып кеткен «Челюскин» кемесінің экипажы мен полярыш-ғалымдарына арналған бірнеше мақала берілген. Мақалада Ө. өзінің бала кезінен еститін «Барса келмесінің» өзіміздің Арал теңізіміздегі шағын арал екенін 1922 ж. Ташкентке барған сапарында естігенін айтып, бір кездегі қиялға жайып дүниенің қарапайым шындыққа айналғанына таңқалғанынан бастайды. Осы жайында аталған мақалада қарапайым қазақтың өгей табиғат сырын түсінбей, ұрай мен қорқынышқа бой алдырғанын айтады. Осы себептен қарапайым қазақ челюскиншілердің ерлігіне ерекше таңғалып,

күрметпен қарайтынын айтқан. Оларды құтқарған ұшқыштардың ерлігіне жоғары баға беріп, енді «Барса келмес» ұғымы мүлде жойылады деген.

*Р. Әбдіғұлов.*

**БАРУЗДИН** Сергей Алексеевич (1926–1991), орыс жазушысы. Негізінен балаларға арнап жазды. Ө-пен 1954 ж. танысқан. Содан бастап қарым-қатынас жасап, араласып тұрған. Ұлы жазушы қайтыс болғанда, жерлеуге қатысқан. «Шын суреткердің адалдығы» атты мақаласында Ө-тің зор таланты мен терең білімі, интернационалдық көзқарастары жағынан әлем әдебиетіндегі ерекше құбылыс екенін тебірене жазды («Мұхтар Әуезов және қазіргі әдебиет», А., 1989, 75–76-беттер).

**БАРХУДАРОВ** Степан Григорьевич (1894–1983), тіл білімі маманы. Филология ғылымының докторы, профессор (1932), КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1946), Лениндік сыйлықтың лауреаты (1970). «Қазіргі орыс әдеби тілінің сөздігі» (1948–65) деп аталатын 17 томдық сөздікті жасауға қатысты. Ө-тің 60 жасқа толуына байланысты бірнеше ғалымдармен бірге жеделхат жолдап, зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеген. («М. О. Ауэзову. Сборник статей к его 60-летию», А., 1959, 24-бет). Мұхтар Б-ты Ленинград университетінде оқып жүрген кезінен бастап біледі. Тіл туралы жазбаларында оның еңбектеріне көңіл аударған.

**БАРШЫНТАУ**, Өуездің күздеуі. Атамекен Бөрілідегі қыстаудан 7 шақырымдай шығыста, Қанайдың қалың қарағанының шеті. Сол Баршынтауының (негізінде төбе) алқымындағы Аяққараған деген ықтасында Мұхтар туған. Зерттеушілердің Ө-ті бірде – Баршынтауда, бірде Аяққарағанда, кейде Бөріліде туды деп жазуы сондықтан.

**«БАЙЫМТА»**, жазушының әңгімесі. Тұңғыш рет «Таң» журналының 1925 жылғы 1-санында «Қанды түн» деген атпен жарияланды. Соңына «Мұхтар» деп көл қойған. Бұдан кейін жазушының 1936, 1960 ж. жарық көрген «Қараш-Қараш» атты жинақтарында басылды. Үш басылымның арасында біршама айырмашылық бар. Оқиға желісі сол күйінде сақталып қалғанмен, 1936 жылғы басылымда әңгіме көптеген түзетулерге ұшыраған. Кейбір сөздер мен сөйлемдер стильдік тұрғыдан жөнделіп, жаңаша құрылған. Басы артық деген теңеулер мен баяндаулар алынып тасталған. Кей тұстарға жаңадан сөздер қосылған. Салыстырып қарағанда, жазушы әңгіменің алғашқы нұсқасындағы ұлттық бояулар мен байлардың психологиясын, барымтаның түпкі себептерін кеңейте суреттеген тұстарын барынша қысқартып, жалпылама бейнелеуді мақсат еткен. «Қанды түнде» дала адамдарының ерлік рухын, жылқышылардың өр тұлғасын сүйсіне баяндаған авторлық іш тарту басымырақ аңғарылса, «Б-да» Қалбағай мен Қонақайдың арасындағы қақтығысқа тапты сипат берген. Негізгі қақтығыстың себептері – екі кейдеді арандатып отырған Досбол мен Айдар байдың өзара жаулығы деген емеурін танытады. Шығарма әуел баста жазушының ұстанған көркемдік ізденісі мен ұстанған бағытына орай, Қонақай мен Қалбағай бейнелері арқылы даланың ер жүрек серілерінің – қауіп-қатерге толы тағдырын суреттеу еді. Таптық тартыс емес, тағдыр талқысы басты нысана болатын. Бұл кейінгі нұсқасындағы жаңадан қосылған қорытынды сөйлемнен анық байқалады. Әңгіме жазушының 12 томдық (1-том, 1967), 20 томдық (1-том, 1979) шығармалар жинағында, 50 томдық толық басы-

лымында (2-том, 1998) енгізілді. Өңгімені В. Дудинцев пен Н. Гордеева орыс тіліне аударды. Ол басылған Ө-тің 5 томдық шығармалар жинағының 1-томында жарияланды (М., 1973).

*Т. Жұртбай.*

**БАСКАКОВ** Николай Александрович (1905–1996), орыс тіл зерттеушісі. Филология ғылымының докторы (1950), профессор (1932). Ресейдің (1967), Түрікменстанның (1962), Қарақалпақстанның (1960) еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Финляндиядағы фин-угор қоғамының корреспондент мүшесі (1966), Германиядағы орал-алтай қоғамының (1967), Түркі лингвистикалық, Венгрия және Польша ориенталистері (1971), Ұлыбритания және Ирландия корольдігі, Азия қоғамдарының құрметті мүшесі. Негізгі еңбектері түркі тілдерінің тарихы мен теориясына арналған. Ө-пен таныс-біліс болған, үлкен жмындарда кездесіп, пікірлесіп жүрген. 1952 ж. 14 мамырда жазған хатында «Вопросы языкознания» журналы үшін қазақ тіліне аударылған «Орыс және совет көркем әдебиетінің тілі» деген мақала жазып беруді, бұдан былай үзбей байланысып тұруды өтінген («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 455-бет).

*Н. Оспантегі.*

**«БАСТЫ МӘСЕЛЕ»** («Без главных проблем»), жазушының мақаласы. «Литературная газета» бетінде 1956 ж. 27 желтоқсанда жарияланды. Онда Ө-тің Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының пленумында жасаған баяндамасының қысқаша мазмұны берілген. Пленумды Әуезов ашып, кіріспе сөз сөйледі. Ол баяндамасында қазақ әдебиетінің сол кездегі жетістіктері мен алған асуларын айта келіп, соңғы кезде қазақ кеңес әдебиетінің идеялық-эстетикалық негізіне буржуазиялық идеология тарапынан қысым көрсету арта түскенін, социалистік реализмді аяқтан шалуға қарсы әрекет байқалатынын атап өтті. Сонымен бірге ұлы жазушы кей кездерде жалған сөйлеу, талантты тығырыққа тіреу сияқты келеңсіз жайттардың қылаң беріп қалатынын тілге тиек етті. Пленумда Ө. Тәжібаевтың «СОКП XX съезінің шешіміндегі қазақ поэзиясының жағдайы», Д. Снегиннің «Қазақстандағы орыс поэзиясының жағдайы» деген баяндамалары Т. Жароков, Д. Әбілов, О. Шипин т. б. тарапынан қатты сынға ұшырады. Шығып сөйлегендер сол кезеңдегі қазақ-кеңес поэзиясының негізгі кемшілігіне – азаматтық-әлеуметтік мәселелер және поэтикалық сатираны көтеруден гөрі, лирикалық сезімге көбірек салынып кеткеніне баса назар аударды. Пленум СОКП XX съезінен кейін іле-шала өткен еді. Сондықтан сырттан қарағанда, суреткерге еркіндік тигендей болғанмен, идеология құрсауынан шыға алмағанды.

*Б. Мамыраев.*

**«БАСТЫ ТАҚЫРЫП – ХАЛЫҚ»** («Главная тема – народ»), Ө-тің – С. Злобиннің (14.6.1959 ж.), С. Злобиннің – Ө-ке (27.6.1959 ж.) жазған хаттарына түсінік. «Дружба народов» журналының 1969 ж. 6-санында жарық көрген. Журнал аталған тақырыптың астына: «Из переписки С. Злобина и М. Ауэзова» деп тақырыпша қойып, В. Злобина жариялаған. Әуезов пен Злобиннің бір-біріне жазған хаттарына түсінік берген Злобин алғашқы хатты Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына Лениндік сыйлық берілгеннен кейін жазған болу керек деп,

ол хаттың табылмағанын ескертеді. Осы себептен журналда берілген алғашқы хат Ө-тікі, онан кейін Злобиннің жауап хаты берілген. Ө-тің хаты да, Злобиннің хаты да мағынасы жағынан шағын да болса, құнды зерттеу мақала дәрежесінде. Ө. хатында «қалың кітаптың» жазылу бейнеті, қиындығы жөнінде өте дәл де бейнелі түрде айтылған. Бұл жолдағы жазушы еңбегін жер астындағы шахтердің ауыр еңбегімен салыстырған. Хатта тағы шығарма жазсам ба деген ойы бар екенін хабарлаған. Бұл жазушының «Өскен орын» жайында айтып отырғаны болуы керек. Хат 1959 ж. 14 маусымда жазылған. Злобиннің жауабы осы жылдың 27 шілдесінде жазылған. Хат көлемді және қызықты ойларға толы.

**БАТА**, бата беру, ауыз әдебиеті жанры. Түркі-монғол халықтарының фольклорында кеңінен тараған. Адамзат дамуының көне дәуірлерінде туған ырымдармен, магиялық наным-сенімдермен тығыз байланысты. Белгілі бір адамның өмірлі, бақытты, абыройлы болуына тілек білдіру үшін айтылады. Ө. 1927 ж. Қызылордада шыққан «Әдебиет тарихы» оқулығында: «Қазақ халқының мұсылман дінін қабылдағаннан кейінгі кезеңі «бата» жырын тудырған. Біреу сапар шегер алдында, үлкен іс бастарда, тағы да басқа реттерде оған оң тілеу айтылып, бата берілген. Нағыз халық өлеңдеріндей емес, «бата» мен «жарапазанда» құранның алынған сөздер, арабизмдер көп ұшырасады» деп, бата туралы қысқа қайырып айтқан (20 томдық шығармалар жинағы, 17-том, 172-бет).

*Р. Ықыласов.*

**БАТЫРҒАЛИЕВА** Гүлжамал (1915–1997), Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1965). Шымкент, Қызылорда театрларында, 1946 жылдан өмірінің соңына дейін Жамбыл облыстық қазақ драма театрында қызмет атқарды. Ө. пьесалары негізінде қойылған «Қарағызда» Мөржан, Ақбала, «Қарақыпшақ Қобыландыда» Карлығаш, Көкпан, «Айман – Шолпанда» Төңге, «Абай» трагедиясында Зейнеп рөлдері – актрисаның мол шығармалық табыстары.

*Б. Құндақбайұлы.*

**БАТЫРЛАР ЖЫРЫ.** фольклор жанры. Өлем халықтарының фольклорлық мұрасында қазақ халқының батырлар жырлары көркемдігі, көлемі, саны жағынан алдыңғы орындардың бірін алады. Тарихи негізі бар, ел қорғауда ересен ерліктер жасаған батырлар жырларындағы күрделі сюжетті, өлеңмен айтылатын (кейде қарасөзді бөліктері де болады) эпикалық шығармалар. Қиял-ғажайып ертегілерге қарағанда фольклорлық әсірелеуі, оқиға желісі өмірге жақынырақ келеді. Тарихи сипаты да басым. Халық өз тарихындағы ерекше елеулі оқиғаларды, өмірін ел қорғауға арнаған батырларды ғана жырға тақырып, кейіпкер еткен. Батырлық жырлардың тақырыбы мен идеясы – ел қорғау. Ө. халық ауыз әдебиетін 20-жылдардың басынан зерттей бастаған. Ташкент қаласында Орта Азия университетінің тыңдаушысы бола жүріп «Шолпан» журналының 1922 ж. 2, 3-сандарында, 1923 ж. 4, 5-сандарында «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деп аталатын фольклористика саласындағы алғашқы ғылыми-зерттеу мақаласын шығарды. Жазушының халық ауыз әдебиетін зерттеудегі негізгі еңбегі «Әдебиет тарихы» оқулығы 1927 ж. сол кездегі

Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласында шыққан. Кітап шыға салысымен солақай айып тағылып, тиражы құртылған болатын. Кітапқа жазушының өзі жазған алғы сөздің астына қойылған датаға қарағанда, 1925 ж. жазылып біткен. Оқулықта «Ауызша әдебиет түрлерін» төртке бөліп, батырлар жырын еңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер) тобына жатқызған. Онда «батырлар әңгімесі» деп атаған жанрды кейінгі еңбектерінде «батырлық жыр», «батырлық эпос» деп те атаған. «Әдебиет тарихы» шыққан кезде қазақша әдеби терминдер әлі қалыптасып, тұрақтанып болмаған еді. Сондықтан жанрды белгілеуші термин Ө-те үш түрлі болып кездеседі. Жазушының халық ауыз әдебиетіне арналған соңғы көлемді еңбегі «Қазақ ССР тарихының» 1-томында (1957, 212–228-беттер) басылған «Қазақтың ауыз әдебиеті» атты монографиялық еңбегі. Батырлар жырын «қазақ эпосы» деп алып, бастауын Орхон-Енисей ескерткіштеріне апарған. Жоғарыда аталған еңбегіндегідей эпостың пайда болуына жоқтау жырының әсері болды дейді. Батырлар жырының қалыптасып пайда болуы жайында өте дәл анықтама берген. Бірталай эпостық жырлардың сюжеттері бірнеше Орта Азия халықтарына ортақ болатынын нақты мысалдармен көрсеткен. Эпостық шығармалардың бірінде халықтық сипат бола бермейтінін айтып, «Шора батыр» жырын талдаған. Бұл жыр шоңжар феодалдардың мүддесін көздеген кейбір жыршылардың тарапынан идеялық елеулі өзгерістерге душар болған деген. «Ер Сайын» жырын мысалға ала отырып, кей батырлар көрші тайпаларға жөнісі шабуыл жасап, ұрына берсе, оны халық қолдамай айыптап, мазақ ететінін айтқан. «Қобыланды батыр» жырын және басқа жырларды талдай отырып, маңызды теориялық тұжырым жасаған. «Қамбар батыр» сияқты кейбір жырларда қиялдан, гиперболадан гөрі реалды өмір көріністері басым дейді. Өуезовтің батырлық эпосты зерттеудегі еңбегі, әсіресе 20-жылдарда қазақ фольклористикасының озық табыстары болды. Орыс тілінде көптеген ғылыми-зерттеу мақалалар жазды. 1935 ж. «Қырғыз әдебиеті» газетінде «Қырғыз дастаны Манас» атты көлемді мақаласы шықты. Өуезовті манастан ғылымының негізін салушы деп айтуға толық болады. Өлемдік фольклорды жақсы білген. фольклористиканың теориясымен жақсы таныс қазақ жазушысы «Манастың» көркемдік құндылығын ашуда көп жылдар бойы алдына ешкімді шығарған жоқ. 1952 ж. 8 шілдеде Фрунзе қаласында өткен ғылыми конференцияда солақай сыңға ғылыми терең баяндамасымен қарсы шығып, «Манастың» тағдырына игі ықпалын тигізді.

*Р. Әбдіғұлов*

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ** (А.Пушкін атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті), жоғары оқу орны. Негізі 1932 ж. құрылған. 1996 жылға дейін А. С. Пушкін атындағы Орал педагогика институты деп аталды. Оқу орнын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі – Қ. Жұмалиев. Университет қазір 20 мамандық бойынша педагог кадрлар дайындайды. Ө-тің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында университеттің ғалым-оқытушылары мұхтартануға біршама ізденіс жасады. Облыс, қала мектептерінде оқушыларға Мұхтар дәрістері өткізілді. Калалық білім басқармасымен бірге «Мұхтар тағылымы» атты 3 тілді (қазақ, орыс,



ағылшын) оқу-әдістемелік жинағы шығарылды. Университет ғалымдары Ақтөбе университетінде өткен «М. Әуезов Шығыс халықтарының рухани өмірі тарихында» атты ғылыми-теориялық конференцияға қатысып, ғылыми бағдарламалар жасады (1997). Университет жанындағы Қ. Жұмалиев атындағы әдеби бірлестік пен қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен ұлы суреткердің өмірі мен шығармашылығына арналған кештер, ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Ғалымдарымыз облыстық өлкетану мұражайында, облыстық, қалалық кітапханаларында, әскери-құқық бөлімдерінде, облыстың 7 ауданында Мұхтар тағылымын насихаттап, көптеген кездесулерге мұрындық болды. Университет ұстаздары орталық газет-журналдарда мұхтартануға байланысты: «Біз М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын қалай оқытып жүрміз? («Қазақ әдебиеті және әдеби тіл»). Ғылыми мақалалар жинағы. ҚазПИ, А., 1980), «М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын оқытудың кейбір мәселелері» («Қазақстан мектебі», 1981, № 9), «М. Әуезовтің «Қараш-Қараш» повесін оқыту». Әдістемелік нұсқау. (Орал, 1982), «Қараш-Қарашты» оқыту жайында» («Қазақстан мектебі», 1983, №11), «Терең түсіндіруге тиіспіз», «Абай жолы» романы туралы («Қазақстан мұғалімі», 1997, 4 қыркүйек), «М. Әуезовтің «Абай жолындағы» психологиялық иірімдер» («Ақиқат», 1996, №6), «Теңдессіз тағылым». Эпопеядағы этнографиялық көріністер жайында («Қазақстан мұғалімі». 1997, № 1), «М. Әуезовтің роман-эпопеясындағы ұлттық өнеге, тәлім-тағлым («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1997, №5-6) т. б. мақалаларын жариялап, ұлы қаламгер шығармаларының тарихи негізін, тақырыбы мен идеясын, басты кейіпкерлерін, композициясы, сюжеттік ерекшеліктерін талдап, оқытудың әдістемелік жолдарын баяндады.

*Т. Рысбеков.*

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ**, шығармашылық ұжым. 1992 ж. маусым айында Орал қаласы әкімшілігінің шешімімен алдымен қалалық, сосын 1993 ж. желтоқсаннан облыстық қазақ драма театры болып құрылды. Алғашқы шымылдығын Ә-тің «Қарагөз» қойылымымен ашты. Жас ұжымның алғашқы ұйымдастыру-басшысы бұрынғы Атырау облыстық драма театрының директоры А. Сұлтанғалиев театрдың аяғынан тік тұрып, шығармалық жұмысының жанданып кетуіне көп еңбек сіңірді. Ә-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты «Абай» (1995), «Еңлік - Кебек» (1996), «Айман – Шолпан» (1997) пьесалары сахнаға шығарылды.

*Б. Құндақбайұлы.*

**БАТЬ** Лидия Григорьевна (1900–ө.ж.б.), орыс жазушысы, сыншы, аудармашы. «Халық өмірінің эпопеясы» деген мақаласында Ә-тің «Абай жолы» эпопеясының Лениндік сыйлық алуына байланысты жылы лебіз білдіріп, қазақ халқының жарты ғасырлық өмірі аса білгірлікпен суреттеген туынды деп бағалаған («Труд», 1959, 22 сәуір). Ұлы суреткердің «Шатқалаң» әңгімесін орыс тіліне аударған.

**БАУМ** Вики (1888–1960), аустрия жазушы әйелі. Әдеби қызметі 1916 жылдан басталды. 20-жылдар Берлинде шығатын журналдарда әдеби қызметкер болды. 1931 ж. АҚШ-қа қоныс аударды. Голливудта тұрып, киносценарий жазды. Шығармаларында буржуазиялық қоғамдағы әйел тағдырын, революцияны, тарихи оқиғаларды т. б. суреттеді.

«Таң алдында» деген мақаласында М. Ә-тің «Абай жолы» роман-эпопеясының кең ауқымды, қарым мол туынды екенін, бұл шығарманың қазақ халқының зор мақтанышына айналғанын айтқан.

**БАШИРОВ** Гумер (1901–1976), татар жазушысы, қоғам қайраткері. Соғыс кезіндегі ауыл өмірін суреттеген «Намыс» (1948) романы үшін 1951 ж. Мемлекеттік сыйлық алды. Роман қазақ тіліне (1954) аударылды. Ол Ә-пен жақсы таныс, кітаптарына қолтаңба жазып сыйлаған, пікір-ой алмасып жүрген. Ә. өзінің «Кейбір ұлт жазушыларының романдары» (1950) деп аталатын мақаласында «Намыс» романын жоғары бағалайды. «Баширов романының кейіпкері Нафиса образы қаһармандық еңбек арқылы барлық жағынан толық берілген. Роман композициясын тартқан сымдай тұтас құру жөнінде Баширов жақсы үлгі көрсетті. Башировтың кейіпкерлері алуан түрлі күреске бірден назар аударып, өздерінің жігер-қайратын жан-жаққа бытыратып жібермейді. Бұл романда жеке адамның өз істері мен қоғамдық істер бірімен-бірі мықтап ұштасып, роман бөлімдерінің ұзына бойына аралас жүріп отырады. Сондықтан да романдағы тартыстар шынайы суреттелген» деп, шығарманы түпнұсқасында оқыған жазушы көп ерекшеліктерін басқа ұлт жазушыларының романдарымен салыстыра отырып ашады. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» деген еңбегінде: «Башировте тіл шеберлігі айқын, жарқын ұғымдылықпен үйлес келеді. Ол өз халқының жазба әдебиетіндегі жақсы дәстүрді татар деревнясындағы колхозшының шешен, шебер тіл байлығымен жақсы үйлестіріп, келістіре пайдаланған», «совет дәуіріндегі тұрмысты шебер суреттейтін жазушы-романист» десе, «Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиеттерін социализм дәуірінде дамуы туралы» мақаласында (Е. Лизуновамен бірге) татар жазушысын негізгі кейіпкерлермен қатар, қосымша персонаждарды да айқын, терең, берделі етіп суреттейтін шебер қаламгер деп бағалаған.

*Т. Әкім.*

**БАШҚҰРТ ӘДЕБИЕТИ**, угро-финдер мен көне түркі елінің бұлғар, қыпшақ, найман, табын, ноғай, балкар, естек т. б. тайпаларының араласуы негізінде қалыптасқан, қыпшақ-бұлғар тобына жататын түркі тілінде сөйлейтін башқұрт халқының әдебиеті. Ол көне түркі әдебиеті мен жазба ескерткіштерін тамырланып, 18 ғасырдан бастап оның дербес бір бұтағы ретінде өркен жая бастады. Шыңғысханның ұлысы мен Алтын Орда хандығы тұсында башқұрттың ауыз әдебиеті мен эпостық дастандары, тұрмыс-салт жырлары қазақ, татар, ноғай, бұлғар, өзбек сияқты тегі бір халықтардың рухани мәдениетімен тығыз байланыста дамыды. Соның ішінде көшпелі өмір салтын сақтап қалған қазақтар мен башқұрттардың мәдениеті мен әдебиетінің арасындағы қарым-қатынас 20 ғасырдың соңына дейін үзілмей келді. Екі халықтың ауыз әдебиеті нұсқалары мен ертегі-аңыздары, дастандары, толғаулары, эпостық және ғашықтық жырлары, мақал-мәтелдері, жұмбақ-жаңылтпаштары да тамырлас етіп тақырыптап. Алдар Көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр, Атымтай Жомарт, Тазша бала, Аяз би іспетті аңыз кейіпкерлер де ортақ. «Ақбоз ат», «Алпамыс батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Бозжігіт» сияқты ежелгі жыр-

лар да қазақ пен башқұрттың төл рухани қазынасы болып табылады. Ақындар айтысы, жыраулық толғау, беташар, жоқтау, шешендік сөздер мен билер келесіндегі төрелік үлгілері де өзара тамырласып жатады. Байық Айдар мен Бұхар жырау шешеннің келеге түскен айтысы, башқұрттың аты аңызға айналған батыр ақыны Салауат Юлаевтың толғауларының ішінен Шалқиы, Бұхар, Махамбет жыраулардың өлеңдерінің кейбір шумақтарының тұтастай ұшырасуы – бауырлас жұрттардың рухани жақындастығы танытады. Ө. башқұрт әдебиетінің өзінің туған әдебиетінен бөле-жара қараған жоқ. Бала кезінен біліп өсті. «Ертегілер», «Айтыс өлеңдері», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», сияқты «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты зерттеулерінде, екі халыққа ортақ мұраларға тоқталып, олардың шығу тарихының тамырласып жатуының заңды құбылыс екендігін түсіндіріп берді. Мысалы, «Ертегілер» атты зерттеуінде мерген мен ертегі ерлері жайындағы қиял ертектері бір қазақ емес, сонымен туыстас, көршілес түрік тілдес елдердің ертеңдерінде де бар. Қазір жылылып жарияланған бұрыт, ойрат, якут, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен, өзірбайжан, татар, башқұрт, өзбек, қазақ ертегілерінің бәрі де көп жақтарынан өзара ұқсас болудың үстіне барлығы да, әсіресе жоғарыдағы айтылған ұзақ уақыттық аралас, айлалық себебінен... деп пікір түйді. Башқұрттың әдеби тілін қалыптастыруға ақын, тілші, фольклор зерттеушісі, этнограф, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері М. Үмітбаев (1841–1907) ерекше үлес қосты. Өкесі қазақ, шешесі башқұрт Ақмолла ақынның шығармалары қос халықтың төл мұрасы болып есептеледі. Ол Ш. Маржанидің жәдиттік көзқарасын қолдады. Қазақтың қара өлеңінің үлгісін башқұрт поэзиясына сіңірді және сыншы-философиялық бағыттағы өлеңдерімен ерекше назар аударды. Ө. қазақ әдебиетінің тарихы мен фольклоры, кітаби ақындар, 19–20 ғасырлардағы ағартушы-демократ ақындар туралы мақалалары мен сөйлеген сөздерінде Үмітбаев пен Ақмолланың шығармашылығына ерекше мән берді. Ақмолланың өмірі мен шығармашылық жолын арнайы зерттеу қажеттігін айтты. Ө. 20 ғасырдың басында шығып тұрған «Шора», «Ақмолла» журналдарымен гимназияда оқып жүрген кезінен таныс болды. Қазақтың мақал-мәтелдері мен тұрмыс-салт жырларын жинастырып, Абай туралы мақала жазған башқұрттың атақты ақыны Ш. Бабичтің шығармашылық жолын өте жақсы білді. «Алашорда» үкіметі құрылған тұста оның өлеңдері мен мақалаларындағы ұлттық азаттық нысанасына ерекше ілтипатпен қарады. Алайда кеңес үкіметі тұсында атын атауға тыйым салған ақын туралы пікір білдіруге мүмкіндігі болған жоқ. Ө. өзінің «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында Мәжит Ғафури башқұрт, татар әдебиетінің екеуінің көлемінде де алдыңғы, озғын демократтық, революциялық ағымды бастаған жазушы. Екі туысқан әдебиет көлемінде де сол әдебиеттердің жаңа дәуіріндегі үлгі негізін тудырушы қайраткер болып саналады деп баға берді (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 19-том, 254-бет). Башқұрт әдебиетіндегі Бабич пен М. Ғафури салған ізгі дәстүрді олардың шәкірті, қазақ елінің үлкен және айнымас досы болған ақын, жазушы

С Құдаш, Валиди, М. Кәрім т.б. одан әрі жалғастырды. Қазақ әдебиетінің өкілдерімен достық қарым-қатынасын өмір бойы үзбеген Құдаш кеңес өкіметінің идеологиялық қысымы тұсында да өзінің қаламгерлік парызын адал орындап, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаевтардың шығармаларын жариялап, тарихи шындықты қалпына келтіруге қажеттігі туралы мәселе көтерді. Ол өзінің өмірбаяндық-деректі кітаптарында қазақ, татар, башқұрт әдебиеттерінің өзара байланысы, Абай, Тоқай, Бабич, Ғафури сияқты ұлы тұлғалардың бір-біріне әсері туралы барынша жылы және дәлелді пікірлер білдірді. Башқұрт әдебиетінің үздік туындылары қазақ тіліне аударылды. Қазақ әдебиетінің көне жыраулардан бастап бүгінгі күнге дейінгі өкілдерінің елеулі туындылары Башқұртстанда жарық көрді. Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясын башқұрт тіліне көрнекті жазушы Н. Идельбай аударды (1961). Ө. туралы әдеби-зерттеу мақалалары жарияланды. Жазушының пьесалары бойынша Қазақ драма театрлары дайындаған спектакльдер башқұрт сахнасында қойылды.

Т. Жұртбай.

**БАЯЗИТОВА** Ғафифа (20 ғасырдың алғашқы жартысы, т-ө. ж. б.), тігінші. Мұсылман жастарынан құрылған, солармен бірге Ө. ойнаған тұңғыш «Жарыс» футбол командасының ойыншыларына спорттық үлгідегі киімдерді тіккен. Ол кезде Семейде орыс жастарынан құрылған командалар болды. Солардың бірі – «Жарыс» командасының басты қарсыласы болған. «Нептун» еді. Олардың да өзіндік спорттық формасы мен белгі-таңбасы бар болатын. «Жарыс» жастарының тілегіне орай, Б. оларға бір түсті спорттық киім: жасыл жейде (футболка), кара трусы, команданың ерекшелік белгісін – эмблемасын тігіп берген. Өрбір футболшы кеудесіне таққан эмблеманың сыртқы жағы розетка пішіндес алқызыл лентадан тұрса, ортасындағы жасыл жібекке араб әрпімен «Ярыш» деген сөз тігілгенді.

Ө. Сұлтанов.

**БАЯНБАЕВ** Қастек (1936 ж. т.), ақын, аудармашы. Көптеген шығармалары балаларға арналған. «Сән жездейдің сәлемі» эссесінде жас кезінен Ө-тің атына қанып, «Абай» романын оқып өскенін, кейін Алматыға келіп, бір үлкен жиында Мұханды көргенін тебірене баяндаған. Ұлы адамның алдында екі сағат шамасында отырғанда, мен оның қасқабағын, бет-бейнесін, әрбір қимылын қалт жібермей бақтым. Алғашқы кезде табиғаттан тыс, айрықша жаратылған адамдай көрінген ол уақыт өткен сайын, біртіндеп кәдімгі өзіміздей жан иесіне айнала берді. Сондықтан мен театр залында отырып, оның ұлылығы, әлем әдебиетіндегі орны, қазақтың мәдени өміріндегі рөлі туралы ештеңе ойлай алмасам керек. Тек оны көріп отырғанымна қуанышты екенімді сезем деп жазды («Қазақ әдебиеті», 1997, 12 тамыз).

**БӘДІК**, арбау өлең, тұрмыс-салт жырының жанры. Мақсаты – аурудың дертін өлеңмен арбап, қуып шығу. Қыз-жігіттер кешке науқасты ортаға алып, Б. жырын айтады. Олар екі жақ болып сөз сайысына түседі де, кезек-кезек айтысады. Ө. бәдік жайында Л. Соболевпен бірлесіп жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» мақаласында («Литературный критик», 1939, №10–11): «Ауруды емдемек болып, аруағын шақырып, зікір салғанда, бақсылар өз сарындарына басқан. «Бәдік» жыры да сондай мақсаттан туған. Бірақ кейін ол жастардың сауық үшін өткізетін ойынына айнал-

ған», деп қысқа мәлімет берген. Бәдік жөнінде 1948 ж. шыққан «Қазақ әдебиеті тарихы» кітабының 1-томына жазған «Айтыс өлеңдері» тарауында кеңірек тоқталады (12 томдық шығармалар жинағы, 11-том, 421-471-беттер; 20 томдық шығармалар жинағы, 17-том, 279-337-беттер). «Әдет, салт айтысы» тақырыпшасының ішінде бәдік пен жар-жарды талдайды. Мұның екеуін де айтыстың ең ескі түрлеріне жатқызады.

*Н. Ақбай.*

**«БӘЙШЕ-ТОҚАЛ»**, жазушының трагедиялық шығармасы. 1918 ж. жазылып, 1923 ж. жарық көрген. Революция алдындағы қазақ өмірін суреттейді.

Негізінен, бір отбасы ішіндегі рухани қақтығыстардың шиеленісіп, көк жұлын болып, ішкі-сыртқы соққылардың дүмпуінен жиылып келіп, ақыры кісі өлімімен аяқталуын көрсететін пьесаның қаһармандары, олардың әлеуметтік ортасы, тұрмыс-салты типтік жағдайда берілгендігін бірден айту қажет. Материалды іріктеу принципінен жас драматургтің әлемдік әдебиеттің классикалық үлгілерінен сабақ алғандығы жақсы аңғарылады. Әуезов трагедиясына әйел теңдігі мәселесі дара күйде алынбайды. Билікке таласу, партиягершілік сұмдығы, түрлі ситуациялар көрініс береді, әлденеше типті адамдар өзіндік психологиясымен ашылып, революция алдындағы қазақ қоғамының бір қыры көз алдымызға келеді. Трагедия Есендік байдің қызы Дәмеш пен келіні Күләштің қоңыр қабақ, қам көңіл пішінде төмен қарап, мұнайып отырып айтатын әңгімесінен басталады. Авторлық ремаркадан бұл үйдің қаралы екендігі белгілі болады. Пьесаның әр пердесі бірнеше көрініске бөлінеген. Бірақ сол көріністер арасында пышақ кесті су ағар жоқ, оқиға бөлшектенбес ағын сияқты тұтасып келіп отырады. Кішкентай-кішкентай эпизодтар өзара байланысып, сюжет бірлігін құрайды. Шағын экспозиция арқылы тартыс өрмегінің шетін шығарып алған драматург біртіндеп оқиғаға негізгі қаһармандарды араластыра отырып, характерлерді кескіндейді. 20 ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі үлкен тақырып – әйел теңдігі – жастардың бас бостандығы үшін күресуі. Әуезовтің Дәмеші де сол сезім азаттығы үшін алысушылардың бірі. Оның бұл қалпы сауда-құдалық жайын білген соң, әсіресе, айқындалып, драмалық әрекет арнасында өрлігі, әжеттілігі, естілігі жақсы көрінеді. Дәмеш – Күләш, Дәмеш – Төлеужан линияларында ілініс жанданып, әрқайсысының характері өз тарапынан ситуацияға әсер етеді. Сөйтіп Дәмешті Бейсенбінің түпкі есебімен Байсалбайдың ұлына беруге қарсылық жай күңкіл,

жыбырға сыймайды, ашық қимыл ретінде қаһармандарды екі полюске бөліп тастайды. Драматург шеберлігі бәйбіше мен тоқал тартысын қуып кетпей, содан шыққан зардаптардың әлеуметтік қайшылықтармен қабаттасып, асқынған күйін алуында жатыр.

«Б-да» Ә. Біртөбасы ауқымындағы трагедияның күні өтіп бара жатқан заман қасіреті ретінде суреттеледі. Пьеса 1923 ж. Ташкентте жеке кітап болып басылып шықты. Жазушының «Қараш-Қараш» жинағына (1960), 12 томдық (1969, 8-том), 20 томдық (1981, 9-том) енді.

*Р. Нурғали.*


**С п е к т а к л ь д ы ң қ о й ы л ы м ы.** «Б-т.» 1926 ж. ақпанда С. Қожамқұловтың басқаруымен қойылды. Орындаушылар спектакльдегі өмір болмысын өздері білетін тәжірибеден, ауыл көріністерінің қарастыру арқылы шешті. Шығармалық, өмірлік өлшем, отбасылық, этнографиялық дәлдік спектакльдің сахналық негізі болды. Қойылымдағы тартыс бәйбіше мен тоқалды жақтаушы қарама-қарсы екі топтың арасында өрбиді. Оқиға баяндаумен берілгендіктен, спектакль көрерменді аса қызықтырмады. Жеке орындаушылардан С. Қожамқұлов (Бейсенбі), Қ. Жандарбеков (Төлежан), Е. Өмірзақов (Амантай), З. Атабаев (Дәмеш) ойындары дара шықты. Пьеса сахнаға қайта қойылмады, автор да оған оралмады.

*Б. Құндақбайұлы.*

**БӘЙІТ**, өлең түрі. Араб, парсы, түркі тілдес халықтар поэзиясында кездесетін екі тармақты егіз ұйқасты өлең. Айтылатын ой екі жолға ғана сыйып, тиянақты түрде аяқталады. Шумақ жасауда негіз етіп пайдаланылады. Мысалы, төрт тармақ өлең екі бәйіттен құралады. Б-тен ғазел, қасида, мәнауи, рубаят т. б. шығыстық өлең түрлері туындайды. Ә. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында ұлы ақынның жас шағындағы өлеңдеріне талдау жасағанда, шығыстық сарынды оның «Әлифби» бәйітінде аңғаруға болатынын, әсіресе «ғазелдер жазған Науаиға еліктегісі» келетінн ескерткен. Жазушы одан әрі ғазелдерді бірнеше түрге бөліп, «кейде егіз жолдан қосылып, ұйқасты сөздерді ойнақы етіп беретін «тұйық өлшеуі» болатынын айтқан. Ал «Әдебиет тарихы» зерттеуінің «Қозы Көрпеш – Баянның» мәнісі» атты тарауында «жақын күншығыста әдебиет өнерінің бір ұзақ дәуірі осы бәйітпен» өткенін, оның басқа елдердің поэзиясына барынша әсер еткенін жазған.

*Н. Оспантегі.*

**БӘЙШЕВ** Сақтаған (1909–1982), тарихшы, экономист, аудармашы. ҚазКСР Ғылым академиясының академигі (1956), экономика ғылымының докторы (1962), профессор (1963). Б. ғылыми мекемелердің, кеңес-партия органдарының жетекші қызметкері ретінде Ә-пен ресми қарым-қатынаста болды. Ол 40-жылдардың соңында ұлы суреткерді қудалаудың жаңа «құйынын» пайдаланып, «Профессор М. Әуезов өткендегі қателерінің шыр-мауында» деген сорақы мақала жазып (1947), «Социалистік Қазақстанның» 14 наурыздағы санына жариялады. Б. сонда Ә-ке 4 түрлі жолмен жала жапты. Алайда көрерінді көрмей, көз жұму мүмкін емес. Ұлы жазушының 60 жылдық мерекесіне орай жарық көрген «Дарынды ғалым» атты мақаласын-



«Бәйбіше-тоқал» пьесасының мұқаба беті. 1923.

да («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек) Ө-тің жаңа заманда өсіп өрлеген, қанатын кең жайып, білім шыңына шыққан атақты ғалым екенін, Қазақстандағы қоғамдық ғылымдардың іргетасының қалануына, кейін құлаш сермеп өрлеуіне алдымен ат салысқан, өзіне лайық үлес қосқан азамат – дарынды ғалым екенін, көрнекті абайтанушы, ең қадірлі ұстаз, шебер аудармашы екенін еріксіз мойындады. «Еселей берсін еңбегіңіз, өсе берсін өркеніңіз, сүйсіне түссін халқыңыз!» деген тілек білдірді.

*Н. Ақбай.*

**БӘКІРОВА** Шолпан (1924–2002), актриса. Қазақстанның халық артисі (1975). Сахналық жолын 1941 ж. «Қаратал» колхоз-совхоз, кейін Талдықорған облыстық, 1960–96 ж. Қызылорда облыстық қазақ драма театрларында қалыптастырады. Оның актерлік өнерінің қалыптасуына Ө-тің драматургиясы ерекше ықпал жасады. Солардың ішінде Еңлік («Еңлік – Кебек»), Көкпан («Қарақыпшақ Қобыланды»), Теңге («Айман–Шолпан») рөлдері – актрисаның мол тасыы.

*Б. Құндақбайұлы.*

**БӘРІБАЕВ** Жұбаныш (1898–1927), партия, кеңес, мемлекет қайраткері. 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. Жетісуда ұлттық әскери бөлімдерді ұйымдастыруда көп еңбек сіңірді. 1924 жылдан Жетісу облыстық партия комитетінің 1-хатшысы қызметін атқарды. Оны Ө. 1926 ж. «*Қилы заман*», «*Қараш-Қараш оқиғасы*» шығармаларына деректер жинау үшін Алматыға келгенде көрген, әңгімелескен, кейбір деректерді сұрап-білген.

*Т. Әкім.*

**«БӘРІМІЗДІ ТЕҢГЕРГЕН ЗАҢ»** («Закон, по которому все равны»), жазушының мақаласы. 1950 ж. «Литературная газетаның» 4 наурыздағы санында шыққан. КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттар сайлауға байланысты жазылған. Өуезов Жамбылмен кездескенде, қарт ақынның бұрынғы елубасы, старшын, болыс сайлағанда билік байлардың қолында болып, халықтың әсері аз болғанын, Абайдың болыс сайлауына қатысты әлеуметтік сыры терең өлендері бар екенін айтқан. Болыс сайлаудың өткізілу тәртібі, шар салу жолдары, қара, ақ түстерге боялған жөшік жайында қызықты мәліметтер келтірген. Ресей әкімшілігінің шенеуніктеріне берілетін «сыйсияпат», пара, шар салушылардың көңілін аулау үшін шашылатын мал, мағынасыз ысырап жайында баяндалған. Керісінше, 4 жыл бұрын Ұзынағаш ауылына сайлауға барғанын, сайлаудың халық мерекесі сияқты өткенін, кеңестік сайлаудың нағыз халықтық сипатта екенін әңгіме еткен. Депутаттыққа ұсынылған Қ. Қуанышбаев, Н. Базанова, М. Ғабдуллин т. б. кандидаттардың тегіне, мамандығына, еңбектегі табыстарына қатысты марапат сөздер айтқан. Түркиядағы жағдайды мысалға алып, капиталистік құрылысты, ондағы халық тұрмысын, сайлау жолдарын сынаған.

*Р. Өбдігүлов.*

**БӘСЕНОВ** Алмат Ғалиұлы (1961 ж. т.), сәулетші-дизайнер. 1983 ж. Алматы сәулет-құрылыс институтының сәулет факультетін бітірген. Бұдан кейін осы оқу орнында тұрғын және қоғамдық үйлер кафедрасында оқытушы. 1986–89 ж. суретші-конструкторлар бюросының жетекшісі, 1989 жылдан Қа-

зақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасында суретші-дизайнер. 1997 ж. өткен Ө-тің 100 жылдық мерейтойының эмблемасын жасауға арналған конкурсқа қатысып жеңімпаз атанды. Сонымен қатар Ө-тің мерейтойлық медалінің эскизін жасады. 1999 жылдан Ұлттық банктің бас дизайнері. **БӘСЕНОВ** Төлеу Құлшаманұлы (1909–1976), сәулетші. Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы (1966), КСРО Сәулет академиясының корреспондент мүшесі (1950). «Қазақстанның сәулет өнері 30 жылда» (1948), «Қазақстанның сәулет өнеріндегі ою-өрнегі» (1957) т. б. еңбектері шықты. Ө-пен 1928 ж. Ленинградта оқып жүргенде танысып, содан бастап қарым-қатынасын үзбеген. Екеуі Алматының архитектуралық келбетіне қатысты жиындарға қатысып, ірі тарихи тұлғаларға арналған ескерткіштердің жобаларын талқылауда үнемі ақылдасып отырған.

*Д. Қонаев.*

**БӘСТӘМІ** Мұсабайұлы (1895–1978), Абайдың күйеу баласы. Өбдірахманның қызы Рахилаға үйленген. Абай аулындағы татар молдасы Махмұттың шөбересі. Махмұттан – Ысқақ, Ысқақтан – Мұсабай, Мұсабайдан – Б. өрбіген. Ш. Құдайбердиевтің дастаны бойынша Ө-тің жетекшілігімен 1917 ж. Ойқудықта қойылған «Еңлік – Кебек» спектаклінде Б. Еңліктің рөлін ойнаған. Тіркестіріп тігілген үйдің бірі – осы Б-дің үйі. Ө. «Абай жолына» арқау болған көптеген деректерді Б-ден алған.

**БЕГАЛИН** Сапарғали Ысқақұлы (1895–1983), жазушы, ақын, аудармашы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Ө-пен пікірлес, сыйлас болған. «Замана белестері» романында Ө-тің Қарқаралыда өткізген әлеуметтік істері суреттелген. «Ұлы өмірдің кей сәттері» атты естелігінде («Жұлдыз», 1977, №9) Ө-пен бірге Семей өңірін аралағанын баяндайды. Ұлы жазушы сол сапарда көне тарихты қайта тірілтіп, өз шығармаларына арқау болған небір оқиғаларды еске алғанын, елеусіз жатқан бейіттің, иесіз қалған қыстаудың, Абай елінің әр шоқысының қаншалықты сыр бүгіп жатқанын есіле әңгімелегенін, Мұхаң сол сапардан бағы заманмен қайта тілдескендей жаңғырып, жасарып қайтқанын сыр етіп шертеді. Ө. «*Ақын елінде*» және «*Абай ауданында*» деген очерктерінде Б-мен бірге жасаған сапарлары туралы жан-жақты баяндаған.

*И. Хасенұлы.*

**«БЕЙБІТШІЛІК – ӨЛЕМ ТІЛЕГІ»**, жазушының мақаласы. «Әдебиет және искусство» журналының 1951 ж. 10-санында жарияланған. Бейбітшілікті қорғаудың Советтік комитетінің мүшесі ретінде осы комитеттің соғысқа қарсы үндеуіне орай жазылған. Ө. «бейбітшілік» сөзін «достық», «игі еңбек» сөздерімен тығыз байланыстырып, бұларды «қасиетті мәні бар, жарқын саналы сөздер» ретінде біртұтас қалыптастырады да, барша адамзаттың «ең асыл арманы, ең зор мүддесі» тұрғысында бейбіт өмір сүру мағынасына зор көңіл бөледі. Бұл міндетті советтік интеллигенция да жақсы түсінгендігін мәлімдейді, бейбітшілік талабы «бар дүние жүзіндегі халықтардың барлық анасының талабы екені даусыз» болғанын жазады. Мақаланың соңында автор «Советтік бейбітшілік комитетінің үндеуіне қосылып, кол қоюымызбен қатар», партияға адалдығын білдіреді, шын жүректі тілегін айтады.

*Н. Жаңақова.*

**«БЕЙБІТШІЛІК МҮДДЕСІ ҮШІН»** («В интересах мира»), жазушының мақаласы. АҚШ

жазушыларына ашық хат түрінде жазылып, Ө-тен басқа Н. Грибачев, Б. Изаков, В. Катаев, Н. Михайлов, С. Михалков, Б. Полевой, А. Софронов, А. Чаковский, М. Шолохов, А. Штейн, С. Щипачевтер қол қойған. «Литература и жизнь» газетінің 1960 ж. 18 мамырдағы санында жарияланған. Мақала шығарудың алдында АҚШ-тың барлаушы ұшағы КСРО аумағында атып түсіріліп, парашютпен жерге қонған шпион-ұшқыш Пауэрс ұсталған еді. Осыған орай дүние жүзі баспасөзінде үлкен шу көтерілген. «Батыс» Кеңес Одағын айыптаса, социалистік лагерь елдері АҚШ-ты жамандап жатты. Осы оқиғаға байланысты Кеңес Одағының баспасөз органдары айыптау мақалалар жариялады. Мақала-үндеуде жазушылар АҚШ-тың тіміскі әрекетіне біржола қарсы шыққан. Шығарма америка жазушыларын бейбітшілік жолындағы күреске шақырумен аяқталады. Мақала астында М. Ө-тің фамилиясы бірінші тұрғанмен авторлық басымдықты Өуезовке де, қол қойған басқа жазушыларға да таңуға болмайды. Өйткені заманға, саясатқа сай іреншікті оялар мен айыптаулар айтылған ұжымдық мақала деген жөн.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ДОСТЫҚ ТУЫ АСТЫНДА»** («Под знаменем мира и дружбы»), жазушының мақаласы. Ө. Бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшесі ретінде 1951 ж. 5 қыркүйекте «Правда» газетінде жариялаған. Комитет кеңесінің пленумы 5 ұлы держава арасында бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайту мақсатында халықтың қолдауына сүйену жөнінде шешім қабылдағанын баяндайды жазушы. Барлық адамзат баласы өз еңбегімен, ақыл-ойымен жер бетінде тыныш өмір орнауы үшін күресуі керек. Мемлекеттер бейбітшілікті жақтайтын саясат арқылы соғысқа жол бермей, тыныштықты қорғау керек дейді автор. Ұлы жазушының осындай ояларды қозғауына себепкер болған адамзатты суық қару соғысы елеңдеткен кезең еді. АҚШ пен Англия мұндай соғысты ұйымдастырушылардың бастаушысы еді. Вашингтон мен Лондондағы мырзалар жаңа соғысқа дайындық жүргізіп жатты. Ал Германия мен Жапония оларды жақтады. Осындай қиын-қыстау кезеңде Ө. бейбітшілікті сақтау жолында өз ойын, өз пікірін білдірген еді.

*Б. Мамраев.*

**БЕЙСЕКОВА** Шабал (1917–1997), әнші, актриса. Қазақстанның халық артисі (1959). Вокал өнерін әйгілі сахна шеберлерінен үйренді, негізгі опералық партияларды ұқыпты игерді. М. Төлебаевтың «Біржан-Сарасындағы» Сара, Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібегіндегі» Жібек, С. Мұхамеджановтың «Айсұлуындағы» Айсұлу, П. Чайковскийдің «Евгений Онегиніндегі» Татьяна т. б. рөлдерін орындап, шеберлігін шыңдады. Ө. либреттосын жазған А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсындағы Ажар партиясы Б-ның орындауында жан-жақты шешімін тапты. Үздік орындаушылық шеберлігі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды (1949).

*Б. Мекішев.*

**БЕЙСЕНБАЙ** Жәнібекұлы (1858–1917), Абайдың замандасы, ақын. Ол Ырғызбаймен туысқан Топайдан тарайды. Өлеңге, ақындыққа бейімін байқаған Абай үнемі ханына жақын тартып жүреді. Абай «Қозы Көрпеш – Баян сұлуың» Жанақ айтқан нұсқасын тыңдағаннан кейін Б-ға ол жырдың мазмұнына өзгеріс енгізіп, соңында Қозы Көрпешті өлтірмей, Баян екеуін мұратқа жеткізеді. Б. жыр-

ды 17 түрлі мақаммен айтады екен. Жырдың бұл нұсқасын 1936 ж. Ө. жеке кітап етіп бастырды және ол өзінің зерттеулерінде Б-ды Абай ақындығының айналасындағылардың біріне жатқызған («Өр жылдар ойлары», А., 1959, 68-бет). Ал «Ұлы ақын, ағартушы – Абай Құнанбаев» атты мақаласында Б-ды Абай өлеңдерін қазақ даласына таратушылардың бірі ретінде сипаттаған.

*Т. Тұрғанбаев.*

**БЕЙСЕНБАЕВ** Мұздыбай (1929 ж. т.), әдебиет зерттеуші, абайтанушы. 1968 жылдан бастап Абайдың Семейдегі қорық-мұражайында аға ғылыми қызметкер. Абай мен Мұхтар мұраларын іздеу-жинау жұмысымен ертеден шұғылданған. Ұзақ жылдар ғылыми экспедициясын Омбы, Тобыл, Түмен, Қазан, Мәскеу, Ленинград, Алматы т. б. қалалардың мұрағаттарынан, ғылыми-көпшілік кітапханаларынан, мұражай гимараттарынан ұлы ақынға қатысты деректерді тауып, сарыла зерттеді. Нәтижесінде «Абай және оның заманы» атты зерттеу еңбегі (1988), «Абайдың әдеби-мемориалдық музейі» (1971), «А. Құнанбаев» (1971), «Абайдың республикалық мемориалдық музейі» (1982), «Абайдың Жидебайдағы музей-үйі» (1985) т. б. кітаптары жарық көрді. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына әзірлік кезінде «Ұлы тұлғаның Семейдегі қоғамдық-жазушылық еңбегі», «Ұлы Мұқан мен Мәннан Тұрғанбаев» деген мақалалары «Семей таңы» газетінде жарияланды. Автор онда ұлы жазушының Семейдегі қызметін, ұлт зиялыларымен қарым-қатынасын сөз еткен (1977, №20–33). Ө-тің шығармашылығы туралы «Дария басы бұлақтан» деп аталатын зерттеу мақаласы тың мұрағат деректеріне сүйеніп жазылды.

*А. Арықбаева.*

**БЕЙСЕНБИЕВ** Қасым (1919–1980), философ. Философия ғылымының докторы (1960), профессор (1961). Зерттеу еңбектері 20 ғасырдың басындағы Қазақстандағы идеялық-саяси ой мәселелерін арналған. Бұл салада 3 монографиясы жарық көрді. «Абай Құнанбаевтың дүниеге көзқарасы» атты монографиясында (1956) ұлы ақынның шығармаларындағы философиялық ой-толғаныстарды маркстік дүниетанымға орай талдап, ұлы ақынның өмірге, дүниеге көзқарасы туралы айтқан, Ө-тің пікірлері мен танымдық пайымдауларына сүйеніп, жүгініс жасаған. Қазақтың көрнекті жазушысы Ө. Абай туралы роман жазып, ақынды қазақтың аса көрнекті ағартушысы, езілген қалың бұқараның шын қорғаушысы және мүдделерін жақтаушы ретінде көрсеткен деп жазған (4-бет).

*Ө. Нысанбаев.*

**БЕЙСЕНОВ** Пернебек (1928 ж. т.), суретші, журналист. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978). 1949 ж. «Абай» романы үшін Мемлекеттік сыйлық алуына байланысты «Мұхтар Әуезов «Абай» романын жазу үстінде» деген тақырыпта сурет салып (кенеп, майлы бояу), ұлы жазушыға тарту еткен. Бұл суретті кезінде жазушы жоғары бағалаған. Ө-пен кездесіп, әңгімелескен сәттерін Б. естеліктерінде тәптіштеп баяндаған («Жас алаш», 1995, 5 сәуір; «Ұлан», 1997, 23 қыркүйек).

*Ж. Ысмағұлов.*

**БЕЙСЕНОВА** Фафура Нұрғалиқызы (1924–1991), музыка зерттеуші. Өнертану ғылымының кандидаты (1966). Қазақстанның еңбек сіңірген жоғары

мектеп қызметкері. Ғылыми еңбектері қазақ халық музыкасы тарихы мәселелеріне арналған. Абайдың музыкалық мұрасын жан-жақты зерттеді. Ақынның музыкалық шығармаларының бастау көздері, ән өнеріндегі өзіндік ерекшеліктері, эстетикалық-көркемдік талғамы, Абай дәстүрінің қазақ ән өнеріне тигізген әсері туралы толғамды ойлар мен келелі пікірлер айтты. «Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры» деген кітабында (Б. Мекішевпен бірге, А., 1954) Ә-тің «Айман-Шолпан» комедиясының қойылымы жөнінде соны пайымдаулар айтты, жазушы қаламының ұшқырлығын атап көрсеткен (14-17-беттер).

**БЕЙШЕНӘЛИЕВ** Шүкірбек (1928 ж. т.), қырғ. жазушысы. Қырғызстанның халық жазушысы, драматург, аудармашы, қоғам қайраткері. Қырғызстанның өнер сiңiрген өнер қайраткері (1974). Ә. туралы «Жизнь, имя и память» («Слово Кыргызстана»), 1997, 20 июня), «Мұхтар Әуезов туралы естелік» («Обо», 1997, №31, 32, 34) мақалаларын жазды. Қазақ жазушысының 100 жылдық мерейтойына байланысты Бішкекте өткен ғылыми конференцияда Ә-ке жүрежарды сөздерін арнады; Семей мен Алматыдағы ұлы жазушыға бағытталған мерекелік салтанаттарға қатысты.

Ч. Жумағұлов.

**БЕЙСҚҰЛОВ** Тоқтар Әбдірахманұлы (1932 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1997). Ә-тің дәрістерін тыңдаған, лекциясынан жазып алған конспекті қолында сақтаулы. «Ұстаздан ұлағат» атты мақаласында: «Әуелінде біраз кібіртіктей сөйлеген Мұхтар бір кезде бүйірі қызған жүйріктей арындай түсіп, сөзді түйдек-түйдегімен тастап, бүкіл қазақ, орыс, Орта Азия, Еуропа фольклорлық ғылымының ғаламат бағын аралатты-ай кеп бізді» деп, мақтаншы сезіммен жазған.

А. Кендірбекұлы.

**БЕКБЕРГЕНОВ** Мақаш (1919–1993), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1984), профессор (1986). Кезінде Ә-тің аспиранты болған. «Сөз зергері» (1967), «Азаттық үшін алысқандар» (1976), «Әдебиеттегі революционерлер бейнесі» (1978), «Дүбірлі дәуір шежіресі» (1987) атты монографияларында Ә-тің көркем туындылар жөнінде айтқан ой-пікірлеріне жүгініс жасап, дәйектеме келтірген, туған халқының рухани мұрасына қосқан үлесін атап көрсеткен. Ал «Мұхтар ағамыз» атты мақаласы («Шарқ юлдузи», 1967, №12) Әуезовтің 70 жылдық мерейтойына арналған.

**БЕКЕЙ**, жазушының кейіпкері. Әйгерімнің әкесі. Тобықты ішіндегі Мамай, Мамайдың Жиеншора, Байшора деген тармағының аз үйлі Байшорасынан тарайды. Ағайынды Б., Шекей Орда тауының етегін мекендейді. Ә-тің «Абай жолында» Абайлардың Семейден қайтып келе жатып, Орданың Шілікті кезеңінде отырған осы аз ауылға кездескенін, Әйгерімді көргенін көркем суреттеген. Осында ғана көрінетін Б. естен кетпестей жадында қалып қояды, содан кейін қайтып кездеспейді. Ел аузынан жинаған деректерінде де Б-дің есімі аталғаны болмаса, ол туралы өзге нақты мағлұмат жоқ.

Т. Әкім.

**БЕКЕНОВ** Елжас Жүнісұлы (1892–1938), жазушы, сыншы. 1927 ж. «Жәмילה қалай сауатты болды?» повесть, 1929 ж. «Жаңа жол бойында», «Жалшы

сәулесі» әңгіме-очерктерінің жинақтары шықты. 1936 ж. «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» атты ғылыми-сын еңбегі жарық көрді. Осы сияқты еңбектерінде біраз ақын-жазушылардың қатарында Ә-тің есімі аталады. «Тарихи шындықты құр қиялмен суреттеуге болмайды» деген мақаласында «Айман – Шолпан» пьесасының жетістік жақтарын құптап, кейбір тарихи шындықтың бұрмалануына сын айтқан.

**«БЕКЕТ»**, пьеса, опера. Пьесаның түпнұсқасы мұражай-үйдің қолжазба қорында сақтаулы, көлемі – 79 бет. Соңына «1938 жыл» деп белгі қойылған. «Төрт әктілі, бес суретті күйлі (музыкалық) пьеса» алғаш рет «Әдебиет және искусство» журналының 1939 жылғы №2 санында жарияланған. Ә-тің таңдамалы шығармаларының 6 томдық жинағының 5-томында (1956), 12 томдық шығармалар жинағының 9-томында (1969), 20 томдық шығармалар жинағының 10-томында (1982) қайталанып басылды. Пьеса ақ елечімен жазылған. Оқиға 19 ғасырдың ортасында Жем өзенінің бойында өтеді. Бекет пен Зеренің үйлену тойы үстінде Арыстан сұлтан келіп, елдің шырқын бұзады. Оларды туған жерінен көшуге бұйырады. Батыр Бекет қарсылық көрсетіп, ақыры итжеккенге жер аударылады. Одан достарының көмегінің арқасында қашып шығып, дұшпанынан кегін алады. «Бекет» операсы 1940 ж. 29 ақпан күні Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының сахнасында қойылды. Композиторы – А. Зильбер, оркестрге түсірген – Р. Глиэр, режиссері – Қ. Байсейітов, дирижері – Ф. Кузьмич (кейіннен Б. Врана), суретшісі – А. Ненашев, биді қойған – Ю. Ковалев, хордың жетекшісі – Г. Петров. Би көріністерінде Шара Жандарбекова мен Е. Лифанова өнер көрсетті. Музыкалық шығарманың бұл қойылымы мамандардың арасында екі ұдай пікір тудырды. «Бекет» операсы туралы: «Қазақ операсының ұйымшыл ұжымы табанды ізденістің нәтижесінде қызықты спектакльді сахнаға шығарды. «Бекет» операсы, әрине, қазақ опера өнерінің шыңы емес, алайда бұл оның даму жолындағы ілгері басқан қадамы» (Ғ. Шарипова, «Бекет»); «Театр ұжымы үлкен жеңіске жетті» (Д. Пранишников, «Қазақтың жаңа операсы «Бекет»»); «Бекеттегі» мәнсізсіз, мазмұнсыз айғайдың мұнда да жүргенін көреміз» (А. Жұбанов, «Тұтқын қыз») – деген қарама-қарсы пікірлер білдірілді. Әсіресе, қазақтың халық әндерін ендеусіз пайдаланған композитор А. Зильбердің атына көптеген ескертулер мен сын айтылды. Қалай дегенмен «Бекет» операсы өзінің тарихи міндетін орындаған сахналық музыкалық қойылым болып табылады. Мұнда тұңғыш рет орыс әншілері (С. Колтон, О. Хан) қазақ операсында өнер көрсетті.

А. Омарова, А. Қуанышбаев.

**«БЕКЕТ БАТЫР»**, тарихи жыр. Патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы Есет Көтібаров басқарған Кіші жүз қазақтарының көтерілісіне (1855–1858) қатысқан батыр Бекет Серкебайұлына арналған жыр. Онда Бекеттің Арыстан сұлтанды өлтіру себепі, Сібірге айдалуы, артынан анасының іздеп баруы, әйелінің көмегімен түрмеден қашуы баяндалған. Ә. «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде «Б. б.» жырының қысқаша мазмұнын баяндап, мән-маңызына тоқталған. Онда ол жырды туғызған қалың елдің наразылығы, қазақтан сайланған ханның аярылығы мен зұлымдығы, елге келтірген ауыртыпалығы көтерілістің шығуына себеп болғанын жазады. Жыршы тарихи оқиғаны тақырып етіп алғанмен, Бекет

жайын қиялына ерік беріп, еркіндікпен әңгімелеген дейді зерттеуші. Бекетті тарихи өлеңнің қаһарманына қосатын себеп: қылышын қан тамған ұлықты өлтіріп, қазақ елінің патша үкіметіне қарсылығын үлкен іспен көрсетуі. Соңдықтан Бекеттің даңқы қазақ даласына көп жайылып, ертегіге ұқсас әңгіме болған деп ои түйеді жазушы.

*Ж. Молдабеков.*

**БЕКМАХАНОВ** Ермұқан (1915–1966), тарихшы. ҚазКСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1962), тарих ғылымының докторы (1946), профессор (1948). Зерттеген мәселелерінің негізгілері Қазақстан тарихына, оның ішінде ұлт-азаттық қозғалыстар тарихына арналған. Жалпы білім беретін мектептер үшін Қазақстан тарихы бойынша алғашқы оқулықтар жазды. 40–50 ж. жазықсыз жалаға ұшырап, 1954 ж. толық ақталып шықты. «Имперализм дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы» (1957), «Қазақстанның Ресейге қосылуы» (М., 1957), «XIX ғасырдағы Қазақстан тарихының очерктері» (1966) деген монографиялары жарық көрді. 50-жылдары Ә-пен бір жоғары оқу орнында қызмет істеп, достық, рухани қарым-қатынаста болды.

*К. Нұрпейіс.*

**БЕКОВ** Орынбек (1898–1937), жазушы, драматург, қоғам қайраткері. Қазақ өнері туралы көптеген сын мақалалар жазды. «Ұлы істің игілігі үшін» атты публицистикалық мақалалар жинағы (1928), «Совет-бике» повесі (1931) жарық көрді. 1932 ж. Ә-пен бірге Қазақстан кеңес Жазушылар одағы өлкелік ұйымдастыру комитетінің I пленумында «Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері» туралы баяндама жасады. Бұл сол жылы «Әдебиет майданы» журналының 2-санында екеуінің атынан жарияланды. «Оқтарбь мерекесіне театр даярлығы» (1932), «Еңлік – Кебек» жөнінде (1933), «Қазақ театры мен драматургиясының есу белестері» (1934) т. б. әдеби-сын мақалаларында Әуезовтің драмалық шығармаларына және қазақ драматургиясын дамыту жолындағы еңбегіне жоғары баға берді. Мысалы, 1933 ж. жарық көрген «Оқтарбь үшін» пьесасына жазған алғы сөзінде: «Ресейдің болсын, Қазақстанның өзінің болсын, мәдени орталығынан қиыр жатқан Жетісу еңбекшілерінің Оқтарбь үшін қалай тартысқан тарихымен жұртшылықты таныстырудың өзі аз олжа деп ойламаймын» депті. 1937 ж. жазықсыз жазаға ұшырап, кейін ақталды.

*М. Қозыбаев.*

**БЕКТАЕВ** Қалдыбай (1920–1996), лингвист, математик, филология ғылымының докторы (1976), профессор (1976), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1980). Тіл білімін математикалық тәсілмен байланыстыра зерттеуді Қазақстанда алғаш жүзеге асырып, осы салада көптеген ғылыми еңбектер жариялады, шәкірт-ғалымдар тәрбиелеп өсірді. 200-ден астам ғылыми еңбектер жазды. Б-тың жетекшілігімен 1979 ж. «М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» жарық көрді. Бұл еңбекте жазушының сөз байлығына, сөздерді қолдану тәсіліне, стилистикалық ерекшеліктеріне сандық сипаттама берілді. Бұл зерттеу қазақ және жалпы түркі тілдерін, көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерін зерттеушілер үшін мол мағлұматтар береді.

*К. Сыздықов.*

**БЕКТАСОВА** Жамал (1923 ж. т.), актриса. 1939 ж. Алматы театр училищесін бітірген. Қазақстан

Республикасының халық артисі (1998). Алғашқы күрделі рөлі – Ә-тің «Еңлік – Кебегіндегі» Еңлік. Мұнан кейінгі қойылымда «Айман – Шолпанда» Айманды ойнаған. 1945 ж. Алматыдағы Республикалық жасөспірімдер мен балалар театрына ауысып, күні бүгінге дейін сонда шығармашылық қызметте. Әр жардағы пьесаларда көптеген образдар жасады. Солардың ішінде Ш. Айманов қойған «Жас Абайда» Ұлжанның бейнесін сомдады. 1986 ж. Р. Сейтметов қойған «Алуада» үнділік әйелдің рөлін ойнаған. Ә-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты жазушының әңгімесі негізінде қойылған «Қаралы сұлуда» күтуші кемпірдің бейнесін сомдады.

*Б. Құндақбайұлы.*

**БЕКТЕНОВ** Мұқан (Мұ х а м е д) Әмірәліұлы (1908–1950), актер, әнші. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1944). Ә-тің «Еңлік – Кебегі» мен «Қарақышпақ Қобыландысында» аңғал батыр Есен, қара күш иесі Қазан, Әуезов пен И. В. Коцықтың «Айман – Шолпан» атты музыкалы комедиясында әнші-ақын, сері Арыстан, Әуезов пен Ә. Әбішевтің «Намыс гвардиясында» генерал И. В. Панфилов бейнелерін жасады.

*К. Нұрпейіс.*

**БЕКТҮРОВ** Жайық Көгенұлы (1912–1998), жазушы, аудармашы, журналист. «Түнгі сарын» (Ә. Әзіевпен бірге), «Советтік Қарағанды», 1960, 23-қараша), «Жүректе қалған бір бейне» («Коммунизм нұры», 1967, 22 желтоқсан) мақалаларында Ә-тен қалған әдеби мұралардың мәңгі өлмейтінін, оның болашақ ұрпаққа да рухани азық болып қала беретінін жазды.

*Б. Мамырәев.*

**«БЕКТИК ҚҰЛАУҒА АЙНАЛЫП, ӨНДІРІС КАПИТАЛЫ ДӘУІРЛЕЙ БАСТАҒАН КЕЗДІҢ ӘДЕБИЕТІ (1870 ЖЫЛДАР МЕН 1905 ЖЫЛДАР АРАСЫ)»**, жазушының мақаласы. Орта, орталау мектептің 7-сыныбына арналған «XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» кітабында жарияланды (1933). 19 ғасырдың 2-жартысы Қазақстан тарихына үлкен өзгерістер әкелді. Қазақтағы бұрынғы тәртіптік жүйелер осы кездегі жаңа тәртіптік жүйелерге ауыса бастады. Соның бірі қазақ жерінде аға сұлтандықты жойып, бірін-біріне айдап салуға және билеп-тестеуге қолайлы болыстықты орнатты. Олардың ойлағанындай болыстық нағыз ыңғайлы әкімшілік болып шықты. Сөйтіп қазақ даласы сыртымен де, ішімен де осылай өзгерді. Ресейдегі аштық, жоқшылық, жер тапшылығы салдарынан мұжықтар мен крестьяндардың қоныс аударуы қазақтарға үлкен ауыртпалық әкелді, олардың шұрайлы жерлері мен жайылымдарын тартып алып, селолар сала бастайды. Патшалық үкімет жергілікті халыққа аздап оқу-білімді беруді жоспарлайды, жас буынды осы арқылы тарту – үлкен нәтижелерге алып баруы мүмкін деген оймен жаңа үлгідегі агенттерді, тілмаштар мен шала оқытушыларды әзірледі. Ендігі кедергі келтіретін ислам діні, оны өсірету үшін миссионерлікті күшейту, аздап орысша оқу-білім беріп, ол көшті шоқындыруға бейімдеу саясатын жүргізді. 60–70-жылдардың негізгі жаңалықтары осылар болды. Патшалықтың бұл саясатын әдебиетте алдымен Шортанбай, Мұраттар түсінді. Ал Ыбырай, Абай сияқты оқығандар саясаттың әл-

гідей бағыттарын емес, ғылым-өнерін үйренуге, еуропалық мәдениетін меңгеруге үгіттеді, олардың ойлағанындай шала білімнің өсірмейтінін ұғындырды; екі ғасырдың жапсарында өскен Өбүбәкір, Шәңгерей, Мәшһүр Жүсіптер де заман ағымының өзгерістеріне осылай қарайтындығымен көрінді. Патшаға сіңірген еңбектері үшін шен-шекпен, жер алып, елін борсықтай сорғандар болды, бұл да патша үкіметі енгізген жаңалықтардың жемісі еді; шала білімімен осы жолда қызмет еткендер де аз болған жоқ.

*Т. Әкім.*

**БЕКХОЖИН** Қайыржан Нұрғожаұлы (1910–1979), тарихшы. Тарих ғылымының докторы (1965), профессор (1976). Ғылыми еңбектері қазақ баспасөзінің тарихына, ұлттық журналистиканың теориясы мен даму аясына арналған. «Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860–1930)» (1969), «Қазақ баспасөзі тарихының очерктері (1860–1958)» (1981) атты монографияларында Ө-тің оқу-ағарту, баспасөз туралы айтқан ой-пікірлеріне, тұжырымдарына сүйеніп, дәйектен келтірген.

*Н. Оспантегі.*

**БЕКХОЖИН** Қалижан Нұрғожаұлы (1913–1990), ақын. Қазақстанның халық жазушысы (1986), КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1978). Б. «Алма бағында» туралы» атты («Лениншіл жас», 1937, 21 шілде) мақаласында ұлы жазушы пьесасы жайында жылы лебіз білдірді. Кейінірек «М. О. Әуезов» атты мақаласында Мұханның даналық, дарындылық қасиеттерін сипаттады. Ол Ө-пен өзінің сан рет кездесулері жөнінде «Кең кеуденің жылы лебіздері» атты естелік жазып, жариялады. Ө-ке арналған «Далама даңқ берген асқар едің» атты өлеңінде жазушының әдеби бейнесін тебірене жырлады. Орыс ақыны С. Щипачевтің Ө-ке арнап шығарған белгілі өлеңін қазақ тіліне аударып, баспа бетінде жариялады. Ө. «Октябрь өркені» деген мақаласында Б-нің реалистік шығарма туғызу жолында биік деңгейге көтерілгенін, көп ізденіп, өсіп келе жатқан ақын екенін атап көрсеткен (165–166-беттер).

*Ө. Нарымбетов.*

**«БЕЛГІСІЗ ӘУЕЗОВ»** («Неизвестный Ауезов»), Ө-тің бұрын белгісіз болып келген, көбі қолжазбалар негізінде дайындалған мақалалар мен «Хан Кене», «Дала дастаны (Степные были или Песни степей)» пьесалары, «Абай» киносценарийнің бұрын жарияланбаған бір нұсқасы кірген жинақ (Алматы: Жібек жолы, 2005, 350 бет). Жинақты баспаға дайындаған М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы. Жинақты құрастырғандар Р. Әбдіғұлов (жауапты редактор), Д.Қонаев. Жинақ таралымы 2 мың дана.

*Р. Әбдіғұлов.*

**БЕЛОРУС ӘДЕБИЕТІ.** Славян тілдерінің шығыс тобына жататын белорус тілінде қалыптасқан әдебиет. М. Ө. Мәскеу мемлекеттік университетінде «СССР халықтары әдебиеті» курсы бойынша арнайы лекция оқыды. Дәрістің бір сабағын белорус әдебиетінің тарихына арнады. Ал өзінің «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында Францишек Богушевичтің шығармашылығына, «Мұжықтың көргені», «Ол келе жатқан кім!» поэмалары белорус халқының ұранына айналған Янка Купаланың поэзиясына, белорустың

жаңа әдебиетінің іргесін қалаушы Якуб Коластың туындыларына кеңінен талдау жасап, әділ бағасын берді (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 19-том, 438-бет). Ө-тің «Бүркітші» әңгімесі «Полюмя» журналының 1967 ж. 11-санында В. Никифировичтің аударуымен белорус тілінде жарық көрді.

*Т. Жұртбай.*

**БЕЛБОТАЕВ** Алмасбек Батанұлы (1949 ж. т.), тілтанушы. Филология ғылымының кандидаты (1992). Негізгі еңбектері лингвистика мәселелеріне арналған. «Құманша-қазақша жиілік сөздікті» жасауға (1978), «Қазақ тілін үйренушілерге» (орыс тілінде, 1-том, 1992; 2-том, 1993; 3-том, 1994) кітабын құрастыруға қатысты. Ө-тің «Өскен өркен» романының жиілік сөздігін» (1988), «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің алфавиттік-жиілік сөздігін» (1989) құрастырды (авторлармен бірге). Ө-тің «Индия очерктеріндегі жалқы есімдердің түсіндірме сөздігі»; «М.О. Әуезов шығармаларындағы «драматургия, повесть» етістік сөздердің үлестірімділік-желілік сөздігі» («Қазақ тексінің статистикасы», 2-шығарылуы, 1990, 162-187, 188-189) деген мақалаларын жариялады.

**БЕЛҒЕР** Герольд Карлович (1934 ж. т.), жазушы, әдебиет сыншысы, аудармашы. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1987). Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты (1992). ҚазПИ-ді (1958), оның аспирантурасын (1963) бітірген. Шығармаларын қазақ, орыс, неміс тілдерінде жазды. «Гете және Абай» (1995) атты зерттеу еңбектерінде Абай шығармалары көркемдік, философиялық-эстетикалық мән-мағынасын ашуға, батыс әдебиетімен байланысын зерделеуге арналған. Осы орайда автор Ө-тің екі ұлы ақын туралы айтқан пікірлері мен тұжырымдарына жүгініп, өз ойларын алға тартқан. «Лияс Жансүгіровтің Пушкин лирикаларын аударуы» деген мақаласында Мұханның аударма туралы жазған туындыларын саралай келіп, поэзияны тәржімалаудың принциптеріне тоқталған.

*Н. Ақбай.*

**БЕРДИЯРОВ** Тоқаш (1925–1988), ақын. Алғашқы өлеңі 1950 жылы жарық көрді, «Шалқар теңіз» өлеңдер жинағы 1952 ж. басылып шықты. Өзінің шығармалары жөніндегі әділетсіз көзқарастарды айтып, 1955 ж. М. Әуезовке хат жазды (№589-папка). Бұл хатқа түсіністікпен қараған жазушы «Мәлік Ғабдуллинге жауап хат» («Қазақ әдебиеті», 1955, 11 қараша) деп аталатын мақаласында: «Мәлік, сіз жеке жолдарын сынағанмен, әңгіме желісін де қабылдамағаныңызбен, мен өзім тың табыс деп, жас Тоқаштың жаңа поэмасы «Мен өмір сүремінді» атар ем. Ол поэманың сіз сынаған кейбір ақындық теңеуінің жайына кейін тоқтаймыз» дейді. Осы сөзден қанаттанған ақын бұдан кейін көптеген өлеңдер жинағын шығарды. Кейін «Әуезов ескерткіші, балалар және мен» деген өлеңін жазды («Лениншіл жас», 1986, 27 тамыз). Ақын онда ұлы жазушының бейнесін ыстық сезім, шынайы сүйіспеншілікпен жырлаған.

*Т. Әкім.*

**БЕРДІБАЕВ** Рахманқұл (1927 ж. т.), әдебиет зерттеуші, мұхартанушы, жазушы, сыншы. Филология ғылымының докторы (1970), профессор (1983). Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі (2003), ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ғылыми қайраткері (1984). Ғылыми еңбектері фольклор, әдебиеттер байланысы, қазақ әдебиетінің сы-



ны, жанр мәселелеріне арналған. Ө-тің шығармашылығы жөнінде «Сюжет және характер» (1964), «Идея және композиция» (1967), «Сөз зергері» (1973), «Шығарма шарты» (1980), «Өшпес өнеге» (1985) т. б. мақалаларын жазса, «Тарихи роман» монографиясында (1997) «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» атты тарауын (8–112-беттер) «Абай жолына» арнады. Ал «Мұхтар шыңы» жинағында (1997) ұлы жазушының суреткерлігін жаңа қырынан сипаттайтын зерттеу еңбектері топтастырылған. Жалпы Ө-тің жазушылық қызметіне байланысты 40 шақты еңбегі жарық көрді.

*Н. Ақбай.*

**БЕРДІҚОЖА** (шамамен 18 ғасырдың соңы – 19 ғасырдың ортасы), жазушының атасы. Құнанбай Б-ның Шыңғыстың тұмсығындағы Шалғынбай төренің ауылынан 1850 жылдары қасына көшіріп әкеліп, Қызылшоқы деген жерге қоныстандырған. Шөжірелерде Б-ның әкесі Сағқып (Саяқ) делінеді. Сағқыптың зираты – Арқат тауындағы Бетағаш қорымында. Саяқып Ырғызбайдың, Берді Өскенбайдың, Өуез Құнанбайдың, Омархан – Абайдың замандасы. Ө. 1928 ж. С. Сәдуақасовтың сұрағына берген жауабында: «Тобықты ішіне менің үшінші атам Бердіқожа бірталай туысқандарын ертіп, найман ішінен келген. Ол – Құнанбай заманы. Құнанбайдың шақыруымен келгенге ұқсайды. Ең әуелгі шыққан жерлері ол кезде Алматы жағы болса керек. Бердіқожа тобықты ішіне келген соң, бірталай заман өмір сүрді. Артынан бір қызын Құнанбай тоқалдыққа алған. Сонымен бүл елмен құдандалы, жақын болып, тобықты ішінен қоныс алып, мекен етіп, тұрып қалған. Бердіқожа өзге қожаларша қожалық етіп, үгіт айтып, дінге үйретіп жүрді ме, жұрмеді ме, оны білмеймін. «Солдай қылды» деген сөзді естігемін жоқ» деп жазған. Сағқыптың ұрпақтарының шежіресі бойынша, оның бәйбішесінен – Өзібек, Қарақожа, Сәсейіт, Солтан, Темір; тоқалынан – Төлеген, Берді, Қылыш туады. Бердіден – Үсен, Бұрахан, Өуезхан, Кенжехан, Самархан деген ұлдары және Бибіхан, Айшахан, Нұржан, Нұрғаным есімді төрт қызы тарайды. Өуезден – Омархан, Омарханнан – Мұхтар туады.

*Т. Жұртбай.*

**БЕРДІҚҰЛОВ** Сейдахмет (1933–1994), жазушы, публицист. Шығармаларында замандастар өмірін бейнелейтін, ар-ұждан, адамгершілік парыз, азаматтық қасиет жайында ой толғайтын. Немістің Гельмут деген миллионерінің арнайы келіп, Ө-ті көре алмағанына қапа болғанын суреттеген «Миллионер өкінген түн» атты туындысын жазды («Қазақ әдебиеті», 1987, 5 қыркүйек). «Ғажайып дәптер» әңгімесінде ұлы жазушының 1910 ж. Семейде оқып жүрген кезінен сыр шертеді. Өуезовтің ұқыптылығы мен білімділігін жас жеткіншектерге үлгі етіп ұсынады («Балдырған», 1962, №9; «Ана тілі», хрестоматия, 2-сынып, А., «Атамұра» баспасы, 1998, 130–132-беттер).

**БЕРЕЗИН** Илья Николаевич (1818–1896), орыс ғылымы, шығыстанушы әрі түркітанушы. Қазан (1846) және Петербург (1855) университеттерінің профессоры. Негізгі еңбектері Таяу және Орта Шығыс елдерінің тарихын, философиясын, археологиясын зерттеуге арналған («Шығысқа саяхат», 1850–52; «Парсы тілінің грамматикасы», 1853; «Алтын орданың ішкі құрылысы», 1850; «Жошы ұлысының ішкі құрылысы туралы очерктер», 1864 т. б.). Ш. Уәлиханов Б-нің «Хан жарлықтары» деген ең-

бегіне (1850–52) пікір жазған. Ө. «Ертегілер» деп аталатын еңбегінде қазақ ертегілерін жинап, зерттеп, орысшаға аударып, жариялаушылардың бірі ретінде («Түркі хрестоматиясы», 1857) Б-ді жоғары бағалаған. Жазушының өзі де қазақ ауыз әдебиеті туралы ғылыми зерттеулерін жазғанда, Б. жинаған материалдарды мол пайдаланған.

*Н. Оспантегі.*

**БЕРЕКЕ** (т.-ө. ж. белгісіз), жазушының нағашысы. Ө-тің туған шешесі Нұржамалдың атасы. Нұржамалдың әкесі – Өбсәмет Берекеұлы. Б. – Алматының түбіндегі Байсерке ауылының азаматы. Ол әрі-бәрі кіре тасып, көпестік жасап, саудасаттықпен шұғылданған. Сөйтіп жүріп Өуездің әулетімен танысады, немересі Нұржамалды Омарханға айттырып, Өуезбен құда болады. Омарханның ағасы Самарханның қайын жұртымен араласып, олармен бірге Алматыға келіп, сауда жасайды. Сол кезде Өбсәметпен танысып, аралас-құралас болып, Нұржамалды еліне алып келеді.

**БЕРЕКЕХАН** Құтайбаұлы (1919–1942), Абайдың шөбересі, Мағауияның немересі. Семей қаласында орысша 7 сыныпты бітірген. Шығыс Қазақстандағы Новошұльба ауданының Убофорпост ауылдық кеңесінен әскерге алынып, Ұлы Отан соғысында қаза болған. Ө. оны жақсы білген, қарымқатынас жасап тұрған.

**БЕРНАДСКИЙ** Василий Анисимович (1917–1991), орыс ақыны, журналист. ГУЛАГ-тің азал лагеріндегі көп жылғы қуғындаулардан кейін, Қазақстанда қызмет етіп, өмір сүрген. «Жаңа өлеңдер» (1965), «Солтүстік ызғары» (1968), «Қуз қуанышы» (1975), «Сәулелі қабырға» (1989) т. б. өлеңдер жинағының авторы. Бірқатар қазақ ақындарының шығармаларын орыс тіліне аударған шебер аудармашы. 1967 ж. 9 желтоқсанда «Вечерняя Алма-Ата» газетінде Ө-ке арнаған «Ол білтік сүйетін» атты өлеңі жарияланды. Ал «Сөзге өміт жоқ» деген мақаласында («Простор», 1964, №1) Өуезовтің адамгершілік қасиеттері жайлы толғана келіп: «Абай Мұхтарға шабыт берді, содан барып ұлы эпос дүниеге келді» деп жазды.

*А. Мамырәева.*

**БЕРТЕЛЬС** Евгений Эдуардович (1890–1957), шығыстанушы, профессор (1928). КСРО ҒА-ның (1939), Иран ҒА-ның (1944), Араб (Дамаск) ҒА-ның (1955) корреспондент мүшесі, Өзбекстан (1944) мен Тәжікстанның (1946) еңбек сіңірген ғылым қайраткері. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1948). Музыка мен зат ғылымынан жоғары дәрежелі білім алған. Петроград институтының шығыс тілдері факультетін бітірген (1920). КСРО ҒА-ның Шығыстану институтында өмірінің соңына дейін қызмет атқарды. Шығыс халықтарының мәдениетін зерттеп, 300-ге жуық еңбек жазды. Солардың ішінде «Жәми» (1942), «Низами» (1948), «Науаи» (1948), «Суфизм және сопылық әдебиет» (1965) атты монографиялары көрнекті орын алады. Ө. Ленинградта оқып жүргенде Б-тің лекцияларына қатысып, дәріс алған. Кейін сонда, Мәскеуде, соғыс жылдары Б. эвакуациямен Ташкентте болғанда талай рет жолығып, сұхбаттасқан, пікір алысқан, ой бөліскен.

*Н. Бауған.*

**«БЕС ДОС»**, жазушының пьесасы. Алғаш рет Ө-тің 1956 ж. шыққан 6 томдық шығармалар жинағының

5-томында жарияланды, одан кейін 12 томдық (1969, 10-том), 20 томдық (1982, 11-том) шығармалар жинағында басылды. Шығарманың бірінші бетіне «Ұлы Отан соғысының геройы Төлеген Тоқтаровқа арналған 3 актылы, 11 суретті опера либреттосы, 1952 жыл» деп жазған. Қайта түзетілуінде «Төрт актылы, алты суретті опера либреттосы» деп өзгертілген. Музыкасын А. Жұбанов пен Л. Хамиди жазып, опера бірінші рет 1947 ж. 7 қарашада Абай атындағы қазақ опера және балет театрында қойылды, қайта өңделіп, толықтырылудан соңғы 2-редакциясы 1961 ж. көрсетілді. 1960 ж. Шолпаната жазбаларында «Төлеген» операсын мен ауызша айттым, Ғазиза басты» деген жолдар бар (№434-папка). Екінші рет қайта түзетілуі осы кезде болды. Бұл шығарма 1947 жылы «Төлеген Тоқтаров» яки «Бес дос» деп екі нұсқада жазылған. Соның біріншісінде «4 актылы, 5 суретті либретто» десе, екіншісінде «Төрт перделі, 6 суретті опера либреттосы» делінген. Либреттоның неге «Бес дос» аталуы орыс – Жадаев, қырғыз – Баймат, татар – Зариф, ұйғыр – Саттар, қазақ – Төлеген, бесеуі бірігіп жауға қарсы күреседі, барлау кезінде де, айқас кезінде де бірдей әрекет-қимыл жасайды. Ақыры Трашкото кыстағындағы шайқаста Төлеген танкіге қарсы жеке шығып, мерт болады. Арта қалған қалың қол жетеді, «Жас қазақ» әні оның ерлігін айқы еткендей айтылып жатады. Бұрынғы нұсқалары осымен аяқталса, соңғысына осы ерлік туралы айтқан генералдың сөздері қосылған.

*Т. Тұрғанбаев.*

**«БЕС МЫҢ ДЕГЕН БЕЛДЕН АСАРДА»**, жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің бес мыңшыны санының шығуына арнап жазылған. Автор газеттің өркендеп, сапасының арта түсуі үшін үш тілек-талабын қояды. Бірінші – көтеріп отырған тақырыбы, қозғау салған проблемалық мәселелерінің мазмұны мен мәні жағынан биік тұрғыдан келуін, екінші – әдебиеттің бүгінгі күні мен өткен кезеңдегі даму барысы, өсу қарқыны мен аяқ алысын, әсіресе, халық әдебиетінің асыл қазыналарын зерттеп, талдап ұғу жағына, үшінші – көркем өнер мәселесіне автордың, режиссердің табысы мен кемшілігіне, театрдың қалыптасып өсуіне көңіл аудартатын мақалаларға көбірек орын берсе, театр өнерінің жетіле түсуіне көп көмегі тиетінін баса айтқан. Шығарманың қолжазбасы сақталмаған. Алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 1938 жылғы 24 желтоқсандағы нөмірлерінде жарияланған. Елу томдық шығармалар жинағына енгізілді (12-том, 2004).

*С. Мәйлібай.*

**БЕСТАМАҚ**, Шыңғыстаудағы жер атауы. Бұл жер Ө-тің «Абай жолы» эпопеясына қатысты және басқа да жазбаларынан кездеседі. Эпопеяға жинаған деректерінде: «Қабантаудың қыр арқасынан көлденен созылған ақтастар – Мырзашоқы мен Шыңғыс арасындағы белгілі Қоңырәулие Барақ тасы. Шыңғыс жақтан жол келеді – сонда «Бестамақ» қолхозы бар» десе, 1945 ж. жазылған «Ақын елінде» деп аталатын очеркінен: «Сондай-сондай Абай тұсында болған көп-көп оқиғалардың куәлары Бұғылы, Бестамақ, Мәймібет сияқты биік тау, қалың адыр, көп қырқалар жатыр» деген жолдар бар.

*Т. Әжім.*

**«БЕСІГІНДІ ТҮЗЕ»**, роман-эссе. Авторы – Т. Жұртбаев. «Жазушы» баспасы 1997 ж. шығарған. Шығармаға Ө-тің тағдыр-талайы мен шығармашылық қызметі арқау болған. Данышпан суреткер тұлғасы бүкіл жан дүниесімен, табиғи болмыс-бітіммен толық ашылып, «Еңлік – Кебек», «Қарагөз», «Қаралы сұл» сияқты шығармаларының жазылу тарихы жан-жақты талданған. 30-жылдардағы аулмат, алашордашыларға қарсы арандату әрекеттері болашақ жазушының тағдырына да қатысы бар. Мұрағат материалдары арқылы, бірқатар зиялылардың естеліктеріне сүйеніп, автор қиын-қыстау сәттегі Ө. тағдырын нақты да шынайы көрсеткен. Сондай-ақ кітапта 20 ғасырдағы қазақ ұлтын толғандырған тарихи оқиғалар мен тұлғалар тарихы, заман екілігі, адамзат қасіреті, халықтың рухани қуаты дәл тұжырымдалып, соны деректермен дәлелденген. 1922 жылғы саяси қудалау мен ашаршылық, 1927 ж. басталған жазалау жосыны, Алашорда үкіметінің қырғын табуы, қайсарлық пен сатқындық, 1937 жылғы зауал – бәрі Ө-тің жеке басының күйзелісі мен күйініші арқылы суреттелген. Шығарманың көлемі 29,4 баспа табак, таралымы 1000 дана.

**БЕСІК ЖЫРЫ**, ауыз әдебиетінің жанры. Қазақтың музыкалық-поэтикалық фольклорындағы тұрмыс-салт өндерінің арасында кең тараған. Б. ж. екі түрлі міндет атқарады: 1) сәбиді жұбату және оның болашағына деген ата-аналық тілегін білдіреді; 2) ананың балаға деген мейірі, махаббаты, ой-арманы, ізгі ниеті, халықтың ақыл өсиеттері айқын көрінеді. Б. ж-на халықтық сипат, дестүрлі идеализация, оптимизм тән. Өлеңі 7–8, кейде 11 буынды өн түрінде құрылады. Ө. Б. ж-н арнайы зерттемеген. Ташкент қаласында шыққан «Жас қайрат» журналының 1924 ж. 3–4-сандарында жарияланған «Халық әдебиеті туралы» деген мақаласында халықтардың арасында ауыздан ауызға көшіп, бірден бірге қалып айтылып жүрген: өлең, жыр, ертегі, мақал, жаңылтпаш, айырым бесік жырлары, діндар өлеңдер, үлгілі әңгімелер... нәм басқа да осылар сияқты сөздердің бірсыпырасы халық әдебиетіне жатады» деп, бесік жырын халық ауыз әдебиетінің жанры ретінде атаған. Жазушының басқа ауыз әдебиетіне арналған өңбектерінде кездеспейді.

«Абай жолы» эпопеясында:

Қорқытпа менің баламды  
Гүлей соққан қақ боран.  
Балам әже қойыңда,  
Келе алмайсың сен бұған, –

деп басталатын Б. ж-н енгізіп, Ө. халық даналығынан туған фольклорлық мұраны пайдаланудың тамаша үлгісін көрсеткен («Абай аға» тарауы).

*Н. Ақбай.*

**БЕТАШАР**, салт жыры. Бұл туралы мақала Ө-тің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген зерттеуінің ішіне кірген тараулардың бірі. Зерттеуші салт өлеңдерінің құрамында Б-дың алатын орнын, мазмұндық ерекшелігін анықтаған. Б-дың қандай жағдайда, қашан, қалай айтылатынын сөз ете келіп, Ө. бұл өлеңнің танытқыштық, тәрбиелік және көркемдік мәнін ашқан; мұның тұрақты мәні (тексі) болатыны, онда қазақ отбасында жаңа түскен келінге арналатын өсиет пен міндет іріктеліп көрсетілетіні; жас келіннің жаңа келген елінде әдепті, еңбекшіл, өнегелі, үлкен мен кішіге ізетті болуға тиістілігі ғымбат, ескертпе түрінде берілетіні айтылған («ел-жұртыңа жақ, келін, ата-өнеңді бақ, келін, кісі келсе, үйіңе, киізінді қақ келін... өзіңнен үлкен

адамның, бетіне тіке қарама... сәлекет боп отырма, еркектей боп жүгініп, бір тізелеп жөн отыр, төмен қарап бүгіліп, қатты қылып сөйлеме, ақырын сөйле мүддіріп...». Б. өленінде отбасындағы үлгілі әйел қандай болуы керектігі туралы халықтың ғасырлар бойында қалыптасқан әдеп нормалары, өнерге тізбегі, адамгершілік дүниетанымы, әйелдердің адам тәрбиесіндегі айрықша орны көрініс тапқан. Қазірге дейін айтылып, қажетке жарап келе жатқандығы бұл өлеңдердің өміршеңдігін көрсетеді.

*Р. Бердібай.*

**БИБЛИОГРАФИЯ. Әдебиеттану библиографиясы** (грекше библион – кітап және графо – жазу), көркем әдебиет пен әдебиеттану ғылымына байланысты ақпараттар жинайтын ғылыми-практикалық қызмет саласы, кең мағынасында библиографиялық мұраларды, Б-ның тарихы мен теориясын, оны ұйымдастыру жолдарын зерттейтін ғылыми пән. Баспасөз шығармаларын іріктеп, көрсеткіштер жасау, оларға ғылыми терме, сипаттама, шолу жазу арқылы Б. ғылым мен мәдениет дамуының қорытындысын шығаруға көмектеседі, зерттеу жұмыстарына бағыт сілтейді, белгілі бір ғылыми қағидаларды, саяси, философиялық және эстетикалық көзқарастарды, техникалық жетістіктерді таратуға мүмкіндік туғызады. Қазақ Б-сы негізінен кеңес өкіметі орнағаннан кейін дамыды. «Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші» алғашқы рет 1926 ж. «Жаңа мектеп» журналына тегін қосымша ретінде шығарылды. Қазақстанда жарық көрген баспасөз мұраларын мемлекеттік тіркеу 1937 жылы жолға қойылып, жылнамалар жариялана бастады. Сөйтіп 1940 ж. Қазақстан мерзімді басылымдарының Б-сы жасалды. Кейінірек республикамызда көптеген кітапханалар, кітап палатасы, ғылыми-зерттеу институттары, ғалымдар, маман библиографтар Б. ісімен шұғылданып, оның түрлерін құрастыру жұмысы ындап жолға қойылды. Жеке ақын-жазушылардың шығармашылығына байланысты библиографиялық көрсеткіштер жазыла бастады. Н. Сәбитовтың «Абай» (1946), М. Мырзахметов т. б-дың «Абай Құнанбаев» (1965), М. Бөжеевтің «Мұхтар Әуезов творчествосы жайында библиографиялық көрсеткіші» (1966), қазақ және орыс тілдерінде «М. О. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш» (құрастырғандар – Л. Әуезова мен Ш. Сәтбаева, 1972), «Мұхтар Омарханұлы Әуезов» (құрастырғандар – Т. Әкімов т. б., 1984), «Мұхтар Әуезов шығармаларының библиографиялық көрсеткіші» (1997) жарық көрді. Ал Ф. Әбетов пен Ә. Қоңыратбаевтың «Қазақ совет әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» (1956, 1965), Ә. Нарымбетовтың «Қазақ совет әдебиеті. Библиографиялық көрсеткіш. 1917–1940» (1970), М. Мырзахметовтің «Абайтану» (1988), «Қазақстанда ғылым және ғылыми-зерттеу жұмысы туралы әдебиет. 1917–1966» (1970), Ф. Оразаевтың «Қазақ әдебиетін зерттеушілер. Өмірбаяндық библиографиялық анықтамалық» (1991) көрсеткіштерінің бір-бір бөлімі, «Прозаведения писателей Казахстана на языках народов мира. Ретроспективный библиографический указатель. 1934–1985 гг.» (1989) көрсеткішінің бір бөлімі (22–38-беттер) Ә-тің шығармашылығына арналды. Білімнің барлық саласы бойынша жыл сайын халықаралық библиографиялық анықтамалар шығып тұрады. Ә-тің шығармашылығы туралы 1997

жылға дейінгі еңбектерді қамтыған библиографиялық көрсеткіш 2005 ж. шықты.

*А. Атырауова.*

**БИБИ** (20 ғасырдың алғашқы жартысы – т.-ө. ж. б.), Ысқақтың баласы Кәкітайдың екінші әйелі. Ә-пен бірігіп, «Русский букварь для казахских детей» (1929) деп аталатын кітапты жазған Даниялдың шешесі. Оны ауыл-аймағы «Дәку» деп атап кеткен. Мінәш Өрхамқызының Ә. туралы «Ұлы адамның ұлылығы» атты естелігінен осылар жөнінде біраз мағлұматтар кездеседі. 1942 жылдың күз айында әжесі Биби Мұхтар ағасының шақыруымен Алматыға келгенде, Б. мені ертіп келеді... 1945 жылы Абайдың 100 жылдық тойы халықтың бір қуанышы, бір қайғылы кезеңінде өтті. Осы тойға әжесі Биби Павлодардан арнайы шақырылады. Өткен күндердегі қуаныш, өкініштерін айтысып, бірде жылап, бірде күлісіп жатқан мезетте, үйге дауыстап сәлем беріп, Балташ ағасымен бірге (Балтақай Толғанбаев) әкесі және Мұхтар кіріп келеді. Мұхтар кірген бетте жіті басып, төсек жанында отырған әжесін: «Кіші ана!» деп құшақтай алады. Әжесі сәл таңырқап: «Жанымы-ау, Мұхтарсың ба?» деп мандайынан сүйеді де: «Мұхтар-ау, Дәкуім қайда, Дәкуім?» деп зарлап, жылап қоя береді. Осы кезде әкесі тап келіп: «Женеше, сабыр етіңіз, Мұхтардың ортамызда тірі жүргеніне тауба дейік. Абай атасының 100 жылдық тойын тойлайты, тоз-тоз боп кеткен ұрпақтарын жан-жақтан жинатып, бастарыңызды қосып жатқан, міне, осы Мұхтар. Басқаның қолынан бұл іс келмес» депті («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», 1997, 201–202-беттер). Бұл да Ә-тің өскен ортасынан, айналасынан хабардар етеді.

*Т. Әкім.*

**БИЛИНГВИЗМ**, қостілділік, дербес екі тілде бірдей ойлап, жаза білетін өнер адамдарының психологиясын зерттейтін тіл білімінің әлеуметтік саласы. Әсіресе екі тілді қатар пайдаланатын өнер қайраткерлерінің шығармашылығына ерекше назар аударатын ғылыми бағыт. Ә. те сондай тұлғалардың санатына жатады. Ол «Абай» трагедиясын орыс және қазақ тілінде бір мезгілде жазды. «Қасеннің құбылыстары», «Қынаптан қылыш», «Бекет», «Райхан», «Қалқаман-Мамыр» т. б. шығармаларын өзі орыс тіліне аударды. Әдеби мақалалары мен зерттеулерін, публицистикалық очерктерін екі тілде бірдей жазды. Қостілді жазушыларды құрмет тұтқан: «Бауыржан Момышұлының қазақ тілін өте жақсы білсе де, орыс тілінде одан да тамаша жазды» деп баға берген. Ә-тің өзі түркі тектес тілдердің барлығында да еркін сөйлейтін болған. Бұл оның әдебиет пен мәдениеттің даму жолы мен өзара байланысын терең біліп, бағалауына ықпал жасаған.

*Н. Жуанышбеков.*

**БИСЕНОВА** Ғазиза Нұрғалиқызы (1914–1987), стенографист-машинка басушы. 1953 ж. «Үгітші блокноты» журналында жұмыс істеп жүрген кезде Ә. өзіне жұмысқа шақырады. Сол жылдың маусымынан бастап 1961 жылға дейін жазушы шығармаларын қағазға түсірді. Бұл кезеңде Ә-тің «Абай» эпопеясының соңғы кітабын, «Қарагөз» трагедиясының жаңа редакциясын, «Төлеген Токтаров» операсының либреттосын, «Дос – Бедел дос» драмасын, «Индия очерктерін», «Ер жылдар ойларын», «Өскен өркен» романын т. б. көптеген шығармаларын машинкамен басып шықты. Өмірінің соңғы

жылдарында уақыты аса тығыз болған жазушыға көп көмек көрсетті. 1960 ж. ақпанда жазушы өз күнделігінде: «Бүгін «Төлеген» операсының либреттосын жаздық. Фазиза басты, мен ауызша айттым» депті. Б. «Шырқау биікке шыққан адам» деген естелігінде («Жұлдыз», 1967, №8) ұлы жазушының жазу әдіс-тәсілдері, еңбекқорлығы, ұқыптылығы туралы қызықты ойларын ортаға салған. **«БЫЛҒЫ МАҚСАТ»**, жазушының шағын мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1939 ж. 5 қаңтар күнгі санында жарияланған. Онда М. Ө. өзінің жақында ғана бір пьесаны аяқтағанын, алдағы шығармашылық жоспары туралы айта келіп, алдағы уақытта мемлекеттік опера театрына арнап, азамат соғысы тақырыбы жөнінде бір пьеса жазатынын, онда Колчак, Анненков және «Алашорда» билеген қалада ақтарға қарсы астыртын әрекет етіп тартысқан большевиктер, еңбекшілер көрінулері керек дейді. Былғы жылдың көлемі мол міндетінің бірі Абай жайы. «Абай» деген романының бір бөлімін бітіріп, бастыруға беру – үлкен мақсатымың бірі екенін. Абай жайын академиялық театрға пьеса етіп ұсынбақ ойым да барын баяндаған. Жазушы «Ақ қайың» пьесасы мен «Абай» трагедиясын сол жылы жазып, айтқан үш мақсатының екеуіне жетті. Шағын шығармашылық есеп бұдан кейін қайталанып басылған жоқ.

*Т. Жұртбай.*

**БОГДАНОВА** Медина Искандерқызы (1908–1962), орыс әдебиет зерттеушісі. Орта Азия халықтары мен қазақ әдебиеттерінің маманы. Түркі халықтарының жазбасын латын алфавитінен орыс алфавитіне көшіруге қатысқан. Түркі тілдес халықтардың эпосы, фольклоры жөнінде бірнеше мақала жазды. Мәскеу мемлекеттік университетінде КСРО халықтары әдебиеті кафедрасын басқарды. Сол кафедраға 1953–54 ж. Ә. Шақырылып, профессор ретінде КСРО халықтары әдебиетінен лекция оқыды. Лекция дайындауда, бағдарлама, оқулық жасауда материал жинап, басын қосып, бастырушы Б. болды. Ұлттық ғылыми кадрларды осы университетте әзірлеуде үлкен еңбек сіңірді. Ө-тің «КСРО мәдениет министріне» жазған хатында (жазушы мұрағаты, 192-папка) профессорлардың, ғалымдардың «осы кафедраны және КСРО халықтары әдебиеті бөлігін жаппай, қайта жоғары білімді студенттер, аспиранттар дайындауда өте керек, программалары, оқу жоспары бар екені, оқу құралдары, зерттеу еңбектері жазылып жатқаны» айтылады. Жазбаның бір шетіне жазушы қызыл қарындашпен сызып, «Богдановаға» деп белгі қойған. Сергей Дароняның естелігінде қазақ жазушысының Б-мен бірге атқарған қомақты жұмысына баға берген. Жазушының мұрағатында оған Б-ның жазған 10-нан аса хаты бар. 1956 ж. 10 ақпанда жазған бір хатында КСРО халықтарының әдебиеттері туралы оқулыққа енетін «Қазақ әдебиеті» тарауын тездетіп жазып беруін өтінген («М. Ө. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 533-бет). 1949 ж. 26 қаңтардағы хатында көңілдегі қобалжуын, Мәскеу жаққа бір үміт артатынын білдірген («Әуезов және архив», 1997, 43-бет). Ал КСРО халықтары әдебиетінің біріккен тарихын жасау қажеттігін Ө. «Біздің ортақ ісіміз» деген мақаласында кейінірек айтқан (1954).

*Р. Досымбекова.*

**БОГУШЕВИЧ** Францишек Казимирович (1840–1900), белорус ақыны. Реалистік бағытта жазылған жыр жинақтарында ауыр өзгіде жүрген белорус шаруаларының ауыр тұрмысы, әлеуметтік теңсіздік, саяси бостандық, жақсы өмірді аңсау тақырыптары шебер жырланады. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында Б-тің «Белорус сырнайын» айрықша талқылады, революцияшыл-демократ ақынның өмірі мен еңбегін зерттеуді ұсынады.

**«БОЗҚОЯН»**, ән. Абайдың немере інісі Мұхамеджан Майбасарұлының әні. Әмір Құдайбердіұлы екеуінің сал-серілік құрған өнерін Ө. өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясында барынша қанық суреттеген. Біржан сал Абай ауылына келгенде оның қасына Әмір мен Мұхамеджан еріп жүріп, ән үйренеді. Сонда Біржанға өнер байғазысы ретінде осы әнін арнап шығарады.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**БОКЛЬ** Генри Томас (1821–1862), ағылшын тарихшысы. Б-дің «Ағылшын өркениетінің тарихы» атты монографиясы 19 ғасырдың 2-жартысында зиялы қауымның ортасында ерекше ықылас аударды. Ондағы ағылшын қоғамының дамуы мен отарлау жүйесінің қалыптасуы, оның тарихи себептері, ғылым мен техникалық орны, өндірістік қарым-қатынастар мен танымдық көзқарас туралы пікірлері барынша пайымды тұжырым ретінде бағаланды. Абай бұл кітапты оқып, орыс достарымен пікір бөліскен, өзінің «Қара сөзінде» Б-дің индукция мен дедукция туралы ойын баяндап берген. Ө. Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған мақалалары мен монографияларында Дж. Кеннанның, А. Леонтьевтің, Көкбай мен Турағұлдың пікірлеріне сүйене отырып, Бокльдің зерттеуімен Абайдың таныс болғанын үнемі ескертіп отырады. «Абай жолы» роман-эпопеясында да Б-дің қоғам туралы пікірін Абайдың сөзімен жеткізген.

*Т. Жұртбай.*

**БОЛАТОВ** Жамалбек (1931–1978), тіл зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1970). «М. Әуезовтің «Абай жолы» романында халық тілін пайдалануы» деген мақаласында ұлы суреткердің тіл байлығын қарастырған. Өсіресе ұмыт болған көне сөздерді, этнографияға қатысты ұғымдарды шебер пайдаланғанын жазған. (К і т а п т а : «Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер», 1965, 216–237-беттер).

**БОЛСЫНБАЕВА** Аманғайша Жолдыханқызы (1974 ж.т.), әдебиеттанушы. Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің филология факультетін бітірген (1996). 1997 жылдан «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында қызметкер. «М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі шығармашылық тарихы мен текстологиясы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады (2004). Онда повестің үш нұсқасына (1927, 1936, 1960) текстологиялық салыстыру жасау арқылы суреткер шығармашылығына әсер еткен саяси-әлеуметтік жағдайлар шындығын ашып көрсеткен.

Ө. шығармашылығына қатысты («Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің екі нұсқасы, ҰҒА «Хабаршысы», филология сериясы, №3, 2000 ж.); «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің екі нұсқасындағы өзгешеліктер («Қазақ тілі мен әдебиеті». №10. 2001 ж.); «Барымтағын қазақ ұғымындағы және Ө. шығармаларындағы көрінісі (Әдебиет және өнер мәселелері, №4, 2002 ж.); «Әуезовтің «Қараш-Қараш повесіндегі прототип мәселесі (ҚазҰУ Хабаршы-

сы», филология сериясы №6, 2002 ж.); «Қараш-Қараш» повесіндегі авторлық идея тұғырнамасының көріністері. Ұлы тұлға ұлағаты», 2002 ж. (Халықаралық ғылыми конференция материалы); «Ф. Мүсірепов пен М. Әуезов: 20–30-жылдардағы рухани құндылықтарға көзқарас», 2002 ж. Ф. Мүсіреповтің 100 жылдығына байланысты өткен Халықаралық ғылыми конференция материалы мақалаларын жазды.

*Р. Ықыласов.*

**БОРАНБАЕВ** Әнуар (1948–1999), актер. Қазақстанның халық артисі (1998). Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген (1970). Содан бері Ә. атындағы Қазақ академиялық драма театрында жұмыс істейді. Алғашқы ойнаған рөлдері: Ә-тің «Түнгі сарындағы» мұғалім Сапа мен Ә. Әбішевтің «Белгісіз батырындағы» Жандос. Театрда қызмет еткен мерзімде көптеген сахналық бейнелер жасады. Актерлік шеберлігінің қалыптасуына Ә. пьесалары бойынша қойылған спектакльдерде ойнаған рөлдері ерекше ықпал етті. Олардың ішінде – «Қарагөздегі» Сырым, «Айман – Шолпандағы» Арыстан, «Қарақышпақ Қобыландыдағы» Бірсімбай, «Еңлік – Кебектегі» Кембай, ұлы жазушы аударған У. Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Люченцио рөлдері - актердің үлкен шығармалық жемісі. Көптеген кинофильмдерге түсіп, ірі экрандық бейнелерді сомдады.

*Б. Құндақбайұлы.*

**БОРАНБАЕВ** Әмірбек (1950 ж. т.), жазушы, драматург, актер. Шығармалары: прозасы «Әрімтал» әңгімелер жинағы (1978); пьесалары: «Дымың ішінде болсын», «Оң жамбас», «Бәрінен күшті қорқақ көжек», «Сотанайдың соңғы үйленуі», «Хан ием», «Айкүн және Тазша бала», «Барға барсаң, байқап бар» т. б. Ә-тің «Еңлік – Кебек» спектаклінде Жапалдың, Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасында Жантық рөлдерінде, Б. Майлиннің «Жалбыр» спектаклінде қосалқы рөлде, Ә-тің «Қарагөзінде» билер сахнасында ойнады.

**БОРИСОВ САЙЛАУ ОКРУГІ**, жазушының Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1959 ж. 8 қаңтардағы Указымен Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Түркістан ауданындағы Түркістан станциясының батыс бөлігінде құрылған №432 сайлау округі (орталығы – Түркістан қаласы). Бұл сайлау округі бойынша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутатына кандидат болып Ә. ұсынылған. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне жолданған Орталық сайлау комиссиясының 1959 жылғы 1 наурыздағы хабарламасында: «№432 Борисов сайлау округі бойынша депутат болып жазушы, Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі Әуезов Мұхтар Омарханұлы сайланды» деп көрсетілген («Правда Южного Казахстана», 1959, 7 сәуірі).

*К. Сыздықов.*

**БОРОВ** Илья Григорьевич (1899–1961), орыс режиссері. Ресейдің еңбек сіңірген артисі (1934), Қазақстанның халық артисі (1936). Сахналық өнер жолын актер, кейін режиссер ретінде Киевте бастаған. 1923–1935, 1935–1952 ж. Ресей қалаларындағы театрларда режиссер болды. 1935–38 ж. Алматыдағы қазақ және орыс драма театрларының көркемдік жағын басқарды. 1952–58 ж. Бішкек қаласында бас режиссер қызметін атқарды. Қазақстанда жұмыс істеген кезде Ә-пен қоян-қолтық жұмыс істеп, ол аударған Н. Погодиннің «Ақсүйектер», Н. Гогольдің «Ревизор» (екеуі де – 1936) спектакльдерін сахнаға шығарды. Бұл екі қойылым

күрделі драматургиялық шығармаларды меңгерудегі ұлттық театрдың ірі шығармалық табысы еді. Б. «Ревизор» туралы («Социалды Қазақстан», 3 қазан, 1936), «Ревизорды» біз қалай дайындадық» («Казахстанская правда», 24 қазан, 1936, А. Қадырбаевпен бірге), «Шабытты шақ» («Литературный Казахстан», 1937, №4) т. б. мақалаларында Ә. аударған пьесалардың сәтті қойылымдары туралы ой толғаған. Ұлы драматург та Б-тың режиссерлік қызметіне назар аударып, ыстық ілтипат танытқан. «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» атты мақаласында (1937) Мемлекеттік драма театрының зор табыстарға жетуінде Б. сынды көрнекті режиссердің айтулы үлесі бар екенін атап көрсеткен.

*Б. Құндақбайұлы.*

**БОРОВКОВ** Александр Константинович (1904–1962), орыс туркологы. Өзбекстан ҒА-ның (1943) және КСРО ҒА-ның (1958) корреспондент мүшесі. Негізгі еңбектері өзбек тілінің грамматикасы, тарихы, диалектология саласына арналған. Шағатай тілі сөздіктеріндегі лексикографиялық дәстүрді қарастырды. Ә-пен бірге Ташкенттегі ОАМУ-дің аспирантурасында бірге оқыған, сол кезде-ақ олардың ой танымдары келіспеген еді. 1952 ж. 8 шілдеде Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласында «Манас» эпосы халыққа қажет пе, жоқ па?» деген тақырыпта пікір талас етті. Б. бастаған ғалымдар конференцияда «Манас» буржуазиялық дәуірдің сойылын соққан зат, ұлтшыл шығарма, коммунизм рухында тәрбиеленуші жас ұрпаққа залалдан басқа әкелері жоқ деп сіресті. Бұл пікірді кейбір қырғыз ғалымдары мен жазушылары да қолдады. Негізгі баяндаманы Б-тың: «Қырғыз эпосында идеялық карама-қайшылық бар. Феодалдық-клерикалдық редакциясында басқарышы-хандық, мұсылман қолбасшысының образы айқын. Айтар болсақ, буржуазиялық-ұлтшылдық фальсификация Сағымбай мен Тоголок молданың варианттарында пантүріктік, алашордалық версиялар шоғырланған. Анда-санда жылт еткені болмаса, елдікті уағыздап жазған тұстарды табу қиын» деп, мәселені шатастырған тұманды ойларын ортаға салды. Қорытынды сөзге шыққан Ә. өзінің «Манастың» халықтық нұсқасын жасау керек» деген баяндамасында Б-тың пікірін қатты сынға алып, «Манас» – тұтас бір халықтың рухани-мәдени байлығы, олай болса, халықтың төл мұрасына қол сұқлау керектігін айтып, күдік тұманын сейілтп жібереді. Ұлы жазушы одан әрі қырғыз жырын кезек-кезеңге бөлуді доғару жөнінде Б. айтқан уәжді қолдай отырып, «Манас» жырының бір сюжетке бағындырылған халықтық нұсқасын жасауды ұсынған. Сөйтіп ұлы Мұхаң қырғыз халқының ұлы мұрасын жазықсыз жаладан, көрсөкыр караулықтан қорғап, сақтап қалды.

*Н. Оспантегі.*

**БОРОДИН** Сергей Петрович (1941 жылға дейінгі лақап аты – Амир Саргиджан; 1902–1974), орыс жазушысы. Өзбекстанның халық жазушысы (1973), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1942). Арменияда, Қыр Шығыста, Тәжікстан мен Қазақстанда қызмет істеді. 1951 жылдан бастап Ташкентте тұрды. Осы кездерде Орта Азияның өткен тарихына тереңдеп ден қойды. 1946 ж. 5 қаңтарда Ә-ке жазған хатында «Абайдың» 1-кіта-

бын алғанын, енді 2-кітабын асыға күтетінін айтқан. Бұл жөнінде өзінің біраз ойларын білдіріп, хатындағы сұрақтарына жауап береді. 1954 жылғы 2 қаңтардағы хатында жаңа жылмен құттықтайды, хал-жайын сұрап, біраз тілектерін білдіреді (№641-папка). «Жақсы кітап – жан азығы» («Социалистік Қазақстан», 1949, 10 мамыр) деген мақаласында «Абай» романының Мемлекеттік сыйлық алуына байланысты ыстық ықыласын, ізгі ниетін білдірген.

*Т. Әкім.*

**БОРСАҚ**, ру аты. «Абай жолында» аталатын Тобықтағы жататын Олжай – Абайдың арғы атасы саналса, сол Олжайдан: Айдос, Қайдос, Жігітек тарайды. «Шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос» дейтін Айдостың Айпар дейтін әйелі Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай дейтін төрт ұл тапқан. Жігіткенен атақты би Көңгірбай шықса, Қайдостан Бөкенші, Борсақ туған. Қайдостан тарайтын Бөкенші, Борсақ Ырғызбайдай шұбартөс емес, момындау ел ретінде көрінген. Бөкеншіден Сүйіндік, Сүгір, берікте Асылбек, Әділбек, Құнтулар шықты. Эпопеяда Борсақ Қодар өлімімен байланысты көбірек айтылады. Өзге аталар сияқты бұлардың белді, белгілі адамдары көрінбейді; көзге ілінері Жексен, Жетпіс қана және Қодардың өліміне өздері себепші болады. Қодар өлгенде Бөжей: «Бұл шылбыр Қодардың мойнына ғана түскен жоқ. Бұйырса Бөкенші, Борсақ, сенің де мойнына түскен шылбыр болар» деген. Өз қателіктерін жерден айрылғанда ғана ұққан Жексен, Жетпіс: «Уа, қара бет басым! Қара басқан ку басым! Мен қуарған неткен ит едім? Ойбай бауырым!... Бауырым Қодар!» деп оның бейітіне қарай шабады («Абай жолы», 1997, 66–67-бет). Өзгелердей емес, Борсақ аты, оның адамдарның ісі өмірде де, романда да оншалықты жарқырап ашылмайды, сол момындық күйінен аспайды.

*Т. Әкім.*

**БОТАҚАН ОШАҒЫ**, жер атауы. «Абай жолында» атымен де, көрінісімен де әсер қаларлықтай сипатталған. Абайдың жастық шағынан өшпестей із қалған жер. Тоғжанмен алғаш танысқанда, Бөжей асынан кейін онымен кездескен кезінде Абайдың ауылы осында отырған. Қыздан қайтып келе жатқан сәті романда былай беріледі: «Абай жүрегі де сыр мен жырға толы. Жеңіл тымартың бір құлағын жымырайта киип, сары жорға аттың жайлы бір жүрісіне салып, Ботақанға қарай беттеп келе жатып ән бастады. Қандай жолмен қанша жүргенін де білмейді. Бір шақта Ботақан ошағында отырған ауылдардың төбесі көрінді. Абай сонда ғана әнін тоқтатып Ерболаға қарады» («Өрде» тарауы). Ал романның тағы бір тұсында өзгеше көріністе, басқаша әсерде баяндалады. Ол Абайлардың Салбурында болып, одан Машанға қоныс аударуып бара жатқанда боранға ұшырап, адасар алдындағы көрініспен: «Осымен Абай бастаған төрт аңып Қырғыз шатынан шығып, Жөнібекті желкелеп, Қазбаладан өтіп, күн түске тақаған кезде Ботақан ошағынан аса берді. Ботақан ошағынан қиыс өте беріп, Абай сонау бір жылдағы үлкен үйдің қонып отырған қонысын көзбенен тапты. Бұны ес кірген азаматтық мінезге ең алғашқы жеткізген бір орын, мекен – осы қар басып, елсіз, иесіз, суық түйліп жатқан қоныс еді» («Тарауда») деп байланыстырылады.

*Н. Оспантегі.*

**БОШТАЕВ** Мұқшы Жұпарұлы (1888–1920), заңгер, қоғам қайраткері, Алаш зиялысы. Арғы атасы – Баянауылдың аға сұлтаны болған Боштай Тұрсынбаев. Б. Қазан университетінің заң факультетін 1917 ж. бітіргеннен кейін, Алаш қозғалысына белсене араласады. 1917 ж. 21–26 шілдеде Орынборда өткен Жалпы қазақтық съезде Семей облысынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа Алаш партиясынан кандидат болып ұсынылады. Ал сол жылғы 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен Жалпы қазақтық съезде Жалпы қазақтық Халық кеңесінің мүшелігіне кандидат, яғни Алашорда үкімет министрінің орынбасары болып сайланады. 1918 ж. Семейде Ө-пен бірге әлеуметтік істер атқарады. 1918 ж. 5 наурызда «Жанар» ұйымы құрылып, қауымның басшысы – Ө. Бөкейханов, көмекшісі – Б., комитет төрағасы – М. Дулатов, орынбасары – Ж. Айтаубов, хатшысы – Ө. болды. Сол жылы Семейде 1-Алаш атты әскер полкін ұйымдастыруға Ө. пен Б-та қатысады. Сөйтіп Б. көптеген қоғамдық-әлеуметтік жұмыстарды атқарған.

*М. Әбдеш.*

**БӨГЕНБАЙ** (1690–1775), батыр. Қазақ халқының жоңғар қалмақтарымен ұзақ жылдарға созылған соғыстарында қолбасшы болған. Ерекше ерлігімен, қолбасшылық қасиеттерімен көзге түскен. Абылай ханның ту ұстаушы батыры. Жоңғар қалмақтарымен болған шешуші шайқастарға қатысып, қол басқарған. Бөгенбайды халық ерекше қадірлеп, өлең-жырларға қосқан. Сыр бойында туып, Торғай өңірінде қайтыс болған. Өзінің өсиеті бойынша Түркістандағы Қожа Ахмед Иасауидің кесенесіне жерленген. Бөгенбай аты Ө. шығармаларында алғаш 1925 ж. аталды («Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақала, «Қазақ тілі» газеті, 23 сәуір). Халық ауыз әдебиеті мұраларын, тарихи әңгімелерді, шежірелерді жинап, жазып алу мәселесін көтерген мақалада: «Есім, Абылай сияқты көпке белгілі хандар жайындағы тарихи өлеңдер. Қабанбай, Бөгенбай, Ағыбай сияқты бергі замандағы батыр жайындағы жорық өлеңдер» деп, қазақ тарихына қатысты бірнеше адамның қатарында атаған. Бұдан кейін 1957 ж. «Қазақ КСР тарихының» 1-томына жазған «Қазақтың ауыз әдебиеті» деген тарауында Бөгенбайдың қалмақтармен соғысын, Абылай ханның рөлін баян еткен.

*Ж. Қасымбаев.*

**БӨДЕШҮЛЫ** Жәркен (1944 ж. т.), ақын. Ө-ке арналған «Шыңғыстағы шынар ой», «Мұханның бір сапары», «Өуезөтін зар тілегі», «Қарауылтөбе қиссасы» атты өлеңдері мен поэмаларында ұлы суреткердің жан дүниесі мен арман-мақсатын, қилы тағдырын қазақ халқының басынан кешірген тарихи кезеңдерімен салыстыра суреттеген. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген Халықаралық жыр мүшәйрасында Б. жүлделі орын алды.

*С. Жұртбай.*

**БӨЖЕЙ** Ералыұлы (1812–1853), Абайдың замандасы. Жігітек руынан, атақты би Көңгірбайға немере. Өуелінде Құнанбаймен тату болып жүріп, бертіп келе өкпелеседі, бұнысы Тоқпамбеттегі жер дауына қатысты оқиғадан кейін тіпті өршіп кетеді. Осы жанжалға байланысты дауласып, Қарқаралық барғанына жазушы эпопеясында кең, мол орын берген. Бұл даудың аяғы романда былай түйінделген: «Бұл үй әңгімесін қоңыр кенеске айналдырған – Алшынбай мен Баймұрын. Еңгезердей үлкен бойлы, сары Баймұрын Бөжейді татуласты-

ра әкелген кісі болатын. Қазір Алшынбай екеуі ғана сөйлейді. Өздері үшін емес, Құнанбай, Бөжей сияқты екі жақ үшін сөйлейді. Осы уақытта Қаратай ауыз үйге шығып, Ызғұтты мен Майбасарды шақырып ап: «Татулық болды, татуластырды! Алшекең мен Баймұрын екі жақтың да бар сөзіне ие болып, өздері сөйлеп, өздері шешіп отыр, осылай етіңдер деп мырза да, Бөжей де ерік беріп еді! деді. – Тынымы да өзгешелеу болды білем. Араларың алыс болса, қыз алысып, құда болысындай дер едік. Ағайынсың, жақынсың, бірақ сол жақындығың қайта жаңғырсын! Екеуің бала алысыңдар! Бөжей Құнанбайдан бала ауысып, бауырына салсын. Сүйтіп иістерің аралассын!» («Абай жолы», 1997, 1-кітап, 110-бет). Деректерде Құнанбай Айғыздан туған қызға бума-буама мата, 3 тайтұяқ жамбы, бір күн қосып бергендігі, көп ұзамай қыздың да, күннің де өлгендігі, жақсы қарамады деген сылтаумен жаулық қайта басталғандығы туралы айтылады. Осы тұста Б. кенеттен қайтыс болады. Жаулықтың соңы Мұсақұлдағы үлкен қақтығыспен аяқталады, Құнанбай Балағаз, Базаралыдан бастап 17 кісісін жер аудартады, солардың ішінен Әділхан ғана қашып құтылады. Романда Базаралы сол айдаландардың қатарынан көрінбейді. Б. өлсе де романның алғашқы кітабында оның есімі жиі ауызға алынады, әсіресе, оның асы асқан шеберлікпен, көркем суреттелген.

*Н. Ақбай.*

**БӨЖЕЕВ** Мұратбек (1910–1980), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1973). Өуезов музейі 1963 ж. ашылған кезде жазушының мұрасын ғылыми жүйеге түсіруде Л. Өуезовамен бірге зор еңбек сіңірді, аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. «Абай Құнанбаев творчествосының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. «Абайдың ақындық айналасы» атты зерттеу еңбегі, «Абай аудармалары», «Абайдың реализмі» т. б. ғылыми еңбектері, мақалалары – абайтану ғылымына қосылған мол үлес. Ә. шығармашылығын зерттеуде Б. жазушының 12 томдық шығармалар жинағын құрастырды. Әсіресе жазушының алғашқы еңбектерінің уақытын, бүркеншік аттарын (псевдонимдерін) анықтауда, қолжазба мұрасының араб әрпіндегі мәтіндерін қайта түзуде ерекше ықтияттылық танытты. Музей қызметкерлерімен бірге «М. О. Өуезовтің қолжазба мұрасы» («М. О. Өуезов архивінің ғылыми сипаттамасы») атты көлемді еңбекті жарыққа шығарды. «М. Өуезов. Библиографиялық көрсеткіші» еңбегі (1966), «Еңлік – Кебектің» нұсқалары туралы» («Жұлдыз», 1965, №6) мақаласы жарияланды.

*Р. Досымбекова.*

**БӨКЕЕВ** Оралхан (1943–1993), жазушы, драматург. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының (1986), Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының (1976), Н. Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың (1978) лауреаты. «Біздер кімге еліктейміз?» атты мақаласында жастайынан өнер-білімге құштарлығы артып, ынтықтығы асқан Ө-ті жас ұрпаққа үлгі етіп ұсынады («Лениншіл жас», 1968, 11 шілде). Ал «Қараш-Қараш оқиғасы» деген мақаласы ұлы жазушының повесі негізінде түсірілген көркем фильмді талдауға арналған («Лениншіл жас», 1968, 28 тамыз).

**БӨКЕЕВА** Хадиша (1917 ж. т.), актриса, профессор (1974). ҚазКСР-інің (1957) және КСРО (1964), халық артисі. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лау-

реаты (1952). Республика (1957) халық артисі. Ол жасаған күрделі сахналық бейнелердің ішінде Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыландысындағы» Қарлыға, Бастаушы (Жүргізуші, Ө-тің «Абай» романы негізінде қойылған), Катарина (Ө. аударған Шекспирдің «Асауға тұсауында») рөлдері данқын шығарды. Б. – драмалық, комедиялық және трагедиялық рөлдерде бірдей ойнаған диапозоны кең, сан қырлы өнер иесі. «Мені тәрбиелеген – Абай мен Толстой» атты сұхбатында: «Абаймен, ақын бейнесін сомдаған Өпен, яғни осы екі ұлы суреткердің рухани парасат қуатымен өскен-өрістеген шығармашы» деді ағынан жарылып «Қазақ әдебиеті», 1997, 30 желтоқсан). Ұлттық мәдениетті дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін Қазақстанның «Отан» орденімен марапатталды (1998). Ө. «Америка әсерлері» атты очерктерінде: «Вашингтондағы екінші бір ерекше мәдениет орны дегеніміз – Шекспир кітапханасы. Қазіргі салт дәстүрі бойынша бүгінге дейін қай жерде Шекспир спектакльдері қойылса, қай тілге аударылып, қай мемлекетте ойналса, соның бәрінен суреттер, документтер, деректер жинап отыруға құмар екен. Мен «Асауға тұсауды» қазақ сахнасында қою үстінде Шәкен Аймановтай СССР халық артисінің, Хадиша Бөкеевадай Қазақ ССР халық артистерінің үлкен данққа ие болғанын айтып ем, кітапхана директоры «Асауға тұсау» туралы менің көп мәлімет, суреттер жібе-руімді талап етіп қалды» деп, мақтан-шы сөзімен жазған.

*Б. Құндақбайұлы.*

**«БӨКЕУЛЫ КӨПЖАСАР ЖОЛДАС»**, жазушының очеркі. Отызыншы жылдары жазушыларға социалистік құрылыс, мал шаруашылығы, ауыл мәдениетін көркейту тақырыбында шығармалар жазу жөнінде қаулы қабылданған. 1935 жылы 2 наурызда болған кенес Жазушылар одағы басқармасының 2-ші пленумында Горький көркем әдебиетті көркейтп, шындықты дәріптеген саналы шығарма жазу үшін «Жазушылар әр жерде бәрін көріп, бәрін білетін болуы керектігі», халықпен бірге ауыл шаруашылығы арасында, егіс басында, құрылысшылар мен жұмысшылар арасында жүріп жазу керектігі туралы үндеу тастады. 16 наурызда Қазақстан өлкелік партия комитетінің 3-ші пленумында «Ауыл шаруашылығы мен ауыл мәдениетін көтеру» қаулысы қабылданды. 1935 жылы Қазақстанның 15 жылдық мерекесіне орай ленинградтық жазушылар ұйымынан арнайы топтастырылған, Леонид Соболев бастаған жазушылар құрамы іссапарға шықты. Арасында М. Өуезов те болған бұл топ Қазақ төңкерісінен бұрын ашылған Шығыс Қазақстанның Жарма ауданындағы «Ақжал» кен өндірушілер ұжы-



«Қарақыпшақ Қобыланды».  
Х. Бөкеева Қарлыға рөлінде.

мында болады. Очеркте «Ақжал» кен руднигінің байырғы жұмысшысы, бұрғышы Бөкеұлының өмірі мен жұмысы және кеншілер еңбегінің жетістігімен танысқандығы жайлы сөз едеті. Мақала «Социалды Қазақстан» газетінің 1935 жылғы 28 қазандағы санында «Мұхтар» деген атпен шықты. Қолжазбасы сақталмаған және еш жерде жарияланбаған. Жазушының 1972, 1984 жылдары басылған библиографиялық көрсеткіштерінде берілмеген. Шығарма жазушының елу томдық жинағының 13-кітабына енгізілді (10–11-беттер, 2004 ж.).

*С. Майльбай.*

**БӨКЕЙХАНОВ** Әлихан Нұрмұхамедұлы (1870–1937), мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист, экономист, әдебиетші, аудармашы. Әуелі молдадан тіл сындырып, артынан Қарқаралыдағы орысша бастауыш мектепте, училищеді оқыған. Омбы техникалық училищесін (1888), Санкт-Петербург орман техникалық институтының экономика факультетін бітіріп (1894), өз заманының ең білімді, биік парасатты қайраткерлерінің қатарына қосылды. Әр жылдары экономистік, оқытушылық, журналистік, ғылыми қызметтермен айналыса жүріп, қазақ халқының бостандығы үшін жасырын да ашық күресті. Патша отаршылдығына қарсы қозғалыстарға қатысып, Қарқаралы қарсылық хатын жазысты (1905), Ресей конституциялық-демократиялық (кадет) партиясының қазақ бөлімшесін құру мақсатымен Оралда, Семейде көптеген әрекеттер жасады. Ұлттық «Қазақ» газетін шығарысты, 1-Мемлекеттік Думаға мүше болды. Мақсаты қазақ халқының мүддесіне сәйкес келмегендіктен, өз еркімен кадет партиясынан шықты. Б-тың тарихи ұлы ерлігінің бірі қазақ халқының ғасырлар бойғы күрес нысанысы өз мемлекеті туралы арман-тілегін демократиялық тұрғыдан тұжырымдап, ғылыми арнада негіздеп, егемендік принциптерін белгілеп берген «Алаш» партиясын құруы еді. Ол 1917 ж. желтоқсанда Алаш-орда өкіметінің төрағасы болып сайланды. Б. большевизмді, кеңес өкіметін қабылдаған жоқ, қарсы күресті. Алашорда мүшелеріне қағаз жүзінде көшірім берілгенмен, олардың бәрі қудаланды. Патша заманында Семей, Павлодар түрмелерінде азап шеккен Б. кеңес өкіметі кезінде 1922, 1926 ж. тұтқындалып, босатылды, 1937 ж. Мәскеу түрмесіне қамалып, 27 қыркүйекте атылды. Б-тың артына қалдырған шығармашылық мұрасының үлкен саласы – орыс тілінде жазылған монографиялық, энциклопедиялық сипаттағы ғылыми еңбектері. Осылардың арасында «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені» (1903) зерттеуінің маңызы айрықша зор. Халқымыздың тарихы, әлеуметтік құрылымы отаршылдық зардаптарын шегуі, тұрмыс-салты, мәдениеті, саяси күресі, білім деңгейі туралы пікір-байламдарын «Қазақтар» (1910) деген орыс тілінде жазған зерттеуінде жалғастырып, тереңдеті түсті. Отаршылдықтың қаны сорғалаған зулымдықтары «Ақмола облысындағы қоныс аударып келгендердің жерлері», «Қазақтар Дала генерал-губернаторының мәжілісінде» мақалаларында дәл көрсетілді. Б-тың ғылыми мұрасының ішіндегі ерекше маңызды еңбектің бірі «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» кітабы 1904 ж. Том қаласында басылған. Бұл – қазақ халқының ғасырлар бойғы ата кәсібі болған қой шаруашылығы

туралы терең біліммен, зерделілікпен жазылған тұтас энциклопедиялық зерттеу. Шөл, тақыр, қуаңнан тиетін үлеске не егін шықпайды, не мал бағып болмайды, мұның ақыры башқұрт ағайындарға ұқсап, жерді сатып, не жалға беріп, ақыр соңында далада қаңғырып қалу екенін «Ашық хат» («Қазақ» газеті, 1913, №24), «Кабинет жеріндегі қазақтар» («Қазақ» газеті, 1913, №10), «Жауап хат» («Қазақ» газеті, 1913, №28, 29, 36), «Екі жол» («Қазақ» газеті, №100, 101) сияқты мақалаларында соқырға таяқ ұстатқандай етіп дәлелдеп берді. Қазақтың данышпан ақыны Абай туралы баспа жүзін көрген алғашқы ең толымды, терең, ғылыми еңбек – Б-тың «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» деген орыс тілінде жазған мақаласы («Семипалатинские областные ведомости», 1906, №250–252). Онда Абайдың туысы, ата-тегінен бастап, ақындыққа ден қоюы, аудармалары түгел сөз болған. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» («Қазақ» газеті, 1913, №12) кітабы қарастырылған. 1912 ж. басылған «Қалқаман-Мамыр» дастаны талданған. Әлихан қаламынан шыққан ең көлемді әдеби, ғылыми, фольклорлық еңбек – «Қарақышпақ Қобыланды» («Қазақ» газеті, 1915, №126–129). Б. «Алаш» партиясын ресми мойындаған жастар ұйымы – «Бірліктің» мүшесі болған, оның 1918 ж. 5–13 мамыр арасында Омбыда өткен құрылтайына қатысып, сөз сөйлеген, Бүкіл қазақ жастары кіндік комитетінің мүшелеріне сайланған жас Ә-тің Алаш партиясының басшысы, «Алаш Орда» өкіметінің төрағасы Б-ты оның қазақ елінің тәуелсіздігі жөніндегі бағытын қолдағаны – тарихи шындық. Кейін ұлы жазушы Ә. алаш арыстарының, соның ішінде Б-тың елдік, азаттық, ұлттық арнасындағы асыл ойларын өз еңбектерінде, әсіресе көркем шығармаларында ілгері дамытып, әлемдік өркениет мұхитына апарып құйды. Еңбектерінің бірегей басылымын 1991 ж. қазақ энциклопедиясы редакциясы шығарды.

*Р. Нұрғали.*

**БӨКЕЙХАНОВА** Елизавета Әлиханқызы (т. -ө. ж. б.), дәрігер, медицина ғылымының докторы, Әлихан Бөкейхановтың қызы, Смағұл Сәдуақасовтың жұбайы. Смағұл өмірінің соңында Мәскеуде тұрып, сонда қайтыс болды. Елизавета да сонда тұрып қалады. Ә. онымен Семей кезеңнен таныс, Смағұлмен достық қарым-қатынастары үзілмеген, әрдайым жолғығысып, әңгімелесіп жүрген. «Қилы заман» мен «Қараш-қараш оқиғасын» жазу үшін Алматыға баруды ойлағанда, өзінің танитын адамдарына көмек беруді өтініп, хат жазып жіберген сол Сәдуақасов. 1958 ж. Елизавета күйеуінен қалған үлкен бір бума қолжазбаларды Мәскеуде әдейі жолғыып, Ә-ке тапсырады. Олар: Ж. Аймауытов, І. Жансүгіров, С. Торайғыров, С. Мұқанов, Б. Күлеев, Сәдуақасовтардың, өзі мен Ә-тің өмірбаяндарының және шығармаларының түпнұсқалары еді.

*Т. Әжим.*

**БӨКЕНБАЕВ** Жомарт (1910–1944), қырғыз ақыны, драматург. Шығармаларында Отан, туған жер, ескен ел, еңбек, достық туралы жырлады. А. Пушкин, М. Лермонтов, Абай шығармаларын қырғыз тіліне аударды. Ә. «СССР халықтары әдебиеттері-



Ө. Н. Бөкейханов



нің өркендеуі» деген зерттеуі мен қырғыз әдебиеті туралы жазбаларында Б-тың есімін, шығармаларын атап, өзінің ой-пікірлерін білдірген. Мысалы, туысқан халықтар әдебиетінің ірі жазушылары мен ақындарының шығармаларына баға бере келіп, Б-тың да өзіндік жаңа үлгілер тудырғанын атап көрсеткен.

*Т. Әкім.*

**БӨКЕНШІ**, өзен. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының әр жерінде, сөз арасында қадау-қадау айтылған. Негізінен оны Тобықтыдан тарайтын Бөкенші руы жайлайтын болғандықтан, солай аталған. Романдағы мына жолдардың өзі де едәуір өлес береді: «Бөкенші – ойдағы мол шалғынды қыстаулық жер: Жидебай, Мұсақұл, Шүйгінсу сияқты қорықтардан да ағылып келіп жатыр. Өр ел тұс-тұсындағы Ақбайтал, Көлденең, Шатқалаң, Жігітек, Бөкенші сияқты асу-асуларға қарай беттеді. Шыңғыстағы кей асулардың аттары таудың сол тұсын иемденген ру атымен аталады, «Бөкенші» деген сондай атау еді» («Қайтқанда» тарауы). Қазіргі Абай ауданындағы Қарауыл, Көлденең, Мұқыр сияқты өзендердің бірі.

*Т. Әкім.*

**БӨКЕТОВ** Евней Арыстанұлы (1925–1983), химик-металлург, жазушы. Техника ғылымының докторы (1967), профессор (1967), Қазақстан Ғылым академиясының академигі (1975), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1969). Зерттеулері селен мен теллурдың технологиясын жасауға арналған. Оның басшылығымен Балқаш кен-металлургия комбинатына Жезқазған концентратын даярлау тәсілі енгізілді. Осы салада 20-ға тарта авторлық куәлік алды. Әдебиет саласында сыншы, аудармашы ретінде танылды, Шоқан, Абай, Мұхтар жайында ойлар толғады, «Атан қомында туған адам және ақын құрбы-әріптестері» деп аталатын еңбегінде (1973) Ө-тің Абай шығармашылығын зерттеудегі еңбектеріне шолу жасады. «Абай жолы» ақынның ақындық қасиетін, ойшылдығын, тұлға бітімін жан-жақты аша білген сыр сандық деп бағалады. Ал «Халқымыздың мерейі мен мақтанышы» деген мақаласында Ө-ті ұлтымыздың ары мен абыройы деген («Жалын», 1972, №5).

*Н. Бауған.*

**«БӨЛІМ МАҚСАТЫ»**, жазушының мақаласы. Қазақстан оқу комиссариаты жанынан айына бір рет шығатын «Жаңа мектеп» білім педагогика журналының 1929 ж. 11-санында жарияланған. Содан кейін Ө-тің 50 томдық шығармалар жинағының 2-томында жарық көрген. Мақала «Бөлім мақсаты», «Жаратылыстағы дағдылық», «Өлкетану туралы» атты үш бөлімнен тұрады. 1930 ж. сәуір айында болатын Қазақстан өлкетанушылардың құрылтайы қарсаңында арнайы жазылған. Мақаланың бас

жағына «Мұхтар» деп қол қойған. Шығармада елді өркендетудің ең негізгі жолы – білім арттыру, жаратылыстағы дағдылықты ұғындыру, халықтың тарихы мен мәдениетін, табиғи байлықтары мен ауыл шаруашылығының жетістігін халыққа айқындап көрсету, түсіндіру дейді. Өркеніетті ел болу үшін осы істерге жаппай сауатты ел азаматтарын, мектеп мүғалімдерінің тікелей ұйтық болып, ат салысуының қажет екендігін, осы мақсаттар үшін журналда өнер-білім бөлімі ашылып отырғанын айтып, журналда өнер-білімнің қазақ тұрмысына ділгер жағынан ғана мағлұмат беріп отырмыз. Біздің ойлауымызша, қазақ тұрмысына ділгер ауыл шаруасы, денсаулықпен байланулы өнер-білімдер керектігін жазған. Журналдың бұл бөлімі өнер-білім үйрету жүйесіне, әсіресе жоғарғы дәрежелі білім берудің негізгі жүйесімен дер кезінде таныстырып отыруға назар аударады делінген.

Сондай-ақ мақалада өлкетану ғылымын дамытудың мақсаттары мен жолдары туралы құнды ойлар айтылған. Өлкетану ғылымының дамуы арқасында келетін игіліктер көрсетіліп, бұл іске халық түгелдей ат салысуы керек деген тілек айтылған.

*С. Майлыбаева.*

**БӨРІЛІ**, жазушының туған жері. Бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы елді мекен. Ертеректе найман, уақ, тобықты рулары жайлап, қоныстанған. Оңтүстік өңірін Өуез әулеті мекендеген. Ө Б. қыстауынан 5 шақырымдай жердегі Баршын төбесінің етегінде, Аяққарағанда дүниеге келген. Балалық, жастық, жігіттік шағы осында өткен. Бірінші әйелі Райханмен, екінші әйелі Кәмиламен үйлену тойы Б-де өткен. Мұғамила мен Шоқан деген балалары сонда туған. Қысы ерте түсіп, кеш шығады. Көліне үйрек-қаз қонып, көктемде құс базарына айналған. Табиғат, өсімдік пен жануарлар дүниесі ұлы жазушының «Көксерек», «Қыр өңгімелері» т. б. шығармаларында, «Абай жолы» эпопеясында молынан суреттеліп, тамаша пейзаж көркін жасауға арқау болған.

*Т. Ибрагимов.*

**БӨРІЛІДЕГІ МҰРАЖАЙ-ҮЙІ**, М. Өуезовтің Бөрілідегі мұражай-үйі, мәдени-ғылыми мекеме. Жазушының атамекеніндегі қыстауда орналасқан. Өуезовтің жобалауымен салынған бұл үй 1987 ж. жазушының туғанына 90 жыл толуына байланысты толық қалпына келтіріліп, мұражайға айналдырылды. Мұнда жазушының өмірі мен шығармашылық қызметіне арналған тарихи деректер мен зерттеулер негізінде жасақталған көрме ұйымдастырылған. Ө-тің киген киімдері мен тұтынған

«Туған жерім – Бөрілі»  
Еңлік пен Кебек  
жасырылған үңгір.



заттары, этнографиялық экспонаттар, қолөнері мен бейнелеу өнері туындылары, қолжазба нұсқалары, фото, кино, ұнтаспалар қоры орын алған. Мұражай-үйдің қасында әкесі Омарханның, шешесі Нұржамалдың, ағасы Қасымбек пен жемгесі Ғалияның зираты бар. Олардың басына күмбез тұрғызды Ө. қатты армандап, туысқандар мен достарына өсиет етіп кеткен. Жазушының ол мақсаты өзі өлгеннен кейін, 35 жыл өткен соң жүзгесі асты: олардың басына 1997 ж. күмбез орнатылды. Күмбезінің биіктігі – 9,2 м, ауданының радиусы 4,5 м. Кесене авторы – сәулетші Б. Ыбыраев. Б. М. м. у. – Абайдың мемлекеттік тарихи және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының бір бөлімі.

*Т. Жұртбай.*

**БРАГИН** Алексей Иванович (1911–1991), орыс жазушысы, аудармашы. Ө-тің өмірі мен шығармашылығы туралы оның «Халық пен оның жырышысы туралы кинопоэма» («Казахстанская правда», 1946, 8 ақпан), «Ағашаяқтан Абайға дейін» («Казахстанская правда», 1949, 17 сәуір), «Абай көшесінде» («Казахстанская правда», 1957, 28 қыркүйек), «Құс пен желдің тілін білген адам» («Огни Алатау», 1964, 4 қазан), «Мұхтар Әуезов туралы» («Өзендер бастауында», жинақ, 1964), «Менің досым Мұхтар» («Қазак университеті», 1967, 4 мамыр), «Көкжиектер көрінетін кезең» («Ленинская смена», 1967, 9 желтоқсан), «Жорға» (М. Әуезовке арналған өлең, «Огни Алатау», 1967, 10 желтоқсан), «Қырдағы сарын» («Казахстанская правда», 1977, 28 тамыз), «Кітабымен тірі» («Казахстанская правда», 1977, 23 қыркүйек), «Егіз талант иесі» («Біздің Мұхтар», жинақ, 1976) атты мақалалары жарияланды. «Мұхтар Әуезов туралы» естелігінде жазушының досы Вс. Ивановпен бірге Ыстықкөлде демалған кезіндегі көңіл күйі мен өмірінің кейбір кездері туралы әңгімелері баяндалған.

*Н. Ақбай.*

**БРАГИНСКИЙ** Иосиф Самуилович (1905–1990), шығыстанушы. Тәжікстан Ғылым академиясының толық мүшесі, Тәжікстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымының докторы (1954), профессор (1954). ТәжікКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974). Негізінен Орта Азияның мәдениет тарихы мен парсы және тәжік әдебиетінің арасындағы байланысты тереңдете зерттеген. «Народы Азии и Африки» журналының бас редакторы ретінде бұл құрылықты мекендеген халықтардың рухани мұраларына ерекше назар аударды. Сол басылымның 1961 жылғы №6-санында жарияланған Ө. туралы «Ғалым-ақын» атты мақаласында жазушының фольклор, зерттеушісі, абайтанушы, әдебиет теориясының мәселелерін пайымдаушы, әдебиет тарихысы ретіндегі ықымстылық қасиетіне ерекше тоқталады. Ө-тің өмірі мен шығармашылық жолын шығыспен байланыстыра отырып жазылған бұл мақала – үлкен ғылыми еңбектің жүгін көтерген. И. Брагинский: «Ө-тің бір басына ғалымның даналығы мен ақынның сезімсіз қабат ұлтасқан, міне, сондықтан оның барлық еңбегі мазмұн тұтастығымен, ғылыми талдауының ерелі де жүйелілігімен, құбылыс пен тақырыптың сырына терең бойлағыш ақындық алғырлығымен сүйсіндіріп, таңықатады деп, оның шығармашылығын үш кезеңге бөледі. 30-жылдарға дейінгі кезеңі – «ізденіс кезеңі», 30-жылдардан

кейінгі кезені. Барлық мәуелері бүр жарып, гүл ашқан «Гүлстанға», ал «Абай» романы дүниеге келгеннен кейінгі дәуірін жемісі молынан төккен «Бустанға» теңеген. Өмірінің соңғы жылдарында өзінің ақыл-ойы мен жүрегінің пісіп-жетілген жемістерін сондайлық жомарттықпен бөлісті. Бұл үшін оған арнайы дайындалудың қажеті жоқ еді, өйткені өз ойының, идеяларының, мақсаттарының, бейнелерінің құшағында үнемі қалықтап, шабыттанып жүретіндеп жазды («Ученый-поэт», «Народы Азии и Африки», 1961, №6).

*Н. Жуанышбеков.*

**БРАЙНИНА** Берта Яковлевна (1902–1978), орыс әдебиет сыншысы. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1952). «Даналық орыңдалған арманнан туындайды» деген мақаласында «Абай жолы» романының көркемдік шеберлігін өте жоғары бағалаған («Москва», 1959, № 3). 1959 ж. 6 сәуірде Ө-ке жазған хатында эпопеяны оқығаннан кейін қатты толқып, ерекше сезімге бөленгенін жазған («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 654-бет).

**БРУСИЛОВСКИЙ** Евгений Григорьевич (1905–1981), композитор. Ленинград консерваториясын бітірген (1931). Қазақстанның халық артисі (1936), ұлттық кәсіби музыканың негізін салушылардың бірі. «Құрманғазы» атты симфониясы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығына ие болды (1967), ҚазКСР-інің Мемлекеттік гимні (М. Төлебаев, Л. Хамидмен бірге) авторларының бірі. Е. Брусиловскийдің еңбегіне алғаш баға бергендердің бірі – Ө. Ұлы жазушы «Қыз Жібек» операсы жайында («Қыз Жібек» қандай?), «Ер Тарғын» туралы да келелі пікір айтқан («Алғашқы әсер»). Б. Мұхаңмен көп жылдар бойы бірге жүріп, қызметтес болған. Ө-тің сырт бітімі шығыс жұртына ортақ, жиынтық бейнедей көрінетін. Ол инабатты, ақылды, энциклопедиялық білімді, шығыс жұртына тән жоғары мәдениетті адам еді. Өдетте ондай әңгіме шығыс дағдысы бойынша жайбарақат қалып-пен жүретін еді. Менмендік, яки бөлсүндік ісі де болмайтын. Ал онымен әңгімеленуші әріптесі «терезесі тең» көрінуге тырбанғанымен өзінің саяздығын сезінбей қоймайтын деп жазды («Дүйім дүлдүлдер», А., 1995, 60-бет). Б. Советтік Қазақстан» кантатасы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған (1948).

*З. Қоспақов.*

**БРУХИС** Моисей Срулевич (1918–1974), молдаван жазушысы, аудармашы. Тәржіма қызметінде балаларға арналған туындыларды аударуда жақсы танылған. Ю. Нагибиннің әңгімелерін, И. Дубинскийдің «Жел өтінде», Н. Киселевтің «Түнгі сапар», В. Пальманнның «Қызыл мен жасыл» повестерін, Ағайынды Стругацкийлердің «Алқызыл бұлттар елі» романын т. б. аударды. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының 1-кітабын (Л. Чоротманмен бірге, 1962) және 3-кітабын (В. Мустяцмен бірге, 1963) молдаван тілінде сөйлетіп, оқырман қауымының алғысына бөленді.

*С. Пынзару.*

**БРЫЛОВ** Георгий Александрович (1893–1945), график, суретші. «Қазақстан өуендері» (1938–1940), «Жамбыл», «Күләш Байсейітова», «Шара» атты суреттері мен табиғат пейзаждары кезінде жоғары бағаға ие болды. Соның ішінде суретшінің өзі жазушыға сыйға тартқан «Мұхтар Әуезов» атты портреті (1942–43) ерекше дараланып тұрады. Мұнда жазушы қырынан бейнеленген. Орындалу

шеберлігі жоғары және әсерлі көңіл күймен салынған. Ақ костюм мен ақ көйлек киген, галстугінің байлауы ерекше көзге түседі. Ойшылға тән кең маңдайы, бұйра қою қара шашы, дөңестеу қыр мұрыны, бояуы қанық қалың өрні, қырағы өткір көзі Ә-тің ішкі қуат пен парасатқа толты жандүниесін ашып тұр. Бұл сурет жазушы портретінің ішіндегі ең бір сәтті шыққан туынды. Б-тың суреттері Санкт-Петербургтегі мемлекеттік орыс мұражайының, Ә. Қастеев атындағы республикалық өнер мұражайының, Мемлекеттік орталық мұражайдың қорларында сақталған.

*А. Қуанышбаев.*

**«БУДДА»**, Л. Толстойдың әңгімесі. Ә. 1918 ж. қазақшаға аударған. Ол орыс әдебиетінің озық шығармаларына жас кезінде-ақ зейін қойып, зердесіне тоқи бастаған. Семейде шыққан «Абай» журналының алғашқы санында (1918) Толстойдың аталмыш әңгімесін аударып басқан. Бұл шығарма Әуезовтің көркем аудармадағы алғашқы еңбегінің нәтижесі еді. Дәл осы уақытта ғылым, мәдениет, оқу-ағарту хақында көптеген мақалалар жазып жүрген жас Мұхтардың тәржімаға көңіл қоюы әрі алғашқы қадам алысын ұлы Толстой туындысын аударудан бастауы көп нәрсені аңғартса керек. Әңгімені оқығанда, аудармашының тіл байлығына, ой жеткізу шеберлігіне, қызықты да, тартымды етіп баяндау ұсталығына, түпнұсқадан ауытқымағандығына көз жеткізесіз. Толстойдың бұл шығармасын тәржімалаудағы Ә-тің бір мақсаты – қазақ жұртының танымдық көкжиегін кеңейту болса, екінші ойы – оқырманды адамзаттың озық ой үлгілерімен тәрбиелеуге талпыну. Бұл аударма 20 жасар қаламгердің жазу мәнерінің бір жолға түсіп, қалам тартысының қарымдылығын дәлелдейді. «Б.» әңгімесі «Абай» журналының 1918 жылғы 1-санында жарияланды. Кейіннен жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 16-кітабында өзгеріссіз басылды.

*Б. Жақып.*

**БУЙОН** Жорж (т.-ө. ж. б.), Бельгияның қоғам қайраткері, ақын, жазушы. Көптеген дастан, әңгіме, баллада, ертегі, публицистикалық мақалалардың авторы. Жетпісінші жылдары «Бельгия–СССР» достық қоғамының президенті болып тұрған кезде Қазақстанға келген. Ол өзінің сол салардан алған әсерін «Мен Қазақстанның көкжиегінен таң көрдім» атты кітабында (1974) жан-жақты баяндап жазды. Әсіресе қазақ ақындары мен жазушыларының өмірі мен шығармашылық жолына ерекше көңіл бөлді. Кітаптың бір тарауы «Абай және Әуезов» деп аталды. Онда екі данышпанның арасындағы рухани жалғастық пен дәстүрлік байланысқа тоқталып, Абайды өлемге көркем оймен мойындатудағы Әуезовтің орнын жоғары бағалайды. Тарихи тұлғаның бейнесін жасау арқылы Ә.: «Бүкіл Қазақстанды ұйытып алған ұлттық абайтанушылықтың ғажайып жұмбағын түсіндіріп береді. Мен үшін бүкіл бір халықтың жалғыз тұлғаға бас ұрып, соған қарап бой түзеуі аса айтулы құбылыс, әсіресе, өзге халықтар өзінің романдары мен фильмдерінде жат жұрттық қаһармандарды үлгі тұтуды әдетке айналдырған қазіргі кезеңде мұның мәні ерекше», – деп пікір білдірді (1974). Б. бұдан басқа да жазбалары мен мақалаларында Қазақстандағы оқиғалар мен болып жатқан жайлар туралы қалам тартып, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өкілдерін өз еліне таныстырды.

*М. Маданова.*

**«БУЛЬКА»**, жазушының Л. Толстойдан аударған әңгімесі. 1936 ж. Қазақстан көркем әдебиет баспасынан жеке кітапша етіп шығарған. Ә-тің 20 томдық шығармалар жинағының 14-томына сол кітаптағы мәтін бойынша берілді. Л. Толстойдың Кавказда әскерде болып, осы кезеңге байланысты бірнеше көркем шығарма жазғаны белгілі. Аталған әңгіме Кавказдағы орыс офицерінің «Бұлька» атты итке қатысты қысқа әңгімелерден тұрады. Стилі ауызекі әңгімеге ұқсас. Толстойдың «Қазақтар» повесінің жазу мәнеріне де ұқсайтын жерлері бар. Ә. аудармасы әңгіменің көркемдік ерекшеліктерін айнытпай берген. Сөйлем синтаксисі, көркемдік құралдары еркін аудармадан гөрі, дәл аудармаға келеді. Аншылық жайында, ит жүгірту жайында шығармалар жазған Ә. Толстой әңгімесін қазақы тілмен бар қырларын дәл сақтай отырып аударған. Аударма тілі: «Жабайы жүзім, алма, жидек, итмұрын, қарағай ұрығы, емен дәні сияқтының бәрі де – шошқаның жемі. Осылар пісіп алып, енді біраз аяздаған кезде қабандар өлердей жейді де, майланып алады» деген сияқты әңгіме тақырыбына сай, оралымды шыққан.

*Н. Оспантегі.*

**БУРАБАЕВ** Мұқаш Сейсенбайұлы (1931 ж. т.), философ. Философия ғылымының докторы (1972), профессор (1973). Негізгі ғылыми еңбектері қазақ халқының қоғамдық және философиялық ойының тарихын зерттеуге арналған. «Мұхтар Әуезовтің ғылыми мұрасы және қоғамдық ой тарихының мәселелері» мақаласында ұлы қаламгердің көркем шығармаларының, соның ішінде Абай туралы эпопеясына тоқтала келіп: «Әуезов өзінің жоғары идеялі көркем шығармалары мен ғылыми зерттеулері арқылы аса көрнекті қазақ кеңес жазушыларының және ғалымдарының қатарынан берік орын алады» деп жазды («Вестник АН КазССР», 1983, №6, стр. 49–57). Ал «Қазақстандағы қоғамдық ой» атты монографиясында (А., 1991) Ә-тің Абай мұрасын зерттеу мен насихаттау барысында кеп іс тындырғанын, 1932 жылдан кейін сыншыл реализм мен интернационализм бағытын берік ұстанғанын атап көрсеткен, одан әрі халық тек өмірінің соңғы жеті жылында ғана Ә-ті жазушы және ірі ғалым, ойшыл ретінде таныды деп, шындықтың бетін ашады (192–193-беттер).

*Ж. Молдабекөв.*

**БУРАХАН** Бердіқожаұлы (т.-ө. ж. б.), жазушының туысы. Әуезовтің атасы Әуезбен туысады, Әуезге аға болып келеді. Ахмет Әуезовтің «Бала Мұхтар» аталатын кітабында Б. жайында мол, толық айтылған (1967, 4-бет). Әуезов «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай «Бердіқожаның Бурахан деген баласын өз аулына шақырып, бірталай уақыт қонақ етіп те жіберетін, Қарқаралыға барған сапарында қасындағы нөкерлерінің ішіне қосып, ертіп те жүрген. Құнанбай тегінде жігіттің денелі, бітімділігін ұнататын. Бурахан аса сұлу және денелі жігіт еді. Соның тұлғасын тамаша етіп, бір күні: «Бір үйдің ішіне жүз кісі кем-кетікті жиып, соның ортасына Бураханды кіргізіп отырғызып қойса, аналардың кемдігі көзге көріне ме?» деген («Қияда» тарауы, 251–252-беттер).

*Т. Әкім.*

**БҮРЯТ ӘДЕБИЕТИ.** Моңғол тобына жататын бұрят тілінде қалыптасқан. Бұрят әдебиеті халық

фольклорының аңыздар мен ертегілердің, батырлық ауызекі әңгімелердің, шамандық дәстүрі сарындардың негізінде дамыды. Д. Банзаров бурят ұлтының алғашқы ағартушы-ғалымы болды. Х. Намсараев бурят әдеби тілінің іргетасын қалады. С. Туя, Д. Дашинимаев, Ц. Дон, Б. Абидаев, А. Шадаев, Б. Базарон, Ц. Номтоев, Ж. Тумуновтардың шығармалары бурят әдебиетін дамытуға ерекше үлес қосты. Соның ішінде ерекше көркемдігімен назар аударған Ч. Цыдендамбаевтың «Банзар баласы Доржы», Ж. Тумуновтың «Дала оянды» романдары мен Э. Эристаннның «Марықшан балалары» хикаяты, бурят әңгімелері мен ертегілері әр жылдарда қазақ тіліне аударылды. Ө. Ресейдің құрамындағы аз ұлттардың ауыр тағдыры туралы «Өліп таусылу қаупі» (1918) атты мақаласында күйіне отырып жазды. Ал Банзаровтың, Хангаловтың ұлтына сіңірген еңбегін әр тұста тілге тиек етіп, Армения классигі Хачатур Абовян, грузин классигі Илья Чавчавадзе, осетин қадірлісі Коста Хетагуров, тіпті украиннің ұлы күйшісі, данасы Тарас Шевченконың өзі де және татарда Қаюм Насыри, қазақ халқына да білікті, сүйікті Ғабдолла Тоқай, бурятта Банзаров, Хангаловтар, қазақта Абайдан басқа қажырлы Шоқан, қадірлі Ыбырай Алтынсарин – бәрі де бір бітімдес деп, олардың ағартушылық-демократтық еңбектерін жоғары бағалады («Абай дәрістері», 1994, 126-бет). Бурят әдебиетінің даму жолын жете қадағалап, үнемі назарында ұстады. Заманауи әдебиеттер жөнінде сөйлеген сөздері мен мақалаларында «бурят халқының тұңғыш ғалымы әрі ағартушысы Доржи Банзаровты» және ол туралы «Банзар баласы – Доржы» деген роман жазған Ч. Цыдендамбаевты атап өтіп отырды (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 19-том, 226-бет).

*Т. Жұртбай.*

**БУСУЙОК** Ауреллу Александрович (1928 ж. т.), молдаван ақыны. Заман тынсыны, азаматтық пен адамгершілікті, адамның рухани дүниесін жырлаған. Ө-тің 80 жасқа толуына байланысты салтанатты кеште сөз сөйлеп, гуманист әрі ойшыл Мұхтар Омарханұлы Ө-тің шығармалары халықтарды жақындастырып, бірін-бірі жақсы білуге мүмкіндік беретінін шаттық сезімімен айтты («Мұхтар Әуезов – совет әдебиетінің классигі», А., 1980, 38-бет).

**БҰҚАРБАЕВ** Әбдімәлік Әбдіқадырұлы (1940 ж. т.), кескіндемеші. Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Соңғы жылдары қазақ халқының рухани-саяси өмірінде із қалдырған тұлғалардың бейнелерін салды, соның ішінде Ө-тің әр жылдардағы бейнелерін жасады. Оған ұлы жазушының әр жылдары түскен фотосуреттерін негіз етіп, 7 портретін салды. «Мені қазағыммен қайта табыстырған Мұхаң – Әуезов дер едім. Бастауында Әуезов сынды алыптар тұрған қазақ әдебиетімен сусындадым. Тынысым ашылғандай, өзімді-өзім қайта танығандай болдым. Жер ортасы жасқа келіп қалғанда, осындай күй кештірген Мұхаң рухына рахмет» дейді суреткер өзінің сұхбатында («Парасат», 1997, №8, 14–15-беттер).

**БҰҚАР ЖЫРАУ** Қалқаманұлы (1668–1781), ақын, жырау, мемлекет қайраткері. Қазақ поэзиясы тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі. Өкесі Қалқаман батыр болған. Жас кезінен Тәуке ханның беделді бiei атанған. Тәукеден кейін ел билеушілерімен тіл

табыса алмаған. Алпыс жастан асқанда мемлекет істеріне араласып, арқалы жырау, ақылшы ретінде биге де, ханға да ықпал етіп, заманының ұраншысына айналады. Ө. 1925 ж. «Таң» журналында алғаш рет Б. ж-дың Көкбай айтуындағы сөздерін, «Керей қайда барасың» және Абылайдың орыспен соғысымен дегенде айтқан сөзін жариялады. 1927 ж. басылып шыққан «Әдебиет тарихында» (205-бет) жазушы жыраудың «Орыспен соғысып» деген толғауына қатысты: «Қиюы қашып, жігі ашылған ерлерге жамауының сөзі ем болмаған уақытта, кесікті билік пен байлауды айтып, көпті тоқтататын жырау болған» деп жазды. Бұдан кейін «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» атты кітапта «Бұхар жырау» деген мақаласы жарияланды (1933). Кейін фольклор, әдебиет, абайтану мәселелеріне арналған зерттеулерінде Б. ж. туралы әркілі ой-пікірлерін білдірген.

**«БҮЛ КҮЛКІГЕ ДӘН ҮРЗАМЫЗ»**, жазушының шағын мақаласы. 1959 ж. 12 сәуірде «Лениншіл жас» газетінде «Күрескер күлкі», сол жылы 12 маусымда «Қазақ әдебиеті» газетінде «Бұл күлкіге дән үрзамыз» деген атпен жаоық көрген. Кеңес заманы кезінде солақай идеологияның жаңдайшаптары Қ. Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» комедиясына шүйілігіп, зиялы адамдарды орынсыз күлкі еткен деген сылтаумен драматургтің басына кара бұлт үйірілдірген. Сол тұста Ө. осы мақаласын жариялап, шығармадағы күлкінің бәрі де шынайы күлкі, көрермендерді қытықтап күлдіргендей, зорлықпен езу тартқызатын жасанды, жұқалаң, тұзсыз күлкі емес, керісінше, шын күлесің де, сонысына сүйісіңіз деп, драматургті жаладан арашалап қалған.

*Н. Оспантегі.*

**«БҮЛ КІТАП ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ»** («Как создавалась эта книга»), жазушының мақаласы. «Казахстанская правда» газетінде 1949 ж. 17 сәуірде жарияланған Ө-тің Сталиндік сыйлық алған «Абай» романына байланысты жазылып, тілшімен сұхбат түрінде берілген. Автор онда тарихи роман жайлы өзінің көзқарасымен бөліседі. «Тарихи тақырыптағы жазушы жұмысы негізінен шығарма кейіпкерінің көркем образымен қатар, міндетті түрде әдеби зерттеумен байланысты болады. Өмірбаяндық-зерттеушілік суреткерге мүлде бөгет болмайды. Орыс мәдениетінің қазақ халқына тигізген игі әсері – менің ең жақсы көретін, қатты толғандыратын тақырыптарымының бірі. Маған Қазақстан тарихын, оның мәдениетін зерттеуіме Абай замандастарымен, оның шәкірттерімен тілдесуім көп көмек болды. Маған Л. Соболевтің асқан шеберлікпен жасалған аудармасы қатты ұнады. Қазір мен Абай өмірі жайлы романның соңғы кітабын аяқтап қалдым. Осы кітапта мен Абайды ұлы ойшыл етіп көрсете аламын деп есептеймін» деп, шығармашылық лабораториясынан есеп береді. Одан әрі тілшінің романның негізгі тақырыбы, роман қалай жазылып жүріп жатыр, оның негізіне қандай тарихи материалдар кінді, романды жақын арада орыс тіліне аудару жөніндегі ойы қалай деген сұрақтарға Ө. жан-жақты әрі толық жауап берген.

*Б. Мамырбаев.*

**«БҮЛ ҚИЯЛДАН ДА КҮШТІ»** («Это смелее л ю б о й меч ты»), жазушының мақаласы. Бірінші рет «Правда» газетінде 1960 ж. жарық көрді. Ө. онда Жердің жасанды серігінің ұшырылғанына ризашылық білдіріп, кеңес ғылымын мақтаныш

тұтатынын айтқан. Автор бұл оқиғаның сол жылы біздің бейбіт аспанымызға тыңшы-ұшақ жіберген американдықтарға қалай әсер еткенін салыстыра отырып сипаттаған. Бүгінгі біздің ғылымымыздың жетістігі бүкіл адамзатқа кеңес халқының бейбітшілікке ұмтылуын дәлелдеп, анық ескерту жасағанын білдіре келе, жазушы: «Жұлдыздар арасындағы кеңістік кемесі – адамзат жеңісінің кемесі, ол XX ғасырдағы өркениет куәсі» деп зор мақтанышпен жазды.

**БҮЛДЫБАЙ** Анарбай Сағиұлы (1950 ж. т.), фольклор зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1989), доцент (1994). Ө. шығармашылығына қатысты көптеген зерттеу жұмыстарын жазып, ғылыми конференцияларда баяндамалар жасады. «Өшпес өнер өрісі» монографиясында Ө-тің қазақ халқының жыршылық, жыраулық өнері жайындағы еңбектерін зерттеу объектісі етіп алып, ақын мен жырау тұлғасының өзіндік ерекшеліктерін айқын ажыратып бергенін дәлелдеген. «Шешендік сөздер табиғаты» зерттеуінде Ө-тің шешендік өнер табиғатын зерттеумен қатар, шешендік сөздерді көркем шығармаларында пайдалану жолдары қарастырылған. Ө-тің ақындар айтысы поэтикасына арналған еңбектері туралы «Жыр шашуы» (1981), «Мәңгі көктем» (1985) жинақтарында айтқан. Ж. Жабаев шығармашылығына арналған ғылыми зерттеулерінде Ө-тің ойларын үнемі әдістемелік тұрғыда пайдалануы айтырған.

*Н. Ақбай.*

**БҮЛҚЫШЕВ** Баубек (1916–1944), жазушы. Шығармаларын қазақ және орыс тілдерінде жазған. Қарсақбай ФЗО мектебін бітірген (1935). «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттерінде істеді. Көптеген өлең, «Балалық шақ» поэмасын, «Ауылдан Алматыға» әңгімесін жазды. «Солдат өмірі» (М., 1946), «Өмір біздікі» (А., 1946), «Жауынгер мәңгілігі» (А., 1965), «Адамзатқа хат» (А., 1977), «Заман біздікі» (А., 1984) атты шығармалар жинақтары шықты. Әуезов Б-ты қатты бағалап, шығармаларын сүйіп оқыған. Ол: «Комсомольская правдаға» Б-тың «Өмір сүргім келеді» деген мақаласы шығыпты. Меніңше өте жақсы жазылыпты. Ол өзі сөйлемепті, жүрегің сөйлетіпті. Шіркін, соғыстан аман қайтса, жазушы болайын деп тұрған дерын екен. Сөз саптауы, ой өрісі терең жатыр деп тебіренген («Қазақ әдебиеті», 1996, 26 қараша).

**«БҮХАР ЖЫРАУ»**, жазушының мақаласы. 1933 ж. орта, орталау мектептің 7-сыныбына арналған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралында» (15–19-беттер) басылды. Ө. бұған дейін Бұхар туралы ойларын «Әдебиет тарихы» атты кітабының «Зар заман ақындары» деген тарауында айтқан. Жазушы: «Зар заман ақындарының барлығындағы сары уайым Асан бастаған сарын. Сондықтан зар заман ақындарының алғашқы белгісі Асан қайғыдан басталады дейміз» деп, кейінгі ақындарының басы ретінде Бұхар жырауға тоқталады да, «оның заманы ел басына туған ауырталдық заман, қазақ еліне құлдық ноктасын кигізгелі келе жатқан заман» екенін, заман шындығын жайып салғанын жазды. Автор мектеп балаларына арнап жазған бұл мақаласын: «Бұхар жайындағы мағлұматтар», «Бұхар сөздері» деген екі тақырып бойынша әңгімелейді. Алдымен ол жөніндегі деректерге сүйеніп отырып, қысқаша өмірбаянын айтып, Бұхар жырауды Абайға дейінгі ең ірі ақынның бірі ретінде әңгіме етеді. Аңыздарда Бұхар мен Абылай есімі

қатар аталады, 18 жасында билік еткен ақын Абылайдың ақылшысы болды, хан оның сөзінен ешқашан асып кете алмаған, бұл жерде оның даналығы, тұрашылдығы, ел қамқоршысы, көрегендігі болмаса, ханды қалай бас идірсін деген ойға жетелейді. Бұхар айтты деген сөздер: «Керей қайда барасын», «Асан қайғы сөзін шешуі», «Айналасын жер тұтқан», «Ақсаңнан биік тау болмаса», «Ей, Абылай, Абылай», «Абылай орыспен соғысамын дегенде айтқан сөзі», «Бірінші тілек тілеңіз» деген сияқтылар. «Керей қайда барасында» әкімшілік атынан да, өз атынан да сөйлейді. Қан мен қараның, билердің арасы ажырап ашылсақанын «Ей, Абылай, Абылайда» сөз етеді. «Орыспен соғысамын» дегенде, билерінің, кеңесшілерінің бетін көрсетіп, айтқан толғауы тарихи толғаудан туған. Ө. ақын шығармаларының қоғамдық-тарихи мағынасының не екендігін оның:

Құбылып тұрған бәйшешек  
Кұрай болар солған соң,  
Хандар киген қамқатон  
Шүберек болар тозған соң,  
Еңсесі биік кең сарай  
Кемтік болар бөлген соң, –

деген өлең жолдарымен түйіндеп бітіреді.

*Т. Әкім.*

**«БҮГІНГІ ЗОР МІНДЕТ»**, жазушының мақаласы. 1920 ж. жазылған. Онда кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы қазақ қауымы алдында тұрған атқарылар жұмыстар сөз болады. Өз заманының өзекті мәселелерін көтеріп, шешімін таппай отырған күрделі жәйттер туралы ой қозғағандықтан да жанрлық жағынан проблемалық мақала қатарына жатады. «Ол істердің бірі деп менің айтатыным – оқу жұмысы» деп, халық ағарту шараларының қалай жүзеге асып жатқанына тоқталады. Мемлекеттің бай, кедей, жас, көрі демей, жаппай сауаттандыру ісін қолға алып жатқандығын қуана құптайды. Семей губерниясы оқу бөлімінің жоспары бойынша ауыл-ауылда 300-ден аса мектеп салу көздегіліп отырғандығына хабарлап етеді. Ал қалада қазақ халқының ұл-қыздарына арналған бір мектеп, бір клуб жоқ екендігіне қынжылады. Сол кезеңнің зор міндеттерінің бірі ретінде – оқу ісіне жаппай жұмыла кірісу керектігін атап көрсетеді. Ел азаматтарын жан-жақты сауат ашуға шақырады. Ұлттық мектеп, сауатсыздықты жою сияқты күрделі мәселелерді сол кезеңде-ақ батыл қоя білуі – Ө-тің ұлтжандылығын айғақтайтын дәлелдер. Қыр қазағының күнделікті тұрмысына қажетті бұл, былғары, ыдыс-аяқтың жетімсіздігін жоюдың нақты шараларын – екінші міндет етіп қояды. «Губерниялық уездің шаруа бөлімдерінің жанында қол шаруасын үйрететін (кустарный отдел) бөлімдері бар. Оның ішінде бұл тоқу, былғары илеу, шыны ыдыс-аяқ істеуді үйретеді. Түскен жігіттер әбден үйреніп болған соң, қалаған жеріне барып мастерской ашады. Оның қолына керекті машиналардың бәрі де беріледі» деп, автор болыс-болыстың бәрінен қазақ жігіттерін шақырады. Бұл міндеттің орындалу жолын көрсетіп, елге жөн сілтейді. Қазақтың өз жұмысы кадрларының болу керектігіне назар аударады. Мақала осындай ақымдық проблемалар көтеретіндігімен де құнды. Бұл шығарма «Қазақ тілі» газетінің 1920 жылғы 31 желтоқсандағы 112-санында жариялан-

ған. Оған автор «Мұхтар» деп қол қойған. Мұнан кейін мақала жазушының туғанына 70 жыл толу мерейтойы қарсаңында «Қазақстан мұғалімі» газетінің 1967 жылғы 28 қыркүйектегі 39-санында қайта басылды. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 15-томына енгізілген.

Б. Жақып.

**БҮКЕҢ ЖИРЕНШЕҰЛЫ** (т.-ө. ж. б.). Ө-тің корреспонденті. «Абай жолы» эпопеясына дерек берген адам. Оның айтқандарын Өуезов романда кенінен пайдаланды. Мысалға, Абайдың Абылғазы мен Тұрғанбай, Бөшей мен Ербол, Бөжейдің Жабай мен Жиреншелердің салбұрында болуы суреттелетін әңгімелерді осы Б-нен естіген. Оның әңгімелеуінен аңшылық құрғандардың психологиялық сәттері мен мінез-қылықтары, пішін, кескіндері дәл көрінеді. Жабайды: «Насыбай иіскеп отыратын кер, асқақ кісі. Әділ кіші шешесінің баласы. Қарашегіртүлкіні басып жатқанда, Әділ бетін қайырмай тұрады. «Түлкіні байлап ал, көн етіктің ұлтанындай болған ұртыңды ұрайың» деп ауылға қайырды» дегені Жиреншенің осында Абайларды қылжақ еткен мінезі, Балбалаға барған Базаралыны Бесбесбайлардың ұстап алып сабап, шешініріп, өгізге мінгіздіріп жібергені, Құнанбайдың ат қосатыны және оған сын айтқыштығы туралы әңгімелерді Бүкен айтуында жазып алған (№29-папка, 148-бет).

Т. Әким.

**БҮРКЕНШІК АТ**, лақап ат, псевдоним (грек. *psudosis* – жалған, өтірік, *onyma* – есім), автордың қолданатын жасырын есімі, ойдан шығарылған аты. Қоғам қайраткерлері, жазушылар, аңыздар, суретшілер, артистер т.б. әр түрлі себептерге, кейде цензураға байланысты, сондай-ақ өзімен аттас адамдар кездескенде Б. а-ты пайдаланған. Сондай-ақ кез келген адам Б. а-пен шығарма жазуға құқылы, ол авторлық құқық бойынша қорғалдады әрі автордың келісімінсіз оның Б. а-ын жариялауға ешкімнің жақысы жоқ. Ө-те бірнеше лақап атты қолданған. Оның белгісіз туындыларын тануға Қ. Мұқаметханов, М. Бөжеев, К. Сыздықов т.б. көп еңбек сіңірді. Бұл ғалымдар Мұханның 20 ғасырдың бас кезіндегі әдеби Б. а-ы туралы ғылыми тұжырымдар жасап, тиянақты пікір айтқан, арнайы зерттеу еңбектер жазған. Ертеректе шыққан газет-журнал, жазушы мұражайындағы мұрағат деректерге қарағанда, Ө-тің 11 Б. а-ы болған екен. Олар: «М.Ө.», «М.», «Мұхтар», «Арғын», «Жауласал», «Қоңыр», «Айғақ», «Екеуе», «Қазпед», «Семей техникумы», «Семинарист Өуезов». Бұл аталған лақап аттардан басқа, ұлы жазушы стилінің айқын белгілері танылатын мақалалар да кездеседі. Алайда оның әділін айту – әдебиет мамандарының үлесі.

Н. Ерсарыұлы.

**«БҮРКІТ АҢШЫЛЫҒЫНЫҢ СУРЕТТЕРІ»**, жазушының әңгімесі. «Таң» журналының 1925 жылғы 3-санында жарияланды. Әңгіменің соңына «Мұхтар» деп қол қойған. Әңгіме тақырыбының астына «Басылмаған романнан» деген ескерту берілген. Бұл әңгіме содан қайтып жазушының көзі тірісінде басылмаған. Аңшылықтың көріністері, оның психологиялық астарлары, саятшылықтың сырлары «Абай жолы» эпопеясында барынша толық қамтылып, әсерлі баяндалғандықтан әңгі-

мені қайыра жариялауды қажет деп таппаған. Шығармада саятшылықтың бір қана сәті баяндалған. Әңгіме тақырыбында көрсетілгеніндей, бұл үзік бізге белгісіз романның тарауларына кіруге тиісті дербес сурет сияқты. Өуезов «Басылмаған романнан» деп сілтеме жасаса да, оның қандай шығарма екені анықталмады. Тек жазушының 1928 ж. С. Сәдуақасовқа жазған хатында: «24-ші жылы елде тұрып, бір роман жазып едім, ол әлі баспадан шыққан жоқ» деген мәлімет кездеседі. Зады бұл әңгімені осы романнан алып, журналға ұсынған болуы керек. Әңгіме жазушының 12 томдық (1-том, 1967), 20 томдық шығармалар жинағының (1-том, 1979), 50 томдық толық басылымының (2-том, 1998) алғашқы нұсқасы бойынша кірді. Әңгімені И. Глухов орыс тіліне аударды. Ол жазушының 5 томдық шығармалар жинағының 1-томында (Мәскеу, 1973) жарияланды.

Т. Жұртбай

**«БҮРКІТШІ»**, жазушының әңгімесі. Алғаш 1937 ж. «Әдебиет майданы» журналының 8–9-сандарында шыққан. Осы жылы И. Шұховтың аударуымен «Литературный Казахстан» журналының 11–12-сандарында басылды. 1938 ж. Ө. Тәжібаев құрастырған «Әдебиет хрестоматиясында», 1940 ж. «Песни степей» жинағында, 1942, 1944, 1946 ж. Ш. Кәрібаев шығарған «Әдебиеттік оқу кітабында», 1951 ж. «Песни казахских степей» жинағында, 1957 ж. жазушының 6 томдық шығармалар жинағының 6-кітабында жарық көрді. Бірнеше тілдерге аударылған. Дүркін-дүркін басылып тұрғанмен, өзгеріске аз ұшыраған. Ептеген өзгерістер жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 2-томында берілген осы әңгіменің түсінігінде көрсетілген. Жазушы мұражайының қолжазба қорындағы (ЛММА, №59-папка) әңгіменің тақырыбы – «Бүркіт аңшылары». Қолжазба нұсқадан 70 жолдай мәтін кітапқа шыққан басылымдарға кірмей қалған. Ө. 1925 ж. «Таң» журналында «Бүркіт аңшылығының суреттері» атты әңгіме шығарған болатын. Ол әңгімеде таза бүркіт аңшылығы суреттелген. Сюжет ширығуы Бекбол мен бір кезде ол қызмет еткен бай Сәтбектің тауда кездесіп қалып, тұтқын болуынан басталған. Әңгіменің соңына қарай Бекболдың амалын тауып, өзі жайында белгі беруінен бастап, досы Александр бастаған қызыл әскерлердің бандыдан құтқаруы, әңгіменің финалы очерк стилінде жазылған. Жазушы шығарманың соңын «иіп әкеп», идеологиялық талаптарға ыңғайлаған. Әңгіменің аяғында «Бекбол Александрмен бірге конституцияны да, сайлау заңын да мықтап талқылап ұғынып шықпаққа сөз байлаған. Екі дос та, бұны әсіресе ұлы зор міндет деп біледі» деп, таза газет мақаласындай бітіреді. Бүркіт аңшылығының әдемі суреттерімен қатар 30-жылдар баспасөзіне тән әдемі, көтеріңкі очерктік баяндаулар қатар кездеседі.

Р. Әбдіғұлов.

**«БІЗ ӨТКӨШНЕКПІЗ»**, жазушының 1933 ж. жазылған публицистикалық шығармасы. Көтерген тақырыбы – 30-жылдардың басындағы ашаршылық нәубетінің зардаптары, кең сахараны кезіп кеткен қазақ босқындарының хал-ахуалы. Ө-тің бұл очеркі қоныс аударған қазақ отбасыларының өмірінен бір сәт көрініс береді. Алдымен шығарма тақырыбындағы «өткөшкер» сөзі назар аудартады. Жуалыға барған сапарында жазған басқа очерктеріндегідей, автор жергілікті сөйлеу тіліне көп көңіл бөлген. Жергілікті тұрғындар басқа жерден көшіп келгендерді «өткөшнектер» деп атаған.

Бұл сөзді автор бірінші кездескен кейіпкер Қыстаубай деген жігіттің аузынан естиді: «Біз әткешнекіз, Таластікіміз». Бұдан әрі мұнда көшіп келген бес үйдің бар екендігі, «стансаға» 11 үйдің, колхозға тағы 15 үйдің орналасқандығы баяндалады. Ал жұрттың не себепті көшіп-қонып жүргендігінің жауабын да автор кейіпкерге айтқызады: «...Колхозымыздан кеткенде, нанның жағдаяты болмай, содан кеткен ек». Осы сөйлем арқылы жазушы бүкіл бір ұлттың басынан ауыр нәубеттің өткендігінен хабардар етеді, сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдаймен астарлай таныстырып кетеді. Очерктің түпнұсқасы жазушы мұрағатында сақталмаған. Оның 20 томдық шығармалар жинағының 8-кітабында 1933 жылғы «Социалды Қазақстан» газетіндегі нұсқасы өзгеріссіз басылды.

Б. Жақып.

**«БІЗ БОЛАШАҚКА КӨЗ ТІГЕМІЗ»** («Мы смотрим вперед»), жазушының мақаласы. 1968 ж. Арменияның «Коммунист» газетінің 1 қазандағы санында шыққан. Газеттің бұл саны Қазақстан әдебиеті мен өнерінің Армениядағы онқұндылығын ашылуына арналған. Мақаланың алдында Ә. жөнінде газет редакциясының кіріспе пікірі берілген. Онда Ә-тің Октябрь революциясының 40 жылдық тойының қарсаңында радиодан сөйлеген сөзін (Қазақ радиосы магнитофон таспасына жазып алған) орыс тілінде Николай Ановтың аударуы бойынша береміз деп ескерткен. Қазақ жазушысы сөзінде революциядан кейінгі қырық жылда Кеңес Одағы халықтарының тұрмыстағы, өндірістегі, мәдениеттегі жетістіктері туралы айтылады. Қазақ халқы туралы: «Жаңғырған өмірге қазақ халқы да келді, ол кеңестік қоғамды құнды адамгершілік қасиеттерімен байыта алады» деп, қоғамның идеологиялық талаптарынан туған көтеріңкі тұжырымдар жасалған. Аудармашы кейде «За сорок лет – казан» («Қырық жылда – казан») деген сияқты қазақ халқының мақал-мәтелдерін тікелей аударып жіберген.

**«БІЗ – БІР ЖАНБЫЗ, БІР ДЕНЕМІЗ»**, жазушының мақаласы. Ә-тің 60 жасқа толған тойына байланысты туған жері – Семей облысының Абай ауданындағы Қасқабұлақ аулында кездесу кешінде сөйлеген сөзі. Үнтаспаға жазып алынып, кейін аудандық «Совхоз туы» газетінің 1967 ж. 7 маусымдағы санында «Жерлесіміз Мұхтар Әуезовтің туғанына 70 жыл толуы қарсаңында» айдарымен жарияланған. Мақала туған жерге, бірге өскен ағайын мен құрбы-құрдастарға деген сағынышты сөлем мен жүрекжарды тілекке толы лебіздермен ерекшеленеді. Өзінің туып-өскен аулына шақырған үлкен қонақжай, ақжарқын көңілдері үшін жерлестеріне шын жүректен шыққан алғыс сезімін білдіреді. «Орталарыңа келген мені қайта тудырған да, қайта жасартқан да сіздерсіздер» деп, үлкен құрметін білдіру арқылы өзінің көп жылдардан кейін ғана туған жермен қауышқанына өте риза екенін айтып: «Отан дегенде, ел дегенде, біз осындай туған жерді, осындай елді айтамыз. Сол ел сіздерсіздер» деген риязсыз көңілін білдіреді. Жерлестерінің осындай кездесулер ұйымдастырып, жылы жүзбен қабылдауын өзіне ғана көрсетілген сый емес. Кездесуге қатысып отырған жас ұрпаққа «осы сый-құрметті олар да еске тұтатындай, жадында сақтайтындай болса екен деймін» деген сөздер арнап, жерлестерінің шаруашылық ісінде, өнер-білімде қол жеткізген табыстарына қуанатындығын: «Сіз бенен біз – бір жанбыз, бір тәнбіз»

деп бекіте түседі. Бұл теңеуін кеңес халқына балап, «бәріміз бір тұтас денеміз» деп ой қорытады.

Н. Жанаква.

**«БІЗДІҢ ДАМУЫМЫЗДЫҢ СОВЕТТІК ЖОЛЫ»** («Наш советский путь развития»), жазушының мақаласы. 1957 ж. 12 желтоқсанда «Литературная газетада» шыққан. Екі бөлімнен тұратын көлемді шығарма. Ә. онда негізінен Октябрь революциясынан кейінгі қазақ әдебиетінің даму жолына шолу жасаған. Өдеттегі сарынмен осы жылдардағы қазақ әдебиетінің табыстарын Октябрьдің жеңісімен байланыстырады. Мақаланың 1-бөлімінде революцияға дейінгі қазақ жерінде орыс және басқа ұлттар әдебиеті өкілдерінің шығармалары (кітаптары) өте аз болғанын, қазақ әдебиеті үлгілерінің кітап боп шығуының өте нашар екеніне тоқталып, революциядан кейін кітап басу ісінің жанданып, үлкен тиражды қазақ кітаптарының көптеп шыға бастағанын айтады. Автор қазақ прозасының ең озық үлгілерін деп басып айтып, көркемдік ерекшеліктерін қысқа тұжырымдармен ашқан. Қазақ прозасының табысын айта келіп, сонымен қатар КСРО-ның шет аймақтағы ұлттар әдебиетіндегі ортақ кемшіліктер мен жетістіктерді тап басып көрсеткен. Ерекше тоқталатыны, көркемдік құбылыс ретінде жоғары бағалағаны – Б. Майлиннің әңгімелері; І. Жансүгіровтің «Күйші», «Құлагер» поэмаларына жоғары баға берген. Жамбыл мен Н. Байғанинді мысалға ала отырып, фольклордың, ауыз әдебиетінің жазба әдебиетке әсері туралы ойларын келтіреді. Жалпы мақаланы өте сығымдалған әдебиет тарихының очеркі деуге болады. Екінші бөлімінде социалистік құрылысқа «жат» әдебиет туралы сөз етеді. Осы топқа ең алдымен Шәңгерей Бөкеевті жатқызып, олар өз өлеңдерін Абайдың стилінде емес, орыстың таза өнер мектебінің өкілдеріне өкілетіп жазды дейді. Осы бағытта М. Жұмбаевты айыптағанын Ә-тің өз ойы емес, сол кездегі әдебиеттегі солақай сыынның, саяси қысымның әсері деу керек. Мағжан тобындағы ақындарға тек орыстың декаденттік әдебиеті емес, қазақтың «зар заман» әдебиеті де әсер етті деуі «зар заман» әдебиетіне жасалып жатқан «шабуылдың» әсері болса керек. Мақалада сонымен қатар әдебиетті шын бағалау жөнінде құнды ойлар да көп.

Н. Баутан.

**«БІЗДІҢ ЕЛДІҢ САЛТ-САУЫҒЫ»**, жазушының мақаласы. Қытайдағы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы районы қазақтары үшін Алматыда шығатын «Қазақ елі» журналының 1948 ж. 3-санында жарияланған. Бұл нұсқасы Ә-тің 20 томдық шығармалар жинағының 18-томында жарық көрді (266–272-беттер). Автор өз мақаласында отандастарын «Гүлденіп тарих, көркейіп өмір, дәурен жаңғырған заманда» көп тың өзгеріске ұшыраған елінің салт-сауығымен жан-жақты таныстырады. «Салт» ұғымын жаңа өмір дәстүріндегі тұрмыс пен сауық салттары деген екі жолмен қарастырып, бұл жайдың өркен жайған «өнерлі қала» мен «ескелең колхозда» қалай қалыптасып келе жатқанына көз жеткізеді. Мақаланың екінші бөлігін жаңаша өзгерген кеңес елінің сауығына арнап, оны «үй тұрмыста жеке адам, жеке үй ішінің қызығынан туатын сауық, мемлекеттік сауық» деп, үш түрге бөледі. Үй тұрмысы сауығын ежелден бергі ұлттық дәс-

түрмен тығыз байланыстырып, жаңа қоғамның үл мен қызы оқу бітіріп, атақ алғандағы қуаныш тойларын халықтық өнер түрлерімен бірге мерекелеу сәттерін әңгімелейді. Қоғамдық сауыққа жұмыстан кейін кешкі демалыстарын үй-клубтарда өткізетін кәрі-жастың алуан кештерін, қалалар мен астанадан келіп көрсететін әншілер мен артистер концерттерін жатқызады да, мемлекеттік сауық қатарында бүкіл ел болып тойлайтын Ұлы Қазан, Мамыр мейрамдары мен Қазақстанның республика болған күнін үлкен мереке ретінде қарастырады, сонымен бірге жаңа жылды тойлау, «балалардың қысқы оқуында болатын аз үзіліс, демалыс кезі – бәрі де мемлекеттік үлкен кең мереке болады» дейді. Осы үлкен сауық мейрамдарында өткізілетін түрлі мерекелік шаралардың мәдени-көпшілік, спорттық, ұлттық ойын түрлерімен, аңшылық өнермен ұластырылған салтанат-думаны кеңінен таныстырады. «Біздің жаңа салт пен сауығымызда, барлық азаматтық өзге қасиеттеріміздің қатарында сауық сәніміз, көркем өнеріміз аса қадірлі қасиетіміздің бірі саналатынын» сүйсіне айтады.

*С. Қорабай.*

**«БІЗДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ»** («Наша ответственность»), жазушының мақаласы. Жазушы атаулының қоғам, ел, халық алдындағы жауапкершілігін жан-жақты қамтыған. Алғаш рет орыс тілінде «Литературная газетаның» 1959 ж. 22 тамыздағы санында және сол күнгі «Ленинская смена» газетінде басылып, артынан «Қазақ әдебиеті» газетінің сол жылғы 28 тамыздағы нөмірінде аударылып жарияланды. Мақала «жазушылар жауапты ойдың адамдары» деген сөзбен басталып, мұның өзі әдебиеттің өз болмысында азаматтық қалып, «Жаңа адамды тәрбиелеу мұратында шығармалар тудыру – оның міндеті» екенін үнемі назарда ұстауға мегзейді. Жазушы «шебер суретші ғана емес, оқиғалардың қалың ортасында жүрген публицистік есебінде де көрінуге тиіс» деп міндет қояды да, сол кездегі жетіжылдық жоспар мәселесіндегі қаламгердің орнын «өзі жақсы білетін адамдар тұратын елбастың болашағымен» байланыстырып, Кеңестік Шығыс республикаларының бір қыры – мал шаруашылығында еңбек етіп жатқан адамдар жайлы ой бөліседі. Бұл сала бойынша «жазушының міндеті – осы проблемаға адамдардың өзара қарым-қатынасы тұрғысынан қарап көру, экономика тілін адамның жаны мен характерінің тіліне айналдыра білу» деп есептейді, малшы еңбегі, тұрмысы, оқу-біліміне байланысты проблемаларға назар аударып, жазушылардың жіті көзі осынау қалың малшы коллективінің творчестволық еңбегін тани білуі, олардың ерлік істерін көркем тілмен көрсету арқылы да оларға көмектесуі керек деп, жанашырлық танытады. Малшы тұрмысын жақсартып, олардың балаларын оқытуды дұрыс деңгейге көтеруді, жоғары оқу орындарына түсулеріне көмектесуді үлкен мәселе етіп қояды. Мұның бәрі қоғам қайраткері ретінде жазушыны әркез толғанту қажеттігін баса айтады. Ойымыз әрқашан ояу болып, шабыттымыз шарқ ұра берсін. Халықтың өмірімен тығыз байланысты болу бізді, жазушыларды, ылғи осындай күйде ұстауға тиіс деген жоғары пафосқа толы азаматтық ойлармен аяқтайды.

*Н. Жанақова.*

**«БІЗДІҢ КҮЛЛІ ӨДЕБИЕТИМІЗ БЕЙБІТШІЛІККЕ АРНАЛАДЫ»** («Вся наша культура за мир»), жазушының мақаласы. Алғаш рет «Октябрь» журналында жарияланған (1953, №11). Кейін басқа жерде жарық көрмеген. Ө. публицистикалық тұрғыда жазылған бұл мақаласында адамзат баласының бейбіт өмір үшін жұмыла ұмтылысы туралы айтады. Сонымен бірге ол қазақ халқы, оның тарихы мен мәдениеті, өткен мен бүгінгісі туралы өз ойларын білдіреді. Буржуазиялық елдердің, әсіресе Америка Құрама Штаттарының тарапынан жасалып отырған идеологиялық әрекеттер жазушының жанын жаралап, жан айқайын тудырады. Осыған байланысты біздің жас өнеріміз XIX ғасырда Еуропа мәдениетіндегі жас кейіпкердің ауыр қайғысын білмейді. Біздің шығармаларымызда адамзаттың биік рухын, жоғары идеясын аяққа таптау жоққа тән. Біздің әдебиетіміз бен өнерімізді өркендету ісінде жағымды кейіпкерлер елге рөл атқарады. Социалистік мәдениетті құру мен дамытудағы негізгі белгі – бүгінгі күнге нық қадам баса отырып, болашаққа сеніммен көз жіберу болып табылады дейді автор. Ұлы жазушы өз ойын адамзат пен қоғамды дамытудың кез келген саласындағы мәселені бейбіт жолмен, ынтымақтастықпен шешуге ұмтылу қажет деп түйіндейді.

*Б. Мамыраев.*

**«БІЗДІҢ МҰХТАР»**, Ө. туралы естеліктер кітабы. 1976 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Редакция алқасы: Л. Әуезова, Ы. Дүйсенбаев, М. Қаратаев, Е. Лизунова, Б. Сахариев. Құрастырып, түсініктерін жазған Сахариев. Жиһаққа Әуезовтің аяулы дос-жолдастарының, таныс-біліс, қызметтес болған жазушылардың, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің – барлығы 73 адамның естеліктері топтастырылған. Бұл мақалаларда Ө-тің өмірі мен шығармалары туралы қызық фактілермен қатар, оның туған әдебиетіміз, көркем аударма, әдебиет зерттеу мәселелері жөнінде де айтқан пікірлері мен ой толғамдары келтірілген. Көлемі 25 баспа табақ, таралымы 12 мың дана.

**«БІЗДІҢ ОРТАҚ ІСІМІЗ»** («Наше общее дело»), жазушының мақаласы. Алғаш рет 1954 ж. 14 желтоқсанда жарияланды. Кеңес жазушыларының бүкілодақтық 2-съезі қарсаңында жазылды. Әуезов онда М. Горькийдің әдебиеттегі рөлі, орыс реалистік әдебиетінің басқа әдебиеттерге қатысы мен әсері туралы ой қозғайды. Қазақтың кең даласында туып-өскен ұлы ақын Абайдың ақындық шеберханасының дамып-жетілуіне игі әсер еткен А. Пушкиннің «Капитан қызы» повесі мен «Евгений Онегин» романын, М. Салтыков-Щедрин, Н. Некрасов, Н. Чернышевскийлердің туындыларын жете түсініп, терең ұғынды, ал «Татьянаның әнін» қырда қалықтап, әдебиеттер байланысының негізін қалады, сөйтіп қазақ мәдениетінің дамуында мұрындылық болды дейді автор. Ө. орыс мәдениетінің алыптарынан тек қазақ халқы ғана емес, басқа ұлттар да үлгі-өнеге алғанын айтады. Ал Қазан төңкерісінен кейінгі орыс мәдениетінің дәстүрі басқа ұлт мәдениетіне екі тұрғыдан – ауызша және жазбаша түрде әсер етті. Аталмыш процесс дағыстандық Сулейман Стальский, қазақ Жамбыл мен Нұрпейіс, қырғыз Әлімқұл Үсенбаев пен Османқұл, түрікмен Ата Салих, өзбек Ислам Шаир мен Фазыл Юлдаш, қарақалпақ Шайыр Садық пен Жаңа Аппас шығармаларында айқын көрінеді деп, ұлы жазушы атап көрсеткен. Одан әрі автор Горькийдің шығармашылық дәстүрі бас-



қа жазушыларға, атап айтқанда, С. Айнидің «Құлдар», А. Упиттің «Жасыл жер», Қ. Наджимидің «Көктем желі», М. Гусейннің «Таң», С. Рагимовтың «Шамо» атты туындыларына игі әсер еткенін айтады. Сонымен бірге Горькийдің ықпал-әсерін қазақ жазушылары С. Мұқанов, Ф. Мұстафин, Ф. Мүсірепов, Ө. Нұрпейісовтердің шығармаларынан да аңғару қиын емес екенін ескертіп өтеді. Мақаланың соңында Әуезов өзін де Горький мен Л. Толстойлардың шығармашылық дәстүрлері шабыттандырып, қанат бітіргендігін жасыра алмайтынын айтып, орыс әдебиетінен үйрену үлгісінін жалғаса беретінін еске салады.

*Б. Мамырәев.*

**«БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДІҢ НЕГІЗІ»** («Основа нашей жизни»), жазушының мақаласы. 1949 ж. 22 қаңтарда «Литературная газетада» шықты. Басқа баслымдарда шықпаған. Мақала қызылшыл саясаттың дәуірлеп тұрған кезіндегі әдеттегі экспозициямен – КСРО-ның шаруашылығы мен мәдениетіндегі барлық жақсылықтарды Ленин, Сталин есімімен, ал көсемдер атымен халықтар достығын байланыстырған. Өрі қарай тарихи шындыққа сәйкес келетін пікір айтып, отаршылдық саясаттың халықтар арасындағы қарым-қатынастарға да кесірін тигізгенін жасырмайды. Қазір біз бәріміз теңбіз, «аз халық» деген жоқ, орыс халқының арқасында өзімізді ұлы халықпыз деп санаймыз деген шалқыма сөйлемдер кездеседі. Индандік-сталиндік саясат туысқан халықтардың күш-қайратын ғылымды дамытуға, әдебиетшілер мен өнер адамдарының шығармашылық еңбегіне игі ықпал етті дейді. Үкіметіміз Бүкілодақтық Ғылым академиясының ұлттық ғылым академияларын құрып, филиалдар ашты, дүние жүзіндегі ең озық орыс театры ұлттық театрлардың ашылуына ықпал етті, кеңес жазушыларын ортақ жазушылар одағы біріктіріп отыру дейді тарихи шындықты жасыра алмай. А. Пушкиннің аты мен шығармаларын барлық қазақтың білетіні секілді, кез келген басқа халықтың оқушы баласы Жамбылдың атын біледі деп, жыраудың Ленин мавзолейін көргенде шығарған өлеңінен үзінді келтірген. Біз Т. Шевченконың, Ш. Руставелидің, Низамидің, Науаидің немесе халық даналығының көрінісі болып есептелетін «Игорь полкі туралы сөз», «Давид Сасунский», «Манас» сияқты ұлы шығармаларды мақтан етеміз дей келе, сол кездің саяси ахуалына сай осындай игіліктердің бәріне жеткізген социалистік құрылыс, Ленин мен Сталин партиясы, Ленин мен Сталин жолы деп дәстүрлі сарынмен аяқтайды.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«БІЗДІҢ СОВХОЗДА»** («В нашем совхозе»), жазушының киносценарийі. Сценарийдің түпнұсқасы Ө. мұражайының мұрағатында сақталған. Осы қолжазба бойынша жазушы 20 томдық шығармалар жинағының 12-томында басылды. Қолжазба орыс тілінде. Шығарма атының жанына «Либретто сценария» деп жанры көрсетілген. Жазушы опералық шығарманың сөзді мәтініне қолданатын терминді (либретто) кейде «сценарий» сөзінің орнына қолданған. Шығарма мәтінін оқығанда, көркем фильм қоюға дайын сценарий дәрежесіне жетпегендігі байқалады. Көркем сценарийден гөрі соның кеңейтілген жоспарларына ұқсайды. Өсіресе кейіпкерлер сөзі өте аз берілген. Оқиғалардың өту барысы, кейіпкерлердің ойы, іс-әрекеттері, шығарманың тақырыбы, идеясы тікелей айтылған. Сценарийдің 6 бөлімінде совхоз ди-

ректоры Досқалиев бастаған кертартпа топтың, бас зоотехник Аманов Асқат бастаған жаңашыл адамдардың арасындағы күрес суреттелген. Шығарма сюжеті 50-жылдарда солақай идеологиялық талаптарға байланысты белгілі дәрежеде схематизмге құрылған. «Өндірістік» тақырыптағы шығармалар жазу талаптарының да әсері бар. Негізгі тартыс мал бағудың дәстүрлі әдісін қолдайтын Досқалиев пен ауыл шаруашылығына ғылыми жаңалықтар тұрғысынан қарайтын Амановтың арасында өрбиді. Аманов көшпелі малшылықты шектеп, агротехникаға, жемшөп қорын жасап, өндірістік бағытқа ауысуды, малды ерте төлдетуге көшуді қолдайды. Сонымен қатар малшылар тұрмысын жақсартуға ұмтылады. Осыдан істі болып, сотталып кете жаздайды. Ақыры әділеттілік орнап, Аманов жоспарлары іске аса бастайды. Үш тармақты сценарийдің сюжеттік драмалық негізін құрайтын тартыстың ортасында жүрген негізгі кейіпкерлердің рөлі мен әрекеттері жайында, идеологиялық-образдық коллизиялардың тек қана өндірістік-техникалық әрекеттерден ғана туындамайтындығы, шығарманың негізгі идеясы шекпелі мал шаруашылығын түгелдей жоққа шығармайтындығы жайында айтылған. Сонымен қатар шығарманың әлі де толыққанды сценарий еместігі ескертілген.

*Н. Ақбай.*

**«БІЗДІҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ЖОСПАРЛАРЫМЫЗ ТУРАЛЫ»** («О наших творческих планах»), жазушының мақаласы. 1934 ж. 8 қаңтарда «Казхстанская правда» газетінде шықты. Мақаланың атауынан кейін «Дорогой тов. Мирзоян» деп жазылған. Мақалаға Ө-пен қатар Жансүгіров, Майлин, Сейфуллин, Мүсірепов, Жароков, Тоқмағамбетов, Әбдіқадиров, Баталов, Хасенов, Тәжібаевтар қол қойған. Бул Ө-тің 1930–32 ж. 3 жылға сотталып шығып, 1933 ж. Қазақстан жазушыларының пленумында өзіне, өзінің идеалдары мен сенімдеріне амалсыздан жала жауып сөйлеген кезеңдерден кейінгі қиын кез еді. Мақаланың (Мирзоянға жазған хат деп айтуға болады) көп жерлері Ө-тің ашық хаты мен пленумда сөйлеген сөзін еске түсіреді. Осының алдында Қазақстан өлкелік партия комитетін басқаруға Мирзоян келіп, комитет құрамында да өзгерістер болған. Ұжымдық хатта жаңа басшы мен жаңа өлкелік комитет мүшелерінің аз уақыт ішінде көп іс атқарғандарын жазушылар мен зиялылардың анық байқағанын сөз етеді. Жазушылардың ендігі міндеті осы «ақ өзгерістерді» өз шығармаларына арқау етіп, көркем шығармалар беру дейді. Мақалада жаңа басшылыққа ұнау мақсатынан туған «Орталық комитеттің 1932 ж. 23 ақпелдегі әдеби ұйымдарды қайта құру жайындағы қаулысын бұрынғы комитет мүшелері жақсы атқара алмады» деген жолдар бар. 8-партконференцияға сыйлығымыз деп, бірнеше жазушылар шығармаларының тізімін берген. Олардың ішінде Ө-тің «Тартыс» пьесасы бар. Әдеби өмірдің фактісі ретінде қызықты нәрсе: жазушылар мен ақындардың ауылдарға барып келіп жазған озық әңгімелері, поэмалары, очерктерінен тұратын көлемі 14 баспа табақ «Қрасная книга» атты жинақ шыққаны, осы жинақтың 2-кітабы жазылып жатқандығы айтылады. «Жау» іздеу науқанының, күш алып келе жатқан сталиндік репрессияның бір күәлігі ретінде мына жолдарды келті-

реді: сахнадан кулактар мен байлар кеткеннен кейін, үкімет пен партияның шараларына кедергі жасап, көркем әдебиет өкілдеріне қарсы жасырын күрес басталды дейді. Бұл мақала-хатты қол қойған авторлардың бәрі өз тілектерімен, өз ойларымен жазды деуге келмейді. Шымылдық ішінде сол кездің идеологиялық, әміршілік қысымы көрініп тұр. Сондықтан хатқа жазушылар амалсыз қол қойғанға ұқсайды.

*Н. Бауған.*

**«БІЗДІҢ ХАЛҚЫМЫЗ ҮШІН ОРЫС ТІЛІНІҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ»** («О значении русского языка для нашего народа»), жазушының мақаласы. «Учительская газетаның» 1956 ж. 9 мамырдағы санында жарияланған. Ә. қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту жөнінде Алматыда өткен республикалық кеңесте сөйлеген. Орыс тілінің халқымыз үшін манызын Абайдың бірнеше рет айтып, «орыс халқымен, алдыңғы қатарлы орыс мәдениетімен жақындасуға жалықпай шақырғанын» тілге тиек етіп, ұлы ақынның орыс тілі мен мәдениеті туралы айтқанын мысалға келтіреді. Абайдың қажырлы еңбегінің арқасында орыс тілін меңгеріп, үлкен мәдениеттің інжу-маржанынан сусындағанын, Ыбырай мен Шоқан сияқты Абайды да ұлы еткен орыс мәдениеті екендігін айтып, «олардың көзқарастары орыс революцияшыл демократтарының тікелей ықпалымен, алдыңғы қатарлы орыс ойы мен мәдениетінің әсерімен қалыптасты» дейді. Қазіргі кезде де КСРО халықтарының өз тілі мен мәдениетін дамыта отырып, үлкен ынта-жігермен орыс тілі мен мәдениетін меңгеріп жатқандығын әңгімелей келіп, жастарды адамзат білімінің барлық жиынтығын толық игеру үшін «заманымыздың осы ұлы тілін жетік білуге» шақырады, қазақ тілінде орыс тіліндегідей ұланғайыр кітап байлығы әлі жасалмағандығын назарға алып, бір ғана өз туған, қымбатты тілінді білсең де, сіздер жалпы адамзаттық мәдениет пен жан-жақты білімді меңгере алмайсыздар деген ой тастайды. Орыс тілінің Кеңестер Одағы халықтарының басым бөлігінің тілі екендігін, күнделікті өмірде халықтардың осы тіл арқылы байланысатындығын, «сол себепті де біздің бауырлас халықтар үшін орыс тілі баяғыда-ақ екінші ана тілі болды» дейді. Өзінің балалық, жасөспірім шақтарын еске алып, өзін орыс тіліне үйреткен орыс ұстаздарына құрметін білдіреді, ол тілге өз балаларының да үйреніп жатқанын жасырмай, өзін әке ретінде барлық қазақ ата-аналарының атынан орыс мұғаліміне біздің үлкен ризашылығымызды білдіреміз» деп, алғыс сөзін жолдайды. Сөзінің соңын орыс тілі мұғалімдерінің игі ісіне үлкен табыстар тілейді.

*С. Қарабай.*

**«БІЗДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАРЫМЫЗ»** («Наши творческие замыслы»), жазушының шағын мақаласы. Мәскеуде шығатын «Литературная газетаның» 1958 жылғы 1 қаңтардағы нөмірінде жарияланды. Өуезов онда оқырмандардың сұрақтарына жауап беріп, өзінің жаңа жылдағы шығармашылық жоспарларынан мағлұмат берген. «Жаңа жылда көп нәрсе істегім келеді. Ең бастысы – бастап қойған пьесаны реттеу. Советтік Қаззақстан жайлы ойластырып жүрген романдар сериясының бірінші кітабын аяқтау» деп, болашақта жазушылар көлемді туындылары туралы ой-

ларын ортаға салған. «Жалпы, пьеса бітіп, даяр тұр. Дегенмен мен кей жерлерін қайта қарап, толықтырып шықсам деп едім. Мен бұл пьесаны Октябрьдің 40 жылдығына арнап жаздым» деп, жаңа драмалық шығармасынан хабар берген.

*Б. Мамырбаев.*

**БІЛӘЛ** Кәкітайұлы (1891–1931), Абайдың інісі. Кәкітай – Құнанбайдың Ұлжаннан туған ұлы Ысқақтың баласы. Туған жылы анық емес, жасы Өуезовпен қатарлас. Семейде 5 сыныптық орыс мектебінде Ахмет Өуезовпен бірге оқыған. Болыстыққа сайланып, 1914–15 ж. ел билігіне араласқан. Өте сауатты, өжет, шешен адам болған. Тізесін Абай құрметтерін зиялыларға да батырған. Қатал, озбыр, айлакерлігімен аты шыққан. Б-дің осындай бір қатыгездігін Ө. «Қорғанысдың күні» әңгімесіне арқау еткен. Ол 30-жылдары Ресейде, Омбы жақта айықпал дерттен қайтыс болған.

*А. Болжанбаев.*

**БІЛӘЛ** (С ә б и д ә л) Омарханұлы (1903–1918), жазушының туған інісі. Жасынан Мұхтармен қоса жарыса оқып, ауыл медресесінен ескіше дәріс алған. Содан кейін Семейдегі орыс мектебінде оқып жүрген кезінде қайтыс болған. А. Ә-тің, Ф. Сармурзиннің, М. Діқанбаевтың естеліктерінде Б-дің Мұхтармен тетелес екендігі, кішкентайынан асық ойнап, топ жарыстырып өскендіктері қызықты баяндалады. Алайда оның қай жылы, қандай аурудан қайтыс болғандығы нақтылы көрсетілмейді. Көбінесе, 1915 жылдан кейінгі өмірі бұлдыр. Сүзектің тұсында қайтыс болған сияқты. Семейдегі қыр қазақтарына арналған орыс бастауыш мектебінің 1911–1912 жылғы үлгерім кестесінде Б-дің аты бар. Бұдан кейінгі мұрағат деректері көз жаздырып кетеді. 1943 ж. тамыз айында Мұхқан Бөрілідегі әкешесінің зиратына тәжім етуге барғандағы көңіл күйін қойын дәптерінде: «Інім Сәбидәл – бәрінің де қабірінді көріп өттім» деп түсірген.

**«БІЛЕККЕ-БІЛЕК»**, жазушының әңгімесі. Ө. 1933 ж. Жуалы ауданына (қазіргі Түлкібас ауданы, Шұқырбұлақ ауылы) келгенде, аудан орталығы Ванновка (қазіргі атауы – Тұрар Рысқұлов) ауылында Жұмағұл Жұмаділовпен танысып, достасады. Жұмағұл жазушыға арнап Ақсу-Жабағылы қорығына киіз үй тіктіріп, арнайы күтеді. Ай бойы осы жерден Жуалы ауданына қарасты ұжымшарлардың бәрін аралап, сол кезеңнің өмір тынысын көзімен көреді, кісілермен әңгіме-дүкен құрып, болашақ шығармаларына қажет дерек көздерін жинастырып, кісілердің сөйлеу ерекшелігіне ден қойып, бәрін қойын дәптеріне жазып отырған. Автор әңгімеде ұжымшар адамдарының (Мақпал, Аиша, Несібелді, Қожық) бір мақсаттағы тілек бірлігін, ауызбірлігін еңбекте шыңдалған саналылық деп түсіндіреді. Әр ұжымшарда жүріп, бастары ойда жоқта енді ғана қосылып отырса да, бәрі іштей білекке-білек, тілекке-тілек қосқан адамдар ретінде суреттеледі. Жазушы осылай жаңа адам бейнелерін жайма-шуақ күйде, жарқын кескінде суреттейді. Жазушы қай туындысы болса да, оны жазбас бұрын шығарма негізіне өмірде нақты болған шындықты алу үшін ұзақ іздену, зерттеу арқылы көрген-білгендерін ой сарабына салып, көңілге ұялатып, қажеттілерін ғана екшеп, қағазға түсірген. «Б.-б.» әңгімесі де өмірге осылайша келген. «Жолдан» деп аталатын қойын дәптеріндегі (№457-папка) асығыс түскен деректер осыны дәлелдейді. Қойын дәптерге түскен, жазушы аралап танысқан 33 ұжымшар, ондағы 14 жер,

су, мекен атаулары, жүзбе-жүз кездесіп, әңгімелескен 40-тан астам кісінің сөзі мен тағдыры «Б.-б.» және «Іздер» атты әңгімелерінің желісіне арқау болған. Мысалы, «Ж-ның сөзі» дегені, осы әңгімедегі Жақыптың өрекеті арқылы берілетін көріністер – Жұмағұл Жұмаділовтың бейнесі екенін көреміз. Әңгіме алғаш рет жазушының 1934 ж. «Социалды тулік», 1935 ж. «Тастүлек» жинақтарында, кейін 5 томдық (М., 1956, орыс тілінде), 12 томдық (1967), 20 томдық (1979) шығармалар жинағында жарияланды.

*М. Мырзахметов.*

**«БІЛЕККЕ-БІЛЕК»** (« П л е ч о м к п л е ч у »), жазушының мақаласы. Бірінші рет «Советская Россия» газетінде 1956 ж. 12 қазанда жарық көрді. «Ол ҚазССР социалистік жарыста алған міндеттемесін абыроймен орындап шықты» деген айдармен берілген. Мақала Қазақстан бұл күндері естен кетпес оқиғаларды бастан кешіруде. Миллиард пұт нан дайындау үшін күресте жеңіске жеттік. Украинаны басып озып, Қазақстан Совет Одағы бойынша екінші елге айналды деп, көтеріңкі леппен басталып, сол кездегі дәуір тынысын көзге елестетеді. Автор осылардың бәрін талдай келіп, мұншама жетістіктерге жету себебін орыс халқының және баста да халықтардың көмегінің арқасында деп түсіндіреді. 30 млн гектар тың жердің 20 млн гектары игерілді. 1927 ж. бүкіл КСРО бойынша дайын нан өнімі 630 млн болатын. Қазақстанның аз жылда жоғары жетістіктерге жетуіне Кубаннан, Ставропольдан, Саратовтан т. б. өлкелерден келген диқаннар көп көмек көрсетті. Кең-байтақ қазақ жерінде тек мол астық қана өндірілген жоқ, сонымен бірге ұлы достық, халықтар достығы өсіп, өркендеді. Бұл – қазақ халқының меймандос, ақкөңіл, қонақжайлылығының бір белгісі деп аяқтайды ойын жазушы.

*Б. Мамыраев.*

**«БІР МАҚСАТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІЗ»** (« С л у ж и м о д н о м у д е л у »), жазушының хабар-мақаласы. 1960 ж. 9 тамызда «Учитель Казахстана» газетінде шыққан. Газеттің осы нөмірі түгелдей мұғалімдер съезінің ашылуына байланысты материалдарға арналған. Ә. осы сөзге арналған бұл мақаласында педагогтік қызмет пен жазушылық қызметтің мақсаттарының бірілігіне тоқталып, кімді болса бір нәрсе – адам, оның көзқарасы, көңіл күйі, қоғамдағы орны, оның тәрбиесі мен қалыптасуы қызықтырады дейді. Педагог та, жазушы да адам, халық үшін жұмыс істейтіндігін, бұл жұмыста қателесуге болмайтындығын ескертеді. Шағын мақаланың соңында сөзге құттықтау жолдап, ұстаздарға жылы сөзін арнаған.

**«БІР ТУЫСҚАН»** (« Р о д н о й б р а т »), жазушының мақаласы. «Дружба народов» журналының 1954 ж. 2-санында, Ә-тің «Өр жылдар ойлары. Мысли разных лет» кітабында (1961) жарияланған. Украинаның Ресейге қосылғанына 300 жыл толуына арналған. «Украина мен Советтік Қазақстанның байланысы терең ері берік» деп, революциядан бұрын ұлы украин ақыны Тарас Шевченконың қазақ жерінде 7 жыл айдауда болып, біздің халықпен етене жақындасып кеткен еді дейді. Ұлы Октябрь революциясынан кейін жақындай түскен екі халық Ұлы Отан соғысы жылдарында тіптен достасып, тілегі бір, мақсаты бір халықтарға айналды. Бұл байланыс мәдениетте, әдебиетте ерекше дамыды дей келіп, Украинаның Александр Корнейчук, Павло Тычина, Микола Бажан, Олесь Гончар т. б. жазу-

шылары шығармаларының қазақ тіліне аударылғанын атап айтқан. Туысқан Украина жайында Мұқанов, Тәжібаев, Орманов, Жароков, Саин, Әбілев, Сәрсенбаевтардың шабыттана жазғандарына тоқталған. Жамбыл шығармаларын Украин мектептерінде оқып, халық жоғары бағалатынын еске салады. Украина мен Ресейдің қосылғанына 300 жыл толуына орай «Привет тебе Украина!» атты қазақтың ең мықты халық ақындары мен жазба ақындарының шығармаларынан тұратын жинақ дайындалып жатқандығынан хабар береді. Мақала «Туысқандық пен достықтың сезіміне бөлініп, біз Украинаның бақытты ұлдары мен қыздарына шын жүректен шыңқанды жалынды сөлемізді жолдаймыз!» деген көтеріңкі сөздермен аяқталады.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«БІР ШЕЛЕК ҚАН»**, жазушының Америкаға барған сапарында Л. Леонов екеуі көрген кинофильмнің әсері бойынша жазған ойлары. Фильмнің бас кейіпкері – мүсінші, ол өзінің өлтірген адамдарының мүсінін жасайды. Өзі өлтірген бір әйелдің мүсінін жасап отырып, мұнайып жылайтыны да көрсетіледі. Одан кейін өлтірген бір еркекті тоқпен айналып тұрған араның астына салып басын кеседі, ол басты шелекке салып, мүсін жасайтын балшықты соған жалсырады. Осылайша жасалған мүсіндерінің кейбіреулері адам шошырлықтай қорқынышты болып шығады, сондай дүниелерден тұратын көрмені көрген екі жуан сыншы «бұл шындыққа қайту үлгісі» деп бағалайды. Ал мүсіншінің қалыңдығы ол сұмдықтардың сырмен түсінеді де, одан безеді. Мүсінші қызды өлтірген болып қауда, қыз жеткізбейді. Ақыры жұрт мүсіншінің өзін қуғанда, ол пәтеріне қашып келіп, асылып өледі. Осыны көргендегі сезімін жазушы былайша қорытындылайды: «Бұндағы ең масқарасы – залдағы балалар. Оларға сенбі болған соң, билет арзан – 50 процент, кішілері 25 процент төлейді және күндіз келулеріне болады. Біз дәл дерлік қызық сәтке келіпміз. Осы балалар өлім, қан, қазалар үстінде шаңқылдап дабыстап күліп, сүйсіне рақаттанып, кейде ысқырып (сүйсіну), сурет аяғында қол соғып қарсы алды. Бұл көрініс сәт масқара, көп ойға қалдырды» (№393-папка, 335-бет) деп, жазушы қатыгездік пен қанішерлікке қарсы ой-пікірін білдірген.

*Т. Әкім.*

**БІРЖАН** (Б і р ж а н с а л) Қожағұлұлы (1834–1897), композитор, әнші, ақын. 15–16 жасында ел арасында әншілігімен көзге түскен. Біржан салдың әншілік өнерін Ә. өте жоғары бағалады, тіпті Абайға жасаған әсерін «*Абай жолы*» романында аса көркемдікпен суреттеді: «Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері Біржан. Үстінде қара мақпал, кең, жеңіл шапаны бар. Омырауы ағытылған, «сері жаға», ақ көйлектің сыртынан киген сарғылт түсті, қытайы жібек камзалы бар. Оқалы тақиясының жібек шоғы ырғала түседі. Құйлықжылған әніне қалың жиын қыбыр етпей ұйып, мұлгіп отырғанда, көрбез әнші өзі де, жүзіне бір жылтыр майда рең бітіп, нұрлана құбылады... әншінің «Біржан сал» атты осы бір әні өзінің майда қоңыр, сырлы қоңыр сазымен бастала жөнелгенде, өзге көп жұрт ішінде демін тартып, қатып тыңдаған кісінің бірі Абай» деп суреттеді (12 томдық шығармалар жинағы, 5-том, 62-бет).

*З. Қоспақов.*

«БІРЖАН-САРА АЙТЫСЫ», жазушының осы айтыс туралы пікірлері. Ө. – қазақ ауыз әдебиетіндегі аса қызғылықты жанр – ақындар айтысының табиғатын, әлеуметтік мәнін, заманалық шындықтарды ашу мүмкіндігін, жұртшылық алдында өтетін тамашалық қасиетін терең зерттеген ғалым. Оның еңбегінде өткен замандағы көптеген ақындардың айтысы талданады. Сонымен қатар Ө. айтыстың жанрлық түрлерін (түре айтыс, сүре айтыс, жазба, жұмбақ айтыс т. б.) анықтап, олардың әрқайсысына сипаттама жасаған. Солардың ішінде атақты Біржан сал мен ақын Сараның айтысы туралы зерттеуі елеулі орын алады. Ө. алғаш рет бұл айтыс туралы өзінің «Әдебиет тарихы» (Қызылорда, 1927) деген кітабының «Айтыс өлеңдер» деген тарауында пікір айтқан, ақындар айтысында өз руларының байлығын, мықтылығын мазақтап айту дәстүріне Біржан мен Сара сөздерінен мысал келтірген. Ө. бұл айтысқа «Қазақ әдебиетінің тарихында» көңірек тоқталады. Мұнда ол «Біржан мен Сара айтысы болған ба, жоқ па» деген талас пікірлерге кідіріп, өз тұжырымын білдіреді. Осыған орай былай дейді: «Біржан-Сараның айтысы болған. Бірақ дәл қалпында, толық күйінде, алғашқы айтысқан жердегі қалпымен түгел сақталған жоқ. Кейін көпшілікке өз редакциясымен айтып беруші Сара болады. Олай болса, ең әуелі бұл айтыстың көп көлемінде, мол еңбек етуші Сара. Ал кейін сол Сараның айтқаны да көпке шейін ауызда жүреді. Көп айтушы ақындардың аузынан өтеді. Сол тірлігінде, хатқа түскенше бұл айтыс көп өзгерістер көреді. Осындай айтушының және ең алғаш хатқа түсірушінің бірі Өріп болады. Өріптің Біржан-Сара айтысына, кейінгі айтушының бірі дәрежесінде ат салысқаны анық, бірақ бар айтыс Біржан-Саранікі емес, жалғыз ғана Өріптікі деген пікір теріс...» («Қазақ әдебиетінің тарихы», 1961, 707-бет). Ө. мұнан кейін осы айтыстың елеулі, маңызды тұстарына аялдайды, айтыста ірі әлеуметтік мәселелер қозғалғанын, соның ішінде, әсіресе, әйел теңдігі проблемасының зор қуатпен көтерілгеніне көңіл аударады. «Адамгершілік, жеке адамның тағдыры, бак, ақындық, әдет, салт, шаруа-кәсіп, жер, қоныс сияқты...» (көрсетілген кітап, 707-бет) өзекті мәселелер сөз болғаны айтыстың құнды белгілері деп санайды. Айтыстың биік көркемдік деңгейін дәлелдейтін баламалар мен теңемелер кестесінен ден қояды. Біржанның «ақ иық, мұзбалақпын жерге түспес, кең қолтық арғымақпын алқамы іспес; мойнымым аққу құстай іледі, орта жүз енге салсам сүйінеді», Сараның «тамағым жас баланың білегіндей, иығым тік сандалдың тірегіндей, бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей, тал бойым жолбарыстың жүрегіндей...» деген секілді тапқыр, ұшқыр бейнелер мен тіркестер айтыс ажарын ашып тұрғандығын айтады.

*Р. Бердібай.*

«БІРЛІК», қазақ жастары ұйымы. 1914–18 ж. Омбы қаласында жартылай ашық, жартылай жабық жағдайда жұмыс істеген шәкірт жастар ұйымы. «Алашорда» жастар ұйымын құру үшін «Б.» ұйымы 1918 ж. 5–13 мамырдың арасында Омбы қаласында Жалпы қазақ жастарының құрылтайын шақырды. Ө. Семейдегі «Жанар», «Талап» жастар серіктестігінің атынан құрылтайға өкіл боп қатысып, сөз сөйледі. Бүкіл қазақтың «Жас азамат» жастар ұйы-

мы құрылды. Құрылтайдың өту тәртібі, бағдарламасы, басқарма мүшелері туралы Ө. 1918 ж. «Абай» журналының №6-санына: «Бірінші жалпы жастар съезі», «Жастар ұйымдарына ашық хат» атты екі мақала жазды. Ал құрылтайда сөйлеген сөзі «Ескеру керек» деген атпен «Жас азамат» газетінің 1918 ж. 15 қазан күнгі санында жарияланды. Жазушының бұл үш мақаласы да Шығармаларының 50 томдық толық жинағының 1-томында басылды («Ғылым», 1997, 1-том). «Б.» ұйымының құрылтайына қатысқаны үшін кеңес өкіметінің идеологтары Ө-ті «Алашордашыл жастар ұйымының көсемі» деп үнемі қысым көрсетуге ұмтылды.

*Т. Жұртбай.*

**БІРКЕНЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ (БҰҰ)**, халықаралық ұйым. 2-дүниежүзілік соғыстан кейін дербес мемлекеттердің ерікті түрде бірігуі арқасында құрылған. 1945 ж. маусымда КСРО, АҚШ, Ұлы Британияның ұсынысымен Сан-Франциско конференциясында дүниеге келді. Конференцияға КСРО, АҚШ, Англия, Қытай мемлекеттерінің шақыруымен фашистік Германия мен Жапонияға қарсы соғысқан, соғыс жариялаған елдер қатысты. БҰҰ-ның штаб-пәтері Нью-Йоркта (АҚШ), еуропалық бөлімінің тұратын орны Женевада. Алғашында бұның құрамында 51 мемлекет болса, 1970 ж. мүше мемлекеттер саны 126-ға жетті. 1992 жылы бұрынғы КСРО құрамындағы одақтас республикалардың тәуелсіздік алғаннан кейін көпшілігі осы ұйымға мүше болып кірді. Ө. 1960 ж. Америкаға жасаған сапарында БҰҰ-ның штаб-пәтерінде болып, онда кездесулер, әңгіме-сұхбаттар өткізді. Бұл жөнінде қойын дәптеріне түскендері былай басталады: «17.III. БҰҰ үйінде қонақта. Фрост 86-да. Обед дал Кордые, зам. Хаммершельда. Мистер Эдварды, Соболев, Футт» (№ 392-лапка, 345-бет). Осы жерде Американың қарт ақыны Роберт Фростпен және басқалармен көп әңгімелескен. 1997 ж. Ө-тің 100 жылдық тойы БҰҰ-нда кеңінен аталып өтті.

*Т. Әкім.*

**БІРІМЖАНОВ** Ахмет Қорғанбекұлы (1871–1927), заңгер, Алаш зиялысы. Аргы аталары Шахшақ Жәнібек батыр, Шеген биден тарайды. 1891 ж. Орынбор ерлер гимназиясын бітіріп, 1895 ж. Қазан университетінің заң факультетін алтын медальмен тәмамдаған. Одан кейін Бузулук қаласы мен Орынбор округінің сотында судья болып істеген. 1 жәнә 2-ші Мемлекеттік думаға Торғай облысынан депутат болып сайланды. Ақпан төңкерісінен соң Уақытша үкіметтің Торғай уезі бойынша комиссары болды. Алаш қозғалысына белсене қатысқан. Алаш партиясының Торғай облыстық комитетінің мүшесі. 1917 ж. 21–26 шілдеде Орынборда өткен Жалпы қазақ съезінде құрылтай жиналысына Торғай облысынан депутаттыққа кандидат болып ұсынылды. Кеңес өкіметі кезінде ер түрлі сот қызметін атқарған. Қазақ үкіметінің заң комиссариатының алқа мүшесі, жоғарғы соттың мүшесі болды. Б-ты Ленинградта соңғы сапарға Ө. Бөкейханов, Ө. Сейдалиев, сонда оқып жүрген студенттер, соның ішінде Әуезов, Ө. Марғұлан т. б. шығарып салған.

*М. Әбдеш.*



А. Қ. Бірімжанов.

**БІРМЖАНОВ ҒАЗЫМБЕК** (1896–1938), жазушы, қоғам қайраткері. Орынбор реалды училищесін, Орта Азия мемлекеттік университетінің дәрігерлік факультетін, Берлин университетінің ауыл шаруашылық факультетін (1928) бітірген. Алашорданың Башқұрт үкіметі жанындағы уәкілі, «Ақ жол» газетінің редакторы қызметтерін атқарды. Шығармаларын «Шеген» деген атпен (би болған бабасының есімі) жариялаған. Алашорданың белді мүшесі ретінде көп іс тындырған. Ө-пен таныс-біліс болып, араласып тұрған, оның жазушылық талантын жақсы бағалаған. Кеңеске қарсы ұлтшыл үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді, шетелдік контрреволюция ұйымдарымен байланыс жасады деген «айыптар» тағылып, 1928 ж. 20 адаммен бірге Б. Корелияға жер аударылады. 1938 ж. қайтадан қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесіледі. Тек 50 жыл өткеннен кейін ғана ақталды. А. Байтұрсынов, М. Дулатовтардың шәкірті, Ө-пен үндес, пікірлес болған.

*М. Құл-Мұхаммед.*

**«БІРІНШІ ЖАЛПЫ ЖАСТАР СЪЕЗІ»**, жазушының жастар съезінде сөйлеген сөзі. Сол жылы «Абай» журналының 6-санында жарияланды, кейін Ө. шығармаларының 50 томдық толық жинағының 1-кітабына енгізілді (1997, 97-бет). 20 ғасырдың 20-жылдарында қазақ даласында дүниежүзілік ұлт-азаттық қозғалыстар мен түрлі саяси ағымдардың ықпалымен астыртын жастар ұйымдары құрылды, кейін олардың саны күрт өсті. Солардың ішінде Омбы қаласында астыртын жұмыс істеген «Бірлік» ұйымы зор беделге ие болды. Бұл ұйым 1918 ж. 5–13 мамырда жалпы қазақ жастарының құрылтайын (съезін) шақырды. Ө. Семейдегі «Талап» және «Жанар» жастар ұйымдары атынан съезге өкіл ретінде қатысып, сөз сөйледі, съездің орталық комитеті болып сайланды. Мақала құрылтайдан қайтып келгеннен кейін, көпшілікке мағлұмат беру мақсатында жазылған. 1918 ж. Алашорда үкіметі кеңес үкіметіне қарсы саясат ұстанды, «Бірлік» ұйымы да сондай пікірде болған. Сондықтан «беті ашылып, ниеті көрінген соң, большевик сыйғызбады, һәрбірін әр жаққа қуып, бытыратып, тоздырды» деп жазды Ө. Шынында большевиктер «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің басшыларына қысым жасап, қуғынға ұшыратты, сотсыз ату жазасына кесті. Одан әрі автор ұлттық рухтағы азаматтық борышын «Бірлік» ұйымы ғана ұғып, жұмысын тоқтатпағанын, съезд – жалпы қазақ жастарының съезі деп атағанын баяндаған.

*Н. Ерсарыұлы.*

**БІШКЕК**, қала. Қырғызстан Республикасының астанасы. Ө. әлденеше рет, әсіресе батырлық эпос «Манасты» зерттеуге байланысты көбірек тоқтаған. Ол 1928 ж. Орта Азия университетінің аспирантурасына түскенде, өзінің ғылыми-зерттеу жұмысына қырғыздың батырлық эпосы «Манасты» таңдайды. Осы жылы Бішкекте болып, манасшылардың айтуындағы оның бірнеше нұсқаларын жазып алады. Осыдан кейін 1939, 1944 ж. қырғыз елімен танысу кезінде мұнда көп аялдады. 1952 ж. осында «Манас» эпосын талқылаған дискуссияға қатысып, жырды мансұқтаушылардың жаласынан аман алып қалуы ұлы жазушының есімін бұл елде қасиетті ұғымға айналдырды. Ө. 1955, 1958 ж. Қырғызстан Жазушылар одағының съездеріне қатысып, сөз сөйледі. Шолпанатадағы саяжай-үйіне барып жүргенде, қырғыз астанасында аялдап, ондағы дос-жаран, көпшілік қауыммен кездесулер, әңгіме-сұхбаттар өткізіп тұрды.

*Т. Тұрғанбаев.*



**ВАГИФ** Молла Панах (1717–1797), әзірбайжан ақыны, мемлекет қайраткері. Өлеңдерін классикалық үлгіде (мұхаммас, муашшар, мустезад) жазып, поэзияны халық ұғымына жақындатты. Адамның ой-сезімін жырлайтын «гошма» деген өлең түрін енгізді. Өлеңдерінде тіршілік қуанышын, махаббат қызығын, айырудың өкінішін жырлады. Әуезов В-ті әзірбайжанның реалистік әдебиетін бастаушы ақын («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»), шығармаларында халықтық мұралардың үлгісін мол пайдаланған деп қатты бағалайды.

**ВАЛАТХОЛА** (т.-ө. ж. б.), үнді драматургі, ақын. Әуезов онымен 1955 ж. Үндістанға (Индияға) жасаған сапары кезінде танысып, үй іші, отбасының қонағы болған. Жолжазбасында: «15 февраль. Араға екі рет тоқтап, таулардан асып Кочинге жеттік. Тау биік екен. Тегіс ағашты, қалың тоғайлы сайлары, беттері де бар. Аңығы жолбарыс жүретін жерлер болу керек. Қазір біз Индияның оңтүстігіне мейлінше тақап келдік. Енді машинамен 65 мильдей жер жүріп, осы өлкенің белгілі жазушысына бармақшымыз. Кешке біз карт Валатхоланың үйіне келдік. Сақал-шашы қырылған, арық, ұзын қара тақыр. Тілі үнемі жалақтап жүреді. Бізді әуелі таныстырып, кейін сусын ішуге төмендегі кішкене үйге апарды. Кейін театрына келдік. Халық мол – жерде отыр. Пьеса басталды. Ол Рама мен Сита жайындағы әңгімеден алынған» (№ 392-папка) деп жазылған. Келесі күні В. мен Рамирам деген жазушының ұйымдастырған жанынында А. Сурков екеуі болып, халықтың соншама көптігіне, ықыластарына қайран қалысады. В. үйінде Ө-ке өзінің кітабы мен ағаштан ойып жасалған, жыланды арбап тұрған үндінің мүсінін сыйлайды. Қазір бұл сыйлық Ө-тің мұражайында құнды экспонаттардың бірі ретінде жазу белмесіндегі үстел үстіне қойылған.

*Т. Әкім.*

**ВАЛЬБЕ** Борис Соломонович (1890–1978), орыс әдебиет зерттеушісі, сыншы. «Қазақтың ұлы ақыны туралы роман» («Звезда», 1949, №5; 1959, №5), «Абай жолы жалғасуда» («Звезда», 1959, №12) мақалаларында Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының шеберлігіне назар аударған. Сондай-ақ халық өмірін суреттеуде үлгі боларлық өлмес мұра жасағанын атап көрсеткен.

**ВАРШАВСКИЙ** Лев Игнатьевич (1904–1967), өнер зерттеуші, журналист. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатындағы В-дің жеке қорында Ө-тің шығармашылығына байланысты көптеген құжаттар, мақалалар, пікірлер жинақталған. Олардың ішінде Е. Сурков, Л. Никулин, К. Симонов, Н. Ровенский, Т. Ахтановтардың Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясына, драматургиясы-

на, жалпы шығармашылығына білдірген пікірлері бар. В. өзінің «Еңбек ерлері – әдебиет пен өнердің қаһармандары» деген баяндамасында: «Қазақ әдебиетінің жаңа туындыларының арасында тарихи тақырып негізінде қайта жасалған немесе өңделген шығармалар маңызды орын алады, әсіресе М. Әуезовтің ертеректе жазған әңгімелер жинағы мен пьесалары ерекше» екендігіне және ұлттар достығына арналған очерктеріне айрықша мән берген. «Қазақстандағы әдебиет пен өнердің дамуы туралы» мақаласында: «Қазақ халқының 1916 жылғы патша отаршылдарына қарсы көтеріліс тақырыбына арналған Ә-тің «Түнгі сарын» пьесасының 1937 жылы орыс театрының сахнасында қойылуы айтулы оқиға болды. Бұл орыс театрының сахнасындағы алғашқы қазақ пьесасы, спектакльді дайындау барысында қазақ артистерінің көрсеткен көмегі орасан» деп атап өткен.

*Р. Сариева, Ф. Исхан.*

**ВЕЛИКАНОВ** Василий Васильевич (1898–1969), композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1958), профессор. 1937 ж. Алматыға келіп, Абай атындағы академиялық опера және балет театрында қызмет етті. Ә-тің «Қалқаман-Мамыр» либреттосы бойынша қазақтың тұңғыш балетінің музыкасын (1938), «Тұтқын қыз» операсының (1939), «Қамбар-Назым» (1950) және «Бес дос» (Л. Хамидимен бірге; либреттосы – Ә-тікі, 1958) опералары мен балеттерінің музыкасын, «Ленинградтық өрендерім» (1942), «Қазақ симфониясы» (I – 1947, II – 1955, III – 1963) сияқты симфониялық-камералық туындыларды жазды.

**ВЕНЦЛОВА** Антанас (1906–1971), литва халық жазушысы (1965), аудармашы, қоғам және мемлекет қайраткері. Республика Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1949). КСРО (1952) және Литва КРС-і (1960) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Литва КРС-і мемлекеттік гимнінің авторы. Ә-пен қимас дос-жолдас ретінде қарымқатынас жасап, Одақтық жиындарда кездесіп, сұхбаттасып отырған. В-тың кітапханасында қазақ жазушысы 1948 ж. сыйлаған «Абай» романы сақталуы. 1958 ж. 25 шілдеде ұлы суреткерге жазған хатында өз халқының тыныс-тіршілігін дәл осындай жарқыратып көрсеткен шығарма әлі әлем әдебиетінде туған жоқ деп, «Абай жолы» эпопеясын әлемге танымал классикалық шығармалардың қатарына қояды. Ал Ә-пен рухани жақындасуы туралы айта келіп, әдебиет туралы әңгімелескенде, Ә-тің теңіздей терең біліміне қайран қалғанын есіне алған («Швитурист» журналы, 1963, №12).

*Н. Оспантегі.*

**ВИЛЬДЕ** Эдуард (1865–1933), эстон жазушысы, сыншыл реализмнің көрнекті өкілі. «Қатал өлкеде» (1896), алпауыттардың тойымсыз пияғылдары, жұмысшылардың ауыр тұрмысы суреттеледі. Ә. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде В-нің «Доктор Граунфельд» деген әңгімесінде 1905 жылғы революцияның реалистік тұрғыда суреттелген жоғары бағалаған.

**ВИЛЬНЫЙ** Владимир Никитич (1921 ж. т.), украин жазушысы, ақын, публицист. Шығармаларының негізгі тақырыбы – адамның қоғам алдындағы парызы, міндеті. Әдебиеттер байланысы, халықтар достығы тақырыбына біраз қалам тербеген. «Туыс-

қандар туралы сөз», «Естен кетпес кездесулер» атты шығармаларында Ә-тің шығармашылығы туралы көп айтқан. Әсіресе «Абай жолы» эпопеясының поэмасы жөнінде толымды ойлар, толғақты пікірлер келтірілген.

**ВИНОГРАДОВ** Виктор Владимирович (1895–1969), филолог, орыс тілі мен әдебиетінің маманы, КСРО ҒА-ның академигі (1946), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1951). Ә. онымен Мәскеу мемлекеттік университетінде бірге істеді. 1957 жылы Ә. 60 жасқа толған кезінде В. бір топ ғалымдармен қосылып (Бархударов, Храпченко, Серебряников, Козлов) құттықтау жеделхат жолдады. В. Н. Әуезованың «Алғашқы жылдар» естелігіне қарағанда, Ә. Ленинградта оқып жүргенде жас доцент В-тың лекцияларына қатысқан («Біздің Мұхтар», А., 1976, 378-бет).

*Ә. Қайдар.*

**ВИТЕЗ** Антуан (1930–1990), француз театр қайраткері, режиссер, актер, ақын, аудармашы. Жас кезінде Луи Арагонмен дос болды, біраз уақыт оның әдеби хатшысы міндетін атқарып, «Кенес әдебиеті» сериалы кітаптарын шығаруға ат салысты. Ә-тің досы Арагонның өтініші бойынша, 1956 ж. «Абай жолы» роман-эпопеясын аударуға кірісті. Тәржіма барысында аса ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізді. Оның қолжазба қорында: қазақ сөздерінің тізімі, ол сөздердің араб, парсы, түрік тілдеріндегі дұрыс жазылу үлгісі, солармен салыстыра отырып латын әрпіне түсірген қазақ сөздерінің түпнұсқалары сақталған. Шығыстанушылармен үнемі ақылдасып, кеңес алған. Бұл оның аудармаға өте жауапты және ұқыпты қарағанын байқатады. Бұл жөнінде В-дің өзі мен Абайдың өлеңдерін тым жадағай өлеңсымақ етіп шығармау үшін, әдейі ұйқассыз қара сөзбен аудардым, стильдік көркемдікке нұқсан келсе де мен барынша түпнұсқаға жақын болуға тырыстым. Мен мұндай тәуекелге орыс тіліндегі аударманың қазақ тіліндегі түпнұсқадан тым алшақ жатқанына көзім жеткендіктен бардым. Өйткені әңгіме аса қуатты әрі таңғажайып әсерлі күші бар қазақтың эпикалық дастаны туралы қозғалады емес пе деп жазды. «Абай» романы француз тіліне де алғаш рет жарияланған және ең үздік әрі толық аударылған қазақ әдебиетінің тұңғыш туындысы болып табылады. Ол «Абайдың жастық шағы» деген атпен 1958 ж. жарық көрді. Ал «Абай жолы» роман-эпопеясының 2-бөлімі 1960 ж. басылып шықты. В. өзінің өте нәзік стильдік шеберлігі мен әдеби-аудармашылық талантының арқасында Ә-тің роман-эпопеясының барлық көркемдік байлығы мен терең мазмұнын өзінің отандастарының жүрегіне жеткізе білді, оның бұл аудармасы француз баспасөзінде өте жоғары бағаланып, тамсана пікір білдірген мақалалар жарияланды. В-дің аудармасы Ә-тің туғанына 100 жыл толуына орай өткен ЮНЕСКО-ның мәжілісінде Еуропа тілдеріндегі ең сәтті тәржіманың бірі ретінде аталып өтті және 1997 ж. қайтадан басылып шықты.

*М. Маданова.*

**«ВОРОШИЛОВ АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗДА»**, жазушының очеркі. 1946 ж. «Социалистік Қазақстан» газетінің 20 қазандағы санында жарияланды. Кейін Ә-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (1981, 8-кітап). Жазушы соғыстан кейінгі жылы Алматыға жақын жердегі Қаскелең ауданын аралап, колхоздың тыныс-тіршілігімен танысады. Очеркіне осында көрген, білген, сезген-түйгенде-

рін арқау етеді. «Серт санадан туып, іске ауысты. Жігер жүздерге тарап, тонналаған дәндерге айналды. Қалғып тұрған майлардан шығып, не комбайын, не молотилка, не тастан өткен дән күрекшениң құлаштай серіпкен шағында қиқым-қоқсықтан арылған қызыл бидай – Алатаудың мөлдір аспанына, күлім күніне ең алғаш бар бойымен көрінеді. Тақыр қырман қызара бөртеп, семіре түсіп, дөңестене берген сайын жемісі де өсе түседі. Ворошилов атындағы колхоздың Қапасбаев Әлімқұл бастаған екінші бригадасында күн-түн толас жоқ». Осылардың барлығын қадағалап, дем беріп жүргендер – колхоз бастығы Тышқанов Етекбай мен партия ұйымының хатшысы Рақышев Шәлімбет. Рақышев көп жылдар армия қатарында болған, соғысты Румынияда бастап, Еуропаның біраз елдерін азат етуге қатысқан, жорықтың үлкен мектебін өткен. Енді көпті көрген білімді, тәжірибелі, мінезді азамат ретінде ел игілігі жолында қызмет етіп жүр. Бұлар астық науқанымен жарысқа түскендей еңбек қызығына берілген, қызылша жинау ісін де қадағалайды». Сөйтіп жазушы мұнда еңбек ырғағының үш бағытта жүріп жатқандығын байқады: біріншісі – астық, екіншісі – мал шаруашылығы, үшіншісі – қызылша; барлық қимыл осы үшеуінің айналасына шоғырланған. Тұтас алғанда, колхоздағы еңбек тынысының беталысы жаман емес, тек мәдениетінің төмендігі көңіл құлазытады: оқу үйлерінде кітап жоқ, әсіресе қазақ кітабы жоқ, қай кезде басталғаны белгісіз, клубтың қабырғасы қалқайыпты да, содан қайтып төбесі жабылмаған күйде қалып қойыпты. Ал жазушының байқаған, түйгені осылар болып, ол кешке қалаға аттанғанда, даладағы еңбек оттарының өрши түскендей жарқырап, қалып бара жатқанын көреді.

Т. Әкім.

**ВУРГУН** Самед (Самед Юсуп оглы Векилов; 1906–1956), әзірбайжан ақыны, аудармашы, қоғам қайраткері. Өзірбайжанның халық ақыны (1943) және еңбек сіңірген өнер қайраткері, республика Ғылым академиясының академигі (1945), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1941, 1942). Шығыс әдебиеті, халықтар достығы, халық тарихы мәселелері жөнінде Ө-пен пікірлес, идеялас болған. КСРО жазушылар съездеріне, Жоғарғы Кеңестің жиындарына бірге қатысып, әңгімелесіп жүрген. Ө. ақынның 50 жылдық мерейтойына құттықтау жеделхат жіберіп, үлкен шығармашылық табыс тілеген. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты зерттеуінде В-ның «терең ойлы патриоттық» поэзиясын жоғары бағалай келіп, «Вагиф» пьесасында бұрынғы өткен ақынның шындық үшін, ел азаттығы үшін алысып, әділет іздеген қалпын шынайы бейнелегенін атап көрсеткен.

Р. Досымбекова.

**ВУЧЕТИЧ** Евгений Викторович (1908–1974), мүсінші. КСРО халық суретшісі (1959), Социалистік Еңбек Ері (1967), КСРО Көркемсурет академиясының толық мүшесі (1953), КСРО Мемлекеттік (1946, 1947, 1948, 1949, 1950) және Дж. Неру атындағы халықаралық (1963) сыйлықтардың лауреаты. Мүсіншінің негізгі тақырыбы – Ұлы Отан соғысы. 1957–59 ж. В. Алматыға келіп, қазақ әдебиеті мен өнері қайраткерлерінің бейнесін кескіндеді. 19 портреттен тұратын «Қазақстан әуендері» деп аталатын мүсіндер шоғыры өзінің ерекше көркемдігімен, орындалу шеберлігімен, әрбір тұлғаның өзіне тән мінезін деп басқан тапқырлығымен

дараланады. Қ. Сәтбаевтың, Б. Момышұлының, К. Байсейітованың, Қ. Қуанышбаевтың, Ә. Тәжібаевтың бейнелері барынша шынайы сомдалған. «М. Әуезовтің портреті» – солардың ішіндегі ең бір сәтті шыққаны. Мұнда жазушының даналық тұлғасы, ақыл-ой парасаты, ішкі мейірімі, жан дүние жылылығы көрерменді бірден баурап алады. Италияның ақ мәрмәрінен қашалған бұл мүсін мұражай-үйдің көрме залына қойылған.

А. Қуанышбаев.



Жазушының бюсі. Мүсінші Е. В. Вучетич. 1958.



**ГАБЫШЕВ** Николай Алексеевич (1922 ж. т.), саха жазушысы. Ұлы жазушымен таныс-біліс болып, жабарласып тұрған үлкен жиындарда кездесіп, әдебиет, мәдениет туралы ойлар, пікірлес бөлісіп отырған. Ө. 1959 ж. Лениндік сыйлық алғанда, жеделхат жолдап, шалқылған шығармашылық шабыт тілеген («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 657-бет).

**ГАВРИЛОВ** Михаил Филипович (1884–1938), Ө-тің САГУ аспирантурасындағы ғылыми жетекшісі. Ташкент гимназиясын тауысып, Берлин, Париж қалаларында білімін жетілдірген. 1911 ж. Санкт-Петербург университетінің араб тілі бөлімін бірінші дәрежелі дипломмен аяқтады. Университетте ғылыми жұмыспен айналысып, «Сарттардың қолөнері жайында трактат» деген еңбегі үшін ғылыми кенес оны күміс медальмен марапаттады. Г. өз маңадығы араб тілінен басқа осман тілі мен әдебиетін, татар, парсы, неміс тілдерін жете меңгерген. Ташкент қаласында ұстаздықпен шұғылданды. САГУ-де 1922–31 ж. аралығында доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, декан қызметін атқарды. 1929 ж. Түркістан өлкесіндегі өзбек, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен тілдерінде баспасөздің қауырт өркендеуіне байланысты алғаш рет Терминологиялық комиссияның уақытша төрағасы болып, аспиранты Ө-ті осы комиссияның ғылыми хатшылығына сайлатады. 1929 ж. 1 наурызда Ө. аспирантураға қабылдана, 1930 ж. 29 наурызда

да өткен Шығыстану факультетінің өндірістік мәжілісінде Г. түрік тілдері мен әдебиеті жайлы жұмыстарында Әуезов айрықша табысқа қол жеткізді; қазақ, қырғыз әдебиеті саласында өте бағалы ғылыми қызметкер болады деп, өте жоғары бағалап, үлкен үміт арттады. Г-тың «Ортаазиялық ақын және сопы Хууанда» (1927), «Өзбекстанның қуыршақ театрының дамуы» (1928), «Оратөбе ауданындағы «түрік» этнографиялық материалдары» (1929) деген еңбектері басылмы көрген. 1931–38 ж. Алматы қаласына келіп, ҚК(б)П ОК жанындағы марксизм-ленинизм институтында профессор, ҚазКСР Оқу министрлігінде қызметкер, Пушкин атындағы көпшілік кітапханасында Шығыс әдебиеттері мен қолжазба бөлімінде меңгеруші болып жүрген кезінде 1937 ж. ұсталып, 1938 ж. жазықсыз атылды. Г-тың бейнесі жазушы Ю. Домбровскийдің «Хранитель древности» романында толық суреттелген.

*М. Мырзахметұлы.*

**ГАЕВ** Николай Степанович (1921–2001), суретші-график. Қазақстанның халық суретшісі (1980). Ол қазақ, орыс және шетел жазушыларының кітаптарын безендірді. Ө-тің тұңғыш портретін 1967 ж. салды. Сұр түсті нәзік бояу арқылы шабыт құшағындағы адамның көңіл күйін бейнеледі. Мұражай-үйдің қорына тапсырылған бұл портрет «Мұхтар Әуезов» кемесінің теңізшілеріне сыйға тартылды (1968). Екінші портретте (1977) жазушының жұмыс үстіндегі сәті бейнеленген. Онда Ө-тің жазу құралдары, сүйікті ескерткіштері алдыңғы қатарда басты назарға алынған. «Көкқұтан мен әбжылан» мүсіні арқылы жауыздықты жеңген нәзік күштің құдіретін көрсеткен. Ө. қолына жаңа ғана машинкадан шыққан қолжазбаны ұстап отыр. Үшінші портретті Ө-тің туғанына 100 жыл толуы мерекесіне орай салды (1997).

**ГАНДИ** Индира (1917–1984), Үндістанның мемлекет, саяси және қоғам қайраткері. Джавахарлал Нерудің қызы. Ө. Г-ді Кеңес Одағы мәдениет қайраткерлері делегациясының құрамында 1955 ж. Индияға барған сапарында көріп, танысқан. Бұл туралы жазған «*Индия очерктері*» еңбегінде суреттейді. Индияның республикаға айналған тойының мерекелі күніне шақырылған едік. Делиге келген күннің ертеңінде, 26 қаңтарда халық мерекесі, салтанат күні басталғанын, бақшалы алаңға кілем жайылған, орындықтар қойылған екен. Трибунаның орнына осындай жай жасалған. Тек онаша, оқшау қызыл жібек қоршауы бар биік тақ Индияның президенті Прасад отыруға әзірленіпті. Біз бақтың оң жағындағы қатарлаып қойылған орындықтарға орналасқан шағымызда, қасына қызы Индира Гандиді ертіп Неру келді. Төрт-бес қатар орындықта отырған әр елдік қонақтардың бәрімен Нерудің өзі де, қызы да жағалай жүріп, қол беріп амандасып шықты...» (М. Әуезов. 12 томдық шығармалар жинағы, 2-кітап, 1967, 348-бет).

*Р. Батырбекова.*

**ГАНДИ** Мохандас Карамчанд (1869–1948), мемлекет және қоғам қайраткері. Діни-философиялық, қоғамдық-саяси ілімнің (гандизмнің), Үндістан буржуазиясы мен империализмге қарсы қозғалыс идеологиясының негізін салушы. Халық арасында беделі өте күшті болғандықтан, Р. Тагор оған «Махатма» («Ұлы жан») деп ат қойған. Ағылшын отаршыларына қарсы күресі үшін Г. та-

лай рет айдалып (1922–24, 1930–31, 1942–44 ж.), түрмеде отырды. 1948 ж. үнді реакцияшыл ұйымының мүшесі Натхурам Годзенің қолынан қаза тапты. Ө. өзінің «*Индия очерктерінде*» Г-дің есімін аса қадір тұтатынын айта келіп: «Джавахарлал Нерудің жазуы бойынша, Ганди өз өмірінің көп кездерін, көп үгіт өсиетін аласталғандарды (неприкосаемый) қорғауға арналған Индияның өзге барлық қауымдары, халықтары арасында Ганди жаяу жүріп, өзінің үгіт-өсиет сөздерін әдейі осы есесіздер (индияша айтқанда хариджи) қауымының қамына арнаған. Оларды адам қатарына санап, халықтың ұл-қыздарының қатарынан адамдық орын, дәреже правосын беру керек деп үгіттеген» деп, ұлы қайраткердің гуманистік көзқарасын танытады.

*Ж. Қасымбаев.*

**ГАСПРИНСКИЙ** Ысмағұлбек (И с м а и л - б е й , И с м а й ы л ; 1851–1914), филолог, ағартушы, журналист, баспагер. Ауылда мұсылманша білім алған. Воронеж бен Мәскеу қалаларындағы кадет корпусында оқыған. Жадидизмнің негізін салып, насихаттаушысы. Орыс жазушысы И. Тургеневтің көмекші хатшысы болған. Көптеген араб елдерін аралап, Мекке мен Мединеге барған. Елге оралған соң, араб алфавитін түркі халықтарының тіліне лайықтап, жаңа үлгісін жасады. «Қожа сыбан», «Түрік синтаксисі» т. б. оқу құралдарын жазды. 1881 ж. «Тәржіман» газетін ұйымдастырып, онда қазақтардың мәдениеті мен тарихына байланысты «Қазақтар», «Торғай һәм Орал облыстарындағы қазақтардың жағдайы», «Орыс қоныстанушылары мен жергілікті қазақтардың құқы», «Қазақтар және отарлау саясаты», «Тұтас халықтың қырғыны» т. б. мақалалар жариялады. «Екі баһадүр», «Күн шықты», «Молда Аббас», «Жүз жылдан соң» романдары шықты. «Айқап», «Қазақ» газеттерімен байланыс жасаған. Ө. «*Абайдың еңбегі мен өмірі*» деген мақаласында «Исмайыл Гаспринский шығарған «Тәржіман» газеті Абай кезінде қазақ сахарасына да көп тараушы еді» деп, бұл басылыммен ұлы ақынның таныс болғанын айтқан.

*М. Қозыбаев.*

**ГАТТИ** Арман (шын аты-жөні: Ар м а н д о Д а н т е Г а т т и ; 1924 ж. т.), француз драматургі, режиссер. Шығармалары соғысқа, зұлымдыққа, фашизмге, атом қаупіне қарсы жазылған. 1958 ж. «*Абай*» романы француз тілінде жарық көрген соң, алғашқылардың бірі болып пікір білдірді. Бұған дейін ол Қазақстанда болып, Абай елімен танысып қайтқан еді. Ө-тің шығармасын оқығанда, бар дүниені ұмытып, халық тарихының тылсым қойнауына кіріп кетіп, өзіңді көшпелі қазақпын деп санамасқа ешбір амалың қалмайды деп жазды «Мен Сізге Абайдың сөлемін жеткіземін» деген мақаласында («Казакская литература в оценке зарубежной критики» (А., 1971, 127–128-бет).

*М. Маданова.*

**ГЕЙНЕ** Генрих (Немисше аталуы – Х а й н р и х Х а й н е ; шын аты – Г а р р и ; 1797– 1856), немістің ұлы ақыны, лирик, драматург, памфлетші, публицист, саяси сатираның асқан шебері. Шығармаларында ескі Германияның кемшілігін, мешеулігін жан-жақты ашып көрсетіп, поэзияның шоқтығы биік үлгілерін жасады. «Германия. Қысқы ертегі» (1938), «Аңыз, ертегі, өлеңдер» (1965), «Лирика» (1971) т. б. шығармалары қазақ тілінде жарық көрді. Ө. студенттерге оқыған лекцияларында, Абай шығармаларын зерттеген еңбектерінде Г-нің шығар-





Г. Гейненің қайтыс болғанына  
100 жыл толуына арналған мәжіліс. Алматы. 1956

маларына жүгініс жасап, есімін құрметпен атап отырған.

*Г. Бельгер.*

**ГЕРАСИМОВ** Борис Георгиевич (1872–1934), өлкетанушы, педагог. 1902 ж. Батыс Сібір орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесін ұйымдастырып, жетекшілік еткен. Ө. орынбасары болған. Г. Семей губерниялық архивін басқарған. Абайды жақсы білген. Е. Михаэлис қайтыс болған кезде қазанама жазып, оның Абаймен достығы, ақын туралы өз пікірін білдірген. Абайдың Семейге келіп, өздігінен кітап оқып, білімін жетілдірудегі талабын жоғары бағалаған. 2 мыңнан астам мақала жазып, оның 40-қа жуығын Семей география бөлімшесінде жариялаған. Ғылыми-зерттеу мақалалары үшін күміс медальмен, Потанин атындағы сыйлықпен марапатталған. 1905 жылдан бастап Семей мұғалімдер семинариясында, кеңес партия мектебінде өлкетанудан сабақ берген, ал қазақ педагогика техникумында Ө-пен, Қ. Сәтбаев, М. Тұрғанбаевтармен бірге қызмет еткен.

*Н. Оспантегі.*

**ГЕРАСИМОВ** Георгий Герасимович (1897–1972), сәулетші. Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы (1967). Алматыдағы Байланыс үйінің (қазір «Главпочтамт»), Қазақ опера және балет театрының, Қазақ ауыл шаруашылық институтының т. б. құрылыстарын жобалау жұмыстарына қатысты. М. Әуезов музей-үйінің (1956–57) авторы. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде Г-тың жеке қорында осы музей-үй жобасының үш нұсқасы, салынып біткен үйдің фотосуреті сақталған.

*Р. Сариева, Ф. Исакан.*

«**ГЕРОЙДЫҢ МОЛ БЕЙНЕЛІ ОБРАЗЫ**», жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939 ж. 28 қаңтардағы санында жарияланған. «Қазақ көркем өнерінің кесек табысы» деген айдармен «Амангелді» фильмінің экранға шығуына байланысты берілген арнайы бетте жарық көрген. «Жұртшылық көптен күткен «Амангелдіні» қуана қарсы алып, қызыға көріп отырған» мақтанышын жасыра алмай, байыпты, талантты режиссер Левиннен бастап, атақты герой образына барын-жанын салып ойнаған Елубайдан бастап барлық коллективіне көп-көп алғыс айтқыш келеді деп, өз күрметін білдіреді. «Фильм зор шындықтың айнасы. Тарихи терең сырлы, ұлы көлемді, мол бейнелі шындықтың фильмі» болғанын бағалап, қалың бұқара халық өмірінің шындығын көрсету тұрғысынан алғанда, «фильмде жасампа бояу, әшекей сияқты жалған көрініс жоқ», фильмінің «қонымды, орынды» шығуына «барлығын бір ортаға жиып айқын

қып, сүйікті қып көрсететін Амангелдінің өз образы» басты ықпал еткендігін атап өтеді. Келешек істерге үлгі болу жөнінде бұл фильм жайынан молырақ пікірлер айту қажеттігіне, Амангелді образын жасауда Елубай... естен кетпес, аса қымбат еңбек еткеніне, жоғары баға береді. Басты кейіпкердің достарының да «өзінше сүйікті, шыншыл, жанды бейнелері бар», «жаулары да осал емес» деуі арқылы Қ. Байсейітов, Қ. Жандарбеков, Қ. Қуанышбаев, Қ. Бадыров ойнаған «айқын, күшті, зәрлі көрінген» образдарға тоқталады. Автор фильмінің жақсы жақтарын ғана айтып қоймай, кемшіліктері туралы да сөз қозғайды. Бұл ретте павильон суреттері азықтан тоқталады. Сұрғылттау шыққан монтаж кемшілігін көрсетеді. Фильмнің музыкасын қатты сынға алып: «Қазақ халқының ең дария әдемі, әсем әндерінің бірде-бірін кіргізсе негер еді?». Амангелді атын о да есте қалдыра түспес пе еді?» деп, қынжылыс білдіреді. Кейбір кемшіліктеріне қарамастан, фильм зор қуанышпен құттықтай қарсы алатын фильм болды, «Амангелді» ерте шығу керек еді, қазақ халқының өмірінен алынған ең бірінші фильм енді ғана шығып отыр деген тілегін жеткізеді.

*С. Қарабай.*

**ГЕРЦЕН** Александр Иванович (лақап аты: И с к а н д е р ; 1812–1870), орыс революционері, философ, жазушы, публицист. Ө. «*Абай жолы*» эпопеясында Михайлов Абайдың сұрауымен патшалыққа қарсы күрестің арғы түбін айтады. Пушкин заманынан бері қарай келіп, Белинский, Герценге соғанды. Чернышевский арқылы тағы көтерілгенін айтады деп, сол кездегі саяси жағдайдан хабар береді. «Уақытша себебі мола ма» деп, бірер ұсыныстар айтады. Сол ретте ендігі болыс орысша оқу бар адамнан болса екен дейді. Ел ішіндегі дау оңай шешілу үшін, әділетпен аяқталу үшін патшалық өкіметі сайлаумен қойып жүрген билер болмаса екен дейді. Оның орнына третей билікті ұсынады. Абайдың осы пікірі Герценнің «Былое и думы»сында жазылған соттар тұрасындағы пікіріне өте дәл келеді. Герцен Россиядағы параны құрту үшін халықтың көз алдында әшкере тергеу болатын болсын және бұрынғы третей соты қайтадан заңға кірсін деген. Абайдың ойында да билік, тергеу халықтың қамына жақын болсын. Жұртшылыққа залалды жаманшылық атаулары орынды жазасын алатын болсын деген қамқорлық талап бар деп, қазақ ақынының орыс ойшылының шығармаларымен таныс болғанын ескертеді (20 томдық шығармалар жинағы, А., 1985, 20-том, 221–222-беттер).

*Ж. Молдабеков.*

**ГЕТЕ** Иоганн Волфганг (1749–1832), немістің ұлы ақыны, жаңа заман әдебиеті мен ұлттық әдеби тілдің негізін салушы. Адамзат тарихын, халық тағдырын асқақ суреттеген ойшыл. Ол өз ғұмырында 1600-дей лирикалық өлең, дастан, баллада, бірнеше роман, 54 драмалық шығарма, көп томдық өмірбаяндық кітап («Өмір және ақиқат»), дүние жүзінің барлық тілдеріне аударылған «Фауст» атты философиялық трагедия, 12 жыр кітабынан өрнектелген «Батыс-Шығыс диуанын» жазып, артында мол әдеби мұра қалдырған. «Қараңғы түнде тау қалғы» өлеңін Абай М. Лермонтовтың аудармасы арқылы орыс тілінен аса көркем етіп қазақшалаған (1882). Ө. «*Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–*

1904)» атты монографиясында Абайдың аударма еңбектерін сөз еткенде Г-нің шығармаларына бірнеше рет жүгініс жасаған. «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында: «Не болмаса, Шекспирдің Гамлетіне, Гетенің Фаустына қазақ өз елінде болған, заман шерін айтқан Асан қайғыны, толғау айтқан Бұхар жырауды айырбастар ма екен деп», ұлттық өнердің қадір-қасиетін биік бағалаған. Ал «Мәңгі жасайтын ақын – Шота Руставели» деген мақаласында Гетенің туындыларын «мәңгілік ғаламында айнымас, сөнбес жарығы бар, жұлдыздай нық орнаған» шығармалар қатарына жатқызады. «Абай жолы» эпопеясында Г. есімі 2–3 жерде аталады.

Г. Бельгер.

**ГИЛИ** ас-Саид Абу әр-Рахман (1934 ж. т.), судан ақыны, аудармашы. Азия және Африка елдері жазушыларының Алматыда өткен 5-конференциясына (1973), 1975 ж. әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына қатысты. Абайдың таңдамалы өлеңдері мен дастандарын араб тілінде аударып, Мәскеудегі «Прогресс» баспасынан шығарды (1971). Ө-тің «Қазақ халқының ұлы ақыны» деген мақаласын кітапқа алғы сөз ретінде енгізді. Ұлы ақынның өлеңдер жинағын «Жазушы» баспасынан жариялады (1989). Бұл аударма жөнінде Египет пен Ирактың бірқатар газеттері («Әл-гумһурия», «Әл-маса», «Тарих аш-шағб») жылы лөбіз білдірген.

**ГИПЕРБОЛА** (ү л ғ а й т у, әсірелеу), әдеби көркемдеу тәсілі. Бейнеленіп отырған заттың я құбылыстың баз бір сипаттарын мақсатты түрде ұлғайтып, әсірелеп көрсетеді. Ауыз әдебиетін, жалпы қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде зор еңбек сіңірген Ө. бірсыпыра еңбектерінде ұлғайтудың көркемдегіш тәсіл ретінде қолданылу ерекшелігіне тоқталған. Зерттеуші бұл тәсілді бірде ұлғайту, енді бірде әсірелеу деп атаған. Мысалы: ол қиялға жайып ертегілердегі жауыздық күштерін бейнелеуде ұлғайту тәсілінің қолданылуын орынды санады. «Толып жатқан мыстан кемпір, қазық аяқ, қарға тұмсық кемпір, жезтырнақтар да – осы сияқты ұлғайтып суреттелген жауыздық бейнесі. Адамның өз ортасында бір қанаушылық, қаскөйліктей озбырлық тұлғасы болады. Тек бұл соңғылары көбінесе жалмауыздай көрінеу жау емес. Сырты момын, іші зор монтаны, аяр бейнелі келеді. Бұлар да шындық, болмыс міндерінен туған. Соны ертегі тілімен өсіріп, әсірелеп, өрескел жириеніші етіп көрсеткен халық қиялының шеберлігін көреміз» (20 томдық шығармалар жинағы, 18-том, 202–203-беттер) деп, бұл жерде жауыздық күштерінің жириеніші болмысын ұлғайтып-әсірелеп көрсетудің халық мақсатымен тығыз қабысып жатқанын, халық қиялының жүйріктігін көрсететінін ерекше атаған. Ал хайуанаттар туралы ертегілерде: «Адамдағы кемдікті, мінді бадырайтып, ұлғайтып, жириеніші етіп көрсету үшін, сондай сын арқылы жаманшылықпен алысу үшін мысал етіп алу үшін болған» (сонда, 212-бет) деп, бұл тәсілдің астарлы мағынада қолданылу аясын аша түскен. «Манас» туралы белгілі зерттеуінде жырын маңызын «онда топтасқан халықтың тегеурінінің, күші мен жауынгерлік сипаттарының ұлғайтылып – әсіреленіп бейнеленуінде» (19-том, 123-бет) деп бағалайды. Ал «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиялық еңбегінде Абайдың

балаң кезінде Шығыс ақындарына еліктеп жазған өлеңдерін талдау барысында, оның қолданған «теңеулері шектен асқан әсірелеуді көрсетеді. Өмірге, шындыққа жанаспайтын орасандық шығыс поэзиясының көп қасырлық дағдысы еді» (20-том, 93-бет) деп, жас ақынның кемшілігін де, оның себебін де орынды атайды.

С. Мақырұлы.

**ГИТЛЕВИЧ** Исаак Моисеевич (1917 – ө. ж. б.), кинооператор, режиссер. Деректі, ғылыми-көпшілік фильмдермен қатар, «Қанатты сыйлық» (1956), «Ботагөз» (1957), «Өз жүрегіңнен сұра» (1964) т. б. көркем фильмдер түсірді. «Советтік Қазақстан» киножурналында (1949, №21) «Абай» романының баспаханада басылып жатқаны, Ө-тің жұмыс бөлмесінде, жазу үстелінде отырған және түреген жүрген сәті бейнеленген. «Ұрпақтарға өсиет өлеңдер» атты Абайға те (1966) жазу үстелінде отырған Ө-тің Мүрсейіт қолжазбасын, ұлы ақынның Көкпайтау шығарған алғашқы жыр жинағын көрсетіп жатқаны, Абайдың мұражайы, ескерткіші, Өуезов мұражайы, «Абай әні» фильмінің, «Абай» өлеңдерінің жарнамалары түсірілген. Г. 1999 ж. Ресейдің Дондағы-Ростов қаласына қоныс аударды.

**ГЛАДКОВ** Федор Васильевич (1883–1958), орыс жазушысы. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1950, 1951). Жұмысы тобының қажырлы еңбегін суреттеген. Ө-пен КСРО Жазушылар одағының әр түрлі жиындарында танысып, араласып тұрған. Қазақ жазушысы «Революция жемісі» атты мақаласында Г-тың трилогиясы оқиғаға бай, көркемдік бояуы қанық, қарапайым адамдардың өмірін шынайы суреттеген деп, осындай тәжірибелі жазушылардан үйренуді ұсынады.

Д. Қонаев.

«**ГОГОЛЬ** (1809–1852)», жазушының мақаласы. 1937–1938 ж. орта, орталау мектептің 6-сыныбына арналған «Әдебиет хрестоматиясында» жарияланды (106–123-беттер) және онда өз аудармасында Г-дің «Ревизор» комедиясының үзіндісі берілді. «Жас бала Никоша (Гогольді үй іші осылай атаған екен) тіпті кішкентай күнінен-ақ жазуға әуес болған. Ең алғашқы оқуды Гоголь өз үйінде жалдама оқытушылардан оқиды. Артынан Полтавадағы бір оқытушының қолына апарып беріп, әзірлетіп барып, 1818 ж. сол Полтаваның гимназиясына түсіреді» деп бастап, Ө. орыс суреткерінің шәкірт шағынан сахна өнеріне құмарлығын, өзі кемпірлердің күлкі сөздерін жақсы ойнайтынын, алғашқы әңгімелері «Диканка маңындағы хутор кештерді» жазғанын; «Миргород» жинағы қазақ-орыстар тұрмысына арналғанын, «Тарас Бульба» мен «Бұрынғының алпауыттары» әңгімелері арқылы әдебиеттегі орнын біржола анықтағанын, «Ревизор» мен «Өлі жандарды» А. Пушкиннің ұсынған тақырыбы негізінде жазғанын, «Ревизордың» театрда (Петербург) қойылуынан кейінгі сының ауыртпалығын көтере алмай, 1836 ж. шетелге кеткенін; «Мен жай адамның қолынан келместей бір нәрсе туғыза алатын сияқтымын. Ішімде алып күшіндей бір күш барын сеземін. Енді балалық шақтан есею дәуіріне ауысқандаймын. Бұл менің өмірімнің бір ұлы өткелі болар» деп, В. Жуковскийге хат жазғанын, өзін құдай жолына қызмет ететін кісі ретінде сезіне бастағанын; 1848 ж. Ерусалимге құлшылық етуге барғанын, содан қайтқан соң, Константиновский деген бір поппен танысып, сол поптың Пушкиннен қайт, діннен безген, күнәһар деп үгіттегенін, соның үгіттерінің әсерінен «Өлі

жандардың» екінші бөліміне қанағаттанбай, отқа жаққанын жазады. Осыдан соң Ө. шығармаларын тақырыптарға бөліп қарастырады. Сөйтіп Г-дің өз шығармалары арқылы алға қойған мақсаты – елді жайлаған тоғышарлықты сынап-мінеу арқылы жол сілтеп, бағыт беру екенін айтады.

*Т. Әкім.*

**ГОГОЛЬ** Николай Васильевич (1809–1852), орыс жазушысы. 19 ғасырдағы орыс әдебиетінде сыншыл реализм дәстүрін қалыптастырушылардың бірі. В. Г. Белинский орыс әдебиетінің тұтас бір кезеңін Гоголь дәуірі деп атаған. 1830–31 ж. «Диканка маңындағы хутор кештері» деген әңгімелерімен әдебиет әлеміне танылады. Ресей өмірінде орын тепкен дүниеқорлық, мансапқорлық, әкімшілік жүйесіндегі ежікүзділік, тоғышарлық атаулыны мысқыл етеді, жұртшылық көзінен тасада, астыртын жүріп жатқан жемқорлықты, парақорлықты, әлеуметтік сияқты сырқаттарды ауысуы сынайды. Гогольдің драмашылық дарынын жарқыратып ашқан «Ревизор» (1836) комедиясы орыс әдебиетіндегі соны құбылыс болды. Пьесада Ресей губерниялары тегіс жайлаған парақорлық мықты таңбаланды. Ресей болмысының ұсқынсыз, жиіркенішті, көлеңкелі жақтарын айдай әлемге жария етті. Ө. аударған «Ревизор» ұзақ жылдар қазақ театрларының сахнасында қойылды, қазақ көркемдік мәдениетінің төл мүлкіне айналды. Ө. осы пьеса туралы: «Ең әуелі бұл кітап ірі көркемдік суреттермен көрсетіп, сол дәуірдің жай-күйін танытады. Білімді арттырады. Екіншіден, бүгінгі өмірімізде ескінің осыларға ұқсаған қалдығы болса, соны күлкі етіп, жоюға себепші болады» деп жазды «Гоголь» деген мақаласында.

*Р. Бердібай.*

**ГОЛОЩЕКИН** Филипп Исаевич (1876–1941), мемлекет және партия қайраткері. 1925–1933 ж. Қазақстан өлкелік партия комитетін басқарды, ұжымдастыру саясатын жүргізуде үлкен қателіктер жіберіп, еңбекші халықты ауыр зардаптарға ұрындырды. 1930 ж. 1 қыркүйекте Алматы қалалық партия және кеңес белсенділерінің жиналысында жасаған баяндамасында Ө-ті алашшыл, оңшыл, сәдуақасовшыл деп атап, «Еңбекшіл қазақ» газетінің «ұлтшыл» жетекшілерімен бірге еңбекшілерге интернационалдық тәрбие беру ісін тежеді деп айыптады, сөйтіп істің байыбына бармай, нақақтан-нақақ жала жапты. Осындай айыптаулардан кейін Ө. 1930 ж. түрмеге қамалады. Ол сонда отырып, 12 желтоқсанда Г-нің атына арыз жазады. Онда өзінің ешқандай қылмыс жасамағанын, ешбір антиреволюциялық ұйымға кірмегенін, тек шығармашылықпен айналысқанын баяндай келіп, тінту кезінде үйінен алып кеткен «Сұғанақ сұр» повесі мен Абайдың өлеңдеріне жазған алғы сөзінің қолжазбаларында кейбір алаш азаматтарының саяси жағынан адал екенін айтқан («М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 115–126-беттер).

*М. Қозыбаев.*

**ГОЛУБОВИЧ** Василий Васильевич (1910 – ө.ж.б.), театр суретшісі. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1955). 1946–58 ж. Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының бас суретшісі болды. Ө-тің «Абай» (1949), «Еңлік – Кебек» (1957) спектакльдерін көркем безендіріп, драмалық шығарманың мазмұнын ашуға барынша үлес қосты. «Абай» спектаклін үздік көркемдегені үшін 1952 ж. КСРО Мемлекеттік (Сталиндік) сыйлық берілді. 1958 ж.

Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде КСРО Кіші театрының сахнасында қойылған «Еңлік – Кебек» спектаклінің көркемделуі жоғары баға алды. 1947 жылдан бастап Алматы көркемсурет училищесінде дәріс берді. 1958 ж. Минск қаласына (Белоруссияға) қоныс аударды.

*А. Қуанышбаев.*

**ГОЛЬДБЛАТ** Моисей Исаакович (1896–1980), актер, режиссер, Қазақстанның халық артисі (1943). Қазақ драматургтерімен қоян-қолтық жұмыс істеп, тың қойылымдар жасауына тікелей араласты. Ол қойған О. Вольфтің «Профессор Мамлок» (1941), Ө. пен Ө. Әбішевтің «Намыс гвардиясы» (1942) қойылымдары өзінің режиссерлік ерекшеліктеріне қарай қаһармандық һәм романтикалық лирикаға жақын, ашық театрлығымен, әсемділігімен, мизансценаларының айқындығымен дараланды. Ал «Еңлік – Кебек», «Шоқан Уәлиханов», «Жалғыз ағаш орман емес», «Ақан сері – Ақтоқты» (Ш. Айтманов қойған), У. Шекспирдің «Асауға тұсау» спектакльдері 1958 ж. Мәскеуде көрсетілген. «Намыс гвардиясын» қалай дайындадық» («Социалистік Қазақстан», 1942, 29 қараша), «Творчество қуанышы» («Қазақ әдебиеті», 1957, 22 наурыз) атты мақалаларында Ө. пьесаларының сахнаға шығу тарихы туралы ой толғаған.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ГОМЕР** (б. з. б. 12–8 ғ.), ежелгі грек ақыны. Соқыр болған, ел қыдырып жүріп өлең айтқан деген аңыз бар. Бізге бірнеше ұсақ шығармалары, «Илиада» мен «Одиссея» атты екі поэмасы жеткен. Троя соғысы тұсындағы Афинының қым-қиғаш оқиғаларын арқау етіп, бостандық пен бақыт үшін күрескен адам баласының жеңісі мен күйіншіні, қуанышы мен қайғысын, жақсысы мен жасығын, асылы мен масылын жырлады, тебірене толғады. Ө. «Мәңгі жасайтын ақын – Шота Руставели» деген мақаласында Г-дің екі дастанын қадірі мен қасиеті арта беретін, мәңгі жасайтын шығармалар қатарына жатқызады. Ал «Заман шарты» атты екінші мақаласында: «Бірақ қазір мен Гомер туралы Платон айтқан бір жайды еске салайын. Ол Гомер ақын бүкіл Элладаны тәрбиеледі деген. Ал тек Элладаны ғана тәрбиеледі ме екен сол Гомер? Көркемөнер біздің ішкі дүниемізге, жан-жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді. Ең зор шыңдық осы емес пе? Осыны қайтып ұмытар едік! Біз көп кездерде Гомер өз дәуірі адамының дүние тану, дүние сезіну ерекшеліктерін бейнеледі деп сөйлей де, жаза да жүреміз. Сонда бізді оған құмар етіп тартатын тек қана соныға құмарлық, қызыққыштық қана ма? Тек қана таза құйдегі эстетикалық нашалану ғана ма? Өлде «ескі жырды» оқи отыра, біз соның ішінен жаңа ырғақ, сарын тауып, танып, бүгінгі күнімізге керек бір нәрсені ала отырамыз ба? Әрине ала жүреміз. Ендеше бүгін де Гомер біздің замандасымыздың ойын, сезімін, жанын да тәрбиелеуге қатыса жүреді емес пе?» деп, ұлы жыраудың терең мазмұнды туындысына зор баға берген.

*Ғ. Есімов.*

**ГОНЧАР** Олесь (Александр Терентьевич; 1918–1995), украин жазушысы, қоғам қайраткері, КСРО (1948, 1949, 1982) және Украина Мемлекеттік (1962), Лениндік (1964) сыйлықтарының лауреаты. Романдарында фашизмді талқандаудағы кеңес армиясының ерлігі, кеңес халықтарының ру-

хани, адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттері бейнеленеді. 1960 ж. Ө-пен бірге АҚШ-қа барып қайтты. Осы сапар туралы «Ақыл-білімнің кені еді» деген естелігінде ұлы жазушының рухани жан дүниесінің қазақ даласындай кең екенін толғаған. Делегацияның құрметіне арналған кеште сөйлеген кезде Өуезов сонау бір асық ойнап, асыр салған балалық шақтағы көз жеткісіз көгілдір даладан бүгінгі адамзат мәдениетінің шыңына шығып, ойындағысын ортаға салып тұрған жаңдай еді деп, қазақ қаламгерінің ой тереңдігі мен данышпандық құдіретін сүйсіне жазған («Жұлдыз», 1967, 109-бет; «Біздің Мұхтар», А., 1976, 69–70-беттер). Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында Г-дың жаңа тақырыпты игерудегі үлесін атап айтқан.

**ГОРБАТОВ** Борис Леонтьевич (1908–1954), орыс жазушысы. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1946, 1952). Ө-нен КСРО Жазушылар одағының әр түрлі жиындарында танысып, берік шығармашылық қарым-қатынас орнатты. Одақ жазушылары басқармасының пленумында бірлесіп жасаған «Қазақ кеңес әдебиеті өркендеуінің кейбір мәселелері» атты баяндамасында Ө-ті қазақ әдебиетінің көшбастаушысы ретінде бағалаған («Литературная газета», 1948, 18 желтоқсан).

*Д. Қонаев.*

**ГОРДЛЕВСКИЙ** Владимир Александрович (1876–1956), орыс шығыс зерттеушісі, филолог, тарихшы. КСРО Ғылым академиясының академигі (1946), профессор (1916), Түрікменстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. 1905 жылдан бастап түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетін, жазба әдебиетін, тарихы мен этнографиясын зерттеді. Бұл салада 300-дей ғылыми еңбек жазды. 1914 ж. академик А. Веселовскийдің құрметіне «Өл-шархият» («Шығыстану») жинағын құрастырды. Осыған орай «Қазақ» газетіне қазақ әдебиетінің озық үлгілері мен Абайдың, М. Дулатовтың шығармаларын өзіне жолдауды өтінеді. А. Байтұрсынов пен Дулатов дайындап жіберген Абайдың өлеңдері сол жинақтың 227–230-беттерінде аударылып берілді. Сөйтіп Г. ұлы ақынның шығармаларын тұңғыш рет орыс тілінде жариялады. Бұл туралы Ө. Абайды танудың тарихында, Абайды ғылым жөнінде түсініп-тану әрекеті көптен бері жанданып келе жатқанын, Абай өлгеннен кейінгі әрбір 10 жылда ақынның еске алынып отырғанын, Абайға арналған алғашқы тексеру 1914 ж. «Өлшарият» жинағында жарияланғанын жазды («Абайтанудан жарияланбаған материалдар», А., 1988, 130-бет). Жазушы мен ғалым бірнеше рет кездесіп, пікір алысқан.

*Ө. Қайдар.*

**ГОРЬКИЙ** (П е ш к о в) Алексей Максимович (1868–1936), орыс жазушысы. Жұмысшылар өмірін, буржуазиялық 3 ұрпақтың тарихын, Ресейдің революция жылдарындағы тіршілігін бейнелейді, революциялық тақырыпты көтерді. Драматургия саласында мол мұра қалдырды. Г-дің реалистік бағыты мен көркемдік танымы 20 ғасырдың басындағы көркем өнердің дамуына ерекше ықпал етті. Ғ. Мүсірепов оған еліктеп, өзінің ана туралы белгілі әңгімелерін жазды. Ө. өзінің «Қараш-Қараш оқиғасын» Г-дің «Челкаш» повесінің әсерімен жазғаны туралы бірнеше рет айтты. Ғ. қатыс болғанда Ө. «Қош бол» мақаласында. Жер үстінде бірден-бір

әділетшілік жолымен құрылған жаңа өмірдің жолында күресуші әрі жырлаушысы болған асқан кеменгер, ұлы адамнан айрылу жер жүзі еңбекшілері үшін орны толмастық шығын. Бұл адамның мәңгі еңбек жолына сарп етілген тұрмыста сирек ұшырайтын үлгілі өмір – біз үшін мәңгі өшпестік шамшырақ болсын» деді («Қазақ әдебиеті», 1936, 23 маусым). Жалпы әдебиеттану туралы ой-толғаныстарында, мақалаларында, әсіресе фольклорға қатысты зерттеулерінде Ө. Г-дің пікірлеріне сүйеніп, сілтемелер жасап отырды («Ауыр қаза», «Октябрь өркені», «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» т. б. еңбектері). «Ұлттар әдебиетінің үлгілі досы» мақаласында бұл алып адамның мәңгі еңбек жолына сарп етілген тұрмыста сирек ұшырайтын үлгілі өмірі – біз үшін мәңгі өшпес шамшырақ болады деп жазды тебіреніп.

*А. Жуағышбеков.*

**ГРАНИН** (Г е р м а н) Даниил Александрович (1919 ж. т.), орыс жазушысы. Соц. Еңбек Ері (1989), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1978). Ө-тің 80 жасқа толуына байланысты Семей қаласында өткен салтанатты жиында сөз сөйлеп, біздің Руставели, Пушкин, Толстой, Өуезовтерге арналған салтанатты жиындарымыз бүкілхалықтық мерекеге ұласып, барлық ұлт өкілдерінің данышпан суреткерге деген сүйсіненшілігі мен құрметін паш етеді. Ө. әр түрлі елдердің адамдарына жазушы әрі ақын Абайдың тағдырын, қазақтардың дүниетанымын таныстырды. Сөйтіп автор мәңгі өлмес эпопеясында суреткер һәм ақынның қиын да күрделі, қайғылы да мазмұнды өмірін суреттеп берді деп, ыстық лебізін білдірді («Мұхтар Өуезов – совет әдебиетінің классигі», А., 1980, 47–48-беттер).

**ГРЕК ӘДЕБИЕТІ.** Ежелгі финикия жазуы негізінде қалыптасқан. Ө. көне грек әдебиетінің даму тарихын жете білді. Өзінің «Философия жайынан», «Жалпы театр өнері мен қазақ театры», «Заман шарты» атты зерттеу мақалаларында ежелгі Эллада әдебиетінің барлық болмысына тоқталып, оны жан-жақты талдады. Ғылыми-техникалық прогрестің заманында көркем әдебиеттің орны әлсірейді деген бүкілодақтық пікір таласы түсында Ө. «Неше мың жылдар бойына адамзаттың көп дәуірлердегі көп халқының творчестволық қуатымен жасалған қымбат қазыналы өнерін бүгін есетпен шығара қою жол емес. Қандай ғылымның қандайлық ғажайып табыстары тұрғысынан қарасақ та олай ету жол емес дер едік. Бірақ қазір мен Гомер туралы Платон айтқан бір жайды еске салайын. Ол: Гомер ақын бүкіл Элладаның тәрбиеледі деген. Ал тек Элладаны ғана тәрбиеледі ме екен сол Гомер? Маркстің айтқаны кәне? Грек өнері: «Осы шақта да бізге көркемдік рахатын береді де, белгілі дәрежеде әлі күнге шеніне ілестірмейтін әсем үлгі, дәл таразы боп тұра береді» деген. Көркемөнер біздің ішкі дүниемізге, жан-жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді. Ең зор шындық осы емес пе? Осыны қайтып ұмытар едік!... Өлде «ескі жырды» оқи отыра, біз соның ішінен жаңа ырғақ, сарын тауып, танып бүгінгі күнімізге керек бір нәрсені ала отырамыз ба? Өрине ала жүреміз. Ендеше бүгін де Гомер біздің заманымыздың ойын, сезімін, жанын да тәрбиелеуге қатты жұреді емес пе!» – деп пайымды пікір білдірді (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 20-том, 220–221-беттер). Қазақ әдебиетінің тарихы мен фольклоры туралы зерттеулерінде ежелгі грек аңыздары кейіпкерлерінің қазақ ауыз әдебиетіндегі шең-

дес үлгілерін салыстыра баяндады. Ә. «Жалпы театр өнері мен қазақ театр» атты мақаласында Еуропа театрының тарихы өте кәрі заманнан басталады; театр өнерін алғашқы туғызған ел – грек жұрты; грек театрының басы осыдан екі жарым мың жыл бұрын басталған... Кейінгі заман театрының барлығы да сол үлгіні осы грек театрынан алған; Эсхил, Софоклдердің драмалары шыққан соң, Дионистің тойы кез келген жерде жасалмай, арнаулы театрда көрсетілетін болған... Содан кейінгі замандарда драмаға кірушілердің саны көбейе берген; Эсхилдан соң Софокл, одан кейін Эврипид заманында бұрынғы Дионистің тойында айтылатын «Теке жайындағы өлеңдер» әдебиетінің ең сұлу, ең зор түрінің бірі болған драма, трагедиялар туған» деп жазды. (Шығармаларының 50 томдық толық жинағы, 1998, 3-том, 10–17-беттер). «Философия грек тілінде хахикатқа, даналыққа құмарлық деген сөз. Бар ғылымның да құмары – хахикат. Философияның құралы – толғаулы терең ой. Іздейтіні – мүлті дүниенің ең әуелгі сыры, негізгі хахикаты. «Философияның басы – тандану» дейді Аристотель. Танданудан барып адам бірнәрсені тексере ойлайды... Философияның тарихы екі дәуірге бөлінеді. Бірі ескі философия, бірі жаңа философия деп аталады. Ескі философияның басы Ғайса пайғамбар тұлмастан мың жыл бұрын басталған. Бұл ғылымның алғашқы буынын бекітіп, ілгері қадам басуына себепші болған грек жұрты, оның ішіндегі философия дүкенінің іргесін көтерушілер тарихтағы гректің белгілі жеті данышпаны. Сол жетеуінің ішіндегі философияның ең жақын атасы деп саналатын кісі – Фалес. Ескі философияның дәуірі XV–XVI ғасырлардың ішіне шейін жүріп келген» деп бағамдайды (сонда, 1-том, 76-бет). Ә-тің «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінділер 1958–59 ж. гректің ұлттық «Периодико мае» әдеби журналында жарияланды. Оған К. Фракискатос «Мұхтар Әуезов» деген алғы сөз жазды (1958, №6).

Т. Құдакелдіұлы.

**ГРИЗБИЛ** Георгий Иосифич (1929–1983), композитор. Ә-тің «Абай жолы» эпопеясын оқығаннан кейінгі әсермен симфониялық оркестрге арнап «Абай» поэмасын жазды (1956). Шығарма партитурасына полифониялық тәсілдермен өңделген Абайдың бірқатар әндерінің әуендерін енгізген, ақын өмірінің күрделі кезеңдеріндегі көңіл күй толқынысын, ішкі жан дүниесін сәтті бейнелеген.

**ГРИНЬКО** Дмитрий Григорьевич (1905–1986), украин әдебиет сыншысы, прозашы, аудармашы. «Бүкілхалықтық құрмет» мақаласында Ә-ті Лениндік сыйлық алумен құттықтаса, («Литературна газета», Киев, 1959, 24 мамыр), «М. Әуезов бейнесі» атты мақаласында ұлы жазушының мезгілсіз қаза болғанына қабырғасы қайыса қайғырды («Литературна газета», 1961, Киев, 4 шілде). «Абай жолы» эпопеясын украин тіліне аударды (1959, 1972).

**ГРОСС** Северин (1858–ө. ж. б.), поляк халықшыл революционері. Жер аударылу мерзімін Семейде өтеп, 80-жылдарда Абаймен достық қарым-қатынаста болды. 1877 ж. Петербург университетін бітірген. 1880 ж. осы жылдың орта шенінде құрылған поляк жастарының құпия революциялық ұйымына қатысқаны үшін Батыс Сібірге жер аударылды. 1883 ж. Г. Семейге қоныс аударып, онда да полициялық бақылауда болды. Семейде ол статистика комитетінде жұмыс істеп, сонымен қатар қоғамдық кітапхананың жұмысы мен жергілікті мұражайдың құрылуына көп күш сіңірді. Қазақтың дәстүрлі

құқықтық ережелерін зерттеу жұмысына тартылып, 1884 ж. маусым айында өз жұмысына орай Абайдан көңес алу мақсатында Семей уезінің Шыңғыс болысына барып қайтуға рұқсат алады. Г-тың заңгерлік жетік білімі, ғылыми атағы болды, француз, неміс тілдерінде сөйледі, экономика ғылымымен айналысты. Абайдың орыс саяси жер аударылғандармен, оның ішінде Г-пен қарым-қатынасын Ә. «Абай жолы» роман-эпопеясында Михайлов пен Павлов бейнесі арқылы берді. Ә. бұл қарым-қатынастардың сан қырлы болғанын ескеріп, жинақы, типтік бейнелер жасаған. Осы образдарға қатысты материал жинау барысына Ә. Г-қа қатысты көптеген мұрағаттық материалдар қараған.

Д. Қонаев.

**ГРУЗИН ӘДЕБИЕТИ.** Ә. өзінің көптеген зерттеулері мен ғылыми мақалаларында Г. ә. туралы әрқашан жылы лебіз білдіріп, оның көрнекті өкілдері мен негізгі даму тенденциялары туралы жазғанда қазақ әдебиетімен байланыстыра отырып зерттеді. Грузин эпосы «Амиран» жыры, 13 ғасырдағы грузиннің ұлы ақыны Ш. Руставели мен оның өлемге әйгілі «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты дастаны, 19 ғасырдағы грузиннің көрнекті классик ақындары И. Чавчавадзе мен А. Церетели шығармашылығы, 20 ғасырдағы көрнекті жазушы Л. Киацели мен ірі ақын Г. Леониденің асақ үнді поэзиясы ғалым назарынан тыс қалған жоқ. Г. ә. туралы жазғанда Ә. оның «ең ірі құбылысы болған, ең ірі ақын Шота Руставели» шығармашылығынан бастап, бұл ұлы тұлғаға 1937 ж. екі бірдей мақала арнады: «Мәңгі жасайтын ақын – Шота Руставели» және «Көркем жырдың ұлы ақыны». Екі мақала да ұлы ақынның «Жолбарыс тонды жортуылшы» поэмасының жазылғанына 750 жыл толуына байланысты жазылды. Алғашқы мақаласында «мәңгілік ғаламында айнымас, сөнбес жарығы бар» «ұлы шығарма» қатарында Ш. Руставелидің өлемге әйгілі поэмасына кеңінен талдау жасайды. «Көркем жырдың ұлы ақыны» атты мақаласында да Ш. Руставели поэмасына қайта оралып, Шота жалғыз грузин халқының Шотасы емес, оның мұрасы қазақ оқушысына да айлын қор, асыл қазына болып табылады дейді. «Жақсы аударма арқылы Шотаның әсем жыры» барлық қазақ оқушысының сүйікті кітабына айналатындығына кәміл сенеді. Бұл ретте поэманың тез танылу сырының «екі түрлі зор ерекшелігін»: «грузин жұртының халықтық-ұлттық қасиетін білдіретін жағы» мен «жалпы адам баласының ерекшелік қасиеті» сияқты белгілерін атайды. Шотаның ақындық талантының қалғаше бір ерекшелігі ретінде оның «тар ауданда келмей, грузин елінің сыртына шығып, өзге көп елдер жайында кеңінен толғап, әсем етіп жырлайтынында» деп сыр түяді. 1937 ж. «Литературный Казахстан» журналының 11–12-санында Шота Руставели туралы жариялаған «Өлмейтін ақын» («Бессмертный поэт») атты мақаласында ұлы ақын жайлы осы ойын қайталап, оның поэмасының Шығыс пен Батыс мәдениеттерінен рухани нәр ала отырып, «сонымен бірге өзіндік дербес тәуелсіз мәдениеттің ескерткіші болып қалды. Өткендегі мәдени мұраның әлемдік инжу-маржанына қосылған бұл үлкен үлестің жаңа да қайталанбас мән-маңызы осында жатса керек» деп қорытынды жасайды. «Социалистік ұлттар әдебиеттерінің даму ерекше-

ліктері» атты зерттеу мақаласында көрнекті грузин романшысы Л. Киачелидің шынайы халықтық шығармаларының идеялық-көркемдік сапасына жоғары баға беріп, Н. Николадзенің өткен ғасырда кейбір шығармаларын орыс тілінде жазғанымен, Г. ә-інің көрнекті өкілі болып қалғанына назар аударады. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты көлемді зерттеудің кеңес халықтары әдебиеттерін торт топқа бөліп қарастырып, үшінші топтағы Кавказ халықтарының әдебиеттері қатарында Г. ә-іне тоқталады. Өткен ғасырдағы Г. ә-інің тамаша үлгісі ретінде Чавчавадзе есімін атап, ағартушы-демократ ретінде «орыстың классикерінен анық реализм өнерін үйренген» де, сол арқылы «өмірді нақтылы суреттеп, көркем өнерімен халқына қызмет еткенін» сөз қылады. Зерттеудің «Кавказ халықтарының әдебиеті» атты арнайы бөлімінде Г. ә-ін жеке шолып қарастырып, грузин эпосы – «Амран» жыры ауыз әдебиетінде ерекше орын алатындығын айтады да, Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты поэмасын «аса зор ескерткіш», ал авторының «Қайта туу» идеясының алғашқы жаршысы» болғанын жоғары бағалайды, шығарманың көркемдік ерекшеліктері мен басты кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне тоқталады. «Вепхис-Тха-осани» поэмасының «отаншылдық пафосы да зор» екенін, тіл шеберлігі мен халықтық қасиетін айту арқылы жалпы Г. ә-інің өсіп-өркендеуіне тигізген үлкен ықпалын атап өтеді. 19 ғасырда Г. ә-інің дамуында ерекше орын алған ақындар ретінде «Белинский мен Чернышевскийдің жолына түскен 60-жылдардағы грузин қайраткерлері» деп Чавчавадзе мен Церетелилердің шығармашылығын сөз етіп, қазіргі әдебиеттің көрнекті өкілдері қатарында жазушы Киачели мен «грузинның бүгінгі ірі ақыны» Г. Леонидзе таланттарына үлкен баға береді. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында Абайдың ақындық нәр, қор алған тектері, іздену өрісі, ақындық диапазоны кең болғандығын айта келіп, бұл ретте Руставелидің өз заманынан бойы озған ерекше қасиеті деп айтады», сөйтіп Абайдың рухани арналарымен өзектестіре қарастырады. «Әдебиеттер байланысы туралы» атты мақаласында да (1959) осы тақырыпты өрбітіп, орыс классикалық әдебиетінің және сол арқылы әлем әдебиетінің озық дәстүрлерін шығармашылықпен дамытқан, ұлттық әдебиетке жаңашылдық үрдіс әкелген ақын-жазушылар шоғырында Чавчавадзе есімін құрметпен атайды. Өз кезегінде Г. ә-інің қайраткерлері де Өезовтің жазушылық талантын жоғары бағалап, жылы лебіздер білдірді. Көрнекті грузин ақыны Леонидзе Ө-тің 60 жылдығына байланысты құттықтауында, «Абайдың» авторын, халық өкілдерінің игі мінез-құлқытарын шебер суреттеген дана да мәдениетті жазушы Ө-ті өте құрмет тұтатынын айтып, оның қарапайымдылығы, ақыл-парасаты туралы, онымен болған жарқын жүзді кездесулер туралы тебірене жазған. Көрнекті грузин және кеңес ғалымы Г. Ломидзе «Абай жолы» роман-эпопеясында интернационализм тақырыбының қалай игерілгеніне баға беріп, 1977 ж. 28 қыркүйекте Алма-

тыда өткен «Мұхтар Өезов және оның шығармашылық мұрасы» атты Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияда «Мұхтар Өезов шығармашылығының көп ұлтты кеңес әдебиеті үшін маңызы» деген тақырыпта мазмұнды баяндама жасады. Ө-тің туғанына 90 жыл толуына байланысты туған жері бұрынғы Семей облысындағы мерейтойына арналған салтанатқа (1987, 26–28 қыркүйек) Грузия Жазушылар одағы басқармасының хатшысы Х. Бериулава қатысып, Семей қаласындағы салтанатты кеште сөйлеген сөзінде Ө-пен талай рет кездескенін айта келіп, оның интернационалистік, азаматтық қасиеттері, шешен сөзі, терең білімі таң қалдыратынын; грузиндер Шота Руставелиді қандай көрсе, Ө-ті де сондай көретінін мақтан етті. Осы тойға қатысқан грузин әдебиетшісі У. Рихинашвили Ө-тің Берлі алуындағы мұражайын көріп-танысқанда: «Мынау таңғажайып елсіз далада ашылған тамаша мұражай М. Өезовтің рухын қалыптастырған, өзінің қайталанбас көздерімен мына тамаша даланы, өз халқын көруге, Абайдың өз жан дүниесіне жақыңдығын байқауға жағдай жасаған барлық жайды сезінуге мүмкіндік берді» деп жазды. Г. ә-ін зерттеуші Р. Маргвелашвили «Советская Аджария» газетінің 1957 ж. 18 қазандағы санында «Аса көрнекті қазақ жазушысы (М. Өезовтің туғанына 60 жыл толуына орай)» деген тақырыпта грузин тілінде мақала жариялады.

С. Қарабай.

**ГУСЕЙН** Мехти (шын аты-жөні: Мехти Әли оглы Гусейнов; 1909–1965), әзірбайжан жазушысы, мемлекет, қоғам қайраткері. Әзірбайжанның халық жазушысы (1960), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1950). «Абай» – ұлттық ескерткіш» деген естелігінде Ө-пен көп жыл бойы таныс-біліс болып, ағалы-інілі адамдардай зор сыйластықпен қарым-қатынас жасағанын елжірей еске алып: «Мұхтар Өезов – көпшілік оқырман қауымға кеңінен насихаттауға барынша татырлық көркем прозаның асқан шебері, адуын драматург, ірі совет ғалымы, бір сөзбен айтқанда, аты мәңгі өшпейтін классик жазушы. Оның тәжірибесі кейінгі жеткелең ұрпақ әдебиетшілерге үлгі боларлық» деп жазған. Қазақ жазушысының Лениндік сыйлық алғанын құттықтап жіберген жеделхатында: «Ұлы совет әдебиетінің патриархын құшақтап сүйемін» деген ыстық ықыласын білдірген («М. О. Өезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 663-бет). Ө. өзінің «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде Г-нің «Танертең» романын М. Горький дәстүрімен жазылған озық шығармалар қатарына жатқызса, «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» деген мақаласында «Апшерон» романын ұлттық жұмысшы табының пайда болуын суреттеген толымды туынды деп бағалаған.

Н. Ақбай.

**«ГҮЛДЕНГЕН БАҚТА»** («В цветущем саду»), жазушының шағын мақаласы. «Правда» газетінде 1958 ж. 12 желтоқсанда – қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігі ашылған күні шыққан. Автордың ойынша, «қазақ әдебиеті мен өнері дамуының қазіргі кезеңдегі негізгі ерекшелігі – жаппай гүлденуі. Жас социалистік мәдениет шынымен гүлденген бақ секілді» екенін айта келе, Ө. жетекші ұжымдарды, «айқын көркемдік табыстар майданын» жан-жақты баяндаған, сонымен қатар онкүндікте әдебиет тарихы мен сынына арналған жинақтар мен монографиялық зерттеулерді атаған.

А. Омарова.



**«ГҮЛДЕНУ ҚАРСАҢЫНДА»** («Накануне расцвета»), жазушының мақаласы. «Литературная газетаның» 1945 ж. 31 наурыздағы санында жарияланған сұхбаты. Жазушының бір үйлену тойында домбыраға салып айтқан тамаша әніне тәнті болған қалыңдық әкесінің мұндай әсерлі әннің иесі кім екендігін сұраған сауалына бұл «Татьянаның хаты» өлеңінің авторы Пушкин, әнін жазған Абай екендігін құлағдар етіп, бұл шығарманы қазақ даласына таралу тарихынан, Абайдың ақындық өнері жайлы әңгіме шертеді, ұлы ақын өміріндегі ертегіші Баймағамбеттің алар орнына тоқталып, оның жас Абайға Батыс Еуропа классикасы мен орыс әдебиетінің көптеген туындыларының әңгімелеп бергендігін, кейін өзі де осы кісінің аузынан Пушкиннің «Дубровский» повесі мен «Бұлан» атты шытырман оқиғалы романды естігенін айтады. Алда өтетін Абайдың 100 жылдық мерейтойына дайындық барысы туралы баспалар мен ғылыми мекемелердің, өнер орындарының базарлығы туралы кеңінен әңгіме қозғайды да, қазіргі қазақ әдебиеті туралы ойларға ауысады. Соғыстың бастапқы кезінде қазақ драматургтерінің көп пьеса жазып, бұл шығармаларының көркемдік жағы солғын шыққандығын, 1943 жылдан бастап драматургияда және әдебиеттің басқа жанрларында тың өзгеріс байқалып, көркемдік құндылығы жағынан бірнеше тамаша пьеса өмірге келгенін сөз етеді. Бұл ретте Ш. Хұсайынов, С. Мұқанов, Ә. Әбішев, Ә. Тәжібаев, Ғ. Мүсірепов есімдерін атайды. Ақындардың да соғыстың бастапқы кезінде әскери тақырыпқа сүреңсіз, ұраншыл өлеңдер жазып, қазір сюжетті поэмалар жазуға ұмтылғандарын, бұл орайда Ғ. Орманов лирикасын ауызға алады, оның өлеңдерінде Абай мен ұлы орыс классиктерінің ықпалы байқалып, жаңа мазмұнмен байи түскенін атап өтеді. Соғыс жылдары белгілі халық ақындары Н. Байғанин, Н. Баймұратов, Н. Бекежанов, И. Байзақовтардың шығармашылығында өзіндік жаңа үрдістер байқалып, патриоттық тақырыпқа тамаша поэмалар шығарғандығын тілге тиек етеді. Проза саласында да көркемдігі құнды шығармалар өмірге келгендігін, осы ретте мұнайшылардың еңбектегі ерлігін баяндаған Ғ. Слановтың «Жанартау», тарыдан өлемдік рекорд жасаған Шығанақ Барсиев туралы Ғ. Мустафиннің повестерін мысал қып келтіреді. Сонымен бірге Қазақстандағы ірі өнеркәсіп орындары мен мақта, мал, балық шаруашылықтарында еңбек етіп жатқан адамдар, кеншілер өмірі мен тылдағы әйелдер ерлігі жайлы шығармалар жазылмағандығына қынжылыс білдіреді. Қазақ әдебиетінің дамуына соғыс кезінде тоқтап қалған әдеби журнал мен газеттің шықпауы да кері әсерін тигізгендігін баса айтады. Сұхбат соңын «әдебиеттің одан әрі дамуы үшін бізде талантты адамдар да және барлық объективті жағдайлар да бар» деген нық сеніммен аяқтайды.

С. Қорабай

**ҒАББАСОВ** Халел (Х а л и о л л а) Ахметжанұлы (1888–1931), оқытушы, экономист, қоғам қайраткері. Алашорда үкіметінің мүшесі. Алаштың 1917 жылғы 21–26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бірінші бүкілқазақ съезінде Бүкілресейлік құрыл-

тай жиналысына депутаттыққа ұсынылған. Сол жылғы желтоқсанның 5–13 күндері Орынбор қаласында өткен Алаштың екінші бүкілқазақ съезінде күн тәртібіндегі өзекті проблемалар (автономия, милиция, Ұлт Кеңесі т.б.) бойынша баяндама жасап, Алашорда үкіметі – Ұлт Кеңесінің құрамына мүше болып сайланады. 1918 жылы 2 сәуірде Ә. Бөкейханов және Ә. Ермековтермен бірге Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В. Ленин, Ұлт істері Халық комиссары И. Сталинмен Алаш автономиясын тану жөнінде келіссөздер жүргізеді. 1928 жылы қуғынға ұшырап, жер аудартылған. 1924 ж. Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына байланысты Семейде өткізілген кеште «Абайдың өмірбаяны» деген баяндама жасады. Ғ. Семейде туып-өскендіктен, Ә-пен таныс-біліс болған, студент Мұхтарға ақшалай жәрдем көрсетіп, көмек беріп тұрған. Бұл туралы ұлы суреткер: «Ленинградта жүргенімде Ғаббасов Халелмен жолыққаным рас, оны бұрын да білетінмін, екеуміз семейлік жерлес болатынбыз, жағдайым кетіңкіреп жүрген соң, кейін қайтарамын деп, біраз қарыз ақша сұрадым. Ғаббасов маған 125 сом берді» деп есіне алады 1931 ж. НКВД тергеушісіне берген жауабында («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 123–124-беттер).

Б. Байғалиев.

**ҒАБДУЛЛИН** Мәлік (1915–1973), ғалым, жазушы, педагог, қоғам қайраткері. Кеңес Одағының Батыры (1943), филология ғылымының докторы (1959), профессор (1959), КСРО Педагогика Ғылым академиясының академигі (1959), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961). Ғылыми еңбектері ауыз әдебиетін зерттеу, фольклор жанрларын талдау мәселелеріне арналған. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1958, 1964, 1995), «Қазақ эпосы» (1971), «Қазақ халқының батырлық жыры» (1972) монографиялары, «Қазақ әдебиеті» оқулығы (8-сынып) т. б. еңбектерінде Ә-тің фольклор туралы айтқан пікір-тұжырымдарына үнемі жүгінс жасап отырған. Ал «Қобыланды батыр» (1940), «Төлеген Тоқтаров» (1948), «Абай» романы – совет әдебиетінің зор табысы», «Совет әдебиетінің мақтаншы» (екеуі де – 1949) мақалаларында ұлы суреткердің жазушылық шеберлігі жөнінде ой бөліскен. 1955 ж. Ә. Ғ-нің поэзия жайында пікір алысуға шақырған хатына жауап қайтарып, «әдебиетіміздің ұлы саласы – поэзияның бүгінгі керегіне жарарлық біраз жайлардың» бетін ашқан.

Б. Майтанов.

**ҒАБДУЛЛИН** Нығмет (1927–2005), жазушы, ғалым. Филология ғылымының докторы (1975), профессор (1979), ҚазПИ-ді бітірген (1950). Ғ. көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерінің авторы. «Замандас келбеті» монографиясында қазақ прозасындағы жаңа адам образын талдауда озық нәтижелерге жетті. 1981 ж. «Уақыт сыры» атты мақалалар мен зерттеулер жинағы, осы жылы «Ғабит Мүсірепов – драматург» атты монографиясы жарық көрді. Ғ-нің ғылыми-зерттеу еңбектерінің ішінде Ә. шығармашылығының біраз қырлары зерттелді. «Замандас келбеті» монографиясы мен «Уақыт сыры» кітабындағы, біраз жеке зерттеу мақалаларындағы зерттеушінің пікірлері әуезовтануға қосылған құнды үлес. «Уақыт сыры» еңбегіндегі езілген халықтардың зылым жауы, әділетсіздік пен қиянаттың,

жоқшылық пен азаптың түпкі төркіні – патша өкіметі екендігін халық көзіне бүркеп, жұрт назарын теріс аударып жіберу үшін сол тәсілді барынша қолданып баққан. Бұл сұрқиялықты әуелде аңғара алмай, қараңғы ел араңдап та қалған. «Қылы заманда» бұл шындық та көрсетілген (84–85-беттер) деген пікірі ұзақ жыл жарық көре алмаған шығармаға берілген алғашқы әділ бағалардың бірі еді. «Замандас келбетінде» «Абай жолындағы» көркем образдар жүйесі талданып, Абай мен Павловтың арасындағы қарым-қатынастың сырлары ашылып, эпопеядағы әйелдер образдарының психологиялық, әлеуметтік қырларына талдау жасалынған. Қазақ әлемінің жан дүниесіне қоғамдағы тарихи-әлеуметтік өзгерістердің әсерін Зере–Ұлжан–Өгігерім–Салтанат линиясын салыстыра тексеру арқылы ашқан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ФАБДУҢУ** Мұхаммед (1849–1906), діни саясат және қоғам қайраткері, Жалал ад-дин Ауғанидің шәкірті, жәдиттік ағымның негізін қалаушылардың бірі. Абай Ауғани мен Ғ-дің, Маржани мен Гаспаралының, Насыридің танымдық-саяси, діни-философиялық, ғылыми-ағартушылық, ұлттық-тәуелсіздік, өркеніетке ұмтылу қозғалысын баырына қадағалай зерттеп, олардың идеяларын өлеңдері мен «Қара сөздерінде» насихаттап отырды. Ө. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Тынышбаевтың, Х. және Ж. Досмұхамедовтердің, Ж. Айтаубовтың, М. Жұмабаевтың, М. Шоқайдың, Ө-тің көзқарастары осы «Усу-сул жәдиттік» – «Жаңа жолдың» негізінде қалыптасты. Шығыста да батыстың қысымына қарсы қозғалыс болған. Бұл ескі режимді қайта құру негізінде жүргізілді. Дінді қолдарына ту етіп ұстады. Еуропаның өнерінен қашпау керек, бірақ алғанда исламды күшейту үшін алу керек дейді. Мысырдан Мұхаммед Фабдуһу шықты. Бірнеше медреселер болды. Мусулманшылықтың логика, философиясын оқыды... Панисламизм көтерілісі Ресейде пантюризм деген қозғалыстың тууына әсер етті; бастысын қысымына қарсы шығып, дінді қолдарына ту етіп ұстады; халықтың патшалыққа қарсы көтерілісін біріктіріп, түрікшілдікті қозғады; халықты дін арқылы үгіттеді деген пікір білдірді Ө. жәдиттік қозғалыс туралы: («Абайтанудан жарияланбаған материалдар», 1988, 128-бет). Абайдың Фабдуһу идеясымен жете таныс болғандығын абайтануға қатысты көлемді зерттеулерінің барлығында да атап өтеді. Абайдың шығармаларында «панисламдық», «діншілдік» сарын бар; М. Әуезовтің өзі «пантүристі», «ұлтшыл-алашордашыл» деп әсіре солшығдар байбалам салған 1928–1934, 1949–1953 жылдары жазушы: «Жалал ад-дин Ауғани мен Мұхаммед Фабдуһу европалық капиталдың отарлау басқыншылығына қарсы күресе отырып, панисламизмді ұран етіп ұстай отырып, өздері Париждегі массондық ұйымға мүше болып кірді» деп (сонда, 63-бет) жазуға мәжбүр болды.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ФАБДІРОВ** Елеукен Хамидоллаұлы (1912– 1989), әдебиет зерттеуші, филология ғылымының докторы (1968), профессор (1969). Көркем аударма мәселелері мен қазақ және орыс әдебиеті байланыстарын зерттеген. «Горький және қазақ кеңес әдебиеті» (1966), «Кеңес дәуіріндегі орыс-

қазақ әдебиеттерінің өзара байланысы» (1968), «Орыс кеңес жазушылары және Қазақстан» (1970), «Адам – әдебиеттің басты кейіпкері» (1978), «Жазушы және шындық» (1984) атты зерттеу еңбектерінің авторы. Еңбектерінің барлығында да Ө-тің шығармашылық шеберлігін кеңінен талдап, «Қорғансыздың күні», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Абай жолы», «Өскен өркен» сияқты туындыларындағы ұлттық мінез бен көркемдік әдістерді орыс әдебиетіндегі классикалық үлгілермен салыстыра отырып пікір қозғайды. М. Горькийдің қазақ әдебиетіне әсерін Ө-тің шығармашылық жолы арқылы дәлелдеуге ұмтылады. Мысалы, «Горький дәстүрі және ұнамды кейіпкер проблемасы» деген мақаласында «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің көркемдік жағын қарастырған («Жұлдыз», 1965, №2).


*С. Ақашева.*

**ФАБИТОВА** Фатима (1903– 1968), Ө-тің жұбайы. 1937 жылдан бастап қуғын-сүргінге ұшырап, Жамбыл облысының Мерке ауданына қоныс аударады. Сонда Ө-пен қосылады. 1943 ж. Мұрат атты ұлдары дүниеге келеді. Заманның аумалы-төкпелі қиыншылығына қарамастан, шығармашылықпен шұғылданып, көптеген өлең-әңгімелер, естеліктер жазған, аудармалар жасаған. «Алыптар тағдыры» естеліктері (1995), «Өртенде өнген гүл» шығармалар жинағы (А., 1998) жарық көрді. Ө-тің өмірі мен шығармашылық қызметі жайында «Абай» туралы», «Абай» романы» өлеңдері, «Мұхтармен алғашқы кездесуім» естелігі, жазысқан бірнеше хаттары бар. Ө. 1942 ж. 10 қарашада жазған хатында: «Көңілде сенің балалы болған халің бірде-бір уақыт ұмытылған емес. Сен кеткелі өзінді сағынып та, дос жүректен соншалық жақын тұтып та, көп-көп ойлаймын. Кейде уайым етіп, кейде адамшылық қайратыңа, бас қасиетіңе сеніп, үміттеніп, қуанышта еске аламын. Болашақ кішкенеңің тірлігіне, саушылығына үміт артып, қуанамын» деп, болашақ балаларының үміт балатынына қатты сенген («Өртенде өнген гүл», 187-бет).

*Н. Ақбай.*

**ФАБИТХАН** Фабдыназарұлы (1835–1932), молда. Тегі – татар, ауыл адамдары «ноғай» дейді. Ол Құнанбайдың ауылына ертеректе келіп, сіңісіп кеткен. Керей Шүршіт Балта ақын екеуі Өскенбайдың асына деп бір сары ат әкелгенде, соған Ғ. мініп келеді. Содан сол елде қалып қояды. Қандай ырғызбайға қатысты ауылдың бір адамына айналып кетеді. Ол Есенбай жырасы деген жерде Құнанбай ашқан, Жидебайдағы Абай ашқан медреселерде балалар оқытады. Абайдың өзі де алғаш сол Фабитханнан оқиды. Оның Фабдолла, Сары, Ғатауыла деген балаларын Ө. жақсы білген. Ғ-ның 1866 жылдың 4 ақпанында Құнанбайдың, сол жылдың 8 ақпанында Абайдың атынан жазған хаттары бар. Ө. «Абай жолы» эпопеясында Ғ. білімді және аңқау адам ретінде суреттеледі. Тәкежан оның Шүршіт әкелген атқа мініп келгенін айтып мазактап, қылжақтап жүреді. Оның аңқаулығы мен момындығын ол өзінің ұсақ-түйегіне көп пайдалананды. Ғ. кітап оқығыш адам болады. Абай Абылқасым Туси-Фердауси, Низами, Физули, Науаи, Бабырлар мен «Жәмшид», «Сеидбаттал Ғазі», «Мың бір кеш», «Табары жазған тарих», «Жүсіп – Зылиха», «Ләйлі – Мәжнүн», «Кероғлы» сияқты көптеген кітаптарды сол Ғ-нан алады. Ұмытыңқырап қалған араб, парсы сөздерін соның тәпсіріне қарап, есіне түсіреді: «Абай әңгіме айтуға бір түрлі шешен, шебер боп барады. Фабитхан тіпті өзі оқып





Фазел Жағыпарқызы  
Мағауина

шыққан кітаптарды Абай хикая қып айтқанда, бар пейлімен, жақсы ілтипатпен тыңдайтын» деп, оның білуге құштарлығын танытқан. **Ф. Жидебайдағы** Зере мен Ұлжан жатқан бейітке жерлеген.

*Т. Тұрғынбаев.*

**ҒАЗАЛИ** Әбу-Хамид Мұхаммед Ибн Мұхаммед Өт-Туси имам (1058–1111), исламия әлеміндегі аса ірі теолог, философ, шафийт-факих. Адамзаттың және мұқым мұсылман әлеміндегі жаңаша ойлау жү-

йесін қалыптастырып, жәдиттік (реформаторлық) көзқарастың негізін қалады. Сол үшін оған ресми түрде «Исламның тұтқасы», «ақылдың теңізі», «хақим» атағы беріліп, «Имам Ғазали» атанады. Пәлсафа, құқық, логика, жаратылыстану, мемлекеттану, тәлім-тәрбие, шариғат, тарихат, мағырипат, физика, метафизика, математика ілімінің қысында-ры (теориясы) туралы кітаптары дүниетану ғылымына қосылған үлкен үлес болып табылады. «Құран-кәрім» мен «Хадистердегі» қағидаларға логика, физика, метафизика, математика, жаратылыстану ережелері қайшы келмейді, үйлесім табады. Сондықтан да ғылыми пәндердің ықпалы ешқандай кедергісі жоқ, зиян келтіре алмайды, олардың логикасы мен терминологиясын заман ағымына қарай пайдалану қажет деп есептеді. 19 ғасырдағы мұсылман дүниесінің оянуы мен өрлеуіне негіз қалаған Ғабдуһу, Ауғани, Маржани сияқты ғұламалардың жәдиттік бағыты осы Ғ-дің ілімінен тамыр алды. «Абайдың мұсылманшылыққа сын көзімен қараған имам Ғазалиге ұқсас кететін жері де бар» дейді Ө. («Абайтанудан жарияланбаған материалдар», 1988, 62-бет). Бұған қарап Абайдың көзқарасының қалыптасуы мен ойлау жүйесіне имам Ғ-дің тікелей рухани әсері болды деуге толық негіз бар. Ө. Абайдың шығыстық-ислами көзқарасын талдай отырып, оның философиялық ойының қайнар көзінің имам Ғ. ілімінен нәр алғанын атап өтеді (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 20 том, 180–181-беттер). Өрине, кеңестік идеологиялық-саяси қысымның қыспағынан сескеніп, Ғ-дің еңбектерін тереңдеп түсіндірмейді. «Абай жоғарыда біз айтқандай, бұлардың бірде-біреуінің атын атап, еңбектерін талдамайды» деп (сонда, 181-бет) жолай ескертеді. Ал имам Ғ-дің жәдиттік пікіріне академик-жазушының Абай туралы жазылған барлық еңбектерінде ғылыми шолу жасалып, баға беріледі.

*Т. Жұртбай.*

**ҒАЗЕЛ**, өлең түрі. Шығыс поэзиясында кең тараған махаббат тақырыбындағы дәстүрлі шағын лирикалық жанр. Көлемі ең көп дегенде 12, аз дегенде 3 қос тармақты бәйіптерден тұратын бірыңғай ұйқасқа құрылған өлең. 1948 ж. Алматыда жарық көрген «Әлішер Науаи» атты жинақтан алғы сөзі ретінде басылған мақаласында Ө. бұл мәселеге екі жерде тоқталады. Біріншісінде: «Астрабадта тұрған кезінде Әлішер өзінің ғазалдарын (лирика) және басқа жырларын молайтады» деп, ақын өлеңдерінің негізгі жанры ғазел екеніне көңіл аударған. Екінші рет осында Ө. Науаи поэзиясы «Орта Азиядағы, Шығыстағы көп елдің әдебиетіне үлкен әсер етті. Өзгінбайжан, түрікпен, татар, осман түріктерінің әдебиетіне тараған үлгісінен басқа, қазақ әдеби-

тіне де көп нәрлі жемістер берді. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің Абай, Шәңгерей, Шәді, Шортанбай, Ақан сияқты ірі ақындарын еске алсақ – бөрінен де Әлішер ғазалдарының, дастандарының айқын сарындарын сезіп отырамыз» (20 томдық шығармалар жинағы, 18-том, 299–300-беттер) деп, өзбек ақынының бұл жанрдағы дәстүрінің Орта Азия, қазақ әдебиетіне де кең тарағанын дәлелді көрсетеді. Бұл ойын ол қазақтың ұлы ақынының шығармашылығына арналған мәшһүр монографиясында: «Сонда әсіресе өзіне ең жақын ұстаз етіп классик Науаи шығармаларынан үлгі іздейді. Дастан жазған Науаи емес, ғазелдер жазған Науаиге еліктегісі келеді» (сонда, 20-том, 96-бет) деп, дәлел ретінде Абайдың шығыстық өлеңдерінің «Чар-диуанның» жігітті дәуірін, нәзіктік нақыстарын жырлаған үлгілеріне келетінін» айтып, ойын нақтылай түскен. «Науаидың барлық ғазелдері ерекше шерберлік, көркемдік мазмұн сарындардан басқа тұр жағынан толып жатқан қиын, қызық ырғақ үлгілері көрсететін. Өлең шумақтарына қарап жол есептері бойынша бөлінетін бір түрлері бар еді. Осы түрлермен қалыптанған сыршылдық өлеңдердің арнаулы сюжеті болмаса да, көпшілігі көңіл сырына, ішкі сезім ырғағына арналады» (сонда, 20-том, 97-бет) дейді, бұдан әрі ол ғазелдердің құрылысына, түрлеріне, өлшем-өрнегіне, философиялық мазмұнына толық талдау бере келіп, жас Абайдың ғазел жанрында Науаидің «анық классиктік ұлы өрісіне бара алмағанын», оның себебі «ұзақ ізденбегендігінде» екенін ескертіп, «сол себепті «Әлифби» өлеңінде жоғарыда аталып өткен Науаи ғазелдерінің кейбір сырт түрі, өрнектерін ғана көреміз» (сонда) деп ойын түйіндеген.

*С. Мақпырұлы.*

**ҒАЗЕЛ** Жағыпарқызы Мағауина (1927 ж. т.), Абайдың шөбересі. Мағауияның Жағыпар атты баласынан туған. Семей, Шымкент, Арыс, Алматы қалаларындағы мектептерде оқыған. Кино техникумын, ҚазМУ-ды бітірген. Біраз жыл мұғалім, кейін «Қазақфильм» студиясында бөлім меңгерушісі болды. Ө-ке Абай және оның туған-туысқандары жөнінде көптеген мәлімет берген. Жазушы қол ұшын беріп, көмектесіп тұрған. Алматыда тұрады. **ҒАЗИЗ** Файзоллаұлы (т. ж. б. – 1930), ақын, әнші, композитор, тегі – татар. Өйгілі әнші-серілер Ақан, Біржан, Жаяу Мұса, Қали Байжанов, Майралармен қатар өмір сүрген. Қоянды жермеңкесінде талай рет өнер сайысына түсіп, домбыра мен сырнайға қосып ән айтқан. Екі әні А. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» кітабында жарияланған. Ғ-дің «Мұқыш қыз», «Қарақат», «Төрт райхан», «Қарағайлы», «Шалқыма», «Қоңыр», «Көктің көлі», «Ақ еркем» т. б. әндері халық арасына кең тараған. Ө. Ғ-дің әндерін сүйіп тыңдаған. Жазушы «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында Абайдың «Көп өлеңі әнші-ақындардың, жас-кәрінің жаттауымен және оқушы жастардың жадына алып, айта жүруімен ауызша тарағаны да көпке мәлім» дей келіп, осылардың қатарына талантты әнші Ғ-ді жатқызған.

*Н. Оспантегі.*

**ҒАЛИЕВА** Гүлжиған (Қ а л и е в а Г ү л ж а Һ а н ; 1917–1982), актер, көркем сөз оқыушы. Қазақстанның халық артисі (1968). 1938–41 ж. Қазақ драма театрының құрамында, 1941–46 ж. ЦОКС-те (Ор-

талық біріккен киностудияда), 1946–65 ж. Қазақ мемлекеттік филармониясында, 1965–82 ж. республикалық эстрада және цирк өнері студиясында (1965–80 ж. студияның көркемдік жағын басқарып, директоры болған) қызмет етті. Ол «Гүлдер» ансамблі мен қазақ циркін ұйымдастырушылардың бірі. Негізінен көркем сөз оқумен шұғылданды. Оның репертуарынан М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан, әңгіме, повестерінен үзінділер мол орын алды.

*К. Нурпейсов.*

«ҒАЛИЯ», медресе. Татар ағартушысы Зия Камалидің басшылығымен 1906 ж. Уфада ашылған орта дәрежелі арнаулы мұсылман оқу орны. Медресе ашылғаннан бастап оған татар, башқұрт, қазақ, қырғыз, өзбек, ноғай және басқа да Ресейдегі мұсылман тектес халықтардың өкілдері оқуға түсіп, білім алды. Медресе мұғалімдер дайындады. Онда дүниетану пәндері оқылды. Оқу жүйесінде жәдит тәсілі қолданылды. Медреседе әр түрлі концерттер, әдеби кештер өткізіліп, пікірталастар ұйымдастырылып, қолжазба журналдар шығарылып тұрған. Қазақ шәкірттері қолжазба «Садақ» журналын шығарып, шәкірттерге арнап әліппе де құрастырған. «Ғ.» медресесінде жүзден астам қазақ шәкірттері оқыған. Сол қазақ зиялыларының көпшілігімен Ә. таныс-біліс, аралас-құралас болған. Жазушы бұл жөнінде кейін «Октябрь өркені» деген мақаласында айта келіп: «Қазақ мұғалімдері енді таза қазақ тілінде исламның шарттарын оқытатын кітаптар шығара бастайды. Бұл кітаптар, әрине, ислам үстемдігін үгіттейтін жәдиттік схоластикалық идеяға толы реакцияшыл кітаптар еді» деп, коммунистік идеология («дін-апиын») тұрғысында тұжырым жасаған.

*М. Әбдел.*

**ҒАЛЫМБАЕВА** Айша (1917–2008), Қазақстанның халық суретшісі (1967). ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1972). Негізгі тақырыбы – әйелдер. Әйелдің жан сұлулығын бейнелеуде ұлттық ою-өрнектерді, салт-дәстүрлік накыштарды, тұрмыстық көріністерді өте әсерлі пайдалана білді. Әсіресе, театрлық қойылымдарды безендіруде соны сахналық-көркемдік шешімдерге қол жеткізді. Суретші Мұхаңның жұбайы В. Н. Әуезованың портретін салды. Ол жазушының мемориалдық-үйіндегі демалыс бөлмесінде ілулі тұр. F-ның сценарийі бойынша түсірілген «Абай әні» көркем фильміне жасаған безендірулері мен киім үлгілерінің жоба-нұсқалары мұражай-үйдің қорында сақтаулы.

*А. Қуанышбаев.*

**ҒАҚЫЛИЯ** (араб сөзі), белгілі бір құбылысты ақылмен, оймен талдап-талғап барып ұғыну. «Ғақылия» термині қазақ әдебиеті тарихында исламияттық танымға байланысты Абайдың 38-қарасөзінде, Ы. Алытсаринның «Шариат-ул-ислам» деп аталатын кітабында («Мұсылмандық тұтқасы», 1991), Мәди Меркішұлының «Тұңфа ва жұмхурият» рисаласында (Ташкент, 1917) қолданыс тапқан. F. – хакімдерге таң нәрсе. Абай F-ға дәлел ретінде адамның дене құрылысы мен әлемнің жаратылу сырына ой жібереді де, дүниедегі жанды, жансыз нәрселердің бірі де адамзат рызғығы үшін жаралса керек-ті деген пікір айтады. Өзінен бұрын сан рет айтылған мұндай ой-пікірлерді өз санасында

екшеп-талдап барып ұсынған өзіндік пікірін F. деп қарайтыны бар. Ә. Абайдың мораль философиясын сөз еткенде, Алла мен адамның арасындағы қатынасты бандайтын 38-қарасөзді бөле-жара «Ғақылия-тасдихат» деп атайды.

*М. Мырзахметұлы.*

**ҒАМЗАТОВ** Расул Ғамзатұлы (1923–2003), авар ақыны. Дағыстанның халық ақыны (1959). Соц. Еңбек Ері (1974). Лениндік (1963), КСРО Мемлекеттік (1952) сыйлықтарының лауреаты. Жыр кітаптарында тау халқының өмірі, психологиясы жырланады. «Тау қызы» поэмасы қазақ тіліне аударылып, инсценировкасы жасеспірімдер театрында бірнеше рет қойылды. «Менің Дағыстаным» кітабы қазақ тіліне аударылып, 1971–73 ж. басылды. Ө-пен КСРО Жазушылар одағының съездеріне бірге қатысып, бірге түскен суреттері бар. «Әуезов үйі» мұрағатында (459-папка) 1960 ж. 13 ақпанда Лениндік сыйлық жөніндегі комитетінде F. жөнінде Ә.: «...Расул Ғамзатов Советтік Шығыс ақындарының ішіндегі ең бір таланттысы, өзіндік үні, ойы бар ақын деп есептеймін... «Тау қызы» поэмасы өлеңмен жазылған роман сияқты...» деп жазыпты. F. 1973 ж. Алматыда өткен Азия, Африка елдері жазушыларының конференциясына келгенде, М. Әуезов музейін аралап, көріп шыққан еді. Сонда жазған өлеңі «Правда» газетінде (1973 ж. 14 қыркүйек; авар тілінен Яков Козловский аударған) басылған. Сол өлеңді ақын С. Жиенбаев қазақша аударып бастырған.

*Р. Досымбекова.*

«ҒАСЫР МЕН ЖЫЛДАР» («Века и годы»), жазушының мақаласы. «Литературная газетаның» 1947 ж. 7 қарашадағы санында шыққан. Газеттің бұл нөмірі Қазан революциясының 30 жылдығына арналған. Соңғы бетінде Ә-тің, Г. Габидзиев, Я. Коластың, А. Караваеваның, М. Айбектің, М. Алигердің 7 қараша мейрамына арналған мақалалары мен өлеңдері берілген. Салыстырып қарағанда мақалалардың мазмұны бір-біріне ұқсас. Әрқайсысы өз халқының мысалдары негізінде Қазан төңкерісі өкелген өзгерістерді марапаттайды. Ә. мақаласында мейрамға орай сол кезде айтылуға тиісті ойлармен қатар, қазақ халқының тарихына қатысты қызықты деректер бар. Дәстүрлі сарынмен бұрынғы көшпелі өмірді сынай отыра, сол кездегі Қазақстанның жағдайынан статистикалық мәліметтер береді. Жазушы Қазан төңкерісінен кейін өндіріс өнімінің көлемі 32 есе өскенін, халық мәдениетінің өркеніетті елдер дәрежесіне жақындағанын, Ұлттық ғылым академиясының ашылғанын, драма және опера театрларының жұмыс істеп жатқанын, өндіріс алыптарының салынып жатқанын айтады. Шығыстан шыққан екі бақтыр қыздың екеуінің де қазақ қыздары екенін мақтанш тұтады. Жамбыл бастаған халық ақындары да социализмнің не екенін түсініп, жырларына қосуда дейді. Сталиндік, сталинизмді мақтау жағы аздау. Мақала өз кезіне сай жазылған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ҒАФУР ҒҮЛӘМ** (1903–1966), өзбек жазушысы. Өзбекстанның халық ақыны (1963). Республика Ғылым академиясының академигі (1943). Отан соғысы жылдарында жазған жырлары «Шығыстан келемін» жинағына топтастырылды (1943). Бұл кітабы үшін 1946 ж. КСРО Мемлекеттік сыйлығы, таңдамалы өлеңдер жинағына 1970 ж. Лениндік сыйлық берілді. Ө-пен шығармашылық байланыс жасап, талай әдеби жиындарда кездесіп, пікір алынып жүр-



Сағынып қауышқан қаламдастар. Солдан оңға қарай:  
М. Миршекер, М. Әуезов, Н. Тихонов, Ф. Ғүләм. 1954.

ген. Ұлы жазушының 60 жылдық мерейтойына қатысып, «Айбегім – Әуезовім» атты өлеңін тебірене оқып берсе, Мұханның қазасына байланысты қатты қайғырып, мақала жазды (Айбек, А. Қаһар, Ұйғын т. б. бірге, «Литературная газета», 1961, 29 маусым). Ә. «Жыл келгендей жаңалық сөземіз» деген мақаласында F-ның «Бауырым, мен сенің атаңмын» деген өлең жазып, Отан соғысы кезінде қиыншылық көрген жас буындарға аталық қойнын ашқанын баяндаса, еврейлердің ауыр халіне жаны ашып, «Мен де евреймін» деген өлеңін жазғанын жоғары бағалаған. «Түрксіб жолы салынғанда, бір ақындар өлеңінде, теңеулерінде «қара айғыр» деп, «отарба» деп алғанда, сонда бір өлең жазылды. «Бұл қай жол?» деген. «Өткен жылдарда көзіңнің жасы төгіліп, тұтқын жүрген, өмір зары сан кезген Жетісу жолы деген жол Қытай мен Европаның сауда қатынас жолы ... сол темір жол арқылы жаңа ойлар, жаңа тамырмен жаңа қиялдар жүреді» деп жазған өзбек ақынының бауырластық лиғьына өзінің ризашылығын білдірген.

*Н. Ерсарыұлы.*

**ҒАФУРА** Разаққызы (1913–1973), жазушының немере ағасы Разақтың бәйбішесі Мәкіжаннан тұған немере қарындасы. Абайдың немересі Әлімқұл Ақылбайұлының баласы Бағұфурға тұрмысқа шыққан. Одан Эрнст (1935–1982), Баукен (1937–1978), Айдар (1949) деген ұлдар тарайды. Абайдың кіндігінен тараған үрім-бұтақтардың арасынан екі мыңыншы жылдың табалдырығын аттаған жалғыз еркек кіндікті – Айдар ғана. Эрнст пен Баукен жастай дүние салған. Ә. қарындасы F-ның үйіне өзі де жиі қонаққа барып, оларды да шақырып отырған. Рәпиә Жағыпарқызы 1923 жылы Кәмила Мағауиқызына Ленинградтан Ә. сыйлыққа өкеп берген «Зингер» тігін машинасын 1937 ж. F-ға тарту етеді. Машинаны күтіп ұстап, 1956 ж. Ғазел Жағыпарқызына тапсырады. F. Мағауина «Зингер» тігін машинасын 1997 ж. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қорына тапсырды. Қазір ол көрме залында тұр.

*Т. Жұртбай.*

**ҒАФУРИ** Мәжіт Нұрганиұлы (1880–1934), башқұрт және татар ақыны, публицист, башқұрт әдебиетінің негізін салушы. Башқұртстанның халық ақыны (1923). Шығармаларында революцияны, жаңа өмірді жырлады, әйел теңсіздігін, өмір тауқыметін суреттеді, қазақтардың түрмыс-тіршілігін бейнеледі. Мұхад F-ды башқұрт және татар әдебиетінде алдыңғы, озық демократтық, революциялық ағымды бастаған жазушы, туысқан екі халықтың жаңа дәуірдегі әдебиетінің негізін тудырған қайраткері

ретінде бағалаған («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»).

*Ө. Күмісбаев.*

**ҒАФУРОВ** Бабажан (1908–1977), тәжік ғалымы, мемлекет қайраткері. Шығыстанушы ғалым ретінде дүние жүзіне белгілі. Тәжікстан Ғылым академиясының (1950), КСРО Ғылым академиясының (1968) академигі. Ғылыми еңбектері Орта Азия халықтары мен ислам тарихының мәселелеріне арналған. Ө-пен Мәскеуде, Ташкент, Душанбедегі жиындарда кездесіп, әңгіме-сұхбат құрып пікірлесіп жүрген. F-тың біраз еңбегі Мұханның жеке кітапханасында сақтаулы. Солардың ішінде 2 томдық «Тәжік халқы тарихының қысқаша баяны» Ә. сызып, белгі қойып оқыған. Журналдарда шыққан мақалаларын да жіті қадағалап отырған. Ә. республика Ғылым академиясының ғылым мен техника бөлімшесінің мәжілісінде жасаған хабарламасында (1957, 15 маусым) Шығыстанушылардың Ташкентте өткен кеңесінде F-пен кездесіп, баяндамасын тыңдағанын ескертіп өткен («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1977, 582-бет).

*Т. Әкім.*

**«ҒЫЛЫМ»**, баспа. 1946 ж. қазан айында Алматыда құрылған. Баспаны алғашқы ұйымдастырушы және оның қалыптасып, нығаюына айрықша көңіл бөліп, көмектескен адам Қ. Сәтбаев еді. Баспа негізінен ғылыми әдебиеттер шығарады. Ә. Ұлттық ғылым академиясының негізін қалауға үлес қоса отырып, баспа ісіне де назар аударды. Ұлы жазушы ғылыми редакциясын басқарған «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томы «F.» баспасынан жарық көрді. Абай мұрасын зерттеуге байланысты әр жылдарда жазылып, жарияланған, жарияланбаған еңбектері жөнінде М. Мырзахметов баспадан 1982 ж. «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты кітабын шығарды. Сонымен қатар Л. Әуезова мен М. Мырзахметовтың құрастыруымен 1988 ж. басылып шыққан Ә-тің «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» деген жинағының орны ерекше. Баспа Ә. шығармаларын жариялау, насихаттау ісіне зор көңіл беледі. Ұлы суреткердің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Ә. Молдахановтың «Мұхтар Әуезов – фольклортанушы», Р. Бердібайдың «Мұхтар шыңы», А. Тайжановтың «М. О. Әуезовтің дүниетанымы», Б. Құндақбаевтың «Мұхтар Әуезов және театр» кітаптары жарық көрді. Ә. өмірінің барлық кезеңдерін қамтып көрсеткен, шығармаларының қашан, қайда жарияланғаны жөнінде нақты мәлімет беретін «М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» (50 баспа табақ) бірегей басылым қатарына жатады. «F.» баспасы Ә-тің негізгі шығармаларын жариялаушы, насихаттаушы болып табылады. Қазақстан үкіметі жазушының 50 томдық академиялық жинағын «f.» баспасынан шығару жөнінде шешім қабылдап, қаламгердің 100 жылдық мерейтойы кезінде 1-томы оқырман қолына тиді. «М. О. Әуезов шығармаларының библиографиялық көрсеткіші» (45 баспа табақ) орыс және қазақ тілдерінде жарық көрді (1998).

*С. Бейменов.*

**«ҒЫЛЫМ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет 1918 ж. «Абай» журналының 1-санында жарияланған, 1997 ж. Ә-тің «Таңдамалысына» енгізілген

(329–330-беттер). Мақалада адам баласының әуел бастағы тағылық дәрежедегі кезеңінде өмір үшін күресі бірте-бірте сатылап дамып, оның тұрмыстық хал-ахуалының, соған сәйкес сана-сезім, ақыл-ойының да өсе келе ғылымның қазіргі алуан түрлерінің тууына негіз болғандығы сөз болады. «Өмірдің тізесі өткен сайын адам күннен-күнге тұр тауып, дүниені (жаратылыстың) әр түрлі сырын ашқан, сол сырлардың қорытындысынан шыққан – осы ғылымдар» дейді. Автор ғылым түрлерінің күнделік тұрмыстық қажеттен, «нәфсілік керектен» туып жетілгенін, сондықтан өз кезегіне сол ғылым-білімнің адам баласының тұрмыс-тіршілігін өсіріп дамытуға қызмет ететіндігін, ғылым қанат жайып өскен сайын қажеттіліктің де арта түсетіндігін айтып өтеді. Көп елдердің әлі күнге адам баласы дамуының алғашқы сатысынан, «нәфсілік керегінен» аттап ұзай алмай, ешкімнің ірілігін көтермесе, өзін ғана ірі болсам деген секілді мақсаттардың төңірегінде түрлі әділетсіздік, қиянат, қиындықтардың туып жатқанына қынжылыс білдіреді. «Ғылымның артынан еріп, көрсеткен жолымен жүрген – бұл күнде өмірдің төрінде» деп, оны жете игеріп, дұрыс жолмен пайдалану керектігін, оны «адамдық, хақтық, мақсатқа жұмсау» жөнінде өз пікір байламын ұсынады.

*К. Сыздықов.*

**ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ,** Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, Қазақстан Республикасының жоғары ғылыми мекемесі. 1932 ж. КСРО ҒА-ның Қазақстандық базасы, 1938 ж. КСРО ҒА-ның Қазақ филиалы құрылды. Ө. 1943 ж. қаңтардан бастап ҚР ҒА-ның негізі болған осы Қазақ филиалының 1941 ж. ашылған тарих, әдебиет және тіл кешенді ғылыми-зерттеу институты әдебиет секторының аға ғылыми қызметкері болып қызмет етті. 1946 ж. ашылған ҒА-ның негізін қалаушылардың және оның тұңғыш құрамына енген 14 академиктің бірі болды, академияның жоғары басшы органы – төралқа мүшесі болды. 1946 ж. бастап академия құрамында жеке ашылған Тіл және әдебиет институтының қазақ әдебиеті тарихы секторының меңгерушісі, 1957 жылдан өмірінің соңына дейін осы институттың халық ауыз әдебиеті бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті. 1946 ж. академия құрылған кезде оған филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесі мен профессор атағы берілді. ҒА-ның 1-сессиясында (1946), «Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу проблемалары», 3-сессиясында (1949),

Қазақстан Ғылым академиясының бас ғимараты.



«Қазақ әдебиеті тарихын жасау мәселелері» деген тақырыптарда қазақ әдебиетін зерттеудің көкейкесті мәселелерін қамтыған ғылыми баяндамалар жасады. Әдебиет мәселелері, Абай мұрасы, халық ақындарының шығармашылығы, қазақ әдеби тілі жайлы «ҚазСФР Ғылым акад. Хабаршысы» журналында көптеген ғылыми мақалалар жариялады. Ө-тің тікелей араласуымен Академия құрамында Әдебиет және өнер институты ашылып, оның негізгі бағыт-бағдарын, ғылыми-зерттеу жұмысын, бөлімдерінің құрылымын өзі анықтады, институттың ғылыми кадрлары мен қаражатына дейін көңіл бөлді. Ө. жас ғылыми кадрларды даярлау ісіне көп көңіл бөлді, оның жетекшілігімен сол кездің өзінде он адам кандидаттық диссертация қорғады. Қазақ әдебиетінің білгір маманы ретінде академия төралқасының, Қоғамдық ғылымдар бөлімінің мәжілістерінде, диссертациялық қорғау кеңестерінде жиі-жиі сөз сөйлеп, әдебиеттану, фольклортану ғылымдары бойынша қомақты пікірлер айтты. Ө-тің редакциялық басқаруымен, әрі авторларының бірі ретінде 6 кітаптан тұратын 3 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» алғашқы 2 томы жарық көрді. Әдебиет және өнер институтының ғалымдары бұл істі соңына дейін жеткізді. 1957 ж. жазушы-ғалымның 60 жылдығы кеңінен атап өтілген кезде Ғылым академиясының төралқасы академик Ө-тің мерейтойына үлкен құттықтау хат жолдап, онда оны Қазақстан мәдениеті мен ғылымының даму тарихында көрнекті орын алатын талантты ғалым, қазақ әдебиеті туралы ғылымның негізін салушылардың бірі ретінде ерекше атап көрсетті. Академия ұсынысымен сол жылы ғалымға «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілді. 1961 ж. жазушы-ғалым қайтыс болғаннан кейін өзі негізін қалап, қызмет еткен Әдебиет және өнер институтына есімі беріліп, 1963 ж. институт құрамында ғылыми бөлім ретінде Ө-тің әдеби-мемориалдық мұражайы ашылды, мұхтартану ғылымы қалыптасып дамып, Ө. шығармашылығы жайлы көптеген зерттеулер мен монографиялар жазылды, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды.

*С. Қорабай.*

**«ҒЫЛЫМ ТІЛІ»**, жазушының мақаласы. 1918 жылы «Абай» журналының 7-санында жарияланған. Кейін Ө-тің 12 томдық (1969, 11-кітап), 20 томдық (15-кітап), «Таңдамалы» (1997) шығармалар жинақтарына енгізілді. Мұнда әрбір халықтың өркениет жолында ғылыми тіл қалыптастыруының маңызды екені айтылған. Ө. ең алдымен алфавит таңдай білуді зор мәні бар іс деп қарайды. Ғылыми оқу бағытын дұрыс түсудің қажеттілігіне тоқталады. «Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жөлі, ғылым тілін арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, европа негізіне тартады. Мұсылманша оқыған мұғалім европаның ғылым тілін білмейді, орысша оқыған учитель мұсылманшаны білмейді» (12 томдық шығармалар жинағы, 11-том, 11-бет). Осы екі жолдың қазаққа қайсысы қолайлы деген сауалға жауап айтады. «Қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуді ұмытпау керек». Ө. ғылыми тілді арабадан аламыз дегендерге дәлелді күдік келтіреді; арабтарда ертеде ғылым болғанын айта отырып, олардың соңғы ғасырларда бұрынғы дәстүрін айры-

лып, артта қалып қойғанын ескертеді. Сондай-ақ түрік университеттерінде де еуропа тілдері басым оқытылатынын мысалға келтіреді. Осы заманда мәдениеті, ғылымы озып тұрған Еуропаны нысана етіп ұстау қажет деген тоқтамаға келеді мақалада. Өз кезіндегі европачентристік көзқарастың әсерімен «пантуркизм» деген терминді артта қалғандық белгісі сияқтандырып көрсету сарыны да сезімді. Төңкеріс дәуірінің мәселені төтесінен қоятын дағдысына орай М. Өуезов те ғылым жөнінде барлық ықыласты Еуропа жаққа аударып, шығыстікі атаулыдан бой тартатыны аңғарылады. Түптеп келгенде, Ө-тің ғылым, оқу жолдарына түскенде, түбі туыс, діні жақын немесе алыс деп қарамай, озық елдерді өнеге тұту ең дұрыс бағдар деп тұжырымдауы ақиқат болып естіледі.

*Р. Бердібай.*

**ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ.** Жазушының ғылыми-зерттеу еңбектері. Ө. шығармашылығы – қазақ өнерінің кемелденуінің айғағы. Әлемдік мәдениетке қазақ халқы қандай көркемдік игіліктер қосты дегенде, ауызға алынар есімнің бірі – Ө. Ол – әлемдік құбылыс. Ө. – ғасырлар бойы жиналып келген қазақ топырағындағы асыл құнарлардың жарқырап қайта көрінуінің үлгісі. Ауыз әдебиетіндегі сарындар, мотив, идея, тіл өрнектері, бояулар Ө. шығармашылығында қайта жаңғырды. Қазақтың реалистік әдебиетіндегі халықтық арнадан, ұлы Абай айдынынан нәр алған Ө. шығармашылығы қазақ әдебиетіне орыстың реалистік дәстүрлерінің тереңдеп сіңгенін танытты. Ө. – қазақ прозасы мен драматургиясын әлемдік биікке көтерген ұлы суреткер. Сонымен қатар ол әдебиеттану, фольклор, тарих, философия, эстетика саласында да аса бай мұра қалдырған энциклопедиялық қуаты бар тамаша ғалым еді. Саналы өмір бабалдырығын аттап, қоғамдық іске енді араласа бастаған шақта кімде болсын көп тебіреністі, толқымалы іздену, барлау дәуірін бастан кешіреді. Жеке адам және халық, жеке адам және тарих, жеке адам және дәуір деген аса шытырман сұраулар әсіресе суреткерді ойлантуы заңды. «Оқудағы құрбыларына» (1917) атты мақаласында Мұхтар өз тетелестеріне осындай сауал тастайды. Оқыған жастар халық үшін қандай қызмет жасауы керек? Бүгін шәкірт не істесе рауа? Қазақ интеллигенті ұмтылар кемер, барар жайлау қайсы? Бұл ретте Мұхтар пікірлері кешегі Абай айтқан моральмен үндес жатады. Семинарист жігіт оқығандардың халық ағартудағы прогресті рөлін көрсетумен шектелмейді. Ө. интеллигенттер абырбандағы кемшіліктерді сынап, оқығандарды ауызбірлікке шақырды, адалдық, табандылық, білімділік сияқты қасиеттерді үлгі етеді. Семей қаласында 1918–19 ж. шыққан «Абай» журналында Ө-тің бірқыдыру мақалалары басылды. Журналдың тұңғыш санында жарияланған «Ғылым» атты мақаласында Ө. адам баласының ұзақ сапар тарихынан көптеген мысалдар келтіріп, ғылымның қалай пайда болғанын сөз етеді. Тәжірибеден, өмірлік қажеттіліктен туғанын нанымды дәлелдейді. Үлкен талант иесі Мұхтарға қоғамның күнбе-күнгі тілектеріне орай, журналистикамен айналысуды бұйырған да сол өмір талабы, сол уақыт қажеттілігі. Мұның анық дәлелін «Қайсысын қолданамыз?» (1917), «Ғылым тілі» (1918), «Оқу ісі» (1917) мақалаларынан көруге болады. Үшеуіне де арқау болған түбірлі әңгіме біреу – қазақ тілінде оқулықтар шығару. «Қайсысын қолданамыз?» мақаласы педагогиканың жанды тар-

мағы – оқулықтар жасау мәселесін сол уақыттың өзінде өте дұрыс көтерген құнды еңбек. Бұл ойлар «Ғылым тілі» мақаласында таратылып, толықтырылып, тереңдей түседі, термин мәселесі айрықша сөз болып, автор өз байламын ұсынады. Мәдениетті елдер тарихына көз жүгіртіп, олардағы ғылыми терминдердің қандай жолдармен, қандай принципте жасалғанын шолып, айтып шығады. Қазақстанды өзгеше томаға-тұйық жағдайда алып қармайды. Ресейдегі ескі шіркеулік-славяндық стильдің, Жапониядағы қытайлық стильдің сол елдер мәдениеті үшін зиянды болғанын дұрыс ескертіп, терминдер жасауда ең алдымен ана тілінің байырғы мүмкіндіктерін сарқа пайдалануды, қажет болғанда ғана басқа тілдерден жаңа сөздер, жаңа ұғымдар алуды жақтайды, бірақ қазақ тілін орыссыз шұбарлауға қарсы. Мұхтардың бұл кездегі ғылыми-мәдени саладағы ізденістері әр қиырда, әр салада. «Философия жайынан» (1918) мақаласында автор философияның басқа ғылымдарға қатысын, олардың қатарында алатын орнын, зерттейтін объектісін дұрыс түсіндіреді. Шәкірттік мінез, білімге құштарлықтан туған философияға таңдай қаға табыну да бар. Әлеуметтік-қоғамдық проблемаларға арнап жазылған «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» (1918), «Мәдениет нәм ұлт» (1918), «Земство нәм кооператив қауымдары» (1918) мақалалары бар. Негізінен экономиканы сөз ететін «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» мақаласында әр түрлі халықтардың белгілі бір шаруашылықпен айналысуына географиялық орта жасайтын ықпал дүние жүзіндегі көптеген елдер тарихынан алынған ұтымды мысалдармен сенімді дәлелденеді. Ғылымға, мәдениетке ең жуық кәсіп – егіншілік деген пікірді публицистік ерекше қуаттайды. Жан-Жак Руссоның «цивилизация адамды бұзады» дейтін қате байламына Ө. «Мәдениет нәм ұлт» мақаласында қарсы шығады, ондай концепцияның зияндылығын, жалғандығын дәлелдейді. Астрономия, биология, зоология, механика ғылымдарынан алған мысалдарына қарағанда, жас Ө. эрудициясы мол екендігі байқалады. Ағартушылық бағытта, педагогикалық жүйеде сапалы ойлар айта алған Ө. қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтар, жалпы теңсіздік, жалпы бақытсыздық қыр тіршілігіне хас нәрсе деп ұқты. Дала өміріне түскен сан қилы жарықшақтың себебін тап баса алмай, оны бас бірікпеушілікте, партияшылықта деп түсінген автор өзінше қамаудан шығар жол іздейді. «Земство нәм кооператив қауымдары» мақаласында кооперативті пайдалы, тиімді жақтарын тәптіштеп сөз қылады. Тұрмысымды түзейін десен, дүниенің ебін біл, саудагерге алданба, өзара бірлескен серіктік құр дейді. Мұның бәрі де қоғамдық құбылыстардың заңдылықтарын іздеуден туған байламдар еді. Мұхтардың сол кездегі педагогикалық ойларының қорытындысы – «Оқу ісі» мақаласы. Мұнда мектеп мұқтажын сынай сөз ету бар. Түпкі оқлықтық мұғалімдер кадрларын даярлаудың сапасында жатқаны айтылады. Қазақ мектептерінің кінәратты қыншылықтары – ортақ бағдарлама, ортақ оқулық жоқтығы, орыс тілінен аудару, шәкірттерді семинарияға жіберу, мұғалімдерді қызметке тұрақтандыру мәселелерінің шешілу жолдары қарастырылды. Халықты жаппай сауаттандырып, ел арасында кітапханалар

ашып, театрлар ұйымдастырайық деген ұсыныстар Мұхтардың ағартушылық-демократиялық көзқарасын сипаттайды. Семей губревкомының органы «Қазақ тілі» газетінде жарияланған «Қазақ оқығандарына ашық хат» (1920) мақаласының принципті маңызы бар. Өйткені: «Россияның ішіндегі көбігі аспанға атып, жүз толғанып, жұлқынып жатқан революция толқыны дүние жүзіндегі еңбекшілерді құлданған патшалықтардың бәрінің жүз жылдан тұрған құлдық қорғандарын іргесімен төңселтіп, жапсарын ашып, жігін үлкейтіп тұрғаны өркімге мәлім. Кең жалғаннан пана таба алмай, сол қорғаның түбіне тығылған ақсүйектер, жуандар қалтырап отырып, соның астында жан беретіні де мәлім». Мұндай революциялық байламдардың, идеялардың Мұхтар мақалаларының өзегін құруы – оның талантының қалыптасуындағы, көзқарасындағы ерекше, сапалы эволюцияның айғағы. Оқығандарды Өуезов халық үшін аянбай қызмет атқаруға шақырады. «Жалпы жарлық» (1921), «Бүгінгі зор міндет» (1920) мақалаларында кеңес өкіметінің жүргізіп отырған күнделікті, маңызды шаралары түсіндіріледі. Сауатсыздықты жоюдың мемлекеттік маңызы айтылады. «Қазақ қалам қайраткерлеріне ашық хат» (1922) мақаласында баспасөздің адам санасын тәрбиелеудегі рөлі көрсетіліп, редакциялардың ғылымдық шараларды ғана құйтпей, әдеби шығармаларды жариялауға көңіл бөлу қажеттігі баса айтылады. «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (1922) әдеби-сын очеркінде Өуезов әдебиеттің қоғам өмірінде атқаратын қызметін көрсетеді, қазақ әдебиетінің тарихына шолу жасап, бірталай мәселелерге дұрыс баға беріп, болашақта не істеу керектігі жөнінде өз ойларын ортаға салады. 20-жылдардың 2-жартысында әділет әбден бұзылып, билікті қолға мықтап алған Сталин және оның төңірегіндегілер, олардың жер-жердегі сойыл соғарлары ұлттық мәдениетті қудалап, көрнекті қайраткерлерді абақтыға жаба бастады. Ахмет, Мағжан, Шәкәрім, Жүсіпбек, Міржақып, Мұхтар... – бәрі де қамалды, түрмеге, лагерьге жөнелтілді, кейбіреуі сол айдаһар аузынан қайтпай қалды. Осы тұста көптеген кітаптар да «тұтқындалып», ұзақ жылдар бойы абақтыға қамалды. Сол еңбектің бірі – Ө-тің «Әдебиет тарихы». Автор онда мезгілінде объективті ғылыми тұрғыдан айтылған терең тұжырымдар қатарында қазақ елінің отарлануы, өз тәуелсіздігін айырылуы, осыдан туған кесепаттардың әдебиеттегі көріністері туралы байлампайымдауларды жатқызу керек. Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселелеріне келгенде, автордың исламға дейінгі және исламнан кейінгі әдебиет деп ұзақ тарихты екі орасан үлкен кезеңге бөліп қарауында ғылыми негіз жатыр. Бұл әсіресе фольклорға ерекше дәп келеді. Әділін айтқанда, Ө. еңбегінде классикалық әдебиеттанудың орнықты, ғылыми жүйесі, үлкен мәдениет, ой тереңдігі, стиль сұлулығы сайрап жатыр. Өнерді өмірдің образды, суретті бейнесі, жанды, тірі көрінісі деп қарау, жалпы адам баласының көркемдік игіліктерді бірінші қатарға шығару, ұлттық сұлулық категориялары, терминдер әлемдік әдебиеттің биік-биік тұғырларымен салыстырыла, шендестіріле алынады. Кітапта ерекше ықтиятпен талданған проблема – «Зар заман» дәуірінің әдебиеті. Шортанбай өлеңінен алынған ойларды пайдалана отырып, Ө. қазақ-

тың әдебиетіндегі ең ұлы сарын – елдік, тәуелсіздік, азаттық, бостандық ұранының көркем сөздегі көріністерін нақты шығармаларды айқын саралап талдау арқылы көрсетіп береді. «Қазақ халқының әдебиеті мен фольклоры» деген зерттеу еңбекті Л. Соболевпен бірігіп жазып, орыс оқырмандарын ұлт өнерімен таныстырды. Қырғыздың батырлық эпосы «Манас» туралы Өуезов зерттеуі өз маңызын әлі жоймаған теориялық еңбек. Әдебиет тарихы, сыны, теориясы проблемалары төңірегінде Ө. тұжырымдаған терең пікірлер, байламдар бар. Ол үлкен драматург болу үстіне театр мен драматургия мәселелеріне арналған көптеген ғылыми еңбектер, мақалалар, рецензиялар жазды. Оларды бірнеше салаға бөлуге болады. Тұңғыш жазған еңбегі «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында көптеген қызықты деректер, толымды байламдар, бағалы қорытындылар бар. Көне грек, ежелгі Еуропа театрларын айта келіп, жас қазақ театрларының болашағы, перспективасына байланысты ойлар айтылады. Болашақ ұлт театрларының қандай жолдармен дамуға тиіс екендігін автор дұрыс болжайды. Проза жайлы зерттеулері алуан түрлі, С. Мұқановқа арнап «Жолы кең жазушы», Ф. Мұстафинге арнап «Өнер өріне» атты еңбектер жазды. «Қазіргі роман және оның қаһарманы» атты мақаласында «роман қазір жанрлық нәрін тауысты» дейтін пікірлерге қарсы шығады. Ө. классикалық аудармалар жасады, аударма теориясына байланысты ғылыми еңбектер жазды. Ол әлем әдебиетін терең білген ірі ғалым. Өзбек Ө. Науаи, үнді Тагор, қырғыз Ш. Айтматов, татар М. Жәлил, орыс А. Фадеев шығармашылығы туралы күнды пікірлер айтып, терең тұжырымдар жасады. Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһангер» поэмасын білгірлікпен талдады. Жас талаптарды Ө. бірінші болып көре білді. Қ. Шаңғытбаев, Қ. Мұхамеджанов, Ш. Айтматов туралы алғаш рет пікір айтып, олардың тұсауын кесті. Ө. шығармашылығы – қазақ әдебиетінің кәмілет белгісі, оның даму бағдарының нысанасы. Ө. – мәңгі сарқылмайтын, бітпейтін, жалғасы бар құбылыс.

Р. Пурғали.



«ДАЛА БАТЫРЫ» («Степной батыр»), жазушының әдеби сценарийі. 1942 ж. В. Кадочников және Ф. Филиповпен орыс тілінде бірлесіп жазған. Бұрын еш жерде жарияланбаған. Мәскеудегі әдебиет пен өнердің мемлекеттік орталық мұрағатындағы С. Эйзенштейннің жеке мұрағатында осы сценарийге жасаған режиссерлік 3 сурет сақтаулы тұр. Сценарийдің 83 беттік қолжазбасы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының «Қазақфильм» киностудиясының қорында жатыр. Осы мұрағат негізіндегі сценарий

Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (12-том, 1983, 180–245-беттер). Шығарманың оқиға желісі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты лиро-эпикалық жырдан алынған. Сценарийдің 2-нұсқасы Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматыға көшіп келген Орталық киностудияға тапсырылып, әдеби-режиссерлік нұсқасы бекілген соң, фильмді түсіруге даярлық жүргізілген. Алайда кинорежиссер Кадочниковтың кенеттен қайтыс болуына байланысты, фильмді түсіру жүзеге аспай қалады. Кейбір оқиғалар киноның мүмкіндігіне қарай өзгеріске түскенімен, негізгі сюжет арқауы жырдан алшақ емес. Шығарманың соңында Қозының өлгенін естіген Баян шашына жіп байлап, Қодарды алдап құдыққа түсіреді де, шашын кесіп жіберіп, қасындағы жігіттерге тас лақтыртып өлтіреді. Сөйтіп кегін алады. Жаңадан қосылған деталь осы ғана.

*Н. Остантєри.*

**«ДАЛА БҮРКІТІ»**, жинақ. Авторы – Қ. Камалов. 1990 ж. Өзбекстандағы «Қарақалпақстан» баспасы қарақалпақ тілінде шығарған. Кітапта қарақалпақ кеңес әдебиетінің мәселелеріне арналған әдеби-сын, публицистикалық мақалалар мен рецензиялар топтастырылған. Ғалым олардың бәрінде Ө-тің көркем шығарма туралы айтқан пікірлеріне сүйеніп, өз ойларын білдірген. Ал «Дала бүркіті» атты мақаласында ұлы жазушының туындыларына талдау жасай келіп, Ө-тің шығармашылығы өз оқырмандарының көз алдына Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиетінің кең даласында ұзақты көздеп, талмас қанаттарын биік шыңға қарай өршелене қаққан дала бүркітіндей болып елестейді. Оның ғажайып өмірі, таң қаларлық әдеби біліктілігі, әлем әдебиетінің новаторлығы менге руі – жас талант иелеріне мәңгі үлгі деп жазған.

**ДАМДИНСҮРЭН** Цэндэйн (1908–1986), монғол жазушысы, ғалым, қоғам қайраткері. Монғолия Мемлекеттік сыйлығының 3 мәрте лауреаты (1946, 1948, 1951). Ө-пен достық қарым-қатынаста болып, халықаралық, ұлтаралық ірі жиындарда кездесіп, сұхбаттасып жүрген. Ұлы жазушының 60 жылдық тойына құттықтау жеделхат жолдап, игі тілек білдірген (М. О. Өуезовке. Алпыс жылдығына арналған мақалалар жинағы, А., 1959, 25-бет).

**ДАМУТУ**, градация, әдебиет жанры. Айшықтаудың (фигураның) бір түрі. Алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата суреттеу. Ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. Қолдану сипатына қарай екіге бөлінеді: бірі түйдектеу, екіншісі баяулату. Ө. «Қобыландының Тайбурылы туралы» мақаласында:

Көлжағалай отырған  
Көкқұтан мен қорабай  
Көтеріліп ұшқанда,  
Бөлінен кесе басады, –

деп, ұлғайтылып, ерекше теңеулермен жеткізгенін градациясының шырқау биігіне – түйдектесуіне жатқызады. Жазушы өз шығармаларында да Д-дың түрлерін жиі қолданған. «Абай жолы» эпопееында жас ақынның Тоғжанды алғаш көргендегі қыздың қимыл-қозғалысын, жүріс-тұрысын, көз қарасын бірінен-бірінен асырып, өсіріп, күшейтіп бейнелеген. «Оқапта» деген тарауында Құнанбайдың Өмір мен Абайға теріс батасын беретін көрінісі Д-дың ұлғайған түріне жатады: «Шық! Жоғал, жойыл көзімнен! Ұрпағым екенің шын болса, құрбан еттім екеуінді. Садаға еттім сен екі шіріген жұмырт-

қаны, бар да өл! Тез өл! Жөнел!»). Автор мұнда Д-дың екі түрін қатар пайдаланған.

*З. Қабдолов.*

**ДАНИЯЛ** Кәкітайұлы Ысқақов (1897–1945), жазушы, аудармашы, сыншы, қоғам қайраткері. Абайдың інісі Ысқақтан туған Кәкітайдың баласы. Студенттік өмір Ө-пен бірге өткен. 1907–1912 ж. Семейде оқып, білім алған. Негізінен қаржы-экономика саласында қызмет істеген. 1920 ж. Ташкент қаласына келіп, «Сана» журналын шығарып, Қазақ балаларына арнап «Біздің ауыл» (М. Өуезовпен бірге, 1925), «Өзбекстандағы қазақ балаларына жаңа әліпби» (1927) оқулықтарын жазған. Аудармамен шұғылданған. Жазықсыз жаламен Ө. екеуі бірге ұсталып, 1930–32 ж. түрмеде жатқан. Алматыда Халық ағарту комиссариатында істеп жүргенде қайтадан ұсталып, қызыл қырғынның құрбаны болды. Балалары Марат, Динара, Роза Алматыда тұрады, қарындасы Сәйда – тарихшы Ө. Жиреншиннің зайыбы. Д. өзінің «Бәйбіше-тоқал» («Ақ жол», 1923, 23 желтоқсан), «Қорғансыздар» («Сана», 1924, №2–3) мақалаларында Ө-тің пьесасын пайымды пікірмен талдап, сындарлы ойлар айтқан.

*Н. Ақбай.*

**«ДАҢҚТЫ КАНАЛ»** («Канал народной славы»), жазушының шағын мақаласы. «Литературная газета»ның 1952 жылғы 26 шілдедегі санында жарияланған. Онда кеме қатынасын реттеу үшін салынған Волга-Дон каналының ашылуына байланысты жазылған. Ө. онда кеңес адамының ұлы өзгерістерді өмірге әкелу арқылы әлемдік картаға, біздің қоғамға өзгерістер енгізгенін мақтанышпен айтқан. Осындай ұлы өзгерістермен қатар, автор тек әдебиет пен өнер саласында ғана емес, өмірдің кез келген елеулі жаңалығын да назардан тыс қалдырмаған.

*Б. Мамыраев.*

**ДАРА АҚЫНДЫҚ**, өлеңдері белгілі, авторлығы анық, даусыз шығармалары бар ақын. Негізінде 18 ғасырдан бастап қалыптасқан. Бұған дейін Сыпыра жырау, Шалғез жырау сияқты бірер ғана дара ақындар белгілі болды. «Қазақ ССР тарихының» 1-томының (Алматы, 1957) «XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қазақстан мәдениеті» тарауына жазған «XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» мақаласында: «Дара ақындық творчествоның туып, дами бастауы» деген тақырыпша бар. Мұнда ақындық өнердің анонимдік кезеңнен өте бастауына шолу жасап: «Өсіресе XIX ғасырда ғана орыс ғалымдары мен қазақ интеллигенциясының кейбір өкілдері ақындардың, суырыпсалма өлеңшілердің, жыраулардың өлеңдері жайында мәлімет жинап, олардың шығарған өлеңдері мен жырларының текстерін тіпті жаза да бастады. Ақындар мен жыраулардың кейбіреулері өздерінің шығармаларын ездері жазып отырды, соның арқасында олардың өлеңдерінің өз текстері сақталып қалды. XIX ғасырдың орта шенінен бастап жеке ақынның өлеңдері мен жырлары жариялана бастады. Мұның өзі жеке адамның поэзиялық творчествосының туып, дами бастаған кез болды» деп, дара ақын тұлғасының тарихи-шығармашылық эволюциясына қысқаша шолу жасап, анықтама дәрежесіндегі тұжырым шығарған. Осы мақалада дара ақындықтың

алғашқы өкілдері ретінде Бұқар жырау, Тәтіқара, Үмбетей, Шал, Көтеш, Жанкісі, Ақтамберділерді атаған. Ө-тің халық ауыз әдебиетіне арналған басқа еңбектерінде «дара ақын» терминіне арнайы тоқталмағанмен, аты белгілі ақындық өкілдерінің алғашқыларына арнап көптеген мәліметтер берген, әдеби танымдық, сыни ойлар айтқан.

**«ДАРА АҚЫНДЫҚ ТВОРЧЕСТВОНЫҢ ТУЫП, ДАМИ БАСТАУЫ»**, жазушының мақаласы. 1957 ж. шыққан Қазақ ССР тарихының 1-кітабына жазған (378–381-беттер). Ө. – осы еңбектің редакция алқасының мүшесі. Мақала кітаптың «XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы Қазақстан мәдениеті» атты 16-тарауында «XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» деген бөлімде берілген. Мақалада алдымен 18 ғасырға дейінгі көптеген ақындардың өмірі жайындағы деректердің, жазбалардың жоқтық қасы екендігі айтылған. Тек 19 ғасырдан бастап қана көбіне орыс интеллигенциясы тарапынан қазақтың ақын-жыршылары туралы деректер жиналып, шығармалары жазылып алына бастады дейді. «Ақындар мен жыраулардың кейбіреулері өздерінің шығармаларын өздері жазып отырды, соның арқасында олардың өлеңдерінің өз тексті сақталып қалды. XIX ғасырдың орта шенінен бастап жеке ақындардың өлеңдері мен жырлары жариялана бастады. Мұның өзі жеке адамның поэзиялық творчествосының туып, дами бастаған кезі болды». Осындай ақынның бір мысалы ретінде Бұқар Қалқаманұлын алған. Туған-өлген жылдары, туған жері, өскен ортасы жайында айтып, біраз шығармаларын талдаған. Өмірі жайлы мәліметтері аз болғанмен, бірен-саран шығармалары, өмір сүрген дәуірі белгілі ақын жыраулар ретінде Тәтіқара, Үмбетей, Шал, Көтеш, Жанкісі, Ақтамберділерді атап, қысқа мәліметтер берген. Бұларды қазақ әдебиетіндегі дара ақындықтың бастаушылары деген. «Жыраулардың өлеңдері өзінiң көркемдік жағын алғанда, одан бұрынырақ кезеңдегі өлеңдерден анағұрлым жетіле түскен өлеңдер. Қазақ ауыз әдебиетінің негізгі белгілері мен дәстүрлерінің бәрін сақтап қалған бұл өлеңдерде жазба поэзияға тән элементтер бар» екенін дәлелдеп, жыраулық поэзия жөнінде дәл тұжырымдар жасаған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ДАРВИН** Чарлз Роберт (1808–1882), ағылшын табиғат зерттеушісі, жануарлар мен өсімдіктердің тарихи дамуындағы табиғи сұрыпталу жөніндегі ілімнің негізін қалаушы. Дүниені танудың идеалистік және материалистік бағыттары пайда болды. 20 ғасырдағы ойшылдарды қатты толғандырған бұл мәселеге Абай да ерекше назар аударып, өзінше зерттеуге ұмтылушы танытты. Ө. ұлы ақынның бұл шешімге келу жолына терең үніліп, Абай Дарвинді оқуға мықтап даярланбай кірісуге болмайды деп қараған деген пайымды дәлелдер айтқан.

*Т. Жұртбай.*

**«ДАРҚАН ДАРЫН»**, жинақ. Ө-тің 100 жылдығына байланысты Шымкенттегі «Жібек жолы» баспасы 1997 ж. шығарған. Ө. туралы деректі естелік пен ғылыми-зерттеу мақалалар топтамасы. Авторы – Г. Жарқынбекова-Смағұлова. Көлемі 12 баспа табак, таралымы 1000 дана. Суреттері бар. Кітап екі бөлімнен тұрады: 1-бөлім «Оңтүстік сапарлары» деп аталатын деректі естелік. Бұл автордың 1972 ж.

«Жазушы» баспасынан шыққан «Жазушы сапарда жүр» атты естелік кітабының еңделіп, толықтырылған түрі. 2-бөлім «Ғылыми-зерттеу мақалалар» деп аталып, «Абай жолы» романындағы ұлттық салт-сана», «Өскен өркен» осылай туды», «Ұмытылмас күдіретті тұлға», «Ұлы перзент туралы пікір», «Ұстаз бен шәкірт», «Көрнекті сыншы-ғалым», «Өмірі өнегелі жандар» деген мақалалар енген.

*К. Сыздықов.*

**ДАРОНЯН** Сергей Карпович (1925 ж. т.), армян әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымының докторы, профессор. «Микаэл Налбандян», «Мирза Ибрагимов», «Түгелбай Сыдықбеков» т. б. монографиялар мен зерттеулер жариялады. Ө-пен шығармашылық және достық қарым-қатынаста болған. Олардың достығы 1955 ж. «Абай» диафильмін түсірген кезден басталған. «Индия университеттерін аралап» деген мақаласында ұлы жазушының Үндістанға барып-қайтқан сапарынан кейін, Мәскеу студенттерімен кездескені жөнінде қалам тербеген («Московский университет» газеті, 1955, 19 наурыз). «Ұлы халықтың ұлы перзенті» атты естелігінде заңғар суреткердің кішіпейілділігі, асқан білімі, асқар дарыны туралы ақтарыла жазды («Социалистік Қазақстан», 1970, 20–21 маусым). 1956 ж. 7 шілдеде Ө-ке жазған хатында «Абай» диафильмінің жарыққа шыққанын хабарлап, Мәскеу баспасынан жарық көретін қазақ әдебиетінің антологиясына алғы сөз жазуды өтінеді («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 540–541-беттер). Ал Ө. 1954 ж. 24 маусымда Д-ға жазған хатында Москвада шығатын «Абай жолының» «нағыз лайықты басылыммен, жақсы көркемделіп» шығуына, Д-ның өзінің редактор болуына тілек білдірген.

*Н. Бауған.*

**ДАСТАН**, әдебиет жанры. Фольклордың саласына жатады. Таяу Шығыс, Орта Азия, қазақ халықтары арасында кең тараған. Тақырыбына қарай қазақ Д-дары батырлар жыры («Алламыс»), тарихи жырлар («Бекболат»), ғашықтық жырлар («Қыз Жібек»), қиссалар («Тотының тоқсан тарауы») болып бөлінеді. Кеңес заманында еңбек ерлеріне, Отан соғысы батырларына, партия қайраткерлеріне арналған авторы белгілі Д-дар шықты. Мысалы, Жамбылдың «Замана ағымы», Н. Байғаниннің «Қанды жорық», Қ. Жапсарбаевтың «Капитан Гастелло» дастандары т. б. Д-ның тілі шұрайлы, онда бейнелі сөздер көп кездеседі. М. Ө. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясының «Абайдың поэмалары» тарауында Д-ның негізгі оқиғасы шығыс аңыздарына құрылатындығын, оны Абайдың жаңғыртып, «анық қазақтың өз үлгісіндегі дастандар түрінде» жазғанын мысалға келтірген. «Абай шығыс әдебиетіндегі ұлы классиктер мол баяндаған күйге түгел тоқтап, бағынып қалмайды. Ол аңызды өзінше, көп жағынан өмір шындығына жақындатып, реалистік стильге бұрады».

**«ДАСТАННАН ДРАМАҒА»**, монография. Авторы *Е. Жакыпов*. 1979 ж. «Ғылым» баспасы шығарған. Кітап халық фольклоры негізінде жазылған пьесаларды зерттеуге арналған. Бұл орайда автор Ө., Ж. Шанин, Анненкова-Бернард, С. Камаловтардың драмалық туындыларын салыстыра қарастырып, дәстүр мен жаңашылдық проблемаларына да назар аударған. Ұлы драматургтің «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан», «Бекет», «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесаларын фольклорлық тәркіндерімен жан-жақты салыстырылып, шығармаларға арқау



болған оқиға желілерінің эпос сюжетімен байланысы, эпостық жыр қаһармандықтарының пьесадағы бейнелері, образдың тарихилық сипаттары әр қырынан қарастырылған. Кейіпкерлердің даралық мінездерін танытатын шұрайлы тіл кестелерінің, суреткердің шебер сөз өрімдерінің бастау кездері шынайы талданып, ашылған. Зерттеуші дастан мен драманың бір-біріне сыбайластығын ажыратып, ара қатынасын тапқан; сонымен бірге жазушының шығармашылық лабораториясын тексеріп, оның теориялық және практикалық маңызын ашып көрсеткен. Сөйтіп Ә. бастаған фольклордағы пьесалар дәстүрінің қалыптасуы мен даму барысына жан-жақты ой жүгірткен, фольклорлық драмадағы ол салған дәстүрді үлгі етіп ұсынған. Бұл дәстүр – өміршең, себебі мұның өміршеңдігін пьесалармен қоса, либретто, киносценарийлерге де ауысып отырғаны дәлелдейді, яғни бірізділікке «қарсы» болған деп түлей ойын ғалым. Монография жоғары оқу орындарының студенттеріне, оқушыларға, аспиранттар мен ғылыми қызметкерлерге арналған. Көлемі 7,7 баспа табақ, таралымы 2500 дана.

*Н. Ақбай.*

**ДАУАНИ** Ғұламаһи (шын аты: Жалал-ад-дин Мұхаммед ибн Асхад ад-Дауани, 1427–1502), парсының ғұлама ғалымы, ақын, философ. Атақты «Ахлақ-и Жалаһи» кітабын түркінің аққойлы табынан шыққан әмірші Ұзын Хасанның (1453–1478) өтініші бойынша Насириддин Тусидің «Ахлақ-и Насири» атты кітабының негізінде 1478 ж. жазды. Оның бұл кітабы кейін «Мораль философиясы» деп аталған мінез-құлық, өзінді-өзін тану және тәрбиелеу қағидалары туралы ілімнің негізіне айналды. Ә. өзінің «Абайдың өмірі мен ақындығы» (1933), «Абайдың өмірбаяны» (1944), «Абай еңбектерінің биік нысанасы» (1945), «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» (1945, ғылыми мақала), «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» (1959, монография), «Абайтану», «Абайдың өмірі мен еңбегі» («Абайтану дәрістері», 1994) атты еңбектерінде көнінен талдау жасап, Абай: «Мантық (логика), философия, ахлақ (мораль) философиясын да білген. Ертеден бергі Шығыс ғұламаларының көп еңбектерін бертін уақыттарда да үнемі зерттеп отырған» деп («Абайтану дәрістері», 1994, 123-б.) пікір білді. Жазушы-академик Д-дің мораль философиясының Абайға өте терең ықпал еткенін абайтану саласындағы зерттеулерімен қоса «Абай жолы» роман-эпопеясында да ғұламаньң ғылыми пікірлерін Абайдың ой толғамы мен пайымдауы мен авторлық текст арқылы баяндап, түсіндіріп отырады. Ақынның «Қарасөздері» мен өлең-дастандарындағы мораль философиясы, тәрбие, мінез, ғылым туралы көзқарастарын талдай келіп, Ә. Абай Шығыстың ғұлаамасы Дауаниді айтып отырып, жастарға ызасыз, тек ағаның ініге айтатын ақылын айтады деп пікір білдірді («Абайтану дәрістері», 1994, 50-бет).

*Т. Құдакөлдіұлы.*

**«ДАУЫЛ»**, жазушының тұңғыш әңгімесі. Қолжазба күйінде қалған. Түпнұсқасы сақталмаған, ешқандай баспасөз бетінде жарық көрмеген. Әңгімені Семейдегі бес сыныптық училищеде оқып жүрген кезінде жазған. Әдебиет пәнінің мұғаліміне еркін тақырыпқа жазылған шығарманың орнына ұсынған. Тақырыбы «Менің өмірімде болған бір оқиға» деп аталады. Шағын суреттеме орыс тілінде жазылды. Әңгіменің қысқаша мазмұны мынадай: Жаз. Жайлау. Ауыл. Мәре-сәре болып дуылдасқан ауыл адамдары. Бала-шағалар да мәз-

мәйрам. Кенет ауа тымырсықтанып, аспан демін ішіне тарта қалады. Батыстан қара бұлт түйіліп келіп, оқыстан дүрлідте соққан дауыл ауылдың астан-кестенін шығарады. Киіз үйлерді жел ұшырып әкетеді. Қазан-ошақтар төңкеріліп, айнала тып-тыпыл болады. Улаған-шулаған ел. Жылаған бала. Маңыраған қозы, мөңіреген бұзау, айғайлаған кемпір-шалдардың дауысы. Азан-қазаны шыққан ауылдың арпалысы дауылмен қоса басыла қалады. Тып-тынш. Ешкімнің үні естілмейді. Әр жерде шашылған заттар. Бұтаның бастарына ілініп қалған әйелдердің жаулықтары. Аударылған киіз үйлер. Бос қалған көгендер. Әр жерде еркімдер өздерінің дауыл шашып кеткен заттарын жиып жүр. Ешкім де сөйлемейді. Бұл тырнақалды шығарма жазушының болашақтағы «Қыр әңгімелері» мен «Қыр суреттеріндегі» табиғат көріністерін еске түсіреді.

*Т. Жұртбай.*

**ДӘДЕБАЕВ** Жанғара (1948 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1992), профессор (1993), Республика ҒА-ның академигі (2003). Зерттеу еңбектерінің басты саласы – Ә-тің шығармашылық шеберханасы. «Қазіргі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М. Өуезов дәстүрі» атты оқу құралы (1981), «Мұхтар Өуезов» монографиясы жарық көрді (1997). Бұларда ұлы суреткердің шығармашылық шеберханасы мен жазушылық шеберлігі бірнеше арнада пайымдалған. Мысалы, адам жанының шындығын, сезім сырын соншалықты терең мөлдiретiп, соншалықты күрделi қарым-қатынаста, дәл осынша нақты, көзбен көрiп, iшпен бiлгендей айқын, шынайы суреттеу Ә. секiлдi сөз өнерiнiң барша құпиясына қанық, өзiн сөз өнерiнiң iлдиы мен өрiнде, шырқау биiгi мен шалқар кеңiстiгiнде бiрдей еркін сезiнетiн нағыз зергердiң, хас шебердiң ғана қолынан келетiнiн тiлге тиек еткен автор. «Әдеби шығарма» (1986), «Қазақ тарихи романы» (1987), «Шымырлап бойға жайылған» (1988), «Өмiр шындығы және көркемдiк шешiм» (1991) монографияларында Ә-тiң жазушылық еңбегi мен шеберлiгi, көркемдiк әлемi қазiргi әдеби процеспен тығыз бiрлiкте, сабақтастықта қарастырылған.

*Ш. Шортанбаев.*

**ДӘЙЕКТЕМЕ**, ц и т а т а, белгілі бір шығармадан сөзбе-сөз алынған үзінді. Ә. өзінің сан-сала зерттеу еңбектерінде, сөйлеген сөздерінде, айтпақ пікіріне бірде негіз-тірек, енді бірде өріс ретінде Д-ні жиі әрі ұтымды қолданып отырған. Ол дәйектемені сөз талғап алу (цитирование) деп атаған. Мәселенің маңыздылығын терең сезінген жазушы Қазақстан Оқу комсомариятының білім кеңесі шешімімен 1930 ж. Қызылорда қаласында жарық көрген өзінің «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программасы және түсінік хаттың» қазақ әдебиеті пәніне арналған «Суретті әдебиет туралы» деп аталатын бөлімінің «Жазу тіліне жаттығу» атты тарауында оқушылардың кітаппен жұмыс істеуінің бір түрі ретінде дәйектемеге, оның қажеттілігі мен мәніне арнайы тоқталып өткен. Бұл мәселеге ол екінші рет «Тағы да көркем әдебиет тілі туралы» деген пікір таластырған мақаласында оралып, тілшінің өзі келтірген цитата сөздерін кітаптардың бірде-бір беттерін көрсетпей пайдаланғанына қынжылыс білдіреді. «Өзің талдап отырған еңбектің ішінен сыңа алып отырған жерлерің бол-

са, оны нақтылап атап, кездеп беру әрбір айтыстың әділ шарты еді» деп, дәйектемені пайдаланды жазу, сынау мәдениетінің көрінісі ретінде бағалайды. Ө-тің пайымдауына, цитата ретінде пайдаланылған сөйлемдер, пікірлер тырнақшаға алынуы, соңынан олардың қай шығарманың қандай беттерінен алынғаны, авторы немесе кімнің пікірі, қай еңбегі екені бәрі анық, дәл көрсетіліп отырылуы керек екендігі айтылады.

*С. Мақырулы.*

**ДӘЛЕЛ, м о т и в и р о в к а,** көркем негіздеу. Ө. көркем негіздеуге өнердегі шынайылықтың бір шарты ретінде қарап, еңбектерінде пайдалы ой-пікір айтқан. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеуінде ол ғашықтық жырларының батырлық эпостан ерекшеліктерін саралай келіп, «үшінші айырмасы оларда образдар реалистік түрде сипатталады. Егер батырлық жырларда батыр бес жасқа келгенде-ақ ерлік жасап жатса, оның образы шындықтан шалғай, шартты түрде алынса, ал ғашықтық жырларының кейіпкерлері өздеріне хас қасиеттерімен көрінеді» дейді де, мұның себебі «ғашықтық жырларда дастанның оқиғалары мен кейіпкердің іс-әрекеттері психологиялық жағынан нанымды да терең мотивировка табады» деп түсіндіреді. Мұхаж ғашықтық жырлардағы мотивировка мығымдығына сүйсініп, оларды жазба поэзия өкілдеріне де үлгі еткен. «Манас» туралы орыс тілінде жазған зерттеуінде ол жырдағы сан-сала оқиғалардың негізгі тақырыппен тығыз байланыстылығын, олардың өрістеуі мен кейіпкерлер іс-әрекетінің терең, нанымды дәлел-мотивировкаға негізделгенін мысалмен дәлелдейді. Бұған дейін екі әйелі бар Манастың Қаныкей сұлға үйленуінің дәлел-мотивировкасының күшті негізделгеніне назар аударады. «Міне, осылай екенің ұлы үшін қалыңдық таңдауы оқиғаның әрі қарай табиғи өрлеуі ретінде ұғынылады», дәлделдеудің суреттелген оқиғалар мен іс-әрекеттер үшін ғана емес, алда болатын жағдаяттар мен қимылдар үшін де маңыздылығын пайымдайды. Ал орыс тілінде жазылған «Орыс реализмінің дәстүрлері және революцияға дейінгі қазақ әдебиеті» (1949) атты проблемалық мақаласының соңғы жағында кеңес әдебиетінің даму бағдарына тоқтала келе, «біздің туындыларымызда жиі кездесетін кемшіліктердің бірі – кейіпкер іс-әрекетінің ішкі психологиялық дәлелдемесін берудің орнына, біз әсерсіз, тіпті кейде бос мылжың диалогтарға үйір болғанымызға» байланысты туындаған үлкен олқылықтың себебін көрсетіп, көркем дәлделдеусіз шеберлікке, шынайылыққа жетудің мүмкін еместігін ескерткен.

*С. Мақырулы.*

**ДӘМЕГӨЙ** Мүсірәліқызы (1870–1932), Абайдың екінші ұлы – Мағауияның бірінші әйелі. Жазушының екінші әйелі – Кәмила Мағауияқызының шешесі. Абайға қатысты деректерді біразын Ө. осы кісінің аузынан жазып алған. Мінезі өжет, тура, тік сөйлейтін, адуынды адам болған. Абайдың қара шаңырағын отау ретінде ұстап қалған, ақынның кітапханасы, қолжазбалары, тұтыңған заттары, суреттері, киім-кешегі Дәмегөйдің қолында сақталып қалған. Құнанбайдың шапанын Дәмегөй Ө-ке сыйлаған. Шапанды тәбәрік есебінде әркім жыртас орнына алып кеткен. Шапанның түймесі «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қорын-

да тұр. Абай мен Мағауия туралы Д-дің аузынан жазылып алынған естеліктер Абайдың Семейдегі мұражай-қорығының қорында сақтаулы. Д. де Абай ұрпақтарымен бірге тәркіге түскен. 1927 ж. Абайдың қолжазбалары мен кітаптарын, түрлі қымбат заттарын Аралтөбедегі Ділдә мен Әйгерімнің зиратына көмдіріп кеткен. Ө арнайы экспедиция жібергенде, құнды мұралардың қолды болып кеткені анықталды. Д. Балағаш форпостында баласы Жағыпар мен қызы Кәмиляның қолында қайтыс болды.

*Т. Жұртбай.*

**ДӘРКЕМБАЙ,** жазушының кейіпкері. Ө. оны жиынтық бейнеде алған. Д-дың көп мінез, іс-әрекеттері сол өңірдегі кейбір адамдардың бойынан кездеседі. «Абай» романының жазылуы жайынан» деп аталатын мақаласында: «Бірен-саран болмаса, романдағы кейіпкерлердің барлығы түгел дерлік өмірде болған адамдар. Өрине солардың бәрі бірдей белгілі тарихи рөл атқарып жатқан жоқ, бірақ Абай айналасында өмір сүріп, тіршілік еткендер» дейді. Осындағы бірен-саранның бірі – осы Д. Тарихи рөл атқармағанмен, бұл кейіпкер негізгі қаһармандары дәрежесіне көтере суреттелген. Эпопеяда алғаш Тоқпамбет жанжалы тұсында көзге түседі. «Тай-ғақта» тарауында Қодардың құнын сұрауға Дәрменді өкеледі. «Еңісте» тарауында Семейде қалашақта жатқан Абайды босатып алуға келеді. «Қақтығыста» Д-дің ұлы Рақым суреттеледі. «Қапанда» тарауында Д-дің дүниеден өткені баяндалады. Жалпы Д. Абай жолын мықтап ұстанған, оған сенген. Қодармен туысатын Дәрменге ақылшы, қамқор адам ретінде бейнеленген.

*Т. Әкім.*

**ДӘРМЕН,** жазушының кейіпкері. Д. – типтік жиынтық бейне. Автордың шығармашылық нысанасы мен көркемдік шешіміне қызмет ететін, бір кітаптан екінші кітапқа ауысып отыратын Абайдың образын ашып, оның жан дүниесі толғанысын тереңдете жеткізу үшін ойдан жасалған көркем тұлға. Д. деген адам өмірде болмаған. Бірақ жазушы оның көркем өмірбаянына Қиясбай мен Шәкәрімнің тағдырын негіз етіп алған. «Абай» романының 1 және 2-кітабында Д. Қодардың немересі, бір көзінін доғалы бар Қиясбай ретінде таныстырылған. Қиясбай өмірде болған, Абайдың қамқорлығын көрген, сыбызғышы, палуан, шайқы мінезді, жарлы адам екен. Жазушы романды жазар алдында жасаған жоба-жоспарында, эпопея аяқталғаннан кейінгі оның жазылу тарихына байланысты мақаласында Қиясбайдың бейнесін Д. образына пайдаланғандығы туралы ескертпелер жасап отырған. Ал «Абай жолының» 3- және 4-кітабында Д-нің басынан кешірген оқиғалары мен рухани тағдыры Шәкәрімнің өмірінен алынған. Абайдың тікелей шәкірті Шәкәрімнің атын атап, жағымды кейіпкер ретінде сомдауға кеңес саясаты мүмкіндік бермегендіктен еркіс ойдан шығарылған көркем бейне ретінде суреттелген. Демек «Абай жолы» эпопеясында Д. – тарихи шындыққа негізделген типтік образдардың қатарына жатады.

*Т. Жұртбай.*

**ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҒАШЫЛДЫҚ,** әдебиет пен өнердің даму барысында сабақтастық пен жаңғыруды, мираскерлік пен қайта жасауды, бұрынғымен соңғының байланысын білдіретін ұғым. Көркем әдебиеттегі дәстүр туралы сөз бүкіл әдебиет тарихы, фольклор, этнография, өнер салаларымен тығыз байланысты. Өнердегі көркемдік әдіс

тәрізді дәстүр де көптеген субъективті факторларға тәуелді болғанмен, кең мағына тұрғысынан – объективті құбылыс. Дәстүрді қоғам және уақыт сипаты анықтайды. Дәстүрдің негізінен ең нәтижелі, ізгілікті іс-әрекет, шаралар жиынтығы, мінез-құлық, талғам, әдет, дағды есебінде атаса да жеткілікті. Тұрмыс-салт, өміртанудағы өнегелі меже, шешімдердің көріністері өте мол. Әдебиетке қатысты ойлағанда, әр буын қаламгерлердің ортақ дүниетанымы, идеялық-көркемдік ұстанымдары сол бір көзқарастағы аса үлкен дарын иесі тудырған шығармаларды үлгі, ғибрат етіп қабылдауға мүмкіндік жасайды. Ал таланттар мен озық бітімді туындылардың молдығы әдеби дәстүр қазынасының байи түсуіне кепіл. Дәстүрге соқпай, жаңашылдық туралы сөз қозғамау керек. Жаңашылдық – дәстүрдің табиғи сыңары және уақыт пен жағдай, жекелеген субъектілердің қатысу, араласу деңгейіне байланысты пайда болатын ұтымды түрдегі жалғасымдылық әрі соны мазмұн, пішіндік оралымдар. Жоқтан жаңа тұмайтын сияқты көркем әдебиеттегі дәстүр ұғымы ұзақ дәуірлерді, сан толқын жазушылардың қажырлы ізденісі мен шығармашылық табыстарын қамтиды. Ол – әрқилы кезеңдегі жекелеген суреткерлердің батыл ой, қанатты қиялдарынан қуат алған жаңашыл мақсат пен философиялық, эстетикалық тың шешімдердің іріктелген жиынтығы. Дәстүр дегенде, өнердің өрісін ұзартатын өміршен, тұғыры берік қасиеттерді еске аламыз. Махамбет, Абай, Жамбыл жырлары өздерінен кейінгі ұрпақ ақындарға жарқын шамшырақ болғаны аян. Ол жырлардан қазіргі қазақ ақындары да үйренеді, келер толқын да көңілге нәр, ойға азық алары мәлім. Ө-тің басқа дүниелерін атамағанда, «Абай жолы» роман-дәуірнамасының өзі қазақ прозасында тарихи тақырыпқа қауырт бетбұрыс жасағаны ақиқат. «Оянған өлке», «Дауылдан кейін», «Ақ Жайық», «Қан мен тер», «Махамбеттің жөбесі», «Көшпенділер», «Алтын орда» т.б. бұл саладағы шоктықты дүниелер. Өрине мұндағы дәстүр дінгеі суреттеу нысанын табу мен тарихи тұжырымдама беру орайындағы бағыт-бағдармен сабақтас.

Белгілі бір қаламгерлердің жазу тіліндегі ерекшеліктерді игеру оны түгелдей қайталау болып табылмайды. Ол мүмкін де, қажет те емес. Ө. – дарын, Ө. Нүрпейісов те талантты жазушы. Дүниетаным, көзқарас, білім, стиль, шеберлік сипаттары аралуан болып келуі заңды. Алайда «Абай жолындағы» айшықты өрнектер «Қан мен тердің» баяндау, мінездеу, кескіндеу тәжірибесіне әсер етуін маңсұқ ету қиын. Ө. тілінің бедерінен зор тағлым алғанын қазақ әдебиетінің классигі *Ғ. Мұстафин* ашық айтады. Тіпті бүгінгі күн тақырыбын арқау еткен *З. Қабдоловтың* «Біз жанбасак» романында Ө-тің сөз сипаттау бедерлерінен үйрену нәтижелері көп. Ұлы адамдар өміріне барлау жасайтын, жалпы тарих қатпарларын ақтаруға бел шешетін қаламгерлер қатары сиремесі мәлім. Ондай туынды (мәселен, «Аққан жұлдыз», «Абайдың жұмбағы») жазылған күнде тура осы қалпында дүниеге келмес еді. Алдыңғы шығарма соңғы туындыға әрі сабақ, әрі тосқауыл болады. Еліктеу дәрежесінде қалу ілгері басушылық емес, өнерпаздықпен үйрене отырып, талант жарыстыра, еркіндікпен қарымды ой толғау, сырлы сурет салу – ішкі мүмкіндіктердің толысымыз жүзеге асып, соны бедерлер таба алмауының белгісі. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде Абай:

Мұны жазған білген құл –  
 Ғұламаһи Дауани,  
 Солай депті олшыныңыл.  
 Сөзін оқы және ойла,  
 Тез үйреніп, тез жойма.

Жас уақытта көңіл – гүл, – дегенде осы жыр жолдарына мазмұндық тұрғыдан үлгі тұтқан данагер жанның есімін атап, бағасын береді. Бірақ, Абай ешкімді жолма-жол көшіріп отырмаған, танып, білген ақыл дәстүрін ұлттық нанымға лайық жаңашыл леппен өзгерте, түрлентіп жеткізеді. Жаңа ахуалға сәйкес тың сезіммен нақыш кестелері көмескіден келе жатқан толғамдарды көңіл демімен тіріліп, бар мағынаны нақтылық бедерлерімен байытады. Абай Ө-тің өмір жолын, шығармашылық тұрғысын айқындауда, жеке тіршілігінде ерекше орын алады. Ал Мұхқан Абай мұрасы мен өнерін зерттеуші, ұлы ақын жайлы сан алуан туындылар беруші ғана емес, саналы ғұмыр салтында Абай дәстүрін ұстанушы да. Бұл қасиет өлең жазудан емес, тіршіліктің мәні адамдық мұрат, әлеуметтік заңдылықтар, жеке тұлғалардың өзара қарым-қатынасы, құқық, мораль, өнер, философия әрі эстетикалық сезім туралы көзқарастар бірлігінен байқалады. Ө. шығармашылық тәжірибесінде *Л. Толстой*, *Ф. Достоевский*, *И. Тургенев* әсерін мол сезінгені айқын *А. Чехов*, *М. Лермонтов* және әлемдік прозаның барша үздік үлгілерімен таныс болды. Ө-тің жеке кітапханасында бірталай модернистердің туындылары бар. Өсіресе «Абай жолында» әке мен бала қарым-қатынасына көркемдік тұжырымдама беруде қазақ суреткері ұсынатын Болконский немесе Кармазовтар әулетіндегі хал-ахуалдан әлдеқайда өзгеше сипаттарымен дараланады. Бұл тұста мінез, машық алшақтауы ғана емес, ой, таным, мүдде бірлігі де, сыйластық, қадірлеу сарыны байқалатынын да көркем мәтін астарына мән бермейтін сыншылар аңғармай өтеді.

Ө. «Көксеректі» жазғанда *Джек Лондонның* «Ақ азуы», *Л. Толстойдың* «Холстомери», «Булькасы», *А. Чеховтың* «Аққасқа», «Каштанкасы» өбден білген. Алайда осы шығармалардағы жағдаяттар мен идеялардан өзгеше сырлы, тілге де, ойға да бай үздік туынды берді. Ол авторлық баяндаудағы соншалық ұстамды бейтараптылықпен ой-сезім полифониясынан, градациялық, кереғарлық бейнелеу тәсілдерінің ұтымдылығынан, өмірге философиялық көзқарасының ашық айтылмайтын көп мәнділігінен, мәтін семантикасының байлығынан аңғарылады. Ұлттық және әлемдік әдебиетіміздің барша құнды жетістіктері – болашақ ізденістерге меже. Өр кезеңдегі жаңашыл қадамдар дәстүр қазынасына үлес болып қосылады. Дәстүр жаңашылдыққа келіп тіреледі, жаңашылдық өзгеше түр алып, дәстүр қойнауынан шығады да, қайталай, дәстүр тармақтары ұлғайтады. Көркем әдебиеттегі жаңашылдық дәстүрге қарама-қарсы ғана емес, белгілі бір уақыт мөлшерінде алыстай көрініп, кейіннен алғашқы туындымен ұнасымды бірлікке жететін, оны көріктендіретін, кейінгі озық тәжірибелер үшін толтық қайталау рәсімінен тартыну қажеттілігін түсіндіретін ыңғайлас, салалас ұғым. Жаңашылдық соны идеялық-көркемдік ізденістермен толығады. Тақырыптың жаңалығы бәрін анықтаймайды. Жаңалық жазушының өмір құбылыста-

рына келу тұрғысынан, көз көрген, естіген фактілерді қорыту, ойлау аңсары мен суреттеу ұстанымдарынан, белгілі бір идеяны жеткізу ерекшеліктерінен аңғарыламыз. Бұған кейіпкер таңдау, сюжет, композиция құру тәрізді жазушының дара стиль өзгешеліктері де қосылады. Әр автордың тың сапалы шығарма беруге ұмтылысы әрдайым дәстүр сабақтарымен астасып жатқанда ғана жемісті. Адам характерін ашуда, қаһарманның жан дүниесін, рухани әлемін бейнелеуде классика үлгілерімен есептеспейтін қаламгер жок. Ұлы суреткерлер шығармаларымен үйрену мақсатындағы, саналы түрдегі таныстық болмаған күнде де, іргелі өнердің ықпалдық күші сол өнерден тағылым алған басқа қаламгерлер шығармашылығы арқылы келуі әбден мүмкін. Құнарлы көркемдік-эстетикалық пішінді ізденістер – әдеби даму сипатына тән қасиет. Дәстүрге беріктік бар үрдіспен шектелуде емес, сол ауқымда қалыптасқан әдіс-тәсілдерді, мазмұн болмысын толықтыру мен жетілдіруді көрсетеді.

Ә. дәстүрінен үйренбеген жазушылар аз. Ол әсіресе тіл қолданыстары мен нақты бір нысанды жанжақты суреттеу стилінен байқалады. Сонымен бірге ұлы қаламгердің өмір, әлем жайлы дүниетанымдық тұрғысы, этикалық, ғұрып-салттық талғам өлшемдерінен, авторлық бейнелеу тұрғысынан әсер алып, оны меңгеру, еліктеу әрі жаңғыртуға талпыныс әрдайым жалғасып келеді. Алайда Ә. қайталанбайды. Дәстүр мен жаңашылдық ілкідегіні қайталай отырып, қайталамау ережесіне құрылады.

*Б. Майтанов.*

**«ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАЙЫНДА»**, жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1960 жылғы 28 тамыздағы санында жарияланған, бұдан соң «Әр жылдар ойлары» (1961) жинағында басылған. Мұнда қазақ әдебиетінің өскелең жолын саралап, қорытындылаған (теориялық) күрделі ойлар бар. Ә-тің «Дәстүр – болмысты көркем образға айналдырудың ғасырлар бойы машықталған тәсілдерінен және айналмамызды қоршаған қоғамдық орта мен табиғатты ой таразысына сала отырып бейнелеудің ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан қағидаларынан құрылады» (12 томдық шығармалар жинағы, 12-том, 509-бет) деген анықтамасы дәстүрдің заңдылықтарын ашатын тұжырым. Бұл еңбекте қазақ көркемсөз өнеріне тән дәстүр мен жаңашылдықтың бірнеше қырлары көрсетілген. Соның бірі қазақ әдебиетінің ауыз әдебиеті мен жазба кәсіби (профессионал) әдебиетінен нәр алып, қос арна болып дамып келе жатқандығы. Қазақ фольклорының сұрыпталған шебер тілі, халықтың үміт, арманын бейнелейтін үрдісі, кең ауқымды толғамдылығы Абай Құнанбаев бастаған классикалық әдебиетімізге игі әсер тигізген. Сондай-ақ кеңес дәуірінде көркейіп дамыған жазба әдебиет халық ақындарының, соның ішінде Жамбыл Жабаевтың шығармашылығын байытуға зор ықпал еткен – Ә. қазақ кеңес әдебиетінің жетілуіне, жанрлық жағынан түрленуіне, жаңа сапалар табуына орыс әдебиетінің тәсілі, үлгісі болғанын атап өтеді. Қоғамдық өзгерістердің нәтижесінде әдебиеттегі көне дәстүрлердің кейбіреулері жоғалып, оның орнына өміршен жаңа бағыттар келетіні де жалпы заңдылық. Жаңа дәстүрлер шебер суреткерлердің ізденістері арқылы то-

лысып, түрленіп отырады. Қазақ кеңес поэзиясы мен прозасы әлемдік әдебиеттің тәжірибесін де пайдаланып, жетілген. Ал драмалық шығармалар, әдеби сын дәстүрі, негізінен алғанда, кеңес дәуірінің жемісі болып табылады. Жазба әдебиеттің ең күрделі жанры – романшылықтың қалыптасуына да төл дәстүрімізбен қатар жаһан әдебиетінің де әсері тиген. Тың жанрлардың пайда болуы, көне жанрлардың жаңғыруы, ауызша және жазбаша көркем шығармашылықтың бірін-бірі байытуы ортақ заңдылықтай құбылыс. Дәстүр мен жаңашылдық қазақтың көркем әдеби тілінің қалыптасу процесінен де көрінеді. Сонымен: 1. Халықтың ақындық шығармашылығы, оның жанрлары мен түрлері, ақындардың стилі мен қолжазбасы жүздеген жылдарда қалыптасып, дамып отырады; 2. Қазақ әдебиеті өзінің даму процесінде тап дәстүрлерімен қатар шығыстың, орыстың, еуропалық жалпы жаһан әдебиетінің көркемдік жетістіктерінен де сүйенеді, жаңа сипаттар табады; 3. Жазба әдеби тіл де ақындар, жазушылар шығармашылығының ілгерішіл үрдістерін сұрыптап, жетілдіреді.

*Р. Бердібай.*

**ДӘУЛЕТКЕРЕЙ** Шығайұлы (1820–1887), күйші, композитор, домбырашы. Д-дің жастық жалының әсерінен туған «Қыз Ақжелең», «Қос алқа», «Ақбала қыз», «Көркем ханым», «Қаражан ханым», әлеуметтік-саяси құбылыстардың көріністерін суреттеу «Мұңды қыз», «Жұмабике», «Қарақожа», «Жігер» және басқа да өмір тіршілігімен байланысты шығарған 40-қа жуық күйлері бар. Қазақ өнерінің өткендегісі мен бүгінгісі, әншілер мен күйшілердің өмірі мен туындылары жайында толғана сыр шерткен М. Әуезов: «Қазірде көп жазылған Батыс Қазақстан күйлері жөнінде де ескертпелі келген кемшіліктер бар. Жазылған күйлерде бәрі де болған күйші композитор Дәулеткерей, Құрманғазы атымен ғана байланыстыра терілген. Олардан бұрын ескі замандарда туған Батыс Қазақстан күйлері аз ескерілген» – дейді (М. Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы, 17-том, 186-бет).

*З. Қоспақов.*

**«ДВОРЯН ҰЯСЫ» РОМАНЫНЫҢ АУДАРМАСЫ ТУРАЛЫ**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Әдебиет және искусство» журналында жарияланды (1952, № 9). Кейін И. Тургеневтің осы романы қазақ тілінде басылым көргенде кіріспе орнына берілді. Ә-тің «Уақыт және әдебиет» (1962, 350–354-беттер), 20 томдық (14-том, А., 1983, 292–297-беттер) шығармалар жинақтарында қайта жарияланды. Мақалада орыс халқының классик жазушысы Тургеневтің бұл романын қазақ тіліне тәржімалауды көптен мақсат етіп келгенін, көркем аудармадағы бұрынғы тәжірибелеріне «өзімше жаңалық ретінде қостым деген ізденулерім бар» деп, оны оқырман көпшіліктің сынына жазмақ ойымен аудармаға кіріспе ретінде әдейі салып отырғандығын ескертті. Автор негізгі мәселеге көшуден бұрын роман туралы аздап тоқталып өтеді. Бұл роман Тургеневтің аз уақыт ішінде жазған бір топ романдарының «ең көрнекті, көркемінің бірі» деп бағалап, оны А. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының дәстүрі жанластырғандығын халық өмірін шынайы суреттеуі, кейіпкерлер арнасының үйлестігі, көркемдік ерекшеліктерінің үндестігі арқылы дәлелдей келіп, шығарманың «Орыс әдебиетінің тарихында қарасөзбен жазылған поэма» екендігін атап көрсетеді. Одан әрі романды аудару арқылы

асыл нұсқаның шеберлігін үйренуге және оның ерекшеліктерін оқушы жұртшылыққа дәл өз қалпында жеткізуге тырысатынын айта келіп, «дәл аудару дегенді мен сөйлеміне сөйлем орай етіп аудару деп түсінемін... Сөйлемін дәл беру жазушының стилін дәл беруге төтелей себепші болады» дейді. Ол үшін аударып отырған шығарманың кей-іпкерлерінің немесе автордың аузына қазақтың мақал-мәтелі сияқты ерекше, қазақша әшекей бояуларды салмау керек. Қысқасы, қазақ тіліне аударылғанымен, Тургенев шығармаларына қазақтың тон-тымағын кигізу керек емес» деген өзінің табанды пікірін ортаға салады. Кезінде, кейінірек те Ө-тің бұл пікірі мен осы аудармасы әдеби жұртшылық назарын өзіне аударып, түрлі пікірлер айтылған. Дегенмен Ө-тің аудармада өзі ұстанып, ұсынып отырған табанды пікір-көзқарасын терістеуге ешқандай негіз жоқ. Синшылардың ұғымдылық, көркемдік деп отырғаны дәлдікке қайшы емес. Кейде түпнұсқаның да ұғымдылығы мен көркемдігі әр түрлі дәрежеде кездеседі. Сондықтан көркем аудармада, ең алдымен, дәлдік деген талапты қойып, сонан соң ұғымдылық, көркемдік жағын қарастыру қажет.

*К. Сыздықов.*

**«ДЕГЕЛЕҢ ДҮРБЕЛЕҢ»**, көтеріліс. 1-дүниежүзілік соғыс майданындағы тұл жұмыстарына қазақтан адам алу туралы Ресей патшасы, II Николайдың 1916 жылғы «Июнь жарлығына» байланысты ұйымдастырылған. Семей облысы Қарқаралы уезіне қарасты Абыралы, Шыңғыс, Семейтау өңірін мекендейтін қазақтар Дегелең тауына жиналып, әскерге адам бермеу туралы уағда жасасты. Жазалау жасақтарымен қарулы қақтығыстарға барды. Болыстың тізімін жыртып, кеңсе үйлерін өртеді. Жұрт мұны «Д. д.» деп атап кетті. Бұл оқиға болған кезде Ө. сол өңірде Икенің ауылында бала оқытып жүрген еді. Кейіннен сол оқиғаны «Түнгі сарын» пьесасына арқау етті.

*Б. Көмеков.*

**ДЕКАРТ** Рене (1596–1650), француз ғалымы, философ, математик, физик және физиолог. «Әдіс жөніндегі пікірлер», «Бірінші философия жөніндегі ойлар», «Философия бастамасы» т. б. еңбектерінде адамзаттың дүниені тану жолдарын түсінудің тың тұжырымдарын жасады. Абай Д-тың еңбегімен жете танысып, оның жан мен тән, индукция мен дедукция, алланық ақиқаттығы, ғылымның адам игілігіне қызмет етуі тиіс деген тұжырымдарын қостады және ол туралы «Қарасөздерінде» өз көзқарасын Шығыс философиясымен байланыстыра отырып пікір білдірді. Ө. абайтану саласындағы барлық еңбектерінде Д-тың Абайдың философиялық көзқарастарына әсерін ерекше атап өтеді. Ол «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты (1959) монографиясында Абайдың да «терең ойдың телміріп соңына ермей», адам жаратылысы туралы дуалистік жолда болғанына, жана идеалистік санадағы Д-қа көбірек жақындағанына талдау жасайды (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 20-том, 166-бет).

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ДЕЛЬВИГ** Антон Антонович (1798–1831), орыс ақыны. Д-тің өлеңдерін Абай жақсы білген. Оның «Сұрғылт тұман дым бүркіп, барқыт бешептен сулайды» атты өлеңін еркін аударған және оған ән жазған. Абай өлеңдерінің 1957 жылғы Ө. жетекшілік еткен басылымында ғана бұл өлеңнің Д-тікі екені айтылған. Онда бұл шығарма «Не осенний

мелкий дождичек» деп басталатын орыс халық өлеңінен (сөзі А. Дельвигтікі, музыкасы М. И. Глинканыкі) жалпы мағынасы сақталып өте еркін аударылғанын, бүтіндей алғанда, өлең аударма көлемінде қалмай, тың, жаңа шығармаға айналғанына түсініктеме береді (Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, 1957, 232-бет). **ДЕРБІСӘЛИН** Әнуар Жақсығалиұлы (1929–1986), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1969), ҚазКСР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1983). Түркі жазба ескерткіштері, қазақтың ақын-жыраулары жөнінде «Ыбырай Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» (1957), «Ыбырай Алтынсарин» (1965), «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» (1966), «Мезгіл жөне қаламгер» (1968), «Дәстүр мен жалғастық» (1976) атты зерттеулері жарияланды. Ғылыми еңбектерінде үнемі Ө. айтқан пікірлер мен тұжырымдарға сілтемелер жасап, жүгініп отырған. «Әдебиет ғылымының үлкен табысы» деген мақаласында ұлы суреткердің «Әр жылдар ойлары» атты жинағын қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған үлкен табыс деп бағалаған («Қазақ әдебиеті», 1959, 25 желтоқсан). **ДЕРБІСӘЛІ** Әбсаттар қажы (1947 ж. т.), Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти (2000), шығыстанушы ғалым, филология ғылымының докторы (1988), профессор (1989). Д-нің ислам діні, оның бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтары, республика мұсылмандарының діни-рухани өмірі, араб және қазақ мәдениеті мен әдебиеті туралы 600-ден астам мақалалары жарық көрді. Академик Ө. Марғұланмен сұхбаттасып, оның Ө. жайлы айтқан құнды естеліктерін «Жалын» журналында жариялады. «Бұһран әл-Хатиб» мақаласында Ө-тің «Абай жолы» эпопеясы мен «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің араб тіліне аударылуы хақында жазды. Д. өз мақаласында араб оқырмандарының қазақ жазушысының шығармаларын қызыға қарсы алғанын атап өтіп, Ө. «Абай жолы» туындысы арқылы халқымызды әлем мәдениетінің асқар шыңына жетеледі деп тұжырымдайды.

*Ө. Пірманов.*

**ДЕСНЯК** Олекса (шын аты-жөні: Алексей Игнатьевич Руденко; 1909–1942), украин жазушысы. Шығармаларында азамат соғысы, колхоз өмірі, кеңес өкіметінің орнауы суреттелген. «Батальондар Деснадан өтті» (1937), «Тимофей Черняктің полкі» (1940) романдары, «Удай-өзен» повесі (1938) т. б. жарық көрді. Ө. «Социализм дәуіріндегі Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиеттерінің дамуы туралы» мақаласында (Е. Лизуновамен бірге) Украин жазушысы О. Десняк «Торғай қыраны» повесінде Азамат соғысындағы қазақ батыры Амангелдінің образын суреттеген, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты дұрыс көрсеткен деп жазды.

**ДЕТАЛЬ**, көркем шығармада белгілі бір мағыналық, идеялық-эмоционалық жүк көтеріп тұрған көркемдегіш құрал. Ол бірер сопы сөз, сурет-деректеме арқылы берілуі мүмкін. Д-да аз ғана сөз суретке айналып, оқырманды әсерлі сезімге бөлейді, шындықтың ой-қырын ашады, яғни шындыққа жанасымды келеді. Мысалы, эпопеяда келіні Қамқа қайтыс болған күйеуінің түсіне кіргенін айтып толқығанды, атасы Қодар: «Түс шіркін бұбаныш па, тәңір-ай» деп қысқа қайырады. Бірақ бұл жай ғана айтылған сөз емес, қыр елінің қатыгез тұрмысы-

нан хабар беретін Д. Мұның соңы Қамқа мен Қодардың ахалымен бітеді («Қайтаңда»).

**ДЕТЕКТИВ**, әдеби жанр. Мұнда шығарманың желісі шытырман оқиғаға құрылады. Шығарманың желісіне әдетте қылмыстық оқиғалар арқау етіп алынады. Детектив жанры өз ішінде тақырыптарына байланысты қылмыстық, фантастикалық, саяси, хроникалық т. б. детектив деп бірнеше салаға бөлінеді. Тарихи оқиғалар мен аңызға құрылған көркем туындыларда да детективтік нышандар кездеседі. Мысалы: Ө-тің «Қасеннің құбылыстары» мен «Бүркітші» әңгімелерінде детективтік сипат бар. Онда ізін жасырған шекара бұзушыларды ұстау және жасырынып жүрген «ұлтшылдарды» әшкерелеу оқиғасы баяндалады.

*С. Жұртбай*

**ДИАЛЕКТ**, жалпы халықтық, ұлттық тілдің өзіндік ерекшелігі бар бөлігі, тармағы. Ол жергілікті сөйлеу тілі (говор) деп те аталады. Онымен халықтың белгілі бір тобы ғана сөйлейді, ол жалпы халықтық тілге бағынады. Д. сөздер жалпы ұлттық тілдің аясына кіре отырып, әдеби тілді байытады. Ө. диалекттерді өз шығармаларында қолданудан қашпаған. Бұл ерекшелік жазушының Оңтүстік Қазақстан сапары туралы жазылған мақала-очерктерінде кейіпкерлердің аузынан жиі естіледі. Әсіресе «Өскен өркен» романында диалект сөздер мол пайдаланылған (пәлек, азанда, қозапап, жүде, өле, бөдірең т. б.). Ал «Тіл және әдебиет мәселесі» деген мақаласында: «Бұның бірі – үстем таптың белгілі ортасы, арнаулы дәуірлерде қолданатын халық тілінен бөлек диалект немесе жаргон. Екіншісі – жергілікті елдің халқы қолданатын диалект. Осы соңғы анық мағынасындағы диалекттің өзіндік грамматикалық құрылысы болады. Оны диалект ететін айрықша белгі сол – өзге, өзімен туыстас тіл тобымен бөлекше қалыптанған айқын, өзіндік құрылысы» деп, дәл анықтама береді. Қазақ тілінде Д. бар ма, жоқ па деген сұраққа: «Жаңағы белгідей көп, қазақ тілінен бөлек тұрған грамматикалық құрылысы бар диалект» жоқ деп жауап береді. Жергілікті кәсіпке, тұрмыс-тіршілікке байланысты айтылатын сөздерді диалектіге жатқызу «ұшқары, орынсыз байлау» дейді. «Көпшілік халқымыз тұтынып келген, жүрген тың сөздерді жатырқап, бой тартудың» жөнсіз екенін ескертеді.

*Ш. Сарыбаев.*

**ДИАЛОГ**, көркем шығармадағы баяндалатын оқиғаға қатысатын екі немесе одан да көп кейіпкерлердің ой-пікірін, көзқарасын, бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен жеккөрінішін, жалпы оқиғаға қатысын өзара сөйлестіру арқылы білдіретін көркемдік әдеби тәсіл. Ол көркем әдебиеттің барлық жанрында қолданылады. М. Ө-тің ең алғашқы туындысы «Еңлік-Кебектен» бастап «Дос – Бедел досқа» дейінгі жазған жиырмаға жуық пьесасының барлығы да диалогке құрылды. Ал өзінің көркем шығармаларында диалогтің барлық мүмкіндігін шеберлікпен пайдалана білді. Мысалы: «Абай жолы» роман-эпопеясында диалогті бірде авторлық баяндаудың (Қодар–Қамқа оқиғасының мәнжайын түсіндіру), бірде оқиғаны шиеленістірудің (Құнанбай мен Абайдың арасындағы), бірде көркемдік шешімнің (бірінші кітаптың соңындағы барымта), бірде психологиялық-философиялық толғаныстың (Абайдың жер-ана мен Көк аспанмен

мұңдасуы), бірде толғаудың (Дәрменнің Абай қабірінің басындағы сөзі) орнына қолданды. Абайдың «Қарасөздерін» талдай келіп, авторлық баяндау мен авторлық «меннің» арасындағы диалогті аса шебер пайдаланған. Өйткені «Абай сол жайларды тыңдаушысының көңіліне, көкейіне қонымды ету жағын алдымен ойлайды... Кейде өзінің көз алдында отырғандай тыңдаушысына сұрақтар береді. Өзі онымен жауаптасып, әңгімелескен кісі тәрізденіп отырады» (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 20-т., 219-бет) пікір білдіреді. Диалогті мұндай тәсілін Ө-тің «Адамдық негізі – әйел» (1917), «Оқудағы құрбыларына» (1917), «Ескеру керек» (1918), «Қырдағы елге» (1921), «Не себептен?» (1921), «Ашық хат» (1922), «Ашық хат» (1932), «Әжел достық қолыңды, бауырларым!» (1960), «Жүрек алғысы» (1957) атты мақалаларын жазғанда қолданды. Онда оқирманға өзіне сұрақ қоя отырып, жауаптаса пікір айтады.

*Т. Жұртбай.*

**ДЕХОТИ** Әбдісалам Пірмұхамед-заде (1911–1962), тәжік жазушысы, ақын. Ө-пен таныс болған, тікелей қарым-қатынас жасап тұрған. «Заманымыздың ұлы ақыны» атты мақаласында («Коммунист Таджикистана», 1946, 6 шілде) Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының тәжік жұртшылығына тигізген зор тәрбиелік жағын атап көрсеткен. Ө. «Қазақ әдебиетінің тарихына» жазған КСРО халықтарының әдебиеті туралы очеркінде (3-том, А., 1958), кеңес жазушыларының 2-сyezінде жасаған «КСРО халықтары әдебиеттерінің көркем аудармасы» деген баяндамасында, «КСРО халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде Д-дің шығармашылығын биік бағалаған.

*Л. Шодиқұлова.*

**ДИВАЕВ** Әбубәкір Ахметжанұлы (1856–1933), ғалым, фольклоршы, этнограф, тіл зерттеуші. Қазақ, өзбек, карақалпақ фольклоры мен этнографиясын жинап, зерттеген. Осы мақсатпен 1883 жылдан бастап Орта Азия мен Қазақстанның бірқатар жерлерін аралаған. Сөйтіп өмірінің 50 жылын (1883–1933) қазақ халқының рухани мәдениетін дамытуға жұмсаған. Бұл салада 100-ден аса еңбек жариялады. Соның ішінде «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Ер Сайын», «Едіге», «Бекет батыр», «Шора», «Қамбар» т. б. жырларды жинап, бастырды. Ө. өзінің зерттеу еңбектерінде Д-тың жемісті қызметін атап көрсеткен. Оның «Қыз Жібек» жырын 1925 ж. Ташкентте бастырып шығарғанын, ертегілердің мол қорын жинағанын ерекше еске алады. «Ертегілер» атты зерттеуінде: «Бір топ зерттеушілер қазақ ертегілерін қазақ айтушылардың аузынан қазақша жазып алып, жинап бастырған. Ал тағы бір топ зерттеушілер қазақ ертегілерін орысшаға аударып, орыс тілінде жариялайды», ал Д. екі бағытта да көп еңбек сіңірді деп жазған.

**ДИДАКТИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ**, әдеби жанр. Ғылыми, философиялық, моральдық, діни идеяларды және уағыз, ғибрат ойларды білдіретін шығармалар. Онда көркем сурет пен бейнелеуден гөрі байлам, пікір, тұжырым, өсиет, уағыз, насихат басым болады. Дидактикалық көркем сөзде мақал-мәтелдің, ақыл-нақылдардың, ертегі-эпостың әсері күшті. Қазақ әдебиетінде Абайдың «Қарасөздері» мен поэмалары шығыстық дидактикалық шығармалардың дәстүрлі жалғасы болып табылады. Қазақ әдебиетінің өзіндік даму ерекшелігіне байланысты дидактикалық өсиет-насихатқа құрылған шығармалар жазған сөз зергерлерін «ағартушы ақын-

жазушылар» деп атау дәстүрі қалыптасты. Ө. «халықтық-ағартушылық бағыттағы ақындар дидактикалық дәстүрді өзінің шығармашылық мұраты ретінде ұстанғандығын және сол дидактикалық жанрда еңбек еткен жазушы-ақындардың өзі тақырыпты таңдауы мен игеру тұрғысынан алғанда бірнеше салаға бөлінетіндігін өзінің «Абайдың өмірі һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар», «Қазақ әдебиетінің казіргі дәуірі» атты алғашқы ғылыми-зерттеу мақалаларынан бастап, «Әдебиет тарихы», «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» (1959) монографиялық кітаптарында жан-жақты талдайды. А. Байтұрсынов, С. Дөнентаев, Ш. Құдайбердиев, Е. Өтетілеуов өлеңдерін осы дидактикалық жанрға жатқызған. Мысалы, «Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдап шығармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге, мұңлы мұхтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып шермен айтып, біресе ақыл қылып сипат айтып, не қылса да халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқынған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап қиялшылық, шарықтап кетпейді. Ылғи халықтың нәзіктенбеген сезімімен, жетілмеген ұғыммен есептесіп отырады» деп (50 томдық шығармалар жинағы, 1997, 1-т., 94-бет) баға береді. Сол ағартушылық-ақылмандық дәстүрді Абайдың одан әрі тереңдете дамытқанын саралайды. «Абайтану» дәрісінде сол пікірлерді дамытып, «Отыз жетінші сөздегі» мақал-мәтелдерді Абайдың афоризмі деп қарауға болар еді («Абайтану дәрістері», 1994, 101-бет) деген түйінін айтады. Жалпы алғанда, Ө. өзінің зерттеу пікірлерінде орыстың «Дидактика басталған жерден көркем шығарма аяқталады» деген қанатты сөзін ұстын ретінде ұстанатыны анық байқалады. Абайдың ағартушылық-ақылмандық көзқарасын саралағанда да Ө. халықты тәрбиелейтін анық ұстаздық сөз өзіне бөлек, бір алуан болсын. Онда терең оймен, ашық шындықпен аралас үлкен тәрбиелік мән, мағына болсын дейді. Ал осылай талап қойған Абай ақындардың көбінде кездесетін әңгімелі поэзия, уақиғалы, қызық сюжетті поэмаға сынмен қарайтынын, оны өзі жазу-дан тартынатынын, дидактикалық-ағартушылық жанрды көркем әдебиеттің жанрларынан бөліп қарайтынын баяндайды. Алайда жоғары оқу орындары мен мектеп оқушыларына арнап құрастырған хрестоматиялар мен жинақтарда Ө-тің өзі де дидактикалық-ағартушылық тәсілді қолданып, адамгершілік, үлгілі тәрбие туралы пікірлер мен педагогикалық тәлімдік қанатты сөздерді кеңінен пайдаланды. «Абай жолы» роман-эпопеясының 3, 4-кітабында Абай бейнесін сомдау тәсілдерінен дидактикалық сарын аңғарылады.

Т. Жұртбай

**ДИҚАНБАЕВ** Мәжит (1910–1983), жазушының жиені, немере ағасы Самарханның Зура деген қызынан туған. Жас кезінен бастап Өуез ауылында өскен. Өнерге, білімге құштар, зиялы да іскер адам болған. Ол Абай мен Өуез ауылы тәркіге түсіп, жер аударылып, аштыққа ұшырап, ажал тырнағына ілінгенде көп қайрат көрсетіп, қол ұшын берген. Өсіресе, нағашысы Өуез ұрпақтарына ерекше жәрдемдескен. Мәжиттің қамқорлығының нәтижесінде Разақтың үй іші азып-тозып кетуден аман қалды. Мұғамыла Өуезова: «Разақ ағаның қарындасынан туған Мәжит Диханбаев ағамыз қатынасып жүретін. Көпшілік туыстар оның атын атаймай Жиен дейтін. Кейін ол да отсталып, «жазасын» өтеп қайтты. Оның сондағы бар кінәсі – бір той-тома-

лақ, жиын, дастархан басында отырып шырқаған әні сол кездегі жүйеге қарсы бағытталған деп танылып, соған бола айдауда жүріп келеді. Ауыл-елде көмпеске басталып, дүние алма-кезек ауысып жатқанда ауылдағы туыстар бала-шағаларын сол уақыттың өзінде қаладағы ағайындарына паналатуға жіберіп жататын. Мәжит ағамыз сондай келістердің біріңде Разақ ағатайымның балаларын жетектеп өкелді» деп жазады. Мәжиттің мұндай жақсылығы туралы Г. Омарханова, В. Н. Өуезова, Ө. Өзиев өз естелігінде ерекше илтипатпен атап өтеді. Мұғамыла Мұхтарқызына да сондай қамқорлық жасаған. Бердіқожадан бергі Мұхтардың ата шежіресін хатқа түсіріп, нақты дәлелмен жүйелеп жазған «Мен білетін ембіран» атты қолжазбасының түпнұсқасы «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақтаулы. Оның қысқартылған нұсқасы «Өуезов туралы естеліктер» (1997) атты жинақта жарияланды. Білгі Ө-тің туған ортасы туралы барынша анық та қанық бағалы дерек көзінің бірі болып табылады. Өкінішке орай, қолжазба аяқталмай қалған.

Н. Ақбай

**ДИОНИС**, мифтік қаһарман. Ежелгі грек мифологиясы бойынша Зевстің баласы. Біздің заманымыздан бұрынғы 8–6 ғасырларда оған өсімдік (жүзім) тәңірісі ретінде табынған. Екінші аты – Вахх (грекше – Вакхос, латынша – Бахус). Оның құрметіне Вакханал мейрамы өткізілген. Ө. «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында грек құдайлары туралы мағлұматтар келтіріп, «қызық, сауық, ішкілік құдайы» – Д. дейді. Оның аспан мен жердегі судың, діннің құдайы болып, өсімдік шығарып, жаңа туыс туғызатын қасиет иесі екенін айтады. «Құдайға құлшылық, тілек ретінде әуелі құрбан шалады. Құрбандығы теке болатын. Сол текені шалып тұрып, айналасына бар халық жиналып, Дионистің өмірі турасындағы әңгімелерді өлең қылып айтады. Текені грекше «трагус» дейді. Бері келген заманда осы сөздерден әлгі «трагедия» деген сөз шыққан» деп, әдебиет жанрының пайда болу тарихынан хабардар етеді. Ал Эсхил, Софокл, Эврипид заманында Д. мейрамы жаңғырып, сахнада, арнаулы театрда көрсетілетін болғанын айтады.

Н. Оспантегі

**ДИОРДИЕВ** Евгений Яковлевич (1912–1985), орыс актері, режиссер. Қазақстанның (1955), және КСРО (1970) халық артисі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1982). 1946 ж. Қазақстанға келіп, өмірінің соңына дейін Алматыдағы Орыс драма театрында актер әрі режиссер болды. А. Горький, К. Симонов, К. Тренев, Л. Шейнин, В. Лацис, А. Островский, А. Чехов, Н. Гоголь, У. Шекспир, А. Толстойдың пьесаларында басты рөлдерде ойнады. Ө. пен Л. Соболевтің «Абай» трагедиясындағы Ерденнің бейнесін сомдап, шынайы шеберлігін танытты. **ДИССЕРТАЦИЯ**, Ө-тің ғылыми қызметіне байланысты Д-лық зерттеулер үш салаға жіктеледі: а) жазушының тікелей жетекшілігімен; ә) оппонент болуы арқылы, б) оның шығармалары бойынша әзірлеген жұмыстар. 40–50 жылдары Т. Өбдірахманованың «Лияс Жансүгіровтың лирикасы», Б. Адамбаевтың «Қазақтың шешендік шеберлігі мен сөздері», Б. Уахатовтың «Қазақ совет прозасындағы характер жасау шеберлігі», С. Ордалиев-

тің «Соғыстан кейінгі қазақ совет драматургиясы (1945–1955)» атты кандидаттық д-ларына Ә-тің өзі жетекшілік етті. Кейін өзін балақтан қапқан С. Нұрышевты аспирант етіп алып, ғылыми атақ алуына көп жәрдемдесті. Р. Сүлейменов, Ш. Сәтбаева, С. Қирабаевтардың кандидаттық диссертацияларына, І. Кеңесбаев, Ф. Мұсаев, Б. Ерзакович, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллиндердің докторлық диссертацияларына жылы лебіз білдіріп, пікір жазған. Туысқан халықтардың әдебиетін зерттеушілерге де қол ұшын берді. 1957 ж. аспиранты З. Әбсәлемованың қызметке орналасуы үшін жақсы мінездеме жазып берген. Сондай-ақ өзбек ғалымы И. Сұлтановтың, қарақалпақ әдебиет зерттеушісі М. Нұрмұхамедовтің, кыргыз ғалымдары Ж. Таштеміров, К. Бейшенәлиевтердің, алтай ғалымы С. Каташтың т. б. диссертациялық жұмыстарын жоғары бағалаған. Ә-тің шығармалары бойынша көптеген зерттеулер жазылды. А. Байтанаев «Абай жолы» эпопеясындағы М. Өуезовтің шеберлігі, Л. Өуезова «Өуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының мәселелері», А. Тайжанов «Мұхтар Өуезов – ұлы ойшыл», Қ. Есбаев «М. О. Өуезовтің эстетикалық көзқарастары» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертациялар қорғады. М. Әдібаев, Т. Әкімов, С. Бәйішева, Е. Бектұрғанов, К. Дүйсетаев, А. Ермағамбетова, А. Жақсылықов, Т. Жұртбай, С. Әзімбергенова, С. Исабекова, Д. Қонаев, С. Майлыбаева, А. Молдаханов, Р. Нұрғали, М. Нұрмұхамедов, В. Репин, Р. Сәрсенбаев, К. Сыздықов, Қ. Тасболатов, т. б. ұлы суреткердің әңгіме, повесть, романдары, «Абай жолы» эпопеясы жөнінде ғылыми еңбектер әзірлеп, кандидаттық диссертациялар жазды.

*Р. Досымбекова.*

**«ДОЙЧЕ АЛЬГЕМАЙНЕ ЦАЙТУНГ»**, республикалық қоғамдық-саяси газет. 1966 жылдың 1 қаңтарынан бастап Целиноградта (қазіргі Астана) неміс тілінде «Фройндшафт» («Достық») деген атпен жарық көрді. 1987 жылдан бері Алматыда шығып тұрады. 1991 жылдан қазіргі атымен неміс-орыс тілдерінде шығады. Газет қазақ әдебиетіне әрдайым жылы ықылас танытып, қазақтың белгілі ақындары мен жазушыларының шығармаларын неміс тіліне аударып, насихаттаумен де шұғылданады. 40 жылдан астам мерзім ішінде Ә-тің өмірі мен шығармашылығына қатысты бірқатар материалдар басылды. 1966–69 ж. Ә. және оның «Абай жолы» эпопеясы туралы Г. Вормсбехердің бірнеше танымдық мақалалары жарияланды. «Еңлік – Кебек» трагедиясы жайында белгілі ақын Н. Пфеффердің «Махаббат зұлымдықты жеңеді» атты мақаласы басылды. Қазақтың кемеңгер суреткері әрі ойшылының адамзат өркениетіндегі рухани-тарихи орны жөнінде әр жылдарда Г. Бельгердің бір топ көлемді эсселері осы газетте жарық көрді. Ә-тің 80, 90, 100 жылдық мерейтойларына орай, газет арнайы бет беріп отырды. Онда «Абай жолы» романының 1-кітабынан үзінді (аударған Х. Ангарова), «Көксерек» әңгімесі (аударған Д. Поммеренке), өмірбаяндық деректер, жазушы жайында жылы лебіздер, К. Эрлихтің «Қазақ әңгімесінің хас шебері» атты шолу мақаласы келтірілген. Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайында басылған көптеген материалдарда да Ә. есімі әрқашан қоса айтылады.

*Г. Бельгер.*

**ДОЛГОПолов** Нифонт Иванович (1857–1922), орыс революционері. Воронежде діни семинарияны бітірген. Харьков университетінің медицина факультетінде оқыған. Революциялық үйірмелерге қатысып, студенттер арасында үгіт жүргізген үшін патша үкіметі Батыс Сібірдегі Қорған қаласына жер аударды (1879). 1884 ж. маусымда Семейге ауыстырылып, полицияның бақылауына алынады. Мұнда саяси айдаудағы адамдармен байланыс жасайды, дәрігерлік, әдеби, ғылыми жұмыстармен шұғылданып, қазақтар жөнінде краниологиялық зерттеулер жүргізеді. 1885 ж. Абаймен танысып, дос болады. Сол жылы жазда ақын ауылына барып, қымызбен емделеді. Патша өкіметінің рұқсатымен 1886 ж. Ресейге қайта оралады. Ә-тің «Абай жолы» эпопеясындағы Федор Иванович Павлов-Долговтың түп теркіні осы Д. бейнесіне салды. «Абай енді бір орайда өзінің жаңа досы Павловты еске алды. Онымен Абай Семейде танысқан екен. Павлов бұл жаққа Тобольск абақтысынан шыққан сон, жер аударылып келген екен. Абай оны өз аулына қонаққа шақырып, осы жолы Мағашқа ертіп ала кел деп тапсырған еді» деп, романда кейіпкерін тарихи шындыққа сәйкес бейнелеген («Қарашығын» тарауы). «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясында Абайға орыс халқының еткен есеріне тоқтала келіп, ұлы ақынның оларды, соның ішінде Д-ты өз бетімен, орыс классиктерін оқудан, солардың өздерінің еңбектерін оқып-зерттеу арқылы тапқанын жазған.

*М. Қозыбаев.*

**ДОМАЛАҚ ЕНЕ** (Д о м а л а қ а н а; шын аты – Нұрилә; шамамен 1378–1456 ж. өмір сүрген), тарихи әфсана бойынша түркістандық қожа Әли Сыланнның қызы, жастайынан бойына әулиелік қасиет біткен, тарихи тұлға Бәйдібек (1356–1419) бидің үшінші әйелі. Нұриләдан Жарықшақ (Тілеуберді), одан Албан, Суан, Дулат тарайды. Халық аузындағы аңыз бойынша, найман ішіндегі Қызай елі – осы Д. е-ден туған Қызайымның ұрпақтары. Д. е-ні қазақ жұрты қасиетті ана ретінде бағалап, ол туралы жыр-дастандар шығарған. Ә. өзінің «Жамбылдың айтқыс өнері» атты мақаласында Жамбыл, Домалақ, Сұраншы, Саурық үшеуі туралы үш тамаша дастан жырлап шыққан деп жазды (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 183-бет). Д. е-нің зираты Оңтүстік Қазақстан облысының Кішібөген деген жерінде, басына күмбез орнатылған.

*Т. Жұртбай.*

Домалақ ана кесенесі. Суретші А. Тұрсынулы.





**ДОМБРОВСКИЙ** Юрий Осипович (1909–1978), орыс жазушысы, аудармашы. 1933–39 ж. мектепте мұғалім, директор, Қазақстан мемлекеттік орталық музейінде аға ғылыми қызметкер. Бірнеше рет репрессияға ұшырады, тек 1956 ж. ақталды. 1956 ж. Мәскеуге қоныс аударды. Романдары жақсылық пен жамандық, ерлік пен ездiк сияқты адамгершiлiк мәселелерiне арналған. «Гоголь көшесiндегi ағаш үй» атты естелiктер кiтабында (1973) қазақ қаламгерлерi туралы жылы лебiздер айтқан. «Шығармашылық ерлiк» деген мақаласында Ә-тiң «Абай жолы» эпопеясын көркемсөзде жасаған нағыз ерлiкпен пара-пар деп бағалаған («Дружба народов», 1958, №11).

**ДОМБЫРАДАН ОПЕРАҒА ДЕЙiН** («От домбры до оперы»), жазушының мақаласы. «Известия» газетiнде 1945 ж. 26 желтоқсанда шыққан. Ә. мақалда қазақ театры өнерiнiң iзденулерi «көркем әдебиет саласындағы күрдeлi, көп үмiттендiретiн процестер сияқты» «ән шығарудағы» ұлттық дәстүрлердiң дамуы мен орыс және батыс еуропа классикасы тәжiрибесiн игерумен байланыста қараған. Онда музыкалық және драмалық театрлардың дамуына шешушi ықпал жасаған, жазба әдебиеттiң қалыптасуына әсер еткен шығармалар (опералар, пьесалар, романдар) қамтылған. Автор «өткен жиырма жылдағы көркемдiк даму жолдары мен мезгiлдерi тығыз байланысты» «қазақтың жас социалистiк мәдениетiнiң» қайраткерлерiн атаған.

*А. Омарова.*

**ДОНЕЛАЙТИС** Кристионас (1714–1780), литван ақыны, литван көркем әдебиетiнiң негiзiн салушы. Шығармаларында әлеуметтiк қайшылықтар, басыбайлы шаруалардың тұрмысы шебер суреттелген. Ә. «СССР халықтары әдебиеттерiнiң өркендеуi» атты еңбегiнде Д-тың «мұралары – сол дәуiрдегi сағсы-қоғамдық мәдениеттi жайлардың айнасы. Донелайтис – Литва әдебиетiнiң негiзiн қалаушы, немистендiру саясатына қарсы шығып, Литваның ұлттық мәдениетi үшiн күрескен» деп бағалайды.

**«ДОС – БЕДЕЛ ДОС»**, жазушының пьесасы. Қазақ драматургиясында фантастика әуенi емол араласқан шығарма. Пьеса идеясы – адамды өрге жетелетiн гуманизмдi мадақтау. Философиясы – әркiм заманының перзентi. Осы шындықтар көркем шығарма тiлiмен жаңаша сөйлейдi, өзгеше әсер берiп құлпырады. Үш актда үш қоғамдық құбылыс көрiнiсi бар: феодализм, капитализм, социализм. Бедел, Жағпас, Шәрiп, Хажендер феодализм, капитализмнiң шет пұшпағын бала-бозбала күндерiнде елтеп көрiп қалғандар. Драматург бұл орайда фантазия тiзiгiн босатады. Осы адамдар әлгi қоғамдарда өмiр сүрсе не болар едi. «Д. – Б. д.» Ә-тiң басқа пьесаларына ұқсамайды, ол басқаша принципте жазылған шығарма. Ең алдымен, бұл пьеса фантастика талабына сайкес келедi. Қараңыз, Бедел басынан кешiрмеген жәйттердi түсiнде көргендей болады. Анда-санда Тарих (бiр қаһарман ретiнде алынған) Беделдiң өзiмен сөйлесiп, мұғалiм Беделдiң әрекет, қадамдарын бағалап, саралап отырады. Пьеса қаһармандары үш түрлi қоғамдық құбылыста, негiзiнен, бiр-бiрiне ұқсастау оқиғаларды бастарынан кешiредi. Әрiне, бұл шартты түрде алынған нәрсе. Әлеуметтiк орта атмосферасын дәл беру үшiн, алғашқы актда драматург кейiпкерлерiнiң аузына араб, парсы сөздерiн әдейi салған. Олар шығарманы түсiнiксiз етiп, бүлдiрiп тұрған жоқ. Қайта мұсыл-

мандықты дәл бейнелеуге дәп табылған бояулар. Пьесаның кино өнерiнiң, сахнаның бүгiнгi табыстарын ескере жазылғандығы айдан анық: драматург режиссердiң жарты жұмысын тындырып қойған. Сахналық орналасулар, мизансцена, тiптi жарықты қалай пайдалануға дейiн ремаркада айтылып отырады. Ә-тiң соңғы пьесасы «Д. – Б. д.» емес, «2010 жылда» деген пьеса. Бұл шығарма жазушының әдеби-мемориалдық музейi мұрағатының № 138-папкасында сақталып келген. Сырты қатты, түсi сұр, жалпы дәптер беттерiнiң екi жағына бiрдей ақ жол қалдырмастан тығыз жазылыпты. Өшiрiлген, сызылған, түзелетiн жерлерi мол. Жазушы жоспарына қарағанда, «Д. – Б. д.» дилогияның бiрiншi, ал мына пьеса екiншi бөлiмi «Жарым ғасыр», «Елу жылдан соң», «Жарым ғасыр соңында», «Жарым ғасыр өткен соң», «2010 жылда» атты варианттары жарыса қатар тұр. Қаһарманға келсек, бәрi де «Д. – Б. д-тағылар» – сол есiм, сол адамдар. Пьесаның дәл қашан жазылғаны белгiсiз, жазушы ешқандай дата қоймаған. Бiрақ бұл мәселенi айқындауға болатын бiрнеше мүмкiндiк бар. Бiрiншiден, «Д. – Б. д-ты» 1957 жылдың соңғы айларында бiтiргенiн Ә. «Қазақ әдебиетi» газетiнiң 1958 жылғы жаңа жылдық анкетасына берген жауабында айтқан болатын. Екiншiден, тұңғыш спутник қазан айында, ал бортында ит бар спутник қараша айында ұшырылды. Бұл да 1957 жылы. Үшiншiден, Ә. қолжазбасынан мынаны оқуға болады: «Спутник орбитаға шыққан кезде тыныс жиiлiгi әуелгiден үш-төрт есе артты (иттiң физиологиялық функциясындағы өзгерiстер)». Мәтiнде бұл жер орысша. Сөз жоқ, әлгi мәлiмет спутниктер ұшырылғаннан кейiн ғана айтылуы мүмкiн. Сөйтiп жоғарыдағы жәйттерге сүйенiп, «2010 жылда» пьесасы «Д. – Б. д-пен» бiр шамада, 1957 жылдың соңында, космосқа әлi адам ұшпай тұрған кезде жазылған. «Д. – Б. д.» пьесасында әдейi шарттылыққа барып, бiр адам басынан үш қоғамдық формацияны кешкендей тағдыр-талайды суреттеген драматургтiң қиялы ендi болашақты көрсетуге ұмтылған. Жазушы тағы да фантастикаға көл созған. Ә. суреттеуiндегi өмiр – 2010 ж. шындығы. Жарқын шуақты тiрлiк. Қырғын бомбамен ойран-ботқасы шыққан лақса жер емес, бәйшешектi өмiр, жаңа бұршiк атқан жұпар иiстi жас махаббаттың құлақ күйi алысқа мезгелен оялар, пiкiрлер таласы. Жазушының фантастикалық шығарма жазуға көзжұмайыпқлән күмп бермегенi, әсiресе ғылыми-техникалық әдебиеттi қаузағаны, спутниктер ұшыру мәселесiне бойлап көңiл бөлгенiн көреміз. Iзденiстерге барып, нақты техникалық мәлiметтердi әдейi қарастырған. «2010 жылда» пьесасы төрт аяғынан тiк бiтiп тұрған драматургиялық туынды емес. Пролог аяқталған, кей-бiр суреттердiң диалогтары жазылған. Барлығы сегiз сурет. Жазушы қара сөзбен кейiпкерлердiң ара қатынасын айқындаған, сюжет желiсiн сызған: сезiмдер шарпысуы, характерлер қақтығысының ұзын-сүре жолы тартылған. Қайталаймын, «2010 жылда» тәмамдалған пьеса емес, эскиз, ұлы жоба, пьесаның шала бiткен түрi, жоспары. Аяқталмаған, бiтпей қалған «2010 жылда» пьесасы бiр жағынан Ә-тiң көп қырлы талантының жаңа сырлары ашуға көмектесе, екiншi жағынан ғылыми-фантастикалық драматургияның соны жайлау, бiiк

өрісін мегзейді. Бұл пьеса тұңғыш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1958 ж. 11, 18 тамыздағы сандарында жарияланды, кейін Ө-тің 12 томдық (1969, 10-кітап), 20 томдық (1983, 12-кітап) шығармалар жинақтарында, ал «2010 жылда» пьесасы («Елу жыл өткен соң») 20 томдық шығармалар жинағының 12-кітабында жарық көрді. «М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасында» сипатталды (157–161-беттер).

*Р. Нұрғали.*

**ДОСЖАН** (Д о с ж а н о в) Дүкенбай (1942 ж. т.), жазушы. Мемлекеттік сыйлықтың (1996), М. Әуезов атындағы сыйлықтың (1987) лауреаты. Негізінен тарихи тақырыпқа жазады. Соңғы жылдары Ө. туралы қалам тербеп, ұлы жазушыны әр қырынан танытып. Жапонияға сапары туралы «Таң шапағы елінде» (1987), жазысқан хаты жөнінде «Жүректен ұғып бір-бірін», «Шын асыл достықтың сөзі» (екеуі де – 1993), «Хаттар, хаттар», «Оттай ыстық сүйіспендік» (екеуі де – 1997) т. б. мақалаларын, «Абай айнасы» эссе-кітабын (1994) жариялады. Ал кеменгер жазушының өмірі мен шығармашылық қызметі жайында «Мұхтар жолы» (1988), «Алыптың азабы» (1997) романдары шықты.

**ДОСКЕЙ** Әлімбаев (1850–1946), ақын. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1939). Ақындық дарыны 15 жасынан бастап танылған. Ө. «Айтыс өлендері» атты еңбегінде талай айтыста сан ақынның алдын ораған, топ жарған ақындар: Шашубай, Нүрпейіс, Доскейлер де Жамбылдан өрнек алып, өздерінің суырыпсалма ақындық өнер қуатарын халық тілегіне бағыттады деп, Д-дің жаңа заманда қайта түлегенін айтқан.

**ДОСМАҒАМБЕТОВ** Төлеген Сәбитұлы (1940 ж. т.), мүсінші. ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1980), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1976). Қазақтың қоғам, мәдениет, ғылым қайраткерлерінің мүсіндерін салуға ерекше ден қойған. Ө-тің қоладан құйылған тұлғалы мүсіні Семей қаласының оң жағалауындағы бұрынғы «Алаш үйінің» орнына қойылған. Гранитті тұғыртастың бір жақ бетінде «Абай жолы» роман-эпопеясының, екінші жақ бетінде шағын жанрдағы шығармалары, кейіпкерлерінің бейнелері бедерленген. Ал оның жазушының туғанына 70 жыл толу мерекесіне орай жасаған қарасұр түсті мәрмәр тұғыртастың үстіне қойылған екінші мүсіні Абай атындағы Алматы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының серуен алаңында тұр. Мұнда бұйра шашты, сәл қырын қарап, жанарын алысқа қадаған жазушының жастық шағы бейнеленген. Бұл – мүсіншінің сәтті туындыларының қатарына жатады.

*А. Қуанышбаев.*

**ДОСМҰХАМЕДОВ** Жанша (Жаһанша) (1886–1937), заңгер, алашорда қайраткері. 1917 жылғы ақпанға дейін Томск сот округі прокурорының орынбасары. 1- Орал облыстық қазақ съезінің төрағасы, Құрылтай жиналысының мүшесі болып сайланған. Алашорданың шешімімен 1918 жылдың сәуірінде (жаңа стильмен) Х. Досмұхамедовпен бірге Халық Комиссарлары Кеңесінің және Ұлт істері Халық комиссариатының басшыларымен (В. И. Ленинмен және И. В. Сталинмен) ұлттық автономия жариялау туралы келіссөз жүргізеді. 1918–19 ж. Алашорданың Батыс бөлімшесі – Ойыл уәлаяты үкіметінің басшысы қызметін атқарды. 1920 жылдан Қазақстаннан тыс жерлерде шаруа-



Ж. Досмұхамедов.



Х. Досмұхамедов

шылық жұмысында болды. 1930 жылы қуғынға ұшырап, Воронежге жер аударылды. 1920–25 ж. Ташкентте тұрып, ғылыммен, өз мамандығы бойынша адвокаттық жұмыспен айналысады. Ө-те 1922–23 ж. Ташкентте жұмыс істеген, оқыған. Олар қазақ тарихы мен әдебиетіне байланысты құрылған «Талап» ұйымының мәжілістерінде кездесіп жүрген. 1930 ж. 5 қазанда Д-тың тергеу ісіне байланысты Ө. жауапқа тартылды. Оған «қазақ ұлтшылдарының астыртын ұйымдарына қатысты, Қазақстандағы кеңестік науқандар мен шаралардың мазмұнын бұрмалау мақсатын көздеді. Ж. Досмұхамедовтың ұйымында тұрды, оның тапсырмасын орындады» деген сияқты кінәлар тағады, нәтижесінде Д. пен Ө-тің істері бірге қаралды.

*М. Құл-Мұхаммед.*

**ДОСМҰХАМЕДОВ** Халел (1883–1939), ғалым, дәрігер, фольклорист, журналист, қоғам қайраткері. Профессор (1925). Алашорда көсемдерінің бірі. Орал реалдық училищесін үздік (1903), С.-Петербург Императорлық Әскери академиясын алтын медальмен (1909) бітірген. 1909–1913 ж. Пермь губерниясында, 1-Түркістан, 2-Орал орыс-қазақ атқыштар батальонында әскери дәрігер, 1913–17 ж. Темір уезінде дәрігерлік қызмет атқарды. Д. 1905 жылдан бастап саяси күреспен айналыса бастады. Осы жылдың желтоқсан айында Қазақстанның бес облысының игі жақсылары бас қосқан Оралдағы жиынға қатысып, қазақ халқының тәуелсіздігін ту еткен Алаш қозғалысының жұмысына белсене араласады. 1913 ж. әскери дәрігерлік қызметін тастағаннан кейін біржолата Алаш қозғалысына ден қойып, оның саяси қызметіне араласа бастайды. 1913 ж. «Қазақ» газеті ұйымдасқанда оның тұрақты авторы ретінде қатысып отырады. 1917 жылдың Ақпан революциясынан кейін Д. Қазақстанның батысында Алаш қозғалысын өрістетіп, 1917 ж. 19–22 сәуірде өткен, 800-ден астам делегат қатысқан Орал облыстық съезінің жұмысына белсене араласып, облыстық комитет мүшелігіне сайланды. 1917 ж. 1–11 мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат ретінде қатысып, бүкілресейлік саяси күреске тартылады. 1917 ж. 21–26 шілдеде Орынборда өткен Бүкілқазақтық съезге төрағалық етіп, онда Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады. 1917 жылдың 5–13 желтоқсан күндері Орынборда өткен бүкілқазақ съезіне төрт адамның бірі ретінде съездің төң төрағасы болып сайланып, 15 адамнан тұратын «Алашорда үкіметінің мүшелігіне өтеді. «Алашорда» тапсырмасы бойынша Д. Жаһанша Досмұхамедовпен бірге 1918 ж. РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В. И. Ленин және Ұлт істері Халық комиссары И. В. Сталинмен Алашорда және

кеңес өкіметінің ара қатынасына байланысты келіссөздер жүргізеді. Азамат соғысы жылдарында Алаш қозғалысының бір орталыққа бағынған біртұтас қызметін жүргізу қиын болған кезеңде Д. 1918 жылдың 18–21 мамырында Жымпиты қаласында өткен Орал қазақтары 4-облыстық съезінде Мәскеуде өткен келіссөз барысын баяндап, съезд шешімі бойынша Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметін құрды. 1918 жылдың қыркүйек айында Ойыл уәлаятының орнына Батыс Алашордасы құрылып, оның басшылығына Ж. Досмұхамедов тағайындалады. Осылайша Д. Алашорданың өзге қайраткерлерімен бірге Алаш партиясының жұмысына, Алаш автономиясын жариялау ісіне, Алашорда үкіметін құруға белсене ат салысып, оның басшылары қатарында болды. 1920 ж. Алаш қызметіне тыйым салынған соң, бұдан кейінгі саяси қызметтің тиімсіздігін түсінген Д. бүкіл күш-жігерін ғылым-білімге жұмсайды. 1920–25 ж. Ташкенттегі Орта Азия университеті медицина факультетінің ординаторы, Түркістан Автономиялық Республикасы Орталық Атқару Комитеті жанындағы Қырғыз-қазақ Білім комиссиясының төрағасы қызметін атқарады. 1926 ж. Қазақ Жоғары педагогикалық институтының проректоры. Д. 1927 ж. 21 наурызда Қазақ мемлекеттік университетін (кейінгі ҚазПИ, қазіргі мемл. ун-ті құру жөніндегі комиссияның төрағасы қызметін атқарып, кейін оның проректоры, доценті (1926), профессоры (1929) болды. 1930 ж. Алашордаға қатысқаны үшін саяси айып тағылып, Воронеж қаласына жер аударылды. Кейін 1938 ж. 26 шілдеде қайта тұтқынға алынып, 1939 ж. 23 сәуірде атылған. Д. 1958 жылдың өзінде ақталса да, ұзақ жылдар бойы оның есімі атталмай, еңбектері жарияланбай келді. Д-тың медицина, биология тақырыбындағы «Табиғаттану» (1922), «Жануарлар» (1922), «Адамның төн тірлігі» (1923), «Как бороться с чумой среди населения Киргизского края» (1918, 2-бас., 1925), «Оқушылардың саулығын сақтау» (1925) т.б. оқулықтары, қазақ тілі мәселелеріне арналған «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» (1924), әдебиет, фольклор мәселелерін қарастырған «Шернияз шешен» (1925), «Қазақ халық әдебиеті» (1928), сондай-ақ тарихи тақырыптарды зерттеген еңбектері жарық көрді. Ауыз әдебиеті мен қазақ ақындары мұрасын жинастырып, «Мұрат ақын сөздері» (1924), «Исатай–Махамбет» (1925), «Аламан» (1926) жинақтарын бастырған. Көптеген ғылыми-көпшілік, публицистикалық мақалалардың авторы. Ө. өзінің 1927 ж. шыққан «Әдебиет тарихы» кітабы мен 1933 ж. жарық көрген «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы» атты еңбектеріндегі Махамбет, Мұраттың өмірі туралы мағлұматтарды Д-тен алғанын айтады. Осы жөнінде Мұраттың өмірі турасындағы мағлұмат Халел Досмұхамедұлының Мұрат өлеңдерінің басына қоса жазған сөздерінен алынды деп жазады. 20-жылдардың басында, Ташкент кезеңінде екеуі университетте, баспасөз жағдайында кездесіп, ой-пікір алмасып жүрді.

*М. Құл-Мұхаммед.*

**ДОСОВ** Әбілқайыр Ысқақұлы (1899–1937), партия, кеңес қайраткері. Кеңес өкіметі үшін күресті. 1918–1937 ж. партизан отрядына қатысты. «Кедей сөзі» газетінің редакторы болды, Омбыда, Семейде, Түркістанда, Оралда, Ақтөбе мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында әр түрлі жауапты қызметтер атқарды. 30-жылдардағы аласапыран кезінде жа-

зықсыз жазаға ұшырады. Орынбор қаласында Өпен жақын қарым-қатынаста болып, бірге жұмыс істеген. Екеуі бірігіп, «Степная правда» газетінде «Семей губерниясындағы жағдай» деген мақала жариялаған. Онда милиция жұмысын жетілдіру, жұмысшы ұйымдары, қазақ тілі, партия жұмысы туралы мәселелер көтерілген («Степная правда», 1922, 27 маусым).

*Н. Оспантегі.*

**ДОСПАМБЕТ** (1490–1523), көне қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, жорық жыршысы. Қазақ халқының қалыптасу кезеңінде өмір сүрген жырау Донның құйылысындағы Азау /Азов/ қаласында туып-өскен, сүйегі – Кіші Ноғайлыдан. Өз заманындағы әскери жорықтарға, Қырым, Ноғайлы, Қазақ хандықтары арасындағы өзара соғыстарға қатысады. 1523 ж. Астраханға қарсы жорық кезінде Д. бастаған шолғыншы жасақ тосқауылға ұшырайды да, ауыр жараланған жырау ұрыс соңынан қансырап өледі. Д-тің артында қалған мұраның дені жоғалған. Ел аузында, жекелеген қозғалыстар бетінде сақталып келген бірлі-жарым туындылары 19 ғасырдың бас кезінде әр түрлі жинақтарда жарияланды. Кеңес тұсында толық басылуы – «Алдаспан» антологиясында (1970). Д. жырларынан «Қалаға қаблан жаулар тигей ме», «Қоғалы көлдер, ком сулар – Қоныстар қонған өкінбес...», «Айнала бұлақ басы төң...» т.б.) ортағасырлық момад-жауынгердің ой-өрісі, санасы, нанымы, мұрат-мақсаты аңғарылады. Жауынгер жырау туындылары рухының ескілігіне, көркемдеу әдістерінің көнелігіне, тіпті, сөл-пөл жабайлығына қарамастан, көңілге әсер етерлік терең, көз тоқтатарлық сұлу келеді. Д. өзінің айтпақ ойын дәл жеткізе алатын мағыналы, сырлы сөздерді нақ табады, орнымен қолданады. Артық екіпін, ырғақ тұрғысынан алғанда да, соңғы дәуір ақындарынан мүлде өзгеше түр танытады. Жырау өлеңдерінде архаизмдер, мағынасы ескірген, қолданудан шыққан сөз тіркестері мол ұшырасады. Д. мұрасы қазақ әдебиетін өсіп-өркендеуі жолында елеулі рөл атқарады. Оның игілікті әсері, тіпті, кейініректе шыққан Бұқар, Махамбет шығармашылығынан да айқын аңғарылады. Ескіден қалған асыл қазынамыз – эпикалық жырлардан да Д. әсерін байқаймыз. Ө. 1927 ж. «Әдебиет тарихында» қазақ жыраулар поэзиясы, жыраудың қоғамдық-әлеуметтік мәртебесі туралы қадау-қадау тұжырым жасады. Жырау поэзиясының көркемдік негіздерінен сөз қозғады. «Тыныштық заманда қиюы қашып, арасы ашылған қарындасты табыстырып, қысылмақ заманда сасқан елге жән табатын, бет нұсқайтын кемеңгер, көрегені болған. Жер таңдау, ел таңдау, көшу, қону да, соғысу, бітімдесу де, барлығында ханның ең алдымен ақыл қосатын кісілері солар болатын... Қауым тіршілігінде бұллардың саяси салмағы сондайлық зор болғандықтан, аузынан шыққан сөздері олқы болмауға керек» деп, жырау поэзиясының көркемдік негіздерін қозғады («Әдебиет тарихы», 1991, 197-бет).

*М. Мағауин, Қ. Мәдібаева.*

**ДОСПАНОВА** Хиуаз Қайырқызы (1922–2008), штурман-ұшқыш, гвардия аға лейтенанты. Халық қаһарманы (2004). Ұлы Отан соғысына қатысып, М. Раскова (1912–1943) басқарған 46-гвардиялық авиация полкінде қызмет істеген. Көбінесе түнде

шабуылдап, зәре-құтын алғаны үшін полктегі ұшқыш қыздарды фашистер «түнгі мыстандар» деп атаған. Жау тылына 300 рет ұшып барып, неміс фашистерін зор шығынға ұшыратқан. Соғыс аяқталғаннан кейін, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Жоғарғы Кеңес Төралқасының хатшысы, Қазақстан МСЖО Орталық комитетінің 1-хатшысы, Алматы қалалық партия комитетінің 2-хатшысы болды. «Раскованың басшылығымен» (1960), «Халқым үшін» (1963) атты кітапшалары жарық көрген. С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов, Ф. Мұстафин, Б. Момышұлы т. б. қазақтың көрнекті жазушыларының шығармаларын көп оқыған. Әсіресе Ө-тің туындыларымен мол сусындап, жанына азық еткен, рухани дүниесін байытқан. Ұлы қалагермен таныс-біліс болып, қызмет бабында араласып тұрған.

*Н. Ерсарыұлы.*

**ДОСПАМБЕТОВ** Ұзақбай Өбдікерімұлы (1941 ж. т.), жазушы. «Шың мен шыңырау» атты дилогиясы (1986, 1991) атақты ауыл шаруашылық маманы Н. Алдабергенов туралы жазылған. Романда Алдабергенов пен Ө-тің достық-жолдастық қарым-қатынасын шынайы суреттеген көріністер аз емес. Ал «Зор тұлға – замандастар есінде» деген мақаласында ұлы жазушы туралы «Біздің Мұхтар» деп аталатын естеліктер жинағын саралай отырып, ұлы адамның көк төреген мұнара іспеттес, ұшар басына көз түгіл, көңілдің жетуі екіталай ғажап туындыларына танырқаған сезім, ықылас білдіруге өзі сұранып тұрған көкірек лебі соғады деп, өзінің жүрек алғысын білдірген («Жұлдыз», 1997, №9).

*А. Кендірбекұлы.*

**«ДОСТАРҒА ТІЛЕК»** («Слово к друзьям»), жазушының мақаласы. Советтік Қазақстанның 40 жылдығына орай «Советская культура» газетінде 1961 ж. 24 маусымда жарияланған. Қ. Жандарбеков бастаған бір топ мәдениет қайраткерлерімен бірігіп жазған. Коммунистік партияның жетекшілік етуімен Қазақстанның ауыл шаруашылығы, экономика, саясат саласындағы жетістіктерін тізіп айтып өтеді. Қазақстанның басты жетістігі – индустрияның, көлік-тасымалдың дамуы, тың және тыңайған жерлерді игеру, ғарышты меңгеру, ғарышқа алғашқы адамның қазақ жерінен ұшуы т. б. барлық халықтың мақтанышына айналды дейді. Мақаланың басым бөлігі «коммунизмге апаратын даңғыл жолда» белсенді қызмет етіп жатқан әдебиет пен өнер қайраткерлеріне арналған. Авторлар біздің шығармаларымыз партияның биік идеялары мен жалынды нұсқауларынан нәр алып, жігерге-жігер қосады дей келіп, қарапайым халықты Отанға қызмет ету жолында барлық күш-жігерін, қаңыр-қайратын аямай жұмсауға шақырады. Сонымен бірге сәулетті өмір құрушы еңбекшілер: құрылысшы, тың игеруші, ауыл шаруашылық мамандары жайлы жазылған шығармалардың аз екендігіне баса назар аударады. Себебі оқырман қауым біздерден бүгінгі таңда таңдауы мол тақырыптарға жазылған шығармаларды көптеп күтуде дейді. Сөйтіп қалагерлер жұртшылық назарын заман талабына сай, әдебиет пен өнердің өзекті мәселесіне аударады. Мақалаға Ө., Ш. Айманов, Қ. Жандарбеков, Е. Серкебаев, Ө. Қастеев қол қойған.

*Б. Мамыраев.*

**ДОСТОЕВСКИЙ** Федор Михайлович (1821–1881), орыс жазушысы. «Қорланғандар мен қор болған



Ф. М. Достоевскийдің мұражайы.

дар» (1861), «Қылмыс пен жаза» (1867), «Нақұр» (1868), «Ібілістер» (1872), «Ағайынды Карамазовтар» (1880) романдары Д-дің шығармашылық ұлы қуатын танытты. Адам жанының шиеленісті құбылыстары мен құпияларын философиялық-психологиялық тебіреніспен тереңдете бейнеледі. Сансалалы философиялық-психологиялық, танымдық тартысқа, идеялар күресіне құрылған шығармаларына Ө. те ерекше ынта-ықылас білдірді. Ол «Абай жолы» роман-эпопеясындағы негізгі қоғамдық тартысты Құнанбай мен Абай арасындағы көзқарас қайшылығына құруға Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтар» романындағы көркемдік тәсіл ой салды деп жазды. Ө-тің: «Ф. М. Достоевский және Шоқан Уәлиханов» деген мақаласы «Дружба народов» журналында жарияланды (1956, №3).

*Н. Жуаншыбеков.*

**«Ф. М. ДОСТОЕВСКИЙ ЖӘНЕ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ»** («Ф. М. Достоевский и Чокан Валиханов»), жазушының мақаласы. Алғаш рет «Дружба народов» журналының 1956 жылғы 3-санында жарияланған. Бұдан кейін Ө-тің «Мысли разных лет» (1961) жинағында, 5 томдық шығармалар жинағының 5-томында (Мәскеу, 1975), 20 томдық шығармалар жинағының 20-томында (1985) қайталанып басылды. Ф. М. Достоевский 1854 жылдың наурыз айынан бастап, 1859 жылдың 2 шілдесіне дейін Семей қаласында тұрды. Ол әуелде 7-Сібір шебі батальонында қатардағы солдатты боп қызмет етті, кейіннен унтер-офицер дәрежесіне көтерілді. Жергілікті қазақ көпесі, Құнанбайдың күйеу баласы Менлібай Тінібаевтың үйіне қонаққа барып, қымыз ішіп, аңға шығып жүрген. Семейде Достоевский М. Д. Исаеваға үйленген. «Степанчиково селосы және оның тұрғындары», «Ағайдың түсі» атты шығармаларын осы Семей қаласында жазған. Шоқан Уәлиханов Құлжа, Қашқар сапарына барып-қайтқан кезінде Семейде ұзақ аялдап, Достоевскиймен етене сырласқан. Мақалада Ө. осы деректерді келтіре отырып, Ф. М. Достоевский мен Ш. Уәлихановтың 1854 жылдан бастап қалыптасқан достық қарым-қатынасын, бір-біріне идеялық тұрғыдан жасаған ықпалын, сол кездегі әлеуметтік-саяси жағдай туралы пікір алысуларын, Достоевскийдің Шоқанға деген ыстық ықыласын жазушының хаттары арқылы кеңінен талдап көрсетеді. Сол кездегі Ресейдің озық ойлы зиялыларының отар елдердегі ұлттық езгіге қарсы болғандығын және оның қазақ даласына да Достоевский сияқты ойшыл-күрескерлер арқылы тарағандығын

баяндайды. Ә. орыстың ұлы жазушысы Ф. М. Достоевскийдің өзі көкейкесті ойлары мен толғаныстарын қазақ халқының озық өкілімен бөліскенін сезіну – біз үшін аса зор ілтипат деп жазды. Ө-тің кезінде жасаған ұсынысы кейіннен жүзеге асты, мақалада көрсетілген Семей қаласындағы екі қабатты шағын үй Ф. М. Достоевскийдің мұражай-үйіне айналды. Алдына Ш. Уәлиханов пен Ф. Достоевскийдің ескерткіші қойылды.

*Т. Жұртбай, Ж. Шалғынбаева.*

**ДОСЫМБЕКОВА** Руда (1937 ж. т.), өлкетанушы. АлМУ-ды (бұрынғы ҚазПИ) бітірген (1959). 1966–99 ж. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында қызмет істеді. Ө-тің «Абай Құнанбаев» кітабын (1967), «М. О. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткішті» (1972), «М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасын» (1977), жазушының 12, 20 томдық шығармалар жинақтарын әзірлеуге қатысты. 1997 ж. жарық көрген «М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», «Мұхтар Әуезов әлемі», «М. Әуезов туралы естеліктер» атты еңбектер құрастырды. Ұлы суреткердің шығармашылық қызметіне байланысты «М. Әуезов шығармаларының бес томдығы» («Қазақ әдебиеті», 1974, 1 ақпан), «М. Әуезов және халық эпосының тарихи тамырластығы» («Жалын», 1983, № 1) т. б. мақалалар жазды. Ө-тің әдебиет пен мәдениет қайраткерлерімен жазысқан хаттарын («Абай», 1997, №2–3, 103–110-беттер), В. М. Жирмунскийдің Мұхана жазған 14 хатын («Простор», 1997, №10, 75–83-беттер) жариялады.

*С. Майлыбаева.*

**ДОСЫМЖАНОВ** Байғали (1921–1998), әнші, актер. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1978). 1944 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ опера және балет театрына әншілік қызмет істеді. Әнші-актер ретінде қазақ, орыс, қазақ-еуропа композиторларының опералық туындыларында сан алуан саздағы музыкалық бейнелерді сахнаға шығарды. Тырнақалды сомдаған «Дансидегі» Малхаз рөлінен бастап, «Фауст» Фауст, «Руслан мен Людмилада» Баян, «Риголеттада» Герцог, «Евгений Онегинде» Ленский, «Біржан мен Сарада» Біржан сал бейнелерін кескіндеп, қайталанбас артистік шеберлігімен көзге түсті. Ө-тің либреттосына жазылған А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында Айдардың бейнесін тұлғалап, диапозоны кең, күмістей сыңғырлаған әсем даусымен, артистік-орындаушылық шеберлігімен нысана биігінен көрінді.

*З. Қоспақов.*

**ДӨНЕНТАЕВ** Сәбит (1894–1933), ақын, публицист. 20 ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Тұңғыш өлеңдер жинағы 1915 ж. Уфа қаласында «Уақ-түйек» деген атпен шығады. Өлеңдерінде қазақ халқының қараңғылық құшағындағы ауыр халін жырға қосып, өнер-білімге, алдыңғы қатарлы озық мәдениеттен үлгі алуға шақырады. 1917 ж. Семейде мұғалімдер курсына оқып жүргенде, Ө-пен танысып, дос болады. Ө. те өз зерттеулерінде Д-тың ақындық таланты мен сатирашылық шеберлігіне жоғары баға берген. Орталық мектептің 6-сыныбына арнап жазған «Әдебиет хрестоматиясына» (1937) Д. туралы жеке тарау енгізіп, ақын өмірі мен шығармашылығына тоқталады. «Сәбит – революциядан бұрынғы әдебиет майданына шыққан бұқарашыл ақынның бірі» болғанмен, оның «алашордашылдығын» сынға алады, артынан олардан қол үзіп, жаңа өмірді жырлағанын сөз етеді.

Бұл жерде Ө-тің сол жылдары саяси ахуал ыңғайына орай, Д. поэзиясының ұлтшылдық сипатын айтуға мәжбүр болған. Орыс тілінде жазылған «Орыс реализмінің дәстүрлері мен революцияға дейінгі қазақ әдебиеті» (1949), «Қазақ әдебиетінің тарихынан» (1957, Е. В. Лизуновпен бірігіп жазған) мақалаларында: «Абайдан кейін орыс реализмінің дәстүрлерін демократтық бағыттағы прозашылар мен ақындар: Спандияр Көбеев, Сәбит Дөнентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров жалғастырып, идеялық-тарихи тұрғыда дамытқанын», «Абайдың сатиралық поэзиясындағы дәстүрлерін талантты жалғастырушы Дөнентаевтың» болыстар мен саудагерлердің, шала оқығандардың кемістігін сынға алғанын, қазақ қоғамындағы надандық пен қараңғылық атаулыны аяусыз әшкерелегенін ашып көрсетеді. Д-тың тоқырап қалған көшпенді тұрмыс пен қазақ кедейлерінің ауыр жағдайын реалистік тұрғыда шебер бейнелеуінен Абай дәстүрінен басталған сабақтастықты байқап, «Дөнентаевтың осы кезеңдегі поэзиясы орыстың сыншыл реализмі рухымен терең нәрленген» деп ой түіеді (20 томдық шығармалар жинағы, 19-том, 177–179-беттер).

*С. Қорабай.*

**«ДРАМА ПОЭТИКАСЫ»** («Поэтика драмы»), монография. Авторы – Р. Нұрғали. 1979 ж. «Жазушы» баспасынан орыс тілінде жарық көрген. Бұл – автордың қазақ драмалары туралы жазылған еңбегінің орысша нұсқасы. Аударған – Н. Ровенский. Зерттеуде драматургия жанрының қазақ әдебиетінде туып, қалыптасу заңдылықтары, тарихи тұлғалардың сомдалуы, 80-жылдардағы әдеби процестің ерекшеліктері қарастырылған. Әсіресе Ө-тің «Еңлік – Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қарагөз», «Түнгі сарын», «Абай», «Намыс гвардиясы» т. б. драмалық туындыларының көркемдік құрылымдары жан-жақты әрі байыпты зерттелген. Кітаптың көлемі 13,5 баспа табақ, таралымы 4 мың дана.

**ДРАМАТУРГИЯСЫ**, Жазушының драматургия саласындағы еңбектері. Ө. драматургия саласында көп еңбек еткен. Мұның бірнеше себептері бар. Халық әдебиетінде, фольклорда түр жағынан драматургияға жақын нұсқалар көп. Батырлар жырында толғаулар мол. Салт өлеңдері, беташар, сыңсу, жар-жар, жоқтау түрі мазмұны жағынан драмалық шығармалармен ағайындалады. 20 ғасырға дейін қазақтың халық әдебиетінде драматургияға өзек болатын мол қазына жиналды. Осы байлықты игерген қаламгер – Ө. Ол халық әдебиетінен нәр алды. Өрине қазақтың көшпелі өмірі, қаланың болмауы драматургияның дамуына кедергі жасады. Қазақ тұрмысындағы сауық түрлері, қыз ұзату салтанаты, алтыбақан ойындары тұңғыш драмаға енгізілді. Ө. көп ұлтты театрда істеген. Осы тәжірибе оған сахна сырын жете үйретті. Ө. қаламынан 30-дан аса драмалық шығарма туды. Жеке пьесалардың варианттарын қоссақ, 50-ден асады. Ө. драматургиясында жанрлық формалардың бәрін қамтыған. Онда трагедия да, комедия да, драма да бар. Ө. кейбір шығармаларын бірігіп жазған. Олар: Л. Соболев («Абай»), С. Мұқанов («Ақан – Зайра»), Ф. Мүсірепов («Қынаптан қылыш»), Ө. Тәжібаев («Ақ қайың»), Ө. Әбішев («Намыс гвардиясы»). «Октябрь үшін» (1933) пьесасының материалдары – Жетісу

қазақтарының революцияға келуі. Кейіпкерлері – Д. Фурманов, Ж. Бәрібаев. Кітаптың мұқабасында «Мұны жазуға Қ. Байсейітов, Бековтар қатысты» деген сөздер бар. Ө-ті әдебиетке «Еңлік – Кебек» алып келді. Шығарма өзегі – эпостық материал. Әлемдік әдебиеттегі мұндай тәжірибе өнімді дәстүрлердің бірі. Ө-тің «Еңлік – Кебекі» 1922 ж. Орынборда басылды. Кейіпкерлері сахна тілімен сөйлейді. Автор өзінен бұрынғы мотивтерден алыс кетпеген. Билер сахнасы – көркемдік тамаша табыс. Кемшілік, олқылықтарды ескеріп, Ө. пьесаны 1943 ж. қайта жазды. Бірнеше көрініс қысқарды. Аса терең, мәнді шығарманың бірі – «Түңгі сарын». Бұл – қазақ драматургиясында реализмнің орныққанын көрсеткен туынды. Мұнда көркемдік шешім ақындық идеалмен тығыз байланысты. Таптық тартыс шығармада жай схема түрінде емес, адам тағдырлары арқылы бейнеленеді. «Т. с.» – қазақ драматургиясында жағымды кейіпкерлер проблемасын шешкен туынды. «Октябрь үшін», «Тартыс» пьесаларында Ө. реалистік драма жасаудың түрлі-түрлі құралдарын пайдаланған. 1934 ж. сахнаға шыққан «Хан Кене» трагедиясы Ө-тің азаттық идеясын терең бейнелеген, аса көркем тарихи пьесасы. Мұнда Хан Кененің, Наурызбай батырдың, қазақ, қырғыз билерінің реалистік бейнелері жасалып, тарихи шындық пен көркем шындық табиғи бірлік тапқан. «Қарагөз» 1926 ж. бірінші сыйлық алды. 30-жылдардағы белгілі әдебиет сыншысы Ф. Тоғжанов трагедияға ескі көшпелі өмірді мадақтау бар дейді. Ж. Орманбаевтың да бір мақаласында осындай пікірі айтылған-ды. Ө. бұл пьесаға кейін қайта оралып, жаңа нұсқа жасалды. 30-жылдары Ө. реализмді меңгеруде көп еңбек етті. Әсіресе драматургияда көптеген ізденістерге барды. 1918 ж. Өуезов тұңғыш рет Абай жайлы мақала жазып, Абай заманы туралы білген, естігендерін қағазға түсірген. Л. Соболевпен бірлесіп жазған «Абай» пьесасы кейінгі эпопея тақырыбының барлауы еді. Онда Абай өмірінің соңғы кезеңдері қамтылған. 30-жылдардың аяғында Ө. білімі жөнінен, рухани толысуы жағынан шынға көтерілді. Ол Абай тақырыбына осындай шақта келеді. Автор Абайға лайық сөз өрнектерін тапқан. Бұл трагедия қоғамдық мәні бар күрделі жағдайларды көрсетеді. Шығармада тартыс, әрекет бірлігі мықты. Пьесада дақтығыс көп. Осы пьесаның негізінде кейін опера либреттосы, киносценарий жазылды. Трагедияны тұңғыш сахнаға қойған – Асқар Тоқпанов. Абай рөлін Қ. Қуанышбаев ойнады. Драма формасын Ө. көп байытты. Ө. фантастикалық пьеса да жазған. Ол – «Дос – Бедел дос». Пьесада «бір адам әр түрлі формацияда өмір сүрсе қандай болар еді» деген сұрауға жауап іздейді. Ө. драматургиясында қазақ халқы өмірінің сан алуан қырлары үлкен шеберлікпен көрсетілген. Өмірдің терең қабаттарын қопарып, типтік жағдайларға характерлерді дәл тауып, олардың өзара дақтығысынан туған үлкен тартыстарды көрсету – Ө. пьесаларының басты ерекшеліктерінің бірі. Шығармаларға құбылыстың сырт көрінісі, яки адамдар арасындағы ұсақ интригалар емес, әлеуметтік конфликтер негізгі арна болады. Ө. – қазақ драматургиясының жанашылы. Ол дүниежүзілік драматургияның асыл үлгілерін оқып, аудару арқылы шеберлік мектебін өтті. Мұның үстіне Ө. пьесаның

европалық үлгісіне соны ұлттық бояу, нақыш қосты. Қазақтың ежелгі әдебиетіндегі драматургияға жақын үлгілерді (айтыс, беташар, жар-жар, шешендік дауы) жаңашылдықпен пайдалана білді. Ө. трагедияларында сан алуан образдар галереясы бар. Олар өздеріне ғана тән, айрықша сөздік сипаттамаларымен кейіптелген. Ө. – қазақ әдеби тілін дамытуға орасан мол үлес қосқан, реформатор суреткер. Ө. қазақ тілінің негізгі сөздік қорын жеріне жеткізе пайдаланады. Мақал-мәтелдерді, айқышты сөздерді, фразаларды бағды күйінде ала салмай, оларды өз мақсатына орай жаңғыртып, жайнатып, қайтадан құйып шығарды. Ө. пьесалары – қазақ әдебиетінің алтын жамбадай қымбат, асыл шығармалары, біздің ұлттық мақтанышымыз.

Р. Нұрғали.

**«ДРАМАТУРГИЯНЫҢ БҮГІНГІ ЖАЙЫ МЕН АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ»** («Современное состояние драматургии и ее задачи»), жазушының мақаласы. Қазақстан кеңес жазушыларының 1934 ж. 12–18 маусымда Алматы қаласында өткен I-съезінде жасаған баяндамасы. Алдымен «Казакстанская правда» газетінің сол жылғы 20 маусымдағы, бұдан соң «Қазақ әдебиеті» газетінің 7 шілдедегі санында «Әуезұлы Мұхтар жолдастың баяндамасы» деген қосалқы тақырыппен жарияланды. Баспа бетінде қайта жарияланбаған, қолжазба сақталмаған. Жазушы бұл баяндамасында жаңа үлгідегі социалистік реализм драматургиясының жаңаша, саяси-таптық мағынасы оның 1) тақырыбынан, 2) драмалық түйінінен, 3) тұлғасынан (образынан), 4) сюжетінен (әңгіме өнерінен) көрінетін болады деп, драматургия жанрын игерудің теориялық өзекті мәселелерін атап, жеке туындыларды осы тұрғыдан саралап, талдап қарастырады. Автор драматургияның негізгі шарттарының ішінде алдымен тақырыпты атайды. Әдебиеттің қай жанрында болсын, әсіресе драматургияда дұрыс таңдалған тақырыптың атқарар қызметі үлкен. Өрине кез келген өмір құбылысы, дәуір тынысы көркем шығармаға тақырып болады. Дегенмен заман талабы, қоғам қажеттілігі тұрғысынан көкейкесті зәру тақырыптарды саралап, солардың мүмкіндіктерін, табиғатын, ерекшеліктерін ескеріп отыру, оны жете игерудің жол-жобасын да талдап-қарастыру қажет. Айталық, 30-жылдары, жаңа өндірістік, тұрмыстық қатынастар орныға бастаған дәуірде әдебиетіміздегі жаңа жанрлардың туып, өсіп-даму кезеңінде оның өмір шындығымен, күнделікті өмір құбылыстарымен етене жақын, тығыз байланысты болуын өмір қажеттілігі де, өнер мұраты да аса қажет етті. Драматургияның екінші шарты ретінде автор драмалық түйінді атайды, өйткені «социалистік реализм драмасында түйін – субъективтік ұжданшылдық емес, объективтік қоғамшылдықтан туған түйін. Түйінде уақиғаның саяси-қоғамдық сыры ашылатын болсын». Енді осыған тығыз байланысты драматургияның келесі шарты – тұлғаның (образдың) да жаңаша жасалуы қажет деп санайды. Тұлға қоғамдық күй мен жекектің бірлігінен туу керек. Өмір шындығын, қоғам болмысын адамның жеке пішінін толық айқын кейіптеу арқылы көрсету қажет, яғни адамның іші тереңдеу қажет. Тартыстың себебі, түйін байланысы үстірттеу болмай, терең тамырларды бойлау керек. Сонда пьеса проблемалық пьеса болады деген пікір айтады. Осы тұрғыдан автор өзі сол кезеңдегі алдыңғы қатарлы туындылар деп тапқан Бейімбеттің «Майдаң», «Талтаң-

бай», Илиястың «Түрксіб» пьесаларын тілге тиек етеді. Драмалық шығарманың негізгі шарттарына тығыз байланысты төртінші белгісі ретінде автор сюжет жинақылығын атайды. Талданып отырған пьесалардың көпшілігінде осы шарттың да ойдағыдай орындала бермейді. «...драмалық түйін – қақтығыстар дастан үлгісінде, шұбалаң күйде қалыптанады. Уақиғалар да жай, сылбыр өршиді. Тартыстың дәл өзімен тығыздалған сюжет боп жедел басып, жепіріп, қаусырып жетіп отырмайды. Драма заңы соны керек етеді. Дастанша жай әңгімелеу, баяу суретпен өрбу – пьеса сюжетіне жол емес». Әрине, көлемі белгілі мөлшермен шектелетін, аз уақыт ішінде көрермен алдында бар бітіммен бой жазуға тиіс шығарма ерекше жинақы ширақтықты, динамикалықты қажет етері сөзсіз. Жазушыларымыздың схематизмнен арылып, өмірді тереңірек зерттеп, жана өмірдің кейіптік мазмұнындағы өзгерістерді шыншылдықпен топтап көрсету қажеттігін баса айтады. Автор өзінің жазып жүрген «Октябрь үшін», «Тартыс», «Айман – Шолпан» пьесалары мен әңгіме-очерктерін және күнделікті еңбегін жаңа жолға түсудегі алғашқы тәжірибелері ретінде атап көрсетеді.

*К. Сыздықов.*

**«ДРАМАТУРГИЯНЫҢ ЗАҢЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ОЙЛАР»**, жазушының мақаласы. 1953 ж. қазан айында Мәскеуде өткен КСРО Жазушылар одағының 14-пленумында сөйлеген сөзі. «Әдебиет және искусство» журналында (1953, №12), жазушының «Уақыт және әдебиет» (1962, 355–363-беттер), 12 томдық (1969, 12-том, 97–106-беттер) шығармалар жинақтарында жарияланған. Қолжазбасы жазушы мұрағатында орыс тілінде «Выступление Мухтара Ауэзова (на XIV пленуме Союза советских писателей СССР)», «К тезисам выступления на пленуме Союза писателей» деген атпен және машинкаға басылған бірнеше данасы №241-папкада сақталған. Жазушы өз сөзін орыс совет драматургиясы мен ол туралы жазылған сын біздің еліміздегі әдебиеттер үшін «ең жоғарғы, ең жемісті, беделді лаборатория» екендігін, сондықтан Мәскеуде үлгінсіз авторларының пьесаларын орыс тілінде көрсететін халықтар достығы театрының құрылуы «кезек күттірмейтін мемлекеттік мәселе деп ұғамын» деген ұсыныстан бастайды. Автор біздің әдебиеттерімізде жоғары идеялық-көркемдік дәрежеде жазылған күшті пьесалар болғанымен, «сол табыстарды қорығындылап, одан да әрі алға қарай дамып, өсуіне жәрдем беретін ғылыми саласы жоқ». Қазіргі жазылып жүрген сын мақалалар мен оқулық еңбектерде драматургия туралы әдебиеттің басқа да жанрларына қатысты жалпы жәйттарды жалпылама сипай айтылатыны туралы бірнеше мысалдар келтіріп, «драматургиялық шеберліктерінің өзіндік ерекшеліктерін ашатын ешқандай талдаудың» кездесе бермейтіндігіне өкініш білдіреді. «...Оның үстіне формаға драматургиядан қатаң қарайтын жанр жоқ. Пьесаның көлемі 70–80 машинка бетінен аспауға тиіс. Ал қай поэма, повесть, не романның көлемі белгіленіп берілетін еді? Көлемге қатаң қараудың өзі формаға қатаң қарауды көрсетеді» деп, пьесаның идея, образ, тіл ерекшеліктерін талдап зерттеумен қатар, оны драматургияның өзіндік заңдылықтары, теориясы тұрғысынан да жете танып-зерттеу қажеттігін ескертеді. Бұл тұрғыдан автор пьесаның шартты компоненттері ретінде экспозиция, байланыс, өзекті оқиға, шарықтау шегі, шешілу т. б. белгілерін атап

көрсетіп, «драматургияда конфликт мәселесі пьесаның жанрлық белгісін көрсететін шешуші элементтің бірі... Бұл – өлеңді белгілейтін поэтика элементтері сияқты драматургияның негізгі компоненті» деп, сол кезеңде өріс алған конфликтсіздік теориясын қатаң сынға алады.

*К. Сыздықов.*

**«ДРУЖБА НАРОДОВ»**, журнал. КСРО Жазушылар одағының, 1992 жылдан бастап Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері жазушылары қауымдастығының басылымы. 1939 жылдан альманах ретінде арақидік басылып тұрды, 1955 ж. журналға айналып, ай сайын шығып келеді. Басылымның негізгі бағыты көп ұлтты әдебиет өкілдерінің шығармалары мен әдеби-сын мақалаларын, публицистикаларын, мәдени шолу пікірлерін орыс тілінде жариялау, насихаттау. Журналға қосымша: «СССР халықтары әдебиетінің классиктері» (1957–1960), «СССР халықтарының тарихи романдар кітапханасы» (1961–1963), «Совет романдарына 50 жыл» (1964–1970), «Дружба народов» журналының кітапханасы» (1970–1980), «Совет прозасының кітапханасы» (1981–1991) атты кітаптар шоғыры жарық көрді. Журнал бетінде және кітаптар шоғыры қатарында Ә-тің «Абай» (2-кітап, 1948, №18-жинақ), «Қараш-Қараш оқиғасы» (1961, №7), «Индия очерктері» (1958, №9), «Түнгі сарын» (1960, №12), «Қаралы сұлу», «Білекке – білек», «Шатқалаң» (1966, №1), «Өскен өркен» (1965, №1) сияқты шығармалары және «Орыс реализмі дәстүрі және революцияға дейінгі қазақ әдебиеті» (1949, №2), «Туған бауыр» (1954, №2), «СССР халықтары әдебиетінің көркем аудармалары» (1954, №2), «Ф. М. Достоевский және Шоқан Уәлиханов» (1956, №3), «Революциямен туғандар» (1958, №11), «Хаттар» (1961, №8) атты мақалалары басылды. Сондай-ақ Ә-тің шығармашылығы туралы ондаған мақалалар жарияланды. Жазушының әңгімелері мен повестері «Д. н.» журналының кітапханасынан әр жылдары шыққан көпшілік жинақтарға енгізіліп, бірнеше рет қайталанып басылды.

**ДРЭПЕР** Джон Вильям (1811–1882), ағылшын ғалымы. Тарих, физика, химия, физиология ғылымдарымен шұғылданған өмбебап оқымысты. Еңбектерінде қоғамның дамуына табиғаттың тікелей әсер ететінін, алдағы даму бағдарынан дұрыс анықтауына байланысты екенін ғылыми мәселе ретінде қойды. Ді-дің бұл еңбектерімен Абай таныс болған, Ә. те оқыған. Ол Абайдың философиялық көзқарасының қалыптасуына әсер еткен Еуропа ғұламаларын талдай келе: «Абайдың Сократты, Аристотельді оқығаны «Қара сөзінен», Гете, Байронды білгені өлеңінен байқалады. Спиноза, Спенсер, әсіресе Дрэпердің «Европаның есею тарихы» деген философиялық еңбектерімен де оқып танысқан» деп айрықша атап етеді («Абайтанудан жарияланбаған материалдар», 1988, 175-бет). «Абай – қазақтың классигі» атты мақаласында Абай Дрэпердің «Европаның ақыл-ойының даму тарихының» толық курсын тәмамдаған деген де пікір білдіреді (сонда, 75-бет).

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ДУЛАТ** Бабаатаұлы (1802–1874), ақын. Өлеңдері ел ішінде ауызша, қолжазба түрінде тараған. 1880 ж. тұңғыш өлеңдер жинағы «Өсиетнама» деген атпен басылым көрген. Мұнда ақын қазақ елінің

саяси-әлеуметтік өмір болмысын шыншылдықпен жырлаған. Өлең-жырларының басты сарыны – 20 ғасырдың алғашқы жартысындағы ел билеу жүйесі өзгеріп, хандық билік жойылып, аға сұлтандық билік түрі енген заманғы отаршылдық құлдыққа рухани қарсылық Ө. Д-ты оқулықтарға енгізіп, ғылыми зерттеулерінде, «Абай» романында жоғары бағалайды. Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1947 жылғы әдебиет, өнер жөніндегі қаулысынан кейін Д-ты діншіл, хандық дәуірді, ескілікті аңсаушы көртартпа ақын деп теріс бағалады. 1959 ж. өткен «Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми конференцияның» ұсыныстарында Дулат шығармаларын орта мектепте оқыту қажетсіз деп санады («Әдеби мұра және оны зерттеу», 1961). Сол себепті «Абай» романында Д. өз атымен аталса, «Абай жолында» ол Барлас атанды. Қодар өлімінен кейін жан ауруына, рухани күйзеліске ұшыраған Абайды айықтырған осы Барластың – Д-тың өлең-жыры еді. Есейген шақта да, Абайдың күрес құралы сол өлең болады. Д. шығармаларының тұңғыш толық жинағы «Замана сазы» деген атпен жарық көрді (1991).

*М. Мырзахметұлы.*

**ДУЛАТИ** Мұхаммед Хайдар (1499–1551), тарихшы, әдебиетші. Моғолстан мен оған іргелес жатқан аймақтардың тарихи жөнінде ғажал еңбек – «Тарихи-Рашиди» мен «Жаһаннама» дастанын жазған. Ө. жазбаларында Д. мен оның еңбегі туралы еске алып отырады. Әсіресе Орта Азия халықтары әдебиеттерінің тарихына қатысты зерттеулерінде жиі кездеседі.

*Ә. Пірманов.*

**ДУЛАТОВ** Міржақып (1885–1935), ақын, жазушы, драматург, публицист, педагог, қоғам қайраткері. Міржақыптың даңқын қазақ арасы ғана емес, Ресейдегі түрік әлеміне тұтас жайған «Оян, қазақ!» 1909 ж. Уфада шығып, 1911 ж. Орынборда екінші рет басылды. Бұл – қазақ әдебиетінің тарихындағы ең көп қудаланған шығарманың бірі. «Терме» (1913), «Азамат» (1915) жинақтары жарық көрді, «Бақытсыз Жамал» романы (1910) Қазанда басылды. Мұның үстіне көптеген оқулықтар, аудармалар, қазақ кітаптарының көрсеткішін шығарды. «Азамат» (1913), «Терме» (1915) т. б. жыр жинақтары, «Бүркіттің кегі» поэмасы (1917) т. б. жарық көрді. «Абай» (1904), «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов» (1914), «Ахмет Байтұрсынов» (1922) т. б. мақалалар жазды. «Есеп құралы» (1921), «Оқу құралы» атты оқулықтары бірнеше рет жарияланды. Қазақ әдебиетінде баспа жүзін көрген алғашқы пьесалардың қатарында 1922 ж. Орынборда басылып шыққан «Балқис» драмасы бар. Драматург қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздікті, бай мен кедей, жуан мен жіңішке болып бөлінуді анық, дәл көрсетеді. Ескі салтты мүлде қолдамайды, қалың үшін қыз сатуды айыптайды. Ө. Міржақыппен тағдырлас, пікірлес болып, алаш ұранды әдебиеттің негізін бірге қаласты. Ол Ахаңның «Қырық мысалы» мен «Масасына» іле-шала үн қосып, ұран салып шыққан Міржақыптың «Оян қазағы!» болатын» деп жоғары бағалаған (Қ. Мұқаметханов. «Абай мұрагерлері», А., 1995, 177-бет).

*Р. Нұрғали.*

**ДУЛАТОВА** Гүлнар Міржақыпқызы (1915 ж. т.), дәрігер, әдебиетші. Ө-ті алғаш рет Орынборда

көрген. Содан бастап әкесі Міржақып пен Мұхтар арасындағы шынайы, таза дос көңілді, адал қарым-қатынас пен сыйластықты сезініп өсті. 30-жылдардағы зобалаңнан кейін, 1958 ж. зайыбы Ө. Сатыбалдиевпен бірге Мәскеуде өткен қазақ әдебиетінің онкүндігінде ұлы жазушымен табысып, татуласады. «Шындық шырағы» деген естеліктер кітабында (1995) 20–30-жылдардағы қазақ зиялыларының өмірі, кейінгі ұрпаққа қалдырған үлгі-өнегесі туралы сыр шерте отырып, Ө. жөнінде бірқатар деректер келтірген.

**ДҮЙСЕКЕНОВА** Әтірқұл Жұмабайқызы (1940 ж. т.), актриса. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1986). Табиғи дарындылығының арқасында 1958 ж. өз облысындағы театрға атрисалық қызметке қабылданған. Ұзақ жылғы шығармалық ізденісінің нәтижесінде көптеген сахналық бейнелер сомдап, труппаның жетекші шебері екенін танытты. Актёрлік шеберлігінің қалыптасуына Ө. пьесаларының негізіндегі қойылымдардағы Қарагөз, Мөржан («Қарагөзде»), Еңлік («Еңлік – Кебекте»), Айман («Айман – Шолпанда»), Көкпан, Аналық («Қаракыпшақ Қобыландыда»), ұлы драматург аударған «Ревизордағы» Марья Антоновна образдары игі ықпалын тигізді.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ДҮЙСЕКОВ** Ғали (1900–1978), актер. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі (1943), 1938–63 ж. Шымкент облыстық қазақ драма театрында қызмет істеді. Ө-тің пьесалары бойынша қойылған спектакльдерде Кебек пен Абыздың («Еңлік – Кебек»), Есен мен Арыстанның («Еңлік – Кебек»), Айман – Шолпан), Бөжей, Тәкежан, Біржандардың («Абай» бойынша инсценировка) рөлдерін орындау арқылы ол өзінің актерлік шеберлігін танытты. 1967 ж. ұлы жазушының 70 жылдық тойына арнап «Мұхтар аға» (сөзі Ж. Еділбаевтікі) әнін шығарды.

**ДҮЙСЕНОВ** Мырзабек Төлегенұлы (1928–1988), әдебиет зерттеуші, жазушы. Филология ғылымының докторы (1968). Ғылыми еңбектері қазақ поэзиясының тарихына, халық әдебиетінің өзекті мәселелеріне арналған. Бұл салада «Әдебиеттегі мазмұн мен түрдің бірлігі» (1962), «Ілияс Жансүгіров» (1965), «Ақын мұраты» (1967), «Ұлы Октябрь шуағы» (Т. Кәкішевпен бірге, 1982), «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты» (1982) монографиялары т. б. жарық көрді. Бұл шығармаларында Ө. айтқан ой-пікірлерге сүйеніп, соларға жүгініс жасаған. «Үстаз туралы бір естелік» («Жалын», 1971, №4), «Жонның жотасында» («Қазақ әдебиеті», 1971, 3 желтоқсан) деген мақалаларында ұлы суреткерге өзінше сүйіспеншілігін білдірген. 1959 ж. 15–19 маусымда Алматыда өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда Д-тің «Қазақ совет әдебиетінің социалистік мазмұны мен ұлттық формасының тұтастығы жайында» жасаған баяндамасын қорытындылай келіп, Ө. өзін «Қорытынды сөзінде» жас сыншының еңбегіне төрелік айтып, әділ бағасын берген.

*С. Қирабаев.*

**ДҮЙСЕНБАЕВ** Ысқақ Тәкімұлы (1910–1976), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы



М. Дулатов.



(1967), профессор (1971), ҚР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1975). Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1971). Ө-тің шәкірті және оның әдеби мұрасын жинақтап, бастырушылардың бірі. 1955 ж. Ө-тің жетекшілігімен «Қазақ халқының әлеуметтік-тұрмыстық эпосы» деген тақырыпта кандидаттық, 1967 ж. «Қазақ халқының революцияға дейінгі әдебиет тарихын зерттеудің мәселелері» деген тақырыпта докторлық диссертациялар қорғады. Ө. 1959 ж. әдеби мұраға арналған конференциядағы қорытынды сөзінде осы келелі мәслихатта Д. жасаған баяндаманы жоғары бағалады (20 томдық шығармалар жинағы, 20-том, 387-бет). Д. ұлы жазушы мұрасын бастырып зерттеу ісінде көп еңбек сіңірді. Ө-тің қазақ тіліндегі 12 томдық және орыс тіліндегі 5 томдық шығармалар жинағын бастыруға, «Әр жылдар ойлары», «Уақыт және әдебиет» кітаптарын орыс тіліне аудару ісіне белсене қатысты. Бұл ретте «Мысли разных лет» кітабындағы жазушының «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ертегілер», «Айттыс» атты зерттеулерін орыс тіліне аударуда көп ізденіп, тер төкті. 1967 ж. Мұханның туғанына 70 жыл толуына байланысты «Абай Құнанбаев» деген атпен үшінші рет жарық көрген мақалалар мен зерттеулер жинағын баспаға даярлады. Д. өткен басылымдарда мағыналы өзгеріске ұшыраған көптеген сөздерді түзетіп, бастапқы қалпына келтірді. Ө. мұрасын зерттеудегі көп жылғы жұмысының нәтижесінде «Мұхтар Әуезов» атты зерттеу еңбегі (1974) ұлы суреткердің өміріне, жазушылық, ғылыми қызметіне арналды. Кітаптың «Қарышты қадам, сәтті сапар» атты үлкен тарауында Ө-тің ертеректегі (1917–1929 ж.) шығармаларына тоқталып, жан-жақты талдау жасайды, басқа тарауларында драматургиясы мен аяқталмай қалған «Өскен өркен» романы туралы, «Абай жолы» роман-эпопеясының тарихи негіздері жайлы сыр шертіп, аса көрнекті ғалым-филолог, ауыз әдебиеті мұралары мен әдебиет тарихының білгір зерттеушісі, қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа саласы – Абайтану ғылымының негізін салушы, әдебиеттер байланысы мен өнертану салаларын зерттеуші, «Манасты» әлемге танытқан ғұлама ғалым ретінде тұлғасын ашады. «Өз аға» деген естелігінде ұлы ұстаз туралы тебірене әңгімелейді. «Аса көрнекті әдебиетші ғалым» («Қазақстан коммунисті», 1967, №9), «Асыл адам» («Жалын», 1969, №3), «Ғасырлардың сыры бар» («Жұлдыз», 1976, №1), «Қилы заман туралы» («Жұлдыз», 1977, №5), «Нұрлы жүрек» («Жұлдыз», 1966, №6) мақалаларын жариялап, «Уақыт және әдеби-

Таудағы серуен. В. Әуезова, М. Әуезов, Ы. Т. Дүйсенбаев.



ет» кітабына (1962) алғы сөз жазды. 1976 ж. Алматыда Бүкілодақтық түркітану конференциясы өткен кезде «Қазақ әдебиеттану ғылымы өрлеу үстінде» деген көлемді мақала жариялап («ҚазКСР ҒА-ның Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы», 1976, № 1), ұлы суреткердің қазақ әдебиеттану ғылымына, мәдениетіне сіңірген еңбегі жалпы қазақ мәдениетін танытуда ерекше зор қызмет атқарды деді.

С. Қорабай.

**ДҮНИЕ ЖҮЗІ ӘДЕБИЕТІ КІТАПХАНАСЫ** (Библиотека всемирной литературы), 200 томдық көркем әдебиеттер сериясы. 1968–74 ж. Мәскеудегі «Советский писатель» баспасынан жарық көрген. Мақсаты – оқырмандарды әлемнің ең таңдаулы көркем туындыларымен таныстыру. Кітапхананың өкі томына (3-серия, 134 және 135) Ө-тің «Абай жолы» эпопеясы енгізілді (1971). Орысшаға А. Никольская, Т. Нұртазин, Л. Соболев аударған. Ө. Нұрпейісов жазған көлемді алғы сөзде тетралогияның көркемдік жағына, Мұханның азаматтық, адамдық келбетіне көбірек тоқталған, сондай-ақ күллі қазақ әдебиетінің дамуы Ө. есімімен тығыз байланысты екеніне көбірек зер салған. Ы. Дүйсенбаев пен Е. Лизунова жазған соңғы сөзде романның жазылу тарихы, нұсқалары, алғашқы рет орыс тіліне тәржімалануы, жариялану хикаясы, әлем әдебиетінен алатын орны туралы жан-жақты баяндалған, кейбір атауларды түсінік берілген. Иллюстрациясын Е. Сидоркин жасаған.

Н. Бауған.

**«ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МАҢЫЗЫ БАР ОҚИҒА»** («Событие мирового значения»), жазушының мақаласы. 1955 ж. 31 желтоқсанда «Литературная газетада» шықты. Қазақша нұсқасы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1956 жылғы 6 қаңтардағы санында жарияланды. Кеңес өкіметінің мақсаты дамушы елдерді өзіне қаратып, жақтас етуге тырысқаны, оларға қаржы, техника, әскери қару-жарақ жағынан көптеген көмек бергені тарихи факті. КСРО-ның бұл өрекеттері көп жағдайда нәтижелі болып, дамып келе жатқан Азия, Африка, Оңтүстік Америка елдерін өзіне жақындатып, өз жемісін берді. Ө-тің мақаласы КСРО-ның осы саясатын қуаттау, бұл сапарда Н. Булганин мен Н. Хрущевтің қол жеткізген келісімдерін қолдау ниетін білдіреді. Совет Одағы барлық бейбітшілік сүйгіш елдердің рухани күшті қуаттауын сезіне отырып, халықаралық жағдайдың шиеленісін бірсыпыра әлсіретуге өзінің мол күш-жігерін жұмсады деген автор бұл жайында. Мақала негізінде тапсырыспен жазылғанға ұқсайды. Өйткені Әуезов мұражайының қорында әр түрлі баспасөз органдарынан мейрамдарға, мерейтойларға, мемлекеттік маңызы бар оқиғаларға қатысты мақала жазып беруді сұраған көптеген хаттар, жеделхаттар бар.

Р. Әбдіғұлов.

**ДУТБАЙ** Уандықұлы (1850–1915), Абайдың замандасы. Тобықтының Көкше тобынан шыққан. Абайдың Ділдәдан туған қызы Күлбаданның күйеуі. Дүтбайдан: Мүкен, Мұхтар, Мұштар, Мәкен, Қадидиша туады. Д. Мұқыр болысына бірнеше рет болыс болған. Оның ысқаяқ, тұрақсыз мінездерін көрген Абай 1899 ж. «Жылуы жоқ бойын» деген әйгілі өлеңін шығарған. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясында («Тарауда» бөлімі) Д-дың сырғақ, тұрлаусыз мінез-құлқы ашық, айқын шеберлікпен суреттелген.

**ДІЛДӘ** (1843–1924), Абайдың бәйбішесі. Бұларды Алшынбай мен Құнанбайдың татуластығы қосқан. Д. – Алшынбайдың Түсібінің қызы, бірақ Алшынбайдың бауырында өскен. Олар қосылғанда Абай 15-те, Д. 17-де екен. Ұрын барып, табысқаннан кейінгі күндері романда былай баяндалады: «Қазірде Абай көңілі қандай салқын болса, Ділдә да сондай жалынсыз. Әдетте, жетекке ергені болмаса, дәл жүрегінде ол да Абайды жатырқап келген. Айрылсақ кезде Абай мен Ділдә бір-біріне үйреніскен болатын, оқта-текте қалжындап та отырысады. Ділдә Абайға сүйкімді, сулу көрінеді, Абайдың пішініне Ділдә да үйренді. Бірақ іштей екеуі де бір-біріне қабыспайды, салқын күйде қалысты» («Абай жолы», «Өрде» тарауы). Абайдың Д-дан Әкімбай, Әбдірахман, Мағауия, Күлбадан, Райхан деген балалары болды. Деректерде Д-ның ақылдылығы, бәйбішеге лайық мінезі болғандығы жөнінде айтылады. Әйгерімді алғаннан кейін Алшынбайдың бәйбішесі қыдырып келіп: «Ыбырайдың тоқалы қайсы?» деп сұрайды, ол Әйгерімді көргенде сәлемдеспейді және Абайды «мен кеткенше тоқалдың қасына жатпасың» дейді. Абай оның айтқанына құлақ аспай, Әйгерімнің үйінде жатып алады. Абай мен Д-ның жұбайлық өміріндегі салқындық романда басынан бастап, аяғына дейін өзгерген жок, сол алғашқы табысқан кезіндегі қалпында қалды. Жазушы «Абай» романының жазылуы жайынан» деген мақаласында: «Өзім материал алған адамдардың ішінен мен Абайдың бірінші әйелі – Ділдәны атай аламын. Ол 1924 жылы өлді» дейді. Ол Абайды еске алғанда, мынаны айтады: «Абайдың айналасы кітап болады үйде отырғанда. Оқып отырады. Көзіне очки киеді немесе кітап үстіне лупа жүгіртіп отырады. Насыбайға мырза» (№29-папка, 211-бет). Өзінің тілегі бойынша, Д. Аралтөбедегі Әйгерім жатқан бейітке жерленген.

*Т. Әкім.*

**ДІЛМҰХАМЕДОВ** Елтоқ Ділімбетұлы (1903–1990), тарихшы. Тарих ғылымының докторы (1973). Ғылыми еңбектері Қазақстанда жұмысшы табының қалыптасуы, ұлт-азаттық қозғалысы т. б. мәселелерге арналды. 70-тен астам еңбек жазды. Д. 1950–53 ж. Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілісі туралы пікір таласы тұсында байыпты көзқарасын білдірді. Е. Бекмахановтың еңбектеріне жаппай саяси айып тағудың дұрыс емес екендігін айтып, Х. Айдарованың, А. Якуминнің, Г. Шойынбаевтың, С. Толыбековтің, М. Ақынжановтың, С. Нұрышевтің мақалаларына қарсы шықты. Бұл – «Хан Кеңе» пьесасы үшін дәл сондай айып тағылып, солақай әсіре сыншылардың байбаламының астында қалған Ә-ті де қорғау деген сөз еді.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ДІНӘСІЛ Малдыбайқызы** (1820–1907), жазушының әжесі, Әуездің бәйбішесі, Омарханның анасы, Ақтайлақ бидің шөбересі. Ақылды, мейірімді, жұмсақ мінезді адам болған. Көп немересі ішінен өзі өте жақсы көретін сүйкімді, кішкентай Мұхтарды еркелетіп: «Қоңыр қозым» деп атаған. 6 жасар Мұхтарды ұлы Абайға апарып, ақ батасын алғызған. Д-дің сөзге шешен, кісілік қасиеті Ә. бойына дарыған. Жазушы өзі туралы мақалаларында әжесін құрметпен еске алады.

*Л. Баймағамбетова, С. Қорабай.*

«**ДІНДІ ӨШКЕРЕЛЕЙТІН ПЬЕСА**», жазушының мақаласы. 1938 ж. 5 мамырда «Социалистік Қазақстан» газетінде шыққан. Мақала Қазақ мемлекеттік драма театрында қойылып жатқан Асқар Токмағамбетовтың «Әзірет Сұлтан» пьесасының тақырыптық, идеялық қырларын ашуға, актерлер ойының талдауға арналған. 30-жылдардың әсіре солақай саясатының, идеологиясының әсерінен жазылғаны анық байқалады. Жазушының «... Асқар Токмағамбетов жолдас жазған «Әзірет Сұлтан» пьесасы біздің заманымызда үлкен жаңалықтың бірі. Бұл іс-әрекеттің орнынан тұрғызбайт етіп өшкерелейтін, дінге қарсы программалық маңызы үлкен пьеса», – деген сөздерін шын көңілінен шыққан сөз деп қабылдауға болмайды. Көркем шығармаларын оқып тексергенде, басқа зерттеу мақалаларын оқығанда, Ә-тің дінге, исламға көзқарасы мүлдем басқа екені байқалады. Жазушы мақалада пьесаның үш жақсы қыры деп сықақты, дінге қарсы үгітті адам трагедиясы арқылы беруді, жазушының пьеса материалын жақсы білуін айтады. Кемшіліктері жайында айтқанда әсіресе жағымсыз кейіпкерлердің (дін өкілдерінің) образдары дара-ланбай плакаттық дәрежеде қалып қойғандары айтылады. Жағымды кейіпкер мінезінің ірі еместігін де пьеса кемшілігіне қосады. Мақаланың көркемдік талдауға арналған екінші бөлігі идеологиялық талпақтарға орай жазылған алғашқы бөлігінен құндырақ. Актерлер ойының байыптауда орынды, мәнді ойлар айтқан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ДІНИ ДАСТАНДАР, ДІНИ ҚИССАЛАР**, ислам дінін уағыздайтын, Мұхаммед пайғамбар мен оның төрт ярының есімдеріне байланысты мифтік аңыздар негізінде туған дастандар. Бұлар – «Сал-сал», «Зарқұм», «Кербаланың шөлі», «Хазрет расулолланың Мағражға шыққаны», «Жұм-жұма», «Әзірет Әлінің құлдыққа сатылғаны», «Әлінің сараң байды жолға салғаны», «Мұса ғалаислам мен Қарын хикаясы», «Жүсіп – Зүлиха» т.б. Д. қазақ дала-сын 18 ғ-да әуелде ауызша, кейін жазба түрде тарай бастады. Д. д-ды 3 топқа бөлуге болады. 1-топтағылар – «Сал-сал» мен «Зарқұм». Бұлар басқа дінге табынушыларды ислам дініне енгізу жолындағы жорықтарды баяндайды. Мұхаммедтің 4 яры (серігі) – Әбу Бакір, Омар, Осман, Әзірет Әлі өздерінің сахабаларын (сарбаздарын) бастап соғыс жорығына шығады да, қарсылық көрсеткендерді қырғынға ұшыратып, өз мақсаттарына жетеді. «Сал-салдың» оқиғасында Әзірет Әлі Сиқыр шаһарына барып соғыс ашып жатқанда, Мұхаммедтің Меккеде жалғыз қалғанын естіген Жамшит патша қалың қол жіберіп, Меккені жаулап алмақ болады. Екі жақтың бір-біріне жасаған шабуылы қиссада қос-қабат келеді де, Пайғұз, Құтар патшалықтарын жеңіп, Әзірет Әлі олардың халқын ислам дініне күшпен енгізеді.

«Сал-салда» миф көп орын алса, «Зарқұмда» гиперболо басым. «Зарқұм» соғысына пайғамбар бастаған 4 яр, 33 мың сахаба түгел қатысады. «Сал-салда» пайғамбар жойқын соғыста хабарсыз кеткен Әбілмәжін, Оқас, Сағиттардың тағдырын біле алмаса, «Зарқұмда» періштелер (жебрейіл) арқылы құдаймен тілдесіп, соғыс майданынан хабар алып отырады. Бұл соғысқа дейін Әзірет Әлі бірнеше патшалықты бағындырады. Ал Зарқұмның жер қайысқан әскерін көріп сахабалар сасқан кезде, Мұхаммед оларға жігер береді. Әзірет Әлі жеті жүз батпан күрзсі бар Жанәбілді аспанға атып,

әскербасы Қаһанды мың батпан сауыт-сайманымен жерге ұрған кезде, олар өз патшалығына қарсы соғысады. Қылышын айдаһардың зәріне суырған Зарқұмға пайғамбар өзі жекпе-жекке шығып, оны сауыт-сайманымен, басындағы қырық батпан тәжісімен аспанға атып, жерге түсірмей қағып алады да, «құдай бір, пайғамбар хақ, Құран шын» дегізіп дінге кіргізеді. Ғирақ шаһарының 400 қақпасы түгелдей ашылып, бұтқа табынған Ғирақ (Ирак) патшалығын мұсылман етіп қайтады.

Д. д-да діни уағыздармен бірге батылдықты, батырлықты, намысты, бір сөзділікті мадақтау да бар. Жанәбіл мен Қаһанға жекпе-жек шыққан Өзірет Әлі тоғыз күндей соғысып жеңе алмағанда, Мұхаммед Қанапиа кезек сұрап жетіп барады. Сонда Өзірет Әлі: «Күнбатыс, күншығысқа барған бабан. Шаһар бұзып, ойранды салған бабан. Талай Қайсар, Қаһанды палуанды, Жолдассыз жалғыз жүріп алған бабаң» деп намысқа бұлығып, денесінің түгі сауытын тесіп шығады. Соғыс алаңын тастамайды.

«Кербаланың шөлінде» пайғамбар әулетінің күші әлсіреп, жеңіліске ұшыраған кезі баяндалған. Көпе шаһарының патшасы Нығманның қысым, зорлық көрген Сәнилердің Мұхаммед әулетін көмек сұрауы киссань сюжеттік желісін тартады. Бұл оқиға Нығманның әкесін қатты шамдандырып, Шам, Басыра патшалықтарынан көп әскер жөнелткен Язит Меккеден келе жатқан Өзірет Әлінің ұлы Хұсайын қолын Кербаланың шөліне (Ирак) қамап алып, сусыз қалжыратады. Қырық мың әскермен айқасқан Хұсайын қолы суға жете алмай әлсіреп жеңіледі. Әскер басы Хұсайынның басын алып, Язит патшаға апарып сыйға тартады.

Д. д-да өсиет, насихат көп орын алады. Бұлар діни сарында жазыла тұрса да, оқиғасы тартымды, тілі керемет, тарихи шындыққа жақын, озбырлық пен қатыгездікке қарсылық нышаны да бар. 2-топқа кіретін Д. д. «Жұм-жұма» мен «Өзірет Әлінің пыраққа мініп, Мағража шығуы». Бұл дастандарда Өзірет Әлінің ұжмақта жүрген пайғамбарлармен кездесуі, хор қыздарымен сұхбаттасуы әңгімеленсе, тіршілігінде дүние қызығына әуестеніп кеткен Жұм-жұманың өлгеннен кейін тозаққа түсіп, ораза, намаз тұтпағаны үшін қатты азап тартуы бірыңғай діни мифтік тұрғыда баяндалған. 3-топтағы Д. д-да «Өзірет Әлінің құлдыққа сатылғаны», «Өзірет Әлінің сараң байды жолға салғаны» және «Жүсіп – Зылиха» қиссаларында діни уағыздардан гөрі тұрмыс-тіршіліктері, әр алуан жайлар, тағылым, ғибраттар жырланады. Бұлардың ішінде «Жүсіп – Зылиха» – өмірге бір табан жақын шығарма. Мұнда түс жору, кітап ашу арқылы болашақты күні бұрын болжау, тағдыр, жазымш сияқты мифтік ұғымдар бола тұрса да, құл сату, керуен шығу, аштық, тоқтық, қуаныштық т.б. тұрмыс-тіршілікте кездесетін жайлар көп айтылады, мейірімділік пен адалдықты күншілдікке қарсы қояды, тағдырдан болған талай қиындықтарды жеңіп шығып, Жүсіп пен Зылиха мұратына жетеді. Оларда малды адал еңбекпен жию, ғарып, мүскінге шапағат ету насихатталады. Сонымен бірге оларда соғысқан екі жақтың батырларының жекпе-жектегі намысқорлығы мен бір сөзділігін, өлім қауіп төніп тұрса да, өз сөзінен танбайтын, бетінен қайтпас ерлігін паш ету бар. Қазақстан жерінде 15–17 ғасырларда айтыла бастаған. 19 ғасырда кітап болып басылып, ел арасына көбірек тараған. Ислам дініне қатысты мифтік оқиғаларды жырлаудан туған діни дастандарды қазақ ақын-жыршылары ұлт-

тық қабылдау ерекшелігіне ыңғайлап батырлық эпос үлгісінде жырлаған. Ө. діни дастандарды арнайы зерттемеген. 1922 ж. Ташкентте шыққан «Шоллан» журналының 2–3-сандарында жарияланған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында қазақ батырлары бәрі бір қалыпқа соққандай барған жерін қырып келіп, жойып келетін, үнемі жолы болып отыратын, хазірет Әли Сейітбаталша батыр емес деп, діни дастанға сипаттама берген. 1924 ж. Ташкентте шыққан «Жас қайрат» журналының 3–4-сандарында «Халық әдебиеті туралы» мақаласында халық ауыз әдебиеті жанрларының ішінде діндар өлеңдерді жеке түр ретінде атаған. 1927 ж. Қызылордада шыққан «Әдебиет тарихы» оқулық кітабына жазған кіріспесінде (Ленинград, желтоқсан, 1925) дін өлеңдерін, киссаларды алсақ, көбінің сарыны шеттікі болудан басқа, мазмұндар да түгелімен мұсылман ғаламынан келген көшпелі, қыдырмалы әңгімелер деп, ғылыми тұжырым жасаған. Арнайы сөз ету үшін шығыс тілдерін біліп, діни дастандар алғашқы шыққан елдердің тарихынан хабардар болу керек деген талап қойған. «Қазақ ССР тарихының» 1-томына жазған «Қазақтың ауыз әдебиеті» тарауында Ө. Орта Азия халықтарының классикалық поэзиясы және халықтың романдары қазақтың лирикалық поэмаларының қалыптасуына елеулі әсер етті деп, діни дастанға жататын «Жүсіп – Зылиханы» атаған.

С. Қасқабасов.

**ДІНСЛӘМ** Өзімбайұлы Тәңірбергенов (1881–1919), Абайдың ағасы Тәңірбергеновтің немересі. Д-ді «Шөпіш» деп атап кеткен. Шөпіш – Тәңірбергеновтің бәйбішесі, Сыбан қызы Қаражаннан туған Өзімбайдың баласы. Д. – мейірімді, кісілікті, кедейлерге қарасып жүретін адам болған. Ол Ө-пен бала кезінде араласып өскен. Сауатты, мұсылманша хатты еркін таныған. Атақты Тәуке батырды патша ұлығынан жасырғаны үшін, 1916 ж. Құдайбердінің Ырзықбайы екеуі Аяғздің түрмесіне қамалды. Оларға Сіләмқұл тамақ тасып тұрыпты. Сіләмқұлдың руы – Көтібақ, гимназия бітірген, беделді адвокат. Шөпіш түрмеден босап шыққан соң, Қаражан Сіләмқұлға ғажап, қатты сыйлапты. Шөпіш – партия тартысына араласып, болыстықтан дәмеленген. Ол 1913–1914 ж. Біләл Кәкітайұлымен болыстыққа таласқан. Ғ. Сармұрзиннің «Өмір сабақтары» атты естелік кітабында Біләл мен Шөпіш екеуінің болыстыққа таласқаны жазған. Осы таласта жастайынан билік тізгіні қолға тиген, барлық пен биліктің буына ерте мастанған Біләл жеңеді. Д-нің Абай атасы туралы естеліктері Абайдың республикалық әдеби-мемориалды музейінде сақтаулы. Онымен кезінде Ө. оқып-танысқан.

А. Болсынбаева.

**ДІНШЕВ** Әлібек Мұсаұлы (1951 ж. т.), әнші (тенор). КСРО-ның (1986) және Қазақстанның халық артисі (1981). Ленин көмеқозалы сыйлығының (1979), Бүкілодақтық (Тбилиси, 1975) және Халықаралық (Цвиккау, 1977; Рио-де-Жанейро, 1979) конкурстардың лауреаты. Ө-тің либреттосы бойынша жазылған А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында Айдардың рөлін ойнады. Қазақ әндерін, сондай-ақ басқа халықтардың әндерін де тамылжыта, нәшіне келтіре орындайды.

А. Омарова.

**ДЮМА Александр (1802–1870)**, француз жазушысы. Проза саласында тарихи авантюралық, ғажайып-қызық оқиғаларға құрылған көптеген шығармаларымен әлемге танылды. Ә. Абай жайында жазған зерттеу еңбектерінде («Абай (Ибраһим) Құнбайұлы (1845–1904)» т. б. ақынның Батыс Еуропа әдебиеттерін, соның ішінде Д-ның шығармаларымен таныс екенін айтқан. Ал «*Абай жолы*» романында («Биікте» тарауы): «Сонымен тұн ортасына шейін міз бақпай қадала қарап, бұны тыңдаған мәжіліске осы Абай француз жазушысы Александр Дюманың атақты романы «Үш мушкетерді» қызық әңгіме етіп, ұзақ баяндап отырды» деп жазған. Мұхтар Абайдың «Үш ноянды» оқығанын Мұхтар Баймағамбеттің өз аузынан естіген («Абайдың идеялық-мәдени ізденістері»).

*Н. Ерсарыұлы.*



**«ЕВГЕНИЙ ОНЕГИННІҢ» ҚАЗАҚШАСЫ ТУРАЛЫ**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Социалды Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 8 қаңтардағы санында жарияланды. 1967 ж. Қазақстан Жазушылар одағының көркем аударма мәселесіне арналған пленумы қарсаңында «Лениншіл жас» газетінде (1967, 11 сәуір) қайтадан жарық көрді. Жазушының 12 томдық (1969, 11-том, 173–181-беттер), 20 томдық (1985, 17-том, 58–67-беттер) шығармалар жинақтарына енген. Мақала орыс тілінде «Евгений Онегин» на казахском языке» деген атпен «Казахстанская правда» газетінде (1937, 5 қаңтар) басылды. 1937 ж. орыстың ұлы ақыны А. Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуына байланысты оның шығармаларын қазақ тіліне аудару кеңінен қолға алынып, ол туралы көптеген мақала, еңбектер жазылған еді. Ә-тің бұл мақаласында көрнекті ақын І. Жансүгіров аударған «Евгений Онегин» романының қазақшасын талдай отырып, көркем аударманың теориялық, нақты мәселелерін жан-жақты сөз етеді. Поэзиялық шығармаларды бір тілден екінші тілге аударудағы поэзияның өзіне біткен нәзік ырғағын, көрік-стиль құрылысының ішкі логикасын дәл жеткізу жолдарына байланысты автор поэтикалық тілді ұлт тілдерінен орыс тіліне аударуда қолданып жүрген тәсілдің – подстрочник (жолма-жол) арқылы аудару тәжірибесінің көп олқы жақтарын атап көрсетеді. Ал Ілияс сарыла зерттей еңбектенуі нәтижесінде «Евгений Онегинді» Пушкиннің өзіндегі 14 жолды шумакпен, өз ұйқасы, өз өлшеуімен және әр жолдың мағына тұспалын өз қалпында беретін, тіл образын да қазақша төлеу салмай, өз айтуынша аударып берген. «Бұл әдіс, қазақтың жас мәдениетінің бүгінгі күйін алғанда, негізгі – тарихи зор мәні бар дұрыс әдіс

болады», қазіргі әзірлігі аз оқырманға бейімдеп, шығарманы жонып-мінеп әлсіретіп алмай, «қайта сол оқушының өзін көтеріп, өсіріп, асыл мұраны барлық ұлы тұлғасымен тұтас түсінетін сатыға апаруымыз керек. Олай болса, Пушкин де қазақ әдебиетіне дәл Пушкин қалпымен өңін өзгертпей кіруі керек» деген пікір айтқан.

*К. Сыздықов.*

**ЕВРИПИД** (б. з. б. 480–406 ж.), ежелгі грек драматургі. 92 драма жазған, бізге 17 трагедиясы мен 1 сатиралық драмасы жеткен. Соғысқа қарсы жазылған шығармаларында демократиялық идеяларға қатты назар аударған. Е. шығармашылығы кейінгі әдебиетке, әсіресе Еуропа әдебиетіне зор ықпал жасады. Ә.: «Еврипид заманында бұрынғы Дионистің тойында айтылатын «теке жайындағы өлеңнен» әдебиеттің ең сулу, ең зор түрінің бірі болған драма, трагедиялар туған» деп, грек өнерінде Е-тің ықпалы зор болғанын жазады «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында.

**«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН»**, ұлттық және қоғамдық-саяси газет. Бірінші нөмірі 1919 ж. 17 желтоқсанда Орынбор қаласында «Ұшқың» деген атпен шықты. 1920 жылдың 13 қарашасынан бастап газет «Еңбек туы» деп аталды. 1921 ж. 7 қарашадан газет атауы «Еңбекшіл қазақ», 1925 ж. 4 ақпандан газет атауы сәл өзгертіліп, «Еңбекші қазақ» делінді. 1932 ж. 21 қаңтардан бастап газет «Социалды Қазақстан» атауымен, 1937 жылғы маусым мен 1991 жылғы маусымы аралығында газет «Социалистік Қазақстан» атауымен шығып тұрды. 1991 жылдың маусымынан «Е. Қ.», 1993 жылдың 1 қаңтарынан бері «Егемен Қазақстан» аталды. Қазақ театрының ұйымдастырылуы мен қалыптасуында «Еңбекші қазақ» газетінің ықпалы мен насихаты айрықша. 1925 жылдың 10 желтоқсаны күнгі нөмірінде «Еңбекші қазақ» бұдан бір күн бұрын Қазақ мемлекеттік ұлт театрында Қазақстанның о жақ, бұ жағынан шақырылған сауықшылар мен Қызылорда әуесқойлары тізе қосып, «Еңлік – Кебекті» ойнағанын жазды. 1926 жылдың ақпан айында газет жазушының өзіне театр мәселесі бойынша сөз беріп, 8, 9, 10, 15, 17 ақпан күнгі алты нөмірінде оның «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген тақырыптағы мақаласын жариялады. Жазушы 1933–38 ж. театр мәселесіне арнап 11 мақала жазды. Олар: «Театр, музыка кадр», «Дінді әшкерелейтін пьеса», «Жақсы пьеса – сапалы әдебиет белгісі», «Қыз Жібек қандай?», «Социалды Қазақстанның»

«Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакция мүшелері (сол жақтан). А. Серіғбаев, К. Абдуллин, М. Жолдыбаев, Н. Құлжанова, С. Сейфуллин, Т. Арыстанбеков, С. Мұқанов Қызылорда 1925.



басқармасына ашық хат», «Қазақстанның көркем өнері», «Ревизордың» аудармасы туралы», «Өнері – үлгі, еңбегі – таудай жазушы», «Алғашқы әсер», «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар», «Ерлік еткен коллектив», «Марабай мен Мардан». Бұл мақалалар жазушының бай әдеби мұрасына «Социалды Қазақстанда» жарияланған нұсқалары бойынша енді. «Социалды Қазақстан» мен «Социалистік Қазақстанда» жазушының ұлттық әдебиет туралы мақалалары да көп жарияланды. Ең бастысы, жазушы өзі таңдаған болашақ ұлы мұраты – Абайдай ойшылдың өмірі, дәуірі, шығармашылығы туралы болашақта үлкен туынды, кең құлашты роман жазуға дайындығын тұңғыш рет «Социалды Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 29 қазан күнгі санында жарияланған «Үзінділер» мақаласында аңдатады. Осы тұстан бастап өзі айрықша ден қойған абайтану ғылымына арнаған зерттеулерінің ең терең мәндісі – «Абай еңбектерінің биік нысанасын» алғаш рет «Социалистік Қазақстанның» 1945 жылғы 18 тамыздағы нөмірінде жариялады. Бұл Ө-тің Абай туралы бұған дейінгі он жылда айтылған ой-толғауына қорытындылаған елеулі еңбек еді. Ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойын пайдаланып, ол осы мақала арқылы бұған дейінгі Абай шығармашылығы жөніндегі даудамайға тосқауыл қойды. Жазушының «Пушкин және Абай» атты зерттеу «Социалистік Қазақстанның» 1950 жылғы 10 тамыздағы санында басылды. Бұл мақаланың ерекшелігі – 30-жылдары ашып айта алмай, «Абай Пушкинді аударушы емес, әдеби өзгертуші болды» деген бұрынғы пікірін өзгертті, екі ұлы ақынды бір деңгейге қойып бағалады. Ө-тің Абай тақырыбына дендеуіне бүгінгі «Е. Қ.» газетінің де бір кезде өзіндік үлес қосқанын айту орынды. Соның айғағындай «Абай» романына КСРО Мемлекеттік сыйлығын алғанда, жазушы өз қуанышы мен алғысын «Социалистік Қазақстан» газеті арқылы («Еңбегім – ұлы Отанымдікі», 1949 жылғы 29 сәуір) шын жүректен білдірді. Романың сәтті болып шығуына себепші, насихатшы болған, көмектескен жағдайлар мен күштердің барлығына алғыс айтты. Сол насихатшының бірі «Социалистік Қазақстан» деуімізге негіз бар. Өйткені «Абай жолы» эпопеясының жазушы қаламынан туындаған алғашқы тарауларының бірі – «Татьянаның қырдағы әні» қазақ тілінде тұңғыш рет «Социалды Қазақстанның» 1937 жылғы 9–13 ақпан аралығындағы нөмірлерінде оқырман назарына ұсынылды. Ал 1943 ж. жазда Абай ауданына ғылыми экспедицияны басқарып барған Ө. осы жылдың 17 қазанында «Социалистік Қазақстанда» «Ақынның аулында» деген атпен очерк жариялады. Осы сапарда жинаған деректері кейін «Абай жолының» желісіне арқау болды. Голошкин зобаланынан зәбір көріп, екі жылдай қапаста отырып, ақталып шыққан Ө. «Социалды Қазақстанның» 1932 жылдың 10 шілдедегі санында ашық хат жазуға мәжбүр болды («Әуезұлы Мұхтардың хаты»). Ешкімге кіна артпастан, қазақтың еш зиялысын әшкерелеместен, бұған дейін жазған шығармаларынан бас тартып, өз «кателіктерін» мойындап жазған хаты жазушыны 30-жылдар құрбандығынан сақтап қалды. Ө. Қазақстанда болып жатқан қоғамдық өзгерістерге де зер салып, көркем очерк жанрына бет бұрды. 1932–37 ж. «Социалды Қазақстанда» оның «Жуалы колхозшысы», «Көктемнен бері», «Сөз алған – таусағыз бен көксағыз», «Істері сөйлейді», «Қарғалы совхо-

зында өткізген төрт күн», «Баймұхамедұлы Жолдас», «Біз әткөшнекіз», «Құм мен асқар», «Шатқалаң», «Оның аты – екінші» атты мақала-очерктері, көркем-публицистикалық туындылары жарық көрді. Жазушының ерлікке, отансүйгіштікке жігерлендіретін мақалалары мен памфлеттері – «Отан ұран салғанда», «Ерлік – елдік сыны», «Москва – берілмейтін берік қамал», «Ер флотқа – ел тілегі», «Асыл елдің алып ұлы» т. б. 1941–45 ж. жарық көрді. Бас кейіпкері Бауыржан Момышұлы (шығармада Бақытжан Намысұлы) болған «Намыс гвардиясы» пьесасын Ө. Әбішевпен бірге жазып, «Социалистік Қазақстанның» 1942 жылғы 27, 29 қыркүйек, 4, 6 қазан күнгі нөмірлерінде жариялады. Ө. 1927 ж. жазған «Қараш-Қараш» повесін 50-жылдардың аяғында қайта әңдеп, екінші тыныс берген соң, оны «Социалистік Қазақстанға» ұсынды. Ол газеттің 1959 жылғы тамыз-қыркүйек айларындағы тоғыз нөмірінде басылды. Мұның бәрі жазушыны халыққа таныстыруда, оның публицистикалық һәм әдеби шығармаларын насихаттауда, арашасы болуда («Әуезұлы Мұхтардың хаты», «Социалды Қазақстанның» басқармасына ашық хат») республикалық газеттің рөлі айтарлықтай болды. Алайда коммунистік режимнің өктемдігі, кеңестік саясатқа құлшылық көзқарас әдебиет алыбының аяғынан өлденеше рет шалды. 20-жылдары Ө. Байділдин бастаған социализм сойылсоғарларының орынсыз жаласы Ө-ті қуғынға түсірді. С. Бейшевтің партиялық арнайы тапсырмасымен жазылған «Профессор М. Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында» атты мақаласы «Социалистік Қазақстанның» 1941 жылғы 14 наурыздағы нөміріне шықты. Ұлттық жаңғыруға, халықтың рухани мұрасына қарсы идеологияға көзсіз берілгендер атынан автор жазушыны ескілік көзқарасты жақтаушы, әдебиеттану ғылымына зиянды пікір қалыптастырушы ретінде көрсетуге тырысты. Ө. ВК(б)П Орталық Комитетіне, Сталинге хат жазып, бұл жаладан арашасы болуды өтінді. Онда өзіне күйе жағушы газет емес, газетті пайдаланып отырған партиялық ұраншылдар екенін аңғартқан еді. Хаттағы «республикадағы беделді органның бетінде» деген жолдар, Бейшевтің өзі бұрын осы газеттің редакторы болған кезде Ө-тің «Шекарада» пьесасын мақтап, газеттің бір бетін алған мақала жариялағанын, «Қобыланды» пьесасын драматургия шедевірі атағанын еске салуы – жазушының газетке реніші жоқтығын байқатады. Ұлы жазушының «Оңтүстік сапарынан» атты ең соңғы очеркі «Социалистік Қазақстан» газетінің 1959 жылғы 22, 23, 25, 27 қазандағы сандарында басылды. Бұл очерк материалдарын қаламгер соңғы романы – «Өскен өркенді» жазу кезінде пайдаланды. Сөйтін Ө-тің 70-тей туындысы газеттің 100-ге жуық нөмірінде жарық көрді. Газетте жазушының 60, 70, 80, 90 жылдық тойларына, әсіресе 100 жылдық мерейтойына байланысты көптеген теориялық мақалалар, естеліктер, әдеби мұрасына жанаша көзқарастар туралы еңбектер жарияланды.

У. Қалижан.

**ЕГЕМБЕРДИЕВ** Жұмақалдыр (1929 ж. т.), қырғыз жазушысы, аудармашы. Қырғызстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. 50-ге жуық радиоқойылым жасады, оның ішінде Ө-тің

«Абай жолы» негізінде түзілген радиопьеса бар (1-кітап бойынша, 1954). Ө-пен 1952 ж. «Манас» эпосына арналған ғылыми конференцияда танысқан. Мәскеуде аспирант кезінде Ө-тің КСРО халықтарының әдебиеті туралы лекциясын тыңдаған, «Қазақ-қырғыз халықтарының әдеби байланыстары» деген тақырыпта аспиранттық курс жұмысын жазған. 1997 ж. 10–15 шілдеде Қырғызстанда Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қырғыз делегациясының құрамында қатысып, «Өуезовтің қырғыз әдебиетін дамытудағы рөлі» деген баяндама жасады.

Ч. Жұмағұлов.

**«ЕГІНГЕ ДАЙЫНДАЛЫҢДАР»**, жазушының мақаласы. Көтеретін мәселелеріне, зайтар ойы мен үндеуіне қарай, шығарма жанрлық жағынан проблемалық бас мақалаға ұқсайды. Өйткені мұнда сол кезде «ел алдында тұрған елеулі міндетті қалай шешу керек?», «Ол үшін не істеу керек?» деген секілді сауалдарға нақты жауап беріледі. Бас мақаланың бастауындағы жолдардан-ақ автор не жайында сөз болатындығы туралы бірден елеуірін танытады. Жазушы губерниялық жер бөлімінің қаулысымен, оның мазмұнымен таныстырады. Көрсетілген межеден артық егін салған елдерге «айрықша сый есебінде бұл, шай, үн секілді нәрселер көмек ретінде берілетіндігін айтып, көпшілікті материалдық тұрғыдан ынталандыра түседі. Сондай-ақ жер бөліміне келіп түскен тұқым мен соқсайманның көп бөлігі қазақ халқына берілетіндігін баса ескертіп өтеді. Қазақ ұлтының өкілдеріне егіншілікке бойұсынып, отырықшылыққа үйрену үшін қол қусырып, бос отырмай, қарекетке көшу керектігіне назар аударады.

Егінге дайындалу халқыдағы осындай мәселелерді қозғай отырып, Ө. жергілікті мекен жайлардағы оқыған азаматтардың, қазақ бөлімі қызметкерлерінің алдына бірнеше міндеттер қояды. Баспасөздің ұйымдастырушылық қызметіне ден қойған, әрі соны іс жүзіне асыра білген. Губерниялық атқару комитетінде әкімшілік қызметтерде жүрген кезінде ұлы жазушы «Қазақ тілі» газетінің редакторы міндетін де қоса атқарады. Экономикалық тақырыпқа жазылған бұл мақала «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 18 ақпандағы санында жарияланған. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 15-кітабына осы нұсқа өзгеріссіз енгізілген.

Б. Жақып.

**«ЕДІГЕ ЖЫРЫ»**, дастан. Дүние жүзі фольклорындағы эпикалық жырлардың ең озық үлгілерінің бірі. Бұл – арғы ғасырда қалыптасқан, сол кездің өзінде ғылыми қауым мойындаған ақиқат пікір. Қазақ фольклористикасының негізін салған ұлы Шоқан бастап таңбаға түсірген һәм зерттеген «Е.» жыры соңғы заманда кеңінен танылып, жалпы жұрттың рухани игілігіне айналудан қатар, жан-жақты әрі терең зерттелуге тиіс еді. Алайда бұдан алпыс жыл бұрын ұлы эпостың қанаты қырқылды. БК/Б/П Орталық комитетінің «Татарстан партия ұйымы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысының жайы мен оны жақсарту үшiн шаралары туралы» 1944 жылғы тамыздағы қаулысынан соң «Е.» эпосы халыққа жат деп жарияланды, тіпті, жырдың атын атауға тыйым салынды. Жырды жарыққа шығару және бүгінгі ғылым деңгейінде зерттеу тоталитар-

лық жүйе құлап, Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан соң ғана мүмкін болды.

«Е.» жырының Алтын Орда тарихына қатысы бар түрік халықтарының (қазақ, ноғай, қырым, сібір татарлары, таулы алтайлықтар, башқұрт, түрікмен және көпшелі өзбектердің) әр кезде (алғашқы нұсқалары өткен ғасырдың басында қағазға түссе, кейінгілері бертіңде ғана таңбаланды) Арқада және Қырымда, Алтайда және Маңғыстауда, Арал және Жайық өңірлерінде, Оңтүстік Сібір мен терістік Кавказда жазып алынған отыздан астам нұсқасы бар. Әр кездегі ғалымдар бұларды зерттеп, салыстыра отырып ғылыми тұжырымдарын жасаған. «Е.» жырының нұсқалары ішінде таңдаулы деп аталатындары қазақ нұсқасы. Ғылымда Шоқан нұсқасы аталып кеткен қазақтың «Е.» жыры көркемдігі жағынан болсын, көлемі жағынан болсын, көнелігі жағынан болсын ең құндысы деп танылған. «Е.» жырын Шоқан өзінің айтуы бойынша, алғаш рет 1841 жылы Жаманқұл ақыннан естіген екен. Шоқанның әкесі Шыңғыс сұлтанға бұл жырдың үш нұсқасы болған (екеуі күрлеуіт қыпшақ Жаманқұлдан жазып алынған, біреуі – атығай арғын Арыстанбайдан). Осы үш көшірменің сүзгісі – Шоқанның классикалық нұсқасы болып шыққан. Жырдың бұл көшірмесін алғаш рет, Шоқан қайтыс болған соң көп жырлардан кейін, 1905 ж. орыстың ұлы ғалымы П. М. Мелиоранский Санкт-Петербургте бастырды. Осының алдында ғана ғалым достары құрастырып, профессор Веселовскийдің басқаруымен шығарылған «Сочинения Чокана Чингизовича Валиханова» атты бір томдық жинаққа «Е.» жырының Шоқан жасаған орысша аудармасы да енгізілген. Енді, арада бір жыл өтер-өтпестен, Мелиоранский өзінің алғы сөзін қосып, Шоқанның «Е-сін» шығармалар жинағына қосымша кітап етіп жариялауы – сүйіншіті, мәнді оқиға еді. Кейін бұл «Е.» бірнеше рет баспа бетін көрді. 1927 жылы К. Сәтбаев Мәскеуде, 1933 ж. С. Сейфуллин, 1939 ж. С. Мұқанов Алматыдан шығарған жырдың аты бірінде «Ер Едіге», бірінде «Едіге батыр» болса да, өзара салыстыру барысында аталмыш басылымдардың Шоқан нұсқасы негізінде жүзеге асқан. Мәтіндегі аз-маз өзгершеліктер редакторлық түзеу деңгейінде ғана. Және бұл өзгерістердің бәрі жырдың тіліне, өзіндік ерекшелігіне әжептәуір нұқсан келтірген. «Е.» жырын ескіде, алғаш зерттеушілердің бірі – Ө. 1927 ж. жарыққа шыққан «Әдебиет тарихы» кітабында жырдың тарихпен ара қатынасын, мән-мағынасы туралы нақты ғылыми тұжырымдар жасайды. «Е-ні» өткендегі ұлы батырлардың қатарына қосады. «Е.» жырының нақты, шынайы тарихтан бастау алатыны ешқандай күмән туғызбайды. Жырдағы негізгі оқиғалар өрістейтін мекен – Алтын Орда мемлекетінің шегі, оның ішінде ежелгі Көк Орда, қазіргі Қазақстан аймағы; мезгіл – 14 ғасырдың соңы, 15 ғасырдың басы; негізгі кейіпкерлер – өмірде жасаған, өз кезінде кеңінен танылған нақты адамдар, бұлардың жырға өзек болған іс-әрекеті, араласқан оқиғалар – тарихи шындық ауқымында. Бірақ эпос – тарих емес. «Е.» жыры – ел басынан өткен күрделі кезең, сол кезеңде жасаған ірі тұлғалар туралы кейінгі ұрпақтың ұғым-түсінігі, халықтың өзінің өткен заманға берген бағасы, тарих сәулесін бойына сіңірген көркемдік тамымының жемісі. «Е.» жырында бой көрсететін кейіпкерлер ішінде төрт тұлға – Едіге,

Тоқтамыс, Нұралын және Қадырберді есімдері 14–15 ғасыр шегіндегі Алтын Орда тарихынан нақты белгілі. Жырда жетекші орында тұрған бас кейіпкер – Едіге. Сырттай шолып қарағанның өзінде жырда баяндалған Едіге өмірінде мифтік, эпостық және тарихи сипаттар аралас жүргенін көреміз. Бұл – тарихи Тоқтамысқа да тікелей қатысты сөз. Эпостағы сияқты, нақты тарихта да бұл екеуінің ісі мен тұлғасы өзара тығыз байланысты.

«Е.» жырындағы кейіпкерлердің ғұмырбаяны, іс-әрекеті негізінде өрбиген оқиғалар тізбегі мен туындаған тартыс желілерін сүзіп қарасак, бұлардың барлығын бізге ежелгі тарихтан белгілі оқиғалармен және соған орай нақты тұлғалар қызметін салыстырсақ, эпостың тарихтан алшақ кетпегенін, сонымен қатар тарихты нақпа-нақ қайталамайтынын көреміз. Жырдың фабуласы Едіге мен Тоқтамыс арасындағы тартысқа құрылған. Бұл тарихи кезеңдегі ең басты оқиға – Едіге мен Тоқтамыс арасындағы келіспеушілік емес, Тоқтамыс пен Өмір Темір арасындағы қайшылық, нақтылап айтсақ, Жошы ұлысы Алтын Орда мен бұрынғы Шағатай ұлысы Мауараннахр арасындағы бітіспес антагонизм еді. «Е.» жырында бұл жағдайдың көлеңкесі бар, Ақсақ Темір – Сәтемір деген атпен көрінеді, бірақ жыр фабуласында ешқандай қызмет атқармайды. Өйтсе де, жырда Өмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы жойқын жорығының ізі аңдалады. Осы бір қилы заманда Алтын Орда тарабынан сахнаға шыққан ең елеулі тұлғалар – Едіге мен Тоқтамыс еді. Халықтық эпос осыны анық аңдаған. Ал өз жұртының болашағы, игілігі үшін аянбай еңбек еткен, сол ұлы мақсат жолына бар ғұмырын жұмсаған ең қажырлы қайраткер – Едіге болатын. Халық эпосы өзінің адал ұлын жазбай танығанын көреміз. Сонымен қатар халық өзінің өткенін де ұмытпапты, ел іргесі берік замандағы ұлы мемлекеттің аңсапты. Тоқтамысты аушылық, оның байтақ жұртымен қоштасуы – халықтың Алтын Орданы жоқтауы істепетті бабаларымыздың отаншылдық санасының, тарихи танымының айқын көрінісі. Ө. 1925 ж. «Қазақ тілі» газетінің 23 сәуірдегі санында «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласын шығарды. Мұнда халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудың қажеттілігі және жолдары жайында айтып, жиналуға тиісті үлгілерді жүйелеп берген. Сонда «Алдымен ел ішінде кездесетін барлық батырлар әңгімесі. Бұлардың ішінде әсіресе қалдырмайтындар: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қобыланды», «Едіге», «Шора», «Алпамыс» сияқтылар» деген. «Қобыланды батыр» мақаласында «Бәрінен де қазақ ескілігінде сақталып қалған белгі бар. Алтын Орда бірлігінің мезгілінен «Едіге батыр әңгімесін алып шыққан» деп, қазақ фольклорының үздік үлгілерінің қатарында атаған. «Әдебиет тарихы» оқулық кітабында батырлар жырын жіктегенде ұлы батырлар, кіші батырлар деген терминді қолданған. Едігені ұлы батырлар тобына жатқызып, «Бұрынғы Едіге, Қобыландылар бір жағы періден, бір жағы керемет иесі әулиеден туса, кейбір көп тілеумен әулиеге ат аятып, қорасанға қой айтқан күнде, алыстағы Аналық, тоқсандығы Тоқтарбайдан туса, болмаса Ер Сайын сияқты пірдің батасы, тілеуімен туып, пірдің қарғауымен тіршілік ететін болса, соңғы батырлар әншейін қоңыр қазақша туады» дейді.

*Е. Мағамин.*

**ЕДИЛБАЙ** Нәжіп (1918–1990), башқұрт жазушысы, аудармашы. Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясын түпнұсқадан аударып, бұл іске 10 жыл өмірін арнаған. Бұл романды башқұрт тіліне аудару тарихи және Ө-пен кездесулері туралы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1982 ж. 24 қыркүйектегі санында жарияланған «Достықтың мызғамас көпірі» атты естелік-мақаласында баяндаған. 1956 ж. Алматыға алғаш рет келгенінде Ө-пен кешеді кездесіп танысқанын, екінші күні Иса Байзақовтың қайтыс болғанына 10 жыл толуына арналған кеште сөзін тыңдағанын, Мұхтар ағаның аса талантты жазушылығының үстіне, әр сөзі жүрегіне жол тауып, санаға сіңіп жататын асқан шешен екенін сездім» деген. Сол сапарында орыс тіліндегі «Абай жолы» романын сатып алып, еліне барысымен бас алмай оқиды да, «...көп жақтарымен башқұрт халқына жақын туысқан – қазақ халқының тұтас бір ғасырлық өткен тарихын суреттеген және қазақтың ұлы ақыны, демократ-ағартушысы Абай Құнанбаевтың жарқын бейнесін ерекше бір асқан шеберлікпен, зор қуатпен жазылған бұл романды башқұрт оқырмандары да міндетті түрде өз тілінде оқуға тиіс деген берік ойға келіп, романның қазақша басылымын сұрап, Ө-ке хат жазады. Ұзақ күттірмей ұлы жазушыдан қолтаңбасы жазылған қазақша төрт том кітап пен хат келеді. Хатта Мұхтар Е-дың бұл талабын құптап, бұл шығарманы туысқан башқұрт тіліне аудару жұмысын өз мойнына алғаны үшін өзінің достық алғысын білдіреді, шығармашылық табыс тілейді. «Автордың бұл ынтық сезімге толы хаты мені тағы да қанаттандырып жіберді» дей келіп, романды аудару барысында Мәскеу маңындағы Перделкиндодағы шығармашылық үйінде көрнекті орыс жазушысы Л. Соболевтің оны Ө-пен қалай жақын таныстырғанын, аударманың жаңа беттерін оқып беріп, оны ұлы жазушы көңілінен шыққандығын ризашылық сезіммен жазады. Ұзаққа созылған шығармашылық сапарында табысқа жетіп, «Абай жолы» эпопеясын түгелдей башқұрт тіліне аударды. 1973 ж. қыркүйек айында Алматыға екінші рет келгенде, «Абай жолы» романының башқұрт тіліндегі 4 кітабын Ө. мұражайына табыс етті.

*С. Қорабай.*

**ЕДИЛБАЕВ** Жұмабек (1923–1983), жазушы. Е-тың «Оңтүстік самалы» атты алғашқы өлеңдер жинағы 1940 ж. жарық көрді. Бұдан кейінгі жылдары проза саласында еңбек етті. Е. 1959–1961 ж. ұлы жазушымен сапарлас болып, оған ел мен жер жайында мол мағлұмат берген. Ө. өзінің болашақ «Өскен өркен» романына материал жинау үшін Оңтүстік Қазақстан облысының кейбір аудандарын аралаған кезде қасында болған. Е. өзінің «Жақсының шарапаты» («Мәдениет және тұрмыс», 1967, № 12), «Мұхтар аға» («Оңтүстік Қазақстан», 1967, 17 желтоқсан, Ф. Дүйсенөвпен бірге) т. б. мақалаларында ұлы жазушының адамгершілік, кішіпейілдік қасиеттерін тебірене жазған.

*Р. Бердібай.*

**ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ**, 7–9 ғасырлардағы көне түркі ойма жазулары мен қолжазбалары, көне түркі әліпбиіндегі әралуан мәтіндер. Мұндай ескерткіштер арқылы қазіргі түркі халықтарының көне тілін, тарихын, этногендік, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәс-

түрі мен дүниетанымын білуге болады. Бұл жәдігерлер Сібірдегі Енисей, Лена өзендерінің аңғарларында, Монғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің алқабында, Орталық Азиямен Қазақстандағы Талас, Сырдария, Ертіс пен Іле өзендерінің қойнауларында табылған. Ескерткіштер үш түрлі алфавитпен жазылған: 1) руна жазуы (Орхон – Енисей жазуы) деп аталатын қолтума түркі алфавиті; 2) жаңа соғды алфавитінің негізінде жасалған көне ұйғыр жазуы; 3) араб алфавиті. Бұл іспеттес ескерткіштерді жазылу дәуіріне, қолданылған аясына, тараған шегіне, пайдаланған халықтардың этникалық тобына қарай мынадай топтарға бөлуге болады. Орхон – Енисей жазба ескерткіштері (5–8 ғасыр). Бұлар түркі қағанаттары басқарған Білге қаған мен Күлтегін сияқты батырлардың, ақылгөйлер мен жыраулардың (Тонкөк т.б.), ел басшылары мен игі жаксылардың басына қойылған құлпытастардың руна жазуымен қашалып жазылған. Кейбір жазулар ыдыс-аяқ, кірпіш, тері, пергамент, ағаш тәрізді заттарға да басылған Көне ұйғыр жазба ескерткіштері (5–13 ғасыр) көбінесе Шығыс Түркістан аймағында пайдаланған. Олар: 1) діни уағыздамалар («Тоба ету дұғасы», V ғасыр; «Жәдігөйлердің табынуы», 8 ғасыр; «Алтын жарық», 9 ғасыр т.б.); 2) іс қағаздары («Турфан мәтіндері», 10–13 ғасыр); 3) көркем шығармалар («Құдатғу біліктігі» бір нұсқасы, «Нибату-л-хакайықтың бір нұсқасы т.б.). Көне ұйғыр жазуы 16 ғасырға дейін араб жазуымен қатар қолданылып келген. Орталық Азия мен Еділ бойларының ескерткіштері (9–14 ғасыр) араб алфавитімен жазылғанмен, не оғыз тайпаның, не қыпшақ тайпаларының, тіпті оғыз-қыпшақ тілдерінде шығарылған. С. Ремезов, Ф. Страленберг, Д. Мессершмидт 1696–1722 ж. Енисей өзенінің бойынан, Н. Ядринцев 1889 ж. Орхон өзені бойынан руна жазуларын тапқан. Сондықтан олар тарихта «Орхон–Енисей жазба ескерткіштері немесе тас жазуы» деп аталады. Дат ғалымы В. Томсен 1893 ж., түркітанушы В. Радлов бұл жазуларды оқып, түркі халықтарына жататынын анықтады. 1932 ж. Талас алқабынан табылған руникалық жұмбақ жазуды С. Малов, Х. Орхун, А. Щербак көне түркі тілінде оқып көрді. Ертіс өңіріндегі екі қола айнадағы ойма жазудың бірін А. Бернштам 1948 ж. жариялады. Сондай-ақ П. Мелиоранский, В. Банг, Г. Рамстедт, А. Габэн, В. Насилов, И. Батманов, А. Кононов, Дж. Клосон, Т. Текин, қазақ ғалымдары Ә. Құрышжанов, М. Томанов, Ф. Айдаров, А. Аманжолов, М. Жоддасбеков, О. Сүлейменов т.б. Е. т.ж. е-нің тілін зерттеп, ғылымға зор үлес қосты. Ал Ж. Баласағұндың «Құдатғу білігін» (1986), М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегін (1998), ақын К. Мырза-Әли «Күлтегін» жырын қазақша сөйлетті.

Ө. өзінің «Манас» – қырғыз халқының батырлық эпосы» деген орыс тілінде жазған монографиясында орыс түркітанушысы П. А. Фалевтің (1888–1922) қырғыз эпосын орхон жазбаларымен салыстыра қарастырып, оны 9 ғасырда шыққан деген пікірін мақұлдай отырып, Күлтегіннің қырғыздарға шабуыл жасағанын мысалға келтіреді де, «Манас» жырының алғашқы туу уақытын осы кезеңнен бастағанды жөн көреді. Өйткені бұл жырларды жорыққа өзі қатысып, көзімен көрген адамдар шығарған. Демек «түркі руналарының тілсіз таста

із қалдырған осынау жорықтары халқымыздың сол кездегі эпостық жырларының тууына ықпал жасамаған бола ма? Егер мұндай ескерткіштер қара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша таралған әрі бұдан да толық нұсқалары болмауы мүмкін бе?» деп, Ө. көрегендік, өте құнды тұжырым жасайды. 1952 ж. 8 шілдеде Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласында «Манас» эпосына арналған конференцияда сөйлеген сөзінде («Манастың» халықтық нұсқасын жасау керек», орыс тілінде) Тонкөктің қырғыз еліне жасаған жортуылы туралы жыр үзіндісін алға тартып, бұлар фольклор үлгісі емес пе, егер тоғыз оғыздар, түргештер және басқа тайпалар осындай шығарма тудырса, қырғыздар неге сол кезде ондай жасамасқа деп, ойын тереңдеті, өрістете түседі.

А. Аманжолов, Ә. Құрышжанов.

«ЕКЕУ», жазушының бүркеншік аты. Бір мақаланы екі адам жазған кезде осылай деп қол қойған. Соңғы уақытқа дейін ғылыми айналымға түскен зерттеулердің барлығында «Екеудің» бірі – Жүсіпбек Аймауытов делініп келді. «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының ғылыми қызметкерлері жазушының «Өмірі мен шығармашылық шежіресін» және шығармаларының 50 томдық толық басылымын дайындау барысында «Екеу» деген бүркеншік атты бірнеше адамның пайдаланғанын анықтады. «Адамдық негізі – әйел», «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақалалардағы «Екеу» – Турағұл Құнанбаев пен Мұхтар Әуезов. Ал бұдан өзге 1918–25 ж. аралығында жарық көрген шығармаларындағы «Екеу» – Жүсіпбек Аймауытов пен Ә. «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 ж. 8–9 тамызда жарияланған «Көркем әдебиет туралы» мақаланы жазған «Екеу» – Абдолла Байтасов пен Даниал Ысқақов. Ол туралы 1929 ж. сәуіп айының 24 күні ОГПУ-дің тергеушілеріне берген жауабында Ж. Аймауытов: «Екеу» деп қол қойылған көркем әдебиет туралы мақала жөнінде. Мен оны оқыдым. Мақаланың авторлары – Байтасов Абдолла мен Ысқақов Даниал» деп түсініктеме берген (ҚР ҰҚК-ның мұрағаты, 06610-іс, 3-том, 9-бет).

Т. Жұртбай.

«ЕЛ АҒАСЫ», жазушының драмасы. Ө-тің 20-жылдардағы драматургиясына қатысты бір деректі Семей губерниялық атқару комитетінің органы «Қазақ тілі» газетінің 1926 жылғы 26 ақпандағы санынан оқимыз. «Қала жастары Затондағы қазақ жұмысшыларына қазақша сауық жасады. Тамашадә жас жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел ағасы» атты нағыз қазақ тұрмысынан алынған төрт перделі драма кітабы қойылды». «Е. а.» драмасы сөз болып отыр. Мақаладан пьесаның ұзын-ырга сюжетін аңғарамыз. Дүтбай атты бай немересіне Битемір деген момынның қызын айттырған. Аяқ астынан әйелі өліп, жас иіске Дүтбайдың өзінің көңілі кетеді де, күйеу баласы Жұмақанға салмақ салады. Битемірдің жалғыз қызы Әсия сол жердегі Қабыш деген мұғаліммен көңіл қосып, үзде байлап жүреді. Бірақ содырлы Жұмақан тапа тал түсте Әсияны байлап-матап, зорлықпен атасы Дүтбайға әкеп береді. Мақалада Дүтбай болып Кенжебек, Битемір болып Латиф, Ермек болып Уәли, Жұмақан болып Сейітқазы, Әсия болып Үшкенбіке деген кісілердің ойнағандығы айтылады. Спектакльден соң концерт қойылып, онда атақты Өміре, Әлмағанбет ең салады, Өндерке дейтін адам бақсы болып шығады. «Ел ағасы» драмасы қандай жағдайда, неліктен жоғалғандығы бізге әзірше



беймәлім. Газет дерегінің өзіне қарап-ақ, «Е. а.» пьесасы әйел теңсіздігін сынайтын прогресшіл идеядағы шығарма екенін көреміз. «Сол сорлы пьесам қайда екенін осы күнге дейін білмеймін. Өзімде қарасы да қалған жоқ» деп жазды М. Ө. «Өз жайынан мағлұмат» деген мақаласында (М. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997. 46-бет).

*Р. Нұрғали.*

**ЕЛЕБЕКОВ** Жүсіпбек (1904–1977), әнші. Қазақстанның халық артисі (1942). Ө-тің өте бір сүйіп тыңдайтын және аса құрметтейтін әншілерінің бірі. Е. орындаған әндерге Мұхан қатты риза болушы еді. Мұның өзі – ұлы каламгердің қазақтың әншілік дәстүрін терең білетіндігінің айғағы. Қазақтың ән, күйлеріне алғаш Абай ғана әділ бағасын беріп, адам өмірінен алатын орнын, атқаратын рөлін шынайы суреттесе, сол Абай бастаған ізгілікті бастаманың қалпын бұзбай жалғастырған Ө. еді. 1934 ж. Е. Мәскеуге күйтабаққа ән жаздыруға барғанда, Ө. оған орыс жазушылары бас қосқан бір жында ән айтқызады. Концерт біткеннен кейін, әнші өнеріне көңіл толған Мұхтар Омарханұлы Абай әні арқылы екі ұлттың үнін, ойын бір жерден шығаруға үлес қосқанына ризашылығын білдіреді (*Х. Елебекова*. «Ұны кетпес құлақтан», А., 1981, 74-бет). Мұхтар Омарханұлы әнші өнеріне сүйсіне отырып, кей жағдайларда сын көзімен де қараған. Ташкентте өткен бір концертте Мұхтан бастаған бір топ қазақ жазушылары залда отырады. «Татьянаны» орындадым. Концерттен кейін Мұхтан шақырып алып: «Сен, Жүсіпбек, өзің қызықсың. Әннің басын аңыратып әкелесің де, бітер тұсында өзіңмен-өзің рахаттанып сыбырлайсың да қаласың. Сонда сонау залда отырған халық не естиді. Бұл қазақтың ошақ басы, киіз үйі емес, пәлен мың халық сиятын театр ғой. Ендігі әрі әннің аяғын сыбырлатпа. Өз рахатыңнан гөрі халық рахаттансын» дейді («Қазақ әдебиеті», 1974, 6 қараша). Е. 1933–38 ж. қазақ театрларында Ө-тің «Еңлік – Кебек» спектаклінде Жапал, «Айман – Шолпан» комедиясында Өлібек рөлдерін орындады.

*З. Қоспақов.*

**ЕЛЕБЕКОВА** Хабиба Қарақбайқызы (1916 ж. т.), актриса. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1976). Н. Погодиннің Ө. аударған «Ақсүйектеріндегі» Манашка, «Ревизордағы» Пошлепкина, «Любовь Яроваядағы» Горнастаева, Ө-тің «Шекарасындағы» Ажар, «Абай» трагедиясындағы Қаныкей, «Абай» романы негізіндегі қойылымдағы Ұлжан, «Қарақыпшақ Қобыландыдағы» Күнәкей, «Қарағөздегі» Текті т. б. рөлдер актерлік шеберлігін дамып, қалыптасуына ерекше ықпал еткен. Ө-тің пьесаларында ойнаумен бірге, оның прозалық шығармаларының үзінділерін келістіріп, үнемі оқып отыраған.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ЕЛЕУКЕНОВ** Шериаздан Рүстемұлы (1929 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1988), профессор (1994). ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1998), Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1981). Ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы мәселелеріне арналған. Ө. шығармашылығы жайлы көптеген зерттеулер мен мақалалар жазды. Алғаш рет «Қазақ романы және қазіргі заман» атты монографиясында (1968) Ө-тің «Өскен өркен» романы жайлы келелі сөз қозғаса, «Замандас парасаты» атты зерттеу кітабында (1977) Ө-тің қазақ романын жаңа биікке көтерген үлесіне тоқталады

(193–208-беттер). «Фольклордан роман-эпопеяға дейін» атты монографиясында (1987) Ө-тің ертеде жазылған әңгімелері мен повестерінде көтерілген әлеуметтік мәселелер мен өмір шындығының бейнеленуін сөз етті (119–121-беттер). «Абай жолы» – бұл халықтың ақыл-ойы, шығармашылық мүмкіндіктері мен рухани көпқырлылығының энциклопедиясы деп баға берді. 1987 ж. Ө-тің 90 жылдығы бүкіл Кеңестер Одағы көлемінде тойланған кезде, барлық мерекелік шараларға белсене қатысып, мерейтойға арналған «Мұхтар Өуезов және қазіргі әдебиет» атты ғылыми конференцияда «Мұхтар Өуезов және қазіргі заман» деген тақырыпта баяндама жасады («Мұхтар Өуезов және қазіргі заман әдебиеті», 1989, 94–107-беттер). «Ұлы ғасырдың ұмытылмас перзенті» атты зерттеуі («Социалистік Қазақстан», 1987, 25 қыркүйек), «Мұхтар Өуезов роман жанры хақында» («Жұлдыз», 1987, №9), «Еңбек күндерін бастауға асығамын» мақалалары («Қазақстан әйелдері», 1987, №9) «Ұлы суреткер роман жанры хақында» ғылыми мақаласы «Мұхтар Өуезов тағылымы» жинағында (1987, 170–188-беттер) жарық көрді. Ө-тің 100 жылдығы тойланған жылы жазушы шығармашылығын әр қырынан зерттеген көлемді ғылыми мақалалар жазып, жариялады. 1997 ж. Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі мен еларалық «Заман – Қазақстан» газеті бірігіп өткізген «Өуезов және уақыт» атты шығармашылық бәйгеде «Мұхтар Өуезов: «Хан Кене» және ұлттық мұрат» деген мақаласы 2-орын алды. Ғалым бұл шығармасында Ө-тің бұрын зерттелмей келген пьесасын тың көзқарастар тұрғысынан қарастырып, оны ұлттық мұраттармен сабақтастырады («Заман – Қазақстан», 1997, 8 тамыз).

*С. Қорабаев.*

**ЕЛЕУКЕНОВА** Гүлнәр Шериязданқызы (1953 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1991). Әдебиет сыны мен әдебиеттану саласындағы алғашқы мақалалары 1980 жылдан бастап жарияланды. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына орай шыққан «Мұхтар мұрасы» жинағына (1997) «Әңгіме жанрының шебері» деген мақаласы кірді. Мақалада Өуезовтің 1920–1930 ж. жазылған «Қорғансыздың күні», «Кім кінәлі?», «Оқыған азамат», «Қасеннің құбылыстары», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Көксерек» т. б. шығармаларының тақырыптық, идеялық-эстетикалық ерекшеліктеріне тоқталып, қазіргі заман тұрғысынан жаңаша пайымдаулар жасаған.

**ЕЛКЕБАЕВ** Рахметолла Миңғалиұлы (1878–1919), педагог. Семей мұсылмандар мектебінің меңгерушісі, «Халық сөзі» газетінің редакторы, қалалық 5 сыныптық училищесінің директоры, қалалық думанның мүшесі қызметтерін атқарған. Өнер-білімге зейін қойып, майлы боюмен сурет салған, скрипкада шебер ойнаған. Патша өкіметі М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» жинағын айыптағанда, 1911 ж. 23 желтоқсанда Семейде өткен сот процесінде Е. Нұрғали Құлжановпен бірге қорғаушы-сарапшы болған. Орыстың ұлы жазушысы Л. Толстоймен хат жазысып тұрған, ол туралы бірнеше мақала жазып, мұсылман журналдарында жариялаған. Тұңғыш «Ярыш» командасын ұйымдастыруға қаржылай көмек берген. Асырап алған татар балалары Әбдінасыр Миржанов пен Әміржан Сид-

дықов осы футбол командасында Ө-пен бірге ойнаған. Болашақ ұлы жазушы Е-тің үйіне жиі келіп, қосымша дәріс алып тұрған. Оның жалғыз қызы Халида мемлекет және қоғам қайраткері Өзімбай Лекеровке тұрмысқа шыққан. 1960 ж. Халида өзінің шешесімен бірге дәрігер-академик А. Н. Сызғановтың емханасында Ө-пен ойда жоқта кездесіп, Е-тан қалған балалардың жай-жапсарын сұрап біледі. Халида Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, екі баласы ғылым кандидаты. Ал Өбдінасыр Миржановтың жұбайы Рәзия Алматыда тұрады, тоқсан жаста. Бәрі де Ө-ті көрген, қарымқатынас жасап тұрған.

*Н. Оспантегі.*

**«ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАҚОВ»**, жазушының мақаласы. «Біздің актерлеріміз» деген айдарым «1. Елубай (Мәдениетшілер съезінің қарсаңында)» деген қосалқы анықтама атпен «Қазақ әдебиеті» газетінің 1935 жылғы 1 мамырдағы 14-санында жарық көрген. Кейін жазушының «Уақыт және әдебиет» (1962, 275–279-беттер); 12 томдық (1969, 11-том, 90–95-беттер); 20 томдық (1985, 17-том, 40–45-беттер) шығармалар жинақтарында жарияланған. Қолжазбасы сақталмаған. Жинақтардағы жарияланымдарға жазылған түсініктерде, библиографиялық көрсеткіштерде бұл мақаланы 1936 ж. жазылған деп жаңылыс көрсетілген. Ол кезеңде Мәдениет құрылысы қызметкерлерінің бүкілқазақстандық тұңғыш съезі Алматы қаласында 1935 ж. 21–29 мамыр күндері өткен болатын. Автор жас өнер иесінің оншақты жыл ішінде үздіксіз іздену, өсу жолына жіті зер салып, оның актерлік ерекшелік сипатын жан-жақты терең ашып танытқандай. Елубай осы уақыт аралығында «бір арна, тар саламен ғана жүрмей», үлкенді-кішілі неше алуан, ішкі-тысқы қалыптары басқа-басқа болған түрлі рөлдерді қатар алып жүргендігін, сол арқылы ауқымы кеңіп, биіктей түсіп, тіпті кейде нашар пьесадағы болымсыз рөлді ойнаған тұста да «өзіне арнап пішкен кимдей» жарасымды етіп көрсете алады. Өйткені ол «өне бойымен сол рөлге құлап түсіп, сүңгіп кетіп, тұтана, өргене жүріп жалынды жана ойнайды... Жарқ берумен, шарқ үрумен тұтаса, ұласа шыққан ішкі-тысқы еклін серпінімен қаршығаша бір-ақ іледі. Әдейін қиялының жыр образын ілгеніндей іледі» дейді. Елубайдың көркемдігі – шыншылдығында екенін, ол «ішкі сарай (нутро) және зауықпен (вдохновение) ойнап, әрбір қозғалыс-қимылының есепсіз, не шикі, олақ, шала-шарпы күйде берілмей, ішкі толғансы сыр-сипатқа сай денесін, бет пішінін жақсы үйлестіретінін, «бет пішінінің құбылыс байлығына келгенде, әрине, Елубайға тең келетін актер қазақта әлі жоқ» екенін атап айтып, оның ізденгіштік, шыншылдық өнерін өте жоғары бағалайды. Елубайдың жүре актер болуынан гөрі туа актер болуы басымдық (самородок) екенін, сондықтан оған «оқу, білім, жүйе-жол, ... өнерлі үлгілер қосыла» түссе екен деген тілегін білдіреді.

*К. Сыздықов.*

**ЕЛШІБЕКОВ** Ахмет (1901–1980), жазушы, аудармашы. Ө-пен жақсы таныс, аралас-құралас болған, қызмет бабында жиі кездесіп, сұхбаттасып жүрген. 30-жылдары «Тарақты» деген бүркеншік атпен «Еңлік – Кебек» мақаласын жазып, Мұханның драмалық шығармалары жайында сындарлы пікір айтқан («Еңбекші қазақ», 1927, 3 қаңтар).

**ЕМБІ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ**, драмалық әуесқойлар ұжымы. Атырау облысының Құлсары ауылында 1954 ж. Ембі мәдениет үйі жанында ұйымдастырылды. Көркемдік жағын 1959–68 ж. Қ. Өтегенов, 1968 жылдан бастап А. Шамшеденов басқарды. 1960 ж. халық театры атығын алды. 1967 және 1972 ж. театр ұжымы Алматыда өнер көрсетті. Ұжым негізінен қазақ жазушыларының шығармалары бойынша спектакльдер әзірлеп, Ө-тің «Айман – Шолпан» комедиясын сахнаға шығарды. Еңбекшілер көркемөнерпаздық шығармашылығы фестивалінің (1967) және республикалық халық театрлары байқауының (1972) лауреаты болды.

*К. Нурпейсов.*

**ЕНИКИ** Әмірхан Нығметзаныұлы (1909–ө.ж.б.), таттар жазушысы. Ө-тің туғанына 100 жыл толуына байланысты «Ватаным Татарстан» газетінде (1997, 19 қыркүйек) мақала жариялады. «Мұхтар Әуезовтің абыройы биік ескен, даңқы бүкіл Кеңестер Одағына таралған шағы еді. Өте талантты тұлғасы оны қазақ әдебиетінің классигі және ұлы ғалымы деп танытты» деген жолдар арқылы 1957 жылғы кездесуінен хабар береді. Мұханның татаршалап ерекше сөйлескенін; сөзінде ол небір ғажап, тікелей татар әдебиеті, татар жазушыларын мақтаудан бастағанын; Тоқайлар, Ғалымжандар сіздің ғана түгіл, біздің де бірінші мұғалімдеріміз деген ілтипат сөздерін келтіреді.

*С. Қарабай.*

**«ЕҢБЕГІМ – ҰЛЫ ОТАНЫМДІКІ»**, жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1949 ж. сәуірдің 29-күнгі санында жарияланған. Ө-ке «Абай» романы үшін 1-дәрежелі Сталиндік сыйлық берілуіне байланысты газеттің 3-беті түгелдей «Қазақ совет әдебиетінің ірі табысы» деген айдармен осы оқиғаға арналып, өткізілген кеш туралы, онда сөйлегендердің пікірлері қоса жарық көрген. Мақала жазушының еңбегін жоғары бағалаған партия мен үкіметке шексіз алғысқа толы жолдармен жазылған. «Мен үшін, менің шағын еңбегімнің бағаланғанына қуанған достарымның саны өлшеусіз көп» дей келіп, бұл баршаға ортақ қуаныш екенін айтады, «бұл күнге дейін менің авторлығыммен аталып келген еңбек, енді туған совет халқы сенікі! Өлшеусіз сүйікті, ұлы даңқты Отаным, – сенікі!» деп, шағын еңбегінің ортақ табысқа жарағаны үшін өзін бақытты санаиды. Сонымен бірге шығарма жазу үстінде орыс классикалық әдебиеті дәстүрінен, жалпы кеңес әдебиетінен үлгі-өнеге алғанын, қаламдас достары – қазақ жазушыларының үлкенді-кішілі өкілдерінің жазған еңбектерінен де көп пайдалы тәжірибелер алғанын мақтанаш сезіммен жазады. Осындай достық көмектерге сүйене отырып, халқының қазіргі ерлік істерінің, тамаша өмірінің бейнесін неғұрлым көбірек көрсететін жаңа шығарма жазу ойы барын да айта кетеді. «Бір тұтас үлкен еңбекте совет адамдарының образдарын көркемдік жағынан Абай образынан да толығырақ көрсетсем деген – менің келешек творчествомның биік мұраты» деп, шығармашылық жоспарын бекітеді.

*Н. Жаңақова.*

**«ЕҢ ДАНА, ЗАҢДЫ, ЕҢ ЖАС МЕМЛЕКЕТ»**, жазушының мақаласы. «Социалды Қазақстан» газетінің 1936 ж. 18 маусымдағы санында жарияланған. Кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 17-томында жарық көрді (45–46-беттер). КСРО-ның жаңа Конституциясы қабылданып, Қазақ КСР-і Кеңес Одағы құрамында дербес республика болып

жариялануы, халқына бостандық пен бақытты өмір сыйлаған кеңестік заң туралы сыр шертеді. Негізгі заңның жаңа нұсқасын «қаншалық асыл, қаншалық ұлы мағыналы заң екенін» дәріптеп, бұл сәттерді «еңбекші ел мемлекетінің» ұлы көктеміне теңейді. «Бұрын Ресей патшалығының езгісінде келген бұқара, оның ішінде қазақ тарихының ауыр, қараңғы күндеріндегі лағын заңның» қатыгездігін айыптайды, «адам баласының, азамат басының баға салмағын қастерлеп, биік дәрежеге көтеруде де бұл заңдай кең өріс, үлкен тұрғылы заңды адам тарихы көрген емес», осы заң арқасында «біз Одақ ішіндегі орны сай, үлкен республика болғалы отырмыз» деп, партияға «қазақ еңбекшілерінің бүгінгі күнгі қуанышты ырзалығын» білдіреді. Сонымен бірге осындай «ұлы дәуір тудырған ұлы шаралар, ұлы жаңалықтар... әдебиет, көркемөнер жолында істеп жүрген біз сияқты қызметшілерден, әсіресе, көп, көрнекті нәтиже шығатын еңбекті талап етеді», «Заманымызға, бақытты күнімізге сай шығармалар беру – біздің міндет» деген биік пафосқа толы жолдармен аяқтайды.

*С. Қорабай.*

**«ЕҢ ЗОР БАҚЫТ»** («Самое большое счастье»), жазушының мақаласы. 1949 ж. 24 желтоқсанда «Литературная газетада» шықты. Ө-тің мақалаларының ішінде Сталин аты аталатын, «көсемге» көп мақтау айтқан шығармасы. Соғыстан кейінгі Сталин беделінің ерекше артқан кезінде жазылған. КСРО-ның ең озық ойлы ғалымдары, журналист-жазушылары осы бағыттағы мақалаларды көп жазды. Газеттің бұл нөмірі Сталиннің 70 жасқа толуына арналған. Бұл тойға қазақ халқының, қазақ әдебиетшілерінің атынан құттықтау мақала керек болғандықтан, таңдау қазақ әдебиетінің ең озық өкілі Ө-ке түскен. Мақалада Жамбылдың Сталинге арналған өлеңдерімен қатар, мезен туған жерімде, Абайдың сүйгенімен қотасқан өзен бойында ұлы көсемді кеңес қыздары мен жігіттері шабыттана жырлағанын көрдім дейді автор. Өр жерде өткен тойларда, айттыстарда негізгі тақырып – ұлы көсем туралы тақырып дейді. Халық ақындарының, әдебиет пен өнердің, ғылым мен техниканың жетістіктерін Сталин атымен байланыстырған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ЕҢЛІК – КЕБЕК»**, ғашықтық дастаны. Ескі заман әділетсіздігінің құрбаны болған махаббат зары. Шығарма бірнеше рет жарық көрген. Алғашқы нұсқа «Қазақтың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген атпен 1892 ж. «Дала уалаяты» газетінің 31–39-сандарында басылған. Мазмұны былай: Тобықты руында Кебек деген батыр болады. 20 жасқа келгенде жас батыр атырапқа аты жайылған Нысан абызға келіп, болашағы туралы бал ашқызады. Арада бірнеше жыл өткен соң, абыздың айтқаны дәл келіп, Найман руының қызы Еңлікке жолығып, танысады, ақырында Кебек Еңлік қызды алып қашады. Тобықты мен Найман арасында жанжал, барымта басталады. Дауласқан екі ру биге жүгінеді. Тасбауыр билер Кебек пен Еңлікті ат құйрығына байлап өлтіреді. Тауда 4 айлық бала шырқырап жылап қалады. Жырда кездесетін Тобықты, Найман, Жуантаяқ, Матай – белгілі ру аттары; Шыңғыс, Орда, Хан, Доғалан, Шонай, Ақшоқы – бұрынғы Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысының Абай ауданындағы жер аттары. Демек дастан белгілі этникалық, географиялық орта, болған оқиға негізінде туған. Онда халықтық сарын мен халықтық идея басым, ол осысымен құнды. Жырдың екінші нұсқа-

сы «Қазақ тұрмысынан хикая» деген атпен 1897 ж. «Дала уалаяты» газетінің 46-санында жарияланды. Мұнда мазмұны мен сюжеттік желісі бұрынғы қалпында сақталып, тек адам, жер-су аттары өзгерген. Мысалы, жігіт Кебек емес – Серғали, қыз – Қанлық, абыз – Келдей, Тоқтамыс – Бесқабан, Кеңгірбай – Шалпаң деп берілген. Бұрынғы жер атауларымен қатар Далаған, Бүркіттау деген жерлер де айтылады. Негізінен бұл дастан – бірінші нұсқаның көшірмесі. Үшінші нұсқа – Мағауия Құнанбаевтың «Еңлік – Кебек», төртінші нұсқа – Шәкәрім Құдайбердиевтің «Жолсыз жаза» поэмалары. «Еңлік – Кебек» аңыздың екі дастан, екі поэма түріндегі төрт нұсқасының оқиға, оның баяндалу, аяқталу реті, кейіпкерлер, негізінен, бірдей. Барлық нұсқа Еңлік пен Кебектің өлімінен аяқталады. Бәрінде ел, ру басшыларының екіжүзділігі, қатыгездігі мен тасбауырлығы, опаттың себебі тағдырдың бұйрығында, жазмыштың құдіретінде деген идея бар. Сөйтіп Ө-тің «Еңлік – Кебек» драмасына арқау болғанға дейін аңыз қолдан-қолға өтіп, сараланып, сюжеттік желісі тұрақты қалыпқа түсіп, кейіпкерлер бейнесі айқындалып, негізгі идея дәстүрлі арнаға түскен еді.

*Р. Нұрғали.*

**«ЕҢЛІК – КЕБЕК»**, жазушының трагедиялық шығармасы. 1917 ж. «Сарыарқа» газетінде спектакльді қоюшылардың бірінші жазғанына қарағанда, екі киіз үй қатарластырып тігілген. Қазіргі ұғыммен айтқанда бірі – сахна, екіншісі – зал есепті болған. «Еңлік – Кебектің» 1917 ж. маусым айында қан жайлауда қойылған тұңғыш постановкасына жиялған көрермен саны жүзден асыпты. Бір қызық деталь – ойынға елу тыннан билет сатылып, барлығы 54 сом 50 тыын жиылыпты. Бұл ақша Құлжадағы ашаршылыққа ұшыраған қазақтардың пайдасына жөнелтіледі. Тұңғыш нұсқа туралы сөйлегенде жүргеніміз – 1922 ж. Орынборда басылған кітап, автордың өз қолжазбасы сақталмаған, жоғалып кеткен. «Еңлік – Кебек» жайлы алғашқы сын мақалалар шығарманың идеялық-көркемдік қуатын сараптайтын профессионалдық биік деңгейде емес, олар сахналық ойын туралы қысқа рецензия түрінде келеді. «Кеше Қазақстан мемлекеттік ұлт театрында Қазақстанның о жақ, бұ жағынан шақырылған сауықойлар мен Қызылорда әуесқойлары тізе қосып «Еңлік – Кебекті» ойнады» деп жазды («Еңбекші қазақ», 10.12.1925). Мақалада автор спектакльді сөз өтуі үстінде киім жетімсіздігін, декорация жүздеулігін сынады. Сахна жабдығының пьесадағы қалыпқа лайықты болуын, артистердің образ бітіміне сай киюін, декорацияның оқиға өткен жерлердің нақты суретін бейнелеуін талап етеді. Бұл мақала қазақ театры сынының драматургияны өкшелеп жаңа туып келе жатқан алғашқы кезеңіндегі бір нұсқа секілді. Екінші мақалада Абыз, Көбей, Кебек, Еңлік, Кеңгірбай образдарының қалай ойналғандығы сөз болады («Еңбекші қазақ», 5.1.1927). Үшінші мақалада «Еңлік Кебек» пьесасында ойнаушылардың аттары айтылады. Артистердің дауыс мәдениетіне, дикциясына қатысты ескертпелер де бар («Еңбекші қазақ», 18.3.1928). Ұлттық топырақта драматургиялық дәстүрдің жоқтығына қарамай, басқа елдер әдебиетінен үйрене отырып, Ө. жанр шарттарына толық жауап бере алатын трагедия

жасады. Сюжеттік желінің тартылуы, композиция құрудағы шеберлік қаламгердің драма заңдылықтарын жақсы білгендігін көрсетті.

Пьесаның алғашқы нұсқаларында автор: «Айнымаған: кешегі күнгі жақынымен жатша жағаластырған алтыбақан алауызық. Алаштың аты озғанша, ауылдасыңның тайы озыс деген берекесі, тыныштығы жоқ, бітімі, тынымы жоқ қазақ әлі сол қазақ. Өз қайратын өзі жойып, қасындағы туысқанын қарақатп, өз қолын өзі байлап берген қазақ әлі күнге сол қазақ. Өшпеген мінезі осы. Ұмытылмаған әдет, жазылмаған дерт осы» деп жазды (М. Өуезов. «Еңлік – Кебек», 4 перделі, 5 суретті трагедия, Орынбор, 1922, 2-бет). Ө. драматургиясындағы тырнақ алдысы – «Е. – К-ке» 1943 ж. бір, 1956 ж. екінші рет оралып, пьесаға мол өзгерістер енгізді, қайтадан өңдеп шықты. Ірі суреткерлік биікке көтерілген Өуезов 1943 ж. «Е. – К-ті» қайтадан қолға алғанда, пьесаның тұңғыш нұсқасындағы сюжеттік желіні бұрынғы күйінде қалдырды, соны, бөгде линиялар жоқ. Жаңадан тың қаһармандар да қосылмаған. Қайта драматург трагедияның түп қазық идеясын ашуда жәрдемі шамалы, басты конфликтінің өрбіп, асқинуына қатысы аз Абыздың кемпірі Таңшолпанмен арасындағы аңгімені, Еңліктің әкесі Ақан мен шешесі Қалампырдың үй ішілік тірлігін алып тастаған. Бұл ситуациялар пьесаның алғашқы нұсқасында тұрмыстық жәйттерді суреттеуге қызмет етсе де, үлкен идеялық жүк көтермеген еді. Трагедиялық конфликтінің жойқын көрініс беруі үшін ұсақ бұрылыстарды, жай кикілжіңдерді қысқартып тастау қажет болды. Пьесаның 1943 жылғы нұсқасында драматург аса үлкен шығармашылық табыстарға жетті. Оның бірі – Абыз образының бұрынғы нұсқасындағы күйінен мүлде жаңа, басқа кемерге ойысуы. Аттары бір болғанмен алғашқы Абыз бен соңғы Абыздың арасы жер мен көктей кереғар, алшақ. Бұлар есімі ғана бір, заты бөлек екі адам. Бірінші нұсқадағы Абыз – Тобықтының жыртқысын жырттып, шашбауын көтерген ауыл үйдің қаңбақ шалы. Бал ашып, болашақты көрмек болады – онысы да өз тобының қамы. Алғашқы нұсқада Абыз конфликтінің дамуында рөл атқармайды. Ал Кебек тағдырын болжап айтқан сөз пьесаның Өуезовке дейінгі нұсқаларындағы дәстүр қалпында келеді. Халықтың ертенді аңсау арманы, күні бұрын болжау мұратының бір ұшқыны Абыздың көріпкелдігімен, жұмбақты сырмен астас. Өуезов трагедияны қайта қараған кезде осы халықтың даналықты қажетсіз, сапасыз қоспалардан арылтып, даналыққа даналық, ойға ой қосып, оны үлкен жазушылық қиялдың ыстық жалынынан өткізіп, қазақ әдебиетіндегі классикалық образдың бірін жасады. Алғашқы нұсқадағы Абыз бірінші суретте төбе көрсетіп, одан әрі оқиғадан үзіліп қалып қойса, 1943 жылғы нұсқадағы Абыз трагедияның идеялық нық беріктігін, конфликті кесектігін ұстап тұрған тұлға. Осы жылғы нұсқада Абызға берілген идеялық, эстетикалық салмақ Еңлік пен Кебек мойнындағы жүктен де ауырырақ. «Е. – К.» трагедиясының алғашқы нұсқасында оптимистік идея бар-ды, бірақ ол әлісіз жанған нәзік сәуледей ғана болатын. Шығарманы екінші рет редакциялағанда, Ө. реалистік драматургиядағы конфликтінің пьеса көлеміндегі шешімін ғана емес, перспективасы шешімін құнттау

тәжірибесін терең ойластырып, сол идеялық жүкті Абыз образымен шебер байланыстырған. Билердің кесек характерлерін алғашқы нұсқаның өзінде кескіндеп бере алған Ө. оларға қарсы қайрат боларлық әлеуметтік күшті көрсете алмаса, 1956 жылғы нұсқада сол олқылық орнын Абыз әрекеті арқылы толтырады. 1943 ж. нұсқадағы екінші зор табыс – Жапал образы. Алғашқы нұсқада қосақ арасында жүрген персонаж драматургтің жаңаша пайымдауында трагедияның үлкен идеялық салмақ арқалаған орталық қаһармандарының біріне айналған. Абыз даналықтың, ойшылдықтың бейнесіндегі болса, Кебек халық ұғымындағы шын батыр, Еңлік – махаббат жолында жанын шүберекке түйген асқақ сұлу. Жағымды типтер галереясын Жапал образы құлпытрып тұр. Трагедияның ең басты тартыс шиеленісінің бірі – Есен, Еңлік, Кебек арасындағы ситуацияда Жапал атқарар қызмет осал емес. Ашығын айтқанда, оның өзінің жан дүниесі, сезім күйі, ой-өрісі, адамдық қалпы осы орайда көрініп, мол қырынан танылады. Автордың 1943 жылғы нұсқада тұрмыстық-этнографиялық детальдарды алып тастауы трагедияның ішкі әрекетін күшейтуді, реалистік тентікті, құбылыстың әлеуметтік астарын айқын ашуды құнттаудан туғаны күмәнсыз. Драматург күрделі психологияны, бір сезім күйінен екінші сезім күйіне ауысу сәттерін, ойдан туған ойды, ұшқыр қиялдың шарықтау процесін Жапалдың алғашқы монологомымен шебер береді. «Е. – К.» пьесасының алғашқы нұсқасына енгізілген 1943 жылғы мазмұндық өзгерістер, ірі қосымшалар осындай. 1956 ж. бір-ақ нәрсе – Абыздың билер сценасындағы сөздері қосылған. «Еңлік – Кебектің» қазір бізге мәлім, театрда қойылып жүрген, Өуезов таңдамалы шығармалар жинағына енген түрі – 1943 жылғы нұсқа. Ол қазақ драма театрында 1943 ж. қойылды да, 1956 жылға дейін еш жерде жарық көрген жоқ. Алғашқы нұсқа мен осы нұсқа арасында түбірлі мазмұндық, идеялық айырмашылықтар, көптеген стильдік өзгешеліктер бар. Кейінгі нұсқалардағы өзгертулер әр түрлі: солғын а қажетсіз жерлерді қысқарту да, жеке сөздердің, тіркестердің орын ауыстыру да, тыннан, соны сөйлемдер қосу да, бұрынғы сөйлемге жаңа мағына беру де, фразаның сахналық өткірлігін арттырып, ырғағын күшейтіп, ширату да - бәрі де бар. Оразға жүктелген идеялық-эстетикалық салмаққа орай авторлық ремарка жаңарған. Олар алғашқы нұсқада тұрмыстан ақтық хабар беретін дүниелерді жіпке тізіп берсе, кейінгі нұсқада демократиялық қызмет емес, психологиялық күйді мегзейді.

*Р. Нұрғали*

Спектакльдің қойылымы. Пьесаның алғашқы нұсқасын 1917 жылдың жазында Шыңғыс бектерінеді Ойқұдық жайлауында жастар қойды. Еңлік, Таңшолпан мен Қалампыр рөлдерін де жігіттер ойнады. Тұңғыш спектакль бірін-біріне тіркестіріп тігілген киіз үйдің ішінде қойылды. Бірі сахна, екіншісі – көрермендер залы. Үйдің босағасындағы сандықтың ішіндегі сыбыршының (автордың өзі) сөзін естіміз, кейде орындаушылар өз бетінше сөз құрастырып, ойынның шырқын бұзбай, алып шыққан. Ойында автордың өзі жүргізген. Трагедияның түзетілген екінші нұсқасы 1922 ж. Ж. Аймауытовтың режиссерлігімен қойылды. Бұл көркем шыққан, әрі Ө. пен Аймауытовтың бірге ойласып, толғаған, жарасымды шығармашылық ынтымақтарының нәтижесі еді. Қойылым

бағдарламасында кейіпкерлердің әрқайсысына қысқаша мінездеме берілген. Кітап болып басылып шыққан пьеса көркем үйірмелер мен труппалардың репертуарынан тұрақты орын алды. Трагедияны (1933 ж.) М. Г. Насонов қайтадан қойды. Ол өзінің режиссерлік пайымдауларын жүзеге асыруда Ө-тің көмегіне сүйенді. Бұл қойылымның жаңалығы – Еңлік пен Кебек рөлдерін ойнаған Күләш Байсейітова мен Қ. Байсейітов ойындары. Бірін-бірі ұнатқан екі жастың махаббаты драмалық ішкі көңіл күй арпалыстарымен бірге, ән-өлең арқылы толығып, лирикалық бояумен көмкерілген. Екі орындаушының тамаша әншілік қабілеті қойылымның поэтикалық сазын көтеріп, халық өнерінің көркемдік қуатын танытқан. Трагедияның өңделген жаңа нұсқасын 1944 ж. А. Токланов қойды. Мұнда Еңлік пен Кебектің тағдырына байланысты натуралистік, тұрмыс-салт көріністерінің көбісі қысқартылып, кейбіреулері қайта қарастырылған. Спектакльдің көркем-идеялық мазмұнына ерекше ықпал ететін Абыз бейнесі мүлде басқаша ойластырылып, оның гуманистік эстетикасын анықтаған. Ұзақ үзілістен кейін 1957 ж. қойылған «Еңлік – Кебек» – ұлттық классикалық шығарманы меңгеру жолындағы театрдың ірі табысы. Бұл пьесаның әбден жөңделіп, өңделген соңғы нұсқасы бойынша қойылған спектакль. Қоюшылар – аса тәжірибелі режиссер М. И. Гольдблат пен халық өнерінің хас шебері Қ. Қуанышбаев трагедияны танып-білуге мол дайындықпен келген. Әрбір сахналық шешімдермен бірге, жеке кейіпкерлердің өзіне ғана тән даралықтарын ашуға күш салды. Трагедия бұл жолы романтикалық сарында шешіліп, шынайы тарихи сипаттама тапқан. Сахнада өтетін оқиға анық емес, қазақ халқының басынан кешкен тарихи кезең болып бейнеленген. Автордың жарқын идеясы, гуманистік ойы, бүгінгі көрермен қауымға айтары спектакльде барынша айқын ашылған. Мұндағы трагедиялық күй, романтикалық серпіні, кейіпкерлер характерлері пьесаның жоғарғы көркемдік биігіне лайық бейнеленген. Қойылымның бойындағы қаны мен қуаты Абыздың тың бейнесіне байланысты. Спектакльдің көркем-идеялық мазмұны, философиялық мағына, тың бағыт Қ. Қуанышбаевтың ойыны арқылы танылған. Кебектің рөлі Н. Жангериннің орындауында келбеті келіскен, бейбіт тірлік пен кіршіксіз махаббат үшін жаралған жан кейпінде көрінеді. Ол сыпайы, қимыл-әрекеті де салмақты, нәзік, өмірге ойлана қарайтын, үлкеннің алдында әдепті, күш сынасып, найза қағысатын, сотқарлыққа бармайтын адам болып суреттелуі – бұл спектакльдің жаңалығы. Еңлік рөлін ойнаған Б. Римова мен Ш. Жандарбекова өнер ерекшеліктеріне қарай, ару бейнесінен өздеріне лайым, шеберліктеріне жақын сипат-белгілеріне молырақ көңіл бөлген. Римова кейіпкерінде батылдық басым болса, Жандарбековада лирикалық, ізеттілік бояуы басым. С. Қожамқұлов сомдаған Еспенбет – үлкен табыс. Бұрынғыларының үстіне бұл қойылымда актер сөз құдіретіне ерекше көңіл аударған. Әр сөз актер аузынан асықтай иіріліп, оның ерекше айтылу сырын табады. Әрқашан салмақты басталып, баяу жылжып, күш көрсету, сескендіру үнімен аяқталады. Сөздің ішкі қуаты, онан туатын қимыл-әрекет, психологиялық толғаныстар – актер ойынының желісі. Қойылымда Абыз ойын әрі қарай жалғастырып, мұнына үн қосып, шынайы балғын болмысымен жаралған

Жапалды ойнаған актердің «Еңлік – Кебек» – театрдың кезеңдік табысы, ол 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде Кіші театрдың сахнасында көрсетілді. Трагедияның 50-жылдардың ортасында репертуарға қайта оралуына байланысты, ең алдымен сахнаға шығарған – Семей театры. Б. Омаров қойған бұл спектакль тұрмыс-салт өресінде шешілген. Жеке рөлдерден М. Ақылова (Еңлік), Ө. Жаңырбаев (Кебек), Б. Бұланов (Жапал), Ө. Матыбаев (Көбей) сынды актерлердің ойыны қойылымның жетістігі болды. Шымкент театрындағы Ф. Хайруллинаның режиссерлігімен қойылған спектакльде Кебек (М. Өтемісов), Еңлік (Ж. Серікбаева), Қараменде (Ө. Мұхамедияров) бейнелері нанымды суреттелген. Трагедияның Жамбыл (режиссері Т. Иірғалиев), Жетісай (режиссері А. Оңалбаев), Қызылорда (режиссері Т. Өтебаев), Қарағанды (режиссері Ж. Омаров) театрларының сахнасында қойылуы – ұлттық классиканы меңгерудің белесі болды.

*Б. Құндақбайұлы.*

«ЕҢЛІК – КЕБЕК», опера. Ө-тің осы аттас трагедиясының негізінде музыкасын Ф. Жұбанова жазған. Прологтан, үш бөлімнен (7 суретті) және эпилогтан тұрады. Премьерасы 1975 ж. 24 қаңтарда өтті. Либреттосы – С. Жиенбаевтікі, қоюшы-режиссері – Ө. Мәмбетов, дирижері – Т. Османов, суретшісі – А. С. Кривошейн, хормейстері – Б. Жаманбаев. Операның сөздік мәтініне Ө. трагедиясының сөздері кіргізілгендіктен, шығарманың көркемдік қуаты сақталған, драманың сюжеті мен опера сюжеті бір-біріне ұқсас. Образдарды салыстырып қарағанда, қарама-қарсы екі тақырып – махаббат тақырыбы мен қайғылы тағдыр тақырыптары шиеленіс арқылы көрініс тапқан. Опералық түр мен ұлттық жанрлардың (ән, күй, айтыс), музыкалық және драмалық көріністердің, лиро-эпикалық шығармалардың шеңберінде жүзеге асырылған біртұтас шығарма әрі композиторлық, әрі орындаушылық шеберліктің дамуына игі ықпалын тигізген. Жұбанованың операсы нәзік психологизм мен романтикалық рухқа құрылған.

*А. Омарова.*

**ЕҢЛІК – КЕБЕК МАЗАРЫ**, *Ералы жазығының* шығыс жағындағы Шұбартөбе деген жерде. Семей-Қарауыл жолының бойында. Жыл өткеннен кейін тастан қалқа-қорған орнатқан. Кейін арнайы келіп, көрген Біржан сал тас қалаушы ұста Рыскелді деген кісіге тапсырып, кірпіштен мұнаралы күмбез тұрғыздырған. Бертін келе қабір құлап, мүжіліп тозған. Қазір бейіт басында 1960 ж. кейінгі ұрпақ тұрғызып іргесі биік куб төрізді, биік мұнарасы қиылған ұзынша пирамидаға ұқсайтын еңселі ескерткіш бар. Ө. «Еңлік – Кебекті» алғаш қойған Ойқұддық – жақын арада. Еңлік пен Кебектің соңғы паналаған жері Кіші Ордадағы үңгірлі Ұйтас та 6–7 шақырым жерде. 1764–1770 ж. шамасында Тобықты руының ер жігіті Кебек пен Матай руының сұлу қызы Еңліктің арасындағы сүйіспеншілік сезім екі рудың арасындағы жер дауларынан туған араздықтан кедергіге ұшырайды. Ушыққан араздық, Еңліктің айттырылған жері, далалық өсіре намысқойлық, ру билерінің екі жүзді саясаты т. б. себепші болып, Кебек пен Еңлікті елден жырақтап кетуге мәжбүр етеді. Алдында Матай жағының арыз-сәлеміне менсінбей қараған Тобық-

тының би Кеңгірбай іс насырға шауып, ауыр барымтаға ұласқан соң, Матай жағының даушыларына Кебектер жасырынған жерді нұсқап, билігін өздеріне береді. Екі жасты ұстап алып, Ералы жазығында атпен сүйретіп өлтірген. Еңлік – Кебек оқиғасы жайында ел арасында айтылып жүрген жыр-дастандарды, Шәкәрім мен Мағауия шығарған поэмаларды Ә. қазақ топырағындағы алғашқы сахналық қойылымға айналдырып, көркемдігі өте жоғары трагедия жазумен қатар, ғылыми-зерттеу еңбектерінде де сөз еткен. «Абай жолы» роман-эпопеясының «Ақын аға» тарауында: «Топтың алдында озғындап келе жатқан Абай бір кішкене төбешікке қарай тартты. Өл төбенің басына шыққанда барлық аттылар сөл ғана томпайып жатқан ескі екі моланы көрді... – Осы жалғыз мола, осынау елсіз жотаға пайда болғалы, міне биыл жүз рет жадырап жаз, кірбең тартқан күз кепті... Бұнда жатқан бір қыз, бір жігіт. Жігіті Кебек, қызы Еңлік атанушы еді! – деген кезде Абайдың үні ажарланып, машықты қалпына ауысып, қатаң сөйледі» деген жолдар бар.

*Ш. Елеукезов.*

**«ЕР АҒЫБАЙ»**, дастан. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың (1837–1847) белгілі батыры, Кене ханның оң қолы – Ағыбай батыр туралы жыр. Ағыбай (1802–85) – қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күрескерлерінің бірі. 1824–1826 ж. Қарқаралы округі қазақтарының жерден айрылғаннан кейін туған көтерілісін басқарған. 1832 жылдан Саржан мен Есенкелдің қасында жүріп, олар мерт болғаннан кейін Кенесары көтерілісінің басынан аяғына шейін қатысады. Кенесары қаза тапқан соң, Ағыбай қазіргі Ақмола жағына қоныс аударып, Қайрақты деген жерде 83 жасында қайтыс болды. Ө. өзінің «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде тарихи жырлардың түп-төркінін, туу себептерін ашып, Кенесары қозғалысының бел батыры, бастан-аяқ көтеріліс толқынында жүрген Ағыбай тағдырын сол тарихи оқиғамен байланысты қарастырған. Ал «Хан Кене» пьесасында Ағыбай Кенесары батырларының бірі ретінде шынайы бейнеленген.

*Қ. Мәдібаева.*

**ЕРАЛЫ ЖАЗЫҒЫ**, жер атауы. Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен «Еңлік – Кебек» трагедиясында баяндалатын негізгі оқиғалар өткен жер. Ол «Ера-

лы қорығы» деп аталатын ені 20, ұзындығы 60 шақырымға созылатын бұл алқап Орда мен Доғалаң тауының арасын алып жатыр. Шөбі шүйгін, жазғы-тұрымғы жайылма су ұзақ сақталады. Кеңгірбай би мен Ырғызбай бидің қыс – қыстауы, жаз – шабындығы болған ата қонысы. Шығысында Абай туған Қасқабұлақ пен Еңлік – Кебектің, жазықтың ортасындағы қасқа жолдың бойында Ералы Кеңгірбайұлы мазары бар. Батысындағы Ақшоқының етегін Құнанбай қоныстанған. Сол қыстаудың шетіндегі үлкен зиратқа Құнанбай мен оның ұрпақтары және Мұхтардың атасы Өуез жерленген. Ералы жазығының ортасындағы «Ойқұдық» деген жерде 1917 ж. маусым айында Ө-тің «Еңлік – Кебек» пьесасы жапсырмалы киіз үйде сахнаға қойылды. Ол араға белгі тас орнатылған. Оның шығысына қарай 8–9 км жерде *Еңлік-Кебек мазары* бар.

*Т. Жұртбай.*

**ЕРБОЛ** Көмекбайұлы (1843–1884), Абайдың досы, Бөкенші руынан. Ол сөзге жүйрік, өнерлі, билік істеріне де араласады. Абай алғаш онымен Сүйіндік ауылында танысады, олардың достасуына Тоғжанмен екі араға дәнекерлік жасауы себеп болады. «Осы кездескеннен бастап, Абай Ерболды бес күн жібермей, өз ауылында қонақ етті. Неше алауан ойындар ойнады. Өңгімелер айтысты. Кеш сайын ән салып, ұзақ сауық құрысты. Сол күндер ішінде Абай өз өлеңдерін де айтты. Ербол ендігі сырласы боп алды. Өмірінде алғаш рет осы жігітке Абай өз жүрегінің сырын ашты» («Абай жолы», «Шытырманда» тарауы). Осыдан олардың достығы өмірлерінің соңына дейін жазылмайды. Дерек айтушылардың өңгімелерінде Құнанбайдың олардың достығына күдікпен қарағандығы айтылады. Оның: «Ерболдың басын Ыбырай алады, Ыбырайдың басын Ербол алады күндердің күнінде» деген көрегендігін Күшік Тобықты болысын сайлауда Е-дың Оспанды емес, Бөкенші Күнту Шоңқаулын өткізуді ұйымдастырғаны Абайдың жанына қатты батуы растайды. «Көңілім қайтты да, дұшпаннан да» деген өлеңін осы оқиғадан кейін жазады. Е. Семейден қайтып келе жатып, жол үстінде ауырады да, кенеттен қайтыс болады. Шыңғыстау бөктеріндегі Қарауыл өзенінің бойына жерленген.

*Т. Әкім.*

**ЕРГӨБЕКОВ** Құлбек Сәрсенұлы (1952 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1995), профессор (1996). Ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің мәселелеріне арналған. «XX ғасыр ба-



«Еңлік пен Кебек мазары»  
Суретші Н. Өтенбаев  
Тушь, қылқалам, 1993.

Сындағы қазақ әдебиеті» (1994) зерттеу еңбегінде, «Ғұмырнамалық проза және кейіпкер парасаты» деген мақаласында көрнекті қалам қайраткерлерінің, соның ішінде Ө-тің өмірінен жазылған тарихи прозалық шығармаларға шолу жасады («Жүлдіз», 1989, №1, 181–187-беттер). Ал «Абай» романы қалай жарыққа шықты?» атты ғылыми мақаласында Б. Кенжебаев, Қ. Шаңғытбаев сынды абзал азаматтардың қиын кезеңде көмек-жәрдемі арқасында жарық көргенін, романды шығаруға қарсы болған коммунистік идеологияның солақай, ұрда-жық саясатшыларының қырсық-кедергілерін әңгіме еткен («Мұхтар мұрасы», А., 1997, 23–38-беттер).

**ЕРҒАЛИЕВ** Хамит (1916–1997), қазақ, Қазақстанның халық жазушысы (1986). ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1982). Е-тің тырнақ алды өлеңдері 1936 ж. облыстық газетте жарияланды. Содан бастап 30-дан аса жыр жинақтары шықты. Туған жер мен өскен ел, бейбітшілік пен соғыс, адамгершілік пен бейбіт еңбек, өмір тынысы, заман келбеті, достық пен махаббат т. б. тақырыптарды жырлады. Дастандарында еңбек адамдары мен замандастар бейнесін сомдады, қазақ әдебиетінің поэма жанрын молықтыра түсті. Шетел жазушыларының көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударды. Е. өз әріптесі әрі замандасы болған Ө-тің 60 жылдық мерейтойына арнап «Талант туралы жыр» (1957), қазасына байланысты «Өлмес жанның өзіне ұқсап бағам» (1961), 75 жылдық мерейтойына арнап «Әуезовпен әңгіме» (1972), 100 жылдық мерейтойына арнап «Әуезов кім, біз кім?» атты өлеңдерін, «Мұхтар Әуезов туралы аңыз» кантатасының мәтінін (музыкасы Ғ. Жұбанованыкі, 1965) жазып, ұлы жазушының бейнесін мәңгі есте қалдыруға көп үлес қосты. Ұлы жазушы Е-тің шығармашылығы жөнінде: «Біз Хамиттен арқауы қатаң ақылды шабыт, алғыр шабыт жырларын мейлінше мол тосуға болады деп білеміз. Ол ізденгіш те және көбінесе тапқыр да. Әсіресе реалистік дәстүрдегі нақтылық (конкретность) Хамиттің үлкенді-кішілі шығармаларынан жақсы көрінеді. Қуантарлық жақсылықтарды көп сезесің» деп жоғары баға берген.

*Т. Әбдірахманова.*

**ЕРҒАЛИЕВА** Райхан Әбдешқызы (1954 ж. т.), өнертанушы. Өнертану ғылымының докторы (2001). Қазақстан бейнелеу өнерінің проблемалары, қазіргі қазақ сурет өнері мен мүсін өнерінің халықтың ауыз әдебиетімен, дәстүрлі мәдениетімен байланысы жайында Қазақстан, ТМД елдері, алыс шетелдер басылымдарында 90-ға жуық ғылыми мақалалары шықты. «М. О. Әуезов және оның Қазақстан бейнелеу өнеріндегі кейіпкерлері» атты мақаласында («Мұхтар Ауэзов и современная литература», А., 1987) Ө. шығармашылығына арналған Б. Урманче, С. Мәмбеев салған жазушы портреттері сияқты Қазақстанның белді суретшілерінің еңбектері талданады. Онда Ө. шығармашылығындағы терең психологизм элементтері шынайы көрініс тапқандығы баяндалады.

*С. Майлыбаева.*

**ЕРЖАНОВ** Манарбек (1901–1966), әнші, композитор, домбырашы, күйші, актер. Қазақстанның халық артисі (1938). Репертуарында классикалық үлгідегі әндермен қатар, өзі шығарған жүздеген туындылар бар. Е. дарынды әнші ғана емес, сонымен бірге сахна санлақтарының бірі. 1926 ж. Қазақ драма театрында қойылған Ө-тің «Айман – Шолпанындағы» Жарастың рөлінен бастап, актерлық

артистік таланты жарқырай түседі. Осы театрда, кейінірек ашылған Қазақ музыка театрында ойнап, өзінің дарынды әнші-актер екендігін танытты. Кезінде Манарбек пен Жүсіпбек Мұхаңның үйіне барып, Абайдың әндерін үйренеді. Сонда Ө. екі әншіге де жақсы баға беріп: «Бұлар нағыз әншілер екен, бірақ Манарбек әнді жылдам үйреніп алып, сәлден кейін ұмытып қалып, қайтадан есіне түсіруді керек қылады екен» дейді (Л. Хамиди. «Теңіздей терең білімдер». «Қазақ әдебиеті», 1977, 30 қыркүйек). Е. 1936 ж. Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің онқұндігіне қатысты. «Қыз Жібекте» Шегенің, «Ер Тарғында» Сақанның, «Жалбырда» Елеместің тұлғаларын бейнеледі. Е. – композитор ретінде көптеген ән, күйлердің авторы.

*З. Қоспақов.*

**ЕРЖАНОВ** Мәлс Төлекұлы (1931–1992), театр суретшісі. Оның театр суретшісі ретіндегі мүмкіндігін толық танытқан еңбегі Ө-тің «Қарагөз» трагедиясының қойылымына жасаған декорациялары болды. Шығыс Қазақстан облысының Ақжар аудандық халық театрында декорациялап, сахналанған «Қарагөз» спектаклі аса жоғары бағаланып, Мәскеудің Кремль театрында өнер көрсету құрметіне ие болды. Е. сәндеп, безендірген «Қарагөз» трагедиясының үш эскизі мен ойынға қатысушылардың Мәскеу театрының тарландарымен бірге түскен суреттері мен қойылымның сахналық көріністері «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қорында сақтаулы.

**ЕРЖАНОВА** Айнаш (Өй неш; 1914–2002), актриса. Ө-тің пьесаларындағы Шолпан («Айман – Шолпан»), Жүзтайлақ («Түнгі сарын») рөлдерінде ойнады. «1934 ж. 22 қаңтарда «Айман – Шолпан» қойылымы аяқталған соң, сахна ашылып, спектакльдің авторы шақырылды. Мұхқан мандайы жарқырап шыға келгенде, жұрт ықыласы ерекше болды. Ол Күләш пен А-ты құшақтап, беттерінен сүйді. Табыстарымен құттықтады. Спектакль өткен үш күнде де залда ине шаңштын бос орын болмады» деп мақала авторы еске алады («Егемен Қазақстан», 1997, 17 мамыр).

**ЕРЗАКОВИЧ** Борис Григорьевич (1908–1997), композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1945), өнертану ғылымының докторы (1966), ҚазКСР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1967), профессор (1970). Ө-тің бағалауы бойынша, Б. Г. Ерзаковичтің ұзақ, тынымсыз еңбегінің арқасында, музыкалық-этнографиялық зерттеулерінің нәтижесінде, республиканың көп жерлерін аралап шығуының арқасында қазақ музыкасы өзінің әлеуметтік мазмұны жағынан жаңа көптеген музыкалық шығармалармен толықты. Е. 1935 ж. Абайдың музыкалық мұрасын сақтауға деген Ө-тің қамқорлығы арқасында ақынның әндерін інісі Ысқақтың баласы Әрхам Ысқақовтан (1886–1963) Семей қаласында мүмкін-қадерінше толық жазып алады («Мұхтар Әуезов әлемі», А., 1997, 40–44-беттер). Абайдың музыкалық мұрасы жайлы мақалалардың авторы либреттосын Әуезов жазған «Абай» операсының музыкасының авторлары А. Жұбанов пен Л.Халилди жайында мақалалар жазған.

*А. Омарова.*

**ЕРКЕЖАН** Ибақызы (1858–1927), Оспан Құнанбайұлының бірінші әйелі. Жазушының жинаған деректерінен: «Қажы кетіп бара жатқанда (Омбыға

айдалғанда) Шақанның әкесі Ибақ жолда қонақ етеді. Содан барып Қажы құда болады кейін» деген жолдар кездеседі. Құнанбай Алшынбаймен де осындай жолдармен құда болысқан. Оспан Е-нан басқа Зейнеп, Торымбала деген әйелдерінен де бала көрмейді. 1891 ж. қайтыс болғаннан кейін, үшеуін үш ағасы – Тәкежан, Абай, Ысқақ әменгерлік жолымен алады. Е. өз қалауымен Абайға қосылады. Шындықтағы Е. мен шығармадағы Е-ның айырмашылығы сол – романда ол Абаймен қосылмайды. Романның 3-кітабындағы біраз тартыс Е-ға байланысты өрбиді. Бұл Оспанның мал-мүлкі, оған ие жесірлері бөліске түскен кезде болады. Бәрінің көкейін тескені – Е-ның қолындағы Құнанбайдың қара шаңырағы, оған кімнің қолы жетсе, бүкіл байлықты сол иемденеді. Бұған әсіресе Тәкежанның баласы Әзімбай мен Ысқақтың әйелі Мәнке қатты қызығады. Қанша ыргасқанмен, амал-айла істегенмен, Е-ның көнбесіне кездері жеткенде: «Оспан үйі орнында тұрсын. Еркежан бұрынғыша үлкен үйде отырсын. Бірақ ол үйде тек Абай нәсілі ғана болмасын. Олардың мал-дүниеге бас-көз болуға жастары да кем және өзге екі туыстың көзі үлкені үй мүлкіне ортақтасып отыратын болсын» деген шарт қояды («Абай жолы», «Қоршауда» тарауы). Абай қарсы болмайды. Е. Жидебайдағы Оспан мен Абай жатқан бейітке жерленген.

*Т. Тұрғанбаев.*

**«ЕР КӨКШЕ»**, жыр. Ер Көкше шамамен 14–15 ғасырларда өмір сүрген. Ер Қосай батырдың әкесі. В. В. Радлов жазып алған «Е. К.» жырының басы Көкше жайында айтылса, әрі қарай Ер Қосайдың ерліктері жырланады. Г. Н. Потанин, А. Хангелдин, Мөшһүр Жүсіп Көпеев жазып алған нұсқалары бар. Қырғыздың «Манас» эпосында да Көкше есімі кездеседі. Бұл нұсқалардың бәрінде дерлік Ер Көкше мен Ер Қосай бірге жүреді. Ә. «Қазақ ССР тарихының» 1-томына (1957, 212–228-беттер) арнап «Қазақтың ауыз әдебиеті» атты мақала жазды. Осында «Қарабек», «Ер Көкше», «Қобыланды», «Қамбар» сияқты ерлік дастандар Қараханидтер заманында және XII–XIV ғасырлардағы қыпшақтардың тұсында шыққан» десе, «Ер Көкше» жырына қысқаша тоқталып, «қырғыз эпосы «Манаста» Ер Көкше дейтін қазақ басты батырлардың бірі болып, соғыстарға қатысып жүр еді, «Ер Көкшенің» В. В. Радлов жариялаған қазақша нұсқасында Манаша батыр Көкшенің досы болып көрсетіледі дейді.

**«ЕР ҚАБАНБАЙ»**, тарихи жыр. 18 ғасырда шыққан. Қаракедей Қабанбай батырдың ерлік жорықтарын жырлайды. Хан батыр, бас батыр, дарабоз атанған Қабанбай туралы жырлардың бірі. Негізгі идеясы – ата жұрттың бостандығын ардақ тұту, туған жердің тыныштығын қорғау. Жырда тарихи адамдардың есімі, нақты географиялық атаулар кездеседі. Демек жыр тарихи деректерге негізделіп шығарылған. Ә. «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері» атты мақаласында бірнеше тарихи жырдың тыңнан қаралып, түзетуден өткенін айта келіп: «Бұрынғы қалпында бірінші томға, тарихи жырлар қатарына кіруге лайығы болмаған «Қабанбай» жыры да кірген-ді. Бүгінгі Ұлы Одақ көлемінде достас, бауырлас болып отырған кейбір елдерге Қабанбайдың шабуылын айтатын жыр

шығарып, бұл жырды да соңғы ісімізде тексеруден шығарып тастадық» деп, атақты дастанның қасіретке ұшырағанын жазған.

*Н. Бауған.*

**«ЕР ҚОСАЙ»**, жыр. Тарихта белгілі Ер Көкше батырдың баласы. Ә. зерттеулерінде айтылады. Шамамен 14–15 ғасырларда өмір сүрген. Оқиға желісінде қиял-ғажайыптық әрекеттер мол ұшырасады. Жырдағы қалмақпен соғыс оқиғалары кейінгі кездерде қосылған сияқты. Жырдың бірнеше нұсқалары бар. Олардың сюжеттік желісі ұқсас. Негізгі идеясы – ел қорғау, отаншылдық, ел бірлігін сақтау. Ә. «Қазақ ССР тарихының» 1-томына (1957, 212–228-беттер) «Қазақтың ауыз әдебиеті» атты тарау жазды. Бұл еңбектің қазақ эпосына арналған бөлімінде автор «...Ер Сайын, Қамбар, Алпамыс, Ер Қосай, Төрехан, Телағыс, Құбығыл және басқалар жайындағы эпостық дастандар қыпшақ, ноғай қалмақтарға қарсы бірлесі отырып жүргізген соғыстарын көрсететінін баяндаған.

**«ЕРЛІК ЕЛДІК СЫНЫ»**, жазушының очеркі. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1941 ж. 9 шілдедегі санында жарияланған. Газеттік нұсқасы қысқартылған түрінде берілген, толық нұсқасы Ә-тің 20 томдық шығармалар жинағында жарияланды. Жауға қарсы ашу-ызаман, шынайы патриоттық сезіммен жазылған. «Совет халқында ... ерекше ардақты саналатын ең қастерлі қасиет – Отан жолындағы ерлік» дәріптеліп, «тіл айырмасы, тек айырмасы, жас айырмасы, жыныс айырмасы баршасы да Отан сүйер ерлік алдында айырмасы боп көрген емес» деп ерлікті ардақтайды. «Бізде азамат сыны – ерлік, ерлік – өзі елдік сыны» деген сөздерді очерктің негізгі темірқазығы еткен. «Ерліктің өз тірлігінде өзгеше қадір тұтқан елдің бірі – қазақ халқы», «Жай сүю емес, жар сүю емес, жанынан артық көріп, жұртын сүю, халқын сүю сезімімен» ұштастырады. «Бұл сүюден қасиетті сүю жоқ», «Ел басына күн туғанда» туған жерін, халқын қорғау үшін жауға қарсы тайсалмай аттанған ер Жәнібек, Қобыланды батырлардың «өзін-өзі тасқа түсер асылдай, өткір қайрап алу үшін...» айтқан сөрт сөздерін келтіреді. «Жары ерлік жорығына кеткенде, елдің панасы болған» Құртқан: «Ел – Отанның ары үшін ері жанын қиғанда, сол елдің әлсізі мен күйсініне бұл адал ана болып шығады» деп өнеге етеді. «Елі үшін «еңірегенде етегі толған» халық қамқоры Қамбар батырды «жұрт жанындай көрді. Жадынан атын тастамады». «Сонымен қатар ескінің де еңсесі биік ерлігін біз қадірлейміз. Үлгі болар мінезін өнеге етеміз» деп ойын өрбітеді. Мақаланы «пәле бастаған олар болса, жеңісті тойлайтын біз боламыз. Ер елдің екі болмас серті – осы!» деген нық сенімге толы жолдармен аяқтайды.

*С. Қарабай.*

**«ЕРЛІК ЕТКЕН КОЛЛЕКТИВ»**, жазушының мақаласы. Ә-тің қазақ даласының басынан өткен қилы заман мен екіталай күндерді баяндайтын «Түнгі сарын» атты пьесасы 1937 ж. наурыздың 4 күні тұңғыш рет орыс драма театрында, аудармалардың алғашқысы болып қойылды. Осы қойылымға орай, жазушының «Е. е. к.» атты мақаласы «Социалды Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 6 наурыздағы санында «Қазақ пьесасын орыс актерларының орыс театрында ойнауы – ірі жаңалық, сүйсінерлік уақиға» деген айдармен басылды. Мақала Алматыдағы орыс драма театрында Ю. Рутковскийдің режиссерлігімен қазақ пьесасының сәтті қойылуына байланысты жазылған. «Өздері шала





Ә. Ә. Ермеков.

тінің кеңірек өріске шығып, көпке мәлім болуы жөнінде мынадай іс, үлкен бір өнімді жол екенін көрдік. Орыс сахнасында көп сезім, қатты әсерлі боп көріне алды. Екіншіден – қазақты қазақ етіп, барынша ұқсатып, иландыра ойнады. Декорация, музыка, киімдер де бір-біріне үйлесіп, спектакльді Рутковский үлкен творчестволық оймен әдемі меңгергендігін көрсетті» деп жазған автор. Алғашқы нұсқасы өзгертілмей, жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 17-томында жарияланды (А., 1985, 73–74-беттер).

*С. Майлыбаева.*

**ЕРМАҒАМБЕТОВА** Шекер (1903–1986), партия, кеңес қайраткері. 1938–1955 ж. Жоғарғы Кеңес төрағасы төрағасының орынбасары, 1955–59 ж. сонда наградтау бөлімінің меңгерушісі болды. 1938 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағының басқармасы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің алдына көрнекті қазақ жазушысы М. Әуезовтің кеңес өкіметі мен қазақ әдебиетін дамытудағы еңбегін ескере отырып, «Қазақстандағы біріккен Мемлекеттік Саяси Басқармасының төтенше өкілеттінің жанындағы үштіктің №116 мәжілісінің 1932 жылғы 20 сәуірдегі шешімі бойынша ...Қылмыс кодексінің 58/10, 57/7, 58/11 және 58/3-баптары бойынша жауапқа тартылып, үш жыл концлагерьге қамалу туралы» үкімін қайта қарап, жазушының анкетасындағы «сотталған» деген сөзді алып тастауға арнайы қаулы қабылдау туралы мәселе қойды. 1943 ж. ақпан айында өткен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында С. Мұқанов сөз сөйлеп, Ә-тің мәселесін шұғыл шешу туралы ұсыныс жасады. Сотталған қылмыскерлердің арыздарын қарау және кешірім (амниция) жасау туралы арнайы комиссиясы «М. Әуезовтен «сотталған» деген айып үкімі алынсын» деп қаулы шығарды. Е. Жоғарғы Кеңес төрағасының орынбасары ретінде осы мәселеге тікелей араласып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қауіпсіздік комитетінің, басқа да шығармашылық одақтардың ресми жауаптарын ұйымдастырып, мәселенің дұрыс шешілуіне ықпал жасады және Ә-тің ақталуын қос-тап дауыс берді.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ЕРМАНОВ** Жүрсін Молдашұлы (1951 ж. т.), ақын. Бірнеше жыр жинақтарының авторы. Қазақтың айтыс өнерінің жандануы мен дамуына үлкен еңбек сіңірді. 1995 ж. Абайдың, 1996 ж. Жамбылдың туғанына 150, 1997 ж. Ә-тің туғанына 100 жыл толуына орай халықаралық жыр мүшәйрасында 2-жүлдеге ие болды. Ұлы жазушыға арналған өлеңдер топтамасы жарық көрді.

*С. Жұртбай.*

**ЕРМЕКОВ** Әлімхан Әбеуұлы (1891–1970), мемлекет және қоғам қайраткері, “Алашорда” үкіметінің

мүшесі, қазақ халқынан шыққан тұңғыш математика профессоры (1935). Семей гимназиясын (1912) бітіргеннен кейін, сол жылы Томск технология институтына түседі. Оқудағы кезінде Шоқаның досы Н. Ядринцев, Г. Потанинмен танысады. Е. 1913 ж. Потанинді Қазақстанға шақырады, қазақ ауыз әдебиеті үлгілері мен жыр-дастандар жинауға көмектесіп, оларды орыс тіліне аударып береді. Осы жылдарда ол Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсын-нов, Ж. Ақбаев, М. Дулатовтармен танысып, ұлт азаттығы жолындағы күреске қатысады. 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін, Томскідегі оқуын 5-курсан уақытша тоқтатып, саяси күрес ісіне белсене араласады. 1917 ж. 21–26 шілдедегі Бүкілқазақтық съезге Семей облысынан делегат болып қатысып, II Бүкілқазақтық съезде (5–13 желтоқсан, 1917) Алашорда үкіметіне мүше болып сайланады. 1917–18 ж. Алаш автономиясы, Уақытша Сібір үкіметі, Комуч, Башқұрт үкіметі, Сібір облыстық думасы, Уфа директориясы атынан Колчактың Омбы үкіметімен келіссөздер жүргізеді. 1918 ж. 2 сәуірде Ә. Бөкейханов және Х. Ғаббасовтармен бірге Семейден тікелей байланыс арқылы большевиктер үкіметінің басшылары Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В. Ленин, Ұлт істері Халық комиссары И. Сталинмен Алаш автономиясын тану жөнінде келіссөздер жүргізеді. 1919 ж. Алашорда үкіметі күшпен таратылғаннан кейін Семей губревкомының мүшесі, кейін Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-рев. комитеттің мүшесі әрі төралқа төрағасы болып қызмет атқарады. 1920 ж. 17 тамызда Ленин төрағалық еткен мәжілісте болашақ ҚАКСМ шекарасын белгілеу мәселесі бойынша баяндама жасап, қазақ жерінің тұтастығын қорғап қалады. 1921–22 ж. Қарқаралыда халық ағарту ісімен айналысып, 1923 ж. Томскідегі оқуын бітіреді. 1924–25 ж. Семей губ. атқару комитеті мен губ. жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, 1925–26 ж. ҚАКСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарады. 1926 жылдан бірыңғай ғыл.-педагогтік қызметке көшіп, Қазақ жоғары пед. институтында оқытушы, жаратылыстану-математика факультетінің деканы (1926–28), Қазақ мемл. университетінде (1930 жылдан Қазақ пед. институты) доцент, Қазақ мемл. зоотех.-мал дәрігерлік институтында доцент, проф., кафедра меңгерушісі (1929, 1932–35). Қазақ тау-кен металлургия институтында проф., математика және теориялық механика кафедрасының меңгерушісі (1935–37), Куйбышев жоспарлау институтында кафедра меңгерушісі (1938), Шымкент технология институтында математика кафедрасының меңгерушісі (1947–48), Қарағанды тау-кен институтының аға оқытушысы (1955–58) қызметтерін атқарды. 1958 жылдан кейін ғыл.-педагогтік қызметтен біржолата шеттетілді. Е. кеңес өкіметіне, коммунистік-репрессиялық жүйеге қарсы қызметі, Алаш партиясын құрысып, Алашорда үкіметіне мүше болғаны үшін бірнеше рет жазықсыз жазаға тартылды. 1930–32 ж. Ә-пен бірге екі жыл түрмеде отырды. 1938–47 ж. репрессияға ұшырап, сталиндік лагерьде азап шегеді, бір жылғы үзілістен кейін 1948 ж. қытамуға алынып, 1955 жылға дейін түрмеде отырды. Негізгі ғылыми еңбектері ықтималдық теориясы мен математикалық статистика, қазақ тіліндегі матема-

тика терминологиясы мәселелеріне арналған. «Ұлы математика курсы» (1935, 1-бөлім), «Қазақ тілінің математика терминдері» (1936) еңбектері жарық көрген. Е. Алашорда қайраткерлерімен бірге қызмет істеген. Ө-ті қызмет бабында, достық, рухани қарым-қатынаста жақсы билген, хат-хабар жазысып тұрған, сол үшін 30-жылдары бірге қуғындалған М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Ө. Ермаков, Ж. Төлөнөвтер 1920 ж. 13 наурызда Қазревкомға, Сібрэвкомға және А. Байтұрсыновқа хат жолдап, ұлт зиялыларын бұрынғы саяси қызметі үшін қуғынға ұшыратуды біржола тоқтатуды, өйткені ондай әрекет халықтың болашағына орны толмас зиян келтіретінін қатты ескерткен. («М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 49, 103, 128, 138-беттер).

М. Құл-Мұхаммед.

**ЕРМИЛОВ** Владимир Владимирович (1904–1965), орыс әдебиет сыншысы. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1950). Ө-пен шығармашылық, достық қарым-қатынасын тоқтатуды. «М. Әуезовтің «Абайы» атты мақаласында бұл эпопеяның тұтас бір халық, оның тарихы, тұрмыс-тіршілігі, данышпан Абай туралы, қазақ халқының жарқын болашағы туралы аса көркем, дарынды шығарма» екенін жазды («Литературная газета», 1949, 10 сәуір). Ө. «Драматургияның заңы туралы кейбір ойлар» атты мақаласында жазушы шеберлігі жайында мәселеге өз пікірін білдіре келіп, Е-тің сын мақалаларының мән-мазмұнына тоқталған.

**ЕРМОЛИНСКИЙ** Сергей Александрович (1900–1975), орыс драматургі, киносценарист. Шығармалары негізінен тарихи тақырыптарға құралған. Қазақ халқының біртуар перзенті Ш. Уәлиханов туралы «Оның күні туады» (1958; М. Блейманмен бірге) кинофильміне сценарий жазды. Ө. «Шоқан туралы сценарийден өсер» атты мақаласында бұл шығарманың сәтті шыққанына тоқталып, «Ермолинский аса игі істе, қазақ қауымы орыс совет жазушысының бұл еңбегі үшін үлкен алғыс айтуға тиісті деп білемін», сценарийдің «50–60-жылдардың әлеуметтік-экономикалық кескінін әсем аша білгенін айтқан жөн. Шоқанның өзі бұл ортада әрі ғалым, әрі мемлекет қайраткері болып көрінеді» деп, тарихи тақырыпты жақсы игергенін, өмірбаяндық мәліметтерді шебер әрі мол пайдаланғанын ерекше атап көрсеткен.

**ЕРМУСА**, Абай ауылының адамы. Ө. 1935 ж. елге барғанда да, соғыс жылдары кезінде де оның көп әңгімесін естіп, көп дерек жазып алады. 1943 ж. Абай ауданын аралағанда, Е. «Бірлік» ұжымшарының бастығы екен. Бұл жөнінде «Ақын елінде» деген очеркінде: «Ермуса үлкен әңгімеші, Багты сабадан құйылған сары қымызын сапыра отырып бір күн, бір түн нелер қызық әңгімелер шерткенде, бір айтқанын қайта айтпайды. Абаймен өзі тілдеспесе де, ұққаны мен қанғаны көп ірі әңгімесінің бірі – осы Ермуса» деп жазған. Жазушы осы жолы Е-дан «Көкіректе қалың шер» деген өлеңді, «Қадиша қыз дауы» деген әңгімені, Базаралы туралы бұрын естімеген біраз деректерді және Көкбайдың өлеңі деген мына жолдарды жазып алған:

«Артым елу болғанда, алдым сексен, Жетпіске келген адам-жермен жексен. Көкшенің көп қулары-ай күндеуші едің, Ал мен кеттім орныма егін ексең». Е-ның көп әңгімелері эпопеяның сол тұста жазы-

лып жатқан 2-кітабына дәл келді де, елеулі деректер ретінде жоқ талты. Соның біріне «Қадиша қыз дауының» романдағы «Салиха қыз дауына» негізге айналғаны мысал бола алады.

Т. Әкім.

**ЕРНАЗАРОВ** Елтай (1887–1945), партия және мемлекет қайраткері. 1928–1934 ж. Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Мұхаң Е-ты көрген, әңгімелескен. 1959 ж. қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысын аралағанда, оның мазарына арнайы барған. Осыған байланысты, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің сол кездегі редакторы Әділбай Омаров былай деп жазды: «Мұхаң Қажымұханның Мінай деген әйелінің үйіне соғып, атақты паланунның бейітін көрді. Қабір басында тұрып, облыс басшыларының атына сын айтты: «Осы өлкеде өлген кісілерді қадірлеушілік бар ма деп ойлаймын. Кеше Елтайға салған ескерткішті көрдік. Оны ескерерлік ескерткіш деп кім айта алады. Ол бадал емес пе? Топырақ үйіп, ағаш қадапты» («Ер Сұлтан Мұхтар», 1975, 404-бет). Ө-тің сынынан кейін екеуінің де басында көрнекті ескерткіштер орнатылды.

**ЕР САЙЫН**, жыр. Ноғайлы заманында туған. Ө. 1927 ж. Қызылордада шыққан «Әдебиет тарихы» оқулығында арнайы талдайды. Кітаптың 2-бөліміндегі «Батырлар әңгімесі» тарауының кіріспесінде батырлар жырын «батырлар әңгімесі» деп атап, ертеде, ноғайлы, қырым, қыпшақ, қырғыздардың бір ел болып жүрген кезіндегі батырларды ұлы батырлар, беріректе болғандарын кіші батырлар деп жіктеді. Ер Сайынды ұлы батырлардың қатарына қосқан. Ер Сайын атын алғаш рет 1925 ж. «Таң» журналының 1–2-сандарында шыққан «Қобыланды батыр» деген мақаласында атаған. Онда «Кейінгі қазақ бірлігіне кірген рулар ноғайлы бірлігінің кезінен Сайын әңгімесін алып шығады» дейді. Л. Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты монографиялық еңбегінде Қобыланды, Қамбар, Тарғын батырларды аға батырларға, Алпамыс, Сайындарды іні батырларға жатқызды. Мұнда «Әдебиет тарихындағы» жіктеуге қарағанда айырмашылықтар бар. «Басқа іні батырлар сияқты, Сайын да көбінесе өз басы үй ішінің қамы үшін ерлік жасайды» деп, бұл арада «ұлы», «аға» батырлардан «кіші», «іні» батырлардың айырмашылығын мезгіл, дәуір тұрғысынан ғана емес, жеке бастарының қасиеттерінен де іздейді. Бұл еңбекте бұрын «Әдебиет тарихында» айтқандарын сығымдап берген.

**ЕР СЕРІГІ – СЕРГЕК ОЙ**, жазушының мақаласы. 1945 ж. «Қазақ елі» журналында (№2) шықты. Бұл – жазушы мұрағатта (№223-папка, 1–11-бет) сақталған машинкаға басылған нұсқа. Мұрағатында соңғы беттері жоқ қолжазба (233-папка, 46–53-беттер) нұсқасы да бар. Мақалада суреттелген оқиғаның желісін жазушы 1942 ж. білгені туралы нақтылы деректер Әуезов мұражайы мұрағатында (№106-папка, 24–25-беттер; №107-папка, 61-бет) бар. 1944 ж. Бауыржан Момышұлы майданнан Алматыға келіп, ҚазКСР Ғылым академиясында 19–25 қаңтарда оқыған әңгіме-лекциясында бұл оқиғаның 1942 ж. 7 ақпанда болғанын айтқан. Осы лекцияларға түгелдей қатысқан жазушы Момышұлының айтқандарын түгелдей конспектілеп, жазып алған (№409 папка, 1–60-беттер, «Бауыржан. Оның 1944 жылдың январында 6 күн оқыған лекциялары»). Ө. осы лекциялардағы оқиғаның біреуін көркем очеркке айналдырған. Жазушының 20 том-

дық шығармалар жинағының 8-томына жоғарыда аталған қолжазба-автографы негізінде машинкаға басылған нұсқасы қосалқы пайдаланылды. Мақалада көркем очерктік сипатпен қатар, прозаға келетін жерлер көп. Оқиға Мәскеуді қорғауда аты шығып, 8-гвардиялық дивизияға айналдырылған, Панфилов басқарған атақты құрамының Б. Момышұлы басқарған бөлімшесінің Трашкovo елді мекенді басып алуы жайында. Сол кездегі дивизия командирі генерал Чистяковтың бұйрығы бойынша, күші анағұрлым басым жауды басып алу керек. Момышұлы бөлімшесін алтыға бөліп (бір бөліктің командирі, кейін Совет Одағының Батыры болған Мәлік Ғабдуллин), шебер құрылған әскери тактика, жоспармен Трашкovoны аз шығынмен алған. Мақалада әскери қимылдармен қатар жауынгерлер психологиясы, әскери тактиканың тылсым сырлары, Момышұлының әскербасшылық ерекшеліктері суреттеліп, көркем образы жасалған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ЕР ТАРҒЫН»**, қазақ эпосы. Бұл туралы еңбек Ә-тің *«Әдебиет тарихы»* кітабына «Ер Тарғынның қысқаша әңгімесі», «Ер Тарғын әңгімесінің мәнісі» деген тақырпармен енген. Бұл зерттеу Ә-тің 20 томдық шығармалар жинағының 16-томына да (1985) дәл осы қалпында қайталанып басылған. «Ер Тарғынның қысқаша әңгімесінде» жырдың оқиғалық мазмұны қара сөзбен және өлең үзінділермен баяндалған. Ал «Ер Тарғын әңгімесінің мәнісінде» эпостың тарихи негіздері сөз болады. Ә. «Е. Т-ды» – «қазақ бірлігі жасалудан бұрын, жеке-жеке рулардың Ноғайлымен көрші болып, Орта Азия тарихында, сонымен қатар шығып, жақын руларша ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген кездерін білдіретін әңгіменің бірі. Сол кездегі араластың, жақындықтың белгісі сияқтанып, Ноғайлы батырының әңгімесі қазақ руларының ішінде сақталып қалған» (Шығармалар жинағы, 16-том, 1985, 80-бет) деп сипаттайды. Зерттеуші бұдан кейінгі ойларын жыр «қай рудан шықса да, жалпы бірліктің қорғаны болған, жалпы амандық пен тұтастықтың көпке бірдей ұйтқысы болған батырдың қадірлі, бағалы кезін көрсетеді» (сонда, 80-бет) деп жалғастырады. Тарғын өлеңі «көп заманның талқысын көріп, көп толқынға түсіп, әлденеше боялған әңгіме» деген сөздерден жырдың көнелігін де, жұртшылық арасына кең тарағанын да түсінуге болады. Жырдың Марабай айтқан нұсқасының тілі «найзағайдың отындай жалтылдап, ойнап шыққандай» дейді зерттеуші. Тарғын, Ақжүніс бейнелерінің сан сурет бітімін айрықша бағалайды.

*Р. Бердібай.*

**ЕРТЕГІ**, эпикалық жанр. Ауыз әдебиетінің ең көп тараған түрі. Ерте заманда пайда болып, заман өткен сайын мазмұны, сюжеті, көркемдігі өзгеріп, жетіле берген, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жетіп отырған. Е-де көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде ұшыраспайтын, ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады. Кейде қара сөз, кейде өлең түрінде айтыла береді. Қазақ ертегілері қиял-ғажайып, хайуанаттар, тұрмыс-салт болып үш салаға бөлінеді. Бұлар мазмұнына, кейіпкерлері мен оқиға желісіне қарай тағы бірнеше топқа жіктеледі. Ә. өзінің *«Ертегілер»* атты зерттеуінде бұл жанрға жан-жақты сипаттама беріп, қазақ ертегілерін – реформаға дейінгі ертегілер және реформадан кейінгі ертегілер деп, екі топқа бөліп қарастырған. Зерттеуші өз дәуіріндегі таптық идеология ұраны-

на сәйкес, кейбір ертегілерді «анық халықтық ұғымға сай келетін ертегілер тобынан ғылымдық сын арқылы кертартпалық мазмұн сапын ашып, әшкерелеп, бөліп тастау қажет» екеніне назар аударған. Дегенмен жазушы ертегінің қай саласын алсақ та, онда тарихтың терең сыры, зор қоғамдық ой-сана, әлеуметтік тартыс жатқанын аңғара білу қажеттігін баса айтқан.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«ЕРТЕГІЛЕР»**, жазушының зерттеу еңбегі. Монографияның алғашқы нұсқасы 1927 ж. жарыққа шыққан «Әдебиет тарихында» орын алған. Кейіннен ғалым бұл еңбегін толықтырып, өңдеп отырған. Ертегілер туралы тарау «Қазақ әдебиетінің тарихына» (1948, 1960) енді, орыс тіліне аударылып, «Әр жылдар ойлары» (1959) атты кітапта басылды. Мұнда қазақ ертегілерінің жиналу, жариялану, зерттеу тарихы шолынған, бұл жанрдағы шығармаларды кеңінен насихаттауға ат салысқан В. В. Радлов, И. Н. Березин, Ә. А. Диваев, Г. Н. Потанин т. б. есімдері аталған, қазақ ертегілерінің негізгі салаларына арнайы тоқталады. Олар: қиял-ғажайып ертегілері, хайуанат жайындағы ертегілер, салт ертегілері. Осы үш топ ертегінің жанрлық ерекшелігі, генезисі, тарихи мазмұны, көркемдік кестесі, кейіпкерлер қатары кеңінен талданған. Қиял-ғажайып ертегілер «Көбінесе көне заман айғағы, барлық ертегілер тобының ішінде аса ескі заман ұғым-нанымдарын, тұрмыс-болмыстың ең көне түрлерін көрсететін әңгімелер» (Шығармалары, 11-том, 1969, 291-бет). Хайуанаттар туралы ертегілерге берілген жалпы сипаттама да мәселенің мәнін терең аша алатындығымен ерекшеленеді. «Адамның өзінен өзге, жанды-жансыз дүниенің ішінде ерте күннен ең көп араласатын ортасы жан-жануар, неше алуан дос, қас қауанат ортасы. Осы сан алуан, сан сырлы, санап бітірсіз жұмбағы көп, ерекшелігі, ерсілігі көп ең дүние. Ескі заманнан бері қарай адам сол хайуанат дүниесімен әр күйде айласу арқылы олардың алуан-алуан жаратылысы, мәрзім-машығы, тілек-тәсілі, өзгешеліктері туралы көп нәрсені біліп, таныған. Тіс, тырнақты жыртықтың қалың сауыр мықтысы, қанатты, қырағы ұшқышы, су асты, жер астының жайыны мен долысы, қаскөйі мен момыны, жеміті мен жемі, ұлысы мен кішісі, әлдісі мен айласызы – бәрі де ертедегі адамды сансыз көп қиялға, ойға, тәсіл-тәжірибеге, әдіс-айлаға салындырған» (Көрсетілген кітап, 305-бет). Үй хайуанаттарымен байланысты туған ақындық, бейнелік, стильдік теңеме, балама сөздер, ұғымдар мол екені де атап өтілген. Сондай-ақ салт ертегілерінің де жанрлық нақтылы белгілері жинақталып берілген, бірсыпыра шығармаларға тоқталып өткен. Тұрмыс-салт ертегілерінде жиірек кездесетін сарындарды (пайдалы өсиет, ақылды жігіт, ақылды қыз, қиянатшыл жар, өгей шеше қастығы, хан қиянаты, әке мен бала, ағалар мен інілер арасы, тағдыр мен бақ, ұрылар мен арлар т. б.) нақтылы атайды. Мұнымен қатар Ә. аңыз ертегілер атанған («Алдар Көсе», «Сан Қайғы», «Жиренше», «Қорқыт») шығармаларға да тоқталады.

*Р. Бердібай.*

**ЕРТИС**, өзен. Моңғол Алтайының оңтүстік-батысынан басталып, Батыс Сібір мен Қазақстанды басып өтеді. Обьтің сол саласы. Зайсан көліне дейінгі бөлігі Қара Ертіс деп аталады. Ә. ақын Абайға



Ертіс өзені.

байланысты зерттеулерінде Е. өзені туралы бір-қатар мағлұматтар келтірген. Ал «Абай жолы» эпопеясында («Шайқаста» тарауы) ақынның Семейге келген сапарын баяндай отырып: «Ертістің үлкен суы көктемдегі шарасынан азайып, мол өзен сәл де болса тарылыпты. Соған орай оның мөлдір суы бұрынғыдан да тұна, көгере, тазара түсіпті» деп, өзеннің күзгі көрінісін суреттеген.

**ЕРУБАЕВ** Саттар Асқарұлы (1914–1937), жазушы, аудармашы. Бүкілодақтық БЛКЖО сыйлығының лауреаты (1966). Ө-ке арнап сатиралық шығармалар жазды. «Мұхтардың колхозға баруы» пародиясында үлгілі колхозшылардың өмірімен танысуға ұмтылған Мұханның ниетін күптай отырып, достық ниетпен әзілдейді. «Қызыл кітап» деген мақаласында (1933) Ө-тің ауыл өмірінен шеттеп қалғанын шымшып өтеді. Сол жылы 6 желтоқсанда жас жазушылар мен ересек жазушылар кешінде Е. достық әзілдерін оқып береді. Бұл туралы «Лениншіл жас» газетінің тілшісі былай деп жазыпты: «Жолдас Саттар жас жазушылардың ішінде өсіп келе жатқан, келешегі бар жазушы екенін көрсетіп өтті. Әрбір жазушының колхоз өмірінен соңғы сағатқа дейін көре алмай жүрген уақиғаларын көріп, таң қалғандарын әзілмен өте жақсы жазған. Мұхтар – 1926 жылдан бері ауылда болмаған, колхозды көрмеген, жаңа өмірден тосырақп қалған жазушының бірі. Саттар Мұхтардың бұл жерін келгенде, қаламының өткірлігін, сөзінің кестелігін ерекше көрсеткен». Ал Ө-ке арналған эпиграммасында жазушы шығармашылығындағы ауыл өмірінің тек саяси жағына ерекше көңіл бөлген тұстарын сынап, болашақта көптеген көркем, келелі туындылар күтетінін достық емеурінмен білдірген. Ө. өзінің «Октябрь өркені» атты мақаласында кеңес заманындағы қазақ әдебиетінің табыстарына шолу жасай келіп, Е-ты реалистік шығармалар жазған авторлардың қатарына жатқызған. Қайтыс болғанда, Ө. бір топ жазушылармен бірге қарт шешесіне көңіл айтып, «Ерубаев Саттар» деген қазанаме жазды («Лениншіл жас», 1937, 5 маусым).

Г. Сұлтанбаева.

**«ЕРУБАЕВ САТТАР»**, жазушының мақаласы. 1937 ж. 2 маусымда қайтыс болған С. Ерубаевтың қазасына Ө-тің бір топ жазушылармен бірге жазған қазанамасы «Лениншіл жас» газетінің 1937 ж.

5 маусымдағы санында шыққан. Көңіл айтуда «2 июнь күні туберкулез диспансерінде жатып талантты жас жазушыларымыздың бірі Саттар Ерубаев жолдас қаза болды» деп, әрі қарай Ерубаевтың өмір жолы, қызметі, шығармашылық еңбегі жайында мәліметтер берілген. Соңында «Біз оның жасы үлкен ағалары, әдебиет майданындағы замандастары қымбатты жолдастың туған-туысқандарына көңіл айтып, жалғзынан айрылған қарт шешесінің қолын қысамыз» деген. Қол қойғандар: Мұқанов, Әуезов, Қаратаев, Тәжібаев, Орманов, Сыздықов, Хасанов.

Р. Ықыласов.

**«ЕР ШОРА»**, жыр. Қазақ халқының ертеден айтып келе жатқан, кең тараған жырларының бірі. Саяси талаптарға орай, қазақ кеңес фольклортану ғылымында зерттелмеді. Ө. «Ер Шора» жырын алғаш рет «Қобыланды батыр» атты мақаласында айтты. Мақалада «Одан бері Алтын Орда бірлігі құлап, жалпы саяси бірлік жоғалған уақытта бұрынғы бірлік кезі жақсы кездей болып ұмытылмай жүреді... Сол кездің белгісі сияқты әңгімелер: Ер Тарғын, Шора, Қобыланды әңгімелерінде Алтын Орда құлаған кезде соның екі шетінде екі жаңа хандық жасалады. Бірі – Қазан, бірі – Қырым хандығы» деп, Шораны атап қана кеткен. «Әдебиет тарихы» кітабында Шора батыр жайлы жырларға арнайы тоқталған. Кітаптың 2-бөлімінде «Батырлар әңгімесі» тарауында «Нәрікұлы Шора батырдың» қысқаша әңгімесі және «Шора батыр» әңгімесінің мәнісі» атты тараушаларда «Ер Шораны» арнайы талдайды. Шораны ұлы батырлар тобына қосқан. Алғашқы тарауда Шора батырдың өміріне, жырдың сюжетіне шолу жасап, мысалдар ала отырып жырдың мазмұнын қысқартып айтып шыққан. Екінші тарауда «Қазақ әңгімелерінде аттары ұлы батырлардың арты Шора» дейді. Шора батыр әңгімесін Алтын Орда құлап, Қазан хандығы орнаған кезбен, Қобыланды батыр заманымен байланыстырған. Екі нұсқаға тоқталады. Қара сөзді нұсқасында ертегілік сипаттар басым, өленді нұсқасында шындық басым дейді.

**«ЕР ФЛОТҚА – ЕЛ ТІЛЕГІ»**, жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1941 жылғы 27 шілдедегі нөмірінің соғыс-теңіз флоты күніне арналған 3-бетінде жарияланған. Ауыз әдебиетінің қайнарынан сусындаған Ө. бұл мақаласын поэтикалық сарынмен, лирикалық леппен жазып шыққан. «Жағаласқан жауыма, Жұрындай жер бермеске, Нық бекіген жүрегім Майдандағы бауырмен, Біріккенде білегім, Отанымды ораған, Тенізімде тірегім» – деп, автор ел атынан жыр жолдарымен үн қатады. Мақаланың басынан аяғына дейін шешен тіл, шебер стиль байқалады. Көркемдік құралдар да өз орнында, ретті пайдаланылған. «Бұралқы иттей тімтініп келген жау кемесіне үрдіс ұрып, қауырт қаза жұмсайтын айбарлы флот сыбағасы әлі алдының тосып тұр. Өлім күнің өлшеулі» деп, автор ащы сарказммен қарғыс айтады. Мақаланың қолжазбасы жазушы мұрағатында сақталмаған.

Б. Жақып.

**«ЕС-АЙМАҚ»**, драмалық труппа. 1920 ж. Семей қаласындағы кітапхана жанынан құрылған қазақ студент-жастарының тұңғыш ағарту қоғамы еді. Атын Ө. қойған. Онда сәйхәга бейім дарынды жастар, әнші-бишілер, құшкілер басым қосып, театр өнерін дамыту, халыққа жаңа заман саясатын түсіндіру, қол жеткен бостандықты насихаттау, сон-

дай-ақ халықтың бай өнерін жандандыру көзделді. Көркемдік жетекшілері С. Тоқымбаев, А. Шикибаев, Ж. Шанин, Ғ. Төребаев, мүшелері Ұ. Тұрлыбеков, Қ. Құлғарин, Ж. Сәлменов, А. Жаулықбаев, Ә. Қашаубаев, И. Байзақов, Қ. Байжанов, Ж. Елебеков, М. Ержанов т. б. болды. 1922 ж. Қазақ бас саяси-ағарту кеңесі театр бөлімінің ұйғарымы бойынша, «Е.-а.» бюджетке алынып, Семей губерниялық қазақ драма труппасы болып қайта құрылды; кейін, 1934 ж. Семей облыстық қазақ музыкалы драма театрының ашылуына негіз қалады. «Е.-а.» труппасының сахнасынан сол кезде жарық көрген пьесалар көрсетілді. Әсіресе Ө-тің шығармалары репертуардан берік орын алды. 1922–24 ж. ұлы драматургтің «Ел ағасы», «Еңлік – Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз» драмалары қойылып, труппаның беделін көтеріп, атағын шығарды.

*Н. Оспантегі.*

**ЕСБАЕВ** Құлмағамбет (1930–1994), әдебиет зерттеуші. Философия ғылымының кандидаты. Студент кезінде «Абай поэзиясының халықтығы жайлы» тақырыбы бойынша диплом жұмысын қорғады. Жұмыстың жетекшісі болған Ө.: «Бұл дипломдық жұмыстың тақырыбы, мазмұн мәні де бір диплом жұмыс көлеміне оңай сыйа қоймайтын ауыр да қиын жайлар еді. Ізденіп, зерттеу кезінде кейде көлемді ұзақ түрде жазған білімдерін түгелімен қайта қарап, тыннан өзгертіп жазуға қажыры, талабы да, орыны да жеткілікті болып көрінді. Осы айтылғандардың барлығына сүйене отырып, дипломант Есбаевтың бұл жұмысын «Өте жақсы» деп бағалау лайық деп білемін» деген пікір айтқан («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 536-бет). Е. «М. О. Әуезовтің эстетикалық көзқарасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. «Әуезовтанудың кейбір проблемалары» атты мақаласын жариялады («Қарағанды университеті», 1987, 29 қыркүйек).

*И. Хасенұлы.*

**ЕСЕНБАЙ ЖЫРАСЫ**, жер атауы. Ө-тің «Абай жолы» романында суреттелген. Тобықты руының «осы жасырын жырада ұдайы ұры жатады» деп, зар қаққан жерінің бірі. Романның «Қайтқанда» деген тарауында бала шәкірт Абайдың оқудан ауылға қайтып келе жатқанда, осы жыраның тұсында қасындағы Жұмабай мен Байтасты қорқытқаны суреттелген. Жазушы Е. ж-сын оқырманға былай таныстырады: «Бұл Есенбай жасырын жырасы – Абай ауылының аса мәлім қоныстары. Көктем мен күз уақыттарында, жылында екі рет осы жерлерге Құнбай ауылдары келіп, қонып, ұзақ уақыт отырып, жайлап та кететін. Үлкендер қорыққан Есенбай да, тіпті ұрылар да Абайға сондайлық жат, суық боп көріне алмады. Ұры десе, осы елдің өздеріндей қазақтары. Көп болса: киімдері, ертұрманы ғана жаман, қолдарында сойылдары ғана бар. Оқуда жүргенде елді, ауылды сағынғанда, Есенбай жырасы да есінен кетпейтін де, бұл жерлерге үрке қарамай, құшағын керіп, «мен сені сағындым, өзгелер жаман жер десе, мен олай демеймін. Тіпті қойнына тыққан ұры-мұрынмен де жатсын, бөтенсің демеймін» («Абай жолы», 1989, 1-том, 5–6-беттер). Бұл үзіндіден туған жерге деген ыстық сезімді жазушының көркем шеберлікпен суреттегенін көруге болады.

*А. Болсынбаева.*

**ЕСЕНБЕРЛИН** Илияс (1915–1983), жазушы. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1968). Көркем әдебиеттік поэзия, драматургия, проза саласын-

да қалам тартты. Тарихи тақырыпқа жазған романдары жазушыны жаңа шығармашылық белеске көтерді. Ө-тің 80 жылдық мерейтойына байланысты «Тұла бойы тұрған үлгі» мақаласын жазып, ұлы жазушының кісілік, азаматтық, суреткерлік қасиеттері кейінгі ұрпаққа үлгі, мектеп болып қала беретіні жайында ой толғаған. Сондай-ақ өзі де Ө-тің ізбасары екенін, оның бәрімізге үлгі болып қалатынын баяндаған.

*Т. Жұртбай.*

**ЕСЕНЖАНОВ** Хамза Исханұлы (1908–1975), жазушы, аудармашы. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1967). Тарихи тақырыпқа арналған бірнеше романның авторы. Ө-тің 70 жылдық мерейтойына арналған «Көркем ой алыбы» мақаласында ұлы жазушының тіл бедерінің көркем кестелеріне назар аударма отырып, «көп жыл бұрын Мұхтар Әуезовтің ардақты атын республикаға аян еткен «Еңлік – Кебек», «Қарагөз», «Қилы заман» сынды нарәкеш биік шығармалар бізді сұлу сөзге құштар етіп, көркемдік идеалға баулығанын, сөйтіп «әдебиеттің бізде жоқ саласы – драматургияның ірге тасын» қалағаны, оның «теңдесіз көркем шығармаларының бізге рухани байлық бола беретіні жайында толымды ойлар толғаған» («Жетісу», 1967, 9 желтоқсан; «Біздің Мұхтар», А., 1976, 154–159-беттер).

*Н. Ақбай.*

**ЕСЕНЖОЛОВ** Дүйсебай (1897–1983), педагог. Ө-тің алғашқы пьесаларында рөлдер ойнады. «Асан салдың рөлін ойнадың» деп, театр сахнасында тұтқына алып, 1938–1948 ж. Колыма – Магадан түрмелеріне айдаған. 1948–1956 ж. Семейдегі №28 мектепте қазақ тілінен сабақ берді. 1957 ж. Алматыға көшіп барды. Ө-ті ертеден білген, араласып тұрған. Қызы Роза Есенжолова Оқу министрі болған.

*М. Бейсенбаев.*

**ЕСЕНОВ** Шаһмардан (1927–1994), геолог, қоғам және мемлекет қайраткері. Геология-минералогия ғылымының докторы (1969), профессор (1971). Мемлекеттік ҚазКСР Ғылым академиясының академигі (1967), Лениндік (1966), ҚазКСР, (1972) сыйлықтарының лауреаты. Ғылыми еңбектері пайдалы кендерді барлау, өндіру, игеру және геология мәселелеріне арналған. Қоғамдық ғылымдардан да мол хабардар болды; әдебиет пен өнерді жақсы көрді. Абайдың, Ө-тің шығармаларын сүйіп оқыды, өз пікірлерін, алған әсерін баспасөз бетінде жиі жариялап тұрды («Біртуар Шаһмардан», А., 1997).

*К. Нүрпейіс.*

**«ЕСКЕНДІР»**, Абайдың дастаны. Дүние жүзі халықтарының әдебиетінде, аңыз-әңгімелерінде, әфсана-хикаяттарында, жыр-дастандарында айтылатын Александр Македонский туралы поэма. Македонский (б. з. б. 356–323 ж.) б. з. б. 326 жылдан Македонияның патшасы болды. Македония патшалығының негізін қалаған 2-Филипптің баласы. Ұлы ғалым Аристотельдің тәрбиесінде болған. Б. з. б. 334–331 ж. соғыстарда сол кездегі әлемдегі ең ірі империя – Персияны жеңіп, Ахеменидтер патшалығын бағындырды. Сырдарияға дейінгі Орта Азия жерін басып алды. Шығыста Инд өзеніне дейін аса үлкен империя құрды. Бұл империяның ішкі байланысы нашар болған. Македонский өлгеннен кейін империя тарап кетті. Әлемдік

тарихтағы ерекше тұлға, әскери қолбасшы ретінде аты аңызға айналып, көптеген халықтарда көркем шығармалар туды. Қазақ арасына негізінде парсы халқындағы нұсқалары, Фирдауси, Низами т. б. шығармалары арқылы тарайды. Шығыс халықтары әдебиетіндегі нәзира үлгісі осы тақырыпта айқын көрінеді. Көбіне «Ескендір Зұлқарнайын» деп аталады. Осы тақырыптағы Абайдың Ескендір дастаны көркемдік қуатымен, реалистік сипатымен ерекшеленеді. Дастан сюжеті шымыр құрылған, оқиғалық желісі тұтас, композициялық құрылымы шебер, Ескендір тұлғасының айналдыра құрылған. Көлемі 4 жолды 42 шумақ. Ө. Абайдың «Ескендір» дастаны жайында «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясында, Абайға арналған т. б. еңбектерінде айтқан. Ескендір (Александр) тақырыбына тарихи шолу жасап, Абай бұл тақырыпты әзірбайжан халқының ұлы ақыны Низамидің «Ескендірнамасынан» алса керек дейді. Еуропа тарихшылары еңбектерімен жақсы таныс Абай Шығыс дастандары фабуласын өзінше өзгертіп, реалистік бағытқа ойыстырғанын көрсеткен. Ө. «Барлық шығыс поэзиясында Ескендірдің сипаты осы алуандас зорайып, қастерлеп алынған болатын! Ал Абай поэмасына келсек, мүлде олай емес», дейді. Сонымен қатар монографияда Абай дастанындағы әкімшілік жүйеге көзқарас, Шығыс классикасын игерудегі жаңалықтар жайында терең ойлар айтқан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ЕСКЕРУ КЕРЕК»**, жазушының 1918 ж. жазылған мақаласы. Бұл жылы Омбы қаласында жалпы қазақ-қырғыз жастарының жиналысы шақырылды. Жастар съезіне Ө. Семейдегі «Жанар» ұйымының атынан қатысып, жиналысқа төрағалық етеді. Съезден кейін «Жас азамат» ұйымының «Жас азамат» атты газеті 1918 жылғы шілденің 30-нан бастап Қызылжар қаласында шыға бастайды. Осы газеттің қазан айындағы 8-ші нөмірінде жарияланған «Е. к.» мақаласында Ө. өзі қатысқан жастар съезінен түйген ойларын, жиналыстың қаулы-қарарларына байланысты түсінігі мен көзқарасын ашып айтады. Мақала басындағы жас Мұхтардың ақ жарқын ойлары патша отарына айналған қазақ ұлтының ауыр тағдыр-талайын алға тартады. Жас публицист қоғамның негізгі қайшылықтарын, заман үнін, ұлт оқығандарының, көзі ашық жастардың даусын тайсалмай, анық та айқын жеткізеді. «Кешегі ешкімге бағынбай, елді хан билеп, көсем би билеген заман – киіз туырлықты қазақтың тарихында әркімге белгілі бір дәуір. Ол заман өтті. Одан бергі біздің хал бұлқынбай, жатқа бағынудың жолында болды. Кең қазақ даласын әлденеше указ сайқалдап шықты. Көп өзгеріс, жаңалықтар болды. Әуелгі қазақтың халықтық қалпы неше толқып, неше кішірейіп, шым-шытырық түрлерге түсті. Өр түрлі ұказдардан шыққан өзгеріс халық бақытын мысқалдап жылжытып, құлдық құшағына тастағалы әкелді. Неше рет қазақ халқы зынданның өрнеуіне келіп қайтты. Бұл уақытта заман ол тұманды сейілтті. Енді қандай өзгерістер болса да, халықтық жоғалмайды, бақыт қайта оралып қарайды деген үміт халық жүрегін қуантып тұр». Мақаланың бастауындағы осы сөйлемдерден еңсені басқан ауыр ой салмағы да, болашақ ұлт тәуелсіздігіне бағыт алған үміт сәулесі де

аңғарылады. «...Енді нашарды өрге тартып, теңдік алып, әділет көзбен қарап, есесін өзіне тапсыру керек...». Отарлаудың, құлдық бұғаудың зар-залалын бұдан артық жеткізіп айту қиын-ақ. Тығырықтан шығудың бірден-бір жолы – ел ішінде ұлттық азаттыққа қол жеткізу. Автор өз тұрғыластарын сол бағытта ойлануға шақырады. Ұлттық тұтастықты ту етіп, ұлт бостандығына жол ашуға үндейді. Бұл мақала жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-кітабында, 20 томдық шығармалар жинағының 15-кітабында жарияланған.

*Б. Жақып.*

**«ЕСКІЛІК КӨЛЕҢКЕСİNДЕ»**, жазушының әңгімесі. «Таң» журналының 1925 жылғы 4-санында жарияланды. Соңына: «Аяғы бар. Мұхтар» деп қол қойылған. Алайда әңгіменің аяғы жазылмады. 1935 ж. жарық көрген «Ескілік көлеңкесі» атты жинаққа, кейін жазушының 12 томдық (1-кітап, 1967), 20 томдық (1-кітап, 1979), 50 томдық (2-кітап, 1998), 5 томдық (аударғандар В. Дудинцев пен Н. Гордеева, 1-кітап, 1973) шығармалар жинақтарында өзгеріссіз енгізілді. Жазушының көзі тірісінде жарық көрген «Қараш-Қараш» атты жинаққа (1960) да алғашқы нұсқа негіз етіп алынған. Алайда сол кездегі заман талабы мен кеңесшіл әсіресыншылардың байбаламына байланысты біршама қысқартулар жасаған, кей тұстарына стильдік түзетулер енгізілген. Ауыл суреттерін тамылжыта бейнелеген жерлерін сызып тастаған. Сондай-ақ Жәмештің ағасының бұрынғы аты Хакім болатын, соны Қасым деп өзгерткен. Әңгіме оқиғасы психологиялық желіге құрылған. Мұнда оқиғадан гөрі адамның ішкі толғанысы, ой ағымы басым. Шығарманың басты кейіпкерлері – Қабыш атты оқыған жігіт пен Жәмеш атты ауыл бойжеткені. Екеуі жастайынан бірге өскен, бір-біріне ынтық. Араларына қылау түспеген. Бірақ Жәмештің ең жақсы көретін әпкесі Хадиша қайтыс болып, сүйікті жездесі Кенжехан әйелсіз қалады. Сұлу, парасатты, беделді адам. Қыздың әжесі Мәкен бәйбіше Хадишаның балаларының жат, өгей шешенің қолында өскенін қаламайды, Жәмешке сөз салады. Қабыш пен Кенжеханның бейнесі көз алдына кезек-кезек елестеген Жәмеш ақыры қазақ қыздарының уяң мінезінен шыға алмай, Кенжеханға ризашылығын береді. Ойсоқты болған қыз Қабышты оңаша кездесуге шақырады. Әңгіменің бүкіл желісі бір-бірімен кездесуге келе жатқан ғашықтардың толғанысына құрылған. Олардың тағдыры қалай шешіледі – ол жағы белгісіз. Жазушы шешімді оқырманның өзіне қалдырады.

*Т. Жұртбай.*

**ЕСҚАРАЕВ** Сүлеймен (1897–1938), партия, кеңес қызметкері. 1921–25 ж. РК(б)П Сырдария обкомында нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, Ташкент облыстық төтенше комиссия бастығының орынбасары, Қызылорда қалалық аткомитетінің төрағасы, облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, 1925–28 ж. Қазақстан Ішкі істер халкомы, 1928–29 ж. Орынбор өлкелік милиция мектебінің бастығы, 1933–37 ж. Қарағанды облаткомының төрағасы, республика прокуроры, Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары болды.



С. Есқараев.

Ө-пен қызмет бабында кездесіп, сұхбаттасып жүрген. 1934 ж. 21 қаңтарда «Қазақ әдебиеті» газетіне мақала жазып, Ө-тің «Айман – Шолпан» пьесасының қойылуы, жазушының табысы туралы ыстық ықыласын, жылы лебізін білдірген.

**ЕСОВА** Сара Сәтбайқызы (1903–1984), партия, кеңес қайраткері. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1967). Е. мен Ө. 1922 ж. Ташкент қаласында танысқан. Қазақ әйелдерінің арасынан шыққан алғашқы қоғам қайраткерлерінің бірі ретінде Ө. оған илтипатпен қарап, түрлі кездесулер мен мәжілістерде сөйлеген сөзінде мысалға келтіріп отырған. Орталық мемлекеттік мұражайдың мәдениет пен әдебиет тарихы бөліміне арналған көрменің ғылыми кеңесшісі болып, Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер мен суреттерді берген. Мысалы: Абайдың өлеңдерінің жазылу тарихы туралы баяндаған ақынның баласы Турағұл Абайұлы Құнанбаевтың қолжазбасы осы мұражайдың қорында сақтаулы.

Ө. Нысанбаев.

**ЕСПЕНБЕТ**, жазушының «Еңлік – Кебек» пьесасындағы кейіпкер. Е. образы – әдеби шығарманың заңдылығына байланысты тарихи шындық пен көркем шындықтың туған жазушы қиялының нәтижесі. Өйткені «Еңлік – Кебек» оқиғасына Абылайдың садақшы жасақтарының қолбасшысы, Найманнан шыққан Сыбан руының Жарасқұл атасынан тараған атақты Еспенбет батырдың тікелей қатысы болмаған. Алайда драматургияның жанрлық ерекшелігі мен сахна талабына байланысты көркем шындықтың дәлелді әрі әсерлі шығуы үшін, Кеңгірбай мен Кебейді дегеніне көндіретін, өктем сөйлеп, қатал мінез танытатын тарихи тұлғаны қажет етті. Міне, осы арада жазушы Ер Еспенбетті пьесасына кейіпкер ретінде қосуға мәжбүр болды. Өйтпесе «Дала уәлаяты газетінің» 1892 жылғы 29–40-сандарында жарияланған «Қазақтың естерінен кетпей жүрген бір сөз» («Еңлік – Кебек») және Шәкәрімнің «Жолсыз жаза, яки кез болған бір іс», Мағауия Абайұлының «Еңлік – Кебек» атты басылымдарында Еспенбеттің аты мүлдем кездеспейді. Ол жоңғар шапқыншылығы аяқталған соң Абылайдың жасағын басқарып, Түркістанға келеді. 1766 ж. Ташкент маңында Қоқан ханы Ирдана бекке қарсы шайқасқа қатысып, ауыр жарақаттанады. Сол жарақаты жазылмай, қайтыс болады. Зираты Ташкент қаласының түбіндегі қорымда. Ал «Еңлік Кебек» оқиғасы Шәкәрімнің анықтауына: «1780 жыл шамасында, осы Шыңғыс тауында, матай мен тобықтының арасында болған». Демек қанды оқиға Е. қаза тапқаннан кейін он бес жылдан соң өткен. Бұл да Е. образының тарихи шындыққа негізделген көркем бейне екендігін дәлелдейді.

Т. Құдакелдіұлы.

**ЕСТАЙ** Беркімбаев (1874–1946), әнші, ақын, композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1939). «Шолпан қаққан», «Ақжалмаш», «Назқоңыр», «Бір мысқыл», «Сандуғаш», «Назығұл», «Құсни-Қорлан» және басқа да әндері бар. Қазақтың әншілік дәстүрін жетік білетін Ө. әрбір халық өніне, әрбір халық өнші-композиторының шығармаларына талдау жасап, керек кезінде өзінің ғылыми еңбектерінде пайдаланып отырған. Бұл жөнінде Мұхаң «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген еңбегінде: «Бұрынғы қазақ тұрмысында сүйіскен жүректерді қатыгездікпен айырып, жас қыздай әңгі адамға сатып жіберуіне байланысты да мұндай өлеңдердің талайы туған. Солардың ішінде көп

тараған әрі ең тамаша әндерінің бірі – «Қорлан». Оны Қорлан атты ғашығынан айрылғанда, атақты әнші-ақын Естай шығарған» дейді (217-бет).

З. Соплақов.

**ЕСТЕ БОЛАР СӨЗДЕР**, жазушының артында қалған қолтаңба мұрасының бірі. Ө-тің мұрағатын, шығармаларының түпнұсқаларын ақтарғанда, көзге ерекше түсетін бір жай – оның жазайын деп жүрген тақырыбын мұқият зерттеп, айтар ойларын әбден пісіріп барып, жазу столына мол дайындықпен келетіндігі. Қай шығармасын оқысаңыз да, алғашқы түпнұсқасынан бөлектеніп, күрделі өзгеріске ұшырағаны шамалы. Осының бір себебі – жазушының зор білімділігі, әр істі егжей-тегжейлі ойда пісіріп алатындығы. М. Бөжеев, Б. Сахариев ұлы суреткердің мұражайындағы мұрағатынан алып, 1967 ж. 19 мамырда «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған «*Есте болар сөздер*» деген жазбалары Ө-тің лабораториясын танып-білуді, оның көркем шығарма жазуға деген әзірлік-дайындығының бір көрінісін бейнелейді. «Тағы бір топ сөздер», «Ерлер туралы әйел сөзі», «Индия ғалымдары сөзінен», «Бір тойдан соңғы стол үстіндегі, үй ішіндегі сурет», «Кей адамдар жөнінде» деген бөлімшелерден тұрады. Бөлімшелердің ішінен: «...Найзаның жарасы емделеді. Жазылмайтын – сөз жарасы. Ел мінін түзеймін деген әкім әуелі өз мінін түзесін. Болмаса, қисық ағашты түзмей тұрып, қисық көлеңкені түзеймін дегенге ұқсайды. ...Кейбір жоқшылық пен мұқтаждық сорына ұшыраған жандарды көргенде, өзінің амандығын мен бақытың үшін ұялғандай боласың... Көркем өнердің міндеті табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу» сияқты ақыл, нақындар, ойлы тіркестер кездеседі. Бұлар кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағына енді (1985, 20-кітап).

Р. Досымбекова.

**ЕСТИРТУ**, өлең жанры. Ө. зерттеулерінде айтылатын тұрмыс-салт өлеңдерінің түрі. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде тұрмыс-салт жырларының мұңшер тобына жататын түрі. Кісі өлімін, қайғылы оқиғаларды туыстарына, ел-жұртына, жақындарына өлеңмен естіретін, хабарлайтын фольклорлық жанр. Ө. «Әдебиет тарихы» оқулығында алғаш рет естірту жайында жазды. Осы кітаптың «Сыршылдық салт өлеңдері» атты 1-бөлімінде Е-ді жеке тақырыпша етіп алып талдаған. Естіртуді «ел салтындағы шер өлеңдері» тобына жатқызған. «Ескі қазақ салтында көп елді күйзелтетін қайғыны арнаулы өлең түрінде естіретін әдет болған. Хан өлгенде елге естірту, ардақты азамат өлгенде жан күйеріне естірту өлең – ескі қазақтың өмірінде қуанышын ұлғайтып, қайғысын кемітетін жұбанышты бесігі болған» деп, негізгі ерекшеліктері мен атқаратын қызметін қысқа қайырып анықтап берген. Естірту жайында бұдан кейін Л. Соплаевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты көлемді еңбегінде айтады. «Халық поэзиясының шағын түрлері» атты тарауында естіртуде арнайы тоқталған. Естіртудің эпоста да кездесетінін айтып, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан, «Ер Сайын» жырынан мысалдар келтірген.

Р. Әбдіғұлов.

**«ЕСІЛ ҚАРҚАРАЛЫ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ тілі» газетінің, 1921 жылғы 17 наурыз күнгі санында жарияланды. Соңына «М. Ө.» деп қол қой-

ылған. Шығармаларының 50 томдық толық басылымының 2-томына кірген (1998). Мақала Семей губерниясы Сібір ревкомынан Қазақ Автономиялы кеңес республикасының құрамына беру туралы қаулыны жүзеге асыру жолында жаппай халықтық қозғалыс жүріп жатқан кезде жазылған. Әкімшілік аймақтардың нақты шекарасы белгіленбегенмен, мемлекеттік құрылымдар жоспарының шет-жағасы анықтала бастаған-ды. Қарқаралы уезі Семейге қарайтын. Ақ пен қызыл әскерлерінің тепкісін көп көрген Қарқаралы жұрты кеңес өкіметіне де сене қоймады. Оның үстіне ақ гвардияшылар бүлік шығарып, большевиктердің біразын қырып тастады. Осы оқиғаның қарсаңында Ә. Қарқаралыға барып, бүліктің мән-жайын біліп қайтқан еді. Губерния орталығының алыстығын пайдаланып әрі большевиктік үгіт-насихаттың шырмауымен жергілікті қара шекпендер Сібір ревкомының құрамында қалу туралы мәселе қозғалып, оны ұшықтырып жіберді. Қазақтардың өзара бақталастығы да өршіп, уездің берекесі кетеді. Ә. осы жайларды көркемдік тәсіл арқылы сөзіне кекесінді мысқыл араластыра отырып жазды. Жанры жағынан мақаладан гөрі фельетон-памфлеттік белгілері, деректік сипаттан гөрі көркемдік сипат басым. Рушылдық пен тоғышарлықты барынша өшкерелген. Кейіннен Ә. Қарқаралыға үкіл болып келіп, Автономияның бір жылдық тойын өткізді. Қарқаралыдағы ру таластары 2–3 жылға созылды. М. Бапиұлы, Ғ. Айтбайұлы іспетті қазақтың біртуар өнер иелері осындай арандатулардың құрбаны болды. «Қарқаралының ортақшыл партиясының уездік комитетінің жауапты секретары Шаймерден Тоқжігітов» (Ә. Досов. «Тоқжігітов жолдасқа!», «Қазақ тілі», 1922, 6 қыркүйек, №66) сияқты большевиктік көзқарастағы қызметкерлер де ел ішінде топ құрып, қалың көпшілікті «алтыбақан алауыз етіп» қойды. Ел болып бірігіп, автономия туының астына топтасатын тұста осындай берекесіздікке ыза болып, Ә. шығарманы тосындау көркемдік тәсілмен жазған.

*Т. Жұртбай.*

**ЕСІМ** (т. ж. б. – 1645), қазақ ханы (1598–1645). «Еңсегей бойлы ер Есім» деп те аталады. Шығай сұлтанның баласы. Түркістан қаласында тұрған. Орта Азия хандықтарымен ұзақ жылдар соғысып, Сыр бойынан Самарқанға дейінгі жерлерді басып алған. Соғыстарда айрықша жеке басының ерліктерімен және қолбасшылық талантымен көзге түскен. Тәуекел хан өлгеннен кейін (1598) таққа отырды. Сыртқы саясатқа ерекше мән беріп, қазақ халқын біріктіруге күш салды. Қалмақ хандықтарымен аяусыз күрес жүргізді. Қатал ел билеуші, талантты қолбасшы болды. Е. хан ішкі, сыртқы саясатта тәртіп орнатып, ел билеуде байырғы далалық заң ережелерін ұтымды пайдалана білді. «Есім ханның ескі жолы» атты заңында қоныс-тұраққа, мал-мүлікке, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты туындайтын дау-шардың шешімдері сараланды. Е. ханның жаугершілік заманда елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған заңдары, оның шын мәнінде мемлекеттік тұрғыдағы ірі қайраткер екенін танытты. Ә. «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласында «Есім, Абылай сияқты көпке белгілі хандар жайындағы тарихи өлеңдерді» жинау керектігін бірінші кезекте айтқан. Л. Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының

эпосы мен фольклоры» атты монографиялық мақалада тарихи жырлар жайында айта келіп: «Есімнің, Абылай мен Қабанбайдың, XVI–XVIII ғасырларда өмір сүрген басқа да тарихи адамдардың жорықтары жайындағы тарихи жырлар да мол» дейді. Өрі қарай «Сақталып жеткен тарихи жырларды жазып хатқа түсіру әлі күнге дейін аяқталған жоқ. Көлемді тарихи жырлардың бірі – Есім жайындағы жыр. Есімнің Орта Азия тайпаларының хандарына қарсы күресін баяндайтын бұл жыр 1938 жылы жазылып алынды» деп, қысқа мәліметтер берген. Саяси-идеологиялық талап екшеуі әсерінен бұл жыр кейінгі жылдары ғана зерттеле бастады.

*М. Құл-Мұхаммед.*

**ЕСІМ** Ғарифолла (1947 ж.т.), философ. Философия ғылымының докторы (1994), профессор (1995). Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі (2003). «Хакім Абай» (1994) т. б. ғылыми еңбектері жарық көрді. 1994–95 ж. Абайдың қарасөздеріне арнап бірнеше хабар циклын жүргізді, ұлы ақынның шығармашылығы туралы 50-ге тарта мақаласы жарияланды. Бұл туындыларында үнемі Ә-ке жүгініс жасап, ой-пікірлеріне сүйеніп отырды. Ұлы жазушының 50 томдық толық шығармалар жинағының 1-томын шығаруға қатысты. Абайтану мәселесінде орын алған саяси-идеологиялық, тұрпайы социологиялық пікірлерді сынап, ақынды ғылыми негізде зерттеді, оның ойшылдығының нақты көрінісі – хакімдігін дәлелдеді, сөйтіп Ә. қалыптастырған дәстүрді жалғастырды. Жазушының «Қаралы сұлу», «Абай жолы» т. б. шығармаларын герменевтика тәсілі бойынша қарастырды, Абай мен Мұхтардың рухани жақындағын ғылыми тұжырымдар арқылы дәлелдей түсті.

*Д. Омаров.*

**ЕСІМЖАНОВА** Рәбиға (1914–1986), әнші-актриса. Қазақстанның халық артисі (1967). Өншілік өнерге баулыған әкесінің інісі – белгілі әнші Қ. Бабақов. Сахналық өнер жолын Семейдің музыкалы драма театрынан бастады. Кейін Қарағанды, Алматы театрларының труппасында (1931–1946) қызмет етіп, Ә-тің Еңлік, Айман (музыкасын И. В. Козыч жазған «Айман – Шолпан» музыкалы комедиясында), Жібек (Е. Г. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында) т. б. сахналық бейнелерді жасады. 1946 жылдан бастап біржола әншілік өнермен айналысқан. «Әуілдек», «Әпитөк», «Жалғыз арша», «Гауһар тас», «Ләйлім шырақ» т. б. әндерді нәшіне келтіріп айтқан.

*Б. Құндақбайұлы.*



**ЖАҒАНОВА** Алтыншаш Қайыржанқызы (1943 ж.т.), жазушы, мәдениет қайраткері. Негізінен орыс тілінде жазды. Бірнеше прозалық кітаптар мен драматургиялық шығармалардың авторы. Ә. шығармаларындағы қазақ әйелдерінің тағдыры-



ның суреттелуі туралы «Жолы жіңішкелердің жолы болып жүр ме?» деген мақаласы жарияланған («Абай», 1997, № 4, 27–29-беттер).

*С. Жұртбай.*

**ЖАҒЫПАР** Мағауияұлы (1898–1934), Абайдың немересі. Семейде мұғалімдер курсында оқып, Өпен бірге гимназияда білім алған. Шығыс Қазақстан облысының Шемонайха ауданында Новопокровск ауылдағы мектеп-интернатта директор болған. 1934 ж. осы арада қайтыс болды. 1982 ж. сүйегі Шульба ГЭС-інің астында қалатын болғандықтан, Абай ауданындағы Ақшоқыға, Құнанбай әулетінің бейіттері жанына қайта жерленді, бөлек бейіт соғылды. Мәрмәр тасқа ескерткіш сөздер жазылды. Жағыпардың Ишаға, Ғазел деген қыздары Алматы қаласында тұрады. Ө. Ж-дың балаларына қамқорлық жасап, қол ұшын берген.

*М. Бейсенбаев.*

**ЖАЗУ ӘДІСІ**, жазушы қолданған жазу түрлері. Ө. қаламынан туған қолжазбалар негізінен араб, латын, кирилл (орыс) әрпінде қазақ, орыс тілдерінде жазылған; өзінің көркем шығармалары мен кейбір авторлардың туындыларын орыс тіліне аударғаны болмаса, бұл тілде көркем дүние тудырмаған, тек зерттеулерді, мақалаларды, публицистикалық еңбектерді, сөйлейтін сөздері мен баяндамаларды, кітаптар мен диссертациялық жұмыстарға жазған пікірлерді, хаттарды орыс тілінде қазағға түсірген. Сапарлары кезіндегі жолжазбалары қазақ, орыс тілінде аралас келіп жатады, бұларға араб пен орыс әрпін алма-кезек қолданады; Индия, Жапония, Америка сапарларының жазбалары – түгелдей дерлік араб әрпінде. Атақты «Абай жолының» алғашқы кітаптары және оған ел аузынан жинаған деректерінің бәрі араб әрпінде жазылған, көп жағдайда екі әріпті кезек-кезек қолданып отырған, бұдан жазушы үшін араб әрпі қолайлы, оңтайлы екендігі байқалады. Сол жазбаларының ішінде: «Растройство семьи: осы жөнде біліп қайтатын бір ауыр хал еңгімесі қажет, өзі араласу қажет» деген жолдар кездеседі. Осындағы «өзі араласу қажет» деп, облыс басшысының бұл оқиғаға араласатынын айтып отыр. Жазушы осындай деректерін пайдалана отырып, роман тарауларының жоспарларын жасайды: не мәселе көтерілетіні, нелер қамтылатыны, көрініс табар кейіпкерлерінің іс-характертері жазылады. Бір жақсысы кейінгі жазылған нұсқаларында суреттелінгендер сол жоспардағыларынан алшақтап кетпей, көбіне сол қалпында кеңейтіліп, жетілдірілген түрде жол алып отырады. Мұндай жоспарлар «Абай жолының» біраз тараулары мен әңгіме-повестерінен, драмалық шығармаларынан да кездеседі. Бұлардың қай-қайсысы болсын Ө-тің үйреншікті машық, әдісі екендігін аңғартады. Ешқандай дайындықсыз басталған шығармалары, әрине жоқ емес, бірақ жаңағыдай әдіс жазушының үйреншікті әдетіне айналып кеткендігі қашан да сезіліп, көзге ұрып тұрады.

*Т. Әкім.*

**«ЖАЗУШЫ»**, баспа. 1934 ж. ақпан айында құрылды. Ол «Қазақ көркем әдебиет баспасы» деп аталды. Баспаның тұңғыш өнімі Абайдың өлеңдер жинағы еді. Жинақты құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған – Ө. пен І. Жансүгіров. Тұңғыш директоры – Ғ. Мүсірепов. 1941–1950 ж. соғыс кезіндегі қиыншылықтарға байланысты уақытша Қазақ мемлекеттік бірікен баспасының құрамына енген. 1950 жылдан бастап «Қазақ көркем әде-

биет баспасы» болып қайтадан бөлініп шықты. 1964 ж. баспаның аты «Жазушы» деп өзгертілді. Ө-тің шығармалары бұл баспадан 1935 жылдан шыға бастады. Сол жылы «Тартыс» пьесасы мен «Тас түлек» атты жинағы жарық көрді. Бұдан кейін «Қараш-Қараш» (1936, 1960), «Ескілік көлеңкесінде» (1935), «Абай» (1940, 1950), «Абай» (1-кітап, 1942, 1948, 1953), «Абай» (2-кітап, 1947, 1949, 1953), «Ақын аға» (1950), «Абай жолы» (1956, 1961, 1987), «Индия очерктері» (1958), «Қилы заман» (1975, 1979), «Көксерек» (1962, 1967), «Өскен өркен» (1962, 1977), «Өр жылдар ойлары» (1959, 1961), «Уақыт және әдебиет» (1962) кітаптары және таңдамалы шығармаларының 6 томдағы (1955–1957), 12 томдық шығармалар жинағы (1967–1968), 20 томдық шығармалар жинағы (1979–1985) осы баспадан шықты. Орыс тілінде «Абай» (1948), «Абай жолы» (1957, 1958, 1960, 1972, 1978, 1982, 1988), «Өр жылдар ойлары» («Мысли разных лет», 1961), «Көксерек» (1962), «Қараш-Қараш» (1964, 1982), «Таңдамалы» (1967), «Өскен өркен» (1977, 1979), ұйғыр тілінде «Абай» (1–2-кітап, 1959, 1960), «Қараш-Қараш» (1972), «Қаралы сұлу» (1988), «Қилы заман» (1997), «Путь Абая» (1–2-кітап; 2003), «Абай жолы» (1–4-кітап; 2005), «Қараш-Қараш оқиғасы» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде; 2008), «Көксерек» (өзбек тілінде; 2009) атты кітаптары жарияланды. Ө-тің өмірі мен шығармашылығы туралы «Қазақтың тұңғыш эпосы» (көпшілік жинақ, 1957), А. Нұркатовтың «Мұхтар Әуезов» (1957), А. Әуезовтің «Бала Мұхтар» (1967), М. Қаратаевтың «М. Әуезов» (1967), Р. Нұрғалиевтің «Трагедия табиғаты» (1968), Ө. Байтанаевтың «Шын шеберлік» (1969), Л. Лизунова мен Ы. Дүйсенбаевтың «Мұхтар Әуезов» (1957), Ө. Жиреншиннің «Мұхтар Әуезов» (библиографиялық көрсеткіш, 1958), «М. Әуезовке» («М. О. Ауэзову. Сборник статей к его шестидесятилетию», 1959), З. Кедринаың «Қайнардың тірі көзінен» (1966), Е. Лизунованың «Мұхтар Әуезовтің шеберлігі» (1968), «Мұхтар Әуезов замандастарының естеліктерінде» (1972, 1997), «Біздің Мұхтар» (1976), К. Оразалиннің «Абайдан сон» (1982, 1987), «Мұхтар Әуезов тағылымы» (көпшілік жинағы, 1987), Т. Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» (1997), «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» (1997), «Әуезов өлемі» (1997) т. б. жинақтар шықты. Бұдан басқа 20-дан астам жинақта Ө-тің шығармашылық шеберлігі туралы мақалалар басылды.

*С. Иманасов, Ж. Шалғынбаева.*

**«ЖАЗУШЫЛАР БАСПАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАР»** («Высказывания о работе писательских издательств»), жазушының мақаласы. «Литературная газета» 1955 ж. 21 мамырдағы санында жарияланған. Мәскеу, Киев және Тбилиси қалаларындағы кітап баспаларының жұмысын екі күн талқылаған КСРО Жазушылар одағы төралқасының мәжілісі туралы «Жазушы баспалары қалай жұмыс істейді?» деген жалпы айдармен шолу мақала беріліп, осы мәжілісте сөйлеген жазушылар қатарында Ө-тің де сөзі келтірілген. «Советский писатель» баспасының тақырыптық жоспарында кеңес әдебиеттерінің жай-күйі мен даму болашағына арналған сын және әдебиеттану еңбектерінің мүлдем аз екендігін атай келіп, Ө. өз сөзінде мұндай кітаптар мен жинақтарды шығаруға шын мәнінде шексіз мүм-

кіндіктер бар екендігіне назар аударады, туысқан әдебиеттерге арналған еңбектердің іздеген кісіге көп ұшырасатындығын, мұндай жұмыстарды жоғары оқу орындарының тіл-әдебиет факультеттерінде, студенттік дипломдық жұмыстар мен жас ғалымдардың диссертацияларынан табуға әбден болатындығын айтып өтеді. «Жазушылардың екінші съезі туысқан әдебиеттердің бай екендігін көрсетті» дей келіп, оларда болып жатқан процестерге баға беру қажеттігін, бұл ретте өз оқырмандарына интернационалдық тәрбие берудің жарқын үлгісін көрсетіп келе жатқан Киев баспасын атап өтеді, осы баспаның қазақ жазушыларының шығармаларын тікелей түпнұсқадан аударып, мектеп хрестоматияларына енгізгенін үлгі етеді.

С. Қорабай.

**«ЖАЗУШЫЛАР СӨЙЛЕЙДІ»** (« П и с а т е л и р а с с а з ы в а ю т » ), жазушының мақаласы. «Культура и жизнь» журналы редакциясының сұрауына берген жауабы. Осы журналдың 1957 жылғы 1-санында шыққан. Редакция бірнеше жазушыларға шығармашылық жоспарларыңыз туралы айтсаңыз деген сауал қойған. Жазушы өзінің ең соңғы жұмысы Индия туралы очерктер кітабы екенін, «Абай жолы» романының соңғы томын аударуға дайындап жатқанын айтады. Болашақ «Өскен өркен» романы жайында: «Қазір мен жазып жатқан жаңа романдар сериясы Советтік Қазақстанға арналады. Бірінші кітап даладағы ауыл адамдары туралы, совет өкіметі әкелген олардың өмірі жайында болмақ, мен оны 1958 жылы Москвада өтетін қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігіне дейін аяқтаймын деп ойлаймын» дейді. Жазушының катар Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры ретінде ұстаздық қызметпен айналысатынын, көптеген шәкірттерінің кейін шығармашылық, зерттеушілік жолға түсіп, олармен әрі қарай да қарым-қатынасын үзбейтінін айтады. Қазақ фольклорын зерттеумен айналысуым Абай жайындағы романымыз жазуда, халықтың таусылмас шығармашылық мүмкіндіктерін сезіп-білуіме көмектесті деген.

**«ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ ЕКІНШІ СЪЕЗІНДЕ ЖАСАҒАН БАЯНДАМА»** (« Доклады на втором съезде писателей »), жазушының П. Антокольский және М. Рильскиймен бірге жазған баяндамасы. Бүкілодақтық жазушылардың 2-съезі 1954 ж. 15–26 желтоқсанда Мәскеуде Бағанды залда өткен. Аталған баяндаманы Антокольский оқыған. «Художественные переводы литератур народов СССР» деген тақырыппен сол жылы «Литературная газетаның» 21 желтоқсандағы санында шықты. Аударманың барлық мәселелерін қамтыған баяндама көлемі жағынан да, талдау тереңдігі жағынан да съездегі алдыңғы қатарлы баяндамалардың бірі болды. Баяндамашылар халықтар достығы жайындағы мәселелерді көтерді. 1953 ж. осы бағыттағы аудармалар барлық аударма әдебиетінің 44,6%-ын құрапты. Аударма теориясының жаңа қалыптаса бастағанын айта келіп: «Аударма теориясындағы тағы бір ірі кемшілік тәржімадағы ұлттық форма проблемаларының жасалмағаны болып табылады» дейді. Баяндама авторлары аударма жұмысында етек алған бағыттар ретінде: лингвистикаға ауытқу мен еркіндікке ауытқуды атайды. Алғашқы бағытта сөзбе-сөз дәлдік болғанмен,

эстетикалық жағы ақсаса, екінші бағыттағылардың тым еркінсіп, асыра сілтеп жіберетінін айтқан. «Ақылды» аударманы ұсынады. Әрі қарай аудармашының түпнұсқаның тілін білуі керек, тіл білмей «подстрочниктен» аудару зиянды тәжірибе деген тұжырым жасайды. Өсіресе мәскеулік аудармашыларда көп кездесетін «авторизованный перевод» дегенге сақ қарау керектігін ескерткен. «Көптеген аудармалардағы кемшіліктер түпнұсқаның мазмұнын ғана аударып, ішіне терең бойламаудан туады» деп, жоғары көркемдік талап тұрғысынан қараған. Баяндама «Аударма – халықтар арасындағы достықтың негізгі дәнекері» деп аяқталған.

Р. Әбдіғұлов.

**«ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАРЫ»** (« Творческие планы писателей »), жазушының мақаласы. Ө-тің Мәскеуде шығатын «Литературная газетаның» 1951 ж. 29 желтоқсандағы санында «Жазушы жоспары» айдарымен берген сұхбаты. Онда ұлы суреткер жаңа жыл қарсаңында оқырмандарды өзінің шығармашылық жоспарларымен таныстырған. Ол өзінің осы жылдағы ең басты жоспары – «Абай жолы» романының соңғы кітабын редакциялап, баспаға дайындау екенін айтқан. Бұл романды басқа ұлт оқырмандарына кеңінен таныстыруда «Знамя» журналының еңбегіне айрықша баға береді. Содан кейін қазақ әйелінің қоғамдағы атқарған рөлі туралы көлемді сценарий жазуға кіріскенін еске салып өткен. «Мен, шығармаларыма өз халқымыз тағдырын, оның бүгінгі мен болашағын тереңірек талғап, дәл көрсетуді өзімнің алдыма мақсат етіп қойдым» деп аяқтаған автор мақаласын.

Б. Мамырәев

**ЖАЙЛАУОВ** Өкім (1929 ж. т.), ақын. Бірнеше жыр жинақтарының авторы. «Мұхаңа хат» атты өлеңін Ө-тің 60 жасқа толу тойына арнады («Сталиндік жол», 1957, 28 қыркүйек).

**ЖАЙЛЫБЕКОВ** Танат (1929–1989), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1966). 1954 ж. Мәскеу театр өнері академиясын (ГИТИС) бітірген. Сахнада жасаған рөлдеріне комедиялық бейнелеу тұрғысынан келу – Ж-тың актерлік ерекшелігі. Ж-тың актерлік өнерінің дамып, қалыптасуына Ө. пьесаларының қойылымдарында ойнаған рөлдерінің орны бөлек. Драматургтің «Еңлік – Кебегіндегі» Жапал, «Абайындағы» Көкбай, жазушы аударған У. Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Грумио, «Отеллосындағы» Родриго – актердің үлкен шабытпен ойнаған кейіпкерлері. Өсіресе автордың өзі жылы қабылдап, аса жоғары бағалаған Жапалдың сахналық бейнесі 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде қойылымның зор жетістігінің қатарына қосылды. Ж. көптеген көркем фильмдерге түсті.

Б. Құндақбайұлы

**ЖАЙМҰРЗИН** Әбдірахим (1916 ж. т.), философ, партия, қоғам қайраткері. Философия ғылымының кандидаты, доцент. Қазақстан Жазушылар одағында жұмыс істеп жүрген кезде Ө-пен қызмет бабында кездесіп, қарым-қатынаста болған «Өз көзіммен» атты естелігінде 50-жылдары ұлы суреткердің жеке басына, шығармаларына байланысты өріс алған айтыс-тартыста қолынан келген жәрдемін аямағанын тебірене еске алып, Ө-тің үш ерекшелігіне: «білімділігіне, еңбексүйгіштігіне, туған халқын жақсы көретіндігіне» ерекше тоқталған. Сондай-ақ ұлы адамның жиі-жиі айтып отырған: «Маңдайымның қасқасы болмаса, мен

халқымнан басқа емеспін» деген сөздерін елжірей еске алады («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997, 403–414-беттер).

*Ғ. Есімов.*

**ЖАЙСАҢБАЕВ** Есболған Ботабайұлы (1940–1983), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1982). Терең психологизмге бой ұрған сахна шебері. Оның актерлік өнерінің қалыптасуына Ә-тің пьесаларында ойнаған рөлдерінің өзіндік орны бар. «Абай» трагедиясындағы Нарымбет, Көкбай, «Қарақыпшақ Қобыландыдағы» Қараман, «Еңлік – Кебектегі» Жапал (телефильмінде де осы рөлді ойнаған), «Түнгі сарындағы» Нұрқан, Ә. аударған У. Шекспирдің «Асауға тұсаудағы» Грумио т. б. рөлдері көрермендер ілтипатына бөленді.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ЖАҚАНОВ** Ілия (1936 ж. т.), өнертанушы, сазгер, жазушы. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1998). Өнер тақырыбына арналған әңгіме, повестер жинақтары, романдары жарық көрді. Бірнеше шығармаларында Ә-тің адамгершілік, шығармашылық тұлғасына қатысты ойлар айтқан. «Көңілге түрлі ой салар» новелласында («Екі жирен», 1976) Абай әндері жайлы айта келіп: «Абайдың жұртқа белгісіз әндері бар көрінеді. Оны немересі Мәкен біледі. «Мәкенді Мұхтар Әуезов көп тыңдаған» деген дерек келтіреді. Осы мақалада Ә. өмірінің бір кезеңін Мәкеннің (Абайдың немересі) аузымен айтқызған: «Өмірінің соңғы жылдарында Мұхтар аға Шымкент облысын жиі аралап жүрді. Бір жылы ұзақ сапардан шаршаңқырап келіп, бізге тоқтаған еді. Мұхаң Абай әндерін көп білетін. Кейде «Мәкен, қане, сен енді жайлап қана Абай атаңның әнін айтшы» деуші еді» деген жолдар бар. «Бірінші концерт» жинағына енген «Смет», «Опера осылай туған», «Көзімнің қарасы», «Абай ариясы», «Ақылбайдың әні», «Махаббат вальсы», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Көңілге түрлі ой салар» атты новелла-әңгіме, мақалаларында Ә-тің өмірі мен шығармашылығы, өскен ортасы әр қырынан, соны сипатпен баяндалған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ЖАҚСЫЛЫҚОВ** Аслан Жәмелұлы (1954 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1984), доцент. Ғылыми еңбектері әдебиеттер байланысына арналған. Ұлы жазушының шығармашылығы туралы «М. Әуезовтің 20–30 жылдардағы прозасы: психологизм, тартыс және баяндау тәсілі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. «М. Әуезовтің жас кезіндегі прозасы», «М. Әуезовтің «Қараш-Қараш» повесіндегі психологиялық талдау шеберлігі», «М. Әуезовтің кезқарасы және қазіргі заман», «М. Әуезовтің эстетикасы және дәуір» мақалалары «Қазақ университеті хабаршысының» 1982 және 1997 ж. филология сериясы бойынша шыққан жинақтарында жарық көрді.

*Н. Жуанышбеков.*

**«ЖАҚСЫ ПЬЕСА – САПАЛЫ ӘДЕБИЕТ БЕЛГІСІ»**, жазушының мақаласы. «Пікір алысу ретінде» деген қосалқы анықтамамен «Социалды Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 28 сәуірдегі санында, кейін Ә-тің «Ақыт және әдебиет» (1962, 259–268-беттер), 12 томдық (11-том, 1969, 79–88-беттер), 20 томдық (17-том, 1985, 11–21-беттер) шығармалар жинақтарында жарияланған. Қолжазба жазушы мұрағатында сақталған (№229-п., 1–15-беттер). Шығарма Қазақстан кеңес жазушыларының 1-съезі қарсаңында пікір алысу ретінде жазылған. «Жал-

пы совет әдебиеті үлкен мұрат қып отырған нәрсенің бірі – ірі пьеса» деп бастап, драманың суретті әдебиет ішінде «көпке жететін, дегені дөп тиетін, әсері мол» екенін, сондықтан партия мен үкімет оған ерекше мән беріп, бағасын көтеріп отырғандығын ескертеді. Одан әрі автор орыс драматургиясындағы, жалпы одақ көлеміндегі үздік туындыларды үлгі ете отырып, қазақ пьесаларының көп олқылықтарының түп төркінін, объективті себеп-салдарын еске салады. Бізде, алдымен, өмір құбылыстарын терең зерттеп тану, байыппен бағдарлап саралау жағы кемшін соғып, «таяз жүзіп, үстінен қалқып, шала-шарпы ғып жиып алған көп бытыраңқы материалдың астында қалатындығымызды» қадап айтады. Екіншіден, біздің пьесаларымыздың құрылысы олақ келіп, жазушыларымыздың өлі де драматургия заңын жете ұғуы, тәтікіміз дұрыс меңгере алмай келе жатқанын сынайды. Өйткені «құрылыс олақтығынан, түйін-тартыстарды драма заңымен өрбете алмағанымыздан адамымыз жанды, әсерлі сергек адам болмай, пьеса адамы болмай, функция болып шығады». Көркем өнердің, әдебиеттің басты міндеті ұнамды тұлғаның дапдайын бейнесін өшекейлеп көрсету емес, қайта оның барлық табиғи жақсы-жаман жанды қалпын сақтап, өмірдегі түрлі болмыс, құбылыс тартыстарға араластыра, арпалыстыра отырып, оның бойындағы мінез-құлық, ақыл-ой қасиеттерінің өсіп өзгеру, шыңдалу жолын сатылап ашып көрсету деп біледі автор. Қазақ драматургиясының қалыптасу кезеңінде жазылған бұл мақаланың өз кезінде де, әлі күнге дейін де теориялық және практикалық маңыз-мәні өте жоғары екендігі сөзсіз.

*К. Сыздықов.*

**«ЖАҚСЫ СЫНҒА – ЖАН ПИДА»**, жазушының мақаласы. «Пікір алысу ретінде» деген қосалқы атпен «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939 жылғы 1 наурыздағы 49-санында жарық көрген. Кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 17-томына енгізілді. Қолжазбасы жазушы архивінде (№227, 233-папка) сақталған. Автор мақаланы С. Мұқановтың «Социалистік Қазақстан» газетіндегі «Халық қазынасын дұрыс пайдаланайық» атты пікір алысу ретінде жазған мақаласына (1939, 27 ақпан, №48) жауап ретінде жедел жариялаған. Мұқанов мақаласында «Правда» газетіндегі «Батырлар» деген саяси бағытпен жазылған мақалаға сүйеніп, қазақ эпостарын таптық, партиялық тұрғыдан бағалап, пайдалану керек деп, Ә-тің «Айман – Шолпан» либреттосындағы Көтібар бейнесінің жағымсыз етіп суреттелуіне саяси астар беріп, сын айтқан. Өлі 37-жылдың алақуынан ойраннанан ес жиып, оңалып алмаған сол кезең үшін мұндай сынның саяси айыпқа айналып кетуі оп-оңай еді. Сондықтан оған іле жауап қайтарған мақаласында Ә. халық қазынасын дұрыс пайдалану жайлы өз көзқарасын байыппен білдіріп, тарихтағы Көтібар туралы ішкі-тысқы қайшылықты ұзын сарын мағлұматтар мен жырда айтылатын ел ұғымындағы кейіпкердің ара қатынасын салыстырып, саралайды. Мұқановтың мақаласындағы Көтібарды баймен алысқан кедей ретінде бағалануына орай: «Бұл арада Сәбит не білместіктен немесе біле тұра, әдейі бұрған қиястықпен бір бекер сөз айтады. Өлеңнен дәлел келтірген боп, Маман айтқан сөз бойынша Көтібар кедей дейді. Айтты өлең, айтты сөз үстінде

мың жылқылы кісі – жүз жылқылыны «құрдым» дейді, мың кісі сойыл соғары бар – жүз кісісі барды «тұлдыр» дейді. Ол – сөз барымтасы. Көтібар екі қызы бар Маманды «қу бас» демей ме». Қалың рулы елін «бір шыбықпен өргізіп, жусататын» жуаны, үйінде тоқалы болса да, Айманды «алтынмен аптап, күміспен күптегендей» ырап-жырап ұзатып, жас тоқал етіп алғысы келетін Көтібарды халықтан шыққан кедей еді деп, кесіп-пішіп айту қаншалықты жөн болар екен. «...Рас, ол Мамандай бай болмауы мүмкін. Бірақ одан әрі басып, кедей еді деуге мен Көтібардың малын санап келгенім жоқ» дейді. Жырдың мазмұны бойынша, елге зорлық, озбырлық жасаушы «феодалдық, реакциялық мінездің адамы» – қара шоқпар иесі Көтібарды мысқыл етіп, күлкі етіп көрсетеді. Оны қалайша халық өкілі етіп бейнелеуге болады? «Сәбитше шек жоқ. Өйткені ол «жүз жыл бойы халық сүйген Көтібар» деп өзеурейді. Жолдас Мұқанов, бұл араға келгенде сізге қатты айтуға тура келеді, бір шығарманың ішінде әрі зорлық көріп жылаушыны, әрі зорлық істеп жылатушыны бірдей сүйген ел көрдің бе? Оқушы көрдің бе? Өдейі жалған айтпаса, қатар қостаған сынышы көрдің бе?» деп, өткір жауаптасады. «Сынай көрме» деп сенің қаламыңа ешкім жармаспайды... Құр белден шалып, жаптым жала, жақтым күіе болмасын. Сын орнына қиястық жүрмесін, дәлел орнына далбай жүрмесін» дейді. Автор әділетсіз сынға шамырқанып, шыыршық атқандай, «жақсы сынға – жан пид» деп аяқтайды мақаланы.

*К. Сыздықов.*

**ЖАҚЫП** Бауыржан Өміржанұлы (1963 ж. т.), ақын, әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (2004), профессор (2007). Қазақстан Республикасы «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты (1999). ҚазМУ-ды бітірген (1985). Ғылыми еңбектері негізінен Ө-тің шығармашылығына арналған. Бұл салада 10-нан аса мақала жариялады. «М. Өуезов және қазақ әдебиеті» деген тақырыпта АҚШ-та өткен ғылыми конференцияда баяндамалар жасады (1997, 11–12 сәуір, Канзас штаты, Лорэнс қаласы). «Мұхтар Өуезов – публицист» деген монографиясында ұлы жазушының қазақ публицистикасының дамып, қалыптасуына сіңірген еңбегін жан-жақты зерделеп, талдаған. «Берілі. Өуезов Мұхтардың мұңды үні» деген өлеңін арнады («Қазақ әдебиеті», 2002, 23 тамыз).

*Ө. Пірманов.*

**ЖАҚЫПОВ** Аманжан Ілиясұлы (1937–2007), ақын, жазушы, әдебиет зерттеуші. Қазақ халқының ұлы перзенттері туралы көптеген мақала жазды. Бұл салада «Қабанбай ұрпақтарының ұлы шежіресі», «Шыңқожа батыр», «Адамның бұлбұлы», «Бауыржан», «Нүргиса», «Бибігүл» деген ғылыми-зерттеу еңбектері бар. Ө. туралы «Шәкірт естелігі» («Семей таңы», 1993, 27 қыркүйек), «Абай деп өткен ғұмыры» («Түркістан», 1995, 9 тамыз) мақалалары, «Жазушы мен қымыз» әңгімесі («Түркістан», 1997, 3–9 қазан) жарияланды. «Сол бір бес жыл» естелігінде ұлы ұстаздың лекциясын тыңдап, тағылым алғанын әңгімелей келіп, Ө-тің баяндау әдісі, сөйлеу шеберлігі жайында төгіле әңгімелеген («Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», А., 1997, 577–586 беттер).

**ЖАҚЫПОВ** Есенгелді (1928–2010), әдебиет зерттеуші, аудармашы. Филология ғылымының кан-

дидаты. Ғылыми еңбектері қазақ фольклоры мен драматургиясының мәселелеріне арналған. Бұл салада «Эпос на сцене» деген еңбегі жарық көрді (1977). Ө-тің шығармашылығы жөнінде «Көш басы» (1967), «Сахнадағы сара бейне» (1971) т. б. мақалалары жарияланды. Ал «Дастаннан драмага» атты монографиясында ұлы жазушының қазақ халық ауыз әдебиеті негізінде жазылған пьесаларын фольклорлық тәркіндерімен салыстыра зерттеген. **ЖАҚЫПОВ** Зейнолла Қаппарұлы (1916–1981), актер, режиссер, драматург. ҚазКСР-нің еңбек сіңірген артисі (1944). Ұлы Отан соғысы жылдары Ө. пен Ө. Өбішевтің «Намыс гвардиясы» спектаклінде өр тұлғалы, қас батыр Намысұлының рөлін уақыт талабына орай жоғары леппен орындады. Бұдан басқа ол Ө-тің тамаша аудармасымен қойылған Н. Гогольдің «Ревизорында» малай Осиптің, «Қарақыпшақ Қобыландысында» Көбікті батырдың рөлдерін сомдады. Режиссер ретінде ұлы драматургтің «Еңлік – Кебегі» мен «Айман – Шолпанын» сахнаға шығарды.

*К. Нұрпейісов.*

**«ЖАЛМАУЫЗ СӨЗСІЗ ЖАНШЫЛАДЫ»** («Жалмауыз бюджет раздвален»), жазушының мақаласы. 1937 ж. 28 қаңтарда «Казакхстанская правда» газетінде жарияланды. Сол кезде халық жауы ретінде әшкереленіп, ату жазасына бұйырылған Пятаковтардың тобы туралы өз пікірін білдірген. Онда жеті басты жалмауыз сияқты фольклорлық кейіпкерлерді мысалға ала отырып, «оңшылар» мен «солшыларды» сынаған. «Қазақ әдебиеті» газетінің сол жылғы 5 ақпан күнгі санында С. Сейфуллин, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Қ. Өтепов, Қ. Қаратаев, Ф. Орманов, Ө. Тәжібаев, Т. Жароковтармен бірге Ө. қол қойған үндеу жарияланып, шығарма «Сақтық қушейіп, көрегендік артсын» деген тақырыппен қазақша аударылып басылды. Заманның сол кездегі ырқына қарай, мұндай тапсырманы орындамауға болмайтын еді. Ө. соған еріксіз мойынсұнған.

*Т. Жұртбай.*

**«ЖАЛОЛ ИКРАМИДІҢ ЖАҢА КІТАБЫ ЖАЙЫНДА»** («По поводу новой книги Ж. Икрами»), жазушының мақаласы. Бұл шағын мақала «Коммунист Таджикистана» газетінде 1957 ж. 24 сәуірде жарияланды. Тәжік мәдениеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігі кезінде талқыланған Ж. Икрамидің «Өзімді кінәлімін деп санаймын» деген романына пікір ретінде жазылған Ө. бұл жаңа романның жетістіктерін айта келіп «бұл шығармада адам мінезінің жақсы және жаман жақтары арнайы ашып көрсетілген» деп атап өтті. Оның ойынша, романның бір кемшілігі – әрекет етуші кейіпкерлердің реалистік образдары. Олар шығармада конфликтіге түспей, бір-бірімен байланыспай тұрғандық. Жалпы онкүндік қорытындысын саралай келіп, Ө. Тәжікстанның мәдени өсуінің біраз дамығанын, атқарған игі шаралардан жақсы әсер алғанын айта кетеді. Сөйтіп шығармада ұлттар әдебиетінің есіп-жетілуі, оның даму процестері ұлы жазушының назарынан тыс қалмай, оған әр кезде қол ұшын беріп, қамқорлық жасап отыратынына риза екенін білдіреді.

*Б. Мамырәев.*

**«ЖАЛПЫ ЖАРЛЫҚ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы ақпан күнгі 119-санында жарияланды. Жазушы шығармаларының 50 томдық толық басылымының 2-томына кірген (1998). Ө. 1919–1921 ж. Сібір революциялық комите-

тіне қарасты Семей бөлімшесінің меңгерушісі болып қызмет істеді. Кейіннен бұл мекеме губерниялық атқару комитетінің жанындағы қазақ (қырғыз) бөлімі деп аталды. Атқару комитетінің жанынан халық билері кеңесі («халбике») құрылып, барлық заң істері соған жүктелді. Қазақ арасындағы дәстүрлі дау-шарлар, таласты мәселелер осы қазақ бөлімі мақұлдаған нұсқауларға байланысты жүргізілді. 1920–22 ж. Семей губерниясында Ресей мен Қазақстанның заңдары қатар қолданылып, түрлі түсінбестіктер, қиындықтар тудырды. 1921 жылдың басынан бастап Семей губерниясы Қазақстанның құрамына енгізілуге тиісті болатын. Үлкен саяси-идеологиялық, ұлттық тартысқа толы шекара мәселесі шиеленісіп тұрғанда, Қазақстанның заңына жүгіну Сібіревкомның шамына тиіп, оны тоқтату туралы нұсқау берілген. Қазақ бөлімінің бастығы ретінде Ә. осы мақала арқылы «қазақ съезінің қаулысын» қолданбай тұра тұруды ескертуге мәжбүр болған. 1921 ж. мамыр айында Қазақстан орталық атқару комитетінің өкілетті уәкілі ретінде келген С. Сәдуақасұлы Сібіревкомның Семей губкомын таратып, оны Қазақстанның құрамына қосты. Тамыз айында Семей губкомының төрағасы болып Ә. бекітілді.

*Т. Жұртбай.*

**«ЖАЛПЫ ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 8, 9, 10, 11, 15, 17 ақпандағы 30–33, 36–37-сандарында жарық көрді. «Мұхтар» деп қол қойған. Кейін жазушының «Уақыт және әдебиет» (1962, 13–33-беттер); 12 томдық (1969, 11-том); 20 томдық (1984, 15-том) шығармалар жинақтарына енгізілді. Қолжазбасы сақталмаған. Қазақстан өнері мен әдебиетінің тарихындағы аса маңызды, ұлы оқиғаға сәйкес автор ұлттық театр «қай үлгіде құрылуы керек, қандай жолмен дамуы керек, оның келешегі қандай?» деген өзекті мәселелерді жан-жақты сөз етеді. Ол үшін Ә. алдымен, бүкіл әлем халықтарының әдебиет, мәдениет тарихына зер салып, екі жарым мың жыл бұрын басталған грек, рим, француз, орыс театрларының туып, өсіп даму жолдарына байыпты барлау жасап: «Ешбір өнерді құрғақ тілек, құрғақ бұйрық тұғызбайды. Қай елдегі, қай түрдегі өнерді алсақ та, сән-салтанатпен ырғалып-жыргалып бір күннің ішінде ғайыптан көшіп келген жоқ. Барлығы да болымсыз ұрықтан жайлы топыраққа көміліп, белгілі шартпен бағылып, қағылған уақытта ғана бой жасап өсіп өнген» дейді. Жоғарыда аталған елдердің театрлары тарихында шеттен келіп, өзгердің үлгісімен жасалғандарынан гөрі ел тіршілігінің іргесінен шыққан, халықтың тұрмыстық, әлеуметтік әдет-ғұрып салтына байланысты туған өнері кең өріс тауып, даңғыл жолға ие болғанын айқын, айғақты мысал-дәлелдермен жүйелеп түсіндіреді. Өрине автор дүние жүзі әдебиеті мен өнерінің озық үлгілерін қабылдауға қарсы болып, тек өзімізде бармен ғана шектеліп қалу жеткілікті деп отырған жоқ. Театр сияқты жаңа өнер түрін халықтың ескі салт, ойын-сауығы сияқты «мол қордың ішінен тесік моншақ сияқты асыл бұйым, асыл ұрықты тандап, тауып алып, ... арнайы топырақтың үстіне іргесін орнатып дүкен құрса, ... ескі күн мен бүгінгі күнін жалғастырып, өмірге жанасатын» етіп жасаса, қалың қауымға ұғымды да жұғымды, сіңімді келіп, халықты да өсіре отырып, өзі де өсіп өркендейді. Бұдан кейінгі сатысында қазақ пьесалары қалың елдің өмірін көлемдей кең су-

ретпен көрсетумен бірге, мәдениетті қауымның ақыл-сезіміне толығырақ жем беретін жаңа үлгіні де туғыза бастау керек. Өрине, мұның бәрі жазушының шеберлігіне байланады. Сөйтсе де сұлу әндей ескілік пен бүгінгі өмірді қосып, соның бәрине жарастықты жаңа үлгіні әдемі кесте сияқты қылып жамаса, қазақ театры алдынан да, артынан да кең өріс табар еді деп тұжырымдайды.

*К. Сыздықов.*

**«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**, баспа. 1975 ж. балалар мен жасөспірімдер әдебиетін шығаратын республикалық «Жалын» баспасы болып құрылды. Баспа Ө-тің әдеби мұрасына айрықша ілтипатпен көңіл бөлді. 1976 ж. «Шу асау» деген атпен «Абай жолы» романынан үзіндіні балаларға арнап 50 мың данамен жеке кітапша етіп, бастырды. Келесі жылы «Өскен өркен» романын, «Жастарға айтар бірер сөз» («Слово к молодым») деген атпен бір қораптың ішіне салынған шағын екі кітапшасын қазақ, орыс тілдерінде сый-тарту ретінде шығарды. Сый-тарту кітапшаға жазушының 1960 ж. 25 желтоқсанда ҚазМУ-де поэзия күні жастарға арнап сөйлеген сөзі енді. Бұдан кейін 25 желтоқсан күні «Әуезов күні» деп аталды. 1977 ж. Ө-тің туғанына 80 жыл толуына орай Ө-тің суретшілер Н. Гаев және Е. Сидоркин салған портреттерін, Ахмет Әуезовтің «Жас Мұхтар» деген естелік кітапшасын басып шығарды. 1978 ж. «Көксерек» әңгімесі, 1980 ж. «Абай жолының» бір тарауы («Оралу»), 1982 ж. «Белесте» деген тарауы жеке кітапша ретінде жарық көрді. «Көксерек» әңгімесі «Серый лютий» деген атпен 1982 ж. орыс тілінде шықты. 1984 ж. «Өскен өркен» романының үзіндісі балаларға арналып «Мұрагерлер» деген атпен жарық көрсе, жазушының таңдаулы повестері мен әңгімелері орыс тілінде, ал 1994 ж. «Кінәмшіл бойжеткен» кітабы жарық көрді.

*Б. Нұржекеұлы.*

**«ЖАЛЫНДЫ ЖАЗУШЫ»**, жазушының мақаласы. «Лениншіл жас» газетінің, Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінің 1946 жылғы 1 ақпандағы сандарында жарияланды. «Жолы кең жазушы» деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінде (1946, 27 қаңтар); жазушының 12 томдық (1969, 11-том, 257–261-беттер); 20 томдық (1985, 18-том, 283–287-беттер) шығармалар жинақтарында жарияланған. Қолжазбасы сақталмаған. Мақаланы С. Мұқановтың шығармашылық еңбегінің 25 жылдық мерекесіне арнаған, негізінен оның басты жетістік қаламгерлік ерекшелігін сөз етеді. Автор жазушының барлық жанрларда дерлік елеулі еңбек етіп келе жатқанын, осы саладағы басты шығармаларын саралап, сипаттай келе, өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оның жаңа тақырыптарды жазудағы дүниеге өз көзқарасын, өз сезімін жаңаша танытуда жаңа түр іздеп, «қазақ поэзиясына сөйлей толғап айтатын, еркін екпіні бар өлеңді кіргізді. Бұрынғы буын санаған, баяу басқан, айнамас жәй ырғақты өлең жолын желпініп сөйлейтін жеңіл орамға жеткізуге тырысады. «Шығармаларының барлық мұң-мұраты қалың елдің күнделік керегіне жарау болғандықтан, сол сипатты жаңа мазмұн, жаңа түрді өзі туғызған. Ол түр, динамикалы, орамды және жеңіл түсінікті бір ырғаққа бөленеді» деп, дәл, айқын бағасын береді. Жазушы шығармашылығындағы

осындай жетістіктерімен қатар, кейбір жеке-жарым кемшіліктері де айтылған.

*К. Сыздықов.*

**«ЖАЛЫНДЫ ЖІГЕР»** («Неукротимая волля»), жазушының шағын мақаласы. «Литературная газетада» 1958 ж. 28 қазанда шыққан. Газеттің бірінші беті БЛКЖО-ның 40 жылдығына арналған. БЛКЖО Орталық Комитетінің хатшысы Н. Васадезенің бас мақаласымен бірге Ә-тің, О. Форштың, М. Рыльскийдің, П. Бровканың, С. Чикованидің, М. Гусейннің, В. Лацистің, С. Зарьянның шағын мақалалары басылды. Ә. мақаласында басқа мақалалардағы сияқты Ленин комсомолына арналған лепті құттықтау, мадақтау сөздері айтылған. Өзіндік ерекшелігі: «Біздер, қазақстандықтар республиканың ұлы жеңісі – Қазақстан миллиарды туралы жарқын үмітпен және асыл оймен әрбір таңды атырып, әрбір қауырты өнбек күнін, кешті өткіземіз» деген сияқты мақтаншысы да білдіреді. **ЖАМАНОВА** Роза Үмбетқызы (1928 ж. т.), әнші (сопрано). КСРО халық артисі (1959), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970), профессор (1987). Ақжелеп (Е. Брусиловскийдің «Ер Тарғынында»), Прилепа (П. Чайковскийдің «Қарғаның мәткесінде»), Қамар (Е. Рахмадиевтің «Қамар сұлуында»), Сара (М. Төлебаевтың «Біржан – Сарасында») т. б. көптеген басты кейіпкерлердің партиясын орындады. Либреттосын Ә. жазған А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында Ахардың рөлінде ойнап, жан дүниесі нәзік, жүрегі таза, сүйіспендік жолында басын құрбан еткен кейіпкердің шынайы бейнесін жасады.

*А. Омарова.*

**ЖАМАНҚҰЛОВ** Тұңғышбай Қадырұлы (1948 ж. т.), актер. Қазақстанның халық артисі (1992), Мемлекеттік (1992) және Жастар одағы (1980) сыйлықтарының лауреаты. Сомдаған сахналық тұлғалары ішкі ой ірімінің тереңдігі, кескін мәнерінің айқындығымен ерекшеленеді. Ә-тің «Қаралы сұлу» әңгімесі бойынша түсірілген фильмде (1983) Әзімханның рөлінде ойнады. Ұлы драматургтің «Айман – Шолпанында» Кәтібар, «Қарагезінде» Сырым рөлдері актер шеберлігін ұштауда мол ықпал етті. «Оның рухы» атты мақаласында Қазақ драма театрында алғашқы шымылдықты ашқан «Еңлік – Кебек» пьесасынан бергі 70 жылдан астам уақыт ішінде Ә-тің 15 төл туындысының, 4 автормен бірігіп жазған пьесасының, 4 аудармасының 44 премьерасы, бірнеше мыңдаған қойылымы болғанын айта келіп, Мұханның рухы біздің театрымызды бір сәт тастап кеткен емес деп жазды («Түркістан», 24–25 қыркүйек, 1997).

*Б. Құндақбайұлы.*

**ЖАМБЫЛ** Жабаев (1846–1945), халық поэзиясының алыбы, ұлы жырышы, дүлдүл айтыскер. Ә. 1936 жылдан бастап жиі кездесіп тұрған. Соның бір күәсі: ол 1943 ж. мамыр айында Ж-ға келіп, сәлем бергенде айтқан өлеңі: «Ұелиқүмссалам, Мұхтарым, Оң қолымды ұстағын. Жи-жиі сенімен, Кездесуге құштармын... Еңбегін, Абай, жазғаның, Өрлеп көкке ұшқаның». Ж-дың: «Мынау тұрған Абайдың суреті ме? Өлең сөздің ұқсаған құдіретіне» деп басталатын өлеңіндегі Абай образы – Ә-тің ұлы эпопеясында суреттеген ақын бейнесімен үндес. Ә. «Абай жолында» Әбіштің қайтыс болуына байланысты тарауда Ж-ды су-



Жамбылағайын-туыс, отбасы ортасында.

реттеген. Жазушының Ж-ға деген сүйіспеншілігі «Ардақты Жәке» мақала-хатынан аңғарылады. Жамбыл шығармашылығын сөз еткен ғылыми еңбектердің ішіндегі бірегейі – ұлы жазушының ақынның 100 жылдық мерейтойында жасаған баяндамасы. Қазақ әдебиеті тарихының көп томдығының 1-томына жазған монографиялық тарауларында (айтыс туралы), 3 томдық «Айтыс» жинағына жазған алғы сөзінде ақынның айтыстары туралы айтқан ой-пікірлері жамбылтанудағы ең бағалы зерттеулер болып саналады. Ә. орыс тілінде де Жамбыл мен халық поэзиясы жөнінде бірнеше танымдық мақалалар жазды.

**«ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫ»** («Джамбул и народные акыны»), жазушының орыс тілінде жазған мақаласы. Алғаш рет 1938 ж. «Литературный Казахстан» журналының 6-санында басылды, кейін «Өр жылдар ойлары» жинағында жарияланды (1961). Негізінде Жамбыл Жабаев шығармашылығына арналғанмен, ауыз әдебиетінің поэтикасы жайында құнды географиялық ойлар айтқан, ғылыми-танымдық сипаты мол. М. Горькийдің Дағыстан ашугі (ақыны) С. Стальскийдің Гомерге теңеген әйгілі сөзінен бастап, Жамбылдың қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі, рухани мәдениетіндегі орнын пайымдайтын құнды тұжырымдар жасаған. Мақала социалистік қоғамның «дүркіреп» тұрған кезінде жазылғандықтан, онда сол кез идеологиясына сәйкес тарихи-әлеуметтік тұрғыдағы талдаулар да кездеседі. Жамбыл шығармашылығын, оның ақындық шеберлігін жеке-дара алмай, дәстүр жалғастығы тұрғысынан қарап, Махамбет, Сүйінбай сияқты ақындарды мысалға алады. Өз заманының ең білімді, ең дарынды зерттеушісі ретінде, автор әлемдік фольклорда да, қазақ фольклорында да (халық ауыз әдебиетін де) негізгі екі сала бар екенін айтады. Біріншісіне сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдайлар туғызған түрмыстық жағдайларға қарасты, халықтың көңіл күйін білдіретін шығармаларды, екіншісіне дүние жүзінің барлық халықтарында бар бақытты өмір, үмітті болашақ жайындағы армандарын көрсететін шығармаларды жатқызады. Сөйтіп осы екі ағымға байланысты бағалы ойлар айтқан. Бұл екі ағымның да Жамбылдың Қазан төңкерісіне дейінгі шығармаларында бар екенін дәлелдейді. Жамбыл кейбір сұрамсақ, тіленші ақындардай бай-манаптардың, төрелердің босағасын сығаламай, өз өлең-жырларын халықтық тұрғыдан жырлағанын көрсетеді. Ақынның «Өтеген», «Сұраншы», «Саурық» сияқты шығар-

**«ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫ»** («Д жамбул и народная поэзия»), жазушының мақаласы. Алғаш рет «Казхстанская правда» газетінің 1938 жылғы 23 мамырдағы санында шыққан. Содан кейін баспа бетін көрген жоқ. 1938 ж. Жамбылдың шығармашылық өмірінің 75 жылдығы кең шеңберде атап өтіліп, Ленин орденімен марапатталған еді. Осыған орай Жамбылға арналған көптеген ғылыми-зерттеу еңбектер, мақалалар шықты. Солардың ішіндегі, көлемі шағын болса да, бірегейі Ө-тің аталған мақаласы. Жазушының осы мақалада Жамбыл шығармашылығының тарихи-идеялық тұптамалары мен негізгі мотивтері тек қана өзінен аз-ақ бұрын өмір сүрген Махамбет, Шортанбай, Сүйінбай сияқты ақындардың ғана шығармашылық мұрасынан емес, тым әріден – ертегілерден, эпос пен тарихи жырлардан, аңыз-әңгімелерден, көптеген халықтардың көне өмірінен туындайды деген пікірі күні бүгінге дейін ақиқат ойдың жалғасы болып отыр. Ө. әлем фольклорында бар екі бағыт – әлеуметтік теңсіздікке қарсылық және халықтың жақсы болашақты армандау бағытының екеуінің де Жамбылдың революцияға дейінгі шығармашылығында болғанын нақты мысалдармен дәлелдейді. Жазушының халық ауыз әдебиеті өкілдері мен жазба әдебиет өкілдерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындаған ойлары да құнды.

Р. Өбдіғұлов.

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ**, Абай атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театры, 30-жылдардың басында көркемнер үйірмесінің негізінде құрылды. 1936 ж. 16 мамырда Б. Майлиннің «Келін мен шешей», К. Қыркымбаевтың «Келіншек» атты бір актылы комедияларымен алғашқы шымылдығын ашты. Аудандық театр 1940 ж. облыстық драма театры болып қайта құрылды. 1945 ж. Абай есімі берілді. Театр сахнасында драмалық пьесалармен қатар, музыкалық шығармалар да қойылды. Ө-тің пьесалары театр сахнасынан берік орын алды. «Қарақышпақ Қобыланды» (1944; режиссері Б. А. Лурьен) бірінші рет осында қойылды. Ұлы драматургтің «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан», «Түнгі сарын», «Қарагөз», «Абай» трагедиясы мен «Абай» романының сахнаға бейімделген нұсқасы қайталанып қойылып, театрдың кәсіби жағынан қалыптасуына ерекше ықпал жасады. Ұлы жазушы аударған Н. Гогольдің «Ревизоры», К. Треневтің «Любовь Яроваясы», У. Шекспирдің «Отеллосы» театр ұжымының классикалық шығармаларды меңгерудегі мол ізденісі болды.

Б. Құндақбайұлы.

**«ЖАМБЫЛДЫҢ АЙТЫСТАҒЫ ӨНЕРІ»**, жазушының мақаласы. 1946 ж. ұлы ақының жүз жылдық мерейтойына арналған ғылыми конференцияда жасаған баяндамасы негізінде жазылған. Алғаш рет «Қазақ КСР Ғылым академиясының хабарларында» (әдебиет сериясы 1948 ж. №55, 5–24-беттер) жарық көрді. Ө-тің «Әр жылдар ойлары» (1959, 360–370-беттер), 20 томдық шығармалар жинағында, «Тандамалы» (1997, 452–458-беттер) шығармалар жинақтарында жарияланды. Қолжазбасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қорында (№93-п.), жазушының өз архивінде (№249-п.) сақталған. Ав-

тор бұл мақаласында бұдан бұрынғы еңбектеріндегі ой-пікірін жалғастырып, толықтыра түскен. Алдымен жалпы айтыс ақындарына тән өзіндік ерекшелік сипаттарды айқындап, саралай келе, ол ақындарға халық «суырыпсалма ақын» деген атақ беретінін, олардың «қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, отты, өткір өнер есі» екендігін атап көрсетеді. Жазушы Жамбылды айтыстың бұрын-соңды өткен ақты-бозды сан жүйрік айтыштарымен салыстыра, шендестіре отырып, өзіндік дара өрнек, ерекшеліктерін саралап танытады. Түре айтыстан бастап, сүре айтысқа шейін өскен ұлы ақының әр айтысында бірінен-біріне өткенде жаңа бір зор сапаға ауысып, жаңаша сипатқа ие болатынын, оның басты айтыстарын талдап, талғап атайды. Жамбылдың ақындар қасиетінің оқшау ерекшелігі ретінде оның көрегендігі мен сезгіштігін, қырағы алғырлығын, теңеулерінде төбеден жай түскендей жайратқыш груттерек, шарж, мысқыл-әжуаның неше атасын тауып, қарсыласын «тобыққа ұрып, талмау жерден бір-ақ қағып, түсіріп кетіп, тарта беретін» ерен жүйріктігін атап, ақын айтқан қалжың қактығыстарынан мол мысалдар келтіреді.

К. Сыздықов.

**ЖАМЛИХА** Шалұлы (1927 ж. т.), ақын, жазушы, аудармашы. Монғолияда тұрады. Шығармаларын қазақ, монғол тілдерінде жазды. 30 жылдай өмірін қазақ әдебиетін монғол жұртшылығына насихаттау, аудару ісіне арнады. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының 1, 2-кітабын 1972 ж. монғол тілінде (Ж. Ахмет, О. Тілейхан, Б. Құрметбек, А. Менис, С. Хайроллаармен бірге), ал 3, 4-кітабын 1978 ж. өзі тәржімалап, бастырып шығарды. Соңғы жылдары ұлы жазушының «Жетім», «Қаралы сулу», «Шыңғыстау» т. б. әңгімелерін аударып, 100 жылдық мерейтойы қарсаңында бірнеше мақалалар жазды. **ЖАНАЙДАР** Орынбайұлы (шамамен 18–19 ғасырдың 70-жылдары), батыр. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күресі қолбасшыларының бірі. Отарлық бұғаудан азат болудың сара жолы – белсеніп күреске шығу керек екенін ерте түсініп, Кенесарыны қолдаған. Көтеріліс жеңілгеннен кейін, Ж. Петербор барып, Кенесарыға ергені үшін патша кешірім жасағаннан кейін, Терісаққан өзені бойы менен Арғантау тауындағы шұрайлы өлкеден қоныс алып, өле-өлгенше «Бай Жанайдар», «Батыр Жанайдар» атанып, болыс болып, ел билеу жұмысына араласады, орыс патшасына қызмет етіп, шен-шекпен киеді. Өткен ғасырдың 70-жылдарында қажыға – Мекке-Мединеге барып, қайта оралған сапарында кемеде қайтыс болады. Ө-тің «Хан Кене» пьесасын жазардағы әзірлеген тарихи деректерінде Жанайдар есімі Кенесары батырларын көрсеткен тізімнің ішінде бар (№146, 148-папка).

Р. Досымбекова.

**ЖАНАҚ** Сағындықұлы (1770–1846), ақын. Халықтың эпостық, тұрмыстық жырларын көп білген. Абай Ж-ты жоғары бағалаған. «Абай жолы» романында Ө. Ж-ты «Садақ» деп өзгертіп алды. Абайдың әр сөзі ертегідей алыс ақын Садаққа соға береді. Бала кезінде ол өзіне өзге ақындардан өзгеше көрінеді. «Көргені мен білгені ушан-теңіз. Ол кісінің айтқаны мен жеткізгенінің мың да бірін білмейміз. Тегін емес, кеудесінен нұр саулаған ақын сол еді, жарықтық» дейді («Абай жолы»,

«Өрде» тарауы). Жазушы оның қасиеттілігін мына бір оқиғамен байланыстырып көрсеткен. Бірде ол Найманның топтанып отырған жынына кез келеді. Сонда шідерлеп жіберген шұбар аты аузын кең ашып, есінегенде таңдайындағы бармақтай қалың отырған жігіттердің бірі байқап қалады. Ж-ты бидің алдына алып барып: «Мынаның мініп жүрген шұбары менікі, тай күнінде жоғалған еді. Енді таныдым, өзіме алып беріңдер» дейді. Оның белгісін сұрағанда ол жаңағы көрген қалың айтады. Ж-тың «өз малым, құлынынан мәлім» дегеніне қарамай, Шұбарды жала жапқан жігітке бұйырады. Жігіт шұбар атты жетекке алып, шылбырының бір ұшын белбеуіне байлап кете береді. Біраз жерге ұзамай-ақ ат үркіп, жігіті сүйреп, тепкілеп быт-шытын шығарып кетеді. Осы көрініс романның қолжазбасында және 1942 жылғы басылымында бар, одан кейінгі басылымдарына енбей қалған.

*Т. Әкім.*

**«ЖАНАР»**, жастар ұйымы. 1917–1918 ж. Семейде жұмыс істеген. Негізгі міндеті – қазақ жастарының басын біріктіру, оқу-ағарту, мәдениет, әдебиет саласындағы істерге белсене араласу, Алаш партиясының бағдарламасын жүзеге асыру, несиеқарыз серіктестігін құрып, мүдделі шараларға қаржылай жәрдемдесу. Оның төрағасы – Ө. Бөкейханов, басқарушысы – М. Дулатов, жауапты хатшысы болып Ө. сайланды. Жастар ұйымы «Абай» ғылыми-көпшілік журналын шығару үшін қаржы бөлді. Семей жастарының «Талап» және «Ж.», ұйымдарының атынан Ө. Омбы қаласында өткен Бүкілқазақ жастарының 1-құрылтайына (1918, 5–13 мамыр) өкілетті өкіл болып қатысып, сөз сөйледі. Бүкілқазақ жастары Орталық комитетінің мүшелігіне сайланды. «Ж.» ұйымы ұйымдастырушылар Ж. Аймауытов, Ө., А. Бейсенбаев (кейін Шикібаев деп өзгерді) еді. 1919 ж. кеңес өкіметі орнаған соң, «Ж.» ұйымы жабылып, оның орнына «Ес-аймақ» ойын-сауық труппасы құрылды.

*Т. Жұртбай.*

**ЖАНБОЛАТОВ** Мейрамбек (1938 ж. т.), журналист, композитор. Абай мен Ө-тің өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді жинауға, «Қаламқас» ән-би ансамблін құруға, Зеренің, Еңлік–Кебектің басына құлпытас және Гете–Лермонтов–Абай үшеуіне ортақ «Қараңғы түнде тау қалғып» атты өлеңі бойынша жасалған «Үндестік» атты монументальды ескерткіштерді салуға бастама көтеріп, жүзеге асырды. Ө-тің «Қарақөз» трагедиясындағы Сырым бейнесін халық театрының сахнасына шығарып, Бүкілодақтық халық театры байқауының 1-дәрежелі дипломымен марапатталды. «Шыңғыстау», «Сарыарқа», «Ән-домбыра», «Бесік жыры», «Женеше», «Ахау, Арқа» атты кең тараған әндердің авторы. Ө-тің туғанына 70, 80, 90, 100 жыл толуына орай, Абай ауданында өткен мерекелердің бағдарламасы мен сахналық көріністерінің сценарийін жазды.

**ЖАНБОЛАТОВ** Молдабек (1936 ж. т.), мәдениет қайраткері. ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1970). Оның тікелей жетекшілік етуімен 1964 ж. Абай атындағы халық театры құрылды. Ө-тің «Қарағөз», Б. Майлиннің «Жалбыр», А. Шамкеновтің «Адасқан қаз» пьесалары бойынша қойылған спектакльдер Мәскеудегі Бүкілодақтық халық театрлары байқауына қатысып, 1-дәрежелі

диплом алды. 1993 жылдан бері «Абай» журналының бөлім меңгерушісі. Ө. туралы жазылған «Ұлы жазушының дүбірлі тоы» деген мақаланың авторы («Абай», 1997, №4).

**ЖАНБОЛАТОВ** Мұратбек (1948 ж. т.), мүсінші. Қондырғылы-монументтік, сәнді-монументтік мүсін жарында жұмыс істейді. Республиканың әр түрлі мұражайларының көрмесіне қойылған М. Мәметованың, К. Байсейітованың, Ш. Құдайбердиевтің т.б. мүсіндерін жасаған. Қарауыл селосындағы Гете, Лермонтов, Абай үшеуіне арналған «Үндестік» монументінің, Ө-тің мәрмәр тастан қашалған мүсінінің (Бөрілідегі мұражай-үйінде), «Ұлылар өлкесі: Абай, Шөкәрім, Мұхтар» атты мүсіндік композицияның авторы.

**ЖАНҒАЛИЕВ** Төлеген (1950 ж. т.), ақын. Республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1991). Ө-тің туғанына 80, 90, 100 жыл толуына орай өткізілген мерей тойлардың бағдарламасын әзірледі. Мәдени-әдеби шаралар өткізуге тікелей басшылық жасады. Абайдың – Жидебайдағы, Құнанбайдың – Ақшоқыдағы, ұлы жазушының әкешесі – Омархан мен Нұржамалдың Бөрілідегі кешенді күмбездерін салуға жетекшілік етті. Ө-ке арнап «Қоңыр» дастаны мен «Мұхтар мұңы» балладасын жазды.

**ЖАНҒАЛИЕВА** Бақыт (1947 ж. т.), актриса. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1982). 1954 ж. Ақтөбе мәдени-ағарту училищесінде диплом жұмысы ретінде қойылған Ө-тің «Еңлік – Кебегіндегі» Еңліктің рөлін ойнаған. Сол училищенің жолдамасымен 1966 ж. Алматы консерваториясына түсіп, оның театр факультетінің актер бөлімін бітірді (1971). 1969 ж. М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрының труппасына қабылданды. Театр сахнасында көптеген қайталанбас бейнелер жасап, актерлік шеберлігін қалыптастырды. Ө. пьесалары бойынша қойылған спектакльдер Еңлік («Еңлік – Кебекте»), Айман («Айман – Шолланды»), Әйгерім («Абайда») сынды кейіпкерлердің бейнелерін жасады.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ЖАНҒАЛИН** Мұхтар Омарұлы (1910–1975), аудармашы, қоғам қайраткері. Тарих ғылымының кандидаты (1955). Көптеген аудармалары арқылы қазақ оқырмандарына кеңінен танылды. Ж. «Абай» (1940), «Ұлы ақынның бейнесі» (1948), «Алдыңнан Алатау боп көрінеді» (1977) т. б. мақалаларында ұлы жазушының шығармалары туралы өзінің жүрекжарды ой-пікірлерін айтқан. Ө-пен жақсы достық қарым-қатынаста болды. Ө. оны іні-досы ретінде өзіне жақын тартқан. Ж. 1955 ж. диссертация қорғағанда Ө. пікір жазып: «М. Жанғалин өз диссертациясын өте зәрулі мәселеге арнаған. Қазақстандағы партия тарихы, марксизм-ленинизм классикагері шығармалары мен осы салаға қатысты әдебиеттердің қазақ тіліне аударылуы және басылуы туралы терең ғылыми талдау, қорытындылар жасаған» деп, жылы лебіз білдірді (№208-папка, 25-бет).

*Т. Әкім.*

**ЖАНДАРБЕКОВ** Құрманбек (1905–1973), әнші, актер, режиссер, педагог, профессор (1970). Қазақтың ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақстанның халық артисі (1936), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1949). Ұлттық опера және балет театрын ұйымдастырды. Қазақ театрларында көптеген классикалық шығармаларды сахнаға шығарды. Алғаш рет Ө-тің «Қарағөзін» қойып, өзі Сырым рөлінде ойнады. Одан кейін ұлы драматургтің либреттосы бойынша жазылған





О. Қ. Жандосов.

А. Жұбанов пен Л. Хамидидін «Абай» операсын қойды (1958). Ж. жасаған сахналық бейнелер өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі қайшылықтарымен дараланып, есте қалды. «Гогольдің қанжардай өткір, алтындай асыл сөзін жеткізе білу керек» (1936), «Сүйсінерлік іс» (1938) т. б. мақалаларында Ә-тің 30-жылдардағы драмалық шығармаларының көрермен жұртшылықтың ықылас-ілттипатына бөленгеніне тілектестік сезімін білдірген. Ә. «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» деген мақаласында «Астық» пьесасында ойнап, Ж-тің ірі табысқа жеткенін атап өткен.

Б. Құндақбайұлы.

**ЖАНДАРБЕКОВА** Шолпан Исабекқызы (1923–2005), актриса, ұстаз, профессор. КСРО (1982), Қазақстанның халық артисі (1959), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980). Тұңғыш рет ойнағаны – Ә-тің «*Сын сағатта*» қойылымындағы 13 жасар Рәш қыздың рөлі (1941). Ж. ұлттық драматургия бойынша қойылған спектакльдерде басты рөлдерді орындап, сымбатына ақылы сай арулар галерясын жасады, театр өнеріне өлшеусіз еңбек сіңірді. Бұлардың ішінде ұлы жазушының «Еңлік – Кебегіндегі» Еңлік, «Қарақышпақ Қобыландысындағы» Құртқа, «Абайындағы» Тоғжан, «Айман – Шолпандағы» Шолпан, «Абай әні» кинофильміндегі Мағыш бейнелері бар. Жалпы Ж. Мұхаң шығармаларындағы онан астам рөлді сахнаға шығарған. 1968 жылдан бастап ұстаздық қызметпен шұғылданды.

Б. Құндақбайұлы.

**ЖАНДОСОВ** Ораз Қиқымұлы (1889–1937), қоғам және мемлекет қайраткері. Ә-пен жақын қарым-қатынаста болған. Ж. 1924–28 ж. Қазақстан өлкелік комитетінің үгіт-насихат бөлімін басқарған кезінде Қызылордаға келіп-кетіп жүрген Ә-ке 1916 жылғы Албан (Қарқара) көтерілісі туралы әңгімелер айтып, осы тақырыпқа шығарма жазуға кеңес берген. 1927 ж. тамыз айында Ә. Алматыға келіп, одан көтерілістің орталығы болған Қарқара жайлауын көріп қайтқан. Оған сол кездегі Жетісу облыстық атқару комитетінің төрағасы Ыдырыс Көшкінов жәрдемдескен. Ә. Қарқара өңірін аралап, өзінің әйгілі «Қилы заман» атты шығармасына негіз болған деректер мен естеліктерді молынан жинаған.

К. Нұрпейіс.

**ЖАНКЕЛДИН** Әліби Тоғжанұлы (1884–1953), мемлекет және қоғам қайраткері. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің Торғай ошағына ықпал жасаған. Қазақстанда кеңес өкіметін орнатып, нығайтуда үлкен белсенділік көрсеткен. Алаш қозғалысының басшылығына қарсы әуелде идеялық күрес жүргізіп, азамат соғысы жылдарында олармен ашық айқасқа түскен. 1934 ж. 21 қаңтарда «Қазақ әдебиеті» газетіне мақала жазып, «Айман – Шолпан» пьесасының шеберлігі жөнінде жақсы пікір білдірсе, «Яркая картина восстаний» атты мақаласында «Казакстанская правда», 1935, 16 қаңтар) «Түңгі сарын» драмасында тарихи шыбықтың айқы бейнеленгенін атап көрсетеді.

К. Нұрпейіс.

**ЖАНКІСІ** Өтемісұлы (1772–1849), ақын, жырау. Жыраудың ел арасына кең тараған «Қоқан ханына

айтқаны» деген толғауы. Ә. «Қазақтың ауыз әдебиеті» деген мақаласында 19 ғасырдың бас кезінде жасаған Ж. жырау жайында сөз қозғаған. Жыршының өлеңдерінде Қоқан бектерінің қаталдығы мен зорлығын ашулана, күйіне жырлағанын, бұл суырыпсалма ақынның жырлары халық бұқарасына түсінікті, жеңіл тілмен жырланып отырғанын айтады. Бұқар, Жанкісі, Тәтқара, Ақтанберді сияқты суырыпсалма ақындар, жыршылар қазақ әдебиетіндегі дара ақындық шығармашылықтың бастаушылары болып табылады. 18 ғасырдағы және 19 ғасырдың бас кезіндегі көптеген жыраулардың шығармаларында болған қайшылықтардың бәріне қарамастан, бұл жыраулар қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алады деген ойымыз айтақан.

А. Болжынбаева.

**ЖАНПЕЙСОВ** Ербол Несіпбайұлы (1930 ж. т.), тіл зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1991). «Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтің тіліндегі стильдік кейбір ортақ өрнектер» («Қазақ КСР Ғылым академиясының хабаршысы. Филология және өнертану ғылым сериясы», 1962, №11), «Абай мен М. Әуезов тіліндегі ортақ өрнектер» («Жұлдыз», 1964, №2) мақаласында, «М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі» атты зерттеуінде (1976) ұлы жазушының тіл байлығын қарастырды.

**ЖАНСҮГІРОВ** Алмас Дүзелханұлы (1959 ж. т.), архитектор-бездендіруші. Қазақстандағы отызға жуық музейді безендіруге қатысқан. Соның ішінде Қожа Ахмет Йасауи, Жаркенттегі Ұәлибай мешіттерінің, Астанадағы тарихи-этнографиялық музейдің, Қарақыстақтағы Ж. Жабаевтың, Алматыдағы Қ. Сәтбаевтың, Семейдегі және Жидебайдағы Абайдың, Алматыдағы, Семейдегі және Бөрілідегі Ә-тің мұражай-үйлерінің көрмесін жасады. Бірнеше халықаралық көрмеге қатысты.

**ЖАНСҮГІРОВ** Лияс (1894–1938), ақын, қазақ жаңа дәуір әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Ж. халық ауыз әдебиеті мен ұлы Абай шығармаларының бояу-нақыштарын молынан пайдалана отырып, оларды жаңғыртты, жанартты. Сөйтіп қазақтың поэтикалық тіл мәдениетін дамытып, елеулі үлес қосты. Ә-пен 1927 ж. танысып-біліскеннен кейін, шығармашылық, достық қарым-қатынасын үзбеген. Мысалы, З. Кедрина «Бәрі де менің есімде» атты естелігінде 1932 ж. Мұхтар мен Лияс үшеуі «Дала» поэмасын аударғандарын айта келіп: «Әуезов өз мойнында көп те көрнекті жұмыс тұрғанына қарамастан, талай тынымсыз уақытын, алуан қырлы еңбегін осы аудармаға жұмсады» деп жазған («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997, 125-бет). Ж. 1935 ж. «Түңгі сарын» алғаш рет сахнада қойылғаннан кейін «Казакстанская правда» газетінде жазған мақаласында (16.1.1935) бұл пьеса «әлеуметтік маңызы мен көркемдік қасиеті жағынан Әуезовтің ең үздік шығармасы болып кетер» деп бағалаған. Ә. өзінің «Тушкінді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы», «Евгений Онегиннің қазақшасы туралы» мақалаларын жазып, Ж. аудармаларын «жаңа әдіспен аударылған» деп, жоғары бағалады. «Мынадай істі тарихи зор міндет деп түсінудің өзі, оған Пушкинді дұрыс әдіспен аударудың негізгі дұрыс жолын таптырды. Ол әдіс нұсқаның өз стилін, өз түрін бұлжытпай түсіру әдісі болды» деп, Ж-тің шет жайылып кетпей, Пушкинді ұғынып-біліп аударғанына сүйсініс танытқан. Одан

әрі бірлі-жарым кемшілігін де назардан тыс қалдырмаған: бірі – ұйқастың кейде дөп келмейтіндігі, екіншісі – түпнұсқадағы дін-шіркеу сөздерінен қашқандығы. Алайда бұл аударманың көркемдігіне нұқсан келтірмейтін, болашақта осы ұстаған жолын тереңдетіп, толықтыра түсетініне ақ жол тілеген (12 томдық шығармалар жинағы, 1969, 11-кітап, 175, 180-беттер). Ө. бұдан әрі «Чаадаев», «Жәбірайылнама», «Сібірге хат», «Қара бұлт» өлеңдерінің қазақша нұсқасында Ж-тің дұрыс ұйқас түрін пайдаланғаны мақұлдап, формалистікке салынбауды ескерткен. Жалпы алғанда, Ө. Ж-тің талантын биік бағалап, Абайдан кейінгі зор ақын, асқан сөз шебері деп таныған, әдебиет туралы жазған еңбектерінде Ілиястың есімін әсте ұмыт қалдырған емес.

*Т. Әбдірахманова.*

**ЖАНТӨРИН** Нұрмұхан Сейітахметұлы (1928–1990), актер. Қазақстанның халық артисі (1966). Сахна мен экранды бірдей меңгеріп, ұзамай жетекші актерлердің деңгейіне көтерілді. Өнер мен халық дәстүрін шендестіре білу – оның актерлік ізденістеріне тән қасиет, ол терең ойдың, үлкен шеберліктің актері болып қалыптасты. Тамаша сомдаған сахналық һәм экрандық бейнелерімен бірге, оның ой-пікірлері де ешкімге ұқсамайтын, қызық пьеса мен болашақ қойылым, өзі ойнайтын рөлдері жайындағы сахналық тұжырым-түсініктері режиссура пайымдауларынан әлдеқайда терең, өзгеше, кейде қарама-қайшы келетін. Оның көп білетіні, түйсік мәдениетінің кендігі, әдебиет пен өнердің жаңа туындыларын жұрттан бұрын оқып-тануы кейбір режиссерлерге ұнамайтын. Соған қарамастан, сахнада жасаған отызға тарта бейненің дені тамаша актерлік жетістік дәрежесін байқатты. Ө-тің «Еңлік – Кебек», «Қарагөз» қойылымдарында Кебек пен Сырымның өзіндік сахналық бейнелерін сомдады. Осыдан кейін Абыздың («Еңлік – Кебекте») философиялық бизнесін жасау – сахнада сирек көзденсетін құбылыс. Шағындарын санамағанда, кинофильмдерде 70-ке жуық экрандық бейнелер жасады. Ол сомдаған көркем бейнелер ұлттық ерекшеліктерімен дараланып, оның есімін, талант құдіретін әлемге танытты.

*Б. Құндақбайұлы.*

**«ЖАҢА АУЫЛ»** («Новый аул»), Ө-тің оқулығы. 1929 ж. Қызылорда қаласында «Қазақстан» баспасынан жарық көрген. Орыс мектептерінің бастауыш сыныбында оқитын қазақ балаларына арналған. Оқулық 7 тараудан тұрады: 1. Жаз; 2. Мектеп; 3. Күз; 4. Денсаулық сақтау; 5. Қала мен ауыл; 6. Қыс; 7. Көктем. Өр тараудың өзінің жеке-жеке сөздіктері жасалып, олардың аудармасы берілген. Өлеңдер А. Пушкиннен, И. Никитиннен, Д. Бедныйдан алынса, прозалық мәтіндер балаларға арнап орыс тілінде жазылған «Наш язык», «Мак», «Красная зорька», «Школа и деревня», «Игра и труд», «Книга для рассказывания» сияқты кітаптардан алынған. Ө. мәтіндердің көпшілігін қазақ балаларының ұғымына сәйкестендіріп өндеген. Жаңа құрылыс тұсында Қазақстанда қалыптаса бастаған ағарту ісін дамытуда бұл еңбектің мәні мен маңызы зор болды. Ағарту ісінің тарихын зерттеушілерге зор пайдасын тигізді. Оқулық ертің рет жазушының 20 томдық шығармалар жинағында (16-кітап) жарияланды.

**«ЖАҢА ӘДЕБИЕТ»**, журнал. Пролетариат және шаруа жазушылары Қазақ бірлестігінің (ҚазАПП) көркем әдебиет пен сын органы. 1928 ж. ақпанда 1-нөмірі жарық көрді. 1932 жылдан «Әдебиет майданы» деп аталды. Әдебиет, мәдениет, саясат, шаруашылық мәселелері көтерілді. Ө-тің «Көксерек» әңгімесі жарияланды (1929, №2, 3).

**«ЖАҢА БЕЛЕСТЕР»** («Новые горизонты»), жазушының мақаласы. «Литературная газетада» 1958 ж. 9 қазанда шыққан. Ташкент қаласында өткен Азия, Африка елдері жазушыларының конференциясы кезінде жазылған. «Литературная газетаның» бір беті конференцияға қатысушылардың мақалаларына арналған. Жазушы «Мен бұл конференциядан не күтем?» деп сұрақ қойып алып: «Ең алдымен біздің Азия, Африка елдерінің мәдениетін білуіміздің көкжиегі кеніді» дейді. Оқырмандар, аудармалар арқылы бізге мүлде белгісіз болып келген ақын, жазушылармен, олардың ең жақсы көркем шығармаларымен таныса алатынын айтқан. Сонымен қатар қазақ жазушыларының таңдаулы шығармалары да Азия, Африка халықтарының тілдеріне аударылып, шет елдердегі сансыз көп оқырмандар аудиториясымен қауышады дейді. Ташкент конференциясының маңызы жөнінде «күллі әдебиет тарихындағы жазушылардың ең зор бас қосуы» болғанын айтады. Конференция материалдары, оған қатысушы жазушылардың шығармалары барлық ұлттар әдебиеттерінің дамуына игі ықпал жасайтынын көрсеткен.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ЖАҢА МЕКТЕП»**, журнал. Қазақ АССР Оқу комиссариатының органы ретінде 1925 жылдың тамыз айынан бастап ай сайын шығып тұрды. 1933 жылдан басқаша аталды. Ғылыми-педагогика мәселелері жазылды. Мұғалімдерге, тәрбиешілерге, ұстаздар мен ғалымдарға, ата-аналарға көмекші нұсқаулар жарияланды. Ө. журналдың жұмысына қызу араласып, шығармашылық байланыс жасап тұрған. Онда жазушының «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі (1927, №11–12; 1928, 1, 2, 3), *«Бөлім мақсаты»* мақаласы (1929, №12) жарық көрді.

**«ЖАҢА ЖЫЛҒА – ЖАҢА ТӨЛ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1940 ж. 1 қаңтар күнгі 1-санында жарияланған. Мақала: «Өрбip, өйнеп келе жатқан совет әдебиетінің жаңа жыл қарсаңында туған жаңа төлі қанша, соны еске аламыз. Бұл жөнінде, ең әуелі табанынан басып тік тұрған, біткен, піскен жаңалықты алдымен айту керек. Өткен жылдың соңғы жарымында мен екі түрлі шығармаға кірісіп ем. Біреуі – «Райхан» деген кино әңгіме. Екіншісі «Абай» атты пьеса болатын. «Райхан» сценариясы қазірде қабыл алынып, «Ленфильмнің» 1940 жылғы планына кіріп отыр» деген есеппен басталады. Бұдан кейін «Абай» трагедиясының жазылу тарихы, пьесада қамтылатын уақыт межесі, тақырыпты игерудегі ізденістері баяндалады. Сөзінің соңы: «Өткен жылы бітпей, алдыңғы жылға ауысып қалып отырған үлкен ісім де осы Абай тағдыры. Қазақстанның ұлы мерекесі жиырма жылдығына «Абай» романының бірінші кітабын бітіріп бару – ендігі ең зор мақсатым. Жаңа жылға мен ағайтын жаңа төлдер осылар» деп аяқтаған. Мақала содан кейін еш басылымда қайталанып басылған жоқ.

*Т. Жұртбай.*

**ЖАҢАРҚА ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ**, көркемөнерпаздардың драмалық ұжымы. 1955 ж. бұрынғы Жезқазған облысының Жаңарқа ауданындағы Атасу кентінде

құрылған. 1963 ж. халық театры атағы берілді. С. Ысқақов, Ж. Омаров, А. Сыздықов, Т. Тұңғышбаев, А. Үсеновтер көркемдік жетекшілері болды. 1970 ж. республикалық халық театрлары байқауының лауреаты атанды. С. Сейфуллин, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов т. б. қаламгерлер пьесаларын Ө-тің «Еңлік – Кебек» трагедиясын сахнаға шығарды. **ЖАҒЫРБАЕВ** Әбілқасым (1927 ж. т.), актер. Қазақстанның халық артисі (1970). Өнердегі көркемөнер үйірмесінен бастап, 1942 ж. Семей облыстық музыкалық драма театрына қабылданды; алғашында балет бөлімінде би билеп, кейін шағын рөлдер ойнады. Сахнаға ысылып алғаннан кейін, драмалық һәм музыкалық спектакльдерде сан қилы бейнелер жасады, труппаның нағыз бесаспап актеріне айналды. Солардың ішінде актердің шығармалық сапарында ерекше орын алатындары Ө-тің драматургиясындағы Сырым, Кебек, Арыстан, Сапа («Қарагөз», «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан», «Түнгі сарын») бейнелері. Режиссурамен шұғылданып, бірнеше спектакльдерді сахнаға шығарды. Кинофильмдерге түскен.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ЖАҢЫЛТПАШ**, ауыз әдебиетінің жанры. Баланың тілін жаттықтыру құралы. Тілдің артикуляциясын қиындататын сөздер тіркесін пайдаланады. Қызықты ойын сипаты да бар. Тіл қимылын қиындататын, үйреншікті емес дыбыстар тіркесін шығаруға мәжбүр ететін дыбыстардан құралады. Көбінесе ұян, қатаң дауыссыз дыбыстардан жасалады. Қара сөз немесе өлең түрінде болады. Ө. жаңылтпашты арнайы зерттегені. Ташкент қаласында шыққан «Жас қайрат» журналының 1924 ж. 3–4–сандарында жарияланған «Халық әдебиеті туралы» деген мақаласында «Халық әдебиеті деп бір халықтың мәдениет жүзінде жас болып, оқу, оқыту деген болмаған надан шағында сол халықтардың арасында ауыздан ауызға көшіп, бірден бірге қалып айтылып жүрген: өлең, жыр, ертең, мақал, жаңылтпаш... һәм басқа да осылар сияқты сөздердің бірсыпырасы халық әдебиетіне жатады» деп, жаңылтпашты халық ауыз әдебиетінің жанры ретінде қараған.

**ЖАПОН ӘДЕБИЕТИ.** Алғашқы әдеби үлгілер 8 ғасырда пайда болды. Эпикалық «Кодзика» дастаны мен «Маньёсю» өлеңдер жинағы жапон жазба әдебиетінің негізін қалады. Ф. Симэйдің «Көшпелі бұлт», Т. Роканың «Өмір сүрмегеннің өзі артық», К. Наозэнің «Отты бағана», И. Такубокудің «Бір уыс құм», А. Рюнесконың әңгімелері мен Я. Кававатаның «Қарлы өлке», «Мың қанатты тырнарлар», «Таулардың ыңырсуы» атты шығармалары жапон әдебиетін дүниежүзілік деңгейге көтереді. Ө. жапон мәдениеті мен әдебиетінің тарихын өте жақсы білді. Жас кезінде «Жапония» атты мақала жазып, бұл елдің даму жолын таңдау барысындағы ұлттық жетістіктерін жан-жақты талдады. Олардың ғылыми-техникалық ойының шарықтай өрлеуіне сүйіне отырып: «Жапония оқушыларына осы күнге шейін қиындығы кетпей жүрген бір нәрсе – Қытай мен Жапонияның әдебиеті ерте уақытта қосылып кеткендігі. Бұл қосылу себепті Жапонияның жазба сөздерінің бәрін қытай тілі кернеп, Жапонияның өз тілін жеңіп кеткендік. Міне, сондықтан Жапонияның кітап тілі мен сөйлейтін тілі жат, екі басқа. Оқушылар әуелі қытай тілімен таныс болып һәм басқа жұрттардың тілін тағы үйрену қажет» деп, жапон әдебиетінің негізін қалаушылардан кеткен ағаттыққа өзінше сын айтты (Шы-

ғармаларының 50 томдық толық жинағы, 1-том, 87-бет). Жазушы 1957 ж. Бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшесі ретінде Жапонияға барып қайтты. Ондағы конференцияда атом бомбасын сынауға қарсы сөз сөйледі. Жазушылармен, ғылымдармен, мәдениет қайраткерлерімен пікірлесті.

*Т. Жұртбай.*

**ЖАПОНИЯ САПАРЫ.** Жазушының арнайы іссапары. Ө. атом және сутегі бомбасын қолдануға қарсы 1957 жылдың тамызында Жапонияда өткен 3-халықаралық конгреске кеңес делегациясы құрамында қатысты. Келесі 1958 ж. Ташкентте Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясында: «Сен Никконы көрмеген болсан, онда «ғажап» деген сөзді қолданба» деген сөзді айтады. Ө. сол сапарында Никконы ғана көріп қоймай, айға жуық уақыт ішінде Токио, Хиросима, Осака, Нара, Киото, Нагоя, Уциноми сияқты бірсыпыра қалалары мен өлкелерін аралайды. Бұл конгреске дүние жүзінің көптеген елдерінен өкілдер келіп, өздерінің ой-пікірлерін білдірген. Солардың ішінде Ө-тің сөздері ерекше әсер етіп, кей жиындарда қайта-қайта сөйлеуге тура келеді. Елге оралғаннан кейін Уцуноми қаласының префектурасынан хат келеді, онымен бірге қаладағы кездесулерге арналған газет қиындыларын қоса жіберіпті. Бір мақалада жазылғандай, үлкен бір жиында Ө. сөйлегенде, жиналған жұрт орындарынан тұрып: «банзай, банзай, банзай!» («жаса!») деп, ұран тастағандай құрмет көрсетіп көпке дейін отырмай қояды. Прогресшіл жазушылар қауымдастығының президенті Аоно, конференция жұмысына қатысып жүрген Танабэ Конитиро, Исино Кэйитиро, Симото Масатциогу, император сыйлығының лауреаты Хино Асихей, Ө-ке «Махаббат пен түрме», «Қалыңдық пен жалғыз арғымақ» деген романдарын сыйлаған Эгуси Кан, аса ірі суреткерлер Исидзаки Тахудо, Ясунари Кавабаталармен (кейін Нобель сыйлығын алды) әңгімелесіп, сұхбаттасты. Атақты профессор Ояманың үйінде болғаны: «Аса жақсы, мәнді, көңілге сондай әсерлі сәт болды. Өркімнің орнында осындай тәрбиелі, сезімді, үлгілі достары, жақындары қалғаны қандай бір қымбат ескерткіштей қуанышты, мерейлі және өзі тағдыр дейтінің ұнамды, келісті бір сағасындай сезілді» (№533-папка, 2-дәптер, 86-бет) деп жазады.

*Т. Әкім.*

М. Әуезовтің сутегі және атом бомбаларына қарсы III халықаралық конференцияға қатысу кезі. Токио. 1957.



**ЖАРАПАЗАН**, тұрмыс-салт жыры. Діни ұғымға байланысты туған. Ж. қазақ арасына ислам дінімен келген. Ораза кезінде айтылады. Ө. Ж. жайында (авторда – ж а р а м а з а н) «Әдебиет тарихы» кітабында (1927) айтады. Жалпы діни-салт өлеңдері қазақ халқында аз дейді. Ж.-ның бір ұзақ үлгісін беріп: «Бұл жарамазан барлық мұсылман жұртына жайылған: салт бойынша, ораза күндерінде айтылады. Қазақ ішінде де кей жерлерде әдейі ел қыдырып жүріп, үй басына жарамазан айтып, оразаның садақасын алып жүретін жарамазаншылар болады», дейді. «Жарамазан өлеңі де сондайлық дін мағынасы мен дін үгіті болып шығып, бері келген соң қыдырма жарамазаншылар әнге салып айтатын болды» деген тұжырымымен Ж.-ның қазақ халқындағы төркініне шолу жасаған. Қазақ жарамазаншыларының көбін алсақ, дін үгітімен шықса да, солардың ішінде әлі күнге дін тұманы аз. Күшті сопылық, өрескел тақуалықты айтып, өзге жұрттың дін өлеңі сияқты үнемі сәжде, үнемі дұға, ұдайы күнекәр болуды айтып, көп таубамен жалбарына беретін сөздер жоқ. Бұл жағынан қарағанда, қазақтың көп жарамазаны баяғы ақы сұрап айтатын мақтау өлеңдерге жақын келеді... Мұнда да барлық ел өлеңінде көрінетін ашық ақыл, сау сезімнің ізі бар» деген ойларынан қазақы Ж. жайынан шындыққа сай, айқын ойды көреміз.

**ЖАР-ЖАР**, тұрмыс-салт жыры. Үйлену тойында орындалады. Ө. әдет-салт айтысына жатқызады. Ұзатылатын қызды шығарып саларда қыздар мен жігіттер, қыз беруші жақ қыз алушы жақ екіге бөлініп айтады. Ж.-ж-дың мақсаты бейтаныс елге бара жатқан қыздың көңілін аулау. Ө. «Әдебиет тарихы» еңбегінде алғаш рет Ж.-ж. жайында жүйелі ғылыми пікір айтты: «Бұлар жаттама болса да, сөгiстi емес, сондықтан Ж.-ж., бет ашар жаттама өлең болып айтылады» деп, негiзiнде қыздың өзi суырып салып айтатын танысу мен сыңсудан айырмашылығы бар екенiн көрсетедi. «Бұл өлең екі жақтың айтысынан құралады. Бір жағы күйеу, екінші жағы – қалыңдық. Бір жағы еркек тобы, екінші жағы әйел тобы. Адам баласының екі ру болған қауымының бұл жерде екі бөлінген жігі ашылады. Соның белгісі көрінеді. Жаңа өмірге кіретін жас әйел, жаңа өмірге кіретін жігіт, өздері шыққан екі топтың пікірін, сырын сөйлейді. Еркек тобы әйелге жалпы адам баласының қауымына әйелдің не міндет, не мақсатпен жаралғанын айтады. Әйел атаулы әйел басының өз тілегін айтады» деген Ө. ойлары Ж.-ж-дың толыққанды, әлі күнге дейін маңызын жоймаған теориялық тұжырым, жанр анықтамасы дәрежесіне жеткен. «Жар-жар» деген атауды төркін жас келіннің алғаш рет күйеуін «жар» деп атап, соны қайта-қайта қайталап, құлағына сіндіру, жаңа өмірге көндіру үшін айтылатындығында жатыр дейді. Мысалымен қосқанда, бес-ақ бет болатын тарауда Ө. Ж.-ж-дың жанрлық сипатын толық дерліктей ашып берген.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ЖАРГОН**, әдейі бұрмаланған тілдің әлеуметтік түрі. Шағын топтардың бөлектеніп, оқшаулануынан туындайды. Жастардың, музыканттардың, аңшылардың, бұзақылар мен ұры-қарылардың шартты тілдері бар. Мысалы, «сүйке» – сок, «мотор» такси, «комок» коммерциялық дүкен, «баксы» – доллар, ақша т. б. Ө. Абайдың алғашқы

өлеңдерінің бірі – «Иузи – рәушан» деп басталатын «Әлифби» өлеңдеріндегі тіл шұбарлығын: «Абайдың жаргонға орынсыз қызыққан кемшілігі: Мазмұны өзіндік, мистикасыз болса да, еліктеудің арзан үлгісіне кеткендігі көрінеді» деп сынға алған (20 томдық шығармалар жинағы, 12-кітап, 330–331-беттер). Ал «Абай жолы» эпопеясында ұрылардың сөздерінде Ж. қолданған.

*Н. Оспантегі.*

**ЖАРҚЫНБАЙ** Кеңесбайұлы (1812–1874), би. Ақтайлақ бидің немересі. Бес болыс Сыбан руын билеген. Мұсылмандық жолымен Түркістанға келгенде 25 жастағы Өуезбен танысып, өз ауылына алып келеді. Бір жыл бала оқытқаннан кейін, Өуез қожа еліне қайтпаққа рұқсат сұрағанда, оны жібермей, алып қалу үшін Ж. өз інісі Малдыбайдың қызы Дінасылды Өуезге қосады. Дінасылдан Мұхтардың әкесі Омархан туған. Омархан 6–7 жасқа келгенде, осы ауылға Абайдың әкесі Құнанбай келіп, Өуезді отбасымен көшіріп алып, Бөріліден жер бөліп береді. Ө. те әкесінің нағашы жұртына үнемі назар аударып, шығармаларында осы Сыбаннан шыққан белгілі билер мен ақындар жайлы кеңінен сөз етеді. Құнанбайдың «қарадан хан болғанына тоқтап: «Сыбан Кеңесбай деген ру басы Жарқынбай деген баласына өзі өлерде өсиет айтқан: «Төремен ел болма, екінші ел арасында сөз болса, Сабырбайға ақылдаспай іс қылма, басына ұлық орманнан іс келсе, қарадан хан туған Құнанбайға ақылдаспай істеме» депті деген мағлұматтар келтірген жазушы («Абайды білмек парыз ойлы жасқа», А., 1997, 105, 264-беттер).

*С. Қарабай.*

**ЖАРҚЫНБЕКОВ** Қаржаубек (1918–1991), тарихшы, ғалым. Тарих ғылымының кандидаты. 35 жылға таяу партия, кеңес орындарында басшылық қызмет атқарған. Ө-тің «*Оңтүстік сапарынан*» атты очеркіндегі және «*Өскен өркен*» романындағы обком хатшысы Алмасбек Жайтыбековтің прототипі. Жазушы 1959–1961 ж. Аңтүстік Қазақстан облысына шығармашылық іссапарға келген кездері обкомның идеология жөніндегі хатшысы Ж. жазушымен үнемі сұхбаттасып, жолсерік ретінде бірге жүрген. Осы жылдары бір-бірімен үзбей хабарласып, хат жазысып, «Өскен өркен» романына қажетті мәлімет-деректер жіберіп тұрған. Ө. 1961 ж. 17 ақпанда жазған хатында «жалпы облыс көлемінде құмдарда, Сыр бойларында, тегі мал қыстаған өлкелердің бәрінде балтырдан бері қанша базалар салынды екен, солардың жиынтық мәліметтері болса... Бұдан басқа шопандар балаларына арналған бала бақшалары, жалпы медпункттер сандары қанша болды екен, сол айтылса» деп жазған (Жазушы мұрағаты, 366-п.).

*К. Сыздықов.*

**ЖАРМАҒАМБЕТОВ** Қайнекей (1918–1974), ақын, әдебиет зерттеуші. Шығармаларында заман тынысын, адамгершілік пен достықты, адалдық пен махаббатты, туған жерді жырлады. Қазақ әдебиетінде баллада жанрының дамып, қалыптасуына мол үлес қосты. Ө-тің өмірі мен шығармашылығы туралы «Абай» романы туралы» (1948), «Ұлы сыйлық алған шығарма» (1949), «Үлкен жазушы» (1957), «Алып тұлға» (1961), орыс тілінде «Тамаша талант» (1957), «Ұлттық драматургияның бастауы» (1967) т. б. мақалаларын жазды. «Мұхтар Әуезов» атты монографиясында (1963) ұлы суреткердің шығармашылығын үш салаға жіктеп зерттей келе: «бірінші, қысқа әңгімелер мен пьесаларының оқиғалары бірімен-

бірі жатық байланысып жатады, алып тастаса, орны ойсырайтын оқиғалар тым аз кездеседі». Екінші, кейіпкерлердің «ішкі сырын, мінез-құлқын, ой-өрісін, дүниетану көзқарасын шиеленіскен оқиғаларға» қатыстырып суреттейді. «Үшінші, Мұхтар – қазақ тілінің байлығын жете меңгерген жазушы» деген қорытынды жасайды.

Н. Ақбай.

**ЖАРМҰХАМЕДУЛЫ** Мұхамедрақым (1928 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (2003). «Айтыстың даму жолдары» деген монографиясында (1976) айтыс жанры туралы Ә. айтқан пікірлерді тұжырымдап, мысалдармен дәлелдеген. «Жазушы және айтыс» (1977), «Айтыс өнері» (1979), «Сарбаз поэзия» (1981), «Айтыс» (1990), «Көненің көзі» (1996), «Шешендік өнер» (1998) т. б. мақала, зерттеулерінде ұлы ғалымның ауыз әдебиетіне қосқан зор үлесін бағамдай келіп, ол ұсынған бағыт-бағдарды басшылыққа алған.

**ЖАРОКОВ** Тайыр (1908–1965), ақын. Шығармаларында өмір құбылыстарын көтеріңкі леппен суреттеп, еңбек адамдарының жеңісін жырлады. «Қалам шеберіне» деген өлеңінде Ө-тің биік тұлғасын асқақтата жырлады («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек). Ұлы жазушы өзінің «Қайта туған халықтың әдебиеті», «Дәстүр мен жанашылдық жайында» атты мақалаларында Ж-ты «қазақ совет поэзиясының көп ізденім, өнерленіп келе жатқан» тобындағы көркем де құнды поэмаларымен көзге түсті десе, «Тіл және әдебиет мәселесі» деген еңбегінде: «Жарокөвтің тілінде тасқын, қарқын, әсем айшық, өршіл көріктілік көп болғанмен, тілдік тенеу, образдар жасауда алогизм жиі ұшырайды. Қолданған образының астарындағы ой, логикалық желі, айқын мағына көңілге нанымды, кенеулі боп келе бермейді» деп, шыны мен сынын қоса айтқан.

**ЖАРШЫ**, жар айтушы, хабарлаушы. Үлкен жиын тойларда, халық жиналған жерлерде, ел арасында арнайы жар айтатын белгілі сайланған ақындар болған. Олар ат үстінде жүріп болашақта болатын той-думандар, астар, әр түрлі жиындар жайында жар айтып, хабарлап отырған. Қашан, қай жерде болатынынан мәліметтер берген. Жаршылық қызметке тілге жүйрік ақындар сайланған. Ө. алғаш 1939 ж. Мәскеуде «Литературный критик» журналының 10–11-сандарында шыққан «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты монографиялық еңбегінде (Л. Соболевпен бірге) «Тіршілігі көшпелі өмірге, мал бағуға байланысты қазақта мал-мүліктері жайында да талай-талай қызғылықты өлең-жыр бар. Той-думанда, ас бергенде балуан күрес, ат жарыс басталғанын жариялайтын жаршының айтатын өлеңдері өз алдына бір алуан» деген.

**ЖАРЫҚБАЕВ** Құбығұл Бозайұлы (1929 ж. т.), психолог, педагогика ғылымының докторы (1982), профессор (1984). Негізгі ғылыми-зерттеу еңбектері психологиялық ой-пікірдің тарихы, жас ерекшелігі, педагогикалық психология мәселелеріне арналған 50-ге жуық жеке еңбектің, 500-ден астам ғылыми мақалалардың авторы. Ө-тің психологиялық, педагогикалық мұраларын зерттеп: «Өуезов жастар туралы» (1977), «М. Өуезовтің психологиялық пікірлері» (1987), «Мұхтар Өуезовтің психологиялық көзқарастары» (1996) т. б. мақалаларын жариялады және ұлы жазушының тәлім-тәрбие туралы айтқан пікірлерін «Ақылдың көзі» (1980), «Ақылдың кені» (1991) атты жинақтарына енгізді. Автор бұл еңбектерінде Ө-тің психология мәселелерін қарастыруда Абай дәстүрін әрі қарай жалғас-

тырып, халқымыздың ұлттық жан дүниесінің қайталанбас ерекшеліктерін (суырыпсалма ақындар психологиясы, ақын мен жазушы т. б.) нақты деректермен талдап көрсеткенін дәлелдейді.

Ө. Пірманов.

**ЖАРЫЛҒАПОВ** Ісләм (1918–1989), жазушы, аудармашы. Ж-тың қазақ тіліне енгізген «аялдама», «оқырман», «көрермен», «саяжай», «балмұздақ» сияқты сәтті баламаларына Ө. ерекше сүйінген. Ж. ұлы жазушының өтініші бойынша, оның ертеде жарияланып, өңделген өңгімелері мен пьесаларының басын қосып, «Қараш-Қараш» деген атпен құрастырып, 1960 ж. жеке кітап шығарды. Сондай-ақ «Мұқанмен кездескенде алған әсер» атты естелік жариялады («Коммунистік еңбек», 1977, 23 қыркүйек).

С. Жұртбай.

**«ЖАРЫС», «Я р ы ш», әуесқой футбол командасы.** 1913 ж. қыркүйек айында Семейде құрылған. Алғашқы кезде құрамында 12–14 адам болып, жылдың соңына қарай екі есе көбейген. Ө. Семейге сол жылы күзде келіп, осы жасөспірімдер командасына қабылданады. Оларды орыс бапкері Н. Н. Куприянов футбол шеберлігіне үйретеді. 1914 жылдың күзінде «Ж.» командасы гимназияшылардың ең күшті командасымен кездесіп, жеңіске жетеді. Бұл ойында бірінші допты ерекше ынтамен ойнаған Мұхтар соғып кіргізген. Кейін «Ж.» командасы ерікті спорт қоғамына айналды. Оның құрамындағы жастар жүгіру, коньки, шаңғы жарыстарына, халық аспаптар оркестріне қатысып, «Ж.» атты қабырға газетін шығарды. Бұл ол кезде қаладағы талапкер қазақ, өзбек, татар жастарының бас қосқан тұңғыш мәдениет ошақтарының бірі еді. «Ж.» командасында Ө-пен бірге С. Хисматуллин, Н. Миршанов, Қ. Мұхамедов, М. Сейдашев, Ө. Сыдықов т. б. балалар ойнаған. Қаламгер Семейде оқып жүрген кезінде допты қалай

«Жарыс» («Ярыш») футбол командасы. Солдан оңға қарай: 1-қатар: Сайфутдинов Ғабдраиф, Мирсалимов Мидхат, Молдабаев, Хисматуллин Салах; 2-қатар: Мұхамедшин Жалбар, Ситдықов Өміржан, Құрманов Мұхаммадулла, Миршанов Ғабделнасыр, Ахметшин Сабыржан, Сайфутдинов Ғабделбар; 3-қатар: Кәрімов Ғабделғазиз, Насибуллин Өмір, Бекметов, Кәрімов Ахмадсәлім, Мұхаммадов Қасымхан, Ғаббасов Ғабделхан, Өуезов Мұхтар, Рысбаев Зиятдин; 4-қатар: Бикмаев Кәрім, Ямбушев Ғұсан, Ниғматуллин Юнус, Сайдашев Мұхаммад, Фаизов Рифхат, Ғұсманов Ғабделбар. Семей. 1914.



ойнайтын туралы оқырмандарымен кездесу кезінде үнемі айтып жүрген.

*К. Керейбаев.*

**«ЖАС АЗАМАТ»**, газет. Қазақ жастарының 1918 ж. 5–13 мамырда Омбы қаласында өткен 1-жалпы съезінде құрылған «Жас азамат» ұйымының Орталық Комитетінің органы. 1918 ж. 20 шілдеден – 1919 ж. 2 ақпанға дейін Петропавл қаласында аптасына бір рет шығып тұрды. Уақытша редакторы – Қ. Кемеңгеров, бастырушысы «Алаш» серіктігі болды. Газет тәуелсіздікке қол жеткізу, ел болу ұранын көтерді. Қазақ жастарын халыққа қызмет етуге үндеді. 1918 ж. 25 қазандағы 8-санында «Ө-тің «Ескеру керек» деген проблемалық мақаласы жарияланды. Газеттің жарық көрген сандары түгелдей сақталмаған.

*Б. Байғалиев.*

**«ЖАС АЛАШ»**, газет. 1921 жылдың 22 наурызынан 1922 жылдың сәуір айына дейін Ташкент қаласында шыққан. Редакторы – Ф. Мұратбаев. Газет алашорда қозғалысын буржуазиялық-ұлтшылдық бағытта деп сынап, қазақ жастарын кеңес өкіметін нығайту жолындағы күреске шақырды. 1922 ж. оның орнына «Жас қайрат» газеті шыға бастады. 1926 ж. қараша айынан бастап ол «Лениншіл жас» журналынан ауыстырылды, ал 1922–23 қыркүйекте ол газетке айналдырылды. Ұлы Отан соғысына байланысты газеттің шығуы уақытша тоқтатылып, 1945 ж. қыркүйекте қайта шықты. 1992 ж. 22 наурыз айынан бастап газет алғашқы атымен шығып келеді. Газет бетінде «Ө-тің әр тақырыпта жазылған шығармалары жарияланды. Мысалы, 1924 ж. жарық көрген «Халық әдебиеті туралы» деген мақаласында жазушы әдебиетті халық әдебиеті және жазба әдебиеті деп жіктеп, халық әдебиеті мен жазба әдебиетіне тән ерекшеліктерді атап көрсеткен. 1937 ж. 26 желтоқсан айында «Көркем жырдың ұлы ақыны» деген мақаласы шықты, бұнда грузин халқының ұлы ақыны Шота Руставели жайында айтылған. Осы жылдан бастап ұлы жазушының «Алма бағында», «Үмітті ұрпаққа – игі тілек», «Академик, жазушы М. Әуезовтің жаңа жылдық анкетасы», «Жыл келгендей жаңалық сеземіз», «Қобыланды батыр», «Евгений Онегиннің қазақшасы туралы» т. б. шығармалары жарияланды. Ұлы жазушының 100 жылдығына орай, көптеген ақын, жазушылардың «Ө. ол туралы жазған мақалалары жарияланды.

*А. Болжынбаева.*

**«ЖАС ҚАЙРАТ»**, журнал. Кеңестік Түркістан республикасы комсомолдарының органы. 1922–24 ж. газет, 1924–25 ж. журнал ретінде Ташкентте шықты. Саясат, шаруашылық, мәдениет, ғылым мен техника салаларындағы жетістіктер жазылып, жастарды өнер-білімге шақырды. Жас ақын-жазушылардың шығармалары басылды. «Ө-тің «Халық әдебиеті туралы» мақаласы жарық көрді (1924, №3, 4). **«ЖАС МҰХТАР»**, естеліктер кітабы. Авторы – А. Әуезов. Жазушының 80 жылдық мерейтойына орай, 1977 ж. «Жалын» баспасы шығарған. Автордың бұрын жарық көрген «Бала Мұхтар» жинағы (1967), өмірінің соңғы кездерінде жазған «Жас Мұхтар», «Ел мен ер қамқоры» т. б. естелік әңгімелері толықтырылып, қайта басылған көрген. Әдеби өңдеген – Ж. Аяшев. «Мұхтар! Бұл есімді еске алсам, асқар Шыңғыс көз алдыма келеді

көлбедеп. Аялап, мәпелеп өсірген алтын ұя тауларым Мұхтардың кіршіксіз қылығын көз алдыма алып келіп, жайып салады. Тай-қулындай тебіскен Мұхтармен қайта ойнағандай боламын, қызығына елігемін» деп тебірене келіп, автор болашақ жазушының балалық, жастық, жігіттік шағынан сыр шертеді. Туған ортасы, ата-аналары, Абай өлеңдері, Абай ауылы «Ө-тің білімдар, салауатты, жетік, алғыр, зейінді болып өсуіне көп әсер еткен. Әсіресе атасы Әуезден алған үлгі-өнегесі, тәлім-тәрбиесі мол болған. Автор сондай-ақ жазушының «Көксереке», «Қыр әңгімелері» т. б. шығармаларын өз көзімен көріп, көңіліне тоқыған жайларды арқау еткенін айтады. Естеліктің соңында «Ө-тің Оңтүстік өлкесін аралаған сапары туралы әсерлі әңгімелер берілген. Кітаптың көлемі 4,2 баспа табақ, таралымы 24 мың дана.

**ЖАСТАР МЕН БАЛАЛАР ТЕАТРЫ**, Ф. М. Мүсірепов атындағы Қазақтар мемлекеттік академиялық жастар мен балалар театры, 1945 ж. 7 қарашада Е. Щварцтың «Қызыл телпек» пьесасымен әуелі орыс труппасы, ал 1948 ж. 4 шілдеде А. Толстойдың «Алтын кілт» пьесасымен қазақ труппасы театр шымылдығын ашты. «Ө. – қазақ театрының іргетасын қаласып, оның қалыптасуы мен дамуына мол еңбек сіңірген адам. Ол қазақ топырағында балалар мен жасөспірімдер театрының дүниеге келуіне тікелей атсалысты. Оның тәржімалауында сахнаға шыққан А. Толстойдың «Алтын кілт» пьесасы қазақ балаларының ұғуына лайық жатық та, көркем шықты. «Ө-тің төл шығармалары бұл театрдың репертуарына көп жылдар өткеннен кейін қабылданды. Режиссер Ш. Айманов «Абай жолы» романы бойынша Абайдың балалық шағы мен өскен ортасы туралы «Жас Абай» деп аталатын спектакльді 1969 ж. 8 маусымда сахнаға шығарды. 1983 ж. 8 қазанда режиссер Р. Сейтметов «Ө-тің «Алуа» пьесасын сахналады. Спектакльді қоюшы режиссер 4 перделі пьесаны 2 актіге ықшамдап, оның идеялық-көркемдігін тұтастай сақтауға күш салды. Пьесадағы хроникалық реттілікті сақтай отырып, көптеген әлеуметтік сатылардан өткен Алуаның тағдыры арқылы кеңес дәуіріндегі әйелдердің өсу эволюциясын таныта білді. «Ө-тің «Қарлы сұлу» әңгімесін театр ұжымы 1996 ж. 29 желтоқсанда жарыққа шығарды. Спектакль режиссері – Б. Атабаев, сахналық жүйесін жасаған Р. Мұқанова. Қойылымда адам баласының күрделі табиғаты мен әйел затының жұмбақ психологиясы ғана емес, жалпы жұртшылықты толғандыратын гуманистік ойлар айтылды.

*Б. Нұрпейісова.*

**«ЖАСТАР ҰЙЫМЫНА АШЫҚ ХАТ»**, жазушының публицистикалық шығармасы. «Абай» журналының 6-санында «Ө. қол қойған «Бірінші жалпы жастар съезі» (3–4-беттер), «Жастар ұйымдарына ашық хат» (4–5-беттер) деген екі материал жарияланған. Бұл екеуі де автордың тікелей қатысуымен 1918 ж. 5 мамырда Омбы қаласында өткен «Жалпы қазақ жастарының съезі» туралы есеп беру мақсатында жазылған. «Ө-тің аталған екі материалын бір-бірінен бөліп алып қарауға болмайды, біртұтас газет есебінің жүгін көтеріп тұр. Алғашқы хабарламада съездің қайда, қашан болғандығы, қандай мәселелер қарағандығы баяндалса; екіншісінде қаралған мәселелер бойынша қорытындыланған жобаның қысқаша мазмұны оқырманға жеткізіледі. Омбыда өткен жалпы жастар съезінің негізгі



**«ЖӘҢГІР ЖЫРЫ» ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ»,** жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1940 жылғы 18 сәуірдегі санында жарияланған. Жазушы жинақтарына енген. Қолжазбасы сақталмаған. 1940 ж. Элиста қаласында қалмақ халқының ұлы эпосы «Жәңгір» жырының 500 жылдығы аталып өтті. Сол мерекенің қарсаңында ақындарымыз К. Аманжолов, Ж. Саин, Қ. Бекхожин, А. Жұмағалиев, Қ. Сатыбалдин, А. Тоқмағамбетовтер жырды қазақ тіліне аударып шығарды. Алматыда қыркүйекте осы мерейтойға арналған жиналыста Ө. Баяндама жасады. Бұл мақаласында автор жырдың аудармасына баға беруден бұрын, «еуелі жалпы аударма атаулыдан нені талап етеміз» деген мәселеге тоқталды. Поэзия аудармасының «ең бірінші қасиеті – аударма екені білінбеу керек». Бірақ ол аударушы қазақ ақыны жазған жыр сияқты болып кетпесін. Шығарма өзіндік бітім кескінінен, иісі-лебінен айырылып қалмасын. Ұғымды болсын деп, қазақтың тон, тұмағын кигізсек, жол болмайды... Қысқасы, қазақшалансын, бірақ қазақыланбасын» деген өзінің теориялық тұжырымы тұрғысынан біздің ақындарымыздың «Жәңгір жырының» ескеден, лебі күшті өрнектерін «аса қонымды, келісті, көркем етіп» бере алғанын жоғары бағалайды. Жырды ортақтасып аударған әр ақының өзді-өзінің пішіні де сезіліп отыратынын, дегенмен жалпы үлгі сарындары бір арнадан қосылып, «Жәңгірдің» өз арқауын, өз сурлеуін жаңсақ екетпеген. Тұтасынан алғанда, «Жәңгірдің» аудармасы бірыңғай шықты, шыққанда орташа емес, едәуір жоғарғы дәрежеде шықты деп тұжырайды.

*К. Сыздықов.*

**ЖӘҢГІР** (1801–1845), хан. Бөкей ханның баласы. Бөкей ордасын билеген (1823–45). Жүргізген саясатының қаталдығы И. Тайманов пен М. Өтемісов бастаған шаруалар көтерілісін туғызды. Көтерілісті күшпен басқан, оған қатысқандарды ауысуы жазалады. Ө. өзінің «Әдебиет тарихы» монографиясында («Тарихи жырлар» тарауы) Ы. Шерекөвтің «Исатай-Махамбет» жырын талдау барысында хан елін билегенде патша үкіметіне сүйеніп, манайына әр жерден шыққан шығайларын жиып алып, қожа, молдаға билетеді. Елге көп шығын салады. Ел ішінен уәзір есебіне он екі би алады. Бірақ билері елдің өзі сүйіп сайлаған биі емес. Ханның жетегінде болып, үнемі соның шашбауын көтеретін, әділеті жок, жемқор билер болады. Қалың елдің ортасында ханның әділетсіз ауыр билігі үшін үлкен наразылық болады деп, көтерілістің шығу себептерін жиып көрсеткен (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 138–139 беттер).

*Ж. Қасымбаев.*

**ЖЕБІРӘЙІЛ** Турағұлұлы Құнанбаев (1903–1930), Абайдың немересі, жазушының досы. Оспан асырап алып, өз атына жаздырған. Ж. Ресейдің Томск қаласында орыс мектебінде, сондағы университетте оқыған. Сонда Абайдың өлендерін жиі-жиі сахнада орындап жүрген. Ж. домбырашы, скрипкашы, әнші болған. Абай ауылы жастарының басын қосып, скрипка, домбыра, мандолин, сырнай, қобыз аспаптарынан оркестр ұйымдастырған. Ө. қысқы-жазғы демалысқа келгенде алтыбақан, ақсүйек, соқыртекпе сияқты ұлттық ойындарды бірге ойнап, саятқа алып шыққан. Ол сауықшыл жастардың өтіншімен «Еңлік – Кебек» пьесасын жазып,

оны Ақылия Турағұлқызының ұзатылу тойында Әйгерімнің отауында сахнаға шығарды. Жапал болып Ж. ойнады. Ол Семей мен Түмен қалаларында орыс мектептерінде оқыды. 1927 ж. жер аударылды. 1930 ж. Ө. Ж-ді Ташкент қаласына шақырып алып, Орта Азия ауыл шаруашылығы техникумына оқуға кіргізді. Ж. ұлы жазушының қарындасына үйленген. Мұхам Ж-ді туған інісінде жақсы көрген, оған үнемі қамқорлық жасап отырған («Біздің Мұхтар», 1976, 359–360-беттер). Ж-дің Алыпарыслан есімді ұлы Ұлы Отан соғысында қаза тапты.

*Т. Жұртбай.*

**ЖЕЗҚАЗҒАН ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ.** Шымылдығы 1972 ж. 24 желтоқсанда Ө-тің «Айман – Шолпан» комедиясымен ашылды. Алғашқы кезде Торғай облыстық қазақ музыкалы драма театры болып құрылған еді. Ұжым мүшелері өздерінің шығармашылық даму жолында көптеген ірі-ірі шығармаларды сахнаға шығарды. Соның ішінде Ө-тің «Қараш-Қараш» повесі негізінде қойылған «Таңғы жаңғырық» спектаклі бар (сахналық жүйесін түсірген – Қ. Ыскаков). Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген республикалық фестивалда «Қарагөз» трагедиясын көрсетіп, режиссерлік жаңа ой-түсінігімен, сахналық соны шешімімен, бүгінгі ізденіс тұрғысынан ерекшеленді. 1981 ж. театрға С. Қожамқұловтың есімі берілді. 1988 жылдан бастап Жезқазған аймақтық қазақ музыкалы драма театры деп аталады.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ЖЕКЕ ҚОРЫ,** жазушының Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатындағы қоры. Ө-тің негізгі құжаттары өз мұражайында сақталғандықтан, Орталық мұрағатта 4 құжат қана бар. Олар: жазушының 1929 ж. Орта Азия мемлекеттік университетіндегі шығыстану факультетінің аспиранты кезінде есебін тыңдаған өндірістік кеңесі және сондағы терминология комиссиясының ұйымдастыру жиналысы хаттамасының көшірмесі (1813-қор, 1-тізбе, 1–10-беттер); «Хан Кене» атты тарихи драмасы қолжазбасының қазақ және орыс тілдеріндегі фотокошірмелері (1813-қор, 1-тізбе, 2, 3-істер); Ө. туралы баспасөз беттерінде жарық көрген мақала, естеліктер (4-іс).

*Р. Сариева, Ф. Исхан.*

**ЖЕМАЙТЕ** (лақап аты; шын фамилиясы – Бенъшявичюте Жимантене) Юлия (1845–1921), литван жазушысы, литван әдебиетінің классигі. Жазушылық қызметін 48 жасында бастап, «Келін» (1893), «Петрос Курямес» (1898), «Топимес» (1897), «Жақсы анасы болған жоқ» (1895), «Қонысмайда», «Қоныс-майдағы ереуіл» (1907), «Америкадан сыйлық» т. б. шығармаларында литван халқының өміріндегі азапты тұрмыс, әлеуметтік қайшылықтар суреттелген. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде Ж-нің әңгімелерінде алпауыттар мен дінбасыларының қатты өшкереленетініне, оның реализмінде сентименталдық сипаттар мен халықтық қасиеттер ерекше орын алатынына назар аударған. **«ЖЕҢЕМІЗ БІЗ, ЖЕҢЕМІЗ»,** жазушының мақаласы (Ф. Мүсірепов, Ф. Ормановпен бірге). 1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталған кезде шабытқа толы сезіммен жазылып, соңына үшеуі қол қойған. Алғаш рет 1941 ж. «Социалистік Қазақстан» газетінің 20 шілдедегі санында жарияланды, кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (1981, 8-кітап, 80–81-беттер). Авторлар мақалада қан-



құйлы фашизмнің адамзатқа қарсы жасаған іс-әрекетін әшкерелеуді мақсат еткен. «Даласын қанға бояп, қаласын қапасақ айналдырған фашизм адам баласынан аяушылық күте алмайды. Өйткені ол қай елдің болса да, елдік намысын аяққа басып, кейінгі ұрпаққа мәңгілік етіп қалдырып келген қымбатты мұраларын қиратумен келеді. Оның орнатпағы – озбырлық, қорлық, құлдық» деп, неміс басқыншыларының арам пиғылын әшкере етіп, бетпердесін сырып тастайды да, әрбір адал ниетті адамды елін, жерін, туған үйін қорғауға үндейді. Ұлы Пушкин сөзімен айтқанда, ұлы аңғар ағашының тамырын таратпай, тұқымымен қопарып тастауға шақырады. «Әділет біздің жақта. Жау аптығы тез басылады. Жеңеміз біз, жеңеміз» деп, зор сенім мен үлкен үміт білдіреді жазушылар.

*Н. Оспантегі.*

**«ЖЕРДІҢ ЖАРАТЫЛЫСЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ӘН-ГІМЕЛЕР»**, жазушының аудармасы. Авторы Ю. Вагнер. Бұл аударма 1924 ж. Ташкентте жеке кітап болып басылып шықты (Түркістан мемлекет баспасы, 1-басылымы 100 бет). Осыдан кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 14-томында (1983, 205–238-беттер) жарық көрді. Бұл еңбекте: таулардың өзгеруі, тау жынысының минералдан жасалуы, су мен ауаның бір тау жынысын жасайтыны, жер ішіндегі қызу мен ыстық сулы көлдер жайы, еріген тау жынысының тұқылауы және жанартаулар (вулкандар), бұлардың кейбір қалалар мен елді мекендерді басып қалуы, жер ішіндегі ыстықтың мөлшері, жердің салқын-дауы және планеталар, жер үстіндегі тауардың қайдан шығып, қандай жолдармен есетіндігі, құрғақ жерлер мен судың ауысуы, теңіз жасаған іркінділер және тас болып қалған жануарлар, өсімдіктер мен жер қабығының қозғалысы, жердің тау жасайтын қыртыстары, өсімдіктер жиынтығының жер ішінде тас көмірге айналатыны, ағаштың ауасыз жерде жануы және көл газдарының пайда болуы, торфтың (шымтезек) жасалуы, таскөмірдің графит, алмас тастарға айналуы, көмірден алмасты алыну жолдары, жер үстіндегі заттардың өзгеруі, бір түсті заттардың қышқылтыммен араласуы, минералдың ішіндегі металдар, рудалардың ішінен металдарды айырып алу және алтын туралы қарапайым әрі ұғынықты тілде әңгіме болады. Кітапты көрнекті жазушының аударғаны анық көрінеді. Шығарма жердің жаратылысы мен толып жатқан бітімдік өзгешеліктерін, қасиеттерін айта келіп, оны аялауға, қадіріне жетуге шақырады.

*Т. Әкім.*

**ЖЕР ӨЛЕҢ**, айтыс өлеңдерінің түрі. Айтысқа жаңа түсе бастаған жас ақындар, бір жағынан, жер, су, тау жайындағы білімдерімен жарысқа түсу мақсатында, екінші жағынан, осы тақырыптарға қатысты халық арасында қалыптасқан дайын шумақ-тармақтарды пайдаланып, айтыс барысын жеңілдету мақсатында қолданған. Ө. «*Айтыс өлеңдері*» деген еңбегінде: «...бұрынғы Жетісуда сондай қосымша мазмұндар, «тау өлең», «су өлең», «жер өлең» деген айтыс өлеңдерін туғызған. Мақтасу мен замандасу сияқты мұнда да дағдылы мазмұнның үйреншікті бастауы, өрбуі, аяқтауы бар. Көп аузында ортақ болып жүретін жаттанды шумақтар, немесе белгілі жолдар, ұйқастар және көптің құлағына сіңген көп көркем теңеулер, салыстыру, бейнелеу бар» деп, бұл өлеңнің негізгі көркемдік, мазмұндық ерекшеліктерін саралап берген.

**«ЖЕТКІНШЕК»**, оқу құралы. Авторы – Ө. 1930 ж. Қызылордада «Қазақстан» баспасы шығарған. Қазақстан білім кеңесінің бастауыш мектепке арналған бағдарламасына сәйкес жазылған. Өсем безендіріліп, латын әрпімен басылған. Көлемі 196 бет, таралымы 10 мың дана. Кітап ересек жастағылар мектебіне арналған, яғни әліппеден кейінгі екінші оқу жылында өту көзделген. Оқу құралы қазақ педагогикасының тарихын, терминдердің қалыптасу кезеңдерін де қамтыған. Сол кезде халық арасына кең тараған І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Б. Майлин сынды ақын-жазушылардың өлең-жырлары, прозалық туындылары мол пайдаланылған. Қазақстанның жер бедері, ауа райы, байлығы, шаруашылығы, халқымыздың тұрмыс-салты, тәлім-тәрбиесі т. б. туралы деректер көп. Кітап кезінде бір ұрпақты тәрбиелеуге қызмет етті. Оқу құралының бір данасы Қазақстан ұлттық кітапханасында сақталуы. Осының негізінде жазушының 20 томдық шығармалар жинағында жарияланды (16-кітап).

*Н. Ақбай.*

**ЖЕТПІСБАЕВ** Қадыр Рақымбайұлы (1941–1999), режиссер, драматург. Қазақстан Республикасының халық артисі (1998). 1964–96 ж. М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрында, Ұйғыр музыкалы драма театрында бас режиссер, Т. Жүргенов атындағы Алматы театр және кино институтында оқытушы, 1996–99 ж. Астана мемлекеттік қазақ театрында көркемдік жетекші болды. Республика театрларында қойылған жүздеген спектакльдерге режиссерлік етті. Дарынды жас актерлердің шеберлігін шыңдау жолында зор үлес қосты. Өтің туғанына 100 жыл толуына байланысты Алматыда өткізілген халықаралық театр фестивалі кезінде Астана орыс драма театрында ұлы драматургтің «Хан Кен» пьесасын сахнаға шығарып, 1-жұлде алды.

**«ЖЕТІЖЫЛДЫҚ ЭПОСЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАР»** («Размышления об эпосе семилетки»), жазушының мақаласы. Алғаш 1958 ж. 18 мамырда «Литературная газетада» шыққан. Кейін жазушының Мәскеуде шыққан орыс тіліндегі 5 томдық шығармалар жинағының 5-томында шықты (333–337-беттер). Жетіжылдық жоспар жайында Кеңес Одағының барлық газет, журналдарында ақын-жазушылардың, ғалымдардың, журналистердің мақалалары жаппай шығып жатқан кез. Ө. мақаласында негізгі екі тақырып бар. Бірі – партияның 21-съезі, жетіжылдық жоспар, советтік қоғамның жетістіктері жайында. Мұнда сол кездегі кеңестік баспасөздегі дәстүрлі мадақ бар. Екіншісі – көркем әдебиет жайындағы ойлары. Мұнда саясатқа қатысы жоқ таза көркемдік пайымдар, сыни ойлар басым. Мақаланың бірінші тақырыбына жататын бөлігінде де әдебиет жайында айтылған. Әдебиетке әңгіме, очерк сияқты оперативті жанрлармен қатар көлемді эпикалық плаңдағы шығармалар да керек дей келіп, әр түрлі халықтардың эпосының сүйікті кейіпкерлері Микула Селянинович, Фархад, Манас, Тариздерден де салмақты түсетін кәзіргі заман геройларын жасауымыз керек дейді. Мақаланың екінші бөлігінде таза көркемдік талдауларға ойысқан. Көп кітаптардағы кемшілік тек ақ, қара бояулардың ғана болатыны дейді. Көркем образ жайында: «Кейіпкерге келетін болсақ, оның басты өлшемі – ар тазалығы; жалғандыққа, өтірік-

ке, жасандылыққа жол болмау керек» деп, таза көркемдік талаптар қояды. Әдебиеттегі көз-бояуға қатты шүйлігіп, «қабілетті» коньюктиршиктерге, айралы, амалды «жазушыларға» қарсы шығады. Мақала батылдығымен, көркем әдебиеттің жай-күйін тап басып әділ бағалау ерекшелігімен бағалы. Жетіжылдық әдебиеті дегенді фон ретінде алып, көбіне көркемдік, эстетикалық ойлар айтылған.

Р. Әбдіғұлов.

«ЖЕТИМ», жазушының әңгімесі. Ол «Қайғылы жетім» деген атпен «Таң» журналының 1925 жылғы 1-санында жарық көрді. Соңына «Мұхтар» деп қол қойған. Бұдан кейін 1935 ж. «Ескілік келеңкесінде» атты жинаққа кірді. Мұнда тағдырдың тезіне ұшыраған Қасым атты тұлдыр жетімнің қайғылы халі суреттеледі. Қасымның әке-шешесі ерте дүниеден қайтып, ол кәрі әжесінің қолына қарап қалады. Әжесі де ұзақ өмір сүрмейді. Қасымды қамқорлығына алуға уәде берген жамағайыны Иса мен оның әйелі Хадисша жетімнің мал-мүлкін өздері пайдаланып кетеді әрі оны құл орнында ұстайды. Ұрып-соғып, мал соңына салып қояды. Мұндай қорлыққа шыдамаған Қасым Исаның үйінен қашып шығады да, қараңғы түнде тау ішіндегі жолда келе жатып, үрейден жүрегі жарылып өледі. Оны серуендеп жүрген көңілді жолаушылар тауып алады. «Сарыншылдық» (романтикалық) рухта жазылған бұл әңгіме арқылы жазушы адамның бойындағы сезім қайшылығын жетім баланы өлімге жетектеген аруақтардың елесі арқылы суреттей отырып, «көркем шығарманың басты тақырыбы – тағдыр» деген пікірді нысан етіп ұстанды. Жазушы атына айтылған әсіре солшыл сыншылардың сынаржақ пікірлерінен кейін әңгіме елеулі түрде түзетулер мен қысқартуларға ұшырады. Соның ішінде табиғат көріністеріндегі романтикалық суреттеулер мен сыршыл сарындарды өз ықтиярынан тыс өзгертті. Жалпы оқиғаның ұзындығына сақталғанмен, бұл өзгертулер әңгіменің ішкі ырғағына кәдімгідей кері әсерін тигізді. Сондай-ақ сөйлемдердің стильдік тұрғыдан ширай түскен жерлері де бар. Жазушының «Қараш-Қараш» (1960) кітабына, 12 томдық шығармалар жинағының 1-томына (1967), 20 томдық шығармалар жинағының 1-томына (1979), шығармаларының 50 томдық толық басылымының 2-томына (1998) кірді. Әңгімені М. Хамраев пен Ф. Моргун орыс тіліне аударды. Ол Ә-тің Мәскеуде шыққан 5 томдық шығармалар жинағының 1-томында жарияланды (1973).

Т. Жұртбай.

**ЖЕТИСАЙ МУЗЫКАЛЫ ДРАМА ТЕАТРЫ,** Қ. Жандарбеков атындағы Жетісай музыкалы драма театры, 1968 ж. Өзбекстанның Сырдария облысында жергілікті халық театрының негізінде құрылды. 1971 ж. аудан қайтадан Қазақстан құрамына енгеннен кейін, Шымкент облысының Жетісай қалалық театры деп аталды. Шымалдығы тұңғыш рет 1969 ж. Б. Майлиннің «Жалбырымен» ашылды. Сахнада Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» қойылымы ұзақ жүрді. Театрдың қалыптасып, дамуына Ә-тің шығармаларын қою ерекше ықпал етті. «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан», «Қарагөз» бірнеше мәрте қайталанып қойылды. 1997 ж. өткен Ә-тің 100 жылдық мерейтойына арналған фестивальда жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесі негізінде қойылған (сахналық



Зере мен Ұлжанның мазары. Жидебай мекені.

жүйесін түсірген Б. Римова) спектакль (режиссері Т.Қыстаубаев) 3-дәрежелі сыйлыққа ие болды.

Б. Құндақбайұлы.

**ЖИДЕБАЙ,** Абайдың қыстауы. Бұл араға Құнанбай 1850 ж. қоныстанған. Қарауыл өзенінің жайылмасына орналасқан. Шөбі шүйгін, бетегелі, қарағанды, шілі қорық. Жидебай қорығындағы Ескітам деген жерге Құнанбай 1850 ж. мешіт салдырған. Абай сол мешіт-медреседен сабақ алып, хат таныған. 1891 жылға дейін Құнанбайдың кенже ұлы Оспан мекендеген. Інісі қайтыс болғаннан кейін, Абай Оспанның әйелі Еркежанға үйленіп, Ж-ға көшіп келген. Ж-дың солтүстігінде Оспан көлі мен Кеңгірбай бидің мазары бар. Абай осы Ж-да 1904 жылға дейін тұрған. Қайтыс болған кезде Оспанның зиратына жерленген. Қазір онда Абайдың мұражай-үйі және қос мұнаралы ескерткіш кешені бой көтерген. Ә. өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясында Ж. қорығын барынша көркем тілмен бейнелеп жазған, ондағы Абай үйін мұражайға айналдыру туралы ұсыныс айтқан және бұны жүзеге асыруға үлкен еңбек сіңірген.

**ЖИЕНБАЕВ** Сағи (1934–1994), ақын, аудармашы. Шығармаларында адамгершілікті, туған жерді сүюді, жасампаз еңбекті, сүйіспеншілікті жырлады. Көптеген ән өлеңдерін, «Еңлік–Кебек», «Махамбет» атты опера либреттоларын жазды. «Арқа сүйер асқарлымыз» деген естелігінде Ә-тің жас қалам қайраткерлеріне жасаған қамқорлығын айта келіп: «Мұқаң маңдайынан сипағандардың мен біреуі ғанамын. Әрі ең кішісімін. Ал Мұқаң ауызға алып, сүйсініп айтқан ұлылар мен кішілер қанша?! Сонда олардың ұлтына, жұртына қараған Мұқаң жоқ. Бәрін де күллі адамдық биіктен, әлемдік өлшеммен бағалады. Мұқаңның ұлылығы да осында ғой» деп, кемеңгер суреткердің адамгершілік қасиетін дәріптеген («Мұхтар мұрасы», А., 1997, 339–341-беттер). Ә. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» деген мақаласында 60-жылдардағы дарынды жас ақындардың туындылары жөнінде жылы лебіз білдіріп: «Сағи Жиенбаевтың бірқатар өлеңдерін сүйсініп оқыдым. «Партия туралы жыр», «Анама», «Абзал ана» деген сияқты өлеңдері» деп жазды.

К. Сегізбаев.

**ЖИЕНҚҰЛОВА** Шара (Г у л ш а р а) Баймолдақызы (1912–1991), қазақтың тұңғыш кәсіпкі биіші. Қазақстанның халық артисі (1938), ҚазКСР Мем-

лекеттік сыйлығының лауреаты (1968). Сахнадағы алғашқы дербес рөлі - Б. Майлиннің «Майдан» пьесасындағы Пүліш (1931). Бұдан кейін Ә-тің «Қарағөзіндегі» - Қарағөз. «Еңлік - Кебегіндегі» - Еңлік бейнелерін қосымша құрамда сахнаға шығарады. Алайда Шараның бишілік өнері жұртшылықтың ерекше ықыласына бөленеді. 1934 ж. құрылған қазақ музыкалық драмалық театрының (қазіргі Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры) шымылдығы Ә-тің «Айман - Шолпан» пьесасы бойынша қойылған музыкалық спектакльмен (музыкасы И. В. Коцкіті, режиссері Ж. Шанин) ашылды. Ж. осы «Айман - Шолпан» және «Жалбыр», «Қыз Жібек», «Шұға», «Ер Тарғын» операларындағы ұлттық билерді орындады. Сөйтіп қазақ балетті өнерінің негізін қалады. 1938 ж. Ә-тің либреттосының негізінде қазақтың тұңғыш балеті «Қалқаман-Мамыр» (музыкасы - В. В. Великановтікі, қоюшы-балетмейстер - Л. Жуков) сахнаға қойылды. Мұндағы басты кейіпкер - Мамырдың рөлінде Ш. Жиенқұлова ойнады. Биші тұңғыш балеттің дарылығына кірскенде кездескен қиыншылықтарды, бұл жолда бастан-аяқ көмек көрсеткен Ә-тің қамқорлығын, ақыл-кеңесін айта келіп, ол балет өнеріндегі алғашқы талпыныстарымыз, алдағы шығармашылық белестерге, түрлі ізденістерге өрлейтін баспалдағымыз, алдағы шығармашылық белестерге, түрлі ізденістерге өрлейтін баспалдағымыз болды деп жазды (Ш. Жиенқұлова. «Өмірім менің - өнерім», 1983, 106-бет).

*Т. Жұртбай.*

**«ЖИРЕНШЕ»**, жазушының мақаласы. Ж. туралы аңыз әңгімелерге Ә. өзінің «*Ертегілер*» деген зерттеуінде тоқталған; мұндағы тапқыр, шешендік сөздердің әлеуметтік мәні үлкен екендігін атап өткен. Сонымен қатар «Жиренше айтыпты» дейтін ескілікті аңыз сөздерде ел қиялынан шыққан қоспа, үстемелер көп екенін, әңгімелердің халықтық сипатқа ие болғанын көрсетеді. Әлеуметтік әділетсіздіктерге тапқыр шешендігімен қарсы күрескен Жиреншені халық даналығы жарқын тұлға сипатында биікке көтерген Жиренше ақыл-айласымен, тілмәргымен өзіне құрылған қастандық қақпанынан құтылады, қиянат ойлаған ханның сынынан сүрінбей өтеді. Халық аңызы Жиреншенің әйелі Қарашашты да асқан дана етіп мінездейді. Ол Жиреншенің басына қиындық үйірілген кездерде кемел ақыл табады, адал жар, айнымас дос екенін дәлелдейді. Дүние-мүліктен, жиһаз-байлықтан, атак-лауазымнан әділдікті, адамгершілікті, парасаттылықты артық санаған Жиренше мен Қарашаш аңыз ертегілердің ел көңіліне жақын сүйікті қаһарманына айналған.

*Р. Бердібай.*

**ЖИРЕНШЕ** Шоңқаулы (1843–1905), «*Абай жолы*» эпопеясында алғаш рет Байсалдың баулуында жүрген балаң жігіт ретінде көрінеді. Деректерде оның шешендігі, күлегеш, қалжыңқойлығы туралы айтылады. Онда «Сақалы үлкен, денесі орташа, көксау, даусы өшіп, жөтелтіп жатып, сыбырлап сөйлей беретін» дейтін жолдар бар. Ол Асылбекке «Амансың ба, байғызым!» дегенде оның: «Амансың ба, бәбісек көкегім?! Өр қидың, әр түбірдің түбіне барып пыс-пыс деп, Олжайды түгел түртіп, өргізіп жүрсің бе?» деп айтқанынан Жиреншенің бүкіл болмыс-бітімі елестейді. Негізінен Абай замандастарының ішінен қандай жағдай, іс-шараларда болсын оның алатын орны ерекше. Көптеген мәселелер оған соқпай кетпейді, онсыз

түйін шешілмейді. Содан болу керек жұрт: келе жатқан пәлені ондай көргіш, саясатқа ондай шебер кісі жоқ деседі екен. Абай да өзі болғе соған кезінде талай салмақты, қиын істерге соны салып отырыпты, Әйгерімді алардағы бітістіру жұмыстарына да сол жұрды. Көктұмадағы тартысқа да соны салады. Сол тартысын кезімен көрген Долгополов Семейге қайтып оралғанда, «Абайдың шешені осылай сөйлейді екен деп» скрипканың смычоғын былғандатқаны сияқты басын былғандатыпты (№ 29-папка, 160-бет). Ә. осындай деректерді шығармасына асқан шеберлікпен пайдаланған. Өмірдегі Ж. мен романдағы Ж. арасынан алшақтық байқалмайды. Жиынтық бейнесін көркем әрі дәл берген.

*Т. Әкім.*

**ЖИРЕНШИН** Әбіш (Ә б у с а ғ и т) Мұсылманқұлұлы (1913–1975), әдебиет және кітап тарихын зерттеуші. Тарих ғылымының кандидаты (1946), доцент (1965). Абай өмірбаяны мен шығармашылығын зерттеу ісінде көп еңбек етіп, абайтану ғылымына елеулі үлес қосты, қазақ кітаптары тарихын зерттеумен айналысты. «Абай и его русские друзья» (1949), «Абай – қазақ халқының ұлы ойшысы» (1950), «Абай және орыстың ұлы демократтары» (1959), «Қазақ кітаптарының тарихынан» (1971) монографияларының, бірнеше библиографиялық кітапшалардың авторы. Ә. Ж-нің әкесі Мұсылманқұлдан Абай туралы естелік-әңгімелер жазып алып, еңбектерінде жариялаған. Ж-нің де Абай жайлы ізденістеріне көңіл бөліп, қамқорлық жасап отырған. 1951 ж. Ж-нің «Абай Құнанбаев» атты еңбегі жарыққа шыққанда, жазушы бұл зерттеуге пікір жазған. 1961 ж. Абай шығармаларының бір томдық толық жинағына толықтырулар енгізіп, түсініктермен қоса жариялады. Жинаққа алғы сөзді Ә. жазды. Ж. осындағы «Шыңғыс тауынан әлем биігіне шыққан Абай» деген мақаласында Ә-тің талантына шын ризалығын білдірген. «Мұхтар Әуезов» атты библиографиялық очерк-кітапша шығарды (1958). Ә-пен бірлесіп 1949 ж. «Қазақ әдебиетінің классигі – Абай Құнанбаев» атты мақала жарияланды.

*С. Қорабай.*

**«ЖИРЕНШИННІҢ «АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ» ДЕГЕН КІТАБЫ ТУРАЛЫ ПІКІР»**, жазушының мақаласы, яғни 1951 ж. Ә. Жиреншиннің «Абай Құнанбаев» деп аталатын зерттеуі жарық көргеннен кейін, Ә-тің жазған көлденең пікірі, рецензиясы. Жазушы онда ғылымдық, тарихтық деректердің бұрмаланып, қате пікірлер мен бұрыс деректердің көптеп орын алғанына, әсіресе еңбектің танымдық жағына қатты сын-ескертпелер айтқан. Кеткен ағаттықтарды 35 жерде жеке-жеке алып көрсеткен. Мысалы, Абайдың көзқарасы материалистік көзқарас еді деуіне, Абайдан кейін шыққан ақындарды немесе Сұлтанмахмұт пен Нарманбетті Абайдың ақын шәкірттеріне қосып орыныс деп табады, қайта оларды Абайдың ақындық дәстүрін дамытушылар тобына жатқызған жөн дейді. Ә. айтқан сын-ескертпелер түзетілмей, Жиреншиннің кітабы жарияланып кетсе де, жазушының арнайы жазған пікірі әлі өзінің тарихи мәнін жойған жоқ. Бұл рецензия «*Абайтанудан жарияланбаған материалдар*» жинағында тұңғыш рет жарияланды.

**ЖИРМУНСКИЙ** Виктор Максимович (1891–1971), орыс ғалымы, филолог. 1917 жылдан Саратов,

1919 ж. Петроград университеттерінің профессоры. КСРО (1939), Германия Ғылым академияларының (1956) корреспондент мүшесі. Берлин университетінің құрметті докторы, КСРО Ғылым академиясының академигі (1966). Ресейде герман тілін зерттеудің негізін қалаушы. Батыс және орыс әдебиетінің тарихын, теориясын, фольклорын зерттеді. Түркі халықтарының көне ескерткіштерін зерттеп, «Сырдария ойпатындағы оғыздардың мұрасы» (1951), «Китаби-и Қорқыт» және «Оғыздың жыр дәстүрі» (1958), «Оғыздың батырлық жыры», «Қорқыт атаның кітабы» (1962) т. б. еңбектер жазды. «Өзбектің халықтық батырлық эпосы» (Х. Зарифовпен бірге, 1947), «Манас» эпосын зерттеуге кіріспе» (1948), «Алпамыш туралы аңыз және батырлық ертегісі» (1960) сияқты еңбектері ауыз әдебиетін, эпосты зерттеуде елеулі орын алады. Ө-пен үнемі қарым-қатынас жасап, байланысын үзбеген. «Абай» романы туралы алғашқы жүрекжарды сөзін айтқан 1946 жылы мақаласынан бастап («Звезда», 1946, №9), қазақ қаламгерімен әрдайым кеңесіп тұрған. Ө-тің 1956 ж. 1 тамызда Ж-ге жазған хатында: «Өзбек фольклоры туралы Зарифов екеуіңіздің еңбектеріңіз өте құнды кітап болып табылады. Бұл кітап ығи да менің керегіме жарап жүр» деген сөздер бар. Жазушының кітапханасында Ж-дің қолтаңба жазып, сыйға берген 10-нан аса ғылыми еңбектері, мақалалары сақтаулы. «Шығыс пен батыс әдебиеттерінің байланысы – салыстырмалы зерттеу проблемасы» атты еңбегін 1946 ж. 28 тамызда сыйлапты. Жазушының артында қалған мұрасының ішінде Ж-дің 16 хаты бар. «Осы мақалалардан кейін мен сізден кеңес, көмек алу керек екен деп шештім» деген ризашылық сөздерін жазыпты. Осы хаттардың барлығында «Алпамыш», «Кероглы-Героглы», «Едіге», «Манас» т. б. жырлар сөз болады. Бұл хаттардан екі ғалымның бір-біріне деген қадір-құрметі, терең сыйластығы аңғарылады.

*Р. Досымбекова.*

**ЖОВТИС** Александр Лазаревич (1923–1999), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1977), профессор (1981). Абайдың, С. Торайғыровтың өлеңдерін, сондай-ақ Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы өлең жолдарын орыс тіліне аударған. 1953 ж. Ө-пен бірге университеттен «тексіз космополит» ретінде саяси қысымға алынған. Ө. алқа мүшесі, жетекші құрастырушы болған «Қазақ поэзиясының антологиясы» жинағына аудармашы ретінде қатысқан (Мәскеу, 1958). «Өлең керек» (1968), «Сенен артық жан тумас» (1980), «Жаңғырық» (1984) атты ғылыми еңбектер мен аударма өлеңдер жинағының авторы. «Өмірдің өзі әзіл ғой» атты кітабына ұлы жазушы туралы естелігі кірген.

*Н. Жуанышбеков.*

**ЖОҚТАУ**, тұрмыс-салт жыры. Ежелгі көшпелі тайпалар – сак, ғұндардан бері сақталып келіп бүгінгі қазақ пен қырғыз халқына дейін жеткен тарихи жоралардың бірі. Ө. «Әдебиет тарихы» монографиясының 1-бөлімінде («Сыршылдық салт өлеңдері») «Шер өлеңдері кейде көп елдің басына келетін қайғы, шерден туады, кейде үй-ішінің қайғысынан, жеке адамның қайғылы күйінен туатыны да болады» дейді. Сыршылдық салт өлеңдерін осы шер өлеңдерімен қатар дінге, қыз ұзатуға

қатысты өлеңдер деп үшке бөлген. «Ел салтындағы шер өлеңдер» деп жеке тақырыпша алып, бұған Ж., естірту, қоштау, көңіл айтуды жатқызған. Осы тақырыптағы ойларын Л. Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты мақалада қайталап дамытты. «Қазақтың басқа әндерінде й емес, «жоқтаудың» өзіне тән аянышты, қайғылы сазы болады. «Жоқтаудың» мейлінше әуезді, әсерлі әндері түгел дерлік қазіргі қазақ операларына енді» десе, «Жоқтаудың образдық-поэтикалық желісінде салыстырыла алынған бейнелер мен теңеулер көп ұшырады, өлген адамды мадақтағанда бояулы қалың эпитеттер мен метафоралар қолданылуы шарт» деп, Ж-дың жаңа қырларын сөз етті. Осы мақалада Ж-ды музыкалық аспектіден қарастырған. Амангелді Иманов жоқтаған әйелінің жоқтауды тарихи дастан дәрежесіне жеткізгенін, «қазақ эпосының батырлық жырларын шығарғанда ақындар сондай» жоқтаулардың қайсыбірлерін негізгі фабулалық желі ретінде пайдаланғаны күмәнсіз екенін айта келіп, жоқтау жыры мен эпикалық жырлардың ұштасу мүмкіндіктерін белгілеген. Ө-тің жоқтау жайында жазғандары қазіргі әдебиеттануға сара жол меңзеп кеткенін аңғартады.



«Жоқтау». Е. Сидоркиннің безендірмесі. 1971.

«Жоқтаудың» мейлінше әуезді, әсерлі әндері түгел дерлік қазіргі қазақ операларына енді» десе, «Жоқтаудың образдық-поэтикалық желісінде салыстырыла алынған бейнелер мен теңеулер көп ұшырады, өлген адамды мадақтағанда бояулы қалың эпитеттер мен метафоралар қолданылуы шарт» деп, Ж-дың жаңа қырларын сөз етті. Осы мақалада Ж-ды музыкалық аспектіден қарастырған. Амангелді Иманов жоқтаған әйелінің жоқтауды тарихи дастан дәрежесіне жеткізгенін, «қазақ эпосының батырлық жырларын шығарғанда ақындар сондай» жоқтаулардың қайсыбірлерін негізгі фабулалық желі ретінде пайдаланғаны күмәнсіз екенін айта келіп, жоқтау жыры мен эпикалық жырлардың ұштасу мүмкіндіктерін белгілеген. Ө-тің жоқтау жайында жазғандары қазіргі әдебиеттануға сара жол меңзеп кеткенін аңғартады.

**ЖОЛДАС СТАЛИННІҢ ТІЛ БІЛІМІ ТУРАЛЫ ЕҢБЕГІНЕ СӨЙКЕС ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ** («Вопросы казахского литературного языка в свете трудов И. В. Сталина по языкознанию»), жазушының мақаласы. «Дружба народов» журналында 1951 ж. 6-санында орысша нұсқасы, қазақ тілінде «ҚазКСР ҒА хабаршысының» 1951 ж. 3-санында жарық көрді. Мақала Ө-тің тіл мәселесіне арналған еңбектерінің негізгісі. Сталиннің «Тілтану ғылымындағы марксизм мәселелері» деген шығармасын бетке ұстай отырып жазған. Бұл тіл білімінде әйгілі Марр ілімінің күшейіп тұрған кезі болатын. Осыларға байланысты ғылымда, баспасөзде тіл мәселесіне арналған мақала, еңбектер көбейіп, айтыс, дискуссиялар жүрді. Қоғамдағы саяси жағдайға байланысты Сталиннің тіл туралы айтқандарын келтіріп, Ө. тіл жайындағы құнды еңбектерінің бірін жазды. Сталиннің социалистік қоғам кезіндегі тілдің дамуы жөніндегі айтқандарына баға бере келіп, қазіргідей социализм бір мемлекетте жеңіп тұрған дәуірде біздің тіл сияқты тілдің өсуі мен дамуы, сол жолдас Сталин айтқан өріспен, бағытпен бұл тілдің халықтың бар қасиетін пайдалана отырып және одақтағы зор мәдениет иесі орыс халқының, оның үстіне, басқа туысқан халықтардың да тіл қорларын пайдалана отырып, жаңа сапаға



М. Жолдыбаев.

өрлей беруіне жол ашық дейді. Мақаланың біраз бөлігін Сталиннің Пушкин тілі туралы айтқандарын талдауға арнаған. Орыс әдеби тілін Пушкин ғана жасады деген теорияға қарсы шыққан орыс тіл мамандарын құптап отыра, Ә. қазақ әдеби тілінің түп-төркінін Абайдан арғы халық ауыз әдебиетінен, басқа да дара ақындардан бастайды. Қазақ халқының түрлі географиялық аймақтарынан шық-

қан ақындар шығармашылығын қарастыра келіп, сырт әсерсіз, жеке, байланыссыз ақындардың жоқ екеніне тоқталады. Сөйтіп Абайдың қазақ халқының өзіне дейінгі әдеби тілін мейлінше мол пайдаланған, қазақ тілінің бар қасиетін жарқырата ашқан ұлы тұлға екенін айтады. Айтқан ойларының бәрі нақты мысалдармен дәлелденген.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ЖОЛДАСБЕКОВ** Мырзатай (1937 ж. т.), әдебиет зерттеуші, жамбылтанушы, қоғам және мемлекет қайраткері, дипломат. Филология ғылымының докторы (1993), профессор (1999). Негізгі ғылыми зерттеулері – ежелгі Орхон-Енисей түркі жазба ескерткіштерінің тарихы мен көне түркі әдебиетіне тікелей байланысты. Ә. пен Б. Кенжебаев қазақ әдебиетінің тарихын Орхон-Енисей жазбаларындағы «Күлтегін» мен «Тоныкөк» туралы әфсаналардан бастау қажет деген ғылыми пікірді ұстанған болатын. 1947–1953 жылдардың арасында бұл тұжырым қатты сынға алынып, «түрікшілдікті қоздырушы-ұлтшыл ғалым» ретінде саяси қысымға ұшырады. Қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жыраудан басталады деген жаңсақ пікір 60-жылдардың ортасына дейін үстемдік құрып келді. Ә. пен Б. Кенжебаевтың ғылыми тұжырымның дұрыстығын Ж. М. Мағауин іспетті шәкірттері түбегейлі дәлелдеді. «Күлтегін» (1986), «Асыл арналар» (1986, 1990), «Тастар сөйлейді» (2002), «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» (2005) атты зерттеу кітаптарында Ә-тің көне түркі жазба ескерткіштерін әдеби көркем мұра, эпостық дастандардың қайнар көзі, ежелгі сөз үлгісі ретінде қарау қажеттігі туралы ғылыми пікірін тұжырымдады. Сонымен қатар қырғыздың «Манас» жырының шығуы тарихына қатысты Ә-тің пікірін дамыта талдады. Ә. туралы «Балапан ұядан ұшады» («Қазақ әдебиеті», 1963, 20 желтоқсан), «Ұлы ұстаз» («Октябрь туы», 1977, 23 қыркүйек), «Ауыз әдебиетінің ойшыл ғалымы» («Асыл арналар», 1986, 1990) атты дербес мақалалар жазды.

*Т. Жұртбай*

**ЖОЛДАСБЕКОВ** Әмірбек Арыстанұлы (1931–1999), механик, қоғам қайраткері. Техника ғылымының докторы (1972), профессор (1973), ҚазКСР Ғылым академиясының академигі (1979), ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1974), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1982). 400-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Машинатану жөнінде қазақ терминологиясын жасап, механизмдер мен машиналар теориясын және теориялық механика бойынша 20 оқулық пен оқу құралдарын, 10 монография жазды; 120-дан аса республикалық және шетелдік куәліктер мен патенттердің авторы. «Мұхтар Әуезовке құрмет» атты мақаласында ҚазМУ-да жыл сайын 24 желтоқсанда

өткізілетін «Әуезов сабақтарының» мәні мен маңызы, тәрбиелік бағыт-бағдары, ұлы суреткерге құрмет жөнінде ой бөліскен.

*Н. Оспангері.*

**ЖОЛДЫБАЕВ** Молдағали (1887–1937), педагог-әдіскер, оқу-ағарту қайраткері. Білім беру, оқу-әдістеме мәселелері жөнінде көптеген мақалалар, оқулықтар жазды. «Коммунистік партияның манифесін» қазақ тіліне аударды. «Ревизор» дұрыс ойналды» атты мақаласында Ә. аударған Н. Гоголь пьесасының қазақ сахнасындағы табысы жөнінде ой бөліскен. 1933 ж. Ә-пен бірге «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабын» (7-сыныпқа арналған) жазды. Оқулық кезінде бірнеше рет қайта басылды.

**ЖОЛЖАЗБА**, әдеби жанр. Сапарнама немесе жолжазбалар сияқты дүниелерге Ә. жиі оралып отырған. Бұлар екі түрлі жағдайдан туындайды. Алдыңғысы – жазушының шығармашылығына байланысты, екіншісі – әр түрлі елдер, жерлер, мемлекеттерді аралауынан туындайды. Ә-те осының екеуі де бар. Бұндай жазбаларының бізге жетпей жоғалғандарын да айтуға болады. Мысалға, 30-жылдардағы кезеңнен тек 1928 ж. жазылған жалғыз блокнот жеткен, ол қырғыздың батырлық эпосы «Манас» жырына дерек жинау үшін қырғыз еліне барғанда жазылған. Сонда Бішкек, Ыстықкөл, Қарақол маңайында болып, манасшылардың айтқандарын жазып алыпты. Содан кейінгі Ж-сы Оңтүстік Қазақстанның Жуалы, Түлкібас аудандарын аралағанда жазылған. 1935, 1943 ж. жолсапарлары әйгілі «Абай жолына» деректер жинауға арналды. Осының біріншісінде тек ақынды білетін ел адамдарының айтқан естеліктерін жазып алумен шектелді де, екіншісінде деректермен бірге ел, жер көріністері, өзінің ой-толғаныс, ішкі жан дүниелері де қоса қағазға түседі. Соның бір мысалына мыналарды айта да болады: «Мырзашоқы қызық тау. Мұның айналасы толған көк сала. Төскей-төскейі салқын шалқар қоныстар. Төменгі етектері сарғыш, ұсақ төбешік боп келген Мырзашоқы кеуделеген кезінде тұтасып, бір-ақ мықты биік болады. Кеуде және бас жағында тасты, тікіген құздары бар. Шығыс жақ беті әсіресе жалтыр, қожыр тастарға бай – ит жүгіртсе жазым болғандай. Осы Мырзашоқыдан Машан батыс жақта құнан шаптырымда, онда ұзақ бұрылған қатпарлы қалың жота тұр. Кешкі көлеңкесі өмір кешіндей салқындап қарауыта түсіпті» (№ 29-папка, 80-бет). Бұлар жер суреті, көрінісі болса, осының келесі беттерінде өз көңіл күйі, ішкі толғанысынан хабар беретін жолдар кездеседі. Ендігі жолжазбаларының мол саласын шетелдік сапарларынан іздеуге болады. Бұған 1955, 1961 ж. Үндістан, 1956 ж. – Чехословакия, 1957 ж. – Жапония, 1958 ж. – Германия, 1960 ж. Америка сапарлары жатады. Осылардың барлығынан да сол елдердің өз бітім өзгешеліктері көрінумен бірге, жазушының таным, көзқарас, ойлағыс-толғаныстары да көрінеді. Үндістан, Жапония, Америка сапарлары түсті болса да, бірнеше мемлекеттерді көруіне мүмкіндік жасады. Жолжазбаларының тағы бір мол саласы шығармашылық мақсатпен ел аралаған кездерінде жазылды. 30-жылдардың 2-жартысында Шығыс Қазақстан, 40-жылдардың аяғына таман Алматы төңірегін, 1955 ж. Жамбыл,

1959–1961 ж. Шымкент облыстарын аралауына байланысты жазбалары жөнінде көп ойлар өрбітуге болады. Бұлардан бөлек: «3 февраль. Таңертең ерте сағат 6-да В. Н., Ернар, Толя бәріміз Ч-Атаға жүрдік. 8 февраль. Алматыға кайттық. Жолда Фрунзе, Ч-Атада таңертең тамаша сурет көрдік; тау сирек, алқызыл, көл көк мөддір, далада бір түйір қар, мұз жоқ. Тамаша шақ болды» (434-папка) дегендей түрлері де кездеседі. Бұлардың қайсысы болсын, жазушының өзіне ғана төн ерекшеліктерін танытады, тәптіштеп жазу жоқ, көбіне бірер сөз-сөйлемнен түйіндеп тастайды. Онысын керек кезінде өзі ұлғайтып, дамытып, өріс алдырамын солар жөнінде жазылған дүниелері көрсетеді. Жалпы жолжазбаларының өзі – бір сырлы әлем, қызығы мол дүние.

*Т. Әкім.*

**ЖОЛЖАҚСЫНОВ** Досхан Қалиұлы (1951 ж. т.), актер, әнші. Қазақстан Республикасының халық артисі (1996), ҚР Мемлекеттік (1996) және ҚазКСР Ленин комсомолы (1982) сыйлықтарының лауреаты. Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген артисі (1996). Ө-тің шығармалары Жастар мен балалар театрының сахнасында 1969 ж. «Жас Абайды» («Абай») романының инсценировкасымен, режиссері Ш. Айманов сахналаудан басталды. Одан кейін араға біраз жылдар салып, жазушының бұрын ешқандай театрда жарық көрмеген «Алуа» пьесасын 1983 ж. режиссер *Р. Сейітметов* сахнаға шығарды. Осы қойылымдағы Бейсен рөлін *Ж. нанымды* етіп бедерледі.

*Б. Нұрпейісова.*

**«ЖОЛЫ КЕҢ ЖАЗУШЫ»**, жазушының мақаласы. 1946 ж. «Социалистік Қазақстан» газетінің 27 қаңтардағы санында жарияланған. Сол жылы «Лениншіл жас» газетінің 1 ақпандағы санында «Жалынды жазушы» деген атпен жарияланды. Кейін «Ж. к. ж.» деген атпен Ө-тің 12 томдық (11-том, 257–261-беттер), 20 томдық (18-том, 283–287-беттер) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Көрнекті жазушы С. Мұқановтың шығармашылық жолына ширек ғасыр толуына байланысты жазылған бұл мақаласында Ө. өз кейіпкерінің ақын, романшы, драматург және әдебиет тарихын зерттеуші ретінде қызметіне баға беріп, қысқаша талдау жасайды. Жазушының көрнекті шығармаларының мектеп оқулықтарына кіріп,

«Социалистік Қазақстан» газетінің 27 қаңтардағы санында жарияланған. Сол жылы «Лениншіл жас» газетінің 1 ақпандағы санында «Жалынды жазушы» деген атпен жарияланды. Кейін «Ж. к. ж.» деген атпен Ө-тің 12 томдық (11-том, 257–261-беттер), 20 томдық (18-том, 283–287-беттер) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Көрнекті жазушы С. Мұқановтың шығармашылық жолына ширек ғасыр толуына байланысты жазылған бұл мақаласында Ө. өз кейіпкерінің ақын, романшы, драматург және әдебиет тарихын зерттеуші ретінде қызметіне баға беріп, қысқаша талдау жасайды. Жазушының көрнекті шығармаларының мектеп оқулықтарына кіріп,



«Айман–Шолпан» спектаклі  
Ө. Жолымбетов Арыстан  
рөлінде.

«Ақ аю» дастанының «терең ойлы, көркем шебер жырлы және философиялық ақындық түйіні ірі келген шығарма» екенін сөз қылады. «Көркем сапасы бойынша, аса ірі шыққан дастаны» – «Сұлушаш» дастанына жоғары баға береді. Сәбиттің қазақ поэзиясын тақырып жағынан ғана емес, «Қазақ өлеңін түрге байытып, жаңғырту, жасарту үшін тыңнан үлгі, нақыс іздеу» жағынан да дамытуға үлес қосқанын әңгіме етеді. Сәбиттің проза жанрындағы жемісті еңбегіне тоқталып, бұл ретте «Теміртас», «Жұмбақ жалау» романдары «Сапа мен көркемдік жағынан, қазақ көркем кара сөзінің елеулі үлкен дәуірін танытады» деген. «Қазақ романының тарихында талантты, өнімді жазушы Сәбиттің орны – бірінші орын» деп, драматург ретіндегі қадамдарын күнәп, әдебиет тарихын зерттеген кітаптары және Абайдың өмірі мен еңбегі – монографиясы – әдебиеттану ғылымының көп мерейіне жарайтын еңбектер екенін айрықша атайды.

*Н. Жанақова.*

**ЖОЛЫМБЕТОВ** Өтейбек (1912–1994), актер. Қазақстанның халық артисі (1971). Алғашқы ойнаған рөлі – Ө-тің аудармасымен қойылған Н. Гогольдің «Ревизор» комедиясындағы ояз емшісі Христиан Иванович. Бұдан кейін әр алуан, көбіне өткір мінезді рөлдерде ойнаумен көрермендердің ілтипагына бөленді. Актердің сахналық өнер жолындағы елеулі еңбегі – Ө. аудармасымен қойылған У. Шекспирдің «Асауға тұсау» комедиясындағы Мадам-қатын мен Гонтезио. Ж-тің актерлік өнер өмірбаянында үлкен жетістік болып саналатын рөлдері қатарында Фогельді (Ө. пен Ө. Әбішевтің «Намыс гвардиясы»), Оразбайды (Ө. пен Л. Соколовтің «Абайы»), Алшағыр, Қазан мен Арыстанды (Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыландысы» мен «Айман – Шолпан») ерекше атауға тұрарлық. Ж. көркем сөз оқып (Ө-тің «Абай жолы» романынан үзінділер), киноға түсті (Ө. сценарийі бойынша жарық көрген «Абай әні» фильмінде Ораздың рөлін орындаған). 1936 ж. және 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты.

*К. Нұрпейісова.*

**«ЖОЛЫ БОЛСЫН»** («Путь добрый»), жазушының мақаласы. «Литературная газетада» 1958 ж. 23 қазанда жарияланған. «Новый мир» журналында жарияланған қырғыз жазушысы Ш. Айтматовтың «Жәмилә» повесіне құттықтау түріндегі мақала. Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 20-томына енгізілген (1985, 300–302-беттер). Ө. пен Ш. Айтматовтың арасындағы шығармашылық байланыс, ұстаздық-шәкірттік қарым-қатынас, достық, ағалық-інілік жақындық әдебиеттер байланысы тарихындағы ең бір жарқын үлгі қатарына жатады. Ө. жаңа талпынып келе жатқан жас жазушыны демеп, әдебиеттің үлкен жолына түсіп кетуіне себепші болды. Шағын мақалада Айтматов повесінің негізгі көркемдік қырлары мен дөп басып айтқан. Одақтық баспасөзде «Жәмилә» повесіне айтылған сындар да болды. Күйеуі майданда жүрген Жәмиләнің соғыстан жараланып келген Даниярға деген махаббатын солақай сынап, баспа бетін көруіне кедергілер жасалған. Осы арада повестің көркемдік құнын дәл бағалап, салиқалы әрі естияр пікірді Ө. алғашқы болып айтқан. Мақалада повестің негізгі табыстары ретінде «Айтматовтың қырғыз прозаиктері ішінде кейіпкерді суреттеуде адамның ішкі жан дүниесіне үнілуімен ерекшеленетіні», «кейіпкерлеріне жасанды іс-әрекеттер таңбайтыны», «повестің психологиялық те-

реңдігі, табиғилығы, әдемі қарапайымдылығы» аталды. Айтматов кәсіби прозаның қаруларымен ұлттық прозаның, ұлттық мінездің үлгісін жасады деген. Айтматовтың шағын повесіне жоғары баға бере келе, әлі де әңгіме-новелла, повесть жанрында жемісті еңбек ететініне сенім артқан. Шағын прозаның да дамуы керектігін баса көрсетіп, Айтматовқа сәтті сапар тілеумен аяқтаған мақаласын.

*Р. Ықыласов.*

**ЖОМАРТБАЕВ** Тайыр (1881–1938), жазушы, драматург, аудармашы, педагог. 1915 ж. 13 ақпанда Семейдің приказчиктер клубында ерлі-зайыпты Құлжановтар ұйымдастырған қазақ поэзиясына арналған кеште Ж. Абайдың «Қыс» деген өлеңін оқыған. Бұл кешке Ө. те қатысқан. Мұханның таныс-біліс болып, қарым-қатынас жасап, пікірлесіп, араласып тұрған.

*М. Әбдеш.*

**«ЖУАЛЫ КОЛХОЗШЫСЫ»**, жазушының очеркі. Әуезов 1933 жылдың жазында Жуалы ауданына (ол кезде Жуалы, Сайрам және Түлкібас аудандары бір болған) арнайы шығармашылық сапармен барғанда жазған. Жазушы мұнда жаз-күз айларында екі рет барып қайтқан. Очеркте Түлкібас ауданына қарасты «Шұқыр бұлақ» колхозшыларының өмірі, тұрмыс жағдайы, қыспақтан енді құтылып, еңбек дабылына қосыла бастаған адамдардың көңіл күйі суреттелген. Сол жылы «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған редакциялық «Қызыл кітап» деген мақалада: «Мына жолдастар 24 октябрьде колхоздарға жүріп кетті... Әуезұлы Жуалы ауданы «Красный Восток» колхозына барады» деп көрсетілген. Очеркте суреттелген кісілердің бәрі де өмірде бар, тағдыры әрқилы адамдар, олар сол тұстағы қайнаған өмірден алынған замана шындығы еді. Жазушының музейінде сақталған «Жолдан» деген қойын дәптерінде (№ 476-папка, 1–44-беттер) орысша, қазақша жазылған мол деректер көзін ұшыратамыз. Мысалы, очерк кейіпкері Сапар туралы жазушының қойын дәптерінде Сапарбек Төлеуімбетұлының «Красная звезда» колхозы 104 үй едік, соның 24 үйі қазақ, әр аудан... Әкем Ақтөбеге алып кетіп еді, шешем қайта әкелді. Көкірекпен екі ортада жаяу жүрдім... Пошта істеуші еді ғой, онда Машат еді, енді Көкірек (Ванновка) аралас... Өзім оқымадым» дегеніне қарағанда, ол кейін жазбаларын жүйеге түсіріп, очеркке қажетті жерлерін пайдаланған сияқты. «Ж. к-ның» түпнұсқасы сақталмағандықтан, жазушының 20 томдық шығармалар жинағына очерктің 1933 ж. «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған нұсқасы енгізілген.

*М. Мырзахметұлы.*

**«ЖУАНДЫҚ»**, жазушының әңгімесі. Алғаш рет «Қазақ тілі» газетінде жарияланды (1926, 10 қазан), оған «Айғақ» деген бүркеншік атты пайдаланды. Осыдан кейін 1935 ж. «Ескілік көлеңкесінде» деген әңгімелер жинағында, 1957 ж. таңдамалы шығармалар жинағының 6-томында, 1960 ж. «Қараш-Қараш» жинағында жарық көрді. Таңдамалы шығармаларының 6 томдығы мен «Ескілік көлеңкесіндегі» нұсқаларында жеңіл-желпі айырмашылықтар бар. Алты томдықта: «Ел мінезі мұндайда: «Тамам ел» деп басталатын сөйлемдердегі «Ел» деген сөздер «Қараш-Қарашта» – «Жуандар», «Жуан» деген сөздермен алмастырылған, біраз сөз-сөйлемдерді өңдеген. Соңғы жөндеуінде Жақсылықты қуғынға салып, қысым көрсетіп отырған ел емес, жуандар екендігі айқындалған, 6 томдық тағы әңгімеге берген сілтемеде бұл әңгіме совет

үкіметі алғаш орнаған жылдар болмысынан алынған. Бай, жуандар (феодалдар) үстемдігі әлі жойыла қоймаған көшпелі ауылда болған уақиға делінген. Бұл ескертпе басқа жинақтарында жоқ. Жалпы отырықшылықпен, егіншілікпен айналысуды ұдайы насихаттап, мәселе етіп көтеріп келген Ө. сол ойларын көркем дүние арқылы көрсетуді ниет еткен. Әңгіменің негізгі идеясы да осы. Ал көшпенді тіршілікке әбден үйреніп, одан артық тіршілік жоқтай көрген Әбіш, Құрман сияқты жуандар ата жолына жасалған қиянат деп қарап, Жақсылық бастаған бастамаға қарсы тұрады. Бүйте берсе, оған елкітушілер молаяды, бұрынғы ашса алақанында, жұмса жұдырығындағы кедейлер билеп-төстеулерінен кетіп, тыңдамауға айналды деп ойлады. Жақсылықтың бастама-сы ел аузынан түспейтін әңгімеге айналды. Оның еккен егінінің бітік шыққанын айтып, ең байлыққа батып қалатындай көреді: «Төрт түлігі сай», «Төмен егін жоқ», «Қызыл бидайдың өзі көк найзадай» деп көтермелейді. Жақсылық бұрынғы жақсылық емес, ешкімге бағынбайтын болды. Әбіш, Құрман-дар өздеріне бағыныштылығын көрмеген соң, барлық ағайын, туысқандары қосылып, оны түртпектей бастайды. Қоңы тәуір аты болса сұрап, сайманы болса, қалап алғысы келе береді, дегендерін табыла бермегенін көрген жуандар байқамаған болып, піскелі тұрған егініне жылқыларын жауып жібереді. Жақсылық егінінің шығынын даулап шағынғанымен, ештеңе өндіре алмайды. Ақыры егіншілікті қойып, ол жерден көшіп кетеді. Дәл осындай оқиғаны жазушы кейін «Абай жолы» эпопеясының 3-кітабында Дәркембай бастаған жатақтар мен Тәкежан, Өзімбабай арасында болған қақтығыстар арқылы да көрсетті.

*Т. Әкім.*

**ЖУАНТАЯҚ**, ру. Тобықтының бір атасы. Ө-тің «Абай жолында» елеулі оқиғаның бірі ретінде сөз болған «Салиха қыздың дауына» Қадиша қыздың басынан кешкен арқау етілді. Қадиша – Жуантаяқ қызы, Байғұлақ – туысқаны. Байғұлақ – романнан елеулі орын алған кейіпкерлердің бірі. Бөжей қазасына көңіл айта барған Құнанбайға оның қыздары: «Оның аты – Құнанбай, жүйріктігі күландай, шұбарлығы жыландай» деп жоқтауына қоса бергенде: «Мына да қарлар не дейді? Жақсыдан жаман көбейді, Ескінің асыл көзі еді, Ұрлап та көмдің Бөжейді» деп одан ары айтқызбай, тиып тастайтын Сары апаң да – Жуантаяқ. Қадишаны айттырған жер – Есболат, Оразбайдың ағайыны, Өбен, Оразбай осы тұста ұрандасалды, содан туған жанжалдың ақыры Абайдың сабалыуына алып барады.

*Т. Тұрғанбаев.*

**ЖУАНЫШБЕКОВ** Нұрболат Орынбекұлы (1944 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1996), профессор. Ғылыми еңбектері әдебиеттер байланысы мәселелеріне арналған. «Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы – өлем әдебиетіндегі ерекше құбылыс» («Ай», №1–2, 1997), «М. Әуезов шығармаларындағы социалистік реализмнің ерекшеліктері» («Вестник КазГУ», серия филологическая, №13, 1997) атты мақалалары, «Мұхтар Әуезов және орыс әдебиеті» (1997), «Мұхтар Әуезов шығармашылығы салыстырмалы әдебиеттану аясында» (2002) оқу құралдары ұлы жазушының шығармашылық ерекшеліктерін танытуға арналған.

**ЖУКОВ** Леонид Алексеевич (1890–1951), биші, балетмейстер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1933). Қазақстанның балет өнерінің қалыптасуы мен дамуына үлкен еңбек сіңірді. Ө-тің либреттосы мен В. Великановтың музыкасы бойынша қойылған қазақтың тұңғыш балеті – «Қалқаман – Мамырды» сахнаға шығарды (1938). Онда классикалық би үлгілері мен ұлттық билердің нақыш-қимылдарын кіріктіріле пайдаланды. Сол жылы П. Чайковскийдің «Арқу көлі» балетін Абай атындағы опера және балет театрында қойды.

Г. Жұмасейітова.

**ЖУБАНОВ** Асқар Құдайбергелұлы (1937 ж. т.), тіл зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1973). «Құманша-қазақша жиілік сөздік» (авторлармен бірге, 1978), «Қазақша мәтіндердің кванттық құрылымы» (1987) деген еңбектері жарық көрді. «М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігін» (1979), «М. О. Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктерін» (1995, авторлармен бірге) құрастырды. Мұханның роман-эпопеясында пайдаланған сөздің нақты санын анықтап (15 000), оларды алфавиттік ретке келтірді.

**ЖУБАНОВ** Ахмет Қуанұлы (1906–1968), композитор, дирижер, жазушы, тарихшы, музыка зерттеуші. Қазақстанның халық артисі (1944), ҚазКСР Ғылым академиясының академигі (1946), Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1967). Өнертану ғылымының докторы (1943), профессор (1948). Қазақтың ән-күйі, ұлттық композиторлары туралы жазылған терең мазмұнды зерттеу еңбектері музыка тарихына қосылған ұлағатты дүниелер болып табылады. Бірнеше көркем фильмге музыка жазды, көптеген әндер шығарды, хорлар, аспаптық, симфониялық туындылар, опералар т. б. тудырды. Ө-тің либреттосы бойынша «Абай» операсын (Л. Хамидимен бірге) жазды (1944). Бұл шығарма әлі күнге дейін сахнадан түскен емес. 1935 ж. «Түнгі сарын» атты мақаласында ұлы драматургтің пьесаның қойылымы жөнінде ыстық ықпалысын білдірсе («Казхстанская правда», 1935, 16 қаңтар), «Дос туралы лебіз» деген мақаласында: «Әдебиетіміздің, мәдениетіміздің алыбы Мұханның бізге жиі-жиі келіп, қалжың-шынын араластырып, ақыл нұсқаулары Абайдың «Ән аруағын» үнемі қызырдай қолдап отырды» деген ойын білдіреді (А. Жұбанов. «Ән-күй сапары», 1976, 275–276-беттер).

**ЖУБАНОВ** Есет Құдайбергелұлы (1929 ж. т.), тіл зерттеуші, ғалым. Филология ғылымының докторы (1997), профессор (1998). «Эпос тілі өрнектері» (1978), «Қазақтың ауызекі көркем тілі» (1996) атты зерттеу еңбектерінде Ө-тің пікірлеріне кеңінен тоқталады. Мысалы, эпос ханырын ерекшеліктерін Ө-тің «Манас» туралы айтқан дәлелдерімен айғақтайды. Ж. эпостық жырлардың көбі қиял-ғажайып ертегілерінен бастау алады дей келіп, ұлы жазушының «Ер Тарғын» жыры – халықтың өте әрідегі мифологиялық ұғым-түсінігінен туған, тарихтың бұрынғы дәуірдің тумасы, эпосқа дейінгі әдебиет туындысы деген пайымдауына сүйенеді.

**ЖУБАНОВ** Құдайберген Қуанұлы (1899–1938), тіл білімі маманы, педагог, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, профессор (1932). Тіл білімі, қазақ әдебиеті мен музыкасы жөнінде көптеген еңбектер жазды. Қазқ мектептері мен жоғары оқу орындары үшін бағдарламалар әзірлеп, оқулықтар,

зерттеу еңбектер жариялады. Латын графикасына негізделген қазақ алфавитін жасауға қатысты. «Қазақ драма театрының алғашқы елеулі табысы» атты мақаласында Ө-тің «Түнгі сарын» спектаклінің, театр ұжымының жетістігі жөнінде келелі ойлар айтқан («Казхстанская правда», 1935, 16 қаңтар). Ұлы жазушы «*Ірі оқымысты*» атты мақаласында аса көрнекті ғалымның сан қырлы талантын, адамгершілік бейнесін, азаматтық тұлғасын, тілтану ғылымындағы тарихи орнын айқындап берді.

Н. Ерсарыұлы.

**ЖУБАНОВА** Фазиза Ахметқызы (1927–1993), композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1965), Қазақстанның халық артисі (1973), КСРО халық артисі (1981), Қазақстан жастар сыйлығының (1964), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының (1970) лауреаты. Халыққа кең танылған музыкалық шығармалардың, опералардың авторы. Композитор Ө-тің «Абай» (1962), «Қарақыпшақ Қобыланды» (1967), «Түнгі сарын» (1969), «Еңлік – Кебек» (1970) пьесалары бойынша қойылған спектакльдерінің, сондай-ақ «Түнгі сарын» (аяқталмаған, 1954), «Еңлік – Кебек» (1972) опералары мен «Қарагөз» (1990) балетінің музыкасын және ұлы жазушының құрметіне арнап «Мұхтар Әуезов туралы аңыз» (1965) атты жеке орындаушыға, хор мен симфониялық оркестрге арналған кантата жазды.

А. Омарова.

**ЖУБАТУ**, тұрмыс-салт жыры. Кісі өліміне байланысты азалы адамға көңіл айту. Өлең-жыр, нақыл, мақал-мәтел, жұмбақ, шешендік сөз түрінде келеді. Онда көбіне дүниенің баянсыздығы, тіршіліктің өткізіншілігі баяндалып, азалы әрі жанашыр кісінің уайым-қайғыға мүлде берілмеуін ескертеді. Ө. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеуінде (Л. Соболевпен бірігіп жазған) қайғылы хабарды естірткеннен кейін, көңіл айтылып, одан соң Ж. жырына ауысады деп, Ж. өлеңдерінен мысалдар келтірген. Ұлы жазушы «Абай жолы» эпопеясында Бөжейдің қазасына байланысты Байсалға («Шытырманда» тарауы), Өбдірахманның өліміне байланысты Мағышқа («Қапада» тарауы) айтылатын Ж. сөздер жан тебіренетеді.

**ЖҮЛДЫЗДАРҒА САПАР** («К звездам»), жазушының мақаласы. 1958 ж. «Казхстанская правда» газетінің 1 қаңтардағы санында шыққан. Жаңа жылдық нөмірге шыққан мақалада Ө. өткен жылдың жетістіктерін социалистік отанымыздың табыстары дей келе, 4 қазанда және 3 қарашада ұшырылған жердің жасанды серіктерінің ғарышқа шығарылуын әлемдегі ерекше оқиға ретінде бағалайды. Мақала «Қырғи қабақ соғыс» кезінде туғандықтан, ракета өнеркәсібідегі табыстарымыз біздің күшімізді, беделімізді арттырып, капиталистік елдер басшыларының үрейін ұшырып, қызғаныш сезімін туғызды дейді. 1955 ж. Алматыға келген Кентерберий соборының ұстаушысы, бейбітшілік жолындағы белгілі күрескер, гуманист Хьюлет Джонсонның КСРО-да сутегі бомбасының жасалуы империалистік елдердің соғысқұмар пығдаларын басты деген сөздерін мысалға алған. Мақалада сондай-ақ Қазақстанның тың көтерудегі, шаруашылықтағы табыстары айтылған.

Р. Ықыласов.

**ЖҮМАБАЕВ** Әбілмәжін (1926 ж. т.), жазушы, ғұмаршаршы. Шығармашылық қызметі көркем аудармамен байланысты. Студент кезінде Ө-тің лекциясын тыңдап, ұстаз тағылымын көрген. «Мұхтар-





М. Б. Жұмабаев.

дың дәрістері» деген мақаласында Ө-тің халық поэзиясын терең білетінін, білім-білікке таңырқап келіп бас қойған қазақтың қара табан бозымдарын өзімен бірге дәрістен-дәріске ілгері қарай ертіп, сатылап көтере берді, көтере бергенін, сөйтіп ұлы ұстаздың білім дариынан сусындатқанын айтқан («Заман-Қазақстан», 1997, 25 сәуір).

Н. Ақбай.

**ЖУМАБАЕВ** Мағжан Бекенұлы (1893–1938), ақын, аудармашы, педагог. Ұлы ақынның алғашқы өлеңдері Уфадағы, Омбыдағы қабырға газеттерінде, қолжазба журналдарда, өз кезіндегі мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып жүріп, көзге түседі. 1912 ж. Қазанда «Шолпан» деген өлеңдер жинағы шыққанда, Мағжан он сегіз-он тоғыздардағы жас жігіт. Бұдан кейінгі кезеңде дүниеге келген қазақ газет-журналдарының бетінде Мағжан шығармалары, 1929 ж. жаламен күйіп, абақтыға түскенге дейін, үздіксіз жарияланып тұрды. Негізінен ақын өлеңдері екі-ақ рет жинақталып, топталып, оқырман қолына тиді. Бірінші рет 1922 ж. Б. Күлеев Қазанда бастырып, екінші рет осы кітап толықтырылып С. Қожановтың алғы сөзімен 1923 ж. Ташкентте шықты. «Педагогика», «Сауатты бол» (араб, латын әріптерімен бірнеше рет басылған) кітаптары, аудармалары басылды. Қысқасы, Ж-тың қаламгерлік сапары бас-аяғы жиырма жылға жетпей, тым ерте үзілді, он жылдай өмірі абақтыда, лагерьде, қуғын-сүргінде, азап-қорлықта өтіп, ақыры 1938 ж. ажал оғы құлатты.

Ө. Мағжанды Абаймен қатар атап, сөзі болашаққа жететін ең үздік, заманынан озған жүйрік ақын санады. Ақынның ең көлемді кітабы, қолтума еңбегі – 1923 ж. Ташкентте «Мағжан өлеңдері» деген атпен шыққан жинақ. Мұның сыртында «Шолпан» журналында жарияланған «Батыр Баян», «Ақжол» газетінде басылған «Қорқыт», «Ертек» поэмалары, «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген «Тоқсанның тобы», әр түрлі басылымда шыққан өлеңдері бар. «Қойлыбайдың қобызы», «Қорқыт», «Түркістан», «Оқжетпестің қиясында», «Батыр Баян» – аңызға, тарихи белгілі оқиғаларға, «Жүсіпхан», «Өтірік ертек» – шығыс сюжетіне, мысал, тұспалға құрылған. Ішкі мазмұн тұрғысынан келгенде бұл шығармалардың бәрінде де халықтық аңыз, тарихи дерек, ежелгі әңгіме сарындары өзгере құбылып, жаңа сипатта эстетикалық желі тартады. Кезінде Мағжан шығармаларының мәңгілік қуаты барлығын алғаш танып бағалаған Ө. болатын. Ол 1929 ж. қаңтар айында С. Сәдуақасовтың анкетасына берген жауабында: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған, өшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп-сезгендей боламын. Мағжан – культураны зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай. Бірақ түбінде әдебиет тартушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманынан басы

озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. «Әдебиет – әдебиет үшін» деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артық күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжан сөзі. Одан басқамыздық бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» деп жазған еді (Таңдамалы. А., 1997, 357–358-беттер). Ұлы жазушының ұлы ақынға берген көреген бағасы бұл. Ғалым Б. Кенжебаев Мағжан мен Мұхтардың ара-қатынасы туралы былай дейді: «Қырқыншы, елуінші жылдары бірге жүргенімізде, кей сөз арасында Мұхқа (Мұхтар Әуезов) айтар еді. Бағыда біз Мағжанға: атың – қыздың аты, мінезің – қыз мінезді, сен қалай қыз болмағаның?.. деп қалжыңдаушы едік, – дер еді» («Лениншіл жас», 1989, №2). Абайтанушы К. Мұқаметханов: «1940 жылы Алматыда Мұхтардың (Әуезовтің) үйінде ұзақ уақыт болған кезінде, Мұхқа Мағжан туралы қызықты көп әңгіме айтып еді. Сонда Мағжанның «Батыр Баянды» қалай, қай кезде жазған тарихын және поэманы жазуға бір жағынан Шоқан Уәлихановтың тарихи зерттеу еңбектерінің себеп болған жайын баяндап, бұл – тарихи поэма деген еді. Мұханның сол сөзі ойымда жүретін» деп еске алады (К. Мұқаметханов. «Абай мұрагерлері», А., 1995, 153-бет). Ал «Октябрь өркені» атты мақаласында Ө. революция қарсаңында, оның алғашқы жылдарында Ж. сияқты махаббат сыршылдығын жырлаған ақындардың «қазақ әдебиетіне әр алуан дертті: ыңыраңа күңіренуді, мистиканы және жұртқа жат эклектизм (әркімге еліктеушілікті), декадентті өтпек болғанын» сынайды. Мағжанның: «Мен желмін, желдей есемін», «Мені де өлім әлдиле», «Дала, дала, сар дала, бейне өлік айнала» тәрізді көркем тіркестерін мысалға келтіріп, идеялық жағынан өмірден түңілудің, шыңдықтан бет бұрудың үлгісі деп айыптайды. Бұл ұлы суреткердің саясаттың ығына қарай амалсыздан айтқан пікірі болса керек.

Р. Нұрғали.

**ЖУМАБЕК** Сайлаубек Естайұлы (1946 ж. т.), әдебиет сыншысы. Еңбектері қазіргі қазақ әдебиетінің мәселелеріне арналған. Бірнеше мақалаларында Ө-тің қазақ және әлем әдебиетіндегі тарихи орнын, асқақ мұраттарын, ойшылдық болмысын, тендессіз шеберлігін, ғажайып өнеге-дәстүрлерін қарастырған. «Елу жылдан соң жүздеу» («Қазақ әдебиеті», 1984, 7 желтоқсан), «Сахнада – Хан Кене» («Алматы ақшамы», 1997, 13 маусым), «Көтеріліс және көркемдік танымдар генетикасы» («Заман – Қазақстан», 1997, 5 қыркүйек) т. б. мақалаларында ұлы суреткердің көркемдік-эстетикалық көзқарастарын соны таныммен зерделейді.

**ЖУМАБЕКОВ** Етызбай (1932–1992), актер, әнші. Қазақстанның оңбек сіңірген артисі. Облыстық драма театрында қырық жылдан аса еңбек етті. Көптеген спектакльдерде ақын, сәл-серілер бейнелерін сомдады. Өсірсе Ө-тің «Қарагөз» трагедиясындағы Асанның, «Айман – Шолпан» комедиясындағы Жантық ақынның образдарын жасап, бойындағы талант құдіретінің молдығын байқатты. «Өскен өркен» романында суреттелетін Алуа туралы мәліметті жазушыға Ж. берген.

**ЖУМАҒАЛИЕВ** Абдолла (1915–1942), ақын. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан. Орал педагогика институтында (1934–36), ҚазПИ-де (1936–38) оқы-

ды. Заман шындығын өршіл идеялық пафоспен, терең лиризммен жырлады. Бірнеше жыр жинақтары шықты. Ө. «*Октябрь өркені*» деген мақаласында өсіп, толысып, өнерленіп келе жатқан ақындар қатарында Ж-ты да атаған (12 томдық шығармалар жинағы, А., 1969, 12-том, 166-бет).

**ЖУМАДІЛОВ** Қабдеш (1936 ж. т.), ақын, жазушы. Қазақстан Республикасының халық жазушысы (1998). ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының (1990), М. Әуезов атындағы сыйлықтың (1983) лауреаты. Ел, жер тағдырын арқау еткен романдардың авторы. «Ұлылық ғибраты» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1997, 24 маусым) Ө-тің ұлы эпопеясымен жат елде жүріп танысқанын, «ұлы ұстаздың алдынан дәріс алып қана қоймай, ол кісімен таныс-біліс, сұхбаттас» болғанын мәңгі мақтанаш ететінін тебірене жазған.

*Н. Ақбай.*

**ЖУМАҚҰЛБАЙ** Базарбаев (1897–1989), жазушының құрдасы. Ауылдық мектептен хат таныған. Өзінің табиғи күлдіргі мінезімен ел құрметіне бөленген. Қызылтауда, ауылдық кеңесте қызмет еткен. Мұхтармен ерте кезден таныс болған. Халық ауыз әдебиетіне аса зерделі болған. Абайдың өлеңдері мен дастандарын жатқа білген. Ө. өзі жазып алған ұлы ақынның өлеңдерін Ж-дың жатқа айтқан өлеңдерімен салыстырып отырған. Туа біткен сайқымазақ, күлдіргі, тапқыр сөздерімен Ө-тің ерекше назарын аударып, оны елге келген сайын қасына ертіп жүрген. Ж. туралы өзінің «Ақын елінде», «Көрген, сезген жайлардан» атты мақалаларында пікір білдіреді. «Жұмақұлбай Базарбаев пен Қабыш Кәрімқұловта Қиясбайдың ақылды, тапқыр, ойлы күлдіргі мінезі бар» деп үнемі шүйсініп айтып жүрген. Жазушының өмірі мен шығармашылық қызметі туралы Ж. абайтанушылар мен мұхтартанушыларға көптеген деректер берген.

*Т. Жұртбай.*

**ЖУМАЛИЕВ** Қажым (Қ а ж ы ғ а л и) (1907–1968), әдебиет зерттеуші, ақын, прозашы, драматург. ҚазКСР Ғылым академиясының академигі (1967), филология ғылымының докторы (1945), профессор (1950), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961). Негізгі ғылыми еңбектері қазақ фольклорын, әдебиет тарихы мен теориясын зерттеуге арналған. «Әдебиет теориясы» (1938), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1941–1942), «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1948), «Ломоносов және орыс ғылымы» (1948), «Қазақ эпосы және қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1958, 1-том), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960, 2-том), «Ахмет Жұбанов» (1966), «Стиль – өнер ерекшелігі» (1966), «XVIII–XIX ғғ. қазақ әдебиеті» (1967) т. б. зерттеу еңбек, өлең, поэмалар, очерк, әңгімелер, повесть, драмалар жазды. 40-жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің саяси-ағарту бөлімі «Жеке жазушылардың әдеби туындыларын тексеру» жөнінде жоспар жасағанда, бұл тізімге бірінші болып Ө-тің есімі жазылады да, бұл істі Ж-ке тапсырады. 1940 ж. 22 мамырда Ж. ұлы жазушының шығармашылығын тексеріп, баға берген 25 беттік материалда әңгіменің еділдігін ашып жазған. Бұдан әрі соңғы 8–9 жыл ішінде жазған драмаларына жылы

пікір білдіріп, «Абай» романын жоғары бағалаған. «1932 жылы берген уәдесін орындай алды деп айта аламыз» деп, Ө-ті ақтағандай сыңай танытқан. Алайда Орталық Комитеттің саяси-ағарту бөлімінің меңгерушісі Я. Пильчук материалды оқып-танысқаннан кейін: «Жұмалиев өз көзқарасын әдейі жасырып қалған» деп шүйліккен («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 200–201, 224-беттер). Ж. «Қазақ совет прозасы есу жолында» деген мақаласында («Социалистік Қазақстан», 1949, 7 мамыр) «Абай» романына айрықша тоқталып, мазмұнына түрі сай, совет әдебиетінің төрінен көрнекті орын алатын көркем полотно екенін жазды. Сондай-ақ «Адам образын жасау жолдары» («Қазақстан мектебі», 1960, №3), «Образ – тип» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, №8), «Манас пен манасшы» («Қазақ әдебиеті», 1964, 17 шілде) деген мақалаларында Ө-тің шығармаларын теориялық тұрғыдан талдаған. 1959 ж. 15–19 маусымда Алматыда қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған конференцияда Ж. «XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері» туралы баяндама жасады. Ө. осы конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде барлық баяндама жасаушыларға баға бере келіп, ғалымның еңбегіне жылы лебіз білдірген. Ал «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясында 1948 ж. басылып шыққан Ж-тің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деген еңбегін айрықша атап өткен. Ө. қайтыс болғаннан кейін абайтану саласында іркіліс болған еді. Оны қайта жандандыру үшін Ж. абайтанудан мамандар даярлауды қолға алып, бұл салаға қозғау салды.

*Р. Зайкенова.*

**ЖУМАНИЯЗОВ** Базарбай Сағадияұлы (1936 ж. т.), композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері (1983), Қазақстанның халық артисі (1991), Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1970), профессор (1997). «Махамбет» операсының, бірнеше кантатаның, симфониялық поэмалардың, вокалдык-хореографиялық композициялардың, кинофильмдер мен драмалық спектакльдер музыкаларының авторы. «Мұхтар аға» атты деректі фильмінің музыкасын жазған (1967).

*А. Омарова.*

**ЖУМАСЕЙТОВА** Гүлнәр Тазабекқызы (1968 ж.т.), өнертанушы ғалым, өнертану кандидаты (1999). 60-тан астам өнертанымдық мақалалардың, «Страницы казахского балета» атты монографиялық еңбектің (2001) авторы. Монографиялық еңбекте қазақ балетінің қалыптасу, даму жолдары, сондай-ақ либретто сценарийін Ө. жазған тұңғыш қазақ балеті «Қалқаман – Мамыр» мұқият зерттелген. Осы тақырыпты «Мұхтар шығармалары би тілінде» (Қазақ тарихы, 1997, №6), «Роль М. Ауэзова в становлении и развитии казахского национального балета» (Халықаралық ғылыми симпозиум материалдары. «Орталық Азия аймағы: өткені мен бүгіні», 2006, 300–303-б.) атты мақалаларында дамытып, қазақ балеті тарихындағы «Қалқаман – Мамыр» балетінің орнымен қатар Ө-тің театр, өнер тақырыбындағы мақалалары бойынша жазушының жалпы би, балет жайында айтқан ойларын да ғылыми айналымға түсірді. «Қазақ хореографиясының тарихы» атты оқулығының жеке тарауларында Ө-тің қазақ балетіне қатысты ойлары баяндалған

**ЖУМАХАНОВ** Жекен (1913–1978), жазушы. Ө-тің шығармашылығы жайында бірқатар мақалалар жазды. «Тұңғыш үлгі» мақаласында «алғаш тіл ашып, оиды оятқан» ұстаздай болған, тұңғыш сүйсініп оқыған «Қорғансыздың күні» әңгімесінен алған әсерін баяндаған («Қазақ әдебиеті», 1957, 20 қыркүйек). Бұдан басқа «Үлгілі жолдың куәсі» («Лениншіл жас», 1957, 28 қыркүйек), «Маусым басы» («Социалистік Қазақстан», 1962, 21 қазан), «Абай мен Мұхтар» («Қазақ әдебиеті», 1970, 16 қазан) атты мақалалары шықты.

*Р. Сариева, Ф. Исхан.*

**«ЖУМБАҚ ТУРАЛЫ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Әдебиет майданы» журналында (1938, №10) басылған. 1940 ж. шыққан «Жұмбақтар» деген кітапта алғы сөз ретінде аздаған өзгерістермен берілген. Ө. онда арнаулы жинақтың құрылысын түсіндіру мақсатында кейбір толықтырулар енгізген. Біраз мысалдар, ойлар қысқарған. Кейін Ө-тің «Уақыт және әдебиет» (1962, 294–300-беттер), 12 томдық (11-том, 1969, 199–205-беттер), 20 томдық (17-том, 1985, 140–147-беттер) шығармалар жинақтарына кірген. Ұлттық фольклорымыздағы зерттелуі жағынан кенжелеу қалған жардың бірі – жұмбақ. Осы себептен әлі күнге дейін жұмбақ туралы ғылыми ойдың алды – Ө-тің осы мақаласы. «Жұмбақ – халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрін бірі және барлық жұрттың фольклорына ортақ түр» деген анықтама әлі күні маңызын жоғалтпай жатыр. Ө-тің пікірі бойынша, жұмбақ бірден нәрсені анықтай айтады, екінші – қайдан шыққан нәсілін айтады, үшінші – оның атқаратын міндетін айтады, болмысының диалектикасын баяндайды және жұмбақ нәрселерді қосып, парлап бір-біріне жасайтын қарым-қатысы арқылы суреттейді; осы жайлардың барлығын жұмбақ және де ақындық сөзбен, теңеу, салыстырумен келтіреді. Жазушының ғылыми зеректігі: «Көп елдің жұмбақтарында ұқсас келетін бітімі де бар. Ол бұрынғы өткен шақтағы шаруашылық қоғамдағы құрылыстарға ұқсас болған себебінен» деген ойларынан да көреміз. Мақала авторы түгелдей жұмбаққа құрылған ертегі, жыр-дастан, хикаялардың барлығын, әсіресе айттыста жұмбақтасу әдісінің кең қолданылғанын көрсетеді. Жұмбақтың негізінде өлеңді түр екеніне, ақындықтың бір қыры осы саладан көрінетініне тоқталады. Саяси-әлеуметтік тұрғыдан талдау мақаланың соңғы жағынан орын алған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ЖУРТБАЙ** Тұрсын Құдакелдіұлы (1951 ж. т.), жазушы, әдебиет зерттеуші, ақын, мұхтарданушы, аудармашы. Филология ғылымының докторы (2001), профессор (2002). «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығын және Әуезов халықаралық қорын құрып, оларға басшылық жасады (1991–1998). Ө. туралы алғашқы мақаласы «Абай шыңы – Мұхтар шыңы» деген атпен 1966 ж. жарияланды. «Бесқарагер» (1982), «Дара тұлға» (1984), «Абай алдында» (1987), «Бейуак» (1990), «Талқы», «Бесігінді түзе!» (екеуі де – 1997) «Мұхтар Әуезов» (1997, Анкара), «Күйесін, жүрек... сүйесің» (2001), «Бесігінді аяла!..» (2002), «Құнанбай» (2004), «Ұраным – Алаш» (2006) атты зерттеу еңбектері, «Құнанбай» деген кітабы (2004) 275-тен астам ғылыми мақалалары Абай мен Ө-тің өмірін, шығармашылық жолын талдауға арналған. Ж-дың жетекшілігімен «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», «М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», «Әуезов әлемі», «Абай жолы» эпопеясының текстологиялық салыстырудан өткен

нұсқасы» (бәрі де – 1997), ұлы жазушы шығармаларының 50 томдық толық жинағының алғашқы 7 томы (1997–98), Ө-тің «Ескермедім, қабылдамадым» атты ашық хаттар топтамасы (1998), «М. О. Әуезовтің мұражай-үйі» деген ғылыми очерк (1998) қазақ және орыс тілдерінде шықты. Ө. шығармашылық тарихы туралы жазылған «Бейуак» монографиясы үшін халықаралық «Алаш» сыйлығы берілді (1991).

*Н. Оспантегі.*

**ЖҮНИСОВ** Сәкен Нұрмақұлы (1934–2006), жазушы, драматург, аудармашы. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1986). Туындыларында қазақ елінің қоғамдық, әлеуметтік тыныс-тіршілігі, ерен еңбек, халықтар достығы, жастар өмірі суреттелген. «500 рет күлдірген комедия» деген мақаласы Ө. аударған «Асауға тұсау» драмасының қазақ сахнасында сәтті қойылуына арналды. «Заманай мен Аманай» повесі бойынша көркем фильм түсірілді. Ұлы жазушының өмірі жайындағы «Қаламгерлер мен көлеңкелер» атты пьесасы республика театрларында қойылды. «Мұхтар Әуезовтің абайтану туралы лекциясынан» деген кітабына «Біз Мұхаң өмір бойы шәкірт боп қаламыз» деген ойды түйін етіп алған. Ө-тің аспиранты болған.

*Н. Ақбай.*

**ЖҮНИС ХАН** (1415–1487), моғол ханы (1462–87), Уәйіс ханның баласы. Персияда 20 жылдай болып, білім алды. Інісі Есенбұға қайтыс болған соң (1462), Моғолстан түгелдей қол астына қарады. 1482 ж. Сайрамды, 1485 ж. Ташкентті қосып алды. Мауереннаһрды басып алу ойы іске аспады. Ө. осы орайда «Алтын Орда» мен «Ақ Орда» ыдырап, қазақ хандығы құрылғанды дейінгі тарихи оқиғаларды екшей келіп, пайымдайды. «Бірлігі жоғалған моғол (моғол) хандығы» – Жүніс хан мен ағасы Есенбұға арасындағы бақталас және Жүніс ханның қазақ хандығымен біресе тату, біресе қату боп, ақыры Сайрам мен Ташкентке жорық жасаған бұлғағын айтқан («Әдебиет тарихы», 1991, 57, 60-беттер). Өйткені моғол мен қазақ хандығы арасында Ж. х-ның ойранынан үлкен оқиға солғасырда болған емес. Батырлар дастаны мен тарихи жырлардағы «Құба қалмақтар» мен «Ер Сайын», «Шора батыр» жырларында әсіреленіп суреттелетін «он сан оймауыт», «тоғыз сан торғауыт» елі – осы Моғолстан. Ноғайлы мен «он екі баулы өзбекті» қыпшақ жұртын ұсақ хандардан қорғауға ұмтылған, соғыстаның «жауының қай жұрттан шыққаны, қайсы екені ұмытылып, біресе – қалмақ, біресе қырғыз, біресе – қызылбас боп жүрген» (сонда, 69-бет) «кіші батырларды» Ө. «Түркі жұртының ұлы бірлігін бұзушылар» деп есептейді. Соның қатарына «біресе – моғолстандық құба қалмақтың», біресе «қызылбастың», «біресе – он екі баулы өзбектің» жасағын бастап жүрген Ж. х. да жатады. Жазушы кеңестік идеологияның қысымынан иемініп «хандық-аламандық кезеңдегі» тақ таласының мән-жайын ашып талдамаса да, жалпы тарихи шолудан қандай ханның тұсындағы қайсы оқиғаны айтып отырғаны анық аңғарылады.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ЖҮРГЕНОВ** Темірбек Қараұлы (1898–1939), кеңес, партия, мемлекет қайраткері. Түркістан мен Қазақстанда кеңес үкіметін орнатуға қатысқан. Ө-пен қызмет бабында араласып тұрған Қазақ

драма театрының құрылуына қамқоршы болып, оны «Айман – Шолпанмен» ашуды ұйымдастырған. 1934 ж. «Хан Кене» туралы оң-теріс пікірлер күшейген кезде, өз көзқарасын білдіріп, бірлі-жарым кемшіліктерін жөндеп, одан әрі жұртшылыққа көрсете беруді ұстанған («Әуезов және архив», 1997, 37-бет). «Хан Кене» пьесасы мен оны сынаушылар туралы» орыс тіліндегі мақаласында ұлы жазушының шығармасы жөнінде саликалы ойы, сындарлы пікірін білдірген («Қазақстанская правда», 1934, 12 маусым).

Ж. Қасымбаев.

**«ЖҮРЕК АЛҒЫСЫ»**, жазушының мақаласы. Ә. өзінің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында балдырған балалық шағы өткен жер – Қасқабулаққа барады. Сонда жерлестерімен кездесу сәтінде сөйлеген сөзін магнитофонға жазылып алынған. Бұл сөз 10 жылдан кейін «Социалистік Қазақстан» газетінде (1967, 8 желтоқсан), жергілікті «Совхоз туы» газетінде «Біз бір жанбыз, бір денеміз» деген атпен 1967 ж. 6 шілдеде және жазушының 80 жылдық мерейтойы қарсаңында «Алғысым саған, туған жер» деген тақырыппен 1977 ж. 25 қыркүйекте жарияланды, жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 20-кітабына енгізілді (1985, 369–371-беттер). Ұлы суреткер қуаныш танытып, жиналып келген үлкен-кішіге жүрек алғысын айтып, ризашылығын білдірген. Сол үшін жүрегі, көңілі қуанышқа толы екенін жасырмайды, қалған ғұмырын да халқының жарқын болашағы үшін жұмсайтынын айта келіп: «Сіз бен біз бір жанбыз, бір тәнбіз. Сіздерден жырақта жүрсем де, көңілімнен, ниетімнен, ойдағы арман-мақсатпенен бәріміз бір тұтас денеміз. Біздің ортамызда ала мен құла, ардақты мен төмен деген болмайды. Әр уақытта тәнбіз, бір еңбекте туысып, қанаттасып келе жатқан халықпыз. Осындай қуаныш күнінде, әсіресе жаңағы жүздеріңізді көрісіп отырып айтқан алғыспен бірге, бар көңілімдегі алғысымды, көңілімдегі ең жақсы ыстық сезім жальынды сол бізді осындай дәрежеге жеткізіп отырған Отанымызға арнаймын» деп аяқтайды сөзін автор.

Н. Оспантегі.

**«ЖҮРЕК ҚАЗЫНАСЫ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1960 ж. 1 қаңтардағы санында жарияланған. Жаңа жылға орайластырып жазылған. Отансүйгіштік сезім рухындағы шынайы патриоттық әсерлі жолдарға толы. Ә. Абайдың «Жүреkte көп қазына бар, бәрі жақсы» дейтін сөзімен бастап, ой өрбйтеді. Адам жүрегіндегі ардақты асылдар қатарына «ата-аналық мейірі, туған жер, туған ел сезімі, адам жүрегіндегі шын махаббат, адам санасындағы қадірлі зор білім» сияқты бірнеше қасиеттерді жатқыза келіп, «советтік социалистік Отан» жағдайында «анық асыл қазына барын», «соның бірі және ең ұлысы – Отан турасындағы ой-сезіміміз» деген пікірімен ұштастырады. «Ұлы Отан, асыл арай, алтын мекен – біздің азаматтық махаббатымыздың, қуаныш, мақтанымыздың, бар батыл талап, бағлан табысымыздың бәр-бәрінің түп тірегі» деп, Отан ұғымына «ұлы қазына» ретінде сипаттама береді. «Міне, осы сана – анық жүректегі терең орын алған қасиет қазынасы» дей келіп, «бұрынғы патшалық Россияның қалың миллион қара шаруасы құлдық күйінде отандық санаға ие бола алмаған» деген түйінді жолдар арқылы

«бұратана» атанған қазақта да бұрын «отаным» деген ой-сана болуға мүмкін де емес еді» дейді. Отан ұғымының болмау себебін «бай ауылының шырқау шетінде, мал аяғының астында отыратын жыртқыш күрке, жарты лашық адамның көңіліндегі жүдеу-жадау күйімен» байланыстырып, ауыл кімдікі екендігін сұрастырған біреулерге: «ауыл менікі емес, анау шеткі ақ үйлердікі», осы орайда бұрынғы Ресейдегі еңбекші халық та: «Отан мырзалардікі, әмір иесі ұлық пен бектікі» деген жауаптармен шындық бетін ашады. Мақала: «Өзің адамзат тарихында бірінші социалистік Отан болудың үстіне, бұрынғы адамзат баласы, еңбек-зейнет иесі сезініп, сүйініп көрмеген сезім-сананы жүрегіміздің түбіне қазына қып орнатып бердің!» деген мақтанш сезімге толы мадақ сөздермен, Отанға деген шынайы алғыс жолдаумен аяқталады.

Н. Жанакоева.

**«ЖҮРЕКПЕН ТУЫСҚАНДАР»**, жазушының мақаласы. Украинаның Ресейге қосылғанына 300 жыл толу салтанатына арнап жазылған. Тұңғыш рет «Социалистік Қазақстан» газетінде (1954, 17 қаңтар), орыс тілінде «Дружба народов» журналында (1954, №2), кейін Ә-тің «Мысли разных лет» жинағында (1961, 180–182-беттер) «Родной брат» деген атпен жарық көрді, 20 томдық шығармалар жинағының 19-кітабына енгізілді (1985, 290–292-беттер). Автор мақалада украин, қазақ халықтарының ежелден бауырлас қарым-қатынасы туралы ой толғаған. Біздің халықтарымыздың бөйбіт құрылыс жылдарында, Отан соғысы кезінде тағдыры, қайраты, ой-сезімдері бірге, байланысты болды. Өткен шақтың өзінде украинның ұлы азаматы Т. Шевченко «құла түзде, жат өлкеде көп жылдар азап шекті. Ен даланың мұңына оның сан алуан қапа-қасіретін қоса түсінді. Осы халыққа арнап ол жыр да жазды. Сол халықтың жүрегіне өз жүрегің жалғастыра білді. Бұл халықтың ғасырлар бойындағы арманы мен аңсағанын жар етіп жыр салды». Сөйтіп тарихи достық бүгінгі күні жалғасын тауып отыр, сол рухани, мәдени байланыстар әлі үзілген жоқ, қалам қайраткерлері арқылы сырласып келеді. Ұлы суреткер достық тақырыбын осылай толғайды, осылай жырлайды, осылайша баяндайды. «Мұншалық туыс табысымызды, берік жұмысымызды ешбір дауыл үзе алмайды, ешбір тосқан бұза алмайды. Бұлар – айнымас, мызғамас, берік белгілер. Осы қасиеттерді біз, ата-аналар, кейінгі ұрпақтарымызға өсиет етеміз» деп, ұлы қаламгер ағынан жарылады.

Н. Ерсарыұлы.

**ЖҮСІПБЕК** (Жүсіпбек қожа) Шайхысламұлы (Мірхалидтері) (1857–1936), ақын, фольклоршы, ауыз әдебиетін насихаттаушы. Медреседе білім алып, ақындық, серілік салтымен ел аралаған. Сыр, Қаратау, Жетісу ақындарымен кездеседі. Естіген қисса-дастандарын жазып алып, өндеп айтып жүрген. «Қыз Бібек» (1894), «Айман – Шолпан» (1896), «Қисса Біржан мен Сара қыздың айтысқаны» (1898), «Алпамыс» (1899) сияқты көптеген халық шығармаларын бастырып шығарған. Бұл дастандарды Октябрь революциясынан кейін бірнеше рет қайта жариялады. Сондай-ақ «Сал-сал», «Зарқұм», «Жүсіп – Зылықа», «Мұңлық – Зарлық», «Шәкір – Шәкірат» тәрізді шығыстың әйгілі қисса-хикаяттарын аударып бастырды. «Кербаланың шөлі», «Дариға қыз» дастандарын өлеңмен жырлады. 1910 ж. өзінің Шөкпей қызбен айтысын шығарды (көлемі 186 жол). Ә. Ж-тің ауыз әдебиетін жинап, насихаттау ісінде сіңірген өлшеусіз еңбегін

жоғары бағалаған. «Қыз Жібек» әңгімесінің негізі ескі замандағы ел әдебиетінің ертегі сияқты қара әңгімесінен алынған. Бері келгенде, өлең өлшеуіне салып, суретті әңгімеге айналдырып, поэма қылып шығарған – Жүсіпбек қожа. Бұл күнде қолымызда ескі «Қыз Жібек» әңгімесі жоқ. Сондықтан алғашқы нұсқасы қандай еді, оған өңдеуші Жүсіпбек қанша жаңалық қосты, қанша өзгертті, ол туралы біз долбар жасай алмаймыз. Бірақ бұл күнгі қолда отырғанын сынағанда, байқалған нәрсе: «Қыз Жібек» ел әдебиетінің ішінде жазбаның романы сияқты көрінеді» деген көрегендік пікір айтқан «Әдебиет тарихы» монографиясында (138-бет).

*Ш. Елеуенов.*

**«ЖҮСІП – ЗЫЛИҚА»**, дастан. Шығыстағы елдерге кең тараған. Оқиғасы қазақ ақындарына өзек болған. Ауыз әдебиеттік және жазба нұсқалары бар. Кеңе қолжазбалары Британия мұражайында, Будлин кітапханасында сақталған. Жырдың сюжет желісі бойынша ақындар дастан жазған. Солардың ішінде Өбдірахман Жәми нұсқасы әрі көркем, әрі кемел шығарма болып табылады. Қазақ әдебиетінде Жүсіпбек Шайхысламұлы шығарған дастан 6 рет кітап болып шықты. Ө. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында ұлы ақынның «өзінен бұрынғы шығыс классиктерінің ұлы мұраларына баруда қолданған творчестволық іздену жолдары туралы» айта келіп, шығыс дастандарын көп оқиғалық, соның ішінде Жүсіп – Зылиқа тақырыбын, яғни нәзира үлгісін пайдаланғанын жазған (122 томдық шығармалар жинағы, 12-том, 421–422-беттер). Е. Лизуновамен бірге жазған «Қазақ әдебиетінің тарихынан» мақаласында қызық оқиғалы, сюжеті қатпарлы иран, араб поэзиялық шығармаларының қатарында «Ж. – 3.» дастанын атаған, кітаби ақындардың бұл жырды қайта жырлағанын ескерткен. **«ЖҮЛ КЕЛГЕНДЕЙ ЖАҢАЛЫҚ СЕЗЕМІЗ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Лениншіл жас» газетінің 1960 жылғы 28 желтоқсандағы санында басылды. Кейін жазушының 12 томдық (1969, 12-том, 499–508-беттер), 20 томдық (1985, 20-том, 446–546-беттер) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Қолжазба сақталмаған. 1960 ж. 25 желтоқсанда ҚазМУ-дың әдебиет үйірмесінде поэзия кеші өтті. Онда үйірме жетекшісі Ө. Кекілбаев «Жастар поэзиясы туралы» баяндама жасап, студенттер, жас ақындар, көрнекті жазушылар, ғалымдар қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды. Сол кешке Ө. те қатысып, жастар поэзиясы туралы ұзақ сөз сөйледі. Жазушының сөзі стенограмма бойынша жарияланған еді. Ө. сөзінде соңғы 40 жыл ішінде қазақ мәдениетінің, өнерінің түрлі салаларында айтарлықтай жетістік, табыстарға қол жеткендігін, келешегін үлкен үміт күттіретін жаңа буын, жас күштердің қанат жайып, өсіп келе жатқанына, солардың алғашқы сәтті қадамдарына сүйсініс білдіріп, ризалық көңілмен тоқталып өтеді. Музыка өнерінде Шәмші Қалдаяқовтың «Ақ маңдайлым» сияқты «адамды сүйсіндіретін тамаша әндер бар», суретшілер арасында Кенбасев, Мәмбеєв, Телжанов, Нұрмұханбетов сияқты кіші жас буындар «жаңа сапада өсіп келе жатқандығын» айтқан. Поэзия саласында алғашқы өлеңдерімен, тұсаукесер жинақтарымен енді ғана көріне бастаған Ізтай Мәмбетов, Тілеген Шопашев, Тұманбай Молдағалиев, Сағи Жиенбаев, Қадыр Мырзаліев сияқты жас ақындардың бірқатар өлеңдеріне тоқталып, онда «жұртшылық аузына түсе қоймаған

талай оралымдар, шеберліктер сезілетінін» байқап, әдебиетімізге мәдениетті ақындар, оқыған ақындардың келе бастағанына қуаныш білдіреді. Олар тек қазақ әдебиетіндегі дәстүрлерді үйренумен шектеліп қоймай, айналасын көріп, шарлап, ізденіп, түртініп жүреді, өзінің сезімі, санасы арқылы дүниеде танымағанын танығысы келеді, «бірқыдыру өзіндік жаңалық тапқысы келеді, өзін-өзі танығысы келеді, өз өмірінің үлкен шындығын» айтуға ұмтылады. «Жастардың «мені біртүрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас игізетін соншалық шындықпен, бетке ыстық демі сезіліп кететіндей көрінетін шыншылдық бар, поэзияға керек нәрсе – осы шыншылдық» дейді. Жас ақындарымыздың қазіргі «газет, радио тіліндей» шорқақ тілден қашықтап, нағыз поэтикалық тілді меңгере бастағанына, өлеңдерінде «көпсөздіктің азайғанына» ризашылық танытып, «өлеңнің өлшеуі өзінің мөлшерімен қадірлі. Ой болмаса, шығарма терең қасиетті болмайды. Образ болмай, ойдың да қасиеті болмайды» деген тұжырымын айтады. Одан әрі автор жас ақындарды кейбір жайсыз, жағымсыз әдеттерден сақ болуға шақырып: «алдымен, жақсы жаздым екен деп асқақтамау керек, тұмай тұрып толдым, жазбай жатып болдым деуден қашу керек». Мастану, өзіне-өзі ғашық болу – өзімілдікті, өзімілдік – күншілдікті туғызады. «Мәдениеті аз әдебиеттерде бұл – үлкен сордың бірі». Екіншіден, өзін-өзі көтермелеп, насихаттаудан, реклама жасаудан сақ болған абзал. «Жақсы еңбек жаздым, танылмады деп қорықпаңдар. Шала Шекспирлер, толыспаған Толстойлар» танылмай жатса, одан келер-кетер өз ғана. «Өңірі табылмаған тау, тереңі танылмаған өзен бар ма?» Әдебиеттің жақсы туындысы өзін-өзі ақ насихаттайды деген пікірді толғайды. Әдебиетке сұлу мінез әкелуші, үлкен мәдениетті қасиетті әкелуші, нұрлы жақсы, жарқыраған өрісі бар жастарға, еңбектерінің жемісті болуына, талап үстіне талап, нұр үстіне нұр құйып, оқу-білімдерінің өсіп-өрлеуіне зор ағалық достықпен тілек айтқан.

*К. Сыздықов.*

**«ЖҮЛ ҚҰСЫ»**, жинақ. Қазақ пролетар жазушыларының ассоциациясы (ҚазАПП) шығарған. 1928 ж. жарық көрді. Негізгі идеялық-көркемдік бағыты ретінде кеңестік таптық, партиялық, идеологиялық насихатты ту етіп ұстады. Мәдениет пен көркем әдебиет саласындағы ұлтшыл, байшыл, алашордашыл қайраткерлер мен жазушыларды әшкерелеуге ұмтылды. Жұмабай Орманбайұлының «Қарагөз» атты мақаласында Ө-тің «Қарагөз» пьесасы «кенес өкіметіне қарсы бағытталған шығарма, бұл дұшпандықпен ойласып істелген қастандық, арандатушылық» деп сынаржақ бағаланды. Буржуазияшыл француз әдебиетіне еліктеді, ұлтшылдықты үгіттейді, бәйгені «Қарагөзге» Ж. Аймауытов алып берді деген іспетті жала да жабылды. Соның нәтижесінде «Қарагөз» пьесасы сахнадан алынып тасталды. Оны екінші рет өңдеп, түзеп, қайтадан жазуға мәжбүр болды. Альманахтың жалғыз-ақ саны жарық көрді.

*Т. Жұртбай.*

**ЖЫП**, ауыз әдебиеті жанры, өлең өлшемі. Фольклордағы батырлар жыры, тарихи жыр, ғашықтар жыры, жоқтау тәрізді жанрлар, жыраулар поэзиясы түгелдей дерлік және ақындық поэзиядағы

көптеген сөз үлгілері осы өлшеммен шығарылған. Ө. жырга қатысты зерттеу еңбектерінде негізінде «Халық поэзиясы» жанры тұрғысынан келген. Жырдың өлеңді құрылымы, өлшемі жайында «Қазақ ССР тарихы» кітабының 1-томына жазған «Музыка өнері» мақаласында (228–230-беттер): «Қазақтың өлең-жыр өнерінде неғұрлым көп тараған түрлерінің бірі терме; речитатив тәріздес құрылған, бір тектес ырғақпен, қысқа қайырып айтатын мелодия; осы ырғаққа салып... жыршылар епостың және тарихи поэмаларын, өртегілерін, аңыздарын шертеді. Шумағы 4–6 жол болып отыратын өлеңнен мұның айырмасы – термеде өлең жолдары 7–8 буынды, ал әуені поэманың көлеміне қарай бір қалпынан өзгерместен дерлік қайталан береді» деп, термеге қатысты жырдың негізгі ерекшеліктерін атаған. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» мақаласында (Л. Соболевпен бірге) «...қазақ халқы бізге архитектура мен скульптураның, сурет өнерінің ескерткіштерін қалдыра алмады. Бірақ бізге ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті» деген. Жыр жанры жайында 20-жылдардағы шағын мақалаларында айта бастаған Ө. «Әдебиет тарихы» оқулығында фольклорлық жанрларды жүйелеп, жырларды «өңгімелі өлеңдер» деп атаған. Оның ішінде батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер деп жіктеген. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» еңбегінде халық поэзиясының шағын түрлеріне үйлену-салт жырын жатқызған.

*М. Жармұхамедұлы.*

**«ЖЫР ЖАЛАУЫ – АМАНГЕЛДІ»**, жазушының мақаласы. Амангелді Имановтың қайтыс болғанына 25 жыл толуына орай жазылған. «Теміржолшы» газетінің 1944 ж. 18 маусымдағы санында жарияланған. Түпнұсқасы сақталмаған. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 8-томына (99–103-беттер) газеттегі нұсқасы берілген. Мақала Амангелдінің қайтыс болғанына 25 жыл толуымен бірге, майдандағы жауынгерлер рухын көтеруге де арнай жазылып сияқты. Бұл тұрғыда: «Осындай өзгеше жанның бірі – Амангелді. Отан соғысының қатал сын, қайсар қажыр талап еткен күндері, ел намысы – ер намысы болған күндері Амангелді атын қазақ халқының жауынгер нәсіліне, әсіресе, ардақты аруақ етті» дейді. Соғыс жылдарының лебі, саяси-идеологиялық жағдай мақала мәтінінен анық байқалып тұрады. Көтеріңкі екпінмен, көркем образды тілмен жазылған. Амангелдінің батырлық, ерлік қасиеттерін жазушы өз сөздерімен де, Сәт, Нұрқан ақындардың өлең-жырларынан алынған мысалдармен де көрсеткен.

*Р. Өбдіғұлов.*

**ЖЫРАУ**, халық поэзиясының өкілі, ру, ұлыс патриархы, ақылгөй, сәуегей ақсақалы. Ж. атауы «жыр» сөзінен туындайды. Ж-дың жыраулығының ең басты белгісі – өз жанынан өлең шығарғыштық қабілетінің болуы. Алайда, көшпенділер тұрмысының өзіндік ерекшеліктеріне орай, Ж-лар басқа да толып жатқан қызмет атқаруға тиіс еді. Ақылының, ақындық талантының арқасында халық ішінде зор беделге ие болған Ж. бірте-бірте тайпа көсемі дәрежесіне дейін көтеріледі. Ескі заманда ру көсеміне жаугершілік күндері қолбасы батыр міндеті де жүктелетін. 15–17 ғасырларда жасаған Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиембеттер тек ақын ғана емес, әрі ру, ұлыс басшысы, әрі батыр,

яғни шын мәніндегі Ж-лар болды. Сәуегейшілдік, батагөйшілдік, түс жору, ырым айту, табиғат құбылыстарына т.б. жайларға қарай болжамдар жасау, яғни абыздың кейбір функцияларын атқару да (Бұқар) көне дәуір Ж-ларына тән қасиет. Әйткенмен, Ж. бағзы замандардың өзінде ел адымен сөз зергері ретінде танылады. Махмұд Қашғари Ж. сөзін (ырағу) өлең шығарушы, музыкант деп түсіндіреді. Кейінгі қазақ Ж-ның болмыс, табиғаты бұдан әлдеқайда терең, әрі ауқымды. Бұл тараптағы түйінді пікірді алғаш рет 1927 жылы «Әдебиет тарихы» атты зерттеуінде Ө. айтқан еді: «Жырау – заман сыншысы... Сөзінің бәрі терең ой, терең мағына. Не айтса да көптің мұңы мен қамы, көптің жайы туралы» дейді. Ж-дың шығармашылық бейнесі оның қоғамда алатын орнына байланысты. Ру патриархы Ж. албаты сөйлемейді, күнделікті оқиғаларға араласпайды, ұсақ-түйек жайттарға бала дауыс көтермейді. Ол жаугершілік, ұлы жиын, той-думан күндерінде, ел абыр-жыған, халық толқын, хан дағдарған кездерде ғана жұрт алдына шығып, ақындық күшін танытады. Ж-дың ең сүйікті жанры – толғау. Ж. толғаулары ой толғау және сыр толғау деп бөлінеді. Ой толғаулар нақыл, афоризм түрінде келеді. Философ Ж. замана жайында түйгендерін, мораль, этика ақындығы ойларын баяндайды, мәнді қоғамдық мәселелер көтереді. Сол сияқты әлем, болмыс, тіршілікте, табиғатта жүріп жататын өзгерістер, оның мән-мағынасы жөніндегі түсініктерін де білдіруі мүмкін. Ал сыр толғаулардағы өзекті сарын – сезім, эмоция. Мұнда жалпы жырау поэзиясына тән үгіт, насихат, дидактика мүлде дерлік ұшыраспайды. Ж. ел басына түскен ауыртыпалыққа, басқадай елеулі оқиғаларға реакциясын білдіреді, өз көңіл күйінен сыр шертеді. Ж. шығармасынан әр түрлі тақырыптағы арнау жырлар да үлкен орын алады. Бұлар әдетте әмірші атына қарата айтылады да, оның белгілі бір іс-әрекетін мадақтап қосау, я даптап наразылық білдіру немесе ақыл-кеңес беру тұрғысында келеді. Жаугершілік заманда жорықтарға қатысып отырған, кейде тіпті батыр, қолбасы да болған Ж-лар әскери тұрмысқа қатысты сан алуан жырлар туғызды. Бұл шығармалар батырдың өзіне, атына мадақ, жауынгерлерді ерлікке, жаудан тайсалмауға шақырған өр ұран, қаза болған ерлерді жоқтау түрінде келеді. Осы ретте Ж-лар жасаған ең елеулі ескерткіш – батырлар жыры. Ж-лар қолданған көркемдік әдістердің дені ескі түркілік: өлеңнің дыбыстық құрылымына ерекше мән беру, әдепкі (аяққы) ұйқаспен қатар ішкі ұйқасқа да ден қою, кейде басқы ұйқаспен ғана өрнектеу, буын тәртібін сақтамай, өлеңді ұзынды-қысқалы тармақтарға құру, екпінге сүйену. Бұл өзгешеліктер Ж-лар жасаған заманның көнелігінің, олар ұстанған дәстүрдің көнелігінің жемісі. Ө. «Әдебиет тарихы» оқулығында: «Жырау – құр ғана тақылдақ өлең айтпайды; бұл заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлеседі... Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы, не көпке арналған ақыл, өсиет есебінде айтылады» деген Ө-тің бұл тұжырымдары қазіргі әдебиеттану ғылымының жырау атауына беріп жүрген анықтамаларымен толық сәйкес келеді. Осы еңбекте жыраулар поэзиясы-

ның көркемдік ерекшеліктері, негізгі тақырыптары талданған. «Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті» тарауында да (19-тарау) жырау ұғымы жайында қысқаша анықтама берілген.

*М. Мағауин.*

**ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯ.** 15–18 ғасырлардағы қазақтың халық поэзиясы. Оның алғашқы өкілдері кезінде бүкіл Дешті Қыпшаққа аты кеткен Қодан тайшы, Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Қазтуған жыраулар жаңа әдебиеттің ізашарлары ғана емес, көне мұраны жалғастырушылар еді. М. Әуезовтің осы тақырыптағы ғылыми-зерттеу еңбектерінде негізінде жыраулық поэзияның көркемдік ерекшеліктеріне, поэтикалық қырларын ашуға, теориялық тұжырымдар жасауға күш салған. Жырау тұлғасы, жырау шығармаларының әлі күнге маңызын жоймаған, терең, ғылыми сипаттамасын жасап берді. Негізгі еңбектерде теориялық пайымдауларын Бұқар жырау шығармашылығына сүйене отырып жасаған. «Әдебиет тарихы» оқулығында жырау категориясына Бұқарды анық жатқызып, қазіргі әдебиеттануда жыраулар қатарына қосылып жүрген Асан Қайғыны бөлектей қарайды. Қазақтың жазба әдебиетінің Абайдан анағұрлым бұрын бастау алғанын айта келіп, екі салаға бөледі: «Біреуі – ақылшы би, қария. Екіншісі – толғаушыл жырау» деп, қазақ поэзиясының ішіндегі жыраулық дәстүрді алға тартады. «Қазақ ССР тарихының» 1-томында («Қазақтың ауыз әдебиеті» тарауы, 1957, 218–228-беттер) «Бұлардың өлеңдерінде одан бұрынғы заманның эпостарынан және әдет-ғұрып-тұрмыстық поэзияларынан көптеген айырмашылықтары бар. Бұл шығармалардағы азаматтық сарындар, халық тұрмысы бұрынғыдан анағұрлым күштірек көрсетілді. 18 ғасырдағы және 19 ғасырдың бас кезіндегі көптеген жыраулардың творчествосында болған қайшылықтардың бәріне қарамастан, бұл жыраулар қазақ тарихынан көрнекті орын алады» деп, жыраулық поэзияның тарихына шолу жасап, Бұқар мен Шалкиізге арнайы тоқталған. «Өлеңдері мен жырлары біздің заманымызға дейін жетіп отырған Бұқар, Жанкісі, Төтіқара, Ақтамберді сияқты суырыпсалма ақындар, жыршылар қазақ әдебиетіндегі дара ақындық творчествоның бастаушылары болып табылады» деп құнды тұжырым жасаған.

**ЖЫРШЫ,** халық поэзиясының өкілі, жыр айтушы, таратушы. Қазақ ауыз әдебиетінде ежелгі заманнан бері өлең, жыр шығаратын, қисса, толғау, дастандар, терме айтатын адамдар «жырау», «ақын», «термеші», «өлеңші» деп аталып келген. Олардың өнерінің ұқсастық жағы да, әр жанрға байланысты айтқыштық дәрежесі жөнінен азды-көпті айырмашылығы да бар. Ж-лар негізінен дайын дастан, жыр, толғау, термелерді жаттап алып айтады, ел арасына таратады. Ақындығы бар жыршылар өзі айтып жүрген шығармаларын толықтырып, көркемдеп айтатын болған. Сондықтан да қазақ ауыз әдебиетінде бір жырдың бірнеше нұсқасы бар. Жыршылар репертуарынан қаһармандық эпос, тарихи жырлар, лиро-эпикалық дастандар негізгі орын алады. Ө. жырау, жыршылар шығармашылығына айрықша көңіл бөлген. Жазушының батырлар жыры, лиро-эпикалық жырларды зерттеу кезінде Жанак, Шөже, Марабай және т. б. жыршылар туралы көптеген деректер келтірген. 1957 ж. шыққан «Қазақ ССР тарихының» 1-томына жазған «Қазақтың ауыз әдебиеті» тарауында «Қазақтың ауыз әдебиетінің қазынасын жасаушылар және ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп

отырушылар – халық ішінен шыққан талантты ақындар, жыраулар, жыршылар, суырыпсалма ақындар» деп, жыршы тұлғасын бөліп атады. Әуезовтің ойынша, ақындар, суырыпсалып айтатын жыршылар жазбасы жоқ өз халқының шежірешілері болған. Ұлы суреткер Жамбылдың, Нүрпейістің, Мұрынның жыршылық өнеріне көңіл аударып, олар білетін көптеген эпикалық дастандардың қағаз бетіне түсуіне мұрындық болған. М. Әуезов қырғыз халқының жыр айтушылары манасшылар мен жыршылар шығармашылығын салыстыра зерттеп, құнды ғылыми мақалалар жазған.

*А. Бұлдыбаев.*

**ЖІГІТЕК,** ру аты. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясында көп айтылатын Олжайдың Айдос, Қайдос, Жігітек деген үш ұлының кенжесі. Жазушы Абай туралы монографиясында: «Майбасардың содырлы, зорлықшыл қылығының салдарынан Жігітек деген ру бастығы Бөжей болып, Құнанбайға қарсы болады. Бөкенші, Борсақты жерінен көшіру, Жуантаяқ, Қарабатырды көшіріп жерін алу, Көкшені көшірмек болу – бәрі де сол үлкен көрінеу зорлықтың айғақтары еді. Жігітектен үлкен араздық та осы жөненен туып, кейін ұлғайған өштікке айналған. Құнанбайдың өзін де Ж-тер бір шақта жеңермен боп, меңдетіп барып, қуғын қағазды молайтып, Омбы қаласына шейін тергеуге апарып өренге қалған» деген деректер келтіреді. Бұл өштіктің салқыны Абай заманында да айықпағандығы зерттеулерінде, романында сөз болады. Ж-тің Абылғазы, Базаралы, Өбді сияқты адамдарымен Абайдың жақсы, достық қарым-қатынаста болғандығы суреттеледі. Олардың Абайға өштігін қоздырған көбінесе Оразбай бастаған топ еді. Бірақ олар Ж. Тәкежан жылқысының алынуына байланысты айып тартқанда, бар салмақты соларға аударып өздері сырт қалады. Осыдан кейін Жігітек басындағы халді: «Жаз шыға бере Тәкежан жылқыларына екі бестіден айып-жаза тартып, зорға құтылды. Соның орайына Шұжигансудан бастап Қарауылға, қалың шағыл ішіне шейін тарап отырған көп Жігітек тақа тұралап қалды. Келер жазда жайлауға шығар қауқары болмай таланып, тақырланған кедей ауылдар тегісінен ши-жалаңаш, жоқ-жітік жүдеулікке түсіп, жатақ жатып қалды» деп елестетеді («Абай жолы», «Кек жолында» тарауы). Осының бәрі ақырында Абаймен татуласуға алып барады.

*Т. Әкім.*



**ЗАВАДСКИЙ** Юрий Александрович (1894–1971), орыс режиссері, актер, педагог, профессор (1947). КСРО (1948) және Қазақстанның (1943) халық

артисті. Социалистік Еңбек Ері (1973). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1946, 1951). Көптеген классикалық шығармаларды сахнаға шығарды. «Театр өнері туралы» кітап жазды (1965). Ұлы Отан соғысы жылдары Шымкент пен Алматыда тұрды. Қазақ өнер қайраткерлерімен жиі кездесіп, оларға актерлік шеберлік пен режиссерлік жұмыс туралы лекциялар оқыды. Ө-пен шығармашылық байланыс жасап тұрды. Қазақ драматургияның эпопеясы бойынша жасалған «Абай» спектаклі жөнінде «Жаңа шығармашылық табыс» («Қазақстанская правда», 1952, 6 сәуір), «Қазақстан ақыны» («Огонек», 1952, №12) деген мақалаларын жазып, бұл қойылымдардың қазақ театр өнерінің дамуына зор ықпал жасағанын атап көрсеткен.

**ЗАГРЕБЕЛЬНЫЙ** Павел Архипович (1924 ж. т.), украин жазушысы. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980). Ө-тің 90 жылдық мерейтойына арналған Мәскеудегі Одақтар үйінің Бағанды залында өткен салтанатты кеште сөз сөйлеп, украин оқырмандары қазақ жазушысын сүйіп оқитынын, «Абай жолы» эпопеясы 1959 жылдан бері украин тілінде 5 рет қайта басылғанын айта келіп, Ө-тің шынайы суретші, терең ойшыл, асқан білімді екені туралы ой бөліскен. Даналыққа бой алдырсаң, зұлымдық пен жауыздық атаулыны, қызғаншақтық пен күншілдікті жеңіп шығасың деген ұлы жазушының айтқандарын мысалға келтірген («Мұхтар Әуезов және қазіргі әдебиет», А., 1989, 76–78-беттер).

**«ЗАМАНДАСТАР ӨЗ ҚАҢАРМАНЫ ТУРАЛЫ»** («Современники о своем герое»), жазушының мақаласы. «Литературная газетада» 1961 ж. 13 сәуірде шыққан. Юрий Гагариннің космосқа ұшуына арналған газет нөмірінде «Современники о своем герое» атты ортақ атпен КСРО-ның көптеген ақын-жазушыларының, ғалымдарының құттықтау-мақалалары берілген. Осы топтамада Ө-пен бірге Шыңғыс Айтматовтың, Э. Межелайтиснің, академик Л. Ландаудың, композитор Т. Хренниковтің т. б. шағын-шағын мақалалары басылған. «Ғасырлар өтер, бірақ адамдар, планеталарды мекендеушілер, 12 апрельді, Юрий Гагариннің есімін, біздің елді – Совет Одағын еш уақытта ұмытпақ емес» деп, көгеріні сарынмен әдемі, әсерлі жазған.

*Н. Оспантегі.*

**«ЗАМАН ШАРТЫ»** («Требование времени»), жазушының мақаласы. Мақаланың соңында «Оқушыларға» деп, бөлек берген ескертпесі бар. «Мен сын мен зерттеу еңбектерін, мақала мен баяндама көпшілігін орыс тілінде де жазатын автор қатарына қосыламын. Сондықтан да «Әр жылдар ойлары» деген кітабым екі тілде жазылған еңбектерден құралған-ды. Осылай болғандықтан, кейбір орысша еңбектеріміз қазақшасы болмайтыны бар» деп, шығармашылық лабораториясынан бір сыр ашады. Шығармаларын аудармашылардың әр түрлі дәрежеде аударатынын, аударма барысында автор стилінің сақтала бермейтінін айта келіп «...әдебиетші мен зерек тілші аударманы «мынау – аударма екен» деп айырап. Бірақ жұрттың бәрі әдебиетші де, тілші емес. Сондықтан тілімізді талдар-сынарда жаңағы жәй есте болса деп осыны жазып отырмын» дейді. Бұл мақаланы Ө-тің өзі аударған. Мақаладағы жеке тараушаларды «Космос дәуірінде әдебиетті қайтпекпіз», «Біз жаңа-

лық табу жолындамыз», «Жүрекке жүрек ашылсын» деп атаған. Мақала алғаш рет орыс тілінде «Литературная газетаның» 1960 ж. 22 қазандағы санында, кейін Ө-тің «Мысли разных лет» (1961), 5 томдық жинақтарында; қазақ тілінде «Қазақ әдебиеті» газетінің 1960 ж. 28 қазандағы санында, «Уақыт және әдебиет» (1962), 12 және 20 томдық шығармалар жинақтарына енгізілді.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ЗАР ЗАМАН**, әдеби ағым. Бұл атауды әдебиеттану ғылымына бірінші рет Ө. енгізді (1927). Бодандыққа ұрынған дәуірдегі ақындар шығармасында біртұтас ортақ саяси-әлеуметтік жағдайдан туындаған іштей қарсылықтың өзекті сарынын қуалай жырланатын бағыты. Бұл ағымның бастапқы түп төркіні Алтын Орда мемлекеті ыдырап, ұсақ хандыққа бөлінген кезде, тақ таласы күшейіп, ішкі бірліктің кенеуі кеткен жағдайда орыс патшалығы сес көрсете бастаған тұстағы туған қатерлі қауіпте жатыр. Орыс мемлекеті тарихта екі рет Шығысты жаулап алуға ұмтылыс жасады. Бірі – 9–10 ғасырда, екіншісі 15 ғасыр басында басталған-ды. Ресей патшалығы күшейіп, бел алысымен 15 ғасырдан бастап бүкіл Сібір мен қазақ жерін, Түркістан өлкесін отарлап алудың әрқилы айла-тәсілдерін қолданып отарлау саясатын ұстанды. Мұны алдымен қазақ даласының данагері, көреген ойшылдары сезінді. Қатерлі қауіптің қай тұстан, қандай саяси айла-тәсілдермен жүзеге асарын алдын ала сезініп: «Мұнан соң қилы-қилы заман болар, Заман азып, заң тозып жаман болар. Қарағайдың басына шортан шығып, Балалардың дәурені тамам болар» деген Асан Қайғының жұмбақтап болжай айтқан әйгілі өлеңі халық санасында сақталып, бүкіл зар заман әдебиетінің біртұтас әдеби ағымына айналды. Яғни бұл құбылысты терең байқаған Ө-тің: «... зар заман ақындарының барлығындағы сары уайым – Асан бастаған сарын. Сондықтан зар заман ақындарының алғашқы белгісі Асан Қайғыдан басталады» деген ой-пікірімен тұжырымдалады. Асан Қайғының жұмбақ өлеңіндегі болжамын, оның айтпақ пікірін Абылай хан алдында таратып, шешіп берген Бұқар жырау өлеңінде баяндалған ой сарыны, яғни орыс патшалығының бодандығына құл болу, жерден айырылу, билік тізгіні жат қолында кету, дін бұзылып, шоқынып, орыстану қаупі – бүкіл зар заман ақындарының ортақ қасірет қайғысына айналып, зар наласын теккен әдеби ағымды тудырды. Бұл қазақ әдебиеті тарихында «зар заман әдеби ағымы» деп аталды. Бұл ағымның көрнекті өкілдері Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір Кердері, Нармамбет т. б. ақындар отарлық езгіге түскен қазақ халқының мұң-шері, қиын тағдыры туралы зарлы толғаулар шығарып, ел ішіне кеңінен таратты. Бұдан кейін де көптеген ақындар өлең-жырларын осы тақырыпқа арнады. Олардың бәрі отаршылықтың озбырлығы мен сүркілі саясатын барынша әшкереледі. Қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алып, ұрпағын аздырып, діннен бездіру сияқты империялық пиғылдың жүзеге асуына қарсылық білдірді. Соның нәтижесінде қайраткерлік, азаматтық поэзия дүниеге келді. Сөйтіп бұл ақындар бүкіл бір тарихи дәуірді бастан кешірді. Өйткені «зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абығай келіп тіреледі. Сондықтан қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық қыз жылға созылады» деп ой түйеді жазушы («Әдебиет тарихы», 1991, 192–222-беттер).

*М. Мырзахметұлы.*





Зәбила  
Өлімқұлқызы  
Ақылбаева.

**ЗАРЬЯН** Наири (шын аты-жөні: Айастан Егна-зарьян; 1901–1969), армян жазушысы, драматург. Ө-пен көп жылдар қарым-қатынас жасап тұрды. КСРО халықтары әдебиеттері жөніндегі комиссияда бірге қызмет атқарды. Ө. 60 жасқа толғанда, құттықтау жеделхат жолдап, Өуезовты шығармашылығында тарихшының кең эрудициясы мен суреткердің шынайы сезімталдығы қос бұрынмай өріліп жатыр; сондықтан оның шығармаларының танымыдқ және тәрбиелік күші

аса зор деп, қаламдас әріптесі жөнінде тамсана жазып, тамаша ойлар айтты («М. О. Өуезовке. Алпыс жылдығына арналған мақалалар жинағы», А., 1959, 21–22-беттер).

*Д. Қонаев.*

**ЗАТАЕВИЧ** Александр Викторович (1869–1936), музыка этнографы, композитор, Қазақстанның халық артисі (1923). 1920 ж. Қазақстанға келіп, қазақтың халық музыка мұрасын қағаз бетіне түсіріп, ұлттық рухани байлықты сақтап қалуға айналысты. Өнші-күйшілердің шығармашылық қызметінің сырын ашып, көптеген құнды мағлұматтар жинады. «Қазақ халқының 1000 әні» (1925), «Қазақтың 500 ән мен күйі» (1931) жинақтарын шығарды. «Қазақ музыкасының III-томын» жазды, сондай-ақ қырғыз, татар, дүнген т. б. халықтардың лирикасын жинады («Песни разных народов», А., 1971). Фольклоршының осындай қыруар қызметіне риза болған Ө.: «Осы ретте қазақтың ескі ән-күй қорына араласқан Затаевич қолын көріп жүрміз. Ол көп жерде ескіні жинаушы ғана емес, өз жанынан, өз басынан түр қосушы, қошқар мүйіз болушы боп та араласып жүр. Гармонизация дегендері ескі музыкаға жеке адамның өз қоспасын әкеп тағуы сияқты көрінеді» деп жазды («Театр, музыка кадр»).  
*З. Қоспақов.*

**ЗАХИДОВ** Вахид (1914–1984), өзбек әдебиет зерттеушісі. Өзбекстан ҒА-ның академигі (1975). Әдебиет пен мәдениет мұраларына байланысты ғылыми-публицистикалық көптеген еңбектер жазды. Ө-тің 80 жылдық мерейтойына қатысып, Алматыда өткен салтанатты кеште сөз сөйледі. Шығармаларында келтірілген мәселелер өз халқын ғана емес, өзге халықтарды тебіртетін жазушылар бар. Мұндай рухани байлықтарды жасаған адамдар жүр шарындағы күллі халыққа қымбат саналады. Сондай адамның бірі Мұхтар Омарханұлы Өуезов еді. Ол тек Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ басқа туысқан республикалардың мәдениетін дамыту үшін көп еңбек сіңірді деп, шындықты ашып айтты («Мұхтар Өуезов – совет әдебиетінің классигі», А., 1980, 36-бет).  
*Н. Ақбай.*

**ЗӘБИЛА** Өлімқұлқызы Ақылбаева (1907–1984), Абайдың шөбересі. Алматы маңындағы КНИЖ деген жерде (К. Мыңбаев ауылы) көп жыл тұрып, сонда қайтыс болған. Балалары сол жерде тұрады. Тәркілеу жылдары Абай ұрпақтары қудалауға ұшыраған кезде, сонда көшіп кеткен. Ө. араласып тұрған. Ол З-дан Абай туралы көптеген деректер жазып алған, шығармаларына пайдаланған.  
*М. Бейсенбаев.*

## ЗЕЙНЕП

**ЗӘКИ** Уәлиди Тоған (1890–1970), тарихшы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері. 1917 жылға дейін IV Мемлекеттік думаның мұсылман фракциясы бюросында қызмет істеген. 1918 ж. Башқұртстан үкіметін басқарып, 1919 ж. Мәскеуге ауысқан, Ленин, Сталинмен тікелей араласып тұрған. Жергілікті ұлттар мүддесі үшін айтысып СОКП Орталық Комитетінің бағытымен келіспегеніне байланысты қуғындалып, эмиграцияға кеткен. 55 жыл бойы тарих ғылымымен шұғылданды. Түркі халықтарының тарихынан ірі зерттеу еңбектерін жазды. «Естеліктер» кітабында 1918 ж. Ө-тің Башқұртстанға келгені туралы мағлұмат берілген. З. онда: «Үшінші оқиға – «Алашорда» өкілдерінің келуі. Солармен қоса қазақтардың атынан Ғазымбек Бірімжанов пен жазушы Мұхтар Өуезов келді. Олар да Колчак пен одақтардың ұлттық әскер мен ұлттық үкімет құруға қарсы әрекет жасауының салдарынан кеңес өкіметімен келісім жасауға мәжбүр болыпты... Мұхтар Өуезов көрнекті кеңес жазушысы болды. 60 жасқа толған мерейтойы көнінен аталып өтті. Қазақстан Ғылым академиясының академиктігіне сайланды. Ол 1961 жылы дүниеден қайтыс» деп еске алады (Зәки Уәлиди Тоған. Ыстамбул, 1969, 241–242-беттер).  
*М. Мырзахметұлы.*

**ЗЕГЕРС** Анна (шын аты – Нетти Радвани; 1900–1983), неміс жазушысы. Коммунистік қозғалыстың қайраткері ретінде танылды. Халықаралық Лениндік және ГДР Ұлттық сыйлығының лауреаты (1951). Ө-пен Халықаралық Лениндік сыйлықтар беру комитетінде мүше болған жылдары танысып, қарым-қатынас жасап тұрған. Қазақ жазушысы 1956 ж. қаңтарда ГДР-ге барған сапарында Батыс Еуропа жазушыларының форумына ауырып қатыса алмаған З-ті ауруханада жатқан жеріне іздеп барып, көңілін сұрайды. Абай туралы романдарын жақсы білетін З. Мұхтанан өз туралы айтып беруін өтінеді. Өбден зейін қойып тыңдаған ол: «Байқасам, сіз бұл жағынан алғанда ғажайып білгіш адам екенсіз, Сіздің өмірбаяныыз тарих оқулығымен пара-пар» депті («Біздің Мұхтар», 1975, 340–344-беттер).  
*Т. Әкімов.*

**ЗЕЙНЕП** (С о қ ы р З е й н е п) Қошқарбергенқызы (1881–1913), әнші-ақын. Екі жасында қорасан ауруынан соқыр болған. Тағдырына мойымай, өнерге әуес болып, өз жанынан өлең шығарады, сырай тартып, жұртшылық алдында ән айтады, жиын-тойларда ақындар айтысына түсіп, халыққа «Соқыр Зейнеп» деген атымен белгілі болады. Абайды өзіне ұстаз тұтып, өлеңдері мен өндерін ел арасына таратады. Ө. оның бұл еңбегіне жоғары баға беріп, «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясында Абайға оның тірісінде алыс болыстардан болмаса да, барлық Семей облысының уездерінен... әдейілеп келіп, көп өлеңдерін жаттап алып, әнге салып, өз елдеріне жаңалық, үлгі-тәлім есебінде таратып жүрген көп әнші-ақын өнерпаздар болған дейді де: «Солардың бастылары – ...әйелдерден: Ажар, Зейнеп, Сара, Қуандық сияқты талай талантты атакты әнші-ақындар болады» деп атап өтеді. «Абай» трагедиясының бір кейіпкері етіп, ұлы ақын қошеметтеген талант иесі ретінде бейнеледі. Трагедияға Айдардың жан азабын тартқан сәтінде келген З-ке Абайдың: «Таңбалап ал, танып ал да, жетсең Жайыққа,

апарсаң – Алатау апар осы қасірет дастанын» деген сөлемін жеткізеді. 3-тің талантын жоғары бағалағаны соншалық, Ә. өзі сценарийін жазған «Абай өні» атты көркем фильміне негізгі кейіпкер ретінде енгізді.

*С. Қарабай.*

**ЗЕЙНЕП** Өндірбайқызы (19 ф. т. -ө. ж. б.). Оспанның екінші әйелі. 3-тің өкесімен Құнанбай қажыға бірге барған. 3. сөзге шебер, жанынан шығарып айтқыш болған. Оның «Біздің ел – елдің барын Құнту болыс болғанда, құдайдың барын – Оспан өлгенде білді» (№29-папка, 132-бет) дегені мәтелге айналып кеткен. Бірде Абай Жиреншеден қандай бүркіт қыран болатынын сұрағанда, ол: «Жәдігөй көзденген Әйімхан мұрынды, Зейнеп төсті бүркіт түлкі қояды дейсің бе?» дейді. Осы жөнінде «Ақын ағада» мынадай жолдар бар: «Жесір алынбай қалды. Осыны естіген жерде Зейнеп өзінің сұлу, биік төсін көтере түсіп, Төкежан ауылы жаққа көз сығырайта қарап ерінін шығарды. Өз төсіне сенімді ерке наздық көрсетті. Ол төсіне сенгендей. Өйткені Жиренше «Бүркіттің үлкен тыны төсі ғой. Жақсы бүркіт Зейнеп төсті келсеші!» депті. Қазір Зейнеп өзінің осындай аңыз болған төсіне сенген-ді» («Ақын аға», 1950, 298-бет). Бұл айтылғандар романның кейінгі басылымдарында жоқ. 3-тің кең-мол көрінетін тұсы – Оспанның қазасымен байланысты. Әсіресе ол Оспанды жоқтаумен ерекше көзге түседі: «Зейнеп дауыс айта бастағанда, бұның үйінің сыртынан келіп, плауескеге мініп немесе жүкке сүйеніп, сыбырласып отырып тындайтын балалар, жастар да болады. Зейнептің дастанына Ырғызбайдың бәрі ырза. Талайдан бері айтылмаған жақсы жоқтау осы Зейнептің жоқтауы десіп, көп жастарға жаттап алуға бұйыратын. Зейнептің қоңыр сұлу, әсерлі үнін тындай отыра, Абай іштей өз дауыс жоқтауын қосып жалғасып, бірге жыласып отырады» («Абай жолы», «Қақтығыста» тарауы) дегендер оның бейне-бітімін аша түседі. Ал еменгерлік жолын айтып келген ағайынға Еркежан сияқты шошына қабылдамай, 3. бірден ата жолын аттамайтынын білдіреді.

*Т. Әкім.*

**ЗЕЙНЕС** Ысмайыл (1958 ж. т.), аудармашы, ғалым. Анкара университетінің профессоры (1997), Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметті профессоры (1997). Қазақ, қытай, түрік тілдерін еркін игерген. «Түрікше-қазақша сөздік» (1993), «Қазақша тілашар» (1994), «Қазақ мақал-мәтелдері» (1995) сияқты кітаптары Анкарада жарық көрген. Абайдың («Абай»). Өлеңдері мен қара сөздері. Алғы сөзін жазған – Н. Назарбаев. Анкара, 1995), Жамбылдың («Жамбыл». Өлеңдері, айтыстары, дастандары. Анкара, 1996) шығармаларын түрік тіліне аударып, бастырып шығарды. 1997 ж. Ә-тің «Абай жолы» роман-эпопеясының алғашқы екі кітабын, әңгімелері мен повестерін, «М. Әуезовтің ғылыми мақалаларын», «Мұхтар Әуезов туралы мақалаларды» түрікшеге тәржімелеп, тұңғыш рет түрік тілінде жариялады. «Түрік тілдері мен әдебиеті» журналының бір нөмірін (тамыз, 1997) түгелдей Ә-тің шығармашылығына арнады. Ұлы жазушы туралы «М. Әуезовтің түрік әлеміндегі орны» (1996), «М. Әуезов және оның шығармалары» («Түрік тілдері мен әдебиеті», 1997), «М. Әуезовтің «Абай жолы» романының тілі» (1996),

«М. Әуезов әңгімелерінің ерекшеліктері» (1997) мақалалары жарық көрді.

*Д. Ысқақұлы.*

**ЗЕККИ** Осман Уәлиоллаұлы (1904–1981), кинорежиссер, кинооператор. Қазақстанның (1960), Бурятияның (1953) еңбек сіңірген өнер қайраткері. 1953 жылдан бастап Алматыдағы «Қазақфильм» киностудиясында көптеген деректі фильмдер түсірді. Ә. бейнеленген «Советтік Қазақстан» (1957, №3; 1961, №9) киножурналын, «Абай» киночеркіні (1954) түсіруге қатысты.

**ЗЕЛИНСКИЙ** Корнелий Люцианович (1896–1970), орыс әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымының докторы (1964). «Жамбыл» монографиясы 1955 ж. Мәскеуде жарық көрді. «Абай» романының орыс тілінде жарық көруіне байланысты, алғаш пікір білдірді. «Литературная газетаның» 1946 ж. 22 маусым күнгі санында жарияланған «Қазақ даласы туралы роман» атты мақаласында көшпелілердің рулық құрылымы туралы күні кеше ғана сондай рудың біреуінен шыққан адам жазған өлем әдебиетіндегі бірден-бір романға жоғары баға берді. Бұдан кейін де әр түрлі тақырыптық зерттеу еңбектерінде «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік ерекшеліктері мен Ә-тің шығармашылық шеберлігі туралы түйінді тұжырымдар айтты.

«**ЗЕМСТВО ҒАМ КООПЕРАТИВ ҚАУЫМДАРЫ**», жазушының мақаласы. Алғаш рет «Абай» журналының 1918 жылғы 10-санында жарияланды, кейін Ә. шығармаларының 50 томдық толық жинағының 1-кітабында жарық көрді (1997, 124-бет). 1-дүниежүзілік соғыс пен азамат соғысы (1914–18) Ресей империясының халық шаруашылығын құйзелтіп, ашаршылыққа соқтырды, әсіресе ауыл шаруашылығы қатты зардап шекті. Патша билігі құлап, уақытша үкімет орнаған соң, жергілікті басқару мекемесі – земство құрылды. Ол халық тұрмысын жақсарту, қаржы-қаражат, ақша айналымы, ғылым-білім, денсаулық сақтау мәселелерімен шұғылданды. Ұлы жазушы земство туралы пікір қозғап, оның қазақ үшін қандай пайда әкелетінін, бұл мақсатты жүзеге асырудың жолдарын түсіндіруді мақсат еткен. Земство мен кооператив қараңғы, кедей халыққа не береді? деген сұраққа М. Әуезов: бірінші – тамақ, киім; екінші – мал бағушы болса, мал шаруасын түзеу, мал ауруын жою. Егінші болса, егін шаруасын түзеу. Үшінші – аурухана салу, дәрігер шығару, елді аурудан сақтау. Төртінші – оқу, жалпы қараңғы жұртты өмір жарығына жеткізу. Елдікке аяқ бастырып, қатарға кіргізу, жұмысын жеңілдетіп, білім-өнер құралын жалпы жұртқа қолдандыру. Тәртіппен почта жүргізіп, дүниедегі болып жатқан халді жұрт құлағына естіріп, зейінін ояту, көзін аштыру деп жауап береді. Автор одан әрі уақ қарыз серіктігінің қызметін пайдалану, соның несие көмегі арқылы кәсіпшілікпен айналысу мәселесін көтереді. Ә-тің «земство мен кооперативтер – егіз нәрселер» деуі сондықтан. Өйткені земствоның өзінде қаражат тапшы, оның үстіне ақша құнсызданып барады. Сол үшін алыс-берістің барлық түрімен шұғылданду мақсатында земстволардың жанынан кооперативтер ашылды. Оларға тұтынушылар қоғамы, земстволар, уақ қарыз серікестіктері бақылау жасап, заттың бағасын реттеп отырады. Адамдар мен шаруашылықтарда құйзелеткен құтқаруды бірден-бір жолы осы еді. Демек бұл мақала тіршілікті түзеудің жаңа амал-тәсілін қазақтарға түсіндіру үшін әдейі жа-

**ЗЕРЕ** (Т о қ б а л а) Бектемірқызы (1785–1873), Абайдың әжесі, Құнанбайдың шешесі, Өскенбайдың бәйбішесі. Найман ішіндегі Матай руының Қойкелді табынан. Қойкелдің Жәналі, Тоқбала есімді балалары болған. Ырғызбай ауылына ұзатылып келгенде, жас келін Тоқбала мұрнына зерге (мұрынға қыстырып қоятын дөңгелек сырға) тағып жүріпті. Содан оны жұрт З. деп атап кеткен. З-ден – Құттымұхамед (жастай қайтыс болған), Құнанбай, Тайбала туған. З. елдің берекесін ойлаған аса зейінді, отбасының бірлігін бұзбай, күндестікке бой алдырмаған (Өскенбай 4 әйел алған), бауырмал ана болған. Құнанбай жалғыз өспесін деп, Бөжей Ералыұлын, Майбасар Өскенбайұлын, Ізғұтты (Шибай) Мұхаметжанұлын және бозбала кезінде барымтада қаза тапқан Болсамбек деген баланы бауырына салып өсірген. Алған бетінен қайтпайтын қатал Құнанбайдың шешімін З. ғана бұза алған. Сондықтан да Құнанбайға ісі түскен адамдар алдымен оның шешесіне жұлбайқан. Ө.: «Зере кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді әйел болған. 1850 жылы 72 жасында Өскенбай өледі. Зере ерінен кейін көп жасаған. Ол бертін келіп, тоқсаңға жетіп өледі... Абайдың бала, бозбала күнінде ауылдың бәрі Зерені «кәрі әже» дейді екен. Кәріліктен құлағы естімейтін болады... Сонда өз қолындағы немересі Абай кәрі әжесінің құлағына өлең айтып келіп, үшкіреді екен» деп жазды. З. бейнесі «Абай жолында» өте мейірімді адам ретінде сомдалған.

*Т. Жұртбай.*

**ЗИЛЬБЕР** (шын фамилиясы – Ручьев) Александр Александрович (1899–1970), орыс композиторы. 1935–40 ж. Алматыда тұрған. «Жиль Блаз» (1935), «Василий Темный» (1946), «Капитан Гастелло» (1954) т. б. опералары бар. Қазақ өндерінің тақырыптары бойынша симфония (1938), Жамбыл сөзіне кантата (1939), қазақ халық өндерінің мәтіндеріне 10 хор т. б., Ө-тің либреттосы бойынша жаңа қазақ операсын – «Бекет» операсын жазды. Операны шығару барысында Ө-пен хат жазысып, пікір алысып отырған, достық, шығармашылық қарым-қатынаста болған.

*А. Омарова.*

**ЗИМАНОВ** Салық (1921 ж. т.), заңгер, қоғам қайраткері. Заң ғылымының докторы (1961), профессор (1963), Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі (1967), Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (2002). Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1971), Бүкілодақтық заң институтын бітірген (1948). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1990–95). Қазақ ұлтының мемлекеттік құқық тарихы мен теориясы негіздеріне арналған іргелі еңбектердің және Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін баянды еткен заңдық құжаттар авторларының бірі. Қазақ елінің дәстүрлі заң ережелері мен саяси-әлеуметтік, мемлекеттік құрылымының тарихы мен билік түрлері, азаттық жолындағы күресі мен оның заңдық-құқықтық тұрғыдан негізделуі, қазақ құқықтанушылары көзқарасының қалыптасуы және олардың алдыңғы қатарлы идеялары туралы «Қазақстандағы феодалдық меншіктің құқықтары жөніндегі мәселе туралы» (1952), «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың қоғамдық құрылымы» (1958), «XVIII ғасырдың соңындағы және XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ-

стандағы саяси құрылым» (1960), «Шоқан Уәлихановтың саяси көзқарасы» (1965), «В. И. Ленин және Қазақстандағы ұлттық кеңестік мемлекеттік» (1970), «Б. Қаратаев екінің мемлекеттік Думада» (М. Ш. Исмағұловпен бірге, 1974), «РСФСР-дің ұлт мәселесі жөніндегі халық комиссариатының қазақ бөлімі» (С. Дәулетовамен, М. Исмағұловпен бірге, 1975), «Бұхара мен Хиуадағы азаттық идеясының кеңестік мемлекетке ұласуы» (1976), «М. Сералиннің қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы» (Қ. Ыдырысовпен бірге, 1989), «Абай ережелері» (1984) атты монографиялық зерттеулері жарық көрді. З-тың жетекшілігімен 1961–65 ж. «Советтік Қазақстан мемлекеті мен право тарихы» деген 3 томдық еңбек басылып шықты. Ө-пен жақсы таныс және ғылыми пікірлес болды. З. өзінің монографияларында және «Абай ережелері» деген мақаласында «Абай жолы» эпопеясында дәстүрлі заң құқықтарының бейнеленуінің негіздері және архивтік құжаттарды көркем шындық тұрғысынан баяндау ерекшеліктері туралы арнайы тоқталып, ғылыми тұрғыдан баға берді.

*Т. Жұртбай.*

**ЗЛОБИН** Степан Павлович (1903–1965), жазушы. В. Я. Брюсов атындағы Жоғары әдебиет және көркемөнер институтын бітірген (1924). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1952). Лениндік сыйлықты алуына байланысты жеделжат жолдап, Ө-тің биік адамгершілік қасиетін, досқа деген адалдығын жоғары бағалаған. Қазақ жазушысы жауап хатында екеуінің арасындағы қарым-қатынасқа дән риза екенін айтып, сөз өнерінің жер астынан немесе шахтадан маржан іздегендей қиын екенін жазған («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 663, 666-беттер).

«ЗОР АТАҚ» («Высокое призвание»), жазушының мақаласы. Публицистикалық сарында орыс тілінде жазылған. 1956 ж. «Литературная газетаның» 28 қаңтардағы санында жарияланған, кейін Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 19-кітабына енгізілген (1985, 210–217-беттер). Автор мақаланы СОКП 20-съезі директиваларының жобаларымен танысқаннан кейін жазған. Өйткені бұл «тарихи» құжатта баяндалған ұлан-ғайыр цифрлар, болашақта ғылым мен техникалық ғаламат өсу қарқыны, алдағы бесжылдықтардың зор жемістері, кеңес адамдарының еңбектегі ерліктері жазушыны қатты қанаттандырып, шабытына шабыт қосқан, жігерлендірген. Қаламгер директивалар жобасын социалистік гуманизмнің тамаша құжаты ретінде суреттейді. Кеңес адамы бір ғана бесжылдық ішінде балалардың болашағы, уайым-қайғысыз қартаю үшін, жемісті еңбек етіп, жарасты отбасын құру үшін қолдан келгеннің бәрін істейді деп тандағанды. Отан соғысындағы Гастелло мен Мересевтің ерліктерін еске алады, бесжылдық құрылыстарын сипаттаған көркем шығармаларды мысалға келтіреді. Осының бәрі Коммунистік партияның көрегендік басшылығы, кеңес үкіметінің әділ саясаты арқасында, жеңімпаз кеңес адамының ерлік еңбегі нәтижесінде өмірге келді, жүзеге асты; феодалдық-рулық құрылысты артқа тастап, капитализмге соқпай, социализмді көктей өтіп, жаңа коммунистік қоғамға аяқ басқанымыздың жемісі деп бағалайды. Мұндай өмір тек эпоста ғана кездеседі деп келіп, директива-

лардың жобасы – біз рухтандыратын жауынгерлік бағдарлама, ол бізге өмір мен өнердің биік асуларынан асуға жол ашады: «адам жанының инженері» деген зор атақ бізді осы тарихи құжат алдымызға қойған міндеттердің деңгейінен шығуға міндеттейді деп аяқтайды қаламгер мақаласын.

*Н. Оспантегі.*

**«ЗОР ӘДЕБИ ЖЕТИСТІК»** («За большие художественные обобщения»), жазушының мақаласы. «Казахстанская правда» газетінің 1936 жылғы 18 сәуірдегі санында орыс тілінде жарияланған. Кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томында (1985, 409–412-беттер) қайта жарық көрді. Қолжазбасы сақталмаған. Мақалада автор қазақ әдебиетінде бүгінгі заманға ылайықтау шығармалар тудыра алмай келе жатқанымызды, өмір шындығын талғап, талдап көркемдік шындықпен көрсету жағы кемшіл соғып жүргенін атап көрсетіп, өзінің теориялық толғамды ой-пікірлерін ортаға салады, өмір материалдарын көркемдік игерудің ерекшеліктерін ескертеді, қазақ әдебиетіндегі осыған байланысты кездесіп жүрген кей кемшіліктердің түп төркінін ашып көрсетеді. Қазіргі кезде стхановшы қазақ жаңа техниканы игеріп, өндірісте, шаруашылықта айтарлықтай жетістік нәтижеге жетіп жатса, біздің жазушыларымыз сондай бейнелі шынайы суреттей алатын шеберліктің техникасын әлі меңгере алған жоқ. Біз өмірді тереңінен танып суреттеудің орнына, көбіне ауа жайылып, бір жағынан, натурализмге, екінші жағынан, формализмге ауытқумен келеміз дейді. Осы тұрғыдан, алдымен, өзінің «Тас түлек» пьесасында типтік ортаға тән типтік характер жасай алмағанын сынап өтеді. С. Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасының кейбір кедір-бұдыр кемшіліктеріне қарамастан, қазіргі заман талабына лайық маңызды шығармалар қатарынан орын алатынын, І. Жансүгіровтің «Жорық» поэмасы натурализмге ұрынған сәтсіз туынды болса, кейінгі «Дала» поэмасы қазақ әдебиетіндегі өте талантты жазылған сәтті құбылыс болып отыр. Б. Майлиннің «Майдан» пьесасы – бүгінгі күн тақырыбына жазылған шығармалардың ішінде шоқтығы биігі. Ал кең тынысты көркем туынды беруге мүмкіндігі мол жазушының бірі С. Мұқанов шығармаларын көбіне асығыстап жазып, тіл, стиль кемшіліктерімен қатар, адам характерлерін ашуға да жете мән бермей кетіп жүргенін атап айтады. Қорытындысында автор қазақ әдебиетінде одақтық әдебиетке ілесе қазіргі дәуірге ылайық көркем туындылар жазылатынына үлкен сенім білдіреді.

*К. Сыздықов.*

**«ЗОР БАҒАЛЫ СЫЙ»**, жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінде 1939 ж. 5 ақпанда жарияланған. Өуезовтің жоғары үкімет наградаларын алған бір топ қазақ ақын-жазушыларына арнаған құттықтау сөзі. Жазушы өз сөзінде «үкіметтен зор бағалы сый алып отырған» достарына жүрекжарды тілегін айтып, бұл «көп тілді, бір мазмұнды совет әдебиеті үшін зор қуаныш», олардың «тамаша еңбектерін Ұлы Отаны, партия, совет жұртшылығы танып, сүйіп, қадірлеп, бағалағандықтан бақытты» деп, шын пейілін білдіреді алған әр жазушы үшін қуаныш, мұндай сый-құрметіне ие болған үшін екі орден алған алып қартымыз Жам-

быдан бастап, мына бүгін қосылған Асқар, Әбділда, Тайыр, Әлжаппар және Саяділ – барлығы да өздерінің көркем шығармалық еңбектерімен біздің советтік әдебиетіміздің мақтаны болып отырған адамдар». Сол кездегі талантты жас ақындар А. Тоқмағамбетов, Ө. Тәжібаев, Т. Жароков, жас жазушы Ө. Әбішев, халық ақыны С. Керімбеков сияқты «Еңбекші қазақ халқының ұлдары зор бақытқа жетіп» отырғанын деп мақтан тұтады. Осы ұлы сый бұлардың бұдан былай да осындай қасиетті еңбек жолында адымдап өсуіне кепіл болсын деп, зор шығармашылық табыстар тілейді. Мақала Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 17-томында жарияланды.

*С. Қорабай.*

**ЗҮЛХАРОВ** Фабит (1937 ж.т.), журналист, өлке-танушы, Өуезов мұраларын зерттеуші. Семей өлкесінің тарихы мен елге белгілі тұлғалары, қазақ-поляк байланыстары туралы көптеген танымдық мақалалары жарық көрді. А. Янушкевичтің «Күнделіктер мен хаттарын» тәржімалады (2003). Жазушының өмірі мен шығармашылығының белгісіз қырлары, көсемсөз туындылары мен жолсапар очерктері туралы қазақ, орыс, корей және ұйғыр тілдерінде жарияланған екі жүзге жуық ғылыми-танымдық мақалалар авторы.

*С. Қорабай.*

**ЗУРА** Самарханқызы (шамамен 1887–1932), жазушының немерелес әпкесі, Самархан Өуезұлының қызы. Самархан мөлшермен 1888 ж. қайтыс болады да, оның әйелі Мединаны Омархан өменгерлік жолыменен алады. Ол кезде Самарханның ұлы Разақ төрт жаста (1885 ж. т.), қызы З. екі жаста екен. Сөйтіп Мұхтардың туған айының орнына саналған. Мұхтарды бала кезінде оянытып, киімдерін тігіп, көйлек-көншектерін жуып беріп жүреді екен. Зурадан туған Мәжіт Діқанбаев атты Мұхтардың жиені білімді азамат, іскер жігіт атанып, қиын-қыстау кезінде нағашысы Өуездің үрім-бұтақтарына қолқабасы тигізіп, қолтығынан дегенен. З. отыз екінші жылғы ашаршылық тұсында қайтыс болған.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ЗУБАЙЫР** Турағұлұлы (1907–1933), Абайдың немересі. Әйелі Қанағат – Жуантаяқ Тобықты Азубайдың қызы. Одан Кеңесары (1928–1933) туған. З. балалық кезін, жастық шағын Абайды көрген жақын адамдардың арасында өткізген. 1928 ж. «бай-феодалдың тұқымы, алашордашының баласы» деген айып тағылып, әулетімен қоса жер аудартылған. 1928 ж. Абай туыстары Оңтүстік Қазақстанға көшіп кеткен. Ол 4–5 жылдай Қырғыз елін мекендеген. Кейін Мерке (Жамбыл облысы) маңында, Шымкентте, Ташкентте тұрған. 1933 ж. күз айында Бішкек қаласында қайтыс болған. Ө. З. ды білген, араласып тұрған, Абайдың әулеті жайында өңгімелер естіген.

*А. Болсымбаева*

**ЗУЛФИЯ** (толық аты-жөні – З у л ф и я И с р а и л о в а ; 1915–1996), Өзбекстан халық ақыны (1965), Соц. Еңбек Ері (1984). Ақын шығармаларында өзбек әйелінің тағдырын, бейбітшілікті, халықтар достығын жырлады. З. бір мақаласында Мұхтар ағаның мәңгі өлмес рухы алдында басымды иемін және онымен бір кезде, бір дәуірде бірге туып, қызметтес болғанымыз мақтан етемін деп жазды. 1959 ж. Лениндік сыйлық алғанда, З. жеделхат жолдап, ыстық жүректен шыққан шынайы сезімін білдірген («М. О. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 661-бет). Кеңес

*Р. Бердбай.*

**ИБРАГИМОВ** Ғалымжан (1887–1938), татар көркем әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ағартушы-ғалым, публицист, қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері (1928). 1915 ж. «Ғалия» медресесіндегі қазақ шәкірттерінің ана тілінде мақала жазуына қарсы наразылық туғанда, И. оның мүлде дұрыс емес екендігін түсіндірді. Ол: «Тіліміз әр түрлі, ойымыз – бір» деген мақаласында Абай өлеңдерінің кең-байтақ қазақ даласына кең жайылғанын, оны халық ауызынан түсірмей айтып жүргенін жазды («Ант» – «Сана», 1915, №5). Осындай пікірі үшін И. біраз уақыт медреседен шеттетілді. Кейін Әуезов өзінің «Ғылым», «Ғылым тілі», «Қайсысын қолданамыз?», «Жапония», «Оқу ісі» атты мақалаларында И. көтерген бұл мәселелерге кеңінен тоқталып, талдады. И-тың қайраткерлік әрекеттерін Ә. жақсы білді және оны қостап: «Оқудағы құрбыларына», «Қазақ оқығандарына ашық хат», «Бүгінгі зор міндет», «Мәдениет хәм ұлт», «Ескеру керек» деген мақалалар жазды. И. 1921 ж. ашаршылық пен партиялық жазалау-тазарту саясаты тұсында большевиктердің іс-әрекетіне қарсы болған ғалым жазушылық-ғалымдық жұмысқа біржолата бет бұрады. 1922–28 ж. И-ке «Жолбике», «Ұлтшылдық дертіне шалдыққан» деген айып тақты. Жазушының еңбектеріне 1938–56 ж. арасында басылуға тыйым салынды. Сондықтан Мұхаң И-тің есімін өзінің татар әдебиеті тарихы туралы мақалаларында нақтап атай алмады. Алайда оның еңбектерінің мазмұнын ерекше атап өткен. «Терең тамырлар» (1936), «Қазақ қызы» (1960), «Біздің күндер» романдары қазақ тіліне аударылды.

*Т. Жұртбай.*

**ИБРАГИМОВ** Мирза Аждар оғлы (1911–ө. ж. б.), әзірбайжан жазушысы, драматург, қоғам қайраткері. Әзірбайжанның халық жазушысы (1961), Әзірбайжан ҒА-ның академигі (1945), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1951). «Мұхтар досыма» («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек), «Мұхтар бізбен мәңгілік бірге» («Лениншіл жас», 1967, 7 желтоқсан) мақалаларында Ә-ке деген ыстық ықыласын, достық көңілін білдірген. Қазақ жазушысының 90 жылдық мерейтойына қатысып, 1987 ж. 2 қыркүйекте Мәскеудегі Одақтар үйінде салтанатты кеште баяндама жасады. Ал «Қарапайым ұлылық» атты естелігінде: «Ол Шығыс пен Еуропа мәдениетінің әрі-бергісін жатқызып-өргізетін. Әсіресе өз қазақ халқының ауыз әдебиеті, тарихы мен мәдениетіне келгенде, жатқан бір шексіз шетсіз алып мұхит еді. Ол осы өз топырағының дәстүрін молынан сусындаған болатын. «Абай» көп тілге жайылып, тарап кетті, табынушылары да қисапсыз. Бірақ ол қашан да ұстамды, қарапайым еді, өзін әдебиеттің қатардағы еңбеккері есептейтін. Бірде-бір сөз, бірде-бір мінезінен тоқтық, асқақтық сезілген емес» деп, жеткіншек ұрпақты жақсылардан үлгі алуға шақырды («Біздің Мұхтар», А., 1976, 82-бет).

*Д. Қонаев.*

**ИБРАГИМОВ** Төкен (1938 ж. т.), жазушы. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері (1996). 1976–96 ж. Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейінің директоры, 1996 жылдан Абайдың тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық қорық-мұражайының бас директоры. Ұлы ақынның музейін қайта ұйымдастыруға көп еңбек

сiңiрдi. И-тiң тұжырымдамасы бойынша Семейде қалалық мұражай кешенi, Жидебай–Берiлi қорығы ұйымдастырылды. Бұлардың құрылымына Абай мен Мұхтар есiмiне байланыста тарихи ескерткiштер кiрдi. Қазақ әндерi мен күйлерi туралы «Толқын толғауы» (1994), «Жер әңгiмешi – ел әңгiмешi» (1997) кiтаптарын, Абайдың жастық шағы туралы Т. Базарбаевтың «Жаза» операсының либреттосын жазды. Абай, Шәкерiм, Мұхтар шығармашылығы, өмiр деректерi туралы жүзге тарта мақаласы мерзiмдi баспасөзде жарияланды.

*М. Жүнісова.*

**ИБРАЕВ** Мерғали (1942–1997), ақын. «Құтты қойнау» кітабы Абай мен Мұхтар өміріне қатысты адамдар мен шығармаларындағы кейіпкерлер мекен еткен жер тарихына арналған. «Мұхтар – дастан» поэмасы мен «Елікжирен» балладасы ұлы жазушының тағдырлы кезеңдерін бейнелейді.

**ИБН-СИНА** Әбу Әли (980–1037), ғалым, дәрігер, философ, астроном, ақын, тіл маманы, жазушы. «Дәрігерліктің ережесі» («Әл-Қанун фиттиб») атты 6 томдық кітабы ғасырлар бойы Еуропада ең негізгі құрал ретінде пайдаланылып келді. Ғылымның көптеген саласын қамтитын жүздеген еңбектері бар; осылардың ішінде 18 томнан тұратын «Емшілік», 3 томдық «Сақтану», 10 томдық «Араб тілі», 20 томдық «Нәтижелер мен қорытындылар» т. б. еңбектерінің орны ерекше. «Өлеңмен жазылған Логика», «Ұлылық қасидалары», «Жаны жайсаң ұл» деген кітаптары әдебиетке қосқан зор үлес ретінде бағаланады. Ажалдан басқандық шешуін тапқан ғалымның ғылым-білімде айтпағаны, дауасын таппағаны кемде-кем. Еңбектерін түгелдей араб тілінде, ал «Дониш нама» («Даналық кітабы») деген еңбегін парсы тілінде жазған. Әуезов кітапханасында сақталған осы еңбекті белгілер қоя отырып оқыған. Ол «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында көп мұсылман елдеріне және орта ғасырдағы Еуропа елдеріне де аттары мәлім болған мұсылман философтары Әбу Әли-Сина, Ибн-Рошд сияқты атақты философтардың өз замандарында исламның апологеттері аталған тар көлемнен шығып, үлкен ізденіш оялар танытқанын жазған.

*Т. Тұрғанбаев.*

**ИБСЕН** Генрих (1828–1906), норвег драматургі. Драмалары саяси, әлеуметтік тақырыптарды қозғады. Оның шығармалары драматургия мен театр өнерінің өркендеуіне зор ықпал етті. Ә. «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында 19 ғасырдың соңғы жағындағы театр өнерінің жай-күйіне тоқтала келіп, соңғы замандағы жазушылар өз елінің өмірін суреттеуден басқа, жалпы адам баласының көңіл күйін суреттеп, жалпы мінін, жалпының кемшілік, жақсылығын пьесаға кіргізетін болды дейді. «Сол үлгіні көрсететін жаңа адамды шығарған жазушының бірі – Норвегияның драмашысы Ибсен». Бұл бір елдің әдет-салтын көрсетудің орнына, барлық пьесасында адам баласына тиісті болған жан сипатын, мінез бітімін тереңдетіп көрсете бастады. Мұның пьесалары көбінесе адамның ішін сыртқа шығарғандай, іштегі пішінді көп мүсіндеп, сезім мен мінездің талай қараңғы бұрыштарын суреттейді деп, драматургтің шығармашылық сыры мен қырын ашып көрсеткен.

*Н. Ақбай.*



М. Өуезов, Вс. Иванов, К. Зелинский.

**ИВАНОВ** Всеволод Вячеславович (1905–1963), орыс жазушысы, драматург. Ө-пен тығыз шығармашылық, достық қызметі жөнінде «Жыр туралы роман» (1948), «Ұлы туынды» (1957), «Абай» романы туралы (1967) т. б. мақалалар жазды. Ал «Өн туралы роман» деген мақаласында (1948) қазақ мәдениетінің ғажайып құбылысы ғана емес, жазушының өзінің де жан-жақты кемелденген кемеңгерлігін дәлелдейтін, таңқаларлық көп үнді, мінсіз қашалған бейнелері мол, халық қуатының айбынын танытатын, адамгершілік қасиеттерге толы, адамға сенімді үйрететін Ө-тің «Абайы» сынды асылдар туды деп жазды («Біздің Мұхтар», А., 1976, 23-бет).

«**ИГІЛІКТІ САПАР**», жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1949 ж. 10 мамырдағы санында жарияланған. Кейін 20 томдық шығармалар жинағында жарық көрді (18-том, 272–275-беттер). Сол жылы Мәскеуде өткен қазақ кеңес әдебиетінің онкүндігі қарсаңында жазылған. Онкүндіктен өзі күткен үміттер мен орынды ойлар тұрасында сөз қозғап, одақтың оқырман қауымға «бүгінгі әдебиетіміздегі барлық табыстарымыз тегісінен кең таныса екен», «Жалпы әдебиетіміздің әр жанрларындағы табыстар мен олқылықтарымыз... ашылып айтылса, пайдалы, әділ, достық және талабы зор сынға қорытылса екен» деген ізгі тілектерін жеткізеді, осы сапар барысындағы кездесулерде туатын ой, пікірлердің беделі одақтық газет, журналдарда ірі жазушылар мен сыншылардың «кең көлемді сыны, зерттеу мақалалары басылса дөйміз», осыған іле-шала «әдебиетіміздің өсу, даму жолындағы ізденулеріне арналған жеке кітаптар, мүмкін, монографиялар да туса екен» деген пікірлерін өрбітеді; мыңың өзі Қазақстанда сын, әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихы ғылымының... жоғары дәрежеге жетуіне себепші бола түссе дөйміз деген кәміл сенімін білдіреді. Осы онкүндікте айтылар пайдалы кеңес, ойлардың әдебиетіміздің ілгері басуына септігін тигізіп, сондайлық үлкен ізденулер нәтижесінде, қазақстандық және бүкілодақтық оқушы жұртшылығына да мол, зор жаңалық айтқандай еңбектер туғызсақ деген пікір қозғап, қазақ совет әдебиетінің өз кадрларының қажырлы еңбек, талабымен және сенімді достар көмегімен ойдағыдай боп толысып туатын шығармалар молайсын! деген шын жүректен шыққан тілектерін жеткізеді.

Н. Жанақова.

**ИКРАМИ** Жалол (1909–1995), тәжік жазушысы. Тәжікстанның халық жазушысы (1979). «Өзімді айыпты санаймын» деген романы (1957) бұрынғы Одақ бойынша көптеген пікір таласын, айтыс, дау туғызды. Бұл дау-дамайға Ө. те қатысып, өзінің «Ж. Икрамидің жаңа кітабы жайында» атты мақаласын жазды («Коммунист Таджикистана», 1957, 24 апреля). Онда жазушының өз кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін ашудағы шеберлігін, табиғатты суреттеудегі өзіндік мәнерін айта келіп, романның кейбір кемшіліктерін де атап көрсеткен. Қазақ жазушының осы мақаласынан кейін роман төңірегіндегі айтыс-тартыс басылып, И-дің бұдан кейінгі шығармашылық тағдырына көп көмегін тигізді. Ал И. «Қымбатты да құдіретті жазушы» атты мақаласында (1957) қазақтың ұлы қаламгерін 60 жылдық торқалы тойымен шын жүректен құттықтап, Ө-тің «Абай жылы» эпопеясына әділ бағасын берді.

Ө. Нұралиев.

**ИЛАХУНОВА** Рошангүл Сейітқызы (1922–2000), ұйғыр актрисасы. КСРО халық артисі (1966). Ұйғыр кәсіби музыкасының және театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі. Ұйғыр ұлттық драматургиясындағы классикалық бейнелерді – Анархан Сәнәм, Шырын бейнелерін шебер сомдап, театр шежіресін толықтырды. Асқақ өнші ретінде Орта Азия халықтарына, Шыңжаң өлкесіне т. б. шетелдерде танылған. 1968 ж. Ұйғыр театрында тұңғыш рет Ө-тің «Айман – Шолпан» пьесасында Шолпан рөлін ерекше сомдап, қазақ өнер сыншыларынан жоғары баға алды.

**ИМАНОВ** Амангелді Үдербайұлы (1873–1919), халық батыры, әскери комиссар. 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс оның даңқын шығарды. Патша үкіметінің отарлық езгісі, алым-салықтың шексіз өсуі, орыстандыру саясаты, 25 июнь жарлығы көтерілістің шығуына себеп болды. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды, соның ішінде Жетісу мен Торғайда күшті қарқын алды. Торғай көтерілісін И. басқарды. Ұрыс азамат соғысына келіп ұласты. Амангелді «ақтар» мен «қызылдардың» қақтығысы кезінде оққа ұшты. Ө. қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы «Құлы заман» повесі мен «Түңгі сарын» пьесасын жазды. «Социализм дәуіріндегі Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиетінің дамуы туралы» орыс тілінде жазған мақаласында Октябрь революциясы қарсаңында көптеген үгіт-насихат өлеңдері мол жазылды, солардың көбісі 1916 жылғы көтеріліске арналды; мұндай жырлардың басты кейіпкері ретінде Амангелді кеңінен жырланды; бұл революция қаһарманына деген халықтың сүйіспеншілігін танытса керек десе, «Социалистік ұлттар әдебиетінің даму ерекшеліктері» атты еңбегінде 1916 жылғы көтерілістің оқиғасына байланысты Орта Азияда көптеген романдардың дүниеге келгенін тілге тиек еткен. Ал «*Реалистік драма жолында*» деген мақаласында Амангелді тақырыбына жазылған драмалық шығармаларға арнайы тоқталған. 1944 ж. батырдың қаза тапқанының 25 жылдығын атап өтуге арналған мәжілісте Мұхан: «Амангелді – қазақ халқының ерлік дәстүрін жағастырушы» деген баяндама жасаған («М. Ө. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 275-бет).

К. Нұрпейіс.

**ИМАНЖАНОВ** Мұқан (1916–1958), жазушы. «Ревизор» атты мақаласында Ө. аударған Н. Гогольдің пьесасының қазақ сахнасында сәтті шыққанын жазды. 1947 ж. 24 қарашада ұлы драматургтің «Төлеген Тоқтаров» операсын Қазақстан Ком-

партиясының Орталық Комитетінде талқылауға катысты («М. О. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 347-бет). Ө. «Қайта туған халықтың әдебиеті» деген мақаласында И-ты шыннайы реалистік әңгімелер, очерктер мен романдар жазған жазушылардың қатарында атаған.

*Н. Ақбай.*

**ИМАНЖҮСІП** Құтпанұлы (1863–1929), әнші, композитор, ақын. Тума дарынының арқасында жанжақты өнер иесі болған. Артына өлмес-өшпес әндері мен өлеңдерін қалдырып, бар өмірін, күш-жігерін қоғамдағы әділетсіздікпен күреске жұмсады, сол үшін туған жерінен жер аударылды. Халық композиторының көпке белгілі «Сармойын», «Әкем Құтпан болғанда, ағам – Шоңай», «Бұғылы мен Тағылы», «Ішім өлген дүние-ай, құр сыртым сау», «Қысырақтың үйірі жиен ала» сияқты өлеңдері бар. Әнші-ақынның шығармашылығы жөнінде Ө. кезінде былай деп жазды: «Жоқтауды» ақын-композиторлар да талай-талай пайдаланған. Ақан серінің жел жетпес жүйрігіне арнаған «Құлагері», Иманжүсіптің айдауда жүріп аңшылықпен, қыран бүркітімен қоштасып шығарған «Ерейментау» әні бізге дейін сақталып жетті» (М. Өуезов. 12 томдық шығармалар жинағы, 11-том, 219-бет).

*З. Қоспақов.*

**ИМАХАНОВ** Бекен (1936 ж. т.), актер. Қазақстанның халық артисі (1981). Актерлік өнерінің биік белестері – Ө-тің пьесаларының негізінде қойылған спектакльдердегі жетістіктері. «Абайда» бүгінгі күннің талабынан келіп, ұлы ақынның интеллектуалды бейнесін жасады. Сол сияқты Көтібар («Айман – Шолпанда»), Қобыланды («Қарақыпшақ Қобыландыда»), ұлы драматург аударған Н. Гогольдің «Ревизорындағы» Дуанбасы, К. Треневтің «Любовь Яроваясындағы» Яровой сияқты ірі сахналық тұлғалар оның актерлік шеберлігінің кәсіби деңгейін танытты.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ИМПРОВИЗАЦИЯ**, с у ы р ы п с а л у, өнерде, әсіресе астыңғы поэзиясындағы шығармашылық тәсіл. Аяқ астынан шығару, әп-сәтте тың шешім табу мағынасын да білдіреді. Әдебиетте, музыкада, биде, театрда кездеседі. Импровизация жайында Ө. көп томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» «Айттыс өлеңдері», «Айттыс» тарауларында, Жамбылдың жүз жылдық мерейтойында жасаған баяндамасында («Жамбылдың айтыстағы өнері») кеңінен айтқан. «Айттыс – екі ақынның суырыпсалма түрінде шығарған, қалың жиын алдындағы жарысы» дейді. Бұрын айтылмаған өлең өнердің сол арада, көпшіліктің көз алдында, жаңа туып отырған тың туысын да бақылап андайды деген сөздері де қазақ айтыстарындағы импровизация табиғатын танытады. Қазақ халқының импровизаторлық өнерінің ерекше дамығаны сол айтыстардың бәрінде шын ақындар бір айтысқанын қайталаған емес. Жаттандыны айтпаған басқа тек қана бір Шөже, Сүйінбай, Жанақтар өмірінде қаншалық ұшан-теңіз суырыпсалма өлеңдер туғанын мөлшерлеу қиын емес деп, бұл өнердің кең ауқымынан хабар береді («Айттыс өлеңдері»). Импровизация туралы «Жамбылдың айтыстағы өнері» атты еңбегінде де құнды пікірлер айтқан. «Шабыты келген ақпа ақын бабындағы ат қыранға меңзес... томағасын тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтті көріп... қылт етіп бұққан түлкі түгін лезде шалып қалғандай, айттыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескіні көргіш, бұлдырды білмек шарт». Ма-

қалада импровизаторлық өнердің жас ақында дамыған түрінде сирек кездесетін, ақпа ақындыққа айтыса жүріп жетілетініне назар аударған.

**«ИНДИЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ОЙЛАР»** (« В ы с к а з ы в а н и я о н е з а в и с и м о с т и И н д и и »), жазушының мақаласы. «Новое время» журналының 1957 ж. 8 тамыздағы 32-санында жарияланған. Үндістанның тәуелсіздік алуының 10 жылдығына байланысты «Совет адамдары Үндістан тәуелсіздігі туралы» деген тақырыптағы арнайы бетте берілген Ө. бұл пікірінде көп уақыт тар қапаста болған адамның бұғауды бұзып, еркіндікке шыққан сәтіндегі «оның қуанышы – шексіз, күш-қайраты – мол»; бұл қуаныш пен күш-қайратты 400 миллионға көбейтсеңіз, сіз екі ғасырлық құлдық, қайыршылық, аштықтан кейін отаршылдық қанауының шынжырын үзіп азаттық ауасымен кеңінен тыныстаған үнді халқының бақыты мен қуаты туралы түсінікті білер едіңіз деген жолдар арқылы Үндістанның тәуелсіздік алып, егемен ел атанғанына шын жүректен қуанады, азат елдің осы тәуелсіз мемлекет ретіндегі оң жылда қол жеткен табыстарын мақтан етеді. Ел аштықтан арылды, өз өнеркәсібін көтеріп, ұлттық мәдениетін дамытып келеді деп, Үндістанның бұрын ағылшын отаршылдығы үстемдігінің Азиядағы тірегі болғандығын, қазір – бұл отаршылдыққа қарсы белсене күрес жүргізіп жатқан ұлы тәуелсіз алып ел деп ерекше атап етеді. Үндінің ұлы ақыны Рабиндранат Тагордың «Түн бітеді, Шығыста күн шығады, құстар ән салып, таңғы салқын жаңа өмірге оятады, сенің махаббатыңның алтын шапағымен арайланған Үндістан оянып, О, Ана, сенің аяғыңа жығылады» деген өлең жолдарын тәуелсіздіктің жарқын мысалы ретінде келтіреді. Өуені бар бұл өлеңнің жаңа Үндістанның мемлекеттік әнұранына айналғандығын, шабытты ақынның тұманды жылдар арасынан жаңа өмір арайын жіті байқағандығын айтып, бұл арай Үндістан үстіне шықты да, азаттық пен үмітті күндерді қымбат санайтын барлық адамдар жүрегін қуантады деп, тәуелсіз елдің бақытты шағын биікке көтереді.

*С. Қарабай.*

**«ИНДИЯ ОЧЕРКТЕРІ»**, жазушының 1955 ж. Үндістанға барған сапары туралы шығармасы. Очерктің алғашқы жолдарында саяхаттың басталуы туралы сөз болады. Бұдан әрі дәстүрлі түрде, сапарнамадағы баяндау бір жүйелілікпен жалғасады. Мұнда екі өлеменің қатыстырылуы да қалыптасқан шарт: оның біріншісі «мен» (саяхатшы) және екіншісі «мен» арқылы танылатын «сыртқы өлем». «Тәжмаһал» тек апақ мрамордан ғана салынған. Іші ою нақыстармен көп безелген, тас кестелі кейбір әсем бөлімдерін безендіруге ақ мрамордан басқа 18 түрлі тастар қолданылған. Астыңғы платформасымен санағанда ең жоғары ұшпа басына шейін 78 метр деп мөлшерленеді. «Тәжмаһал» дүние жүзіндегі адам қолымен тұрғызылған жеті ғажайып архитектура ескерткішінің біреуі саналады. Автордың осы баяндауынан оқырман қаншалықты мол мағлұмат алатындығы көрініп тұр. Очерктің енді бір тұсында сол ғимаратты ұлы моголдар патшасы Шахжиһан салдырғандығы, оның Ақсақ Темірдің ұрпағы екендігі, түркі тектес халықтарға ортақ рухани қазына – «Бабыр-нама» жайында қызықты деректер келтіреді. Қай

оқығаны баян етсе де, Ө.-очеркист оқырманға Үндістанның тұрмысы мен тіршілігі, мәдениеті мен салт-санасы жайынан тосын жаңалық жеткізуге тырысады. Жолсапар очерктің құндылығының өзі де сонда. Дегенмен Ө. бәрін білетін, асқан оқымысты болып көрінбейді. Қайта өзі де білуге ынтызар ретінде танылады. Мұның өзі очерк эпизодтарын тартымды жазуға жетелеген. Мәселен, «Соңғы жаңалықтар» деген тарауда урду тілінде жазатын ақындардың мүшәйрасы туралы қызықты әңгімелеу бар. Автор үнді еліндегі мүшәйраны біздің ақындарымыздың мүшәйрасымен салыстыра отырып сөз қозғайды. Ө-тің бұл очеркі 50-жылдардағы қазақ публицистикасындағы алғашқы сапарнамалардың бірі болатын. Шынында оқырмандар өз жазушыларымыздың шет жұрт өмірін бейнелейтін шығармаларына мейлінше зәру болып отырған жағдайда, аса көрнекті суреткеріміз Ө-тің «Индия очерктері» атты кітабының жарыққа шығуы – әдебиетіміздегі елеулі құбылыс болған еді. Очерктің «Діндар қала Бенаресте», «Ескі Индияның ескі мұра мерзімдері», «Соңғы жаңалықтар», «Қайтыс сапар», «Мұшайра» сияқты жекелеген тараулары 1956 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Жазушы кейін бұл тарауларды толықтырып, 1958 ж. «И. о.» деген атпен жеке кітап етіп, жарыққа шығарды. Мұнан кейін бұл очерктер қаламгердің 12 томдық (2-кітап), 20 томдық шығармалар жинағына (8-кітап) өзгеріссіз енгізілді.

*Б. Жакып.*

**ИПМАҒАМБЕТОВ** Нұрғали (1883–1922), алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі. Алаш қозғалысының қайраткері. Орал реалдық әскери училищесін (1905), Санкт-Петербург әскери-мед. академиясын (1911) бітірген. 1911–13 ж. Термез қаласында дәрігер, Ресей армиясы Түркістан атқыштар дивизиясының 113-полкінде аға дәрігер болған. 1914 ж. 1-дүниежүзілік соғыс басталған кезде Кавказ майданына жіберілді. 1916 ж. майдандағы Ресей армиясының бас хирургі болып тағайындалды. Осы жылы күзде «медицина қызметінің полковнигі» атағын алды. 1917 жылдың басында бірқатар жауынгерді жарамсыз деп әскер қатарынан босатқаны үшін тұтқындалып, Сібірге жер аударылды. Сібірден Ақпан төңкерісінен соң елге оралып, Алаш қозғалысына араласты. 1917 ж. шілдеде Ойыл бекінісінде өткен 2-Орал облыстық қазақ съезіне Қараоба болысынан делегат болып қатысты. Съезд аясында өткізілген земство мекемелерін сайлаушылар жиналысында Орал уездік земство басқармасының мүшесі болып сайланды. 1917 ж. шілдеде өткен 1-Жалпықазақ съезінде Орал облысынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат болып ұсынылды. 1917 ж. желтоқсанда 2-Жалпықазақ съезіне Орал облысынан делегат болып қатысты. Съезде дереу Алаш автономиясын жариялауды жақтап дауыс берді. 1918 ж. қаңтарда Қаратөбе кентінде өткен 3-Орал облыстық қазақ съезіне қатысып, «Ақжол» ұйымының құрамына енді. Қаратөбе съезінен соң, Орал қаласына келіп, Орал облыстық солдат, жұмысшы, шаруа және қазақ депутаттарының құрылтай съезіне қатысты, облыстық кеңес депутаттары атқару комитетінің денсаулық сақтау комиссары болып сайланды. 1918 ж. жазда 11 алаш қайраткерлерімен бірге жергілікті қазақ атқару комитеттері мен Алаш партиясы аты-



Н. Ипмағамбетов.



О. Ж. Исаев.

нан Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелері комитетінің (Комуч) құрамына енді. Комуч пен Сібір Уақытша үкіметінің 1918 ж. қыркүйекте Уфада өткен мәжілісіне қатысты. 1919 ж. күзге салым Орал қаласына келіп, РК(б)П қатарына өтуге арыз берді. 1919 ж. қарашада ақ казактардан босатылған Жымпиты, Қаратөбе атырабына дәрігерлік-санитарлық отрядты бастап келіп, ауылдарда етек алған сүзек індетіне қарсы санитарлық залалсыздандыру, індет ошақтарын жою шараларын ұйымдастырды. Жымпитыда, Қаратөбеде стационарлық емдеу лазареттерін ашты. 1919 ж. желтоқсанда Орал облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалды. 1920 ж. 24 маусымдағы Қаззәсрөкқымын шешімінен Орал губервкомының жаңа құрамына мүше болып енді. Қазақ АКСР кеңестерінің 1920 ж. өткен құрылтай съезінде Қазақ АКСР ОАК мүшесі болып сайланды. 8-Бүкілресейлік кеңестер съезіне делегат болып қатысты. Кейінірек денсаулығының нашарлауына байланысты қызметтен босап, ауылда шаруамен айналысты. Ө-ті шығармалары арқылы бірген. Үлкен жиындарда кездесіп жүрген, пікірлес, ниеттес болған.

*М. Тәжімұратов.*

**ИРАН ӘДЕБИЕТІ.** Иран тілі тобына жататын парсы, тәжік, ауған, күрдтардың және түркі тілдес түрік, түрікмен, өзбек, әзірбайжан халықтарының, Үндістанда мекендейтін кейбір ұлттардың парсы тілінде шығарылған немесе жазылған көркем туындыларының негізінде қалыптасқан. Тарихи-саياسي жағдайға және мемлекеттік билік құрылымына байланысты, ғылыми ортада «Иран әдебиеті» деп ресми түрде аталатын бұл әдебиет – қазіргі Иран, Ауғанстан, Орта Азия елдері орналасқан ұлан-ғайыр аймақта дамыды. Олардың құрамында ондаған ұлттар мен ұлыстар өмір сүрді. Тек 15 ғасырдан бастап әзірбайжан, түрікмен, өзбек, Кабул диалектісіндегі ауған, дари, тәжік әдебиеттері дербес даму жолына түсті. «Қалипа мен Димна» сол замандағы иран әдебиетінің ұлы қазынасына жатады. Әуезов шығыс әдебиетінің ежелгі тарихымен медреседе оқып жүрген кезінде-ақ жақсы танысты. Абайдың танымдық қайнар көзінің негізгі үш арнасының бірі шығыс әдебиеті деп қарады. Ол ақынның шығармашылық шеберлігінің қалыптасуындағы шығыстық жанрлардың ықпалына тоқтала келіп: «Араб, парсы әдебиетінің талайын шарлап тастаған бала ақын жаңағыларға еліктеп, ғаруз уәзіні (мәт уәзінімен) бәйіт, жыр жазады... Алғаш талпынудың бұран жолы өз тілінен, ана тілінен қашандатып өкетеді. Сұлудың Шығыс поэзиясының салтымен мәдіқтау – бұл тілді ғана емес, өлеңнің ұйқасын да, ырғағын да билейді. Жаңағы өлең қалыпты «рубағи» – төрттік – алғашқы үш жол бір ұйқасып, төртінші жол келесі



төрттіккің төртінші жолымен ұйқасатын өлең үлгісі. Қазақта жоқ, араб, парсы үлгісі... Араб, парсы поэзиясының әсері түркі топырағына көшкенде, бұл тілді өкпеге тепкілеп, талқылап та, созылап мәт уәзініне көндіруді дағды қылған» деп иран әдебиетінің ежелгі өлең құрылымына талдау жасайды (20 томдық шығармалар жинағы, 1984, 15-том, 127–128-беттер). «Қалила мен Димна» мен «Синдбад хикаяларының» қазақ арасында таралуы және осы шығармалардың негізінде туған аңыздар мен ертегілер, қиссалар жөнінде «Ертегілер», «Айттыс өлеңдері», «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты мақалаларында және абайтану саласындағы еңбектерінің барлығында да пайымды пікірлер білдірді. Қазақ әдебиетінің көлеміндегі ғаруз әсерін тексеру және соның бір жағын Абайға да тірей тексеру әдебиетшілердің алдындағы бір сыни проблема деп атап көрсетті. Ө. «Шаһнама» дастаны және оның бұтақтары туралы қазақ эпосы мен фольклоры, кітаби ақындар мен Абай туралы мақала, зерттеулерінде барынша кеңінен мағлұмат береді. Нәзира дәстүрі жөнінде арнайы тоқталады. Т. Ізтілеуов жырлаған «Рүстем-дастан» поэмасына жазған алғы сөзінде бағыр Рүстемнің аты – қазақ халқының ортасына көп заманнан жайылған ауызша аңыз-әңгімелер, ертегілерден мәлім болған аса даңқты ат. Оның жайын жалғыз қазақ халқы емес, қазақпен туыстас, тілдері жақын өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, қарақалпақ елдерінің бәрі де көбінесе қара сөзбен айтылған ертегі, аңыз әңгіме ретінде баяндайтын. Сол бар тілдегі Рүстем жайындағы әңгімелердің түп негізінің бірі – атақты шығыс классигі Әбілқасым Фирдауси жазып шығарған «Шаһнама» болады. Бірақ Рүстемнің жайы жалғыз Фирдаусиден басталмайды. Ол тұрасындағы көне аңыз, әңгімелер Фирдаусиден бұрын да көп жайылған болатын... Мынау еңбекті Фирдаусидің «Шаһнамасынан» тікелей жасалған аударма демеіміз, сол Фирдауси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша нұсқасы деп бағалады (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 20-том, 456–457-беттер). Абайдың философиялық көзқарасының таным көздерін талдай келіп, Ө.: «Абай имам Ғазалидей сыншы мұсылман, ұя бұзар діндарға ұсай бастайды» деп бағалауының түпкі негізі осында жатыр (20 томдық шығармалар жинағы, 1984, 15-том, 132-бет). Ө. жаңа иран әдебиетінің озық үлгілерімен ішінара таныс болды. Бірақ та екі елдің арасындағы мәдени байланыстың үзіліп қалуына байланысты толық мағлұмат алудың мүмкіндігі келмеді. Тек Азия-Африка жазушыларының Ташкентте өткен конференциясы мен Душанбедегі мәжіліс тұсында ғана әдеби байланыс қайтадан жалғанды. Иран әдебиетінің 20 ғасырдағы өкілдерінің бірі, КСРО-ға саяси баспана іздеп келген Ө. Лахутидің шығармашылығы туралы Ө. Лахутидің ізденулері ерекше бөлек екенін, оның көне жырлардың бейнелеу, өлшеу, ырақ жағын өзгерте жүріп, ұлы дәстүрлерді, біздің заманның жаңалықтарын қосып, жаңғырта байыту жолында зор көркемдік жетістікке жеткенін жазды. Ө-тің «Қараш-Қараш оқиғасы» (1966) мен «Абай жолы» роман-эпопеясы (1997) парсы тіліне аударылды. Жазушының туғанына 100 жыл толуына арналған мәдени шаралар Тегеран қаласында өткізілді.

*И. Жемешей, Т. Жұртбай.*

**ИСАБАЕВ** Бекен (1930 ж. т.), педагог. Бөрілідегі Ө-тің мұражай-үйін ұйымдастырушы. 1987 ж. мұражай меңгерушісі, 1995 жылдан ғылыми қызметкер. Құнанбай, Абай, Мұхтар туралы тарихи деректерді хатқа түсірген, жер мен ел тарихының білгірі. И-тың құнды әрі нақты дерекке құрылған жазбалары Абайдың Семейдегі мемлекеттік мұражай-қорығының қолжазба қорында сақтаулы. «Абай» және «Мұхтар Әуезов» энциклопедияларына пайдаланылған біраз деректер, Ө-тің шежіресі осы Бекен қарияның жазба қорынан алынды. «Ұлылар мекені» (2001) атты көлемді естілігі, «Абай жерінің тарихы», «Абай елінің тарихы», «Мұхтар Әуезовтің ата шежіресі» атты жазбалары «Семей таңы», «Алматы ақшамы» (1995) газеттерінде, «Жұлдыз» журналында (1995, № 8) жарияланды. Бөрілідегі Ө-тің мұражай-үйінің тақырыптық жоспары мен таныстыру көрсеткіштерінің авторы. Жазушының туғанына 100 жыл толуы мерекесіне орай, Ө-тің әкесі Омархан мен анасы Нұржамалдың жерленген жерін тауып, бағына күмбез орнатуға тікелей жетекшілік етті. Ө-тің өміріне қатысты көптеген деректер жинастырды және «Абай жолы» роман-эпопеясында суреттелген жерлерді картаға түсірді.

**ИСАБАЙ** (И с а б а е в) Қалмұқан (1925 ж. т.), жазушы. 1953 ж. желтоқсан айында «Комендант» романының қолжазбасын Ө-ке көрсетіп, ақыл-кеңес алған. Осы кездесу жайлы жазған «Мұханның тапсырмасы» атты естелік-мақаласында («Ана тілі», 1997, 31 шілде) Ө-тің Германиядағы Лейпциг қаласындағы бір баспада «Абай жолын» шығармақ ойлары бар екенін, соны біле келуді өтінгенін, сол баспаға барып, ол жерден «Абай жолының» 1951 ж. Мәскеуде неміс тілінде шыққан нұсқасын көргенін айтқан. Роман кейін, 1961 ж. Берлинде басылған. «Анамның «Абайды» оқуы» атты естелік-мақаласында халықтың ұлы жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясын құрметтеуі жайында қызықты ой толғаған.

**ИСАБЕКОВ** Дулат (1942 ж. т.), жазушы. М. Әуезов атындағы сыйлықтың (1985), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының (1992) лауреаты. ҚазМУ-ды бітірген (1966). Ө-тің 90 жылдық мерейтойына арнап «Ұлы жазушыға арналды» мақаласын жазса («Оңтүстік Қазақстан», 1987, 13 мамыр), «Мәңгіліктің екінші ғасыры» атты мақаласында дүниенің төрт бұрышы түгел мойындаған жазушының бай мұрасы жайында өз ойларын білдірген. Бұл мұралардың қазақ халқы тұрғанда өлмейтінін, болашақ ұрпақтың игілігіне аса беретінін жазған.

*Н. Ақбай.*

**ИСАЕВ** Ораз Жанұзақұлы (1899–1938), партия, кеңес, мемлекет қайраткері. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін туған облысында милиция, кеңес, комсомол, кәсіподақ қызметкері, 1921–38 ж. Орал губерниялық партия комитетінің, Қазақ АКСР ОАК-нің мүшесі, хатшы, БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің 2-хатшысы, Қазақ АКСР Халкомкөңесінің төрағасы болды. Ө-пен таныс-біліс, араласқұралас болған. Жазушының «Түңгі сарын» драмасы алғаш рет қойылғанда, И. «Әлемі пьеса» деген арнайы мақала жазып: «Социалды Қазақстан», 1935, 7 қаңтар; «Прекрасная пьеса» – «Казахстанская правда», 1935, 16 қаңтар), бұл шығарма қазақ

халқының аса ірі драматургі Ө-тің зор табысы екенін айтып, жүрежарды пейілін білдірген.

*Н. Бауған.*

**«ИСАТАЙ – МАХАМБЕТ»**, тарихи жыр. Авторы – Ығылман Шөрекөв. 1925 ж. дастанның 1-бөлімі жарық көрген. Онда 1836–38 ж. Кіші жүз елінде хан-сұлтандар мен би-болыстарға қарсы Исатай, Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі суреттелген. Поэма Исатайды таныстырудан басталады, арғы бергі ата-бабаларын тізеді, жаз жайлау, қыс қыстау қоныстарын атайды, батырдың қара басын сипаттайды. Ақын көтерілістің барлық оқиғаларын шетінен жіпке тізбей, шешуші кезеңдерін іріктеп алған. Жырда Махамбетке аз орын берілген, ол ұш-ақ жерде көрінеді, ал Исатай образы нағыз халық көсемі тұлғасында, әділ, адал, ержүрек батыр, халық қамын ойлаған азамат ретінде сомдалған. Ө. «Әдебиет тарихы» деп аталатын зерттеу еңбегінде «И. – М.» поэмасына зор баға берген: «өмірде анық болған оқиға көмескісіз, күңгіртсіз, айнаға түскендей, ашық түскен» деп, ел өмірі мен тірлігінің реалистікпен шынайы көрініс тапқанына сүйсіне ниет білдірген. Ұлы жазушы одан әрі: «Ақын жыры – тарихта ізі қалған жыр, анық оқиғаның дәл өзінен туған шындық, тазалықпен айтылады» деп, жырдың нағыз тарихи туынды екенін айғақтаған.

**ИСАТАЙ** Тайманов (1791–1838), батыр, 1836–38 жылдардағы шаруалар көтерілісінің басшысы. Кіші жүз Байұлының Беріш руынан. Жоңғарларға қарсы күрескен Ағатай батырдың ұрпағы. Бөкейхан өз жағына тарту ниетімен, 1812 ж. И-ды Жайықтағы Беріш руына старшын етіп тағайындайды. И. 1818–19, 1827–29 жылдарда болған шаруалардың әділетсіздікке қарсы толқуларын көріп өсті. 1833 ж. Жәңгір хан Каспий жағалауындағы руларды екіге бөліп, бір жағын қайын атасы, ірі жер иеленуші әрі саудагер Қарауылқожаға басқартып қояды. Бұл халықты ашындырып, қолдарына қару алуға итермеледі. Сөйтіп 1836 ж. 17 наурызда басталған көтеріліс екі жылға созылып, жеңіліспен тынды. Оның И. Махамбет сынды көсемдері қаза тапты, қалғандары қатты жазалауға ұшырады. Ө. өзінің «Әдебиет тарихы» атты монографиясында Исатай – Махамбет бастаған істің зая кетпегенін, оның көпке шейін ескіруі мүмкін емес екенін жазған (158-бет). «Исатай өз заманында зор іс істеп өтеді. Ол құр ғана сөз сөйлеуді қанағат қылған жоқ. Барлық ақыл мен қайратын іске жұмсады. Соның аруағы қалың елдің аузында үнемі аталып, үнемі еске алынып жүруі керек. Олай болса, Исатайдың соңғы бір алуан жақсылық міндеті – сол батырдың аруағын тірілту бөріміздің парызымыз екенін айта келіп, «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген ұлағатты сөзді еске салады.

**ИСЛАМ**, бағыныштылық, өзін бағыштау, иман, сенім, хақ тағала өміріне еркімен бас иетін міндеттердің жиынтығы мағынасын береді. Аллаға ғана құлшылық қылуы рухани, азаматтық құқықтарды біріктіре отырып, тағдыр жаратушы Аллаға ғана байланысты екеніне мұсылмандарды мойын ұсындыру. Осы негіздегі жаңа дінге ислам деген ат берілді. Аллаға берілу, Аллаға құлшылық ету мағынасындағы ислам дүниеге кең тарады. Орта ғасырда бүкіл Таяу Шығыс елдеріне, соның ішінде қазақ жеріне де үлкен өзгерістер алып келді. Таза діндік жағынан алып қарағанда өзіне дейінгі байырғы діндерден



Орталық мешіт. Алматы.

еркіндеу және сол тұстағы халықтардың сана-сезімінде ислам бірте-бірте діни парыз бен рәсім ретінде қалыптасып қана қоймай, өзінің өзгелерден мүлде айырмашылығы барлығын көпке айқын сезіндірді. И-ның орнығып дамуына Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) сіңірген қызметі өлшеусіз болды. Көпшілікке ислам қасиеттерін бүкіл ой, сезім-санасына жететіндей етіп түсіндіре білді. Ол хабарлағанның бәріне сену (әл-иман), өнегелі, рақымшыл болу (әл-ихсан) парыз саналды. Бұл – мұсылман дін ғылымы өкілдерінде еркілігі түсіндірілді. Сунниттер арасында кең тараған көзқарастардың бірінде дін деген түсінікке бес тіректік жиынтығын жатқызады, олар: 1. Аш-шаһада – исламның ақиқат деп танылған діни ережелеріне сүйенген құлшылығы, тәубесі (ат-таухид) және Мұхаммедтің елшілік қызметін тану (ан-нубуууа); 2. Намаз (ас-салат); 3. Ораза (ас-саум); 4. Зекет (аз-закат); 5. Қажылық (әл-хадж). И. – дін қағидаларынан, моральдық, әдет-ғұрыптық ұйғарымдарынан тұрады; бұл – адамның өзіндік іс-қимыл жасау еркіне негізделген. И-да мұсылмандар арасындағы идеялық айырмашылықтарға орай бес негізгі діни және саяси топ бар: хариджиттер, шииттер, мурджиттер және суннаны жақтаушылар, әр топ өздерінің ілімінің дұрыстығына сенеді. Осылардың арасындағы алшақтықтарды анықтауға мұсылман дін қайраткерлері көп әрекеттер істеді. Олардың пікірінше, негізгі қағидаларды анықтауға тырысу адасқандық болып табылмайды. И. дін қайраткерлері осындай алшақтықтарды екі топқа бөлді: біріншісіне – мұсылман қауымының діни бірлігін бұзбайтын мәселелерге қатысты алшақтық – ихтилафат, екіншісіне – ас-суннаул – жамиға әкелетін дін іліміне қатысты алшақтықтарды жатқызады.

И-ның 73 ағымға бөлінетінін, соның ішінде біреуінің ғана жол-ұстанымы дұрыс болатынын пайғамбардың өзі де айтқан. Жалпы доғмаларының, діни жол-жоралғыларының әр түрлілігі, қоғамдық, азаматтық құқықтану мәселелерінің алуандығы ерекшелендіреді. Мысалы, Құранның бір аятының өзі «О, халық! Не нәрсені де талқыла, сонда сен шындыққа жетесің» дейді. Суннилер тобы өздерін «Аһли шариаһ» дейді. Сонда Құранның қосымша ережелері хадис, иджма, қияс болса, олар осында айтылған талаптарын орындауды парыз санайды. Бұлардан төрт халифтың Құранды түсіндіріп, әрі соған сүйене отырып азаматтық және діни тұрғыдан шығарған қағида-ережелерін жасағандығы көрінеді. Бірақ мұны шииттер қабылдамады. Жалпы сол кезеңде пайда болған негізгі ағымдар: Ханифиелер, яғни Имам Ағзам, Шафилер, Малики-

лер, Ханбалилер болып төрт бөлікке бөлінді. Ханифийлер жолын салушы Әбу Ханифа Ибн Сәбит, Шафилик ағымды Мұхаммед Ибн Үдрыс, Машкилерді Мәлік Ибн Әнес, Ханбалилер жолын салушы Ахмед Ибн Ханбал болды. Осылардың ішінде шииттердің езі негізгі үш бөлік, жиырма екі тармаққа жіктеліп кетеді. Үш бөлігі – Зейд, Исмаил, Иманилер, тармағына – Сабана, Кәмила, Баяния, Мұғизия, Мансурия, Хатаба, Ғарабия, Шарифия, Хашимия, Жүнисия, Мафузалия, Зарария, Ишахия, Әбул Хасания, Муфаяундания, Жарудия, Абтария, Имамия жатады. Суннилер мен шииттердің арасындағы айырмашылықты және мыналардан да көруге болады. Әлиден кейінгі әулеттеріне имамдықтың берілуін суннилер қолдамады. Өйткені суннилер тек алғашқы төрт халифты ғана имам деп таныды да, тұқым қуалап имам болу дәстүрін мақұл көрмеді. Олар көпшілік жамағаттың имамды өздері сайлауы керектігін дұрыс деп білді. Шииттер болса, тек Әли тұқымынан сайлануы тиіс, алғашқы үш халифа, кейінгі Аббастықтар билікті Әли ұрпақтарынан тартып алды деп есептейді. Осындай ұстауындағы шииттер егер бастарына күн туса, онда өз дінінен бас тартуына рұқсат етіледі. Тағдыр жөнінде де олардың көзқарастарында айырмашылықтар бар. Суннилер тағдырды Алла тағала белгілейді, адамның болашағын өзі шешетіндей ерік берілмейді, шииттер адам ерікті, сондықтан ол жамандық жақсылықты істеуге хақылы дейді. Намаз жоралғылары мен жуыну, пәктенуде де, қажылық, азаматтық некеде, мұрагерлікте, басқа да толып жатқан іс-әрекеттерде де айтарлықтай айырмашылықтары бар. И. діні бойынша адамның өзіне, ата-анасына махаббаты, туған-туыс, діндестері мен жалпы адам баласына деген махаббаты болмағы керек. «Исра» сүресінің – 23–25, «Анкабут» сүресінің – 8, «Лұқман» сүресінің – 14–15 аяттарында діндестер сыйластығына айрықша орын беріледі. «Біреуге жаман көзбен қарама», «Адамды қорлағанды Алла қорлайды» дегендер де осында айтылады. Жалпы ислам адамды қорлауды, күн етуді қолдамайды. Құранда да, пайғамбардың хадистерінде де отбасын құруды мұсылмандық міндеттің жартысы, ал екінші жартысына өзінің ар-ұжданы мен имандылығынан тұратын Аллаға құлшылығын жатқызады.

И-ға қатысты пайымдаулардың неше алуаны Ә. еңбектерінен көптеп кездеседі. Оның зерттеулері мен көркем шығармаларында, ауыз әдебиетіне қатысты еңбектерінде, соның ішінде «Ертегілер» туралы зерттеуінде И. діні жиі сөз болады. Оларды исламға дейінгі және ислам пайда болғаннан бергі дәуірлердің ертегілері деп бөледі. Осындағы ой арқауына айналғандар енді Абай туралы зерттеулері мен ол жөніндегі эпопеясында одан да әрі тереңдей түседі, бұл жай әсіресе шәкірттері алдындағы толғаныстарынан анық көрінеді. Осындай әңгімелесулердің бір тұсында «Тарихтан біз ислам тарихын медресе дәрісі түрінде емес, жай өздігімізбен түртініп оқығанымыз бар» дейді де, өзінің ойлары мен пайымдауларын одан ары қарай жалғастырады. И. араб өнеріне, жалпы дүние жүзінің мәдениет, ғылым, санасына көп ғасырлар бойында жемісті табыстар сыйлады, одан бері Еуропа, ояну дәуірі олардың жеткен табыстарын қайталады. Кейінгі заманға Сократ, Платон, Аристотель мирастары солар арқылы жетті. Осындай ойлардың бір тұсында «Хақиқат әр түрлі. Ислам діні өз хақиқатын бар мұсылман айтатын «иман» ішінде

келтіреді. «Амантұ биллаһи уә-малайкатиһи, уак-тубиһи уа-Русуллуһ» дейді. Онысы сайып келгенде шындықтың бәрі «Кәлам Шәрипте» айтылған да, болған дегені». «Абай жолы» эпопеясында ұзақ толғаныс, әңгімелесулердің бір тұсында Сармолламен, мешіттің имам, мәзін, халфелерімен ислам туралы, пікірталасына түскендей болады. Олардың кейбір мінез-қылықтары ақынды дінге қатысты біраз ой-толғаныстарға барғыздырады («Түн-түнекте» тарауы).

*Т. Әкім.*

**ИСМАИЛИ** Мирзакалон (1908–ө. ж. б.), өзбек жазушысы, аудармашы. 1946 ж. Ә-тің «Абай жолы» романының «Татьянаның қырдағы әні» бөлімін өзбек тіліне тәржімалады. Қазақ жазушысымен студент болған кезінде бірінші рет кездесіп, әңгімесін естігеннен кейін алған әсерлері туралы жазған естелігінде («Мұхтар Әуезов туралы естелік». – «Үзбекистон маданияти» газеті, 1979, 18 маусым) ұлы жазушының жастарға айтқан ақыл-кәнесі, ақ жарқын мінезі, қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі туралы ой түйді. «Мұхтар аға тек қазақ халқының ғана емес, сондай-ақ ол бүкіл совет халқының, соның ішінде өзбек халқының да перзенті еді» деп, ұлы суреткердің жарқын бейнесін есіне алады.

*Қ. Сейданов.*

**ИСМАҚОВА** (И с м а қ о в а) Айгүл Серікқызы (1958 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1999). «Қазақ көркем прозасы» (А., 1998), «Әдебиетте тоқырау болды ма?» («Жалын», 1990, № 2), «Абай санасындағы көркем проза» («Қазақстан Республикасы ҒА-ның хабаршысы. Филология сериясы», 1995, № 4), «Қазіргі ой-пікір және Абайдың мәңгілік мұрасы» («Халықаралық симпозиум», 1996, ҚазМУ баспасы) т. б. зерттеу еңбектері жарық көрді. Көптеген ғылыми еңбектері Ә-тің туындыларына арналған. Бұл салада «М. О. Әуезовтің 20-жылдардағы көркем әңгімелерінің стилі» («Мұхтар мұрасы», А., 1997, 80–89-беттер) атты мақаласында қорғаныстардың тағдырын суреттеу арқылы қоғамдық турмыстың мешеулігін, кертартпа адамгершілік көрінісін, биік рухани биіктікті айқын дәлелдеді деген. Ал «Қос бұлақтан нәр алған» атты мақаласында ұлы жазушының тәлім-тәрбие алған ортасы туралы ой толғаған («Заман-Қазақстан», 1997, 26 қыркүйек). «Возвращение Плейды. Алаш әдебиетінің экзистенциалдық мәселесі» атты ғылыми монографиясында (2002) Ә-тің шығармаларын Алаш жазушылары туындыларының контекстінде зерттеді. Ә-тің Ж. Аймауытовты ұстаз санағанын, «Ақбілек» романын кесілген қолжазба түрінде өз үйінде сақтағанын арнайы саралады. Ол мәтін күні бүгін Әуезов мұражайында сақтаулы. «М. Әуезовтің әдебиеттанушылық көзқарасы» атты мақалада А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабымен сарынсын ғылыми тұжырымдары баяндалады.

*А. Далабаева.*

**ИСПАН ӘДЕБИЕТИ** Кастиль, баск, галисий, каталан тілінде қалыптасқан. Ол негізінен халықтық жырлар, орта ғасырдағы «Андалузия әдебиеті» деп аталатын араб поэзиясы мен хикаяларының негізінде дамыды. Ф. де Рохастың (1446–1541) «Селестина», М. де Сервантестің (1547–1616) «Дон Кихот» романдары әлем әдебиетіндегі ұлы туындыларға айналды. Ә. «Дон Кихот» романын адамзат-

тың ақыл-ойының және көркем қиялының шыңы ретінде бағалады. Ғылыми-техникалық прогресс заманында көркем әдебиет тоқырауға ұшырайды, оның келешегі жоқ деген бүкілодақтық ғылыми пікір таласы кезінде Ө. физик пен химиктердің біліктіліктерінің жаңа дәуіріне апаратын жолдың жасырын кілтін тауып беретін көмекшілер емес екенін, адамның жан дүниесін жеке бейне арқылы жан-жақты терең бере алмайтынын, бұл міндетті аға қылатын тек көркем өнер, сондағы Данте, Шекспир, Сервантес, Гете, Толстойлар ғана дей келіп, бұл жөніндегі бірінші сөз – әдебиеттікі болмақ деп, Сервантестің шығармасын өте жоғары бағалады. Жазушы өзінің «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» атты мақаласында Күнбатыс Еуропаың ірі мемлекеттерін атақты драматургтер шықты. Бұлардың драмалары сарайдың салтанатты театрының жолымен кеткен жоқ... Испанияда «ақындық негізі» деп аталған Лопе де Вега салт театрын түзеді деп, оның әлем театрын дамытудағы орнын ерекшелеп көрсетті. Сондай-ақ Ө. испан поэзиясының ұлы тұлғасы Федерико Гарсиа Лорканың өр рухты, ерлікті, бостандықты, махаббатты жырлаған өлеңдері мен драматургиялық туындыларын ерекше ұнатты. Оның қасіретті тағдырын етене сезінді. Испан әдебиеті 20 ғасырда романтикалық реализм, сюрреализм, «ультраизм», реализм сияқты барлық ағымдардың ықпалында дамыды. Республика мен монархияның арасындағы жанталасты күрес олардың тақырыбына да, көзқарастарына да тікелей әсер етті. Қарама-қарсы бағыттағы шығармалар жазылды. Д. Алонсоның, Р. Сендердің, С. Арконданың, Х. Адериустың, Р. Альбертидің, Б. де Отеронның, Х. Гойтисолоның туындылары фашизмге қарсы күрес рухын бейнеледі. Ө-тің «Роман туралы ойлар» (1951), «Ғасырдың бетін анықтап берген адам» (1949), «Жазушы толғанысы» (1952), «М. Әуезовтің сөзі» (1959) атты мақалалары, «Абай жолы» роман-эпопеясының үзінділері 1958, 1981 ж., ал «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі 1977 ж. «Советская литература» журналында испан тілінде жарияланды.

*Т. Жұртбай.*

**ИСРАЙЫЛ** Ақылбайұлы (1895–1959), Абайдың немересі. Домбырада жақсы ойнап, ән салған. Аяғөз қаласындағы музыка мектебінде домбыра үйретуден сабақ берген, ұстаз. Талай рет көркем-өнерпаздардың байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Үш ішекті домбырада ойнаған. Домбырасы, киімдері, мақтау грамоталары Абай мұражайының қорында сақтаулы. Қарауыл ауылында қайтыс болған. Абай ауданында. Жидебайдағы Абайдың музейі үйінде қызмет істеген жылдары домбыра оркестрін құрып, өнерпаздарды тәрбиеледі. Орындаған күйлері – «Саймақтың сары өзені», «Қос қыз», «Сарыарқа», «Кеңес», «Балбырауын», «Адай», «Дунайская волна», «Осенняя мечта», «Птичка», «Саратов», «Краковяк». Т. б. Фотосуреттері, алған грамоталары Абай мұражайына қойылып, көрсетіліп, насихатталып келеді. «Жаңа ауыл» газетінде 1940 ж. 15 қазанда И-дың «Абай және ән-күй» деген мақаласы жарияланды. Ө-пен араласып тұрған. Ол қайтыс болғанда Мұхтардың көңіл айтқан жеделхаты мұражайда сақтаулы.

*М. Бейсенбаев.*

**ИСРАЙЫЛОВА КҮЛЗИПА** (1925 ж. т.), Абайдың шөбересі. Ақылбайдың ұлы – Исрайылдың қызы. Маамандығы – мұғалім, әдебиетші. Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында тұрады. Ақындық өнерге бейім. Өлеңдері облыстық газеттерге жарияланып келеді. «Ұрпақ сөзі», «Ескерткіші атамның» сияқты өлеңдері Абай мұражайының қорында сақтаулы. Өкесі Исрайыл мен шешесі Турардың тұтынған дүние-мүліктерін мұражай қорына өткізіп, оның өркендеуіне үлес қосты. Ө. Исрайыл қайтыс болғанда жеделхат арқылы көңіл айтқан, Күлзипа оны Абай мұражайына тапсырды.

**ИСХАНОВ** Бейбіт Жәлелұлы (1962 ж. т.), тілтанушы. Филология ғылымының кандидаты (1990). «М. Әуезов Абай тілі туралы» атты зерттеуінде (1996) ұлы суреткердің қазақ тілі мәселелері жөнінде айтқан пікірлеріне байланысты біраз мәселелерге тоқталып, жан-жақты талдау жасаған. Ұлы қаламгердің ой-тұжырымдары әлі де маңызды, құнды екеніне назар аударған.

**ИТАЛИЯ ӘДЕБИЕТІ.** 6–12 ғасырлардың арасында латын тілінде қалыптасқан. Италия әдебиетінің дәуірлеу кезеңінің ұлы тұлғасы – Данте Алигьери (1265–1321) өзінің «Құдіретті комедия» атты атақты шығармасын жазды. Ф. Петрарканың (1304–74) сонеттері мен Дж. Боккачоның (1313–75) «Декамерон» атты шытырманға толы романы дүние жүзі әдебиетінің алтын қорынан орын алды. Ө. бұл үш ірі тұлғаның туындыларымен жас кезінен таныс болды. Өз елінің әлем әдебиеті туралы ой толғаған зерттеулері мен мақалаларында «Декамерон» мен «Мың бір түннің», «Құдіретті комедия» мен Ш. Руставелидің «Жолбарсы терісін жамылған батыр» дастанының, Петрарканың лирикалық кейіпкері Лаура мен «Ләйлі – Мәжнүннің» ғашықтық оқиғасы арасындағы байланысты салыстыра талдады. «*Менің жасайтын ақын – Шота Руставели*» атты мақаласында: «Рас, бұл дастанның дүниені сезіну сарынын алғанда іштей көбірек үйлесетін, сол заманда Руставели жырларына иә қолмақол, иә бір тасымал арқылы әсер ете қойды деп айтарлық пәлендей поэмаға таба алмаймыз. Ал ол дәуірдің Данте Алигьери жазған атакты «Құдай жолындағы комедиясын» алып, «Жортуылшыны» сонымен салыстырсақ, мұнда да Руставели поэма-сы озып түсіп отыратын жерлер бар. Әсіресе сергек, сыншы ақылға кең өріс бергендігімен озғындап отырады. Бұнда ақынның дүниетану шалымы мен ақындық фантазиясы дін деген, ұлт деген тар құрсауға тұсалмайды» деген батыл тұжырым жасайды. 16–19 ғасырдың аралығында Дж. Брунодан (1548–1600) басталып, К. Гольдони (1707–93) драматургиясымен аяқталатын «итальяндық театр» дәуірі дүние жүзінің сахна өнерінің дамуына ерекше ықпал етті. Әуезов: «Жаңа заманғы салт театрының басы фарс, фахнахт-шпильде бар деп едік. Соларға туыс, жақын бір үлгі Италиядан шықты. Италияда да сарайдың салтанатты театры болған. Бірақ ол қаншалық көркейіп, гүлденіп тұрса да, жоғарғы ретпен, онан жем ала алмаған. Көпшілік жаңадан күлкі ойындар шығарады. Италияның комедиясын ойнаушылар артистік өнерін кәсіп қылған, кәдуелгі қалыптанған ойыншылар болатын. Бұлар қаладан далаға қыдырып жүріп ойнайды. Әңгімелер елдің салтынан, әдет-ғұрпынан, сол заманғы өмірінен (алынды), әңгіменің ішіндегі адамдары сол заманғы көп халыққа тегіс белгілі болған күлкілі адамдар болады» деп, Италия театрының ерекшеліктерін жан-жақты талдады (Шығармала-



Ишағы  
Жағыпарқызы.

рының 50 томдық толық ба-  
сылымы, 1998, 3-том, 26–27-  
беттер). Өнері алға дамып кет-  
кен жұрттардың табыстары-  
мен таныстырып, сондай  
мүмкіндіктің қазақ топыра-  
ғында да бар екендігін сара-  
лап: «Италияның комедиясы  
артистік, ақын сияқты өнерлі  
болуын керек қылушы еді.  
Сол шартты Италиядай зейін-  
ді, туысы өткір, шешен елдің  
орындауына әбден жараған.  
Комедияның негізі, көбінен  
елдің өз аузында жүрген күл-

кі әңгімелерден туды. Қазақ өмірінен мұндай күлкі  
әңгімелердің мысалын іздесең, Алдар көсе, Жи-  
ренше шешен, із болмаса, бергі замандағы Тор-  
сықбай, Айдарбек сияқты көп күлдіргі кулардың  
әңгімелері әбден үйлесуге болады» деген пікір  
білдірді (сонда, 28-бет).

*Т. Жұртбай.*

**ИТБАЕВ** Ережел (1885–1936), заңгер. «Алашорда»  
кеңесінің және «Алаш» үкіметінің мүшесі. Ө. Се-  
мей губерниялық комитетінің қазақ бөлімінің мең-  
герушісі (1919–21), Губкомның төрағасы (1921) қыз-  
метін атқарған кезде И-ты заң және сот бөлімінің  
меңгерушісі етіп тағайындалған. Ө-ке ақыл-кеңес  
берген. Ұлтаралық даулы мәселелерді шешуге ті-  
келей араласып отырған. Өсіресе, қазақтар мен қо-  
ныстанушылар арасындағы кісі өлімі мен жер мә-  
селесіне қазылық жасап, ар-ожданدى қорғау ісінде  
ерекше белсенділік танытқан. Ө. мемлекет ісінен  
шеттетілгеннен кейін қызметтен кетуге мәжбүр  
болады. Кейін Семей, Алматы, Қарағанды облыс-  
тарының аудандарында заң мекемелерінде жұмыс  
істеді. 1936 ж. Семей қаласында қайтыс болды.

*М. Бейсенбаев.*


**ИШАҒЫ** Жағыпарқызы (1923 ж. т.), Абайдың ше-  
бересі. Өкесі Жағыпар – Мағауияның баласы. Өке-  
шешесінен ерте айырылған. 1934 ж. Семей қала-  
сындағы мектеп-интернатта тәрбиеленді. 1942 ж.  
өз еркімен майданға аттанады. Ол Қиыр Шығыста-  
ғы Харбин қаласында әскери авиация эскадрилья-  
сында ұшақ технигі міндетін атқарды. 1945 ж. май-  
даннан оралып, Қыздар педагогика институтын  
бітіреді, қызметке орналасады. 30 жылдан астам  
уақыт Суландыру және су шаруашылығы ми-  
нистрлігінде инженер, аға инженер, кадр бөлімінің  
аға инспекторы болып істеді. Атасы Абай мен  
оның үрім-бұтақтары, Ө. туралы естеліктерін ұнтас-  
паға жазып, ақынның Семейдегі мұражай-қоры-  
ның қолжазба қорына тапсырды. Сонымен қоса  
Абай ұрпақтарының суреттері мен оған қатысты  
деректерді де өткізді. Кәмила Мағауияқызы мен  
Ө-тің отбасылық тағдыры туралы естелік жазды.  
Әуезов И-ға жоғары оқу орнына түсуге, оны бітір-  
геннен кейін қызметке орналасуға көмектесті, Ал-  
маты қаласынан пәтер алуға қол ұшын берді.

*М. Бейсенбаев.*

**ИЮНЬ ЖАРЛЫҒЫ** (1916 ж.), патша үкіметінің Ре-  
сейдің «бұратана» халықтарының ер азаматтарын  
майдандағы қара жұмыстарға шақыру туралы 1916  
ж. 25 маусымда шығарған жарлығы. Жарлық бой-  
ынша Қазақстан мен Орта Азияның тұрғылықты  
халықтарының 19 бен 43 жастың (кейін бұл 31 жас-  
пен шектелді) аралығындағы азаматтары алынуға  
тиісті еді. Отарлық жүйенің шенеуніктері мен бо-  
лыстық әкімшілік өкілдерінің айтарлықтай бөлігі

байлардан пара алып, олардың балалары мен ту-  
ыстарына тиіспей, кедей-кешіктерді алынатын-  
дар тізіміне көптеп тіркеді. Мұның үстіне патша  
жарлығының шарттарына сәйкес қазақ қауымы-  
ның белгілі топтарының өкілдеріне жеңілдіктер  
берілді. Болыстар мен ауыл әкімшілігінің қызмет-  
керлері, төменгі полицейлік шендер (жергілікті  
халықтан шыққан), имамдар, молдалар, майда  
несие мекемелерінің қызметкерлері, оқушылар,  
дворяндар мен құрметті азаматтар майдан жұмы-  
старына алынбады. Осының бәрі бұқараның ашу-  
ызасын тудырып, 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілістің  
басталуына түрткі болды. Осыған қарамастан, 150  
мыңға жуық қазақ жігіттері майданның қара жұмы-  
старына алынды. Ө. 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс  
тақырыбына және оның басталуына түрткі болған  
патшаның маусым жарлығына «Қилы заман» ро-  
маны мен «Түнгі сарын» пьесасында айтарлықтай  
орын берді. Ал «Социализм дәуіріндегі Орта Азия  
мен Қазақстан халықтары әдебиетінің дамуы ту-  
ралы» және «Социалистік ұлттар әдебиетінің даму  
ерекшеліктері» деген мақалаларында 1916 жылғы  
ұлт-азаттық көтерілісінің шығу себептерін,  
кейінірек бұл тақырыпқа жазылған көркем шығар-  
маларды атап көрсеткен.

*К. Нурпейіс.*



**КАМАЛОВ** Қонысбай (1939 ж. т.), қарақалпақ  
әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымының док-  
торы (1990), профессор (1991). Өзбекстан және Қар-  
ақалпақстан Республикаларының еңбек сіңірген  
мәдениет қызметкері (1990). Көптеген көркем шы-  
ғарманың және ғылыми-зерттеу кітаптарының ав-  
торы. Академик-жазушы Ө-тің «Өскен өркен» ро-  
манынан үзінді аударып, «Жаңа әулет» деген ат-  
пен «Әмудария» журналының 1977 жылғы 9-санын-  
да жариялаған (59–70-беттер), Ө-ке арнап «Дала  
бүркіті» деген мақала жазды (Камалов Қ. Дала  
бүркіті, жинақ, Нөкіс, 1990).

*К. Хамидоллаев.*

**КАМАЛОВ** Сағыр Айтмағамбетұлы (1905–1938),  
жазушы, драматург. «Ер Тарғын» драмасын (1937),  
«Ер Тарғын» операсының либреттосын (музыкасы  
– Е. Брусиловскийдікі) жазды. Ө. 1936 ж. 5 тамыз-  
да «Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісіне берген  
«Тарғын» туралы интервьюінде: «Сағыр бұрынғы  
халық аузындағы батыр жырын сол күйінде алма-  
ған, ол батыр жырын тек қана тема ретінде пайда-  
ланып, өзінше молайтып, терендетіп, көп жерінде  
басқа жаңа уақиғалар кіргізіп жасай білген» деп,  
еділ бағасын берген. Ал «Алғашқы әсер» мақала-  
сында «Ер Тарғын» операсы жөнінде әңгіме қоз-

ғап, оқиғасы қызықты әрі тартымды шығарманың дүние келгенін, «барлық үлкен бұйымдарының (бұған кіретіндер: пьесаның мазмұны, режиссердің басшылығы, актер ойыны және композитор, суретші, би басқарушысының ісі сияқты элементтерінің) барлығы әдемі боп туысып, үйлесіп, біте қайнасқан тұтастықпен шыққанын, барлық операны бір мол мүсінді көркем шығармаға айналдырып тұрған айқын стиль барын айтып, кейбір кемшіліктерін де жасырмаған.

*Ш. Елеуенов.*

**КАНТ** Иммануил (1724–1804), неміс философы, 18 ғасырдың аяғы мен 19 ғасырдың басындағы немістік классикалық философиясының негізін қалады. Ойлаудың диалектикалық принциптерін негіздеу К. философиясынан басталды. Оның ақыл-ойды сынаған еңбектері халықтар арасындағы тыныштықтың орнауын уағыздайды, Кант философиясының құндылығы – талдауларындағы диалектикалық идеяларында жатыр. Оны материалистер де, идеалистер де өз тұрғыларынан қарап бағалады, сынады. Ө. жоғары оқу орындарында философиядан оқыған дәрістеріне дайындығы негізінде Кант философиясына да қатты көңіл аударды. Конспектілерінде ол туралы айтылады. Оның шығармаларын оқығандағы белгі-сызулары кездеседі.

*Т. Әкім.*

**КАПУТИКЯН** Сильва (Сирвард) Барунаковна (1919 ж. т.), армян ақыны. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1952), Арменияның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1970). Ө-пен іскерлік және достық қатынаста болған, КСРО Жазушылар одағының әр түрлі жиындарында кездесіп, пікір алысып тұрған. Қазақ жазушысына арнап 1946 ж. «Қазақстанда» деген өлең жазды. Онда Мұханның бауырлас халықтарға ортақ екенін, өмірдің өзіндей нәрлі де көркем туындыларының мәңгі жасайтынын жыр еткен («Менің бауырларым», жинақ, М., 1952, 60-бет).

**КАРАМЗИН** Николай Михайлович (1766–1826), орыс жазушысы, тарихшы, сыншы. Ө. өзінің «Әдебиет тарихы» монографиясының «Батырлар әңгімесі» деген бөлімінде қазақ әдебиетінің өзге ел әдебиетінен бөлек біткен ерекшелігі – халық әдебиетінде әйелге үлкен орын бергенін мысалға келтіре отырып: «Орыс әдебиеті сияқты үлкен елдің ескі әдебиетін алсақ, бұларда көп заманға шейін әйел аты аталмай, орысқа 17 ғасырға шейін әдебиет шеңберінде әйел кірмеген. Ескілікті былай

қойып, жазба өнері туған соң, әдебиеттің салтанатты (классицизм) дәуірінде әйел аты аталса, махаббат үшін ғана аталады. Бірақ әйел жар есебінде, дос пішінінде көрінген емес. Еркекке дос болатын әйелді орыс әдебиетінде ең алғашқы кіргізген ақын Карамзин ғана болады» деп, қазақ батырлар жырының өресі биік екенін айтқан.

*Ж. Молдабеков.*

**КАРИМ** Мұстай (шын аты-жөні: Каримов Мұстафа Сафаұлы; 1919–2005), башқұрт ақыны, қоғам қайраткері. Башқұртстанның халық ақыны (1963). Соц. Еңбек Ері (1979). КСРО (1972) және Ресей (1967) Мемлекеттік сыйлықтарының, Лениндік сыйлықтың (1984) лауреаты. Ө-пен бұрынғы КСРО Жазушылар одағының жиындарында кездесіп, пікір алысып жүрген. Қазақ жазушысының 90 жылдық мерейтойына арналған салтанатты мәжіліске қатысып (Алматы, 1987 жылғы 25 қыркүйек), сөз сөйледі. Онда Ө-пен ондаған жылдар бойы қарым-қатынас жасап, ұлы суреткердің ақыл-кеңесін алғанын ризашылығын білдіріп, биік адамгершілік қасиетіне бас иеді («Мухтар Ауэзов и современная литература», А., 1989, 28–29-беттер). Мұханның 100 жылдық мерекесіне байланысты жеделхат жолдап, Ө-тің рухани бай, өміршең шығармалары кейінгі буын ұрпақтар үшін мәңгілік тағлым болып қалмақ деп жазды («Егемен Қазақстан», 1997, 2 қазан).

*Н. Ақбай.*

**КАСТАНЬЕ** Иосиф Антонович (т. ө. ж. б.), тарихшы, этнограф. 19 ғасырдың 2-жартысы мен 20 ғасырдың бас кезінде өмір сүрген. Ташкентте, Түркістанда тұрған. Неплюев кадет корпусында француз тілінің мұғалімі, Орынборда Ғылыми архив комиссиясының мүшесі және вице-президенті (1912), музейде сақтаушы болды. Қазақтардың тарихын, этнографиясын, археологиясын, фольклорын зерттеген, ескі әдеби мұраларды жинаған. «Көне Қазақ даласы және Орынбор өлкесі» (1910) атты еңбегінде қазақ рулары мен хандығы туралы құнды мәліметтер келтірген. Ө. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» зерттеуінде жырдың таралуына К-нің көп еңбек сіңіргенін атап көрсеткен. Оренбург музейінің басқарушысы, орыс тарихшысы Кастанье өзінің «Қазақ даласы мен Орынбор өлкесінің белгілері» дейтін кітабында «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырының он түрлі нұсқасынан дерек береді. Және өзі сол кітапта бұл жырдың толық аудармасын берген, осы аударма арқылы басқа орыс зерттеушілері дастанның мазмұнымен танысқан деп жазады.

**КАСУМОВ** Имран Ашимоглы (1918–1981), әзірбайжан жазушысы, драматург. Әзірбайжанның халық жазушысы (1979). К-тың сценарийі бойынша түсірілген «Теңізді бағындырғандар» фильміне Лениндік сыйлық берілді (1961). Ө-тің 80 жасқа толуына арналған салтанатты кеште (А., 1977, 23 қыркүйек) сөз сөйлеп, ұлы суреткер өзінің «Абай жолы» романында дәстүр мен бүгінгі заманды біртұтас етіп құйып шыққан; бұл талантты шығарманың тілі барлық халыққа түсінікті; Ө. – өзі өмір сүріп, жемісін көрген бір дәуірді ақыл-ойымен, жүрегімен баурап алған аса көрнекті жазушы; үлкен талант тамыры өте тереңге кеткен, діні көкке қарай өрлеген алып ағаш сияқты; Ө. осындай еді деген шын жүректен («Мұхтар Әуезов – совет әдебиетінің классигі», А., 1980, 37-бет).

*Н. Бауған.*

**КАТАШ** Сергей Сергеевич (1925–2003), алтай әдебиет зерттеушісі. 1958 ж. «Қазақ және алтай эпосын салыстыра зерттеу тәжірибесі» деген тақырып-

М. Әуезов пен С. Капутикян.





С. Кәдірбаев.

та кандидаттық диссертация қорғаған. Ғылыми еңбектері халық ауыз әдебиетін зерттеуге арналған. Ө. өзінің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты еңбегінде Каташтың зерттеуінде «Қозын Еркеш» қана емес, Алтай елінде «Қозыке – Баян ару», «Қозыке – Баян сұлу» деген аттармен біреулері қазақ жырына өте жақын, тағы бірі ол жырдан қашандау болса да, негізінде осы «Қозы Көрпеш» жырымен желілес бірнеше халық жыры бар екені анықталды деп атап көрсеткен.

**КАУШУТОВ** Ата (1903–1953), түрікмен жазушысы. Ұлттық проза мен драматургияның негізін салушылардың бірі. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты зерттеуінде К-тың «Копет-Даг» романы «қайшылыққа молырақ ұшырайтын геройларының басындағы конфликтер салмақты, қызықты болып шыққан», бірақ сол кездегі романдардың көпшілігіне тән кемшілік – «махаббат жайы аса солғын, отсыз» қалыпта бейнеленген деп жазған.

**КАЧАЛОВ** (шын фамилиясы: Ш в е р у б о в и ч) Василий Иванович (1875–1948), орыс актері. КСРО халық артисі (1936), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1943). 55 рөл орындады. Ойнаған кейіпкерлерінің психологиялық характерін ашуға талпынып, биік идеяларды мұрат тұтты. Радио мен эстрада концерттеріне қатысып, көркем сөз оқудан шеберлігін танытты. Ұлы актер қайтыс болғанда, Әуезов «Ауыр қаза» деген қазанама-мақаласын жазып, театр шебер жазылған драмасын өмір сүре алмайтыны сияқты, драматургия да К-тардай дарынды актерлерсіз өмір сүре алмақ емес деп, өнердің орны толмас қазаға душар болғанын айтқан («Литературная газета», 1948, 2 қазан).

**КӘДІРБАЕВ** Сейдазым (1885–1937), заңгер, адвокат. Алаш қозғалысына қатысқан. Ө-ке байланысты архивтерде кездеседі. Гүлнар Міржақыпқызы естелігінде Қызылордада біздің үйге таяу Мальков көшесінде Н. Құлжанова, Сейдазым Кәдірбаев, Әлімхан Ермеков семьялары тұрды деп еске алады («Бес арыс» кітабы). Кейін Сейдазым жер аударылып, 1934 ж. Воронежде тұрған. 1930 ж. Ө-пен бірге Алматыда құдалауға ұшыраған. Тағы да Гүлнар әкем мерген еді, аңнан оралар кезде құрдастары Елдес *Омаров*, К. үйге күн бұрын келіп отыратын, қалжыңдасатын деп, олардың арасындағы достық байланысты одан әрі кеңейтіп жазған. Мұхтармен түскен фотобейнесі сақталған.

*М. Бейсенбаев.*

**КӘКІТАЙ** (Ғ а б д ұ л х а к і м) Құнанбаев (1869–1915), әдебиетші, Абайдың інісі Ысқақтың баласы. Абай мұрасын жинап, бастыруда зор еңбек еткен. Ұлы ақынның алғашқы таңдамалы өлеңдерінің жинағын Ілия Боранганскийдің Петербургтегі баспаханасында 1909 ж. шығарды. Кітаптың соңына ақынның өзі жазған өмірбаянын енгізген. Шығармаларға өзінше талдау жасап, «Ой туралы», «Өзі туралы», «Ел туралы», «Ғашықтық туралы» деген тақырыптарға бөлген. Ө. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында Абай мұрасына еңбек сіңірген, Абай өзі тәрбиелеп, баулыған, жас жұртшылықтың көрнекті өкілі болған Кәкітай Ысқақұлының еңбегін айрықша айту керек деп, К-дің

еңбегіне биік баға берген. К. шығарған бұл жинақ Абайдың Қазақстан өлкесіне танылуына себепші болғанын атай келе, ұлы суреткер: «Түгел шықпаса да, таңдалып топталған өлеңдердің өзі-ақ Абай ақын Батыс Қазақстан, Сыр бойы, Алауға өлкесі, бүкіл Орталық Арқа қазақтарына түгел даңқты, кәдірлі ақын боп таныла бастады» дейді.

*Қ. Мұхаметханов.*

**КӘКІШЕВ** Тұрсынбек (1927 ж. т.), әдебиет зерттеуші, жазушы. Филология ғылымының докторы (1972), профессор (1973). Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1979). Ғылыми еңбектері қазақ әдебиеті мен сыны тарихына арналған. С. Сейфуллин, С. Ерубаев, С. Шәріпов, Ж. Тілепбергенов, Е. Бекенов сынды жазушылардың мұраларын жарыққа шығаруға ат салысты. «Асылдың сынығы» (1971), «Парасат» (1977), «Кемеңгер ғибраты» (1977), «Өрелі ойлар» (1985), «Мәңгілік Мұхтар» (1987) деген мақалаларында Ө-тің шығармашылық шеберлігін баяндаса, «Қырық күндік кемдікті ұмытпайын» деп еді» естелігінде («Заман – Қазақстан», 1997, 1 мамыр) ұлы жазушыдан тыңдаған лекциялары туралы ой толғаған.

*Н. Ақбай.*

**КӘМӘЛИЯ** (К ә м ә ш; 1870–1962), Абайдың келіні, Ақылбайдың баласы Әубәкірдің әйелі. Жидебайда тұрған. Одан Қапсәлем, Әліхан туған. Ас-суын әзірлеп, киім-кешегі тігіп, ақынның шығармашылықпен шұғылданыуына жағдай жасаған. 1941 ж. 19 наурызда Абай ойнаған тоғызқұмалақтың тастарын, тақтасын, тері қалташасын, 3 жасанды тісін, фотосуреттерін мұражайға тапсырған. Абай туралы естеліктері жарияланған («Әдебиет және искусство», 1940, №9). Мұхтар К-мен араласып, қарым-қатынас жасап тұрған, ұлы ақын туралы талай әңгімелерін тыңдаған. 1945 ж. 15 тамызда Қазақстан үкіметі Абайдың туғанына 100 жыл толуына байланысты оның туыстарына өмірлік зейнетақы тағайындағанда, Мұхаң К-ға да зейнетақы алып берген.

*М. Бейсенбаев.*

**КӘМИЛА** Мағауияқызы (1900–1932), жазушының екінші әйелі. К. – Абайдың немересі. Ол молдандан ескіше сауат ашқан. Тобықтының Мамай руынан шыққан Мұсабай болыстың Шыныбай атты баласына тұрмысқа шығып, көп кешікпей ажырасады. Кейінірек ағасы Жағаылар Мағауияұлының қолында жүрген кезінде Ө-пен көңіл қосып, ота-

М. Карим, З. Шашкин, Н. Хикмет, М. Әуезов. 50-жылдар.



сады, Бөріледе тұрады. Одан Зере мен Мағрипа деген екі қыз бала көреді, бірақ олар жастай қайтыс болған. Тәркілеу зұлматы кезінде ерлі-зайыптылар еріксіз ажырасады. Алайда К. ұлы жазушының қызы Мұғамиланы тәрбиесіне алып, күтіп қараған. Бір-біріне өгейлік танытпаған. Бірі балалық ниетпен, екіншісі аналық пейілмен бір-бірінен ажыраспастай болған. К. Шығыс Қазақстан облысындағы Убо-форфост деген жерде Жағыпар ағасының қолында дүниеден өтеді. Сүйегі Шульба су-электр станциясының астында қалатын болғандықтан, 1982 ж. қазып алынып, Ақшоқыдағы Құнанбай әулетінің зиратына қойылды. К. Абай әндерін нәшіне келтіріп, шебер айтаын өңші болған. Оның жұбайы Мұхтарды сағынып, құсалықпен шығарған бірнеше арнау өлеңдері Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайында сақтаулы тұр.

**КӨМШАТ**, Құнанбайдың *Айғыздан* туған қызы. Ағайын арасындағы жанжалдың құрбаны. Ө-тің ел аузынан жинаған деректерінде мынадай жолдар кездеседі: «Жанжал артынан Бөжей мен Құнанбайға ағайын: «Екеуің кісі алыс» дейді, Құнанбай Смағұлмен туысқан қызды асырауға Бөжейге береді. Ол қыз өледі. Жаман асырап өлтірді деседі екен» (№ 29-папка, 171-бет). «Абай жолы» эпопеясында бұл жағдай сол қалпында суреттеледі. Қарқаралыдағы билер шешімі бұлжытпай орындалады. Қызды алып кетердегі көрініс шығармада: «Бөжейлер жайғасып отырғаннан кейін, осы бөлмеге Құнанбай да көп кірді. Қасында Қаратай, Майбасар, Құлыншақ сияқты нөкерлері көп екен. Ертеңінде Бөжейлер жүрер кезде Абайдың Қарқаралыда естіген жат сөзінің шешуі жетті. Өзі үйінде жер бауырлап жылап, Айғыз жатыр екен. Қарабас мұның қолынан Кәмшатты алып, шарт киіндіріп, үлкен үйге апарыпты. Екі көзі қарақаттай жайнаған әппақ Кәмшат мұндағы барлық үлкендерге: «Аға, ата! Ата, аға!» деп, кішкентай нәзік саясқатарын созып жалт-жалт қарайды» деп суреттелген («Абай жолы», «Шытырманда» бөлімі). К. ауру дегенді естіп, Абай Ғабитхан молданы ертіп Бөжей аулына барғанда көргені былай баяндалады: «Жылаған Кәмшат екен. Ол қонақтардың оң жағында бір жаман жыртық жаялықтың үстінде бүк түсіп жылап жатыр. Басында жастық та жоқ. Тек бір жаман жыртық шапанның жеңі жасталыпты... Бұрын топ-толық қызыл шырайлы, қарақат көзді Кәмшат қазір сатқақ ұрғандай арықтап, күп-ку шөлмектей боп қалыпты. Қол-аяғы шидей. Бетінде ғазап пен сор көлеңкесі бар сияқты. Кірпіктері ұзарған, екі ұрты кәдімгі қайғы шеккен, аштық көрген үлкен адамдардың бетіндей боп, тозығы жетіп, жиырылып тұр». К-тың өлімі ағайын арасын одан әрі салқындатып, алшақтата түседі.

Т. Тұрғанбаев.

**КӨРМЕНОВ Жәнібек** (1949–1992), әнші, сазгер, жазушы. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының профессоры. Жастар мен студенттердің 1985 ж. Мәскеуде өткен Дүниежүзілік фестивалінің дипломанты. Қазақтың дәстүрлі халық әндері мен фольклорлық-этнографиялық музыка мұраларын зерттеуші. Біржан, Ақан, Сегіз сері, Үкілі Ыбырай, Өсет, Естай, Мұхит, Кенен, Шашубай, Садыққожа, Кемпірбай, Мұхамеджан, *Шәкәрім* әндерін жинап, халыққа жеткізді.

«Қазақ әндерінің антологиясын» құрастырды (1990, 1–2-кітап). Өміре мен Жүсіпбектің, Манарбектің әншілік дәстүрін одан әрі жалғастырып, дамытуға ерекше үлес қосты. Консерватория жанынан бір кездері Ө. ұсыныс еткен, бірақ жүзеге аспай қалған халық музыкасы мен фольклоры кафедрасын ашты. Жәнібек Абай әндерін нәшіне келтіріп орындады. «Абай жолы» эпопеясындағы әндер, «Абай жолы» эпопеясындағы салсерілердің әндері, «Абай әндері», «Мұхтар Әуезов және ән», «Шәкәрімнің әндері», «Абай әндері», т. б. телехабар теледидардың алтын қорына қабылданды. «Тегімді менің сұрасаң», «Қарашада өмір тұр», «Өнім саған аманат», «Жүрегім нені сезесің», «Бәйтеректің тамыры» іспетті әнгімелерінде Ө-тің ән мен күй өнеріне деген ыстық ықыласын, өнер адамдарына жасаған қамқорлықтарын нақты деректер негізінде суреттеді.



Кәмила Мағауияқызы.

Т. Құдакелдіұлы.

**КӨРІБАЕВА** Бақыт (1943 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1994). Негізгі ғылыми еңбектері әдебиеттегі көркемдік мәселесіне арналған. «Абайтандағы олқылықтар және реализм мәселесі» («Жұлдыз», 1995, №11), «Әуезовтану ілімінің маңыздылығы» («Ана тілі», 1998, 3 желтоқсан), «Әуезов – әлемдік тұлға» («Қазақ әдебиеті», 1999, 9 шілде) т. б. мақалаларында Ө-тің ағартушылық көзқарастары, дәстүр жалғастығы жөнінде өрелі пікірлер айтқан.

**КӨРІБЖАНОВ** Фазыл Кәрімұлы (1912–1960), мемлекет және партия қайраткері. Омбы жұмысшы факультетінің (1933), Сібір ауыл шаруашылық институтының (1938) бітірген. Партия, кеңес органдарында басшы қызметтер атқарды. Зиялы қауым өкілдерімен жиі кездесіп тұрған. Қазақ әдебиетін, тарихы мен мәдениетін жетік білген. Көрнекті ақын-жазушылармен ой бөлісіп, пікірлес болған. Ө. өзінің күнделігіне: «Фазыл Кәрімұлына сенуге болады, оның адамгершілігі жоғары, жаны жайсаң, мен мұндай адамды кездестіргеніме қуаныштымын» деп жазыпты («Қазақстанская правда», 27 желтоқсан, 2002 ж.).

**КӨРІМ** Әкіремі Алтай (1921–2005), аудармашы. 1929 ж. әкесі тәркілеуге іліккен соң, Қытай еліне қоныс аударады. Шәуеуге кезекте қазақша мектепте оқып жүріп, қытай тілін үйренеді. Орыс, қытай тілдерін еркін меңгеріп, аудармамен шұғылданады. Қытай Республикасының әнұранын, Мао өлеңдерін қазақшаға, Абайдың жырларын т. б. қытайшаға тәржімалайды. 1957 ж. Шыңжаң жазушыларының құрылтайында Ф. Мүсіреповтің сөйлеген сөзін қытай тіліне аударады. Қазақ елінің бір көркем шығармасын аударуға ниет білдіргенде, Ғабең «Абай жолы» эпопеясын ұсынады. К. ізгі ниетін білдіріп, Ө-ке хат жазады. Мұхаж жауап хатында К-нің Балқаш Бапін арқылы жолдаған хатын алғанын, «Абай» романын қытай тіліне аудару талабының жақсы талап екенін, деген «Абай» романы ұлы қытай тіліне аударылса, ол тек екеуіміздің зор мақтанышымыз болып қана қалмастан, ісі қазақ халқының Алатаудай зор мақтанышы болатынын жазып, ризалық сезімін білдірген. Бірақ қытай тыңшылары «байдың тұқымы, шетелмен байланыс жасадың» деп айыптап,



25 жылға соттайды. Тек 1976 ж. құтылып шығады. Қазақстанның Қытай Республикасындағы елшілігіне хат жолдап, атамекенге оралуды өтінеді. Бұл жолы Мұхаңның баласы Мұрат Әуезовпен хат жазысып хабарласады. Сөйтіп К. тарихи отанына, Алматыға оралады.

**КӘСІБИ СӨЗДЕР.** белгілі бір кәсіпке не мамандыққа байланысты қолданылатын сөздер немесе сөз түрлері. Мұндай сөздер маман адамдарға ғана тиісінікті. Басқа сөздерден айырмашылығы – К. с-де балама болмайды. Олар әдеби тілді байытуға көп септігін тигізеді. «Өскен өркен» романында, Оңтүстік сапарынан жазылған мақала-очерктерінде жергілікті кәсіпке, шаруашылыққа қатысы бар сөздерді мол келтірген (пәлек, шит, қозапая, жегене, көсек т. б.). Жазушы өзінің «Тіл және әдебиет мәселесі» атты мақаласында отырықшылық, егіншілік кәсібіне байланысты, өсімдік атаулары, көршілес қазақ аудандарына, облыстарына мол сіңген өзбек сөздерінен, татар сөздерінен қашудың жөн емес екенін айтқан. Керісінше, ондай сөздерді пайдалану арқылы әдеби тілімізді байыта беруді қостаған.

*Ш. Сарыбаев.*

**КЕДРИНА** Зоя Сергеевна (1904–1992), әдебиет сыншысы, ғалым, аудармашы. Филология ғылымының докторы (1974). Өзбекстан Республикасы Бируни атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970). Қарақалпақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1979), Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1981). Қазақ әдебиетінің, оның ішінде Ө-тің жанкүйер достарының бірі. 1932 ж. Ө-пен танысып, қазақ әдебиеті туралы пікір алысады. Бұл таныстық тығыз шығармашылық достыққа ұласып, өмірлерінің соңына дейін үзілмейді. Ол Ө-пен бірігіп, І. Жансүгіровтің «Дала» дастанын (1933), Б. Майлиннің, Т. Жароковтың өлеңдерін орыс тіліне аударды. Ол қазақ әдебиеті мен ұлттар әдебиетінің өзара байланысы туралы «Қайнар бұлақтың көзінен» (М., 1960; А., 1966), «Заманауилық – совет әдебиетінің жаны» (М., 1960), «Ең бастысы – адам» (М., 1972) атты монографиялар жариялады. Сыни-зерттеушілік, аудармашылық жолы Ө-тің шығармашылығымен тікелей байланысты. Ол өзінің әрбір зерттеуі мен мақаласында жазушының шеберлігі мен ұлттық ерекшелігіне баса тоқталып, үнемі назарында ұстады. Сыншының «Мұхтар Әуезов» атты (М., 1951) монографиясы үлкен әдеби пікір туғызды. «Правда» газетінің 1953 ж. 30 қаңтар күнгі санында жарияланған П. Кузнецовтың «Сынау орнына мадақтау»

З. С. Кедрина, Е. Лизунова, М. Әуезов.



атты байбаламшыл мақаласы жазушыны да, зерттеушіні де саяси қысымға ұшыратып, екеуі де қызметтерінен шеттетілді. Қазақстан Жазушылар одағының пленумында талқыланып, бұл монографияға теріс ниетті, қате бағытта жазылған, зерттеуші жазушының ұлтшылдық пиғылын қасақана ашпаған, сынап айтпаған, «сынау орнына мадақтаған» деген кіне тағылды. Ол кітап қайтып басылған жоқ. Ғалым бұдан кейін де Ө-тің шығармалары жөнінде әр жылдары 30-ға жуық сыни-зерттеу мақалалар жазды. Сонымен қатар Ө-тің көркем шығармаларын аударуға да белсене қатысты. Ол «Абай жолы» роман-эпопеясының соңғы екі тарауын, «Асыл нәсілдер», «Білекке білек», «Түркістан» солай туған» атты әңгіме, очерктерін аударған, «Қилы заман» повесінің жарық көруіне үлкен үлес қосты. Жазушы операцияға барар күнгі соңғы дәмді де К-нің қолынан татып, сол үйден ауруханаға аттанған. Ө-ті емханада соңғы рет көрген адам да – К. мен оның күйеуі А. Пантиев.

*Т. Жұртбай.*

**«КЕЙ ПЬЕСАЛАР ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІ»**, жазушының мақаласы. Арап әрпімен 20-жылдары жазылып, қолжазба күйінде сақталған. Бұрын еш жерде жарияланбаған. Шығармаларының елу томдық толық жинағының 11-томына енгізілді. Жазушы «Жорық» және «Қанжар» деген екі пьесаға өз пікірін білдірген, бірақ олардың авторларының кім екенін, жазылу себебіне тоқталмаған. Алғашқы пьесаның мазмұнына қысқаша тоқталып, арзанқол шығарма күтіп қалған, жеңіл-желпі, еліртпе, есірік қызықты баяндайтын Америка мен Еуропаның киноларындағыдай «декоратив, детектив боп шолжайып қалған» деп тұжырымдайды. Ал «Қанжар» туралы сөз еткенде, ол кавказ тұрмысынан алынып жазылғандықтан, «бұрынғы үлгідегі орыс жазушыларының сарынын еске түсіреді», жаркылдақ, бұрқ-сарқ қайнаған арзан өмірдің сарынымен кеткен. Күнделік саяси, шаруашылық тақырып болмай, жат, ұғымсыз ортаға түсіп кеткен. Сондықтан автор салт-саналық, саяси қатеге ұрыған дейді.

*Н. Оспантегі.*

**«КЕЙБІР ҰЛТ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ РОМАНДАРЫ ТУРАЛЫ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Әдебиет және искусство» (1950, №8, 71–79-беттер) журналында, содан кейін Ө-тің «Уақыт және әдебиет» (1962, 318–335-беттер), 12 томдық (1969, 11-том, 15–35-беттер), 20 томдық (1985, 18-том, 344–365-беттер) шығармалар жинақтарында басылды. Сондағы Ө-тің нақты тоқтайтын, талдайтын шығармалары: татар жазушысы Г. Башировтың «Намыс», өзбек жазушысы Айбектің «Алтын атыраптан ескен жел», қазақ жазушысы Ф. Мустафиннің «Миллионер», қырғыз жазушысы Т. Сыдықбековтің «Біздің заманның адамдары», орыс жазушысы С. Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт» пен «Жер бетіндегі жарық» романдары. Осы аталған шығармалардың барлығы да Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі жылдардың оқиғаларын суреттеген. Ө. ең алдымен осы шығармалардың және жалпы ұлт әдебиеттері өкілдері туындыларының орыс тіліне аударылуы жағдайына тоқталады. Өлемге танылу үшін алдымен орыс тіліне дұрыстап жетуі керек, бірақ бүгінге дейін орыс тілінде шыққан көптеген туындылар түпнұсқасымен салыстырғанда, көлемі әлдеқайда қысқарып

кеткен. Автор 6, 10, 20 баспа табағы қысқарған роман өзінің мазмұны мен көркемдік құны жөнінен қыруар шығынға ұшырайды; оның бір жағында бір романға, яки бір повеске бодау боларлық көлемін жорай немесе лажсыздан сылып тастаған шығарманы оқушы бас-аяғы толық және түпнұсқасында шала-жансар жазылған елсіз шығарма екен деп біледі дегенді айтады. Осы романдарды оқығандардың көз алдында Кубань, Еділ, Қарағанды даласы, Ферғана мен орталық Тянь-Шаньның таулары елестейді. Халықтар достығы тақырыбы деп «Біздің заманның адамдары», «Намыс», «Алтын атыраптан ескен жел» орыс адамының бейнесін жасауға ниеттенген. Осылардан орыс адамының бейнесін жасаудағы екі түрлі әдіс-тәсілі байқалады; біріншісі – көп жазушыларға сіңісті болып кеткен ұлттық сипаттары сақталмайтын, жергілікті ұлттың адамына айналып кеткен бейнелердің жасалуы. Мұны жергілікті халықпен көп жылдар бойы бірге өмір сүруі, тілін, әдет-ғұрыптарын жетік білудерімен дәлелдейді. «Біздің заманның адамдарындағы» Дмитрий ұста, оның әйелі Надежда, балалары Сергей мен Мария осылай болып шыққан. Оларды қырғыздан айыру қиын. Айбек пен Баширов өздерінің «Алтын атыраптан ескен желдер», «Намыс» романдарында екінші әдісті қолданған. Олардың орыс кейіпкерлері – орыстық мінез бітімінен ауытқымаған. Айбектің Акаскин өзбек арасында 14 жыл тұрса да, өзбек қыздарына ақылшы, тәрбиеші бола жүріп-ақ ұлттығынан айрылмайды. Мұстафин мен Айбектің кейіпкерлері Жомарт та, Уктам да шығармада бастан-аяқ көрінгенмен, еңбекке қолма-қол араласпайды, өздері басшылық еткен көп істердің арасында бытырап кетіп, көрінбей қалады дейді мақала авторы. Бұларға қарағанда Бабаевскийдің Тутариновы өз төңірегіне еңбек қауымын топтастырып, оны одан ары ұлғайта, жетілдіре біледі, нақты іс-қимылдың адамы ретінде көрінеді. «Миллионер», «Біздің заманның адамдары» романдарының авторлары мал шаруашылығымен шұғылданатын қазақ, қырғызды көрсете отырып, шығармаларында осы мәселені тереңдетіп ашуды ескермейді. Сыдықбековтің кейіпкері семіз жылқыға сүйінумен болады да, адамдардың тұрмыс жағдайына көңіл аудармайды. Мұстафиннің Жомарты құмда жатқан 10 мың малды есіне түсіріп, олардың тіршілік жүйін жақсартуды сөз арасында айтқанмен, іс жүзінде еш нәрсе істемейді. Осылайша аталған шығармалардың жетістік-табыстары мен кемшіліктерін қатарластыра сөз еткен жазушы бұл туындыларды кеңес әдебиетінің биікке көтерген еңбектер ретінде бағалайды. Ал Ә. осы романдар жөніндегі ойлардың бәрін түгел айттым, түгел аштым демейді. Түпнұсқаларымен танысуға мүмкіндік болған шығармаларға ғана тоқталғанын ескертеді.

*Т. Әкім.*

**КЕКИЛОВ** Аман (1912–1974), түрікмен ақыны, әдебиет зерттеуші. Түрікменстан халық жазушысы (1967), Түрікменстан ҒА-ның корреспондент мүшесі (1960), Түрікменстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1979), Түрікмен КСР Мемлекеттік гимнің сөзін жазған (1946). Түрікмен әдебиет зерттеу ғылымын қалыптастырып, дамытуда зор еңбек сіңірді. «Молланәпес» (1957), «Әдебиет теориясы» (1961) атты монографияла-

рында көркем туындының идеясы, тілі, стилі туралы ғылыми талдама жасап, Мұханның бірқатар пікірлерін мысалдан келтірген. К. өзінің «Мұхтар Әуезовке ескерткіш» өлеңінде («Қазақ әдебиеті», 1963, 21 мамыр) ұлы жазушының көркем мұрасы кезі тірісінде өзіне орнатқан мәңгі ескерткіш екенін тебірене жырлаған.

**КЕКІЛБАЕВ** Әбіш (1939 ж. т.), жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері. Қазақстан Республикасының халық жазушысы (1992), ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1986). ҚазМУ-ды бітірген (1962). Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1995). Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері (1995). Проза, сын, аударма, драма саласында үздіксіз еңбек етіп келеді, әлдене ше сын мақалалары мен әңгіме-повестерінің жаннактары жарық көрді. Университетте оқып жүрген кездерінде Ә-тің лекцияларын тыңдады, университет жанындағы Әдебиет (кейін Әуезов атындағы) үйірмесін басқарды. Ұстазы жөнінде «М. Әуезовтің музей-үйі» («Лениншіл жас», 1963, 21 мамыр), «Қазіргі қазақ романы» («Лениншіл жас», 1964, 6 маусым), «Ұлы өмірдің іздері» («Жұлдыз», 1964, №3), «Өміріндей көреміз өнегесін» («Лениншіл жас», 1967, 7 мамыр), «Әуезовтің айбынды мұнарасы» («Коммунистік жол», 1987, 9 шілде), «Дәуір перзенті» («Қазақ әдебиеті», 1987, 25 қыркүйек) т. б. мақалалар жазды. Классик жазушының 100 жылдық мерейтойын атап өтуге арналған ұйымдас-тыру жұмысына белсене ат салысты. Ә-ті құрметтеуге арналған Мәскеу қаласы мен облыс жұртшылығының Одақтар үйіндегі Бағанды залда өткен салтанатты мәжілісте «Ғасыр перзенті» («Түркістан», 1997, 4 маусым), Алматыда ҚР ҒА ұйымдас-тырған салтанатты мәжілісте «Әуезов туралы сөз» атты баяндама жасады («М. Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті», А., 1997, 7–18-беттер). «Дәуірдің дара тұлғасы» мақаласында парасатты пікір айтқан («Парасат», 1997, 8 тамыз, №8, 2–4-беттер).

*Т. Әкім.*

**КЕЛЬТ ФИЛЬДЕРІ**, айтыс ақындары. Кельт тайпасы алғашында (б. з. б. 1 ғасыр) Рейн мен Дунай өзендерінің бойын мекендеген, кейін Солтүстік Германияға, одан соң Францияға, Бельгия, Австрия мен Британия аралдарына барған. Тілдері үндіеуропа тілдерінің тобына жатады. Кейін жергілікті халықтардың тілімен араласып кеткен. Іздері Британия аралдарын мекендейтін исланд, шотланд т. б. халықтар тілдерінде сақталған. Кельт әдебиетінің «саға» үлгісін жасауға ерте заманда «фильд» деп аталған ақындар атсалысқан. Олар ертедегі ақсүйектік білімнің сақтаушысы ретінде жауынгерлік әндер мен мақтауларды шығарған. Ә. «Жамбылдың айтыстағы өнері» мақаласында ақындар айтысына ұқсас әдеби жанрлардың Батыс Еуропадағы үлгілеріне тоқтала келіп: «Ал батыста кельттің фильмдері, терістік Франциядағы труверлер, орталық Европадағы мейстерзингерлер, орыста кейде скоморохтар, Скандинавия елдерінде болған эддаларды жырлайтын скальдьяр – көбінесе айтысқа жүйрік ақындар» деген. 1948 ж. шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томына жазған «Айтыс өлеңдері» тарауында: «Сол алуандас айтыс өлең Батыс Еуропаның орта ғасырында кельттерде «фильдер» деген ақындарды туғызған» деп тағы да айтқан.

*Р. Ықыласов*



К. Д. Кемеңгеров.

**КЕМЕҢГЕРОВ** Қошқе (Қ о ш м ұ х а м б е т) Дүйсенбайұлы (1894–1942), драматург, публицист. 30-жылдардан бастап Ә. сияқты қуғын-сүргінге ұшырады. Жер аударып, 1930–35 ж. Воронеж облысында, 1935–37 ж. Омбы облысының Шұбаркөл ауданында санитарлық дәрігер қызметін атқарды. Өлеңдері, мақалалары, әңгімелері оның көзқарасын анық танытады. «Көркем әдебиет туралы» (айтыс ретінде) С. Мұқановқа қарсы жазылған мақаласында Жүсіпбек пен Мұхтар жалғыз процент кедейлердің арасынан шығып отыр деген жолдар бар. Жалпы ол Ә-ті Омбы кезеңінен біледі. Кейін Ташкенттегі газет-журналдар редакциясында және университеттің аспирантурасында жүрген кездерінде де ұдайы кездесіп, әңгімелесіп, пікір-ойлар алмасып жүрген. 30-жылдары Ә-пен бірге аспирантурада оқыған, бірге қамалған.

Т. Әкім.

**КЕМПІРБАЙ** Бөгенбайұлы (1834–1895), ақын, әнші. Шөже, Тезекбай, Әсет, Жәмшібай сынды ақындармен айтысқан. Бұл айтыстар халық арасына кең тараған. К-дің шығармалары «Таң» журналында (Семей, 1925, № 1), «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (А., 1931), айтыс жинақтарында (1939, 1948, 1965, 1988), «Бес ғасыр жырлайды» кітабында (1985, 1989) жарияланды. Әсет ақынның К. ауырып жатқанда келіп, өлеңмен көңілін сурағаны, оған К-дың қайтарған жауабы – көркемдік жағынан қазақ айтысының інжу-маржаны. Ә. қоштасу өлеңіне талдау жасағанда, осыған баса назар аударған («Әдебиет тарихы», А., 1991). «Өлерде өлеңмен, әнмен қоштасу – көбінесе ақындардың әдеті» Кемпірбайдың өлерде айтқан сөзі сондайлық көңіліне тығылып жүрген сырды ашады» деп, ұлы жазушы ол сырдың қандай сыр екеніне тоқталған. К-ды бес жасынан бастап ақындықтың иесі – Дәуіт пайғамбар іектеп, ақындық өнерді дарытқан екен. Өлеңнің көкала үйрек секілді бөлек жаны, бөлек денесі бар. Сол сый енді ақынның кеудесінен ұшқалы жатыр. Арманы – осы қадірлі сыйдың ұрпағына қонбай, мұның әулетінен біржола жоғалып кетуі. Жалғыз арман, мұң – осы. Сөйтіп ұрпақ өнерсіз қалмақ. «Міне, қоштасқан жерде жүректегі сыр мен көңілде кетіп бара жатқан арманды айтқан жері» деп, зерттеуші қоштасу өлеңіне ғылыми сипаттама берген.

Ш. Елеуенов.

**КЕНБАЕВ** Молдахмет Сыздықұлы (1925–1993), суретші-кескіндемеші, педагог. Қазақстанның халық суретшісі (1985), Қаз КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1963). «Бұғалық тастау» (1957), «Шопан әні» (1956), «Сырласу» (1957) т. б. туындыларында қазақ даласының дарқан табиғаты, өр рухы бейнеленген. «Мұхтар Әуезов» атты портреті (1977) ашық-жарқын бояуымен, өмірге құштар жанның табиғатпен сырлы үйлесімін шебер жеткізуімен көңіл аударды. Ар жағынан қарлы шыңдар, сарқыраған тау өзендері, мөлдір аспан, таза ауадағы табиғат көріністері қылақ береді. Сөйтіп суретші ұлы жазушының жан сарайының, көркемдік әлемінің кіршіксіз тазалығын танытқан. Ә. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» атты мақаласында «Суретшілердің арасында да бірсыдырғы жақсы буын өсіп келе

жатыр», солардың ішінде «Кенбаев... сияқты кіші жас буындар бар. Осы күнді олардың сезінуі, сол жайларды өздерінің өнерімен көрсетуге келгенде, қазақтың жаңа сурет өнері өте жақсы жаңа сапада өсіп келе жатқандығын көреміз» деп зор үміт артқан.

**КЕНЕСАРЫ КӨТЕРІЛІСІ**, ұлт-азаттық қозғалыс (1837–1847). Орыс отаршылдығына, қазақ жерінде билік жүйесінің өзгеруіне байланысты өрістеді. Көтеріліс қолбасшысы



М. О. Әуезовтің портреті. Суретші М. С. Кенбаев.

– Кенесары Қасымұлы (1802–1847). Патша үкіметінің 1822–24 ж. Орта жүз бен Кіші жүзде енгізген басқару ережелері қазақ ұлтының дәстүрлі басқару және құқық жүйесін жойып, орнына округтік және шекаралық ресейлік басқару мекемелерін ашты. Ресей билеушілері қазақ жерінің ең шұрайлы жерлерін тартып алып, Ақтау, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау т. б. жерлеріне өз әскері бекіністерін сала бастады. Қазақ халқының қарулы қарсылығына бір ғана әкімші. басқару жүйесіндегі отаршыл өкімет жасаған өзгерістер себеп болып қойған жоқ, оған Солтүстік, Шығыс Қазақстанда суы мен жайылымы мол Ертіс, Есіл өзендерінің бойындағы жерді біртіндеп орыс-казак шаруаларының өз иелігіне бөліп алуы, алым-салықтың өсуі де қатты қозғау салды. Ресей империясының саясатына қарсы алғашында Абылай хан ұрпақтары Ғұбайдолла сұлтан, кейін Қасым төренің ұлы Саржан сұлтан көтеріліске шыққан болатын. Бірақ олардың Ресейге қарсы күресінде одақтас болған Қоқан хандығы сатқындық жасады. 1836 ж. Қоқан билеушісінің нұсқауы бойынша Саржан өлтіріледі, ал 1840 ж. Қасым төре қаза табады. Осындай тарихи кезеңде сұлтан (1841 жылдан хан) Кенесары Қасымұлы үш жүзді де толық қамти отырып, қазақ елінің Абылай хан тұсындағы аумақтық тұтастығын, дербестігін қалпына келтіру мақсатын алдына қойды; Кенесары қарулы көтерілісін бастамас бұрын Ресей империясының билеушілеріне әлденеше рет хат жазып, тиісті талаптар қойды. Ресей үкіметі «бөліп ал да, билей бер» саясатын ұстанды, қазақтың би-болыстарын шен беру тәсілі арқылы бір-біріне айдап салып, қарсы қойды. Сондықтан да көтеріліске көптеген аға сұлтандар, би-болыстар толық тірек бола алмады. 1837 ж. Кенесары қолы Ақмола бекінісіне шабуыл жасап, орыс-казак әскерлерін талқандады, қамалды өртеп жіберді. 1839–40 ж. көтерілісшілер Есіл өз. бойындағы бекіністерге жиі шабуыл жасап, Жарғалаң өз. бойында бекініс тұрғызу жөнінде шешімнің қабылдануына түрткі болды. Кенесары келесі жорығын Торғай өңірі арқылы Кіші жүз жеріне жасады. 1841 ж. қыркүйекте үш жүз өкілдерінің мақұлдауымен Кенесары қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы жылдың жазында Қоқан хандығына қарсы соғыста оны ой-



Кенесары ханның портреті.  
Суретші Ө. Қастеев.

сырата жеңіп, оның иелігіндегі Созақ, Жанақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. Батыс Сібір ген.-губернаторы Перовскийдің орнына Обручев келген соң, 1843 ж. көтеріліске қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырылды. 1843–44 ж. Ресей әскерінің қолбасшылары Лебедев, Жантөрин, Дуниковский әскерлерімен шайқаста Кенесары жасағы әр түрлі айла-тәсілді мол пайдаланып, үнемі үстем түсіп отырды. 1844 ж. шілдеде Ресей жағында соғысушы Кіші жүз сұлтандарының біріккен күшін Кенесары әскері бірнеше рет ойсырата жеңді. Осы жылдың тамыз айында Наурызбай, Ағыбай батырлар бастаған қол Екатерина камалын тас-талқан етті. 1845 ж. Кенесары әскері шегінуге мәжбүр болды. Орынбор ген.-губернаторы Обручев Солт. батыс өлкеде қосымша бірнеше бекіністер салу арқылы Кенесарының басты күштерін ығыстыра бастады. Қазақтардың мейлінше жиі көшіп-қонатын жерлерінде Қарабұтақ, Ырғыз, Торғай, Арал (Райым) бекіністерінің тұрғызылуы көтерілісшілермен күресу мақсатын көздеген еді. 1846 ж. қуаты өлкеде басым Ресей әскерінен ығысқан Кенесары қолы Сарыарқаны тастап, Шу өз. бойына ойысады. Кенесарының ойы Абылай ханның тікелей тұқымдары билеген Ұлы жүзге барып, патша үкіметіне және Қоқан ханына қарсы күресте қолдау табу еді. Патша үкіметі де Кенесарының басты күштерінің Жетісуға бет алғанынан хабардар бола отырып, 19 ғ-дың 20–40-жылдарында Ресей билігін мойындаған Сүйек Абылайұлы сияқты империяның осы өлкедегі тілектестеріне сүйенуге тырысты. Жетісу жерінде Кенесары Абылай тұқымдарынан қолдау таппады. Дегенмен Кенесарыға Байзақ Мәмбетұлы, Белқожа би, Медеу би, Құдайберген датқа (Қ. Баетов), Сыпатай батыр және Ұлы жүздің басқа да ру басшылары тарту-таралғыларымен келіп, бағынатындықтарын білдірді. Қырғыздардың Жанғараш, Жантай, Тыналы, Төрегелді секілді басшыларына елшілер жіберіп, патша өкіметіне бірлесе күресу керектігі жөнінде ұсыныс жасалды. Бірақ қырғыз билеушілері Ресей империясы билігін мойындауға ыңғай берді, ал ол қазақ ханының ашулы ерегісін туғызды. Сол себепті қырғыздарға қарсы шабуыл жасалды. Көтерілістің тағдырын шешкен ақырғы қанды шайқас Кекілік-Сенгір тауының етегіндегі Майтөбе деген жерде өтті. Осында Кенесарыны Ресей отаршылдарына арқа сүйеген қырғыз манатары қапылыста қолға түсіріп, азаптап өлтірді. Көтерілістің жеңілу себептерінің бірі – бір жағынан, Ресей өкіметінің, екінші жағынан, Қоқан би-

леушілерінің қырғыздарды қазақтарға айдап салуының да салдары болды. Бұл көтеріліс, шын мәнінде, Ресейдің қырғыз жерін де, Қоқан хандығын да жаулап алуын біраз уақытқа кейін шегерді. Кенесары қозғалысы, оның қазақ тарихындағы орны, Кенесары хан туралы Ө-тің бірнеше ғылыми-зерттеу еңбектерінде кездеседі. «Әдебиет тарихы» оқулығында (1927, Қызылорда) Ө. бұл көтерілісті 19 ғасырдың аса ірі тарихи оқиғасы деп белгіше атады. Еңбектің «Тарихи өлеңдер» бөлімінде Кене ханның қырғызға жорығын баяндаған Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» жырында баяндалатын көтерілістің туу себептеріне ғылыми талдау жасайды. «Кенесары – қалың қазақтың үміті. Бір қырғызға аттанған жорығы емес, одан көп арғы жерден Кенесары арқылы қалың қазақ жақсылық күтетін. Кенесарының түп мақсаты мен беттеген беті жалғыз Нысанбай емес, кейінгі жалпақ елдің үмітін артқан беті еді. Кенесары ірі іске, ұзақ күнге белгіленген үміті еді» деп ой тұжырымдайды. Осы еңбектің «Зар заман ақындары» бөлімінде автор зар заман ақындарының көпшілігі шыққан уақытты Исатай, Махамбет, Кенесарылар қозғалысынан кейін деп тұжырымдады. Орта жүзді, Кіші жүзді түгел оятқан қозғалыстар жеңіліске ұшырағаннан кейін, «қағйғы халмен біткеннен кейін, елдің тауы шағылып», «жаңағы ерлердің жолсыз жорығынан» соң, үміті суалған елдің әдебиеті қалың елдің зар заман күйіне көшті дейді. Ал Кенесары ханның ұлт бостандығы жолындағы күресі, арпалыс шақтары Ө-тің «Хан Кене» пьесасында айрықша шынайы әрі тамаша көркемдік шешімін тапты.

Ж. Қасымбаев, Қ. Мәдібаева.

«КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ», тарихи жыр. Бұл дастанды Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне бастан-аяқ қатысып, барлық оқиғаларды өзі көрген Нысанбай жырау Жаманқұлұлы шығарған. Нысанбай көлемді, тарихи-реалистік сипаттағы жырыда Кенесары мен Наурызбайдың бейнесін батырлық эпос үлгісімен жырлап, ұлт-азаттық көтерілісінің соңғы кезін терең танып, үлкен ақындық шеберлікпен суреттеген. Ұлттық батырлар Кенесары мен Наурызбайдың психологиялық жағынан ең бір айқын айықталған бейнесі жасалынған. Бұл жырды тарихшы ғалымдар да, жазушылар да өздерінің зерттеу жұмыстарында, шығармашылық қызметтерінде дерек көзі ретінде пайдаланған. Ұлт-азаттық көтерілісінің ішінде жүріп, оның жалынды жыршысына айналған Нысанбайдың аузынан тараған жыр – аталған себептерге орай, тарихи жәдігер ретінде де, көркемдік ескерткіш ретінде де өте құнды дүние. Жыр алғаш рет 1875 ж. С. Жантөрин мен Т. Сейдалинің аудармасымен «Записки Оренбургского русского географического общества» журналының 3-ші бөлімінде сөзі қазақша, әрпі орысша болып басылды, қазақ тілінде 1912 ж. Қазанда Университет баспаханасында Жүсіпбек Шайхисыламулы жинап жырлаған жыр нұсқасы «Қисса-и Наурызбай төре Қасым ұғлы Қасым Абылайханов» деген атпен жарық көрді. Ө. Диваев жинаған Ж. Басғыарин нұсқасы Х. Досмұхамедұлының алғы сөзімен 1923 ж. Ташкентте, Н. Төрөқұловтың алғы сөзімен 1924 ж. Мәскеуде жарияланды. Бұл басшылымдарда Нысанбай жырауға үлкен қиянат жасалды: көтеріліске тіл тигізіліп, мазмұн жағы мүлдем басқа арнаға түсті. Е. Ысмайылов пен Қ. Бекхожин Кенесарыға тіл тигізетін бұрмаланған жерлерді алып тастап, Ны-

санбайға тән үлгімен жырланатын нұсқаны 1940 ж. өздері құрастырған «Батырлар жыры» деген көлемді жинаққа енгізді. Жырдың түпнұсқаға жақыны 1875 ж. нұсқа мен толық та көркем үлгісі – 1938 ж. ҚР ҰҒА фольклор экспедициясының торғайлық Қашқынбай Қараевтан жазып алған нұсқа. Жыр Кенесары-Наурызбай көтерілісінің шырқау биікке жетіп, әлсіреген кезін, көтеріліс басшысы хан Кененің мұздай қаруланған патша әскерінің екпінне тойтарыс беруге шамасы жетпей, атамен кенінен еріксіз кетіп, торға түскен жаралы жолбарыс күйін кешкен күйзелісін бейнелейді. Нысанбай жыраудың халық атынан қос батырын жоқтаған мұң-шерге толы зарлы жоқтау жырында көтерілістің, өзекті арнасын үлкен ауқымда қамтып, Кенесары, Наурызбай ерліктерін бұрынғы батырлар жыры дәстүрінде бейнелейді, эпикалық оқиғаға лирикалық сипат беріп, заман шындығын тебірене жырлайды. Жыр көркемдік қуатымен ғана емес, тарихи деректі сипатымен де құнды. Тарихшы-ғалым Е. Бекмаханов атап көрсеткендей, жыр көтеріліске байланысты туған басқа шығармалардан озық, «жырда тарихи мәні бар жекелеген оқиғалар шындықпен баяндалады», шығармада суреттелген жайттар көтеріліс кезінде болған оқиғалардан алшақтап кетпейді. Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің ескі мұра атаулыға қарсы саясаты бұл бағалы тарихи жырды жұрты ғасыр уақытқа дейін жылы жауып қоюға мәжбүр етті де, еліміздің тәуелсіз мемлекет болуына байланысты «К.–Н.» жыры да халқымен қайта қауышты. Нысанбай ақынның бұл жыры «Хан кене» жинағы (1993) мен «Қазақ халық әдебиеті» көп томдығының Кенесары–Наурызбай көтерілісіне арналған тарихи жырлар топтастырылған 17-томына (1996) енгізілді. Ө-тің Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің тарихымен терең таныс болғандығын 1924–25 жылдары жазылып, 1927 ж. баспадан шыққан «Әдебиет тарихы» оқулығында «К.–Н-дың» қысқаша әңгімесі» және «Кенесары жырының мәнісі» атты тараушалар жазып, алғашында жырдың оқиғалық ағымын, сюжеттік құрылымын зерттеп, екіншісінде жырды көркемдік тұрғыдан терең талдағанынан көреміз. Ө-тің тағдыры қиын болған шығармаларының бірі – «Хан Кене» пьесасы. Пьесаны да Ө-тің «Кенесары–Наурызбай» жырындағыдай ұлт-азаттық қозғалыстың соңына, қырғызған болған соғысқа арнаған. Оқулықта жырдың фабуласына, сюжетіне шолу жасалып, мазмұны айтылған. Ө. мұнда суреттелген оқиғаларға қатысты өзінің көзқарасын сездіре отырып, Нысанбай жыраудың ұлт-азаттық көтерілісінің жыршысы ретіндегі ақындық, адамдық бейнесіне де баға береді, өз ойын білдіріп отырады. Жырдың көркемдік ерекшеліктеріне қатысты терең ойлар айтқан. Жалпы тарихи жырлар туралы, оның ішінде Нысанбай жыраудың шығармашылығы туралы кейінгі жылдардағы зерттеушілердің «Кенесары–Наурызбай» жырына қатысты ойлары Ө. ойларымен толықтай үндеседі. Ө-тің 1924–25 жылдары айтқан «Кенесарының қайғы-өкінішімен біткен жорығы қазақ баласының барлығына да қадірлі, қасиетті әңгімедей болып көп жайылған. Бұл жырдың көп жайылуына екінші бір себеп болған нәрсе – Кенесары ісінің өзге батырлардың ісінен әлдеқайда ірі, әлдеқайда көлемді оқиға болғандықтан туады» деген ойлары Кенесары тұлғасына да, Нысанбай жырына да берілген әділ баға. Ө. еңбегінде Нысанбайдың шығармашылық бейнесі терең талданып, Абылай хан за-

манындағы Бұқар жыраудың шығармашылық қызметінің өзіндік ерекшеліктерімен салыстыра көрсетілген. Бұқар жырауға қарағанда Нысанбайдың қолдың ішінде жүрген, әскердің барлық қиын-қыстау соғыстарының басы-қасында жүрген жыраудың поэтикалық қызметінің қалыптасу себептері нәзік байқағыштықпен ашқан. Ө-тің Нысанбайға берген бағасы өте жоғары, өйткені «Кенесары–Наурызбай жорығы туралы кейінгі талай ақын талай түрлі өлең шығарса да, дәл Нысанбай жеткен өріске жеткен емес». Сондай-ақ Нысанбайдың да, негізінде, туыстар екі халық арасында болған бір қақтығыстың себептері мен барысына шындық тұрғысынан келгенін айтқан. Ө-тің «Хан Кене» пьесасында да жырда суреттелген кезең, оқиғалар қамтылған. Тарихи жыр мен драмалық шығарманың көркемдік талаптарының, поэтикасының өзіндік ерекшеліктеріне орай пьесада жыр сюжеті дәлме-дәл қайталанбаған. Сюжеттік қимыл, тартыс сахналық қойылымның мүмкіндіктеріне байланысты орайластырылған. Кейіпкерлер жүйесінде де айтарлықтай өзгешеліктер бар. Кенесары бейнесі жырдағы бейнемен толықтай үндес болса, Наурызбай, Бұғыбайлардың бейнесінде өзгешеліктер кездеседі. Пьесада тарихи-әлеуметтік талдау, реалистік тереңдік, психологиялық талдау жағы терең. «К.–Н.» жырына қатысты Ө-тің ой-пікірлері ең алғашқы, ең дәл айтылған әділ баға. Ө. «Әдебиет тарихы» деген зерттеуінде «К.–Н.» жырының жазылу себебіне, мән-мағынасына назар аударған. «Нысанбай жырында оқушының көз алдында ағып отырған қандай қызулы, жанды шындық бар. Барлық сөзінде сол жорықтың қуанышы мен қайғысы кеше ғана көз алдынан өткізген, көзі көргеннің жаңалығы бар. Көп қолмен бірге кешегі таныққан қайғы, мұң, арманы бар. Өзі – сол оқиғаның адамы» деп, шығарманың шындыққа құрылғанын баса көрсеткен. Ұлы жазушы Нысанбай жырында қырғыз үнемі жазықты болмайды. Қырғызда кінә аз. Соның бәрін бадырайтып айтпаса да, Нысанбай бүркемей, шындықты бүкпесіз жеткізгенін мақұлдайды. Қазақтардың жеңілген себебі – Кенесары қолында алауыздық туады, барымтаны олжалауға таласады. Ақын мұны да жасырмай жырлаған. Бұл Нысанбайдың өзге ақындардан ерекшелігін, сыншыл жыршы екенін көрсетсе керек деген тұжырым жасайды зерттеуші.

С. Қарабай, Р. Әбдіғұлов.

**КЕНЖЕ** Абайқызы (1901–1932), Абайдың қызы. Әйгерім деген әйелінен туған. 1914–15 ж. Мұсабайдың інісі Әубәкірге ұзатылды. Әубәкір 3–4 айдан кейін қайтыс болған соң, Ғабитхан молланың немересіне, яғни оның ұлы Ғабидолланың баласы – Сәлімғазыға тұрмысқа шығады. Онымен 5–6 жылдай тұрып, екі баласы болады. Сәлімғазы кедей еді, Семейде тұрып, халдері нашар болған соң, Қырғызстан жақта Фрунзеде жүрген Турағұлды паналап, сонда барады (1932). Ағасы Мекайылдың екі баласы – Құзайыр мен Әлішермен (Қалышыр) бірге Тоқпақ деген жерде тұрды. Тұрмыстың нашарлығын көтере алмай, сол жылы қайтыс болды. Кенжені жерлеуге Турағұл, Ақила, сол жаққа қуылып барған тағы бірнеше Абай ұрпақтары қатысады. Кенже әнші болған. Ол туралы Ахмет Әуезов: «Алтыбақан көбінесе Әйгерім

апамның аулында құрылушы еді. Сондағы алтыбақанның иесі Абайдың қызы Кенже болатын. Өзі де әнді сылықдатып салушы еді. Кенже әнін естіген Мұхтардың жаны тағат таппайтын, сол алтыбақан ойыны ғана емес, ән әуені жанымызды тербеп, билеп алатын» деп, Кенженің әншілік өнерінен хабар береді («Бала Мұхтар», 1967, 17-бет).

*М. Бейсенбаев.*

**КЕНЖЕБАЕВ** Бейсенбай (1904–1987), әдебиет зерттеуші, сыншы, аудармашы. Филология ғылымының докторы (1959), профессор (1961). Әдебиет зерттеу саласындағы аса күрделі әрі ауқымды ғылыми еңбектерді дүниеге әкелуі және ежелгі дәуірден осы заманға дейінгі қазақ әдебиетінің тарихи кезеңдерін бір жүйеге түсіріп, ғылыми тұжырымдамасын жасады. Сөйтіп қазақ әдебиеті 18 ғасырдан басталғанды деген жалған теорияның негізсіз екендігін дәлелдеді. Ө-пен кенесе отырып, қазақ әдебиетінің тарихын 5–8 ғасырлардан бастауды ұсынды. Соның нәтижесінде қазақ әдебиеттану ғылымында «Бейсенбай Кенжебаевтың ғылыми мектебі» қалыптасты. «Шыңдық және шеберлік» (1966), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973), «Жылдар жемісі» (1984), «Әдебиет белестері» (1986) деген зерттеу еңбектерінде ғалым бұл бағыттағы ізденістерін тереңдете түсті. Ө-пен 1940 ж. Мәскеу қаласында танысқан. Бұл таныстық кейіннен сырластыққа, достыққа, ғылыми пікір бірлігіне ұласты. «Абай» романының 1-кітабын шығаруға Қазақстан партия комитеті уақытша тыйым салады. К. баспаға бас редактор болып келісімен, ешқандай ресми рұқсатсыз-ақ романды жарыққа шығаруға қол қояды, шығарма туралы алғашқы мақаланы да өзі жазды. Мұндай азаматтық мінезге риза болған Ө. романның алғашқы сүйінші данасына: «Бейсембайға! Кітаптың дүниеге шығуына еткен еңбегің мен достық, інілік көңіліңді айырықша сүйсініп, бағалаған жүрекпен сыйлаймын. Мұхтар. 31. VIII. 42» деп қолтаңба жазып берген. Университеттің кафедрасында 17 жыл қатар қызмет істеді, қазақ әдебиетінің тарихы туралы бағдарламаны ақылдасып жасады. Ө-пен бірігіп «Абай – қазақтың ұлы ақыны» деген кітап жазып шығарады (1945). 1953 ж. Ө-пен қоса қысымға ұшырап, партия қатарынан шығарылды. Қиын кезде шыңдалған достық өмірлерінің соңына дейін үзілмеді. «М. Өуезов» атты естелікте («Жылдар жемісі»,

М. Өуезов пен Б. Кенжебаев ҚазМУ студенттері ортасында. 1952.



1984) олардың азаматтық, достық қарым-қатынастары туралы барынша қанық баяндалды. Ғылыми жұмыстармен қоса аудармашылықпен айналысқан. «Асау жүрек», «Шұғылалы күндер» атты деректі көркем кітаптардың авторы.

*А. Қыраубаева.*

**КЕНЖЕТАЕВ** Кәукен (шын аты: Әбдірақым; 1916 – 2008), актер, әнші, режиссер. Қазақстанның халық артисі (1959). 1946 жылдан Қазақ опера және балет театрының әнші-солисі. Классикалық операларда негізгі партияларды орындап, әншілік-актерлік өнердің биігін көрді. Ол режиссер ретінде де ұлттық опера театрының дамуына үлкен еңбек сіңірді. Опералық шығармаларды сахнаға шығарып, режиссурадан мол дайындығын көрсетті. Репертуарында қазақтың халық әндерімен бірге, орыс, украин, татар, өзбек әндері де бар. Фильмдерге түсіп, қайталанбас экрандық бейнелер жасады. 1958 ж. қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігі кезінде Ө-тің «Абай» операсында (музыкасы – А. Жұбанов пен Л. Хамидидікі) Жиренше рөлін ойнады. «Мұханның сыйлаған әні» атты мақаласында ұлы суреткердің кейбір аңқылдақ мінез-қылықтарын, көрсеткен көмек-қамқорлығын тебірене есіне алған. Өуезовтің «Ақылбай әнін айт» деген өтінішін қалай орындағанын сөз еткен: «Өн жақсы, сұлу, тез үйренетін әуені әдемі екен. Бір-екі ойнағаннан-ақ құлаққа қона кетті. Мұханның айтқаны дұрыс боп шықты, менің даусыма дәлдеп жазылғандай. Қатты қуандым. Айтып көріп едім, әдемі шықты. Мұхаң сыйлаған бұл ән мен сүйіп айтатын ең жақсы әндерімнің бірі болды» дейді («Қазақ әдебиеті», 1997, 23 қыркүйек).

*Б. Құндақбайұлы.*

**КЕНЖЕХАН** Бердіқожаұлы (т. – ө. ж. б.), жазушының туысы. Бердіқожаұлы 5 ұлының бірі. Ағасы Бұрахан секілді, К. да Құнанбайдың ығында өскен. Нұрғанымның Құнанбайға қосылуына осылар себепші болған. Мәжит Діқанбаев: «Өуез кожаньң екі қыстауының бас жағындағы 3 шақырымдай жерде Бердіқожаұлының ең үлкен баласы Үсенханның, одан кейінгі балалары Бұраханның, Кенжеханның, олардың балалары Қожабірхан, Әзімхан, Құлжан, Смайылханның қоралары бар еді. Бұлар Қаражырық, Сарыжырық деген екі таудың сайларынан ағып жататын бас бұлақтардың орталығында қыстайтын. Тегінде Бердіқожаұлының балалары Үсенхан, Бұрахан, Кенжехан, Өуезханның екі жерге қоныстанып, ел қызығатын шұрайлы жерлерді алуларына себеп болған нәрсе Бердіқожаұлының Құнанбаймен сыйлас болып, Нұрғаным деген кенже қызын оған тоқалдыққа беруінен» деп жазады («Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», А., 1997, 9-бет). Ахмет Өуезов те К. жөнінде осы сияқты деректерді айтады.

*Т. Әкім.*

**КЕННАН** Джордж (1845–1924), американ жазушысы, публицист. Ресейдегі саяси тұтқындар мен жер аударылғандардың тағдырын зерттеу үшін Сібір аймағын аралаған, түрмелерге, саяси қысымға ұшырағандардың шоғырланған жерлеріне барып, олардың тұрмысымен танысқан, пікір алысып, көзқарастарын қағазға түсірген. Сондай мақсатпен Семей қаласына келіп, ондағы саяси іс-әрекеті үшін жер аударылған Абайдың досы А. Леонтьев, Н. Долгополов, Е. Михаэлистермен кездеседі. Сол сапардан алған әсері туралы «Сібір және жер аударылғандар» атты кітап жазды. Дж. Кеннанның бұл еңбегімен Ө. жақсы таныс болған және

1944 ж. жазылып, белгісіз себептермен жарияланбай қалған «Абайдың өмірбаяны» атты зерттеу мақаласында бұл күнге шейін Абайдың достары болған орыс оқымыстыларының Михаэлис, Долгополов, Гросстардың не хат, не күнделік, не мақала сияқты еңбектерінде Абайды сөз қылған бөлімдерін жина, мағаны, тек бір табылған сөз Америка жазушысы Кеннанның «Сібір және айдау жазасы» деген кітабында Абай жайында айтылған бір дерек бар екені жөнінде мағлұмат береді (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 136-бет). К-ның бұл естелігінің құнды жақтарының бірі – Абайдың философиялық көзқарасына әсер еткен Еуропа ойшылдарының аты-жөндерінің нақты аталуы. Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы бұрынғырақ жазылған мақалаларында Ә. Көкбайдың немесе Көкітайдың айтуына Дреперді, Спинозаны, Спенсерді оқыған сияқты деп, жорамал деректерге сілтеме жасайтын.

*Т. Жұртбай.*

**КЕҢГІРБАЙ**, жазушының кейіпкері. Тобықтының атақты биі, Ә-тің «Еңлік – Кебек» пьесасындағы негізгі кейіпкерлердің бірі. Әсіресе осы Еңлік пен Кебек оқиғасына байланысты шешімімен әділетсіз би атағы қалған. Жазушы Абай туралы монографиясында: «Жиреншелер Абайдың айтқанын орындап, қыз басын босатарман болғанда, Сыбанның біреуі – «Жол осы ма еді, Кеңгірбай әруағы қайдасың!» деп ұрандап, әруақ шақырады. Осыған қайысқан Оразбай Кеңгірбай жолын бұзғысы келмей Абайға келгенде, ол: «Кеңгірбайдан ел әділдік көрген жоқ. Әйел үшін ол «Қара қабан атанған» деп, өз айтқанын істеді. Мұрын қызына еркіндік әпереді. Ал Оразбай мен Жиренше: «Абай асқан екен, Кеңгірбай жолын бұзумен тұрмай «қабан» деп тілін тигізді. Енді біз бұдан кеттік, жауластық» деп, өзді-өзі серттесіп алады» деп, К. болмысынан хабардар етеді (№ 193-папка, 8-бет). Дәл осыны «Абай жолы» эпопеясында «Салиқа қыз дауы» оқиғасымен байланыстырып көрсетеді. Әкесінің сәлемін алып барған Абайға айтқан Байдалынын: «Ендеше, жаттан айтсам, сырттан айтқан болады. Саған айтсам әкеңнің өз көзіне айтқаным. «Татуластық, табыс-

Кеңгірбай мазары.



тық деп кеше тамам Арғынның тобында. Сол татуласқан сиқым осы ма? Тәтті күнде тағы артыма қалжуыр байлайтын болса, анадағы араздықтан мұның несі озды? Не жаздым, сенің әкене осы мен! Жігітк! Атаң Ырғызбайға атам Кеңгірбай оң батасын беріп би сайлап еді. Өз баласы, өз туысы жоқ емес еді ғой сонда» («Абай жолы», «Шытырманда» тарауы) деген сөздерінен К. бітімі де, араздық себептері де ашыла түседі.

*Т. Әкім.*

**КЕҢЕСБАЕВ** Ісмет (1907–1995), тілтанушы, түркітанушы. Филология ғылымының докторы (1945), ҚазКСР ҒА-ның академигі (1946), ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1946), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1978). Ғылыми еңбектері қазақ тілінің грамматикасына арналған. Орта мектептер, жоғары оқу орындары үшін көптеген оқулықтар жазды. Ә-пен қызмет бабында араласып тұрған. «Мәдениетіміздің өскендігін белгісі» («Социалистік Қазақстан», 1949, 29 сәуір), «Абай туралы дастан» («Қызыл ту», 1959, 25 сәуір), «Мәдениетіміздің аса көрнекті қайраткері» («Социалистік Қазақстан», 1961, 29 маусым), орыс тілінде «Совет заманында қазақ әдеби тілінің дамуы» («М. О. Ауэзов. Сборник статей к его 60-летию», 1959, стр. 56–69), «Абай туралы эпопея» («Алма-Атинская правда», 1959, 23 апреля) «Әуезов – түркітанушы» («Известия АН КазССР», серия общественной, 1968, № 6) т. б. мақалаларында ұлы суреткердің жазушылық шеберлігін аса жоғары бағалаған. Ә. қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде К-ты «Қазақ ССР тарихының» жалпы әдебиет мұралары туралы бөлімді жазуға қатысып, «үлкен сеп-көмек» жасағанын атап өткен. 1957 ж. Қ. Жұбанов жазықсыз жаладан ақталғаннан кейін К-пен бірге «Ірі оқымысты» деген мақала жазды.

*Ә. Қайдар.*

**КЕҢЕС ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ ЕКІНШІ СЪЕЗІ.** 1954 ж. 15–26 желтоқсан аралығында Мәскеу қаласында өтті. Бірінші күнгі мәжіліс Кремльдің Үлкен сарайында ашылды. Кейінгі күндердегі жұмысы Одақтар үйінің Бағанды залында жүргізілді. Онда жазушылардың 1934 ж. Одақ көлеміндегі 1-съезінен кейінгі 20 жыл ішіндегі көп ұлтты кеңес әдебиетінің өсу жолы жан-жақты талқыланды. Съезде өзге мәселелермен қатар «КСРО халықтары әдебиеттерінің көркем аудармалары» деген мәселе қаралды. Бұл жөніндегі қосымша баяндаманы П. Антокольский, Ә., М. Рылский үшеуі бірігіп жасады. Соның прозалық аудармалар туралы бөлімін Ә. әзірлеген («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі». А., 1997, 497-бет). Көркем шығармашылықтың бұл күрделі саласындағы бірлескен баяндамашылардың қорытынды қағидалары мен түйінді тұжырымдары негізінен көп ұлтты кеңес халықтары әдебиеттерінің таңдаулы үлгілерін орыс тіліне аудару тәжірибесін қарастырып, жинақтау нәтижесінде жасалды. Баяндамашылар аударма өнерінің жалпы эстетикада ақ таңдақ күйінде қалып келгендігіне, оны зерттегенде лингвистикалық тұрғыдан гөрі әдебиеттану ғылымының тұрғысынан келуі қажеттігіне, мұның өзі үлкен танымдық мәні бар шынайы шығармашылық қызмет екендігіне назар аударды. Кейбір

зерттеушілердің бір тілден екінші тілге аудару ықтималдығы шектеулі дейтін көзқарасының теріс екендігі ескертілді. Мұның өзі сайып келгенде, шеберлік мәселесіне келіп тірелетіні баса көрсетілді. Одақ көлемінде көркем аударманың сапа көрсеткіштеріне салқынын тигізіп, деңгейін төмендетіп отырған елеулі келеңсіздік – олардың басым көпшілігінің ұлт тілдерінен орыс тіліне жолма-жол аударма арқылы тәржімаланатындығы. Бұл кемшілікті жою үшін орталықтағы бірыңғай аударма ісімен шұғылданып жүрген мамандардың ұлт тілдерін игеруі қажет. Онсыз әсіресе поэзия саласындағы аудармаларда ұлттық ерекшеліктерді, ұлт ақындарының өзіндік қолтаңбасын еркін жеткізу мүмкін емес. Осы орайда қосымша баяндамада түпнұсқа тілін меңгеру аударма өнерін меңгерудің басты шарты ретінде ұсынылды. Қорыта айтқанда, жазушылардың бүкілодақтық мінберінен көтерілген көркем аудармалық көкейтесті проблемалары әдеби шығармашылықтың бұл маңызды саласын дамытуда белгілі бір асулы кезең болды. Онда ұсынылған қағидалар мен тұжырымдардың басым көпшілігі әлі де өз маңызын жоймай отырғандығы – осының айқын дәлелі. Бұған ұжымдық баяндамашылардың бірі, аударма өнерінің мол тәжірибесін шеккен ұлы суреткер Ө-тің қосқан үлесі де бар.

*Ж. Ысмағұлов.*

**КЕРАМИКА**, қыш құмыра жасау өнері. Саз бен оның минералдық қоспалары араласқан массасынан жасалады. Шикізаттары – арнайы саз бен каолин. Керамикалық заттарды әрлеу мен жақсы сақтау үшін глазурь бояуын пайдаланады. Өрнектер мен суреттер салуда керамикалық бояулар қолданылады. Негізгі түрлері – терракота, майолика, фаянс, фарфор. «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында Алматы керамика зауытында жасалған, Ө-тің әр жылдарда өткен мерейтойларына байланысты бейнесі салынған бірнеше құмыралар мен сый табақтар бар.

*А. Қуанышбаев.*

**КЕРБАБАЕВ** Берді (1894–1974), түрікмен жазушысы, ақын. Түрікменстанның халық жазушысы (1967), Түрікменстан Ғылым академиясының академигі (1951), Соц. Еңбек Ері (1969), КСРО (1948) және Түрікменстан (1970) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. «Асыл досым, туысым»

КСРО Жазушылар одағының пленумында.

Солдан оңға қарай: Х. Сейітов, Т. Жароков, С. Құдаш, Б. Кербабаяев, М. Өуезов. Мәскеу, 1959.



деген мақаласында «Қаламдас досым, інім Мұхтар Омарханұлы Өуезов адамзат өмірі мәдени тарихының төрінен аса үздік қайраткерлермен бірге құрметті орын алды. Оның майталман қаламынан туған өмір суреттері кербез сұлудың алма мойнындағы асыл тастың жарқылдай нұр-сәуле шашады» десе («Біздің Мұхтар», 1976, 68-бет), Ө. өзінің «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі», «Бір ұлт жазушыларының романдары» деп аталатын мақаласында оның шығармашылығына айрықша көңіл бөледі. «Берді Кербабаяев – түрікмен совет әдебиетінің ең көрнекті қайраткері, Ақын-жазушы Кербабаяев тудырған одақ көлеміне мәлім болған үлкен роман «Айғытлы адым» («Батыл қадам») және «Ақ алтын өлкесінен шыққан Ай-солтан» романы» деп, оның жетістіктері мен ерекшеліктеріне тоқталған.

**КЕРЕЕВА-ҚАНАФИЕВА** Кәлсім Шәкірқызы (1920–1994), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1972), профессор (1974). Қазақстанның еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері (1981). Негізгі еңбектері баспасөз тарихына, әдебиеттер байланысына арналған. «Еңлік-Көбек» атты мақаласында Ө-тің трагедиясы туралы ой толғап, оның сахнада қойылуы жөнінде толымды пікір айтқан («Қазақстан мұғалімі», 1958, 4 сәуір). Ал «Екі алып жайлы сөз» мақаласында («Жұлдыз», 1978, №9; А. Жаксылықовпен бірге) Ө. пен Л. Толстойдың шығармашылық құдіретін салыстыра әңгіме еткен.

**КЕРЕЙ**, ру аты. Орта жүз құрамында. Шежіре деректерінің айтуы бойынша ол: Абақ Керей, Ашамайлы Керей деген екі үлкен тармаққа бөлінеді. Ұраны – Ошыбай, Ақжол. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясында Арғын, Найман, Уақ сияқты көп айтылатын рудың бірі осы К. «Балқыбекке ең жақын елдің бірі – сол Керей. Салика қыз дауының, Керей – Найман ланының тынымсыз тергеуі өтті. «Уай, жағалай жұртым! Керей – Найман елім! Ортаңа мені қойыпсың, «Тетігімді тап, тынымымды бер» деп қойыпсың. Ендеше, адал бата, ақ малдың орайына қыз иесі Керей Сабатарға екі қыздың қалыңмалын берсін. Барымта, қуғын үстінде Керейден екі жүз жылқының ақысы Сыбанға ауысқан. Жүз жетпіс жылқының тобы Керейге ауысқан» деген сияқты роман беттерінен үнемі көрініс беріп отырады («Тарауда»).

**КЕРЕЙ** (т. ж. б. – 15 ғасырдың 70-жылдарының бас кезі.), хан. Қазақ хандығының негізін қалаған. Көк Орданы билеген Орыс ханның ұрпақтары Керей, Жәнібек сұлтандар Өбілқайырдың ырықна бағынбай, соңына ерген халықпен Қозыбасы дейтін байтақ қоныста, Шу өзенінің бойында дербес хандықтың іргесін қалайды. Бұл жаңа құрылым «Қазақ хандығы» деп аталады. 1466 ж. К. мен Жәнібек қазақ ұлысының дербестігін жариялады. Көшпелі және жартылай көшпелі елдің көптеген рулары Қазақ хандығының құрамына бірікті. К., Жәнібек құрған Қазақ хандығы халықтың этнос ретінде қалыптасуының басы болды. Қазақ хандығы құрылғанда, жасы үлкен деп алдымен К-ді ақ киізге салып, хан көтереді, ол қайтыс болғанда Жәнібек билік жүргізеді. Ө. «Әдебиет тарихы» атты монографиясында «қазақтың ескі рулары Шыңғысхан заманынан бергі түрік, монғол тарихының барлық дәуіріне түгел кіріп, толық араласып отырғанын, кейінгі Жәнібек, Керей, Қасым, Хақназар хандардың тұсында қазақ бірігіп жасаған рулар Қазан хандығы, ноғайлы, өзбек бірлігінің бәріне





М. Өуезов Қазақ драма театры труппасымен бірге. 1927.



Жеті арыс. Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Х. Ғаббасов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, М. Өуезов. Екінші қатарда: Ж. Аймауытов, Ө. Марғұлан, А. Байтасов. 1926.

М. Өуезов оқытушылар мен студенттер ортасында. Семей. 20-жылдар.





М. Өуезов актерлер мен режиссерлердің ортасында. Солдан оңға қарай.  
Бірінші қатарда: И. Бобров, А. Қалдырбаев, М. Өуезов, М. Насонов.  
Екінші қатарда: С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, Қ. Қуанышбаев. Алматы. 1936.

М. Өуезов ҚазПИ-дің студенттері мен оқытушылары ортасында. Алматы. 1933.





М. Өуезов туысқан республикалар жазушыларымен бірге. 50-жылдар.

М. Өуезов, Т. Жароков, С. Мұқанов, Ф. Орманов майдан қаламгерлері ортасында. 50-жылдар.





М. Өуезов ғылым және мәдениет қайраткерлерімен бірге. 50-жылдар.

М. Өуезов пен Б. Кенжебаев шәкірттері ортасында.





Мұханның қолтаңба беру сәті. Жаңында: М. Гусейн, А. Венцлова, С. Разимов. 50-жылдар.

М. Өуезовтің ҚазМУ шәкірттеріне дәріс оқу сәті. 1948.





Н. Алдабергенов, Ғ. Мүсірепов, А. Сурков, М. Өуезов. 50-жылдар.

Қаламдастары және Алматы облысының Жамбыл ауданы азаматтарымен бірге.





Қазақ әдебиетінің онкүндігі. С. Михалков, М. Өуезов, А. Сафронов Мәскеу. 1949.

Кентербери соборының (Англия) кожасы Джонсон қызы және әйелімен М. Өуезовтің үйінде қонақта. Алматы. 1956.







М. Өүезовтін 60 жылдығына арналған телестудиядағы хабардан кейін өнер қайраткерлерімен түскен суреті. Алматы. 1957.

Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясы кезінде. Ташкент. 1958.





М. Өуезовтің 1917 жылы «Еңлік–Кебек» пьесасы қойылған киіз үйдің ішкі көрінісі. Суретші С. Столяров.




Жазушының 60-қа келген мерейтойы кезінде. Семей. 1957.



Жазушының туындылары және өмірі мен шығармашылығы туралы кітаптар.

Лениндік сыйлықтың иегері куәлігі.



Абайдың 100 жылдығы мерейтойына арнап

10

~~(Абайдың 100 жылдығы мерейтойына арнап жазылған өлеңі)~~  
~~(Абайдың 100 жылдығы мерейтойына арнап жазылған өлеңі)~~

Мүрегімізді түбіне түгелдей  
Мен бір нұмдақ адамның омы  
9а ойда  
Сот, батырлық, соқпақсыз жерде  
Өсетін  
Мені мен қалтыр алысқа кім

Қойды!  
Өсер ұрпақ, келер ғұрпем, тұар тарих қайы-  
мына абын арнап кеткен мұңыңды сүйсіне  
Бір <sup>жақсы</sup> адам, боты егі. Мәңгі ғасырлардың  
Қу алғымен құла түзінен біз-балам заманға,  
Біздің <sup>маңғы</sup> заманға қарай қалтыр абы жоң!  
Тартқан абын ол егі. Саураны баққан  
Қара түңгі-түңгегі қат, жарты, жалтыр  
Қолға қалыңды жалтыр шыбыр ұяған  
Қалыңды <sup>Талпы соқпақ делісімізді,</sup>  
Өріс ағам, деңі түсқан, күңің оштың  
Мәңгі абын шыбырды деген келген абын ол егі  
Рәс <sup>қалыңды заманға</sup>  
Қалам қалыңды да ол абын нұмдақ егі  
Мәңгі абын біз үшін сол арқақты абын  
Өзі жоң, нұмдақ еңі. Ол қабұтқа заман  
Дүңгір дүңгір дүркір дүркірмен, айғыр дүңгір  
Аид егі. Біз қазық әлеміміз нұмдақ еңі  
Сүйсіне <sup>айдай, абын мұңыңды</sup>  
Мен бір, тұрғы әлеміміз Абайды.  
Сот, батырлық соқпақсыз ғұлмен шыңыңды  
Қаршығана жалтыр алысқан  
Абай жалтырға еңі дүңгір күң.

М. Өуезовтің Абай мұрасының рухани нәр алған үш саласы туралы пікірінің бір беті. 1945.

16 25

Қолыңызға жігімді ұсынамын, 54-жылдан бері  
 Прага еліне, және мәдениет қайта жаңғыр-  
 ғыш кезіндегі жасаған, жаңа заманғы Абай  
 мұрасына қатысты жұмыстары.  
 Бұл жұмыстарының бірі, 1945 жылғы  
 маусымда...

Ұзақ уақытқа созылған жұмыстарының  
 нәтижесінде мәдениетіміз, әсіресе оның  
 білім саласында қарқынды даму  
 қажет қалыптасуына негізделген тәсіл  
 және жолдарды іздестіру жұмыстарының  
 біріншісі.

(Бұл жұмыстарының бірі қызығарлық, және маңызды  
 мәдениет саласындағы жұмыстарының бірі, және  
 ұзақ уақытқа созылған жұмыстарының бірі,  
 қызықты.


Бұл жұмыстарының бірі - қызықты және маңызды,  
 және заманғы мәдениетіміз, әсіресе  
 білім саласында қарқынды даму  
 қажет қалыптасуына негізделген тәсіл  
 және жолдарды іздестіру жұмыстарының  
 біріншісі.

Бұл жұмыстарының бірі - қызықты және маңызды,  
 және заманғы мәдениетіміз, әсіресе  
 білім саласында қарқынды даму  
 қажет қалыптасуына негізделген тәсіл  
 және жолдарды іздестіру жұмыстарының  
 біріншісі.

Ұсыныс: ұзақ уақытқа созылған жұмыстарының  
 бірі, және маңызды мәдениет саласындағы  
 жұмыстарының бірі, және заманғы мәдениетіміз,  
 әсіресе білім саласында қарқынды даму  
 қажет қалыптасуына негізделген тәсіл  
 және жолдарды іздестіру жұмыстарының  
 біріншісі.

Абай - біздің мәдениетіміздің бірі, және заманғы  
 мәдениетіміз, әсіресе білім саласында  
 қарқынды даму қажет қалыптасуына  
 негізделген тәсіл және жолдарды іздестіру  
 жұмыстарының бірі.

М. В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университет профессоры куәлігі.


Министерство культуры Союза ССР МОСКОВСКИЙ ОРДЕНА ЛЕНИНА ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени М. В. ЛОМОНОСОВА	
Удостоверение № 2348	
	Ф. И. О.
	Должность Действительно по пом. ректора п.кадрам /Зав. столом/
	195 г. 195 г.
Продолжен по ..... 195 г.	
Пом. ректора п.кадрам Зав. столом	
Продолжен по ..... 195 г.	
Пом. ректора п.кадрам Зав. столом	
Типография издательства МГУ, Москва, Мокховы, 2.	

№	Аты	Жыл
74	Арашкер бұрда елге келсе	1872
75	Қызыл қызыл қызыл қызыл	1880
76	Арашкер бұрда елге келсе	1883
77	Арашкер бұрда елге келсе	1884
78	Арашкер бұрда елге келсе	1890
79	Арашкер бұрда елге келсе	1895
80	Арашкер бұрда елге келсе	1896
81	Арашкер бұрда елге келсе	1897
82	Арашкер бұрда елге келсе	1898
83	Арашкер бұрда елге келсе	1899
84	Арашкер бұрда елге келсе	1899
85	Арашкер бұрда елге келсе	1902
86	Арашкер бұрда елге келсе	1894
87	Арашкер бұрда елге келсе	
88	Арашкер бұрда елге келсе	
89	Арашкер бұрда елге келсе	
90	Арашкер бұрда елге келсе	
91	Арашкер бұрда елге келсе	

Абайдың өлеңдер жинағының мазмұн-беті.



Дүние жүзіне мәшһүр болған «Абай».



Елбасының қолтаңбасы.

Жидебайдағы Абай мен Шөкәрім кесенесі.





Абай ескерткіші. Мүсінші Х. Е. Наурызбаев. Алматы.



Т. Әкім.

**КЕРІМБЕКОВ** Саяділ (1895–1954), ақын. Жамбылдың ақын шәкірттерінің бірі. Ө. «Қазақстанская правда» газетінде 1938 ж. 23 желтоқсанда шыққан «Қайта жасарған дана ақын» атты макаласында Жамбылдың ақындық мектебі жайында айта келіп, оларды санамалап атап өтеді. Ө. Әдебиет және өнер институтында қызмет істеген жылдарында К-тің, басқа да ақындардың шығармаларын айтқызып, жазып алуға ықпал еткен.

**КЕШОКОВ** Әлім Пшемахович (1914–в.ж.б.), кабарда ақыны, мемлекет қайраткері. Кабарда-Балкар Республикасының халық ақыны (1964), Соц. Еңбек Ері (1990), Ресей Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1968). Ерлік еңбекті, бейбітшілікті, социалистік заманды шабыттана жырлады. Ө-тің 80 жылдық мерейтойына қатысып, баяндама жасады, сөз сөйледі. 1977 ж. 23 қыркүйекте Алматыда өткен салтанатты жиналыста: «М. О. Әуезов көркем ойдың алыбы еді, өйткені ол сан ғасырлық әдебиет үлгілерінен сусындай отырып, ұзаққа сермеді және әлемдік мәдениеттің ірі өкілдерімен иық теңестірді», өйткені Мұхтар барлық жанрды асқан шеберлікпен меңгерді, сондықтан ол туған күні бар, бірақ өлген уақыты жоқ көрнекті ойшылдардың қатарына жатады десе, 24 қарашада Мәскеудегі Үлкен театрдағы салтанатты кеште «Абай эпопеясы» – қазақ халқының ғана емес, күллі әлем әдебиетіндегі ірі құбылыс» деді («Мұхтар Әуезов – совет әдебиетінің классигі», А., 1980, 26–27, 162-беттер).

Н. Ақбай.

**КИАЧЕЛИ** Лео (шын аты-жөні: Леон Михайлович Шенгеля; 1884–1963), грузин жазушысы. «Тариэль Голуа» романы (1915) арқылы жаңа грузин прозасының негізін салды. «Бигва» (1938; КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған, (1941). Новелла жанрында да биік деңгейден көрінді. Ө. «Социалистік ұлттар әдебиеттерін дамытудың ерекшеліктері» атты зерттеуінде шығармалары өзіндік өзгешелікпен, көркемдеу құралдарымен, әсіресе тіл байлығымен ерекшеленетін ұлт жазушыларының қатарында К-ді атаған. Ал «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» деген еңбегінде: «Лео Киачели – Грузияның казіргі шақтағы романисі. Киачелиге Горькийдің әсері айқын болған (кейін ол Горькийдің шығармаларын грузин тіліне аударды); Грузин деревнясындағы 1905 жылғы революциясының жайын баяндаған повесть – «Тариэль Голуа» деп, одан әрі «Қан», «Гвади Бигва» романдарын жоғары бағалаған.

**КИНОДРАМАТУРГИЯ**, жазушының кино өнері туралы шығармалары. Ө. ұлттық кино өнерінің дамуына, қаз тұрып, қалыптасуына, сахна мен экранның негізі әдебиет екенін түсініп, оның сапасын көтеруге өлшеусіз үлес қосты. 1944 жылдың ортасына қарай Қазақ студиясы өз алдына шаңырақ көтерді. Осы тұста кино өнерінің өткен жолын бір шолып, алдағы шығармашылық бағыт-бағдарды анықтап алу үшін Алматыда үлкен конференция өтті. Ө. конференцияда «Әдебиет және кино» деген тақырыпта баяндама жасап, кино өнерінің негізгі көркем шығармада жатқанын дәлелдеді. «Үлкен әдебиет үлкен фильмді тудырады» деген пікірі жазушының шын мақсатын айқындап берді. Сөйтіп киносценарий жазуға кәсіби қазақ жазушыларын тарту қажеттігін баса айтты. Ірі жазушылардың сценарий негізінде қойылған фильмдердің

биік деңгейден көрінуі ұлы суреткердің ой-пікірінің дұрыстығын тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Бұған 1939 ж. жарияланған бейгеде 30 шығарманың ішінен озып шығып, бәйге алған жазушының «Райхан» пьесасы дәлел бола алады. Кинодраматургия заңдылықтарын сақтап, қазақ киносына тарихи-ғұмырнамалық жанр әкелген «Абай әні» фильміне сценарий жазуда жазушы сюжетті өрбітудің тағы бір қырын көрсетті. Бас кейіпкер – Абай бейнесі Айдар мен Ахар арасындағы махаббат сезімін арқау ете отырып суреттеледі. Өмірбаяндық нақтылықтан көркемсуретті шығармаға ауысу процесінде жазушы Абай трагедиясының оның өлең-жырларында қалай көрініс тапқанын сипаттай отырып, халықтың тұрмысын, әлеуметтік теңсіздікті нанымды суреттеген. Ө-тің «Өскен өркен» романының желісімен Қ. Мұхаметжанов «Айсұлу» сценарийін жазды. Ол экранға 1965 ж. «Шыңдағы шынар» деген атпен шықты. «Райхан», «Абай әні» фильмдері экранға шыққаннан кейін Ө. көптеген киносценарийлер жазды. Солардың қатарында «Дала батыры» (1942), «Алуа» (1953), «Біздің совхозда» (1954) сценарийлері бар. «Дала батыры» сценарийінің екінші нұсқасы сол кезде Алматыда шоғырланған Біріккен орталық киностудиясының (ЦОКС) сценарий бөліміне тапсырылды. 50-жылдары жазушы көптеген ойында жүрген тақырып – қазақ әйелдерінің тағдыры жөнінде сценарий жазуға кірісті. 1953 ж. «Жұлдыз» журналында осы тақырыпта жазылған «Алуа» сценарийінің алғашқы нұсқасы жарық көрді. Бұл киносценарийдегі кейбір сюжеттік желілер кейінірек жазушының «Өскен өркен» романына енгізілді. «Алуа» сценарийінің тағы бір нұсқасы «Әйел жолы» деген атпен жазушы мұражайында қолжазба түрінде сақталған. «Біздің совхозда» сценарийі 1954 ж. жазылып, Алматы көркем фильмдер студиясына тапсырылған еді. Мазмұны совхоз тұрмысының болашағынан, оның өркендеу жолы мен дамуынан хабардар етеді. Мұрағат материалдарына сүйенсек, автор бұл шығарманы өз тарапынан толықтырулар енгізу мақсатында сол жылдың көктемінде қайтып алған. Бұндағы ойы 1954 ж. көктем айларында совхоз жұмысын өз көзімен көріп, танысып барып, нақты тәжірибелер арқылы қолжазбасына біраз өзгерістер енгізу еді. Қазір бұл сценарийдің түпнұсқасы М. Әуезов музейінің мұрағатында (ЛММА архиві, 503-папка, көлемі 50 бет). Бұдан кейін драматург күрделі шығармалар жазумен шұғылданып, кинодан қол үзіп қалды. Дегенмен көркемдік мазмұны шұрайлы «Көксерек» әңгімесі мен «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің негізінде қойылған фильмдер қазақ-қырғыз киностудияларының зор жеңісіне айналды. Бұдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын (1944) айтқан: «Кино өнерімізді өрге алып кетудің бірден-бір жолы – ұлттық әдебиетіміздің төл туындыларынан нәр ала отырып, өз халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге жеткен тарихын пайдалана отырып, өз республикамыздың бүгінгі өмірін сипаттау, тек сипаттап қана қоймай, өз киномыздың ұлттық сипатын сақтай білу, сол дәрежеде оны әлемдік киношығармалар үлгілерінің деңгейіне жеткізуге тиіспіз» деген сөздері әлі мән-мағынасын жоғалтқан жоқ.

Г. Құрманғалиқызы.

**КИРИЛЮК** Евгений Прохорович (1902–ө.ж.б.), украин әдебиет зерттеушісі. Украина ҒА-ның корреспондент мүшесі (1957), Лениндік сыйлықтың лауреаты (1964). Тарихи-әдеби және сын мәселелеріне арналған көптеген шығармалар жазды. (1939), Өлтің 80 жасқа толу мерекесіне қатысып, сөз сөйледі. Қазақ-украин әдебиетінің байланысы өткен ғасырлардан басталатынына назар аударып, қиын күндерде екі халық бір-біріне сүйеу болған дей келіп, украин халқының Ө-ті қатты құрметтеп, шығармаларын сүйіп оқитынын тілге тиек етті («Мұхтар Әуезов – совет әдебиетінің класигі», А., 1980, 27–28-беттер).

**«КИРРЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮШ ЖЫЛДЫҒЫ»** («К трехлетию Кирреспублики»), жазушының мақаласы. Орысша жазылған, тұңғыш рет Семей губкомының органы – «Степная правда» газетінің 1923 жылғы 16 маусымдағы санында, бұдан соң «Простор» журналының 1972 жылғы 2-нөмірінде жарияланды, кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 15-кітабына енгізілді (1984, 303–306-беттер). Мақала Қырғыз (қазақ) автономиялық республикасының шығармасы еңбекші қазақ халқының тарихында отарлық езгі мен ұлы-державалық бұғаудан құтылу жолындағы арманы мен үмітін шынайы түрде жүзеге асыру арқылы сипатталады» деп бастап, қазақ халқының азаттық үшін қан төккен күрес жылдарына шолу жасайды, бұл бостандықтың оңай келмегенін ескертеді. Автор одан әрі геңес өкіметі мен эсерлер өкіметін салыстырып, екеуінің арасында жер мен көктей айырмашылық бар екенін, соңғысының контрреволюциялық үкімет екенін ескертеді. Автономиялық республиканың ерекшелігі – оның көшпелі халыққа жасап отырған жеңілдіктерін, сот орындарында, милиция органдарында кедейлердің өкілдерінің қызмет атқарып жүргенін жасыра алмаймыз дейді. Дала халқының оң мен солын танып айыра білуіне біздің ұғит-насихат жұмысымыз жәрдемдесуге тиіс. Оның алдында екінші бірі – капитал ма, еңбек пе? деген сұрақ тұрғанда, ол жан-тәнімен еңбекті таңдады. Бұл – асырып айтқандық емес, нағыз шындық, әркіміміз өз қалауы, жүрек тандауы еді деп қорытындылайды өз ойын ұлы жазушы.

*Н. Оспантегі.*

**КИРШОН** Владимир Михайлович (1902–1938), орыс драматургі, сыншы. Мәскеудегі Коммунистік университетті бітірген (1923). 1930 ж. БК (б) П-ның 16-съезінде халықтың сөз сөйлеп, театр жөніндегі солақай атындарды түйреді. 1937 ж. сәуірден бастап құдалауға ұшырап, тұтқындалды, соңынан атылды. 1955 ж. ақталды. Ө. өзінің «Жақсы пьеса – саналы әдебиет белгісі» деген мақаласында Бүкілодақтық бәйгеде 1200 пьесаның ішінен 2-бәйге алған. К-тың «Ғажайып қоспа» драмасын жоғары бағалаған. Ал «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» атты мақаласында К-тың «Астық» пьесаны қазақ сахнасында қойылып, «біздің бүгінгі бірнеше ірі актеріміз үлкен сыннан өткендей боп, тәжірибе көріп, ірі табысқа» жеткенін жазған.

**КЛИМОВИЧ** Люциан Ипполитович (1907–ө.ж.б.), дінтанушы, әдебиет зерттеуші. Ленинград мемлекеттік университетінің лингвистика факультетін бітірген (1929), профессор (1933). Ғылыми еңбектері дінтану, соның ішінде Қасиетті Құранның қағидаларын түсіндіру мәселелеріне арналған. Ө-пен әде-

би байланыста, достық қарым-қатынаста болған. Ұлы жазушы «Манас» эпосының халықтық нұсқасын жасау керек» деп аталатын мақаласында К-тің «Манас» жырының түп негізін ежелгі дәуірден 9 ғасырдағы жазба ескерткіштерден іздеу қажет деген пікірін қолдап, қуаттаған. Алайда оның кейбір күйтұрқы пікірін теріске шығарып, қырғыздың теңдесі жок бай эпосын қорғап қалды.

**КНИПОВИЧ** Евгения Федоровна (1898–1976), орыс әдебиет зерттеушісі, сыншы. Орыс және шет ел әдебиеті мәселелеріне арналған сыни кітаптардың авторы. Негізгі зерттеулері А. А. Фадеевтің шығармашылық жолына арналған. Ө-пен дос-жаран болған. «Асыл азамат» естелігінде кез келген іске жанын сала араласып отыратын, ересек ақылды, батыс пен шығыстың мәдениетін тел емген, шалқар білімді Ө-тің қазақ халқының асыл дидарлы ұлы болғанын сүйсіне жазды («Біздің Мұхтар», А., 1976, 35–38-беттер).

*Н. Жуанышбеков*

**КОЖЕВНИКОВ** Вадим Михайлович (1909–1984), орыс жазушысы, қоғам қайраткері. Соц. Еңбек Ері (1974), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1971). Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген (1933). Соғыс тақырыбына арналған романдар жазды. Ө-пен шығармашылық қарым-қатынаста болған. «Абай жолы» романының «Знамя» журналында басылуына байланысты, 1951 және 1959 ж. бір-біріне жиі-жиі хат жазысып, кездесіп тұрған. «Абай» романы жөнінде «1948 жылғы кеңес прозасы» («Новый мир», 1948, №5), «Кеңес прозасындағы патриоттық шығармалар» («Правда», 1949, 13 мамыр) мақалаларын жазды.

**КОЛАС** Якуб (лақап аты; шын аты-жөні – Мицкевич Константин Михайлович; 1882–1956), белорус халық ақыны (1926), жазушы, Белорус ҒА-ның академигі (1928), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1946, 1949). Көптеген жазушылармен достық қарым-қатынасын үзген емес. Әсіресе М. Ө-пен байланысы ерекше болды. Мұханның шығармашылығын әрдайым жоғары бағалады. Қазақ әдебиетін аз аударды деп, аудармашыларға ренжиді екен («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 553-бет). Атты «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында К-ты белорус халқының жаңа әдебиетін жасаушы қаламгер, өлеңдері күреске шақыратын ақын, білікті оқымысты және публицист ретінде жоғары бағалаған.

**КОМЕДИЯ** (лат. comoedia және грек. komodia – сауық-сайран, әуезді өн), өмір құбылыстарының, мінез-құлықтың, іс-әрекетінің күлкілі жақтарын көрсететін драмалық жанрдың түрі. К. өмір құбылыстарын бейнелегенде, кейіпкерлерді, жағдаяттарды дәл қалыпта, өзгеріссіз түрде алмай, оларды ұғайтып, өсіріп суреттеу арқылы күлкінің күшімен олқылықтарды, кемшіліктерді, қателіктерді сынайды, озық идеялар мен биік мұраттарды мадақтайды. Характерлер қақтығысы, мінездер шайқасы бірінші қатарға шығады. Кейіпкерлер тартысының үстінде жеке бастың мақсаты мен құлқынның қамын ойлағандар өзара кикілжіңге барып, күлкіге ұшырайды. К-да көбінесе жамандық жеңіліп, жақсылық үстемдік алады, әділ, ақ ниет, ақ тілек әділ іс салтанат құрады. Қазіргі кезде қазақ К-сы арналы салаға айналды, ол театр өмірімен қатар, киноға да енді. Ұлттық әдебиетіміздің тарихына, даму тәжірибесіне сүйене отырып, К-ны екі топқа жіктеуге болады: а) сатира-

лық комедия; ә) лирикалық комедия. Ә. «Айман – Шолпан», «Алма бағында» комедиялық шығармаларын жазды.

*Р. Нұрғали.*

**«КОНВЕЙЕРДЕ КҮЙ МЫҒЫМ»**, жазушының очеркі. Өндіріс процесін суреттеуге құрылған. Қарағанды шахтерлерінің еңбек қимылын бейнелі сөзбен бедерлеп, техника тетігінің өзін жан бітіре суреттейді. «Толы жота, токмейіл рештак енді мағыналы ырғақ табады... ырғағында сөзі бардай. «Еңбек-өрнек, өнбек-еңбек» деп лықсыған сияқты. Бөгелі болмай, бөксере қимыл етейік дейді рештак». Көзделген нысанасы таза өндіріс тақырыбы болғандықтан очеркте техникалық термин сөздердің молдығына қарамастан, олар өте орынды қолданылады. Жазушы өндіріс ошағы Қарағандыға арнайы жолсапармен Ұлы Отан соғысы басталған кезде барып, шахтерлер Құсайын, Митрофанов, Пенкиндердің көмір қазуда жасаған рекордтарын өз көзімен көреді. Еңбек жарысының мұндай қызу қарқыны: «Міне, бүгінгі Қарағанды осындай құрсаулы бір батпан күш. Қарағанды рештағы ырза қылар ырғағынан айнымайды. Конвейерде күй мығым» деп қиыстыра жазады. Очерк жазыла салысымен 1941 ж. 16 шілдеде «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Шығарманың түпнұсқасы мен машинкаға басылған нұсқасы жазушы мұрағатында сақталған (ММӨМ, № 59-папка, 1–5, 18–24-беттер). Очерктің қолжазбадағы алғашқы атауы «Қарағанды мен Балқаш сөйлейді», «Қайсар қайрат шахтада» делінген. Бірақ бұл тақырыптар жазушының көңіліне қанбаған болу керек, сондықтан көтеріңкі көңіл күйі мен техниканың жанды ырғағының суреттелуіне орай «Конвейерде күй мығым» деп жаңаша атаған. Очерк жазушының 20 томдық шығармалар жинағында түпнұсқа негізінде ешқандай өзгеріссіз жарияланған (8-том, 1981).

*М. Мырзахметұлы.*

**КОРЕЙ МУЗЫКАЛЫ КОМЕДИЯ ТЕАТРЫ**, шығармашылық ұжым. Ресейдің Владивосток қаласында 1932 ж. «Корей өлкелік театры» деген атпен көркемөнерпаздар үйірмесі негізінде құрылған. Қазақстанға 30-жылдардың аяғында қоныс аударып, жұмыс істей бастады. Алғашында Қызылорда (1937–41, 1959–68), кейін Үштөбе қалаларында (1942–59) болып, 1968 ж. Алматы қаласына қоныс аударды. Театр репертуарынан корейдің ұлттық классикасынан бастап шетел, орыс және қазақ драматургиясының туындылары орын алды. Театр құрамында «Ариран» эстрада ансамблі мен ұлттық бишілер тобы жұмыс істейді. Ә-тің «Еңлік – Кебек» (1962), «Қарагөз» (1970), «Қаракыпшақ Қобыланды» (1979) секілді пьесаларын сахнаға шығарды. Бұл спектакльдерге Қазақстан Республикасының халық артистері В. Ким (Еспембет), Ким Дин (Абыз), Ли Хам Дек (Еңлік), Н. П. Ли (Асан) қатысып, есте қалар сахналық бейнелер жасады. Ә-тің туғанына 100 жыл толуына орай арнайы өткізілген Халықаралық театр фестиваліне театр ұжымы жазушының шығармасы бойынша «Қорғанысздың күні» (инсценировка авторы Л. Д. Сон) спектаклін қоюмен қатысты.

*К. Нұрпейісов.*

**КОРНЕЙЧУК** Александр Евдокимович (1905–1972), украин драматургі, қоғам қайраткері, КСРО (1943) және Украина (1939) ҒА-ның академигі, Соц. Еңбек Ері (1967), КСРО (1941, 1942, 1943, 1949, 1951) және Украин (1971) Мемлекеттік сыйлықта-

рының лауреаты. Шығармаларында Отан қорғау, ерлік пен елдік, халықтар достығы, азаматтық, адамгершілік, махаббат, өмірдің күнгейі мен көлеңкесі суреттелді. Мұхан К-тың пьесаларында украин және бұрынғы кеңес халықтарының ерлік күрестерін, жауды жеңу үлгісін тамаша суреттегенін сүйсіне жазады («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»). К. Ә-пен достық қарым-қатынаста, шығармашылық тығыз байланыста, өзара сыйлас болған. Ол «Ересен талант» атты мақаласында Әуезовтің зор дарын иесі, ғажап әдебиетші, аса парасатты екенін, жайдары да жайсаң мінезін, кісінің алдын орап сөйлемейтін қасиетін ардақ тұтқан.

*Ш. Елеуқенов.*

**КОЦЫК** Иван Васильевич (1891–1946), хормейстер, композитор. Варшава консерваториясының композиция класында оқыған. 1923 ж. Қазақстанға келіп, республика хор өнерінің негізін салды. Тұңғыш рет төрт дауысты хор ұжымын ұйымдастырды (1927, Петропавл). Қазақ филармониясының хормейстері (1935, Алматы) болды. Қазақ опера және балет театрында қойылған Ә-тің «Айман – Шолпан» пьесасы музыкасының авторы. Б. пьесасы музыкасының авторы Майлиннің «Шұға» пьесасының музыкасын жазған, қазақ халық әндерін хорға өңдеген.

*А. Омарова.*

**КОЦЮБИНСКИЙ** Михаил Михайлович (1864–1913), украин жазушысы, қоғам қайраткері, революционер-демократ. Шығармаларында жұмысшылар мен шаруалардың жасампаз еңбегі, украин халқының тұрмыс тауқыметі шынайы бейнеленген. Ә. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында К-дің «Күлкі» (1906), «Fata morgana» (1908), «Аттар жазалы емес» (1912) әңгімелері мен повесі сыншыл реализм тұрғысында жазылып, буржуазиялық либерализмді әшке-релеуін атап көрсетеді.

**КӨБДІКОВ** Төлеу (шын фамилиясы – К ө п ж а с а р о в ; 1874–1954), ақын. Айтыс өнерінің ірі өкілі. Қазақстанның халық ақыны (1954). Туған шешесі, атақты айтыс ақыны Сабырбайдың қызы Қуандық елге белгілі ақын, әнші болған. 1916 жыл оқиғасына байланысты патша өкіметінің саясатына қарсы өлеңдер шығарады. 1930 ж. сталиндік өкімшілік-әміршіл саясатқа ашық түрде қарсы шығып, «Ассалаумағалейкум ханымызға» атты өлеңі үшін тұрмеге жабылады, қуғын-сүргінге ұшырап, Батыс Сібірге жер аударылады. 1936 ж. шыққан «Он алтыншы жыл» жинағында «1916 жыл» өлеңі жарияланғанда, авторына іздеу салынып, 1940 ж. соңында Абайдың немере інісі Өрхам Ысқақов Барнауыл түбінен іздеп тауып, елге көшіріп әкеледі. 1943 ж. Семейде өткен облыстық ақындар айтысында Ә. алғаш рет танысып, ақын таландыра сүйсінеді, шығармашылық қолдау көрсетіп, ықпалын тигізеді. Сол жылы 15 қазанда Мұхан Павел Кузнецовқа жазған хатында Семейде ақындар айтысы өтіп, облыста бұрын қалай да көрінбей келген өте ірі қарт ақын Төлеу есімі белгілі болды; оның тума шежіресі өте қызық, ата-бабасынан сонау алтыншы атасынан бері қарай тұқым қуалаған белгілі ақындар» дей келіп, шешесі көпке әйгілі Қуандық – ол Абаймен айтысқан және оның жақсы көрген қызы болған. Менің бірінші кітабымда осы жай суреттелген болатын деп көрсетеді. Абайдың 100 жылдық мерейтойына қаты-

сып (1945), көзбен көргенін көркем суреттеген ұзақ толғау өлеңінде «Абайдың тарихын сөйлеп той баптады, Әуезов, Мыңжасаров деген ерлер» деп атап өтсе («Абай», 1992, №2, 14-бет), 1946 ж. Жамбылдың 100 жылдығына арналған халық ақындарының жиынында айтықан «Қазақстан» атты ұзақ толғау өлеңінде Қанышпен Мұхтарға – екі ұлы тұлғаға деген құрметін білдіреді.

С. Қарабай.

**КӨДЕК** (Ә б д і р а х ы м) Маралбайұлы (1888–1937), төлке ақын. Шыққан тегі Албанның Айт руынан тарайды. Ауыл молдасы Мүқаи имамнан сауат ашып, әрі қарай білімін өздігіннен жетілдірген. Шығармаларын жазып та, суырып салып та шығарған. 1916 ж. «Қарқара» көтерілісінде сарбаздар сапында болып, қанды қырғынды басынан кешірген. Соған байланысты «16 жыл» атты дастан жазған. 1918–1920 ж. Хиуа, Бұхар хандықтарына қарсы соғыстарға қатысып, жорық жолдарын «Бастан кешкендер» дастанында баяндаған. 1927 ж. Қарқара жайлауында ақынмен кездескен ұлы жазушы К-тің шығармашылығы жөнінде түйінді ойын білдірген. Онда шығарма мазмұны мен қоғамдық рөліне келгенде өзгеден әлдеқайда оқшау тұратын, даланың өзгеше бір типті ақыны екенін, оның жарқын үлгісіне Албаннан шыққан Көдетің жататынын, өлеңдерінің сыртқы сұлулығы, жымдасып жатқан ұйқасы жағынан аса мінсіздігін, ал стильдік тұрғыдан аңыз-ертегі, батырлық жыр-дастанның құйылып тұрған ырғақты да ойнақы мөнерін ұстанғанын тілге тиек етеді. Сергек те сыни ойлайтын ақынның ерекше бір мысқыл уытымен суарылған көкейтесті тақырыпты таңдауы, оның жапан далаға кең таралуына себепші болғанын, ал Көдек онымен бірге бағы заманның саф алтын туындыларын жадында сақтаушы да екенін іш тарта баяндайды (Әуезов М. Қазақстанның халық шығармашылығы және оның поэтикалық ортасы. Альманах. Бас. 1(3): өнер, мәдениет, философия, А., 2001).

Т. Әлбек.

**«КӨЗҚАРАС»**, жинақ. Авторы – З. Қабдолов. 1996 ж. «Рауан» баспасы шығарған. Ғалымның «жаңаша ойлау» тұрғысында соңғы жылдары жазған әдеби сын, ғылыми-зерттеу еңбектері мен публицистикалық очерктері топтастырылған. «Абай және Әуезов», «Абай жолы» – халық жолы» атты зерттеу мақалаларын Ә-тің ұлы эпопеясын танып білуге арнаған. «Абай жолы» арқылы қазіргі қазақ прозасы күллі дүниежүзілік әдеби классиканың шырқау шыңына шықты. Сөйтін XX ғасырдың қырықшы, елуінші жылдарын Мұхтар Омарханұлы Әуезов туған әдебиетіміздің даму тарихында бұрын-соңды болып көрмеген ренессансқа айналдырды» деп, бұл зор шығарманың мән-мағынасын жан-жақты ашқан. Ал А. Байтұрсынов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ж. Әбділдин, С. Зиманов т. б. туралы сыр шерткен мақала-очерктерінде де автор ұлы Мұхана соқпай, оның айтқан ой-пікірлеріне жүгініс жасамай өте алмаған. Кітаптың көлемі 9,5 баспа табақ, таралымы 3 мың дана.

**КӨКБАЙ** Жаңатайұлы (1864–1927), ақын. 1880 жылдан бастап Абаймен дос-жолдас болған, оның ықпалы, көмегі, көп жәрдемі тиген. Абай К-ға арнап «Сорлы Көкбай жылдайды», «Бұралып тұрып» т. б. өлеңдерін арнаған. К. «Араб тілінің грамматикасын» өлеңмен жазған, «Сабалақ», «Құлынды»,

«Ғаділ патша», «Арұнрашит» дастандарын шығарған. Шыңғыстаудағы Тақыр деген елді мекенде өз қаржысымен медресе ашып, бала оқытқан. Революциядан кейін оны мектепке айналдырған. Ә. ақын Абайдың өмірі, ортасы, заманы, шығармалары жөнінде К. берген көптеген аса құнды тарихи-мәдени, әдеби деректерді «Абай Құнанбаев» монографиясында, Абай шығармаларының толық жинақтарында (1933, 1939, 1940, 1945 ж.) пайдаланды. Жазушы К-дың өмірі мен шығармашылығы туралы «Көкбайдың ақындығы» деп аталатын зерттеу мақаласын жазды.



Көкбай  
Жаңатайұлы.

Қ. Мұқаметханов

**«КӨКБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ»**, жазушының мақаласы. 1934 ж. жазылған. Онда Көкбай Жаңатайұлының өмірі, білімі, өскен ортасы, істеген қызметі туралы мәлімет келтіріліп, оның Абаймен өмір бойы іні-дос, жақын адамы болғаны айтылған. К. 1924 жылдан бастап Абайдың шығармаларын жинауға және өмірбаянын жазуға көп ат салысқан. Абай көптеген өлеңдерін К-дың атынан шығарған, бірнеше өлеңін К-ға арнаған. К. да өле-өлгенше Абайды қадір тұтып, құрметтеген қалпынан таңған емес. Ол ғылым, еңбек, әйелдің хал-жағдайы, зорлықшыл, жуан содырлар туралы сыншыл-сыршыл, сатиралық өлеңдер жазған. К. өзін Абай мектебінің ақыны деп санады. Мұны Ә. те қуаттап, К-ды Абайдың төрт шәкіртінің бірі дейді. Мақаласы Ә-тің 20 томдық шығармалар жинағында, «Абайтанудан жарияланбаған материалдарында», «Абай Құнанбаев» монографиясында (1995), «Абай» энциклопедиясында (1996) жарияланған.

Н. Ақбай

**КӨКБАЙДЫҢ МЕШІТ-МЕДРЕСЕСІ**, діни-білім мекемесі. Абайдың ақын шәкірті, дос-серігі Көкбай Жаңатайұлының өмірі мен ақындық жолына байланысты материалдар жинақталған. 1997 ж. 12 қыркүйекте Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының бір бөлімі ретінде ақынның кыстау-мекені Тақырда ашылған. Тақыр Абай ауданының орталығы – Қарауылдан 22, Семей қаласынан 204 шақырым жерде. Мұражай 1901–04 ж. Көкбай ақын салдырған мешітке орналасты. Мешіттің қасында 1925 ж. ақынның өзі жерленген. Экспозицияда Көкбай өміріне байланысты мұрағаттық материалдар, түрлі құжаттар, фотосуреттер, Көкше елінің тұрмыстық-этнографиялық өмірін көрсететін заттар, кітаптар орналастырылған. Сондай-ақ Ә. бастаған абайтанушы ғалым-зерттеушілердің еңбектері де қойылған.

М. Мухамедова.

**«КӨКСЕРЕК»**, жазушының повесі. Реалистік әдебиет дәстүрі тудырған мотивтерді шеберлік палитрасындағы сан алуан бояулар мүмкіндігін өз мұратына орай өнерпаздықпен жаңғырту арқылы жазылған жаңа тынысты шығарма. Автор шағын көлемге мол мағына сыйдырған. Бейнелеп отырған болмыстың қыр-сырын бажайлай таныған суреткер зады ежіктеуден, тамшы арқылы көл суретін, тас арқылы тау кескінін елестетуді эстетикалық мұрат тұтқан. Бұл образ табиғатына сандық белгіден гөрі сапалық ерекшелік хас екендігін айқындап, әсемдіктің гармонияға, симметрияға, тұтастыққа

кіндіктестігін тағы да тиянақтай түседі. Повесть шағын-шағын сегіз тармаққа бөлінген. Бұлар дөңгеленіп, аяқталған сом сурет, өз алдына жеке картина іспетті, әрқайсысында әр түрлі баяндау, суреттеу тәсілдері қолданылған. Адам – бөлтірік – орта. Бұл үшеуін автор диалектикалық байланыста бейнелеу үшін, қажетіне қарай баяндау әдісін құбылтып, өзгертіп отырады. Кісі қолында өскен қасқыр күшігінің қалыптасуында қоршаған орта ықпалы бірінші қатарға шығарылады. Бұл хайуанаттар туралы шығармаларда әжептәуір тиянақталған мотивті Ө. қазақ топырағына, көшпелі сахара шындығына сәйкес әуенде шертеді. Бөлтіріктің өсуін бейнелегенде, автор натуралистік, зоологиялық өзгерістерді жіпке тізіп жатпай, мінез ерекшеліктеріне, сыртқы ықпал әсерінен болған жәйттерге назар аударады. Көксеректің үлкен иттерден, қатын-қалаштан көрген жәбір-жапасы ішіне шемен болып қатып, жалғыз Құрмаш қамқорлығы жүректегі мұзды жібіте алмаған. Повесть сюжеті Құрмаш өлімімен тиянақталып тұр. Шығарманы осымен бітіруге болатын еді, бірақ өйткен күнде, жазушы позициясы, авторлық мұрат көмескі тартып кетері сөзсіз. Зұлымдыққа, озбырлыққа қарсы тұрап, оны жеңер күш бар деген сарынды Ө. әдіптей түседі. Рас, Аққасқырдың әрекет, қимылы көзге елестердей қанды кейіпте емес. Сырт пошымды да жақсы есте қалмайды. Мұның есесіне соңғы бөлімде Көксерек ізіне түсуі әсерлі баяндалған. Талай иттің мойнын бұрап, мал атаулыға қырғандай тиген Көксерек әлі де осал еместігін көрсетеді. «Ауылға әкелгенде Құрмаштың әжесі боздап келіп:

– Қуарған-ай, ненді алып ем?.. Не жазып едім? Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным? – деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті». Ана кесімі – Көксеректі басқа тебуі. Жазушының гуманистік идеалын да осы орайдан іздеуіміз керек. Адам қолында өскен, бірақ адамға қиянат еткен, оның ет-бауырын езіп, жара салған көкжал сол адам қолынан өлім тапты. Образды ой символдық ойға, әуенді сарын үлкен идеяға ұласып, сахара топырағындағы шындықты қанық бояу, айқын колоритпен бейнелеген «К.» бір әдебиет шеңберінен биіктеп көтеріліп, әлемдік жауһарлар қатарына қосылған. «К.» тұңғыш рет «Жаңа әдебиет» журналында жарияланды (1929, №2–3). Ө-тің «Қараш-Қараш» (1960), «Қилы заман» кітаптарында, 12, 20 томдық шығармалар жинақтарында шықты. Бірнеше рет жеке басылды, А. Пантиелев аудармасымен «Новый мир» (1960, №9) журналында жарық көрді. Көптеген шетел тілдеріне аударылды. 1977 ж. қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жеке кітап болып шықты. Шығарма бойынша «Көксерек» фильмі түсірілді, қазақ, неміс, орыс тілдерінде спектакльдер қойылды.

*Р. Нұрғали.*

**«КӨКСЕРЕК»**, көркем фильм. 1974 ж. «Қазақфильм» киностудиясы шығарған. Режиссері – Төлөмуш Өкеев. Сценарийін жазғандар – А. Михалков-Кончаловский, операторы – К. Қыдыралиев. Фильм Ө-тің 1929 ж. жазылған «Көксерек» повесінің желісі бойынша жасалған. Оқиға негізі қазақ даласындағы революция дәуірі алдындағы ызғарлы кезеңге байланысты өрбиді. Әдеби нұсқадағы бас кейіпкер – қасқыр Көксерекке экрандық нұсқада жетім бала Құрмаш, оның ағасы Ақанғұл, Хасен (Ақанғұлдың досы) бейнелері қосылады. Экрандық шығармадағы кейіпкерлер бейнесі ең алдымен актерлердің ойыны арқылы қалыптасқан.

Фильмдегі бөлтірік бейнесін бас кейіпкерге айналдыруда режиссер Өкеев адамдардың қарым-қатынасы арқылы ерекше шешім тапқан. «Өзін қоршаған ортаға қарсы тұрудың бірден-бір жолы – қатыгездік» деп түсінген Ақанғұл сол қатыгездікті әуелі Көксерекке көрсетеді, сонысымен Құрмашты тәрбиелемек болады. Ал Хасеннің түсінігі бойынша, Құрмаштың адамгершілігі бөлтірікті адамға үйір етіп тәрбиелейді деп, өзінен пана іздеп келген балаға қол ұшын беруге әзір тұрады. Экранда алма-кезек ауысып отыратын осындай әрқилы адамдардың қарым-қатынасы «төрт аяқты кейіпкердің» кең мазмұнды психологиясы арқылы айқындала түседі. Кино өнерінің табиғатына орай, кейбір оқиғалар түпнұсқасының шеңберінен шығып кетеді. Бірақ фильмді экрандау барысында әдеби нұсқадағы ең басты сюжет – Құрмаш пен Көксеректің өзара қатынасы алынған. Көксерек тағдыры оның есейіп, көкшолақ қасқырға айналғанға дейін күрделі драматургиялық өңдеуден өтті. Бұл фильмнің біртұтастығын ұстап тұр.

*Г. Құрманғалиқызы.*

**«КӨКТЕМНЕН БЕРІ»**, жазушының очеркі. Жуалы ауданында жанадан құрылған Мирзоян атындағы колхоздың тұрмыс-халі, қарапайым еңбек адамдарының ашаршылық апатынан аман қалғандардың кейінгі іс-әрекеті мен көңіл күйін суреттеуге арналған. Жазушының Жуалы ауданына алғаш рет жазда (1933 ж.) келген жолсапарында жазылған. Колхоз басшысы Анарбайлық колхоз кітапханасы, мектебі, моншасы, ауыл мұғалімі мен желісі тартылғалы тұрған радио нүктелері туралы және қажырлы еңбек нәтижесінде жүзеге асып жатқан мәдени-шаруашылық ісіне деген мақтанш сезімі очерктің өзекті желісіне айналған. Малдан айырылып, ашаршылықтың темір қыспағына түскен халықтың малға деген ықылас ниеті де сол тұстың шындығына сай суреттеліп, кейіпкерлердің сөйлеу тіліндегі жергілікті сөз, сөйлем ерекшеліктері де бояуы қанық, табиғи қалпында беріледі. Мысалы: «Со колхоздан алдық. Үйлері байғұстар наразы болмастан, таяр қылды... Кімді жұқа балалар жаурап қалмасын деп, өз үйіме жатқызып жүрмін. Бұрын бірталайын атқөшниктің балалары» дейді осы араның тілімен сөйлейтін осы жерлік мұғалім. «К. б.» очеркінің түпнұсқасы сақталмаған, 1933 жылғы 27 қарашада «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған нұсқасы сол қалпында алғаш рет Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағында (8-том) жарияланды.

*М. Мырзахметұлы.*

**КӨНІЛ АЙТУ**, тұрмыс-салт жыры. Мұң-шер өлеңдерінің тобына жатады. Өлген адамның аруағына сыйынып, жалбарынуға, оны мақтап-мадақтауға, аза тұтып, шығарып салуға байланысты ежелгі заманда пайда болған. Ө. өзінің «Әдебиет тарихы» деген монографиясында: «Көңіл айту кейде естіртуден бірге келеді. Ауыр хабар алғашқы рет естілетін жерде құр ғана қайғының өзін айтып, жараның аузын ашып қоймай, қазақтағы бауырмалдық, туысқандық, жан күйерлік жолымен соның емі сияқты жұбату да айтылады. Егер қайғы жаңа естірілген болса, көңіл айту сонымен бірге айтылады» деп, тамаша анықтама берген. К. а-дың үстінде дүниенің баянсыздығы, тіршілікте адам басына нелер келіп, нелер көпейтіні, бір құдайдан

басқаның бәрі де өзгеретіндігі туралы терең толғаулар назардан тыс қалмайды. Автор одан әрі К. а. өлеңінің сансыз көп екенін, мұның өте ескі де, бергі заманда шыққан жаңа түрі де бар екенін ескертіп өтеді.

*Н. Ерсарыұлы.*

«**КӨРГЕН, СЕЗГЕН ЖАЙЛАРДАН**», жазушының мақаласы. Абай аудандық «Социалистік мал шаруашылығы» газетінің 1943 ж. 17 тамыздағы санында шықты. Кейін осы тақырыппен аудандық «Совхоз туы» газетінің 1967 ж. 13 маусымдағы санында Ө-тің 70 жылдық мерейтойына орай 2-рет жарияланды, содан кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағында (18-том, 32–34-беттер) осы нұсқасы өзгеріссіз жарық көрді. Мақала автордың 1945 ж. жарияланған «Ақын елінде» очеркінің бір қырынан мағлұмат беруімен ерекшеленеді. «Абай» романының 2-кітабына қосымша материалдар жинау үшін 1943 ж. жазда Абай туып-өскен Шыңғыстау өңіріне барған арнайы сапары жайлы баяндаған. Жазылуға тиіс «роман геройы Абайдың қыстау еткен мекені, жаз жайлауы, күз күздеуі, өріс-қонысы, аралаған сай-саласы – бәрі-бәрі де суреттелуі керек» деген межелі ойын айта келіп, өзі осы өлкеде туып өссе де, «Шыңғыс тауының атырабын дәл осы жылғыдай армансыз аралаған емеспін» деп, қуанышын білдіреді. Абайды көрген, білген, оның өмір жолын, сөздері мен өлеңдерін еске алып, өңгіме еткен көптеген кісілермен кездескенін үлкен тебіреніспен сөз қылады. Соғыс кезінің ауыр қиыншылықтарына мойынсұнбаған ауыл адамдарының қажырлы еңбегін мақтан етіп, бұрынғы Абай өмірі мен оның қазагерт жерлерінің тұрмыс жайын салыстыра әңгімелейді.

*Н. Жанақова.*

«**КӨРКЕМ АУДАРМАНЫҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**», жазушының мақаласы. Алғаш 1955 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінің 7 қазандағы санында, кейін «Көркем аударманың кейбір мәселелері» атты жинақта (1957, 3–12-беттер); жазушының «Уақыт және әдебиет» (1962, 385–395-беттер); 12 томдық (12-том, 1969, 124–133-беттер); 20 томдық (14-том, 1983, 297–306-беттер) шығармалар жинақтарында жарияланды. Мақала автордың өзекті мәселеге байланысты түйінді ойларының қорытындысы сияқты. Мұнда көркем аударма жайлы көп жылдар бойы пікір алысып, келекеле күнді зерттеулер де туып жатқанымен, әлі күнге жүйеленген теориялық ортақ шешімдерге келе алмай жүргенімізді ескертуден бастайды. Оның басты себебі, автордың пайымдауынша, аударма жайында жазылған еңбектерде, көбінесе жеке аудармалардың кем-кетігін көрсетумен ғана шектеліп, үздік аудармалардың үлгілі, өнегелі тәсіл-тәжірибелерін саралап таныта алмай отырғанымызда. Мұндай олқылықтарды болдырмау үшін аудармашы шығарма авторының тіл, ойлау үнісіне айрықша ықтият болып, мұқият зер салып, аудармаға сол шығарманың барлық негізгі материалын жақсы біліп алып кіріседі, «шығармада суреттелетін халық тарихын зерттейді, кейпкердің дәуірімен, ортасымен терең танысып алады». Сонымен қатар аудармашылардың және бір мықтап ескеретін мәселесі – аударылатын шығарманың ұлттық формаларының өз дәрежесінде сақталуы, өйткені сол арқылы түпнұсқаның негізгі

қасиеттері айқын көрінумен қатар, онда қалыптасқан ұлттық дәстүрлер байып, дами түседі деп біледі. «Ғылыми терминдік сөздерді қабылдаумен қабат, ұлт тілінің мүмкіндіктерін байыту жолында үлкен жұмыс жүргізілуде. Бұл талап – жанадан сөз байланыстарын жасау, бар сөздер мен ұғымдардың мағыналарын тереңдету, жаңарту, жеке сөздердің ұғымдық ауқымын кеңейту, ұлт тілдерінің сөз негіздерін пайдалана отырып, жанадан сөз тұлғасын жасау секілді шаралар арқылы жүзеге асырылмақ» деп, аударма арқылы орыс тілінің ойлау формасы, сөз мәдениеті және бүкіл әдебиеттік өнегелері біздің халықтарымыздың тілдеріне бірте-бірте сіңісіп, қалыптаса бермекші, сол арқылы «әр халық өзінің әдебиет тілін молықтырып, өркендетуге түседі, сөйтіп өзінің төл-тума әдебиетінде біздің отанымыздың өміріндегі орасан ұлы қозғалыстарды кеңінен толық сипаттауға зор мүмкіндік алады». Бұл автордың саясат ыңғайына қарай икемделіп айтқан пікірі ме, жоқ өзінің сол кездегі ғылыми түсінік танымы ма, қалай болғанда да, мақалада айтылған түйінді ойы.

*К. Сыздықов.*

«**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІҢ ТІЛІ ТУРАЛЫ**», жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1954 жылғы 24 ақпандағы 46-санында жарияланған. Бұл мақаланың ұлғайтылған толық түрі «Тағы да көркем әдебиет тілі туралы» деген атпен жарық көрді. Қолжазбалары жазушы мұрағатында сақтаулы (№224-п.). Мақала тілші ғалым М. Балақаевтың «Көркем әдебиеттің тілі жайында» («Социалистік Қазақстан», 1953, №273) атты сын мақаласына жауап ретінде жазылған. Профессор М. Балақаев әдеби тілдің ерекшеліктеріне тоқталып, грамматикалық заңдылықтар тұрғысынан «Абай жолы» романындағы кейбір жеке сөйлем, сөз тіркестеріне сын айтып, жазушы «шеберлігі соңғы кездерде еркіндікке айналып, оның тілі халық тілінен қашықтап барады. Кей жерде сөздерді орынсыз, ретсіз тіркестіре салу, сөйлемдерді ұзақ, ауыр етіп құру салдарынан тілінің әсерлі болуы былай тұрсын, тіпті автордың не айтқысы келгенін түсіну қиын» деген сияқты, сондай-ақ кейбір артық-ауыс ұшқары кекесіндеу сөздер, ой-пікірлер де айтқан. Өуезов мақаласында сыншының әрбір даулы пікіріне нақпа-нақ, жеріне жеткізе өткір жауаптар береді. Айталық, «Құнанбай шешесінің ажарын сөзді де, жуаси түсті» деген сөйлемдегі «ажарын сөзді» тіркесінің орнына «ажарын көрді» деп жазу керек еді деген сыншы дауына автор: «...«Ажар» деген бет пішін ғана емес, ол адамның кейде іші де, кейде тысы да боп, ауыса отырады. Ал адамның ішін атаған кез болса, ол ішті көруге болмайды, сезуге ғана болады... «Ажарың ақ түлкінің ажарындай» деген өлеңде түлкінің серейген құлағын, сүйір тұмсығын, жылтың қаққан көзін айта ма? Сол көрініп тұрған сипаттарына теңейді? Жок, жүйрік жылпақ тағының қылығына теңейді» дейді. Ал «иін сүйесіп тұрған» деудің орнына тіл маманының «иін тіресіп» тіркесін үлгі етіп ұсынуына байланысты: «Абайдың сол сәттегі сезімі, ұғымы бойынша жақсы кітаптар келісті қатарда үйлескен күйде, біріне-бірі сүйеніп тұрған қалыпта бейнелеймін. Мұны сөзімен табылған келісті орам, тың кесте деп білемін. «Кептерше сүйеніскен демалыс бар» деген Абайдың өзі емес пе еді?!» деп, кейбір жанаша сөз тіркестерін қолдану себептерін тарата талдай түсіндіріп, көркем әдебиет тілінің ерекшелік қадір-қасиеті мен сыр-си-

паты туралы өзінің кенеулі, кең де терең толғамды теориялық ой-пікірлерін ортаға салады: «Нәзік келген кәңіл жайын, ой толқынын, сезім ырғағын, психологиялық тартыс пен тайталасты тың тілмен, өзінше бір ораммен орайлап айтқысы келетін таллаптар бар. Мұндайы болмаған жазушылықта жан жоқ, қасиет жоқ, жылылық, жарастық та жоқ» дейді. Олай болса, бар жазушының тіліне, стиліне бір ғана өлшеммен келуге болмайды. Жай лексика мен поэтикалық лексикаға бірдей қарауға болмайды деп санайды автор. Сондықтан «кейде көпшілік қолданбайтын, бірақ халық тіліне әбден қонымды келетін» тың орамдарды, тілші ғалымдардың ұғымындағы грамматикалық заңдылықтарға сәйкес келмей жатса да, сондай-ақ белгілі бір өлкеде ғана қолданылатын диалекті деп қақпайланып жүрген сөздердің өзін де көркем шығармада қолдана отырып, әдеби айналымға сіңіру, қалыптастыру қажет. Өйткені «жазушы өз дәуіріндегі әдебиет тілін өсіруге, саралауға, шеберлендіруге міндеткер... Романдар оқушыға тіл де үйретеді, өз тілінде кенеулі ой таратып, көрікті, іштен, шебер сөйлеуге баулиды». Ө. бұл мақалада әдеби тіл туралы өрелі, соны ой толғамдар айтумен қатар, көркем әдебиет тілін терең танып, зерттеудің де басты бағыт-бетін белгілеп бергендей. Поэтикалық лексикадағы табыстарды, қасиеттерді тану үшін тек жалаң тіл маманы болу жетіспейді, әдебиетші-тілші болу шарт деген пікірді қадап айтады: «...көркем шығарманың бір сөйлемінде тұрған сөз бір-ақ қана ұғым, түсінік бермейді. Соны берудің үстіне, ол әр алуан қосымша ассоциация тудырып, оқушыға қосымша елес-емеурін танытып тұрады. Мұндай қатарда жеке сөз, өзінің орны мен сөтін тапқан шақта, жанаша жанданып кетеді. Сондай шағына жетіп, жанданған сөздің демі, лебі білініп, тың тірлік етіп, бал-бұл жанып тұрады. Ол көп қолданудан өлі сөз боп кеткен сөз емес, қызықты, ыстық лепті қайнар сөз болады. Міне, осындай боп табыса түйіскен, қатар тұрған сөздер ақындықтың айғағы болады, шеберлік кестесіне жүреді. Оның көркемдігімен қатар сөйлем ішінде өзінен-өзі ұшқын атып тұрған сипаты болады. Кей сөздердің асылды шақпақ тасқа шаққандай боп, әсем сөйлем ішінде ұшқындап, от төгіп тұратын шағы бар» дейді ұлы суреткер-ғалым.

*К. Сыздықов.*

**«КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ОТАН СҮЙГІШТІК»**, жазушының 1941 ж. жазылған мақаласы. Мұнда автор бұрынғы кеңес елі әдебиетіндегі ел қорғау, Отан сүю тақырыбына тоқалады. Орыс, армян, қырғыз, бурят ұлттары әдебиетіндегі батырлар тұлғалары сақалған эпикалық жырлар туралы ой толғайды. Қазақ халқының бай ауыз әдебиетіндегі Едіге, Қобыланды, сондай-ақ қырғыздың Манас, армяның Давид Сасунский, орыстың Александр Невский ерліктерін сөз еткен көркем туындылар жөнінде сыр шертеді. Сөйтсе отырып, ел басына күн туған уақытта жауынгерлерді ерлікке үндейді, ал қаламгерлерді қалам қайратымен күресуге шақырды. Майдандағы Отан қорғап жүрген азаматтарды өздерінің батыр бабаларынан дарыған батылдық, ержүректік, жігерлілік, қажырлылық, қайраттылық сияқты асыл қасиеттерді жоғалтпай, жауға қарсы қоюға бағыттайды. Ынтымақ пен татулықтың, достық пен туысқандықтың арқасында ғана бірлесіп, қасиетті жерді қорғап қалуға болатындығына сендіреді. Жазушының өзі де Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шығармашы-

лығына – ерлік, Отанды сүю, жерді қорғау тақырыбын арқау етіп алады. Сол үшін де күнделікті өмір ағымымен ілесіп отыратын публицистиканы таңдаған. Мақала «Советтік Қарағанды» газетінің 1941 жылғы 5 шілдедегі санында жарық көрді. Бұдан кейін еш жерде жарияланбаған.

*Б. Жақып.*

**«КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ПАТРИОТИЗМ ИДЕЯСЫ»** («Идея патриотизма в художественной литературе»), жазушының мақаласы. Қарағанды облыстық «Социалистическая Караганда» газетінің 1940 ж. 2 шілде күнгі санында орыс тілінде жарияланған. Мақала «Қазақ ССР-інің XX жылдығына» деген айдармен берілген. Мұнда жазушы сол тұстағы қазақ әдебиетінің даму бағыттарына шолу жасай келіп, еңбекшілердің ерен еңбегін көркем шығармаға арқау еткен қаламдастарының жекелеген туындыларын атап өтеді. Кеңестік патриотизмнің ұрандарына сәйкес өз пікірін білдіреді. Жұмысшы табы туралы көркем дүниелердің аз жазылатындығына назар аударады. Мақала таза әдеби зерттеу емес, жалпылама публицистикалық шолу тұрғысында жазылған.

*Т. Жұртбай.*

**КӨШЕРБАЕВ** Бердәлі Айдарбекұлы (1954 ж. т.), суретші-бездендіруші. Қазақстан Республикасының негізгі мұражайларында жүргізілген көркемдеу және реставрациялау жұмыстарының барлығына қатысқан. Көптеген өлкетану мұражайларының безендіру және қайта қалпына келтіру жұмыстарына жетекшілік етті. Ө-тің Бөрілідегі мұражай-үйінің, Алматыдағы «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының көрмелері мен реставрациялау жұмыстарын жүзеге асырды. Жазушының жекелеген тұрмыстық жиһаздары мен киімдерін қалпына келтірді.

*С. Жұртбай.*

**КӨШЕРБАЕВА** Әлия Шаймұратқызы (1954 ж. т.), суретші-дизайнер, кестеші. Ғалым-этнограф Ө. Жәнібектің жетекшілігімен қазақтың 18–19 ғасырлардағы ұлттық киімдерінің үлгісін жасады. Республика мұражайларындағы көне киімдер мен бұйымдарды қалпына келтірді. Алматыдағы «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығына қарасты жазушының мемориалдық үйіндегі Ө-тің өзі пайдаланған шапандары мен костюмдерін, терезе мен есік перделерін, кілемдерін, шырағдан шілдерлерін қалпына келтірді.

**«КӨРКЕМДІГІ ЖОҒАРЫ ШЫҒАРМАЛАРДЫ КӨБІРЕК ЖАЗАЙЫҚ»** («Больше высокохудожественных произведений»), жазушының мақаласы. Ө-тің Алматы қаласында шығармашылық қызметкерлерінің жиналысында сөйлеген сөзі. «Казахстанская правда» газетінің 1945 ж. 28 ақпандағы 19-нөмірінде суретімен қоса жарияланған. Ө. бұл сөзінде Ұлы Отан соғысының майдандарынан күн сайын қуанышты хабарлар келіп жатқанын, Жеңіс сағаты жақындап қалғанын шабытпен айта келіп, Қазақстан ақын-жазушыларының майданда қарумен, елде қаламмен жеңіс мүддесіне жан аямай қызмет етіп жатқанын хабарлайды. Майдангер қаламгерлерден ең алдымен П. Кузнецов, Қ. Аманжолов, Д. Снегин, Ө. Сәрсенбаев, Ж. Сәин, Д. Әбілев есімдері аталады. Олардың шығармаларында өздері бастан кешкен оқиғалардың шыншыл, ыстық сезімдері белгіленген дейді автор. Поэзия саласында та-

лантты ақын Ф. Орманов соғыстың басынан бастап тебіреністі жыр жолдарын туғызып келеді. Терең сыршылдық, салмақты ой өрімдері оның өлеңдерінен Отан жайлы, оның тағдыры жайлы толғанған шынайы суреткерлік сезім иірімдерін танытады. Драматургияда ақын Ә. Тәжібаевтың жемісті еңбек етіп жүргенін хабарлайды. Соғыстың алғашқы кезінде шабандау қимылдаған проза жанры енді-енді белең алып, шынайы көркем құндылықтар туғыза бастағаны, соның жарқын бір көрінісі Ф. Мүсіреповтің «Қазақ батыры» атты повесі екені айтылады. Жазушы Ф. Сланов Қазақстан мұнайшылары туралы өзіндік бір көркем дүние туғызды. Қарағанды шахтерлері жайындағы Ә. Әбішев повесінің жариялана бастаған тараулары көп үміт күттірерлік. Қазақ халқының даңқты ұлы, жаңашыл диқан Шығанақ Бөрсиев жайында жазылып жатқан Ф. Мустафин шығармасының көркемдік тәсілдері көңіл тартарлық. Сондай-ақ кеңес жұртшылығына кеңінен танымал жазушы И. Шуховтың «Боран» атты романының аяқталуын Қазақстанның әдеби өміріндегі елеулі оқиға деп бағалаған жөн екенін ескертеді автор. Ә. республика әдебиетшілері мен сыншыларының жемісті еңбегі қатарында қазақ әдебиеті тарихының 1-томы жарық көргенін, Абайдың жүз жылдық мерейтойына арналып, ақын шығармаларының академиялық толық жинағы әзірленгенін, жазушы С. Мұқанов қазақ әдебиетінің классигі туралы тереңдетілген ғылыми монографиясын аяқтап қалғанын атап көрсетеді. Қазақстанның әдеби өміріндегі осындай жекелеген жетістіктерді саралай келіп, Ә. үлкен талаптар, халық алдындағы биік борыштар тұрғысынан алғанда, мұның өзі әлі де жеткіліксіз екенін мойындайды және республиканың таянып келе жатқан 25 жылдық мерекесіне қаламгерлер қауымының көркемдік дәрежесі жоғары шығармалар тудыратынына сендіреді.

Ж. Ысмағұлов.

«КӨРКЕМ ЖЫРДЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ», жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1937 ж. 27 желтоқсанда шыққан. Осы нұсқа бойынша Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 17-томында шықты (1985, 90–92-беттер). Грузин халқының ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» жырының 750 жылдығын 1937 ж. Бүкілодақтық шеңберде атап өткен болатын. Осыған байланысты Грузияда үлкен той болып, КСРО Жазушылар одағының бір пленумы сонда өткен. Қазақстан ақын-жазушыларының делегациясы да барған. Мақала осы мерейтойға арналып жазылған. Көлемі шағын, құттықтау бағытындағы мақала болғанымен, мазмұны терең. Ш. Руставелидің әлемдік мәдениеттен алатын орнын айқын ашқан еңбек. Мақала өте көркем, шебер, шабытты тілмен жазылған. Алдымен қазақтар ертеде «Қап» деп атаған Кавказ тауының тұрғындары жайынан бұрын мәз ештеме білмеуші едік, енді қоғамдағы өзгерістер арқылы олар жайында біле бастадық деп кіріспе бөлік берген. Руставелиге жоғары баға берілумен қатар, «Ұлы» сөзінің түп-төкініне де барлау жасаған. Руставелиге тән адамдық-азаматтық қасиеттердің көз келген ұлт өкілінің озық ұлдарына тән екенін көрсеткен. Ұлы ақынның екінші бір қасиеті деп оның ұлттық шеңберден шығып, өзге елдер жайында да кең толған

жырлағанын айтады. Мақаланың соңында көркем жырдың ұлы ақынын біздің бүкіл совет жұртшылығы құрметтеп, қадірлеп еске алып отырған күнде айтылатын ең бір үлкен талап: осы ақынның әсем жыры тез уақытта, ойдағыдай боп толық аударылып, біздің қалың оқушының қолына емін-еркін жетсе екен деп, аударма мәселесіне тоқталған.

Р. Әбдіғұлов.

**КӨРКЕМӨНЕР МҰРАЖАЙЫ, Ә.** Қастеев атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік көркемөнер мұражайы, мәдени-ағарту және ғылыми-зерттеу мекемесі. 1935 ж. Қазақ Мемлекеттік көркемсурет галереясы ұйымдастырылды. Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясы мен Республикалық қолөнер мұражайы 1976 ж. бірігіп, 1984 ж. Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік көркемөнер мұражайы болып қайта құрылды. Музейдің алғашқы директоры Қ. Телжанов азаматтық белсенділік танытып, мұражайдағы аса ірі туындыларды шоғырландырып, көркемсурет қорын толықтыруға үлкен ұлес қосты. Қазір мұражай музейі Халықаралық мұражайлар Одағының құрамына қабылданды. Оның қорында 21 000 астам экспонат бар, онда 1920–1990 ж. кеңес кезеңіндегі шығармалар, 16 ғасырдың басы мен 20 ғасырдағы орыс өнері, Батыс Еуропа өнері, Үнді, Қытай, Жапон елдерінің сәндік қолөнер бұйымдары, Қазақстанның бейнелеу өнері жинақталған. Өнер шаңырағында Ө-тің өміріне арналған туындылар кең орын алған. Ол еңбектердің әрқайсысынан өзіне тән шығармашылық ерекшелік айқын танылады. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты көрме ашылды. Онда бейнелеу өнерінің ірі тұлғалары О. Таңсықбаев, Ә. Қастеев, мүсінші Х. Наурызбаевтың ұлы жазушымен шынайы достық қарым-қатынаста болғаны көп жайды аңғартады. Белгілі қылқалам шеберлері А. Черкасский, Қ. Телжанов, Е. Сидоркин, Г. Ысмайылова, С. Мәмбеев Ө-ті кенеп бетіне бейнелесе, Е. Вучетич, Б. Төлеков, Т. Досмағамбетов, Е. Сіргебаев мүсіндік образын жасады. А. Черкасский Ө-тің жас кезіндегі портреттерін өте шеберлікпен салып, Е. Сидоркин жазушының «Абай жолы» шығармасындағы иллюстрациялар жарыққа шығарды, М. Әуезовтің театр алдындағы ескерткіш мүсіні жазушының мәңгі есте сақтауға арналып салынған. Мүсінші Е. Сіргебаев ұлы жазушының азаматтық тұлғасын кең ауқымда, көркемдік тұрғыда шынайы бейнелеген. Сөйтіп қылқалам шеберлері ұлы жазушының шығармаларын арқау етіп, кітаптарын безендіріп, көркемдеп, талай еңбектерді дүниеге әкелді.

Г. Жұмбабекова

«КӨРҮГҒЛЫ», 16 ғасырдың 2-жартысында дүниеге келген фольклорлық ескерткіш. Таяу Шығыс, Кавказ, Орта Азия, Қазақстан жеріне кең тараған. Эпостың екі саласы бар: бірі батыстық сала (әзірбайжан, армян, грузин, курд, түрік нұсқалары); екіншісі – шығыстық сала (түрікмен, өзбек, тәжік, қазақ нұсқалары). Эпоста ұзақ жылдар бойы халықтарға озбырлық, үстемдік көрсетуші Иран шаһы мен түрік патшасына қарсы күрескен Көрүғлы батырдың ерлігі, басқыншы жаудан елін-жерін қорғаудағы қамқорлығы, зор күші, ержүректілігі жырланады. Мұханы «К.» жырын әзірбайжан халқының ескі, тамаша мұрасы деп бағалайды («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»). Жазушы «Абай жолы» эпопеясында Абай айналасындағы жас ақындардың «бір жағы Абай арқылы, бір жағы өз бетімен ізденіп, оқып-тоқуы арқы-





ғына мүше болған. М. Горькийдің қолы қойылған куәлікті 1934 ж. алды. КСРО Жазушылар одағы басқармасы жанында одақтас республикалар әдебиеті және әдебиет сыны, очерк, публицистика, драматургия, театр, балалар мен жасөспірімдер әдебиеті, көркем аударма, шетел жазушыларымен байланыс сияқты кеңестер жұмыс істеді. Одақтас және автономиялы республикалардың Жазушылар одағы осы тәртізді құрылды. Одақтың өз баспасөз органы – «Литературная газета», «Новый мир», «Знамя», «Дружба народов», «Вопросы литературы», «Иностранная литература» сияқты газет-журналдары мен «Советский писатель» баспасы, М. Горький атындағы Әдебиет институты, шығармашылық секциялары, А. А. Фадеев атындағы Орталық әдебиетшілер үйі, әдебиет қоры, әдебиет насихаттау бюросы жұмыс істеді. Ө-тің көптеген шығармалары одақтың газет-журналдарында жарық көрді, өзі де оның әр түрлі іс-шараларына қатысты.

*Т. Әкім.*

**КСРО ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ XIV ПЛЕНУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ** (V ыступление на XIV пленуме правления союза советских писателей СССР), жазушының осы пленумда (1951) К. Симонов пен Б. Лавреневтің жасаған баяндамаларына қатысты талқылауда (22 қазан) сөйлеген сөзі. Сөйлеушілер сөздерін қысқартып берген. Ө. сөзінде Мәскеуде «Халықтар достығы театры» ашып, онда тек ұлттық республикалар драматургтерінің үздік шығармаларын орыс тілінде қойып отыру керек деген ұсыныс бар. Драманың көкейкесті мәселелеріне тоқталып, драма теориясына қатысты ғылыми-зерттеу еңбектердің аздығына өкініш білдірген. Драмаға формалық талаптар қатал қойылғанмен, оның формасы жайындағы зерттеу еңбектер соншалықты аз дейді. Осы бағыттағы кемшіліктерді жою бүкіл көп ұлтты советтік драматургияны дамытар еді деген ой айтаң.

*Р. Әбдіғұлов.*

**КУГУЛЬТИНОВ** Давид Никитич (1922 ж. т.), қалмақтың халық ақыны (1969). Ресей (1967) және КСРО (1976) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Соц. Еңбек Ері (1990). Ө-пен бұрынғы Одақтық жиындарда кездесіп, әңгімелескен, пікірлескен. 1997 ж. қыркүйек айында Алматы қаласында ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына арнап халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысты. «Мұхтар Әуезов сияқты асқан сөз шебері, аса көрнекті гуманист әрі ойшыл ұлы перзентті тек ұлы халық қана тудыра алады». Шынында ол өз халқы әлемге танытты, бірақ оның шығармашылығы ұлттық шеңберден өлдеқайда кең, өйткені Ө. тегінде күллі адамзатқа ортақ» деді сөйлеген сөзінде («Столичное обозрение» газеті, 1997, 3 қазан).

*Т. Әкім.*

**КУЗНЕЦОВ** Павел Николаевич (1909–1957), орыс жазушысы, аудармашы. 30-жылдардың 2-жартысынан бастап Жамбыл шығармаларын орыс тіліне аударды. Жамбыл туралы «Бақтылан тапқан адам» атты тарихи роман жазды (1950, қазақ тілінде 1959). 1953 ж. осы кітабы үшін Жамбыл атындағы республикалық 1-сыйлық берілді. Ө. пен К-тың арасындағы қарым-қатынас 30-жылдардың 2-жарты-

сында басталған. Қазақстан Жазушылар одағының жиналыстарында, шараларында бірге жұмыс істеп, хаттар жазысқан («М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 202, 252, 258, 259-беттер). Хаттардың мазмұнына қарағанда, екеуінің арасында көп жылға созылған достық қарым-қатынас қалыптасқан. 1953 ж. «Правда» газетінің 30 қаңтардағы санында Кузнецовтың «Сынау орнына мадақтағандық» атты мақаласы шықты. Мақаланы 31 қаңтарда «Казахстанская правда» газеті, «Әдебиет және искусство» журналы (1953, №4) басты. Онда З. Кедринаның «Мұхтар Әуезов», Т. Нұртазиннің «С. Мұқановтың творчествосы» кітаптары сыналды. Сын мейлінше солақай, идеологиялық сипатта жазылған. Осы бағыттағы мақаланы С. Нұрышев та жазды. Бұл мақалаларға жауап ретінде М. Ә. «Литературная газета-да» «Ашық хатын» жариялады. Ө-ті аталған мақала шыққаннан кейін «буржуазиялық-ұлтшылдық қателері үшін» ҚазМУ-дағы және Қазақстан ҒА-ның Тіл және әдебиет институтындағы жұмыстарынан босатты. Жазушыға бас сауғалап, Мәскеуге кетуге тура келді. К. мақаласы үкімет тарапынан берілген арнайы «тапсырмамен» жазылғаны анық. Ұлтшылдық мәселесі бүкіл КСРО-да көтеріліп, барлық ұлттық республикаларда көптеген ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері айыпталды. Бұл науқанның жалыны Ө-ті де шарпыды.

*Р. Әбдіғұлов.*

**КУЛЛЭ** Роберт (20 ғасыр; т.-ө. ж. б.), әдебиет зерттеуші. Ленинград университетінің профессоры, орыс әдебиеті тарихының маманы, тегі – француз. Ө-пен 1922 жылдың күзінде Ташкент қаласында танысқан. Екеуінің таныстығы достыққа ұласады. К. француздың классикалық әдебиетінің көркемдік әлеміне әсіресе, Бальзак шығармаларының әлеуметтік астарына Мұхтардың терең үңіле түсуіне септігін тигізеді. Мұханды К-ні қазақтың тарихы мен дәстүр-салтын таныстырып, назарын аударады. Олардың бұл түсіністігі 1923–28 ж. Ленинград қаласында бұрынғыдан да тереңдей түседі. Бұл жөнінде В. Н. Әуезова еске алады (Естеліктер. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры).

**КУНЯЕВ** Станислав Юрьевич (1932 ж. т.), орыс ақыны, публицист. «Талант тағлымдары» атты мақаласында Ө. сынды ұлы адамның бірнеше қасиеттері туралы ой толғаған. Біріншіден, ұлттық нигилизм – ұлтшылдық түріндегі қарсылықты туғызды. Бір қастық екіншісін қоздатады. Әуезов тағлымының ұлылығы сонда, өз халқы мен бүкіл адамзатты бірдей сүйген сезімі оның жүрегіне қос қуретамырдай қуат беріп тұратын; екіншіден, «Әуезов өмірінің тағлымы сонда, ол нағыз талант мықтыға арқа сүйеген жолбикелер мен қолтыққа су бүріккіштерге қасқайып қарсы тұруға міндетті екенін түсіндіріп берді; үшіншіден, Әуезовтің тағы бір тағлымы, топшылдық, жікшілдік, жүзілдік таластартыстардан биік тұруға үйреткені; төртіншіден, Әуезов орыс тілінің шалқар дариясында судағы балықтай өзіне, шынайы өмір сүре білді және сонымен қатар өзінің ана тілінің бүкіл тереңдігі мен құмар байлығын елден ерекше сезінген болатын; бесіншіден, Әуезовтің тағы бір өңгесі – «жазушы және мәдениет» деген ұғымға сыйып жатыр; ол бос даурықпа дау-дамай мен ұсақ саясатшылыққа уақыт жұмсап жатпады; өмір бақи өзі де оқыды, өзгені де оқытты, лауазым, атақ-мансап оның көңілін бұра алмады. Осының өзі де ақылман әкең

кейінгі келер ұрпаққа үнсіз ұқтырған өсиетіндей еді деген пайымдаулар айтқан («Қазақ әдебиеті», 1987, 25 қыркүйек).

*Н. Ақбай.*

**КУПАЛА** Янка (лақап аты; шын аты-жөні – Л у ц е в и ч Иван Доминикович, 1882–1942), белорус халық ақыны (1925), драматург, Белорус (1928) және Украина (1929) ҒА-ның академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1941). Өлең кітаптарында өмір шындығын зор ақындық шабытпен жырлады. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде К-ны белорус әдебиетінің негізін қалаушы ретінде бағалай келіп, оның өз халқының ой-арманы мен тартыс-талабын жырлаушы ақын екеніне назар аударады. «Мұжықтың көрген күні», «Келе жатқан кім?», «Орес өзнен үстінде» поэмалары белорус халқының ұраны, оның поэзиясы Н. Некрасовтың үлгісіне жақын, орыстың революцияшыл-демократ поэзиясымен тығыз байланысты деп бағалайды.

**КУРЕЛЛА** Альфред (1895–1975), неміс жазушысы, әдебиет сыншысы, аудармашы, қоғам қайраткері. 1934–54 ж. КСРО-да тұрды. «Үлкен ойындағы пешка» деген антифашистік романы бар. Т. Шевченконың т. б. орыс ақын-жазушыларының туындыларын неміс тіліне аударған. Ө-тің шығармаларын, әсіресе «Абай жолы» эпопеясын жоғары бағалаған, идеялық-көркемдік жетістіктерін баса көрсеткен. «Сіз әлі «Абайды оқыған жоқпысыз? Онда сіз мүлдем ештеңе оқымағаныңыз. Бұл – таңғажайып, бұл – керемет! Далаға жан бітіп, дүние алғаш жаралғандағы мөлдір табиғатымен, бар тіршілік-тынысымен, тәуелсіз тұлғалы жандарымен сіздің көкіреңізге кеп орнайды. Сіз сол дәуірді көзіңізбен көргендей, айна-қатесіз танысыз. Ешбір ғылыми еңбек мұндай дәл жеткізіп бере алмайды. Қандай тұнық поэзия!» деп тамасана жазған («Біздің Мұхтар», 1976, 125-бет).

*Д. Қонаев.*

**КҮДЕРІҚОЖА** Көшекүлі (1820–1858), ақын. Зар заман ақындарының соңғы өкілдерінің бірі. Қазақ халқының басындағы ауыр күндерге арналған «Қарқаралы, қазылық», «Абылай ханның қалмақты аударғанына айтқаны» т. б. өлең, толғаулары бар. Ақындар айтысына қатысқан. Оның Ұлбикемен айтысын В. Радлов жазып алып, «Түркі тайпаларының ауыз әдебиетінің үлгілері» жинағына (СПб, 1870) кіргізген. Бірнеше шығармалары «Бес ғасыр жырлайды» жинағына кірді (1985). Ө. ақынның «Қарқаралы, қазылық» толғауын өзі құрастырған хрестоматияға кіргізген (1933). Онда 19 ғасыр ақындарын шартты түрде сауықшыл, айтыскер ақындар және ел мұңын жырлаушы ақындар деп екі топқа бөліп, К-ны соңғы топқа жатқызған. «Әдебиет тарихы» оқулық кітабының (Қызылорда, 1927) «Зар заман» тарауында Абаймен тұстас зар заман ақындары жайында айта келіп, айтыс ақындарынан кейбір өлеңдерімен осы жікке кіретін Шернияз, Досқожа, Күдеріқожа сияқтылар деген.

*М. Жармұхамедұлы.*

**«КҮЙІНІШТІ ӨЛІМ»**, жазушының мақаласы. Орыс мектебінде, мұғалімдер семинариясында бірге оқыған досы Сейітқазы Тоқымбайұлының қайтыс болуына байланысты жазылған қазанама. «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 21 наурыз күнгі санында басылды. «ЕС-аймақ» ойын-сауық ұйымының бастығы, «Абай» журналын қаржыландырып тұрған «Уақ қарыз серіктігінің» жетекшісі Тоқымбайұлы 21 ақпан күні Семейдегі «Сібір бурлактары» клу-

бында Ө-тің «Ел ағасы» спектаклін қойған кезде өкпесіне қатты суық тиіп, содан айықпай, мезгілсіз дүниеден өткен. Қазанамада Сейітқазының қазақ келейлері үшін атқарған еңбегі, жігерлі, талапты болып өсіп келе жатқаны, «ЕС-аймақ» ұйымын басқарып, халықты ағарту жолына бастағаны жазылған. Сонына Тоқымбайұлының бір топ жолдастарының қолы қойылған. Мұхаж Тоқымбайұлының тағдырын өзінің «Оқыған азамат» атты әңгімесіне арқау етті.

*Т. Жұртбай.*

**КҮЛБАДАН** Абайқызы (1862–1932), Абайдың қызы. Бәйбішесі Ділдедан туған. Семейде орыс мектебінде оқыған. Дүйсеке Уандықұлына тұрмысқа шыққан. Дүйсеке өлгеннен кейін әмеңгерлік жолмен ағасы Дүтбай алған. Дүйсекеден – Хамза, Дүтбайдан – Мүкен, Мұхтар, Мұштар, Мәкен, Қадиша деген балалары болған. Ө. «Абай жолы» романында Күлбаданды Абайдың Семейге оқуға апара жатқанын уақытында суреттеген (12 томдық шығармалар жинағы, 5-том, 384–386-беттер). Ұлы жазушы тарихи эпопеясын жазу барысында К-нан ұлы ақын туралы көп мәліметтер алған.

*А. Болсынбаева.*

**КҮЛЕЕВ** Бернияз (1899–1923), ақын. Орынбордағы мұғалімдер семинариясында оқыған (1917–18). Өлең жазуды жас шағында бастаған. Сыршыл, лирик ақын. 50-жылдардың аяғына таман Мұхана Елизавета Әлиханқызы Бөкейханова тапсырған бір топ қолжазбалардың ішінде Бернияздың шығармалары да бар. Ақынның 1969 ж. «Айтшы, ақ қайың» деген атпен кітабы шыққанда, Ө. мұрағатындағы К-тің сол қолжазбалары пайдаланылды. К. «Абай кітабы басылатын болды» деген мақаласында ақын шығармаларын жариялау ісіне Ө. сияқты Абай жайын оқы, танырқа...», 1993, А., 91–93-беттер).

*Т. Әкім.*

**КҮЛСІМ** Омарханқызы (шамамен 1891–1918), жазушының апайы. Қ. Мұқаметхановтың, А. Өуезовтің, К. Оразалинның, М. Діқанбаевтың естеліктерінде Омарханның бәйбішесі Нұржамалдан туған қызы ретінде аталады. Ө. туралы ғылыми айналымға түскен деректерде Күлсімнің бұдан кейінгі тағдыры туралы мағлұматтар байқалмайды. Тек жазушының 1943 жылғы тамыз айында өкешесінің қабірінің басында толғана отырып жазған «Күнделік дәптеріне»: «Апам Күлсім, інім Сәбидал – бәріңнің де қабірінді көріп өттім. Бірде-біріннен титтей реніш шеккен шағым жоқ екен» деп жазуына қарағанда, Күлсім жастай қайтыс болған және Бөрілідегі өкешесінің зиратына жерленген.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**КҮЛТЕЛЕЕВ** Тайыр Молдағалиұлы (1911–1953), заңгер. Заң ғылымының кандидаты (1939). «Қазақтардың әдет-ғұрып заңдары» атты монографиясы орыс тілінде жарық көрді (1955). «Абай» романындағы қазақтың әдет-ғұрып заңдары» деген мақаласында Ө-тің кек алу, құн төлеу, қалың мал, көп әйел алу, әмеңгерлік, барымта, ру ақсақалдарының соты т. б. әдет заңдарын тарихи шығармасында шебер әрі дәл қолданғанына және олардың мән-мағынасына назар аударған («Әдебиет және искусство», 1950, №12; орыс тілінде – «Вестник АН КазССР», 1950, №9).

**КҮМІСБАЕВ** Өтеген (1939 ж. т.), жазушы, ақын, аудармашы, шығыстанушы. Филология ғылымы-

ның докторы (1985), профессор (1990). Жазушының Шығыс әдебиетімен байланыс туралы «Мұхтар Әуезов және Шығыс поэзиясы» («Білім және еңбек», 1977, №9), «Шығыс шайырларымен өз тілінде сырласқан» («Абай», 1997, №2–3), «Ғажал үлгі» («Қазақ әдебиеті», 1981, 4 қыркүйек), шығармашылық тағылымы жөнінде «Шәкірт сөзі» («Егемен Қазақстан», 1997, 11 қыркүйек), «Әуезов дәстүрі» («Ортақ арна» кітабы, 1985, 48–63-беттер) т. б. мақалалар жазды.

*Н. Ақбай.*

**КҮНКЕ** (шын аты: Ә й б ө б е к), Құнанбайдың бәйбішесі. Найман Ағанас бидің қызы, Күнкеден Құдайберді, Құдайбердіден Шәкәрім туған. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясында К. көп жағдайда жағымсыздау қылықтарын көрініс береді. «Қарашоқыдағы қыстауға келген соң, Абай ең әуелі әкесіне бармай, Күнкенің үйіне кірді. Мұнда Абайдың ең жақсы көретін туысқаны – Құдайберді көптен бері науқас болатын» («Қияда» тарауы) сияқты Абай көзімен көрінетін тұстары көп. Ауылды дұманға, ән-күйге бөлеп, Біржан аттанып кеткен кезде Күнке Абайға жын-ойнақ жасап, ауылды кім көрінгенге басындырды дегенімен-ақ оның қандай жан екендігі аңғарылады.

*Т. Әкім.*

**«КҮРЕТАМЫР»**, монография. Авторы – Р. Нұрғали. Еңбекте драматургияның поэтикасы, күлкінің эстетикалық мәні, дәстүрдің жаңғыруы, жанр түрлерінің дамуы сияқты әдебиеттің күретамамы – күрделі мәселелері қарастырылған. Кітаптың дені Ө-тің шығармаларын талдауға арналған. Мысалы, «Реалистік драма жолында» деп аталатын тарауында жазушының қызық өрнектері мен суреткерлігі мол бірқатар драмаларының («Октябрь үшін», «Тартыс», «Тас түлек», «Шекарада», «Алуа», «Асыл нәсілдер») заман, дәуір шындығын бейнелеуі жағынан көптеген драматургтерге үлгі, нысана болғанын ашып көрсеткен. Ал «Көксөрек» повесі адамдар арасындағы зұлмат моральды айыптаумен қатар, жазушының гуманистік мұратын, сахарна топырағындағы шындықты қанық бояумен, айқын колоритпен жеткізу жөнінен әлемдік жауһар шығармалар қатарына қосылды дейді зерттеуші. Өмірінің соңғы кезеңінде жазылған «Өскен өркен» романы Ө-тің бүгінгі өміріміз туралы жақсы шығарма жаза алатынына күмәнданушылардың күдігін мансұқ етіп деп қорықтап ойын автор. Кітап 1973 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Көлемі 14 баспа табақ, таралымы 6600 дана.

**КҮШКБАЙ БУЛАҒЫ**, жер аты. Семей–Қарауыл жолының бойында. Күшкбай кезеңінің алқымындағы суы мол бастау. Жолаушылар түсіп, аялдайтын бекет. Абай мен Шәкәрім, Мұхтар сан рет түнеп шыққан. Қазір де Шығысқа бет алған жұрт К. б-на тоқтамай өтпейді. Оның басты себебі: осы булаққа қатысты тарихи оқиғалар мен заттық деректердің молдығы. Мысалы, Абайдың туған ағасы Тәкежан К. б-на қатты қызығып, оны зорлықпен тартып алмақ болады. Сонда уақ руының адамдары бастаудың көзіне жаңа сойылған қозының құйрығын көмген. Құйрық майдың иісінен жіріккенген жылқылар суды ішпей қойғандықтан, Тәкежан еріксіз зұлматқа иемденуден бас тартқан. Тәкежанның 500 жылқысын барымталаған Базарлы К. б-ның басында олжасын жатақтармен

бөліскен. Ұлы жазушының «Қорғансыздың күні» атты әңгімесіндегі оқиға да Күшкбай бұлағының түбіндегі қыстауда өткен. Қатыгездік пен жауыздықтың құрбаны болған Ғазизаның зираты бастаудың жанындағы төбеде қарауытып көрініп тұрады. К. б. және оған қатысты оқиғалар «Абай жолы» эпопеясында әдемі баяндалған.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**КҮШКБАЙ КЕЗЕҢІ**, асу. Семейтаудың шығыс сілеміндегі Семей–Қарауыл жолының бойында. Қысы-жазы бел үзілмейді. Кезең уақ руынан шыққан атақты батыр Күшкбайдың есімімен аталған. Асудың шығыс алқымында Күшкбайдың қыстауы болған. Батырға шешек шығып, өлім аузында жатқанда, дұшпандары оны тірдей қорламақ болып, жылқысын барымталап әкетеді. Намыс қысқан Күшкбай белдеудегі атына міне салып, шабыңа көткен жылқысын жаудан қайырып алады. Содан үйінің қасындағы кезеңге шығып, ат үстінде құрығына маңдайың сүйеген күйі жан тәсілім беріпті. Батырды сол араға жерлепті. Күшкбайдың зираты күре жолдың шетінен 400 метрдей жерде қорымтөбе болып көрініп тұрады. Күшкбай туралы аңыз бен деректер Ө-тің «Қорғансыздың күні» атты әңгімесі мен «Абай жолы» эпопеясында барынша тиянақты баяндалған. 1957 ж. соңғы рет Шыңғыстауға келген сапарында жазушы осы К. н-нде аял жасап, Бөріліге ұзақ қарап тұрып: «Енді сені қайтып көремін бе, жоқ па? Хош!» деп көзіне жас алыпты.

*Т. Жұртбай.*

**«КІМ КІНӘЛІ»**, жазушының әңгімесі. Автордың айтуына қарағанда, шығарма алғаш рет «Шолпан» журналында жарияланған. Кейін Ө-тің «Ескілік көлеңкесінде» (1935), «Қараш-Қараш» (1960), 12 томдық (1967, 1-кітап), «Қилы заман» (1975), 20 томдық (1979, 1-кітап) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Орысша нұсқасы Мәскеуден шыққан 5 томдық жинағында (1973, аударған М. Хамраев пен Ф. Моргун), Алматыдан шыққан бір томдық «Повестер мен әңгімелер» кітабында (1984) басылды. Шығарманың алғашқы жарық көрген нұсқасы да, қолжазбасы да сақталмаған. Текстологиялық жұмыс 1935 ж. басылым бойынша жүргізіліп, жеңіл-желпі өзгерістер енгізілді. Әңгіменің көтерген тақырыбы – әйел теңсіздігі мәселесі. Бұл ахуал сол кездегі қазақ елінде айна-қатесіз суреттелген. Шығармашының бас кейіпкері Ғазиза атастырған күйеуіне тигісі келмейді, өйткені Ісләм дейтін ғашык жігіті бар. Ата-бабаларының салт-дәстүрін бұзғаны үшін, Ысмайыл ақсақал қызы мен әйелі Қалимаға қатты ашуланып, тіл аямайтын бала бергені үшін, құдайды жазғырады. Сөйтіп қазақ әйелі күйеуімен тең дәрежеде сөйлесіп, пікірін ашық айтады, жасқанбайды. Бірақ замана тәртібі елдің тыныс-тіршілігіне басқаша ықпал етеді. Сүйген жігітінің тез сүйіп, тез суынуы, дәрменсіздік танытуы, әке-шешенің көрсеткен қорлығы, сүймеген күйеуі Жақыптан көнбегені үшін тақ жеуі Ғазизаны дертке шалдықтырып, мерт етеді. Жазушы даладың кең мінезін тарылтқан тәртіпке, патриархалдық тұрмыстың тоңмойын салтына осылай наразылық білдіреді. Надан ел Ғазизаның өлімі Ісләмнің сиқырынан болыптымыс деп таратады. Ол қалаға кетіп бара жатып, Ғазизаның қабірін құшақтап, өкіріп жылайды. Бақса дәрмен таныта алмайды. Сонда мұның бәріне кім кінәлі? Сұм заман кінәлі! Жақсылыққа баспайтын қараңғы тұрмыс кінәлі! Тонмоылы, надан қауым кінәлі! Бірақ бұл кезде мұндай құбылыс-

тардың себебін, сырын ашу жөнінде Ә. дәстүрлі, бұрынғы бұқарашылдық шешімнен ұзап кете алған жоқ, әділетсіздікті тек сынау, жазғыру шеңберінде қалды. Алайда ұлы жазушы теңсіздік пен әділетсіздікті көрсету арқылы нағыз көркем, психологиялық прозаның шынайы үлгілерін жасады.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«КІНӘМШІЛ БОЙЖЕТКЕН»**, жазушының әңгімесі. 20-жылдардың орта шенінде жазылған. Ә. шығармаларының 12 және 20 томдық жинақтарында: «Семей, 1925» деп көрсетілген. Бірақ алғаш рет «Таң» журналының сол жылғы 2, 3-сандарында басылуына қарағанда, шығарманың алғашқы нұсқасы одан ертерек жазылуға да ықтимал. Мұнда ғасыр басындағы екі төңкерісті бастан кешіріп, үшінші төңкерістің нәтижесінде орнаған Кеңестік тәртіп тұсында қоғамдық қызметке араласа бастаған қазақ жастарының өмірінен кейбір көріністер суреттеледі. Оқиға Қазақстандағы губерниялық қалалардың бірінде болады. Шығарманың басты кейіпкері – Ғайша атты қыз. Қалада туып, қалаша тәрбие алған, әжептәуір оқулы, сахна өнеріне бейім қабілеті бар. Сыртқы сымбаты, бой басының тартымдылығы, бір көрмеге ашық, көпшіл мінезі арқасында өз ортасындағы қазақ қыздарының ішінде (кейбір таныстардың топшылауынаша, таза қазақ қызы болмауы да мүмкін) алдымен ауызға ілінетін көрнекті бойжеткен. Айтқандай-ақ, осы қалаға басқа жақтан келген оқыған жігіт Ғаббаспен бір көріскенде-ақ жүздері жарасып, тез танысып кетеді де, көп ұзамай араларында махаббат сезімі пайда болады. Жасы келіп қалған, басы бос қыз көп ойланбастан, оған тұрмысқа шықпақ болып бел байлайды да, бірінші сөзді хат арқылы өзі білдіреді. Бірақ алғашында құмарлық сезімге тез берілген жігіт ойы әрі қарай өзгешелеу өрбіп, ол бірте-бірте салқындай бастайды. Ақырында өзінің қызға деген ықыласы уақытша ләззаттан арыға бара алмайтынын ашық айтады. Бұған, әрине, қыздың кейбір жеңілтек мінездерімен қоса жұрт арасындағы әр түрлі қанжу сөздер де әсер етпей қоймайды. Жастық шағының көбін талғамсыз жеңіл жүріспен өткізіп алып, болашағы туралы қатты ойлансыз тускен қыз енді қайткенде де Ғаббаспен айрылмауға тырысады. Өзінің өткен өмірін ойға салып, көз алдына елестетіп, талай кездейсоқ адамдармен ашыналық қылықтарға жол бергенін, сөйтіп жұрт алдындағы қыз басының абырой-беделін жоғалтып алғанын, көптің аузында жаман атаққа қалғанын енді түсінген ол қайғы-дерттің қапалығынан у ішіп өлмек болады. Бірақ өлмейді. Ғаббастың алдындағы ағыл-тегіл көз жасы жалған аярлық болып шығады. Шығарманың негізгі идеясы – өзінің жылтыраған өңін саудаға салып жүріп, әйелдік абыройынан айрылған, «көк етіктің» іздеп, бірден-бірге ауысып жүріп, ақырында өмірлік серік таба алмай қалған жеңіл жүресті бикешті жазғыру. Әңгіме алғаш рет, жоғарыда айтылғандай, 1925 ж. «Таң» журналының 2, 3-сандарында «Қазақ қызы» деген тақырыппен жарияланған. 1936 ж. «Қараш-Қараш» жинағындағы нұсқасында тақырыптармен қатар мазмұнына да елеулі өзгерістер енгізілген. Шығарма 1936 жылғы басылымнан кейін елеулі өзгеріссіз 1960 ж. «Қараш-Қараш» жинағына, 1967 ж. 12 томдық шығармалар жинағының 1-томына (187–209-беттер), 1979 ж. 20 томдық шығармалар жинағының 1-томына (235–358-беттер) енгізілген.

*Ж. Ысмағұлов.*

**КІРМЕ СӨЗДЕР**, өзге тілдерден енген сөздер. Әрбір өзіндік даму табиғатында өзге тілдік элементтерді қолданып отырады. Оны К. с. деп атайды. Олар сөйтіп белгілі бір тілдің сөздік қорын байытады. Кез келген тілдің құрамынан басқа тілдерден енген сөздерді көптеп кездестіруге болады. Мұндай процестен қазақ тілі де шет емес. Ә. «әдеби тіліміздің байып, өсуіне қосымша қорды біз қазір жалғыз ғана орыс тілінен аламыз да қоямыз деп, кесіп, байлау да дұрыс емес. Орыс халқының тілінен алудың үстіне, қазақтың әдеби тіліне көршілес, туысқан елдер тілінен келіп араласқан, біте қайнасып кеткен көп сөздерден де жазба әдебиетіміз қашпау керек» деп, қырғыз, өзбек, татар, түрікмен тілдерінен келген сөздердің (шок, тайеке, еже, тайған, шоғылу, арбын т. б.) тілімізден берік орын алғанын мысалға келтіреді. Ал шеттен кірген сөздерді (әсіресе, орыс тілінен) қалай жазу керек дегенде, оларды қазақ тілінің заңдылықтарына бағындырып, қазақ орфографиясы бойынша жазу қажеттігін жөн дейді («Тіл және әдебиет мәселесі», 19-том, 261–263-беттер).

*Ш. Сарыбаев.*

**КІТАБИ АҚЫНДАР**, 19 ғасырдың аяғында, 20 ғасырдың басында Шығыс әдебиеті мен фольклорлық, діни аңыздардың желісінде қисса, дастан, жыр жазған және оны жеке жинақ етіп бастырып шыққан әдеби бағыттың өкілдері. Кітаби ақындардың шығармашылық ерекшелігі туралы Ә. тамаша сипаттама берді: «XIX ғасыр әдебиеті әр түрлі идеялар мен тарихи бағыттағы ізденістерге аса бай... Солардың ішінде көбіне «назира» дәстүрімен араб, иран классикалық поэзиясының тақырыбы мен оқиға желісін өз шығармасына арқау еткен, шығыстың – кітаби эпикалық мәдениетін меңгерген кітаби ақындардың ерекше шоғыры бар, сонымен қатар олар шығыстың өзге елдерінің қаһармандық-халықтық және лирикалық-тұрмыстық дастандарының, аңыздарының, шығарларының желісін пайдаланған. Олардың шығармаларының дені XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жарияланды және олардың саны 100-ден асады» (Шығ., 20-т., А., 1985, 39–40-беттер). Кітаби ақындардың шығармашылық ауқымы сан салалы болып дамыды. Оларды шартты түрде діни уағыздық, өсиет-насихаттық және көркем шығармашылық бағыттағы ақындар деп үш топқа жіктеуге болады. Алайда кеңес өкіметінің идеологиялық қысымы тұсында алдыңғы екі бағытта жазған кітаби ақындардың шығармалары «кертартпашыл, ұлтшыл, діншіл туындылар» ретінде бағаланып, кітаптарын қайта басуға және олардың өмірі мен шығармашылық жолын зерттеуге тыйым салынды. Ө. өзінің қазақ әдебиетінің тарихи кезеңдері туралы жазылған барлық зерттеулерінде кітаби ақындардың шығармашылығына ерекше мән беріп, мұны үлкен әдеби құбылысы бар бағыт, «үлкен шоғыр» деп бағалады. 1949 ж. жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихында» кітаби ақындарды кеңінен зерттеуге орын берілді. Алайда басылымның жетекшісі ретінде саяси қысымға ұшырады. 1949–53 ж. Шортанбайдың, Дулаттың, Мұраттың, Өріптің «жоқтаушысы» ретінде айыпталып, қуғынға түсті. 1953 ж. пікірінен еріксіз бас тартуға тура келген кезде ол өзінің «Менің қателерім» атты түсінік хатын жазды. Кітаби ақындардың шығыстық аңыз-

дарды, тарихи оқиғаларды, мысалдар мен даналық әңгімелерді өз шығармасына желі етіп алуына байланысты, олардың шығармашылығын төл туынды ретінде бағаламау керек деген біржақты пікірге де Ө. қарсы болды. Кітаби ақындар – қазақ әдебиетін тақырып, үлгі, форма жөнінен дамытуға ерекше үлес қосқан аса қуатты әдеби ағымның өкілдері болып табылады. Олар өзінгі уақытына сәйкес сахнаға шыққан тарихи тұлғалар.

*С. Қасқабасов.*

**КІТАП ГРАФИКАСЫ**, сурет өнерінің саласы. Кітап безендіруге қолайлы және көп қолданылатын сурет өнерінің өзіндік ерекшелігі бар түрі. Ө. шығармаларын безендіруге көптеген суретші-графиктер қатысты. Суретші-графиктер, әсіресе осы салада өз шеберліктері мен ерекшеліктерін көрсетіп, кітапты дөуірдің қайталанбас ескерткішіне айналдыруға тырысады. Суретші-безендірушілердің мақсаты – графика әдісімен оқырманға жазушы суреттеген оқиғалардың мәнін аша түсу, әдеби кейіпкерлердің бейнесін айқындау, олар өмір сүрген ортаны ашу. Безендіруші суретші Б. И. Урманче Ө-тің «Абай» кітабын (1948, А., Каз. гос. обьед. изд.) қалам мен тушыпен жасалған жарты беттік иллюстрациялармен безендірген. Суретші шындық өмірді ашатын, образдар жүйесін көзге елестетіп иллюстрациялар жасауға тырысқан. Бұл безендірудің декоративті-символикалық типі.

Суретші басқа иллюстрацияларында үйлену сахнасын, ұлттық тұрмыс көріністерін, үлкен ақ киіз үйлерді, жайлау көріністерін берген. Ө-тің «Өскен өркен» кітабын («Жазушы», А., 1977) суретші М. Қисамединов безендірген. Безендіру бедерлі гравюраның ең көп тараған түрі линогравюра техникасымен атқарылған. Суретші символикалық түрде жазушы жасаған көркем бейнелерді, фабулалық қозғалыстарды нәзік байланыстарын таба отырып символға, метафораға айналдырған. Ө-тің 1961 ж. шыққан екі томдық «Абай жолы» роман-эпопеясының иллюстрацияларын Е. М. Сидоркин жасаған. Иллюстрациялар жарты және толық беттік көлемде линогравюра техникасында жасалған. Шмуц-титулде жайлаудағы киіз үйлер, адамдар, мал, қазақ қоғамының тұрмысы бар. Жарты беттік заставкасында (қыстырма бет) ұлы ақын-ағартушы Абай бейнеленген. Оқырман бұл иллюстрациядан домбыра тартып отырған Абайды, айналада ақын өнін тыңдаған, алысқа армандай қараған келіндер мен әйелдерді көреді. Осы арада Абайдың әжесі Зере де бейнеленген. Келесі жарты беттік аударма иллюстрацияда салт аттылар, көш, бұлыңғыр аспан бейнеленген. Иллюстрацияларда Абай өмірінің әр кезіндегі бейнелері үнемді, нақты штрихтармен беріліп, бірде қайғы мен ашуды, бірде терең ойды көрсетеді. Суретшінің шыншыл, ерекше, өзіне ғана тән қолтаңбасы, шүбәсіз шеберлігі, жағымды образдармен қатар жағымсыз образдарды ашудағы сезімталдығы таң қалдырады. Сидоркин 1978 ж. шыққан эпопеяның орысшасын да сәтті безендірген. Роман-эпопеяның 1987 ж. Мәскеуде «Правда» баспасынан шыққан басылымын суретші Л. Ильина линогравюра техникасымен безендірген. Суретші шығарма сюжеті мен образдар галереясының бірлігіне, стильдік ерекшеліктеріне аса жауапкершілікпен қарап, өз жұмыстарында кітаптың біртұтастығына,

көркем образдардың нақтылығына, пластикалық ерекшеліктеріне, ритмикасына нұсқан келтірмеуге тырысты. Үлкен талант иесі Ильина Ө. шығармасын безендіруге жаңа бағытпен – оқиғаның куәсі болған суретші-комментатордың бағытымен келді. Суретшілердің Ө. шығармаларын безендірумен айналысуы олардың шығармашылық жолдарындағы үлкен белестер болды. Суретші-графиктердің бұл еңбектері қазақ бейнелеу өнерінің алтын қорына қосылды.

*Г. Құрманғалиева.*

**КІТАП ПАЛАТАСЫ**, Қазақстан Республикасында басылып шыққан баспа өнімдері мен ол туралы ақпараттарды тіркеп, іріктеп отыратын мемлекеттік библиографиялық орталық. 1937 ж. 19 шілдеде құрылды. Палатаның негізгі мақсаттары мен міндеттері, құқықтары мен атқаратын іс ауқымын бекіткен Қазаткомның 1938 жылғы Ережесі бойынша баспадан шыққан барлық өнімнің бір данасы міндетті түрде палатаға тегін тапсырылады, библиографиялық мәліметтермен толықтырылады да, мәңгілік сақтау үшін арнайы қорға өткізіледі. Кітап палатасының қызметкерлері баспа ісі, полиграфия және кітап саудасы саласындағы ақпараттарды жинақтап, есеп-қисабын жасап, каталогтік жүйеге түсіріп, салааралық библиографиялық анықтамалар шығару ісін жолға қояды. К. п-ның қорында Ө-тің республика көлемінде басылған барлық кітаптары және дүние жүзі тілдерінде жарық көрген аудармалары түгелдей дерлік сақталған. «Баспасыз шежіресі», «Кітаптар жылнама-сы», «Қазақстан жазушыларының шығармалары СССР халықтарының тілінде (1917–1980)» деген арнайы басылымдардан жазушының әдеби мұралары мен жинақтары, мақалалары, ол туралы жарияланған мақалалар мен зерттеулер туралы толық мәлімет алуға болады.


*Ж. Шалғынбаева.*

**«КІТАП ШЫҒАРУҒА ҚАҒАЗДЫ КӨП БЕРЕЙК»** («Большее бумага кағазды көп берейк»), жазушының мақаласы. «Литературная газетада» 1954 ж. 28 қыркүйекте жарияланған. Қағаз өндірісі жұмысшыларына арналған хат. Онда белгілі әдебиетшілер қағаз өндірісінің қиын жағдайда қалғанына жана-шырлық танытады, себебі кітап тағдыры тек жазушы мен редакторға ғана емес, сонымен бірге баспа мүмкіндігімен де тығыз байланысты, ал олардың мүмкіндіктері бірінші кезекте қағазға қатысты. Кітап неғұрлым көп болған сайын, совет адамының өскелең рухани талабы толық қанағаттандырылады делінген. Ал баспаханалық қағазды дайындау жұмысы ауыр әрі қиын. Демек біз осындай қиындықтарға қарамастан, баспаханалық қағазды шығарып қана қоймай, оның көлемі мен сапасын күн сайын арттырып отырған фабрикаға шексіз алғысымызды айтамыз дейді авторлар. Ал қағаз шығару өндірісінде баспаханалық қағаз жоспардағы өнімнің тек 10%-і ғана екен, яғни әрбір процентті жоғалту – баспа үшін маңызды мәселе дей келіп, жазушылар өндірісшілер назарын паракты қағаз дайындау мәселесіне аудару жөнінде өтініш жасаған. Авторлар кеңес жазушыларының II съезі қарсаңында: «Кітап жазу үшін сапасы жоғары, жақсы қағазды көбірек өндіріңіздер, жолдас қағаз жасаушылар!» деп ұран тастаған. Хатқа В. Ажаев, М. Әуезов, В. Каверин, В. Катаев, Л. Леонов, Б. Полевой, К. Симонов, К. Федин, А. Штейн, Б. Лавренев т. б. қол қойған.

*Б. Мамырбаев*

**КЮН Людмила Петровна** (1915–1982), орыс актрисасы. Қазақстан Республикасының халық артисі (1965). 1932 ж. Карелияның Петрозаводск қаласындағы орыс драма театры жанындағы студияны бітірді. Сахналық қызметі сол жылдан басталды. 1937–82 ж. Алматыдағы орыс драма театрының құрамында ойнап, сан алуан сахналық бейнелер жасады. Ө-тің «Түнгі сарынында» өмірі қайғы-қасіретке толы, тынымсыз еңбектен бөлі бүгілген, аянышты ана Ділдәның, Ө. пен Л. Соболевтің «Абайында» көркі ақылына сай, жас әйел Еркежанның сахналық бейнесін шынайы сомдады.

*К. Нұрпейісов.*



**ҚАБАНБАЙ** (Қаракерей Қабанбай), Қожакүлұлы (1692, –1770), батыр. Азан шақырып қойылған есімі – Ерасыл. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсетіп, талантты қолбасшы ретінде аты шыққан. Найман ішіндегі Қаракерей руының Байжігіт тармағына. Қ-дың жеті жасында әкесі Қожақұл, он алты жасында ағасы Есенбай жоңғарлар қолына қаза тапқан. 16 жасар бала жау арасына жасырын барып, ағасын өлтірген жоңғар батырын өлтіріп, кек алған. Осыдан кейін Ерасыл 5–6 жыл Зайсандағы Керей ішіне кетіп, әпкесі Меруерт пен жездесі Бердәулеттің қолында болды. Осында жүріп жылқыға шапқан жабайы қабандарды жайратып, «Қабан батыр» атанды. 1717 ж. Аягөз шайқасына ерекше көзге түсіп, Қ. батыр атанады. 1723 ж. Түркістан қорғанысына, 1726 ж. Бұланты шайқасында, 1730 ж. Аңырақай-Алакөл шайқасына, кейін Шыңғыстау, Ертіс бойындағы шайқастарға қатысып, Абылай ханның бас батырларының біріне айналды. 1741 ж. Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауға шапқаны үшін Дарабоз атанды. 1751 ж. Арқадан Оңтүстік Қазақстанға Қ. – Ханбаба (Барақ сұлтанның үлкен ұлы) жорығы жасалды. Ұлы жүз жасағын өзіне қосып алған 2 түмен қазақ әскері, Сыр бойы, Шымкент, Сайрам, Ташкент алқаларын жоңғарлардан тазартып, Ташкентте Төле бидің билікке келуіне көмектесті. Шыршық өңірінде Жоңғарияға айдалып бара жатқан бірнеше мың қарақалпақты құтқарып қалды. 1752 – 54 ж. Жетісу, Тарбағатай, Алтай өлкелерін жоңғарлардан азат ету жорықтарында Қ. басқарған қазақ әскері алдымен Іле, Балқаш, Қаратал өңірлерін жаудан тазартуға қатысты. Осыдан кейін қазақ жасақтары Тарбағатайдың теріскейінде 2 бағытта шабуылға шықты. Күңгейдегі әскер тобын басқарған Қ. сарбаздарымен Қарақол мен Нарынды, Үржар мен Қатынсуды, Алкөл мен Барлықты азат етіп, терістік бағыттағы Бөгенбей әскеріне қосылды. Баспан-Базар, Шорға, Маңырақ шай-

қастарына қатысып, Зайсан, Марқакөл, Күршім өңірлерін азат етті. Қазақ жері басқыншылардан азат болғаннан кейін Қ. 1756 ж. жоңғар билеушісі Әмірсануға қуып келген қытай әскерінің бетін қайтаруға ат салысты. Шығыс аймақтарға ел көшіру, қоныс бөлу ісіне араласты. Жоңғар үстемдігі кезінде қолдан шығып кеткен Шонжы, Нарынқол, Кеген өңірлерін қырғыздардан қайтарып алуға қатысты. Қытаймен бітім жасалғаннан кейін, 1758 ж. қыркүйекте Барлықтан Үрімжі қ-на 300 жылқы айдап барып, қазақ-қытай саудасын бастап берді. Әкесі Өтеке жырықтың кегін алу үшін 500 адамдық қолмен келген қырғыз батыры Қарабекке ауырып жатқанына қарамастан қол бастап, қарсы шығып, Қ. жекпе-жекте Қарабекті өлтірген. Сол сәтте өзі де ат үстінен құлап түсіп, қазаға ұшырады. Қ-дың 2 әйелінен жеті ұл туған. Алматы обл-дағы бұрынғы Андреев а-на, Шығыс Қазақстан обл. Үржар ауданының Жорбұлақ а-на, Алматы, Семей, Өскемен, Талдықорған қалаларындағы бір-бір көшеге, сондай-ақ Аягөз қаласында орналасқан танк дивизиясында Қ. есімі берілген. Алматы облысының Алакөл ауданының орталығы Үшарал қаласында батырға ескерткіш орнатылған. 1992–93 ж. бұрынғы Талдықорған және Семей облысында Қ. батырдың 300 жылдығы аталып өтіліп, үлкен аз берілді. Астана қаласының іргесінде батырға ескерткіш-монумент орнатылған. Батыр туралы жыр-дастандар, зерттеу еңбектері аз емес. Қ-дың өмірі мен ерлік күресі Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Дулат, Тәтіқара т.б. халық ақындары жырларына арлау болған. Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның көне қолжазбалар бөлімінде Қ-ға арналған жырлардың 4 нұсқасы, Қытай қазақтарында 10-ға тарта нұсқасы сақталған. Бұл жырларды жинау ісіне Ш. Уәлиханов, С. Торайғыров, Қ. Халидұлы, Қытайда тұратын қазақ ғалымдарды З. Сәнік, Б. Садықан т.б. көп еңбек сіңірген. Жазушы Қ. Жұмаділов «Дарабоз» тарихи романын жазды. Ө. «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері» атты мақаласында «идеялық, таптық мазмұны жағынан марксизм-ленинизм негізіне жанаспайтын» болғандықтан, оның үстіне достас, бауырлас елдерге (мысалы, қырғыз еліне) жасаған шабуылынан Қ. да тарихтан шығарылып тасталғанын баян еткен. Шынында 20 ғасырдың 50-жылдарынан бастап есімі еш жерде аталмай қалды. Бұл сол кездегі идеологияның, солақай саясаттың әсері еді. Қазақ Елі егемендік алғаннан кейін бәрі де өз орнына қайта келді.

*Қ. Жұмаділов.*

**ҚАБДЕН** Есенғарин (1919–1998), жазушының жерлесі, шаруашылық маманы. Ө-пен алғаш рет 1943 ж. Шыңғыстауды аралағанда танысып, жол бастаушы болған. Халық ауыз әдебиетінің білгірі, ақын әрі батыр Тәуке туралы зерттеу еңбегі мен Ө. туралы естелік жазған. Оның мақалалары «Семей таңы» газеті мен «Жұлдыз» журналында ұзақ жылдар бойы үзбей жарияланды. Түрлі жинақтарға енді. Құнанбай, Кенгірбай, Тәуке, Абай, Ағашаяқ, Ө., Ш. Тоқжигітов жайында деректік танымы мол мақалалардың авторы. «Батырдың көз жасы» жазбасында («Жұлдыз», 1982, №10) Ө-тің туған жерді аралаған кезіндегі көңіл күйі мен шерткен сырлар баяндалады.

суреттейді деген солақай сын жазды («Ана тілі», 1997, 25 қыркүйек).

Н. Баутан.

**ҚАБДИЕВА** Сәния Дүйсенханқызы (1958 ж. т.), театр зерттеуші. Өнертану ғылымының кандидаты (1984), доцент. *Ә. шығармашылығына байланысты «Ұлы Мұхтар атымен», («Простор», 1981, №5), «Саркылмас қазына» («Жұлдыз», 1981, №4), «Фарида Шәріпова» («Театр», М., 1981, №1), «Қазақ театрының фольклорлық дәстүрінің негіздері» («Простор», 1983, №7), «Фольклор және қазақ театры» («Жұлдыз», 1983, №11) мақалалары. «Қазақ театрындағы фольклорлық дәстүр» (А., 1986) монографиясы жарық көрді. Ғалым бұл еңбектерінде ұлы жазушының фольклорлық дәстүрді пайдалану шеберлігін сөз еткен.*

Б. Құндақбайұлы.

**ҚАБДОЛОВ** Зейнолла (1927–2006), жазушы, әдебиеттанушы. Филология ғылымының докторы (1970), профессор (1972), Қазақстан ҒА-ның академигі (1989), Республиканың еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1984), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1998). Ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен әдебиет теориясы мәселелеріне арналған. Қазақ әдебиеті мен әдебиет теориясы туралы орта мектептер мен жоғары оқу орындарына арнап оқулықтар жазды. Осы салада: «Жанр сыры» (1964), «Арна» (1968), «Әдебиет теориясының негіздері (1970), «Жебе» (1977), «Сөз өнері» (1976, 1992) деген оқулықтары мен зерттеулері, 2 томдық тандамалылары (1983), «Адам» (1964), «Сыр» (1975) атты очерктер мен әңгімелер жинақтары шықты. «Сөнбейтін от» (1967) пьесасы республикалық, облыстық театр сахналарында қойылды. «Мұхтар аға» деректі фильмінің сценарийін жазды. «Ғұлама» (1967, 1971), «Әуезовтің әсемдік әлемі» (1988) мақалалары мен «Менің Әуезовім» эссе-романында ұлы жазушыны ұстаз тұтқандығын мейлінше әсерлі толғауыстармен терең ашып жеткізген. Қ. қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы асқар бәлі – Абай, XX ғасырдағы заңғар биігі – Ө. екіне күмән жоқ дейді кеменгердің эстетикасын сөз еткенде. *Ө. «Қайта туған халықтың әдебиеті»* деген мақаласында Қ-ты «алдыңғы аға буын жазушылармен қатар соларға ілесе, жедел келе жатқан бір топ талантты» жазушылардың қатарында атаса, Т. Ахтановқа жазған хатында үлкен үміт күткен шәкірт екенін айтқан («Қазақ әдебиеті», 1961, 30 маусым).

Т. Әкім.

**ҚАБЫЛОВ** Илияс (1904–1937), философ, партия, қоғам және мемлекет қайраткері. Әдеби сын жанрында мақалалар жазды. Қазақ әдебиетінің идеялық-көркемдік мәселелерін жан-жақты талқыға салып, қызу айтыс-тартистарға қатысты. Абай мұрасын түгелдей теріске шығарып, абаизммен қарсы күресуге шақырды. 1934 ж. 12–18 маусымда өткен Қазақстан жазушыларының I-съезінде «Маркс–Ленин әдеби сынының сабақты мәселелері» деген баяндама жасады. Коммунистік партияның көрнекті идеологтарының бірі болды. 1916 жылғы көтеріліс бүкіл қазақ халқының орыс отарлығына қарсы көтерілісі деу дұрыс емес, көтерілісшілердің әлеуметтік құрамын естен шығармау керек. Егер сіз 1916 жылғы көтерілісті орыс отаршылдығына қарсы бағытталған бүкіл қазақ халқының көтерілісі деп бағалаймын десеңіз, онда сіз Әуезовтің қармағына ілінесіз. Ол 1916 жылдың көтерілісін дәл осылай, тек көркем түрде «Қилы заман» кітабында

**ҚАБЫШ** Кәрімқұлов (1912–1980), жазушының сыйлас адамы. 1924 ж. *Ө-тің* бастамасымен ашылған Баканастағы егіншілер кооперативінде жұмыс істеген. *Әнші, өнерпаз, әзілқой, қандай жағдайда да тауып айтып, күлдіре білген.* Абайдың, Шәкәрімнің, Ағашаяқтың (Берікбол) әндерін орындап, нотаға түсірткен. *Ө. елге барғанда Қ-ты шақыртып алып, қасынан шығармайды екен. «Жер әңгімесі», «Ақын елінде», «Кәрген, сезген жайлардан»* атты жолжазба мақалаларында жазушы Қ-тың аса кішіпейіл, қуақы, аңқылдаған аңқөкіл адам екенінен мағлұмат берген. «Қасымызда елден ерген басшымыз Қабыш болса, оның білмейтіні жоқ, тек білмейтіні осы бізді бастайтын жолы ғана. Қабыш – *әнші, домбырашы, күлдіргі ойыншы, өзі мерген, ит жүгіртіп, құс салағын аңшы, колхоздың пішеншісі. Шыңғыс сыртының әрі думан сауығы, әрі берік, пысық қайраткері. Жол білмегенін уайым ететін Қабыш емес. Ол бізге шыға бере жұбату айтты: «Ауылдың тек төбесін ғана көрсетіндер, ар жағына өзін басшылық етемін. Бұлжытпай дәл үстінен түсіремін дейді»* деп жазды «Ақын елінде» атты мақаласында («Социалды Қазақстан», 1943, 17 қазан).

Т. Жұртбай.

**ҚАБЫШҰЛЫ** Ислам (1942 ж.т.), ғалым, жазушы, журналист. Моңғол Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Тарих ғылымының докторы, Моңғол Ұлттық ҒА-ның академигі. Еңбектерін моңғол және қазақ тілдерінде жазады. Ғалымның негізгі зерттеулері Моңғолия қазақтарының тарихына арналған. И. Қабышұлының «Моңғолия қазақтарының тарихы» (1972), «Қазақ қауымы» (1990) монографиясы т.б. көптеген ғылыми-зерттеу мақалалары бар. Сондай-ақ «Ұрпағы үзілмесін» атты тарихи трилогия, «Аталар аманаты» деген роман, «Келбет кесірі» сияқты повесть жазған. *Ө-тің «Көксерек» әңгімесін екі рет моңғол тіліне аударған. Алғаш «Өндер саарал» деген атпен аударса, (1969), екінші мәрте «Көксерек гэдэг чоно» (1983) деп тәржімалады. Екі аудармасы да жеке-жеке кітап болып жарық көрді.*

Е. Қаньжыұлы.

**ҚАДИША** Дүтбайқызы (1910–1989), Абайдың жиені. *Әкесі – Дүтбай туралы Абайдың «Дүтбайға» деген өлеңі бар. Қадиша Абайдың қызы Күлбаданнан туған. Күлбадан алғашқыда Дүтбайдың інісі Дүйсекеге тұрмысқа шыққан. Дүйсеке көп тұрмай, жастай өлген. Содан кейін қайнағасы Дүтбай келіні Күлбаданға әмеңгерлік салт бойынша үйленген. Күлбадан Дүтбайдан бірнеше бала көтерген. Соның бірі – Қ. Ол Алматыда тұрып, сонда қайтыс болды. Қазір балалары бар. Абай музейінде Қ-ның естелік әңгімесі мен магнитофон таспасына жазылған даусы, фотосуреті сақталған. Шешесі Күлбаданның орысша сауатты адам болғаны, бастарынан өткен қудалау заманындағы көрген қорлықтары, ел жайы, Абай мен оның әулеті туралы *Ө-ке* әңгімелеген. Қ-мен, оның туыстарымен Мұхтар өмір бойы араласып тұрған.*

М. Бейсенбаев

**ҚАДЫРБАЙ,** жазушының кейіпкері. *Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясының 1-кітабындағы «Өрде», «Қияда» тарауларында суреттелетін Сабырбай ақынның түптуғласы. Жазушы ақынның өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, мұралары мен*



оның өзі туралы ауызекі әңгімелерді көптеп жинастырып, романға кейіпкер етіп енгізген. Өмірде болған ақын мен Қ. образы арасындағы тарихи шындық пен көркем шындық толығымен сәйкес келеді.

**ҚАДЫРИ** Абдулла (лақап аты Ж ұ л қ ы н б а й, 1894 – 1939), өзбек жазушысы. Өзбек көркем прозасының негізін салушылардың бірі. «Өткен күндер» (1923), «Мирабдан шыққан шаян» (1929) деген романдарында халықтың Қазан төңкерісінен бұрынғы ауыр тұрмысы жан-жақты суреттеледі. «Өткен күндер» қазақ оқушысына да таныс. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» деген еңбегінде бұл романның реалистік қуатының күшті екенін, Орта Азия халықтарының тіліндегі алғашқы елеулі шығармалардың бірі екенін Ә. те атап өткен. Қ-дің «Абыткетпен» романында ауыл шаруашылығын коллективтендіру науқаны кезеңінің шытырман оқиғалары суреттеледі. Қ. жеке адамға табынушылық кезінде репрессияға (1939) ұшырады. Ол қазіргі өзбек әдеби тілінің дамуына үлес қосқан жазушы. «Өткен күндер» романы қазақ тілінде жарық көрген (1958).

*Р. Бердібай.*

**ҚАДЫРОВ** Пірімқұл (1928 ж. т.), өзбек жазушысы, аудармашы. Ө-ті өзіне ұстаз санап, аса қадірлеген. «Самұрық қанатында» деген естелігінде («Қазақ әдебиеті», 1977, 22 наурыз) Өуезовтің жас жазушыларға, оның ішінде маған көрсеткен қамқорлығын, «Үш тамыр» романын қолдап-қуаттағанын есіне алады. Шынында 1959 ж. өзбек әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігіне Ө. қатысып, Қ-тың шығармалары туралы жылы лебіз білдірген еді.

*Қ. Сейданов.*

**ҚАЖЫЛЫҚ**, арабша – әл-хадж, Меккеге қажыға бару. Исламның бес парызының бірі. Дәулеті жететін мұсылман, ең болмағанда, бір рет қажыға баруға міндетті, ал мүмкіндігі көтермесе, өз орнына басқа адамды жібере алады. Қажыға Мұхаммед пайғамбар пайдаланған ай күнтізбесі бойынша зул-хиджа айында барады. Тәуап етушілер осы айдың 7-күні келіп, 13-дейін ихрам алу, арысу, умра, ихрам, укуф, хутба, ифадат т.б. жораларын орындайды; құрбандыққа мал шалады; шаштарын алып, тұлымдарын кескізеді. Соңында Мина алқабына барып, үш бағанға тас тасталады. Сөйтіп қажы атағын алғандар басына жасыл шалма орау хұқығына ие болады. Қазақстанда қажыға бару 1897 жылдан басталған. Еліміз егемендік алғаннан кейін, жыл сайын жүздеген адам қажыға барып қайтады. «Абай жолы» эпопеясына Құнанбайдың 70 жас шамасында өмір-биліктен тоқталған кезде Меккеге қажылыққа барғаны баяндалады. Сонда Меккеге қазақ адамдары түсіп жүрсін деп, өсиет етіп, өз қаржысына «Тәкия» деген жатын үй салдырып кетеді. Бертін келе әр рудан Меккеге барушы қазақ көбейген уақытта солардың көбісі осы үйге қонып, Құнанбайдың атақ-даңқын елге жаюға себепші болған («Тайғақта»). Бірақ Құнанбай өзінің шексіз өміршіл, нойыс та қатыгездік қылығын еш уақытта қойған емес. Романда Өмір-Үмітей оқиғасына байланысты ол ересен ашуға мініп, жыртқыштыққа пара-пар қимыл жасайды. Немересін қылғындырып, өлтірейін деп жатқанда, Абай ажыратып алады. Ол: «Аузында алла, шеңгелінде қан!... Бұларды шарифат та қоспайды. Бір кезек сол «шарифат жолы» деп, бір нақақ қан төгіп ең... Енді шарифатқа қарсы тағы да өлім жұмсадың ба? Үнсіз, сопысып жатқа-

ның құлшылық емес, сұмдық үшін, осындай сұмдық жыртқыштық үшін бе еді?» деп, қайнап кетіп, өзі он үш жасында көрген Қодар өлімін бетке басады. Шарасыз шал Өмір мен Абайға теріс батасын береді («Оқапта»).

*Ө. Дербісәлі.*

**ҚАЖЫМҰҚАН**, М ұ қ а н М ұ н а й т п а с ұ л ы (1871–1948), балуан, классикалық күрестің шебері. Ерекше күштілігі арқасында жас кезінен бастап аты шыққан. 1901 жылдан дүниежүзілік жарыстарға қатысқан. 1908 ж. Ресейде, 1909 ж. Ригада, 1911 ж. Варшавада, 1913 ж. Триоци қаласында өткен әлемдік чемпионаттарға қатысып, жеңіске жеткен. Париж, Лондон, Берлин, Будапешт, Стокгольм т. б. қалаларда өнер көрсетті. 1909–11 ж. Шығыс елдерін аралап, түрік палуандарын жеңіп қайтқаны үшін оған «Қажы» атағын берген. Кабулда, Тегеранда, Харбинде «Қара Иван» деген атпен Ресейдің намысын қорғады. 1926 ж. Ташкентте, 1927 ж. Орынборда Кеңес Одағы бойынша жеңіске жетті. Осы еңбегі үшін Қазақстан Орталық Атқару Комитеті «Қазақ даласының батыры» атағын берді. Қ. өз өмірінде 48 алтын, күміс, қола медаль жеңіп алды. Мұхаң Қ-ды білген, аралас-қуралас болған. Ол «Абай елінде өткізілген мереке» деген мақаласында Қ-ның ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойына қатысқанын, бас бейгені күреспей, жеңіп алғанын, бұл көріністің жұртқа жақсы әсер қалдырғанын жазған.

**«ҚАЗАҚ»**, қазақ зиялыларының ұлттық газеті. 1913 жылғы наурыздан 1918 жылғы қыркүйекке дейін Орынбор қаласында аптасына бір рет шығып тұрған. Барлығы 265 саны жарық көрді. Газет қазақ еліндегі шаруашылық, тұрмыс-салт, оқу-ағарту, мәдениет, әдебиет мәселелерін көтерді. 1917 ж. шілде айынан бастап Алаш партиясының органына айналды. Өуезов «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында «Қазақ» газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілі тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келеді деп, газеттің қазақ даласы үшін зор рөл атқарғанын еске салады. «Қазақ» газетінің бетіндегі бағыт пенен туынған жол да осы ретпен жүрді. Жазылған ұсақ өлеңдер, әңгімелер, барлық мақалалардың бәрі де қазақты ұйқыдан ояту, сергіту, күшін біріктіру, оқығандарын түзу жолға салу, оларға басшы болу, қазақ ісіне көз-құлақ болуға арналған» ағартушылық қызметін биік бағалаған.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТ ТІЛІН ДАМУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ»** («Некоторые вопросы раз-вития казахского литературного языка»), жазушының мақаласы. 1951 ж. «Литературная газетаның» 4 қандағы санында шыққан. Мақала Сталиннің тілге байланысты, Пушкин шығармаларына қатысты ойларына жоғары баға беруден басталған. Шевченко, Церетели, Чавчавадзе, Налбандян, Абовян, Ахундов, Хетагуров, Тоқай, Абай жайында айта келе, олардың бәрі өз ана тілінің бай әрі мол қорын шығармаларында сарқа пайдаланды, сөйтіп халық тілі әдеби тілге негіз болды дейді. Қазақ әдеби тілін дамытудағы

Абай еңбегіне жоғары баға берген. Қазақ тіліне басқа тілдер сөздерінің енуіне әсер еткен кітаби ақындар жайында тоқталып, олардың шығармалары пантүркішіл идеяның ықпалында жазылған дейді. Мақала ұлтқа, тілге қатысты космополиттік көзқарастардың етек алып тұрған кезінде жазылғандықтан, амалсыз осылай айтуға тура келген. Кітаби ақындарды Абайдың белгілі өлеңінен мысал алып сынаған. Кейбір тілші ғалымдардың «қазақтың әдеби тілі Абайдан басталады» деген тұжырымдарымен келіспейді. Қазақ тілінің синтаксисі туралы пікірін жалғастырып, күрделі сөйлемнің мән-мағынасына тоқталған, сондай-ақ өз жазу стиліне де қатысты тұжырым жасаған. Ғылыми-техникалық терминдер, басқа тілдерден енген сөздер жайында айта келіп, «жамбыл» сөзінің өзбек тілінде гүлдің бір түрінің атауы екенін айтқан. Қазақ әдеби тілін байыту үшін Қазақстанның барлық региондарының сөз қорын жөнімен пайдалану керек дейді. Қорыта келгенде, бұл мақала Ә-тің «Тіл және әдебиет мәселесі» атты еңбегінің қысқартылған нұсқасы деу қажет.

Р. Әбдіғұлов.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»**, газет. Қазақстан Жазушылар одағының апталық басылымы. 1934 ж. қаңтардан бастап шығады. Газет оқырман қауымының рухани дүниесін байытып, эстетикалық талғамын тәрбиелеу ісінде елеулі үлес қосып келеді. Ә-тің «Ол күнгі Алматы» очеркін жариялаған кезден бастап («Қазақ әдебиеті», 1936, 29 қараша, 4 желтоқсан) ұлы жазушының өмірі мен шығармашылық қызметі жайлы үзбей жазып, роман-повестерінен үзінділер, көптеген әңгімелерін, мақалалары мен публицистикалық туындыларын басты. Қаламгердің 60, 70, 80, 90 жылдық мерейтойлары кезінде бір-бір нөмірін арнаса, туғанына 100 жыл толуына байланысты 2 нөмірін түгелдей арнады. Газетте жалпы Ә-ке қатысты 200-ден аса материал жарық көрген. Басылым 1940–54 ж. шығуын тоқтатып, 1955 ж. қаңтарда қайта шыға бастады. Осы елеулі оқиғаға байланысты жазушы «Сәт сапарға – дос ниет» атты мақаласын жазды («Қазақ әдебиеті», 1955, 14 қаңтар). «Біздің ендігі іздену, өсу жолымызда арнаулы әдебиет газетінің болуы – үлкен ырыс. Осындай газет бізге аса қажет еді. Бұған талай дәлелдер мен себептер атауға болады. Тәжірибеге қарағанда, әдебиет жұртшылығының арнаулы газеті оқушы жұртшылыққа әдебиеттік қоғамды жақыннан танытады. Осындай шын қуанышты тілек-ойынан кейін, екінші жылға қадам басқалы тұрған газеттің болашақтағы байланысына арналған өзінің ой-ниетін «Алдағы жылға – асқын тілек» атты екінші мақала-

сында білдірген. Қаз тұрып, тұсау көсіп, екі жасқа қарай аттанған «Қазақ әдебиеті» жөнінде екі алуан сөз жолдаған. Біріншіден, «қалың оқушы көпшілігі осы газетті ансап, сонырқап, ұдайы қызығып тосып тұратын болса екен. Жұртшылығына соншалық ыстық, қадірлі, қажет газет қалың оқушысын тауып, оқушы оны тегіс тауып отыратын болса дейміз». Екіншіден, бұл үшін газеттің мазмұны, мәдениеті, түрі, тілі, әр алуан үзгі-өрнегі халық талабына дөп келгені ләзім деген ағалық, қамқорлық тілегін айтқан («Қазақ әдебиеті», 1955, 31 желтоқсан). Ә. газеттің тұрақты оқушысы болуымен бірге, оның шын жанашыры ретінде басылымның көптеп таралуына қолдан келер көмегін аямаған. Оңтүстік өңірінде газет оқырмандарының азайып кетуіне байланысты 1960 ж. қазанда Кентау қалалық партия комитетінің хатшысы Ыдырыс Тілеубереновке хат жазып, жұртшылықтың көптеп жазылуына бас-көз болып, қолғабыс етуін өтінген. Газет барша қазақ зиялыларының ғана емес, әрбір жұмысшы мен шаруаның сүйіп оқитын, көтерген мәселесіне құлақ түріп, белсене араласып отыратын мәдени өміріміздің нағыз жаршысы болуға тиіс деген хатта ұлы суреткер («Қазақ әдебиеті», 1997, 28 қаңтар).

Ү. Есдәулет.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТ СЫНЫ»** («Казахская литература в оценке зарубежной критики»), қазақ әдебиеті туралы жинақ. 1971 ж. «Ғылым» баспасынан орыс тілінде шыққан. Құрастырғандар: Ш. Сәтбаева мен А. Мусинов. Кітап 6 тарауға бөлінген. Ә-ке арналған тарауда бір топ шетел (чех, неміс, венгр, поляк, француз, румын) қаламгерлері жазушының дарынына, дүниеге көзқарасына, әлем әдебиетіндегі орнына, әсіресе, «Абай жолы» эпопеясының көркемдік құндылығы мен гуманистік идеяларына зор баға берген. Жинақ Ә-тің өмірбаяны, туып-өскен ортасы, шығармашылық және қоғамдық қызметі жөнінде де баяндай келіп, оның орны толмас қазасы туралы сөз еткен. Көлемі 10 баспа табақ, таралымы 900 дана.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ 20 ЖЫЛ ШИНДЕ»** («Казахская литература за 20 лет»), жазушының мақаласы. 1941 ж. Мәскеуде жарық көрген «Современная казахская литература» атты жинаққа арнайы жазылған. Мақалада кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі қазақ әдебиетіндегі елеулі шығармаларға тоқталып, С. Мұқановтың, Ф. Мүсіреповтің, Ф. Мұстафиннің, Ә. Тәжібаевтың, А. Тоқмағамбетовтың, Ф. Ормановтың, Т. Жароковтың туындыларымен таныстырады. 20-жылдардағы әдеби ағымдарға шолу жасайды. Жаңадан қалыптасқан қазақ прозасындағы фольклорлық сарындар мен шеберлік жолындағы ізденістерді саралайды. Негізгі ойлар жазушының бұдан бұрын орыс тілінде жарық көрген «За большие художественные обобщения» («Казахстанская правда», 1936, 17 сәуір) атты мақаласында айтылған болатын. Тұтас қалпында бұл еңбек қайтып жарияланған жоқ.

Т. Құдажелдіұлы

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ КЕШІ»**, «Қазақ» газетінің 1915 ж. 28 наурыздағы санында шыққан мақала. Авторы – М. Малдыбаев, К. Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» кітабында: «Құлжановтар 1915 жылдың 13 ақпанында бұрынғы Приказчиктер клубында (кейін Абай театрының үйі) «Біржан мен Сара» айттысын сахнаға бейімдеп көрсеткен. Бұл ойында ұйымдастыру жұмысына сол кездегі оқушылар



Алпысқа келген Мұхана.  
«Қазақ әдебиеті» газетінің тартуы.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен Мұхтар қатысқан» деген жолдар бар. Осы сияқты мақала «Айқап» журналында да басылған. Ө. кештің бағдарламасын жасауға, елден әншілер жеткізуге, театр сахнасын дайындауға көмектескен. Мақалада ойынның бағдарламасы, өту барысы, ұйымдастырушылары, рөл орындаушылары, ойыннан түскен қаржы, қаржылай көмек көрсетушілер жайында жан-жақты жазылған.

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН ӨНЕРІ ХАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ,** Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университеті, ғылыми-көпшілік білім тарату оқу орны. 1963 ж. «Мұхтар Әуезов үйі» мәдени-ғылыми орталығында (бұрынғы М. Әуезов мұражай-үйі) ашылған. Халық университетінің жумысын ұйымдастыруға Л. Әуезова, Б. Сахариев, Т. Әкімов, М. Мырзахметов, Д. Қамзабеков т. б. ат салысты. 34 жыл ішінде қазақ халқының соңғы 2 мың жыл ішіндегі көрнекті мәдени, әдеби, фольклор, тарихи ескерткіштері, аса ірі қайраткерлері туралы 500-ден артық сабақ-дәріс өткізілді. Университетте жыл сайын Ө-тің өмірі мен шығармашылығына байланысты дәріс оқылып тұрады, олар кейде жазушы қалам тартқан жанрлар мен жекелеген шығармалар тарихына арналса, енді бірде естелік айту түрінде жүреді. Мұндай сабақтар мұхтартаудың кемелденіп, әдістемелік принциптерінің ескелуі мен айқындала түсуіне себін тигізеді. Соңғы жылдарға дейін жазушының жастық шағы, студенттік кезі, отбасының өмірі т. б. жөнінде көпшілік біле бермейтін «ақтаңдақтар» аз емес еді. Ө. Марғұлан, Ш. Шекін, А. Нүсіпбеков сынды ғалымдар айтқан естеліктер, әңгімелер осы олқылықтың орнын толтырғандай болды. Ө. шығармаларының қазақ, шығыс, батыс, орыс әдеби дәстүрлерімен байланысы жеке-жеке дәрістерде талданды. Оның суреткерлік шеберлігі, драма, аударма, публицистика, әдебиет сыны саласындағы еңбектері, қоғам қайраткерлігі туралы әңгімелер тыңдаушылардың қызығушылығын арттырды. Ө-тің мәдени-ғылыми орталығы білімге құштар қауымның әр жұма сайын жиналып, пікір, әңгіме-сұхбат тыңдайтын орнына айналды. Өрбір сабақ-дәрістің соңынан өнерпаздардың орындауында концерттер беріліп отырады. Бұл жұртшылыққа белгісіз ән-күйлердің, терме-жырлардың орындалуы, ұнтасапаға жазылуы халық университетінің кештерін аса тартымды өткізуге мүмкіндік береді.

*Р. Бердібай.*

### «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» («Проблемы изучения истории казахской литературы»), жазушының мақаласы. Ө. Қазақ КСР ҒА-ның 1-сессиясында (1946, маусымның 1-7-і) жасаған баяндама. Алғаш «Труды первой сессии АН КазССР. 1-7 июня» жинағында (1946, 330-334-беттер), кейін жазушының «Мысли разных лет» атты зерттеулер жинағында (1961, 212-225-беттер) жарияланды. Мақаланың бірінші бөлігінде қазақ әдебиеті туралы жалпы түсінік беріліп, оның өзіне тән жалпы ерекшеліктері, әр дәуір бойынша осы кезеңге дейін сақталып жеткен түрлері туралы сөз болады. Қазақ ауыз әдебиетінің шығармаларын жинау ісіне Шоқан мен Ыбырайдың, кітаби ақындар Ақылбек Сабал, Мақаш Қалтаев, Мәулікейлердің де үлкен үлес қосқандығын атап етеді. Бұл игі іс Ұлы Октябрь төңкерісінен кейін де жарқын

жалғасын тауып, фольклорлық ғылыми экспедициялар қызметінен көрініс бергендігін, бұл жұмысқа қазір Тіл және әдебиет институты басшылық етіп келе жатқанын сөз етеді. Қазақ фольклоры ғана емес, дербес, жазба әдебиетінің ұмыт болып келген көптеген бай мұралары мен таңдаулы өкілдерінің халқымен қайта табысқанын, бұл орайда 140 ақын есімі қалпына келтірілгенін әңгіме қылады. Суырыпсалма ақындық айтыс өнері туралы, 19 ғасырдағы бай қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктері мен осы кезеңнің ерекше өкілдері - кітаби ақындар және әнші-ақындар мен ақын-жыршылар туралы, Кіші жүз ақын-жыршыларының атақты Сыпыра жыраудан басталып Нұрым мектебімен, Мұрын, Нұртуған, Мергенбай жыршылармен жалғастырылған тамаша этикалық дәстүр туралы кеңінен әңгімеленіп, Ыбырай Алтынсарин мен Абай бастаған классикалық поэзия жайына тоқталады. Абай жаңартып, оның дәстүрін жалғастырған 20 ғасыр басындағы әдебиеттің мазмұн, түр жағынан тың өзгешеліктер әкеліп, жаңа жанрларды дамытуы, 1916 жылғы көтеріліс поэзиясы, қазіргі қазақ халық поэзиясы мен кеңес әдебиеті жазушы-ғалым назарынан тыс қалмайды. Қазіргі Қазақстан мәдениеті тарихында қазақтың кәсіби кеңестік көркем әдебиеті ерекше орын алатындығына назар аударады. Қазақ әдебиетін ғылыми зерттеудің екінші кезеңі Қазақстан мәдениеті қарыштап өскен кеңес дәуірінде мықтап қолға алынғандығын, оқу-білім ісінің дамуы нәтижесінде мектептер мен жоғары оқу орындары бағдарламаларына қазақ әдебиеті тарихы пән ретінде еніп, оқулықтар жазылғандығын, осы тәжірибе негізінде қазақ әдебиеті тарихын зерттеушілердің білікті шоғыры өскенін мысал етіп келтіреді. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу проблемасына көше отырып, бұл ретте орыс әдебиеті тарихындағыдай кемелді, жан-жақты сынның жоқтығын, екіншіден, қазақ әдебиетін тілі, мәдениеті, тарихи тағдыры жағынан тамырлас әдебиеттермен байланыстыра зерттеуді қолға алу қажеттігін айтады да, мұның өзі әдеби процеске көп пайда әкеліп, әдебиеттердің бір бірінен үйренуіне пайда әкелетіндігін, өткендегі маңызды әдеби ескерткіштер мен қазіргі лайықты туындыларды көбірек ғылыми-сын тұрғысынан насихаттауға жағдай жасайтындығын баса сөз етеді. Әдебиеттану ғылымында әдебиет теориясы мәселесінің маңызды рөл атқаратындығын, бірақ бұл мәселенің әлі жеткілікті түрде шешімін таппай келе жатқандығын құлаққағыс етеді.

*С. Қорабай.*

### «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ОЧЕРКТЕРІ» («Очерки истории казахской литературы»), жазушының мақаласы. Л. Соболевпен бірлесіп жазған, «Литература и искусство Казахстана» журналының 1939 ж. 8, 9-сандарында жарияланған. «Қазақ халық шығармашылығының бай мұрасын, оның көптеген үлгілерін өзіндік кейбір топтар мен түрлерге бөлуге әрекет етпей, байыбына жету мүмкін емес» дей келіп, қазақ эпосы мен фольклорының барлық түрлерін мынадай негізгі бөлімдер бойынша бөліп қарастырады. Зерттеу мақалада Әуезовтің басқа еңбектерінде айтылмай келген ғылыми мәні бөлек құнды әдеби-этнографиялық, тарихи деректер де кездеседі. «Қоштасу» жырын айтқан кезде ақын-композитор

Сабырбайдың ауырып жатып қызы Қуандықпен, «1837 ж. Көкшетау даласынан көтерілісшілер кеткен кезде Досқожаның» қоштасуын, жоқтау туралы әңгімелегенде Иманжүсіп ақынның жер аударылып кеткенде айтқан «Ерейментау» атты жоқтау өлеңін мысал етіп келтіріп, батырлық эпос жайлы тарауда Едіге батыр туралы жырды жеке талдап қарастырады, тарихи жырлар туралы сөз қозғағанда «адайлықтардың (қазақ руларының бірі) түрікмендермен ұзақ жауласуынан болған халық басына түскен қайғы-қасірет туралы тарихи жырлар ерекше циклді құрайды» деп бұрын айтылмаған жайдан сыр береді. Қазақ аңыздарын екі топқа бөліп қарастырады: біріншісіне: Қорқыт, Асан Қайғы, Алдар Көсе, Жиренше туралы атақты адамдар туралы аңыздар мен Қожанасыр туралы аңыз-анекдоттардың қазақ нұсқаларын жатқызса, екінші топта «күй-аныз» деп атауға болатын аңыздың ерекше және сирек түрі құрайды деп сипаттама береді, қазақ эпосы мен фольклорының қай түрі болсын музыкамен тығыз байланыста болғандығын атап өтеді. Әуезовтің осы мақаласында зерттелген ауыз әдебиетінің түрлері кейін жазылған, жарық көрген оқулықтар мен ғылыми еңбектерге негіз болып, құнды материалға айналды.

С. Қорабай.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ДӘУІРІ»**, жазушының мақаласы. «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2, 3-санында «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» деген атпен, жалғасы 1923 жылғы 4, 5-санында «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген атпен жарияланған. Библиографиялық көрсеткіштерде кейінгі атаумен беріліп жүр. Кейін жазушының «Әдебиет тарихы» кітабына қосымша ретінде енген (А., 1991, 223–234-беттер). Қолжазбасы сақталмаған. Мақалаға автор «Тарихи-әдеби сын» деген қосалқы атау берген. Соған сәйкес қазақ әдебиетінің бүгінгі, ертедегі тарихи сыр-сипатына шолу жасау арқылы айқындауы методологиялық жағынан ұтымды шыққан. «Ескі әдебиеттің түрін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну біздің өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде, жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын һәм келешегін де түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хақиқатқа жақын сөйлеуі де мүмкін» деп жазады. Бұл мақалаға дейін қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан саралап, дәуірлеудің үлгісі жасала қоймаған болатын. Сондықтан жас автор алғаш рет өзінше: ескі ауыз әдебиеті, көшпелі дәуір әдебиеті және жазбаша әдебиет деп, шартты түрде үш үлкен салаға бөліп қарастырады. Ауыз әдебиетінен Абай дәуіріне дейінгі аралықтағы әдебиетті автор «көшпелі дәуір әдебиеті» деп атап, оны жазба әдебиеттің басы деп санайды. Көшпелі дәуір ақындары – өз заманының бел баласы. Ал олардың заманы қараңғыда сипалап, сенделудің, жалпақ адасудың заманы болды. «Бірақ ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екендігі даусыз. Себебі бұлардың өлеңдерінде ел тұрмысының бұрынғы айтылып жүрген жалғыз қызығы мен желігінен басқа тұрмыстағы негізгі дерт, негізгі себептер айтыла бастаған. Ел күндегі өмірі, күндегі сезімі, күндегі ойыменен әдебиет шеңберінің ішіне кіре бастаған» дейді. Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын «Қазақ» газеті. Оның шығарушылары мен негізгі ав-

торлары А. Байтұрсынов, М. Дулатовтардың әдебиетте ұлтшылдық туын көтеріп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, «патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған» тарихи қызметінің маңызын, сол дәуір ерекшелігін, соған сәйкес әдебиеттің де негізгі бағыт-бетін жіті аңғара алғанын байқатады. Автор «Қазақ» газетінің қоғамдық-әлеуметтік, саяси қызметін осылай жоғары бағалай тұра, «таза әдебиет көзімен қарағанда, «Қазақ» газетінің заманында қазақ әдебиеті бөлекше түр тауып, өркендеп кетіп еді деп айтуға болмайтынын», өйткені саясат жүзіндегі біртөкпей жұмылуы заманында әдебиет көп жаңа түр тауып келе алмайды деген түсінік тұжырымын да ашып айтады. Сондықтан Абайдан басталған реализм сарыны қазақ әдебиетіне осы күнге шейін жол болып келе жатыр, сол Абай салған жолдан көп ұзап өзгеріп кете қойған жоқпыз дейді. Одан әрі автор әдебиеттегі жаңалықтың нышаны соңғы жылдары ғана енді-енді көріне бастағандай, «...құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение) күйі осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді». Бұның белгісі Мағжан Жұмабаевтың соңғы «Ертегі», «Қорқыт» сияқты өлеңдерінде бар деген пікірін ортаға салады.

Автор мақаладағы осындай теориялық ой-толғақтарын түйіндеп қорытындылай келіп, соңында әдебиеттің ендігі алдағы міндеті қазақ өмірінің түгел шынайы суретін көрсетуі керек, қазақтың өзіндік негізгі мінезін айқын ашатындай типтік бейнелер жасау қажет. Бұрынғы әдебиеттің ішіне тазша бала менен жалшы сақау қатын да кірген болса, бүгінгі әдебиетке қалпақ киген оқығаннан бастап, қой жайып жүрген қойшыға шейін кіруге тиіс. Әдебиет сол күнде ғана өмір айнасы, өмір тезі болуға мүмкін деп аяқтайды.

К. Сыздықов

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ»**, монографиялық басылым. 3 томдық 6 кітаптан құралған. 1960–67 ж. «Ғылым» баспасы шығарған. Онда қазақ ауыз әдебиетінің және 18–20 ғасырлардағы қазақ жазба әдебиетінің тарихы кеңінен қамтылып, ғылыми түрде жан-жақты баяндалған. Ө. 1-томның жалпы редакциясын баска-

6 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» монографиясы.

М. Әуезов редактор болған 1-кітабының мұқаба беті 1960.



*С. Қорабай.*  
**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫНАН»** («Истории казахской литературы»), жазушының мақаласы. *Е. В. Лизуновамен* бірігіп жазған. Алғаш рет «Қазақ КСР ҒА хабаршысының» 1957 ж. 11-санында, одан кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағында жарияланды (20-том, 337–358-беттер). 19 ғасырдың бас кезінен-ақ қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жазып алу қолға алынып, құнды өскерткіштер ұрпақ кәдесіне айналғандығы сөз етіліп, соңғы 100 жыл шамасында олардың біразы жарық көрді дейді. 20 ғасырдың бас кезіндегі көркем әдебиеттің көптеген түрлері мен кеңестік кезеңде қарыштап дамыған ұлттық әдебиеттің маңызды нақты мысалдар арқылы көз жеткізеді. Қазақ әдебиетін зерттейтін ғылым дамуындағы екі сатыны, яғни оларды біртіндеп жариялау, екінші, жаңа кеңестік дәуірде бұл жұмыс үлкен ауқымда жүргізіліп, қазақ әдебиеті тарихынан оқу бағдарламалары, оқулықтар жасалғандығы туралы маңызды жайттарды ерекше атайды да, қазақ әдебиетін зерттеу мәселелеріне терең үніліп, өз ой-тұжырымдарын Шоқан, Ыбырай және Абай шығармашылығы арқылы сабақтастырады, Абайдың ұлттық әдебиетке қосқан айрықша үлесі мен әкелген жаңалықтарына жан-жақты тоқталады, сонымен бірге бұл пікірлерін орыс әдебиетімен байланыстыра қарастырады. Қазақ әдебиетіндегі Абайдан соңғы орыс реализмінің дәстүрлері С. Көбеев, С. Дөнентаев, С. Торайғыров шығармаларында қалай көрінсін бергендігін, бұл үрдістің қазақ кеңес әдебиетінде қалай жалғасқандығын кеңінен әңгіме өзегіне айналдырады, қазақ әдебиетінің жанрлық, тақырыптық жағынан байып, қысқа мерзім аралығында жоғары идеялық көркемдік деңгейге жеткендігін атап өтеді.

*С. Қорабай.*  
**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫН ЖАСАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**, жазушының мақаласы. Қазан төңкерісінің 30 жылдығына орай Қазақ КСР Ғылым академиясының мерекелі сессиясында (1947) жасалған баяндама. Мақала түрінде «Қазақ КСР Ғылым академиясының хабаршысында» (1947, №12), «Әдебиет және искусство» (1948, №2), «Уақыт және әдебиет» (1962, 79–92-беттер), 12 томдық шығармалар жинағы (11-кітап, 1969, 261–276-беттер), 20 томдық шығармалар жинағы (17-кітап, 1985, 205–220-беттер) сияқты басылымдарда жарияланды. Мұнда Тіл және әдебиет институтының жоғары мектептерге арналған 4 томдық әдебиет тарихын жасау жұмыстарымен таныстырады. Осы саладағы қиындықтар мен проблемаларға назар аударады. Қазақ әдебиеттану ғылымы әлі жас. «Шоқан, Әбубәкір, Ыбырай сияқты оқымыстылардан» бастау алған әдебиет туралы ғылым төңкерістен кейін оқулықтар жасау қажеттілігі негізінде дамыды. Алғаш рет көптомды әдебиет тарихын жасау қолға алынып отыр. Ауыз әдебиеті әдет-салт жырлары, ертегі, батырлар жыры, ашықтық жырлары (лиро-эпос), тарихи жырлар, шешендік сөздер, айтыс, совет фольклоры деген бөлімдерге жіктеп қарастырылғандығы айтылып, осылардың әрқайсысына сипаттамалар берілген. Әсіресе тарихи тақырыпқа көркем шығарма жазуға ұлтымен танытқан жас жазушыларға назар аударма келіп, олардың алға қойған мақсаты мен социалистік реализм қайысып жату тиіс дейді.

Әдеби мұраға байланысты айтылған кейбір пікірлерде уақыттың табы, заман сызы сезілгенімен, мақала қазақ әдебиетінің тұтас тарихын жасау мәселесін білімдарлықпен көтере білген, айтылған құнды ойлар, парасатты пікірлер күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

*Д. Ысқақұлы.*

**«ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ОЧЕРКІ»**, оқу құралы. Авторы – Ш. Ахметов. 1965 ж. «Мектеп» баспасынан жарық көрген. Редакциясын басқарған және алғы сөзін жазған С. Мұқанов. Кітап жастардың сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамытуды, оларды адамгершілікке баулуға көздеген. «Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің балаларға ұсынғаны» деген тарауда (224–230-беттер) жазушының балалар әдебиетін өркендетуге қосқан еңбегі туралы мағлұмат беріледі. Мысалы, «Ертегілер» атты зерттеуінде ғалым көптеген балалар ертегілеріне талдау жасаған. Ол балалар мұрасына қандай шығармалар жататынын айтумен қатар, «Өр жылдар ойлары» кітабында жастар мен жасөспірімдердің оқитын кітаптарын атайды. Оның «Көксерек» повесі балалардың сүйіп, қызыға оқитын шығармаларына айналды. Ө. бұл туындыларында жас адамның өсу, жетілу жайын, соған байланысты оның мінез-құлық өзгешеліктерінің бірте-бірте қалыптасу, өзгеру жолдарында да аңартып отырады. Қорыта айтқанда, Ө. қазақ балалар әдебиетінің бірінші зерттеушісі болды деп түйіндейді автор. Оқу құралының көлемі 20,5 баспа табақ, таралымы 3400 дана. **«ҚАЗАҚ БӨЛІМІ»**, жазушының очеркі. Қолжазба сақталмаған. Алғаш рет 1944 ж. 26 қарашада «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Кейін сол нұсқа Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (1981, 8-кітап, 103–105-беттер). Очеркте Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ тілінде оқытатын филология-тарих және журналистика факультеттерінің ашылуы сөз етілген. Автор елдің даму жолын ғылым мен тәрбиенің өркендеуі арқылы нақты дәлелдеуге болатынын тілге тиек етіп, өзінің ағартушылық көзқарасын танытқан. «Ғылым өскен ел – мәдениет тарихында шын өскен ел. Ғылым тәрбиесі өркендеген ел – өсер ұрпағын, халық қоғамын шын көгерткен ел» деген сөздерді бүгінгі ұрпаққа, болашақ қоғамға арнап айтқандай. Ұлы жазушы университеттің тек оқытушыларды ғана әзірлеп шығармай, осымен қатар ғылым қайраткерлерін даярлайтын үлкен оқу ордасы екенін мақтаныш ете отырып: «мұндағы қазақ бөлімінің ірі қасиеті, зор ерекшелігі – қазір негізгі ғылымдардың көпшілігі қазақ тілінде оқылады» деп, осы арқылы қазақ әдебиеті мен тілі туралы оқулықтар даярлау, жас кадрларды тәрбиелеп-өсіру міндеттерін алға қояды.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«ҚАЗАҚ БӨЛІМДЕРІ ТУРАЛЫ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 29 қаңтар күнгі 118-санында жарияланды. Бұдан кейін Ө-тің шығармалар жинағының 50 томдық толық басылымының 2-томында басылды (1998). Мақала қаламгердің Семей губерниялық атқару комитетінің қазақ бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарып отырған кезде жазылған. Семей губерниясы Сібір ревкомының құрамында болғандықтан, жергілікті үлт өкілдерін билікке араластырмау үшін осындай басқару жүйесін құрды.

Губерния, уез бастықтарына самодержавие тұсын дағыдай, тек қана орыстар тағайындалды. Ал губерниялық, уездік атқару комитеттерінің жанынан ашылған қазақ бөлімі тек қана көз бояу үшін ғана жасалған айла-шарғы еді. Ол бөлімнің міндеті қазақтың ежелгі жесір дауы мен болыстық сайлау туралы мәліметтерді жиып беру ғана болды. Саяси, экономикалық, мәдени, оқу-ағарту, әкімшілік, сот, әскери жасақ, азық-түлік, өнеркәсіп, қаражат, кадр мәселелерін шешуге тікелей құқы жоқ еді. Алайда қазақ бөлімі өзінің осындай шектеулі қызмет әрекетіне қарамастан аумалы-төкпелі, төңкерісті кезеңде өте үлкен жұмыстар атқарып, ұлттық мүддені қорғайтын бірден-бір мекеме болып табылды. Олар билік аясының шектеулі екеніне қарамастан, халықтың тағдыры мен тіршілігіне қатысты кәсіпшілік пен шаруашылық, саясат пен экономика, оқу мен мәдениет, сот пен қаражат салаларына белсене араласып, аса ірі ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Қазақ бөлімінің мақсатын түсіндіру – Ө-тің тікелей міндеті еді.

Әсіресе 1921 ж. қаңтар айынан бастап Семей мен Ақмола губернияларының Қазақстанның құрамына кіруі туралы Бүкілқазақ құрылтайының қаулысынан кейін қазақ бөлімдерінің беделі ерекше өсіп, саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық, мәдени шараларды дербес шешуге ұмтылды. Сібір ревкомына қарайтын губернияларды Қазақстанға қосу керектігі туралы талаптар қойып, ел ішінде үгіт-насихат жүргізді. Кей тұстарда Қазақ автономиялы республикасының заңдары мен қаулы-қарарларына сүйеніп, Сібір ревкомы мен губерниялық, уездік атқару комитеттерінің шешімдері мен нұсқауларын орындаудан бас тартты. Ө-тің мақаласында осындай шешуші, түйткілді, саяси-әкімшілік атқару тұсында жазылды. Мұндағы басты мақсаты қазақ бөлімдерінің әрбір қызметкерлері өзінің жұмысына Қазақ автономиясының қаулы-қарарларын басшылыққа ала отырып, бұрынғыдай большевиктік ұлы державалық биліктің ықпалында кетпей, қазақ ұлтының мүддесін қорғап, дербес іс жүргізуі керектігін жұртқа жеткізу еді. Мұның егжей-тегжейі мақалада толық баяндалған.

*Т. Жұртбай.*

**ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ** (М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры)

ры), кәсіби ұлт театры. Ұйымдастыру жұмысы 1925 ж. күзде басталды да, театр шымылдығы 1926 ж. 13 қаңтарда Қ. Кеменгеровтің «Алтын сақина» қойылымымен ашылды. Репертуарда Ө-тің пьесалары ерекше орын алды. «Еңлік – Кебек», «Қарагөз», «Бәйбіше-тоқал» пьесалары сахнадан түспеді. Бұған Ө-тің осы кезде (1932–1940) театрдың әдебиет бөлімін басқаруы да күшті әсер етті. Ол классикалық туындылар мен орыс драматургиясының озық үлгілерін қазақшаға аударумен бірге, олардың сахнаға қойылуына тікелей араласып, актерлердің шеберлігі мен мәдениетінің, білім аясының өсуіне мол еңбек сіңірді. Осы кезде қойылған Шекспирдің «Отеллосы», Гогольдің «Ревизоры», Треневтің «Любовь Яроваясы», Погодиннің «Менің досымы», «Ақсүйектері» мен «Мылтықты адамы» театрды биік көркемдік белеске көтерді. Ө-тің тарихи тақырыпқа жазылған «Түнгі сарын», «Абай», Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмалары театрдың тұрақты репертуарына айналды. Соғыс кезінде (1941–1945) театр сахнасына қойылған Ө-тің «Сын сағатта», Әбішевпен бірігіп жазған «Намыс гвардиясы», өзгін аударған Шекспирдің «Асауға тұсауы», Ф. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысы» шоқтғы биік жетістіктер деп бағалады. Соғыстан кейінгі қиыншылықтарды жеңе отырып, театр көбіне кеңес идеологиясының талабынан шығатын репертуарға ден қойды. Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыланды», Ө. Әбішевтің «Достық пен махаббат», Ө. Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» спектакльдері уақыт талабынан туған еді. 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде көрсетілген «Еңлік – Кебек», «Шоқан Уәлиханов», «Ақын трагедиясы», «Жалғыз ағаш орман емес», «Асауға тұсау» қойылымдары жоғары бағаланды. 60–70 ж. Ө-тің драматургиялық шығармаларына театр жаңа көзқараспен, қазіргі режиссураның ой-тұжырым биігінен келді. Режиссер Ө. Мәмбетов қойған «Айман – Шолпан» (1960), «Абай» (1962), «Қарақыпшақ Қобыланды» (1967), «Қарагөз» (1981) спектакльдері тың сахналық шешімдерімен, көркемдік сипатымен, ой тереңдігімен, актерлік ойындарының ойылылығымен ерекшеленді. 1995 ж. ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына байланысты көптеген театрлар Ө-тің шығармаларын сахналауға бүгінгі күннің талабынан қарады. Фестивальда көрсетілген қойылымдардың ішінде режиссер Ж. Хаджиев қойған «Абай» трагедиясы ұлы жазушы шығармасын мең-



М. Әуезов Қазақ академиялық драма театрының артистері ортасында 1958.

герудің шырқау биігі болды. 1997 ж. Ө-тің 100 жылдық мерекесіне арналған халықаралық театр фестивалінде «Қарағөз» (Жезқазған), «Қарақыпшақ Қобыланды» (Жамбыл), «Айман – Шолпан» (Ақтөбе), «Абай» (Ыстықкөл, Қырғызстан) спектакльдері көрсетілді, мұнан басқа он бір қойылған жазушының прозалық шығармаларының негізінде жасалып, сахнаға шығарылды. Қазақ, орыс, қырғыз, ұйғыр, неміс, көріс тілдерінде сөйлеген Ө. шығармалары сахналық өнердің көркіне айналды.

*Б. Құндақбайұлы.*

**«ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫ»** («К а з а х с к а я д р а м а т у р г и я»), жазушының мақаласы. Мәскеуден шығатын «Литературная газетаның» 1933 ж. 5 шілде күнгі санында жарияланды. Мақала сол жылдың маусым айында өткен өлкелік кеңестің қазақ театрының репертуары туралы мәжілісіне орай орыс тілінде жазылған. Мұндағы негізгі пікірлер «Әдебиет майданы» журналының сол жылғы 2-санында О. Беков екеуінің атынан жарияланған «Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттер» атты мақаладан алынған. Онда «Майдан», «Тартыс», «Октябрь үшін» атты пьесалардан басқа бүгінгі күннің тақырыбына арналған драматургиялық шығармалардың жоқтығы, сондықтан аударма пьесаларға ерекше орын беріліп отырғаны айтылған. Жазушылардың назарын осыған баса аударып, тақырыпты игеру жолындағы алдағы міндеттерді тілге тиек етеді. Мақала содан кейін ешқайда жарияланған жоқ.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**«ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ»**, жазушының Е. Ысмайыловпен бірге жазған мақаласы. Қазақ КСР ҒА-ның Тіл мен әдебиет институты әзірлеген «Қазақ ертегілері» жинағының 1-томына жазылған алғы сөз. Кітап Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1957 ж. шыққан (7–36-беттер). Ө. бұрынғы ойларын дамыта отырып, ертегілердің туу тарихына шолу жасаған, зерттелуі, жиналуы, түрлері, көркемдік қасиеттері жайында жан-жақты талдау жүргізген. Ертегілердің түрлерін зерттеген бөлімде көптеген халықтардың туыстық, тілдік жақындықтары, шаруашылығында, тұрмысында ұқсастықтар болғандықтан ертегері де болған ұқсас дейді. Тіпті қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен халықтарының көптеген ертегілерінің ортақ екенін көрсеткен. Орыс ғалымдарының ертең жанрын зерттеу, жүйелеу жолдарын қарауға келе қазақ ертегілерін баспаға дайындаумен байланысты оның өзін төрт салаға бөледі: 1) қиял-ғажайып ертегілер, 2) сыншыл ертегі, 3) қулық-күлкі ертегі, 4) өтірік ертегілер. Алайда қазақ әдебиеті тарихының 1-томын жазумен байланысты ертегілеріміздің ерекшелігі кеңірек тексерілді, оны жіктеуді негізінен үшке бөледі: 1) қиял-ғажайып ертегі, 2) хайуанаттар жайындағы ертегі, 3) сыншыл ертегілер. Сыншыл ертегілерді салт-ертегілер, күлдіргі ертегілер, аңыз ертегілер деп үш түрге бөлген. Қиял-ғажайып ертегілерін қазақтың өз тума ертегілері және «әлденеше елдерді аралап кеткен келген ертегілер» деп жіктейді. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің бірінде хайуан мінез-құлқының дәл хайуанның өзін суреттеу үшін айтып, адамдағы мінез-құлыққа бейне, тұлсал, мысал есебінде қолданған екінші бір түрі – хайуанды абын хайуан етіп суреттейді деп, екі түрге бөлген. Мақалада осы түрлердің барлығының өзіндік ерекшеліктері анықталып, тақырыптық, идеялық қырлары мұқият талданған. Сыншыл ертегілер жайында да мәліметтер

берген. Сыншыл ертегіге халық өзінің дүниетанымындағы, қоғам тіршілігіндегі, үй-тұрмысындағы бас тірліктері – барлық мұң-мұддесін, тартыс, талабын жайып түйген. Бұл салалы ертегілер күр ертегі ғана емес, ауызша айтылған шебер көркем шығарма боп, халық романы, халық әңгімесі, новелласы болып та кетеді дейді. Сыншыл ертегілерді жеке түр етіп алуға психологиялық-әлеуметтік талаптар тұрғысынан келген. Мақаланың соңында ертектің халық мұрасы ретіндегі құндылығы жайында таратып айтқан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ҚАЗАҚ JAҢА ЕМЛЕСІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ»**, жазушының мақаласы. Кезінде өзекті мәселенің бірі болып тұрған жаңа емлеге көшу туралы шараларға үн қосқан бұл мақала «Жаңа мектеп» журналының 1929 жылғы 8-санында жарияланды. Бұдан соң «1929 жылы 2–4 июнде Қызылорда Білім кеңесі мен жаңа әліп Кіндік Комитеті шақырған емле конференциясының стенографиялық есебі» деген кітапта жарық көрді (1930). Сондағы құжатқа (№9-хаттама) 1929 ж. 25 шілдеде Ө-тің өзі амалсыздан қол қойған. Осы декреттің мақсаты ғасырлар бойы қолданылып келген араб жазуын латын әрпіне ауыстыру және соған лайықталған қазақ емлесін бекіту еді. Бұның өзі Ресейдегі империялық саясаттың көптеп жоспарлап келген мақсатының жүзеге асуының алғашқы сатысы болатын. Әліппені өзгертудің себебін араб әліппесі қалың бұқараның хат тануына ауыр болды, техникаға үйлеспеді, араб әліппесі көпшіліктің қолы жетпейтін азышылықты ғана әліппесі болды, сол үшін жаңа емлеге көшіп, жүйелі емле негізін құру керек, қазақтың төл сөзі үшін де, шеттен кірген сөздер үшін де бірыңғай емле жасау керек дегендермен түсіндірді. Мақалада жазушы өзі мүшесі болған Орталық Атқару Комитетінің 5 тармақтан тұратын қаулысын келтіреді. Көп жылғы айтыс осымен түйінделді. Ө. те қызыл саясаттан тыс қала алмай, өз көзқарасын білдірді.

*Т. Әкім.*

**«ҚАЗАҚ ИНСТИТУТЫ»**, жазушының мақаласы. 1921 ж. «Қазақ тілі» газетінің 17 наурыздағы санында шыққан. Жазушының 100 жылдық мерейтойына орай шыға бастаған 50 томдық толық шығармалар жинағының 2-томында жарияланды. Ө. мақаланың соңына қолын қоймаған. Өйткені өзі газеттің жауапты шығарушысы болғандықтан қол қоймаған болу керек. Сонымен қатар жазушының «Есіл Қарқаралы» атты мақаласы қатар берілгендіктен, екеуіне тән етіп «М. Ө.» деп қол қойған. Шығармада Семейдегі орыс институтының жанынан қазақ институтының ашылып, оның дайындық бөлімі мен 1-курсында 70 шәкірттің білім ала бастағаны хабарланған. Жаңа басталған іс болғандықтан, кемшілігі болатыны айта келіп, өте қат мұғалімдер тапшылығынан құтылу үшін орыс тілінде оқытуға да көну керек дейді. Бұл ойын нақты мысалдармен дәлелдеген. Соның бірі қазақ оқығандарының көңілі мұғалімдіктен гөрі, саясатқа жақындау дейді. Институттағы оқытушылар, оқыту әдістері, талаптары жайынан хабар берген. Оқылатын пәндері: қазақ тілі, қазақ тарихы (орысша оқытылған), қазақ әдебиеті екенін айтып, қазақ тарихын оқытуға бұл пәнмен бұрыннан айналысып жүрген, білімді оқытушылар алынды деген.

*Б. Майтанов.*

**«ҚАЗАҚ ҚАШАН ЖЕТІЛЕДІ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет 1918 ж. «Абай» журналының 9-санында жарияланған. Соңына «Мұхтар» деп қол қойылған. Өуезов шығармаларының 50 томдық толық жинағының 1-кітабында жарық көрді (1997, 113–117-беттер). Мақалада 20 ғасырдың 20-жылдарында қазақ елінде қалыптасқан саяси-әлеуметтік, ұлттық-рухани жағдай туралы мәселе қозғалып, соған автор өзінің пікірін, жан толғанысын білдіреді. Қазақтың тез арада өркеніетті мемлекеттер қатарына қосылуына қандай кедергілер бар екенін, оларды жоюдың жолдарын атап-атап көрсетеді. Олар, біріншіден, адамның өмір сүру тәсілін өзі отырған жердегі табиғи жағдай айқындайды. Оған жер, су, өсімдік, орман-тоғай, аң-құстың көп-аздығы, ауа райы тікелей әсер етеді. Адам мінезі де сол тіршілік кезіне байланысты қалыптасады. Екіншіден, өркеніетке тез қадам басу үшін, сол ұлттың ішіндегі экономикалық, кәсіптік, мәдени байланыс үнемі қозғалыста, халықтың рухани топтасқан ортасы болуы шарт. Бұл арада тұрақты табыс көзі шешуші міндет атқарады. Қазақта мұндай қарым-қатынас жоқ, малдың төлімен мемлекетті қамтамасыз ете алмайды. Үшіншіден, мемлекетпен шекаралас елдердің достық-дұшпандық ниеті, даму дәрежесі, алыс аймақтармен алыс-беріс жасау мүмкіндігі де шешуші рөл атқарады. Ал қазақ елінің көршілері ешқашан достық ниет танытқан емес, үнемі әскери қоқан-лоқы көрсетіп, қырып-жоюмен келеді. Теңізге тікелей шығатын жол жоқ. Мұның үстіне ұлт экономикасын көтеретін фабрика-зауыт қазақтың қолында емес, өз бетінше өкім шығара алмайды, сауда дамымаған. Айырбас пен алысатарлық қана бар. Осы мәселелердің бәрін шешу үшін, ұлттық дербес мемлекеттік құрылымы мен саяси-азаматтық бостандығы қамтамасыз етілуге тиіс. Қазақ автономиясының мәселесі де шешілген жоқ, Ресейдегі көп ұкіметтің бірі мойындаса, бірі мойындамайды. Сыртқы жаудан қорғайтын тұрақты әскер де жоқ. Сыртқа қорған, ішке айбар болатын әскерсіз елдікті сақтап тұру қиын. Осы айтылған себептерді дәлел етіп, қазақ қабын арада жұрт санатына қосыла қояр деген пікірді асығыс көремін деп қорытады ойын данышпан қаламгер. Ө. мақаланы елжұртты марға, самарқау, селсоқ қалпынан шығарып, ояту үшін, намысын қоздырып, шамырқандыру үшін әдейі ашынып жазған сияқты. Мұны да бір шығармашылық тәсіл деп ұққан дурыс.

*Н. Оспантегі.*

**«ҚАЗАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНДЕТІ»**, жазушының мақаласы. 1921 ж. жазылған. Мұнда автор оқыған азаматтарды белсене іске жұмылуға шақырады. Олардың мақсаты: «елді мәдениетке жеткізіп, ағарту, өнер-білім таратып, құралдандыру, дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын түрлеп, ішінен жетілту» деп ұғындырады. Бұл міндеттерді мойнына алмаған қызметкерлер қазақ азаматы емес, ел қамын ойламайды деген тұжырымға келеді. Оқу жұмысының қолға алынбай жатқандығын, не қалада, не қырта мектеп үйі жоқтығын, қазақ жігіттерінің қолөнерді үйренуінің жолға қойылмағандығын айтып, «Бүгінгі зор міндет» мақаласында ұсынған шаралардың орындамай отырғанына күйініш білдіреді. Ілгеріректе айтқан ұсыныс, ойларын әрі қарай өрбітіп, Ө. баспасөз туралы да

өткір сыни пікір айтады. Өйткені «кіндік үкіметтің тілі болып отырған газеттерді алсақ, олардың бетінен жартымды хабар алуға болмайды. Жазылған сөздің көбі түпсіз терең мәселеге арналады. Бүгінгі күнде үнемі жоқ, ұзақ қиял, шұбатылған жобаға арналады. Кіндік үкіметтің ішінен күткен хабарын ала алмаған кісілер аздан соң оқуға да көңілсіз тартады. Терең пікір, ұзақ сөздердің орны бар, егер сонымен қатар іс істеліп отырса. Өйтпесе «мың сіз-бізден – бір шыж-быж» деушілерге айтар дауымыз да қалмайды». 20-жылдары Ө. жаңа орнаған кеңес өкіметі қызметтерінде жүріп-ақ, қазақ ұлты үшін пайдалы қызмет атқаруға болады деген бағыт ұстанады. Сол ойын осы мақаласында басқа оқыған қызметкерлерге де жеткізуге тырысқан. Мақала алғаш рет «Қазақ тілі» газетінің 1921 ж. 14 қаңтардағы 115-ші санында жарияланған. Мақалаға «Мұхтар» деп қол қойған. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 15-кітабына сол калпында көшіріліп басылған.

*Б. Жақып.*

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИ** (ҚазМУ), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, жоғары оқу орны. Университет 1934 ж. 15 қаңтарда Алматы қаласында ашылды. Қазіргі кезде университет 37 мамандық бойынша кадрлар даярлайтын жоғары оқу орны және ғылыми-зерттеу орталығына айналды. Ө-тің ҚазМУ туралы пікірлері оның университет қабырғасындағы ұстаздық, ғылыми және қоғамдық қызметтерімен тығыз байланысты. Ұлы жазушы университет шәкірттерінің тәрбиелі, көрегенді, білімді болып өсіп келе жатқанына ерекше сүйсінетін. «Үмітті ұрпаққа – игі тілек» деген мақаласында соңғы он бес жыл ішінде Қазақтың мемлекеттік университеті қаншама ақындар, прозаиктер, әдебиет сыншыларын даярлап шығарады! Университеттің терең білім мұхитынан сүңгі сусындаған күйі өмірге шыға келгенде, шәкірттеріміз әуелде артқан үмітімізді ақтайтын халге жетті деп, студенттердің мәдениетті әрі парасатты болуына үлкен мән берді. Ө. 1934–61 ж. университетте ұстаздық қызмет атқарды. Қазақ әдебиеті кафедрасының негізін қалады. Осы жылдары студенттерге арнап «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының суырыпсалма айтыс өнері», «Туысқан халықтар әдебиеті», «Абайтану» секілді жалпы және арнаулы курстардан дәріс оқыды, бұл курстардың оқу бағдарламалары мен оқу құралдарын, оқулықтарын жазды. Жазушы Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы бұл еңбегінің ҚазМУ-да бірнеше жыл бойы оқыған абайтану атты курстан құралып келген көлемді монография екендігін 1954 ж. 27 тамызда бұрынғы Семей облыстық «Екпінді» газетінің редакциясы қойған сұраққа жауап ретінде арнайы айтты. Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихында да оның университеттегі қызметінің алатын орны зор. Сөйтіп ол абайтану атты жаңа ғылымды ұлттық университетте осылайша қалыптастырды. Қаламгер Қазақ университетінде қызмет ете жүріп, студент жастардың шығармашылық тұрғыдан өсіп-жетілуіне ерекше мән берді. Әсіресе әдеби бірлестік жұмысын жандандыру, онда талантымен көзге түскен жастарға қамқорлық көрсету, ақыл-кеңес беру арқылы студент жастардың шығармашылық белсенділігін өлшеусіз арттырды. Мұның жарқын бір мысалы – Ө-тің 1960 ж. 26 желтоқсанда ҚазМУ-да өдеби бірлес-





М. Өуезовтің ҚазМУ шәкірттерінен емтихан қабылдау сәті. 50-жылдар.

тіктің ұйымдастыруымен өткен жастар поэзиясының кешінде сөйлеген сөзі («Жыл келгендей жаңалық сеземіз»). Кезінде жазушының өзі басшылық жасаған әдеби бірлестік 1961 жылдан бастап «Өуезов атындағы әдеби бірлестік» деп аталып, оның өмірін, шығармашылық қызметін, ұстаздық ұлағатын тану мен танытудың үлкен мектебіне айналды. Әр жылы желтоқсанның соңғы он күндігі мен қыркүйектің соңғы он күндігі «Өуезов күндері» ретінде әдеби шығармашылық мейрамына айналған. Филология факультетінде қызмет жасайтын «Өуезов аудиториясы» да ірі шығармашылық ұяға айналды. Онда өтетін түрлі ғылыми мәжілістер мен мәслихаттар, көрнекті ғалымдардың лекциялары – өзінің ғылыми-практикалық маңызының жоғарылығымен бағалы. Жазушының 100 жылдығы тұсында университеттің ғылыми кеңесінің мәжіліс залының төріне ілінген гобеленнен тоқылған үлкен бейнесі, филология факультетінің фойесіне қойылған үлкен қола мүсіні мен фойе қабырғасына орнатылған мемориалдық тақта Ө. есімін университетте мәңгі қалдыру мақсатында жасалған іс-шаралар еді. Ө-тің өмірі мен шығармашылық мұрасын оқып үйрену, танып-таныту ісінде университет студенттеріне оқытылатын жалпы және арнаулы курстардың атқаратын қызметі өте жоғары. «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдебиеттану ғылымына кіріспе», «Әдебиет теориясы», «Мұхтартану», «М. Өуезовтің шығармашылық шеберханасы» секілді пәндер аясында жазушының шығармашылығы, шеберлігі, поэтикасы және шығармашылық еңбек психологиясы ғылымының қазіргі жетістіктері негізінде оқытылады. Аталған пәндердің оқу бағдарламалары мен оқу құралдары, оқулықтары Қазақстанның барлық университеттерінде бірдей қолданылуы Ө-ті тану мен танытудағы үлкен жетістіктерге жатады. Университет студенттері Ө-тің өмірі мен шығармашылық мұрасын оқып үйреніп қана қоймай, оларды зерттеуге де белсене араласады. Жыл сайын қаламгердің өмірі мен шығармашылығы жөнінде курс жұмыстары, диплом жұмыстары жазылады. Ғалымдар зерттеу еңбектерін жазып, кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғайды. З. Қабдоловтың «Менің Өуезовім», Р. Нұрғалиевтің «Өуезов және алаш», Ж. Дәдебаевтың «Мұхтар Өуезов», Ө. Күмісбаевтың «М. Өуезов және Шығыс» т. б. еңбектер 1997 жылдың жетістіктері. Бұған 1997 ж. 23–24 қыркүйекте өткен «Мұхтар Өуезов және әлем әдебиеті» атты халықаралық ғылыми симпозиумды және оның университет баспасынан жеке том болып шыққан материалдарын қосуға болады. Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай елдерінен келген

баяндамашылар Ө-тің өмірі мен шығармашылығы туралы қазақ ғалымдарына бұған дейін белгісіз болып келген ірі мәселелерді көтеріп, симпозиумның ғылыми-теориялық деңгейін арттыра түсті. ҚазМУ ғалымдарының Ө-тің өмірі мен шығармашылық өнері туралы мақалалары «Қазақ университеті» газетінде, республикалық газеттер мен журналдарда, шетелдік басылымдарда жарық көрді. Солардың ішінде З. Қабдолов пен Ж. Дәдебаевтың Анкарада түрік тілінде шыққан «Мұхтар Өуезов хақында мақалалар» атты кітапта жарияланған мақалалары Ө-ті түркі әлеміне жаңа қырынан танытуға жол ашты. Сонымен қатар Қазақ радиосы мен теледидарында бірнеше хабар ұйымдастырылды, университеттің телестудиясында «Мұхтар Өуезов және әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті» атты 40 минуттық бейне фильм жасалып, орталық теледидардан көрсетілді.

*К. Нәрібаев.*

**«ҚАЗАҚ ОҚЫҒАНДАРЫНА АШЫҚ ХАТ»**, жазушының мақаласы. 1920 ж. «Қазақ тілі» газетінің 5 ақпандағы 15-санында, кейін жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томында (17–20-беттер), 20 томдық шығармалар жинағының 15-томында (27–30-беттер) жарияланған. Ө. мақалада қазақ оқығандарының кеңес үкіметінің қызметтеріне араласып, халыққа пайдалы жұмыстар атқарысуға үндейді. «Россияның ішінде көбігі аспанға атып, жүз толғанып, бұлқынып жатқан революция толқыны дүние жүзіндегі еңбекшілерді құлданған патшалықтардың жүз жылдап құрған құлдық қорғандарын іргесімен теңселтіп, жапсарын ашып, жігін үлкейтіп тұрғаны һәргімге мәлім» деп басталды мақала. Осындай жаңа толқынмен заман желі төбесіне үйіріп алып келе жатқан қаһарлы бұлттың қатерлі пішінінен орыстың жуандары қорқып, қашып-пысып жатыр. «Қорқатын жөні бар, қашпасқа шарасы жоқ», өйткені олардың үріккен кезіне кешегі өздері туғызған бақытсыздық, «дария болған нахақ қан, көздің ыстық жасы, қажып тозған дененің ашы арам тері көрінеді» дейді. Соларға ілесіп қазақтың кейбір оқығандары да бой тасалап жүргенге ұқсайды. Олардың ескі үкіметтің артынан ілесіп қашуының жөні жоқ. «Бұл күнге шейін бар қазақтың баласында бір-ақ түрлі құлдықтың ноқтасы болатын... Әсіресе оқығандарының бой жазып, кең отырған күні бұл күнге шейін болған жоқ» деген пікірін ашық айтады. Автор қазақ оқығандарының Ресей жуандарының мойындағыдай күнәсі жоқ болса керек, сондықтан «қашып, бұғудың ешбір есебі жоқ». Кеңес үкіметі «үлкен жазығы бар адамдарды да қатарына кіріп, пайдалы қызметімді істеймін десе, қумайтын» айтады. Кеңес үкіметінің сол жылдары басшылыққа алған осы саясатын Ө. тура сол күйінде түсініп, елдің қамын шынымен ойлайтын кісіге халыққа қызмет өтер заман енді келді. «Қазіргі заман қазақтың басына келіп тұрған әрі ең қиын, әрі ең пайдалы жайлы заман» деп, үкімет ісіне араласпай, бой тасалап жүрген қазақ оқығандарын тез арада іске кірісіп, «қазақтың есесін әперуге» қолынан келген шарасын істеу керек деген пікірін ұсынады.

*К. Сыздықов.*

**«ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАЗАҚСЫЗ ҚАЛАДЫ»**, жазушының мақаласы. Қазақ Орталық

атқару комитетінің 1921 ж. 10 желтоқсандағы ашаршылық туралы кеңесінде сөйлеген сөзі. Бұрын еш жерде жарияланбаған. Ө-тің 50 томдық толық жинағының 3-томына енгізілді (А., 1998, 5–6-беттер). 1921 жылдың қарашасынан бастап қазақ даласын ашаршылық жайлайды. Осыған байланысты Ө. үкімет алдына шұғыл шара қолдану жөнінде мәселе қояды да, оның себебін көрсетеді. Біріншіден, ауылдардың мұқтаждарын анықтайтын қызметкерлер жоқ; екіншіден, жетекші адам болмаса, қазақтар қайыр сұрағаннан гөрі, үйінде аштан өлгенді артық санайды; үшіншіден, аштарға көмек көрсету ұйымы жақын жердегі қалалар мен соның маңындағы мекендерге қамқорлық жасауға тырысады да, шалғайдағы қазақ ауылдары кейінге ысырылып қалады. «Егер де бұл аудандарды аштықтан құтқару үшін, дәл қазір шұғыл түрде шешуші шара қолданылмаса, онда Қазақ республикасы қазақсыз қалады деп, жазушы мәселені тұтқиылдан қояды. Автор сөзінің соңында қырғағы аудандарға, аштарға көмек көрсетудің жоспарын ұсынады. Жарыссөз бен талқылаудан кейін кеңес осы ұсыныстың негізінде қаулы қабылдады.

*Н. Ақбай.*

**«ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ»**, монография. Авторы – *М. Атымов*. 1975 ж. «Ғылым» баспасынан шыққан. Жауапты редакторы – *М. Қаратаев*. Қазақ романдарының поэтикасы, яғни шығарманың құрылыс бітімі, суреттеу, бейнелеу, образ жасау, стиль, сюжет, композиция, бір сөзбен айтқанда, жазушының шеберлігі туралы баяндалған. Кітапта бірнеше жазушының романдары талданып, Бірінші тарауда Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы сөз болады. Ғалым романның ой желісі мен ою-өрнегі, образ жасау жүйесі, жазушы қолданған әдіс-тәсілдер жеткілікті деңгейде шешілмегенін, зерттелмегенін алға тартып, Ө-тің тер төккен шеберлік мәселесі көп жетістіктің көлеңкесінде қалып қойғанын нысанаға алады. Барлық мәселе Абай айналасында, Абай төңірегінде, өрбіп, дамып жатады, сөйтіп олар өзінің көркемдік шешімін табады. Сондықтан Абай тұлғасы үнемі оқырманның көз алдында тұрады. Сөзімізді зерттеушінің пікірімен тұжырымдасак, қазақ прозасының, тіпті қазақ әдебиетінің абырой-ажары, шығар биігі болған «Абай жолы» эпопеясы қазақ халқының елу жылдық өмірін көркемдікпен бейнелеп берген, идея мен образ бірлігінің үлгісін көрсеткен маңдай алды, кесек туынды болып табылады. Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларына, аспиранттар мен ғылыми қызметкерлерге, жалпы әдебиет сүйгіш жұртшылыққа арналған. Көлемі 17,3 баспа табақ, таралымы 2800 дана.

**«ҚАЗАҚ САХНАСЫНДАҒЫ АУДАРМА ПЬЕСАЛАР»**, жазушының мақаласы. 1937 ж. 1 наурызда «Социалистік Қазақстан» газетінде шыққан. Газет Қазақ драма театрының 10 жылдығына арналған материалдар жариялаған. Тойға арналған бас мақала («Академия театры»), құттықтаулар, мақалалар шыққан. Театр артистерінің суреттері (фотопортреттері) берілген. Ө. мақаласында алдымен 1932–33 жылдардан басталған қазақ театры сахнасында қойылған аударма пьесаларға шолу жасаған. Театр жақын арада Шекспирден не «Отеллоны», не «Ромео мен Джульеттаны» қоймақ еке-

нін және Октябрдің 20 жылдығына арналған бірекі пьесаны аударып қоятынын ескертеді. «Аударушыға қойылған шарт бойынша, Шекспирдің пьесасы ағылшын тілінен аударылады. Орыс тіліне жасалған аудармалар жай қосымша мағлұмат есебінде ғана қолданылады» деген жолдардан Ө-тің аударма сапасына жауапкершілікпен қарайтынын көреміз. Мақалада 30-жылдардағы солшыл идеологиялық талаптарға, қысымға байланысты айтылған, қабілетті өртістер тіленіп тұрғанмен, басшылардың, режиссерлердің сауатсыздығынан, ұлтшылдығынан орыс классиктерінің пьесалары қойылмады» деген сияқты жолдар да бар. Партия мен совет құрылысының үлкен адамдарын болсын немесе сүнгүірлер, ұшқыштар, қызыл әскерлер геройларын болсын – барлығын да жалпы совет қорынан көбірек табымыз деген ойлар заман талабынан туған. Жазушының актерлар әр тақырыптағы, әр ұлттар пьесаларындағы рөлдерді орындау барысында құрделеніп өседі деген пікірі шындыққа жатады. Боров пен Насоновтардың аударма пьесаларды қоюда үлкен табысқа жеткенімен, оригиналды (қазақ) пьесаларды қоюда әлсіздік танытатынына қынжылып, осы олқылықтардың орнын толтыру үшін оларға мықты актерлерден көмекші тағайындау керек шығар деген ой салады.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ҚАЗАҚ СОВЕТ ӘДЕБИЕТІ»**, оқулық. Орта мектептің 10-сыныбына арналған. Авторлары – *С. Қирабаев, Р. Бердібаев, Н. Фабуллин*. 1987 ж. «Мектеп» баспасынан шыққан. «Мұхтар Әуезов» деп аталатын тарауда жазушының өмірі мен шығармашылық қызметіне шолу жасалып, алғашқы кездегі әңгімелері, повестері, пьесалары, олардың негізгі кейіпкерлері туралы қысқаша мәліметтер берілген. Ал «Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихына, жанрлық сипатына қысқаша тоқталған. Тұтас бір халықтың рухани келбетін танытатын Абай бейнесінің реалистік тұрғыда сомдалуы жан-жақты талданған. Мұнан басқа Құнанбай, Дәркембай, Базаралы, өнер адамдары, әйелдер т. б. образдары да қарастырылған. Авторлар Ө-тің суреткерлік шеберлігін бағалай келіп, ұлы қаламгердің әдебиеттегі дәстүрі халықтың сан ғасырлық тарихы мен мәдениетін зор құрмет тұтудың, отаншылдық, азаматтық биік мұраттың, ана тілін ардақтау мен талғамдылықтың, өзге халықтардың рухани жетістігінен үйрене блудің, әдебиет тағдырын шыншыл тұрғыдан түсінудің озық үлгісі екенін атап көрсеткен. Оқулықтың көлемі 22,8 баспа табақ, таралымы 100 мың дана.

**«ҚАЗАҚ СОВЕТ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ОЧЕРКІ»**, кітап. Қазақ КСР ҒА-ның Тіл мен әдебиет институты дайындаған. 1958 ж. Қазақ КСР ҒА-ның баспасы шығарған. Кітаптың жалпы редакциясын Ө. пен С. Мұқанов басқарған. Редколлегияда бұлардан басқа *М. Базарбаев, М. Дүйсенов, Е. Ысмайылов, Е. Лизунова, С. Сейітов* бар. Кітап қазақ кеңес әдебиетінің кезеңдеріне арналған шолу тақырыптардан және жеке жазушылардың өмірі мен шығармашылығын талдаған тақырыптардан тұрады. Ө. өмірі мен шығармашылығы да жеке берілген. Әуезов кітаптың «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» тарауын жазған (478–502-беттер). Тарауда алдымен КСРО халықтары әдебиетін зерттегенде одақтас республикалар халықтары әдебиетіне классикалық орыс әдебиеті мен жалпы кеңес әдебиетінің шығармашылық тәжірибесін, ұлттық әдебиеттердің ұлттық форма-

ны сақтау ерекшеліктерін естен шығармау керек деген. Әр тақырыпта да ұлттар әдебиеттерінің тарихына қысқа шолу жасап отырған. Ескі әдебиеті, фольклоры туралы да бірер мысалдар келтіріп отырған. Оқулық типтес кітап болғандықтан мұнда тек кеңес дәуірінде өмір сүрген жазушылар шығармашылығымен шектелмеген. Кітапта Ә. өмірі мен шығармашылығына арналған монографиялық мақала бар (280–333-беттер). Авторы – А. Нұрқатов. Кітап та, мақала да Ә-тің көзі тірісінде шыққан. Мақаланың 50-жылдардағы идеологиялық талаптар әсерінен туатын кейбір әлеуметтік талдауға ауа беретін тұстары болмаса, жазушы шығармашылығына әділ баға берген. Ал жазушының «Тартыс», «Тас түлек», «Шекарада» пьесалары, «Құм мен асқар» киноәңгімесін артықтау бағалаған. «Түнгі сарын» пьесасына көп орын беріп, әлеуметтік тұрғыдан талдаған. Жазушының басқа әңгіме-повестері, драмалық шығармалары шолу түрінде қаралған. Бұл тараудың табысы «Абай жолы» роман-эпопеясын жан-жақты көркемдік талдаудан өткізген, әділ бағасын берген алғашқы күрделі еңбектердің бірі екендігінде. Кітаптың соңында қазақ кеңес әдебиетінің тарихына қатысты зерттеу еңбектердің, мақалалардың қазақ, орыс тілдеріндегі библиографиялық тізімі берілген. Бұл тізімге Өуезовтің 25 еңбегі кірген. Көлемі 44 баспа табак.

**«ҚАЗАҚ СОВЕТ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ОЧЕРКІ»** («Очерк истории казахской советской литературы»), КСРО ҒА-ның А. Горький атындағы Әлем әдебиеті институты мен Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институты әзірлеп, 1960 ж. Мәскеуде КСРО ҒА-ның баспасынан шыққан. Редакция алқасының мүшелері: Ә., М. Б. Базарбаев, Е. С. Ысмайылов, З. С. Кедрина, Е. В. Лизунова, С. М. Мұқанов, М. И. Фетисов. Редакторлары: З. С. Кедрина, Е. В. Лизунова. Кітап қазақ кеңес әдебиетінің даму кезеңдеріне, жанрларына қатысты шолу тараулардан және жеке жазушылардың шығармашылығына арналған монографиялық мақалалардан тұрады. Кітап соңында әдеби дамудың шежіресі және библиографиялық көрсеткіш берілген. Ә. – «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» тарауының авторы. Осы кітаптағы «Мұхтар Өуезов» монографиялық мақаласы А. Нұрқатов жазған. Ә. жазған шолу тарау 1957 ж. Қазақ КСР ҒА-ның Тіл мен әдебиет институты шығарған «Очерк истории казахской советской литературы» кітабындағы шолу тараумен бірдей. Тарауға ешқандай мағыналық өзгеріс кіргізбеген бірнеше сөз ғана өзгертілген. А. Нұрқатовтың «Мұхтар Өуезов» атты мақаласындағы өзгерістер 1957 ж. очерктегі нұсқамен салыстырғанда, стильдік өзгерістер ғана бар. Бұрынғы мақаланың мазмұнын сақтай отырып, кейбір сөйлем құрылыстарын жөндеп, ықшамдаған.

**«ҚАЗАҚ СОВЕТ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ ТУРАЛЫ»** («О традиционном и новаторском в казахской советской литературе»), жазушының мақаласы. 1960 ж. Мәскеуде осы аттас тақырыппен шыққан кітапта жарияланған. Бұдан кейін «Қазақ әдебиеті» газетінің сол жылғы 28 тамыздағы санында, Ә-тің «Мысли разных лет» жинағында (1961, 18–23-беттер), 12 томдық (12-том, 508–512-беттер), 20 томдық (20-том, 308–314-беттер) шығармалар жинақтарында, орыс тіліндегі 5 томдығында (5-том, 472–477-беттер), «Казашский государственный университет им С. М. Кирова к

сорокалетию Республики» кітабында (1964) жарық көрді. Әдебиет пен өнердегі дәстүр мен жаңашылдық ұғымдарына сипаттама бере отырып, бұл мәселелердің қазақ кеңес әдебиеті мысалындағы көрінісіне жан-жақты, терең талдау жасайды. Бұл ретте фольклор мен дәстүр мәселесінің тығыз байланыста бір-бірін толықтыра даму процесінің заңдылығын айтып, қазақ фольклорының ауқымды эпикалық жинақтауға, халықтың батыр бейнесін, айқын ақындық тіл жасауға ұмтылысының озық дәстүрлері классикалық қазақ әдебиетіне жемісті ықпал етпей қоймады деген ойды өрбйтеді, Абайдың өз шығармашылығында ауызша халық поэзиясының канондық түрлерінің бір легінен бас тартып, қазақ поэзиясында бұрын белгісіз, жаңа түрлерді дүниеге әкелген жаңашыл болғанын атап өтеді. Қазақ кеңес поэзиясының да халық поэзиясының озық жақтарын мирас ете отырып, жаңа жол қалап, жаңа дәстүрлер жасағанын әңгіме қылады, қазақ поэзиясының кеңестік дәуірде сапалық жағынан ғана өсіп қоймай, жаңаша түрлермен байығанын сөз етті. Қазақ әдебиеті кеңестік жылдарда жаңа әдеби түрлер – проза, драматургия, әдеби сынмен де байды деді. Қазақ әдебиетінде ұлттық прозаның біртұтас стилі қалыптасқанын баса айтып, туындыларда халықтың қазіргі ұлттық мінезін ашудың үлкен көркем міндетін шешуге жақын келгендігін тілге тиек етеді.

*С. Қорабай.*

**«ҚАЗАҚ СОВЕТ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ»**, оқу құралы. Жоғары оқу орындары мен педагогика училищелерінің студенттеріне арналған. Авторы – Ш. Ахметов. 1976 ж. «Мектеп» баспасынан шыққан. Кітаптың бір тарауы Ә-тің өмірі мен жазушылық қызметі туралы мағлұмат береді (91–98-беттер). Оның қаламынан жиырма жасында жазған «Еңлік – Кебек» пьесасынан бастап толып жатқан шығармалар туғанын, бұл асыл мұралардың адам өмірінің жалғасы – балалардың өздерімен, өз ұрпақтарымен бірге мәңгі жасай бермек деп түйіндейді автор. Одан әрі ол «Жетім» әңгімесінің және «Көксерек» повесінің мазмұнымен таныстырып, бұл шығармалар жасөспірімдерді ана тіліндегі бай мұрамен қауыштырады, көркемдік талғамын ұштап, сөз байлығын молайта беруге жәрдемдеседі деп тұжырымдайды. Кітаптың көлемі 12,46 баспа табак, таралымы 6 мың дана.

**«ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ»** («Академия наук Казахской ССР»), анықтамалық. 1987 ж. «Ғылым» баспасы орыс тілінде шығарған. Онда Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылымы, оның академиктері мен корреспондент мүшелері, сондай-ақ үкімет наградаларымен және құрмет грамоталарымен марапатталған академияның мүшелері, қызметкерлері туралы мәліметтер, академияның тарихына қатысты аса маңызды мағлұматтар бар. Мысалы, сол кезде академияның 7 ғалымы Социалистік Еңбек Ері атағын, 18-і – Лениндік сыйлықты, 34-і – КСРО Мемлекеттік сыйлығын, көптеген ғалымдар Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын т. б. алған екен. Кітапта Ә-тің өмірі мен жазушылық, қоғамдық қызметтері кеңінен баяндалып, ғылыми-зерттеу еңбектері жан-жақты сөз етілген, ұлы жазушының дарқан дарынын жоғары бағала-

ған. Анықтамалықтың көлемі 15,1 баспа табак, таралымы 3 мың дана.

*Н. Бауған.*

**«ҚАЗАҚ ССР. ҚЫСҚАША ЭНЦИКЛОПЕДИЯ»**, ғылыми-танымдық басылым. 1985–1991 ж. «Қазақ совет энциклопедиясы» баспасы қазақ және орыс тілдерінде 4 том етіп шығарған. 1-томның бас редакторы М. Қозыбаев, 2–4-томдарының бас редакторы Р. Нұрғали. Оларда Қазақстанның тарихы, қоғамдық, мемлекеттік құрылысы, табиғаты, экономикасы, ғылыми, денсаулық сақтау ісі, тілі, әдебиеті, өнері, сәулет ісі т. б. туралы жан-жақты мағлұмат берілген. 4-томда Ө-тің өмірі мен шығармашылық қызметі жөнінде көлемді мақала орын алған. Онда ұлы жазушының басты-басты туындыларына талдау жасалып, қаламгерді прозашы, драматург, ғалым, ұстаз, әдебиеттанушы, аудармашы, қоғам қайраткері ретінде таныстырған. Жалпы басылым бойынша классик жазушының есімі 115 жерде аталып, ол айтқан ой-пікірлерге жүгініс жасалған.

**«ҚАЗАҚ ССР ТАРИХЫ»**, екі томдық тарихи монография. 1957–59 ж. Қазақ мемлекеттік баспасы қазақ тілінде шығарған (3-басылымы). Онда Қазақстанның ерте заманнан біздің дәуірімізге дейінгі тарихы жүйелі түрде баяндалған. Жазба материалдар мен археологиялық деректер негізінде Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің ерекшеліктері көрсетілген. Ө. редакциялық алқаны мүшесі болумен бірге, мәдениет жөніндегі барлық тарауларды жазуға қатысқан. Атап айтқанда, 1-томының 8-тарауындағы «Қазақтың ауыз әдебиеті» (212–232-беттер), 16-тарауындағы «XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (378–382-беттер), 19-тарауындағы «Ұлы ақын-жазушы – Абай Құнанбаев» (487–498-беттер) бөлімдерін жазған. 2-томда Ө-тің шығармашылық және қоғамдық қызметіне талдау жасалып, оны көрнекті жазушы ретінде бағалаған.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«ҚАЗАҚ ССР ТАРИХЫ»** («История Казахстана»), тарихи монография. 5 томдық. 1977–1980 ж. «Ғылым» баспасынан орыс тілінде жарық көрген. Көне заманнан біздің дәуірімізге дейінгі уақытты (20 ғасырдың 80-жылдарына дейін) қамтыған. Бас редакторы А. Нүсіпбеков. Археологиялық материалдар мен жазба еңбектер негізінде Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалар мен халықтардың жалпы тарихы баяндалған. Әсіресе қазақ халқының тарихи қалыптасуы мен дамуына, мемлекет болып құрылуына көп көңіл бөлінген. Еңбектің 3-томынан бастап, Ө-тің шығармашылық қызметіне кезең-кезеңімен баға беріліп, ірі-ірі туындыларының көркемдік-тарихи маңызы айтылған. Мысалы, «Еңлік – Кебек» пьесасы тез арада халықтың рухани қазынасына айналды десе (4-том, 494-бет), «Абай жолы» тарихи эпопеясы Өуезовтің ғана емес, сондай-ақ көп жанрлы қазақ әдебиетінің аса үздік туындысы болып табылады делінген (5-том, 339–340-беттер). Жалпы Ө. есімі 35 жерде аталып, айтқан ой-пікірлерінен мысал келтірілген.

**«ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ОРТАСЫ»** («Казаское народное творчество и его поэтическая среда»), жазушының мақала-

сы. Түпнұсқа «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорынан алынып, «Тамыр» журналында алғаш рет жарияланды (2001, №1). Шығарманың соңында: «Мұхтар Өуезов. Лекси, 25. 10. 1927» деген жазу бар. Бұдан кейін жазушының 50 томдық толық жинағының 6-томында жарық көрді (А., 2001 ж., 61–94-беттер). Мұханның фольклортану саласындағы басты еңбегі «Әдебиет тарихы» болғанмен, мына мақалада бұған дейін көтерілмеген тың ойлар қозғалған. Онда ең алдымен қазақ халқының ауыз әдебиетінің зерттелу дәрежесі мен бағыттары айқындал, зерттеулердің типтерін, олардың мақсаттарын көрсеткен. Ғалымның пікірінше, Еуропа зерттеушілері негізінен қазақ халқына этнографиялық нысан ретінде қарап, оның ауыз әдебиетін жүйелі әрі терең зерттемеген, тек оның үлгілерін жинаумен ғана тыныған. Бұл, өрине, жанрларға жіктеп, ғылыми-теориялы тұжырымдар жасауға жеткіліксіз. Өуезов осыған байланысты әр аймақ халықтарының ауыз әдебиетінде стильдік ерекшеліктермен бірге, жанрлық өзгешеліктер де болатынын дәлелдеп көрсеткен. Көден, Асан, Жүсіпбек сынды ақындардың шығармашылығы туралы нақты әрі құнды пікірлер айта отырып, Мұхқан дара ақындардың кәсіби қызметі, психологиясы, әлеуметтік орны, оларға жұртшылықтың көзқарасы жөнінде де құнды тұжырымдар келтірген. Әсіресе шежіресі шал Рысмендененің қазақтар туралы ақылға сыйымсыз, жаң пікірлерін әшкерелеп, кертартпа түсінік-ұғымдарды жоққа шығарады. Қорыта айтқанда, бұл еңбектің әдебиеттану ғылымындағы маңызы әлі де өз биігінде қала бермек.

*Н. Оспантегі.*

**«ҚАЗАҚ ТІЛІ»**, газет. 1919 ж. 4 желтоқсанда Семейде құрылды. 1928 жылға дейін шықты. Облыстың экономикасы мен мәдениетінің гүлденуі, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру туралы материалдар, әдеби туындылар жариялап тұрды. Ө. бұл кезде Семейде, Орынборда қызмет істеп, Ташкентте аспирантурада оқып жүрген еді. Сондықтан газет редакциясымен тығыз байланыс жасап, белсенді шығармашылық қарым-қатынаста болды. Жазушының «Қазақ оқығандарына ашық хат» (1920, 5 ақпан), «Бүгінгі зор міндет» (1920, 31 желтоқсан), «Қазақ қызметкерлерінің міндеті» (1921, 10, 12 қаңтар), «Қазақ бөлімдері туралы» (1921, 29 қаңтар), «Мадиярға жауап» (1922, 14 қазан), «Орынбордан телеграмма» (1922, 26 сәуір), «Ашық хат» (1922, 27 тамыз) атты мақалалары осы басылымда жарық көрді.

**«ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ»**, газет. Өл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде 1948 жылдан шыға бастаған. Алғашқы аты – «За отличную учебу» (1948–1960). 1944 ж. университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессорлығына тағайындалған Ө. туралы мағлұматтар газет беттерінде дүркін-дүркін жарияланған. Мысалы: «Совет өмірінің жиындығы» (1952, 5 желтоқсан), «Бейбітшілікті жақтаушылардың қатары өсіп, нығайып келеді» (1953, 1 қаңтар), «Совет драматургиялық зерттеудің кейбір міндеттері туралы» (1953, 4 желтоқсан). 1957 ж. 31 желтоқсанда ұлы жазушы жастар ұйымдастырған кешке қатысып, оларды жаңа жылмен құттықтады. Осыған байланысты «Жастар мерекесі» деген атпен мақала және Н. Жұбанов түсірген фотосурет берілген (1958, 21 қаңтар). 1960 ж. 31 желтоқсанда газет тілшісі Ө-ке «Сіз университет студенттеріне жаңа, 1961

жылда не тілек айтасыз?» деген сауал қояды. Жазушының жауабы: «Университеттегі қызметім мен үшін ерекше маңызы бар. Басқа жұмыстар уақытымды қанша алса да, студент жастар мен ұстаздар қауымы арасында болуға уақыт табуға тырысамын. Университет коллективіне мен өз адамы сияқтымын...» 1961 ж. суреткердің кенеттен қайтыс болуына байланысты 1 шілдеде газет арнаулы нөмір шығарды. Ө-тің 80 жылдығына арналған «Өуезов және жастар» деген көлемді мақала назар аударарлық (1977, 28 қыркүйек).

*Б. Мекішев.*

**«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЗОР ҒАЛЫМЫ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Әдебиет және искусство» (1949, №5), «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы» (1949, №4) журналдарында жарияланды. Кейін Ө-тің 12 томдық (12-кітап, 1969, 5–7-беттер), 20 томдық (1985, 18-кітап, 328–338-беттер) шығармалар жинақтарына енгізілді. Академик Қ. Сәтбаевтың туғанына 50 жыл толуына арналған. «Қазақтың советтік буындарының ең алдыңғы қатарында, жұртшылық мақтаны боп, толып өскен ғалым азаматтың ең алдыңғы сапында қадірлі орын алатын кісінің бірі – Қаныш Сәтбаев» деп жазды. Жазушы «жік салмай, желісін үзбей», Қ. Сәтбаевтың 15 жыл бойы Жезқазған ауданының барлық кен байлығын зерттегенін баян етеді де, мұны: «...Сарыарқаның өз баласы, беті-жүзі келбетті, жас шырайда жарқыраған көркі бар, білім-сана нұры бар, жырма жеті жасқа келген жігіт келді. Аз тобымен іске кірісті» деп суреттейді. Мақалада Қ. Сәтбаевтың талай қазына ашып, көп тәжірибелі ғалым, мойымас қажыр, қайрат иесі, басшы қызметкер ретінде, «Жезқазғанның мыс кендері» деген кітабы үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Кеңес Одағының зор ғылым ордасы – Ғылым академиясының корреспондент мүшесі ғылыми атақ алғаны, Ленин ордені берілгені әңгімеленеді. Одан әрі оның Бүкілодақтық академиялық Қазақстандық филиалына бастық, геология институтының директоры болып істеген қызметіне тоқталған. Қазақ халқының абыройын асырып, совет елінің мақтаны болған асыл азамат Қ. И. Сәтбаев жаңа орынға келісімен Қазақстан жеріндегі кен байлықтарының бәрін зерттеп, табысқа-табыс жалап, молайтумен болды. Әсіресе ел-жұрттың жауыз-дұшпаны – неміс басқыншыларымен болған Отан соғысы шағында Қаныш бастаған ғылым орындарының көмегі аса зор болды. Майданға керек болған кен қазынаның бәрін тез тапқызып, мол алғызып отырды.» Ұлы ғалымның Қазақстан Ғылым академиясының президенттік қасиеттерінің ең зоры – ол аса талантты және қажырлы, еңбекке төзімді ұйымдастырушы. Бұл жөнінде, Қаныш өзі, геология сияқты үлкен күрделі ғылымның терең білімді маманы болғандықтан, ұйымдастырушылық, басшылық істі үнемі ғылымдық жолмен жүргізеді... Қаныштың бір үлкен ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі. Және сол әр ғылымның саласындағы әрбір кезеңде пісіп келген нақтылы, жауапты мәселелеріне қажет болған мәслихатын айтып, мықты басшылық ете біледі. Жұмысқа моймайтын үлкен ісшілдік те бар деп, Қ. Сәтбаевтың мемлекет қайраткері дәрежесіне жеткенін, ең үлгілі, ең асыл

азаматтың бірі болғанын, одан алатын үлгі-өнегенің мол екенін айтумен мақала аяқталған.

*З. Ахметов.*

**«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫ»** («Поэзия Казахстана»), жазушының мақаласы. Ө-тің Т. Өлімқұловпен бірге «Антология казахской поэзии» жинағына жазған алғы сөзі. Антология 1958 ж. Мәскеуде Мемлекеттік көркем әдебиет баспасында шыққан. Жинақтың редакция алқасында Өлімқұлов, Ө. Ө. Сәрсенбаев, И. Сельвинский бар. Құрастырушылары: Қ. Жармағамбетов, Е. Ысмайылов, Ғ. Мүсірепов. 846 беттен тұратын өте сапалы басылған кітап. Қазақ эпосының таңдаулы үлгілерінен бастап 50-жылдарға дейінгі қазақ поэзиясының таңдаулы өкілдерінің шығармалары берілген. Мұхамет Т. Өлімқұловпен бірге жазған алғы сөзінде қазақ эпосынан бастап қазіргі заман поэзиясына дейінгі сан ғасырлық әдебиет тарихына қысқа, нақты шолу жасаған. Алғы сөзде алдымен Қазақстан поэзия мұхиты сияқты, оның көгінде қалықтаған ежелгі эпикалық жырлар Махамбеттің жалынды жырларымен тоғысын, Абайдың дана өлеңдеріне нәр берген, Жамбылдың қуатты толғауларына қанат бітірген қазақ поэзиясына жоғары баға беріп, одан ары нақты талдауларға көшеді. Кітап орыс тілді оқырманға арналғандықтан, қазақ халқының ауыз әдебиетінің ерекшеліктері жөнінде хабар берілген. Қазақ фольклорына үнді-буддистік, монгол-тибеттік, көнеирандық, арабтық мифологияның әсер еткені жөнінде айтады. Жеке ақындардан көбірек талданғаны Абай. Абайдың өскен тарихи-әлеуметтік ортасы, ақынның мектептері туралы айтылған. Абайға берілген жоғары бағалармен қатар сын да айтады. Торайғыровқа арнайы тоқталыңқырап, «Адасқан өмір» поэмасын сөз етеді. Алғы сөздің екінші бөлігі Октябрь революциясынан кейінгі әдебиетке арналған. Алдымен қазақ, түрікмен, өзбек, тәжік сияқты халықтардың әдебиетіне социалистік революцияның әсері жөнінде айтылып, әсіресе проза жанрының дамығанына тоқталған. С. Сейфуллин, Б. Майлин, С. Мұқанов, І. Жансүгіров шығармашылығына кеңірек тоқталып, «Тар жол тайғақ кешу» романы, «Шұғаның белгісі» повесі, «Слушаш» поэмасы талданған. Қазақ кенес поэзиясының басқа өкілдерін жастарына, тақырыптарына қарай топтап алып, қысқақысқа талдап өткен. Уақыт жағынан 30-жылдар, соғыс жылдары, соғыстан кейінгі жылдардағы әдебиет деп жіктеген. Мақала соңында Қазақстанда жасқы ақындар көп-ақ, олардың бәрінің өздік тәжірибесі, өрнегі бар, бәрі өмір шындығын өздерінше бейнеледі. Өкінішке орай, бұлардың шығармаларын аударған кезде, олардың өзіндік ерекшеліктері сақталса бермейді деп, жұмсактау болса да, аударма сапасына деген көзқарасын білдіреді.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ»**, жазушының мақаласы. Абайдың қайтыс болуына 50 жыл толуы қарсаңында (1954) ұлы мұра жөніндегі өз ой-танымының желісін қорыта отырып жазған. Терең талдау мен іргелі ойға, теориялық соны пікірлерге құрылған. Мақала алдымен «Әдебиет және искусство» журналының 1954 жылғы 9-санында жарияланды, орысша нұсқасы Мәскеудегі «Знание» баспасында жеке кітапша болып шықты, сол

жылы «Новый мир» журналының 7-санында жарық көрді. Соңғы рет жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томында (42–62-беттер) 1954 жылғы нұсқасы негізінде жарияланды. Мақала жарық көрген кезден бастап абайтану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының иек артатын іргелі тірегіне айналды. 19 ғасырдың 80-жылдарындағы Абай өлеңдерінің дені қазақ қауымының тағдырына арналғандықтан, дидактикалық поэзияның қалыптасқан канондарын бұзып, жаңа бағыттағы поэзияның мақсаты – халық мүддесіне қызмет ету, адамды жаңа таным, биік гуманистік мақсат-мұратқа тәрбиелеуге жұмылдыру деп білді. Абайдың ақындық кітапханасының тың көздерін нұсқап, Табари, Рабғузи, Рашид-ад-дин, Бабур, Әбілғазы еңбектерімен таныстығын, логика мен мұсылман құқығының негіздерін біліп, татар ағартушылары еңбегімен, Таяу Шығыстың өз кезіндегі ой ағымымен мол хабардар екендігін ескертеді. Алғаш рет мақалада Абайдың исламиятқа қатысы арнайы қарастырылып, Абай үшін дін адамның жеке баысының моральдық тұрғыдан жетілуінің құралы болды деген соны танымын ұсынады. Абай мұрасының ағартушылық сипатының басым жатуы – еуропалық ғылым-білімді меңгеруге насихаттап, гуманистік идеяларды молынан таратуға ат салысқандығы деп түйіндейді. Абай мұрасы мен орыс әдебиетінің байланысын зерттеу ісінің тар көлемде жалаң зерттелуден арылуын, бұл мәселені бүкіл орыс мәдениеті мен философиясына, эстетикасына, публицистикасына қатысты ортақ проблемамен бірлікте алып, оны үнемі даму үстіне зерттеу талабы қойылып отырғанын еске салады. Автор осыған байланысты бұрынғы зерттеу еңбектерінде оның орыс достарының әсерін асыра бағалау орын алғанын сыңға алады. Абай мұрасының мүлде аз зерттелген саласын – оның Шығысқа қарым-қатынасын жаңа талап тұрғысынан зерттеудің әр кезеңде әрқилы болғанын ескере отырып, оның суфизмге қатысын айрықша айқындау қажеттігін ескертеді. Абай маңындағы шәкірт ақындар мұрасының әлеуметтік сипатын даралап ашу жағына мән бере қарайды. Ақырында қазіргі қазақ әдебиетінде Абай дәстүріндегі жалғастықтың даму жолын танып-білуді де зерттеу нысаналарының бір міндеті ретінде қарастырамын.

*М. Мырзахметұлы.*

**«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ»** («Великий поэт казахского народа»), жазушының мақаласы. «Абай Кунанбаев. Избранное» деп аталатын орыс тіліндегі кітапқа жазылған алғы сөз (5–27-беттер). 1958 ж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы шығарған. Кітапты Қазақ КСР ҒА-ның Тіл мен әдебиет институты әзірлеген. Орыс тіліне аударылған тандамалы өлеңдері мен қара сөздері кірген. Абайдың қысқаша өмірбаяны берілген. Абайдың ата-анасымен қарым-қатынасы, жанына шәкірттер топтастыруы, орыстың классикалық әдебиетінің әсері, Батыс жазушылары мен ойшылдарын оқып үйренуі ақыға арналған басқа еңбектерінің үлгісінде жазылған. Абайдың үш ақындық мектебі: төл әдебиеті, Шығыс үлгісі, орыс, Батыс классикасының әсері тарата талданған. Мақалада зар-заман әдебиетінің өкілдері Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір жайында да айтылған. Оларға консервативті ақындар деп баға беруі сол кездегі иде-

ологиялық талаптардан туған. Абайдың шығыстық философ, тарихшы, ақындарды білуі, ақындық шеберлігі, аудармалары жайында қысқа, нақты ойлар айтқан. Қазақ тіліндегі басылымдарға жазған алғы сөздеріне қарағанда, Абайға «революциялық рухты» көбірек таңған. Шығармашылығының әлеуметтік жақтарын талдау басым. Сонымен қатар абайтану саласындағы кемшіліктерге тоқталған.

*Р. Әбдіғұлов*

**«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ – АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ»** («Великий поэт казахского народа – Абая Кунанбаев»), Ө-тің КСРО «Білім» қоғамы 1954 ж. шығарған кітапшасы. Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-танымдық бұл зерттеу: «Абай жарық шырағдан сияқты өзінің қапастағы езілген халқын жарқын болашаққа бастайтын жолды нұсқалды» деп басталып, «ақын есімі мәңгілік, оның туындылары» өлмейтінін, Абайдың шығармалары қазақ халқына енді ғана кеңінен белгілі болғандығын, Кеңестер Одағындағы туысқан халықтардың игілігіне айналғандығын паш етеді. Ұлы ақынның балалық, жастық, есейген шағынан сыр шертіп, талант қайнардың көзін ашады, әділетсіз, соқпақпалы заманда өмір кешкен ақынның қиын тағдырына үніліп, шығармашылық жолына кеңінен барлау жасайды, Абай поэзиясының рухани қайнар бұлақтарына терең талдау жасап, көркемдік шешімін тапқан жаңа ізденістер мен қазақ өлеңін жаңаша түрлендірген әдіс-тәсілдерін саралайды. Абайдың ақындық талантынан басқа ұлы ойшыл, композитор ретіндегі үлкен қайраткерлік тұлғасын жан-жақты ашып, оның әдеби ортасы мен ұстаздық тәлім-тәрбиесін сөз етеді. Абай сусындаған үш ұлы қайнар: «көне қазақ әдебиеті», «шығыс мәдениетінің ұлы шығармалары: тәжік, әзірбайжан, өзбек классикалық поэзиясы» және «орыс (осы арқылы батыс Еуропа мәдениеті) сияқты рухани құндылықтар арқылы ұлы ақынның өз поэзиясын жаңа көркем бейнелеу тәсілдерімен, рухани әлемін жаңа идеяларымен қалай байытқанына терең үңіледі. Сонымен бірге сол кездегі әкімшіл-өміршіл жүйе саясатының ыңғайымен өзі бір уақытта ғылыми айналымға енгізген «Абай мектебі» мағынасының қателікпен айтылып, бұл топқа «реакцияшыл және консерватившіл ақындар» жатқызылғандығына өзінің кінәлі екендігіне қынжылыс білдіреді. Абайдың 20 ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ақындық дәстүрін зерттеуге зер салу қажеттігіне назар аударады.

*С. Қорабай.*

**«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭПОСЫ МЕН ФОЛЬКЛОРЫ»**, Ө-тің орыс жазушысы Л. Соболевпен бірлесіп жазған еңбегі. Алғаш рет орыс тілінде «Литературный критик» журналында (1939, №10–11, 1940, №1) жарияланған; бұдан кейін «Песнь степей» (1940) атты кітапқа алғы сөз ретінде берілген. Еңбек А. Нұрқатовтың аудармасы бойынша «Уақыт және әдебиет» (1962) деген кітапта басылды. Зерттеудің осы нұсқасы Ө-тің 12 және 20 томдық шығармалар жинағына енді. Ғылыми-теориялық деңгейі биік бұл зерттеуде қазақ ауыз әдебиетінің жанрлары мен түрлеріне қысқаша, тұжырымды сипаттама берілген. Олар төмендегіше топталған: 1. Халық поэзиясының шағын түрлері: үйлену-салт жырлары (жар-жар, беташар, сынсу), мұң-шер өлеңдері (жоқтау, қоштасу, естірту). 2. Ертегі-аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер (қиял-ғажайып ертегілер, хайуанат жайындағы

ертегілер, салт ертегілері, балаларға арналған ертегілер, аңыз ертегілер, күй аңызы). 3. Батырлар жыры («Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын»). 4. Ғашықтық жырлары («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан»). 5. Тарихи жырлар. 6. Айтты өлеңдері. Еңбекте қазақ халқының ақындық, айтқыштық өнерге ежелден ерекше ден қойғаны, «замана толқыны тарих теңізінің жағалауына көркемөнердің баға жетпес меруерт-марқадарын» қалдырғаны айтылады; соларда халықтың өткен істерге бағасы берілгені көрсетіледі. Қазақ халқы «бізге ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті. Жыршы халық, ақын халық естие жоқ ескі замандардан бастап дарыған ақындық даналығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмтылмас эпостың дастандарында, сан-сан әралуан түрлі жырларында бейнеледі» (аталған кітап, 205–206-беттер). Ө. әуел баста нақтылы оқиғалар, жағдайлар негізінде туған шығармалардың уақыт өте келе сұрыпталып, екшеліп, жетіліп, халықтық сипат алған деп біледі; қазақ фольклорының туындылары өзге тілдерге аударылу арқылы дүниежүзілік аренаға шыққанын мағлұм етеді. Монографияда аттары аталған жанрлар мен түрлердің өздеріне хас ерекшелігі ішкі тақырыптық жіктері анықталған.

*Р. Бердібай.*

**«ҚАЗАҚ ШАРУА ЖАСТАР МЕКТЕБІНЕ АРНАЛҒАН ПРОГРАММА ЖӘНЕ ТҮСІНГІ ХАТ»**, жазушының шығармасы. Бағдарлама 1930 ж. Қазақстан Оқу комиссариаты білім кеңесінің шешімі бойынша Қызылорда қаласында басылып шыққан. Кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілген (1984, 15-кітап, 100–119-беттер). Онда шаруа жастар мектебіне қоғамтану, химия, математика, әдебиет пәндерінен нені оқыту, қалай оқыту әнінде жеке-жеке түсініктер беріліп, әр жылға арналған бағдарлама жасалған. Соның ішінде «Суретті әдебиет туралы» бөлімді жазған – Ө. Бағдарлама-кітапшаның өңір бетінде Майлыұлы, Марғұланұлы сынды адамдардың аттары аталған. Жазу стиліне, сөз саптау машығына қарағанда, бағдарлама мәтінінің алғашқы жобасын жасаған да Мұхан болуға керек. Әдебиет пәніне арналған бөлімнің кіріспесінде әдебиет жөніндегі ілім-білімнің қоғамтану ғылымының бір саласы екені айтылып, әдебиеттің әлеуметтік-қоғамдық өмірдегі қызметіне тоқталған. Көркем туындыларды жазу, әдебиетті зерттеу барысында кеңес жазушылары мен әдебиеттанушылардың негізгі ұстанар әдістемелік тәсілі – маркстік әдіс болу керектігі ашық айтылған. Ақын-жазушының шығармаларын қоғам өмірімен тығыз байланыста қарастыру – зерттеушінің негізгі нысанасы болмақ. Бағдарламада қазақ шаруа жастарының 3 жыл ішінде қазақ әдебиетінен нені біліп, нені үйрену қажет екені, қазақ әдебиеті оларға қандай дүниеліктерді таныту керектігі баяндалған. Сондай-ақ бағдарламада оқуға жаттығу, тіл үйрету, сөйлеуге жаттығу, жазуға жаттығу тақырыптары да назардан тыс қалмаған. Сонымен бұл бағдарламаның кезінде қазақ шаруа жастарының сауатты атанып, төл әдебиеттің көусар бұлағынан сусындау ісінде біршама маңызды рөл атқарғанын ескерген жөн.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«ҚАЗАҚ ІШІНДЕГІ ПАРТИЯ НЕДЕН»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет 1918 ж. «Абай» журналының 2-санында, кейін 1991 ж. «Жібек жолы» журналының 3-санында жарияланды. Соңында «М. Ө.» деп қол қойған. Журналдың әрбір санында 2–3

мақаласы жарияланып тұрғандықтан, біріне аты-жөнін толық жазса, кейбіріне «Мұхтар» деп немесе аты мен фамилиясының басқы әріптерін қойып отырған. Аталмыш мақала мен журналдың 3-санындағы «Философия жайынан» атты мақалаға «М. Ө.» деп қол қойған екен. Бұл автордың Ө. екендігі ешқандай күмән тудырмайды. Мақала жазушының шығармалар жинақтарына енген. Мақалада автор әрбір халықтың өзгешелігі екі түрлі шартқа байланысты: «бірі – сол халықтың кәсібі, екінші – жұрт билеу тәртібі» деп, мал бағып, кең далада еркін жайлап жүрген қазақтың билігі «қарулы көп орыс құлқына» тиген соң, «бұрынғы келе жатқан жауынгерлік мінез қаққы көріп, өмір жолынан шығып қалғандығын, бұдан кейін қазақ сөзуар, жершіл ұсақтыққа таман айнала бергендігін» баян етеді. Осы күнгі қазақтың бойындағы түрлі: жікшілдік, жуандық құмар, жем құмар, сыпыра жалыншылық, адамшылығын құлдыққа айырбастау сияқты «сұрқия мінездің» ұсақ мансапқорлықты, партияқорлықты тудырып отырғандығының негізгі объективтік, субъективтік себептерін талдап ашып береді. Осындай келеңсіз кеселден құтылудың үш түрлі нақты жолын ұсынады: алдымен ел ішінде үш болыстың ішінен біреу болса да өзі күшті, басындағы кісілері әділ, оқыған, істі тез бітіретін суд болсын... Екінші, ел ішінде уақ қарыз серіктері, потребительлік лапелері көп ашылсын. Мұнымен бірге нашардың жалыншытығы азаяды. Үшінші, жұмысшының еңбегі бағалы болсын дейді.

*К. Сыздықов.*

**«ҚАЗАҚ ЭПОСЫ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ФОЛЬКЛОР»** («Казакский эпос и дореволюционный фольклор»), жазушының мақаласы. 1940 ж. Мәскеуде Л. Соболевтің редакциясымен шыққан «Песнь степей» атты қазақ әдебиетінің антологиясына жазған кіріспе (11–16-беттер). Ө. мақаланы қазақ эпосы туралы өңгімелеуден бастап, батырлық жырлар қатарына «Орта Азия мен Қырым-Еділ көшпелі тайпаларында ежелгі заманда болған нақтылы тарихи оқиғаларды» жатқызады. Бұл ретте «Тоқтамыс пен Темірдің тұсындағы Алтын Орданың құлауы (Едіге туралы жыр), Иоан Грозныйдың Қазанды алуы (Шора Нәріков немесе Қобыланды туралы жыр), аралас рулар – қазақтар мен ноғайлылардың бірлескен шапқыншылықтары (Сайын туралы жыр, Алпамыс туралы жыр), Қырым хандығындағы өзара соғыстар (Тарғын туралы жыр) сияқты тарихи оқиғаларға байланысты «бұрынғының батырлары» туралы жырларды атап өтеді. Жырлардың қай уақытта пайда болып, кім шығарғандығы белгісіз екендігін, бұлардың көйпкөрлері қазақ емес, «Ноғайлыдан шыққандар» екендігін атай отырып, батырлар жырларының бастапқы нұсқалары қазақтың дербес саяси одағы құрылмаған, қазақ халқының этникалық негізін құраған рулар әлі Алтын Орда, Қырым және Қазан хандықтары құрамында кеңінен танылған «Ноғайлы» есімімен белгілі болған кезге тұспа-тұс келгендігіне назар аударады. Осы орайда «Қобыланды батыр» мен «Ер Тарғын» нұсқаларын өткен ғасырда атақты ақын Марабай жырлағаны белгілі болғанын мәлім етеді де, солай бола тұрса да, Марабайдың өзі жырлаған қай жырда болсын есімін атамағанын, бұл тек осыған куә болған адамдар арқылы ғана жеткенін айта-

ды. Одан әрі автор «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» сияқты ғашықтық жырларға тоқталып, идеялық, мазмұндық және тақырыптық ерекшеліктерін сөз етеді. Қазақ ауыз әдебиетінің тұрмыс-салтына байланысты туған көптеген шағын жанрларына жеке-жеке тоқталған. Суырыпсалма ақындық өнердің бұл дәстүрі Октябрь революциясынан кейін қазіргі халық поэзиясының тамаша өкілдерінің бір топ шоғырын елге танытқандығын мақтанш сезіммен жазады.

*С. Қарабай.*

**«ҚАЗАҚ ЭПОСЫНЫҢ ЕҢ КӨРНЕКТІ ЕСКЕРТКІШІ»** (« Виднейшие памятники казахского эпоса »), жазушының мақаласы. 1934 ж. «Литературный Казахстан» газетінің 14 маусымдағы санында шыққан. Одан кейін еш жерде жарияланбаған. Қазақ фольклоры жайында ықшам, дәл мәліметтер берген, тілі айқын, тұжырымды. 30-жылдардағы солақай идеологиялық талаптарға байланысты талдауында таптық көзқарас бар. Орыс тілді оқырманға арнап жазылғандығы айқын байқалады. Жазушы шығармаларының библиографиялық көрсеткіштерінде мақала аты «Виднейшие памятники русского эпоса» деп қате жіберілген. «Литературный Казахстан» газеті 1935 жылдан бастап журналға айналдырылған. Жазушы мақалада қазақ эпосының сан жағынан көп екенін айта келіп, үш түрге бөлген: 1. Батырлар жыры; 2. Тұрмыс-салт өлеңдері; 3. Тарихи өлеңдер. Қобыланды, Едіге, Шора, Қамбар, Алпамыс туралы жырлардың көркемдік құндылықтары және тарихи негіздері туралы ғылыми негізі бар тұжырымдар жасаған. Батырлар жырларының әдетте бірнеше түркі халықтарына ортақ болатынын айтып, керісінше, қырғыз эпосының батырлары Манас пен Семетейдің тарихи негіздері өзирге анықталған жоқ дейді. Қазақ эпостарының көлемі әдетте қырғыз эпосынан кіші болып, көркемдігі жағынан жоғары тұрады дейді. Сюжеттік ағым, өмір құбылыстарын жан-жақты көрсету, кейіпкерлер образдарын тәптіштеудегі қырғыз эпостарының биік талаптарға жауап беретінін талдап айтқан. Эпосты орындаушылардың ішінен Марабай мен Жанақты атаған. Батырлар жыры жайындағы бөлімінің соңында эпос батырларын үстем топ өкілдері ретінде көрсеткен. Идеологиялық қысымның үдеп тұрған кезінде мұндай талдаусыз мақала шығару мүмкін емес еді. Мақалада осы тұрғыда Абайға да сын айтылған. Лиро эпосты қазақ халқының төл жары ретінде атап, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібекті» талдаған. Екі жырдың көркемдігіне өте жоғары баға беріп, жыр сюжеттеріндегі атастыру, құда түсу, әмеңгерлік салттарын саяси-әлеуметтік тұрғыдан талдаған. Қодар образына идеологиялық-таптық көзқараспен қатар, қызықты, көркемдік талдаулар жасаған. Мақаланың соңына қарай қазақ фольклорында басқа да жанрлар бар екенін, эпостың басқа да жанрларын, әсіресе советтік фольклорды зерттеуге күш салатынын айтқан. НКВД түрмесінен кейін белгілеген сынақ мерзімі бітпегендіктен, Ө. ұлтшылдық, алашордалық бағыттағы фольклортану ғылымының «қателіктерін» көрсетіп, мақаланы аяқтаған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ҚАЗАҚ ЭПОСЫ СОЦИАЛИСТІК МӘДЕНИЕТКЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ»** (« Казахский эпос

на социалистической культуре »), жазушының мақаласы. «Казахстанская правда» газетінде 1935 ж. 5 қарашада жарияланған. Онда Ө. қазақ эпосының шығу тегіне кеңінен тоқталып, оның түрлерін талдап, әрқайсысының ерекшелігін атап көрсетеді. Қазақтың ауызша таралған шығармаларының арасында эпос ерекше орын алады. Жанрлық жағынан алып қарағанда, қазақ эпосын негізінен үш топқа бөлуге болады: батырлық-ерлік, лиро-эпикалық және тарихи өлеңдер мен поэмалар. Батырлық және тарихи өлеңдердің ішінде кеңінен таралғаны – Абылай хан, Кенесары, Есім, Жанқожа т. б. жайлы деп, батырлар жырлары мен тарихи жырлар арасындағы айырмашылықтарға тоқталады. Өрине тыңдаушылар үшін өткен ғасырлардағы батырлар жырларының тарихи-әлеуметтік тамыры, қайнар көзі отарлық езгіге қарсы күресті бейнелеген тарихи жырларға қарағанда, шындықтан алыстау тұрған сияқты көрінеді. Бұл күнге дейін жеткен қазақ батырлар жырларының өзі екі топқа бөлінеді: біріншісі – үлкен, атақты батырлар, екіншісі – ұсақ батырлар жайында. Бірінші топқа – Едіге, Қобыланды, Тарғын, Шора, Қамбар батырлар туралы жырлар жатады. Екінші топқа Ер Сайын, Алпамыс т. б. жайлы жырлар кіреді дейді. Ө. эпостық жырларды, оларды шығарушыларды, орындаушыларды қазірден бастап қолға алу қажеттігін айтады. Автор осы эпостардың біз білмейтін көне нұсқаларының сақталмағанына қатты өкініш білдіреді. Дегенмен осы сақталғанның өзі жазушылар мен ақындар үшін үлкен қазына, сарқылмас мұра бола алады деп ой түйеді дегені. М. Горькийден бастау алған жазушылар халық шығармашылығын жинап, өңдеуге құлшына кірісіп кетті. Бірақ Мәскеу ақындары М. Тарковский және Л. Пенковскийлер халық шығармашылығын өңдеуде біршама кемшіліктер жіберді. Болашақта басқа аудармашы ақындар мұндай олқылықтардан аулақ болғаны жөн деп бітіреді шығармасын.

*Б. Мамырәев.*

**«ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ОРТАСЫ»** (Казахское народное творчество и его поэтическая среда), Ө-тің мақаласы. Жазушы мұражайының қолжазба қорында сақталған (180-бума, 228–265-б.). Мақала мәтіні Ө-тің жары В. Н. Кузьминаның қолымен таза көшірілген. Қолжазбаның соңғы бетінде Ө-тің өз қолымен «Мұхтар Әуезов. Ленинград, 25. 10. 1927. Адрес: Ленинград Центр. Улица Декабристов д. 14. кв. 1, Ауэзову Мухтару» деп жазылған. Бұл қолжазба Ленинградта қалып, 1930 ж. Ташкентте Ө-ті НКВД қызметкерлері тұтқындап, барлық қолжазбаларын конфискалап алған кезде аман қалған. Мақала мәтіні алғаш 2001 ж. «Тамыр» альманахының 1-санында, кейін жазушының 50 томдық толық академиялық басылымының 6-томында (2001, 61–97-б.) жарияланды. Мақаладағы айтылған ойлар «Әдебиет тарихы» оқулығындағы және 1927 жылға дейін жазылған басқа мақалаларындағы халық ауыз әдебиетіне қатысты ойларды қайталамайды. Мақала авторы Еуропа зерттеушілерінің қазақ халқына этнографиялық объекті ретінде қарап, халық ауыз әдебиетін жүйелі түрде зерттеуге бармағанын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен ғана шектеліп, ол жиналған материалдың жанрлық, теориялық тұрғыда тұжырымдар жасауға аздық ететінін айтады. Халық ауыз әдебиеті шығармаларының аймақтық ерекшеліктері туралы ойлар



алғаш осы мақалада айтылған. Дара ақын тұлғасын, ақындықты кәсіпке айналдырған ақындардың өзіндік ерекшеліктері туралы нақты мысалдар келтіріліп, теориялық тұжырымдар жасаған. Жырлардың шығу тегіндегі жоқтаудың рөлі туралы, ақындар айтысының басталу жолдары мен себептері, даму процесі туралы да құнды деректер бар. Мақалада Албан Асан, Көдек туралы, Ж.Шайхысламовтың Қытайдан қазақ жеріне қайта өтуі туралы тың мәліметтер берген.

*Р.Әбдіғұлов.*

**ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ**, шығармашылық ұйым. Қазақстан Жазушылар одағының алғаш ұйымдасуы ҚазАПП болып құрылған кезден басталады. 1925 ж. 18 маусымда РК(б)П Орталық Комитетінің «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» деп аталатын арнаулы қаулысының қабылдануына орай, сол жылғы 12 шілдеде РК(б)П-ның Қазақ Өлкелік Комитетінің секретариаты Қазақстанның пролетариат жазушыларының ассоциациясын (ҚазАПП) ұйымдастыру жөнінде ұйғарым жасады. Құрамында *С. Сейфуллин*, *Б. Майлин* бар ұйымдастыру бюросы құрылды. Бұл ұйымға республикадағы әдебиет күштерін біріктіру және пролетариат жазушыларының Бүкіл-қазақстандық 1-конференциясын әзірлеу тапсырылды. 1926 ж. маусымда Қызылорда пролетариат жазушылары ассоциациясының бюросы құрылып, ҚазАПП-тың жарғысы қабылданды, оған мүшелер тартылды. 1932 ж. 28 сәуірдегі БК(б)П Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем ұйымдарды қайта құру туралы» қаулысы негізінде Қазақстан Өлкелік партия комитетінің секретариаты мамыр айында қарар қабылдады, осыдан кейін Қазақстан Жазушылар одағы құрылды, ұйымдастыру бюросының төрағалығына *І. Жансүгіров* тағайындалды. Қазақстан Жазушылар одағы туысқан республикалардың жазушылары ұйымдарымен байланысты нығайтты; Азия, Африка жазушыларымен, мәдениет қайраткерлерімен де ынтымақтастықты күшейтті. Осының нәтижесінде 1973 ж. Азия мен Африка елдері жазушыларының 5-конференциясы Алматыда өтті. Ө. республика Жазушылар одағының ны-

ғаюына көп еңбек сіңірді. 1954 ж. М. Шолохов, Л. Леонов сынды ұлы қалам қайраткерлері қатысқан Қазақстан жазушыларының 3-съезін өзі ашып, драматургия бойынша баяндама жасады.

*Т. Әкім.*

**«ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ АШУ-ЫЗАСЫ»** («Гневный голос писателя Казахстана»), жазушының бірлесіп жазған мақаласы. «Казахстанская правда» газетінде 1938 ж. 8 наурызда жарияланған. «Қазақстан жазушылар ұжымы қабылдаған резолюция» айдарымен берілген. Онда Қазақстан жазушылары ұлы кеңес халқы қабылдаған үндеуіне қосыла отырып, Троцкий бастаған алаяқтарға қарсылықтарын білдірген. Одан әрі біздің тамаша, іскер ұйым НКВД-ның арқасында талқандалған сатқын, аяр бандиттер халқымыздың ұлы көсемдері – Ленин мен Сталиннің өмірлеріне қауіп төндірді. Олар бүкіл одақтағы сүйікті ұлы *С. Киров*қа қастандық жасады. Еңбекші таптың жетекшісі, совет әдебиетшілерінің досы әрі ұстазы, ұлы пролетар жазушы *М. Горький*ді өлтірді. Олар революциядан шабыт алған батырлар Менжинский мен Куйбышевты т. б. мерт етті деп, троцкийшілердің қылмыстарын тізіп шыққан. «Халыққа қарсы қол көтерген мұндай жауыздарға жауап біреу-ақ, ол – құтырған фашистік иттердің бірін қалдырмай қырып салу. Ленин мен Сталин бастаған ұлы партияның қарулы қатарын нығайта түсеміз! Троцкийшіл-бухариндік және ұлттық-фашистік иттердің бірін де қалдырмай айдап шығамыз!» деген даурықпа ұрандармен аяқталған. Хатқа *Жамбыл*, *М. Қаратаев*, *Айманкүл*, *Ө.*, *Шухов*, *Мүсірепов*, *Жароков*, *Мұқанов*, *Қамалов*, *Тәжібаев*, *Аманжолов*, *Дәулетбаев*, *Кузнецов*, *Хасановтар* қол қойған.

*Б. Мамыраев.*

**ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ІІІ СЪЕЗІН АШАРДАҒЫ СӨЗ**, 1954 ж. 3 қыркүйекте Қазақстан жазушыларының 3-съезін ашарда Ө-тің сөйлеген сөзі. Бұл 50-жылдардың басында қатты саяси қуғынға ұшырап, республикадан кетіп қалуға мәж-



Қазақстан Жазушылар одағы І-пленумының делегаттары. Алматы. 1932.

бүр болған жазушы жаңа басшылық тұсында қайтып оралғаннан кейін, оған көрсетілген зор құрметтің белгісі еді. Съезді ашардағы кіріспе сөзді де Ө. қазақ тілінде сөйледі. Оның аудармасы микрофон арқылы орыс тілінде оқылды. Бұл кез көп ұлтты кеңес әдебиетінің барлық табыстары, оның өткені мен болашағы тек қана социалистік реализм әдісімен, Коммунистік партияның басшылығымен байланыстыра қарастырылатын кез болғаны мәлім. Сондықтан қазақ әдебиетінің өткендегі табыстары мен болашақ көкжиектеріне көз жіберіп, бұл жәйттер міндетті түрде айтылмақшы еді. Ө. осындай саяси талапты ескере отырып, көркем шығармашылықтың аса маңызды шарттарын баса айтты. «Ашылғалы отырған съезіміз болса, қазақ совет әдебиетінің 1939 жылдан бергі 15 жылда жүріп өткен жолына шолу жасайды, баға береді. Өткенге қорыту, байлау айтады. Келешекте қалай өсу-өрлеудің бағдарын атап, барысын болжап береді» (20 томдық шығармалар жинағы, 19-том, 297-бет). Бұдан әрі әдебиет жайындағы сынау, ойлау, талдау сөздер проблемалы болса ғана әдебиеттік құрылысқа, процеске әсерлі, пайдалы болатынын ескерте келіп, Ө. жасалатын баяндамалар мен сөйленетін сөздерде негізгі шығармашылық мәселелер көбірек көтерілісін деген талап қойды. Өсіресе әдебиеттің маңызына баса назар аударды. «Проблемалы, жауапты ойға толы сын сөзі – өсуге арналған сөз. Ол сын – өшіру үшін емес, өсіру үшін айтылады» (сонда, 298-бет). Кіріспе сөзінің соңында ұлы жазушы ашылғалы отырған жын әрбір қаламгердің шығармашылық өмірінде үлкен шоқтықты бел, биік асу есепті болсын, республиканың әрбір қаламгері өзінің жарқын шығармасымен ел ішінде ғана емес, бүкіл дүниежүзілік көлемде танылатын болсын деген ізгі тілек білдірді.

Ж. Ысмағұлов.

**«ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ӨЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫ ТІЛДЕРІНДЕ»** («Произведения писателей Казахстана на языках народов мира»), библиографиялық көрсеткіш. Құрастырған – Н. Мұқанова. 1969 ж. А. С. Пушкин атындағы Қазақ КСР мемлекеттік кітапханасы шығарған. Ретроспективті көрсеткіш 1934–1985 ж. әдебиеттерді қамтып, шетел тілдеріне аударылған шығармаларды сала бойынша топтастырып, алфавит тәртібімен берген. «Әуезов Мұхтар» атты арнайы тарауда ұлы жазушы шығармаларының ағылшын, араб, бенгал, болгар, венгр, вьетнам, голланд, грек, испан, монғол, неміс, парсы, поляк, румын, словак, урду, француз, үнді, чех тілдеріне аударылған 175 көркем шығармасының тізімі келтірілген. Сонымен қатар суреткердің өмірі мен шығармашылық қызметіне байланысты 51 еңбек жеке топтастырылған. Ал Абай Құнанбаев туралы жазылған 4 шығармасы «Абай Құнанбаев» тарауына енгізілген. Кітаптың көлемі 10 баспа табақ, таралымы 1000 дана.

**«ҚАЗАҚСТАН ЕЛШІЛЕРІНІҢ ХАБАРЫ»**, жазушының 1921 ж. жазылған публицистикалық мақаласы. Бұл туынды жанрлық жағынан корреспонденцияға жақын. Кеңес өкіметінің жергілікті орындарда жүргізіп отырған күнделікті іс-шараларын халыққа мәлім етіп, еңбекшілерді белсене іске кірісуге шақыру мақсатында жазылған. «Баспаханың жұмысы уақытша тоқтап қалғандықтан,

газетіміз мезгілінде шыға алмай, елшілер хабарының көбі кешендеп қалды. Құлағын түріп отырған елдің көбі күнбе-күн күтіп отырған хабарларының көбін қызу үстінде есіте алмай, дағдарып қалды. Сондықтан хабарлардың қызулы кезі өткізкіресе де, ел құлағына естілуі қажет болған хабарларды қорытып жазбақшымыз» деген шығарма бастауынан-ақ оның хабарлама екендігі көрініп тұр. Одан әрі «Семей облысы екі шегіне уақытша Бұқтарма уезін қамтып, түгелімен Қазақстанға қосылатын болды. Ақмола облысындағы даулы жер – Омбы уезінің шегі, оның кесігін Мәскеу айтады, одан басқа уездер түгелімен Қазақстанға қарайды, губерниялық кіндігі – Қызылжар болады деген жекелеген фактілердің басы қосылып, жинақталады. Сол арқылы автор тарапынан Қазақстан шекарасы туралы ауқымды мәселелер қозғалады. Қазақ елінің бостандығы туралы ойлар да арақиді бой көрсетеді. 1921 ж. «Қазақ тілі» газетінде жарияланған бұл корреспонденция сол нұсқаның негізінде жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 15-кітабына енгізілді.

Б. Жақыт.

**«ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМТАНУШЫЛАРЫНЫҢ БИОБИБЛИОГРАФИЯСЫ»**, очерктер жинағы. 1986 ж. «Ғылым» баспасынан орыс тілінде шыққан. Құрастырғандар – С. Нұрмұхамедов, Т. Волкова, А. Ғалиева т. б. Кітап тарих, археология, этнография, экономика, филология, өнертану, философия, құқық, педагогика саласында қызмет атқарған ғалымдардың қысқаша өмірбаяны, ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі туралы баяндайды, онда олар туралы жарияланған ба-сылымдар мен әдебиеттер де келтірілген. Сондай-ақ Қазақстан проблемаларымен шұғылданған басқа республика ғалымдары туралы да мәліметтер бар. Библиографияда Ө-тің өмірбаяны, жазушылық, ғылыми және қоғамдық қызметі жөнінде мәліметтер, шығармалары туралы библиографиялық көрсеткіштердің және жазушы туралы әдебиеттердің тізімі берілген. Жинақтың көлемі 44,6 баспа табақ, таралымы 1200 дана. Ғылыми қызметкерлерге, оқытушылар мен студенттерге арналған. **«ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ»**, журнал. Ай сайын шығатын педагогикалық, ғылыми-әдістемелік бас-сылым. Алғашқы нөмірі «Жаңа мектеп» деген атпен 1925 ж. тамыз айында Қызылорда қаласында шықты. Журналдың қалыптасуына А. Байтұрсыннов, Ө. Бөкейханов, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М. Әуезовтер ат салысты. Дәуір талабына, заман ағымына қарай, журнал әр түрлі аталды. 1933–34 ж. – «Политехникалық мектеп», 1934–39 ж. – «Ауыл мұғалімі», 1939–1960 ж. – «Халық мұғалімі» делінсе, 1961 жылдан қазіргі атауымен шығады. Басылым беттерінде Ө-тің қолтаңбасы сайрап жатыр 1927–28 ж. жас Мұхтардың өйгілі «Қараш-Қараш оқиғасы» кітап болып шықпай тұрып, үзбей журналда басылды (1927, №11–12; 1928, №1–5). Сондай-ақ жазушы журналдың әдебиет бөліміне қызу араласып, бірқатар зерттеу мақалалар жазды. Ө-тің мүшел жасқа толуына байланысты Т. Нұртазиннің «Абай» және «Абай жолы» романындағы Құнанбай образы» (1957, №8), Б. Сахариеттің «Аға жазушы, ардагер ұстаз» (1957, №9), Қ. Жүсіповтің «М. Әуезовтің колхоз тақырыбындағы әңгімелері» (1967, №9), Б. Майтановтың «М. Әуезовтің «Өскен өркен» романындағы жастар өмірі» (1977, № 1), М. Мырзахметовтың «Мұхтар Әуезов Абайдың шығысқа қатысы жайлы» (1987, №8),

Р. Бердібаевтың «Дарын даналығы» (1987, №9) т. б. мақалалары жарияланды. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына сәйкес, журналдың бір-неше санында Мұханның суреттері, шығармаларынан үзінділер, әдеби мұрасы туралы ғылыми еңбектер бірінен кейін бірі жарық көрді. Классик суреткердің кесек тұлғалармен қарым-қатынасы туралы М. Бейсенбаевтың «Мұхтар мен Маннан» (1997, №8), Қ. Мырзағалиевтің «Теңдессіз ғалым» (1997, №1) мақалалары, С. Кәтіповтың «Ұлы Мұхтарға» өлеңі (1997, №9) т. б. басылды. Абай мен Мұхтар

қазақ ұғымында бөліп-жаруға болмайтын ірі тұлғалар. Ұрпаққа оны дәріптеу, насихаттау керек. Сондықтан журнал Ә-ті өзінің алғашқы авторы ғана емес, оның негізін қалаушы ретінде қарап, қаламгердің әдеби мұраларын, «Абай жолы» эпопеясын тәрбиеге, талапқа, тағылымға, ғылым-білімге, оқуға сай пайдалану үшін үнемі көңіл бөлініп келеді. Сондай-ақ Ә. шығармаларын педагогикалық тәжірибеде, тәрбие сабағында, оқыту барысында тиімді пайдаланып жүрген ұстаздардың әдістемелік дәрістері кеңінен жарияланып тұрады.

С. Әбішқызы.

**«ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Жұлдыз» журналында жарық көрді (1964, №1, 117–126-беттер). Кейін үзіндісі «М. Әуезов Иса мен Әміре туралы» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетінде (1966, қаңтар), толық күйінде жазушының 12 томдық (1969, 11-том, 57–70-беттер); 20 томдық (1984, 15-том, 85–99-беттер) шығармалар жинақтарында жарияланды. Қолжазбада мақаланың жазылу мерзімі көрсетілмеген. Журналдағы басылымға алғы сөз жазған сыншы Қ. Қуандықов мақаланы «1927 ж. жазылса керек» деген болжам айтады. Оны нақтылай түссек, 1927 ж. емес, 1928 ж. жазылды деуге болады. Өйткені мақала ішінде: «Қазірде біздің труппамыздың екі жылдық тәжірибесі бар. Екі жасқа толғанда, басынан атқарған қилы-қилы заманы, жақсылық табысы бар» деген сөйлемдер кездеседі. Сонда «екі жасқа толған» деп, 1926 ж. ашылған театрдың труппасы туралы айтып отыр. Ә. мақалада 2 жасқа толып, өзінің қаз қадымын қалыптастыра бастаған мемлекеттік театрдың «Арқалық», «Айша» спектакльдерінен көріп байқаған, өзiрге қол жеткен табыстары мен алдағы асу міндеттерін сарайтап талдап қарастырады. Алдымен театрдың бүгінгі жалпы болмыс-бітіміне назар аударып, театрдың алғашқы қадымының дұрыс бағытпен сәтті басталғанын атап көрсетеді. Автор труппаны сөз қылудан бұрын «сахна өнерін қос қанаттап тартып, жылжытып ерлетуге себеп болатын өзге шарттарын» шолып өтеді. Бұл жағынан пьесаның сыртқы көрінісі (декорация, киім, салым) қазақ өмірінің толық айнасы бола алмай келе жатқанын, өрескел кемшілік, кедейшілік айқын көзге ұрып тұрғанын сынаиды. Алайда арнайы сауаты кем, тәжірибесіздіктен туған кедір-бұдыр көп кемістіктің арасынан сығырайған нағыз өнердің бүршік жарғалы тұрған ұрық-дөнін дәл танып, үлкен үмітпен қараған. Сол арқылы ел арасынан шыққан табиғи дарын иелерінің өз өнерлерінің өсер өрісіне де мол сенімін артқан. Нағыз өнер өмірден туады, сондықтан оның негізгі бағалаушысы, сыншысы да халық. Ә. актерлердің өзіндік ерекшеліктеріне жеке-жеке талдау жасай келе, актерлік өнер жайлы кейінгіге өнеге боларлық теориялық тәлім-тоғамын ашып салады. Мақала соңында автор Иса мен Әміренің өнер өрнегіне

тоқталады. Исаның суырыпсалма ақындығы «үзілмей соққан сар даланың желі сияқты... сахна өнеріндегі таза қазақ тумасы» болса, Әміренің дала әнін сезімділікке бояп айтуын – қазақ әнінің бір саты ілгерілеп көркеюге ұмтылғаны. Демек бұл мақаланың маңыз-мәні тек кезеңдік қана емес, келешектік екендігі сөзсіз.

К. Сыздықов.

**«ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫНЫҢ ЖЕТИ ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ»**, жазушының Орынбек Бековпен бірге жазған мақаласы. Қазақ театрының ашылғанына 7 жыл толуына байланысты 1933 ж. басында жазылып, сол жылы «Әдебиет майданы» журналының 2-санында жарияланған. Мақала кеңес идеологиясының бағытында жазылған. Авторлар тапсыз қоғам – социализмді құруға театрдың белсенді араласуын қажет деп санады. Бір сөзбен айтқанда, театр 7 жылдық жұмысында әлі жаңа бағытта қалыптаса қоймағанын ескертеді. «Алтын сақина», «Қарагөз», «Қанапия-Шәрбану», «Арқалық батыр» сияқты «феодалдық-патриархалдық ауылға шақыратын» репертуардан шыға алмай отырғаны көп сөз болады. «Октябрь үшін», «Түріксіб», «Колхоз үшін» пьесаларын жаналыққа бет алған репертуарға санайды. Орыс драматургиясының кейбір пьесаларының сахнаға қойылғанын айтып, бұл бағытты әрі қарай жалғастыра беруге ақыл қосады. Қазақстанда опера, оперетта, музыкалы комедия театрының жоқтығын, қазіргі кезде аралас жанр – сахна өнерінің өріс алғанын, түбінде опера, балалар театры, концерттік мекемелер ұйымдастыру – алдағы күннің жоспары екенін атап көрсеткен. Енді жеке ән, домбыра, гармоньмен ғана сахнаға шығу қораш көрінеді дейді. Ақын-жазушылардың драматургия жанрының ауқымын кеңейтіп, комедия, сатира, музыкалы шығармалар жазудың қажеттілігін, бүгінгі өмірді суреттейтін репертуар жасауды алға тартады. Газет-журналдар беттерінде әлемдік музыканы насихаттау мен меңгеру мәселесі де көтерген. Би өнерін дамытудың, сахнада соған байланысты шығармаларды ойластыру, ұлттық оркестр құру мәселесі де назардан тыс қалмаған. Қысқасы, мақалада театрдың шығармашылық жұмысын талдаудан гөрі, ұйымдастырушылық бағытына көбірек көңіл бөлінген.

Б. Құндақбайұлы.

**ҚАЗАҚСТАН ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАЖАЙЫ**, ғылыми-мәдени мекеме. Қазақстанның рухани және заттай мәдени мұралары сақталатын басты қоры. 1921 ж. Орынбордағы мұражай негізінде Қазақтың орталық мұражайы ретінде құрылды. 1929 ж. Алматыға қоныс аударды. Мұражай қоры сан салалы, өте бай. Онда Қазақстанның өміріне қатысты аса сирек және өте құнды заттай айғақтар мен қолжазбалар, жиһаздар мен қазба мұралары, тарихи құжаттар мен мүліктер, түрлі түсті асыл заттар мен қолданбалы бұйымдар сақталған. Сонымен қатар қазақ әдебиеті мен өнері қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылық жолына арналған арнайы бөлім бар. Соның ішінде Ә-ке де үлкен орын берілген. Орталық ұлттық мұражай ұжымы жазушының туғанына 100 жыл толуына орай, 1997 ж. 25 қыркүйек күні Ә-тің өмірі мен шығармашылық жолына арналған тақырыптық ауқымы кең көрме ұйымдастырды. Онда жазушы өмір сүрген

заманның көріністерін еске түсіретін тарихи құжаттар мен суреттер, заттай мұрағаттар, қолжазбалар мен өзінің мемориалдық мүліктері мен бұйымдары, киімдері, жазу құралдары, театр өнерін дамытудағы зор үлесін анықтайтын драмалық, опералық спектакльдерде пайдаланылған актерлардың сахналық, безендіру көріністері, әр түрлі рөлде ойнаған өнер қайраткерлерінің сахналық және жеке портреттік суреттері, кітаптарының әр жылдардағы басылымдары, естеліктері мен зерттеу еңбектері қамтылған. Ұлы жазушының үй-іші, қоғамдық ортасы, шетелге сапарлары, ЮНЕСКО-ның мәдени шараларының бірі ретінде өткізілген жазушы мүшелтойының әр елде аталып өту рәсімдері, шет тіліне аударылған шығармалары туралы түпнұсқалық мәліметтер көрермендер назарына ұсынылды.

*Е. Жангелдин.*

**«ҚАЗАҚСТАН ӨКІЛДЕРІНІҢ ХАБАРЫ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 21 сәуір күнгі 126-санында жарияланды. Мақаланың соңына ешқандай авторлық белгі қойылмаған. Жазушы шығармаларының 50 томдық толық жинағының 2-томында тұңғыш рет енгізілді (1998). Семей губерниялық ревкомы 1921 ж. мамыр айына дейін Сібір ревкомының құрамында болды. Негізінде 1921 жылдың қаңтарынан бастап Қазақ автономиялы республикасының құрамына өтуге тиісті болатын. Қазақстан мен Сібір ревкомының арасындағы дауды түбегейлі шешу үшін Қазақ автономиялы республикасының жауапты қызметкерлері бірнеше рет Омбыға барып, келісім жүргізді. Семей губревкомының қазақ бөлімінің меңгерушісі ретінде осы кездесулердің барысы мен нәтижесі туралы хабарды Ө. үнемі өзі жауапты шығарушы болып есептелетін «Қазақ тілі» газеті арқылы елге жеткізіп отырған. Мысалы, екіұдай күй кешкен мемлекеттік мекемелер мен ауылдық жердегі қызметкерлерге нұсқау ретінде «Қазақ қызметкерлерінің міндеті» мен «Қазақстан елшілерінің хабарын» көпшілікке жеткізген. Бұл мақала да солардың заңды жалғасы болып табылады.

*Т. Жұртбай.*

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАРЫ. ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ»** («Известия академии наук Республики Казахстан. Серия филология и филология», тіл білімі, әдебиеттану және фольклортану, өнертану ғылымдары мәселелерін қамтыған ғылыми журнал. 1960 жылдан бастап филология және өнертану, 1974 жылдан тіл, әдебиет сериясы бойынша қазақ және орыс тілдерінде шығады (1992 жылға дейін жылына 4 рет, одан кейін 6 реттен жарық көреді). Журнал беттерінде әр жылдары Ө-тің өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арналған көптеген мақалалар мен зерттеулер жарық көрді. Алғашында ұлы жазушының шәкірті, әдебиеттанушы-ғалым Б. Уахатовтың «Абай жолы» романының көркемдік ерекшелігі жайында» (1960, 1/14 шығуы), тілші-ғалым Е. Жанпейісовтың «Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтің тіліндегі стильдік кейбір ортақ ернектері» (1962, №11) ғылыми мақалалары және ұлы жазушы қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай «Әдебиет қайраткерлері М. О. Әуезов туралы» атты пікірлер жиынтығы (1961, №3) жарық көрсе, кейін жазушының қызы, тарихшы-ғалым Л. М. Әуезованың «Қазақ-

стан тарихының мәселелері М. О. Әуезов творчествосында» атты зерттеуі (1975, №2), Жанпейісовтың «М. Әуезовтің қазақ әдеби тілін дамытудағы үлесі» атты мақаласы (1977, №3) жарияланды. 1976 ж. Алматыда өткізілген Бүкілодақтық түркітану конференциясына орай жарияланған белгілі әдебиеттанушы-ғалым Ы. Дүйсенбаевтың «Қазақ әдебиеттану ғылымы өрлеу үстінде» деген мақаласында Ө-тің бұл ғылымға қосқан өлшеусіз үлесі ерекше атап көрсетіліп, абайтану ғылымының негізін салудағы еңбегіне зор баға берілді (1976, №1). Е. В. Лизувананың «Мұхтар Әуезов және түркі тілдес әдебиеттер» (1976, №4), С. Негимовтың «Мұхтар Әуезов прозасының ырғағы» (1979, №4) атты мақалалары мәселені жаңа қырынан зерттеумен ерекшеленсе, Ө. шығармашылығының басқа әдебиеттермен байланысы, жазушы таланты жөніндегі шетел сыны туралы Е. Тәжібаевтың «ГДР әдеби сыншылары М. О. Әуезов творчествосы туралы» (1980, №3), Ж. Асқарованың «М. О. Әуезов және тәжік әдебиеті» (1982, №4), З. Қаюмованың «Қазақ, өзбек әдебиеттерінің достығын нығайтудағы М. Әуезов рөлі» (1983, №3), Диар Қонаевтың «М. О. Әуезов еңбектеріндегі орыс революциялық-демократиялық әдебиетінің ықпалының көрінуі» (1985, №4) деген мақалалары басылды. Журналда жарияланған жазушы драмасын зерттеген ғалым Е. Жақыповтың «Соңғы томдағы сонылықтар» (1986, №4), С. Дәуітованың «М. Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы төңірегінде 30-жылдарда болған әдеби айтыс» (1990, №1) атты мақалалары жазушы туындыларындағы «ақтандақ беттерді» ашады. Журнал 1997 жылғы 4-санын түгелдей Ө-тің туғанына 100 жыл толуына арнады. Онда «Әдебиеттану және фольклортану» тарауы бойынша Б. Мамыраевтың «М. Әуезов – әдебиет тарихын зерттеуші», Ө. Молдахановтың «М. О. Әуезовтің фольклортанудағы іргелі еңбектері», С. Сәкеновтің «М. Әуезовтің тарихи жыр жөніндегі зерттеулері» мақалалары, «Тіл білімі» тарауында М. Серғалиевтің «М. Әуезовтің табиғат құбылысын кейіпкер іс-әрекеттерімен байланыстыра суреттеу шеберлігі» зерттеуі, Л. Қисамединованың «М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының өзіне тән ұлттық лексикасы» мақаласы басылса, «Әуезов әлемі» тарауында М. Қаратаевтың «М. Әуезов – ұлы драматург», Қ. Түсіпованың «Абай әлеміндегі жоқтау жыры», Ж. Жарылғаповтың «М. Әуезовтің 20-жылдар әңгімелеріндегі психологизм» атты мақалалары жарық көрді. «Әуезов дәстүрі» тарауында Ж. Балмағамбетованың «С. Жүнісовтің «Ақан сері» романында Әуезов дәстүрлері тұрғысында тарихи тұлға мінезін жасау принциптері» атты зерттеу мақалалары жарияланды. Журналдың 1997 ж. №5 санында жарияланған Н. Мұхамедханұлының «Киелі Манас және Әуезов» атты мақаласы қырғыздың «Манас» эпосын зерттеудегі Ө. еңбегін жан-жақты зерделеген. Журналда ұлы суреткерге қатысты 50-ден аса метариал жарық көрді.

*С. Қарабай.*

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАРЫ»** («Вестник академии наук Республики Казахстан»), журнал. 1944 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде шығып келеді. 1996 жылға дейін жылына 12 саны шықса, одан бері жылына 6 рет шығады. Журнал беттерінде Ө-тің көзі тірі кезінде «Абай мұрасы жайында» (1951, №2), «Жолдас Сталин еңбегіне сәйкес қазақ әдебиет тілінің мәселе-

лері» (1951, №3) мақалалары жарияланды. «Қазақ әдебиеті тарихынан» (орыс тілінде, Е. В. Лизуновамен бірлесіп жазылған, 1957, № 11), «Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 60 жылдығы» (1959, №4) мақалалары жарық көрді. Ө-тің шығармашылығы жайлы М. Ғабдуллин, Ы. Дүйсенбаев, Т. Күлтөлеев, Е. Лизунова, З. Ахметов, Б. Төлепбаев, Н. Сағындықова, М. Мырзахметов т. б. қалам қайраткерлерінің ондаған зерттеулері жарияланды. 1997 ж. Ө-тің ЮНЕСКО көлемінде ҚР ҒА-сы өткізген «М. О. Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушы-гуманисті» мерекелік ғылыми сессиясы мен «М. О. Әуезов және XX ғасырдағы әлем әдебиеті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция жайлы филология ғылымының кандидаттары Б. Мамыраев пен С. В. Аманьвананың шолу мақалалары (№5) жарияланды.

*С. Қорабай.*

**«ҚАЗАҚСТАН САЯСАТТАНУ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ»** («Казахстанская политологическая энциклопедия»), ғылыми энциклопедия. 1998 ж. «Қазақстан даму институты» шығарған. Бас редакторы – тарих ғылымының докторы, профессор Т. Мұстафин. Кітапта саяси ғылымның негізгі ұғымдары, категориялары, оның қоғамтану ғылымдарымен өзара байланысы, қарым-қатысы туралы жан-жақты әрі ғылыми тұрғыда түсінік берілген. Онда ғылыми терминдер мен қоса, саясаттану, қоғамтану саласындағы көрнекті ойшылдар, ғалымдар, саясаткерлер, қалам қайраткерлері жөнінде де мол мағлұматтар бар, әсіресе қазақстандық мәселелерге көп назар аударылған. Қазақ топырағында тұңғыш рет жарық көрген бірегей басылымда Ө-тің жазушылық, ғылыми-педагогтік, қоғамдық еңбегі жайында құнды тұжырымдар келтіріліп, оның әдеби туындыларында өз дәуірінің саяси және әлеуметтік оқиғалары көрініс тапқанын баяндаған.

*Н. Ақбай.*

**«ҚАЗАҚСТАН ШАРУАСЫНЫҢ ҚАЛПИ МЕН БАЙЛАУЛЫ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ»**, жазушының мақаласы. 1925 ж. жазылып, «Лениншіл жастың» 1-санында басылды. Ө. ең алғашқы мақалаларының өзінде-ақ оқу-ағарту ісімен отырықшылыққа, егіншілікке қатты көңіл аударды. Бұл мақаласында тағы сол тақырыпты арқау етті. 1921 ж. Семей губаткомының төрағасы болып тұрған кезінде осы мәселемен өзі тікелей шұғылданды. Оны түбегейлі шешу мақсатымен, өзінің туған өлкесінде коммуна ұйымдастырумен бастайды, оған қолайлы деп, Шыңғыс өңіріндегі Бақанас өзенінің бойын таңдайды. Себебі, біріншіден, бұл жердің суы мол, егіншілікке де, адамдардың мекен тебуіне қолайлы десе, екіншіден – маңайындағы Шұбартау мен Балқаш жағындағы елдерге де әсері тиеді деп ойлады. Өйткені «қазақ жастарының ел шаруашылығына қатысу жолдарын дұрыс шешу – ел шаруашылығының осы кездегі қалыптарын айқын танумен байлаулы еді. Сондықтан ел шаруашылығының осы күнгі қалыптарын тексерсе келе, мұнымен байланысты кезектегі шараларды анықтап кетуге тура келеді» деп бастап, қазақтағы шаруа жайын екі жікке бөліп сөз етеді: бірі – егінші жатақтар, екіншісі – көшпелілер. Күн көргіштігі болмаса, мұндай тыныс-тіршілікпен өнер, ғылым жасай алмайды, бұған өзгеріс енгізбесе, кедейліктен арыла алмайды, сол үшін отырықтандырып, егін кесібіне баулу ең негізгі мәселенің бірі болу керек деген

ге тоқтайды. Малға қанша бай болғанымен, ол өспейтін, өнбейтін өлі байлық, керегін ғана саптып, қажетіне жаратудан арғыа бармайды, сондықтан бұлар қауымнан, елдің байлығы болып есептелінбейді. Осыдан келеді де: «Қазақтың егін шаруашылығын нашар күйден көтеруге, мал шаруашылығын өлі күйден қатынасқа айналдыруға қам қылу керек. Сондықтан жаратылысында жігерлі, жанашыл жастардың бұл секілді ұйымдардың тууына, туғаннан кейін жұмысының жемісті болуына жолбасшылық етіп, ішкі мәдени жұмыстарын басқарып отырулары азаматтық борыштарына жатады» деген ойларды айтады.

*Т. Тұрғанбаев.*

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТАР»**, жазушының мақаласы. 1930 ж. Қазақстан мемлекеттік баспасынан жеке кітап болып шықты, көлемі 22 бет. Содан кейін Ө-тің 100 жылдық тойы қарсаңында «Жұлдыз» журналында (1997, №2, 3–20-беттер), жазушының 50 томдық толық жинағының 6-томында қайта басылды. Мұндағы көтерілетін нәрсе – 20-жылдардың 2-жартысында республикамызды мекендейтін ұлттардың жай-жағдайларынан басқа, жалпы сол тұстағы қоғамдық, саяси-әлеуметтік қалпы сөз болады. 1913 жылғымен салыстырғанда, қазақтың саны 1926 жылы 13 пайыз кеміп кеткендігі айтылған, керісінше, орыс 15 пайызға көтерілген. Кадр мәселесінде де осы жағдайлардың соншалықты ауытқуларға ұшырап, тез өзгеріп-құбылып отырғандығы байқалады. Мысалға 1927 ж. Орталық Атқару Комитетінің 151 мүшесінің 92 адамы қазақ болса, 1929 жылға дейінгі екі жыл аралықты адам таңқаларлықтай құлдырауға ұшырап, қырықтан сәл-ақ астамы қалады. Ал бұл бағыттың кеңестік құрылыс құлағана дейін (1991) жалғасын тапқаны белгілі. Сәл нәрседен шу шығарып, байбаламға айналдыруды орыс ұлтшылдығы сол тұстың өзінде-ақ әдет етіп алған екен; жергіліктендіру ісіне теріс қарап, әр түрлі сылтау, айдалармен кедергі-кеселін көп тигізеді, ұлттық қайраткерлердің әрбір жаңалыққа ұмтылысы – орысқа қарсы істелген шара деп бағаланады, оның сырын ұғынғандарды жау санап, ақыры опат етіп тынады. Ө. Қазақстанда тұратын ұлттардың барлығы елдің құрылыс жұмыстарына, мәдени, шаруашылықтары ісіне толық қатыстырылуы қажет деп санайды, оны өздерінің міндеттеріне санап, соны жүзеге асырудың жауапкершілігін сезінуі тиіс екендігін айтады: «Қазақстанда жиырмаға жақын ұлт еңбекшілері де құлдықтан құтылып, теңдікке жетті. Қазақ мемлекеті жалғыз-ақ қазақ еңбекшілері үшін десек бүтіндей қате болар еді. Қазақ үкіметі қазақ еңбекшілеріне қандай болса, қарамағындағы болған ұсақ ұлттар еңбекшілеріне де сондай. Жергілікті халықтың көпшілігі қазақ болғаннан өкімет қазақ еңбекшілері атына қойылған» деп, тек орыстық мүддені емес, ел сақаруда да, еңбекте де теңдіктің сақталуын қалайды. Сол дәуірдің қиын-қилы жағдайларын елестететін бұл еңбектің кейде өз кезінің саяси ықпалының құрсауынан шыға алмай жазылғаны рас. Бұл ықпал көптеген қаламгерлерді өз сөзін айтқызуға еріксіз мойынсұндырды: тәркілеу, ұлтшылдыққа шабуыл, жікшілдік қоздыру, зиялыларды бірін-біріне айдап салу сияқты ағымдардан қаншалықты бойларын аулақ салғанымен, ақтырмай, дегеніне

көндірмей қоймайды. Дегенмен Ө. көкейінде жүрген ойларын шет жағалап болса да, ебін тауып сыртқа шығарып, жеткізе алған.

*Т. Әкім.*

**«ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР МОСКВА ТУРАЛЫ»** («К а з а х с т а н ц ы о М о с к в е»), жинақ, 1997 ж. Мәскеудің 580 жылдық салтанатына байланысты «Русский раритет» баспасында жарық көрген арнайы басылым. Көлемі 31 баспа табақ, таралымы 100 дана. Кітапты әзірлеген Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігі. Редакция алқасын басқарған – Төтенше және өкілетті елші, саясаттану ғылымының докторы Т. А. Мансұров. Жинақта мемлекет басшыларының, көрнекті саясаткерлердің, мәдениет, өнер, әдебиет қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың (Жабаев, Жансүгіров, Бекхожин, Ергалиев, Жароков, Сүлейменов т. б.) өлеңдері берілген (барлығы 49 автор). Соның ішінде жазушы С. Михалковтың Ө. туралы айтқандары назар аударарлық. Кітапты безендіру ісіне фотосуреттер пайдаланылған, ішінде Ө-тің суреті де бар.

*Б. Мекішев.*

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТІ»**, библиографиялық көрсеткіш, 1946–1957 ж. қамтыған. 1958 ж. қазақ және орыс тілінде жарық көрген. Құрастырғандар – Е. Айтбаев, С. Ақашев, С. Ақыжанов, В. Андронников т. б. Қазақстан жазушыларының жеке кітап болып шыққан шығармалары, әдеби жинақтары, олардың өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған материалдар, әдебиеттану жөнінде жарияланған еңбектер енгізілген. Ө-ке арналған бөлімде жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет, негізгі шығармаларының тізімі, шығармалары жөнінде жазылған сын мақалалар мен өмірбаяны туралы жазылған материалдар берілген. Сондай-ақ жазушының аудармалары, басқа авторлармен бірлесіп жазған туындылары, рецензиялары, редакциясымен шыққан кітаптар жөнінде де мәліметтер көрсетілген. Жалпы көрсеткіште Әуезовтің есімі 68 рет аталған. Кітаптың көлемі 48,5 баспа табақ, таралымы 5 мың дана.

*Н. Ақбай.*

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРКЕМӨНЕРІ»**, жазушының мақаласы. 1935 ж. «Социалды Қазақстан» газетінің 20 қазандағы, «Қазақ әдебиеті» газетінің 24 қазандағы сандарында шыққан. Шығарма Қазақ КСР-нің 15 жылдық мерекесіне орай жазылған. Алғашқы бөлігінде бұрынғы ұлтжылдардың, алаш мүшелерінің Қазақстан көркемөнеріне тигізген пайдасынан зияны көп болды деген ойлар айтылған. Бұған 30-жылдардың идеологиялық талаптары мен жазушының 1930–32 ж. НКВД түрмесінде төргеленінің, «ұлтшыл» деп айыпталғанының, 3 жыл шартты мерзімге кесілгенінің өсері бар. Қазақстан өнерін социалистік құрылыстың жемісі деп, драма театрының, опера және балет театрларының құрылып үлкен табыстарға жеткенін мысалға алған. Облыстық театрлардың құрылып, жемісті еңбек ете бастағанын, олардың ішінде Шығыс Қазақстан облыстық театрының ерекше табыстарға жеткенін айтқан. Қазақстанға театр кадрларын дайындауға Мәскеу, Ленинград консерваториясы мен өнер институты жанынан арнайы құрылған шеберханалардың үлкен көмек беріп жатқаны ескерілген. Әсіресе би-балет өнерінің қалыптасуында

ресейліктердің көмегі көп болды дейді. Қазақ операсының қалыптасуы жайында «Айман – Шолпаннан» «Қыз Жібекке» шейін жүрген жолын алғанда қаншалық үлкен жаңғыру, өрлеу-өзу бар, соны көрейік дейді. Осы салада қазақтың ән музыкасын пайдаланудағы табыстар мен кемшіліктерді көрсеткен. Бұл бағыттағы іздену, эксперимент жасау жолдарын ұсынған. Өңшілік дарыны басым К. Байсейітова, М. Ержанов, актерлік дарыны басым Қ. Жандарбеков, Қ. Байсейітов, Ш. Жиенқұловаларды бөліп атаған. Симфониялық оркестрдің кейде өнші-актерлерді дауыспен басып, әлімжеттік жасайтынын ашық айтқан.

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨНЕРІ»** («И с к у с с т в о К а з а х с т а н а»), жазушының мақаласы. 1935 ж. 17 қаңтарда «Советское искусство» газетінде шыққан. Сол жылдардағы дәстүрлі сарынмен Қазақстан өнерінің табыстарын жүра өлкелік комитетпен, Мирзоян, Исаев есімдерімен байланыстырады. Қазақстан үкіметінің басшылығында Мирзоян тұрған кездегі көптеген жетістіктердің, қоғамда «жылымық» мезгілдің болғандығы тарихтан белгілі. Бұрыннан бар мемлекеттік драма театрының қатарына мемлекеттік музыка театрының, Семей, Петропавл, Орал, Шымкентте облыстық қазақ, орыс драма театрларының қосылғанын, музыка-театр комбинат-техникумының ашылғанын, Мәскеу, Ленинград қалаларында 2 театр-шеберхананың Қазақстан үшін 25–30 маман дайындайтынын хабарлайды. Қазақ драма театрының алғашқы 9 жылдығы табыстарын айта келіп, Б. Майлиннің «Майдан», Ж. Шаниннің «Шахта», І. Жансүгіровтың «Кек» пьесаларын қоюы театрдың жаңа совет тақырыбын игеріп, сапа жағынан ілгерілеуі дейді. Кейінгі жылдары театр тек қазақша пьесаларды ғана емес, аударма пьесаларды да игерді. Театрдың актерлер ұжымы 9 жыл ішінде үлкен таланттар – Е. Өмірзақов, Қ. Қуанышбаев, С. Қожамқұлов, М. Шамоваларды шығарды дейді. Өрі қарай бастауын эксперименттік музыка, хореографиялық студиядан алатын Қазақ музыкалық драма театры 1933–34 ж. алғаш Ө-тің «Айман – Шолпан» тарихи комедиясын қойып, бірден күтпеген жетістіктерге жеткенін айтады. Балет пен опера өнері саласында Е. Брусиловский мен И. Коцықтың еңбегін және Шаниннің көркемдік жетекшілігін, Қ. Жандарбеков пен Ө. Қашаубаевтың орындаушылық шеберлігін жоғары бағалайды. Байсалды ғылыми-зерттеу жұмыстарымен театр-музыка комбинатының ғылыми-зерттеу кабинеті айналысып, Затаевичтің т. б. зерттеушілердің еңбектерін нотаға түсіруде көп күш жұмсап, нәтижелі жұмыс атқарып жатқан жоғары білімді, профессионал маман А. Жұбановтың еңбектерін ерекше дәріптеген.

*Р. Бердібай.*

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ JAҢА КӨКТЕМ»** («Н о в а я в е с н а К а з а х с т а н а»), жазушының мақаласы. «Правда» газетінің 1955 ж. 30 сәуірдегі санында шыққан. Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді көтерудің екі жылдығына орай жазылған. Тың көтерудің маңызын айта келе, тың игеру жұмысының ауқымы мен қарқыны өнеркәсіп құрылысы, мал шаруашылығы, мәдени құрылыс сияқты маңызы төмендеу салалардың дамуын шапшаңдатар еді дейді. Одан өрі мақалада колхоз, совхоздар санының өсуі, партия тапсырмасын орындаудағы халықтың қажырлы еңбегі, тың игерушілердің қиыншылықтарды жеңіп шығуы жайында сөз қозғалған.

*Р. Ықыласов.*

**«ҚАЗАҚТАР»** («К а з а х и»), анықтамалық. Қазақстан даму институты қазақ және орыс тілдерінде 1998 ж. шығарған. Кітап 9 томнан тұрады. 1-том «Тарихи оқиғалар», 2-том «Тарихи тұлғалар», 3-том «Шежіре», 4-том «Асыл сөз», 5-том «Ата салт», 6-том «Қазақ» сөзінің шығу тегі туралы», 7-том «Қазақстан һәм қазақтар хақында», 8-том «Атажұрт», 9-том «Библиография» деп жіктелген. Өр том өз саласы бойынша танымдық мағлұматтармен таныстырады. Мысалы, 1-томда 1997 ж. Ө-тің туғанына 100 жыл толуына ЮНЕСКО көлемінде тойлау туралы (204–206-беттер); 2-томда Ө-тің өмірі мен шығармашылық қызметі жөнінде энциклопедиялық мақала (194–196-беттер); 4-томда Ө. айтқан асыл сөздер (11, 25, 41, 45, 50, 56, 58, 72, 80, 100, 101, 137, 165, 179–181, 203, 204, 208, 210, 231, 234, 278, 293, 294, 297, 301, 305, 335, 345–346-беттер); 9-томда Ө. туралы библиография (193, 239–242) бар. Басылым Қазақстантану мәселесімен шұғылданушыларға арналған, таралымы 3 мың дана.

*Н. Баутан.*

**«ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ»**, жазушының мақаласы. 1957 және 1961 ж. шыққан 2 томдық «Қазақ ССР тарихының» 1-томының «Қазақ халқының XV–XVII ғ. мәдениеті» тарауына жазған (212–228-беттер). Мақала «Еңбек жырлары», «Әдет-ғұрып жырлары», «Ертегілер», «Батырлар эпосы», «Әлеуметтік-салттық поэмалар», «Ақын, жыраулар, суырыпсалма ақындар, жырышлық дәстүр» деген тақырыптарға бөлінген. Ө-тің 20-жылдардың ортасынан бастап жариялана бастаған фольклор мен халық ауыз әдебиетіне арналған ғылыми-зерттеу мақалаларының, монографиялық еңбектерінің негізінде жазылған мақала. Кітап талаптарына сай қазақтың ауыз әдебиеті жайлы 50-жылдардағы фольклортану ғылымының даму дәрежесінің ең жоғары деңгейінде жазылған. Еңбек жырларына төрт түлкі мал, қазақ халқының мал өсіру тәжірибесіне қатысты мақал-мәтелдерді, өлең-жырларды, наурыз өлеңдерін жатқызып, ішкі табиғаттары жайында қысқа түсінік берген. «Әдет-ғұрып жырлары» тақырыпшасында бұрынғы еңбектерінде кең көлемде қарастырылған діни сенімге, әдет-ғұрыпқа қатысты жанрларды (беташар, жар-жар, жоқтау т. б.) атап, кейбіреулерін қысқаша талдап түсінік берген. Ертегілерге арналған бөлімде жанрға тарихи шолу жасап, сюжеттерінің интернационалдық сипаты жайында айтқан. Ертегілерді жанрлық ерекшеліктеріне қарай хайуанаттар жайындағы, қиял-ғажайып, тұрмысқа байланысты, шын-шыл, әзіл-сықақ ертегілеріне жіктеген. Әрқайсысының мағыналық, тақырыптық ерекшеліктерін ашқан. Батырлар жыры «Алғашында... «жоқтау» тәрізді қысқа өлеңдерден тұрған. Жоқтаудың көп өлеңдері эпостық шығармалардың жеке бөлімдеріне ұқсайды» деген. Сонымен қатар батырлар жырына «Ер Төстік», «Құламерген» сияқты ертегілер де негіз болған деген тұжырым жасаған. Батырлар жырларындағы оқиғаларды тарихпен байланыстырып, «Қобыланды», «Алпамыс», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» эпостарын арнайы талдаған. Батырлардың тұлпары жайында таратып айтқан. Әлеуметтік-салттық поэмалар тақырыбында тұрмыс-салттық, лирикалық поэмаларды тақырыптық, көркемдік тұрғыдан талдап, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Күлше қыз», «Назымбек», «Сұлушаш», «Мақпал қыз», «Қалан» т. б. жырлар жайында айтқан. Мақал-мәтелдер тақырыптық,

әлеуметтік тұрғыдан талданған. Шешендік өнер жайында бірер мысалмен тоқталған. Мақаланың соңында ақын, жыршы, жырау тұлғаларын талдап, дәл, нақты анықтамалық ойлар айтқан.

*Р. Бердібай.*

**«ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕБИ ТІЛІ ТУРАЛЫ»**, жазушының мақаласы. «Әдебиет және искусство» журналының 1954 ж. 4-санында шыққан. «Пікір алысу ретінде» деген ескертпемен берілген. Мақала И. В. Сталиннің «Тілтану ғылымындағы марксизм» еңбегінің шығуына орай жазылған. Бұл еңбек кеңестік тілтану ғылымында үлкен мәселе көтерген, тілшілермен бірге әдебиетшілер, тарихшылар, филологтар, педагогтар т. б. мамандық салаларының өкілдерінің қатысуымен диспутқа айналған мақала болатын. Ө. Сталиннің тіл мен ой жайындағы пікірлерін құптап келе, А. С. Пушкиннің орыс әдеби тілін дамытудағы рөлі жөнінде құнды ойлар айтқан. Әдебиет тілін алсаң – халықтың әдебиеттенген тілі, ал әдебиеттенген тіл де – халықтың тілі, себебі әдеби тіл бір дәуірдің бір-ақ жазушысымен бірге туып қана қоймайды деп, әдеби тілдің табиғатына ой жүгірткен. «Қазақтың әдеби тілі Абайдан басталады» деген тұжырымдарға дау айтып, көне эпостағы, тарихи жырлардағы, Бұқар жырау, Махамбет, Алтынсарин т. б. әдеби тіл бастауларына тоқталған. Абайдың тілі тек Шығыс Қазақстан қазақтарына ғана тән емес, бүкіл қазақтың тіл байлығын толығымен мекенгерген тіл екенін мысалдармен дәлелдеген. Тілді зерттеудегі кемшіліктер туралы пікірін жалғастырып, әдебиет шығармаларының тілін сөз ету ғылымдық дәрежеге жетпей келеді, әдебиет тарихшылары да бұл мәселеге жете бойлап, нақтылы ғылымдық тексерулер жасап жүрген жоқ деген қорытындыға келген.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ҚАЗАҚТЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫНЫҢ БАС РЕДАКТОРЫ ЖОЛДАС Ғ. ОРМАНОВҚА»**, жазушының рецензиясы. Ө. өзінің қатынасуымен жарияланған Абайдың барлық шығармаларын текстологиялық жағынан түпкі қалпында беруге зор жауапкершілікпен қараған. Уақыт өткен сайын жаңаша танып, сыры тосын ұғынылған көптеген сөздер мен кейбір өлең жолдарын түзеп, жаңартып отырған. Осындай әрекетті Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында шыққан Абай шығармаларының қолжазбасына 1952 ж. 27 мамырда жазған көлденең пікірінен де ұшыратамыз. Мұнда жазушы соңғы жылдары өз тарапынан анықтаған Абайдың 14 сөзін түзетіп, өзгерту енгізген. А. С. Пушкиннен аударылған «Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін» өлеңінің орны ауысып жүргенін анықтап, оны «Таңғажайып бұл қалай хат» өлеңінен кейін қоюды ескертеді, сөйтіп бұл өлең өзінің заңды орнына орналастырылып, қалпына келтірілген. Мақала Ө-тің «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» жинағында бірінші рет жарияланған.

*Н. Ақбай.*

**«ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ АШЫҚ ХАТ»**, жазушының мақаласы. Ташкентте шыққан «Шолпан» журналының 1922–23 ж. 2–3-санында (5–7-беттер), кейін жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томында (26–28-беттер) жарияланған. Соңында «Басқарма атынан Мұхтар Әуезов» деп қол қойған. Ө. 1922 ж. қара-

ша айының аяғында Ташкент қаласына келіп, САГУ-де еркін тыңдаушы болып әрі «Шолпан» журналының редакция алқасының мүшесі болып істеген. Журналда Ө-тің бірнеше көркем туындылары мен мақалалары жарық көрген. Солардың алғашқысы – осы мақалада «әдебиеттің бір сүйектің дінгегі газет-журнал екенін», әдебиет арқылы баспасөз «елдің қисығын түзейтін тез, терісін көрсететін айна, ойы менен көңілін білім жарығына қарай айдайтын айдаушы екендігі» туралы автор таратып түсіндіреді. Баспасөздің әлі ол міндетін өз дәрежесінде атқара алмай келе жатқанын, қазақтың өсекқұмарлық, мақтаншақтық мінезіне ыңғайлы сөздерді ғана өрістетіп отырғанын сынап, халыққа терең тәрбие берерлік әдебиеттің «таза бұйымдарына» көбірек көңіл бөлу қажеттігін ескертеді. Жаңадан шыға бастаған «Шолпан» журналының осы бағыттағы міндеттерді іске асыруды мақсат етіп отырғанын айтып, басқарма журналының іліми хәм әдебиет бөлімдеріне лайықты мақалаларды жіберіп тұруын қазақ жазушыларынан сұранады деп өтініш білдіреді.

*К. Сыздықов.*

**«ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗГЕШЕ МІНЕЗДЕРІ»**, жазушының мақаласы. Бұл жазушының баспа бетіндегі ең алғашқы мақаласы 1917 ж. Ташкентте шығып тұрған «Алаш» газетінің 30 наурыздағы 16-санында жарияланған. Кейін 1990 ж. «Лениншіл жас» газетінің 27 шілдедегі 143-санында, «Жібек жолы» журналының 1991 жылы 3-санында басылды. Жазушының «Таңдамалысына» енген (1997, 326–327-беттер). Мақала соңында «Семей семинариясында оқитын Аймауытов хәм Әуезов» деп қол қойған. Бұл мақаланы неге екені белгісіз, бәлкім, сол жылдары ол газет қолдарына тимегендіктен де болар, екі автор да еш жерде атамайды. Ж. Аймауытов 1928 ж. «Анкетаға жауабында» ең алғаш баспа жүзіне шыққан сөздері 1917 жылғы «Сарыарқада» басылғанын жазады («Бес арыс», А., 1992, 379-бет). Ө. те алғаш баспа бетін көрген мақаласы ретінде «Сарыарқадағы» (1917, 5.09) «Адамдық негізі – әйелді» атайды. Мақала сол кезеңде қазақ арасындағы көкейкесті ірі қоғамдық құбылыстарды қозғап, халықтың тұрмыс-тіршілігінің өзекті жағдайларын, соған ауыртпалық түсіріп, кесір келтіріп отырған қазақ ішіндегі «ұйымсыздық, күндестік, паракорлық, партия, әділетсіз билік, әйелдің жолы деген сияқты» түрлі кесел-кемшіліктерді тізіп, мінеп, соның түпкі негізі, тамыры қайдан тарағанын, одан құтылудың амал жолын іздеуге бағытталған. Осы «терең сауалды жұрттың есіне салып, жүректі қыздырып», баспасөз бетінде пікір алысуға шақырады. Ерте уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, бiмi әділ, намысқор, адамы ерi бiтiмдi, қайратты, сауықшыл болған екен. Қазір «қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тізгін мақсаты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді» деп, әсіресе соңғы кездері қазақ арасында өріс алған жікшілдіктің, әке мен баланың партияға таласып, жауығуының негізгі себебін отаршылдықтың зардабына тірейді. Ендігі «жалғыз-ақ үмітіміз, қаруымыз – оқығандарда». Солар өздері үлгі болып, жастарды надандықтан құтқарып, «адамшылдықтың жарық жағына сүйреуге міндетті» деген тұжырым айтады.

*К. Сыздықов.*

**ҚАЗАҚТЫҢ ПРОЛЕТАР ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ АССОЦИАЦИЯСЫ** (Қ а з А П П), шығармашылық ұйым. Қазақстанда 1925 ж. 12 маусымда құрылды. «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» шешімдерімен қаруланып, жаңа заман әдебиетінің үстемдігін күшейтеу үшін «буржуазияшыл-ұлтшыл» жазушыларды өшкереледі. 1930–32 ж. тұрпайы социализмге бой алдырып, бірқатар қателіктерге жол берді. «Ұлтшылдықтың қалдығымен» күресуді желеу етіп, жазушылардың өзара айтыс-тартысқа түсуіне, жікшілдікке салынуға ұрындырды. Ө. «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері» атты мақаласында Қазақстандағы жас әдебиеттану ғылымының дамуын ерекше бөле айтып, оның «өсу жолында зиянды, контрреволюцияшыл ұлтшылдықтың теріс әсерін немесе жалған солақайшылықты жамылған ҚазАПП кезіндегі» қатерлі бағыттың әсерлерін атап көрсеткен.

**«ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҒЫШ ЭПОПЕЯСЫ»**, жинақ. 1957 ж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан. Редакторы – І. Есенберлин. Ө-тің «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы 1957 ж. наурыз айында өткен шығармашылық конференцияның материалдары топтастырылған. Сегіз ғылыми-зерттеу еңбекте эпопеяның жанрлық сипаты, Абайдың өмір сүрген дәуірі, халық өкілдерінің бейнеленуі, негізгі образдар, әйел образдары, көркемдік ерекшеліктері, қазақ әдеби тілін дамытудағы шығарманың рөлі сияқты кесек-кесек мәселелер қарастырылған. Ал М. Қаратаев «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» деп, төрт романға бірінші айдар тақты. Кітаптың көлемі 9 баспа табақ, таралымы 5 мың дана.

**«ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ МЕН ТЕАТРЫ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1936 ж. 5 мамырда шыққан. «Әуез ұлы Мұхтар» деп қол қойған. Қазақ мемлекеттік музыка театрын мәдениеттің жаңа тарихи құбылысы ретінде қабылдай отырып, Ө. оның өзіндік ерекшелігі ретінде халық музыкасына сүйенетіндігін атап көрсетеді. Осы себепті автор жас ұжымның жұмысын бағалаудан бұрын қазақ әндері мен күйлерінің жанрлық, образды-тақырыптық, стильдік мазмұнының байлығын жан-жақты саралап береді. Музыкалық театрдың шығармашылық бетін ашу үстінде ол сол кезде қойылған барлық спектакльдерді («Айман – Шолпан», «Шұға», «Қыз Жібек», «Жалбыр») көрсетіп, бұл театрдағы әншінің ерекше типін көрсетіп, симфониялық оркестрдің қызметі мен мәртебесін айқындайды. Хореография саласындағы алғашқы адымдарды құптады. Бұның бәрі авторға қорытындыда музыка театры музыка мәдениетінің бүгінгі сатысында қазақтың халық өнерінің үлкен жиынтық белгісі боп отыр (музыка театрының жай-күйі, ізденуі осындай), музыка театры осындай барлық талап, табыстары арқылы енді сахнасында нағыз толық үнді операны қоюға жақындап кеп отыр деп айтуға мүмкіндік берген.

*А. Омарова.*

**«ҚАЗАҚФИЛЬМ»**, киностудия. Кинохроника студиясы (1934) мен көркем фильмдер студиясының (1941) негізінде 1944 ж. Алматы көркем фильмдер киностудия болып құрылды. Соғыс жылдары Алматыға көшірілген «Мосфильм» және «Ленфильм» кинофирмаларымен қоса Орталық біріккен көркем фильмдер киностудиясының (ЦОКС) құрамына енеді. 1960 жылдан бастап «Қазақфильм» деп аталды. 1984 ж. Ш. Аймановтың есімі берілді. 1996 жылдан «Қазақфильм»



кинофабрикасы құрылды. 1945 ж. «Абай әндері» фильмін түсіріп (сценарийін жазған Ә., режиссері Г. Рошал, операторы Г. Пышкова), ұлттық кино өнерінің дамуына жол салды. Әдеби шығармаларды экрандау кең қанат жайды. Бұл кезеңде Ө-тің бірнеше туындысы негізінде кинофильмдер түсірілді. Ұлы жазушының «Өскен өркен» романы бойынша «Шыңдағы шынар» (1965, режиссері С. Қожықов, сценарийін жазған Қ. Мұхамеджанов, операторы А. Ащрапов), «Көксерек» (1973, режиссері Т. Өкеев, сценарийін жазған А. Кончаловский), «Қараш-Қараш» (1969, сценарий авторы Ө. Тарази, режиссері Б. Шәмшиев) көркем фильмдері экранға шықты.

*Г. Құрманғалиқызы.*

**ҚАЗАН**, Татарстан Республикасының астанасы. Оның іргесі Еділдің сол жағалауында 13 ғасырдың екінші жартысында қаланды. Алтын Орданың ыдырауы себепті осында Еділ-Кама бұлғарларының хандығы құрылды. Оның алғашқы ханы Ұлы Мұхаммед (1438–43), оның баласы Махмүтек (1445) болды. Алтын Орданың әлсіреуін пайдаланып, III Иван 1487 ж. 9 маусымда Қазанды басып алды. Әли Ханды түсіріп, орнына оның інісі Мұхаммед Эминді қойды, ол Иванның қолжаулығына айналды. Осыдан бастап Қазан 521 жылға дейін вассалдық тәуелсіздікте болды. Эмин өлгеннен кейін (1518), Қасымов княздігінің ханзадасы Шаһ Али таққа отырды. Оны 1521 ж. Қырым ханының інісі Сақып Керей құлатып, орнына хан болды. Ол Қырым, Астрахан хандықтарымен, Ноғай Ордасымен одақтасып, Түрік-Қырым Одағына кірді және 1524 ж. Түркияның протектораттығын қабылдады, ол 1524–49 жылдар аралығында таққа иелік етті. Бұдан қауіптенген IV Иванның 1545–52 жылдары жүргізген жорықтары Қазанды әлумен аяқталды. 19 ғасырда Қазан жаңа өркендеу дәуіріне иек арта бастады. Онда оқу орындары, соның ішінде университет (1804) ашылды. Орыс пен татардың көптеген белгілі ғалымдары, ақын-жазушылары осы университетте білім алды. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазан өнеркәсіп және мәдени орталықтардың біріне айналды. Әсіресе жиырма-сыншы ғасырдың басында қазақ кітаптарының көпшілігі осы Қазан баспаларында басылып шықты. Ауыз әдебиетінің үлгілерінен бастап әр саладағы еңбектер жарық көрді. Қ. Сырғалиннің «Өнеге», «Қазақ балаларына жәрдем», «Қазақ әліппе кітабы», М. Қашымовтың «Әдеб», «Ақыл кітабы», А. Жандыбаевтың «Жас ғұмырым», А. Маметұлының «Әбрият» секілді мектеп оқушыларына арналған кітаптары мен С. Көбеевтің «Қалың мал», С. Сейфуллиннің «Өткен күндер» тәрізді көптеген кітаптарды айтуға болады. Мұндай басылымдар жүздеп саналады. Кейін Ө-тің де шығармалары татар тіліне аударылып басылды. Осылардың ішінде «Абай жолы» эпопеясының басылымы ерекше орын алады.

*Т. Әкім.*

**ҚАЗАНҒАПОВ** Бекмағамбет Төлегенұлы (1952 ж. т.), суретші-безденуші. Алматыдағы Орталық мемлекеттік және Астанадағы тарихи-этнографиялық мұражайларды, Алматыдағы Қ. Сәтбаев, Семей мен Жидебайдағы Абай, Торғайдағы А. Байтұрсынұлов пен М. Дулатов, Ы. Алтынсарин, Семейдегі «Алаш арыстары – М. Әуезов», Бөрілі мен Алматыдағы М. Әуезов мұражай-үйлерінің көркемдеуі мен безендіру, қалпына келтіру жұмыстарына жетекшілік етті.

**ҚАЗАН КІТАПХАНАСЫ**, ғылыми-ағарту мекемесі. Қазан қаласындағы мемлекеттік университеттің ғылыми-көпшілік кітапханасында Ө-тің 30-жылдарда жарық көрген, баспалардан латын әрпімен шыққан кітаптары мұқият сақталған. Олар мыналар: 1926 ж. пьесалар конкурсында бас бөйге алған Ө-тің «Қарағөз» атты үш перделі, алты суретті пьесасы Семей губерниялық баспасынан шыққан. Көлемі 81 бет. Жазушының 1930 ж. Алматыда басылған, көлемі 32 бет еңбегі «Қазақстандағы ұлттар» деп аталады. Ұлттардың революцияға дейінгі және кенес заманындағы тұрмысы салғастырыла баяндалады. Ұлттық кадрлар даярлау проблемасы сөз болады. Ұлт өкілдерін мәдени өмірге кеңінен тарту туралы ой толғайды. Кітап мұқабасының сыртқы бетінде қызыл ту суреті желбіреп тұр. 1930 ж. Қазақстан баспасынан шыққан кітабы «Жеткіншек» деген атпен жарияланыпты. Бұл кітап – ересек жастар мектебіне арналған оқу құралы. Көлемі 196 бет. Бағасы 70 тиын деп жазылған. Елдегі сауатсыздықты жойып, білім беру мақсатын көздеген. Кітап жазушының сол дәуірдегі педагогикалық ұстаздық бір қырын танытқандай. 1938 ж. Қызылорда қаласы Абайдың өлеңдер жинағын шығарды. Бұны даярлаған – Ө. Көлемі 401 бет. Бұл кітаптың бір данасы Абай мұражайының қорында сақтаулы. Алматыда Қазақ көркем әдебиет баспасында 1935 ж. Ө-тің «Ескілік көлеңкесінде» кітабы жарық көрді. Кітапқа: «Қыр әңгімелері», «Қыр суреттері», «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі?», «Қаралы сұлу», «Жуандық» сияқты көркем туындылары енген. Тоғыз суретті «Тартыс» пьесасы Қызылордада 1935 ж. кітап болып басылған. Көлемі 127 бет. Бағасы 2 сом 25 тиын. «Тас түлек» пьесасы мен әңгімелер жинағы 1935 ж. Алматыда жарық көрген. Көлемі 378 бет. Бұнда: «Шатқалаң», «Іздер», «Құм мен асқар», «Білекке-білек», «Үш күн», «Түнгі сарын» т. б. туындылары енген. «Қараш-Қараш» – 1936 ж. басылған әңгімелер жинағы. Көлемі 135 бет. Онда «Кінәмшіл бойжеткен», «Барымта», «Үйлену», «Көксерек», «Сөніп-жану» сияқты шығармалары бар. Ө. даярлаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының нұсқасы 1936 ж. Алматыда басылған. Көлемі 74 бет. Ө. өзінің осы кітапта жазғанына қарағанда, бұл – Жанак-Бейсенбай нұсқасы болса керек. 1938 ж. орталау, орта мектеп шәкірттері үшін «Әдебиет хрестоматиясы» кітабы шыққан. Өзірлеген – Ө. Редакциясын басқарған Ө. Тәжібаев. Көлемі 174 бет. Бұл кітаптар қазақ-татар халықтарының рухани жақындығын, достық қарым-қатынасын байланыстырып тұрған қимас заттай көзге ыстық көрінеді.

*М. Бейсенбаев.*

**ҚАЗЫ** Нұрмұхамедов (1896–1918), әскербасы. 1915 ж. Семей мұғалімдер семинариясына оқуға түскен. Семинария шәкірттері түгелдей атты әскер құрамына кіруге тілек білдіріп, Қ. сол жасақтың сардары болып сайланған. Әскери жаттығу кезінде бір топ қызыл әскер жасырынып келіп, Қ-ны атып өлтірген. Жерлеу кезінде Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, Р. Мәрсеков, кластасы Ж. Аймауытов т. б. қабірдің басында сөз сөйлеген. Азаль мәжілістің есебі 1918 ж. 14 наурызда «Сарыарқа» газетінің 14-санында жарияланған. Ө. пен Аймауытов Қ-ны білген, аралас-құралас болған. Олар

«Абайдан кейінгі ақындар» деген мақаласында Қ-ның өліміне шығарылған Дулатовтың «Қайда едің?» атты өлеңін талдай келіп, бұл өлеңде «адамның жүрегіне жылы тиетін қасіретті, зарлы, салмақты әсер барын бағалаған.

*Т. Әкім.*

**ҚАЗЫБЕК** (Қ а з да уы с т ы Қ а з ы б е к; 1667–1764), би. Қазақтың атақты үш бидің бірі: Төле, Қазыбек, Әйтеке. Осылардың ішінде Қазыбекке «Қаз дауысты» деген қосымша ат жалғанған. Руы Арғын ішіндегі Қаракесек. Бұл үш бидің атағы Тәуке хан тұсында жарқырап шықты. Тәуке Ұлы жүзге Төлені, Кіші жүзге Әйтекені (Айтық), Орта жүзге Қ. биді тағайындады. Бұлар Тәуке тұсындағы белгілі заң кодексі «Жеті жарғының» жасауға қатысты. Абайдың бірінші әйелі Ділді Қазыбектің немересі Алшынбайдың ұлы Түсіптің қызы. Жазушы «Абай жолы» романында бұл жайды: «Рас, өзге құданың бәріннен жолы бөлек – Алшынбай. Оның үлкен достығынан басқа өзі Арғынға белгілі Қазыбек, Тіленшінің Алшынбайы. Бұл атыраптағы қазақтың одан үлкен аруағы жоқ» деп жеткізеді («Бел-белесте» тарауы). Қ. есімі жазушының зерттеулерінен және әр түрлі жазбаларынан да кездесіп отырады. Ас туралы жазбаларында Қ. асы ескі жол-жоралғымен істелген астардың бірі ретінде сөз болады (№29-папка).

*Т. Әкім.*

**«ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КҮЙІ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Абай» журналының 1918 жылғы 9-санында жарияланды, кейін Ө. шығармаларының 50 томдық толық жинағының 1-кітабында жарық көрді (1997, 110–112-беттер). Шығарма қаламгердің *«Қазақ қашан жетіледі?»* мақаласымен сарындас. 1917–18 ж. қазақ елі дамудың жаңа сатысына көтерілудің алдында тұрды. Ұлттық саяси партия қалыптасты, біртұтас ұлттық дамудың бағдарламасы жасалды, билік бұрын бодан болған елдің қолына тиді. Мұның барлығы қазақ өмірінде серпіліс, сілкініс тудыруы керек еді. Іс жүзінде олай болмады. Қалың бұқара саяси-азаматтық белсенділік таныта алмады, енжарлықтан, кикілжіңнен, малдың күйін күйттеуден арылмады. Мақалада осы керену-кердеңнің себеп-салдары жеке-жеке талданған. Ресейдің ішкі саяси-әлеуметтік жағдайы аумалы-төкпелі күйде тұр, уақытша үкіметтің қауқары азайып, пәрмені кетті, большевиктердің өкімет басына келуге мүмкіндігі молайды, қазақ зиялылары мен Алаш қайраткерлері «Қызыл террордың» қазақ еліне жақсылық әкелмейтінін біліп тұр. Міне, осы тұста, өтпелі кезеңде қазақ жұрты қалайда ретін тауып, автономиялық дербестікке қол жеткізіп қалуы тиіс еді. Алайда ұлттық күрес майданында қалың қауым тым енжарлық танытты. Сондықтан Ө.: «Қасындағы іргелі көршісі қандай саясатты қолданып отыр, достығы қандай, дұшпандығы қандай екенін білмесе, өз ішінде жұрт едім-ау деп ояну, сілкіну болмаса, онда не тіршілік, не жұрттық болады?» деп, намысқа тие, қамшымен оскандай етіп жазды. Бірақ қазақ қайраткерлері екіге жарылып, қарама-қарсы майданға шықты, бір-біріне бетпе-бет келді, сөйтіп ұлттық тұтас-тыққа жете алмады, соның нәтижесінде азаматтық соғысты бастан кешірді. Бұл айтылғандардың барлығын ой таразысына салып, Ө. енді оқыған басшылар қазақтың азуына себеп болған шетін

мінездерден сақ болып, өзінің ақылмен құрған бір негізін темір қазақ қылу керек деп тұжырым жасайды. Сөйтіп автор қазақ оқығандарын таптық, идеологиялық жікке бөлінбей, ұлттық мүдденің айналасына топтасуға үндейді.

*Н. Оспантегі.*

**«ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНЫ»**, монография. Авторы – Е. Лизунова. 1964 ж. Қазақ КСР ҒА-ның баспасы орыс тілінде шығарған. Кітаптың эпиграфында «Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің жарқын бейнесіне арнаймын» деп жазылған. Еңбек өз кезіндегі қазақ романын, оның социалистік реализмді дамыту жолындағы негізгі мәселелерін талдауға арналған. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихына, қаһармандар бейнесін сомдау проблемаларына, оны Орта Азия мен Қазақстан әдебиетіндегі романдармен салыстыра қарастыруға көп орын берілген. Жеке тарауда эпопеяның шетел тілдеріне аударылуы туралы сөз етілген. Автор сондай-ақ Ө-тің әдеби-сын еңбектеріндегі роман жөнінде айтқан пікір-тұжырымдарын ой елегінен өткізе отырып, жазушының жалпы әдебиеттану ғылымынан да көрнекті орын алатынын мақтанш сезімімен жазған. Монографияның жауапты редакторы – Е. Ысмайылов. Көлемі 25 баспа табақ, таралымы 3030 дана.

**«ҚАЗІРГІ РОМАН ЖӘНЕ ОНЫҒ ГЕРОЙЫ»** («С о в р е м е н н ы й р о м а н и е г о г е р о й »), жазушының мақаласы. Алғаш рет орыс тілінде «Литературная газетада» 1961 ж. 20 мамырда жарық көрді. Қазақ тілінде З. Қабдоловтың аудармасымен сол жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 26 мамырдағы санында жарияланды. Орыс тіліндегі нұсқасы: жазушының «Мысли разных лет» (1961, 58–65-беттер); 5 томдық (М., 1975, 5-том, 534–541-беттер); 20 томдық (1985, 20-том, 316–323-беттер) шығармалар жинақтарында, қазақ тіліндегі нұсқасы «Өскен өркен» романына алғы сөз ретінде (1962, 3–8-беттер); 12 томдық шығармалар жинағына (1969, 12-том, 513–521-беттер) енгізілді. Қолжазбасы жазушы архивінде сақталмаған. Бұл – жазушының көзі тірісінде күнделікті баспасөз бетінде жарияланған соңғы мақаласы. Автор өзінің кейінгі жаза бастаған жаңа романы және оның кейіпкерлері жайлы ой-пікір толғаныстарын ортаға салады. «Аяулы Абайыммен қош айтысқанымна міне екі жыл; содан бері бүгінгі шындықтан шығарма жазсам деген ойдан бір күн ажырап көрген емеспін» деп бастап, қазір өзін бейне бір тарихи музейде ғасырлар мұрасының сыр-қоймасын ұзақ сарыла ақтарып, енді көктем күнінің нұр-шуағына малынған кең көшеге шығып, тұл бойын, кескін-келбетін сол шуақ жайлап, нұр жайнаған кісі кейінде сезінетінін айтады. Жасының ұлғайғанына қарамай, өзін ширақ, сергек, тебіренген, тегеурінді сезінетінін, оның бәрі – жаңа кейіпкерлерінің арқасы екенін айтып, ағынан жарылады. Ал бас кейіпкер мәселесіне байланысты автор сол өз заманына ылайық, дәуір жүгін көтере алар тұлғаны тандап, таба білу қажет деп санайды. Байтақ даланың өткен жарты ғасырлық тағдыр-тарихын қопарып көрсетуде сәтті таңдалған ұлы Абай бейнесінің, оның шығармашылық толғаныстарының мол септігін тигізіп, жақсы жағдай жасағаны еске ала отырып, бүгінгі заман шындығын көрсету үшін де «жалпақ дүниенің жан лебін жүрегімен ұғатын», шені жағынан емес, сана-сезім тұрғысынан «мінез, парасаты қилы-қилы үлкен тұлғаның бейнесін жасау керек» деген пікірін ортаға салады. Қаламдас

**ҚАЙДАР** (Қ а й д а р о в) Әбдуәли Туғанбайұлы (1924 ж. т.), тіл зерттеуші, қазақ және ұйғыр тіл білімінің маманы, қоғам қайраткері. Филология ғылымының докторы (1970), профессор (1972). ҚазМУ-ды (1951), ҒА-ның аспирантурасын (1954) бітірген. Қазақстан Республикасы ҒА-ның академигі (1983), республиканың еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1982). Ғылыми еңбектері түркітану, алтаистика мәселелеріне арналған, бұл салада 400-дей еңбегі жарияланды. «М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігін» шығаруға (1979) жетекшілік жасап, жауапты редакторы болды.

Ш. Сарыбаев.

**ҚАЙДОС**, ру аты. «Абай жолында» жиі айтылып, аталып отырады. Олжайдың үш баласының ортаншысы, оның алдында Айдос (Абайдың арғы атасы), одан кейін Жігітек пен Қайдостан Бөкенші, Борсақ тарайды. Олар Айдосқа қарайтын Ұрғызбайлар сияқты шұбартес емес, момын, дау-жанжалдан алыс жүреді. Оның Бөкеншісінен Сүйіндік, Сүгір, оның балалары Асылбек, Өділбектің, Борсақтан Жетпіс пен Жексен, Құнанбай өлтіркен Қодардың аттары аталады. Жігітекті – Кішекен, Бөкеншіні – Бөбең деп атаған. «Бір Шыңғыз демеуен, осы өңірде кыстаулық жерің аз емес, олық емес еді ғой, мырза! – деп Сүйіндік енді араласып еді. Құнанбай ілесе сөйледі. – Ей, Кішекен, Бөбең, – деп бастады. Жігітек пен Бөкеншіні сыпайы айтқанда осылайша «Кішекен, Бөбең» десетін» («Абай жолы», «Қат-қабатта» тарауы). Ал Қ. аты көбінесе осы аталардың арғы тегі сөз болғанда немесе ұран тастағанда ғана ауызға алынады.

Т. Әкім.

**ҚАЙРАТ** Мағауияұлы Раев (1962 ж. т.), әдебиет зерттеуші, филология ғылымының кандидаты (2002). Ө. шығармашылығына арналған бірнеше ғылыми-зерттеу мақалалардың авторы. «Ұлтын сүюдің үлгісінде» (Қазақ әдебиеті, 1999, мамыр) Ә-тің 20 ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі орны, алғашқы тырнақалды туындыларындағы әлеуметтік мәселелерге, «Мұңға оранған бақта» (2001) жазушының «Көксерек» әңгімесін жаңаша бағытта талдауға, «Табиғатпен тұтастықта» (2001) Әуезов шығармаларындағы этномәдени материалдардың шеберлікпен пайдаланылуы хақындағы тұжырымдарға, «Ұлылар үндестігінде» (ҚР ҰҒА Хабаршысы. Филология сериясы, 2001) Дулат, Абай, Мұхтар арасындағы танымы, шығармашылық үндестіктерді ашып көрсетуге ден қойған. «Зерделі зерттеу: қоғам талабы және тың тұжырымдар» (Қит.: Асыл қызы халқының, А., 2000) мақаласында әуезовтанушы Лейла Мұхтарқызы Әуезованың «Абай жолы» эпопеясына қатысты жазушы лабораториясының шынайы табиғатын ашқан еңбектеріне сараптама жасалған.

Р. Әбдіғұлов.

**ҚАЙСЕНОВ** Қасым (1918–2006), жазушы, партизан, Халық Қаһарманы (1995). Шығармаларында Ұлы Отан соғысы тақырыбын жазды. «Мұханның Киевтегі күндері» атты естелігінде Украинаның Ресейге қосылғанына 300 жыл толу мерекесінде Ө-пен бірге болған сәттерін баяндаған. Салтанатты жиында Мұханның орнынан асықпай тұрып, мінбеге жақындай бере сөйлей жөнелгенін, әңгімені қазақ пен украин халықтарының сан ғасырға тамыр жайған жарасты достығы жайынан бастап,

Тарас елінің қазіргі сән-сәулетін, шалқыған дәулетін, әдебиеті мен мәдениетінің гүлденіп отырғанын ұлағатты жыр етіп шерктенін, Мұханның ғажайып шебер шешендігіне украиндық достар тамсанып қалысқанын, сөйтіп бұл достық салтанаты біздің көңілімізді өсіріп тастағанын мақтанш сезіммен жазған («Қазақ әдебиеті», 1987, 27 ақпан). Сондай-ақ ұлы жазушы туралы «Туыстар ортасында» («Социалистік Қазақстан», 1967, 7 желтоқсан), «Тарас елінің табысу» («Егемен Қазақстан», 1997, 29 сәуір) естеліктерін жариялады.

**«ҚАЙСЫНЫ ҚОЛДАНАМЫЗ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 19 қазандағы 17-санында жарияланған. Соңына «Мұхтар Әуезов» деп қол қойған. Кейін жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томына (1969, 9–10-б.), «Тандамалы» шығармаларына (1997, 328–329-беттер) енгізілген. Мақалада халықтың сана-сезімінің оянып, өсуіне ең қажетті мұқтажы – ғылым-білім екендігі, оны игеріп, кең таратудың кейбір нақты мәселелері арнайы сөз болады. Онда қазақ мектептерінде, ғылым мәселелеріне байланысты еңбектерде бір келісім-кеңестің болмай жүргендігін, ғылыми терминнің біркелкі, жалпыға ортақ, бір қалыққа түспей келе жатқандығы айтылып, оның оқу-ағарту ісіне, оқулықтардың шығып, ғылымның елге таралуына нұқсан келтіріп отырғанын атап көрсетеді. Мақала бұл жөнінде «орысша оқыған өз машығына, мұсылманша оқыған өз машығына тартпай, дәлелімен қай тілдің мағынасы орамдырақ, қай тіл қазақтық өмір жөніне қолайлы, осыны салыстырып, біреуін ұстау» керектігіне ой тастап, пікір алысуға шақырумен аяқталады.

К. Сыздықов.

**«ҚАЙТА ЖАСАРҒАН ДАНА АҚЫН»** («Мудрый певец, нашедший юность свою»), жазушының мақаласы. 1938 ж. 23 желтоқсанда «Казakhstanская правда» газетінде жарияланған. Онда Жамбыл ақынның өмірбаянында айтылмай жүрген, балалық шағының бір ауыр кезеңдері жайында айтылады. Ауыр азап кешіп, Іледен Шуға қарай қайтадан жөңкіген елдің діңкесі әбден құрыған кезде, осы күмітке тезімі таусылған қалың бұқара арасынан Сұраншы атты батыр суырылып шығады. Ат арқасына мінетін азаматтарды маңына топтастырып, жауынгер қол жасақтаған өжет батыр Шудың бойына келгенде, қанды соғыс ашып, жаудың әскерін тас-талқан қылады. Халық құлдықтан құтылып, құрып кету қаупінен аман қалады. Балалық шағында өз көзімен көрген осындай апатты оқиғалардың өшпес әсерімен Жамбыл ақын өнері толысқан кезде, Сұраншы батыр туралы тарихи дастан шығарады. Онда туған халқының ежелден бері арман еткен тәуелсіз, еркін өмір жайындағы мұң-зары, халықтың бақыты мен бостандығы жолында жанын жалдап күреске шыққан батырлардың еркін істері шабытты зырға қосылады. Өз бойындағы тасқынды өлең дарыны кемеліне келген кезде қарт жырау өткен күннің ауыр өткелдері мен жаңа заманның жарқын болашағын ойлап, жыр толғайды. Кешегі қаралы күннің қайғы-зары мен көкіректі келешектің көкжиегі ақын жанын толқытып, екі ұдай сезім шарпылысынан шабытты шумақтар төгеді. Күмбірлеген домбыра көмейінен дүниеге қайта туған даналық дарынның күйі тамылжиды. Ө. қарт Жамбылдың қайта жасарып,

жастық шағын қайта тапқан кездегі заман деңгейінің биігінен заңғар болашақтарға қарай жыр дариясын ағызған алып ақындық дарынның қайнар көздерін осылай пайымдайды. Азбас арман, тозбас төзім, сөнбес махаббат көзінен бастау алған ақын өнерінің мәңгілік өміріне ойлы көз, орамды тілмен кәміл сенім білдіреді автор.

*Ж. Ысмағұлов.*

**«ҚАЙТА ТУҒАН ЕЛДІҢ МӘДЕНИЕТІ»** («Культура возрожденной страны»), жазушының мақаласы. Мәскеуде шығатын «Советское искусство» газетінің 1936 ж. 11 мамырындағы санында жарияланған. Мақала мамыр айында Мәскеу қаласында өткен қазақ өнері мен әдебиетінің алғашқы онкүндігіне орай астана жұртшылығын қазақ мәдениетінің жетістіктерімен таныстыру үшін арнайы жазылған. Мұнда қазақ театрының ашылуы, өнер шеберлеріне Мәскеу театрларының көрсеткен көмегі, ұлттық өнердің жаңа сатыға көтерілуі көтеріңкі леппен баяндалған. Өнер онкүндігі қазақ мәдениетін дүние жүзіне танытатын үлкен әсу өрі сын – деп бағалады. Мақала бұдан кейін еш жерде басылған жоқ.

*Т. Жұртбай.*

**«ҚАЙТА ТУҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ӘДЕБИЕТІ»**, жазушының мақаласы. ҚазКСР-інің 40 жылдық тойына орай шыққан «Советтік Қазақстан ғылымы» жинағында жарияланған (А., 1960). Осы басылым бойынша Ә-тің 12 томдық шығармалар жинағының 12-томында жарық көрді. Жазушы 40 жыл ішіндегі қазақ әдебиетінің даму жолына шолу жасаған. Әдебиеттің сан жағынан да, сапа жағынан да үлкен жетістіктерге жеткенін айтқан. Әсіресе көркем проза мен драматургияның жеткен табыстарына жоғары баға берген. Әдебиеттану, тіл білімі ғылымдарына тоқталып, осы саладағы ғалымдарды, қазақ филологиясы саласында еңбек етіп жүрген орыс ғалымдарын атаған. Әдебиеттегі дәстүр мәселесіне байланысты Шоқан Уәлиханов пен Абайдың кейінгі ақын-жазушыларға ықпалын, Фет сияқты эстет ақындардың жолын қушылар жөнінде толғамды ойлар айтқан. Орыстың классикалық әдебиеті мен алдыңғы қатарлы орыс жазушыларының қазақ қаламгерлеріне тигізген ықпалына арнайы тоқталып өткен. Мақаланың көп жерінде әдебиеттің теориялық мәселелері қарастырылған. Ұлттық түр, социалистік реализм мәселелерін жан-жақты талдаған. Мақалада ұлттық образ, шығармашылық психология жайлы терең пайымдаулар жасалған. Мақаланың соңына қарай әдеби байланыстарға шолу жасалып, Кеңес Одағындағы ұлттық әдебиеттер мен қазақ әдебиетіндегі ұқсас шығармалар, ағымдар атап көрсетілген.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ҚАЙШЫБАЕВА** Раушан Қалиқызы (1945 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1973). Қазақ әдебиетінің байланыстары туралы 100-ден астам ғылыми мақалалары жарияланды. «Қазақ-украин әдеби байланыстары» атты монографиясында (А., 1977) Ә-тің өз шығармаларында украин әдебиеті туралы айтқан ой-пікірлерін жан-жақты талдаған. Қазақ жазушысының көрнекті украин қаламгерлері О. Гончармен, М. Рильскиймен араларындағы достық қарым-қатынасты екі халық арасындағы әдеби байланыстың жарқын үлгісі ретінде баяндаған. Ірі ғалым Л. Новичен-

коның «Абай жолы» роман-эпопеясының өзгешелігі мен көркемдік жетістіктері жайлы пікірлерін мысалға келтірген. Ә-тің ұлы ақын Т. Шевченко туралы жазған «Туысымыз, досымыз біздің» деген мақаласына бірнеше рет сілтеме жасаған. Автор М. Әуезов Шевченконың қазақтарға деген туысқандық қамқорлығын жоғары бағалады деп зертделген.

*Н. Жаңақова.*

**ҚАЙЫҚ АУЫЗЫ**, Ертіс өзенінің жағалауы, қайықпен өтетін ыңғайлы жер. Бұл өткел Абай есімімен тығыз байланысты. Өткелдің батыс жағында мешіт бар. Оның қасында Абайдың апасы Мәкіштің күйеуі Тінібайдың үйі болған. Бұл үйге 1854–59 ж. Достоевский қонаққа келіп жүрген. Осы жердегі қарбалас М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында жақсы баяндалған: «Қайық аузы бұл жақта «Ай, hoy!» дескен айғай, Ары тарт! Тоқта!», «Иттің баласы!», «Өзің шошқа!», «Көрсетермін бәлем!», «Көзіңе қара!», «Өкенді танытам!» деп ақырысқан, бірін-бірі көмекке шақырысқан қырғын, қиқу» («Шайқаста» тарауы).

*М. Жұнісова.*

**ҚАЙЫПБЕРГЕНОВ** Төлепберген (1929 ж. т.), қарақалпақ жазушысы. ҚаКСР Мемлекеттік сыйлығының (1967), Өзбекстан Мемлекеттік сыйлығының (1971), КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1986) лауреаты. Ә-ті өзінің ұстазы санаған. «Абай жолы» эпопеясының әсерімен «Қарақалпақ дастанын» жазды. Ұлы жазушының «Қараш-Қараш оқиғасына» үзінділерді қарақалпақ тіліне аударып, оқырмандардың сүйіспеншілігіне бөленді («Әмудария», 1969, №4, 64–75-беттер).

**ҚАЙЫП ХАН** (т. ж. б. – 1719), қазақ ханы. Біртұтас қазақ хандығының жойылуы кезінде Әз-Тәуке өлгеннен кейінгі тақ таласы нәтижесінде билік басына келді. Тәукенің орнына ұлы хан сайланған Қ. х-ның тұсында мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайы шиеленісіп, қауіп-қатер күшейіп кетті. Шығыстан жоңғар, солтүстіктен башқұрт, батыстан Еділ қалмақтары қыспаққа алып, қазақ даласын жаулап алу жорығына аттанды. Бұған қоса Қ. х-ның хан сайлануына риза болмай, таққа таласқан сұлтандар да хандықты іштен ыдыратты. Соның нәтижесінде бұрынғы біртұтас хандық жойылып, үш жүзге бөлінді. Сөйтіп қазақ елі «Алпақет сулама, ақтабан шұбырындыға» ұшырады. Ә. қазақтың батырлар жырының шығу тарихы мен олардың заманы туралы талдай келіп, екі замандағы ел жайын, жер жағдайын салыстырады, тарихи кезеңдерге ой жүгірткен. Бұрынғы кезде артық өмірі асусыз тау, өткелсіз су сияқты белгісіздік кезеңнің астында жатса, қазіргі заманда тарихтың асу кезеңіне шығып, бергі бетке құлаған сияқты болып көрінеді. Тарихта бұл екі дәуірдің жапсары – Әбілқайыр, Тәуке, Қайып, Абылай хандардың заманына келеді. Бұл дәуірдің басы – 1723 жылғы «ақтабан шұбырынды» болса, Қайып хандық құрған кезеңді – біртұтас қазақ хандығының жойылу дәуірі деп бағалайды («Әдебиет тарихы», 1991, 142-бет).

*Т. Жұртбай.*

**ҚАЙЫРБАЕВ** Жұмырбай (1931 ж. т.), тіл білімі маманы. Педагогика ғылымының кандидаты (1970), профессор (1982), ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі (1981). 20-ға жуық көркем шығарманың, 30-ға тарта оқулық пен зерттеу кітаптарының, 200-ге жақын ғылыми мақалалардың авторы. Ғалымның Ә-ке арнаған «Ұстаз тәлімі» мақаласы, «Мұхтар тойы» атты өлеңі классик жазу-

*К. Хамидуллаев.*

**ҚАЙЫРБЕКОВ** Фафу (1928–1994), акын, публицист, аудармашы. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980). ҚазПИ-ді бітірген (1952). Ерлік еңбекті, адамгершіліктің асыл қасиеттерін, халықтар достығын жырлады. Студент кезінде дәріс алған ұстазына арналған «Тау Шығыспен кездесу» («Семей таңы», 1987, 2 қазан), «Мұхқан ескерткішіне» («Абай», 1997, №1, 94-бет) деген өлеңдерінде Ө-тің Абай рухымен үндестігін, жазушы жанының қазақ даласындай дарқандығы мен кеңдігін жыр етті.

**ҚАЛДАЯҚОВ** Шәмші (1930–1992), композитор. Қазақстан Республикасының халық артисі (1991), Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты (1965). Өндері тұнып тұрған сыршылдығымен, шынайылығымен, терең сезімділігімен ерекшеленді. 40 жылдан астам уақыт ішінде 300-дей музыкалық шығарма жазды. «Әнім сен едің», «Қара көз», «Қайықта», «Қайдасың?», «Ақ сұңқарым», «Ақ маңдайлым», «Сыр сұлуы», «Қуаныш вальсі», «Бақыт қушығында», «Ана туралы» әндері кеңінен тарап, халық шығармаларына айналды. «Менің Қазақстаным» өні (өлеңі Ж. Нәжімеденовтікі) Қазақстан Республикасының әнұраны болып қабылданды (2006). Қ. өзінің қайталанбас қолтаңбасы, бояуы қанық туындылары арқылы ұлттық өнерімізді биік белеске көтерді, ұлттық мәдениеттің тамаша көрінісіне айналды. Мұхқан Қ-тың әндерін сүйіп тыңдайтын, аса құрметтейтін. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» деген мақаласында: «Колхозда болғанда жастардың аузынан, шоферлардан, кейде шопандардан, кейде обком, райком секретарларының өздері-ақ айтып жүретін адамды сүйсіндіретін тамаша әндер бар. Хамидидің «Қазақ вальсі», Ш. Қалдаяқовтың «Ақ маңдайлым» сияқты вальстердей вальс көбейе берсе екен дер ем. Штраустың «Үлкен вальсі» – осы күнге дейін жұртшылықтың сүйсіне тыңдайтын вальсі» деп, жоғары бағалаған.

*Н. Ақбай.*

**ҚАЛДЫБАЕВ** Мамытбек (1939 ж. т.), ақын, жазушы. Шымкент педагогика институтын бітірген (1963). «Ұлы жазушының сыншылдық мұрасы» («Жұлдыз», 1974, №6, 210–211-беттер), «Ұлы жазушыға арналды» («Жетісу», 1977, 21 қыркүйек), «Мұханның үйінде» («Жас алаш», 1997, 5–6 мамыр), «Серке» («Заман – Қазақстан», 1997, 11 шілде) т. б. мақалаларында Ө-тің оңтүстік өлкесіне жасаған сапарлары, шығармашылығы жайында өзінің ой-пікірлерін ортаға салған.

**ҚАЛИЕВ** Фабдолла (1929 ж. т.), тіл білімі маманы. Филология ғылымының докторы (1990), профессор (1992). 170-тей ғылыми еңбек жазған. Ө-тің сөз қолдану үлгісін екі мақсатта талдап көрсетеді: 1. Жазушының халық тілі байлығын дамыта, жаңғырта отырып, қалай қолданылғандығы. Осы тұрғыда «Қазақ тілінің лексикологиясы», «Бақылау-пысықтау жаттығулары (1964–1989)», «Қазіргі қазақ тілі» лабораториялық жұмыстар (1991, 1992), «Қазіргі қазақ тілі, жаттығулар жинағы» (1997) атты оқу құралдарында «Абай жолы» романындағы архаизмдік, историзмдік мәні бар әдет-ғұрып, діни-салт, ел билеу, әкімшілікке байланысты арнайы сөздерді, аңшылық, саятшылыққа байланысты кәсіби сөздерді талдаған. «Қазақ диалектологиясының мәселелері» (1960), «Қазақ диалектологиясы» (1967, 1979, 1991), «Қазақ говорларындағы диалектік сөз тудыру» (1985) деген еңбектерінде кейіпкер бейне-

сін ашуда жергілікті тіл ерекшеліктерін жазушының шеберлікпен әдейі қолданған тұстарын қарастырған. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» (1997) еңбегінде сөз мағынасының түрлерін, сөздердің көпмағыналылығын, синонимдерді, табу, эфвемизмдерді, сөздік құрам түрлерін талдап түсіндіруде «Абай жолы» романынан мысалдар, мәтіндік материалдар келтірген. Ө-тің қазақ әдеби тілінің даму тарихы, үрдісі, жаңа жазба әдеби тілдің негізін салуда Абайдың алатын орны туралы айтқан пікірлерін «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1968–87) оқу құралында пайдалаған.

*Г. Қосымова.*

**ҚАЛИМАН** Турағұлқызы (1904–1987), Абайдың немересі. Ахмет Әуезовтің әйелі. Абайдың 125 жылдық тойына арнайы шақырумен келіп, қатысты. Сөйлеген естелік әңгімелері магнитофонға жазылып алынды. Өз әкесі Турағұл, Әуезовтер әулеті жөнінде құнды деректерді айтып, музей қызметкерлеріне көмектесті. Фотосуреттері музейге қойылып келеді.

*М. Бейсенбаев.*

**ҚАЛИЯ** (Ф а л и я) Әуезова (шамамен 1894 – 1914), жазушының жеңгесі. Ағасы Қасымбек Әуезұлының келіншегі. Өке-шешесі өлгеннен кейін (1909, 1912) Мұхтар ағасы Қасымбек пен жеңгесі Ғалияның тәрбиесіне көшеді. Өзін «Әкемнен кейінгі өке сияқты болып, тәрбиелену баулитын – атам, Қасымбек еді» деп жазады. Жазушы 1943 ж. тамыз айында Шыңғыс елін аралайды. Сол жылы ұзақ жылдарғы үзілістен кейін атамекені Бөріліге соғып, өкешешесінің, аға-бауыр, әпке-қарындастарының зиратына мінажат етеді. Сол жолы қойын дәптеріне Мұхтар: «Сағынып кеп, тағы да баяғы сабаққа бара жатқан күндерде әрбір түп шилер, әрбір асық ойнаған тауларға – енді қайта айналып сендерді көрем бе, жоқ па деген қимас көңілмен қоштасып, үлкен көңілмен кетіп барам. Ағам (әкем), жеңешем (шешем), кері апам (үлкен шешем), қадірлі ағам Қаске (Қасымбек), жаны жылы жеңгем Қалия, апам Күлсім, інім – Сәбидал – бәріңнің де қабірінді көріп өттім. Бірде-біріннен титтей де реніш шеккен шағым жоқ екен» деп жазғаны. Ағасы Қасымбек 1914 ж. кенеттен іш сүзегінен қайтыс болады. В. Н. Әуезова өзінің «Табысқан тағдыр» атты естелігінде Мұхтар Омарханұлы ағасы Қасымбек пен жеңгесі екеуінің бір-бірін сондай жақсы көргенін тебірене әңгімелейтін. Ағасы жастай қыршынан қиылып кетіпті, әйелінің де өмірі ұзаққа бармай, бірнеше айдан соң құсadan өліпті деген мағлұмат береді («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997, 77-бет). Қалия Бөрілідегі зиратқа жерленген. 1997 ж. басына күмбез тұрғызылды.

*Т. Құдакелдіұлы.*

«ҚАЛҚАМАН – МАМЫР», балет. Қазақтың тұңғыш балеттік қойылымы. 5 көріністен тұратын спектакльдің либреттосын Ө. жазған, музыкасы – В. Великановтікі, сахнаға қойған Л. Жукова, суретшісі КСРО халық суретшісі О. Таңсықбаев. Либреттонның негізіне тарихи болған оқиға мен Ш. Құдайбердиевтің «Қалқаман – Мамыр» дастаны желі етіп алынған. Либретто алғашқы нұсқасында «Қанды құз» деп аталған. Кейіннен оны «Қалқаман мен Мамыр» деп өзгерткен. Кейбір кейіпкерлерді ойдан қосқан (мысалы: Ескене). Оқиға 18 ғасырдың 1-жартысында Сыр бойында өтеді. Шығарма



«Қалқаман–Мамыр» балетін алғашқы қоюшылар. Солдан оңға қарай О. Таңсықбаев (суретші), М. Әуезов, В. Великанов (композитор), Ш. Жиенқұлова (басты рөлде ойнаушы), Кузьмин (дирижер), Л. Жуков (балетмейстер), Қ. Жандарбеков (режиссер), 1938.

балеттік қойылымға лайықталып, қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Ш. Жиенқұлова мен В. Сейфутдинова – Мамырдың, И. Ысмайылов – Қалқаманның партиясын орындады. Балеттік спектакль 1938 ж. сахнада көрсетілді. Басты партияда ойнаған бишілердің бейнесі сәтті шыққанмен, балеттің музыкасы мен безендіруінен тәжірибесіздік, балаңдық, өзара үйлесімсіздік аңғарылды. Драмалық қойылымдарға арналған етек-жеңі кең киімдер емін-еркін би қимылдарын жасауға бөгет етті. Алайда бұл балеттік спектакль – ұлттық би өнері мен балетін қалыптастырудағы батыл әрі шешуші қадам болды.

А. Қуанышбаев.

**«ҚАЛҚАМАН – МАМЫР»**, жазушының либреттосы. Қазақстанда алғаш рет балет тобын құруды қолға алған кезде Ө. тарихта болған Қалқаман – Мамыр оқиғасы негізінде қазақ өнері тарихында тұңғыш балет либреттосын жазған (1938). Әуелде «Қанды құз» деп аталған. «Қалқаман – Мамыр» оқиғасы ел арасында ауызекі әңгіме, жыр ретінде айтылып жүретін. Либретто үш актыдан тұрады. Либретто негізінде «Қалқаман–Мамыр» балеті қойылды. Жазушы мұражайы мұрағатында либреттонның орыс тіліндегі толық қолжазбасы бар. Қазақ тіліндегі латын әрпінде толық емес. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағына (12-том, 173–180-беттер) орысша нұсқасы енгізілген. Осы томда либреттоға берілген түсінікпен бірге қазақша нұсқаның мәтіні де жарияланған. Бұл нұсқа «Қалқаман – Мамыр» («Қанды Қақпан») деп аталған. Орысша нұсқада пролог бар. Мұнда Қалқаман бейітінің жанына бір топ қыздармен және шешесімен келген Мамырдың сүйген жігітінің сүйегімен қоштасу сәті, Ескененің бір шал арқылы Мамырды алмақ ояты, оны Мамырдың қарғап кетуі суреттелген. Одан әрі 5 бөлімнен тұратын либретто мәтіні негізінде қазақша мәтінмен сәйкес келеді. Либреттода тарихта болған оқиға жайлы балет спецификасына орай диалогсыз, сыртқы әрекет арқылы көркем баяндалады. Көкейай мен Мамыр туыстық жағынан жақын болғандықтан, халықтық салт бойынша айыпталып, жазалануға тиісті болған. Халық ішіндегі

аңыз, Шәкәрім Құдайбердіұлының жыры бойынша Қалқаман еліне өкпелеп, нағашы жұртына кетеді. Либреттода, сахналық қойылым болғандықтан болар, Қалқаман атын жардан секіртеді. Либретто бойынша балет 1938 ж. Мәдениет сарайында («Қазақтеатрының» ескі үйі) қойылды. Қойылымға Ө. ақыл-кеңесімен көмек көрсеткен.

Р. Әбдіғұлов.

**«ҚАЛМАҚАННАН НЕ ТІЛЕР ЕДІК»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Социалды Қазақстан» газетінің 1935 жылғы 12 қыркүйектегі санында және «Әдебиет майданы» журналында (1935, №9) жарияланған. Кейін жазушының 12 томдық (1969, 11-том, 88–90-беттер), 20 томдық (1985, 17-том, 31–33-беттер) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Қолжазбасы сақталмаған. Белгілі қалам қайраткері Қ. Әбдіқадыровтың ақындық еңбегінің он жылдығына арналып жазылған мақалада автор алдымен ақындық өнердің ерекшелік мән-жайына қысқаша түсінік береді. Ақындық – мектеп бітірумен қонатын мамандық емес, ол тамырынан қылтып өніп шығып, біртіндеп жапырақ жайып жетілетін жеміс ағашы сияқты, туа толы боп келген ақын жоқ, түлей толады дейді. Осы тұрғыдан Қалмақан да он жыл ішінде біртіндеп ізденіп, соңғы 4–5 жыл ақын ретінде жұртшылыққа таныла бастады, өзін-өзі де тани бастады. Ол өзінің етене жақын тақырыбын, ең үстем мазмұны мен баса шерте күйін, жырын дәл тапқандай. Онысы ең алдымен «еңбек жыры», еңбек күйі. Ақынның осы беттегі өлеңдерінің «өрнегі бірқатар қалыптасып, тұр, сырларын недәуір баурап алғанын», тілінің көпшілікке ұғымды, «көп еңбекшінің көкейіне қонымды» екенін оның өзiргi қол жеткен табысы екенін атап көрсетеді. Ақын поэзиясында шарқ ұрып тұратын жастық жалынның, теңеу, салыстыру сияқты сапалық элементтердің әлі онша дами алмай, ескі жырлар машығының кестесінде жұқалау ұғым тілінің басым келе беретінін ескертеді. Сөзді сөзге қосып, өлең жолын құрауда ол тізбек бошалап тіркелмеуі керек, сөздер бір жолдың ішінде тұрса да, шақпақ тастай шағылып, от төгіп, жанды денедей тыныс алып тұратындай ізденіп, өршіл, сур сапа кұған ақын болуға беттесе екен деген ағалық қамқор тілек айтады.

К. Сыздықов.

**ҚАЛМЫРЗАЕВ** Әбдеш (1939 ж. т.), философ, журналист. Философия ғылымының докторы (1990), профессор (1992). Абайтану саласында «Абайдың ой-пікірлері хақында» (Жұлдыз», 1975, №7), «Ақынның асыл мұрасы» т. б. ғылыми-зерттеу мақалалары жарық көрген. «Абайдың эстетикалық көзқарасы» деген монографиясында (1979, орыс тілінде) абайтану ғылымындағы Ө-тің орны, осы саланы қалыптастырудағы еңбектері туралы толымды ой-тұжырымдар, пікірлер айтқан.

Р. Досымбекова.

**ҚАЛМЫРЗАЕВ** Ақсақал (1936 ж. т.), актер. Қазақстан Республикасының халық артисі (1993) 40 жылдан астам шығармалық қызметінде 200-ге жуық рөл ойнап, сан қилы кейіпкерлердің бейнелерін сомдады. Оның актерлік өнерінің дамып-қалыптасуына Ө. драматургиясының зор ықпалы тиді. Жантас («Түнгі сарында»), Өлібек. Арыстан («Айман – Шолпанда»), Оразбай («Абай» трагедиясында), Сырым («Қарағөзде»), Кебек, Абыз («Еңлік – Кебекте») бейнелері көрермен қауымның көңілінен шықты.

**ҚАЛТАЕВ** Байділда (1911–1979), актер, режиссер. Қазақстанның халық артисі (1969). Амангелді

(Б. Майлин мен Ғ. Мүсіреповтің «Амангелдісінде»), Бекежан (Е. Ғ. Брусиловскийдің «Қыз Жібегінде»), Абыз (Ә-тің «Еңлік – Кебегінде»), Қыдыш («Түнгі сарында»), Жантық (Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сулуында»), Ыбырай (М. Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсаринінде»), Мойтық, Байсал (Ш. Хұсайыновтың «Көктем желі» мен «Күншуағында»), Өбүтәліп (С. Мұқановтың «Мөлдір махаббатында») бейнелерін өзіндік өрнегімен шебер сомдады. Құнанбайдың («Жас Абайда»), сахналық жүйесін түсірген Ш. Айманов) қайталанбас бейнесін жасады. Бірнеше фильмдерге түсті. Актердің тамаша өнері, кейіпкерлердің ішкі әлемін ашатын нәзік шеберлігі мен сөз астарына ерекше мән беретін ерекшелігі актерлерге үлгі-өнеге болып қалды.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ҚАЛЫМОВ** Мұхит Ғалымұлы (1931–2002), суретші-кескіндемеші. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері (1989), профессор. Шығармаларының негізгі бағыты – тарихи композициялар. «Исатай–Махамбет», «Генерал Панфилов», «Бірінші қазақ кавалериялық полкі» т.б. шығармаларын жазды. Ол М. Әуезов пен Ш. Айтматовтың портретін жасады (1981). Автор онда Ә-тің жазушылық шеберлігі шындалып, толысқан, кемел кезін бейнелеген. Қ. – Махамбет атындағы сыйлық лауреаты (1996).

*Н. Ақбай.*

**«ҚАМБАР БАТЫРДЫҢ ҚЫҚША ӨҢГІМЕСІ»**, жазушының мақаласы. Ө-тің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» деген кітабында берілген тарау. Бұл зерттеу жазушы шығармаларының 12, 20 томдық топтамасына да енген. Зерттеуде «Қамбар батырдың» оқиғалық мазмұны келтіріліп, соған жалғас «Қамбар батыр өңгімесінің мәнісі» деген талдау берілген. Бір ескерте кетерлік нәрсе – Ө. бұл жырда сол кездегі орыс фольклортану ғылымында орныққан, былина қаһармандарын ұлы батыр, кіші батыр деп бөлетін жүйе бойынша «кіші батырлар» тобында алып қарайды. Бұл өз алдына жеке мәселе. Ал аталған зерттеуде күрделі ғылыми мәселелер көтерілген. Олардың негізгілері төмендегі желілерге тіреледі: ең алдымен жырдың шыққан дәуірі Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі қазақ-өзбек бірлестігі аталған кезеңге сәйкес келетіндігі. Эпостың тағы бір өзгешелігі мұндағы бас кейіпкер Қамбардың өзге жырлардағыдай ерекше әсіреленген қаһармандардан басқашалау, аңшы батыр сипатында берілетіндігі. Осы соңғы мәселені көрсете келіп, Ө. жырда ежелгі ертегілік, аңшылық эпостың сілемі жатқан жоқ па екен дегендей сынай байқатады. Көне жырларда аңшы мергендерге кездесетін жыртықш күштердің «Қамбар батырда» да ұшырасуынан осындай ойлар түйеді. Сонымен қатар дастанда бертінгі дәуірдің, қазақ-қалмақ соғыстары заманының елесі, атап айтқанда, Өзімбайдың қызы Назым сұлудың қалмақ ханының зорлықпен алмақ болған әрекеті көрінуі жырдың полистудиялығын (көпқабаттылығын) ұқтырады. Қалай болғанда да «Қамбар батырда» бұрынғы қазақ-ноғайлы кезеңіндегі тарихтық, тұрмыстық халдердің айқын көрінетіндігі жырдың танытқыштық қасиетін аңғартады. Қамбардың да, Назымның да бейнелерінде көптеген реалистік тұрмыс, мінез суреттері кездеседі.

*Р. Бердібай.*

**ҚАНАПИН** Өмір (1913–1987), тарихшы, қоғам, мемлекет қайраткері. Тарих ғылымының докторы

(1966), профессор (1968). Қазақстанның еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері (1974). Ғылыми еңбектері Қазақстандағы мәдениет құрылысына арналған. Ө-ті білген, қызмет бабында кездесіп, әңгімелесіп жүрген. «Қазақстан өнері» атты кітабында (1958, Л. Варшавскиймен бірге) ұлы драматургтің «Намыс гвардиясы», «Абай», «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан» т. б. пьесаларының сахнада қойылуы жөнінде өз пікірін білдірген (34–36, 57, 101–102, 105–108-беттер).

*Т. Әкім.*

**«ҚАНАТ ҚАҚТЫ»**, «Түнгі сарын» пьесасының алғашқы нұсқасының атауы. Пьеса 1934 ж. шілде-тамыз айларында жазылды, кейінгі «Түнгі сарынмен» екеуінің арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Осы алғашқы жазбасының көп тұстарына белгілер қойылған, ол кейінгі өзгерістерінің қалай болмақтығынан хабардар етеді. Алғашқы бетіндегі адам аттарының көрсетілмеуі бұл туындының бүгінге дейін елеусіз-ескерусіз қалып келуінің себепшісі болды. Осындағы үлкенді-кішілі отызға жуық көріністер кейінгі нұсқасына, яғни жарияланымдарына енгізілмеді. Бұлардан басқа да өңдеу-жөндеулердің неше алуаны мәтіндердің кез келген тұсынан көрініс береді. Осы нұсқа жеке қолжазба ретінде жазушының 50 томдық академиялық толық басылымына енгізілді. Мұнда өз атаумен төрінген Бибіш кейінгі жазбалардың барлығында да Жүзтайлақ есіміне ие болды. Мұнда жоқ карательный отрядтың бастығы подьесауыл Семенов кейінгі нұсқаларына жаңадан қосылды.

*Т. Тұрғанбаев.*

**«ҚАНАТТАНДЫРҒАН ТВОРЧЕСТВО»** («Окрыленное творчество»), жазушының мақаласы. 1944 ж. 21 маусымда «Известия» газетінде шықты. Ө-тен телефон арқылы жазып алған. Мақала мазмұнына өзек болған тақырыптар – қазақ әдебиеті мен өнері, ғылымы. Жазушы қазақ әдебиеті мен өнеріндегі, ғылымындағы табыстарды Ұлы Отан соғысы кезіндегі халықтың, халық рухының оянуымен байланыстырады. Осындай ауыр кезде қазақстандық ақын-жазушылардың, суретшілер мен сазгерлердің Абай мен Шоқан Уәлиханов, Амангелді Иманов тұлғаларына көңіл аударуы заңды құбылыс деп көрсетеді. Қазақ халқының көркемдік-шығармашылық, ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерінің қоғамдағы ахуалмен тығыз байланысты екенін қуаттайды. Осының дәлелі ретінде Алматыда 1943 ж. өткен республикалық ақындар айтысының негізгі тақырыбының майдандағы ерлік пен тылдағы жан қиярлық еңбек болғандығын келтіреді. Шығыс қыздарының бірінші болып Кеңес Одағының Батыры атағын алған Мәншүк Мәметоваға бір топ ақын-жазушылардың көркем шығарма арнағандарына тоқталған. Мақала неміс фашистерін жеңу жолында бар күш-жігерімізді аямай жұмсайық деген заман талабына сай сөздермен аяқталған.

*Р. Ықыласов.*

**«ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР»**, афоризмдер жинағы. Авторы – Н. Төреқұлов. 1977 ж. «Жазушы» баспасынан шыққан. Ел аузында, жазба әдеби шығармаларда, баспасөз беттерінде кездескен ақыл-нақыл, қанатты сөздер топтастырылған. Автор мұндай сөздердің мақал-мәтелдерге өте ұқсастығын, өзара жақындығын айта отырып, олардың ара жігін

ашады, айырмашылығын түсіндіреді. Кітапта Ө. шығармаларында, әсіресе «Абай жолы» романында, жүздеген бейнелі сөздер, сөз тіркестері кездесетініне зер салады. Солардың ішінен сұрыптап, екшеп, 18 қанатты сөзін алған. Мысалы, «Арқада жыл жақсы болса, арқар ауыл несі бар», «Бас асауға – жез нұқта», «Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле», «Құтырғаннан құтылғанның өзі ақыл» т. б. Автор қанатты сөздерді алфавит тәртібімен тізіп, олардың қайдан, кімнен таралғаны жөнінде де ескертеді. Еңбек әдебиетші, тілші, ақын, жазушы, журналистерге, сондай-ақ оқушы жастарға арналған. Көлемі 12,39 баспа табақ, таралымы 50 мың дана.

**ҚАНЖИРЕН**, ат. Жазушының 60 жылдық тойында жерлестері сыйлаған сәйгүлік. 1957 ж. Ө-тің 60 жылдық мерейтойы бүкілодақтық көлемде атап өтілді. Туған ауылында жазушыға ерекше ілтипат көрсетіліп, жерлестері оған жүйрік ат – Қанжиренді мінгізген. Бұл жайында семейлік жазушы К. Оразалин «Абай ауылына саяхат» кітабында 1957 ж. Мұхаң 60 жасқа толып, туған еліне келгенде, ауылдың еңбектеген жасы мен еңкейген көрісіне дейін тосып алғанын, Мұхаң аса қатты қобалжып сөз сөйлегенін, жерлестері Қ. дейтін атақты бәйге атын мінгізіп, Мұхаңның тағы бір балалық кезін еске түсіріп ардақтағанын жазған. Мұхаң Қ-ді өзінің досы, сәйгүліктерді жаратып, даңқы шыққан Тілеке ақсақалға беріп кетеді де: «Іесі өзіңсің, бірақ менің атымнан қоса бер. Ал үстіндегі бала әрқашанда бәйгеге шапқанда «Абай», «Абай» деп жар салып, ұран тастайтын болсын» деген. Ат Мұхаңның тірі кезінде бәйгеден сан рет озып келген. Мұхаң мұндай хабарды естіген сайын Тілеке ақсақалға сыйлық жіберіп отырған (А., 1974, 127–128-беттер).

**ҚАНОАТ МУМИН** (Қ а н о а т о в М у м и н ш о ; 1932 ж. т.), Тәжікстан халық ақыны (1986), қоғам қайраткері. Тәжікстан Ленин комсомолы сыйлығының (1966), КСРО (1977) және Тәжікстан Мемлекеттік (1980) сыйлықтарының лауреаты. Ө-тің 90 жылдық мерейтойына 1987 ж. тәжік үкімет делегациясын басқарып келді. Салтанатты мәжілісте сөз сөйлеп, қазақ жазушының шығармашылығына үлкен баға беріп, ағынан жарыла сөйледі. Ұлы жазушыға арналған өлең жолдарын оқып берді («Мұхтар Әуезов және қазіргі әдебиет», А., 1989, стр. 33–34).

*Х. Шодижұлов.*

**«ҚАНСОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА»**, диафильм. «Қазақфильм» киностудиясы шығарған. Абайды осы аттас өлеңін оқып үйренуге арналған. Сценарийін жазған – С. Стамбеков, суретшісі – Ж. Дәненов. Графикалық тәсілмен салынған 31 сурет-кадрда бүркітшілердің, қыран құстардың түрлері, мәтіннің мәнін түсіндіретін «Ұзақ сонар», «Келте сонар», «Қан сонар» сияқты аңшылық дәстүріне байланысты сөздердің мән-мағынасы шебер өрнектелген. Бірнеше кадрда Ө-тің Абай мұрасының мазмұн-маңызы туралы айтқандары берілген.

**«ҚАНИШЕРЛЕРДІ ҚҰРТАЙЫҚ»**, жазушының мақаласы. Ө-тің С. Мұқановпен бірге жазған үндеу-хаты. 1941 ж. «Советтік Қарағанды» газетінің 17 шілдедегі санында шыққан. «Фашистік адам жегіштердің құрсауына түсіп, құл болған адамдар-

дың ауыр бейнеттері мен шеккен михнаттарын газеттен оқығанда немесе радио арқылы естігенде, адамның төбе шашы тік тұрады» деген сөздермен басталған. Фашистік Германия басып алған Батыс Еуропа елдерінің көріп жатқан қиянаттарын айта келіп: «Өрине, бұл сияқты хайуандықты көріп отырған Великобритания халықтарының дәті шыдамады. Ол Кеңес Одағы халықтарымен одақта-сып, қолына қару алып, адам баласының қас жауы – фашизмге қарсы шықты» деп, авторлар Қазақстан ақын-жазушыларын барлық күш-қуатын, дарынын фашизммен күреске жұмсауға шақырған.

**ҚАПАЕВ** Сүйін (1927 ж. т.), ноғай жазушысы, ақын. Шығармашылық жолын өлең, әңгіме жазудан, орыс жазушыларының туындыларын ноғай тіліне аударудан бастады. Ноғай әдебиетінде әңгіме жанрын қалыптастырып, дамытып. Ө-тің 90 жасқа толу мерекесіне арнап жазған «Біз де сол жолға қараймыз» деген мақаласында ноғай мен қазақ халықтарының бір туысқан, «Абай жолы» эпопеясының екі жұртқа ортақ екеніне барлау жасай келіп: «Мұхтар Әуезов – ноғай мен қазақтың тарихын жақсы білген кісі. Екі халыққа ортақ керемет эпостық шығармаларды жинап, зерттеп қана қоймай, олардан терең сусындаған, шабыт алған. Ұлы Мұхтар Әуезов – тек қазақтың ғана жазушысы емес, біздің ноғай халқының да мақтанышы. «Абай жолы» – ғасырлардан-ғасырларға салынған мәңгі жол. Біз, ноғайлар да әрқашан сол жолға қараймыз» деп, шын жүрек сезімін білдірген («Қазақ әдебиеті», 1987, 25 қыркүйек).

*И. Қапаев.*

**ҚАПАЖАН** Шикібайкеліні (1900–1940), жазушының досы Ахмет Шикібайевтың зайыбы. Қ-ның күйеуі Шикібайев 1913–19 жылдары Ө-пен бірге бастапқыда Семейдегі орыс-қазақ мектебінде, одан кейін мұғалімдер семинариясында бірге оқыған. Ахмет пен Қ. үйленгеннен кейін де Мұхтар мен Кәмила төртеуі бір үйде пәтерде тұрған. Жазушы Ленинградқа оқуға кетіп, Кәмиламен ажырасқаннан кейін Мұғамила Мұхтарқызы осы Қ-ның тәрбиесінде өседі. 1930 ж. Ө. түрмеге қамалғанда Мұғаш Алматыға келіп, тағы да Қ-ның қолына келеді. Жазушы шартты келісіммен абақтыдан шыққан соң, қашан бөлек пәтер алғанда, осы Ахмет пен Қ-ның үйінде тұрды. Қ-ның өзі мен қызына сіңірген еңбегінің құрметіне Семейдегі «Ауыл» демалыс үйіне жолдама алып береді. Достық ниеттері үзілмейді. 1937 жылдың қысым-қыспағы таянғанда А. Шикібайев әйелін төркініне жібереді. Ол ағасы Ебінейдің қолында тұрады. Қ. баласы болмағанына қатты қапаланып, қайғырған. Сөйтіп ол қусалы өмір кешіп, 40-жылдары Зайсанда қайтыс болды.

*Т. Жұртбай.*

**ҚАРАБАЛА** Қожаканұлы Төлегенов (1931 ж. т.), жазушының немере ағасы. Төлеген мен Әуез бірге туған, екеуі де Бердінің баласы. 1931 ж. ашаршылық кезінде кеңес өкіметінің қысымына шыдамай Шыңғыстау еліндегі «Ақсиырдың көтерілісі» деп аталған қозғалысты ұйымдастырушылардың бірі. Шөкірім Құдайбердіұлы атқан А. Қарасартов бастаған НКВД жасағының қолына түсіп, 3 қазан күні Қарауылдағы түрмеге әкелінеді. Түнімен ұрып-соқса да, шыңдығын айтапайды. Ертенінде ер-тоқымының астынан аудандық партия комитетінің хатшысы Олжабайдың көйлегі шығады. Тергеушілер бұрынғыдан да қатты қинап, сан етің кескілейді. Бұған шыдамаған Қ. абақтыда өзіне-өзі қол салады. Қ-ның ұрпағы Ғиянат Оразов Ө-ке келіп жолық-



қанда, жазушы оған енді қайтып өзіне хабарласпауын және бой тасалап сыртта жүруін өтінеді. Ф. Оразов – Шығыс Қазақстан облысының Шар ауданындағы Қаражал мектебінің директоры болды.

*Т. Жұртбай.*

**«ҚАРАГӨЗ»**, балет. Ө-тің осы аттас трагедиясы негізінде Ө. М. Мәмбетов пен Г. Д. Алексидзенің либреттосына жазылған Ф. А. Жұбанованың прологтан, 6 сурет пен эпиллотан тұратын туындысы. Премьерасы 1990 ж. 16 қыркүйекте өтті. Қоюшы-балетмейстері Г. Д. Алексидзе, суретшісі – Ю. А. Гегешидзи, дирижері – В. Ф. Руттер. Зерттеушілердің пікірінше, «Қарагөз» – сюжеттік жүйесі, стилі, хореографиялық шешімі бойынша романтикалық балет, онда махаббат сезімі арқылы рухани тазару идеясы бірінші орынға қойылған. Махаббат пен Ажал образдары аясында контрасты драматургиялық принцип қолданылған. Жұбанованың пікірі бойынша, осы қойылған арқылы «театрдың балет спектакльдерінің жаңа есебі басталды. Хореографиялық стилінің тазалығы мен жаңалығы, жалпы биік көркемдік деңгейі, оригиналды айқын театрлық сахналануы, симфониялық қою үнді қазіргі заман оркестрі және түгелдей мағыналы музыкалық палитрасы, талантты актерлік ойнау бар» (Жұбанова Ф. А. Менің қазынам – музыка, А., 1997, 2-том, 51–52-беттер).

*А. Омарова.*

**«ҚАРАГӨЗ»**, жазушының пьесасы. «Қ.» трагедиясы 1926 ж. драма театры ашылу қарсаңында Қазақстан халық комиссариаты жарияланған бейгеде бірінші сыйлық алып, сол жылы кітап боп басылды, театрда қойылды. «Қ-дің» 1926 ж. шыққан 1-нұсқасын автор драма деп көрсеткенмен, ол – трагедия. Қаһармандар тұрпатының айрықша кесектігі, олардың өмірдің шытырман бір кезеңінде бой көрсетуі, қоршаған орта мен арадағы тартыс бітімсіздігі, ақыры өліммен тынған соқталы күрес – осының бәрі «Қ-дің» алғашқы нұсқасын трагедия деуге толық негіз береді. Кейін Ө-тің өсімін әлемге мәшһүр еткен ұлан-ғайыр эпопеядағы үлкен арнаның бірі – өнер адамын, оның тірліктің ұзын жолындағы күресін, жеңілісін, жеңісін, күйінішін, сүйінішін суреттеу болса, соның басы осы «Қ-де» жатыр. Ағасының немере қарындасына ғашықтық хикаясы көкейге қонымыз болмаса да, драматург осындай ерекше конфликтіні құптап, сол орайда туатын тартыс шытырманына қызығып кеткен. Ө. трагедиясында Сырым мен Қарагөз туыстықтарын біле тұра, қосылуға, бірге тірлік кешуге ұмтылады. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық дәстүрі, жалпы адамшылық дәстүрі тұрғысынан алғанда да туыс адамдар арасындағы махаббат жыр ететін, мадақтайтын факті емес. «Қ-дің» алғашқы нұсқасындағы бұл олқылықты сыншылар (Сейфуллин, Тоғжанов, Орманбаев) дұрыс көрсетті. «Қарагөздің» алғашқы нұсқасының прологындағы сарын болмаса, пьесаның өзінде қазақ ескілігі дәріптелмейді, қайта қатты сыналады. Драматургтің табан тірер идеясы – қалың-мал кеселін сынау, сезім азаттығын қуаттау, махаббат бостандығын, бас бостандығын дәріптеу. Бұл шығарманың рухы – сыншылық. Пьесадағы басқа күйлерді былай қойғанда, қалыңмалы алынған, ұзатылып бара жатқан Қарагөз бен Сырым арасындағы сүйіспеншілікті суреттеудің өзі драматургтің революция алдындағы қазақ өміріндегі құдалық дәстүрін құптамайтынын, одан туатын кеселдерді мансұқ ететінін айғақтайды.

Драматург пьесаның алғашқы нұсқасындағы қыруар өлеңді батыл түрде ықшамдап, аз сөзге көп мағына сыйдырды. Бірінші көрініс басталғанда шырқалатын «Баянауыл» әнінен 4 жол қысқартылды. Беташар әуелгіде 97 жол болса, соңғыда – 54 жол; Асан айтатын жар-жардан 11 жол, Сырым айтатын жар-жардан 17 жол қысқартылды. Көрімдік сұрай айтылатын 25 жол өлең мүлде түсіп қалды. Сырымның Қарагөз қабірі басында айтатын өлеңінен 4 жол қысқартылды. Қара сөзбен толғайтын монологынан 25 сөйлем қысқартылды. Жеке сөздерді, фразаларды, тіркестерді, сөйлемдерді, тұтас беттерді қысқарту, не оларды ауыстыру, бұрынғы материалдарды өзгертіп, өңдеп, қайта жаңғырту, инверсия, аллитерация, ассонанс, градицияға айрықша мән беру сияқты редакциялармен қабат, екінші нұсқада автор мүлде жаңадан қосқан жерлер де көп. Бірінші нұсқада көріністер нөмірленіп отырылса, кейінгіде ол жоқ. Сырым Қарагөзден айрылған соң, екінші нұсқада балықшы, егінші қауым ортасына барады. Бұл бір сурет болып қосылған. Алғашқы нұсқаның бірінші, екінші суреттері жалғыз перде құраса, кейінгі нұсқада олар жеке-жеке ат. Екінші нұсқа осы реттен төрт ат, жаңадан жазылған бір сурет есесінен жеті суретті болып тұр. Зор көлемді, сан салалы, мол мағыналы редакцияның арқасында «Қ.» трагедиясындағы драмалық ситуациялар өзгертіп, бұрынғы қаһармандар жаңаша кейіп тауып, конфликт тереңдеп, шығармадан туатын объективті идея сараланып, аршылып, байып, соны күйге көшті. Осындай көп ізденіс, көп еңбектен соң, «Қ.» трагедиясының екінші нұсқасы дүниеге келді.

Дүниені тәрк етіп, махаббат үшін өртенген қыз жүрегінің адалдығында шек жоқ. Тар кезең, тас босағада тұрғанына қарамастан кеудедегі сезімнен орамды тілмен жеткізіп берген Қарагөз Сырым бойындағы жігер мен қайратты жанып-жанып жібергендей болады. Ата-баба дәстүрі, қараңғылық құшағында тұншыққан орта моралі – жазылмаған заң, оны бұзу – зор күнә, үлкен қылмыс. Сырым мен Қарагөздің бір-біріне риясыз көңілмен беріле тұра, бір-біріне ыстық жүректің бал ләззаты мен сүйіспеншіліктің жалынды рақатын сыйлай тұра, ескілікке қарсы үзілді-кесілді батыл шыға алмауы нанымды, тарихи шындық. Бұрын солқылдаған бойжеткен, азат құс болып жүрген Қарагөз қалыңмал, нокта бата, сұмдық әділетсіздікті алғаш өз басына қаралы күн туып, жатқа жем болып бара жатқан сәтте ғана ұғынады. Қараңғы жылдар қойнынан қыстығып шыққан толқынның жаңа буын, жас төлі теңсіздікке қара таңба басып, шенең, жер етсе де, бәрібір шеңбер аттап, қатал заңды елемей кете алмайды. Жүрек тілі ыстық, жалынды. Өмірдің тілі қатал, зілді. Қалыңмалға қанша қарғыс айтса да, Қарагөз бойында Сырыммен мәңгілік құшақ қосып тартып берер дәрмен жоқ. Сол батылдық дәл қазір ер жігіт Сырымның өзінен де табыла қояр ма екен? Драматург басты қаһармандары Наршаны да, Қарагөзді де, Сырымды да ішкі толғаныс, зор тебіреніс үстіндегі ситуацияда алып, конфликттінің одан әрі шиеленісуін қаузаиды. Тартыстың бұдан арғы өрбуі талайға дейін қыз ұзату сюжетінің арнасында отырады. Бұл жерде Ө. халық салтын драмалық шығарма фабуласына органикалық түрде кірістіріп, шашу шығармай шеберлікпен пайдала-

нған. Алғашқы пердедегі жағдайлар негізгі тартыстың экспозициясы іспетті болып, оның қалай пайда болғанын, көлемін, күшті аңғарта, бұдан кейінгі әрекет басты қаһармандардың – Қарагөздің, Сырымның, Наршаның жанына тиер, тағдырын шешер кемерге келіп тіреледі. Ол – той. Қарауылдың кер маралы, аялаған аруы Қарагөздің ұзатылу тойы. Сыртқа дабырлап, қызыл-жасылмен жарқыратып айтып жатса да, Қарагөздің риза еместігі алты алашқа белгілі. Қыз отауын көруге келген үш әйел сөздерінде қорғасындай ауыр салмақ, ащы сықақ, үлкен сын жатыр. Бұл кішкене көріністе Әсер ауылының қыз сатумен байығаны мысқылданып, Қарагөз бен Сырым сырттай мінезделеді. Сол әйелдердің табакшылармен әзілдесіп, сөз қағыстыруы – халықтық жайма-шуақ юмордың жақсы үлгісі. Бұдан кейін сахнаға шығатын Мөржанмен бірге ызғар, сес қоса келеді. Надан ескіліктің қияңқы дәулетігі Қарагөз бен Сырымды ақытсыз етті.

Шығарманың негізгі идеясын, жалпы мұратын ашуда бұл сурет атқарып тұрған қызмет үлкен. Қарагөз дүние салғанмен, әділетсіздік жеңгенмен, қанаты енді беки бастаған Сырым күреседі. Ол – жалынды сөз, өткір тіл, лапылдаған ақындық қуат иесі. Сахналық шарттылықты шебер пайдаланған Ө. трагедиядағы оптимистік идеяны Қарагөз аузымен айтқызады. Қайғы езіп, мұң жаншып тастаған Сырым көңілі серпіліп, ағарып, ақындық таңы атқандай болады. Ақын Сырым характеріндегі халықтық арманды – терең арманды ұғынуға, ел камын жеуге беттеген күйді бірте-бірте күрес арнасында шыңдап шығарған драматург жалынды өлеңмен Сырымның өз-өзіне серт еткізеді. Ол бұрын да ақын болатын. Тағы туды ақын боп. Сөз ұйқастыратын өлеңші емес, ауыр азапты бастан кешірген, жалғыз жарынан айрылса да, құламаған, биік өріс, кең жайлауын енді тапқан өршіл ақын ол Сырым. «Қ.» трагедиясы сан ырғақты ғаламат мол үн жамырай табысып, дауылдап барып, аяқталатын қуатты симфонияның финалындағыдай әсермен бітеді. Бұл шығарма – қазақ драматургиясының інжу-маржанының бірі. «Қ.» трагедиясы 1926 ж. Семейде жеке кітап болып шықты. Кейін М. Өуезовтің «Қараш-Қараш» (1960), 12 томдық (8-том), 20 томдық (1981,

9-том) шығармалар жинақтарына енді.

*Р. Нұрғали.*

«Қарагөз» спектаклі. Қарагөз рөлінде З. Шәріпова.



С п е к т а к л ь д і н қ о й ы л ы м ы Алғаш рет 1925 ж. Семейдегі драмалық труппаның сахнасына қойылды. Сырым мен сал-серілердің рөлдерін домбырамен ән салатын талантты өнерпаздардың ойнауы спектакльдің поэтикалық мазмұнының терең ашылуына мүмкіндік жасаған. Әрекеттің дамуына қарай, мұнда үш түрлі шы-

мылдықты шебер пайдаланған. Пьеса Қазақ драма театрының сахнасында 1926 ж. сәуірде Қ. Жан-дарбековтың режиссерлігімен қойылды. Мұнда режиссер мен орындаушылар өздерінің бай тәжірибесіне, ескі ауыл тіршілігіне жетік, халық мұрасынан сусындаған табиғи дарындарына сүйенді. Сахнада тарихи дәлдікті, тұрмыс-салт дәстүрін берік сақтаған. «Жар-жар», «Беташар», айтқс, өлең-жырларды көркем де шебер орындауға күш салған. Қарагөз бен Сырымның сахналық бейнесі нағыз көркемдік жинақтылыққа жеткен. Екеуі де жеке бастарының тәуелсіздігі, махаббат бостандығы, ән-өнер еркіндігі үшін табанды күрес жүргізген асыл жандар болып бейнеленген. Трагедия екінші рет 1963 ж. А. Л. Мадиевскийдің режиссерлігімен қойылды. Композитор Н. Тілендиевтің келісті музыкасымен шымылдық баяу ашылғанда, ішкі шілтер пердеде Ө-тің бейнесі көрінеді. Бұл өз пьесасының қойылымын көре алмай кеткен ұлы жазушыға деген құрмет пен ілтипаттың белгісі еді. З. Шәріпова бейнелеген Қарагөз өз махаббаты мен бостандығын қорғауда батыл қимылға бара алатын жан болып, есте қалады. 1981 ж. трагедияны Ө. Мәмбетов шығарма табиғатына көп тереңдемей, алдыңғы қойылымдардағы кемшіліктерді жөндеп, қойылымды лирикалық тұрғыдан қайта қарастырған. Сырым мен Қарагөз рөлдерін орындаушылар режиссерлік ой-мақсаттың үрдісіне қарай, махаббат сезіміне берілген қос ғашықтың ішкі көңіл күй арпалыстарын ашуға ұмтылған. Сырым рөлін орындаушылардың ішінен «Жаланған ер, жалындаған ақынды» шынайы суреттеген – талантты актер Ө. Боранбаев. Ол ән мен драмалық әрекеттің үйлесімді тұтастығын тауып, кейіпкер бейнесін әр қырынан ашқан. Жас арудың трагедиялық толғаныстарын жеткізуде М. Өтекешова мен Г. Әспетованың ізденістері көңіл аударарлық. Ұзақ үзілістен кейін трагедияны сахнаға қойған Семей (режиссері Б. Омаров), Шымкент (режиссері Ө. Ордабаев) театрлары шығарманың халықтық негізін, елдің әдет-ғұрпын, салтын, көркемдік дәстүрін берік сақтаған. Қызылорда театрының спектаклі режиссерлік нақтылығымен, Қарагөз рөлін лирикалық сазда ойнаған Ж. Бағысованың шеберлігімен айқындалды. 80-жылдарда Талдықорған, Семей, Жетісай театрларының қойылымдарынан әрқайсысының өзіндік ізденіс жолдарын аңғаруға болады. «Қ.» барлық театрлардың репертурынан түспей, олардың актерлік һәм режиссерлік өнерінің даму белестерін анықтап келеді.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ.** С. Сейфуллин атындағы Қарағандының облыстық қазақ драма театры, шығармашылық ұжым. 1932 ж. көркем-өнерпаздар үйірмесінің негізінде ұйымдасты. Сол жылы Қ. Байсейітов пен А. Т. Шаниннің «Зәуре» драмасымен театр шымылдығы ашылды. Алғашында «Жұмысшы жастар театры» (1932–34), одан кейін «Қалалық жұмысшы жастар театры» (1934–36) деп аталды. 1936 ж. облыстық драма театры дәрежесіне көтерілді. 1939 жылдан облыстық музыкалы драма театры, ал 1951–64 ж. облыстық біріккен қазақ және орыс драма театры ретінде жұмыс істеді. 1964 жылдан бастап қазіргі атымен белгілі. Ұлы Отан соғысы жылдары театрда Ө-тің «Сын сағатта», Ө. пен Ө. Өбішевтің «Намыс гвардиясы» спектакльдері қойылды. Театрдың шығарма-

шылық ұжымы әр жылдары Ө-тің драматургиясына, оның аударма пьесаларына жіті көңіл бөліп отырды. Театр сахнасынан Ө-тің «Еңлік – Кебек», «Түнгі сарын», «Айман – Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Абай» (инсценировка бойынша), «Қарағөз», «Дос – Бедел дос», Н. В. Гогольдің «Ревизоры», У. Шекспирдің «Асауға тұсауы» мен К. А. Треневтің «Любовь Яровая» сияқты спектакльдер көрсетілді. Театрдың шығармашылық ұжымы 1997 ж. Алматыда Ө-тің 100 жылдық мерейтойына орай арнайы өткізілген Халықаралық театр фестиваліне қатысып, жазушының шығармасы бойынша жасалған «Қорғансыздың күні» спектаклін көрсетті (инсценировка авторы әрі режиссері – Ө. Оразбеков). Бұл спектакль фестивалдің 2-жұлдесіне ие болды.

*К. Нұрпейісов.*

**ҚАРАҒҮЛОВ** Ишанбай (1909–1992), эпидемиолог, қоғам және мемлекет қайраткері. Медицина ғылымының докторы (1950), профессор (1950), ҚазКСР Ғылым академиясының (1951) және КСРО Медицина Ғылым академиясының (1961) корреспондент мүшесі. Қазақстанның (1961) және Қарақалпақстанның (1965) еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Негізгі ғылыми еңбектері жұқпалы ауруларға қарсы күресу және Қазақстанда денсаулық сақтау ісін ұйымдастыру мәселелеріне арналған. 50-жылдары Ө. Кеңес-үнді достығы қоғамының республикалық басқармасының төрағасы, Қ. орынбасары болды. Осы кезде екеуінің арасында достық қарым-қатынас орнап, көп уақыт аралас-құралас жүрді. Үндістанға 2 рет барған сапары нәтижесінде, Қ. үнді елінің тарихы, экономикасы, этнографиясы мен медицинасы туралы «Индиялық достарға барғанға» атты кітап шығарды (1962, орыс тілінде). Ө. бұл шығармаға алғы сөз жазып, өзінің жүрек жарды ләзбісі мен ыстық ықыласын білдірді. «Ал Қ. «Естен кетпес күндер» деген естелігінде» («Қазақ әдебиеті», 1977, 20 мамыр) ұлы жазушымен қатар тізе қосып, еңбек еткен, бірге өткізген қимас күндерін елжірей еске алған.

*Б. Қарағұлов.*

**ҚАРАЕВ** Мылтықбай Әбішұлы (1934–2000), әдебиет зерттеуші, педагог. Филология ғылымының докторы (1995), профессор (1996). Ғылыми еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымының және қазақ тілі мәселелеріне арналған. «Қазақ әдебиетіндегі реализмнің кейбір мәселелері» (1985), «Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары» (1986), «Классикалық дәстүр және әдеби процесс» (1993), «Ғабиден Мұстафин творчествосы» (1992), «Қалмақан Әбдіқадиров» (1997) атты монографиялары мен зерттеу еңбектерінде, сондай-ақ «Абай реализмінің баспалдақтары» (1974), «Алмазные грани таланта» (1993), «М. Әуезовтің драматургиядағы қарымы» (1997) деген мақалаларында Ө-тің шығармашылығы бірқыдыру қамтылып, сөз етілген; ұлы жазушы туралы байыпты да байсалды ой-пікірлер, сындарлы тұжырымдар айтылған.

*Н. Оспантегі.*

**ҚАРАЖАН** Укібаев (1851–1934), алаш азаматы. Семейдің атақты байларының бірі. Руы – Тобықты. Алаш қаласынан сәулетті кең үй салған. Алаштың оқыған көп азаматтары Қаражан үйінде тұрған. Алаш қозғалысы кезінде кеңсеге деп, бірнеше бөлмелерін босатып берген. Кейін бұл екі тәжілі үйі жетім балалар үйіне айналған. Аға-іні, туыстары Тобықты елінде ел билеу ісімен айналысқан, бәрі бай болған. Мұхаң Қ-ды білген. Семейде

жүрген кезінде келіп-кетіп, араласып тұрған. Қ. 1934 ж. большевиктер қолынан қаза тапқан.

*М. Бөксенбаев.*

**ҚАРАКЕРЕЙ**, ру. Шежіре деректері бойынша, «Тоғыз таңбалы Найманның» бір таңбасына ие болған Төлегетайдың төрт баласының бірі. Қ. руынан шыққан атақты Қаракерей Қабанбай батыр оның уранына айналған. Бұл рудан көптеген ақын-жыраулар, би-батырлар – Ақтамберді жырау, Дулат ақын, Түбек ақын, Сыбаннан шыққан қу дауысты Құттыбай би, Қожамбет Сырымбет би, Мұрын Боранбай би, Сыбан Еспембет батыр, Қожамбет Жарылғап батырлар шыққан. Ө-тің шығармаларында, әсіресе «Абай жолы» эпопеясында Қаракерей руынан, оның ішінде Байжігіт, Сыбаннан шыққан көптеген кейіпкерлер көрініс тапқан.

*М. Әбдеш.*

**ҚАРАҚАЛПАҚ ӘДЕБИЕТИ.** Түркі тілінің қыпшақ тобына жататын қарақалпақ тілінде қалыптасқан әдебиет. Сөздік құрамы мен тілдік заңдылықтары қазақ тіліне өте жақын. Оның басты себебі: тегі, діні, ділі бір қазақ пен қарақалпақ елі есте жоқ ескі заманнан бастап 1936 жылға дейін бір мемлекеттің құрамында өмір сүріп, мәдени-рухани мұралары тамырласа дамыды. Сондықтан қазақ пен қарақалпақ халықтарының ауыз әдебиеті мен дастандары, аңыздары мен тұрмыс-салт жырлары, ертегілері мен жұмбақ-жаңылтпаштары екі елдің көркем сөз өнерінің дамуы мен көркемдік ойлау жүйесінің қалыптасуына тең дәрежеде әсер етті. Ө. 1951 ж. тіл мәселесі туралы республикалық пікір алысу кенесінде сөйлеген сөзінде бауырлас екі халықтың әдеби тілінің байланысы мен ерекшеліктеріне тоқтала келіп, тегі бір түлден болғандықтан, кейде қазақ қолданбай жүрген тың, көне сөздерді олар қолданып, сол сөздер қазақтың да көп жерлеріне сіңген болса, бұдан қашудың орны жоқ деген пікір білдірді (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 19-том, 264-бет).

Қарақалпақ әдебиеті тұрмыс-салт жырлары мен эпостық дастандарға өте бай. Ө. өзінің «Ертегілер», «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Жұмбақтар туралы», «Айтыс өлеңдері», «Халықтың ғасырлық жыры» деген зерттеу еңбектерінде қазақ пен қарақалпақ ауыз әдебиетінің арасындағы ортақ негіздерді жан-жақты баяндады. Тарихи және тақырыптық негіздеріне байланысты қарақалпақ халқының эпосы мен тұрмыс-салт жырларының, ғашықтық дастандарының таралуы екі салаға бөлінеді. Бірінші сала – исі түркі халқына ортақ, оның ішінде көне дәуірден бері қазақ пен қарақалпақтың ұлттық танымына тікелей әсер еткен «Алпамыс», «Қорқыт», «Көрұғлы», «Қобыланды», «Едіге», «Ер Қосай», «Ер Шора», «Қыз Жібек» дастан-жырлары жатады. Қарақалпақ жыраулары мен ақындары ауыз әдебиеті мен жыраулық дәстүрге сай қазақ дастандарын өзінше өзгертіп жырлады. Қарақалпақтың атақты «Қырық қызын» қазақ ақындары қалай құбылтып жырласа, қарақалпақ ақындары да сондай әдеби тәсілді қолданды. Мысалы: «Қобыланды батыр» жырына аңыздық сипаттар берілді. Ал «Қыз Жібек» жырының оқиғасын ғана алып, «Шарияр», «Мәспатша» деген атпен жеке дастан етіп шығарды. Қыз Жібекті – Айпарша, Қорен ханды – Бабахан деп

алған. Халықтық әдебиеттегі мұндай нәзіралық үлгі туралы Ә. «Қазақтың ауыз әдебиеті» атты мақаласында «Алпамыс» эпосының сюжети қазақ, өзбек және қарақалпақ арасында кең тараған; «Көрұғлы» – өзірбайжан, тәжік, қазақ, өзбек, түрікмен, қарақалпақ ішінде мәлім деп атап көрсетті (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 19-том, 394-бет). Қарақалпақ лирикалық дастандарының екінші бір саласы – шығыстық сюжетке құрылған нәзіралық дастандар. Олардың қатарына «Ләйлі–Мәжнүн», «Жүсіп–Зылиха», «Сейфул–Мәлік», «Тахир мен Зухра», «Бозжігіт», «Мұңлық–Зарлық», «Ғарып–Ашық», «Қорлықа–Қара», «Саятхан–Хамра» қиссалары жатады. Ә. бұл қиссалардың түркі желісі арабтың «Мың бір түн», парсының «Шахнама», түріктің «Бақтажар» эпостары мен Низамидің, Науаидің, Физулидің, Сағдидің әйгілі шығармаларынан алынғандығын көрсетеді. Түркі жұртына ортақ тақырыпқа айналған тарихи әңгемелерге тоқтала келіп, Ә. «Қорқыт туралы» мақаласында Қорқыт жайындағы әңгіме, аңыз тек қазақша ғана емес, өзге қазақ тектес елдердің көбінде бар. Қарақалпақ, қазақ, қырғыз да тек «Қорқыт» атымен жүреді деп талдап берді (сонда, 18-том, 236-бет). Қарақалпақтардың тарихы мен әдебиеті туралы көлемді зерттеуінде Ш. Уәлиханов қарақалпақтардың әні мен айтыскер ақындарын өте жоғары бағалап, оларды дәла халқының маңдай алды бұлбұлы деп атаған. Ә. «Айтыс өлеңдері» зерттеуінде бұл жанрдың қазақ, қырғыз, қарақалпақ елдерінде бар екенін атап көрсеткен (сонда, 17-том, 282-бет). Бұл дәстүр қазір де жалғасып келеді. Ә. «Ақ жол», «Сана», «Шолпан» басылымдарында істеп жүрген кезінде қарақалпақ ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихи жырларын, ертегі-аңыздарын баспасөз бетінде жариялауға ат салысты. Бұл тұста қарақалпақ әдебиетінің дамуына да қазақ қаламгерлерінің тікелей ықпалы тиді. Өйткені ұлттық мектептердегі сабақ қазақ тілінде оқытылды. Бұл жөнінде профессор Қалла Айымбетов еске алып, 1925–1929 жылдары Қарақалпақстанда орта мектеп ашылып, қазақша оқығанын, оқу құралдары қазақша басылып шыққанын, Қазан басынасын шыққан «Қобыланды», «Қамбар батыр» т. б. эпостық жырларды қазақ тілі арқылы оқыдық дейді. 1925 жылы драма үйірмесін ұйымдастырып, «Алтын сақина» (К. Кеменгеров), «Сылаң қыз» (Ж. Аймауытов), «Сәуле» (Б. Майлин), «Еңлік–Кебек» пен «Бәйбіше-тоқал», «Қызыл сұңқарлар» (С. Сейфуллин) пьесасын оқығанын, қазақша басталған драмкружок негізін салған қарақалпақ драматургиясы қаулап өсті деп жазды («Қазақ әдебиеті және оның интернационалдық байланысы», А., 1973, 56-бет). Ә. пен Ж. Аймұрзаевтың арасындағы бауырмалдық достық кейінгі толқындар үшін үлгі болды. Б. Қайназаров, Х. Сейітов, Қ. Тұрымбетов, Т. Жұмамұратов, И. Юсупов, Т. Қайыпбергенов, Н. Фазылов, К. Досанов, М. Қасымова өздерін Ә-тің шәкірті ретінде есептеді. Т. Қайыпбергеновтің «Қарақалпақ қызы», «Маман би» шығармалары тарихи роман жанрын қалыптастырды. Қазақ-қарақалпақ әдеби байланысы, оның ішінде «Қарақалпақ әдебиеті және М. Әуезов» деген тақырыпта ғылыми диссертациялар қорғалды. Ә-тің өмірі мен шығармашылығына арналған 50-ге тарта зерттеу мақала, арнау өлеңдер жарияланды. Ә. те қарақалпақ ақын-жазушыларының шығармаларын үнемі на-

зарында ұстап, насихаттап отырды. Өзінің Мәскеу мемлекеттік университетінде оқыған «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты дәрісінің негізінде жазылған мақалада туысқан әдебиеттерді салыстыра, тоғыстыра зерттей келе, барлық халықтарымыздың ауызша шығармалары өз ұлттары көлемінде жазба поэзиясы тудырған үлгілері бойынша орыс поэзиясының дәстүрлерін бойға сіңірді, сол процестер нәтижесінде ауызша әдебиеттің халықтық және реализм негізіндегі поэзиясы дамып өркендеді, бұл процесті қарақалпақ ақыны Шаир Сыдық, Шаир Аббас тәрізді көп-көп халық ақындарының творчестволық тәжірибелерінен байқауға болады деді (сонда, 19-том, 418-бет). Қарақалпақтың аса көрнекті жазушысы, Ә-тің шәкірті Қайыпбергенов ұстазының «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін қарақалпақ тіліне аударды (1969). Ол Ә-тің туғанына 100 жыл толуына орай өткен Қазақстандағы салтанатты мәжіліске, ғылыми конференцияға қатысып сөз сөйледі, естелік айтты, Қарақалпақстанда мерекелік кештер ұйымдастырды.

Т. Жұртбай.

**«ҚАРАҚЫПШАҚ ҚОБЫЛАНДЫ»**, жазушының драмасы. 1942 ж. жазылған. Айрықша көркем, аса қызықты пьеса қолжазба қалпында ақ әдеби жұртшылық назарын аударған еді. Зады ұлы жазушылардың көбі туған халқының фольклорымен, ежелгі әдебиетімен етене жақындықта, ерекше бауырластық жағдайда болып, сол таусылмас қайнардан тақырып, сюжет, идея алады. Ә. 1925 ж. «Тан» журналының бірнеше санында «Қобыланды батыр» жырына арналған зерттеу мақаласын жариялады. Екінші рет 1939 ж. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» еңбегінде айтылмыш жырды тақырыптық, идеялық, көркемдік жүйелерде тағы талдады. Сөйтіп «Қобыланды батыр» эпосын зерттеуші ғалымның көзімен он шақты жыл бойы іздене түсіп, сарыла жүріп тексеріп, ақырында осы драмалық шығармаға арақан етті. Драматург халық арасына кеңінен тараған белгілі эпостан не алып, не қойды деген мәселеге тоқтау шарт. Пьесада аттары арнайы аталған он төрт қаһарманның барлығы да эпоста бар, драматург өз жанбын жаңа кейіпкер қоспаған. Эпоста Тоқтарбай мен Аналықтың Қобыланды туғанға шейінгі қайғымұңы суреттелсе, драмада ол жоқ. Пьесада Қазан, Алшағырлар Көбікті ханның батырлары; Қобыланды мен Күртқадан туған ұлға байланысты оқиғалар пьесаға енбей қалған. Ә. пьеса фабуласына эпос оқиғасын ойып тұрып алды. Ең бастысы драматургті эпостағы қым-қиғаш ситуациялар, неше түрлі образдар, характерлер, психологиялық сәттер қызықтырып, баурап пьеса жазуға шабыттандырып жіберген секілді. «Қобыланды батыр» эпосы кейін жалмаған анахронизмді былай қойғанда, негізінен қазақ даласын мұсылман діні жайлап үлгірмеген бағзы дәуірді бейнелейді. Әуезов пьесасы да сол кезенді көрсетеді. Драматург режиссураларында декорацияға, костюмге, музыкаға қатысты көптеген жайттар қысқа айтылған. Жұрт көңіліне эпос бойынша қалыптасқан батыр бейнесі драмадағы Қобыланды бейнесімен тайталасқа түскендей болады. Сахнаға Қобыланды шығысымен сол екі бейнені іштей салыстыра бастайсыз. Қобыланды Әуезов драмасының түп қазық кейіпкері. Барлық конфликтінің тартыс линияларының оған соқпай кетпейтіні жоқ. Пьесаның басынан аяғына дейін негізгі назар Қобыландыда отырады. Драматург басты қаһарманын өртегілік-



«Қаракышпақ Қобыланды»

спектаклі. Күртқа –

Ш. Жандарбекова, Қобыланды –  
Ө. Молдабеков.

эпостық планда суреттемеген. Рас, эпостық дәстүрден алған бояулар жоқ емес, бірақ негізінен Қобыланды бейнесі реалистік арнада жасалған. Оның сөздері, монологтары терең мағына, мол мазмұнға бай. Драма бастан-аяқ өлеңмен жазылған. Ә. эпостан жалпы сюжет, образдар бағытын, жеке оралымдарды, сөйлемдерді, теңеулерді алғаны болмаса, тұтастай

оригиналды шығарма тудырды. Ішкі ұйқастар, басқы ұйқастар, толып жатқан аллитерациялар, ассонанстар, күрделі теңеулер, соны эпитеттер, градациялар, әсірелеулердің мол, өнікті қолданылуы пьеса тілінің өте көркем боп шығуына ықпал жасаған. Тез дамып шырққан сюжет, кесек-кесек характерлер, шытырманды ситуациялар артистер ойынына үлкен арна, кең тыныс берген еді. «Қ. Қ.» дастан-драмасы Ө-тің 6 томдық (1957, 6-кітап), 12 томдық (1969, 10-кітап), 20 томдық (1982, 11-кітап) шығармалар жинағында басылды. Пьесаны М. Руст 1943 ж. орыс тіліне аударған.

*Р. Нұрғали.*

Спектакльдің қойылымы. Тұңғыш рет 1944 ж. Жамбыл облыстық театрының сахнасында Б. Лурьенің режиссерлігімен қойылды. Қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресін бейнелейтін қойылымда Қобыланды рөлін Ш. Сәкиев өте терең меңгерген. 1973 ж. драма-дастанға М. Байсеркенов қайта оралды. Ол пьесаны танып-білуде өзгеше ой-тұжырыммен, басқаларға ұқсамайтын аңызға жақын шешім арнасын қойылымның желісі етіп тартқан. Қазақ академиялық драма театрында 1946 ж. Я. С. Штейн мен Қ. Бадыров пьесаны ертегі-аңыз үлгісінде қойып, декорациялық көркемдеуде алапат сиқырлы құбылыстардың көріністеріне көбірек көңіл аударған. Қобыланды рөліндегі Ш. Айманов пен Бадыровтың болмыс-пішіні батырға лайық, қимыл-әрекеттері ширақ, ауыздарынан шыққан сөздері де от-жалын атып, батырлықтың сипатын таныта-тындай, романтикалық сарында берілген. Қойылым режиссерлік шешімдегі ішінара ауытқуларға қарамастан, отаншылдықты, әділет пен бостандық жолындағы күресті суреттейтін қаһармандық үлгідегі театрдың іргелі ізденісі болып табылады. 60–70-жылдар ішінде пьеса көптеген театрлардың сахнасына қойылды. «Қ. Қ-ны» идеялық-көркемдік мазмұнын ашуға тың жолмен, өзіндік ой-тұжырыммен келген – 1967 ж. Қазақ академиялық драма театрының спектаклі. Халқымыздың көне замандағы ерлік істері шынайы бейнелеу тауып, эпостық материал сахнада іштей толығып, күрделі психологиялық күйге түскен. Қойылымның жалпы атмосферасы, оның кең трагедиялық үлгіде шешілуі сонау бағыз замандағы сәулетті қалалар-

дың опат болып қирап, тұрғындарының қырғынға ұшырауынан елес беріп тұрғандай әсер қалдырады. Спектакльдің осы философиялық тұжырымынан дүниені күйзелткен соғыста халықтың күрескер ерлігін, тамаша ісін, елін қорғаған азаматына, ұл-қызына деген кіршіксіз махаббаты мен шексіз сүйіспеншілігін жырлау мақсаты танылады. Қобыланды рөлін өмірінің соңғы күндеріне дейін ойнап келген талантты актерлер Ы. Ноғайбаев пен Ө. Молдабеков кезектесіп атқарған. Бұл спектакльдің бұрын-соңды қойылған нұсқауларынан бір ерекшелігі – басталуы мен аяқталуының келісті шығуы. Оптимистік рухпен шымылдықты жабу драма-дастан идеясын тереңдетіп түскен. Қойылымның осындай жақсы дәстүрін басқа театрлар үлгі тұтып, жалғастырды. Жамбыл облыстық театрының ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына арналған фестивалінде көрсеткен спектаклі жоғарыдағы қойылымды еріксіз еске түсіреді.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ҚАРАЛАЕВ** Саяқбай (1894–1971), қырғыз жыршысы, манасшы. Қырғызстанның халық артисі (1939). «Манас» эпосын жырлаудың өзгеше мектебін қалыптастырған. Жырдың 500 мың жолын жатқа білген. Оны атақты манасшы Чоюкөден үйренген. «Манас» жыры 1930 жылдан хатқа түсе бастады. Ал Қ. жырлаған нұсқа 1936 ж. жазып алынды. Бұл кезде Ө. Сағымбай Оразбақов айтқан нұсқа бойынша зерттеуін аяқтап, мақала жариялаған еді («Қазақ әдебиеті», 1936, 30 қаңтар; «Казахстанская правда», 1938, 28 қыркүйек). Қ. нұсқасы қолында болмағандықтан, шолып қараумен ғана шектеліп, арнайы зерттей алмаған. «Қырғыздың батырлық эпосы – «Манас» атты еңбегінде Қ-ты ерекшелеп, бөліп айтқан; автор оны манасшылардың соңғы мектебінің өкіліне теліп, жыршының аса көп білетінін, бір жырды екінші жырдың нәтижесі, салдары етіп жырлайтынын көтере мақтап, ризашылық сезімін білдіреді. Ө-тің Қ-пен кездескені туралы Ғ. Бисенова «Шырқау биікке шыққан адам» естелігінде тебірене жазса («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 688-бет), армян ғалымы С. Даронян Мұхтар Әуезов пен атақты манасшы Саяқбай Қаралаевтың кездескендерінде бір символикалық нәрсе бар сияқтанады да тұрады деп, ағынан ақтарыла сөйлейді («Біздің Мұхтар», А., 1976, 122-бет).

*Н. Ақбай.*

**«ҚАРАЛЫ СУЛУ»**, жазушының өңгімесі. Алғаш рет «Таң» журналының 1925 жылғы 2-санында жарияланды. Бұдан кейін 1935 ж. шыққан «Ескілік көлеңкесінде», 1960 жылы басылған «Қараш-Қараш» атты кітапқа енді. Жазушының 12 томдық (1-том, 1967), 20 томдық (1-том, 1979) шығармалар жинақтарына, 50 томдық толық басылымының 2-томына (1998) енген. Жазушы 1921–29 жылдары көшпелі қазақ өмірінің барлық сән-салтанатын, асыл ерліктерін, еркін өскен тағдырын өзінің шығармалары арқылы барынша көркем суреттеуді алдына басты мақсат етіп қойды. Көркем шығарманың негізгі нысанасы – адам тағдыры деген тұжырымды қатты ұстанды. «Қазақтың өткен өмірі бай мен кедейдің арасындағы күрестен тұрды, байлардың өмірі тек қана уайымсыз тірлікпен өтті» деген кеңесшіл жазушылардың байбаламына қарсы шықты. Сондықтан күйеуі барымта кезінде

қаза тапқан, бай ауылдың келіні Қарагөздің тағдырын, жан дүниесі азабын әңгімеге арқау етіп, психологиялық шиеленіс арқылы сол ойын дәлелдемек болды. Жан азабы мен тән азабын жеңген Қарагөзді рәміздік, рухы күшті қазақ әйелінің (символдық) жиынтық бейнесі дәрежесіне көтерді. Алайда «Қ. с.» әңгімесінің «Жаяу сал» деген бүркеншік атпен жарияланған алғашқы нұсқасы мен 1935 жылғы басылымның арасында түбегейлі айырмашылықтар бар. Біріншіден, Ә. әуел бастан қазақ әйелінің таза жан дүниесін, дала аруының адал сезімін суреттеген романтикалық шешімін мүлдем өзгертіп, Қарагөзді нәпсісін жеңе алмаған әйел ретінде бейнеледі. Оған кеңестік тапшыл сыншылардың: «М. Әуезов феодалдық өмірді сүйсіне суреттеді» деген байбаламдары себеп болды. Екіншіден, шығарманы көркемдік тұрғыдан өңдеді, қысқартты, арасына таптық көзқарасты білдіретін пікірлерді қосты. Мысалы, Әзімхананы жағымды бейнесі қанды оқиғада қаза тапқан кездейсоқ кейіпкер ретінде суреттелді. «Қажы» деген сөздер мен бай ауылының суреттері сызылып қалды. Әңгімені А. Пантиелов орыс тіліне аударды. Ол Мәскеуден шыққан Ә. шығармаларының 5 томдық жинағының (1973) 1-томына (121–134-беттер) кірді.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**«ҚАРАЛЫ СҮЛУ»**, сахналық қойылым. Ә-тің осы аттас әңгімесінің желісі бойынша сценарийін Р. Мұқанова жазған. Пьеса 1997 ж. қаңтарда Жастар мен балалар театрында алғаш рет қойылды. Режиссері – Б. Атабаев, суретшісі – О. Жанбыршиев. Оқиға сұлбасы түпнұсқадан көп өзгермегенмен, драманы жандандыру үшін Бопи, Бәтиқа, Мәнсия сияқты жаңа кейіпкерлер қосылған, қимыл-әрекетке көп көңіл бөлінген. Бірақ пьесаның шешімі басқаша. Мәселен, әңгімеде Қарагөз тән азабымен алысып жатып, Болатқа беріледі, жеңіледі, ал спектакльде Қарагөз қойшы Болатты танып қалып, қаша жөнеледі. Ол күнесін жуу үшін тәубасына келіп, қолына тәспі алады, құранға бас қояды.

**ҚАРАМЕНДЕ** Шақаұлы (1709–1776), би. Абылай ханды қалмақтан құтқаруға барған елшіліктің құрамында болған. Тобықты руының Дадан тобықты табынан. Тобықтыға жетінші ата. Бейіті бұрынғы Жезқазған облысының Ақтоғай ауданындағы Тоқырауын өзені бойында – «Айрық» деген жерде. Ә. «Әдебиет тарихы» атты зерттеу еңбегіндегі «Билер айтысы» тарауында Қ. «арбасып, ырғасып, жұмбақпен, түспалдап айтысатын» би болғанын, бір шешуі қиын, шиеленіскен дауды шешкенін жазған. «Әдебиет тарихы», А., 1991, 189–190-беттер).

*М. Бейсенбаев.*

**ҚАРАМОЛА СЪЕЗИ**, деректерде бұл жиынның 1885 ж. өткендігі айтылады. Мұнда «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережелері» қабылданған. Осы заңды қалыптастыруда, әрқайсысының нақтыланып, анықтала түсуіне Абай көп еңбек сіңірген. Мұнда құқықтық жүйелер мен ислам діні бекіткен заң нормалары қатты ескеріледі. Бұл оқиғаға «Абай жолында» («Қоршаулаға» тарауында) кең орын берілген. «Абай Қарамолаға көп жолдас ерткен жоқ. Қасына алғаны Ербол мен Көкбай, Баймағамбет, жастардан Мағаш, Дәрмен ерді. Әзге жастан Кәкітай, Әбіш те ермек болып еді, Абай оның екеуіне де ауылда болуды ұйғарды» деп бас-

тап, одан ары ақынның жандаралмен айтысқа бергісіз әңгімесі, әр елден жиналған би-болыс, атқамінерлерге: «Биік мансап – биік жартас. Оның басына екпіндеп ұшып қыран да шығады, ерінбей еңбектеп жылан да шығады! Міне, осының қайсысы болды, осы отырғандар» деген сөздері осы саязбен байланыстырылып беріледі. Ақынның қарсыластары оны осы саязда сүріндіруді ойластырған, бірақ бұл жолы да жыға алмайды.

*Ғ. Сапарғалиев.*

**ҚАРАТАЕВ** Мұхамеджан Қожасбайұлы (1910–1995), әдебиет зерттеуші, сыншы. Қазақстанның халық жазушысы (1987). Филология ғылымының докторы (1965), профессор (1967), ҚазКСР ҒА-ның академигі (1975), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1974), ҚазКСР Мемл. сыйлығының лауреаты (1974). Қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуын зерттеу ісіне зор үлес қосып, әдебиет тарихы мен сыны, теориясы мәселелеріне арналған көптеген іргелі ғылыми еңбектер жазды. Ә. ғалымның ғылыми қызметіне жоғары баға беріп, әр қадамын қолдап, құптап отырған. 1959 ж. әдеби мұраға арналған конференциядағы қорытынды сөзінде жақсы шыққан баяндамалар ішінде Қ-тың баяндамасын ерекше атап, әділ бағасын берді. «Қайта туған халықтың әдебиеті» атты зерттеу мақаласында қазақ кеңес әдебиетінің дамуына үлес қосқан сыншылар қатарында Қ. есімін атайды. Қ-тың 50 жасқа толуына байланысты Ә. «Өрлеу егізқатар болсын» деген мақаласын жазып, сыншығалымға өзінің жүрек жарды құттықтау лебіздері мен тілектерін білдіреді, екі бірдей тілде қатар ана тілдерінде тең сөйлеп, жаза алатын қасиетін», «екі бірдей тілде айта алатын құдіретін» атап өтеді. Қ. ұлы суреткердің талантын жоғары бағалап, оның шығармашылығын ұзақ жыл бойы тынбай зерттеді. Ә. қайтыс болғанға «Қазақ әдебиеті» газетінің 1961 жылғы 30 маусымдағы санында «Көркем сөздің асқан шебері» мақаласын жариялап, Мұханның қазақ мәдениеті, әдебиеті, ғылымы алдындағы ұлан-ғайыр еңбегіне жан-жақты тоқталады («Мұхтар Әуезов», 1967, орыс тілінде), «Қазақ әдебиетінің классигі» (1977) атты зерттеу кітапшала-рында, «Ерлікке жол», «Асу – алда» зерттеу еңбегінде» (М., орыс тілінде, 1977) «Мұхтар Әуезовтің «Алтын сандығы», «Домбырадан кітапқа дейін» зерттеу кітабында (М., орыс тілінде, 1969) «Қыранша самғау» т. б. көптеген мақалаларында ұлы жазушының шығармашылық жолын барлаған.

*С. Қорабай.*

**ҚАРАТАЙ** Сапақұлы (1805–1894), Құнанбайдың замандасы, Тобықтының Көкше руынан шыққан.

Қазақстан жазушыларының кездесуі.  
Сол жақта М. Қ. Қаратаев. Алматы. 50-жылдар.





Қарауылтөбе.

Ә. «Абай жолында» оны Құнанбаймен бірде тату, бірде араз, көбінесе соның қасынан табылып отыратын кейіпкер ретінде бейнелеген. Майбасар болыс болып тұрғанда, олардың арасы алшақтай түседі. Дерек айтушылардың сөзіне қарағанда, Қ. ел жайына өте жүйрік екен. Құнанбай қажыдан қайтқанда бір түн босатпай отырып, өзі барып көріп келген адам сияқты: «Пәлен ағаштың пәлен мәуесі бар еді ғой, пәлен үйдің пәлендей есігі бар еді ғой» дегендей сұрақтарымен Құнанбайдың өзін таңқалдырыпты. Құнанбайдың «Қаратай жүйрік еді ғой» дейтіні сондықтан болу керек. Осылардың жиынтығын жазушы романында әкесінің сәлемін ала барған Абайға Байдальның толғана айтқандағы сөздерімен ашып, ақтарып тастаған: «Осы өздерің көріп жүрген Қаратай бар ма? Тап соның ішінде көп қойма жатыр, не керек! Шіркін, тек азғантай Көкшешен шықты ғой. Егер Олжайдан туса, өрісін көрер ең!» («Абай жолы», «Жолда» тарауы).

*Т. Тұрғанбаев.*

**ҚАРАУЫЛ**, елді мекен. Бұрынғы Семей облысындағы Абай ауданының орталығы. Қарауылтөбе етегіндегі жазық жерге орналасқан. Ә. осы жерден өтетін Қарауыл өзенін эпопеясында суреттегені болмаса, бұл өңірдің көрінісіне нақтылы тоқтап, мол көріністерін беріп жатпайды, кейде ақын аулының жайлағандығы туралы еске алынып, сөз ыңғайында айтылып отырады. Абайдың «Бірі сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралы» шығармасында: «Қашан Маңғұлдан Шыңғысхан шыққанда қазақтар құтты босынға барыпты, бірақ қай жерде барғаны мағлұм емес. Сөйтсе де осы Шыңғыс тауында, әскері Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екі кісі маңғұлдың өз заңы бойынша «Хан» деген үлкен биіктің басында ақ киізге Шыңғысты отырғызып, хан көтерген дейді» деген ойлары жазушы романында өзгеше көрініс тапқан.

*Т. Әкім.*

**ҚАРАУЫЛ**, өзен. Абай ауданындағы Шаған, Мұқыр, Тақыр, Бөкенші, Көлденең, Қарашоқы сияқты өзендердің бірі. Қарауыл Шыңғыс тауынан басталады. Бұл өзен «Абай жолы» эпопеясында ерекше суреттелген. Абай жастық шағының махаббаты Тоғжанмен алғаш осында танысты және осында жолығысты. Осы жолығысқан кездегі көріністі жазушы әсерлі бір жағдаймен байланыстырып жеткізеді: «Абай енді аңғарды. Аты ар жақта, өзі жалғыз. Қарауыл суы тентек. Жағда біраз тұрып халді аңғарды. Жаюу өтем деуге болатын емес. Қарауыл суы қатты тасып жатқанмен, еңсіз болатын. Су терең емес. Бірақ мұзы бар, ағыны қатты. Сол мұз бен суға өгіз мықты екен. Ербол қамшы-

лап отырып жиекке шықты. Көк бие мұз ішінде пайсықырып, тойқып, тайғанақтап отырса да жығылмады. Қызыл өгіз де қара тартып еріп отырып, аман шықты» («Бел-белесте» тарауы).

*Т. Тұрғанбаев.*


**«ҚАРАШ-ҚАРАШ»** («Выстрел на перевале»), көркем фильм. Ә-тің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің желісі бойынша 1968 ж. «Қазақфильм» мен «Қырғызфильм» киностудиялары шығарған. Сценарий авторлары: Ә. Тарази, Б. Шәмшиев. Қоюшы-режиссері – Шәмшиев. Бас операторы – М. Тұратбеков. Бас суретшісі – А. Макаров, композиторы – Д. Тер-Мамевосян. Бас кейіпкер Бақтығұл барымташылықпен өлген інісінің кегін алмақ болып, Сәлмен байдың малын айдап әкетеді. Қысқа ғана осы кіріспе оқиғаға сол заман бейнесін көрермен көзіне елестетеді. Көністік көріністер арқылы (кейіпкерлердің киім киісі, сөз саптауы, үй тұрмысындағы жұпынылықты бейнелейтін дүние-мүліктер) жазушы қаламынан туған суреттемелерді түпнұсқаға сай елестетеді. Келесі кадрлардан оқиға шиеленісіп, сюжетті одан әрі кеңейте түседі: ұрланған малдың еті пісіп үлгермей-ақ, қуғыншылар Бақтығұлдың үйіне баса-көктеп кіріп келеді... Осыдан бастап бас кейіпкердің характері айқындалып, жаңа қырынан көрінеді. Ә-тің шығармасын экрандауда фильм авторлары әдеби шығарманы кино тіліне аударудың күрделі жолдарынан өтеді. Өйткені кез келген фильм әдеби нұсқаның көшірмесі бола алмайды. Бас кейіпкердің характерін ашуда ауыл арасындағы талас-тартыс, барымташылық сюжеттер аса дәлдікпен берілген. Бақтығұлдың бақытсыздығы, Жарасбай мен Сәлмен байлардың өзара кикілжіңдері т. б. кіші-гірім оқиғалар экрандық шығарма заңдылықтарына толық бағындырылған. Сөйтіп негізгі кейіпкердің бейнесі арқылы тұтас заман келбетін беру фильмнің мазмұнын жаңа қырына айқындай түскен.

*Г. Құрманғалықызы.*

**«ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ»**, жазушының повесі. Бірінші рет «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы 11–12, 1928 жылғы 1–3, 4–5-сандарында жарияланды. Бұдан кейін 1936 ж. жарық көрген «Қараш-Қараш» жинағына енді. Шығарманың басты тарихи кейіпкері Рысқұл Жылқайдаровтың ұлы Тұрар Рысқұловтың «халық жауы» деген желеумен айыпталып, атылып кетуіне байланысты бұл шығармаға 25 жыл бойы шек қойылып, қайта басылуына рұқсат етілмеді. Т. Рысқұлов саяси тұрғыдан ақталған соң ғана жазушы шығарманы өңдеп, таптық сипат беретін жаңа тарау қосты, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1959 жылғы тамыз айының 23–30, қыркүйек айының 1–3 күндеріндегі сандарына жариялады. «Қараш-Қараш» деген атпен 1960 ж. жеке жинақ болып шықты. Жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 1-томында (1967), 20 томдық шығармалар жинағының 11-томында сол 1960 жылғы нұсқа бойынша қайта басылды. Повесть «Выстрел на перевале» деген атпен «Литературный Казахстан» журналының 1935 жылғы 5–6-санында А. Гомовтың, «Дружба народов» журналының 1961 жылғы 7-санында А. Пантелевтің аудармасымен орыс тілінде жарық көрді. Бұл аударма жазушының Мәскеу мен Алматыдан шыққан әр түрлі жинақтарының ішінде 10 рет басылды, Мәскеуде жарық

көрген 5 томдық шығармалар жинағының 1-томына енді (1973). «Бактығұлдың кегі» деген атаумен француз, неміс, испан т. б. шет тілдеріне аударылды. Повесть – нақты тарихи дерекке құрылған шығарма. Оның негізіне бұрынғы Жетісу облысының Верный уезіндегі Шығыс Талғар болысының қазағы Рысқұл Жылқайдаровтың басынан кешкен оқиғасы арқау болған. ҚР мемлекеттік мұражайындағы осы мәселе бойынша жүргізілген тергеу ісіне жүгінсек, Жылқайдаров 1859 ж. Шымкент уезінің Майлықент болысында туған. Ағайындарымен сыйыспай Шығыс Талғар болысына қоныс аударған. Ержүрек, намысшыл, мерген адам Шығыс Талғар болысының болыснайы Саймасай Үшкемпіровтің қол астында жүріп, оның әр түрлі тапсырмаларын орындайтын сенімді адамы болады. Жасырын барымта жасайды. Сондай әрекеті үшін бұрын бір рет жаулапқа тартылып, Үшкемпіровтің кепілдігімен тергеуден босатылып, қазақ дәстүрі бойынша, құн төлеп құтылады. Жылқайдаров кезекті болыс сайлауы қарсаңында Үшкемпіровтің жұмсауымен онымен бірге шарға түсетін қарсыласының бәйге атын барымталап әкетеді. Болыстыққа сайланғаннан кейін, Үшкемпіров бастапқы уәдесінде тұрмай, Жылқайдаровты оязға ұстап береді. Жылқайдаров ебін тауып қашып кетеді де, Таутүргеннің қиян шатқалын паналайды. 1904 ж. 20 желтоқсанда Бас Қараштың тар қыспағынан бірнеше серігімен жолаушылап кетіп бара жатқан Үшкемпіровті тасада тұрып, атып өтіреді. 30 желтоқсанда Жылқайдаров ұсталып, Алматының түрмесіне қамалады. Верный өлкелік сотының 1905 жылғы 30 қазандағы үкімі бойынша Жылқайдаров 10 жыл қаторгалық жұмысқа кесіліп, Сахалинге жер аударылады. Тұтқын Жылқайдаровтың ұлы Тұрарды өзімен бірге итжеккенге алып кетуге рұқсат сұраған өтініші қанағаттандырылмайды. Сөйтіп 1906 ж. 28 маусымда Жылқайдаров Иркутскіге жау айдалады. 1907 ж. қараша айында Чита облысындағы Нерчинск түрмесіне жетеді. Бұдан кейінгі Жылқайдаровтың тағдыры белгісіз. Еліне тірі оралыпты-мыс деген ауызекі жорамал бар. Бірақ ол ешқандай тарихи дерекпен расталмайды. Т. Рысқұлов қайтып әкесін көрмеген. Соған қарағанда, Нерчинск түрмесінен тірі қайтпаған. Жылқайдаровтың тергеу ісін сол кездегі Түркістан республикасының Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарған Рысқұлов сұратып алады. Оның көшірмесін 1935 ж. 15 қарашада Орталық мемлекеттік мұрағатқа жолдай отырып: «Сіздерге менің әкем Рысқұл Жылқайдаров туралы істің көшірмесін жіберіп отырмын. Істің түпнұсқасы менің қолымда қалды» деп, түсіндірме хат жазды. Рысқұловтың түрмеде түскен суреті сақталған. Рысқұловтың қолындағы мұрағат деректерімен Ө. танысып шыққаннан кейін, 1927 ж. шілде айында Алматыға келіп, Қарқара жәрмеңкесіне барады. Қайтар жолда Қараш-Қараш асуына соғып, оқиғаны өткен жерін, жер жағдайын көреді. Жазушы Ленинградқа (қазіргі Санкт-Петербург) қайтып оралысымен Біләл Сүлеев пен Фатима Ғабитоваға жолдаған хатында студенттік каникулдың тағы бір айға созылуына байланысты өзінің жаңа шығарма жазуға кіріскені туралы айтады. Шыңдығында «Қ-Қ, о-ның» 1936 жылғы басылымының соңына «Ленинград, 1927 жыл. Сентябрь» деп қол қойылған.

«Қ.-Қ. о.» жарияланғаннан кейін, әсіре солшыл әдебиет сыншылары: «шыңдық үшін күрескен Бактығұлды өзінің ортасынан бөліп алып, жеке көрсеттің. Оқиғаның таптық сипатын ашпадың. Анархиялық кекшіл рухты суреттедің» деп, жазушыға орынсыз мін тақты. Ал Рысқұлов атылып кеткеннен кейін: «халық жауының әкесі туралы шығарма жазды, Рысқұловпен астыртын байланысың болды» деп, жала жапты. Шыңдығына



Ғ. Қарашев.

келсек, «Қ-Қ, о-нда» ешқандай идеологиялық нышан жоқ еді. Жазушы осы повесть арқылы жеке адамның бас еркі мен жан дүниесінің тәуелсіздігі үшін күрескен жанталасын, намысшыл рухын, тағдырын суреттеуге ұмтылды. Ірі әрекеттің иесі, кесек тұлғалы, намысшыл адамның бейнесін сомдағысы келді. Отаршыл жүйеге құрылған қоғамның жеке адамды қалай тағдыр тезіне салып, қорлайтынын көркем шығарманың тілімен жеткізуді мақсат тұтты. Сол үшін өмірде болған нақты оқиғаны туындыға арқау етті. Шығарманың 1-нұсқасындағы оқиға өзегі мен Жылқайдаровтың басынан кешкен жайдың арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Тек кейіпкерлердің атын: Рысқұлды – Бактығұл, Саймасайды – Жарасбай, Тұрарды – Құрал деп өзгертті. Мұның өзі жазушының тарихи шыңдық пен көркем шыңдықты шеберлікпен ұштастыра білгендігін байқатады. Өкінішке орай, жазушы «Қ.-Қ. о-ның» 1-нұсқасын өзгертуге мәжбүр болды. Ол 1958 жылдың аяғы мен 1959 жылдың басында шығармасын қайтадан өңдеп, жаңа тарау қосып, кей тұстарын мүлдем алып тастады. Бактығұлдың кегі – таптық жаңа оқиғаны негізгі желі етіп алды. Бүкіл шығармадағы ішкі сюжет соның айналасына құрылды. Бактығұл мен Саймасайдың арасындағы кек пен тартыс – бай мен кедейдің арасындағы таптық қақтығыс ретінде баяндалды. Жазушы идеясы, автор көзқарасы, көркемдік шешім тұрғысынан алғанда, повестің бұл екі басылымын бір шығарманың екі нұсқасы деп қабылдауға болады. Сондай-ақ әуелгіде Құрал деп суреттелген баланың есімі Сейіт болып өзгерді. Шығарманың түйініне де революциялық сипат берілді. Алайда мұның барлығы жазушының қуатты суреткерлік қасиеті мен шеберлігіне шешуші нұқсан келтіре алмады. Бұл повесть – ұлы жазушының өлем тілдеріне ең көп аударылған шығармасы.

Т. Жұртбай.

**ҚАРАШЕВ** Ғұмар (О м а р ; 1876–1921), ақын. Қазан төңкерісі тұсында құрылған Алаш қозғалысын, жолын, идеясын қолдап, соған қосылады. Ғұмардың біраз өлеңдері Абай сарындас болып келеді. Шығармаларының көпшілігі көзінші тірі кезінде басылып шықты: «Ойға келген пікірлерім» (Уфа, 1910), «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Тұмыш» (Уфа, 1911), «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Тұрымтай» (Уфа, 1918). Ауыз әдебиеті үлгілерін «Шайыр» (1910), «Көкселдір» (1911) жинақтары жарық көрді. Халықты өнер-білімге шақырған «Педагогика» атты еңбегі (1919) «Өрнек» дейтін (Уфа, 1911) қара сөзбен жазылған публицистикалық, философиялық шығармалары жарияланды. Ө. 1933 ж. шыққан «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» (Орта, орталуа мектептің



7-классына арналған) деп аталатын кітабында Қ-тың өмірі мен шығармашылығын кең талдаған.

**ҚАРА ШЕКПЕН**, қазақ жеріне Ресейден қоныс аударып келген шаруалардың атауы. Кендірден қарапайым қаптал шекпен, қонышын бұған көн етік киюіне байланысты осылай атаған. Ал мұның астарында үлкен мағына жатыр. Бәрі патша үкіметінің отарлау саясатына тіреледі. Ө. «*Абай жолында*» бұларды орыс крестьяндарының қазақ жатақтарымен ұғынысып, тіл табысуын суреттеу арқылы көрсеткен. Бұл көріністер романның «Ақын аға» деген атпен басылғандағы нұсқасында жоқ еді. Жатақ ауылдарының тұсына келіп тоқтаған орыс керуені: «...құдық басын жағалай жайғасыпты. Аттары отқа жіберген. Өр жерге түтін салып, астарын әзірлеп тынығып жатыр. Көпшілік үлкен-кіші, еркек-әйелдің бәрі жалаңбас қана емес, жалаң аяқ та» деп, («Абай жолы», «Қарашығын» тарауы) суреттеме бастаған жазушы кедей ауылдардың пісіп, орғалы тұрған егіндерін Майбасар, Төкежандай байлардың жылқылары таптағанына, сол үшін біраз жылқымызды байлап алдың деп ауылды шапқанда өздеріндей кедей орыс керуені – қара шекпендердің қосыла ұрыс салғанына тоқталады. Осылар арқылы қазақ кедейлері мен орыс қара шекпендері ортақ тіл табысып, достасып кетеді, қанаушыларға қарсы бірлесіп күрес ашады дегенді айтпақ болады.

*Ф. Сапарғалиев.*

**ҚАРАШОҚЫ**, жер атауы. Ө. бұл туралы былай суреттейді: «Қарашоқы Қодар қыстауынан алыс емес. Шыңғыстың үлкен биігінің бірі. Соның бауыры әдемі, тоғайлы өзен болатын. Тал-төрегі болсын және тау қайыңы қисықша қызыл қайың болсын, барлығы да көкпеп, жайнап тұр. Бұл ара бір күйкәлі жақсы қыстау. Бөкенші, Борсақ ерте кеп, осында орнап қап, әлі бауыр басып отыр. Ырғызбай ішінен, әсіресе, осы Қарашоқыға қызығушылар көп болатын» («Абай жолы», «Қайтқанда» тарауы). Қодарды осы Қ-ның биік жартасынан құлатып өлтіреді. Кейін бұл жерді Құнанбайдың үлкен әйелі Күнкенің ауылы мекен етеді. Қ-ның жайылымға да, қонысқа да өте қолайлы, ырысты мекен екені романның әр жерінде көрініс береді: «Бірталай қалың көштерді арттарына салып ап, тура Қарашоқының тоғайлы өзеніне кіріп, соны өрлеп келеді. Аздан соң бөктер тауды аралап өтіп, Қарашоқының бауырындағы көк алаңға шықты. Қодар құлаған күз жартас та көрінді». Жазушы «Абай» романының жазылуы жайынан» деп аталатын мақаласында: «Бұл жер бір кезде Қодарға, оның туған-туысқандарына қарайтын жер екен, бірақ оның руы өзін өзін қорлапты да, Жерді Құнанбай тартып алыпты» деп, Қ. мен Қодардың ара қатынасын таратып айтады.

*Т. Әкім.*

**ҚАРАШЫҒЫН**, салық түрі. Патшалық үкімет 1868 ж. қабылдаған «Уақытша ережеде» қазақ билеушілеріне игілікті істерді жүргізу үшін халықтан жанама салық алуға ерік берілді. Бұны жергілікті билеушілер өз қажеттеріне пайдалануда шектен асықпауға кетеді де, әсіресе қарапайым шаруаға ауыртпалығы батыңқырап кетеді. Оның белгілі мөлшері болмады да, көбінесе зорлауға ұштасып жатты. Бұл алымды «қарадай шығынға ұшырату» дегеннен «қарашығын» атады. Ө-тің Абай туралы зерттеулерінде салық елдің қанаушы тобы бай-шонжарлары, би, старшындары, атқаміндерлері, елбасылары өз қолдарынан үлестіретін болғандықтан,

шаруалардың ауқатына қарамай түтінге үлестіретін. Сондықтан халық оны «түнлік басы салық» дейтін. Бұл салықтармен қатар патшалықтың лаулік салығы қатар жүреді. Және ол түнлік басына әр болыстың «қарашығын» дейтін үстеме салығы болады. Ол – болыстық әкімдердің сойысы, мінетін аттары, әр алуан «сыбағасы» есебінде үстеме шығын болып, момын елден жиналады» («Уақыт және әдебиет», 1997, 11-бет). Енді бұның халыққа әкелер ауыртпалығы «Абай жолы» эпопеясының «Қарашығын» деген тарауында жан-жақты ашып көрсетілді.



«Қарашығын». Суретші Е. Сидоркиннің бекездірмесі. 1971.

*Ф. Сапарғалиев.*

**«ҚАРҒАЛЫ» СОВХОЗЫНДА ӨТКІЗГЕН ТӨРТ КҮН**, жазушының 1934 ж. жазылған очеркі. Очеркке арқау болатын тақырып – республикада алғаш қолға алына бастаған мал тұқымын асылдандыру проблемасы, оның күнгейі мен көлеңкесі. Астана маңындағы «Қарғалы» совхозында жүзеге асып жатқан іс-тәжірибе нәтижелері, сол бір қиын да күрделі саладағы еңбек процесі, сондай-ақ шаруашылық алға қойған міндетті атқарып жатқан азаматтар бейнесі – шығарманың өн бойында өріліп жатқан шынық. Автор совхозды төрт күн бойы аралап, сол сапарда көрген-білгендерін көпшіліктің көңіл таразысына салады. Тақырыпты аша түсу үшін, Мұхаң шалғай отарларға барып, шопандармен тілдеседі, шаруашылықтың фермаларында болып, білікті мамандармен әңгімелеседі, совхоз лабораториясында тәжірибе өткізіп жатқан ғалымдармен кеңеседі. Соның нәтижесінде шынайы көріністер мен көркем суреттер толы жолсапар очеркі туған. Жазушының кейіпкер монологы сол қалпында өзгеріссіз берілуі арқылы шопан толғанысы табиғи шыққан. 50 шақырымдай жердегі шопан отарларына бара жатқан жол бойында көрген жайттар да очерктің жанрлық жағын айқындап, тақырып шеңберін ұлғайтып, көркемдік кестесін әсемдей түскен. Ө. басталған істің күнгей жағын көрсетіп қана қоймай, еңбек адамдарының орынды мұңмұқтаждарын ескерген. Жұмысшылар қолына жалқының мезгілімен тигеуі, газет-журнал таратылмауы, ойын-сауық отауларының жоқтығы сияқты көлеңкелі жайттарды жаза отырып, қаламгер өз кейіпкерлерімен бірге қиналып, проблемалар шешімдерін іздестіреді. Очерктің әр жерінде кездесетін табиғат суреттері, қойлы ауыл көріністері жазушының жан тебіреністерінен, жүрек түкпірінен қайнап шығып жатады. Даланың таңғажайып табиғатын суреттейтін тұтас пейзаждар таңдай қақты-

рады. Ондағы тіл байлығы, тамаша теңеулер қызды-жасылды бояумен көз алдына табиғаттың өзін алып келеді. Шығарманың шырайын енгізіп, әр жерінде әрлендіріп отыратын мұндай суреттер Ө. очерктерінде көп-ақ. Очерк 1934 ж. 30 қарашада «Социалды Қазақстанда» алғаш рет жарық көрді. Асыл түпнұсқасы сақталмаған. Жазушының 20 томдық шығармалары жинағының 8-кітабына осы газеттік нұсқасы енгізілген.

*Б. Жақып.*

**ҚАРҚАРА**, елді мекен. Алматы облысының Райымбек ауданында, Кеген ауылынан 20 шақырымдай жерде, аттас өзеннің жағасына орналасқан. 1896–1926 ж. ірі халықаралық жәрмеңкелер өткен, 1916 ж. Албандардың ұлт-азаттық көтерілісі болған. Ө. болашақ шығармасына материал жинау үшін 30-жылдары Қ-ға барады. Соның нәтижесінде «Қилы заман» повесін жазып, Қ. жерін есте қаларлықтай етіп, тамаша суреттеген. Оқиға Қ. жерінде өтетін болғандықтан, автор шығармасын Қ. жазығын суреттеуден бастаған. «Шалқыған, көрнекті, мол дүниенің тірі пішінді белгісі сияқтанып, Қарқара жәрмеңкесі қайнап жатқан. Бәр-бәрінен неше алуан қазына шүмектеп құйғандай болып, Қарқара жазығына ақтарылып жатыр. Аясы аз ғана Қарқара жазығы иін тірескен малдан беті-жүзін көрсетпейді. Қалың рудың мол жиылған ортасы – Қарқара» деп шалқыта суреттей отырып, біртіндеп негізгі оқиғаға көшеді (20 томдық шығармалар жинағы, 2-том, А., 1979, 111–112-беттер).

*Ж. Аулбаев.*

**ҚАРҚАРАЛЫ**, қала. 1936 жылдан Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданының орталығы. Оған дейін Семей губерниясына қараған. 1920 ж. Қ-да уездік ревком құрылды. Ондағы жұмысты жолға қою үшін Семей губервкомы Ө-ті үекіл етіп, іссапарға жібереді. Жазушы онда 1921 ж. маусым-шілде айларында болып, Семей губервкомының төрағасы С. Сәдуақасовқа жергілікті халықтың автономияның құрылғанын шын көңілмен қарсы алғаны туралы жеделхат жібереді (Семей мұрағаты, Л-306). Ұлы жазушы «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында ұлы ақынның өмірбаянынан мәлімет келтіре отырып: «Құнанбай аға сұлтан боп тұрған күнінде Қарқаралы қаласында мешіт салдырған» деп, бұл жердің тарихын жақсы білетінін баяндаған («Әр жылдар ойлары», А., 1959, 27-бет).

*М. Бейсенбаев.*

**«ҚАРҚАРАЛЫ ҚЫРҒЫНЫ»**, қанды оқиға. 1921 ж. 18 маусым күні бұрынғы Семей губерниясына қарасты Қарқаралы қаласында болған. Азамат соғысы кезінде Атаман Анненковтың әскерінен бөлініп, ел ішінде жасырынып қалған полковник Токаревтің бүлігі. Полковник Токарев ел ішіне сіңіп кеткен әскерлерін жиып, Қарқаралы қаласына басып кіріп, ревкомның төтенше жиналысына қатысып отырған 78 адамды тұтқынға алады да, оларды жұрттың көзінше атып, қылышпен шауып өлтіреді. 1921 ж. шілде айында Қазақ автономиясының құрылғанына бір жыл толуына арналған тойды Қарқаралы жәрмеңкесінде мерекелеп өту туралы арнайы шешім қабылданады. Комиссияның төрағалығына Ө-ті бекітеді. Мұхад Қарқаралыға келіп, жергілікті басқару мекемеле-

рін қалпына келтіріп, қазақ автономиясының бір жылдық тойын өткізу комиссиясының төрағасы ретінде ұйымдастыру шараларына кіріседі. Ө. үрейленген елдің көңілін орнықтырып, автономия тойын өткізеді де, Семейге қайтып оралады. Сол тойда Қажымұқан, Майра, Шашубай, Ғаббас, Қали, Қалибек, Зәрубай, Жынды Омар сияқты өнерпаздар ойын көрсетіп, аттары бүкіл қазақ еліне кеңінен тарайды. Ө-тің «Қарқаралы бүлігін» басу және автономия тойын өткізу кезіндегі іс-әрекеті туралы деректер ҚР Президентінің мұрағаты мен «Өуезов ұйы» ғылыми-мәдени орталығының қорында сақталуы.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ҚАРМЫСОВ** Камал (1912–1991), актер. Қазақстанның халық артисі (1957). ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980). 1931 жылдан бастап Қазақ драма театрында қызмет істеді. Сахнадағы тұңғыш қадамын Т. Жароковтың «Қанды таяқ» пьесасындағы Ұрының рөлін ойнаудан бастады. Ол кейіпкердің психологиялық толғанысы мен сахналық әрекетін дәл табатын шеберлігімен, актерлік өнер ауқымының кеңдігімен дараланды. Сахналық бейненің әлеуметтік сипатын ашатын Ө. пьесаларындағы Нұрқан («Түнгі сарын»), Керім («Абай»), Төлеген Тоқтаров (Ө. Әбішевпен бірігіп жазған «Намыс гвардиясында»), С. Мұқановтың «Шоқан Уәлихановындағы» Генерал-губернатор Мұхад аударған Н. В. Гогольдің «Ревизорындағы» – Хлестаков, К. А. Треневтің «Любовь Яроваясындағы» Швандя, У. Шекспирдің «Отеллосындағы» Яго, «Асауға тұсауындағы» Транио бейнелерін классикалық үлгіде орындады. «Хлестаковтың рөлін қалай ойнадым» деген мақаласында (1937) Ө. тарапынан болған қолдау-көмек жөнінде ой толғаған.

*Б. Құндақбайұлы.*

**«ҚАРТАЙДЫҚ, ҚАЙҒЫ ОЙЛАДЫҚ, ҰЙҚЫ СЕРГЕК»**, Абайдың өлеңі. Ө. ақынның ауызша таралған шығармаларын баспасөзде жарияланған нұсқаларымен салыстырып, үнемі көңіл бөліп отырған. Ол бұл өлеңді 1909 ж. Уфада Зейнелғабиден әл-Омскаудидің «Насихат-қазақия» рисаласынан көшіріп алып, Абайдың 1945 жылғы толық жинағына «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген атпен ұсынаған. Неге екені белгісіз. Ө. «Насихат-қазақиядағы» Абайдың «Қартайсан, қайғы ойлайсын, ұйқы сергек», «Бай алады кезінде көп берем деп», «Ал енді жақсы дейміз кімді қалап» деген үш өлеңінің әр жерін алып, бір өлең ретінде берген. Бірақ бұл оның белгісіз себептерге байланысты ақынның мерекелік жинағына енбей қалған («Абайтану дәрістерінің дерек көздері», А., 1997, 42, 381-беттер).

*Н. Ақбай.*

**ҚАРЫМШАҚОВ** Сапарбек (1941 ж. т.), қырғыз жазушысы, әдебиет сыншысы, аудармашы. 200-ден аса әдеби сын мақалалар, 10 монография, бірнеше оқу-әдістемелік құралдардың авторы. А. Чеховтың «Шие бағь» пьесасын (1983), С. Цвейгтің «Магеллан» тарихи романын (1986) т. б. қырғыз тіліне аударған. Ө-тің 30-жылдары Қырғызстанға ғылыми сапармен барған кезінен бастап, ұлы жазушының «Манас» жырына байланысты жазған еңбектерінің мән-мағынасы, оның қырғыз әдебиеттану ғылымындағы, соның ішінде манастаңдағы орны туралы «Манас» эпосының әлемдік маңызы» деген еңбегінде жан-жақты баяндаған («Заман – Қырғызстан», 1997, 22 қараша).

*Ч. Жұмағұлов*



Е. К. Қасаболатов.

**ҚАСАБОЛАТОВ** Есенғали Керейұлы (1889–1938), алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі. 1901 ж. Калмыковтағы орыс-қазақ мектебін, Орал реалдық әскери училищесін (1909), Саратов университетінің медицина факультетін бітіріп, Калмыков уезінде Жылықоныс ауылында дәрігер болып қызмет етті. 1918 ж. «Ақ жол» саяси ұйымының төрағасы болды. Осы кезде Алаш қайраткерлерімен танысып, пікірлес, ниеттес болған. Ө-ті шығармалары арқылы сырттай білген. 1920 ж. Орал губерниясының денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі және Орал губревкомының төрағасы болды. 1922 ж. ПХК-да жұмыс істеді. 1925–28 ж. Қазақ АКСР Тұтынушылар кооперациясының төрағасы болды. 1930–31 ж. Астрахан қаласындағы РК(б)П аудандық комитетінің хатшысы, Астрахан округтік атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. 1931 ж. Алматы мед. ин-тының директоры болып тағайындалды. 1933–35 ж. Алматы облысындағы «Қызыл қайың» кеңшарының директоры болды. 1936–37 ж. Қазақ КСР Денсаулық сақтау халқымында экономикалық жоспарлау бөлімінің меңгерушісі, «Главнефть» тресі өлкелік кеңсе басқарушысының 2-орынбасары, «Нефтьторг» қоғамының Қазақстандағы уәкілетті өкілінің орынбасары қызметтерін атқарды. 1937 ж. 29 тамызда Алматы қаласында тұтқындалып, 1938 ж. 26 ақпанда ату жазасына кесілді. КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясының 1957 ж. 7 желтоқсандағы ұйғарымымен ақталды.

*М. Тәжімұратов.*

**«ҚАСЕННІҢ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ»**, жазушының әңгімесі. «СССР халықтарының творчествосы» деген сериямен 1934 ж. Мәскеуде шыққан «Қазақ жинағы («Казахский сборник») атты кітапқа арнайы жазған. Тұңғыш рет сол жинақта орыс тілінде жарық көрді. Одан соң 1935 ж. шыққан «Тас түлектер» атты кітабына енді. Кейін 6 томдық таңдамалы шығармаларының 5-томында (1956), 12 томдық шығармалар жинағының 1-томында (1967), 20 томдық шығармалар жинағының 2-томында жарияланды. Мәскеуден шыққан 5 томдық шығармалар жинағының 1-томында орыс тілінде басылды (аударған – С. Санбаев). Әңгіменің қолжазбасы «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақталған. Әңгіме ешқандай өзгеріске ұшырамай, алғашқы нұсқасы бойынша қайталаып басылып отырған. Жазушы әңгіменің жанрын «психологиялық очерк» деп қойыпты. Қасеннің ішкі толғаныстары арқылы адамның жан дүниесін тебіренісін ашады. Кейіпкердің астарлы өмеуіріні арқылы заман қиыншылығын, әкені – балаға, ағаны – ініге аңдытып қойған кеңес саясатын сынады. Бас кейіпкер Қасен кеңес өкіметін мойындамайды, бүкіл болмысымен оған қарсы. Жаңа қоғамды құрушылардың қатарында өзінің жоқ екенін біледі. Аштық жайлап, кеңседегі істің берекесі кетіп, кілең сауатсыз болшыевтер билеп, қазақты шетқакпай жасап, өтірік ақпарат беріп жүрген қызметкерлерге сенімсіздікпен қарайды. Өткен күндерін, 1918–19 жылғы Алаш тұсындағы еркін кездерін аңсайды. Өзінің Қасымқан, Аманбай сияқты пікірлестерімен оңаша кездесіп, шер

таркатқысы келеді. Өмірден әбден қажыған, бір үйде ошарылып отырған 3–4 отбасы. Жұмыста – аңду, тіпті киім-кешек пен азық-түліктің өзі өлшеулі. Ауылдағы ашаршылықтан қашып келген аға-жеңгесі де мұның жан дүниесін түсінбейді. Жалаң идеямен желіккен інісі күн көріс үшін базар жағалап жүрген жеңгесі Жәмиланы жақтырмайды. Жаңа қоғамды аш-жалаңаш жүріп құруға да болады деп есептейді. Ақыры бұлардан безіп тынады. Бір жылқыны сойып, ортақ қазан аскалы жатқан кезінде үйін сығалап, аңдып жүрген бір жұмысшы милицияға сыбырлап қойып, Қасен бастатқан үш адамды ұстап әкетеді. Үлкен Алматы шыңы Қасен үшін жаңа қоғамның бейнесі сияқты болып елестейді. Ол – суық, жап-жалаңаш адамға қайыры аз, үнемі қауіп пен қатердің ошағы сияқты. Түсінде ығи Қасеннің үстінен құлап келе жатады. Міне, осындай психологиялық сана ағымына құрылған әңгіме арқылы жазушы өзінің түпкі мақсатын ашады. Қасен – жағымсыз кейіпкер. Сол жағымсыз кейіпкердің ойымен кеңес өкіметінің кемшіліктерін сынайды, ел басына түсіп отырған ашаршылықты, келеңсіз заңдар мен қаулыларды, жалаң идеяшылдықты әшкерелейді. Ол Үлкен Алматы шыңына қарап отырып: «Жылтырауық қабық бәрі де!.. Түзелер ме екен, кім біледі?.. Бірақ зор қиындыққа тіреліп тұрмыз... Оңалмақтың ауылы алыс... Біздің ақылымыз бен шамамыз жетпей қалған, бойымыздан асып, ұлғайып алған іс болды» деген ішкі ойынан еш арыла алмай, ақыры түрмеге қамалды. «Қ. қ.» – өмірде болған оқиға желісімен жазылған, Ж. Шанин мен Қ. Қуанышбаевтың басынан ашаршылық жылдары өткен оқиға. Ол жылдары малды союға тыйым салған үкімет қаулысы шыққан. Ауылдан келген ағайындарының аш өзегін жалғау үшін базардан жылқы сатып алады. Оны біреулер милицияға жеткізіп қояды да, Шанин мен Қуанышбаев театрдан шығарылып, біреуі – Фрунзеде (қазіргі Бішкекте), біреуі – Шенгелдіде кесімді бай уақытын өтейді. Бұл оқиғаны Ө. солдардың рұқсаты бойынша өзінің психологиялық очеркіне арқау еткен. Қуанышбаевтың өзі де осы оқиға жөнінде «Қарала ат» деген сахналық әңгіме жазған.

*Т. Жұртбай.*

**«ҚАСИЕТТІ БОРЫШ»** («Священный долг»), жазушының мақаласы. 1955 ж. 1 мамырда «Литературная газета» басылған. «Пролетарлық интернационализм туын жоғары ұстайық» деген айдармен берілген. Осы жылы 30 сәуірде «Қазақ әдебиеті» газетінде 1 мамыр мерекесіне арналған «Қасиетті парыз» атты мақаласы жарияланды. Бірақ екі мақаланың бір-бірінен айырмашылықтары көп. Әуезовтің бұл шығармасы нәрлі, заман талабымен қатар гуманизм, интернационализм туралы әдемі, ықшам тілмен айтылған ойларға бай. Бір елдің техникадағы, ғылым мен өнердегі жетістіктері күллі адамзатқа ортақ болуға тиіс. Ғылым мен өнерді бөлектеп, оларды бір ұлттық мүддесі үшін тұйықтау адамзат санасындағы кез келген жетістіктің гүлденуіне кедергі жасайды деген сөздері тарихи дамудың қай кезеңінде болса да мәнді. Дүниежүзілік әдебиеттің бағыты гуманистік сарында болғандықтан, ол ешқашан халықтарды жауластыруға қызмет еткен емес, керісінше, достастыруға, жақындастыруға қызмет етті дейді.

*Р. Бердібай.*

**ҚАСИМАНОВ** Садық (1902–1977), ақын, этнограф, педагог. Балаларға арналған қазақ этнографиясы туралы көптеген шығармалары шықты. Абайтану мәселелерімен шұғылданып, «Абайдың үш сөзі» («Қазақ әдебиеті», 1960, 12 ақпан), «Абайдың жаңа табылған өлеңдері» («Лениншіл жас», 1963, 12 наурыз), «Абай өсиеттерінен» («Коммунизм туғи», 1964, 2 қыркүйек), «Абай айтыпты» («Ара», 1971, №8), «Жұмбақ жан» («Қазақ әдебиеті», 1973, 30 мамыр) т. б. мақалаларын жазды. «Біз осылай бастағанбыз» («Спорт», 1967, 5 қараша), «Еңлік – Кебектен ұрпақ бар» («Лениншіл жас», 1967, 12 тамыз, «Қазақ әдебиеті», 1969, 12 тамыз) атты мақалаларында Ө-тің балалық шағын, «Еңлік – Кебек» пьесасының алғашқы қойылымы жөнінде әңгіме еткен.

*Н. Бауған.*

**ҚАСҚАБАСОВ** Сейіт Асқарұлы (1940 ж. т.), фольклортанушы. Филология ғылымының докторы (1989), профессор (1996), Қазақстан Республикасы ҒА-ның академигі (2003), ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1992). «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері» монографиясында (1972) Ө-тің ертегілер туралы жазған еңбектерін талдап, олардың түрлеріне сипаттама жасалды. Ал «Қазақтың халық прозасы» монографиясы (1984) мен «Өнер бесігі» зерттеуінде (1992) ұлы жазушының фольклор жөнінде айтқан ой-пікірлерін зерделеп, оның жанрларына назар аударған. «Абай және фольклор» атты еңбегінде (1995) Ө-тің Абай туралы монографиясында ұлы ақын нәр алған үш үлкен сала, соның ішінде халықтың ауызша әдебиет қоры туралы пікіріне сүйене отырып, Мұқанның осы ойы, өкінішке орай, қазақ әдебиеті туралы ғылымда, абайтануда арнайы зерттелмей қалды, жан-жақты қарастырылмады, әрі қарай жалғасын таппады деп жазған.

*С. Қарабай.*

**«ҚАСҚЫР»**, американ жазушысы Джек Лондонның әңгімесі. Ө. 1936 ж. қазақ тіліне аударып, латын әрпімен Қазақстан көркем әдебиет баспасында жеке кітап болып шыққан. Көлемі 32 бет. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 14-кітабына өзгеріссіз енгізілді (192–204-беттер). Әңгіме табиғат суретімен, алуан түрлі пейзаж көріністерімен оқырманды баурап алады. «Маленький ручеек, сбегавший с покрытого мхом камня, вдруг suddenly стал журчать звончей и громче. И ничего больше не было слышно, кроме пеня полявых жаворонков. Большие желтые бабочки беззвучно проносились в солнечном свете и исчезали в сонной тени» деген суретті көріністі аудармашы қазақша былай сөйлеткен: «Майда тастың арасымен ағып жатқан жіңішке су енді бір қатты сарқырап аға бастағандай көрінді. Торғайдың сайрағанынан баста тыныштық бұзған ешбір дыбыс жоқ, үлкен сары көбелектер үнсіз ұшып, күн кезінде жарқылдап барып, көлеңкеге батып жатыр». Бұдан түпнұсқадағы ерекшеліктердің – ой өрісі, дыбыс ырғағы, интонация, көркемдік өзгешелік түгел сақталғанын аңғару қиын емес. Әңгіме адамды еліктіріп, елітіп, айрықша әсерге бөлейді. Мәтін ішіндегі әр сөз орнын тауып, мағынасын толық сақтаған. Аудармашы ана тілінің бар қадыр-қасиетін, тіл байлығын еркін, барынша шебер пайдаланған.

*Г. Асаубаева*

**ҚАСТЕЕВ** Әбілхан (1904–1973), кескіндемеші. Қазақстан Республикасының халық суретшісі (1944), Ш. Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1966). Бір мыңнан астам көркемсурет дүниелерін дүниеге келтірді. Абайдың портретін салғаны үшін ол 1934 ж. Құрмет грамотасымен марапатталып, Мәскеу қаласына оқуға жолдама алады. Онда 2 жыл дәріс алып, Алматыға қайтып оралады. «Ескі және жаңа дәстүр» атты суреттер шоғырын салуға кіріседі. Бұл жылдары Абай тақырыбы төңірегінде көп ізденеді. М. Әуезовтің ақыл-кеңесіне сүйене отырып, Абайдың бірнеше портретін, Абай жүрген жерлердің көріністерін салады. Онда ұлттық киім үлгілері мен тұрмыс-салттық жайттар барынша этнографиялық дәлдікпен қамтылған. Ө-тің шай ішіп отырған кезіндегі сәтін бейнелейтін қарындашпен сызылған сурет те сол мезгілде дүниеге келген. Қылқалам шеберінің «Абай жүрген жерлерде» деген суреттер шоғыры мен «Биік таулы Медеу мұз айдынында» атты картинасы жазушының мұражай-үйінің қорында сақталуы тұр.

*А. Қуанышбаев.*

**ҚАСЫМ** (1448–1518), хан. Керей, Жәнібек ісін жалғастырып, қазақ хандығын нығайтушылардың бірі. 1511 ж. Қ. хандыққа жеке ие болды, осыдан бастап хандық ұзақ уақыт Өз-Жәнібектің ұрпақтарына көшті. Орыс үкіметі Қ. ханның тұсында дипломатиялық байланыс жасауға ұмтылып, 1505–33 ж. кінәз III Василий елшілерін жіберді. Мұхаммед Хайдар Дулати Қ. ханға қарасты халықтың саны миллионнан асқандығын айтады. Дербес халық ретінде Батыс Еуропаның елдері де тани бастады. Дулати Қ. ханды: «Бүкіл Дешті-Қыпшаққа билік жүргізді. Оның халқының саны миллионнан асатын. Шыңғыстың ұлы Жошы ханнан кейін бұл жұртта Қасымнан асқан күдіретті хан болған жоқ» деп жазды. Қ. ханның ел басқару жүйесін танытатын жаңа нисамы – «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын жарғысы дүниеге келді, ол сол кездегі қазақ қауымының қоғамдық заңдарының қалыптасқандығын көрсетті. Мұнда едет-ғұрып, тұрмыс-салт ережелері байыпты жүйеленген, қазақ жұртының елдік санасы осы жарғыдан да көрінеді. Ол Алтын Орданың бұрынғы астанасы Сарайшық қаласында дүниеге салды. Қ. хан есімі Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының «Құз қияда» тарауында халыққа пайдалы істер істелгені жөнінде аталса, «Әдебиет тарихы» монографиясында Жәнібек, Керей, Қасым, Хақназар хандардың тұсында қазақ рулары бірігіп, бірталай жақсы тіршілік жасағаны айтылады, әсіресе жинаған деректерінен мол мағлұматтар кездеседі.

*Т. Әкім.*

**ҚАСЫМБАЕВ** Жанұзақ (1941–2004), тарихшы. Тарих ғылымының докторы (1983), профессор (1991). Негізгі еңбектері қазақ елінің тарихына арналған. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-теориялық конференцияда сөз сөйлеп, Қ. аға сұлтан Құнанбай Өскенбаевтың «Абай жолы» эпопеясында қалай суреттелгеніне тоқталды. Өзінің ел басқарушылық талабымен, тілмар шешендігімен, абзал әділдігімен, терең ойлы парасаттылығымен Орта жүзге аты жайылған Құнанбай бейнесі тек бай-манаптың сойылын соққан көкжалға ұқсамайды. Демек «ұлы жазушы Құнанбайдың жеке басына Шыңғыс өңіріндегі бедел билігін, қауым өміріндегі орнын көркем сөзбен бейнелеуге аз көңіл бөлмеген». Өйткені «Құнанбайсыз Абайдың болмайтындығы, әкесінің темірдей талабынсыз,



Қауаш Әлімқұлқызы.

билікті уысында ұстаған, әкесі сілтеген жолсыз Абайдың да кемеңгерлік қасиеттерінің барынша ашылуы» екіталай екенін терең түсінген М. Әуезов Құнанбайдың қазақ тарихындағы ұлылығын өз романында әсерлі де шын бейнелеген деп пайымдайды ғалым («М. Әуезов – ХХ ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті», А., 1997, 152–157-беттер).

*Ф. Сапарғалиев.*

**ҚАСЫМБЕК** Әуезұлы (1894–1914), жазушының ағасы. Омарханның інісі, жас Мұхтардың оқып білім алуына зор ықпал жасаған. Қ. жасында өз әкесінен мұсылманша сауат ашып, Семейдегі Камали хазіреттің медресесінде оқыды. 1907 ж. Семей қалалық 5 сыныптық училищесіне түсіп, 1912 ж. үздік бітіріп шықты. Бұдан соң 1912 ж. тамыз айында Семей мұғалімдер семинариясына қабылданып, 1914 ж. оның 2 сыныбын үздік бітірді. Сол жылдың 2-жартысында қайтыс болды. Ол туралы Ә.: «Әкемнен кейінгі әке сияқты болып, төрбиелеп баулитын ағам Қасымбек еді. Сонымен қысы-жазы бірге жүріп, оқу оқыдым» деп жазды («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 21-бет). Қ-тің Мұхана көрсеткен қамқорлығы туралы А. Әуезов «Жас Мұхтар» атты естелік-кітабында жан-жақты баяндаған.

*Б. Байғалиев.*

**ҚАСЫМБЕКОВ** Серік Мұсағалиұлы (1931 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Абай мен Ә-тің шығармашылығы жөнінде «М. Әуезов – Абайды зерттеуші» (1968), «М. Әуезовтің зерттеулеріндегі Пушкин мен Абай байланысы» (1969), «Әр жылғы ойлар жемісі» («Семей таңы», 1968, 28 қыркүйек), «Абайтанудың бірлігі» («Семей таңы», 1981, 11 тамыз), «Татьяна Сарыарқаның төсінде» («Коммунистік жол», 1982, 30 қыркүйек), «Біліміден шыққан сөз» (1992), «Тарихи және көркем шындықтар – көрнекті ойдың перзенті» (1994) т. б. мақалаларын жазды.

**ҚАТПА** Қорамжанұлы (1883–1943), Абайдың көзін көрген адам, «Абай жолына» дерек беруші. Ә. оны ертеден білген, роман жазу ойына келместен бұрын, әңгімелерін тыңдаған, Қ. Абай өмірінің соңғы 4–5 жылында қолында тұрып, үй-іші шаруасына, малына қолқабысын тигізген. Жазушының: «Қорамжанның баласы Қатпа әуелі малшы болып жүріп, артынан Абайдың туған баласындай ет-бауыр жақыны, дос інісі боп кетті» дегенінен оның орынсалмағы аңғарылады («Уақыт және әдебиет», 1959, 69-бет). Ұлы Абай қайтыс болғанда жерлеуіне қатысқан. Қ. баяндаған естеліктерде ақынның отбасы, туған-туыс ортасындағы мінезі, күнделікті өмір қалпы, ақындығы, даналығы, адамдық қасиеттері танылады (№29-папка, 194-бет). Қ. әдеттегісінше тұс мезгілінде қымыз ішуге кіреді. Еркежанның Абайды оятасын дегенін естіген ақын: «Біздің ұйқы бұзылады деп, Қатпа аш кете ме. Бұзылмасын десең, бес-алты бие байлап бер» дейді. Романдағы ақын бейнесін әр қырынан толықтырып, жетілдіре түсуге осы сияқты деректердің деп септігі тисе, Абай аулының қалай көшіп, қалай қонатындығы туралы нақты әңгімелерді де жазушы осы Қ-дан естіген.

*Т. Тұрғанбаев.*

**ҚАУАШ** Әлімқұлқызы (1910–1988), Абайдың шебересі, Ақылбайдың туған немересі. Ертегіші Байма-

ғамбеттің баласы Салықтың Мүклесіне тұрмысқа шыққан. Абай, Ақылбай, Шәкәрім, Әубәкірдің өлеңдерін жатқа білген. Ұлы ақынның ұрпақтары туралы Ә-ке көптеген деректер айтқан. Мұхтар мен Кәмиланың махаббатына, қосылу тарихына куә адамның бірі. Кәмиламен мұңдас, сырлас болған. Бұл жөнінде Қауаш Әлімқұлқызының естеліктерінде, магнитофон таспаларына жазылған сөздерінде толық айтылған. Қазір олар Абай мұражайының сирек қорында сақтаулы. Қ. Семей қаласында ұзақ жыл тұрып, дүниеден өтті. Бір ұл, үш қызы бар.

*Л. Баймағамбетова.*

**ҚАНАР** Абдулла (1907–1968), жаңа өзбек әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, Өзбекстан халық жазушысы (1967). Романдарында таптық қайшылықтар мен коллективтендіру дәуіріндегі өмір суреттері берілген. «Жаңа жерде» (1949) деген пьесасы үшін Қанар КСРО Мемлекеттік сыйлығына (1952) ие болды. Ә-тің қайтыс болуына байланысты, бір топ өзбек қаламгерлерімен бірге жазған «Жанымызға жақын адам» деген мақалада («Литературная газета», 1961, 29 маусым) ұлы жазушының өзбек әдебиетінің жанашыры, қамқоршысы болғанын тебірене еске алады. Шынында Ә. туысқан халықтар әдебиетіне зер салып, қадағалап оқып, зерттеп отырған. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде Қ-дың «Қос шынардың оттары», «Қайта туған халықтың әдебиеті» мақаласында «Зымыран құс» романдарының өзіндік ерекшеліктерін атап өткен.

*Р. Бердбай.*

**ҚАЮМ НАСЫРИ** (толық аты-жөні – Фәделқажум Фабденнасұрыұлы Н а с ы р о в; 1825–1902), татардың ағартушы-педагогы, ғалым, жазушы. «Усу-сул жадидтің» реформаторлық бағытын барынша насихаттады және белсенді түрде жүзеге асырып, қоғамдық көзқарасты оятты. Ол: шаріғат пен діни әдет-ғұрыптарды заман талабына сай жаңғыртып, жаңаша түсіндіру керек, әр ұлттың діни-рухани, саяси тұрғыдан тәуелсіздік дамуы қамтамасыз етілуі тиіс, халықтардың құқы тең және олардың өркендеуіне бірдей жағдай жасалуы керек, мектептер мен медреселерде ғылыми пәндер кеңінен оқытылсын, әр ұлттың өз жазуы, грамматикасы мен емлесі, әдеби тілінің дербес дамуына мүмкіндік берілсін, ол үшін Еуропа елдерінен үйрене отырып ісі мұсылман мен түркі жұрты өз жолымен дамысын деген бағыт ұстанды. Қ. Н-дың «Наху кітабы» (1860), «Бос уақыт», «Қырық үезір» (1868), «Әбуғали Ибин-Сина» (1872), «Әдебиет жөніндегі әңгімелер» (1884), «Татар-орыс сөздігі» (1885) атты кітаптары жарық көрді. Ы. Алтынсаринмен өзара байланыс жасап, пікір алысты. Қазақтардың арасынан Насыри үлгісіндегі кітаби ақындар мен ағартушы-демократтар шықты. Олар ұлттың оянуына үлкен үлес қосты, жаңа әдеби ағым дүниеге келді. Абай *Маржани* мен Қ. Н-дің еңбектерін қадағалап оқып, түбінде осы оқу жеңеді, қазақтың болашағы сонда деп өсиет айтып отыратын болған. Ә. «Абайдың ақындық айналасы» атты мақаласында Қ. Н-ді кеңінен талдады. Кейіннен бұл мақаланы өңдеп орысшаға аудартқанда бұрынғы пікірлерін: Абай таттардан шыққан Қ. Н. алдыңдағы Шаһабуддин Маржаниді қостайды. Осы айтылғандай рационалшылдық пен салт-сана, ой-өнер жүзіндегі жаратылған жаңашылдыққа бейім болмаса, Абай-

дан Еуропа жағасының белгілерін көре алмас едік деп, нақты әрі батыл сеніммен жеткізді (20 томдық шығармалар жинағы, 1984, 15-том, 132-бет).

*Т. Жұртбай.*

**ҚАЮМОВ** Лазиз (1930 ж. т.), өзбек әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымының докторы (1963), профессор (1965), Өзбекстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1973). Негізгі еңбектері өзбек әдебиетінің тарихына, әдебиеттер байланысына арналған. Ө-тің 100 жылдық мерейтойының Алматы өткен салтанатына қатысып, сөз сөйледі. Сөзін «...біз бүгін жүз жылдығын тойлап отырған ұлы адам түркі тілдес мәдениеттің ең жарық жұлдызы болып табылады деп бастап, Өуезов сыңды ұстаздардың шығармашылық ерлігі даналықтың сарқылмас қазынасы іспеттес. Ол біздің халықтарды жақындастырып, достығын нығайту үшін қолдан келгенің бәрін істеді» деп аяқтаған («М. Өуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі», А., 1997, 70–73-беттер).

*Н. Ақбай.*

**«ҚИЛЫ ЗАМАН»**, жазушының повесі. Алаш басшылары Әлихан, Ахмет, Міржақыптар 1916 жылғы июнь жарлығынан кейін ел солдатқа жігіт бермей, бас көтерсе, патша өкіметінің қарулы әскері бейбіт елді босқа қырып тастайды, сондықтан босқа арандамау керек деп, «Қазақ» газеті арқылы қалың жұртқа жар салған болатын. Бұл сөз бір елге жетті, бір елге жетпеді. Бұл сөзді бір ел тыңдады, бір ел тыңдаған жоқ. Қара жұмысқа алынғандардың артынан Әлихан, Міржақыптар бастатқан азаматтар ере барып, оларға қолма-қол көмек берген. Ал солдатқа кісі бермей, бұлқынып, көтеріліске шығып, патша өкіметінің қарулы қаһарына ұшырап, оққа ұшып, абақтыға қамалып, асылып-атылған, содан кейін мал-жансы, дүние-мүлкі талауға түсіп, мүлде жойылып кету қаупі төнген соң, атамекенін тастап, Қытайға ауып көшкен бір қауым елдің тағдырын Алаш ұранды әдебиеттің екінші бір талантты жас өкілі Ә. «Қ. з.» повесінде зор реалистік күшпен бейнелеп берді. Тұңғыш басылғаннан кейін, зиянды шығарма деген жаламен тыйым салынып, қырық жыл өткен соң ғана зор қиындықпен қайтадан жарияланған бұл туындының ұлттық рухымызды, азаттық үшін күресімізді, тәуелсіздік жолындағы азапты жолымызды бейнелеудегі орны ерекше екендігін тиянақтап айту дұрыс болмақ. Жазушы көтерілістің басын, негізгі себебі ашық, анық түртікісі патша өкіметінің қаны сорғалаған отаршылдық саясаты екендігін көптеген кейіпкерлерінің іс-қимылы, сөйлеген сөздері арқылы әр түрлі орайда жан-жақты бейнелейді. Бұл ретте 25 июнь жарлығы ең соңғы шеп, төзімнің бітуі, лаулағалы тұрған қауға түскен шақпақ от еді. Шығарманың сюжет желісінде Алатаудың жұмыр тасындай тұтастық бар, оқиға үнемі үзілмей жалғасып отырады. Он бір тараушадағы әрекеттер бірінен-бірі туындайды. Алғашқы көріністердегі патша өкіметінің екі басты самұрық бейнеленген ақ жалауынан бастап, соңғы тараушадағы лаулап жанған жәрмеңкеде символдық ой, мергеу нысан бар. Бұлар бірден көрініп тұрған анық өрнек болса, сойыл, найза, шоқпар, шиті мылтық ұстаған аттылы көшпелілердің, жәрмеңке ішінде, қалаларда бекінген мылтық, зеңбірекпен мұздай қаруланған, соғыс ісін меңгерген, тұрақты әскермен шай-

қасуында орасан зор философиялық, әлеуметтік азаматтық мағына бар. Бұл тапталғандардың, қорланғандардың, қуғындалғандардың бас көтеруі, момындардың бұлқынысы. Түптің түбінде жеңбей қоймайтын азаттық, тәуелсіздік, адамшылық толқынының аспанға атуы, жалпы адам баласы құптайтын осынау асыл идеяны Ә. сұлу тіл, көркем бейнелер, адам тағдырлары арқылы кітап бетіне түсіріп, ұрпақ жадына мәңгілікке байлап қалдырған. «Қ. з.» повесі тұңғыш рет 1928 ж. Қызылордада басылды, екінші рет 1974 ж. «Жұлдыз» журналының 8-санында жарияланды. 20 томдыққа (2-том) енді, А. Пантиелев аудармасымен 1972 ж. «Новый мир» (№6) журналында, 1977 ж. «Племя младое» жинағында жарық көрді. 1997 ж. француз тіліне аударылды. Бірнеше ұлт тілдерінде шықты.

*Р. Нурғали.*

**«ҚИЛЫ ЗАМАН»**, пьеса. Авторы – Н. Оразалин. Ө-тің осы аттас повесі негізінде жазылған (1979). Оқиға желісі тұпнұсқадағы 1916 жылғы дүрбеленді – қазақтан әскерге адам алу туралы патша саясатына қарсы көтерілісті бейнелеуге құрылған, негізгі идеясы – халық қасіреті. Жетісу өлкесінде өткен бұл қозғалысқа Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкір сынды батырлар басшылық жасайды. Көтеріліс ауысыз жаншылады, бірақ көтерілісшілердің, оларға тілектес жұртшылықтың сағы сынып, үміті үзілмейді, келешекке сенім артады. Драматург Ө-тің ойлау, сөз саптау үлгісін, рухын сақтаған, тарихи шындық пен рухтың үндестігін қатар алып, оны драматургияның табиғатымен шебер ыңғайластырған, кешегі тарих пен бүгінгі тіршілігімізді көркем детальдар, рәміздер арқылы дұрыс байланыстырған. Бұған Ана бейнесі мысал бола алады. Жалпы алғанда, пьеса авторы жазушының туындысына нұсқан келтірмей, түпкі идеясын алып шыққан. Драма 1997 ж. мамыр айында Қазақ драма театрында тұңғыш рет қойылды. Режиссері – Ә. Рақымов, суретшісі Е. Тұяқов, музыкасын жазған – Б. Дәлденбаев.

*Н. Османтегі.*

**ҚИСАМЕДИНОВ** Мақым Мұстақұлы (1939–1984), график-суретші. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты. Ө-тің орыс тілінде жарық көрген «Өскен өркен» атты таңдамалы повестер мен әңгімелер жинағына (1977) салынған суреттері оқиғаның мазмұнын терең түсінуге, шығарманың ішкі әсерін сезінуге жетеледі. Ақ пен қара бояуларды барынша қою етіп қолдану арқылы шығармаларды, кейіпкерлердің күйінші-сүйінішін табиғаттың тосын көріністерімен ақастыра бейнелейді. «Қилы заман», «Көксерек», «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұл», «Түңгі сарын» сияқты заман зауалын баяндаған туындылардың тағдыры мен жазушы өмірінің қиын кезеңдерін байланыстыру үшін әр суретке «Мұхтар Өуезов» деген сөздің жеке әріптерін көркемдік шешім ретінде пайдаланған. Өр әріптің басында сол шығармаға қатысты оқиғаны білдіретін нышандағы белгілер салынған. Қаламгердің идеялық нысанасы тарихи-философиялық тұрғыда ашылған.

*Р. Ергалиева.*

**ҚИССА**, фольклор жанры. Ауыз әдебиетінің дәстүрлі эпикалық жанры, арабша әңгіме, аңыз деген мағынаны береді, кейде ол «хикая» деп те аталады. Мазмұны, құрылысы жағынан алғанда лироэпостық дастандарға жақын. Бұл жан Азияның біраз елдерінде, соның ішінде Орта Азия мен Қазақстанда кеңінен тараған. Бұлардың көп нұсқалары түркі тілдес халықтарға араб әдебиеті мен

фольклоры арқылы келген. Басылғаны, басылмағаны бар – қиссалардың көпшілігінің аты Ө. жазбаларынан көптеп кездеседі. Осыларды тізіп, бөлек қағаздарға жазып та қойған (№24-папка). «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)», «Әдебиет тарихы» монографияларында, «Абай жолы» эпопеясында Абайдың бұл жанрмен жақсы таныс болғанын тәптіштеп жазған.

*Т. Тұрғанбаев.*

**ҚИРАБАЕВ** Серік Смайылұлы (1927 ж. т.), әдебиет зерттеуші, сыншы, қоғам қайраткері. Филология ғылымының докторы (1964), профессор (1966), ҚР ҒА-ның академигі (1994), КСРО Педагогика Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1968), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1971). Ө-тің 90 жылдық мерейтойына байланысты жазған «Біздің рухани өкеміз» деген эссе-мақаласында «Мұхтар тағлымы», А., 1987) Ө-тің шығармашылығындағы жазу үлгісі, шындықты бейнелеп, типтендіруі жөнінде соны ойлар мен жаңа пікірлер айтқан. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына орай, «Зар заман шындығы» («Қазақ әдебиеті», 1997, 23 қыркүйек), «Тамаша тағлым» («Егемен Қазақстан», 1997, 26 қыркүйек) т. б. салиқалы мақалалар жариялады. «М. Өуезов қазақ әдебиетінің тарихы туралы» зерттеуінде жазушының тарихи туындыларына байыпты талдау жасаған («Мұхтар мұрасы», А., 1997, 110–118-беттер). Суреткердің мүшел тойына арналған «М. Өуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті» атты мерекелік сессияда сөз сөйлеп, өрелі де өркенді тұжырым айтты («М. Өуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті», А., 1997, 78-бет). Ал «Жаны нұрға бөленген» деген эссесінде Мұханның біз біле бермейтін өмірінің соңғы он бес жылындағы елеулі оқиғалар баяндалған («Парасат», 2002, №5).

*С. Қасқабасов.*

**ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕР.** қазақ ауыз әдебиетіндегі көне жанрлардың бірі. Оның шығу мезгілі – алғашқы қауымдық қоғам дәуірі. Сондықтан ертегінің бұл түрінде адамзаттың ертедегі өмірінің көптеген белгілері сақталған. Мысалы, матриархат заманына тән аналық ру мен көптеген әдет-ғұрыптардың көріністері (дуализмдік ұйым, аналық мекен, аналық неке, кувада, авункулат т.т.) ерте заманғы анимизм, тотемизм, магия сияқты діни нанымдар мен сенімдер. Бірақ көне дәуірдің бұл көріністерін кейінгі заманда халық тек қиял ғана деп түсінген. Сол себепті де ертекілер әңгімесін «ерте уақытта болған» деп ескертеді. Қазақтың Қ.-ғ. е-і жанрлық жағынан біркелкі емес, оның құрамында алғашқы қауымға тән қарапайым әңгімелер, батырлық ертегілер кездеседі, сондай-ақ тұрмыс-салтты авантюралық шығармалар да ұшырасады. Демек, ертегінің бұл түрі жанр жағынан синкретті. Айтылған жанрдың сюжетіне, поэтикасы мен құрылысына батырлық жыр үлкен ықпал еткен. Көптеген Қ.-ғ. е-інің сюжеттік желісінде батырлар жырындағыдай тұрақты прологтар мен эпилогтар бар. Қазақ Қ.-ғ. е-інің сюжеттік құрамы да әр алуан. Атап айтсақ онда барлық халықтың өзі шығарған халықаралық сюжеттер, бізге басқа халықтардан ауысқан және тек өзімізге тән сюжеттер бар. Ерте заманда туып, көне дәуірдің көріністерін сақтап келсе де, Қ.-ғ. е. халқымыздың тұрмысын, салтын бейнелейді, күнделікті өмірін көрсетеді. Әрине, өмір шындығын Қ.-ғ. е. тікелей, сол калпында емес, эстетикалық тұрғыда алып көрсетеді. Өмірдегі тартыстар, болмыс-көріністер, адамдар-

дың қарым-қатынасы бәрі халықтың эстетикалық рухында түзіледі. Сөз болып отырған ертегілердің бас қаһарманы, эстетикалық мұраты – халық идеялы. Ертегі тек халық мұратын мадақтайды. Қазақ ертегілерінің бас қаһармандары ақшы-мерген, жауынгер-батыр, кенже бала, таза және басқа әлеуметтік теңсіздіктеріне бұқара өкілі («Қаңбақ шал»). Бұлардың бәрі халық арманынан әр кезде туған идеал кейіпкерлер, яғни идеал – тарихи құбылыс. Ертеде, ол табиғаттың дүлей күштерімен алысып, күнделікті өмір үшін аң-хайуанаттармен күрескен кезде, халықтың арманы, идеалы – соларды жеңетін балуан, күшті батыр, мерген болды («Ер Төстік», «Құламерген», «Керқұла атты Кендебай»). Ертегіде ол – неше түрлі ғажайып тажалдармен соғысып, жеңіп шығатын ақшы-мерген.

Қ.-ғ. е-інің классикалық типі қаһарманды басқа дүниеге аттандыру, ғажайып құралдарды табу, қиын талсырмаларды орындау, құда түсу, жауыз күштерден құтылу сияқты композициялық бөлшектерді қамтиды. Ол көбінесе қаһарманның үйленуімен және таққа отыруымен аяқталады. Қазақ фольклортану ғылымының негізін салушылардың бірі Ө-ке ертегі жанрының поэтикасын саралауға зор үлес қосқан. 1927 ж. Қызылорда қаласында шыққан «Әдебиет тарихы» оқулығында қазақ ертегісінің өзіндік ерекшеліктерін арнаулы тараушада қарастырған. Шағын тарауда ертегілердің негізінде адам қиялы жататынына тоқталып, сонымен қатар ескі дүние әңгімелейтін әуезе түріндегі ертегі, салт ертегісі және мысылқ, мазақ, күлдіргі ертегілері жайында айтқан. Қ.-ғ. е. табиғатына Ө-тің «Әдебиет тарихындағы» тарауда айтқан: «Өмірде болмайтын істер, қиялдық көтеріп суреттеген әңгімелері деп танылған. Қазақ ескілігінде кездесетін жалмауыз, диолар, мыстан кемпірлер араласқан әңгімелердің барлығы да сондай көтерген қиялдың табысы» деген ойлары үйлеседі. Жазушы отызыншы жылдары шыққан әдебиеттік оқу кітаптарында ертегі жайында қысқаша айтып кеткен. Қырқыншы жылдары ертегі жанрын ден қоя зерттеген. Жазушы мұражайының қолжазба қорында сақталған бумаларда (№186, 187, 188, 189, 484, 516) ертегі жайында мол, жан-жақты мәліметтер бар. Мұнда дүниежүзілік фольклористика ғылымындағы ертегі жанрын зерттеушілердің еңбектерін мұқият оқып, зерттеудің дәлелдейтін жазбалар өте көп. Белгілі фольклорист ғалымдардың еңбектерінен қажетті үзінділерді молынан түсіріп алған. Сонымен қатар болашақ зерттеу еңбегінің жоспары, айтпақ ойларының тезистері жүйелі түрде нөмірленіп жазылған. Осындай жұмыстардың нәтижесінде «Ертегілер» атты көлемді еңбек жазған. Бұл еңбек 1948, 1961 жылдары шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші кітабына кіріп, 1956 жылы «Әдебиет және искусство» журналында жарияланды. 1957 ж. «Мектеп» баспасынан жеке кітап болып шыққаннан кейін, 1959 ж. «Өр жылдар ойлары» кітабында, жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томында, 20 томдық жинағының 18-томында жарияланды. Ө. «Ертегілер» еңбегінің кіріспе бөлімінде «Ғажайып хал, қиял әңгімелер немесе орасан оқиғалы қызғылықты әңгімелер ретінде», ертегі жанрының басты белгісі деп қиял-ғажайыптық сипатты атаған. Бұл монографиялық еңбектің жеке, көлемді

тарауы «Қиял-ғажайып ертегілері» деп аталады. Мұндай ертегілердің тарихи-әлеуметтік сипатын, тақырыптарын жүйелеп көрсетіп, реформадан бұрынғы және кейінгі ертегілердің өзіндік ерекшеліктерін әлеуметтік себептерден іздеген. Халықаралық сюжеттердің қазақ ертегілеріндегі көріністерін араб, парсы, орыс халықтарынан ауысқан мысалдар арқылы талдаған. Тарауда М. Горькийдің ойларына бірнеше рет сілтеме жасалған. Реформадан кейінгі қазақ ертегілерін талдау барысында 40-жылдардағы идеологиялық талаптардың әсері байқалады.

*С. Қасқабасов.*

**«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Таң» журналында (1925, №1, №2) жарық көрді. Кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағына (1984, 15-том, 45–53-беттер) қысқартылып жарияланды. Мақаланың негізгі мазмұны жазушының 1927 ж. шыққан «Әдебиет тарихы» кітабының «Қобыланды» әңгімесінің мәнісі» атты тарауына енген. Мақалаға «Ел әңгімесіндегі Қобыланды – ел қиялының ұлы батыры» деген қосымша анықтама атау қойылған. «Қобыланды батыр» жырының әңгімесінде де тарих «өлшеуінен бірде ілгері, бірде кейін кетіп отыратынын», жалпы ел қиялынан туған әңгімелерде бұрын-соңды өткен оқиғаларды кейде бір дәуірге, бір кісінің басына жиып қоятын кездерінің болатынын да ескертіп, автор Қобыландының Қазан ханымен соғысуына байланысты Қазан хандығының тарихына қысқаша шолу жасайды. Мақаланың кейінгі 15-томдағы басылымында алғашқы журналдық нұсқадағы осы шолудың машинкаға басқанда 3 беттей көлемдегі мәтін қысқартылған. Ол жері жазушының «Әдебиет тарихы» кітабында (А., 1991, 68–70-беттер) сақталған. Мақаланың кейінгі, 1984 жылғы басылымда сол кезеңнің үстем идеологиясына байланысты қысқартылғаны белгілі. Онда негізінен орыс патшалықтарына қарсы наразылық күресті сөз ететін және «кәпірлер» деген сөз бен Шәкәрімнің аты аталатын жерлерін алып тастаған. Мақаланың соңында жырдағы Қобыланды бейнесінің жасалу ерекшеліктеріне, оның жан серігі ақыл ой, нәзік сезімді махаббат иесі бола алған Құртқаның жарастықты бейнесі және «қыл құйрықты, жел жепсе есті серігі» – Тайбурыл туралы талдау-толғауы берілген.

*К. Сыздықов.*

**«ҚОБЫЛАНДЫНЫҢ ТАЙБУРЫЛЫ ТУРАЛЫ»**, жазушының мақаласы. Орта, орталау мектептің 6-сыныбына арналған «Әдебиет хрестоматиясында» басылған (1938). Мақаланың кей сәттері 1927 ж. шыққан «Әдебиет тарихындағы» «Қобыланды батырдың» қысқаша әңгімесі, «Қобыланды әңгімесінің мәнісі» деген зерттеулерінде айтылған. Хрестоматияда Тайбурылға қатысты айтылатындарды ғана алып, жырдың Тайбурыл суреттелетін тұстары теріп-теріп берілген. Тайбурыл Қобыландыдай ірі батырға лайық ат ретінде көрінеді: оны батырға тәрбиелеп, баптап, өсіріп берген – Құртқа. Бұл 6 айлық жолды алты-ақ аттайды, қысылған жерде тілге де келеді, келік қана емес – серік, тіпті адам сипатында ұлғайтылып айтылады. Тайбурыл көрінетін жерлердегі өлең де ерекше екпінмен көркейіп кеткендей болады, бір төбенің шаңы бір төбеге қосылып жатады, езіліп қалған көкқұтан, қарабайларға қарға-құзғындар қарық

болып қалады. Оның ерекшелігін осындай сипаттау, тенеулермен жеткізеді. Тайбурылдың шабысы қазақ жырларының ішіндегі ең көркем берілген және бейнелілікке көтерілген.

*Т. Әкім.*

**ҚОЖАКЕЕВ** Темірбек (1926–2003), әдебиет зерттеуші, сыншы. Филология ғылымының докторы (1972), профессор (1974), республиканың еңбек сіңірген қызметкері. Негізгі еңбектері қазақ сатирасы мен баспасөзінің мәселелеріне арналған. «Мұхтар Әуезов – сатира саласында» («Жұлдыз», 1997, №9), «Екі көзіміз Мұханда» («Ана тілі», 1997, 17 сәуір), «Есте қалған бір елес» («Жетісу», 1977, 13 қыркүйек), «Келіңіздер, Мұхаңмен бірге күлейік» («Қазақ әдебиеті», 1997, 27 қыркүйек), «Әуезов Абай сатирасы туралы» («Жұлдыз», 1995, №5–6), «Ұлы сая, ащы тіл» («Абай», 1997, №2–3) деген мақалаларында ұлы жазушының сатира жанрына қатысты шығармаларын зерделеген. Ө-ті таза сатира жазбада, бұл жанрдың кейбір түрлерін тиісті жерінде тиімді қолданғанын дәлелдеген («Әлемнің Әуезові», жинақ, А., 1997, 33–103-беттер).

*Н. Омашев.*

**ҚОЖАМИЯРОВ** Құддыс (1918–1994), ұйғыр композиторы, педагог, профессор (1965). Ұйғыр көсіби музыкасының негізін салушы. Қазақстанның (1973) және КСРО (1987) халық артисі, 1984 ж. Қазақстанның, 1951 ж. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1964). Симфониялық поэмалардың, көптеген камералық, аспаптық, хорға арналған шығармалардың, ән-романстардың авторы. Ө-пен шығармашылық байланыста болған. Қызмет бабында кездесіп, ақылдасып, сұхбатасып жүрген. «Бізбен бірге» деген мақаласында ұлы суреткердің рухы, қалдырған мұрасы мәнгі өлмейтіні жөнінде ой толғаған («Огни Алатау», 1967, 9 желтоқсан).

*А. Омарова.*

**ҚОЖАМҚҰЛОВ** Серәлі (С е р к е; 1896–1979), актер. Ұлттық сахна өнерінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақстанның халық артисі (1936), Соц. Еңбек Ері (1976). 1922 ж. қойылған Ө-тің «Еңлік – Кебегінде» алғашқы рет Еспембет рөлін ойнап, оны өмірінің соңына дейін көркейтіп, абден пісіріп, жалғастырып келді. 1925 ж. Қазақ төбесін ұйымдастыруға байланысты, Қызылордаға шақырылып, актерлік қызметпен бірге, бас режиссерлік жұмыс қоса жүктелген. Алғашқы қойылған Қ. Кемеңгеровтің «Алтын сақина», Ө-тің «Еңлік – Ке-

«Айман–Шолпан» спектаклі.

*С. Қожамқұлов Маман бай рөлінде.*







С. Қожанов

бек», «Бәйбіше-тоқал», Ж. Аймауытовтың «Жебір болыс», «Рабиға», Б. Майлиннің «Шаншар молда», «Ел мектебі», «Неке қияр», «Қалпе», «Айша», «Сәлде» т. б. көптеген шағын комедияларымен бірге, Ө. Оспановтың (Е. Өтеулинмен бірігіп жазған) «Сеңсең бөрік» (1926), «Зарлық» (1927), Н. В. Гогольдің «Үйлену» (1928, Қ. Жандарбековпен бірігіп) пьесаларын сахнаға шығарған.

Оның режиссурасы өмірлік тәжірибеге сүйенген натуралистік суреттеуге негізделген. Актерлік өнерінде драматургияның барлық жанрларын меңгерген, сан қилы кейіпкерлерді бейнелеген көп қырлы шебер болып қалыптасты. Театрдың алғашқы даму жылдарында қазақтың ескі ауыл өмірін суреттейтін пьесалар кейіпкерлерін тамаша суреттеген. Қ-тың актерлік өнерінің қалыптасып, дамуына, шығармалық келбетінің ашылуына Ө. пьесаларының негізінде қойылған спектакльдердің орны бөлек. Олардың ішінде Орынборда ойналған «Еңлік – Кебектегі» Еспембет рөлі актермен бірге жасасып, өмірінің соңына дейін жалғасқан әрі сахналық бейне сомдаудың қайталанбас үлгісі. Құлығана құрық бойламайтын «Бәйбіше-тоқал» мен «Түнгі сарындағы» Бейсембі мен Қыдыш, «Абай» романы негізіндегі қойылмадағы Майбасар (1952 ж. Мемлекеттік сыйлық алған), «Қарақыпшақ Қобыландыдағы» Көбікті, «Абай» трагедиясындағы Баймағамбет, ұлы драматург аударған «Ревизордағы» Ячница, К. Треневтің «Ақ сүйегіндегі» Лимон, У. Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Слай мен Педант – театр тарихына алтын әріппен жазылған сахналық бейнелер. Көптеген жазушылармен, әсіресе Ө-пен үнемі шығармашылық ынтымақта болып, талай ізденістердің ашы дәмін бірге татты. Көптеген фильмдерге түсіп, ұлттық кино өнерінің дамуына да мол үлес қосты.

Б. Құндақбайұлы.

**ҚОЖАНАСЫР**, фольклор кейіпкері. Қ. туралы әңгімелер тек қазаққа ғана емес, бүкіл Орталық, Кіші, Алдыңғы Азияда, Арабия, Грекия, Румыния, Сербия, Еділ бойы, Түстік Кавказ халықтарының фольклорында кездеседі. Бұлардың бәрінде ол бірде ку, бірде аңқау адам бейнесінде суреттеледі. Ө. «*Ертегілер*» атты монографиялық зерттеуінде Қ. туралы күлкілі әңгімелердің ерекшелігін былайша сипаттайды: «Мұның күлкісі өзіне бөлек күлкі. Көбінесе сырты аңқау келеді. Аңқаулығының өзі күлкі. Бірақ бұл сыртқы пішіні. Ал ішін, түбін байқай келсек, ол аңқаулықтың астары үнемі ащы мазак, шебер күлкі болып шығады. Күлкісі әрдайым күтпеген жерден бүрк етіп шыққан оқыс күлкі болады». Ғалым бұл топтағы әңгімелердің тағы бір ерекшелігі деп әншейінде қабыспайтын ерсі жайларды, қайшы күйлерді алып, соларды оқыс араластырып отыру арқылы күлкі шығаруды» көрсетеді. Қожанасыр әңгімелері ел арасына ауызша айтылу түрімен де, кітап арқылы да тараған, ауыз әдебиетінің төл мүлкіне айналған мұра екеніне тоқталады. Ал «Әдебиет хрестоматиясы» деп аталатын еңбегінде Қ. әңгімесінің қазақ топырағында тумашынын, керісінше, отырықшы, қалалы шығыс елдерінде пайда болып, басқа елдерге жайылғаны айтыла-

ды. Сөйтіп бұл әңгімелер көп елге ортақ әңгіме болып, үстемелеп жамалып, молая берген. Қ. әңгімелері парсы, ауған, өзбек, татар, тәжік, қырғыз, казак, түрік елдерінің бәрінде бар. Сөйтіп Қ. туралы әңгімелер күлкіні заң етіп алады да, талайды мазак етеді. «Парақор қазы, қомағай саудагер, тентек ұры, әзілші шәкірттер, өз қатыны, жазықсыз бөгде адам болсын, барлығына да күлкісін жұмсай береді» деп қорытады өз ойын автор.

Р. Бердібай.

**ҚОЖАНОВ** Сұлтанбек (1894–1938), ақын, жазушы, публицист, мемлекет және қоғам қайраткері. Ол рухымен де, ұғым-түсінігімен де Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсын, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаевтай алаш қайраткерлеріне жақындап, іш тартты, олар қуғын-сүргін көргенде Ташкентке шақырып, үлкен қамқорлық жасады. Солардың қатарында Ө. те бар еді. Оқуға түсуіне, баспасөзге қызметке орналасуына және Ленинград университетіне ауысуына көмек көрсетті.

**ҚОЖАХАНОВ** Шәмлі (1947 ж. т.), суретші-бездіруші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1986). Алматыдағы С. Мұқановтың, Алматы-нөмелдегі Ш. Уәлихановтың, Торғайдағы А. Байтұрсын пен М. Дулатовтың, Семей қаласындағы және Жидебайдағы Абайдың, Астанадағы С. Сейфуллиннің, Қарақыстақтағы Жамбылдың, Бөрілідегі Ө-тің, Алматыдағы «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы мұражай-үйлерін безендіру және қайтадан қалпына келтіру жұмыстарына жетекшілік етті. Алматыдағы Орталық мемлекеттік тарихи, Астанадағы тарихи-этнографиялық, Жамбыл облыстық өлкетану мұражайлары көрмесінің авторы.

**ҚОЖЫҚОВ** Құлахмет Қоңырқожаұлы (1914–1986), театр және кино суретшісі. 19 жасында Ө-тің «Октябрь үшін», «Еңлік Кебек» және Б. Пруттың «Мстислав Удалой» (аударған М. Әуезов) пьесасы бойынша қойылған спектакльдердің киім үлгісін жасап, сахнаны безендіруге қатысады. У. Шекспирдің «Отелло» (аударған М. Әуезов, 1939), Ө. пен Л. Соболев жазған «Абай» (1940) спектакльдерін көркем безендіруде үлкен шығармашылық ізденіс танытты. Ол осы Абай тақырыбын тереңдеп зерттей отырып, оны Ө-тің туындыларымен үйлестіре дамытты. «Абай» (либреттосы Ө-тікі, музыкасы А. Жұбанов пен Л. Хамиддікі) операсының және Ө-тің сценарийі бойынша Г. Рошаль түсірген «Абай әндері» көркем фильмінің қоюшы-суретшісі болды. Фильмге арнап салған акварельдері, қарындашпен, кара сиямен сызылған суреттері кейіпкерлердің кескіні қандай болуы керек екендігін және олардың көңіл күйін анықтап берген бірден-бір көрнекті құрал міндетін атқарды. Суретші жобалаған бейнелердің нақтылығы мен көркемдігінің сәтті шыққаны сондай, олар фильмге сол кейіпте еш өзгеріссіз пайдаланылды. Сондай-ақ Ө. құрастырып, алғы сөзін жазған Абай шығармаларының толық жинағын (1955) безендірді. «Абай әні» көркем фильміне жасаған жоба суреттері «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қорында сақтаулы.

А. Қуанышбаев.

**ҚОЖЫҚОВ** Сұлтанмахмет Қоңырқожаұлы (1923–1988), кинорежиссер. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1972). Мәскеудегі Бүкілодақтық мемлекеттік кинотану институтын бітірген (1953). Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

(1972). «Өжет қыз» (1955), «Біз Жетісуданбыз» (1957), «Айсұлу» (1964), «Қыз Жібек» (1970), «Құш атасын танымас» (1985) т. б. фильмдерінде қазақ халқының тұрмыс-салт, салт-жора үлгілерін көркем бейнеледі. Ө-тің «Өскен өркен» романы бойынша «Шындағы шынар» көркем фильмін түсіріп, кейіпкерлердің жан дүниесін терең ашуға ұмтылды.

**ҚОЗЫБАЕВ** Манаш Қабашұлы (1931–2002), тарихшы. Тарих ғылымының докторы (1969), профессор (1970), ҚазКСР ҒА-ның академигі (1989), республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1994), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1986). ҚазМУ-ды бітірген (1953). Тарих тағлымы саласындағы көптеген ғылыми еңбектерінің авторы. «Отаншыл жүрек лүпілі» («Қазақ әдебиеті», 1977, 2 қыркүйек), «Ұлы жазушы Амангелді туралы» («Тоғрай таңы», 1977, 13 қыркүйек), «Кемел келісім» («Лениншіл жас», 1977, 23 қыркүйек), «Ұлы жазушы Қарағандыда» («Орталық Қазақстан», 1977, 24 қыркүйек), «Хан Кенедегі» халық тарихының көріністері» («Түркістан», 1997, 10 қыркүйек) атты мақаласында Ө-тің шығармаларында тарихи оқиғалардың көрініс табуы туралы салиқалы ой, келелі пікір айтқан.

*Н. Ақбай.*

**«ҚОЗЫ КӨРПЕШ БАЯН СҮЛУ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет 1948 ж. «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты кітапта (1-том, фольклор, А., 1948, 171–192-беттер) жарияланды. Кейін Ө-тің «Өр жылдар ойлары» (1959, 272–300-беттер); 12 томдық (11-том, 1969, 357–393-беттер); 20 томдық (16-том, 1985, 17-том, 221–258-беттер) кітаптарында және «Қазақ әдебиетінің тарихында» (1-том, 1-кітап, 1960, 511–547-беттер) толықтырылып, қайта басылды. Қолжазбасы жазушы мұрағатында сақталмаған. Әуезов ауыз әдебиеті үлгілерін, оның ішінде «Қ. К. – Б. с.» жырын жинап, жүйелеп, зерттеу ісімен ерте бастан айналысқан. 1922 ж. жазған «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты тарихи-әдеби сынында қазақ ауыз әдебиетінің «бай өрнекті, түрі тарауы көп кестелі, келешегі көрікті үлкен өрісті» екендігін айта келіп, оған дәлел-мысал ретінде осы жырдағы қазақ өмірінің әрбір жеке-жеке суреттерінің, типтік бейне мінездерінің жасалғанын көрсетіп береді («Шолпан», 1922, №2–3, 115-бет). 1925 ж. «Таң» журналында (№2, 70–72-беттер) осы жырдан «Ай-Тансықтың қоштасқанын» жариялаған екен. 1927 ж. «Әдебиет тарихы» атты зерттеу еңбегінде «Ел поэмалары» бөлімінде «Қозы Көрпеш – Баянның» қысқаша әңгімесі» және «Қозы Көрпеш Баянның» мәнісі» деген тараулар жазып, жанжақты талдау жасаған. 1936 ж. жазушы бұл жырдың «Жанақтың айтуы бойынша» деген бір нұсқасын «Қазақстан көркем әдебиет баспасынан» жинаушы және жауапты редактор болып жеке кітап етіп шығарған. «Қазақ әдебиетінің тарихына» (1-том, фольклор, 1948, 171–192-беттер) арнап жазған зерттеу мақаласында автор ілгері еңбектерін қайталамай, оны жалғастырып, дамытып, жаңаша ғылыми талдаулар жасайды. Алғашқы еңбектерінде көбіне әдеби-көркемдік эстетикалық тұрғыдан келсе, кейінгі зерттеулерінде, негізінен ғылыми-тарихи мәтінді тұрғыдан талдайды. «Қ. К. – Б. с.» дастаны қазақтың ғашықтық жырлары ішіндегі ертеректен келе жатқан және қазақ арасына өте көп жайылған түрі» деп бастап, қазақ арасында бұл жырдың 16 түрлі нұсқасы бар екендігіне

тоқталады. Жырдың басқа түркі тілдес халықтарда да кездесетіндігін мәлімдейді. Алғаш рет 1812 ж. Қазанда орыс тілінде басылып, одан бергі кезеңде жиналып, бірнеше рет жарияланғанын: «Орыстың ұлы ақыны А. Пушкиннің бір қолжазбасында «Қ. К. – Б. с.» атты дастанның орысша жазылған сюжетінің табылғанын», шығыс әдебиеті мен араб тілін зерттеуші орыс ғалымы Саблуковтың жырды 1830 ж. жазып алғанын, сондай-ақ орыс ұлықтары Абрамов, Колпаковскийлердің, ғалымдар Радлов, Ш. Уәлиханов, Березин, Пантусов, Потанин, Мелиоранскийлердің еңбектерін атап көрсетеді. Орынбор музейінің басқарушысы тарихшы ғалымы Кастаньянның «Қазақ даласы мен Оренбург өлкесінің белгілері» («Труды Ученой архивной комиссии», т. XII, 1910, с. 278–297) дейтін кітабында жырдың 10 түрлі нұсқасынан дерек беретіндігі келтіріледі. Бұл зерттеуінде автор «Қ. К. – Б. с.» жырының ҚР ҒА-ның қолжазба қорында сақталған Шөже ақын айтты деген (жинаған Мәшһүр Жүсіп) ең ескі нұсқасының бірінің мазмұнын, 1909 ж. Қазанда басылған «Қисса Қозы Көрпеш» деген кітаптың мазмұнын, 1910 ж. Кастанья орысша бастырған нұсқасын, Жанақ ақын айтқан нұсқаларының мазмұндарын толығырақ келтіріп, ара кідік Абрамов, Пантусов жазып алған нұсқаларымен де салыстырып талдайды. Олардың арасындағы өзгешеліктердің тарихи, әлеуметтік себеп-салдарын айқын айыруға ұмтылған. Жырдың «Таһир – Зүһра», «Алламыс» эпостарымен кейбір ұқсас жырларына да тоқталады. Жазушы «Қ. К. – Б. с.» жырының түрлі нұсқаларындағы өзгешеліктерді топтай келіп, оларды негізінен екі салаға бөледі. «Жырдың көпшілігінде романтикалық сарын басым болады да, жырдың аяғы трагедиямен бітеді» – деп, екінші салаға Бейсембай жыраудан жазылып алған Жанақ нұсқасын жатқызады. «Мұнда реализм басым. Жанақ, Шөже варианттары бір алуандас. О дүниедегі бақытты көздемей, ғашықтардың бұл дүниедегі бақытын арман қылады. Осыдан келіп ол екі ғашықты қосып қояды». Автор мұны кейін қосылған жамау-жасқау деп санайды. Анығында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» әңгімесінің аяғы, Бейсембай айтқандай, мұратқа жетумен бітетін болса, онда бұрынғы заманда бұл оқиға жыр да болмас еді. Тіпті азғантай аңыз да болмай, елеусіз қалар еді де қояр еді. Олар жайының жыр болуы, шынында екі жастың бір арман жолында жалындап жанып, ынтыға ұмтылып, қайғылы қаза табуынан туған деген пікірін айтады. Одан ары автор жыр ішіндегі басты образдарының айрықша қалыптанған тұлғаларына бөлек-бөлек тоқталады. Жырдың ғибрат беру сарыны күшті екендігі, тілінің көркем, нағыз халықтық тіл, үнемі қара өлеңмен айтылатыны, бұндағы өлең кестесін көріктей түсетін «теңеу сөздер де кей адамның сыртқы кескініне ғана жұмсалмай, ішкі мінез-құлқын да сипаттайтынын» айта келіп, оны қазақ әдебиетінің зор мұрасының бірі деп тұжырымдайды.

*К. Сыздықов.*

**«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҮЛУ» ТУРАЛЫ**, жазушының мақаласы. 1936 ж. Қазақстан көркем әдебиет баспасынан жеке кітап болып шыққан өзін «Қ. К. – Б. с.» жырының Жанақ айтқан нұсқасына жазған алғы сөзі. Бұл жыр Ө-тің 1927 ж. жарық көрген «Әдебиет тарихынан» бастап кейінгі жылдардағы халық ауыз әдебиетіне арналған еңбектерінің бәрінде дерлік айтылып, көркемдік қасиеттеріне өте жоғары баға берілген. Мақала жи-



Д. А. Қонаев

наққа алғы сөз ретінде жазылғандықтан, Жанақ нұсқасының өзіндік ерекшеліктерінен хабар беруге ұмтылған. Жырды Жанақтан Сыбан елінің төресі Солтабай жазып алған деген дерек айтып, жырда Қодарды ұдайы мазактап айтуы осы себептен болар деген. Жанақ нұсқасының Сыбан ішінде туғандығын жырдағы жер-су атаулары арқылы дәлелдейді. Жырдың көркемдік қасиеттері жайында: «Бұнда Ай-Таңсықтың қоштасуы сияқты ірі, сұлу өлеңдермен қатар, бірталай жерінде өлеңнің не байланысы, не біркелкілік келісімі дәл түспей, ақсай түсіп, сылти басып отыратын ақаулық бар» деп, бұл жәйт Жанақтан кейінгі жырлаушылардан жұққан болу керек деген жорамал айтады.

*Р. Ықыласов.*

**ҚОЙГЕЛДИЕВ** Мәмбет Құлжабайұлы (1946 ж. т.), тарихшы. Қырғыз мемлекеттік университетін бітірген (1968). Тарих ғылымының докторы (1994), профессор (1995). Негізгі ғылыми жұмыстары қазақ тарихының мәселелеріне арналған. 80-нен аса ғылыми-көпшілік еңбектер мен монографиялардың авторы. Солардың ішінде «Алаш қозғалысы» (1995), «Тарих тағылымы не дейді?» (1993) атты монографияларында ұлы жазушыға байланысты құнды пікірлер айтқан. Ал Ө-тің тарихи тағдыры туралы «Қазақ зиялылары: өткені, бүгінгі, ертеңі (авторлармен бірге; «Заман-Қазақстан», 1997, 19 қыркүйек), «Саясаткер Әуезовтің өмірінен» (сонда, 1997, 26 қыркүйек) деген мақалалары жарияланды.

**ҚОЙШЫБАЕВА** Рақия Рысбайқызы (1916–1963), актриса. Қазақстанның халық артисі (1947). Ө-тің «Түнгі сарын», «Шекарада» пьесаларында Жүзтайлақ, Торқа рөлдерін орындауда өзінің шын шеберлігін танытты. Ұлы драматургтің «Абай» трагедиясындағы Зеренің рөлін келісті орындағаны үшін 1952 ж. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 1940 жылдан бастап киноға түсіп, ө. сценарийін жазған «Райхан» (1940) және «Абай өні» (1945) көркем фильмдерінде Ана және Зейнеп бейнелерін сомдады. Орыс және батыс Еуропа классиктерінің бірқатар пьесаларында ойнады. Ө. аударған Н. В. Гогольдің «Ревизорында» Анна Андреевнаның рөлін сахнаға шығарды. Қ. халық әндерін де шебер орындады. 1936, 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне Ө-пен бірге қатысты.

*С. Қорабай.*

**ҚОНАЕВ** Асқар Меңдіахметұлы (1929–1999), физик, химик, металлург. Техника ғылымының докторы (1970), профессор (1970), Қазақстан Республикасы ҒА-ның академигі (1972), Ресей ҒА-ның академигі (1981), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1976), КСРО (1978, 1984) және Қазақстан (1973, 1982) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Қ. – Мұханның күйеу баласы. Ләйлаға 1955 ж. 8 шілдеде үйленген. Үйлену тойынан кейін Ө-тің үйінде бірнеше жыл бірге тұрған. Мұхан үнемі күйеу баласының денсаулығына, ғылыми жұмыстарына қатысты әкелік қамқорлық жасап отырған. Бірге қонақтар қабылдап, театрларға, футболға барып, сыртқа, табиғат аясына шығып тұрған. Қ-тың Ләйладан Елдар, Диар атты екі ұлы бар.

*Р. Әбдіұлов.*

**ҚОНАЕВ** Диар Асқарұлы (1961 ж. т.), әдебиет зерттеуші, жазушының жиені, қызы Ләйладан туған. Халықаралық Ө. қайырымдылық қорының президенті. Қ. «Мұхтар Әуезов және орыс әдебиеті» (орыс тілінде, 1993), «Мәңгілік байлықты жасаушы» (орыс тілінде, 1997) деген кітаптарын жариялады. Алғашқы еңбекте ұлы жазушының шығармаларын орыс әдебиетінің үздік үлгілерімен салыстыра зерттеп, терең пайымдаулар жасады. Екіншісінде Ө-тің өміріне қатысты көпшілікке беймәлім деректер мен хаттарды сұрыптаған. Сондай-ақ қаламгердің өмірі мен шығармашылығына байланысты құнпарақ шығарды (1997). Осы жылы «Ұлттық продюсерлік орталық» Қ-тың сценарийі бойынша «Қарындасым – қарлығашым» («Сестра – моя жизнь») атты деректі фильм жасады. Автор Ө. өмірінің көпшіліктен қалтарыстау сәттерін үлкен мәдениетпен, жылы шуақты сезімге толы көріністерімен сәтті жеткізген. Қ. «М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресін» шығаруға қатысты. Ұлы жазушының әдеби мұрасына арналған бірнеше ғылыми мақалалар, очерктер жазды. 2000 жылдан «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының меңгерушісі.

*Р. Әбдіұлов.*

**ҚОНАЕВ** Дінмұхамед Ахметұлы (1912–1993), мемлекет және саяси қайраткер. Техника ғылымының докторы (1969), ҚазКСР ҒА-ның академигі (1952). Ұш мәрте Соц. Еңбек Ері (1972, 1976, 1982). Ғылыми еңбектері қазба байлықтарды ашық түрде өндірудің маңызды теориялық, практикалық мәселелеріне арналған. 100-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Қ-тың Мұханмен ұзақ жылдарға созылған жақын қарым-қатынастары Риддер қаласындағы рудникте басталған. «Ақиқаттан атауға болмайды» атты естелік кітабында тұңғыш кездесулерін суреттеген (1994). Кездесуге дейін Ө-ті театрда қойылыммен көрген «Қарағөз» трагедиясы арқылы, «Қаралы сұлу», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қорғанысздың күні», «Кінәміш бойжеткен», «Көксерек» әңгіме, повестері арқылы білгенін айтқан (87–89-беттер). «Екеуі сол жерде төс қағыстырып, құшақ айқастырып, қимай қоштасады. Шынында ниеттерін құдай қос керіп. құда болады. Димекеннің Асқар деген інісі ұлы суреткердің Ләйла деген қызына үйленеді, сөйтіп адамдық жақындықтары туыстық қатынасқа ауысады. Тағдыр бұл екі ұлы адамды 1952 ж. Қ. Ғылым академиясына жұмысқа жіберілген кезде қайта табыстырды. Ө. өміріндегі осы қиын жылдарда – Қазақстан Компартияның Орталық Комитеті жазушыны қудалай бастаған жылдарда Ө-ті ҒА-ның академигінен шығару мәселесі қойылғанда қорғап қалған. Орталық Комитеттің талабымен келіспеген. Қ. шұғыл түрде Мәскеуге ұшып, СОКП Орталық Комитетінің ғылым бөлімі арқылы Ө-ке араша түскен. Сталин қайтыс болып, Қазақстан 1954 ж. басшылары өзгеріп, билікке П. К. Пономаренко келгеннен кейін Ө-ке көзқарас дұрысталған еді. Қ. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болған кезде Пономаренко, Л. И. Брежневтермен бірге Ө-тің үйінде жиі қонақта болып, республика әдебиеті мен өнері жайында ұзақ пікірлесіп отырған (аталған естелік кітабының 160–161-беттері). Ө-пен екі арадағы сыйластық, жақын қарым-қатынасы жазушы қайтыс болғанға дейін жалғасты. Ө-тің өмірінің соңғы 7 жылында

қуғынға, идеологиялық қысымға ұшырамай, еркін жұмыс істеуіне, шығармашылықпен алаңсыз айналасуына Қ-тың қамқорлығы тиген еді.

*Диар Қонаев.*

**ҚОНАЕВ** Елдар Асқарұлы (1956 ж. т.), жазушының жиені. Ө-тің қызы Ләйладан туған. Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген (1978). Техника ғылымының кандидаты (1999). Түсті және сирек кездесетін металдар саласының маманы. Еңбек жолын 1978 ж. ҚазКСР ФА Ядролық физика институтының инженері қызметінен бастады, одан әрі Металлургия және байыту институтының инженері, кіші ғылыми қызметкері, 1983–88 ж. Алматы қалалық партия комитетінде, Қазақ республикалық кәсіпорындар кеңесінде жұмыс істеді, 1988–91 ж. Қазақ политехника институтында ғылыми қызметкер, Металлургия және байыту институтында ғылыми, аға ғылыми қызметкер, 1991–92 ж. шағын кәсіпорын директоры, 1992 жылдан Д. А. Қонаев атындағы халықаралық қордың вице-президенті, 1993 жылдан президенті болып сайланды. Д. А. Қонаев атындағы қор жұмыс істегелі бері халықты қорғау, экология бағдарламаларын қаржыландырып, соғыс және еңбек ардагерлеріне, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне, көптеген мүгедектер мен мұқтаж адамдарға материалдық көмек көрсетті. 1993 ж. қор Д. А. Қонаев атындағы Қазақ гуманитарлық институтын құрды. Қазір қор еліміздің экономикалық жағдайын жақсартуға арналған бағдарламалар мен жобалар жасап, Қазақстан үкіметіне ұсынды. Қор Д. А. Қонаевтың адамдардың құқы қорғауға, тұрмысын жақсартуға, халықтар достығын нығайтуға бағытталған еңбегінің дәстүрі мен принциптерін сақтау бағытында жұмыс істейді.

2001–2005 ж. Төтенше жағдайлар агенттігінің департамент бастығы, бастығының орынбасары болды. 2005 жылдан Статистика комитеті бастығының орынбасары.

*Д. Қонаев.*

**ҚОҢЫРАТБАЕВ** Әлібек Қоңыратбайұлы (1907–1937), ғалым, жазушы, аудармашы, әдебиет сыншысы, драматург. Белгілі ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың інісі. «Неміс ақыны Лессинг туралы» (1928), «М. Горький қазақ әдебиетінде» (1929), «Ұлт өнерін өркендетелік» (1933), «Абайдың әлеуметтік беті» (1934) т. б. мақалалары жарияланды. Мольердің «Саран» комедиясын қазақ тіліне аударды (1935), 1936 ж. «Жас қырандар» деген пьеса жазды, 4-сыныпқа арналған «Әдебиет хрестоматиясы» (1933, 1936); М. Жолдыбаев, М. Қаратаевпен бірге жазды. Ө-пен және Жолдыбаевпен бірге орта, орталық мектептің 7-сыныбына арналған «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» жарық көрді (1933). Қ. 30-жылдардағы қызыл саясаттың құрбаны болды.

**ҚОҢЫРАТБАЕВ** Әуелбек (1905–1986), әдебиет зерттеуші, түркітанушы. Филология ғылымының докторы (1972), профессор (1974). Ғылыми еңбектері фольклор, көне түркі поэзиясы, қазақ әдебиетін оқыту, әдебиет тарихы мәселелеріне арналған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры туралы» (1959), «Қазақ эпосы және түркология» (1987), «Қазақ фольклорының тарихы» (1991), «Қазақ әдебиеті» (1995) т. б. кітаптары жарық көрді. «Ұмытпас тұлға» (1962), «Ревизор» (1962) т. б. мақалала-

рында Ө-тің өмірі мен драмалық шығармалары туралы ой толғаған. «Қазақ әдебиеті тарихының» алғашқы томындағы «лиро-эпосқа арналған тарауын Ө-пен бірге жазу құрметі Қ-тың үлесіне тиген еді» («Қазақ фольклорының тарихы», 1991, 17-бет). Ал оның «Қазақтың лиро-эпостық жырылары» деп аталатын диссертациялық жұмысына Ө. жасаған пікір айтқан (207-папка, 15-бет).

*Т. Тұрғанбаев.*

**ҚОҢЫРАТБАЕВ** Қалжан (1877–1941), жазушы, публицист. Абай поэзиясына ерекше ден қойған. 1909 ж. Турағұл Ибрагимов, Кәкітай Ысқақовқа хат жазып, Абайдың Санкт-Петербургте басылған 1909 жылғы өлеңдер жинағын сұрап, 200 данасын Сыр бойына таратқан. Ташкент, Қызылорда, Алматы аймағында тілші болып, «Сыр баласы» деген бүркеншік атпен көп мақалалар жазған. Турағұл, Кәкітай, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Маннан Тұрғанбаевтармен араласып, қарым-қатынаста болған. 1937 ж. қамалып, «істі болып», Хабаровск өлкесіне айдалып, елге қайта оралмады.

*М. Бейсенбаев.*

**ҚОРАБАЙ** Серікқазы Сыбанбайұлы (1957 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1992). Ғылыми еңбектері қазақ әдебиеті тарихының мәселелеріне арналған. «Слово об Абаяе» (1994), «Абай әзілдері» (1995), «Мұхтар мұрасы. Наследие Мухтара» (1998) жинақтарын, Ө-тің 50 томдық толық жинағының 6, 8 томдарын құрастыруға қатысты. Ұлы жазушының суреткерлік шеберлігі туралы «Құрбылар жақсылыққа көп талаптан» (1995), «Мұхтар Әуезов және қазақ әдебиеті дамуындағы сабақтастық» (1998) т. б. мақалалары жарық көрді.

**ҚОРАМЖАН** Тайшекин (1858–1930), Абайдың замандасы. Ө-ке Абай туралы дерек берген. Жігітек Тайшекеңің баласы, Қатпаның әкесі. Қорамжан Абай өмірінің соңғы 7–8 жылында араласып тұрған. Жазушы: «...барлық бала-шағасымен Абайдың шын берік досы болып қалған Қорамжан еді. Кейін Қорамжан білікті, беделді кісі боп, өзінің Жігітегі ішіне Абай ырзалығымен қайта көшкенде, 15 бе байлаған желісі бар, көп мал иесі болып қайтады» деп жазған («Уақыт және әдебиет», 1959, 69-бет). Қ-нан естігендерін Ө. өз зерттеулері мен эпопеясын жазған кезінде үнемі есіне алып отырды.

*Т. Әжим.*

**«ҚОРҒАНСЫЗДЫҒЫ КҮНІ»**, жазушының әңгімесі. «Қызыл Қазақстан» журналының 1921 ж. қосарланып шыққан 3–4-сандарында «Арғын» деген бүркеншік атпен жарияланды. 1922 ж. Орынбордан жеке кітап болып шықты Кітаптың соңына да «Арғын» деп қол қойылған. Бұдан кейін әңгіме жазушының 1935 ж. шыққан «Ескілік көлеңкесінде» атты жинағында, Д. Әбілвеп пен Ж. Саин құрастырған «Қазақ әдебиетінің» хрестоматиясында (1940), Ө-тің 1955–57 ж. жарық көрген таңдамалы шығармалары жинағының 5-томында (1956), 1960 ж. шыққан «Қараш-Қараш» жинағында, шығармаларының 12 томдық басылымының 1-томында (1967), 20 томдық шығармалар жинағының 1-томында (1979) және шығармаларының 50 томдық толық басылымының 2-томында (1998) жарық көрді. Жазушы әңгіменің желісін сақтай отырып, 1935, 1956, 1960 жылдардағы басылымдарға авторлық өзгерістер енгізіп, түзетулер жасаған. 1960 жылғы басылымдағы нұсқасы бұдан кейінгі жарияланымдарға негіз етіп алынған. Әңгімені А. Пантинев орыс тіліне аударды. Ол «Крутизна» (М., 1965), «Избранное»

(А., 1967), «Племя младое» (А., 1977), «Мұхтар Ауэзов. Собрание сочинений в пяти томах» (М., 1973–1975) атты жинақтарда орыс тілінде шықты. «Қ. к.» әңгімесі жазушының «сұлу сөздегі» алғашқы қадамы. Қаламгер онда сол кездегі көкейкесті мәселелерді көтеріп, қазақ қыздарының аянышты, ауыр халін, қорлықпен өткен өмірін, шеккен жәбір-жапасын шебер суреттеген. Ақан сияқты қатыгез болыстың қанды шеңгелінен қаза тапқан жас қыз ғазизаның аянышты күйін баяндап, ескі өмірдің бір елесін, құнарсыз адамдардың пасық іс-әрекеттерін әшкәрелеген. Оған өмірде болған нақты тарихи оқиға негіз етіп алынған. Тарихи жер аттары сол қалпында сақталған. «Семей қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар... Арқалықтың жолы асатын кезең Күшікбай деп аталады... Күшікбай кезеңінің түбінде бір жіңішке қара сызық секілденіп, Қанайдың жалғыз қорасының орыны» әлі де көрінеді. Ал шығармадағы кейіпкер аттары өзгертіліп алынған. Бұл оқиғаның әгжей-тегжейі мен өмірлік деректері туралы Ахмет Әуезовтің «Бала Мұхтар» (1967), «Жас Мұхтар» (1977), Ғ. Сармурзиннің «Өмір сабақтары» (1975), «Өнеге» (1977), Т. Жұртбаевтың «Бесігіңді түзе!» (1997) атты кітаптарында толық мағлұмат берілген. Түзетулер негізінен идеологиялық, көркемдік, стильдік тұрғыдан жасалған. Бұрынғы авторлық мәтін ретінде берілетін сөздер мүлдем қысқартылған, кей тұстарда сөздердің орындары ауыстырылған, сөйлем ықшамдалып, қырылып берілген. Сондай-ақ әуел баста араб һарпінен кирилл һарпіне түсірілгенде кеткен қателер сол қалпында түзетілмей, кітаптан-кітапқа ауысып отырған. Мысалы: 1935 жылғы «Ескілік көлеңкесі» атты жинақтан бастап 20 томдық шығармалар жинағындағы нұсқаға шейін: «Бұл жігіт – Ш-тың болысы Ақан мырза», «Мені өлтірген осы Ш. қалашылары дей ме?» деген сөздер «Ж-ның болысы», «Ж. қаласы» деп қате басылып келген.

*Т. Жұртбай.*

**«ҚОРҚЫНЫШ»**, А. Афиногеновтың пьесасы. Ө. 1934 ж. қазақ тіліне аударып, «Қазақстан» баспасынан жеке кітап болып шыққан. Көлемі 95 бет. «Өзгертіп аударған М. Әуезов» деп қол қойған. Бұдан кейін еш жерде жарияланбаған. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 13-кітабына енгізілген. Пьесаның негізгі кейіпкерлері – ғалым адамдар. Солардың бірі – қазақ даласынан келген, төменнен көтерілген аспирант Құсайын Кембаев. Осы жағдай ұлы жазушыны қызықтырған. Аудармашы шығарма авторының тіл, ойлау дүниесіне мұқият зер салып, пьесада суреттелетін халық тарихын зерттеген, кейіпкерлердің дәуірімен, өмір сүрген ортасымен терең танысқан. Сөйтіп аударманы түпнұсқаның өзіндей, көкейге қонымды етіп шығарған. Ө. драманың лексикасын, синтаксистік тұтастықты, эмоциялық бояуларды, мазмұн мен түр бірлігін толық күйінде жеткізуге көп күш салған. Мысалы, 3-суреттегі 2-көріністен: «Б о б р о в. Я, разумеется, запоздал с выстулением, но лучше, чем никогда» деген сөйлемді былай қазақшалаған: «Рас, мен қарсы шығуға кешендеп қалдым. Бірақ ештен кеш қайырлы ғой». Немесе 6-суреттегі 3-көріністен: «Б о р о д и н . Дети не возвращают отцу его молодости. Старость всегда одинока» дегеннің аудармасы: «Бала әкеге оның жас дәуренін әкеп бермейді. Кәрілік әрқашаннан жалғыздықпен егіз». Аудармашы



Қорқыт ата ескерткіші.

афоризмдерді де дұрыс жеткізе білген. «З а х р о в. У молодости – деятельность, у старости – мудрость» деген тіркестер былай шыққан: «Жастықтың ісшілдігі болса, кәріліктің кеменгерлігі бар» (6-сурет, 3-көрініс). Жалпы алғанда, ұлы жазушы шығарманың интонациясы мен ырғақ-қозғалысын әдемі берген, соның нәтижесінде пьеса оқырманға ана тіліндегі төл туындыдай әсер етеді.

*Г. Асаубаева.*

**ҚОРҚЫТ**, фольклор кейіпкері, күйші, ақын. Ө. өзінің «Ертегілер» атты зерттеуінде: «Қорқыт жайындағы қазақ аңыз-ертегісінің бірнеше түрі бар. Соның барлығында Қорқыт өзіне тән бір кейіпте бір зор мүдденің соңында болады. Ол арман-мүддесі, өлімге қарсы алысу, өлмеске бір шара іздеу. Қазақтағы аңыз ертегінің Қорқыт турасындағы негізгі тақырыбы осы. Бірақ Қорқыт жайындағы әңгіме, аңыз тек қазақша ғана емес, өзге қазақпен тектес елдердің барлығында бар. Қазіргі күнге шейін өз фольклорында Қорқыт атын сақтап келген – қазақ, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, әзірбайжан елдері. Әзірбайжан, түрікмен, башқұрттар ол туралы «Дәдә Қорқыт» деп мол әңгімелер айтады. «Китаби дәдәм Қорқуд» деген атпен түрікмен, әзірбайжандар ұзақ-ұзақ дастандар, нақыл әңгімелер жинағын тізген деген ойлармен бастап, өзіндік болжам-пайымдауларын айтады. Мұнда жазушы Қ. туралы аңыздары фольклорлық мұра ретінде қарастырады. Өйткені «...халық ұғымындағы Қорқыт пессимист емес, өмір үшін қатты алысушының бірі және сол көп алысушылардың ішінде дегеніне жеткен, өлместің амалын, шарасын тапқан жанның бірі» («Ертегілер»). «Ескі мамық бөз болмас, кәрі дүшпан дос болмас», «Шөлді жердің отын киік білер, Сулы жердің қадірін құлан білер, Ұзақ жолдың сырын түйе білер, Шытырманды тау қойнауын түлкі білер» деген сөздерді халық Қорқытқа телді.

*Т. Әкім.*

**ҚОРЛЫҚА** Омарханқызы (шамамен 19 ғасырдың соңы), жазушының бір шешеден туған ең үлкен апайы. Ертерек дүниеден қайтса керек. Қ. туралы дерек кездеспейді. А. Әуезовтің, К. Оразалиннің, М. Діқанбаевтың естеліктерінде Омарханның бөйбішесі Нұржамалдан туған тұңғыш қызы ретінде Қ-ның аты ғана аталып, өзгедей қосымша мағлұматтар берілмейді. Қ. Мұқаметхановтың кестесі бойынша Қ. Омарханның әменгерлік жолымен

алған әйелі Мәдинадан туған деп көрсетіледі. Ғалымның ғылыми еңбектерінде Омарханның Мұхтардан басқа К., Рахия, Гүлсім, Зубәйла деген қыздары болды деген сөздер кездеседі («Жер әңгімесі – ел әңгімесі», Семей, Абай қорық-мұражайының басшылығы, 1997, 24-бет).

**«ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ»**, жазушының мақаласы. 1959 ж. 15–19 маусымда ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының ұйымдастыруымен қазақ әдебиетін зерттеудің келелі мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Сол конференцияда Ө. ұзақ қорытынды сөз сөйлеген. Жазушының бұл сөзі конференцияның материалдары арнайы топтастырылған «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты жинаққа енген (А., 1961, 347–365-беттер). Кейін жазушының «Уақыт және әдебиет» (А., 1962, 148–174-беттер) жинағында, 12 томдық шығармалар жинағының 12-томында (А., 1969, 210–237-беттер), 20 томдық шығармалар жинағының 20 томында (А., 1985, 382–410-беттер) жарияланды. Жазушы конференция жұмысының нәтижесіне қанағаттанғандық сезімен, осы 5 күн ішінде қазақ әдебиеті тарихының үлкен көлін кезіп-кешіп өткендей болды, «есте жоқ ескі, сонау арғы жырақ жағасынан бүгінгі жақын жағасындағы жиегіне дейін мәжіліс кемесі жүзіп өтті» деген қысқа да айқын теңеумен ризашылық көңілін білдіреді. Конференцияда жасалған негізгі, қосымша баяндамалардың барлығы дерлік, пікір айтып, сөз сөйлегендер де өз салаларының білгір маманы болғандықтан, негізінен жарамды еңбек еткендер деп есептейді. Сондықтан ғалым «баяндамашылардың бәрінде болған орынды, дұрыс, даусыз жайларына тоқталмауға рұқсат етіңіздер. Олардың кемшіл соққан, олқы қалдырған немесе дұрыс айта алмаған жайларына ғана тоқтап өтуге тура келеді» деп, алдын ала ескертіп өтеді. Ө. әдебиеттің тарихын халықтың жалпы тарихымен тікелей байланыстыра зерттеу қажетін ерте бастан берік ұстанып, ескертіп отырған. Өзінің 1927 жылғы зерттеуінде батырлық жырларды тарихи кезеңдермен салыстыра қарастыруға әрекет жасаған. Конференциядағы М. Ғабдуллиннің сөзіне орай, біз қазақ батырлар жырларын әлі күнге қазақ халқының жалпы тарихына сыртқары алып, шын тарихқа жанастырмай талдап жүргендігімізді, «бұдан былай Қазақстан тарихы көлемінде де өз дәуірлерін таба тексерілуі керек» екенін ескертеді. Осы тұрғыдан М. Сильченко мен Ы. Дүйсенбаевтың баяндамаларын ҚазКСР тарихына сәйкестеп, көп сын мен талдау, баға беру мәселелерін дұрыс түйген, болашақ зерттеушілерге көп көмек берерлік, ой саларлық дұрыс бағыт сілтеді деп жоғары бағалайды. Қазақ әдебиетіндегі жаңалық дәстүр жайындағы М. Базарбаевтың баяндамасын жалпы негізінен жақсы зерттеу болып шыққанын, тек мазмұн, идея жағына көңілді көбірек бөліп, өзі зерттеген дәуір шығармаларының көркемдік сипаттары жайынан аз талдау жасағанын ескертеді. «Идеялық жаңалық пен көркемдік, шеберлік жаңалығы қос өрімдей, біте қайнаскан түрде қатар бағалансын» деген түйінді тұжырымын ұсынады. Ө. әдеби мұраға, қазақ әдебиетінің тарихына байланысты ойын қорытындылай келе, барлық әдебиет мұраларын үш қатарға бөлсе, дұрыс болатын тәрізді деп, бірінші тобы «орта мек-

тепте оқуға жарарлық ақындар шығармалары», оларды көпшілікке таратуға тұрарлық, баспа жүзінде кең орын алатын еңбектер. Екінші топ – «тек жоғары дәрежелі оқу орындарының көлемінде» қайшылығын аша, диалектикалық әдіспен зерттеуге болатын мұралар. Ал үшінші топ – «тек арнаулы монографиялар ішінде» сыншылдықпен баға беруге тиісті мұралар деп саралайды. Өрне Ө-тің бұл қорытынды сөзінде сол кезеңнің, өз заманының ерекшелігіне сай, үстем саясаттың идеологиясына бейімделіп, үкімет пен партияның қаулы-қарарларына жалтақтай айтылған ой-пікірлер мен біржақтылау берілген бағалар кездесіп отырады. Дегенмен ғұлама ғалымның осындай келелі жиында қорытындылай айтқан кемел тұжырымдары сол кезеңдегі қазақ әдебиет тану, ғылымының бағдарламалық бағыт-бетін айқындай алғандығы анық.

К. Сыздықов.

**«ҚОШ БОЛ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет 1936 ж. 23 маусымда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды, сол нұсқа Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (1985, 17-кітап, 46-бет). Орыстың ұлы жазушысы М. Горькийдің қайтыс болуына байланысты жазылған қазанама (некролог) іспеттес, көлемі – шағын. Орыс жазушысының қазасына қатты күйініш білдіре отырып, оның еңбекшілер үшін, адамзат үшін өте пайдалы еңбек еткенін, жер бетінде әділеттің орнауы үшін күресіп өткенін қайғырып хабарлаған. Автор: «Бұл алып адамның мәңгі еңбек жолына сарп етілген, тұрмыста сирек ұшырайтын үлгілі өмірі – біз үшін мәңгі өшпестік шамшырақ болсын» деп аяқтаған сөзін.

Н. Ерсарыұлы.

**ҚОШАНОВ** Аманжол (1934 ж. т.), экономист. Экономика ғылымының докторы (1980), профессор (1984), ҚР ҒА-ның академигі (1993), ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1990). Ө-тің 100 жылдық мерейтойына арналған ҒА-ның мерекелік сессиясында және мерекелік мәжілісте Өезов тағалымы, оның ұлан-ғайыр ғылыми мұрасы, қазақ халқының мұратын көздеген өміршен идеялары біздің болашағымызды меңзейді деген сөздермен қорытты ойын («М. Өезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті», А., 1997, 25–27, 91–92-беттер).

**ҚОШТАСУ**, тұрмыс-салт жыры. Мұң-шер өлеңдерінің тобына жатады. Мазмұнына қарай төрт топқа бөлінеді: а) ұзатылған қыздың немесе басқа жаққа лажсыз кетіп бара жатқан жігіттің қоштасуы; ә) ажалға мойынсұнып, келмеске кетіп бара жатқан адамның қоштасуы; б) майданға аттанған азаматтың қоштасуы; в) өлген кісімен, мерт болған тұлпармен, қыран құспен қоштасу. Қ. өлеңдері жоқтау сарындас болып келеді. Ө. өзінің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деп аталатын зерттеу еңбегінде Қ. жырларына жан-жақты, ғылыми анықтама берген. Қ-дың тамаша үлгісі ретінде Кемпірбайдың, Сабырбайдың хал үстінде айтқан өлеңдерін мысалға келтірген. Өйткені «ақын мен композитордың немесе жыршының өлер алдында айтқаны болса, онда қоштасудың мұндай түрі асқан көркем, терең мәнді болады». Жазушы ел-жұртымен, туған жермен Қ-ға «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Ай мен Тансықтың қоштасуын, сүйген адаммен Қ-ға Естай Беркімбаевтың «Қорлан» әнін жатқызған. Ал «Әдебиет тарихы» атты монографиясында: «Қыз ұзатқанда айтылатын өлеңнің бірі – қоштасу өлеңі. Ұзатылатын қыз көңіліндегі шын қайғыны білдіру керек. Туған ел, өскен жермен, ақырғы айырылысу сағатында

көздегі жасын, көңілдегі қайғымен арыздасқан, қоштасқан сөзін айтады» деп, қазақ тұрмысында орын тепкен дәстүрден толық мағлұмат берген.

*Н. Ақбай.*

**ҚУАНДЫҚ** Сабырбайқызы (1843–1928), ақын, әнші-композитор. Атақты Ақтайлық бидің немересі, суырыпсалма ақындық өнердің ірі өкілі – Сабырбайдың қызы. Ұлы Абай ауылымен көршілес Құндыздың өңірінде туып-өскен. Жастайынан өлең-жыр мен ән-күйді серік етіп, өз жанынан өлеңдер шығарған, заманының келеңсіз жәйттерін сынаған, әкесі Сабырбаймен, өз балаларымен айтысқан. Қуандықпен кездесуі Абайға үлкен әсер берген. Қ. туралы Мұхан жазушы досы П. Кузнецовқа 1943 ж. 15 қазанда жазған хатында сол жылы жазда «Абай» романының 2-кітабына материалдар жинау үшін Абай ауданына барған сапарын баяндай келіп, Семейде өткен ақындар слетінде бұрын өзіне белгісіз «Төлеу деген ірі ақынмен» танысқандығын айтады. «Оның тұма шежіресі өте қызық. Ата-бабасынан тұқым қуалаған белгілі ақындар екен, ал шешесі көпке өйгілі – Қуандық. Ол Абаймен айтысқан. Менің бірінші кітабымда осы жай суреттелген» дейді. Қара өлеңге желдей ескен өрен жүйрік Қ. пен Абайдың ақын қыз ауылында кездескен сәттеріндегі інкәр көңілі, бір-біріне ынтық сезімдері «Абай жолы» роман-эпопеясының «Қияда» деген тарауында көркем де нағымды суреттелген. Романда Қ. өз есімімен, әкесі Сабырбай «Қадырбай» деп аталған. Абай мен екеуінің арасында болған қуаныш сәттерді, өлең қағысу, өнер жарыстыру айтыстарын: «Қуандықтың екі көзі күлімсіреп, ақша беті балбұл жанады. Жас жігітпен өз жарысын рақат деп білген тәрізді. Бұл жастардың айтыс сөздері сыпайы қалжыңмен бір-бірін мақтауға» ұласты деп бейнелейді. Мұхан Қ-ты көркем шығарманың кейіпкері ретінде ғана бейнелеп қоймай, оның Абай шығармаларын ел арасына насихаттауына да жоғары баға берген. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясында Қ. есімін Абай «өлеңдерін жаттап алып, әнге салып, өз елдеріне жаңалық, үлгі-тәлім есебинде таратып жүрген көп әнші-ақын өнерпаздар» қатарында құрметпен атайды.

*С. Қарабай.*

**ҚУАНДЫҚОВ** Қажықұмар (1927–1971), театр сыншысы. 1966 ж. «Серке Қожамқұлов», 1969 ж. «Тұңғыш ұлт театры», 1972 ж. «Театрда туған ойлар» кітаптары жарық көрді. Ө-тің драматургиясын зерттеумен шұғылданды. «Еңлік – Кебек» («Лениншіл жас», 1957, 8 шілде), «Абай» трагедиясы қандай?» («Қазақ әдебиеті», 1962, 2 қараша), «М. Әуезов және қазақ театры» («Жұлдыз», 1962, №7), «Ән, махаббат, өмір» («Қазақ әдебиеті», 1963, 23 маусым), «Ол өз сахнасында» («Қазақ әдебиеті», 1964, 24 сәуір), «Режиссерлік шешім» («Қазақ әдебиеті», 1964, 12 маусым), «М. Әуезовтің «Қазақстан мемлекет театры» атты мақаласы туралы» («Жұлдыз», 1964, №6), «Қанды жол» («Жұлдыз», 1968, №10), «Ұмытылған дәстүр» («Қазақстанская правда», 1961, 16 желтоқсан, А. Сатаевпен бірге) сын мақалаларында ұлы жазушы драмаларының сахнада қойылу тарихын баяндай отырып, шығармашылық шеберлігін де терең зерттеп, талдаған.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ҚУАНЫШБАЕВ** Андабек Қалибекұлы (1935 ж. т.), театр зерттеуші. Ө-тің өмірі мен шығармашылық қызметін насихаттау жөнінде көптеген ғылыми-зерттеу, ғылыми-ағарту жұмыстар атқарды. Ұлы

жазушының 5, 12, 20 томдық шығармалар жинақтарын, шығармалары бойынша библиографиялық көрсеткішті (1972), қолжазба мұрасын (1977), өмірі мен шығармашылық шежіресін (1997) т. б. әзірлеуге қатысты. Жазушының музей-үйінде «М. Әуезов және театр» тақырыбы бойынша 4 мыңнан астам материалға сипаттама жасап, қорытты. Қырық жылдан астам уақыт Ө-тің мұражай-үйінде қызмет істейді.

*Н. Ақбай.*

**ҚУАНЫШБАЕВ** Қалибек (1893–1968), актер, ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі. КСРО (1959), Қазақстанның (1936) халық артисі. Табиғатынан ән-күй мен ойын-сауыққа, той-думанға жаны құмар, халық өнерінің мол қазынасын сусындап өсті. 1926 ж. Қызылорда қаласында ұйымдастырылған тұңғыш Қазақ мемлекеттік театрына шақырылып, соның негізін қаласты. Театр сахнасына қойылған күрделі спектакльдерде басты рөлдер ойнап, қайталанбас табиғи талантын танытты. Әсіресе Ө-тің «Еңлік – Кебегіндегі» Кебектен бастап, Қараменде мен Кебей бидің, Абыздың сахналық бейнелерін жасады. Оның соңғы сомдаған Абызы философиялық-интеллектуалды бейне жасаудың үлгісі еді. 30-жылдардағы қазақ еліндегі қым-қиғаш әлеуметтік құбылыстарды суреттейтін қойлымындардағы Аятбай (І. Жансүгіровтің «Кегінде»), Берқола (Б. Майлиннің «Майданында»), Бейбіт (М. Әуезовтің «Тартысында») рөлдерін ойнап, актерлік өнерінің мол қырларын көрсетті. Оның актерлік өнерінің қалыптасып, дамуы Ө. пьесаларында ойнауымен байланысты. «Қарагөздегі» Сырымның үзеңгілес досы Дулат сал, «Түнгі сарындағы» көтерілісшілердің басшысы Төнекенің, «Абай» трагедиясында ұлы Абайдың, «Абай» романы негізіндегі қойылымда Құнанбайдың, Ө. Өбішевпен бірігіп жазған «Намыс гвардиясында» генерал Панфиловтың, Ө. аударған Н. В. Гогольдің «Ревизорындағы» айнакер Дуанбасының, У. Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» момын ақсүйек Баптистаның, «Отеллосындағы» Брабанчионың толыққанды бейнелерін жасап, ұлттық театрдың классикалық шығармаларды меңгеруіне ерекше үлес қосты. Табиғи талантының арқасында Қ. жасаған сахналық бейнелер актерлік өнердің шырқау биігі ретінде театр тарихынан өзіндік орнын алды. Кинофильмдерге түсіп, ұлттық кино өнерін дамытуға мол үлес қосты. Байбол («Амангелдіде», 1939), Толағай («Алып туралы әңгіме», 1942), Абай («Абай өнінде», 1945), Берқолаев («Алтын мүйізде», 1948), Жарқын («Махаббат дастанында», 1954), Шыңғыс («Шоқан Уәлиханов», 1957) рөлдерінде ойнады. Ол 1936 және 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. «Қазақфильм» студиясы «Қалыбек Қуанышбаев» телефильмін



«Ревизор» спектаклі.  
Қ. Қуанышбаев  
Дуанбасы рөлінде. 1936.

шығарды (1972). Қ. жастайынан Абай өлеңдерін жаттап өсті. Театрға келгеннен бастап Ө-пен достық, шығармашылық қатынаста болды. Ұлы жазушы «Депутат Қуанышбайұлы» деген макаласында, театр туралы еңбектерінде Қ-тың өнеріне назар аударып, үнемі биік тұрғыда бағалап отырған.

*Б. Құндақбайұлы*

**«ҚУАНЫШ ТА, ШАБЫТ ТА БЕРГЕН САПАР»**, жазушының макаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1959 ж. 23 қазандағы санында жарияланған. Кеңес Одағы үкімет басшыларының Америкаға барған сапарының сәтті аяқталуына байланысты осы делегацияны басқарып барған Н. С. Хрущевті марапаттау сыңайындағы газет тапсырмасымен жазылған. Ел басшысының БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзін «ұлы сөз» ретінде бағалап, үлкен табисіз ретінде қуанышпен айтады, ел алғысын жеткізеді, өз Отанының «әлемдегі ең күшті, қуатты Отан бола тұрып», дүние жүзі мемлекеттері арасында бейбітшілікке басшы, үгіттеуші болғанына мақтаншы сезіммен қарайды. Ө. осы сапар кезінде өзінің Оңтүстік Қазақстанда жүргендігін айта келіп, «Бір миллионға тарта халқы бар, біздің республиканың аса бір берекелі, ырысты облысының бірі – Оңтүстік Қазақстанда мақта терудің қайнар қызу күндерін сол облыстың барша жұртшылығы Никита Сергеевичтің осы жолғы сапарына арналған екпінді «онкүндік» жариялағандығын», «сол он күн бойына берген сертін облыс жұртшылығы атаған межеден әлдеқайда арттыра түсіп, тамам орындағандығын» үлкен мақтаншыпен атап өтеді. Мақала ел басшысына арналған марапат сөздермен аяқталады. Сөйтіп әкімшіл-әміршіл кенес жүйесі кезінде жеке баққа табынушылықтың осындай өрескелдіктеріне ұлы жазушының да еріксіз көнуіне тура келген еді.

*Н. Жанақова.*

**ҚҰДАЙБЕРДИЕВ** Шәкәрім (1858–1931), ойшыл ақын, шөжіреші, сазгер. Шәкәрім – Құнанбайдың бөйбішесі Күнкеден туған Құдайбердінің баласы. Ол ағасы Абайға еліктеп әрі ұстаз тұтып өскен. Оның дәстүрін әрі қарай жалғастырған. Абайдың үлгісін көптеген өлеңдеріне өн шығарды, кезінде солардың барлығы ел арасына кеңінен тарайды. Көп адамдар «*Абай жолындағы*» Шұбарды Шәкәрімнің прототипі деп санайды. Негізінде олай емес, кейбір іс-әрекеттері келгенмен, шұбар жалпы ойдан шығарған жиынтық, әлеби бейне, демек жазушыға ақын туысқандарының ішінен Шұбар сияқты бір бейне керек болған. Мұхаң Шәкәрімнің жақсы қасиеттерінің барлығын Дәрмен бойына жинақтап көрсеткен. Ө. мұрағатында Шәкәрімнің біраз қолжазбалары, соның ішінде «Еңлік – Кебек» поэмасының бірер бөлімі сақталып қалған. Абай туралы ел аузынан жинаған деректерінің ішінде Шәкәрімге қатысты айтылған әңгімелер де ұдайы кездесіп отырады. Осылардың арасынан, әсіресе Тұмабайдың айтқандары ерекше көңіл аударады. Жазушы бұларды эпосына жақсы пайдалана білген. Оның бір алуаны Дәрменнің «Еңлік – Кебек». Иіс кемпірдің баласы Исаға қатысты дастанымен көрінсе, тағы бір оқиғасы Абайдың сабалғаннан кейін елден кетпек болғандағы көріністерімен байланыстырылып берілген. Заманның, саясаттың ыңғайы Ө-ке Шәкәрімнің атын атауға, пікір-



Ш Құдайбердиев.



Б. Құлманов

ой толғаныстарын ортаға салып, өз көрген-білгендерін айтуына мүмкіндік бермеді.

*Т. Әкімов.*

**ҚҰДАШ** (Қ ұ д а ш е в) Сайфи Фаттахұлы (лақап аты – С а й ф и Қ ұ д а ш ; 1894–1993), башқұрт ақыны. Башқұртстанның халық ақыны (1964). «Ұмытылмайтын сәттер» (1957), «Менің бағымда» (1964) жыр жинақтары, «Салтанат» (1938), «Менің ауылдасым» (1943) поэмалары т. б. жарық көрді. «Ұмытылмайтын сәттер» (1957), «Жастық шақтың ізімен» (1964) атты естелік кітаптарында қазақ, татар, башқұрт халықтарының әдеби-мәдени байланыстары, С. Сейфуллин, Б. Майлин, С. Мұқанов, М. Әуезов сынды қазақ ақын-жазушыларымен достық қарым-қатынастарын шынайы бейнелеген. «Абай жолы» эпопеясын С. Әдһомованың қалай аударғанын бағалай келіп, ол бай қазақ тілінің ерекшеліктерін сақтап, шығарманың түпнұсқасындағы асыл сөз маржандарын шың-шырғасын шығармай, татаршаға аударып берді деп жазды («Жастық шақтың ізімен», А., 1972, 480-бет).

**«ҚҰЗ БАСЫНДАҒЫ АҢШЫНЫҢ ЗАРЫ»** («П л а ч о х о т н и к а н а д п р о п а с т ь ю»), роман-диалог. Авторлары – Ш. Айтматов пен М. Шаханов. 1997 ж. «Рауан» баспасынан қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген. Кітапқа қазақ халқы туған пензендідей көріп, «адамзаттың Айтматовты» атаған қырғыздың ұлы жазушысы мен қазақтың көрнекті ақынының уақыт пен өмір туралы ой-бөлісуі, сырласуы арқау болған. Романның кіріспесінде Ш. Айтматов өмірінде екі Мұхтар болды, оның бірі – әкемдей қамқор пейілді ұстазым, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов деп, ұлы суреткердің аруағын еске алады да, «Жомарт шуақты жұлдыздар немесе бір уыс топырақ» бөлімінде қос қаламгер Мұхаң туралы әңгімеге көшеді (53–108-беттер). Ш. Айтматов қырғыз халқының эпосы «Манасты» қара тізімнен алып қалу жолында жасаған Ө-тің ерлік ісін, дүниетанымының кеңдігін, жетік білімін, шексіз адамгершілігін тілге тиек етсе, М. Шаханов ұлы жазушының әдеби мұраларына деген оқырмандардың ыстық ықыласы, қадыр-қасиеті жайында ой толғайды. Қырғыз әктері Сүйменқұл Чокморов бір сөзінде қырғыздар Ө-ке арнап ескерткіш орнатуы тиіс деп еді. Әйтсе де жерге қойылар қола ескерткіштен бір де кем емес құнды ескерткішті өзі орнатты. Ө. шығармалары негізінде жасалған «Қараш асуындағы атыс», «Көксерек» атты фильмдердің ең басты рөлдерін өзгеше түсінікпен, ешкімге ұқсамайтын қайсар парасатпен өрнектеуі қазақ, қырғыз кино өнеріндегі жаңа белес болды деп түйіндейді. Кітаптың көлемі 20 баспа табақ, таралымы 20 мың дана

**«ҚҰЛАМЕРГЕН»**, өлеңмен жазылған ертегі. «Құламерген-Жомерген», «Аламан-Жоламан» деген



кияз-ғажайып ертегілердің оқиғасы негізінде Бектасов Әбдірахман (Омбы) жырлаған. Онда әділдік жолында күрескен батырдың ерлік істері дәріптеледі. Оның бірнеше нұсқасы бар. Ө. «Ертегілер» атты зерттеуінде қиял-ғажайып ертегілердің ішінде қазақ халқы айтатын көне түрлерін айтсақ, бұлардың ең ескілері – аңшы-мергендер жайындағы ғажайып-қиял ертектері болу керек деп, олардың ішінен «Құламерген», «Аламан мен Жоламан» ертегілерін атаған (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 198-бет).

*Н. Ақбай.*

**ҚҰЛАНБАЕВ** Мәкілқожа Иманәліұлы (1926–1993), актер. Алматы театр училищесін бітірген (1945). Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1977), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1984). С. Мұқанов, Ш. Айтматов, Ш. Хұсайынов, Ф. Мүсірепов, Р. Ғамзатовтардың т. б. пьесаларында күрделі бейнелерді сахнаға шығарды. 1968 жылдан киноға түсті. Ө-тің «Алуасындағы Назарбектің», «Еңлік-Кебегіндегі» Есеннің образдарын сомдап, өзінің алуан қырлы актер екенін көрсетті.

**ҚҰЛЖАН** Үсенханұлы (шамамен 1835–1920), жазушының немере ағасы. Үсенхан Әуезбен бірге туған. Тұңғыш немере болғандықтан, атасы Бердіқожаның бауырында өскен, Әуезбен еркін сөйлескен. Бөріліден 3 шақырымдай жердегі Қаражырық, Сарыжырық деген бұлақтың бастауынан қоныс алған. М. Диканбаевтың «Мен білетін өмірбаян» атты естелігінде Әуез атасы мен Қ. арасындағы туыстық қарым-қатынасты, екеуінің бала Мұхтарға деген ерекше көзқарастарын, ыстық, ынтық елжіреген пейілдерін, Қ-ның аса бауырмалдығын жан-жақты сипаттап жазған («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997, 14-бет). Қ-нан Смайылхан, Рақымбай, Андарбек тарайды.

*Т. Жұртбай.*



Н. С. Құлжанова мен  
Н. Құлжанов.

**ҚҰЛЖАНОВ** Нұрғали (1878–1919), Ө-тің мұғалімдер гимназиясындағы оқытушысы. Әйелі Нәзіпа екеуі бірігіп 1914 ж. Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толуына орай еске алу кешін ұйымдастырды. Ө. Құлжановтардың отбасын шәкірт кезінен бастап өте жақсы білген. Жоғарыдағы әдеби-мәдени кештерге Ө. те қатысқан, ерлі-зайыпты екеуінен гимназияда оқып жүрген шағында дәріс

алған. Нәзіпа мен Нұрғали Құлжановтардан оқыған шәкірттердің арасында Ж. Аймауытов, К. Сәтбаев, Ы. Мұстамбаев, Б. Сәрсенов іспетті қазақтың айтулы ғұламалары мен жазушылары бар.

**ҚҰЛЖАНОВА** Нәзіпа Сағызбайқызы (1887–1934), әдебиет зерттеуші, публицист, педагог, аудармашы. Шығармаларын қазақ және орыс тілінде жазған. «Мектепке дейінгі тәрбие» (Орынбор, 1923), «Ана мен бала тәрбиесі» (Қызылорда, 1927) т. б. еңбектерінде ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынас мәселесіне айрықша

мән берген. Қ. өмірінің біраз кезеңін Абай мен Мұхтар өскен өлкеде өткізді. 1914 ж. 26 қаңтарда ұлы Абайдың қайтыс болуының 10 жылдығына байланысты Семейде «Шығыс кешінде» баяндама жасады. Бұл кешке Семей 5 кластық қалалық училищесінде оқып жүрген Ө. те қатысты. Ұлы жазушы бұл кеш туралы өзінің «Қазақ халқының ұлы ақыны» мақаласында тебірене жазды.

*Қ. Жарықбаев.*

**ҚҰЛМАНБЕТ**, Құлнаныя Құлманбет (1840–1906), төкпе ақын. Жетісу өлкесінде айтыс өнерін жалғастырушы. Қазақ, қырғыз, өзбек елдеріне талантты ақындығымен қатар, әншілік-күйшілік, жыршылық қырларымен танылған. Кеңес заманында Түбек, Майкөт, Жамбыл айтыстары аталғанда, «байшыл-рушыл» ақын ретінде ауызға ілігіп, өмірі мен шығармашылығына арнайы зерттеулер жүргізілмеді. Ө. айтыс өнерінің жүйірігі болып аты шыққан Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай, Қ., Шөже, Жамбыл, Әсет, Ырысжан, Кемпірбай, Манат қыз, Түбек, Сарыбай, Тойбайлар сол шаршы топтың алдындағы сөз жарыстарында жеңіс тәсілдерін үлкен орамды шеберлікпен қолдана білген ақындар деп, Қ-тің 19 ғасырдағы аса ірі айтыскер ақындардың қатарына қосып, Майкөт, Жамбылмен айтыстарына талдау жасаған («Айтыс», 1-том, 1964, 34–40-беттер). Ө-тің 1946 ж. Жамбылдың 100 жылдық тойында жасаған «Жамбылдың айтыстағы өнері» баяндамасында (20 томдық шығармалар жинағы, 18-том), 1948 ж. шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томына жазған «Айтыс өлкендері» тарауында Қ-ке тоқталған.

*Т. Өлбек.*

**ҚҰЛМАНОВ** Бақтыгерей (1857–1919), Алаш қайраткерлерінің бірі. 1887 ж. шығыс тілдері мамандығы бойынша императорлық С.-Петербург университетін үздік дипломмен бітірген. 1888 ж. филология ғылымы бойынша диссертация қорғап, ғылым магистрі атанған. Ресей империясының I және II Мемлекеттік Думаларына қатарынан депутат болып сайланған ірі қоғам қайраткері. 1917 ж. желтоқсандағы Алашорда үкіметін құрған II Бүкілқазақтық съезд төралқасының төрағасы, Алаштың басшылығына ұсынылған үш қайраткердің бірі. Алашорда үкіметінің Бөкей Ордасындағы өкілі. 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін Бөкей Ордасының жерінде алғаш қазақтың ұлттық автономиясын құрған уақытта үкіметтің комиссары болды.

*М. Құл-Мұхаммед.*

**ҚҰЛ-МҰХАММЕД** Мұхтар Абраұлы (1960 ж. т.), ғалым, заңгер, баспагер-журналист, қоғам және мемлекет қайраткері. Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін бітірген (1982). Заң ғылымының докторы (1999), профессор (2000), Нью-Йорк ғылым академиясының академигі (2001), Астана қаласының құрметті азаматы. 100-ден аса ғылыми мақалалардың авторы. «Орыс энциклопедиясындағы қазақ шежіресі» (1994), «Жақып Ақбаев: патриот, саясаткер, заңгер» (1995), «Алаш ардагері» (1996), «Алаш ардагерлері: саяси-құқықтық көзқарастардың эволюциясы» (1998), «Алаш бағдарламасы: қиынат пен ақиқат» (2000) атты монографияларында қазақ өлкесінде отаршыл-құқықтық жүйенің орнығуы, Алаш қайраткерлерінің саяси күресі мен қазақ елінің мемлекеттік

құрылысы туралы мәселелерді ғылыми зерделеп жазды. Сонымен бірге Алаш азаматтары мен Ө-тің қарым-қатынасы, әлеуметтік көзқарастары және ұстанымдары жөнінде де терек талдау жасаған. Қ.-М. «Мұхтар Өуезов энциклопедиясын» әзірлеуге мұрындық болып, жанашырлық танытты, жарыққа шығаруға жетекшілік етті.

*Н. Ақбай.*

**ҚҰМАРОВА** Шәрбану (Гүлшарбан) Мұхитқызы (1937 ж. т.), жазушы. ҚазМУ-дың филология факультетін бітірген (1961). Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты (1999). Шығармаларында замандастар, қала зиялылары, жастар өмірі бейнеленген. Студент кезінде Ө-тің лекциясын тыңдап, ұстаздық тағылымын көрген. «Үмітім ақтай алдым ба немесе Ө. туралы бірер сөз» атты естелігінде ұлы суреткердің мұхиттай төлең рухани байлығы, асқан шеберлігі жөнінде ой толғаған («Қазақстан әйелдері», 1996, №6, 6–9-беттер; «Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», 1997, 571–577-беттер).

**ҚҰМ МЕН АСҚАР**, жазушының әңгімесі. Сценарий үлгісінде жазылған кино-әңгіме. Алғаш 1935 ж. «Тастүлек» атты әңгімелер мен пьесалар жинағында, одан кейін 1957 ж. шыққан 6 томдық шығармалар жинағының 6-томында (46–76-беттер), 12 томдық шығармалар жинағының 2-томында (36–65-беттер), 20 томдық жинақтың 1-томында жарияланды. Өуезов мұражайының мұрағатында араб әрпімен жазылған қолжазбасы бар (№ 148-папка). Қолжазбада автор бұл шығармасын «Құм мен асқар биік» (әдеби сценарий) деп атаған. Қолжазба мен басылымдарында елеулі өзгеріс жоқ. 1943 ж. осы киноәңгіменің негізінде «Райхан» көркемсуретті фильмі түсірілді. Киноәңгіме (сценарий) болғандықтан, шығармада психологизм, ішкі монологтар жоқ. Идеясын ашуға, сюжетті көруге кейіпкер диалогтары мен іс-әрекеттерін сыртынан суреттеу әдісін қолданған. Тақырыбы мен идеясы 30-жылдарда көркем әдебиетке қойылған идеологиялық талаптардан туған. Ө-ке тән көркемдік қарым, өмір шындығына деген адалдық киноәңгіменің кейбір жерінде анық көрінгенмен (шығарманың басындағы екі-үш бетте, әр жерде кездесетін шағын бөліктерде), көбінесе заман талабына орай жазылған. Әңгіменің басында бай шалдың үшінші әйелі Райханның ауыр тұрмысын суреттеп, әрі қарай төңкерістен кейін азаттық алып, оқып, шаруашылыққа, қоғам ісіне араласып кеткен, жанарған бейнесін жасаған. Қоғамдағы өзгерістер, құрылып жатқан асыл тұқымды мал зауыты, осында еңбек етіп жүрген Райхан, бұрынғы бай қойшысы Есім, Федор, Андреевтер, қойдың асыл тұқымды, жаңа түрлерін шығару жұмыстары жайында әңгімеленеді. Адам образдарымен қатар, малдың киесіндей болған Ақбесті айғырдың да тағдыры шығарманың өн бойына өрілген. Жаңа қоғамға қарсы күресіп жүрген Жексен, Асқар, ұры бейнелері де әр қырынан көрсетілген. Шығарма финалы дәстүрлі үлгіде – Райхан мен Есімнің қосылып, мұратына жетуімен аяқталған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ҚҰНАНБАЕВ АБАЙ (ИБРАГИМ)»**, жазушының мақаласы. Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына орай, 1934 ж. орыс тілінде жазылған. Автор «Для словаря» деп белгі қойған. Соған қарағанда, кезінде орталықтан шығатын бір сөздікке бай-

ланысты әзірленген сияқты. «М. О. Өуезовтің қолжазба мұрасында» бірінші рет сипаттама берілді (323-бет). Мақалада Абайдың өмірі мен шығармашылық мұраларының тарихи орны мен маңызын тек кеңес заманында ғана дұрыс бағаланғанын тебірене айтқан. Мақала қаламгердің «Абайтанудан жариланбаған материалдар» жинағында алғаш рет жарияланған.

**ҚҰНАНБАЙ** Өскенбайұлы (1804–1886), Абайдың әкесі. Қазақ тарихындағы дәстүрлі билік заңына жаңа жөн-жоба қосқан көрнекті қоғам қайраткері. Старшын, болыс, би, аға сұлтан сайланған, патша қызметінің хорунжий шенін алған, қажыға барған, сөз түйінін ұстаған шешен, мырза атанған, кісілік беделі зор адам болған. Жасынан ежет, зейінді, қатал да әділ болып өседі. Шешек ауруы салдарынан бір кезіне ақ түсіп, бетінде қорасан дағы қалады. Інісі Құттымұхамед ерте қайтыс болғандықтан бір атадан қалған жалғыз атанбасын әрі мейірімді боп өссін деп, шешесі Зере Бөжей мен Болсамбекті, Майбасарды бауырына басып өсіреді. Қ. мен Бөжей қашан жеке отау құрғанша, бір үйде тәрбиеленеді. Көшпенділердің барлық қасиетін бойына сіңірген Қ. жас кезінде батырлық пен серілікті машық тұтып, палуан, жаугер, найзагер атанған. Бозбала шағында: «Асау кердің үстінде қатқан терлік, Асау қара байталға арқан кердік. Қоңыр шекпен үстінде, жылқы бағып, Қызды ауылдың тұсына біз де келдік, – деп өлең де шығарған. Оның бұл қасиеті кейін би болған кезінде ерекше көрінген. Кесек мінезді, сыртқа айбарлы, ағайын-туысына да сұсты Қ. жігіт шағында Найман ішіндегі тума Тоқпақ еліне барымтаға барып, қолға түсіп қалады. Тұтқында бірталай азап шегеді. Кергіге танылады. Содан «әкесінің мойнына салған бұршағы, шешесінің басына киген күндігі тозғанда» бір-ақ оралады. Осыдан бастап жорыққа шықпаған. Әкесінің қасында жүріп, ел билігіне араласқан. Шарият жолын ұстанып, Құран сөзін жадында сақтауға ден қойған. 1818 ж. Өскенбай Ырғызбайұлы Ресейдің қызметіне кіріп, Қушк-Тобықты болысының старшындығына бекітіледі. 1834 ж. әкесінің орнына Қ. старшындыққа сайланады. Содан бастап ол билік тізгінін 1856 жылға дейін қолынан шығармаған. Ресей үкіметіне адал қызметі үшін 1846 ж. оған хорунжий атағы берілді. 1849–1952 ж. Қарқаралы округінің аға сұлтандығына сайланды. Бірақ Шыңғыстың бөктеріндегі қыстау үшін Бөжейге жасаған қысымына байланысты тергеуге тартылып, Омбы қаласында мырзақамақта жатады. Дала генерал-губернаторының қазақ істері жөніндегі кеңесшісі, полковник Шыңғыс Уәлиевтің кепілдігімен босанып шығады. Аға сұлтан кезінде өзіне қараған 18 болыстың қаражатымен Қарқаралы қаласына мешіт салдырды. Арқат-Аягөз бекетінің арасында поштананы тонап, хорунжийді өлтіріп кеткен қарақшыларды Аягөз округінің аға сұлтаны Барақ Солтабаевтың көмегімен Шығыс Түркістанның Барлық тауында тығылып қашып жүрген жерінен патша өкіметіне ұстап береді. Сол еңбегі үшін оның үстінен жүргізілген тергеу ісі тоқтатылып, хорунжий атағы қайтарылады. Ұсталғандар Аягөз қаласында дар ағашқа асылып, атылады. Өзінің алданғанын сонда түсінген Қ. биліктен бас тартып, қайтыс дүние ісімен айналыспауға бекінеді. Омбы мұражайындағы «Құнанбай Өскенбаевтың қылмысты ісі» деген көлемі мың жарым беттік тергеу ісінің соңында 1862 ж. Қ. Өскенбаевтың қажыға кетуіне байланысты

«істі жабу» туралы заң министрлігіне жолданған мәлімет бар. Өзге деректер бойынша, Қ. қажыға 1872 ж. барды делінеді. Меккеде 2 жылдан астам уақыт тұрады. Сонда мүлдем қалып қоюды ойлайды. Қазақтардың мұсылман елі екендігін ресми түрде тіркеткізеді. Құдайға құлшылық етушілерге арнап, «Тәкия» деген үй салдырады. Орыс-түрік соғысы басталып кетіп, Ресейдің сыртқы істер министрлігінің пәрменімен еліне қайтып оралады. Қ. – аса күрделі тұлға. Жеке басы да, билік тізгінін ұстаған кезіндегі қайраткерлігі де қарама-қайшылықтарға толы. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын – қазақтың дәстүрлі заңын, патша үкіметінің «Сібір қазақтарына арналған нисамын», шаріғат жолын қатар ұстады. Қазақ дәстүрінің негізіне сүйене отырып, оңтайлысын кедерге асырды. Қатал да әділ билік елді тезге салып, жөнге келтіреді деп түсінді. Барымтаға, ұрлыққа, әдепсіздікке, дінбузарлыққа, зинақорлыққа қатаң тыйым салды. Сол арқылы Тобықты елінің басын біріктіріп, бір қолға қаратып, оның жерін кеңейтуді басты мақсат етті. «Ел өседі, жер өспейді» деген қағиданы берік ұстанды. Заманның ауқмын қарап, ертеңің болжады. Балаларын орысша оқытты. Мұсылмандықты уағыздады. Медресе салдырып, Өуез, Ғабитхан, Кішкене молда іспетті шаріғат ғұламаларын ауылына көшіріп екелді. Сыртай Кенесары қозғалысына қарсы күрескен сияқты түр көрсетіп, астыртын оған қолдау жасап, көмек берді. А. Янушкевич Құнанбай бидің дала өңіріне аты кең жайылған адам екенін, табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл беріп, дала заңдары мен құран қағидаларының жетік білгірі болғанын, қазақтарға қатысты россиялық ұставтарды бес саусағындай білетінін, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылмандығын, одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, бай да шалғай жатқан ауылдан келіп жататынын сипаттап, баға берді («Қазақ даласына жасалған сияхат туралы жазбаларында», А., 1979). Қ. төрт әйел алған. Бәйбішесі Күнкеден – Құдайберді, екінші әйелі Ұлжаннан – Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиолла, Смағұл, Кәмшат туған. Төртінші әйелі Нұрғаныннан туған ұл бала жас кезінде оқыс оқиғадан қазаға ұшырайды. Балаларының ішінде Абайдан ерекше үміт күтіп: «Не күтсендер де осы шунақ қарадан күтіндер» деп отырады екен. Сондықтан Абайды 13 жасынан ертіп жүріп, билікке баулиды. Абай да әкесінің билік жолын үлгі тұтып, соны қырық жасына дейін қолданып келген. «Құнанбай айтты» деген нақыл сөздер көп. Қ-дың өмірі мен қайраткерлігі туралы деректерді жинап, ізге түсірген – Ө. «Абай жолы» эпопеясында Қ. бейнесі жан-жақты сипатталып, өте шебер сомдалған.

*Т. Жұртбай.*

**ҚҰНАҚБАЙҰЛЫ** Бағыбек (1926–2010), театр зерттеуші. Өнертану ғылымының докторы (1996), профессор (1989), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері (1998). Зерттеушінің қаламынан «Облыстық қазақ театрлары» (1964), «Театр жолы» (1970), «Режиссер және спектакль» (1971), «Уақыт және театр» (1981) «Заман және театр өнері» (2001), «Театр туралы толғаныстар» (2006) т. б. кітаптар туды. Екі томдық «Қазақ театрының тарихы» (1975, 1978), Мәскеуде шыққан 6 томдық «Совет драма театрының тарихы» (1966–1971), «СССР халықтарының театрлану тарихы» (1987), «20–30-жылдардағы қазақ әдебиеті» (драматур-

гия тарауы) жинақтары авторларының бірі. Бұл зерттеулерінің бәрінде қазақ театрының туып қалыптасуына, ілгерілеп дамуына ұлы жазушының сіңірген зор, қажырлы еңбегі назардан тыс қалмаған. Сондай-ақ М. Өуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының 40, 50, 60 жылдық тарихына арнап монографиялар шығарды. Ұлттық театр туралы ғылыми очеркі ағылшын, неміс, француз тілдеріне аударылды. Ө-тің ұлттық драматургия мен театрдың пайда болып, дамуына және қалыптасуына, театрдың көркемдік биікке көтерілуіне тигізген ықпалы туралы үзбей жазып, зерттеп келеді. «Мұхтар Өуезов және театр» деп аталатын монографиясында (1997) ұлы қаламгердің ұлттық театр өнерінің ірге тасын қаласып, оны нығайтуға қосқан теңдессіз үлесі көнінен зерттелген. 1917 ж. дала театрында қойылған «Еңлік – Кебек» драмасынан бастап, ұлы жазушының ұлт өнерінің алтын қорына айналған барлық ірі пьесаларының сахналық қойылымдары, Ө. аударған классикалық пьесалардың көркемдік құнары мен сахналануы, ұлы драматургтің эстетикалық-театрлық көзқарасы жан-жақты әрі жүйелі түрде қарастырылған.

*Б. Нұрпейісова.*

**ҚҰРАМБАЕВ** Кәрімбай (1942 ж.т.), өзбек әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымының докторы (1992). 7 кітаптың, 200-ге жуық мақаланың авторы. Ғылыми еңбектері әдебиеттер байланысына арналған. «Мұхтар Өуезов және өзбек әдебиеті» деген мақаласында ұлы жазушының екі ел әдебиетінің өркендеуіне сіңірген өлшеусіз еңбегі, достық қарым-қатынасы жөнінде ой толғаған («Достық үні», 1997, 17 тамыз).

**ҚҰРАН**, арабтың «оқу» деген сөзінен шыққан. Алла тағаланың Жәбірейіл періште арқылы пайғамбар Мұхаммедке (с.ғ.с.) бөлік-бөлігімен көктен түсіріп отырған сүрелер жиынтығы. Кітаптың «Құран Кәрім» («Шарапатты кітап»), «Китаб Шәриф» («Атақты кітап»), «Китабул Лаһи» («Алланың кітабы»), «Китап Ғазиз» («Құдіретті кітап»), «Кәләм Шариф» («Адал сөз»), «Мусхаф Шариф» («Қасиетті қолжазба») сияқты атаулары көп. 114 сүреден тұратын Қ-ның манызы мен мәні айтып жеткізісіз күрделі. Өрбір сүре қайырымды, мейірімді Алла атымен басталып, ары қарай аяттарға жалғасады. Аят – керемет құбылыс немесе көрініс деген мағынаны береді, жаратылыстан тыс тұрғаны меңзеледі, кідіріспен жалғасатын өрбір аят ақталған ойды білдіреді. Бүкіл сүрелер меккелік және мединелік (меккелік – 90, мединелік – 24) болып екіге бөлінеді. Осындағы ең ұзақ сүре – «Бахара» 286 аяттан тұрады, ең қысқа – «Ғасыр», «Нәсар», «Насыр» сүрелері. Пайғамбардың көзі тірісінде Қ, ауызша тарады, бірақ оны жатқа білетіндер көп болды. Халиф Өбу Бәкір пайғамбардың хатшысы болған Зәйд ибн Сәбитке Қ-ды жинақтап, кітап етіп шығаруды тапсырады. Үшінші халиф Оспан тұсында Зәйд көмекшілерімен төрт дана кітап етіп жазып шығады, осы нұсқаларды Медине, Дамаск, Куфа, Басра қалаларында сақтауға әмір етеді. Қ. оқуға жеңіл болу үшін отыз параға, алпыс хизбке (бөлік-ке) бөлінеді. Мұхаммед (с.ғ.с) сахабалары мен өзінің жолын ұстаушыларға Қ, аяттарын неғұрлым мол жаттап алуларын уағыздады, келе-келе бастан-аяқ жатқа айтатын қарилар көбейді. Айқын бағдар-бағыт беру үшін Қ-ға қосымша хадис, ид-

жма, қияс сияқты түрлі ережелер мен шешімдер болды. Хадис – Мұхаммед пайғамбар айтқан сөздер мен уағыздар, өзінің жеке, сондай-ақ қоғамдық тұрмыс-тіршілігіндегі кейбір іс-әрекеттерінің үлгілері, иджма – алғашқы төрт халифтың Қ-ды түсіндіріп, діни тұрғыдан шығарылған қағида-ережелер, қияс – Қ., хадис және иджмаға сүйене отырып жасалған қағида, ережелерден тұрады. Осы үш қағида-ережелер жинағын суннилер тобы мұсылмандықтың негізгі құқықтану заңдары деп таныды. Жалпы Қ. адамзаттың Алла туралы білуге тиісті нәрселерін асқан дәлдікпен сөз ете отырып, оған ақылмен жетуді ұғындырады. Бір ғана аятының өзі ұлылықтың баламысын бойына түгел сыйғызып алады да, оның сырын ұғынып білушілерден ақыл-ойды талап етеді, оның аятына, пайғамбардың хадистеріне, әулие муфтахиттердің пәтуасына сүйеніп ойлаған адам адалспайды.

Алғаш сауатын Ә. Қ. мен Абай өлеңдерін жаттау арқылы ашады. Оның құранды жаққа білетіндігі, әрі терең түсінетіндігі ғылыми еңбектерінен және «Абай жолындағы» Абай пайымдауларын көрсетулерінен айқын көрінеді. Семейдің имам, мәзін, халфелерімен пікірталасы осыған көз жеткізеді («Түн-түнекте»). Ол дінге, Қ-ға, аятқа, хақиқатқа қатысты ой-пікірлерін тек Абаймен ғана шектемей, оның айналасындағы шәкірттерінің де аузына салды: «Замандар өзгереді, соған лайық тұс-тұсында Нәби келеді, Таурат, Забур, Інжіл, Құран (Көлем Шәріп) кітаптар келеді дегіміз. Замана өзгеріп, қағида ауысып отырса да, Алланы тану, яғни Тағрифолла мәңгі-бақи ауыспайды деп білеміз».

*Т. Әкім.*

**ҚҰРМАНБАЕВА** Зағи (1903–1975), актриса. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1945). Негізінен аналар бейнесін сахнаға шығарып, өткір, өр мінезді әйелдер образының өзіндік галереясын жасады. *И. Жансүгіров, Г. Мүсірепов, Ә. Өбішев* сынды драматургтердің пьесаларында негізгі кейіпкерлердің рөлдерін сомдады. Ә-тің «Түнгі сарынында» Ділда, «Қарақышпақ Қобыландысында» Аналық, «Абайында» Зере бейнелерін сахнаға шығарып, актерлік өнерінің мол мүмкіндігін байқатты.

**ҚҰРМАНҒАЗЫ** Сағырбайұлы (1923–1896), күйші, домбырашы, композитор. Ұстаздары – Ұзақ, Байжұма, Баламайсан, Соқыр Есжан және басқалар. Құрманғазы күйлерінің идеялық-эмоциялық диапазоны өте кең, тақырыбы бай. Шаттық-шадыманды «Балбырауын», философиялық ойға толы «Кішкентай», екпіндеген «Серлер», арындаған «Адай», салтанатты «Сарыарқа» тәрізді «кейде өжет, кейде долы албыртсынған» күйлері тыңдаушы жүрегіне әрқашанда жол тاباتын, жан тебіренетін нағыз классикалық үлгідегі туындылар. Ә. өз еңбектерінде қазақтың күй өнеріне, күйші қызметіне де асқан ілтипатпен қараған. Күй аңыздары ұлы жазушыны қатты толғандырды. Оның пікірінше, ел дәстүрімен ескі жақсы күйшіге шарт болғаны күйшілік жораны жақсы біліп, ұғынғандықтан, қазақ күйлерінің атасы Құрманғазы өзінің бар күйін шығарумен қатар, соның бәрін тудырған себеп-халды да, сезім сырды да бірге аңыз, әңгіме етіп айтып кеткен; ол күй шығарумен қатар аңыз шығарған («Қазақ халқының эпо-

сы мен фольклоры»). Қ. күйлерінде халық тағдырына байланысты философиялық толғаныстар, суреткерді толғандырған қоғам көріністері романтикалық сарында бейленеді. Оның күйлерінің формасының күрделілігі және сондай кең көлемдегі кейіпте өрістеуінің өзі шығарма мазмұнының тереңдігімен байланысты.

*З. Қоспақов.*

**ҚҰРМАНҒАЛИЕВ** Ғарифолла (1909–1993), әнші, актер. Қазақстанның халық артисі (1954), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1978). Өншілік өнерімен халыққа кеңінен танылды. Күміс көмей, жез таңдай, қайталанбас өнер иесі ретінде көрермендердің сүйіспеншілігіне бөленді. Ә-тің либреттосы бойынша А. Жұбанов пен Л. Хамиди жазған «Абай» операсында Нарымбеттің бейнесін асқан шеберлікпен сомдады. «Ақ жайық», «Нұржамал», «Аққу», «Жан еркем» т. б. әндер шығарды. «Айнакөз», «Үлкен айдай», «Ақ қербез», «Смет», «Боз жорға», «Он алты қыз» әндерін нәшіне келтіріп шығарды.

**«ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ»**, жазушының аудармасы, профессор В. Эвальдтың кітабы. Ә. тәржімалаған қазақша нұсқасы 1933 ж. Қызылордада Қазақстан білім-техника баспасынан 4 мың данамен шыққан. Қазақстанның халық шаруашылығына, өндірісіне, құрылысына қажетті мамандар дайындау үшін қазақ тіліндегі оқулық сипатындағы кітаптарға мұқтаж, әр түрлі салалар бойынша аудармалар жасау қажет болғандықтан аударылған кітаптардың бірі. Шағын қалыпты, 69 бет, көлемі 2,2 баспа табак. Ағаш, тас заттар, балшық, оны іс қылудың жөні, иленбелі заттар, металдар, әр алуан құрал-жабдықтар атты жеті тараудан тұрады. Кітап анық, түсінікті тілмен аударылған. Атап айтсақ, искусственные материалы – жасамас заттар, растворы – жабысқақ заттар, буговый камень – жұмыр тас, жирная глина – тоқ саз, тощая глина – арық саз т. б. бірталай терминдерді, мысалы, гравий, бетон, металл, плита т. б. аудармай сақтаған. Кітапта құрылысқа қатысты материалдарды қысқа, түсінікті сипаттап шыққан.

*Т. Әкім.*

**ҚҰСАЙЫНОВ** Амангелді (1942 ж. т.), тарихшы. Тарих ғылымының докторы (1991), профессор (1991), КСРО жоғары мектебінің үздігі (1980). Негізгі зерттеу еңбектері Қазақстан тарихының мәселелеріне арналған. 40-тан аса ғылыми еңбектің авторы. «Мұхтар жолының тағлымы» атты мақаласында «ХХ ғасыр руханиятына түзу бағыт сілтеген, жасынан көркемдік биігіне ұмтылып, кейіннен үлкен әдеби мектеп қалыптастырған, қаламын Құдірет әміріне бағындырып, ұлы ой мен саф сөзді қатерден арашалаған, шын мәнінде ескінің соңы, жаңаның басы бола алған азамат – Мұхтар Омарханұлы Әуезов» туралы ой толғап, ұлы суреткердің әрбір жас ұрпақ – студент жастар жөнінде айтқандарын еске салады («Қазақ әдебиеті», 1977, 26 тамыз).

*Н. Ақбай.*

**ҚҰТБЫ** Киrom (1932–1996), тәжік ақыны, публицист. Тәжікстанның халық ақыны (1994), республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1992). Қазақ жазушыларынан Жұбан Молдағалиев пен О. Сүлейменовтің бірқатар туындыларын тәжік тіліне аударды. Қазақстанды, соның ішінде Абай мен Ә-тің туған жерлерін аралап, «Нан ісі» атты өлең циклін жазды. Мұнда қазақтың классик жазушысы туралы жыр толғап, «Абай жолы» эпопеясында шығыстың сырлы поэзиясының іздері байқалатынын айт-

*Л. Шодижұлова.*

**ҚҰТТЫБАЕВ** Қаратай (1929–1989), жазушы, ғалым, аудармашы. Филология ғылымының кандидаты (1956), доцент. Ө-тің «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы «Эпопеядағы халық өкілдерінің образы» деген мақаласын жазды. Мұнда халық қамын ойлаған кейіпкерлерді суреттеу арқылы жазушы оянып, серпіле бастаған, тарихи дамудың кең өрісіне бет алған ұлан-асыр күштің туындап келе жатқанын, екінші жағынан, соларды қолдаған Абайды халық қорғаушысы екенін дәл бейнелеген деп ой түйеді («Қазақтың тұңғыш эпопеясы», А., 1957, 58–72-беттер).

**ҚҰТЫМОВА** Ғайнижамал Мұстафақызы (1900 – 1947), ғалым, қоғам қайраткері, медицина ғылымының кандидаты (1942). Орта Азия мемлекеттік университетін бітірген (1928). 1928–47 ж. сонда ординатор, Өзбек КСР Денсаулық сақтау халқымында басқарма бастығы, халқымыз орынбасары болды. Өзбек КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған (1938). Қ. мен Ө-тің арасындағы достық, сыйластық, бір-біріне ынтықтық қатынас ұзақ жыл бойы үзілмеген. Екеуінің жазыққан 700-дей хаттары мен жеделхаттарында (соның ішінде Ө-тің 385 хаты бар) тек сүйіспеншілік мәселесі ғана емес, әдебиет, мәдениет, қоғам, саясат т. б. мәселелер туралы айтылған. Хаттың бәрі орыс тілінде жазылған. Олар қазір Ташкентте тұратын тарих ғылымының докторы Серікжан Қарабаевтың қолында сақтаулы. 1942 ж. «Абай» романы жарыққа шыққанда, автор қолтаңба жазып, кітаптың бір данасын Қ-ға сыйлаған.

*Н. Ерсарыұлы.*

**ҚЫДЫРАЛИН** Сіләмбек (1908–1983), актер. Қазақстанның халық артисі (1954). Ұзақ жылғы шығармашылық сапарында алуан түрлі жанрдағы спектакльдерге қатысып, көптеген күрделі рөлдер ойнады. Ө. пьесаларының қойылымында Кеңгірбай, Еспембет, Нұрқан, Жантас, Қобыланды, Абай, Көгібар («Еңлік – Кебек», «Түнгі сарын», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Абай»), «Айман – Шолпан») және Әуезов аударған Н. В. Гогольдің «Ревизорындағы» Дуанбасы, А. Треневтің «Любовь Яроваясындағы» Шванда бейнелерін жасады. Музыкалық спектакльдердегі Тарғын мен Бекежан (Е. Г. Брусиловскийдің «Ер Тарғыны» мен «Қыз Жібегінің»), сондай-ақ У. Гаджибековтың «Аршин мал аланындағы» Солтанбек, А. Б. Александровтың «Малиновкадағы үйлену тойындағы» Назар т. б. – актердің мол ізденістерінің жемісі.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ҚЫДЫРОВ** Жүсіп Байболатұлы (1937–1983), акын. Заман тынысын, жастардың өмір-тіршілігін, еселі еңбекті, кіршіксіз махаббатты суреттеген бірнеше жыр жинақтары жарық көрді. Ақынның «Мұхтар Әуезов» атты оптимистік элегиясы «Қайғыдай ұзақ бұл кезек...», «Қуаныштай қысқа бұл өмір...», «Кино туралы», «Музей» секілді төрт өлеңнен тұрады («Жайсаң жаз», жинақ, 213–217-беттер). Элегияда жазушы өмірінің соңғы кезеңі бейнеленген.

«Қыз Жібек», жазушының мақаласы. Ө. бұл жыр туралы алғаш рет өзінің «Әдебиет тарихы» атты кітабында айтады; бұл тақырыпқа кейіннен қайта оралып, 1948 ж. «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-кітабында тарау арнайды. Бұдан соң осы зерттеу «Әр жылдар ойлары» (1961) жинағында жарық

көрді. «Қ. Ж.» туралы еңбек «Қазақ әдебиеті тарихына» (1960, 1-том, 1-кітап) енді. Ө. бұл жырды «азбас, абзал жар жайындағы дастан» деп бағалайды; эпоста қазақ халқының ертедегі өмір салтына орайлас оқиғалық өрілімдер екшелгенін көрсетеді. Шығарманың пафосы адамның бас бостандығын, махаббат пәктігін дәріптеу, ақылына сұлулығы сай қазақ қызының эпикалық бейнесін жасау. Сонымен қатар жырда ескі қазақ аулындағы құдандалық жағдайлары, әйелдің «ерден кетсе де, елден кетпейтін» болуын белгілеген әмеңгерлік салттың көрінісі де орын алған. Дастанда Төлеген мен Жібек арасындағы ғашықтық хикаясымен қатар елді сырт жаулардан аман сақтау сарыны да көрнекті орын алған. Бұл Жібекке қызығып, зорлықпен алмақ болған қалмақ ханы Қорен мен Сансызбайдың арасындағы соғыстан көрінеді. «Қ. Ж.» – аса көркем жырдың бірі. Осындағы он бір көш салтанатын бейнелеу қазақ эпосындағы ең әсем суреттердің қатарына қосылды. Жібектің де, Төлегеннің де, Қаршығаның да, Бекежанның да тұлғалары қазақ өмірі тудырған ақиқат бейнелер болып елестейді. Ө. Жібек бейнесін «нағыз ұлттық образ» деп сипаттаған. Жырда қоғасу, естірту, жоқтау секілді салт өлеңдер аралас келіп отыратынына, көркемдік суреттеу құралдарына талдау берілген.

*Р. Бердібай.*

«Қыз Жібек қандай», жазушының мақаласы. «Социалды Қазақстан» газетінде 1934 ж. 24 карашада шыққан. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енген (17-том, 25–27-беттер). Жазушы «Өн-күй театры осымен үш белден асты» деп бастап, театр жұмысына қысқа, нақты талдаулар жасаған. Талдаулары дәлдігімен, профессионалдығымен ерекшеленеді. Наркомпрос пен Жұмат Шаниннің еңбегіне, театрдың соңғы және сәтті қойылымы болған «Қыз Жібек» операсына жоғары баға береді. А. Александров, Е. Брусиловский еңбектеріне ризалығын білдіріп, әсіресе Александровтың еңбегін ерекше атаған. Бішілер ішінен Шараны бөліп атап, бұл саладағы өлі де балаң кемшіліктерді көрсеткен. Суретші Е. Ненашевтің еңбегін де ұмытпаған. Ұлттық кәсімдерге де көңіл бөлген. Мақаладағы көбірек сөз етілген сала – музыка. Музыкада біраз кемшіліктер болғандығын айта келіп, оған Брусиловскийді кінәламайды. Тек өн алдындағы кіріспе мен қайырмаларды қырып, опералық сипатқа келтіру керек еді дейді. Мұнда әнші-актерлерде де шеберлік дәрежесі жетпей жататынын ескерткен. Мақала өнертанушы маманның қолынан шыққандай әсер қалдырады.

*Р. Ықыласов.*

«ҚЫЗЫЛ КЕРУЕН», драмалық труппа. 1918 ж. Қостанайда құрылған. Қаладағы орыс мектептерінде оқитын қазақ жастары, уездік мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлер ұйымдастырған. Жұмысшы-солдат депутаттарының жиналыстарынан кейін және әскери бөлімдер арасында концерт қойды. Алғашқыда ән-күй, әдеби монтаж, инсценировка, шағын пьесалар орын алды. Көшпелі труппаға айналған соң, ойын-сауық қойып, үгіт-насихат жұмысын жүргізді. 1922–23 ж. труппа И. Мендихановтың «Малдыбай», Ө-тің «Еңлік – Кебек», «Бәйбіше-тоқал» пьесаларын т. б. сахнаға шығарды. С. Қожам

құлов, Е. Өмірзақов, Қ. Бадыров сынды өнер тұлғалары осы труппадан өсіп шықты. Труппа 1924 жылға дейін жұмыс істеді.

**«ҚЫЗЫЛ ҚАЗАҚСТАН»**, журнал. 1921 ж. 15 қыркүйектен бастап Орынборда ай сайын шықты. Марксизм-ленинизм идеяларын насихаттады, ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың өмірімен, шығармаларымен таныстырды, республиканың экономикасын, саяси-әлеуметтік, мәдени өмірін жақсарту, еңбекшілердің идеялық сана-сезімін жетілдіру жөнінде партия ұйымдарына көмек көрсетті. 1925 ж. шілдеден 1929 жылдың соңына дейін қазақ және орыс тілдерінде «Қызыл Қазақстан» – «Красный Казахстан» деген атпен жарық көрді. Ө-тің «Қорғаныс күні» әңгімесі (1921, №3) жарияланды.

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫ**, Н. Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ драма театры, шығармашылық ұжым. 1955 ж. Еңбекшіқазақ (Алматы облысы) және Қаратал (бұрынғы Талдықорған облысы) аудандарының колхоз-совхоз театрларының негізінде Талдықорған қаласында ұйымдастырылды. Тұңғыш шымылдығын 25 қарашада Ф. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясымен ашты. 1960 ж. наурызда театр Қызылордаға көшірілді. 1970 ж. театрға Нартай Бекежановтың аты берілді. Театрдың өсуіне Ө. пьеса салаларының репертуардан тұрақты орын алуы ерекше ықпал жасады. «Абай», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қарагөз», «Түнгі сарын» пьесаларының негізінде қойылған спектакльдер – театрдың үлкен шығармалық жемісі.

*Б. Құндақбайұлы.*

**«ҚЫЗЫЛ СҰҢҚАРЛАР» ТУРАЛЫ**, жазушының мақаласы. Ташкентте шыққан «Шолпан» журналының 1922–23 жылғы 2–3-санында (80–83-беттер) жарияланған. Жазушының кейінгі жинақтарына енген. Мақалаға «Қоңыр» деп қол қойған. Мақалада С. Сейфуллиннің 1922 ж. Орынбордағы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Қызыл сұңқарлар» атты төңкерісшіл пьесасы сөз болады. Мақала авторы пьесаға жоғары көркемдік талаптар қойып, қатал сын айтады: «Бұл күнге шейін дүние жүзінде жазылған пьесалардың мақсаты, бағыты неше түрлі болғанымен, бәрінің әдебиет жолында амалсыздан бағынатын бір заңы бар. Ол – пьесаның ішіндегі айқын көрінетін белгілі типтер шығару» деген теориялық тұжырым тұрғысынан пьесадағы он шақты кейіпкердің осы негізгі талапқа сай келмейтінін атап көрсетеді. «Бәрі сөйлетіп қойған грамофон секілді, бәрі Сейфуллиннің бірақ қалыбына соққан жансыз адамдар» деп сынады. Мақалада пьесаға қойылған екінші талап – ондағы өмір шындығының, яғни «қазақ өмірінің көрсетілуі» жайы. Автор жоғарыда айтқан әлгі геройлары түгелімен бір-ақ кісі болудың үстіне, оларда қазақтыңан ешбір белгі де жоқ» деген пікірін айтады. Сондай-ақ автор пьесаның бас кейіпкерінің Еркебулан аталуына байланысты да мұндай есімді «еш уақытта еңбекші елдің қамқоры, от пен судың азабында жүрген бейнетқорға жабыстыруға болмайды» деп ескертеді. Мақалада қазақ әдебиетіндегі революция тақырыбына алғаш жазылған бұл пьесаның идеялық-тақырыптық жаңалығы, драматургия жанрының жасандығы, сол

кезеңнің әдеби даму ерекшеліктері ескерілмей, шығарманың тек кемшіліктері қазбаланып көрсетілгені байқалады. Дегенмен биік талғам көркемдік талаптар әдебиет пен өнер дүниесіне қай уақытта, қандай дәуірде болсын, сыйымды да жарасымды екені күмәнсіз.

*К. Сыздықов.*

**«ҚЫНАПТАН ҚЫЛЫШ»** («Разящий клинок»), жазушының пьесасы. Пьесаның машинкада басылған нұсқасының (екінші немесе үшінші) бір данасы сақталған (орысша әдеби мәтін А. Г. Ридальдікі). Басында «Мұхтар Өзүзов, Фабит Мүсірепов» деп көрсетілген. Пьеса соғыс тақырыбына арналған. Соғысқа қатысқан қазақ жауынгерлерінің ерлігі, іс-әрекеттері сипатталады. 1-суретінде соғысқа дейінгі өмір бейнеленеді. Жылқы заводының мерекесі, олардың жүйрік аттарды Алматының ипподромында жарысқа қосқан сәттері көрінесе, соңғы 6-суретте Берлиндегі көрініс беріледі: бүлінген қала, бір бұрышын бомба жұлып кеткен үлкен үкімет үйлерінің бірі. 2-қабаты қираған, 1-қабатында оқиғалар өтіп жатады, осы кезде қатты жарылыс болып, ол басылғанда, ар жағынан сүйретіліп немістің екі унтер офицері шығады. Оның біріншісі: «Дозақ бітті білем, өзін тірісің бе?» дейді. Екіншісі: «Солай шығар, бірақ құлағымды алып кеткен сияқты» деп жауап қайтарады. Осы кезде Сырым, Әзімхан, Әсия, Өтешев көрінеді. Ал 4-суретте пионерлер үйіне орналасқан немістердің басқыншылық әрекеттері бейнеленген. Қабырғадағы Н. Некрасов, Ф. Достоевский, Л. Толстой, Жамбылдардың портреттеріне қарап неміс офицері Шулиц «Жаман басталмады! Бәрі де бар, тек мұнда Дед Мороз жетіспейді» деген. Сонда да Өтешев бастаған жауынгерлер басып кірген. Жалпы пьесаның уақыт, заман талабына сай жазылғандығы байқалады. Оның театрларда қойылмауына авторларының келісімі бір жерден шықпағандығы себеп болған секілді.

*Т. Әкім.*

**«ҚЫМБАТТЫ ЖАМБЫЛ АТА»**, жазушының мақаласы. Ө. бір топ жазушылармен бірге жазған Шығыс Қазақстан облыстық «Екпінді» газетінің 1938 ж. 26 желтоқсандағы санында шыққан. Мақала 1938 ж. Ж. Жабаявтың шығармашылық қызметінің 75 жылдығына орай Мәскеуге барып, Ленин орденін алып қайтуына арнап жазылған. Онда «Сенің ұлдарың – Қазақстанның ақындары мен жазушылары ұлы Советтер Союзы халықтарының даңқты ақыны сені біздің гүлденген республикамызға қайта келуіңді құттықтайды» делінген. Осы жайында аталған газеттің 26 желтоқсандағы санында ҚазТАГ-тың «Жамбылдың Алматыға келуі» деген хабары берілген. Онда декабрьдің 24 күні жергілікті уақыт бойынша сағат 19-да халық поэзиясының батыры қос орденді Жамбыл Жабаяев Мәскеуден Алматыға келіп түскені жазылған. Ақындар қарсы алған партия, үкімет басшыларымен қатар Ө., С. Мұқанов, Д. Әбішев, И. Шухов т. б. ақын-жазушылардың аты аталған. Осы оқиғаға байланысты жарық көрген мақалада 30 жылдардың өсіре солақай саясатының, идеологиялық талаптардың әсері байқалады. «Біздің қызыл армияның жауынгерлері мен командирлері сенің өлеңіңмен Хасан көлі маңында болған ұрыста самурайларға соққы берді, сенің өлеңдерің еліміздегі бақытты творчестволық еңбекті әлемге дәріптеді, сенің өлеңдерің адамзаттың данышпаны ұлы Сталинге сүйіспеншілікті және шексіз

берілгендікті нығайтады» деген көтеріңкі леп шығарманың соңына дейін сақталған.

**ҚЫРАУБАЕВА** Алма (1947–2001), әдебиет тарихын зерттеуші, түркітанушы. Филология ғылымының докторы (1997), профессор (1998). Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуге арналған бірнеше монографияның авторы. Ол «М. Әуезов және ежелгі әдебиет дәстүрі» («ҚазМУ хабаршысы», 1997, №3) зерттеу мақаласында Ө-тің нәзира жанры, сондай-ақ асылдың сынығындай жекелеген пікірлері кейінгі зерттеушілерге ой тамызық болды деген пікір айтқан.

*С. Жұртбай.*

**«ҚЫРҒЫЗ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КҮНДІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ»** («Ценные памятники киргизского и казахского фольклора»), жазушының мақаласы. «Труды казахского института национальной культуры» жинағының 1-томының 125–132-беттерінде шыққан (1935 ж.). Ө. Радловтың қырғыз, қазақ фольклорында тек эпикалық жанрлар ғана бар деген тұжырымына келіспейді. Алдымен қырғыз халқының ұлы эпосы «Манас» пен «Семетейдің» құрылымына, көлеміне тоқталып, негізгі нұсқаларын айтушылар Сағымбай мен Оразбайға тоқталған. Тақырыбының сан қилы екенін айтып, дүние жүзінің негізгі эпостық мұраларымен салыстыра келе, «Илиада» мен «Одиссея» ғана көркемдік жағына теңесе алады деген тұжырым жасайды. Мақала 30-жылдарда жазылғандықтан, «Манасты» пролетариат идеясына қарсы, айтушылары да, тыңдаушылары да үстем тап өкілдері, не солардың мүддесін көздеушілер дейді. Әуезовтің кейінгі жылдардағы «Манасқа» арналған зерттеулерінде, керісінше, халықтық сипатын дәлелдеп шыққан. Осы мақаласының өзінде «Манастың» көркемдігі жайында көптеген күнді ойлар айтқан. Қырғыз халқында эпоспен қатар шағын фольклорлық жанрлар – лирика, әсіресе махаббат лирикасы, тұрмыс-салт өлеңдерінің көптеген түрлері бар екенін нақты мысалдармен дәлелдеген. Қазақ фольклорында көңіл күй лирикалары көбірек кездеседі. Ал сүйіспеншілік өлеңдері тақырыбы жағынан да, эмоциялық қуаты жағынан да қырғыздың қарапайым «Ашықтық ырларынан артық емес». Қырғыздың махаббат лирикасы көбінесе адресті болып, белгілі ғашықтардың атынан айтылады, «Секетбай», «Күйген» деген өзіндік ерекшеліктері бар түрлерге бөлінеді дейді. Марабай жырлаған «Қобыланды» эпосына арнайы тоқталып, жыршының шеберлігіне жоғары баға берген. Мақалада «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырлары арнайы талданған. Қазақ эпосының көркемдік қасиеттеріне тоқталып, барлық қазақ аңыздары «Манастағы» жыр циклының жекелеген эпизодтары түрінде келеді деп, қазақтың лиро-эпосы тарихи нақтылығы мен идеялық-көркемдігі жағынан ерекше көзге түседі деген пікір айтқан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИЕТИ.** Көне жазба мұралары 5–8 ғасырлардағы Орхон-Енисей ескерткіштерінен басталады. Жекелеген ақын-жазушыларының шығармалары араб әрпінде жазылды. Бай ауыз әдебиеті 19 ғасырдың 2-жартысынан бастап Ш. Уәлиханов пен В. Радловтың жазбаларына байланысты ғылымға мәлім болды. Олардың ішінде «Манас» эпосы туралы ой-пікірлері айрықша орын алады. Кеңес заманы кезінде жазба әдебиет кең өріс алып, оның

барлық жанры дамып, өрістеді, әдебиеттер байланысы нығайды. Қырғыз бен қазақ халқының бұрыннан етене жақын мәдениеті бұл кезеңде бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болды. Ө. көп ұлтты кеңес әдебиетінің өзара байланысы мен бір-біріне тигізген әсеріне көп көңіл бөліп, оған зор үлес қосты. Ұлт әдебиеттерінің пайда болуы, өсіп-өркендеу заңдылықтарына арнап «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі», «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы», «Социализм дәуіріндегі Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиетінің дамуы туралы», «СССР халықтары әдебиетінің дамуы», «Пушкин және совет халқының туысқан әдебиеттері» т.б. мақалалар мен зерттеулер жазды. Ө. қырғыз халқының рухани қазынасына, ауыз әдебиетіне де көп көңіл бөліп, зерттеулер жүргізді. Оның зерттеушілігі мен ғалымдығы қырғыздың батырлық эпосы «Манасқа» арналған монографиялық еңбегімен айрықша танылды. Қырғыз халқының ауызекі шығармашылығы, жыр-эпостары оны Ленинград университетінің студенті (1922–1928) кезінен-ақ қызықтырып, іздену-зерттеу жұмыстарын жүргізе бастайды. Осының нәтижесінде 30–40 ж. орысша, қазақша екі тілде бірдей біраз зерттеу мақалалар жазды. Кейін ол мақалаларын толықтырып, соны деректермен байытып, бір жүйеге түсіре келе «Қырғыздың батырлық эпосы – «Манас» деген терең ғылыми монографияға айналдырады. Сөйтіп қырғыз халқының көркем сөз өнерінің басы болған «Манас» эпосына байланысты мәселелерді зерттеуде көптеген еңбектер жазып, 20 жылдай уақытын жұмсады. Ол белгілі манасшылар С. Оразбаков пен С. Қаралаев нұсқаларын салыстыра келіп, әрқайсысының шеберлік ерекшеліктерін, негізгі кейіпкерлердің портреттік бейнелерінің жасалуын, табиғат көріністері мен соғыс эпизодтарының суреттелуін, көркем сөз қолдануларын жан-жақты зерттеді. Әуезов «Манас» эпосы 840 ж. қырғыздардың ұйғыр елінің орталығы болған Бай-Тинді (Бес Балық) басып алуына байланысты туған деген пікір айтады. 1952 ж. осы эпосқа байланысты Фрунзе (Бішкек) қаласында өткен ғылыми конференцияда «Манас» эпосының халықтық варианттарын жасау керек» деген тақырыпта баяндама жасады. Осыдан бастап ол өз сөзін іс жүзінде асыра отырып, «Манас» эпосының халықтық нұсқасын жасауға белсене кірісіп, көп көмек көрсетті.

Ө. кәсіби әдебиетіміздің де қалыптасуы мен даму процестерін үнемі қадағалап отырды. Ол Қырғызстан жазушыларының III съезінде екі халықтың арасындағы әдеби байланыс жөнінде айта келіп, тарихи мен тілі жағынан ұқсас бұл екі халықтың прозасының, поэзиясы мен драматургиясының дамуында ортақтық сипаттар мол, сонымен бірге көркемдік әдіс-тәсілдерінде өзіндік ерекшеліктері мен үлкен айырмашылықтары бар деген болатын («Литературный Казахстан», 1959, №2, 129-бет). Мұхан қырғыз кеңес әдебиетінің алғашқы буын жазушыларымен бірге қазіргі қаламгерлерінің де шығармаларына ер кезде көңіл бөліп, бағыт сілтеп, бағалы кеңестер айтып отырды. Т. Сыдықбековтың шығармашылығына алғашқы сәтінен бастап ықыласпен қарап, оның 1933 ж. жарық көрген «Күрес» кітабындағы «Мен де» атты өлеңін жоғары бағаласа, «Шабұылға» деген жырдың көркемдігі солғын шыққанын айтқан. Сөйтіп жазу-

шыға өзінің шығармашылық ақыл-кеңесін ауызша да, жазбаша да аяған емес. Ө. Т. Сыдықбековтың «Тау арасында» романын қазақ жазушыларының шығармаларымен, әсіресе, Ф. Мұстафиннің «Қарағанды», «Миллионер» романдарымен салыстыра отырып, олардың арасындағы көркемдікті игерудегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерге тоқталады. Сыдықбеков шығармаларымен жақсы таныс жазушы Қырғызстан Жазушылар одағының 3-съезінде Орта Азия жазушылары жөнінде айтып өтті (Речь М. Ауэзова на третьем съезде киргизских писателей, стенограмма III съезда писателей Киргизии. 24–25 февраль, Фрунзе, 1959). Сондай-ақ Мұхаң А. Тоқамбаевтың, М. Илбаевтың, К. Маликовтың, Ж. Бөкөмбаевтың, Т. Үметалиевтің, Н. Байтемировтың т. б. шығармаларын сүйіспеншілікпен оқып, жетістіктері мен кемшіліктерін ашыратып, олармен үмісті достық қатынаста болған. Қырғыз ақын, жазушылары Ө-ті ұлы ұстаз тұтып, жанындай жақсы көрген. Бөкөмбаев: «Қымбатты Мұхтар аға, сіздің талантыңыз алдында бас июшілердің бірі менен осы кітапты («Ар мен ажал») қабыл алыңыз» деп жазған ұлы жазушыға сыйлаған бір кітабына. 1951 ж. Қырғызстанның 25 жылдық мерекесіне орай Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы шығарған қырғыз ақындарының өлеңдер жинағына да алғы сөзді Ө. жазған еді. Ұлы жазушының 60 жасқа толу мерекесін қырғыз халқы да өз мүшел тойындай қарсы алды. Қырғыздың халық жазушысы Сыдықбековтың құттықтау хаты «Қазақ әдебиеті» газетінің 1957 жылғы 28 қыркүйектегі санында басылды.

Ө. Орта Азия мен Қазақстан жазушыларының шығармашылық табыстарына қуанумен бірге, әлі де кейіпкердің жан дүниесін, ішкі әлемін терең ашып көрсететін лирикалы, нақты, көркемдігі келіскен шығармалардың аз кездесетіндігіне, оқиғаларды сырттай баяндап, кейіпкер іс-әрекетін үстірт суреттейтін шығармалардың жарық көріп жатқандығына реніш білдіріп, қынжылған. Ол Орта Азия мен Қазақстан әдебиеттерінен жалпы халықтың эстетикалық талғамын қанағаттандыратын шынайы көркем шығармалардың дүниеге келуін асыға күткен еді. Міне, сол кезде қырғыздың жас жазушысы Ш. Айтматовтың «Жәмила» повесі оның көңілінен шығып, айрықша қуанышқа бөледі. «Жәмила» повесін талдап, «Литературная газетада» «Сәт сапар» атты мақала жазылап, қырғыздың жаңа талап, жас жазушысын Одақ оқырмандарына таныстырды. Ол Айтматовтың шынайы талантын байқап, болашағына зор сенім артты. «...Қырғыз прозасы үшін жаңалық сол – Ш. Айтматов адамдарды суреттеуде, бір-бірімен қарым-қатынасын, іс-әрекетін көрсетуде олардың ішкі дүниесін жан-жақты ашып береді. Біздің туыста әдебиеттерде көбіне адам іс-әрекеті үстірт суреттеліп, мінез-құлқы сырттай баяндалуы еді. Көп ретте авторлар өз персонаждарына қисынсыз іс-әрекеттерді жапсыра беретін. Ал Ш. Айтматов повесі терең психологиялық шығарма, оқиғасы табиғи, шынайы және қарапайым... Бұл – қырғыз прозасындағы жаңа құбылыс» деп жазды Мұхаң. Данышпан жазушының бұл сөзі Ш. Айтматовтың дүниежүзілік аренаға шығар сапарының тұсаукесері еді. Ө. байқаған бұл қасиет – Айтматовтың бүкіл шығармашылығында – «Бетпе-беттен» «Боранды бекетке»

дейін – алтын арқау болып тартылып жатыр. Ол Шыңғыстың талантын жоғары бағалаумен бірге, жеке тұрмысына да әрдайым бақыт, табыс тілеп, жақсы қарым-қатынаста болған. Мұхаң Ш. Айтматовтың әр жаңа шығармасын шыдамсыздана күтетін. «Шынарым менің – шырайлым менің» повесі жарық көргенде, Қырғызстан Жазушылар одағының сол кездегі бірінші хатшысы Т. Абдымомуновқа жіберген құттықтау телеграммасында, повестің түпнұсқасын тездетіп жіберуін өтінген. Сондай-ақ Мұхаң Айтматовтың өз шығармасын орысша жазатынын да кезінде қуана қолдап, қуаттаған («Доброе начало». «Ленинская смена», 1961, 9 апреля). Айтматовтан шет елдік оқырмандар қай жерденсіз деп сұраса әрқашанда күрметпен, «Манас» жаралған және М. Әуезов дүниеге келген жерденмін» деп жауап береді екен. Ол Ө. шығармалары және өзі туралы әдеби кеңестерде, баспасөз беттерінде мазмұнды мақалалар жазып, ойпікірлерін ортаға салып келеді. Айтматов бүгінде Ө-ті бар жанымен, жүрегімен бірден-бір ұстазым, оқытушым деп біледі. «Әлемдік әдебиет кітапханасына» шыққан 200 томның ішінде ұлы қаламгерлермен бірге Ө-тің де екі томдығының орын алғанын Айтматов үлкен сүйіспеншілікпен, мақтанышпен айтады (Ч. Айтматов, «Слово об Ауэзове». «Простор», 1972, №12). Сондықтан Ө. шығармашылығы әлем халықтарымен жасалған мәдени байланыстың өзінше бір саласы болып табылады.

Бүгінгі таңда Ө-тің бай әдеби, мәдени мұрасын халыққа жеткізуге бар жан-жүрегімен ат салысып, қамқорлық жасаған үлкен суреткер Айтматов деп білеміз. Оның басшылығымен ұлы жазушының «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі қырғыз-қазақ киностудияларынан экранға шығып, екі ел кино өнерінің ірі табысы деп танылды. Ө-тің ең алғашқы шығармаларының бірі – 1928 ж. жазылған «Қилы заман» повесі. Бұл шығарма кезінде кейбір себептермен халыққа кең танылмай қалып қойған еді. Міне, сол шығарма осыдан бірнеше жыл бұрын ғана Айтматовтың алғы сөзімен орыс тілінде жарық көрді. «Қилы заман» повесінде революция алдындағы қазақ даласындағы ақ патшаның отарлау саясаты, екі жақты езгіде, тар қыспақта қалған халықтың ауыр тұрмысы, қайғы-мұңы, ашу-ызасы барынша шынайы көрсетілген. Жас Мұхтар «момын албан руының» әлеуметтік мешеулігі мен әлеуметтік күш-қуат, шама-шарқын әр қырынан нәзік әрі үлкен суреткерге немесе ғалымға лайық байқағыштықпен жіті қадағалап, батыл суреттеп бере білген. Бұл қанды оқиғаға, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбына Орта Азия мен Қазақстан ақын-жазушылары қайта айналып соғып, Тоқамбаев «Таң алдында», К. Бағлинов «Ажар», М. Элебаев «Ұзақ жол», Б. Кербабаяев «Шешуші адым», С. Мұқанов «Ботагөз» т. б. шығармаларын арнады. Айтматов «Қилы заман» повесінің «Абай» эпопеясын жазуға дайындық жасаған, түрткі болған шығарма екендігін, мұнда кең тынысты эпикалық баяндау формасының қолданылғанын айтады. Аталмыш повеске терең толғаныспен алғы сөз жазып, ақ жол, сәт сапар тілей отырып, оны символикалық түрде тұлпармен салыстырады. Айтматов Ө. шығармаларын әрқашан құмарта оқитынын, оқыған сайын, көңіліне сәуле, жанына шуақ таратып, терең ойға қалдыратынын айтады (Ч. Айтматов. В соавторстве... Фрунзе, 1978). Шынында ол Ө. туралы, оның шығармашылығы жайында көп айтып, көп жазғанмен, үлгі-өнеге алған



ұстазым, оқытушым дегенмен, Ө. әсері Айтматов шығармаларының «дал мына жерінде» деп кесіп айту қиын. Ол ұлы ұстазының эстетикалық тәжірибесін шығармашылықпен бойына сіңіре білді. Сөйтпін оның әдебиеттегі биік табысы – Ө. жинақтаған эстетикалық байлықтың да жемісі болып табылады. Әдебиет зерттеушілері Ө-тің «Қараш-Қараш оқиғасы» шығармасы мен Айтматовтың «Ерте қайтқан тырнарлар» повесінде өзара жақындық байланыс бар екендігін айтады. Бұл жақындық ол шығармалардың халықтық-эпикалық дәстүрде жазылғандығында деп көрсетеді. Ө. өзінің «Өскен өркен» романында Орта Азия мен Қазақстан әдебиетінде алғаш рет шопандар тұрмыс-тіршілігін, мал бағудағы өзгешеліктерін, табиғаттың стихиялық қатал әрекеттерімен күресудегі ерліктерін кең планды алып суреттеген. Ө-тің бұл шығармасы сынышы А. Салахияннің көрсеткеніндей бүгінгі күн тақырыбына қалам тартуда басқа жазушыларға үлгі болды (А. Салахиян. «Содружество таланта». «Правда», 1965, 23-январь). Ө-тің бұл тәжірибесі Айтматовқа да әсерін тигізбей қойған жоқ. Ол өзінің «Қош бол, Гүлсары» повесінде әдеп-салттың, тәрбиелік, тұрмыстық және өмірлік мәселелерді көтере отырып, кейіпкерлерін шиеленіскен өткір драмалық ситуацияларға қатынастырады. Дегенмен, Ө-тің де, Айтматовтың да шығармашылығында әрқайсысының өзінің қолтаңбасы, өзіндік мәнері айқын көрініп тұрады. Мұханның Айтматовқа сәт сапар білдіргеніне де көп жылдар өтті. Сынышы К. Асаналиевтің айтқанындай, ол кезде Ө. кім еді, Айтматов кім еді? Бірі – дүниеге атағы белгілі «Абай жолы» романының авторы, көп ұлтты совет әдебиетінің классигі, ал екіншісі – Мәскеудегі әдебиет институтының тыңдаушысы, бар болғаны – әдеби дебютант. Содан кейін 20 жылдай уақыт өткенде, біз қазіргі шығыс халықтарының әдебиеті туралы сөз болса, Ө-пен бірге Айтматовты қоса атаймыз деген ой ол кезде кімнің ойына келді дейсіз. Ө. пен Айтматовтың шығармашылық байланыстары екі елдің арасындағы ежелден келе жатқан туысқандық, достықтың мәңгілік екенін дәлелдейді. Қазақ-қырғыз халықтары екі ұлы жазушының бұл достық қарым-қатынасына тамсана да қызыға қарауда. Бүгінде Айтматовтың қазақ халқымен, өнер қайраткерлерімен байланысын жан-жақты, көп салалы түрде дамытуы, ұлы Ө-тің ойлаған мақсаттарының іс жүзіне асып отырғанын көрсетеді.

*А. Ақматалиев.*

**«ҚЫРҒЫЗ ДАСТАНЫ – «МАНАС»**, жазушының мақаласы. 1936 ж. 30 қаңтарда «Қазақ әдебиеті» газетінде шыққан. Ө. Ленинград университетін бітіргеннен кейін, 1929–30 ж. Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетінің аспиранты болған кезде арнайы тапсырмамен Фрунзеге барып, қырғыз эпосына қатысты қолжазбалармен жұмыс істейді. Мақала осы ізденістердің нәтижесінде, 1935 ж. желтоқсан айында Фрунзеде өткен «Манас» жайындағы жиынның әсерімен жазылған. Жиынның негізгі мақсаты «Манасты» қырғыз, орыс тілдерінде бастыру және ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағытын анықтау еді. Ө. бұл жиылыстың нәтижесіне жоғары баға береді. Осы жиынға қатысқан қоғам қайраткерлері мен зерттеуші ғалымдарға тоқталып, «Манастың» барлық елдер фольклорында көлемі, көркемдігі жағынан теңдесі жоқ эпос екенін баса айтады. Қырғыздың манасшы-жомықшылары С. Оразбақов пен С.

Қаралаевтан эпостың жазылып алу жолын көрсеткен. «Манастың» қай вариантын алсақ та, негізгі мазмұны бойынша, бұл шығармашы «қаһармандық дастаны» деп санау керек» деген тұжырымы сол кездегі қазақ эпосын зерттеушілердің жүйелеу жолдарына сәйкес келеді. Сонымен қатар Ө-тің «Қазір партия мен үкімет ескі мұраларға тиісті сынын айтып, өзіне тиісті арнаулы бағасын беріп, жарыққа шығаруды қолға алғанда, «Манастың» салт-саналық, таптық мазмұнын өбден анық түсініп, жұртшылыққа түсіндіріп, ашып айта отырып жарияламақшы» деген сөздерінен 30-жылдарда етек алған әдебиетке, өнерге деген тұрпайы, солақай көзқарастың сызын және жазушының өзінің сол кездердегі «Манасқа» деген, әсіресе С. Оразбақов нұсқасына қатысты көзқарасын танытады. Кейінгі зерттеулерінде жазушы-ғалым бұл көзқарасын өзгертіп, «Манасты» таза халықтық эпос деп бағалады. Мақалада автор қырғызша және орысша шығуға тиісті нұсқаларға қатысты бағалы ойлар айтып, Әсіресе орыс тіліне аударуда кейбір басқа халықтардың эпосын тәржімалауда кеткен қателердің болмауына баса назар аударуды ескертті. Мақалаға «Мұхтар Өуезұлы» деп қол қойған. Бұдан кейін жазушының ешқандай жинақтарына енгізілмеді.

**«ҚЫРҒЫЗДЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЭПОСЫ – «МАНАС»** («Киргизский героический эпос – «Манас»), жазушының монографиялық зерттеу еңбегі. «Әр жылдар ойлары – Мысли разных лет» (1959), «Мысли разных лет» (1961) жинақтарында, Мәскеуде шыққан 5 томдық (1975, 5-том), 12 томдық (1969, 11-том), 20 томдық (1985, 19-том) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Қазақша нұсқасы А. Нұрқатовтың аудармасы бойынша берілді. Ө. Ташкенттегі Орта Азия университетінде аспирант кезінен (1928–30) «Манасты» зерттей бастаған. 30-жылдары жазған бірнеше мақалаларында ұлы қаламгер Сағымбай Оразбақов нұсқасын басшылыққа алған, сондықтан эпостың манаптық биліктің ықпалынан туды деген тұжырымдары да болды. Кейін С. Қаралаев т. б. «Манасты» орындаушыларды тыңдап, көптеген ірі жомықшылардың нұсқаларымен танысқаннан кейін, бұрынғы пікірінен бас тартып, «Манас» қырғыз халқы ғана емес, әлемдік фольклордағы ең үздік, ұлы туынды деген тұжырымға келді. Бұл осы монография мен 1952 ж. Фрунзеде (Бішкек) өткен «Манас» жайындағы конференцияда сөйлеген сөзінен айқын көрінді. Монография – «Манасты» зерттеудегі ең бір шешуші, эпос тағдырына әсер етуші еңбектердің бірі; манастандық бет-бағдарының дұрыс жолға түсуіне әсер еткен еңбек. Еңбекте манаптық биліктің ықпалында болған, айлап айтқызып, айлап тыңдауға, осы айлар ішінде орындаушы жомықшыны, оның отбасын тұрмыстық жағынан ұстауға ірі бай, манаптардың ғана мүмкіндігі бар екенін ескере отырып айтқан пікірінен айнып қалуында 50-жылдардағы солақай сын мен И. Сталиннің тілге, ұлтқа байланысты айтқандарының да әсері бар. Бұл еңбекте «Манастың» ең негізгі орындаушылары – С. Оразбақов пен С. Қаралаевтан басқа көптеген нұсқаларды, арғы-бергі ірі жомықшыларды, жеке тарауларды орындаушы ақындарды зерттеу нәтижесінде туған үлкен еңбек әлі күнге дейін құнын, мән-маңызын жойған жоқ. Эпостың келе-

мінің мейлінше молдығы да тыңдаушылардың осыған илануына себепкер болған. Жырды тұтас күйінде жаттап алу мүмкін деп те ешкім ойламаған. Әр жыршының айтуындағы ұқсас, ортақ жерлерді де ешкім анықтап жатпаған. «Манастың» фольклорлық тарихи жайындағы ғылыми пікірлер осы күнге дейін Ө. тұжырымен төркіндес. Ө. кезінде ел қорғаушы батырды, елдік пен еркіндікті жырлау мақсатында шыққан эпостың тарихи-әлеуметтік өзгерістерге орай рулық-феодалдық, бай-манаптық, тіпті кейінірек діни идеологияның да әсеріне ұшырағанын көрсетеді.

Бұдан әрі Әуезов «Манастың» көп тақырыпты, көп қабатты шығарма екенін ескертеді. Тіптен эпостың әр бөлігін сюжетте пісіп жетілген, толыққа жеке жыр ретінде қабылдауға болатынын айтады: «Расын айтқанда, әр жыр, мәселен, жорықтар жайындағы циклдағы әр жыр бас-аяғы тұтас эпизод болып табылады. Әрине, бұл үлкен тақырыпты кіші-гірім бірнеше тақырыпқа бөлшектейді (батырдың өмірбаянына жанасты ерекше оқиғалар және басқа да көптеген жайттар). Осы тұрғыдан қарағанда, әр жыр, бәлкім өзара бөлек-бөлек дара творчестволық акт ретінде туған да болар. Бұлай болған күнде Сағымбайдың еңбегін «жеделгі уақытта туып, біздің заманға жеткен эпизодтардан, үзінділерден, көріністерден бас құрған эпостық көне жиынтық туындының өзгеше редакторының қызметіне балауға болады» деген пікір де әлі күнге дейін манастаңда жоққа шығарылған жоқ. Эпостың алғашқы нұсқасы, алғашқы бөлімі не бөлімдері «Ұлы жорық» кезінде немесе одан көп ұзамай шыққан деген пікірге тоқтайды. Мұны дәлелдеу үшін 3 негіз бар. Біріншісі: көне ескерткіштер мен орхон-енісей жазбалары және сол дәуірге жататын әдеби ескерткіштер; екіншісі: эпостағы жеке-жеке фабулалық элементтердің эпостың сүйегі ретінде осы күнге дейін жетуі; үшіншісі: тұрмыстық көріністердің сол дәуірге сәйкес келуі» дейді. Монографияда тұрмыс-салттық өлеңдер керез (песня-завещание), және кошок (плач об умершем) жайында, қырғыз халқының тарихындағы ақтандақ фасырлар жайында, эпоста кездесетін рутайпалар туралы ғылыми топшылаулар, болжамдар бар. Эпостың туу дәуірін 840 жылдан әрі емес, шамамен 1100 жылдай бұрын туған деген болжамын да қазіргі ғылым жетістіктері дәлелдеп отыр. Еңбектегі ғылыми құндылығы жағынан ең бағалы тараудың бірі – «Дастан қаһармандарының образы» тарауы. Әлемдік фольклортану ғылымының жетістіктерін жақсы білген Мұхан Манас бейнесін, Манасқа жақын адамдардың, Манастың жауларының бейнелерін жүйелі түрде талдап шыққан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ҚЫР СУРЕТТЕРІ»**, жазушының әңгімесі. Осы аттас топтамасына қосылмаған дербес шығарма. Ешқандай қосымша тақырып қойылмай, алғаш рет «Жас қайрат» журналында жарияланған соңына «М. Әуезов» деп қол қойған. Содан бері жазушының бірде-бір жинақтарына енгізілген емес және өзге баспасөз беттерінде қайта басылған жоқ. Жазушы шығармаларының 50 томдық толық басылымының 2-томында (1998) қайта басылды. Мұнда жайлауға көшкен қыр елінің салтанаты ерекше шабытпен суреттеледі. Шуақты күн, жасыл шалғын, жастардың көтеріңкі көңілі, қыз-келіншектер-

дің жол бойы шырқай салған әні, жарысқан бозбалалар, кәғалға тігіліп жатқан ақ шаңқан киіз үйлер көтеріңкі леппен, мәйекті тілмен баяндалады. Тіпті кемпір мен шалдар да қутың қағып, жастық шағын есіне түсіріп, қалжыңдасады. Тек бұл көш Мамық деген кемпірге ғана жақпайды. Әйткені оның немересі Мұқаш деген бала байдың қозысын бағады. Енді сол енесінен ажыратылған қозыларды жайлауға жаяу айдап апаруы керек. Жолай ауыл балаларының бәрі оны мазактап, түйебас жасап, өтіп кетіп жатады. Ел жайлауға қонған. Қозы баққан бала жоқ. Оны ешкім іздемейді. Сорлы кемпір немересін іздеп, қайтадан қыстауға аттанады. Шағын әңгіме осымен аяқталады. Табиғаттың көркем суреті мен өмірдің салтанатының ортасында ескерусіз қалған «кішкене адамдардың» тағдыры арқылы жазушы әлеуметтік астары үлкен мәселеге назар аударады. «Қ. с-н» шығармалар жинағына неге кіргізбеді, ол жағы беймәлім. Оған үш түрлі себеп қана болуы мүмкін: бірінші, социологиялық тосқауыл, яғни жайлауға көшкен елдің көңілді суреттерін оқыған әсіре белсенді әдебиетшілердің теріс пікірінен сескенуі; екінші, әңгіменің қолжазбасының жоғалып кетуі (1930 ж. тінту кезінде) және «Жас қайрат» журналының тігіндісінің қолына түспеуі; үшінші, әңгіменің көркемдік сипатына көңілі толмауы мүмкін. Сондай-ақ осы циклі бойынша жазылған «Жайлау күні» деген әңгімесі болған. Осыған орай, «Жайлау күні» деген әңгімесі осы емес пе екен деп жорамалдауға болады.

*Т. Журтбай.*

**«ҚЫРЫҚ ӨТІРІК МАҒЫНАСЫ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет орта, орталық мектептің 6-сыныбына арналған «Өдебиет хрестоматиясында» басылды (1938). Бұдан кейін «Қазақ әдебиеті тарихының» 1949, 1960 жылғы басылымдарында жарияланды. Ө. қазақтың өзгеше құрылымды өтірік әңгімесі туралы пайым-танымдарын таныта отырып, қара сөзбен, өлеңмен айтылатын нұсқаларынан үзінділер береді. Өлеңнің алдында «Бар екен де, жоқ екен, аш екен де, тоқ екен» деп қара сөзбен басталатын әңгімелер айтылады. Бір ханның кімде-кім оған кідірмей, мүдірмей қырық өтірік әңгіме, қырық ауыз өтірік өлең айтса, басынан төмен қарай алтын құямын, айта алмаса, дарға асамын деген жарлығын естіп, кедейліктен сіңірі шыққан, тойып ас ішпеген, қабағы ашылып киім кимеген бала келіп әңгіме айтады. Бұған дейін небір жүйрікпен дейтіндер келіп, дарға асылған. Ө. мақаласында: «Қырық өтірік қазақтың халық әңгімелерінің ішіндегі ең бір көпке мәлім түрі. Бұл әңгімені ерте күндерден бері қарай халықтың кәріжасы түгел біледі деуге болады. Мұнда қырық деген сан жай ғана өтіріктің көптігін көрсеткен мөлшер сан. Шынында осы басылған әңгіменің қара сөзбен айтылған түрін алсақ та, өлеңмен айтылғанын алсақ та, қырық қана өтірік боп тоқтамайды, қайта қырықтан сона ғұрым көп болады» деп, халықтық бұл мұраның қайталанғысыз өзгешеліктеріне, құрылымына, мән-маңызына тоқталады, онда халық қиялының тереңдігі, жүйріктігі көрінетінін айтады. Бұл қиялда өмірде бар нәрселер ғана сөз болып қоймайды, өмірде болатын, болса екен дегендер де қамтылады. Осылардың ішінде өмірде болуға мүмкін еместер де фантазиялық кеңдіктің өзегіне айналған. Әңгімеде адам ақыл ізденгіші, бүкіл әлем, кеңістікті шарлағаш, оның құшағына жанды-жансыздың бәрі сыйып, адамның ерік-қалауына бағынғыш келеді: құрықты-

қайық, пышақты-күрек, қарғаны-ұшатын көлік етеді, инелікке мініп түлкі қуады, түлкіге жүгін артады, аспанда құстай ұшып, суда балықтай жүзеді. Бір ғажабы сол: замандарда қиялдағандарының көпшілігі бүгіндері шындыққа айналды, қазіргі өмірде сол айтылғандай болып, іске асты. Ол өңгімелердің енді бостан-босқа айтыла салмағандығы көрінді – оның мәні адамның жүзеге асырулары мен қол жеткізерін алдын қиялдай білудіңде жатыр. Тапқырлығы мен қиялшылдығы ойды еріксіз бұрады. Бұларды айтушы – халық ортасынан шыққан өзі кедей, елеусіз жетім бала. Бұл жөніндегі ойын жазушы: «Бұлай болуында мағына бар. Жалпы осындай өнерді туғызушы халық, сондықтан ол әрқашан шешен, тапқыр, ер, өнерпаз қып, өз өкілін, өз ортасынан шыққан адамды көрсетті, өнерпаз бала ханды да өз өнеріне бағындырып, көндіреді, қашар жер қалдырмайды. Қысымшылық жасайын деген хан өзі қысылады, жері таусылып, бермесін береді. Бұдан өнер: қара тастай қатал ханды да жеңеді, өнерге ешнәрсә бөгет емес, деген мағына туады» деп қорытындылайды.

Т. Әкім.

**«ҚЫСҚАША ӘДЕБИЕТ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ»** («Краткая литературная энциклопедия»), ғылыми-танымдық басылмы. 9 томдық іргелі еңбек. 1962–78 ж. Мәскеудегі «Советская энциклопедия» баспасы орыс тілінде шығарған. Бас редакторы А. А. Сурков. 13 мыңнан аса мақала қамтылған. Оларда дүние жүзінің әр түрлі елдеріндегі әдебиеттер, көрнекті жазушылар, әдебиет зерттеушілер, сыншылар, аудармашылар т. б. жөнінде жан-жақты баяндалған. Ә. туралы көлемді мақалада жазушының өмірі мен шығармашылық қызметіне кеңінен тоқталған (1962, 1-том, 357–358-беттер). Энциклопедия бойынша Ә. есімі 40 жерде аталады.

**ҚЫСТАУБАЕВ** Төрегелді Асқарұлы (1948 ж. т.), актер. Қазақстанның халық артисі (1998). Театрда ойнаған тұңғыш рөлі – Ә-тің «Еңлік – Кебек» трагедиясындағы Кебек. Содан бері «Айман – Шолпандағы» Арыстан, Өзбек жігіті, «Қарагөзде» Сырым рөлдерін ойнап, актерлік шеберлігін өсіп, дамуына мол ықпал жасады. Басқа драматургтердің қойылымдарында басты кейіпкерлердің бейнелерін сомдады. 1997 ж. Ә-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесі негізінде спектакль қойып, халықаралық театр фестивалінің жүлдегері атанды.

Б. Құндақбайұлы.

**ҚЫТАЙ ӘДЕБИЕТИ.** Хань тілінде қалыптасқан үш мың жылдық тарихы бар дүние жүзіндегі ең көне әдебиет. Ә. «Октябрь» журналының 1953 ж. 11-санында жарияланған «Біздің барлық мәдениетіміз – бейбітшілік үшін» деген мақаласында: «Біздің халқымыздың озық дәстүрлерді бойына барынша сіңіруі үшін де бейбітшілік керек және мұның маңызы ерекше... Біз үшін Пушкиннің, Горькийдің, Маяковскийдің, сондай-ақ Шекспирдің, Геттенің, Гейненің, Диккенстің, Бальзактың, Виктор Гюгоның, Лу Синьнің шығармаларын үздік аударып, халықтық басылымын жүзеге асыру үшін де бейбітшілік қажет және оның біз үшін маңызы ерекше» деп жазды (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 19-том, 208-бет). 20 ғасырдағы қытай әдебиетінің дамуына Мао Дунь ұйымдастырған «Әдебиет зерттеу қоғамы» (1921) мен Го Можоның айналасына топтасқан «Шығармашылық» әдеби тобы елеулі ықпал жасады. Қытай Жазушылар

одағының төрағасы Го Можо 1957 ж. Ә-тің 60 жасқа толуына байланысты құттықтау жеделхатын жолдап, жібектен тоқылған суретті сыйға тартты. Оны мүшелтойға арнайы келген қонақтар жазушыға табыс етті. Оған дейін «Абай жолы» роман-эпопеясы 1945, 1957 ж. «Қазақ елі», «Жаңа өмір» баспаларында араб харпіне теріліп, Шығыс Түркістандағы қазақ қауымына таратылды. Өкінішке орай, 60-жылдардың 2-жартысында басталған қытайдағы «мәдениет төңкерісі» екі ел жазушыларының әдеби байланысын үзіп тастады. Ә-тің көркем шығармалары мен зерттеу еңбектерінің қытай жұртшылығына танылуына сол елдегі қазақ зиялылары үлкен үлес қосты. Кәрім Әкрәмидің аударуымен «Абайдың лирикалық өлеңдер жинағы» 1957 ж. Шанхай қаласында қытай тілінде жарық көрді. Ә-тің «Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы» туралы мақаласы алғы сөз ретінде берілді. Сол жылы Ф. Мүсірепов бастаған Қазақстан Жазушылар одағының арнайы өкілдері қытайға ресми сапармен барды. Қазақ жазушылары шығармаларын қытай тіліне аудару туралы келісім жасады. Қытай Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Лао Шэ Ә-тің «Абай» және «Абай жолы» романдарын аудару туралы шешімге қол қойды. Әкрәми мен Шыңжаң университетінің профессоры Чыжан Чжоуды аудармашы етіп бекітті. Роман-эпопеяны басып шығаруға Шанхайдағы «Классикалық әдебиет» баспасы келіпді берді. Осыған орай Ә. шығармасын қытай тіліне аударуға келісім беруді өтінген тәржімшілердің хатына ізгі ниет білдіріп, жауап жазды (Хаттың мәтіні М. Әуезовтің мұражай-үйінің қолжазба қорында сақтаулы). Романның алғашқы тараулары аударылып жатқан кезде мәдени төңкеріс науқаны басталып кетіп, аудармашылардың түрмеге жабылуына байланысты игілікті іс аяқталмай қалды. 80-жылдардан бастап Әуезов шығармаларын аудару, жариялау ісі қайтадан қолға алынды. Жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Қилы заман» повесі, «Қаралы сұлу», «Көксерек», «Жетім», «Қыр әңгімелері», «Қыр суреттері» Пекин, Үрімжі, Күйтін қалаларындағы «Халық баспаларынан» араб харпіне көп данамен басылып шықты. Ә-тің туғанына 100 жыл толу мерейтойына орай Әбділдәбек Ақшатайұлының құрастыруымен «Абайтану мәселелері» (1994), Сәли Сәдуақасұлының құрастыруымен «Әлем таныған Әуезов» (1997) Раздан Айдарханұлы мен Қайрат Нәбиұлы құрастырған «Мұхтар аға» (1997) атты зерттеулер мен естеліктер жинақтары жарық көрді. Ә-тің көркем шығармаларын қытай тіліне аударуда, жазушының өмірі мен шығармашылығын «миллиардтар еліне» таныстыруда белгілі аудармашы, Өзбекстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Семей университетінің құрметті профессоры Су Чжоу Сюнь үлкен еңбек сіңірді. Оның «Шыңғыстаудың үш шыңы» деген зерттеу кітабы 1995 ж. Пекинде жарық көрді. Автор Абай, Шәкерім, Әуезов үшеуін – Шыңғыстың үш шыңына теңейді. Сонымен қатар ол Абайдың «Қарасөздерін» аударды (Пекин, 1995). Ә. туралы жазған бес мақаласы қытайдың орталық газеттерінде жарияланды. Су Чжоу Сюньнің аударуымен «Қаралы сұлу» (Еркеш Құрманбекқызы да дербес аударма жасаған), «Жетім», «Қыр әңгімелері» т. б. «Шетел әдебиеті», «Ұлттар

әдебиеті», «Іле» журналдарында басылды. Жазушының «Абай» және «Абай жолы» романдары қалай жазылды» деген мақаласы «Тарым» журналында ұйғыр тілінде жарияланды (1987). Ха Хуан-жаңның (қазақша аты – Қабай) аударуымен «Абайдың өмірі мен шығармашылығы» деген мақаласы 1980 ж. жарық көрді. Қабай мен қазақ жазушысы Өкбар Мәжитұлы «Абай жолы» роман-эпопеясын қытай тіліне толық аударып шықты (1998).

*Т. Әкенұлы, Т. Жұртбай.*



**ЛАХУТИ** Әбілқасым Ахмед-зада (1887–1957), тәжік ақыны. Парсы тілінде саяси фазел жазды, әйел теңдігі, ұжымдар құрылысы, социализм, халықтар достығы туралы толғады. «Жамбылға» деген өлең жазды (1936), Жамбыл «Ғасем Лахутиға» атты өлең шығарды. Бүкілодақтық кеңес жазушыларының 1-съезін ұйымдастыру комитетінің мүшесі қызметін атқарған кезде (1932–34), съезд кезінде Ө-пен танысып, сұхбаттасқан, әдебиеттің ауыр жүгін бірге арқаласқан, бірін-бірі сыйлап, қадірлеп өткен. Ө-тің Л. жөнінде пікірде өте жоғары болған. «Туысқан тәжік поэзиясының совет дәуіріндегі өрлеу, даму жолдарын алып қарасақ, Лахутидің ізденулері өзінше бөлек. Көне жырлардың бейнелеу, өлшеу, ырғақ жағын өзгерте жүріп, ұлы дәстүрлерді, біздің заманның жаңалықтарын қосып, жаңғырта байыту жолында да көп табыстары бар. Сол жайларды біз мейлінше бағалаймыз. Оның іздену тәжірибелерін терең тани түсіп, өз іздену жолымызда көмекке алып, керекке жаратамыз» деп жазды ұлы суреткер «Мысли разных лет». А., 1961, 226–243-беттер).

*Л. Шодиқұлова.*

**ЛАЦИС** Вилис Тенисович (1904–1966), латыш халық жазушысы (1947). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1949, 1952). Социалистік құрылысты, жасампаз еңбекті, замандастар бейнесін суреттеді. Ө-пен қызмет бабында, Одақ көлеміндегі әр түрлі жиындарда кездесіп, сұхбаттасқан. Ө-тің сыйға жіберген «Абайын» алғаннан кейін, 1958 ж. 7 қыркүйекте өзінің «Зитарлар отбасы» романын қазақ жазушысына сыйлаған. Қазақ жазушысының Лениндік сыйлық алуына байланысты жеделхат жолдап, ыстық ықыласын білдірген («Қазақ әдебиеті», 1959, 24 сәуір). Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты очерктік мақаласында Вилис Лацис жазған «Дауыл» атты тарихтық эпопея латыш халқынан шыққан большевик, ер қайраткерлердің 1940–48 жылдардағы үлкен тартыстар тұсындағы бейнелерін танытады; «Жаңа жағаға» деген романы тұрасында 25 февраль 1952 жылда «Правда» газетінің бетінде беріл-

ген баға жалпы Лацис еңбегінің үлкен бір түйінді есепті болатын деп жазды.

*Н. Ақбай.*

**«ЛӘЙЛІ – МӨЖНҮН»**, жазушының мақаласы. «Шолпан» журналының 1922 ж. 2–8-сандарында басылған Ш. Құдайбердиевтің осы аттас дастанына басқарманың атынан жазған алғы сөз. Жазушы дастанды Ташкентке өзімен бірге ала барған. Мұны ақынның баласы Ахат Құдайбердиев естелігінде растайды (Шәкәрім. Шығармалары. А., 1988, 552-бет). Ондағы түсініктемеге қарағанда «поэма» ны журнал редакциясына тапсырған да, жариялануына көмектескен де – Ө.. «Л. – М» дастанын Шәкәрім 1907 ж. жазған. «Шолпан» журналына дайындау барысында ұлы жазушы дастанның: «Біле ме біздің қазақ ғашық жайын» деп басталатын 8 шумақтан тұратын кіріспесін қысқартқан. Ішінара өзгеріс енгізген. С. Сейфуллин 1935 ж. бұл дастанды жеке кітап етіп шығарды. Ө. шағын алғы сөзде дастанның әлем әдебиетінде алатын орны мен оның шыққан тегін, ол туралы Еуропа ғұламаларының пікірін қысқаша ғана баяндап өткен. Сондай-ақ «Л. – М.» дастанын аударма деп бағалайды. Негізінде ол – Шығыста кең тараған нәзира үлгісінде жазылған Шәкәрімнің төл туындысы. Мұны оқиғаны баяндау, дамыту, бейнелеу барысындағы айырмашылықтардан толық аңғаруға болады. Таныстыру мақсатымен жазылған алғы сөзге «Басқарма» деп қол қоюның өзіндік себебі бар. Дәл осы санда Ө-тің б. туындысы қатарынан жарияланды. Олардың соңына: «Басқарма атынан – Мұхтар Әуезов», «Жаяу сал», «Қоңыр», «Мұхтар» деп қол қойған. Сондықтан шағын кіріспеге өз атын үстемелеп қайталамас үшін жай ғана «Басқарма» деп жазған.

*Т. Жұртбай.*

**ЛЕВИН** Моисей Зеликович (1895–1946), театр суретшісі, кинорежиссер. Қазақстанның халық суретшісі (1944). Негізнен Ленинградта қызмет етті. 1922–1934 ж. Ленинградтың Үлкен театрында қойылған Б. А. Лавренев, А. В. Сухова-Кобылин, К. А. Тренев, М. Горький, Н. Ф. Погодин, М. П. Мусоргский, М. Кирион т.б. драматургтердің спектакльдеріне тамаша декорациялар жасады. 30-жылдардың соңынан фашизм өнерімен де шұғылданды. Б. Майлин, Б. Мүсірепов, В. Ивановтар бірлесіп жазған сценарий негізінде «Амангелді» (1938), Ө-тің сценарийі бойынша «Райхан» (1940) көркем фильмдерін түсіріп, қазақ киносының дамуына зор үлес қосты.

**ЛЕКЕРОВ** Асқар (1912–1964), ақын, жазушы. Ө-тің «Шекарада» пьесасы жөнінде «Нияз бен Жомарттың образы туралы» (Б. Оспановпен бірге; «Лениншіл жас», 1938, 1, 5 қаңтар), «Намыс гвардиясы» жайында «Жеңіске шақырады» («Социалистік Қазақстан», 1942, 29 қараша) мақалаларын жазды **ЛЕКЕРОВ** Әзімбай (1901–1938), экономист, қоғам қайраткері. Семей өрлер гимназиясын (1920) Мәскеудегі Қызыл профессор институтын (1932) бітірген. 1920 жылдан Семей губкомының Ө. басқарған түркі халықтары бөлімінде нұсқаушы. 192 жылдан Қарқаралы уездік атқару комитетінің төрағасы, 1926 жылдан Қазақстан Халық шаруашылығы орталық кеңесінің төрағасы, Қазақтың Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы (1932), ҚазПИ-де кафедра меңгерушісі, Алматы марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтының директоры (1934) қызметтерін атқарды. Ө-пен үнемі арасып, ниеттес, пікірлес болып, азаматтық үлке-

тәлім-тәрбие көрген. 30-жылдары жазықсыз жазаға ұшырады.

**ЛЕКЕРОВ** Қуан (1896–1955), әнші, драмалық тенор. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1939). Алғаш Қазақ радиокomiteетінде әнші болды. Қазақ драма театрында қызмет етіп, Ө-тің «Еңлік – Кебек», «Қарагөз» драмаларында Жапалды, Сырымды, Ф. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысында» Ақанды мүсіндеді. 1939 ж. Ө-тің ұсынысымен Алматыда Абай әндерін нотаға түсіру қайтадан қолға алынды. Оның тапсыруымен композитор Б. Г. Ермакович Л-тен «Айттым сәлем қаламқас», «Ата-анаға көз қуаныш», «Бойы бұлған» әндерінің басқаша түрлерін нотаға түсірді.

*С. Мәрекеева.*

**ЛЕНИНГРАД УНИВЕРСИТЕТИ**, Д. А. Жданов атындағы Ленинград университеті, Ресейдегі байырғы және ірі жоғары оқу орны. Петербургтегі Бас педагогика институтының негізінде 1819 ж. құрылған. Университет Ресейдің негізгі ғылыми әрі мәдени орталығы ретінде елдегі қоғамдық қозғалыстың дамуына зор ықпал жасады. Ө. 1923–28 ж. осы университетте оқып жүрген кезінде Абай шығармаларын зерттей бастады. Ө-тің әдеби-ғылыми ой-санасымен танымының қалыптасуына үлкен әсерін тигізді.

**«ЛЕНИННИҢ ҰЛЫ ИДЕЯСЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШІ»**, жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939 ж. 21 қаңтар күнгі 17-санында Лениннің қайтыс болғанына 15 жыл толуына орай ұйымдастырылған арнайы бетте жарияланған. Шығарма: «Бүгін жер жүзінің еңбекші адам баласын жарық күнге бастаған, жарқын сөзді ұлы данышпан көсем Лениннің қайтыс болғанына 15 жыл толды. «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген Абайдың сөзі бар. Бірақ бұл шамалы, шағын жақсыға да айтыла беретін сөз. Ал бүкіл дүние жүзінің, есімі адам баласының көптен көбіне ардақты Ленинді бұл өлшеммен өлшемейміз» деп басталады. Лениннің қазасынан кейін де кеңес өкіметінің сол салған жолмен жүріп келе жатқаны, оқу-ағарту саласындағы табыстарды, ғылым мен мәдениеттің, әдебиеттің жаңа белеске көтерілгені туралы баяндайды. М. Горькийдің «Ана» романын үлгі ете отырып, жазушыларды көркемдік қуаты жоғары шығарма жазуға шақырады. Мақала бұдан кейін елу томдық шығармалар жинағына енгізілді (14-том, 11–14-беттер, 2004).

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ЛЕОНИДЗЕ** Георгий Николаевич (1899–1966), грузин ақыны. Грузияның халық ақыны (1959), Грузия ҒА-ның академигі (1944), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1939, 1951). Ө-тің 60 жасқа толуына байланысты «Грузия сәлемі» атты өлеңін жолдаса («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек), құттықтау жеделхатында «Абай» романының авторын, дана әрі мәдениетті Ө-ті аса қадір тұтатынын айтып, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілеген. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде: «Георгий Леонидзе – Грузияның бүгінгі ірі ақыны» деп, оның «Грузия большевиктері», «Заводтың таңертеңі» деген өлеңдерін жоғары бағалаған.

**ЛЕОНОВ-ВЕНДРОВСКИЙ** Леонт Владимирович (1889–1954), режиссер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1946). 1940–54 ж. Семей облыстық музыкалы драма театрының көркемдік жағын басқарды, бас режиссері қызметін атқарды. Осы теат-

рда Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыланды», «Сын сағата» пьесаларын, Ф. Мүсірепов пен Е. Г. Брусиловскийдің «Қыз Жібегін», Ш. Хұсайыновтың «Алдар Көесін», Ө. Әбішевтің «Дустық пен махаббаты» т. б. қойды. Театрдың музыкалы драма бағытының қалыптасуына ерекше ықпал етті.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ЛЕОНОВ** Леонид Максимович (1899–1994), орыс жазушысы. Ресейдің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1949). Соц. Еңбек Ері (1967), КСРО (1972) және Ресей (1991) Ғылым академияларының академигі. Лениндік (1957) және Мемлекеттік (1943) сыйлықтардың лауреаты. 1960 ж. Ө-пен Америка

сапарында бірге болды. Бұрын да олардың бір-біріне деген сый-құрметтері жақсы болғандығы жазған құттықтаулары мен жеделхаттарынан көрінеді. Бостондағы Кембридж университетінің атақты лабораториясына бірге барады, сұрақтарына екеуі кезек-кезек жауап қайтарады (№392-папка, 344-бет). Ө. Лениндік сыйлық алғанда, Л. бір топ қаламгерлермен бірге жеделхат жолдап, әдеби қызметіне сәттілік, өзіне берік денсаулық тілеген («М. О. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 658, 686-беттер).

*Т. Турғанбаев.*

**ЛЕОНТЬЕВ** Александр Александрович (1858–ө.ж.б.), Абайдың досы, Семейге жер аударылған саяси тұтқын. 1884 ж. «Петропавл қамалында қамауда жатқан адамдармен байланыс жасағаны үшін» айыпталып, 3 жылға Батыс Сібірге айдалған. Сол жылы Семейге келеді. Қалыңдығы Е. Михайлова да саяси қылмыскер ретінде екі жылға Омбыға жер аударылды. Олар осында кездесіп, алдағы өмірін қоғамдық-мәдени қызметке арнауға уағдаласады. Ө.: «Сол 80-жылдарда айдалып келген тағы бір адам Леонтьев те Абайдың досы болды» деп жазды (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 91-бет). Семей уезінің соты, Абайды жақсы біліп, құрмет тұтқан П. Е. Маковецкий заң ғылымын өте жетік білетін Л-ті қазақтың дәстүрлі заңын зерттеу ісіне тартады. Соның нәтижесінде «Қазақтардың заң жөніндегі әдет-ғұрыптарын үйренуге арналған материалдар» атты жинақ 1886 ж. жарық көрді. Ал Л-тің «Қазақтардың дәстүрлі заңдары» деген еңбегі жарияланды. Бұл туралы Ө.: «Мешуе қалған қиырдағы өлкеге орыс мәдениетін тұңғыш таратушылар да, халықтың өмірі мен тұрмысын өзгертудін, оны ағартудың жақтаушылары да солар болды. Біз Михаэлистің көптеген еңбектерін және Леонтьевтің «Обычное право у киргизов» деген көлемді зерттеуін білеміз. Орыстың демократиялық интеллиген-



М. Шолохов, Л. М. Леонов,  
М. Өуезов. Алматы. 1954.

циясының бұл өкілдері халықты ағартуда царизмге қарсы күрестің маңызды құралы деп санады» дейді (сонда, 44-бет). Америка публицисі Дж. Кеннан Семейге келгенде, Л. саяси айыппен жер ауып келгендердің басын қосып, Кеннанның құрметіне қонақасы береді. Пікір алысу кезінде Л. кітапхананың ашылу тарихын айта келіп, Абайды ауызына алады. Кеннан өзінің «Сібір және жер аударылғандар» атты еңбегінде Абайды жақсы танитынын баяндаған. Мұхаң Л. пен Кеннанның жоғарыда аталған екі еңбегімен де таныс болған. Оны өзінің абайтану еңбектерінде үнемі мысалға алып отырады.

Т. Жұртбай.

**«ЛЕРМОНТОВ (1814–1841)»,** жазушының мақаласы. Орта, орталу мектептің 6-сыныбына арналған «Әдебиет хрестоматиясында» басылды (1937–1938). 1933 ж. М. Жолдыбаев, Ө. Қоңыратбаевтармен бірігіп жазған «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы, 7-класқа арналған» деп аталатын кітапта да жарияланды (41–46-беттер). Біздің сөз еткеніміз Ө-тің өз авторлығымен шыққан кітаптағы нұсқасы. Мақалада: «Михаил Юрьевич орыс әдебиетінде Пушкинге тетелес шыққан ұлы ақын. Туған жері – Мәскеу қаласы. Туысы ақсүйек тегінен болса да, өз әкесі кедейлікке ұшырап қалған адам еді. Сонымен үш жасынан шешесі өлген соң, жас бала Мәскеудегі бай әжесінің қолында өседі. Мұны тәрбиелеуші шет жұрттың күтүші тәрбиешілері (губернрлері) болады» деп басталады. Ендігі тұжырымдарын ақындығымен байланыстырып, Лермонтовтың поэзиясы декабристер көтерілісінің артын ала ақсүйектер тобынан шыққан алдыңғы қатарлы адамдардың көңіл күйін білдіреді. Ақын өз талабының кер кеткен заманда өрге баспайтынын көреді. Сондықтан барлық шығармасына түнілген уайым сарыны жайылады. Кейде болмысқа тағдыр бұйырғандай қарап, өзі де дарашылыққа беріледі. Өзін шетке қағылып қалған жалғыз жаңдай сезінеді деп өрбітеді. Лермонтов аз жылдық ақындығында еш нәрсеге талпынбайтын өз буынының мінін қазады, олардың қуыс кеуделілігінен түніледі, болашағын: «Я куыс, я қараңғы» дейтіні сондықтан. Қылар қайрат, етер дәрмен болмаған соң, шерленуден басқа жол қалмағандай және «мақсатсыз өткен бір сапардай» көреді. Ақсүйектерден шыққан оқығандар ұсақтап, күйкіленіп барады, соны бұзардың дауыл соқса, ереуіл күйіпсе екен дейді. «Ақын өлімінде» деген өлеңінде өктемшіл аталардың тәкаппар ұрпақтарының қызғаныштығын шенейді. Осының барлығы тақ иесіне айтылған үкім сияқты болып көрінді де, ақынның өзі туралы да неше түрлі пәлені ойлап табулары мұрындық болды. Сөйтіп сыршылдық өлеңдерінде ол ұдайы заманы мен ортасын мейніді, солардан көрген қорлықын жырына қосады. Бұларды Абай қазақ тілінде өз мұнымен ұштастырып, аударма екендігін сезіндірместей күйге жеткізді, сол сияқты өз өлеңдерін Лермонтовша толғайтын тұстары да жиі кездеседі.

Т. Әкш.

**ЛЕРМОНТОВ** Михаил Юрьевич (1814–1841), орыс ақыны, жазушы. Көптеген лирикалық өлеңдер, поэмалар («Измаил-бей», «Боярин Орша», «Маскарад», «Мцыри» т. б.), повесть («Біздің заманымыздың қаһарманы»), роман («Вадим», аяқталма-

ған) жазған. Ол А. Пушкиннің мұрагері ретінде танылып, елдің мұңын, халық қасіретін жырлады. Өмірге сын көзімен қарап, ескі дүниені ашкереледі, өткір мысқыл мен кекесінге алды. Л-тың мұрасы қазақ оқырманына ертен таным. Оның шығармаларын Шокан, Ыбырай, Абай үнемі зер салып, оқып отырған. Абай көптеген өлеңдерін аударған. Ө. ақын туындыларын терең зерттеген. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» деген монографиясында Абайдың аудармаларымен салыстыра қарастырса, «Орыс классиктері мен Абай» атты мақаласында Л. жырларын тәржімалау арқылы Абайдың қазақ өлеңіне ерекше жаңа, құрыш күшті, терең сырлы ағым әкелгенін айтады. Ал «Қазақ хрестоматиясына» енген «Лермонтов» деп аталатын еңбегінде орыс ақынының шығармашылық ерекшелігіне тоқталған.

Н. Ақбай.

**ЛЕСАЖ** Ален Рене (1668–1747), француз жазушысы. «Ақсақ жын» (1707), «Сангиляннан келген Жиль Блаздың тарихы» (1715, 1935) атты романдары кезінде Еуропа әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосты. Оның шығармаларын Абай оқып, өзгелерге мазмұнын айтып беріп отырған. Бұл туралы Ө. «Абай ең алдымен өзі оқып, жаттап, кейін өзінің тыңдаушыларына айтып берген батыс пен орыс жазушыларының романдары ауызша хикая ретінде қазақ даласына жайылды. Атақты француз жазушысы Дюманың «Үш мушкетер», «Генрих Наварский» деген шығармалары, орыс халқының Ұлы Петр туралы ертеқ-жыры арғы замандағы жойқын қырғынды, талап-тонауды суреттеген романдар қазақ даласына осындай жолмен тараған. Жазушы Лесаждың «Ақсақ француз» деген әңгімесі «Ақсақ шайтан» болып ауызша жатқа айтылып жүрді» деп жазды (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 154-бет).

**ЛИБЕДИНСКИЙ** Юрий Николаевич (1898–1959), орыс жазушысы. Қоғам өмірін, адамгершілікті, сүйіспеншілікті, қарымды еңбекті суреттеген повестер, романдар жазды. Ө-пен жақсы қарым-қатынаста болып, бір-бірімен хат жазысып тұрған. «Ұлы ағартушының жолы» атты мақаласында «Абай жолы» эпопеясының жетістік жақтарын жоғары бағалаған («Литературная газета», 1951, 13 желтоқсан).

Д. Қонаев.

**ЛИБРЕТТО**, жазушының либреттоланы. Опера, кантата, оратория сияқты музыкалық-драмалық шығармалардың сөз мәтіні. Ол драматургияның жалпы заңдылықтарына сәйкес жазылды. Мынадай түрлері бар: 1) Музыкалық-драмалық шығармалар, опера, оперетталардың, бұрынғы кездегі кантата, ораториялардың мәтіні; 2) Балет спектаклінің әдеби сценарийі; 3) Опера, оперетта, балеттің қысқаша мазмұны. Ө-тің либреттист ретіндегі шығармашылығы көбінесе «Абай» операсындағы Абай образының көркемдік интерпретациясымен байланыста. Бірақ бұрынырақ жазылған «Айман – Шолпан», «Ақан – Зайра», «Бекет» музыкалық пьесалары да (автор «күйлі пьеса» деген анықтама берген) маңызды, кезеңдік шығармалар болып табылады. Бұлардан бұрын автордың өзі музыканың қызметін айрықша атап көрсеткен драмалық шығармалар жазды. Осы себепті бұл шығармалардың көпшілігі кейін Ө-тің қатынасынсыз жасалған опера, балет либреттоларына сөздік-мәтіндік негіз болды («Еңлік – Кебек», «Түңгі сарын», «Қарагөз» т. б.). Ө-тің шеберлігі кейін жаңа

жанр – опера шарттарына «аударылған» музыкалық пьесаларынан, арнайы жазылған опера либреттоларынан («Абай», «Бес дос») драматург-либретто шебері ретінде көрінді. Оның шығармашылық қызметі бір ғана жанрмен шектелген жоқ. «Қалқаман – Мамыр» балетінің де либреттосын жазды. Әдетте олар композиторлармен тығыз қарым-қатынаста өңделіп (Е. Г. Брусиловский, А. А. Зильбер, А. Қ. Жұбанов, Л. А. Хамиди), іс-әрекеттің, сөздің, музыканың бірлігіне көл жеткізді. Сонымен қатар Ө. шығармаларының бұл саладағы қойылымдары жазушының суреткерлік әдісінен тұныдайтын түпнұсқаның әдеби-драмалық қасиеттерін толық сақтаумен, либреттоның негізгі талаптарын сақтаумен ерекшеленеді. Опера драматургиясының заңдарын білуі, опера жанрының табиғаты мен өзіндік ерекшеліктерін нәзік түсінуі либретто жазудағы маңызды мәселелердің бірі. Сахналық әрекет логикасының (оқиға мен характердің табиғи дамуы), музыкалық композицияның заңдылықтарымен: вокалдық, хореографиялық, симфониялық эпизодтардың ауысымдарымен, екіпмен динамиканың өзгерістерімен, опералық формалардың (ария, монолог, ансамбльдер) айқындығымен, мәтінге қойылатын ерекше талаптармен (лаконизм, айтуға ыңғайлылық, ансамбльде әр түрлі мәтіндердің болуы т. б.) бірлікте болуы мәселесін шешті.

А. Омарова.

**ЛИЗУНОВА** Евгения Васильевна (1926–1993), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1964), профессор (1966), ҚазКСР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1975), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1982). 1964 ж. «Қазіргі қазақ романы» монографиясы жарық көрді. Еңбекте негізінен Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясы талданды. «Мұхтар Әуезовтің шеберлігі» (1968) деген зерттеу кітабында жазушының шығармашылық жолы мен көркемдік ізденістеріне, жанрлық ерекшеліктеріне, қазақ әдебиетінен алатын орнына барынша көңілен тоқталды. «Қазақ әдеби байланысы» (М., 1968), «Қазақ әдебиеті» (М., 1973) деген монографияларында Ө-тің шығармашылығына арнайы бөлім берілді. Ол жазушының «Әр жылдар ойлары» (1961) жинағына енген бірнеше мақаланы орыс тіліне аударды. Сондай-ақ Ө-пен бірігіп «Қазақ әдебиетінің тарихынан» (1957), «Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиеттерінің социализм дәуірінде дамуы туралы» (1957) деген мақалалар жазды. «Әлем әдебиетінің кітапханасы» шоғыры бойынша шыққан «Абай жолы» эпопеясының, Мәскеуде басылған 5 томдық шығармалар жинағының ғылыми түсініктерін жасады. Бұдан басқа «Мұхтар Әуезов» (1957), «Қазақ халқы туралы эпопея», «Орыстар қазақ әдебиеті туралы» (1957), «Абай бейнесін жасаудағы кейбір көркемдік талаптар» (1960), «Қазақ романдарының ұлттық ерекше-

Е. В. Лизунова мен М. О. Әуезов.



ліктері» (1961), «Роман және әдебиеттердің бірін-бірі байытуы» (1963), «Роман және адамдар» (1964), «М. Әуезов – совет әдебиетінің классигі» (1967), «Мұхтар Әуезов ұлт әдебиеттерінің өзара байланысы туралы» (1970), «Аңыз адам» (1972), «Әуезов және түркі тілдес әдебиеттердің бірін-бірі толықтыруы» (1976), «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» (1977), «М. Әуезов – әлем әдебиетінің классигі», «Халық жыршысы» (1977), «Әрі тұтқа, әрі дос» (1978), «М. Әуезов және әлем әдебиеті» (1980) атты қазақ, орыс тілдерінде жарияланған мақалалардың авторы. «Аты аңызға айналған адам» деген естелігінде Мұханның адамгершілік, азаматтық қасиеттерін ой тезінен өткізген «Біздің Мұхтар», А., 1976, 352–353-беттер).

Р. Қайшыбаева.

**ЛИНГВИСТИКА**, тіл және тіл білімі туралы ғылым. Қазақ КСР ҒА-ның Тіл және әдебиет институты 1952 ж. 5–9 ақпанда қазақ тіл білімінің кейбір даулы мәселелері жөнінде ғылыми дискуссия өткізді. Оған Қазақстанның және басқа да Орта Азия республикаларының көптеген әдебиетші және тілші ғалымдары қатысты. Осы ғылыми дискуссияда Ө. қазақтың, жалпы халықтың тілінің шығуы және қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен даму мәселелері, қазақ тілі диалектілерінің негізгі мәселелері және қазіргі қазақ тілі орфографиялық ережелерін толықтыру мәселелері тәңірегінде ой-пікірлерін білдірді. Бұдан әрі ол ұлттық тіліміздің ұзақ тарихы бар екенін, оның өсу жолын басқа бауырлас елдердің тілдерімен байланысты алып қарастыру керектігін айқын нұсқау етті. Ұлы жазушы қазақ тілінің аса бай, қуатты тіл екенін Абай шығармаларының тілін талдай отырып ұғындырды. Абайдың тіл жүйесі, негізгі сөздік қоры, грамматикалық құрылысы халық тілі екендігін, бірақ Абайдың өзі білген қазақ тілінің барлық қорын түгел пайдалана алмағандығы жайында айтты: «Рас, оның шығармаларының ішінде халықтың қордың ең асыл, көрікті, мән-мазмұнды қасиеттері шамасынша қамтылғаны анық. Егер Абай поэзиясымен қоса, қалың роман тәрізді, повесть сияқты, не драматургия сияқты үлгілерде көп жазған болса, өз халқының сол замандағы салттық сөздерінен, тілдерінен көп сөздіктер кіргізген болар еді...» («Тіл және әдебиет мәселесі», А., жинақ, 1965, 63-бет). Жоғарыдағы романға қатысты айтқан халық тілінің байлығын мейлінше пайдалану туралы ой-пікірін Әуезов «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» деген мақаласында кеңейте түсті.

Ғалым-жазушының лингвистика жөнінде айтқан пікірлерінің ішінде тілімізге еніп жатқан кірме сөздердің сипаты және олардың керекті-керексізді туралы пікірлері өте бағалы. Абай тұсында жазба тілге молынан ене бастаған редакциялық, діншілдік бағыттағы араб, иран сөздеріне көзқарасын ғалым Абай шығармаларын талдау арқылы білдіреді. «Тіл және әдебиет мәселесі» мақаласы мен «Абай Құнанбайұлы» деп аталатын зерттеуінде де араб, иран тілдерінен кірген жаргондық сөздер мен сөйлемдерді шәкірт Абайдың идея жағынан бағынбаса да, өлеңдік сыртқы түр, тіл жағынан әуестеніп, еліктеп жазғандығын, бірақ кейін Абайдың бұл аталмыш тілдің керексіз шұбарлығынан арылып қана қоймай, одан жириніп, сынағандығын айтады. Осыған қарама-қарсы пікір ретінде Ө. әде-

би тіліміздің байып, өсуіне қажетті қосымша қорды орыс тілінен және өзге көршілес туысқан елдер тілдерінен еніп жатқан сөздер деп табады. Олар ғылым, техника атаулары, отырықшылық, егіншілік кәсібіне байланысты сөздер, өсімдік атаулары, т. б. Қазақ тілінің соңғы 30 жыл ішінде, социалистік дәуірде соншалық дамығанын, мысал ретінде автор «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» деген мақаласында Лениннің шығармалары қазақ тіліне аударылуына байланысты, қазақтың әдеби тіліне орыс және шет тілдерінен екі мыңдай сөз енгендігін айтады. Тілімізге еніп жатқан ғылымдық атаулардың мол сөздіктерін басып шығару керектігін тіл ғылымының алдына мәселе етіп қояды.

Ө. лингвист ғалымдардың алдында тұрған міндеттердің бірі – жазушы шығармаларының тілін, көркемдігін зерттеу екендігін үлкен мәселе етіп қойды: «Ал бізде әдебиет шығармаларының тілін сөз ету, ғылымдық дәрежеге жетпей келеді. Әдебиет тарихшылары да бұл мәселеге жете бойлап, нақтылы ғылымдық тексерулер жасап жүрген жоқ. Тіл мамандарының көбі де қазақтың әдеби тілінің кеңес жазушылар еңбегіндегі жаңа үлгіде сөйлем құраудағы ізденулерін, жаңалықтарын, табыстары мен олқылықтарын зерттеу проблемасы етіп қамти алмай келеді» («Тіл және әдебиет мәселесі», 74-бет). Бұдан әрі Әуезов бұл жолда алғашқы зерттеу, талдау жұмысын бастаған профессор Сауранбаев екенін, Сауранбаев зерттеуінде Сәбиттің, Ғабиттің, Мұхтардың синтаксистері талдана бастағанын, бұл істің басы ғана екендігін айтып өтеді. Әдеби тілдің жалпы мәселелерін сөз еткен осы мақаласында жазушы-ғалым қазақ совет жазушыларының тіліндегі табыстар мен кемшіліктерді талдау – жазушылар мен тіл ғалымдары бірлесе отырып істейтін міндетті мәселе екендігін баса ескертеді. Жазушының өзі жалпы түрде атай кететін кемшіліктер деп өзінен бастап бірнеше жазушылардың тіліне мінәздеме беріп, олардың сөз қолданысына, сөйлем құраудағы шеберліктері мен кемшіліктеріне қатар тоқталып отырады. Ө. жазушылар мен ақындардың тілін нағыз бас мәселе деп санап, тіл мәдениеті, синтаксис және стилистика мәселелеріне үнемі тоқталып отырған. «Тегінде, жазушы өз халқының тілін жақсы білсе де, жаңалықты өз шамасынша, әр алуан түрде кіргізуге еңбек етсе де, тіл ғылымының жүйесін жасаушы ол емес. Біздің жазушылардың онды-терісі тәжірибесін қорытып, зерттеп, жақсы үлгілерінен жүйелі қорытынды, ғылымдық түйін түйіп отыру тіл ғалымдарының жұмысы» (83-бет) деп түйіндейді. Ө. тіл ғылымы жайында өзінің пікірлерін әдебиетшілер мен тіл мамандарына ғана арнап қоймай, түгелдей қазақ оқымыстыларына да арнады. Сөйтіп кеменгер ғалым бүгінгі күннің көкейжесті мәселесін сол кездің өзінде-ақ асқан батылдықпен, байсалдылықпен көтере білді, ана тілінің мәртебесін асқақтатудың жолдарын көрсетті.

Г. Қосымова.

**ЛИПКАН** Александр Михайлович (1908–1997), молдаван жазушысы, публицист. Бухарест университетін бітірген (1934). 1940 ж. Бессарабия Румыниядан бөлініп, КСРО құрамына енгізілгенде, Румыния либерал партиясын өткірі сыға алып, оның ұлтқа, шаруаларға қарсы саясатын әшкереледі.

Ә-тің «Өскен өркен» романын молдаван тіліне аударып, туған халқының ыстық ықыласына бөленді (1969). Бұл шығарманы елінің оқырмандары жылы қабылдап, сыншылар сындарлы сын жазды.

С. Пынзару.

**ЛИРО-ЭПОС**, әдеби жанр. Ғашықтық жырлар деп те аталады. Лирикалық бағыты басым эпикалық шығарма. Батырлық эпосқа қарағанда тақырыбы махаббат, сүйіспеншілікке құрылған, кейіпкерлері көбіне қарапайым адамдар болып келетін, халықтың тұрмысы, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, көңіл күйі көбірек суреттелетін жырлар. Сюжети екі адамның арасындағы сүйіспеншіліктен, махаббат жолындағы күрестен өрбиді. Тартыс жастар сезіміне қарсы келіп қалатын ескілікті әдет-ғұрыптың, салт-сананың екі жастың қосылуына кедергі жасайтын әрекеттерінен туындайды. Лиро-эпосты лиризм мен романтикалық сарын айқын көрінгенмен реалистік бағыт басым болады. Ә-тің 1922 ж. жазылып, Ташкентте шыққан «Шолпан» журналының 1922 ж. 2–3, 1923 ж. 4–5-сандарында «Қоңыр» деген бүркеншік атпен шыққан «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (тарихи-әдеби сын) атты мақаласында алғаш рет қазақ лиро-эпосы – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жайында айтты. Бұл мақалада лиро-эпосқа халық ауыз әдебиетінің жанры ретінде тоқталмаған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Қарабай, Сарыбай, Қодар образдарының типтік белгілерін батыстың классикалық әдебиетіндегі кейбір типтік образдармен салыстыра талдайды. 1925 ж. 23 сәуірде «Қазақ тілі» газетінде «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» деген Ө. мақаласы шықты. Мақалада халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудың маңызын, жұлдарын айта келе, нені жинау керектігін жүйелеп, тізімдеп берген. «Әдебиет тарихында» ауызша әдебиет түрлерін төртке бөліп, лиро-эпосты әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер) деген топқа жатқызған. 1939 ж. жазылған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты монографиялық мақаласында лиро-эпосты «Ғашықтық жырлары» деп алып, лиро-эпосты талдауда жардды іштен саралауға ойысқан. Батырлық эпостан негізгі үш айырмашылығы бар дейді. Біріншісі «...батырдың халық мүддесі жолындағы күресін негізгі тақырып ететін батырлық эпостай емес, ғашықтық дастандардың өзекті тақырыбы екі жастың бақытқа жету жолындағы тартысы, қасірет-зары, махаббаты». Екіншісі «...батырлық дастандарда шешуші роль атқара бермейтін рулық қарым-қатынастар, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып ғашықтық жырлардың фабуласына занды түрде қабысады... Бұл ерекшелік рулық қоғамда басым болған әдет-ғұрып пен көшпелі тұрмыс жағдайларына байланысты». Үшіншісі батырлық эпосқа қарағанда лиро-эпосты реалистік сипаттардың басымдығы, образдардың өмірдегі адамдарға жақындығы, психологизм, мотивировканың болуы. Жазушы бұрынғы екі жырдан басқа «Айман – Шолпан» мен «Сұлушашты» атайды. «Айман – Шолпанды» жеке тақырып етіп талдаған. Осы еңбегінде лиро-эпосты дастан деп те атайды. «Қазақтың ауыз әдебиеті» мақаласында лиро-эпосты «Тұрмыс-салттық лирикалық поэмалар» деп атап, бұрынғы айтқандарынан басқа бұл жырлардың негізінде романтикалық сезімнің, психологизмнің үлкей орын алатынын айтқан. Сюжети шындық өмірден алынатынын, феодалдық-рулық қоғамның әдет-



тік правосымен байланысты екенін көрсеткен. Алдыңғы еңбектерінде айтылған жырларға қоса «Күлше қыз», «Назымбек», «Мақпал қыз», «Қолан» жырларынан атаған. «Бұл поэмалар қазақ қоғамында таптық қайшылықтардың барлығын көрсетеді, бұлар әлеуметтік теңсіздік ғашық жандардың жолындағы негізгі кедергі деген ойды көрсетеді». Мақаланың тұрмыс-салттық лирикалық поэмаларға арналған бөлігінің соңында Орта Азия халықтарының классикалық поэзиясының, халықтық романдарының қазақтың лирикалық поэмаларының қалыптасуына әсер еткеніне тоқталған. Ө. 1936 ж. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Жаңақ айтқан нұсқасын жинастырып Қазақстан көркем әдебиет баспасынан жеке кітап етіп шығарған нұсқаның жақсы жақтарымен қатар кемшіліктерін де айтып, жырдың басқа нұсқаларын білетін адамдар болса, Қазақстан көркем әдебиет баспасына жіберсе деп өтініген. Осы жырға қатысты еңбектерін дамыта келе, «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томына тарау жазған. Жырдың жиналуы, зерттелуі, басылуы, нұсқалары, айтушылары жайында көп мәліметтер берген, көркемдік ерекшеліктері, образдар жүйесі, тарихи негіздері жайында терең ғылыми тұжырымдар жасалған. Бұл – жыр жайлы ғылыми еңбектердің ішінде әлі күнге дейін өте құндысы. Осындағы «Қыз Жібек» тарауын да Ө. жазған. Бұрынғы еңбектерінде айтқандарын көп дамытып жырдың нұсқалары, жинаушы, зерттеушілері жайында жан-жақты мәліметтер беріп, терең көркемдік талдаулар жасаған. Жырдың композициясы, идеясы, көркем образдарының психологиясы, қоғамдық мазмұны жайлы құнды ойлар айтқан. Психологиялық лиро-эпос деген терминді қолданады. Эпикалық жырлардың ішінде кездесетін тұрмыс-салт жырлары жайындағы бұрынғы еңбектерінде айтқан ойларын дамыта түскен. Лиро-эпос жанрын зерттеуде, әсіресе, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» жырын зерттеуде Ө. көп еңбек сіңірген, әлі күнге маңызын жоймаған ойлар айтып кеткен.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ЛИТЕРАТУРНАЯ ГАЗЕТА»**, Ресей (бұрынғы КСРО) Жазушылар одағының әдеби және қоғамдық-саяси апталық газеті. 1929 ж. сәуір айынан бастап тұрақты (1942–44 ж. «Литература и искусство») шығып келеді. 1933–64 ж. газетте М. Әуезовтің 40-тан аса мақаласы жарық көрсе, оның өмірі мен қаламгерлік қызметі туралы 1934–77 ж. Н. Тихонов, С. Марков, Б. Горбатов, І. Омаров, В. Кожевников, А. Фадеев, Л. Новиченко, С. Мұқанов, Л. Соболев, К. Зелинский, Е. Книпович, Ө. Нұрпейісов, Айбек, Қаһар, Ө. Әлімжанов, А. Хакимов сынды қалам қайраткерлерінің т. б. мақалалары мен зерттеулері, очерктері мен әдеби сындары жарияланды (ұзын саны 100-ге жуық). Сөйтіп Ө-тің шығармаларын әлемге таратуға, пікір қалыптастыруға, сол арқылы қазақ әдебиетін насихаттауға газет үлкен үлес қосты.

**ЛИТВА ӘДЕБИЕТІ.** Көне жазба ескерткіштері 14–17 ғасырларда орыс, белорус, латын, поляк тілдерінде жазылды. Литван жазуы 16 ғасырдың 1-жартысындағы Реформация қозғалысына байланысты пайда болды. Ө. Литваны көрмесе де, оның көптеген ақын-жазушыларымен достық қарым-қатынаста болып, әдеби байланысын үзген жоқ. Ол 1954 ж. 4 наурызда литван әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігі кезінде М. Тұр-

сын-Заде, С. Щипачев, П. Антокольскийлермен бірге қорытынды концертке қатысып, литван халқының өнерімен танысты. Литваның көрнекті ақыны В. Реймериспен 1950 ж. Ташкентте танысады. Ол «Әуезов өзінің жүріс-тұрысының қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен маған жақсы әсер қалдырды, бұл кезде ол кеңінен танымал, кеңес әдебиетінде зор тақпақ ие болған жазушы еді. Әуезов біздің елді жақсы білетінін, оған іш тартатынын байқатты. Мұхаң кездескен сайын литван әдебиеті, жазушылары, жаңа кітаптар, Литваның тарихы, литван тілі туралы жиі-жиі сұрап, көп жайға қанығатын. Тағы бір жолыққанда өзімен бірге ала келген литван поэзиясының антологиясын бергенімде, жас балаша қуанып, мээ-мейрам болды» деп жазды. Реймерис екінші рет Ө-пен 1950 ж. Қазақстан жазушылар съезінде кездесіп, сұхбаттасады, оның баяндамасын тыңдайды. «Абай жолы» эпопеясының литван тілінде жарық көргенін айтқанда, Мұхаң кітаптың жақсы шыққанына ризашылық білдіреді. Бұл кезде роман Литвада аударылып, оқырмандар қолына тиген еді (1950, 1-кітапты К. Дилене, 2-кітапты И. Бружас аударған). Ұлы суреткердің болмай жатып – толдым, толмай жатып – болдым деп, жел сөзге мастанған, желбуаз кейбір жас қаламгерлер туралы съезде айтқан: «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады» деген мәтелі әлі есімнен шықпайды дейді литван ақыны. Ө-тің ең алғаш танысқан Литва азаматы – Йонас Ичас (1880–1931). Ол 1908–16 ж. Семей гимназиясында мұғалімдік қызметте жүргенде, Ө-ке тарих пен әдебиеттен сабақ берген. Ұстаз өз шәкірттерін гуманитарлық ғылымның мән-жайына көбірек қанықтырып, құмарлығын арттырған. Ө. ұзақ жылдар бойы Антанас Венцловамен достық қарым-қатынаста болған. «Мен Әуезовпен соғыстан кейінгі жылдардан бастап таныспын. Біз Москвада жиі кездесіп, КСРО Жазушылар одағының түрлі комиссияларына қатысып жүрдік. Оның терең білімі, жан-жақты біліктілігі, Шығыс адамына тән даналығы мені әрдайым қайран қалдыратын; сонымен қатар Әуезов Еуропа әдебиетін де тамаша білетін. Шекспирдің шығармаларын аудармашы ретінде ғана емес, шекспиртанушы ретінде де тамаша талдайтын. Әуезов Батыс пен Шығыс әдебиетінің арасындағы нағыз дәнекершісі еді. Шынында «Абай» сияқты ақылды кітапты жазу осындай аса зерек жазушының ғана қолынан келсе керек» деп жазды А. Венцлова («Швитурис» журналы, 1963, №12). Ол 1958 ж. 25 шілдеде Ө-ке жазған хатында эпопея туралы ойларын ашық білдіріпті: «Бірінші кітапты бұдан бірнеше жыл бұрын оқыдым, бұл маған өте күшті әсер етті. Әлемдік әдебиет сыны Сіздің кітабыңызды «Будденброктермен», «Форсайттар туралы жырмен», «Тибоның отбасымен» әсте салыстыра алмаса керек, өйткені сіз әлі ешкім соншалықты терең әрең шеберлікпен суреттеп көрмеген, мүлде басқаша жағдайда өз халқыңыздың тамаша панорамасын жасадыңыз. Міне, Сізден екінші кітап та келді, енді екеуін де қайтадан оқып шығамын» деп, жүрек сезімін жасыра алмаған. Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде Ө-тің шығармалары Литвада кеңінен насихатталды. Литван оқырмандары «Абай жолы» романының екінші аудармасымен қайта танысты. 1960 ж. эпопеяның

жаңа аудармасын Бружас пен А. Вайчонос (1-кітап), К. Янкаускас (2-кітап) жасады. Сондай-ақ литван оқырмандары қазақ жазушысының «Өскен өркен» романын (1969, аударған П. Кежинайтис), «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін (1963, аударған И. Стонис) өздерінің ана тілінде оқыды.

Ө. кезінде бұрынғы Одақтағы барлық елдердің әдебиеттерінің өсу, даму процестерін танып-білуді өзінің міндеті өтіп қойды. Жалпы оқушы жұртшылықты патриоттық бағытта, кеңес халықтарына достық бағытта тәрбие беру үшін туысқан елдеріміздің ой мәдениетімен жақсы танысуды мақсат тұтты. Осы орайда жиі-жиі мақалалар жазып, әдебиеттердің қарым-қатынастарын, бір-бірімен жақын араласуын мәселе етіп көтерді. Балтық бойы елдерінің де әдебиеттерін оқып-танысып, келелі ойлар айтты. Мысалы, Литваның ұлы ақыны К. Донелайтистің мұрасы сол дәуірдегі саяси-қоғамдық мәдениетті жайлардың айнасы, Литва әдебиетінің ірге тасын қалаушы деп, жоғары бағалады. Өсіресе оның «Жыл маусымдары» поэмасын 18 гасырдағы Литва шаруаларының тыныс-тіршілігін көрсеткен кең тынысты, эпостық көркем шығарма деді. Ұлы жазушы Балтық бойы елдеріндегі демократиялық-реалистік әдебиеттің өсу жолына айрықша көңіл бөлді. Литваның осы бағыттағы ірі қайраткерінің бірі Юлия Жемайтенің шығармаларына баса назар аударып, оның туындыларында алпауыттар мен дінбасшылардың бейнелері қатты әшкереленгенін, шаруа тіршілігінің ауырталығы мен қараңғы күні қатал сыналғанын атап көрсетті. Жемайте реализмінде сентименталдық сипаттар, оның ішінде халықтық қасиеттері ерекше орын алады деп, «Балалар», «Әулие юргиске құрбандық» сынды өңгімелерін айрықша бағалады. Литва кеңес жазушыларынан 1931 ж. буржуазиялық өнер «жолынан түңіліп, ескі байланыстарын үзіп, пролетариат әдебиетінің негізіне» ауысқан ақын Саломея Неристі бөлекше атады. Оның жаңа бағыттағы ақын екенін танытқан «Көсем туралы» поэмасы, Отан соғысы тақырыбына арналған «Ленин өлмейді», «Сталинград түбінде», «Мария Мельникайте» сияқты өлеңдері өзгеше көркемдік, идеялық сапаға жеткен деді. Ал проза жанрының ұстазы П. Цвирканың «Депутат», «Бұлбұл», «Сүйю» деген өңгімелерінің шебер жазылғанына сүйсініс білдірген (М . Ө у е з о в, 12 томдық шығармалар жинағы, 1969, 12-том, 198–200-беттер).

*Й. Склотаускас.*

**ЛОМИДЗЕ** Георгий Иосифович (1914–1999), грузин әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымының докторы (1960), профессор (1965), КСРО ҒА-ның корреспондент мүшесі (1972). Негізгі еңбектері әдебиеттану мәселелеріне арналған. «Әдебиеттегі социалистік реализм жөнінде» (1952), «Бірлік және араландық» (1957, 1960), «Жаңалық мәселелері» (1964), «Толғаныстар, бағалар, таластар» (1970), «Қаһармандықтың қайнар көзі» (1985) т. б. монографияларында, «Ленинизм және ұлттық әдебиеттердің тағдыры» деген монографиясында (1974, 1982) қазақ жазушыларының, соның ішінде Ө-тің бірқатар шығармаларында интернационализм, патриотизм тақырыптарына қалай игерілгеніне баға берілген. Ал «СССР халықтары әдебиеттерінің шығармашылық байланыстары» атты мақаласында («Дружба народов», 1960, №

3) Ө-тің тарихи-революциялық романдарына шолу жасаған.

**ЛОНДОН ДЖЕК** (шын аты-жөні: Д ж о н Г р и ф ф и т, 1876–1916), американ жазушысы. Өршіл мінезді, қилы-қилы оқиғаға құмар, табиғаттың қатал сынағына бетпе-бет келуге құштар кейіпкерлерді бейнелеген, жан-жануарлардың өмірін суреттеген («Бөрінің бөлтірігі», «Ақ азу», «Тағының құдіреті», «Аралдағы Джерри», «Темір өкше») қызықты хикаялы әңгімелер мен романдардың авторы. Шығармалары Ө-ке жас кезінде ерекше ықпал жасаған. Ол: «Балалық шағым өткен ауылдағы өмір, аңшылық сияқты көшпенді елдің серігіне айналған етене тұрмыстың көзге ілінбес нәзік сәулелерін толығырақ сезінуге септігін тигізді. Джек Лондонның адам мен қасқыр арасындағы жекпе-жегі менің жан дүниемді баурап алғаны есімде» деп жазды («Біздің Мұхтар», 1976, 345-бет). Лондонның «Ақ азу» хикаясын қазақ тіліне аударды, ол 1936 ж. «Қасқыр» деген атпен жеке кітап болып шықты. Өнер қайраткерін басты кейіпкер етіп алған өмірбаяндық негізде жазылған Лондонның «Мартин Иден» романындағы психологиялық толғаныстар Ө-тің ерекше назарын аударған, оны реалистік өмірді шынайы бейнелеген шығарма ретінде бағалаған.

*Н. Жуанышбеков.*

**ЛОПЕ ДЕ ВЕГА** Феликс (1562–1635), испан драматургі, ақын, прозашы. 20-дан астам өлең, поэма, 2000-нан аса пьеса жазды (оның 500-дейі жарияланды). Жалпы драматургтің пьесалары Өркендеу дәуіріндегі испан драмасының классикалық үлгісі болып табылады. «Шөп қорыған ит» комедиясы қазақ тіліне аударылып, жеке кітап болып шықты (1949). Ал пьесаға қазақ тілінде «Қызғаныштан махаббат» деген ат қойылды. 1961 жылдан бастап бұл пьеса қазақ театрларында қойылды. Ө. «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» атты мақаласында Испанияда «ақындық негізі» деп аталған Лопе де Веганың салт театрын қалыптастырып, өз елінің өмірін, салт-санасымен, әдет-қалпымен нық байланысқан реалистік театрды қалыптастырғанын жазды. Оны «театр өнерінің, драмашылық өнерінің тарихында асқар тау сияқтанып тұратын ұлы тұрғысы» ретінде атады.

**ЛУКНИЦКИЙ** Павел Николаевич (1900–1973), орыс жазушысы. «Жастық мекені» (1936), «Ниссо» (1946) романдары, «Тандамалылары» (1971) т. б. шығармалары жарық көрді. 1935–36 ж. Ө-пен бірге Қазақстанды аралады, онымен өмір бойы дос болды. «Аяулы жан» деген естелігінде Мұхамет онымен ұзақ жылдар бойына жай ғана кезданіс емес, жан аямас жақын дос болғанын өзіне үлкен бақыт санайтынын, ол адамдарды атак, дәрежесіне, иемденіп отырған шеніне қарай тандамайтын, адамгершілік ізгі қасиеттеріне қарап бағалайтын, ол жан баласына әділетсіздік жасап, ауыр сөз айтып көрген емес, соғыс жылдарында қоршауда қалған Ленинградта аштықтан азап шегіп, өлім аузында жатқанында, оны өз үйіне көшіп келуге шақырып, хат жазғанын, ұлы қаламгердің басқа да бауырмалдық асыл қасиетін тебірене есіне алған («Біздің Мұхтар», А., 1976, 50–51-беттер).

**ЛУКОНИН** Михаил Кузьмич (1918–1976), орыс ақыны. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1949, 1973). «Түткенге көз тіккен сәуегей» атты естелігінде «Абай» эпопеясы – шығармашылықтың тылсым сырына, өмір мен өлеңнің өзара байланысына терең бойлаған туынды, ақын мен по-

эзия жайлы әлем әдебиетіндегі ең шоқтығы биік, үздік шығарма деп, қазақтың ұлы жазушысының талантына тәнті болған.

«**ЛУНАЧАРСКИЙ КЛУБЫ**», театр. Қазан төңкерісінен бұрын, Ә. Семейде оқып жүрген жылдары «Приказчиктер клубы» деп аталған (кейін Абай атындағы Семей облыстық қазақ драма театрының үйі болды). 1914 ж. 25 қыркүйекте Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына байланысты еске алу әдеби кеші осы клубта өтті. Оны ұйымдастырушы – Нәзипа Құлжанова. Кешке Ә., Қ. Сәтбаев бастаған қазақ жастары қатысты. Өке елден әнші, ақын, өнерлі жастарды әкелу тапсырылған еді. Жас Мұхтар бұл іске жанын сала кірісіп, өзіне жүктелген міндеттерді жақсы атқарды. 1915 ж. «Приказчиктер клубында» «Біржан мен Сара» айтысы сахнаға бейімделіп, музыкалы пьеса-инсценировка ретінде қойылды. Бұған мұғалімдер семинариясының оқышылары Ә., Ж. Аймауытов зор үлес қосты. Ұлы жазушының «Еңлік – Кебек» пьесасы 1922 ж. 2 айға жуық даярланып, 20 желтоқсанда осы Луначарский атындағы театрда қойылды.

*А. Болсынбаева.*

**ЛУСИС** Ян Янович (1897–1979), латыш биологы, генетик. Латыш Ғылым академиясының корреспондент мүшесі. Латвияның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Петроград университетінің биология факультетін бітірген соң, осында оқытушылық қызметке қалдырған. Соңғы 30 жылға жуық өмірінде Латвия мемлекеттік университетінде зоология және генетика кафедрасының профессоры болды. 1927 ж. КСРО ҒА өндіргіш күштер жөніндегі тұрақты комиссиясы Қазақстанның түрлі аймақтарында кешенді экспедициялық зерттеулер жүргізу үшін үй жануарларын зерттеуге арналған шағын мамандар тобын Семей облысына жібереді. Осы кезде Ленинград университетінде оқып жүрген студент Ә. экспедиция жұмысына басшылық жасаған профессор, биолог Ю. А. Филиппенконың өтініші бойынша, өз аулындағы беделді адамдардың атына араб әрпімен хат жазып береді, қолдан келген көмектерін аямай, оларға сеніммен қарауды өтінеді. Ә. хаты экспедиция мүшесі, жас ғалым Л-ке табыс етіледі. Бұл хаттың Семей губерниясына барған кезде көп көмегі тигендігі және Л. туралы Риганың «Знатные» баспасынан 1985 ж. шыққан «Я. Я. Лусис. Өмірі мен ғылыми қызметі» атты орыс тіліндегі монографиялық кітапты атап көрсетілген. Экспедицияның Л. бастаған тобы Семей губерниясының Қарқаралы, Шыңғыс өңірлерін 3 ай бойы аралап, үй жануарларының түрлері мен тектерін зерттеген. Ә. хатымен танысқан ел адамдары экспедиция мүшелеріне малдарын көрсетіп, тексеруден өткізген, жол бағыттарына жөн сілтеп, көлікпен, азық-түлікпен қамтамасыз еткен. Л. ұлы жазушының бұл хатын жарты ғасырға жуық уақыт ботумардай сақтап, 1977 ж. Ә. мұражайына жіберген. Ө-тің осы хатының жазылу тарихы жайлы семейлік өлке тарихын зерттеуші, әуезовтанушы Ғабит Зұлхаров «Кемеңгердің бір хаты» деген мақала жазып, «Семей таңы» газетінде жариялады (1987, 22 шілде).

*С. Қорабай.*

«**ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ**», пьеса. К. А. Треневтің Ә. аударған 5 перделі драмасы. Шығарма социалистік реализмнің үлкен табысы ретінде бағаланған. Жан-жақты әлеуметтік-тарихи қорытындылар жасаған, революцияның қозғаушы күштерін терең-

нен түсінген жазушы деп жазды әдеби сында. Пьесаның негізгі кейіпкері – ауыл мұғалімі Любовь Яровая. Оның офицер күйеуі ақтар жағына шығып, екі ұдай, ауыр күй кешеді. Пьесада осы әйелдің қиындығы мен бұраланы мол өмірі суреттелген. Таптық түсініктерін жеңіп, революция жолына түскен әйелдің тағдыры тек әлеуметтік тұрғыдан ғана берілмеген, жан дүниесі, отбасының талас-тартысы терең ашылған. Пьеса еркін, көп эпизодты күрделі композициясымен, тақырып аясының кеңдігімен, драмалық, комедиялық сахналардың ауысып келіп отыруымен ерекшеленеді. Ә. аудармасында түпнұсқаның көркемдік дәрежесі, стилі сақталып, төл шығарманың көркемдік дәрежесіне еш нұқсан келмеген.

*Р. Ықыласов.*

«**ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ**», спектакльдің қойылымы. Ә. аударған К. Треневтің пьесасы. Қазақ драма театрының сахнасында 1937 ж. қойылды (режиссері – М. Насонов, суретшілері – Э. Чарномский, Б. Кондоиди). Революциялық романтиканы жеткізу үшін режиссер көпшілік сахналарына ерекше көңіл бөлген. Өз ісіне үлкен сеніммен қарайтын комиссар Кошкин талантты Ж. Өгізбаевтың бейнелеуінде барлық ой-арманы революция ісіне бағышталған жанның өзі болып шыққан. Ерлі-зайыпты Яровойлардың саяси көзқарастарының қайшылығы ақыры екеуін қарама-қарсы екі жолға салып, таптық күреске түсуін Яровая рөліндегі Х. Дәрібаева, поручик рөліндегі Қ. Бадыров терең ашқан. Мұнан басқа қойылымға қатысқан Қ. Қармысов (Шванде), М. Шамова (Панова), С. Телғараев (Пилатов), Қ. Әділшінов (Елисаветов), С. Қожамқұлов (Горнастаев) сияқты актерлер бұрын-соңды өздеріне таныс емес типтердің бейнелерін сомдаған. Спектакльдің табысты өтуі – Ө-тің тамаша аудармашылық шеберлігінің үстіне, оның дайындық жұмыстарының барлық процестеріне араласып, пьесаны жан-жақты талдап, актерлердің өз рөлдерін ұғып-түсінуге драматург-аудармашы ретінде қосқан мол үлесіне байланысты болды.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ЛЬВОВ** Николай Иванович (1893–1975), орыс жазушысы, театр зерттеуші. Өнертану ғылымының докторы (1965), профессор (1966). Ө-тің драмалық шығармаларының қойылымдарын насихаттауда көп еңбек сіңірді. Осыған байланысты «Абай» трагедиясы туралы мақаласынан бастап (1945), «Қазақ академиялық драма театры» (1957), «Қазақ театры» (1961) деген кітаптарында қазақ драматургінің аударған және төл пьесаларының сахнаға шығу тарихынан мол мағлұматтар келтірген.

**ЛЬЮИС** Джордж Генри (1817–1878), ағылшын философия, журналист. Ол әлеуметтану мен психология іліміне ден қойды. Ө. өзінің абайтану туралы жазған ертеректегі мақалаларында: «Пәлсафашыл, табиғатшыл білгіштерден Спенсер, Спиноза, Льюис, Дарвин, тарихшылардан Дрәпер сияқты талайларды оқыған» деген (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 93-бет). Алайда кеңес өкіметінің қысымшыл саясатының нәтижесінде Л-тің пікірлері теріске шығарылғандықтан, жазушы кейінгі еңбектерінде оның атын атамайды.

*Т. Жұртбай.*



**МАҒАУИҢ** Мұхтар Мұқанұлы (1940 ж. т.), жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым. Қазақстанның халық жазушысы (1995), филология ғылымының кандидаты (1967). Университетте оқып жүрген кезінде Ө-тен дәріс алған, 1960 ж. 24 желтоқсан күнгі жазушының жастармен соңғы кездесуін ұйымдастырған. Кейін бұл үйірмеге Ө. есімі берілді. М. қазақ әдебиетінің тарихы бойынша Ө-тің ғылыми идеясын жалғастырып, күрделі ғылыми еңбектер жазды. «Қобыз сарыны» (1968), «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» (1990), «Ғасырлар бедері» (1991) атты монографияларында қазақ әдебиетінің ежелгі тарихи мен жыраулар поэзиясы туралы жаңа көзқарасты қалыптастырды. Абайдың ақын шәкірттері мен ақындық мектебі, Еуропа, Шығыс әдебиеттерімен байланысы туралы еңбектері соны деректер мен тұжырымдарға құрылған. Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім шығармалары жөніндегі мақалаларында Ө-тің пікірлеріне жүгіне отырып, олардың рухани тамырларының танымдық сипаттарын ашты. «Аласапыран» (1981, 1983) тарихи роман-диологиясы үшін ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді (1984). Ө. туралы естелігінде (1997) ұлы жазушының ұстаздық тағлымы туралы ой-толғауларын білдірген.

*С. Жұртбай*

**МАҒАУИЯ** Абайұлы Құнанбаев (1870–1904), Абайдың бәйбішесі Ділдіәдан туған 4 ұлының кішісі. М. тілді де, оқу жүйесін де ерте игеріп, меңгеріп кетеді, ақындық өнеріне ден қояды. Абайдың өтінуімен Долгополов Мағашқа сын айтқанда: «Зейінінде шапшаңдық, бойында талант бар және ерекше мейірімді жүрегі бар. Тек зейін жағынан шапшаң алатын, бірақ, тез ұмытып қалатын кемшілігі бар» деген мінездеме береді. Ал осыны Ө. эпопеяның «Ақын аға» деп аталатын нұсқасында көрсеткен де, кейінгі «Абай жолы» атанған басылымдарынан алып қалған. М. табиғатында бітімі таза, адамгершілігі өте жоғары адам болған. Ол Көкбай, Ақылбай сияқты ақындармен жарыса ізденді. «Ай жарық, жаздың түні ат терлетіп», «Түсімде бүгін түнде көрдім дұхтар» деп аталатын шағын өлеңдер жазудан бастап, ақындық қуатын белгілі поэмалары – «Медғат – Қасым», «Абылай», «Еңлік – Кебекте» танытты. Абай сияқты оның да билікке араласқанына жазушы романында кең орын берді, дауына дауа тапқандарды көрсетті. Ондайлар кетіскенді – келістірді, қиюсыздың қисынын таптырды деп мақтасты. Соны білетін Бошан да, Шақантай, Керей де, терістанбалы Матай да, Сыбан да соның алдынан шықпайтын болды. Оның куәсі болғандар: «Тобықтыда, қала берсе ісі Семей дуанында сондайлық қара үзіп, жақсы аты мейлінше шығып тұрған кісі Мағаш... Қаршыға-

дай шағын ғана бойы бар, үйдей үлкен ойы бар алғыр, ақсұр Абай баласы Мағаш қара үзіп, озып отыр. Ақты бозды айқындап, алға түсіп тұр» («Абай жолы», «Жұтта» тарауы) дегенді айтса, Қара-кесектің белгілі биі Қалидың алдына тамырлық жолымен өкпелесіп екі Уақ келгенде, оның келісімін алып Мағаш: «Тамыр болдың – айтыс жоқ, қолдан бердің – қайтыс жоқ. Ендігәрі осыны қағида қылып, жол қылсақ қайтеді» дейді. Бұл – шындығында Абайдың сөзі, екі інісі Смағұл мен Оспанның бүркіт туралы өкпелесуі тұсында айтыпты. Мұны жазушы М-ның атына пайдаланып отыр, бұл – Ө-тің шығармашылық лабораториясының сыры. Қатпа Қорамжанұлының деректерінен: «Қысыр сауған жылы жазғытұрым Мағаш ауру болды. Мартта Абай Мағаштың қасында боламын деп Ақшоқыға кетіп қалды. Майдың 12-де Мағаш өлді. Өлгенде өзі қасында болды. Сонда Абай «Мағаштың өлімі ерлік пен елдікті сынайтын өлім ғой. Ез күнде өледі, ер бір күнде өледі» дейді» (№29-папка, 195-бет) деген жолдар кездеседі.

*Т. Әкім*

**МАҒРИПА** (Мағаш) Сүлейменқызы (1873–1896), Абайдың ұлы Өбдірахманның зайыбы. Өбдірахманға 1892 ж. қосылады, олар небәрі үш-ақ жыл отасқан. Олардың Рақима атты қызы Абай қайтыс болғанға дейін соның тәрбиесінде болған. Абай үшін каншалықты қадірлі келін екендігі ақынның оған арнап жазған өлеңдерінен де көрінеді: «Өбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбаты» («Жылағанда тоқтатыл»), «Өбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау» («Айналайын құдай-ау»). Өбдірахман Түркістан өлкесіне әскери қызметке ауысқанда, Мағыш онымен бірге келіп Алматыда тұрған. Көптен науқас Өбдірахман осында қайтыс болады, сүйген жарының күйгін көтере алмаған Мағрипа да елге келген соң, көп ұзамай өледі. Осылардың барлығын жазушы эпопеясында мейлінше әсерлі түрде суреттеп жеткізген. Қыз көркі романда әсем мүсінделген: «Қоюлау қасы, қолаң қара шашы да шырайын аша түскен. Шаш реңінен өңі басқа, үлкен нұрлы, сұрша көзі бар сұлу, сәнді қыз. Ұзындау біткен аппақ жұмыр мойнында жас сұлудың біраз толықтығы байқалады. Тамақ астында ақ бұғағы бір толқын сәл білінеді. Саусақтары салалы, аппақ сүйріктей боп, ұштары үшкірлене біткен» («Өкініште» тарауы). Мағрипадан туған Рақима 1924 ж. дүниеден өткен.

*Т. Әкім*

**МАДАНОВА** Маргарита Хамитқызы (1961 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1999), профессор (2000). Шығармалары орыс және француз тілдерінде жазады. Ғылыми еңбектері негізінен әдебиеттер байланысына арналған. «Абай және оның Франциядағы мұрагерлері» деген кітапты құрастырды (1995). Ал «Әуезовтің Бальзак еліне сапар шегуі» атты зерттеуінде (1997) қазақ жазушысын француз әдебиетінде насихаттаушы ретінде таныстырған Ө-тің кең құлашты, образға бай, уақиғаға толы эпопеясын Луи Арагонның француз тілін тәржімелегенін, оны француз оқырмандарының



Мағауия Абайұлы

калай бағалағанын жан-жақты талдаған. Ө-тің есімі мен оның шығармалары өз оқырмандарының көкжиегін кеңейтіп, қазақ әдебиетінің абыройы мен даңқын өсіруге зор үлес қосты деп дәріптейді ұлы суреткерді (63-бет).

*С. Майлыбаева.*

**МАДИЕВСКИЙ** Абрам Лейбович (1924 ж. т.), режиссер, ұстаз. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1967), Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1961), доцент (1969). Т. Ахтановтың «Сәуле», Ш. Айтматовтың «Аңсаған менің әнімсің» (сахналық жүйесін түсірген – Қ. Нұрмаханов), К. С. Симоновтың «Келер кезек», Ө-тің «Қарагөз», Ө. Тәжібаевтың «Көңілдестер», У. Шекспирдің «Отелло», А. С. Пушкиннің «Шағын трагедиялары», Ө. пен Ө. Әбішевтің «Намыс гвардиясы», Ө. пен Л. С. Соболевтің «Абай» қойылымдарын жарыққа шығарды. Ол қазақ театрының репертуарында Ө. пьесаларының берік орын алуына ерекше көңіл бөлді.

*Б. Құндақбайұлы.*

**«МАДИЯРҒА ЖАУАП»**, жазушының мақаласы. «Қазақ тілі» газетінің 1922 ж. 14-ші қазан айындағы санында жарияланған. Сол жылы «Қазақ тілі» газетінің бетінде Мадияр деген азаматтың (Дулатов Міржақыптың бүркеншік аты) «Қазақ елі қорлықта» атты көлемді мақаласы басылған. Онда өкімет ісіндегі уақытша қиындықтарға байланысты ел арасындағы шетке шыққан жеке-жарым кездесісөк фактілерге сүйеніп, «қазаққа барар жер, басар тау қайда екенін білмедік» деп жаңа өкіметті сынап, ұшқары пікірлер айтылған. Бұл мақалаға және оған іле-шала жарияланған осы іспеттес мақалаларға қарсы Ө. осы мақаласын жазған. Автор онда өкімет жұмысының реттеліп, қалыптасатынына сенім білдіріп, басу айтқан.

*С. Майлыбаева.*

**МАДИЯР** Түсіпұлы (1865 – ө. ж. б.), Абайдың замандасы, жазушының «Абай жолына» мол дерек берген адам. Абайға жақын жүрген, сондықтан көп білген. Ө-ке аса қажет деректерді айтып берген. «Тәжежан жылқысы алыңды, онда Күнту – болыс. Бір қос жылқыны алып кеп, Кішекең қырып тастаған. Біздің ауылда старшын бар еді – соның қатыны күғын көп теріні тапқанда, Абай аулынан қуыса келген шенеунікке үйдегі журналды дар айырып алып шығып: мынау отырған кісің жырты, бір аталас боламыз, таңбамыз бір, ат өзімдікі деп алғызбай қояды. Мен Жігіткөпке бірге аттанғам» (№29-папка, 201–202-беттер) деп басталатын әңгімелері де романға жол тапқан. Семей қаласындағы билер алдында жүгіністе Базаралының «Құнанбай баласының аты, асы көп, ақшасы мол. Құдайдан туды ма деп тіксініп жүр едіңдер» деген сөзін де М. айтқан. Оларды жазушы романына өзгертпей пайдаланды. Абай өмірінің соңғы кезін еске алғанда: «Мағауия өлгенде 100 қаралы кісі ат қойып бардық – ылғи Кішекен. Көрсейіні деп екі – рең бермей қойды. Болмаған соң, қайта орныма барып отырдым» (305-бет) депті.

*Т. Әкім.*

**МАЗМҮН МЕН ТҮР**, көркем шығарманың міндеті мен мақсатына тікелей қатысты термин. Мазмұн – көркемдікпен суреттелген шындық пен оған жазушының берген бағасы, ал түр – көркем бейнелеудің жинақталған жүйесі, ол мазмұнды айқындайды. Сондықтан мазмұн мен түр бір-бірімен жымдаса бірігіп, бірін-бірі жүзеге асырғанда ғана, көркем шығарма туады. Мазмұн түрден басым бола-

ды. Ө. өз туындыларында мазмұн мен түрді шебер қиюластырып, аса құнды шығармалар жазды, көптеген зерттеу еңбектерінде саликалы ойлар, келелі пікірлер айты. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында: «Абай әлденеше жаңа шумақты, жаңа ырғақ, ұйқасты, бұдан бұрын болмаған түр, стильдер туғызды десе, тағы бірде Абайдың поэзияға «эстетикалық жаңа принцип» жариялағанын, «іші – алтын, сырты – күміс сөз сарасын» айтып, түр мен мазмұн мәселесіне өз көзқарасын білдіргенін жазады. Сөйтіп ол «Түрден мазмұн қымбатырақ, бағалырақ дегенді анық танытады», осыдан барып ұлы ақынның толғаулы ойы философиялық биікке өрледі дейді.

*Н. Ақбай.*

**МАЙБАСАР** Өскенбайұлы (1812 – ө. ж. б.), жазушының кейіпкері. Құнанбайдың Таңшолпан деген тоқал шешесінен туған інісі. Оның сайқымазақтығы, сотқарлығы, ұрдахқы қылығы өмірде қалай болса, М. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясында да солай суреттелген; сотқарлығының, көзсіздігінің арқасында қылмысқа да тартылған. Романда М. өзін Құнанбайдан кейінгі үлкені санап, өктемдік қимылдарға бара беретіндігі суреттеледі. Балқыбек саязында ол ішінен: «Болыс жастар болса, төрт арыстың жиыны төбе билікті Тобықтыға ұйғарса, енді оны Өскенбай баласы алмай, кім алады? Бұл ортаға ондай дәреже келсе, төбе би ендігі Ырғызбайдың үлкені – мен болмай, кім болады?» дегенді ойлайды («Абай жолы», 1997, «Тарауда» бөлімі, 205–206-беттер). Бірақ Абай төбе билікті Ырғызбайға емес, өзге атаның баласына алып береді. Бұған М.: «келіп тұрған бақты басқа тепті, шайқы-бұрқы дуанаша салды» деп күйінеді. Қай қырынан болса да, М. – жарқын суреттелген кейіпкерлердің бірі.

*Т. Әкім.*

**«МАЙДАҒЫ ОЙЛАР»**, жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1956 ж. 1 мамырдағы санында жарияланған. 1 мамыр мейрамына арналған. Ө. шығармасын: «Жарқын жолды еңбек еліне жарық жүзді Мәл келді» деп бастап, бұл айтулы датаның Кеңес Одағын мекен еткен барлық халықтар мен ұлыстар үшін «шат шұғылалы мереке мейрамы» дейді. Мерекеге арналған ұрандардың ең басты тармақтарына жеке тоқталып, мән-маңызын ашады. Соғысты болдырмауға, халықтар достығы мен бейбітшілікті нығайтуға шақырған ұранды «біздің Отан қуатының, еділдігінің, достық ниетінің шындық айғақтары» деп біліп, социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне, мәдениет қайраткерлеріне арналған тың ұрандарды «алға бастар асыл атойлар» ретінде қарастырады. Қазақстанда күн санап көркейіп, дамып келе жатқан мәдениет жайына кеңірек тоқталып, оның одақ, әлем деңгейіне белгілі болғандығын әңгіме қылады, алдағы уақытта да әдебиет пен өнер саласында осы үрдістен танбай, заман талабына сай жаңа қарқынмен табысты еңбек ету қажеттігіне көңіл аударады. Осы орайда мәдениеттің әр саласының межесін айқындап, соны ғылыми еңбектер, еңсесі биік, сапасы зор, көріктілігі көңіл қуантар роман тусын, зор сапалы пьесалар сахнаға шықсын, халық талабына сай айтылған өн, жазылған жыр, поэмалар көбейсін деп тілейді, жаңа мазмұнды,

көпшілік көңілінен шығарлық опералар, киносуреттер, спектакльдер тууын, соған орай артистер еңбегі көруші жұртшылығын қуантсын дегенді міндет етіп қояды. «Қазақстан суретшілері биік фантазиясымен, өнерлі шебер композициясымен... өскелең шеберлік тапсын» деп тілек айтады.

*Н. Жаңақова.*

**МАЙЗЕЛЬ** Любовь Яковлевна (1908–1978), актриса. Қазақстанның халық артисі (1955). Ол 1925–28 ж. Харьковтың Пролеткульт театры студиясында оқып, актерлік қызметін сонда бастаған. 1933 ж. Қазақстанға келіп, орыс театрының труппасына қабылданды. Мұнда көптеген рөлдер ойнап, өзінің шеберлігін танытты. Ө-тің пьесаларында өзінше қызық бейнелер жасаған. «Түнгі сарындағы» кедей қызы Сәууар, соған қарама-қайшы болыс келіншегі Жүзтайлақ, «Қарақыпшақ Қобыландыдағы» Көклян, «Абай» трагедиясындағы Қаныкей рөлдері – үлкен шығармалық табыстары. Ол өткір мінезді, ішкі тартыс пен психологиялық толғанысқа, шытырман әрекетке құрылған бейнелерді терең меңгерген.

*Б. Құндақбайұлы.*

**МАЙКӨТ** (1824 – ө. ж. б.), ірі импровизатор ақын. Қазіргі Жамбыл облысының Қаратау өңірінде өмір сүрген. Жетісу мен Сыр бойындағы белгілі ақындардың бірі. Құлыншақ, Сүйінбай, Майлықожа, Бактыбай, Түбек, Мәделіқожа т. б. ақындармен айтысқа түскен. Жыр алыбы Жамбыл М-ті ұстаз тұтқан. Шығармаларын ауызша орындап, хаатқа түсіріп отырмағандықтан, көбі жоғалып кеткен. Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қорында «Саржан болысқа айтқан жыры», «Сарыбай асында айтқан құттықтау толғау» және Құлнаян Құлмамбетпен, Қазанғаппен т. б. ақындармен болған айтыстары сақталған. М-тің айтыскерлік стилінің басты ерекшелігі – халықтың тұрмысын, әдет-ғұрпын, шаруашылық әрекеттерінен мол мәлімет беруінде. Ақын өзінің Құлмамбетпен айтысында сол кездегі қазақ халқының шаруашылық әрекеттерінен аз орын алатын егіншілік кәсібін жыр еткен. Бұл – дәстүрлі қазақ айтыстарында сирек кездесетін тақырып.

Ө-тің «Айтыс өлеңдері» атты еңбегінде арнайы кеңірек талданғаны – М. пен Құлмамбеттің айтысы. Айтыста Құлмамбет дәстүрлі мал шаруашылығын дәріптеп, егіншілікпен айналысқан М. елінің тірлігін мінейді. Айтыстың бұл сипатына Ө: «Құлмамбеттің «бетке салық» қылып отырғаны шындық болсын, бірақ тіршіліктің қамында жүрген еңбекші елдің көрінісі мін ететін көрініс емес. Онда еңбек туғызған көптеген қасиеттер бар» деп, М-тің «осал» жерін ақтап шыққан. Сондай-ақ автор М-ті үнемі ірі айтыскер ақындардың қатарына қосады.

*М. Жармұхамедұлы.*

**МАЙҚАНОВА** Сәбира (1914–1995), актриса. КСРО (1970) және Қазақстанның (1958) халық артисі. 1932 ж. Қазақ драма театрының құрамына қабылданды. Мұнда дара талантымен танылды. Ө. шығармалары бойынша қойылған бірнеше спектакльдерде ойнады. 1941 ж. драматургтің «Сын сағаттасында» (режиссері – А. Тоқпанов) шахтер қызы Мәрияштың төзімділігі мен аңқылдаған жайдары мінезін нанымды бейнеледі. Одан кейін Қ. Бадыров пен Я. С. Штейннің режиссерлігімен қойылған «Қарақыпшақ Қобыланды» спектакліндегі (1946)

Көкланды Көбіктің адал құлы әрі жауыздықтың символы ретінде көрсете алды. «Абай» романының инсценировкасы бойынша (режиссерлері – Ш. Айманов пен Я. С. Штейн) сахнаға шыққан спектакльде (1949) Абайдың анасы – Ұлжанды ақылды да мейірімді, баласының рухани тәрбиешісі етіп көрсетті. «Қарағөз» трагедиясындағы Маржан бәйбіше (1963, режиссері – А. Л. Мадиевский) М. ойынында өзіндік ерекшелігімен дараланды.

*Б. Нұрпейісова.*

**МАЙЛИН** Бейімбет (Б и м ұ х а м е т) Жармағамбетұлы (1894–1938), жазушы, ақын, драматург. «Мырқымбай» циклындағы өлеңдері кезінде ерекше назар аударды. Оның қыруар әңгіме-повестері Майлинге ғана тән өзгешелікті, әрі қарапайым, әрі шеберлік үлгілерін танытты. Қазақ драматургиясын дамытудағы алатын орны ерекше, ірілі-ұсақты 30-ға жуық пьеса, либретто, киносценарий жазылды. Ө. өзінің «Жақсы пьеса – сапалы әдебиет белгісі» деген мақаласында Майлин драмаларын талдай отырып, кейіпкерлерін жік-жікке бөліп талдайды, әрқайсысының көркемдік ерекшеліктеріне баға береді. Ал М-нің әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды боп шығады, және бұл шығармалардың түр үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады деп жазды («Социалды Қазақстан», 1934, 28 сөуір).

*Т. Тұрғанбаев.*

**МАЙЛЫБАЕВА** Санагүл Көлбайқызы (1952 ж. т.), әдебиет зерттеуші. 1996 ж. «М. О. Өуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы пейзаж» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми еңбектері: «Көне жазу құпиясы» («Лениншіл жас», 1983, 9 желтоқсан), «Өуезов әңгімелеріндегі пейзаж» («ҒА хабарлары. Тіл әдебиет сериясы», 1986, 6 наурыз), «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (рецензия; «Алматы ақшамы», 1988, 30 шілде), «Табиғат сырына жетік суреткер» (М. О. Өуезов және қазіргі әдебиет», А., 1989), «Абай жолы» романындағы табиғат көріністері» («ҒА Хабарлары. Тіл әдебиет сериясы», 1996, №3) т. б. М. Өуезов – пейзажист» атты (2007) зерттеу еңбегі жарық көрді. Бұларда Ө. шығармаларындағы табиғат көріністерінің қолдану жолдары мен ерекшеліктерін арнайы талдаған, шығармаларының фольклормен байланысын да қарастырған. Көркем шығармада пейзаж жасаудағы шеберліктің өсерін әлем әдебиетіндегі үлгілермен салыстырып зерттеген.

*А. Болсыбаева.*

**МАЙМУЛОВ** Сүлеймен (1932 ж. т.), қырғыз ақыны, аудармашы. Қазақ прозашыларынан Ө-тің шығармаларын аса қадыр тұтады, сүйіп оқиды. Қазақтың классик жазушысына арнап «Делің бе Мұха» (1965), «Арман орындалмады» (1969), «Тек өзің» (1975), «Мұхтар Өуезовке» (1980) деген жырлары жазды. Сондай-ақ «Өуезов Мұхтар Омарханұлы»,



«Қарағөз» спектаклі.  
С. Майқанова  
Маржан рөлінде. 1963.



Б. Ж. Майлин.



М. Малдыбаев.

«Үш салыстыру» (екеуі де – 1997) макалаларында казак қаламгерінің қырғыз әдебиетіне сіңірген еңбегін жоғары бағалаған. Мұханның қарындасы Гүлнар Омарханованың «Азапты жылдар» («Эркин – Тоо» газеті, 1997, 10 қыркүйек) және күйеу баласы Әмен Әзиевтің «Сурет сыры» («Республика» газеті, 1997, 23–29 қыркүйек, 7–13 қазан) естеліктерін қырғызша тәржімалап жариялады.

Ч. Жумағұлов.

**МАЙОР** Федерико Сарагоса (1934 ж. т.), ғылым және мәдениет қайраткері, ақын. Мамандығы – биохимик. 1987–2000 ж. ЮНЕСКО-ның бас директоры болды. Ғылыми-мәдени әкімшілік жұмыспен қатар шығармашылықпен шұғылданады. Қазак өнері мен мәдениетінің, әдебиетінің дүние жүзіне танылуына ерекше еңбек сіңірді. Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай өткізілген мүшелтойдың ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтуіне тікелей ат салысты. Ақынның туған жеріне барып, тағзым етті, баяндама жасады. Ө-тің туғанына 100 жыл толған мерейтойының да ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтуіне айтулы үлес қосты. ЮНЕСКО-ның Париж қаласындағы штаб-пәтерінде Ө-ке арналған салтанатты кешті ашып, кіріспе сөз сөйледі. Өлендері 1997 ж. казак тілінде кітап болып шықты. Қазак мәдениеті мен әдебиетінің дүние жүзіне танылуына және ұлттар арасындағы рухани келісімді нығайтуға қосқан еңбегі үшін Қазакстан Республикасы Президентінің арнайы сыйлығына ие болды (1995).

М. Маданова.

**МАЙТАНОВ** Бақытжан Қауасханұлы (1952 ж. т.), әдебиеттанушы, ғалым, Қазакстан Жазушылар одағының мүшесі. Филология ғылымының докторы (1990), профессор (1994). «М. Ауэзов в воспоминаниях современников» атты кітап туралы («Жалын», 1973, № 2), «Өскен өркен» романындағы жастар өмірі» («Қазакстан мектебі», 1977, №7), «Суреткер шеберлігі» («Социалистік Қазакстан», 1987, 23 тамыз), «Ұлы эпопеядағы жан сырын талдау» («Жұлдыз», 1993, №11), «Абай жолы» романындағы психологизм» («ҚазМУ-дың Хабаршысы, филология сериясы», 1995, №3) «Ең керекті шарт – ақжүректі ерлер» («Егемен Қазакстан», 2002, 28 қыркүйек) т. б. макалаларында Ө. шығармаларындағы стиль даралығы мен қаламгер тұлғасын айқындау тұрғысында ой қозғайды. «Мұхтар Әуезов – суреткер» деп аталатын монографиясында жазушының «Абай жолы» эпопеясында ұсталған психологиялық тұғырнамасы, кеңестік пен уақыт аясындағы тартыстың мәдени-этникалық тамырлары, кескіндеу өнері, ішкі монолог сияқты жете зерттелмеген мәселелер талданған. М. 1998–2000 ж. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының меңгерушісі болды. 2000 жылдан орталықтың ғылыми тақырыптарының жетекшісі. Ө-тің 50 том-

дық академиялық жинағының редакциялық кеңесі төрағасының орынбасары. ҚР ҒБМ-нің Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері (2004).

**МАКОВЕЦКИЙ** Петр Емельянович (т.-ө. ж. б.), жазушының кейіпкері. Саяси көзқарастарына байланысты Семейге ауып келген С. Гросс, А. Блек, А. Леонтьев, Н. Долгополов, Е. Михаэлистермен достық қарым-қатынаста болған. Семей қаласының бітістіруші судьясы, облыстық статистика комитетінің мүшесі қызметін атқарған. Қазак жерін басып алуды өрістету жөніндегі отаршылдық саясатты жаңын сала қолдаумен қатар, қазактардың құқығын зерттеумен шұғылданған. Өйткені казактың жеті жарғысына негіз болған заңдарды алдымен арабтар қудалап, сыртқа тебе алмай, казактардың арасында шариғат заңын орнықтыра алмаған еді. Қазак заңын қолданудан шығармайынша, оны Ресей империясының заңының енгізе алмасын білгендіктен, М. казак заңын зерттеп-біліп, танып, содан кейін іске асыру мақсатын қойды. «Қырғыздардың заңдық әдет-ғұрыптарын оқып-үйренуге арналған материалдар» деген кітапты (1886) Гросс, Блек, Леонтьевтармен бірігіп жазды. Қажетті деректерді жинау үшін ол Абай аулына барған. Бұл арада Абай көп ақыл-кеңесін берген. Ө. «Абай жолы» эпопеясында М-ді уезд бастығы Андреевтің прототипі етіп алып, көптеген іс-әрекеттерін аса шеберлікпен бейнелеген.

Т. Әкім.

**МАҚТЫМҚҰЛЫ** (лақап аты – Фраги; 1730–1780), түрікменнің классик ақыны әрі ойшылы. Өлендерінде халықты бірлікке, елді жаудан қорғауға шақырды, тоғызарлықты, алауыздықты сынады, махаббатты, сүйіспеншілікті дәріптеді. «Түрікмен тағдыры», «Елмекен», «Керек-ті», «Болмаса да», «Тау сапар», «Жолдас болған», «Ауыз айтса», «Белгілі», «Ел жақсы», «Сүйдім сені», «Нұр түспес», «Налу», «Өкінішпен өтіпсің» т. б. өлендерін жазды. «Тандамалы өлендері» казак тілінде бірнеше рет жарық көрді (1947, 1959, 1968, 1983). Мұханның шығармасының Орта Азия халықтарына кеңінен тарап, олардың әдебиеті мен мәдениетіне игі ықпал еткенін жазды («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»).

Н. Ерсарыұлы.

**МАЛДЫБАЕВ** Мұстақым (1882–1927), мұғалім, алаш зиялысы. Қайырымдылық, әдебиет-поэзия сауық кештерін Семейдегі казак зиялылары және оқушы жастарымен бірігіп ұйымдастыруға ат салысады. Петроградтағы мұсылман лазареті мен мұқтаж казак оқушыларына арнайы көмек ретінде 1915 ж. 13 ақпанда Семейдің «Приказчиктер клубында» Нәзипа Құлжанова мен оның жұбайы Нұрғалимен бірге ұлттық қайырымдылық кешін ұйымдастырған. Бұл кеште Р. Мәрсеков, Ж. Аймауытов, Т. Жомартбаевтар баяндама жасап, айтыс сахнасы көріністерін ойнаса, тақпақ айтқан Қ. Сәтбаевпен, Мұстақыммен бірге оқушы, жас Мұхтар да қатысты. М. бұл кеште Ы. Алтынсариннің өсетін сахнаға шығып айтты. Ол туралы өзі «Айқап» бетінде хабарлама-мақала жариялаған. М. Алаш партиясының Семей облыстық комитетінің белді мүшесі болып, жалпы алаш жолында көптеген игілікті жұмыстар атқарды. Осында Ө-пен танысып, ортақ іске бірге араласты. Оның үстіне М. Семейде ел көзіне түскен, баспасөз бетінде сын-пікір айтыл-

ған екі оқулықтың авторы. Олар: «Ең жаңа әліппе» (Уфа, 1912) және «Оқу кітабы» (Семей, «Ярдам» баспаханасы, 1912).

*М. Әбдеш.*

**МАЛҚАРОВ** Омарбай (1908–1993), ақын. ҚазПИ жанындағы жұмысшы факультетін (1936), Алматы мемлекеттік екі жылдық мұғалімдер институтын (1938) бітірген. Өлең, дастандар жинақтарында Оңтүстік елі мен жерінің алуан тақырыптарын жырлады. Оңтүстік Қазақстанды 1960 ж. аралығында Ө-пен сапарлас болып, бірге жүрген.

*Р. Бердібай.*

**МАМЫРАЕВ** Бейбіт Баймағамбетұлы (1957 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1999). Ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы мен әдебиеттер байланыстарын зерттеуге арналған. Ө-тің 100 жылдық мерейтойының ғылыми шараларын ұйымдастыру ісіне басшылық жасап, ҒА-ның жалпы жиналысы мен «М. Әуезов және ХХ ғасырдағы әлем әдебиеті» атты халықаралық конференцияның материалдары топтастырылған «М. Әуезов – ХХ ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі» деген жинақты (1997) құрастырды. Ө-тің Ресейде өткен күндеріне қатысып (1997, мамыр), Санкт-Петербургте болған халықаралық ғылыми конференцияда «М. Әуезов және әлем әдебиеті» деген тақырыпта баяндама жасады. «Мұхтар Әуезов – әдебиет тарихшысы» деген мақаласы Анкарада ұлы жазушыға арналып шыққан «Білге» жинағында (1998, №18, 23–25-беттер), «М. Әуезов кітаптарының тағдыры оңай болған жоқ» атты мақаласы «Deutsche Allgemeine Zeitung» газетінде неміс тілінде жарияланды (1997, 20 қыркүйек). Семейде өткізілген «М. О. Әуезов – ұлы суреткер және ойшыл» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияда «М. О. Әуезовтің 20–30-жылдардағы ғылыми мұрасынан туындаған мәселе» деген тақырыпта баяндама жасап, бұл еңбегі осы мәслихат материалдары жинағында басылды (1997, 78–81-беттер).

*С. Қарабай.*

**МАНАБАЕВ** Ақылбек (1934–1984), ақын, журналист. Ө-тің өмірі мен шығармашылығы туралы көптеген мақалалармен қатар «Әуезов ашқан Америка» («Анама хат», 1986) атты көлемді дастан жазды. «Дана Мұхтар» (әні – Т. Райымовтікі) атты әннің сөзін жазды.

«**МАНАС**», қырғыз халқының эпосы, Ө. зерттеген. Дүние жүзі фольклорында көлемі жағынан теңдесі жоқ жыр. Көркемдігі жағынан кейбір бөлімдері кәсіби жазба әдебиет үлгілерінен асып түседі. Бірнеше нұсқалары бар. Негізгілері – Сағымбай Оразбайұлы мен Саякбай Қаралаев нұсқалары. Өр нұсқаларындағы өлең жолдарын салыстыра, бірімен-бірің толықтыра есептегенде миллион жолға жуық. Сағымбай нұсқасы 260 мың жол шамасы. «М.» туралы алғашқы деректер Ленинград университетінің кітапханасында сақталған. Эпос Манас образының төңірегіне топтастырылған бірнеше эпикалық жырлардың тұтастануынан туған: «Манас», «Семетей», «Сейтек» атты үш бөліктен тұрады. Өр бөлік бірнеше тарауларға бөлінген. «Манастың» жеке тарауларын жырлайтын орындаушыларды шала манасшылар (жомықшылар), 3 бөлігін толық орындаушыларды нағыз манасшылар деп аятады. Толық айтып шығуға алты ай уақыт кетеді.



«Манас» эпосына арналған конференцияда.  
Бішкек. 1952.

Ө. «Манастың» ең көлемді нұсқасын Саякбай Қаралаевтан жазып алған. Қазақ манасшылары да болған: Жамбыл, Майкөт, Құлмамбет, Сүйінбай т. б. ақындар жырлаған. Кенен Өзірбаевтан «Көкөтайдың асы» тарауы жазып алынған.

Ө. «Манасты» зерттеумен Ташкенттегі Орта Азия университетінің аспирантурасына түскен кезде (1928–1930) айналыса бастаған. 1930 ж. маусым айында Фрунзеде ғылыми іссапарға барады. Осыдан бастап Әуезов қазақ, орыс тілдерінде Манас тақырыбына ғылыми мақалалар жазды. Осы жыл Таластағы Манастың құмбездігіндегі көне жазулардың әлі өше қоймаған кейбір жерлерін қойып дәптеріне көшіріп алады. 1936 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қырғыз дастаны – «Манас» атты мақаласы шықты. Мақала 1935 ж. Фрунзеде желтоқсанның аяқ кезінде өткен «Манасқа» арналған жиыннан кейін жазылған. Мақалада жиынның пайдалы жағына тоқталып, Сағымбай нұсқасының жазылу жайына, жомықшы Сағымбай мен жазып алушы мұғалім Өміррахмановтың еңбегіне жоғары баға береді. 30-жылдары тек Сағымбай нұсқасымен ғана таныс болғандықтан, биліктік, пантуркистік, ұлтшылдық, діншілдік әсер бар дейді. 1931 ж. «Казахстанская правда» газетінде шыққан «Манас» – қырғыз халқының қаһармандық дастаны атты мақаласында (орыс тілінде) эпосты орындаушылар тұлғасына талдау жасап, қазақ жыршыларымен салыстыра талдайды. «Манастың» тарихи әлеуметтік сипатына әсер еткен себептерді – ерлік елдік тақырыбын, феодалдық-манаптық билікті кейінгі ғасырларда ислам дінінің әсерін ашқан 30-жылдардың басында қолға алған бұл саладағы зерттеулерін үнемі толықтыра отырып, 1942–43 ж. дейін созады. 1944 ж. осы бағыттағы негізгі еңбегін қорытқандай болады.

50-жылдардың басында Сталиннің «Марксизм және тіл мәселесі», «СССР-дегі социализмнің экономикалық мәселелері» атты еңбектері шыққаннан кейін өнер мен әдебиетте қиын күндерде түркі халықтарының көптеген фольклорлық мұралары ұшырап шығаруға тыйым салынды. Осындай ахуал «Манас» эпосына да тән. 1952 ж. маусым айында Фрунзеде «Манас» тағдырын шешуге тиісті ғылым конференция өтті. Конференцияның алдында бір



неше ай «Кызыл Кыргызстан», «Советская Киргизия» газеттерінде дискуссия жүрді. Дискуссияның бағыты «Манас» – халыққа жат шығарма» деген бағаға қарай ауған еді. Осындай жағдайда конференцияда негізгі баяндама жасаған мәскеулік ғалым, профессор А. К. Боровков та «Манастың» халыққа қарсы бағыттағы эпос деп бағалады. Одан кейінгі баяндама жасаушылар да (ішінде қырғыз ғалымдары да бар) осыған ойыса берген. Конференцияда негізгі баяндамашылардың тізімінде жоқ, тек жарысөзге шығушы Ө. қоғамдағы қиын, қауіпті саяси жағдайларға қарамастан, терең мазмұнды, ғылыми құнды және дәлелді баяндама жасап, «Манасты» аса көлемді, аса көркем, халықтық сипаты айқын шығарма деп бағалады. Басқа баяндамалардың ішінде Ө. фольклорды терең білетіндігімен, ғылыми дарынының, азаматтық қасиеттерінің ерекшелігімен көзге түсті. Ө. сөзінен кейін конференция бағыты күрт өзгеріп, «Манас» халықтық шығарма деп мойындалды. «Манастың» көп жыл зерттеген еңбегінің нәтижесінде «Киргизский героический эпос – «Манас» атты үлкен ғылыми монография жазды. Монографиядағы Ө-тің эпос жайындағы пікірлері әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпай жок. Эпосты орындаушылар ерекшеліктері, мектептері, «Манастың» сюжеттік, фабулалық иірімдері, әр түрлі нұсқалардағы оқиғалық, тақырыптық, идеялық қырлары, образдар жүйесі мен көркем бейне ашудың тәсілдері, тіл, синтаксис мәселелері, әлі де зерттелуді қажет ететін салалар – бәрі де зерделі зерттеу нысаны болған.

*Н. Мұхамбетханов.*

**«МАНАС» – ҚЫРҒЫЗ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАҺАРМАН-ДЫҚ ДАСТАНЫ»** («Манас» – героическая поэма киргизского народа»), жазушының мақаласы. Орыс тілінде жазылған, 1938 ж. 28 қыркүйекте «Казхстанская правда» газетінде шықты. Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 19-томында газеттегі нұсқасы өзгеріссіз берілді. Мақалада қырғыз халқының ұлы эпосы «Манастың» тарихи-көркемдік құбылыс, әлем фольклорындағы ең үздік, ең көлемді ескерткіш ретінде бағалайды. Қазақ жыршылары мен қырғыз жомықшыларының (манасшыларының) ұқсастық жақтары мен айырмашылықтарын саралаған. «Манастың» үзінділерін ғана айта алатын шала жомықшылар мен эпосты бірнеше ай бойы түгел айтатын нағыз жомықшылардың өзіндік ерекшеліктеріне, қалыптасу жолдарына ғылыми сипаттама берген. «Манас» эпосының тууы жөнінде Қырғыз эпосы Гомер эпосы сияқты ғасырлар бойы жасалып, дамыды, бұл орайда эпик ақындардың – жомықшылардың шығармашылық қызметтері зор рөл атқарды деп, әлемдік фольклортану ғылымының қағидаларына сәйкес келетін тұжырымдар жасады. Алғашқы нұсқаларында ел қорғаушы батырларды жырлау мақсатынан туған деп болжау жасап, кейін феодалдық-рулық қоғам туғызған манаптық басқару жүйесінің әсерін байқап, кейінгі нұсқаларында дінді идеялық алғы шарт ретінде қолдана бастады дейді. Манас образы мен басқа образдардың жасалуы жайында поэтикалық талдау жасалып, эпостың халық ауыз әдебиеті үлгілерінің мүмкіндіктерінен биіктеп, дара, кәсіби әдебиеттің озық үлгілерімен тең келетін тұстарының көп екенін көрсетеді.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«МАНАС» ЭПОСЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ НҮСҚАСЫН ЖАСАУ КЕРЕК»** («Создать народный вариант «Манаса»), жазушының мақаласы.

50-жылдардың басында солшыл саясат пен солшылдың көптеген фольклорлық мураларын жарыққа шығаруға, оқып үйренуге тыйым салынды. Мұндай ахуалға «Манас» жыры да ұшырады. 1952 ж. 4 ай бойы «Кызыл Кыргызстан», «Советская Киргизия» газеттерінде айтыс (дискуссия) жүріп, 15-ке жуық мақала жарияланды, ақырында бұл поэма халыққа жат туындылар қатарына жатқызылды. Осындай алмағамасы уақытта, сол жылы шілдеде Фрунзе (Бішкек) қаласында «Манас» эпосын зерттеу туралы конференция болды. Негізгі баяндаманы мәскеулік профессор А. К. Боровков жасап, жырды халыққа қарсы эпос деп бағалады. Басқа баяндама жасаушылар да (ішінде қырғыз ғалымдары да бар) осы пікірге қарай ойыса берген. Негізгі баяндамашылардың тізімінде жоқ, тек жарысөзге шыққан Ө. күрделі де қауіпті саяси жағдайларға қарамастан, 8 шілдеде орыс тілінде терең мазмұнды, ғылыми құнды, дәлелді баяндама жасады. «Қырғыз халқы да өзінің рухани тарихындағы өткен бір құбылысқа осынау шақта қайта оралып, көз тігіп отыр. Ол жай ғана көз тікпей, ойсанасы марқашан шақта бұрынғы өткенін терең барлап, жаңаша ұғынбақ» деп бастап, «Манастың» барлық халықтардың фольклоры мен эпосы ішіндегі ең озық үлгілерінің бірі екеніне жұртшылық назарын аударып, әңгімесін үш мәселе төңірегінде өрбітеді: 1) Кенестік қырғыз халқына «Манас» керек пе, жоқ па? 2) Оның жиынтық нұсқасын жасауға бола ма? 3) Егер бұл мүмкін болса, оны қалай жасамақ керек? Ғалым жырдың туған дәуірі, жариялануы, зерттелуі туралы шолу жасап, А. Боровковтың баяндамасы өрі-сәрі болып шықты. Оның баяндамасының 99 проценті эпосты жоққа шығаруға арналғанын сынады, өйткені «оның айтқан ой-пікірлері мен байлауларының арасы алшақ, керек-ғар» жатыр. Демек «қырғыз халқына «Манас» керек екені күмәнсіз», себебі поэма халықтың тарихымен, мәдениетімен, фольклорымен тығыз байланысты, соның жемісі деп атап көрсетті. Жырдың барлық нұсқаларында ортақ жерлер бар. Бұларды өзара салыстырып, қосылған жмау, жасқау, жасандылардан тазартып, әр нұсқадан жекелеген жырларды саралап алып, іріктеу жасап, «Манастың» жиынтық нұсқасын жасау қажет екенін ескертті. Бұл орайда Қаралаев немесе Шапақов нұсқаларын бағалы деп санайтынын ашық ескертті. Мұны қалай жасау керек дегенде, қайталаулардың біразын алып тастауды ұсына отырып, «панисламизм мен пантүркизмге, хандар мен әміршілерге, дін жолындағы жалған күреске байланысты жәйттердің бәр-бәрін өшіріп тастау керек» деп, қызыл саясаттың, партия идеологиясының әсер-ықпалынан амалсыз шыға алмайды. Ал «Манастың» шығу негізін 9 ғасырдан, Күлтегін мен Тоныкөк ескерткіштерінен іздеу жөнінде құнды пікір айтты. Бәр-бәріміздің иық сүйесе, тізе қоса еңбек ете отырып, «Манасты» жат сарындардан тазартып, оны халыққа қайтарып беруге борыштымыз деп аяқтады сөзін. Ө-тің сөзінен кейін конференция теріс бағытын күрт өзгертіп, «Манас» эпосын халықтық шығарма деп мойындап, қаулы қабылдады. Сөйтіп ұлы жазушы халық әдебиетін, фольклорды терең білетінін, ғылыми дарының, азаматтық қасиетін танытты.

*Ш. Ыбыраев.*

**МАНАСШЫЛАР.** «Манас» жырын айтушылар, халыққа таратушылар. Олар қырғыз халқының ұлттық эпосының жасалу, жетілу, даму жолында көп еңбек сіңірді, жырды замана талаптарына сәйкес жаңғыртып, көркейтіп, толықтырып отырған, негізгі желілерін көп өзгертпей, өз нақыштарын қосқан. Ө. «Қырғыздың батырлық эпосы – «Манас» атты монографиялық зерттеуінде М-ға жан-жақты сипаттама берген. Автордың пікірінше, «Манасты» өте ертеде жырлаған жорықшы-жыршы (жомықшы) Жайсаңның ғана есімі белгілі. Бірақ жырды осы ақын шығарды деген долбар, болжам ғана бар. М-дың аттарының сақталмау себебі әр жыршы эпостың қалай туып, тарағанын және кімнен жаттап үйренгенін әдейі жасыратын тәрізді. Сөйтіп жыршылар өздерінен бұрынғы айтушыларды ауызға алмайды». Сондықтан жыр «беймағлұм, басқа бір жанның атынан баян етіледі. Бұл ретте ақын – ұзын-ырғасы тыңдаушы көпке таныс жырды айтып жеткізуші ғана». Осы тұрғыдан қарағанда, белгілі бір манасшы өзінен бұрынғы жыршылардың атын атамайды. Қырғыз жомықшыларының арасында жырдың адамға даруына, қонуына сенген, «Манасты» бастан-аяқ білгізген де сол ғаламат күштің жемісі деп түсінген дейді ғалым. Алайда әр жыршы өз нұсқасын дербес санап, оны тәңірінің бойға дарытқан өнері, өзгеше қасиеті деп білген. Бұл сенімді бірде-бір жомықшы аттап өтпеген. Ө. одан әрі М-ға жеке-жеке тоқтап, әрқайсысына баға берген. Сағымбай – эпосты айтушылардың ішіндегі жеке шығармашылықтың мән-мағынасын жақсы ұғынған жыршы. Ол – авторлық құқықтың сақталуын жақсы ұғынған алғашқы мектептің өкілі. «Манасты» ағасы Әлішерден үйренген. Сағымбай нұсқасын жазып алған Ыбырай Өбдірахманов деген мұғалім. «Манастың» қолда бар екі нұсқасының ең көлемдісі, толығы болып табылатын Сағымбай нұсқасына манаптардың ықпалы әсіресе көбірек тиген. Онда діни сарындар да, басқа да қоспалар едәуір мол» деп түйеді автор. Бұдан әрі Тыныбек, Саяқбай, Ақылбек, Келдібек, Балық, Найманбай сынды атақты М-дың жырларын бір-бірімен салыстыра қарастырып, Ө. эпосты жырлаушылардың екі мектебі – Нарын және Қаракөл мектептері болғанын атап көрсеткен. Сағымбай бірінші мектептің өкілі болса. Саяқбай Қаралаев соңғы, екінші мектептің өкілі дегенге тоқталған. Бұдан зерттеуші Сағымбай мен Саяқбайдың нұсқаларында олардан бұрын өткен ақындардың көптеген өлең жолдары кездеседі, яғни жекелеген жырлардың тұрақты, айнамайтын мәтіні бар деген байлам жасайды. Өйткені «Манасты» тұтас күйінде бір кісі ғана шығармаған. Ол сан ғасыр бойына сан буын жомықшылардың қатысуымен ұлғайып, дамып отырған деп қорығады ұлы суреткер М. туралы ойын.

Ш. Ыбыраев.

**МАНИЯЗОВ** Өбдіқадыр (1930 ж. т.), тәжік әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымының кандидаты (1960), Тәжікстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1994), профессор (1994), Иран Ислам Республикасы Парсы тілі мен әдебиеті академиясының корреспондент мүшесі (1996). 1972 жылдан республика Ғылым академиясы Рудаки атындағы Тіл және әдебиет институтының директоры. Негізгі ғылыми еңбектері әдебиеттер байланысы, дәстүр мен жаңашылдық,

поэтика мәселелеріне арналған. Ө-тің 80 жылды мерейтойына қатысып, Алматыда салтанатты жиі налыста сөз сөйледі. Абай жолы – қазақ халқының өткен өмірі, сондай-ақ Орта Азия халықтарының да тұрмыс-тіршілігі туралы аса көркем туынды деп жеружарды тілегін айтты («Мұхтар Өуезо – совет әдебиетінің классигі», А., 1980, 37 бет)

Х. Шоджукүле

**МАНАТ ҚЫЗ,** Манат Бекбергентай (1858–1890), суырыпсалма ақын, әнші. Арабша сауаты болған. Жас кезінен айтысқа түсіп, аты шыққан. Ақындық жолға түсуіне себепші болып, ұстадық еткен немере ағасы Жылқыбай. М. қ-дың 1 жасынан атын шығарған, дарынын танытқан Молда Мұсамен айтысы. Бұл көркемдік тұрғыдан айтыстың үздік үлгілерінің қатарына жатады. Өзінің құрылымдық, мазмұндық ерекшеліктерімен басқа айтыстардан дараланып тұрады. Онда жазбаша жән ауызша айтысу әдістері аралас келіп отырады. Айтыс Молда Мұсамен хатпен білдірген қызға деген ынтызарлық сезімін айтудан басталып, біреу кезектен кейін бетпе-бет айтысқа ұласқан. Айтыс үш томдық «Айтыс» жинағының 1-томында берілген. М. қ. Қаратау өңіріне белгілі әнші де болған. «Қаршыға», «Өтеді-ау жалған», «Күлөңде-ай» т. б. әндерді айтқан. Ө. «Айтыс өлеңдері» атты монографиялық еңбегінде М. қ-дың Шәді Жәңгірұлымен айтысын арнайы талдаған. Жазба түрде болған айтысты зерттеуші мысалдар келтіре отырып, әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктерін ашқан. Монография авторы: «Ауыз айтыстармен салыстырғанда, бұл айтыстың бірсыпыра табиғи өзгешеліктері бар. Шәдінің сөзі орынды, салмақты, өлше пішілген... Шәді басынан аяғына дейін қызды көңілін өзіне тартам деген нық нысанадан беті бұрмайды» деп, айтыс мәтінінен үзінділер келтіреді. Сөйтіп М-дың айтыскерлік шеберлігі мен дүние танымы жайлы нақты ойлар айтқан.

М. Жармұхамедұлы

**МАНСУРОВ** Тайыр (1948 ж. т.), дипломат, ғалым мемлекет қайраткері. Саяси ғылымдарының докторы (1996). Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және өкілетті елші болды (1994–2002). 2002 жылдан Солтүстік Қазақстан облысының әкімі. Абай, Жамбыл, Мұхтар мерейтойларына байланысты Елшілікте, Мәскеу Санкт-Петербург, Подольск қалаларында өткізілген кештерге, ғылыми-практикалық конференцияларға ұйытқы болды. Ө. күндеріне арнап бірнеше мақала жариялады. «Рухани байлықтың күші» («Независимая газета», 29.4.1997), «Өз халқымызды рухани маркерлік» («Труд», 27.9.1997) деген зерттеулері түгелдей Ө-тің шығармашылығын насихаттауға арналған.

Б. Мекішев

**МАО ДУН** (шын аты-жөні: Шэн Янбин; 1896–1981), қытай жазушысы, публицист, аудармашы қоғам қайраткері. 1921 жылдан Компартия мүшесі Қытайдың жаңа әдебиетінің негізін салушылардың бірі. «Кейіпкер тану» (1925), «Қытай мифологиясы» (1928), «Прозаны зерттеуге кіріспе» (1928) кітаптары шықты. «Түнек» атты трилогиясы (1927–28), «Таң алдында» романы (1933) жарияланды. 1928–30 ж. Жапонияда эмиграцияда, 1946–47 ж. КСРО-да болды. «КСРО-да көрген-білгендерімнен» (1948), «Кенес Одағы туралы әңгіме» (1948) кітаптарын жазды. Ө-пен таныс-біліс болған. халықаралық конференцияларда кездесіп, сұхбат тасқан. Қазақ жазушысын 60 жасқа толуына бай



Маржани.

ланысты шын жүректен құтықтап, ғылыми-педагогикалық қызметінде табысқа жете беруіне тілектестік білдірген.

*Н. Бауған.*

**МАРАБАЙ** Құлжабайұлы (1841–1898), төкпе ақын, жырау. Ө. «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде «Қобыланды батыр» жырына талдау жасай отырып (73-бет), жырдағы Қобыландының үй ішімен қоштасуы, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының айтысы сияқты өлеңдер Қобыландының соңғы, түзеп айтқан Марабай сияқты ақынның үлкен ақындық қуатын білдіреді. Бұл сөздер төселген жүйріктей толғаулы ақынды танытады. Қиялы бай, суреті көп, сезімі күшті ақынды көзге елестеді деп, жырауға аса жоғары баға берген. Ұлы жазушы осы зерттеуінде «Ер Тарғын» жыры туралы сыншылдық пікірін өрбітіп, «Тарғынның Марабай айтқан жырлары – ескіліктегі ең ірі жырлардың бірі екендігін, Тарғындағы Марабай жыры өзгеден бөлек үлгімен, өзгеден жат құрылғанын, барлық өлеңде қыз сипаты, айтқас сөз, соғыс суреті, ат келбеті сияқты сөздердің барлығы да ылғи кестелеу, салыстыру, жалғау сипаттарымен келетінін, бір нәрсенің суретін айтуға келгенде, жыршы тілі қазақ баласы білген дүниеде көз тоқтатарлық келісті нәрсенің ешбірін қалдырмай, сұлу үшін үйіп-төгіп алып келгендей әсер ететінін жазған.

*Ш. Ыбыраев.*

**МАРҒҰЛАН** Әлкей Хақанұлы (1904–1985), археолог, этнограф, тарихшы, өнертанушы, әдебиет зерттеуші. Ө-тің жақын досы. Филология ғылымының докторы (1945), ҚазКСР Ғылым академиясының академигі (1958), профессор (1960). ҚазКСР Мемлекеттік (1982), Ш. Уәлиханов атындағы (1967) сыйлықтардың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961). Бүкілодақтық география қоғамының мүшесі (1933). «Наймандар», «Адайлар» монографияларын жазды. Қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты мұрағат деректерін жинақтап, қоғам тарихы ғылымының барлық саласына зор еңбек сіңірді. «Қазақ фольклоры», «Хандар жарлығының тарихи-әлеуметтік мәні», «Шоқан және «Манас», «Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары», «Абайдың Ленинградтағы қолжазбалары», «Абай және халық еркі қайраткерлері», «Ақын туған орта», «Қазақтың жыр-

аңыздары», «Қазақтың көлөнері» (1–3 том) атты ғылыми еңбектері қазақтың мәдениеті мен әдебиеті, тарих саласындағы іргелі зерттеу болып табылады. М. 1957–1967 ж. М. Өуезов, С. Мұқанов, Қ. Сәтбаев, А. Нүсіпбековтердің қатысуымен, Ш. Уәлихановтың 5 томдық шығармалар жинағын құрастырып, бастырып шығарды. М. ұлы жазушының ең жақын, сенімді досы, пікірлесі, қанаттас серігі болды. Ленинград университетінде бірге оқыды. 1930–32 ж. жазушы Жермеде жатқанда, оның үй ішіне қамқорлық жасады. Жазушының тапсыруымен, Ленинградтағы жұбайы В. Өуезова мен Ләйла Мұхтарқызына қол ұшын берді. Ұлттық ғылым академиясының төралқа мүшесі ретінде Ө-пен бірге аса күрделі әрі ғылыми зәру мәселелерді ақылдаса шешіп отырды. Жазушының белгісіз өмір беттерінен мағлұмат беретін «Жадымда қалған жақсы күндер» деген естелігінде Мұхаметпен бірге өткізген қызықты шақтарын, оның білімге құштарлығын, аса зейінді, дарынды қасиетін ерекше сүйіспеншілікпен жазды («Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», А., 1997, 57–68-беттер).

*Т. Жұртбай.*

**МАРЖАНИ** (Багаутдинов Шаһабуддин; 1818–1889), татар тарихшысы. Ұлттық тарихнаманың негізін салушы. Еңбектері Орта Азия, Қазақстан, Еділ бойы халықтарының тарихына арналған. «Бұлғар мемлекеті мен Қазан хандығының тарихынан» атты алғашқы ғылыми зерттеуін В. Радлов 1877 ж. орыс тіліне аударып, «Труды IV археологического съезда в России» жинағында жариялады (Қазан; 1–2-шығарылуы, 1884). Ибн Фадланнның еңбектерін бірінші болып тауып, ондағы бай материалдарды түркі халықтарының тарихын жазуға пайдаланды. «Мұстафад әл-ахбар фи ахвали Қазан уа Бұлғар» деген шығармасында түркі хандықтарын сипаттады, оның ішінде Қазақ хандығы да бар. «Вафиат әл-Аслаф» кітабында (7 томдық) Шығыстың әдеби-ғылыми ағартушыларының өмірбаяны, библиографиялық деректері, сондай-ақ қазақ халқы, қазақ жеріндегі тарихи тұлғалар жайында мол мағлұмат берілген. Ө. «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында: «Шығыс жағасынан алған нәрдің бәрін Абай өз ақылымен, сыншы, ойшыл ақылымен, бірақ, әрине, санашылдық жолымен өзіне қорытып алады. Бұған кірген бұйымдардың басы ислам діні, онан соң Шығыс поэзиясы және мұсылман ғылымының ілгері-соңғы ғұлама философтарының сөздері болады. Сонымен өз тұсында, 19 ғасырдың 2-жартысында Шығыс ілімінде майданға шыға бастаған жаңашыл, рационалшылар дін реформашыларының шеніне араласады. Абай татардан шыққан Шаһабуддин Маржаниды қостайды» деп, ұлы ақынның М-дың ілімімен, шығармаларымен таныс екенін хабар етеді.

*Т. Жұртбай.*

**МАРКОВ** Георгий Мокеевич (1911–1991), орыс жазушысы, қоғам қайраткері. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері (1974, 1984), КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1952) және Лениндік сыйлықтың (1976) лауреаты. Ө-пен қызмет бабында араласып, хат жазысып, пікір алысып жүрген. 1973 ж. Алматыға келген сапарында Өуезов мұражайына барып көрді. Пікір кітабына Ө-ті жақсы көріп, қадыр тұтқанын, жазушы ретінде Мұханның әдебиетте теңдесі жоқ ерлік жасағанын жазған.

М. Өуезов пен Ө. Х. Марғұлан. Ленинград. 1926.



**МАРР** Николай Яковлевич (1865–1934), тілтанушы, шығыс зерттеуші. Петербург ҒА-ның академигі (1912). Иверий-кавказ тілдері мен семит тілдерінің туыстығын дәлелдеу үшін «яфеттік теория» ұсынды, кейін оны «тіл туралы жаңа ілім» деп атады. Ғалым тілді «таптық құбылыс» деп қарады. Тілдер туыстығын қарастыруда салыстырмалы-тарихи әдісті жете бағаламады, нақты тілдік материалдарға сүйенбеді. Тілдер өзара тоғысу, түйісу, дүмпу арқылы дамиды деді, сөйтіп қателіктерге ұрынды. Бұл ілім 1949–50 ж. сынға ұшырады. Ө. өзінің «Тіл және әдебиет мәселесі» деген мақаласында М. ілімін қатты сынға алған. Грамматиканың көп мәселесіне, тіл тану ғылымының бар саласына Маррдың «Жаңа ілімі» келтірген залал көп. Маррдың жүйесі тек тіл тануға ғана залал келтіріп қойған жоқ, әдебиеттану ғылымына да көп залалын тигізді. Осы ретте, әсіресе, фольклорды тексеруде, бүкіл Одақ көлемінде және барлық туысқан елдер фольклорын зерттеу жөнінде Маррдан жұққан залалды теріс пікірлер аз емес деп, болашақта мұндай терістікті жоюға үн қосқан.

*Н. Оспантегі.*

**МАРХАБАЕВ** Әбділхамит Файзоллаұлы (1938 ж. т.), жазушы, ғалым. Филология ғылымының кандидаты (1971), доцент (1973). Шығармалары ғылыми-фантастика тақырыбына арналған. «М. Өуезовтің фантастикалық пьесалары» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1978, №9), «Мұхтар Өуезовтің «Уақыт машинасы» («Қазақ әдебиеті», 1979, 23 ақпан), «Мұхтардың мезгіл машинасы» («Заман–Қазақстан», 1997, 27 маусым), «Семинарист Мұхтар «Ғылым гравитациясында» («Ана тілі», 1997, 21 тамыз) деген мақалаларында ұлы жазушының фантастикалық шығармалары жөнінде ой толғаса, «Қазақ фантастикалық әдебиеті» атты монографиясының (1998) «Кемелденген қазақ фантастикасы» тарауын Мұхтардың фантастикалық пьесасы «Дос – Бедел-досты», сондай-ақ жазушының ғылыми тілін қарастыруға арнаған.

**МАРШАК** Самуил Яковлевич (1887–1964), орыс ақыны, драматург. Балалар әдебиетінің классигі. Лениндік сыйлықтарының (1963), КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының (1942, 1946, 1949, 1951) лауреаты. Ө-пен араласып, достық, шығармашылық қарым-қатынаста болған. Қазақ жазушысы «Абай» романы жарыққа шығысымен бір данасын сыйлаған. Кітапты алысымен, М. «бұл тек мен үшін ғана емес, күллі біздің әдебиетіміз үшін де аса құнды сыйлық» деп хат жазған. Ө. Лениндік сыйлық алғанда, желделхат жолдап, ыстық ықыласын, достық қуанышын жолдаған («М. О. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 644, 656, 658-беттер).

**МАТАЕВ** Хафиз (1930 ж. т.), педагог, қоғам қайраткері. М-тың басшылығымен Абайдың Жидебайдағы мұражай-үйі (1972), Ө-тің Бөрілдегі мұражай-үйі (1977) қайтадан салынды. Құнанбайдың, Зеренің, Омархан мен Нұржамалдың, Еңлік пен Кекбегтің, Нысан абыздың, Абай мен Шәкәрімнің, Кенгірбайдың басына күмбез орнатылды. Сонымен қатар ол Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтардың, Көкбай Жанатаевтың, Шәкір Әбеновтың мұраларын жинастыру, өмірбаяндық деректерді жазып алу, олардың есімін есте қалдырып, тарихи жерлерге ескерткіш қою мәселесіне үлкен еңбек сіңірді.

«Семей–Невада» қозғалысын ұйымдастыруға белсене қатысып, Дегелеңдегі атом полигонын жабуға ұйытқы болды. Абай мен Мұхтардың рухани мұраларын насихаттауға және мәдени-ұйымдастыру шараларына тікелей ат салысты. «Абай жері» (1980), «Абай елі» (1990) атты кітаптардың авторы.

*С. Жұртбай.*

**МАТАЙБЕКОВ** Шоқан Өмірзақұлы (1960 ж. т.), архитектор. 1989 ж. «Сәулет өнерінің үздік туындыларының» бүкілодақтық байқауында (Мәскеу) алтын медальмен және арнайы дипломмен, С. Торайғыровтың мұражайының, Қарағандыдағы мешіттің, Алматыдағы мектептің сәулет жобалары үшін (бәрі де Мәскеуде өткен, 1990) күміс медальмен, жас сәулетшілердің бүкілодақтық байқауында (Минск, 1991), сәулетшілердің дүниежүзілік байқауында (София, 1991) «Отырар» кешені үшін күміс медальмен, «Алтын бесік» шағын ауданының жобасы үшін «Рухани даму орталығы» халықаралық байқауының (Мәскеу, 1992) арнайы дипломымен марапатталды. «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы кешенінің жаңа көрме сарайының бас архитектурасының, мемориалдық мұражай-үйді қайтадан күрделі жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстарының авторы (1996–98). «Өуезов үйі» кешенінің сәулеті мен құрылыс жұмысын жүргізгені үшін Ресейде өткен 5-халықаралық фестивальдің арнайы дипломына ие болды (1998).

*Т. Құдакелдіұлы.*

**МАТИП** Бенжамин (1932 ж. т.), камерун жазушысы. Шығармаларын француз тілінде жазады. «Африка, біз сені білмейміз!» повесі (1956), «Жұдыздар сәулесімен» ертегілер жинағы (1962) т. б. жазыр көрді. Ө-пен 1958 ж. Азия және Африка елдері жазушыларының Ташкент конференциясы кезінде танысады. Кейінірек қазақ жазушысы туралы, «Абай жолы» эпопеясы туралы толғанып, қазақ халқының ұлы арысы, кемелгер ақыны Абай, сүйікті сұлулар Тоғжан мен Өйгерім, Абайдың мейірімді әрі батыл достары – енді менің де жақсы білетін адамдарым. Мен осы геройлардың бәрін ерекше сүйіп кеттім, солармен бірге өсіп, біте қайнаскандай, қуаныш-қайғысын қоса бөліскендей болдым. Мен тіпті қазір де өзімді солармен бірге жүргендей, сіздердің далаңыздың көусар ауасымен дем алғандай сезінемін деп өмірене жазды («Оңтүстік Қазақстан», 1987, 26 қыркүйек).

**МАТЫЖАНОВ** Кенжехан Ісламжанұлы (1957 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (2004). Негізгі ғылыми еңбектері фольклор мәселесіне арналған. «Бүгіп қалу керек пе?» деген мақаласында Ө-тің абайтанудан жазған бірқатар материалдарының көп уақыт бойы жарияланбау себептеріне тоқталған («Социалистік Қазақстан», 1988, 2 қыркүйек).

**МАХАМБЕТ** (1803–1845), жазушының мақаласы. 1933 ж. «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. 7-класқа арналған» кітапта жарық көрген. Кейіннен орта, орталау мектептің 6-сыныбына арналған «Әдебиет хрестоматиясында» (1937–1938) едәуір өзгерістермен қайта жарияланды. «Әдебиет хрестоматиясында» мақаламен бірге «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар да мұнар, мұнар күн», «Садағына сары жебені салдырған», «Әскер жиып аттандық», «Артымыздан келіп қол жетті», «Толғай-толғай оқ атқан», «Мен, мен едім, мен едім» деп аталатын өлеңдері қоса берілген. Алғашқы басылымдағы нұсқасы «Махамбеттің өмірі», «Махамбеттің ақындығы» деген

бөлімдер бойынша қарастырылған, соңғы нұсқалары бұлай бөлінбеген. Ә. «Досмұхамбетұлы Халел жиған мағлұматтарға» сүйенгенін айтады. Мақалада М-тің өмірбаяны, туып-өскен жері, ата тегі, туған-туысқандары, Исатайдың көтерілісіне қатысып, оның рухани жетекшісі болғаны, қайғылы қазасы туралы толық баяндалған. Көтерілістің сәтсіз аяқталуының себептеріне де егжей-тегжейлі тоқтала келіп, оның өршімеуіне кінәлі Махамбет емес, қозғалыстың өз ішіндегі көп қайшылық. Ең әуелі бұл көтеріліс ханға қарсы шыққан бұл көтерілісі еді. Сондықтан көпшілік бұқараға үнемі ұғымды, әсерлі болған қозғалыс емес еді» дегенді айтады. Исатай мен М-тің ойлары, іс-қимылдары көбіне бір жерден шыға бермеді, ұйытқы басы М. болып көрінгенмен, ол қозғалыстың басы Исатай, өзін мойны есебінде көрді. Өлеңімен де, жатынды сөзімен де қалың көпшілікті қозғалысқа тарта білді. Осылар оның өлеңдерінен ұдайы көрініп жатады. Жалпы оның өлеңдерінің ырғақ-екпінінен жауынгерлік рұх, күш сарыны аңдалады. Ондағы басты ерекшелік – қозғалыстың ереуілшісі, ұраншысы ретінде, бұл басқа ақындарда жоқ, М-ке ғана тән ерекшелік.

Т. Әкім.

**МАХАМБЕТ** Өтемісұлы (1804–1846), ақын. Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық күрестің жалынды жаршысы болды. Ақынның «Ұлы арман», «Ереуіл атқа ер салмай», «Толарсақтан саз кешіп», «Атадан туған ардақты ер», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Мұнар күн», «Мен едім», «Қызғыш құс» т. б. толғауларында күрес мұраты, жауынгер рұхы, жеңілістің ауыр күйі бейнеленген. Ә. «Әдебиет тарихының» (1927, Қызылорда) «Тарихи өлеңдер», «Зар заман ақындары» бөлімдерінде «Исатай Махамбет» дастанына, М-тің ақындығына баға берген. Оның шығармашылығын зар заман әдебиеті аясында қарастырды, оны ісшілдік дәуір өкілі деп атады. Ал «Махамбет» атты зерттеуінде ақынның өмірін, ақындығын, шеберлігін қарастырған.

Б. Көмеков.

**МАХМУД ҚАШҒАРИ**, Махмұд ибн әл-Хұсейн ибн Мұхаммед, Орта Азия ғалымы, түріктанушы. 11 ғасырда өмір сүрген. Әкесі Хұсейн Ыстықкөл жағасындағы Барысхан қаласының, кейін Шығыс Түркістандағы Қашғардың әміршісі болған. М. Қ. түркі тайпаларын көп жыл аралап, олардың тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, ауыз әдебиетін зерттеген. Соның нәтижесінде 1074 ж. «Түркі тілдерінің сөздігін» жазды. Бұл кітап – қазіргі түркі халықтарының бәріне бірдей ортақ мұра. Онда 10 мыңдай сөз, 300-дей мақал-мәтел, 100-ге жуық өлең-жыр топтастырылған, сондай-ақ география, этнография, астрономия атаулары, адам аттары т. б. кездеседі. Ә. орыс тілінде жазған «Манас» – қырғыз халқының батырлық эпосы» деп аталатын монографиялық зерттеуінде бұл жырдың көне жазба ескерткіштерімен тарихи байланысты екенін, мұны М. Қ-дің сөздігінде келтірілген жыр үзінділерімен салыстырғанда көз жеткізуге болатынын жазған.

Б. Көмеков.

**МАХМУТОВ** Кәбір (1896–1943), мұғалім. Ә. «Абай жолының» 2-кітабында Махмут ноғайдың Жақып, Мұса, Мұсабай атты балаларын суреттеп жазды. Кәбір – солардың ұрпағы. 1915–16 ж. Шыңғыстаудан көшіп келіп, Алаш қаласына орналасады, мұғалімдік оқу оқып, Өзенге үйленеді. Мұхтар да Шыңғыстаудағы №2 ауылдан шыққан.

Семейде қойылған Әуезов пьесаларына өзі де, әйелі Өжен де қатысып, басты рөлдерде ойнаған, суфлер болған.

М. Бейсенбаев.

**МАХМУТОВА** Өжен (1902–1975), мұғалім. Семей қаласында туған. 1917–19 ж. Алаш қаласында Мұхтар Маннан Тұрғамбаевтар ұйымдастырған қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлайтын 2 жылдық курсты бітіріп шығады. Ә. «Ес-аймақ» труппасын ұйымдастырып, алғашқы пьесаларына дайындық жүргізу кезінде Өженді қатыстырып, артистікке баулиды. «Еңлік – Кебекте» Еңліктің, «Қарагөзде» Қарагөздің, «Бәйбіше–тоқалда» тоқалдың рөлдерін ойнаған. Одан кейінгі жылдары ұстаздық қызметте болды. Мұхтар Махмұтовтар үйінде талай рет болған.

М. Бейсенбаев.

**МАЦУЕВ** Николай Иванович (1894–1975), орыс библиографы, әдебиет зерттеуші. Кітаптану ғылымының негізін қалаушылардың бірі. «Орыстың көркем әдебиеті мен аудармасы», «Кенес көркем әдебиеті және сын» атты әр жылдары қайталанып шығып тұрған ғылыми көрсеткіштердің авторы. Мұнда Ө-тің төл шығармалары мен ол туралы жарияланған сыни мақалалардың тізімі, орыс тілінде жарық көрген кітаптарының шыққан жылы, көлемі, таралымы, бетінің саны барынша толық берілген. Бұл көрсеткіштер өзінің тиянақтылығымен, нақты деректерімен назар аударды. Оның еңбектері әуезовтану ілімінің дамуына игі септігін тигізеді. **МАЦУЦИН** Дмитрий Дмитриевич (1898–1980), композитор, дирижер, педагог, фольклорист. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1978). Ө-тің «Еңлік – Кебек» драмасының музыкасын жазды (1933). Мұнда халық әндері мен күйлерінің тақырыптары материал ретінде пайдаланылған. Бұл – қазақ спектаклін музыкалық өңдеудің мәдениет тарихындағы алғашқы тәжірибесі. «Айман – Шолпан» – Алматы музыкалы драмасында мақаласы («Советское искусство», 1934) – замандаш композитордың орталық баспасөз бетінде жарық көрген алғашқы мақалалардың бірі. Оның айтқан пікірлері бұл қойылымның негізгі қырларын дәл, нақты ашқан.

А. Омарова.

**МАШАҚОВ** Сәду (С ә д у а қ а с) Қалиұлы (1906–1990), ақын. Өлең-жырларында Отанға деген сүйіспеншілікті, шадыман өмір мен шат тұрмысты, адамгершілік пен адалдықты сүйсіне бейнеледі. Ө-ті ертеден біледі. Мұхтан қайтыс болғанда «Есімі өшпес жүректен» деп оған өлеңін арнаса («Қызыл ту», 2 шілде), кейінірек «Асыл бейне» («Жетісу», 1972, 28 күркіүйек), «Өткен жан қасыңа кеп бас иер» («Қызыл ту», 1972, 15 қараша) өлеңдерін, «Өр сөзі өнеге» («Семей таңы», 1977, 7 тамыз) мақаласын жазды.

**МАШАН**, тау. Шыңғыстаудың батыс сілемі. Жазушының «Абай жолы» эпопеясында әдемі суреттелген. Ә. 1916 ж. М. тауының бауырындағы Аққозы қыстағында Абайдың ғашық болып, қосыла алмай кеткен адамы – Тоғжанды көрген. «Абай» романының 2-кітабында ақынның қыстығуына аңға шыққанда адасып кетіп, Тоғжанның ұзатылған ауылына келіп қонатын қыстауы – осы М. тауының етегінде. Абайдың 3-әйелі Еркежанның қыстауы, «Қоңыр әулие» үңгірі де сол арада. 1943 ж. Шыңғыс бойын

аралағанда, жазушының өзі де М. тауының ішінде адасып, Мырзашоқының қалқасында түнеп шыққан. Шаған, Бестамақ, Сарғалдақ өзгендері М-нан бастау алады. Сай-саласы қалың тоғай, ақ терек пен үйеңкі, қарақаты мен бұтдіргені қалың, арқар, бұғы, киік мекендейтін жартасты тау. Эпопеяда баяндалатын Абылай мен Қаракерей Қабанбайдың қалмаққа қарсы соғысатын жері. Тарихи ескерткіштер, балбал тастар, таңбалы тастар көп. «Қоңыр әулиенің» жанама тасына Абай, балалары Әбіш пен Мағауия, М. Әуезов, Ф. Мүсірепов, Ф. Мұстафин аттарын ойып жазып кеткен. Үңгірдің ішінде жалаңаш әйелдің жантайып жатқан мүсіні бар. 200 метрдей ішке кіргенде, жер асты көлі кездеседі. Мұханның «Ақын елінде» деген очеркі Машан тауының етегіндегі «Бестамақ», «Қызыл ту» ұжымшарларының адамдары туралы жазылған (1943). *Т. Жұртбай.*

**МАШАНОВ** Ақжан Жақсыбекұлы (1906–1997), геолог, маркшейдер. Геология-минералогия ғылымының кандидаты (1943), ҚазКСР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1946), профессор (1968), республиканың еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1968). Әл-Фарабидің еңбектерін жинастырып, жариялады. Оның Қазақстанда насихатталуына үлкен еңбек сіңірді. 9 монография, 5 оқулық, 200-ден аса ғылыми мақалалар жазды. Геология саласындағы көптеген еңбектерін басқа ғылыми-фантастикалық, «Әл-Фараби және Абай» атты кітаптары жарияланды. Осы кітапта Ә. туралы ой толғап, ұлы жазушымен ертеден таныс-біліс екенін айтқан.

**«МӘДЕНИЕТКЕ ҚАЙ КӘСІП ЖУЫҚ»**, жазушының мақаласы Ағаш рет 1918 ж. «Абай» журналының 2-санында жарияланған. Соңында «Мұхтар» деп қол қойған. Жазушының «Тандамалы» кітабына енгізілген (1997, 335–336 беттер). Бұл мақаласында автор адам баласының әуел бастан тұтынып келген негізгі кәсіптерін тізіп, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелік, артықшылық ыңғай-ікеміне қарай салалап, саралап береді. Үстіміздегі ғасырдың басында қазақ зиялылары, көзі ашық оқығандары «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналында халық тағдырының жай-күйі, келешек бағыт беті, өсу өрісі жайлы ой қозғаған мақала, еңбектерінде осы тұрмыстық кәсіп жөнінде түрлі пікір, ұсыныстар айтқан еді. Ө. өз мақаласында осы өзекті мәселені көтеріп, қазақтың көшпелі малшылық кәсібінің өркеніет, мәдениет жолына етене жанаса бермейтінін, ондай кәсіпті тұтынған халықтың ғылым-білімге тез арада түсініп, еліге қоюның қиын болатынын ашып айтады. Адам баласы тұтынып жүрген кәсіптердің ішінде ғылым жолына ең жақын, өкшесін басып келе жатқан және «түрден тұр табатын ұзақ өмірлі кәсіп» отырықшы егіншілік екенін тұрмыстық және ғылыми тұрғыдан дәлелдеп беріп, соған үндейді. Солай ете тұра, автор ата-бабамыздың ғасырлар бойы тұтынып келген мал бағу кәсібін мүлде мансұқ етпейтін де тәрзіді. Яғни ол малшылықтан мүлде ат-тонын алып қашпайды, бірақ көшпенділікке қарсы. Жас қалам қайраткерінің сол жылдары әлі оқып-тоқып, көріп-білгені оншалықты көп емес кездің өзінде-ақ, айтқан ой-толғамдарында соншама зерделілік, көрегендік жатқандай. Мақаланың соңғы бөлігінде Ө. бұл кәсіптердің бәрін қарап келгенде, мінезге, мәдениеттің күшеюіне біздің кәсібімізден қолайсыз

кәсіп жоқ екенін, мұның біздің сүйегімізге сіңірген бірталай мінез таңбасы көп жерге баратынын, енді ол таңбаны кетірсе, не өзгерген отырықшылық секілді кәсіп түрі, не соғыс жоғалтатынын, соғыс болса, әлде уақыт толқынымен денедегі арам еттің арасына тарап, жоғалып кеткен жауынгерлік, қайраттылық қаны қайта жүрекке жиналып, қазақ жұртын бір қилыға мінгізетінін айтады. Мақаланың ұзына бойына адам баласы тұтынып жүрген кәсіптерді және олардың мінез-құлық, сана-сезімге тигізер әсерін сөз ете келіп, қорытындысында автор қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасып қалған тұрмыс қалпын соған сәйкес еттен өтіп, сүйекке әбден сүңгіп, сіңіп кеткен мінез-құлық, ой-санасын өзгертіп, өсіру үшін көшпенділіктен отырықшылық кәсіп түріне ауысу керек, айтпеген жағдайда халықтың үлкен ауыртпалығымен дүр сілкіндірерлік күрделі құбылыс, үрдіс қозғалыс қана өзгертуі мүмкін деген тұрғыда «соғысты» атап отыр. Дегенмен соңғы төрт жыл бойына дүниежүзілік соғыс толастамай, Ресейдің өзінде бір революция екінші революцияға жалғасып, елде азамат соғысы етек алып, дүниенің астан-кестені шығып жатқан кезде сезімтал, албырт қаламгердің әлгіндей пікірге келуін табиғи тұрғыда түсіністікпен қабылдағанымыз мақұл.

*К. Сыздықов.*

**МӘДЕНИЕТТАНУ**, Жазушының мәдениет жайындағы ой-пікірлері. Арабтың «маданият» сөзі «қала», «қалалық» деген мағына береді. Халықаралық терминге айналған латынның «cultural» сөзі «өндеу», «өсіру» дегенді білдіреді. Қалыптасқан «мәдениет» сөзінің аясына бүтін бір ұлттың тарихи-әлеуметтік даму дәрежесінің өндірісте, шаруашылықта, тұрмыста, ғылымда, өнерде, әдебиетте т. б. жеткен тұрақты деңгейінің көрінісі, қоғам дамуының белгілі бір сатысының тарихи-әлеуметтік ерекшелігі, жеке адамның мінездік-тәрбиелік, сөйлеу, еңбек ету сияқты ерекшеліктері кіреді. Мәдениет ұғымы тұрақты категория емес. Қоғам дамуының түрлі сатыларында, тарихи кезеңдердің белгілі бір нүктелерінде, географиялық аймақтарда, әр түрлі ұлттар мен халықтарда мәдениет ұғымы өзіндік ерекшеліктерге ие болған. Бұл жайында көптеген теориялар, философиялық мектептер болды. Жеке тұлғаның мәдениетке қатысын, мәдениеттанушы ретіндегі рөлін анықтағанда, жоғарыда айтылған ерекшеліктерді ескеру қажет. М. пәні 19 ғасырдың 2-жартысында қалыптасқан философиялық сипаты бар ғылым. Ол ұлттық, халықтық қауымдас-тықтардың, мемлекеттік, аймақтық құрылымдардың болмысын жан-жақты зерттеп, мәдени-аймақтық ерекшеліктерді сараптап, олардың өзара әсері мен байланыстарын ашып, өзіндік ерекшеліктерін, ішкі табиғаттары тұрғысынан тоғысу жолдарын саралайды. Кешендік зерттеулердің нәтижесінде мәдениет ұғымының пайда болу, даму жолдарын дүниежүзілік шеңберде қарастырып, барлық ұлттар мен халықтардың мәдени бейнесі мен мәдени дамуына әсер ететін жалпы заңдылықтарды ашады. Философтар, тарихшылар, әлеуметтанушылар, өнертанушылар, филологтар, жазушылар, өнер адамдары т. б. М. ғылымына әр қырынан келіп, өзіндік үлестерін қосады.

М. ілімін дамытуға әр түрлі дәрежеде жазушылардың үлес қосқаны белгілі. Қазақ халқы ұлттық мәдениетінің жан-жақты, терең суреттелген көріністерін Ә-тің көркем шығармаларынан, «Абай жо-

лы» роман-эпопеясының өн бойынан көретініміз анық. Қ. Сәтбаев «Абай жолы» эпопеясына «қазақ халқының ғасырлық энциклопедиясы» деп баға бергеніндей, Ө-тің көркем шығармашылығында қазақ халқы мәдениетінің барлық қырлары, барлық қабаттары дерлік көрсетілген. Ө-тің көркем шығармашылығымен, ғылыми-зерттеушілік жұмыстарымен қатар мол публицистік мұрасы да бар. Көптеген мақала, очерктерінде М-шы ретінде де көптеген ойлар айтқан. Өзінің баспа бетін көрген тұңғыш шығармалары «Қазақтың өзгеше мінездері» мен «Адамдық негізі – әйел» атты мақалаларында қазақтың мінезі мен қазақ қоғамындағы әйел рөліне талдау жасаумен қатар қазақ халқының рухани мәдениетіне тоқталып, Ресейдің отарлауынан бұрынғы қазақты «ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған еді» дейді. Осы мақалада халықтың мәдени тұрғыда дамуына, өзгеруіне есер ететін тарихи-әлеуметтік себептерді де көрсеткен. «Адамдық негізі – әйел» мақаласында адамзат бойындағы көптеген қасиеттермен қатар адамның, халықтың мәдени тәжірибесін алдағы ұрпақтарға оздырушы күш ретінде әйел – ананы атайды. Семейдің мұғалімдер семинариясының студенті кезінде «Оқудағы құрбыларына» атты мақала жазып, оқушы, студент жастарды халықтың мәдениетіне қызмет етуге шақырған. Жас Ө-тің толықтай ұлттық мәдениет тақырыбына арналған мақалаларына «Мәдениетіңнәм ұлт», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» мақалалары жатады. Алғашқы мақалаларының көбі ұлттық этнография, этнопсихология мәселелеріне арналған. «Мәдениетіңнәм ұлт» мақаласында: «Мәдениет деп адамның дүние жүзіне алғаш келгенінен осы күнге шейін тапқан нәм сол білімге сүйеніп істеп отырған өнерін айтамыз. Мәдениеттің адам қолына бір-ақ күнде қазіргі күйде келіп түсе қалмағаны нәркімге мағлұм. Мәдениетке негіз салушы адамның ақылы нәм жүрегінің көрген нәрседен әсер алғыш сезімділігі. Бірақ адамның ақылы мен ізденгіш сезімділігі де дүниеге алғаш келген уақыты мен қазіргі уақытта бірдей емес. Ақыл мен сезімнің өсуі екінші бір себепке тіреледі. Ол себеп: тұрмыс ыңғайы, өмір жасаудың ауырлық, жеңілдігі нәм ауыр өмірінің тізесінен қысылып тапқан өмір тәжірибелері» деп, мақала жазылған уақыт үшін М. пәнінің анықтамасын өте жоғары деңгейде берген. Мақалада мәдени дамудың негізгі қозғаушы күші ретінде халықтың өзіндік шаруашылық қалпы мен тұрмыс ыңғайын атайды. Мәдени эволюцияның өте баяу жүретін құбылыс екенін көрсетіп, мәдени тәжірибенің ұрпақтан-ұрпаққа, заманнан-заманға ауысу жолдарына да тоқталған. Өзөзөз мақаласындағы: «Енді сол мәдениеттіңнәғыз жайы қандай, соған келейік. Мәдениет – дүние жүзіндегі адам баласының пайдалануына даяр болып ағып жатқан бір кен. Мәдениет бір бетті, бір жолды емес, (оны) адам қалай пайдаланамын дейді, өз еркінде, жақсылыққа жақсатқан жұмсасын, жаманшылық жауыздыққа жұмсасын – екеуіне бірдей елгезек. Мәдениетті ылғи дүние жүзіндегі ақтықтың ғана ұйтқысы болмады, жауыздықты да осы туғызды деп өкпелеп, «жолы болмас» деп қарғаған да білгіштер болды. Соның бірі ХУІІІ ғасырда Францияда болған Жан Жак Руссо деген данышпан. Бірақ ол қарғысы әділ емес» деп келетін ойларынан жазушының 20 ғасыр басындағы мәдениеттану ғылымының алдыңғы қатарлы жетістіктерімен таныс екені

байқалады. Мақалада адамзат мәдениетінің даму жолына тарихи шолу жасалып, ғылым-білімнің мәдениетке жақсы әсерімен қатар кері әсерінің де болатынын Бірінші дүниежүзілік соғыстың мысалымен дәлелдеген. Мақаладағы ой-түйін «ол – адамшылық жақсатқы» дей келе, кез келген мәдени құбылыстың адамгершілік сипаты болу керек» деп қорытындылайды.

«Мәдениетке қай кәсіп жуық?» мақаласында мәдени дамуға, ұлттық мәдениеттің қалыптасуына белгілі бір халық өмір сүріп отырған аймақтың табиғи жағдайын ауа райының да әсер ететінін айта келіп, жеке ұлттың шаруашылық әрекетінің, кәсібінің мәдени дамуға ең бейім, табанды жұрт ретінде егіншілікпен, аңшылықпен, бақташылықпен айналысатын жұрттарды ірі, шымыр мінезді болып, мәдени дамуға да елгезек келетінін айтады. Бақташылықпен айналысқан, мал баққан елдердің қиын, аласапыран уақытта тез ширап, жауынгер, тауанды мінез пайда болатынын айтып, Еуропа ғалымдарының осындай халықты ғылым-білімге салса, алғыр келетінін айтқанын мысалға алады. Ал дәл осы халықтың өмірінде ұзақ уақытқа созылған еңбегі аз, жайлы заман болса, тез босансып, еріншек, өз мінез пайда болып, мәдени дамуға селқос болады дейді.

Ұлттың мәдени-тұрмыстық қалпына күштеп енгізілген жат мәдени қалыптың әсері жайында «Өліп таусылу қауіпі» мақаласында: «Алдымен торыған елдің дінін қақпайға алады, бұдан соң ғұрып-ғадатын араластырады, артынан аламыштап жүріп тілін жоғалтып, елдің белгісін күңгірттендіріп, ақырында бір ұлтты жұтып кете барады. Өрине бұл айтылғандай болып жұтылып кететін қандай ел: мәдениеті төмен болған ғана ел. Бұлай болғанда мәдениет жүзінде төмен болған елдің дүние жүзінен жоғалатын зор себепінің бірі осы» деген. Шығармада Ресейдің отарлау саясатының әсерінен болған тұрмыстағы мәдени өзгерістердің халықтың рухани тұрғыдан зиянды өзгерістерге ғана түсіп қоймай, денсаулығының да күрт нашарлап, табиғи өсімі азаюының қауіпті салдарларын көрсеткен. Таза ауада жиі көшіп, орын ауыстырып, таза қалпын сақтаған халықтың қыстауда ауасы тар жер үйде, ұзақ айлап отырып қалуы ауру-сырқауды көбейтіп, халықтың демографиялық тұрғыда қауіпті жағдайға келетінін дәлелдеп берген. Мәдениеттің кірісінің бізге салып отырған ауыртпалығы – осы. Көшпелі қалыпты әуелгі түрін өзгертпеске болмады. Ен жайылып, еркін қона беруге кең қоныстардың өрісі тарылды. Қаскүнем хукіметтің шығалатын қазақты жақсы жерлердің көбінен айыраған, сыйымсыз көршілерді көбейткен, бір жағынан ел өсті, ақырында бұрынғы қалып өзгерді. Бірақ өзгеден алып отырған ұлт пайдалы ма, зиянды ма? Қайтсе тұрмысына қолайлы болып, пайдасы артық болатынын мәдениеті жоқ елдің айыруы қиын. Осымен қазіргі қазақ қалпы не отырықшы егіншілік, не көшпелі мал баққандық қалпының ешбіріне толық қосылмайды» деген ойларынан қазақ халқының тарихындағы 1928 жылдың зорлығын, 1932 жыл нәубетінің тереңдігі себептерін ұлы суреткердің жас кезінде-ақ сезгенін байқаймыз. Ө-тің шығармашылық қызметінің алғашқы жылдарында жазылған «Қайсысын қолданамыз», «Ғылым тілі», «Қазақ әйелі», «Қазіргі қазақ күйі», «Қазақ қашан жетіледі», «Қазақ оқығандарына ашық хат» т. б. ма-

қалаларында М. мәселесіне әр қырынан келіп, тұжырымды ойлар айтып отырған.

1918 ж. «Абай» журналының 4-ші санында шыққан «Япония» атты мақаласында жапон халқының ұлттық мәдениет жайында терең талдаулар жасап, оқшау арада жатқан халықтың Еуропа мәдениетінің жақсы қырларын өз бойларына мақсатты түрде сіңіре тұра, өз мәдениетінің таза сақталуына қалай қол жеткізгені жайында тәлімді ойлар айтқан. «Япония Еуропа не істесе, соған көз жұмып ере берген жоқ. Әрқайсысының жиып апарған білімін зейінге салып, сынап, өздерінше қолайлы, жақсы дегендерін ғана алатын болды. Бұл турасында (.....) деген профессордың айтқан сөзі мынау: «Біз күнбатыстың жақсысын сіңіруге дайын тұруымыз керек, бірақ сол уақытта өзіміздің жақсымыз да ұмтылмасын деген кез-келген дамушы халыққа үлгі ретінде үсынуга болады».

Ө-тің бір топ мақалалары өнертану тақырыбына арналған. «Театр, музыка, кадры», «Жақсы пьеса сапалы әдебиет белгісі», «Қыз Жібек қандай?», «Ревизордың» аудармасы туралы» мақалаларында өнертануға, М-ға қатысты мәселелер көтерілген. «Қазақстанның көркемөнері» мақаласында ҚазКСР-нің 15 жылдығына орай, қазақ театрының даму жолына талдау жасаған. Идеологиялық сипаты бар бұл мақалада: «15-ақ жыл ішінде мәдениетті, күшті, көрнекті республикаға айналдырды. Өсіресе өлкеміздің басшылығы мәдениет жұмысына мейлінше көп көңіл бөлді» дей келіп, Қазақ мемлекеттік драма театрының ән-күй театрының (қазіргі опера және балет театры) қалыптасу жолын, кадрлар дайындау мәселесін байыпты баяндап, Е. Өмірзақов, С. Қожамқұлов, Қ. Қуанышбаев сынды өнер иелерінің шығармашылық жұмыстарына тоқталған. Қазақ сахнасындағы опера жанрының туу, даму жолдарының өзіндік ұлттық ерекшеліктерін талдаған. «Ескі тарихтан қалған «Айман-Шолпан», «Қыз Жібекке» пайдаланған бір қалыпты ескі әндер мен көтеріліс, төңкеріс я бүгінгі бір мазмұн монтаждап алған ән-күйде екінші мазмұн боп отырса, жер ма? Осы жайларды ән-күй театры мықтап ескеріп, өзінің экспериментін ылғи қайталақтай беретін бір негіз, бір машыққа құрмай, шамасы келгенше шығармашылық, ізденгіштік қарекеттерін күшейтуге міндетті» деп, қазақ мәдениетіне жаңадан келіп жатқан опера өнеріне қатысты көкейкесті пікірлер айтқан. Ал «Қазақстан мәдениеті» мақаласында республиканың 15 жылдығына байланысты Қазақ мемлекеттік драма театрының жұмысын жан-жақты талдаған.

1937 ж. «Абайдың мәдени ізденулері», 1939 ж. «Абайдың идеялық-мәдени мұрасы», «Абайдың идеялық-мәдени ізденістері» деген мақалаларында Абайдың қазақ мәдениетіне қосқан үлесін саралай келе, оны ең алдымен қазақ әдебиеті мен мәдениетіне араб-иран поэзиясының үздік классикалық элементтерін қосқанын, шағатайша мұраның да жақсыларын айырып бергендігін мысалға келтіреді. Осы, Еуропа әдеби-мәдени байланыстарын дамытудағы Абайдың рөлін айрықша көрсеткен. Абай тұлғасын қалыптастырушы кездер ретінде ана сүтінен, туған топырағынан жұққан қасиеттермен қатар Фирдауси, Хафиз, Сағди, Низами, Науаи, Физулилдерді, орыс әдебиетінің ұлы тұлғалары Пушкин, Лермонтов, Крылов, Салтыков-

Щедрин, Л. Толстойларды атайды. Сонымен қатар Сократ, Аристотельден бастап, Спиноза, Спенсер, Дарвин ілімдерінің де Абайдың мәдени дамуына әсері болғанын көрсетеді.

Ө-тің «Абайдың идеялық-мәдени мұрасы» атты мақаласында үлкен ақынның өз ортасын қалай көзін ашып, ой-сезімін жаңғыртатынын, сондай-ақ халықтың сан ғасыр бойы жинақтаған мәдениетінің өз шығармаларына қалай пайдаланатынын, сол арқылы алдағы болашаққа кең жол ашатынын тарихи тұрғыда Абайдың айна-қатесіз дәлелдеп бергенін айта келіп, ұлы ақынның қазақ өмірінде мәдени құбылысқа айналғанын дәлелдеп береді. Ө-тің М-шы ретіндегі бір қыры – басқа халықтардың мәдениеті жайындағы еңбектері. Жазушының «Индия очерктеріндегі үнді халқының мәдениеті жөнінде айтқандары аса білікті маман ғалымның қолынан шыққан еңбектерге пара-пар. «Америка өсерлерінде» де осыған ұқсас келелі де кестелі тұжырымдар бар. Ө-тің театр өнері, драматургия, әдебиет, көркем аударма туралы жазған шығармаларының бәрінде дерлік әр түрлі дәрежеде мәдениетке қатысты ойлар кездесіп отырады.

Мұрат Әуезов, Р. Әбдіғұлов.

**«МӘДЕНИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН»**, жазушының очеркі. Қ. Беххожинмен бірлесіп жазған. «Әдебиет және искусство» журналының 1940 ж. қосарлығын шыққан 10–11-сандарында жарияланған көркем очерк. Сол жылы «Халық мұғалімі» журналының 19–20-сандарында, «Қазақстан» атты очерктер жинағында (1940, 543–466-беттер) жарияланды. Одан кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағында басылды (8-том, 51–68-беттер). «Бұрын ғылым, өнер – қазақтың көп татпаған асы» еді, яғни «жайлап жүрген жер, бағып жүрген мал, ішер ас, киер киім, тұрғын жай – барлығына да ғылым, өнер оншалық қабысқан да, ат салысқан да жоқ еді». Қазақ халқының бұрынғы қараңғылық құшағындағы мезетеу күйін «ұйқы басқан заманмен» теңестіріп, ашаттық пен тыныштықты, мамыражай тіршілік пен жоғары мәдениетке жетуді ойлаған арман-мұны «Әңгіме әфсанасы арқылы, қиял ертегісі арқылы, жыр мен дастан, қобыз бен сап, мұңды наз арқылы қабысты» деп қалыптасқан жағдайда ой жүгіртеді. «Өнерді, өзгеше күнді көкसेген» қалың бұқара ойын халық арасынан шыққан өнерпаздар, ақын, жыршы, күйшілер, шешендер қызметі арқылы жеткізеді. «Арман жырының басы «арайнамен» басталғандай, дәл екі ғасыр бойында халық қамын айтқан жырдың бәрін күлақ күйі – өнерсіздік, қараңғылық зары еді», «Сол өнер-білімді аңсап, көкірегіне арман жинады» деп халық мұңынан сыр шертеді. Халықтың осы армандарының сыбызғы қобызындай боп күңіренген, «жарғақ құлағы жастыққа тимей, зар қағып өткен аяулы ұлдары да болды», олар елін өнер дүкеніне шақырды. Айтып қана қоймайды, ауылдан мектеп те ашты, кітап та шығарды деп Ыбырай Алтынсаринді «қазақ халқынан шыққан ұлы ақын еді... өз халқын өнерге, білімге шақырды. Елінің еркін, жарқын келешегін аңсады деп Абайды, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам...» деп кара түнек заманда қияға қарсы қанат қаққан еді деп Сұлтанмахмұтты атап, олардың туған халқына сіңірген еңбектеріне тоқталады. «Мәдениет, сәулет даласы» тарауында жаңарған, жоғары мәдениетпен білімге жеткізген қазақ даласы туралы сөз етіп, Қазақстанның астанасы – Алматы қаласы туралы сыр шертеді. Алматының «мәдениет орталығы, өнер-білім кені»





Мәкен Турағұлқызы  
Мұхаметжанова.

екендігін нақтылы деректер негізінде сөйлетеді. «Білімнің тұңғыш ордасы» атты келесі тарау республикадағы тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы мемлекеттік педагогика институтының тарихына арналған. «Цифрлар сөйлесе не дейді» атты соңғы тарауда қазақ халқының 20 жыл ішіндегі мәдени табысына революцияға дейінгі кезеңмен салыстыру арқылы нақтылы деректер негізінде талдау жасалады, өнер-білімі, мәдениеті өскен, оқу-ағарту ісі жыл сайын ілгерілеп бара жатқан, жаппай сауатты ел атанған қазақ халқының жетістіктері туралы мақтаншы сезіммен әңгімелейді.

*С. Қорабай.*

**«МӘДЕНИЕТ ҒӘМ ҰЛТ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет 1918 ж. «Абай» журналының 10-санында жарияланған. Соңында «Мұхтар» деп қол қойған. Кейін Ө-тің «Таңдамалы» кітабына енгізілген (1997, 332–335-беттер). Мұнда автор мәдениеттің, өнер-білімнің халық тұрмыс халінің өскендігін көрсететін, жалпы «барлық дүниенің алтын алқасы» болып саналатынын атап айтады. Мәдениеттің өзгешелік табиғатын, «нағыз қалпын», туып, даму ерекшеліктерін, қоғамдық болмыспен ара қатынасын, оның халықтың тұрмыс-тіршілігінде атқарар қызметін, оны «адамның қандай жолмен пайдалануына» болатынын материалистік дүниетаным тұрғысынан жан-жақты талдап, сөз етеді. Адамшылық хақиқаты жайлы да «талай жүз жылдан бері қарай білгіш кеменгерлер сөйлеп», бір адамды бір адамға дос құлудан асып, бір ұлтты бір ұлтқа, барлық дүние жүзіндегі ұлттарды бір адамшылық жаулауының астына кіргізем деген де мақсат шықты. «Ол мақсаттарды көздеп отырған – социализм ғылыми немәсперанто тілі» деп, бірақ өлі екеуінің де күйі келмегендіктен, «ұлт мақсаттары қағысқан жерлерде арашашы болам деп, өздері құл болып аспанға ұшып отыр.» «Бабы келмеген жұртқа социализм не сый көрсететінін Россия халі көрсетіп отыр. ...Енді талай жылға шейін социализмнің бүйтіп түбір салуына қиын жұмыс» деген пікір айтады. Осы ойларын қорытындылай келіп, автор мәдениет пен адамгершілік хақиқатты қатар ұстау керектігін ескертеді де, өзге дүниежүзіндегі ұлттармен бірге асыл мәдениетке мойынсұнып, соның тұтқан жолына, тұрған қалпына қол созу қазақ ұлтының да бірінші намысы болу керек, өйткені мәдениет жамандыққа бастамайды, тек оны ұлттық қалыптан айырмау абзал деп аяқтайды мақаланы.

*К. Сыздықов.*

**МӘДИНА** Сәбікейқызы (т.-ө. ж. б.), жазушының екінші шешесі. Қазақтың ескі неке құқы туралы дәстүрлі заңы бойынша, немере ағасы Самархан қайтыс болған соң, әмеңгерлік жолымен шамамен 1889 ж. Омархан жеңгесі М-ның екінші жамағаты етіп алады. М. сауатты, көзі ашық, қалада өскен тәрбиелі ана болады. Ол туралы М. Діқанбаевтың айтқанына сүйенсек: «Самархан Семейде сауда істейтін Сәбікей деген өзбекпен таныс болған адам. Ол оның Мұқыш, Рахымжан атты балаларымен дос-жар болып жүріп, сол Сәбікейдің М. деген қызын айттырып алады. Құдандалы болған соң, Омархан Сәбікеймен бірге Алматыға кіре тар-

тып, 20–30 арбамен шілде айында аттанады да, күзде Семейге алма әкеліп сататын болған... Самарханнан М. Разақ пен Зураны туады».

**МӨКЕН** Турағұлқызы Мұхаметжанова (1912–2000), Абайдың немересі. Ұлы ақынның өмірі мен өлеңдерінің жазылу тарихы туралы көптеген мағлұматтар берген, әкесі Турағұлдың айтқан естеліктерін қағазға түсірткен. Жастайынан атасы Абайдың әндерін естіп көкейіне тоқып өскен. Оны өзі де баппен айта білген. Дауысының қоңыр бояуы мен орындаушылық шеберлігіне, Абай әндерін әуелгі қалпында нақышына келтіре орындағанына Ө. ерекше ден қойған. 30-жылдары М-нің орындауында Абай әндерін А. Жұбанов нотаға түсірген. Сондай-ақ Б. Ерзакович, А. Серікбаева, Қ. Жүзбасов сынды музыка мамандары ақынның 19 әнін ұнтаспаға жазып алған. Ол әндердің нотасы мен сөзі «Абайдың музыкалық творчествосы» (1954), «Айттым сәлем, қаламқас» (1986) атты жинақтарда жарияланды. М-нің орындауындағы Абай әндерінің әр түрлі нұсқалары туралы жазылған зерттеу мақалалар жарық көрді. 1956 ж. Мұхаң М-ді үйіне шақырып алып, Ақылбай Құнанбаевтың «Ақылбайдың өні» атты өнін айтқызып, оны К. Байсейітова мен Ж. Елебековке үйреткен. Ол Ө. туралы естелік жазды.

*С. Жұрбай.*

**«МӘЛІК ҒАБДУЛЛИНГЕ ЖАУАП ХАТ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1955 жылғы 11 қарашадағы санында, кейін «Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері» деген кітапта (1957, 59–71-беттер); Ө-тің «Әр жылдар ойлары» (1959, 371–381-беттер), 12 томдық (12-том, 1969, 137–150-беттер), 20 томдық (18-том, 1985, 382–396-беттер) шығармалар жинақтарында қайта жарияланды. Қолжазбасы жазушы мұрағатында сақталмаған. Бұл мақала белгілі ғалым, қайраткер *М. Ғабдуллиннің* «Мұхтар Әуезовке хат» деп, «Қазақ әдебиеті» газетінде (1955, 28 күркідей) жарияланған мақаласына жауап ретінде жазылған. Онда қазақ поэзиясының қазіргі жай-күйі, өсу өрісі, басты өкілдері жайлы теориялық ой-толғамдарын ортаға салады. Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті қайраткерлерінің шығармашылық ерекшеліктеріне тоқталып, олардың ғасырлар бойы қордаланған асыл қазынамыздың кең арнасын «анық саналы мұрагер есебінде үлкен көлемімен ілгері қарай жақсы дамытып, асырып өсірігі» келе жатқандығын, осы жолда олардың әрқайсысының өзіндік үлгі-өрнек тапқандығын дараалап, саралайды. «Бұнда кырғи тілді Асқардан, сыршыл үнді Өбділладан, майда қоңыр Ғалидан, басым сөзді Тайырдан, күйлі-мұңды Қарсыман, ізденгіш те тапқыш Хамиттен, өзіне белек сырлы сазды Сырбайдан, салқын ойлы Саиннан, тағы талай үлкенді-кішілі ақындарымыздан көңіл медеу етерлік көп шығармаларды атай аламыз» деп, өте ықшам, бірақ соншалықты дәл, айқын да анық сипаттама берді. Сонымен қатар Ө. талғампаз сыншы-ғалымның кезімен қазіргі ақындарымыздың ізденістерінің, тапқан жаңалықтарының әлі де жетімсіз, кемшін түсіп келе жатқандығын да ашық айтады. Кезінде бір Абайдың өзі қазақ поэзиясына шалық ұйқас, сегіз жолды шумақ, алты жолды шумақ, төрт буынды, алты буынды өлең жолын немесе он төрт жолды шумақты тудырып тұнж жаңалықтар алып келсе, қазіргі ақындарымыз мұндай батыл ізденістерге батып бара алмай, кейбір жеке-

жарым ұмтылыс, талпаныстарында жетер өрісіне жете алмай келе жатқандықтарын атап көрсетеді. Оған дәлел-мысал ретінде Тайырдың жетістік, табыстарымен қатар, кейінгі жазған «Тасқын» поэмасында «кейбір ой-шұқыр оқаптар» кездесетіні, «логикалық образдың аздығы, кей-кейде сөз тізбегінің аңқыған сыртқы ағымын қуғыштап, ойлы образ орнына сөздің тасыр-тұсыры, арсы-гүрсі өрепкүйі көп болатыны бар» дейді. Ал «1919 жылғы «Бостандық» атты өлеңінен бастап, 30-жылдардың аяғына шейін реалистік дәстүрді көп өлеңінен көрікті етіп баурап, дамытып» келген С. Мұқановтың өз бертін келе «прозаға көбірек ден қоюмен қатар, өлеңін де керексіз прозаизмге жеңдіріп алғандығын»; сондай-ақ Әбділданың «кейбір лирикалық шебер толғауларының адресі, оның үй-ішінің мүшелеріне арнала беруі көңілге жағымды көрінбейтіндігін» де ескертеді. Осылайша автор ақындарымыздың алдыңғы уақытта өлеңдік түрді көркейте байытып, тіл байлығын асыра түсу, поэзиялық лексиканы өрнектеп, өсіре түсу проблемаларына айрықша назар аудартады.

*К. Сыздықов.*


**МӘМБЕЕВ** Сабыр Әбдірәсілұлы (1928 ж. т.), кескіндемеші. Қазақстанның халық суретшісі (1979), ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1963). Шығармаларының негізгі тақырыбы – замандастар өмірі, туған жердің табиғаты. «Сұхбат», «Тауда», «Қоныс аудару», «Көктем», «Киіз үйде», «Жастар», «Менің қаламда» т. б. суреттері бар. Ө. портретінде (1967) жазушының ой-өрісі толысқан, рухани биік тұлғасы бейнеленген. Ұлы қаламгердің 100 жылдық мерейтойы кезінде бұл сурет Париждегі ЮНЕСКО Сарайына қойылды. Ал Ө. өзінің «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» атты мақаласында талантты жас бүгін суретшілердің өсіп келе жатқанын, олардың өмір болмысын сезінуі өзгеше, жаңа сапада екеніне ризашылығын айтып, солардың қатарында М-тің де есімін атаған.

*Р. Ергалиева.*

**МӘМБЕТОВ** Әзірбайжан Мәдиұлы (1932–2009), режиссер, педагог. Қазақстанның (1970) және КСРО (1976) халық артисі, Қазақстанның (1961) және Қарақалпақстанның (1972) еңбек сіңірген өнер қайраткері, КСРО (1974) және Қазақстан (1966) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Халық Қаһарманы (2000). Тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларды қоюда дәстүрлі тұрмыс-салттық этнографиялық дәлдіктен бас тартып, көркемдік шарттылыққа барды. Бұл орайда Ө. пен Л. С. Соболевтің «Абай» трагедиясының қойылымы – ұлттық режиссурадағы тың бағыт. Мұнан кейін Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыланды» (1967), Т. Ахтановтың «Ант», Ө. Нүрпейісовтің «Қан мер тер» (1973), Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (1971) қойылымдары – қазақ театрының көтерілген тың белестері. Ө. драматургиясының қазақ театры мен режиссурасының қалыптасып, дамуына ерекше ықпал етті. «Абай», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қарагөз», «Айман – Шолпан» және «Асауға тұсау» (Ө. аударған) спектакльдерінің жаңа қойылымдары осының айғағы. Сондай-ақ Ф. Жұбанованың «Еңлік – Кебек» операсы, өзбек театрының сахнасында қойылған «Абай» трагедиясы – драматург шығармаларын сахналаудағы мол жетістік.

*Б. Құндақбайұлы.*

**МӘМБЕТОВ** Ізтай Тілеуұлы (1929–1974), ақын, аудармашы. Шығармаларында достықты, адамгершілікті, туған жерді, сүйіспеншілікті жырлады. Ө-тің талантын дәріптеген «Маяктай шақырады ол талаптыны» деген өлең жазды («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек). Ал ұлы жазушы «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» атты мақаласында М-тің лирикаларының жетістік жақтарына баға беріп: «І. Мәмбетовтен «Жас қанат» жинағының ішінен тәуір деген өлеңдерін: «Жайыққа», «Өгей шешеме» сияқты өлеңдерін атап өтер едім» деген.



Ө. М. Мәмбетов.

«Жас қанат» жинағының ішінен тәуір деген өлеңдерін: «Жайыққа», «Өгей шешеме» сияқты өлеңдерін атап өтер едім» деген.

*Н. Ерсарыұлы.*

**МӘНИКЕ** (т.-ө. ж. б.), Құнанбайдың Абайдан кейінгі баласы Ысқақтың екінші әйелі. Кей жерлерде аты аталғаны болмаса, романда оның анық көрінетін тұсы – Оспаннан қалған мүлікті және үй әйелі Еркежан, Зейнеп, Торымбаланы өменгерлік жолымен бөлісу кезі. Бұл жерде жазушы ерке, кесір күйеуін билеп-тестеп алған әйелдің кейпін береді. Ысқақтың бірінші әйелі Тектіден туған Кәкітай бұлардың ырқынан кетіп, Абайдың тәрбиесінде, ықпалында өскен. М. оны да жақтырмайды, сонда оның ең өшпекен кісісі – Абай. Оның кейбір көріністері Ө-тің эпопеясында берілген («Абай жолы», «Қоршауда» тарауы). М. дүние-мүлік бөлігінде Өзімбаймен бірігіп, үлестің көбін алу үшін көп кесір әрекеттер істейді.

*Т. Тұрғанбаев.*

**«МӘҢГІ ЖАСАЙТЫН АҚЫН – ШОТА РУСТАВЕЛИ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1937 ж. 5 желтоқсандағы санында шыққан. Кейін жазушының «Уақыт және әдебиет» (1962, 285–293-беттер), 12 томдық (11-том, 1969, 181–189-беттер) шығармалар жинағында жарияланды. Мақала грузин ақынының 750 жылдығына арналған. Бүкілодақтық үлкен әдеби той, Тбилисиде КСРО Жазушылар одағының арнайы пленумы өтті. Бұл пленум-тойға құрамында Жамбыл Жабаев бар Қазақстан делегациясы да қатысқан. Мақалада Руставелдің өлемдік әдебиет тарихынан алатын орнына тоқталып, «Жолбарыс терісін жамылған батыр» жырын жан-жақты талдаған. Ө. мақаласы жазылған кезде Руставели поэмасы қазақ тіліне аударылған жоқ болатын. Осы себептен мұнда «Жолбарыс тонды жортуылшы» деп берген. Жазушы ең алдымен бұл поэманы «Илиада» мен «Одиссеяның», Шекспир, Гете, Пушкин шығармаларының қатарына қояды. Поэманың көтерген тақырыптарына – сүйіспендік пен достықтың, өлімнен қорықпайтын батырлық пен қайтпас қайраттың аса көркем, әсерлі жырланғанын баса айтады. Махаббатты достық пен ерлік үшін құрбан ету де әдебиетте сирек кездеседі дейді. «Жолбарыс терісін жамылған батырдағы» махаббат желісі «Ләйлі Мәжнүнмен» салыстыра келіп, Руставели жырын, кезқарасын, түсінігін жоғары қояды. Бұл поэманы еуропалық, батыс мәдениетіне жақын дей келіп, кей тұстарында Данте Алигериді әйгілі «Құдай жолындағы комедиясынан» да жоғары қояды. Руставелінің дін, ұлт аясынан шығып, жалпы адамзаттық тұғырға көтерілгенін көрсетеді. Өуезов Руставелінің бұл материалды ілкі де бір парсы дастанының әңгімесінен алғаны

айтқанын ескерте келіп, Еуропа елдерінің, Шығыстың, қазақ халқының сюжетті шығармаларымен салыстырады. Мақаланың соңына қарай, аударма мәселесіне тоқталған. Бұл арада Руставели поэмасының орыс тіліндегі бірнеше нұсқалары және грузин тілінен тікелей жолма-жол аудармасы бар екенін ескерте келіп, аударманың сапалы болуын қадай айтады.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«МӘНГІЛІК КЕПІЛІ»**, жазушының мақаласы. 1955 ж. 22 сәуірде «Қазақ әдебиеті» газетінде шықты. Кейін Ә-тің «Уақыт және әдебиет» (1962) жинағында, 12 томдық (12-том, 1969), 20 томдық (18-том, 1983) шығармалар жинағында басылды. Мақала В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына орай жазылған. Қайта құруға байланысты Ленинге деген сөзқарас күрт өзгергенмен, әлемдік тарихи ғылымда, өркениетті (капиталистік) елдердің қоғамдық ғылымында Ленин тұлғасы адамзат тарихында ерекше орын алатындардың қатарында аталады екен. Осыған байланысты жазушының бұл мақаласын қатал сынға алудың қисыны жоқ. Ол көбінесе кезіндегі халықтың пікірлермен астасып жататын ойлар айтқан. Ал Октябрьге дейін Шығыс халықтары әдебиетінде фольклор басым еді. Бұл халықтардың қайсыбір жазулық жағынан әлі сәбилік дәуірде болатын. Ал ежелден жазба өнері бар, тіптен бір кезде классикалық үлкен мұрасы болған кейбір халықтар феодалдық тоқырау ғасырларында алға қарай жылжи алмағанды. Соның салдарынан ондай әдебиеттер революция жылдарына поэзиямен сыңар келеді деген ойлары да тарихи шындықтан алшақ емес. Заманның саяси талаптарына сәйкес, совет жазушысы теориялық, идеялық, рухани жағынан маркстік-лениндік іліммен қаруланбаса, әр түрлі декаденттік ағымдарға, жалған жаңашыл «измдерге» ұрынбай өте алмас еді. Қалай десек те, бұл шығарма дәуір тынысын таныту үшін, заман ағымына қарай жазылып, Лениннің ұлылығын дәріптеген.

*Ш. Ыбыраев.*

**«МӘНГІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖАСАУШЫ»** («Творецъ вѣчныхъ цѣнностей»), жинақ. «Картель» баспасы (Украина, Киев қаласы) 1997 ж. шығарған. Ә-тің 100 жылдық мерейтойына арналған. Қазақ, орыс және украин тілінде жарық көрген басылымға ұлы жазушының көзі тірісінде жарияланған мақалалар мен зерттеулер топтастырылған. Кітап О. Гончардың «Абай жолы» туралы жазған мақаласымен ашылады. *З. Қабдолов, Р. Нұрғали, Қ. Қайсенов, О. Сүлейменов, Ш. Айтматов, Т. Молдағалиев, С. Әшімбаев, М. Рәшев, Мұрат Өзезов, Диар Қонаевтардың* заңғар суреткер туралы айтқан сөздері шынайы толғаныстан туған. Сондай-ақ академик И. Дзюбаның, ақын Л. Кривошековтің, ауызша әңгіменің шебері *И. Андрониковтың*, неміс сыншысы Альфред Курелланың т. б. әдебиетшілер мен ғалымдардың мақалалары, естеліктері оқырман жанын тебіренгітп, жүрегіне нұр құяды. Басылым Ә-тің әр кезеңдерде түскен суреттерімен безендірілген.

**МӘМЕТОВ** Базарбай (1888–1946), заңгер. Алаш қозғалысының белсенді мүшесі, Алашорда үкіметінің мүшесі. 1911 ж. Верный ерлер гимназиясын, 1917 ж. Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Ақпан төңкерісінен соң Алаш қозғалысына белсене араласады. 1917 жылғы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен Жалпықазақтық съезге Жетісу облысынан келген депутаттармен бірге қатысады. Съезд М-ті Жетісу облысынан деп Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының депутаттығына кандидат өтіп тізімге енгізеді және Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне (Шура-и-исламға) өкіл етіп сайлайды. 1917 ж. 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен 2-Жалпы қазақтық съезде Жалпықазақтық кеңесіне Алашордаға мүшелікке өтеді. Алашорданың министрі ретінде М. алаш ісі жолында көп еңбек атқарады. Сондай еңбектердің бірі Алаш мемлекеттілігін қорғайтын Алаш әскерін жасақтау болып табылады. Бұл істе Ә-пен бірге белсенділік танытады. 1918 ж. 10-31 тамызда Лепсіде өткен Алашорданың Жетісу облыстық 2-қазақ съезінде кеңес мүшелігіне сайланады. Колчак үкіметі тарапынан большевиктермен қатысы бар деген жалған желеумен Алашорда мүшесі, Лепсі көмек комитетінің төрағасы М. қуғын-сүргінге, тіптуге ұшырайды. Жетісуда кеңес өкіметі орнаған соң да ол қуғын-сүргіннен көз ашпайды. 1928 ж. отбасымен ұсталып, түрмеге қамалады. 1931 ж. Саратовқа жер аударылады. Кейін Саратовта, Қарақалпақстанда, Жамбыл мен Талдықорғанда әр түрлі қызметтер атқарады.

*М. Әбдеш.*

**МӘРСЕКОВ** Райымжан (1877– ө. ж. б.), Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Алаш партиясының негізін салушылардың бірі, қазақтың алғашқы заңгерлерінің бірі, Ә-пен бірге Семей қаласы мен облысында 1914–1922 жылдары мәдени шаралар, қазақ комитеті мен Алаш жолында мүдделі істер атқарған. Әкесі – Өр-Наймандағы Мәрсеке би (1844 ж. туған). Абай заманында пәтуәлі сөз ұстаған, тоқтаулы билік айтқан, дәуірінің ағымын бажайлай білген, көкірегі ояу рубасы болған. Кезінің ашықтығымен баласы Райымжанды оқуға берген саналы адам еді. Райымжан 1897 ж. Омбы гимназиясын, 1901 ж. Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Бұдан кейін Семей, Омбы қалаларында адвокаттық қызмет атқарып, студенттік кезден бастап қазақ қоғамының әр саласы бойынша толғақы да түйіктік мәселелер жөнінде ұтымды әрі тұшымды мақалалар жазды, сөйтіп елін сүйген ұлтжанды азамат ретінде жас кезінен қалыптаса бастады. Адвокат ретінде жазықсыз жапа шегіп, жалалы болған қарапайым қазактарды қорғап, ақтап алған атақты 1915 ж. өткен сот процесіне қатысқан. Онда ол заңды билікті де білгірлікпен орынды қолдана отырып, 7 қазақты түрмеден босатып алады. Бұл сот процесі кезінде М-тің атын шығарған. 1902 ж. Ресей география қоғамының Семей бөлімшесіне мүшелікке өтіп, 1903 ж. 30 наурызда өткен мәжілісінде «Қазақстандағы сайлау» деген баяндама жасаған.

М. пен Ә-тің алғашқы кездесуі 1915 ж. 13 ақпанда Семейдегі «Приказчиктер клубында» – қазақ әдеби ойын-сауық қайырымдылық кешінде өткен. Онда семинарист Ә. қатысып, М. қазақ әдебиеті туралы баяндама жасаған. Ол бұл баяндамасында қазақ әдебиеті тарихын тұңғыш рет үш дәуірге бөлген. Ойын-сауық кешін ұйымдастырушы қазақ зиялылары, ерлі-зайыпты Құлжановтар еді. Кешке Семейде оқитын қазақ жастары, оның ішінде мұғалімдер семинариясының оқушылары Ж. Аймауытов, Ә., Қ. Сәтбаев т. б. қатысқан. Революция жылдары М. сияқты ұлтжанды қазақ зиялылары және олардың ияқпылында болған Ә. сияқты қазақ

жастардың да қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жөнінде іс-қимылдары бір мүддеге, бір арнаға тоғысып, Семей қаласында бастары қосылған. 1917 ж. маусым айынан «Сарыарқа» газеті шыға бастайды. Газеттің кезектескен редакторлары Х. Ғабасов, Р. Мәрсекөв, И. Өлімбаевтер еді. Бұл газет «Қазақ» газетінен кейінгі Алаштың негізгі үні болды. Газетте талай ақын-жазушылар өздерінің қаламын ұштап, әдеби мектептен өтті. 1917 жылғы қыркүйек айындағы нөмірлерінде Ө-тің «Оқудағы құрбыма», «Адамдық негізі – әйел» атты мақалалары жарық көрді. Патша өкіметі құлап, уақытша үкімет құрылған күндері М. 1917 ж. наурыз айында Семей облыстық Қазақ комитетінің төрағалығына сайланып, басқа ел азаматтарымен бірге 1917 ж. 27 сәуір – 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық Қазақ съезін өткізуге ұйымдастырушылық шараларына қатысты. М. 1907 ж. 13 мамырда Петроград жұмысшы, солдат депутаттар Кеңесіне және алда өтетін Құрылтай жиналысына Ресейді мекендейтін басқа халықтарға, оның ішінде қазақ халқына да аумақтық автономия талап ету мәселесін қою туралы телеграмма жолдайды. Оған облыстық қазақ съезінің төрағасы деп қол қойған. Ол Семей облыстық қазақ комитеті басшыларының бірі ретінде комитеттің жұмысына жастарды да тарта білген.

Құрылтай сайлауын насихаттау үшін Семей облыстық атқару комитеті 1917 ж. 3 қарашада жер-жерге өкілдер жібереді. Семей уезіне М. Малдыбаев пен Ө. Кереку уезіне Ж. Аймауытов пен Қ. Сәтбаев т. б. адамдар жіберіледі. М. 1918 ж. 17 қаңтар және 1919 ж. 23 маусым аралығында Семей облыстық земство басқармасының төрағасы қызметін атқарып, көп іс тындырады. Сондай істің бірі – оқушы жастарға стипендия бөлу мәселесіне күш салады. 1918–19 оқу жылының 2-жартысында стипендия алғандардың қатарында семинарист Ө. те бар еді. Жалпыхазактық 2-съездің шешімі негізінде Халық милициясын құру туралы Алашорда үкіметінің төрағасы Ө. Бөкейхановтың 1918 ж. 25 маусымындағы қаулысына сәйкес, Семейде 1-Алаш атты әскер полкі жасақталады. Бұған қатысқан Алашорданың 36 мүшесінен М. пен Ө. те бар болатын. Полк азамат соғысы жылдарында Жетісу майданындағы ұрыс-қимылға қатысқан.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары (1922) М. Семей губерниялық атқару комитетінде нұсқаушы-ревизор қызметін атқарып, артынан қуғын-сүргінге ұшырауына байланысты Қытай асуға мәжбүр болады. Бұл жылдардан сәл бұрын Ө. те Семей губерниясының атқару комитетінде басшылық қызметте еді. М-тің өмірінің соңғы жылдары, өлімі туралы әр түрлі қиғаш деректер бар. Сонымен, М. пен Ө-тің өмір жолдарының мүдделі істе әрдайым бірге болған.

М. Әбдеш.

**МӘУЛЕНОВ** Сырбай (1922–1993), ақын, публицист, аудармашы. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970). Поэзияда өзіндік үні бар өршіл ақын. Ө-тің биік адамгершілік, гуманистік қасиеттері мен суреткерлік шеберлігін мадақтап «Мұхана» (1957), «Мұхтар аға», «Мұхтар асуы», «Мұхтар ауылы», «Өлмес өнер» (бәрі – 1977) өлеңдерін, «Кемеңгер» («Коммунизм жолы», 1967, 28 қыркүйек), «Көңілді кездесулер»

(«Қазақ әдебиеті», 1957, 4 қазан), «Жұлдызды жол» («Қазақ әдебиеті», 1977, 23 қазан) мақалаларын жазды. «Ыстық жүрек, нұрлы ақыл» естелігінде Ө-тің сөздері теңіздің тасқыны секілді бірін-бірі үстемелеп, бірін-бірі баспалдақтатып, биікке көтеріп алып кететін. Мұхаж аузынан ағытылған эпигет, метафоралар кейде көкке бойлаған көп қабатты үйлерді көз алдына алып келетін» деп, жазушының сөз саптау ерекшеліктерін сипаттаған «Қазақ әдебиеті», 1967, 8 желтоқсан; «Біздің Мұхтар», А., 1976, 246–251-беттер). Ө. «Октябрь өркені» және «Қайта туған халықтың әдебиеті» атты мақалаларында «бірнеше бұрын ақындардың еңбек ізденулері арқасында қазақ поэзиясы да революция жылдарында, әсіресе реалистік поэмалар туғызу жөнінде биік сапаға» жеткен ақындардың қатарында М-ті де атап, оның қысқа лирикалық шығармаларына назар аударған (12 томдық шығармалар жинағы, А., 1969, 12-том, 165, 478-беттер).

Н. Ақбай.

**МӘШҮР ЖҮСІП** Көпеев (1858–1931), ақын, тарихшы, этнограф, философ, шежіреші, фольклоршы. 1870 ж. жан-жақты білімді, елге беделді «Мәшһүр» аталған. Өлеңдері мен мақалалары «Дала уәлаяты газетінде» жарияланған. 1907 ж. Қазанда «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» кітаптары шықты. Қазақ әдебиетіндегі ағартушылық-демократтық бағыттың дамуына, сатира жанрына үлкен үлес қосты. Оның қазақ ауыз әдебиеті мұраларын жинаудағы еңбегі орасан зор. Бұқар жырау мұрасын жинақтап, сақтап, зиратына белгі тас қойып, көп еңбек сіңірді. Көпеевтің ақындық таланты мен ауыз әдебиеті шығармаларын жинаудағы еңбегіне Ө. жоғары баға берді. Жазушы «Абай ақындығының айналасы» мақаласында кітапшылаған, сиыр жорға жыр қазақ поэзиясына жалғыз Абай тұсында кірген жоқ, Ыбырай, Албан, Асан, Мәшһүр, Ақан сері сияқты Арқа, Жетісу ақындарының шығармаларында бұл әсер көп екенін атап өтеді де, «ескіні құптау, жақтаумен қалатыны бар. Осындай XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басы сияқты жапсарда өскен ақындары Алтынсарыұлы, Өүбәкері, Шәңгерей, Мәшһүрлер болады» дейді. 1959 ж. әдеби мұраға арналған конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде өзіне ұнаған баяндамалар ішінде І. Жарылғаповтың баяндамасын атай келіп, М. Ж. мұрасында да патшалықтың отаршылдық саясатына байланысты сын наразылық сарындар болғанмен, Гаспринскийдің «Тәржіман» газетін үзбей оқитын ұдайы көп жылғы оқушысының бірі Мәшһүрде іздесең, пәнтүркістікті де, панисламистікті де табуға болады деп, сол кездегі саясат ыңғайына бейімделеді. Бірақ ол кейде патшалықты жақтаса, кейде халықтық сарынға да жақындаған. 1905 жылғы патшаның манифесінен үміт етіп сөйлеген кезі де бар. Бұл тарихтық, заңды жайлар, бұндай кездерін мінеудің қажеті жоқ деп ескертеді. Сонымен бірге М. Ж. атымен байланысты «Мес», «Қара кітап» дейтін қолжазбаларында ақын шығармасы мен ауыз әдебиеті үлгілерін айырып, анықтап алу қажеттігін айтады. «Ал өз шығармаларын былай қойып, басы ашық ескі үлгілерді жазып алып, біздің дәуірге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және де естен шығармау керек». Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историогра-



Мəшһүр Жүсіп Көпеев.



Мейкайыл Абайұлы.

фия бөлімінде Мəшһүрдiң ол түрдeгi еңбегiне әрдайым орынды баға берiлу шарт деп, ақында сол кезде-ақ көңiл бөлудi мiндеттеген. Ө. Абай өлеңдерiн жаттап алып, ел iшiне таратудағы Көпеевтiң игi iсiн «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты мақаласында (1945) ерекше бағалап, оның Абай өлеңдерiн шарықтатып, бүкiл ұлан-байтақ елге жайғанын атап өтедi.

*С. Қорабай.*

**МƏШҺҮР ЖҮСІП** (Мəшһүр Жүсіпов) Қуандық Фазылұлы (1941 ж. т.), жазушы, драматург, ғалым, филология ғылымының докторы (1990), профессор. Ұлы жазушының табиғат бояуларының сан түрлiлiгiн сақтап, ажарлап, оны адамдарға тағылым ретiнде ұсынғаны туралы «М. Әуезовтiң табиғатты бейнелеу шеберлiгi» («Мұхтар мұрасы», А., 1997, 67–80-беттер), «М. Әуезовтiң портрет жасау шеберлiгi» («Қазақ тiлi мен әдебиетi», 1995, №4, 96 – 102-беттер) атты мақалаларын жариялады.

*Н. Ақбай.*

**МЕДЕТБАЕВ** Жұмабай (1938–2005), актер, әнші-термеші. Қарақалпақстанның (1993), Қазақстанның (1998) халық артисі. Ө-тің «Еңлік – Кебек» дипломдық қойылымдағы тұңғыш рөлі Кебектен бастап, Көкбай («Абайда», 1965), Өлібек («Айман – Шолпанда», 1965), Шуақ («Қарақыпшақ Қобыланды», 1966), Асан («Қарагөзде», 1966), Кебек (1968), Есменбет (1996, «Еңлік – Кебекте»), Долгов (1969), Баймағамбет (1994, «Абайда»), Дендал («Дос – Бедел доста»), Өлібек (1969), Маман (1992, «Айман – Шолпанда»), Жәмеңке («Қилы заманда»), 1997, роман негізінде жазылған пьесаның авторы Н. Оразалин), «Еңлік – Кебек» телефильмінде Кеңгірбай рөлдерін орындап, актерлік шеберлігін қалыптастырды.

*Б. Құндақбайұлы.*

**МЕЙРАМОВ** Тілекес Захитұлы (1948 ж. т.), актер, ұстаз, профессор. Қазақстанның халық артисі (1996). Ө. шығармаларының негізінде қойылған спектакльдерде де қайталанбас сахналық бейнелер сомдап, актерлік өнер даралығын көрсетті. Бір-сiмбай («Қарақыпшақ Қобыландыда»), Керiм («Абай» трагедиясында), Жарас, Өлiбек («Айман – Шолпанда»), Жабай («Қарагөзде») т. б. сахналық тұлғалары бар. Ө-тiң 100 жылдық мерейтойына орай ол «Абай жолы» эпопеясының негiзiнде қойылған 7 сериялы телеқойылымның авторы.

*Б. Құндақбайұлы.*

**МЕЙРАМОВА** Жұмагүл Әмірзаққызы (1949 ж. т.), актриса. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі. Ө-тің пьесаларында Айман («Айман – Шолпанда»), Ажар («Абай» трагедиясында), Ө. аударған У. Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Бьянка бейнесін сомдап, актерлік өнерінің жаңа қырынан көрінді. Ұлы жазушының 100 жылдығына орай қой-

ылған 7 сериялы «Абай жолы» телеқойылымында жүргізушінің рөлін орындады.

*Б. Құндақбайұлы.*

**МЕЙСТЕРЗИНГЕР** (немісше: ән, өлең шебері), неміс халқының поэзия өкілі. 13 ғасырдың 2-жартысында шыққан. Қалалардың өркендеп, бюргерлердің өсуімен байланысты шіркеулердің жанынан «әншілер туыстығы» құрылып, кейін цех болып ұйымдасқан кәсіпкерлік топтарға айналған. М-лер 19 ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген. Мектептік қатал канондардың аясынан шықпай, өлең айтумен жаттыққан. Өлең айту жарыстары шіркеулерде өткен. Ө. «Жамбылдың айтыстағы өнері» мақаласында қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарында айтыс жанры осы күнге дейін сақталғанын айта келіп, бұрын Еуропа халықтарында айтысқа ұқсас жанрлар болғанын, Орталық Еуропадағы өлеңшілерді басқа да айтыс белгілері бар шығармашылық топтармен қатар атап өтеді. «Дәл осы топтың қатарында мейстерзингерлер кей дәуірлерде шіркеу ішінде дін тақырыбына арнап талай айтыстар жасаған. Бұнысы Шөже мен Кемпірбай айтысында бізде де айқын көрінеді». Ал «Жәккендер өнерінің бір қанаты сол сипатта болатын, дүние жүзі әдебиетінде көне гректің өздеріндей немесе Еуропадағы труверлер, фильдер, М-лердей елінің эпосын да, айтысын да туғызған деп тұжырымдаған. Осы тектес ойларды 1948 ж. жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томына жазған «Айтыс өлеңдері» тарауында айтқан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**МЕКАЙЫЛ** (М е к е ш) Абайұлы (1884–1931), Абайдың Әйгерімнен туған ұлы. Арабша да, орысша да сауатты, жалпы өнерлі адам болған: домбыра тартып ән салады, басқа да аспаптарда ойнайды. Абай өлеңдерін түгел білген, ел арасына таратқан. Мұхан М-дан жастық кезінде көп әңгімелер естіп-білген. Өйткені олардың ауылдары Әуез ауылдарымен үнемі қатарлас қонып отырған. Ахмет Әуезов «Бала Мұхтар» деп аталатын кітабында М. туралы құнды пікірлер келтірген. Абайдың Әйгерімнен туған үшінші баласы Мекен Абай өлеңдерін шетінен жатқа білген. Ол Абай өлеңдерін сауаты барларға жаздырып, үйреткен. Ауылға М. келген сайын Мұхтар жерден жеті қоян тапқандай қуанып, Абайдың өлеңдерін зейін қойып тыңдайды екен. Мекеш қоңыр әнге салып, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп басталатын өлеңін тамылжып орындағанда, жас Мұхтар қатты танданыс білдіріп, «Абай ағам оқымаған ба?» дейді екен («Бала Мұхтар», А., 1967, 12–13-беттер).

*Т. Әкім.*

**МЕККЕ**, М е к е, мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда Мастид әл-Харам деп аталатын мешітке қағба бар. Қағба Адам ата дүниеге келместен қырық жыл бұрын пайда болған, сондықтан бұл Алланың үйі атанған. Мұсылман аңыздары бойынша мұнда Адам Ата мен Хау-ана Шиш, Ибраһим, Исмайыл тұрған. Ежелде бұл жерде Джурхум, Хузза сияқты тайпалар мекен етсе, біздің дәуіріміздің 4 ғасырынан бастап Құрайыштар қоныстанды. Олар қағбаның қасиеттілігін түсінді. Сирияға, Иран мен Йеменге өтетін керуеннің қауіпсіздігін сақтау үшін айналадағы бәдауи тайпаларымен тіл табысып отырды. Мұхаммед пайғамбар (с. ғ. с.) М-ден кеткеннен кейін де Мединеде намаз оқу бағытын

осындағы Қағбаға қаратты. Бұл М-нің діни орталық ретіндегі маңызын арттыра түсті. Сағбаны айналдып тауап ету, Арафат тауына бару салтқа енгізілді және мұсылманның бес парызының біріне айналды. Омея әулеті билік еткен тұста М-нің қолбегі мүлде өзгерді. Бұл жерде исламның хұқықтану мен хадистану мектебінің іргесі қаланды. Ө. М-ге байланысты пайымдауларын Құнанбайдың қажылық сапарына орайластырып сөз етеді, әсіресе, Қаратай екеуінің әңгімелері арқылы жақсы елестетеді. «Құнанбаймен осы жолы Меккеге бірге баратын Өңдірбай қалпе» деп, қасына ергендерді, қанша уақыт жол жүретінін, қай жермен баратынын тәптіштеп жазған» («Тайғакта»).

*Т. Әкім.*

**МЕКИШЕВ** Бақтажар (1927–2005), тарихшы, өнер зерттеуші. Республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1984). «Жеті муза» және «Қыз Жібек» эстетикалық клубтарының жетекшісі ретінде Абай әндеріне, музыкалық мұрасына, Ө. есіміне байланысты көптеген кештер ұйымдастырды. Қазақ мемлекеттік опера және балет театрының тарихын жазды (Ф. Бейсеновамен бірге, 1954). Онда либреттосын Ө., музыкасын А. Жұбанов пен Л. Хамиди жазған «Абай» операсының қойылу тарихы (1944), орындаушылар шеберлігі жан-жақты баяндалған. Өр жылдары жергілікті баспасөз беттерінде, радиохабарларда Ө-ке арналған естелік мақалалар жариялады: «Әуезов және жастар» («Қазақ университеті», 1977, 28 күркіуек), «Бір күні жаңа жылда мен Мұхтар Әуезовті кездестірдім» («Қазақстанская правда», 1997, 29 тамыз), «Қасиетті топырақ», «Жас алаш», 1997, 17 шілде), «Катаринаның 500 шапалағы» («Отелло» спектаклі туралы; «Қазақстанская правда», 1997, 28 ақпан) т. б.

*Қ. Мәшһүр Жүсіп.*

**«МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫНДА «АСТЫҚ» ПЬЕСАСЫ»**, жазушының мақаласы. 1934 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінің 10 қаңтардағы санында шыққан. Ө. 1933 жылдан 1939 жылға дейін Қазақ драма театрының әдеби бөлімін басқарып, театр тақырыбына арнап бірнеше мақала жазған. Бұл – солардың алғашқыларының бірі. Мақалада 8-партия конференциясының қарсаңында мемлекет театры қойғалы отырған пьесаның тарихи-саяси мәні, оның қоғам өмірімен байланысы туралы айтқан. Қазақ драма театрында қойыла бастаған аударма пьесалардың бірі «Астық» туралы: «Киршонның бұл пьесасы одақтас пролетариат драматургиясының бір дәуірдегі үлкен бір тұлғасы деп саналады» дейді автор. Сондай-ақ пьесадағы басты кейіпкер, оның спектакльдегі сомдалуы жайлы, рөлді орындаушы Қапан Бадиров ойыны жөнінде сын-ескертпелер айтылған. Серке Қожамқұловтың, Елубай Әмірзақовтың, Қанбек Байсейітовтың орыс пьесасы кейіпкерлерін бейнелеудегі ізденістері талданған. Шығарма мен сахна, актер мен көрермен арасындағы байланыстарды ашқан. Театрдың бұл қойылымда жеткен табысы, жетістіктері мен кемшіліктері салыстырыла отырып таразыланған.

*Қ. Рай.*

**«МЕНИҢ ӨМІРБАЯНЫМ»** («Автобиография»), жазушының орыс тілінде жазған ғұмырнамасы. 1950 ж. Мәскеуде «Советский писатель» баспасынан жарық көрген «Абай» романына алғы сөз ре-

тіңде берілген. Одан кейін Ө-тің орысша жарияланған «Абай жолы» эпопеясының барлық басылымдарына енгізілген (Свердловск, 1951; М., 1955, 1958, 1959; А., 1960). Соңғы рет жазушының «Таңдамалы» кітабында басылды (А., 1997). Қазақша нұсқасы (аударған – А. Нұрқатов) қаламгердің 12 томдық шығармалар жинағына енді (1967, 1-кітап). Автор өзінің балалық шағын, ауыл молдасынан дәріс алған кездерін жылы лебізбен еске алып: «Бұл кітап – Абай өлеңдерінің жинағы. Абаймен дос болған әрі ақын талантына таңырқап, деп қоюмен өткен Әуез оның өлеңдерін кітап қып көшіріп алады да, бізге сол арқылы қара танытпақ болады. Немерелері ұлы ақынның өлеңдерін жақсы көріп өссін деп те ойлайды» деп, жастайынан ұлы ақынның жырларымен сусындап өскенінен хабар береді. Ержеткеннен кейін қала өмірі мен сахара тіршілігінің қым-қиғаш қайшылығы жас Мұхтардың санасына ешпестей із қалдырады. Кейін ұлы эпопеясына тарау-тарау болып енген көшпелі феодализмнің қалдықтары, қалыңмал, көп әйел алу, құн төлеу, халықтың титығына жеткен даудамай, барымта-сырымта, талау-тонау, ру тартысы сияқты ескі патриархалдық көріністер, бертін келе кеңес үкіметінің «қызыл қырғыны», тіршілік үшін арпалыс, қуғын-сүргін, жазықсыз жазалау – бәрі-бәрі миына сіңіп, санасына мөрдей басылып қалды. Ө. бұдан басты шығармасына қажетті материалдарды қалай жинағаны жөнінде қызықты мәліметтер келтірген. Абай жайында мәлімет-деректер жинағанда, жазушы ақынды көзімен көрген, жақын білген адамдармен ауызба-ауыз сөйлесіп, Абайдың жақын шәкірті Көкбаймен әңгімелескен. Роман жазам деген ойда жок, шәкірт кезінде ата-сы Әуездің әңгімелерін тапжылмай, ұзақ тындаған. Ол Абай Құнанбай жайын да жақсы білген. Абайдың алғашқы әйелі Діләнаны да мосқал тартып қалған кезінде көрген. Ол Абайдан соң он жылдан кейін барып дүние салған, оның айнымас, азбас жары Әйгерім небір қымбат жәйттерді әңгімелескен. Материал жинай жүріп, Абайдың достарымен, сыйластарымен, бұрын қысастық жасаған жауларымен де әңгімелесіп көрдім. Горькийдің: «Үндемей қалуға ықтиярың жоқ нәрсе жайында ғана жаз» деген ұлы өсиетін іштей қайталап айта беруден танғаным жоқ» деп, ұлы суреткер эпопеяның сәтті болып шығуына көп септігін тигізген жағдаяттарды ежіктеп баяндаған. Бұл жолда талай қиындықтар кездескен. Өйткені жазушының халі «әлдеқашан бел асып кеткен көштің жұртына кешігіп жеткен жолаушы жылтыраған бір қызғылт шоқ тауып ап, тұтатпақ боп» үрлегенмен бірдей еді. Өлгі естеліктерді шашау шығармай сақтап, қарттардың жадында ұмыт болған көп нәрселерді қайта ойлатып, әлденеше рет айтқызуға тура келген. Сөйтіп халықтың лүпіл қаққан жүрегі, дана ойы болған Абайдың қайталанбас, асыл бейнесін жасады. Автор одан әрі жазушылық жұмыспен қоса, ғылыми-зерттеумен, ұстаздық қызметпен шұғылданып жүргенін ескертіп, мақаланы аяқтаған.

*З. Ахметов*

**МЕҢДЕШЕВ** Сөйтқали (1882–1937), мемлекет қайраткері, ұстаз. Ө-пен қызмет бабында ресми және шығармашылық байланысын үзбеген Ұлы жазушы «Қазақстан елшілерінің хабары» атты мақаласында М. басқарған Орталық Ақтұрау Комитетінің жүргізіп отырған күнделікті іс-шараларды халық арасына мәлім етіп, еңбекшілерді белсене

**МЕҢЗЕУ**, с и н е к д о х а, сөздерді ауыстырып қолдану; аз бен көпті, бүтін мен бөлшекті, жеке мен көпшені алмастырып айту. Сөзді бұлай құбылту, айтатын сөзге, ойға ерекше ренк беріп, өзгеше мағына үстейді. Мысалы, эпопеяда жазушы былай жазыды: «Жатқандар жас емес, шау тартқан кісілер. Екі сақал да бір рендес, бұрыл екен. Арбаға шам түскенде, бұл екеуінің аяқ жағында көлденең жатқан тағы біреу ыныранып айналып тұсті» («Түп-түнекте»). Бұл сөйлемдерде «адамдар» деудің орнына «екі сақал», «жатқандар» сөзі қолданылған.

**МЕТАФОРА**, а у ы с т ы р у, екі нәрсені, құбылысты ұқсату, салыстыру арқылы астарлы әрі ауыспалы жаңа мағына беретін троптың бір түрі. Күнделікті сөйлеу тілінде «іші күйіп, бойы мұздап, от тілді, орақ ауызды» сияқты қарапайым түрлері кездеседі. Теңеу екі нәрсені салыстырса, М-да олардың арасындағы ұқсастық пен жақындықты, сезім мен әсерді негіз етіп, тікелей балау басым келеді (бала – бауыр, көз – шырақ т. б.). Ә. Абай шығармаларының поэтикасын талдағанда: «Табиғатты, түлкі мен бүркітті түгел қосып, бір бейне етіп, ақ етті сұлу-дың динамикалық әрекетіне ұқсатуда көп ассоциация туғызатын терең де кең метафора танылады. Шын шебер реалистің ғана қаламына оралатын өзгеше үлгі» деп, М-ға ғылыми анықтама берген («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)»). Ұлы жазушы өз шығармаларында М-ның неше түрін кеңінен қолданған. Мысалы, «Қарақышпақ Қобыланды» пьесасындағы: «Тоқта, жетсін бар батыр. Ұшқындаған тобымен арандайтын жер емес» сөйлемінде «ұшқындаған топ» деген тың М. жасаған.

*З. Ахметов.*

**МЕТЕРЛИНК** Морис (1862–1949), бельгия драматургі, ақын. Шығармаларын француз тілінде жазған. Адамгершілікті, адамға деген сенімді бейнелеген шығармалары үшін 1911 ж. Нобель сыйлығы берілді. Ә.: «Метерлинктің әдебиеттегі беті – символизм» деп, бұл әдеби бағыттың жай-күйімен толық таныстырады. Метерлинк пьесасында екі мағына болады. Біреуі – көзге көрінетін оқиғадан көз алдыңыздағы адамдардың әңгімесі. Екіншісі – сол оқиға, сол әңгімеден туатын терең мағына десе, «Соқырлар» пьесасын талдау арқылы драматургтің күллі шығармашылық лабораториясын ашқан; оның пьесаларының ішкі мағынасында терең философия жататынын, сондықтан М-тің драмасындағы терең сыр мен терең ойды білімі жетілген қауымның ғана ұғатынын ескерткен («Жалпы театр өнері мен қазақ театры», 12 томдық шығармалар жинағы, 11-том, 1969, 46–48-беттер).

*М. Маданова.*

**МЕССМАН** Владимир Львович (т.ж.б. – 1972), дирижер, композитор, музыкантанушы. «Қазақ халқының музыкалық театры» атты кітабында Ә-ті өзінің білімімен, тәжірибесімен, талантымен қазақ опера театрының қалыптасуы мен өсуіне көмектескен, қазақ операсының драматургиялық негізін жасаған адамдардың қатарында атап, жоғары эрудициялы, көркемдік мәдениеті зор драматург, халықтың поэтикалық таланты мен қазақ халқының ағартушы-ұстазы Абайдың үлкен өмірін терең көрсетті деп жазды (А., 1961 б., 160–173, 335–337-беттер). Сондай-ақ «Творчество жолы» (1956), «Абай осылай шырқады» (1958), «Сахна өншісі»

(1965), «Екі спектакль» (1966) т. б. мақалаларында қазақ жазушысының драматургиясын баян еткен.

*А. Омарова.*

**«МИЛЛИАРД»**, жазушының мақаласы. Алғаш 1956 ж. Қазақстан миллиард пұт астық берген тұста жазылған. «Қазақстан әйелдері» журналында (1956, №10, 1–3-беттер), кейін 20 томдық шығармалар жинағының 19-томында (1985, 359–363-беттер) басылды. Тың игеруді бастаған 1954 жылдан кейінгі үшінші жылда қол жеткізген бұл табыс тек Қазақстан ғана емес, бүкіл Одақ үшін айтарлықтай оқиға еді. Бұл сол кездегі үздіксіз, радио, телехабарларының ертелі-кеш баспасөз әңгімесіне айналды. Осы оқиғаға Ә. те үн қосты. Қазақстан аты көпке дейін ауыздан түспеді. 1953 жылғы межелі жоспар 17 миллион гектар тың жерді игеру еді, оны қанағаттанбай, жер жыртудың көлемін әлдеқайда өсіріп жіберді де, бұл сан миллиард берген 1956 ж. 27 миллион гектарға жетті. Шын мамандар болмаса, мұндай артық жерді жыртудың аса зиянды екендігіне көпшілік көңіл аударған жоқ, олардың бүкіл көңіл-ойын елге даңқ әкелген «миллиард» деген мол санның қуаныш-мақтанышы басып кетті. Жазушы елінің абыр-даңқын асырып, бүкіл әлемге танытқанына қуанды. Ол үшін ер мен әйел, көрі мен жас, бүкіл азамат түгелімен осындай сезімнің құшағында сияқты көрінді. Алғаш рет алынған мұндай көп астық халық үшін де, ел үшін де табыстың жаңа белесі сияқтады. Бұл жағынан келгенде, 80 облысы бар Ресей ғана алда тұрды. Кеше мен бүгінді салыстырса, екеуінің арасындағы жер мен көктей алшақтық жазушыны толғаныстарға алып баруы заңды еді. Алдымен елінің өзге республикалардан ауызға көрімен алынуы жазушыға: «Қазақстан ұлы мақсатына жетсе екен, жеңсе екен, сол жеткені мен жеңгенін көрсек екен. Жақсы өлеңнің жатық ұйқасындай боп мақа сіңген, көкейге қонған, дос көңілді қуантқан ұмытылмас сан цифрларды Қазақстан әлемге әйгілі етті» деген толғаныстарды айтқызыды

*Т. Әкім.*

**МИНГАЗИТДИНОВ** Юрий Потапович (1924–1984), режиссер, суретші. «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында «Абай жолы» роман-эпопеясына арнап қара тушыпен салған көптеген суреттері бар. Бұл әр түрлі форматтағы, шебер қолмен салынған суреттер автордың өзі армандаған Абай туралы кинофильмнің кадрларын сияқты. Суреттердің құрылысы, әрбір штрихы ішкі динамикаға толы, композициялары жағынан көп планды. Бұл суреттердің кейіпкерлері – Ә-тің ұлы шығармасында үлкен талантпен бейнелеген халық өкілдері.

*А. Қуанышбаев.*

**МИННУЛИН** Тұфан Абдоллаұлы (1935 ж. т.), татар жазушысы, драматург. «Біздің ауылдың адамдары» (1961), «Өзіміз тандаған тағдыр» (1972), «Әлдермеш аулының өлмандары» (1976), «Аналар мен балалар» (1984) атты пьесалары, «Бақтияр Қанқаяев» тарихи драмасы (1974) т. б. жарық көрді. «Қазақ халқының лайықты ұлы» атты мақаласында Ә-тің ұлт әдебиеттері туралы жазған еңбектеріне шолу жасап, оның басқа халықтар әдебиетінің селсоқ бақылаушысы емес, ортақ табыстарға ағынан жарылып қуанатынын, орын алған олықтарды шынайы ашып көрсететінін, мұның бәрі ұлы суреткердің «басқаларды қадірлей отыр, өзін де сый-

лау», яғни зор тұлғаларға тән қасиеті екенін айтқан. Бұл орайда автор Ә-тің татар әдебиеті мен оның ірі өкілдері жөнінде айтқан келелі пікірлерін мысалға келтіреді. Олай болса, «туысқан қазақ халқының лайықты ұлы және жырысы Ә-тің бәрімізге де әрқашан қымбат екенін ұмытпайық» деп қорытады ойын («Қазақ әдебиеті», 1987, 25 қыркүйек).

*Н. Ерсарыұлы.*

**МИРЗОЯН** Левон Исаевич (1897–1939), партия, мемлекет қайраткері. 1933 жылдан Қазақ өлкелік партия комитетінің, 1937 жылдан Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 1-хатшысы болды. Өзінің тұрашылдығымен, іскерлігімен атағы шықты. Оның кезінде ұлтжанды бірде-бір қайраткер жазғаға тартылған жоқ. Қызмет бабында Ә-ке кездесіп, әңгімелескен уақыттары болды. Жазушылардың шығармашылық мақсатпен елді аралауы осы кезде басталды. Ә-тің Оңтүстік облысының Жуалы, Тұлқабас аудандарына баруына себепші болды. Мұханның талантына жол ашылып, «Абай жолы» эпопеясын жазуға мүмкіндік алды. Ұлы суреткер М. туралы «*Тарих пүтевқасын берген адам*» атты мақаласын жазып, оның Қазақстан тарихындағы орнына әділ баға берді.

**МИРШАКАР** (М и р ш а к а р о в) Мирсаид (1912–1997), тәжік жазушысы, ақын, драматург, мемлекет, қоғам қайраткері. Тәжікстанның халық ақыны (1962), КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1950), Тәжікстан Мемлекеттік сыйлығының (1955) лауреаты. «Жеңіс туы» (1934), «Жастық көктемі» (1940) жыр жинақтары, «Алтын қыстақ», «Лениннің көзқарасы», «Жеңіс туы», «Алынбас Пяндж», «Құрбылар», «Ой ойраны» поэмалары жарық көрді. «Сіздің бақытыңыз – менің бақытым» (1966), «Мектеп туы» (1969), «Ата жолымен» (1971), «Даладағы айкас» (1974), «Тау гүлдері» (1980), «Тау қызының махаббаты» (1981), «Отан перзенттері» (1982) пьесалар мен сценарийлерін т. б. жазды. «Социалистік мәдениеттің мерекесі» атты мақаласында («Тоджикистони совети», 1958, 21 желтоқсан) Ә-тің «Абай жолы» эпопеясының бүкіл дүние жүзі оқырмандарының сүйікті шығармасына айналғанын, ал «Менің қымбатты достарым» деген естеліктер кітабында (Душанбе, 1980) қазақтың ұлы суреткерінің өмірі мен шығармашылық қызметі туралы көптеген салқалы ойлар, тебіреністі толғамдар айтқан.

*Л. Шоджұлова.*

**МИХАЛОВ** Сергей Владимирович (1913–2009), орыс жазушысы, ақын. Әдебиет институтын бітірген (1937). Соц. Еңбек Ері (1973), Лениндік (1970) және КСРО Мемлекеттік (1941, 1942, 1950, 1978) сыйлықтарының иегері. Ресей Жазушылар одағының төрағасы болды (1970–90). Кеңес Одағы әнұранының авторы, Г. А. Эль-Регистанмен бірге (1943, 2-редакциясы, 1977). Балаларға арналған өлеңнің шебері, сонымен бірге сатира ұстазы. Сықақ пен мысал жарғын жаңа сатыға көтерді. Шағын проза жанрына ерекше үлес қосты. Ә-пен жақсы қарым-қатынас жасап, әрдайым пікірлесіп, әдебиет пен мәдениет жөнінде де ой бөлісіп отырған. Ірі жиындарда жиі кездесіп, байланыстарын үзбеген.

**МИХАЭЛИС** Евгений Петрович (1841–1913), орыс революционері, Абайдың досы. Ә-тің «Абай жолы» эпопеясында фамилиясы гана өзгертіліп, аты-жөні сол қалпында сақталған. Ол Семейге жер ауып келіп, Абаймен танысады. Олардың таныстығын

Ә. романда кітапханада кездескен сәттерінен бастап көрсетеді («Абай жолы», «Еңісте» тарауы). Семейдегі жылдарында М. облыстық статистика комитетінің хатшысы болып істейді. 1880 ж. Орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімшесіне мүшелікке сайланады. Оның осы өлкеге қатысты шаруашылығы мен мәдениетіне арналған зерттеу еңбектері ғалымдардың назарын аударды. 1882 ж. Өскеменге ауысып, өмірінің соңында дейін осында тұрды. Абайдың өз бетімен оқып-ізденуіне, керекті дүниелерін тауып, танысуына оның көп көмегі тиді. Ә. бұл жөнінде өзінің Абай туралы монографиясында жазғанындай, 35–36 жас шамасында, кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1870 жылдарда Петербургтан айдалып келген революционер жас М. деген кісімен таныс болады. Михаэлис Петербург университетінің студенті кезінде айдалған. Ол атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі, Абай сияқты кісілерге ала келген жаналық пікірлерімен қымбат болған «Уақыт және әдебиет», 1997, 43–44-беттер). Сөйтіп білмеке ұмтылып жүрген Абайға М. дұрыс бағыт сілтеуші болған. Одан арғысын Абайдың өзі жалғастырып, дамытып өкетеді. «Көзімді ашқан Михаэлис» деген Абайдың сөзі рас. Бірақ «Абайдың классик ақын болған маңызын, әлеуметтік көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсақ, әрі Абайға, әрі орыс халқының ұлы мұрасына және ұлы даналарына қиянат сөз айтқан болар едік. Ал ақынның Михаэлис туралы үлкен алғыс сөз айтқанына келсек, ол алғашқы адам жөніндегі қарыздарлығын жақсылап білдіргені» («Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904)» монографиясы).

*Р. Ықыласов.*

**МИЦКЕВИЧ** Адам (1798–1855), поляк ақыны. «Гашин», «Дзэдалар», «Конрад, Валленрад» шығармалары да М-тің ақындық деңгейін танытты. «Альбомға», «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» деген өлеңдерін Абай қазақ тіліне аударды. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясында Ә. М-тің кейбір өлеңдеріне үйлес келетін біраз аударма бар екенін ескертіп өтеді.

**МОГОЛСТАН**, мемлекет. 14 ғасырдың орта шені мен 16 ғасырдың бас кезінде Орта Азияның солтүстік шығыс бөлігі мен Жетісу және Шығыс Түркістан жерінде өмір сүрген. Бұл мемлекет моғол, мұғал тайпасының атауынан алынды. Шағатай ұлысының кезінде-ақ Оңтүстік, Шығыс Қазақстанның солтүстік шығысы, Қырғызстан, Түркістанның солтүстік жағы Моғолстан аталды. Шығысында қалмақтармен, солтүстігінде Көкөтеңізбен (Балхаш), батысында Түркістан, Ташкент, оңтүстігі Ферғана, Қашқар, Ақсу, Турфанмен шектесті. Халқының құрамында Дулат, Қанлы, Керей, Барлас сияқты көптеген түркі тектес тайпалар болды. Ә. Үндістанға барған сапарындағы жазбаларында бұл мемлекет туралы көбірек тоқталған. Ақсақ Темірдің немересі Заһириддин Бабырдан басталған династия Индияны 330 жыл биледі, осы билік Аураңгзеппен аяқталды. Осы екі аралықта Хумаюн, Ақбар, Жахангер, Шахжихан сияқты күшті патшалар биледі дейді де: «Ағраның бүкіл дүниеге мәлім ғажайып ескерткіші бар. Ол – ұлы Моғолдар патшасының бірі болған Шахжихан салдырған «Тажмаһал» атты («Сарайлар тәжі») әрі мазар, әрі мешіт – ғажайып күмбес» деп жазды «Индия очерктері» атты еңбегінде.

*Т. Әхм.*

**МОЛДАБАЕВ** Сапарғали (1890–1974), Абайдың інісі – Ысқақтың Кәкітайының Қабида деген қызы-



на үйленген. Семейдегі ерлер гимназиясында оқып жүргенде, Абай Әниярдың үйінде жиі болып тұрған. Әнияр – Абай ауылының адамы. Тобықты ішінде – Әнет. Одан Сапарғали тараған. Әниярдің әкесі Қожабай қазақтың үй жиһаздарын жасаған. Осы өнерін байқаған Абай Қожабайды ауылына көшіріп алып, қамқорлық жасаған. Қожабай өлген соң, інісі М. Әниярды Семейге оқуға беріп, өз атына жаздырады. Оқуды бітіргеннен кейін, Абай оны Ташкент қаласындағы банк қызметкерін дайындайтын оқуға жібереді. Сөйтіп Семейде банк қызметінде жұмыс істейді. Әниярдың Семейдегі үйіне Абай туыстары келіп түсетін болған. Абайға бөлек бөлме бөліп, оны қала сәнімен жабдықтаған. 1917 ж. жазда демалысқа келер жолында Мұхтар Дарқан өзені бойындағы жайлауда отырған Өміртай Ақбердиннің аулына соғып, екі күндей аялдайды. Онымен Семей қаласында оқитын Ғарифолла Мұсабайұлы, Жәбіраил Ибрагимов, Сәлімғазы Ғабидуллин, Жағыпар Ибрагимовтар бірге болады. Мұхтардың ұсынысымен жігіттер шағын, бір күлкілі әңгіме желісінде ойын қойып, соңын өн айтып, күй шерткен, сауыққа ұластырды. Осы қызықтың бәрі тап театрдағыдай, белгілі жоспармен өтеді. Жәбіраил Абайдың әндерін шырқап, оны Абай Семейге оқуға жіберген кедей баласы Сапарғали сырнаймен сүйемелдейді. Осының бәрін еске ала отырып, Ә. Сапарғалидың қабілетті де дарынды болғанын айтады.

*А. Болсынбаева.*

**МОЛДАБЕКОВ** Алтымбай (1921–2001), театр суретшісі, кескіндемеші, сән және қолданбалы өнер шебері. Театр репертуарында қойылған классикалық шығармалар мен заман тақырыбына арналған спектакльдерді безендіруде стильдік тұтастыққа ұмтылып, шығарманың мазмұнын ашатын сахналық көріністермен көркемдеді. Сонымен қатар көрнекті жазушылар мен актерлардың портреттерін салды. Ә-тің портретін жазушының туғанына 90 жыл толуы мүшелтойына орай мұражайға сыйға тартты (1987). Онда ұлы тұлғаның қоңыр костюм мен ақ көйлек киіп, қаракек галстук тағып тұрған кескіні бейнеленген. Күмістей нұрлы ақ шашы, сәл қырын қарап, жымиып тұрған жылы жүзі оның жомарт жүректі, дарқан мінезін танытады.

*А. Қуанышбаев.*

**МОЛДАБЕКОВ** Әнуар Әбіқанұлы (1938–1985), актер. Қазақстанның халық артисі (1976), ҚазКСР

«Қарақыпшақ Қобыланды» спектаклі.  
Ө. Ә. Молдабеков Қобыланды рөлінде. 1967.



Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1967). Тұңғыш ойнаған рөлі – Ә. пен Ә. Әбішевтің «Намыс гвардиясындағы» Бақытжан. Ол трагедиялық, драмалық, комедиялық қойылымдарда дарыны мен шеберлігін танытты. Әсіресе Ә-тің пьесаларында ойнаған рөлдердің ерекше орны бар. Қобыланды, Кебек, Керім (Ә-тің «Қарақыпшақ Қобыланды», «Еңлік – Кебек», «Абай» қойылымдарында) бейнелері тамаша сахналық жетістіктері еді. Классикалық аударма пьесаларының негізінде У. Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» (Ә. аударған) Петруччио, А. П. Чеховтың «Сүйікті менің ағатайымдағы» Войницкий актерлік табыстар болды. Ұлттық кино өнерін дамытудағы сіңірген еңбегі де мол. Оның «Ән қанатындағы» Мұсаы, «Қан мен тердегі» Еламан, әлемге танылған «Қыз Жібектегі» Шегесі – жоғары кәсіби деңгейде сомдалған қайталанбас кинобейнелер.

*Б. Құндақбайұлы.*

**МОЛДАБЕКОВ** Жақан Жанболұлы (1943 ж. т.), философ. Философия ғылымының докторы, профессор. «Абайдың дүниетанымы және философия» (1995), «Қазақтану» (1997) т. б. зерттеу еңбектері жарық көрді. Бұл шығармаларында негізгі мәселені, яғни көзделген тақырыбын талдай отырып, ол жөнінде Ә-тің айтқан пікірлеріне жиі-жиі жүгініс жасап отырған. Ал «Ойшылық өрісі» атты мақаласында ұлы жазушының ойшылдық өрісі, философиялық тұжырымдары жайлы салықалы да сындарлы қорытынды шығарып, суреткердің адамтану мен қоғамтануға байланысты ой-пікірлеріне талдау жасаған («Қазақ әдебиеті», 1999, 30 сәуір).

*Н. Ақбай.*

**МОЛДАВАН ӘДЕБИЕТІ.** Молдаван оқырмандары қазақ халқының ұлы жазушысы, ғалымы, қоғам қайраткері Ә-ті алдымен орыс тіліндегі басылымдар арқылы білді. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев туралы жазылған «Абай», «Абай жолы» романдары 40-жылдардың 2-жартысында орыс тіліне аударыла бастағаннан кейін КСРО-ның одақтас республикалар халықтарының тілдері мен шетел тілдеріне аударыла бастаған кезде, молдаван жазушылары Ә-ті аударуға кірісті. Кеңес Одағының мерзімді баспасөзінде («Правда», «Известия», «Октябрь», «Новый мир», «Труд», «Дружба народов», «Новое время», «Огонек», «Литературная газета» т. б.) жиі жарияланған терең мағыналы, әр түрлі тақырыптардағы ғылыми-зерттеу, публицистикалық мақалаларынан жақсы білетін Ә-ті молдаван шығармашылық интеллигенциясының өкілдері, жазушылар оның «Вопросы литературы» журналының 1959 ж. сандарында шыққан «Абай», «Абай жолы» романдарын қалай жазғандығын айтқан мақалаларынан кейін жаңаша танып, шығармашылығына қатты қызығушылық таныта бастады. Бұған молдаван прозаиктерінің көлемді, күрделі роман, тарихи роман жазуда әзірше тәжірибесіз екендігі де әсер етті. «Абай» романын молдаван тіліне аударушылардың бірі – *Л. М. Чемортан* Ол елуінші жылдардың ортасында «Карта Молдованяскэ» баспасында жұмыс істеді. Сонда ол әріптестерімен бірге «Абай» романын бас алмай оқиды. Мені қазақ халқының ұлы азаматы Абай Құнанбаевтың тұлғасы және жазушы қеремет шеберлікпен суреттеген қазақтардың өмірі мен тұрмысы, халықтың рухани байлығы, ерекше, қай-

таланбас ұлттық колориті қатты қызықтырады. Тағы бір ерекше әсер еткені – көшпелі қазақтың жаңа өмір қалпына ауыса бастауын, орыс мәдениетінің ықпалын шебер көрсетуі еді. Сонымен қатар қазақтардың ұлттық санасының ояну процесі де берілген-ді. Бұл сол кездегі Молдавиядағы әлеуметтік-рухани процестерге үндес, ұқсас болатын. Сөйтіп Молдавияның басты әдеби баспасының қызметкерлері түгелге жуық «Абай» романын молдаван тіліне аудару қажет деп тапты.

Сонымен Ә-тің «Абай» романы молдаван тіліне аударылатын әдеби шығармалардың жоспарына енгізілді. Чехословакиядағы «Абай» романын аудару тапсырылды. Көп ұзамай Чехословакиядағы Мәдениет министрлігі орынбасарлығына тағайындалып, аудару жұмысы орыс, қытай, башқұрт, поляк тілдерінен сәтті аудармалар жасаған тәжірибелі аудармашы М. С. Брухиске тапсырылды. Романың 1-кітабы Брухистің аударуымен 1959 ж. жарық көрді. Сонымен қатар Брухис Ә-тің өмірбаянын да аударып, жазушының өмірін молдаван тілінде «айтқызды». 1962 ж. жарық көрген романның 2-томын Брухис пен Чехословакиядағы аударушылар аударды. 1963 ж. бір кітап болып жарияланған «Абай жолының» 3-томын Брухис, 4-томын Ф. Мустицэ аударды. Ә. қайтыс болғаннан кейін шыққан «Өскен өркен» романы молдаван прозаигі А. М. Липканның тәржімалауымен 1969 ж. басылды. Бұдан Ә-тің молдаван тіліне ең шебер, маман аудармашылардың аударғанын көреміз. Тура осындай жауапкершілікті «Абай жолы» роман-эпопеясының басты кейіпкері Абай Құнанбаевтың поэзиясын аударуда да іске асырылды. 1970 ж. жарық көрген Абайдың «Таңдамалы өлеңдер» жинағы арқылы оқырмандар Абай образын түсіну дәрежесін анағұрлым тереңдетті. Ә. шығармаларының, әсіресе «Абай жолы» роман-эпопеясының молдаван тіліне аударылуының маңызын Абай жайындағы өте күрделі шығарманы жан-жақты зерттегенде ғана түсінуге болады. «Абай жолы» романы қатардағы молдаван оқырманына да, молдаванның кәсіби жазушысына да көптеген қызықты тарихи-этнографиялық, саяси-әлеуметтік, көркемдік қызықты мәліметтер береді. Басқаша айтқанда, молдаван әдебиетінің қорына жергілікті аудармашылардан ерекше еңбекті, шығармашылық қарымды қажет ететін идеялық-көркемдік қасиеттері өте жоғары, өзіндік ұлттық бітімі айқын шығарма қосылды. Бұл кезде М. ө-нің даму тарихындағы ерекше маңызды кезең – молдаван әдеби тілінің қалыптасу, даму кезеңі еді. Молдаван прозасында негізінен шағын өңгімелер мен бірнеше повесть, көркемдігі шамалы екі-үш роман ғана бой көрсеткен-ді. Сондықтан тұтас бір халық өмірінің энциклопедиясы саналған эпикалық шығарманы аударудың қаншалықты қиын екені өзінен-өзі түсінікті. Ә-тің «Абай жолы» эпопеясының әсерімен 60-жылдардан кейін жалпы роман жанры қаулап өсті. Бірнеше тарихи романдар дүниеге келді. Олар Г. Маданонның «Арман масағы» (1973), «Айқасқан сөмсер», В. Малеваның «Марияға арналған азанам» (1986), С. Лесняның «Уақыт өкімі» (1986), Л. Истратидің «Қырыдан-қырға» (1987), В. Бешлягенің «Қар үстіндегі қан» (1986) романдары жарық көрді. Осы романдардың тууына Ә. шығармашылығы ықпалының мөлшерін дәл басып айту қиын. Абай Құнанбаев өмір сүрген дәуір мен молдаван жазушылары көркем романдарының басты кейіпкерлері өмір сүрген дәуірдің, тарихи жағдайдың арасы алшақ болса да, Ә. романдарының молдаван жазушыларының тарихи роман жанрына ден қоюына әр түрлі дәрежеде түрткі болғаны анық. М. ө-нің, әсіресе проза жанрының дамуына «Абай жолы» роман-эпопеясының аударылуы, Ә-ті молдаван жазушыларының шығармашылықпен игеруі өз нәтижесін берді. Осындай ықпал орыстың классикалық және қазіргі кездегі романдарын, одақтас республикалар жазушыларының романдарын (мұнда Ә. романдарын ерекше атау керек) оқып үйренуден келіп арта түсті. Мұның әсерінен молдаван жазушылары роман жанрында жемісті еңбек ете бастады. И. Друцэнің «Біздің қайырымдық жүгіміз», Д. Менюканың «Диск», А. Бусуйоқтың «Махаббат алдындағы жалғыздық», В. Бешляганың «Сәті түспеген ұшу», Василе Василяканың «Ақ өгізше туралы ертегі» т. б. романдары жазылды. Бұл молдаван әдебиетінде сан жағынан өсу кезеңінің сапалық жетілу кезеңіне ауысқан кезі еді. Әйткенмен молдаванның әлі де шын мәніндегі кең ауқымды тарихи романы жоқ еді. Молдаван жазушылары мен әдебиетші ғалымдары Ә-тің «Абай жолы» романын оқып, зерттей отырып, ірі тарихи тұлғаны, бүкіл бір халықтың өмірінің ұзақ кезеңін қамтитын, аса көркем эпикалық романның күрделі «технологиясын» игеруде, нақты өмір оқиғаларын, эпизодтарды жымдастыруда, адамзаттық және ұлттық проблемаларды бір-бірімен ұштағасқан сипатта суреттеуде молдаван романистеріне үлкен сабақ болды. Типологиялық жағынан алғанда, «Абай жолы» романына Малеваның «Марияға арналған азанам» романы жақындау. Роман Еуропаға атағы шыққан әнші Мария Чеботарьдың (1910–1949) қиын тағдырына арналған. Екі романның кейіпкерлері де шығармашылық ортаның өкілдері. Екеуінің өскен ортасында, халықтарының тағдырына әсер ету дәрежесінде айырмашылықтар көп болғанмен, ішкі мазмұн жағынан үндесіп жатады. «Абай жолында» кең құлашты эпикалық қарым терең болса, «Марияға арналған азанамда» кейіпкердің жан дүниесіне үңілу басым. М. ө. мен қазақ әдебиетінің байланысы, оның ішінде Ә. шығармаларының молдаван жазушыларының шығармашылығына әсері әлі де жемісті жалғасын табады.

С. Пыңзару.

**МОЛДАҒАЛИЕВ** Жайсаңбек (1935–1986), жазушы. Филология ғылымының кандидаты (1977). Шығармаларында жасампаз еңбекті, соғыс ауыртпалығын, туған жердің тарихын, адал махаббаты, өнер-білімді арқау етті. Ол университетте Ә-тің дәрістерін тыңдады, ұстазы туралы «Өскен өркен» мақаласын («Мәдениет және тұрмыс», 1963, №3), «Кішіпейілдік» өңгімесін («Балдырған», 1970, №11) жазды. Басқа да шығармаларында Ә. жөнінде тұшымды ой-пікір білдірді.

Т. Әжім

**МОЛДАҒАЛИЕВ** Жұбан (1920–1988), ақын, қоғам қайраткері. КСРО (1978) және ҚазКСР (1970) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Туындыларында азаматтық әуен мен нәзік лиризм көрініс тауып, асқақ рух пен өршіл романтизмге ұласады. Поэмаларында халық тарихын, заман тынысын, ерлік пен еңбек, отансүйгіштікті аса зор шабытпен жырлады. «Ғашық көзбен» (1965), «Заман тынысы» (1962), «Ақ жалын» (1985) жыр кітаптары, 3 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Ә-ке арнап

«Ақындар ағасына» («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек), «Мұхтар ағамен сырласу» («Жұлдыз», 1977, №9), «Солай болмақ» («Қазақ әдебиеті», 1987, 25 қыркүйек) деген өлеңдерін жазды. Ө. «*Октябрь өркені*», «*Қайта туған халықтың әдебиеті*» атты мақаласында М-тың жемісті еңбек өтіп жүрген талантты ақындардың бірі екенін атап көрсеткен.

Б. Көмеков.

**МОЛДАҒАЛИЕВ** Тұманбай (1935 ж. т.), ақын. Қазақстанның халық жазушысы (1995), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1983). Ол Ө. дәрістерін тыңдады. Ұстазына арнаған өлеңі жазушының 60 жасқа толған кезінде «Іні сөзі» деген атпен жарияланды. Ал «Әуезов отыр» деген өлеңінде данышпан суреткер рухының мәңгі өлмейтінін асқақтата жырға қосты (3 томдық шығармалар жинағы, 1990, 2-том, 240-бет). «Мұхтар үйі» атты өлеңі де осында жарияланды (413-бет). «Мұхтар Әуезов туралы ойлағанда» атты естелік-эссесінде ұлы ұстазының ұлан-ғайыр білімінен, өркенді ойынан сыр шерткен («Егемен Қазақстан», 1957, 12 шілде). Ө. «*Жыл көлгендей жаңалық сеземіз*» деген мақаласында: М-тің өлеңдерінің ішінен «Алматы таңы», «Көктем», «Асыл ұстазға», «Немере сыры», «Хат» деген өлеңдері – ұнатып оқыған шығармаларым деп, болашағынан зор үміт күттірген жас ақын туралы жылы лебіз білдірген.

Т. Әкім.

**МОЛДАЖАНОВ** Ахметшәріп (1858–1932), ақын, әнші. Абай Қоңырақкөше елінде болыс болып жүргенде, М-ты өзіне хатшы етіп алған. Ахметшәріп Құтжан деген қызға көңілі кетеді, бірақ қыз жағы екі жастың қосылуына кедергі жасайды, бұл іске Абай араласып, мәселені ғашықтар пайдасына шешеді. Бұл оқиға Ө-тің «Абай» кинодрамасына негіз болады. Осы сценарий бойынша түсірілген «*Абай әні*» көркем фильміндегі Айдардың прототипі – Ахметшәріп те, Ажардың прототипі – Құтжан да өмірде болған. М. сегіз қырлы өнерпаз ретінде Абай өлеңдері мен әндерін ел арасына таратқан.

С. Қарабай.

**МОЛДА МҰСА** (М ұ с а б е к) Байзақов (1849–1932), ақын. Ескіше хат таныған. Шығыс әдебиетін, тарихын жақсы білген. Құлыншақ, Мәделі, Майлықожа, Бұдабай сынды сөз шеберлерінен тәлім алған. Манат қызбен айтысы даңқын шығарған. Айтыс жазбаша хат түрінде шығарылған. Ол Бұдабаймен де айтысқан. «Сырым қызға», «Қосай тілмашқа», «Тышқан мен түйе», «Ағаш пен маймыл», «Опасыз жар», «Сұлу әйел мен молда» деген мысал, дастандармен қатар, кеңес заманында жазған «Жаңа заман», «Октябрьдің 14 жылдығына», «Насихат» т. б. өлеңдері бар. Өлең-жырлары «Өткен күндер» деген атпен жарық көрген (1987). Ө. «Мұса молда» атты мақаласында ақынның өмірі мен шығармашылық қызметіне талдау жасаған (М. Ә у е з о в. Әдебиет хрестоматиясы, 6-сынып, 1937, 1938).

Н. Ақбай.

**МОЛДАХАНОВ** Әдебиет (1936 ж. т.), әдебиет зерттеуші, мұхтартанушы. Филология ғылымының докторы (1998), профессор (1998). Ғылыми еңбектерін Ө-тің фольклортану қызметін зерттеуге арнап, бұл тақырыпта 50-ге жуық ғылыми-танымдық мақалалар жариялады. «*Мұхтар Әуезов – фольклортанушы*» атты монографиясында (1998) жазушының фольклортанудағы еңбектерін ғылыми тұрғыда тұтас қарастырып, оның 40 жылдан астам уақыт бойы халық ауыз әдебиеті мұраларын жи-

нап бастыру, ғылыми басылымдарын жүзеге асырып, көкейтесті мәселелерін тыңғылықты зерттеу жолындағы еңбектеріне, көркем шығармаларына, әсіресе «Абай жолы» роман-эпопеясында фольклорлық тақырып, сюжет, бейнелеу, суреттеу әдістемелерін қолдану шеберлігіне байыпты зерттеу жүргізді. Әкімшіл-әміршіл жүйе кезінде Ө-тің жабылып қалған «Қобыланды батыр», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», «Әдебиет тарихы» еңбектерін қазіргі заман талаптарына сай жаңа көзқарас, жаңаша ойлау тұрғысынан зерделеді.

С. Қарабай.

**«МОЛОДАЯ ГВАРДИЯ»**, баспа. Бұрынғы Бүкілодақтық лениншіл жастар одағы мекемесінің кітапжурнал баспасы. 1922 ж. Мәскеуде құрылған. Жасөспірімдер мен балаларға арналған көркем, қоғамдық-саяси және ғылыми-көпшілік әдебиеттер шығарған. Баспадан Ө-тің «Абай» (1–2-кітап, Л. Соболевтің басқаруымен, 1949 және 1950, таралымы 225 мың дана), «Өскен өркен» («Племя младое», А. Пантелиевтің аудармасы, 1966, 65 мың дана) романдары жарық көрді.

**МОЛЬЕР** (шын аты-жөні: Жан Батист Поклен; 1622–1673), француз драматургі, актер, театр қайраткері. «Асқақ комедия» жанрын туғызып, реалистік драматургияның өркендеуіне жол салды. Барлық туындыларында тоғышарлық тұрмысты сынап, әлеуметтік мәселелерді кенінен қозғайды. Қазақ театрларында «Сараң» 1952 жылдан бастап қойылды. Ө. Батыс Еуропа әдебиетін, соның ішінде драматургия саласын молынан қарастырып, салиқалы да сындарлы пікір айтып, олардың драматургтерін қазақ жұртшылығына үлгі етіп ұсынған. Соның бірі – гуманистік классикалық бағыт ұстаған қаламгер М. Ұлы жазушы оны өз елінің «өмірімен, салт-санасымен, әдет-қалпымен нық байланысқан тұрмыстық реалистік театрды» қалыптастырған асқар таудай тұлға еді деп бағалады («*Жалпы театр өнері мен қазақ театры*»).

Н. Оспантегі.

**МОМЫШУЛЫ** Бауыржан (1910–1982), жазушы. Гвардия полковнигі, Кеңес Одағының Батыры (1990), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1976). Шығармаларында ерлікті, өскен елді, туған жерді сүюді, адамгершілікті суреттеді. Ө-тің туындыларымен ертеден таныс болған. Ал жазушымен таныстығы майданнан жазған хатынан басталады (1942). Ө. алғаш рет жарық көрген романы «Абайды» М-ның қолына тигізеді. Романды оқысымен «Ардақты Мұхтар аға» деген хатында (1942): «Абай» өте көркем, шеберлікпен, арғымақтай сын-

Ф. Орманов, М. Әуезов, Б. Момышұлы, Ө. Әбішев, С. Мұқанов.



ды, тап-тұйнақ, пысық, қысқа, өте мазмұнды (артық сөзсіз), қазақтың жалпы әдемі жұмыр тілімен жазылыпты деп, алғаш рет жоғары баға берген. Ө-пен тікелей танысуы – 1943 жылдың аяғы. 1944 ж. қаңтарда ҚазКСР ҒА-ның қызметкерлеріне М. оқыған бір апталық әңгіме-дәріске Ө. те қатысып, конспектілеген қалың дәптері сақталған (№409-папка). М. туралы жазған «*Ер сепігі – сөргек ой*» очеркіне осы әңгіме-дәрісте естігендерін арқау еткен. Ө-тің 1942 ж. жазған «Намыс гвардиясы» атты 8-гвардиялық дивизияның Мәскеу түбіндегі қанды шайқаста Б. Намысұлы бастаған жауынгерлердің қайталанбас ерлігі суреттелген. Пьесаны оқығаннан кейін М. (1942) жазушыға жазған хатында пьесаға деген өз пікірін іле-шала білдірген. Ал соғыс жылдары Ө. туралы сыңаржақ пікірлер бас көтере бастағанда, М. Фабдуллин екеуі «Социалистік Қазақстан» газетіне майданнан ашық хат жариялап, жазушы талантына ара түседі. М. өмірінің соңғы жылдарында «Адамдар, кездесулер» деген естеліктер циклінде өзі құрмет тұтқан ағасы Ө-пен екеуінің арасындағы сыйластықты, шығармашылық жарастықты жазады.

М. Мырзахметұлы.

**МОНОЛОГ**, кейіпкердің көпшілікке қарата немерсе өзіне-өзі арнап айтқан сөзі, толғанысы, өсиет-уағызы. Эпопеяда жас Абай Тоғжанды көріп, ғашық болғанда ішкі сезімін, жан тебіренісін, жүрек толқынын былай шығарады: «Махаббат па? Осы ма? Осы болса, мынау дүние, мынау маужыраған тынысты нәзік тун... бесігі ғой. Сол сулу саздың құлақ күйі ғой!». Сөйтіп Абай ойша екі-үш ауыз махаббат сөлемін айтып шықты. Бар жанымен құлай табынған сулуға қарап, шынайы сезіммен үнсіз жырлап тұрған тәрізді («Шытырманда»).

**МОНУМЕНТТІК ӨНЕР**, көркем өнер жанры. Оған сурет, мүсін, сәулет өнері жатады. «Өуезов» ғылыми-мәдени орталығының ішінде белгілі екі суретшінің монументтік жұмыстары бар. Бірі – *Е. Сидоркиннің* ұлы жазушы шығармаларының тақырыптары бойынша жасалған мұражайдың әкімшілік ғимаратының қабырғасындағы үлкен бедерлі барельеф. Екіншісі – Б. Төлеков жасаған мұражайдың жаңа көрме залының кіре берісінде тұрған Ө-тің мүсіндік портреті. Монументтік өнерге Абай атындағы Қазақ опера және балет театрының *Т. Досмағамбетов* жасаған жанындағы М. Өуезов ескерткіші, жазушы атындағы Қазақ драма театрының алдындағы *Е. Сірғебаев* жасаған ескерткіш, жазушы бейітіндегі *Е. Вучетич* жасаған мүсін-ескерткіш жатады.

А. Қуанышбаев.

**МОҢҒОЛ ӘДЕБИЕТІ**. Моңғол халқының әдебиеті, көне жыр, аңыз, батырлық дастан, ертегі, мадақ, өсиет, жұмбақ, мақал-мәтелдердің негізінде қалыптасты. Ө. моңғолдың көне тарихы мен ежелгі әдебиетінің даму жолын жақсы білді. Моңғол және қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін салыстыра зерттеді. Ол өзінің «*Қазақ ауыз әдебиеті*» деген мақаласында қазақ ертегілерінің ішінде басқа халықтардан ауысқан ертегі сюжеттері кездесіп отырады. Араб ертегілері – «Мың бір түннен», үнді ертегісі «Тотынамадан», орыс, қытай, моңғол ертегілерінен ауысып, қазақтың өзінің байырғы ертегілерінше көп тарап кеткен ертегілер аз емес деп жазды (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 19-

том, 393-бет). «*Ертегілер*» деген зерттеуінде қазақ пен моңғол ертегілерінің аса ұқсас екенін анықтайды (18-том, 198, 216-беттер). Моңғол халқының әлемге әйгілі «Жәңгір» мен «Эсэр» таулары туралы да құнды пікірлер айтты. Ал 1999 ж. «Жәңгір» эпосы түгелдей (12 мың жол) қазақшаға аударылып шықты. Аударған – *М. Сұлтанияұлы*. Ө-тің моңғол халқына танылуына және шығармаларының моңғол тіліне аударылуына, сол елдегі қазақ diasпорасы үлкен үлес қосты. Оның шығармаларымен моңғол зиялылары алдымен орыс тілінде оқып танысты. Сондықтан Моңғолдағы қазақ зиялылары ежелгі Шыңғысхан еліне Мұханды етене таныстыру үшін оның ірі-ірі шығармаларын тәржімалау ісіне белсене ат салысты және бұл моңғол қазақтарының ұлттық мақтаншыл сезімінен туындаған ерекше ықылас еді. «Абай жолы» романы 1972 ж. моңғол тіліне аударылып, 10 мың данамен жарық көрді. Ұлы эпопея моңғол халқының сүйікті кітабына айналды. Аударманың алғы сөзін сол кездегі МХР-дың мәдениет министрі Ахмет жазды және эпопеяның «Қайтқанда» атты тарауын тәржімалады. Шығарманың 1-бөлімін тұтас және 2-бөліміндегі «Тайғақта» тарауын Моңғолияға әйгілі қоғам қайраткерлері О. Тілейхан, Б. Күрметбектер бірлесіп аударды. Екінші бөлімінің «Жайлауда» тарауын тарихшы, доктор А. Мініс, «Еңісте», «Оқапта» тарауларын хирург С. Хайролла, «Асуда», «Тарауда», «Биікте», «Эпилог» секілді қалған 4 тарауын жазушы, белгілі аударма шебері Жамлихия Шалұлы тәржімалады. Аударма редакциясын Ш. Цэрэнранчаа, Ж. Ахмет басқарды. Сондай-ақ ол Ө-тің «Жетім», «Шыңғыстау», «Қаралы сұлу», «Барымта» секілді әңгімелерін шебер аударып шықты. Моңғолиялық қандас ақын-жазушылар мұхтартану ғылымына өзіндік үлестерін қосты. Жазушының әрбір мерейтойы сайын олар орталық баспасөзде ғылыми-зерттеу мақалаларын, арнау жыр-толғауларын тұрақты жариялап отырды. Бұл орайда Баян-Өлгийдегі қазақ радиосы, әдеби-көркем «Шұғыла» журналы, «Жаңа өмір» газеті айрықша белсенділік танытты. Қазақ мектептерінде Ө. бастаған қазақтың классик ақын-жазушыларының шығармаларының барлығы оқулық бағдарламасы бойынша оқытылады. Кітапханаларда, мектептерде, мәдениет ошақтарында Өуезов күндерін өткізу үрдіске айналған. Қылқалам шеберлері Ө-тің көркем тұлғасын бейнеледі және оның шығармалары бойынша көптеген тақырыптық көркем туындылар салды. Баян-Өлгийдегі Қазақ музыкалық драма театрының ұжымы Ө-тің драмалық шығармаларын сахнаға шығарды. МХР халық артисі, белгілі режиссер М. Аргынбайұлы қойған «Еңлік-Кебек» трагедиясы театр сыншылары мен көрермендер тарапынан зор бағаға ие болды. МХР Мемлекеттік сыйлығының иегері, композитор Г. Цэрэндорж «Еңлік-Кебек» трагедиясына арнайы музыка жазды. Сол жылы Ұланбаторда өткен Баян-Өлгий аймағы өнерінің онкүндігіне орай «Еңлік-Кебек» трагедиясы Моңғолдың ел ордасының сахнасында қойылды. Ө-тің туғанына 100 жыл толу мерейтойы Моңғолияда жоғары дәрежеде аталып өтті. Баян-Өлгийде ғылыми конференция, мерекелік концерт ұйымдастырылып, ас берілді. Бұл тойға Қазақстаннан ресми делегация қатысты.

А. Тойчиновты.

**МОРУА** Андре (шын аты-жөні: Эмиль Эрзог; 1885–1967), француз жазушысы, әдебиет зерттеуші. Өмірбаяндық романдары деректі проза ла-

сындағы жаңа жанрдың қалыптасуына негіз қалады. Ә. «Абай» романын жазардың алдында М-ның еңбектерін жете зерттей оқып, саралаудан өткізді. Ол творчествоның адамы жөнінде жазылған романдарды көп оқып, көп зерттегенін, бірін ұнатса, бірін ұнатпағанын, бірақ екеуінің де пайдасы тиіп, бірінен қалай жазу керектігін, бірінен қалай жазбау керектігін үйренгенін айта келіп, батыс жазушысы М-ның Байрон өмірін суреттеуі, әсіресе ақының өзі қарындасы Августинмен қарым-қатынасын көрсетуі өзін түңілдіргенін сөйтіп, мен мұндай кітапқа сырт айналдым, бұлай жазбау керек деген байлауға келдім дейді «Абай» романының жазылу жайынан» атты мақаласында. Әрине ұлы жазушының мұндай үзілді-кесілді пікір білдіруіне сол кездегі саяси-идеологиялық қысымның да салқыны тигені анық.

*М. Маданова.*

**МОСКВА,** Мәскеу қала, Ресей Федерациясының астанасы. 8 ғасырдан астам тарихы бар көне қалалардың бірі. 1147 ж. ұлы кінәз Юрий Долгорукий алғашқы кірпішін қалаған. Бірте-бірте саяси, экономикалық орталық болумен қатар, орыс халқының мәдени ошағына айналды. Ә. өмірінің үлкенді-кішілі оқиғаларға толы бел-белестері, шығармашылық, қоғамдық кезеңдері 30-жылдардан бастап Мәскеумен тығыз байланысты болды. Көрнекті жазушылармен осында кездесті (М. Шолохов, Л. Леонов, Н. Тихонов, Г. Марков, Л. Соболев т. б.), көбімен достық қатынас жасады, пікір алысты, жақын араласты. Астанада 1936, 1949, 1958 ж. М-де өткен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігіне қатынасты, бірінші онкүндік туралы үлкен мақала жазды («Қайта туған елдің мәдениеті». – «Советская культура», 1936, 11 мамыр). Абай сияқты Мұхтар да орыс елінің мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне ерекше назар аударды. Сол кездегі әдебиет саласындағы ең жоғары награда – Лениндік сыйлықты жазушы осы қалада алды, Мәскеуге жиі-жиі сапар шегіп, Жазушылар одағының кезекті пленумдары мен съездерінде әдебиеттің келелі мәселелеріне байланысты сөз сөйледі. 1953 ж. Мәскеу университетінің КСРО халықтары әдебиетінің тарихи кафедрасына профессор болып тағайындалды, студенттер мен аспиранттарға дәріс оқыды, астанада оқып жүрген Қазақстан жастарынан ақыл-кеңесін, рухани көмегін аямады. 1961 ж. маусым айының соңғы күнінде ұлы қала өкілдері Ә-ті Кунцево ауруханасынан Алматыға соңғы сапарға шығарып салды.

*Б. Мекішев.*

**«МОСКВА – БЕРІЛМЕЙТІН БЕРІК ҚАМАЛ»**, жазушының 1941 ж. жазылған мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1941 жылғы 28 қазандағы нөмірінің 2-беті тұтас «Еліміздің жүрегі – Москва ны барлығымыз қорғайық!» деген ортақ тақырыпқа арналды. Онда Ә-тің осы шығармасы да басылған. Ыза мен кекке толы мақалада талай қауіп-қатерден аман қалған Мәскеу қаласының данқты тарихына қысқаша шолу жасалады. «Шекарада сергек ойлы сақшыны ал, су түбінде сүңгуір, аспандағы ұшқышты ал, мал шетінде шопаңды ал, теңіздегі балықшы, қырмандағы қарауыл, мектептегі бөбекті ал, баласының алдынан үміт күткен миллиондаған ағаны ал, ескелен жас, егде қартты ал – кімнің жүрегі, кімнің санасы Москвадан жауырақ еді» деп, тебірене қалам тербеген автор жайыргерлерді жау қыспағындағы астананы қорғауға, ерлікке шақырады. Мәскеуге деген сезім соншалықты шуақ-

ты болып тегілсе, басқыншыларға деген жириеніш былай көрініс табады: «Ылас дүние жеміті, арам тамақ қорқауы, әділ дүние дұшпаны, жиіркенішті фашистер қасиетті Москваның жалғыз сынық кірпішінен садаға кетсін». Нағыз публицистикалық контрастка құрылған мақала шын жүректен тегіліп тұскен. «Әуліккен жау ажалын таппақ бұл жерден, арам болар алмағы, Москва – берілмейтін берік қамал?» деп, нық сеніммен аяқталады.

*Б. Жақыт.*

**МУЗЫКА,** Жазушының музыка туралы ой-пікірлері. Өзіңдік көркемдік қуатымен де, шымыр болмысымен де, рухани салмақтың ауыр жүгін арқалап тұрған прозалық, драмалық шығармалар берген. Ә. талантының қыран жанары қадалмаған ел өмірінің, қоғам мүддесінің, замана ағымының бірде-бір тұсы жоқ. Парасат биігінің қай тұсынан болсын туған топырақтың құнары үшін тер төккен Ә. ізін байқаймыз. Ол тіпті алғашқылардың бірі болып, әлеуметтік теңдікке үндеп, моральдық қағиданы уағыздаған публицистикалық сарындағы мақалалар жазсын, немесе өнер мен өнерпаздар жайлы толғансын, бәрібір, Ә-ке ғана тән биігінен аласарып көрген жоқ. Мұханның есімімен, оның қуатты талантымен қанаттас ұлттық ұғымдардың рухани байлықтың әлемдік қорынан берік орын алуының өзі бір халыққа аз мақтаным емес. Оның қаламынан туған өнер мен өнерпаздар тағдырын қоғамдық келелі мәселе етіп қойған мақалалардың тек тақырыбын ғана тізіп шығар болсақ, жаңа дүние, жаңа өмірдің тыныс-лебін, жүрек лүпілін естігендей боламыз. Жазушы шығармашылығының қай саласында болса да, музыка өнері ерекше көрініс тауып отырады. Осы тұрғыдан келгенде Ә. шығармашылығындағы музыкаға қатысты мәселені былайша жүйелеуге болар еді:

1) Музыкалық мұра және оны орындаушылар туралы ой-толғамдары; 2) Музыкалық мұраны жинау мәселесі; 3) Мұхтар Әуезов және опера; 4) Көркем шығармада ән, күй образын сомдауы. Ә-тің музыкалық мұра және оны орындаушылар туралы ой-толғамдары жалпы театр, сахна өнері жайлы мақалаларында бір арнада сөз етіледі. Бұл орайда «Жалпы театр өнері мен қазақ театры», «Қазақстан мемлекеттік театры», «Театр, музыка кадры», «Елубай Әмірзақов», «Қыз Жібек», «Қазақстанның көркем өнері», «Тарғын туралы», «Алғашқы әсер» т. б. мақалаларын айтсақ та жеткілікті. Бұл мақалаларда үлкен проблемаларды көтеріп, өнер әлемінің ортақ мұратын таным таразысына тарта бағамдай білу, яғни кез келген шығармашылық болмыстың өресі мен өрісін бір деңгейден көре білу жөнінде де Ә. дарынының үздік қасиеттерін байқауға болады. Сахна өнерінің сан парақ құбылысы, музыкалық өнер тағдыры жайлы үнемі назар аударып, пікір білдіріп отырған. «Қазақстанда театр деп айтарлық бір ғана театрымыз бар. Музыка өмірін түрлентіп өсіретін дүкеніміз бүгінде музыканың бастауыш мектебінің қолында тұрған бір ғана музыка техникумы. Осы екі дүкеннің бүгінгі халіндегі кемшілік, жетіспегендік жайларына келсек, орасан-орасан олқылықтарға килігіміз» – деп жазады ол өзінің «Театр, музыка кадры» атты мақаласында. Жаңа ғана қаз тұрға бастаған ұлттық театр, музыкалық оқу орны, ұлттық мәдениет тағдырын саналы ой, сара көңілмен сарапқа салуын-

да жүрекжарды жанашырлық сезім жатқан жоқ па! Мұнда жаңа мәдениет жасау ырғағына кедергі болар кемшілікті жоюдың тиімді жолын бағыттаған бағдарлы пікір жатыр.

Халықтық істі қалыпқа түсіру жолында «жарғақ құлағы жастыққа тимей», жақсылық іске жанымен берілген жазушы одан әрі былайша толғайды: «Музыка жайына келсек, мұндағы қиыншылық театрдікінен де ауыр жатыр. Бізге өзіміздің күйлі драма, күйлі күлкі, опера сияқты мәдениеттелген күйлердің үлгісін жарыққа шығаратын кез де жетіп еді. Сахна өнеріміздің қалыптасуында маңызды орын алатын, театрдың алтын қорын жасасқан Ә. есімімен тығыз байланысты қазақ өнер ұжымдарының тарихи шығармашылық жолы көз алдына келеді.

Ұшқан ұяда көрген дәстүр, өскен ортадан алған таным, ғылым мен мәдениет ордасы ұлы шаһарларға барып бойға сіңірген фибрат, үлгі, мол біліммен ұштаса келе туған топырақта тұңғыш дүниеге келген сахна өнерінің қамқор ақылшысына айналған Мұханның әсемдік әлеміндегі бір жұлдызды сәтті байқар едік.

Тіршілік мәнін ұрпақ жалғастығынан іздеп, мақсат бәйбішын, арманды үмітін ұрпақ болашағынан күтетін халықтық асыл қасиетті бойына жинақтаған Әуез қарттың әлдімінен бірге көңіл түкпіріне ұялаған өнер ұрығы Семейдегі семинарист болған кезінде, Ленинград университетінің студенті Ташкентте жалғасып, кемелдік биігіне өрлеген Мұхтарды танымыз. Орыс өнерінің шарықтап өскен соңғы екі ғасырында Ресей империясының орталығы болған Петербург қаласында білім нәрімен сусындау, озық елдің өнерін көзімен көріп, көңіліне тоқу, өнегелі мәдениетімен танысу жас Мұхтардың ата аманатын арқапал барып, өз мақсатын орындау ғана болмай, одан әлдеқайда әрі асып, халық бақыты, туған топырағы үшін өнер жасау әлемінде тұтқа болар тұлғаға айналуына себеп еткенін сезінеміз. Театр труппасы, жекелеген актер, әнші, күйшілер туралы, музыкалық білім беретін оқу орны, онда білім алатын жас өнерпаздың жағдайы, оркестр құру туралы ой-пікірінде сол Ленинград шаһарында көріп, оқып танысқан, естіген тағлымды идея, талғампаз ойлардың ізі жатыр. Музыка туралы пікірлерін одан әрі өрбйте келе, былай дейді: «Ескі қорға келгенде, оның тұрған қалпын жазып алып, ескілік белгісінде өшіп, жоғалып қалмастай қылып сақтап қалу – бір жұмыс. Ол – музыка этнографиясының жұмысы. Бірақ ескі ән-күй жайындағы біздің іс жалғыз бұл болып қана тоқтамайды. Енді сол ескі қорды біз түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің керегіне жаратуымыз керек». Қасиетті мұраны қалай сақтап қалу, халық игілігіне, жаңа өмір салтына жарату жолдарын ғылыми зердемен жүйелі көрсеткен бұл мақалалар Ә-тің қазақтың ән-күй мақсатына, домбыра, қобыз сияқты аспаптардың бүгінгі жайына білгірлікпен талдау жасауы, оның фольклорлық үлгідегі өлең мен жырдың, ән мен күйдің терең сырына бойлап кіре алатын сезімтал қабілетін, мол эрудициясын аша түседі. Сонау 1926 жылы жазған «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» атты мақаласында қобыз, сыбызғы терізді көне аспаптарда күй орындаушыларды тіртіту мәселесін қозғай келіп, былай дейді: «...бүгінгі күнде жаңа туғалы тұрған театр жалғыз ғана әдебиет ескілігін тіртілуді қанағат қылу керек

емес, ескіліктің ән-күйін, қобыз, сыбызғысын да қайта ояту керек. Қазақтың өткен күндегі бір байлығы әдебиет болса, екіншісі – ән-күй. Біз қазірде мәдениет табалдырығына қазақтың әнін ғана апарып жүрміз. Нотаға салынса, ән ғана салынды. Париж бәйгесіне барған да жалғыз ғана ән. Біз әлі күйді тірілте алмай, ескере алмай келеміз. Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы күйі. Күйдің тіліндегі бай тіл қазақтың өнінде жоқ. Бұл екеуінің қайсысы терең, қайсысы бағалы екенін елдің өзі әлдеқашан айырған болатын... Бұлай болса, бүгінгі театр ескілігіндегі күй мен әнді бір минут есінен шығармау керек. Бұларды тіршілікте ескі заманның өз аспабымен тірілту қажет. Жалғыз ғана домбыраны қанағат қылмай, қобыз бен сыбызғыны қайта тауып алу керек. Елдің кәрі заманындағы өнерін алсақ, домбыраны ескінің елі менсінбеген. Домбыра киіз үйдің ішіндегі бесті-онды кісінің ғана тыңдауына татиды. Егер қазақ даласындай сар даланың, сары өзеннің күйін түсіру керек болса, ол уақыттағы ұлы аспап – сыбызғы, қобыз болатын». Өнердің тегі жайлы жазылған осы мақаласында автор жалпы өнер мен өнерпаздар туралы, ән мен әнші туралы терең түсінік береді, соны пікірлер айтады. Ал жалпы қазақ өнері үшін бұл мүмкіндік профессионал дәрежеде жазылған алғашқы ғылыми еңбек емес пе!? Ұлттық өнеріміздің әлемдік өркеніет бағытында арна тауып, жаңа үлгіде қалыптасу кезеңіндегі тағдыры туралы толғанысқа толы мақалаларында Ә-тің ұлттық театр, ұлттық драматургия саласындағы салмақалы ойлары мен айшықты пікірлері қай қырынан қарасаңыз да, осылайша ұлттық саз өнерімен қабысып жатады. Оның дарабоз әншілер Ә. Қашаубаев, М. Ержанов, Ж. Елебеков, көп қырлы талант иесі Иса Байзақов жайлы айтқандары ұлы жазушының ән әлеміндегі таным деңгейінің де аса биік болғанын, әншілік өнердің негізінде жатқан болмыс тылсымын бағамдау қабілеті өзіндік бір мектеп дәрежесіне көтерілгенін аңғарамыз.

Сол кезде жаңадан құрылған Мемлекеттік хор капелласы туралы да «сын – шын болсын, шын – сын болсын» деп келетін өз қағидасы деңгейінде пікір білдіреді. Бұл сонау алыс жылдары сахарадан сахнаға жаңа-жаңа аяқ басқан қазақ өнерінің болашақ асуларын, өнердің ұлт тарихындағы ұлағатын деп басып, дәл таныған кемеңгер тұлғаның шын жанашырлығынан туындаған әрекеттер еді. Оның Иса Байзақов жөнінде айтқан пікірі азаматтық пафосқа толы. «Біз қазақ сахнасының Исасы бар заманын қызықты қымбат сыйы есепті түсінуіміз керек. Қолдан жасай алмайтын, оңайшылықпен қайта тумайтын сирек өнерді, біз бүгінгі заманның адамдары мәдениетті елше қадірлей, бағалай білуіміз керек» деп жазады ол Иса таланты туралы. Ә. суырып салма ақын, әрі әнші, артист Иса Байзақов өнеріне тәтті болып, тамсанып қоймай, оны қабылдай білудің, бағалай білудің маңызды бағдарын ұсына отырып, халықтық өнердің асыл үлгілерін бойына жинақтаған тума талант дүлдүлдерді жаңа өнер салтына жұмылдыру арқылы іргелі мәдениет жасау жолын меңзейді.

Ал қазақ өнерін әлем сахнасына алғаш алып шыққан Әміре жайлы: «Әміре – өңшілдіктің ақыны. Өрбір ырғағында жанын салған шыншылдық көрінеді. Жүрегінің түбінде жылтылдап жанған өнер оты сезіледі... Қалың қазақ мақтаған өнерші – сыннан

өткен өнерші, заманының қауымы өнерін таныған, қабылдаған өнерші» деп, өнер табиғатын ғана емес, өнерпаз-әншінің де жан толқынына өркін бойлайды. Ө. көрегендігіне таңданбасқа шара жоқ. Уақыт төрелігі осыны дәлелдеп отыр. Таланты тани білу – адамның қоғам алдындағы, уақыт пен тарих алдындағы азаматтық борыш екендігін ешқашан есінен шығармаған ұлы суреткер таланты бағалы білу дейтін ұғымының да пендешіліктен биік тұруға тиіс екендігін еске салады. Өн күдіретінің сиқырлы сырын сезіне білген Ө. оны орындаушы өнерпаз таланты да тани білуді, қастерлеп бағалауды байыпты пікірмен түйіндейді. Оның Иса, Әміре туралы толғана айтқан, тебірене сөйлеп, қос өнерпаздың қайталанбас тұлғасын бүгінгі ұрпаққа теңеулермен жеткізген шығармасының мән-мағынасы осындай.

Ұлы суреткер жаңа өнер салтын ұлттық өнердің ескі үлгілері негізінде жасау, қалыптастыру керектігін ғана қозғап, мәселе көтеріп қойған жоқ. Өзі де белсене ат салысып, ел арасында айтылып жүрген өн үлгілерін жинауға ұлес қосты. Бұл орайда оның Абай мен Абай айналасындағы өнерпаздардың өн мұрасын жинап, ел игілігіне жаратуға мұрындық болды. 1935 ж. Ө-тің Абайдың музыкалық мұрасын сақтап қалу мақсатындағы бастамасымен Семейде оның өндерін алғаш рет толық жинап, нотаға түсіру қолға алынды. Композитор Л. Хамиди ақынның «Біреуден біреу артылса», «Желсіз түнде жарық ай», «Ішім өлген сыртым сау», «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің», «Айттым сөлем, қаламқас», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Татьяна сөзі», «Көзімнің қарасы», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Бойы бұлғаң», «Көңіл құсы күйкілжыр шартарапқа», «Тәңірі қосқан қар едің сен», «Қарашада өмір тұр», «Өлсем орным қара жер сөз болмай ма», «Қараңғы түнде тау қалғып» өндерін Әрхам Көкітайұлына айтызып, жазып алады. Екінші рет 1939 ж. тағы да Ө-тің ұсынысымен Алматыда Абай өндерін нотаға түсіру қолға алынады. Бұл жолы да Мұханның тапсыруымен Л. Хамиди Жүсіпбек Елебековтің орындауында бірнеше өн жазып алады. Олар: «Қарашада өмір тұр», «Сегіз аяқ», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Көзімнің қарасы» өндері еді. Ал Ө-тің өзінің орындауында «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өні нотаға түсіріледі. Сондай-ақ осы жылы Ө-тің көмегімен Б. Ерзакович Қуан Лекерөвтен, Темірболат Арғынбаевтан, Жүсіпбек Елебековтен «Айттым сөлем қаламқас», «Ата-анаға көз қуаныш», «Бойы бұлғаң» өндерінің өзгеше түрлерін нотаға түсіреді. 1953 ж. Ө. «Сүйсіне алмадым, сүймедім» өнін өзі орындап, нотаға түсіртіледі. («Абай энциклопедиясы» 414-бет). Абайдың баласы Ақылбай шығарған «Ақылбайдың өні» деп аталатын белгілі өн де Ө-тің айтуымен Ж. Елебековтің репертуарына енді. Осылайша халықтың ескілікті ұлттық өн мұрасын жинау, насихаттау, оны жаңа өнер салтына молынан пайдалану, соның негізінде әлемдік мәдениет, өнер үлгілерін өмірге енгізу мәселелерін үлкен деңгейде көтеріп қана қоймай, оның жүзеге асуына өзі де белсене араласты. Соның бірі – ұлттық операның келуі. Ө-тің әйгілі «Абай» операсының либреттосын жазуы соның айғағы. Ал көркем шығарма өн, күй бейнесін көрсетуде де Ө. шеберлігіне ден қоямыз. Ұлы Дала шежіресі «Абай жолы» эпопеясының өн бойында тұнып тұрған сұлулық әлемі дала қазағының дарын-қабілетінен бауы алатын

көшпенділер өркениетінің бір белесі жатыр. Өн мен әншінің, өнер мен өмір өткелдерінің өзара байланысқан алтын арқауынан бастау алатын даралықтың өрнегін іздеудің алғашқы және үздік нұсқасы еді. «Абай жолындағы» Біржан тұлғасы, атақты «Топай көк» өнінің төңірегіндегі тебіреністер өлемі, «Өскен өркендегі» сол кездегі балаң талант Ш. Қалдаяқовтың сөз болған туындысы шығармалар арқауындағы ұсақ бөлшектер дәрежесінен әлдеқайда жоғары жатқан, болар елдің болашағын сананың сара жолдары мен зерденің зерен көгіне жетелейтін жетелі деңгейді меңзеген рухани ұлағаттың белгілері еді.

*Қ. Алысбаев.*

**«МУЗЫКА ӨНЕРІ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ ССР тарихының» 1-томының (А., 1957) «Қазақ халқының XV–XVII ғасырлардағы мәдениеті» (VIII тарау) тарауына жазған мақаласы (228–230-беттер). Халық тұрмысының, әдет-ғұрыптарының барлық түрлерінің музыкалық көрінісі болатынын айтып, ақындар айтысы дәстүрінің вокалды және аспапты музыканың дамуына себепші болғанын көрсеткен. Бұрынғы қазақ музыкасы «әнші-солист» немесе «аспапшы-солист» орындауларындағы жекелік түрде болды деген. Қазақ ақын, жыршыларының негізгі музыкалық (сүйемелдеуші) аспабы домбыра мен қобыз жайында анықтамалық мәліметтер беріп, жасалу жолдары мен материалдарын сипаттаған. Сыбызғы жайында да мәліметтер берілген. Қазақ халқында аспапты музыкалық ансамбль, көп дауысты хор болмаған, тек жастар қатысатын ойын-сауықтарда, той-жиындарда бір дауыста (унисон) хор айту болған дейді. Мақала авторы музыкант, музыкатанушы ғалым болмағандықтан, ойларын халық ауыз әдебиеті үлгілерін айтудағы өуен мен ырақтың қызметіне қарай айтады. Терме жайында «речитатив теріздес құрылған, бір тектес ырақпен, қысқа қайырып айтатын мелодия» дейді. Термелі түрде айтылатын өлең, жырда дамыған мелодия болмайтынын айтып, «қазақтың өн шығармалары әсерлі, күйлі болып, диапазоны кең, әдемі құрылып қалыптасқан болып келеді» деп өн музыкасы мен өлең-жыр, терме музыкасының ерекшеліктерін деп басып ашып берген. Қазақ халқында аспаптық музыканың кең орын алуын 16–17 ғасырлардан басталды деп, халық тұрмысының әр түрлі қырларынан барып күйлер туғанын, оны орындаушылардың алдымен музыкалық шығарманың мазмұнын ауыстыра баяндап беріп отырған дейді. Мақала күй аңыздары жанрына тоқталып, «Ақсақ құлан» күйінің мазмұнын келтірген. «Бір кісінің әрі жырау, әрі музыкашы, әрі өлеңші, әрі ақын болуы дәстүрге айналған және мұның өзі қазақтың музыка өнері дамуының кезеңдерінде байқалады» деп, өнердің синкреттік даму сатысынан мысал келтірген.

*Р. Әбдіғұлов.*

**МУЛЛОКАНДОВ** Эммануил (1912–1977), тәжік жазушысы, аудармашы. Қазақ әдебиетінің инжумаржаны – Ө-тің «Абай жолы» романын аудару барысында жемісті еңбек етті. 1955 ж. «Абай» жарыққа шыққаннан кейін, ол тәжік оқырмандарының ыстық ықыласына бөленді. Әдебиет сыны бұл тәржіманы тәжік әдебиетіндегі ең үздік аударма деп бағалады.

*Р. Баратова.*

**МУСИН** Шахан Әлімханұлы (1913–1999), актер. Қазақстанның халық артисі (1966). Ө-тің пьесаларындағы Арыстан («Айман – Шолланд»), Есен («Еңлік – Кебекте») бейнелері актердің мол шығармалық мүмкіншілігін танытты. Актер нағыз шығармашылық қабілеті мол шағында қуғын-сүргінге ұшырап, ұзақ жылға жазықсыз сотталып, айдауда болды. 1954 ж. елге қайтып, 1957 жылдан М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында шығармалық жұмысын әрі қарай жалғастырды. Театр сахнасында тағдыр талқысына түскен интеллигенттердің нанымды бейнелерін жасауда көп ізденіп, өзіндік қайталанбас бейнелер жасады. Ол жасаған бейнелерге поэзиялық саз бен романтикалық серпін, ішкі нәзіктік тән. Өсіресе Ө. шығармаларының негізіндегі – Айдар («Абай» трагедиясында), Сырым («Қарагөзде»), Алшағыр («Қарақыпшақ Қобыландыда»), Абыз («Еңлік – Кебекте») актерлік шеберліктің биігінен көрінді. Ақындық өнермен айналысып, бір-талай өлеңдер жазды. 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. Телерадио хабарларына қатысып, өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Бірнеше фильмдерге түсіп, қайталанбас бейнелер жасады.



«Абай» спектаклі

Ш. Ә. Мусин Айдар рөлінде. 1962.

Б. Құндақбайұлы.

**МУСТЯЦЭ** Владимир Федорович (1919–1971), молдаван жазушысы, аудармашы. Көбінесе балалар шығармаларын тәржімалаған. Н. Чисканның, А. Павловичтің, Н. Кальманың, А. Батровтың, В. Солоухиннің, Г. Чикованидің, Н. Еркайдың т. б. туындыларын туған тілінде сөйлетті. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының 4-кітабын молдаван тіліне аударып (М. Брухиспен бірге, 1963), оқырмандар құрметіне бөленді.

С. Пыязару.

**МҰҒАЛЛАҚАТ** (м у а л л а қ а т), өлең түрі. Көне араб поэзиясында (исламға дейінгі) бірнеше ғасыр бойы тек ауызша түрде тарап, қазіргі заманға 8–10 ғасыр жазбалар жеткен. Мұнда әр ақын өзінің артықшылықтары жайында, кейде біреуді мадақтау сипатында өлең айтқан. Араб, тәжік, парсы, әзірбайжан әдебиетінде бар. Ө. 1946 ж. Жамбылдың 100 жылдық тойында жасаған «Жамбылдың айтыстағы өнері» атты баяндамасында айтты жанры, суырыпсалма ақындық өнер, импровизация жайында айта келіп: «Осылардың арасынан айтыстың дәл өзін ұстанған – арабта мұғалақаттауды тудырушылар бір алуан» деген (20 томдық шығармалар жинағы, 8-том, 180-бет). 1948 ж. шыққан көп томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томына жазған «Айттыс өлеңдері» тарауында «...арабта жәрмеңкелерге жиналған ақындардың айтысқан жарыс өлеңдері қағазға жазылып, көпшілік оқу-

ына, сынауына қолайлы етіп, жәрмеңке ортасына ілініп қойылатын болған. Ол айттыс өлеңдерін арабтар мұғаллақат деген» деп пікір білдірген.

Ә. Дәрбісәлі.

**МҰҚА** Әділханұлы (1857–1927), Абайдың шөкірті, әнші, өнерпаз, скрипкашы. Абай шығармаларын ел арасына кеңінен насихаттаушылардың бірі. Бұл жөнінде Ө. «Абайдың өмірбаяны» атты зерттеуінде: «Көкең еліндегі Мұқа деген скрипкашының қолында ұстайды. Мұқа Абай аулына кеңшілік жай емес, қысылшан хал үстінде пана тілеп барған еді. Өз ағайының біреуінен жесір қалған әйелге ғашық болып, соны әменгеріне тигізбей алып қашады да, Абай аулына барады. Бұл кеткен соң жуан ағайыны артындағы үйін шауып алып, пәле басталады. Абай сондайлық ауыртпалығына қарамай, Мұқа мен келіншекке ара түсіп, бастарына азаттық әперіп, артын өзі жайғастырып, өнер иесі Мұқаны өзіне дос етіп, тұйыс етіп алады» дейді. «Абай жолы» романында: «Боздай шығатын зор үнді Мұқа – биік денелі, ақшыл жүзді, келбетті жігіт. Оның осыдан екі жыл бұрын әрі әнші, әрі домбырашы, скрипкашы болғандықтан, Абай Уақ ішінен көшіріп, өз қолына алған. Мағауия жолдас етіп берген болатын» деп суреттеледі («Биікте» тарауы). Осылайша М. Абай қолында тұрып қалады және шын дос, шөкірттерінің бірі болады.

З. Қоспақов.

**МҰҚАМЕТХАН** Сейітқұлұлы (1870–1937), жазушының танысы, ерекше құрмет тұтып, жақын араласқан адамдарының бірі. Абайтанушы-ғалым Қ. Мұқаметхановтың әкесі. Көзі ашық, мұсылманша да, орысша да сауатты, ақпаратты адам болған. Абайдың шөкірттері Шәкәрім, Көкбай, баласы Турағұлдар келіп-кетіп жүрген. Алаш партиясының тілекшісі болып, ақшалай жәрдем көрсеткен. «Абай» журналына үлкен қамқорлық жасап, қаржылай көмек берген. Ө. Семейде болған кезінде М-ның үйіне жолдастарымен емін-еркін келіп, бас қосып тұрған. Бұл туралы жазушының жерлесі, қоғам қайраткері И. Әлин естелігінде Мұхтар Семейге келгенде таныстарын Жаңасемейдегі М-ның үйінде қонақ еткенін, содан соң Орынборға жүріп кеткенін жазды («Мұхтар Әуезов әлемі», А., 1997, 140-бет). Бұл алғашқы жазған пьесаларын сахнаға даярлау жолында да осы үйде өткізген. Мысалы, 1920 ж. «Ел ағасы», «Еңлік – Кебек», «Бәйбіше-тоқал» пьесаларының репетициясын осында дайындаған. 1924 ж. қыстығүні Семейдегі Луначарский атындағы театр үйінде Абайдың қайтыс болуының 20 жыл толуына арналған еске алу кешіне Мұқа М-ды арнайы шақырып, Абайдың ақындығы жайлы баяндама жасайды, соңынан Көкбай ақын, Халел Ғаббасов бәрі қонақ болады. Ғ. Сармурзин 1925 ж. «Қарагөз» пьесасының қойылымы жайлы естелігінде Мұқа «Қарагөзді» ойнауға қатысқандарды өзі іріктеп алғанын, олар Қайым Мұқаметхановтың үйіне жиналып, пьесадағы рөлдерді әрқайсысының икемі мен дауысына, денесі мен кейпіне қарай өзі бөліп бергенін айтқан («М. Ауэзов в воспоминаниях современников», 1972, 308-бет). 1928 ж. тәркілеу науқаны басталғанда, М. үй ішімен өкіметтің қуғын-сүргініне ұшырайды, 1930 ж. түрмеге қамалады. 1937 ж. 24 қарашада қайта тұтқындалып, «мұсылман дінбасыларының Семейде болған кеңес өкіметіне қарсы тобына белсене қатысқандардың бірі» деген жаламен сол жылы 2 желтоқсанда қақпақтан атылады. Ө. соған қарамастан, М-ның отбасымен қарым-қатынасын үзбей, оның



баласы Қайымға қамқор аға, ұстаз болды. Ұлы жазушы 1940 ж. Семейге келген сапарында бір айдай сол үйде болып, Алматыдағы қазақ драма театрында сахнаға әзірленіп жатқан «Абай» пьесасына қажетті киім-кешек үлгісі ретінде М-ның әйелі Мақып пен келіні Фархинурды бұрыннан қалған сәнді киімдерін кидіріп, өзмен бірге еріп келген режиссер А. Тоқпанов пен театр суретшісіне көрсетеді де, әр елдің киімінің өзiне тән үлгісі болады. Абайдың бөйбiшесi, ол елдің қыздары осылай киiнедi. Сахнада осының бәрi өз калпында дәл көрсетiлуi керек дейдi (Қ. Мұқаметханов. Ұлы ұстаз, қамқор аға. // «Семей таңы», 1997, 23 қыркүйек). Театр суретшiсi жазушының кеңесiн құп алып, екi әйелдi сол киiмдерiмен суретке түсiрiп алады, кейiн сол киiм үлгiлерiн «Абай» пьесасының қойылымына пайдаланады.

С. Қорабай.

**МҰҚАМЕТХАНОВ Қайым** (Ф а б д о л қ а й ы м; 1916–2004), жазушы, драматург, әдебиет зерттеуші, аудармашы. Филология ғылымының кандидаты (1951), профессор (1995). ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996). 1939 ж. Ә. Семей қаласына барып, М-тың үйінде бір ай жатып, Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы деректерді жинады. Осыдан бастап ғалымның бүкіл өмірі мен ғылыми зерттеуі абайтану саласымен тікелей байланыста өтті. М. Семейдегі Абай мұражайының директоры, педагогикалық институттың оқытушысы, Қазақстан Жазушылар одағының Семейдегі бөлімшесінің өкілі қызметтерін атқара жүріп, Ө-тің тапсырмасымен Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты мұрағат деректерін, естеліктерді, ақынның өлеңдерін жинастырды. 1951 ж. Ө-тің жетекшілігімен «Абайдың ақын шәкірттері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бірақ ұлы жазушының ғылыми идеясын жалғастырғаны және оның сенімді шәкірті болғаны үшін «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылып, халық жауы ретінде 25 жылға сотталды. Ғылыми дәрежесі алынып тасталды. Түрмеден қайтып келгеннен кейін тағы да Ө-тің жетекшілігімен «Абай шығармаларының текстологиясы» деген тақырыпта екінші рет кандидаттық диссертация қорғады. Ғалым абайтану саласындағы зерттеулерін жалғастыра береді. Соның нәтижесінде «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт кітаптан тұратын еңбегін (1992–1997), «Абай мұрагерлері» (1995) атты монографиясын жарыққа шығарды. Ө. туралы «М. Әуезов және Семей театрының тарихы», «М. Әуезов және В. Иванов» сияқты естелік-мақалалар жарияланды. Ал «Мұхаң туған жерінде» атты естелігінде

М. Әуезов пен Қ. Мұқаметханов.



Ө-тің халыққа адал қызмет етудің өшпес үлгі-өнегесін көрсетіп кеткенін, енді оның екінші өмірі – мәңгі өлмейтін өмірі басталғанын, ол өмір – оның данышпандық, тамаша көркем әдеби мұрасы болып қалатынын жазды («Біздің Мұхтар», А., 1976, 388-бет). Абайдың 2 томдық академиялық басылымын, Ө-тің шығармалар жинағының 50 томдық толық басылымын дайындауға қатысты.

Т. Жұртбай.

**МҰҚАНОВ Ғалымжан** (1953–2007), ақын, аудармашы, әдебиет зерттеуші. Ғылыми-зерттеу және публицистикалық еңбектерін қазақ, орыс, француз тілдерінде жазды. Г. Мопассанның әңгімелерін (1985), К. Клермонттың «Владимир мен Зара» дастанын (1988), П. Корнельдің «Сид» трагедиясын (1989), Ө-тің туғанына 100 жыл толуына орай ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб пәтерінде өткен халықаралық ғылыми кеңесінің материалдарын (1998) француз тілінен қазақ тіліне, сондай-ақ Абайдың «Қарасөздері» мен «Масғұт» дастанын (1994), таңдамалы өлеңдерін («Евразия», 1995), Ө-тің «Қылы заман» повесін (1997) қазақ тілінен француз тіліне тікелей көркем аударма жасады.

А. Дәлебаев.

**МҰҚАНОВ МҰРАЖАЙЫ**, Сәбит Мұқановтың республикалық әдеби-мемориалдық мұражай-үйі. 1975 ж. 6 қазанда ашылды. Жазушы-бұл үйде өмірінің соңғы 8 жылын өткізді (1965–73). Музей-үйде Ө-ке қатысты көптеген құнды құжаттар, фотосуреттер, Ө-тің хаттары, сондай-ақ Ө-тің төл туындылары сақтаулы. Кітапхана қорында Ө-тің төмендегідей шығармалары бар: «Еңлік – Кебек» (1921, Семей), «Қорғансыздың күні» (1921, Орынбор), «Қарагөз» (1926, Семей), «Қылы заман» (1928, Қызылорда), «Абай» (1942, Алматы). Бірінші бетінде Ө-тің қолтанбасы бар: «Үлкен өнер, үлкен адамшылық иесі, қадірлі Сәбитке. 8.VII.1942 ж.», «Абай Зам» (1972, Улан-Батор). Фотосуреттер қорында С. Мұқановтың мерейтойлары кезінде, арнайы кездесулер мен қабылдаулар кезінде түскен суреттері, Ө. пен С. Мұқановтың бір топ жазушылар ортасында, табиғат аясында түсірілген суреттері сақтаулы. Хаттар қорында Ө. пен С. Мұқановтың бір-біріне жазысқан хаттары бар. 1933 ж. 21 ақпанда Мәскеу қаласынан жолдаған С. Мұқановтың Ө-ке хаты. Араб шрифтімен жазылған. Ө-тің С. Мұқановқа 1941 ж. 17 сәуірде жазған хаты. Машинаға басылған, 12 бет. Орыс тілінде. С. Мұқановтың Ө-ке 1941 ж. 29 мамырда жазған жауап хаты. Хат Мәскеуден жолданған. Машинаға басылған, 10 бет. Орыс тілінде. Сондай-ақ 1957 ж. 28 қыркүйекте Ө-тің 60 жасқа толуына байланысты жасалған мерекелі жиналыстағы С. Мұқановтың баяндамасының мәтіні сақталған. Баяндама қазақ тілінде, машинаға басылған, көлемі 10 бет. Қазақстанның халық суретшісі М. Кенбаев салған Ө. портреті сақталған. 1997 ж. 30 мамырда Ө-тің туғанына 100 жыл толуына орай Алматы қаласындағы лицейлер мен гимназия оқушылары арасында «Мен Әуезовті қалай түсінемін?» атты ғылыми-практикалық конференция өткізді. Сондай-ақ Ө-ке арнап музей ішінде шағын көрме ұйымдастырды.

Г. Құдабаева.

**МҰҚАНОВ Сәбит** (1900–1973), жазушы, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің негізін салушылар-



М. Оуезовтің С. Мұқановты 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтау сәті. Алматы, 1950.

дың бірі. Қазақстан ҒА-ның академигі (1954), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1968). Шығармашылық жолы, зерттеушілік еңбектері туралы Ә. «Жолы кең жазушы» («Социалистік Қазақстан», 1946, 27 қаңтар), «Жалынды жазушы» («Ленин жолы», 1946, 1 қаңтар) деп аталатын мақалаларын арнады. Бұлардан «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы», «СССР халықтары әдебиеттерін өркендеуі», «Ана тілі әдебиетін сүйіндер» т. б. еңбектерінде С. Мұқановтың шығармашылығына арнайы тоқталып отырады. «Тіл және әдебиет мәселесі» атты ғылыми мақаласында көрнекті қалам қайраткерлерінің, соның ішінде М-тың да тіл байлығын сөз еткен. 30-жылдары әдебиеттегі «ұлтшылдық, алашордалық сарын» жаппай сыналған кезде М. теріс бағыт ұстап, Абайды байшыл акын деп, абайтанушылардың, Ө-тің еңбегіне теріс баға берді. Кейін бұл пікірден арылып, «Әмір мектебі» трилогиясында, зерттеу еңбектерінде Ө-тің жазушылық орнын жоғары бағалады. Ұлы суреткердің өмірі мен шығармалары туралы «Еңлік – Кебек» қойылды» («Социалистік Қазақстан», 1936, 24 қазан), «Үлкен табыс» («Қазақ әдебиеті», 1936, 25 қазан), «Халық қазынасын дұрыс пайдаланайық» («Социалды Қазақстан», 1939, 27 ақпан), «Зор мақтаншылпен қарадық» («Социалистік Қазақстан», 1942, 29 қараша), «Мұхтар Әуезов» («Ленин туы», 1957, 28 қыркүйек), «Жазушы жолы» («М. О. Әуезовке: 60 жылдығына арналған мақалалар жинағы», А., 1959, 11–16-беттер) мерекесінде мақалаларын жазды. Мұханның алыс жасқа толған салтанатта жазушының шығармашылық қызметі туралы негізгі баяндаманы жасады. Ал Мұханның «70 жылдық мерейтойына байланысты «Асыл азамат тойы» деген әңгіме-сұхбаты жарияланды («Орталық Қазақстан», 1967, 7 желтоқсан).

Қ. Ергөбеков.

**МҰҚАТОВ** Ғалымжан (1900–1976), журналист, фольклоршы. Ғұмыр бойы ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен шұғылданған. 1928–70 ж. Қазақстан Республикасының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына 63 аңыз, 8 дастан, 1500 шешендік сөздер, мыңнан аса өлең, жыр, толғау, 700 мың жолдық 5 айтыс тапсырған. Солардың ішінде 18–19 ғасырларда өмір сүрген Көтеш, Үмбетей, Өске, Ақан сері т. б. ақшандардың шығармалары бар. М-ның Зейнеп Қошқарбергенқызының жазып алған бірнеше өлеңдерін Ө. жоғары бағалаған («Абай

(Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)». М. жинаған халық поэзиясының үлгілері «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Шешендік сөздер» (1967), «Бес ғасыр жырлайды» (1984–85) жинақтарында жарық көрген. **«МҰРАТ АҚЫН»** (1843–1906)», жазушының мақаласы. Орта, орталау мектептің 7-сыныбына арналған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралында» басылған (1933). Авторлары: Ө. пен М. Жолдыбаев. Мақала авторлары ақынды: «1. Мұраттың өмірі, 2. Мұраттың шығармалары» деген екі салада қарастырады. М-тың айтыспен басталған ақындық жолы, келе-келе өлеңді өмірінің ең негізгі кәсібі етеді. Үйреншіктісіне айналған бұл өнер ақының үйінде отырғызбайды, ел-жер аралаттырады. Өдетте ондай ақының көпшілігі жүрген жерлерінде байды, жуанды, ұлық-төрені мақтан, сүйеніш, тірек еткіш келеді, ал Мұрат мұндай әдетті кәсіп етпеген. Мұрат Есет деген бимен сыйлас, сырлас болады; ол Мұратты шақырып алып, айтыскерлік қуатына сенгендіктен, өткен-кеткенді, ата-бабалардың бұрынғы істерін, қазақтың шежіресін жақсы білу керек деп, оның беталысын құптап, батасын береді. Осыдан кейін Мұрат «Орақ–Мамай», «Қарасай–Қази», «Асан Қайғы», «Қазтуған» сияқты көптеген жыр-толғаулар шығарған. Оған еліктеушілер көп болғанымен, ақындығы бұрын да, кейін де өз дәрежесінде жөңді бағаланбады. Оның «Үш қиян», «Сары Арқа», «Қазтуған» атты толғау түріндегі өлеңдері әлеуметтік, шаруашылық, саяси мәселелерді қозғайды. Тарихи тақырыптағы «Қарасай–Қази», «Шәлғезден» басқаларының көпшілігі айтыстар деген сияқты ойлар айтылады.

Т. Әкім.

**МҰРАТӘЛИЕВ** Матан (1935–1985), актер. Қазақстанның халық артисі (1982). Т. Ахтанов, Ө. Тәжібаев, Б. Майлин, С. Жүнісов, Ш. Хұсайынов, Ж. Айтматов, Ф. Мүсірепов сынды драматургтердің пьесаларында күрделі кейіпкерлердің бейнелерін сахнаға шығарды. Әсіресе Ө-тің «Қарагөз», «Еңлік–Кебек», «Абай» драмаларында Матай, Есен, Абыз, Нарымбет рөлдерінде ойнап, актерлік шеберлігі мен күрделі образ жасау қабілетін танытты.

**МҰРАТБЕКОВ** Сайын (1936–2007), жазушы, аудармашы, сценарист. ҚР Мемл. сыйл. иегері (2006). Шығармаларында өмірдегі қарапайым көріністер арқылы адамның жан дүниесін сыршыл сезіммен бейнелейді. М. «Қазақфильм» киностудиясында қызмет істеп жүрген кезде, Ө-тің «Қараш-Қараш оқигасы» повесінің желісі бойынша түсірілген «Асудағы атыс» фильміне әдеби кеңесші, ұлы жазушының 80 және 90 жылдық мерейтойының жауапты ұйымдастырушысы болды. Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы «Құмкент» кеңшарының тұрғыны, Кенесары ұрпағы Үрміз Сыздықов 1960 ж. Ө-ке бүркіттің балапанын сыйлайды. Ол жазушының қайтыс болғанын естіп, 1961 ж. 28 қыркүйек күні қыранды еркіне қоя береді. Оған қыран құс ұлы Мұханның рухы сияқты көрінеді. Осы оқиғаны арқау етіп, М. «Қыран құс көк жүзін шарлап кетті» деген көркем әңгіме жазды («Жұлдыз», 1963, №6).

Т. Жұртбай.

**МҰРАТ** Мөңкеұлы (1843–1906), төпке ақын. Алғашында айтыскер ақын ретінде танылды. Шығармаларының көпшілігі арнау, сөлем хат түрінде келеді. Жырларының үлкен бір саласы Асан, Бұқар, Шортанбай сияқты халықтың қоныстарынан айрылуын жыр арқауына айналдырып, оның ақыры неге барып соғарын мұң етіп толғайды. «Ақ сұңқар

құстың асылы», «Жалғаншы пәни заманда», «Өткен бір қапы дүние-ай!», «Бөкей сұлтан ханыңыз» жыр-толғауларында патшалық үкіметтің отарлау саясаты сөз болады, әлеуметтік мәселелер қозғалады, наразылық ойларымен де көрінеді. «Қарасай – Қази» дастанында ерлік пен батырлықты, бірлікті мадақ етсе, «Үш қиян», «Қазтуған» жырларында хандық дәуір жүйелеріне бүйрегі бұрып, соның жолын дөріптеуімен танылды. Ө. 1933 ж. шыққан оқу кітабында («XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», 7-сыныпқа арналған) Мұрат өмірі мен шығармаларын талдайтын «Мұрат ақын» деп аталатын зерттеу мақаласын жариялады. «Әдебиет тарихы» атты монографияның (А., 1991) «Зар заман ақындары» деген тарауында М. «Көп жырында қоныс пен ерістің жоқшысы болды. Жер тарылып, заң бұзылып, ел сасқан соң, бұрынғы ұйтқысы бұзылмаған ру тіршілігі көркінен айрылып, құбылып, қуарып бара жатқан сияктанады. Бұның сөз үлгісі баяғының толғауы сияктанып, қарсыға шапқан жүйріктей кесіліп, құлашын керіп келеді» деп, өлеңдеріне шолу жасайды, тақырыпқа бөліп жіктейді, М. жырларының патша өкіметінің отарлау саясатына, «қазақ елін орыс қылмақ» ниетіне қарсы айтылғанын ашып көрсетеді, демек ақын шығармаларының «күшті сарыны – заман қайғысы». Ал 1959 ж. 15–19 маусымда Алматыда өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген «Қорытынды сөзінде» өмір үшін, халқының күнделік тіршілігі үшін зар-шер төгіп, жырлар жазған Абайды сол «Мұрат, Дулат, кейде Шөңгерейге де диалектикалық отрицание ретінде қарсы қоя зерттеу ғылымдық анық, дұрыс жол емес пе?» деп, амалсыздан маркстік-лениндік қызыл идеологияның ыңғайымен кеткен.

*Т. Әкім.*

**МҰРТАЗА** (М ұ р т а з а е в) Шерхан (1932 ж. т.), жазушы, драматург, публицист, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақстанның халық жазушысы (1992), Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1984), Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1978). Ө-тің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесіндегі Бактығұлдың түпбейнесі туралы «Рысқұл – көркем туындылар кейіпкері» мақаласы («Қазақ әдебиеті», 1983, 14 қаңтар), «Қилы заман» повесі бойынша қойылған спектакль жөнінде сұхбаты («Қазақ әдебиеті», 1997, 24 маусым), ұлы суреткердің 100 жылдық мерейтойына орай Ташкент қаласында өткен М. Әуезов күндері жайлы очеркі («Егемен Қазақстан», 1997, 16 қыркүйек) жарияланды. «Қазына аралы» атты мәлтек әңгімесінде, жазушының эпосысымен алғашқы танысқан шағынан сыр тартқан («Парасат», 1997, №8, 5-бет).

*Н. Ақбай.*

**МУСАБАЕВ** Мұрат Хасенұлы (1937–1994), әнші (баритон). Қазақстанның халық артисі (1978). Бүкілодақтық вокалистер конкурсының лауреаты (1968). Концерттік репертуарында қазақ, орыс, шетел халықтарының әндері бар. Сахнада Е. Брусиловскийдің «Ер Тарғындағы» Тарғын, М. Телебаевтың «Біржан – Сарасындағы» Жанбота, Е. Раммадиевтың «Алпамысындағы» Алпамыс, Қ. Қожамияровтың «Садыр Палуанындағы» Садыр т. б. рөлдерін ойнады. Ө-тің либреттосы бойынша А. Жұбанов пен Л. Хамиди жазған «Абай» операсындағы Абай бейнесін сомдап, шынайы шеберлігін танытты.

*А. Омарова.*

**МУСАБЕКОВА** Әйкен (1919–1992), актриса, әнші (сопрано). Қазақстанның халық артисі (1985). Б. Майлин, Ф. Мүсірепов, Ө. Тәжібаев, З. Шашкин, Ж. Файзи, У. Шекспир сынды драматургтердің пьесаларында негізгі кейіпкерлердің рөлдерінде ойнап, шеберлігін шыңдады. Алғаш рет Ө-тің «Түнгі сарын» трагедиясындағы Мөржанның бейнесін сомдады. «Еңлік – Кебектегі» Еңлік, «Қарагөздері» Текті, «Абай» драмасындағы Өйгерім бейнелерін сахнаға шығарды.

**МУСАЕВ** Амантур Әбішұлы (1924 ж. т.), журналист, партия, кеңес қызметкері. «Мұхтар – мұхит» атты повесінің кейбір тараулары «Оңтүстік Қазақстан» газетінде (1991, сәуір, №69, 70, 71, 72), «Әлмес өмір өнегесі» және «Мұхтармен жүрген сәттерімнен үзік сыр» деген естеліктері «Қазақ әдебиеті» газетінде (1993, 28 мамыр, №22) жарияланды. Ал «Ой-хой дүние, заман-ай!» кітабына (1993) Ө. туралы повесінің «Көктегі ту» атты тарауы енгізілген. М. бұл шығармаларында Ө-тің адамдық қасиеттерінің кейбір қырларын, аса қарапайымдылығы мен ұлылығын шынайы бейнелеген. Ө. өзінің «Оңтүстік сапарынан» деп аталатын очеркінде М-тың жеке тұлғасы туралы жақсы пікірлер айтқан (20 томдық шығармалар жинағы, 7-том, 96–99-беттер).

*Ө. Мұсақұлов.*

**«МУСА МОЛДА»**, жазушының мақаласы. «Әдебиет хрестоматиясы» (1937, 80–81-беттер) деп аталатын кітабында басылды. Содан қайтып жазушы шығармалар жинағының ешқайсысында жарияланбады. Мұса молда – Оңтүстік өңірінде аты шыққан ақын. Шын аты-жөні – Мұсабек Байзақов. Өлеңдерін жазып шығарған, айтыскер ақын ретінде танылған. Ө. мақаласын: «Мұса молда кеше ғана совет тұсында (1932 ж.) өлгенмен, өзі ертеден, көп заманнан бері жазып келе жатқан ақын. Оның ақындық еңбектерінің өнімді болған дәуірі өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап, 1910 жылдарға шейін созылады» деп бастайды. Мұса молда өз уақытының оқымысты адамы саналған: араб, парсы, шағатай әдебиеттеріне, тарихына жетік болғандықтан молда Мұса атанып кетеді. Оның дін жайынан гөрі басқа ғылымдық сөздерді көбірек әңгімелеуі ишандарға жақпайды да, соның ақыры 1910 ж. Шаянда олармен айтысуға алып барады, осы жөнінде Мұсаның жазған ұзақ өлең-хаты бар. Мұхаж. Мұсаның өмірі мен шығармашылығындағы ерекшеленіп көрінер жәйттерге тоқтала келіп, өлең түрінде де көп жат және түрлі үлгі-өрнек іздемейді. Жұртқа таныс я жыр-терме, я төрт жолды үйқаспен, көпке мәлім түрмен жазды. Тақырып жағын алғанда бұнда кездесетін өлеңдер: 1) ең алдымен сұрау сөздерді, 2) айтқыс, 3) мақтау-жамаңдау, 4) батыр жырынан – «Ер Шора» дастаны. Бұл салт-сана жөнінде қызмет еткен адам, мұнда ескі машық-ұғымның қалдығы көп деген түінділерін айтады. Ө. заман ыңғайына қарай, ақынның кеңес дәуірінде жазған өлеңдеріне көбірек тоқталады.

*Т. Әкім.*

**МУСТАНБАЕВ** Ыдырыс (1902–1937), жазушы, әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері. Семей гимназиясын үздік бітірген (1919). Осы жылдан бастап Семей губревкомының мүшесі ретінде Ө., Ж. Аймауытов, Ө. Ілекерговтермен бірге кеңес өкіметін орнату ісіне белсене ат салысқан. Бірнеше әңгіме, очерк, сын мақалалар жазды. «Ұлы ақын

Абай» (1924), «Сыбан Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан өлеңі» (1925), «Көркем әдебиет туралы» (1927), «Сын мен баспасөз туралы» (1928), «Түйеден – Түркібөке» (1930) т. б. еңбектері бар. 30-жылдары Абайға қарсы күрес үдеген кезде «Абай және оның философиясы» деген тақырыппен айтысқа шығып, Абайдың асқан ойшыл, дана ақын екенін қорғап қалды. Ө-тің «Шекарада» пьесасы туралы «Бағалы еңбек» деген мақаласын жазды («Социалды Қазақстан», 1938, 6 мамыр). 1919 ж. актартың штабы Семейде орналасқанда, кеңес өкіметін қарсы алған Ө., Ы. Мұстанбеков, А. Сейсенбаев, Ф. Ысқақов, Д. Ысқақов т. б. қазақ жастары Әниер Молдабаевтың үйінде жасырынып, большевиктермен астыртын қатынас жасайды. Біреудің көрсетуімен, үйіне қайтып бара жатқан Ыдырысты ақтың солдаттары ұстап қамап қояды. Оны құтқару үшін Ө. офицер бастатқан он шақты қарулы сарбаздармен барып, М-ты ажал тырнағынан босатып алады (Қ. Мұқаметханов. «Ыдырыс Мұстамбаев», «Түркістан», 1998, 18–24 қараша).

Қ. Ерепбеков.

**МУСТАФА** Шокай (Шокаев Мұстафа, Шокай Халықаралық Мұстафа; 1890–1941), мұсылман халықтарының саяси ерлеуінде елеулі рөл атқарған, Ресейдің қарамағындағы Түркістан автономиясын жақтаған 20 ғасыр басындағы еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығы жолындағы күрескерлердің ірі өкілі. Ақмешітте, қазіргі Қызылорда облысының Сырдария ауданында дүниеге келген. Нағашылары жағынан Хиуаның хан әулетімен қатынасы болған. Мектепте мұсылманша білім алып, Ташкент гимназиясын, Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген. Орыс, ағылшын, француз, поляк және түрік тілдерін еркін меңгерген. Ақпан революциясына дейін Ө. Бөкейхановпен бірге Ресей Мемлекеттік Думасы мұсылман фракциясының Түркістан істері бойынша хатшысы болған. 1916 жылғы атақты маусым жарлығынан кейінгі ел ішіндегі дүрбелең жылдарында патша жазалаушыларының қанішерлік-қатыгез әрекеттерін әлемге жария етіп, өз халқына қарсы бағытталған бейбастақ саясатты тізгіндеу үшін Мемлекеттік Думада беделді комиссия құруға қол жеткізіп, оған дәлелді деректерді табыстайды. 1917 жылғы төңкерістерден соң қызу саяси тартыстардың ортасында болған М-ның ұстанған негізгі бағыт-идеясы жекеше ұлттық дербестік емес, Ұлы Түркістан мемлекетін құру болды.

1917 ж. 22 қарашада Ферғана хандығының бұрынғы астанасы Қоқанда мұсылман ұйымдары Бүкіл-түркістандық конгресс өткізіп, Түркістан автономиясын жариялады. Шокай үкімет мүшесі болып сайланып, көп кешікпей ол орыннан кеткен премьер-министр Тынышбаевты алмастырады. М. Алашорда үкіметінің құрамына да енді, бірақ Қоқан автономиясы талқандалғаннан кейін иммиграцияға кетуге мәжбүр болады. 1919 ж. Маңғыстаудағы Кетік порты арқылы Кавказға кетеді. Оның Маңғыстаудан өтуі, жүрген жолдары жұбайы Мария Шокайдың Стамбул қаласында басылып шыққан естелігінде (1997) көрсетілген. Содан Грузияға қашып барып, одан Түркияға, ақыры Германия мен Францияға өтіп кетеді де, онда мұсылман эмиграциясының көшбасшысы болады.

Эмиграцияда жүріп Кеңестерге қарсы идеялық күресін жалғастырады. «Жаңа Түркістан» және «Жас Түркістан» журналдарын шығарады, сталиншілдікті және кеңестік жүйені сынаған бірқатар еңбектер жазайды. 1928 ж. француз, ал 1935 жылы орыс тілдерінде «Түркістан Кеңестер билігінде (Пролетариат диктатурасының сипаттамасы жөнінде)» деген кітап жариялайды. Оның қызу-саяси қызметі өз елінде билік құрған кеңестік жүйені барша адамзат алдында әшкерелеуге бағытталды.

1940 ж. Францияны басып алғаннан кейін фашистер М-ны тұтқыңға алып, Компьен лагеріне қамайды. Босатылғаннан кейін ол Берлинге жөнелтіліп, онда «Үлкен Түркістан легионын» басқаруға ұсыныс алады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде неміс тұтқынына түскен отандастарын – түркістандық бауырларын құтқару үшін зор жұмыстар жүргізеді. Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресі тарихындағы аса ірі қайраткер тұлғаларының бірі М. 1941 ж. Берлин қаласында беймәлім жағдайда қайтыс болды. Саяси-идеялық көзқарасы жағынан Ө-пен ниеттес болған.

М. Құл-Мұхаммед.

**МУСТАФИН** Ғабиден (1902–1985), жазушы, қоғам қайраткері. Қазақстан ҒА-ның корреспондент мүшесі (1958), Қазақстанның халық жазушысы (1984), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980). Тұңғыш әңгімелер жинағы «Ер Шойын» деген атпен 1929 ж. басылады. Қарағанды шахтерлерінің өмірінен алынып жазылған романы «Өмір не өлім» 1940 ж. жарық көреді. «Шығанақ», «Миллионер» романдарын жазды және көптеген әңгімелері де осы кезде дүниеге келді. Кейінгі кездегі ірі туындылары – «Дауылдан кейін» мен «Көз көрген» романдары. Алғашқы романы «Өмір не өлімді» толықтырып, «Қарағанды» деп атады. «Өнер өрінде» («Әдебиет және искусство», 1952, №12) деп аталатын мақаласында Ө.: «Ғабиденнің творчестволық жолына көз салып болжағанда, көңілге жақсы жұбанысты ой салатын үлкен елеулі бір жай бар, онысы ең алдымен бұл жазушының айнымастан, ұдайы бүгінгі күнгі үлкен өмірмен нық байланысты еңбек етуінде, романнан романға, тақырыптан тақырыпқа ауысқан сайын



Мұстафа Шокай.



М. Еуезовпен Ф. Мұстафин бірігіп.

Фабиден сол үлкен арнасын сүйе түсіп, бар жігерін сала түсіп, әсіре суреттеп келе жатқаны байқалды» деп жазады. М. де «Абай» романы әдебиетіміздің мақтаны», «Әдебиетіміздің жайы мен міндеттері» және басқа да мақалаларында Ә. туралы ой толғайды, өзіндік таным-талғамын білдіреді.

Ө. Молдаханов.

**«МҰСЫЛМАНДАРДЫҒЫ ГУБЕРНИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ»** («О мусульманской губернской конференции»), жазушының мақаласы. Семей губерниялық «Степная правда» газетінің 1921 ж. 27 наурыз күнгі санында жарияланған. Бұл кезде Ә. Семей губерниялық атқару комитетінің қазақ бөлімшесінің меңгерушісі еді. Губерния Сібір ревкомының құрамында болатын. 1921 жылдың қаңтарынан бастап Семей губерниясы Қазақстанның құрамына кіруге тиісті болса да, ресейлік большевиктер мен орыс қоныстанушылары бұған қарсылық көрсетіп, ол шараны қасқана кешеуілдеткен. Қазақстан өкіметінің ресми адамдары Сібір ревкомымен келісім жасауға аттанған-ды. Аса шиеленісіп тұрған бұл мәселені түбегейлі шешу үшін Қазақстан атқару комитетінің ұсынысымен губерниядағы мұсылман қауымының кеңесі шақырылды. Кеңес өте тартысты жағдайда өтті. Алайда басым көпшілік дауыспен Семей губерниясы Қазақстанның құрамына кірсің деген қаулы қабылданды. Ә. осы кеңестегі көтерілген мәселенің жай-жапсарын газеттегі мақала арқылы түсіндіріп берген. Мақала содан кейін қайталануы басылған емес.

Т. Жұртбай.

**МҰХАММЕД** (570–632), пайғамбар. Мекке қаласында кедейленген саудагердің отбасында дүниеге келді. Шыққан тегі – Құрайыш тайпасы. Балалық шағы туыстарының арасында, атасы Әбдал-Мүталіптің тәрбиесінде өтті, бірақ білім алуына мүмкіндігі болмады. Оның ақыл-парасаты, тазалық, адалдығы ел аузына ілінді. Жастық шағында әр түрлі жұмыстар істеумен айналысты. Сонда айналадағы адамдардың пұтқа табынып, тас мүсіндерге құлшылық ететінін көргенде көңіл күйі құлазып, әлдене қолайсыздықтардың жайлайтынын сезінді. Сондықтан елден онаша кетіп, тау-тастың арасында ойға батып, жалғыз жүргенді қалады. Сондай күндердің бірінде Жабалұл Нұр тауының Хира үңгірінде жалғыз жатқан оған Уахи арқылы адам бейнесіндегі Жебірейіл періште Алла тағаланың аяндауын жеткізеді, бұл – 610 жылдағы рамадан айының жиырма жетінші жұлдызы болатын. Осы кезде М. (с. ғ. с.) 40 жаста еді. Сол күннен бастап құранның сүрелері мен аяттары 23 жыл бойында түсіп отырды. Бұл жөнінде Құранның «Әл-Фурхан» (23-аят), «Әл-Аср» (107-аят), «Бахара» (91-аят), «Ад-Духан» (2-аят), «Аббас» (15-аят) сүрелерінде нақты айтылады.

М. (с. ғ. с.) 25 жасында 45 жастағы Хууайли қызы Хадишаға үйленеді. Ол пайғамбардың Ибраһим деген ұлынан басқа балаларының анасы еді. Ол 26 жыл отандасты, пайғамбардың пайғамбарлығын ең алғаш таныған да осы әйелі еді. Мұхаммед 52 жасқа келгенде, ол 71 жасында дүниеден өтті. Кейінгі әйелдерінен Әбу Бәкірдің қызы Айша исламға шын беріліп, мал-мүлкін соның жолына құрбан етті. Тағы бір әйелі Зейнепке «Ахзаб» сүресінде баян етілген аяғға сәйкес үйленді. Бұл да пайғамбар жолына құлға берілген әйелдерінің бірі болды. Оның көп әйел алуы көптеген ру-тайпалармен байланысты нығайтудан туды. Айша пайғам-

бар дүние салғаннан кейін де оның өсиеттерінің таралуына мейлінше мол күш жұмсады.

Қырық жасына дейін пайғамбарда ислам туралы ешқандай түсінік болмады, осыған дейін әр түрлі түстер көріп, ояғанда өзімен өзі оңашаланғанды қалап тұратын. Сондай күндердің бірінде Алла тарапынан келген өмір мен қағидалар оның көкейіне құйыла берді. Аяндар түскен күндерде өзін қайда сыйғызарын білмей, аса ауыр халді бастан өткертін болды. Ондай шақтарда ешкіммен сөйлеспей аяндарға, ақыл мен білімге сүйеніп, рухани шарықтауға мүмкіндік туатынына, оның бәрі Алладан екеніне сенді. Осы сенімді Меккеден өзімен бірге келген мұсылмандар – Мұхаджирлер, мәденилік мұсылман – Ансарлардың қолдауы тіпті нығайта түсті. Ислам оның терең пайымды уағыздарына жалғасты. Енді ол намазды сенбіден жұма күніне ауыстырды және бетті бұдан былай Иерусалимге емес, Меккедегі қарбаға қаратып оқитын етті. Исламның дін ретінде өркендеп қанат жаюына барлық жағынан мүмкіндіктер жасады. Ол нақты өмір мен дәстүрді өзінде тың жаңашылдықпен, оралымдылықпен, мейірімді тәуекелшілдікпен және бір қолдан басқарушылықпен ұштастырды. Небір ауыр күндердің өзінде де ол шыдамдылық, жігерлік танытты, Алланың – бір, Құранның хақ екеніне жұрттың көзін жеткізіп, шыдамдылыққа ұйыта білді. Оның қахжыры еңбегі мен ұстанымдары халық санасын мүлде жаңартып, жаңғыртты. Пайғамбардың әрқилы қасиеттері Ә. шығармаларында жан-жақты сөз болады. Оны өзінің «Абай жолы» эпопеясындағы кейіпкерлерінің ауыздарына салып отырады («Түн-түнекте»). Кейбір қырлары ғылыми зерттеулерінен, қарасөздерінен көрініс береді («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904).

Т. Әкім.

**МҰХАМЕДЖАН** Майбасарұлы (1854–1921), әнші, күйші, ақын, сал-сері. Абайдың немере інісі Құдайбердінің баласы Әмірмен бірге сал-серілік құрған. Ақынның қасында жүріп, өнеге-тәрбие алған. Мның «Бес қарагер», «Қайран жастық», «Көл-қайнар», «Сары бел» деген әндері кең тараған. Ақылбайдың «Зұлысы» мен Мағауияның «Медғат – Қасым» дастандарын жырға қосып жатқа айтқан. Абай мен Шәкәрімнің әндерін шебер орындаған. Ә. «Абай жолы» эпопеясының 2-кітабының «Биікте» тарауында М-ды Татьяна әнінің тууымен байланыстырып суреттеген. Ол жаңа әнді сәлем ретінде қалада жатқан Мағауия, Көкбай, Шұбар, Мұқа сияқты ауыл жастарына алып барып, шырқап айтып береді. Сөзі Пушкиндікі, оны қазақшаға аударып, өнін шығарған Абай екенін білгенде, Шұбар жадырап күліп, Мұхамеджан өзім шығардым деп сала ма деп, зәрем жоқ еді десе, Көкбай: «Бәсе, мынадай жыр шығарған Мұхамеджан-ау, сен болсаң, сенімен не деп тайталасар едім? Жолды беріп, енді өлеңді жалғыз сен айт, мен қойдым дегеннен басқа неім қалып еді? Туу, бағымды алып қоя жаздағандай боп шұқшып ең, рахмет саған, шын рахмет, Мұхамеджан» деп сүйсіне күледі.

Т. Әкім.

**МҰХАМЕДЖАНОВ** Қалтай (1928–2001), жазушы, драматург, аудармашы. Қазақстанның халық жазушысы (1995). Пьесаларында өмірдің күлкілі құбылыстарын өткір мысқылмен шенесе, драмаларында әлеуметтік күрделі мәселелерді кәсіби ше-

берлікпен алға тартады. «Шындағы шынар» (1964), «Айман – Шолпан» (1970) киносценарийінің авторы. Ө. туралы «Ревизор спектаклі» («Қазақ әдебиеті», 1958, 20 маусым), «Айман – Шолпан» («Қазақ әдебиеті», 1960, 10 шілде), «Түнгі сарын» («Советская культура», 1961, 14 қаңтар) т. б. мақалаларын жазды. «Мұхтар туралы» естелігінде ұлы суреткердің әдеби қырағылығын дәп басып айтқан (Қ. Мұхамеджанов. Үш томдық шығармалар жинағы, А., 1998, 2-том, 156–163-беттер). Ө. «Бұл күлкіге дән ырзамыз» деген мақаласында М-тың «Белтірік берік астында» пьесасының артықшылық жақтарын баса айтып: «Мына комедия күлкісінің сыр-сипаттарынан әр алуан ой саларлық қасиеттер көрінеді. Жас жазушы Қалтай бұл жанрда алда да өнімді өріс табады деп, нық сенгіміз келеді. Себебі күлкінің бәрі де шынайы күлкі, көрерменді қытықталу күлдіргендей, зорлықпен езу тартқызытын жасанды, жұқалаң, тұзсыз күлкі емес. Шын күлесің де, сонысына сүйсінесің» деп, сол кездегі солақай сыннан қорғап қалды.

*Б. Құндақбайұлы.*

**МҰХАМЕДХАНОВ** Нариман (1929 ж. т.), әдебиет зерттеуші. 1972–1989 ж. М. Өуезовтің мұражай үйінде қызмет істеді. «М. Өуезовтің қолжазба мұрасына», ұлы жазушының 20 томдық шығармалар жинағын шығаруға қатысты. «М. Өуезовтің әдеби бүркеншік есімдері («Қазақ әдебиеті», 1987, 1 мамыр), «Феникс – «Манас» және Мұхтар Өуезов» («Ала Тоо», 1988, №8, 101–117-беттер), «Мұхтар Өуезов және «Манас» эпосы» («Адамзаттың манасы», жинақ, А., 1995, 220–254-беттер), «М. Өуезов және «Манас» («Жұлдыз», 1997, №6) т. б. ғылыми мақалалар жазып, Ө-ті фольклортанушы ретінде сипаттауды мақсат еткен.

*Н. Ақбай.*

**МҰХАМЕТЖАНОВ** Жағыпар Мәзмұхамбетұлы (1917–1989), аудармашы. 1938–39 ж. «Лениншіл жас» газетінде аудармашы, 1941–1951 ж. «Ведомость Верховного Совета СССР» журналында аудармашы-редактор болып істеді. В. Янның «Шыңғысхан» (1948), «Бату» (1958), «Батудың соңғы жорығы» (1968) романдарын қазақ тіліне аударды. «Абай жолы» романының бірінші бөлімін орыс тіліне тәржімалағанына Ө. қатты риза болған. Ұлы жазушының «Түркістан солай туған» очеркін т. б. бірнеше шығармаларын орысша сөйлетті. «Мұхаңның ризалығы» атты мақаласында Ө-пен қалай танысқанын, қызы Ләйланың үйіне барып, әкесінің қазасына көңіл айтқанын жазған («Семей таңы», 1987, 23 қыркүйек).

*Қ. Егізбаев, М. Кәрімов.*

**МҰХИТ** (Мұ х а м б е т к е р е й) Меральұлы (1841–1918), әнші, композитор, домбырашы. «Зәуреш», «Алуаш», «Үлкен Ораз», «Дүние-ай», «Қыпшақ», «Айнакөз», «Кербез» және басқа да орындаушыдан үлкен демді керек ететін озық туындылары қазақтың ұлттық қазынасының бөлінбейтін бір саласы болып саналады. Қазақтың әнші, күйшілерінің өнеріне сын көзімен қараған Ө. М-тың әні туралы да үлкен әсерде болған. «Арка әні мен Сыр бойының әні, Ұлы жүз бен Кіші жүз әндері, қазақтың романс сияқты ырғағы мол, сезімі зор Мұхит әні сияқты әндердің барлығы да Өміренің төл әні болу керек» деп жазды «Жалпы мемлекет театры» атты мақаласында (1928).

*З. Қоспақов.*

**МҰХИТДИНОВ** Нұритдин Өкірәмұлы (1917 ж. т.), партия, кеңес және мемлекет қайраткері. Ө-пен таныс-біліс болып, жұмыс бабында кездесіп жүрген. Қазақ жазушысы 1957 ж. шығыстанушылардың Ташкентте өткен мәжілісі туралы есебінде «Өзбекстандағы аса ірі қайраткерлердің бірі Мұхитдинов жолдас екі сағат баяндама жасады, баяндама маңызды болды. Ол орысша өте таза сөйлейді екен, өзі сымбатты, жас. Шығыстану мәселесін бес саусағындай жетік біледі екен» деп сүйсіне жазған («М. О. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 583-бет).

**«МҰХТАР АҒА»**, естеліктер жинағы. Авторлары – Г. Омарханова, Ө. Әзіев. 1997 ж. «Өнер» баспасынан жарық көрген. Кітап авторлары Ө-тің ғажал шығармалар тудырған жемісті жылдары мен шабытты шақтары, отбасы мен әр түрлі ортадағы мінез-қылықтары, жеке басының тамаша қасиеттері, тіршілік-тұрмыстағы күйініш-сүйініштері туралы әсерлі де тартымды баяндаған. Өр автордың жеке-жеке естелігіне байланысты кітап екі бөлімнен құралған. Омарханованың «Ағаның өшпес ошағы» атты естелігінде ұлы жазушының үй-ішлік тұрмыс-тіршілігіндегі өмірі, кісілік келбеті, тусы-жақындарға мейірімділігі, кеңпейіл жомарттығы, күнделікті жұмыс тәртібі, шығармашылық қызметінің қиын да қуанышты сәттері, ата тегі, жеке өмірінің кейбір қалтарыс тұстары айтылған. Әзіевтің «Кемегердің келбеті» деп аталатын Ө-тің жазушылық, ұстаздық, ғалымдық, қайраткерлік, азаматтық, қала берді адами келбеті шынайы сипатталған. Қаламгердің 30-жылдары жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырағаны, кер заманның өктемдігі, жабылған жаланың қиянат-кесепаттары ширектен сөзімізден әңгімелеген. Естелік авторы Мұхтар бізге зор міндет, үлкен аманат қалдырды, өзіндей құлашты еңбектер жазу борышын қалдырды, орнын жоқтатпау парызын қалдырды деп, бүгінгі, келешек ұрпаққа жүк арқандай болады. Кітап Ө-тің 100 жылдық мерейтойына арналған. Көлемі 10 баспа табак, таралымы 1000 дана.

*Ө. Молдаханов.*

**«МҰХТАР ӘЛЕМІ»**, телеэнциклопедия. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына орай А. Тойбаева «Мұхтар әлемі» атты телеэнциклопедия ұйымдастырып, ұлы қаламгердің мұхиттай терең өмірбаян беттерін халқына тағы да таныстырумен қатар, оның бүгінгі ұрпаққа жұмбақ өмірінің кейбір сәттерінен суыртпақтап сыр тартты. Мұханның тұңғыш перзенті, сексеннің сенгіріне шыққан Мұғамла апайды хабарға қатыстырып, әкесінің соңында қалған тұяғын жұртшылыққа танытты. «Перзент парызы», «Алтынның сынығы», «Әкеме аян берген» хабарларында айтылғандай, Ө-ті түрмеге айдап кеткенде, жалғыз қалған Мұғамланың әкесін абақтыға іздеп барып, оған тамақ тасып, қамаудан шыққан кезде күтіп алуы ешкімді бейжай қалдырмады. Сол сияқты телециклдың әр хабары Мұхтар тағылымының бір курсындай, Мұхтар энциклопедиясының бір томындай әсер қалдырды. Барлығы 24 хабар көрсетілді. Осы хабарларда Ө-пен дос, әріптес, іні, қарындас болған, одан үйреніп, үлгі алған және Мұхтардың өзі үйретіп, жол көрсеткен адамдар естеліктерін айтты. Бір жыл бойы жүйелі түрде көрсетілген бұл хабар – Ө. өмірінің ғана емес, күллі қазақ өнері мен әдебиетінің шежіресі іспетті.

*Е. Тұрсынбаев, С. Селіев*

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВ»**, жазушының 60 жасқа толуына арналған кітапша. Авторлары – Е. Лизунова мен

*Ы. Дүйсенбаев.* 1957 ж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан орыс тілінде шыққан. Еңбекте Ө-тің өмір жолы, жазушылық және қоғамдық қызметіне жан-жақты тоқтала отырып, зерттеушілер қаламгердің драмаларын, көркем прозаларын байыппен талдайды. «Абай жолы» эпопеясында ұлы ақынның зор тұлғасын сомдау арқылы Ө. қазақ халқының ең жақсы қасиеттерін суреттеп берді, сондай-ақ бұл туынды кезінде кеңес жазушыларының өздерінің ұлттық романдарын жазуға күшті ықпал етті дейді сынышлар. Кітапшаның көлемі 2,15 баспа табак, таралымы 5 мың дана.

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВ»**, жазушының шығармашылығына арналған кітапша. Авторы – *М. Қаратаев.* 1967 ж. «Жазушы» баспасынан орыс тілінде жарық көрген. Қазақшадан *Л. Шәріпова* аударған. Сыншы Ө-тің «Абай жолы» эпопеясын жазу барысындағы қиын да күрделі шығармашылық тағдырын, оның сан қырлы әдеби қызметін, туындыларының көркемдік ерекшеліктерін қарастырған. Әсіресе, роман жөніндегі салиқалы да салмақты пікірлерін ой ағысына тоғыта келіп, Ө. өткен замандағы мұраны бүгінгі күнмен классикалық тұрғыда қалай байланыстырудың тамаша үлгісін жасап берді деген қорытынды жасайды. Кітапшаның көлемі 2,77 баспа табак, таралымы 12 мың дана.

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВ»**, жинақ. Авторы – *Ы. Дүйсенбаев.* Ө-тің өміріне, жазушылық және ғылыми қызметіне арналған мақалалары мен естеліктерінен құрастырылған. 1974 ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрді. Автор өзінің арнаулы зерттеуінде ұлы жазушының ертеректегі – 1917–29 ж. аралығындағы шығармаларына тоқталып, жан-жақты талдау береді де, басқа мақалаларында Өуезовтің сансалалы қызметі сөз етіледі, оның филолог, өнер зерттеуші, тарихқа да жетік, білімпаз болғаны айтылады. Кітаптың соңындағы «Өз аға» деп аталатын естеліктерінде зерттеуші Ө-пен 1940 жылдан бастап жиырма жылдан аса уақыт сыйлас ініаға, дос-жолдас, шығармашылық қарым-қатынаста болғандарын толғаған. Кітаптың көлемі 9,3 баспа табак, таралымы 8 мың дана. Жауапты редакторы – *З. Ахметов.*

*Н. Ақбай.*

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВ»**, зерттеу еңбек. Авторы – *Ж. Дәдәбаев.* 1991 ж. «Рауан» баспасынан жарық көрген. Ө. шығармаларының өмірлік негізі, тамыр тартқан тереңі, яғни жазушының шығармашылық лабораториясы мен көркемдік шеберлігі сөз етілген. Автор «Әдеби шығарма және өмір шындығы» деп аталатын тарауда «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман», «Еңлік – Кебек», «Абай жолы» т. б. шығармаларында Ө-тің тарихи-этнографиялық деректерді әдебиет шындығына айналдыруда қолданған неше алуан амал-тәсілдері тәңірегінде толғағанды. «Өмір шындығы және жазушының творчестволық еркіндігі» деген екінші тарауда бастан-аяқ «Абай жолы» эпопеясының тарихилығы мен көркемдік құрылымын, яғни жазушының шындық болмысты екшеп, сұрыптап, саралап, жинақтап пайдалануын және нәтижелі игергенін, суреткерлік нысаны мен әдеби-әсемдік талғамын қарастырған. Зерттеудің соңғы бөлігінде («Жазушының творчестволық еркіндігі және характер шынайылығы») жазушының характер сомдау барысында психикалық процессті, «жан диалектикасын» ашуға баса ден қойып, адам сезімінің, талайы мен талабының, мінез-құлықтың бәр-бәрін байытып, дамытатыны тілге тиек болған. Сайып келгенде, Ө.

халық пен адам өмірін, қоғам тарихындағы айрықша мәнді-маңызды құбылыстарды суреттеудегі эпикалық кең тынысты, нәзік әрі терең психологизмді, интеллект биіктігін, тілдің құдіреттілігін, көркем әдебиеттің үш түрлі тегіне (эпос, лирика, драма) тән үш түрлі поэтикалық көркемдікті «Абай жолы» сынды бір ғана шығарманың бойына сіңіре білгендігі айтылған. Кітапшаның көлемі 5,5 баспа табак, таралымы 3 мың дана.

*Қ. Егрөбеков.*

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВ»**, монографиялық очерк. Авторы – *А. Нұрқатов.* 1957 ж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы шығарған. Жазушының шығармашылық жолын шолуға, оның әр кезде туған басты-басты шығармаларын, әсіресе Абай туралы эпопеясын идеялық-көркемдік тұрғыда талдауға арналған. Ұлттық әдебиеттің есейіп, ержетуіне, кемеліне келіп, толысуына Ө-тің прозаларының, оның ішінде «Абай» және «Абай жолы» романдарының зор ықпал еткенін, драматургия, очерк, публицистика саласында ғажап туындылар жасағанын атап көрсеткен. Ал жазушының қазақ ауыз әдебиеті туралы ғылыми еңбектерінде «саяси методологиялық қателіктер жіберілді» деп, автор сол кездегі коммунистік идеологияның көзқарасы бойынша біржақты баға береді. Кітапшаның көлемі 10,3 баспа табак, таралымы 4 мың дана.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВ»**, өмірбаяндық очерк. Авторы – *З. С. Кедрина.* 1951 ж. Мәскеудегі «Советский писатель» баспасынан орыс тілінде жарық көрген. Көлемі 4 баспа табак, таралымы 50 мың дана. Ө-тің өмірі мен шығармашылық қызметін, 30-жылдары жазған туындыларын, «Абай жолы» романын талдауға арналған. Кітап коммунистік идеологияның шырқау кезінде жазылғандықтан, жазушының ата тегіне, кеңес өміріне кешірек араласқанына көбірек шүйледі, «Хан Кене» пьесасы мен «Қилы заман» повесін «реакциялық-романтикалық сарындағы» туындылар деп бағамдайды. Бұдан басқа шығармаларын қаламгердің жетістігі, зор табысы десе, «Абай жолын» – кешпелі қазақ даласының тарихы, этнографиясы, экономикасы және правосы жөніндегі күрделі ғылыми еңбек, қазақ өмірінің айнасы, ұлттық әдеби тілді дамытуда маңызды рөл атқарады деп бағалайды. 1952 ж. қыркүйекте Қазақстан Компартиясының 6-съезі: «Әдебиетшілер мен искусство зерттеушілер – Жұмалиев, Өуезов, Жармағамбетов – өз шығармаларында буржуазиялық-ұлтшылдық сипатты қателіктер жіберді, «марксизм-ленинизм позициясынан және социалистік реализм әдісінен алыстады, кейбір реакцияшыл хандарды және олардың сарай ақындарын дәріптеді. Қазақстанның Россияға қосылуының ұлы прогрестік маңызын дұрыс көрсетпей, бүркемеледі, орыс халқы мен қазақ халқының қасиетті достығының мүдделеріне зиянын тигізді» деп атап көрсетті. Осыған орай, «Правда» газеті П. Кузнецовтың «Сынау орнына мадақтағандық» деген солақай мақаласын жариялады (1953, 20 қаңтар). Онда «З. Кедрина партия баспасөзінде көрсетілген кемшіліктерді Өуезовтің жоюға тиіс екенін айтпаған, мұның орнына сыныш жазушыны орынсыз мақтаған, қазақ пен орыс халқының қас жауы – Кенесары ханның он жыл бойы

ойран салғаны романда әшкереленбеген» деп даптаған.

Ө. Молдаханов.

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ»**, теллоход. 1980 ж. 6 қыркүйекте Навашин кеме жасау зауытында жасалып біткен соң, Сахалин теңіз кеме қатынасына берілді. Алғаш рет кеме Еділ өзені арқылы Горький қаласынан Дондағы-Ростовқа дейін жүзіп өтті. Экипажи шағын, 24 адам ғана. Бірінші халықаралық салары Новороссийскіде басталды. Осы арадан Каир тау-кен зауыты үшін жабдықтар тиеп, Египетке барды. Бұдан кейін 42 күн жол жүріп, Қиыр Шығысқа келді. 1981 жылғы көктемнен бастап «М. Ә.» осы кеме қатынасы жолының қаруында. Қазір ұлы жазушының атындағы теллоходты Жапония, Корея, Вьетнам, Қытай, Индия т. б. елдер жақсы біледі.

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӘДЕБИЕТ СЫНШЫСЫ»**, монография. Авторы – К. Сыздықов. 1973 ж. «Ғылым» баспасы шығарған. Жауапты редакторы – Р. Бердібаев. Еңбек Ә-тің әдеби-сын мұрасын талдауға арналған. Суреткердің 1917 жылдан өмірінің соңына дейін үзбей жазған ғылыми, сын мақалалары мен еңбектерін қарастыру арқылы автор оның шығармашылық ізденістерін, сыншылдық ғалымдық ерекшелігін саралай келіп, оның негізгі белгілерін былайша сипаттайды. Біріншіден, Ә-тің ғалымдығы, сыншылығы құлашының кендігімен, білім-танымының молдығымен көзге түседі. Екіншіден, ғалым қоғамдық-әлеуметтік талдау әдісі мен көркемдік-эстетикалық талапты өте шебер қиыстырады. Үшіншіден, жазушы көркем шығармаларындағы сияқты, ғылыми-сын талдауларында да дәл танып, тап басатын қырағы да көреген. Төртіншіден, Ә-тің сыншылық ерекшелігі ретінде оның тұрашыл әділдігі мен қатал сыншылығы тең түсіп жатады. Бесіншіден, қаламгердің ғылыми-сын еңбектеріндегі сөз саптауы мен ой оралымдары қатқабат астарлы, бәрі жиылып, бір-бірімен қиаласып келіп, оның үлкен ойшылдық, суреткерлік тұлғасын құрайтындығына тоқталады. Кітаптың көлемі 8,3 баспа табақ, таралымы 3 мың дана.

Ө. Молдаханов.

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ»**, монография. Авторы – М. Мырзахметұлы. 1982 ж. «Ғылым» баспасы шығарған. Кітапта Ә-тің абайтану ілімінің негізін қалаудағы күрделі ғылыми зерттеушілерінің проблемалық жақтары Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу, текстологиялық ізденістері мен ақын мұрасының Шығысқа қатысы, Абайдың әдеби ортасы сөз етілген. Автор ұлы жазушының абайтану саласындағы сан қилы, көп тармақты, күрделі мәселелерді тұтас қамтымай, олардың арасына төрт түрлі аса күрделі тың проблемаларды бөліп алып, зерттеу нысаны еткен. Кітаптың бірінші тарауы «Абай өмірбаяны – абайтанудың негізгі саласы деп аталады. Онда зерттеуші ақын өмірбаянының Ә. жасаған төрт нұсқасын анықтап, оларды өзара салыстырған. «М. Әуезов – Абай шығармаларын жинаушы әрі текстологы» деген екінші тарауда Абай шығармаларының таралу жолдары, өлеңдерін түпнұсқа қалпына келтіру, олардың жазылу мерзімін анықтау, бұл жолдағы Ә-тің текстологиялық зерттеулері жан-жақты баяндалған. Автор монографияның үшінші тарауында («Абай мұрасының Шығысқа қатысы М. Әуезов зерттеуінде») ұлы жазушының

еңбектеріне тереңдеп еніп, қызықты топшылаулар жасаған. Зерттеуші Ә-тің ақын Шығысын тану жөніндегі пайымдауларына үш сала – ғылыми-зерттеу еңбектер, мұрағаттық қолжазбалар, «Абай жолы» эпопеясы арқылы барып, ұлы ақынның Шығысқа қатысын «Абайдың ақындық кітапханасы», «Абай және шығыс классиктері», «Абайдың исламиятқа қатысы», «Абайдың мораль философиясына қатысы» деген төрт тақырып аясында әңгімелеген. Соңғы тарау – «М. Әуезов және Абайдың ақындық ортасы». Автор онда Ә-тің бұл тақырыпты өзінің ғылыми еңбектерінде, әсіресе «Абай жолында» қандай сипатта сөз еткенін, суреттегенін ықшам түрде жеткізген. Сөйтіп бұл монография Ә. шығармашылығындағы Абай мұрасының алған басты орны мен терең мәнін, абайтанудың негізін салу жолындағы ұзақ ізденістерін танып-білуде қазақ әдебиеттану, соның ішінде мұхтартану ғылымына қосылған ерекше еңбек болып табылады. Көлемі 16,4 баспа табақ, таралымы 2 мың дана.

Қ. Ергөбеков.

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІ»**, монография. Авторы – М. Серғалиев. «Қазақ университеті» баспасы 1998 ж. шығарған. Кітап екі тараудан тұрады. «М. Әуезов тіл туралы» деп аталатын 1-тарауда ұлы сөз зергерінің әдеби тіл мен көркем әдебиет тілі туралы көзқарасы талданған. Кезінде ауыз әдебиеті тілінің ерекшеліктері, Абай тілі мен қазақ жазушыларының сөз қолдану үрдісі жөнінде Ә. өнегелі ойлар айтқан еді. Әсіресе ұлы Абайдың өзіне дейінгі ақындардан алған өнегесі, сөзжасам даралығы, кейінгілерге берер үлгісі ғалым-жазушының талай зерттеулеріне арқау болған. Сонымен бірге Ә. замандас қаламгерлерінің жеке сөздері мен сөйлемдеріндегі кемшін тұстарды да сынға алғанды. Кітап авторы ұлы жазушының осындай пікірлерін жүйелі түрде баяндап, олардың айқындығын, дәлдігін, ақылға қонымдылығын дәлелдейді. Кітаптың 2-тарауы «М. Әуезовтің тілі туралы» деп аталады. Мұнда, негізінен, жазушының 20-жылдардағы әңгімелерінің тілі зерттеуге арқау болған. Әсіресе қазақ прозасының классикалық үлгілері «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұл» т. б. өңгімелеріндегі сөз айшықтары, авторлық баяндау мен кейіпкер тіліндегі табиғи байланыс, сөз қолданудағы стилистикалық тәсілдер, табиғат құбылыстары мен адам психологиясындағы тұтастықты тіл арқылы беру шеберлігі сөз болған. Монографияның көлемі 6,8 баспа табақ, таралымы 1000 дана.

Ш. Сарыбаев.

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТ»** («Мухтар Ауэзов и современная литература»), жинақ. 1987 ж. «Ғылым» баспасынан орыс тілінде жарық көрген. Жазушының 90 жылдық мерейтойына арналған салтанатты мәжілістің материалдары топтастырылған. Құрастырғандар – Л. Әуезова, Е. Тәжібаев, Р. Досымбекова. Материалдар қазақ және орыс тілдерінде берілген. Кітап екі тараудан тұрады. «Суреткер, гуманист, интернационалист» деген бірінші тарауда Алматыда, сонымен қатар Мәскеуде өткен салтанатты жиындардың материалдары орын алған. Екінші тарау («Мухтар Әуезов және қазіргі әдебиет») мерейтойға байланысты ҚазКСР Ғылым академиясында жас ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушылары жасаған баяндамалар қамтылған. Басқа республикалардан келген жазушылар, әдебиет зерттеушілер, қоғамтанушылар



мен ғалымдар қазақ әдебиет зерттеу ғылымының, оның бір саласы әдебиет зерттеу ғылымының жаңа деңгейі туралы да өз ой-пікірлерін орта салған. Жалпы кітаптағы бай материалдар жазушының өзі, оның шығармашылығы туралы ғана емес, сондай-ақ қазақ әдебиетінің 80-жылдардың орта шенінде жеткен жетістігі жөнінде мол мағлұмат береді. Жинақтың соңында мерейтойға орай Ә-тің жаңадан жарық көрген шығармаларының, ол туралы жарияланған мақалалардың тізімі (қазақ, орыс, башқұрт, өзбек, ұйғыр, украин, латыш, неміс тілдерінде) берілген. Көлемі 20,28 баспа табақ, таралымы 1800 дана.

Ө. Молдаханов.

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ТЕАТР»**, монография. Авторы – *Б. Құндақбаев*. 1997 ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрген. Кітапта Ә-тің ұлттық театр мен драматургияның дүниеге келуіне, дамуы мен қалыптасуына, қазіргі биік белеске көтерілуіне сіңірген ұлан-ғайыр еңбегі, шығармашылық қызметі сөз болады. 1917 ж. дала театрында қойылған «Еңлік – Кебекен» бастап, ұлы жазушының қазақ өнерінің алтын қорына айналған ірі пьесаларының сахналық қойылу тарихы тұтас қамтылған. Сонымен бірге қаламгердің эстетикалық-театрлық көзқарасы, әр жылдары жарияланған мақалалары мен зерттеулерінің рухани болмысымыздағы әсері мен маңызы да назардан тыс қалмаған. Драматургия мәселелеріне келгенде, пьесаларды жеке-дара әңгімелеймі, оларды сахнаға қойылуымен бірге қарастырған. Автор бұл еңбегінде негізінен жазушының шығармашылық өміріне, оның ішінде театр мен драматургияға байланысты жазба материалдарға, өнер қайраткерлерінің естеліктеріне, жазған, айтқан сөздеріне сүйенген, сондай-ақ сахнада қойылған спектакльдерді көруден туған әсерлер де зерттеуге арқау болған. Автор ұлы жазушының драматургиясын қарастырумен ғана шектелмей, оның ұлттық өнеріміздегі қайталанбас қолтаңбасына да назар аударған. Мысалы, Ә-тің ұлттық кино өнерінің дамуына қосқан үлесі аса зор. Драматург сахна мен экранның негізгі әдебиет екенін түсініп, соның сапасын көтеруге күш салды. Ол сценаристермен, кино мамандарымен бірге жүріп, ақыл-кеңесін айтудан, қолдан көмегін көрсетуден ешқашан жалықпаған. Декорация, киім үлгілерін, Абайдың, басқа да кейіпкерлердің портреттерін жасауда Мұханның ықпалы аз болмаған. Ә. драматургия саласында тек ұлттық шеңбермен шектеліп қалған емес. Классикалық драматургияның озық үлгілерін қазақшаға аударып, сахнаға қойылуына айрықша көңіл бөлген. Монографияда жазушының аударма репертуарын жасаумен басқа елдердің татымды тәжірибелерін пайдалану жолы, ұлттық театрымызға тигізген шығармашылық ықпалы әсерлі баяндалған. Кітаптың көлемі 13,5 баспа табақ, таралымы 2 мың дана. Әдебиет пен өнер сүйгіш оқырман қауымға арналған.

Н. Оспантегі.

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ – ПУБЛИЦИСТ»**, оқу құралы. Авторы – *Б. Ә. Жақып*. 1997 ж. «Ана тілі» баспасы шығарған. Кітап ұлы жазушының публицистикалық шығармаларын зерттеп, талдауға арналған. Кітаптың кіріспесінде автор қазақ публицистикасы жанрының тарихына қысқаша шолу жасап, ұлттық баспасөздің дамып, қалыптасуына Ә-тің сіңірген еңбегіне айрықша тоқталған. Алғашқы тарауда жазушының 1917–32 ж. журналистік қызметі сипатталып, осы кезеңдегі әрбір мақаласын тарихи оқиға

деп бағалаған, олардың туу, жазылу тарихын, тақырыбы мен мазмұнын сол дәуірдегі қоғамдық-саяси жағдаймен байланысты қарастырған. «Публицист шеберлігі» деп аталатын екінші тарау Ә-тің соңғы отыз ішінде жазған публицистикалық еңбектерін талдауға арналған. Мұнда автор шеберлік мәселесін жіктеп, жүйеге бөлместен, әр очерктің мазмұнын, жазылу мәнерін еркін саралап шыққан. Қорыта айтқанда, «Мұханның публицистикалық шығармаларына ең алдымен байқағанымыз – проблема қоя білу және оны талдап жеткізу шеберлігі. Оның көптеген мақалаларында мәселенің қоғамдық-саяси, әлеуметтік, мәдени астары күн тәртібіндегі маңыздылығымен астасып жатыр» деп, түйіндейді автор өз ойын. Оқу құралы филологтарға, студенттерге, журналисттерге арналған. Көлемі 8,4 баспа табақ, таралымы 1000 дана.

Қ. Ерғөбеков.

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ – СОВЕТ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ»** («Мухтар Ауэзов – классик советской литературы»), жинақ. Жазушының 80 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиналыстардың материалдары берілген. 1980 ж. «Ғылым» баспасынан 2 мың таралыммен шыққан. Кітапта Алматыда 1977 ж. 23 қыркүйекте В. И. Ленин атындағы Сарайда өткен салтанатты жиналыстың, Семей қаласы мен Семей облысының Абай ауданында, Ә-тің туған жерінде 1977 ж. 24–26 қыркүйекте өткен салтанатты жиындардың, Алматыда 1977 ж. 28 қыркүйекте болған «Мұхтар Әуезов және оның шығармашылық мұрасы» атты ғылыми-теориялық конференцияның, Киев қаласында 1977 ж. 29 қыркүйекте өткен салтанатты жиналыстың, Мәскеудегі Үлкен театрда 1977 ж. 24 қарашада өткен салтанатты кештің материалдары жүйеленіп топтастырылған. Алматыда өткен салтанатты жиналыстың материалдары «Суреткер, ойшыл, гуманист, жалынды патриот» атты бөлімінде берілген. Семей облысында өткен салтанатты жиындардың материалдары «Ұлы жазушы-ғалымның құрметіне» деген бөлімге топтастырылған. Алматыда өткен «Мұхтар Әуезов және оның шығармашылық мұрасы» атты ғылыми-теориялық конференцияның материалдары «Ғалымдар М. О. Әуезов жайында» атты бөлімде берілген. Мәскеуде Үлкен театрда өткен салтанатты кештің материалдары «Қазақ әдебиетінің мақтанышы» атты бөлімде берілген. Кітаптың соңында орыс, қазақ тілдерінде библиографиялық көрсеткіш берілген. Оның алғашқы бөлімінде орыс және қазақ тілдерінде шыққан жазушы шығармаларының мерекелік басылымдары, екінші бөлімінде мерейтойға қатысты Ә. шығармашылығына арналған еңбектер кірген.

Ө. Молдаханов.

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ – СУРЕТКЕР»**, көмекші оқу құралы. Авторы – *Б. Қ. Майтанов*. 1996 ж. «Әл-Фараби» баспасынан шыққан. 1995 ж. Сорос-Қазақстан қорының гуманитарлық пәндер бойынша ашық конкурсында жеңімпаздар қатарына енген. «Сөз басы», «Психологиялық тұғырнама», «Эстетикалық дәстүр және эстетикалық пайым», «Сыр мен сымбат», «Тарихи дәлдік пен көркемдік», «Сөз соңы» деген тарауларға бөлінген, одан кейін оқу-әдістемелік әдебиеттердің тізімі және студенттер үшін тапсырма мен тест сұрақтары берілген. Жазушының романда ұстанған психологиялық тұғыр-

намасы, шығармадағы тартыстың кеңістік пен уақыт аясындағы мәдени-этикалық тамырлары, кескіндеме суреттеу бедерімен сезім айшығын ұштастыру, ішкі монологтағы тарихи дәлдік пен көркем қиял сияқты зерттелмеген мәселелерді талдауға құрылған. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясындағы тарихи, эстетикалық мәселелерді қайта саралауға көңіл бөлінген. Қазіргі заман шындығы, уақыт талабы әйгілі романды жаңаша тану қажеттігін алға тартып отыр. Еңбекте осы кезге дейін үстем болған дәстүрлі көзқарастарға тыңнан назар салып, эпопеяның мазмұндық-көркемдік деңгейін идеология қағидаларынан қарастыру көзделген. Әуезовтану курсына керек проблемалар мен деректер де қамтылған. Сөйтіп автор дәріс сабақтарында, оқу бағдарламаларында Ө-тің терең ой-сырларының астарын ашып, қаламгер көксеген шындықты айқындауды, саясат бұғалығынан босана алмай, түспалмен білдірген мұратын танытуды мақсат еткен. Өйткені ұлы жазушының «мұрасы көне заманнан бүгінгі күнге, бүгіннен болашақ заманаларға шеру тартқан қазақ өмірінің игілік көші сияқты». Көлемі 6,7 баспа табақ, таралымы 1000 дана.

*Н. Ақбай.*

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ТАҒЛЫМЫ»**, жинақ. Құрастырған – *Р. Нұрғали*. 1987 ж. «Жазушы» баспасы шығарған. Қазақ кеңес ақын-жазушыларының, ғылым қайраткерлерінің Ө. туралы бұрын-соңды жазған 25 әдеби-сын мақаласы мен зерттеуі топтастырылған. Бұлардан тыс 24 шетел қаламгерінің Ө. жөнінде айтқан, сәлиқалы пікірлері келтірілген. Бұл еңбектерде ұлы жазушының, оның өлмес мұраларының бізге қалдырған тағылым-тәлімінің, үлгі-өнегесінің, қаншалықты мол, қаншалықты ұлағатты екеніне тәнті боласың. Кітаптың соңында авторлар туралы қысқаша түсінік-мәліметтер берілген. Жинақтың көлемі 24,2 баспа табақ, таралымы 3200 дана.

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ТВОРЧЕСТВОСЫ»**, жинақ. Авторы – *А. Нұржағов*. 1965 ж. «Жазушы» баспасынан шыққан. Ө-тің сан салалы шығармаларын зерттеген монографиялық очеркі (6 мақала) және қазақ әдебиетінің келеді мәселелерін қарастырған 15 мақала топтастырылған. Құрастырып, алғы сөзін жазған – *Б. Сахариев*. Монографияда Ө-тің кең арналы шығармашылық жолына шолу жасалып, басты-басты еңбектері талданған, жазушының қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі орны сөз болды. Ө. шығармашылығы жөніндегі талассыз пікірлерді жүйеге салған, ал бірқатар талас мәселелердің басы ашылып, тың пікірлер айтылған. Кітаптың көлемі 21 баспа табақ, таралымы 6 мың дана. **«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР»**, жинақ. 1997 ж. «Жазушы» баспасы шығарған. Құрастырып, түсініктерін жазған. *Ж. Ә. Аулбаев*. Алғы сөзін жазған *Т. Жұртбаев*. «Естеліктер жинағының негізгі мақсаты – қазақ ұлтының руханият тарихында қайталанбайтын ұлы тұлғаны еске түсіру; алдыңғы толқынның жадында қалған оқиғаларды жаңғырту; ауялы бейнесін бүгінгі және келер ұрпақтың есінде қалдыру» делінген кіріспеді. Шынында кітапқа 1976 ж. жарық көрген «Біздің Мұхтар» басылмы негіз етіп алынған, соның жалғасы, толыққан, толықтырылған нұсқасы. Онда ұлы суреткердің жеке өміріне қатысты таза естеліктер іріктеліп топтастырылған. Сондай-ақ суреткердің

сұрапыл кезеңдердегі қиын тағдырын баяндайтын тың естеліктер енгізілген, нақты шындықты таныту жағына жіті көңіл бөлінген. Тағы бір айта кететін жай: естеліктер кезең бойынша іріктелген, жазушының 30-жылдарға дейінгі өмірінен дерек беретін жазбалар түгел қамтылған. Кітаптың көлемі 31,92 баспа табақ, таралымы 2 мың дана.

*Н. Өтебай*

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ АБАЙДЫ ТАҢУЫ»** («Восхождение Мухтара Ауэзова к Абаю»), монография. Авторы – *М. Мырзахметұлы*. 1994 ж. «Санат» баспасынан орыс тілінде шыққан. Абайтану ғылымының ең негізгі және аз зерттелген салаларын қарастыруға арналған. «М. Әуезов – Абай шығармаларын жинаушы және оның текстология» деген бірінші тарауда автор жазушының тұңғыш рет ақынның өмірбаянын жазып, толық шығармалар жинағын бастырып шығаруға әзірлегенін, өлеңдер мәтінінің үштен бірін қалпына келтіргенін сөз етеді. Екінші тарау («Абайдың өмірбаянын зерттеу – абайтанудың негізгі іргетасы») ұлы ақын өмірбаянының төрт нұсқасының жазылу тарихын баяндауға арналған. «Мұхтар Әуезов және Абайдың әдеби ортасы» атты үшінші тарауда кезінде үлкен айтыс-тартыс, қым-қиғаш пікір таласын тудырған мәселелер туралы – Абайдың ақындық айналасы, әдеби мектебі, шәкірттері, ақындық дәстүрі т. б. жөнінде айтылады. Төртінші тарауда Абайдың Шығыстың классикалық әдебиетіне қатысы жөніндегі Ө-тің пікірлері жаңа қырынан әңгіме болады. Сөйтіп кітапта абайтану ғылымын зерттеудің Әуезов ұсынған 8 проблемасының тертеуі қарастырылған. Көлемі 17,5 баспа табақ, таралымы 7 мың дана.

*Қ. Ерғөбеков.*

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ АБАЙТАНУ ТУРАЛЫ ЛЕКЦИЯСЫНАН»**, көмекші оқу құралы. Авторы – *С. Н. Жүнісов*. 1996 ж. «Санат» баспасынан шыққан. Кітапқа абайтану пәні бойынша 60-жылдары Ө. оқыған лекциялардың конспекті енгізілген. Алғы сөзде жазушы өмірінің қилы-қилы өмірін мағлұматтар келтірілген, оның шындықтың ауылын аттап өтіп, өз «кәтеліктерін» еріксіз «мойындап» жазған ашық хатының, *З. Кедринаның* «Мұхтар Әуезов» атты кітабын орысын даптап, жала жапқан мақаланың («Правда», 30.02.1953) мәтіндері берілген. Ал оқылған лекцияда бұрын бізге беймәлім, бейтаныс жайлар туралы да мағлұматтар бар. «Біз Мұхана өмір бойы шәкірт боп қаламыз» деп аталатын соңғы сөзде автор ұлы адамның алдын көріп, ұлағатты тәлім алған, Мұхтар Әуезовтің есімін ғұмыр бойы әулидей ардақтап, өтетінін тебірене жазды. Еңбектің көлемі 3,6 баспа табақ, таралымы 2 мың дана.

*Н. Оспантегі.*

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ДҮНИЕГЕ КӨЗҚАРАСЫ»** («Мировоззрение Мухтара Ауэзова»), монография. Авторы – *А. Тайжанов*. 1997 ж. «Ғылым» баспасы орыс тілінде шығарған. Еңбекте Ө-тің шығармашылық мұрасы тұңғыш рет дүниеге көзқарас тұрғысынан қарастырылып, жазушының Қазақстандағы қоғамдық ойды, әлем әдебиеті мен мәдениетін дамытудағы рөлі мен орны, этикалық мәселелердің тарихи мән-маңызына қарым-қатынасы, сондай-ақ оның рухани байлықты, педагогика мен психология ғылымын дамытуға қосқан зор үлесі жан-жақты көзқарасының қалыптасуы мен ерекшеліктері, «Мұхтар Әуезовтің замандастары мен келешек ұрпақтардың рухани

өмірін дамытудағы орны», «Мұхтар Өуезовтің педагогикалық көзқарастары мен этникалық тұжырымдары» деген тарауларға жіктеліп зерттелген. Көлемі 13 баспа табак, таралымы 1000 дана.

Ө. Нысанбаев.

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВТІҢ МУЗЕЙ-ҮЙІ»**, жазушының мұражай-үйі туралы суретті кітапша. 1977 ж. «Ғылым» баспасы шығарған. Мәтіндерін Б. Сахариев жазған, көркем бейнелерін – А. Мальцев, редакторы – Ө. Қазтаев. Кітапшада мұражайдың ашылу тарихы, Ө-тің өмірі мен кейбір шығармалары туралы қысқаша мәліметтер, жазушының бірнеше фотосуреттері, ол туып-өскен киіз үйдің макеті, жұмыс бөлмесінің ішкі көрінісі, портреттері, алған сыйлықтары, мұражайдың көрермендер залы, «Абай жолына» иллюстрация берілген. Сондай-ақ орыс, шетел ақын-жазушыларының айтқан пікірлерінен үзінділер келтірілген. Ең бастысы, мұражайға келгендер ұлы жазушының өзімен диалогқа сқандай әсер алып қайтады. Анықтамалықтың көлемі 2,6 баспа табак, таралымы 5 мың дана.

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ»** (« Педагогически е взгляды Мухтара Ауэзова »), көмекші оқу құралы. Авторы – А. Тайжанов. 1990 ж. «Рауан» баспасынан орыс тілінде жарық көрген. Ұлы жазушы Қазақстанда мәдениеттің, халық ағарту ісінің, педагогиканың дамуына зор үлес қосты. Кеңес өкіметі орнасымен-ақ ол ең алдымен білім-ғылым таратуға, қазақ тілі мен орыс тілін игеруге бар күш-жігерін жұмсады. Ө-тің жоғары деңгейдегі идеялық-саяси және педагогикалық ой-пікірлері мен көзқарастары ағарту ісін демократиландыруда зор рөл атқарды. Автор бұл айтылғандарға жазушының «Оқудағы құрбыларына», «Ғылым», «Оқу ісі», «Бүгінгі зор міндет», «Мәдениет һәм ұлт», «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» т. б. мақалаларын талдау арқылы көз жеткізген. Зерттеушінің пікірінше, Ө. ғалымдық пен ұстаздықты тең дәрежеде меңгерген. Бұған оның «Қазақ әдебиетінің тарихы» оқулығын (1927), «Жаңа ауыл» (1929), «Жеткіншек» (1930) оқу хрестоматияларын, «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсініс хаттар» оқу бағдарламасын (1930) мысалға келтірген. Автор Ө-тің шығармаларындағы адамгершілік, отансүйгіштік, гуманизм мәселелерін суреткердің ұстаздық қызметімен, педагогикалық көзқарастарымен ұштастыра қарастырған. Кітаптың соңында жазушының педагогикаға қатысты еңбектерінен алынған үзінділер қосымша ретінде берілген. Көлемі 4 баспа табак, таралымы 3 мың дана.

Ө. Нысанбаев.

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ МЕКТЕП ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ»**, оқу-әдістемелік құрал. Авторы – А. Тайжанов. 1993 ж. Ақтөбедегі «Ноу-хау» ғылыми фирмасы шығарған. Ө-тің ұстаздық қызметін сөз ете отырып, автор оның педагогикалық көзқарасының қалыптасып, дамуына 19 ғасыр мен 20 ғасырдың басында өмір сүрген аса көрнекті ағартушы ақын-жазушылардың әсері зор болғанын көрсетеді. Ол одан әрі жазушының халық педагогикасы мен ұлттық тәлім-тәрбиенің қайнар көздерінен нәр алғанын, соның нәтижесінде этнопедагогика және этномәдениет мәселелері жөнінде жазған ғылыми еңбектерін башайлап талдайды, дәстүр мен жаңашылдық диалектикасының қаламгер шығармаларынан қалай көрініс тапқанын тәптіштеп баяндаған. Автор Ө. мұраларындағы тәрбие мәселелеріне, оны

мектепте пайдаланудың маңызына баса назар аударған. Зерттеуші жазушының бай туындыларын мектептен бастап, барлық өскелең ұрпаққа барынша зерделеп жеткізу, санасына сіңіре беру – аға буынның, әсіресе ұстаздардың қасиетті де абзал борышы әрі парызы деп ой түйеді. Кітаптың көлемі 8 баспа табак, таралымы 1000 дана.

Ө. Нысанбаев.

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВТІҢ ШЕБЕРЛІГІ»**, монография. Авторы – Е. В. Лизунова. 1968 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Зерттеуші кітаптың алғашқы тарауында Ө-тің 20-жылдардағы жазған туындыларын талдай келіп, жазушының бұл кездегі әңгімелері қазақ реалистік прозасының қалыптасуына зор ықпал жасағанына назар аударды. «Жол алғашқы адымнан басталады» атты екінші тарауда 30-жылдардағы шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін ашады. «Еңлік – Кебек», «Бәйбіше–тоқал», «Қарагөз» сияқты пьесалары арқылы Өуезов қазақ әдебиетінде драматургияның дамуына бірінші болып жол салды деп тұжырымдайды сыныш. «Ақын және халықтық эпопея» тарауы жазушының есімін әлемге әйгілеген «Абай жолы» романының жазылуы тарихына, бұл жолда кездескен кейбір кедергілердің сыр-сипатын ашуға, неге Абайдың романының басты қаһарманы болғанына, кейін эпопеяның барша кеңес жазушыларына шығармашылық жағынан күшті ықпал еткеніне тоқталады. Автордың пікіріне сүйенсек, «Абай жолы» эпопеясы проза мен поэзияны, баяндаудың реалистік принциптері мен фольклорлық сарынды асқан шеберлікпен жақындастырды. «Роман және замандастар» тарауында – «Өскен өркен» романы, «Трагедиялар мен комедиялар» тарауында – пьесалары, одан кейін – очерктері, публицистикалық туындылары, соңғы тарауда Ө-тің халықаралық әдеби байланыстары туралы сөз етіледі. Кітапшаның көлемі 17,46 баспа табак, таралымы 5 мың дана.

Қ. Егребеков.

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨНЕР МЕН ӨНЕРПАЗ ТҮЛҒАСЫ»**, оқу-әдістемелік құрал. Авторы – Қ. Қ. Аллысбаев. «Қазақ университеті» баспасы 1998 ж. шығарған. Кітапта Ө-тің өнер әлемін түйсінуі, оны образға айналдыру шеберлігі арқау етіліп, «Абай жолы» эпопеясындағы ән мен өнші бейнесінің жасалу ерекшелігі, тағлым танымы талданған. Ұлы жазушының қай шығармасынан да ағып тұрған ақын қаламының ізін танысыз. Тіл гармониясы поэзияға жақын. Ал гармонияның өмірлік өрісі – музыка. Музыкалық гармонияда құлаққа жат үн болмақ емес. Өйтпеген жағдайда ол музыка болудан қалады. Егер Ө. тіліне тайпалған жырға табиғаты тән десек, ол – сөз бен ойдың өрен үндестігі. Өнер бітімімен ауысқан абзал қасиет» деп, автор Мұханды ақынға, шығармаларын өнге балайды да, Өуезов туындыларындағы өнерпаздар бейнесі бәрінен де биік тұр деген эстетикалық қорытынды жасайды. Көлемі 2,5 баспа табак, таралымы 1000 дана.

Қ. Егребеков.

**«МҰХТАР ӨУЕЗОВ – ФОЛЬКЛОРАНУШЫ»**, монография. Авторы – Ө. Молдаханов. 1997 ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрген. Мұнда Ө-тің ұзақ жылғы әдеби-ғылыми мұрасында екі нәрсе ерекше назар аударады: бірі – абайтану, екіншісі

– фольклортану. Ғалымның фольклор саласындағы еңбектері туралы *Ғ. С. Тоғжанов* алғаш рет пікір айтқан еді. Содан бері *Ө-тің* ауыз әдебиетін зерттеген еңбектері жөнінде көп айтылды, көп жазылды. Бірақ авторлардың барлығы жазушының фольклортанушылығын оның ғылыми-педагогикалық қызметімен байланысты қарастырып, фольклор туралы еңбектеріне ішінара ғана тоқталған. Ал бұл кітапта *Ө-тің* фольклор саласындағы еңбектері арнайы қарастырылған. Жазушының ғылыми шығармашылығында фольклор басты тақырып болғанымен, тиісінше зерттелмеді, өйткені елімізде ұзақ уақыт бойы қалыптасқан саяси-әлеуметтік ахуал, яғни әкімшіл-өміршіл идеологияның үстемдігі мүмкіндік бермей, ой-сананы тұсап келді. Себебі бұл кеңестік жүйе әдебиеттану ғылымын өзінің ресми идеологиялық саясатының құралы, тетігі деп санады, сөйтіп өнерге біржақты қарады, таптық, партиялық көзқарас орын алды. Соның салдарынан *Ө-тің* 20-жылдардағы фольклор жөніндегі еңбектері мүлде аталмай, ақтандақ күйінде қалды. Сондықтан автор бүгінгі қайта өрлеу, жаңаша өркендеу кезеңінде өткен әдеби мұрамызға жаңаша ойлау тұрғысынан қарауды ұсынады. *Ө-тің* фольклорлық еңбектері кітапта жік-жікке бөліп қарастырылған. «Халықтың рухы – оның фольклорында» деген тарауда *Ө-тің* халық әдебиетін жинап, бастыру, ғылыми басылымдарын жүзеге асыру, әдеби шығармаларын пайдалану қызметі жан-жақты баяндалған. «Зерттеулері» деген екінші тарауда *Ө-тің* қазақ фольклорын зерттеудегі еңбектері ізденіс жылдары (20-жылдар), кемелдену кезеңі (30-жылдар) және ғұламалық шыңы (40-жылдардан бастап) деп бөлінген. Осылай зерттеу авторға *Ө-тің* қазақ фольклорын ұлттық тар шеңберде алып зерттеген ізденіс жылдарынан бастап, оны дүние жүзі фольклорымен байланыстыра қараған ғылыми көзқарасының эволюциясын ашуға мүмкіндік берген. Бұдан біз *Ө-тің* қазақ ауыз әдебиетінің ғана емес, дүние жүзі фольклорын зерттеуші екенін көреміз. Монографияның көлемі 8,3 баспа табак, таралымы 1000 дана.

*Қ. Мәшһүр Жүсіп.*

«МУХТАР МҰРАСЫ», жинақ. 1997 ж. «Қазақстан» баспасы шығарған. Құрастырып, алғы сөзін жазғандар – *Ш. Ыбыраев пен С. Қорабай*. *Ө-тің* қазақ прозасы мен драматургиясындағы шығармашылық өнерінің алуан қырын ашып көрсететін ғылыми еңбектер топтастырылып, «Ақыл сөз – асыл ойдан», «Көркем сөздің алыбы», «Ақыл-ойдың кені», «Ұлылар үндестігі», «Өнер өрінде», «Өлмейтін өмір» атты тарауларға бөлініп берілген. Сондай-ақ ұлы жазушының әдеби сын мен әдебиет тарихын зерттеуге қосқан еңбегі жөнінде жазылған зерттеулер де енгізілген. Сөйтіп кітап *Ө-тің* бай мұрасы, қалам қарымы, ой-арманы мен мақсат-мұраты туралы сыр шертеді. Жинақтың көлемі 18,5 баспа табак, таралымы 3 мың дана.

«МУХТАР – МҰХИТ», жинақ. *Ө-тің* 100 жылдық мерейтойына арнап Қазақстан Журналистер одағының Оңтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесінің ұсынуымен облыстық баспахананда басылып шыққан. Авторы – *Ә. Мұсаев*. Көлемі 7,2 баспа табак. Кітап үш бөлімнен тұрады: 1-бөлім «Мұхтар – мұхит» (деректі хикаят) деп аталып, «Беташар», «Көктегі ту», «Ағаның арнайы хаты», «Мәртебесі биік бол-

сын», «Мұхтардың бүркіті», «Алып жүріп өткен із-бенен», «Ансары қожа өкініші», «Әділбайға екі түзету», «Ғафуға екі түзету», «Есте қалар оқиғаларды тіркеу кітабы» қайда?», «Мұхтарға табынған ақын» атты жеке тарауларға бөлініп, *Ө-тің* «Оңтүстік сапарынан» очеркінен қысқа үзінді мен «Мұхтар шыңы» атты эпилוג берілген. 2-бөлімде «Естелік-эсселер» деген атпен «Бауыржан», «Қайран Омекең», «Өзі де жалын өрт еді», «Жігіттің сұлтаны еді-ау!», «Қалдаяқ, Шәмші және Мұхтар» деген тақырыптағы естеліктер енген. 3-бөлімде «Қазақы калжыңдар» деген атпен 17 қысқа қалжың әңгімелер жарияланған.

*К. Сыздықов.*

«МУХТАР ОМАРХАНҰЛЫ ӘУЕЗОВ» («М у х т а р О м а р х а н о в и ч А у э з о в»), библиографиялық көрсеткіш. «Ғылым» баспасы 1984 ж. орыс және қазақ тілдерінде шығарған. Библиографияға жазушының өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер, еңбектері мен өзі туралы жазылған еңбектер енгізілген. Көрсеткіш материалдары хронологиялық тәртіппен орналасқан. Әр жыл көлемінде әуелі қазақша, одан кейін орысша, одан әрі басқа тілдерде басылғып шыққан материалдар алфавит тәртібімен орналастырылған. Кітаптың басында *Ө-тің* өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері, ғылыми және қоғамдық қызметі жайлы қысқаша очерк қазақ, орыс тілдерінде берілген. Көрсеткіш соңында еңбектердің алфавиттік және есім көрсеткіштері енгізілген. Көлемі 4,8 баспа табак, таралымы 500 дана.

«МУХТАР ОМАРХАНҰЛЫ ӘУЕЗОВ», көмекші оқу құралы. Авторы – *Х. Ж. Сүйіншілиев*. 1968 ж. ҚазМУ-дың баспаханасы шығарған. Ұлы жазушының 70 жылдық мерейтойына арналған. Зерттеуші *Ө-тің* шығармашылық жолын үш салаға бөліп қарастырған. «Совет әдебиетінің кеменгері» атты бөлімде жазушының әңгіме, повесть, драмаларына шолу жасалып, 30-жылдары *Ө-тің* социалистік реализм әдісін меңгеріп, маркстік эстетика сырын жетік білгенін, советтік өмір шындығына арнап соны шығармалар жазғанын баяндаған. Келесі бөлімде («Әдебиетіміздің дәуірлік туындысы») автордың жеке басының, сондай-ақ қазақ әдебиетінің, бүкіл кеңес әдебиетінің аса зор табысы («Абай жолының» көркемдік, композициялық ерекшеліктері талданып, эпопеяның түрлі жанрдың (эпос, драма, лирика) синтезі, барлық әдебиет жетістіктерінің асыл қасиеттері ұштасқан зор пафосты шығарма екені айтылған. «Шалқар шабыт жемістері» деп аталатын соңғы бөлімде *Ө-тің* ғалымдық және ұстаздық қызметі, абайтану саласындағы өлшеусіз еңбегі сөз болады. Автор ардақты жазушының «кесірі мен терісі мол қатал қарсылыққа қарсы күресте» талмай еңбек ету арқылы ғана дегеніне жеткенін атап көрсеткен. Көлемі 2 баспа табак, таралымы 300 дана.

*Н. Бауған.*

«МУХТАРТАНУДЫҢ БЕЙМӘЛІМ БЕТТЕРІ», зерттеу еңбек. Авторы – *К. Сыздықов*. 1997 ж. «Қазақстан» баспасынан жарық көрген. Кітапта ұлы жазушының ғылыми сын-зерттеу туындылары қарастырылған; оның мұражайындағы, Мәскеу, Санкт-Петербург, Алматы, Семей мұрағаттарындағы ерте кездегі газет-журналдар мен басылымдарда жарияланған деректер негізінде суреткердің өмірі мен шығармашылық қызметінде әлі беймәлім, жете танылмаған тұстары қарастырылған. Автор одан әрі *Ө-тің* әдебиеттанудағы еңбектеріне

тоқталып, қазақ эпосы мен фольклоры, зар заман ақындары, абайтану туралы мақалаларын сала-салаға, жік-жікке бөліп қарастырған. Ұлы суреткер әдебиет тарихы жөніндегі шығармаларында әдебиет үлгілерін тарихи тұрғыда тексерумен қатар, оларға терең теориялық, көркемдік-эстетикалық талдаулар да жасалған. Сонымен бірге зерттеуші Мұханның бүркеншік аттарының сырын ашып, псевдониммен жазған туындыларына талдау жасаған. Сөйтіп автор Ө. шығармашылығының құдіретін құрметтей отырып, оның қыр-сырын өзінше, жаңаша, жан-жақты, терең, кеңінен зерттеген, толғамды ойлар айтқан. Кітап филологтарға, студенттерге, жалпы оқырман қауымға арналған. Көлемі 13,0 баспа табақ, таралымы 2 мың дана.

Қ. Ергөбеков.

**«МҰХТАР ШЫҢЫ»**, жинақ. Авторы – Р. Бердібаев. 1997 ж. «Ғылым» баспасы шығарған. Кітапқа автордың Ө-тің шығармашылығын жаңа қырынан сипаттайтын зерттеулері мен мақалалары енген. Онда жазушының 20 ғасырдағы қазақ халқының рухани дамуының шырқау биігі саналатын «Абай жолы» эпопеясының тарихы, жанрлық, көркемдік ерекшеліктері кеңінен әңгімеленген. Сонымен қатар ұлы суреткердің кезінде социалистік реализмнің қасаң қағидаларының ығында кетпей, нағыз шыншыл шығарма жасау жолында қиянат-ғайбатқа ұшырып, «мыңмен жалғыз алысып» өмір кешкені, асқан дарыны мен терең білімі, берік мақсаты арқасында туған халқына өшпес мұра қалдырғаны баяндалған. Көлемі 10,9 баспа табақ, таралымы 1000 дана.

**МҮКӨРӘМА** Ибрагимқызы Ысқақова (1900–1970), жазушының досы **Ысқақұлы Даниялдың** әйелі. 1920–1922 ж. Семейде, 1928–1930 ж. Ташкентте, 1932–37 ж. Алматыда Мұхтар мен Даниялдың жанұясы бір үйде тұрған. М. – татар қызы, Мұхтар екеуі өзара татарша сөйлесіп, әзілдесіп отыратын болған. 1930 ж. қыркүйек айының 16 күні Ө. тұтқынға алынып, әйелі В. Н. Өуезова Ленинградқа кетіп қалған кезінде әке-шешесіз қалған Мұғамила Мұхтарқызын қолына алып, бауырына басқан. Күйеуі Даниял тергеуге ілінгенде, Ө. Мұғамиланы Ө. Марғұланға тапсырып, Алматыға жөнелткен. Кейіннен өзі де қысымға ұшыраған. Ө. Даниял мен М-ның өз басына күн туғанда, шынайы достық ниетін өзгертпегенін, олар туралы жазатын, алғысымды ашық білдіретін күн алда деп үнемі айтып отыратын (М. Ө р х а м қ ы з ы, «Ұлы адамның ұлылығы» // «Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», 1997, 202-бет). Даниял мен М-ның балалары – Марат пен Роза Алматы қаласында тұрады.

Т. Жұртбай.

**МҮРСЕЙІТ** (Н ұ р с е й і т) Бікеұлы (1860–1917), Абайдың пікірлес замандасы. Абай шығармаларын көшіріп, ел арасына таратумен тарихта аты қалды. Абай өлеңдерін жинап, көшіріп, елге таратуды кәсіп етеді. Абай оның ақысын төлеп отырған. М. көшірген Абай шығармаларының қазір 3 данасы белгілі. Соның біреуі Қазақстан ұлттық кітапханасы мен ҒА-ның қолжазбалар қорында және Мұхтар Өуезовтің ғылыми-мәдени орталығындағы жазушының жеке мұражайында сақтаулы. М-тің осы еңбегін Ө. өте жоғары бағалады, өзінің ақын туралы зерттеулерінде үнемі еске алып отырады. «Сондайлық тәрбие, үлгі-өсиет үстінде Абайдың өлеңдерін өз аузына ұғып жаттаған Пәкізат, Уәсила, Әсия, Рахила сияқты оқымысты, тәлімді қыздар өсіп, ұзатылар уақыттарында

жасау сандықтарының түбіне ең асыл бұйым етіп, Абайдың өлең жинағын әкететін болған» дейді «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясында. Осындағы жасау ретінде алып кетіп отырған жинақтар негізінен М-тің көшіруіндегі қолжазбалар еді. Сондықтан ұлы суреткер: «Жалпы Абай мұраларын көшіріп, таратушылар арасында Мүрсейіт Бікеұлының еңбегін айрықша атап өту керек» деп бекер айтпаған.

Т. Әкім.

**МҮСІРЕПОВ** Ғабит Махмұтұлы (1902–1985), жазушы. ҚазКСР Ғылым академиясының академигі (1958), Қазақстанның халық жазушысы (1984), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970), Социалистік Еңбек Ері (1984), ҚазКСР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты (1977). Ана тақырыбындағы әңгімелерімен, повестерімен қазақ әдебиетіндегі әңгіме, повесть жанрының өркендеуіне зор көркемдік үлес қосты. Романдары қазақтың ұлттық әдебиетіндегі аса ірі шығармашылық жетістік ретінде, ал пьесалары қазақ драматургиясының үздік үлгілері ретінде танылды. М. 20 ғасырдың 30-жылдарынан бастап Ө-тің шығармалары туралы салмақты пікірлер айтты. «Хан Кенені» қалай түзету керек?» деп аталатын қазақша және орысша жазылған мақаласынан бастап (1934), «Абай» (1940), «Абай» – қазақ операсының жаңа бөлі» (1945) т. б. мақалаларында Ө-тің драмалық туындыларының көркемдік сипаттарын жан-жақты ашып көрсетті. «Мұхтар Өуезов» (Қ. Жармағамбетовпен бірге, 1949), «Өміршең әдебиетіміз – өскелең» (1961), «Ұлы белес» (1964), «Мұхтар Өуезов туралы сөз» (1961), «Қарлы жаңбыр астында» (1980) т. б. зерттеу мақалаларында ұлы жазушының өмір жолына, шығармашылық қызметіне әділ де шынайы баға берді. Ал «Абай» романы туралы» деген еңбегінде (1959) алғашқылардың бірі болып «Абай» романының шеберлік сырын терең ашып берді. Романды Ө-тің ұзақ жылғы жазушылық еңбегінің негізгі қорытындысы деп есептеді. Өткен заманның оң-терісін, үлкендігі мен болымсыздығын, қараңғысы мен жарығын, жұдырығы мен ойын, қысы мен жазын барынша толық көрсете алған роман деп бағалады. 19 ғасырдағы қазақ халқының бар тобын, бар бейнесін, ой терендігін, сезім нәзіктігін, тілек мағынасын тұтас, түгел көрсеткен «Абай»

Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясы кезінде. Сол жақта Ф. М. Мүсірепов. Ташкент. 1958.



романын үлкен арналы, мол қасиетті ұлттық, халықтық, энциклопедиялық еңбек деп таныды. Қазақ халқының елдігі, ой-санасы ескен елдігі жөніндегі «Абайды» – «роман» деген үлкен ұғынысқа толық жауап беретін қазақ әдебиетіндегі бірінші роман, шын мағынасында еуропалық озық әдебиеттердің піскен, сыналған үлгісімен жазылған роман, қазақ халқының бір дәуірдегі шын өмірін, елдің түгел көрсете алған роман, қазақ әдебиетінің жаңа биігі, жаңа белі деп аса жоғары бағалады, басынан – аяғына дейін бір мүдірмейтін, әрі ойлы, әрі көркем тәліп құйылып отыратын «Абай» романы арқылы Мұхтар Әуезов қазақтың әдеби тілін молықтыра, байыта түсті деп тұжырымдады. Орыс тілінде бірнеше мақала («Қазақ прозасының табыстары мен міндеттері», «Көп ұлтты совет әдебиетінің қас шебері», «Жазушының мерейі – әдебиеттің мерейі», «Қош бол, Мұхтар» т. б.) жазып, ұлы суреткерді орыс оқырмандарына кеңірек таныстыруға да көп еңбек сіңірді. Мұхтар М-тің шығармаларына зер салып, әрдайым көңіл аударып отырған. «Қайта туған халықтың әдебиеті» атты мақаласында М-тің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері Ақтоқты» трагедияларының үлкен шеберлікпен, реалистік көркемдікпен жазылған туындылар екеніне тоқталып, оның «бұл драмалық шығармалар адамның сезімін, көңіл, мінез құбылысын, аңсау-арманын ақындықпен сипаттады, сол қасиеттері жаңа аталған шығармалардың дүниежүзілік драматургия мәдениетінің жақсы дәстүрінде жазылғандығын байқатады» дейді. Ал «Октябрь өркені» деп аталатын шолу мақаласында М-тің романдарын жақсы бағалап, жылы лебіз білдірген.

Ө. Нарымбетов.

**МҮСІРЕПОВ МҰРАЖАЙЫ**, Фаби́т Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық мұражай-үйі. Жазушының тұрған үйінде 1991 ж. 9 қыркүйекте ашылды. Мұражайда Ө-ке қатысты құжаттар, фотосуреттер, кітаптар т. б. заттар бар. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойы кезінде Ө-тің шығармашылығына арналған көрме ұйымдастырылды. Мұражайда Ө-тің мынадай еңбектері сақтаулы: 1) 20 томдық шығармалар жинағы; 2) «Абай» романының орыс тіліндегі 2 томы. Онда мынадай сөздер жазылған: «Габиту – любимому брату-содругу, сотоваришу на всю жизнь, во всех наших лучших порывах. 1958, 11 июня»; 3) М. Әуезов туралы естеліктер; 4) Ж. Бауыржан. «Мұхтар Әуезов – публицист»; 5) Т. Жұртбаев. «Бесігінді түзе!»; 6) Т. Әкімов. «Даналық мәйегі»; 7) М. Мырзахметов. «Әуезов және Абай»; 8) К. Сыздықов. «Мұхтаранудың беймәлім беттері»; 9) М. Мырзахметов. «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары»; 10) «Жас алаш» газеті. F. Мүсіреповтің «Абай» романы туралы» мақаласы бар (3-бетте); 11) М. Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына арналған газет; 12) «Мұхтар Әуезов әлемі»; 13) М. Әуезовтің туғанына 80 жыл толуына байланысты шығарылған естелік медаль; 14) Г. Мүсрепов. Тезисы о Мухтаре Ауэзове; 15) F. Мүсірепов. Біздің ұлы жазушымыз, 20.9.1977; 16) Г. Мүсрепов. О Мухтаре Ауэзове. 1.9.1977; 17) Г. Мүсрепов. Лекция на встрече с учащимися в музее Мухтара Ауэзова. 28.2.1970. Бұл материалдар екі ұлы жазушының бір-бірімен

рухани, шығармашылық, достық-жолдастық жағынан жақын болғанын көрсетеді.

Б. Жұмағазиева.

**МҮТӘНӘБИ** Әбу-Тайб Ахмед ибн Әл-Хусейн (915–965), арабтың ойшыл ақыны. Су тасушының отбасында туған. Арабтардың қадым заманнан бергі дүниетанымы және көркем ойлау дүниесін, психологиясын, биік философиясын өзінің шығармалары арқылы жаңа арнаға бұрды. Сондықтан да ісі араб дүниесі оны «Мүтәнәби» «пайғамбар емес, бірақ соның елесі» деп атады. Философиялық хикматтарында адам, адамның мінез-құлқы, тәрбиесі, қоғамдағы орны, іс-әрекеті, өмірі мен өлімі туралы терең ой толғады. Абай Ахмет Риза медресесінде оқып жүрген кезінде-ақ М-дің шығармаларымен танысады. «Қарасөзінде» М-ді «адамгершіліктің ұстазы», «дүниенің ақиқатын білген хакімнің» қатарына қосады. Мұхтар Абайдың ақындық жолына араб поэзиясының жасаған ықпалын өзінің «Абайтану» саласындағы барлық еңбектерінде жан-жақты баяндайды. «Қарасөздерін» талдағанда, афоризмдерін сөз еткенде М-дің үлгісіне жүгінеді. Алайда Абайды «исламшыл» деп кеңестік идеологияның әсіре солшылдары жаппай сынап жатқан кезде: «Абайдың мына санаған ақындарының ішінде арабтың атақты классиктері Мүтәнәби, Әбіл-Фали Мағрилер кездеспейді. Оған тілдері түсінікті ең жақын ақындар болғандықтан Науаи, Физули үлгісі көп әсер етеді» деген (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 20-том, 94-бет) пікір білдіруге мәжбүр болды ұлы жазушы.

T. Жұртбай.

**МҮШӘЙРА**, өлең түрі. Шығыс елдерінің әдебиетінде кездеседі. Бұл түр өзбек пен басқа да түрік тектес халықтардың әдебиеттерінде дәстүр ретінде қалыптасқан. Бұл терминді Ө. Үндістанға сапарына байланысты жазылған «Индия очерктері» деп аталатын шығармасында алғаш рет қолданды. Жазушы онда мүшәйраға жан-жақты анықтама беріп, мысалдар келтіре отырып, үнді халқының бұл жыр жарысы қазақ ақындарының айтысы тәрізді болғанмен, жарыс деп айтуға да толық келе қоймайтын, бірақ өзінің аса көп ерекшеліктері бар қызық даясын айтқан. Тегінде шырақ болады екен, анық халық арасында мүшәйра болса, онда расында да қазақ, қырғыз ақындарының айтыс, жарыстары сияқты сынасу түрінде жырлар болады екен. Бұрынғы дәстүрлерде халық білген мүшәйра көбінесе сол ақындардың жарысы есебінде болса, қалалы жердегі, мәдениетті ортадағы жазушы, ақындар жиынында болатын мүшәйра басқаша екен дейді (20 томдық шығармалар жинағы, 8-том, 427–428-беттер).

T. Әкім.

**МЫҢБАЕВ** Кәрім (1906–1948), биолог. Биология ғылымының докторы (1944). ҚазКСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1946). 33 ғылыми еңбектің, 2 монографияның авторы. «Көк сағыз. Селекцияның биологиялық даму ерекшеліктері және оның жаңа әдістері» (А., 1946), «Бетпақдала» (А., 1948), «Ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру жолдары» (А., 1948) атты ғылыми зерттеулері жарық көрді. Ө-пен, оның үйішімен аралас-құралас болып, достық-інілік қатынаста жүрген. Жазушының мұрағатында сақталған «Қазақстанның ғылым қайраткері» деген жазбасында Кәрімнің адамгершілік, азаматтық, ға-

лымдық қасиеттерін зор бағалаған, өзін аса қадір тұтқан М-тың Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутатығына кандидат етіп ұсынылғанын қолдайтынын жазыпты («М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасы», А., 1977, 263-бет).

*Н. Оспангері.*

**МЫРЗА ӘЛИ** (М ы р з а л и е в) Қадыр Ғинаяұлы (1935 ж. т.), ақын. Қазақстанның халық жазушысы (1995), ҚазКСР Мемлекеттік (1980), Ленин комсомолы (1966) сыйлықтарының лауреаты. Жалпы 50-ден аса жинақтары шықты. Ө. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» атты мақаласында 50-жылдардағы талантты жас ақын-жазушылардың еңбегіне баға бере келіп, М. Ө-дің өлеңдерінде жақсы ойларының образбен астырып жататынын айтса, кейінірек: «Қадыр Мырзалиевтің пікірлері маған ұнады. Мысалы: «Жас ақынға», «Жырға сыймас нұр көрдім», «Еңбек» өлеңінің өзінде жұртшылық назарына іліге қоймаған талай оралымдар, шеберліктер сезілетін сияқты болады» деген («Жалын», 1985, №1, 110-бет). М. Ө. өзінің «М. Әуезовке ескертіп», «Ұлы адам өлгенде» өлеңдерінде классик жазушының мәңгі өлмейтінін жырлады.

*М. Ахетов.*

**МЫРЗАБЕКОВ** Кеңшілік Ағытайұлы (1946–1989), ақын. Болашағынан үміт күттірген ақын ретінде белгілі болды. Ө. туралы 3 баллада жазды. «Жамбыл мен Мұхтар» балладасында екі ұлы тулғанын кемегерлігін көркем тілмен, ойнақы юмормен есерлі, әдемі жеткізген. Ал «Мұхтар мен Қаныш» атты балладасында жазушы мен кешініш өміріндегі қилы кезеңнің бір сәтін суреттеген. «Мұхтар мен Күләш» балладасы өңші мен жазушының арасындағы өңгіме желісіне құрылған.

*А. Кеңшілқұлы.*

**МЫРЗАХМЕТҰЛЫ** Мекемтас (1930 ж. т.), әдебиет зерттеуші, абайтанушы, мұхтартанушы. Филология ғылымының докторы (1989), профессор (1991). Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996). «Абай Құнанбаев. Библиографиялық көрсеткіш» (1965), «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» (1982), «Абай жүрген ізбенен» (1985), «Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш» (1988), «Абайдың адамгершілік мұраттары» (1993), «Абайтану тарихы» (1994), «Восхождение Мухтара Ауэзова к Абаю» (орыс тілінде, 1994), «Абай және Шығыс» (1995), «Әуезов және Абай» (1997) т. б. монографиялар мен 500-ден астам ғылыми-публицистикалық мақалалар жазды. «Абайды оқы, таңырқа» (1993), «Абайтану дәрістері» (1994), «Абайтану дәрістерінің дерек көздері» (1997), «Абай ғұмырнаамасы» (1997), «Жүрегімің түбіне терең бойла» (1995), «Қазақ қалай орыстандырылды» (1993), «Түркістанда туған ойлар» (1998) т. б. кітаптары жарық көрді. Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағын басылымға даярлап, ғылыми түсініктер жазды, жазушының 50 томдық толық жинағын әзірлеуге, «Абай» энциклопедиясын шығаруға қатысты. «Абай» және «Мұхтар Әуезов» энциклопедияларының редакция алқасының мүшесі. Зерттеу еңбектерінде абайтану мен әуезовтанудың күрделі мәселелерімен шұғылданды. Абайтану тарихында, Абайдың ақындық кітапханасының жайында, ақын мұрасының рухани нәр алған қайнар көздеріне, Абай мұрасындағы мораль философиясына, абайтану мен әуезовтанудың ғылыми негізіндегі қарым-қатынасына зерттеулер жүргізді. Абай шығармалары жаңа қырынан талдап, ондағы айтылмай келген шығыстық мәселелер мен

танылмай келген ой-пікірлерді бүгінгі күн талабы тұрғысынан жаңаша қорытты, Абай ілімінің терминдік атауларын ғылыми айналымға түсірді.

*М. Әліпханов.*

**МЫШБАЕВА** Нүкетай (1936 ж. т.), актриса. Қазақстанның халық артисі (1991). Актёрлік шеберлігі қалыптасып, өсе келе, әр түрлі жанрда жазылған пьесалардың қойылымдарында ойнап, талантының жаңа қырлары ашылды. Ө-тің пьесалары бойынша қойылған спектакльдерге қатысып, рөлдер ойнауы оның шеберлігінің жаңа қырынан көрінуіне мүмкіндік туғызды. Жүзтайлақ («Түнгі сарында»), Қарлығаш («Абай» трагедиясында), Ақбала («Қарагөзде») бейнелері – үлкен сахналық жетістік. Бұлардың бәрі де сахналық айқындығымен, портреттік дәлділігімен, болмыс-бітімнің жарқындығымен дараланған. Көптеген рөлдердің драмалық ерекшеліктерімен бірге, лирикалық сазының ашылуы – актёрлік өншілік қабілетіне тікелей байланысты. Оның дауысы, сөз айту шеберлігі, кейіпкердің ішкі нәмі сыртқы сезім арпалыстарын қызуқандылықпен толғауы – оның өнеріне тән қасиет. Кинофильмдерге де тұскен.

*Б. Құндақбайұлы.*

**«1954 ЖЫЛҒЫ БІРІНШІ МАЙ»** («Первомай 1954 года»), жазушының осы айдармен берілген «Труд во имя счастья людей» деген мақаласы. «Литературная газетаның» 1954 жылғы 1 мамырдағы санында жарық көрген. Ө. мақаласы қазақ жерінің қасиетті, құнарлы топырағын поэтикалық екіпнен мақтаудан басталады.

Мыңғырған мал қанша жесе де таусылмайтын шүйгін шөбін дәріптейді. «Бірақ бұл қасиетті жер әлі өз жемісін беріп болған жоқ. Ол ғасырлардың ауыр жүгін ұзақ уақыт лажсыз көтеріп келді. Ал қазір Отан әмірі, бұл тың даланы жаңа, қызықты тіршілікке шақырып отыр. Екі жыл ішінде сан жылдар бойы жыртылған жер деп артық тың жерді көтеруді талап етіп отыр Отанымыз» деп, тың жерге қатысты қолдау сөздерін айтқан. Жақсы, жаман жақтары мол болған тың көтеру қозғалысы жайында көтеріңкі екіпнен, ықшам, әдемі тілмен жазылған. Тың игерудің өмірге әкелетін көп өзгерістерін ұлы жазушы дөп басып жеткізген.

*Р. Өбдіғұлов.*

**МІНӘШ** Өрхамқызы Ысқақова (1926 ж. т.), мұғалім, әдебиетші. Абай ұрпақтары туралы көптеген мақалалары, естеліктері «Абай ауылы», «Семей таңы» газеттерінде, «Абай», «Жұлдыз» журналдарында жарияланды. Ө-ке ұлы ақын туралы көптеген деректер беріп, өңгімелер айтқан. «Ұлы адамның ұлығы» атты естелігінде «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997, 200–208-беттер) Ө-тің кішіпейлдігі, адамгершілігі, туған-туысқандарына қамқорлығы, терең білімі туралы тебірене айтқан.

**МІРТЕМІР** (толық аты-жөні – Міртемір Омарбекұлы Тұрсынұнов; 1910–1978), Өзбекстан халық ақыны (1971). Өзбек халқы өмір шындығының алуан қырлары, Отан соғысы, бейбіт кезең шығармаларына арқау болды. Қазақ тілін жақсы білетін Міртемір қазақ поэзиясының таңдаулы туындылары, соның ішінде Абай өлеңдерін (1945) өзбекшеге аударды. Ө-пен достық, шығармашылық қарым-қатынаста болған.

*Р. Бердібай.*



**НАЗАРБАЕВ** Нұрсұлтан Әбішұлы (1940 ж. т.), мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. Экономика ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның, Халықаралық инженерлік академиясының, Ресей Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі. Днепродзержинск техникалық училищесін (1960), Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын (1967), КОКП Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебін (1976) бітірген. 1960–69 ж. Қарағанды металлургия комбинатындағы домна пешінде жұмысшы, 1969–73 ж. Теміртау қалалық партия комитетінде бөлім меңгерушісі, қалалық комсомол комитетінің 1-хатшысы, қалалық партия комитетінің 2-хатшысы, 1973–77 ж. Қарағанды металлургия комбинатында партком хатшысы, 1977–79 ж. обл. партия комитетінің хатшысы, 2-хатшысы, 1979–84 ж. Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы, 1989–91 ж. 1-хатшысы, 1984–89 ж. ҚазКСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы, 1990 ж. 24 сәуірде Қазақ КСР-інің Президенті, 1991–95 ж. Қазақстан Республикасының Президенті, 1995 ж. 29 сәуірде бүкілхалықтық референдум Президент өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзартты, 1999 ж. 10 қаңтарда 7 жыл мерзімге Қазақстан Республикасының Президентігіне балама негізде сайланды. 2005 ж. 4 желтоқсанда ҚР Президенті болып қайта сайланды. «Стальной профиль Казахстана» (1984), «Без правых и левых» (1991), «Страте-

гия развития Казахстана как суверенного государства» (1992), «Стратегия ресурсосбережения и переход к рынку» (1992), «Идейная консолидация общества – как условия прогресса Казахстана» (1993), «К обновленному Казахстану – через углубление реформ, общенациональное развитие Казахстана» (1994), «Евразийское пространство: интеграционный потенциал и его реализация» (1994), «За мир и согласие в нашем общем деле» (1995), «На пороге XXI века» (1996), «Пять лет независимости» (1996), «О времени, о судьбах, о себе» (1998), «В потоке истории» (1999), «Тарих толқынында» (1999), «Эпицентр мира» (2001), «Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации» (2002), «Еуразия жүрегінде» (орыс және қазақ тілдерінде, 2005), «Сындарлы он жыл» (2001), «Бәйтерек» (2005), «В стремнах времени» (2010), т. б. кітаптары жарық көрді. Президент болып сайланғалы Қазақстан Республикасының дүние жүзі қауымдастығына танылып, өзге елдермен терезесі тең мемлекет болуына, экономиканың нығаюына зор үлес қосып келеді. Бұл кезең ішінде елдің Негізгі Заңы – Конституция қабылданды; қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды; ұлттық валюта – теңге өмірге келді; ұлттық салт-дәстүр кең қанат жайды; Қазақстанды мекендеген ұлттар мен ұлыстардың теңдігі, азаматтық құқығы заң жүзінде бекітілді. 2010 ж. Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі – Н-тың халықаралық ірі беделге ие болуының жемісі. Н. тұған халқының рухани жағынан жаңғырып, қайта түлеуіне, өсіп-өркендеуіне үнемі көңіл аударып келеді. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты 1997 жылды «Әуезов жылы» деп жариялады, бұл мерекені ЮНЕСКО көлемінде өткізуге тікелей атсалысты. «Абай» журналының сауалдарына қайтарған жауабында уақыт пен заманның «қатаң сұрыптауында сынын бермейтін, ұрпақ талқысына төтеп беретін үлкен тұлғалар, ұлы оқиғалар» қатарында Ө-тің жеке басы мен шығармаларын мысалға келтіріп, тұтас алғанда, Ө. өмірі – өнеге, оның қаламгерлік қарымы, атап айтқанда, өмірге терең үңілуі, қоғамдық үрдістің мәнін шығармашылықпен жан-жақты зерделеуі, нәшіне келтіре бейнелеуі, ғылымдағы жолы: ғылыми деректің тұжыры-



Н. Ә. Назарбаев  
Әуезов мұражайы  
қызметкерлері мен  
құрылысшылары  
ортасында.  
Алматы. 1997.



мына бойлай үңілетін, диалектикалық тұрғыдан тұтас әрі сан қырынан қарайтын сұңғылалығы, терең пайымы, міне, осының бәрі таптырмайтын тағылым. Тұжыра айтқанда, ыждаһат, зейін болса, ояу көкірек болса, Ә-тің шығармашылық жолы, ғылыми қызметі – өз алдына үлкен мектеп екенін еске салды («Егемен Қазақстан», 1997, 18 қыркүйек). 1997 ж. 27 қыркүйекте Алматыда, Республика сарайында кемеңгер жазушының туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты мәжілісті сөз сөйлеп ашты. Халқының асқақ мұраттары жолында бойындағы бар жақсысын: күллі ғұмырын, дарын қуатын, терең танымын, білімі мен білігін аямай жұмсап, рухани ұстаз атанған Ә-тің «Абай жолы» эпопеясын қолына алған сайын, оның әр жолын оқыған сайын көкірегіңде өз елің үшін, өз халқың үшін мақтаныш сезімі оянады. Мұхтардың кемеңгерлігіне де, көрегендігіне де тәнті боларсың, өзіміздің алуан қырлы төлтума мәдениетімізді әлемдік өркениеттің бөлігіне ажырағысыз балап, «жөк, менің халқым ешкімнен де кем емес, менің халқым – ұлы халық» деген жүрекжарды сөзіне талбырнесің дей келіп: «Бүгінгі қазақтар да Мұхқа шығармашылығы мен өмірінен алатын тағылымы аз емес. Алаш басшылары мен Ә-тің аңсап, жете алмай кеткен бүгінгі тәуелсіздігімізді ардақтай біліп, оны қорғап, сақтай білу; екіншіден, Мұханды қуғын-сүргінге қиғандар өз ішімізден шыққанын еш уақытта ұмытпайық. Ел бірлігін сақтап, арандатушы мен алауыздарды тоқтата білуіміз керек. Бұл болашақта ел болуымыз үшін керек. Үшіншіден, қолына қалам ұстаған зиялы қауым Мұхқа шығармашылығынан нәр алып, Мұхқадай халқы мен Отан алдындағы жауапкершіліктен таймауы тиіс, өз елі мен халқының болашағына қызмет істеуі керек» деп түйіндеді пікірін.

*М. Құл-Мұхаммед.*

**НАЗАРБЕКҰЛЫ** Сайын (1941 ж. т.), құрылысшы-сәулетші, ақын. Маңғыстау өңіріндегі көптеген тарихи ескерткіштерді, ақындар мен батырлар кесенелерін салуға қатысты. Бұрынғы Семей облысындағы «Абай – Шәкәрім» мемориалдық кесенесін тұрғызуға жетекшілік етіп, бас құрылысшысы болды. Ә-тің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Бөрілі ауылында оның әке-шешесі Омархан мен Нұржамалдың кесенесін салуға басшылық жасады. Кесене Маңғыстаудың ақ тасынан қиюластырып қаланып, сыртқы беттері сәулеттік өнер дәстүрінің маңғыстаулық шеберлер қалыптастырған үздік үлгісімен қашалып орындалды.

«**НАЗУГУМ**», ұйғырдың тұңғыш операсы. Музыкасын Қ. Қожамияров жазған. Бас кейіпкер Назугум елін, жерін, сүйген патриот қыз ретінде өз отанының бостандығы жолында басын қатерге байлап, ерліктің символына айналады. Оқиға 19 ғасырдың 1-жартысында болған. 1956 ж. мамыр-маусым айларында Мәдениет министрлігінің сараптау комиссиясы спектакльдері талқылаған кезде М. Әуезов операның музыкасы ұнайтынын, шығарманың увертюрасы, хор, Назугумнің партиясы жаңға жайлы әсер ететінін айтқан, сондай-ақ бірлі-жарым кемістіктерін де ортаға салған. «М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 629–630-беттер).

**НАЗЫМ ХИКМЕТ** Ран (1902–1963), түрік жазушысы, ақын, қоғам қайраткері. Әр кітабы шыққан сайын түрмеге қамалды. 1938 ж. 28 жылға сотталды, 17 жыл өмірі түрік түрмесінде өтті. Түрмеде отырып «Адам панорамасы» тарихи дастанын, «Түрме-

ден жазылған хаттар» өлеңдер циклін, «Махаббат туралы аңыз», «Жүсіп-Зылиқа» пьесаларын жазды. 1950 ж. түрмеден босанды. 1951 ж. екінші отаны – КСРО-ға келді. «Түркия туралы әңгіме» (1952), «Ғажайып жан» (1955), «Иванович бар ма еді, жоқ па еді?» т. б. еңбектері дүниеге келді. Көптеген фильмдер сценарийінің авторы.

Оның пьесалары мазмұны бойынша балеттер қойылды. Бірнеше туындылары қазақ тіліне аударылды, «Фархад–Шырын» пьесасы қазақ сахнасында қойылды. Ә-пен тығыз достық-жолдастық, шығармашылық қатынаста болып, қызмет бабымен жиі-жиі кездесіп, сұхбаттасып жүрген. Қазақ жазушысы 60 жасқа толғанда «туысқан қазақ халқының ұлы перзентін» құттықтап жеделжат жіберген («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек). Ә. «Мәлік Ғабдуллинге жауап хатында» өлең ұйқасы жайында өзінің ойларын айта келіп, «сөйлеу интонациясына құрылған «ақ өлең» (белый стих) үлгісін де еске алу шарт. Бұл ретте Пабло Неруда, Назым Хикмет тәжірибелерін» атап өтсе, «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» мақаласында дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін алысып жүрген революциялық санадағы ақындардың бірі – Назым Хикметтің «ұзағырақ жазатыны бар, бірақ олар соны, тың, терең ойлы келеді. Ой болмаса, шығарма терең қасиетті болмайды» деп жазды. Ертегілік тақырыптан да, эпостық тақырыптан да аса көркем, аса қонымды реалистік пьеса жазуға болатынын, оның мысалы ретінде Н. Х-тің «Махаббат туралы аңыз» атты пьесасын атап өтіп, көркем әдебиет пен өмір шындығы терең байланысып, ұштасып жатпаса, нағыз шығарма тумайтынын ескерткен («*Реалистік драма жолында*»).

*Н. Ақбай.*

«**НАМЫС ГВАРДИЯСЫ**», жазушының драмасы. Ә. Әбішевпен бірлесіп жазған. 1942 ж. 29 қарашада «Социалистік Қазақстан» газетінде режиссер М. И. Гольдблат спектакльдің небәрі бес апта ішінде дайындалғанын жазды. Пьесадағы батальон командирі Бақытжан Намысұлы – аса күрделі образ, ол – қынаптан суырылған қылыштай өткір командир, мінезі өзінің туған даласы іспеттес: бірде бұрқ-сарқ борандай ақ түтек, бірде Арқа самалындай ақ желең, енді бірде түйілген бұлттай ашулы, – қырық қырлы нар кеуде азамат бір. Бұл қаһарманды сахнаға шығарғанда ерекше ысқақ шеберлік керек, әйтпесе батырдың орнына дарақыны, жалынды өрт жанның орнына күр айқайшыны бейнелеуге түсіп кетуі оң-аңай. Намысұлы образын дұрыс бейнелеуге бет алған. Өз міндетін ақыра сөйлеу мен тарс ашу әуенінде қарабайыр



М. Әуезов пен Н. Хикмет. Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясы күндері. Ташкент. 1958.

түсінбей, пьеса шындығына тереңдеп, бойлап, бағдарлап салиқалы оймен келгендігі шу дегеннен-ақ көрінеді. Жaudын өлім тырнақты қамау-қоршауын бұзып-жарып келіп, генерал Панфилов алдында тұрған сәтін алыңыз. Қолымен істегенін мойнымен көтеретін өр мінез ажарын танысыз. Генерал Панфилов пен аға лейтенант Намысұлы арасындағы қатынас арқылы көп сырлар шеті ашылады. Бұл арадан орыс-қазақ халықтарының қан майданда тұтаса түскен достығын, білікті қолбасшының әскери жас кадрларды тәрбиелеудегі ұстаздық бетін, әкедей қамқор жанның ақ жүрегі, батыр ата, қайсар ініні көресіз. Түрлі ұлт өкілдерінің бейнесін беру – бұл пьесаның және бір үлкен қиындығы. Намысұлына, я Ғалиевқа келген жолмен Панфиловқа, я болмаса фашист генералы Фогельге келуге болмайды. Әрқайсысына әр түрлі кілт керек. Ұлттық образ жасау шеберлігі осы арада қажет-ақ. Күлкіге қарқ қылған Қайсар Айбаровтың бейнесі. Әу баста командирдің бетіне салық қылғандай, жарып айтып салатын Қайсар әскери тәртіпке онша көңдікпеген, солдат шинелін киіп, қару арқалап жүрсе де, ауыл арасының қызжақпас көгенкөзінің бірі сияқты әсер қалдырады. Бұл алғашқы әсер, оңақ әсер. «Н. г.» пьесасына өзек болған адамдар, басты оқиғалар әйгілі 8-гвардияның өмірінен алынған. Драманың үзінділері «Социалистік Қазақстан» газетінің 1942 жылғы 27, 29 қыркүйектегі, 4, 6 қазандағы сандарында, «Жұлдыз» журналының 1966 жылғы 4-нөмірінде басылды. Пьеса толық күйінде Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 11-кітабында жарияланды (1982).

*Р. Нұрғали.*

**НАРМАНБЕТ** Орманбетұлы (1860–1918), ақын. Абайдың талантты шәкірті болған. Заман шындығын, қоғамдағы қайшылықтарды, әлеуметтік теңсіздікті жырлаған. «Сахараға қарасаң», «Тіленші берген күні», «Айшаға», «Жамалға», «Даусын қалай асыл-ды», «Сарыарқа» т. б. өлеңдері бар. Өлеңдері 1939 ж. «Нарманбеттің өлеңдері» деген атпен кітап болып шықты. Мұхаң Н-ті алғаш рет 1922 ж. Ташкентте шыққан «Шолпан» журналында басылған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген мақаласында атады. «Әдебиет тарихы» оқулығының «Зар заман ақындары» тарауында Н. шығармашылығына арнайы тоқталған. Ө. зар заман ақындары шығармашылығын Махамбеттен бастап Шортанбай, Мұрат, Алтынсариндерге тоқталып, Абаймен тұстас өмір сүрген зар заман поэзиясы өкілдеріне Н-ті жатқызған. Н-тің «... зар заманның барлық бағыт-мақсатын ұғып отырса да... ақын жүрегі бұл күнге солардан ырза емес, соларша құсалатып, қайғырып, шерленгенін» айтқан. «Сондықтан зар заман дәуіріне «Сарыарқа» деген өлеңмен қош-қош айтады. Зар күйінің ақырғы толғауы мен ақырғы ырғағы осы өлеңмен келіп бітеді» деп, зар заман поэзиясындағы Н-тің орнын көрсетіп берген.

*К. Ергөбеков.*

**НАРЫМБЕТОВ** Әбділхамит Қуанұлы (1928 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1974). Ұзақ жылғы еңбектерінің нәтижесінде «Қазақ әдебиеті» атты 4 томдық библиографиялық көрсеткіш шығарды (1970–1997). Осы көрсеткіштің 3-томы Ө-тің 100 жылдық мерейтойына арналды. Кітапта ұлы жазушының ғылыми-зерттеу еңбектері мен шығармашылығына арналған әде-

биеттер түгел қамтылған. 1994 ж. жарық көрген «Қазақстан Жазушылар одағына – 60 жыл» атты кітабында Ө-тің өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер кең қамтылған. Ө-ке арналған библиографиялық көрсеткіштерді ғылыми талдаудан өткізіп, «Библиография болашағы» атты мақала жазды («Егемен Қазақстан», 1997, 7 қазан). **НАСОНОВ** Михаил Григорьевич (1899–1952), режиссер, педагог. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1936). Қазақ театрының дамуына елеулі үлес қосып, оның кәсіби тұрғыдан қалыптасуына мән еңбек сіңірді. Спектакль дайындығын студиялық әдіспен жүргізіп, актер шеберлігін арттырудың, рөлде ойнау тәсілдерін үйретті. Алғашқы режиссерлік еңбегі Ө-тің «Еңлік – Кебек» трагедиясын қоюдан бастады (1933). Ө-пен тығыз шығармалық байланыста болып, қазақ актерлерінің өсуіне үнемі көңіл бөлді. Мұнан кейінгі жылдары Ө-тің «Тас түлегі» (1935) мен «Шекарасын» (1938), Ө. пен Ө. Тәжібаевтың «Ақ қайыңы» (1939) сахнаға шығарды. Ол Ө-тің кесінімен қазақ сахнасына орыс драматургиясының озық үлгілерін қойып, ұлттық театрдың репертуарлық хәм көркемдік ауқымын кеңейтуге күш салды. Ол қойған спектакльдерде бұрынғы этнографиялық дәлдіктен гөрі, көркемдік хәм тұрмыстық шындықтың тұтастығына, сахнада ұлттық ерекшеліктердің ашылуына ерекше көңіл бөлді. Актерлердің өз рөлдерінің әдеби негізін талдап-түсініп, психологиялық толғауына басты шығармалық мақсат етіп қойды. Мұның бәрі театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі Ө-пен шығармалық ынтымақта болуының әсері еді. 1941–44 ж. Шымкент драма театрында Ө-тің «Сын сағатта», С. Мұқановтың «Жеңіс жыры» пьесаларын, А. Н. Островскийдің «Мысыққа күнде той бола бермес» комедиясын сахнаға шығарды. «Тамаша табыс» деген мақаласында Ө-тің «Түнгі сарын» трагедиясының алғашқы қойылымдарының зор табыспен өткенін жазған («Қазақ әдебиеті», 1937, 15 наурыз). Ө. «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» атты мақаласында: «Аударма пьесаларды мәдениетті орыс режиссеріне қойғызып, сол арқылы коллективті оқыта өсіру – ең дұрыс, ең қажет жол екенін Боров, Насонов жолдастардың еңбектері әбден танытты» деп, әділ бағасын берген.

*Б. Құндақбайұлы.*

**НАУАИ** Низамеддин Мир Әлішер, Әлішер Науаи (1441–1501), өзбектің ойшыл ақыны, мемлекет қайраткері. Шығармаларын шағатай, парсы тілдерінде жазған. Туындыларында әлеуметтік қайшылықтарды, еңбек пен ерлікті, туған жерге деген сүйіспеншілікті, шынайы махаббатты, әділдік пен адамгершілікті жырлайды. Ө. өзінің «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» деп аталатын зерттеуінде Н-ды өзбек халқының ұлы ақыны, әрі суретші, әрі әнші, әрі күйші ретінде жоғары бағалап, ертеден келе жатқан көне сюжетті жанаша көркем жырлағанын, парсы тілін қолданбай, жаңа әдебиет тілін тудырғанын, сөйтіп күллі түркі тілдер халықтардың әдебиеті мен мәдениетінің өсіп-өркендеуіне игі әсер еткенін атап көрсеткен. Шынында Н. өз шығармалары арқылы Орта Азияда әдебиет тарихының жаңа дәуірін бастады, адам баласына ағартушылық, гуманистік идеяларды, ортақ ізгілікті ғибабат етті, насихаттады. Н-дың өмірі мен шығармашылығына байланысты «Әлішер Науаи», «Науаи тірі», «Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі» деген арнайы ғылыми мақалаларын жаз-

ды. Ал «Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында Абай жас шағында біраз өлеңдерін («Иузи-раушан», «Фзули, Шәмси», «Әлифби» т. б.) Н-дің өлең өлшеміне, әсіресе газалдарына еліктегенін, онда да терең толғамай, сырт көріністерін, өрнектерін ғана алғанын сөз еткен.

*Р. Бердібай.*

**«НАУАИ ТІРІ»** («Живой Науои»), жазушының мақаласы. «Қазақстанская правда» газетінің 1948 жылғы 15 мамырдағы санында жарияланған. Кейінгі басылымдарға енген. Қолжазбасы сақталмаған. Қазақ тілінде «Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі» деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінде 1945 ж. 15 мамырда жарық көрген. Екі мақаланың арасында едәуір айырмашылықтар бар. Шығыстың ұлы ақыны Әлішер Науаидің 500 жылдық мерейтойы 1948 ж. кеңінен атап өтілді. Ақынның таңдамалы шығармаларының қазақ тіліндегі басылымына Ә. алғы сөз жазып, бірнеше мақалалар жариялаған. Ол мақалалары бірін-бірі қайталамайды. Бұл мақаласында автор оның ақын, философ, мемлекет қайраткері ретінде мол мұра қалдырумен қатар, өнер-ғылым, мәдениеттің түрлі салаларының үздік өкілдерінің өсіп-өркендеуіне де жағдай тудырып, жәрдемі болғандығын таратып түсіндіреді. Науаидың өміріне, заманына, ұлы өңбектеріне арналып шыққан шығармалардың ішіндегі шоқтығы биігі 1946 ж. 1-дәрежелі Сталиндік сыйлыққа ие болған талантты жазушы, білгір ғалым Айбектің «Науаи» романына кең тоқалады. Романда жазушы өзбек тарихындағы Герат мәдениетінің дәуірін кең ашып суреттеп, оқушыға мол білім, қонымды әсер-сезім беретіндігін, Әлішер заманының барлық қоғамдық болмыс-бітімін, қатпар қайшылықтарын терең ашып көрсететіндігін өте жоғары бағалайды.

*К. Сыздықов.*

**НАУРЫЗБАЕВ** Хакімжан Есмақанұлы (1925–2009.), мүсінші. Қазақстанның халық суретшісі (1969). ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970). Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1960). Іргелі ескерткіштер мен портреттік мүсіннің майталман шебері. Ө-тің кеңесі бойынша, Абайдың ескерткішін жасады. Жазушының көзі тірісінде ұзақ әңгімелесіп, жүріс-тұрысын, мінезін, бет-бейнесін жадында жақсы сақтап қалуының нәтижесінде «Мұхтар Әуезовтің портреті» мүсіні сәтті шықты. Мұндағы ойлы да қуатты талант иесінің бейнесі еріксіз байлап алады. Жазушының мұражай-үйіндегі қорда сақталған бұл мүсіні Шымкент қаласындағы М. Өуезов атындағы гуманитарлық университеттің дәлізінде қойылған.

*А. Қуанышбаев.*

**НАУРЫЗ ӨЛЕҢДЕРІ**, қазақтың тұрмыс-салт жыры. Ө. өзінің «Әдебиет тарихы» деген еңбегінде наурыздың күншығыс халқының көбінде әсіресе, көшпенді түріктер арасында ең қадірлі, ең ұлы мейрам екені, қалың елдің өмірлік мүдделерімен тығыз байланыстылығы айтылады. Бұл мейрамның түп-төркіні мен мақсаты қыс кетіп, күн шырайы түзелген кезде құдай ел тіршілігіне кеңшілік әкеледі деп есептеледі. Сондықтан жазғытұрым, наурыздың кірген күні – жаңалық күні. Ескі ауыртпалықтың барлығы қыспен бірге кетіп, енді жаңа үміт, жаңа тіршілік есігі ашылады. Алты ай қыс қабағын түйіп, әлденеге соғары белгісіз болып келген тәңірдей иесінің іген күнінде ел де ағысқан қойдай жамырасып, көрден шыққандай жылап, көрісіп, қуанышты келешекке үміт артып, бас қоса-

тын. Автор наурызға байланысты нағыз мейрамға арналған өлеңнің тым аз сақталғанын айта келіп: «Ұлыс күні қазан болса, ол жылы ақ мол болар, ұлы кісіден бата алсаң, сонда олжалы жол болар» деген өлең жолдарын мысалға келтіреді де, қазіргі наурыз жайындағы өлең-жырлар көбінесе амаңдасу-көрісу түрінде сақталғанын, бірақ наурыз мерекесінің арғы заманда шыққанын еске салады.

*Р. Бердібай.*

**НАУРЫЗБАЕВ** Бисенғали (1918 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1974). Еңбектері қазақ әдебиеті тарихына арналған. Ө-тің 75 жасқа толуына арнап «Талант тұңғығы» («Коммунистік еңбек», 1972, 28 қыркүйек), 80 жылдық мерейтойына орай «Кенеулі талант, кемел суреткер» («Қазақстан мектебі», 1977, №9) және 90 жылдығына байланысты «Халықтар достығының жаршысы» («Еңбек таңы», 1987, №9) мақалаларын жариялады.

**НАУРЫЗБАЙ** Қасымов (1822–1847), батыр, қолбасшы. Ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті өкілі. Кенесары Қасымовтың інісі. Жас кезінен әкесі Қасымның жорықтарына қатысқан. Ұрыста ерен ерлігімен, батылдығымен көзге түсіп, аты шыққан. Батырлығымен қоса зор өнер иесі, әнші болған. Нысанбай ақын «Кенесары–Наурызбай» дастанын жазған. Ө. «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» деген мақаласында Н-дың Тілеуқабақ қызымен айтысын жазып алып, әдебиет оқулығына енгізуді, сөйтіп оқу орындарында оқытуды ұсынады. Ал «Әдебиет тарихы» атты монографиясында «Кенесары–Наурызбай» жырына жан-жақты талдау жасап, бұл жыр туралы кейінгі талай ақын түрлі өлең шығарса да, дәл Нысанбай жеткен өріске жеткен жоқ деп, әділ бағасын берген. «Абай жолы» эпопеясында Н-ды көпті сорлатқан, бүлікші содыр деп, Қызыл империяның идеологиясынан аса алмай, амалсыздан айтқан («Қоршауда» тарауы).

*Р. Бердібай.*

**НӘЗИРА**, түркі әдебиетінде орта ғасырларда туып дамыған әдеби тәсіл. Әсіресе 13–14 ғасырлардағы Алтын Орда ақын-жазушыларының қаламынан шыққан көркем туындылардың түгелге жуығы Н. тәсілімен жазылған. Негізгі мақсаты – белгілі бір ақынның шығармасына екінші бір ақынның «жауап» беруі. Бұл орайда бастапқы туындының сюжеті, кейіпкерлері, өлең ырғағы, ұйқасы т. б. сақталады. Н. туралы Мұхқан Т. *Ізтілеуовтің* «Рүстем – Дастан» кітабының алғы сөзінде (1961): «Шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында тағы бір ақын қайталап әңгіме ететін, тың дастандар шығаратын дәстүр» бар екенін айта келіп, оның «еш уақытта аударма деп танылуы керек еместігін» дәйектейді. Рүстемнің жайы жалғыз Фирдаусиден ғана басталмай, ол турасындағы көне аңыз-әңгімелердің Фирдаусиден бұрын да көп жайылғандығын айтады. «Әдебиет тарихы» кітабында ұлы жазушы Н-ны «қыдырма әңгімелер» деп атаған.

*А. Қыраубаева.*

**НӘЖМИ** (Нә ж м е т д и н о в) Қауи Ғибатұлы (1901–1957), татар ақыны, жазушы, қоғам қайраткері. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1951). Шығармаларында ұжымдастыру кезеңі, азамат соғысы, Отан соғысы, заман тынысы, қажырлы еңбек бейнеленді. «Көктем желі» романы қазақ тілінде аударылды (1951, 1952). Ө-пен бірне-

ше рет кездесіп, аралас-құралас болған. Баласы Таңсық Нәжметдиновтің жеке мұрағатында қазақ-татар әдебиетінің байланысына қатысты көптеген материал бар. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде Н-дің «революциядан бұрын ұлттық жұмысына табынып туып, қалыптасқан жайын баяндайтын елеулі шығармалар» жазғанын сипаттай келіп, «Көктем желі» атты романын осындай туындыға жатқызады.

**НЕГИМОВ** Серік (1948 ж.т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1992), профессор (1993). Халық ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармашылығы, әдебиет теориясының мәселелері, жалпы әдебиет тарихы туралы 300-ден астам ғылыми-зерттеу еңбек, мақала жариялады. «Әсем ырғақтар» мақаласында Ө. прозасының әуендік-синтаксистік құрылымына қатысты тың ойлар айтты. Мысалы, жазушы проза мен поэзияны табиғи түрде тоғыстырып, прозалық шығармаларында өлеңнің ұйқасты, ырғақты кестесі, поэзиялық тәртіп-түзіліс, симметриялық, пропорциялық құрылыс, үндестік пен үйлестік, синтаксистік жағынан үйлесімді келуіне қатты назар аударған деген («*Мұхтар Әуезов тағлымы*», А., 1997, 47-бет) «Шындық пен шығарма» атты мақаласында «Абай жолы» роман-эпопеясының кейіпкерлері жайында жүйелі талдаулар жасалған («Егемен Қазақстан», 1997, 12 ақпан).

**НЕКРАСОВ** Николай Алексеевич (1821–1878), орыс ақыны. «Русьте кім жақсы тұрады?», «Атай», «Орыс әйелдері» поэмаларын жазды. А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, Н. В. Гогольдің реалистік дәстүрін дамытты. Бірінші рет оның «Қызыл шұнақ аяз» поэмасы қазақ тіліне 1939 ж. аударылды. Мұқаң Н-тың Абайға, қазақ поэзиясына еткен әсерін өзінің зерттеулерінде үнемі еске алып отырды. «Абайдың өзіндік-адамдық, әлеуметтік тұрашыл және шыншыл бітімі оған жалғыз ғана жалтарып айтқан мысалдарды місе қылғызбас еді. Сол сөбепті ол Лермонтов үлгісінде немесе Некрасов, Салтыков-Щедрин дәстүрінде толғады» дегенді зерттеулерінде айтса («Уақыт және әдебиет», 1959, 168-бет), «Абай жолы» эпопеясында Н-тың Абай ойларымен байланыстыра, ұшастыра сөз етеді. Шүйгінсу мен Өзбергенде Тәкежан, Өзімбаидың қорлығын көрген Исаның қайғылы оқиғасына арнап жазған Дәрмен дастанын тыңдаған Абай: «Некрасов, мынау Некрасов үні ғой. Орыс халқының шын зары мен арманды жанын танытқан Некрасов көкейінен кетпей отыр. Бұны мен тапқан жоқ ем. Өзім таппасам, жетпесем – соған жетуші, табушы болса деуші ем. Жолың болсын, бауырым Дәрмен!» дегенді айтқызырады. Ал Ө. өзінің «Некрасов өмірі» («Некрасов») т. б. мақалаларында, «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» деген монографиясында Н. шығармаларының мән-маңызына кеңінен тоқталады.

*Т. Тұрғанбаев.*

**«НЕКРАСОВТЫҢ ӨМІРІ (1821–1878)»**, жазушының мақаласы. 1933 ж. орта, орталау мектептің 7-сыныбына арнап жазылған «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» атты кітапта жарық көрді (58–66-беттер). Бұдан кейін «Әдебиет хрестоматиясында» басылды (1937–1938). 1933 жылғы мақала «Некрасовтың өмірі» деп аталып, «Некрасовтың ақындығы», «Некрасовтың қоғамдық идеялары», «Некрасовтың көркем шеберлігі»,

«Замандастарының Некрасов шығармаларына көзқарасы», «Некрасов шығармаларының төңкерісшіл мәні», «Ленин Некрасов туралы» деген тақырыпшаларға бөлінген. 1937 жылғы хрестоматияда өмірі және «Ленин Некрасов туралы», «Шойын жол» поэмасының үзіндісі, 1938 жылғы басылымда тек өмірі туралы және «Темір жол» поэмасының үзіндісі берілген. Ө.: «Шынында Некрасовтың ақындығы өте кең. Ол заманындағы қала тұрмысын, әсіресе басқа қалалардан ертерек капитализмге ауа бастаған Петербург тұрмысын, оның ағыл-тегіл байлығы мен ыңырағай айналған кедейлігін, шенеуніктердің озбыр зорлығы мен еңбекшілердің қорғаусыздығын толық суреттеген» деп, ақынның шеберлік, көркемдіктегі жетістіктерімен қатар саяси бағыт, ұстанымдарына көбірек назар аударды. Азаматтықтың бәрінен жоғары қойған. Н. поэмаларында әлеуметтік топтың адамдарын, көбінесе қара шаруаларды суреттеді, осы салалардағы шығармаларын, жалпы ойын бәрінен артық түсінген Чернышевский болды. Оның орыс әдебиетінің өркендеуіне тигізген әсері өлшеусіз еді, фольклорды кеңінен пайдаланып, шығармаларын нағыз халық тілінде жазды, бұларға поэзияның барлық формаларын қолданды.

*Т. Әкім.*

**НЕМІС ӘДЕБИЕТІ.** Жас кезінен дүниежүзілік классикалық әдебиеттен еркін сусындаған Ө. сан ғасырлық тарихы бар неміс әдебиетін назардан тыс қалдырған емес. Көркем шығармалары мен зерттеу еңбектерінде, студенттерге арналған лекцияларында ол ердайым Гете, Шиллер, Гейне есімдерін атап, неміс халқының ұлттық даналарын тілге тиек еткен, рухына бас иген. Жазушы Альфред Курелла, шығыстанушы, ақын, профессор Эрих Мюллермен, баспагерлер Ноак және Кошутпен шығармашылық қарым-қатынаста болып, хат жазысып тұрған. 1960 ж. ГДР-дің «Культур унд Фортшрит» («Мәдениет және прогресс») баспасынан шыққан «Алтын отау» атты қазақтың дастандары мен ертегілері жинақна ғылыми жетекшілік жасаған. Бұл кітап қазақ ақындары мен Ө-ке арналды. Неміс әдебиетшілері, сыншылары, баспагерлері Ө-тің жазушылық өнеріне, талантына ерекше мән беріп, шығармаларын неміс оқырмандарына жан-жақты таныстыруды үлкен мақсат тұтқан. Мәселен, 1958 ж. Берлиннің «Культур унд Фортшрит» баспасынан «Абай жолы» романының 1-кітабы «Таң алдында», 1961 ж. 2-кітабы «Жылдар мен күндер өткен соң» деген атпен неміс тілінде жарық көрді. Екеуін де Хильда Ангарава аударған. Екі роман да сол кездегі Германия, Аустрия сыншыларының назарына ілікті. Мысалы, Н. Кай «Зонтаг» газетінде (4.6.1959) «Ленин сыйлығымен марапатталған», Г. Кремплен «Дер библиотекар» («Кітапханашы») журналында (1958, № 12) «Әуезов Мұхтардың «Таң алдында» романы» және «Мұхтар Әуезовтің «Жылдар мен күндер өткен соң» романы» (1962, № 11), В. Баум «Зонтаг» газетінде (1962, № 20) «М. Әуезов. «Жылдар мен күндер өткен соң», Е. Зиберт «Юнге Вельт» газетінде (1958, 23, 24.08) «Таң алдында», аты-жөні көрсетілмеген бір автордың швейцариялық «Форверт» газетінде (1958, 12.09.) «Абай» романының бірінші кітабына рецензиялары шығып жатты. «Абай» романы тіпті неміс тіліне аударылмай жатып-ақ, неміс сыншыларының біраз мақалаларына арқау болды. Профессор Эрих Мюллер «Зонтаг» газетінде (29.09.1957) «Мұхтар Әуезов», Альфред Курелла «Тәглихе Рундschau» га-

зетінде (15. 12. 1954) «Азия жүрегінің тағдыры», Т. С. (бүркеншік ат) австриялық «Бер унд Циль» журналында (1955, №1) «Мұхтар Өуезов. «Абай» атты мақалалар жариялады. Бәрі де бірауыздан Ө-тің заманымыздың заңғар жазушысы екенін мойындап, шығармаларының Еуропадағы ең үздік суреткерлердің туындыларымен қатар тұрғанын, қазақ халқының тарихын, өнері мен салт-санасын бүкіл дүние жүзіне таныстыру арқылы адамзат өркениетіне зор үлес қосқанын мақтаншы сезіммен жазды. Мысалы, Эрих Моллер жазушы және драматург есебінде Мұхтар Өуезов «Абай» сынды романымен біздің елімізде мызғамас орда қалап берді. Ол біздерді, немістерді, туыстасып, жақындасуға хақымыз бар халықпен таныстырды деді. Аудармашы, сыншы, публицист Альфред Курелла «Абай» романы жайындағы пікірін өрнектей келіп, қажыр-қайраты, ынтықтығы, мінез қақтығысы Шекспир деңгейінде десем, артық айтқан емес! Заманның келбет-бейнесін дәл мұндай дәрежеде ешбір ғылыми еңбектен аңғарып, сезіну мүмкін емес. Ал поэзиялық қуаты қандай десеңізші! Проза түрінде жазылған екі қалың кітаптан бірде-бір қарабайыр прозалық сөйлем кездестіре алмайсыз дейді. 1956 ж. қаңтар айында К. Федин бастаған бір топ кеңес жазушыларының құрамында Ө. ГДР қаламгерлерінің 4-съезіне қатысты. Сол күндері ол ауруханادا жатқан Анна Зегерспен арнайы кездесті. Ө-тің өзі мен халқы жайында әңгімесін ұйып тындай отырып, «Абай» романынан хабардар Анна Зегерс мынадай ой айтады: «Сіз, менің пайымдауымша, өзгеше, сирек адамсыз. Сіз және сіздің өмірбаяныңыз тарихтың өзіндік оқу құралы сияқты екен. Ия, ия... Сіз тарихтың шежірешісі я куәгері емес, өзіңіз – тарихсыз. Сіздің тағдырыңыз – тарих кітабы іспетті». Неміс жазушысының бұл пікірі Ө-ке қатты ұнады, ол кейін әр жерде жұрт алдында сөйлеген сөздеріне, «Дос – Бедел-дос» драмасының идеялық желісіне арқау болды. Ө. жайында неміс тілінде жазылған орыс, қазақ авторларының еңбектері бір төбе. Мысалы, «Советлитератур» журналында Т. Өлімқұловтың «Қазақ өмірінің эпопеясы» (1958, №8), Н. Смирнованың «Мұхтар Өуезов. Әдеби портрет» (1964, №11), Ы. Дүйсенбаевтың «Мұхтар Өуезов мұражайы» (А., «Қазақстан», 1969, Иоганн Варкентин аудармасы), Е. Лизунованың «Бүгінгі советтік Қазақстан» (1987, №9, 10) журналында басылған «Ортақтық белгісі» атты мақалалары – осыған айғақ. Ө-тің ауыр қазасына неміс газеттері қатты қайғырды. О. Браун «Зонтаг» газетінде (1961, 09.07) «Қазақ елі ұлы суреткерін жоқтауда» деген азалы мақаласын жариялады. Ө-тің «Абай» романынан басқа шығармалары да неміс оқырмандарына таныс. Әйгілі «Қараш-Қараш» повесі 1964 ж. Берлиннің «Фольк унд Вельт» баспасында «Шың басындағы атыс» деген атпен Р. Вильновтың аудармасында жарық көрді. 1997 ж. осы повесть неміс тілінде «Рауан» баспасында жеке кітапша болып шықты. Бұл шығарма туралы «Нойес Дойчланд» газеті рецензия жариялап, жылы лебіз білдірді (1964, 25.04). 1974 ж. Берлинде «Қиы заман» романы «Момындар көтерілісі» атауымен неміс тілінде жарияланса, 1979 ж. қазақ прозашыларының «Ақ аруана» атты жинағы дүниеге келді. Оған Ө-тің екі әңгімесі – «Көксерек» (Д. Поммеренкенің аудармасында) және «Жуандық» (аударған Моника Пашинни) енді. Жинаққа алғы сөзді З. Клейнмихель, соңғы сөзді Мұрат Өуезов жазды. Кітап

соңында авторлар туралы өмірбаяндық деректер берілді. Неміс тілінде әр жылдары шыққан энциклопедиялық сөздіктер мен көрсеткіштерде Ө. жайында шолу мақалалар үнемі жарияланып тұрды. Мысалы, 1953 ж. Берлинде жарық көрген «Үлкен Советтік энциклопедиясының» 1-томында қазақ жазушысы туралы мәлімет бар. Сол сияқты 1971 ж. Лейпциг қаласында шыққан «Шетелдік жазушылар лексиконында» қазақ жазушысының өмірбаян деректері мен негізгі шығармаларының атаулары орын алған. Түрік тілінің маманы, Орта Азия әдебиетінің білгірі Зигрид Клейнмихель ханым Алматыға да бірнеше рет келіп, айлап жатып, қазақ тілін біршама меңгеріп, Ө-тің өмір жолын, 20–30-жылдардағы әдеби мұрасын терең зерттеді. Нәтижесінде ол жалпы қазақ әдебиеті, оның ішінде Ө. шығармашылығы жөнінде соңғы 15–20 жыл ішінде бірнеше зерттеу мақалаларын неміс тілінде жария етті. Соның ішінде ең көлемдісі 1982 ж. жарық көрген «Мұра және мұрагерлер» жинағындағы «Мұхтар Өуезов. «Дос – Бедел-дос». «Бір пьесаның тарихи жайында пікір-талас төңірегінде» атты зерттеуі бар. Мұнда Ө-тің негізгі шығармаларына шолу жасалынып, қазақ тарихының әр түрлі кезеңдері сөз болған. Жазушының мазмұны мен түрі жағынан соны, философиялық драмасы туралы сол кездегі әдеби сыншылардың көрегер пікірлері көп келтіріліп, жан-жақты талданған; автордың өмірі, шығармашылық жолы, заманы, қоғамы, мәдени ортасы терең талқыланған. Автор «Дос – Бедел-дос» драмасының қат-қабат идеялық, көркемдік ерекшеліктерін Ө-тің «Хан Кене», «Қиы заман», «Түнгі сарын», «Еңлік – Кебек», «Қарагөз» шығармаларымен ұштастыра, үндестіре баяндайды. Сыншы Ө. пен қазақ әдебиеті жөнінде 1930–1950 ж. жарық көрген кітаптар мен зерттеулерге сілтеме жасап, оның драмасының философиялық сырын ашады, ұлттық және ұлтаралық мәдени-рухани байланыстардың тарихи астарына ерекше мән береді. Әдебиеттану, эстетика, мәдениет теориясына арналған «Веймарер Байтрэге» журналында (1982) З. Клейнмихель Тимур Пулатовтың романына байланысты мақаласын жариялаған. Онда М. Өуезов, С. Айни, А. Қадыри шығармаларының үндестігі сөз болады. Қазақ әдебиеті жайында соғыстан кейінгі кезеңде қалам тартқан немістің белгілі сыншылары Ральф Шрёдер, Лео Кошут, Ирмтрауд Гучке т. б. Ө. пен оның шығармаларына тоқтамай өткен емес. Ө-тің өмір жолы мен шығармашылығы ресейлік неміс жазушылар да әрдайымы назарын аударып отырды. 1966 жылдан бастап Қазақстанда неміс тілінде шығатын «Фройндшафт» республикалық қоғамдық-саяси газеті (1991 жылдан «Дойче Альгемайне Цайтунг») Ө. жайында ондаған мақала басып, шығармаларынан үзінділер жариялады. Неміс оқырманының жүрегіне жол тапқан туындылар қатарында Г. Ворсбахердің (1966–1969), Н. Пфеффердің (1977), Г. Бельгердің (1987, 1997), К. Эрлихтің (1979) очерк-эсселері, бір топ орыс және шетелдік жазушылардың жылы лебіздері жарық көрді. Қазақ жазушысының 70, 80, 90, 100 жылдық мерейтойларына орай әдеби беттер арналды. 1979 ж. «Қазақстан» баспасы «Қазақ новеллалары» атты жинақ шығарып, оған Ө-тің «Көксерек» әңгімесі енгізілді (Д. Поммеренке аударған).

1997 ж. «Феникс» журналының 19-нөмірінде Г. Бельгердің Ә. рухына бағышталған «Өмір-эпопея» атты триптигі жарық көрді. Ұлы қаламгердің неміс тіліндегі аудармалары туралы зерттеулер жазылып, ғылыми диссертация қорғады. Алматыдағы неміс драма театры «Көксерек» әңгімесінің желісі бойынша спектакль қойды (1997).

Г. Бельгер.

**НЕМИС ДРАМА ТЕАТРЫ**, шығармашылық ұжым. 1979 ж. Теміртау қаласында ұйымдастырылып, 1980 ж. 26 желтоқсанда А. Реймгеннің «Алғашқылар» пьесасымен шымылдығын ашты. 1989 ж. Алматыға көшіп келді. Репертуарында орыс, неміс, шетел және қазақ классиктерінің шығармалары бар. Театр ұжымы гастрольдік сапармен Қазақстаннан тыс жерлерге де шығып тұрады. Ө-тің туғанына 100 жыл толу мерекесіне байланысты Алматы қаласында ұйымдастырылған халықаралық театр фестиваліне қатысып, жазушының «Көксерек» повесі бойынша жасалған «Лютый» спектаклін қойды. Бұл қойылым 1997 ж. 25 қыркүйекте, фестиваль күндерінде көрсетілді (режиссері – В. Молчанов, суретшісі – Н. Чурсина, хореограф – Н. Дуб).

Г. Бельгер.

**НЕНАШЕВ** Анатолий Иванович (1903–1967), театр суретшісі. ҚазКСР-інің еңбек сіңірген артисі (1945), ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1954). Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1949). Ө-тің либреттосы бойынша қойылған қазақтың тұңғыш опералық спектаклі «Айман – Шолпанды» безендірді (1934). Қазақ халқының дәстүрлі киім үлгілері мен салттарын, ұлттық ерекшеліктерін жете зерттеді. Соның нәтижесінде сахналық көріністер жұртшылық көңілінен шықты. Бұдан кейін Ө-тің либреттосы мен пьесасы бойынша қойылған «Айман – Шолпан» (1938), «Бекет» (1940), «Абай» (1957), «Төлеген Тоқтаров» (1963) опералық және «Айман – Шолпан» (1960), «Абай» (1962) драмалық спектакльдерін көркемдеді. Оның сахналық жобалары жазушының мұражай-үйінде сақтаулы.

А. Қуанышбаев.

**НЕОПЛАТОНИЗМ**, философиялық бағыт. Ол 3–6 ғасырда ежелгі философиялық ілімнің негізін қалаған Платонның пайымдаулары мен Аристотельдің идеяларын бір жүйеге түсіру бағытындағы философиялық ойдың негізінде қалыптасты. Неоплатоншылар Платонның «бірлік», «ақыл», «жан» туралы диалектикалық ілімін одан әрі дамытып, болмыстың иерархиялық құрылым сатыларын («бірлік», «ақыл», «жан», «әлем», «материя») анықтап, талдаумен шұғылданды. Неоплатоншылардың идеясын тереңдетіп дамытқан және елеулі пікірлер айтқан – араб мектебінің философтары әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн-Сина. Абайдың дүниетанымдық көзқарастары осы бағыттың ықпалымен тікелей байланысты болды. Ол өзінің «Қара сөздері» мен өлеңдерінде дүниенің бірлігі, ақыл, жан, жүрек, ақиқат, «мен» мен «менің» туралы ұғымдарды философиялық тұрғыдан пайымдады. Ө. өзінің «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында бұл мәселеге ерекше тоқтала келіп: «Ислам ғаламында грек философиясынан келген неоплатонистердің көп әсері бар еді. Мұсылман философтарында Бағдаттағы әл-Фараби сол жолда еңбек жазған. Кейін Аристотель философиясы да арабтар арқылы мұсылманшы-

лық мәдениеті көлемінде көбірек өріс алып, тараған болатын. Көп мұсылман елдерінде және орта ғасырдағы Еуропа елдерінде де аттары мәлім болған мұсылман философтары Әбу-Әли-ибн-Сина, Ибн-Рашид сияқтылар бар-ды. Ал атақты философтар өз замандарында исламның аполегеттері аталған тар көлемнен шығып, үлкен ізденгіштік ойлар танытқан» деп баға берді (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 181-бет). Осы пікірі арқылы неоплатоншылардың Абайға, Абай арқылы қазақтың ойлау жүйесіне әсер еткенін дәлелдеп берді.

Т. Жұртбай.

**НЕРИС** (лақап аты; шын фамилиясы – Б а ч и н с к а й т е - Б у ч е н е) Саломея (1904–1945), литван халық ақыны (1954), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1947). «Таңертөн» (1927), «Құмдағы іздер» (1931), «Көшкін муз үстінде» (1935) жыр жинақтары, «Эгле – жыландар падишасы» поэмасы (1940) халықтың муз-зарын, әлеуметтік теңсіздікті жырлауға арналған. Бұдан кейін «Өмірді жырла, жүрегім!» (1943), «Сайрамай бұлбұл тұра алмас» (1945) өлең кітаптары жарық көрді. Ө. «СССР халықтары өдебітертерін өркендеуі» атты мақаласында Н-тің талантын өзгеше бағалап, өлеңдерінің көркемдік идеясы зор сапаға көтерілгеніне назар аударған.

**НЕРУ** Джавахарлал (1889–1964), Үндістанның саяси және мемлекет қайраткері. Үндістан азаттық алған 1947 жылдан өмірінің соңына дейін премьер-министр болды. Н. үкіметі бейбітшілікті сақтау, халықаралық қатынас орнату, нәсілшілдікке, соғысқа қарсы күресу ісіне бағытталған бейтарап саясатын жүргізді. Ол тамаша ойшыл, асқан публицист ретінде де даңқы жайылды. «Өмірбаян» (М., 1955), «Индияны ашу» (М., 1955), «Үндістанның сыртқы саясаты. 1946–1964.» (М., 1965) т. б. тамаша кітаптары шықты. Ө. Үнді – Кеңес достығы қоғамы Қазақстандық бөлімінің төрағасы ретінде Үндістанға екі рет (1955, 1960) барып қайтты. Осы сапардың нәтижесінде туған «Индия очерктерінде» үнді елін, халқын, жерін зор сүйіспеншілікпен еске алады. Осы көлемді еңбегінде жазушы Делиде Н-мен кездесіп, қабылдауында болғанын, достық қарым-қатынасты нығайту туралы әңгімелескендерін жазған.

**«НЕ СЕБЕПТЕН»**, жазушының мақаласы. «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 5 ақпан күнгі 119-санында жарияланды. Бұл кезде Ө. Семей ревкомының қазақ бөлімінің менгерушісі және «Қазақ тілі» газетінің жауапты шығарушысы еді. Сол бетте «Жалпы жарлық» деген ресми мақаласы басылғандықтан, шығармаға қол қоймаған. Мақала кезінде қазақ ұлты үшін аса мүдделі болған көкейкесті тақырыпқа арналған. 1920 ж. тамыз айында Қазақ автономиялы кеңестік социалистік республикасын құру туралы шешім қабылданып, оның аумағы белгіленіп, қазан айында ресми түрде жарияланды. Ондағы шешім бойынша Ресейдің Сібір ревкомына қарайтын Ақмола, Семей губерниялары Қазақстанның құрамына берілуге тиісті еді. Алайда бұл мәселе тезінен жүзеге аса қоймады. Коммунистік-колонизаторлық пиғылдағы большевиктердің қарсылығына ұшырап, үлкен даудамай туғызды. 1921 жылдың қаңтар айынан бастап Қазақ автономиясына қарауға тиісті Семей губерниясының тағдыры нақты шешілмегендіктен, қазақ бөлімінің бастығы ретінде Ө. өзінің пікірін газет арқылы ашық білдіріп, қалың қауымға түсінік



А. Б. Никольская.

берген. Шығармада Ө-тің жеке басына қатысты өмірбаяндық деректер де бар.

Т. Жұртбай.

**НИЗАМИ ГӘНЖАУИ** Әбу Мұхаммед Илияс ибн Юсуф (1141–1209), әзірбайжанның ойшыл ақыны. Парсы тілінде жазған. Қыпшақтың Аппак есімді қызына үйленген (1173), көп өлеңдерін соған арнаған. Шығармаларында діни-философиялық, гуманистік сарын басым. Негізгі шығармасы –

«Хамса» («Бес кітап»). Оған «Құпия қазына» (1173–80), «Хұсырау мен Шырын» (1181), «Ләйлі мен Мәжнүн» (1188), «Жеті ару» (1197), «Ескендір-нама» (1203) деген бес дастан кіреді. Ө. Н-дің поэмаларына талдау жасай келіп («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»), дастандарының жаңа бағытты бастағанын, ақынның демократтық және қоғамдық-утопиялық көзқараста болғанын, әділетсіздік пен қаталдықты қатты әшкерелегенін, тәкаппарлық пен қиянат-зорлыққа қарсы алысқанын жазды. Ал «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында Абайдың Н. жазған «Ескендір-наманы» пайдаланғанын айтады. Ө-тің пікірінше, Абай поэма желісін өзінше өзгертіп, өсіріп алған. Н. Ескендірді айыпсыз-мінсіз етіп көрсетсе, Абай олай етпей, қан төккіш патша, қанағатсыз хан етіп суреттейді, көп жайды қайта бағалайды. Сөйтіп Абай Н. поэмасынан көп әңгімелік деректер алады. Бұл жөнінде Абай Шығыс әдебиетінде қалыптасқан нәзира, нәзирағөйлкке барады, ал сол дәстүрді, классиктердің нәзирағөйлк үлгісін шығармашылық жолмен пайдаланған. 1947 ж. қыркүйек айында Баку қаласында өткен ұлы ақынның 800 жылдық тойында Қазақстан делегациясының атынан сөз сөйлеп, ұлы ақын туындыларының, Ләйлі мен Мәжнүн, Фархад пен Шырын бейнелерінің талай қалам қайраткерлерін үлгі, рухани азық болғанын алға тартты.

Н. Ерсарыұлы.

**НИКОЛАДЗЕ** Нико (Николай Яковлевич; 1843–1928), грузин публицисті, әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері. Ш. Руставели, Н. Бараташвили, И. Чавчавадзе, Гр. Орбелиани, А. Пушкин, Н. Гоголь, Дж. Байрон, У. Теккерей, Н. Некрасов, М. Салтыков-Щедриндердің шығармалары туралы тамаша мақалалар жазды. Ө. «Социалистік ұлттар әдебиеттерін дамытудың ерекшеліктері» деген көлемді еңбегінде өзінің ана тілінде және орыс тілінде жазатын қаламгер туындылары туған халқының әдебиетіне жаңа екпін, соны леп әкелетінін атай келіп, Н-ні осындай қос тілді көрнекті жазушы деген.

**НИКОЛЬСКАЯ** Анна Борисовна (1899–1977), орыс жазушысы, аудармашы. Ежелгі дворян отбасында туған. Екатерина қыздар институтын, Ленинград университетін (1924), соның аспирантурасын бітірген. Ағылшын, француз, неміс тілдерін жетік білген. 1933 ж. репрессияға ұшырап, Қазақстанға жер аударылды. 1934 ж. Алматыға келіп, аудармамен шұғылданды, ҚазПИ-де қызмет атқарды. 1937 ж. қайтадан ұсталып, 1943 ж. Алматыға қайта оралды. «Тарихта жазылмағандар» (1963), «Жоғалған хаттар» (1968) т. б. әңгімелер, өлеңдер жинақтарын жариялады. Заңсыз сотталып, сталиндік концлагерлерде азап шеккендердің өмірі туралы «Тағдыр тауқыметі» («Передай дальше!», 1989)

деректі повесін жазды. Ө-ті Ленинградта студент кезінен білген, сол кезде ертедегі орыс әдебиетінен лекция оқыған. Н. 1935 ж. өзі аударған «Қыз Жібек» эпосын талқылау барысында Ө-пен екінші рет танысады. Осыдан бастап екі отбасының арасында достық, шығармашылық қарым-қатынас орнайды. «Татьянаның қырдағы әні» повесін (1937), «Абай жолы» эпопеясын (Л. Соболев, Ф. Шәріпова, Т. Нұртазиндермен бірге, 1942, 1945, 1947, 1948) аударуға қатысады. Романның 1–2-кітабын өзі аударғанмен, аты-жөнін жазуға мүмкіндік жоқ еді, сондықтан шығарма Л. Соболевтің жалпы редакциясымен жарық көрді. Тек 1958 ж. ғана Н-ның аты жазылды. Н. «Дала бәйтерегі» атты естелігінде Ө-тің өте қарапайым, тиім кішіпейіл, терең білімді екенін, орыс-қазақ тілдерін жетік білетінін сүйсін еске алады. Естеліктің үзінділері «Ленинская смена» (3. 12. 1967 ж.) және «Казахстанская правда» (8. 12. 1967 ж.) газеттерінде, толық күйінде «Біздің Мұхтар» және «Мұхтар Әуезов замандастарының естеліктерінде» жинақтарында шықты. Ө. танысқан күннен бастап Н-ның қадір тұтып, құрметтеген, ғұмыр бойы сыйлап өткен. Оның 60 жылдық мерейтойын өткізуге арналып салтанатты жиында (1959 жылғы 14 желтоқсанда) ұлы жазушы: «Мен бүгін екі мерекені тойлап отырмын: бірі – Анна Борисовнаның 60 жылдығы да, екіншісі – оның патшадің үйге берекелі данышпан болып кіргенінің 25 жылдығы» деген еді.

Н. Ақбай.

**НИМЕЦ** Иван Иванович (1938–1997), суретші-монументалист. Монументалдық өнерден басқа станокты живопись, акварель салаларында жұмыс істеген. Көптеген республикалық көрмелерге қатысқан. 1973 ж. Алматыдағы Ө. мұражайының жаңа экспозициясы жобасының авторы. Сонымен қатар жазушының жастық шағы өткен Бөрілідегі мұражай бөлімінің экспозициясын жасады. Суретші ретінде шығыстың ақын-ойшылдары Фердауси, Низами, Науаи, Айнидің бірегей портреттерін салды. М. Әуезов мұражайының Нимец жасаған 2-экспозициясы 1973–93 ж. 20 жылдай көрермендерге үлкен табыспен қызмет етті.

А. Қуанышбаев.

**НИЦШЕ** Фридрих (1844–1900), неміс философы, ақын. Іздене келе қалыптасқан өктемдікке құмарлық, өзін-өзі көрсетуге ұмтылу адам жан дүниесіне тән деп қарайтын іліміне негіз болды. Оның ой-пікірлері Еуропа мен Ресейдегі көптеген жазушыларға үлкен ықпалын тигізді. «Мезгілсіз ойлар», «Қайырымдылық пен зұлымдықтың арғы жағы», «Мораль генеологиясы», «Антихрист» т. б. еңбектерін жазды. Ө. оның «Зоратустра осылай дейді» (1907) деп аталатын кітабын сызып, белгілеп, оқып шыққан. «Өмірде ой да, соғыс та, махаббат та, өшпенділік те бар – олар жеке-жеке тұрғанда жалған да, біртұтас алғанда – ақиқат», «Ал туғандарым! Мен табиғатты есті жаратылған дей алмаймын, өйткені бәріміз де сол табиғаттыз, Қайсысы болса да, қажеттіліктен туған, онда бәріміз де сол қажеттілікке ұмтылайық, көмекке барайық, көнеки!» деген сияқты ойлардың тұсын сызып, белгілеген.

Т. Тұрғанбаев.

**НИЯЗБЕКОВ** Шәкен Оңласынұлы (1938 ж. т.), суретші-монументші. Қазақстанның еңбек сіңірген

өнер қайраткері (1981). Алғашқы еңбектері – «Амангелді», «Бақташы» туындылары 1957 ж. Алматыда өткен республикалық көрмеге қойылды. «Шоқан Уәлиханов», «Абай» (1959) картиналары Қытай мен Индияда, «Құрманғазы» (1958), «Исатай Тайманов» (1964) картиналары Монреальда, Бүкілодақтық «Экспо-67» көрмесінде көрсетілді. Қола мен алюминийден көптеген қайраткерлердің бірегей бейнелерін жасады. Солардың ішінде Семейдегі Абайдың мемлекеттік мұражайына қойылған М. Әуезовтің бейнесі ерекше орын алады (1968). **НИЯЗИ** Фатех (1914–1995), тәжік ақыны. Тәжікстанның халық жазушысы (1986). Тәжік КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1977). Ө-пен сыйласып, қарым-қатынасын үзбеген. 1957 ж. 5 қарашада жолдаған хатында «Абай жолы» романынан үзінді жарияланған «Шарқи сурх» журналының бір данасын жібергенін хабарлап, 60 жылдық мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеген («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 607-бет). Ал «Достар кездескенде» атты мақаласында («Коммунист Таджикистана», 1963, 5 қазан) Ө. тәжік әдебиетінің Қазақстандағы ең жанашыр әрі адал достарының бірі, тамаша оқырманы, ұқыпты редакторы және белсенді насихаттаушысы ретінде мәңгі ұмытылмайды деген.

Ө. Нұралиев.

«**НОВЫЙ МИР**», журнал. Әдеби-көркем және қоғамдық-саяси басылым. 1925 жылдан Мәскеу қаласында шығады. Ө-тің «Абайдың өмірі мен шығармашылығы» (1954, №7), «Түркістан солай туған» (1957, №2), «Көксерек» (А. Пантиселвтің аудармасы, 1960, №4) атты шығармалары мен мақалалары жарияланды. Соның ішінде жазушының өзі қайтыс болған соң, Ш. Айтматовтың алғы сөзімен жарық көрген «Қилы заман» (аударған А. Пантиселв, 1972, №6) романының жарық көруі ерекше назар аударарлық әдеби оқиға болды. «Абай» романы жөнінде Л. Климовичтің «Абай туралы роман» (1946, №6), В. Кожевниковтың «1948 жылғы совет прозасы» (1949, №5), «М. Әуезов шығармалары», «СССР-дегі баспасөз» (1953, №3), М. Қаратаевтың «Қазақтың тұңғыш эпопеясы», 1957, №9) мақалалары шықты. Сөйтіп журнал белгілі бір дәрежеде Ө-тің көркемдік шеберлігі мен шығармашылық жолы туралы пікір қалыптастыруға ықпал жасады.

Ж. Шалғынбаева.

**НОҒАЙ ӘДЕБИЕТІ.** Түркі тілінің батыс қыпшақ тобына жататын ноғай тілінде қалыптасқан. Ноғай немесе ноғайлы жұрты көне заманнан бастап 16 ғасырдың аяғына дейін қазақтан іргесі ажырамаған, бір халық ретінде өмір сүріп, тел өскен ағайындас ел. Сондықтан есте жоқ ескі дәуірден бергі түркі тектес көшпелі қауымның рухани қазынасы – ноғайларға да ортақ. Ғылыми ортада сол дәуірдегі әдеби мұраларды «ноғайлы-қазақ әдебиеті» деп атауы соны аңғартады. Ө. бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, өзінің «Әдебиет тарихы», «Қобыланды батыр», «Ертегілер», «Қазақ эпосы мен фольклорының тарихы», «Қазақтың ауыз әдебиеті» т. б. ғылыми-зерттеу еңбектерінде айрықша тоқталды. Бұл құбылыстың тарихи тамыры туралы: «Бұрынғы заманда неше алуан хандық құрған түркі жұрттарының көбінің тойын бірге тойлап шыққан бір ел – қазақ елі екені тарих жүзінен белгілі.

Нағыз қазақ бірлігі XV ғасырлар ішінде шықты десек те, сол бірлікті жасаған рулардың көпшілігі ертерек заманда болған Алтын орда, Қазан хандығы, Ноғайлы, Өзбек бірлігі сияқты хандықтардың бәріне кірген, солармен бірге ыстығына күйіп, суығына тоңып, ірі тарихи уақиғаларды бастарынан бірге кешіріскен. Бұл мағлұматтың шындығын жалпы тарих жүзінен бір көрсек, ел қиялы жасаған, ел есінде сақталып қалған ескіліктен екінші рет тағы көреміз» деп жазды (Шығармаларының 50 томдық толық жинағы, 1997, 1-том, 87-бет). Сол кезеңдегі рухани мәдениеттің танымдық таразыдан өтіп, саралана өріс алуын, тектік тамырлануы мен таралуын саралай келе, Ө. қазақтың эпостық шығармалары қазақтардың ғана емес, сонымен бірге Орта Азиядағы туысқан халықтардың да тарихына байланысты екендігін Шоқан Уәлихановтың төмендегі сөздері де дәлелдейді. «Алғашқы кездерде Орта Азияда түрік және моңғол тектес нәсілдердің бәрі де «ноғайлар» деп аталған болу керек.

Ноғайлар жайындағы аңыздар 14 ғасырдың аяғына, 15 және 16 ғасырларға қарай кетеді. Бұл аңыздар эпостық сипатта және ұйқасты өлеңдермен жырланады. Сондықтан да бұлар халықтың ауыз әдебиетіне жатады. Бұлардың тамаша жері халықтық рухтың, ұғымдардың, әдет-ғұрыптардың, дәстүрлердің, тұрмыс дағдысының көрінісі болып табылады, сонымен бірге филологиялық жағынан да бұлар тамаша» деп тұжырымдады (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 19-том, 395-бет). Қазақ пен ноғай әдебиетінің тарихында аттары қатар аталатын Аяз би, Қорқыт, Жиренше, Алдар Кесе, Қарашаш, Ер Төстік, Күнйкей, Айтмтай жомарт, Ер Төстік туралы аңыз әңгімелер соның айғағы. «Тегінде ноғай-қазақ түбіміз бір, Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір» деп жырлаған елдің ертегісінен бастап бесік жырына дейін араласып кетуі заңды құбылыс. «Құлше қыз», «Мақпал», «Сұлушаш», «Қолан» сияқты махаббат жырларындағы сүйіспеншілік сезім де соның бір көрінісі. Ноғайлық қыз бен жігіт Алтай мен Талайлы тауларында бір-біріне ғашық болып, қосылуға ұмтылып, ортақ бақыты үшін күресінің суреттелуі ноғайлық жұртының тек Еділ мен Жайықтың арасында ғана өмір сүрмегендегін, Алтайдың арғы бетіндегі елдің де өзін ноғайлымыз деп атағандығынан хабардар етеді. Мұндай «ұлы қағанаттық, ұлы ордалық, ұлы елдік» рухтың қалыптасуының себептерін Ө.: «Тарихта дәлді болып өткен мезгілді ел әңгімесінің кейде білмей шағастыратыны да болады. Кейде әдейі біле тұра бір сүйген мезгіліне, не есінде ұмытылмайтаы болып нық орнап қалған тарихи уақиғаның тұсына, ертеде болған уақиғаны, кейінгі заманда болған уақиғаны да түгелінен алып келіп, бір жерге басып қосып, үйіп-төгіп қоятыны да болады. Сондықтан көп жұрттың ескілікті әңгімелерінен белгілі бір хан мен патшаның айналасына жиналады. Кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеп қояды. Орыс жұртының батырлар ескілігінің барлығының Владимир (Красное солнышқы) айналасына жиналғаны сияқты, араб жұртының ескіліктегі әңгіме, ертегінің көбі Һарун Рашид айналасына жиналғаны сияқты. Бергі заманда көп елдікке бөлінген түрік жұрттарының сондай дәуірі – Алтын орданың кезі болады» деп түсіндіреді (Шығармаларының 50 томдық толық жинағы, 1997, 1-том, 92-бет). Мұндай ұлы сарынның себебін Ө.: «Алтын Орда бірлігі құлап, жалпы саяси бірлік жоғалған уақытта бұрынғы бірлік кезі жақсы кез-



дей болып ұмытылмай жүреді. Ел көңілінде ашық күнді жақсы мезгілдей ниет бірлігі, тілеу бірлігі жоғалмай жүрген бір кез болады. Сол кездің белгісі сияқты әңгімелер – Ер Тарғын, Шора, Қобыланды. Алтын Орда құлаған кезде соның екі шетінде екі жаңа хандық жасалады. Бірі Қазан, бірі – Қырым хандығы. Қазанның ішіне – тама, қыпшақ кіреді. Қыпшақтың бірлігінде болғандығының белгісі болып «Қарақыпшақ Қобыланды» әңгімесі қалған. Одан бері де қазақтың бірталай руы ноғайлымен бірігеді. Ноғайлы бірлігінде болады. Оның ішінде де қыпшақ болған. Кейінгі қазақ бірлігіне кірген рулар ноғайлы бірлігінің кезінен Сайын әңгімесін алып шығады» деп есептейді (сонда, 87-бет). Тек дастандар ғана емес, Тоқтамыс ханның тұсында өмір сүрген Сұрғылтайұлы Сыпыра жыраудан бастап Асан Қайғы, Шалқиз, Қазтуған, Доспамбет жыраулар өздерін «ноғайлымыз» деп таныстырады. Өрине бұл олардың қазаққа қатысы жоқ деген пікірді білдірмейді, сондай-ақ ноғайлар да оларды басы бүтін өздеріне тели алмайды. Бір үйдің екі баласына тең бөлінетін енші сияқты, екі бауырлас жұрттың төл мұралары болып есептеледі. Ө. қазақ пен ноғайлының айырылуы туралы Қобыланды батырдың Дайырқожаны өлтіруіне байланысты оқиғадан басталғанын кеңінен баяндайды. Ноғайлының көсемі Орманбет биді қазақтардың қолынан қаза тапқаннан кейін, екі елдің мүлдем бөлініп кеткенін, соңғы замандарға дейін қазақтың кейбір домбырашыларының «ноғайлы-қазақ айырыларда тартылған күй» деп шертетін күйлері болса керек» (сонда, 88-бет) дейді. Өкінішке орай, өздерінің дербес ұлттық баспасы мен әдеби журналы болмағандықтан, Ө-тің шығармалары ноғай тіліне аударылған жоқ. Алайда жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар әр тұста жарияланып тұрды.

*Т. Жұртбай.*

**НОҒАЙБАЕВ** Ыдырыс (1931–1989), артист, педагог, профессор (1984). Қазақстанның халық артисі (1966). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974). Ө. пьесалары негізінде қойылған «Еңлік – Кебектегі» Есен, «Абай» трагедиясындағы Абай,

«Айман – Шолпандағы» Көптібар, «Қарақыпшақ Қобыланды» драмасындағы Қобыланды – актердің биік көркемдік жетістіктері. Ф. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысындағы» Балуан (Мылқау), «Қозы Көрпеш Баян сұлудағы» Қарабай, Қ. Мұхамеджановтың «Жат еліндегі» Құрбан, Ө. Нурпейісовтің «Қан мен тер» негізіндегі (сахналық жүйесін түсірген Ө. Мәм-



«Еңлік–Кебек» спектаклі.  
Ы. Ноғайбаев Есен рөлінде;  
Жапал – С. Телғараев. 1958.

бетов) Кәлен, Ш. Айтматов пен Қ. Мұхамеджановтың «Көктөбедегі кездесуіндегі» Есберген, У. Шекспирдің «Отеллосындағы» Отелло, «Асауға тұсауындағы» Петруччио (М. Әуезов аударған) т. б. әр елдің біріне-бірі ұқсаймайтын сан қилы кейіпкерлерінің тұтас галереясын жасады. Көп қырлы, терең сырлы актерлік өнері ұлттық кино өнерінің дамуына мол үлес қосты.

*Б. Құндақбайұлы.*

**НОҒАЙ ОРДАСЫ**, Ноғайлы, 14 ғасырдың аяқ кезінде Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде пайда болған мемлекеттік бірлестік. Н. О. 13 ғасырдың 2-жартысында Алтын Орданың әскери қолбасшысы Ноғай әскерлерінің құрамына енген тайпалар мен маңғыт тайпаларынан құралған. Ноғайлар Еділден Ертіске дейін, Каспий және Арал теңіздерінен Түменге дейінгі жерлерде көшіп жүрген. Орданың орталығы – Жайық өзені сағасындағы Сарайшық қаласы болды. Негізгі кәсібі – көшпелі мал шаруашылығы, сондай-ақ егіншілікпен айналысты. Н. О-нда бас билікті князь атқарды, негізгі бұқарасы «ұлыс адамдары» немесе «қара халық» деп аталды. Қазан мен Астрахан хандықтарын Ресей қосып алғаннан кейін, 16 ғасырдың 2-жартысында Н. О. бірнеше мемлекеттік бірлестіктерге ыдырап кетті. Алдыңғы Кавказда (Қазы ұлысында) Кіші Ноғай Ордасы, Ембі өзені жағалауында Алты ұлыс ордасы құрылды. Белді ноғай Исмаил мырзаның қарамағындағы тайпалар Үлкен Ноғай ордасына бірігіп, 1557 ж. Ресей мемлекетіне өзінің кіріптар екендігін мойындады. Қалмақтардың шабуылынан кейін 1634 ж. ноғайлар Еділдің оң жағалауына көшіп, Кіші Ноғай Ордасымен бірікті де («Қазы ұлысымен»), Қырым хандығына тәуелді болды. Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы даладан Донға дейін қоныстанып, Бұржақ, Едішкөл, Ембұлақ, Едиссан ұлыстары пайда болды. Үлкен Ноғай Ордасына қараған кейбір ұлыстар (17 ғ.) Каспий маңындағы, Еділден Терек өзеніне дейінгі алқапты жайлады. 1770 ж. Едиссан, Бұржақ ұлыстары Ресей патшасына бағынды. 18 ғасырдың соңы мен 19 ғасырдың басында Кіші Ноғайлының біраз бөлігі бұрынғы ата қонысы – Азов маңына (Доннан Кубаньға дейін) ауып, кей бөлігі Бұхарест бітімнің шартына (1812) орай Түркияға көшті. 1860 жылғы дерек бойынша көшіп келген 180 мың ноғайлыны Түрік үкіметі Кіші Азияға қоныстандырған. Н. О-ның басынан өткен тарихи кезеңдерді суреттейтін «Едіге» эпосы пайда болды. Онда халық қамқоры болған Едіге батыр мен Алтын Орда ханы Тоқтамыс арасындағы күрес жырланады. Кейін бұл эпос түркі тілдес халықтар арасында, сондай-ақ қазақтарға да кең тарады. Ө. өзінің эпостық жырлар туралы жазған зерттеулерінде Ноғайлы дәуірі туралы сөз қозғап отырады, 1927 ж. шыққан «Әдебиет тарихы» кітабының «Батырлар әңгімесі» тарауынан да осы жөніндегі ойлар кездеседі. «Ноғайлы, қырым, қыпшақ, қырғыздардың бір жалаудың астында бір ел болып жүрген кездерін» жазған (20 томдық шығармалар жинағы, 16-том, 1984, 65-бет).

*М. Құл-Мұхаммед, Т. Әкім.*

**НӨГЕРБЕК** Бауыржан Рамазанұлы (1948 ж. т.), кинотанушы, сыншы. Өнертану ғылымының кандидаты (1989). Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1978). 70-тен аса ғылыми,

сын еңбектерінің авторы. Бірқатар еңбектері Ө. шығармашылығының кинематографияға тигізген әсерін зерттеуге арналған. «Көксерек» фильміне жазған рецензиясында: «М. Әуезов әңгімесінің сюжеті мен фабуласы шектен тыс кино тіліне ауып кеткенін атап өтеді; картина құрылысы ақыл-парасатқа емес, сезімге құрылған ашық, жалын атқан, жігерлі публицистикалық очерк іспетті» шыққанына назар аударған («Жаңа фильм», 1973, №24, 2-бет). «Айтуды жөн көрдім» деген мақаласында «Қаралы сұлу» әңгімесінің экрандағы нұсқасында көркемдік идеяның тарылғаны мен схематизмнің белең алғандығын сөз етеді. «Абай әндері» мен қазақ киносы» мақаласында, автор, қазақ ұлттық кинематографының тарихына қатысты қалыптасқан пікірге түбегейлі қарама-қайшы, жаңаша баға береді («Абай және қазіргі заман», А., 1994, 314-бет). «Абай» біз күткен фильм бе?» («Қазақ әдебиеті», 1995, № 33), «Әуезов және кинематограф» («Мұхтар Мұрасы», А., 1997, 279-280-беттер) т. б. мақалалары ұлы жазушы шығармаларының кинодағы тағдырларын қарастыруға арналған.

*С. Нәгербеков.*

**НУРАЛИЕВ** Әбдісаттар (1941 ж. т.), тәжік әдебиет зерттеушісі. Ұлты – қазақ. Филология ғылымының докторы (1998), профессор (1999). Ғылыми еңбектері әдебиеттер байланысына, соның ішінде Ө-тің шығармашылығын насихаттауға арналған. Қазақ жазушысы туралы «М. Әуезов – тәжік әдебиетінің досы» (1972), «Заманымыздың ұлы жазушысы» (1972), «М. Әуезов тәжік әдебиеті туралы» (1977), «Бауырлас әдебиеттер байланысы» (1983), «Т. Ізтілеуов және тәжік әдебиеті» (1983), «Абай» (1988), «Абай және тәжік әдебиеті» (1995) т. б. мақалалар жазды. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты Тәжікстан Республикасының Ғылым академиясы ұйымдастырған ғылыми конференцияда «Мұхтар Әуезов және тәжік әдебиеті» деген баяндама жасады. Тәжік-қазақ әдебиеттерінің байланысын көп жыл бойы зерттеген еңбегінің нәтижесінде «Кіндік Азия халықтарының әдебиеті» (1994) және «Абай және тәжік әдебиеті» (1995) атты монографиялары жарық көрді. Бұл зерттеулерде Ө-тің шығармалары жан-жақты талданып, кеңінен баяндалған.

*Р. Баратова.*

**НУРҒАЛИ** (Н у р ғ а л и е в) Рымғали (1940–2009), әдебиет зерттеуші, сыншы, жазушы, аудармашы, мұхтартанушы. Филология ғылымының докторы (1983), профессор (1985), ҚазКСР Ұлттық ғылым академиясының академигі (1989), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1988), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері (1998). Әдебиет зерттеу еңбектері қазақ әдебиетінің барлық жанрлары бойынша тарихи сипатын, көркемдік әлемін қамтиды. Оның ұлттық драматургияның даму тенденциялары мен теориялық мәселелеріне арналған еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымына соны сапалық белгілер әкелді. «Трагедия табиғаты», «Күретапыр», «Ай-дын», «Әуезов және Алаш» монографиялары Ө. шығармашылығын зерттеуде жаңа бағыт қалыптастырып, тың идеялар ұсынды. Ұлы жазушының 30-жылдардың ортасына дейінгі өміріне қатысты тың деректерді мұрағаттан тауып, қолжазбаларын қопарып, алғаш рет ғылыми айналымға түсірді. Саясат қамауында жатқан «Қилы заман» романы

жайлы тұңғыш рет ғылыми пікір айтты (1967). Ол Ө. өміріне, шығармашылығына қатысты жүйелеп берген көп дерек көздері 70-жылдардан кейінгі мұхтартанумен шұғылданған ғалымдарға шын бағдар, қолайлы негіз болды. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты мемлекет тарапынан ұйымдастырған бәйгеде «М. Әуезовтің көркемдік әлемі», «Алаш ұранды әдебиеті», «Дала тағдырын толғаған ұлы шығарма» атты ғылыми мақалалары үшін бас жүлдені иемденді (1997).

*Қ. Алтысбаев.*

**НУРҒАНИМ** (шамамен 1855–1911), Құнанбайдың Күнке, Ұлжан, Айғыздан кейінгі әйелі. Ө-тің үшінші атасы – Бердіқожаның қызы, Әуездің қарындасы. Н. – көп ұлдардың арасындағы жалғыз қыз. Н. Абайдың Ділдәдан туған үлкен ұлы Ақылбайды бауырына салып өсіреді. Құнанбай балаларының ешқайсысы оның алдынан кесе-көлденең өтпеген. Оспан өлгеннен кейін Абай Ақылбайды бөлек шығарып, Н-ды өз қолына алады. Н-ның естілігі мен қайраттылығы романда ұдайы көрсетіліп отырады. Оның бүкіл болмысы Құнанбайдың шақыртуымен келген Базаралының көзімен бейнеленеді: «Құнанбай жас тоқалының үйінде екен. Толық денелі, дөңгелек жүзді Нұрғаним сұлу да сәнді екен. Әсіресе қоңырақ келген үлкен өткір көздері ерекше ажарлы. Жүзінде жастық пен саулық, тоқтылық – баршасы да нұрлана түсіп шырай береді. Ақаусыз бетінде мөлдiреген тұтас қызылы бар. Ерге біткен көрнекті мұрнының оң жағында кішкене, томпақша мені бар екен. Нұрлы қызыл жүзіне біткен қал-қара мен өзіне шыққан жарасы түр. Ол да Нұрғанимнің ерекшелігі. Өзге әйелге бітпеген нысанасы тәрізді. Ішінен: «Япыра-ай, мына тоқалды қалай таңдап, қайдан тауып алған» деп тамашалай қызғанды» («Абай жолының» «Қияға» тарауы). Құнанбайдың бұл өңірдің жігітін бітпеген көрік пен нұр, мөлдiр сыры бар Базаралы туралы айтқан сол күнгі сөзі Нұрғаним сезіміне шоқ түсіріп, кейін онымен табысуына себепші болған.

*Т. Әкім.*

**НУРЖАМАЛ** Әубәкірқызы (1862–1912), жазушының анасы. Береке арлы-берлі кіре тартып жүріп, Әуезбен танысады. Сөйтіп Н-ды Омарханға айтырады. Н-дан Қорлықа, Рахия, Күлсім атты қыздар, ұлдан Мұхтар туған. Қыз балалары жастай қайтыс болған. Н. ескіше оқыған. Қала тәртібінде өскендіктен, ол ашық-жарқын, әділ, кішіпейіл, үй шаруасына пысық, көрікті адам екен. Бейіті – Бөрілі қыстағында.

**НУРЖЕКЕЕВ** Бексұлтан (1941 ж. т.), жазушы. «Өзендер өрнектенген өлке» атты тарихи-этнографиялық эссесінде (1984) 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне Жетісу қазақтарының қатысқанын баяндай отырып, Ө-тің осы оқиға жөнінде жазылған «Қилы заман» повесіндегі көптеген кейіпкерлердің өмірде болған адамдар екенін дәлелдеп көрсеткен (146–149-беттер). Ал «Тарихи төбе» мақаласында «Қилы заманда» суреттелетін Ереуілтөбенің тарихына тоқталған.

*К. Серізбай.*

**НУРҚАТОВ** Айқын (1929–1965), әдебиет зерттеуші, жазушы. Филология ғылымының кандидаты (1954). «Идея және образ» (1962), «Жалғасқан дәстүр» (1980) атты сын-зерттеу мақалалар жинақтары, «Абайдың ақындық дәстүрі» монографиясы (1966) жарық көрді. 6 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихын» жазуға қатысты. Ғылыми-эстетикалық жағынан алғанда, Н. Абай мен Ө. шығармашылығын

зейін қойып зерттеп, өнімді де нәтижелі пайымдаулар жасады. Ұлы жазушы туралы алғашқы кітабы 1956 ж. шықты («Әуезовтің творчествосы»). Бұдан кейін Ө-ке қатысты 20 шақты сын-зерттеу мақалалары жарияланды. Бұл еңбектері толықтырылып, кеңейтіліп, *«Мұхтар Әуезов творчествосы»* деген атпен кітап болып шықты (1965). Жинақта негізінен жазушының «Абай жолы» эпопеясы талданды, 20–30-жылдардағы және 60-жылдардың бас кезіндегі туындылары жаңа қырынан танылып, мән-мазмұны қарастырылды, бұрынғы көзқарастар мүлде өзгеріп, Мұханның биік тұлғасы жаңа сипатта көрінді, оның бай мұралары туралы батыл болжамдар мен кемел тұжырымдар жасалды. Сөйтіп Н. мұхтартану ғылымына қомақты үлес қосты.

*Б. Майтанов.*

**НҮРМАҒАМБЕТОВА** Оразгүл Әмірәліқызы (1923–2003), әдебиет зерттеуші, фольклорист. Филология ғылымының докторы (1995), профессор (1995). Негізгі еңбектері фольклор мәселелеріне арналған. Марабай, Жамбыл, Нұрпейіс т.б. халық ақындары туралы көптеген ғылыми мақалалар жазды. «Қазақ халқының батырлық жыры – «Қобланды батыр» (орыс тілінде, 1988), «Қазақ эпосын айтушы жырышы-жыраулар» (1990) атты монографиялары жарық көрді. Қазақстан Республикасы ҒА-ның Тіл және әдебиет институтында Ө. басқарған фольклор бөлімінде қызмет істеп, көп томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» монографиясын шығаруға қатысқан. Ұлы жазушының әдебиет проблемаларына байланысты Н-ға жазған бірнеше хаты сақталған («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 621-690-беттер). Кеменгер Мұханның адам таң қалатын еңбекқорлығын баяндайтын «Көзден кеткенмен, көңілден өшпейді» деген естелік жазды («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997, 414-430-беттер). Ө. өзінің «Октябрь өркені», «Қайта туған халықтың әдебиеті» атты мақалаларында Н-ны талапты, зерделі әдебиет зерттеушісі ретінде жоғары бағалаған.

*С. Майльбаева.*

**НҮРМАҚАНОВ** Қалжан Әлібекұлы (1927–1963), әдебиет зерттеуші, аудармашы. Шығармаларын қазақ, орыс тілдерінде жазды. «Әдеби ойлар» (1960), «Дәстүрлі достық» (1962), «Дос лебізі» (1968) кітаптарында әдебиеттер байланысын қарастырды. Ш. Айтматовтың повесі негізінде «Аңсаған менің әнімсің» пьесасын жазды. Ө-тің шығармашылығына бірнеше зерттеу еңбектерін арнады. «Абай образы – көркем әдебиетте» («Социалистік Қазақстан», 1954, 31 тамыз), «Тамаша творчестволық табыс» («Алма-Атинская правда», 1957, 28 қыркүйек), «40 жылдың қыркасынан. «Абай» романы туралы» («Советский Казахстан», 1957, №9) т. б. мақалалары жарық көрді. «М. Әуезовтің «Абай» романын жазу тарихы» деген салмақты да саликалы зерттеуінде ұлы қаламгердің балалық шағынан бастап, классик жазушыға дейін ескен жолын тамаша сипаттаған («Литературные заметки», жинақ, 1961, 81–106-беттер).

*Б. Мекішев.*

**НҮРМҰХАММЕДОВ** Нағымбек Жамалиддинұлы (1924–1986), кескіндемеші, өнер зерттеуші. Қазақстанның халық суретшісі (1974), Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1978). Өнертану ғылымының кандидаты (1961). Суретші әскери тақырыпқа ерекше мән берді. Қолбасшылардың, Кеңес Одағы Батырларының, еңбек ерлерінің портреттерін салды. Мұхтар Әуезовтің портреті (1960) өзінің қара-

пайым композициялық құрылымымен, терең мазмұнымен ерекшеленеді. Өз үйінің бақшасында демалып жүрген жазушының жайдары сәті арқылы суретші Ө-тің дарқан мінезін, парасатты тұлғасын шынайы да сенімді бейнелеген. Бұл сурет жазушының мұражай-үйінің қорында сақтаулы тұр. Ө. «*Жыл келгендей жаңалық сеземіз»* атты мақаласында суретшілердің арасында өсіп келе жатқан жас буындардың қатарында Н-ті де атап, олардың заман тынысын сезінуі, жаңа сурет өнері жаңа сапада екенін айтқан.

*А. Қуанышбаев.*

**НҮРПЕЙІС** Кеңес (1935–2008), тарихшы. Тарих ғылымының докторы (1973), профессор (1986), ҚазКСР ҒА-ның академигі (1989), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1982), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері (1998). Қазақстанның 20 ғасырдағы саяси-әлеуметтік, мемлекеттік, кеңестік тарихы мен саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлер мен мәдениет, әдебиет, өнер адамдарының тағдыры туралы «Қазақстанның шаруашылық советтері» (1972), «Қазақ ССР тарихы. 5 том» (1970–1980), «Қазақстан – республика менің» (1980), «Алаш һәм Алашорда» (1995), «Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы» (М. Құлқенов, Б. Қабижанов, А. Мектептегімен бірге, 1996) атты монографиялардың авторы. «Алаш һәм Алашорда» кітабында Ө-тің 1930–32 ж. түрмедегі тергеу барысына егжей-тегжейлі тоқталған. Сондай-ақ «Күнделік дәптер сырлары» («Қазақ әдебиеті», 1996, 6 ақпан), «М. О. Әуезов шығармаларындағы Жетісу мәселелері» деген мақалалары жарияланған («М. Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті», А., 1997, 140–143-беттер).

*Т. Құдакелдіұлы.*

**НҮРПЕЙІСОВ** Әбдіжәміл Кәрімұлы (1924 ж. т.), жазушы, аудармашы. Қазақстанның халық жазушысы (1985), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974). «Толғау» атты әдеби-сын мақалалар жинағына (1972) енген «Ұлы ұстаз», «Әуезов жайлы сөз» еңбектерінде Ө. пен Абай шығармашылығындағы реалистік заңдылықтар жайлы сөз етеді. Ө. жөнінде жазған мақалаларында, оның бұл дүниеден баз кешкенімен, еңбектері мен мұрасын халық әрқашан құрмет тұтатынын ылғи еске алып отырады. Халық рухын көтеруде «Ұстаз туралы сөз» мақаласында бұрын-соңды қазақ жерінде оның алдына түсер ешкім болмағанын айта келіп: «М. Әуезовтің өз еліне деген дархан махаббаты, оның ежелгі мәдениетте, тіліне деген сүйіспеншілігін, басқа халықтарға, оның өнеріне деген терең құрметін үлгі тұта отырып, оның қайталанбас өміріндегі әр күнінде М. Әуезовті ерекшеліп тұратын – еңбекқорлық, шыдамдылық және табандылық сияқты қасиеттерді өз бойымызға сіңіре білуіміз керек» деп ой тастады. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатындағы Н-тің жеке қорында Қазақ драма театрының алдындағы М. Әуезов ескерткішінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзі, «Бүкіләлемдік әдебиет кітапханасы» редакциясының қызметкері Б. Грибанов пен Ө-тің «Бүкіл әлемдік әдебиет шығармалары» сериясына қазақ жазушысының туындыларын енгізу туралы жазысқан хаттары, Ө-тің «Абай жолы» романы туралы мақала жазу барысында

Ю. Б. Розенблюммен жазысқан хаттары т. б. құжаттар сақталған. Сондай-ақ ұлы суреткердің шығармашылығы жайында «Ұстаз туралы сөз» («Литературная газета», 1967, 13 желтоқсан), «Ұлы адам жайлы бірер сөз» («Лениншіл жас», 1967, 7 желтоқсан), «М. Өуезов» («Ленинская смена», 7 қыркүйек, 1968), «Слово об Ауэзове» («Дружба народов», 1969, №2), «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» («Лениншіл жас», 1970, 29 желтоқсан), «Біздің ұстазымыз» («Литературная газета», 1977, 21 қыркүйек) т. б. мақалалары мен сөйлеген сөздерінде ұлағатты ойлар, текті тұжырымдар айтқан. Ө. «Қайта туған халықтың әдебиеті» атты мақаласында, аға буын жазушылармен қатар, соларға ілесе жедел өсіп келе жатқан тағы бір топ талантты жазушыларды еске аламыз, олардың қатарында Н. те бар деген.

*Р. Сариева, Ф. Исахан.*

**НҮРПЕЙІСОВА** Бақыт Кәкенқызы (1970 ж. т.), өнертанушы. Филология ғылымының кандидаты (1999). Ө-тің ұлттық театрымызды өрістетуге қосқан үлесі туралы мерзімді баспасөзде бірнеше мақала жариялады. «Қаралы сұлу» әңгімесінің сахналық қойылымы» атты мақаласында драматург Р. Мұқанова мен режиссер Б. Атабаевтың шығармашылық еңбегінің нәтижесінде, жасалған қойылымын кәсіптік деңгейде талдаған («Мұхтар мұрасы», 1997, А., 311-317-беттер). Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтой қарсаңында өткізілген жас ғалымдардың ғылыми конференциясына қатысып, «М. Өуезов – қазақ театр өнерінің негізін салушылардың бірі» деген тақырыпта баяндама жасады. Осы баяндаманың негізінде жазылған мақала «Мұхтар Өуезов ұлағаты» деген жинақта жарияланды (А., 1997).

**НҮРТАЗИН** Темірғали (1907–1977), жазушы, аудармашы, сыншы. Филология ғылымының докторы (1963), профессор (1963). «Жазушы және өмір» (1960), «Бейімбет Майлин» (1966) монографиялары мен «Шеберлік туралы ойлар» (1968) зерттеулері жарық көрді. А. Б. Никольскаямен бірге Ө-тің «Абай жолы» эпопесының 1-кітабын орыс тіліне аударды. М. Өуезов туралы естелігі мен «Абай» романы («Әдебиет және искусство», 1948, №4), «Ақын аға» романы («Социалистік Қазақстан», 1951, 2 ақпан), «Абай жолы» романындағы үстем тап өкілдері («Халық мұғалімі», 1957, №9), «Жемісті сапар» («Коммунизм таңы», 1957, 28 қыркүйек), «Асқартау құлағандай» («Лениншіл жас», 1961, 30 маусым), «Друг с давних лет» («Казхастанская правда», 1964, 24 октябрь) т. б. мақалаларын жазды. Монографиялық еңбектерінде Ө. шығармашылығына тоқталып, келелі пікірлер айтқан. «Жадымдағылар» атты естелігінде ұлы жазушымен 1934 ж. Ленинградта танысқанын, содан бастап оның талай сырларына қаныққанын, Мұхаңның шығармалары екі бастаудан нәр ала құралатынын, бірі – халықтың бұрынғы, бүгінгі реалды өміріндегі түбегейлі оқиғалар; екіншісі – оқудан тоқыған теориялық, творчестволық шешімдер екенін зерделей келіп, талай қияға қарай жетелейді оқырманды дейді («Біздің Мұхтар», А., 1976, 286–296-беттер).

*Т. Әкім.*

**НҮРШАЙЫҚОВ** Әзілхан (1922 ж. т.), жазушы, публицист, аудармашы. Қазақстанның халық жазушысы (1990), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1978). Ө-тің шығармашылығы жөнінде «Абай» майданда («Семей таңы», 1987, 25 қыр-

күйек), «Тоғжан» («Ертіс жағасында» жинақ, 1959), «Кездесу» («Қызыл ту», 1959, 26 сәуір), «Өуезовпен болған бес күн» («Екі естелік», жинақ, 1985), «Ұмытылмас бейне» («Орталық Қазақстан», 1977, 14–15 қаңтар) т. б. мақала, естеліктері жарияланды. Ал «Махаббат, қызық мол жылдар» романында Ө-ті «Мұхит Өуенов» деп бейнелеген. Ұлы ұстазы жайында бір сағаттан артық уақытқа созылатын «Халық деп соққан жүрегі» атты естелік-әңгімесі Қазақ телевизиясынан 10 жыл бойы көрсетіліп келеді. Кеменгер жазушының 100 жылдық мерейтойына арналып «Мұхтар Өуезов туралы он естеліктің» бір сериясы Н-тың үлесіне тиді.

*С. Қорабай.*

**НҮРЫШЕВ** Сәбит (1903–1975), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты. Диссертация жұмысына Ө. жетекшілік еткен. «Абай ақындығының алғашқы кезеңі туралы» («Лениншіл жас», 1951, 14 қаңтар), «Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен» (А., 1951), «Махамбет поэзиясының жауынгерлік дәстүрлері» («Лениншіл жас», 1956, 12 желтоқсан), «Евгений Онегиннің аудармасы» («Әдебиет және искусство», 1950, №7), «Шортанбайдың «Бала зары» туралы» («Қазақ әдебиеті», 1957, 19 шілде), «Қазақ әдебиетіндегі мысал жанрының даму тарихы» («Вестник АН КазССР», 1951, №1), «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі И. А. Крыловтың шығармашылық мұрасы» (А., 1951) атты зерттеу еңбектері жарық көрді. «До конца искоренить буржуазно-националистические извращения в изучении творчества Абая» атты атышулы, желбуза мақала жазды («Вестник АН КазССР», 1953, №4). Н. онда Ө-тің текстологиялық ізденістері, Абай мұрасының Шығысқа қатысы, ақын өлеңдерінің жазылу мерзімі, жастық шағындағы өлеңдері туралы байыпсыз пайымдаулар айтып, саяси алмағайып тұста, орынсыз жала жапқан, дәлелсіз қаралап, қара күйе жаққан. Ө. «Абай мұрасы жайында» мақаласында Н-тың мақаласы абайтану ғылымына табыс ретінде қосылатын еңбек емес, көбінесе дәлелсіз, дәрменсіз, қате, шалағай шабуыл екенін дәлелдеп көрсеткен. Н-тың Абай мұрасының алғашқы кезеңі жөнінде, оның Шығысқа еліктегені нағыз қылмыс болып көрінеді деген сияқты парықсыз пікірлерін жоққа шығарған. Мұның бәрі Н-тың «пеш үстінде жатып ая, бал ашумен» бірдей, әйтпесе мұндай пікірде не пайдалы зерттеушілік, не ғылымдық табыс боларлық ештеңе жоқ дейді Ө. Ұлы суреткер мақаланың соңында «абайтану мәселесін өзінің қиыр-қиас, бұлдыр-бұраң есебіне қарай «бұрып пайдаланамын» дегенге жұртшылығымыздың жоқ бермейтініне» кәміл сенім білдірген («Лениншіл жас», 1954, №7). Мұхаж Н-тың қарабаран шабуылына қарсы газетке мақала жазумен қатар, «Нұрышевтың мақаласына байланысты менің түсініктерім» деген түсініктемесін көса әзірлеген. Мұнда да орынсыз жаланы аса білгірлікпен әшкерелеген («Абайтану дәрістерінің дерек көздері», А., 1997, 139–142-беттер).

*Н. Ақбай.*

**НҮСПЕКОВ** Ақай (1909–1983), тарихшы. Тарих ғылымының докторы (1961), профессор (1963), ҚазКСР Ғылым академиясының академигі (1962), ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1971). Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, республикада жұмысшы табының қалыптасуы туралы сүбелі еңбектер жазды. Еліміздің 2 және 5 томдық тарихын жазуға тікелей қатысты.

Ұзақ жылдар бойы Ө-пен шығармашылық, достық қатынаста болды. Ұлы жазушының өмірі мен жазушылық қызметіне байланысты салиқалы жиындарда баяндама жасап, естеліктер айтты. «Әуезов совет тарихнамасында» («Известия АН КазССР», серия общественная, 1968, №3), «Қилы заман» – туған жердің хикаясы» («Лениншіл жас», 1977, 18 ақпан), «Қилы заман» мен «Қараш-Қараш оқиғасының тарихи негіздері» («Известия АН КазССР», серия общественные науки, 1977, №5) т. б. мақалалар жазып, Ө-тің бірқатар шығармаларының тарихи қайнар көзін анықтады.

*К. Нұрпейіс.*

**НЫСАНАЛИН** Аян Бердімұхамедұлы (1942 ж. т.), ақын, жазушы. Ө-тің шығармалары туралы «Екпінінен жел ескен» («Огонек», 1967, №40), «Көксеректің көкжиегі» («Социалистік Қазақстан», 1973, 21 қараша), «Ұлттық мәдениеттің ұлы мақсаты туралы» («Егемен Қазақстан», 1997, 14 ақпан), «Жұлдызды жел» (сонда, 1997, 29 наурыз – 1 сәуір), «Ақтұңғық азанда ашылады» (сонда, 1998, 24 ақпан) мақалаларын жазып, Мұхаңның жазушылық көкжиегінің кең екеніне назар аударған.

**НЫСАНБАЙ** Жаманқұлұлы (1822–1883), ақын, жырау. Ө-ше айтқанда, «қан майданның ішінен шыққан жортуылшы ақын, қалың қолдың жыршысы». Кенесарының «Басығарадай батыр жоқ, Нысанбайдай ақын жоқ» дейтіні де осы кез болса керек. Көтеріліс жеңіліске ұшыраған соң, Кенесары аулымен бірге Қоқан иелігіне өтіп, көп ұзамай туған жеріне, Сыр бойына оралады. Өмірінің соңына дейін Кенесары мен Наурызбайды жоқтайды, кейінгі жастарға олардың істерін үлгі етеді, ерлікті марапаттайды. Н-дың «Кенесары – Наурызбай» дастаны 19 ғасырдың 2-жартысынан бастап баспасөз бетін көрді. Н. бұдан басқа «Чернявтің Ташкентті алуы», «Күніжаннаның оралуы», «Наурызбайдың сауалына жауап» деген толғаулары, Сайдақ қожамен айтысы, «Сейітбаттал» қиссасы бар. Ө. Нысанбайдың орындаушылық, ақындық шеберлігін, тіл көркемдігін ереке ше жоғары бағалаған. «Өңгіме тізуінде жаңылмайтын сенімділік бар. Сонымен бірге Нысанбай өлең ақындығының дағдысынан да жаңылмайды. Өңгімені өлеңге өзінің ақындық пішінін кіргізбейді. Өзі көлденең отырып айтқан айтушыдай бойын аулақ ұстап, шын істі жасырмай дәл айтады», – деп жазады ол («Әдебиет тарихы», А., 1991, 153-бет).

*М. Бейсенбаев.*

**НЫСАНБАЕВ** Әбдімәлік (1937 ж. т.), философ. Философия ғылымының докторы (1977), профессор (1980), Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА академигі (2003), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1984), Қазақстанның (1994) және Қырғызстанның (1995) еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері. Ғылыми еңбектері негізінен диалектикалық материализм мен логика, ғылым әдіснамасы мен жаратылыстанудың философиялық мәселелеріне арналған. Ө-тің философиялық көзқарастары туралы жазған «Қазақтың ұлы ойшыл жазушысы» атты мақаласында ұлы суреткердің сан қырлы шығармашылық қызметі жайлы ой қозғаған («Қазақ әдебиеті», 1997, 1 сәуір). Жазушының 100 жылдық мерейтойына арналған «Мұхтар Әуезов және XX ғасырдағы әлем әдебиеті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда баяндама жасап, көзі тірісінде нигилизм мен жаңаша көзқарамға жаны түршіге қарсы болған ғұлама ойшыл өзінің барша рухани

мұрасы арқылы шынайы гуманизмге, әлеуметтік тұрақтылыққа адамзат өркениетінің ғылым-білімін игеру арқылы ғана жететінін жазды деген («М. Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы әрі гуманисті», А., 1997, 112-бет).

*Н. Ақбай.*

**«НЫСАНБАЙДЫҢ ӨЗ ЖАЙЫ МЕН ЕҢБЕГІ ТУРАЛЫ»**, жазушының мақаласы. «XX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. 7-класқа арналған» деп аталатын кітапта жарияланды (1933, 27–33-беттер). Осы уақытқа дейін Н. туралы бағалы, жинақталған ойлар айтылып, арнайы зерттеулер жазылмаған. Ө-тің бұл әрекеті алғашқы бастама болғанымен, одан әрі қарай жалғасын таппай тоқтап қалды. 1937–38 ж. шыққан «Әдебиет хрестоматиясы» енгізілген жоқ. Бұдан бұрын 1927 ж. Қызылордада басылып шыққан «Әдебиет тарихы» деп аталатын өзінің кітабында «Кенесары – Наурызбайдың» қысқаша өңгімесі» атты тарауда ақынның жыры ғана талданған еді. Оқу кітабына арнап жазған мақаласы «Өмір жайы, жөн-жосығы туралы мағлұматтар аз қалған ақынның бірі – Нысанбай. Жалғыз мәлім нәрсе – бұл Кенесарының қолымен бірге жүрген жортуыл ақыны. Қай кезде, қайдан шығып кеп Кенесарыға қосылған, қанша уақыт бір жүрген – онысы да мәлім емес» деген ойларды айтудан басталады. Нысанбай жырларында байқалатын бір ерекшелік Кенесары қозғалысының барлық кезеңдері түгел көрінісін таппайды, тек қырғызға барған кездегі соғыстарды ғана баяндаған және онысы тыңдаушыларын ұйытып, өліктіерліктей болып шыққан. Жазушы Нысанбай жырын талдамастан бұрын осы оқиғадан алдыңғы тарихи шындықтарға шолу жасап, өйткені мұндағы жағдайды толық түсіну үшін қажет деп ойлайды. Қозғалыс әуелі 1837 ж. басталады; оған патшалық үкіметтің Абылайдың мекені болған Көкшетауға қала салуы түрткі болды. Ата қонысы санайтын Абылайдың кенже баласы Қасым, ержеткен балалары Есенгелді, Саржан болып қарсылық көрсетеді. Үкімет әскерімен бірнеше рет қақтығыстан кейін шегініп, Түркістанға қарай көшеді. Онымен ергендердің көпшілігі жол-жөнекей қалып қояды. Ташкенттің әміршісі Бегдербек әуелі жақсы қарсы алғанмен, олардың салмағы, беделі артып бара жатқанын көріп, Қасымды да, Саржан мен Есенгелдіні де өлтіреді, Кенесары ғана қашып құтылады. Осыдан бастап 1844 жылға дейін Кенесары Ресейдің отаршыл саясатына қарсы қозғалыстың басшысы болады. Осындай өздері көрген тарихи оқиғаны жыр қылған ақынның бірі Махамбет болса, екіншісі Нысанбай, бірақ екеуінің жырлау үлгілері бірдей емес: Махамбет қозғалысының ұраншысы, басшысы, найза басы болса, Нысанбай – Кенесарының көңіл ашар жыршысы, жорықта хан мен батырлардың қимылын дәріптеушісі. Ешбір күдіксіз болашағына, азаттық аларына сенді, сенгендіктен де Кене айналасындағы кейбір барын, жаңын салып жүрген батырлар секілді ол ойлаған хандықты да, әрбір іс-қимылы мен өмірін де қостап-қуатады, дәріптеп мадақтады. Оның жыры қазақ әдебиетіндегі тарихи жыр нұсқалары ішінде өзіндік сипат, өзіндік орны бар елеулі еңбек болып қалды деп аяқтайды жазушы өз ойын.

*Т. Әкім.*

**НЫҒМАТУЛЛИН** Юнус Сыдықұлы (1897–1919), жазушының досы. «Жарыс» («Ярыш») футбол командасында Ө-пен бірге ойнаған. Қорғаныста да, шабуылда да жақсы ойын көрсетіп, команданың капитаны міндетін атқарған. Команданы алғашқы ұйымдастырған жастардың бірі. Гимназияны алтын медальға бітіріп, Қазан университетінің физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1-курсын өте жақсы аяқтаған. 1914 ж. 1-дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін, Ресей университеттерінен студенттерді әскери оқу орындарына ала бастаған. Омбыдағы кадет корпусының прапорщиктер дайындайтын мектебіне оқуға қабылданған. Оны Қазан төңкерісінің қарсаңында (1917) аяқтаған, яғни 1-дүниежүзілік соғысқа қатыса алмаған. Семейге келіп, Алашордаға мүше болған. Қазақ ревкомы «Алаш» мүшелерін тұтқындап, қудалауға ұшыратқанда, Н. Қытайға қарай қашады. Мақаншы өңіріндегі Ақшоқы елді мекенінің тұсында Бақты шекарашыларының оғынан қаза тапқан. Қытайдың Шәуешек қаласының маңына жерленген.

Ө. Султанов.

**НЭЛЬСКАЯ** Лия Владимировна (1932 ж. т.), орыс актрисасы. Қазақстанның халық артисі (1984). 1959 жылдан Алматыдағы орыс драма театрында жұмыс істейді. В. Розов, И. Шток, К. Симонов, Ф. Абрамов, А. Цагарели, А. Чехов, М. Горький, В. Дельмар сынды көрнекті драматургтердің спектакльдерінде басты кейіпкерлерді сахнаға шығарды. Ө-тің «Түнгі сарын» пьесасындағы Мөржанның рөлінде ойнап, шынайы шеберлігін танытты.



**ОБАЕВ** Есмұқан Несіпбайұлы (1941 ж. т.), режиссер. Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының театр факультетін бітірген (1964). Ал Ө-тің «Айман–Шолпан», «Еңлік–Кебек», «Қарағөз», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Абай» және ұлы драматург аударған Н. Тогольдің «Ревизор» спектакльдерінің қойылымдары өзіндік режиссерлік шешімдерімен дараланған.

Б. Құндақбайұлы.

**ОБНОРСКИЙ** Сергей Петрович (1888–1962), орыс тіл білімі маманы. КСРО ҒА-ның академигі (1939), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1948). Көне славян жазулары туралы зерттеулері мен морфология тарихына қатысты еңбектері бар. Орыс тіл білімі оның есімімен тығыз байланысты. Ө. 20-жылдардың ортасында Ленинград университетінде Обнорскийдің лекцияларын тыңдады. Сол кезден сақталып қалған жазбаларында оның баяндамаларын конспектлеген. Бұл тұста Ө-тің ерекше ықылас қойып тыңдағандары: Марр, Малов, Эйхенбаум т. б. болған.

**ОЗҒАНБАЕВ** Өмірзақ (1941 ж. т.), ғалым, педагог. Тарих және философия ғылымдарының докторы, профессор (2001). XIII сайланған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1994), тұңғыш Парламент Сенатының депутаты, комитет төрағасы (1995) болып сайланды. Республиканың еңбек сіңірген қызметкері (1966). Негізгі ғылыми еңбектері ұлттық педагогика мәселелеріне арналған. 50-ден аса ғылыми мақалалары жарияланды. «Дәуір бел-белестерінде» (1996), «Халықтан асқан ұстаз жоқ» (1996) атты монографиясында дәстүрлі қазақ педагогикасы жөнінде Ө-тің ұстаздық, білім-тәрбие туралы айтқан ой-пікірлерін мысалға келтіріп, өз тұжырымдарымен нақтылаған. Ал «Мұхтар Әуезов – ұлы ұстаз», «М. Әуезов – біздің замандасымыз» деген мақалаларында жазушы шығармаларының этнопедагогикаға тигізер пайдасы хақында, оның туындыларының туған халқымен, кейінгі ұрпақпен, тарихимызбен бірге жасай беретініне сенім білдірген («Қара нар керек бұл іске», 1998, 92–107-беттер).

Н. Ақбай.

**«ОЙҒА АЛҒАНДАРЫМ»** («Над чем я работаю»), жазушының мақаласы. 1934 ж. 8 қаңтарда «Казахстанская правда» газетінде шықты. Ө. бұл шағын мақалада өзінің шығармашылығы жайынан қысқаша хабар береді. Көркем шығармалардың ішінде көбіне повесть пен драма жазып, негізгі тақырыбы ретінде ұлтшылдыққа қарсы күрес пен алашорданы әшкерелеуді мақсат еткенін айтқан. Бұл орайда өзінің «Тартыс» пьесасын атап өтеді. Сюжеті қазақ халқында бұрыннан бар «Айман – Шолпан» пьесасын жазуда, «Қарағөзде» жіберген қателерімді қайталамауға тырыстым дейді. Колхоз тақырыбына пьеса жазуды міндетім деп есептеймін дейді. Бұл жөнінде Қазақ мемлекеттік драма театрымен келісімі бар екенін ескертеді. Колхоз құрылысы тақырыбына жазылған бірнеше очерктерін атаған.

**ОЙШЫЛДЫҒЫ.** Жазушының ойшылдық пікірлері. Тумысынан қазақ болғанмен, Ө. – бүкіл адамзатқа ортақ адам. «Абай жолы» эпопеясында қазақ халқының өмірі – бүкіл қайшылықтары, көзқарас-қақтығыстары, ізгілік пен жауыздықтың, жаңа мен ескінің күресі арқылы толыққанды әрі күрделі бейнеленген. Жазушы қазақ қоғамының асыл ойларына терең бойлады. Ол бұл қоғамның өн бойын жаттық жайлаған, яғни адамның өзіне өгейленген қоғам екенін терең түсінді. Мұнда бәрі теріс айналдырылған, бұрмаланып, басы аяғына, аяғы басына қарап тұр. Нағыз адамға тән, мәңгілік дүниелер бағаланбайды, ал ақытша, өтпелі нәрселер ардақталады. Адамдар еңбегін емес, талапсыздығын мақтан тұтады. Бақыт дегеніңізді рухани өсу емес малды көбейту деп біледі. Абай: «Алты ай атан болғанша, бір күн бұра бол», «Мал – адамның бауыр еті» деген және сол сияқты мақалдарды сынаған кезінде-ақ бұлардың бәрін түсінген болатын. Мұхтар Омарханұлы 19 ғасырдағы қазақ қоғамының адамға жат болған, жалған шынайылығын терең түсінді, өйткені ол сөз бен істің арасы алышақ жататын тоталитарлық жүйені, яғни осындай қоғамды өз басынан өткізді. Тамаша принциптер жария етілді, керемет конституция қабылданды, бұл қоғамның максаты адам екені т. б. жария етілді. Ал іс жүзінде адамгершіліктің, бостандықтың, басқа да ізгілік үрдістерінің кішкене ғана көрінісі қатыгездікпен жанышталды. Өмір сүрген қоғамды сынауда ол Абайдың, адам-

ның өзіне жат қоғамды сынау бөлігінде дүние жүзі мен орыс әдебиетінің дәстүрін жалғастырды. Дегенмен Ә-тің әдісіндегі жаңашылдық мынада: ол сыншыл реализм әдісін меңгеріп қана қойған жоқ, оны дамытып, жаңғыртты, жасампаздық тұрғыдан қарастыратын сыншыл реализм әдісін жасады.

Ә. қазақ шындығын реалистік тұрғыдан өте шебер бейнелеумен бірге, оны жетілдірді, көркем сөзбен шындыққа жету әдісін дамытты. Өзінің ең бойына қазақ, шығыс, батыс мәдениетінің дәстүрін жаңақтаған «Абай жолы» эпопеясы 19 ғасырдың ең үздік шығармаларының бірі. Онда қазақ халқы өмірінің кең панорамасы жасалып, шындықты танып білудің көркем әдісі дамытылып, іргелі философиялық-этикалық ұғым талдап жасалған. Ең алдымен Ә. адам проблемасын жан-жақты талдап жасады. Оның түсінігінде адам – жай табиғи жаратылыс қана емес, күрделі, сан қырлы, дамып отыратын ұғым. Сондықтан суреткер адам проблемасын абстрактылы емес, нақты, яғни тарихпен сабақтастыра, рухани қоғамдық ахуал жүйесінде, қоғамдық қатынастар жүйесінде, белгілі бір жеке адамның нақты қарым-қатынасы процесінде қарауға шақырады. Ә. өзінің бүкіл шығармашылық үрдісінде осы күрделі де кешенді ұғымды зерттеді. Оның осынау күрделі мәселеге көзқарасы белгілі бір даму жолынан өтті десе де болады. Адам тұрмысының құпия жұмбақтары терең тану арқылы оның ой өрісінің қуатты шығармашылық тегеуріні барынша айқын көрінді. Адамзат проблемасы жазушының, ең алдымен ұлы тарихи тұлғаның қалыптасу мен толысу мәселесін зерделеген «Абай жолы» эпопеясында терең де жан-жақты қарастырылған. Бұл – философия, педагогика, психология, көркем шығармашылық үшін қашанда маңызды мәселе. Ол біз өзіміздің тәуелсіз мемлекетімізді бар ынтанымен құрып жатқан бүгінгі кезеңде айрықша қызығулы да маңызды. Игілікті, парасатты, салауатты өркениетті қоғам басты назарды тек қана бұйым өндіруге аударып қана қоймайды, ол оның үстіне адамға, жеке адамның қалыптасуына, жеке тұлғалардың тіршіліктегі қалыптасу заңдылықтарына көңіл бөледі. Бұл ретте Абай сынды тұлғаларды зерттеу тәжірибесінің біз үшін маңызы ерекше, өйткені ұлы ағартушы-ғалымның, ойшыл дананың бейнесінде біздің халқымыздың тамаша қасиеттері жинақталып, сонымен бірге барлық халықтардың барлық ұлы өкілдеріне ортақ қасиеттер түзілген. Өйтсе де тұлғаның өзіндік ерекшелігі сонда: мінез-құлық қырлары мен қасиеттердің жай ғана құрғақ арифметикалық жиынтығы топтастырыла салмаған, керісінше, солардың қайталанбас, бірегей, біртуар күрделі өрімі көрінген. Әр адамда қашанда жеке-дара дербес көрінетін өрі нақты тарихи жағдайларда өзінше көрінетін ол мінез-құлық ерекшеліктерінің нақты болмыстағы, тіршіліктегі құбылыстары көрсетілген. Ә. Абайдың әсте қайталанбайтын тұлғасының, оның өміршең даралығының қалыптасуын жүйелі зерделей отырып, оның жаратылыстан біткен қайсыбір бастапқы табиғи құнарын әсте жоққа шығармайды. Жазушы өзінің басты назарын өзінше бір өзгеше үйлесімді түзілімімен Абай тұлғасын қалыптастырған қарым-қатынас түрлерінің мыңдаған қайталанбайтын желілеріне аударған. Оның ғажайып тұлғасының тұғыры отбасынан, отбасындағы нақты ахуалдан қатыалады. Әкесі Құнанбай ықпалды, әлуэтті, қатыгез феодал болса да, Абай анасы Ұлжанның махаббатына, табиғатынан білуге

құштар балдырғанды қазақ халқының ертегі, аңыз, жырларының тамаша әлеміне еліткен әжесі Зеренің мейірім шуағы мен сезім даналығына бөленіп өсті. «Абай жолы» эпопеясында дала тұлға мен қоғам өзара қатынастары мәселесі терең тал мәселені бірқатар көрнекті суреткерлер, оның ішінде неміс жазушысы Т. Манн талдаған. Оның пікірінше, дананың өмірі қайғылы өмір, өйткені ол адамзатты ілгері дамытсам және жаңа сатыға биіктетсем деп ұмтылады өрі сол өрмінез мақсатынан айнымайды. Өйтсе де адамзат деген ұлан-ғайыр жұртшылық мұхиты ғой. Осынау бейжай сүлесок салмақты, қозғалысы бауу аумақты көтеру үшін бір адамның, тіпті дананың күші жетпейтін адам нанғысыз қуат керек. Сондықтан Т. Манн ондай мақсат-мұраттар көп жағдайда трагедиямен, дананың қазасымен аяқталды деп санайды. Осындай дүниетанымдық тұжырымдама нәтижесінде жазушының мәселені тереңірек шешу мүмкіндігі бар. Сонымен, қоғамды көтермекші болған дана тұлға орындалмайтын мақсаттар қоятын абстрактылы, жалғыз адам емес, бар мәдениетке, сондай-ақ қызметі осы қоғамды өзгертуге бағытталған әлеуметтік күштерге сүйенетін алдыңғы қатарлы, нақты және тірі тұлғалар болып табылады. «Абай жолы» эпопеясының маңызды мәні – Ә-тің күрделі жалпыадамзаттық мәселені талдаудың жаңа сатысына көтергендігінде, оның бай мазмұнын жан-жақты, сан қырлы, әлеуметтік құбылыстарды тандудың философиялық диалектикасы тұрғысынан ашқандығында. Әке мен бала мәселесі көркем түрде ең алдымен қарама-қарсылық принципі айқындамасынан санаға сіңіріледі. Абай қазақ қоғамындағы жаңаны, прогресті және демократиялықты танытады. Романда мұндай қарым-қатынас ұзақ уақыт қатар өмір сүре алмайтындығы, ол жаңаның, прогрестің жеңісімен аяқталуы керек деген маңызды ой бірізділікпен берілген. «Абай жолы» эпопеясында тағы бір маңызды мәселенің – нарық жағдайында, демократиялық қоғам құру жағдайында интегралдық мағынаға ие болған адамның даму мәселесінің мәніне көркем түрде қол жеткізілген. Кітапта жас Абайдың Құнанбаймен сөзбен ұстасу сәті суреттелген. Тек қана күш, зорлық-зомбылық тілін ғана мойындайтын дала феодалы – әке ұлым жұмсақтығы, жұртқа алды ашықтығы, мінезінде билеп-төстеушілік ерекшеліктің жоқтығы үшін жазғырған кезде Абай Құнанбайдың дәйектемелеріне: адамның тарихи құбылыс, ол үнемі даму үстінде екендігін, яғни оған ескі айқындамалар, ескі қалыптасқан көзқарастар тұрғысынан қарауға болмайтынын айтып орынды жауап қайтарады. Қазір, нарық жағдайында, түпкілікті реформалар жасалып жатқан кезде біз ескіше ойлауға, ескіше психологияға, ескі құндылықтарға қарсы үзділді-кесілді күресіп жатқанымызда, Ә-тің тамаша кітабындағы осы жерлер аса өзекті болып көрінеді. Қоғамдық өмірде, әлеуметтік салада барлығы да үнемі дамып отырады. Әрбір жаңа тарихи уақыт олардың алдына жаңа міндеттер қояды. Осы орайда кеше өзекті болып көрінгеннің көбіне-көп бүгін солай болып қалуы – екіталай. Бұл орайда Ә-тің шығармашылық мұрасы айтылар ойдың терең де кең қамтылуымен ерекшеленеді, соның арқасында жазушы қазақ қоғамында 19 ғасырдың екінші жартысында бой көрсеткен әр

түрлі құбылыстардың өзара қиын байланысын, адами қарым-қатынастардың өткірлігі мен драматизмін аша алды. Бұл оның көркем зерттеуінің объектісіне айналған өмірдің әр құбылысын қоғамдық-тарихи үрдістің терең заңдылықтарымен салыстыруына мүмкіндік берді. Тап солай болғандықтан, Ө-тің шығармашылық мұрасы бүгінгі күндерде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ол біздің ұлттық және әлемдік игілікке айналды.

*Ж. Өбділдин.*

**«ОКтябрь өркені»**, жазушының мақаласы. Қазан төңкерісінің 40 жылдық мерекесіне арналып жазылған Алғаш рет 1957 ж. 17 қарашада «Қазақ әдебиеті» газетінің 46-санында жарық көрді. Кейін Ө-тің «Өр жылдар ойлары» жинағына, 12 томдық (1969, 12-кітап), 20 томдық (1985, 19-том) шығармалар жинақтарына енгізілді. Мақалада қазақ әдебиетінің 40 жыл ішіндегі дамуын, өсіп-өркендеу бағытын шолуға арналған. Онда автор төл әдебиетіміздің әрбір жанрының туып-қалыптасу, кемелдену жайын, кезеңдік ірі-ірі шығармаларды сөз етеді, басылым көрген кітаптардың жалпы саны мен сапасын салыстырады. Зерттеуші ең алдымен проза мен драматургияны ауызға алады. Санаулы жылдар ішінде көркем проза сан алуан үлгі, өрнектер әкелді. Терең драмалық құрылысы бар, сюжеті қызықты құрылған, оқиғаны психологиялық тұрғыда баяндайтын, тарихи жағдайларды көркем суреттейтін, тарихи-революциялық шындықты бейнелейтін, сондай-ақ өмірбаяндық, қызық оқиғалы романдар туды. Күнделікті тартыс көріністерін өткір бейнелейтін очерктер мен әңгімелер жазылды. Бұдан соң драматургияның 40 жыл ішінде киіз үйде, балаған күрке астында қойылып жүрген жастардың ойын-сауығынан бастап, үлкен шеберлікке, реалистік көркемдікке жеткен шығармалар тудырығанын, бұлардың дүниежүзілік драматургия мәдениетінің жақсы дәстүрінде жазылғанын баяндаған. Жазушы поэзия жанрын сөз еткенде, І. Жансүгіровтің «Дала», «Күйші», «Құлагер» поэмаларын ерекше атайды. Бұл шығармалар қазақ поэзиясын Абайдан кейінгі дәуірде биік сатыға, жоғары сапаға көтерді деп бағалайды зерттеуші. Сонымен қатар ауыз әдебиетінің де жазба әдебиеттің қымбат дәстүрлерін бойына сіңіріп өсіп келе жатқанын тілге тиек еткен. Қазақ кеңес әдебиетінің өсу, даму жолдарын, тың жаңалықтарын, батыл ізденістерін, өзгешелік қасиеттерін таныта түсуде сыншылар мен әдебиеттанушылардың еңбегіне М. зор баға берген. Солардың еткен еңбегінің нәтижесінде республикада ғылымдық зерттеу жұмысы дамып, сыншыл ойдың өрісі ұзарып, кеңейткенін баса айтқан. Қазақстанда филология ғылымының тереңдеп өркендеуі әдеби тілдің өсіп, көркеюіне көмек етіп, тіл байлығына, тіл мәдениетіне, сөз өнерінің маркаюына мол әсер тигізгенін мысалға келтіреді зерттеуші. Тілші ғалымдар орыс графикасы негізінде жаңа жазушыларды қалыптастырды, оқу құралдары мен әдістемелік әдебиеттер жасады, ұлттық терминология атаулары орнықты. Сөйтіп әдебиет пен лингвистика ғылымы егіз қанаттас өсіп келеді деп ой қорытады жазушы.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«Октябрь үшін»**, жазушының пьесасы. 1933 ж. «Қазақстан» баспасынан жеке кітап болып шық-

қан. Содан кейін Ө-тің 12 томдық (8-том), 20 томдық (9-том) шығармалар жинақтарына енгізілді. Бұрынғы басылымдарында пьеса кейіпкерлерінің аттарында, жеке сөздерде емле қателері жіберілген екен. Соңғы басылымына текстологиялық түзетулер жасалып, жаңа орфографиялық ережелерге сәйкестендірілген. Пьесаның алғашқы басылымында Орынбек Бекұлының алғы сөзі бар. Варианттары жоқ, сахнада қойылмаған. Пьеса 4 перделі, 9 суретті. Кейіпкерлер саны салыстырмалы түрде алғанда, драмалық шығарма үшін өте көп. Онда Алматы қаласындағы контрреволюциялық көтерілістің барысы жайындағы оқиғалар драмалық тілмен берілген. Көтеріліс жайы тарихи шындыққа сәйкес баяндалған. Кейіпкерлері тарихи тұлғалар (Д. Фурманов, О. Жаңдосов, Ж. Ғәрибаев, Шагабудинов, Масанчи, Өтепов т. б.). Азамат соғысы жылдарындағы большевиктер, ақ казактар, әскерлер, кулактар, переселен-шаруалар, ұлтшылдық бағыт ұстанған жергілікті ұлт өкілдері т. б. әлеуметтік, ұлттық топтардың жергілікті әскери гарнизон бүлік шығарған кездегі іс-әрекеттері, психологиясы ашылған. Ресей отарлау үкіметі жерлерінен айырган жергілікті ұлт өкілдері, патша үкіметі кезіндегі артықшылықтарын сақтап қалуға тырысқан казак-орыстар, кулактар, переселен шаруалар, әрі-сәрі жағдайға ұшыраған солдаттар, революционерлер, интеллигенция өкілдерінің сан қилы образдары жасалған. Әлеуметтік тартыс идеясы да алдыңғы орынның бірінде. Кейіпкер диалогтарында реалистік шеберліктің белгілері көп болғанымен, ұраншыл, үндеу сипатындағы сөздер де көп. Пьеса 30-жылдардағы идеологиялық қысым мен талаптың әсерінен жазылған болу керек. Кейіпкер санының көптігі мен көпшілік көріністердің жиілігі сахналауға қиындық туғызды. Пьесаның кинематографиялық сипаты басым.

*Р. Өбдігулов.*

**«Оқуға ұмтылатын уақыт»**, жазушының мақаласы. Мақала «Қазақ тілі» газетінің 1922 жылғы 18 қараша күнгі 84-санында жарияланды. Бұдан кейін жазушы шығармаларының 50 томдық толық басылымының 2-томында қайта басылды (1998). 1922 ж. тамыз-қыркүйек айында өткен губерниялық кеңестерде большевиктердің ықпалы күшейіп, Алашорда қайраткерлерінің үкімет билігінен шеттетіп, оларды партия қатарынан шығарды. А. Байтұрсынұвын үкімет құрамына өткізбей тастады. «Астыртын контрреволюциялық ұйым ашты» деген желеумен Ө. Бөкейханов пен М. Дулатовты абақтыға жауып, айғақ таба алмаған соң, босатуға мәжбүр болды. Ө. Бөкейханов сол жылдан бастап Мәскеу қаласында мырзамамақта болып, оның Қазақстанға келуіне тыйым салынды. Алаш қайраткерлерінің барлығы оқу-ағарту саласына ауысып, жоғары оқу орындарының маңына топтасты. Саяси жағдай біршама қалыпты Ташкент қаласына ауысты. Тіпті С. Сәдуақасовтың өзі шетелге барып оқуға өтініш білдірді, бірақ оны жібермеді. Ө. те Орынборға қайтып оралмады. Ташкент қаласындағы Орта Азия мемлекеттік университетіне оқуға түсті. Осы кездегі көңіл күй ауанымен жазылған мақала өзінің алдына қойған мақсатынан хабардар етеді: «Оқусыз ел – дүниедегі тіршілік жарысына ере алмай жоқ болады» деуінде де сондай астар жатыр. Ол өзіне жақсы таныс оқу-ағарту, мектеп саласындағы селқостық пен енжар тіршілікке ренжіп: «Қазақ оқу жұмысы өте көңілсіз халге айналды. Оның себептерін бұрынғы мақала-



ларымызда айтқанбыз» деп, ұлы жазушы өзінің бұрын жарияланған мақалаларында көтерілген мәселелерді еске салады.

*Т. Жұртбай.*

**«ОҚУДАҒЫ ҚҰРБЫЛАРЫНА»**, жазушының мақаласы. Жиырма жастағы семинарист Ө-тің тырнақалды басылым көрген туындысы, 1917 ж. «Сарыарқа» газетінде, 1966 ж. 23 маусымда «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде және жазушының 20 томдық шығармалар жинағында (15-том, 1984) жарияланды. Баспасөзде тұңғыш рет қалам тартқан автордың «э» дегеннен-ақ айтар ойы мен айқын мақтасы: «Қашан да болса адал махаббат, ақтыққа жастай шөлдесе, жастай сағынып, талпынса ұлтын сүюге, адамшылыққа жетпекші емес пе? ... Халық түзеуді жол қылайық» деген пайымдауынан-ақ гуманистік, отансүйгіштік бағыт-бағдары айқын аңғарылады. Мақалада жас қаламгердің қалыптасып қалған дүниетанымының іргетасы Абай, Шәкәрім жасаған әлеуметтік ортаның арман-мұратымен жарасым табады, әділет пен шапағатқа талпынады. Құрбыларын береке-бірлікке, білімге шақырып, болымсыз жарқұл-жұрқылға алданбай, жаман әдет-қылықтардан бой тартуды, аулақ болуды ескертеді. Шығармадан ағартушылыққа үндеген Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңінің лебі еседі. «Біздің мақсатымыз – мал табу, шен тағу емес, надандық неше батпан болып, үстіне артылып, зілдей қылып жатқан халқымызды өрге сүйреудің әдісін, тәсілін табуға тырысу керек екенін ұмытуға жөн бе?» деп, жастарға халыққа қызмет етудің нақты жолдарын ұсынған.

*М. Мырзахметұлы.*

**«ОҚУ ІСІ»**, жазушының проблемалық мақаласы. Онда ұлт мектептерін ашып, оқытудың заманға лайық бағдарламасын жасау баяндалған. Қазақ арасындағы мұсылманша оқығандардың көпшілігі жаңа оқу жүйесіне онша икемділік танытпады, сондықтан оларды арнайы курстардан өткізіп тұру қажет. Ө. те ғылыми-ағарту саласындағы оқу жүйесінде сол кездегі зиялы қауым ұстанған еуропалық бағытты қолдады. Ол сол кездегі қиындықтардан құтылудың мынадай жолдарын ұсынды: бірінші, оқыту бағдарламасын жасап, оқу құралдарын жетілдіру, оқытуға икемі бар, бірақ басқа қызметтерде жүрген зиялыларды осы іске тарту, мектеп бітіргендерді жоғары оқу орындарына жіберу; екінші, басқа сала бойынша білім алғандар мен мұсылманша оқығандар үшін арнайы курстар ашу; үшінші, кітаптар мен газет-журналдарды көмекші құрал ретінде пайдалану, кітапханалар мен театр-сауық үйірмелерін ашу. Сөйтіп автор жүйелі, жоспарлы түрде оқытуды ұсынады. Бұл жолда жас баланың мінезін салынып, көрсеқы-зарлыққа, жөлөпелікке, солақайлыққа салынбай, байыппен әрекет ету керек дейді. Өйткені «бір бетпен сыңаржақ болып, үстірт кеткіш – піспеген елдің қылығы» деп ескертеді. Ал мақалада айтылған ой-пікірлер өз маңызын әлі де жойған жоқ, олардың біздің қазіргі ағарту ісімізге ойтүрткі болып қалуы да ғажап емес. Мақала алғаш рет «Абай» журналының 1918 жылғы 11-санында жарияланды, соңына «Мұхтар» деп қол қойылған, жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 15-кітабында (1984, 19–33-беттер) және шығармаларының 50 томдық толық жинағының 1-кітабында (1997) жарық көрді.

*Н. Ақбай.*

**«ОҚЫҒАН АЗАМАТ»**, жазушының әңгімесі. Алғаш «Шолпан» журналының 1922 ж. 2–3, 1923 ж. 4–5-сандарында шыққан. Кейін «Жұлдыз» журналында (1957, №8), М. Ө-тің «Ескілік көлеңкесі» (1935), «Қараш-Қараш» (1960), жазушының 12 томдық (1-том, 1967), 20 томдық (1-том, 1979), 50 томдық (2-том, 1998) шығармалар жинақтарына енгізілді. Әңгіменің алғашқы «Шолпан» журналында араб әрпімен жарық көрген нұсқасында әңгіме аты тырнақшаға алынбаған. «Қараш-Қараш» жинағынан (1960) бастап кекесінде мазмұн беру үшін тырнақшаға алынды. Кейінгі басылымдарда осы үлгі сақталды. Әңгіме көптеген шетел тілдеріне аударылған. Әңгіменің құмарнамалық сипаты бар. Әңгімеге Ө-тің досы, «Ес-аймақ» үйірмесінің жетекшісі, «Ел ағасы» пьесасын алғаш сахнаға шығарған, Семей уезі Кәкен болысының азаматы С. Тоқымбайұлының өмірі желі етіп алынған. 1921 ж. ақпан айында суық тиіп, ауырып, қайтыс болған. Кейін әйелі бір досына тұрмысқа шыққан. Әңгіме ең алдымен қазақтың оқыған азаматтарының реалды образдарын жасаумен, қалалық қазақтардың алғашқы топтарының қалыптаса бастауын көрсетумен құнды. Өмірде болған оқиға көркемдік шындыққа айналдырылып, гуманистік идеясы айқын, ықшам, әңгіме жаранының талаптарына сай болып шыққан. Әңгіме образдарын сомдауда жазушы жастық либерализмге салынбай, салқын қанды эпикалық прозаның үлгісінмен жан дүниесі терең де дәл берілген жанды бейнелер жасаған. 19 ғасырдағы орыстың классикалық әдебиетінің әсері байқалады. Әңгімеде Максұт пен Хадиданың қосылуы, Максұт қайтыс болғаннан кейін тірі кезінде «дос» болып жүрген Жұмағұлдың қазалы қайғысы тарамай-ақ, Хадидашамен кеніл қосып, үйленуі жайында айтылған. Шын махаббат, есепке құрылған тұрмыс, тұрлаусыздық, сатқындық сияқты адами мінез-құлық ерекшеліктері шағын көлемді шығармада айқын бейнеленген. Әңгіменің идеясы, лирикалық бастауы жоғары көркемдік қарыммен берілген. Психологизм мен детальдар арқылы бейнелеу машығы айқын байқалады.

*Б. Майтанов, Н. Оспантегі.*

**«ОЛ КҮНГІ АЛМАТЫ»**, жазушының очеркі. 1916 жылғы 21 маусымдағы патша жарлығымен еріксіз қара жұмысқа айдалған қазақ жігіттерінің ауыр тағдыры және қазақ халқының патша өкіметі мен жергілікті болыс-билерге қарсы стихиялы көтерілісін суреттеуге арналған. Очеркте қазақ елінің онтүстігіндегі қарулы көтерілісшінің ескер күшімен жанышталып, көтеріліс басшысы Бекболат батырдың дарға асылғаннан кейінгі жағдайы сөз етіледі. Жүні жығылып, тағдыр талқысына түскен елдің дүние-мүлкін талауға салған патша солдаттарының арам құлқын былай суреттейді: «Шын ба, елуге жете ме?» деді. – Жетпей қоя ма? Өзің ойлап көр. «Охотаға» қалай шықтым, солай кем болса, бір түс киіз, бір сырмақ немесе алаша, кілем, не болмаса сандықта жатқан ішік, шапан алам!». «Охота» деген соңғы ойларда бұлардың тілінде ауылға барып, шабуыл жасап қайту мағынасында болатын. Фонтан көшесінен (қазіргі Мұқан Төлебаев көшесі) Ташкент аллеясына дейін сатылуға қойылған қазақтың талан-таражға түскен дүние-мүлкі, жайнаған қызылды-жасылды заттар көздің жауын алып, жасаулы келін түскендей әсер береді.

«Қаспашыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы» деген халық мақалының түпкі мән-мағынасын аңғарғандай боласын. Очерктің түпнұсқасы жоғалған. Шығарма «Қазақ әдебиеті» газетінің 1936 жылғы 29 қараша мен 4 желтоқсандағы санында жарияланған. Мақаланың газеттегі нұсқасының 2-бөлігі табылмады, енді мұрағатын іздеу керек. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағына осы газеттегі 29 қарашадағы нұсқасы өзгеріссіз жіберілген (8-том, 1981).

*М. Мырзахметұлы.*

**«ОЛ МАҒАН ЖҮРЕГІ ЖАЛЫНДАЙ ЛАУЛАҒАН АДАМ БОП КӨРІНДІ»,** жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1966 ж. 18 ақпандағы санында жарияланған. Татар халқының батыр ұлы, белгілі ақын Мұса Жәлілдің туғанына 60 жыл толуына арналған тұтас бетке берілген материалдар ішінде жарық көрген. Шығарманы осындай теңеумен бастап, автор Мұса бейнесін «соғыстың не бір сойқанды сұмдықтары мен тұтқын түнегінен алаулап жаңған жүрегің жарық етіп алып өткен Данко десе лайық», «өлім жазасына кесілген» ақынның «ерлікке толы жырлары» қазір де «ігі әсер береді» деп түйеді. Атақты чех жазушысы Ю. Фучик сияқты «дүр арқаны мойнында, ажал аузында отырып жазғандығын», «осындай қиын жағдайда да лирик болып қалуға оның құдірет күші жеткендігін», «ерлік рухынан ешқашан да ажырап көрмегендігін» ерекше атап өтеді. «Қызы туралы жазса да, ол Отанын жырлады, сүйгені туралы жазса да, Отанын жырлады» деп, ақынның шығармашылық ерлігіне танданысын білдіреді, өзіне қауіп төнген шақта да Отанын ойлағанын нағыз батырлыққа балайды. Ол қайратына қайрат қосып, өсе берді, сөйтіп шын мәнінде адам атын ардақтап шырқау биікке көтерген ұлы патриот болған Мұса ерлігін жоғары бағалайды. Оның жырларына соғыс жылдары үлкен ерлік жасаған Зоя Космедемьянская да, Матросов та қанық болғандығына шөк келтірмейді.

*Н. Жанақова.*

**ОМАРОВ** Бәйтен Уәлиханұлы (1927 ж. т.), режиссер, актер. Қазақстанның халық артисі (1987). Ө-тің пьесаларын сахналауға ерекше көңіл аударып, өзінің режиссерлік шеберлігін шыңдады. Ұлы драматургтің шығармалары тың сахналық ізденістер мен режиссерлік ой-тұжырымдарға жетелеп, күрделі режиссураға, айқын колтанбаларға жеткізді. «Еңлік – Кебек» (1956), «Қарагөз» (1960), Ө. аударған «Ревизор» (1957), К. Ысқақтың «Таңғы жаңғырық» (Ө-тің шығармасы бойынша) – режиссердің үлкен ізденістерінен туған сахналық дүниелер. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына арнап, Павлодар музыкалы драма театрында «Қарагөзді» (1997) қойды. Фильмдерге түсіп, экрандық өнерде де ізденістерін көрсетті. Олары: Бадмаев («Жанталаста», 1972), Ақан («Даладағы қуғында»), Бекбосынов («Қосымша сауалдарда» екеуі де – 1979), Генерал-губернатор («Жылан жылында», 1981), Махмұтов («Алаң шетінде», 1982) т. б.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ОМАРОВ** Елдес (1892–1937), түркітанушы-ғалым, педагог, публицист, қоғам қайраткері. Жүздеген ғылыми мақала, орыс тілі грамматикасын, физика, геометрия оқулықтарын жазды. А. Байтұрсыновпен, І. Кеңесбаевпен бірге қызмет істеген. Ал О. ғалым А. Байтұрсынов реформалаған қазақ жазу-

ын сақтап қалу жолында көп күш салды. Ө. Бөкейханов: «Елестің физикасын оқыдым» деп мақтанған. Ө-пен Семей, Қызылорда, Орынбор, Ташкент қалаларында қызметтес, тілектес дос болған. Мұхтармен т. б. алаш арыстарымен түскен фотосуреті Семейдегі Абай мұражайында сақтаулы.

*М. Бейсенбаев.*

**ОМАРОВ** Ілияс (1912–1970), әдебиет сыншысы, публицист, мемлекет қайраткері. Қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің тарихы, даму, өркендеу барысы туралы публицистикалық, әдеби-сын еңбектерін жазды. «Қазақ ССР тарихының» 2-рет толықтырылып басылуының редакциясын басқарды (1949). «Әдебиет туралы ойлар» (1962), «Оқушы көзімен» (1967), «Серпін» (1970), «Шабты шалқары» (1973), «Әдеби толғамдар» (1988) атты кітаптары жарық көрді. Ө-пен шығармашылық, достық-жолдастық қарым-қатынаста болып, ұлы жазушының туындыларын қадағалап, оқып, зерттеп отырған. Орталық Комитеттің хатшысы қызметінде жүрген кезде Ө-ті қудалауға тоқтау салып, қолдан келер көмегін аямаған. «Туған халқының төл баласы», «Өнерпаз жолы», «Би туралы», «Сөз қадірі» т. б. әдеби-сын мақалаларында Ө-тің ер сөзінде адам жаны, қимылы, мінез-құлқы, көзқарасы, бүтін болмысы айқын көрініп тұратынын тебірене жазған. Ө-тің «Сөз дегеніміз – жазушының азығы ғой» деген сөз есімде мәңгі қалып қойды дейді автор. О. өзінің «Халықтық эпопея» атты зерттеуінде (1958) «Абай жолының» тартымды жағы қайсы, мақтау айтқызатын қушы неде?» деген сұрақтарға жауап іздейді, жазушының қазақ даласын ән мен күйдің мұхитына теңегеніне сүйсінеді. «Өуезовтің халық өмірін, тұрмыс салтын, әдет-ғұрпын, дәстүрін тамаша, егжей-тегжейін соншалықты терең білетініне тарихшы, этнограф, экономист, заңшы, дипломат, философ, филологтардың қай-қайсысы болса да қызыққандай» деп тебірене жазды. Ал бұл эпопея қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтеріп, басқа да ірі-ірі шығармалардың тууына ықпал етіп, жол ашып берді деп түйіндейді өз ойын зерттеуші.

*Р. Бердібай.*

**ОМАРОВА** Ақлима Қайырденқызы (1965 ж. т.), музыка зерттеуші. Өнертану ғылымының кандидаты (1994), доцент (1997). Шығармаларын орыс тілінде жазды. Ғылыми еңбектерінің негізгі бағыттары – қазақ музыкасының тарихы, Қазақстан композиторларының кәсіби шығармашылығының эстетикасы. «М. О. Өуезов және музыка сынының негіздері» («Ұлы суреткер ұлағаты», А., 1997, 82–

Вс. Иванов, І. Омаров, М. Өуезов. 50-жылдар





Е. Омаров.



Г. Р. Омарханова.

92-беттер), «М. О. Әуезов айтыстың дәстүрлері туралы» («М. Әуезов. Ғылыми конференцияның туындылары», А., 1997, 67–72-беттер), «М. О. Әуезов либреттошы» («Абай және Әуезов. Абайтану оқулары», 3-шығуы, А., 1998, 150–161-беттер), «Айтыс өнерінің дәстүрлері және қазақтың «Бекет» операсы» («Известия АН РК. Серия филологическая», 1996, №2) т. б. мақалаларында ұлы жазушының 30-жылдары жазған туындыларының қазақ халқының өнерін дамытудағы маңызын қарастырған. **ОМАРОВА** Жамал (1912–1976), актриса, әнші. Қазақстанның халық артисі (1943). Қазақтың халық әндерін, Қазақстан композиторларының шығармаларын орындап, насихаттаған. Сондай-ақ татар, қырғыз, өзбек, грузин, орыс, ұйғыр, армян халықтарының әндерін де өз бабында айтқан. 1934–36 ж. Қазақ музыкалы театрында Б. Майлиннің «Шұғасында» Мақпал, Ф. Мүсіреповтің «Қыз Жібегінде» Қамқа, Ө-тің «Айман – Шолпанында» Айман рөлдерін сахнаға шығарып, әншілік және актерлік өнерінің сан қырларымен көзге түседі.

З. Қоспақов.

**ОМАРҰЛЫ** Әділбай (1909–1976), журналист, аудармашы. Ө. туралы «Өскен өркеннің» бірінде» («Оңтүстік Қазақстан», №192–193, 28–30 жасқүйек, 1965 ж.); «Асыл арман» («Лениншіл жас», №237, 1 желтоқсан, 1965 ж.); «Мұхтар Әуезовтің оңтүстік сапары» («Қазақ әдебиеті», №28, 1 шілде, 1966 ж.); «Әуезовтің әуелгі сапары» («Оңтүстік Қазақстан», №192, 28 қыркүйек, 1966 ж.); «Мұхтар Ауэзов в Южном Казахстане» («Южный Казахстан», №85–86, 29–30 сәуір, 1967 ж.); «Ұмытылмас ұлы жан» («Жұлдыз», №5, 1967 ж.) т. б. мақалалары мен естеліктері, «Асыл арман» атты естеліктер кітабы жарияланды. Бұл еңбектердің барлығында ұлы тұлға Ө-тің өмірінің соңғы жылдары, Оңтүстік өңірінде болған күндерінің мақсаты мен көп қырлы сырлары, ұлағатты жаның тұлғасы мен ғұламалық қасиеттері әңгімеленеді. Ол еңбектер мұхтартануға қосылған зор үлес болып саналады.

Ө. Мусақұлов.

**ОМАРХАН** Әуезұлы (1859–1909), жазушының әкесі. Әуездің бәйбішесі Дінәсілден туған. О-ның туған жылы бірде 1860, бірде 1865 деп жазылып жүр. Нақты тарихи дерек жоқ. Алғайда ұлы жазушының, Абай ұрпақтарының естеліктеріне жүгінсек, О. Абайдың ұлы Ақылбайдан бірер жас үлкен. Ал Ақылбай 1861 ж. туған. О. мұсылманша оқыған, шағатай тілін білетін, сөз қадірін айыра алатын сауатты адам болған. «Омархан қиялған қара көзді, аса сымбатты сұлу болған» (жиені М. Діқанбаевтің естелігінен). Ат жылын тартып мінген кезінен бастап Әуез баласын өзімен ертіп жүріп, ел танытқан. О. аса қайырымды, терең сезімді, орнықты мінездің иесі боп өскен. «Хайуанға обал болады»

деп, құдық басына келген малды күңұзынға өзі суарады екен. Аңшы, саятшы болған, домбыраны бірсыдырғы жақсы тартқан. Абай үлгісімен тәрбиеленіп, ақыл-парасатты, білімді, өнерді ерекше бағалаған. О. өз балаларын да соған баулыған. Жазушы: «Өз әкем 1909 жылы дүниеден өтіп еді. Бұлардың ішінде қайсысында да діндарлық, сопылық сияқты ерекше белгісі жоқ, қайта әр нәрсеге Абай үлгісімен қараушы еді. Абайдың сондайлық ұстаздық, үгітшілік әсерін мен кішкентай кезімнен өз әкелерімнің қалпынан анық көруіме болушы еді... Бір жыл жазғытұрым өз әкем: «Абай кітабы келеді» деп, өзімді көп уақыт бір үлкен қызық сый беретіндей дәмелендіріп жүріп, аяғында қар кетіп, ақ шығып келе жатқанда сол кітапты әкелді. Сонда ел қыстаудан көшкенде күндіз-түні өзі үйде болған уақытта Абай өлеңдерін жаттатып, соны ылғи айтқызып, тыңдап, жақсылап жаттап алмаған жерлерімді қайтадан отырғызып, қайта жаттатушы еді» деп жазды. О. Нұржамал Әбсәметқызына үйленген. Одан 4 қыз, бір ұл – Мұхтар туған. О. – 1909, Нұржамал 1912 ж. қайтыс болды. Зираттары – атамекені Бөрілі қыстауында. 1997 ж. ұлутастан күмбез тұрғызылды.

Т. Жұртбай.

**ОМАРХАНОВА** Әлила Әзімбайқызы (1901–1968), Абайдың немересі Әзімбайдың қызы, Ө-тің ағасы Разақтың екінші әйелі. Көп сөйлемейтін, тереңнен барлап айтатын, сабырлы, атасы Абайға тартқан сыншыл, ақылды адам болған. 30–40-жылдардағы қиын кезеңде Мұханның отбасына туған шешесіндей көп көмек көрсеткен. Күйеуі Разақ қызыл репрессияның қыспағынан босағаннан кейін, 1954 жылдан бастап Қарағандыдағы қызы Гүлнәрдің қолында тұрды.

Ө. Әзіев.

**ОМАРХАНОВА** Гүлнәр Разаққызы (1929 ж. т.), дәрігер, жазушының немере қарындасы. Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері (1979). Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітірген (1954). 1954–57 ж. Қарағанды облыстық емханасында көз дәрігері, 1957–60 ж. сонда медицина институтында оқытушы, 1960–93 ж. облыстық көз аурулары емханасының меңгерушісі болды. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына байланысты «Мұхтар аға» деген естеліктер кітабын жазып (Ө. Әзіевпен бірге, 1997), Ө-тің өмірі мен тұрмыстағы жеке басының көптеген беймәлім қыр-сырлары туралы әсерлі баяндаған.

Н. Ақбай.

**ОМАШЕВ** Намазалы Омашұлы (1950 ж. т.), әдебиет зерттеуші, сыншы. Филология ғылымының докторы (1992), профессор (1993). Ғылыми еңбектері радиожурналистика мәселелеріне арналған. Бұл салада «Радиожурналистика» (1981), «Радиожурналистика негіздері» (1983), «Батыс радиожурналистикасының теориясы мен тәжірибесіне сын» (1986), «Толқындағы тотияйын» (1988), «Көлеңкемен күрес» (1990) атты еңбектері жарық көрді. «Қазақ радиожурналистикасы» монографиясының (1992) негізгі тараулары Ө-тің радиодан сөйлеген сөздерін, шығармаларының радиомониторингін қарастыра отырып, саралауға арналған. Ал «Әуезовтің бітпей қалған очеркі» («Жас алаш», 1997, 4 қазан), «Америка әсерлері» туралы» («ҚазМУ-дың хабаршысы, Журналистика сериясы», 1997, №1) т. б. мақалаларында

ұлы суреткердің журналистік қызметін қарастыраған. Жазушының 100 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген республикалық (1997, күркүйек), «Әуезов және әлем әдебиеті» халықаралық (1998, желтоқсан) конференцияларға қатысып, «Әуезовтің сапарнамалары хақында», «Әуезов және «Манас» атты баяндамалар жасады.

*Б. Жақып.*

**«ОНКҮНДІКТЕН КЕЙІН»** (« После декады »), жазушының мақаласы. «Театр» журналында жарияланды (1949 ж., №7, 25–28-беттер). Сол жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінің әсерлерімен жазылған. Мақалада қазақ драматургиясы мен театры жайлы өз кезі үшін құнды ойлар айтылған. Ақын мен прозашы жазушыға қарағанда, драматургтың бүкілхалықтық аренаға шығу жолының қиын, сатылы екенін, ал бүкілодақтық сахнаға шығу үшін аударылып, орыс театрында қойылуы қажет екенін айтады. Бұл жағынан кеңес Жазушылар одағының, оның драматургия секциясының көмегі қажет деп ескертеді. Қазақ драматургия жанрының жас екенін ескертіп, қазақ драматургиясы ең алдымен орыстың классикалық драмасынан үйреніп, кейін келе әлемдік драматургия жанрының классиктері Гальдони мен Мольердің шығармаларын сахналай бастағанын хабарлайды. Автор сөйтіп қазақ драматургиясын орыс тілінде қою, аудару жұмыстарындағы сұлбырлық пен кемшіліктерді көрсетеді. Осы арадағы Әуезовтің пікірі оның драмалық шығарманың көрнекті қасиеттеріне қатаң талап қоятынын көрсетеді. Мақалада сәтті аударылған қазақ пьесаларының да Мәскеу театрларының сахнасына шығу жолының қиын екені де айтылған. Жазушылар одағында өткен кеңесте қазақ пьесаларының композиция құруда, характер ашуда кемшіліктері бар деген пікірлеріне қосыла отырып, орыс классиктерінен, Шекспирден үйрену керек екенін мойындай отыра, әдебиет теориясын, драма теориясын терең білетін ғалым ретінде үшқыр ойлар айтқан. Орыс драматургі Островскийдің шығармашылығындағы жақсы қырларын саралай отырып, Островскийдің сюжет құру шеберлігінен, характер ашудағы тереңдігінен үлгі алуға шақырады. Қазақ драматургиясында шешендік сөздердің, ақыл-нақыл сөздердің кейде көбірек орын алып, ділмәрлыққа, ой айтуға артықтау кетіп жататынын, бұлардың драмалық шығарма арқауының әлсіреуіне әкелетінін қарастыраған.

*Р. Бердібай.*

**«XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЖӘНЕ XIX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ ССР тарихының» I-томының (А., 1957) «XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы мәдениеті» тарауына жазылған (1\$) шолу мақала (378–382-беттер). «Дара ақындық творчествосының туып, дами бастауы» және «Халық ауыз әдебиетінде тарихи оқиғалардың бейнеленуі» деген тақырыптарға бөлінген. Мақала аталған ғасырлардағы қазақ қоғамына тарихи-әлеуметтік талдау жасаудан басталған. Дәстүрлі түрде Қазақстанның Ресейге қосылуына дұрыс баға берілген. 18 ғасырға дейін бірер Сыпыра жырау, Шалғыз жырау сияқтылардың ғана авторлық орны анық болса, енді көбіне орыс ғалымдарының, кейбір қазақ интеллигенциясы өкілдерінің еңбегі нәтижесінде қазақ ақын, жыр-

шыларының аттары анықталып жазыла бастады дейді. Дара ақындық шығармашылығының жайында «Ақындар мен жыраулардың кейбіреулері өздерінің шығармаларын өздері жазып отырды, соның арқасында олардың өлеңдерінің өз текстері сақталып қалды. XIX ғасырдың орта шенінен бастап жеке ақындардың өлеңдері мен жырлары жариялана бастады. Мұның өзі жеке адамның поэзиялық творчествосының туып, дами бастаған кезі болды» деген. Бұқар жырау, Ақтамберді жырау, Үмбетей, Тәтіқара т. б. жайында қысқа мәліметтер берілген. Жыраулық поэзияға қатысты теориялық тұжырымдар бар. Екінші тақырыпшада жоңғар қалмақтарына қарсы күрес кезінде туған тарихи өлең-жырлар туралы сюжеттік талдаулар жасалған. «Елім-ай!», «Қап қағылған», «Шаңдi жорық» өлең жырларының қысқаша мазмұны келтіріліп, Жанатай, Баян, Байғазы, Қабанбай батырлар аты аталған. 18 ғасырдың аяғындағы кіші жүзде болған көтеріліс жайында айтылып, көтеріліс басшыларының бірі Сырым Датовтың Нұралы ханмен, Хиуа ханмен кездесулері жайында айтылған.

*Р. Бердібай.*

**«XIX ҒАСЫР МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ОҚУ ҚҰРАЛЫ»**, оқулық. Орта, орталау мектептің 7-сыныбына арналған. Авторы М. Жолдыбаев, Ә. Қоңыратбаевтармен бірігіп жазған; (1933). Оқулықта өткен ғасырдың 2-жартысы мен 20 ғасырдың басындағы кезеңдік мәселелер, оның белгілі өкілдері қамтылған және тек қазақ әдебиетінің белгілі қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы сөз болып қана қоймай, орыс әдебиетінің А. Пушкин, Ю. Лермонтов, А. Некрасов, Л. Толстой сынды ірі тұлғалары да зерттеу объектісіне айналған. Бұлардан бөлек «Максим Горькийдің еңбегінің 40 жылдығы» (Горькийдің әдеби еңбегіне 40 жыл толған мерекесінде жасалған баяндама) жеке тақырып болып енгізілген. Кітап 3 бөлімге бөлінген: 1. Өлеңнің патша үкіметіне бағынуы. 2. Отарлау дәуірінің әдебиеті; 3. Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті (70-жылдар мен 1905 жылдар арасы); 4. Ұлтшылдық әдебиетінің бас кезі. Осының біріншісіне – Бұқар жырау, Махамбет, Нысанбайдың өз жайы мен еңбегі туралы, Пушкин, Лермонтов; екіншісіне – Шортанбай шығармалары, Некрасов, Мұрат ақын, Алтынсарыұлы Ыбырай, Абай, Әбубәкір, Шәңгерей, Толстой; үшіншісіне – О. Қарашұлы, С. Торайғырұлы, С. Дөнентайұлы кірген. Ал «Ұлтшылдық әдебиетінің бас кезінде» бөлімі: «Отар саясаты», «1905 жылдың қазақ өлкесіне еткен әсері», «Әдебиет қозғалысы» деген тақырыпшаларға бөлінген. Осылардың ішінде «1905 жылдың қазақ өлкесіне еткен әсерінде» 17 қазандағы патша үкіметінің манифесі туралы сөз болған. Онда: жиылысқа, сөзге, пәнге, адамның қара басына еркіндік беріледі, үкіметті халық кеңесі басқарады делінген. Мысалға осыны сүйеніш етіп, Қоянды жәрмеңкесінің 14,5 мың адамы қол қойған петиция (арыз-тілек) патша үкіметіне жөнелтілді. Бұл бөлімде отарлық саясат пен 1905 ж. қозғалысының әсерінен басқа әдебиеттегі оянуудың, ағымдардың көрініс бере бастауына да тоқталады. Бұл жай әсіресе Шортанбай, Дулат, Омар Қараш өлеңдерінде көбірек орын алды. Бұл ақындар патшаға бағынған заманға, оған қызмет көрсетуші пысықтарға азындағанның белгісі ретінде қарайды. Осы кітаптағы өмірі мен шығармашылығы, тағлым, көзқарас, бағыттары бірсыпыра тәуір талда-

нып, алдағыға негіз қаланғандай болған Әбубәкір, Мұрат, Шәңгерей, Омар Қараш туралы жазғандары сол қозғаусыз күйінде қалып қойды. «Сәбит Дөнентайұлы» мен «Максим Горький. Әдеби еңбегінің 40 жылдығы» деген мақалаларды жазған «Ә. Қоңыратбаев» деп көрсеткенімен, Ә. оларды бастан-аяқ түзеген, бір жерлерін қысқартып, бір жерлерін толықтырған, еңдеген, шымырлаған. Біраз өлендерді аударған «М. Жолдыбаев» деп жазған. Мұрағатындағы кітаптың бір данасы Ә-тің редакциясынан өтіп, ол жеңдемеген, ол түзетпеген беттер жоқ. Оларды қосымша автор дегені болмаса, кітап негізінен Әуезовтің басқаруымен, бәрі де соның қолынан шыққан.

Т. Әкім.

**«ОНЫҢ АТЫ ЕКІНШІ»**, жазушының мақаласы. Кейін повеске айналдырылған. Алғаш рет 1940 ж. 6, 14 маусымда «Екпінді» газетінде шығарманың үзінділері шықты. Очерк деп аталды. Осы жылы 19 шілде мен 18 тамызда «Социалистік Қазақстан» газетінде «Майдан» деген атпен жарық көрді. Жақша ішінде «Шығыс жолы» жайынан жазылған ұзақ очерктен үзінді» деп ескертілген. 1940 ж. 29 тамызда «Лениншіл жас» газетінде үзіндісі басылды. Онда «Алтын жүзік» («Шығыс жолы» туралы повестен үзінді) деп берілген. Бұл шығарма «повесть» деп аталып, толық нұсқасы Ә-тің 12 томдық шығармалар жинағының 2-томында (1967, 140–176-беттер) жарияланды. Деректілігі айқын, толыққанды повесть дәрежесіне жеткізілген. 30-жылдардың солақай саясаты, басым идеологиясы жазушылардан социалистік қоғамның жетістіктерін шығармаларына арқау етуді, өндірісті, колхоз құрылысын суреттеуді талап етті. Осы себептерден жазушылар аталған тақырыптарға қалам тартуға мәжбүр болды. Ә. Семей облысының Ұржар, Аягөз, Шар аудандарында арнайы болып, материал жинап қайтқан. Осы материал негізінде алдымен мақала-очерктер жазып, кейін повеске айналдырған. Жазушы мұражайының қолжазба қорында осы шығарманың қолмен жазылған, машинкаға басылған нұсқалары сақталған. Қорда жазушының өзі орыс тіліне аударған нұсқасы да бар. Повесть ұлы суреткердің шеберлігіне сай табиғат суреттерінен басталады. «Май ортасы ауып бара жатса да, әлі күнге үсірік қара суық айықпайды. Талайдан бері күн көзін көрсетпей, жөнкіліп, бүктеліп көшкен қою кара бұлт бүгін де бітпестей боп баяу қалқып, маңып барады» деген жолдар газеттік мақала – очерк емес, кез келген классикалық прозаның өрнін кіргізетін дәрежеде. Іле шаса очерктік сипаты айқын: «Файзрахман мен үгітші Көппаев, Дәуітбаев, Бижановтар оятқан бригадалар кешегі күндердей емес, бүгін жылдамдық қамданып, ширақ шыққан сияқты» деген жолдар кездеседі. Шебер суреткер еріксіз осы тақырыпқа қалам тартқандықтан, осындай жағдай, шартты мүмкіндікті толық іске асырған. Жол салумен айналысып жатқан жұмысшылардың, мамандардың, партия-кеңес қызметкерлерінің бірталай образдары жасалған. Идеологиялық талаптарға сай ету мақсатында, адам образдарында схематизм кездеседі. Кейіпкерлер тілі «саяси сауатты» болу үшін табиғи емес, жасанды шығып жатқан жерлері көп. Әйтсе де жазушы көп жерлерде табиғатты суреттегенде, еңбек әрекеттерін бейнелегенде, үлкен шеберлік танытып отырады. Соңғы басылымында «повесть» деп аталғанымен, деректік сипаты басым шығарма.

Р. Әбдіғұлов.

**ОҢҒАРБАЕВА** Дәлила Қарақбайқызы (1906–1932), актриса. Қазақ драма театрында қызмет істеді. Қарқаралы қаласындағы ойын-сауық үйірмесіне қатысып жүрген кезінде Қазақ Автономиясының бір жылдық тойын өткізуге барған Ә. Дәлиланың өнері мен дауысына ерекше риза болып, Семейдегі «Ес-аймақ» үйірмесіне шақырған. Күйеуі Хұсайын Оңғарбаев екеуі 1925 ж. Қызылордаға арнайы шақырылып, театрға қабылданды. Онда Ә-тің «Еңлік – Кебек», «Қарагөз» спектакльдерінде ойнады. 1927 ж. Мәскеуде өткен этнографиялық концертке қатысты.

**ОҢДАСЫНОВ** Нұртас Дөңдібайұлы (1904–1989), партия, мемлекет, қоғам қайраткері, филолог. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін белсенді қоғамдық қызметін тоқтатпай, бірнеше әдеби-ғылыми еңбектер жазды. «Араб-қазақ түсіндірме сөздігі» (1969, 1989), «Парсы-араб түсіндірме сөздігі» (1974) т. б. еңбектері жарық көрді. «Үлкен ұстаз» атты мақаласында Ә-тің орман шаруашылығы техникумында өзіне қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс бергенін, ұлағатты ұстаз, адастырмас ақылшы болғанын еске алған «Қазақстан әйелдері», 1987, №8). 1954 ж. Украинаның Ресейге қосылуының 300 жылдық мерекесіне қатысу үшін Киевке Ә-пен бірге барған. Осы сапардың естеліктерін жазып, О. жазушының мұражайына тапсырған (№ 671 папка). Ол естелігінде жауапты кездесулерде түйінді сөзді Ә-тің сөйлегенін айтады. Жазушының кейбір жазбаларынан оның есімі кездесіп қалады. «Оңтүстік сапарынан» очеркінде Созақ ауданының орталығы Шолаққорғандағы аурухананың О-тың нұсқауы бойынша, сол кездегі талап-талғамға сай емес етіп салынғанын жазған (12 томдық шығармалар жинағы, А., 1967, 3-том, 85-бет).

Т. Тұрғанбаев.

**«ОҢТУСТІК ВЬЕТНАМ ЖЕҢДЕТТЕРІНЕ ЛАҒ-НЕТ»** («Позор палачам Южного Вьетнама»), жазушының мақаласы. «Литературная газетада» 1959 ж. 28 ақпанда жарияланды. Газеттің бірінші бетінде басылған мақала-хат кеңес интеллигенциясының Оңтүстік Вьетнамдағы империалистердің варварлық әрекеттеріне қарсы жазылған. Авторлар: «Фу-Лой концлагеріндегі ешбір кінәсіз адамдарды айуандықпен ұландыру – гитлершілердің ең қатігес қылмыстарымен бірдей» деп айыптайды соғысқұмарларды. Одан әрі Игдинь-дьем өкіметінің қанды қырғындарына қарсылық білдіріп, Вьетнам зиялыларының бүкіл әлем зиялыларына өздерін қолдауды өтініп жазған тілектеріне қосылатынын айтқан. Олар негізінен барлық концлагерлерді қиратып, кінәсіз қамалған Вьетнам партиоттарын бостандыққа шығаруды, «репрессия мен өлімге жол берушілікті тоқтатуды талап етеміз» деп үндеу тастаған. Хатқа Ш. Рашидов, М. Әуезов, Х. Гулямов, М. Қарим, Б. Полевой, Б. Рахманов, А. Софронов, А. Чакковский, К. Чугунов қол қойған.

Б. Мамыраев.

**«ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН»**, қоғамдық-саяси газет. Шымкент қаласында 1924 ж. 26 қарашадан шығады. Алғаш Түркістан совет республикасы мейеленіп бөлінуіне байланысты Ташкент қаласында шыққан «Ақ жол» газеті Шымкентке ауыстырылып, Сырдария губерниялық партия комитеті мен губерниялық совет атқару комитетінің органы

ретінде шыққан. 1929 ж. 1 шілдеден бастап «Ленин жолы» деген атпен әуелі Сырдария округінің органы ретінде, 1930 жылдың желтоқсанынан Шымкент аудандық газеті ретінде шықса, 1932 ж. Оңтүстік Қазақстан облысының құрылуына байланысты 12 наурыздан бері қазіргі атаумен шығып келеді. Газетте өтің шығармалары және ол туралы 100-ге тарта мақала, естеліктер жарияланған. Жазушының «Оңтүстік сапарынан» атты ұзақ очеркі 1959 ж. қазан айынан бастап үзбей жарияланды. Облысқа келген бір сапарында жазушы газет редакциясында арнайы болып, ұжым қызметкерлерімен әңгімелескен («Оңтүстік Қазақстан», 1960, 21 қазан, №209).

К. Сыздықов.

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ.** М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік гуманитарлық университеті, жоғары оқу орны. 1937 ж. 19 наурызда Шымкент қаласында мұғалімдер институты ашылды, ол 1954 ж. Шымкент педагогика институты болып қайта құрылды. 1987 ж. оған ұлы жазушының есімі берілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы мамырдағы қаулысына сәйкес, Шымкент дене тәрбиесі педагогика институты, Шымкент мәдениет педагогика институты, Шымкент педагогика институты біріктіріліп, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университеті, 1998 ж. бұл университет пен Оңтүстік Қазақстан техникалық университеті біріктіріліп, М. О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті болып қайта құрылды. Ө. 1959–61 ж. Оңтүстік Қазақстан облысына келген арнайы сапарларында университет ұжымымен кездесіп, пікірлескен. 1960 ж. 1–2 маусым күндері университет студенттері мен оқытушы-профессорлары өткізген «Абай жолы» роман-эпопеясына арналған оқытушылар конференциясына қатысып, соңында ұзақ сөз сөйлеп, мәзім ықылас-ризашылығын білдірген. Университеттің үздік студенттері үшін 1963 жылдан бастап М. Әуезов атындағы стипендия тағайындалған, оқу орнында ұлы жазушының мұражай-кабинеті жұмыс істейді. Студенттер мен оқытушы-профессорлар ұжымы өтің өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми еңбектер, диплом жұмысы, диссертациялар жазып, қаламгердің мұрасына кеңінен насихаттап келеді. Университетте ұстаздық еткен Ө. Байтанаев, М. Мырзахметов, К. Сыздықов, Б. Байтанаев, Ө. Қалыбекова, А. Құлымбетова, Г. Смағұлова сынды ғалымдар өтің өмірі мен шығармашылығына байланысты көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерін жазды, мұқтартануға елеулі үлес қосты. 1997 ж. 16–17 қазан күндері ұлы суреткер ғалымның 100 жылдық мерекесіне арналып «М. Әуезов және қазіргі заман» деген тақырыпқа халықаралық ғылыми конференция өткізілді. Онда 77 баяндама тыңдалып, арнайы ғылыми жинақ шығарылды. Университетте көп жылдар бойы «Мұқтартану дәрістері», «Абай жолы» роман-эпопеясына арналған арнаулы курс, семинарлар жүргізіледі. Ұлы жазушы мұрасына байланысты ғылыми конференциялар ұйымдастыру дәстүрге айналды.

Е. Мелеуов.

**«ОҢТҮСТІК САПАРЫНАН»**, жазушының мақаласы. Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды (1959, 22, 23, 25, 27-қазан). Одан соң



М. Әуезов пресс-автомат зауыты жұмысшыларының ортасында. Шымкент 1959.

«Алғы шептегілер» деп аталатын кітапта (1960), Өтің 12 томдық (3-том, 1967), 20 томдық (7-том, 1980) шығармалар жинақтарында жарияланды. Жаңа роман жазу ойымен, Ө. Оңтүстік өңірін аралауға шықты. Осы жылдың көктемінде Түркістан сайлау округінен Жоғарғы Кеңеске депутат болып еді. Сайлаушылармен кездесу үшін сол кезде де осы облысқа келген. Бұл жолғы сапары қыркүйектің 15 күні басталды. Бірінші күні Шымкенттің өндірісі, мәдени, қоғамдық орындарын аралап, еңбек адамдарымен кездесті, сұхбаттасты, ойларын, тілектерін, мұң-мұқтаждықтарын тыңдады. Осыдан қазанның 12-не дейін облысты түгел аралап шықты; аралау барысында өндірісі, мал шаруашылығы, егіншілігі, экономикасы, мәдениеті, жалпы тұрмыс-тіршілігі туралы ой бөлісті, өзінің көрген-білген, сезген-түйгендерін ортаға салды, алдымен біраз олқылықтарды облыс басшыларына айтып, түзеттірді, одан қалғанын республика басшыларына жеткізбек болып шешті. Сол сезген-түйгендерінің қорытындысы ретіндегі очеркті – «Талап та, тақырып та – тек мақта», «Қадімнен мәзім Қаратауда», «Қаратау тәжі – Кентау», «Баға жетпес қасиеттер» деген тақырыптарға бөліп жазды; онда жұртшылықтың мақта үшін күресі, қой өсіру ісі, Кентау өнеркәсібінің тынысы, осы өңірдің шипалы сулары, демалыс орындары, мәдени, ағарту істері мемлекеттік деңгейдегі ой-толғаныстарын туғыздырды. Бұл атыраптың бай тарихы жазушыны қатты толғандырды; өткен мен бүгіннің сабақтастығын көрсету үшін бұлардың барлығы көркем туындының таптырмайтын қайнар көздері оның алуандығын, түрлілігін, небір өрнекті кестелерге жеткізер, сымбат сырын аша түсер өзекті арқауы сияқтанды. Көне Түркістан, Сайрам, Отырар тарихын былай қойғанда, Құмкент, Созақ, Бабата сияқты аңыздар ошағының жүздеген орындары жатыр. Созақтан қазақтың үш жүзін таратады. Көкмұрын аталатын қос төбеде үш жүзге жататын рулардың танбалары кашалған. Көрұғлының баласы Әуезхан осындағы Құмкентте өскен, атақты Едігенің туған жері осындағы Баба түкті Шашты Өзіз, бұрын осындағы өзен Едіге суы атанған, Қара қасқа атты Қамбардың мекені де осында. Қазақ Темірге қатысты аңыз-әңгімелерден де бұл жер шет қалмайды. Жазушы қиялы осындай аңыз-әңгімелерді өзі білетін деректермен салыстырады. «Баға жетпес қасиеттер» дейтін соңғы тарауда суреткер әлі оншалық таныла қоймаған шипалы суларды халық игілігіне жаратуды сөз етеді.

Өзбекстанға тиіп тұрған жердегі Сарыағаш суының емдік қасиетін мейлінше ұғынған ол «боржомнан дәмге, емге де артық болмаса кем емес» дейді. Ташкенге арқан бойы тұрған осы жерлердің аса жүдеу, күтімсіздігіне қыжылады да, көршілермен шектескен жерлердің «мынау Қазақстан» дегізгерлік жағдайда болуын ойлайды, соған жеткізудің жолдарын қарастыруды үкіметке құлаққағыс етеді. Кейін романын жазған кезде очеркінде көтерілген нәрселердің барлығын қамтымақ болды. Сөйтіп бұл очерк аяқталмай қалған роман «Өскен өркенге» барар алғашқы баспалдақ болды.

Т. Әкім.

**ОПЕРА.** Жазушының опера өнері туралы ой-пікірлері, Ө-тің шығармашылық мұрасын зерттеу барысында, оның О. өнерінің ерекшелігін бар болмысымен қабылдап және теориялық ұғымы мен тәжірибелік қызметінде өте анық баға бере білгені аңғарылады. Қазақ опера өнерінің алғашқы қадамы мен өрісін анықтай отырып Ө.: «Өлең мен әнді қатар тірілтіп, театр жасауға айналсақ, «Қозы Көрпеш–Баян» сияқты ел поэмалары, «Бекет батыр» сияқты тарихи өлеңдер, барлығы да театрдың ішіне он-аяқ сыйып кетеді!» («Жалпы театр өнері мен қазақ театры», 1926) деп жазды. Жылдар өте келе «Бекет» музыкалық пьесасын жазғанда осы мүмкіншілікті ол толығымен жүзеге асырды. «Айман–Шолпан» эпосы секілді «Бекет батыр» поэмасының сюжеттік ерекшеліктері біртартас музыкалы-драмалық спектакльді шығару барысында пайдаланылды, кейінірек, музыкалық пьесаның екінші нұсқасы рухани мұраның басқа үлгісі ретінде Ө. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927) атты еңбегінде көрініс табады.

Ө. либреттоның авторы ретінде опера жанрының бірнеше түрін ұсынды, олар: тарихи, драмалық, батырлық, патриоттық, комедиялық опера. Музыкалы-театрлық сыншы тұрғысынан, ол қазақ опера театры қалыптасуының шешуші кезеңдерін анықтап, опера жанрына тән ерекшеліктерді талдап берді. «Қазақтың халық музыкасы мен музыка театры» (1936) атты мақаласында: «Ән-күй жөнінде халық қорына сүйенген музыка театры өзінің алғашқы адымында сюжет-драмалық негізді де, тақырыптық біразында, сондай қазақ көпшілігіне мәлім болған ел эпосы мен елдің тарихи жырынан алды» деп жазды. Осы ойын дәлелдеу мақсатында «Айман–Шолпан», «Шұға», «Қыз Жібек», «Жалбыр» қойылымдарын мысалға келтірді. «Осы постановканың барлығына кіргізілген халық әндері, тарихи жағынан, мазмұн жағынан аласақ та; яки бір сарын; бір ырғактас бітім жағынан аласақ та – тұтас дауысты музыка болып көрінеді. Онысы әрбір жеке образдарының әнмен шешілетін әңгімелік сұрлеуінен де басынан ақырына шейін өскелендеп айқындалып көрінеді» деп ойын сабақтаса, алғашқы қазақ операларына берген пікірінде «Сахнадағы «Жібек» көп өнерпаздың (жазушы, актер-әнші, биші, суретші сияқтылардың) коллективтік еңбегінің нәтижесі» («Қыз Жібек қандай?», 1934), «осы реттен қарағанда «Тарғын» операсында, ең алдымен, барлық үлкен бұйымдарының (бұған кіретіндер: пьесаның мазмұны, режиссердің басшылығы, актер ойыны және композитор, суретші, би басқарушының ісі сияқты негізгі элементтерінің) барлығы өдемі боп туысып үйлесіп, біте қайнасқан тұтастықпен шыққан сияқты. Барлық операны бір мол мүсінді көркем шығармаға айналдырып тұрған айқын стиль бар» («Алғашқы әсер», 1937)

дейді. Ө. осылай жанр табиғатын дұрыс қабылдай отырып, образдық мазмұнның құндылығын, біртұтастығын және стильдік қасиетін қысқаша талдай келе опера спектакльдеріндегі өзара әрекеттес компоненттерге көңіл аударады.

Шығармада композитор кездеген нақты шығармашылық міндет пен эстетикалық ағымға байланысты, көркемдік туынды ретінде, операны құрайтын элементтердің қатынасы өзгеріп отырады. Осы тұрғыдан Ө. «Ер Тарғын» қойылымына берген пікірінде Е.Г.Брусиловский еңбегін былай бағалайды: «бұл операда композитор халық ән-күйіне бұрынғыдан да көп тереңдеп көп сүйенемін деген негізгі дұрыс бағытқа бетбеген, сол халық музыкасының арқау, бояуын әлсіретпеген де бұзбаған. Өзінен қосылған композиторлық іздену жаңалықтар жайын мен бұл жолғы бірінші сөзде тартып нық байлап айта алмаймын. Жалғыз-ақ композитор ісінен алған жалпы жақсы әсердің ішінде әзірше көңілге күдік келтіріп тұрған бірер жайы бар. Ол – ән атаулының көпшілігі бүгін жұрттың бәрі айтып жүрген, аса мәлім әндер болуында», деген ойын айтақ.

Қазақ операсындағы ән жанрының, аспапты музыканың айтыс өнерінің көп түрлілігіне байланысты Ө. 1926 жылдың өзінде «Онан соң ұзататын қыздың тойында еркек пен әйел қақ жарылып алып қатысатын жар-жар. Салт ойыны туғызған театр емес пе? Жар-жар мен беташар бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды. Солар сияқты толып жатқан айтыс өлеңдерінің қай-қайсысы болса да қалай болса, солай қоюға болады. Бұл естеліктердің тағы бір қасиеті – барлығы да арнаулы үнмен айтылатын. Сондықтан жалғыз ғана драмалық театр емес, үнмен ойналатын операларға да емін-еркін жарайды!» («Жалпы театр өнері мен қазақ театры») деген болатын.

Айта кететін нәрсе, айтыс, жар-жар, беташар әндері оның либретто мәтіндерінде («Ақан-Зайра», «Айман–Шолпан», «Бекет», «Абай») кең қолданылған. Опералық өнердегі жаңа жол іздеу – ұлттық стиль мәселесін шешуге байланысты. Сондықтан дәл осы категория Ө-тің бағалауында операдағы негізгі элемент болуы заңдылық («Домбырадан операға дейін»). Ө. осылай өзінің опера жайы түсінігін теория мен практикаға енгізді және опералық эстетиканың негізгі ережелерін нақтылап тереңдетті.

А.Омарова.

**ОПЕРА ЖӘНЕ БАЛЕТ ТЕАТРЫ.** Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театры, қазақтың бірінші кәсіби музыкалы театры. 1933 ж. Алматыда музыкалық студия ретінде құрылған, 1934–37 ж. музыкалық театр, 1937 жылдан бері қазіргі атауында. 1941 ж. академиялық театр атағын алды, 1945 жылдан Абай атында. Театрдың негізін қалаушылар – драматургтер: М. Әуезов, Б. Майлин, Ф. Мүсірепов; композиторлар: И. Коцык, Е. Брусиловский; артист-солистер мен режиссерлер: Қ. Жандарбеков, Қ. Байсейітов; әншілер: К. Байсейітова, М. Ержанов, Ф. Құрманғалиев, Ү. Тұрдықұлова; биші Ш. Жиенқұлова т. б. Ондаған жылдар бойы театр өмірі либреттошы және сыншы М. Әуезовтің шығармашылық қызметімен тікелей байланыста болды. Ол жазған либреттолардың негізінде музыкасын И. Коцык жазған «Айман – Шолпан» музыка-



Опера және балет театры. Алматы.

лық драмасы (13. 1. 1934), «Айман – Шолпан» (музыкасы Е. Г. Брусиловскийдікі, 28. 4. 1938), «Бекет» (музыкасы А. А. Зильбердікі, 29. 1. 1940), «Абай» (24. 12. 1944), «Төлеген Тоқтаров» (7. 11. 1947, музыкаларын А. Қ. Жұбанов пен Л. А. Хамиди жазған) опералары, «Қалқаман – Мамыр» балеті (1939, музыкасын В. В. Великанов жазған) қойылды. Бұл спектакльдердің әрқайсысы қазақ театры тарихынан айрықша орын алады: «Абайдың» премьерасымен ұлттық классикалық операның тарихы басталды; «Төлеген Тоқтаровтың» қойылуы Ұлы Отан соғысы тақырыбын көтеруімен ерекшеленді; «Қалқаман – Мамыр» бірінші ұлттық балет еді. Сонымен қатар музыкалық театр, опера өнерінің дамуындағы маңызды кезеңдер – Ө-тің көркем-өнерге арналған мақалаларында, сыни еңбектерінде көрініс тапты. Ө-тің бұл еңбектері көтерген тақырыптардың аясында мақалалардағы музыкалық театр мен опера өнеріне арналған мәтін фрагменттеріне көңіл бөлінген жоқ. Сөйте тұра Әуезов өз еңбектерінде үнемі музыкалық театр мәселелеріне тоқталып отырған. Музыкалық театрдың шығармашылық ізденістеріне жеке мақалалар да арналған. Бұлар – кезінде мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған рецензиялар мен интервьюлер: «Қыз Жібек қандай?» («Социалды Қазақстан», 24. 11. 1934), «Алғашқы әсер» («Ер Тарғын» операсы туралы, «Социалды Қазақстан», 17. 1. 1937), «Тарғын» туралы» («Қазақ әдебиеті», 1936). Бұлар тек музыкалық сын саласына жазылғандығымен ғана құнды емес, опералардың сахналық қойылымдарын бағалаудың өзіндік ерекшеліктерімен және тереңдігімен бағалы.

1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі қарсаңында жазған «Гүлденген бақта» мақаласында қазақ опера өнерінің жеткен жаңа биіктерін көрсетті. Ө-тің либреттошы және музыка, театр сыншысы ретіндегі шығармашылығын ғылыми пайымдау театр мен «театр тағдыры қымбат адамның» бір-бірімен қол ұстасып, қатар дамығанын, өсіп-өркендегенін, сөйтіп ұлттық өнердің биік өресіне қатар көтерілгенін аңғартса керек.

А. Омарова.

**ОПЕРА КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗ** (Выступление на оперной конференции), жазушының мақаласы, 1941 жылдың 13–15 қаңтары аралығында ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы Өнер істері басқармасы меңгерушісінің кеңесінде өткен «Бүкіл-

одақтық опера конференциясының нәтижелеріне байланысты» жиналысқа Ө. те қатысқан. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған (142-қор, 2-тізбе, 23-іс, 161-бет) құжаттардағы тізімде Ө-тің аты-жөні 7-ші болып тұр. Қаңтардың 14 күні опера конференциясының екінші күнгі жиналысында баяндама жасаған. Жазушы мұражайының қолжазба қорында бұл баяндаманың мәтіні сақталмаған. Мемлекеттік архивтің жоғарыда аталған бумасының 197–205-беттерінде Ө. жасаған баяндаманың стенографиялық жазбасы бар. Бұл стенографиялық мәтін «М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығының шежіресінде» берілген. Баяндаманы стенографиялау барысында біраз стильлік тұрғыдағы қателер жібергендігі, сөйлемдердің лексикалық құрылымын елтеп бұзу нышандары байқалады. Аталған «Шежіреге» стенографиялық мәтін сол қалпында, ешқандай өңдеусіз берілген. Ө. 1930 жылдары театр тақырыбына жазған мақалаларында өзі ол кезде «күйлі пьеса» деп атаған опера өнері жайында да дүркін-дүркін ой қозғап отырған. Өзінің сөзін конференцияның бірінші күні жасалған негізгі баяндаманың мазмұнына қарай айтатынын ескерткен. Сөзінде опера жанрына қатысты теориялық мәселелер көтерілген. Әдебиет теориясын, эпикалық көркем шығарма поэтикасының заңдылықтарын жақсы білетін Ө. опера табиғаты жайында терең ойлар айтып, маман өнертанушының деңгейінде сөйлеген. Қазақ әдебиетінің өленді, эпикалық кезеңнен әлі қол үзбегені себепті Ресей жазушыларына қарағанда қазақ каламгерлерінің либретто жазуға онтайлы екенін көрсеткен және мысалдармен дәлелденген. Көркем әдебиетке де, операға да дәуір лебіш (интонациясын), тарихи шындықты тану және ашу міндетін қояды. Жас қазақ операсын жасаушыларға (композиторларға) қазақ халқының табиғатын, ұлттық мінезін білуге тырыспайды» деген орынды сөзін айтқан. Әдебиетші бола тұра опералық шығарманың сөзі мен музыкасын айтқанда алдыңғы орынға композитор еңбегін қойған. Жазушының 50 томдық шығармалар жинағына еш өзгеріссіз енгізілді.

Р. Әбдіғұлов.

**ОРАЗАЕВ** Файзолла Мұртазаұлы (1938 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1975), профессор (1985). Ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы, театр, кино өнері, журналистика мәселелеріне орналған. «Басты тұлға» (1973), «Жастық шақ театры» (1978), «Замана қапарманы» (1981), «XVIII–XIX ғасырдағы орыс журналистикасының тарихы» (1986) т. б. монографиялары жарық көрді. М. Әуезов пен И. Тургеневтің шығармашылық байланысы жайында «Даңқты дәстүр» («Қазақ әдебиеті», 1968, 2 қараша), жазушы, эпопеясының тарихи негіздері жөнінде «Абай жолын» тарихи тұрғыдан зерттеу («Қазақ әдебиеті», 1970, 21 тамыз) т. б. мақалаларын жазды.

Н. Ерсарыұлы.

**ОРАЗАҚЫН** Асқар (1935 ж. т.), акын. Ө-ке арнап «Жеткіншектер сөзі» (1977), «Ұлы ойшыл» (1977), «Абай жолы», «Нағашы атам және мен» (1987), «Дәріс алдың данадан» (1997) т. б. өлендерін жазды. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында Ө-пен бірге түскен суреті сақталуы.

Р. Сариева, Ф. Исхан

**ОРАЗАЛИН** Кәмен (1920–2008), жазушы. Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі (1965). Соғыс та-





Жазушыға Еңбек Қызыл Ту орденін тапсыру кезі. Мәскеу. 1957.

Солдан оңға қарай: С. Шаймерденов, М. Өуезов, Б. Шалабаев, Ғ. Малдыбаев, А. Тоқамбаев, Е. Ысмайылов, З. Кедрина, З. Пашкин. 1960.






«Қоңыр үні даламның...»

М. Өуезов Ангола жазушыларымен әңгімелесіп тұр. Ташкент. 1958.





Мұханның топ алдындағы шабытты сәті.

Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясы кезінде. Ташкент. 1958.






Қазак әдебиеті мен өнері онкүндігінің ашылу салтанаты. Мәкеу. 1959.

КСРО Жазушылар одағындағы кездесу. С. Мұқанов, Е. Буков, М. Өуезов, С. Капутикян, С. Ұлұғ-Заде. М. Жанғалин. Мәскеу. 1959.





Шахмат жұмбағын шешу.

М. Өуезовтің үнді әдебиетіне арналған кешті ашу сәті. Оң жақта Б. Момьшұлы.  
Алматы. 1959.





М. Өуезов актерлер арасында. Алматы.

М. Өуезов пен З. Қабдолов ҚазМУ студенттері ортасында. Алматы. 1959.





Оқырманға қолтаңба беру сәті.

М. О. Өуезов Оңтүстік Қазақстан облысының қаламгерлерімен бірге. Шымкент. 1960.





**М.О. Өуезовтің портреті.  
Суретші Г. Брылов.**



**Ләйлаңың портреті. Суретші  
Б.Урманче. 1943.**



**Валентина Өуезованың портреті.  
Суретші А. Ғалымбаева.1969.**





М. О. Өуезовтің портреті.  
Суретші Г. Ысмайылова.  
1969.

Жазушының портреті. Суретші  
Б. Урманче. 1941.





М. О. Өуезовтің портреті.  
Суретші Қ. Т. Телжанов  
1961 жылы сыйға тартқан.

«Айман–Шолпан». Суретші  
В. Теляковский 1957 жылы  
сыйға тартқан.





Жазушының 100 жылдық мерейтойына арнап шығарылған алтын және күміс теңге. 1997.



Жазушының шиден тоқылған портреті.  
Суретші Р. Ахметжанова. 1997.





«Туған жер төсінде». Суретші А. Шевченконың картинасы. 1997.



М. О. Өуезовтің портреті. Суретші  
Н. Нұрмұхамедов. 1962.



М. Өүезовті мәңгілік сапарға шығарып салу кезі.

М. Өүезов пен В. Өүезованың зираты.





Өлем таныған Өуезов.  
Фотопортрет.



М. Өуезовтің ескерткіші.  
Мүсінші Т. Досмағамбетов.  
Семей.



**М. Өуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры.**

**М. Өуезов атындағы көше.  
Алматы.**





М. О. Өуезовтің Қазақ академиялық драма театры алдындағы ескерткіші.  
Мүсінші Е. Сіргебаев. Алматы.



қырыбына «Жексен» (1950), тың игерушілер жайлы «Ақ жазық» (1959), қазақ ауылы туралы «Көктем салқыны» (1964, 1980) повестерін жариялады. 1943 ж. «Абай жолы» романына материалдар жинау үшін туған жері – Абай ауданына келген Ө-пен танысып, қолғабысын тигізеді. Бұл кездесу жөнінде Мұхтар «Ақын елінде» очеркінде жазды. Сол кезден бастап О. ұлы жазушының Абай еліндегі сенімді өкілі, рухани серігіне айналды. 1950 ж. Алматыға көшіп келу ниетін білдіргенде, Өуезов: «Елде отырып, жазатыныңды жаза бер. Бітірген дүниенді біз мұнда қарап, ақыл-кеңесімізді айтамыз. Ойлап қарасақ, сенің жазатын дүниелеріңнің бәрі де елде... Бір кезде қуғындалумен елден кетіп, кейін қайта орала алмай қалғамын. Ел ішінен өзіндей азаматтардың қозғалмағаны жөн болады. Абай ауылы қиындықты көп көрген ел. Бірлеріңе бірін медеу, септесін боласыңдар» деп ағалық ақылын айтқан соң, нендейлі қиын жағдайлар кездесе де, қозғалғаны жоқ дейді «Абай ауылына саяхат» кітабында (1994, 169-бет). Ө. Мәскеу ауруханасында жатып, баласы Мұратты аманат етіп, О-ге соңғы хатын жазған. Ө. туралы «Абайдан соң» тетралогиясын жазбас бұрын, Абайды білгендермен, Ө-тің замандастарымен жүзбе-жүз кездесіп, әңгімелеседі, сөйтіп жинаған материалдарды болашақ шығармасына өзек етеді. Тетралогия Ө. өмірінің қат-қабат кезеңдерінен сыр шертетін, бұрын естіп-білмеген құнды деректер, бай, соны материалдар негізінде жазылды. Ал «Абай ауылына саяхат» атты тарихи-публицистикалық кітабында (1976) Абай мен Мұхтардың өмірі баяндалса, оның 1994 жылғы жаңа басылымында Абай, Мұхтар, Шөкәрім тағдырларына байланысты мол мағлұматтармен толықты.

*С. Қарабай.*

**ОРАЗАЛИН** Нұрлан (1947 ж. т.), жазушы, ақын, драматург. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2002), «Беймаза көңіл» (1977), «Көктем кеші» (1980), «Құралайдың салқыны» (1997), «Сырнайы шақ» (2001) өлеңдер жинақтары жарық көрді. «Шырақ жанған тұн» (1977), «Тас киіктер» (1979), «Аққұс туралы аңыз» (1981), «Қилы заман» (1997; Ө-тің повесі негізінде) драмаларын жазды. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына байланысты Қазақстан Жазушылар одағы мен Орталық Азия халықтары мәдениеттер ассамблеясы ұйымдастырған халықаралық симпозиумға қатысып, баяндама жасаса, ұлы жазушының шығармашылық лабораториясынан ой өрбіткен («Егемен Қазақстан», 1997, 2 қазан).

**ОРАЗБАЙ** Аққұлұлы (1837–1911), Абайдың замандасы. Көп жылдар Абаймен достық қарым-қатынаста жүріп, «Қадиша қыз» дауынан кейін аралары суысып, үлкен жаулыққа ұтсады. Бұны Ө. «Абай жолы» романында Салика қыздың дауы суреттелетін кездегі қазақ қоғамының үлкен әлеуметтік жай-жағдайларымен байланыстырып көрсетеді. Жазушы жинаған деректерде: «Ауызды, қақсап отыратын қара қабан кісі еді. Ақшыл, үлкен, Медеуге ұқсас, семізе, ақсоқыр, сақалы шамалы, ер пішінді кісі» дегендер айтылады. Эпопеяда О. Оспанмен қақтығысы тұсында да, Семей қаласында Абайға қарсы әрекеттері кезінде де, Абайды сабауды ұйымдастыруында да өзгеше мінез, болмыс-бітімімен көрінеді. Күнту болыс кезінде бөлініп кеткен О. Оспан болыс болғанда Шыңғысқа қайта оралады. Бірақ оның әр түрлі амал-айла, содырлықтарына күйінген Оспан Семейде ояздың қабылдауына кірмек болып отырған жерінен ар-

баға байлап алып келіп жазалайды. Бұл О-дың Абайға деген жаулығын одан ары өршіте түседі. «Оразбай енді ғана жылғыз көзін ажырата ашып, Төкежанға қарап қысқа ғана тіл қатты: – Құнанбай баласы, не осы жерде өлтіріп, қара сорпамды ішерсің! Болмаса, ахиретке дейін екі қолым жағанда! Тек қыларының бәрін бүгін қылып қал! Жауымның үлкені – Оспан, Ыбырай! Аузыма су тамызғаның үшін сені жауымның басы санамаймын» деп («Абай жолы», «Өкініште» тарауы), өшпенділігін өршітпесе, бәсеңдетпейтінін білдіреді. Романда О-дың астамдығы асқынып, өктемдігі шектен шыққанына ашынған елдің ауылын шауып, 3 мың жылқысын айдап кетумен аяқталады. Оның бейнесі әсіреленбей, өзгертілмей, деректер негізінде көркемделіп көрсетілген.

*Т. Тұрғанбаев.*

**ОРАЗБАЕВ** Иранбек (И р а н - Ф а й ы п; 1947 ж. т.), ақын, драматург. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2002). Қазақ политехника институтының тау-кен факультетін (1970), Мәскеу әлемдік әдебиет институтының жоғары әдеби курсы (1980) бітірген. О-тың өлең-жырлары өзіндік өрнек-ұйқастарымен, сыршыл, терең ойларымен ерекшеленеді. О. жырмандан аса пьеса жазған, біразы республикалық, облыстық театрларда қойылып жүр. Ө-тің 100 жылдық мерейтойы кезінде ұлы жазушының рухына арнап «Өуезовтің баласы», «Өуезовке», «Тағы да Өуезовке» деген жырларын жариялады («Егемен Қазақстан», 1997, 17 қыркүйек).

**ОРАЗБАЕВ** Сәбит Қоңырбайұлы (1936 ж. т.), актер. Қазақстанның халық артисі (1976). Көбіне әлеуметтік жүгі салмақты кейіпкерлердің психологиялық толғанысын, ішкі қайшылықтарын ашуға бейім актер. Сондай сахналық жетістіктерінің қатарына – Мұса (З. Ақышевтің «Жаяу Мұсасында», Дүрбіт (Ө. Тәжібаевтың «Майрасында»), әсіресе Сүйеу (Ө. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы бойынша), Исабек (Ш. Айтматов пен Қ. Мұхамеджановтың «Көктөбедегі кездесуінде»), Жолдас Жанғазиевич (Б. Мұқаевтың «Тоят түнінде»), Ескендір (М. Байджиевтің «Жекпе-жекінде»), Жантық (Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында»), Шал (Б. Мұқаевтың «Өмірзаясында» – Ф. Мүсірепов атындағы балалар мен жас өспірімдер театрында), Шал (А. Сүлейменовтың «Төрт тақта жайнамазында»), Бұқар (М. Байсеркеновтың «Абылайдың ақырғы күнінде»). Ол Ө. пьесаларының негізінде қойылған «Абайда» – Мағауия, «Қарагөзде» – Дулат, Асан, «Айман – Шолпанда» – Балпық, «Түнгі сарында» – Жантас рөлдерін ойнап, актерлік өнерінің жаңа қырларын көрді.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ОРАЗАЛЫ** Тайсемізұлы (1870–1953), шежіреші. Абай еліне аты мәлім, ел-жер тарихын, ескі сөздерді көп білген, шешен тілді адам болған. 1943 ж. Ө. «Абай жолына» деректер жинау үшін Абай ауданына ғылыми экспедицияны бастап барып, О-мен, көнекөз қариялармен ұзақ әңгімелесіп, сырласады, Абай өміріне байланысты көптеген мәліметтер жазып алады. «Ақын елінде» деген очеркінде бұл жайында толық айтқан («Социалистік Қазақстан», 1943, 17 тамыз). Ө. 1945 ж. ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойында Оразалы ақсақалмен арнайы жолығып, көп әңгімелескен. Оразалы Қоңырқөк-

ше елінде старшын болғаны үшін, 1928 ж. қуғын көрген. Сол сүргін жылдары Шәкәрім Құдайбердіұлымен танысып, ниеттес, тілектес болған.

**ОРАЗАЛЫ** Сұлтан Шәріпұлы (1941 ж. т.), жазушы, қоғам қайраткері. ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткері (2001). Ө-тің 70, 80 жылдық мерейтойлары қарсаңында Қазақ теледидарынан жүргізілген «Үлкен өмір беттері» көп сериялы телехабардың (1967–1977), «Үйлену» (1967) және «Шатқалаң» (1977; Ө-тің осы аттас әңгімелері бойынша) телеинсценировкалардың (1967) авторы. Ұлы жазушының замандастары Н. Тихонов, Л. Соболев, Ө. Марғұлан, Ш. Айтматов, З. Кедрин, Ф. Мұстафин, М. Ақынжанов, И. Әлин т. б. адамдардың естеліктері мен сөздерін хатқа түсірді.

**ОРАЗОВ** Нұрғожа Нарынбайұлы (1932 ж. т.), ақын, жазушы. ҚазМУ-ды бітірген (1956). Студент кезінде лекциясын тыңдап, тағылым алған ұстазы Ө-тің өмірі мен шығармашылығы туралы «Данадан дәріс» («Коммунизм нұры», 1987, 26, 29 қыркүйек), «Сөз сұңқары, ой тұлпары» («Арқа ажары», 1997, 16 қыркүйек), «Қиындық шақта да Мұхаң мақталды» («Сарыарқа», 1997, №4, 16–22-беттер) мақалалары мен естеліктері, «Жазушы музейінде» («Коммунизм нұры», 1977, 23 қыркүйек), «Данышпан» («Сарыарқа», 1997, №4, 23-бет) өлеңдері жарияланды.

*Н. Оспантегі.*

**ОРДАЛИЕВ** Сейділда (1930–1995), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1956), профессор. Ғылыми еңбектері драматургия мәселелеріне арналған. Бұл салада «Қазақ драматургиясының очеркі» (1964), «Конфликт және характер» (1964), «Сөз зергері» (1982) монографиялары, «Қазақ драматургиясы және советтік өмір» зерттеуі (қазақ, орыс тілдерінде, 1964) жарық көрді. Көп томдық «Қазақ әдебиеті тарихын» (1967), Мәскеуден орыс тілінде шыққан «Көп ұлты совет әдебиетінің тарихын» (1970) жазуға қатысты. Г. Мұхтаровтың «Мен әжейге үйленем» комедиясын қазақ тіліне аударды (1979). «Конфликт және характер» («Әдебиет және искусство», 1956, №2), «Еңлік-Кебек» сахнада» («Коммунизм таңы», 1957, 20 наурыз), «Мұхтар Өүезовтің драмалық шығармалары» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1958, №4) т. б. мақалаларында ұлы жазушының драмалық туындыларына терең талдау жасаған. Ал «Қазақ драматургиясының очеркі» атты монографияның көп бөлігін Ө-тің өмірі мен шығармашылығына арнаған (109–107-беттер).

**ОРДАЛИЕВА** Жанат Сейділдақызы (1961 ж. т.), музыка зерттеуші. Өнертану ғылымының кандидаты (1996). Шығармаларын орыс тілінде жазды. «Операдағы әдебиет классикасы: интерпретация мәселелері» (А., 1995), «Абайдың поэзиялық мұраларында музыканың бейнеленуі» (А., 1994), «Қанатымен жер сызып. Қазақ музыкасы» (Англия, 1996, ағылшын тілінде) т. б. еңбектері шықты. Ө-тің шығармаларындағы музыканың, әннің қызметі туралы «Абай жолы» романындағы музыка әлемі» («Мұхтар мұрасы», А., 1997), «Абай мен М. Өүезов шығармаларындағы қазақ музыкасының сарыны» («Материалы международного семинара, посвященного 100-летию М. О. Ауэзова», А., 1998) мақалаларын жазды.

**ОРМАНОВ** Ғали (1907–1978), ақын. Қазақ лирикасын дамытуға көп еңбек сіңірді. Аз сөзбен көп

мағына беріп, өмір шындығын лирикалық кейіпкердің толғанысы мен тәбірленістері арқылы нәзік те шебер бейнеледі. Жалт еткен бір көрініс арқылы үлкен мәселені түйіп тастайды. «Жазушы-ғалым» («Қазақ әдебиеті», 1955, 18 ақпан), «Абай ауылында» («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек) т. б. мақалаларында М. Өүезовтің шығармашылығы жайлы тұшымды ойлар айтқан. Ұлы жазушыға «Жалықпай жылдар толғанып, жырлардың Мұха, Абайды» деген өлеңін арнады («Қазақ әдебиеті», 1959, 24 сәуір). Ө. «Октябрь өркені» атты мақаласында реалистік сапалы поэмалар жазған ақындар қатарында О-ты да атаған. Ал «Қайта туған халықтың әдебиеті» деген мақаласында О-ты шеберлікке мағыналықты қосып, оны «орыс поэзиясының үлкен формадағы реалистік дәстүрлерімен жақсы үйлестіріп, келісті күйде тоғысқандық» байқатқан ақындардың бірі деген.

*Н. Ақбай.*

**ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТТЕРІНІҢ СОЦИАЛИЗМ ДӘУІРІНДЕ ДАМУЫ ТУРАЛЫ** («О развитии литературы народов Средней Азии и Казахстана в эпоху социализма»), жазушының мақаласы. Е. Лизуновамен бірігіп жазған. 1957 ж. «Советское востоковедение» журналының 2-санында жарық көрді. Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 20-томына (323-337-беттер) сол нұсқа жарияланды. Монографиялық сипаттағы көлемді еңбек. Мақалада шолу түрінде Октябрь революциясынан кейінгі Орта Азия халықтары мен қазақ әдебиетінің даму жолдарын, поэзия мен прозаның, драматургияның алдыңғы қатардағы авторлары мен жеке шығармаларын алып, қысқа-қысқа талдаулар жасаған. Өр ұлттар әдебиетінің өзіндік ерекшеліктері мен ұқсас жақтарын ашқан. Айтылатын негізгі проблемалардың бірі – әдебиеттер байланысы. Одақтас республикалар әдебиетіне орыстың классикалық әдебиетінің әсерін, ықпалын айта келе, М. Горький шығармашылығына көп тоқталған. Өсіресе үш томдық өмірбаяндық трилогиясының кенже дамыған әдебиеттерге әсерін нақты мысалдар арқылы дәлелдеген. Орта Азия республикалары мен Қазақстан жазушыларын мерзімдік, тақырыптық, жанрлық жағынан топтап алып, негізгі ерекшеліктері мен белгілерін ашып отырған Октябрьден кейінгі әдебиеттер дамуының көріністері халық ауыз әдебиетінде де болды деп, С. Стальскийді, Жамбылды, Н. Байғанинді, қырғыз ақындары Алымқұл Үсенбаев пен Османқұл Бөлебаевты, түрікмен Ата Салихты, өзбектер Ислам Шаид мен Фазыл Юлдаш т. б. атайды. Мақаланың соңына қарай көркемдік, поэтикалық мәселелерге де тоқталған. Әдебиеттер дамуының барысында Орта Азия халықтары әдебиеті мен қазақ әдебиетінде бұрын дамымаған немесе мүлде болмаған кәсіби проза, драматургия сияқты жанрлар туып, өрістегенін, көркем әдебиеттің есеу жолындағы жетістіктерін дәл байқаған. Советтік Шығыс әдебиеттеріндегі жақсы құбылыс ретінде негізгі емес кейіпкерлердің де психологиясының ашылып, нақтыланып беріле бастауын келтірген. Еңбек Орта Азия халықтары әдебиеті мен қазақ әдебиетінің сол кез идеологиясының негізінде жазылған тарихи, әдеби очеркі деуге болады.

*Р. Әбдіғұлов*

**ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА.** Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітап-

х а н а с ы, мәдени-ағарту мекемесі. Қолжазбалар қорында қазақ ақындары Жаяу Мұса, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ақан сері, ағартушы-ғалымдар Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин мұрағаттарының фотокошірмесі, Ө-тің «Абай», «Айман – Шолпан», «Бекет батыр», «Хан Кене», «Зәуре» пьесаларының машинкаға басылған қолжазбалары, 1918 жылғы «Бәйбіше-тоқал», 1926 жылғы «Қилы заман», 1922 жылғы «Қорғансыздың күні», 1926 жылғы «Қарагөз» атты араб әрпімен жарық көрген алғашқы шығармалары бар. «Абай» романының 1-басылымы (1948), «Абай жолы» романының алғашқы басылымдары сақталған. Ө. осы кітапхананың ашылуына оның ішінде қолжазбалар қорын жинап, сақтауға белсене ат салысып, 1959 ж. кітапханадан қолжазбалар бөлімін ашуға көп көмек көрсетті.

*Е. Әли.*

**«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»**, газет. Қарағанды облысының қоғамдық-саяси басылымы. Тұңғыш нөмірі 1931 ж. 4 қазанда «Қарағанды пролетариаты» деген атаумен шықты. 1938 жылдың 5 қаңтарынан бастап «Советтік Қарағанды», 1963 жылғы мамырдан бері қазіргі атауымен шығады. Ө-тің шығармаларына байланысты газет танымдық материалдар жариялап отырады. 1949 ж. 13 сәуірде бір бет ұлы жазушының шығармашылығына арналды. Сол жылы 15 мамырда «Абай» романынан «Ақындар ағасы», 22 мамырда А. Пушкиннің 150 жылдық мерейтойына орай, «Татьянаның сахардағы өні» деген үзінділер жарық көрді. 1951 ж. 7 ақпандағы санында газет «Абай» спектаклінің Қарағанды облыстық қазақ драма театрында қойылуына байланысты арнаулы бет берді. Онда Ф. Мүсіреповтің «Абай» – Қарағанды қазақ драма театрының жаңа белесі» деген мақаласы басылды. Мұханның 70 жылдық тойына орай, Қ. Нұрмахановтың «Ұлы жазушы қолданған кене сөздер» (1967, 28 қыркүйек), 80 жылдық мерейтойы қарсаңында Ө. Нұршайықовтың (1977, 2 қыркүйек), Н. Оңдасыновтың (1977, 6 қыркүйек), Ш. Сәтбаеваның (1977, 20 қыркүйек) мақалалары, жазушының 100 жылдығына байланысты Г. Әзиеваның естелігі (1997, 3 тамыз), И. Бекмағұлының «Ұлы жазушының қарындасы Фаузия Әуезұлова шерткен сыр» атты танымдық мақаласы (1997, 27 қыркүйек), ғалым З. Жұмағалиевтің «Ұлылық ұлағаты» деген зерттеу мақаласы (1997, 27 қыркүйек, 1, 8 қазан) т. б. материалдар жарық көрді.

*А. Жанғожин.*

**ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТ**, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, ғылыми-тарихи мекеме. Ө-тің өмір тарихына, шығармашылығына қатысты көптеген деректер Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің мұрағат қорларында Санкт-Петербург, Ташкент, Семей, Мәскеу қалаларында оқыған, жұмыс істеген кездегі құжаттары сақталуы. Ал құжаттарының негізгі бөлігі, әсіресе қолжазбалары жазушының мұражайында, Республиканың Орталық мұрағатында, Ө-тің Семей қалалық 5 сыныптық училищесінде 1909–15 ж., Семей мұғалімдер семинариясында 1915–19 ж. оқығандығын дәлелдейтін құжаттар бар (503-қор, 1-тізбе, 1, 6, 30-істер). 1918 ж. жазылған «Ел ағасы» пьесасының баспаға басылған бағдарламасы (251-қор, 4-тізбе, 10-іс) мұрағатта тіркелген. Сонымен қатар 1920 ж. Сібір әскери кеңесі мен әскери төңкеріс комитетінің Ө. Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларын қамауға алып жүргенсіздік көрсеткен

әрекетіне қарсы Семей губревкомының мүшелері Ж. Төленов, Ө. Ермековпен бірлесіп, Түрік халықтары бюросы секциясының мүшелері Ө. пен Ж. Аймауытовтың наразылық білдіріп, олардың шұғыл босатылуын талап еткен жеделхаты бар (14-қор, 1-тізбе, 104-іс). Ө-тің Семей губатком төрағасы, Қазатком төралқа мүшесі әрі саяси хатшы және «Таң» журналының редакторы қызметтерін атқаруына байланысты Ленинград университетіндегі оқуынан қол үзіп қалған еді. Енді сол оқуын жалғастырғандықтан, Қазақстан Халық Комиссарлар кеңесі атына өзін жоғары оқу орындары студенттеріне берілетін стипендия алушылар қатарына қосу жөніндегі өтініші және С. Қожановтың Халық Комиссарлар кеңесіне Ө-ке стипендия беру жөніндегі ұсынысы (30-қор, 1-тізбе, 460-іс) тіркелген. 1926 ж. 23 маусымда Қызылорда қаласында ғылыми және ғылыми-әдістемелік кеңес төрағасының уақытша қызметін атқарушы Н. А. Лебедевпен бірге кітап шығару туралы жасаған шарты сақтаулы (81-қор, 2-тізбе, 1028-іс).

Тағы бір назар аударатын мәселе – Ө-тің кезінде абайшыл, мағжаншыл ретінде қуғындалып, оқытушылық қызметтен шығарылуына қатысты деректер. Ол да Орталық мұрағаттан орын алған. 1929 жылдық басында Қазақстан өлкелік партия комитеті «Оқу орындарын жат адамдардан тазарту» туралы қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес Қазақстандағы оқу орындары ғана емес, РСФСР, Өзбекстан қалаларында оқып жүрген студенттермен бірге қазақтың озат ойлы оқытушылары да қудаланды. Сол қуғынға Ө. те ұшырады. Бұл жөнінде тиісті құжат сақталған (81-қор, 2-тізбе, 23-іс). Жазушының 1932 ж. Қазақстан Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы О. Исаевқа өз қателігін мойындап жазған арзысы ерекше назар аударды (30-қор, 2-тізбе, 1038-іс). Ө-тің Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі ретінде толтырған іс-қағаздары, Қазақ педагогика іс-қағаздары, Қазақ педагогика институтында қызмет істеп жүрген кезіндегі әдебиет кафедрасының хаттамалары, Қазақстан театрларында әдебиет бөлімін басқарғандығы т. б. құжаттар Орталық мұрағат қорларында қатталуы. Ұлы суреткердің есімін өлемге паш еткен «Абай» эпопеясы жарық көрісімен әр түрлі ой-пікірдің туындағаны, кейбір оғаш пікірлердің орын алып, социалистік реализмге жат деп табылғаны көпшілікке аян. Сондай-ақ мұрағат қорларында Ө-тің жеке қолтаңбасымен, фотосуреттерімен танысқа болады. Орталық мұрағаттың қызметкерлері Ө-тің өмірі мен шығармашылығына қатысты (1912–1981) құжаттар жинағын «Әуезов және архив» деген атпен кітап етіп шығарды (1997).

*Р. Сариева, Ф. Исхан.*

**ОРЫНБАЕВ** Қажыкелді (1896–1948), педагог. Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі (1947). Семей мұғалімдер семинариясын Ө-пен бірге бітірген (1918). Семейдің Алаш аталатын бөлігінде (қазіргі Жаңа Семей) қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлайтын екі жылдық курсты тамамдаған (1920). Курстың оқу жоспарын Ө. жасап, қазақ әдебиеті мен тарихынан сабақ берген. Губерниялық мұғалімдер курстары мен конференцияларында Ө-пен кездесіп жүрді.

**ОРЫНБАЕВ** Мағжан Қажыкелдіұлы (1925–2007), педагог, қоғам қайраткері. Қазақстанның еңбек

сіндірген мұғалімі (1974). 1977 ж. Ө-тің 80 жылдығын өткізу жөніндегі облыстық комиссияны басқарды. «Абай» журналында жарияланған «Абайдың 125 жылдық тойынан естелік» атты мақаласында (1994, №12) Ө-тің «Еңлік – Кебек» пьесасының алғашқы көйылымы, «Абай жолы» эпопеясының сахналық көріністерін қойған ұлы жазушы жерлестерінің өнері туралы жазды. Ө. негізін қалаған «Абай» журналының көп жылдардан кейін қайтадан шығуына біршама еңбек сіңірді.

*С. Қорабай.*

**«ОРЫНБОРДАН ТЕЛЕГРАМ»**, жазушының жеделхаты. Жеделхаттың еркін аударма арқылы жасалған нұсқасы аптасына екі рет шығатын Семей губисполкомының нәм РКП комитетінің газеті – «Қазақ тілінің» 1922 жылғы 26 сәуір күнгі 20-санында жарияланды. Кейін шығармаларының 50 томдық толық жинағының 2-томында басылған (1998). Көлемі шағын болғанымен, бұл жеделхаттың тарихи мәні ерекше. Ол Ө-тің 1919–22 ж. кенес өкіметінің басқару құрылымында істеген қызметі мен ұстанған бағытының негізгі түйіндерін қамтиды және ресми мемлекет қайраткері ретінде берген соңғы үкілдік нұсқауы еді. Жеделхаттың астарында жатқан оқиғалардың қысқаша тарихи мынадай: 1920 ж. 4 қазанда Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық кеңестің 1-құрылтайының шешіміне сәйкес: 1. Сібір ревкомына қарасты Ақмола, Семей губернияларын; 2. Орал, Астрахан (Бөкей) аймағындағы қазақ жерлерін; 3. Түркістан автономиясына қарасты Жетісу, Сырдария губернияларын Қазақстан құрамына қайтару туралы қаулы қабылданды. Соның ішінде Ақмола мен Семей губерниялары 1921 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанның құрамына көшуі тиісті еді. Сібір ревкомы мен Ақмола, Семей ревкомындағы ұлы империялық пифылдағы большевиктер бұған қарсы шығып, бағынудан бас тартты. 1921 ж. 20 мамыр күні С. Сәдуақасов бірнеше өкілмен Семей қаласына келіп, Қазақ кіндік өкіметінің орынбасары ретіндегі ресми құқын пайдаланып, Сібір ревкомына қарайтын Семейдің губревкомын таратып, «колониаторлық-коммунистік атқару комитетінің» орнына Қазақстанның орталық атқару комитетіне және облыстық (Қазақстан) РК(б)П комитетіне қарайтын Семей губерниялық атқару комитетін құрады. Губревкомның төрағасы болып С. Сәдуақасов тағайындалады. Шілде айының 19 күні С. Сәдуақасов губерниялық ұйымдастыру жұмысын ретке келтірген соң, Орынборға шақыртылады да, оның орнына Ө. Семей губерниясының төрағалығына сайланады. 1921 ж. қазанның 4–10 күндері өткен Бүкілқазақтық кеңестің 2-құрылтайында Ө. Қазақ автономиясы орталық атқару комитетінің жауапты саяси хатшысы болып сайланды. Осы құрылтайда «коммунистік-колониаторлық саясаттың» беті әшкереленіп, ұлт зиялылары: 1. ұлттық дербес саяси-экономикалық, мәдени дамуды ұстанған А. Байтұрсынұв, С. Сәдуақасов, Ө. бастаған «ұлтшылдар» және 2. Большевиктік-империялық бағыты ұстанған С. Мәңдешев, А. Әйтиев, Ө. Жангелдин бастаған «ортақшылдар» тобы болып екіге бөлінеді. С. Сәдуақасов Қазақстан орталық атқару комитетінің мүшелігіне өтпей қалады. Ө. құрылтайдан кейін қазақ қызметкерлерінің арнайы кеңесін өткізіп,

С. Сәдуақасовтың Семей губерниясын Қазақстанға қаратқан іс-әрекетін дұрыс деп тауып, арнайы қаулы шығартады.

1921–22 ж. ашаршылыққа ұшыраған 5 губерниядағы жағдай туралы Мәскеуге жолдаған «Аштарға көмек көрсету комиссиясының» қорытынды есебі бойынша, Қазақстанда 3 миллион 353,25 адам аштыққа ұшыраған, оның 1 миллион 559 мыңы қырылған. Осыған байланысты Ө. шұғыл түрде Семейге аттанған. Сол кездегі саяси-экономикалық, ұйымдастыру шараларына және Ө-тің төтенше өкілдікпен Семейге келе жатқанына байланысты «Қазақ тілі» газеті сол күнгі 30-санында «Сөзден іске» деген атпен бас мақала жариялаған. Ө. осы сапары барысында Торғайдағы ашаршылыққа ұшыраған елге азық-түлік, мал жинады, кооперативтер, мойынсеріктер, ұсақ кәсіпшілік жұмыстарын, несие алу мәселесін ұйымдастырды. Өзінің тікелей қатысуымен Шығыстың сыртында Баканас өзенінің бойынан кооператив ашты. Канал қаздырып, егін ектірді. Қазақ қызметкерлерін кеңес жұмысына тартты. Сол кезде большевиктер партиясының облыстық комитеті Ұлттық зиялылардың орталықтан сыртта жүруін пайдаланып, партиялық тазалау жүргізді және «Алашорда» қайраткерлерін мемлекеттік қызметтен ысырып, Ө. Бөкейханов пен М. Дулатов іспетті көсемдерді қамауға алды, алаш қайраткерлерін ашық қудалауға ұшыратады. Ө. большевиктік партияға деген сенімі мен оның жүргізген саясатына қарсылық ретінде қызметке қайтып оралмайды, Ташкентке кетеді. Ал облыстық партия ұйымының хатшысы Коростылев оған: «білімді, бірақ ұлтшылдықтан арылмаған, кеңсе қызметіндегі тәжірибесі бар, бірақ ұлтшылдық пифылдан арылмаған» деген мағынада мінездеме жазып береді.

*Т. Жұртбай.*

**ОРЫС ӘДЕБИЕТІ.** Шығыс славян тобына жататын көне русь (Киев русі) тілінде қалыптасқан. Халық ауыз әдебиетінің ертегі, аңыз-әңгіме, тұрмыстық өлеңдер мен тарихи жырлар, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ іспетті жанрлардың көркемдік сипаттары негізінде дамыды. Тарихи-саяси, әлеуметтік, тектік ортаға байланысты орыс халық ауыз әдебиетінің түпкі танымдық тамыры белорусь, украин фольклорымен сабақтаса дамыды. Сондай-ақ ондаған ғасыр бойы ортақ әлеуметтік кеңістікте қарым-қатынас жасаған, ішінара сінсісіп кеткен түркі жұртының да ықпалы болды. Әсіресе құба қыпшақтар мен 10–11 ғасырларда, Алтын Орда тұсында бұл мәдени-рухани байланыс ерекше көрінді. Ө-тің көркемдік өлемінің қалыптасуына орыс әдебиеті айтарлықтай ықпал жасады. Ол орыс ертегілері мен тарихи жырларын Абай ауылының Баймағамбет сияқты ертекшілерінің аузынан бала кезінен естіп өсті. Он жасынан бастап орыс мектептерінен тәлім алған шәкірт, кейін сол әдебиеттің ғұлама зерттеушісі, орыс классикалық әдебиетінің дәстүрін жалғастырушы және ілгері дамытушы дәрежесіне көтерілді. Ол орыс әдебиетінің барлық жанрлары мен ерекше құбылыстары, даму сатылары және оның өзіндік сипаттары мен өзге жұртпен рухани байланыстары туралы тұжырымды пікір білдірді. Терендей зерттеп, өзі де үйренді, өзгені де содан үйренуге баурады. Сөйтіп орыс әдебиетінің ғұлама зерттеушісіне айналды. Фольклор мен әдебиет тарихы туралы барлық ғылыми еңбектерінде бұл мәселеге ерекше тоқталып, орыс пен қазақ ауыз әдебиетінің арасындағы

танымдық байланыстарды саралай талдады. Өзінің «Ертегілер» атты зерттеуінде В. Радловтың, И. Березиннің, Г. Потаниннің, А. Алекторовтың, В. Сидельниковтің, М. Горькийдің, Ш. Уәлихановтың, Ө. Диваевтың, Г. Плехановтың, П. Лафаргтың пікірлеріне сүйене отырып, қазақ ертегілері мен орыс ертегілерін нақты салыстырып, аса құнды ғылыми пікірлер, келелі ойлар айтқан (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 204–205-беттер). Мұндай пікірін хайуанаттар, тұрмыс-салт, тарихи оқиғаларды баяндайтын әфсаналар жөніндегі пайымдауларында одан әрі тереңдете түсті. «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін орыстың жазба әдебиетінің көріністерімен салыстыра отырып баяндайды (Шығармаларының 50 томдық толық жинағы, 1998, 2-том, 80-бет).

Ауыз әдебиетінің арналы саласы эпикалық дас-тандар болып табылады. Өзге жанрдан гөрі батырлар жырында сол халықтың ұлттық рухы мен намысы, арман-мүддесі, ерлік сипаты барынша анық көрінеді. Эпостық жырлардың даму жолына жан-жақты тоқтала келіп, Ө. Гомерлердің бір тобының еңбегінен «Илиада», «Роланд жыры», «Эдда», «Калевала», «Алпамыстар», «Кольцо Нибулингово», «Илья Муромец», Скандинавия елдерінің сағалары туса, орыс халқының тарихи жыры, асыл қазынасы «Игорь полкі туралы сөз» де туған. Алыс ескілік мұраларын атап өтсек, «Игорь полкі туралы сөз» барлық рух атаған славяндарға ортақ ескерткіш еді. Сол ұлы, көне мұрадан бастап бергі замандардағы украинна халықтарының жалпы поэзиясы өсуге көп қор, нәр қосқан. Ұлан-ғайыр тарих бойында украинна әдебиеті орыс халқы мен белорус халқы әдебиеттерімен ұдайы туысқандық-жақындық қалыпта айқасып өседі деп, оның шығу тегіне назар аударамыз (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 181-бет; 19-том, 436-бет). Халық ауыз әдебиетінің даму сатысы мен шығу тегіне, танымдық ортақ байланыстарына тоқтала арқылы Ө. ортақ тарихи кеңістікте пайда болған халықтардың көркемдік әлемін нақты деректермен жүйелеп береді. Орыс жазба әдебиетінің қалыптасуы мен әдеби тілдің даму кезеңі екі ғасырға жуық уақытқа созылды. Мұның басты себебі мен салдары Ресейдің Еуропа мен Азия кеңістігіне бірдей ықпал ету саясаты мен діни-шіркеулік үстемдіктің монархиялық билікке тікелей араласуымен тығыз байланысты болды. Орыс қоғамында еуропашылдар мен славянизмдер қозғалысы қарама-қайшы іс-әрекетке көшті. Шіркеу тілі жазба тіл ретінде танылып, барлық оқу орындарында негізгі пәнге айналды. 20 ғасырдың басында дәл осындай көкейкесті мәселе қазақ халқының алдында да қойылды. Өзінің «Ғылым тілі» атты алғашқы мақалаларының бірінде Ө. соған ерекше мән берген (Шығармаларының 50 томдық толық басылымы, 1997, 1-том, 101-бет). Ғылыми және әдеби тілді арабтың да, түріктің де, орыстың да ықпалымен емес, барынша қазақ тіліндегі қорды пайдалана отырып, Еуропаға қарап бейімдей қолдануды ұсынды. Бұл – ұлтты өркендетке бастайтын тура жол деп есептеді. Орыс жазба әдебиетінің қалыптасу жолындағы классицизм, сентиментализм, өршіл романтизм, сыншыл реализм бағыттарына тоқталып, соның ішінде «қырдағы қалың қазаққа Еуропа мәдениетінің есігін ашқан, орыстың Пушкин, Лермонтов, Крыловтарын

қазаққа танытушы Абайдың» (сонда, 2-том, 82-бет) «здоровий реализмін», яғни сыншыл реализмін үрдіс етіп ұстануды ұсынады. Абайдың шығармаларындағы орыс әдебиетінің әсерін талдай отырып ол: ақыл-ойдың сыншылдығы мен сыршылдығының тамыры – сыншылдық, еліктеу – өнер емес. Өмірдің қайшылығын жүрепке сеніп, санамен саралап, жігермен жүзеге асыру. Пушкин орыстың әдеби тілін қалай қалыптастырса – Абай да қазақтың жазба әдеби тілінің негізін салды. Енді соны пайдалануымыз керек деген уәж айтады. Оның бұл пікірінің дұрыстығын өмірдің өзі дәлелдеп берді. «Осы буындағы әдебиеттің беті Абай дәуірі деп аталады. Қазақтың әдебиеті ілгері басып, өрлейтін болса, Абайдың бұл қызметі әдебиетімізге негіз болып, келешектегі көтерілуіне тұрғы болмақ. Пушкин айтқандай, Абай «өзіне мәңгілік ескерткіш орнатып кетті» деген пікірі (сонда, 66-бет) арқылы Ломоносов пен Пушкиннің арасындағы үлкен бір шоғырлы жазушылардың орыс әдеби тілін қалыптастыруға сіңірген еңбегін жоғары бағалап отыр. «Шіркеулік-славян тілінің» қандай күрделі әрі көркем шығарма жазуға икемсіз екендігіне Ө. Санкт-Петербург университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінде оқып жүрген кезінде профессор С. Обнорский оқыған шіркеулік-славян тілі туралы дәрісі кезінде толық көзі жетті. Сондықтан оның орыс әдеби тілі жөнінде емін-еркін пікір білдіруіне толық қақы бар еді. Мұны С. Аксаковтың шығармалары туралы пайымдауларында ашық білдірді.

19 ғасыр орыс әдебиетінің алтын ғасыры болды. Ө. сол «алтын ғасырдың» әдеби өлеміне жастайынан сусындап өсті және оның бүкіл шығармашылық мақсат-мүддесінің бағдаршамына айналды. Ол өзінің «Менің өмірбаяным» атты еңбегінде бұл жөнінде: «Бес-алты жасар кезім... Өлі күнге есімде. Көктемнің тамылжыған ашық күні... Атамыз бізді өзінше оқытатын. Бұл оның өзіне оңайырақ соққан болар. Ал шәкірт байғұстың көз жасы тимей-тимей кетуші еді. Аздап хат қара таныған соң, өлеңнің бірінен соң бірін жаттатын. Өлеңдер бір түрлі ұзақ, түсініксіз. Ара-арасында Фошкин, Лермонтып, Крылоп, Татян мен Анегн тәрізді бұрын құлақ естімеген, оқшау, өзгеше есімдер ұшырасып қалады. Молдаға ұқсап атамыз бізге таң атқаннан күн батқанға дейін кітаптан бас алғызбайтын. Ал күні бойы жаттағанымызды кешкісін атамыз бен әкемізге айтып береміз. Көктемнің арайлы күні күнгірт тартып кеткендей болады. Қошақандарды да талай күндер бойына көру жоқ. Татьяна жүрегінің шерін шерткен Абай кітабының беттері тағдырға жазған басқа бір шерменденің көз жасына боялады» деп есіне алды (Шығармаларының 12 томдық жинағы, 1967, 22-бет). Ө-тің көркем әдебиет және абайтану саласындағы еңбектерінің барлығында да А. Пушкиннің, Ю. Лермонтовтың, Н. Крыловтың, М. Салтыков-Щедриннің, Л. Толстойдың, В. Белинскийдің, Н. Добролюбовтың, Н. Чернышевскийдің, А. Герценнің, Ф. Достоевскийдің есімдері аталып қана қоймай, терең пайымдаулармен талданды. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан аударған өлеңдері түпнұсқалармен салыстырыла зерттелді. Жоғарыда аталған жазушылардың әрқайсысына арнап дербес мақала жазды.

Соның ішінде «Адамдық негізі – әйел», «Ғылым», «Будда», «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар», «Ғылым тілі», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», «Абай ақындығының айналасы», «Орыс классиктері және Абай», «И. А. Крылов», «Ревизордың» аудармасы туралы», «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы», «Крылов», «Пушкиннің өмірі», «Лермонтов», «Гоголь», «Л. Н. Толстой», «Н. Некрасов», «Пушкин мен Абай», «Орыс реализмінің дәстүрі және революцияға дейінгі қазақ әдебиеті», «Абайдың реализмі мен халықтығы», «Пушкин және советтік бауырлас шығыс әдебиеті», «Ф. М. Достоевский және Шоқан Уәлиханов», «Орыс әдебиетінің шырқау биігі», «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты еңбектері тікелей «орыс әдебиетінің алтын ғасырының» ұлы өкілдерінің өмірі мен шығармашылық жолына арналған. Толстойды «дүниенің сырын білген хакім» деп бағалады және оның «Будда» атты әңгімесін жиырма жасында «Абай» журналына аударып басты. Кейін «Тойтарқар», «Булька» әңгімелерін тәржімалап, жеке кітап етіп шығарды. «Абай жолы» роман-эпопеясын жазарда Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын көркемдік үлгі ретінде нысана етті. Абайдың Лермонтовты «махаббаты ашуға ұлаңған дертті ақын» деп бағалағанын тиек ете отырып: «Мұны таңдана, талмаурай сүйеді. Ел ішіндегі қаққы-соққы, алыс-жулыстан кекесін мен ашу алып шығып ызамен сазарып, уайыммен ұланып келгенде, Лермонтовтың құлақ күйі, бұның өз күйі, өз сарынындай болып дөп келе кетеді. Сонсоң Лермонтовтан әрі аударарды, әрі үлгі алып күйіне күй қосарды. Лермонтов сөзін өз сөзіндей нашаланып, мейірленіп, өмірене жыр қылады да, өзінікі мен оныкінің шекарасын жойып, «мал басын» араластыра қосып, «еншілес» боп кеткендей болады» деп, екі ұлы ақынның рухани туыстығын дәл ашып береді. Белинскийдің, Салтыков-Щедриннің, Гогольдің, Чернышевскийдің, Герценнің, Добролюбовтың сыншыл пікірінің Абайға әсерін барынша кең түрде дәлелдейді. «Өз жайымнан мағлұмат» атты С. Сәдуақасовқа берген жауабында: «Орыс жазушыларында анық сүйетінім – Толстой, Достоевский. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң, жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психологизм араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы. Мына екеуіне қарағанда, өзін де ұяласың. Жан құдайының алып жұртын көргендей болып кішірейіп, тапталып қаласың. Жазушылықтың асқары деп сүйемін» деп жазды (Шығармаларының 50 томдық толық жинағы, 1998, 3-том, 72-бет). Қаламгерлік талап тұрғысынан осындай толғанысты пікір білдіре отырып, Ә. өзінің ең қатты әсер алған және ықпалы зор болған жазушы И. Тургенев деп есептеген. Қатерлі операцияға түсер алдында академик И. Брагинскийге «қатты қиналып тұрса да, әдеттегі сергек күйінде ауруы жайында емес, көкейдегі толғаныс ойларын, әдебиеттің бір-біріне ықпалы мен бір-бірін байыту әсері» туралы сыр шертіп: «Орыс әдебиетінің маған тигізген ықпалы туралы, бәлкім, сіз де жазарсыз. Өте дұрыс, ештенемен салғастырып болмайтын зор ықпал. Бірақ соның көрінісі қандай, неден танылады? Өрине, Горькийді, Л. Толстойды атарсыздар. Ол да қисынды. Бірақ маған бәрінен де мол ықпалы, игі әсерін тигізген кім екенін білесіздер ме?

Таба алмайсыздар! Тургенев. Атүсті қарап, сырт топшылағанда, пәлендей белгісі көрінбеуі мүмкін. Әдебиеттегі әсер-ықпал жай ғана нәрсе емес, оны жалаң ой жалаңқайлар ғана қолға ұстап, көзбен көруге болады деп санайды, әсер-ықпал мен өліктеуді шатастырады. Творчестволық үйрену сонау тереңде туып, жазушының жанына ұялайды, оның екінші табиғатына айналып, өзіне, өзгеше қалыптасуына табады. Оны жай көз аңғара бермейді. Міне Тургенев те осындай, мен оны бала шағымнан бастап-ақ бәрінен де артық кастер тұтқам, сүйіп қадірлегем» деп ағынан жарылған («Мұхтар Әуезов әлемі», 1997, 39-бет). Ұлы жазушының Тургеневке деген бұл ерекше құрметін оның «Дворяндар ұясы» романын шығармашылық қуат-күші толысқан, «Абай» романының үшінші кітабын жазып жүрген шағында (1952) уақытын бөліп, аударуынан-ақ байқауға болады. Өрине бұған қарап Ә. орыс драматургиясының негізін қалаған, өзі аса көп еңбек сіңірген жанрдың классиктері Н. Гогольдің, А. Чеховтың, А. Островский мен Н. Некрасовтың, И. Гончаровтың шығармаларынан үлгі алмады деуге негіз жоқ. Олардың шығармаларын тереңдете зерттеді, «Ревизорды» қазақшаға аударды (1936), арнайы мақала да жазды. Орыс әдебиетінің үздік жазушыларының қатарында жоғары бағалады, Чеховты «орыс әдебиетінің шырқау биігіне» теңеді. Алайды оқу, тану, мойындау, бағалау бір басқа да, шығармашылық үндестік бір басқа екені даусыз. Сонымен қатар Аксаков, И. Бунин, А. Куприн шығармалары да жазушының назарын аударған туынылар болды. Кезінде кеңестік идеология бұл жазушылардың шығармаларына белгілі бір дәрежеде шектеу салғандықтан, олар туралы өзінің пікірін ашып айтуға жазушының мүмкіндігі болған жоқ. Мұражай-үздігі кітапхана қорындағы бұл қаламгерлердің кітаптарының ішіндегі әр түрлі белгілерге қарағанда, олардың көркемдік әлеміне ерекше ден қойып, зейін аударғаны байқалады.

20 ғасырдағы орыс әдебиетінің ұлы тұлғаларының шығармаларымен Ә. етене танысты және өзінің де қаламгерлік жолы олармен тығыз байланыста дамыды. Әр түрлі әдеби ағымдардың бағыт-бағдарын жіт қадағалап, қазақ әдебиетіне сіңімді әдіс-тәсілдерді қолдануға ынта қойды. Ғасыр басындағы сюрреализм, футуризм, символизм, акмеизм, революциялық романтизм, сыншыл реализм сияқты ағымдардың тікелей ықпалымен кетпегенімен, белгілі бір дәрежеде стильдік, түрлік ізденістерін қолдана отырып, қалам қуатын сынап көрді. Әсіресе 20-жылдарда жазылған «Қыр әңгімелері», «Қаралы сұл», «Кінемшіл бойжеткен», «Көксерек», «Қорғансыздың күні» атты әңгімелерінен, «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі мен «Қарағөз» пьесасынан символизм мен трагедиялық романтизмнің, сентиментализмнің ұшқындары нышан танытады. Мұны Ә-тің өзі де мойындады. Кейін кеңестік идеологияның қысымымен ол шығармаларынан бас тартып, көркемдік шешімдерін өзгерте де, бұл туындылар қазақ әдебиетінің еуропалық деңгейге көтерілуіне тікелей ықпал жасады. Ресейде көркем әдебиеттің ешқандай саяси, идеологиялық, партиялық, таптық қысымға ұшырамай, еркін дамуына жол ашу үшін Горький жетекшілік еткен «Братья Золотоны», В. Маяковскийдің айналасында «ОПОЯЗ» іспетті әдеби ұйымдар құрылды. М. Жұмабаев ұйымдастырған «Алқа» әдеби үйірмесіне Ә. те мүше болды және

оның «Табалдырық» атты бағдарламасын қолдады. Оның басты мақсаты – әдебиеттегі көркемдік шеберлікке жету, көркем шығарма бір таптың емес, бүкіл ұлттың рухани мүддесін суреттейтіндігін, басты тақырып идеология емес – адам, адамның тағдыры екенін, шығарманың құндылығы тақырыбы мен идеологиясында емес, көркемдігінде екендігін дәлелдеу болды. 1930–32 ж. түрмеде жатқанда басты айыптың бірі ретінде тағылған «контрреволюциялық-арандату әрекеті» де осы еді. Ө. Горькийдің, А. Блоктың, В. Маяковскийдің, Л. Андреевтің, С. Есениннің, В. Хлебниковтың, А. Ахматованың, В. Брюсовтың, М. Цветаеваның, А. Белыйдың, О. Мандельштамның, Н. Клюевтің т. б. шығармашылық жолын қадағалап отырды. Соның ішінде кеңестік тұста рухани көсем дәрежесінде бағаланған Горькийдің шығармашылығы мен ұлттық әдебиеттің оркендеуіне қосқан үлесін өте жоғары бағалады. Өсіресе әсірессолшылдардың – РАПП-тың мәдениетті құртуға бағытталған жаппай шабуылына соққы берудегі, «ұйымсыз жазушыларды» әдебиетке қайта бет бұрғызуға сіңірген еңбегіне ерекше құрметпен қарады. Соның нәтижесінде өзі де қолына қайта қалам алу мүмкіндігіне ие болды. Горький Жұмбаевты жазықсыз жазадан құтқаруға көмек те көрсетті. Ө. 1936 ж. Горький қайтыс болғанда жазған «*Ұлттар әдебиетінің үлгілі досы*» атты мақаласында ол Горькийдің қазақ әдебиетіне жасаған ықпалына тоқталды. «Оқырман, жазушы ретіндегі өзіміңіз бұрындық кездегі алған әсерім бойынша айтарым, басқасын былай қойғанда, А. М. Горькийдің төңдессіз шебер жазылған пейзаждары мені қатты тебірениске беледі. Горькийдің табиғат суреттерімен төңдесе алатындай батыс еуропалық немесе орыс классикалық әдебиетінің бірде-бір жазушысын мен білмеймін. Ол мейлі Қара теңіздің жағасы болсын, немесе Россияның оңтүстігі болсын, не Волганың жағалауы мен айлақтары болсын, бәрібір, ол суреттер мені оқырман ретінде табиғаттың тірі көріністерін көз алдыма әкелді. Өр жолы оқыған сайын әсерім кеңейіп, өзіне баурап алатыны сондай, сол ауамен тыныстағандай боларсың. Болымсыз, қосалқы көріністің өзінен суреткердің ұлылығын сезінудің өзі рахатқа бөлейді. «Қараш-Қараш оқиғасы» атты повесімдегі кейіпкерім Бақтығұлдың әлеуметтік қоршаған ортасы мен мінез-құлқын суреттеуде маған Горькийдің «Челкаш» повесіндегі бейнелі сюжеттік құрылымның үлкен әсері тиді» деп жазды (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 408–409-беттер). «Ертегілер» атты зерттеуінде Горькийдің халық ауыз әдебиеті мен оны игерудің, талдаудың, зерттеудің жолдары туралы пікірлеріне үнемі жүгініп, өз тұжырымдарымен жарыстыра баяндады. 30-жылдары А. Афиногеновтің «Қорқыныш», Н. Гогольдің «Ревизор», К. Треневтің «Любовь Яровая» атты пьесаларын қазақ тіліне аударды. Орыс әдебиетінің 20–60-жылдардағы даму жолы Ө-тің көз алдында және белгілі бір дәрежеде өзінің де тікелей араласуымен өтті. Кеңес өкіметінің тұсындағы саяси-қоғамдық, мемлекеттік, мәдениет, әдеби ортақ кеңістік Ө-тің орыс жазушыларымен тығыз байланыста болуына жағдай жасады. Іргелі көркемдік ізденістер мен көркем пікірдің қалыптасуына К. Федин, А. Толстой, Ю. Тынянов, В. Шишков, М. Шолохов, А. Фадеев, Л. Леонов, К. Паустовский, В. Кожевников, А. Твардовский, Н. Тихонов, К. Симонов, Б. Пастернак, И. Сельвин-

ский, М. Светлов, К. Чуковский, А. Корнейчук, Вс. Иванов, И. Андроников, Л. Соболев, Вс. Рождественский, В. Шкловский, В. Жирмунский, Ар. Тарковский, С. Щипачев, А. Сурков, А. Бек, А. Никольская, З. Кедрин, А. Пантелейов, Л. Либединская, П. Лукницкий т. б. жазушылармен тізе қоса еңбек етті. Шығармашылық байланыстары 30 жыл бойы үзілген жоқ. Жазушылардың съездері мен пленумдарында, түрлі конференциялар мен конгрестерде, шетелдік сапарларда, шығармашылық үйлерінде кездесіп, пікір алысты, бірінің шығармаларын бірі қолжазба күйінде алып оқып, өз ойларын білдірді. К. Паустовский Ұлы Отан соғысы жылдары Алматыда Ө-тің үйінде тұрды. Ө. қаламдас достарының әрбір жаңа шығармасы жөнінде баспасөз беттерінде өз ойын білдіріп отырды. Олар да Ө-тің шығармаларын жоғары бағалады. Олардың естеліктері мен мақалалары «Мұхтар Өуезов туралы естеліктер» және «Мұхтар Өуезов әлемі» (екеуі де – 1997) атты жинақтарда жарық көрді. Соның ішінде 1953 ж. Қазақстанда саяси құғынға ұшырап, түрмеге қамалу қаупі төнгенде, Мәскеуге баспаланап барған кезінде Фадеевтің, Симоновтың, Тихоновтың, Кожевниковтың, Сурковтың, Соболевтің араша түсіп, жазадан аман алып қалуы – шынайы достықтың белгісі. Фадеевтің «Абай жолы» романының әлемдік әдеби сахнаға шығуына тікелей ықпалы тиді. Ө-тің орыс классикалық әдебиетіне деген ерекше ықыласын және оны сондай жетік білгенін, сонымен қатар Фадеевпен екеуінің арасындағы достықтың терең тамырын орыс жазушысы Либединскаяның «Естен кетпес досымыз» атты естелігінен анық байқалады. 20 ғасырдың 40–60-жылдары орыс тарихи романын қалыптастыруға Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясы белгілі бір дәрежеде әсер етті. Жазушының досы, аса көрнекті орыс қаламгері әрі эпопеяның аудармашысы Соболев бұл шығарманы аса жоғары бағалады («Мұхтар Өуезов әлемі», 1997, 71-бет). Соболевтің жетекшілігімен, Т. Нұртазиннің, А. Никольскаяның, Н. Ановтың, З. Кедринаның қатысуымен аударылған «Абай» және «Абай жолы» романдары 1945–99 ж. Мәскеу, Алматы, Свердловск баспаларынан орыс тілінде 30 рет қайталанып басылды. Бұл басылымдар романның әлем тілдеріне аударылуына рухани көпір болды. Сондай-ақ 200 томдық «Дүние жүзі әдебиеті кітапханасының» 2 томы «Абай жолына» берілді. Тек қана Мәскеудегі мерзімдік баспасөз беттерінде 50-ден астам мақала жарияланды. Ө-тің шығармалар жинағының 5 томы 1973–75 ж. «Художественная литература» баспасынан жарық көрді. Көптеген өңгіме, повестері атақты жазушылардың аударуымен орыс тілінде жарияланып, Мәскеуде, Алматыда 7 рет қайта басылды. Түрлі жинақтарға енді. Сол арқылы көптеген шетел тілдеріне тәржімаланды. Ө. қайтыс болғанда, орыстың аса көрнекті ақыны Тихонов күтпеген қайғылы хабардың адам жанына аса қатты әсер еткенін жазды («Мұхтар Өуезов әлемі», 1997, 34-бет). Туған елі мен төл әдебиетін, ана тілінен кейінгі екінші орында тұратын орыс әдебиеті мен мәдениетін Ө. ерекше сүйді, қадір тұтты. Сол әдебиеттің шапағаты арқасында аты дүниеге танылып, шығармалары әлем тілдерінде сан рет жарық көрді.

«ОРЫС ӘДЕБИЕТІНІҢ ШЫРҚАУ БИГІ» («Светлая вершина русской литературы»), жазушының мақаласы. КСРО ҒА-сы шығарған «Литературное наследие» сериясының 68-томында шыққан (1960). Сол жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 29 қаңтардағы санында қазақ тілінде жарық көрді. Өтің «Мысли разных лет» (1962, 277–279-беттер), «Уақыт және әдебиет» (1962, 414–417-беттер), 20 томдық (20-том, 306–308-беттер), орыс тіліндегі 5 томдық (5-кітабы) шығармалар жинақтарында сол нұсқа жарияланды. Мақала жазушының өз өміріндегі ірі белес ретінде, кезінде ұлы Абай шығармашылығына да әсер еткен орыстың 19 ғасырдағы классикалық әдебиетімен танысқан Ленинградтағы студенттік жылдарын атаған. Әсіресе «менің түсінігім бойынша, Антон Павлович Чехов әлемі ерекше тартымды еді» деген. Жазушы өз ұлттық топырағында тұрып-ақ Тургенев, Толстой, Горький, Достоевскийден үйрену үшін тек оған деген махаббат жеткіліксіз, ол үшін жан дүниен, дарын-табиғатың, лирикалық сезімің ұқсас болу керек дейді. Мақалада Чехов шығармашылығының негізгі қырлары терең байқағыштықпен, қысқа да дәл, үлкен сүйіспеншілікпен көрсетілген. Бірнеше әңгімесі мен «Шие бағы» драмасы талданған. Чехов шығармашылығының негізгі тірегі ретінде адамға, халыққа деген сүйіспеншілік сезімді ерекше атаған.

**ОРЫС ИМПЕРАТОРЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ ҚОҒАМЫНЫҢ СЕМЕЙ БӨЛІМШЕСІ**, ғылыми-зерттеу мекемесі. 1902 ж. 31 наурызда Семей облыстық статистика комитеті Орыс императорлық география қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей географиялық бөлімшесі болып қайта құрылды. Бөлімше жанынан «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества» деген ғылыми еңбектер жинағының 1925 жылға дейін 15 томы шықты. Ө. 1924 ж. осы бөлімшенің мүшесі болып сайланды. Ол 1924–25 ж. бөлімше төрағасының орынбасары қызметін атқарып, оның жұмысына белсене араласты, мәжілістеріне, түрлі іс-шаралар өткізуге ат салысып отырған. Өтің араласуымен 1924 ж. тамызда өлкетанушылардың 1-конференциясы өтті. Сол жылы 27 желтоқсанда Мұханның инициативасы бойынша, Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына байланысты бөлімшенің арнаулы мәжілісі болды. Ал 29 желтоқсанда А. Луначарский атындағы театр осыған орай үлкен әдеби кеш ұйымдастырды. Ө. Абай туралы баяндама жасап, акын Көкбай Жанатаев Абай жөнінде естеліктер айтты. Кеште Абай шығармаларын бастырып шығару, Солдатская көшесін Абай көшесі деп өзгерту туралы шешім қабылданды.

Қ. Керейбаев.

**«ОРЫС КЛАССИКТЕРІ МЕН АБАЙ»**, жазушының мақаласы. Алғаш КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының хабарларында жарияланды (1944, 3–15-беттер). «Большевиктік жол» газетінде 1945 ж. 17 мамырда, 1–2 маусымда, «Сталиндік жол» газетінде 1945 ж. 19–20–23 маусымда, Өтің «Өр жылдар ойлары» (1959, 191–205-беттер), «Абай Құнанбаев» (1967, 249–267-беттер; 1995, 257–275-беттер), 20 томдық (18-том, 1985, 5–24-беттер) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Өтің абайтануға қатысты еңбектерінің ішінен ерекше орын алатын

мақала. «Абай жолы» романының 2-кітабымен бір шамада жазылған. Екіншіден, Абайдың 100 жылдық мерейтойына байланысты жазылған. Мақалада алдымен қазақ әдебиетшілерінің орыс әдебиетімен танысып, орыс тілі, әдебиеті арқылы басқа Батыс елдері әдебиетімен танысқанына шолу жасалған. Мақалада А. Пушкинге көп орын берілген. Бұл арада алдымен бұрын қазақ ақындарында кездеспеген акын, акын тұлғасы жайындағы өлеңдердің Абайда болуына Пушкиннің әсері бар деген тұжырым айтады. Екінші бір байланыс үлгісі ретінде Абайдың табиғат лирикасындағы Пушкин поэзиясының әсері. Тағы бір үлгі алған саласы ретінде махаббат лирикасын көрсетеді. Осыларды келтіре отыра: «Әрине, бұл арада Пушкиннің анау өлеңінен, Абайдың мынадай өлеңі туып, пайда боп тұр деп кесіп айтуға болмайды» деп ескертеді. «Абайдың терең толғаулы, дана акын екендігі сол Пушкиндей классиктер үлгісін сырт жағынан ғана алмай, біржолата өз топырағынан өскен, өзіндік мәдениетті үлгі өрнек есебінде бере білуінде» деп, Абайдың аудармашылық, ақындық талантының қырларын аша түскен. Мақала авторы Абайдың Пушкинді аудару барысында өлең құрылысына арнай, мақсатты түрде көңіл бөлгенін ескертеді. Мақалада әйгілі Абайдың ақындық мектептерін үш арнаға бөліп жіктейді. Бұның біріншісі, ең молы – қазақтың халық әдебиетінің мұра-тумалары, екіншісі – шығыс әдебиетінен келген және ең аз сезілетін белгілер, үшіншісі – Абайды мәдениетті, үлкен аңғарлы зор акын етіп көрсететін батыс әдебиетінің үлгі өрнектері деп, айқыны, даусыз тұжырым жасаған. Абайдың Пушкиннен кейін көп оқыған, сүйген ақыны ретінде М. Лермонтовқа арнайы тоқталған. Лермонтовтың Абай аударған өлеңдері аударманың классикалық үлгілері деп бағалайды. Пушкиннің «Евгений Онегинің» аударғанда еркін кете беретін Абайдың Лермонтовты аударғанда көбіне дәлме-дәл келіп, ұлы ақынның қызулы, қанды, жанды өлеңдерін бір мысқал да төмендетпей хал шеберлікпен қазақ тіліне түсіріп отырғаны көрсетілген. Лермонтовтан жасалған Абай аудармасы арқылы қазақ өлеңіне бір ерекше жаңа, ерекше құрыш күшті, терең сырлы үлкен ағым кеп араласқандай. Лермонтов кішіреймей, әлсіремей, өзінің барлық ірі тұлғасымен тұтас ауысқандай болады деп, Абайдың осы саладағы шеберлігін дәл басып бағалайды. Орыс классиктерінің ішінде Абайдың М. Салтыков-Щедринді де жоғары бағалап, үлгі еткеніне біраз тоқталған. Мақала теориялық құнды ойларымен, эстетикалық талғам дәрежесінің биіктігімен, жоғары мәдениетімен ерекшеленеді. Абай аудармаларынан поэтикасы жөніндегі өте бағалы еңбектердің бірі.

Р. Әбдіғұлов

**«ОРЫС РЕАЛИЗМІНІҢ ДӘСТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»** («Традиция русского реализма и казахская дореволюционная литература»), жазушының мақаласы. Орыс тілінде жазылып, алғаш рет 1949 ж. «Дружба народов» журналының 2-нөмірінде жарияланған, шығарманы А. Фадеев өте жоғары бағалаған. Одан кейін «Ученые записки КазГУ» (1950, 3-91-беттер), «Сборник статей о казахской литературе» (1957, 5–30-беттер), М. Әуезовтің «Мысли разных лет» (1961, 334–352-беттер), «Абай Құнанбаев» (1967, 357–376-беттер), 5 томдық (М., 5-кітап, 1975, 250–272-





Оспан Құнанбайұлы.

беттер), 20 томдық (1985, 19-кітап, 164–185-беттер) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Мақалада автор дәстүр туралы проблемалық мәселелерді кең тұрғыда көтеріп, қазақтық революцияға дейінгі және кеңес дәуіріндегі әдебиетінің дамуын орыс әдебиетінің игі әсерімен, оның реалистік дәстүрлерімен тығыз байланыста қарастыран, қазақ әдебиетінің төл қасиеттерін, ұлттық ерекшеліктерін ашуға ұмтылыс білдірген. Орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық ой-пікірімен, оның классик ақын-жазушыларының ғажайып шығармаларымен танысу, олардың реалистік дәстүрлерін қабылдау 19 ғасырдағы қазақ ойшылдары мен ақындарының идеялық-эстетикалық көзқарастарын зор ықпал еткенің дәлелдеп көрсеткен зерттеуші. Сондай-ақ Қазан төңкерісі алдындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларында орыстың классикалық, реалистік әдебиетінен үйрену дәстүрі қаншалықты көрініс тапқаны мақалада жете ашылған. Ұлы жазушы мақаланың соңғы бөлімінде сол кездегі қазақ кеңес әдебиетінің ақындары мен жазушылары М. Горький мен В. Маяковскийдің дәстүрлерін қалай қабылдап, қаншалықты дәрежеде дамытқаны жөнінде талданған. Автор бұл саладағы қол жеткен табыстарды атап көрсетумен бірге, бірқатар мәселелерді алға тартқан. Олар: ауыз әдебиетінің ескірген дәстүрлерін поэзияда қолдана бермеу; ағартушылық көзқарастан аспайтын, фольклор тақырыбына жазылған пьесаларды шектеу; көркем прозада көп сөздікке салынбай, кейіпкердің ішкі жан дүниесін дәстүрлерінен үйрену қажет. Өйткені, зерттеушінің ойынша, ұлт әдебиеттері орыс әдебиетінің және бір-бірінің шығармашылық тәжірибесін пайдалану арқылы өздерінің ең таңдаулы, ең үздік туындыларымен бүкіл әдебиетімізді молықтырады, бір-біріне игі әсер етеді.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«ОРЫСТАР ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ»** («Русские о казахской литературе»), жинақ. 1957 ж. Қазақ мемлекеттік әдебиет баспасынан жарық көрген. Құрастырған – *Ө. Т. Әлімжанов*. Кітапқа орыс жазушылары мен мәдениет, өнер қайраткерлерінің қазақ әдебиеті жөнінде айтқан пікірлері жинақталып берілген. Кітап: 1) Достық қайнары; 2) Шоқан Уәлиханов; 3) Ыбырай Алтынсарин; 4) Абай Құнанбаев; 5) Кеңес кезеңіндегі әдебиет; 6) Қазақстан жазушылар одағының 3-съезі (1954) деген алты бөлімнен тұрады. Бесінші және алтыншы бөлімдегі А. Фадеев, К. Федин, К. Симонов, В. Кожевников, В. Ермиловтардың мақалалары мен съезде сөйлеген сөздерінде Ө-тің шығармашылығы туралы ерекше ықыласты пікір білдірілген. Ал Вс. Ивановтың «Өн туралы роман», З. Кедринаның «Қазақ әдебиетінің салтанаты», Е. Лизунованың «Қазақ халқы туралы эпопея» атты мақалаларына «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік ерекшелігі мен дүние әдебиетінде алатын орнына тоқталып, оған аса жоғары баға берілген.

**«ОРЫС ТІЛІНІҢ МАҢЫЗЫ»** («О значении русского языка»), жазушының мақаласы. Кеңес заманы кезінде мұғалімдердің дәстүрлі республикалық кеңесінде сөйлеген сөзі. *Ө. орыс тілінің*

жан-жақты әрі сан салалы пайдасы туралы Абай Құнанбаевтың: «...балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, орыстың ғылымын үйрет» деген сөзін мысалға келтіре отырып, Ыбырайдың, Абай мен Шоқанның орыс тілін білгендігі арқасында куәлі Батыстың әдебиеті мен мәдениетін үйретіп, зор атаққа жеткенін үлгі қылып айтқан. Мақала «М. О. Өуезовтің қолжазба мұрасында» сипатталып, алғаш рет «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» кітабында басулы көрген.

*Б. Майтанов.*

**ОРЫС ХАН** (т. ж. б. – шамамен 1380), Ақ Орданың ханы (1361–1380), қазақ хандары әулетінің түп атасы. Ақ Орданың саяси тәуелсіздігін нығайтып, мемлекеттік құрылымды, бірлікті сақтап, тақ таласы үшін болған ішкі алауыздықты жоюға ұмтылды. Сығанақ қаласын астана етіп, дербес теңге соқтырды. Қажы Тархан (Астрахан), Сарай шаһарларын қол астына қаратты. Ақ Орданың экономикалық тәуелсіздігі мен шаруашылығын күшейтіп, түркі жұртының басы қосылған іргелі мемлекет құру бағытын ұстанды. Қарауындағы елді сол мақсатқа жұмылдырды. Ө. өзінің «Әдебиет тарихы» атты зерттеу еңбегінде «Алтын Орда», «Ақ Орда» тұсындағы береке-бірлік, елдік, тәуелсіздік үшін күрескен батырларды «ұлы батырлар» деп атап, бұл дәуірді түркі жұртының ерекше қадір тұтып, батырлық жырлар арқылы жадында сақтағанын, араб жұртының әңгіме, ертегісінің Арон Рашид айналасына жиналғаны сияқты, бергі заманда көп елдікке бөлінген түрік жұрттарының сондай дәуірі – Алтын Орданың кезі екенін, өзге елдерден іргесін бөлек қылып алып шыққанда қазақ ескілігінің көбі Өз Жәнібек ханның тұсында болғанын жазды («Әдебиет тарихы», А., 1991, 67-бет). О. х. қаза тапқаннан кейінгі Ақ Орда мен оның немерелері Керей мен Жәнібек Қазақ хандығын құрғанға дейінгі аласапыран кезінде туған тарихи жырларды «ұлы батырлар» мен «ұлы бірлікке ұмтылу кезеңі» деп атады жазушы.

*Т. Жұртбай.*

**ОСПАН** Құнанбайұлы (1852–1891), Абайдың бір шешеден туған Ысқақтан кейінгі інісі. Еркежан, Зейнеп, Торымбала деген үш әйел алған, бірақ олардың ешқайсысынан бала көрмеген. Нұрғанымын бауырында өскен Ақылбайдың Өубәкір, Пәкізат деген балаларын тәрбиелейді. Өзінің әрбір іс-әрекетінде О. Абайды үлгі көріп, соның ақыл-кеңесіне сүйенеді. Абай да інісін жақсы көрген. 39 жасында қайтыс болған інісінің қазасы ауыр тиген ақын «Жайнаған туың жығылмай», «Кешегі Оспан» деген белгілі өлеңдерін арнаған. Оның әкпейіл, әккөніл, жомарттығын және ұрт мінезін «Абай жолында» шынайы жеткізеді. Қонақшылығы: «Аулымның қасынан қонақ болмай өтетін менің дәмімнің не жазығы бар? Дастарқанымның қандай айыбы бар, жөніңді айт?!» деп кісілерді өлекке салуынан, онысын Тәкежан, Майбасарлардың «Жұрт қонақ шығын шығарады деп безер болса, біздің Оспан қонақ келмейді деп жылап отырады» деп қылжақ етуінен көрінеді («Абай жолы», «Өкініште» тарауы). Оның ұрт мінезі Семейге кеткен Оразбайдың артынан барып: «Сақалыңды... соқыр табет!» деп, қоянды бүрген бүркіттей тік көтеріп алып, күйменің түкпіріне арық тоқтыдай лақтырып жіберуінен,

ағасы Тәкежанға: «Бір Тобықты емес, бүкіл қазақ баласы қарғыс айтсын, тоқтарым жоқ. Қасымнан қия басып, Оразбайға кетіп көр. Кәпір қауымында өтсем де, құрбан етіп, өзін менен «далит баланды» өз қолыммен бауыздап өлтіреміні!» дегендерінен байқалады.

*Т. Әкім.*

**ОСТРОВСКИЙ Александр Николаевич** (1823–1886), орыс драматургі. Пьесаларында дворяндық қоғамның қайшылықтарын сипаттады, кер-тартпа әдет-ғұрыпты, надандықты, топастықты асқан шеберлікпен бейнеледі, орыс өмірінің тоғышарлық мінез-қалпын суреттеді. О. орыс театрының бай репертуарын жасап, ұлттық театрды жаңа, биік белеске көтерді. *Ө. «Жалпы театр өнері мен қазақ театры»* деген мақаласында нағыз орыс пішінін көрсететін, орыс ісісін танытатын, көп өміріне жанасатын атасы – Островский, одан кейін ғана орыс елінің өз өнері құрала бастады деп, терең тұжырым жасаған.

**ОСТРОВСКИЙ Николай Алексеевич** (1904–1936), орыс жазушысы. Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1966). Ауруы асқынып, 1927 ж. төсек тартып жатып қалады. 1928 ж. жанарынан айрылады. Өмір үшін жан-тәнімен күресіп, өз бетімен білімін көтереді, жазушылық жұмыспен шұғылданады. *Өмірбаяндық «Құрыш қалай шынықты»* романын жазды (1932–35). Соның негізінде «Павел Корчагин» фильмі (1957), телефильм (1973) түсірілді. *Ө. қайсар таланттың қазасына көңіл айтып, «Өмірі – үлгі, еңбегі – таудай жазушы»* атты мақала жазды. «Қан майданда қасқайып тұрып алысқан герой жолымен басталған өмір социалистік құрылыс дәуіріне келгенде, жаңағы құрыш бойдан шыққан зор өнердің өшпес ескерткішін тудырған еді» деп, сол дәуірдің сана-саясатына, заман тынысына сай көзқараспен ләбізін білдірген еді.

*Н. Ақбай.*

**«ОТАН, ХАЛЫҚ, ПАРТИЯ»** («Родина, народ, партия»), жазушының мақаласы. «Знамя» журналында (1959 ж., №1, 4–5-беттер) шықты. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясын жазып, Лениндік сыйлық алуының қарсаңындағы уақыт Сталиндік террордың мезгілі өтіп, «жылылық» жағдайы келіп, халықтың еңсесінің бір көтерілген кезі еді. Өйтсе де 1953–54 ж. тұтқындалу қарсаңында тұрған Ө. Мәскеуде екі жыл ерікті түрде бой тасалаған еді. Бұл мақалада ел өмірі мен жазушы өміріндегі осы екі ұдай халдің үшқынның көруге болады. «Қазіргі заманғы тарихта аса қуатты құбылысқа айналған коммунистік партия туралы ой-пікірден асқан ешқандай ниет жоқ» деген секілді Ө. сөзі миллиондаған адамдардың, жұмысшы-шаруалардың, оқыған-интеллигенттердің шұмыс сенген, сеніммен айтатын, ішкі мағынасын түсінбей, түсінуге тырыспай да айта беретін сөздері болатын. Қоғамдық өмірде кеше ғана көшпелі өмір салтының аясынан шыққан халыққа елуінші жылдардағы материалдық-техникалық, мәдени-ағартушылық саласындағы жеткен жетістіктердің әсері өте үлкен болатын. Өрине, Ө. осы бергі белгілердің ар жағындағы сорақы жағдайларды көре, сезе алмады деуге болмайды. Өйтсе де, жеке адам да қоғамдағы басым идеологияның (ол идеологияны кеше ғана жаншылған фашистік идеологиямен салыстыруға болмайды) ықпалынан шыға алуы қиын.

Сол себепті жазушының мақалада өмірдегі барлық жетістіктер мен жақсылық нышандарын социалистік құрылыспен, коммунизм идеологиясымен байланыстыруын мүлде жоққа шығаруға болмайды. Жазушының «Ленин партиясы еңбекші қазақ халқының осындай ұлы ойлары мен сезімдерін оятқанға дейін ол бірлікті білмеді, туған Отанға деген терең ұғымнан қалыс қалды» деген сөздерінен халықтың Ресей мен Ресейге отар болған елдердің, халықтардың тобынан жасалған мемлекетті емес, өздері халықты қанау жоқ, әділетті, еңбекшілер мүддесін қорғайды деп сенген қоғамды жақсы көргенін меңзейді.

*Р. Бердібай.*

**«ОТАРШЫЛДЫҚ – МАСҚАРАШЫЛДЫҚ»** («Колониализм позор»), жазушының мақаласы. Алғаш 1956 ж. «Огонек» журналының 8-санында шыққан. Сол жылғы «Литературная газетаның» 7 қарашадағы санында шыққан. Т. Өлімқұловтың аударуымен (1956) «Қазақ әдебиеті» газетінің 17 ақпандағы санында жарияланды. Кейін Ө-тің «Мысли разных лет» (1961, 52–57-беттер), 20 томдық (19-том, 200–205-беттер), Мәскеуде шыққан 5 томдық (5-том, 1975, 298–303-беттер) шығармалар жинақтарында басылды. Мақала отаршылдыққа қарсы күрестің халықаралық күніне орай жазылған. Мақала авторы адамзат тарихындағы ең масқара тарихи оқиға ретінде отаршылдықты атайды. Бұрынғы «жабайы» отаршылдықтан қазіргі «білімді», «дамбаған» ақ түсті отаршылдық саясатың зулымдығы жөнінен асып түсетіндігін нақты мысалдармен көрсеткен. Осыған орай американдық журналист Джон Гунтердің «Африкада» кітабынан дәлелдер алған. Негізгі отаршыл елдердің көсемі мен халқын олардың отаршылдық аймағындағы елдердің көлемі мен халық санымен салыстырып, сандық мәліметтер берген. Мақалада бұрынғы отар ел ретінде Қазақстанды мысалға алып, бұрынғы және қазіргі жағдайын салыстырып өткен. Қазақстанның өндірістегі, тұрмыстағы, мәдениеттегі, оқу-ағарту саласындағы табыстарын айта келіп, мысал ретінде өзінің өмірбаянынан қысқаша деректер берген. Мақала біздің ғасыр-мыздағы адамзат алдындағы ең масқара құбылыс – отаршылдық деген жолмен аяқталған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ОТЕЛЛО»**, жазушының аударма пьесасы. Ө. әлем әдебиетінде өзі ерекше құрметтеп, ұстаз тұтқан екі есімді бөліп айтты, олар прозада – Л. Толстой, драматургияда – У. Шекспир. Бұлардың шығармаларын оқып, зерттеп-үйрену үстіне Ө. қазақ әдебиетінің асыл қазынасына қосылған, жанрлардың дамуына ықпал жасаған классикалық аудармалар тудырды. Соның бірі – «О.» трагедиясы. Шекспирдің бұл ұлы шығармасы орыс тілінде Н. Кетчер, П. Вейнберг, А. Радлова, М. Лозинский, Б. Пастернак, М. Морозов секілді жиырмадан астам әр түрлі авторлардың аудармасымен шыққан. Тұңғыш рет 1858 ж. жарияланған П. Вейнберг аудармасы 18 рет қайта басылған. Ө. сүйенген Радлова нұсқасы 1935, 1936, 1937 ж. 4 рет жарияланған (В. Шекспир. «Библиография русских переводов и критической литературы на русском языке», 1748–1952. М., 1964, 615–616-беттер). Шекспир шығармашылығын зерттеп, ол туралы ғылыми еңбектерді мол қарастыраған Ө. ұлы ағылшын драматургын қазақша сөйлетудің сәтті кілтін тапқан. Түпнұсқада «Отелло» ямб өлшемімен, ырғақ заңдылығына сүйенген ақ өлеңмен жазылған.

дығы белгілі. Әредік қарасөз де кездеседі. Бұрын өзінің тәжірибесінде «Еңлік – Кебек», «Қарағөз», «Хан Кене» трагедияларында қолданған ақ өлең өлшемін ұлы шығарманы аудару кезінде Ө. сәтті пайдаланған. Ө. Радлова аудармасын негізге ала отырып, оның әрліне әріп, сөзіне сөз іздемейді, көркемдік, шеберлік мақсаттарын құнтайды. Сүрқия Яго Дездемонаның әкесі Брабанциоға аттандап жеткен кез: «Сударь, сіз бір қара басқыр адам екенсіз. Өзәзілден әмір алса, құдайын ұмытқанның дәл өзі екенсіз. Біз сізге достық ете келсек, өзімізді сұм демексіз. Тек қызыңызға бербер тұқымды айғыр шауып, бар немере, шебереніз кісінеп түрегелсін дейсіз ғой. Тегі желіскерден, кер-торыдан туысыңыз болсын дейсіз ғой» (335-бет). О р ы с ш а д а : «Нелегка возьми вас, сударь: вы один из тех, кто перестанет служить богу, если дьявол вам это прикажет. Мы пришли оказать вам услугу, а вы думаете, что мы мощеники. Вы, вероятно, хотите, чтоб рысаки были вашими двоюродными братьями, а испанские жеребцы – свойственниками?» (185-бет). Адамдарды аңға, малға теңеп сөйлеу – залым, кара жүрек Яго тілінің ерекшелігі. Осыны жақсы ескерген аудармашы іріген ауыздан шыққан шіріген сөзді беру үшін әдейі бір ұғымның орнын екінші ұғыммен ауыстырған. Естуге құлақ ұялар сөздерді жұмсартып, оның есесіне психологиялық күйді білдіруге ұмтылған. Дездемона, Отелло монологтары толққан көңіл, алып-ұшқан жүрек дүліпіне лайық ырғақпен берілген. Тармақтардағы буын сандары айтылмақ ойға бейімделіп, 7, 8, 10, 11, 12, 13 болып, өзгеріп отырады. Орыс тіліндегі тіркестердің, жеке сөздердің баламасын аудармашы сәтімен тапқан. «Бурный вихрь судьбы» – ойнақы тағдыр», «протрубил» – «паш етті», «легкорылый Амур – проказник» – «ойнақы Амур қанаты – жеңіл махаббаттың періштесі», «шлем» – «дульға» деп алынған. Ө-тің аудармашылық палитрасындағы бояулар өте бай. Қазақ тілінің лексикасындағы сан алуан сөздерді автор құлпыртып, жаңғыртып пайдаланады. Дож, синьор, сфлер, сенатор, лейтенант, генерал, герцог секілді сөздерді аудармашы өз қалпында алған. Труба – керней, флейта – сүйнай, свита – нөкер, латук – тікен, колбаса – бүйен, ядро – топ, ночная рубашка – еткөйлек, носилка – көтергіш, хризолит – лағыл тас делініп дәл баламалары берілген. Рогач алданған ер, мнительный – сезікшіл, чудной – ерепейсіз, благородный – асылзада, ластивый раб – жорға құл, дикая драка – қырықшыпаш, убийный гневом – ашуынан қайғы шеккен, князья христовой верой – иманыммен ант етемін, катехизис – жарық күнім суалсын, монахиня – сопы қатын болып сәтімен аударылған. Ырғақ, әуезділік үшін әр түрлі көркемдік құралдар қолданылған. «Қа-қа, ке-ке» түріндегі аллитерация, «етті-жетті» – кетті – махаббаты – тақты» деген ұйқастар Отеллоның ашулы монологына ырғақ бітіріп, жан кіргізіп тұр. Ө. Радлова нұсқасына еліктеп, сөзбе-сөз дәлдікті қуып кеткен кезде көркемдік әлсірейді. Ө. аудармасындағы «Отелло» 1939 ж. жеке кітап болып шықты. Кейін сол нұсқа жазушының 6, 12, 20 томдық шығармалар жинақтарында жарияланды.

*Р. Нұрғали.*

Спектакльдің қойылымы. Қазақ драма театрының мәдениеті мен актерлік өнерінің өрісін танытық бұл шығарманы сахнаға режиссер М. Соколовский қойды. Ол өзіне А. Ысмайыловты ас-

систент етіп алып, репетицияны бірге жүргізді. Екі құрамда дайындалған спектакльдің жастар қатынасы екіінші басқаша болып шыққан. Бұл құрамда Отелло рөлінде Қ. Бадыров өзінің түйсік-түсінігінде атақты А. Остужев жасаған сахналық бейнемен сарындас келген. Кезінде А. Пушкиннің Отеллоның трагедиясы қызғаншақтығында емес, адал да сенгіштігінде деген анықтамасын көптеген театрлар мен актерлер оның бейнесін жасауға нысана етіп алған-ды. Бадыров та осы бағытты ұстанып, Отеллоның адалдығы мен әділеттілігін ашуға, ол тартқан қасіреттің түп-тамырын өзін қоршаған ортаның қайшылығынан іздеуге ұмтылған. Басқа рөлдерден С. Қожамқұлов, К. Қармысов (Яго), А. Абдуллин, Н. Ишмағамбетова (Дездемона), Ш. Айманов (Родриго), Ж. Өгізбаев (Монтана) т. б. актерлердің талпыныстары есте қаларлық Академиялық драма театрында 1964 ж. қайтадан, 2-рет қойылған «О-да» талантты актер Н. Жантөриннің тамаша ізденісі нәтижесінде режиссердің түйсік-түсінігін асып түсіп, Ягоның бұрынсоңды көрінбеген, қайталанбас бейнесі жасалды. Ол Шекспир әлемін зерттеп, кейіпкер характерінің тың қырларын ашып, өзіне дейінгі Яголардың бірде-бірінде жоқ мінез көрсетті; актер Ягоның философиясын көрермендердің жанын түршіктірер деңгейге жеткізді.

*Б. Құндақбайұлы.*


**ОШАНИН** Лев Иванович (1912–1996), орыс ақыны, аудармашы. КСРО (1950) және Ресей (1977) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Негізін патриоттық, лирикалық жырлар жазған. Көптеген өлеңдеріне ән жазылған. Ө-пен 50-жылдардан бастап таныс-біліс, өмір бойы дос болып өткен. Қазақ жазушысы Лениндік сыйлық алғанда, жеделхат жолдап, шын жүректен құттықтап, табыс тілеген («М. О. Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 656-бет). «Мұхтар Өуезовті еске алу» мақаласында екеуінің арасындағы қызық та қимас кезеңдері жайлы жазған («Социалистік Қазақстан», 1982, 20 маусым). Ұлы суреткердің 90 жылдық мерейтойына арналған Мәскеудегі Одақтар үйінің Бағанды залында 1987 ж. 2 қыркүйекте өткен салтанатты кеште сөз сөйлеп, Мұхана арнаған өлеңін оқыды. Ақын әр кез қиын жағдайда Ө-ті еске алатынын, сөйтіп оның рухынан өзіне медеу іздейтінін жырға қосқан («Мұхтар Өуезов және қазіргі әдебиет», А., 1997, 79–80-беттер).

*Н. Оспантегі.*

**«ОЯНҒАН ХАЛЫҚТАР ҮНІ»**, жазушының мақаласы. 1958 ж. «Жұлдыз» журналының 9-санында шыққан. Мақала сол жылы күзде Ташкентте өткен Азия, Африка ақын-жазушыларының конференциясына арнап жазылған. 50-жылдары көптеген Азия және Африка елдерінің отаршылдық бұғауынан құтылып жатқанына қуаныш білдірген. Ол елдердің көне тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне қатысты қысқаша деректер келтірген. «Қазақстан жұртшылығы Азия мен Африка елдерінің өскелең әдебиетімен де барыныша танысқысы келеді. Осы мақсатта қазақтың көркем әдебиет баспасы соңғы жылдары Қытай, Индонезия, Корея, Индия, Араб және басқа Шығыс елдері жазушыларының ондаған кітабын қазақ тілінде басып шығарды» деп баспадан жарық көргелі жатқан «Азия-Африка ақын-

дары» жинағына тоқталған. Шығыстың атақты 7 ақыны жайында айтқан белгілі пікірін мысалға алып, Шығыс поэзиясының әлемдік поэзияда алдыңғы легінде болғанын айтқан.

Б. Майтанов.



**ӨГІЗБАЕВ Жағда** (Ж а һ у д а) Ордабайұлы (1912–1962), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1942). Ө. пьесалары бойынша қойылған спектакльдерде шынайы бейнелер сомдап, актерлік өнердің биігінен көрінді. Алғашқы ойнаған рөлі – Кебектен («Еңлік – Кебекте») бастап, Жүніс («Түңгі сарында»), Ербол («Сын сағатта»); Сапар («Тас түлекте»), Алшағыр («Қарақыпшақ Қобыландыда»), Жанбозов (Ө. Әбішевпен бірігіп жазған «Намыс гвардиясында»), ұлы драматург аударған К. А. Треневтің «Любовь Яроваясында» Кошкин сияқты күрделі сахналық тұлғалар бар. «Бұдан да жақсара түссін» деген мақаласында Ө-тің «Еңлік – Кебек» пьесасының қайта қойылуы туралы айта келіп, шығарманың бұл нұсқасының шырғып, шеберленіп шыққанына ой жүгірткен («Қазақ әдебиеті», 1957, 22 наурыз). Ө. «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» атты мақаласында аударма «пьесалардың ірі образдарын жақсы қып ойнап шығу арқылы біздің бүгінгі бірнеше ірі актеріміз үлкен сыннан өткендей боп, тәжірибе көріп, ірі табыстар тапқаны бар» деп, олардың қатарында Жағда да іріледі десе, «Дінді өшкерелейтін пьеса» мақаласында «Жағда – біздің жас актерлер ішіндегі ең көрнектісінің бірі» деген.

Б. Құндақбайұлы.

**ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТІ.** Ө. зерттеулері мен шығармашылығынан ерекше орын алатын бұл әдебиет Орта Азия халықтарының ішіндегі ең көне әдебиеттің біріне жатады. Оған қызығушылық ең алғаш Абай шығармаларын оқып-білуден басталса, соңынан Орта Азия университетінде оқуы (1922), 1928–30 ж. осы университеттің аспиранты болуы ол жөніндегі білімін тереңдетте түсті. Содан бастап өзбек әдебиетіне байланысы өмірінің соңына дейін үзілмеді. Көптеген өзбек акын-жазушылары мен ғылым қайраткерлері Ө-ті ұстаз тұтты. Ө. осы әдебиеттің көне, яғни шағатай тіліндегі мұраларын да емін-еркін оқыды. Ө. «Әлішер Науаи» деп аталатын мақаласында: «Артына ұшан теңіз мол мұра қалдырған Әлішер Науаи жалғыз өзбек әдебиетінің көлемінде қалған жоқ. Бертін келе Орта Азиядағы, Шығыстағы көп елдің әдебиетіне үлкен әсер етті» деген (Әлішер Науаи. Таңдамалы шығармалар. 1948, 7–10-беттер). КСРО халықтары әдебиетіне арнап жасаған программасының (бағдарлама) ішінде өзбек әдебиетіне де жеке тоқталған,

хрестоматиясына, арнайы оқылатын дәрістеріне бөлек-бөлек жобаларын жазған. Жоба-жоспары 6 бөлімге бөлінген: 1) Кіріспе. Өзбек халқының тарихи өткені мен әдебиеті, мәдениеті. Көршілес халықтармен, әсіресе Орта Азия халықтарымен әдеби байланысы. Өзбек жазба әдебиетінің пайда болуы; 2) 15–16 ғасырдағы өзбек әдебиетінің гүлденуі, Науаи, Лутфи, Бабыр тағы басқаларының шығармашылығы, олардың кейінгі дәуірлер әдебиетіне әсері; 3) Совет мемлекеті дамуының бірінші фазасы және екінші фазасы кезіндегі әдебиеті; 4) Ұлы Отан соғысына дейінгі әдебиеті; 5) Ұлы Отан соғысынан кейінгі әдебиеті; 6) Қорытынды. Осылардың әрқайсысы іштей бірнеше бөліктерге бөлініп қарастырылады. Кіріспеден өткен дәуірлер әдебиетінің өкілдері мен мұраларынан басқа 19 ғасырдың 2-жартысы мен 20 ғасырдың басындағы әдебиеті, осы тұстағы ағартушылық, демократиялық, қоғамдық ойдың көрініс табуы, реалистік элементтердің пайда болуы, сыншыл реализмнің көріне бастауы тағы басқалар. Оқылатын арнайы курстың міндеттері деп мыналарды айтады: 1. Өзбек әдебиетінің дамуы туралы жалпы шолу; 2. Өзбек әдебиеті тарихындағы даму сатыларын, жаңалығын нақты айқындап көрсету; 3. Жаңа өзбек әдебиетінің дамуындағы қол жеткізген ерекшеліктеріне сипаттама беру (№192-папка, 218–222-беттер).

«СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» деген зерттеудің Науаидан бастап, кейінгі Ислам шайыр мен Ф. Юлдаш, А. Қаһар мен П. Тұрсын, А. Қадыри мен Айбек, Ш. Рашидовтың шығармалары туралы ой айтады. Қалыридың, Айбектің романдары туралы талдаулар жүргізеді. Орта Азия халықтары әдебиетін қарастырғанда, өзбек әдебиетінен Науаи мен Айбектің шығармашылығына арнайы тоқталады. Науаидың түрік тілдес халықтардың әдебиеті мен мәдениетіне тигізген ықпалын айтса, Айбек туралы «Өзбектің бүгінгі романисі және ақыны. Оның бірінші романы «Құтлығ қан» «Науаи» деген романында өзбек әдебиетінің ұлы атасы болған Науаи өмірін суреттейді. Оның мемлекеттік, мәдениеттік және әдебиеттік қайратын көрсетеді. Өзбек әдебиетінің азаттығына арналған поэмалары – «Кек» және «Заман қыз Ділмар» деген шығармалар» дейді. «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» мақаласында Айбектің «Алтын атыраптан ескен желдер» романы мен Рашидовтың «Бораннан да күшті» романы туралы әдебиет пен өнер саласындағы Лениндік сыйлықтар беру комитетінің жиналысында толғақты ойландырайтты. Рашидов романының өзіндік табыстары мен кемшіліктерін қатар салыстыра көрсете отырып, шығарманың Лениндік сыйлық дәрежесінен төмен жатқанын дәлелдесе, «Айбек ысылған, мәдениетті, шебер жазушы екенін танытты. Творчестволық жолда ізденбей даяр тұрған шала-жансар кейіпкерді қалқита қоятын ұлт жазушыларына Айбектің творчестволық жетістігі өнеге болуға тиісті» деп жоғары бағалады. Өзбектің көне әдеби мұралары мен акын-жазушыларының, ғалымдарының көптеген еңбектері Ө-тің кітапханасынан орын алған. Ал сыйлаған кітаптардың көпшілігінде авторларының қолтаңбалары бар, олардың бәрі де Мұханды ұстаз санайтындығын айтады. Кезінде өзбек әдебиетінің көптеген шығармалары қазақ тіліне аударылды. Солардың ішінен: «Өзбек халқының ертегілері» (1957), «Өзбек өлеңдері» (1960), «Мұшайра» (1972), «Өзбек пьесалары» (1961), На-

уайдың «Тандамалы шығармалары» (1948), «Газалдары» (1968), Айбектің «Науаи» (1948), «Киелі қан» (1963), Қадыридың «Өткен күндер» (1963), А. Мұхтардың «Апалы-сінлілер» (1960), Рашидовтың «Дауылдан да күшті» (1959) романдары мен Қаһардың, Н. Фазыловтың, Мирмұхсиннің повестері, Ғүләмның, Ұйғынның, Зұлфияның, Міртемірдің т. б. өлеңдері аударылғанын бөліп атауға болады. Кейінгі жылдардың өзінде қаншама қазақ кітаптары өзбек тіліне аударылды. Өзбектер де Ө-тің «Абай жолы» эпопеясын тұтас, әңгіме-повестерін, пьесаларын аударды. «Абай» трагедиясы өзбек сахнасында қойылды.

Қ. Сейданов, Т. Әкім.

**«ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТІ МЕН ӨNERIНІҢ МОСКВАДАҒЫ ОНҚУНДІҒИҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ»** («Выступление в дни декады узбекской литературы и искусства в Москве», жазушының сөзі. «Школа мастерства» атты кітапта (Ташкент, 1960, 57–62-беттер) шыққан. Мәскеуде 1959 ж. 14–24 ақпанда Өзбек ССР-нің өнері мен әдебиетінің онқундігі өткен. Онқундік кезінде 100-ден астам жазушы мен әдебиетші ғалымдар қатысқан «Өзбек әдебиеті коммунизм үшін күрес жолында» атты тақырыпта дискуссия жүрді. Онда: 1) Өзбек әдебиетіндегі қазіргі заман және қазіргі заман геройы; 2) Өзбек жазушылары шығармаларындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесі деген тақырыптар аясында әңгіме болды. Дискуссия материалдары аталған кітапқа берілді. Осы дискуссияға Ө. те қатысты. Ө. сөзінде өзбек совет әдебиетінің қырық жылына қысқаша шолу жасаған. А. Мұхтар, Ғ. Ғүләм, Ш. Рашидов, Айбек, А. Қаһар, А. Қадырилердің атын атап, кейбіреулеріне арнайы тоқталған. Көбірек талдағаны – Рашидов. Ө. сөзінде ұлттық әдебиет, ұлттық психология жайында айтып, осы мәселелер төңірегінде өзбек прозактеріне баға берген. Сөзінің соңында «Мен айтқан үлкен қуаныш сезімі – бұл Қазақстандағы барлық бауырлас жазушылардың, қаламдас біздің достарымыздың шынайы сезімі» деп, нақты ойларын жеткізген.

Р. Әбдіғұлов.

**«ӨЗ ЖАЙЫМНАН МАҒЛУМАТ»**, жазушының мақаласы. Өмірбаяндық бұл шығарма С. Сәдуақасов 20-жылдардың 2-жартысында танымал ақын-жазушыларға 6 сұрақ қойып, олардың өмірі, шығармашылығы туралы деректерді жинаған. Ө. бұл сұрақтарға 1928 ж. жауап жазып, қолжазбаның соңына «Ленинград, ғинуардың 29-ы», сол беттің сыртына «Өз жайымнан мағлұмат» деп жазған. Онда ол Сәдуақасовтың сұрақтарының ретіне қарай туған, өскен, тәрбие алған ортасына, сонан соң ата-тегіне, қайда білім алғанына, шығармашылығы қашан басталып, қандай туындыларының дүниеге келгеніне тоқталған. Бірсыпыра шығармаларының жоғалғанын, солардың ішінде «Ел ағасы», «Сұғанақ сұр», «Әдебиет тарихының» 2-кітабы, «Жетісу қазақтарының фольклоры» (зерттеу), И. Пруттың «Князь Мстислав Удалой» пьесасының аудармасы, тағы бір романы (атын атаймайды) сияқты туындылары бар екенін атаған. Өз өміріне, шығармашылығына әсер еткен ой иелерінің кімдер екені де осыдан көрінеді. «Орыс жазушыларында анық сүйетінім Лев Толстой, Федор Достоевский. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң, жазушылықтың мәні де жоқ» дей келіп (№382-папка, 2-бет), қазақтан Абайды, Мағжанды сүйетінін, Еуропа жазушыларынан

Анатоль Франстың жақсы көретінін білдіреді. Ұлы жазушының дәл мұндай өз өмірінен мағлұмат беретін жазбалары кейінгі кезеңде кездеспейді. Осы тұрғыдан келгенде, бұл туынды маңыздылығымен де, дерегінің молдығымен де аса құнды.

Т. Әкім.

**ӨКЕЕВ** Төлеміш (1935–2001), қырғыз кинорежиссері. КСРО халық артисі (1985). Қырғызстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1972). «Жылқылар» (1965), «Бом» (1968), «Мұрас» (1969) деректі, «Жастық шағымыздың аспаны» (1966), «Отқа табын» (1972), «Қызыл алма» (1975), «Ұла» (1977), «Алтын күз» (1980), «Ақ барыстың ұрпағы» (1984) көркем фильмдерін түсірді. Ө-тің шығармасы бойынша «Көксерек» фильмін түсіріп (1973), жазушының дүние, адам мен табиғаттың қарым-қатынасы, адамгершілік пен қатыгездік туралы философиялық ойларын салыстырмалы түрде жеткізді.

Ғ. Құрманғалжықызы.

**«ӨЛІП ТАУСЫЛУ ҚАУПЫ»**, Ө-тің 1918 ж. жазған мақаласы. Шығарма жас Мұхтардың сол кездегі қоғамдық-саяси көзқарасын айқын аңғартады. Онда адамзаттың жүріп өткен жолының үйреткен ащы сабағы да, қазақ жұртының сол заманғы хал-ахуалының мүшкіл көріністері де, болашаққа бағыт берелік ой-пікірлер де баршылық. Автор шағын жұрттардың құрып кетуіне басты-басты екі мәселе тұртікі болатынына назар аударады. Оның бірі – мәдениеттің төмендігі де, екіншісі – өлімнің көбейіп, өсімнің азаюы екендігіне тоқталады. Белгілі бір ұлттың тарих сахнасына жоғалуына негізгі әсер ететін үстемшілдік, отаршылдық деген тұжырымға келеді. «Соғысып жеңіп алған жұртына жеңген жуан ел не істейді? Бұған өскіден келе жатқан даңғыл жол, жеңілген елді өз бетіндегі жұрттық қалпынан айырып, өн бойына сіңіріп, бөтен ниет ойлатпай, бөтен тілеу тілетпейді. Алдымен торыған елдің дінін қақпайға алады, бұдан соң ғұрып-әдеттік араластырады, артынан аламыштап жүріп, тілін жоғалтып, елдік белгісін күңгірттендіріп, ақырында бір ұлтты жұтып кете барады. Өрине бұл айтылғандардан жұтылып кететін қандай ел: мәдениеті төмен болған ел». Публицист өз заманында туған халқын күтіп тұрған қауіп-қатерден алдын ала сақтандырады. Орыс патшалығындағы құрып бітуге айналған Самоед, Остяк, Чукча, Камшадал сияқты ұлттардың, Солтүстік Америкадағы үндістердің мүшкіл халінен мысалдар келтіреді. Олардың жойылуының негізгі себептерін отаршылдықтан, төмен мәдениеттен көреді. Сөйте отырып, автор өз елінің тағдыр-талайы туралы сөз қозғайды. Ресей отарына айналып отырған қазақ елінің ауыр халіне жаны ауырады. «Міне, осы аяншты халдің барлық белгісі қазіргі уақытта қазақ ішінде де білініп келеді. Жетісу, Сырдария облыстарындағы жаудан, аштықтан көріп жатқан бөгде шығынды есептемегенде, тоқ, тыныш отырған облыстардың бәрінде де қазақ өлімі сансыз көп» дей отырып, сол тығырықтан шығудың жолын іздейтіндері. Қарапайым елдің күшінің аздығын, саясаттың тұсауын айта келіп, отырықшылыққа көшудің өзіне күмәнмен қарайды. Бірақ мәдениетті болу үшін отырықшы болу керектігін де ескертеді. Ауру-сырқау тараған жұрт арасына дәрігерлер жіберу керектігін сол кездің басты міндеттерінің бірі етіп қояды. Отаршыл орыс патша-

лығының 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығына қарсылық емеуріні мақаланың өн бойында өріліп тұр. Отаршылдықты күштеп алып, жергілікті ұлтты ығыстыру саясатына да қарсы шығады. Мақала сол кездегі қазақ халқы проблемаларын кең қозғаған, батыл ұсыныстар айтқан, сол арқылы көпшілікке, зиялы қауымға ой салған шығарма болып табылады. Мақала алғаш рет «Абай» журналының 1918 жылғы 12-нөмірінде жарияланған. Қолжазбасы сақталмаған. Бұл кезде Ө. пен Ж. Аймауытов негізін салған «Абай» тәуелсіз әдеби-көркем журналы кейін қайта жаңғырып шыға бастады да, оның 1992 жылғы 4-санында аталмыш мақала бұрынғы нұсқасынан өзгеріссіз жарияланды.

Б. Жақып.

**ӨМІРӘЛИЕВ** Құлмат (1930–1985), тіл білімі маманы, әдебиет зерттеуші, публицист, аудармашы, ақын. Филология ғылымының кандидаты. Қазақ әдебиетінің тарихы туралы «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» (1976), «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» (1983), «Оғыз қаған эпосының тілі» (1985), «VIII–XII ғасырлардағы көне түрік әдеби ескерткіштері» (1988) атты еңбектері қазақ филологиясы мен түріктанудың өзекті мәселелерін жоғары деңгейде қарастырды. Абайтану саласы бойынша «Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану» (1968), «Абай афоризмі» (1993) деген кітаптары, «Баспа орындары ұқыпты болса екен» («Қазақ әдебиеті», 1956, 6 қаңтар), «Абай текстологиясы және оны бір ізге келтіру мәселелері» («Қазақстан мектебі», 1962, №11), «Тағы да Абай текстологиясы жайында» («Қазақстан пионері», 1971, 8 наурыз), «Шығыс әдебиеті және Абай» («Қазақстан мұғалімі», 1962, 13 қыркүйек), «Ұлы ақын туралы бір-екі мағлұмат» («Қазақстан мұғалімі», 1963, 5 қыркүйек) т. б. зерттеу мақалалары, «Дулат Бабатайұлы» монографиясы Дулат пен Абай арасындағы ақындық өнердің дәстүрлі жалғастығы, Абай мен Мұхтар мұраларындағы ара қатынас, ғылыми-теориялық мәселелерді шешуде тың ойлар, жаңа байламдар төңірегінде ой қозғаған. «Абай және Мұхтар Өуезов» деп аталатын ғылыми еңбегінде (К. Өмірәлиев. «Абай афоризмі», А., 1993, 64–91-беттер) ұлы жазушының абайтану ілімінің негізін салу мен дамытудағы ұланғайыр еңбегіне шолу жасай келіп, бұл саланы ғылыми жүйе және көркемдік түрде («Абай жолы» эпопеясы) жүзеге асырғанына назар аударған. Автор одан әрі осы екі жүйені жеке-жеке талдаған, өзіндік тұжырымдар жасаған, батыл ұсыныстар айтқан. Ө-тің танытуындағы абайтану ұлы ақын қазынасының сарқа түгенделіп барып айтылған соңғы сөзі емес. Ол – абайтануда толық қарастырылған және қарастырылуға тиіс проблемалардың ғылыми жүйесі, ұлы сарайы деп ой түйеді автор.

М. Мұрағметұлы.

**ӨМІРЗАҚОВ** Елубай (дұрысы – Е л у б а й; 1899–1974), актер. Қазақстанның халық артисі (1931). ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1952, 1967). Қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі. Орынборда Ө-тің «Еңлік – Кебек», Ж. Ерданаевтың «Малкамбай» қойылымдарындағы Абыз бен Малкамбайдың рөлдерін ойнап, сол тұста-ақ табиғи шеберлігі көзге түскен. Ө-тің пьесаларымен шәкірт кезінде танысып, өмірінің соңына дейін көптеген сахналық бейнелер жасады. Асан



«Тас түлек» спектаклі. Е. Өмірзақов Мес рөлінде.

сал («Қарагөзде»), Абыз, Жапал, Дәркембай, Кеңірбай («Абайда»), Жантас («Түнгі сарында»), Қазан («Қарақыпшақ Қобыландыда»), Жарас, Баллық («Айман – Шолпанда»), Ө. аударған – Н. В. Гогольдің «Ревизорындағы» Осип, У. Шекспирдің «Отеллосындағы» Отелло, «Асауға тұсаудағы» Грэммио бейнелері театрдың даму белестерімен бірге сомдалып, актердің шығармалық қызметінде ерекше орны бар. Сондай-ақ Жексен («Райханда», 1940), Ерден («Абай әнінде», 1945), Бақсы («Алдар Көседе», 1964), Ақтанбай («Дала қызында», 1954), Шал («Атамекенде», 1967) т. б. – кино өнеріндегі үлкен жетістіктер. Ұлы жазушының драматургиясы туралы «Шебер ойыншылар» («Социалды Қазақстан», 1937, 6 наурыз), «Шеберлік бұлағы» («Қазақ әдебиеті», 1964, 24 сәуір) т. б. мақалалары мен пікірлері жарияланды. «Есімдігілер» атты естелігінде Ө-тің театр жұмысына, актерлерге аса қамқоршы, жанашыр, ақылшы болғанын айтқан («Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», 1997, 149–157-беттер). Ө-пен достық, шығармашылық қарым-қатынаста болды. Ұлы жазушы актердің сахналық, экрандық жұмыстарын үнемі қадағалап отырды. «Елубай Өмірзақов» деген мақала жазып, актердің тұма дарынын жоғары бағалады.

Б. Құндақбайұлы.

**ӨМІРЗАҚОВ** Кәмәси (1913–1965), артист. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1965). 1947 жылдан бастап Алматыдағы жастар мен балалар театрында актер болды. Ол осы театрдың шаңырағын көтерісіп, керегесін керіскен алғашқы актерлердің бірі. Оның бұл театрдағы бірінші рөлі – Ө. аудармасымен режиссер Н. Сац қойған А. Толстойдың «Алтын кілт» пьесасындағы Карло атай (1948). Бірнеше көркем фильмдерге түскен. «Жамбылдағы» Темір, «Абай әніндегі» Шал, «Иван Грозныйдағы» Сонунт, «Шоқан Уәлихановта» Атқосшы т. б.

**ӨМІРЗАҚОВА** Әмина Ерғожақызы (1919–2006), актриса. Қазақстанның халық артисі (1965), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1966). Алғаш рет 1938 ж. Шымкент облыстық қазақ театрында Ө-тің «Түнгі сарын» пьесасындағы Мөржань рөлінде ойнап, қандай қиындық көрсе де, төтеп беретін, ішкі жан дүниесі бай адамның бейнесін жасады. Театр сахнасында Баян (Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында»), Луиза (Ф. Шиллердің «Махаббат пен зұлымдығында»), Смеральдина (К. Гальдонидың «Екі мырзаға бір қызметшісінде»), Шәуәлі (М. Ақжановтың «Ыбырай Алтынсаринінде»), Алтынай (Ш. Айтма-

товтың «Алғашқы мұғалімде»), Гүлжамал (Т. Ахтановтың «Күшік күйеуінде») т. б. бейнелерді сомдады. 1942 жылдан бастап киноға түскен. «Абай әні» (1945, Ажар), «Қанатты сыйлық» (1956, Мұғалима), «Бір ауданда» (1960, Айша), «Ана туралы аңыз» (1963, Ане), «Тақиялы періште» (1968, Тана) т. б. фильмдерде ойнады.

*К. Мәшһүр Жүсіп.*

**«ӨМІР МЕН ШЫҒАРМА»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1956 жылғы 27 сәуірдегі санында жарияланған. Кейін Ә-тің «Уақыт және әдебиет» (1962, 394–400-беттер); 12 томдық (12-том, 1969, 150–156-беттер); 20 томдық (18-том, 1985, 396–403-беттер) шығармалар жинақтарында қайта жарық көрді. Қолжазбасы жазушының өз мұрағатында сақталған. Жазушы бұл мақаласын 1956 ж. 14–25 ақпанда өткен СОКП 20-съезінің шешімдеріне үн қосу ретінде жазған. «Партияның XX съезі біздің әдебиет үшін аса мол, құнарлы ойлар қалдырды. Съезде күмәнсіз әділ, даусыз шындық ретінде әдебиет пен өмірдің байланысы сөз болды» деп бастап, мақаланың тақырып атауына сай жазушыларымыздың өмірді зерттей тануы мен терең ұғынуын және сол өмір шындығын өз шығармаларында шынайы көркем суреттеу жайларына, яғни өмір мен шығарманың ара қатынасы туралы мәселені жан-жақты талдап, таратып әңгімелейді. Алдымен әрбір суреткер өзі арнайы таңдап алған өмір ортасын өз көзімен көре жүріп, жете танып білуі керек. Бірақ «өмір фактісін білу бар да, тереңдей ұғыну бар», яғни суреткер өмір құбылысының әрбір сәттерін жан-жақты тексеріп танумен қатар, сол түрлі тағдыр мен тартысты, қуаныш пен күйінішті, сүйіну мен жиренуді өз басынан, көңіл зейінінен өткергендей етіп, өзінің ішкі-сыртқы болмыс-бітімімен түгел шомғанда ғана, «қысқасы, бар тынысы балқыған жазушылық жүректен ғана шын шығарма туады». Автор одан да ара нақтылай түсіп: «Өзің талдап алған материалды сую ғана емес, барлық шетін, нәзік жайларына шейін қиялдап та іштен кешіру шарт. Таңдап алған ортасын және тиісті байланысты жайларын сүйіп сезінген көңілге ғана шыншыл, терең, сенімді суреттер сай келеді» деп көрсетеді. Тегінде татымсыз тақырып жоқ. Қандай ауданы аз орта, шамасы шағын әрекет жайындағы, кез келген тақырыпты алсақ та, баршасында атом қуатындай қайрат бар. Бірақ сол қуатты тауып ашып, шынын шешіп көрсете білу шарт. Осы тұрғыдан автор орыс әдебиетіндегі үздік үлгілерді атап көрсетеді. Егер затында қанішер емес Раскольников кісі өлтірмесе, психологиялық романның үлкен арқауы құрылмас еді. Наполеонның шабуылы болмай, Россия тарихи толғаққа түспесе, «Война и мир» де тумас еді. Яғни олардың «барлық құрылысының ең қатты серпер пружинасы болмаған болар еді». Сондай-ақ «Любовь Яроваяның» кейіпкерлері де өлім мен өмірдің ортасындағы «өткір қылыш жүзіне табан басатындығымен» де өте шынайы әрі әсерлі шыққан. Бүгінгі күннің талабына сай қаламгерлеріміз еліміздің Алматы, Қарағанды, Семей, Шымкент тәрізді талай үлкенді-кішілі мән зор мәдениетті орталықтар, өндіріс ұялары туралы барынша терең, шыншыл, толық қанды романдар, повестер, пьесалар жазуы қажет деп ой түйіндейді жазушы.

*К. Сыздықов.*

**«ӨМІРІ – ҮЛГІ, ЕҢБЕГІ – ТАУДАЙ ЖАЗУШЫ»**, жазушының мақаласы. *Н. Островскийдің* қайтыс

болуына орай көңіл айтып жазған. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1936 ж. 24 желтоқсандағы санында шыққан. Газеттің 2 беті Островский қазасына қатысты материалдарға арналған. Партияның Орталық Комитетінің, БЛКЖО-ның КСРО Жазушылар одағының көңіл айтқан материалдары бар. Бір топ қазақстандық жазушылардың атынан берілген көңіл айтуда Ә. те бар. Ә. мақаласының басында Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романында Павел Корчагин айтқан өмір туралы әйгілі сөз цитат етіп алынып, Островский дәл осылай өмір сүрді делінген. Мақаланың соңында «Ұзаққа беттеп қанат қаққан зор талант әлі талай-талай асыл бұйым, ұлы туындыларды көрсетер еді. Бұл өлім совет жұртшылығының, совет әдебиетінің қабырғасын қатты қағыстырған өлім болды» деп көңіл айтқан. Мақала соңына Мұхтар деп қана қойған.

*К. Сыздықов.*

**«ӨНЕГЕ»**, естеліктер жинағы. 1975 ж. «Жазушы» баспасы шығарған. Авторы – *Ғ. Сармұрзин*. Таралымы 12 мың дана. Ә. туралы естеліктерін айта отырып, Абай ауылын, балалары Ақылбай, Мағауия, Ізкәйіл, Турағұл жайлы, олармен *М. Ә-тің* туыстық қарым-қатынаста болғаны туралы сыр шертеді. Абайдан соң Турағұл – Оразбай ауылдарының құдандалы адамдар болып қыз алысып кеткендігін, осы тойда «Еңлік – Кебек» пьесасының киіз үйде бірінші қойылғанын баяндаған. Сармұрзин өзі Абай ауылының азаматы болғандықтан, сол ел туралы құнды мәліметтерді мол берген.

*М. Бейсенбаев.*

**«ӨНЕР АЛҒЫСЫ»**, жазушының мақаласы. Алғаш 1957 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінің 7 қарашадағы санында шыққан. Кейін Ә-тің 20 томдық шығармалар жинағының 19-томында жарияланды (1985, 378–380-беттер). Газеттің бұл нөмірі Октябрь революциясының 40 жылдығына арналған. Әуезов мақаласының мазмұны да осы датаға негізделген. Қазақ әдебиетінің 40 жылдық дамуы ішінде «санасақ – сан, қарасақ – көз, ойласақ ой жұбатар, талайы зор табыстары бар». Табыстарымыз кей кемшіліктеріне қарамастан, прозада да, драматургияда да, поэзияда жетерлік екенін айтқан. Бұл табыстарға жеткізген себептер ретінде маркстік-лениндік эстетика мен ұлы орыс әдебиетінің ықпалын атаған. Кітаби ақындарды сынаған. Жапон сапарынан алған әсері жайында: «Оқу-өнерді ағылшын, американдан оқып үйренсе де, жапон әдебиеті өздерінің ескеден дәуірін орыс классикалық әдебиетінің шәкірті болуға жараған дәуір деп санайды екен» дейді. Әуезов орыс әдебиетінің негізгі қасиеті – өзінің халық анасының ақ сүтін адал ақтауы деп, оны қазақ жазушыларына үлгі ретінде ұсынған.

*Р. Бердібай.*

**«ӨНЕРГЕ – ӨНЕГЕ»**, жазушының мақаласы. Алғаш 1959 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1 қаңтардағы санында шыққан. Кейін Ә-тің 20 томдық шығармалар жинағында жарияланды (20-том, 1985, 376–378-беттер). 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігін әсерімен жазылған. Алғаш 1936 ж. болған онкүндікті еске ала отырып, осы екі онкүндіктің де қазақ халқының рухани өміріндегі ірі оқиғалар деп тұжырымдайды. Қазіргі қазақ өнері «балет, драма, опера, симфония, бейнелеу өнері салаларында үлкен та-

быстарға жетіп, Мәскеу мен астана маңындағы елді мекендерде табыспен көрсетіліп» жатқанын айтады. Онқұндік жұмыстары туралы «Талқылаулар, айтыстар әр жерде-ақ болып жатты – мұның өзі үлкен мамандық тәжірибесі бар адамдардың пікірін білу үшін де арнайы ұйымдастырылды» дейді. Өзінің мәскеулік әдебиетшілермен кездесулерден, Жазушылар одағындағы әр түрлі әдеби жанрларды, әсіресе прозаны үш күн талқылап, отыздан астам адам жаны ашыған нақты талдаулар жасағанынан үлкен әсер алғанын, жас жазушылар өз мамандықтары бойынша көптеген сұрақтарға жауап алғанын айтқан.

*С. Қасқабасов.*

**«ӨНЕР ӨРІНДЕ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет 1952 ж. «Әдебиет және искусство» журналында (№12, 95–103-беттер), кейін Ө-тің «Уақыт және әдебиет» кітабында (1962, 337–349-беттер); 12 томдық (12-том, А., 1969, 85–97-беттер); 20 томдық (18-том, А., 1985, 365–378-беттер) шығармалар жинақтарында жарияланды. Қолжазба сақталмаған. Мақалаға («Жазушы Ф. Мұстафиннің 50 жылдығына») деген қосалқы тақырып қойылған, соған сәйкес жарты ғасырлық мүшел жасы аталып отырған көрнекті жазушының шығармашылық жолына тоқталады: «... бұл жазушының жолында үлкен бір ырысты сәттілік бар екендігі байқалады. Осы айтқанды анықтау үшін Ғабиденнің жазушылық жолындағы соңғы 13–14 жылды барлап, болжап өтейік» деп басталады. Осы жылдар ішінде жазушының 4 роман жазғанын және оның бар тақырыбы бүгінгі күн адамдарына арналғанын, «бәріне ортақ қымбат қасиеті» арнайы атап көрсеткен. Солардың ішінде автор: «Бүгін 50 жасқа толған, ер ортаны дегендей межеге жеткен кезеңінде Ғабиденнің соңғы беріп отырған ең бағалы шығармасы» деп, «Қарағанды» романын жан-жақты талдайды. Романының негізінен сәтті шығуы, алдымен, онда баяндалып, суреттелетін көп жайларды жазушының өз басынан кешіріп, өз ханымен тікелей сезінгендігінде деп біледі. Айталық, роман «бүкіл отандық ұлы өндіріс ошағына айналғалы отырған Қарағандыға мол күштер жұмылдыру» кезеңін суреттеуден және оған «жан-жақтан ағылып келіп жатқан жұмысшылар жайын» баян етуден басталса, дәл осы кезеңде өзі де ел адамдарымен бірге келіп, өндіріс жұмысына тікелей араласқан жазушының өз бейнесін романдағы кейіпкер Жанәбілдің іс-әрекеттерінен арасы, дәлдеп айтқанда, романның өзегі болған көп адамдардың өмір шындығы мен жазушы өмірінің шындығы үнемі жанасып, нық байланысып, айқыш-ұйқыш араласып жатқанын көреміз» дейді автор. Мақалада келесі «Шығанақ», «Миллионер» романдары да жазушының романнан романға қарай өрлеп келе жатқан өнері, өсіп келе жатқан даңқы екендігі, оларды Парижде сөйлеген сөзінде Бүкілодақтық жазушылар ұйымының бастығы А. Фадеевтің жоғары бағалағаны айтылады. Сонымен қатар автор: «... Бүгінгідей мереке кезінің өзінде де Ғабидендей жазушының өнерлі еңбегі ойдағыдай үдеп өсе беруі үшін сын талаптарды қоса айту керек» деп, әрбір романның жеке кемшіліктерін де санап көрсетеді. Айталық, «Қарағанды» романында «орыс адамын ойланту, сездіру, әсіресе сөйлету ретінде қазақшаландырып әкетпей, анық орыс

халқының өз адамы етіп бере білу шарт еді», махаббат, достық жайын сөз еткенде, «сол сезімнің екі кеудедегі психологиясын бере тұсу қажет», табиғаттың көрініс кескіні, «пейзажы адам күйімен аралас көбірек берілуге қажет болар еді» деген бес түрлі кемшілігі аталған. Мұны автордың мерейтойдың қызуымен қызыл сөзге берілмей, әр уақытта да әдебиет мүддесін жоғары қоя білгендігі ретінде түсінгеніміз абзал.

*К. Сыздықов.*

**«ӨРЛЕУ ЕГІЗ-ҚАТАР БОЛСЫН»**, жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1961 ж. 20 қаңтардағы санында жарияланған. Газеттің «Елуде сыншы, ғалым Қаратаев» деген арнайы беті жазушының осы мақаласымен ашылған. «Мұхаметжанның қазақша, орысша бірдей келісті кемел жазатын сын-зерттеулерін шын сүйсініп оқытын кезіміз көп... оның жасаған баяндамасын, сөйлейтін ғылымдық, сындық сөздерін де көп ілтипатпен ырза бола тұндайтынмыз бар» деп өзі айтқандай, көңіл өсірер қасиет, сипаттарын қоса еске ала отырып, *М. Қаратаевтың* шығармашылық қабілеті туралы ой қорытқан, ауызға алған бір сөзін айтады да, екі бірдей тілде сөйлеп жаза алатын қасиетінің үстіне «Мұхаметжанда әрдайым кімге де болсын, қандай жиыңға, қандайлық оқушыға да болсын, елеулі етіп айтары бар, нәрі бар, бір сипат бар, «сол нәрі айтары тілмен де, қаламмен де... екі бірдей тілде айта білетін құдірет бар» деп атап өтеді. 50 жасты «адам кешіп отыратын жолдың өрлеуі» деп біліп, осы орайда «Кәрі қойдың жасы үлкен, ісек қойдың басы үлкен» дейтін арзан нақылдан табылмай, жыл артынан жыл жылқы келіп жамалып, оның саны өрлей берсін, сонымен қатар азамат өнер саласында сипатқа сипат қоса ала берсін деген құттықтау сөз айтумен бірге, *М. Қаратаевқа* «өмірдегі өрлеуің егіз-қатар бола берсін, биіктен-биікке солай баса бергейсің» деп, ағалық дос сөлемін жеткізеді.

*С. Қорабай.*

**«ӨРТЕҢДЕ ӨНГЕН ГҮЛ»**, жинақ. Авторы – *Ф. Ғабитова*. 1998 ж. «Атамұра» баспасы шығарған. Құрастырған А. Әлім. Кітапта өлеңдер, прозалық туындылар, естеліктер, күнделіктер, хаттар, пікірлер, ойлар топтастырылған. Бұл шығармалар автордың басынан кешкен сан алуан жағдайдан хабар береді. Айдау мен тергеу, алдау мен арбау, адамдық, аналық, тұрмыстық, ар-ұждан тауқыметі Ғабитованың асақ рухын мұқалта алмаған. *Б. Сүлеевтің*, *І. Жансүгіровтің*, Ө-тің әйелі болғаны үшін жазықсыз жапа шегіп, азаптанға, қуғын-сүргінге ұшырады. Үш арыстың қолжазбаларын НКВД тінтушілерінің суық қолы мен сұқ көзінен сақтап, мұрағатқа талсырумен қоса, олардың ұрпақтарын шашыратпай, азып-тоздырмай, бір ұрда өсірді, тәрбиеледі, адам қатарына қосты. Жинақта бұдан басқа көптеген қызықты мағлұматтар, деректер, ұлағатты ой-пікірлер көп. «Мұхтармен алғашқы кездесуім» атты естелігі, ұлы жазушымен жазысқан хаттары ешкімді де бейжай қалдырмайды. Кітаптың көлемі 17 баспа табақ, таралымы 2 мың дана.

*Н. Бауған.*

**ӨСИЕТ ӨЛЕҢ**, ауыз әдебиеті жанры. Фольклор туындылары ішінде аз жиналған түрі. *Х. Досмұхамедов* т. б. зерттеушілер еңбегінде аталып, қысқа анықтамалары берілгенмен, арнайы зерттелмеген. Ө-тің фольклорға, халық ауыз әдебиетіне арналған ғылыми-зерттеу еңбектерінде фольклор жанрының түрлері ішінде бұл өлең арнайы аталма-



ған. Өзінің «Әдебиет тарихы» оқулығында тұрмыс-салт жырларының тобында қарастырған беташар өлеңіне қатысты «шын сөз, шын өсиет айтумен бірге, қалжыңға құрылып салақ, олақ, ретсіз әйелдің күлкілі мінездері көрсетілген» деп, өсиеттік мағынасы бар халық өлеңдеріне талдау жасаған. Беташардың мағынасы, функциясы (қызметі) негізінде келінге айтылатын өсиет-ақыл, тілек мағынасында бастағандықтан, бір жағынан өсиет өлеңдер деп қарастыруға болады. Халық тұрмысының басқа жағдайларынан да өсиет мағынасындағы өлеңдер туып отырған.

*С. Майлыбаева.*

**ӨСКЕНБАЙ** Ырғызбайұлы (1778–1850), Абайдың атасы. Би, патша үкіметінің старшина шенін алған (1826). Тобықтының басшысы. Ө.: «Өскенбай Ырғызбайдың өзге балаларының ішіндегі ең дәмелісі болудың үстіне, сол кездегі Кеңгірбай маңайындағы ағайын-туысқанның бөрінен де пысық, епті болыпты... Оның үстіне қалған елге әмірші бола аларлық шеберліктері білінген соң, Кеңгірбай қартайып, өлерінде тобықтыға би болуға осы Өскенбайға бата береді» деп жазды. Содан бастап Тобықтының билік тізгіні Ө-дың тұқымына бүтіндей көшіріп, 125 жылға созылады. Ө. ең алдымен ел ішіндегі паракорлықты тыяды. Істің әділіне жүгінеді. Тек Тобықты іші ғана емес, сырт елдер де келіп, оның алдынан бітім табды. «Ісің адал болса, Өскенбайға бар» деген мәтел қалған. 1818 ж. Ө. Ресей үкіметінің құзырына өтеді. Жортар Ырғызбайұлы старшина шенін алады. Осыдан бастап мұрағат құжаттарында Ө-дың аты жиі кездеседі. 1831 ж. Тобықты руы Қарқаралы округінің құрамына кіреді. Бұдан соң старшина Ө. билікті баласы Құнанбайға ұстатады. Оның қара шаңырағы ағайын-туыстың бас қосатын «жиын үйі» атанады. Құнанбай 1851 ж. Ө. арнап ас береді. Ө. бес рет неке қидырған. Зереден басқа әйелдерінің нақты деректері сақталмаған. Зереден Құттымұхамед (жастай қайтыс болған), Құнанбай, Тайбала есімді қыз туған. Құнанбайдан Абай тарайды.

*Т. Жұртбай.*

**«ӨСКЕН ӨРКЕН»**, жазушының романы. Бүгінгі өмірді бейнелеу үшін Ө. көп кітапты роман-эпопея жазуды мақсат тұтты, құланның қасуына, мылтықтың басуына дәл келді. «Ө. ө-ді» қолға алған соң, кітап бетін ашпай жатып, оқырманды екі түрлі сезім билейді. Ұзақ жылдар бойы марғау заман, көшкен тарихқа шұқшып, көп өмірін соған сарп еткен жазушы қазіргі дәуір тынысын сергек сезіп, тап басты ма екен? Кемел ой, ширяққан сезімді дәл мөлдіретіп бере алса жаксы. Мына романда бүгінгі орта, бүгінгі тірлік 60-жылдардағы сенің замандағың. Білгені мен түйгені, оқығаны мен тоқығаны, мәдениеті мен парасаты – бір сөзбен, оның рухани келбеті қандай? Істес, қанаттас, тізелес, таныс, бейтанысың. Әдебиет тарихы қаншама бай болғанмен, жағымды кейіпкер проблемасы әлі түбегейлі шешіліп біткен жоқ. Өнердің алдында тұрған осы салмақты Ө. шын сезіне білген. «Қазіргі роман және оның қаһарманы» деген мақаласындағы түйінді ойлар кейіпкер туралы. Осы мәселе төңірегінде артық-кем пікір көп. Тегінде, мына шындықтың басы ашық: жағымды кейіпкер жазушы идеялы болуы мүмкін, бірақ ол иенің жасауындай да міні жоқ жан емес. Адамдарды сүттен ақ, судан таз, ертегі перішесті етіп жіберу – реализм рухына жат құбылыс. Көзі жіті, сезімі сергек, құбылыстар қыбын қалт жібермейтін ойшыл жазушы Ө-тің Ө.

ө-дегі» ең үлкен табысы – кейіпкерлерін сәтті таба білуінде. Мал шаруашылығы, металлургия жайлы шығарма деу – әбестік. Адамдардың мансабы, шен-шекпені емес, жан дүниесі, ішкі сарайы қажет бізге. Өнер табиғаты соны қалайды. Бойларында көпке етене қасиеттері бар кейіпкерлерді талғап, тауып ала білу Өзевотін міндетін жеңілдеткен, тіпті өзі айтқандай, жебеп те жіберген. Қазір көп айтылатын интеллектуалды қаһарман бейнесін жасау «Ө. ө.» романының бір мақсаты болған. Іргелес бөлімдер оқиғасы бір-біріне қайшы ыңғайда алынған. Оқырман бір суындауы, бір ысиды, не болып кетер деп асығады. Шығарма оңтүстік өмірінен жазылғандықтан, тіл ерекшеліктері сақталған. Мына сөйлемдердегі кейбір сөздер колорит үшін қолданылған: «Ой, қатын шіркін, ой, байбіше, сен неме қайдағы, қаяқтағыны айта бергені несі? Қой сана, батыреке». «Толайым тегі, бұ жерде, ол қатты желіңіз болмайды». Кейіпкерді толық ашу мақсатымен қоршаған ортаны, кейде заттарды да суреттеу бар. «Жәукер ораған кілем, көрпе-жастық, әр түрлі терме алаша, шашақтары салбыраған бесалты жерде бояулы әдемі боқжама, тамақшалары сондай жарқыраған баяғы шолпыдай. Көрпелері жеркөрпе емес, қыжым көрпе. Масаты жәрме емес, жастықтары шетінен өңшең рақы жастық». Мұнда аталған заттарды қазір кез келген жерден табу оңай емес. Тіпті солардың атының өзі архаизмдей естіледі. Романда қолданылған Ө. эпитеттері кейде заттың тұрақты бір, негізгі қасиетін көрсетсе, кейде құбылысқа деген автордың көзқарасын аңғартады. Көбіне эпитеттері екі, үш анықтауыштан тұрады. «Жүрегің, байлауын сақтап жүрген жігіт», «бәсеңсіп, сиыр құймашақтанып, сұйыла берді», «ару қыздың үлкен, сұрқай, сәл шошақтау келген ұзынша нұрлы көзі аз ашыла түсіп еді», «тығыз, қатан, жуан өрген қос бұрымы», «орта жасты, өткір көзді, омырау еркін мінезді Зәуре апай». Деталь мәні ерекше. Кейде кішкене ғана үзік сурет көп жайды сездіреді. Прокурор Саматовтың «сәл қанталаған үлкен сұрғылт көздері» деген сөз ішкі дүниесін де айтып тұрғандай. Жазушы Айсұлудың үлкен, сұр көздері, Карповтың иығы, Сағиттың шашы сияқты бір детальді үнемі бөліп айтып отырады. Теңеулер тосын, көбіне қазақ ұғымындағы астастырулар. Карпов, Әсия өнер, тарих шежіресін қоса сөйлейді. Шығармада орынсыз пейзаж жоқ. Айсұлудың гүл бағы оның көңіл күйімен сырласқандай. Кейбір атүсті кеткен жайларды, стиль селкеулігін мезгілсіз ажал салдарынан деп ұғу керек. Ө-тің бүгінгі өміріміз туралы жақсы шығарма жаза алатындығына үдіктенушілер де бар еді. «Ө. ө.» соны мансұқ етті. Бұл туындының бар бітім-келбеті, шынында, эпопеялық роман мақсатынан туған. Ө. заман тынысы, дәуір шындығын, халық тағдырын замандастарымыздың үй ішілік өмірінен бастап, маңызды мемлекеттік істі шешудегі қиналыс-толғанысына дейін бейнелеуді нысана етті. Суық сырт көз емес, елінің титтей табысына балаша қуанатын ыстық жүрек, сәл кемістік қабырғасына бағатын қамқор, парасаты кең, мәдениеті жоғары, таланты биік суреткердің демі шығарманың әр бетінен сезіліп тұрады. «Ө. ө.» – Ө-тің соңғы сөзі, аққу әні, шығарма аяқталмай, орта жолда қалды, бұған кінәлі – өлім. Романнан үзінділер «Мәдениет және тұрмыс» (1962, №2), «Жұлдыз» (1962, №3) журнал-

дарында, «Оңтүстік Қазақстан» газетінде (1967, 13 желтоқсан) жарияланды. Тұңғыш рет 1962 ж. Алматыда жеке кітап болып шықты, 1977 ж. қайта басылды. Жазушының 12, 20 томдықтарына енді. Орыс тілінде А. Пангилев аудармасымен «Дружба народов» журналында (1965, №1) жарияланды. Мәскеуде «Молодая гвардия» баспасынан 1977 ж. жеке кітап болып шықты. Молдаван тілінде А. М. Липканның аудармасы жарық көрді (1969). Басқа да бірнеше шетел тілдеріне аударылған.

*Р. Нұрғали.*

**«ӨСКЕН ӨРКЕН» РОМАНЫНЫҢ АЛФАВИТТІ-ЖИЛІК СӨЗДІГІ**, Қ. Б. Бектаев пен А. Б. Белботаев жасаған сөздік. М. О. Әуезов атындағы Шымкент педагогика институты шығарған (1988). Сөздікті жасауда ЭВМ пайдаланылған. Әдістемелік құрал ретінде қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушыларына, қазақ филологиясы факультеттерінің студенттеріне, тілші ғалымдарға, әдебиетшілерге арналған. Жилік сөздіктері құрылысына қарай үш түрге: алфавитті-жилік сөздігі, жилік сөздігі, кері алфавитті жилік сөздігі деп бөлінген. Кітаптың алғы сөзінде: сөздікте берілген тіл материалдарына сүйенер болсақ, ұлы жазушының «Өскен өркен» романында барлығы 77 13 реестрлік сөз 20588 сөз формасында 90929 рет қайталанып қолданылғаны айтылады. Кітапта «Өскен өркен» романындағы сөздердің қолданысының қысқаша лингвистикалық сипаттамасы кестемен қоса берілген. Кітаптың соңында «Өскен өркен» романында кездесетін жалқы есімдер тізімі мен географиялық атаулар тізімі жеке-жеке берілген. Бұл тізімде барлығы 213 атау бар. Көбісі 1–2 рет қана аталады. Тізімде Шекспир, Шопен сияқты роман кейіпкерлері емес атаулар да кездеседі. Соның ішінде Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі елді мекендер атаулары жиі кездескен. Жапония, Үндістан, Верный, Қытай, Рим сияқты атаулар да бар.

*Ш. Сарыбаев.*

**ӨТЕМСІОВ** Сапарбай (1943 ж. т.), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1980). Шеберлігінің қалыптасуына Ө-тің пьесаларының негізінде қойылған спектакльдерде ойнаған Абай («Абай» трагедиясында), Әлібек, Көтібар («Айман – Шолпанда»), Сырым, Нарша («Қарагөзде»), Шуақ («Қарақышпақ Қобыландыда»), Кебек («Еңлік – Кебекте») және оның прозалық шығармаларының негізіндегі Абай («Абай – Әйгерімінде»), сахналық жүйесін түсірген – Б. Римова, ол аударған У. Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Люченцио рөлдері актердің мол ізденісін танытты.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ӨТЕПБАЕВ** Нұрбұлан Нұғыманұлы (1951 ж. т.), график-суретші. 1993–97 ж. Семей өңірін, Абай мен Мұхтар туған жерлерді аралап, ондаған сурет салды. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына арналған Семей облысының мәдени шараларының жоспарлы алғашқы беташары 1997 ж. ақпан айында Ө-тың Алматыда «Ұлар» галереясында өткізілген сурет көрмесімен ашылды. Көрмеде суретшінің жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған еңбектері қойылды. Графикалық және акварельдік мәнерде салынған бұл шығармалар Мұхтар дүниеге келген мекен – «Әуез қожа тұмасы» (1993, қағаз, тушь, қылқалам), арманда кеткен ғашықтар жерленген – «Еңлік – Кебек» зиратының ескі

нұсқасы» (1993, қағаз, тушь, қылқалам), Мұхтардың аңшылық, серілік құрған жері – «Көкен тауы» (1994, қағаз, тушь, қылқалам), «Кіші Ордадағы Ұйтас» (1994) «Тәкежан қыстауы» (1994), «Шыңғыстау» (1994), «Абай жолы» романында Құнанбай образын суреттеуі негізінде салынған «Құнанбай Өскенбайұлының портреті» (1995), жазушының өмірі мен шығармашылығының мәңгілік екенін паш ететін шынайы шеберлік ретінде ерекшеленеді. Ө. салған туындылар ішінде «М. Әуезовтің портреті» (1995), «Абай» журналының мерекелік санының бірінші бетінде жарияланды (1997, №2–3). Қылқалам шебері Ө. бейнесін дәл жеткізіп, ұлы тұлға жүзінде ерекше салмақтылықпен қатар, сәл жымып отырған шағындағы ойлы келбетін бейнелеген. Ө-тің барлық шығармалары Семейдегі Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы мен Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері мұражайының қорында сақтаулы.

*Ө. Сұлтанов.*

**«ӨТКЕН ЖЫЛ ЖЕМІСТЕРІ»**, жазушының мақаласы. Ө. бір жыл бойы атқарған жұмыстары мен жазған еңбектері және алдағы істелінік міндеттері жайында есеп берген. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1948 ж. 1 қаңтардағы нөмірінде шыққан. Өткен жыл бойында бір жағынан жазушы, бір жағынан қайраткер есебінде екі алуан іс істеді. «Абай» романының екінші кітабы жазылып болып баспадан шықса, драматургияға екі шығарма жазылды. Олар: Ұлы Октябрь революциясының 30 жылдық мерекесіне Академиялық театр қойған композиторлар Жұбанов пен Хамиди шығарған «Төлеген Тоқтаров» операсының либреттосының қойылғаны, Академиялық драма театрының репертуарына арналған «Асыл нәсілдер» атты пьеса деп бастап, «Асыл нәсілдер» тақырыбына арнап көлемді повесть, не роман жазу ойында тұрған мұрат екенін, қазақ әдебиеті тарихының 1-томы (фольклорға арналған томы) Қазақстан Орталық партия комитетінің қаулысына қатты сыналғанын, бұл көлемді кітап – 4 томдық «Қазақ әдебиет тарихының» 1-бөлімі болатынын айтқан. Ол 45 баспа табақ көлеміндегі ғылымдық тұңғыш зерттеу еңбек есебінде, көпшілігі түзетіліп баспаға әзір тұрғанын, 1948 жылды өз еңбегімізге де, жолдастарымыздың ғылымдық, жазушылық еңбектеріне де әділ сын, үлкен талап қоюды мақсат етеміз. Биылғы жыл баспадан шығатын «Қазақ совет әдебиетінің очерктеріне» және «Қазақ совет әдебиетіне» арналған көлемді еңбек болып шығуына ат салыспақпыз деп қорытқан жазушы өз ойын.

*С. Майлыбаев.*

**«ӨТКЕНГЕ САЛАУАТ»** («Непреходящее в м и н у в ш е м»), жазушының мақаласы. 1952 ж. «Известия» газетінің 3 қаңтардағы санында шыққан. Өткен жылмен қостаса отырып, еліміздегі жарқын істерді еске алып, орыс мәдениетінің Орта Азия халықтарының экономикасына, саясатына, техникасына, әдебиетіне, өнеріне тигізген игі ықпалын әңгімелеген. Өткен жылы баспасөз бетінде ең жиі көрінген республика – Түрікмения деп, бүкілодақтық құрылысқа айналған Үлкен Түрікмен каналы және Түрікмен Ғылым академиясының құрылуын хабарлаған. Өткен жылы Тәжікстанда Ғылым академиясының, Қырғыз, Тәжік, Түрікмен университеттерінің ашылғанын айтқан. Орыс әдебиеті ұлттық республикалар әдебиетіне көмек көрсетіп, ол әдебиеттердің жан-жақты қауыр дамуына игі ықпал етті дейді. Советтік республика.

лардың табыстарын айта келе, мақала соңында капиталистік елдердегі келеңсіз жайлардан мысалдар келтірген. Мақала халықтар достығын дәріптеп, барлық халықтардың, соның ішінде жеке адамдардың бақытқа жетуінен басқа қасиетті ой болмасқа керек деген сөздермен аяқталған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ӨШПЕЙТІН ЖАРЫҚ СӘУЛЕ»** («Свет зари негасимой»), жазушының мақаласы. 1957 ж. орыс тілінде жазылып, сол жылы «Советский Казахстан» журналының 11-санында жарияланды, кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 19-кітабына енгізілді (1985, 217–222-беттер). Мақала Қазан төңкерісінің 40 жылдық салтанатын, оның Кеңес мемлекетін мекендеген халықтардың тіршілігіне әкелген ғаламат өзгерістерді сипаттауға арналған. Автор өзінің көңілсіз балалық шағын, халықтың жүдеу тұрмыс-тіршілігін суреттей келіп, жаңа қоғамның әкелген жаңалықтарын мен жетістіктерін дәріптейді. «Менің құрдастарым Ұлы Октябрдің арқасында бір адамның қысқа ғұмырындай ғана уақыт ішінде үш тарихи дәуірдің – феодализмнің, капитализм мен социализмнің замандастары болып шыға келді» деп ризашылық танытады. Шындыққа келгенде, Ө. Қазан төңкерісін, Кеңес үкіметінің идеясын қабылдамаса да, тіпті коммунистік әкімшіл-өміршіл жүйенің соққысына ұшырап, қуғын-сүргін көріп, зәбір-жала шексе де, өзі өмір сүрген заманның саясатын амалсыздан мойындауға мәжбүр болды. Сондықтан түрлі органдардың өтінішімен, тіпті нұсқап, қадағалауымен осындай «ұраншыл» мақаланы арнайы тапсырыспен жазған. Сол себепті мұндай шығармалар құрғақ сезімге құрылып, саяси дабыраға, жалаң насихатқа ұқсап кеткен. Бұл тәріздес мадақ туындылар ұлы суреткердің 30-жылдары идеологиялық қамауды басынан кешірген тәуелді шағын еске түсіреді. Бірақ ұлы суреткер өзінің кептеген замандастар сияқты «ұрымтал», «нұсқау» тақырыптарға әуестенбей, өз бағын тарихи және фольклорлық тақырыптардан іздеді.

*Б. Майтанов.*



**ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ,** шығармашылық ұжым. 1938–1948 ж. жұмыс істеген. 1945 ж. осы труппаның негізінде біріккен облыстық қазақ-орыс театры болып қайта ұйымдасты. 1948 жылдан театрдың орыс труппасы ғана жұмыс істеп, ол өз алдына театр болып қалыптасты. Ал қазақ труппасы таратылып, колхоз-совхоз театрына айналғаннан кейін, Павлодар облысының Ақсу қаласына қоныс аударды. Ақырында жабылып қалды. Театрдың қазақ труппасы Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыланды», «Абай», «Айман Шолпан», «Түнгі сарын», ол аударған Н. Гогольдің «Ревизор»

зор», Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты», К. Симоновтың «Ескі достар», Д. Еркінбековтің «Шындық», К. Сатыбалдиннің «Сілтеген семсер», Ф. Мұстафиннің «Алынған кек» т. б. пьесаларды қойды. Ұзақ жылғы үзілістен кейін, 1990 ж. күзде театр қайта ашылды. Дүниеге қайта келген театр сахнасында Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты», Ө-тің «Қарағөз» трагедиялары қойылды.

*Б. Құндақбайұлы.*

**«ПАКИСТАН АҚЫНЫН ҚОРҒАП ҚАЛАЙЫҚ»** («Голос в защиту пакистанского поэта»), жазушының мақаласы. «Известия» газетінің 1959 ж. 5 ақпандағы санында шыққан. Пакистан ақыны Файз Ахмад Файзды Ташкентте 1959 ж. қазанда өткен Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясына қатысып қайтқаннан кейін қамауға алған еді. Осыған байланысты конференцияға қатысушы, ұйымдастырушы болған Ө. және бір топ жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің жазған үндеу хаты. «Файз – аса көрнекті ақын, оны Пәкстан халқы аса құрмет тұтады. Жалындаған ері нәзік өлеңдері оптимизм мен отанға деген сүйіспеншілікке толы, оның жыры адамдардың бақыты үшін, әділетсіздік пен зорлыққа қарсы күреске шақырады» деген сөздер Кеңес Одағы әдебиетшілері мен әдебиеттанушының Файзға деген бағасын анық көрсетеді. Үндеу-хатта Файз өлеңдерінен бір шумақ мысал, бейбітшілік пен еркіндікті қолдайтын адамдардың бәрін Файзды тез арада босату жөніндегі қозғалысқа ат салысуға үндеген жолдар бар.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ПАНКРАТОВА** Анна Михайловна (1897–1957), орыс тарихшысы, партия және қоғам қайраткері. КСРО (1940), Белоруссия Ғылым академиясының (1940), Ресей Педагогика ғылымдары академиясының академигі (1944). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1946). Ресей мен Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. 1941–43 ж. Алматыда тұрған кезінде Қазақстанның тарихын орыс тілінде шығаруға жетекшілік етті («История Казахской ССР. С древнейших времен до наших дней», 1943). Кітапты жазуға көрнекті ғалымдар-тарихшылар, археологтар, заңгерлер, қоғамтанушылар, әдебиеттанушылар, жазушылар қатыстырылды. Ө. басылымның маңызды тарауларының бірі – «Отарлық кезеңдегі қазақ халқының мәдениеті» атты тарауды жазды. Сөйтіп П. ұзақ жылдар бойы ұлы жазушымен қызметтес болып, достық, рухани қарым-қатынасын үзген жоқ.

*К. Нұрпейіс.*

**ПАНТИЕЛЕВ** Алексей Наумович (Абель Наумович; жанама аты – А. Барт; 1913–1977), орыс жазушысы, аудармашы. «Алғашқы апта» (1949), «Тасқын» (1955), «Ақ құс» (1968), «Ертістен өту» (1971), «Ай да емес, күн де емес» (1975) атты кітаптары жарық көрген. Өмірінің соңғы кезеңінде Ө. онымен ерекше тығыз шығармашылық байланыс орнатып, тұрақты аудармашы етіп алуға көңілі ауған. Сондықтан П-ті Алматыға шақыртып, ертеде жазған өңгіме, хикаяттары, ешқайда басылмаған «Қилы заман» романының жолма-жол аудармасын ұсынады. Ыстықкөлдегі саяжайында бірге демалу, әр туындының тарихын таныстырады. Жазушының көзі тірісіндегі тілегі мен кейінге қалдыр-

ған аманатын адал орындап, «Көксерек» («Новый мир», 1960, №4), «Қараш-Қараш оқиғасы» («Дружба народов», 1961, №7), «Қаралы сұлу» («Дружба народов», 1966, №1), «Түнгі сарын» («Дружба народов», 1960, №12), «Өскен өркен» («Дружба народов», 1965, №1), «Қилы заман» («Новый мир», 1972, №6) шығармаларын орыс тіліне көркем тілмен жатық аударды. Бұл туындылар Ө-тің «Шатқалан» (М., 1965), «Таңдамалы» (А., 1967), «Өскен өркен» (А., 1977) және 5 томдық таңдамалы шығармаларының 5-томында (М., 1975) орыс тілінде дербес басылып шықты. А. Пантиелев «Ұлы даланың жырышысы» («Знамя», 1974, №9) атты көлемді естелігінде Ө-тің әлем әдебиетіндегі орнын, оның шығармаларын аудару барысындағы ерекшеліктерін, өткен өмірі туралы айтқан сырларын сондай бір жылылықпен баяндай келіп, қазақ жазушысы «Еуропаға терезе ашып», тіпті әлем мәдениетіне тек сонысымен ғана ол өзіне ұсынса қол жетпейтін ескерткіш орнатып кетті деп жазды. Естелік «Біздің Мұхтар» (1975), «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» (1997), «М. Әуезов замандастарының естеліктерінде» (1972, 1977) жинақтарында басылды.

*С. Журтбай.*

**ПАНТУСОВ** Николай Николаевич (1849–1909), орыс ғалымы, шығыстанушы, этнограф, фольклоршы. Императорлық археология комиссиясының корреспондент мүшесі (1885), Мәскеу археология қоғамының толық мүшесі (1889). «Ежелгі Орта Азия» (1897) т. б. еңбектері жарияланған. Ө. өзінің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты еңбегінде П-тың Қозы мен Баянның бейітін зерттеп, бұл хикаяны бастырып шығарғанын айтады. 1898 жылы Пантусов көріп, бейіт су жағасында 50 метр жерде тұр деп жазады. Бейіт қасында тастан ойған көп сурет болған: бірі – Баян, бірі – Қозы, өзгелері қыз апалары мен Айбас болар делінеді. 1898 жылы Пантусов бұл суреттер сынып жатыр еді дейді. 1897 ж. сол суреттің бірін Шығыс Африкадағы неміс губернаторы майор фон-Биссаман алып кеткен дейді.

*Н. Ерсарыұлы.*

**ПАРОДИЯ**, сатира жанры. Белгілі бір әдеби ағымының, жеке каламгерлердің стильдік әдістерін, ерекшеліктерін шығармасының өз түрінде, өз бітім-пішінінде, тек жаңа, қарсы пікір-мазмұнмен комикалық түрде, күлкілі етіп, қайта жырлап беру. П-ны Ө. драмалық шығармаларында жиі қолданған. «Абай жолы» эпопеясында:

«Жау бопшықты Ырғызбай,  
Айыпқа берді бір қыздай-ай.  
Оның аты – Құнанбай,  
Жүйріктігі құлндай,  
Шұбарлығы жыландай, –

деген секілді П-лар кезігіп отырады. «Жалғыз көзге дәлдеп тұрып қамшы ұрғандай қатал жаз» дегені – тым ащы П. Ал «Айман – Шолпандағы»:

«Өзімде бар бір жаман,  
Не қылайын қазақтың  
Жүйрігі мен жортағын», –

деген жолдар тұрмыстық П-ның сыпайы үлгісі болып табылады.

*Т. Қожакеев.*

**«ПАРТИЯ ТУРАЛЫ ОЙЛАР»**, жазушының мақаласы. 1957 ж. Кеңес Одағы Коммунистік партия-

сының 21-съезі қарарларына «үн қосу» ниетімен жазылған. 1959 ж. 30 қаңтарда «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған, кейіннен жазушының «Уақыт және әдебиет» (1962) кітабында, 12, 20 томдық шығармалар жинақтарына енген. Мұнда сол кездегі бүкіл кеңес елі каламгерлерінің дәстүрі бойынша, партияның сарыны басым. Кеңес елінің табыстарын боямалап көрсету жалпы социалистік реализм әдебиетіне тән тәсіл болса, көркем шығармалар да сол ізден қия баспайтын; қоғамдағы, жеке адамдар өміріндегі қайшылықтар, тартыстар айтылмайтын. Сондықтан ондай еңбектер шындықты жадағай, жартыкеш көрсетіп, тіршіліктің алуан түрлі шытырмандарына тереңдеп бармайтын. Ө. мақаласында келтірілген «адамның да, қоғамның да, табиғаттың да бүкіл өмірлік дамуы, ғажайып өзгерістері осы партияның қуат-жігерімен, қырағы данышпандығымен барып ұтсада» деген сөздер мақаланың жалпы пафосын білдіреді. Мақаланы басынан аяғына дейін осы мәнер («дүние тануы терең де жарқын, бақытты жандармыз», «советтік отанның ұлдары мен қыздары өз бақытымызды мақтанып айта аламыз», «дүние жүзінің барлық халықтарын құрметтеу сезімін де коммунистік адамгершілікпен байланыстыра ұғамыз» т. б.) сақталған. Ө. фашистік Германияға қарсы соғыста асқан батырлық көрсеткен Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұловалар да («партияның арқасында қайта туған халықтың қыздарына лайықты ұлы ерлік» жасады деп тұжырымдайды. Ол Фирдауси, Низами, Науаи, Шевченко, Пушкин, Абай шығармаларының көп елдерге танымал болуы да партия тәрбиелеген туысқандық нәтижесі деп біледі. Сонымен қатар мұнда Ө. қаламына тән бейнелі тіркестер де («Партия қыранның көзі жетерлік кеңістікті қырандай айқын көретін етіп көзімізді ашты, ой-өрісімізді өрлетті») ұшырайды.

*Р. Бердібай*

**ПАРЫЗ**, мойынға жүкелер міндеттердің жиынтығы. Дұрыс орындалуы үшін мемлекет заңдар қабылдайды. Бірге өмір сүрген бауырластарын, қандастарын, жерлестерін, отандастарын қорғау, соның жолында еңбек ету де парыз. Алла адамды жаратқанда ерікті етіп жаратты, оның еркіне қол сұғуға ешкімнің де қақысы жоқ. Алланың дініне қарсы шықпау, өз еріктілігін жоғалтпау да П. Ал еріктімін деп ойына келгенін істейтін болса, онда қоғам тіршілігіне зиян келтіреді. Еріктілік – өз өмірін қорғайтыны секілді басқалардың да өмірін қорғау болып табылады. Мұндайда ар-ұжданның таза болмағы да П., өйткені ол Алланың адамға берген үлкен сыйы, ар-ұжданы таза адам ешқашан азғындық жолға түспейді. Жамандық атуалыдан аулақ болады. Бұл ретте жақсылық та, жамандық та Алла тарапынан өз бағасын алады. Осы жолда таза болуы үшін әрбір пенде жаратушыдан сескенуі, оны құдірет иесі деп тануы тиіс. Пайғамбарымыз (с. ғ. с.) «Даналықтың басы Алланың құдіреттілігін мойындау, қаһарынан сескену» деген. Білім алу да П., даналыққа құштарлық ислам дінінің негізі. Мұхаммедтің (с. ғ. с.): «Алла тағала білім берген екен, одан ештеңені қайтып алмайды, яғни ол өлгенше дана болып өтеді» дейтіні де сондықтан. П-дың орындалуы, сақталуы қоғамды ұстап тұруға қызмет етеді. Халық оқу-білімнен, тәртіптен шеттетілген болса, онда парыздың ешқайсысы да қоғамдық өмірде орынға алмайды. П-ға қатысты ойлар Ө. шығармаларынан жиі көрініс береді, зерттеулері мен көркем шығармаларында, солардың ішінде Абайға қатыс-

ты еңбектерінде үнемі айтылып отырады. «Абай жолы» романының «Түн-түнекте» тарауында Сармолланың іс-әрекетіне, тыныс-тіршілігіне байланысты. П-дың мағынасы кеңінен баяндалған. Күдай алдындағы діни парызын өтеймін деп жүріп, өзі де мерт болады. Жазушы Абайдың қарасөздерін талдай отырып, Абай молдаларды өздерінің тілдерімен дәлелдер айтып әшкерелейді, қатты шенейді, олардың көбі надан, залалдан басқа білмейді, парызын ұмытып кетеді, сөйлегені жалған, адам аздырушылар, дінге де залалдылар дейді. («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы») (1845–1904).

Т. Әкім.

**ПАУСТОВСКИЙ** Константин Георгиевич (1892–1968), орыс жазушысы. Өзінің шығармаларында асқақ сезімді, әр рухты, таза табиғи мінезді жандардың жан дүниесін суреттеді. Жазушы Ұлы Отан соғысы кезінде Алматыға уақытша қоныс аударып, Ө-тің пәтерінің бір бөлмесінде тұрды. Қиын кезеңде ауыртпашылықты бірге көтерген күндердің белгісі ретінде П. 1943 ж. таза күміс қасыққа алғыс сезімін білдірген ілтипатты сөздер жазып, Ө-ке сыйлаған. Бұл қасық қазір жазушының немересі Асқар Ернарулы Өуезовтің үйінде сақтаулы. Ө. оның өнер адамдарының тағдыры туралы шығармалары мен қаламгерлік психологияны арқау еткен «Алтын раушан» кітабын жоғары бағалаған, оны 20 ғасырдағы орыстың ең үздік жазушысы деп есептеген. П. де Ө-тің бейнесін жүрегінде сақтап, ол туралы күнделіктері мен хаттарында жылы лебіздер жазып қалдырған. П-дің «Қарабұғаз» (1935), «Телегей тасқын» (1967), «Қоян жылы» (1973) жинақтары қазақ тіліне аударылған.

С. Жұртбай.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ**, Ж а з у ш ы н ы ң педагогика туралы ой-пікірлері. Ө. қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар пікір білдірмеген саласы кемде-кем. Оны педагогика қисындары үнемі ойландырып, толғандырып отырған. «**Ғылым**» атты мақаласында: «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, алған үлгісі, өнеге білетіндігінен және түзеле, бұзылу жас уақытта болады... Көпшілікті адамшылыққа тәрбиелеу үшін жас буынды тәрбиелеу қажет» деп жазды. Бұл айтымдар: «Баланы – жастан» деген халық даналығымен үндесіп, ғылыми педагогиканың іргетасын құрайды. Ө. шығармаларында тәлім-тәрбие ғылымының сан саласы (адамгершілік, имандылық, эстетикалық-әсемдік, еңбек, дене, сән-сымбат, тазалық-гигиеналық, оқыту, жазу-сызу, жаттау т. б.) үнемі сөз болды. Мысалы, имандылық туралы былай деп жазды: «Адамшылықты таза жүргізу үшін көп ой керек, ойлау үшін оқу керек. Және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, ақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңіліне жақсылық пен тәрбие беру керек». Енді бірде ол «адам жанының инженері» атанған мұғалімдер жөнінде толғайды. «Оқытушылар замана талабын дұрыс түсінген, адам баласының қас жауы – нағандылық пен қараңғылыққа қарсы күресуші адамзаттың өткен тарихындағы барлық мәртебелі де игілікті істердің жалғастырушылары болуы шарт» деп, ұстаздың адамды ағарту жолындағы еңбегіне әділ баға беріп, дұрыс бағыт сілтейді. Ө. педагогикадан теориялық трактат жазбағанымен, оқыту, дидактика мәселелері жөнінде талғамды пікірлер айтқан. Мысалы, 1929 ж. қазақ балалары үшін орыс тілінде «Новый аул» деген кітап жазып, қазақ халқының өмір тіршілігі, кәсібі, тұрмыс-салты,

әдет-ғұрпы, ойын-сауығы туралы бала ұғымына үйлесімді, қысқа-қысқа әңгімелерді енгізген. Бұл оқулық-хрестоматия ағарту ісімен шұғылданушылардың назарын әлі күнге дейін өзіне аударып келеді. Ал ересек жастар мектебіне арналған «**Жеткіншек**» оқу құралы (1930) Ө-тің әдебиетші-ғалым әрі педагог ретіндегі көрнекті еңбектерінің бірі болып саналады. Онда еліміздің жер бедері, ауа райы, өкімшілік-аумақтық бөлінісі, ауыл-қала адамдарының шұғылданатын кәсібі т. б. нақты деректер арқылы баяндалған. Жастардың өз өлкесін танып-білуде, оларды отансүйгіштікке тәрбиелеуде, туған жерді, өскен елді қадірлеп-қастерлеуде бұл кітаптың өз кезінде маңызы өте зор болды. Ұлы жазушы «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хат» деген әдістемелік еңбегінде де оқыту мен дидактика мәселесіне қатысты тың ойлар айтқан. Онда «Оқуға жаттығу», «Сөйлеуге жаттығу», «Жазу тіліне жаттығу», «Әдебиет шығармаларын түр жағынан зерттеуге т. б. бөлімдерінде әдебиет пәнін оқытуды тек мектеппен ғана шектемей, үйде оқыту қажеттігін ескеріп, бұл істе мұғалімнің жауапкерлігі мен міндетіне көп нәрсе жүктелген. Автор сабақ оқытуда ұдайы жақсы оқытқан шәкірттерге сүйенбей, үлгірімі әр түрлі балалармен де дөріс жүргізудің, оларды кітапты дауыстап не іштей оқуға дағдыландырумен қатар, материалдарды ұғынып, түсініп игерудің көп пайдасы бар екеніне назар аударған. Мысалы, ол оқыту процесінде ескі мен жананы үнемі салыстырып отыруға, мәнерлеп оқудың жай-жапсарына, баланың түсінігін жеңілдету жолдарына, ұғынуы қиын сөздер мен мәтіндердің түп-төркінін ашуға, оқығанды жоспарлай білуге т. б. ерекше мән берген, бұларды мұғалімдер мен әдіскерлер түсіндіріп қана қоймай, неғұрлым өнімді етіп жүргізу қажеттігін егжей-тегжейлі баяндап жазған. Ө. ұлы ағартушы («**Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері**», «**Алтынсарыұлы Ыбырай**», «**Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы**», «**Ұлы ақын, ағартушы – Абай Құнанбаев**» т. б.) туралы жазған шығармаларында олардың ұстаздық көзқарастарын, ұлағатты сөздерін, тәлім-тәрбие туралы ойларын жас ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде ұсынып, насихаттап отырған. Ұлы жазушының педагогикалық ойлары бұлар айтылғандарымен ғана шектелмейді. Оның тәлімдік ой-пікірлері бүкіл шығармашылығына негізгі арқау болған. Сондықтан Ө-ті ұлттық тәрбие ғылымының көрнекті өкілі десек, артық айтқандық емес.

Қ. Жарықбаев.

**ПЕЙЗАЖ**, табиғат суреті, көркем шығармадағы табиғаттың, яғни жаратылыстың әсем көрінісі, әдемі бейнесі. Жазушы табиғаттың кескін-келбетін суреттегенде, оны кейіпкерінің көңіл күйіне, болатын оқиғаның жағдайына ыңғайлап алады. Бұл ретте Ө. табиғат құбылысына «жан бітіріп», оған жанана мінездеме береді, алда кейіпкерді қандай өмір талқысы күтіп тұрғанынан хабардар етеді. Адамның мінез-құлқымен, ішкі сырымен табиғат көрінісін жымдастырып баяндайды. Пейзажды өзінің авторлық идеясына сәйкестендіріп, үнемі құбылтып, құлпытрып отырады. Табиғат суреттерін көбінесе кейіпкерлердің ой-сезімдерімен түсініктері арқылы береді. Мысалы, роман

ның «Түн-түнекте» тарауында. «Өзінің алыстау, арғы жағындағы қалың тоғай қарауыта дүңкиеді. Тек арғы-бергі жағадан әзір білінетін тіршілік белгі иттер үні ғана... Бірі алыстан, біреулері жақыннан кейде салмақпен, кейде шәуілдеп үреді. Бірауық олар шуласып, таласа жарысып үріп кетіседі» деп, Семей қаласындағы бір қауіптен хабар бергендей болады. Шынында, Абай қалаға келсе, оба ауруы мендеп, жұртшылықтың үрейін алып тұр екен. Соның салдарынан мешітке келушілердің сирей бастауы, «жемiнiң» азая бастағанына айтысып-тартысып, бiрiн-бiрi талап жеуге дайын тұрған дiнбасылардың көңiлсiз оқиғасы баяндалады. Ал ақтүнек боранда адасып, Тоғжан аулына тап болған Абайдың науқас халдегi жай-күйi баяндалады. Бұл сағынысқан ғашықтардың екiншi арманы едi. Бұл жерде дүлей боран қалыңдығы бар Абайды, айттырып қойған күйеуi бар Тоғжанды бiр-бiрiне қоспай, айырып жiберген қатал тағдырдың рәмiзiне айналған: «Дүние сонша бүрiсiп, алай-түлей, iшiнде аспан деген, жер деген, тау-су деген, өлке-жота деген айырма да, бiтiм жаратылыс та жоқ сияқты. Ыстық судың қайнап ойнағанындай. Не тулаған теңiзде тау толқының көбiгiн аспан атып, шапшып құлағанындай. Сол төлқын iшiнде ажал жүзiн сәт сабын күтiп келе жатқан кiсiге де дүние осындай бiр-ақ уыс болса керек» («Оқапта»).

*Т. Әкім.*

**ПЕРДЕ**, а к т, драматургиялық шығармаларда белгiлi үзiлiстен кейiн П. жабылып, қайта ашылған соң оқиғаның өрiсiн аңдататын бөлiм, қимыл-әрекет осыдан жүрiп жатқан оқиғаның жаңа өрiс-белесi көрiнедi, арасында шымылдық, үзiлiс. Автор шеберлiгi бiр бөлiмнiң бiткенiнен кейiн екiншi бөлiмде не боларын сезiндiрмеуiнде, идея мақсаты ең соңғы бөлiмiнде ғана анықталуында, ашылып ақтарылуында; егер бiр бөлiм бiтiп, келесi бөлiмде не болары анықталып жатса, онда одан драматургтың шеберлiгi көрiнбейдi. Жалпы драмалық шығармалар бiрнеше бөлiмдерден тұрса, кейде сол бөлiмдердiң өзiн үш-төрт пердеге дейiн бөлiнетiн кездерi болады. Ө. драмаларының кейде он шақты (мысалға, «Хан Кене») П-ден тұратын тұстары бар, ал кейiнгi пьесаларының көпшiлiгiнде П-нiң аз көрiнуiн қарастырған. Өрiне бөлiмнiң аяқталып, П-нiң жабылуы кез келген жерде, орынды-орынсыз бола бермейдi. Драмалық, комедиялық, опералық, балеттiк қойылым болсын, көп жағдайда үш-төрт бөлiмнен аспайды, ал П. одан артықтау бола бередi.

*Т. Әкім.*

**ПЛАТОН**, П л а т о н (б. з. б. 427–347), ежелгi грек философы. Афиныда өз мектебi – «Платон академиясының» негiзiн салған. Абсолюттiк идеализмдi жақтады. Материя – адамның бейнесi, өткiншi сәулесi, адамнан тыс, тәуелсiз, өз бетiмен өмiр сүретiн идеялар дүниесi – нағыз шындық деп дәрiптедi. Идеалды дүние – мәнгi өзгермейтiн қозғалыссыз, ал материалдық дүние – үздiксiз, мәнгi қозғалыста, сондықтан жанды-жансыздың қозғаушы күшi, бастамасы – оларға өмiр сүргiзетiн әлемдiк рух дедi. «Сократтың апологиясы», «Федон», «Пир», «Федр», «Мемлекет», «Тездет», «Софист», «Тимей» т. б. шығармаларын жазды. Ө. «Заман шарты» атты мақаласында «Гомер ақын бүкiл Элланды тәрбиеледi» деген П-ның айтқанын дәй-

ектеме еткен. Ал «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» деген монографиясында ұлы ақының ежелгi философтардан, соның iшiнде П-нан хабардар болғанын жазған.

*Н. Бауған.*

**ПЛАШЕВСКИЙ** Юрий Павлович (1920–1995), жазушы, аудармашы. «Қазақ даласының өндерi» жинағы туралы» («Қазақстан», 1951, №4), «Мұхтар Өуезовтiң «Абай жолы» романы туралы» («Большевик Казахстана», 1952, №3), «М. Өуезовтiң Абай туралы еңбегi румын тiлiнде» («Қазақстанская правда», 1957, 1 қыркүйек) т. б. мақалаларында ұлы суреткердiң шығармашылық қызметiн сипаттаған.

**«ПЛЕНУМДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗI»**, жазушының 1933 ж. Қазақстан жазушыларының пленумында айтқан сөзi. «Әдебиет майданы» журналының 1933 ж. 1-санында жарияланған. Ө. I. Жансүгiрөвтің баяндамасынан кейiн сөйлеген. Жазушы өмiрiндегi ең қасiреттi сипаттағы сөз. 1930–32 ж. қамауда болып, НКВД тергеушiлерiнiң уысына түсiп шексiз қорлық көрген, өмiрiне қауiп төнген Ө. 1932 ж. маусым айында кешiрiм сұрап, хат жазған едi. Пленумда сөйлеген сөзiнде Өуезов сол хаттағы айтқандарының көбiн қайталады. Шартты түрде сотталуда жүрген, iзiнен ұзақ жылдар анду кетпеген суреткер пленумда осылай сөйлеуге мәжбүр болды. «Мен жолдас Жансүгiрұлының баяндамасының iшiнде Алаш орда әдебиетi туралы айтқан жерiне тоқтамақпын. Кешегi күнi сол әдебиеттiң нағыз ортасында болған адамның бiрi мен өзiм болғандықтан, қазiр соны туғызған топтың қоғамдық-тарихи тамырлары мен таптық-саяси талаптарын толық күйде ашып салу қажет деймiн» дейдi жаны қинала. «Содан кейiн Бөкейханұлының шәкiрттерi-серiктерi қазақ баспасөзiне әдеби-саяси бет бергенде, сол Бөкейханұлы менi соның белгiлеген жолымен әкеттi» дейдi, өзi өте жоғары бағалаған адам жайлы. Пантюркизмдi әшкерелеп, Атилла (Өдiл), Шыңғыс, Темiр жөнiнде жазғандарды сынады. «Еңлiк – Көбек» пен «Қарагөздi» өзiнiң Алашқа елiктеп жүрген кездерiндегi үлкен қатеге санайды. Тiптi берiде жазған, тың (1916) оқиғаларды қамтитын «Қилы заманның» өзiнде шындықты суреттеуде артақ тартатын бағытта кеттiм деп екiншi бiлдiредi.

*Р. Әбдiғұлов.*

**ПОГОДИН** (шын фамилиясы: С т у к а л о в) Николай Федорович (1900–1962), орыс жазушысы, драматург. Лениндiк сыйлықтың (1959), КСРО Мемлекеттiк сыйлығының (1941) лауреаты. Ресейдiң еңбек сiңiрген өнер қайраткерi (1949). Ө-пен достық, шығармашылық қарым-қатынаста болды. Қазақ жазушысы туралы әрдайым жылы лебiз бiлдiрiп отырған («Коммунизм туы», 1972, 28 қыркүйек; «Коммунизм таңы», 1972, 28 қыркүйек; «Қазақ әдебиетi», 1967, 8 желтоқсан; «Ленин туы», 1967, 2 қыркүйек; «Қазақ университетi», 1967, 4 шiлде). Ал «Бiз үшiн Өуезов – екiншi Абай» атты мақаласында: «Қазақстан үшiн Өуезов – екiншi Абай, бiз үшiн – Шығыстың Шолоховы, бұл жазушылар өздерiне дейiнгi әлемге беймағлұм болып келген орасан зор халық өмiрiн классикалық түрде ашып бердi» деп жазды («Бiздiң Мұхтар», А., 1976, 19–20 беттер). М. Өуезов «Драматургия заңы туралы кейбiр ойлар» атты мақаласында «драма спецификасының, теориясының проблемалары» алға апарған жазушылардың қатарында П-нiң есiмiн атаған, «Мылтықты адам» сияқты пьесалардың рево-

люцияшыл жаңалығын өз формасында, архитектурасында тереңрек түсініп, таба білу керектігін ескерткен (12 томдық шығармалар жинағы, А., 1968, 102-104-беттер).

Н. Ақбай.

**ПОЛЕВОЙ** (шын фамилиясы – К а м к о в) Борис Николаевич (1908–1981), орыс жазушысы, Соц. Еңбек Ері (1974). Ұлы Отан соғысы материалдары негізінде «Біз – совет адамдарымыз» әңгімелер топтамасын (1948; КСРО Мемлекеттік сыйлығы, 1949), т.б. романдарын жазды. Ө-пен КСРО Жазушылар одағының басқару аппараттарында бірге істегені жаындағы деректер, түрлі жиналыстардың хаттамалары Өуезов мұражайында сақталған. Осы саладағы жұмыстар бойынша Мәскеуде жиі кездесіп, достық, әріптестік қарым-қатынаста болған. 1954 ж. желтоқсан айында Мәскеуде өткен кеңес жазушыларының бүкілодақтық 2-съезіне дайындық кезінде тығыз шығармашылық байланыс жасаған. Кеңес бейбітшілікті қорғау комитетінде бірге қызмет етті. Екеуі 1961 ж. Үндістанда өткен 3-халықаралық бейбітшілік сақтау конгресі жұмыстарына қатысты. Көп жылдар бір-бірімен хат жазысып тұрды. «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының архивінде П-дың бірнеше хаттары бар. Сол хаттардың бірінде Ө-тің шығармаларына, әсіресе «Абай жолы» роман-эпопеясына жоғары баға берген.

Д. Қонаев.

**ПОЛКОВНИК АРАЛЫ**, арал. Ертіс өзеніндегі кішігірім аралдардың бірі. Абай Семейге барғанда, дос-жарандарымен осы аралда серуендеп, әңгіме-дүкен құрып қайтады. Кейде осында желкәйікке мініп, Михайловпен сырласады. Демек бұл жер Абайдың сүйікті орнына айналған. Ө. «Абай жолы» романының «Асуда», «Түн-түнкете» тарауларында П. а-ын кенінен суреттеген.

**ПОМЕРАНЦЕВ** Юрий Борисович (1923 ж. т.), орыс актері, режиссер. Қазақстанның халық артисі (1961), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1967). Көбінесе өткір мінезді рөлдерді орындауға бейімділік танытты. Режиссер ретінде драмалық шығармалардың тартысын тереңірек ашуға, стилі мен көркемдік шындықты ұштастыруға көп күш салады. 1967 ж. Алматыдағы орыс драма театрында қойылған Ө. пен Л. Соболевтің «Абай» трагедиясындағы Абай бейнесін сомдады. Мұнда ол ұлы ақынның ойшылдық, күрескерлік қырларына жіті көңіл аударып, қазақ пен орыс халқының достығын бейнеледі.

**ПОПОВ** Василий Иванович (т.-ө. ж. б.), педагог. Семей қаласының мұғалімдер семинариясында Ө-ке орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген. Оқуды бітіргеннен кейін де болашақ ұлы жазушымен байланысып тұрған. Мұхан басқарған Семей губкомының мәжілісіне қатысып отырған. Кейін де хат жазысып, байланысып тұрған. «Абай» романы жарық көргенде, авторы оның бір данасын П-қа пошта арқылы салып жіберген. Ол «Мұхтардың сәлемдемесі» атты естелігінде бұл жайларды елжірей еске алған («Қазақ әдебиеті», 1967, 30 қараша; «Біздің Мұхтар», 1976, 355–357-беттер).

**ПОРТРЕТ**, 1) әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-көрінісін, бой-тұлғасын суреттеу. Кейіпкердің мінез-құлқын, бет-бейнесін неғұрлым ашып көрсету үшін портретті мүсіндеуді зор мәні бар. Сондықтан мұны әр түрлі жағдайда, күрес-тартыс үстінде басқа адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекеттері, істеген істері арқылы айқындайды. Романда Қодар

мен Қамқаның мәселесін шешу үшін жиналған рубасылардың алдында сөйлеп отырған Құнанбайдың бет-бейнесін аса көркем, шынай суреттелген: «Ат жақты келген, ұзын, сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп, дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Жалғыз көзі шүнет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады». Бұл сурет бүкіл тобықтың аузына қаратып, селт еткізбей ұстап отырған «салғырттығы жоқ, сергек, қатал күзетші» Құнанбайдың шынайы бейнесін кез алдына елестетеді. Жазушы оның характерін бірден жайып көрсетпей, там-тұмдап, оқта-текте еске салып отырады. Құнанбай сөйлеп отырғанда, оған ешкім тесіле қарамайды. Көздерін төмендеті береді. Көптеген рубасылары оның алдында жасқаншақ, ал сыртынан қарадай үрке қорқады. «Онда өктемдік те бар, әрі қолы ұзын, малды, сөзге жүйрік, мінез бен іске да алғыр, бетті, қырыс...адам». Ол жаты түгіл жақынын да аямайды, қаталдық жасайды. Реті келгенде, кедей бұқараға да шенгенін аяусыз батырады («Қайтқанда»).

2) Бейнелеу өнерінің жанры, фотосуретке де қатысы бар. П. адамның сыртқы бейне-пішінін берумен қатар оның рухын болмысына, ішкі жан дүниесіне үңіледі. Ө-тің портретін жасауға қазақ бейнелеу өнерінің белгілі қылқалам шеберлері ат салысты. Сондай П-тердің таңдаулы үлгісі қатарына С. Мәмбеевтің «М. Өуезов портреті» (1962) орын алады. Жазу үстелінде терең ойға шомған ұлы жазушының келбетінен тың толқынын, жаңа шешім тапқандай қыранша қадала қараған алғырлығы, байсалды сенімділігі аңғарылады.

Н. Ақбай.

**ПОТАНИН** Григорий Николаевич (1835–1920), орыс ғалымы, фольклоршы. Сібір мен Орталық Азияға көп сахат жасап, сонда тұратын халықтардың геофизикасы, этнографиясы, фольклоры мен экономикасы жөнінде аса құнды мағлұматтар жинақтайды, бірнеше кітап шығарады. Мысалы, «Орта ғасырдағы Европа эпосындағы шығыс тақырыбы» деп аталатын еңбегінде қазақ ауыз әдебиеті туралы мол мәліметтер бар. Ө. «Ертегілер» деген зерттеуінде П-ның қазақтың ертегілері мен аңыздарын жинап, орыс тілінде бастырып шығарудағы қыруар еңбегін қатты бағалаған. Ал «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» деп аталатын ғылыми мақаласында Потанин «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын Батыс Еуропаның, орыстың, шығыс елдерінің бірнеше халық дастандарымен салыстыра келіп: «Бұл – жер жүзіндегі ең қымбат әдебиет мұраларына жататын шығарма» деп бағалаған, «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырына орыс зерттеушілерінің осыншалық зор еңбегі сіңген деп жазған. Жазушының өзі де П. жинаған ауыз әдебиеті үлгілерін еркін пайдаланған.

**ПОЭЗИЯ**, Жазушының поэзия туралы ой-пікірлері. Ө. өзінің алғашқы шығармашылық қаз-қадамын, жалпы қазақ қаламгерлеріне тән мәнбер-машығы сияқты өлең жазудан бастаған. 1953 ж. жазған өз өмірбаянында: «Первые литературные опыты я начал со стихов, которые не были опубликованы» деп мәлімдейді. Өрине, жа-

зушы қаламынан туған «Айман – Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Абай» сияқты либретто, музыкалық драмаларында да, прозалық туындыларында да поэтикалық ой-толғам өрнектері молынан орын алатыны белгілі. Сондай-ақ ол өзінің өмір бойы үздіксіз жазған әдебиетке байланысты мақала, сын-зерттеу еңбектерінде осы жанрдың сыр-сипаты, ерекшелік өрнектері жайлы үнемі ой-пікір тұжырымдарын айтып отырған. Ө әдебиет жайлы алғашқы 1918 ж. «Абай» журналында жарияланған «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласында: «Абайдың хиялы шалымды, ойы терең, ақыл-білімінің әр тарауынан көкірегінде асыл қазынаның көп» екенін, оның «өзге сипаттарының ішіндегі ақындық сезімінің артық жетіктігі, дүниенің сыры мен жүрегінің жалғасып, ымдасып кететіні», не нәрсенің болсын, жарастығын, келісімін, сұлулық сұлуын іздейтін ерекшелік қасиеттерін дәл танып, «өлеңшілікке өзгеше нұр кіргізіп», неше түрлі өлшеу, көптеген жаңа түрлер тапқандығын өте жоғары бағалайды. «Абайдан соңғы ақындар» атты келесі мақаласында автор қазақтағы қара тілді «өлеңшілдік» пен шын мәніндегі поэзияның ара жігін айқындап, өзінің теориялық ой-тұжырымын білдіреді: «Өлеңге қоятын шарт: еркін ой, шалықтаған терең хиял, нәзік, өткір сезім, құйылған сұлу сурет, кестелі, таза, қысқа, анық, дәлді нығыз тіл... Һәркімнің жүрегінде бір жасырын сыр бар, жасырын тіл бар, жасырын күй бар. Ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербетіп, қуанытып, мұңайтып, жасырын күйдің ішегін шертіп, һәрбір пернесіне тап басу. Ондай өлеңді оқығанда оқушының шері қозғалып, ой-көзі жүрегіне үңілетін бір әсер пайда болады» дейді. Жазушы 1927 жылы «Әдебиет тарихы» ғылыми-зерттеу еңбегінде зар заман ақындарының ерекшелік сипатына тоқталып, Асан Қайғыны жазба әдебиеттің басы деп бағалап, оның «алғаш рет келешек заманның құбыжығын сезіп, түспалмен белгі беріп, болжам айтушы» атап көрсетеді. Асан Қайғы сөздерінің бәрі терең ой, мағынасы тылсым жұмбақ, «беті шалғай терістен, қиын қиядан, бұлт құшқан биіктен, шыңырау түбінен шыққандай қиырдан жиылған суреттер» болады. «Құлан жортпас қу тақыр, ... құлықтан туған құлаша», «қилы-қилы заман болып, қарағай басын шортан шалғанда, ... ұлы-қызы орысқа бодан болғанда қайран ел, есіл жұрт не болады» деген сияқты ашы сұрақ, ауыр жұмбақты «сыртқы аламыштығына қарап жатсынбай, ішкі жұмбақ мағынадағы түбірі бірлігін ойлап, соны үғыну керек» дейді. Бұл еңбегінде автор: «Өлең сөздің міндеті елдің ақыл-ойын тәрбиелеу, білім үйретіп, басшылық ету, ой түсіріп көзін ашу, көңілін ояту. Сондықтан өмір ақиқатын теңіздей тереңнен толтықты өкеледі» деген сияқты теориялық тұжырымын да келтіріп отырады. Ө. 1933 ж. М. Жолдыбайұлы, Ө. Қоңыратбайұлымен бірге 7-сыныпқа арнап жазған «ХХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабында» жырау деген атауға алғаш рет айқын анықтама береді: «Жыраудың ақын атауыдан, жырышдан бөлек өз жанры бар. Бұның сөз үлгісі, шығармасы – толғау. Жыраудың мақсаты, міндеті – «не болса, сол, көңіл ашар, өлдене» дерлік сөзді айту емес, ол заман сыны, мезгіл, дәуір болжамын, тарихи оқиғаның мазмұн бағасын сөз қылады». Бұл оқулық-

та автор сол кезеңдегі ақын-жыраулар поэзиясының өзіндік ерекшеліктеріне теориялық көркемдік-эстетикалық талдаулар жасаған. Айталық, Махамбет өлеңдерін сөз еткенде, олар Бұқар жыраудың толғауларындай алуаны мол күрделі емес, бір-ақ түйінге арналып, бір ғана негізгі тақырыпқа құрылғандай болады дейді. «Бұрынғы өлең-жырда әр жерден шаң беріп, басы қосылмай, бығырап жүретін суреттер мынада қатты ымдасып, екшеліп, бір бас, бір тас боп алады...» «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін автор ұзақ бір ғана сөйлем есепті, «неше алуан қатар жырсықан, жеке-жеке суреттердің байлауы ең аяққы жолда – «ерлердің ісі бітер ме?» деген бір қайырыммен аяқтайды. Ауызша айтылған желдіреме болғандықтан ұйқасы кейде келіп, кейде келмейді. Бір жерінде қат-қабаттап кетіп, өзге бір жерінде шаңжау-шаңжау түсіп, тырағайлап отыратын ұйқасты... қыздырма сөздің құйылыс – тасқыны билейді» деп, ақын өлеңдеріндегі жиі кездесетін ассонанс, аллитерацияларды да өзіндік поэтикалық ерекшеліктері сипатында атап көрсетеді. «Қазақ әдебиеті» (1955, 11 қазан) газетінде жарияланған «Мәлік Ғабдуллинге жауап хатында» автор қазіргі қазақ поэзиясының жай-күйі, өсу өрісі жайлы ой-пікірлерін ортаға салған. Мұнда, алдымен, поэзияның барлық шығармашылық ой мәдениетіміздің ішіндегі «ең күрескері, ең сергек сезімталы, ең қырағы көрегені» екенін, «әдебиетіміздің ұлы саласы, ... кең өрісті, ең мол мұралы қадірлі жанры» ретінде әдебиетіміз бен мәдениетіміздің жаңадан түр тауып есіп өркендеуіне жетекші жол салып отырған әсер-ықпалын жоғары бағалайды. Автор қазіргі ақындарымыздың өз тағдыр талайынан туған жырларымен поэзияға шыншылдықты, айқындықты алып келгенін, «өскен мәдениетімен, ізденгіш өнерімен, әр сипат нәрімен де, барымен де» өзіндік үлгі өрнек тауып отырғандарын ашып танытқанды. Олардың әрқайсысының жеке ерекшелік сипаттарын, қол жеткен жетістіктері мен кейбір кемшілік, олқылықтарын да атап көрсетеді. Ө. 1960 ж. 25 желтоқсанда ҚазМУ-дың әдебиет үйірмесінде өткен поэзия кешіне қатысып, ұзақ сөз сөйлеген еді. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» деген атпен сол жылы «Лениншіл жас» газетінде (1960, 28 желтоқсан) жарияланған осы сөзінде жазушы жастар поэзиясының аяқ алысы мен бағыт-бағдары жайлы кеңінен тоқталып, теориялық ой-пікірлерін ортаға салады. Сол кезеңде өздерінің алғашқы туындыларымен, тұсау кесер жинақтарымен енді-енді көріне бастаған Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаев т. б. жас ақындарымыздың жеке-жарым жыр жолдарында «жұртшылық аузына түсе қоймаған талай оралымдар, шеберлікті сезілетінін» айтып, әдебиетімізге мәдениетті, оқыған ақындардың келе бастағанына қуаныш білдіреді. Олардың қазақ әдебиетіндегі дәстүрлерді ғана үйренумен шектеліп қалмай, айналасын көріп, шарлап, ізденіп, түртініп жүретіндігін, «бірқыдыру өзіндік жаңалық тапқысы келеді, өзін өзі танығысы келеді, өз өмірінің үлкен шындығын айтуға ұмтылады. «Жастардың «мені» біртүрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас игізетін соншалық шындық пен бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шыншылдық бар, поэзияға керек нәрсе – осы шыншылдық» дейді. Жас ақындарымыздың қазіргі «газет, радио тіліндей» тақ-тұқ шорқақ тілден арылып, нағыз поэтикалық тілді менгере бастағанына, әрі «көпсөзділіктің азайғанына» да ризашылық бейлі білдіріп, «өлеңнің



өлшеуі өзінің мөлшерімен қадірлі». «Ой болмаса, шығарма терең қасиетті болмайды... Образ болмай, ойдың да қасиеті болмайды» деген тұжырымын айтады. Жазушы жоғарыда аталған басқа да мақала еңбектерінде көрнекті ақындарымыздың шығармашылығы, жеке шығармаларының жетістік, кемістіктері жайлы сөз еткенде жалпы поэзияның табиғаты, ерекшелік қыр-сыры туралы әрдайым өз ой-толғамдарын білдіріп отырған.

К. Сыздықов.

**ПОЭМА** (гректің – туынды, шығару деген сөзінен шыққан), эпостық жанрдың бір түрі. Шығарушысы белгілі және күрделі оқиғаға құрылған өлеңмен жазылған туынды, сондай-ақ кейбір прозалық шығармалар мен эпопеяларды жазылу тәсіліне қарап, «поэма» деп те атайды. Мысалы, Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясын әдебиет сыншылары «роман-поэма» (*И. Брагинский*) ретінде бағалады. Эпостық поэмалардың өзара байланысын айта келіп, Ө. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы жоқтауды салыстыра келе: «Батырлық жыр мен эпостық дастанның туып-қалыптасуы жайындағы бұл ойды басқа халықтардың әдебиетіндегі мысалдар анықтай түседі. Мәселен: «Одиссейда» Деннодоктың Алкиной сарайында Одиссейдің ғайып болғанын, қайғылы халін баян еткен жыры эпопеяның өзегін құрған. «Шахнамада» өкіесінің Рүстемді жоқтауы, «Игорь полкі туралы жырдағы» Ярославның дастандағы оқиғаны қысқа түрде баяндайтын жоқтауы, осындай» деп пікір түседі (20 томдық шығармалар жинағы, 1984, 17-том, 190-бет). «Әдебиет тарихы» монографиясында қазақтың эпикалық поэмаларын – жырларын жан-жақты талдады, оларды кезек-кезекте бөлді. Кейіпкерлері тарихи аңызға айналып кеткен эпостық поэмаларды – «батырлар жыры», ал Кеңесары сияқты дерек ізі өшпеген қаһармандар туралы дастандарды – «тарихи жыр» деп атады. Соның ішінде «Қобыландыны» – ел қамын ойлаған «аға батырлар жыры», жеке басының мүддесін көздеген оқиғаларға құрылған «Ер Сайынды» – «кіші батырлар жыры» деп жеке-жеке қарады. Қазақ әдебиетінің тарихын қазақ хандығымен, билер мен бектердің тұсындағы әдебиет және отарлау заманындағы зар заман әдебиеті деп екіге бөлді. Осы пікірлері үшін үлкен сынға ұшырап, «Әдебиет тарихы» монографиясын кеңес өкіметі тұсында жариялауға рұқсат етілмеді. Ал «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты мақаласында: «Жыршы халық, ақын халық есте жоқ, ескі замандардан бастап дарыған ақындық даналығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмытпалас эпостық дастандарында, сан алуан түрлі жырларында бейнеледі» деп жазды.

Т. Жұртбай.

**«ПРАВДА»**, газет. Негізін 1912 ж. В. И. Ленин қалаған. 1912 ж. 5 мамырда шықты. Әдебиет пен мәдениет, өнер, ғылымға қатысты мәселелер де қамтылды. А. Толстой, М. Солохов, А. Фадеев, Н. Тихонов, Л. Леонов, О. Гончар, Жамбылдың сөздерімен қатар Ө-тің де көптеген публицистикалық еңбектері осы газетте жарық көрді. Ө. алғаш рет бұл газетте «Пушкин және Кеңестік Шығыстың туысқан әдебиеттері» деген мақаласымен көрінді (1949, 5 маусым). Содан кейін «Бейбітшілік пен достықтың туы астында» (1951, 5 қыркүйек), «Қазақстандағы жаңа көктем» (1955, 30 сәуір), «Гүл бақшада» (1958, 12 желтоқсан), «Біздің әдебиетіміздің туысқандығы» (1959, 8 мамыр), «Тірі аңыз» (1959, 6 қараша) т. б. мақалалары жарияланса,

## ПРОЗА

оның өзі туралы А. Фадеев, Н. Тихонов, К. Симонов, К. Зелинский, П. Скосырев, З. Кедрин, В. Кожевников, О. Форш, С. Щипачев, Р. Ғамзатов, Ш. Айтматовтардың жазғандары басылды.

Т. Әкім.

**ПРОЗА**, Жазушының прозалық шығармалары. Ө. өзінің әдеби-шығармашылық қызметінің алғашқы қадамдарынан бастап қазақ әдебиетінің проза жанрын дамытуға, оның идеялық-эстетикалық деңгейін жоғары көтеріп, халқының рухани қазынасын молайтуға сүбелі үлес қосты. 20-жылдардың бас кезінде көркем қара сөздің шағын көлемді түрлерін өндірте жазды. Солардың ішіндегі алғашқы көрнекті шығармасы «Қорғансыздың күні» (1921) атты әңгімесі болатын. Көлемі шағын болғанымен, көркемдік жағынан үлкен жаңалық әкелген бұл туынды жазушының өз шығармашылығы үшін де, жалпы ұлттық проза үшін де өте маңызды болды. Мұнда ескі ауылдың өмірінен алынған ауыр шындық, адамның жаны түршігерлік сұмдықты оқиға суреттеледі. Қайғылы оқиғаны баян еткенде, көшелік көркем шығарма жолында алғаш рет қадам басқан жас қаламгер шынайы суреткер шеберліктің айқын нышандарын танытады. Алдымен осы әңгімеге қатынасуды кейіпкер бейнелері оқиға өрісіндегі өз орындарына қарай бірде сөздерімен, бірде іс-қимылдарымен мейлінше шынайы бедерленіп көрінеді. Әсіресе қартайып қалған шағында ауыр қайғының қалың қасіретіне қамалған қария кемпірдің өткен-кеткенді, қазіргі қара түнек тіршілікті сабырлы, естиярлықпен баяндаған әңгімесі, ері мен еркек баласынан қатар айрылып, оның үстіне екі көзі суқараңғы ғаріп әйелдің мүлгіген үнсідігі мен әлдеқандай бір үрей төндірген болашағына үрке қарағандай жас өрім қыздың жаутандаған мөлдір көздері – міне, осылардың барлығы, сөз жоқ, сол кездің өзінде-ақ қауымның аяныш сезімі мен ыстық ықыласын қатар тудырып, шығарманы да, оның авторын да қалың көпшілікке бірден танымал еткенді. Сол жоғары баға кейінгі жылдары да оқушы санасында берік орнығып қалды. Оған қазақтың атақты жазушысы С. Мұқановтың мына сөздері дәлел: «1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы европалық прозаның дәрежесіне көтерілді» (С. Мұқанов. Көрнекті жазушы // М. О. Әуезов. Алпыс жылдығына арналған мақалалар жинағы, А., 1959, 13-бет). Жемісті шығармашылық жолға біржола бет түзеген жазушы осы аяқ алысымен аз жылдардың ішінде тағы бір түйдек көркем әңгімелер туғызды. Бұлардың қай-қайсысы да өз заманының ащы шындығын әйгілейтін қым-қуып қайшылықтар мен қақтығыстар аясындағы қарапайым адамдардың тағдырын бейнелеуге арналған. Бұл әсіресе «Жетім», «Барымта», «Жуандық» атты әңгімелерден айқын танылады. Өке-шешеден ерте айырылып, қатыгез туыстарының қолындағы қорлықты тіршілікке көнбей, жазықсыз соққыға жығылып өлген Қасым, сүймеген күйеуі Жақыпқа көнбегені үшін таяқ жеп, қасіретті дерттен қаза тапқан Ғазиза, әлеуметтік сезімі мен азаматтық санасы оянбай, рушылдық намыстың сойылын соғамын деп жүріп, бірін-бірі ауысыз құрбандыққа ұшыратқан Қонақай мен Қалбақай сияқты жылқышы жалшылар тағдыр осы-

ның айғағы. «Оқыған азамат», «Кінәмшіл бойжеткен» атты шығармаларда жаңа заманның ағымына ілігіп, оқу-білімге, мәдениетке тартылдым деген кейбір жастардың дүниеқоңыздық, моральдық азғындық жолына түскен келеңсіздіктері әшкереленеді. Осы тақырыптас «Ескілік көлеңкесінде», «Үйлену», «Сөніп-жану» сияқты әңгімелердегі автор позициясында ашық жазырудан гөрі жымсықсы әжуа, жұмсақ юмор нышаны айқын байқалады. Ө. қаламынан осы кезеңде туған үлкенді-кішілі әңгімелер ішінде өзінше бір төбе болып, жеке-дара ерекшеленетіні – әйгілі «Қаралы сұлу». Мұнда жазушы адам психологиясына тереңдей үңгіп, тайталас шарпыса түскен екі ұдай сезімнің, адам табиғатының биологиялық талабы мен ақыл-сана тоқтамы, жас дененің асау нәпсі тілегі мен басалық намыс тежеуі арасындағы ғаламат арпалыстың ғажайып көрінісін береді. Сүйген жарынан ерте айрылып, ұзақ жылдар бойы жесір отырған жас әйелдің осы арпалыстағы табиғи талап-тасқынына еріксіз бой алдырған бір сәтін жазушы сұңғыла сезімталдықпен шебер жеткізеді. Сонымен бірге бұл әңгімеде болашақ ұлы суреткердің осынау күрделі тақырыпты әр заманда әр түрлі жолмен шешкен дүниежүзілік әдебиеттің көрнекті өкілдерімен шығармашылық жарыса түскендей талабы да аңғарылады. Мәселен, «Қаралы сұлу» оқып отырғанда, бұдан көп бұрын жазылған француз жазушысы Дени Дидроның «Монахиня», орыс классигі Лев Толстойдың «Сергий өкей» атты шығармалары еске түседі. Бірақ Ө-тегі атақтыларға еліктеу емес, сюжеттік ұқсастықты ұлттық топырақта өзінше өрбіткен өнер бәсекесі іспетті болып шыққан. Осы сияқты, «Көксәрек» повесіндегі қазақ әдебиетінде Әуезов ашқан тың үрдіс – адам болмысы мен тұз тағысы арасындағы ымыраға келмейтін алшақтықты суреттеуде де дүниежүзілік көркемдік тәжірибесімен белгілі бір үндестікті байқау қиын емес. Атап айтқанда, бұл – Джек Лондонның «Ақ азуын» ойға оралтатын үрдіс үндестігі. Жас жазушының абыройына қарай, бұл жолы да көркемдік шешім жалаң еліктеу болмай, нағыз қазақы ортада, ұлттық психология мен ұлттық характерлердің табиғи тұтастығы негізінде, солармен тамырлас типтік жағдайларда жүзеге асырылады. Бұл мысалдар сол кездегі жас жазушының болашақтағы кең арналы шығармашылық айдынынан лықсып көрінген тегеурінді дарын толқын-дарының легіндей елес береді. Осы кезеңде «Қорғансыздың күнінен» басталған Ө-тің көркем проза саласындағы тәжірибелі 20-жылдардың аяғына таман сүйекті туындыларға, жоғарыда айтылған «Көксәрек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» сияқты көлемді повестерге ұласты. Соңғы аталған екі шығарманың екеуі де тарихи оқиғаға негізделіп, нақты болған адамдардың өмір жолынан алынған туындылар болатын. Мұның өзі жазушының алғашқы әңгімелеріндегі кейбір романтикалық сарындардан шынайы тіршілік болмысына қарай ойысқан кең тынысты реалистік бағыттың жемісті бастамалары еді.

Көркемдік қайнауы бұдан да гөрі жетілдіріліп, оқиға желісі күрделіленіп, шиеленісе түскен екінші повесть – «Қилы заман». Мұндағы тартыс «Қараш-Қараштағыдай» жеке адамның әлеуметтік теңсіздікке қарсы наразылығы төңірегінде көрсетілмей-

ді, қалың халық бұқарасының патшалық отаршылдыққа қарсы ұйымдасқан қарулы көтерілісі аясында өрістетіледі. Сол ұлы дүбірдің басында Жәмеңке қарт, Ұзақ батыр, қажырлы азамат Серікбай сынды адамдар болды. Мұның сюжеттік желісі Жетісу қазақтарының 16-жылғы июнь жарлығына қарсы қарулы көтерілісі. Нақты тарихи оқиға. Патша үкіметінің ғасырлар бойғы отарлау саясатына қарсы қаны қайнап, ыза-кегі қордаланып келген халықтың қазақ жастарын майданда оқоп қаздыратын қара жұмыса шақыру түріндегі патша өкімшілігінің кемсіту шарасын желеу қылып, үкіметтің қарулы өскеріне қарсы жанкештілік қақтығысы кең көлемдегі ұлт-азаттық қозғалыс дәрежесінде көрсетіледі. Бұл шығармаларда жазушының суреткерлік шеберлігі жаңа бір қырларын көрініп, авторды қаламы төселген қарымды суреткер ретінде танытты. Үлкен өкінішке қарай, Ө-тің 20-жылдардағы жемісті шығармашылық еңбегі, оның жас қазақ прозасын қалыптастырып, шеберлік биігіне көтеруге рөл кезінде әділ бағасын ала алмай, идеологиялық өктемдіктің сыңаржақ сынына ілікті де, бірқатар туындылары, оның ішінде соңғы екі повесі де ұзақ жылдар әдеби айналымнан шығып қалды. Сөйтіп ұлттық көркем сөз тарихында теріс бағаланды.

Әрине, үстемдік идеологиясының ызғарлы лебінен қорытынды жасамасқа болмайтын еді. «Ескі қателеріміз арылдым» деп жұртшылық алдында сөз бергеннен кейін Ө. 30-жылдары шын мәнінде де кеңестік келеге мойын бұрып, жаңа заман талабына сай туындылар бере бастады. Прозаның ұсақ жанрында «Үш күн», «Білекке-білек», «Іздер», «Құм мен асқар», «Шатқалаң», «Бүркітші», «Асыл нәсілдер», «Қасеннің құбылыстары» сияқты көркем шығармалар туғызды. Бұл әңгіме, повестердің сюжеттік желісінде, кейіпкерлердің іс-қимылында саясат талабынан туған кейбір жасандылық орын алғанымен, жалпы көркемдік құрылысында, суреттеу шеберлігінде, тіл құнарында жазушының өзіне тән қалам таңбасы айқын көрініс беріп отырды. Ескі қазақ ауылының орнында ірге көтерген жаңа ұжымшар, кеңшар адамдарының іс-әрекеттерінде, ойлау жүйелерінде белгілі бір схеманың әсері байқала тура, олардың бедерлі, бейнелі сөздері мен ұтқыр диалогтарында т. б. сөздік сипаттамаларында шебер жазушының өрнекті айықтықтары анық байқалады. Әсіресе сол тұстағы еңбек адамдарының өмірінде жадағай-жалаң ұраншылдықтан гөрі, өздерінің табиғи бітімінен туған бауырластық, ортақ мүддеге бағындырылған ұжымшыл бірлік, жаңа өмірдің лебінен ескен ішкі жан дүниесінің жаңару, тазару рухы т. б. соны нышандары Ө. қаламының қанық бояуларымен әрлене, әсерлене түскендігін көреміз. Сол жолда ұлттық характердің нәрлі нышандарын жинақтау арқылы бедерлі, жаңа адам бейнелері де көрініс берген. Солардың бірқатарына «Бүркітшідегі» Бекбол, «Білекке білектені» Мақпал, Айша, «Шатқалаңдағы» Самат, «Іздердегі» Құлжатай мен Несіпбай т. б. кейіпкерлерді жатқызуға болар еді. Сонымен бірге сол замандағы тапшылық, саяси қырағылық ұрандарынан туындаған күдікшілдік, ел ішінен жау іздеген даурықпалық әсерінен оқиға желісінде жалған қақтығысқа, жасанды қаскүнемдікке бой алдырған кемшіліктер де орын алды. Мұндай үрдіс әсіресе «Қасеннің құбылыстары» атты ұсақ әңгімеде айқын көрінді. Шығарманың басты кейіпкерін жаңа құрылыстың құбыжығы ретіндегі «ұсақ буржуазия-

лық ұлтшылдықтың сарқыншақ өкілі етіп көрсету идеясына сәйкес, негізгі оқиға арқауы бір адамның басына әр түрлі жағымсыз мінез-қылықтарды тану арқылы өрістетілген. Абырой болғанда, автор кейіпкер төңірегіне өз тілегінен тыс құрылған шытырманнан шығар жолды терең психологизм, қисынды психологиялық дәлелдемелер арқылы тауып отырады. Осыған орай, айтылуға тиісті тағы бір өкінішті жәйт: сол кездегі әдеби сында жазушының жаңа тақырыпқа жазылған шығармаларының артықшылығы ретінде жасанды схемалар аталды да, олардың шынайы көркемдік ерекшеліктері назардан тыс қалып қойды. Бірақ қалай дегенмен де, жазушының 20 жыл бойы тынымсыз ізденіспен өткен мол тәжірибесі оны үлкен белеске, шығармашылық ерліктің биік асуына алып шықты. Соның алғашқы жемісіндей, 1942 ж. атақты «Абай жолы» тетралогиясының, соған кіретін «Абай» атты романының 1-кітабы жарық көрді. Араға 5 жыл салып, 2-кітабы баспадан шықты. Соның екі кітабының біріншісі «Ақын аға» деген атпен 1950 ж. және белгілі себептермен бірсыпыра өзгеріске түскен екінші нұсқасы «Абай жолы» деген атпен 1952 ж., ал оның 2-кітабы 1956 ж. жарияланды. Сөйтіп қазақ халқының ұлы ақыны, данышпан ойшыл-кемеңгері Абайдың өмір жолы жайындағы 15 жыл бойы терең тебіреністер мен толқынды толғағыстар нәтижесінде ұлттық әдебиеттің арнасын кеңейтіп, көкжиегін көтерген, халқымыздың атақ-абыройын дүние жүзіне асырған ұлы шығарма дүниеге келді. Ол санаулы жылдардың ішінде дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылып, данышпан қазақ ақыны мен дарынды жазушыны айдай әлемге танымал етті. Ө. эпоепьясы қазақ халқының ұлы перзенті – Абайдың өмірі мен шығармашылық жолын асқан шеберлікпен суреттеу арқылы сол халықтың өте күрделі кезеңдегі тарихи тағдырын көрсетті. «Абай жолы» қазақтың дана да дарынды перзентінің өмірі арқылы сол қазақ тарихының басты тұлғасы екенін әлемге әйгілеген осындай тұтас бір құбылыс болып шықты. Ө. бұл эпоепьясымен де шектелмей, соған жалғастыра тағы да үш томдық трилогия жазып, халқының тұтас бір ғасырлық тағдырын суреттемекші еді. Бірақ ол арманына жете алмады. Соның бастапқы бір томының алғашқы нобайы ғана қағаз бетіне түсірілген. Ол өзінен кейін «Өскен өркен» деген атпен жарық көрді.

Ж. Ысмағұлов.

**ПРОЛОГ**, шығарманың кіріспесі. Көркем шығарманың идеясы мен желісі, құрылымының негізгі сарыны ашылатын бөлімі. Кейде негізгі желіге дейінгі оқиғалар баяндалады. Ө. «Еңлік – Кебек», «Қарагөз» пьесаларының алғашқы басылымдарында бөташармен (пролог) бастады. «Еңлік – Кебекте»: «Зор кеуделі оқыған болсаң, сен де осы мінезден арылған жоқсың. Атаңның ескі жолында сен де жүрсің. Өлі де оқушы қара қазақ болсаң, ойлан. Өзіңді-өзің сына. Сен де осы аурумен ауырып жүрсің. Туысқан бауыр, туған ел! Ойлансаң, осыған ойлан, сынасаң, осыны сына. Алдымен көзіңнің құйрығымен өз ішіңе үңіліп өт» деп, алда болар жағдаяттан емеурін танытады («Еңлік – Кебек», Орынбор, 1922).

Т. Әкім.

**ПРОМЕТЕЙ** (грекше: *сәуегей*), ежелгі грек мифологиясында аса қайратты, адамға бақыт әперуші алып батыр. Аңыз бойынша, ол Зевс құдайларынан от ұрлап, адамдарға апарып бергені үшін аяусыз жазаға ұшырайды. Зевс оны жартасқа бұғау-

лап, қыран бүркітке күн сайын бауырын шоқытады. Бірақ адамдарға жақсылық жасағаны үшін батыр бәріне де төзеді. Оның аты аңызға, өзі әдеби қаһарманға айналады. Сөйтіп П. адамгершілік пен ерліктің үлгісі болып қалды. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде көркем шығармадағы кейіпкер жайында өлі толғай келіп: «Халықтар эпосы тудырған алып бейнелерді еске алсақ, олардың көпшілігін ұлы тартыс, зор қасиетті сезімдері қатты көтеріп, өсіре түскенін байқаймыз. Көп үшін, халқы, Отан үшін алысам деген әділ армандары оларға алып қуатындай қуат, қайрат бітіріп отырған. Адамзат өсіліне от әкеп бергені үшін Прометей құдайлардың өзімен жаула-сып, соларға қарсы қарысып, алысқан өді» деп, қалам қайраткерлерін шынайы шығармалар жазуға шақырған (20 томдық шығармалар жинағы, А., 1985, 19-том. 432-бет).

Ж. Қасымбаев.

«ПРОСТОР», журнал. Қазақстанда орыс тілінде шығатын әдеби-көркем, қоғамдық-саяси басылым. Қазақстан Жазушылар одағының журналы. 1933 жылдан шыға бастады. Негізінен көркем шығармалар, поэзия, әдеби сын мен публицистикалар жарияланады. Өр жылдары «Литературный Казахстан» (1933–1939), «Литература и искусство Казахстана» (1939–41), «Советский Казахстан» (1945–1959) деп аталды. 1960 жылдан бастап осы атаумен шығады. Басылым қазақ әдебиеті мен мәдениетін орыс тілді оқырмандарға жеткізу мен насихаттауға үлкен үлес қосты. Соның ішінде Ө-тің көркем шығармалары мен әдеби зерттеулерін, мақалаларын үзбей жариялап отырды, жазушының шығармашылық жолы мен шеберлігі жөнінде де тұрақты пікір білдірді. Ө-тің «Қасеннің құбылыстары» (1934 және 1970, №1), «Іздер» (1935, №5), «Қараш-Қараш оқиғасы» (1935, №5), «Кім кінәлі» (1937, №1), «Бүркітші» (1937, №11–12), «Татьянаның қырдағы өні» (1937, №2–3, №6), «Абай» романының «Қайтқанда» (1939, №5), «Қарсаңда» (1939, №7), «Қапаста» (1939, №8) атты бөлімдері, «Түңгі сарын» (1935, №3–4), «Шекарада» (1938, №10), «Әйел жолы» (1967, №12), «Құм мен асқар» (1977, №12), «Барымта» (1961, №8), «Сыбанның моласында» (1963, №1) атты көркем шығармалары жарияланды. Сонымен қатар 1934–1961 ж. Абайдың өмірі мен жазушылық қызметі жөнінде 10-нан аса мақаласы жарық көрді. Журнал Ө. туралы 20 шақты ғылыми мақала басты.

Т. Жұртбай.

**ПРОТОТИП**, т ұ п т ұ л ғ а, әдеби бейнеге негіз болған өмірдегі адам, яғни өмірде бар тұлға. Суреткер шығармасы, оның кейіпкерлері өмірден алынып, көрген-білген, сезген-түйгендерімен ұштасып сабақтаса береді, көркем өнерге тән принциптен типтендіріледі, жинақтау принциптерінен ұстанады. Бұл ретте Ө-тің шығармаларында мұндай ерекшеліктер жап. Ертеде жазған «Қорғансыздың күні», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі», «Оқыған азамат» т. б. әңгімелерінің прототиптерінен бастап, «Абай жолы» эпоепьясының кейіпкерлері де өмірдегі адамдарға негізделді, ондағы кейіпкерлердің көпшілігінің дерлік прототипі бар. 30–40-жылдардағы шығармаларында да талай мысалдар келтіруге болады. Жазушы «Өскен өркенді» жазу барысында да өзіне үйреншікті өдіс-тәсілдерден алыстап кете алған жоқ. Осындағы негізгі қа-

хармаңдарының барлығының дерлік өмірдегі қызмет, іс-әрекеттерімен бірге суреттеліп, тек аты-жөндері ғана өзгертілген.

Т. Әкім.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.** Жазушының психология ілімі туралы ой-пікірлері. Ө. 20-жылдары жазған еңбектерінде, ғылыми-публицистикалық шығармаларында («*Ғылым*», «*Мәдениет хәм ұлт*», «*Оқу ісі*» т. б.) философия мен психология ғылымдарына оралып отырады. Оның психология мәселесіне қатысты айтқандары, әдебиет, мәдениет, өнер, білім, ағарту, мектеп мәселелері туралы жазған шығармаларымен тамаша тоқайласып жатады. Бұларда адамның әр алуан көңіл күйлері, эмоция, сезім, ерік-жігер ерекшеліктері, шығармашылық әрекет үстіндегі қаламгер шабыты, тәлімгерлік қасиеті, қазақтың ұлттық психологиясы әр қырынан сөз болады. Мәселен, ел шабыт (бұл – психологиялық категория) тек өнер өкілдеріне ғана тән қасиет емес, кез келген мамандық ісінде кездесетін ерекше психологиялық күй дейді. Бірақ мұның өзі жазушы мен ақын үшін аса қажетті сипат. Мұндай жағдай творчество адамында, біріншіден, бойдағы күш-қуаттың зор әрлеуімен, екіншіден, көңіл күйдің шарықтап тасуымен сипатталады. «Жазушы қаламынан туатын асыл бұйым, – дейді Әуезов, – суреткердің өзінің жанынан терең алған күйлерден туады». Бұл үшін автор айтқандай, «алаңсыз көңіл», «ақындық сезім», «ұзақ пісу», «бір жазғанын қайта-қайта жаза беру», «өзін-өзі сыйнай қарай беру» т. б. осы секілді көңіл күйлері шебер жазушы мен майталман ақынға ауадай қажет. Жазушы қаламынан туған әрбір туынды – зергердің қолынан шыққан асыл бұйымдай шығармашылық шабыт күйінің нәтижесі. Шабыт күйі, салтанат құрған шығарма ғана жұртты өзіне баурай алады. Шабыт жоқ жерде өлсіз, сүренсіз жасық шығарма туатыны хақ. Қаламгер өмірден алған түрлі әсерін, айталық, табиғат сұлулығын, ән мен күйдің жүрек қылын тербететін әсемділігін, қуанышты не қайғылы жағдайдан туған әсерін аса көркемдікпен бере алса, шығарманың өз оқырманын тез баурап алатындығында сөз жоқ. Әрине, ақын, жазушы айналасындағының бәрін бірдей қабылдай бермейді, оларды ми мен жүрек елегінен қайта-қайта өткізіп, өзіне қорытып, өзіндік дүние етіп алады. «Тегінде, – деп жазды ол, – зор дарынды, ойшыл, білімді, алғыр адамдардың ой-сезімі, санасы, барлық интеллект сипаттары бір-ақ ғана іргеден туады, бір ғана арнадан тарайды деп түсінбеймін, өзімізге мәлім сүйікті ұлы жандардың қай-қайсысын алсақ та сезім саласын, ой дүниесін қалыптаған негіздер бір жақты болмайды» (20 томдық шығармалар жинағы, 18-том, А., 1985, 207-бет). Оның пікірінше, өнер адамдарының ойды жинақтай, синтездей алу әрекеті де күшті дамыған болу керек. Олар өзінің сезім мүшелеріне әсер еткен түрлі құбылыстарды, не бір-біріне қарама-қарсы тұрған объектілерді тәптіштеп сұрыптайды да, жекелеген бейнелердің (образдардың) штрих, детальдарын бөлшектеп, ажыратып, бұдан тұтас, жаңадан бір образ құрастырады. Осындай жолмен жасалған көркем шығарма ғана адамның жан дүниесіне енеді де, оның ақыл-ойы мен сезім дүниесін билейтін болады. Мәселен, өзі сомдаған

ұлы Абай бейнесі – жұрт армандаған, бар жақсыдан қорытылған асылдың асылы, оның бетіне шыққан нәрі, типтік бейненің сом алтындай сыйғандысы. Ұлы жазушының этнопсихология, ұлттық мінез туралы айтқан түйін-тұжырымдары да ғылымилығымен көзге түседі. Ғалым әр этностан, не ұлттың өзіне тән мінез-құлқы, темпераменті, талғам-түсінігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы болатындығын әркез ескеріп отырған. Ол сондай-ақ бұл айтылғандардың біршама тұрақты да, тұрлаулы болатындығын, топтық сананың ұлттық бояуларға қануы қажеттігін айтқан. Автор халықтың ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ортақ рухани тіршіліктері (фольклор, тіл, дін, өнер, дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып т. б.) ұлт психологиясының ерекшеліктерін танып-білдіретін басты өлшемдер дейді. Ол қазақ арасына кең тараған ақынның ерекше типі туралы мәселе көтереді. Бұл жерде «Қазақ халқының, – деп жазды Мұхтар Әуезов, – ақындық қабілет-дарыны өмірде ақынның ерекше типін туғызды». Оның ақынның «ерекше типі», деп отырғаны – қазақ өнерінің тарландары – айтыс ақындары. Автор бұлардың өлең-жырды бірден, табан астында жанынан шығара салуын, суырып салма қабілеттілігін, қиыннан қиыстырудағы хас шеберлігін, тіл байлығының молдығымен құрастыру шеберлігі қазақ халқының ұлттық психологиясының басты ерекшеліктерінің бірі екендігін айтады. Ол халқымыздың «естірту», «жоқтау», «көңіл айту», «бет ашар», т. б. тұрмыс-салтқа байланысты туындаған өлең-жырларынан да дала тұрғындарының кескін-келбеті тамаша көрінетіндігін, әйтсе де осы ерекшеліктерін қоғамдық прогресс барысында біртіндеп өзгеріске түсіп, жаңа мазмұнға көшіп отырғандығын да еске салады. «... заттық тәрбиелік халықтық жағдайлар, орталар өзгерумен қатарласа, ілесе адамның өз психикасы... мүмкіндігінше басқа салаға ауысып, өзгере береді... ұлттық ерекшелікті ұдайы бір қалыпта тұратын, айнымайтын күй деп қарауға болмайды. Оның көп жайларын ұдайы қозғалыс, өзгерісте болатын диалектикалық, прогресс деп тануымыз керек» (20 томдық шығармалар жинағы, 19-том, А., 1985, 44-бет). Кемеңгер жазушының мол мұрасында осы айтылғандармен қатар адам жанының асыл қасиеттерін талдап көрсеткен салықалы ғылыми пікірлері аз емес. Психология ғылымы саласында арнаулы еңбек жазбаса да, оны қазақтан шыққан жаңа типтегі психологтардың бірегейі деп айтуға толық хұқымыз бар.

Қ. Жарықбаев.

**ПУБЛИЦИСТИКА,** көсемсөз, әдеби жанр. Өмірдің әлеуметтік, экономикалық, өндірістік, шаруашылық, әдеби, мәдени, ғылыми, рухани құбылыстары, басқа толып жатқан өмірлік фактілерді бейнелейді. Қаламгер қоғамдағы өзекті, аса мәнді, жанды мәселелерді толғайды; публицистикалық ойларын, саяси-әлеуметтік таным, көзқарастарын көркем проза арқылы да жеткізеді, қайсысы болса да көрсетері – сырлы сурет, оның арқауы – шындық, объектісі – өмір, предметі – адам болады. Ө. алғашқы публицистикалық еңбектерімен «Сарыарқа», «Қазақ тілі», «Жас азамат» газеттері мен «Абай», «Шолпан», «Таң», «Сана» журналдарында көрінді. Осы газет-журналдардағы публицистикасында («Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Қазақ қашан жетіледі», «Мәдениет хәм ұлт», «Өліп таусылу қаупі», «Япония», «Қазіргі қазақ күйі») өнер-білімді, ғылымды, оқу ісін, егіншілік пен оты-

рықшылықты сөз етсе, 30–40-жылдары «Баймұхаметұлы жолдас», «Ол күнгі Алматы», «Мәдениетті Қазақстан», «Әр тынысың «Отан» дейтін күн бүгін», «Ерлік – елдің сыны», «Халықтың ғасырлық жыры» сияқты еңбектерінде республиканың тыныс-тіршілігінен ойлар толғады. Бұл саладан ол өмірінің соңына дейін қол үзген жоқ, оны шығармашылығының өзекті бір тармағына айналдырды.

*Ш. Ыбыраев.*

**ПУШКИН** Александр Сергеевич (1799–1837), орыс ақыны, жаңа орыс әдебиетінің негізін салушы. Негізгі шығармалары: «Руслан мен Людмила» (1817), «Кавказ тұтқыны» (1821), «Цыгандар» (1824), «Борис Годунов» (1825), «Евгений Онегин» (1826), «Дубровский» (1832), «Мяс салт атты» (1833), «Капитан кызы» (1835) т. б. Абайдың аударуындағы «Татьянаның хаты» қазақ даласына ән болып тарайды. Өуезов зерттеулерінде, «Абай жолы» эпопеясында ұлы орыс жазушысына зор көңіл аударған. Ол туралы «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы» (1933), «Әдебиет хрестоматиясы» (1938), «Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы» (1936), «Евгений Онегиннің қазақшасы туралы» (1938) мақалаларын, ақынның қайтыс болуының 100 жылдығы қарсаңында «Татьянаның қырдағы өні» атты көркем әңгімесін жазды (1937). Ал «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» деген монографиясында Мұхаж П-нің шығармалары, әсіресе Абай аударған туындылары туралы көптеген салиқалы пікірлер айтқан.

*Т. Турганбаев.*

**«ПУШКИН А. С. (1799–1837)»,** жазушының мақаласы. «XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. 7-сыныпқа арналған» (1933), орта, орталдау мектептің 6-сыныбына арналған «Әдебиет хрестоматиясы» (1938) кітаптарында басылған. Ө. алғашқысы – «Пушкиннің өмірі», «Пушкиннің ақындығы», соңғысын – «Пушкиннің өмірі», «Пушкиннің ақындығы», «Дубровский» әңгімесінің қысқаша мазмұны» деген тақырыптар бойынша қарастырған. Соңғысында «Сібірге хат», «Чаадаевқа», «Қысқы жол», «Кавказ» өлеңдері мен «Дубровскийден» үзінді берілген. Екі мақаланың бір-бірінен едәуір айырмашылықтары бар, алғашқысы түзетілген, өңделген, қысқартылған, кей тұстары қайта жазылған, ал оның шығармашылық шырдаулардан өткен нұсқасы кейінгі басылымға жіберілген. П. орыс әдебиетінің өрлеу дәуірінің көш басшысы болды, одан үйренбеген, одан әсерленбеген орыстың ақын-жазушысы кемде-кем. Екі мақала да мектеп оқушыларына лайықталып, ең негізгі деген кезеңдері қамтылып, қысқа қайырыммен жазылған. Шығарма П. 1799 жылы Мәскеуде туған, әкесі ескі ақсүйек тұқымынан, ақынның балалық кезінде оның әке-шешесінің барлық уақыты тек қонақпен, сауықпен өткен, баласын тәрбиелеумен олардың жұмысы да болмаған, ақын жылы шырдайды қарт шешесі мен тәрбиеші әйел Аринадан ғана көрген, бұл екі кемпірден ұзақ-ұзақ ертегілер тыңдау арқылы ақын ана тілін жақсы үйреніп алған, П-нің үй-іші француз тілінде сөйлесетін, балаларына (ақынмен бірге туған бауырлары да болған) шет ел адамдарынан «сансы көбірек, бағасы арзанырақ» тәрбиешілер жалдап алған деген баяндаулармен басталады («Әдебиет хрестоматиясы», 1938, 81-бет). П-нің кітапқа құмарлығы 8 жасында басталғандығы айтылады. Ол 1811 ж. ашылған Царское Село лицейіне түсіп, 1817 жылға дейін оқиды. Әдеби үйірмелерге қатысып, қолжазба журналдар мен жинақ-

тар шығаруға белсене араласады. П. ақындығының алғашқы дәуірі Наполеон соғысының аяқталып, декабристер көтерілісінің басталуымен тұспа-тұс келді. Ол идеясы жағынан декабристерге жақын болды. 1818–19 ж. жазылған шығармалары осыны айқын танытты. «Евгений Онегин» романында пайдасыз, керексіз адамдардың бейнелерін жасайды. «Сібірге хатында» декабристер ісін жоғары бағалайды, өлеңінің аяғын «Қапас зындан қалар құлап» деген сөздермен бітіреді. Автор «Дубровскийдің» мазмұнына тоқтағанда, П-нің қоғамдық тартыстың маңызды бір саласын арқау еткенін айтады.

*Т. Әкім.*

**«ПУШКИНДІ ҚАЗАҚШАҒА АУДАРУ ТӘЖІРІБЕЛЕРІ ТУРАЛЫ»,** жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінде (22.01.1936) А. Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуы қарсаңында жарияланған. Кейін Ө-тің «Уақыт және әдебиет» (1962), 12 томдық (11-кітап, 1969), 20 томдық (14-кітап) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Жазушы онда Пушкин шығармаларының қазақшаға аударылу тәжірибелеріне, аударма ісінің өзекті мәселелеріне тоқталған. Пушкинді алғаш қазақша сөйлеткен – Абай. «Татьянаның алғашқы хатының тұсында Абай өзінің Пушкинге жақсы аударушы бола алатындығын көрсетсе де, анығында «Евгений Онегиннің» аударушысы болмай, өзгертушісі болып шығады» дейді автор. Шәкәрімнің «Дубровский» мен «Боранды» өлеңмен аударуы да сыналған: Мұнда «Пушкиннің құрғақ әңгіме желісі ғана болмаса, басқа оның қарасөздері, тіл кестесі, үлгі-өрнегі түгелімен ескертусіз боп, сыртта қалған. Қарасөзді әңгіме басқа тілге өлең боп құбылып түскен соң, онда әрине, Пушкиннің тамтығы да қалмайды». Автор аударманың мұндай тәсілін ылайықсыз деп танып, аталған шығармаларды «әр әдебиеттің, әр жазушының өзінше теңеуі, өзінше лұғаты, өзінше сөз мәдениеті, үлгі-стиль» сияқты ерекшеліктерін сақтай отырып, қайта аударуды ұсынады. Сондай-ақ І. Жансүгіров, Т. Жароков, Ф. Ормановтардың аудармаларының түпнұсқаға жақындығын атап өткен. Ұлы жазушы «қазақшалаңдырудың орнына қазақыландыратын» аудармаларға қарсы екенін ашық айтқан. Пушкин шығармаларын тәржімалауға сөз қолдану, теңеу, ұйқас, сөз тіркестері, сөйлемді толық түсіну сияқты мәселелердің қиындықтары мен оны шешудің жолдары жөніндегі ойларын ортаға салған.

*Д. Ысқақұлы.*

**«ПУШКИН ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ШЫҒЫСТЫҢ ТУЫСҚАН ӘДЕБИЕТТЕРІ»** («Пушкин и братские литературные советского востока»), жазушының мақаласы. «Правда» газетінде 1949 ж. 5 маусымда жарияланған. Орыстың ұлы ақыны А. Пушкиннің туғанына 150 жыл толуына байланысты жазылған. Кейін Ө-тің «Мысли разных лет» (1961, 257–260-беттер), 5 томдық (5-том, 273–276-беттер), 20 томдық (19-том, 186–190-беттер) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Мақалада Пушкиннің Ресейдегі «поэзиялық мәдениет дамуында ғана емес, Октябрь революциясынан кейінгі бүкіл көп ұлтты кеңес әдебиетіне» тигізген игі ықпалын «біздің мәдениетіміз үшін ғана емес, пушкинтану ғылымы үшін де ерекше маңыз-

ды және жемісті» екендігін, оның «көптеген әдебиеттер үшін арқашан да ұлы шамшырақ, қуатты тау шыңы» болғандығын атап өтеді. Пушкин – біздің бауырлас әдебиеттердің классик жазушыларының ұстазы. Пушкиннен Абай, Тоқай, Коста Хетагуров, Ахундов және басқалары үйренді, Пушкин поэзиясы халықтардың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленді, олардың тарихи дамуына зор ықпал етті, ұлттық мәдениет қазынасын байытты деген жолдар арқылы ұлы ақын шығармаларының жекелеген зиялылардың ғана емес, кеңестік Шығыс халықтарының да рухани байлығына айналғандығын нақтылы мысалдар арқылы айтқан. Қазақтың классик ақындарының Пушкиннен, орыс классикалық поэзиясынан тек қана оның жоғары идеялығын ғана емес, эстетикалық, стилистикалық шығармашылық әдістері мен принциптерінен де қабылдап алғанын, Абайдың Пушкинге ұқсаушы емес, керісінше, оның дәстүрлерін өзге тарихи дәуірде, өзге ұлттық ортада талантты жалғастырушысы болғанын, мұның өзі қазақ ақынына әділет жыршысы ретіндегі бүкілхалықтық бедел әкелгенін әйдіктейді. Осы ретте «Пушкиннің азаттық сүйгіш поэзиясы татардың ұлы ақыны Тоқайдың «алдыңғы қатарлы тәкаппар поэзиясына» жақындап, игі әсерін тигізгеніне тоқталған. Пушкин сенген «жарқын болашақ келген сәтте» кеңес дәуірінің қаламгерлері оның поэзиясынан нәр алып, қазақ, өзбек, тәжік, қырғыз, түрікмен ақындары ол туралы тебірене жырлады, пушкиндік дәстүрлері терең игеріліп, Пушкин туындыларының Кеңес Одағы халықтарының барлық тілдеріне аударылды деп, мақтанш сезіммен жазған. Адамзат тарихындағы орыстың ұлы данышпан ақынына барар «халық сүрлеуін» ешқашан да шаң баспайды деген сеніммен мақала аяқталған.

*С. Қарабай.*

**«ПУШКИН МЕН АБАЙ»**, жазушының мақаласы. Абайдың туғанына 105 жыл толуына орай жазылған. 1950 ж. 10 тамызда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Түпнұсқа сақталмаған. Жазушы екі ақынның арасындағы рухани байланыстың мәнін ашып, қайтадан зерттеген сайын сырына дендеп, жаңа қырынан аша түседі. Ө-тің зерттеуі бойынша, Абай Шығыс ақындарының ішінде Пушкин шығармаларын алғаш рет мейлінше тереңірек танып, аударумен бірге, өз поэзиясының көркемдік қуатын, эстетикалық талғамын жетілдіріп отырған. Қазақ поэзиясының көркемдік қуаты мен ой тереңдігін биік тұғырға көтере білген. Осы арқылы қазақ әдебиетінде реалистік бағыттағы ақындық дәстүрді қалыптастырып, өзіндік әдеби мектебі мен ақын шәкірттері жетіліп, дәстүр жалғастығы басталады. Ө. балалық шағында Пушкин өлеңдерін Абай аудармалары арқылы, атасы Ө-тің ықпалымен жаттап өскенін еске ала отырып: «Атам Әуез... ақынның өз өлеңдерін де, аудармаларын да көп оқытатын. Әсіресе Абай аударған Татьяна ханының нәзік сырын, оған Онегиннің жауабын жаттататын» деп сыр шертеді. Бұл үзінді де жазушының Абай мен Пушкин шығармаларына жастай қанығып, ұлызынан жарыған рухани болмысы жатыр. Ө-тің Абай мен Пушкин ара қатынасының ақындық сырын ашуда, Абай аудармасындағы ақындық шеберлік пен көркемдік деңгейдің дәрежесін танып білуде эволюциялық даму жолының ізі жатыр. Жазушының

бұл танымында қарапайым ұғымнан жоғары деңгейдегі ғылыми танымға ауысып отыратын, іштей түлеп жетілетін, ертерек айтылған пікірінің шеңберінде тұйықталып қалмай, жаңартып отыратын, бірегей, жасампаз сыншылдық ойы байқалады. Ол 1937 жылғы мақаласында Абай Пушкинді сөзбе-сөз, дәл аудармашы болмай, оны өзгертуші болды десе, 1950 жылғы «П. мен А.» деген мақаласында Абай аудармасының табиғатын тереңдей танып, өзіндік қайталанбас соны пікір, жаңа танымға келеді. «Абай Шығыс поэзиясында өзіндік қайталанбас ерекшелігі болған нәзирагөйлік дәстүрді тұңғыш рет Пушкиннен аударған өлеңдерінде қолданды, яғни Низамиден аударған әдісі Пушкинге қолданылады» деген байлам жасайды. Мақала жазушының 20 томдық шығармалар жинағына (19-том, 1985) «Социалистік Қазақстан» газетіндегі нұсқасы бойынша өзгеріссіз енгізілді.

*М. Мырзахметұлы.*

**«ПУШКИННІҢ ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ ӨДИСТЕРІ-НІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»** («Особенности драматургических приемов Пушкина»), Ө-тің баяндама-мақала түріндегі әдеби-теориялық еңбегі. Жазушы мұражайының қолжазба қорында (238-бума, 147–150-б.) сақталған. Мақала мәтіні қара қарындашпен және сиямен Ө-тің өз қолымен жазылған. Қарындашпен жазылған бөлігін сақтауы нашар. 1927–26 жылдар шамасында Ленинград Мемлекеттік университетінің студенті кезінде жазылған. Мақала мазмұны мен бумадағы қосымша материалдарға қарағанда драма жанрына арналған арнайы курстық жұмысы ретінде дайындалған. Ө-тің толық академиялық басшылығының 20-томында (2005, 19–29-б.) берілді. Автор А.С. Пушкиннің драмалық шығармаларын суреткерлік шеберлік, әдеби байланыс, әдеби даму, шығармашылық тарих тұрғысынан талдамайтынын ескертіп, талдайттын шығармаларын драмалық компоненттердің құрылымын ашу тұрғысынан қарастыратынын баса айтқан. Пушкиннің «Борис Годунов», «Пир во время чумы» пьесаларын зерттеу нысаны етіп алып, бұл шығармаларда автордың адамның қайшылыққа толы шетін мінездерді ашуға бет бұрғандығын атап өтеді. Ө. бұл шығармаларды тек драмалық жанр поэтикасы тұрғысынан талдап, драмалық компоненттердің орналасу, байланысу ерекшеліктерін көрсетіп, драматург Пушкиннің сюжеттік-композициялық бағыттағы стильдік ерекшеліктерін ашқан. Сюжеттік ағымдардың жалпы қозғалысы мен жекелеген бағыттарын, олардың алшақтауы мен қосылу, кірігу жолдарын құрылымдық тұрғыдан талдау арқылы дәлелдейді. Пушкин драмаларында «Үш бірлік» заңының сақтамайтыны айтылып, образ, мінез жасаудағы монологтық, диалогтық бастаулардың қызметін талдай келе пьесаларда афиша (кейіпкер тізімі) мен ремаркалардың аз мөлшерде қолданылуының себептерін ашқан. Автор айтар ойын шашыратпай, негізгі мәселелерді нақты мысалдармен дәлелдеп отырған.

*Р. Өбдігулов.*

**ПЬЕСА**, әдеби жанр. Кейіпкерлердің тартысы, іс-әрекет, ойлансыз-толғаныстары диалог пен қимыл-қозғалыс, іс-әрекеттері арқылы ашылады. Театрға арналып жазылады. Бастапқы кезде хор, диалог, би, пантомим түрінде дамыған. Драмалық шығармалардың тарихи қалыптасқан түрлері: трагедия, комедия, драма. Қоғамның, халықтар тарихының өсуімен бірге бұл жанр да дамыды. Қазақ әдебиетінде бұл саланы шын жанрлық деңгейде



Разак Омарханұлы  
Өуезов.

көтерген – Ә. Ол «Еңлік – Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөзден» бастап ондаған пьесалар жазды, қазақтың академиялық драма театры алғаш шымылдығын оның «Қарагөзімен» ашты. Шығармашылық жолы пьеса жазудан басталды. «Еңлік – Кебек» Абай ауылында киіз үйде қойылды, қоюшысы (режиссер) да, сандық тасасында отырып оқып берушісі (суфлер) де өзі болды. «Шу дегеннен пьесадан, драмадан бастаудың өзі де белден шапқан сияқты орынсыз басталған құр кеуде болатын» деп еске алады («Өз жайымнан мағлұмат»).

Т. Әкім.

**ПЫЖОВА** Ольга Ивановна (1894–1972), орыс актрисасы, педагог, режиссер, профессор (1939). Ресейдің (1947) және Татарстанның (1949) еңбек сіңірген өнер қайраткері, Тәжікстанның (1972) және Қарақалпақстанның (1968) халық артисі. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1950). Жұбайы әрі режиссер Б. Бибииков екеуі 50-ден астам спектакльді сахнаға шығарды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматы қаласында тұрып, қызмет етті. Қазақ драма театрында У. Шекспирдің «Асауға тұсау» драмасын қойып (М. Ә. аударған, 1943), ұлттық театр өнерінің дамуына зор үлес қосты.

**ПІРМАХАНОВ** Серік (1940 ж. т.), декоратор-суретші. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. Еңбектері Г. Хухашвилидің «Өмір жолы» қойылымының сахналық көркемделуі жоғары бағаланып, 1973 ж. Бүкілодақтық байқауда, У. Шекспирдің «Король Лир» спектаклінің декорациялық көркемдеуі 1977 ж. классикалық туындылардың республикалық байқауында дипломға ие болды. Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қарагөз», «Айман – Шолпан», «Еңлік – Кебек», «Түнгі сарын» спектакльдерін кәсіби тұрғыда декорациялады.

Б. Құндақбайұлы.



**РАДЛОВ** Василий Васильевич (шын аты-жөні: Радлов Фридрих Вильгельм; 1837–1918), орыс шығыс зерттеушісі, түркітанушы, этнограф, археолог, фольклорист. Петербург Ғылым академиясының академигі (1884). «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» (1870; 3-томы қазақ ауыз әдебиетіне арналған), «Солтүстік түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» (1882), «Моңғолия-

дағы көне түркі жазбалары» (1894–95) т. б. еңбектерін жазды. Қырғыз эпосы «Манасты» жазып алып, бастырып шығарды, Ж. Баласағұндың «Құтадғу біліг» дастанын жариялады. Сөйтін Р. жана түркітанудың негізін қалады, оның ғылыми бағытын анықтап, дамуына зор үлес қосты, түркітану ғылымының ірге тасын қалады. Р-тың шығармаларын Ә.молынан оқып-зерттеді, өзінің ғылыми еңбектерінде Р. туындыларына жүгініс жасап, дәйектемелер келтірген. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ертегілер», «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» т. б. зерттеулерінде Р-тың есімін аса құрметпен атайды. «Жалпы революциядан бұрын қазақ ертегілерін жинап, жарияланушылар арасында ғылымдық жолмен еңбек етіп, зерттеуші – сол академик В.В. Радлов болған. Оның жазып алған ертегілері ертектің өз тілін бар ерекшелігімен, өте дәл береді» деп, ауыз әдебиетінің өзіндік тұр, стиль өзгеліктерін сақтай отырып жазып алғанын шын құптайды.

Ж. Қасымбаев.

**РАЗАҚ** Омарханұлы Өуезов (1885–1956), жазушының ағасы. 1902 ж. әкеден, 1905 ж. шешеден айырылған соң, атасы Өуезден қалған дүние-мүлікке ие болған. Ө-тің тәрбиесіне, оқуына зор қамқорлық жасаған. Мұханның үйлену тойларын (1917, 1920) жасыл жайлаудағы алты канат киіз үйде өткізіп, әнші Әміре мен ақын Исаны шақырған. 1930 ж. Мұхтарға жала жабылғанда, Р. та түрмеге жабылады. Босағаннан кейін Қырғызстанға барып паналайды. Қудалау азайған тұста Р. Мерке жеріне қоныстанады. 1949 ж. тағы да репрессияға ұшырап, 1954 ж. босанады. Мәнсура, Гүлнәр, Әкірәм секілді балалары бар.

Ө. Әзиев.

**РАЙБАЕВ** Зәуірбек Молдағалиұлы (1932 ж. т.), артист, балетмейстер, педагог. Қазақстанның халық артисі (1982). ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1967). Л. Минкус, П. Чайковский, Ф. Яруллин, Р. Глиэр, В. Асафьев, Н. Тілендиев сынды композиторлар музыкасына жазылған балеттерде негізгі кейіпкерлердің рөлдерін ойнап, көрермендердің жыныс ықыласына бөленді. Ө-тің 1959 ж. «Абай жолы» эпопеясы үшін Лениндік сыйлық алуына байланысты жеделхат жолдап: «Сіздің ғажайып талантыңыз бұдан кейін де жауһардай жарқырай берсін, Жамбылдың жасын, Қажымұқанның денсаулығын тілеймін» деген ыстық ықыласын білдірген.

**РАЙХАН** Кәкенқызы Өуезова (1902–1976), жазушының бірінші әйелі. 1916 ж. Турағұл Абайұлының ақылы бойынша құда түсіп, 1917 ж. жазда үйленген. 1918 ж. ақпан айында Мұғамила атты қызы, 1919 ж. Шоқан атты ұлы дүниеге келген. Шыңғыстау болыстық халық билері кеңесінің кесімі бойынша 1920 ж. тамыз айында Мұхаң Р. Кәкенқызымен ресми түрде ажырасып, Абайдың немересі Кәмила Мағауияқызына үйленеді. Соттың шешімімен қыз – шешеге, ұл – әкеге тиісті болады. Алайда Ә. Мұғамиланы жасырын алып кетеді. Содан бастап Мұғамила әкесінің бауырында еседі. 1943 ж. ғана Мұғамила шешесі Р-ды қолына алады. Шоқан жазушының ағасы Разақтың үйінде тәрбиеленеді. Ол екі жасында іш сүзегінен қайтыс болады. Р. Алматы қаласында дүниеден қайтты.

Т. Жұртбай.

**«РАЙХАН»**, жазушының киносценарийі. Ө-тің бұл сценарийі 1939 ж. жазылып, 1940 ж. «Ленфильм» киностудиясында көркемсуретті фильм түсірілді. Режиссері – М. Левин, операторы – Х. Назарьянц. Сценарий – жазушының кино саласында арнайы жазылған алғашқы шығармасы еді. Бас кейіпкер Райхан бейнесі арқылы драматург қазақ даласына революция «дабылымен» келген «жаңалықтың» бірі әйел бостандығын шығармаға арқау етіп алған. Революциялық тақырыпқа арнайы жазылғанмен, бұл шығарманың заман келбетін танытудағы маңызы өте зор, өйткені онда адамдар арасындағы жаңа қарым-қатынастың орнауын көрсету мақсат етілген. Автор сюжетті өрбүтуде жалқыдан жалпыға ауысу сияқты кинодраматургияның принциптеріне сүйенген.

Г. Құрманғалиқызы.

**«РАЙХАН»**, көркем фильм. Ө-тің сценарийі бойынша түсірілген. Сценарий «Құм мен асқар» атты киноәңгіме негізінде жасалған. Фильм 8 бөлімнен тұрады. 1940 ж. «Ленфильм» киностудиясы шығарған. Фильмнің режиссері – М. Левин, операторы – Х. Назарьянц, композиторы – В. Великанов, дыбыс операторы – А. Гаврюшев, кеңесшісі – А. Жұбанов. Жазушының сценарийін аздап өзгертіп, Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ ауылындағы тарихи өзгерістерді, адам тағдырларын, мал шаруашылығындағы жаңалықтарды, таптық күресті көрсеткен. Фильм Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Дегерес жылқы зауытында, Алматы ипподромында, Ленинград қаласында түсірілген. Фильмде қазақ тұрмысының, шаруашылығының шынайы көріністері, қазақы мал тұқымдары, табиғат көріністері жақсы берілген. 30-жылдардың идеологиялық талаптарына сай, социалистік шаруашылықты дәрінтеуде схематизмге ұрынған тұстары бар. Негізгі рөлді атқарған актерлердің шеберлігі, барлық мүмкіндіктері айқын аңғарылады.

Р. Әбдіғұлов.

**РАҚИЯ** Омарханқызы (1893–ө.ж.б.), жазушының туған әпкесі. Кейінгі тағдыры: тұрмысқа шыққаншықпағаны, қайда ұзатылғаны, үрім-бұтақтары туралы нақты деректер жоқ. Қ. Мұқаметхановтың, А. Әуезовтің, М. Діқанбаевтың, К. Оразалиннің еңбектерінде Омарханның Нұржамалдан туған үшінші қызы ретінде аталып өтеді. Ғылыми айна-

лымға түскен деректер мен Әуездің үрім-бұтақтарының естеліктерінде аты жанамалы ескерілгені болмаса, Р-ның өмірі мен өрісі жөнінде мағлұматтар кездеспейді.

**РАҚЫМ** Жандыбайұлы (1896–1981), Абай ауылының адамы. Абай мұраларын жинап сақтаушы. Р-ның Абайды білетіндігі – бала кезінде ауыл арасы жақын болғандықтан, талай рет көрген. Үлкен әкесі Жәнтелі Абаймен үзеңгілес адам болған. Жәнтелі (1822–1912) 90 жас жасаған. Өз әкесі Жандыбай 1866–1932 ж. өмір сүрген. Р-ның Абай мұраларын қашан, қалай жинағаны, Ө-ке тапсырғаны жайлы естелік әңгімесі 1970 ж. 2 қазанда «Семей таны» газетіне жарияланды. Т. Өлімқұлов «Жұмбақ жан» кітабына бұл естелікті кіргізді. Абай шығарған өлеңін бір парақ қағазға жазып, өзі отыратын төсеніш көрпенің астына тыға салады екен де, қайсыбірін бала-шағасы алып, сұрағандарға беріп жүреді екен. Р. сол қолжазба еңбекті жоғалтпай, талай аумалы-төкпелі уақыттардан аман-сау алып өтеді. Кеңес өкіметі орнап, Абайдың әдеби еңбектері жинала бастайды. Р-ға ақынның немересі Өрхам Көктайұлы Ысқақов келіп: «Осы қолжазбаларды маған бер, Мұхтар да Алматыдан хат жазып, суратып жатыр. Еңбегің жоғалмайды. Ғылым академиясында сақталады» деген соң береді. Абайдың қара сөздері, өлеңдері жинақталып, кітап болып басылып шығады. Сонда Р-нің қолжазба еңбектерін пайдаланады (Т. Өлімқұлов. Жұмбақ жан, А., 1972, 126–127-беттер).

М. Бейсенбаев.

**РАҚЫМБАЙ** Мүрсейітұлы (1886–1971), Мүрсейіт Бікеұлының баласы. Р. Мұхтармен бірге әкесі Мүрсейіттен дәріс алып, сауатын ашқан. Жасының есейгеніне қарамай, әкесінен оқып, сауат ашады. Мұхтармен де бірге оқиды. Әкесі жылда алғашқы сабағын бастағанда: «Абайды білесіңдер ғой. Абай деген сөзді жазып үйренеміз» дейді екен (К. Оразалин. «Семей таны», 1967, 17 қараша). Мүрсейіт ауылы Бөрілімен қапталас Шолпан деген жерде орналасқандықтан, Әуезовтің үйімен үнемі араласып тұрған. 1931–32 ж. ашаршылық тұсында Мүрсейіттің барлық қолжазбасы мен кітаптарын Шолпандағы зиратқа көміп кетеді. 1934 ж. Ө. Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми экспедициямен Семейге келіп жатқанда, Р. әлгі көмілген қолжазбалар мен кітапты қайтадан қазып алып, Ф. Сармурзин арқылы жазушыға беріп жібереді. Оның ішінде Абай өлеңдері жазылған 5 дәптер болған. Қолжазбаның екеуі – Ұлттық ғылым академиясы кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорында, бір данасы «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақтаулы. Бұл қолжазбалар – Абай шығармаларының негізгі нұсқасы болып табылады. Р-дың Мұфтибек, Мықтыбек атты ұлдары Абай мен Мұхтардың өміріне қатысты көптеген деректерді жинастырып, Абай мен М. Әуезовтің мұражайына тапсырды.

Т. Жұртбай.

**РАҚЫМЖАНОВ** Теңізбай (1946 ж. т.), әдебиет зерттеуші, жазушы, ақын, аудармашы. Филология ғылымының докторы (1993), профессор (1995). Ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің тарихына, поэтикасына арналған. Бұл салада «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты» монографиясы (1982), «Халық қазынасы» (1992), «Қаһарман және оқиға» (1994) оқу құралдары жарық көрді. «Қазіргі жазақ романының поэтикасы» (1992), «Ро-

Жары Райхан мен қызы Мұғамилә.





манның көркемдік әлемі» (1997) атты монографияларында Ә-тің «Абай жолы» эпопеясының көркемдік ерекшеліктерін назар аударып, портрет, пейзаж, монолог, диалог туралы ой толғайды, баяндаудың типтері мен түрлерін жіктеп, қарастырады.

**РАҚЫМЖАНОВА** Мәкен (1952 ж. т.), актриса. Қазақстан Республикасының халық артисі (1996). Актриса ұзақ жылғы шығармалық жұмысында талай қайталанбас сахналық бейнелер жасады. Актёрлік өнерінің өсіп, дамуына Ә. пьесаларының негізіндегі қойылымдарда ойнауы ерекше ықпал етті. Солардың ішінде Құртқа, Көкпан, «Қарақыпшақ Қобыландыда», Қарағзе («Қарағезде»), ұлы драматург аударған У. Шекспирдің «Отеллосындағы» Дездемона бар.

**РАҚЫМОВ** Әубүбәкір (1950 ж. т.), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1998). А. Сүлейменов, Б. Соқпақбаев, С. Мұқанов, Ш. Құсайынов, Д. Исабеков, А. Файзи сынды драматургтердің бірқатар пьесаларын сахнаға шығарды. Ә-тің «Абай» трагедиясында Әзімханның, «Еңлік – Кебек» пьесасындағы Жапалдың рөлдерін сомдады. Режиссер ретінде «Килы заманды» (Н. Оразалин жасаған пьеса негізінде) сахнаға шығарды.

**РАҚЫМОВ** Ошат (1939 ж. т.), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1991). Актёрлік өнерінің қалыптасып, дамуына Ә-тің қойылымдарында ойнаған «Абай» трагедиясындағы Жиренше, Әбдірахман, «Еңлік – Кебектегі» Көбей, «Айман – Шолпандағы» Жарас, Жантық, «Қарағездегі» Нарша, ұлы драматург аударған У. Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Люченцио бейнелері ерекше ықпал етті.

**РАСУЛ РЗА** (шын аты-жөні – Расул Ибрагимоглы Р з а е в; 1910–1981), ақын, драматург, аудармашы. Әзірбайжан халық ақыны (1960). Социалистік Еңбек Ері (1980), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1951). Ә-тің 60 жасқа толуына байланысты 1957 ж. 7 қарашада жолдаған жеделхатында оның тамаша туындылары арқылы өзі тәлім-тәрбие алған қазақ халқының даңқын асырғанын, Абай туралы кітабының әзірбайжан халқының да ең сүйікті кітабына айналғанын жазған («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 605-бет).

*Н. Ерсарыұлы.*

**«РАУАН»**, баспа. 1947 ж. 6 наурызда Алматы қаласында ашылды. 1964 ж. Мемлекеттік баспасөз комитетінің қарауына көшіріліп, аты «Мектеп» болып өзгертілді, ал 1989 жылдан бастап қазіргі атауымен аталады. Баспаның Ә. шығармашылығына қатынасы өзіндік міндет-бағдарымен анықталған. 10-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» (авторлары М. Базарбаев пен Т. Бейісов (1954), бұрынғы 10-сыныпқа арналған «Қазақ совет әдебиеті» (авторлары М. Базарбаев, С. Қирабаев, Б. Сахариев), 1987 жылдан бері оның орнына баламалы түрде шығып келе жатқан, авторлар ұжымдары жазған «Қазақ әдебиеті» (11-сынып, авторлары С. Қирабаев пен З. Қабдолов) оқулықтарында Ә. шығармашылығы жеке монографиялық бөлім ретінде қарастырылады. Филология факультеті студенттеріне арналып, 70–80-жылдары бірнеше қайталап басылған «Қазақ совет әдебиеті» атты оқулықта (авторлары М. Қаратаев, Т. Нұртазин, С. Қирабаев) ұлы жазушының өмірбаяны мен шығармашылығына арнайы тарау берілген. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 10–11-сыныптарына (1996) және филология факультеттерінің студенттеріне арнал-

ған (1985) «Қазақ әдебиеті» деп аталатын екі оқулықта да (екеуін де Ш. Сәтбаева мен Х. Әдібаев жазған) Ә. шығармашылығы жеке тақырып аясында кеңінен сөз болады. 11-сыныпқа арналған «Ұйғыр әдебиеті» оқулығында Ә-тің осы заманғы ұйғыр әдебиетінің қалыптасып, идеялық-эстетикалық жағынан есеюіне тигізген игі істері туралы ыстық ілтипатпен әңгімеленеді. Баспадан Ә-тің шығармашылық өмірбаяны мен туындыларын ғылыми-теориялық негізде, кең ауқымда зерттеген еңбектер де жарық көріп келеді. Солардың алғашқыларының бірі – А. Нұрқатовтың «М. Әуезов творчествосы» (1956), Б. Шалабаевтың «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы» (1983, «М. Әуезовтің повесттері мен эпопеясы» деген үлкен тарау бар), Р. Бердібаевтың «Қазақ тарихи романы» (1989), Т. Рақымжановтың «Романның көркемдік әлемі» (1997) атты ауқымды зерттеу кітаптарында Ә. романдарының, әсіресе «Абай жолы» роман-эпопеясының әлемді тәңті еткен көркемдік сыр-сипатын зерделенген. Көрнекті ғалымдар Т. Кәкішев пен М. Дүйсенов өздерінің 20–30-жылдардағы қазақ әдебиеті жайындағы кітабында (1987) да сол жылдардағы Ә-тің шығармашылық өсу жолы, ізденіс-тәжірибелері әңгіме болады. Р. Нұрғали «Өнер алды қызыл тіл» (1974) атты кітабында Ә. драматургиясының сипаттарына тоқталған. Ж. Дәдебаевтың баспаның «Сенің сүйікті жазушың» сериясынан жарық көріп, 1997 ж. толықтырылып, қайта басылған «Мұхтар Әуезов» деген кітабын мұхтартануға қосылған сәтті үлес деуге болады. Диар Қонаевтың «Мұхтар Әуезов және орыс әдебиеті» деген кітабында (1992) классикалық орыс әдебиетінің Мұханның шығармашылығына игі әсері айтылған. «Әдебиеттану» деп аталатын ғылыми-теориялық жинаққа (1997) енген мақалаларда Ә. еңбектеріне жиі сілтемелер жасалып, дәйексөздер алынған. Сонымен қатар онда Ф. Мүсіреповтың 1943 ж. Қазақстан Жазушылар одағында «Абай» романын талқылауға арналып, дау-дамаймен үш күнге созылған жиналыста сөйлеген әйгіл сөзі берілген. Қазақ әдебиетін оқытудың теориясы мен әдістемесі туралы еңбектерде: Ә. Қоңыратбаевтың «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы», А. Кешімбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасы», әдіскер-ұстаз Қ. Бітібаеваның «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» (1990) және «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» (1996) атты кітаптарында ғұлама ғалым, ойшыл-суреткердің өмірбаянын, әр жанрдағы белгілі туындыларын, әсіресе «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыту әдістемесіне кеңінен тоқталып, жазушы туындыларының ондаған сабақ үлгілерін келтіреді. Әдіскер Р. Құтқожинаның «Абай жолы» эпопеясы бойынша дидактикалық материалдар (11-сынып) деген кітабы – жазушының жеке туындысына құрылған тұңғыш әдістемелік құрал. Ә. туындыларын орыс мектептерінде оқыту жайындағы әдістемелік құралдардың ішінен Ж. Қарақозованың «М. Әуезовтің «Абай жолын» орыс мектебінде оқыту» деген кітабы ғылыми-әдістемелік пайымдауларының мәнділігімен назар аударады. Педагог-ғалымдар, мұғалім-тәрбиешілер жазушы мұрасындағы өміршіл идея мен ұстаздық үрдістерді тереңдеп танып, арнайы зерт-

теуге ден қойып отырады. Г. Шаймерденованың «М. Өуезовтің педагогикалық көзқарастары», «Қазақтың тәлімгерлік ой-пікір антологиясы» (1994), «Қазақстандағы педагогикалық ойлар антологиясы» (1995) деп аталатын еңбектерде оншақты мақаласының тұтас немесе үзінді түрінде берілуі Ө-тің педагогтік көзқарастарының кеңдігі мен тереңдігін көрсетеді. Баспа өз мүмкіндігінің ауқымында жазушының әр жанрдағы көркем туындыларын жеке кітап етіп те, жинақтарға қосып та шығарып келеді. М. Өуезов туралы жарық көрген дүниелер арасында фибратты да қызықты естеліктер, көркем туындылар да бар. Ө. Нұршайқовтың «Тоғыз тарау» атты эсселер кітабы (1976), Ш. Айтматов пен М. Шахановтың 1996 және 1997 ж. қазақ, орыс тілдерінде жарияланған «Құз басындағы аңшының зары (Ғасыр айырығындағы сырласу)» және «Плях охотника над пропастью (Исповедь на исходе века)» атты кітаптары, Д. Досжанның «Алыптың азабы» романы осы салаға жатады. М. Бөжеевтің осы баспадан шыққан «М. Өуезов. Библиографиялық көрсеткіші» (1966) де Өуезовтануға қажетті еңбек саналады. Қорыта келгенде, «Р.» баспасынан үзбей шығып тұратын оқулық, оқу кітаптары мен әдістемелік құралдар, жазушының өз туындылары арқылы Ө-тің ардақты есімі мен асыл мұрасы жас ұрпақтың жүрегі мен зердесінен берік орын алды.

*Ж. Нұсабаев.*

**РАХИЛА** Әбдірахманқызы (1894–1924), Абайдың немересі. Абай аулындағы Ысқақ ноғайдың немересі – Бәстәми Мұсабаевқа тұрмысқа шыққан. Одан екі ұл, бір қыз тапқан. Ұлы – Инғам Ұлы Отан соғысында қаза болды. Ихсан соғыстан қайтып келіп, 1955 ж. Алматыда дүниеден өтті, қызы Мәрфуға (1922 ж. туған) Алматыда. Рахила тұрмысқа шыққанда Абай атасының өлендері жазылған бір қолжазба дәптерді өзімен бірге ала кеткен. Абай өңдерін өнге салып, ел арасына таратқан. Ө. бұл дәптерді кезінде пайдаланған, қазір мұражайында сақтаулы.

*М. Бейсенбаев.*

**РАХМАДИЕВ** Еркеғали (1932 ж. т.), композитор, педагог. Қазақстанның (1975), КСРО (1981) халық артисі. ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1966), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980). Қазақ музыка өнерінің дамуына еселі үлес қосты. «Камар сұл» (1963), «Алпамыс» (1972), «Тың тынысы» (1980) опералары, «Амангелді» (1956), «Толғау» (1960), «Құдаша думан» (1973), «Дайрабай» (1961) сияқты симфониялық поэмалары, хорлары, эн-романстары бар. С. Мәуленовтың өлеңіне арнап тек дауысты өңшеге, хор мен оркестрге арналған «Мұхтар аға» атты рекевием-позамасын жазды. Мұнда композитор батыс еуропалық канондық рекевиемнің үлгі-тәсілдерін пайдалана отырып, қазақтың азалы құйлері мен жоқтау жанрын негіз еткен. Шығарма аса азалы, мұнды сарында естіледі. «Қазақ – тандайына бұлбұл қонақтаған халық» деген мақаласында Мұханның қазақ әдебиетіндегі төңдесі жоқ орны туралы ой-пікірлерін ортаға салған («Ана тілі», 2002, 27 маусым).

*З. Қоспақов.*

**РАШИД АД-ДИН** Фазлаллах ибн Әбілқайыр Хамдани (1247–1318), иран тарихшысы, мемлекет

қайраткері. Ғылымның әр түрлі салалары бойынша көптеген ғылыми еңбектер жазды, ал оның атын шығарған – «Жамиғ ат-таурих» атты тарихи еңбегі. Ө-тің бұл еңбекті жақсы білгендігі Орта Азия халықтарының әдебиетіне қатысты жазбалары мен осы әдебиеттердің бағдарламасын жасауларынан (№192, 266-папка) да айқын аңғарылады.

*Т. Әкім.*

**РАШИДОВ** Шараф (1917–1983), жазушы, мемлекет, партия, кеңес қайраткері, екі мәрте Соц. Еңбек Ері (1974, 1977). Халықтар арасында әдеби-мәдени байланыстардың өркендеуіне көп үлес қосты. 1958 ж. Ташкент қаласында өткен Азия мен Африка елдері жазушыларының конференциясын ұйымдастыруға белсене ат салысты. Бұл конференцияға Ө. те қатысып, сөз сөйледі. Осы сөзінде сондай-ақ «Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиеттерінің социализм дәуірінде дамуы туралы», «Қайта туған халықтың әдебиеті», «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» деген мақалаларында Р-тың «Жеңімпаздар», «Дауылдан да күшті» т. б. шығармаларының көркемдік жетістіктерін атап өткен.

**РӘШЕВ** Мынбай (1930 ж. т.), ақын, сатирик. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты «Мұхтар – жалғыз, күн – жалғыз» поэмасын жазды («Егемен Қазақстан», 1997, 14 тамыз). Бұлардан басқа Мұхтар тақырыбына арнап «Ұлылық мойындау» («Алматы ақшамы», 1997, 19 қыркүйек), «Алып ата» («Ұлан», 1997, 29 қыркүйек) өлең-толғауларын, «Мұхтар рухы Варшавада» («Қазақ әдебиеті», 1997, №35) жолжазба-өчеркін арнады.

**РЕАЛИЗМ.** Жазушы шығармашылығының бағыт-бағдары. Ө-тің шығармашылық мұрасын реализм туралы ұғыммен байланыстыра қарастырғанда, өзара тығыз байланысты екі жүйеге ой жүгірткен ләзім. Бірінші, ғұлама ғалымның туған әдебиеттегі реалистік бағыттың орнығу жолдарына арналған зерттеу еңбектері мен әдеби-сын мақалаларын зерделеу. Екінші, суреткер жазушының ұлттық қазынамызға өлшеусіз зор үлес болып қосылған көркем туындыларында шығармашылық принцип ретінде қалыптасқан реалистік әдіс ерекшеліктерін пайымдау. Бұл үшін ең алдымен туған әдебиеттегі реалистік үрдістің басын аша кеткен мақұл. Әдебиет пен өнердің міндеті – өмірді сол күйінде алып, болмыстың жекелеген фактілерін типтендіру арқылы, өмір шындығын өз құбылыстарына сәйкес келетін бейнелер арқылы суреттеу. Реализм – осы міндетті алдына қойып, соны жоғары көркемдік күшпен шешуді көздейтін шығармашылық әдіс. Ө. – өзінің әдебиет зерттеушісі ретіндегі еңбектерінде қазақ әдебиетінің арғы-бергі кезеңдерінде реалистік бағыттың бастау алу, орнығу және берік дәстүрге айналу жолын белгілеп берген ғалым. Ол қазақ әдебиетіндегі реалистік дәстүрлердің қалыптасу жолдарын ең алдымен ұлттық негізде жүзеге асып, сонсоң дүниежүзілік әдеби дамудың ең жемісті тәжірибелерін табиғи түрде игеру арқылы орныққанын, соның өзінде әрдайым өмір шындығын бейнелеу жолымен жүріп отырғанын, тіпті сонау арғы замандағы әдеби ескерткіштердің өздері де өмірдің өзінен туғандығын дәйекті түрде дәлелдеп берді. Ұлттық негіз бен дүние жүзі әдебиетінің үлгі-үрдістері деген егіз ұғым Ө-тің туған әдебиеттегі реалистік дәстүрлердің қалыптасуы жөніндегі ой толғауларында қатар дамытылып отырады. Әсіресе 19 ғасырдың 2-жартысындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлардың қызметіндегі табиғи байланыс пен ұлттық жалғастық заңдылықта-

ры туралы Ә. пікірлері өте мәнді: «Өздерінің тарихтық, халықтық арманы мен аңсағанын алсақ, бұл үшеуі анық бір туған бауырластай танылады. Олар біріне-бірі тізе қосып, иық сүйесіп, «е» десіп шыққандай көрінеді» (20 томдық шығармалар жинағы, 19-том, 243-бет). Ә. осы ойын жалғастыра келіп, Әсіресе Ыбырай мен Абай арасындағы шығармашылық туыстықты және олардың ортақ төркіндістігін көз жеткізе дәлелдеп айтады.

Қазақ әдебиетіндегі реалистік дәстүрдің қалыптасып, ілгері даму жолы әсіресе Ә-тің Абай мұрасын зерттеген еңбектерінде айқын көрінеді. Олары – «Ұлы ақын, ағартушы – Абай Құнанбаев», «Абай мұрасы жайында», «Пушкин мен Абай», «Абайдың халықтығы мен реализмі», «Орыс реализмінің дәстүрі және революцияға дейінгі қазақ әдебиеті», «Пушкин және Кеңестік Шығыстың бауырлас әдебиеттері» т. б. еңбектері. Солардың бірінде Әуезов былай деп жазды: «Абай – қазақ әдебиетіндегі сыншыл реализмнің негізін қалаушы адам. Ақынның болыстар туралы («Жүлембайға», «Мәз болады болысың», «Көжекбайға»), зыртқыш байлар туралы («Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай»), ру ақсақалдары – қазақ даласындағы күрестің алаяқтары туралы («Қартайдық, қағыз ойлады»; ертедегі ескі дәстүрлерді надандықпен, қайсарлықпен сақтаушылар – ауыл аталары туралы («Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!»); сатқын чиновниктер, паракорлар, даукестер, жалқаулар, арамтамалар туралы («Адасқанның алды жөн, арты соқпақ») өлеңдерінің тақырыптары және басқа өлеңдері өткен заманның әлеуметтік өмір шындығының терең тамырларын айқын сынай аша отырып, дала өмірінің аса күрделі құбылыстарын қамтығанын көрсетеді» (сонда, 50–51-беттер).

Ә. көп жанрлы, кең арналы, дүниежүзілік көлем деңгейінде дамыған өз тұсындағы қазақ әдебиеті жайында жазған соңғы сын-зерттеу еңбектерінде ұлттық көркем сөз өнерінде реалистік бағытты орнықтыруда әсіресе проза, драматургия жанларының ерекше маңызы болғанын атап көрсетеді: «Дүниежүзілік әдебиеттің барша мәдениеттік дәстүріне сүйенетін реалистік прозамызды жасаған жазушылар – роман жазушылар мен өңгіме жазушылар» деп жазды (сонда, 367-бет). Осы ойын жалғастыра келіп: «Абайдан соңғы дәуірде қазақтың көркем сөзінің сапасы артып, жалпы әдебиеттік мәдениеттің жаңа үлгісін жасайтын жазушылар туғанын» (бұл да сонда), олардың шығармаларында әрқайсысына тән ерекшеліктермен қатар біріне ортақ терең сыншылдық бар екенін сүйсіне айтты. «Реалистік драма жолында» атты еңбегінде өмір шындығын шебер суреткерлікпен бейнелеуді ол аталған жанрдағы көркемдік кемелдіктің басты шарты, негізгі өлшемі ретінде ұсынды. Ә-тің ұзақ жылғы орасан зор тағлымды жазушылық жолына көз жіберсек, осындай кемел реалистік мектеп сабақтарының оның өз тәжірибесінен әсіресе айқын танимыз. Бұл үшін жазушының 20-жылдардағы шығармаларының тақырып, мазмұн ерекшеліктерін еске алудың өзі жеткілікті. Осы жылдары жарық көрген «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» повестері мен «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз» пьесалары Ә. реализмінің белгілі бір кезеңді қорытындылаған шоқтықты шығармалары болды. Осы үрдісті ілгері қарай жалғастырып, көркемдік шеберлікті жетілдіре түскен жазушы кейінгі кезеңдерде шығармашы-

лықтың жаңа биіктеріне көтерілді. Өрине Ә. шығармашылығының биік шыңы, қаламгердің атақ-абыройын бүкіл дүниежүзілік көлемде танытқан данышпандық туындысы – «Абай жолы» эпопеясы. Бұл шығарма, сол кездегі және кейінгі сыншы, зерттеушілердің пікірлерін қорытып айтқанда, жазушының орасан зор шығармашылық ерлігі және ұлттық көркемдік мәдениетке қосылған орасан зор үлес болумен қатар, дүниежүзілік әдебиет классикасынан лайықты орын алатын мәңгілік ескерткіш деп бағаланды. Эпопеяда қазақ халқының ұлы ойшыл ақынының шығармашылық жолын бейнелеу арқылы жазушы туған халқының тұтас бір тарихи дәуірдегі өмірінің көркем шежіресін шынайы жазып қалдырды.

Ж. Ысмағұлов.

«РЕАЛИСТІК ДРАМА ЖОЛЫНДА», жазушының мақаласы. 1954 ж. 3 қыркүйекте Қазақстан жазушыларының 3-съезінде жасаған баяндамасы. Мұнда ол қазақ драматургиясының 2-съезден (1939) бергі 15 жыл ішіндегі даму жолына шолу жасап, осы кезеңдегі басты-басты жетістіктеріне тоқталады, бұл жанрда жемісті еңбек етіп келе жатқан қаламгерлерді атайды, олардың ең көрнекті деген туындыларын жан-жақты талдайды. Сол жазушылардың еңбегі арқылы қазақ драматургиясы екі съезд аралығында едәуір жемісті, елеулі жолдан өткенін айта келіп, баяндамашы бұл саладағы шығармаларды тақырып жағынан үш топқа бөліп қарастырады: бірінші – эпоспен, фольклормен, арғы тарихпен байланысты; екінші – тарихи-революциялық тақырыпқа жазылған және үшінші – бүгінгі күн болмысына, қазіргі заман шындығына арналған пьесалар. Баяндаманың тақырыбынан көрініп тұрғандай, Ә. драмалық шығармаға қойылатын басты талапты ондағы өмір шындығының бейнелеуімен, автордың реалистік кемелдігімен байланыстырады. Осы орайда баяндамашы ең алдымен драматург Ф. Мүсіреповтің шығармашылығына және оның есепті кезеңдегі ең көрнекті туындысы – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасына тоқталады. Мүсірепов драматургиясында бұдан гөрі реалистік бағытқа жақындау тұрған шығарма – «Амангелді» пьесасының соңғы нұсқасы екенін, «тақырыптық, образдық, сюжеттік, барлық мазмұн санасымен, тіл, сезім, әрекет атаулысымен бұл пьесадағы жағымды, жағымсыз бейнелердің бәрі де көбінесе шындық, реалистік үлгіде қалыптаныны» көрсете келіп, баяндамашы автордың бір қаһарман арқылы екі дәуірді бірдей көрсетпек болып, жанр табиғатына нұқсан келтіріп алғанын мінейді. Дәл осындай жақсы нышан мен кемшін олқылық С. Мұқановтың «Шоқан» пьесасына да тән екені айтылады. Қазақ драматургиясы саласында көп жылдар бойы үзбей еңбек еткен көрнекті қаламгерлер Ә. Тәжібаев, Ш. Хұсайынов, Ә. Әбішев шығармашылығына баяндамада кең орын берілген. Солардың ішінде анық реалистік үлгіде қалыптанған сәтті туынды ретінде Ә. Әбішевтің «Достық пен махаббат» пьесасына жоғары баға беріледі. Сондай-ақ Ф. Мұстафиннің «Миллионер» пьесасы реалистік жазушының көркемдік, тақырыптық табысы деп сипатталады. Қорыта айтқанда, қазақ драматургиясы дамуының үлкен бір кезеңін шолға отырып, Ә. бұл баяндамасының негізгі түйіні ретінде «идеялық-көркемдік

сапалардың ойдағыдай үйлесуінен туатын шеберлік» мәселесін жан-жақты сөз қылады. Теориялық жағынан толымды, талдау тұрғысынан терең, бағалауы әділ бұл баяндама қазақ әдебиетіндегі драматургия жанрының болашақ өркендеуіне игілікті әсер еткен, жалпы сын дәрежесін көтере түскен белесті еңбек болды.

Ж. Ысмағұлов.

**«РЕАЛИСТІК РОМАН ЖӘНЕ ТИПТІК ХАРАКТЕР»**, зерттеу еңбек. Авторы – А. Түрбеков. «Ғылым» баспасы 1970 ж. шығарған. Кітапшпада социалистік реализм тұрғысынан қазақ кеңес әдебиетіндегі үлкен үш роман – Ә-тің «Абай жолы», Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке», Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» талданып, әрқайсысының өзіндік реалистік сипаттары мен идеялық-көркемдік ерекшеліктері ашылады. Көркемдік идея, шындық болмыс, конфликт, ірілі-ұсақ типтік характерлер, олардың жасалу әдіс-тәсілдері айтылады. Сондай-ақ бұл үш романның қазақ кеңес әдебиетінде жаңа дәстүр қалыптастырып, кейінгі жазушыларға үлгі болғаны баяндалады. «Ояну сәті» деп аталатын алғашқы бөлім «Абай жолы» талдауға арналған (5–98-беттер). Автор онда шығармадағы өмір шындығы мен идеялық тартыстарды, образдар типтілігін, тарихи көркем шындықты жан-жақты қарастырған. Еңбек коммунистік идеологияның ұшынып тұрған кезінде жазылғандықтан, эпопеяның кейбір тұрмыс-тұрпатына партиялық көзқараспен қараған. «Абай жолы» тарихи роман десек те, әлеуметтік роман-эпопея десек те, асқан реалистік шығарма десек те, бәріне татитын, дөп келетін құнарлы туынды деген келелі қорытынды айтқан. Студенттер мен мұғалімдерге, ғылыми қызметкерлер мен әдебиеттанушыларға арналған. Кітаптың көлемі 11 баспа табақ, таралымы 1600 дана.

Р. Бердібай.

**«РЕВИЗОР»**, Н. Гогольдің аударма пьесасы. Аударған – Ә. Сахнаға 1936 ж. И. Г. Боров қойды. Қ. Қуанышбаев жасаған Дуанбасы өткір сатиралық бейне болумен бірге, қойылымның негізгі идеясының тұтқасы болды. Күйбең тірліктің талай қызығы мен шыңығына қанық Осип Е. Әмірзақовтың бейнелеуінде – тірлік сапырылысына сабырлықпен қарайтын адам. Бобчинский мен Добчинский мінез-құлық ерекшеліктерінен туындайтын күлкілі құбылыстар С. Телғараев пен Б. Әмірхамзиннің тамаша ойындарынан жарқырап көрінеді. Ал Земляничаның күлкілі рөлін С. Қожамқұлов өзінше қызық ойластырған. Сұмпайы әрі жалақор, жұқсұрын әрі суайт Земляничка шенеуніктер арасында ревизордан қорықпайтын, өзін тәуелсіз сезінетін «бөлектігімен» көрінген. 1940 ж. М. Соколовский «Ревизорды» қайта қойып, алғашқы қойылымдағы сырттай әуестенушіліктен туған артық көріністерді қысқартып, кейбіреулерін жөндеп, өңдеулер жүргізген. Екі қойылымның екеуі де театрдың кезекді табысы болмаса да, оның шығармашылық жолында алатын орны бөлек. Мұнан кейін 1946 ж. Ю. Рутковский, 1979 ж. А. Әшімов қойған «Ревизор» театрдың қатардағы ізденісі еді. Тәжірибелі Рутковский 1958 ж. Семейге келіп, Б. Омаровпен бірге комедияны қайта қойды. Бұл жолы қос режиссер қызық сахналық шешім қарастырып, актерлердің жанр сипатын, кейіпкерлер даралықтарына қарай әрекет жасауын ұйымдас-

тырған. Семейде Е. Обаев қойған спектакль де классиканы меңгеру жолындағы табысты қадам болды.

Б. Құндақбайұлы.

**«РЕВИЗОРДЫҢ» АУДАРМАСЫ ТУРАЛЫ**, жазушының мақаласы. 1936 ж. жазылған. Мұнда Ә. алдымен Гогольдің «Ревизор» атты пьесасының қазақша алғашқы нұсқасының мейлінше нашар аударылғанын, оның үстіне қолжазбада түпнұсқа мазмұны түгел қамтылмағанын айтады. Мақала авторы мұндай жарамсыз әдістің нақты екі түрлі көрінісін атап көрсетеді. Бірі – түпнұсқа мазмұнынан ауытқып, жөнсіз ауа жайылушылық. Екіншісі – түпнұсқа мәнін түсінбей, қарадүрсіндеп, тұрпайылау. Тіпті адам аттарына дейін аударуға тырысып, оларға «қазақтың тон-тымағын кигізу». Ә. аударма практикасындағы осындай жолсыздықтарды көрсете келіп, оны дұрыс ғылыми-шығармашылық арнаға түсірудің бағытын да сілтейді. Ол дүниежүзілік және одақтық көлемдегі классикалық әдебиет қорын өзіміздің ұлттық мәдени қорымыздың маңызды бір саласы деп қарап, оны мәдениетті елдердегі жалпы принцип негізінде жүзеге асыруға, яғни олардың өз ерекшелігімен, өздеріне тән жазу өрнегімен, бұзбай, бұлжытпай дәл түсіріп аударуға шақырады. Аударма мәтініне түбірлі өзгеріс енгізіліп, ол қайта жазылып шыққаннан кейін «Ревизор» спектаклі 1936 ж. 20 қазан күні сахнаға шығарылып, аудармашысы Ә. деп көрсетілді. 31 қазан күні Қазақстан үкіметінің жанындағы Өнер істері жөніндегі комитет «Көркемдігі жоғары Гоголь сөзін қазақ көрерменіне жеткізе алғаны үшін» Ә-ке алғыс жариялады (М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі, А., 1997). Аталған мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің 1936 ж. 2 қазандағы, «Социалды Қазақстан» газетінің 3 қазандағы санында біріне-бірі жалғаса жарияланған. «Қазақ әдебиетіндегі» нұсқасы бойынша 20 томдық шығармалар жинағының 17-томына енгізілген (А., 1985, 49–52-беттер).

Ж. Ысмағұлов.

**«РЕВОЛЮЦИЯ ЖЕМІСІ»** («Рожденная революция»), жазушының мақаласы. «Дружба народов» журналының 1958 ж. 11-санында, Ә-тің «Әр жылдар ойлары. Мысли разных лет» кітабында (1961) шыққан. Мақаланы аударған З. Кедрина. Мағынасы жағынан көп жерлері «Октябрь өркені», «Біздің дамуымыздың советтік жолы» атты мақалаларына ұқсайды. Мақаланың кіріспе бөлімінде Октябрь революциясынан кейінгі 40 жылдағы қазақ әдебиетінің табыстарын тізіп атайды. Коммунистік идеология талаптарынан туатын біраз жолдар, олар болғанымен, негізінде Қазан төңкерісінен қазаққа әкелген жақсылықтарын да жасырмайды. 40 жыл шамасындағы қазақ әдебиетінің даму жолы, өзіндік ерекшеліктері, ірі өкілдері жайында қысқа, тұжырымды ойлар айтқан. Осы жылдардағы көркем әдебиеттің озық үлгілері мен жеке жазушыларға берген бағалары әлі күнге дейін күнделі. Мақалада қазақ әдебиетінің табыстарымен қатар кемшіліктеріне де тоқталады. Әсіресе автор идеологиялық қысым мен талаптың әсерлерінен, қазір оң бағаланып жүрген кейбір әдеби шығармалар мен ақын-жазушыларға теріс баға берген. Бұл бағаның көп жағдайда Ә-тің өз ойынан гөрі саяси, чиновниктік көзқарастардан шығып жатқаны анық. Мақала жазылған жылдары бұйлоқаттық әдебиеттану ғылымында солақай сынның етек алып, орыс әдебиетіндегі декаденттік бағытты, символистерді

сынау күшейген еді. Осы орайда әдеби-зерттеу құбылысы (амалсыздан болса да) ұлт республикаларын да қамтыды. Ө-тің Ш. Бөкеевті, М. Жұмабаевты солақай сыңа алуының төркіні осында. «Зар заман» ақындарын Ө-тен артық білген, артық түсінген әдебиетші-ғалымды 50-жылдарда кездестіру екіталай. Сөйте тура, етек алған талапқа сәйкес жазушы қазақ әдебиетін осы ерекше кезеңнің ыңғайына қарай сынауға мәжбүр болды. Ұлт республикалары әдебиетінің озық, көркем шығармалары мен талантты өкілдерін тілге тиек етіп, оларға әділ бағасын берген.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«РЕВОЛЮЦИЯ МЕН ХАЛЫҚ ТУРАЛЫ»** («О революции и народе»), жазушының мақаласы. «Советский Союз» журналының 1957 жылғы 11-нөмірінде басылған. Халық өміріндегі бір белесті кезеңге байланысты ой толғаған. Публицистикалық қысқа қайырымда олы ойшыл жазушы ел тағдырының өткені мен болашағын салыстыра отырып, өз тұрғыластарының үш түрлі заман беделінде өмір сүргеніне көз жібереді, көңіл шарықтатады. Жанарған, жасарған республикасының аспанынан тараған шұғыла нұрының бүкіл Шығыс елдеріне алыстан жарқырап көрінген шапағатын шаттанған сезімін білдіреді.

*Ж. Ысмайұлов.*

**РЕДАКЦИЯЛАУ**, әдеби өңдеу, жөндеу, түзеу. Осындай жолмен шығарманы баспаға, баспасөзге, радиоға немесе теледидарға әзірлейді, нақты айтқанда, тілдік, құрылымдық, сапалық, стильдік фактісі жағынан жақсартады. Ө. редакциясымен шыққан «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» (1939–40), «Жәңгір» (1940) Е. Ысмайұлов, «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940), «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» (1945), «Әлішер Науаи» (1948), «Қазақ әдебиетінің тарихы», 1-том, (1948), «Қамбар батыр» (1959), «Қазақ ССР тарихы», 1–2-том (1957, 1961), «Қазақ әдебиетінің тарихы», 1-кітап (1960) т. б. кітаптар бар.

**«РЕДАКЦИЯ СҰРАУЛАРЫНА ОРАЙ»**, жазушының мақаласы. Абайдың қайтыс болуының 50 жылдығына байланысты Семей облыстық «Екпінді» газетінің редакциясы тарапынан қойылған төрт сұраққа жауап ретінде жазылған. Алғаш рет газетте «Мұхана қойылған төрт сұрақ» деген тақырып бойынша жарияланған (1954). Жазушы мұрағатында сақталған тұңғұзда (ӨӘММ, № 236-папка, 20–22-бет) «Редакция сұрауларына орай» деп аталуына орай, Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына да (19-том, 1985) осы тақырып бойынша енгізілді. Әуезов мақалада абайтанудың ең өзекті мәселесі – ақын мұрасының нәр алған рухани көздері, оның көп қырлы салалары туралы толғана отырып: «... сол көп саладан білім де, ой да, сезім, түсінік те ала жүре, ұлы адамның бәрі де өзінің ой-сезім дүниесіне әсер еткен ағымдардың бәрін өзінің өздік етіп алады», ... Абай деген – сол әсерлердің жиынтығы емес, бәріннен қорытылған асылы, жаңа бітім, тың тұлға» деп, ұлы ақынның бірегей, қайталанбас ойшылдық қасиетін баса айтады. Жазушы бұдан кейін «Абай жолы» романының аяқталу сыры, өзінің алдағы жоспары, абайтану курсы туралы сұрақтарға жауап береді.

*М. Мұрзахметұлы.*

**«РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫ»**, жазушының мақаласы. Қазақстанның экономика мен ғылымдағы, әдебиет пен өнердегі, мәдениеттегі

табыстары туралы жазылған. Орысшасы «Могучий расцвет республики Казахстана» деп аталды. Бұлардың қолжазбасы мен машинкада басылған нұсқалары жазушының өз қолжазба қорында сақтаулы (№ 214, 215, 236-папка). Алғаш рет осы қордан алынып, 20 томдық шығармалар жинағының 19-томына енгізілді (1985, 453–471-беттер). Бұлар – толық аяқталып болмаған жазбалар. Осы еңбегін жазбастан бұрын оның 13 бөліктен тұратын жоспарын жасаған. Алдағы жағдайларды адамның, қауымның, қоғамның өсуімен, өзгеруімен байланыстырады; жапан тұз, от дариясынан алып қарақұс қанатына мінгізіп алып, ұшып өткен ертегі ерінің сапарындай ұлы фантазия өрісін көреді. Қазақстанның ендігі ерекшелігін айқындайтын – табиғи, жер асты байлықтары: жез, темір, марганец, полиметалл, вольфрам, қалайы, никель, ковальт, алюминий, сурьма, хром, ванадий, висмут, сурьма болса бұлардың қоры Қазақстанның көп жерінде бар. Бұл да ертегілік заманның жеті қат жер астына түсіп ырыс, қазына, береке тапқан жағдайын елестетеді. Осылайша жазушы аз заман ішінде халқының рухани жағынан да, ғылымды, техниканы игеру жағынан да өскенін, ілгерілегенін әсіресе болашағынан үміткерлігін айтады; жақын заманда Қазақстан ауыл шаруашылықты қалпынан өндірісті шаруашылық қалпына ауысып, алып құрылысты республикаға айналатынына сенеді: «...кейбіреулерінің аттары өлеңнің ұйқасындай үйлесетін Қазақстанның жас қалалары тек Қазақстан ғана емес, әлем картасын өзгертіп, жаңғырта байытып туып жатыр» деп, оны мекендеген адамның, өнер-мәдениетінің, тұрмысының өзгеріп, жаңара түскеніне тоқталған.

*Т. Әкім.*

**РЕЦЕНЗИЯ**, белгілі бір шығармаға баға беру, пікір білдіру. Мұнда әдеби, мәдени, ғылыми еңбектермен қатар, театр спектакльдері, кинофильмдер, концерттер т. б. қамтылады. Рецензия мақала түрінде келеді, көптеген мақаладан айырмашылығы – нысаны етіп отырған еңбектің мәні мен мазмұны, өзіне тән ерекшеліктері сөз етіледі, бағаланады. Ө. көптеген еңбектерге талдау жасалды, жетістік-табыстарын көрсетіп жол сілтеді, дұрыс бағытқа нұсқады; бұлардың қатарында әдеби оқулықтар, ғылыми еңбектер мен көркем, тарихи шығармалар, жекелеген монографиялар, әр саладағы кітаптар бар. Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин оқулықтары мен Б. Кенжебаев, С. Мұқанов зерттеулерін, Д. Әбішев, Қ. Шаңғытбаев сияқты көптеген ақын-жазушылардың, ғалымдардың кітаптарын атап өткен жөн.

**РИМОВА** Бикен (1923–2000), актриса. Қазақстанның халық артисі (1966), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1966). Өнер жолын 1940 ж. Қазақ драма театрында 17 жасында Ө-тің «Еңлік-Кебегіндегі» Еңлік рөлін орындаудан бастады. Кейін Ө. пен Л. Соболев жазған «Абай» трагедиясына қатысып, Зейнеп бейнесін сахнада шынайы бояумен сомдады. Жарты ғасырдан астам ғұмырын өнерге арнап, театр үшін жаратылған актрисаның шығармашылық жолы жемісті болды. Ғ. Мүсірепов, Ш. Айтматов, Ө. Әбішев, Ө. Тәжібаев, Ғ. Мұстафин, Т. Ахтановтардың пьесаларында басты кейіпкерлердің рөлдерінде ойнап, әр түрлі бейнелермен, әрқилы тағдырлармен танысты. 1955 жылдан бастап киноға түсті. «Өжет қыз», «Ана ту-

ралы аңыз», «Ай астындағы үй», көп сериялы «Жол торабында» («Перекресток») – соның айғағы. Өзінің «Абай – Әйгерім», «Қос мұңдық» пьесалары, Р. Қойшыбаева, Ш. Құсайынов, Ф. Шәріпова сынды мәдениет қайраткерлеріне арналған жазбалары, «Қорғансыздың күні» (Ө. әңгімесі бойынша қойылған) атты режиссерлік жұмысы Р. еңбегінің сан қырлы екенін көрсетеді.

*Б. Мекішев.*

**РИТМАН-ФЕТИСОВ** Михаил Иванович (1907–1960), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1956). Ғылыми еңбектері орыс-қазақ әдеби байланыстары мен қазақ әдебиетінің мәселелеріне арналған. Қазақ мектептері үшін орыс әдебиетінің оқулықтары мен оқу құралдарын жазды. Ө-пен достық қарым-қатынаста болып, бірге қызмет еткен, хат жазысып тұрған, ұлы жазушы шығармашылығын орыс тілді баспасөз бетінде кеңінен насихаттаған. 1939 ж. Ө. аударған Шекспирдің «Отелло» драмасының қазақ сахнасындағы алғашқы қойылымы туралы «Казхстанская правда» газетінде «Отелло» қазақ тілінде» (21 мамыр), «Литература и искусство Казахстана» журналында «Отелло» Қазақтың академиялық драма театрында» (№ 6) мақалаларын жариялайды. 1958 ж. 18 мамырда «Известия» газетінде жарияланған «Қазақ халық эпосына», 1959 ж. «Абай туралы эпопея және оның авторы» («Алма-Атинская правда», 1 шілде) т. б. мақалалары ұлы жазушының өмірі мен шығармашылық қызметін баяндауға арналды. Ө-пен бірлесіп көптеген мақалалар жариялады: «Шығыстан хат» («Правда Украины», 1947, 1 қараша), «Социалистік ұлттар әдебиеттерінің даму ерекшеліктері» («Коммунист», 1959, №12, 69–80-беттер). Ө. 1959 ж. әдеби мұраға арналған конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде «Қазақ әдебиетіне сіңіріп жүрген бағалы еңбегін арнайы атап айтар адамның бірі. Қазір де зор жауапты, кең көлемді ғылымдық қызмет атқаратын көрнекті зерттеушінің бірі – Фетисов жолдас» деп жоғары бағалап, ол көтерген «проблемалар қазақ әдебиет тарихын зерттеу жөніндегі бүгінгі конференцияның міндеттеріне байланысты өте орынды, ғылымдық-жүйелік түрде танытылды. Бұл үшін біз Фетисов жолдасқа айрықша алғыс айтамыз» деген ризашылығын білдірді (20 томдық шығармалар жинағы, А., 1985, 20-том, 391-бет).

*С. Қарабай.*

**РОВЕНСКИЙ** Николай Степанович (1926–1995), орыс жазушысы. Негізінен әдеби сын жазумен шұғылданды. «Қазақ романы туралы әңгіме» («Простор», 1964, №9), «Шынайы шындық шырайы» («Простор», 1968, №9), «Күн мен ән», «Өткенмен есетесу» («Портреттер» жинағында), «Көкейкесті», «Қазақ романы: ізденістер мен іске асыру» («Тоғысу» кітабында) т. б. мақалаларында Ө-тің дәстүрлік шеберлігі мен жаңашылдық қолтанбасы, «Абай жолының» жазылу барысындағы табандылығы мен тақырыпты меңгеруі, көкейкесті мәселелерді көркемдік оймен жеткізудегі суреткерлік дарыны туралы пікір қозғаған.

*С. Анарьева.*

**РОЖДЕСТВЕНСКИЙ** Всеволод Александрович (1895–1977), орыс ақыны, аудармашы. Жыр жинақтарында ақын дәстүрлі орыс поэзиясының үлгісін жалғастырды. 1935 ж. Ленинград жазушыларының

құрамында Қазақстанға келген сапарында ақын І. Жансүгіровпен және Ө-пен танысады. Содан бастап олар өзара шығармашылық байланыс орнатады. Ө. Абайдың өлеңдері мен Жансүгіровтің «Күйші» поэмасының жолма-жол аудармасын жасап береді. Ө. туралы «Дос дидары» атты естелік жазды («Біздің Мұхтар», 1975).

*Т. Жұртбай.*

**РОЛЛАН** Ромен (1866–1944), француз жазушысы, қоғам қайраткері, музыка зерттеушісі. «Бетховен өмірі» (1903), «Микеланджелоның өмірі» (1907), «Толстойдың өмірі» (1911) атты өмірбаяндық туындылардың авторы. Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясы Ролланға ерекше әсер етіп, оған «Жан-Кристоф» (1904–1912) атты он томдық әйгілі туындысын жазуға итермеледі. Аса кең ауқымды баяндау тәсілімен өнер адамның жан дүниесін ашып берген бұл туындыны Ө. те жоғары бағалап, оны өзінің барынша зерттеп оқығандығы туралы пікір білдірген. Осы романы үшін Р-ға 1915 ж. Нобель сыйлығы берілді. «Кола Брюньон» (1919), «Пьер мен Люс» (1920), «Клерамбо» (1920) повестерінде соғысты әшкереледі. «Абай» және «Абай жолы» романдарын қалай жаздым және «Қазіргі роман және оның кейіпкерлері» атты мақалаларында Ө. өзінің эпикалық жанрға ерекше бауыр басып қалғандығын және мұндай көлемді шығармаларды заманның тынысы мен қайшылығын терең бейнелеуге мүмкіндік беретін тәсіл деп қарайтынын мәлімдеген.

*М. Маданова.*

**РОМАН.** Жазушының роман жанры туралы ой-пікірлері. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясы – Р. жанрының барлық талап-тілегіне жауап беретін бірегей туынды. Сонымен қатар ұлы жазушы Р. жанрына, оның теориялық жағына қатысты көптеген ой-пікірлер айтқан. «Қазіргі роман және оның геройы» атты мақаласында «романды бөлек, геройды өз алдына байыптайтын сыншыларды» түсінбейтін, өйткені өмірді роман мен оның геройлары арқылы жинақтау қажет екенін ескертті. «Роман адам тағдырына» негізделеді, «ал тағдыр табиғаты оқиға үстінде» танылады, «олай болса, романдағы тағдыр мен оқиғаны екі түрлі көркемдік тұрғыдан» түсінбеу керектігін ескертті. Себебі «оқиға жоқ жерде тағдыр тартысы, ал тағдыр тартысы болмаған жерде оқиға тумайтыны белгілі». Ұлы жазушы кәлімге көп сөзділікті Р-ға қалай сыйғызу керек деген сұраққа жауап бере келіп, бұл орайда «психологиялық портретке, ішкі монологқа, сол геройлардың өзі мен өзі оңаша толғанған ойларына көбірек жол берген мақұл» деп тұжырымдайды. «Кейбір ұлт жазушыларының романдары» деген еңбегінде Р. туралы ой толғаныстары өрістете отырып, «мінез-құлқы көп қырлы дәлелденген, кең құлашты қаһарман бейнесін жасау» ірі шығарманың ортақ міндеті деп қарайды. Мәселенің ең зоры – бүгінгі әдебиетте адам психологиясы барынша көрінбей отыр. Бұл орайда «Замандастарымыздың жан түкпіріндегі сыры мен шынын ашу үшін, өзіміздің де жүрегімізді соған үйлес ашу керек. Заманымыздың геройы үшін біздің жанымыз өзімізден туған балаларымызға ашылғандай ашылсын. Ал көбінесе сондай шын сырға сараңбыз. Өз ішімізді өзіміз жасырып, іріккендейміз. Соны ірікпей, барды сарқа берген көркем шығарма жайнап кетеді» деген қорытынды жасайды («Заман шарты»). «Үзінділер» атты мақаласында романның кейіпкері қандай болу ке-

рек деген мәселеге тоқталады. Батыс Еуропа жазушыларының романдарын тақырып, композиция, техника жағынан қарастыра келіп: «Техникадағы үлгі боларлық ерекшелік, жеке бір жердегі айрықша шеберліктер жалпы классик әдебиеттің бізге бағалы қасиеті ғой. Онысын көру, тану, үйрену керек. Қалайда көп классик романы, ең алдымен, аз кісінің басына құрылады» деп, кейіпкерлердің аз-көптігін сөз етеді. Бенжамен Констанның «Альфред» романының екі-ақ кісіден тұратынын, Л. Толстой мен У. Шекспирдің шығармаларында адамдар көп болғанмен, олар бір-біріне ұқсамайтындай етіп суреттейтінін, демек мәселе роман кейіпкерлерінің аз-көптігінде емес, керісінше, олардың суреттелу шеберлігінде жататындығын ескеріп өтеді. Ірі романистердің «әңгіме жібін ылғи бір ұршыққа орай беріп, бір ғана қазыққа шалып отырумен үлгі қалдырғанын», сондықтан тақырыпқа «бата кіріп, әрі кең, әрі терең» қарманғанда ғана үлкен роман туатынына назар аударады. 1950 ж. «Литературная газетада» жариялаған «Роман туралы ойлар» атты сөзталасында әдебиеттегі ұлттық түр, ұлттық дәстүр туралы ой толғады,

*Р. Нұрғали.*

**РОМАНОВ** Сахи (1926–2002), кино суретшісі, график, кескіндемеші. Қазақстанның халық суретшісі (1981). Ө-тің хикаяттары мен әңгімелерінің негізінде салынған шығармаларында суретші қылқалам күдіреті арқылы оқиғаның астарын терең түсіндіруге ұмтылады. Кейіпкерлердің ішкі көңіл күйін дәл басып, жан дүниесін кеңінен ашады, оған көркемдік сипат береді. Күн күйдірген шөлейтті маң дала («Көксерек»), жапырағы сарғайып түсіп жатқан ақ қайыңдар («Жетім»), ұйытқыған қаһарлы боранда әкесінің қабірінің басында мінәжат етіп отырған қайғылы қыз («Қорғаныссыздың күні») бейнелері адам мен табиғат арасындағы психологиялық тартысты барынша әсерлі жеткізген. Жазушының «Көксерек», «Қараш-Қараш», «Бүркітші», «Жетім», «Қорғаныссыздың күні», «Өшкен өркен» атты туындыларының желісімен салынған суреттері «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қорында сақтаулы.

*А. Қуанышбаев.*

**РОМАНС**, музыкалық шығарма. Оны көбінесе фортепьяно, гитар, арфа т. б. музыкалық аспаптармен сүйемелдейді. Р-тың басталуы, шарықтау шегі, аяқталуы бар, басынан аяғына дейін бір сарында орындалады. Кейбір ән мен романсты бөліп-жармай-ақ «ән-романс» деп атай береді. С. Мұхамеджановтың Абай сөзіне жазған «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» ән-романын Ө. жоғары бағалап, композиторға ризашылығын білдірген. Содан бері бұл ән-романс қазақ ән өнерінің алтын қазынасына енген шығарма ретінде белгілі әншілердің репертуарынан берік орын алды.

*С. Мерекеева.*

**«РОМАН ТУРАЛЫ ОЙЛАР»** («Заметки о романе»), жазушының мақаласы. Орыс тілінде жазылып, «Литературная газетада» (5. 10. 1950) жарияланған. Автор социалистік мәдениеттегі ұлттық түр мәселесі хақында ой бөліседі. Әдебиеттегі ұлттық түр, ұлттық дәстүр жайлы ойларын татар Ғ. Башировтың «Намыс», өзбек Айбектің «Алтын атыраптан ескен жел», қазақ Ғ. Мұстафиннің «Миллионер», қырғыз Т. Сыдықбековтың «Біздің күннің адамдары», С. Бабаевскийдің «Алтын Жұлдыз кавалері», «Жер бетіндегі жарық» сияқты романдарын салыстыра отырып өрбіткен. Бұлардың әрқайсысына нақтылы тоқталып, олардағы ұлттық

ерекшеліктерге, ұқсастықтарға зер салған. Ұлт әдебиеттеріндегі орыс әдебиетінің әсеріне назар аударыңқыраған. Көп ұлтты әдебиеттерге роман жанрының қалыптасуы тікелей орыс әдебиетінің үлгісімен жүрді дегенді олардың тақырыптық бірлігін, басты идеясын ашу, кейіпкерлерді бейнелеуде қолданылған көркемдік әдіс, құралдардың ортақтығын айта отырып дәлелдейді. Автор бүгінгі күн тақырыбына жазылған жеті романдағы бас қаһармандардың сомдалуы, халықтар достығы, махаббат тақырыптарының көрініс табуы, дәстүр мен жаңашылдық сияқты мәселелер төңірегінде пікір білдіреді. Осы романдардың жетістіктері мен кемшіліктері социалистік реализм тұрғысынан сараланған. Мұстафиннің «Миллионердің» ескі күнделіктік көркемдік тәсіл ретінде қолданылуы «ескірген, ұмытылған әдіс» деп сынаған. Шолу орыс әдебиеті арқылы байыған ұлт әдебиеттері түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиет болып дами береді деген ойлармен аяқталады. Мақала «М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасында» сипатталған (282, 562-беттер).

*Д. Ысқақұлы.*

**РОШАЛЬ** Григорий Львович (1899–1983), орыс режиссері, педагог. КСРО халық артисі (1967). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1951). 1925 жылдан бастап режиссерлік қызметпен шұғылданды. Көптеген көркем фильм жасады. Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматыда тұрып, Қазақстан кино өнерінің дамуына мол үлес қосты. Сценарийін Ө. жазған «Абай әні» фильмін түсірді. Ұлы жазушымен тығыз шығармашылық, достық байланыста болды. Мұхаң Лениндік сыйлық алғанда, жеделхат жолдап, зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыс тілеген («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 661-бет).

**РУДАКИ** Әбілхасан (860–941), парсы-тәжік әдебиетінің классигі. Деректерде миллион жолдан астам өлең жазған делінеді, ал бүгінгі заманға жеткені онша көп емес. Р. кезінде «ақындар патшасы» атанды. Шығармаларынан толық жеткені – «Шараф туралы қасида» мен «Керілік туралы мұң» деген өлеңдері ғана. Туран даласын, қазіргі қазақ даласын жақсы білетіндігін өлеңдеріне қосқан Ө. өз зерттеулерінде: «X–XI ғасырдағы тәжік әдебиетінің көне мұралары есебінде Рудаки поэзиясы, Фирдаусидің «Шахнама» поэмасы ерекше орын алады» деп атар көрсеткен «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты зерттеу еңбегінде. **РУЖЕВА** Алтын Ибрагимқызы (1928–1990), актриса. Қазақстанның халық артисі (1976). Баян, Ақтоқты (Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуы» мен «Ақан сері – Ақтоқтысында»), Қарашаш (Ш. Хусайыновтың «Алдар Көесінінде»), Ақжүніс (С. Камалов пен Е. Брусиловскийдің «Ер Тарғынында») т. б. рөлдерді орындады. Актёрлік шеберлігінің дамып, қалыптасуына Ө. драматургиясының негізінде қойылған спектакльдер ерекше рөл атқарды. «Айман – Шолпандағы» – Айман, «Еңлік – Кебектегі» Еңлік рөлдері оның сахналық үлкен табысы болып қалды.

*Б. Құндақбайұлы.*

**РУСТАВЕЛИ** Шота (12 ғасырда өмір сүрген), грузин ақыны. «Жолбарыс терісін шамылған батыр» поэмасы грузин әдебиетінің биік шыңы болып саналады. Көркемдік күшінің құндылығымен (ұйқасы

– аааа), тілінің шұрайлығымен, стильдік ерекшелігімен әлемдік классикалық туындылар тобына қосылады. Ө. дастанды жоғары бағалай келіп («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»), оны 12 ғасырдағы аса зор ескерткіш, онда сол кездегі Грузияда болған қоғамдық-саяси жағдай, мәдениет жайы айқын аңғарылады, заман шындығы көң суреттелген деген ойын айтып. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясында: «Шота Руставелиді грузин елінің ерекше қадірлегенін білдіріп, кейбір әдебиет тарихшылары ақынның «Жолбарыс терісін жамылған батыр» деген поэмасын ұзатылатын қыздар өздерінің жасауына қоса ала кетеді» деп, ыстық ітпатай білдіреді. Жазушы одан әрі Р-дің идеялық, поэзиялық, философиялық негіз қорларын сөз етіп, оның араб, иран мәдениетінен және орта ғасырлардағы батыстық мәдениеттен екі жақты үлгі алғанын Абаймен салыстырады. Дастан қазақ тілінде бірнеше рет (1938, 1966, 1974; аударған Х. Абдуллин) жарық көрді.

*Н. Бауған.*

**РУТКОВСКИЙ** Юрий Людвигович (1891–1970), режиссер. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1954) және еңбек сіңірген артисі (1937). Поляк. Көптеген классикалық шығармаларды Қазақстан театрларында қойып, ұлттық өнердің дамып, қалыптасуына зор ықпал етті. Ө-тің «Түнгі сарын» (1934), «Ақ қайың» (Ө. Тәжібаевпен бірге жазған, 1939), К. Треневтің «Любовь Яровая», Н. Погодиннің «Ақсүйектер» (1937), Н. Гогольдің «Ревизор» спектакльдерін (Ө-тің аудармасы) сахнаға шығарып, үлкен табысқа жетті. «Түнгі сарынды» қалай дайындадық?» деген мақаласында ұлы жазушымен бірге, ынтымақтаса жұмыс істегенін, Мұханның ақыл-кеңесінің мол пайдасы тигенін жазған («Қазақ әдебиеті», 1937, 15 наурыз). Ө. «Ерлік еткен коллектив» атты мақаласында Р-дің басшылығымен «Түнгі сарынды» 1937 ж. сахнаға шығарған орыс драма театры ұжымының еңбегіне зор баға берген.

**«РУХАНИ ҰСТАЗ»** («Вдохновенный учитель»), жазушының мақаласы. «Казakhstanская правда» газетінің 1949 ж. 5 маусымдағы санында шыққан. Газеттің бұл нөмірі түгелдей А. Пушкиннің туғанына 150 жыл толуына арналған. Мақаланың алғашқы жолдарында Пушкин бастаған орыс мәдениетінің прогрессшіл озық легі Шығыстағы мұсылман халықтарының көп ғасырлық мешулікпен, панисламизм, пантюркизм, ескі патриалхалдық-феодалдық көзқарастың ықпалынан шығуына ықпал етті» деп, дәстүрлі кіріспе табиғатынан шыға алмайды. Көп ұзамай-ақ кейбір пушкинтанушылар бұл ақынның шығармаларын орыс әдебиетінің тарихы тұрғысынан ғана зерттеді. Мұндай зерттеу толық қанды деуге келмейді деп, терең әдеби білім алған, принципті, батыл ғалым ретінде сөйлейді. Пушкиннің Ахундов, Абай, Тоқай, Хачатуров шығармашылығына әсерін айта келіп, Абайдың Пушкинмен байланысына арнайы тоқталған. Пушкиннің Абайға әсерін талдағанда, табиғатты реалистікпен тереңдетіп суреттеуді, көңіл құй лирикасын, саяси лириканы осы байланыстың жемісі деп тұжырымдайды. Шығарма ұлы орыс данышпаны салған жол адамзат тарихында ешқашан өшпейді деген сөздермен аяқталған.

*Р. Әбдіұлов.*

**«РУСТЕМ-ДАСТАН» ПОЭМАСЫНА АЛҒЫ СӨЗ»,** жазушының мақаласы. 1960 ж. Т. Ізтілеуов ақынның дастанын баспаға әзірлеу кезінде жазған. Алғаш рет осы шығармада 1961 ж. жарияланды, кейін сол қалпында Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағында басылды (20-том). Мақалада автор Рустем батырдың ерлігі туралы аңыз-әңгімелердің, ертегілердің қазақтар, басқа да туыстас халықтар арасында ертеден мәлім екенін, оның түп негізі Өбілқасым Фирдауси шығарған «Шаһнамада» жатқанын айтқан. Оқирманға ұсынылған «Рустем-Дастан» жыры Фирдаусидің «Шаһнамасынан» жасалған аударма емес, ауызша-жазбаша таралған хикаялардан құралған жиынтық жыр екенін ескертеді. Жазушы одан әрі бұл еңбекті Фирдаусидің «Шаһнамасынан» тікелей жасалған аударма емес, керісінше Фирдауси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өз әлең етіп жазған Рустем жөніндегі дастанның қазақша нұсқасы деп қорытады ойын.

*Н. Ақбай.*

**РУСТЕМБЕКОВА** Рәзия Баяхметқызы (1926–2003), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1965). Еңбектері қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған. Ө. жайлы алғашқы мақаласы «Көркемдік кілті» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды (1977, 10 маусым). «Қазақ совет комедиясы» атты монографиясында (1978) ұлттық комедия жанрының қалыптасу, даму жолдары мен жанрлық, стильдік ерекшеліктерін қарастырып, Ө-тің драматургия теориясын дамытудағы үлесін атап өтеді, комедия мен драмаға байланысты пікірлерін келтіріп, зерттеулеріне сілтеме жасайды, «Айман – Шолпан» комедиясының 1956 ж. нұсқасына талдау жасап, бұл шығарманы «халықтың рухани қазынасының қорынан ерекше орын алады» деп бағалады (110–115 беттер). «Қазіргі қазақ әңгімелері» монографиясында (1988) қазақ әдебиетіндегі психологиялық параллелизмнің классикалық үлгісі Ө. шығармашылығында әр қырынан ашылып, жазушының алғашқы әңгімелерінен бастап көрініс берген пейзаж бен кейіпкердің жан дүниесін астыра суреттеу тәсілі эпикасына дейін өзек болып тартылғанын есептейді (104–112 беттер). Студент кезінде Ө-тің абайтанудан ақын лекциясы бойынша жасаған конспектісі «Абайтануда жарияланбаған материалдар» кітабында жарық көрді.

*С. Қарабай.*

**РЫЛЬСКИЙ** Максим Фадеевич (1895–1964), украин ақыны, ғалым, қоғам қайраткері, КСРО ҒА-ның (1958) және Украина ҒА-ның (1933) академигі, Лениндік (1960), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1943, 1950). Шығармаларында патриотизм, халықтар достығы, Отан қорғау, адамгершілік, сүйсіпеншілік туралы тебірене жырлады. Ө-пен шығармашылық, достық қарым-қатынаста болған. Ол КСРО жазушыларының 2-съезінде (1954) Ө-пен бірге көркем аударма туралы қосымша баяндама жасады. Ал Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде Р-дің шығармаларына зор баға берген.

**РЫСҚҰЛОВ** Тұрар (1894–1938), мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы, кәсіпсөзші, дипломат. Қазақстан мен Орта Азия республикаларының шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосты. Ол Қазақстанда жүзеге асырылған және халықты үлкен қасіретке душар еткен сталиндік-голощекиншіл «Кіші Октябрь» саясатына қарсы шықты, ашаршылыққа ұшыраған халқына ара түсті.





Т. Рысқұлов


1920 ж. тарих сахнасынан кетірілген Алашорда қозғалысының жетекшілеріне, мүшелеріне және тілектестеріне (олардың ішінде Ө. те бар) Ташкент пен Қазақстанның оңтүстік өңірін паналап, ғылыми, педагогикалық және шығармашылық жұмыспен шұғылдануларына қамқорлық жасады. Ө-пен 1922 ж. Ташкент қаласында танысқан. Осы жылы күзде Ө. Орта Азия мемлекеттік университетіне

еркін тыңдаушы ретінде оқуға түскен. Ол осы университетте «Манасты айтушы ортасы» деген баяндама жасағанда, оны тыңдауға Р. Ө. Диваев, С. Қожановтар қатысқан. Сөйтіп екі озық ойлы адамның достығы Ташкентте басталған. Р. 1923 ж. Жетісу облыстық революциялық трибунасының төрағасына хат жазып, әкесі Р. Жылқаидаровтың сот ісі туралы мұрағат деректерін іздестіруді өтінеді. Бұл іс 13 жылдай Р-тың өз қолында сақталған. Осы мұрағат материалдарымен Ө. те танысқан. Өйткені оны Қараш-Қараш асуындағы атылған оқтын тарихы қатты қызықтырып, шығарма жазу туралы ойын Р-қа білдірген. Повесте Рысқұл – Бактығұл, Тұрар – Сейіт деп берілген.

К. Нұрпейіс.

**РЫТХЭУ** Юрий Сергеевич (1930–2009), чукча ақыны. Шығармаларын гүлчү және орыс тілдерінде жазды. Шығармалары 1946 жылдан жарияланды. «Өмір көктемі» трилогиясы (1958–67), «Тұман сөйлер алдындағы түс» (1969), «Найза лақтырушы» (1971), «Ақша қар» (1980), «Сиқырлы сандар» (1985) романдары, «Нунивак» (1962), «Көгілдір түлкілер» (1963), «Вэкат пен Агнес» (1970), «Маусымда жауған қар» (1981) повестері жарық көрді. Автор бұл туындыларында чукча халқының өмірін, заман тынысын, жасампаз еңбекті суреттеді. Ө. басқа ұлт өкілдерінің шығармаларына үнемі зер салып, пікір білдіріп отырған. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» атты мақаласында «Жақсы еңбек жаздым, танылмады деп қорықпандар», өйткені біздің заманда «өңірі табылмаған тау, тереңі танылмаған өзен» жоқ. Адал сын, әділ баға «құмның түкпіріндегі Кербабаевты да таныды, кішкентай Чукчаның Рытхэун, Туваның Салчак Токасын таныды да, тапты ғой», сондықтан жақсылығым сезілмей қалады деп күдіктенбеңдер деген ақыл, дана сөздерін жастарға арнап айтты.

Н. Ақбай.



**САБАТАЕВ** Сатылған (1874–1921), агроном, ғалым. Мәскеудегі Шығыстану институтын және ауыл шаруашылық академиясын бітірген. 1917 ж. жел-

тоқсанда Орынборда өткен Жалпықазақтық құрылтай съезінде Алашорда үкіметінің мүшесі болып сайланды. Мәскеуде оқып жүрген кезінде Санкт-Петербург университеті заң факультетінің студенті Н. Рамазановпен бірге Абай Құнанбаевтың төрт өлеңінің («Поэт», «Лето», «Пожалейте меня», «О любви») мазмұнын қара сөзбен орысшалап, «Әлшархият» жинағында жариялаған. Ө. «Абайтану дәрістерінде» Абай өлеңдерінің С. аудармасында нашар шыққанына қынжылыс білдірген.

М. Әбдеш.

**САБИР** (лақап аты; шын аты-жөні – Т а й ы р - з а д е Мырза Әлиақпар; 1862–1911), әзірбайжан ақыны. Лирикалық ғазелдер жазған. Шығармаларында азаматтық әуен, әлеуметтік сарын күшті. Жаңа әдеби мектептің негізін салып, әзірбайжан әдебиетінде сатираны биікке көтерді. «Молла Насреддин» сатиралық журналына белсене қатысып, сатиралық шығармаларын жариялады («Интернационал», «Баку жұмысшыларына», «Диқаншы», «Менің жаным» т. б.). Мұхаң С-ді сатираның шебері, буржуазиялық төртіптің қатал сыншысы деп жоғары бағалаған («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»).

**САБЛУКОВ** Гордий Семенович (1804–1880), орыс ғалымы, шығыстанушы. Дінтану ғылымының кандидаты (1830). Араб, еврей, түркі тілдерін және олардың тарихын зерттеген. С. Әбілғазының «Түркілер шежіресін» аудару арқылы түркітану ғылымының, Қасиетті Құранды орыс тіліне (1878) аудару арқылы арабтану ғылымының тарихында лайықты орын алды. Ө. өзінің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» деген зерттеуінде С-тың 1830 ж. бұл жылдың хикаясын бұрынғы Семей губерниясының Көкпекті маңындағы бір жыраудың аузынан жазып алғанын баяндаған.

Н. Баутан.

**САБЫРБАЙ** Ақтайлақұлы (1793–1880), ақын, айтыс өнерінің ірі өкілі. Ақтайлақ бидің баласы. Ақындық өнеріне Ө. жоғары баға беріп, «Сыбан Сабырбай ақынның төреге айтқан сөзі» өлеңін 1925 ж. «Таң» журналының 1-санына жариялаған, 1927 ж. жарық көрген «Әдебиет тарихы» еңбегінде С-дың шығармашылығына бірнеше рет тоқталып, суырыпсалма ақындық өнердің үлкен қайнар көзі ретінде зерделейді. Айтыс ақындары Шөже, Кемпірбай, Жанақ, Сабырбай сияқтылардың атағы қазақ ішіне тегіс жайылғанын, мұндай айтыстарда екі жақтың бірдей айтуы шарт емес, затында дау мен талас, тартыс үстінде шыққан сөздер болғандықтан, жалғыз бір-ақ жақтың сөздері өлеңмен айтылған болса да, билер айтысының мысалына алатынын ерекше атап көрсетеді. Ал «Айтыс өлеңдері» атты зерттеуінде (1948) қазақ ақындарының арасында болған жақсы, әділ дәстүрді еске ала отырып, бұл орайда «Жанақ пен Найман ішінде бастығы Түбек болып айтысқан он алты ақын тегіс жеңіледі. Тек он жетінші, бала ақын Сабырбай ғана Жанақты тоқтатады» деп, С-дың айтыскерлік талантына сүйсінеді. 1953 ж. 2 шілдеде «Қазақстанская правда» газетінде «Абай» романы негізсіз сыналғанда, ұлы жазушы осыған байланысты ескерту жазып: «енді қазір феодалдық ақын болып танылған Дулат, Бұхар, Сабырбай» сияқты ірі тұлғалардың 1947–50 ж. мектеп оқулықтарында оқытылуына байланысты С. есімі «Абай жолы» ро-

ман-эпопеясында Қадырбай деп өзгертіліп берілгенін айтқан. Романның «Қияда» тарауындағы Абай С-дың ауылына барып, ақын ұстазымен, оның қызы Қуандықпен жарқын жүзді кездесу сәттері келісті суреттелген. Қарт ақын ауылына жол түсетінін естігендегі Абайдың: «Әй тәйір, Қадырбайдың мөжілесінде бол, ұстаздығын көреді екеміз. Оның өзі қайда жатыр? Қадырбайда үлкен мінезділік, кеңдік бар... Ойы дана, мінезі майда, жолы даңғыл қарт ақын» деп сипаттаған.

*С. Қарабай.*

**САҒДИ** Фабдрахман (толық аты-жөні – Сағдиев Фабдрахман Ғайнағұлы; 1889–1956), әдебиет зерттеуші. Татар, өзбек, қазақ әдебиетін зерттеген. Филология ғылымының докторы (1941), профессор (1951). «Адамзат тарихындағы тіл, әдебиет, жазу және олардың дамуы» (1926), «Татар әдебиетінің тарихы» (оқулық, 1926), «Татар театры» (1927), «Пролетариат диктатурасы кезіндегі татар әдебиеті» (1930), «Науаи шығармалары – өзбек классикалық әдебиетінің даму жолындағы ең жоғары шыңы» (1949) т. б. ғылыми-зерттеу еңбектері жарық көрді. Ө-пен тікелей қарым-қатынаста болған, Абай мұрасы жөнінде пікір алысып, бір-бірін қатты құрметтеген. Жазушы С-ды өзіне ұстаз санаған. С. 1923 ж. «Ақжол» газетінде жарияланған «Бәйбіше-тоқал» деген мақаласында бұл трагедияны Ө-тің шығармашылық жетістігі ретінде бағалайды.

*Мұрат Әуезов.*

**САҒДИ** Муслихаддин (1203–1292), ақын, парсы-тәжік әдебиетінің классигі. «Бустан», «Гүлстан» деп аталатын белгілі шығармаларын жазды. Бұл туындылар С-дың бүкіл әлемге данқын шығарады. «Бес мәжіліс», «Таржибанд» т. б. жинақтары бар. Ө. өз зерттеулерінде, «Абай жолы» эпопеясында С. туралы айтып, оның ойларынан мысалдар келтірген. Романда бала кезінде Абайдың «мұң нәзігі – Шаих Сағди» деп түсінетіндігі айтылады. С-дың «Бадахшанның лағыл тасын сындыру оңай, бірақ сындырғаныңды жамап көрші», «Көбелекке шамнан өсте рақым жоқ. Бірақ сол шам жалғыз жанар, жақын жоқ» деген афоризмдерін «Абай жолында» пайдаланған. «Бадахшанның лағыл тасы» дегенді «Абай» трагедиясына да енгізген. «Бустан» мен «Гүлстанның» орыс тіліндегі басылымында жазушының қолымен бастан-аяқ сызған белгілері бар. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында Абайдың «Жас шағында сол ақындар өздеріне үлгі еткен Фирдауси, Сағди, Хожа Хафиз тәрізді ұлы классиктердің ескі өзбек тіліне аударылып, Абайға сол аударма арқылы таныс болуы көңілге қонымдырақ көрінеді» деп тұжырымдайды автор өз пікірін.

*Т. Әкім.*

**САҒЫМБАЕВА** Баян (1950 ж. т.), әнші. ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1988), Бүкілодақтық Ленин комсомолы (1978), Қазақстан Жастар одағы (1980) сыйлықтарының лауреаты. Ол 1966–99 ж. Абай аудандық халық театрының актері, «Қаламқас» ән-би ансамблінің жетекшісі болды. Ө-тің «Қарагөз», «Еңлік-Көбек», «Айман-Шолпан» спектакльдерінде Қарагөздің, Еңлік пен Айманның бейнелерін сахнаға шығарып, Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауының I-дәрежелі дипломымен марапатталған (1967, 1972).

**САҒЫМБАЙ** Оразбақов (1867–1930), қырғыз жыршысы, манасшы. 1922 ж. мамырдан бастап 1926 ж.

тамызға дейін «Манасты» түгелдей жырлап шыққан. Ө. те толық жыр ретінде С. айтқан нұсқаны көп зерттеген. Ол «Қырғыз дастаны «Манас» («Қазақ әдебиеті», 30 қаңтар) және «Манас – героическая поэма киргизского народа» («Казахстанская правда», 1938, 28 қыркүйек) деген мақалаларында С. туралы көп мәліметтер келтіріп, жомоқшы айтқан «Манастың» 500 беттік кітаптан он том болатынын, яғни жалпы оның жасының 260 мың екенін ескертпін өткен. Ал «Қырғыздың батырлық эпосы «Манас» атты ғылыми еңбегінде ұлы жазушы С. нұсқасын жан-жақты талдап, ұлы жомықшының айтқыштық өнеріне биік баға берген. «Сағымбайдың сөзіне қарағанда, ол жырлайтын нұсқа оған жас кезінде науқастанып жүрген кезде қонған екен. Ол сол түсінде көргеннен кейін, Тыныбек пен Ақылбекті тыңдағасын, біраз толықтырған және өз жанынан Манастың дүниеге келуі мен балалық шағы жайында келемі зор кіріспе тарау қосқан. Ол жырды бұдан кейін өңдемеген, ештеңе өзгертпеген, қоспаған» деп, жырдың көркемдік сапасын қуаттай түскен зерттеуші. Бұдан өрі Мұхан С. нұсқасындағы «оқиғалардың өрбіп дамуы, көркемдік наным табуы және оқиға желісі тұрғысынан алғанда, ол дастанның басы мен аяғы өзге жомоқшылардан басқаша» жырланғанын ерекше атап көрсеткен.


*Р. Бердібай.*

**САДЫРБАЕВ** Сұлтанғали (1931 ж. т.), әдебиет зерттеуші, фольклорист. Филология ғылымының докторы (1994), профессор. Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты. Негізгі ғылыми еңбектері фольклор мәселелеріне арналған. 1955 ж. «Абайдың эстетикасы» тақырыбы бойынша жазған дипломдық жұмысына Ө. жетекшілік етті. «Ұлы ұстаз» («Жұлдыз», 1967, №8), «Ұлылыққа ұмсыну» («Егемен Қазақстан», 1997, 26 ақпан), «Жақсы келді дегенше, жарық келді десеңші!» (сонда, 1997, 3 маусым), «Білімдіден шыққан сөз» (сонда, 1997, 10 қыркүйек), «Шешен адам сөз бастар» («Жетісу», 1997, 19 қыркүйек), «Бір өлеңнің тарихы» («Қазақ әдебиеті», 1997, 23 қыркүйек) мақалалар мен естеліктерінде кемеңгер суреткердің шығармашылық, ғалымдық қызметі туралы салмақты ой, парасатты пікірлер айтқан. 1965–1991 ж. ҚазМУ-дегі ұлы жазушы атындағы әдеби бірлестікті басқарды.

*Н. Ақбай.*

**САИН** Жұмағали (1912–1961), ақын. Ол Н. Погодиннің Ө. аударған «Ақ сүйектер» (1937), Ө-тің «Түнгі сарын» пьесасы кірген «Қазақ совет әдебиеті» (1940) жинақтарына редакторлық етті. Ө-пен өте

Жазушының С. Садырбаевқа сыйлаған кітабындағы қолтаңбасы. 1957.



жақын достық қарым-қатынаста болған. Жазушы Мәскеуден шыққан «Қазақ поэзиясы антологиясына» (Т. Әлімқұловпен бірігіп, 1958) жазған алғы сөзінде ақын жырларындағы сыршылдық пен тіл бояуына ерекше мән берді (20 томдық шығармалар жинағы, 19-том, 1985). Ақын науқастың жатқанда, қатты толқып, бас дәрігеріне жолығып, керекті адамдарға қайта-қайта телефон шалып, үлкен жанашырлық білдірген. Ол туралы Е. Ысмайылов өз естеліктерінде толық баяндап жазды («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», 1997).

*Т. Жұртбай.*

**САЙДАЛИН** Асхат Фазылұлы (1897–1937), жазушының замандасы. Қазақстанда 20-жылдары халық ағарту ісін ұйымдастырушылардың бірі. Ө. Семей губерниялық халық ағарту бөліміне жазған өтінішінде: «... мен 1924 жылдың күзінде Губ.ОНО меңгерушісі Сайдалин жолдастың және Семей губерниясының өзге де жауапты қызметкерлерінің тілегі бойынша, Ленинград университетіндегі қоғамдық ғылымдар факультетінің әдеби-лингвистика бөлімшесінде бастаған оқуымды үзбей едім» дейді. С. кезінде Семейде жүрген жылдарында Ө-пен қызметтес, пікірлес болған.

**САКСЕ** Анна (А б з о л о н е; 1905–1981), Латвияның халық жазушысы (1965). КСРО (1949) және Латвия (1959) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Туындыларында еңбек адамдары, жаңа заман тынысы, зиялылар тағдыры, ұлттық салт-дәстүр суреттелді. Қазақ жазушысымен таныс-біліс болып, жазушылардың үлкен жиынында кездесіп, пікір алысып, ой бөлісіп жүрген, бір-бірін қатты құрметтеген. Ө-тің 60 жасқа толуына байланысты желдехат жолдап, жүрекжарды игі тілегін білдірген.

*Мұрат Әуезов.*

**«САКУ-ДЫҢ ОҚУШЫЛАРЫ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРЫ»**, жазушының мақаласы. Ташкентте шыққан «Кедей айнасы» журналының 1928–29 ж. 4–5-санында (49–50-беттер) жарияланған. Ө-тің 50 томдық толық шығармалар жинағының 3-томына осы нұсқа енгізілді (А., 1998, 58–59-беттер). Шығарманың соңында журнал басқармасының: «Ұзын жазылған мақала екен, басқа мақалалар болғандықтан, жалаң санын алып қана бастық. Басқарма» деген ескертпе бар. Қысқарту салдарынан мақала статистикалық есепке ұқсап қалған. Өйткені журнал таптық саясатты қатты ұстанған әрі оның редакторы З. Рүстембековтің тарапынан салқындық сызы да әсер еткен. Ө. Ленинград университетін бітіргеннен кейін Ташкентке келіп, Қазақ ағарту институтында, Орман шаруашылығы техникумында әдебиеттен сабақ берген. Келесі жылы Орта Азия Мемлекеттік университетінің аспирантурасына түскен. Осымен қатар САКУ-де (Средне-Азиатский Коммунистический университет) сабақ берген. Ол – Орта Азия Мемлекеттік университетінің жанынан құрылған партия, комсомол мектебі. Мақалада САКУ-де барлығы 92 мұғалім бары көрсетіліп, олардың шығу тегі, ұлты, партиялылығы жайында сандық мәліметтер келтірілген. Олардың жасы 19 бен 30-дың арасында деген. САКУ-дың жанында 358 оқушысы бар сырттай оқытатын бөлім, 29 оқушысы бар комсомол университеті, 16 оқушысы бар Әйелдер курсы, 19 оқушысы бар Баспа қызметкерлері курсы, 11 оқушысы бар аспирантурасы жұмыс істейтіні айтылған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«САҚТЫҚ КҮШЕЙІП, КӨРЕГЕНДІК АРТСЫН»**, жазушының мақаласы. Ертегі әлеміндегі адам ұрпа-

ғына жау, оған қарсы тұрған жиынтық бейне – жеті басты жалмауыздың жыртқыш, жауыз, сұрқия кескініне ұқсас екінші бір аждаһаны зоология ғылымы ашқан еді. Бұл «құбыжықтық» теңізшілер көріп, атын «сегізаяқ» («спрут») деп атаған. Оның да өші – адам. Ол адамға ұмтылғанда, қайыс аяқтарын бірінің артынан бірін жұмсап, адымды орап алып, жемекке ұмтылады. Ө. бұл мақаласында жеті басты жалмауыз бен сегізаяқты бейнелі түрде салыстыра келіп, өмірде болып жатқан дұшпандық тартыстың, Троцкий мен Петровтардың жаулық әрекеттерінің әшкереленуіне байланысты өз көзқарасын білдіре келіп: «Міне, осындай ылас сұмырайлардың арты әлі күнге арылмаған екен, ендігі кескіні ертегі дүниесінде де, зоология дүниесінде де емес, адам ортасында боп отыр. Жаңа тарих адамына, герой адамға қарсы тұруға ойлаған спрут туыста, кейіптестері секілді көп басты дұшпан Троцкий, Петровтар» сияқтыларды неше түрлі «оң» мен «солдарды» құртып, тазарту үшін «әлі де мықты сақтық күшейіп, көрегендік арта түссін» деп тұжырым жасаған. Мақала «Қазақ әдебиетінің» 1937 ж. 5 қаңтардағы санында жарияланған.

*С. Майлыбаев.*

**САҚЫПЖАМАЛ** (т.-ө. ж. б.), жазушының әжесі, Әуездің екінші әйелі. Құнанбай өзінің көзі тірісінде Қызылшоқыда отырған Әуезге Берілі мекенінен ата қоныс етіп жеке жер бөліп берген. Ауыл іргесі бөлінгенде қазақтың ескі дәстүрі бойынша Құнанбай өзінің үй қызметшісінің қызы Сақышты Әуезге тоқалдыққа берген. Бұл істің бақы-қасында Абайдың өзі жүріп, жасау-жабдығымен толықтап ұзатып, Сақыштың еншісін берген. Мұның екінші себебі, Ахмет Әуезовтің жазуына: «Біз атадан бесеу, анадан төрт ағайындымыз. Атамның (Әуездің) үлкен әйелі Дінесілден Омарханның бір өзі. Кәрі апам – Дінесіл атамнан он жас үлкен болған. Берігірек келген соң Кәрі апам жай жұмысынан, баладан бір жола қалады... Нұрғанымың көмегімен Атамыз Сақышқа үйленген» екен («Жас Мұхтар», А., 1977, 6-бет). Әуез Сақышқа шамамен 1883 ж. елу үш жасында үйленген. Сақыштан – Арынбек (1884), Қасымбек (1886), Ағзам (1890), Ахмет (1897) туған. Сақыш 18-20 жасында Әуезге тұрмысқа шықты деп есептегенде, ол мөлшермен 1865 жылдардың ар жақ-бер жағында туған деп жобалауға болады. Сақыш көнже ұлы Ахметтің қолында 20 ғасырдың 30-жылдарының бас кезінде дүние салған.

*Т. Жұртбай.*

**САЛБҰРЫН**, с а л б ұ ы р ы н, саятшылық, қыстығүні топтасып саятқа шығу; тазымен, бүркітпен қоян, түлкі т. б. аң аулау. С-ға шығушылар алдын ала мұқият әзірленеді. Тағаланған мықты ат, жылы киім, ат жемі, қазан-ошақ, қу-шақпақ, тесеніш, кепен, сүймен, бұрау шыбық, қарға тұмсық, қос даярланады. Тәжірибелі саятшы, аңшылармен қатар ізші, қағушы, тұрғышы, топсашы, бақыршы сияқты көмекшілер де қатысады. С. әдетте қарашадан басталып, ақпанның соңына дейін 3–4 айға созылады. С-ға шығу аңшылық кәсібімен бірге кең сахарада ойын-сауық құратын салдық думан да қатар жүрген. «Сал буырыл» тіркесіне байланысты С. сөзі қалыптасқан болса керек. «Абай жолы» романында Абай бастаған топтың С-ға шыққаны ерекше суреттелген. «Қазір аңшылардың үш қосы елсіз сыртта. Иесіз үлкен тау – Бақанас

тауларында. Аңшылар он күннен бері бүркітпен, газымен көп түлкі алды. Бөшейдей, Шәкедей мергендер сирақты шитілерімен арқар атып, қос-қос-тың ішін аң терісіне, арқар етіне толтырып тастаған. Аңшылардың бұл күндегі тұрмысы сол аң аулау ыңғайына қарай бейімделген. Бұлар ымырт жабыла ерте жатып, таң қылаңдай бере, ерте тұрып, өзгеше ынталы қарекет соңында. Ширақ, серке тіршілік кешеді». Сөйтіп саятшылар қызыққа әбден батады («Оқапта»).

*Н. Оспантегі.*

**САЛҒАРИН** Қойшығара (1939 ж. т.), жазушы. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1992). Тарихи тақырыпқа бірнеше повесть пен роман жазды. Көне жәдігерлерді зерттеп, жарыққа шығарды. Ө-тің биік адамгершілігі мен ұстаздық ұлағаты жайында «Жаны жайсаң аға» естелік-әңгімесін жариялады («Торғай таңы», 1977, 24 қыркүйек).

*Н. Ақбай.*

**САЛ-СЕРІ**, халық құрметіне ерекше бөленген өнерпаз, әнші, ақын. Қазақ халқының өнер тарихындағы ерекше құбылыс. Бұл өнердің ұқсас түрлері басқа халықтарда болғанмен, қазақ халқында ерекше, дара орны бар. Өнердегі синкретизмнің шыңы деуге болады. Сал-серілер ақындық, әншілік, сазгерлік өнерлерді қатар меңгерген. Айтысқа түсетіндері болған. Көбіне ақындығынан әншілік, сазгерлік қасиеттері басым жатады. Ө. сал-сері тұлғасын арнайы зерттемеген. 1922, 1923 жылдары «Шолпан» журналында шыққан «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» мақаласында: «Ел ішіндегі бозбала Біржанның ақындығы мен салдығына, Ақанның серілігіне еліктесе, ... далада еркін өскен ерке қыз Сараның салдығы мен айтысқұмарлығына еліктесе, бұл еліктеудің Чайль Гарольдке, Печоринге еліктеген жастарының мінезінен қай жері кем» деп, сал-серілік өнерге жоғары баға береді. Ө-тің сал мен серінің өзіндік ерекшеліктерін ажыратқанын да осы мақаладан көреміз. Сал-серіліктің кезеңдік құбылыс екенін «... еркілік – серіліктің типі – Ақан серіні жазба әдебиет жасады ма? Әлі жасаған жоқ» деген сөздерінде көрсеткен. «Абай жолы» эпопеясында Біржан салдың Абай аулына келіп-кету салтанатын аса көркем суреттеген.

*Р. Бердібай.*

**САЛТЫКОВ-ЩЕДРИН** (шын фамилиясы – С а л т ы к о в, лақап аты – Н. Щедрин) Михаил Евграфович (1826–1889), орыс жазушысы, сатирик. Абай С.-Щ-ді өз халқына үлгі етіп ұсынды. Ө. өзінің зерттеу еңбектерінде де, эпопеясында да С.-Щ. туралы ойларын білдіріп отырады. Өйткені онымен Абайдың үндесетін жерлері көп. «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904)» деген монографиясында: «Анығында Пушкин, Лермонтовтар күшті ақын болғандықтан, кейде мысқыл, әжуа үлгісін көрсетсе де, орыс әдебиетінде қоғамдық, әлеуметтік және тарихтық ерекшелігі, қасиеті өзгеше болып шыққан қоғамдық сатираны жетер жеріне дамытқан Салтыков-Щедрин болады» деп, сатирик ақынды көтере дәріптейді. «Қоғамдық мін-мінездерді, қалып-қуралдарды шенеуде Абай Пушкин мен Лермонтовтан гөрі Салтыков-Щедрин, Некрасовтардан молырақ үлгі-өнеге» көрген, сол себепті Абай қоғамдық жаманшылық маскаралықтарды туралап шаншады» деген ойын білдіреді.

*Т. Әкім.*

**САЛЫҚ** Мұхаммед (1455–1506), көне түркі (шағатай) тілінде жазған ақын. Ең елеулі шығармасы «Шайбанинама» дастаны. Ол 76 бабтан, 4456 бәйіттен тұрады. Шығыстың өзге дастандарынан ерекшелігі мұнда ақын өзі қатысқан, өзі көрген тарихи оқиғаларды жыр етеді. Шайбани ханды Мауераннахрдың бірлігі, тұтастығы үшін күрескен тұлға ретінде бейнелейді. «Шайбанинамамен» Абай да жақсы таныс болған. Ө. ол жөнінде: «Араб, парсы, түрік әдебиетінің талайын шарлап тастаған бала ақын жаңағыларға еліктеп, фаруз үзіні (мәт үзінімен) бәйіт, жыр жазады... Өзі танысқан Науаи, Хұсайын Байқара, Бабыр, Мұхаммед Салық сияқты шағатай ақындарының ізін қуалай бастады» деп (20 томдық шығармалар жинағы, 1984, 15-т., 120-бет) мағлұмат береді.

*Н. Бауған.*

**САЛЫҚОВ** Кәкімбек (1932 ж. т.), ақын, партия, кеңес, қоғам және мемлекет қайраткері, тау-кен инженері. Заман тынысы, еңбек, табиғат, достық, туған жер, сүйіспеншілік тақырыптарын жырлады. «Алғыс айтам Мұхтарға» («Қазақ әдебиеті», 1977, 17 маусым), ұлы жазушының 80 жылдық мерейтойына арнап «Мұхтар мерейі» («Қазақ әдебиеті», 1978, 10 наурыз), 100 жылдық тойына байланысты «Мұхтар аға» («Егемен Қазақстан», 1997, 6 қыркүйек), «Мұхтар жылы – жаңа жыл!» (бұл да сонда, 1997, 28 қаңтар) өлеңдерін жазды.

**САМАДОВ** Абдулхамид (1947 ж. т.), тәжік жазушысы, аудармашы, қоғам қайраткері. Тәжікстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1988). Бірнеше әңгімелер мен повестер жинағы жарық көрді. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына қатысып, Алматыда салтанатты жиында сөз сөйледі. «Қазақ халқының абыройы мен даңқы» («Истиклол», 1997, 24 қараша, №18) атты мақаласында қазақ жазушысының әлем өркениетіндегі тарихи орнын бағалай келіп, тәжік зиялыларының адал, ақ ниетін білдірді.

*Х. Шодижұлов.*

**САМАРХАН** Бердіқожаұлы (шамамен 1856–1889), Мұхтардың немере ағасы. Бердінің Өуезден кейін туған кенже баласы. Ғылыми айналымға түскен барлық зерттеулер мен естеліктерде С. Бердінің ұлы делінеді. Тек кейінгі жылдары жарияланған Г. Омарханова мен Ө. Әзиевтің «Мұхтар аға» (1997) атты естелік кітабында Өуездің «бәйбішесі Дінесілден С. мен Омархан дүниеге келеді» делінеді (7-бет). Ө-тің өзінің өмірбаянында да Өуездің бәйбішесі Дінесілден жалғыз ұлы – Омархан ғана туғанын жазады. Ал екінші әйелі Сақышқа шамамен 1883 ж. үйленген. Бұл кезде Омархан 13 жаста, ал С. жиырмадағы жігіт. Сондықтан С. Бердіқожаның кейінгі әйелінен туған баласы деуге толық негіз бар. С. қайтыс болғанда оның ұлы Разак төрт жаста екен. Ал Разак 1885 ж. туған. Осы мәлімет бойынша С. 1889 ж. дүниеден қайтқан деп мөлшерлеуге болады. Зура Самарханқызынан туған жиені М. Диканбаевтың «Мен білетін өмірбаян» атты жазбасында: «Кенже інісі Самарханды Өуез әкесі Бердіқожаның басқа балаларынан гөрі өзіне ерекше бауыр тартады. Сөйтіп, қыста – қыстауын, жазды – жайлауын бөлмей, Омархан екеуін аға-іні сияқты етіп тәрбиелейді. Сондықтан да Самархан Семей қаласында сауда істеп жүргенде інісі Омарханды өзімен ертіп жүріп, қаладағы елжұртқа ұйыр қылған. Самархан Семейде ірі сауда істейтін Сәбікей деген өзбекпен таныс болған. Ол оның Мұқаш, Рақымжан атты балаларымен дос-

жар болып жүріп, сол Сәбікейдің Мәдина деген қызын айттырып алады», деп жазады («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997, 7-бет). Өуез үйінің шаруашылығын көтеріп, қала мен даланың арасын жалғастырған, кәсіпшілікке бейім еткен де осы С. С-ның әйелі Мәдинадан Разақ (1885), Зура (1887) атты бір ұл, бір қыз туады. Бірақ та С. жігіт ағасы жасқа келгенде 1889 ж. қайтыс болғаннан кейін қазақтың ежелгі дәстүрлі заңы бойынша Омархан «жеңгесі Мәдинені алып, әкеден жастай қалған екі баланы ешкімен кем қылмай, тәрбиелеп өсіреді. Әкесінің інісі қайтыс болғаннан кейін Разақ Өуез қожаның үлкен үйіне ие болып қалады да Омарханнан қалған Мұхтар, Біләл, Үмияны тәрбиелеу міндетін өз мойнына алады» (М. Диканбаев, сонда, 8-бет). Ал Зура Самарханқызы Қабдеш Әсіржановқа ұзатылып, ашаршылық пен қуғын-сүргін тұсында (1931–32) қайтыс болады.

*Т. Жұртбай.*

«**САНА**», журнал. Түркістан АССР Ұлт істері комиссиясының жанындағы қазақ, қырғыз білім комиссиясының 2 айда бір рет шығатын органы. Онда әдеби, ғылыми, экономикалық мәселелер көрініс тапты. Алғашқы саны Ташкентте 1923 ж. қаңтарда жарық көрді. 1924 ж. қарашаға дейін шықты. Ө-тің «Үйлену» әңгімесі (1923, №1), «Бәйбіше-тоқал» пьесасына «Қорғансыздар» атты рецензия (1924, № 2) жарияланды.

«**САНАТ**», баспа. 1991 ж. құрылған. Алғашқыда «Қазақ университеті» деп аталса, 1993 жылдан бастап осы атауды иеленді. Республикамыздың жоғары және орта арнаулы оқу орындары үшін оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік, анықтамалық, танымдық т. б. әдебиеттер шығарады.

Ө-тің 100 жылдық мерейтойына орай жазушының өмірі мен шығармашылық қызметін баяндайтын бірнеше басылым жарық көрді. Бұлардың ішінде қаламгердің абайтану туралы әр жылдары жазған еңбектері топтастырылып, «Абай Құнанбаев» (1995), «Әдебиет туралы. О литературе», «Абайды білмек парыз ойлы жасқа», «Абайтану дәрістерінің дерек көздері» (бәрі – 1997), М. Мырзахметовтің «Түркістанда туған ойлар» атты жинақтары жарияланды. Ұлы суреткердің ұстаздық тағлымына, суреткерлік шеберлігіне арналған З. Қабдоловтың «Әуезов», Р. Бердібаевтың «Тарихи роман», Р. Нұрғалидың «Әуезов және алаш», Р. Сыздықованың «Сөз құдіреті», Д. Қонаев, Т. Қожакеев, Қ. Сейдановтардың «Әлемнің Әуезові», С. Жүнісовтің «Мұхтар Әуезовтің абайтану туралы лекциясынан» еңбектерін шығарып, баспа оқырман жұртшылықтың алғысын алды.

*Н. Ақбай.*

**САНБАЕВ** Сәтімжан (1939 ж. т.), жазушы, аудармашы. Шығармаларын орыс тілінде жазады. Шығармаларына еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігін, жаңа мен ескінің күресін, жаңаның салтанат құруына арқау еткен. Ө-тің «Қасеннің құбылыстары», «Үш күн», «Білекке-білек», «Құм мен асқар» әңгімелерін орысшаға аударған.

**САНКТ-ПЕТЕРБУРГ**, Ресейдегі қала. Негізі 1703 ж. қаланды. Содан 1914 жылдың 18 тамызына дейін Санкт-Петербург, 1924 жылдың 26 қаңтарына дейін Петроград, 1992 жылға дейін Ленинград деп аталды, бұдан кейін бұрынғы атына қайта көшті. Қала алғашында Ресейдің астанасы саналды. Қаланың оқу орындарында қазақтың көптеген ғылым, өнер, мәдениет қайраткерлері оқып білім алды. Ө. 1923–28 ж. Ленинград университетін-

де оқыды, осында жүріп өзінің көптеген ғылыми еңбектері мен көркем шығармаларын жазды («Жалпы театр өнері мен қазақ театры», «Қарағөз», «Әдебиет тарихы», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» т. б.), Валентина Николаевна Кузьминаға осы Ленинградта үйленді. Орыс жазушыларымен, шығармашылық интеллигенциямен, орыс мәдениетімен танысты. Университет қабырғасында профессорлар Б. Эйхенбаум, Л. Щерба, академиктер В. Виноградов, С. Обнорскийлерден тәлім алса, В. Бартольд, С. Малов, А. Самойловичтердің лекциясын тыңдады. Бұл кезеңнің өз өмірінде ешпестей із қалдырғаны туралы ұлы жазушы 1957 ж. 17 шілдеде есіне алып, орыс мектебінің қазақ балаларына жылы шыраймен қарағанын, анасындай құшағын айқара ашып, ыстық мейіріммен қабылдағанын, сондықтан орыс мектебіне, сондай-ақ орыс мәдениетіне өмір бойы қарыздар болып өтетінін жазған еді.

*С. Анянбаева.*

**САПАРАЛЫ** Бейбіт Төлеубайұлы (1962 ж. т.), абайтанушы, жазушы. «Адалбақан» (1992), «Құнанбай қажы» (1995), «Байшөгел» (1995), «Президенттің балалық шағы» (1995), «Олжастың балалық шағы» (1996) ғылыми-зерттеу, тарихи-танымдық кітаптарының авторы. Ө. пен Ш. Құдайбердиев туралы жүздеген мақала жазып, телерадио хабарлар жүргізді. «Адалбақан», «Құнанбай қажы», «Байшөгел» атты кітаптарында Ө-тің өмірі мен шығармашылығы, әдеби қалыптасқан ортасы, көркем туындыларының тарихи негізділігіне қатысты қадау-қадау мәселелер көтерді.

*А. Болсынбаева.*

**САПАРБАЕВ** Исраил (1942 ж. т.), ақын, драматург, композитор. Бірнеше жинақтары жарық көрді. Халыққа танымал бірнеше әннің және көптеген ән мәтінінің авторы. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген жазба ақындар мүшәрасына қатысып, 1-орын алды. «Тілім» деймін...» өлеңінде ақын қазақ тілінің тағдыры жайлы толғанып, «Мұхтар шыңы» (Райханға) өлеңінде жазушы өміріндегі ауыр, ынғайсыз кезеңді өлеңге түсірсе, «Елес» өлеңінде ұлы жазушының жан дүниесіне үңіліп, философиялық толғаныстарға бой ұрған («Қазақ әдебиеті», 1997, 9 қыркүйек).

**САРБАЛАЕВ** Бақыт (1947 ж. т.), әдебиет зерттеуші, сыншы. Ө-тің шеберлігі туралы «Эпопеядағы табиғат суреті», («Жұлдыз», 1972, №9, 201–204-беттер), «Ұлы ұстаз» («Лениншіл жас», 1976, 24 желтоқсан), «Ақыл-ойдың Аттиласы» («Қазақ елі», 1997, 3 қазан) атты мақалалары жарық көрді.

**САРКАЗМ**, сатира жанры, белгілі бір болмыс пен құбылысқа эстетикалық қатысты білдіру, соны зерттеп, суреттеу тәсілі. Өткір, ашу, ыза, кепкен жазылған, ашық әшкерелейтін сатирада қолданылады. С. астарлы келемеш ретінде де, оғаш одағайлау түрінде де кездеседі. Ө. Абайдың «Болыс бодым миеки», «Мәз болады болысын» өлеңдерін сарказммен жазылған өткір, ызалы, ұлы сатира деп бағалаған. Ал Абайды «шабытты, ызалы сатирик, ащы, шыншыл сөздің тасқынын беретін ақын» деп таныған («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)»).

*Т. Қожакеев.*

**САРМУРЗИН** Файса (1904–1987), жазушы. «Өнеге», «Мейірім», «Өмір сабақтары» атты кітаптары

шықты. Аталары Ө-тің атасы Өуездің қыстауларымен көршілес отырған. Сондықтан С. Мұханды көріп өскен. Оны бірінші рет бала кезінде, екінші рет 1917 ж. Ойқудықтағы бір тойда, «Еңлік-Кебек» пьесасын қойғанда көрген. Бұдан Семейдегі оқуынан қаникулға шыққанда жиі-жиі көріп, кездесіп жүрген. Осыдан бастап, әбден танысып араласқұралас болып кетеді. Мұханның көмегімен Семейдегі қазақ педагогика техникумына оқуға түседі. Кейін Алматыға ауысып, қызметке орналасады. Ө. Оңтүстік өлкесін аралағанда, онымен бірге жүреді. Сөйтін жазушы өміріндегі біраз оқиғалардың куәгері болады, көп нәрсені көзбен көріп, үлгі алады. Бұлардың бәрін С. өзінің «Ардагер аға» атты естелігінде баяндаған («Біздің Мұхтар», А., 1976, 361-373-беттер).

Ө. Молдаханов.

**САРМУРЗИНА** Мәстура Ғайсақызы (1924–2006), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1951). 60-қа жуық ғылыми мақалалар жазды. Ө-пен бірге ұзақ жыл бойы университетте ұстаздық қызмет атқарды. Ұлы жазушының жетекшілігімен «Ғабиден Мұстафиннің творчествосындағы социалистік реализм әдісі» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғады. «Ұстаз» (1987), «Ұлы ұстаз» (1997), т. б. мақалаларында Ө-тің оқытушылық, тәлімгерлік қасиеттерін ашып көрсеткен.

Қ. Мәдібаева.

**«САРЫАРҚА»**, газет. Алашордашылардың органы ретінде 1917 жылдың маусымынан 1919 жылдың мамыр айына дейін Семейде аптасына 1–2 рет шықты. Онда әдеби-мәдени, саяси-әлеуметтік мәселелер көтерілді. Ө-тің «Оқудағы құрбыларына» (1917, 14 қыркүйек), «Қайсысын қолданамыз?» (1917, 9 қазан) атты мақалалары, «Еңлік – Кебек» пьесасының алғашқы қойылуы туралы «Игілікті іс» деген рецензия жарияланды.

**«САРЫАРҚА САМАЛЫ»**, газет. Алғашқы нөмірі 1929 ж. 15 ақпанда «Кеңес туы» деген атпен жарық көрді. 1930 ж. «Колхоз», 1991 жылға дейін «Қызыл ту» делінсе, осы жылдың 28 қыркүйегінен бастап қазіргі атауымен аталады. Ө. Павлодарда 3 рет болған. 1920 ж. наурызда Приказчиктер клубында (қазіргі 29 қараша көшесі, педучилищенің ескі жатақханасы) қазақ кедейлерінің съезіне қатысып, сөз сөйлеген. 1926 ж. жазда Павлодарға 2-рет келген. Қасында З. Шашкин бар. Жұмысшылар клубының көркемөнерпаздар ұжымы Мұхтардың «Еңлік Кебек» пьесасын қояды, болашақ ұлы жазушы сол қойылымға қатысады. Заңғар жазушының 3-сапары 1958 ж. жазда болған. «С. С.» осы сапарды егжей-тегжейлі жазған. Қасында шәкірті – З. Қабдолов. Ө. облыс орталығында кездесулерге қатысады. Ең үлкен кездесу қалалық бақтың ішінде орналасқан жазғы кинотеатрда өтеді. Қала жұртшылығы өкілдері, зиялы қауымлық толы залда Ө. өзінің облысқа келген мақсатын, Үнді еліне барған сапарынан алған әсерлерін ортаға салады. Мінбеде көсіле сөйлеп тұрған жазушы бір сәт сөзін тоқтата қойып, халық ақыны Нұрлыбек Баймұратовты қарсы алып, президиумға отырғызды да, сөзін қайта жалғайды. Бірнеше сағатқа созылған кездесуде бәріне жауап қайтарады. Мұхтардың қасында Ө. Нұршайықов жүреді. Бұдан кейін Мұхқан болашақ Ертіс – Қарағанды

каналы арнасында орналасқан Қалқаман елді мекенінде, Майқайың алтын кенішінде аздап аялдап, кеншілермен кездесіп, әңгімелеседі. Одан әрі Баянауылға қарай жол тартады. Арада 30 жылға жуық уақыт өткен соң, Ө. Нұршайықов «Мұхтар Өуезовтің Павлодарға сапары туралы» естелік жазды, оның біраз бөлігі 80-жылдардың басында облыстық «Қызыл ту» газетінде жарияланады. Заңғар жазушының 100 жылдық тойы кеңінен атап өтілді. Газет редакциясы жазушының бір ғасырлық мерекесіне орай «М. О. Өуезовтің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында» деген айдармен тұтас танымдық мақалалар жариялады. Республикалық басылымдарда жарық көрген, бұрын белгісіз деректі жарияланымдарға орын берді. Жазушыны көрген, білген, кездескен, дәріс алған адамдардың естеліктері, кеменгер жазушының қуғын-сүргін жылдардағы азаптарын әңгімелеген туындылар жарық көрді. Сталиндік зұлматтың құрбаны болған Ж. Аймауытов пен Ө-тің шығармашылық ынтымақтастығы туралы материал басылды. Ж. Аймауытов – Баянауылдың перзенті, кезінде Мұхтармен бірігіп, «Екеу» деген лақап атпен материалдар жазған, «Абай» журналына редакторлық еткен. Мұхтардың ғұлама ғалым Қ. Сәтбаевпен достығы да газет бетінен лайықты орын алды. Ұлы Мұханның бір ғасырлық тойына газеттің айқарма беттері, тұтас нөмірі арналды.

Ө. Мұхамеджанов.

**САРЫБАЕВ** Шора Шамғалиұлы (1925 ж. т.), тіл білімі маманы. Филология ғылымының докторы (1974), профессор (1979), Қазақстан Республикасы ҒА-ның академигі (2003), ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1985). Негізгі ғылыми еңбектері диалектология, морфология, лексика, тіл тарихы, алтаистика мәселелеріне арналған. «М. Өуезовтің Шолпанатадағы музей-кітапханасы» атты мақаласында жазушының дарқан дарыны мен терең білімі жөніндегі ойларын ортаға салған («Социалистік Қазақстан», 1979, 7 тамыз). Ө. «Қайта туған халықтың әдебиеті» деген мақаласында С-тың сіңірген еңбегін атап өткен.

Н. Ерсарыұлы.

**САРЫПБЕКОВ** Райкүл (1941 ж. т.), қырғыз әдебиет зерттеушісі. Ғылыми еңбектері қырғыз фольклорының тарихына арналған. «Манас» эпосындағы ерлік сарынның эволюциясы» атты монографиясында Ө-тің «Қырғыздың батырлық эпосы – «Манас» деген зерттеуіне сүйене отырып, поэманың шығу дәуірі жөніндегі пікірлерді тереңдетіп қарастырады. Ал «Манас» эпосының эпикалық негіздері, «Қырғыз фольклористикасының даму тарихы»

М. Өуезов пен Ө. Сасбұқаев. Шымкент. 1960



Ч. Жұмағұлов.

**САСБҰҚАЕВ** Әділ (1922 ж. т.), зоотехник, қоғам қайраткері. Ө-тің «Өскен өркен» романына қажетті көптеген материалдармен қамтамасыз еткен, әрі роман кейіпкерлерінің прототиптерінің бірі. Жазушы 1959 ж. облысқа келген сапарында Түркістан аудандық атқару комитетінің төрағасы, ал 1960–61 ж. келген кезінде Созақ аудандық партия комитетінің 1-хатшысы қызметінде болып, ауданды аралау сапарында қасында жүрген. Жазушы кейін хабарласып, хат жазысып тұрған. 1961 ж. 27 ақпан күнгі жазған хатында: «Қадірлі дос Әділ! Өнеуі жіберген деректеріңе сонша зор ырза болдым. Маған қазіргі істеп жатқан жұмысымыңның тұсында ең қымбат керекті деректер осындайлар еді. Осы қағазды жазған адамның аса бір ұқыпты, байыпты, білгір адам екен. Ауданды қандай жақсы біледі. Енді мен сол өзің жіберген қағаздарды бірнеше дана ғып көшіртіп, обкомда Жарқынбековке, Шаянда Ысмайыловқа жібердім. Шаяннан дәл сондай деректерді осындай мол етіп, нақтылы фактілерін көп етіп жазып жіберсін деп сұрап отырмын. Сен жіберген қағазды соларға мысал етіп әдейі жібердім. Ал енді өзіңнен тағы бір өтініш... Екінші өтінішіміз: ... Үшінші: ... Міне, осы деректерді жақында жаздырып жіберсең және де көп алғыс айтар ем. Достық сәлеммен Мұхтар Өуезов» («Өуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 366-папка). С. «Өткен күннен белгі көп» атты естелік-кітап жазып, оның «Мұхтар Өуезовтің бүркіті» атты тарауында жазушымен бірге болған сәттері жайлы біршама бағалы деректер келтірген (Шымкент, «Жібек жолы» баспа фирмасы, 1997, 97–105-беттер).

К. Сыздықов.

**«САСУНЦИ ДАВИД»**, «Д а в и д С а с у н с к и й», армян халқының батырлық эпосы (9 ғасыр). Төрт тараудан тұрады: «Санасар мен Багдасар», «Мгер-аға», «Сасунци Давид», «Мгер-іні». Бірінші рет 1874 ж. жазып алынған. Дастан – армян халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, дүниеге танымы, төлім-тәрбиесі туралы аса құнды шығарма. Оның қаһармандары тәуелсіздік, азаттық, адамгершілік жолында жан аямай күреседі. Ө. бұл дастанды армян халқының отаншылдық қасиетті талаптарын танытатын зор ескерткіш деп бағалаған («СССР халықтары әдебиеттерінің жекендеуі»).

**САСЫҚБАЕВ** Сатқын (1907–1997), жазушы, ақын, аудармашы. Қырғызстанның халық жазушысы. Бірнеше әңгіме, очерк, повесть, романдар жинақтары жарық көрді. «Мұхтар Өуезовтің шығармалары» деген мақаласында («Қызыл Қырғызстан», 1954, 9 шілде) ұлы жазушы туындыларының туысқан қырғыз әдебиетіне жасаған әсері, ықпалы, Мұханның қырғыз қаламгерлеріне көрсеткен қамқорлығы туралы айтылған.

Ч. Жұмағұлов.

**САТАЕВ** Қарғамбай Рақымжанұлы (1938 ж. т.), актер. Қазақстанның халық артисі (1982). Ө-тің «Еңлік – Кебегінде» Есен, Абыз, «Қарагөзінде» Сырым, «Айман Шолпанында» Көтібар, «Дос Бедел досында» Бедел Бегенов рөлдерінде ойнап, актерлік шеберлігін көрсетті. 1978 ж. ұлы жазушының «Қарагөз» трагедиясын сахнаға шығарып, режиссерлік қабілетін байқатты. «Күй құпиясы» (1969), «Көксерек» (1974) көркем фильмдеріне түсті.

**САТИРА**, әдебиет жанры. Қазір сатира 4 мағынада қолданылады. Бастан-аяқ күлкілі ситуациялар-

ға негізделіп, сықақтық тіл, стильмен жазылған, әшкереленетін басты нысана (объекті) етіліп жағымсыз кейіпкерлер алынған шығармалар сатира деп аталады. Мұндай сатиралық роман, повесть, әңгімелер әдебиеттің бір тегі деп танылады. Кейде сатира эпоста да, лирикада да, драмада да жеке оқиға, факт, елес, бейнелерді суреттеп беру үшін пайдаланылады. Бұл ретте сатира өмірдегі болмыс-құбылысты әдебиетте, өнерде көрсетудің әдіс-тәсілі, яғни өмірлік болмыстарға эстетикалық қатынастың бір типі, түрі деген мағынаны береді. Осы мағынада сатира Ө-тің «Абай жолы» эпопеясында да, драмалық шығармаларында да («Еңлік – Кебек») мол қолданылған. Сатира бірде жағымсыз болмыс-құбылыстарды сынап-мінеп, әшкерелейтін әдеби көркем шығарма деген мағынада тұрады. Тағы бірде ол өзінше әдебиеттің бір тегін құрайтын сатиралық шығармалардың жалпылаушы аты, яғни әдебиеттің бір саласы, түрі деген мағынаны білдіреді. Ұлы жазушы көптеген зерттеу еңбектерінде сатира жөнінде толымды да толғамды ойлар айтқан. «Дінді әшкерелейтін пьеса» деген мақаласында: «Құнсыз сұм «табыт қакқан» жауыздық ортасының жайын көрсету негізінде де сол сықақтың мол белгісі бар» десе, тағы бірде Абай «әлеуметтік дерттік иелерін бұрынғыдан да күшейе түскен ызалы сыншылдық, өткір сатирамен әйгілеп, әшкерелейді» дейді («Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы (1845–1905)»).

Т. Қожақиев.

**САТЫБАЛДИЕВ** Өбен (1914–1974), жазушы, аудармашы. Филология ғылымының кандидаты (1964). Ғылыми зерттеулері «Рухани қазына» (1965), әңгімелері мен очерктері «Ақмарал» (1960) деген атпен жарық көрді. И. Гончаровтың «Жар», Б. Пөллейовтың «Нағыз адам туралы аңыз», А. Қаһардың «Қыштак», Ш. Рашидовтың «Дауылдан да күшті» романдарын қазақ тіліне аударды. «М. Өуезовтің тұңғыш аудармасы» («Қазақ әдебиеті», 1964, 26 маусым), «Аударма туралы ойлар» («Қазақ әдебиеті», 1967, 20 қаңтар) т. б. мақалаларында Ө-тің шығармашылық қызметіне байланысты толымды тұжырымдары мен саликалы ойларын айтқан.

**САУРАНБАЕВ** Нығмет Тінәліұлы (1910–1958), тілтанушы. Филология ғылымының докторы (1943), профессор (1943), ҚазКСР ҒА-ның академигі (1946), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1945). Ғылыми еңбектері қазақ тілі мәселелеріне арналған. «Қазақ тіліндегі есімшелердің мағынасы мен қызметі» (1944), «Қазақ әдеби тілінің дамуындағы Абайдың рөлі» (1954), «Қазақ тіл білімінің проблемалары» (1982) т. б. еңбектері жарияланды. Ө. «Тіл және әдебиет мәселесі» атты мақаласында тілтанушы ғалымдардың еңбегіне баға бере келіп, Қазақстан Ғылым академиясының әзірлеуімен, Н. С-тың басқаруымен терминдік сөздер енді-енді шыға бастады дейді де, «бізде әдебиет шығармаларының тілін сөз ету ғылымдық дәрежеге жетпей келеді. Бұл жолда алғашқы зерттеу, талдау жұмысын бастап келе жатқан тек профессор Сауранбаев. Ол өзінің соңғы зерттеуінде Сәбиттің, Ғабиттің, Мұхтардың синтаксистерін талдауды айрықша тақырып етіп ала бастағанын аңғартты» деп атап көрсеткен.

Ә. Қайдар.

**САУРЫК** Ыстанбекұлы (1800–1854), батыр. Қоқан хандығы мен қырғыз манаптарының отарлау саясаты мен шапқыншылықтарына қарсы соғысқан. Ө. «*Жамбыл және халық ақындары*» деген мақаласында *Жамбылдың «Саурык батыр»* жырын айтқаны жайында дерек берген. Ал «*Жамбылдың айтыстағы өнері*» атты еңбегінде Құлмамбет пен Жамбыл айтысында екі айтыскер ақынның Саурык пен Сұраншы тұлғаларын айту ерекшеліктерін тоқталып, талдау жасаған. «Жамбыл Сарбаспен айтысында екінші бір зор сапаға ауысады. Онда Жамбыл үш кезең жауап айтып, Домалак, Сураншы, Саурык үшеуі туралы үш тамаша дастан жырлап шығады» деген.

*Р. Әбдіғұлов.*

**САХАРИЕВ** Баламер (1929–1979), жазушы, әдебиет зерттеуші, сыншы, аудармашы. Филология ғылымының кандидаты (1970). 1963–79 ж. Ө-тің әдеби-мемориалдық мұражай-үйінде аға ғылыми қызметкер болды. Шығармалары 1950 жылдан жариялана бастады. «Бұқа мен аю» әңгімелер кітабы шықты (1965), «Уақыт тынысы» (1965), «Күрескер тұлғасы» (1979) атты ғылыми-зерттеу және әдебиет сын мақалалар жинақтары жарық көрді. «Қазақ совет әдебиеті тарихының» кейбір тарауларын жазуға қатысты (1968, 3-кітап, 2-том). Орта мектеп түлектері (10-сынып) білім алған «Қазақ совет әдебиеті» оқулығын жазды (1961, 1970 авторлармен бірге), оның бір тарауы Ө-тің өмірі мен шығармашылық қызметіне арналды. Ерекше ыждағаттылықпен зерттеген сүйікті жазушыларының бірі Ө. еді. «Қазақ әдебиетінің мақтаншы» («Коммунизм таңы», 1962, 28 қыркүйек), «Өмірі – өнеге, өнері – мұра», «М. Әуезов – қоғам қайраткері» (Сахариев Б. Күрескер тұлғасы, жинақ, А., 1979, 13–73, 74–80-беттер), «Аға жазушы, ардагер ұстаз» («Халық мұғалімі», 1957, № 9), «Өке – балаға сыншы», («Қазақ әдебиеті», 1977, 30 қыркүйек), «Қауышқан құшақтар» (Б. Сахариев. Уақыт тынысы, жинақ, А., 1975, 169–175-беттер), «Толстой және Әуезов» («Қазақ әдебиеті», 1978, 8 қыркүйек), «Отелломен қайта кездесу» («Жетісу», 1964, 15 мамыр), «Отыз тілде» («Жетісу», 1967, 27 қыркүйек), «Мұхтар Әуезовтің музей-үйі» (А., 1966), «Бір хаттың тарихы» («Қазақ әдебиеті», 1973, 23 қараша) мақала-зерттеулерін жазып, ұлы суреткердің өмірін, шығармашылық, қоғамдық қызметтерін кеңінен насихаттады, мұражай-үйінің толығып-көркеуіне көп еңбек сіңірді. Ө. «*Қайта туған халықтың әдебиеті*» атты мақаласында қазақ әдебиетінің өсу, даму қатарына шолу жасап, ұлттық әдебиетіміздің өрлеу табысына көмек етіп жүрген талантты сыншылар мен әдебиет тарихшыларының қатарында С.-ті де атаған (12 томдық шығармалар жинағы, А., 1969, 480-бет).

*Е. Сахариев.*

**САЦ** Наталья Ильинична (1903–1993), орыс режиссері, драматург, театр қайраткері. Өнертану ғылымының кандидаты (1962), КСРО халық артисі (1975), Соц. Еңбек Ері (1983), Лениндік (1982), КСРО Мемлекеттік (1972), Бүкілодақтық Ленин комсомол (1984) сыйлықтарының лауреаты. «Менің өмірімнің новеллалары» атты кітап жазды (1976). 1944–50 ж. Қазақстанға арнайы шақырылып, балалар мен жасөспірімдер театрын ұйымдастырды, оның бас режиссері болды. Мұнда бірнеше спектакльді,

соның ішінде А. Толстойдың Ө. аударған «Алтын кілт» пьесасын қойды (1947, 4 шілде). «Абай» (1944, 1945), «Үлкен шығармашылық табыс» (1946) т. б. мақалаларында Ө-тің драмалық туындыларына зор баға берген. Ал «Мұха» атты естелігінде («Менің өмірімнің новеллалары», М., 1976) қазақ қаламгерінің терең білімді, жаны жомарт, аса кішіпейіл екенін ерекше сүйсіненшілікпен айта отырып, өзінің құрметі мен ризалығын білдірген.

*Б. Нурпейсова.*

**«СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ»**, жазушының мақаласы. 1937 ж. орта және орталау мектептің 6-сыныбына арналған «Әдебиет хрестоматиясында» (92–93-беттер) басылды. Ө. бұл мақалада Сәбит Дөнентаевтың 1894 ж. Павлодар облысында туғанын, әкесі ескіше молда қылмақ ойымен Мұхамет-Садық дегеннен оқытқанын, онан кейін Павлодар қаласындағы Қасым қажы дегеннің медресесіне бергенін, 1915 ж. орысша үйрену мақсатымен бір мектепке сабақ тыңдаушы болып кіргенін, 1916 ж. солдатқа алынатын болған соң, өз еркімен Ермактағы темір жол жұмысына кіргенін, 1917 ж. Семейге келіп, мұғалімдер курсына оқығанын, соңынан «Сары арқа» газеті мен «Абай» журналында істегенін, 1924 ж. Семейге қайта келіп, ұдайымен 6 жыл «Қазақ тілі» газетінде, 1931 ж. Бесқарағайда оқу-ағарту қызметінде болғанын, артынан Семейдегі газетке қайта оралғанын айтып, өмір жолынан хабардар етеді де, «Бірақ бұл жолғы қызметі созымды болмады. Сонда 6–7 жылдың бойында бірде сау, бірде ауру болып, қалмай келе жатқан безгектің ауыр түрі 1933 жылдың ғинуар ішіне дейін төсек тартқызып тастады» деп түюеді. Революцияға дейін Сәбиттің бұқарашыл ақын екендігіне тоқталады. Онысы «Замандастар» деген өлеңінен де көрінетінін ескертеді. Ақынның бағытын-беталысын «Қайтіп қарғыс алмайсың», «Менің жайым», «Қиял», «Үміт», «Көк төбетке» деген өлеңдері, «10 жылдың жемісі», «Тоғыз жылғы олжа», «Жалғызқұдықтағы әйелдер мектебі» атты мақалалары айқындайды. «Осындай тақырыптарға жазып, көпшілікпен қола ұстауға тырысты» деп тұжырымдайды мақала авторы.

*Т. Әкім.*

**«СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ «АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ» АТТЫ МОНОГРАФИЯСЫ ТУРАЛЫ»**, жазушының мақаласы. Дәлірек айтқанда, Абайдың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында жазылған С. Мұқановтың «Абай Құнанбаев» деп аталатын қолжазбасы туралы рецензия. Мұнда Ө. еңбектің жетістік, кемістік жағын термелеп, құдікті, даулы жерлерді атап көрсеткен. Бұл монографиялық қолжазба Ө. тарапынан айтылған кемшін жайларды жөндемегендіктен, көп жылдар бойы жарық көрмей, жатып қалды. Қолжазба ешқандай өзгеріссіз қалпында 1964 ж. «Жарық жұлдыздар» деген атпен жарияланды. Кейін С. Мұқановтың 16 томдық шығармалар жинағында екінші рет жарық көрді. Тек үзінді ретінде келтірілген Абай өлеңдері қайта қарастырылып, бір ізге түсірілді. Ө. сын айтқан қолжазбаның бір данасы Қазақстан Республикасы ҒА-ның Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы. Пікір алғаш рет «*Абайтанудан жарияланбаған материалдар*» жинағында басылым көрген.

*Н. Ақбай*

**СӘБИТОВ** Нығмет (1895–1955), тілтанушы, этнограф. Филология ғылымының кандидаты (1944). Негізгі ғылыми зерттеулері библиография мәселелеріне арналған. 1945–48 ж. Абай Құнанбаевтың А. Имановтың өмірі мен қызметі, Қазақстан тари-



хы, мектептер мен медреселер туралы библиографиялық көрсеткіштері жарық көрді. Әсіресе «Абайдың өмірі мен қызметі туралы материалдардың библиографиялық көрсеткіші» атты еңбегінің орны бөлек (1945). Ә. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» деген монографиясында («Әр жылдар ойлары», А., 1959, 21-бет): «Көлемі сексен беттік тұтас бір кітапша тек қана Абайды тану жолында баспаға шыққан еңбектердің тізімінен құралады. Осы кітапқа қарап отырып, ұлы ақынның революциядан бұрын жарыққа шыққан бір-ақ кітап болса, социалистік құрылысымыздың жылдары ішінде жасалған еңбектердің құр ғана тізімі мол бір кітап болғанын көреміз» деп, бұл кітапты айрықша еске алып, бөле-жара атап көрсеткен.

Н. Баутан.

**СӘДУАҚАСОВ** Смағұл (1900–1933), жазушы, публицист, партия және кеңес қайраткері. «Жастарға жаңа жол» (1921), «Қазақстанда халық ағарту мәселелері» (1927) т. б. мақалаларын, «Салмақбай – Сағындық» (1923), «Құлпаш» (1925), «Күміс қоңырау» (1927) повестерін жазды. Ал «Сәрсенбек» атты романына (1916) 16-жылғы оқиғаны арқау еткен. Шығарманың қолжазбасын кеңес дәуірінің «жылымық» кезінде жұбайы Елизавета Әмірханқызы Ө-ке тапсырған. Қазақтың ұлттық театрын ұйымдастыруға көп күш жұмсап, елеулі үлес қосты. 1926 ж. 7 қаңтарда Ө-тің «Бәйбіше-тоқал» драмасы ұлт театрында қойылғанда, С. сол жылы 31 қаңтарда «Еңбекші қазақ» газетінде осы аттас мақала жариялады. Онда пьесасының жетістіктерімен қатар, екі олқылықты – сахналық жемілудің кемдігі мен кейбір көріністің созылаңдығын көрсеткен. Ал «Ұлт театры туралы» деген мақаласында («Еңбекші қазақ», 1925, 26, 29 қазан): «Қазақтан шыққан пьеса жазушылардың ішінде Мұхтар Өуезұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәкен Сейфуллаұлы, Жұмат Шанин сияқты таланттар ерекше көрінеді. «Еңлік – Кебек», «Алтын сақина», «Арқалық батыр» – бұл үшеуі де күні бүгіннен бастап театрға ойнауға жарайды» деді. 20-жылдардың 2-жартысында басталған саяси пікір алу барысында Ө-пен бірге бір топ жазушыларды ұлтшыл қаламгерлердің тобына жатқызған кезде, ол Жүсіпбек пен Мұхтардың жоқ қылу – осы күнгі қазақ әдебиетінің бір қолы мен бір аяғын кесіп тастаумен бір есеп деп жазды («Еңбекші қазақ», 1927, 15–16 ақпан). Ө. өзінің «Қазақстан мемлекет театры» деген мақаласында С. ұйымдастырған қазақ ұлт театрының болашағы туралы жүрек жарды ақ ниетін білдірді. Ал 1927 жылдың қараша айында бір-біріне жазысқан хаттарында екеуі де бір-біріне деген адал ниеттерін білдіріп, сыр бөлсең. Ө. өзінің шығармашылық жоспарларын хабардар етсе, С.

М. Өуезов пен С. Сәдуақасов. Семей. 1921.



жендет Голощекиннің «естен тандыру» саясатын айыптап, кеңес өкіметінің отарлаушы-жазалау бағытын ұстанғанын ашына жазған («Абай» журналы, 1997, №2–3, 123–127-беттер).

Ж. Қасымбаев.

**СӘКИЕВ** Шәріпбай Қашқынбайұлы (1913–1989), актер. Қазақстанның халық артисі (1966). Ө-тің «Еңлік – Кебегінде» Кебек, Есен, Еспембет, «Түнгі сарынында» Жантас, Тәнеке, «Қарақыпшақ Қобыландысында» Қобыланды, «Айман – Шолпанында» Арыстан, «Абай» трагедиясындағы Абай бейнелерін сомдап, өткір де өршіл мінезді, сан қырлы актер екенін танытты.

**СӘКИЕВА** Күләш Сырымбетқызы (1920 ж. т.), актриса, әнші. Қазақстанның халық артисі (1958). Сахналық өнерін сол жылы Жамбыл облыстық қазақ драма театрында Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесасындағы Күнкейдің рөлін ойнаудан бастады. Бұдан кейін осында жазушының «Еңлік – Кебек» трагедиясындағы Еңліктің аяулы бейнесін жасады. 1952 ж. Семей облыстық музыкалы драма театрына ауысқаннан кейін, ұлы драматургтің «Түнгі сарын» драмасындағы Жұзтайлақтың күрделі де қызықты бейнесін сомдады. С-ның актерлік шеберлігі мен әншілік дарыны өзара үйлесім тауып, кейіпкерлердің келісті образдарын сомдауға септігін тиізіп отырды.

**СӘЛМЕНОВ** Рахметолла (1900–1970), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1966). 1935 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Қазақ драма театрында, сонымен қатар Қазақ мемлекеттік опера және балет театрында (1935–39) қызмет етті. Ө-тің «Абай», «Еңлік – Кебек», «Қарагөз» спектакльдерінде ойнап, Көкбай, Көбей, Есен, Жарылғап бейнелерін сахнаға шығарып, ұлттық кейіпкерлердің бояуы қанық әрі терең мінезді образдарын сомдады.

**СӘМӘДИ** Зия (1914–2002), ұйғыр жазушысы, мәдениет қайраткері. Қазақстан Жазушылар одағының М. Өуезов атындағы «Алаш» сыйлығының иегері (1980). Ұйғыр драматургиясының негізін қалады. Шығармалары ұйғыр прозасының дамуына ерекше ықпал жасады. 1957 ж. Ө-тің 60 жасқа толуына орай өткізілген салтанатты мәжіліске қатысып, сөз сөйледі.

С. Жұртбай.

**СӘРСЕКЕЕВ** Медеу (1936 ж. т.), жазушы. Қазақ фантастикасының негізін салушылардың бірі. «Айшықты мезет» (1969), «Жаңғырық» (1979), «Сәтбаев» (1980), «Көмбе» (1985), «Қуғындалған «Сәтбаев» (1994), «Қазақтың Қанышы» (1999), «Мен білетін ер Ғабен» (2002) атты деректі шығармалардың авторы. Өзінің роман-эсселерінде Ө. пен Қ. Сәтбаевтің арасындағы балалық шақтарынан басталған достық қарым-қатынасы туралы барынша нақты деректермен кеңінен сыпаттап жазды, олар туралы естеліктер жариялады. «Мұхтар туралы сөз» («Қызыл ту», 1967, 12 желтоқсан), «Жайсаң жарастық», «Абай», 1997, №2–3) атты мақалаларын жариялады.

С. Жұртбай.

**СӘРСЕНБАЕВ** Алтынбек (1962–2006), журналист, саясатшы, мемлекет және қоғам қайраткері. Саяси ғылымдарының докторы (1999). С. ұлы жазушы Ө-тің 100 жылдық мерейтойын ұйымдастыруға белсене қатысты, соған байланысты іс-шаралар

дың жүзеге асуына елеулі үлес қосты, қаламгердің мұрасының жан-жақты зерттеліп, кеңінен насихатталуына, баспадан жарық көруіне шешуші ықпал жасады. «Әуезовтің құдіреті» атты мақаласында. «Мұндай жазушы бар ел – бақытты. Ол алыс елдер тұрғындарының өз халқына деген сезімін оятты. Бүгінгі тілмен айтқанда, қазақтарға тамаша имидж жасады. Ол өз халқын бәрінен артық білді» деп, жазушының даңқын тағы бір асқартты.

Қ. Алпысбаев.

**СӨРСЕНБАЕВ** Әбу (1905–1999), ақын, жазушы, драматург. Қазақстанның халық жазушысы (1987). 1945 ж. қыркүйекте Ә-ке майданнан хат жазып, патриоттық шығармалар жазуды жалғастыра беруді өтінген («Қазақ әдебиеті», 1975, 25 шілде). Ә. «Тіл және әдебиет мәселесі» атты мақаласында С. шығармаларының тілі орамды, шебер, қонымды болып келетінін атап көрсеткен (12 томдық шығармалар жинағы, 1969, 12-том, 73-бет). Ал «Қайта туған халықтың әдебиеті» деген мақаласында С-ты реалистік өңгімелер, очерктер мен романдар жазатын шебер қаламгерлердің қатарына жатқызып, «қазақ совет поэзиясының көп ізденіп, өнерленіп, өсіп келе жатқан» ақындарының бірі деген (сонда, 478–479-беттер).

**СӨТБАЕВ** Әбікей Зейінұлы (1881–1932), көрнекті педагог, ағарту ісін ұйымдастырушы. С. пен Ә. бірін-бірі білген. Ә. Семейдің мұғалімдер семинариясында оқығанда, С. сонда сабақ берген. Демек болашақ жазушы С-тан сабақ алған. Семей қазақ педагогика техникумы ашылғанда, оның тұңғыш директоры С.-Петербургта оқып жүрген Ә-ті оқытушылық қызметке шақырған. Қазақ педтехникумын тұңғыш бітірушілер фотосуретінде – ортада С-тан кейін оқытушылар, мұғалімдер қатарында жас Әуезов бар. Демек Ә. С-ты білген, одан оқыған, қызметтес болған.

Ш. Сөтбаева.

**СӨТБАЕВ** Қаныш Имантайұлы (1899–1964), аса көрнекті геолог ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті (1946–1952, 1955–1964), КСРО Ғылым академиясының академигі (1946), Мемлекеттік (1942) және Лениндік (1958) сыйлықтардың лауреаты. Академиктің геологиядан кейінгі рухани мұраты – тарих, экономика, мәдениет, әдебиет пен өнер саласындағы ұлан-ғайыр мұрасының ішінде Ә. туралы жазғандары, пікір-тұжырымдары аса мол. С-тың «Қазақ

совет әдебиетінің мерекесі» («Казакстанская правда», 1949, 13 сәуір), «Қазақ совет әдебиетінің ең көрнекті туындысы» («Вестник АН КазССР», 1949, №5), «Аса үздік шығарма» атты мақалалары «Абай» романы үшін ұлы жазушыға Мемлекеттік сыйлықтың берілуіне байланысты жазылды. «Көркемдіктің барша қасиет-сырын бойына жинаған, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің өмір тіршілігі мен болмыс-тұрмысын бар қырынан жан-жақты суреттейтін шын мәніндегі энциклопедия – «Абай» романы туды, бұл аса көрнекті көркем шығарма ғана емес, ол сондай-ақ үлкен бағалы ғылыми еңбек, оған ғылымның әр саласының мамандары назар салмай өте алмайды, қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымның бір де бірі бұл кітапты жанап өте алмайды», деп тебірене жазды ұлы жазушы туралы (К. И. Сәтпаев. Избранные труды. В пяти томах. Т. 5. А., 1970, 320-бет). Ә-тің туғанына 60 жыл толуына арнап жазған «Үлкен талант иесі» мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1957 жылғы 28 қыркүйек санында басылды. Ұлы қаламгердің қабірі басында сөйлеген сөзінде С. суреткер мұрасының дүние жүзі әдебиеттегі маңаызына тоқталған еді, жазушы есімін мәңгі еске қалдыру шараларының іске асуына, мұражай-үйінің мән жайына көңіл бөлді. Семей мұғалімдік семинариясында сабақ берген оқушыларының біріне жазған 1962 ж. наурыздағы жауап хатында ол: «...М. Әуезовтің Семей мұғалімдік семинариядағы кезі жайында Сіз естелік жазып жіберсеңіз, қандай пайдалы болар еді...» депті (Қ. И. Сәтбаев. Ғылым мен мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. А., 1989, 422-бет). Ә. өзінің «Қазақ халқының зор ғалымы», «Академик Қаныш Имантайұлы Сөтбаевтың 60 жылдығы» деген мақалаларында С-тің еңбегіне зор баға берген.

З. Ахметов.

**СӨТБАЕВА** Шәмшиябану Қанышқызы (1930–2002), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1971), профессор (1988), Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1979), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1989), Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты (1988). С. 1946 ж. Абай атындағы ҚазПИ-де оқып жүргенде Ә-тің фольклор жөнінде лекцияларын тыңдаған. Ә. 1952–55 ж. Мәскеу мемлекеттік университетінде КСРО халықтары әдебиеті кафедрасында профессор қызметін атқарғанда, С. сонда аспирант ретінде орыс тіліндегі лекцияларына қатынасып, практикалық сабақтар жүргізген. 1954 ж. 5 мамырда Мұхаң С-ның кандидаттық диссертациясының бірінші оппонент-сарапшысы болған. Ә. 1954 ж. 1 қаңтарда жазған хатында С-ға «Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әдебиеттері» деген оқулық жазуға қатысу керектігі туралы айтып, нақты тапсырмалар берген. Сол тапсырмалардың ішінде: «...фабулаларды жаза беру Жамбыл, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Тайыр, мен туралы творческая биография түрінде жазу керек...» делінген. («Қазақ әдебиеті», 1967, 8 желтоқсан). С. «Қазақстан жазушылары» деген жинақта (1953), «Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әдебиеті» оқулығында (1960) ұлы жазушы туралы жазып (орыс тілінде), Мұханның туысқан елдер әдебиетіне жасаған ықпалына терең талдау жасады. С-ның «Қазақ әдебиеті және шетелдердегі сын» (алғы сөз, құрастырушы, 1971), «ХІХ–ХХ ғасырлардағы қазақ-еуропа әдебиеттерінің байланысы» (1972), «Өрнекті өріс» (1977), «Әдебиет мерейі»

М. Әуезов пен Қ. И. Сәтбаев ғалымдар арасында. 1956.



(1981), «Достық дастандары» (1983), «Ұлы Октябрь және қазақ әдебиетінің интернационалдық байланысы» (1987) атты монографияларында Ө-тің өмірі мен шығармашылығының әлемдік өрісі пайымдалған. Ал «Ғылым айдынында», «Әлем таныған әдебиет», «Хаттар, хаттар» (1967), «Әдебиетіміздегі шетел сипаты» (1969), «Шет ел ғалымдары не айтады» (1969), «Елу жылдың еңсесінде» (1970), «Аса көрнекті жазушы» (1977), «Ғажайып талант» (1977), «Мол мұраның кейбір қырлары» (1987), «Әбікей, Қаныш Сәтбаевтар және М. Өуезов» (1997), «Академик Қ. И. Сәтбаев пен М. Өуезов» (1997), «Өуезов және Мәскеу университеті» (1997) т. б. мақалаларында ұлы жазушының әдеби мұрасы, оның ерекшеліктері мен рухани өрісі сөз етілген.

*Б. Мамыраев.*

**«СӘТ САПАРҒА ДОС НИЕТ»**, жазушының мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газеті 1940–54 ж. шықпай, тоқтап қалып, 1955 ж. қаңтарда қайта шыға бастады. Мақала соған орай жазылып, сол жылғы 14 қаңтардағы санында жарияланған, кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 19-кітабына енгізілді (1985, 341–344-беттер). Автор мерзімді баслымның қоғам өміріндегі ерекше маңызына тоқтала келіп, газетсіз шығармашылық тіршіліктің баяу, солғын таратынына тоқталған. Өйткені газет – нәрлі тірліктің белгісі, жанды, жалынды, қанатты шабыттың көрінісі. Ұлы жазушы бұдан әрі газеттің алдына бірнеше талаптар қояды. Бірінші – очеркке жалғас фельетон жанрын дамыту. Себебі фельетонсыз, орынды сықақ, сатира-сыз әдебиетіміз көбінесе күлмейтін әдебиетке айналып барады. Кейде әзілі, кейде зілі кезектесіп отырмаса, әдебиет өзінің тәтті, дәмді қызығынан, ыстық лепті, жанды жалынан айрылады. Екінші – газетіміз көркемөнер жайына тоқтауы шарт. Көркемөнердің театр, кино, музыка, сурет тәрізді әдебиетпен тығыз байланысты түрлерінің өсуіне, көркеюіне, зор мәдениет үлгісін табуына жазушылар жәрдемдесіп отыруы қажет. Сондықтан газет еліміздегі көркемөнер мәселесіне ұдайы, үздіксіз үлкен пейіл көрсетіп отыруға міндетті. Үшінші – қазақ әдебиеті көлемінде балалар әдебиетін дамыту. Бұл – әр буын жазушыларының парызы, міндеті. Төртінші – сын мәселесін, соның ішінде қазақ әдебиеті тарихы мәселелерін өрістету керек. Қазақ әдебиетінің өткен кезені, оның өсу, даму дәуірін зор көңіл бөлуді талап етеді. Сондай-ақ әдебиет теориясы мәселелерін де ұмытпаған жөн. Бесінші – республика көлеміндегі жас буын әдебиетшілерді тәрбиелеу мәселесі. Газет әдебиетке ат салысып жүрген жас талапкерлерге айрықша қамқорлықпен, талапкер сынмен жәрдемші, жетекші болуы шарт. Ұлы Мұханның бұл ұсыныс-талаптары әлі өзінің мән-маңызын жойған жоқ, қазіргі біздің заманға лайықтап айтқан тәрізді. Жазушы газетке арналған мақаланың сапасына да баға берген. «Кенеулі ой көрікті тілмен айтылғанда ғана, нәрлі, нұрлы болады, жақсы сөз бедері жасалынады. Әр мақала, очерк, фельетоннан, жақсы өлеңнен оқушы іліп алар, керегіне жарар сөз келісімі болмаса, оған өкіну керек» деп, журналистерге, жалпы қаламгерлерге зор міндет жүктейді.

*Р. Бердібай, Н. Оспангері.*

**СЕВЕРОВ** Анатолий Александрович (1938 ж. т.), суретші. Сәндік қолданбалы өнер саласына маманданған. М. Өуезов мұражай-үйінің арнайы тапсыруы бойынша, жазушының 70 жылдық мерейтойына байланысты Е. Сидоркиннің иллюстрация-

ларының ізімен арнайы табақшаға «Абай жолы» эпосысын бейнеледі (1967, фарфор, шыңылтыр әшекей). Ортасында Ө-тің суреті салынған. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына орай, дәл осындай табақшаға Мұханның өсем ерекшелген, бояуы қанық портретін салды (1997). Жазушының баласы Мұрат Өуезов Түркияда осындай табақшаны сый ретінде алды.

*А. Қуанышбаев.*

**СЕГІЗЯҚ**, өлең өлшемінің түрі. Қазақ өлеңіне Абай қосқан шумақ, әр шумақ 8 жолдан қайырылады. Сондықтан С. деп аталған. Мұндағы автордың ой легі осы шумаққа с-қа құрылады: «Алыстан сермеп, Жүректен тербеп, Шымырлап бойға жайылған. Қиуадан шауып, Қисынын тауып, Тағыны жетіп қайрылған. Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең, өзін біл». Ө. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында: «Сегізияқ» – ұлы ақынның жазушылық еңбегінің орта тұсында туған үлкен бір белдей әрі мол, әрі бар жағынан көркем, келісті шыққан зор шығарманың бірі, бұл өлеңнің түрі де осы шаққа шөйін ақын жазып келген өлеңдердің үлгісінен басқаша, бұрын ешкім таппаған қиын ұйқасты, шебер түрге Абай әдейі арнап ән де шығарады деген анықтама берген. Кейін көптеген ақын С. үлгісімен өлең жазды.

*Н. Ақбай.*

**СЕГІЗБАЕВ** Кәдірбек (1941 ж. т.), жазушы, аудармашы. М. Өуезов атындағы сыйлықтың лауреаты (1984). Туындылары туған жер табиғатын, елдің тыныс-тіршілігін, азаматтық пен адамгершілікті суреттейді. «Тұғырлы туынды» мақаласында («Столичное обозрение», 1998, 27 қараша) Мұхтардың өз танымы мен жан-жүйесі Абаймен араласып кетеді» деп, дәстүр жалғастығымен қатар, кейіпкерлердің рухани жалғастығын баяндаған.

**СЕЙДАНОВ** Қалдыбек (1941 ж. т.), әдебиет зерттеуші, ғалым, аудармашы, жазушы. Филология ғылымының кандидаты (1969). Өзбекстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1989). Ташкент педагогика институтын бітірген (1967). Орта Азия, соның ішінде өзбек-қазақ халықтарының әдеби-мәдени байланыстары туралы көптеген мақалалар жазып, 10-нан астам кітап шығарды. Ө. жөнінде қазақ және өзбек тілдерінде 30-ға жуық еңбек жариялады. Мысалы, «Мұхтар Өуезов және туысқан халықтар әдебиеті» (Ташкент, «Фан», 1977), «Мұхтар Өуезов және Орта Азия әдебиеті» («Жалын», 1977, №5), «Достық әуендер» (А., 1978), «Мұхтар Ауэзов және узбекская литература» (В кн.: «Мұхтар Ауэзов – классик советской литературы», А., 1980), «Узбек адабиетининг дусты» («Гулистон», 1987, №12) т. б. Бұл мақалаларда автор ұлы жазушының туысқан халықтар әдебиетінің дамуына, өзара қарым-қатынасын арттыруға сіңірген еңбегі айтылады.

**СЕЙДЕХАНОВ** Көбей (1928–1996), ғалым, фольклоршы, аудармашы. Филология ғылымының кандидаты (1965), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1988). Ғылыми еңбектері, негізінен, халық ақындарының шығармашылығына арналған. Ө. өзінің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» атты зерттеуінде мал өсіру кәсібінң келісті бейнелер тудыруға түрткі болғанын, тілімізді түрлендіріп, өрнек-нақыштармен байытқанын, сөйтіп өлеңге сымбат дарытқан деген пікір

айтқан десе («Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты», 1982, 96-бет), «Фольклоршы ғалым» еңбегінде Мұхаңның ғалым Е. Ысмайыловтың еңбеккерлығына аса сүйсініп айтқан пікірін келтірген (Е. Ысмайылов. «Жамбыл және халық ақындары», 1996, 238-бет).

Н. Ақбай.

**СЕЙДІМБЕК** (Сейдімбеков) Ақселеу Сланұлы (1942–2009), жазушы, этнограф. Филология ғылымының докторы (1997). Көркем шығармалармен қоса қазақ елінің көркем-мәдени тарихына байланысты жазылған «Күңгір-күңгір күмбездер» (1981), «Күй- шежіре» (1-кітап, 1993), «Күй-шежіре» (2-кітап, 1997), «Қазақ әлемі» (1997) деген этнографиялық зерттеулерінде Ә-тің әдебиет тарихы мен ертегілер және күй аңыздары туралы зерттеулеріне кеңінен талдау жасап, ғылыми тұрғыдан баға берді. Бұрат жазушысы А. Бальбууровтың Ә. туралы «Адамға екі ғұмыр берілсе ғой» естелігін қазақ тіліне аударды («Социалистік Қазақстан», 1979, 23 желтоқсан).

**СЕЙТАҚОВ** Беки (1914–1979), түрікмен жазушысы, ақын, әдебиет зерттеуші. Түрікменстанның халық жазушысы (1967), Түрікменстан ФА-ның корреспондент мүшесі (1969). «Туысқандар» тетралогиясы (1–4-кітап, 1958–72) қаламгерді ұлттық жазушылардың алдыңғы қатарына шығарды. «Қазақстандағы Әуезов күндері» атты мақала жазып, қазақ жазушысының туған елінде зор құрмет пен даңққа ие болғанын мақтанш сезіммен баяндаған («Түркменская искра», 1968, 12 қаңтар).

**СЕЙФУЛЛАЕВ** Атахан (1933 ж. т.), тәжік әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымының докторы (1979), профессор. Ғылыми еңбектері әдебиет байланыстары туралы мәселеге арналған. Бұл салада 300-ге жуық әдеби-сын, ғылыми-зерттеу мақала, 15 кітап жарияланды. Тәжік-қазақ әдебиеттерінің өзара байланыстары жөнінде 1957 ж. жазған «Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы туралы» мақаласында эпопея туралы жылы лебіз білдіріп, оның тәжік тіліндегі аудармасына жоғары баға берді. Ұлы жазушының 80 жылдық мерейтойына байланысты арнайы мақала арнады. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 1959, 15–19 маусым) С. айтқан ой-пікірлерді қолдап, Ә. өзінің қорытынды сөзінде С. шығыс классиктерінің көпшілігін бұрынғы біздің зерттеулерімізде тек «Шығыс» дейтін жалпылаған дерексіз, адрессіз санат беретіндікті сынады, сондықтан жақын шығыс, соның ішінде өзіміздің туысқан тәжік әдебиетінің классиктері Рудаки, Фирдауси, Хафиз, Саади, Насри-Хисроу мураларын әр бөлек, өзіндік қасиеттерімен тану керек екенін дұрыс атап өтті деді.

Ә. Нұрәлиев.

**СЕЙФУЛЛИН** Сәкен (Сәдуақас; 1894–1938), ақын, жазушы, публицист, драматург, қазақ кенес әдебиетінің негізін салушы, қоғам және мемлекет қайраткері. Әдебиеттану саласында да мол дүние қалдырды. «Әдебиет һәм оның бағыттары» (1922), «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» (1924), «Көшпелі дәуірдегі қазақ әдебиетінің күйлерінен» (1929) сын макалаларын жазды. «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931), «Батырлар жырын» (1933) т. б. жарыққа шығарды. «Қазақ әдебиеті» оқулығы дүниеге келді (1932). Сөйтіп қазақ әде-

биетінің дамып, қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Өпен тығыз шығармашылық байланыста қызмет атқарды. «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесінде «Семей жастарының өкілі Мұхтар Әуезұлы Совет өкіметіне қарсы болған» деп, сол тұстағы саясаттың ығында кеткен кезі де болды (С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу, 1927, 188-бет). «Жан Кене» туралы» мақала жазып, Мұханның жетістіктеріне шынайы достық көңілмен қуанышын, ризашылығын білдірген («Әдебиет майданы», 1934, №5); «Социалды Қазақстан», 1934, 10–11 маусым).

Ә. Сәкеннің шығармашылық жолына зер салып, үнемі жылы лебізін білдіріп отырған. «Қоңыр» деген бүркеншік атпен «Қызыл сұңқарлар» туралы» сыни мақаласында С. пьесасының жетістіктерімен қатар, көркемдік жағынан кеткен кемшіліктерін атап айтқан («Шолпан», 1922, №2–3, 80–83-беттер). С-нің әдеби еңбегінің 20 жыл толу мерекесіне арналған «Шыншыл, төкаббар ақын» мақаласында «С-нің шығармаларынан өлеңін, әңгімесін, поэмасын алсақ, барлығында да сүюі мен ашуы, ырзалығы мен наразылығы, үміті мен күдігі әрқашан барынша шын сезімнің толқыны боп білінеді. Сонысымен есерлі де күшті боп шыға алады» деп, суреткердің шын шеберлігін жоғары бағалаған, «ақын еңбегіне сыншы да, тарихшы да емес, жай қатардағы оқушы есебінде көз жіберіп қарасаң, өзгеде жоқ елі ірі қасиеті бәзымдап айқындана шығады. Мұның біріншісі: жалтағы жоқ шыншылдығы, екіншісі – ақындық төкаббарлығы» деп асқатата жазды. Осы шығармасын орысшаға аударып, кеңейтіп, молайтып, толықтырып, сол жылы «Казахстанская правдаға» жариялап, орыс тілді оқырмандарға таныстырды (1936, 12 шілде).

Т. Көкішев.

**СЕЙІТ**, жазушының кейіпкері. «Қараш-Қараш оқиғасы» шығармасында Тұрар Рысқұловтың прототипі етіп алған. Жазушы 1927 ж. жаз айында Қарқаралыны аралап, қайтар жолда Саты, Асы арқылы Қараш-Қараш шоқыларын, сол жердің жағдайын, табиғат болмысын, оқиғаның өткен жерін көрген. Шығармаға арқау болған Тұрардың әкесі Рысқұл Жылқайдаров осы Қараш-Қараш асуында Шығыс Талғар болысы Саймасай Үшкөмпіровты атқаннан кейін, 10 жылға жер аударылды, өзі өзімен бірге баласы Тұрарды ала кетеді. Он жасар бала абақтыны паналап, оң-солын танып, теңсіздікті тереңірек ұғынады. Әкесінің тағдыр талқысына түскен өмірі, өзінің жеке басының дара құресін баласына мирас еткені Тұрардың есінен кетпеген. Повесте Рысқұл – Бактығұл, Тұрар – Сейіт деп берілген. «Оқуға ұғымды, ерекше талапты, момын қара бала болашақ заманның белгісіз бір жарығына осы абақты ішінде сенген көңілмен күн санап ержетіп келе жатты» деген үміт ұшқынымен аяқталады.

Р. Бердібай

**СЕЙІТМЕТОВ** Райымбек Ноғайбайұлы (1938–2007), актер, режиссер, педагог. Қазақстанның халық артисі (1987). Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының (1984), республика Ленин комсомолы сыйлығының (1974) лауреаты. Оның актерлік репертуарында – Ә. пьесаларының негізінде қойылған спектакльдердің маңызы зор. Солардың ішінде



С. Сейфуллин

Ө. пен Л. Соболевтің «Абайындағы» Әбіш, «Қарақыпшақ Қобыландысындағы» Бірсімбай, аудармаларындағы Люченцио мен Кассио (У. Шекспирдің «Асауға тұсау» мен «Отеллосында») – шынайы жасалған сахналық бейнелер. Сөздің астарын ашып, поэтикалық нақышын жеткізуге ұмтылу – оның актерлік ізденістеріне тән қасиет. Ө. Тауасаровтың «Құрметті ИКС» (1983), Т. Өбдіковтің «Біз үшеу едік», Ш. Мұртаза мен Қ. Ысмақтың «Қызыл жебе» (1987), Мұртазаның «Сталинге хат» (1988), «Бесеудің хаты» (1989), С. Балғабаетовтың «Ең әдемі келіншек» (1993), Ө-тің «Алуа» (1984), Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» (1985) пьесаларын жастар театрының сахнасына шығарды.

*Б. Құндақбайұлы.*

**СЕЙТОВ Сағынғали** (1917–2007), ақын, әдебиет зерттеуші, аудармашы. Филология ғылымының кандидаты (1961). Авторлар ұжымымен бірге жазған «Қазақ совет әдебиеті» оқулығының (орта мектепке арналған, 1942, 1949) бір тарауын Ө-тің өмірі мен шығармашылық қызметіне арнады. Ал «Әлем көзі – Өуезовте» деген мақаласында ұлы суреткермен «бір елде туып, бір дәуірде өмір сүргенін, оның қаламдас інісі» болғанын, студент кезінде лекциясын тыңдағанын, қызметтес әріптесі болғанын жазды («Қазақ әдебиеті», 1997, 28 қазан). Ө. «Қайта туған халықтың әдебиеті» атты мақаласында «Қазақ совет поэзиясының көп ізденіп, өркені өсіп келе жатқан», «өткен жолы жемісті, алдағы болашағы қызықты», «қазақ поэзиясының табыскер» талапты ақындарының қатарында С-ті атаған (12 томдық шығармалар жинағы, 1969, 12-том, 479-бет).

*Мұрат Өуезов.*

**СЕЛЬВИНСКИЙ Илья** (К а р л) Львович (1899–1968), орыс ақыны, жазушы. Абай, Жамбыл, І. Жансүгіров, Т. Жароков, Ө. Тәжібаев сынды қазақ ақын-жазушыларының көптеген туындыларын, Ө-тің «Еңлік – Кебек» пьесасын орыс тіліне аударды. «Өн шашуы – әнге» деген мақаласында («Огни Алатау», 1963, 17 қараша) ұлы жазушының «Абай жолын» қазақ даласының үстінде қалқып жүрген әнге теңеген. «Көңілімде өшпес бейне» атты естелігінде «Еңлік – Кебекті» орысшаға аударғанда, ұлы жазушының өзі жайында айтқан жылы лебізін, көрсеткен қадір-құрметін зор мақтаншыпен айтқан.

*Мұрат Өуезов.*

**СЕМЕЙ** қала, бұрынғы Семей облысының орталығы. Ө. осында 8 жылдай тұрды. Алғашқы мақалалары («Адамдық негізі – әйел», «Оқудағы құрбы-

Семей қаласындағы Абай мұражайы.



ларына», «Қайсысын қолданамыз?» т. б.) жарық көрді. 1917 ж. «Еңлік – Кебек» пьесасын жазып, Шығыстау еліндегі Ойқұдық аулында көрсетті. 1918 ж. «Абай» журналын ұйымдастыруға қатысып, оның белсенді авторы болды. 1919 ж. семинарияны бітіріп, қалаға қызметке орналасты. «Бәйбіше-тоқал», «Ел ағасы» пьесалары, «Қорғансыздың күні» әңгімесі жазылды. 1924 ж. 29 желтоқсанда Абайдың дүниеден өткеніне 20 жыл толуына байланысты өткізілген кеште ұлы ақынның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі туралы баяндама жасады. Сол жыл көктемде Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі ашылып, Ө. төрағаның орынбасары болып сайланды, бұған қоса ұстаздық қызметпен шұғылданды. 1925 ж. «Таң» журналының шығуына көмектесіп, онда бірнеше шығармаларын жариялады («Барымта», «Қаралы сұлу», «Қарагөз», «Қобыланды батыр» т. б.). Сөйтіп ұлы жазушы Ленинградқа оқуға ақткенге дейін, яғни 1917–25 ж. аралығында С. қаласында тұрды. Абай Құнанбаевқа байланысты көптеген зерттеулерінде, әсіресе «Абай жолы» эпопеясында С. өңірі, оның табиғаты, тыныс-тіршілігі, адамдары жөнінде жан-жақты баяндап, суреттеді, өшпестей белгі қалдырды.

*М. Бейсенбаев.*

**СЕМЕЙ ГУБЕРНИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҒЕСІ**, Семей губерниялық халық-ағарту бөлімі жанындағы құрылымы. Ө. 1924–25 ж. Семейде болған кезінде осы кеңеске мүше болған. Ол қазақ педагогика техникумында сабақ берумен қатар, мектептерде оқу-тәрбие ісін жолға қою, жас ұстаздарға ғылыми-теориялық және әдістемелік көмек көрсетуде, елді ғылым мен мәдениетке жетелеуде бірсыпыра игі шаралар атқарған. Мәселен, аталмыш кеңестің 1925 жылғы 15 сәуіріндегі (№ 22 хаттамада) мәжілісінде ғылыми-әдістемелік кеңес мүшесі Өуезов жазғы демалыс кезеңінде педтехникум оқушыларын қазақ тарихына, ауыз әдебиетіне байланысты қажетті деректер жинауға жұмылдыру туралы баяндама жасаған. Осыған байланысты «Әдебиет ескілігі» атты нұсқау мақала даярлайды, ол мәжілісте бекітіліп, 1925 ж. 23 сәуір күнгі «Қазақ тілі» газетінің 40-санында «Әдебиет ескілігін жинақтаушыларға» деген атпен жарияланады. Мақаланың аяғына «Семей техникумы» деп қол қойған. Ө. әрі сыпайылықпен, әрі бір кісінің пікірі болып танылмасын деп, әдейі бүркеншік атпен жариялаған. Мақаланың авторы Ө. екенін алғаш рет айтқан ғалым – Қ. Мұқаметханов (Семей облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1954-қор).

*Қ. Керейбаев.*

**СЕМЕЙ ГУБЕРНИЯЛЫҚ СТИПЕНДИЯ КОМИССИЯСЫ**, оқу орындары мен оқудағы жастарға қаржылай көмек көрсетумен шұғылданған губерниялық атқару комитетінің арнаулы бөлімі. Комиссия 1925 ж. 10 желтоқсандағы мәжілісінде 15 мың сом мөлшеріндегі стипендия қорының 1/3 бөлігін жоғары оқу орындарындағы студент жастарға арнаулы стипендия ретінде тағайындау мәселесі қарастырылған. Хаттамада сондай жастардың толық тізімі келтіріліп, екінші болып Ө-тің есімі көрсетілген. Оның фамилиясының тұсында: «Студент, литерат. отдела университета, II курса, Ленингр., Казахст., 420 р.» деген жазулар бар. Бұл ұлы жа-

зушының Ленинград университетіне оқуға қайтып барған кезіне дәл келеді.

*Қ. Мәшһүр Жүсіп.*

**СЕМЕЙДЕГІ ГУБЕРНИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТІ**, саяси ұйым. 1919 ж. Семей өңірінде кеңес өкіметінің орнаған кезінде 2 рет құрылды. 1919 ж. 12 ақпанда Сібір революциялық комитетінің құрамындағы әскери-революциялық комитеті «облыстық революция комитеті», ал 1922 ж. 22 ақпанда Сібір революциялық комитетінің құрамындағы Семейдің облыстық революциялық комитеті «Семей губерниялық революциялық комитеті» деп аталды. 1919 ж. 18 желтоқсанда Ә. губревкомның мәжілісіне қатысып, әр жерде революциялық комитеттер құрушыларды қызу құттықтады. 1919 ж. 24 желтоқсанда губревкомда «Ұлттық бөлімше» құрылып, Ә. меңгерушілігіне тағайындалды. Облревкомдағы қызмет карточкасындағы сұраққа жауап беріп, өз білімі жөнінде Ә.: «Семейдің мұғалімдер семинариясының 4 класында оқимын», ал саяси тұғыры жөнінде: «Коммунистің, РКП Семей партиясының №191 мүшесімін» деп жауап берген. 1921 ж. 28 мамырда РК(б)П губревкомының төралқа мәжілісінде Ә. алда болатын партконференцияның редакциялық комиссиясына сайланды. Сол жылы 18 маусымда губревкомның шешімі бойынша Ә. төтенше өкіл ретінде Қарқаралы уезіне «жұмыс барысын жолға қою» үшін жіберілді. Қазір губревком үйінде облыстық тарихи-өлкетану мұражайы орналасқан.

*Қ. Құрманова.*

**«СЕМЕЙДІҢ ГУБЕРНИЯЛЫҚ ҮШІНШІ КЕҢЕСТЕР ТОБЫНА»**, жазушының мақаласы. Үндеу-мақала «Қазақ тілі» газетінің 1922 жылғы 6 қыркүйек күнгі 66-санында жарияланды. Шығармалар жинағының 50 томдық толық басылымының 2-томына кірді (1998). Жазушы 1922 ж. сәуір-қыркүйек айларында Семей губерниясына төтенше өкіл болып келді. Ә. губернияның 3-кеңесін өткізу мәселесіне тікелей ат салысып, уәкілдерге газет арқылы тиісті нұсқау беріп отырды. Кеңесте талқыланатын күн тәртібі өте жауапты әрі ерекше даулы мәселе еді. Сол үшін уәкілдерге «Ашық хат» жазып, қазақ қызметкерлерін бірлікке шақырды. Қыркүйек айының 5 күні өткен бұл кеңесте Ә-тің Семей губерниясындағы 5 ай бойы жүргізген еңбегіне баға берілді. Сондай-ақ губерниядағы саяси-экономикалық, ұлтаралық жағдайды талдады. 3-кеңестің уәкілдеріне арнаған бұл мақаласы қаламгердің мемлекеттік саясат туралы қалам тартқан соңғы көсемсөзі. Бұдан кейін мемлекеттік басқару ісінен мүлдем бас тартып, ғылыми-шығармашылық жұмысқа бет бұрды. Оған республикада қалыптасқан саяси-жазалау науқаны да кері ықпалын тигізді. Әрі Орынбордағы Бүкілқазақтық кеңесте Алашорда қайраткерлеріне қарсы пікір ұйымдастырып, орыс большевиктерімен бірігіп кеткен белсенді қазақ қызметкерлерінің үкімет басына сайлануы Ә-тің көңілін қатты алаңдатты. Алайда соған қарамастан, ол губерниялық 3-кеңестің жұмысын ақырына дейін жеткізіп кетті.

*Т. Жұртбай.*

**СЕМЕЙ КІТАПХАНАСЫ**, А бай атындағы Семей қалалық ғылыми кітапханасы, оқу-ағарту мекемесі. 1883 ж. саяси жер аударылғандардың бастамасымен құрылған. 1902 ж.



Абай атындағы кітапхана. Семей қаласы.

Н. В. Гоголь есімі, 1994 ж. ұлы ақын есімі берілген. Абай көшесіне орналасқан. 1995 ж. Халықаралық кітапхана қауымдастығына (ИФЛА) мүше болды. 1996 ж. оның құрамына балалар мен жасөспірімдер кітапханалары кірді. Кітапхананың 10-ға тарта бөлімі бар. Ұжым мүшелері 1995 ж. Стамбулда, 1997 ж. Қырымда өткен халықаралық конференцияларға қатысты. Кітапхана қорында Абай пайдаланған кітаптар, ұлы ақынның Семейде оқығаны, Ш. Уәлихановтың әскери қызметте болғаны, Ф. Достоевскийдің айдауда жүргені, Алаш арыстары, Ә-тің Семейде оқып, қызмет істегені туралы көптеген материалдар бар.

*Қ. Мәшһүр Жүсіп.*

**СЕМЕЙ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКА ТЕХНИКУМЫ**, оқу орны. 1922 ж. 4 желтоқсанда ашылды. Педтехникум құрамында 2 негізгі, бір даярлық бөлімі жұмыс істеді. «Степная правда» газеті 1922 ж. 6 желтоқсандағы санында: «3-ші губерниялық Советтер съезінің қаулысына сәйкес, Семей қаласында ұйымдастырылған Қырғыз мұғалімдері техникумы өз сабағын бастап кетті. Қазір техникумда 90-нан астам тыңдаушы бар. Көпшілігі – қырғыздың кедей балалары. Техникумға губерниялық оқу бөлімі менгерушісінің орынбасары Сәтбаев жолдас басшылық жасайды. Оның иығына мектеп пен интернаттарды ұйымдастыру тәрізді күрделі міндеттер жүктелген. Қазпедтехникумның қамқоршысы «Хлебопродукт» акционерлік қоғамының Семей бөлімшесі болды» деп жазды. Ал «Қазақ тілі» газетінің 1922 ж. 24 желтоқсандағы санында мынандай жолдар бар: «Бұл оқу орнына 20 бөлмесі бар тастан қаланған ғимарат бөлінді. Жөндеу жұмыстарын жүргізіп, электр тартылды. Сондай-ақ оқу кластары, музей, демалыс орындары ашылды. Оқушылар тұрғын жаймен қамтылды». 1922 ж. 17 желтоқсанда оқушылар оқу орнының ашылу құрметіне орай «Күншығыс» тақырыпты музыкалы кеш ұйымдастырды. 1923–25 ж. мұнда Ә. қазақ әдебиетінен дәріс оқыды. Оның сол кездегі жан жолдасы, азамат әрі сәтсіз белгілі театр қызметкері Ғ. Теребаев еді. Қ. Сәтбаев пен Ә. Марғұлан да – осы техникум түлектері. Қазір бұл үйде мұғалімдер колледжі орналасқан.

*Қ. Құрманова.*

оқу орны. Семей қаласында «Семей уездік училищесі» деген атпен ашылып, 1881 ж. Семей қалалық 5 сыныптық училищесі болып қайта құрылды. Училище Батыс Сібір училищелер бас инспекторының құзырына, 1885–1915 ж. Батыс Сібір оқу округінің басқаруына қарады. 1914 ж. Семей 1-ерлер Жоғары бастауыш училищесі деп аталды. Ө. училищені 1915 ж. өте жақсы бітірген, оған №220 аттестат берілген. Жазушы бұл туралы: «Оқуды бес-алты жасқа келген соң, өзiмнің үлкен әкемен оқи бастадым. Сол кiсiнiң алдынан хат танып, түркі оқитын болған соң, 9–10 жасымда әкеммен бiр туысқан ағам Қасымбек қасына алып, басында бiр жыл Семейдегi Камали деген хазiреттiң медресесiнде мұсылманша оқытты да, артынан орысшаға бердi. Орыс оқуына әуелi өзi дайындады. Содан кейiн бiр қыс ел iшiндегi ауылнай школдан, Әбiш Хасенов деген Семей семинариясын бiтiрiп шыққан учителiнен оқып, келесi жылы күз Семейдiң «5 класный городской училищесiне» түстiм» деп дерек қалдырған («Өз жайымнан мағлұмат», М. Әуезов музей қоры, №382-папка).

*Б. Байғалиев.*

**СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ,** оқу орны. Ғылым, білім, өндіріс, ауыл шаруашылығы, рыноктық экономика, жаңа технологиялар салаларында мамандар даярлайды. Семей қаласындағы педагогика, технология және зооинженерлік-малдәрігерлік институттарды біріктіру негізінде 1995 ж. 13 қарашада құрылды. Университетте заманмыздық заңғар жазушысы Ө-тің есімін мәңгі бақи ұрпақтар санасында ұялатумен байланысты ауқымды істер атқарылып келеді. Өсіресе гуманитарлық факультетте ұлы суреткердің өмірі мен шығармашылығына қатысты ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік конференциялар өткізу жолға қойылған. Жазушының өміршең мұрасын тереңірек оқып үйрену үшін арнайы курстар мен семинарлар өткізіледі. Студенттерге 12 атаулы стипендия тағайындалған, олардың екеуі Ө. атындағы стипендиялар. Қаламгердің туған күні қарсаңында «Әуезов күндері» мен «Әуезов апталығын» өткізу дағдыға айналған.

*Е. Сыдықов, А. Еспенбетов.*

**СЕМЕЙ МҰҒАЛІМДЕР СЕМИНАРИЯСЫ,** оқу орны. 1903 ж. Семей қаласында ашылды. Батыс Сібір оқу округіне қараған. Бастауыш училищелер мен бастауыш орыс-қазақ мектептеріне және ауылдық қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлады. Оқу мерзімі 3 жылдық (3 класты) болды. Дайындығы төмен оқушыларға арналған даярлық класы жұмыс істеді. Көптеген қазақ жастары оқып білім алды. Дін сабағы, орыс тілі, шет ел тілі (неміс, француз), қазақ тілі, математика, тарих, география, жаратылыстану, сызу, ән-күй, қол еңбегі пәндері оқытылды. Мұқтаж кедей балаларына қазына стипендиясы тағайындалды. Ө. «Земский стипендиясын» алып оқыды (1915–19). Жазушы бұл туралы: «15-інші жыл городское училищені бітіріп, күз семинарияға түстім. Арасында ауырып, оқуды бірлі-жарымды тоқтатып, доғарып қойып жүріп, семинарияны 1919 жылы шала-шарпы бітірдім» деп жазды (М. Әуезов мұражайы қоры, № 382-папка). Семинарияда Ө. кезінде Алаштың алғашқы құрбаны атанған Қазы Нұрмұхамедовпен, кейін өзіне, қызы Мұғамилаға қамқоршы болған Ахметбек Сейсенбаевпен (Ахметбек Шикібаев) бірге дәріс алды. И. Малахов, В. Попов, В. Белослюдов, С. Степанов, Н. Құлжа-

нов сияқты білікті ұстаздардың дәрісін тыңдады. Семинария 1920 ж. жабылды.

*Б. Байғалиев.*

**СЕМЕЙ ОБЛЫСТЫҚ АЛАШ КОМИТЕТІ,** саяси ұйым. Алаш ұлттық-демократиялық партиясының бөлімшесі. Партияның Семей облыстық комитетін құру ісіне Х. Ғаббасов, Ж. Ақбаев, Р. Мәрсеков, Б. Сәрсенов, И. Әлімбаев т. б. тікелей қатынасты. Облыстық комитет 1917 ж. күзден 1918 ж. маусым айына дейін Семей өңірінің саяси-қоғамдық өміріне белгілі дәрежеде ықпал етті. 1918 ж. көктемнің соңына – жаздың басына қарай кеңес өкіметінің күшеюіне орай, Семей облыстық Алаш комитетінің мүшелеріне қатер төне бастады, сондықтан оның мүшелері бой тасалап, жасырын жағдайға ауысты да комитет өз қызметін тоқтатты. Ө-тің қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы Алаш партиясының құрылуы, оның ұлтты ояту жолындағы қызметі басталған тұсқа дәлме-дәл келді. Ол партияның Семей облыстық комитетінің жұмысына белсене араласты, комитет мүшелерінің біразымен жақсы таныс әрі пікірлес болды.


*К. Нұрпейіс.*

**СЕМЕЙ ОБЛЫСТЫҚ ЖЫЛУ ЖИНАУ КОМИТЕТІ,** қоғамдық ұйым. Жетісу, Сырдария облыстарындағы аштыққа ұшыраған қазақтарға жылу жинау комитетінің бөлімшесі. 1918 ж. 5 наурызда Алаш (Жаңа Семей) қаласында «Жанар» ұйымының жанынан құрылды. Комитеттің ережесі, 5 адамнан сайланған басқармасы, төрағасы М. Дулатов, орынбасары Ж. Аймауытов, хатшысы Ө., қазынашылары А. Есіркепұлы, А. Қоскейлігі болды. Алғашқы мәжілісінде ашыққандар үшін 7 мың сом жылу жиналды. Комитет өкілдері облыс көлемінде жылу жинауды 1918 жылдың соңына дейін үздіксіз шұғылданды. Ө. комитет хатшысы ретінде комитетке жылу жіберушілерді көптеп тартты. Аштарға жылу берушілердің тізімі «Сарыарқа» газетінде жарияланып тұрды.

*Б. Байғалиев.*

**СЕМЕЙ ОБЛЫСТЫҚ МУЗЫКАЛЫ ДРАМА ТЕАТРЫ,** Абай атындағы Семей облыстық музыкалы қазақ драма театры, кәсіби театр ұжымы. «Ес-аймақ» драма-

Абай атындағы Семей облыстық музыкалы драма театры.



лық труппа негізінде 1920 ж. ұйымдастырылды. Театрдың құрылуына Ә., Қ. Сәтбаев, Ф. Төребаев сынды азаматтар белсене қатысып, көп еңбек сіңірді. Алғашқы шымылдығын І. Жансүгіровтің «Кек» драмасымен ашты. Бұдан кейін ұлттық драмалық туындылармен қатар, орыс, туысқан халықтар, батыс елдері жазушыларының шығармалары бойынша спектакльдер қойылды. 50-жылдарға дейін Ә-тің «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан», «Қарагөз», «Ескілік көлеңкесінде», «Ел ағасы», «Абай» шығармалары негізінде жасалған спектакльдер көрермендер талғамына ұсынылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ә. Әбішевпен бірігіп жазған «Сын сағатта», соғыстан кейінгі кездерде «Айман – Шолпан» драмалары сахналанып, шығармашылық табысқа жетті.

Қ. Мәшһүр Жүсіп.

**СЕМЕЙ ОРЫС ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫ.** Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімі, ғылыми мекеме. Семей статистика комитеті 1902 ж. 13 сәуірде Батыс Сібір орыс географиялық қоғамы бөлімінің Семейдегі бөлімшесін құрды. 1924 ж. 8 мамырда бұл бөлімше өз алдына Семей орыс географиялық қоғамы болып жеке құрылды. Оның төрағалығына Ертіс өңіріне танымал мәдениет және ғылым қайраткері Б. Герасимов, орынбасарлығына Ә. тағайындалды. Қоғам негізінен Семей өлкесінің географиясын, геологиясын, табиғатын, тарихын, этнографиясын, статистикасын, археологиясын жан-жақты зерттеумен шұғылданды. Бұл жұмыстарды қоғамның төрағасы, орынбасары, 4 қоғам мүшесі мен хатшысы жүргізді. Ә. облыстағы оқу орындарында өлкетану үйірмелерін ашу жұмыстарын қолға алды. 1924 ж. 1-губерниялық өлкетану конференциясында ол «Абайдың қазақ әдебиетінде алатын орны» жөнінде баяндама жасады. Қоғам қазақтың ұлы ақыны Абайдың дүниеден өткеніне 10 және 20 жыл толуына байланысты әдеби-музыкалық кештер өткізді.

Қ. Мәшһүр Жүсіп.

**СЕРАЛИН** Мұхамеджан (1872–1929), жазушы, ағартушы. «Топжарған» (1900), «Гулшашима» (1909) поэмаларын, көптеген өлеңдер, мақалалар жазды. Шығармаларында ағартушылық идеяларды көздеді. «Шаһнама» дастанының «Рүстем – Зораб» тарауын, А. Сорокиннің «Жусан» повесін (1915) қазақ тіліне аударды. Ә-пен тығыз шығармашылық қарым-қатынас жасаған. Ә. 1959 ж. 15–19 маусымда Алматыда өткен ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде С. шығармашылығын зерттей түсуді ұсынған (20 томдық шығармалар жинағы, 20-том, 1985, 388-бет).

Н. Ерсарыұлы.

**СЕРАФИМОВИЧ** ( П о п о в ) Александр Серафимович (1863–1949), орыс жазушысы. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1943). Азамат соғысының қиын-қыстау кезеңдерін бейнелеген «Темір тасқын» романының (1924) үзінділерін Ә. қазақ тіліне аударып, 1933 ж. «Әдебиет майданы» журналының 1-санында жариялады (5–12-беттер). «Октябрь өркені» атты мақаласында С. сияқты орыс жазушыларының «үлгілерінен үйрену, өсу дәуірі басталды» деп жазды.

«**СЕРГО – ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ДОСЫ**», жазушының мақаласы. 1937 ж. 20 ақпанда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған (М. Қаратаев

және Е. Ысмайыловпен бірге жазған). С. Орджоникидзенің қайтыс болуына байланысты көңіл айту рәсімі ретінде Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған. Бұлардан басқа бір топ жазушылар көңіл айтқан. Бәрі Сергоның Отанға сіңірген ізгі еңбегін, ауыр өнеркәсіп өнімін дамытудағы қызметін жоғары бағалаған. Ауыр өнеркәсіптің командармы, саяси бюроның мүшесі, социализмнің негізін құрушы көрнекті басшының бірі Орджоникидзе бүкіл өмірін, жалынды ұлы жүрегін ауыр өнеркәсіп өндірісін, Отан қорғау өндірісін орнату ісіне жұмсады. Сергоның рөлінің ұмытылмайтындығын, Социалдық Қазақстанды құру тарихындағы, қазақ даласында ауыр индустрияның құрылуындағы, кәсіптік кадр дайындау кезеңдеріндегі еңбегін бағалай келіп: «Ол Қазақстан даласында ауыр индустрия құрды, өнерлі кәсіп кадрларын даярлауға көмектесті. Біз, Қазақстан жазушылары, шығармаларымызда Сергоның ұмытылмас образын бейнелейміз, өйткені Сергоның еңбегі – күрес үлгісі, Отанымыздың ардақты адамдарына күш береді» деп атап өтілген мақалада.

С. Майлыбаева.

**СЕРҒАЛИЕВ** Мырзатай (1938 ж. т.), тіл білімі маманы, әдебиет зерттеуші, публицист, жазушы. Филология ғылымының докторы (1988), профессор (1990), ҚРҰҒА-ның академигі (2003). Ширек ғасырдан астам уақыт бойы мұхтартанумен шұғылданып келеді. Бұл салада 10-нан аса мақала жариялады. «Өнеге» кітабында (1998) Ә-тің шәкірттермен қарым-қатынасы мен лекция оқу шеберлігін жастарға үлгі етіп ұсынған (3–13-беттер), «Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі» деген монографиясында ұлы суреткердің тіл туралы айтқан пікірлерін және оның әңгімелерінің тілін талдаған.

**СЕРЕБРЕННИКОВ** Борис Александров (1915–1989), орыс тілтанушысы. КСРО ҒА-ның академигі (1984), профессор (1969). Негізгі еңбектері түркі, фин-угор, үнді-еуропа тілдеріне арналған. Ә-тің 60 жасқа толуына байланысты жіберген жеделхатында (басқалармен бірге) қазақ жазушысының туған халқының мәдениетіне зор үлес қосқанын атап көрсеткен.

**СЕРИКОВ** Сергей Николаевич (1904–1951), актер, әнші (баритон). Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1947). 1939–51 ж. Алматы орыс драма театрында қызмет етті. А. Корнейчук, К. Симонов, А. Горький, О. Бальзак, В. Гюго сынды көптеген драматургтердің пьесаларында негізгі кейіпкерлердің бейнелерін сомдады. Ә-тің «Қарақыпшақ Қобыландысындағы» Қазанның рөлінде ойнап, орындаушылық өнерінің шынайылығымен ерекшеленді.

**СЕРКЕБАЕВ** Бекмұхамед Құсайынұлы (1892–1976), ақын, драматург, педагог. Өз бетінше оқып, татар, араб, парсы, орыс тілдерін үйренеді. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқиды. Ауыл тұрмысын, заман ағымын, қоғамдық өзгерістерді суреттеген өлең-жырлар, әңгіме, повестер, пьесалар жазды. Омбы мұғалімдер гимназиясын бітірді (1918). М. Жұмабаев, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, башқұрт ақыны Ш. Бабичтермен дос-жолдас болған. Ә-пен араласып, қарым-қатынас жасап, пікірлесіп тұрған.

С. Қарабай.



Б. К. Серкебаев.



**СЕРКЕБАЕВ** Ермек Бекмұхамедұлы (1926 ж.т.), әнші (баритон), актер, КСРО-ның (1959), Қазақстанның (1956) халық артисі, Соц. Еңбек Ері (1986). 1947 жылдан Қазақ мемлекеттік опера және балет театрының әншісі. Көптеген қазақ, орыс, Батыс Еуропа композиторларының шығармаларын сахнаға шығарып, әншілік дарынымен ерекшеленді. Мазмұны жағынан бір-біріне ұқсамайтын Қожағұл («Біржан мен Сарада»), Тарғын («Ер Тарғында»), Панфилов («Жырымда сегізде»), Олег Кошевой («Жас гвардияда»), Жермон («Травиатада»), Фигаро («Севилья шаштарасында») т. б. музыкалық тұлғалар – осылардың куәсі. С-тың үлкен шабытпен орындаған тұңғыш партиясы – Ө-тің либреттосы бойынша А. Жұбанов пен Л. Хамиди жазған «Абай» операсы. С. спектакльдің өнбойында қазақ қоғамында орын алған әділетсіздік пен қатыгездікке, заңсыздыққа қарсы батыл күрескен жігерлі де ақылды Абайдың бейнесін шынайы түрде сомдады. Абай партиясы әуенінің байлығымен, байсалдылығымен, кейде өктемділігімен ерекшеленіп, ескі салт-ғұрыптың жетегінде жүрген қарсыластарын тізе бүктіреді, ұлы ақын мерейі салтанат құрады.

*З. Қоспақов.*

**СЕРИКБАЕВА** Жұмабике (1917–1996), актриса, әнші. Қазақстанның халық артисі (1974). Осы жылдан бастап Шымкент облыстық қазақ драма театрында қызмет істеді. Ф. Мүсірепов, М. Ақынжанов, Т. Ахтанов, С. Жүнісовтердің пьесаларында басты кейіпкерлердің рөлдерінде ойнады. Ең алғаш Ө-тің «Еңлік – Кебек» трагедиясында Еңліктің бейнесін сахнада көрсетті. Одан кейін Қарагөз («Қарагөзде»), Құртқа («Қарақыпшақ Қобыланды») образдарын сомдап, актерлік шеберлігін танытты. Көбінесе сахналық кейіпкерінің ішкі жан дүниесіне ерекше ден қойды.

**СЕРІҚАЛИЕВ** Зейнолла (1938–2004), әдебиет зерттеуші, аудармашы. ҚазМУ-ды бітірген (1960). Филология ғылымының кандидаты (1968). Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2002). Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері (1999). Ғылыми еңбектері әдебиет теориясы мен тарихы мәселелеріне, көркемдік таным ерекшеліктеріне арналған. «Ойлар. Толғаныстар» (1967), «Жылдар сазы» (1971), «Ақыл таразысы» (1976), «Ақ жол» (1990), «Дүниетану даналығы» (1993) монографиялары мен сын мақалалар жинақтары жарық көрді. «Кең тыныс» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1964, 26 маусым), «Әдебиет туралы» монографиясында (1997) Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының қазақ жазушылары үшін үлкен өнеге, үлгі болғанын нақты теориялық тұжырымдармен, тақырып, сюжет пен композиция тұрғысындағы деректермен дәлелдеген. Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағын және өмірі мен шығармашылық шежіресін (1997) әзірлеуге қатысқан.

*М. Серғалиев.*

**СИДЕЛЬНИКОВ** Виктор Михайлович (1906–1981), орыс әдебиет зерттеушісі, фольклоршы. Филология ғылымының докторы (1950), профессор (1951). 1951 ж. Ө. екеуі қазақ ертегілерінің бір томдығын Мәскеуде шығарды. Сол үшін оларға буржуазиялық-ұлтшылдар деген кіне тағылды, өйткені жинаққа хандар мен билердің даналығын дәріптейтін ертегілер де «енген» екен. Үш томдық «Қазақ халық ертегілерін» орысша бастырып шығарды (М., 1958–64). Қазақ ауыз әдебиетінің (1771–1966 ж.) библиографиялық көрсеткішін жасады (1969). Қазақ әдебиеті мен фольклоры туралы

көптеген ғылыми еңбектер жазды. Мұхаң С-пен шығармашылық қарым-қатынаста болып, бір-бірімен араласып тұрған. Жазушы өзінің «*Ертегілер*» деп аталатын зерттеуінде С. жинаған «Қазақ халық ертегілерін» молынан пайдаланған. Қаламгер қазақ және орыс халықтарының қиял-ғажайып ертегілерінің ұқсас келетінін салыстыра келіп: «Үш ағайынды жігіт» деген қазақ ертегісінің басы, әсіресе, орыстың «Сивка Бурка» деген қиял-ғажайып ертегісімен өте ұқсас екенін профессор Сидельников дұрыс көрсеткен» деп жазған.

*Мұрат Өуезов.*

**СИДОРКИН** Евгений Матвеевич (1930–1982), график-суретші. Қазақстанның халық суретшісі (1980), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970), Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1965). 1957 жылдан Алматыда жұмыс істеді. Қазақ баспаларында көркем шығармалар мен оқулықтарды безендіру, иллюстрациялау жұмыстарына көп еңбек сіңірді. Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдеу жұмыстарына кірісіп, кейін бірнеше басылымдарда жарияланып, үлгіге айналған көптеген суреттер салды. Ө-тің мұражайдағы жеке кітапханасында суретшінің Қазақстан әдебиеті мен өнерінің 1958 ж.



«Іңкәрлік». Суретші Е. Сидоркиннің безендірмесі. 1971.

Мәскеуде өткен онкүндігіне байланысты шығарылған «Батырлар жыры» кітаптарының және «Абай жолының» арнайы басылымдарына салған тамаша иллюстрациялары сақтаулы. Ө. дарынды, өзіндік айқын қолтаңбасы бар суретшінің кітап графикасы саласындағы шығармашылығымен қатар, монументтік өнерін де зор бағалаған. Суретшінің соңғы еңбектерінің бірі – «Өуезов ұйы» ғылыми-мәдени орталығының әкімшілік ғимаратының бір қабырғасына жасалған жазушы шығармаларының тақырыптарына қатысты барельеф. 70-жылдардан автолитографиямен айналысты. Осы саладағы екі жұмысын қолданбалы өнер шебері А. Северов Ө-тің 70 және 100 жылдық мерейтойларына арналған сән-табақтарға пайдаланды.

*А. Қуанышбаев.*

**СИЛЬЧЕНКО** Митрофан Семенович (1898–1970), орыс әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымының докторы (1957), профессор (1959), ҚазКСР ҒА-ның академигі (1962). ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1924). Негізгі ғылыми еңбектері қазақ әдебиеті мен фольклорын, әдебиеттер байланысын зерттеуге арналған. 6 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихын» шығаруға қатысқан. «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті туралы очерктер» (М. П. Баталовпен бірге, 1934) монографиясын жариялады. Ө-пен әдеби байланыста, шығармашы-

лық қарым-қатынаста болған. С. ұлы жазушы туралы «М. Әуезовтің шығармашылық жолы» (Н. С. Смирновамен бірге, 1967) монографиясын, «Қазақ әдебиетінің классигі туралы роман» («Большевик Казахстана», 1948, №12), «Абай туралы жана роман» («Казахстанская правда», 1952, 2 ақпан), «Жоғары атақ» («Учитель Казахстана», 1959, 14 мамыр), «Мұхтар Омарханұлы Әуезов» (70 жасқа толуына орай, 1967), «Поэзияда – ғалым, ғылымда – ақын» («Известия АН КазССР», қоғамдық серия, 1967, №6), «М. Әуезов – ғалым-педагог» («Известия АН КазССР», қоғамдық серия, 1968, №2) т. б. еңбектерін жазды. Ғалым бұл еңбектерде Ә-тің жазушылық шеберлігіне, қоғамдық, шығармашылық қызметіне жан-жақты шолу жасап, өзіндік ерекшелігі мен көркемдік қуатын зерделі түрде талдаған. Абай туындыларын жариялау мен зерттеудегі, абайтану ғылымының қалыптасып, дамуына сіңірген аса зор еңбегіне жоғары баға берген.

*Н. Ақбай.*

**«СИЛЬЧЕНКО М. С-ТЫҢ «АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ӨНДЕРІНЕ ОРЫС ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨСЕРІ» ТУРАЛЫ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЕҢБЕГІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ПІКІРІ»** («Краткий предварительный отзыв о диссертационной работе М. С. Сильченко на тему «Русское литературное влияние в стихах и песнях Абая», жазушының сараптау пікірі. 1951 ж. 29 қаңтарда орыс тілінде жазылған. Ә-тің пікірінше, докторлық диссертацияның мәні – Абайдың халық ауыз әдебиетімен байланысы және орыс классиктерінің ұлы ақын лирикасына еткен ықпалы нақты әрі деректі салыстырулар арқылы терең қарастырылған. Бұдан кейін автор ұлы қаламгердің кемшіліктер жөнінде де айтқан пікірлерімен қатты санаса отырып, қайта өңдеу нәтижесінде 1956 ж. «Абайдың шығармашылық баяны» деген монографиясын орыс тілінде шығарды. Пікір «М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасында» сипатталған (№561-папка), «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» кітабында жарияланған.

*Ш. Ыбыраев.*

**СИМВОЛ**, н ы ш а н, белгілі бір нәрсені өз қалпынан өзгеше, жанама сипатында көрсетуден туындайтын эстетикалық категория. Қиялдау, болжау, наным-сенімдер С-дың шығуына негіз болған. Сондықтан символданған бейне өзінің айқындығынан айрылып, бұлдыр түсінік береді. Мысалы, гүл – сұлулық, жастық, қыс – көрілік, көңілісіздік, алтын – байлық. С-н. «Абай жолы» романында жазушы С. етіп түсті алған. Алтыбай жылқышы күндізгі жүрістен, қалың қардан, қатал аяздан әбден қажып, ол түсінде аздап қалғиды. Түсінде әйелі Іңкәр жаны ашып, қамқорлық көрсетеді. «Шаршадың ғой! Жаурап біттің ғой, ұйықтасаңшы... Ал төсек жайып қойдым, ұйықтай ғой, тыныға қойшы!» дейді. Бұл төсек – өлім төсегі. Алда болатын шын қасіреттің емеуіріні. Аш қасқырлар қамаған жылқыны құтқарам деп, ол түтеген қарлы боранда үсіп өледі («Жұтта»).

*Н. Жуанышбеков.*

**«СИМВОЛИКАЛЫҚ ДРАМАНЫҢ ЭКСПОЗИЦИЯСЫ МЕН БАЙЛАНЫСЫ (М. МЕТЕРЛИНК, Г. ИБСЕН, Г. ГАУПТМАН ЖӘНЕ Л.АНДРЕЕВ ПЬЕСАЛАРЫ)»** [«Экспозиция и завязка

символической драмы» (пьесы М. Метерлинка, Г. Ибсена, Г. Гауптмана и Л. Андреева)], жазушының мақаласы. «Әуезов үйі» ФМО қолжазба қорында сақталған (238-бума, 123–129-б.). Қара қарындашпен жазылған қолжазбаның сақталуы нашар, өшіп қалған жерлері бар. Мақала сақталған бумадағы басқа материалдар мен аталған мақаланың мазмұны баяндама екенін көрсетеді. Мақала алғаш жазушының 50 томдық толық академиялық басылымының 20-томында берілді (Алматы: Жібек жолы, 2005, 5–19-б.). Баяндама әдебиеттану ғылымы талаптары тұрғысынан алғанда әдеби талдау технологиясының ең жоғарғы деңгейінде жазылған. Драма жанрының теориясына қатысты материалдарды мақсатты түрде оқып, мақалада пьесалары талданатын авторлардың шығармашылығын терең зерттегені байқалады. Сюжетті шығармалардың, пьесалардың, әңгіме-повестердің авторы Ә. бұл еңбегінде көркем шығарманы құрылымдық тұрғыдан талдаудың үздік үлгісін қасаған. Баяндама құрылымы қатаң ғылыми принциптерге негізделген. Ешқандай тақырыптық, идеялық баяндаулар жоқ. Автор алдымен негізгі проблеманың теориялық ұстанымдарын беріп алып, ары қарай әрбір поэтикалық мәселелерге жүйелі түрде ауысып отырған. Метерлинк шығармашылығының негізгі кезеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін атап барып, символикалық драма экспозициясы мен байланысының көркемдік қызметін көрсетіп, пьеса афишаларының (кейіпкерлер тізімінің) әр авторларда қолдану жолдарын, қызметін талдап, пьесалардағы ремаркалардың көркемдік қызметіне қатысты терең теориялық тұжырымдар жасаған. Символикалық драманың көркемдік компоненттерінің орналасуындағы тосын жағдайлар, көркем бейнедегі реалды және символдық белгілердің ара қатысы, экспозиция түрлері, оның ішінде психологиялық экспозиция туралы нақты ой-тұжырымдар айтқан.

*Р. Өбдіғұлов.*

**СИМОНОВ** Константин (Кирилл) Михайлович (1915–1979), орыс жазушысы, драматург, қоғам қайраткері. Кеңес өкіметінің басты идеологі. Соц. Еңбек Ері (1974), Лениндік сыйлықтың (1974), КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1942, 1943, 1946, 1947, 1949, 1950) лауреаты. «Жеңімпаз» поэмасы (1937), «Біздің қаласының жігіті» (1941), «Орыс адамдары» (1942), «Орыс мәселесі» (1946), «Жат көлеңке» (1949), «Достар мен жаулар» (1948) пьесалары, «Күндер мен түндер» (1943–44), «Қаруластар» (1952, 1971) романдары, «Өлілер мен тірілер» трилогиясы (1959) т. б. социализмді, оның жеңістерін эпикалық ақымда суреттеді. Қайтыс болғаннан кейін жарық көрген (1988) «Менімен замандас адамның көзімен». И. В. Сталин туралы ойлар жазбаларында 1940–1950 жылдарда идеологиялық өмірге өзінің белсене араласқанын ақтауға ұмтылыс танытқан. Ө-пен қызмет бабында кездесіп, достық-сыйластық қатынаста болған. Қазақ жазушысы 1-дәрежелі Сталиндік сыйлық алған кезде «Совет әдебиетінің қуанышты күні» мақаласын жазса («Правда», 1949, 11 сәуір), Лениндік сыйлық алғанда, бір топ қаламгерлермен бірге желделхат жолдап, жылы лебіз білдірген («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, А., 686-бет). Ө-тің 60 жасқа толуына байланысты «Тойға шашу» өлеңін арнады (П. Антокольскиймен бірге; «Жұлдыз» журналы, 1977, №9). Ә. «Драматургия заңы туралы кейбір ойлар» деген ма-



Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде.  
К. М. Симоновтың кешті ашу сәті. Мәскеу. 1958.

қаласында: «Орыс совет драматургиясы және ол туралы жазылған сын әдебиет – біздің еліміздегі ең жоғарғы, ең жемісті, белсенді лаборатория» дей келіп, С-тың «драматургия табыстарын толық меңгерген» шығармаларының қатарында «Орыс адамдары» драмасын атаған.

Мұрат Әуезов.

**СИНГАРМОНИЗМ**, үндестік заңы, сөздердің біркелкі әуезбен айтылуы, яғни сөз ішіндегі дауыстылардың не жуан, не жіңішке болып бірыңғай әуендесіп айтылуы. Демек сөздің мағынасын ұғуда үндестік заңының тікелей қатысы бар. Ә. «Тіл және әдебиет мәселесі» атты мақаласында «жаңа сөздерді алуда түгелімен сингармонизм заңына алу қажет десек, ол да ұшқары пікір болар еді» деп, солақай «маршылдық» пікірдің бұрыс екенін дәлелдей отырып ой өрбітеді. Ескілі-жаңалы орыс, шетел сөздерін сол күйінде қабылдамай, қазақ тілінің заңына, үндестік заңына сәйкес жазуды ұсынып, сыңаржақтыққа, асыра сілтеуге жол бермеуді айтқан.

Н. Оспантегі.

**СИНТАКСИС**, сөйлемдегі сөздердің байланысын, сөз тіркесінің заңдылықтарын, сөйлем құраудың амал-тәсілдерін қарастыратын грамматикалық категория. Сөз тіркесінің құрамы сөйлем мүшелерімен емес, сөз таптарының ыңғайына қарай ажыратылады. Сөз тіркесі болуы үшін оның құрамында толық мағыналы екі сөз қажет. Ал жеке сөйлемдер құрмалас сөйлемнің құрамына түскенде жаңаша мән, жаңаша сипат алады. Ә. «Тіл және әдебиет мәселесі» атты мақаласында кейбір жазушылардың тіл орашолағын сыға алған. «Біздің жазушыларымыз орыс көркем әдебиетінен құрмалас сөйлем құрудың үлгісін де алады және алуға тиіс те. Құрмалас сөйлемдер орынды, көркем болып, айқын, мөлдір мағыналы боп, үйлескен шағында ойлы жазушының талабын танытады», өйткені жазушыларымыздың «қазақ әдебиет тілін жасаудағы іздену жаңалықтары – сөйлем құрау, синтаксиспен байланысты» деген тұжырым жасайды. Қаламгер өзінің ойын түйдептеп, толық жеткізуі үшін «көркем әдебиетте құрмалас сөйлем мәдениетін орынды, келісті етіп кіргізу қазақтың әдеби тілінің ендігі есу сатысындағы өнімді ізденудің бір түрі болуында дау жоқ» деп түйеді. «Кейде шешендік үшін поэзиялық синтаксистің, поэзиялық лексиканың соны сөзден құрылуы ерекше қызық та болады. Нәзік келген көңіл жайын, ой

толқынын, сезім ырғағын, психологиялық тартыс пен тайталасты тың тілмен, өзінше бір ораммен орайлап айтқысы келетін талаптар бар. Бұндай болмаған жазушылықта жан жоқ, қасиет жоқ, ыстық, қызық, жарастық та жоқ» деп, түйдек-түйдегімен келетін құрмалас сөйлемдерден шеберлік, көрік, сонылық іздейді ұлы суреткер.

Ә. Қайдар.

**СИРАНОВ** Қабыс (1914–1991), кино зерттеуші. Өнертану ғылымының кандидаты (1964). Негізгі еңбектері қазақ кино өнерінің тарихына арналған. «Ақ гүл» (1943, В. Морозовпен бірге), «Өмір жолы» (1960, Д. Тарасовпен бірге) көркем фильмдерінің, «Домбыра үні» (1944, С. Тимошенкомен бірге), «Кенен Әзірбаев» (1974) деректі фильмдерінің сценарийін жазды. Орыс тілінде «Қазақ кино өнері» (1958), «Советтік Қазақстанның кино өнері» (1966), «Шәкен Айманов – актер және режиссер» (1970), қазақ тілінде «Кино туралы әңгіме» (1973) атты кітаптарында Ә. сценарийін жазған «Райхан» (1940), «Абай әні» (1945) көркем фильмдерінің жарыққа шығуы жөнінде мол мағлұмат, құнды деректер келтірген. Абай әні фильмі – қазақ кино өнерінің даму тарихында елеулі болғанын айтқан («Қазақ кино өнері», 1958, 27-бет).

**СИСЕКЕНОВА** Әдемі (шын фамилиясы: Д і л х а н о в а - С и с е к е н о в а; 1939 ж. т.), актриса. Қарақалпақстанның халық артисі (1968). 1971 жылдан Атырау облыстық драма театрында қызмет істейді. Х. Ерғалиев пен М. Ысқақовтың «Құрманғазысында» Наталья, С. Мұқановтың «Мөлдір махаббатында» Қалиса, І. Есенберлиннің «Ғашықтарында» Ұлбосын, О. Бодықовтың «Қанжар мен домбырасында» Айша, «Махамбетінде» Қаламқас, С. Адамбековтің «Жесірлерінде» Айтолқын т. б. сахнаға шығарды. Ә-тің «Айман – Шолпан» комедиясындағы Айман рөлін ойнап, шеберлік дәрежесінің биік екенін байқатты.

**СКАЛЬД** (скандинавтарша: ақын, әнші деген сөз), өлеңшілер, норвег және исланд ақындары. 9–13 ғасырларда өмір сүрген. 250-ге жуық өлеңі белгілі. Олар норвег және басқа әскери көсемдердің (конунгтардың) ерліктерін марапаттап, түрлі жағдайларда сықақ т. б. тақырыптарда шумақтар шығарған. Өз өлеңдерінде нақты оқиғаны суреттеген. Ә. «Жамбылдың айтыстағы өнері» атты шығармасында басқа халықтардағы ақындар айтысына тоқтала келе: «...Скандинавия елдерінде болған эддаларды жырлайтын скальдылар – көбінесе айтысқа жүйрік ақындар» деген. Осыған ұқсас ойды 1948 ж. шыққан көп томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томына жазған «Айтыс өлеңдері» тарауында да айтқан.

Н. Ақбай.

**СКВОРЦОВ** Николай Александрович (1899–1974), партия, кеңес қайраткері. 1938–45 ж. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1-хатшысы болды. 1941ж. шілде айында Ә-тің баспахананда теріліп жатқан «Абай» романын шығаруға көп кедергі жасайды, бірақ мұндай күшті қарсылыққа қарамай, Қазақ мемлекеттік баспасының бас редакторы Б. Кенжебаев 1942 ж. шілде айында жарыққа шығарады, сол үшін қызметінен қуылады. Бұл С-тың жалғыз Ә-ке жасаған қастандығы емес, күллі қазақ зиялыларының соңына шырақ алып түскендігін С. Мұқанов кезінде қыңжыла еске алған.

**СКОМОРОХ**, орта ғасырлардағы орыстың кезбе актерлері. Олардың бойында музыканттық, әншілік, бишілік, комедианттық қасиеттер болған. Өз өнерінде орындау шеберлігімен қатар, күнделікті өмір ерекшеліктерін сықақ өлеңдер, драмалық көріністер арқылы көрсетіп, музыкалық аспаптармен сүйемелдеп отырған. Шығармашылығында импровизация үлкен орын алған. Ө. 1948 ж. шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томына жазған «Айтыс өлеңдері» тарауында қазақ ақындар айтысына ұқсас басқа халықтардағы әдеби жанрлар жайында шолу жасап: «Орыс халқының ескілігінде әрі күлдіргі артистер қызметін атқаратын, әрі ақын – скоморохтар өнері де сол айтыстың талай үлгілерін туғызған» деген ой айтқан. Мұндай пікірді «Жамбылдың айтыстағы өнері» атты мақаласында да келтірген.

*Б. Майтанов.*

**СМАЙЫЛОВ** Камал Сейтжанұлы (1932–2003), жазушы, публицист. Өнертану ғылымының кандидаты (1975). «Сенің бақытың» (1960), «Біздің ғарыш ғаламат» (1972), «XXI ғасырға саяхат» (1981), «Өмірдің өзімен өлшесек» (1983), «Ғасыр қырқасында» (1986), «27 жіберілмеген хат» т. б. шығармалары жарық көрді. «Көксеректің көкжиегі» («Қазақ әдебиеті», 1975, 25 сәуір), «Кино өнерінің қамқоршысы» («Қазақ әдебиеті», 1977, 23 қыркүйек) атты мақалаларында Ө-тің ұлттық кино өнерін дамытуға қосқан үлесі туралы ой қозғаған.

*Н. Ақбай.*

**СМАЙЫЛХАН** Құлжанұлы (1867–1956), жазушының немере ағасы, Өуездің інісі Құлжанның баласы. Ризак Самарханұлы, Арынбек Өуезұлы үшеуі Мұхтардың бірінші әйелі Райхан Кәкенқызына құда түсуге Мамайлардың ауылына барып, уағда байласып, қалың малына келісіп қайтқан. 1917 жылғы үйлену тойларын қолынан өткізген. М. Дикамбаев: «Ертеңінде Ризак, Смайылхан, Арынбек «құдысқоңыр» деген атпен бірге бір құлынды биені жетектеп алып, мал айдасуға Өуездің токалы Сақыттың інісі Жұмаханды ертіп, құда түсуге жүріп кетті» деп жазады өзінің «Мен білетін өмірбаян» атты естелігінде. С. Абай ұрпақтарымен етене араласып, ол ауылдың ойын-сауықтарын ұйымдастырушылардың қатарында жүреді. 1917 ж. маусым айының жетісі күні Ералы жазығындағы Ойқұдық деген жерде Өйгерімнің отауында Ақилия Турағұлқызының Санияз Медеуұлына ұзатылу тойы өтеді. Осы тойға арнап Ө. «Еңлік – Кебек» пьесасын жазып, оны жанаса тігілген қос киіз үйде сахнаға қояды. Осы спектакльдегі Кеңгірбай би бейнесін С. ойнайды.

*Т. Жұртбай.*

**СМИРНОВА** Нина Сергеевна (1908–1978), әдебиет зерттеуші, фольклоршы. Филология ғылымының докторы (1951), профессор (1953), ҚазКСР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1956). Ғылыми еңбектері қазақ ауыз әдебиеті мәселелеріне арналды. Ө-пен бірге «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қамбар батыр», «Қыз Жібек» эпостық жырларының ғылыми басылымдарына басшылық жасады. Орыс тіліндегі 3 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» Ө-тің зерттеулері жарияланған «Қазақ фольклорына» байланысты 1-томының (1968) редакциясын басқарып, жауапты редакторы және авторларының бірі болды. Алғаш рет «Абай» романы тура-

лы «Абай» деген мақаласын «Советская этнография» журналында жариялады (1949, №4). Онда «Абай» романының жазылу тарихы, жазушының ұлы ақын образын жасау жолындағы ізденістері, романның халықтық сипаты мен фольклорлық сарындары сөз етілді. 1957 ж. Ө-тің 60 жасқа толуына орай, М. Сильченкомен бірлесіп жазған «М. Өуезовтің творчестволық жолы» атты кітапшасы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Ө. «Октябрь өркені» деген мақаласында (1957) біздің әдебиетіміздің табыстарын мол үгіттеуші, көпке танытушы достар қатарында С-ның есімін атайды (20 томдық шығармалар жинағы, 19-том, 372-бет), ал 1959 ж. әдеби мұраға арналған конференциядағы қорытынды сөзінде С-ның фольклор туралы жасаған баяндамасы жайында жылы лебізін білдірді.

*С. Қарабай.*

**СНЕГИН** (П о ц е л у е в) Дмитрий Федорович (1912–2001), орыс жазушысы, ақын, кинодраматург, аудармашы. Қазақстанның халық жазушысы (1987). Президенттің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты (1992). «Есте қалған бір кеште» атты естелігінде Ө. пен В. Ивановтың араларындағы достық қауышуларды елжірей жазады, өйткені «дәл олардай ешкім болмайды» деп, ұлы адамдардың бүкіл әлем мәдениетіндегі алатын орнын дәл белгілеп айтқан. Ө-тің 90 жасқа толуына байланысты Семей қаласында тұрғызылған ескерткіштің салтанатты ашылуында сөз сөйледі.

*Мұрат Өуезов.*

**СОБОЛЕВ** Леонид Сергеевич (1898–1971), орыс жазушысы. Социалистік Еңбек Ері (1968). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1943). Ө-тің досы және аудармашысы. «Күрделі жөндеу» (1932) романы суреткердің талант қуатын танытты. Өзіндік баяндау тәсілі, тосын теңеулері, көркемдік әдістерді еркін қолдануы, ашы шындықты батыл бейнелеуі арқылы сол тұстағы әдеби ортаны дүр сілкінтті. Өткір ойлы публицистикалық мақалалар мен сыни еңбектерге белсене қалам тартты. Қазақстан мен қазақ әдебиетінің үлкен досы, насихаттаушысы және жанашыры болды. 1935 ж. Ленинград жазушыларының өкілдерімен бірге тұңғыш рет Қазақстанның топырағын басқан жазушы содан бастап өмірінің соңына дейін қазақ еліне деген қалтқысыз көңілін өзгерткен жоқ. Ол Ө-пен танысқан алғашқы сапары туралы «Абайдың рухани інісі» атты естелігін жазды. Жазушының Қазақ-

М. Өуезов, Вс. Рождественский, Л. С. Соболев.  
Мәскеу, 1958.



стан мен қазақ жауынгерлері жөнінде жазған мақалалары «Төңіз жаны» атты жинағына енді. Ол 1940 ж. Ә-пен бірігіп «Дала жыры» атты қазақ әдебиетінің антологиялық жинағын құрастырып, «Қазақ халқының фольклоры мен эпосы» деген үлкен ғылыми мақала жариялады. Сол жылы Ә. екеуі «Абай» трагедиясын жазды. Бұл екі ұлы суреткердің шығармашылық достығының ғана айқын көрінісі емес, сонымен қатар бүкіл қазақ өнерін жаңа белеске көтерген үлкен тарихи құбылыс болды. «Абай» трагедиясы 1941, 1946, 1947, 1948, 1958, 1975 ж. Мәскеу баспаларынан орыс тілінде жарық көрді. Қазақ тілінде Ә-тің 1940, 1947, 1948, 1950, 1960, 1969, 1982 ж. шыққан әр түрлі жинақтарына енді. «Абай жолы» роман-эпопеясының орыс тіліне аударылуы барысындағы ұзақ жылдық шығармашылық байланыс пен ортақ мүдде Л. Соболев пен Ә-тің достығын одан әрі нығайта түсті. Романның «Татьянаның қырдағы әні» тарауын Л. Соболев орысшаға аударып, Мәскеуден жарық көрген «Дала жылдары» (1940) жинағында жарияланды. Алғашында А. Никольская мен Т. Нұртазин тәржімаларының көркем сараптаушысы ретінде қатысты. Кейіннен романның бүкіл аудармашылық жүгін өзінің мойнына алды. Қазақтың тұрмыс-салты мен ұлттық психологиясын бұрынғыдан да тереңдеп зерттеді («Біздің Мұхтар», 1975). С-тің қатысуымен аударылған «Абай», «Абай жолы» роман-эпопеялары 1945–73 ж. Мәскеудің орталық баспаларынан 2 том болып бірнеше рет басылып шықты. Сол арқылы дүние жүзіне кеңінен тарап, әлемнің 40-қа тарта тіліне аударылуына дәнекерлік жасады. Абайдың өмірі мен шығармашылық жолын зерттеуге және оны аударуға ерекше көңіл бөлді. Абай мен Ә. туралы «Данышпандар өлмейді» («Қазақстанға правда», 1939, 23 маусым), «Абай Құнанбаев» («Правда», 1954, 5 қыркүйек), «Абайдың рухани бауыры» («Литературная Россия», 1967, 29 қыркүйек), «Төңкерістен туған әдебиет» («Литературная газета», 1949, 7 мамыр), «Ондаған жылдарға ұласқан достық» (Қазақстан туралы мақалалар мен очерктер жинағы, 1971) деген еңбектерінде ұлы суреткерлерге деген ерекше ілтипатын білдіріп отырды. Абайдың 1940, 1945 ж. Мәскеуде жарық көрген таңдамалы жинақтарына «Ағартушы-ақын» деген көлемді алғы сөз жазды, ақынның қанатты сөздері мен «Отыз жетінші сөзі» орыс тіліне аударды. 1986 ж. «Современник» баспасында жарық көрген «Айнымас досқа» атты жинағында «Абай» трагедиясының жазылу тарихы мен кейіпкерлерді іріктеу барысындағы шығармашылық толғаныстарға барынша кең орын берген. Күнделіктегі жазбаларынан Ә-тің сол кездегі көңіл күйі, ой деңгейі, ішкі тебіренісі анық байқалады. С-тің өзінің досы жөніндегі естелігі деректі фильм «Мұхтар аға», 1967) таспасына жазылып алынған.

С. Қирабаев, Т. Жұртбай.

**«СОВЕТ АҚЫНДАРЫНЫҢ АЙТЫСЫ»**, жазушының мақаласы. «Айтыс» жинағының 3-томына жазған алғы сөзі. Дәстүрлі ақындар айтысын зерттеп, бірнеше монографиялық тараулар, арнаулы мақалалар жазған Ә. бұл еңбегінде кеңес заманындағы ақындар айтысының тарихына шолу жасап, өзіндік ерекшеліктерін ашқан. Осы дәуір айтысы жайында жазушы: «Осы жолмен айтыстың да үлгісі, мазмұны, бағыты түбірімен өзгереді. Рас, қазіргі айтыстарда да бұрынғы айтыстар дәстүріне ұқсас бірнеше белгілер бар» дей келе, тарихи-әлеуметтік өзгерістердің ақындар айтысының поэтикасына

өзгерістер енгізгеніне тоқтайды. «Бірақ сонымен қатар тақырып, мазмұн, таптың, саясаттың санасы, мүддесі жағынан қарасақ, совет ақындарының айтыстары ескі айтыстан әлдеқайда терең, кең, озық та өзгеше» деген пікірінен Ә-тің өз түсінігімен қатар, сол кездегі аясы қысымның ұшқыны аңғарылады. Айтыскер ақындарға «танылған» тақырыптарды зерттеуші де мойындауға тура келген. Ә. бұл еңбегінде мысал айтысқа көбірек тоқталып, тақырыптарын жіктеп, идеялық, көркемдік ерекшеліктерін талдайды. Дәстүрлі айтыстағы жариялық мүмкіндіктерінің шектелуі әсерін еңбектің осы тұстарынан көруге болады. 1939 ж. Алматыда өткен, 1943 ж. Қарағандыдан бастап көптеген облыстарда өтіп, Алматыда өткен Республикалық ақындар айтысына тоқталады. Айтыс соғыс кезінде өткендіктен, айтыстың негізгі тақырыбы – соғыс, ел қорғау тақырыбы екенін ашқан. Айтыскерлікті туғызған дәстүрлі ортаның өзгеруіне, жаппай сауаттылықтың әсеріне байланысты Ә. ауызша суырыпсалма айтыстың ескілікті халықтың дәстүрінен тыс жазып айтысу әдеті араласты дейді. Бұл жаңалыққа өзінің қарсы екенін ашық айтады. Мақаладан Ә-тің дәстүрлі таза ақындық айтысты қолдайтынын, кеңестік идеология талап ететін тақырыптарға риза еместігін аңғару қиын емес.

Р. Әбдіұлов.

**«СОВЕТ ӘДЕБИЕТШІЛЕРІНІҢ ОРТАҚ ІСІ»** («Общее дело советских литераторов»), жазушының мақаласы. Орыс тілінде жазылып, 1954 ж. 2 тамызда «Правда» газетінде, соңынан 5 томдық шығармалар жинағының 5-кітабында (1975, 285–293-беттер) жарияланды, кейін 20 томдық шығармалар жинағының 19-кітабына енгізілді (1985, 194–200-беттер). Ә. бұл мақалада КСРО халықтары әдебиетінің аударылу, соның ішінде орыс тіліне аудару мәселесін көтерген. Орыс тіліне аударған шығарма кең аренаға шығып, оқырмандарға тезірек танылады, өйткені қазіргі оқырмандардың көпшілігі екінші ана тілін – орыс тілін жақсы меңгерген. Мұның үстіне туысқан халықтар әдебиетін жасаушылар өздерінің төл әдеби дәстүрлерімен бірге, орыстың классикалық және қазіргі заманғы әдебиет үлгілері негізінде тәрбиеленіп келеді. Сондықтан КСРО халықтарының барлық әдебиетшілері бүгінгі орыс жазушысы меңгерген социалистік реализмге бағытымен қадам басуда. Бұл еліміздегі туысқан әдебиеттердің бірін-бірі байытып, жетіле, толыса түсуіне септігін тигізеді. Бұдан әрі автор көркем аударма жөнінде айған қаламгер А. Фадеевтің, К. Фединнің, Л. Леонювтың, Н. Погдиннің, К. Симонов пен А. Суриковтың т. б. сөздерін дәлелге тартады. Ұлы қаламгер орыс жазушылары мен сыншыларына бірқатар сын айтқан. Оның пікірінше, әдебиет онкүндіктерін өткізген дұрыс, бірақ орыстың әдебиет зерттеушілері туысқан халықтар әдебиетінің кемістік-жетістік жақтарына тереңдеп бара алмай жүр. Еліміздегі ғылыми институттар мен жоғары оқу орындары әдебиетті жүйелі түрде зерттеу жүйесін ұйымдастыруға, білікті әдебиет сыншыларын, аудармашылар мен оқытушыларды даярлап шығаруға міндетті. Мазмұны – социалистік, түрі – ұлттық әдебиетімізді аудару ісінде тілге көп көңіл бөлу қажет. Драма, проза жанрларын аудару онша қиындық келтірмегенімен, поэзияны ауда-

руда біраз кедергілер туындауы ықтимал. Алайда түпнұсқаны түгелдей жеткізудің мүмкін еместігін желеу етіп, көркем аударманың мән-маңызын төмендетуге асте болмайды деп қорытады автор өз ойын. Сайып келгенде, Ө. коммунистік идеологияны қаншалықты қабылдамағанмен, осы тәрізді ұран мақалаларды еріксіз жазып тұруға әрі міндетті болған сыңайлы.

*Р. Бердібай.*

**«СОВЕТ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ ТУРАЛЫ»** («Заметки о теории советской драмы»), жазушының мақаласы. «Литературная газетаның» 1953 жылғы 1 желтоқсандағы санында жарияланған. Кейін жазушының «Мысли разных лет» (1961, 175–179-беттер), 5 томдық (М., 1975, 5-том, 277–281-беттер), 20 томдық (1985, 19-том, 190–194-беттер) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Қазақ тілінде бұл мақаланың екі еседей кеңейтілген түрі «Драматургияның заңы туралы кейбір ойлар» деген атпен басылды. Екі мақаланың негізгі мазмұн-мағынасы сәйкес келгенімен, сөзбе сөз аудармасы емес, едәуір айырмашылықтары да бар. Қолжазбасы жазушы мұрағатында осы атпен (№229-папка) және «Выступление Мухтара Ауэзова на XIV Пленуме Союза советских писателей СССР», «К тезисам выступления на Пленуме Союза писателей» деген атаулармен бірнеше нұсқада (№241-п.) сақталған. Бұл мақаласы туралы ҚазКСР ҒА Президиумына 1953 ж. 15 желтоқсанда жазған «Менің 1953 жылғы қызметім туралы» деген мәлімдемесінде толық баяндаған. Мақалада автор қазіргі кезде драма жанрының теориялық мәселелерін жан-жақты терең талдап, тану қажет екендігін айрықша тоқталады. Совет драмасының теориясын зерттеудің қаншалықты маңызды екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ деп, бұл мәселенің әлі күнге өз дәрежесінде зерттеліп келе жатқанына назар аударады. Айталық, 1953 жылғы 9–10-сыныптарға арналған бағдарлама мен орыс әдебиетінің тарихи оқулықтарында көрнекті ақын-жазушылардың поэзиялық, прозалық шығармалары туралы өте жақсы теориялық талдаулар жасалынса, драмалық шығармалардың өзіндік жанрлық ерекшеліктері туралы ондай талдаулардың жоқ екеніне қынжылады. Қазіргі газет, журналдарда жазылып жүрген сын мақала, зерттеулерде де бұл мәселе көңілдегідей емес. «Біздің жазушыларымыз бен сыншыларымыз драматургиядағы шеберлік мәселелерімен байыпты шұғылданбайды» деп, өзінің кейбір ой-пікірлерін ортаға салады. Автор: «Теориялық проблемаларды творчестволық тұрғыда кеңінен зерттей тұрып, драматургияны шындап дамытуға болмайды» деп қорытындылайды.

*К. Сыздықов.*

**«СОВЕТСКАЯ СТЕПЬ»**, газет. Қазіргі «Казахстанская правда» газетінің бұрынғы атауы. Оған дейін «Известия киргизского края» (1920–21), «Степная правда» (1921–23), 1923–31 ж. осы атымен аталды. Кезінде Голощекиннің үкім шығаратын мінбесі айналды. Абай мен Ө-тің шығармаларын қаралаған, солшыл, айғайшыл, сыңаржақ мақалалар көптеп жарық көрді. Бұл мақалаларда Ө-ті саясатта да, әдебиетте буржуазиялық ұлтшыл көзқарасынан айнымады, байлардың идеологі болды деп қаралады. «С. с-те» Ө-тің «Еңлік – Кебек» (1926, 22

қаңтар), «Қарагөз» (1927, 21 наурыз) атты мақалалары жарияланды.

**«СОВЕТСКИЙ ПИСАТЕЛЬ»**, баспа. Бұрынғы КСРО Жазушылар одағының басылымы. М. Горькийдің ұсынысы бойынша 1934 ж. ашылған. Алғашқы өнімі 1934 ж. қараша айында шықты. Онда негізінен көп ұлтты кеңес әдебиеті өкілдерінің шығармалары жарияланды. Бұл баспадан Ө-тің «Абай» (1-кітап, Л. Соболевтің қатысуымен А. Никольская мен Т. Нұртазин аударған, 1945; 2-кітап, Соболевтің қатысуымен Никольская мен Нұртазин аударған, 1948; 1–2-кітап, Соболевтің аудармасы, 1949; 1–2-кітап, 1950), «Абай жолы» («Путь Абая»), 3-кітап, Соболевтің аудармасы, 1952), «Абай» (1–2-кітап, 1950), «Абай жолы» (1–2-кітап, 1960), «Қараш-Қараш» (аударған А. Пантиелев, 1962), «Шатқалаң» (әңгімелер жинағы, 1965), «Қараш-Қараш» жинақ, 1968) атты кітаптары 450 мың данаға жуық таралыммен басылып шықты. Осы баспадан жарық көрген «Абай» романының басылымы үшін Ө-ке КСРО Мемлекеттік (1-дәрежелі Сталиндік) сыйлық берілді (1949).

**«СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫ»**, библиографиялық анықтамалық. 1987 ж. «Жазушы» баспасынан шыққан. Құрастырғандар: С. Ахметов пен Д. Еркішев. Кітапта Қазақстан ақын-жазушыларының, әдебиет сыншылары мен әдебиет зерттеуші ғалымдардың өмірбаяндық мәліметтері, шығармашылық қызметтері баяндалған. «Мұхтар Әуезов» бөлімінде ұлы жазушының өмірі, шығармалары, қоғамдық қызметі, орыс қаламгерлерімен қарым-қатынасы туралы біршама деректер берілген. Анықтамалықтың көлемі 39,3 баспа табақ, таралымы 6 мың дана.

*Н. Бауған.*

**«СОВЕТТІК ӨМІР ШЫНДЫҒЫ»** («Реальности советской жизни»), жазушының мақаласы. «Новое время» журналының 1952 жылғы 45-санында жарияланған. Мақаланы Ө. Қазан революциясының 35 жылдығына арнап журналдың қараша айындағы нөміріне жазған. Онда қоғамдық-экономикалық дамудағы социализмнің жетістіктері мен ерекшеліктері айтылады. Автор мәдениет, ғылым, экономика, білім саласын дамыту жайлы сөз етіп, көптеген деректер келтіреді. Орта Азия республикаларының жай-күйін таяу және алыс Шығыспен салыстыра қарайды. Кеңес Одағы орнағаннан бергі 35 жыл ішінде Қазақстанның қандай биікке жеткені нақты деректермен көрсетіледі. Музыка-театр өнері, әдебиет, аударма саласының дамығанын алғашқы Социалистік Еңбек Ерлері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары шыға бастағанын, қазақ әйелінің тағдыры өзгеріп, қоғамдық-әлеуметтік салаларда орын ала бастағанын атап өтеді. «Кешегі шопан – бүгінгі көрнекті ғалым, академик, инженер, көбінің тағдыры осылай болып келді. Индустрия орталықтары дамыды: Қарағанды, Балқаш, Лениногор, Жезқазған, Теміртау, Ембі т. б. темір жол жүйелері салынды. Қазақ әйелдері жоғары басқару орнына көтерілді. Аруларымыз Мәншүк, Әлия – Кеңес Одағының Батыры атанды. Жоғарыда келтірілген деректер қазақ халқының Кеңес Одағы кезінде Түркия, Иран, Ауғанстан секілді елдерден қанша биік тұрғанына дәлел болады. Бұл елдер өзінің көне мәдениетіне қарамастан, сауатсыз, қайыршылық пен ауыр жағдайда өмір сүріп келеді» деп, шалқыта жазады ұлы суреткер.

*Б. Мамырәев*

**СОЗАҚ АУДАНЫ**, әкімшілік, аумақтық бөлік, елді мекен. Оңтүстік Қазақстан облысының солтүстік бөлігінде орналасқан. Ежелгі Қаратаудың теріскейінен Бетпақдаланың едәуір бөлігіне дейін созылып, солтүстігінде Қарағанды, шығысында Жамбыл, батысында Қызылорда облыстарымен шектеседі. Ауданның атауы орта ғасырдағы көне қала Созаққа байланысты қойылған. Ө-тің «Оңтүстік сапарынан» атты очеркінде: «Қаратаудың теріскейі мен түстігі аңыз-әңгімеге, дастан-хикаяларға толы дерсіз. Шаян мен Созақтағы ескі тұрғын әңгімешілер аңыз бойынша Созақтан қазақтың үш жүзі тараған. Созақ ауданындағы Көкмұрын-Той деген қос төбеде қазақтың көп руларының тасқа шабылған таңбалары бар» деген мағлұмат берілген. Жазушы Созақ ауданында алғаш рет 1959 ж. 24–25 қыркүйекте ауданның басты шаруашылық, тарихи-мәдени ескерткіш орындарында: Баба ата, Құмкент, Баба түкті Шашты Өзіз, Шолаққорған, Жыныс ата, Сызған, Ақназар, Суындық, Балықшы ата т. б. басты шаруашылық, тарихи-мәдени ескерткіш орындарында болып, «Балықшы» шопандар демалыс үйінің естелік кітапшасына тілек жазып қалдырған. Белгілі журналист, сол кездегі «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакторы Ө. Омаров өзінің 1970 ж. шыққан естелік кітабында: «Мұхқан осы жердегі бір әңгімесінде ата-бабаларының ортедегі қонысы осы Қаратауда болғандығы жайлы сыр айтты» деп жазады («Асыл арман», А., 1970, 54-бет). Соңғы рет Ө. 1961 ж. сәуір айының соңында Т. Әлімқұлов, Ж. Еділбаев, Қ. Жарқыңбековтермен бірге бірер күн болып қайтқан. Сол кездегі аудандық партия комитетінің 1-хатшысы Ө. Сасбұқаевпен жақын пікірлес болып, хат алысып тұрған. Созақтағы Өбдіраманов Балтабай, Берденов Кенжеғұл, Өмірбеков Есіркеп, Үрмізі сияқты шежіре кісілердің әңгімелеріне және Сүгір Әлиев, Файзолла Үрмізов, Төлеген Момбеков сынды күйшілердің өнеріне ден қойып, ықылас білдірген. 60-жылдары аудандағы бір орта мектепке Ө-тің есімі берілді. Жазушы өзінің Созақта болған алғашқы сапары жайлы 1959 ж. жазған «Оңтүстік сапарынан» атты очеркінің «Қадімнен мәлім Қаратауда» атты 2-тарауында және «Өскен өркен» романында кең баяндаған. Романда Созақ – «Ұзақ», Шолаққорған – «Биікқорған», Құмкент – «Көнекент», Тасты – «Састы» т. б. өзгертіліп алынған. Созақтағы Баба ата мешітінің маңында өткен қайғылы қанды оқиғаға байланысты туған «Үміттің ажалы» атты деректі жырдың мазмұны аздаған өзгертулермен «Алуаның ажалы» деген тақырыппен романның 3-тарауына енген. Осы сапарға қатысты жазбалар мен қойын дәптерлері жазушы мұрағатында сақтаулы.

*К. Сыздықов.*

**СОКРАТ** (б. з. б. 469–399), ежелгі грек философы. Афинада дүниеге келген. Ол жазып қалдырды деген белгілі еңбек жоқ, бірақ С. айтты деген сөздер көне дәуірдің философтары мен ойшылдарының көпшілігінің еңбектерінен кездеседі. Платон мен Аристотель оның танымдарына көп тоқталса, Ксенофонт «Сократ туралы естеліктерін» жазды. Үлкен ойлы еңбек көне Рим тарихшысы Плутархтан да кездеседі. Осылардың барлығынан да Сократтың аса ірі тұлға екендігі көрінеді. Солардың жазбаларына қарағанда, ол қаланың жөшелері мен алаңдарында көпшілік алдында өзінің уағыздық сөздерін айтқан. Өз бойындағы ілімді әңгімелесу, пікір алысу арқылы жеткізген.

Жастар алдындағы уағыздық толғаулары керісінше бағаланып, оған жастарды аздырды, рухани жағынан бұзды деген де айып тағылып, у ішіп өлуге мәжбүр етеді. Сократ есімі Шығыс ойшылдары мен ғұламаларының еңбектерінен жиі кездесіп отырады. Абайдың «Жиырма жетінші» және «Отыз жетінші» сөзінде осы философ туралы сөз болады. «Жиырма жетінші сөз» бен Ксенофонттың «Сократ туралы естеліктерінің» 4-тарауының ұқсас келетін тұстары бар. Абай «Отыз жетінші сөзінде»: «Сократқа у ішкізген кім?» дейді де, оны істеген көп екенін, сол көпті ебін тауып жөнге сал дегенді айтады. Ө. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904) атты монографиясында, т. б. зерттеу мақалаларында Сократқа қатысты сөздеріне тоқталады. Жазушы «Абай жолы» эпопеясында Сократ пен Абай ойларының өрістетігін ашады, дін, мораль, адамгершілік жайындағы ойларын осылармен байланыстырып дамытса, ғақлияларын дағды адалдық, адамдық, шыншылдық, ғылым, дін, жан құмары, тән құмары жөніндегі шәкірттері алдындағы толғаныстарын мәслихат, әңгіме-кеңес түрінде сипаттаған.

*Т. Әкім.*

**СОЛТАБАЕВ** Қасымбек (т. ж. б. – 1959), 1931 жылғы «Шыңғыс көтерілісінің» басшысы. Ел арасында «Ақ сиырдың көтерілісі» деп аталған. Шыңғыстау елінің малын тігерге тұяқ қалдырмай биіп алып, қалың жұрт жаппай аштықтан қырыла бастағанда, ашынған халық қолына қару алған. «Кеңес өкіметі тартып алған ақ сиырымыздың сүті үшін!» деп ұран тастаған. Сондықтан бұл сөзгүлесті Шыңғыс елі «Ақсиырдың көтерілісі» деп атап кеткен. С. көтеріліс сәтсіздікке ұшырағанынан кейін біраз жыл Ресейдің ішкі өлкелерінде бой тасалап жүрген. Ш. Құдайбердиев жазықсыз оққа ұшқанда, қасында болған. Кейін қолға түсіп, өмірінің біразы түрмеде өткен. 1955 ж. елге қайтып оралған. Шәкәрімнің қаза табуының жай-жапсарын толық баяндап берген бірден бір куә адам. Ө. Қасымбекті жас кезінен жақсы білген, өзі ұйымдастырған Бақанас өзенінің бойындағы егіншілер кооперативінің мүшесі болған.

*Т. Құртбай.*

**СОЛТАБАЙ** Бопыұлы (т. - ө. ж. б.), төре. Солтабай Бопыұлы 18 ғасырдың соңы мен 19 ғасырдың 1-жартысында Найман ішінде Сыбан руын билеген. Ө. Абайдың ақын шәкірті Көкбайдан жазып алып, «Таң» журналының 1925 ж. 2-санында жариялаған «Сыбан Ақтайлақ би» атты мақаласында Ақтайлақ бимен бірге құн дауына С-ды да қатыстырады. Шын мәнінде құн дауына ол қатыспаған, тек осы билікке түскен әкесі Бопы төреге пара алып берген. Ө. жариялаған бұл нұсқа жазушының 20 томдық шығармалар жинағында (16-том, 172–173-беттер) жарық көрді. «Қазақтың ауыз әдебиеті» атты зерттеуінде (19-том, 402-бет) «сұлтан Солтабай» деп, Ақтайлақ билігіне байланысты атайды. «Таң» журналының 1925 ж. 1-санында «Сыбан Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан сөзі» деген тағы бір материал жариялап, бұл нұсқаны «Әдебиет тарихы» кітабында билер айтысына пайдаланған (191-бет). Ө. Ақтайлақ бидің атақты ақын баласы Сабырбайдың сөзін еліне өкпелеп, басқа жаққа ауа көшкен С-ға халық атынан айтқан басуы мен билік сөзі ретінде келтірген.

*С. Қарабай.*

**СОПЫЛЫҚ ӘДЕБИЕТ**, с у ф и з м, (араб. суф – жүн, суфи – жүн кеудеше киген адам), исламдағы діни-философиялық әдебиет. Бүкіл мұсылман ғаламын алмай-ақ, қазақтың жеке болмысына үңілгеннің өзінде де сопылықтың неше алуан белгілері көрініс береді. Көптеген адет-ғұрыптардың сопылықпен байланысты екенін айтқан пайғамбар (с. ғ. с.) өзінің жолын ұстанушы ізбасарларына сопылыққа мейлінше құрметпен қарау керектігін естеріне салып отырған. Сопылықтың басты идеясы – дүниеден безу емес, дүниеде болу. Оның мәнісі: өзімізді, менмен, рухани жарымжан, көрінгеннің құлы болмай, тәуелсіз болу, Алла тағаланың берген сыйы мен нығметіне шүкіршілік ету, мақтағанға малданбау, даттағанға шамданбау, ашуланып қорланбау, қанағат, сабырлық ету. Сопылар алдымен Құранға, хадиске сүйенеді. Жүрек – иманның тұрағы дейді, Абайша айтқанда бұл толық адамда болады. Осыған қарағанда, сопылықты жүрекпен ғана ұғынуға болады, сондықтан оның басты мақсаты – жүректі ояту. Әрине жүрегі оянған адам басқаның да жүрегің оятады, бұған даналық пен сулулық, шынайылықтың баламасы ретінде қарайды. «Сопыларды түсінгісі келген адам алдымен өзі сопы болу керек» деген имам Ғазалидың сөзі осыған саяды. Жалалиддин Руми, Сағди, Жәми сияқты көптеген ақындар сопылық ойдың данышпандары саналады. Мұндай қасиет қазақтың ақын-жырауларының бойынан да, шығармаларынан да көптеп табылады.

Қазақ жеріндегі сопылық ой Ахмет Йасауиден бастау алады. Ол шығармаларын түркі тілінде, соның ішінде көшпенділердің танымы мен ұғымына орайластырып жазды. Оның жолын ұстанып, оның мектебін үлгі еткендердің қатарына Сүлеймен Бақырғани (1186 ж. өлген), Мансұр Арыстан Баба (1197 ж. өлген), Лұқлан Перенде, Ысқақ Баба (1239 ж. өлген) сияқты атақты сопылар жатады. Ахметтің өзі Бұхарарадағы Әбу Жақып Хамадани (1078–1140) мектебінің тәрбиесін көрді. Ол жетіле келіп, түркілік машайықтар бағытын қалыптастырды. Түркілердің ежелгі нанымдарын сопылық ағыммен шебер ұштастырған ол бақсылық сарын үлгісіндегі салт-жоралғыларына, құрбандық шалу рәсімдеріне де жаңа ғұрыптарды енгізді. Оның ілімі жаратушы хақ тағаланы тани отырып, оның тұтас бір бөлшегіне айналды. Мұндағы басты нәрсе – рухани пәктікті сақтау, хаққа деген сенімді арттыру, ол сенім шариғат (жабарут), тарихат (малаку), мағрифат (лакут), хақиқат (насұт), яғни хақ жолын тану арқылы түзеге асады, сонда ғана адам бірлік, түсіністік табады. Оның ойынша, таухидке (бірігу) жету сопылық ілім жолымен ғана болады. Оның шығармаларында көп айтылатын зikir Алла тағаланы еске алудан туындайды. Ал Құранның да бір аяты – zikir. Алланы еске алу үшін де zikir етеді, оның ең негізгі ұстанымы жүректі ояту, жүрегің оята алған адам басқаның да жүрегің оятады. Жалпы сопылық тәубе, тәуекел, тасбих, шүкір, ықылас, zikir сөздерімен тығыз байланысты.

Авторы белгілі-белгісіз бар дін жайын қозғайтын өлең-жырлар қазақ арасында кең өріс алды. Бүкіл Шығысқа танымал шығармалар өзіндік көрініс-сипатқа ие болды, ақын-жыраулардан басқа, кітаби ақындардың шығармаларында да кең өріс алды. Ораз молда, Шәді төре, Мәделі Қожа, Жүсіпбек

Шайхисламұлы, Нұржан Наушабаевтай ақындар белгілі сюжеттерді қазақ болмысына қарай икемдеп, ислам дінін, Мұхаммед пайғамбар (с. ғ. с.) өмірін, оның төрт шадиарының есімдерімен байланыстыра жырлады. «Сал-сал», «Зарқұм», «Кербаланың шөлі», «Хазрет Расулаланың миграфка шыққаны», «Жүм-жұма», «Өзірет Әлінің құлдыққа сатылуы» секілді көптеген дастандар алдымен ауызша, бертінірек келте кітап болып басылды. Өсиеттік, насихаттық бағыттағы бұл туындылардың тілі тартымды, көркем, оқиғалары қызғылықты, тарихи шындыққа жақын болды. Таза сопылық жолға түсіп, сопылық ілімін ұстанбағанмен оның белгілері көрініс беріп жатқан ақындар көп болды. Мысалға Кердері Әубәкірдің: «Сопылық деген ауыр жол, Ұстап тұрсаң – тәуір жол. Сопылықты іздесең, Оқыған көп ғалым бол» деген жолдарының өзі сопылық ұстанымның астарына ойды бұрады. Жалпы қазақ ақындарының қай-қайсысының бойынан да сопылықтың үлкенді-кішілі белгілері табылады. Сопы Аллаяр өзінің шығармаларын таза сопылық бағытта жазды. Ө. ондағы ойларды өзінің зерттеулері мен көркем шығармаларына қолданды, сопылыққа қатысты еңбектерді ол сызып, жиектеріне белгілерін қоя отырып оқығандығы өзінің жеке кітапханасындағы кітаптардан көптеп кездеседі. 1935 ж. жазылған «Хасеннің құбылыстары» әңгімесінде бір кездердегі сұлу да оқыған, қылықты қыз Жәмиланың аузына осы сопының «Болур бір фәрдадан юз фәрда би жай» деген сөзін салады. Бертін келе ол қыз осындай сөздерді айтты деуге келмейтіндей халде көрінеді. Бұл сөзді өткен ғасырдағы 40-жылдардың 2-жартысында жазылған «Абай жолы» эпопеясының 2-кітабында («Еңісте») тағы да қолданды, бірақ мұнда ақылды, ақылына көркі сай, ұстамды, ойлы әрі мұндай Салтанаттай қыздың аузынан айтқызады. Салтанатта сопы ақынның сөзіне лайық мінез, білім мөлшерден, шектен аспайтын әдеп бар. Жәмिला «Мұхаммадия», «Сыбатұлғазиндерді» оқығанымен, ондағы сөзді хатына қосқанымен білімділік белгісі білінбейді. «Сыбатұлғазин» деп отырғаны Алаярдың «Сухбатұл Ғазизині» ақынның «Аллар сопы» (1840), «Сухбатұл Ғазизин» (1843) кітаптары Қазанда басылып шығады. Бұл жерде жазушы өзінің кейіпкерлерін исламға, шығысқа, оның ғылым-біліміне байланысты ойларға барғыздырды. Солардың ішінде сопылық жолдағы ой иелері, ақындар бар. Эпопеяда Абайды да осындай бағыттағы таным, ойлармен талай рет бетпе-бет кездестіреді. Зерттеуші ретінде де Ө. сопылыққа қатысты өзіндік таным, ой-пікірлерін мақалалары мен монографияларында білдіріп отырды.

*Т. Әкім.*

«СОТ», жазушының мақаласы. Тұңғыш рет «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 10–12 қаңтардағы 114-санында жарық көрді. Семей губревкомындағы қазақ бөлімінің меңгерушісі кезінде Ө. қазақ бөлімінің атқаратын қызметі, рөлі, мақсаты мен міндеттері жайынан кооператив, ауыл шаруашылығы, билік, неке заңы және сот жұмыстарының барысын халыққа түсіндіру мақсатымен баспа беттерінде жеке-жеке арналған мақалалар жазып отырған. Қазақ халқы сотты қалай ұғады, оның мақсаты, жұмыс барысы мен өту кезеңдерін, «елдің біріндегі ақысын біріне әперу, еселестіру, ұрыны тыю, қыз-қатынның арызын орындау» деп түсіндіреді. Алайда бұл соттың басына жеткен лайықты баға, қанағат қылатын жұбанышты қызмет



емес. Себебі: сот қай мемлекетте, қай жерде болса да, тазалықтың, ақтықтың қорғаны, соның аңдушысы, құралы дедік және қай елде болса да, адамшылық, әділет, тазалық жолымен тәрбиелейтін сот дедік. Негізгі нығайған, бағыты түзелген елдің түбегейлі тәрбиешісі болмақ нағыз шын әділ сот болмақ» деп, нақты көрсетіп, анықтап береді.

*С. Майлыбаева.*

**СОФОКЛ** (б. з. б. 496–406), ежелгі грек драматургі. Мемлекеттік және әскери қызметтер атқарған. 120-дан астам драма жазған. Трагик ақындардың айтысына 30 рет қатысып, 24 рет бас бөйгені жеңіп алған. Бізге 7 драмасы ғана жеткен. Қалғандарының тек үзінділері сақталған. Көп шығармаларының қай жылы жазылғаны белгісіз. «Антигона» (411), «Эдип патша» (425), «Электра», «Филоктет» (409), «Ұстындағы Эдип» т. б. туындыларын жазған. Шығармаларында Грекияның дәуірлеп тұрған кезіндегі дүниетанымын бейнелеген. С-дың шығармашылығы әлем әдебиетіне аса күшті әсер етті. Ө. «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» атты мақаласында Эсхил, Софоклдердің драмалары шыққан соң Дионистің тойы кез келген жерде жасалмай, арнаулы театрда көрсетілетін болған деп, грек театрының өркендеу тарихынан хабар береді. С-дың өзінен кейінгі қаламгерлерге жасаған ықпалының күшті болғанын атап көрсеткен.

*Ғ. Есім.*

**«СОЦИАЛДЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ» БАСҚАРМАСЫНА АШЫҚ ХАТ»,** жазушының мақаласы. Тұңғыш рет 1935 ж. 29 мамырда «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланды, сол нұсқа Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (1985, 17-кітап, 27-28-беттер). Бұл ашық хаттың жазылуының өзінше себебі бар. қазақ драма театрында әдебиет бөлімін басқарып жүрген жазушы 1935 ж. қаңтар-ақпан айларында іссапармен Мәскеу мен Ленинградқа кеткен кезде, Ж. Шаниннің «Арқалық» пьесасы қайта өңделіп, театрға қойылады. Осы спектакль туралы Ғ. Мүсіреповтің «Арқалықтың» жана қойылуы туралы» деген мақаласы «Социалды Қазақстанда» жарияланып, театр мен Ө-тің атына қатқылдау сын-пікір айтылады. Мәскеуден келісіммен, ұлы жазушы «Арқалық» жөніндегі Ғабит сыны» деген жауап мақаласын ұсынады, бірақ мақала жарияланбай қалады (жазушы мұрағаты, 223-папка, 15–27-беттер). Осы арада Тұрғамбайұлы жағдайды пайдаланып, сол жылы «Лениншіл жас» газетінің 76-санына мақала жазып, театрға, әсіресе Ө-ке «Арқалық» пьесасы үшін ауыр айып тағып, солақай, ұрда-жық сынға алған. Сөйтіп ұлы қаламгер ашық хат жазуға мәжбүр болады. Себебі «Арқалық» пьесасының қойылуы туралы Мұханның ешқандай қатысы жоқ, сондықтан ол жазықсыз сынға ұшыраған. Жұртшылыққа теріс пікір тудырмас үшін, редакция басшыларының дұрыс түсінік беруін талап еткен. «Социалды Қазақстан» газетінің бас редакторы Ғ. Мүсірепов Мұхаж тарапынан жазылған ресми ашық хаттың мән-мағынасын дұрыс ұғынып, бұл хатты газетте жариялаумен қатар, өз тарапынан «Мұхтардың хаты туралы» деген түсінік хатын қоса ұсынған. Ол Ө. туралы теріс ұғым тудырған Тұрғамбайұлының хатына арнайы тоқталып: «Театр мен Мұхтарға күйе жаққасы келіпті де, аузына не тұссе, соны айтыпты... Мұхтарға, театрға күйе жағуға сол мақала мұрындық болған болса, оны мұрындық қылғысы келгендерге қарсы шы-

ғатынымды менің жариялап қоюым керек секілді» деп әділ ескерту жасаған.

*Б. Майтанов, Н. Оспантегі.*

**«СОЦИАЛИСТИК МӘДЕНИЕТТІҢ ШЫҒЫ»** («Вершина социалистической культуры»), жазушының мақаласы. «Қазақстанская правда» газетінде 1938 ж. 18 маусымда жарияланған. М. Горькийдің жарық дүниемен қоштасқанына 2 жыл толуына байланысты жазылған. Ө. өз мақаласында Горькийдің интернационалдық-социалистік мәдениетті дамытудағы еңбегінің маңызына тоқталған. Қазақ халқының Горькийді жақсы білетінін, республикада оны сүйіп оқытынын сөз етеді. Қазақ оқырмандарына оның әңгімелері мен романдары ғана емес, пьесалары да жақсы таныс. Тіпті кейбіреулері республика театрларының репертуарларына енгізілген. Жақын арада ГИТИС-ті бітірген қазақ тобы «Васса Железнованы» қоймақ. Ингелигенция арасында Горькийдің буржуазиялық идеология, халық жаулары туралы публицистикалық еңбектері жақсы белгілі деп ұлы орыс суреткері жөнінде жылы лебізі мен ыстық ықыласын білдірген. Одан әрі «совет ғылыми фольклористикасының негізін қалаушыларының бірі» – Горькийдің халық шығармашылығын дамытуға қосқан үлесін атап көрсетеді. Автор Горькийдің дәстүрін біздің үлкенді-кішілі жазушылардың бәрі енеге алатынын сөз етеді. «М. Горький – адамзат жеткен әлемдік рухани мәдениетінің шыңы» деп қорытады мақаласын.

*Б. Мамырәев.*

**СОЦИАЛИСТИК РЕАЛИЗМ,** әдеби ағым. Әлеуметтік әділетсіздіктерге салғырт қарамайтын, теңсіздік тақсыретін тартқан ғарып-міскіндердің аянышты халін, олардың арманы мен үмітін Ө. жаны шырқырап ашып, қоғам бойындағы айтықпас дертті көркем әдебиеттің өз тәсілімен таныта білді. Жазушының осы 20 ғасырдың 20-жылдарында жаратқан әңгімелері мен повестерінде («Қорғанысдың күнінен» бастап, «Жетім», «Жуандық», «Ескілік көлеңкесінде», «Барымта» т. б.) бұл жағдай анық көрінеді. Өкінішке қарай, әдеби сын мен зерттеулерде бұл тектес туындылардың мәні төмендетіліп көрсетілді, революциялық жарылыстарды бейнелемеген, дүние зұлымдықтарына тікелей үкім шығармаған реалистік жаратындылар деп сипатталды. Өмірдің қан тамыры соғып тұрған көркемдік жинақтаулардың шын бағасын беруге социалистік реализмнің қасаң қағидалары мұрша келтірмеді. Ондаған жылдар бойында барлық оқу бағдарламалары мен оқулықтарда, әдебиет тарихына арналған кітаптарда Ө-тің 1932 жылға дейінгі шығармалары кеңес әдебиеті рухында жазылмаған деп сипатталды.

Ө. әкімшілік-әміршілік жүйе идеологиясының талабына орай, кеңес шындығына арнап шығармалар да жазған. Бұған оның 30-жылдардағы бірталай әңгімелері мен пьесалары дәлел. Бұл шығармаларда да жазушының қаламына тән әсем өрнектер нышаны байқалғанымен, көркемдік қуаты жағынан автордың 20-жылдардағы туындыларынан төмен. Осыған қарамастан мектеп оқулықтарында Ө-тің кеңестік тақырыпқа жазылған «Шатқалаң», «Бүркітші» тәрізді әңгімелері енгізіліп отырды. Көркемдік дегенді «идеялылықтың» қанжығасына байлап жіберетін заман талабы осындай болатын.

Өзінің жан-жүрегімен қабылдамаған нәрсені дәріптеуге де, таңдауға да жазушы құлқы соқпаған. Оның тарихи тақырыпқа, атап айтқанда, ұлы ақынымыз Абай жөнінде роман жазуға бекінгені жүрек қалауына да, өмір тәжірибесіне де, эстетикалық мұратына да лайық еді. «Қазіргі заман тақырыбына мойын бұрмағаны үшін» өмір бойы сын сойылына ұшыраса да, суреткер өзі таңдап алған жолдан таймаған. «Абай» романы бүкіл кеңес әдебиетінің таңдаулы туындысы деп мойындалған (1949) шақта да, жадағай сыншылардың Ө-ті ескішіл деп айыптаудан толас таппағаны, суреткердің атына небір сорақы сөздерді айтып келгені белгілі. Тіпті 1959 ж. Ө. 4 кітаптан тұратын «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Лениндік сыйлық алып, кеңес жазушыларының алдыңғы сапына шыққанда да, солақай белсенді сыншылар Мұханды қазіргі, заманауи тақырыпқа бұрылуға шақырумен болды. 1959 ж. Қазақстан Жазушыларының құрылтайында бір топ қаламгерлердің Ө-тен осы заман шыңдығынан роман жазуды өтінген еді. Аяқталмай қалған «Өскен өркен» осыдан кейін дүниеге келген...

Өзінің шығармашылық жолын әлемдік әдебиеттің реалистік дәстүрімен бастаған, осы бағытта қалам қайратын анық танытқан Ө-ке төңкерісшіл әдебиеттің принциптері әуел бастан жат болып көрінген. Ескі тәртіптің қирап, жаңа түзімнің қалыптаспаған аралығында халықтың басынан кешірген орасан ауырталықтарын көрсетпей, ылғи дерлік байлар мен капиталистердің қауасатып жатқандарды бейнелеу өмірдің сан қырын тасада қалдырғанмен бірдей еді. Ө. жазушы міндеті өмірдің ішкі иірімдерін, адамдардың көңіл күйлерін, тартыстар мен қайшылықтарды, мінездер қереғарлығын тарататын классикалық әлем әдебиетін өзіне үлгі етіп алған еді. Жазушының алғашқы әңгімесі «Қорғасыздар халі, күштілер зәбірі, мазлұмдар қасіреті дүниежүзілік әдебиеттің озық үлгілері деңгейінде берілген ғой. Солақай сыннан қанша соққы көрсе де, Ө. өзі таңдап алған көркемдік дәстүр жолынан ауытқымай, ағына қарсы жүзгені оның еркінің күштілігін, нағыз табанды күрескер мінезін көрсетсе керек. Ал заман әдебиетінің тасқынымен аға бермей, өзіндік бетін, көзқарасын сақтап қалу ілуде ғана біреудің қолынан келмек. Ө. – кеңестік болмыс жағдайында шыншыл шығарма жасаудың мүмкіндігі шағын екенін ерте баста түсінген суреткер. Сондықтан ол көптеген қаламгер секілді «ұрымтал» тақырыптарға әуестенбей, өзінің бағын тарихи және фольклорлық тақырыптардан іздеді. Уақыт оның таңдауы бірден-бір дұрыс таңдау екенін көрсетті. Суреткердің «Еңлік – Кебек», «Қарағөз», «Айман – Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды» сынды пьесалары қазақ театрларының тұрақты репертуары қатарынан орын алды. Ескі өмір шыңдығына арнап шығарма жасау кезінде үлкен шығармашылық проблема болғанын, мұндай пікір таласында өз көзқарасын жақтап шығу білімдарлықпен қатар тегеурінділікті керек еткенін ұмытуға болмайды. Бұл арада жазушыларға таудай кедергі болған тағы бір «қисын» – революциядан бұрынғы өмірде қазақ елін қараңғылық қаптаған, жарық сәуле түспеген, жақсылықтың бәрі кеңес дәуірінде пайда болды деген жасанды дүниетаным. Мұндай жағдайда ертеде қазақ

елінде дана билер, айыр көмей шешендер, әділ қазылар, ел қамын жеген ерлер болған деп дәлелдеу аса қиын міндет еді. «Еңлік – Кебек» пьесасы алғаш рет сахнаға қойылғанда, Ө-ке ескілікті дәріптеді деген мін тағылуы кездейсоқ емес. Ондай айыптаулар жазушының ұзақ өмірінде толас таппады. Қазақтың классикалық эпосы «Қобыланды батырдың» табиғатын анықтау керек деген дискуссия 1953 жылға дейін созылғанын еске түсірсек, осы тақырыпқа пьесаны бұдан ертерек жазған Ө-ке оңай тиімегенін түсіну қиын емес. Ал ертедегі қазақ қауымының тарихын іске алғысыз етіп көрсету ұлы орысшылдық шовинизмнің бұрыннан келе жатқан дағдылы «әуені» болатын. Халқының адал перзенті, қазақ ақыл-ойының ордасындай болған Абай елінде туып-өскен, ұлттық құндылықтарды ерте таныған, 20 ғасырдың бас кезінде қазақ тәуелсіздігінің туын көтерген ұлылармен пікірлес болған, елдің азаттығынан артық қымбат дүниеде жоқ деген ұғымды пір тұтқан Ө. кеңестік түзімнің жыршысы емес, адамзаттық құндылықтарды қастерлеуші, насихаттаушы болу анағұрлым артық екенін білді.

Социалистік реализмнің сырт қарағанда ғылыми дәйекті болып естілетін, іс жүзінде орындалуы машақат ауыр талаптардың тағы бірі – өмір құбылыстарын өсу-өзгеру, дамуы үстінде, келешек мұратын есепке ала отырып суреттеу міндеті. Құбылыстарды өсу-өзгеруі үстінде бейнелеу тіршіліктің сан түрлі көріністері ішінен коммунистік идеялар күрескері немесе осы мақсатты көздеген адамдарды ғана екшеп көрсету талабы болып шығатын. Қазақстанда кеңес үкіметі орнаған кезеңнің тақыретін жақсы білетін Ө. күрескер большевиктер бейнесін жасауға құлшына қоймады. Қазақ жеріндегі 1921–22 және 30-жылдардағы ашаршылық тұсында халықты аман сақтап қалуға шын жанашырлық көрсете алмаған большевиктік басшылықтың «нарқын» ол өте айқын таныған еді. Бұл жылдарда Ө. Қазақстан Орталық атқару комитетінің жауапты саяси хатшысы еді. Ол өзіне берілген мансап билігін түгелдей халық мүддесіне бағыштады. Қазақ даласына біртіндеп жылжып келе жатқан аштық қаупі туралы қазақ қызметкерлерінің кеңесінде Ө-тің жасаған баяндамасы бойынша қаулы алынған. Осы бір тарихи құжатта «Барлық тиісті мәліметтерді жинақтап, ашаршылыққа ұшыраған қыр еліне көрсетілетін көмектің мөлшерін өсіру туралы қалайда Орталықтың келісімін алу міндеті Меңдешев пен Әуезовке жүктелсін» деген де сөйлем бар. Бұл Ө-тің халық қамы үшін жасалған осындай терең азаматтық әрекетке тікелей қатыстылығын және оған тапсырылған міндеттің салмақтылығын аңғарта қырады. Ұлы суреткердің социалистік реализм «қалыбына» сыймай, әр кезеңнің саяси талаптарына икемделмей, өзіне деген қиянат-ғайбаттарға төтеп берудің түпкі сыры – оның ұлт мүддесі үшін қызмет етуді биік мұрат санап, осы аңсарға жан-тәнімен берілгендігінде еді. Әрине, өз ұлтына еңбек сіңірмеймін деген қаламгер болмайды. Бірақ болғысы келетіндік пен болуға тағдыр жаратқандықтың арасында үлкен айырма бар. Біз Ө-ті қазақ мұратын жырлауға туған жан деп білеміз. 20 ғасырдың бастапқы ширегінде қазақ ақыл-ойының аспанында жарқырап туған жұлдыздар ерте ағып түскенде, солардың көзіндей, сөзіндей болып Мұханның кеңес дәуірінде аман-есен өмір кешуі – тағдырдың қазақ халқына берген сыйы. Егер Ө. замана сыншыла-

ры талап еткендей, актуалды тақырыптың жыршысы болып өтсе, әдебиетіміз орны толмас оққылыққа душар болар еді. Халқының бойынан қасиет тапқан, оның сәулеті тікелшегіне сеніммен қараған, сүйегіне имандылық ана сүтімен, ата дәстүрімен дарыған, дүние білімдеріне жастай қаныққан, ұлт үшін басын бәйгеге тіккен асыл азамат-суреткер «Абай жолы» сынды сомсурет, ғасырларда өшпейтін ескерткіш қалдырып кетті. Оның тамаша драмалары, көркемдікке, ойшылдыққа бөленген очерктері, ауыз әдебиетінің асылын аршыған зерттеулері, аса жетік аудармалары бәрі де халқымыздың көркемдік мүлкі болып қалды. Қазақ кеңес әдебиетінің ең таңдаулы шығармасы «Абай жолы» романын жатпай-тұрмай мін іздеушіліктің небір сорақы мысалдары болған. Кез келген шығарманың жаны мен ажары болып табылатын тартысқа мүлде дерлік орын қалмаған еді. Тіпті солақай теорияшылар «тартыссыздық теориясы» дегенді де ойлап тапты. Оларды кеңес елінде тартыс туғызарлық қайшылық жоқ, елдің бәрі бір адамдай коммунизм идеялары үшін алға басып барады, ендеше мұндай ортадан қайшылық, тартыс іздеу өмір шындығын бұрмалаушылық деп есептеді, кімде кім тіршілік талқысына қағажу көрген шерменде жанды кейіпкер етіп алса, ол кеңес болмысына жабылған бала болып көрінді. Ең өкініштісі қазақ халқының бастан кешкен ауыр трагедияларының көркем әдебиетте көрінбей қалуында еді. Жас қауымды ұлттық санадан жұрдай етіп тәрбиелеу, қайдағы бір бұлдыр «коммунизм идеясы үшін» қандай құрбандық жасаса да ақталды деген зұлым саясатты үздіксіз үгіттеу, елдің өзіне тән дәстүрлерін залалды деп көрсету, қазақ табиғатына жат әдеттерді жүйелі түрде сіңіру, мектептерде тек орыс мемлекетінің тарихын оқыту, Ресей болмаса қазақтың күні қараң еді деген зымиян пікірді үстемелетіп өндіру, ұлт мүддесін айтқандарды ел бірлігіне ірікті салушылар деп айыптау, ел тарихындағы ең асыл, өшпес құндылықтардың бағасын әдейі төмендетіп көрсету, қазақ тілінің өрісін барған сайын тарыту, ислам дінін түбірімен жою, түрік халықтарының өзара туынстығын ұмыттыру мұның бәрі әдебиетте айтылмайтын жабық тақырыптар еді. Осылайша ондаған жылдар бойында қазақ халқының мәңгірттенуіне жол ашылып, елінің тарихын, салт-санасын, әдет-ғұрпын, тілін, дінін білмейтін жаңа буынды қалыптастыру ісі жоспарлы түрде жүргізілді. Бұл жағдайды елінің шын перзенті Ө. басқа әріптестерінен терең түсінген кәміл. Кейбір залағай белсенділер халықтың тарихын оқытпау, қазақ мектептерінің санын азайту коммунизмге жетудің нышаны деп лепірсе, енді біреулер аралас некенің өсуі бізді мұратқа тезірек жеткізеді деп өрекілді, өз ана тілін білмегенге қысылмайтындар, отбасында тек орыс тілінде сөйлесу прогрестің бірден-бір белгісі деушілер пайда болды. Ұлы суреткер, мойымас рухтың адамы Ө-тің жан-жүрегіне мұндай жойқын жолсыздық қаншалық ауыр әсер еткенін түсіну қиын емес. Осының бәрін көре отырып, жазушы бұл сұмдықтың жолын бөгеге мүмкін еместігін сезді. Сондықтан барлық таланты мен қайратын өлмес шығармалар жазуға, елдің елдік белгісін хатқа түсіруге, ғылым жүгін көтеріп әкететін мамандар даярлауға жұмсады. Ол өз басындағы көптеген халдердің өткен ғасырда жасаған Абай жағдайына ұқсас екенін де көрді, ұлы ақын Абай секілді Мұхтар да «мыңмен жалғыз алысты». Өзінің

шығармаларында жалғыз жол, адал жол халқына қызмет ету екенін көрсетті. Халықтың дәстүріндегі бәрі мен нәрін жоқ қылуға ұмтылған әкімшілдік, әміршілдік жүйеге өз еңбектерімен қарсы әрекет етпекке бекінді. Ө-тің тарихи, фольклорлық тақырыпқа жазылған шығармалары мен зерттеулері – толығымен тоталитарлық жүйенің ұлт негізін құртуға бағытталған істеріне берілген жауап.

*Р. Бердібай,*

**«СОЦИАЛИСТІК ҰЛТТАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»** («Особенности развития литературного социалистического нации»), жазушының М. Фетисовпен бірігіп жазған мақаласы. Алғаш рет 1959 ж. «Коммунист» журналының 12-нөмірінде жарияланды, одан соң ҚазКСР Ғылым академиясы шығарған «Қазақ кеңес әдебиетінің мәселелері» деп аталатын орыс тіліндегі жинақтың 2-томында жарық көрді (1960, 3–19-беттер), кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 19-кітабына енгізілді (1985, 222–241-беттер). Авторлар мақалада көп ұлттық кеңес әдебиетінің даму жолдарын баяндауды мақсат еткен. Әдебиет пен өнердің қоғам өміріндегі орны олардың өз халқының тарихи дамуында прогресшіл дәстүрлерді толық әрі көркемдік тұрғыда бейнелеуімен айқындалмақ екенін айта отырып, зерттеушілер төл әдебиеттің өркендеу-өсу барысын заман ағымына сәйкес қарастырған. Өйткені, олардың пікірінше, қайта жаңғырған халықтар тек социалистік қоғамда ғана зор шығармашылық мүмкіндік алып социалистік реализм туындыларында жаңа адамның тууы мен қалыптасуының күрделі процестері, социализм мен коммунизм құрушылардың ой-арманы көрініс табады. Бұл – кеңес заманындағы мызғымас шындық. Өйткені өмірді социалистік жолмен жаңғырту жолындағы мұраттар, әлеуметтік мақсаттар, талап-талпыныстар, қоғамымыздағы коммунистік мораль нормалары халық бұқарасы үшін де, өнер шеберлері үшін де бірдей. Авторлар әдебиеттің таптық, халықтық бағытына тоқталып, буржуазиялық декадансты, ревизионистерді, әдебиеттегі ұлтшылдықты сынға алған. Әдебиет пен өнерде ұлттық дәстүрлерді игеруге баса назар аударған. Ұлттық поэзияның өзіндік ерекшеліктері, ұйқас түрлері, олардың бірін-бірі байытуы туралы терең ғылыми пікірлер айтқан. Ұлттық дәстүрлер эстафета сияқты ғасырдан-ғасырға ауысып, ұлттық әдебиеттерді байытады, уақыт озған сайын олардың кейбірі жойылады. Кеңес заманында олардың орнын жаңа дәстүрлер басады. Болашақта біртұтас, дүниежүзілік мәдениет пен әдебиетке жету үшін ұмтылу қажет, бұл үшін өлем халықтары өздерінің ұлттық мәдениеттерін жан-жақты дамытуға тиіс деген байлам айтады авторлар.

*Р. Бердібай, Н. Ерсарыұлы.*

**«СОЦИАЛИСТІК ҰЛТТАРДЫҢ ДОСТЫҚ СЕМЬЯСЫНДА»** («В дружной семье социалистических наций»), жазушының мақаласы. 1951 ж. 1 ақпанда «Казакстанская правда» газетінде шыққан. Газеттің 3-беті Қырғыз КСР-нің 25 жылдығына арналған. Осы бетте Қырғыз КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы Т. Құлатовтың мақаласы мен Х. Ергалиевтің өлеңі, тойға қатысты шағын хабарлар берілген. Мақала Ө-тің ыстық ықыласты құттықтау сөздерімен бас-

талады. Өрi қарай: «Тарихи тағдыры ортақ, бiр-бiрiмен көршi, тiлi туыс, шаруашылық тұрмыс-салты жақын қырғыз бен қазақ халықтарының өмiр-тiршiлiгi буржуазиялық тарихшыларды терiс пiкiрге итермелеп, бұл екi халық бiр ұлт деген мүлде зиянды, бұрыс қорытынды шығаруға мәжбүр еттi» деп, қазақ, қырғыз халықтары тарихындағы бiр шындықты көрсеткен жолдар бар. Екi халықтың ұқсас жерлерi көп болғанмен, этнос ретiнде тiлi, тарихы, мәдениетi, жерi бөлек халық екендiктерiн талдаған. Өдеттегi қалыппен екi халыққа Қазан төңкерiсi әкелген жаңалықтарды да айтап өткен. Екi халықтың төл перзентiмiн деп санаған Жамбыл тұлғасын айта отырып, халықтар арасындағы рухани туыстық мәселесiне тоқталады. Қырғыз-қазақ әдеби байланыстары нақты мысалдармен дәлелденген. Қырғыз халқының өнерi, мәдениетi, ғылыми қысқа-қысқа фактiлермен көрсетiлген.

*Р. Өбдiгүлов.*

**«СӨЗ АЛҒАН – ТАУ САҒЫЗ БЕН КӨК САҒЫЗ»**, жазушының 1933 ж. жазған очеркi. Сол жылы ол Түлкiбас және Жуалы аудардарына сапан шегiп, аудан өмiрiмен етене танысады, еңбек адамдарымен тiкелей жүзбе-жүз кездесiп, сырласу, әңгiмелесу арқылы, көрген-бiлгендерi негiзiнде бiрнеше очерктер туғызған. Осы сапарда жазылған очерктер оқиғасы бiр-бiрiмен жалғасып, өрбiп отырады, бiрiнде басталған әңгiме екiншiсiнде дамып, тығыз байланыста ұштасатындай әсер қалдырады. Бұдан бұрынырақ жарық көрген «Көктемнен берi» очеркiнде арагiдiк аталатын «промхоздың» iс тәжiрiбесi осы шығармада кеңiнен ашылады. Каучук шығару үшiн шикiзат ретiнде пайдаланылатын тау сағыз бен көк сағызды өсiрудiң технологиясы жайлы сөз болады. Сондықтан очерктiң тақырыбы – тың. Жазылмай жүрген жайттарды қалың оқырманға таныстырып, тың тақырыпқа қалам тербеу – Әуезов-очеркiстен үйренерлiк қасиет. Очерк нысаны – екi жыл сайын өнiм беретiн көк сағызды өсiрудiң тиiмдi тәжiрiбесiн бүкiл Одақ көлемiне таратқан өнеркәсiп шаруашылығы. Көк сағыз, ғалымдар жорамалы бойынша, 3–5 жылда өнiм беруi керек едi. Ал осы бiр ғана фактiн сөйлетудегi, оқырманға түсiндiрудегi жазушы шеберлiгiн мына тұста байқаймыз: «...әлде қалай толғағын «келер, келер жылдар» дегiзiп жүрген көк сағыз жаз ортасында, ай күнiне маң етiп, тайы құлындап, тоқтысы қоздаған промхоз». Сөйтiп автор шаруашылық жетiстiгiн көркем тiлмен керiктi айшықтап берген. Бұл очерктiң түпнұсқасы жазушы мұрағатында сақталмаған. Шығарма 1933 ж. 30 қарашада «Социалды Қазақстанда» жарияланған. Кейiн жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 8-кiтабына сол газеттегi нұсқасы бойынша енгiзiлдi.

*Б. Жақыл.*

**«СӨЗ БАСЫ»**, жазушының мақаласы. Ө-тiң 1951 ж. Қазақтың мемлекеттiк көркем әдебиет баспасынан шыққан қазақ тiлiндегi «Қырғыз жырлары» жинағына (антология) жазған алғы сөзi. Алғы сөз дәстүрлi түрде Ленин, Сталин саясаты арқылы өркендеген шеткерi ұлттардың бақытты тағдыры жайында қысқа кiрiспеден басталып, әрi қарай Т. Сатылғанов, Т. Молда сияқты халық ақындары жайында қысқа мәлiметтер берген. Қырғыз кеңес әдебиетiнiң өкiлдерi ретiнде А. Тоқамбаев, Ж. Бөкенбаев, Қ. Маликов, Т. Үметалиевтердi ата-

ған. Республикадағы басқа ұлт өкiлдерiнен дүнген ақыны Я. Шивазаны атаған. Қырғыз халқының ауыз әдебиетi жайында жоғары баға берген. Тоқтағұл, А. Үсенбаев, А. Османовтардың шығармашылығы туралы қысқаша айтқан. Жинақ поэзияға арналғанмен, «Сөз басында» қырғыз прозасының тарихына шолу жасалып, Қ. Байлинов, Т. Сыдықбеков, Қ. Жанташевтың негiзгi шығармалары аталған. Жинақ Қырғыз КСР-нiң 25 жылдық мерекесiне арналып шығарылған.

*Ч. Жұмағұлов.*

**«СӨЗ – КИТАП ДОСТЫҢ ЖӨНiнде»**, жазушының публицистикалық мақаласы. 1955 ж. жазылған. Сол жылы 14 қаңтарда «Қазақ әдебиетi» газетiнде жарияланды, кейiн Ө-тiң 20 томдық шығармалар жинағының 19-кiтабына сол күйiнде өзгерiссiз енгiзiлдi (1985, 345–349-беттер). Автор мақалада республикадағы кiтап саудасы, қазақ тiлiнде кiтаптар шығару мен тарату туралы ой толғайды, өз пайымдаулары мен ұсыныстарын ортаға салады. Жазушының пiкiрi бойынша, адам өмiрiнде кiтаптың маңызы аса зор; кiтап арқылы бiз адамзат мәдениетiмен танысамыз, сөйтiп ол бiздiң егiз-серiк досымызға айналады. Бұрын халықтың мәдениетi сабының санына, тұрғын үй маңының тазалығына қарай байқалса, қазiр еңбекшiнiң мәдени дәрежесi үйiндегi кiтаптың санына, сапасына қарай белгiленедi деп, Ө. өзiнiң ағартушылық, ұстаздық қозғарасын танытады. Жазушы осындай бiлiм қазынасының аз таралымын шығарылғанына, алыс елдi мекендерге жетпей жататынына қынжылады. «Әрбiр үйде кiтапхана жасау үшiн күресуiмiз шарт» деп ұсыныс айтады. Жұртшылыққа эстетикалық тәрбие беретiн көркем әдебиет шығармаларының, санитария мен гигиенаға үйрететiн кiтаптардың молырақ шығарылуына ден қояды. Ұлы суреткер: «Кiтаптар қазақ оқушысына қажет емес деуге кiмнiң аузы барады. Кiтапты тарата бiлу қажет. Қазағы аз қалада, облыс орталығында тозаң басып жатқан кiтаптарды өз оқушысына алып бару шарт. Халықты идеялық жағынан тәрбиелеу мәселесiне келгенде, ұсақ есеп-кисаптың шеңберiнен шыға алмайтын адамдардың ырқына еруге жарамас» деп, көкейтестi, проблемалық мәселелердi көтередi, кiтап тарату iсiн мейлiнше терең ойланып, парасатты тұрғыда шешудi талап етедi.

*Р. Бердiбай, Н. Ақбай.*

**СӨЗДiК ҚОР**, тiлдiң негiзгi сөздiк қоры, тiлдiң сөздiк құрамының тұрақты бөлiгi. Сөздiк құрамға қарағанда, сан мөлшерi, көлемi шағын, өйткенi оған кез келген сөз кiре бермейдi. Қоғам, адам өмiрiндегi ең қажеттi ұғымдарды бiлдiретiн жалпы халықтық сөздер ғана кiредi. Ө-тiң сөздiк қоры өте бай. Тек «Абай жолы» эпопеясында 18 мыңдай сөз қолданған. Ал Шекспир небәрi 18 мың, Пушкин 22 мың сөз пайдаланған. Ө. «Тiл және өдебиет мәселесi» атты мақаласында: «Бүгiнгi бiздiң жазушыларымыздан байқалатын бiр үлкен олақтық – көп жазушылардың сөздiгi шағын, тiлi кедей. Бiрталай ақындарымыздың көптен жазып жүрген еңбектерiндегi сөздiк қорға келсек, жиыны 5–6 мың сөзден аса қоймайтын мүлкi ғана бар ма дейсiң. Бұл кемшiлiктен жас жазушылар ғана емес, егде жазушыларымыздың да сау емесiн айту керек» дей келiп, бiрқатар қалам қайраткерлерiн сынап өткен. «Көп iзденип, ғылым, техника сөздiктерiн және бүгiнгi Қазақстанның бар өлкесiндегi халықтың тiл байлықтарын мол пайдалану мә-

Ө. Қайдар.

**«СӨЗ ҚҰДІРЕТІ»**, зерттеу еңбек. Авторы – Р. Сыздықова. 1997 ж. «Санат» баспасы шығарған. Автор қазақ көркем сөзінің прозалық қуатын зерттеуіне арқау етіп алған. Кітап: «Жазушы тілі және оның көркемдік өлемі» және «Функционалдык стильдер. Көркем әдебиет стилі» атты екі бөлімге бөлінген. Алғашқы бөлімнің бір тарауын Ө. шығармаларының тіліне арнап, оны «Мұхтар Әуезов – көркем сөздің пірі» деп атаған. Өйткені «дүниежүзілік әдебиеттің қатарында тұрып, өзгелермен терезесін теңестірген қазақ көркем прозасы тілінің диахрондық-синхрондық даму өрісін, яғни бастауы мен бүгінгі барысын сөз етер болсақ, Бейлімет Майлин, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытовтардың қалам тартыстарына соқпай өту мүмкін емес» дей келіп, автор ұлы жазушы шығармаларының тіл көркемдігін оның «сөз тандау», «сөз қолдану», «сөз әрлеу» әдістері арқылы сөз еткен. Кітаптың көлемі 11,76 баспа табақ. Таралымы 1000 дана. Еңбек студенттер мен мұғалімдерге, студенттерге оқу құралы ретінде ұсынылған, сондай-ақ сөз қадірін білетін оқырмандарға арналған.

Ө. Қайдар.

**«СӨЗ МӘЙЕГІ»**, зерттеу еңбек. Авторы – Ф. Жандыбаев. 1998 ж. «Жеті жарғы» баспасы шығарған. Онда Ө-тің шығармаларындағы мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестеріне түсінік берілген. «М. Әуезов мақал-мәтелдері көбіне-көп диалогта кейіпкерлердің аузынан айтылады және де қатаң түрде тырнақшаның ішінде «қамалмай», ауызекі еркін қолданыстағы калыппен көрініс табады. Ө-тің сөз орамдарын оқығанда, бейне бір өуезді бақты аралағандай әсерде боласыз. Оның әрбір жолы, әр сөйлемі өзінше бір нақыл десе болғандай. Орынсыз тіл безуе емес, құр тақпақтау емес, сұлу ойдың тұнық судан көргендей айнымас суреті» деп, жазушының тіл шеберлігіне ой жүгірткен. Осыған орай, Ө. қолданған мақал-мәтелдер мен сөз тіркестерін бір бөлімге, сөз өрнектері мен белгілі бір тіркестерді екінші бөлімге топтастырып, әрқайсысының мән-мағынасын мысалдар арқылы тәптілтеп түсіндірген. Кітаптың көлемі 9,3 баспа табақ, таралымы 1000 дана.

**«СӨНІП-ЖАНУ»**, жазушының әңгімесі. Алғаш рет «Шолпан» журналында «Заман еркесі» деген тақырыппен жарияланды (1923, №6–8). Кейін Ө-тің «Қараш-Қараш» (1936, 1960), 12 томдық (1967, 1-кітап), 20 томдық (1979, 1-кітап) шығармалар жинақтарына енді. Өңгіменің алғашқы нұсқасы да, кейінгі нұсқалары да бірінғай сөздермен басталып, аяқталады. Журналда басылған нұсқасында шығарманың аяғы бар деп, «роман» деген айдар тақса да, көлемді етіп жазбақ болған әуелгі талабын орындамаған, бұрынғы үлгіні қалдыруды мақұл көрген. Шығарма кейінгі басылуларында біршама редакциялық өзгерістерге ұшыраған. Ө. Сыздық пен оның жолдасы Сүлейменді әдейі «оқыған» дейді де, оқығандығының кері әсерін көрсетеді. Екеуі де әр нәрсенің ішкі сырына үңілмей, сыртқы сымбатын ғана көреді. Сүлеймен Жәмилаы: «Қыздың пішіні сұлу болмаса, сүйкімді жақсы түсі бар» деп сынайды да, қыздың мінезі мен сырына назар аудармайды. Ал ауылда өскен, «оқымаған» Есімжанның сөзі бұларға қарағанда әлдеқайда есті. «Көп ойлану керек.

Оқыған жігітке қатын тастағыш деген елдің жала-сы бар. Өз басың бірді жас күнімде айттырдың-дар деп, түсін көрместен жіберіп отырсың. Сен де сол жаладан аман емессің. Қалай болса да, кісіге көңілін бір жерге байлайтын қанағат керек. Сонан соң тәуекел деп, бір жерге бекінесің» дейді үйлену туралы. Бұдан «оқымаған» жігіттің сөзі «оқыған» жігіттің сезінен қаншалықты маңызды екенін аңғарамыз. Олардың өмір сүру әдісі, ой-өрісі басқаша. Бұл жағдай үйленгеннен кейін Сыздық пен Жәмиляның қарым-қатынасына көп әсер етеді. Өз қамын ғана ойлайтын өзімшілдік қасиеттің салдарынан, Сыздықтың сезімі лауламай бұқсып, тез сөніп қалады. Жәмила иманды ата-ананың тәрбиесін көрген, ішкі дүниесі бай, өз бағасын жақсы біледі. Сыздық оны кінәлағанда, ештеңе айтпайды, сөйтіп күйеуінің «тәрбиесі» іске аспай, көлінің өзін алыста береді. Жәмила «Сыздықтың ылғи кінәлап сөйлейтін, таусылмас сындарын үндемей тыңдайды да, аяқсыз тастап жүре береді». Ақырында әуелі ұнаған Жәмила басқаша көрініп, кейін мүлдем көңілі қалады. Сыздық ауылдағының бәрінен жалғып, қалаға келеді, енді қала өмірін қызықтайды, алдыңғы қатарлы жастармен араласады. 17 жылғы төңкерістің мәнісіне бара алмай, қарбаласта қалады. Бұл – Сыздықтың табиғаты, себебі үлкен өзгерістерде, істің мәніне баруға шамасы жетпейді. Бірақ ол жаңа қызық табады. Күйеуі өлген Лисовская деген орыс әйеліне елігеді. Алайда кім білсін бұл қызығының қаншаға созыларын?! Сөйтіп ұлы жазушы әңгімеде адамның жетілу барысында зор маңызы бар тіршіліктің сыры мен сыбатын айыра білуді, оны өмірде орынды қолдана білуді көрсеткен.

Д. Омаров.

**СПЕНСЕР** Герберт (1820–1903), ағылшын әлеуметтанушысы, психолог, философиядағы позитивизм теориясының негізін салушылардың бірі. Ол адам дүниесіндегі құбылыстарды танып, ажыратқанымен, оның мәнін түсінуге дәрменсіз. Ал жалпы ғаламның сырын Құдайдан басқа адам түсіндіріп беруге қабілетсіз деген тұжырымды ұсынды. Соның негізінде ғылымда «Спенсердің даму тұжырымы және қоғамның органикалық теориясы» деген бағыт пайда болды. Ол революция – қоғам тәніндегі індет деп бағалады. Абай Спенсердің 1866–1869 ж. Санкт-Петербургте шыққан 7 томдық шығармалар жинағымен таныс болған. Ө. Абайдың философиялық көзқарастарының дамуы мен түпкі негізін талдай келіп, Абайдың адамгершілік жөніндегі шығармаларында Спенсердің есері жоқ деуге болмайды (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 136-бет) және оның Спенсердің мораль философиясымен туыстас екені күмәнсіз (сонда, 1984, 15-том, 141-бет) деп абайтану саласындағы барлық еңбектерінде пікір білдіріп отырады.

Ғ. Есім.

**СПИНОЗА** Бенедикт (1632–1677), нидерланд философы. Түйсік пен ақылдың нақтылығы – жоғары парасатқа жетелейді деп пайымдады. Оның бұл пікірі Абайдың «Қара сөзінен» анық нышан береді. Баланың танымы – «білсем, көрсем» демек, дәмін татпақ, ол – табиғи түйсік, ал дүниенің сырын білуге, құпиясын түсінуге, «хакімдік» дәрежеге ұмтылу – толық адамның ойына тән қасиет деген бай-

ламдарында С-ның «Парасат» туралы ұғымының жаңғырығы жатыр. Ә. «Абайдың діні – ақылдың діні» дегенде, С-ның осы Парасат іліміне жүгінеді және Абай батыс философиясымен де шұғылданып, Спиноза мен Спенсерді оқыған деп сілтеме жасайды (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 53-бет). Сонымен қатар абайтану саласындағы мақалалары мен зерттеулерінің бірінде біресе Көкітайға, біресе Көкбайға, біресе Кеннанға сүйене отырып, С-ның атын үнемі қайталап айтып отырады.

*Ф. Есім.*

**«СССР ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТТЕРІН АУДАРУ»** («Художественные переводы в литературе народов СССР»), жазушының мақаласы. Алғаш рет 1954 ж. «Литературная газетаның» 23 желтоқсандағы санында, кейінірек «Дружба народов» журналында (1955, №2) және «Вопросы художественного перевода» жинағында (М., 1955), «Второй Всесоюзный съезд советских писателей» деген кітапта (1956) жарияланды. Бұл мақала кеңес жазушыларының бүкілодақтық 2-съезіне баяндама ретінде дайындалған (1954). Баяндама мәтінін әзірлеуге П. Антокольский мен М. Рольский қатысқан. Авторлар ұлттық әдебиетті дамыту мен халықтар достығын нығайтудағы көркем аударманың атқаратын рөліне тоқталған. Баяндама-мақалада сонымен бірге жазушылардың 1-бүкілодақтық съезі (1934) мен 2-съезінің аралығындағы аударма ісінің дамуы туралы есеп келтірілген. Онда ұлттық әдебиетті дамытудағы орыс аудармасының рөлі айрықша атап өтілген. Аударманың теориясы мен практикасы туралы нақты мәселелер сөз болып, кейбір теоретиктердің аударма жайлы пікірлерінің артықшылығы мен кемшілігі баса көрсетілді. Баяндама авторларының пікірі бойынша, аударма теориясындағы негізгі кемшілік – аударма жасаудағы ұлттық үлгінің жан-жақты жетілмегендігі болып отыр. Авторлар аударма мәселесі тек лингвистиканың ғана емес, әдебиеттанудың да нысаны екеніне баса назар аударған. Көркем әдебиетті аудару эстетикасын сақтау барлық теорияның өзекті мәселесі болып саналады делінген баяндамада. Авторлар өздеріне мынадай сұрақтар қояды: басқа тілде сәйкестендіре аудару мүмкін бе? Олар батыстың поэзия аударылмайды деп, поэтикалық аударма жасауға мүлде қарсы болып, оны жолма-жол аудармамен алмастырғанын мысал етеді. Осы ойларын өрістетте отырып, авторлар швед синологы Карлгриннің «қытай мәтінін түсінуге, қытай рухын түсіне білу керек» деген пікіріне сүйенеді. Екінші талап: Өзінің ана тілін де жақсы біліп, аударма кезінде ана тілінің таза болуы және оны байыта түсу үшін күресу қажет. Осыған байланысты Вергилидің «Өнегесін» аударған кезде В. Брюсовтың тек латын поэтикасында қолдануға мүмкін латын синтаксисін орыс тілімен, орыс өлеңімен орындамақ болғандығын мысал етеді. Не болмаса, ағылшын тілі мен ағылшын синтаксисінің қысқалығын есептей отырып, кейбір аудармашылардың Шекспир шығармаларындағы мазмұн мен образ жүйесін біріктіріп жібергенін айтады. Сонымен бірге аудармашының шығармасы аударылатын ұлттың тілін ғана емес, оның ұлттық ерекшелігі мен дәстүрлерін білуі де аса қажетті. Сол кезде ғана

аудармашы, әдеби процесті жасаушы, оның белсенді мүшесі болып шығады. Аудармашы мамандар дайындау М. Горький атындағы Әдебиет институтындағы көркем аударма факультеті мен кафедрасының басты мәселесіне айналды. Үшінші талап: көркем шығарманың аудармасы түпнұсқадай болып шығуы керек деп қорытады ой-пікірлерін авторлар.

*Б. Мамырбаев.*

**«СССР ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТТЕРІНІҢ ӨРКЕНДЕУІ»**, жазушының мақаласы. Еңбек 1957 ж. «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктерінде», 1962 ж. «Уақыт және әдебиет» атты кітапта басылды. Ө-тің 17 және 20 томдық шығармаларына енген. Мақалада Орта Азия, Кавказ, Украина, Белоруссия, Балтық бойы елдерінің әдебиеті туралы ойлары мен талдаулары берілген. «Көп ұлтты мемлекетіміздегі мол әдебиеттік процестердің заңдылық бітім-бағдарын» таныту үшін әдебиеттерді тұтас зерттеу, әрбір ұлт көлеміндегі әр алуан тарихтық жағдайларды көрсету, ортақ заңдылықтарды ашу қажеттігін методологиялық бағдар ретінде ұсына келіп, Ә. осы мақсатты жүзеге асыру қажеттілігіне тоқталады. Ол әрбір халықтың әдебиетіндегі ұлттық түрлері сол халықтың тарихи даму ерекшелігімен бірлікте қарау керектігін, оны орыс әдебиетіндегі реализммен жалғастыра тексеру шарт деп қарайды, бұл жұмысты әдебиеттердің өзара жақындасу мәселесімен қабыстыра зерттеу, орыс, украин, белорус әдебиеттерін бір топта, Балтық жағалауы халықтары: литван, латыш, эстон әдебиеттерін екінші топта, Кавказдағы грузин, армян, әзірбайжан әдебиеттерін үшінші шоғырда, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, тәжік әдебиеттерін төртінші сала етіп оқу, үйрену қажеттігін ескертуі, ал мұндай оқу жүйесі СССР-дың жалпы тарихына аралас келуі керек деп біледі. Ә. орыстың классикалық әдебиетінің ұлы тұлғалары Пушкин, Лермонтов, Белинский, Герцен, Чернышевский, Чехов, социалистік төңкерісшіл әдебиеттің негізін салушы А. Горькийдің шығармашылық тәжірибесінен ұлт әдебиеттерінің өкілдері тағлым алып келгенін, өздерінің рухани қазынасын байытқаны ойларының күрделі желісі етіп сөйлейді. Әзірбайжаннан М. Ф. Ахундов, Сабыр мен Ма-медкулизаде, Грузиядан Чавчавадзе, Армениядан Абовян, Налбандян, Қазақстаннан Абай, Осетиядан Коста Хетагуров, Татарстаннан Абдолла Тоқай есімдерін атағанда олардың шығармашылық бағытындағы ортақ мұраттарды алдымен аңғартады. Кеңес дәуіріндегі қоғамдық құрылыс жағдайында өмір кешкен қазақ Жамбыл, лезгин Сүлеймен Стальский, қырғыз Тоқтағұл, түрікмен Ата Салық, өзбек Ислам шаир, қарақалпақ Садық шаир шығармаларының тақырыбы мен көркемдік тәсілдеріндегі үндестіктерге көңіл аударады. Осылайша ұлт ақын, жазушыларының әр кезеңдегі өкілдерінің еңбектеріндегі бағыттастықтарды атады. Бұл – КСРО халықтары әдебиеті туралы қазақ зерттеушісі тарапынан жазылған тұңғыш еңбек.

*Р. Бөрдібай.*

**«СТАЛИНГЕ ХАТ»**, жазушының хаты. 40-жылдардың соңында Ө-ті қуғындаудың екінші дүрбелеңі басталғанда, С. Бәйшев «Профессор М. Өуезов өткендегі қателерінің шырмауында» деп аталатын мақала жариялап («Социалистік Қазақстан», 1947, 14 наурыз), ұлы жазушыға жазықсыз жала жапқан. Сол жылдың бас кезінде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті қаулы қабылдап, онда

ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысын сынаған еді. Бейішев ұрымтал сәтті пайдаланып, қызылкөз идеологияның көрігін қыздыра түсу мақсатымен осы мақаланы жазған-ды. Бұл мақаладан кейін Ө-тің басына төнген қара бұлт бұрынғыдан да қоюланып, тіпті барар жер, басар тауы қалмады. Сөйтіп амалсыздан «БК(б)П Орталық Комитетіне. Сталин жолдасқа» деген атпен хат жазды. Онда С. Бейішевтің мақаласының сындарлы, партиялық принцип тұрғысында емес, көрінеу көзге ауыр айып тағып, 30 жылдық жазушылық, ғылыми-зерттеу және 15 жылдық педагогикалық қызметін жоққа шығарған сандырақ екенін атап көрсеткен. Одан әрі автор көркем шығармаларының, аудармаларының, зерттеу еңбектерінің мән-мағынасына ойысып, ғылыми атақ-даңқын, қызмет лауазымын айтқан. Бүкіл еңбегін Бейішев жалғыз сөйлеммен жоққа шығарса, Орталық Комитеттің хатшысы Әбдірахманов идеология майданындағы өз қателерін маған жауап отыр дейді. Мысалы, Бейішев 1946 ж. «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесасын «драматургиялық шедевр» деп, оны драма репертуарының «алтын қорына» жаздырса, бір жылдан кейін өзіне-өзі қарсы келіп отыр, ал Әбдіхалықов дәлелсіз айыптағаннан аса алмай отыр, ал республика басшысы Шаяхметовтің пікірі де тірелген жағдайына көңіл аударуды өтінген. Хатпен қоса «Абай» романының орыс тіліндегі бір данасын жіберіп отырғанын мәлімдеген. Сталиннің хатты алған-алмағаны белгісіз, қалай дегенмен, 1949 ж. «Абай» романы 1-дәрежелі Сталиндік сыйлықты алып, жағдайдың біршама жеңілдегені мәлім.

Ж. Қасымбаев.

**СТИЛЬ**, жазушының бейнелеу шеберлігі, жазу мәнері, өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілеті, даралық өзгешелігі, өз қолтаңбасы. Көркем әдебиеттегі стиль қаламгердің ой-өрісін танытатын, азаматтық-қоғамдық бағытын нақтылайтын, көркем бейне жасаудағы мақсаты мен мүмкіндігін айқындайтын түр мен мазмұнның тұтастығы, демек әр суреткердің өз стилі, ерекшелігі, дара маңызы болады. Ө. стиль мәселесіне зор мән берген. 1959 ж. 15–19 маусымда Алматыда өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемасына арналған конференцияда сөйлеген «Қорытынды сөзінде» стиль ерекшелігі жөніндегі ойларын ортаға салған. «Әдебиеттік ұлттық түр мәселесінің бір іргелі үлкен мәні – стильде. Теңеу тілі, ары алуан көркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел құрала келіп, атағанда, тіл бұл стильдің өзі емес, құралы, қоры ғана. Екінші бір үлкен стиль – сөздік, ақындық теңеу, кесте мағынасынан басқа екінші мағынаны және тудырады. Ол – ұлттық мінез, бейне жасаудың стилі. Міне, ұлттық түрдің жайына ауысқанда, осындай ірі белгілер тілден гөрі артығырақ орын бар, өзгеше сипат есепті болатын жайлар бар» деп, стильге қатысты, оны тудыратын негіздерді атап көрсеткен. Ұлттық бейне мен стиль екі түрлі нәрсе. «Сөздегі теңеулер стильдік бейнелер системасын құрайды. Сондықтан мал баққан, көшпелі елдің өмірі, бар тіршілігі қазақ ақын, жазушыларының сөздік, ақындық стилінде теңеудің сол бұрынғы болмыс, реальный қорынан алады», демек стиль әдебиеттің ұлттық сипатымен, оның түрімен, әр шығарманың ішінде әр түрлі болады, ол қайталамайды. Себебі «эстетикалық ерекшелік дегеніміз тіл ғана емес, кең мағынада алынған ұлттық стиль болады. Ол өзі ұлттық бейне ретінде

– адам, екінші ұлттық сөздік шеберлік ретінде ақындық стиль болады. Осындай түсінікпен жазушының шығарушылық еңбек жолын бірнеше саты деп түсіну керек. Ол ең алдымен өмірді тану, білуге міндетті» деген пікір, ұсыныстар айтқан. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясында («Абайдың лирикасы» тарауы) суреттеу құралдарының стильге тікелей байланысты екенін тағы да аңдатып өтеді: «Тегінде, пейзаждың өзін суреттеуде көп ақын өздерінің стильдік өзгешелігін анық аңғартады. Шығыс ақындарының ескі дәстүрін алсақ, олар анық тауды шындық қалпында суреттемей, салыстыру үшін әр алуан тұспалдарға бейімдеп көрсететін. Тауы кейде тауға ұқсаса, кейде қиялап, шұбарлап, әсірелеп айтқан тұманды, жұмбақты бір көріністерге ауысып кетер еді» деп, стильдің анық, дәл, шындыққа жақын туруын ескертеді. Ал «Заман шарты» деген еңбегінде: «Әдебиеттің болашағын сөйлегенде, жаңа стиль жою мен жаңа түр жайын ойласқанда, жазушының өз заманы алдындағы жауаптылығы да ең алдығы қатардағы, ең үлкен жай екенін ұмытуға болмайды» деп, стильдің заман үнімен, дәуір тынысымен астасып жатуы ерекше де атап өтеді. Әрбір суреткердің өз стилі бар екенін, оны түсіне, ұғына білу қажеттігін айтып, үнемі ескертіп отырған. Бұл жөнінде: «Сізге Анатолю Франс ұнаса, маған Балзак ұнайды. Сөйлем қомақты, қосалқылы болуға керек. Сөйткенде автордың стилі мәнерлі, әсерлі болып шығады. Мен өзім әруақты солар жазуға талпынам» деген (Н. Азім. «Жарқын бейне жадымда» // К і т.: «Біздің Мұхтар», 1976, 172-бет).

З. Қабдолов, Н. Ақбай.

**СТИЛЬ** Андре (1921 ж. т.), француз жазушысы, публицист. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1951). «Алғашқы соққы» трилогиясы (1951–53) ең күрделі шығармасы болып табылады. Бұл туынды қазақ тілінде жарық көрді (1953). «Кітап пен өмір» атты мақаласында: «Мұхтар Әуезовтің романы, ең алдымен, поэзия сазына толы, сиқырлы, сұлу алып жағалауға жетелейді. Ол алыс жағалау біз үшін кеңістік пен уақыт қойнауында, бірақ сол тылсым әлем бұл кітапта біздің қазіргі болмысымызбен қандай қоян-қолтық жымдасқан, өйткені ол халықтың тағдыры басқалардан алабөтен ерекше болып саналмайды!» деп, «Абай жолы» туралы ризашылықпен тамсанса, «Қараш-Қараштың» стиль айқындығы, сөз құрылымы Гомерді еске түсіреді» деген жүрежарды сөзін айтқан («Біздің Мұхтар», А., 1976, 124-бет).

М. Маданова.

**«СТОЛИЧНОЕ ОБОЗРЕНИЕ»**, « А т а м ұ р а », қоғамдық-экономикалық және әдеби-мәдени газет. Аптасына бір рет шығып тұрды. Алғашқы саны 1994 ж. 21 наурызда жарық көрді. Соңғы нөмірі 1999 ж. тамыз айында шықты. Бас редакторы – М. Құл-Мұхаммед. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты 1997 ж. 23 тамызда «Философия жайынан» атты мақаласы басылды. Бұл жазушының 1918 ж. жазылған алғашқы шығармаларының бірі еді. Мақаланың түсінігін жазып, әзірлеген – жас ғалым, философ Л. Ақбаева. Ал профессор М. Қараевтың «Ол халықпен мәңгі бірге» деген мақаласы заңғар жазушының өлмес-өшпес рухына арналды. Республика Ғылым академиясында, Орталық мемлекеттік мұражайында, Ұлттық кітап-

ханада, Мемлекеттік өнер мұражайында Ө-тің мүшелтой салтанатпен атап өтілді. 27 қыркүйек күні халық жазушының Төлебаев көшесіндегі мұражайы алдына жиналды. Мұханның көзі тірісінде отбасымен тұрған бұл үй «М. Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығына айналды. Мереке қарсаңында ол күрделі жөндеуден өтіп, бұрынғы қалпына келтірілді. Орталықтың қайта ашылу рәсіміне республика Президенті *Н. Назарбаев* арнайы қатысып, сөз сөйледі. Осы оқиға туралы материалдар газеттің 1997 жылғы 3 қазандағы нөмірінде жарияланды.

Ө. Пірманов.

**СУВАНБЕРДИЕВ** Тұрғынбек (1921–1989), жазушы, аудармашы, баспагер. «Қызыл Қырғызстан» газетінде әдеби қызметкер, «Лениншіл жаш» газетінің редакторы, Қырғызстан коммунистік жастар одағы орталық комитетінің хатшысы, «Коммунист» журналы редакторының орынбасары, Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитетінде сектор меңгерушісі, радиоақпарат бас басқармасының бастығы, Қырғыз мемлекеттік баспасының директоры, «Советтік Қырғызстан» газетінің редакторы, Қырғыз КСР Министрлер Кеңесі Мемлекеттік баспасөз комитетінің төрағасы, Қырғызстан полиграфия комбинатының директоры болды. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясын алғаш рет қырғыз тіліне аударды (1-кітап, 1955; 1–2-кітап, 1957–63; 3-кітап, 1957; 4-кітап, 1963, Д. Абдылдаевпен бірге).

Ч. Жұмағұлов.

**СУ ӨЛЕН**, фольклор жанры, айтыс өлеңі. Әдебиет зерттеу ғылымында алғаш Ө. қолданған термин. Ақындар айтысында көбінесе жастар қолданған. Жер, су, тау жайларында жергілікті халық арасында қалыптасып қалған, жаттанды шумак, тармақтардың көмегімен, бұрыннан бар өлеңге сүйенумен өрбіген. Даму деңгейі мен ақындық шеберлікті талап ету дәрежесі жағынан әдет-салт айтысы мен ақындар айтысының аралығындағы тұр. Ө. 1948 ж. «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томына жазған «Айтыс өлеңдері» тарауында бұл алуандас айтыстар көпке ортақ, жалпылық және жас талаптарға сүйеніш көмекші, жетекші болатын айтыс үлгілері деп, анықтамалық мәліметтер берген.

Р. Әбдіғұлов.

**СУРКОВ** Алексей Александрович (1899–1983), орыс ақыны, қоғам қайраткері, Соц. Еңбек Ері (1969). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1946, 1951). 1959 ж. «Қаһармандар елі» атты шығармасы қазақ тіліне аударылды. С. «Әуезов туралы сөз» деп аталатын деректі фильмде Ө-пен қандай достық қарым-қатынаста болғанын әңгімелейді. 1955 ж. Үндістан сапарында Ө-пен бірге болды. Ө. «*Индия очерктерінде*» көптеген кездесулерде бірге жүріп, сөз сөйлегендерін, оның үлкен ойлы азамат, қайраткер екендігін жазды («Ақын аймен араздасты» деген тарауында, 20 томдық шығармалар жинағы, 8-том, 338-бет).

Т. Әкім.

**СУРКОВ** Евгений Данилович (1915 ж. т.), орыс әдебиет зерттеушісі, өнер сыншысы. Ресейдің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1970). Өнертану ғылымының кандидаты (1952). «К. А. Тренев» (1955), «Әдеби жекпе-жек» (1969), «Ғасыр проблемасы – суреткер проблемасы» (1973) т. б. кітаптары басылып шықты. Ө-тің «Абай» операсы туралы «Спектакль-ән» («Советская культура», 1958, 23 желтоқсан),

«Еңлік – Кебек» пьесасының Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезіндегі қойылымы және басқа спектакльдері жөнінде «Халық болашақты көздейді» мақалаларын жазды. («Театр», 1959, №3), «Уақыт сыры» («Театр», 1959, №3).

Т. Әкім.

**СУ ЧЖОУ СЮНЬ** (1939 ж. т.), қытай әдебиет зерттеушісі. «Семей» университетінің профессоры. 1995 жылдан Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшілігінде қызметкер. 70-жылдардан бастап кеңес жазушыларының шығармаларын қытай тіліне аударумен шұғылданады. 1990 жылдан қазақ әдебиетіне қызығушылық танытты. 1993 ж. 3 айдай біздің елде болып, Абай, Шәкәрім, Мұхтардың еңбектерімен танысты. Бөрілі, Жидебай, Қарауыл жерін аралады. Абайдың кара сөздерін, Шәкәрімнің философиялық жазбаларын, С. Санбаевтың «Аруана» повесін, Ө-тің «Қаралы сұлу», «Сыбанның моласында», «Жетім» әңгімелерін аударды. Қазақтың қалам қайраткерлері туралы «Шығыстаудың үш шыны – Абай, Шәкәрім, Мұхтар», «Абай портреті», «Семей туралы очерк», «Абай – қазақтың рухани ұстазы», «Абай мен Мұхтардың отанындағы жолжазбаларым», «Шәкәрім – Абайдың шәкірті» т. б. 20-ға жуық мақалалар жазды.

С. Жұртбай.

**«СҮҒАНАҚ СҮР»**, жазушының повесі. Ө-тің жоғалған шығармасы. Мұндай шығармасының бар екені өзінің «*Өз жайымнан мағлұмат*» деп аталатын өмірбаяндық қолжазбасы арқылы белгілі болды. Осы жазбасында былай делінген: «26–27-жылы «Сұғанақ сүр» деген повесть жазып едім, баспаға шықпады» (№382-папка). Осындай басқа ешқандай дерек айтылмаған.

Т. Әкім.

**СУЛТАНБЕКОВ** Мұрат Рақымжанұлы (1938 ж. т.), әдебиет зерттеуші, ақын, аудармашы. Филология ғылымының кандидаты (1971). Абай, Шәкәрім, Әсет т. б. шығармашылығына байланысты көптеген мақалалар жазды. Ақылбайдың «Дағыстан» поэмасын, Турағұлдың «Әкем туралы» естелігін, Абайдың кара сөздерін, Шәкәрімнің «Еңлік – Кебек» дастанын орыс тіліне аударды. Ұлы жазушының шығармашылық шеберлігі туралы «Мұхтар Әуезовтің ұлы таланты» атты кітабы жарық көрді (Семей, 1992).

**СУЛТАНҒАЗИН** Өмірзақ Махмұтұлы (1936–2004), математик. ҚазМУ-ды бітірген. Физика-математика ғылымының докторы (1972), профессор (1974), ҰҒА-ның академигі (1983). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1987). 80-ге жуық ғылыми еңбектің, 2 монографияның авторы. Ғылыми еңбектері негізінен дифференциялық тендеулер теориясының саласы – тасымалдау тендеулерін зерттеуге және оларды электронды есептеуші машиналардың көмегімен шешуге арналған. «Ұлттық ғылым академиясы» деген сұхбатында Ө-тің студент жастарға дәріс беру үрдісін үлгі етіп, тыңдаушысының ойына ұялатқан білімнің зор мәні бар екенін айтқан («Егемен Қазақстан», 2002, 30 наурыз).

Ө. Пірманов.

**«СУЛТАНМАХМҮТ** (1893–1920)», жазушының мақаласы. Ө-тің орта, орталу мектептің 7-сыныбына арналған «*ОХ Ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің оқу куралы*» (1933) деп аталатын кітапта басылды, 1937–38 ж. «Әдебиет хрестоматиясына» ездәуір өзгерістермен ықшамдалып енгізілді. Газет-журналдарда қызметтес болған Ө. Сұлтанмахмұттың өмірін де. шығарма-



шылығын да жақсы білген. Оқулықтағы мақаласында жазушының шығармашылығын «Сұлтанмахмұттың өмірі», «Сұлтанмахмұттың шығармалары», «Сұлтанмахмұт өлеңінің көркемдік сыры» деген тақырыптар бойынша қарастырса, кейінгі хрестоматияға жазғандарын ешқандай тақырыптарға бөлмей әңгімелеген. Бұнда тек «Бір адамға» деген өлеңі мен «Ауырмай есімнен жаңылғаным» әңгімесі берілген. Абайдан кейінгі мықты ақынның өзіндік ерекшеліктерін Ә.: «Сұлтанмахмұт оқығандармен бірге қазақ елін білімді ел қылып, елінің есіктегі басын төрге шығаруға тырысқан ақын. Мәдениеттен шет өскен жұрттың талауыны боп, сыбағасынан ұтылып келе жатқан елді жарыққа сүйреп, қатарға қосу – ақынның бас арманы. Ақын бұл жолда қандай қиыншылық кездесе де бәрін бір арманның мерейіне жөндіріп, шыдас береді. Үнемі жаңалық, өзгерісті, еркіндікті аңсап жүрген ақын көңілі Алаш бағытын қуана қабылдады» деп топшылайды. Бірақ жазушы айтқандай, алаш бағытын қуана қабылдау ұзаққа бармады, заман өзгеріп, алаш жолы тарылды, оған бүйрегі бұрғандарды қуғынға ұшыратты. Ендігісі «жасаймын бір қол қабыс, кейінгіге берем деп» боп қана қалды. Болып жатқандарға көңілі толмады. Жерден безіп «А, дүние» деп аспанға талпынды. Өткеннің барлығы босқа кеткен сияқты көрінеді. «Кедей» мен «Адастан өмір» осындай күйзеліс күндерде жүрген шағында жазылды. Соңғы поэмасында «Мен саби мейірімді ана құшағыма» деп бастап, арманына жеткізерді әскербасылықтан, байлықтан, әкімдіктен іздейді, бірақ саралай келгенде, біреуіне де тұрақтамайды, соның барлығынан тұрақсыздық көріп, шешуін таба алмайды. Ақыры ғалым болып өнер дүниесін байытуды, жұртқа ілім-білім таратып, данышпан атануды дұрыс көреді. Одан басқа оның ақ ниет адалдығы ешкімге керек емес, оған ешкім мойын бұрмайды, әділдік ешқашан орнамайды деген оймен әлгі шешімге ден қояды деп, Ә. ақын туралы ойларын аяқтаған.

*Н. Ақбай.*

**СУЛТАНОВ** Иззат (толық аты-жөні: Иззат Атаханұлы Сұлтанов; 1910 ж. т.), өзбек әдебиет зерттеушісі, сыншы, драматург, қоғам қайраткері. Филология ғылымының докторы (1955), профессор (1957). Өзбекстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1964) және Ғылым академиясының академигі (1995). Өзбекстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970). Ө-пен достық, шығармашылық қатынаста болған. 50-жылдары екеуі де қудаланып, Мәскеуде бірге қызмет істеген. Ұлы жазушының 80 жылдық мерейтойына байланысты «Үлкен суреткер» атты мақала жазып, Мұханның биік қасиеттеріне тағы бір тағзым етті. Ө. 1956 ж. қыркүйекте С-тың докторлық диссертациясы жөнінде жылы пікір айтып, оң көзқарасын білдірген.

*Қ. Сейданов.*

**СУЛТАНОВ** Қалымбет (1932 ж. т.), қарақалпақ әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымының докторы (1991), профессор (1994). Көптеген ғылыми-зерттеу кітаптардың, 100-ге жуық мақаланың авторы. Ө-тің 100 жылдық мерейтойына байланысты «Жер жүзілік әдебиеттің көрнекті қайраткері» деген мақаласы жарық көрді («Еркін Қарақалпақстан», 1997, 29 шілде).

**СУЛТАНОВ** Өмірзақ Сембайұлы (1953 ж. т.), зоотехник, әдебиет зерттеуші. Ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты, доцент (1996). «Физкультура – менің бұзылмас намазым» деректі повесінде

Ө-тің дене тәрбиесіне, спортқа, ұлттық ойындарға зор мән бергені жөнінде баяндаған («Спорт», 1997, 36–37, 39–41). Ал «М. Өуезов – қазақтың ұлттық спорт ойындарының жанашыры» (1997), «Той – тәңірдің қазынасы» (1997), «Ярыш» эмблемасының сыры» (1998) деген мақалаларында ұлы жазушының спортқа деген шын пейілін танытқан.

**СҮРАНШЫ** Ақынбекұлы (1812–1864), батыр. Қоқан хандығының отаршылдық шабуылдары мен қырғыз манаптарының барымта-жорықтарына қарсы соғысқан. Ө. 1938 ж. жазылған «Жамбыл және халық ақындары» деген мақаласында Жамбылдың «Өтеген», «Сұраншы», «Саурық» жырларын атаған. Бұл жырлардың тақырыбы – ел қорғау екенін көрсеткен. С. тұлғасына бірнеше рет топталған. 1948 ж. «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томына жазған «Айтыс өлеңдері» атты монографиялық еңбегінде С. жайында оны ел қорғаған батыр ретінде айтып, әрі қарай Жамбылдың тарихи «Сұраншы» жырының басты кейіпкері және айтыстарда айтылатын кейіпкер ретінде көрсеткен.

*Ж. Қасымбаев.*

**СҮГІР** (т.-ө. ж. б.), жазушының кейіпкері. Құнанбайдың заманасы, Бөкеншінің Сүйіндікпен бірге жүрген белді адамы. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясында Тоғжанмен қатар аталатын Керімбала – осы Сүгірдің қызы. Эпопеяда бұл былай берілген: «Бөжей, Сүйіндік заманынан бері бұл күнге шейін Жігітек – Бөкенші арасында араздық салқыны түсіп көрмеген еді. Бірақ мына жастардың мынау қылығы Бөкеншіні өртке салғандар. Бұл күнде Сүйіндік өлген, ендігі тізгінің көбі осы Сүгірде болатын. Енді сол Сүгірге қараған Байгөбек, Жангөбектей үлкен аталары, Борсақ, Дегелендей қоңсы туысы түгел дүрлікті. Сүгірдің Әкімқожа, Балқожа, Нұрқожа деген балалары мен өзі боп тұлағанда, «Әуелі Жігіттектің жылқысын тиіп аламын» деп бір жасанды» («Жайлауда» тарауында).

*Б. Майтанов.*

**«СҮЙІКТІ АҚЫН»** («Любимый поэт»), жазушының мақаласы. 1948 ж. 15 мамырда «Правда востока» газетінде жарияланды. Өзбектің ұлы ақыны Ө. Науаидің 500 жылдық мерейтойына арналған. Газеттің бұл күнгі нөмірі түгелдей Науаи тойына бағышталған. Ө-тің мақаласы – шағын ғана. Сан ғасырлардан бері Науаи есімі Қазақстанда кеңінен мәлім. «Ләйлі – Мәжнүн», «Фархад – Шырын» сияқты өлмес дастандарының сюжеттік желісін көптеген қазақ ақындары жаңғыртып, жаңартып айтып келеді деп, Науаидің Абаймен қатысы жөнінде хабар береді. Науаи дәстүрінің 19 ғасырдағы қазақ ақындары Шәңгерей мен Шәдіге, ақын, әнші Ақан серіге де әсер еткенін айтады.

*Р. Ықыласов.*

**СҮЙІНБАЙ** Арнаулы (1815–1898), текпе ақын, жыршы, айтыскер. Ақын шығармаларында қазақ халқының тұрмысы, әлеуметтік құрылымы, батырлық дәстүрі, әдет-ғұрпы, арман-мүддесі суреттелді. «Төрт биге», «Өзге төре өлсе де, Сөк өлмейді» т. б. өлеңдерінде қоғамның түрлі топтары өкілдерінің психологиялық ерекшеліктерін ашады. «Өтеген батыр», «Жабай батыр», «Сұраншы батыр», «Саурық батыр» жырларында ел қорғау тақырыбын көтерді. Бұл тақырыптарды кейін Жамбыл бастаған ақындар жалғастырып өкетті. С-дың Тезек төремен, Қаңтарбаймен, Жантаймен, Тәттіқыз, Уә-

зипалармен айтыстары қазақ айтыстарының алтын қорына қосылды. Қырғыз ақыны Қатағанмен айтысы жалпы саны көп емес халықаралық айтыстардың ең үздігі. Ө. 1957 ж. «Қазақ ССР тарихының» 1-томында қазақ мәдениеті мен әдебиетіне арналған тарау жазған. Тараудың бірі «Шернияз бен Сүйінбай» деп аталған. Мұнда: «Сүйінбай Жетісуда (қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы) туып өсті. Тілге шешен, сөзге жүйрік ақын Жетісудағы қазақ-қырғыз халықтарының арасында өте беделді болды» дейді. «Сүйінбай өлеңдерінде өмір шындығы, халықтың үміттері мен армандары айқын байқалып отырды. Алайда Шернияз басынан кешірген феодалдарға бағыну қырсығынан құтыла алмады» деп сынап кетеді (395-бет). «Халықтың ғасырлық жыры» мақаласында: «Көпті қанап, жұртты жылатқан бас бұзар, сотқар бек пен байды ызамен өшкерелеп, ақын ұстаз Сүйінбай жырлапты» деп жазды. «Қазақ әдебиеті тарихына» (1-том, фольклор) арнап жазған «Айтыс өлеңдері» тарауы мен 3 томдық «Айтыс» жинағына жазған алғы сөзінде Сүйінбай жайында ойларын айтқан. «Жаттандыны айтпаған болса, тек қана бір Шөже, Сүйінбай, Жаңақтар өмірінде қаншалықты ұшан-теңіз, суырыпсалма өлеңдер туғанын мөлшерлеу қиын емес» деп, жоғары баға береді (20 томдық шығармалар жинағы, 17-том, 281-бет).

С. Садырбаев.

**СҮЙІНДІК** Жанғөбекұлы (1815 – ө. ж. б.), жазушының кейіпкері. Бөкеншінің беделді адамы, Тоғжанның әкесі. Құнанбай Омбыға айдалған кезде Күшік Тобықтының болысы болған. Сонда ол Құнанбайды кепілдікке сұрап, ісін қайта қарауға ықпал етеді. Ағайын-аралық істе, дауда, билікте С-тің әділ болғанына Ө. «Абай жолы» эпопеясында біраз орын береді; соның бірі әкесінің жұмсауымен барған Абай: «Мен қойдың бөлігін бөлмеймін, құдайдың бөлігін бөлемін» депсіз. Осының мағынасы қалай? дегенде: «Шырағым, бұл сөзді екеңнен ұғынсаң етті» деп алып, Сүйіндік болған жайды ұғындырады. Мамай Көжекбай мен Құлжабайдың жерін бөлу өзіне тапсырылған С. «бөлік былай болсын» деп жүріп отырады, бұл жүрісін ұнатпаған Құнанбай «Уай, алапес! Сен қалай жүріп барасың!» дегенде ол жоғарыдағы мәтел болып кеткен сөзін айтады («Абай жолы», «Шытырманда» тарауы). Құнанбай әкесі Өскенбайға ас бергенде, шырайлары келісіңкіремей жүрген С. оған бара алмай қалады. Біреулер «таяғы тиер» дегенде: «Мені Құнанбай жаратқан жоқ – құдай жаратты. Оның таяғы маған жазса – тиер, жазбаса – тимес» дейді (№29-папка, 125-бет).

Т. Әкім.

**СҮЙІНШІ**, тұрмыс-салт жыры. Естіртуге мағынасы жағынан қарама-қарсы. Қуанышты, жақсылықты жайларды өлеңмен естірткен. Халық арасында сүйінші жырын айтқандарға «сүйінші» беру дәстүрі болған. Сүйінші ақшалай, заттай берілген. Сүйінші сұрау дәстүрі қазіргі күнге дейін жеткен. Бірақ өлеңмен жырлап айту дәстүрі сақталмаған. Ө-тің 1939 ж. Мәскеуде «Литературный критик» журналының 10–11-сандарында шыққан (Л. Соболевпен бірігіп жазған) «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты монографиялық еңбегінің «Халық поэзиясының шағын түрлері» деген тарауында: «Сондай-ақ «естіртуге» қарама-қарсы мағынада «сүйін-

ші» жыры да туған. Жақсы лепес жеткізген адам сүйінші сұрап, сый-сияпат алатын болған» дейді. Сүйіншіні халық ауыз әдебиетінің жанры ретінде атаған алғашқы зерттеуші – Ө. еді.

З. Ахметов.

**СҮЙІНШӘЛИЕВ** Ханғали Жұмашұлы (1918–2006), әдебиет зерттеуші, абайтанушы. Филология ғылымының докторы (1969), профессор (1972), Қазақстанның еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері (1984). Ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің тарихына, сыны мен теориясына арналған. Бұл салада «Абайдың қара сөздері» (1956), «Абай – ағартушы, реалист» (1955), монографиялары, оқулықтары жарық көрді. Ал «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты кітабында (1997) төл әдебиетімізді жанаша жүйелеп, оның 12 ғасырлық (VIII–XX ғ.) тарихын баяндады. Қызметтес болған 50-жылдардан бастап Ө-тің шығармашылығын үзбей зерттеп келеді. «Абай» спектаклі (1952), «Абай туралы романдардың соңғы кітабы» (1956), «Пайдалы жинақ» (1957), «Қазақ әдебиетін тану ғылыми туралы» (1957), «К вершинам мастерства» (1958), «Әдебиетіміздің дәуірлік туындысы» (1959), «Әдебиетіміздің ойлы зерттелуі, жаңа биігі» (1960), «Ғылыми мәні зор еңбек» (1960), «Көркем сөздің шебері» (1962), «Зерттеуші ғалым» (1967), «Мұхтар Омарханұлы Әуезов» (1968), «Терең толғау туындылары» (1978), «Қазақ әдебиетіндегі халықтар достығы» (1983), «Шалқар шабыт» (1997), «Талантқа тағзым» (1998) т. б. еңбектерінде ұлы жазушының өнегелі қасиеттері, шалқар шабыты, суреткерлік таным-талғамы, шешен шеберлігі, терең ойшылдығы, ұстаздық жолы, зор адамгершілік тұлғасы, таңғажайып білімі, әлемдік әдебиетке қосқан өлшеусіз үлесі туралы толғана жазды. Ө. 1959 ж. 15–19 маусымда өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде С-тің Дулат ақын жөнінде жасаған қосымша баяндамасына сол кездегі идеологияға байланысты біржақты сын айтса да, ғалымның еңбегіне әділ баға берген («Әдеби мұра және оны зерттеу», 1961, 354-бет).

Н. Ақбай.

**СҮЛЕЕВ** Біләл (1893–1937), педагог, ақын, драматург, публицист, сатирик. «Қартаға салынған қатын» пьесасын (1921), «Қайтсең көсем боласың» (1922), «Накысбек» (1922), «Қабанбай мен Сазанбай» (1922), «Жүт жеті ағайынды» (1923), «Қазақ мұғаліміне» (1923), «Қыз бен жігіт айтысы», «Қазақтың 24 бас алқа дыбысы» сатиралық өлеңдерін т. б. жазды. Көптеген еңбектері «Тілші» газетінде жарияланды. Ө-пен алғаш рет қалай танысқанын Ф. Фабилова баяндап, Ө-тің 16-жылғы көтеріліс туралы материалдар жинауға келгенін жазған («Өртеңде өнген гүл», А., 1998, 127-бет). Демек 1927 жылдан бастап, екеуі аралас-құралас болып, кездесіп, пікір алысып жүрген, 30-жылдары бірге тергелген.

Қ. Рай.

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Асқар (1938–1992), жазушы, драматург, публицист, аудармашы. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996). Шығармаларында бостандықты аңсап, еркіндікке ұмтылған өнер адамдарын, дүние болмыстың мәні мен адамдық болмыстың мұратын суреттеді, адамзат тіршілігін тарихи, рухани-мәдени тұрғыда зерделеді. Ө-тің 80 жылдық мерейтойына байланысты «Болмыс пен бетпе-бет» мақаласында ұлы жазушының кісілік және суреткерлік биік тұғыры туралы ой толғаса («Лениншіл жас»,

Т. Әкім.

1977, 22 қыркүйек), өмірінің соңғы жылдарында айтқан әңгіме-сұхбатында жалпы қазақ зиялыларының астан-кестен өмір тарихына тоқтала келіп, туған әдебиеттің тағдыры мен талайына барлау жасаған («Қазақ әдебиеті», 1990, 29 маусым).

И. Хасенұлы.

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Ғабдолла (1928–1998), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1976). Актерлік өнерінің дамуына Ә. пьесаларында ойнаған жас Абай («Абай» романы бойынша), Өзімхан («Абай» трагедиясында), Еспембет («Еңлік – Кебекте»), Көбікті («Қарақшыпақ Қобыландыда»), Нарша («Қарагөзде») рөлдері – актердің үлкен табысы. Ең соңғы ойнаған рөлі Ә-тің «Қилы заман» романының негізінде Н. Оразалин жазған пьесадағы Тұңғатардың бейнесі – ірі сахналық жемісі.

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Олжас Омарұлы (1936 ж. т.), ақын, филолог, қоғам және мемлекет қайраткері. Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісі (1995), халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік (1972) және Жастар одағы сыйлықтарының (1964, 1967) лауреаты. Шығармаларын орыс тілінде жазады. Мұхан С-тің алғашқы жырлары мен «Адамға табын, Жер, енді» дастанына ерекше ықыласпен қарап, әдеби кеште сөйлеген сөзінде атап өткен. Өткір де терең ой, тарихи-философиялық пайымдау, ыстық сезім мен туған даласына деген сүйспеншілік, ойлау жүйесі мен тосын бейнелі теңеулер – оның ақындық рухына тән қасиеттер мен ерекшеліктер. Өлеңдері әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. С. ұлы жазушының «Қараш-Қараш оқиғасы», «Көксерек» повестері бойынша түсірілген «Асудағы атыс», «Көксерек» фильмдерінің экрандалуы тікелей жетекшілік етті. Жазушының туғанына 80 жыл толуына орай түсірілген «М. Өуезов туралы сөз» атты деректі фильмнің мәтінін жазды. 1987 ж. Ә-тің 90 жылдық мерейтойында «М. Өуезов туралы» баяндама жасады, Мәскеудегі Бағаланы залда өткен салтанатты жиында кіріспе сөз сөйледі («Мұхтар Өуезов әлемі», 1997). Ақын мұнда Ә-тің өмірі мен шығармашылық жолындағы кеңестік қысымды барынша әшкерелей отырып, жазушының шығармасына мүлде жана көзқарасты қалыптастыру қажеттігін айтты. С. Алаш ардагерлерін ақтау мәселесін көтеріп, қасақана ұмтылған есімдерді қатарға қосуға үлкен күш жұмсады. Желтоқсан оқиғасы (1986) кезінде жазықсыз сотталғандарды түрмеден шығару қозғалысының басында болды. Абай мен Мұхтардың туған еліндегі Дегелең атом полигонын жабу үшін күресіп, «Семей-Невада» қозғалысын ұйымдастырды.

Т. Жұртбай.

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Рамазан Бимашұлы (1931–1992), тарихшы. Тарих ғылымының докторы (1973), профессор (1977), Қазақстан Ғылым академиясының академигі (1989), Қазақстан Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты (1973). Ғылыми еңбектері Қазақстанның мәдени құрылысы мәселелеріне арналған. Өз аспирантының «Қазақстандағы екінші және үшінші бесжылдық тұстарындағы мәдени құрылыс» деп аталатын кандидаттық жұмысына пікір жазған. Бұл пікірінде жазушы жас ғалымның аса аумақты материалдарды екшеп, оны қорыта білген зерттеушілік қабілетін жоғары бағалаған. Қазақстанның сол бір жылдардағы кең ауқымды мәдени құрылысын әрі орнықты, әрі дәлелді көрсетіп, нақты аша білген дейді (№ 207-папка).

**СҮЛЕЙМЕНОВА** Зәрипа Ізтілеуқызы (1920–1994), актриса, өнші. Қазақстанның халық артисі (1963). Ғ. Мүсіреповтің «Амангелді», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында» – Бану, Қыз Жібек, Баян, Б. Майлиннің «Шұғасында» – Шұға, Ә. Өбішевтің «Достық пен махаббатында» Сәуле, Ә. Тәжібаевтің «Көңілдерінде» Маржан рөлдерін ойнады. Ә-тің «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан», «Қарагөз» драмаларында Еңлік, Айман, Қарагөз сынды арулардың бейнелерін сахнада көрсетіп, зор табысқа жетті.

**СҮРТБАЕВ** Мүлік (1917–1997), актер. Қазақстанның халық артисі (1955), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1970). 1951 ж. қойылған Ә-тің «Абай» трагедиясында Соболевлен бірге басты рөлді орындаған актер ойшыл-сыршыл ақынның бейнесін, сан қырлы адами қасиетін үлкен шеберлікпен, бояуын қандыра көрсете білді. 1957 ж. Қазақ академиялық драма театрына қабылданып, Ә. Мәмбетов жаңартып қойған «Абай» спектаклінде тағы да Абай тұлғасын сомдады, өзінң психологиялық портрет шебері екенін танытты, ақынның қайғылы өмірін, ішкі дүниетанымын терең көрсетуге көп күш салды. 50 жылдай ғұмырын сахна өнеріне арнаған актер өзі ойнаған ең басты рөлі Абай деп білген. Кебек, Төлеген, Қозы, Ыбырай, Алдар, Хлестаков, Қобыланды, Ленин, кинодағы Аңғарбай («Біздің сүйікті дәрігер») – бұл бейнелердің бәрі С-тың сегіз қырлы өнер қайраткері екенін көрсететін айғақтар.

Б. Мекішев.

**СҮТЖАНОВ** Бақтияр Бөкебайұлы (1942 ж. т.), жазушының жиені. Ә-тің алғашқы әйелі Райхан Кәкенқызынан туған тұңғыш қызы Мұғамиланың ұлы. 1966 ж. Алматы халық шаруашылығы институтының финан-кредит факультетін бітірген. 1965–69 ж. «Средазпромзернопроект», «Казгорстройпроект» ғылыми институттарында инженер, аға инженер, топ бастығы, 1971–77 ж. Энергетика министрлігінің Энергетика институтында жоспарлау-өндіріс бөлімінің бастығы, 1994 жылдан «Қазахинторгта» аға маман болып істейді.

**СҮТЖАНОВ** Нариман Бөкебайұлы (1940–1974), жазушының жиені. Медицина ғылымының кандидаты. Ә-тің алғашқы әйелі Райхан Кәкенқызынан туған тұңғышы Мұғамиланың баласы. 1967 ж. Алматы мемлекеттік медицина институтының фармацевтика факультетін, 1971 ж. Львов медицина институтының аспирантурасын бітірген. Онкология химия саласында халықаралық маңызы бар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген. 1971 жылдан Онкология институтында лаборатория меңгерушісі болып істеді.

**СҮТЖАНОВА** Гүлдіхан Бөкебайқызы (1953 ж. т.), жазушының жиені. Ә-тің бірінші әйелі Райхан Кәкенқызынан туған Мұғамиланың қызы. 1975 ж. Қазақ политехника институтын бітіріп, инженер-энергетик мамандығын алған. 1982 ж. Мәскеу сауда институтын бітірді. Сауда саласында жұмыс істеді. Қазір «Арай» көтерме сауда бірлестігінде қызмет атқарады.

Р. Әбдіғұлов.

**СЫҒАЕВ** Әшірбек Төребайұлы (1947 ж. т.), театр зерттеушісі, қоғам қайраткері. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1989), «Сахнаға

сапар», «Жарнама алдындағы ой» атты құнды зерттеулер жариялады. «Сахнаға сапар» кітабында ұлы Мұханның ұлттық драматургияға, режиссураның дамуына өлшеусіз үлес қосқанын баса айтып, Ә-пен қатар Мүсірепов, Мұқанов еңбектерінің сахнамен байланысты тұстарын сала-салаға бөліп зерттеуді талап етеді. «Пьеса сахна үстінде танылады» деген мақаласында 1953 ж. жазылған, ұзақ уақытқа дейін көрермендер сарабына түспей, сахналық құлпы ашылмай келген Ә-тің «Алуа» пьесасына талдау берілген, бұл туынды – шығармашылық толғаныстың жемісі екені дәлелденген. Ғылыми-зерттеу еңбектерінің көбінде Ә. қазақтың ұлттық драматургиясының негізін салушы ретінде көрсетіледі. «Қара шаңырақтың аруақты иесі» атты мақаласында Ә-тің театрға сіңірген еңбегін жан-жақты қарастырған («Парасат», 1997, №6).

Б. Мекішев.

**СЫДИЫҚҰЛЫ** Қабиболла (1934–2001), әдебиет зерттеуші. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1993). Филология ғылымының кандидаты (1966). Ғалым қазақ ауыз әдебиетінің тарихи даму жолдарын саралағанда, оның ірі өкілдерінің шығармашылығын зерттеу ісінде Ә-тің пікірлеріне, еңбектеріне сүйенеді. Мысалы, ол «Халқымен қайта табысқандар» деп аталатын зерттеуінде (1997) ұлы жазушының Әбубәкір, 20 ғасыр басындағы ақын-жазушылар, Ғ. Қарашев, Мұрын жырау т. б. туралы айтқан ой-пікірлеріне ден қойған. Ал «Ұлы ұстаз ұлағаты» деген мақаласында («Маңғыстау», 1987, 26 қыркүйек; «Ана тілі», 1997, 11 қыркүйек) Мұханның студент жастарға деген ыстық ілтипатын, ар алдында, әдебиет алдында адал болу, халыққа қалтқысыз қызмет ету жөнінде айтқан ақыл-кеңестерін тілге тиек еткен.

**СЫДЫҚБЕКОВ** Түгелбай (1912–1997), қырғыз жазушысы, ақын. Қырғыз әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Қырғызстанның халық жазушысы (1968). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауре-

аты (1949). Қырғызстан Ұлттық ғылым академиясының академигі (1954). Қырғызстан Республикасының Батыры (1997). 50-жылдардан бастап Совет-Үндістан достық қоғамының вице-президенті, Бейбітшілік қорғау комитетінің, 1959–64 ж. Лениндік сыйлықтар комитетінің, КСРО Жазушылар одағының мүшесі болған кезде Ә-пен қызмет бабында жиі-жиі кездесіп, достық, жолдастық, шығармашылық байланыстарын үзбеген. Бұлардың бәрін «Ұлы сөз» туралы ой» деген мақаласында (1955), «Қымбатты Мұхана» атты құттықтау хатында (1957) т. б. баяндаған. Ал «Ініден ізет» естелігінде 1938 ж. жазда танысқан кезден бастап қарым-қатынастарының бір сәт толастамағанын, өзінің қазаққа қыз беріп, қыз алған құда-жекат екенін, Мұханның «Манас» жөніндегі еңбегін қырғыз халқының жоғары бағалағанын баяндаған. Ә. те «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты зерттеуінде С-тің бірқатар романдарын («Біздің заманның адамдары», «Тау балалары», «Тау арасында») қырғыз әдебиетінің табысы екенін көрсетіп, «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» мақаласында қырғыз жазушысының халықтар достығы тақырыбын жақсы меңгергеніне ризашылығын білдіре отырып, бірқатар сын пікірлер айтқан.

Ч. Жұмағұлов

**СЫДЫҚ** Махмұдұлы (т.-ө. ж. б.), жазушының танысы. Ә-тің «Абай жолы» эпопеясына мол дерек берген. Романда мол суреттелген Кішкене молда ақын немересі. Бүкіл өмірі Абай аулында өтеді. Оның Абайдың өзі, айнала төңірегі туралы көргені мен білгені көп. Жазушы 1935 ж. желтоқсанда дерек жинауды бастағанда, ең алғашқы әңгімелескені – осы С. Мұханның алғашқы дәптері де соның «Көш-жөнекей әңгіме айт деп, артынан өзі айтатын» деген сөздерімен басталады. Дерек айтушылар Кішкене молданы «Махмұдқа ұқсайды. Бірақ мұрын, сақал, бет – барлығы Махмұдтан үлкен» дейтін (№29-папка, 146-бет). С-тың да соларға ұқсастығын еске алады. Бірде Абай С-тан «өлең қалай болады деп ойлайсың» деп сұрайды да, өзі: «Ұйықтап, ояна салысымен қолыма қарындаш алып жазып тастаймын. Бастығырылып, ұйықтай алмай, оянып алып жазып тастасам бойым сергіп қалады. Дарыған деген осы ма» депті. Абайдікі деп, біраз өлеңдерді есіне алған. Оның берген деректерінің көпшілігі романға пайдаланылды. Абайдың Бөжейлердің алдынан шығып сөлем бергенін, Байсалдың жақтырмағанын, соған қарамай, Бөжей батасын бергенін жазушы алғаш осы С-тан естіген.

Т. Әкім.

**СЫДЫҚОВ** Әміржан Сыдықұлы (1898–1983), педагог. Педагогика ғылымының кандидаты (1948), доцент (1949). Еңбектері педагогиканың ғылыми-теориялық мәселелерін зерттеуге арналған. Халықты ағарту ісіне зор еңбек сіңірген. «Жаңа типті мектептерде оқу процесі мен оқыту әдісі жайында» (1960), «Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі» (1969) т. б. еңбектері жарық көрді. С. Семей бес кластық училищесінде Ә-пен бірге оқып, «Жарыс» футбол командасында бірге ойнаған. Өзінің естелігінде («Қазақстан мұғалімі», 1982, 30 желтоқсан), жазушының зеректігін, кішіпейілдігін, қамқорлығын толғана еске алады.

Қ. Керейбаев

**СЫДЫҚОВ** Тұрлыбек (1928 ж. т.), филология ғылымының кандидаты (1958). «Егемен Қазақстан»

М. Әуезов пен Т. Сыдықбеков. Бішкек. 1954.



газетінде 1997 ж. 12 наурызда жарияланған «Ағаның алды – ақ жайлау» деген естелік-мақаласында Ә-тің қазақ фольклорын зерттеудегі ұлан-ғайыр еңбегіне жан-жақты тоқталған. «Жыр қайнары» (1966), «Терең тамырлар» (1975, орыс тілінде), «Толғандырар тағдырлар» (1977), «Ғасырлардың кәусар бұлағы» (1980) атты монографиялары мен М. Ғабдуллинмен бірге жазған «Қазақ халқының батырлық жыры» зерттеуінде (1972) Ә-тің қазақ фольклоры жайлы еңбектеріне сілтеме жасап, пікірлерінен ой өрбйтеді, ұлы ғалымның ұлттық фольклортану ғылымын қалыптастырып, дамытудағы еңбектеріне жоғары баға береді.

*С. Қорабай.*

**СЫЗДЫҚОВ** Керімбек (1939 ж. т.), әдебиет зерттеуші, мұхтартанушы. Филология ғылымының докторы (1997), профессор (1990). Ғылыми еңбектері негізінен Ә-тің шығармаларын зерттеуге арналған. Ұлы жазушының 12 және 20 томдық шығармалар жинағын құрастырып, ғылыми түсініктерін жазысқан; «М. О. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткішті» (1972) дайындауға қатысқан. Ә-тің шығармашылығы туралы «Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы» (1973), «Мұхтартанудың беймәлім беттері» (1997) монографиялық зерттеулер мен 100-ден астам мақаланың авторы. «Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы» негізінен жазушының сыншылық қызметін талдайды. «Мұхтартанудың беймәлім беттері» – автордың осы бағыттағы ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми ізденістерінің қорытындысы іспеттес.

*Д. Ысқақұлы.*

**СЫЗДЫҚОВ** Мәнтай (1915–1975), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1945). Өр алуан рөлдерді ойнап, өзінің өткір мінезді кейіпкерлердің бейнелерін терең суреттейтін шеберлігі мен даралығын танытты. Актерлік өнерінің қалыптасуына Ә. шығармаларының негізіндегі қойылымдардағы ойнаған рөлдері көп себеп тигізді. Солардың ішінде «Абай» трагедиясындағы Долгов, «Айман – Шолпандағы» Жантық, «Еңлік – Кебектегі» Есен, «Намыс гвардиясындағы» Панфилов бейнелері т. б. Басқа қойылымдардан Т. Ахтановтың «Сәулесіндегі» Алдаберген, Қ. Мұхамеджановтың «Құдағи келіптісіндегі» Сәрсен рөлдері де – актерлік ізденістің жемісі.

*Б. Құндақбайұлы.*

**СЫЗДЫҚОВА** Рәбиға Ғалиқызы (1924 ж. т.), тілтанушы. Филология ғылымының докторы (1972), профессор (1989), ҚазКСР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1979), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996). Орфографиялық, түсіндірме сөздіктерді жасауға қатысты, орта, жоғары мектептерге арнап бірнеше оқулықтар жазды. «Сөздер сөйлейді» (1980, 1994), «Сөз сазы» (1983, 1995), «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1984, 1994) «Қазақ тілінің анықтағышы» (2000) т. б. зерттеулері жарық көрді. «Абай шығармаларының тілі» (1968), «Абай өлендерінің синтаксистік құрылысы» (1970), «Абайдың сөз өрнегі» атты монографиясында ұлы ақынның қазақ жазба әдебиетінің негізін салуда зор рөл атқарғанын дәлелдеді. Ғалым бұл зерттеулерінде Ә-тің Абай туралы айтқан пікірлеріне жиі-жиі жүгініс жасап отырған. Ал «Сөз құдіреті» атты еңбегінің «Мұхтар Әуезов – көркем сөздің пірі» атты тарауы ұлы жазушыға арналған. Автор онда Абай – қазақ жазба әдеби тілінің ұлттық кезеңінің бастаушысы болса, М. Әуезов – сол тілдің көркем проза, драматургия, публицистика, ғылыми әде-

биет стильдері деп танылатын тарамдарының іргетасын қалаушылардың ірілерінің бірі, көш бас-таушыларының зоры деп тұжырымдаған.

*Ө. Қайдар.*

**СЫДЫХАНОВ** Әбдірашит Аронұлы (1937 ж. т.), суретші. КСРО Суретшілер (1967) және Кинематографистер (1985) одағының мүшесі. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1986), «1916 жыл» (1969), «Ақындар даусы», «Ереуілшілер», «Жеңілгендер», «Маңғыстау мұнайшылары (1970) триптихтарының «Қазақстан туралы поэма» панносының (1974), бірнеше портретті т. б. авторы. Ә-тің шығармасы бойынша жасалған «Қараш-Қараш» көркем фильмінің қоюшы-суретшісі болды (1967).

*Н. Ақбай.*

**«СЫН БОЛАШАҚКА МEGЗЕСІН»**, жазушының мақаласы. 1959 ж. қазан айында «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясында өткен әдебиет сыншылары мен зерттеушілерінің жиналысында сөйлеген сөзі. Сол жылы осы газеттің 30 қазандағы санында жарияланды. Ә. бұл пікірінде қазақ әдеби сыны жайлы тереңнен ой толғап, қадау-қадау мәселелерді көтерді. Қазақ әдебиетінің «революциядан бұрынғы томаға-түйік қалпынан әлдеқашан құтылған» әдебиет екенін, «орыс әдебиетінің тамаша шығармаларынан үлгі, әсер алумен» қатар «оларға да өз әсерін тигізіп, бүкіл совет әдебиетінің көркейіп, өсуіне ат салысып отырған әдебиет» ретінде танылғанын, «барлық ұлт республикаларының әдебиетінде де ортақ тақырыптар өте мол» болғанымен, «тақырыпты меңгеру шеберлігі, ұлттық нақышы, талас-тартыс шешімдері әрқилы» екендігін атап өтіп, «оларды салыстыра зерттеген жөн» деген тоқтамға келді. Сонымен бірге сыншылардың ұлттық түр мен социалистік реализм, дәстүр мен жаңашылдық, қазақ әдебиетінің жанрлары және оның хал-жайы деген тақырыптар төңірегінде проблемалар көтеріп, бұл мәселелерді нақты мысалдар арқылы теориялық топшылау негізінде шешу қажет екенін айтты. Бұл ретте әсіресе прозадағы тартыс жайына кеңірек тоқталып, «шығармада талас-тартыс болмаса, ол адамды қызықтырмайды. Роман үлкен оқиғаларға, шынайы һәм шытырман тартысқа құрылуы шарт» деп, көркем туындыға қойылар басты талаптарды сынамаалап, «кейбір қазақ романдарының сюжеті әлсіз, сұйық» келетінін сөз етіп, М. Шолохов шығармаларын үлгі қылды. «Шығармадағы авторлық ремарка мен диалог күшті болуға тиіс», «әдеби сын мен әдебиеттану ғылымын ілгері бастыру үшін... әсіресе қазіргі әдебиеттің жайын ғылыми талдап, сұрыптап, жүйелеп, оған бүкілодақтық әдебиет биігінен әділ, терең баға беріп отыру, сөйтіп әдебиет теориясына лайықты үлес қосу қажет» деген түйін жасады.

*Н. Жанакоева.*

**«СЫН САҒАТТА»**, жазушының пьесасы. Пьесаның алғашқы нұсқасы 1941 ж. жазылды. Мұнда Ұлы Отан соғысына қатысқан кеңес жауынгерлері мен елдегі еңбек адамдарының ерліктері суреттелген. Осыған орай пьесаның оқиғасы жиі ауысып, бірде майданда, бірде Қарағанды шахтасында, енді бірде дала госпиталінде өтеді. Бұл тәсіл пьесаға эпикалық кеңдік беруге қолайлы болғанымен, оқиға желісінің шұбаланды болуына әкеп соққан. Әсіресе соғыс көріністері шұбаты-

лып, пьесаның көркемдік жағына нұқсан келтірген. Көп ұлтты солдаттардың достығы үстірт суреттелген. Пьеса ұлттық драматургиядағы елеулі көркемдік жетістікке көтеріле алған жоқ. Автордың сол жазылған жылы қайта өңделуі де осыған байланысты болса керек. Мұнда кейіпкерлердің аты тұтас сақталғанымен, пьеса тұтастай өңделіп қайта жазылған. Көп көріністер қысқартылып, жеке-леген екі-үш көрініске біріктірілген. Ал пьесаның 3-нұсқасы жазушының 6 томдық таңдамалыларында (1956) жарияланды. Бұл жолы негізінен жеке кейіпкерлердің монологтары ықшамдалып, редакциялаумен шектелген. Сахнаға пьесаның 1941 ж. 2-нұсқасы қойылып, республика театрларында зор табыспен жүрді. Соғыс тақырыбына байланысты тұңғыш шығарма болғандықтан, барлық қазақ театрларының сахнасында көрсетілді. Қазақ академиялық драма театрының сахнасына 1941 ж. 7 қарашада А. Тоқпановтың режиссурасымен шығарылып, тыңғылықты жүргізілген дайындық жұмысының нәтижесінде шығармада суреттелген сын сағаттарды әрбір орындаушы өздерінің бастарынан кешкен күйдей сезінген. Кеңес халқының азаттығы мен бақыты үшін фашизмге қарсы күрес – қойылымның идеялық нысанасына айналды. Спектакльдің орталық кейіпкері – Ербол Датов актер Ж. Өгізбаевтың ойынында қарапайым қазақ жігіті, қайыспас ер, ерен еңбегімен, соғыстағы ересен батырлығымен шынайы суреттелген. Ол кейіпкердің жанды бейнесін жасап, аңқылдаған ақ көңіл адалдығын, төңірегін күлкіге көметін әзіл-қалжыңды да сүйетін етіп бейнелеген. Қойылымға қатысқан Қ. Қуанышбаев (шахта директоры), С. Қожамқұлов (қарт шахтер Тәнеке), С. Майқанова (Мәрияш) және Р. Қойшыбаева (Кәден) нағыз халықтық характердің психологиялық сөттерін нанымды ашқан. Драма «Әдебиеттік оқу кітабында» (1944, 1946), Ө-тің 12 томдық (1969, 8-том), 20 томдық (1982, 11-том) шығармалар жинағында жарияланды.

Б. Құндақбайұлы.

**«СЫННАН НЕ ТІЛЕР ЕМ»**, жазушының мақаласы. Ө. «Қазақ әдебиеті» газетінің тұңғыш нөмірінде (1934, 10 қаңтар) жариялаған. Бұл кезде тұрпайы әлеуметтік сынды басшылыққа алған ҚазАПП ұйымы қызметін тоқтатып, жаңа жазушылар ұйымын құру, оның негізгі шығармашылық әдісін айқындау мәселелерін төңірегінде пікір алысулар жүріп жатқан еді. Қазақ әдебиетін одан әрі өркендету түсу үшін алдымен оның арнайы органы – әдебиет газетін шығару күр тәртібіне қойылды. Сонымен Қазақстан жазушыларының үні – «Қазақ әдебиеті» газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан шыға бастады. Әдебиет газетінің шығуы мәдени, әдеби өмірдегі елеулі оқиға болды. Газеттің алғашқы нөміріндегі Ф. Мүсіреповтің «Ұлы дәуірге – үлкен әдебиет», С. Сейфуллиннің «Кезектегі істерім» сияқты материалдармен бірге, Ө-тің осы мақаласы қатар жарық көрді. Онда қазақ әдебиеті сынының алдында тұрған міндеттерге жан-жақты тоқталумен қатар, тұңғыш нөмірі шыққан «Қазақ әдебиеті» газетінің атқарар қыруар істерін де айқындады. Әдебиеттің арнайы газетінің жарық көруіне байланысты сының мүмкіндіктері толығымен оның әдеби өмірдегі белсенділігі, объективтілігі, жауынгерлігі мен ғылыми негізділігі

күшейетініне, жанрларының молығы, жетіле беретініне сенім білдірген.

Д. Ысқақұлы.

**СЫҢСУ**, тұрмыс-салт жыры. Қыз ұзату дәстүріне байланысты туған. Қыздың ұзатылар алдында ел-жұртымен, туған-туыстарымен, ағайын-жеқаттарымен, жер-суымен, балалық өмірімен қоштасуы ретінде айтылады. С. өлеңдері құрылысы жағынан 7, 8, 11 буынды болып келеді. Ө. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеуінде С. туралы өте жақсы айтқан. Қазақтың ескі ғұрпы бойынша, аталас жақын адамдар қыз алысып, қыз беріспеген. Сондықтан қыз алыс ауылдағы, алыс атаның адамына ұзатылған. Сөйтіп қыз көз көрмеген қиянға, бөтен жұртқа барған. Еріксіз ұзатылған қыз жанына батқан мұң-шерін жырға қосып, өзінің ғана емес, жалпы қазақ әйелінің аянышты тағдырын танытатын әсерлі, шыншыл жырлар тудырған. Ал сыңсуды айтқан қалыңдық барлық құрбы қыздарымен бірге, сол ауылдағы және жақын көрші ауылдағы үйлерге барып танысатын болған. Сөйтіп елі-жұртын тастап кеткелі жатқан сәтте қалыңдық туып-өскен шаңырағын, жанкүйер жақындарын қимай, қиналған қасірет-қайғысын, туған жерге, өтіп кеткен балғын балалық, уыз жастық шағына қош айтқан мұңзарын өз жырымен тербеген».

Н. Ерсарыұлы.

**СЫРЫМ** Датов (1712–1802), батыр. Батыс Қазақстанда Ресейдің отарлау саясатына, хандық биліктің әділетсіздіктеріне қарсы халық көтерілістерінің басшысы. Асқан батырлығымен, қолбасшылық қасиеттерімен, шешендігімен ерекшеленген. Жас кезінен ақыл-ойының, әділдігінің, шешендігінің арқасында Бала бi атанған. 1772–73 ж. патша өкіметі мен жергілікті султандардың билігіне наразы халық көтерілісін басқарып, көтеріліс басылғаннан кейін өкіметке қарсылығын тоқтатпаған. Ө-тің «Қазақ ССР тарихының» 1-томына жазған «Қазақтың ауыз әдебиеті» мақаласында халықтың бірқатар өлеңдері мен аңыз әңгімелері қазақтың XVIII ғасырдың аяғында Кіші жүзде болған көтерілісіне, Сырым батырдың осы көтерілістің рөліне арналған. Сырым батыр жайындағы аңыздарда, ертегі, әңгімелерде оның ханға және ханның төңірегіндегілерге қарсы қалай күрескені айтылады» деп, С-ның Нұралы ханмен кездескендегі батылдығын, ақыл-ойын, тапқырлығын көрсететін диалогтан, Орынбор генерал-губернаторына берген жауабынан мысалдар келтірген. Хиуа ханымен кездесуі туралы халық арасындағы аңызға қарағанда, ханға Сырымның сөз алғырлығы мен тұрашылдығы ұнамайды да, хан оған кісі жіберіп, у беріп өлтіртеді дейді.

Ж. Қасымбаев

**«СІЗДЕРДІҢ ПІКІРЛЕРІҢІЗДІ ДЕ БІЛГІМІЗ КЕЛЕДІ»** («Мы хотим слышать и ваш голос!»), ашық хат. Ө. бұрынғы кеңес жазушыларымен бірге американ жазушыларына арнайы жолдаған. Онда американ үкіметінің бөтен мемлекет шекарасындағы тыңшылық әрекеті үшін, АҚШ мемлекеттік департаментіне қарсы бірлесе қимылдауға шақырған. Сонымен бірге олар Свердловск түбінде атып түсірілген «Локхид У-2» ұшағының сынықтары бүкіл американ халқының абыройына нұқсан келтіретінін айтқан. Өрине бұған америка жұртшылығы қинал емес, өйткені әңгіме бөтен шекараны әдейі бұзу принципіне болып отыр. Американы үкіметінің осы әрекетіне әрекетін әшкерелей отырып, кеңес жазушылары өздерінің американ

дық әріптестерін әлем жұртшылығына өздерінің естияр пікірлері мен саликалы ойларын айтуға шақырды. «Басқа мемлекеттің өркениеті мен шекарасын сыйлау – халықаралық құқықтың ең негізі» деп атап көрсетілген. Хатқа М. Әуезов, Н. Грибачев, Б. Изаков, В. Катаев, Н. Михайлов, С. Михалков, Б. Полевой, А. Сафронов, А. Чаковский, М. Шолохов, А. Штейн, С. Щипачев қол қойған. Хатты ұйымдастырып жазу ісінде Ө-тің халықаралық деңгейдегі қайраткерлік келбеті таңылады.


*Б. Мамыраев.*

**СІРГЕБАЕВ** Ескен (1940 ж. т.), кескіндемеші, сәулетші. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1982), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері (1990). Н. Байғаниннің (1972), І. Жансүгіровтің (1973) т. б. ескерткіш-биюстерін, 1982 ж. заңғар жазушы Ө-тің ескерткішін жасады (архитекторлары – О. Баймырзаев, М. Жаксылықов, А. Қайнарбаев). Ескерткіш Қазақ академиялық драма театрының алдына қойылды. Бұл шығарма мүсінші шығармашылығындағы мұхтартану ғылымына қосылған бірегей үлес болып табылады.

*Е. Ахметова.*

**СЦЕНАРИЙ**, әдеби жанр. Әр түрлі қойылымдардың композициялық негіздері. Пьеса мазмұнының қысқаша түсіндірмесі іспеттес. Мұнда кейіпкерлердің сахнаға шығуы, қосымша нөмірлері айқындалады. Әдеби драманың дамуымен байланысты сценарий жаңа мазмұн, мағына тапты, проза мен драматургияның тәсілдерін пайдаланып, экрандық қойылым үшін жазылады. Қазіргі кезде кино сценарий, әдеби сценарий және теледидар сценарийі сияқты салаларға бөлінеді; опералық, балеттік, пантомималық сценарийлер де бар. Ө. бұл салада көптеген еңбектер қалдырды, оның алғашқы сценарийі «*Райхан*» деп аталады. Осы сценарий бойынша 1943 ж. көркем фильм түсірілді. Бұдан кейін «*Абай*», «*Біздің совхозда*», «*Әйел жолы*» т. б. сценарийлерін жазды.

*Т. Әкім.*



**ТАБАНОВ** Мұхаметқали Жексенбекұлы (1907–1986), актер, режиссер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1951). Б. Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібі» пьесасын сахнаға шығарды (1937). Ғ. Мүсірепов, Ш. Хұсайынов, М. Шолохов пьесаларының қойылымдарында басты рөлдерді ойнады. Ө-тің «Айман – Шолпан» комедиясында Жарастың бейнесін сомдап, актерлік талантын танытты. «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің негізінде түсірілген «Асудағы атыс» көркем фильмінде Қайранбайдың бейнесін жасады.

**ТАГОР** Рабиндранат (Т а х а у р Р о б и н д р о н а т х; 1861–1941), үнді жазушысы, ақын, қоғам қайраткері. Шығармаларында ұлт-азаттығы, әлеу-

меттік теңсіздік, отансүйгіштік, ескі мен жаңаның қақтығысы мәселелерін көтерді. «Халық жүрегі» деген өлеңі (1911) Үндістанның ұлттық гимніне айналды. Ө. «*Тагордың кемеңгерлігі*» деген мақаласында: «Рабиндранат Тагор үнді әдебиетінің дамуына тұтас дәуір құрған шығармалар тудырды. Оның шығармалары терең лиризмге, өмірдің шұғылалы нұр шапағына толы. Тагордың өз Отаны азат болуын аңсауды мұрат етуден туған аса ірі, айтулы шығармаларын мөңгібаки ескірте алмайтын да осындай қадір-қасиеті» деп, үнді халқының ұлы перзентінің жазушылық қызметіне зор баға берген.

«**ТАГОРДЫҢ КЕМЕҢГЕРЛІГІ**», жазушының мақаласы. Үнді халқының ұлы перзентінің 100 жылдық мерейтойына арнап 1961 ж. жазылған. Алғаш рет Ө-тің «*Уақыт және әдебиет*» (1962, 421–425-беттер), 12 томдық (1962, 12-кітап, 524–527-беттер), 20 томдық (1985, 20-кітап, 458–463-беттер) шығармалар жинақтарына енгізілген. Мақала: «Оның туғасы Батыс пен Шығыс мәдениетінің тұтаса тоғысқан бір әлемінде, асқар алып шыңындай» деп басталып, Тагордың заман талабына тіл қатқан лирик ақын, новеллист, романист, драматург, публицист ретінде жазушылық мәдениетін терең меңгерген, күллі шығармашылық ерен дәстүрлерді мол қамтыған қаламгер екеніне тоқталады. Кейбір ақындар лап етіп жанып, жарқ етеді де, тасқараңғы сөніп қалады, олар тарих үшін құйрықты жұлдыздай тез сөнөді, ал Тагордың «шығармалары сіздің ой-сана кегіңізде мәңгі-баки сөнбейді, өмір бойы тап қасында болады. Олар бейне бір тарихтың шұғыла шашқан серігіңдей» екенін, оның «бүкіл бес континенттің азаматы болғанын», ол «болашақ сан ғасырлар бойына да өлмей, өшпей жасай» беретін ақынның қызық тағдырына барлау жасайды. Сөйтіп автор Тагордың әлем әдебиеті классиктерімен терезесі тең, соларға барабар қаламгер бейнесін мақтан етеді. Оның «Гора» романының бүкіл үнді әдебиетіне тигізген зор ықпал, одан көптеген жазушылардың тағлым алғанын атап көрсетіп, оны Үндістандағы сыншыл реализмнің аса ірі тұңғыш шығармаларының бірі дейді. Үнді классигінің 100 жылға толу мерекесін қазақ халқы да арнайы атап өтуге әзірленіп жатқанын, оның тамаша туындыларын қазақ оқырмандарының сүйіп оқитынын, бұл шығармалар ананы мейірлендіріп, жастық шақты қанаттандырса, өкені даналық ойға кенелдендіреді деп, сөз құдіретін көтере, өсіріп айтады. «Менің қызметім – төлім-тәрбие беру. Адам баласын толғандырған мәселелердің бәрі де өзінің түбегейлі шешімін тәрбиеден табатындығына мен сенемін» деген Тагордың ұлағатты сөздерін мысалға келтіріп, оның туындыларының да тәрбиелік-танымдық мән-мағынасы зор деп аяқтайды сөзін автор.

*Н. Ерсарыұлы.*

«**ТАЖАЛ АЙМАҒЫ**» («*3 О н ы у ж а с а*»), жазушының мақаласы. «Литературная газетада» 1959 ж. 9 маусымда шыққан. Мақала Оңтүстік Африка одағы мен Америка Құрама Штаттарындағы расизмге қарсы жазылған. Жазушы Американың «Юнайтед Стейтс ньюс энд Уорлд рипорт» журналында шыққан Дэвид Ридтің «Оңтүстік Африка трагедиясы» атты расизмге қарсы мақаласын оқығанда ерекше таңғалғанын, Американың өзінің де

расизмнен, қара түстілерді кемсітуден ада емес екендігін айтқан. Бұл мақаладағы (Дэвид Рид мақаласының) Оңтүстік Африкадағы расистердің жан түршігерлік әрекеттерін айта отырып, АҚШ-тың өзіндегі расизмді бүркемелеу мақсатында жазылуы мүмкін деп ескерткен. Өуезов мақаласы КСРО мен АҚШ арасындағы «қырғи қабақ соғыстың» өршіп тұрған кезінде жазылғандықтан, алдымен американдық расизм сынылып, Марк Твеннің «Со-единенные Линчующие Штаты» деп айтқанын еске салады. Мақалада Оңтүстік Африка одағындағы ұлттық кемсіту мен қуғындаудың сан салалы жолдары көрсетілген. Дэвид Рид мақаласынан мысалдар келтіре отырып, расистік елдегі сұмдықтарды ашына айыптаған. Мақаланы оқу барысында негрлердің сол кездегі азапты өмірі көзге айқын елестейді. Кемсіту, қанау, қорлау жолдары мен әдістері нақты мысалдармен баяндалған.

*Р. Ықыласов.*

**ТАЙЖАНОВ** Алтай (1948 ж. т.), философ, мұхтаранушы. Философия ғылымының докторы (1995), профессор (1996). Зерттеу еңбектерінің басым бөлігі Ө-тің шығармашылығымен байланысты. «М. Өуезов – ойшыл» деген тақырып бойынша кандидаттық (1984), «Мұхтар Өуезов шығармашылығының дүниетанымдық өзектері» атты тақырыпта докторлық (1995) диссертация қорғады. Ұлы жазушының философиялық, психологиялық, педагогикалық, ағартушылық көзқарастары, ойлары мен пікірлері туралы 100 баспа табақтан аса ғылыми еңбектер жазды. Бұл тұжырымдары «М. О. Өуезов – ойшыл» (1991), «М. О. Өуезовтің педагогикалық көзқарастары» (1990), «Мұхтар Өуезовтің педагогикалық мұраларының мектеп өміріндегі орны» (1993), «Мұхтар Өуезов шығармашылығының дүниетанымдық өзектері» (1995), «М. О. Өуезовтің рухани мұраларындағы этномәдени дәстүрлері» (Ө. Нысанбаевпен бірге, 1997) т. б. жан-жақты баяндалды.

*Р. Досымбекова.*

**ТАҚЫРЫП.** әдебиеттің әңгіме, мақала, очерк, повесті, роман т. б. жанрларының ауызекі әңгімелер мен лекциялардың негізгі ойы, мазмұны, ұстанған бағыты, көтерген мәселесі, яғни шығармашылықтың іргетасы; мұнда автордың белгілі бір идеялық тұрғыдан суреттемек, бейнелемек, ашып ақтармақ мақсаты. Суреттелетін оқиғалар мен құбылыстардың идеялық-көркемдік болмысын, басқа да проблемалық тұстарын ашуды мақсаты еткен автордың ойы тақырып атынан анықтала қоймайтын кездері де бар, ал Ө-тің «Қаралы сұлу», «Барымта», «Қилы заман», «Көксерек», «Тұман айығарда» сияқты бірсыпыра шығармалары тақырыбының атынан нендей мәселенің көтерілетінін аңдау қиын емес. Ал тақырып мәселесі оның «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы», «Бүгінгі заман және оның геройы», «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» деген бірсыпыра мақалаларында ұдайы сөз болып отырды. «Тарихи тақырыптан бүгінгі шындыққа бір-ақ секіру, шұғыл ауысу қаншалықты қиын» (12 томдық, 12-том, 514-бет) екенін айтса, жастар поэзиясына қатысты: «Ой тақырыбы қайталанғанымен бұрынғы біреулердің жазғанын қайталау деген жок, әркім өз үнін танытқысы келеді. Поэзияның тақырыбы шағын болса да өзінің туған жерін, анасының жайын, көктем, күз, қыс, махаббат мәселесін айтқысы

келеді. Бұл тақырыптар бүкіл адамзат тарихы болғаннан бері айтылып келе жатқан тақырыптар» (12-том, 502-бет) деген ойын ортаға салады.

*Т. Әкім.*

**«ТАЛАП»**, 1) жастар ұйымы. 1917 ж. мамыр айының соңында Шыңғыс болысының оқыған жастары құрған. Мақсаты – қазақ мәдениетін көркейтеу, қазақ әдебиетін насихаттау, кітаптар бастырып шығару, жок-жіттікке көмек көрсету. Ұйымның мақсаты, бағдарламасы «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 13-нөмірінде жарияланды. 5 кісіден басқармасы сайланды, төрағасы Мекай Абайұлы, хатшы Ғабдуллин, Ө. ұйым құрылтайшыларының бірі болды. «Т-тың» алғашқы жүзеге асырған игілікті ісі Қытайдың Құлжа қаласында аштыққа ұшыраған қазақтарға көмек беру үшін Ө-тің басшылығымен және режиссерлік етуімен Ш. Құдайбердиевтің «Еңлік – Кебек» дастанын алғаш ауыл сахнасына қоюы еді. Қойылым Турағұл Абайұлының үлкен қызын ұзату тойында екі киізді қатарластырып тіккен сахнада қойылды. Қойылым алдында Ө. пьеса туралы сөз сөйледі, рөлдерді «Т-тың» мүшелері ойнады. Көрсермендерге 50 тиындық билет сатылды, 100 шақты көрермен тамашалады. Қойылымнан түскен 54 сом 50 тиын Құлжадағы аштарға жіберу үшін «Сарыарқа» газетінің басқармасына тапсырылды. Ұйымның 1917 ж. 25 қазаанда өткен жиналысында Алаш қозғалысына қолдау көрсету белгіленді. Ұйым Семейде шықпақшы «Абай» журналына 500 сом, «Азамат», «Тендік» серіктіктеріне ұйым атынан жарна салды; ұйым дүкенін ашу үшін 6 мың 405 сом ерікті жарна жинады. Кейін «Талап» ұйымының мүшелері Семейде құрылған Алашорда комитетінің жұмысына қызу араласты, Алашорда әскері қатарында тәуелсіздік жолында күресті. Ұйым кеңес өкіметі орнағаннан кейін қызметін тоқтатты. Дерек көздері Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұрағатта сақталған.

2) қоғам. 1922 ж. 4 желтоқсанда Түркістан мемлекеттік ғылыми кеңесінің жанынан құрылды. Ө. «Талап» қоғамының басқарма мүшесі болып сайланып, хатшылық қызмет атқарды. Ол қоғамның қазынашысы М. Тынышбаевпен бірге қоғамның кітапханасын құруға көп еңбек сіңірді. Ө. 1924 ж. қоғам мүшелерінің ғылыми мәжілісінде «Қазақ қырғыз әдебиетінің ілгері басқан дәуірлері» деген тақырыпта ғылыми баяндама жасады. Қоғам Түркістан республикасының құрамындағы Сырдария, Жетісу облыстарының Қазақстанға қосылуына байланысты, «Қазақстанды зерттейтін қоғам» қосылды. Бұл қоғамға Ө. 1927 ж. «Жетісу губерниясындағы халық ауыз әдебиетінің үлгілері» деген 3 баспа табак орысша ғылыми еңбегін, 10 баспа табак ел әдебиеті нұсқаларын шарт жасап, баспаға өткізген. Ұлы жазушының аталған еңбектерінің кейінгі тағдыры белгісіз.

*Б. Байғалиев.*

**ТАЛҒАР.** тау. Алматы қаласының шығыс жағындағы Іле Алатауының сілемі. Алматы облысы Талғар ауданының орталығы – Талғар қаласы осы таудың етегінде орналасқан. Қаланы басып өтетін Талғар өзені бастауын Т. шыңдарындағы мәңгі мұздақтардан алады. Биіктігі – теңіз деңгейінен 4951 м. Ө-тің алғаш рет 1927 ж. «Жаңа мектеп» журналының 11–12, 1928 ж. 2–3, 4–5-сандарында шыққан көркемдік дәрежесі жоғары «Қараш-Қараш оқиғасы» повесіндегі оқиғалар Т. тауларында өтеді. Повесте: «Бактығұл бұл уақытта Талғар басынан кетіп, Шектіден Бүрген, Талғарға қарай тау





У. Танашев.

ішімен қатынасатын жолдың орта шенінде – елсізде жүр... Түнде қарағайдың ығына паналайды... Күн шығысымен Қараш-Қараштың шаттарында, қара жолдың айналасында қарауылда отырады» деген жолдарда Т. тауының жанды суреттерін жасаған. Повестегі «Бүрген, Шалқар болыстарының бірталай ауылдары осында болатын» деген сөйлемдегі Бүргені – Түрген, Шалқары – Талғар болыстары. Повесть табиғат көріністерін берудің ғажап үлгілері өте көп. Т. өңірінің жанды суреттері асқан шеберлікпен бейнеленген.

**ТАЛЖАНОВ** Сәйділ Омарұлы (1908–1972), жазушы, филолог, аудармашы. Филология ғылымының докторы (1972). Ғылыми еңбектері негізінен көркем аударма мәселелеріне арналған. 30-дан аса ғылыми мақалалар жазды. «Көркем аударма мәселелері» (1962), «Аударма және қазақ тілінің мәселелері» (1975), «Өткен күндер сөйлейді» (1974) т. б. кітаптары жарық көрді. «Тендесі жоқ Телғара» (К і т.: С. Талжанов. «Адам туралы толғау», 1965, 68–85-беттер), «Ғалым аға туралы» («Оңтүстік Қазақстан», 1970, 10 маусым) мақалаларында Ө-тің суреткердің шеберлігіне барлау жасаған. Ал «Мұхтар Омарханұлы Әуезов» атты мақаласында ұлы суреткердің шығармашылық жолына арнайы талдау жасап, оның орыс әдебиетінен алған әсер-тағлымын сөз еткен (К і т.: С. Талжанов. «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері», 1975, 246–251-беттер). Ө. қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде Т. өрнек жағынан шешен тілді, орамды түрде талдау жасай алатынын байқатты, оның баяндамасы сыртқы стильді сипатын алғанда, шешен тілмен сарсалған баяндама деп бағалап, сол негізгі солақай идеологияға орай, Шортанбайдың көпке мәлім кертартпа, қайшылығы мол мұраларын ақтау жағына бейім болды деген («Әдеби мұра және оны зерттеу», А., 1961, 353-бет).

Н. Ақбай.

**«ТАЛҚЫ»**, роман-эссе. Авторы – Т. Жұртбаев. «Қазақстан» баспасы 1997 ж. шығарған. Шығармада Ө-тің өмірбаяны мен шығармашылық жолы – қоғам мен тағдырдың, тарих пен танымының, тарихи тұлға мен жеке адамның аса күрделі жолы баяндалған. Автор ұлы суреткердің өміріндегі қиын белестерді тауқыметке ұшыраған шығармаларының жазылу тарихымен салыстыра отырып пікір қозғаған. Ө-тің 1929–32 ж. түрмедегі тергеу ісі, 1936–38 ж. қысым көруі, қудалануы, жазықсыз жапа шегуі туралы мұрағат деректері арқылы нақты сөз етілген. Табиғаттың тауқыметін ерте тартқан қуатты емендер қашанда шыдамды, дауылға қарсы қасарысып тұрып алады. Сол сияқты Мұхтар да сан шайқалып барып, қайта қалпына келді. Бірақ жапырағын желге тонатқан жапандағы жалғыз түп ағаштай күй көшкен Ө-тің 40-жылдардың бас кезіндегі хал-ахуалын көз алдында елестетумен аяқталған роман. Кітаптың көлемі 20,1 баспа табақ, таралымы 2500 дана.

**«ТАМАША ТУЫНДЫЛАР»** («Гениальны е творения»), жазушының мақаласы. «Культура и жизнь» газетінде 1949 ж. 31 мамырда жарияланған. А. Пушкиннің 150 жылдығына байланысты,

газеттің 3-бетінде бірнеше мақала, әр республикадағы көрнекті әдебиетшілердің пікірлері басылған. Өзінің шағын мақаласында Ө. ұлы талант иесіне құрметпен бас иетінін, өз өмірінде Пушкин шығармаларының үлкен орын алатынын, оның поэзиясына өзінің етене жақындағанын тебірене айтып, Пушкин шығармаларын Абай аударып, әуенін тапқан «Татьянаның Онегинге хаты» қазақ дала-сына кең тарағанын мақтанышпен жазады. «Мен «Абай» романы арқылы Пушкиннің мұраларын таныстырғанда, өз халқымның тарихына және жеке өзіме көп өнеге көрсеткен ұлы адамның алдында аз да болса, борышымды өтейтін болдым деген қуанышты сезімде жүрдім. Лениндік-Сталиндік халықтар достығы аясында төрбеленген қазақ халқы Пушкинді өзінің ең жақын, ең қымбат рухани бабаларының бірі ретінде санайтыны менде мақтаныш сезімін туғызады деп, ұлы жазушы заманыңғайына қарай ой тұжырымдайды.

Б. Мамыраев.

**ТАНАШЕВ** Уәлихан (1880–1968), Алашорда қайраткері. Қазан университетінің заң факультетін 1909 ж. бітірген. Заң ғылымының кандидаты. Ресей қалаларында адвокат болып жұмыстар атқарған. Алашорда үкіметін құруға байланысты құжаттардың дайындалуына тікелей ат салысты. Алаштың Орынбор қаласында өткен съезіне қатысқан, Бүкілресей құрылтайына делегат, Ұлт Кеңесіне мүше болып сайланған. Репрессияға ұшырап, қайтып келген соң, Қазан қаласында (қайын жұртында) қайтыс болды.

М. Құл-Мұхаммед.

**«ТАҢ»**, журнал. Семей губкомы мен губаткомының саяси, шаруашылық, мәдени, әдеби органы ретінде 1924 жылдың басынан 1925 жылдың орта шеніне дейін айына бір рет шықты. Редакторы Ө. болды. Ел тіршілігі, тұрмыс-салт, саясат, мәдениет т. б. туралы хабарлар, сондай-ақ, өлең, жыр, әңгіме, очерк сияқты көркем шығармалар жариялады. Басылымның 1925 жылғы 1–4-сандарында жазушысының 6 әңгімесі («Жетім», «Барымта», «Қаралы сұлу», «Кінәшіл бойжеткен», «Бүркіт аңшылығының суреттері», «Ескілік көлеңкесінде»), 2 мақаласы («Қобыланды батыр», «Шаншар» журналы) жарық көрді. Бұл жылдары Ө. ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, кітап етіп шығарған. Солардың бірқатары осы журналда басылды (мысалы, Сабырбай ақынның, Абайдың, Бұқар жыраудың, Күдеріқжанның сөздері, Жаман бақсының сарыны, Ай-Таңсықтың қоштасқаны). Мұндай туындыларды жариялау журналдың беделін арттырып, танымдық қасиетін күшейте түсті.

Н. Ақбай.

**ТАҢСЫҚБАЕВ** Нұрбек Нұрматұлы (1926–1976), суретші. Белгілі суретші О. Таңсықбаевтың жиені. 1951 ж. туындылары Бүкілодақтық көрмеде көрсетілді. Өзінің қалаулы жанры – пейзаж көрінісін бейнелеуде ерекше шеберлік танытты. Мысалы, «Тау табиғаты» атты картинасында (1957) туған жердің әсем көрінісі, табиғат таңғажайыбына тамсанған салт атты, шығып келе жатқан күннің алтын шапағы шынайы көрініс тапқан. Ө-тің 60 жасқа толған мерейтойы кезінде автор осы картинаны сыйға тартты. Сурет ұлы жазушының мұражай-үйінде сақталуы.

А. Қуанышбаев.

**ТАҢСЫҚБАЕВ** Орал (1904–1974), кескіндемеші. КСРО халық суретшісі (1963), Өзбекстаннның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1943), Өзбекстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1973). «Көш» (1931), «Туған өлке» (1951), «Қарақұм ГЭС-індегі таң» (1957), «Шарбақ құрылыстарында» (1959), «Іле өзенінің аңғарында» (1958), «Таудағы күз» т. б. картиналарында өсем табиғаты, өлке тынысын сырлы да қанық бояумен өрнектеді. 1938 ж. Алматыға келіп, Қазақ опера және балет театрында Ө-тің либреттосы бойынша жазылған В. Великановтың «Қалқаман – Мамыр» операсына эскиздер жасады. Ө-пен, оның отбасымен достық қарым-қатынаста болды. Жазушы Т-ты ҚазКСР ҒА-на қызметке шақырып, бейнелеу өнері бөлімін басқаруды ұсынған. Суретші 1948 ж. Мұхана «Бөртегүл» нاتورмортын, ал 1957 ж. 60 жасқа толуына байланысты «Көктөбе» атты тамаша суретін сыйлады. Ө. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» деген мақаласында Т-тың суретшілік өнеріне жоғары баға берген. Ұлы жазушы қайтыс болғанда, «жетім қалдық-ау» деп қамығып, Мұханның портретін салды.

А. Қуанышбаев.

**ТАРАЗ**, Әулиеата, Мирзоян, Жамбыл, қала. Ө. 1955 ж. «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 6 маусымындағы жарияланған екі облыс – Шымкент пен Жамбылдың шаруашылық, мәдениет, тұрмыс-тіршілігіне қатысты материалдарды оқып-танысқаннан кейін артына Жамбыл облысына жүріп кетеді де, соның нәтижесінде «Түркістан солай туған» очеркі жазылады. Бұл өңірге 30-жылдардың басында да келген, бірақ ол кездегі жазбаларында қаланың емес, ауылдарда көрген билгендерінің деректерін қағазға түсірген. Ал бұл жолы алдымен қалаға аялдап, оның айналасындағы кейбір шаруашылықтардың жай-жағдайларымен танысты; әр түрлі мамандық, еңбек адамдарымен әңгіме-сұхбаттары үлкен әсер қалдырды. Қала іргесіндегі «Красная звезда» колхозының бастығы, депутат, 1939 ж. Қаптанбек малдәрігерлік техникумын бітірген Ақатаев Ғалымжан, Жамбыл ауданының басшысы Ақбозов, Талас аудандық атқару комитетінің төрағасы Байбатшаев Шабден, облыстың басшысы Артығалиевтармен әңгімесі, бұларға қарапайым көпшіліктің ықылас-ниет, ой-пікірлерінің қосылуы жаңа шығармалар өрісіне қарай бой ұрғызғандай болды (№ 537 папка, 1–52 беттер). Белгілі журналист, сол кездегі Жамбыл облыстық газетінің бас редакторы Ғайса Сармұрзин осылар жөнінде толық жазған.

Т. Әкім.

**ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТИ**, Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз университеті, жоғары оқу орны. 1967 ж. орта мектеп үшін мұғалімдер дайындайтын жоғары оқу орны – педагогика институты болып, бұрынғы Жамбыл, қазіргі Тараз қаласында құрылған болатын. Ө. шығармаларын зерттеу – оқу орнының басты тақырыбы. 1970 ж. академик М. Қаратаевтың жетекшілігімен университетте оқытушысы Қ. Тасболатұлы «Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылығын орта мектепте оқыту» деген тақырыпта диссертация қорғап, педагогика ғылымының кандидаты дәрежесін алды. Университетте 1996 жылдан бастап «М. Әуезов шығармашылығын мектепте оқытудың ұтымды жолдары» деген теориялық семинар

тұрақты жұмыс істейді. Мұханның 90 және 100 жылдық мерейтойлары қарсаңында Қ. Тасболатұлының, Р. Садықбекөвтың, А. Бодықованың мақалалары «Ақ жол» газетінде жарық көрді («Омарханұлы Мұхтар жырлаған тіл мен ойдың сәулесі», «Абай жолы» эпопеясындағы параллелизм», «М. О. Әуезов әңгімелеріндегі фразеологиялық оралымдар»). 1977 ж. қыркүйек айында университетте жоғары оқу орындары мен мектеп мұғалімдерінің қатысуымен «Әлем әдебиетінің классигі» деген тақырыпта ғылыми-әдістемелік конференция өткізілді. Онда: «Абай және Мұхтар туындыларындағы тілдік, көркемдік ойдың бірлігі», «Абай жолы» тетралогиясындағы фразеологиялық оралымдардың қолдану ерекшеліктері», «М. О. Әуезов шығармашылығын оқытудың ұтымды жолдары», «Абай жолы» романындағы ауыз әдебиеті үлгілері», «Абай жолы» эпопеясындағы философиялық ойлар» т. б. баяндамалар тыңдалды. Суретшілердің Ө. шығармашылығына, өміріне арналған көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен бірге ән-сазды кеш, әзіл-оспақ-тапқырлар байқауы, «Бәйбіше-тоқал», «Еңлік – Кебек» шығармаларынан көріністер жарысы өткізілді, ал студенттер арасында «Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармашылығымен қалай таныстым» деген тақырыпта шығармашылық жарыс, 1996 жылдан қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде арнайы «Әуезовтану» курсы өткізіліп келеді. Ө. шығармашылығына арналған кітаптар, ұлы жазушы туралы мәлімет, мақала жариялаған газет-журналдардың көрмесі университет кітапханасында тұрақты жұмыс істейді. Соларға арнайы түсінік жүргізетін консультациялық орын бар. Университеттің сырттай және мұғалімдердің білімін жетілдіру бөлімінде «М. О. Әуезов шығармаларын оқытудың ұтымды жолдары» деген арнайы курс бар.

У. Бишімбаев.

**«ТАРҒЫН ТУРАЛЫ»**, жазушының мақаласы. Тұңғыш рет 1936 ж. 5 тамызда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды, сол нұсқа Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (1985, 17-кітап, 53–55-беттер). Жазушы әрі драматург С. Камаловтың «Тарғын» пьесасы музыкалық театр сахнасына дайындалып жатқан кезде «Мұхтар жолдаспен әңгіме» деп, интервю түрінде берілген. Пьеса халық арасына кең тараған жыр негізінде жазылып, көптеген түркі халықтарының өмір-тіршілігінен хабар береді. Сондықтан режиссер де, актерлер де, жалпы театр ұжымы да көп ізденіп, көп еңбектенуге тура келеді деп, шығарманың көтерер жүгінің ауыр екенін ескертеді. Автор одан әрі Камаловтың жырдың тақырыбын ғана пайдаланып, өзінше молайтып, тереңдетіп, көп жерінде жаңа оқиғалармен байытқанын атап көрсеткен. Жыр түрінде бұрынғы хан тұрмысын даттаудан, әсірелеуден аса алмаған сюжетке әдемі өзгерістер енгізген, тыңнан жаңа адамдар қосқан, оқиға шын тартыс желісіне құрылған дей келіп, ұлы жазушы: «Бұл біздің музыка театрының репертуарында үлкен олжаның бірі болады деп ойлаймын» деп тәмамдайды әңгімесін.

Н. Оспантегі.

**ТАРИХ**, Жазушының тарих туралы ой-пікірлері. Ө. пайымында фольклордың өзі тұрған тарих; ертегілердің, батырлық жырлар мен аңыз-әңгімелердің де арғы тегі тарих. Батырлық жырлар рулық, тайпалық дәуірлердің қажеттілігінен туса, ертегілер де көп жағдайда өз бастауларын болған шындықтардан алады, бірақ бұларда

фольклордың табиғатына тән көркемдік тәсілдер қолданылады. Зерттеуші бұларды әдебиет тарихына қатысты еңбектерінде арғы жығу мерзіміне қарай жүйелейді. Соның ішінде шырларға арнайы тоқталып, бұларды Алтын Орда, Ноғайлы, Астрахан, Қырым хандықтары дәуірінің туындысы деп бөледі. Осының алғашқысына «Нұрадин», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазы», «Телағысты» жатқызады. Екіншісіне жоңғар қалмақтарының шапқыншылығына байланысты Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Өтеген, Бердіқожа, Жәнібек батырлар, үшіншісі кезеңіне орыс отаршылдығына қарсы Кенесары, Исатай, Махамбет, Жанқожа, Бекет, Досай, төртінші кезеңіне 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысты туған жыр-дастандарды жатқызады. Сондай-ақ жалпы тарих жолындағы адам баласының ілгерілеген басқыштарын да төрт буынға бөліп қарады: оның бірінші тармағына – тағылық тұсындағы отырықшылық дәуірі, екіншісіне – ана қожалығы жүрген дәуірді, үшіншісіне – ата мен ру қожалығы жүрген дәуірді, төртіншісіне мемлекет негізі құрылған дәуірді жатқызады. Қазақтың аңыз-әңгімелері мен ертегілерінде көне дәуірлердің барлығы да қамтылатынына тоқталды.

Зерттеуші тарихи өлең ел әдебиетінің бір ғана ағымы, ол ел өмірінің қилы кезеңдерінен, істеген ісінен көрінеді деп білді. Бұлардың көбі оқиғалардың ішінде болған, көзбен көргендердің әңгімелерінен тұрады. Ел аузынан қалған мұндай белгілерді: «Бұл дәуірдің әдебиеті сол кездегі жұмбақ күнге жеткен елдің алдында тұрған құздан, алдындағы қайғылы күнінен қорқып, қобалжып тұрып, ыңыранып күрсінген күйін білдіреді, не болса да артына қайтар күн жоқ» деп елестетеді. Сол тұстың күйін күйлеп, жоғын жоқтайтын дүниелерді зар заман ақындары айтты дейді. Оның ойынша арғы тегі Асан Қайғыға барып тірелетін мұндай ойдағы ақындарды тарих дәуірі туғызды; олар елдің жайын ойлап жылайды, қайғырады, қамығады, ойы, сезімі, білім-шалымы елге ақыл, өсиет айтуға арналады, басшысы да, ақылшысы да, сыншысы да бола біледі. Бұл сарын келе-келе заманының қайғышыл, уайымшыл ақындарын да көбейтті. Осылардың таралынан ілгергі күннің талай жұмбағына шешу айтылды. Абылай тұсында мүмкін болса, орыс билігіне бағынбай, елдің іргесін бөлек сақтау ниеті күшті болды. Осындай ниеттегі ақындардың бірі – елге келер күннің жұмбағын шешіп беріп, үлгі-өсиет, болжау айтса, екіншісі – жыр-толғауын төгумен ғана шектелді. Екеуінің де өсиеттері: «Ол күнде қарындастан қайырым кетер, Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер, Ұлы, қызың орысқа бодан болып, Қайран ел, есіл жұртым сонда нетер» деген сияқты өлең күйінде жеткізілді. Асаннан басталған зар заман сарыны кейінгі ақындарды шешуі қиын жұмбақ халге түсірді. Көп ақындарды күрсінтіп, күңіренген шерлі сарын келіп-келіп Абайға дейін жалғасты.

Мұханның ойынша, суреткердің туындысы тарихтың өткеніне, осындай шындықтарына бағытталғанмен, көп жағдайда өз заманының леп-сарынын сезіндіріп жатады. Сол сарының көрініс табуы әлеуметтік көзқарастың өрбуімен байланысады, мұндайда алдымен жалпы халықтық, мемлекеттік мүдделер басты орын алады. Бұлардың әлеуметтік ортамен, халықтық салт-дәстүр, нанымдарымен, ойлау, мінез ерекшеліктерімен тамырластығы тарихтағы ақиқат болмысты қандай дәрежеде көрсеткен шеберлігімен байланы-

сады. Мұндай жағдайда тақырыпқа арқау болған тарихи шындықтар болмысының көркемдік шарттарына бағыншытылығы кіреді. Бұл тұста ол ең бастысы тарихи шығармаларда көтеріліп отырған нысана (объект) табиғилығынан ауытқымауы, өзінің ауқымды деңгейінен, өзіндік ерекшеліктерінен алыстамай, қоғамдық өмір мен халықтың тұрмыс-тіршілігі өз қалпында бейнеленуі, қилы-қилы оқиғалар мен сол дәуірдің қайраткерлері, қоғамдағы, өмірдегі әлеуметтік мәні бар құбылыстары қамтылуы тиіс деп білді.

Бұл ретте қаламгер зерттеулерімен қатар тарихи шындықты өзінің көркем шығармаларының да басты өзегіне айналдырды. Осының ең алғашқысы «Еңлік-Кебек» болса, жиырмасыншы жылдары бұл «Хан Кене» пьесасы мен «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» сияқты прозалық шығармаларына жалғасты. 30-жылдары одан да ары өрісті, жемісті, табысты бағытқа бет алды: «Түнгі сарын», «Айман-Шолпан», «Ақан-Зайра», «Абай» драмалары осының қатарына жатса, «Абай жолы» эпопеясының жазылуы да сол тұста қолға алынды. Эпопея қазақ халқының арғы-бергі бір ғасырлық тарихынан хабар береді, соны суреттейді, соны баяндайды. 40-жылдары «Қалқаман-Мамыр», «Бекет», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Сын сағатта», «Намыс гвардиясы» сияқты тарихи тақырыптағы пьесаларын жазса, өмірінің соңындағы «Өскен өркен» романы да нақтылы өмірде болған адамдар тағдырына құрылды, бұлардан басқа «Әдебиет тарихының очерктері», «Әдебиет тарихы», «Қазақ ССР тарихы» кітаптарының да көптеген тарауларын жазды.

T. Әкім.

**ТАРИХИ ӨЛЕҢДЕР**, тарихи жырлар, белгілі бір оқиғаға байланысты туған тарихи шығармалар. Қазіргі әдебиеттану ғылымында «тарихи жыр» деп қолданылады. Көркемдік қасиеттері жағынан батырлық эпос пен кәсіби әдебиеттің екі аралығындағы жанр түрі. Негізгі кейіпкерлері өмірде болған, тақырыбы нақты тарихи оқиғаларға негізделген. Бірақ тарихи шындықты толықтай сақтай бермейді. 1925 ж. 23 сәуірде «Қазақ тілі» газетінде Ө-тің «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» деген мақаласы шықты. Мақала авторы халықтың ауыз әдебиеті мұрасын жинаудың маңызын айтып, жинау жолдарын көрсеткен. «Әдебиет жайынан жазып алатындары» деп тақырыпша қойып, жазып алынуға тиісті халық ауыз әдебиеті шығармаларын жүйелеп, нөмірлеп берген. Төртінші нөмірде «Есім, Абылай сияқты көпке белгілі хандар жайындағы тарихи өлеңдер. Қабанбай, Бөгенбай, Ағыбай сияқты бергі замандағы батыр жайындағы жорық өлеңдер» деген. Мұнда тарихи өлеңдер терминімен қатар жорық өлеңдер атауын да қолданған. Жазушының тарихи өлеңдерді жан-жақты, жүйелі түрде қарастырған еңбегі – 1927 ж. Қызылордада шыққан «Әдебиет тарихы» оқулығы. Мұнда «Ауызша әдебиет түрлерін» төрт топқа бөліп, тарихи өлеңдерді әңгімелі өлеңдер тобына жатқызыған. «Әңгімелі» сөзін сюжетті, оқиғалы деген ұғымның синонимі ретінде алған. Бұл топта батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер бар. Кітаптағы «Тарихи өлеңдер» бөлімі анықтамалық, теориялық ойлар айтқан, тарихи шолу жасаған кіріспе мәтіннен және «Кенесары – Наурызбайдың» қысқаша әңгімесі және мәнісі, «Исатай – Махам-

бет» жырының қысқаша әңгімесі және мәнісі, «Бекет батыр» жырының қысқаша әңгімесі және мәнісі атты тақырыпшалардан тұрады. Фольклордың тарихи өлеңдерден басқа түрлерінде деректілік, мезгіл, мекен анықтығы жоқ деп алып, жалпы тарих өлеңдері, өз санына қарағанда, ескі батырлар өлеңінен аз болмауы керек деп болжам жасаған. Қазіргі кез фольклористика ғылымы жазушының бұл болжамының толықтай дұрыс екенін көрсетіп отыр. 1939 ж. Мәскеуде шығатын «Литературный критик» журналының 1939 ж. 10–11, 1940 ж. 1-санында шыққан «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» (Л. Соболевпен бірге жазған) атты көлемді еңбегінде халық ауыз әдебиетін алты топқа бөліп, бір тобына тарихи жырларды жатқызыған. Тарихи жырлар арнайы қаралғанмен, көлемі аз. Анықтамалық тұжырымдары «Әдебиет тарихында» айтқандарын қысқа қайырып қайталаған. Сол кездегі қазақтың хандарының, ұсақ төре, би, ру жуандарының сатқындығымен қоса халық ішінен еркіндік аңсаған батырлар шығып, халықты күреске бастады, осыдан барып халық арасында тарихи өлеңдер туған дейді.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ТАРИХ ПУТЕВКАСЫН БЕРГЕН АДАМ»**, жазушының мақаласы. 1937 ж. 4 желтоқсанда «Социалистік Қазақстан» газетінде басылған. КСРО Жоғарғы Кеңесінің тұңғыш сайлауы күні – 12 желтоқсан қарсаңында жазылып, Қазақстаннан депутаттыққа кандидат болып ұсынылған, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1-хатшысы Л. Мирзоянды қолдау бағытында жазылған. Ә. саяси үндестік түрінде жазылған бұл публицистикалық мақаласын естелік сияқты бастап, Мирзоянның Қазақстанға алғаш келген кезіндегі мәдениеттің, әдебиет пен өнердің жағдайы ауыр, шығармашылық қызметкерлерінің саны аз және мамандық дәрежесі төмен болғанын айтады. Осындай олқылықтардың орнын толтырып, республикадағы әдебиет пен өнердің, жалпы мәдени құрылыстың, оқу-ағарту жұмысының барлық салаларын күрт көтеру жөніндегі жаңа басшылықтың жанаушы қамқорлықпен, білгірлікпен жұмыс жүргізгені зор қанағат сезімімен тілге тиек етіледі. Мирзоянның мәдениет майданына күнбе-күн көңіл бөліп, тікелей басшылық жасауының, тиісінше ақыл-кеңестер беріп отыруының арқасында аз уақыттың ішінде өнер, әдебиет қайраткерлері арасында зор өрлеу туып, барлық істің жедел ілгері басқаны нақты мысалдармен дәлелденеді. Жаңа басшының әсіресе ел ішінен халық таланттарын іздегіріп тауып, олардың дарын-қабілетін дамыту бағытындағы нұсқауларының мол нәтижелі болғаны еске алынады. Осындай игі бастамалардың жарқын мысалы ретінде қарт Жамбылдың ақындық шабыт кезінің ашылуы зор сүйіншілен айтылады. Республикадағы мәдени өрлеудің осы бастамасы ақырында қазақ өнерінің Мәскеуде өткізілетін 1-онкүндігіне әзірлікпен ұштасқаны, оның аса зор табыспен салтанатты түрде өткізілгені көбіне-көп бірінші басшының тікелей қамқорлығы мен назарының нәтижесі болғаны баршаға мәлім шындық ретінде баяндалады. Сондықтан республиканың өнер және әдебиет, жалпы мәдениет қайраткерлері Мирзоянды қатты құрметтеп сыйлайды. Алдағы болатын сайлау күні оған бірауыздан дауыс беріп, шын

жүректен сенім білдіреді. Сөйтіп одақтағы өкімет билігінің жоғарғы органына өздерінің қалаулы өкілі етіп сайлайды деп бітіреді.

*Ж. Ысмағұлов.*

**«ТАРИХИ РОМАН»**, оқу құралы. Авторы – *Р. Бердібаев*. 1997 ж. «Санат» баспасынан жарық көрген. Кітапта қазақ тарихи романының даму, қалыптасу жолдары мен ерекшелігін сипаттаған. Кітаптың бір бөлімі әдебиетімізді үлкен идеялық-көркемдік белеске көтерген Ә-тің «*Абай жолы*» эпопеясын талдауға арналған. Уақыт озған сайын жазушының көркемдік мұрасын қайталап сөз ететін тың мәселелер туындайды. Бұрын жарияланбай келген кейбір шығармаларының жарық көруі, жаңа зерттеулердің пайда болуы, әдеби мұрағатының сипаттама жасалуы, заман талабы әдебиеттанушылар алдына эпопеяны өзгеше, басқаша қырынан қарастыру міндетін қояды. Осыған байланысты бұл еңбекте романның қазақ әдебиетіне әкелген тың қасиеттері – характер сомдау шеберлігі, шығарманың тартыстық, құрылымдық жүйесіндегі жаңалықтары, суреткерлік лабораториясы туралы айтылады. Әсіресе Ә-тің адам мінезін, табиғат суретін терең реалистпен берудегі жаңашылдығы, әдеби тілімізді қалыптастырудағы шеберлігі баса көрсетіледі. Еңбектің көлемі 18,4 баспа табақ, таралымы 1000 дана. Студенттерге, ұстаздар мен әдебиетшілерге арналған.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«ТАРТЫС»**, жазушының пьесасы. 1935 ж. Алматыда Қазақ көркем әдебиет баспасынан жеке кітап болып шықты. Үзінділері «Социалистік Қазақстан» газетінде (1934, 5 мамыр), «Қазақстан жазушылары» кітабында (альбом, 1934) жарияланды. Жеке кітап болып шыққан нұсқасында емле ерекшелерінің бір жүйеге келмегендігі, беттердің ауысып кетуі, түсіп қалуы, не мәтіннің редакциялық өзгеріске ұшырауы сияқты кемшіліктер, себептер ескеріліп, Ә-тің 20 томдық шығармалар жинағының 10- томына енгізілді. Пьесада Ә-тің 1928–30 ж. Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің аспиранты, Қазақ ағарту институтында оқытушы болған кезінде көрген-білген оқиғаларды, адамдарды суреттеген. Алаш оқығандары, ұлтшылдар, большевиктер арасындағы саяси, адами қатынастар бейнеленген. Пьесадан жазушының көркемдік қарымымен қатар, 30-жылдардың идеологиялық талаптарының әсері де байқалады. Дегенмен қазақ оқығандарының әр түрлі топтары жайында Қазақ институтының оқытушылары, алашорда адамдары, кеңес қызметкерлері, оқушы жастар, ғалымдар, діни адамдар, өнер қайраткерлері, әйелдер образдары көркемдік дәрежесі жағынан солғындау жасалған. Пьеса танымдық жағынан өте бағалы. Сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдай, идеологиялық күрес саяси талаптардың аясында суреттелгенмен, зер салып қарағанда, реалистік сипат, көркемдік шындық басым. Алайда қазақ зиялыларының көзқарастары, сол кездегі жоғары оқу орнындағы қарым-қатынастар, коммунистердің, алашорда мүшелерінің арасындағы тартыс схемаға құрылғандықтан, оқиға желісі босаңдау шыққан.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ТАСБОЛАТУЛЫ** Қапаш (1926 ж. т.), педагог. Педагогика ғылымының кандидаты (1970), доцент. «М. О. Әуезовтің шығармашылығын орта мектепте оқыту» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғаған. Ғылыми еңбектері негізінен

мұхтартану мәселесіне арналған. Бұл салада «Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары» (1974), «Қазақ әдебиетін оқытуға арналған суретті түсіндірме» (1975), «Абай жолы» романын талдау үстінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың жолдары» (1987) атты оқу-әдістемелік кітаптары, «Өуезов шығармашылығын оқыту кезінде көрнекі құралдарды пайдалану» («Қазақстан мектебі», 1966, №1), «Абай жолы романын оқыту туралы» (сонда, 1968, №4), «Өуезов творчествосын оқытудың кейбір мәселелері» (сонда, 1979, №10), «Көркем ойдың шыңы» («Еңбек туы», 1987, 25 қыркүйек), «Ұлы Мұхтар жыраған тіл мен ойдың сәулесі» («Ақ жол», 1977, 3 қыркүйек) т. б. мақалалары жарық көрді.

**ТАСТАНБЕКОВ** Құрман Нұрмағанбетұлы (1945 ж. т.), актер. Қазақстан Республикасының халық артисі (1993). Алғашқы ойнаған рөлі «Қыз Жібек» фильміндегі Төлеген (1970). Бұдан кейін «Қыс – мазасыз маусым» (1971), «Менің ағам», «Ерекше күн» (екеуі де – 1972), «Аққулар ұшып келді» (1973), «Махаббат жаңғырығы» (1974), «Ағама арналған қалыңдық», «Қараша қаздар қайтқанда» (екеуі де – 1979), «Провинциалық хикая» (1981), «Алаң шеті», «Өрнек» (екеуі де – 1982) т. б. көркем фильмдерде басты кейіпкерлердің бейнелерін сомдады. Театр сахнасында көптеген спектакльдерде лирикалық сезімтал кейіпкерлердің образын жасады. Солардың ішінде Ә-тің «Айман – Шолпанында» Әлібек, «Қарагөзінде» Нарша, «Абайында» (Л. Соболевпен бірігіп жазған) Айдар рөлдерінде ойнап, табиғи талантты танытып, шеберлігін шындай түсті.

*Н. Торғай.*

**«ТАС ТҮЛЕК»**, жазушының аяқталмай қалған әңгімесі. Қолжазбасының басына «үзак әңгіме» деп жазған, оқиғаның қалай дамидындағы бес беттік жоспарында нақты баяндалған, бірақ жоспардың соңғы беті ғана сақталған. Түрмеден босанысымен қолға алған шығармаларының бірі – осы, оқиға желісі ашаршылыққа алып барар кезеңдерден басталады. Осылай жазып, осылай өрбітерге тыйым салынатынын қаламгер ол тұста білген жоқ. Жоспарының түгел сақталмауы да осындай жағдайдың себебінен болу керек. «Жазылды» деген бөлігі сол аштық кезеңіне тіреліп барып тоқтайды, ашаршылық әңгіме арқауына айналатындағы анық сезіледі. Күдік тудыратын, аяғы насырға шаптыратындай деректер мен жазбалардан арылып, көзін жою қаламгердің әдегінде сол тұстарда енді. Ал жаңағы айтылған жоспарда тыйым салынған, ашаршылық көрінісі осында баяндалған еді. Әдейі жоюының себебі бұның алдында ғана тергеу, қинаулардың неше алуан қитұрқы бұраландары болмашы нәрседен ілік тауып, басты арылмас бөлеге шырмайтынын өз көзімен көрді. Осы аттас пьесасына да, сол бір қиын кезең оқиғасын арқау еткісі келгенімен, әлгідей себептер ондағы оқиға желісі мен ой ағымын мүлде басқа арнаға бұрғызып жіберді. Жоспар: «Политотдел Серікбайды сұрайды, түкіреді. Октябрге қарсы Жарқын Сүтжанды ұстатады» дегенмен аяқталады.

*Т. Тұрғанбаев.*

**«ТАС ТҮЛЕК»**, жазушының драмасы. Үлкен әлеуметтік төңкерістердің әсерінен халық санасына түскен өзгерістерді, рухани эволюцияны бейнелеу жолында Ә. әсіресе, драматургияда, сан алуан шығармашылық тәжірибе жасады, қалыпты поэтика тұрғысынан қарағанда ерсі көрінетін шығармалар да жазды. Осы ретте «Т. т.» драмасына

бірталай назар аударуға болады. Бұл пьеса ең алдымен өзінің архитектурасымен қызық. Өрбі көріністе драматург жаңа өмір құбылыстарын алдына тартады. Соның негізінде қаһармандар бойында пайда болған рухани, психологиялық жаңғыруларды көреміз. Бас-аяғы тұйықталған, аз уақыт ішінде бүрк ете түскен тартыс емес, бірнеше жылдарға созылған тармағы мол күресті аңғарамыз. Драматург қаһармандарының бойындағы өзгерістерді, маркаю эволюциясын сенімді штрихтармен бейнелейді. Ауыл жігіттерінің орыс тілін білуге күш салуы осы орайдағы қиындықтар, күлкілі әрекеттер, юморлық жайттар қызық мінездер сахналық әрекет, бояуы қанық диалогтар арқылы ашылған. Бұл жерде екі түрлі тағдыр тоғысқан. Ата-анадан, туған ағадан ат құйрығын кесіп кетіп, тіршіліктегі сенім-тірегім, қуаныш-қызығым деген адамнан, көзсіз махаббатпен сүйген күйеуінен соққы жеп, зар еңіреп, запыран құсқан сорлы әйел. Әлсіз де болса, қарсылыққа шама жоқ. Екі оттың ортасында қалған. Адам мінезінің, әсіресе әйел табиғатының, осал жерін жақсы пайдаланып, олжа түсіруді дағды қылған зұлым ерке басына қатер тңген шақта сыналған қаруын қынаптан суырып алыпты. Характерлік даралығы бар персонаж Шәкен арқылы драматург жуан жерден, түбірлі ортадан шыққан адамның социализм идеясына келу жолын көрсетпек болған. Тік бақай, ерке өскен, шолжын, бір беткей қыздың мінезі бірте-бірте батылдык, тапқырлық, күрескерлік сипаттарына ойысады. Қалыда Местің қолына түсіп, жалаң қылыш жүзіне табан басқандай күйде қалғанда мерт сынып кетпейді. Тіпті әкесі Қондыбайды көрген сәттің өзінде бойын тежеп ақыға жеңдіріп, айламен іс етеді. Жаңа ортаға, осы қауымға Шәкен қиындық кешіп, оқ пен ерттің ішінен күреспен өтіп келеді. Авторлық позиция, драматург идеялы көпшілік сценаларында жақсы аңғарылады. Сегізінші суреттегі шопандар арасындағы диалогтан совхозда жүргізілген арандату, зиянкестік қылмыстарының тап күресінің жалғасы, алапат шайқастың соңғы жаңғырығы екені ұғылады. Қосалқы, эпизодтық персонаждар мінездік ерекшеліктерін танытып қалады. Пьеса финалында драматург шығармаға берілген аттың символикалық мән-мағынасын Арпабайдың монологіне ашып береді. Адамның әлеуметтік күрес үстінде қайта тууын көрсеткен, өміс семьяның ыдырап, жаңа семьяның қалыптасуын бейнелеген, таптық шайқастар майданында әке мен бала, аға мен қарындас, күйеу мен әйел арасында болған тартысты суреттеген «Т. т.» пьесасы – Ә. драматургиясындағы қызықты шығарма. Драма жазушының 1935 ж. «Тас түлек» жинағына енді, 12 томдығының 8-томында (1969 ж.), 20 томдығының 9-томында (1981 ж.) басылды.

*Р. Нұрғали.*

**ТАСЫБЕКОВА** Торғын (1938 ж. т.), актриса. Қазақстан Республикасының халық артисі (1991). Сахнада алғашқы орындаған рөлі – Лопе де Веганың «Шөп қорыған ит» спектакліндегі Марселла мен Ә-тің «Абай» трагедиясындағы Мағыш. Актерлік өнерінің қалыптасып, дамуына Ә. пьесалары негізінде қойылған спектакльдердің орны бөлек. Жоғарыда аталған Мағыш бейнесіне жалғастырып, «Қарақыпшақ Қобыландыда» Құртқаның, «Абай»

романының негізінде Б. Римова сахналық жүйесін түсірген «Абай – Әйгерім» қойылымында Әйгерім, ұлы драматург аударған У. Шекспирдің «Отелло-сындағы» Биянканың тамаша түгілдерін жасады. Т. – әйел затының өзіндік ішкі иірімдерін, романтикалық тебіреністерін жарқырата ашуға бейім сахна шебері. «Қазақфильм» түсірген «Өн қанатындағы» тамаша сомдалған Сәбира бейнесі – кино өнеріндегі биік белес.

Б. Құндақбайұлы.

**ТАТАР ӘДЕБИЕТИ.** Түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын татар тілінде қалыптасқан әдебиет. Татар әдеби тілі Алтын Орда дәуіріндегі сарай жазбалары мен жарлықтарының және ежелгі түркі жәдігерліктерінің негізінде дамыды. Ө. татар әдебиетінің тарихын жетік білді және бала кезінен бастап татардың өн-күйін, ертегілерін, жырларын тыңдап, шәкірт шағынан жазба әдебиеттерді оқып өсті. Өзі татар тілінде өте жатық сөйледі. Оның көзқарасы Ш. Маржани, Қ. Насыри, Ф. Ибрагимов тарапқан жәдідтік бағытта қалыптасты. Ол өзінің «Әдебиет тарихы», «Қазақ әдебиетінің тарихынан», «Социализм дәуіріндегі Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиеттерінің дамуы туралы», «Ертегілер», «Айттыс өлеңдері» атты зерттеу еңбектері мен абайтану мәселелеріне арналған шығармаларының барлығында да татар әдебиетінің түркі жұрты әдебиетінің құрамдас бір бөлігі болып табылатынын үнемі ескертіп отырды. Мұның себебін Абайдың көзқарасының қалыптасуын мысалға ала отырып түсіндірді («Абай дәрістері», 1994, 43-бет). Мұхтардың өзі де осындай білім сатысынан дәріс алды. Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімінің меңгерушісі ретінде түркі тектес халықтардың әдеби байланыстарын жан-жақты зерттеп, тарихи-саяси бірлестіктердің тұсындағы ортақ тамырларды анықтады. Соның ішінде қазақ пен татар елінің арасындағы байланысқа ерекше көңіл аударды. Ноғайлы дәуіріндегі дастандар мен батырлық жырлардың тарихи негізін тереңдете отырып, жан-жақты талдады. Әсіресе «Қобыланды» жырының шығу тегі татар ұлтының тәуелсіздігі жолындағы күреспен тікелей байланысты екеніне назар аударады. 1945 ж. «Едіге», «Орақ-Мамай» жырларын ұлтшыл-буржуазияшыл, орысқа қарсы жазылған шығарма ретінде «әшкерелеп», оларды жариялауға тыйым салған кеңестік қаулы тұсында Ө. те үлкен сынға ұшырады. «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты көлемді еңбек «кеңес өкіметі мен орыс халқына қарсы жазылған араңдаушы зерттеу» деп бағаланып: «БК(Б)П Орталық комитетінің нұсқауы бойынша... халықтық сыпаты бар батырлық жырларын бөлек, бұрын-соңғы үстем тап, сарай мен хандар ортасының жырысы болған, халыққа салт-санасы жат ақындар жырлап жүрген «Едіге» жыры ғана емес, «Орақ-Мамай», «Шора батыр» жырының да халықтық санаға жат варианттары соңғы тексеруде бірінші томнан алынып тасалды» (сонда, 215–216-беттер). Бұл қаулы бауырлас екі елдің ортақ эпостық мұраларын зерттеуге үлкен кесірін тигізді, 50 жыл бойы халықтан жасырылып келді.

Қазақ пен татар әдебиеті байланыстарының ерекше ынтимді таспа дамыған және жазба әдебиеттерінің негізі қаланған кезеңі – Ресей империясының бодандығына түсіп, тарихи тағдыры мен ру-

хани мүддесі ұштасқан 16–19 ғасырлардың арасы. Ө. өзінің «Қазақ әдебиетінің тарихынан» атты Е. Лизуновамен бірігіп жазған мақаласында «Көрұғлы» дастанының кең тарағаны сондай, қазір біздің қолымызда осы дастанның қазақ тіліндегі алты нұсқасы бар. Ортақ бір шоғырға айналған араб, иран, көне өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, қарақалпақ және ішінара әзірбайжан әдебиетіндегі кітаби-халықтық дастандар мен романдар, аңыздар шоғыры XIX ғасыр әдебиетінің тарихи-әдеби тұрғыдан салыстыра зерттеу аса зор және өте қызықты нәтижелерге жеткізбек деп баға берді. Татардың кітаби ақындары Ғалидың «Иүсиф уә Зулейха», Мұхаммедиярдың «Тухфа-и мәрден», «Нұры Садыр» киссалары мен Мауле Құлыдың хикметтары мен ғазелдері, Отыз Еменидің баяндары-хикаялары, Х. Салиховтың «Тәңда жаным» атты өлеңдері мен софьлық дастандары, Ө. Қарғалының, Ғ. Қандалидің, М. Ақмолланың, Я. Емельяновтың өлеңдері татар әдеби тілінің негізін қалауға үлкен үлес қосты. М. Ақжігітовтің «Хисаметдин–Мэнлө» романы (1886), Ғ. Илиясидің «Бишара қыз» драмасы (1887) дүниеге келді. А. Оразаев-Қурмаши, М. Ғайнуллин, Ақмолла сияқты ақындар өздерінің шығармаларын қазақ тілінде де жазды. Татардың ұлы ақыны Ғ. Тоқай М. Ғайнуллиннің шығармашылық жолын айта келе ол: «Тайр мен Зухра» және «Бозжігіт» дастандары татардікі деп саналғанымен, бұл поэмалардың тілі – қазақтардық» деген (Ғ. Тоқай. Шығармалары, 1958, Қазан, 4-том, 214-бет). Бұл дәстүрді кейін Ө. Ғалымов, С. Шәріпов, И. Салахов, М. Гумеров жалғастырды. 19–20 ғасырдағы мұқым түркі тектес халықтардың әдебиеті мен ғылым, білім жүйесі Маржанидің ықпалымен ілгері дамыды. Ө-тің абайтану саласындағы әр еңбегінде: «Татардың мұсылманша оқып жүріп, сыншы болған Шаһабуддин Маржани шығармаларын Абай көп оқыды. Ол дін кіндігі Бұхарада оқыған халдарын жазды. Осы медреседе Низами, Науаи, Қожа Ғафиз, Фирдоуси шығармалары оқытылатын. Міне, Абай да осындай медреседе білім алған» деп, үнемі қайталап отыруында жоғарыдағыдай үлкен мән бар (сонда, 83-бет). Қазақ пен татар әдебиетінің өте өнімді және жан-жақты тығыз байланыста дамыған кезеңі 20 ғасырдың басы. Ө. айтқандай, «1915 жылға дейін ісі түркі жұртының әдеби тілі» мен жазуы ортақ болды. Соның ішінде өзге ұлттарға қарағанда, татарларда баспасөз бен кітап шығару ісі өте жақсы жолға қойылып, мәдени орталыққа айналды. Ағайынды Кәрімовтердің, Хұсайыновтардың, Бораганскийдің жеке меншік баспалары ашылды. Бірінші орыс-революциясынан кейін монархияның ұлттық-жазалау саясаты әлсіреп, сөз бостандығына деген қатаң тыйымын жеңілдетуге мәжбүр болды. Татар ағартушылары мен баспаханалары қазақ әдебиетіне ерекше көңіл бөлді. 1917 жылға дейін татар баспаларынан шыққан қазақ кітаптарының саны, Ө-тің мәліметінше, 140-тан асады екен. Әсіресе «Уақыт», «Орал», «Шора» басылымдары белсенділік танытты. Оның басты бір себебі: татар зиялыларының көпшілігі қазақ даласына келіп, шәкірт тәрбиелеп, жергілікті жердің жағдайымен, тілімен, тарихымен етене таныс болуында еді. Х. Ямашев, М. Вахитов, Ғ. Құлахметов, Тоқай, Ибрагимов, Ф. Карими, Ғ. Камал, Ғ. Өмірхан, М. Файзи, Ф. Бурнаш, Ғ. Фафурин, Һ. Тахташ сияқты ірі әдеби тұлғалар татардың классикалық әдебиеті мен көркем жанрларының барлық сала-

сын қалыптастырды. Бұл кезді татар мәдениеті мен әдебиетінің, қоғамдық ойының өрлеу дәуірі деп атауға болады. Жоғарыдағы қалам қайраткерлерінің барлығы да қазақ елімен, оның рухани дүниесімен тікелей байланыста еңбек етті. Абайдың өлеңдері 1897 ж. «Қазанда шыққан «Князь бен Зафира» атты жинақта басылды, «Абай Құнанбаев туралы» («Уақыт», 1978, №333) мақала жарияланды. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» атты өлеңі «Сұлу қыз» (Қазан, 1909, 14-бет) жыр жинағына кірді. Ө. Қазанда шыққан газет-журналдарды шәкірт кезінен бастап оқыды. Барлық ақын-жазушылардың шығармаларымен өте жақсы таныс болды және көпшілігін жатқа білді. Мұхамет Ибрагимовті белгілі дәрежеде өзіне ұстаз тұтты. Соның ішінде татардың ұлы ақыны Тоқайды өте құрметтеді. Ол ұлттар әдебиеті мен абайтану саласындағы барлық мақалаларында Пушкин мен Абай, Шевченко мен өз ұлтарын қандай еңбек сіңірсе, Тоқай да татар әдебиетінен сондай орын алады деген пікір білдірді.

Татар және қазақ әдеби байланысының негізгі кезеңі кеңес өкіметі білік құрған соңғы 70 жылды қамтиды. Бауырлас екі халықтың ынтымағы мен рухани қарым-қатынасы, көркем ойлау жүйесі жаңа деңгейге көтерілді. Қазақ, татар көркем сөз өнерінің жетістігі болып табылатын елеулі шығармалардың барлығы да екі тілде аударылып, басыл-лып отырды. Ф. Бурнаштың, Х. Туфанның, Н. Санбеттің, С. Хакимнің, З. Нұридің, К. Тинчуриннің, М. Ғалаяудың, М. Әмірдің шығармалары мен Қ. Нәжмидің «Ескек жол», «Көктем желі» (1947), Ғ. Башировтың «Намыс» (1948), Ә. Абсәлямовтың «Ғазинұр» (1953), Ғазидің «Ұмытылмас жылдар» (1949), Әмірдің «Таза жан» (1956) романдары татар әдебиетін жан-жақты дамытты, халықаралық деңгейге көтерді. КСРО Мемлекеттік сыйлықтарын алған Ғ. Башировтың, Нәжмидің туындылары туралы Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында: «Қауи Нәжми татар совет әдебиетінің алғашқы дәуірінен бері қарай үзбей жазып келе жатқан шебер прозаик. «Көктем желдері» атты романы үлкен атақ алған ірі шығарма... Ғұмар Баширов – совет дәуіріндегі тұрмысты шебер суреттейтін жазушы-романист. «Намыс» атты романы Отан қорғау тақырыбына арналған. Үлкен сын күндерінде тылдағы татар совет халқының адал қыздары мен ұлдары еткен геройлық қайратты, биік сананы сипаттайды» деп пікір білдірді. Бұл ойын өзге де мақалаларында қайталай айтып отырды. Ө-ті Мұсаның Жәлил тағдыры мен жырлары ерекше тебіреніске бөлеген. Ақынның түрмеде жазылған «Моабит дәптері» атты жинағы Лениндік сыйлыққа ұсынылғанда, аудармасының әлсіздігін сылтаурапты, шет қақпай жасай бастаған комиссия мүшелерінің алдында: «Сіз осы жырлардың түрмеде «дар тұзағын кие отырып» жазылғанын сезінесіз. Шынында да бұл жырлардың денін Жәлел өзінің өлімге кесілгенін сезген соң жазды. Ол – лирик. Оның жағдайында лирик болғанының өзі қандай құдірет! Ол қайғыра отырып жазды. Бірақ қаһармандығы бір сәтке де мұқалған емес. Ол қызын айта отырып, Отанын айтты, ол жарын айта отырып, Отанын айтты. Ол дар түбінде тұрып та, Отанын ойлайтынын сыр еткен. Ол – шын ержүрек қаһарман, үлкен патриот, ұлы адам» деп толған сөйледі («Мұхтар Әуезов туралы әлемі», 1997, 52-бет). Қазақ-татар әдебиетінің байланыстары, оның ішінде Ө-тің өмірі мен шы-

ғармашылығына арнаған Б. Ысқақовтың, Х. Усмановтың, М. Гайнуллиннің, С. С. Әдхамованың, А. Ғұмардың, Х. Кумысниковтың, Б. Урманчинің, А. Шамовтың, Х. Хайридің, И. Илалованың монографиялары мен мақалалары жарияланды. Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясы С. Әдхамованың аударуымен 1957 (1–2-кітап), 1960 (2–3-кітап) Қазан қаласында татар тілінде басылып шықты.

Т. Жұртбай.

«ТАТЬЯНАНЫҢ ҚЫРДАҒЫ ӨНІ», жазушының повесі. А. С. Пушкиннің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Ө. «Абай» деген жаңа романнан орыс тілінде үзінділер жариялады. «Ақын үнне сахара мүлгіді» («Степь внимала поэту») тарауынан «Письмо Татьяне» атты үзінді (аударған М. Воронцов) «Литературный Казахстан» журналында (1937, №2–3), «Как запела Татьяна в степи» (аударған Л. Соболев) сол жылы осы журналдың 6-санында, «Татьянаның қырдағы өні» атты қазақ тіліндегі үзінді «Социалды Қазақстан» газетінде (1937, 9–13 ақпан), «Әдебиет майданы» журналында (1937, №4) жарық көрді. Бұл үзінділерде 1887 ж. ұлы Абайдың орыс ақынның «Евгений Онегин» романымен табысуы, одан аудармалар жасауы, оларға ән өзі шығарып, қазақ арасына таратуы баяндалған. Кейін бұл үзінділер аз-кем жөңделіп, түзетіліп, өзгертіліп, «Абай» романының «Биікте» («Татьянаның сахарадағы өні») деген тарауына енгізілді, кітаптың 1949 жылғы басылымынан бастап осы атаумен басылып келеді.

Н. Ақбай.

ТАУ ӨЛЕҢ, фольклор жанры, айтыс өлең түрі. Ө. алғаш рет сипаттаған. Олайтыскер ақынның қалыптасу, өсу жолдары жайында айта келіп: «Қазақстанның кей жерлеріндегі тағы да бір айтыс мазмұндары және де қосымша болатын. Ол да көпке ортақ, көпке мәлім өлеңдерді мол туғызған мазмұндар. Мысалы, бұрынғы Жетісуда сондай қосымша мазмұндар «тау өлең», «су өлең», «жер өлең» деген айтыс өлеңдерін туғызған» дейді (20 томдық шығармалар жинағы, 17-том, 291-бет). Аталған еңбегінде жазушы осы топқа жататын өлеңдердің «дағдылы мазмұны», «үйреншікті бастауы, өрбуі, аяқтауы» болатынына тоқталған. Көпке ортақ формалары, көркемдік құралдары жайында баяндап, айтысушылар өздерінің тауларды қаншалықты көп білетіндіктерін көрсетіп, білім таласына да түседі деген.

Р. Әбдіғұлов.

«ТАҢИР – ЗУҺРА», түркі халықтарына ортақ ғашықтық жыры. Оқиғасы батыстың «Ромео мен Джульетта», шығыстың «Ләйлі – Мәжнүн» шығармаларына ұқсас. Онда екі жас арасындағы адал, берік махаббат дәріптеледі. Дастанның әр түрлі нұсқалары өзбек, қырғыз, түрікмен, өзірбайжан, түрік, татар т. б. халықтарда бар. Қазақ тілінде А. Оразбаев жазған нұсқа «Қисса-и Таһир иле Зуһра» деген атпен 1888–1908 ж. ішінде 9 рет, А. Сабалұлы жазған «Қисса-и Таһир – Зуһра» 1911 ж. Қазанда жарық көрді. Сөйтіп қазақ арасына дастанның осы екі нұсқасы кең тараған. Ө. өзінің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» деген зерттеуінде бұл жырдың қазақ дастанымен ұқсас екеніне назар аударған. «Әсіресе сол жырдың түрікмен классик ақыны Молла Непес қайта жырлап, XVII–XIX ғасырлар жапсарында жарияланған түріне өзгеше үйлеседі»

деп, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасымен салыстыра қарастырған. Бұл ұқсастықтың екі себебіне тоқталған: 1) «Қозы Көрпеш» жыры «Таһир – Зухра» жырынан ескі болғандықтан, өзінен кейін туған дастанға әсер еткен; 2) «Таһир – Зухра» баспадан шығып, ел ішіне көп жайылған соң, «Қозы Көрпешті» жырлаушы қазақ ақындары жаңа мотив, жаңа оқиғалар қосқан (Қозы мен Баянның қайта тірілуі т. б.). Сөйтін ұлы ғалым белгілі бір шығарманы зерттеу барысында жан-жақты, әр түрлі салыстыра тексерулер жасауды ұсынады.

*Р. Бердібай, Н. Топрағай.*

**ТАШКЕНБАЕВ** Сатыпалды (1948 ж. т.) сәулетші-конструктор. 1996–98 ж. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы құрылыс жұмыстары дирекциясының бас директоры болды. Ол инженер-конструктор ретінде Қожа Ахмет Йасауи, Айша бибі (1979–80), Семейдегі Абай қорық-мұражайы (1991–93), М. О. Әуезовтің мемориалдық үйі (1996–97) кешендері іспетті тарихи-мәдени орындарды сақтап қалу және жаңғырту жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының т. б. мәдени сәулет сарайларының конструктор-авторы. 1993–97 ж. М. Әуезовтің мұражай-үйін қалпына келтіру, жаңа көрме ғимаратын салу, үй жиһаздары мен мүліктерін жаңғыртып-өңдеу жұмыстарының жобасын жасап, ғылыми-мәдени орталықтың көрме экспонаттарын жасақтауға жетекшілік етті. «Әуезов үйі» кешенін жобалап, құрылыс жұмысын жүзеге асырғаны үшін Ресейде өткен 2-халықаралық фестивалдің арнайы дипломына ие болды (1998).

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ТАШКЕНТ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**, жазушының шығармасы. 1958 ж. 7–13 қазанда Ташкентте Азия және Африка елдері жазушыларының 1-конференциясы (құрылтайы) өтті. Ө. делегат болып қатысып, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан делегаттары атынан сөз сөйледі. Бұл сөз алғаш рет сол жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 10 қазандағы санында жарияланды, кейінірек «Азия және Африка елдері жазушыларының Ташкент конференциясы» деген орыс тілінде шыққан кітапта жарық көрді (Ташкент, 1960, 122–126-беттер). Осы нұсқа Ө-тің «Мысли разных лет» (1961, 29–34-беттер), «Тандамалы» (1997, 458–461-беттер) жинақтарына енгізілді. Автор сөзінде екі құрлық халықтарының рухани жетістіктері туралы ой-пікірлерін ортаға салған. «Естігенімді айтайын ба, көргенімді айтайын ба?» деп бастап, өзі көріп-білген, таныс-біліс, көкірегіне түйген, сырына қанық жайларды баяндаған. Қазақтың Абай, өзбектің Науаи, тәжіктің Айни сынды ұлы ақын-жазушылардың әлемдік рухани байлыққа қосқан үлестерін, «Манас» эпосының дүниежүзілік тарихын маңызды, үнді халқының «Махабхарата» жырының түрікмен тіліне тамаша аударуы тарихын, КСРО құрамындағы Қазақстан мен Орта Азия республикаларының, Сібір мен Қиыр Шығыс аймағының қол жеткен шығармашылық жетістіктерін әңгімелеп берген. Жазушы одан әрі социалистік реализм әдісіне тоқталып, оның «артықшылығын», маркстік-лениндік эстетиканың сыр-сипатын дәріптеп, біз жазушылардың бүкіл адамзат қоғамының прогресшіл ісіне өз үлестерін қоса беретінін тілге тиек еткен. 1957 ж. Жапонияға барған сапарында халықаралық туризм орталығы

Никко қаласын көріп, таң-тамаша қалғанын мысалға келтіріп, осы конференцияда көргеніміз бен танығанымыз, соңында айтар қорытындымыз «ғажайып» болса екен деп сөзін аяқтаған.

*Мұрат Әуезов.*

**ТАШКЕНТ**, Ш а ш, қала. Өзбекстан Республикасының астанасы. 1918–1924 ж. Түркістан АССР-нің орталығы әрі астанасы атанды. Ө. ертен-ақ Т. қаласымен тағдырлас әрі сырлас болды. Ол 1922–23, 1928–1930 ж. осында тұрып, «Шолпан» журналында қызмет істеді, Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыды, орман шаруашылығы техникумында ұстаздық етті. Т-те ұйымдастырылған Мемлекеттік терминология комиссиясының ғылыми хатшысы қызметін атқарды (1929–1930). Нәтижеде жас Мұхтар Шығыс классиктерінің, соның ішінде өзбек ақын-жазушыларының туындыларына айрықша көңіл қойып, олардан терең сырлар, уытты ойлар түйді. «Түңгі ауыл», «Қысты күнгі ладала», «Сыбанның моласында», «Кім кімәлі?» сияқты әңгімелерін, әдебиет пен мәдениетке қатысты бірнеше мақалаларын «Шолпан» журналында жариялады. 1923 ж. Т-те «Бәйбіше-тоқал» драмасын қазақ тілінде шығарса, 1924 ж. Ю. Вагнердің «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелерін» аударып, бастырды. Тіпті «Көксерек» әңгімесі де 1928 ж. өзбек өлкесінде, Т-те дүниеге келді. 30-жылдары Ө. Орта Азия мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті тарихынан лекция оқи жүріп, әр түрлі әдеби үйірмелер мен драма театрларына қатысады. Университетте ашылған «Кедей айнасы» альмағанын шығарысып, онда «Сақудың оқушылары мен оқытушыларына» деген мақаласын жариялады («Кедей айнасы», 1928–1929, №5). Жазушының «Қарағөш» трагедиясы «Ода» (қазір «Офицерлер үйі») театрында қойылып (1924), жұртшылық ілтипатына бөленді. 1944 ж. Т-те өткізілген Орта Азия халықтары достығының апталығына қатысып, ұлы жазушы – Айбек, Ф. Ғүләм, К. Яшен, Ұйғын, Миртеленлермен диалдағы сұхбаттасты. Заңғар суреткер 1957 ж. Т-ке келіп, Шығыс зерттеушілердің бүкілодақтық 1-конференциясында баяндама жасады. Онда тұрысқан өзбек әдебиетінің даму жолына барлау жасап, өзінің шығармашылық мақсаттары мен ойларын оқырмандар назарына ұсынды. Бір жылдан кейін Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясына Қазақстан делегациясын бастап барып, Орта Азия мен қазақ қаламгерлерінің атынан сөз сөйледі; алдағы уақытта нәрлі, ойлы, кемел туындылар беретінін айтты. Жынынан кейін қаланың әсем жерлерін аралап, Низами атындағы педагогика институтының студент, оқытушы қауымымен кездесті. 1960 ж. 17 қазанда Ө. Өзбекстан Жазушылар одағында болып, қаламдас достарымен әдебиеттер достығы мен байланысы туралы пікір алысып, әңгімелесті.

*Қ. Сейданов.*

**ТӘЖИН** Марат Мұхамбетқазыұлы (1960 ж. т.), әлеуметтанушы, философ. Әлеуметтану ғылымының докторы (1991), профессор (1993). 40-тан аса кітаптың, мақалалардың авторы. «Адам. Аймақ. Қала» (1990), «Аймақтық әлеуметтану» (М. Тәжімбетовпен бірге, 1993), «КСРО-дағы аймақтық зерттеу» (Лондон, 1988, ағылшын тілінде), «КСРО-дағы қала тұрғындарының бейөндірістік белсенділігі» (Лондон, 1989, ағылшын тілінде) монографиялары жарық көрді. Ұлы жазушының 90 жылдық мерейтойына орай, Т. «Ұстаз тілегі – ұрпаққа сын»



атты мақала жазып, Ө-тің жастарды ғылым, білім үйреніп, туған халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын ұмытпай, сыйлап-құрметтеу туралы айтқан, адамгершілікке шақырған сөздерін тағы да үлгі етіп ұсынды («Лениншіл жас», 1987, 25 қыркүйек).

*М. Құл-Мұхаммед.*

**ТӘЖІБАЕВ** Әбділда (1909–1998), ақын, драматург, ғалым, қоғам қайраткері. Қазақстанның халық жазушысы (1985). Филология ғылымының докторы (1970), профессор (1976). ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974). Әдебиеттану саласында жемісті еңбек етті. «Өмір және поэзия» (1960), «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» (1971) монографияларын, «Жылдар, ойлар» (1976), «Жаданның хаттары» (1980), «Хаттар сөйлегенде» (1980), «Өмір мен өрлік» (1985) атты сын, эссе, мақалалар кітаптарын шығарды. Н. Погодинмен бірге «Жамбыл» кинофильмінің сценарийін жазды (1954). Еліміздегі демократиялық бетбұрыс кезеңінде жазған өлең-жырлары сырылдықтарымен, шынайылығымен, терең философиялық мазмұнымен, батылдығымен ұлы өзгерістерді орнықтыруға үлес болып қосылды, оқырмандар жүрегінен берік орын алды. Ө-ның тығыз шығармашылық байланыста жүріп, «Ақ қайың» пьесасын бірге жазды. Ұлы суреткердің шығармаларына зер салып, үнемі ой-пікірін білдіріп отырған. Ұзақ жылдар хат жазысып тұрды. Ұлы жазушыны сынаған Қ. Тұрғанбаевқа қарсы жазған «Сын – қолжаулық емес» деген мақаласынан бастап («Қазақ әдебиеті», 1935, 8 маусым), «Ревизор» қазақ сахнасында» («Социалды Қазақстан», 1936, 21 қазан), «Мұхтар Әуезов» («Лениншіл жас», 1946, №7), «Абай – бізге сүйікті образ» («Социалды Қазақстан», 1949, 29 сәуір), «Жасарған пьеса, жаңарған спектакль» («Қазақ әдебиеті», 1957, 22 наурыз), «Алтын құндақ» («Жұлдыз», 1969, №4) т. б. рецензия-мақалалары басылды. Сондай-ақ «Қатар тізе қосып» («Біздің Мұхтар», 1976, 135–141-беттер), «Есеу жолында» (К і т.: Ө. Тәжібаев. Жылдар, ойлар. 1976) атты естеліктері жарияланды. Ө. Т-тың алғашқы ақындық қадамына тәнті болып, «*Әбділда ақын*» (1938), «*Әбділда Тәжібаев*» (1949) деген арнайы мақалаларын жазды, жас ақынға сәт сапар тіледі. Әдебиетке қатысты көптеген еңбектерінде Т-тың шығармалары туралы өз ойларын, ризашылығын білдіріп отырды («*Қайта туған халықтың әдебиеті*», «*Дәстүр мен жаңашылдық жайында*» т. б.).

*Ш. Ыбыраев.*

**«ТӘЖІБАЕВ ӘБДІЛДА ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ»**, мақаланың жалпы атауы. 1937 ж. 24 маусымда «Лениншіл жас» газетінде шыққан. Мақала сол күні Қазақстан жазушылар ұйымында талқыланған. Талқылау материалдары «Лениншіл жастың» 29 маусымдағы санында жарияланды. Онда талқылауға қатысушылардың сөздері берілген. Материалдың алдына Тәжібаев Әбділда және оның достары» деген ортақ ат қойылған. Алдымен редакцияның кіріспесі берілген. Жиналыста Қазақстан кеңес жазушылар ұйымының хатшысы Қаратаев сөйлеп, мақаланы оқып шығумен қатар, Тәжібаевтың бірсыпыра саяси қателерін ашқандығын, шығармаларының идеялық жағынан саяздығын, «Лениншіл жас» газетінде көрсетілген фактілердің дұрыс екендігін айтты дейді. Өз сөзінде Ө. те Тәжібаевты саяси-идеологиялық тұрғыдан бірзат айыптайды. Мысалы: «Тәжібаев бүгінгі күннің саяси, өткір мазмұнды тақырыптарына ат сал-

май, ескі ақындар үлгісіне жалтарғанда, бірінші: өзін өрлетіп өсіретін соны жаңалықтан бір қалып отыр. Екінші: ескіге барғанда да, керексіз іздерді қайта басып, өзіне залал келтіретін шиырларды аралап кетті» деген. Тәжібаевтың қателіктерін кезінде ескертіп, сынап отырмаған комсомолдар ұйымы мен жазушылар ұйымы да кінәлі дейді. «Тәжібаев классиктердің жазғандарын көп оқытыны рас. Бірақ оқығанда және солардан үлгі алып жазғанда, механический жолмен кете береді, дұрыс түсінуі жеткілікті емес» немесе «Классиктен үлгі алып, меңгеруді интеллигенттің өз басындық күйлерге салмау керек. Шелли, Гейнени әрине оқуың керек. Ол жөнінде көп оқып, қатты өсіп келесің. Бірақ олардың сол заманға лайықты боп құрылған мазмұн жөндері бар, оны байқау керек» деген жолдардан айыптаудан гөрі мақтау, ақыл-кеңес айту басым. Одан әрі бүгінгі айтып отырған сынның барлығын, достық сын, қиялаған дау болып шықты, оған қанағат қылуға болмайды» дейді. Бұдан алғашында сөйлеушілердің таққан айыптарының мойындалмаған Тәжібаевтың екінші сөйлегенде «жеңіліп», амалсыз келіскен ақынның ауыр, аянышты жағдайын көреміз.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«Т. Т. ТӘЖІБАЕВ ЖОЛДАСТЫҢ «АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН МАҚАЛАСТЫ ТУРАЛЫ ПІКІР»** («Отзыв о статье товарища Т. Т. Тажиева на тему «Психологические взгляды Абая Кунанбаева»), жазушының мақаласы. Ө. орыс тіліндегі бұл сараптау пікірінде бұл еңбекті абайтану ғылымын жаңа таным тұрғысында зерттеу саласымен қосылған құнды еңбек деп бағалаған. Ұлы жазушы айтқан сын-ескертпелерде автор Абайдың психологиялық, педагогикалық, философиялық көзқарастарын зерттеу барысында ескеріп, 1954 ж. «Абай Құнанбаевтың философиялық-психологиялық көзқарастары» деген ғылыми еңбегін орыс тілінде шығарды. Пікірдің қолжазбасы «М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасында» сипаттаған, жазушының «*Абайтанудан жарияланбаған материалдарында*» алғаш рет жарық көрді.

*Н. Торғай.*

**ТӘЖІБАЕВ** Төлеген Тәжібайұлы (1910–1964), педагог, мемлекет және қоғам қайраткері. Педагогика ғылымының докторы (1962), профессор (1949). Қазақстан Ғылым академиясының академигі (1954). Ғылыми еңбектері Қазақстандағы педагогикалық ойдың даму тарихына, тәрбие мен білім беру мәселелеріне арналған. Бұл салада: «Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы» (1954), «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары» (1957), «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы ағарту және педагогикалық ойдың дамуы» (1958) монографиялары жарық көрді. Ө-пен ұрпақтық қызметте араласып, таныс-біліс болған. Абай туралы жазған зерттеулерінде ұлы жазушы

айтқан пікірлерге сүйеніп, әркез жүгініс жасап отырған Мұхаң Т-тың «Абай Құнанбаевтың психологиялық көзқарастары» деген мақаласына пікір айтып, еңбектің аса құнды, абайтану ғылымындағы соны әрі жаңа жаңалық деп бағалап, кейбір кемшіліктерін көрсеткен. Бұл сараптау пікірден кейін мақала кем-кетіктен арылып, ҚазМУ-дың ғылыми басылымында жарық көрді. Кейін толықтырылып, кітап болып шықты («Абайтану дәрістерінің дерек көздері», А., 1997, 331-бет).

*Н. Оспантегі.*

**ТӘЖІК ӘДЕБИЕТИ.** Көне заманнан келе жатқан классикалық парсы тілді әдебиет пен кейінгі замандағы (1917 жылдан бергі) тәжік әдебиеті мен өнерін бөліп қарауға болмайды. Ө-тің парсы-тәжік әдебиетінің озық үлгілерін сол тілде шығармашылықпен оқып-түсініп, ғылыми дәйекті ойлар айтуы, екіншіден, шығармаларының тәжік тіліне аударылуы, тәжік жазушыларының Ө-тің әдеби мұрасын шығармашылықпен игеруі, Ө-тің реалистік дәстүрінің тәжік әдебиетіндегі әдеби бағыттың дамуына әсері, 60–80-жылдардағы тәжік романдарының іздену, өсу жолдары т. б. мәселелер зерттеушілер алдына ұлан-ғайыр сұрақтар қояды. Тәжік әдебиеті үлгілерінің, дәстүрлерінің қазақ әдебиетіне әсері мен осы саладағы Ө-тің қызметі және қазақ әдебиетінің, әсіресе Ө. шығармашылығының қазіргі заманғы тәжік әдебиетіне әсерінің фактілері өте көп. Ө-тің Орта Азия халықтары мен тәжік халқының іргелі прозасына әсері ұшан-теңіз. Шартты түрде айтқанда, «Абайдан кейін үзілген» тәжік-қазақ әдеби байланыстарын қайта тіріліп, ширек ғасыр бойы жемісті жалғастырған (көзі тірі кезінде) Ө. болды. Кей жағдайда ұйқас-шылдық пен образ, ой қайталауы басым деп сыналған классикалық тәжік поэзиясын Абайдан кейін өз дәрежесінде бағалап, түсінікті тілмен халыққа, оқырманға Ө. түсіндіріп берді. Тәжік-қазақ әдеби байланысында Ө. тәжік-парсы классикалық әдебиетін игеріп, өзінің аудармалары, ғылыми-зерттеу еңбектері, тәжік әдебиетшілерімен тікелей араласуы арқылы тәжік халқының ұлттық мәдениетінің, әдебиетінің, ғылымының, өнерінің дамуына зор үлес қосты. Ол өзінің ұлттық мәдениетінде қандай орын алса, тәжік халқының рухани өмірінде де сондай үлкен орын алады. Бұл жайында Тәжікстанда Ө. жөнінде энциклопедиялық мақалалар мен рецензиялардан бастап, арнайы монографиялар жазылды. Қазақ және орыс тілдерінде шыққан «Қазақ совет әдебиетінің очеркі» кітаптарына жазған «ССРО халықтарының әдебиеті» деген тарауда тәжік әдебиетіне арнайы тоқталды. Орта Азия халықтарындағы роман жанрының дамуы Әуезов есімімен тығыз байланысты. Орта Азия халықтары әдебиетіндегі роман жанрының дамуы жайында айтылған ғылыми-зерттеу еңбектердің бәрінде дерлік С. Айы мен Ө. аттары қатар аталады. Ө-тің романдары, оның ұлы эпосысы, жалпы роман жанры «тоқырауға» ұшырады, болашағы жоқ деген үрдіс етек алған кезде де, бұл жанрдың ұзақ өмір сүретініне кәміл сенді. Ө-ті қатты құрметтеп, ұстаз санаған Ж. Икрами 1968 ж. «Звезда Востока» журналының 6-санында шыққан «Суреттеу және психологизм» атты мақаласында Орта Азия мен Қазақстан жазушыларының ішінде ең алдымен Ө-ті, одан кейін С. Мұқанов, М. Айбек,

Б. Кербабаяевтарды т. б. атаған. Икрами Ө-ті «әдебиеттегі ұстазым» деп есептеген ол 1973 ж. «Коммунист Таджикистана» газетінің 19 қыркүйектегі санында шыққан «Адам тағдырын ойласақ» мақаласында Ө-тің шығармаларына үнемі зер салып, қадағалап оқытынын жазды. 1957 ж. «Шарқи сурух» журналының 10-санында шыққан «Құрметті, қымбатты жазушы» мақаласында Ө. өзінің ұлы шығармасы «Абай жолы» арқылы көп ұлтты совет әдебиетінің алтын қорына қомақты үлес қосып, Қазақстанды сусыз шөл, қазақтарды түйелі көлпенді деп білген миллиондаған оқырмандарға қазақ даласының қайталанбас сұлулығын, көшпелі құмдарын бағындырған адамдарын паш етті деген. М. Тұрсын-Заде Ө-тің тірі кезінде де, қайтыс болғаннан кейін де мейлінше жоғары бағалады. 1976 ж. «Дружба народов» журналының 2-санында жарияланған «Ортақ үлесіміз» мақаласында көп ұлтты совет әдебиетінде Әуезов творчествосы зор құбылыс деп, Абай шығармашылығын зерттеу барысында ұлы ақынның қазақ поэзиясына «аруз» өлеңі енгізіп, көптеген парсы-тәжік сөздерін қолданғандығын анықтады. 20–30-жылдарда қазақ зиялыларының кейбір өкілдері поэзиядағы дамыстық стиль, оның ішінде парсы-тәжік классикалық поэзиясы қазақ әдебиетінің дамуына кері әсерін тигізеді деген бағыт ұстанғанда, Ө. нақты мысалдармен, ғылыми терең байыптаулармен мұның жаңсақ екенін дәлелдеді, әлемге белгілі парсы-тәжік ақындарын қазақ топырағында «қалдырды». Ө-тің парсы-тәжік әдебиетінің жақсы білуіне әсер еткен тағы бір фактор – оның Ленинград университетінен білім алып, атақты шығыстанушы ғалымдар дәрісін тыңдауында. Тәжік-парсы әдебиетіне қатты қызыққанын жазушының жеке кітапханасында *Фирдаусидің*, *Омар Һайямның*, *М. Сағдидің*, *Ш. Хафиздің* т. б. тәжік әдебиеті классиктерінің шығармаларының сақталуы, олардың беттерінде Ө-тің өз қолымен жазылған алтуан пікірлері дәлелдейді. Осы саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізінде КСРО шығыстанушы-ғалымдарының 1958 ж. Ташкентте өткен 1-конференциясында, 1959 ж. Мәскеуде өткен шығыстанушылардың 5-халықаралық мәжілісінде бағалы баяндамалар жасады. Ө-тің адам, азамат ретіндегі тағы да бір қасиеті сол, ол Икрамидің «Әзімді айшты санаймын» романын тәжік әдебиеті мен өнерінің 1957 ж. Мәскеуде өткен онкүндігі кезінде солардай сыннан қорғап сөз сөйлеп, кейін тәжік баспасөзінде мақалалар жариялап, Икрамиді идеологиялық шабуылдардан қорғап қалды. Ө-тің: «Автор өз геройларын тек ақ, қара бояулармен ғана суреттемейді, кейіпкердің жан дүниесіне терең үніліп, мінез-құлықтың нәзік қырларын ашуда үлкен шеберлік танытқан» деген тұжырымы әнербақан сыншыларға қатты соққы болып тиді. Ал тәжік ғалымы Б. Ф. Фафуровтың 1953 ж. Сталинге: «Мұхтар Әуезов – ерекше жазушы. Оны қорғап қалу керек» дегені мүмкін Ө-ті трагедиядан сақтап қалған болу керек. Жамбыл Жабаев пен Абай Құнанбаевтың 100 жылдық мерейтойларына (1945–46 ж.) байланысты тәжік баспасөзінде жарияланған материалдарда Ө. жайында көптеген мәліметтер кездеседі. «Абай» романының үзінділері алғаш рет Э. Муллоқандовтың аударуымен республиканың мерзімді баспасөзінде жарияланды. Бір жылдан кейін эпосының алғашқы екі кітабы осы аудармашының тәржімасымен тәжік тілінде жарық көрді. Сол 1954 ж. Кеңес Одағы жазушыларының

2-съезінде П. Антокольский және М. Рильскиймен бірге жасаған «ССРО халықтары әдебиеттерінің аударылуы» атты баяндамасында Айни, С. Ұлуғ-Заде, М. Тұрсын-Заде шығармаларының аударылуы талданған. Баяндама тәжік тіліне аударылып, «Шарқи сурх» журналының 10-санында жарияланды. Тәжік әдебиетшілері бұл мақаладан көптеген пайдалы ой-тұжырымдар алды. 1957 ж. қазақ-тәжік әдеби байланыстары үшін жемісті болды. Бұл жылы Ө-тің 60 жылдығы мен тәжік әдебиеті өнерінің Мәскеуде онкүндігі өтті. Алматыдағы Ө-тің тойына Советтік бейбітшілік қорғау комитетінде бірге жұмыс істеген жазушы М. Миршакар барды. Ол тойда жасаған баяндамасында Ө-тің «Абай жолы» роман-эпопеясына, ғылыми-зерттеу еңбектеріне, тәжік әдебиетіне қатысты зерттеулеріне жоғары баға берді. Мерейтойға орай «Абай жолының» үзінділері, кейбір әңгімелері аударылды. Икрами «Шарқи сурх» журналында (1957, №10) Ө. шығармашылығын жан-жақты талдаған көлемді мақала жариялады. Осы той кезінде Тұрсын-Заде Алматыға құттықтау жазуымен қатыса берді. Сол жылы сәуір айында Мәскеуде өткен тәжік әдебиетінің онкүндігі кезінде Ө. тәжік прозаиктерінің шығармаларын талдаған топта болып, Айнидің «Естеліктер» романы, Ұлуғ-Заденің, Ф. Ниязидің, Р. Джалидтің әңгіме, повестеріне жылы лебіз білдірді. Алматыда 1959 ж. 15–19 маусымда қазақ әдебиетінің тарихына арналған ғылыми конференция өтті. Бұл конференция жұмысын басқарған Ө. әдеби байланыстар мәселесіне көп көңіл бөліп, қазақтың кітаби ақындарының шығармашылығына араб-иран классикалық поэзиясының ықпалы туралы баяндап, «Шаннаманың» т. б. парсы тілді батырлық эпостардың қазақша нұсқаларына тоқталды. А. Сайфуллаевтың осы жылы «Шарқи сурх» журналының 12-санында «Тәжік-қазақ әдеби байланыстары туралы кейбір жаңа деректер» атты көлемді мақаласы шықты. Онда тәжік-қазақ әдеби байланыстарының көп ғасырлық тарихы, бұл бағыттағы Ө-тің еңбегі жайында да айтылды. Мақалада жазылған жайларды Ө. те қолдап, жоғары баға берді. Мақала Тәжікстан мен Қазақстан басылымдарында 1963, 1968, 1972, 1989 жылдары қайталап жарияланды. 1960 ж. жас ақындармен кездескенде сөйлеген сөзінде Тұрсын-Заденің «Азия дауысы» поэмасына арнайы тоқталып, ол Азия, Африка халықтары атынан сөйлеп, үнді, жапон немесе гана ақынының айта алмайтын ойларын айтты деді. 60-жылдары Өуезов шығармаларын тәжік тіліне аудару жұмысы жаңа сапаға көтерілді. 1962 ж. Ю. Ақобиров «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінен үзінділер аударды. Ө-тің 70 жылдығына орай осы жазушы «Қаралы сұлуды» аударып, 1967 ж. «Садои Шарқ» журналының 5-санында жариялады. Тәжік әдебиеттану ғылымында, әдебиет сынында Ө. шығармашылығы жайында көп жазылды. Бұларды 4 топқа бөлуге болады. Біріншісіне Ө. А. Лахутиден бастап М. Каноат пен А. Самадова дейінгі өлеңдер, очерктер, жолжазбалар, естеліктер жатады. Екіншісінде тәжік-қазақ әдеби байланыстарының жалпы мәселелеріне, көркем аударманың тарихы мен теориясына арналған мақалалар мен сыни еңбектер бар. Бұл салада А. Сайфуллаевтың, М. Ш. Шукровтың, Ө. Нұралиевтың, Х. Шодижұловтың, З. Османова мен Самадовтың еңбектері атап өтуге тұрарлық. Үшінші топқа Ө-тің өмірі мен шығармашылығына қатысты арнаулы мақалалар, библиографиялық материал-

дар, шығармаларының тәжік тіліндегі аудармаларына арналған сын мақалалар, соңғы топқа Тәжікстанда жарық көрген энциклопедиялық басылмалардағы мақалалар жатады. Жазушының портретімен қоса берілген арнаулы мақалалар Тәжік совет энциклопедиясының 1-томында, Тәжік әдебиеті мен өнері энциклопедиясының 3-томында берілді. Осы басылымдағы «Қазақстан Республикасы», «Тәжік-қазақ әдеби байланыстары» мақалаларында және «Тәжік совет әдебиеті тарихының очерктерінде», «Возрождение древних традиций» атты ұжымдық монографияда Ө. тұлғасы, оның тәжік, қазақ халықтарының достығы мен шығармашылық байланыстарының нығаюына сіңірген орасан зор еңбегіне тиісті орын берілген. Ө. туралы тәжік мерзімді баспасөзі мен шығармашылық ұжымдарының ақпарат құралдары жариялаған материалдар өз алдына бір төбе. Қазақ жазушысының 60, 70, 90, 100 жылдық мерейтойына арналған мерекелік шаралар мен Алматы, Семей, Мәскеу қалаларында, Қазақстан мен Ресей жерлерінде өткен ғылыми конференцияларға қатысты материалдар өте мол. Бұл жиындарда Ө-тің әлемдік әдебиеттің алтын қорына қосылған шығармашылық мұраларында Тұрсын-Заде, Ниязи, Икрами, Каноат, Ақобиров, Сайфуллаев, Ө. Манязов және Самадовтар сөз сөйлеп, ұлы жазушының әрдайым біздің замандасмыз болып қала беретіні, туыстас халықтардың, елдердің дәнекер тұлғасы екені жайында айтты. Ө-тің арамыздан кеткеніне көп жыл өтсе де, оның шығармашылық дәстүрі үлгі болып қала береді.

Х. Шодижұлов, Ө. Нұралиев.

**ТӨКЕЖАН** (Т Ө н і р б е р д і) Құнанбайұлы (1844–1906), Құнанбайдың Ұлжаннан туған үлкен ұлы. Болыс болған. Оның Абайға мүлде қарама-қарсы мінездің адамы екені көрінеді. Т-ның: «Отты артынан сөндіреді, алдынан сөндірмейді. Күнту болыс бола берсін, сайлауға шейін ірітіп боламыз» деген сияқты еселіке құрылған сөздері көп (№ 29-папка). Романда Т-ның толып жатқан мінезі, болмыс-бітімі жан-жақты суреттеледі. Бөжейдің бата оқырына алыстан «бауырымдап» ат қойысып барғанда, атшабар Жұмағұл екеуінің аттарының екі жағына кезек қисайысып, құлап кететін кісі тәрізденіп шаққаны Абайды нандырмайды. Ел билеудің салмағы жас басына түссе, өз шырғасынан шыға алмас дегенді ойлаған Құнанбай, тәрбиесінен сыртқары кетіп бара жатқан Абайды ұлықтықпен байлап қоймақ ниетімен шақыртады. Шақыртудың себебіне қанған Абай: «Әке, сенгеніңізге рахмет! Ендігі міндетті бізге артқаныңыз орында. Арқа-басыңызды бұдан былайғы ауыртпалықтан босату керек. Жалғыз-ақ жанағы сөзіңіз маған айтылса, мен өзім болыстық, ұлықтықтан бас тартам. Әрі алғашқы жолы бар, ебі де бар, ұсынған орныңызға мына Төкежан лайық. Осы болсын!» дегенде («Абай жолы», «Белбелесте» тарауы), ұқыпты шәкірттей жүгініп отырған Төкежан қып-қызыл болып, қуанып кетеді. Т-ның алғашқы болыстығы ағайын, ел арасына іріткі салумен басталғанын, сондағы өктем, ірілік мінез-қалпының өмір бойы өзгермегенін жазушы терең ашып, ұдайы ұғындырып, елестетіп отырады.

Т. Тұрғанбаев.

**ТӨПЕНОВ** Ерсайын Қандержанұлы (1945 ж. т.), режиссер. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының ла-



ған» деген дәл тұжырымдар жасаған. «Миллионер» мен «Шығанақ Берсиев» романдарын жаңа колхоз өмірін көрсеткен шығармалар деп қысқа қайырыған. Автор Мұстафин шығармаларындағы кемшіліктерді де көрсетеді. «Шығанақ Берсиевте» партия қызметкерінің бейнесі үстірт ашылған деп кінәлауы көбіне сол кез идеологиясының әсері болуы керек. Ал «Миллионер» жайында адамдардың өсу жолындағы қиындықтарын сана жағынан емес, сан жағынан көрсетіп, жағымды кейіпкерлердің өзара қарым-қатынастарының ішкі себептерін жеткілікті шеше алмаған дегені шындыққа сәйкес келеді.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ТЕАТР,** Жазушының театр туралы ой-пікірлері. Бүгінгі мәдениетіміздің үлкен арнасы – қазақтың ұлттық театр өнерінің дүниеге келуі, кәсіби үлгіде қалыптасуы мен дамуы. Ө-тің (Ж. Аймауытовпен бірге) есімімен тығыз байланысты. Ол тұңғыш театрдың шығармашылық өміріне ұзақ жылдар араласып, негізгі репертуар қорын жасады, бағыт-бағдарын анықтады. Өсіресе қазақ пен татар жастары бірігіп өткізетін «Шығыс кеші» дәстүрге айналып, қалада кәсіби театр ұйымдастырылғанға дейін үзілмеген. Осындай ойын-сауықтар 1917 ж. Ө-тің «Еңлік – Кебекті» жазып, ауыл сахнасына шығаруына ықпал жасады. Қазан революциясынан кейінгі кезеңде адамдардың санасына социалистік жаңа ой-пікірлер тарату мақсатымен, қазақ жастары «Ес-аймақ» мәдени-ағарту қоғамын құрды. Ол өзінің негізгі мақсатын түрлі ағарту жұмыстарын ұйымдастырумен бірге, труппаның шығармашылық қызметі арқылы жүзеге асыруды көздеді. Ө. мемлекеттік т. б. толып жатқан қоғамдық қызметтеріне қарамастан, «Ес-аймақ» жұмысына Аймауытовпен бірге ат салысып, оның шығармашылық жағынан өсіп, нығаюына көмектесті. Ол заман тақырыбын зерделей отырып, бүгінгі мен өткен дәуір арасындағы әлеуметтік айырмашылықты суреттейтін пьесалар қойып отыруға ой салды. Ө. өзінің өнері жайындағы ойларын, айтқан пікірлерін, эстетикалық көзқарастарын Қазақ мемлекеттік театры құрылғаннан кейін жазып, қағаз бетіне түсірген. Оның алғашқы көлемді де маңызды мақаласы «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген атпен 1926 ж. «Еңбекші қазақ» газетінің ақпан айындағы алты санында жарық көрді. Дүниеге жаңадан келіп жатқан қазақ театры қандай болу керек, оның басқа теардан өзгешелігі неде? Осы мәселелер төңірегіндегі айтыстарға Ө. қатысып, келелі пікір қозғады. Өзінің мақаласында ол сонау көне гректен бері қарай

Қазақ театр труппасының алғашқы тобы. 1928.



## ТЕАТР

Еуропа елдерінің театрларына тоқталып, олардың даму жолдарын, сахналық дәстүрін, актерлік өнерін мәдени қауымға түсіндіре отырып, ұйымдастырылып жатқан қазақ театрларының қай бағытта, қандай мәселелерге баса көңіл аударуы қажеттігіне жол-жоба сызып береді. Оның: «Қай өнерді алсақ та, әуелде елінің халық өнері болып, жалпы адам баласының ортақ теңізіне құяды» деуі ұлттық сахна өнерінің келешегі кемел көрегендікпен болжаудан туған. Ө. театрдағы негізгі мәселе – актерлік өнерге ерекше көңіл бөлген. Сол тұстағы өмір болмысын суреттеген пьесаларды драматургиядағы тың бағыт, жаңа бетбұрыс деп бағалаумен бірге, Ө. ұнамды кейіпкер бейнесін жасаудағы олқылықтарды да батыл айтады. «Жақсы пьеса сапалы әдебиет белгісі» деген мақаласында: «...біздің пьесаларымызда осы жаңа адамның тұлғасы әлі ұсақ жатыр. Көңілге қонымды емес. Үстірт сөзге болып тұр. Сондықтан оқушы мен көруші өзіне қарай лебімен тартып, баурап, еліртіп, жетегіне ертіп кете алмайды. Көруші ақылы мен «жақсы» деп түсінеді, бірақ сезіммен терең ілеспейді» дейді. Мұнан кейінгі кезеңдерде жазушы өмірінің соңғы күндеріне дейін драматургия мәселесінен қол үзген жоқ. Қазақ драматургиясы мен театр жөніндегі Ө-тің шығармашылық қызметі еш уақытта ұлттық шеңбермен шектелген емес. Ол қазақ сахна қайраткерін орыс театры мен драматургиясының озық үлгілерінен үйренуге, Станиславский «жүйесін» меңгеруге шақырумен бірге, өзі баса болып, істі қызу қолға алады. Ұлы жазушы бұл асыл ой-арманына, көркемдік нысанасына Н. Погодиннің, К. Треневтің, В. Кришонның, Б. Пруттың пьесаларын қазақша аударып, сахнаға қойғызу арқылы жетті. Бұл бастаманың аса сәтті болып, қазақ театрының көрнекті табысына айналуы – Ө-ті мұнан да жоғары шығармашылық биіктерге жетеледі. Оның В. Шекспирдің «Отелло», «Асауға тұсау», А. Гогольдің «Ревизор» пьесаларын аударып, сахнаға шығаруы қазақ театрын тағы бір белеске көтеріп тастады. Бірақ әрбір ұлттық театрдың репертуары негізінен қолтама шығармалардан құралатыны мәлім. Басқа елдердің мықты пьесаларын қазақшаға аударып қояды келелі мәселе етіп көтерген Ө-тің «...Қазақстанның драма театрының өсу жолындағы ең зор міндет оригинал жағында жатқанын ұмытпау керек» деуі сахна қайраткерлерін біржақтылықтан арылуды, ұлттық драматургия арқылы көркемдік мұратқа жететінін ескертеді. Бұған Ө-тің бүкіл драматургиялық қызметі толық дәлел. Ұлттық өнеріміздің ішінде кәсіби даму мен қалыптасудың шығармашылық процестерін басынан кешірген, бүгінде әлем танытын деңгейге жеткен өнер ордасы – Абай атындағы Қазақ опера және балет театры. Мұның да дүниеге келіп, аяғынан қаз тұрып, қалыптасуына Ө-тің ықпалы мол болды. Ол 30-жылдардың басында жазған мақалаларында ұлттық актер мен әншілер, музыка кадрларын оқытып, кәсіби тұрғыдан дайындау мәселесіне ерекше көңіл аударған. Бұл бағыттағы іргелі ізденістерді халықтың бай музыкалық мұрасы мен әншілік өнерінен өрбітуге ақыл қосады. Музыка мураларын жинастырып, нотаға түсірген А. Затаевич, В. Ковалев еңбектерін пайдаланды, оларды бүгінгі өнеріміздің қадесіне жарату жағын қарастырған. Және мұның кесімді

шешіміне музыка мамандарының араласқанын жөн көрген.

Кейінгі жылдары Ө. ұлттық опералық өнеріміздің дамуына, оның әдеби негізі – либреттоның көркемдік салмағына, музыкалық болмысына ұтымды пікір-кеңестерімен үлес қосты. Ол 1944 ж. «Абай» операсының либреттосын жазып, композиторлар А. Жұбанов пен Л. Хамидимен бірге қоян-қолтық жұмыс істеп, ұлы ақын жайындағы күрделі музыкалық шығарманың дүниеге келуіне елеулі еңбек сіңірді. Бұдан бұрын ақын өмірінен атақты трагедиясын жазып, сахнаға қойдырған Ө. операның әдеби негізіне Айдар мен Ажар төңірегінен өрбитін оқиғаны желі етіп алған. Операның премьерасы 1944 ж. желтоқсанда өтті. Бұл – ұлы ақынның тамаша әншілік-музыкалық мұрасын пайдаланып жазылған ірі сахналық-музыкалық шығарма. Ақын мен халық бірлігі – операның лейтмотиві. Ұлы ақынның баға жетпес өлең-әндерінің көркемдік құдіреті мен оның қайталанбас сахналық-музыкалық бейнесі сомдалған. Осы арада бір айта кететін жайт – Абайдың әндерін жинастырып, нотаға түсіруге Ө-тің көп еңбек сіңіруі. Ол өзінің атақты «Абай жолы» романында ақынның жекелеген әндерінің дүниеге келуі мен олардың шебер орындаушыларын да сипаттаған-ды. Абай дүние салғаннан кейін Семейде ауық-ауық өткізіліп тұрған түрлі көштерде оның поэзиясымен жарыса туған әндерін өзінің айналасынан шыққан өнерпаз шеберлер орындап жүрді. Ал операның жазылу барысында жеке көріністер мен кейіпкерлердің арияларын тыңдау үстінде жазушы композиторларға Абай әндерінің ерекшеліктері, тарихы, қай әндерін кімдер нотаға түсіргені, тіпті Л. Хамидидің Семей театрында дирижерлік қызметте жүргенінде өзінің кеңесімен көп әндерді нотаға түсіріп, мына музыкалық шығармаға қажеттілерін іріктеп алу туралы ақыл қосады. «Абай әні» кинофильмінің музыкасын Л. Хамидидің жазуы да осы жайларға байланысты. М. Өуезов ақын өлемін, әдеби-мәдени ортаның сырын композиторларға жеткізуге ерінбейтін, оларға үлкен талап-тілектер қоятын. М. Өуезовтің шығармашылық зор ықпалы сахна өнерімен шектелмейді. Оның қайталанбас қолтаңбасы ұлттық өнеріміздің барлық салаларында өзіндік болмысымен, энциклопедиялық тереңдігімен өшпестей із қалдырды.

*Б. Құндақбайұлы.*

**«ТЕАТР ЖӘНЕ КОМПОЗИТОР»** (« Театр и композитор »), жазушының мақаласы. «Социалистическая Алма-Ата» газетінде 1938 ж. 226-нөмірінде шыққан. Автор мақалада Қазақ опера және балет театрының 5 жылдығына орай, «кейбір нәтижелерді тұжырымдау керек» екенін айта келіп, көптеген көрермендердің пікірін аңғартатын «түсініксіз сұрақтарымен» ой бөліскен. «Москвада жоғары бағаланған театрдың неге әлі күнге дейін айқын шығармашылық бағыты жоқ?» деген сұраққа жауап бере келіп, Ө. вокалды орындау, әншілер мен режиссерлердің кәсіби шеберлігімен қатар, композиторлар еңбегінің нәтижелеріне де сыни көзбен қарайды. Оның ойынша, халық музыкасын шығармашылыққа пайдаланудың шекарасын анықтап, қазақ халық композиторларының туындыларын Қазақстанда жұмыс істейтін композиторлардың ұятсыздықпен пайдалануынан қорғау

керек. Автор бұл тезисін кең түрде түсіндіріп, нақты фактілермен дәлелдеген.

*А. Омарова.*

**«ТЕАТР, МУЗЫКА КАДРЫ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет 1933 ж. 2 маусымда «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланды, оған «Ойласу ретінде» деп түсінік беріліп, «Мұхтар» деп қол қойылған. Кейін сол нұсқа Ө-тің 12 томдық (1969, 11-кітап, 71–75-беттер), 20 томдық (1985, 17-кітап, 6–11-беттер) шығармалар жинақтарына енгізілді. Жазушы мақалада еліміздегі театр өнерін өркендету жолдары туралы өз ойларын ортаға салған. «Әлі күнге өз өнерінің білімін оқып шыққан бірде-бір актеріміз жоқ. Шынында, бүкіл дүние сахнасының тарихында оқымай, ірі актер боп шыққан адам бірен-саран ғана емес пе?» деп, театр кадрларын дайындайтын арнаулы оқу орнының жоқтығына, білім бермей, театр өмірінің асыл қоры – актерлер қауымын құрудың мүмкін еместігіне назар аударған. Музыка саласы да маз емес. Ұлттық музыка театрын, операны, опереттаны ұйымдастырудың мезгілі жетсе де, халықтың ән-күйлерін жаңа заманға сай игеру қарқыны баяу, сылбыр. Автор бұл орайда А. Затаевичтен басқа бірде-бір адамның жанашырлық танытын жүргенін көре алмағанына өкініш білдіреді. Облыстық, қалалық театр ашуды, ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастыруды ұсынады. Өнер кадрларын даярлауды жолға қою туралы үкімет қаулысын қолдай отырып, театр, музыка мамандығын үйрететін техникум, орта мектептердің ашылатынын зор қуанышпен хабарлайды. Ө. өнер кадрларын даярлаудың басқа да жолдарын атайды: біріншіден, Мәскеуде театр шеберханасын ашу; екіншіден, одақтас республикалардың театр студияларына оқушылар жіберу; үшіншіден, өзіміздің мемлекеттік театрларымыздың жанындағы студияны ұлғайту; төртіншіден, театр жанынан аудандық клубтар мен театрларға мамандар даярлайтын 6 айлық курс ұйымдастыру; бесіншіден, мемлекет театрынан әр түрлі себептермен кетіп қалған талантты актерлерді қайта шақыру. «Сонда біздің өнер саласында да көрнекті бір белге шығып қалуымызға күдік болмайды, сенім артады» деп, ұлы қаламгер өнерге шын қамқорлық танытқан.

*Мұрат Өуезов.*

**«ТЕКШЕНІҢ БАУЫРЫНДА»**, жазушының әңгімесі. «Қыр әңгімелері» атты ортақ атпен (1) Сыбанның моласында; 2) Текшенің бауырында) 1923 ж. «Шолпан» журналының 6–8-сандарында шыққан. «Жаяу сал» деген бүркеншік ат қойылған. 1935 ж. жазушының «Ескілік көлеңкесі» жинағында, 1960 ж. «Қараш-Қараш» жинағында, Ө. шығармаларының 12 томдық басылымының 1-томында, 20 томдық жинағының 1-томында, орыс тілінде 1963 ж. «Простор» журналының 1-санында (ауд. М. Хамраев пен Ф. Моргун), 50 томдық толық шығармалар жинағының 1-томында жарияланды. «Шолпан» журналындағы 1960 ж. жарық көрген «Қараш-Қараш» жинағына бергенде, біраз өзгерістер жасалған. Өзгертулер – негізінде сөйлем құрылысына қатысты. Сюжеттік өзгерістер жоқ. Осыған қатысты текстологиялық талдаулар 50 томдықтағы осы әңгімеге қатысты түсінікте келтірілген «Қыр әңгімелері» құрылымындағы екі әңгіме де тарихи деректерге құрылған «Т. б.» әңгімесінің прототипі – белгілі батыр Тәуке Мұстафаұлы Сапатақов. Бұл туралы Ө-тің өзінің айтқандары да бар. Әңгіме архитектурасы күрделі. Ауызекі әңгіме-

нің, новеллалық сипаттағы оқыс оқиғаға құрылған профессионалдық әңгіменің, дәстүрлі реалистік әңгіменің де қырлары бар. Әңгімедегі баяндаушы – қалаға оқуға бара жатқан жас жігіт. Оқиға қалаға бірге келе жатқан Сүлеймен карттың әңгімесі ретінде өріледі. Баяндаушы мен Сүлеймен карттың сөздерінің өзіндік ерекшеліктері ашылған. Баяндаушы тілі көркем әңгіме тіліне ойысса, Сүлеймен тілі халықтың ауызекі әңгіме тіліне жақын. Әңгіме оқиғасы Жобалай атты батыр жігіттің таяқ жеп, қорлық көрген інісі үшін елде жоқ әрекет жасап, кек алуы жайында. Інісін соққыға жыққан елдің келінін ұзатып алып келе жатқан көшіне тиіп, тұтқындап, біраз күн ұстайды. Осы оқиғалар Сүлеймен әңгімесі арқылы реалистік сипатта баяндалады. Новеллаға тән оқыс оқиғамен басталған әңгіме шынайы шешіммен аяқталған. Автор байсалды, шебер прозаик ретінде көрінеді. Жобалайдың, келінінің образдары жанды бейне дәрежесіне жеткізілген.

*Р. Әбдігүлов.*

**ТЕЛҒАРАЕВ** Сейфолла Пірімұлы (1910–1975), актер. Қазақстанның халық артисі (1958). Ол сомдаған күлдіргі бейнелер – Жапал, Қараман, Жиренше, Баймағамбет Ө-тің «Еңлік – Кебекі» мен «Қарақыпшақ Қобыландысында», «Абай» трагедиясында, ұлы драматург аударған Н. Гогольдің «Ревизорындағы» Добчинский, У. Шекспирдің «Отеллосы» мен «Асауға тұсауындағы» Родриго мен Грумио – актердің өнер жолындағы тамаша табыстары. Булардың бәрінде адам жанына есерлі күлкінің небір түрлері көрініс беріп, актердің талантынан еріксіз туындап, сахналық бейне өзінің көркемдік болмысымен суреттеу тапқан. Жалпы Ө-тің драматургиясы мен аудармалары актердің шеберлігінің дамып қалыптасуына ерекше ықпал етті. 1942 жылдан кинофильмдерге түсті: Көкбай («Абай әнінде», 1945), Мақсұт («Дала қызында», 1954), Сайран («Біз осында тұрамыз», 1957), Хакім («Өмір жолында», 1959), Ербол («Алдар Көседе», 1964).

*Б. Құндақбайұлы.*

**ТЕЛЖАНОВ** Қанафия Темірболатұлы (1945 жылға дейін Ж а қ ы п о в Қ а н а п и я; шын аты: Мұхамедханафия; 1927 ж. т.), кескіндемеші. КСРО-ның (1978), Қазақстанның (1963) халық суретшісі, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1961), КСРО Көркемсурет академиясының корреспондент мүшесі (1967), профессор (1981), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1967). Ең алғашқы «Жамал» картинасы арқылы Одаққа танылды. «Ата мекен», «Домбыра әуендері», «Көкпар», «Шұғыла», «Бүркіт салу», «Қыз күү», «Күн сәулелі өлкеде» т. б. туындыларында нәзік лиризммен қоса асқақ поэтика аңғарылады. «Абай өндері» картинасы (1963) Ө-тің балалық шағына арналған. Көкжиекке дейін кесіліп, аспанмен астасып жатқан қазақ даласында, көктемгі көк шөптің үстінде атасы мен немересі отыр. Бала – болашақ жазушы Ө. Ұлы ақын Абайдың өлеңдерін оқыған сайын атасы Өуез сөз құдіретіне ұйып, қиялға батқан. Картинада ұрпақтар үндестігі, мәдениет жалғастығы, жас адамның арман-үміті, үшқыр қиялы сәтті бейнеленген. Ө. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» атты мақаласында «суретшілердің арасында да бірсыдырғы жақсы буын өсіп келе жатыр» деп, булардың қатарында Т-тың атын атайды, қазақтың жаңа сурет өнері өте жақсы, жана сапада өсіп келе жатқандығына сүйсініс білдіріп, көп үміт артқан.

*Р. Ергалиева.*

**ТЕЛЖАНОВ** Темірболат Мұхамеджанұлы (1898–1938), жазушының досы. Ө-пен Ленинградта бірге оқыған. Ленинградта оқып жүрген жылдары Ө-пен тығыз қарым-қатынас жасап, пікірлес болды. Кейін жазушының зайыбы В. Н. Өуезова: «Таныстарымыз онша көп емес-ті. Ол кезде Ленинградта бірталай қазақ оқитын, тіпті қазақтардың «Жерлестер» ұйымы да құрылған болатын. Бірақ біздің үйге басқаларға қарағанда, Темірболат Телжанов (суретші Қанафия Телжановтың әкесі) жиірек келетін, сондықтан есімде қалыпты» деп есіне алады («Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», А., 1997, 74-бет).

*Б. Байғалиев.*

«**ТЕЛҚАРА**», «Абай» романының алғашқы аты. Қолжазбасы «Өуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақтаулы тұр. Кейін шығарманы баспаға дайындағанда, бас кейіпкерінің атына сәйкес «Абай» деп өзгерткен. Романның атын былай қоюы себебін жазушы: «Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта екі шешесінің ортасындағы тел баласы – Ыбырай болады... Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешесінің ортасында, жалғыз баланың халінде өткізген. Екі шешеге бірдей бала боп жүргендіктен, сол кездегі үлкендер Абайға «Телқара» деп ат қойыпты. Зады Ө. ат қоюда жай өмірдегі қазақ жұрпынан туындайтын қарапайым Телғара емес, керісінше, батыс пен шығыстың рухани қазынасын тел еміп, қоса меңгерген Телғараны есте тұтса керек. Кейін Абай ержеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеде қойылған атпен оны «Телқара» дейді екен» деп түсіндіреді. Зады Абайдың бала кезіне арналған 1-кітапты солай атау ойында болса керек, бірақ Ө. бұл ниетінен кейін бас тартқан.

*Т. Жұртбай.*

**ТЕЛЯКОВСКИЙ** Всеволод Владимирович (1894–1963), театр суретшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1956). Ө-тің «Айман – Шолпан» музыкалық комедиясы мен «Еңлік – Кебек» трагедиясының сахналық қойылымын безендірді. Ақтөбедегі музыкалық драма театрында және 1948–1956 ж. балалар мен жасөспірімдер театрында қызмет етті. Сахналық безендірулері өте көркем әрі спектакльдің мағынасын тереңдетіп түсетін мазмұнымен ерекшеленді. Ол жанр табиғатын ашатын киім үлгілері мен суреттерді таңдай білді. Қазақ эпосы тақырыбына арналған көлемді сахналық суреттер салды. Өсіресе Ө-тің «Айман – Шолпан» спектаклін безендіруде оның бұл қыры ерекше көрінді. Суретші осы туындысын 1957 ж. Ө-тің 60 жасқа толған мүшелтойы кезінде жазушыға сыйға тартты. Онда: «Қазақ әдебиетінің батыры М. О. Өуезовке мүшелтойы күні автордан тарту» деген қолтаңбасы бар. Бұл сурет қазір Өуезовтің мұражай-үйінде сақтаулы.

*А. Қуанышбаев.*

**ТЕМІРБЕКОВ** Зараб Мұсаұлы (1906–1938), әдебиет зерттеуші, журналист. Қарағанды облыстық комсомол комитетінің хатшысы, 1935–37 ж. «Лениншіл жас» газетінің редакторы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде бөлім меңгерушісі болды. Ө-пен достық қарым-қатынаста болып, араласып тұрған. Ол өзінің «Еңлік-Кебек» мақаласында («Тілші», 1929, 13 сәуір) спектакльдің зор табыспен өткенін жазған.

«ТЕМІР ҚАЗЫҚ», журнал. КСРО Ұлттар комиссиясы шығарған саясат, шаруашылық, білім, әдебиет басылымы. Редакторы – Н. Төрөқұлов. Ол елге өнер-білім беруді, ғылым таратуды мақсат етті. Басылым өзінің 1-нөмірінде «Жаңа кітаптар, журналдар» деген айдармен «Шолпан» журналының осы санына шолу берген. Онда «Шолпан» – қазақ-қырғыз халқына пайдалы, үлгі, сана-білім беретін журнал, келесі сандары бұдан да жақсы болып шығады деген үмітіміз бар, өйткені жуырда Ташкентке белгілі жазушымыз Мұхтар Әуезов барды, алған телеграммаға карағанда, Мұхтар да басқармаға кірген, жауапкер жазушы болыпты деп жазылған.

Т. Қожакеев.

**ТЕНДЕНЦИЯ**, т е н д е н ц и я ш ы л д ы к, үрдіс, әдебиеттегі тенденцияға (үрдіске) автордың өзі арқау етіп отырған өмір мен құбылыс, болмысқа идеялық-эмоциялық қатысы, оны бүкіл жан дүниесімен сезініп барып бағалауы, ұстанымы жатады. Жалпы тенденция ғылымға да, көркемөнердің барлығына да тән ұғым; автордың саяси-әлеуметтік, идеологиялық көзқарасындағы және басқа да мәселелерге қатысты тенденциясы болады, 20 ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі негізгі тенденция халықты ағартуға, оянуға, ғылым, өнер-білім, тәуелсіздікке шақыру негізделсе, бұларды А. Байтұрсын, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ө. тағы басқалардың жазған еңбектерінен көруге болады. Ө-тің алғашқы жылдардағы жазған публицистикалық мақалаларында осы мәселе басым жатты. «Абай жолы» эпопеясында ескі мен жаңаның күресі арқылы ұлы ойшыл ақынның гуманистігін, күрескерлігін, қайраткерлігін ашып жеткізуге тенденциясын ұстанды. Реалист жазушы ретінде қазақ өмірі мен болмысын, тұрмысын, этнографиясын, кейіпкерінің ұлттық бітімін бейнелегенде осындағы шындық, дәлдікті бұлжытпай көрсетуге, идеал тұтқан көзқарасын бейнелі түрде жеткізуге күш салды. Мұндай әрекетке баруды тенденцияшылдыққа салыну деп ұғуға болмайды. Мақсат – халықты ұлт ретіндегі қадір-қасиеті мен өзіндік ерекшеліктерін дүниеге таныту, толып жатқан иірім-бұраландарын мейлінше терең, нанымды түрде жеткізуге және оларды әлемдік деңгейге көтеруге.

Т. Әжм.

**ТЕҢЕУ**, бір затты екінші затқа салыстыру арқылы бейнелілік, көркемдігін күшейтетін стильдік тәсіл. Теңеу философияда – таным құралы, әдебиеттану ғылымында – көркемдеу, бейнелеуші құрал. Өдетте Т. арқылы ой өткіріленіп, әсерлілігі арта түседі. Екі нәрсе теңестірілгенде одан қандайлық сезім-әсер туындайды, эмоциялық қуаты қандай болады – ол үйлесімділігіне байланысты. Өзінің мақалалары мен зерттеулерінде теңеу жөнінде сөз етіп отыратын Ө. «Мәлік Ғабдуллинге жауап хатында»: «Өзіме аты белгісіз бір ғана ақынның адам мінезі жөнінде айтқан бір-ақ ауыз өлеңін келтірейін: «Жігітке мінез керек қырық құраудай, Мысалы асыл мінез май сылаудай. Желдетпей, дауылдатпай, борандатпай, Табаннан өту керек боз қыраудай», дейді. Осы өлеңде қаншалық көп теңеу бар: бұда қырау да, май сылау да, желдету, борандату, дауылдату, тіпті табан да, бозқырау да – бәрі құйылып тұрған образдар» десе, ақын өмірі мен шығармашылығына арналған «Абай (Иб-

раһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясында: «Сол өзгешелікпен қатар ақын қиялын да өткірілеп, сол асығыс, қарбалас, тайталастар үстінде шебер түрдегі соны теңеуді де табады. «Қар – аппак», «бүркіт – қара», «түлкі – қызыл» дей келіп қинаған қимылдарды қымысынған ұяң сұлудың асығып шомылған қозғалыстарына ұқсатуы өзі де шеберлік айғағындай» дегенді айтады. Теңеуде бір-бірінен алыс, алшақ жатқан құбылыстар да салыстырылып жатады, ортақ белгі-сипаттар табады.



Ғ. С. Тоғжанов

Т. Қожакеев.

**ТЕРМЕ**, өлең түрі. Халықтың тұрмысына, рухани өміріне, ақыл-ойына, адамгершілік қасиеттеріне қатысты сан тақырыпты өлең. Әр тақырыпқа тең дәрежеде шағын көлем арнап, тақырыбын кілт ауыстырып отырады. Осы термеленп айту ерекшелігінен жанр аты туған. Ақыл айту, өсиеттік, педагогикалық мазмұндағы өлең. Ө. халық ауыз әдебиетін зерттеуге арналған еңбектерінде Т-ге жанр ретінде жеке тоқталмаған. Ақын, ақындық өнер жайында айтқанда жанамалай айтып өтеді. «Қазақ ССР тарихының» (А., 1957) 1-томының «Қазақ халқының XV–XVIII ғасырлардағы мәдениеті» тарауына жазған «Музыка өнері» мақаласында термеге тоқталып, анықтамалық мәліметтер беріп, тұжырымдар жасаған. «Қазақтың өлең-жыр өнерінде неғұрлым көп тараған түрлерінің бірі «терме», речитатив тәріздем құрылған, біртектес ырғақпен қысқа қайырып айтатын мелодия. Әрбір ақынның дерлік өз термесі болады, мұның өзін оның ақындық творчествосының музыкалық желісі сияқты» деп, терменің орындаушымен қатысты тағы бір қырын ашқан.

Р. Бердібай.

**ТЕРМИН**, ғылым, техника, тұрмыс, мәдениет сияқты толып жатқан салалардағы ұғымдарды атау үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері. Ол негізінен дара мағынада қолданылады, белгілі бір ғылым, техника саласында жұмсалады да, сол саланың мамандарына ғана түсінікті болатын тұстары көп кездеседі, бұлардан басқа ортақ қолданылатын Т-дер де болады. Т-ге қатысты ойларды Ө. ең алғашқы мақалаларының өзінде-ақ білдірді. «Ғылым тілі» атты мақаласында: «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі. Қазақ мәдениеті жер жүзіне бой көрсетіп, дүние майданына шыға алмай тұрған уақытша бұл мәселені бір жөнге салудың пайда, зияны жұрт көзіне байқалмайды. Бірақ бұл күндегі қылтанақтап келе жатқан мәдениет – қазақ жұртының бүгіндік қана керегі, ертең тағы тосыннан бір жол салып алуымыз оңай десек, сөз бір басқа. Егер де бүгінгі жол, бүгінгі еңбек мәңгілік дейтін болсақ, ғылым тілі аса қарауды көтермейтін шетін мәселе» деп жазды («Абай», 1918, № 7).

Т. Тұрғанбаев.

**ТИХОНОВ** Николай Семенович (1896–1979), орыс ақыны, жазушы, қоғам қайраткері. КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1942, 1949, 1951), Лениндік сыйлықтың (1957) лауреаты, Соц. Еңбек Ері (1966). Ө-пен әр түрлі жиындарда кездесіп, сұхбаттасып жүрген, достық қарым-қатынаста болған. «Шабьыты да, бақыты да қарымды жазушы» («Қазақ





М. Өуезов пен Н. С. Тихонов.  
Мәскеу. 1949.

алып, ұлы туындының қадір-қасиетін жете бағалаған. Т-тың бағалауынша, Мұхтар Өуезов шалқар шабытты және зор бақытты жазушы. Ол азат болған Қазақстанда, болашағы зор елде, көз жеткісіз байтақ даладағы сыпайы ғана көшпенділерге ұқсамайтын жаңа қазақтардың елінде туған әдебиеттің көшбасшысы абыройына да ие болды. Бұл тамаша эпопея бізге тұтас бір әлемді сыйға тартты, табиғаттың, тұрмыстың небір гажайып картиналарымен, адам құштарлықтарын сипаттаумен бізді іңкәр етті («Біздің Мұхтар», А., 1976, 8–12-беттер). Ө. «*Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері*» атты мақаласында кеңес әдебиетіндегі тәржіма өнерінің жетістіктерін талдай келе, Т. сынды қалам қайраткерінің «аудармаларын тиянақты түрде, жан-жақты, терең зерттеу қажет екендігін» айтқан (12 томдық шығармалар жинағы, А., 1969, 12-том, 126-бет).

Н. Ақбай.

**ТОБЫҚТЫ**, ру аты. Арғынның бір атасы. Т. Абай есімі жеткен жерге, «Абай жолын» оқыған елдерге жетті. Қазақ арасынан асып, дүниенің көптеген халықтары білді. Т-дан билер, шешендер, батырлар көп шықты. Осы рудың кейбір ерекшеліктерін Абай өзінің өлеңдеріне қосып отырды: «Патша құдай сиындым» деген өлеңінде «Қайран сөзім қор болды Тобықтының езіне» десе, «Кежекбайға» арналған өлеңінде ел ішін бүлдіріп, бірді-бірге айдап салып, тыным таппайтын пысықтарды «Ел бүлігі Тобықты, көп пысыққа молықты» деп айыптайды, «Бермеген құлға қайтесің» толғауында «Тобықтыны ел қылып, басын жиып құрапты» деп, мақтан тұтатын кездері де кездеседі. Егер шенеп, мінеп жатса, онысы жек көргендіктен емес, сол кемшіліктерден арылуын ойлағандықтан туды. «Абай жолы» эпопеясының өзек еткен негізгі арқауы Абай шыққан және соның айналасындағы Т. елі, Т. адамдары болды.

Т. Әкім.

**ТОҒЖАН** (т.-ө. ж.б.), Бөкенші Сүйіндіктің қызы, тоқалы Қантжаннан туған. Өппақ, сұлу кісі болған, кейін Аққозы алған. Абай Т-мен Түйеөркеш деген жерде танысады. Осы сәтті: «Сылдырлаған шолпысын әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы көмшат бөркі, білек тол-

ған білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты. Толықша келген, аппақ жүзді, қасы да айдай боп қиылып тұр. Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жеңдетің жебесіндей» деп суреттеуден бастап, одан әрі Т. бейнесін адам баласының мәңгі есінде қалатындай етіп, аса көркем бейнелеген («Абай жолы», Бел-белесте тарауы). Ө. Семейде оқытушылар семинариясында оқып жүріп, 1916 ж. Мұқыр болысының Т. тұратын ауылында мектеп ашып, балалар оқытқан. Ұлы қаламгер Т-ның барған жерінде, оның балаларын да жақсы білген, оның әңгімелерін көп тыңдаған. Осылардың барлығы эпопеяда Т-ды махаббат періштесі ретінде сипаттауға көмектескен.

Т. Әкім.

**ТОҒЖАНОВ** Ғаббас Сәдуақасұлы (1900–1937), әдебиет сыншысы. 1925 жылдан бастап саяси-әлеуметтік, мәдени, әдеби, өмірдің маңызды мәселелеріне арналған мақалалары баспасөз бетінде жиі көрінді. «Екі жастық әңгімесі» (1926), «Мағжанның ақындығы және Жүсіпбектің сыны» (1926), «Әдебиет және сын мәселелері» (1929), «Байтұрсынов және Байтұрсынновшылдық» (1932), «Қазақтың театр өнері туралы» (I. Жансүгіровпен бірге, 1932), «Абай» (1935) т. б. еңбектер жазған. Ө-тің «Қарагөз» («Әдебиет және сын мәселелері»), Қызылорда, 1929, 156–160-беттер), «Тас түлек» («Лениншіл жас», 5. 12. 1935), Н. Гогольдің «Ревизор» комедиясының Ә. аудармасында қазақ драма театрында қойылуы («Социалды Қазақстан», 16. 11. 1936) туралы пікірлер білдірген. Қазақтың алғашқы кәсіби сыншысы Т-тың еңбектерінде сол кезде әдебиеттану ғылымында үстемдік құрған тұрпайы әлеуметтік сындардың ықпалы басымрақ болды. Мысалы, жоғарыда аталған «Әдебиет және сын мәселелері» атты еңбегінде ешбір айғақсыз, байлаулы дәлелсіз Мұхтардың «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесіндегі», «Қарагөзіндегі» әйелдер бәрі де тұрмыста болмаған, ойдан, қолмен жасалған адамдар деп жазды. Бұл сол кезде белең алған солақай сындың бір көрінісі еді.

Д. Ысқақұлы.

**ТОҒЫСБАЕВ** Бек (1936–2006), жазушы, драматург. Студент кезінде Ө-тің лекциясын тыңдап, ұстаз тағылымын көрген. Ұлы жазушының шығармашылығы жайында «Дала дабылы» («Лениншіл жас», 1960, 1 желтоқсан), «Үлкен ұстаз» («Лениншіл жас», 1961, 29 маусым) мақалаларын жариялады. Ал «Көкейдегі кездесулер» атты естелігінде барлық батырлық дастандар, лирикалық эпостар, ғашықтық жырлар, айтқы өнері, тұрмыс-салт өлеңдері, халық ақындарының толғаулары халқымыздың мыңдаған жылдар бойы өткен қайғы-қуанышты жылдарымен тікелей байланысты екеніне Мұхаң алғаш рет көз жеткізді деп, Ө-тің ұшан-теңіз білімін сөз еткен («Егемен Қазақстан», 1996, 14 қараша).

А. Кендірбекұлы.

**«ТОЙ ТАРҚАР»**, жазушының Л. Толстойдан аударған әңгімесі. Ө-тің аударма саласындағы алғашқы тәжірибелерінің бірі. Бірінші рет С. Сейфуллиннің құрастыруымен 1931 ж. Қызылорда қаласында шыққан «Әдебиет хрестоматиясында» жарияланды. Жазушы шығармаларының 12 томдық (3-том, 129–139-беттер), 20 томдық (14-том, 162–172-бет-

тер) шығармалар жинақтарына енгізілді. Толстойдың көркемдігі жағынан, гуманистік сипаты жағынан алғанда классикалық әңгімесі. Ө. жоғары шеберлікпен аударған. Түпнұсқаның тілі де, тақырыптық, идеялық мазмұны да еш төмендемеген. Аударма стилі, сөйлем синтаксисі барынша орысша нұсқасының қапын сақтаған. Аударма барысында түпнұсқаның өзіндік ерекшеліктерін сақтау мақсатында, Ө. өзіне тән қазақы сөйлеу мәнерін, көбіне құрмалас сөйлемдермен келетін өзіндік сөйлем синтаксисін де өзгертіп, Толстойдың стилін, баяндау мәнерін, көркемдік әдістерін дәл қайталаған. Жеңіл оқылатын, тақырыбы өткір, шұғыл новеллалық сипаттағы аударма әңгіме болып шыққан.

*Р. Ықыласов.*

**ТОКА** Салчак Калбакхореквич (1901–1973), тува жазушысы, драматург, партия, мемлекет және қоғам қайраткері. Соц. Еңбек Ері (1971), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1951). «Әйел» (1935), «Ұзын қара мен Семіз қара» (1937), «Тонгур – оол» (1957), «Орындалмаған арман» (1954), «Арат сөзі» (1–3-кітап, 1950–64), «Ата көрмегенді үл көрер» (1963) атты повестері т. б. жарық көрді. «Арат сөзі» повесі қазақ тілінде шықты (1952). Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде Қазан төңкерісінен кейін туысқан халықтар мәдениетінің қарыштап дамығанын айта келіп: «1930 жылға шейін өзіндік жазу таңбасы болмаған Тува халқының жазушысы Салчак Тока Горькийдің дәстүрі бойынша реалистік роман тудырады. Сол еңбегі социалистік реализмнің шебері деген баға алғызып, бүкіл одақ көлемінде жақсы танылды» деп, жылы лебіз білдірген.

*Н. Ақбай.*

**ТОҚАЙ** (Т о қ а е в) Ғабдолла Мұхаммедғарифұлы (1886–1913), татар ақыны, татар әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Өлеңдерінде патшалық отарлауға қарсы күреске шақырды, азаттықты, бостандықты жырлады. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде Т. шығармаларының орнын ерекше атап, лирикасы мен сыншыл бағытта туған қоғамдық мазмұнды, сатиралық жырлары қазақ әдебиетінен және башқұрт, өзбек, түрікмен сияқты түркі тілдес әдебиеттердің бәріне де тарихтық дұрыс әсер еткен деп, ақын жырларының биік өресін, жоғары идеясын, құнды мазмұнын жақсы бағалаған.

*Ш. Елеуқенов.*

**ТОҚАМБАЕВ** Аалы (1904–1988), қырғыз ақыны, жазушы, драматург, қоғам қайраткері. Қырғызстанның халық ақыны (1945), Соц. Еңбек Ері (1974), Қырғызстан ҒА-ның академигі (1954), Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1967). Абай мен Жамбылдың көптеген шығармаларын қырғыз тіліне аударды. Ө-пен достық, шығармашылық қарым-қатынасын үзбеген. Қазақ жазушысы Лениндік сыйлық алғанда, отбасымен бірге жеделхат жолдап, шын жүректен құттықтаған («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 659-бет). Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде Т-ты «өзіндік жаңа үлгілер» тудырған көрнекті ақындардың қатарында атап: «Аалы Тоқамбаев – қырғыз совет әдебиетінің іргесін қалаушы ақын-жазушы. Аалының соңғы жылдары шыққан «Өз көзіммен» деген жи-

нағында жеке өлеңдер арқылы биік саналы, шебер көркемдік түрінде бейнеленген бүгінгі социалистік құрылыс, тірлік жайы баян етіледі. Аалы – жан-жақты, кең арналы жазушы» деп биік бағалаған (20 томдық шығармалар жинағы, А., 1985, 19-том, 418, 453-беттер). 1959 ж. әдеби мұраға арналған конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде поэзия жанрында қазақ поэмаларын Т. сынды ақындардың «шығармаларымен салыстыра тексеру де үлкен, жемісті нәтижелер берер еді» деді (сонда, 20-том, 407-бет).

*Ш. Елеуқенов.*

**ТОҚЖІГІТОВ** Шаймардан (1901–1937), мемлекет қайраткері. Ө-пен гимназияда оқып жүрген кезінен таныс. Екеуі ресми әкімшілік қызметпен қоса 1919–25 ж. «Қазақ елі» газеті мен «Таң» әдеби-көркем журналының жауапты шығарушылары болды. Т-тің 300-ге тарта мақаласы, әдеби сыны жарық көрген. Өл негізінен кеңестік идеологияны насихаттады. Ө. өзінің ресми мақалаларында Т-тің ел мәдениетін өсіруге сіңірген еңбегімен қоса мінезінің тым үйлесімсіз тұстарын да атап жазған. 1930 ж. 8 қазанда түрме тергеушісі Поповқа берген жазбаша жауабында Ө.: «1925 жылдың басында «Табалдырық» әдеби тобының декларациясы қосып салынған Жұмбаевтың хаты маған почта арқылы келді... Мен ол кезде Семейде болатымын. Мен «Табалдырықтың» декларациясын губерниялық комитеттің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Тоқжигітов жолдасқа көрсеттім, бірақта ол мұны бір айдай ұстады да, қайтарып берді, алайда нақты ештенені ашып айтқан жоқ» деп куәлік береді (Т. Журтбай. Талқы, 1997, 244-бет). «Таң» әдеби журналын шығару арқылы Т. Мұханның жазушылық талантының толық ашылуына мүмкіндік жасады. «Қаралы сулу», «Кінәмшіл бойжеткен», «Сөніп-жану» сияқты классикалық әңгімелері алғаш рет «Таң» журналында басылды.

*М. Бейсенбаев.*

**ТОҚМАҒАМБЕТОВ** Асқар (1905–1983), ақын, жазушы, сатирик, драматург. Ө-ке арнап өлең де, мақалалар да жазды. Өлеңі «Ашыған алтын сандық» («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек) деп аталады. Мақалалары: «Абайды» оқушылары («Социалистік Қазақстан», 1949, 27 сәуір), «Еңлік – Кебек» («Семей таңы», 1957, 20 ақпан), «Қош бол, Мұха!» («Социалистік Қазақстан», 1961, 29 маусым), «Құдыретті тұлға», «Лениншіл жас», 1967, 10 желтоқсан), «Кемеңгер ағаның кеңесі» (естелік, «Ленин жолы», 1977, 28–29 қыркүйек). Ө. мақалаларында Асқар есімін жиі ауызға алады. «Мәлік Ғабдуллинге жауап хат» деген мақаласында: «Олар кешкі кең сахараның алысынан берісіне қарай әр тұстағы кешкі жайлау отындай жарқырай түсіп, көз тартып тұратын көрікті өлеңдер қатарлары. Бұнда қырғи тілді Асқардан да жақсы өлеңдер күтетінін» айтқан. Ал «Дінді әшкерелейтін пьеса» атты мақаласында: «Асқар драматургиясының өзге үлгілерімен қатар, бүгінгі қазақ сахнасы қатты су-сал, тілеп отырған комедия жанрларын жақсы ғып кетер деген үміт туғызды» деп зор тілек артқан.

*Ш. Елеуқенов.*

**ТОҚПАНОВ** Асқар (Ә л и а с қ а р) (1915–1994), режиссер, актер, педагог. Қазақстанның халық артисі (1975), профессор (1975). Алғашқы қойған спектаклі – Ө. пен Л. Соболевтің «Абай» трагедиясы. Абай мен Ө-тің шығармашылығын меңгеруге ерекше ден қойды. Ұлы драматургтің «Сын сағаты» (1941), «Еңлік – Кебек» (1944), «Қарағөз» (1959),

«Абай» романы негізінде (1955) және Атырау, Қызылорда, Жамбыл, Қарағанды театрларының сахнасына «Абай» трагедиясын шығарды. Драматургиялық шығармалардың көркемдік мазмұнын терең ашу, ұлттық тарихи-фольклорлық дәстүр мен тіл поэзиясына ерекше мән беру – оның режиссерлік ізденістеріне тән. Ол спектакль қоюмен бірге, бірталай рөлдер ойнаған. Ол өзінің өнер жайындағы ой-пікірлерін, зерттеулері мен пьесалар да жазды («Тазша бала», «Тасыған төгілер»). Ол көптеген пьесаларды орысшадан қазақшаға аударып, кейбіреулерін сахнаға шығарды. Ө-тің шығармашылығы, адамгершілігі, театр мен актерлерге жаныштық көмегі, рухани байлығы жөнінде «Ақыл-ды режиссер» («Лениншіл жас», 1957, 28 қыркүйек), «Абай бейнесі осылай жасалды» («Қазақ әдебиеті», 1968, 8 наурыз), «М. Өүезовтің Ұлы Отан соғысы кезіндегі пьесаларының академиялық драма театры сахнасында қойылуы» (А. Тоқпанов. Бүгінгі күнге дейін. А., 1976, 30–47-беттер), «Театр-дың жанашыры» («Жетісу», 1977, 23 қыркүйек) мақалаларын жазды. «Ұлы бейненің сахнаға тұңғыш қойылуы» атты естелігінде Ө-тің жан дүниесінің соншама терең екенін үлкен тебіреніспен жазған («Жұлдыз», 1967, № 4; «Біздің Мұхтар», А., 1976, 252–256-беттер).

*Б. Құндақбайұлы.*

**ТОҚТАҒҰЛ** Сатылғанов (1864–1933), қырғыз ақыны, қырғыз әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Айтыс өнерін дамытуға көп улес қосқан. Ө. өзінің қырғыз әдебиеті туралы жазбаларында: «Тоқтағұл Сатылғанов Тянь-Шаньда Кетпен төбеді дүниеге келген. 1898 жылы Өндіжан көтерілісі тұсында тұтқындалған, Манап ақыны Арзымбетпен айтысқан, Сібірге жер аударылған, Жолда қашып кетеді, қайта ұстап алып, 12 жыл айдауда болуға үкім шығарады. 1910 жылы тағы да қашып кетеді» деп жазды (№474-папка). Осы жазбаларында оның өлеңдерінен үзінділер келтіріп, Молда Қылыш, Тоғолок Молда сияқты «Зар заман» ақындарының қатарына қосқан. Алғашқыда ауыз әдебиеті өкілі ретінде танылып, кейін бүкіл одақ көлеміндегі ақындар қатарына қосылғанын айтады. «Дағыстан ақыны Сулейман Стальский, қазақ ақыны Жамбыл мен Нүрпейіс, қырғыз ақыны Тоқтағұл, Өлімқұл Үсембаев, Османқұл Бөлекбаев» дейді («Уақыт және әдебиет», 1962, 117-бет). Оның ақындық қуатының ерекшеліктерін арнайы атап айтқан.

*Т. Әкім.*

**ТОҚТАРОВ** Рамазан Айыпұлы (1935–2000), жазушы. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2000). Бірнеше роман, әңгіме-повестері бар. Ұзақ жылдар бойы әдеби сын жанрымен шұғылданып, эссе-толғау, публицистикалық мақалалар жазған. Шығармаларының көпшілігінде Ө. шығармашылығы сөз етіледі. Бұл жөнінде «Айман – Шолпан», «Қызыл ту», 1959, 30 желтоқсан), «Оқушыны ойлағанда» («Лениншіл жас», 1963, 10 қыркүйек), «Халқымыздың мақтанышы» («Мәдениет және тұрмыс», 1964, №3) т. б. мақалаларын жазды. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген «Үлгі» атты мақаласында суреткердің қазақ әдебиетіне әкелген ерекше жаңалығы, үлгілі қасиеті баяндалған. «Абайдың жұмбағы» атты роман-хамсасында ұлы ақынның келеген таланттың гана емес, ғасырлардың, мәңгіліктің меншігіне айналғанын айта келіп, Ө. «Абай жолы» эпопеясында ақын өмір сүрген дәуір мен оның айналасына күн кезінде күшті жарық

түсірді, бұл жарық сәуле ғасырлар бойы шұғыла шашып тұрады деп тұжырымдайды.

*Н. Ақбай.*

**ТОҚЫМБАЙҰЛЫ** Сейітқазы (1899–1921), режиссер, жазушының досы. Ө-тің «Оқыған азамат» әңгімесіндегі Максұттың прототипі. Жазушының ағасы Ахметпен бірге Семейдегі екі сыныптық училищеді оқыған. 1920 ж. Семейде құрылған «Ес-аймақ» драмалық труппасын ұйымдастырып, алғашқы көркемдік жетекшісі болды. Ө-тің «Ел ағасы» пьесасын даярлап, 1921 ж. ақпанда Семейдің Затон бөлігіндегі қазақ жұмысшылары алдында «Сибирский бурлак» клубында алғаш рет сахнаға шығарды. Сол қыста қатты суық тиіп, қайтыс болды.

*С. Қорабай.*

**ТОЛҒАНБАЕВ** Әнуар (1918 ж.т.), шаруашылық, кеңес қызметкері. Ағасы Балтақай Ө-тің айнымас досы болды, аталары Жұман, Толғанбайлар Бөрілідегі Өүез әулетімен етене араласты. 1943 ж. Ө. «Абай» романының 2-кітабын жазу үстінде оған қажетті материалдар іздеп, Шыңғыстауға бір топ жазушы-ғалыммен бара жатып, Аяғезде аялдайды, Т-тың үйінен дәм тағарды. Т. бұл жайында облыстық «Екпінді» газетінің 1943 жылғы 21 шілдедегі санында «Қазақстан жазушылары Аяғезде» деген мақала жариялап: «Абай» романының бірінші кітабы бүкіл қазақ әдебиетінің аса зор табысы болса, Мұхтардың бұл екінші кітабын жазуға кірісуі бүкіл жұртшылығымыздың, майдандағы ел қорғаны, ерлеріміздің – қазақ жауынгерлерінің күткен тарихи білім құралы еді» деп жазған. 1946 ж. көктемде Т. жұмыс бабымен Алматыға келгенде, Ө-тің үйінде кездесіп, ұзақ әңгімелеседі. Жазушы «Абай» романының 1945 ж. Мәскеуде шыққан 1-томының бір данасына: «Сүйікті, інкәрлі інім Әнуарға ағалық шын көңілден. Мұхтар. 27.04.46» деп қолтаңба жазып береді. Т. ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына байланысты аудандық «Аяғез жаңалықтары» газетіне берген сұхбатында («Жалы биік жақсы аға», 1997, 11 қазан) бұл кездесу жайында кеңінен тоқталған.

*С. Қорабай.*

**ТОЛҒАУ**, фольклор жанры. Ақын өзінің ішкі сырын, ойын, толғанысын, заманға, уақытқа, әркімге жай-жағдай, оқиғаларға көзқарасын толғаумен жеткізеді. Ол ақынның философиялық, поэтикалық монологу, бойына жиған, түйген ілім-білім, сезім сырларын, өмірлік тәжірибесін сыршыл өлең жолдарымен сыртқа шығарады. Бұл ретте Ө. Асан Қайғы мен Бұқар жырау толғауларын көбірек ауызға алады. «Аз сөзбен Бұқар жырау өз заманының қайғы шерін Асан заманының қайғысымен жалғастырады. Кейінгі зар заман ақындарына осы сарының ұсынып, осы бағытпен қол созады. Бұқар жыраудан қалған толғау сөз көп, солардың ішінде Абылай заманындағы жыраудың бағыты мен сарынын анық көрсететін осы толғауы» деп жазған («Әдебиет тарихы», 203-бет).

*Т. Әкім.*

«ТОЛСТОЙ Л. Н. (1828–1810)», жазушының мақаласы. Орта, орталау мектептің 7-сыныбына арналған «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» деп аталатын кітапта басылған (1933). Онда ұлы орыс жазушысының өмірі, 50-жылдардағы шығармалары мен

көркемдік әлемі сөз болады. Ө-тің Л. Толстой-дың шығармаларынан бөліп алып атағаны: бала-лық, жастық, жігіттік шағы туралы повестері мен «Аллауыт таңы», «Анна Каренина», «Уағыз», «Өмір мағынасы», «Той тарқар», «Қажымұрат» туралы белгілі ой адамдарының айтқан пікірлерін келтіре отырып, идеялық, әлеуметтік мән-маңызын ашады. Оның шығармаларын 19 ғасырдағы орыс өмірі мен қоғамының, жалпы болмыс-тіршілігінің айнасындай көреді. Лев Николаевичтің ой-танымдарында, өмірді, қоғамды бағалауларында қайшылыққа ұрынатын тұстары көп. Ол ешнәрсеге күшпен қарсы тұрма деген қағиданы ұстанған. Феодализмнің ыдырап, орыс жұртының капиталды қатынасқа өте бастауы оған ұнамады, ескі ақсүйектік дәуірдің сақталып қалуын дұрыс көрді, сондықтан ескі өмірді құлатып, жаңаға аяқ басушыларды құптамады. «Аллауыттың таңында» мырза мұжықтың қарапайым өміріне жақындаса, бәрі де жақсы болып шығады деген идеяны көлденең тартты. «Той тарқар» әңгімесінде полковниктің қатал, мейірімсіз бейнесін көрсетеді. Ол солдатқа соққан әрбір дүресі үшін рақаттанып, онысынан ләззат алады, қуанған кісідей бір сөзді қайталап айта береді. «Қажымұрат» әңгімесін тарихи шындық негізінде құрады. Қажымұрат Шәмшілұлы орыс үкіметіне беріледі, осыған байланысты тарихи деректерді молынан пайдаланып, оның жаратылысына біткен көзсіз ерлігін көтеріп, дәріптеп көрсетеді. Оның жүрісі мен жауға шабуы жай кісілерден гөрі ерекше сипатта суреттеледі. «Қажымұрат қашан да өзінің бақытына сенетін. Толстой шеберлігінің басты ерекшелігі – өмір, тұрмыс жағдайларын өзіне қанық, терең білетін фактылары, мысалдары негізінде ғана көрсетугінде жатыр. Тарихи тақырыпқа қалам тартса, оны бүге-шігесіне шейін қазбалап, бірнеше жоспарларын жасап алып кіріседі. Деревня, мұжықтар өмірі болса, олармен жиі-жиі араласып, мұң-мұқтаждарын біліп жүрді, әрбір қаһармандарын үздіксіз талдап, өзінің ішкі әлемінің сүзгісінен өткізіп отырды; Нехлюдов, Пьер, князь Андрей, Наташа, Анна, Левиндер осындай талғау сатыларынан өтті. Тілі де көркем, әрқайсысының өз орнын таптыра біледі деп түйеді Ө. өзінің ой-пікірлерін.

Т. Өкім.

**ТОЛСТОЙ** Лев Николаевич (1828–1911), орыс жазушысы. Жазушының «Будда» деген әңгімесін Ө. 1918 ж. («Абай», №1) бұдан кейін 1936 ж. «Той тарқарды», 1938 ж. «Бульканы» аударды. Оның шығармаларын шәкірт шағынан бастап, өмірінің соңына дейін үзбей оқып отырған. «Өз жайымнан мағлұмат» деп аталатын жазбасында (1928) мыналарды айтады: «Орыс жазушыларында анық сүйетінім Лев Толстой, Федор Достоевский. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң, жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психологизм араласпаса, оның бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы. Мына екеуіне қарағанда өзің де ұяласың, жан құдайының алып жұртын көргендей болып кішірейіп, тапталып ұяласың. Жазушылықтың асқары деп сүйемін» («Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры, №282-папка, 4-бет). Т. есімі «Абай жолында» да кездесіп отырады. Ол жөнінде Абайға ой айтқызырады.

Т. Өкім.

**ТОЛЫБЕКОВ** Серғали Еспембетұлы (1907–1991), экономист. Экономика ғылымының докторы (1961), профессор (1962), ҚазКСР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1962). Ғылыми еңбектерінде қазақ қауымының әлеуметтік-экономикалық қурылысын, Қазақстанның саяси экономика мәселелерін қарастырды. Қызмет бабында Ө-пен жиі кездесіп, кеңесіп отырған.



С. Торайғыров.

1959 ж. 15–19 маусымда қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда жарыссөзге шығып, қазақ ауыз әдебиетінің кейбір ерекшеліктері туралы ойларын ортаға салған еді. Ө. өзінің қорытынды сөзінде: «Экономика ғылымының көрнекті өкілі болудың үстіне, қазақ тілі мен әдебиетін маман филологтен кем білмейтін Серғали Толыбеков сөзі де конференцияға көмек етерлік, бағалы сөз болды деп білемін» деген жоғары бағасын айтты.

А. Қашанов.

**ТОРАЙҒЫРОВ** Сұлтанмахмұт (1893–1920), ақын, жазушы, публицист. Абайдан кейінгі қазақтың ұлы ақындарының бірі. 1917 ж. ақын Семейге келіп, Ө-пен танысады, бір үйде көрші тұрады. Алаш комитетінде, «Абай» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында оның жұмысын жандандыру жөнінде ой-пікірлер алмасып жүреді, оны Шыңғыстаудағы еліне ертіп барады. Осы тұста Сұлтанмахмұт «Шәкірт ойы», «Гүл», «А, дүние», «Сары Арқаның жаңбыры», «Жас жүрек», «Неге жасаймын», «Осы да әділдік пе?», «Өң бе, түс пе?», «Гайса кім?» сияқты келтеген өлеңдері мен «Кедей» (қала ақыны мен дала ақыны айтысы), «Адасқан өмір» атты поэмаларын жазады. «Адасқан өмір» қазақ поэзиясына мазмұнымен де, жаңалығымен де үлкен үлес болып қосылады. Бұл поэмада ақынның өмір жөніндегі философиялық толғаныстары көрінеді. Ө. 1933 жылғы оқулығы мен 1932–38 жылғы хрестоматиясында ол туралы мақалаларын бастырды. Оған Абайдың демократиялық дәстүрін жалғастырған ақын ретінде қарады. Жалпы зерттеулерінде оның есімін жиі ауызға алып отырады. «Абай мектебінің ақындары» деп аталатын мақала-сұнияды: «XX ғасырдың бас кезінде қазақтың демократияшыл ақындары Дөненатаевтың, Торайғыровтың Абай дәстүрін қалай жалғастырып әкеткенін анықтау, әсіресе, бұл ақындардың орыс әдебиеті мен мәдениетіне өзқарастарындағы сабақтас жайларды анықтау болып табылады» деп жазады («Уақыт және әдебиет», 383-бет). Бұларды Абай жолын ұстанып, оны ілгері дамытушылар деп біледі.

Т. Өкім.

**ТОРҒАЙ МУЗЫКАЛЫ ДРАМА ТЕАТРЫ.** С. Қожамқұлов атындағы Торғай облыстық музыкалық қазақ драма театры, 1972 ж. Арқалық қаласында ұйымдастырылған. Алғашқы шымылдығы сол жылы 24 желтоқсанда Ө-тің «Айман – Шолпан» спектаклімен ашылды (режиссері – Ж. Есенбеков). Бұдан басқа Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, Қ. Мырзаліев, Ш. Хұсайынов, Ө. Нұрпейісов, Қ. Мұхамеджанов, С. Жүнісов, Қ. Ысқақов, Ө. Тарази, Т. Өбдікөвтердің пьесалары қойылды. Әсіресе Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыланды» драмасы сахналанып, театр зор табысқа жетті.

«**ТОТЫНЫҢ ТОҚСАН ТАРАУЫ**», қисса. Халық арасына кең тараған «Тотынама» қазаққа «Т. т. т.» деген атпен белгілі болған. Авторы – Зиааддин Нахшаби. Ол 13 ғасырдың аяғында Қаршы қаласында дүниеге келіп, 1350 ж. дүниеден қайтқан. Атақты «Мың бір түн» мен «Қалила мен Димнаға» мұндағы әңгімелеу желілері ұқсас келіп жатады. Бұл еңбек жөнінде Ө. өзінің «Абай жолы» эпопеясында, «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» зерттеулерінде кеңінен тоқтайды. «Осындай романдарды айтуға ауысқаннан бері Баймағамбет өзі айтып жүрген «Мың бір түнді», қазақ ертегілерін, парсының «Қырық тотысын», түркінің «Бақтажарын» бұрынғы өткен сабағы деп біледі» десе («Асуда» тарауы), басқа тұста бұл мұраны «Тотының тоқсан тарауы» деп атады.

*Р. Бқыласов.*

**ТӨГІСОВ** Көлбай (1879–1919), жазушы, публицист, драматург, қоғам қайраткері. Т-тің 1915 ж. Уфада «Турмыш» баспаханасында шыққан «Надандық құрбаны» драмасы – қазақ драматургиясының баспадан шыққан алғашқы қарлығышы. Қаламгер – 20 ғасыр басындағы қазақтың қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік орын алатын кесек тұлға, «Алаш» және «Үш жүз» газеттерін шығарушы-редактор, «Үш жүзді» ұйымдастырған көрнекті саяси қайраткер. Ол шығарған «Алаш» газетінде Ө-тің Ж. Аймауытовпен бірігіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» атты алғашқы мақаласы басылды. «Үш жүз» партиясының қатарында Т-пен бірге қазақтың көрнекті зиялылары – М. Әйтпленев, Ы. Кебеков, Ш. Әлжанов, Ө. Досов, Н. Құлжанов т. б. болған. Бұлардың көпшілігін Ө. білген. Т-тің ұстанған жолы «Алаш» зиялыларының таңдаған жолымен тікелей қабыспаса да, олардың барлығы қазақ елінің бостандығы үшін отаршылдыққа қарсы күресті. Қазақ халқын өркендетілікке шақырған үндері де ұқсас болды. Қайтпас қайсар қайраткерлер 1919 ж. Омбыдағы Колчак түрмесінде өлтірілді.

*М. Әбдеш.*

**ТӨЛЕБАЕВ** Мұқан (шын аты – Мұхамедсәлім; 1913–1960), композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1945), КСРО (1949) және ҚазКСР Мемлекеттік сыйлықтарының (1953) лауреаты. КСРО халық артисі (1959). Көптеген әндердің, симфониялық шығармалардың, Қазақстан Республикасының әнұранының (1946; 1-нұсқасы) авторы. Оның тұма таланты опера жанрында ерекше ашылды. Әсіресе «Біржан – Сара» (либреттосы Қ. Жұмалиевтікі, 1946) операсы қазақ музыка өнері тарихынан ерекше орын алды. Трагедиялық тағдырлардың толғанысына құрылған тебіреністі әуен мен ариялар Біржан мен Сараның жан дүниесін шынайы бейнелейді. Бұл – еуропалық үлгідегі қазақтың тұңғыш кәсіби операсы ретінде жоғары бағаланды. КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Композитордың «Нияз бен Раушан» (1953), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (1960) опералары аяқталмай қалды. Ө. өзінің «Домбырадан операға дейін» («Известия», 1945, 26 желтоқсан), «Гүлденген бақшада» («Правда», 1958, 12 желтоқсан) атты мақалаларында Т-тің операларындағы ұлттық бояу мен «шабытты өрлеу кезеңіндегі табыстарын» атап өтті.

*А. Омарова.*

**ТӨЛЕГЕН** Саяқыпұлы (т.-ө. ж.б.), жазушының туысы. Мұхтардың үлкен атасы Бердінің туған ағасы. Құнанбайдың замандасы. Т-нен – Асқар, Жаппар, Шадыбай, Смағұл тарайды. Өнежан атты қызы

Жортар Ырғызбайұлының баласы Алдажарға ұзатылған. Одан «Сәлем де Әбдіғали жалғызға» деп өлең арнаған Әбдіғали туады. Құнанбай мен Абай, Өуез туралы тарихи шежірелерді жинастырған, Абайдың Жидебайдағы қорық-мұражайының меңгерушісі болған Ниязбек Алдажаров – осы Әбдіғалидың баласы. Т-нің үрім-бұтақтары туралы мәліметтер ғылыми айналымға түспеген. Оның бір ұрпағы – Сіламманның балалары Жамбыл облысының Мерке ауданында тұрады.

*Т. Жұртбай.*

«**ТӨЛЕГЕН ТОҚТАРОВ**», опера. Ө-тің либреттосына А. Қ. Жұбанов пен Л. А. Хамиди жазған шығарма, 4 перделі, 5 суретті. Операның премьерасы Октябрь революциясының 30 жылдығына орай, 1947 ж. 7 қарашада көрсетілді. Қоюшы-режиссері – Қ. Байсейітов, суретшісі – В. М. Колоденко. Шығарма – Ұлы Отан соғысы батырлары туралы Қазақстандағы алғашқы шығармалардың бірі. Ө.: «Біздің шағын повесіміз ерлік-драмалық әуенді аңызымыз Төлеген және оның төрт досы – орыс жауынгері Жадаев, татар Зариф, қырғыз Баймат, ұйғыр Саттарлардың Отан данқын арттыру жолындағы батырлығы мен үлгілі достығы жайында» деген. Олардың бейнелері музыкалық әдістердің – жеке орындаушылық, ансамбль, оркестр – барлық мүмкіндіктерін бірге пайдалану арқылы жасалған. Лейтмотивтердің, ең алдымен «Бес дос», «Жас қазақ», «Ғайни» т. б. әндердің қызметі ерекше. Хор мен оркестрдің опералық қойылымның өте маңызды компоненті болуы – батырлық-эпикалық жанрдың айқын белгілері бар іргелі композиция үшін заңды нәрсе. Операның екі редакциясы да кезінде сыншылардан жақсы баға алғанмен, опера партитурасы әлі қажетті деңгейде зерттелген жоқ.

*А. Омарова.*

**ТӨЛЕГЕНОВА** Бибігүл Ахметқызы (1929 ж. т.), әнші. КСРО халық артисі (1967), Қазақстанның халық артисі (1958). Соц. Еңбек Ері (1991), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1966, 1970). Т. аса дарынды әншілігімен көзге түсті. Оның репертуарында қазақтың халық әндерімен бірге, Қазақстан, орыс және Батыс Еуропа композиторларының шығармалары бар. Опера өнеріне де елеулі үлес қосты. «Қыз Жібек», «Еңлік – Кебек», «Риголетта», «Травиата», «Дон Жуан» опералары мен «Дала қызы», «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште» тәрізді кинофильмдерде ойнады. Т-ның тұма талантың кінә жоғары бағалаған. Т. «Келбеті көз алдымда» деген мақаласында Ө-тің өнер адамдарына деген қамқорлығы мен көмегін, қарапайым мінезі мен кішіпейілділігін, теңіздей терең білімін зор шабытпен жазған («Қазақ әдебиеті», 1977, 23 қыркүйек).

*З. Қоспақов.*

**ТӨЛЕКОВ** Қуат (1914–1998), актер. Қазақстанның халық артисі (1963). Көптеген классикалық шығармаларда басты рөлдерді сомдады. Өзіне тән өнер дарынымен танылып, актерлік шеберлігін шыңдады. Кәсіпқой театр сахнасында тұңғыш рет Ө-тің «Түнгі сарын» драмасындағы Жантас бейнесін жасаса, кейін «Абай жолы» эпопеясы бойынша қойылған спектакльде ұлы ақынның бейнесін сахнаға шығарды. Режиссер ретінде Ф. Мүсіреповтің «Қыз Жібек», Б. Майлиннің «Шұға», Т. Ахтановтың «Күтпеген кездесу» пьесаларын т. б. қойды.

**ТӨЛЕПБАЕВ** Байдабек Ахметұлы (1921 ж. т.), тарихшы. Тарих ғылымының докторы (1967), профессор (1981), ҚазКСР ҒА-ның академигі (1975), КСРО ҒА-ның корреспондент мүшесі (1981), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1981). Ө-тің 80 жасқа толу мерейтойына байланысты Алматы қаласында өткізілген Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияда сөз сөйлеп, салтанатты жиынды ашты. Баяндамашы ұлы жазушының ұлттық, дүниежүзілік мәдениетке сіңірген еңбегіне зор баға беріп, бірқатар туындыларына талдау жасады. Ө-тің шығармалары арқылы көптеген оқырман қауымы тарихты және қазіргі заманды танып-білетінің, сонымен қатар оның шығармаларынан қазақ халқының тарихына және қоғамдық ойдың өркендеуіне байланысты жаңа көзқарасты аңғартынымызды, суреткердің әлемдік әдебиет қазынасынан берді орын алғанын мақтанышпен айтты («Мұхтар Әуезов – совет әдебиетінің классигі», А., 1980, 54–60-беттер).

*Н. Ақбай.*

**ТӨЛЕШЕВ** Сейділда (1906–1955), жазушы, публицист. «Түрлі-түрлі бастар бар» деген фельетондар мен сын мақалалар жинағы жарық көрді. «Абай Құнанбаев» («Социалистік Қазақстан», 1945, 18 қыркүйек), «Еңлік-Кебек» («Қазақ әдебиеті», 1935, 2 наурыз) деген мақалаларында Ө-тің абайтану ғылымына, драматургияға қосқан үлесін жоғары бағалаған.

**ТӨРЕБАЕВ** Ғалиақлар (1900–1985), мұғалім. Семейде Ө-пен бірге «Ес-аймақ» труппасын ұйымдастырушылардың бірі. Жазушымен тікелей байланыста болған. Ол Ө. туралы естеліктер жазған. «Ел ағасы», «Еңлік – Кебек» пьесаларын дайындап, сахнаға шығаруға қатысқан. Бұл туралы: «Ес-аймақ» қоғамына тартуым болсын, осы арқылы сахна шымылдығы пьесамен ашылсын деп жақында жазып бітірген «Ел ағасы» аталатын пьесамды әкелдім... осыған даярлық жасауға кірісіндер дейді де, пьесаны Мұхаңның өзі оқып береді («Біздің Мұхтар», 1976, 394-бет).

*М. Бейсенбаев.*

**ТӨРЕҚҰЛОВ** Нәзір (1892–1938), мемлекет және партия қайраткері. 1920–22 ж. Түркістан республикасы Орталық атқару комитетінің төрағасы болды, 1922–28 ж. Мәскеудегі Шығыс халықтары баспасын басқарды, 1928–36 ж. Сауд Арабиясында елшілікте қызмет істеді. Қазақ, өзбек, орыс тілдерінде «Ұлт және мемлекет», «Жаңа әліппе» (1924), «Жаңа әліппе неге керек?» (1924), «Жат сөздер» (1926) деген кітаптары шықты. «Бұхара Советтік Халық Республикасы», «Қоқан автономиясы», «Ферғана мәселесі» т. б. еңбектер жазды. «Фибратты өмір» жинағы шықты (1995). 1922 ж. Абай шығармаларын Ташкентте шығару Т-ға тапсырылды, бірақ оның ТурЦИК-тің жауапты хатшысы болып тағайындалуына байланысты, бұл жұмыстан қол үзіп қалды. Сол жылы Ө-пен «Шолпан» журналын шығару кезінде араласып, танысады. Содан бастап достық-жолдастық қарым-қатынастары үзілмеген. Т-тің көмегімен Ө. Ленинградқа оқуға кетеді.

*Т. Әкім.*

**ТӨРЕҚҰЛОВ** Нысанбек (1921–2008), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1984). Ғылыми еңбектері қазақ фольклорының мәселелеріне арналған. «Қазақтың қанатты сөздері»

(1959, 1977), «Жүз жасаған бәйтерек» (1989), «Қазақтың 100 би-шешені» (1995), «Ел қадірін біл, балам» (1996) т. б. еңбектері жарық көрді. «Алатау асқарынан жыр асырған» естелік-эссесінде (1996) Жамбылдың көзін көрген, қасында бірге жүріп, талай сұхбаттасқан Ө-тің ұлы жырау туралы жазған зерттеу мақалаларында айтқан ғылыми тұжырымдарының әлі де мән-маңызын жоймағанына тоқталған. Ал «Ағадан ақыл» естелігінде ұлы суреткердің айтқан ақыл-көңестері, жас ғалымдарға деген шапағаты туралы сыр шертен.

*Р. Сариева, Ғ. Исахан.*

**ТРАГЕДИЯ** (грек. tragos – ескі және ode – ән, жыр), сахнаға арналып жазылатын әдеби шығармалардың, яғни драма жанрының түрі. Күрделі оқиғада қатысатын адамдардың іс-әрекеті, сөйлеген сөздері арқылы көрсетеді. Т. – өмірге жақын жанр, өйткені онда тіршіліктің сан алуан қайшылықтары, ғаламат тартыстар, құштарлықтар мен сезімдер шайқасы, ойлар мен идеялар қақтығысы ерекше зор пафоспен әрі реалистік тереңдікпен бейнеленеді. Классикалық трагедияларда дара тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтарға кереғар тұруы, бітіспес күреске түсуі көрсетілген. Т-ның қаһармандары заманның қатыгез әдеттерімен шайқаста опат болады; олардың алдында тас қамалдай неше түрлі кедергілер, асу бермес тосқауылдар тұрады; олар кедергі-қарсылықтармен қаймықпай күреседі. Қазақ трагедиясын мынадай салаға жіктеуге болады: а) эпикалық Т.; ә) тарихи Т.; б) адамгершілік-тұрмыстық Т. Мұхқан драматургияның барлық шарттарына жауап бере алатын «Еңлік – Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қарағөз», «Абай», «Түнгі сарын», «Хан Кене» трагедияларын жазды.

*Р. Нұрғали.*

**«ТРАГЕДИЯ ТАБИҒАТЫ»**, монография. Авторы – Р. Нұрғали. 1968 ж. «Жазушы» баспасынан басылым көрген. Ө-тің трагедиялық шығармаларын зерттеуге арналған. Драматургтің ең сүбелі пьесаларын («Еңлік – Кебек», «Бәйбіше – тоқал»), «Қарағөз», «Түнгі сарын», «Абай») талдау барысында зерттеуші олардың жазылу тарихына, әдеби нұсқаларына, көркемдік ерекшеліктеріне тоқталып, дәстүр мен жаңашылдық, дүниетаным мен шығарма, жанр табиғаты, көркемдеу құралдары туралы теориялық байламдар жасайды, өзіндік тұжырымдар ұсынады, қазақ драматургиясының, соның ішінде трагедия жанрының даму барысына ой жүгіртеді. М. Әуезов трагедияның еуропалық үлгісіне ұлттық жаңа, тың бояу-нақыштар қосумен қатар, қазақ ауыз әдебиетіндегі айтыс, беташар, жар-жар, шешендік дау, мақал-мәтел сияқты драматургияға жақын үлгілерді өз драмаларында шеберлікпен пайдаланды, сөйтіп оларды өз мақсатына орай жаңғыртып, жайнатып, қайтадан құйып шығарды» деген ой айтады. Кітаптың көлемі 10,6 баспа табақ, таралымы 6 мың дана.

**ТРЕНЕВ** Константин Андреевич (1876–1945), орыс драматургі. Т-тің атын шығарған – «Любовь Яровая» (1926) пьесасы. Бұл сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси көркем шығарманың үлгісі ретінде бағаланды. Мұнда адамдардың психологиялық тартысы, оқиғалардың желісі, кейіпкерлердің тағдыры сенімді бейнеленген. Ө. «Любовь Яровая» 1937 ж. аударды. Ол сол жылы 4 қараша күні Қазақ драма театрының сахнасында қойылды (режиссері М. Насонов).

**ТРУВЕР** (французша: табу, ойдан шығару деген сөз), 12–13 ғасырларда өмір сүрген француз ақын-



Турағұл Абайұлы  
Құнанбаев.

дары. Көбінесе өздері шығарған әндерді орындады. Өлең өлшеммен, ұйқасының қарапайымдылығымен ерекшеленетін Т-лердің поэзиясы ойлы, мағыналы болып келеді. Ө. «Жамбылдың айтыстағы өнері» атты мақаласында Батыс Еуропадағы айтыс жанрына ұқсас шығармашылықпен айналысқан топтардың ішінде «терістік Франциядағы труверлерді» атаған. Сонымен қатар қазақтың ірі айтыскер ақындарының эпика, дастаншыл ақындар болғанын айта келіп: «Дүние жүзі әдебиетінде көне гректің өздеріндей немесе Еуропадағы труверлер, фильмдер, менстерзингерлердей елінің эпосын да, айтысын да туғызған» дей келіп, Жамбылдың айтыскерлік бір қыры жайында: «Кейде ескі труверлер үлгісінде – Домалақ дастанындай, тамаша көркем (Сарбаспен айтысында) аңыз поэманы толғап кетеді» деген.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ТУВА ӘДЕБИЕТИ.** Түркі тілдерінің тобына жататын ұрақхай-тыва кижі тілінде қалыптасқан. Фольклорлық қазынасы аса бай әрі көне заманнан тамыр тартады. Тувалардың тұрмыс-салт жырлары мен аңыздарындағы, ертегілері мен дастандарындағы кейбір желілер қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларымен орайласып жатады. Бұл қадым заманнан бері түркі тектес халықтардың көркемдік әлемі мен танымдық нанымдарының ортақ екендігін танытады. Ө. тува әдебиетінің фольклоры мен әдеби өмірін жақсы білді. Жазушы Қазақ мемлекеттік университетінің әдеби үйірмесі ұйымдастырған студенттермен кездесуде сөйлеген «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» атты сөзінде: «Жақсы еңбек жаздым, танылмады деп қорықпаңдар, танылмаған Шекспир мен танылмаған Толстой көп берад деп ойламаңыздар. Олар дүниеде біреуақ... Адал сын, әділ баға құмның түкпіріндегі Кербабаевты да таныды, тапты да ғой. Кішкентай чукшаның Рытхэуін, туваның Салнақ Тоқасын таныды да, тапты ғой» деп, тува әдебиетінің негізін қалаған С. К. Токаның өмірі мен шығармасын үлгі етті. В. Монгуштың аударуымен Ө-тің «Көксерек» әңгімесі (1964) мен «Өскен өркен» романы (1969) тува тілінде жарық көрді.

*Т. Жұртбай.*

**«ТУҒАН ЕЛІМ ҚАЗАҚСТАН ТУРАЛЫ»** («О родном Казахстане»), жазушының мақаласы. 1959 ж. 15 қарашада «Труд» газетінде жарияланған. Мақала атауынан кейін «Мухтар Ауэзов расказываает» деген ескертпе бар. Көлемі шағын, мазмұны, баяндау түрі ауызекі әңгімеге, интервью жауапқа ұқсайды. «Өскен өркен» романын жазуға дайындық кезі екенін менің алдымда советтік шындық туралы роман жазу сияқты тамаша міндет тұр. Ол үшін мен Отанымыздың бір облысын – Оңтүстік Қазақстанды терең зерттеуге шешім қабылдадым деген сөздерінен аңғарамыз. Романға материал жинау жөн-жобасы жөнінде мен жаңа романимның жоспарларын, оның кейіпкерлерінің бейнелерін ойда сақтай отырып, түрлі мамандықтағы адамдармен кездесіп, әңгімелестім дейді. Оңтүстік өлкесінің, оның ішінде Шымкент қаласының қарыштап дамығаны, қарапайым кеңес адамының жаңа өмірі жөнінде уақытына сай сөз

етілген. Болашақ романның образдар мүшесі жөнінде айтқандарынан «жағымды» партия қызметкері, коммунистер, орыс, қазақ ұлтының адамдары, ерлер мен әйелдер, жұмысшылар, инженерлер, дәрігерлер, мәдениет қызметкерлері деп алдын ала жоспарлап алуының нышандарын «Өскен өркен» романының аяқталмай қалған қолжазба нұсқасы бойынша басылған кітабынан көреміз. Бұл – көп том етіп жоспарланған күрделі, көлемді еңбектің бір бөлігі ғана. Жазушының бұл жайындағы күнделік-блокноттары қазір жазушы мұражайының қолжазба қорында сақтаулы. «Аудандарды аралаған сапарымның нәтижесінде очерктер, новеллалар әзірлеп жатырмын, бұлар болашақ романның кейбір көріністері болмақ» дегендері кейін үлкен зерттеу объектісіне айналды. Мақаланың соңында драматургия саласында да еңбектеніп, «Қарагөз» пьесасын қайта өңдеп жатқанын айтады.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ТУҒАН ТОПЫРАҚТАҒЫ СОҒЫ ТОЛҒАН»** жазушының мақаласы. 1957 ж. 60 жасқа толған тойын өткізу үшін Абай ауданына барғанда, жерлестерінің алдында сөйлеген сөзі. Ұнтаспаға жазылып алынған. Семейдегі Абайдың мемлекеттік тарихи және әдеби-мәдени қорық-мұражайының қорында сақтаулы. Мақала тұңғыш рет «Білім және еңбек» журналының 1977 жылғы 9-санында М. Бейсенбаевтың алғы сөзімен жарияланды. Онда жазушы өзінің туған жері мен оның адамдары туралы тебіреніспен толғана келіп, алғысын білдірді. Сөзінің соңында: «Қайтып сендерді көремін бе, жоқ па? Бір-бірімізге жақсылық тілеп жүрейік. Қош болыңдар!» деп көзіне жас алыпты. Расында бұдан кейін Ө. туған жерін қайта көре алған жоқ.

*Т. Жұртбай.*

**ТУМАНЫЯН** Ованес Тадевосович (1869–1923), армян ақыны, қоғам қайраткері. Шығармаларында өмір шындығын, оның қат-қабат қайшылығын, әлеуметтік теңсіздікке қарсы күрес пен бостандықты жырлады. «Лоренци Сако» (1889), «Ануш» (1890), «Маро» (1887), «Давид Сасунци» (1902), «Тмук қорғанының алынуы» (1902) т. б. поэмалары, «Ахтамар» (1892), «Бір тамшы бал» (1909) т. б. балладалары жарияланды. Мұхқан Т-ның шығармаларына талдау жасай келіп («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»), оның талантты балалар жазушысын, халықтар достығын жырлаушы ақын, көрнекті публицист екенін айтады.

**ТУРАҒҰЛ** (Турағұл) Абайұлы Құнанбаев (1875–1934), Абайдың Әйгерімінен туған ұлы. Жасында арабша, орысша оқып, білім алған. Ұлы Абайдың өмірбаяны мен шығармаларының жазылу сырын жақсы білген. 1909 ж. Кәкітай Ысқақұлы екеуі Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын Петербургте И. Брагинскийдің баспаханасынан шығарған. 1927 ж. Қазақстан білім комиссариатына әкесінің толық қолжазба жинағын тапсырған. Ол қазір Орталық мемлекеттік мұражайда сақтаулы. Абай мұрасын жинап, бастыруда, шығармаларының мәтіннамасын (текстологиясын) бастапқы қалпына келтіруде зор үлес қосты. М. Горькийдің «Челкаш» әңгімесін (1924), А. Неверовтің «Мен өмірге жерікпін», Дж. Лондонның «Балық туралы ертегі», «Балалы әйел не білуі керек?» (үшеуі де – 1927) шығармаларын

қазақ тіліне аударған. Ө-ке «Өкем туралы» деген естелік жазып берген. Ұлы жазушы Абайдың өмірбаянын, «Абай жолы» эпопеясын жазғанда бұл естелікті жете пайдаланған.

*Қ. Мәшһүр Жүсіп.*

**ТУРГЕНЕВ** Иван Сергеевич (1818–1883), орыс жазушысы. «Ася», «Фауст» повестері мен «Дворян ұясы» (1859), «Қарсаңдар» (1860), «Түтің» (1867), «Жаңалық» (1877) романдары кеңінен танылды. Ұлы жазушы Т-тің «Дворян ұясы» романын қазақшалап (1952), осы жөнінде «Дворян ұясы» романының аудармасы туралы» деп аталатын мақаласын жариялады («Әдебиет және искусство», 1952, №7, 10-бет). «Орыс әдебиетінің маған тигізген ықпалы туралы, бәлкім, сіз де жазарсыз. Өте дұрыс, ештеңемен салыстырып болмайтын зор ықпал. Әрине М. Горькийді, Л. Толстойды айтарсыздар. Ол да қысынды. Бірақ маған бәрінен де мол ықпалын, игі өсерін тигізген кім екенін білесіздер ме? – Тургенев. Әдебиеттегі әсер-ықпал жай ғана нәрсе емес, оны жалаң ой, жалаңқайлар ғана қолға ұстап, көзбен көруге болады деп санайды, әсер-ықпал мен еліктеуді шатастырады. Творчестволық үйрену сонау тереңде туып, жазушының жанына ұялайды, оның екінші табиғатына айналып, өзінше, өзгеше қалып-пішін табады. Оны жай ғана аңғара бермейді. Міне, Тургенев те осындай, мен оны бала шағымнан бастап-ақ бәрінен де артық қастер тұтқам, сүйіп қадірлегем» депті қазақ жазушысы ғалым И. Брагинский («Біздің Мұхтар», 1975, 317-бет). Көркем аудармаға байланысты өзінің ойларында Тургеневтің мына сөздерін мысал етіп алады: «Аударма бізге неғұрлым аударма болып көрінбей, өзіндік тәлтума шығарма болып көрінсе, онда оның сол-ғұрлым тамаша болғандығы» («Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері»). Жалпы Ө. өзінің көптеген зерттеу еңбектерінде, мақалаларында Т. үлгі тұтып, мысалға келтірген.

**«ТУЫСЫМЫЗ, ДОСЫМЫЗ БІЗДІң»** (« Б р а т н а ш , д р у г н а ш »), жазушының мақаласы. Украинның ұлы ақыны Т. Шевченкоға арналған. Мақала орысша жазылып, «Литературная газета-да» 1961 жылы 9 наурызда басылған. Қазақ тілінде «Қазақ әдебиеті» газетінде (10 наурыз, 1961 жыл) жарияланды. Бұдан соң жазушының «Уақыт және әдебиет» (1962) жинағына енген. 1964 ж. Алматыда жарық көрген «Туысымыз біздің, досымыз біздің» деген жинаққа мақаланың орыс тіліндегі нұсқасы берілген. Кейін жазушының 12 және 20 томдық шығармалар жинақтарына енгізілді. «Тарас Шевченко – адамзат нәсілдерінің ішіндегі үркердей қасиетті тобына қосылатын адам. Ол өз халқының өткен тарихының жарқын қорытындысы және сол халқының болашаққа мегзеген ұлы үмітінің, шабытты қуат қайратының жиын тұлғасы» деген сөздермен басталатын мақаланың аңғартатын ойы үлкен. Ө. Тарас Шевченконы өз халқының даналығын сақтаған ғасырлар бойында мүлгіп келген рухани қуаттың жаршысы деп мінзедейді, «оның поэзиясы – күмәнсіз халық шерінің поэзиясы» дейді Шевченко шығармалары өз халқының ары мен намысын қымбат санайтын әрбір азаматқа ғыбрат екенін, «заманының қазысы есебінде жауыздыққа қарсы кешірімсіз ой жығын күрескерлігін Ө. өшпес құндылықтар деп біледі. Ұлы украин ақынының патшалық қаһарына душар

болып, қазақ жеріне айдалып келуі оның шығармашылығында терең із қалдырды. Сахараның өзі мен тұрғындарының жайын бар күйкі көріністерімен Шевченко өзінің өр өнерінде ұлы ақын боп жырлап та, тамаша суреткер болып суреттеп та, бейнеледі. Әсіресе ұлы қобзардың Ресей билеушілерінің озбырлығы мен өктемдігін өшкерелей білгені, өз халқының азаттығы жолындағы қандай азапқа да төтеп берген қайсарлығы адам рухының мәңгі өлмес, биік көрінісі деп сипаттайды.

*Р. Бердібай.*

**ТУМАБАЙ** Наданбайұлы (1876–1964), Абайдың замандасы. Айдостан – Ырғызбай, Көтібақ, Топаи, Торғай, Торғайдан – Құлыншақ, Құлыншақтан – «бес қасқа» атанған Тұрсынбай, Мұңсыбай, Сансызбай, Наданбай, Манас тарайды, ал Наданбайдан Т. туған. Ол Абайдың айналасында жүріп, көп нәрсеге қанық болып өскен, көрген-білгенін зердесіне тоқи берген. 1935 ж. Мұхтар Т-мен кездесіп, көп әңгімелескен, айтқандарын жазып алған, сөйтіп «Абай жолына» біраз деректер жинаған. Т. 1937 ж. қамалып, 1956 ж. ақталған.

*Т. Әкім.*

**«ТҮМАН АЙЫҒАРДА»**, жазушының романы. Ө-тің 30-жылдарға дейін жазған көптеген шығармаларының қолжазбалары сақталмаған. Ал 1932 жылдан бері жазылған шығармалардың қолжазбалары, түрлі нұсқалары сан алуан жоспарлар, эскиздер, жобалар, неше түрлі материалдар жазушының әдеби-мемориалдық музейі мұрағатында сақтаулы. 20–30-ж. Ө-тің күрделі шығармашылық ізденістеріне сәуле шашатын бір үлкен фактіні айта кету абзал. Ол – жазушы мұрағатынан табылған «Т. а.» романының эскизі. Қолжазба араб әрімімен қалың дәптерге қарындашпен жазылған. Ішінара сиямен түзетілген жерлері де бар. Көлемі машинаға басқанда 70 беттен асып жығылады. Ең алдымен елуден астам қаһарманның аты-жөні, шыққан тегі, руы, басқармен жақындағы, қарым-қатынасы, білімі, кейбіреулерінің қысқа мінездемесі, бастан кешірген жағдаяттарының ұзын-ыргасы, жалпы сюжет 10 тарау болып қағазға түскен. Сол жоспар ізімен оқиға киносценарийге ұқсас ыңғайда өрбиді. Тәркілеу (конфискация) алдында қазақ аулындағы тап тартысы, тарих сахнасынан кететіндердің трагедиясы, жеке буынның қажыр-қайраты, интеллигенция тағдыры – осындай ірі-ірі әлеуметтік мәселелерді көтеру мақсат болған. Роман эскизі бойынша негізгі қаһармандар сипаты, басты конфликт, шығарма идеалы деген жайттар туралы нақ байлау жасай аламыз. Шығарманың түп қазық кейіпкері Сейіл көзі ашық, оқыған жігіт. Оның совет шындығын бірден ұғынып кете алмай, адасқан, ұлтшылдар ортасында болған жайы да бар. Қаладан оқуын бітіріп туған аулына қайтады. Сейілдің өзі бой тартып, араласпаймын дегенмен, дауылды жылдар күресі оны еріксіз көп талқы, үлкен тайталасқа түсіреді. Жазушы бай мен кедей арасындағы күрестің тек таптық жағын ғана құптамайды: шығармада екі жуан Қабыш пен Сләм өзара жұлықсып жүр; патша алауыздығы, сайлау таласы қым-қуыт; комсомолец Серік пен Спасс жұмыскері арасында кикілжің бар; Сейіл бұрынғы достары, ұлтшыл интеллигенттерден іргесін бірте-бірте бөлек салып, өміс платформасына келеді. Эскизден көптеген типтер, қыр суретінің әр түрлі қалпы бой көрсетеді. Ірі байлар Қабыш, Жортар, Қуатжан, Жақыпбектердің конфискацияландыруымен, кедейлердің қала болып



бірігуімен оқиға тамамдалады. Эскиз шамасы 1932–34 ж. жазылған. Қазақстандағы тап тартысын, әлеуметтік күресті, сол арнадағы ұрпақтар тағдырын, жеке адамдар тағдырын жан-жақты алып, мол оқиғалы, кең тынысты «Т. а.» романының эскизіне арқау ету Ө-тің шығармашылық өмірбаянының мағыналы, маңызды бір бөлігі болып табылады. Күллі оқиға желісі тартылып, адамдар образы айқындала бастаған терең идеялы күрделі романын Ө. неге аяқтамай, жазбай кетті? Бұл сұрақ жауабын да іздестіруіміз керек. Оқушы қауымды «Т. а.» романын шебер, көркем жазылған эскизімен алғаш «Лениншіл жас» газеті 1966 жылғы 25, 27 қыркүйектегі сандарында таныстырды. Роман эскиздері алғаш рет «Лениншіл жас» газетінде жарияланды (1966, 27 қыркүйек), кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (1980, 7-кітап, 379–421-беттер).

*Р. Нұрғали.*

«**ТҮҢҒЫШЫ ЕДІМ ӨКЕМНІҢ**», деректі ғұмырбаян. Авторы – *М. Өуезова*. 1997 ж. «Қағанат – ҚС» баспасы шығарған. Ғұмырбаянды әдеби өңдеп, хатқа түсірген Қуанышбек Мұхаммедқари. Кітапта ұлы жазушының тұңғыш перзенті Мұғамила жас кезінен бері жүрегінде сақталған жұмбақ сырларды бүкпесіз баяндап, мұхтартану әлеміндегі кейбір ақтандақтарды жаңа деректермен толықтырған. Әкесі туралы есі кіргеннен бері көрген-білгендерін сабақтап, ұмытылуға айналған кейбір оқиғаларды қайта жаңғыртқан. Кітап естеліктер жинағы емес, әке туралы толғау іспеттес. Өйткені автор қандай мәселені айтса да, бәрін Мұхқанмен, Ө-пен байланыстырып, сабақтастырады. Сайып келгенде, бұл естеліктер кітабы Ө-тің өмірбаянын танып-білуге қосылған құнды еңбек қатарына жатады. Кітаптың көлемі 5,5 баспа табақ, таралымы 5 мың дана.

*Н. Ақбай.*

**ТҮРҒАНБАЕВ** Маннан (1886–1938), мұғалім, ағартушы. Семейде болған жылдары Ш. Құдайбердиев, М. Өуезов, Ж. Аймауытов, Қ. Сәтбаев, Ы. Мұстанбаев т. б. қазақтың ұлттық интеллигенциясының зиялы қауымымен тығыз байланыста жұмыс істеді. Қазақ елінің тәуелсіз, мәдениетті, оқыған жұрт қатарында болуы үшін көп күш салды. Әсіресе Ө-пен достығы, бірлесіп атқарған ағарту саласындағы қызметі ерекше көзге түсті. Екеуі «Абай» журналының белсенді авторлары болды. Бірге түскен фотосуреттері Семейдегі мұражайда сақталуы тұр. Кеңес үкіметі тұсында Алашорда үкіметіне қатысқан «ұлтшыл, халық жауы» деген жаламен ұсталып, 1938 ж. атылған. Ө. «Октябрь өркені» деген мақаласында «Галия» медресесінде оқығандарды атай келіп, олардың қатарында Т. бар дейді. Ол Т-ның қазақ тілінде шығарған «Дін ислам», «Пайғамбар заманы» атты кітаптары ислам үстемдігін үгіттейтін жәдидтік схоластикалық идеяға толы редакцияшыл кітаптар еді деп, кеңес заманындағы атеистік көзқарастың ығын ескен.

*М. Бейсенбаев.*

**ТҮРДЫҚҰЛОВА** Урия (Үлбосын) Әлтілқызы (1911–1992), өнші (контральт). Қазақ опера және балет театрының негізін қалаушылардың бірі. Қазақстанның халық артисі (1939). Қазақтың тұңғыш опералық қойылымы «Айман – Шолпан» (либреттосы Ө-тікі) спектакліндегі Теңгенің мінезі мен өншінің дауыс бояуы табиғи жарасыммен тауып, образдың шынайы болмысымен назар аударды. Содан бастап осы театрда қазақ, орыс тілдерінде қойылған барлық опералардағы басты партиялар-

да ойнады. Ө-тің либреттосы бойынша музыкасын А. Зильбер жазған «Бекет» операсындағы (1940) Шынасыл партиясында Т-ның өншілік-актерлік шеберлігі ерекше үйлесім тапты. Бекет батырдың ғана емес, мұқым халықтың тағдыры үшін күрескен ержүрек Шынасылдың ел мен ер намысын жоқтап, өзін-өзі мерт ететін сәтін нағыз драмалық сипаттағы өнші ретінде көрермен жүрегіне жеткізді. Алайда өнерді саясаттандыруға және оның айналасындағы дақпыртқа, көркемдігі солғын кеңестік идеологияда жазылған шығармалармен театр репертуарын толықтыруға мойынсынбаған өнші-актриса партиялық тұрғыдан, жеке жауапты қызметкерлер тарапынан қысымға ұшырады. Сахнадан шеттетілді. «Халық артисі» атағы алынып тасталды (1956). Соның нәтижесінде Т-ның Қазақ опера және балет театрының дамуына сіңірген еңбегі мен бейнелеген образдарына театр зерттеушілері тұрғысынан тиісті баға берілмей, жазылмай келді. Тек өнші өмірінің соңғы жылдарында ғана «Халық артисі» атағы қалпына келтірілді. Мұхқан Т. орындайтын опералық партиялардағы кейбір әндерді жеке отырып тыңдауды ұнатқан.

*Т. Жұртбай.*

**ТҮРЛЫБАЕВ** Айдархан (1877–1937), Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, заңгер. 1897 ж. Омбы гимназиясын, 1902 ж. Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. 1902–1917 ж. Омбыда адвокаттық қызмет істеді. Революция жылдары саяси-қоғамдық қозғалысқа белсене араласып, қазақ елінің келешегі үшін келелі істер атқарды. 1917 ж. 15 сәуір – 5 мамырда Омбы қаласында өткен қазақ съезінде Ақмола облыстық қазақ комитетінің төрағалығына сайланды. Сол жылы 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен Жалпықазақтың 2-съезде Алашорда үкіметіне, яғни Уақытша Халық Кеңесіне сайланды, яғни министр болады. Азамат соғысы жылдары қазақ елінің тағдыры, оның болашағы үшін басқа да ұлтжанды ел азаматтары сияқты бір кісідей еңбек сіңірді. Семейде 1-Алаш атты әскер полкін ұйымдастыруға Х. Ғаббасов, М. Тынышбаев, Б. Мәметов, С. Сабатаев, М. Өуезовтермен бірге тікелей ат салысты. Кеңес кезеңінде Омбы қаласында заң орындарында қызмет етті.

*М. Әбдешев.*

**ТҮРМАҒАМБЕТ** Ізтілеуов (1882–1939), ақын, аудармашы. Оннан астам дастан жазып, қазақ поэзиясының бұл саласын дамытты. Көптеген өлеңдерінде заман шындығын жырлады. Қазақстандық халық таланттарының 1-слетіне (1934), республика жазушыларының 1-съезіне (1934) қатысты. Т. Шығыс елдерінің тілінде көп тараған «Шаһнаманың» прозалық нұсқаларын жинап, Алматыда дастан етіп жазды (1936). Осы поэманың Т. жырлаған «Рүстем-дастан» деп аталатын үлкен тарауы 1961 ж. басылып шықты. Ө. еңбекті осылай жариялаудың дұрыстығы жөнінде ақыл-кеңес беріп, қолжазбаны оқып, ықшамдап, көмек көрсеткен, арнайы алғы сөз жазған (қараңыз: «Рүстем-дастан» поэмасында алғы сөз).

*Ө. Нысанбаев.*

**ТҮРМАНЖАНОВ** Өтебай (1905–1978), ақын, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Балаларға арнап өлең, тақпақ, ертегі, әңгіме, мысал, дастандар жазды. «Құмырсқалар, аралар –

қиыспас дос, құдалар» деген мысал-дастаны көптеген тілдерге аударылды. 1973 ж. өлең, ертегі, аңыздардан тұратын шығармалар жинағы, 1975 ж. 2 томдық шығармалар жинағы басылды, «Қазақтың мақал-мәтелдерін» шығарды (1934, 1957, 1959, 1980), «Жиырма күн» атты естелігінде Ө-тің болашақ эпопеясына деректер жинағанының куәсі болғанын жазған («Білім және еңбек», 1972, №12). Ө. 1935 ж. «Абай жолы» эпопеясына дерек жинау үшін Семейге барғанда, өзімен бірге Т-ты етіп барған. **ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ**, фольклор жанры. Қазақ фольклористерінің ішінде тұрмыс-салт жырларының түрлерін жүйелеп талдап, арнайы түрде зерттеген алғашқы зерттеушілердің бірі – Ө. 1925 ж. Семейде шыққан «Қазақ тілі» газетінің 23 сәуірдегі санында «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласында «Қазақ әдебиетінің шашылып жатқан жұрнақтарын жинап, арнаулы бағасын беріп, тиісті орын-орнына тарату – бүгінгі күнде қазақ тіліне қызмет қылып жүрген жұрттың барлығына да бір жалпы міндет сияқты» деп, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудың маңыздылығы мен жинау жолдарын әңгіме еткен. Мақаланың соңында «Әдебиет жанынан жазып алатындар» және «Таури жайынан жазып алатындар» деп екі тақырып қойып, әрқайсысында бірнеше тармаққа бөліп нөмірлеп жиналуға тиіс материалды жүйелеп көрсеткен. «Халық әдебиеті туралы» деген мақалада «халық әдебиеті деп бір халықтың мәдениет жүзінде жас болып, оқу, оқыту деген нәрселер болмаған надан шағында сол халықтың арасында ауыздан ауызға көшіп, бірден бірге қалып айтылып жүрген: өлең, жыр, ертеке, мақал, жаңылтпаш, айырым бесік жырлары, діндар өлеңдер, үлгілі әңгімелер, жын, шайтан, аруақтар туралы айтылған әр түрлі хикаялар, халық дәрігерлігі, олардың жері, сиқырлар, албастылар нем басқа да осылар сияқты сөздердің бірсыпырасы халық әдебиетіне жатады дейді. Осында аталған халық ауыз әдебиеті жанрларының бірнешеуі тұрмыс-салт жырлары тобына жатады. Ө-тің тұрмыс-салт жырлары жайында жан-жақты, жүйелі зерттеулері 1927 ж. Қызылордада шыққан «Әдебиет тарихы» оқулығы мен 1939 ж. «Литературный критик» журналының 10, 11-сандарында (1940, №1) шыққан (Л. Соболевпен бірге) «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеу еңбегінде, «Қазақ ССР тарихының» 1-томында (1957) Әуезовтің «Қазақтың ауыз әдебиеті» атты тарауы (212–228-беттер) бар. Бұл тарауда да Әуезов тұрмыс-салт жырлары мен оның кейбір түрлеріне қысқаша тоқталған. «Әдебиет тарихында» тұрмыс-салт жырларын «сыршылдық салт өлеңдері» деп атаған. Осы жалпы атаумен аталған бөлімді «Ел салтындағы шер өлеңдер», «Дынмен байланысты өлеңдер», «Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңі» деп үш тақырыпқа бөліп қарайды. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеу еңбегінде тұрмыс-салт жырларын халық поэзиясының шағын түрлері деп алып, үйлену-салт жырлары (жар-жар, беташар, сыңсу), мұң-шер өлеңдері (жоқтау, қоштасу, естірту) деген екі топқа бөледі. «Қазақтың ауыз әдебиеті» мақаласында фольклорлық жанрларды жүйелегенде 50-жылдардағы фольклористика ғылымы жетістіктеріне сүйенгендігі байқалады. Тұрмыс-салт жыры терминін алып, тарих оқулығына сәйкес қысқа-қысқа,

анықтамалық мәліметтер берген. «Тұрмыс әдет-ғұрып жырлары қоғам өмірінде болып жатқан оқиғаларға сәйкес қазақ қоғамының тарихи дамуының түрлі кезеңдерінде түрліше әлеуметтік топтардың таптық мүдделеріне икемделіп отырған» деп, тарихпен байланыстырады. Ө. 20-жылдардың ортасында-ақ тұрмыс-салт жырларының негізгі түрлерін жүйелеп, талдап берген. Ө. жұмырмдары осы күнге дейін құнын жойған жоқ.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ТҰРСЫН-ЗАДЕ** Мирзо (1911–1977), ақын, қоғам қайраткері. Тәжікстанның халық ақыны (1961). Тәжікстан Ғылым академиясының академигі (1951). Социалистік Еңбек Ері (1967). Лениндік (1960), КСРО (1948), Тәжікстан Мемлекеттік (1963), Халықаралық Джавахарлал Неру (1968) сыйлықтарының лауреаты. Ө-пен достық, жолдастық қарым-қатынаста болып, араласып тұрған. «Жаны жас жазушы» деген мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек), «Есімдесің, Мұхтар аға!» өлеңінде («Қазақ әдебиеті», 1969, 11 қазан) ұлы суреткердің өшпес бейнесіне бас иіп, тағзым етеді. Мұханның 60 жасқа толуына орай жолдаған жеделхатында қазақ қаламгерінің талантына төңті екенін айтқан. Мұхтар Т-3-нің шығармашылық жетістігін қадағалап, әрдайым өз бағасын айтып отырған. Оның Лениндік сыйлық алуына өз тарапынан зор ықпал жасаған. Ал «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде: «Ақын Мырза Тұрсынзаде – тәжік әдебиетіндегі жас буындардың көрнекті өкілі», шығармаларында «тәжік халқының мәдениетінің өскенін, өз отаны, өз тағдырының иесі өзі болған азат халық жайын айтады» деп дәріптеген. Ал «Жыл келгендей жаңалық сөземіз» деген мақаласында Т-3-нің көп білетінін, өлеңдерінің әрбір ойдың «дәуірдің биігіне шығып сөйлейтін сөздер» екенін, «үлкен ақылдылық, зор толғау арқылы үлкен әдебиеттік шеберлік бар» екенін мақтанышымен айтқан. Т-3-нің пікірінше, Ө-тің шығармашылығы – бүкіл совет әдебиетіндегі тамаша құбылыс («Дружба народов», 1976, №2). Ұлы жазушының 60 жылдық мерейтойына байланысты жолдаған жеделхатында жүрекжарды сөзін арнаса, қазақ жазушысының 1969 ж. мұражай-үйін көргеннен кейін жыр жолдарын арнады. Т.-З. өмір бойы Ө-тің есімін құрметтеп өтті. Оңтайы келген сәттерде өзінің қазақ досын үнемі айтып отыратын. 1960 ж. Тәжікстанда өткен орыс әдебиетінің онкүндігін ашарда сөйлеген сөзінде «Абай жолы» эпопеясының кәдір-қасиетін еске алды.

*Ө. Нұралиев.*

М. Әуезов мұражайында. Солдан оңға қарай: Ж. Молдағалиев, М. Тұрсын-Заде, Ә. Әлімжанов.



**ТҮРЫСОВ** Еркінбек (1927 ж. т.), жазушы, журналист. Ө. облысты аралаған кезде, онымен бірге жүріп теріскей аудандарды аралады, өзі білетін жай-жағдайларын әңгіме шертті, көптеген тарихи деректерді жинап берді. Ұлы жазушының осы сапары туралы «Жазушы сапары» («Қазақ әдебиеті», 1963, 27 қыркүйек), «Заманның ұлы перзенті» («Оңтүстік Қазақстан», 1967, 1 желтоқсан), «Ұмытылмас бейне» («Лениншіл жас», 1970, 5 мамыр) деген мақалалары мен «Құралай жолы» кітабында жан-жақты баяндаған. Жалпы кеменгер жазушының өмірі мен шығармашылығы жайында 20 шақты мақала, «Сегізінші керемет» әңгімесін («Оңтүстік Қазақстан», 1987, 13, 14, 15 қазан), «Кеменгердің керуені» повесін («Оңтүстік Қазақстан», 1997, 23 тамыз) жазды.

*Т. Әкім.*

**ТҮСПАЛДАУ**, көркем әдебиетте ойды дәлдеп айтпай орағытып немесе астарлап, ишаратпен білдіру әдісі; бұдан жобамен, мөлшермен айта салу деген ұғым тумайды, бұнда тілдік бейнелілік, суреттіліктің бай мүмкіндіктері пайдаланылады. Бұл тәсіл халық поэзиясынан, аңыз-әңгімелерінен, шешендік сөздерінен, жазба әдебиеттен де көптеп кездеседі. Т. Мұханның шығармаларында да бар, «Еңлік – Кебектегі» «Алдандар жоқ, арман көп, Қарің қайтып күн көрер. Жарастық жоқ, жалын жоқ, Жарым қайтып күн көрер» деген Абыз тұспалдары мен «Абай жолында» Абай қыран бүркіттің құз-қия, жалтыр тасқа ақпанда жұмыртқа салатынын, оның бауырына баспай күтетінін, сонда аязға шыдамай бірінен соң бірі жарылатынын, қалса біреуі ғана аман қалатынын айтып, өзіне шәкірт болып жүргендердің іс-әрекеттерін тұспалдайды: «Жарылып жатқан жұмыртқалар аз ба? Жарылған жұмыртқаның біреуі анау Шұбар... Мынау отырғаннан, қалғаннан да талайы нәсіл болмас. Жарылар да, бігер де! Тек жалғыз ғана арман, тым құрса біреу қалса деуші еді ана көңілі» («Абай жолы», 20 томдық, 5-том, 1980, 406-бет) десе: «Шығыс ақындарының ескі дәстүрін алсақ, олар анықтауды таулық шындық қалпынан суреттемей, салыстыру үшін әралуан тұспалдарға бейімдеп көрсететін» (№193-папка, 247-бет) дегенді жазады.

*Т. Әкім.*

**ТҮБЕК** Байқошқарұлы (1780–1870), ақын. Абай аулына көршілес Құндызды өңіріндегі Сыбан өлінде өскен. Ақындық өнерімен Арқа, Жетісу өлкелеріне кең танылған. Жанак, Тезек төре, Сабырбай, Құлмамбет, Қарқабат сынды жыр жүйріктерімен айтысқан. Жыр алыбы Жамбыл Т-пен кездесіп, ақындық талантына тәнті болған. Абай өзіне ұстаз тұтып, талантын жоғары бағалаған. Ө. «Абай жолында» «Шүмек» деп кейпкерінің прототипі етіп алып, «Қияда» тарауында «Сыбанның Шүмек бастатқан он алты ақыны» жайынан Қадырбай (Сабырбай) ақыннан сыр тартқызып, Қадырбайда бар «үлкен мінезділік, қандік» қасиеттердің Шүмекте де бар екендігін айтқан. Жазушы «Айттыс өлеңдері» зерттеуінде (1948) Т-ті Жанак, Сүйінбай, Шежелермен бірге талай елдерге атактары жайылған ақындар қатарында атап: «Айттыс өнерінің жүйрігі болып аты шыққан Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай... Түбек, Сабырбай, Тойбалалар сол шаршы топтың алдындағы сөз жарыстарында жеңіс тәсілдерін үлкен орамды шеберлікпен қолдана білген ақындар» дейді. Одан әрі 1863 ж. Т-тің даңқын бүкіл Жетісу өңіріне мәшһүр еткен Құлмамбет ақынмен айтысына арнайы тоқталып: «Тезектің

үйінде Құлмамбетпен айтысқан найманның Түбек ақыны Тезекті мысықтың қолына түскен тышқандай етеді. Түбектің төрені мұнша құлдыратып, шындықтың сипаты» деп, тура тілді, өршіл ақынды ерекше бағалаған.

*С. Қорабай.*


**ТҮЛКІБАС**, аудан. Бұрын Жуалы ауданы деп аталды. 1934 ж. бұл ауданның жері Жамбыл облысынан бөлініп, Түлкібас ауданы болып қайта құрылды. Ө. Жуалы мен Түлкібас ауданына 1933 ж. көктем, күз айларында 2 рет арнайы сапармен барып, 2 әңгіме «Білекек білек», «Іздер», 4 очерк «Көктемнен бері», «Жуалы колхозшысы», «Сөз алған – тау сағыз бен көк сағыз», «Істері сөйлейді») циклін жазды. Бұл туындыларда әңгімеленетін адамдар мен елді мекен, жер атаулары, әсіресе жергілікті сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер суреткердің «Жолдан» деп аталатын қойын дәптерінде жазылған (жазушының мұрағаты, №407-папка).

*М. Мырзахметұлы.*

**«ТҮНГІ АУЫЛ»**, жазушының әңгімесі. Алғаш рет 1922 ж. «Шолпан» журналының 4–5-санында жарияланған. Одан кейін Ө-тің ешбір жинағына енген. Көлемі шағын, әңгімеден гөрі пейзаж суретіне, әр түрлі боюмен салынған картинаға ұқсайды. Жазғы түн, жап-жасыл табиғат, сүттей жарық ай, сылдырап аққан өзен, ай сәулесіне малынған шаңқан ақ үйлер, ұйқы құшағында жатқан ауыл, бәрі ұйқыда, тек қой-ешкілердің күйсегені естіледі, тіпті иттер де ұрмейді. Бұл көрініс Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінен елес береді. Бәлкім, әңгіме ұлы суреткердің мамыражай көңіл күйінің өсерінен туған болар. «Тауды жарған көк өзекте еркелеп иіріліп, кей жерінде керім ұйықтап жатқандай әрекеті – көк шалғынның ортасын жарып аққан, тілсіз Жіңішке өзені кейде бір қалыпты сарыннан жаңылмай, аспандағы ай-жұлдызбен сырласып, сұман қағып, өлең, айтып жатқандай» түнгі ауыл жүрегінің елжіретіп, жаныңа нұр, көңіліңе сыр, шабытыңа жыр құяды.

*Б. Әбдіғазиев.*

**«ТҮНГІ САРЫН»**, жазушының драмалық шығармасы. 1916 жыл оқиғасы туралы жазылған бірқыдыру шығармада бұл ситуация конфликтінің ең шырқау биігіне көтерілген кезі болып табылады. Көпшіліктің қысымы шегіне жетіп, енді қара бастарына қауіп төнген кезде Майқан бір-ақ қозғалды, жасырған тізім жөнін жалған, өтірік, көлгіріс сөздермен түсіндіре бастайды. Халық үшін күйіп, өртеніп жүрген адамдай шеттігіне ілініп, таусылып сөйлейді. Сонысымен надан жұртты сендіргендей болады. Керім адвокатты қасына алып, ақ патшаның алдына бармақшы ниетін де ортаға салады. Болыс байлауына біржолата тұрақтама-са да, басқалардың үміттеніп қалған көңіліне Тәнеке, Жантастар көлеңке түсіре алмайды. Стихиялы түрде шыққан көтерілістің көреген басшысы болмағандығы, адасулар реалистікпен бейнеленіп отыр. Бір сәт ереуілдеп келген нөпір топ, қара нардың арыны басылып, ашу, ыза кек толқыны сабаға түскендей болады. Жүзтайлақ – Жүніспен, Майқан – Жантастармен, Тәнеке – Қыдыспен арбасып қалсады. Зор дүрбелең, аты шулы көтеріліс қазақ өмірінің барлық саласына әсер етіп, қозғау салып, адамдар қарым-қатынасының мәре-сәрелік жағдайын айқындап, оларды қас не дос етіп кет-



«Түнгі сарын» пьесасының араб әрпімен жазылған қолжазбасы.

кен еді. Көтерілістің ең басты себебі – асқынған, шектен шыққан отаршылдықтың зардабы. Болысты арқаға қаққанымен, ояз аяқ астынан оскырынып, жер тарлып, көз алайтып қояды. Ожар, дөкір характері әр сөзінен айқын аңғарылып, жақсы сезіледі. Ояз Казанцевтің тілі басқа қаһармандардың тілінен мүлде бөлек. Сөздерді ретсіз қолдану, грамматиканың қалыпты нормасын бұзу, орыс-қазақ атауларын араластыра сөйлеу – Казанцев тіліне хас ерекшеліктер.

Драмалық әрекет сахнаға Қыдыштың шығуымен күшейе түседі. Алды-артына қарамай, сасып-пысып зытып келген түрі бар кеше ғана аюдай ақырған сабаздың. Тағы да көтерілісшілер жайлы суық хабар, сұмдық хабар. Әр қаһарманның бұл хабарды қалай қабылдағанын көрсету арқылы олардың психологиясы ашылады, характері көрінеді. Бәрінің бойында үрей мен шошыну. Майқан тістеніп, қанын ішіне тартып, сұрланып, Кәрім жудырық түйеді. Екеуі де бір сәтте ояз қаһарынан жасып, жерге қарап қалған. Ұлық алдында тәлтірек қағып, қарақан бастарының қамы үшін халқын сатқан сорлылар! Айтқандай-ақ, Казанцев долданып, Майқан, Кәрім Қыдыштарға азу басып шыға келеді. Иә, қасқырлар ұлып табысқанмен, кеселді түйін шешіліп, керден мойын кесілерде мықтысы әлсізін талайды. Түптеп келгенде, барлығының ортақ жауы – көтеріліске шыққан қалың ел болғандықтан Казанцев бір рет жудырық көрсетіп, аналарды сескендіріп, шошытып алмақ. Ояз жазалау керек, таптау керек деген байлауын бұйрықтай етіп айтады, өзгесі қуана бас ізейді. Қазақ жуандары, сатылған оқыған, патша ұлығы көтерілісшілерге қарсы аямастықпен, қара жүректікпен келісім жасайды. Бір жағында болыс, екінші жағында – Жантас тұрған қарсыластар тобының арасындағы жаулық асқынып барады. Конфликтті өршіп, ауданданып, жарқабақ басына жетіп, күз-құламандың аузында тұр. Өуезов сіңірлі тартыс тізгінін бірден қоя бермей, шым-шымдап, сыздата өрбітеді, сол өрістеу үстінде ситуациялар жаңғырып, алуан қаһарманның сан қилы характері ашылып, идеялық арна тереңдейді. «Т. с.» драмасындағы оқиғалар әлеуметтік қабаттарды мейлінше кең қамтиды. Пьесаның сюжет бітімінде көп тармақтылық бар. Олар бей-берекет, үзік-жұлық емес, бір үлкен түбірден шығып тарам-тарам жайылған жуан еменнің иір-иір бұтақтары іспеттес. Солардың әрқайсысында бүлкілді тыныс, дүбірлі қозғ-

алыс жатыр. Драмадағы соқтығыстардың жан-жақтылығы басты тартыс – үстем тап пен кедейлер арасындағы таптық күресті айқындап көрсетеді, түптеп келгенде, қаһармандар арасындағы ілініс, қақтығыс атаулының саяр жері – негізгі конфликт арнасы. Көтерілген елді басу үшін қырға аттанған жазалау отрядының бастығы Семенов – қылышынан қан тамған жендет. Сөз аяғын жұтып қою, жүйесіз сөйлеу бірден-ақ Семеновтің шамашарқын көрсетеді. Қазақ сахарасында патшаның отаршылдық саясатын іске асырушы ояз бен қос өкпеден қысқан екі жақты ауыртпалыққа шыдамай, бұлқына көтерілген ереуілшіл көпшіліктің басшысы Тәнекенің кездесуі – түн қараңғылығы мен күн сәулесінің шарпысуындай әсер қалдырады. Тәнекенің сөзі ырғақты, жігерлі, динамикалық, мазмұны бай, оралымы шебер, құрылысы қызық. Ақылды қарт қалың елдің көкейдегісін айбарлы, салмақты күйінде үлкен ұлықтан ықпай, жасқанбай, қаскиып, садақтан оқ атқандай етіп айтады. Жуаннан көрген зәбір, жайлауын өрт алып, қыстауын жау шапқан күйкі күн, патшаның қанды бұйрығы, әділетсіздікпен жасалып отырған пәле тізім – осының бәрін түйдектегіп кеп, заңды талап, орын Нұрқан мұздай қаруланған жазалаушы отряды арқаланып Тәнекенің қол-аяғына кісен салып, сабамақ болып ұмтылғанда, Жантасар антайлай кіріп келеді. Бұл сырт қимылдың ұлғаюы ғана емес, қоюлана түскен конфликт бұлтының қақтығысуы, болмай қалмайтын заңды соқтығыс. Салы суға кеткен Нұрқан жана ғана өзі соққыға жықпақ Тәнекенің аяғына оралып араша тілейді. Нұрқанда табан тіреп жауласа алатын қауқар жоқ. Өлім балтасы Нұрқан басына көтеріле бергенде, оқиғаға Жүзтайлақ килігеді.

Сюжеттің осыдан кейін өрістеуінде Жүзтайлақ – мұғалім, Жүзтайлақ – Жүніс линияларының орны үлкен. Бұлардың арасындағы қақтығыс негізінде туатын ситуациялар көтеріліс сценариямен алмасып отырады. Іргелі әлеуметтік оқиға фонна жеке тағдырлардың тасада қалып қоймай, айқын, бедерлі күйде көрініс берген қалпы бар. «Т. с.-дағы» Тәнеке, Жантас, Жүзтайлақ, Майқан характерлеріндегі күрделілікті былай қойғанда, жалғыз Жүніс басынан талай психологиялық құбылыс өтеді. Ол әуелде Жүзтайлақтың оң қабағына іліну үшін Нұрқанды сағалап, соның сойылын соғады, 16-жылдың қатал сағаты жеткенде ереуілшілер соңынан ереді. Жүніс характері, әсіресе, соңғы актіде айқын көрінеді. Сәруар мен Мөржан аузынан мұғалімнің Жүзтайлақ тілегін орындап, Нұрқанды босаттырып алғандығын естігенде, Жүніс яғолық алаяқтық жасайды. Жүніс зымияндығы ашылған. Мұғалімнің зайыбы – Сәруар пьесаның ұзына бойында оқиғаға араласып отырады. Ол – көзі ашық, оң мен солын жақсы айыратын, әділ, сенгіш әйел. Образдың ұлттық колоритін сақтау үшін Өуезов Сәруар сөздерін татарша қалпында береді, әдейі қазақшаламайды. Мұғалімнің Жүзтайлақ шылауында кетіп бара жатуын, тіпті соның тыңшысы деген жайтты Сәруар өзі сезеді, бұл шаланы Жүніс қасақана үрлей түседі. Тәнеке, Жантасар, олардың соңынан ерген көп халық Майқан болысты ортаға алатын сцена – трагедиядағы қарама-қарсы күштердің ең қатты соқтығысатын тұсының бірі. Бұл жерде логикалық талас, сөз арбасу, тапқырлық жарысы ғана жатқан жоқ, ең бастысы, ең негізгі әліслейтін беріспейтін қарсыластардың шарпысуы бар. Нанымдар, көзқарастар айқасы. Көте-

рілістің сипаты, оның қозғаушы күштері, жеңілү себептері деген түйіндер, әсіресе, соңғы актінде жеке характерлер арқылы аса нанымды суреттеліп, терең ашыла түседі. Әр жерден болыстың алдау-сыратқанына иланған дауыстар да шығады.

Рухани жағынан болыс айтылмыш сценана қаусап күйрейді. Келесі көріністе Жүністің көмегімен қашып кетпек болған Майқан болыстың Бөрібасар қолынан өлім табуы сенімді, драматургтың өмір шындығын реалистік дәлдікпен бейнелегенінің жақсы көрінісі. Драмдадағы конфликт шырқау биікке жетіп, қатер сағаты соққанда қаһармандар арасындағы қарым-қатынас бұрынғыдан бетер айқындалып, домбыра ішегінің тартылған хал. Енді ешқандай мәре-сәрелік жоқ, екінші бірі: я өлім, я өмір! Ақырғы актінің соңғы көріністеріндегі драмалық әрекет өте күшті. Драматург соғыс сценаларын қысқа, дәлді штрихтармен көз алдына әкеледі. Сырт қимыл, жүріс-тұрыс керемет психологиялық шиелініс атмосферасын, конфликтінің бетке шарпып тұрған жалын отын күшейте түседі. Көтеріліс жеңілді! Жантас оққа ұшты; Мөржан қаза тапты; Майқан да жер құшты. Бір сәт бел алған Казанцев, Нұрқан, Жүзтайлақ тобының ертенгі өрісі шолақ, алды тар екендігі Сапа мұғалімнің жүректің тереңінен жарып шыққан жалынды монологынан белгі береді. Бұл жалғыз мұғалім сөзі емес, барлық көтерілісшілер айтқан ереуіл ұранындай естіледі. Пьесада үзінді 1934 ж. «Әдебиет майданы» журналының 10-санында тұңғыш рет жарияланды. 1935 ж. «Тас түлек» жинағына енді. 1956 ж. жазушының 6 томдық (5-кітап), 1969 ж. 12 томдық (8-кітап), 1981 ж. 20 томдық (9-кітап) шығармалар жинақтарында басылды. Орыс тілінде алғаш рет «Ночные раскаты» деген атпен «Литературный Казахстан» журналында жарияланды (1935, №3–4).

*Р. Нұрғали.*

Спектакльдің қойылымы. 1935 жылдың басында Ю. Л. Рутковскийдің режиссерлігімен Қазақ драма театрында, сосын Семей, Шымкент, Қарағанды, Атырау, Жамбыл облыстық қазақ, екі мәрте Алматы орыс (1937, 1960) драма театрларында қойылды. Бұлардың көркемдік-сахналық деңгейлері әр қилы. Осылардың ішінде астаналық екі театрдың ізденістерінің өзіндік тағдыры ерекше. Екі қойылымның екеуінің де сауатты режиссурасы мен тамаша актерлік жетістіктеріне автордың тікелей қатысы бар. Сол тұста қазақ театрының әдебиет бөлімін басқарып жүрген Ә. оның репертуарын жасаумен бірге, барлық шы-

«Түнгі сарын» спектаклінен көрініс.



фармашылық жұмыстарына, әр қойылымның сахналық тағдырына етене араласып отырған. Оның пьесада ететін оқиғаға байланысты қазақ өлінің саяси-әлеуметтік, қоғамдық құрылысы мен өкімшілік басқаруы жайында актерлермен өткізген әңгімелері шығарма кейіпкерлерінің өмірін түсіндірген ой-жүйелерімен ұласқан. Мұндай әңгіме-лекцияларды Ә. өзінің пьесалары қойылатын тұста ғана емес, сахнаға шығатын өзге шығармалар үстінде де жүргізген. 1937 ж. пьеса орысшаға аударылып, «Ночные раскаты» деген атпен Алматы орыс театрының сахнасына Рутковскийдің режиссерлігімен қойылды. Ол автормен келісе отырып, қойылымның композициялық құрылысын қайта қарап, пьеса актыларын біріктірумен екі-ақ үзіліс (антракт) жасап, оқиғаның толассыз дамуына қол жеткізген. Көпшілік сахналарын ұйымдастырып, жан бітіруде ол тағы да режиссура биігінен көрінген. Әсіресе екінші актыдағы болыс үйінде ел білігіне араласатындардың өзара пікір алысу отырысының Тәнеке, Жантас бастаған көтерілісшілердің әрекеттерімен ұласатын сахналық шешімді драматург өзі ұнатып, жоғары бағалаған. Қойылым аса көркем шықты. 1960 ж. Алматы орыс драма театры пьесаға қайта оралды. Автордың тікелей араласуымен пьесаның жаңа аудармасы «Зарница» деген атпен қойылды. Режиссер А. Лакшин мен автордың шығармашылық ынтымағынан туған спектакль өте табысты өтті. Бұл жолы да пьесаның әлеуметтік тартысын ширата түсетін кейіпкерлердің қарым-қатынасына, даралық мүсіндерінің ашылуына ерекше көңіл бөлінген. Өзінің ішке бүккен зұлымдығын жасыра білетін, түлкі қулығына басатын болыстың бейнесін С. Ассуиров жанжақты ашқан. Өзіне жарасымды сән-салтанат, қылымсыған қылығымен Казанцевті есінен тандыратын Жүзтайлақты В. Харламова шынайы сомдаған. 70-жылдары облыстық қазақ театрлары пьесаға қайта оралды. Уақыт талабынан шығып, пьесаға жанаша көзқараспен келуге ұмтылғандары да, дәстүрлі сахналық түйсік-түсініктен шыға алмағандары да кездесті. Осылардың ішінен өзінің режиссерлік ой-тұжырымының үлесімділігі, сахналық бейнелеу үлгісін табу жағынан тамаша актерлік даралықтарымен көрінгені – талантты режиссер Ж. Омаровтың Қарағанды қойған спектаклі. Мұндағы Жүзтайлақ (Ә. Абылаева, К. Жетімтаева), Майқан (А. Жукин), Қыдыш (А. Ыбыраев), Ділде (Ж. Шашкина), Кәрім (Ш. Жүнісов), Нұрқан (Қ. Жұмабеков) бейнелері – үлкен актерлік табыс. «Т. с.» республика театрларының шығармашылық жаңғыруына мол ықпал жасап, тың ізденістерге жетеледі.

*Б. Құндақбайұлы.*

«ТҮНГІ САРЫН» («Ночные раскаты»), жазушының мақаласы. «Казахстанская правда» газетінде 1934 ж. 28 қыркүйекте «Біздің жазушылар» айдарымен жарияланған. Ә. «Түнгі сарын» пьесасын кеңінен талдап, түсіндіріп, басты идеясын бөліп қарастырады. Жалпы пьеса Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі оқиғасына, езілген қазақ халқының қанаушы топқа қарсы әрекеттерін суреттеуге арналған. 1916 жылғы патша жарлығы жергілікті тұрғындардың ашу-ызасын тудырып, оның ақыры ұлт-азаттық қозғалысына ұласқан тарихи шындықты өз шығармасына арқау еткенін тұтастай алғанда, пьесадағы сюжет пат-

шанық алаяқ қызметшісі әрі жергілікті болыс пен батырақ Жантас арасындағы қақтығыс түрінде өтетін тілге тиек еткен. Одан әрі автор пьесаның премьерасы Октябрь мерекесі карсанында Қазақ мемлекеттік драма театрында өткенін жазады. Сонымен бірге Ә. қазіргі кезде ауылды советтендіру тақырыбына үлкен роман жазып жатқанын еске салады. Роман материалдары 1927–28 ж. бай-феодалдардың мал-мүлкін тәркілеп, өздерін жер аударып, кедей-кепшіктердің бірігіп, жана өмірге бет бұрғаны жайлы деректерден құралмақ. Сонымен бірге жазушы бір кездерде идеологиялық және көркемдік жағынан үлкен қателіктер жіберген «Хан Кене» пьесасын түзету жұмыстарымен шұғылданып жатқанын хабарлаған.

*Б. Мамыраев.*

**«ТҮРКІСТАН СОЛАЙ ТУҒАН»**, жазушының очеркі. Алғаш рет «Әдебиет және искусство» журналының 1955 жылғы 12-санында жарияланды. Бұдан кейін Ә-тің 6, 12, 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді. Бұның жазылуына сол тұстағы тың көтеру оқиғасы себеп болды. Жазушы ақын жайындағы эпопеясын аяқтаған соң, жаңа заман тақырыбына шығарма жазудың жолдарын ойластырған. Өстіп жүргенде «Оңтүстік Қазақстан» (1955, 6 маусым) газетінің бетіндегі Жамбыл мен Шымкент облыстарының шаруашылық, мәдениет, тұрмысына арналған материалдарға көзі түседі де, Жамбыл облысына аттанып кетеді. Осы сапарына арналған блокнот өз мұрағатында (537-папка, 1–52-бет) сақтаулы тұр. Шығармасын жазбастан бұрын Ә. алдымен оның көлемді жоспарын жасады; осындағы ой түйіндерін ұлғайтып, кеңейтіп, көркемдікке ұштастырып барып – «Жолсызда жүрген вагон», «Бас уайым – баспаңа», «Ту далада тұңғыш борзанда», «Қат-қабат», «Етекке оралған ошаған», «Салқын белде сары алтын» деген тақырыптарға сыйғызды. Тың жерде жаңадан ұйымдасқан совхоздың астық өндіргенге дейінгі қандай жол, қандай беле-белестен өткендігі осы тақырып аттарының өзінен де көрініп тұр. Қысы қатал Жонға техника жеткізу де, шеттен келген тың игерушілерді баспаңамен қамтамасыз ету де көп қиындық туғызды. Сондайда көмекке келген жергілікті тұрғындар ол қиындықты бөлісіп егетті. Сол үшін Г. А. Струков (очертке Алексей Иванович Стргов) «Үшбас» колхозы төрағасының кең киіз үйінде отырып, бұл жақтан өдемі Отан тапқанын, Үшбас, Ақтоғай сияқты колхоздың колхозшылары алдында өзінің қарыздар екенін шын көңілімен көсіле әңгімелеген. Осындай ұғыныстық, ынтымақтастық нәтижесі жерді жаңаша түлетуге жеткізгенін жазушы очеркінің басты арқауы етіп алды. Аса шебер, көркем жазылған очерк көп кешікпей орыс тіліне аударылып, «Новый мир» журналында басылып шықты (1957, №12).

*Т. Әкім.*

**ТҮРКІСТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРКІ УНИВЕРСИТЕТІ**, Қожа Ахмет Йасауи атындағы Түркістан халықаралық қазақ-түрік университеті, жоғары оқу орны. Түркістан қаласында орналасқан. 1991 ж. құрылып, Түркістан мемлекеттік университеті деліне, 1993 жылдан бері қазіргі атауымен аталады. Онда 100-ге жуық ғылым докторлары, профессорлар, ҰҒА-ның корреспондент мүшелері мен

академиктері, республика Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаттары дәріс береді. Университет ашылған күннен бастап йасауитану, абайтану мен мұхтартану ғылымынан арнайы курс, семинар өткізіледі. Оқу орнының бірнеше ұстаз-ғалымдары «Абай» және «Мұхтар Әуезов» энциклопедияларын әзірлеуге қатысты. Мысалы, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері М. Мырзахметұлы Абай Құнанбаев пен Ә-тің шығармашылығына байланысты 6 монография, 150-ден астам ғылыми мақала жазды. Екі алып ойшылдың 150 және 100 жылдық мерейтойлары кезінде университетте арнайы ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, нәтижесінде ғылыми жинақ жарық көрді. Абай мен Мұхтар мұрасы көркемөнерпаздар арқылы да насихатталуда. Болашақта бұл ізгі дәстүрлер орнығып, жалғасын табады.

*М. Жұрынов.*

**ТҮРКІСТАН**, Жазушының түркітану туралы ойлары. Ә-тің бұл саладағы еңбектерін екі топқа бөліп қарауға болады. Біріншісі – түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, фольклоры, өнері, этнографиясы, түрколог зерттеушілер туралы ой-пікірлері. Түркі халықтарының ортақ мұрасы, әлем мәдениетінде теңдесі жоқ құбылыс – Орхон тас жазбаларының түп-тегі, мазмұны, көркемдік құрылысы, сол жазуларда аты аталатын тарихи қайраткерлер (Күлтегін, Тонькек, Білге) халқында толғаныстары өте бағалы байқаулар. Мәселен, Орхон тас жазуларында қаһарманның қалың жауға жалғыз шабатын суреттері кездесуі, Ә-тің пайымдауынша, көне замандардан келе жатқан эпикалық дәстүр. Ғалым өзінің еңбектерінде осы дәстүрдің бертіңгі дәуірлердегі түркі халықтары эпосында да жалғастық тапқаны туралы құнды тұжырымдар жасайды. Ресейдің атақты түркологтары В. Бартольдтың, В. Радловтың, Г. Потаниннің, С. Маловтың т. б. еңбектерімен де Ә. жақсы таныс болған. Ал аса көрнекті түркітанушы, түркі халықтарының эпосын («Қорқыт ата кітабы», «Манас», «Алпамыс», «Едіге батыр») терең тексеріп, бұл жұмыстарын өзінің «Тюркский героический эпос» (1974) кітабына енгізген академик В. Жирмунскиймен пікірлес, достық қарым-қатынаста болған. Неміс ғалымдарының қазақ фольклоры үлгілерін топтап, «Алтын отау» деген атпен шығарған кітабын Ә. хатирасына (естелік) арнауы да оның Еуропа түркологтары арасындағы зор беделін сипаттайды. Ә-тің фольклоршы, түркітанушы ретіндегі аса көрнекті еңбегі – «Манас» эпосы туралы монографиясы. Бұл еңбегінде ғалым «Манас» жырының түрлі нұсқаларын салыстырып, атақты айтушылар мұрасымен танысып, үлкен, мәнді қорытындылар жасайды; жырдың генезисі, тарихи замандардағы оқиғалармен байланысы, қаһармандар қатары, көркемдік ерекшеліктері, эпостың шыққан дәуірі т. б. туралы болжамдар білдіреді. Ә. 1952 ж. Бішкек (бұрынғы Фрунзе) қаласында «Манасқа» арналған ғылыми-теориялық конференцияда баяндама жасап, қырғыз эпопеясының халықтық сипатын дәлелдеуі оның тарихи еңбегі болды. Ә. ұлы эпосты жадағай зерттеушілердің, әсіресе белсенді сыншылардың жат тауласынан, гайбатынан арашалап, сақтап қалуда шешуші сөзді айтты. Түркі әлеміне кеңінен мәлім «Даде Қорқыт кітабының» қазақ топырағында сақталған аңыздық, әпсаналық нұсқаларының табиғаты және көркемдік мәні жайында Ә. қазақ фольклортану

ғылымында алғашқылардың бірі болып зерттеу жазды. Оның түрік дүниесінің даңқы жер жүзіне жайылған ұлы ақындары Низами, Науаи, Бабыр, Физули т. б. туралы зерттеулері де түркітанудың төл тақырыбына қосылады. Әлішер Науаи мен Абай ғазалдарының арасындағы үндестіктері алғаш ашып көрсеткен де Ә. Бұл және басқа еңбектері оны көрнекті түркітанушылар қатарына қосады.

*Р. Бердібай.*

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТИ**, жазушының ой-пікірлері. Ә. түрік халықтары әдебиетінің аргы-бергі тарихына жетік ғалым-жазушы. Ол өзінің «Манас» туралы зерттеуінде Түрік қағанаты дәуірінің ақиқатын шежірелеген жас жазушылардың сырына үңіліп, құнды пікір айтқан. Түбірі шығыс елдерінен жаралған, кейіннен түрік халықтары тілінде қайта жаңғырған жазбаша қисса-дастандардың қазақ әдебиетіндегі орны мен мәні туралы түрлі еңбектерінде тоқталып отырған. Ғалым ортаазиялық түркі (кейде бұл термин ескі өзбек тілі деп те аталады) тілінде дүниеге келген ұшан-теңіз жазба ескерткіштерді танып-білген, қадір тұтқан бірден-бір қазақ жазушысы. Оның қыпшақ-түркі тілінде сопылық поэзияның негізін салған Ахмет Йасауи шығармаларын жас кезінде оқып танысқаны кәміл. Ертедегі өзірбайжанның ұлы ақындары Низамидің, Физулидің, бертіндегі Ахундовтың, Сабырдың, Мамедкулизаденің туындыларын ол жетік білген. Ә. Абай мұрасы жөніндегі зерттеулерінде Низамидің «Ескендірнамасы» жайында құнды ойлар кездеседі. Өзбек әдебиетінің ұлы тұлғасы Ә. Науаи туралы алғаш рет байсалды мақала жазған да Ә. еді (1948). Бұрынғы классик Бабырдан бастап, 20 ғасырдағы өзбек әдебиетінің аса көрнекті қайраткерлері Хамза, Қадыри, Айбек, Ғұлам, Қаһар шығармаларын ел жетік таныған. Ал оның қырғыз халқының ұлы ақыны Тоқтағұл, атақты манасшылар С. Оразбақов, С. Қаралаев, прозашы Т. Сыдықбеков турасында жазған еңбектері де аса маңызды. Даңқы жер жүзіне жайылған Ш. Айтматов әңгімелеріне алғаш рет беделді баға беріп, қолдаған Ә. екені ембеге аян. Өзінің жоғары оқу орындарының студенттеріне оқыған дәрістерінде Ә. түрік халықтары классикалық әдебиетінің өкілдеріне (Мақтықұлы, Молла Непес, Бердак, Әжинияз, Тоқай, Ғ. Ибрагимов т. б.) арнайы тоқталып отырған. «*Кейбір ұлт жазушыларының романдары*» (1962) деген мақаласында Ә. татар жазушысы Ғ. Башировтың «Намыс», өзбек прозашысы Айбектің «Алтын атыраптан ескен желдер», қазақ Ғ. Мұстафинің «Миллионер», қырғыз Т. Сыдықбековтың «Біздің заманның адамдары» романдарын өзара салыстырып, олардағы үндес желілер мен айырмашылықтарды, көркемдік жетістіктер мен олықықтарды білгір баяндайды, аталған шығармалардың бәрін ол түпнұсқасынан оқып талдайды. Ә. өзінің мақалаларында және сұхбат-сөздерінде жастарға түрік тілдеріндегі әдебиетті түпнұсқадан оқып білу қажеттігін айтып отырған. Ол әсіресе түрік халықтарының ауыз әдебиетін, атақты ақындар, жанрлар, бақшылар, ашығтар, жырышлар жағдайын терең түсініп, өзінің зерттеулерінде бұл мәселеге кең орын берген. Ә. түрік халықтары әлемге баға жетпес бай көркемдік мұра бергенін, ол қазынаны оқып, рухына нәрлену, келешек буындарға таныстыру парыз деп білді.

*Р. Бердібай.*

**ТҮРІК ӘДЕБИЕТИ.** Ә. – тек қазақтардың ғана емес, басқа да түркі халықтары әдебиетінің заң-

ғар есімдерінің бірі. Әлемдік жаңа тәртіп аясында бауырлас халықтар бірін-бірі әдебиет, мәдени қазына арқылы танып-білуі керек. Мұның бір жолы атақты суреткерлердің шығармаларын, ауыз әдебиеті үлгілерін үйрену, тарту және насихаттау болып табылады. Ә-тің Түркияда еске алынуы, ол туралы еңбектердің жариялануы, оның кітаптары мен мақалаларының аударылуы – қазақ мәдениетінің де танылуы деген сөз. Ұлы жазушының шығармаларын оқып үйрену, оны білу, бір жағынан, жалпы қазақ әдебиеті жөнінде мағлұмат берсе, екінші жағынан, бұл әдебиеттің қалыптасу, даму жолдарымен таныстырады, сондай-ақ ауыз әдебиеті жайында жазылған алғашқы еңбектерден мағлұмат береді. Ә. зерттеген дастандардың үлкен бөлігі ежелгі түркі бірлігі, түркі жұрттары дәуіріне барып тіреледі. Ол зерттеген, қалам тартқан тақырыптар бүкіл түркі әлемі мәдениетінің құндылықтары қатарына жатады. Салыстырмалы зерттеулер үшін қаламгердің еңбектерінің мол пайдасы бар. Өйткені заңғар жазушының фольклорлық туындылары түркі халықтарының арасындағы аспалы көпір іспетті. Осыған орай, Түркияда «Мұхтар Әуезов және оның ауыз әдебиеті туралы тандамалы мақалалары» атты кітап жарық көрді (Анкара, 1997). 1997 жылдың «Әуезов жылы» болып жариялануына байланысты, қазақтар арасында кеңінен танымал болғанмен, түріктерге онша белгілі бола қоймаған Ә-ке қатысты бұрын ешқандай жұмыс атқарылмады. Бұған коммунистік «қызыл идеология» кезінде түріктер жөнінде теріс көзқарастардың орын алғаны да әсер етті, сондықтан түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениеті бұрын Түркияда жан-жақты насихатталмады, кеңінен таныстырылмады. Бұрынғы КСРО құрамындағы республикалар тәуелсіздік алғаннан кейін ғана, бауырлас елдер арасындағы қарым-қатынас жандана бастады. Ғылым докторы, профессор Сәмір Кәзімоғлуның «Түркі қауымдарының әдебиеті» (Анкара, 1994), ғылым кандидаты, доцент Сабахат Теңіз бек Фахрунисса Білежік әзірлеген «Түркі әлемінің қазіргі кездегі әдебиеті» (Станбұл, 1994) атты антологиялық еңбектерде қазақ әдебиетіне, Ә-ке бірнеше бет арналды. Ғылым докторы, профессор Наузат Кесогоғлуның жетекшілігімен шыққан «Қазақ әдебиеті» деген кітапта Ә-ке кең орын берілген. Алайда бұлар ұлы жазушыны жете танып-білу үшін әлі жеткіліксіз. Ал Мұханның 100 жылдық мерейтойына байланысты Түркияда көптеген шаралар іске асырылды. Суреткердің тандамалы шығармаларының 6 томдығы жарық көрді. «Әуезов әңгімелері» жинағына (Анкарадағы «Түріксоь» ұйымы) «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат» туындылары енген. «Абай жолы» эпопеясы кеш те болса, түрікше аударылып басылды («Білік» баспасы). Сөйтіп қазақ мәдениеті мен әлеуметтік турмыс-тіршілігі, Абайдың өз қоғамындағы рөлі мен орны түрік оқырмандарына таныс бола бастады. Бұдан кейінгі кітапқа Ә. туралы қазақтың белгілі қалам қайраткерлері жазған зерттеу мақалалары топтастырылды, авторлардың өмірбаяндары мен суреттері қоса берілді. Аталған кітаптардың бірнешеуі Елбасы Н. Назарбаевтың «Тарих. Тағдыр. Данышпан» атты мақаласымен ашылған. Қожа Ахмет Йасауи атын-

дағы Қазақ-түрік халықаралық университеті шығарған «Билиг» журналының 1997 жылғы 5-саны, Анкара университетінің Түрік тілін оқыту орталығы шығаратын «Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеттері» журналының 14-саны Ө-ке арналды. «Түркі ынтымақтастығы мен өркендеу агенттігі» шығаратын «Еуразия этюдтері» журналы Ө. Нысанбаевтың «Қазақтың ұлы жазушысы – Мұхтар Әуезов» атты көлемді мақаласын жариялады. Жалпы Ө. Бүкіл өмірі мен шығармашылығын халқы мен Отанына арнады, қазақ мәдениетінің көптеген артықшылықтарын әдебиет пен өнер өлеміне сыйлады, өз шығармаларында әлеуметтік шындықтың барлық ерекшеліктерін көрсете білді. Сондықтан уақыт өткен сайын оның шығармалары өзінен кейінгі ақын-жазушыларға ықпал етіп, оқырман жүрегіне жол таба береді, рухани бейнесі биіктей береді. Себебі Ө-ті тану бүкіл қазақ халқын, қазақ әдебиетін тану болып табылады.

Ә. Шынар.

**ТҮРКМЕН ӘДЕБИЕТИ.** Ауыз әдебиеті эпостық шығармалар мен ертегілерге аса бай. Ө. өзінің зерттеулерінде оның әдебиеттегі орнына: «Түрікмен әдебиетінің классигі – Мақтымқұлы (XVIII ғасыр). Совет Одағы көлемінде оның да шығармалары көп жұртқа мәлім боп жайылған» деп баға береді («Әдебиет және уақыт», 1962, 145-бет). Ал жоғары оқу орындарының шәкірттері үшін жасаған бағдарламасында Ө. түрікмен әдебиетінің дәуір-дәуірлерге бөліп қарастыру керектігін көрсетеді; соның алғашқысын «Эпикалық аңыздар немесе түрікмен-оғыз әдебиеті» деп атайды, бұған: «Қисса Жүсіп», «Кероғлы», «Ашиқ Гариб», «Боз оғлан», «Юсуф және Ахмедті» жатқызады. 15 ғасырдан «Исламның қарашығы» («Ревнак аль-ислам») атанған Вефайды жеке бөліп қарайды. 18 ғасырды түрікмен әдебиетінің гүлдену дәуірі деп бағалайды. Содан бергі әдебиеттен Индалибті, Молла Азадидің «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп - Зылиха», «Азади уағызын», *Махтымқұлыны*, Шабеннің «Гүл мен бұлбұл», «Саях пен Хемра», Шейданның «Санаубар», Зелили мен Сейдиді, Магруфиді, Молла Непес жырлаған «Захр мен Ташр», «Кероғлының» нұсқаларын, Кеминені, «Джаш-нама» эпосын, Өл-Қазиді мен Нуридді (Чекелен аралындағы қазақтар көтерілісін жырлаған), Текелердің тарихын баяндайтын «Теке-наманың» авторы Кер Молланы, Құрбан шах пен Ата Салыхты бөліп атайды (№192-папка, 283-бет). Достық қарым-қатынаста болған Б. Кербабев туралы Ө.: «Берді Кербабев – түрікмен совет әдебиетінің ең көрнекті қайраткері. Ақын-жазушы Кербабев тудырған одақ көлемінде мәлім болған роман «Айғытлы адым» («Батыл қадам») және «Ақ алтын өлкесінен шыққан Айсолтан» романы. Алғашқы романда жазушы түрікмен еңбекші шаруа бұқарасының ұлы революция дәуіріндегі тірлігін суреттейді, Шиеленіскен тап тартысы үстінде өзінің бақытын, ырысын тапқан халық жайын баян етеді. Екінші романда Отан соғысынан кейін түрікмен колхозында болып жатқан табыстар суреттеледі. Түрікмен әйелінен ер-азаматына атакты қайраткер боп өсіп жетілген Айсұлтан тәрізді адам образы бейнеленеді» деп жазды (146-бет). Ал «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» мақаласында Ө. жазушының «Батыл қадам» романына ерекше тоқталады. Ө. туралы Кербабев:

«Оның үні ынта қойып, ұйып тыңдайтын бұлбұлдың әсем даусындай әуезді еді, ол өз халқы мен ел-жұртының ғұлама білгірі, сөз зергері еді. Мұхтар екеуіміз жандай жақын дос едік, совет әдебиеті хақында жиі-жиі ұзақ әңгімелесетінбіз, біздің әңгімеміз әлі де таусылып біткен жоқ» деп толғанды («Біздің Мұхтар», 1976, 68-бет). Кейінгі Б. Құдай-назаров «Далалықтар», К. Кулиев «Қара керуен», А. Атажанов «Кремни», Б. Сейтақов «Ағайындар», Х. Дарияев «Тағдыр» романдарымен Кербабев өнегесін жалғастырды. Түрікмен баспасөздерінде Ө. туралы көптеген мақалалар жарияланды. Т. Қасымов пен С. Яйылымовтың аударуында «Абай жолы» (1957, 1958, 1961) түрікмен тілінде басылып шықты. Түрікмен ақын-жазушыларының біраз кітаптары Ө. кітапханасында сақтаулы. Оларда жазушының қойған белгілері бар.

Т. Әкім.

**ТҮСІПБАЕВА** Мәден (1894–1987), жазушының замандасы. «Қаралы сұлу» әңгімесіндегі бас кейіпкердің прототипі. Ө. 1916 ж. Шаған болысындағы Ике-Мүсатай ауылында жаз айларында мұғалім болған. Сол кезде Т-ның күйеуі Адамжанмен дос-жаран боп, солардың үйінде тұрып, бала оқытқан. 1918 ж. Мәденнің күйеуі дүниеден қайтады, жас жесір жұбайының жылы өтсе де, қаралы киімін үстінен тастамаған. Мәденнің Адамжанға шығарған жоқтауы мен оның қаралы күйінен хабардар болған жазушы қазақ әйелінің рухани қайратын бейнелеу үшін «Қаралы сұлу» атты әңгіме жазған. Ол алғаш рет «Таң» журналының 1925 жылғы 2-санында жарияланды. Алайда қазақтық көшпелі тұрмысын сағынады, соны үлгі тұтады, дәріптейді деген айып тағылып, түрмеге қамалғаннан кейін, Ө. «Қаралы сұлу» әңгімесіндегі оқиғаның соңғы түйінін мүлдем керісінше әсер беретіндей етіп өзгерткен. Тағдырдың тезіне орай қайта өңделген әңгіменің «Ескілік көлеңкесі» атты жинаққа кірген нұсқасын машинкаға Мәденнің өзі басқан екен. Жазушы кешірім сұрап, осылай өзгертуге мәжбүр болғанын айтыпты. Т. тоқсан жастан асып барып, Алматы қаласында қайтыс болды. Ер мінезді, өжет, көзі ашық, зиялы жан еді. Жазушы туралы естеліктер жазып қалдырды. «Қаралы сұлу» қалай жазылды?» атты мақаласында ұлы жазушы туралы толғамды пікір айтқан.

Б. Әбдіғазизұлы.

«**ТҮСІПХАН**», қисса. Нақты авторы туралы әр түрлі болжам, дерек бар. Қисса төңкеріске дейін кітап болып шығып, кенінен тараған. Авторы ретінде Ө. Найманбайұлы, Мәшүр Жүсіп Көпеев, Топаи Бейсенбай есімдері аталады. Соның ішінде Ө. Абайдың ақын шәкірттерінің бірі – Топаи Бейсенбайдың «Т.» қиссасының авторы екендігін, бұл жөнінде Абайдың немере інісі Ниязбек Алдажаровтың мынадай жазба қалдырғанын айтқан. Абай ауылында Қарқаралы жақтан келген Түсіпхан атты мүгедек адам болыпты. Аяғы теріс біткен, қолдары қисық, саусақтары бір-біріне жабысып қалған, туа мүсәпір екен. Кешке қарай ақын шәкірттерімен дөң басында әңгімелесіп отырғанда өздеріне қарай домалаң қағып келе жатқан Түсіпханды көрген Абай: «Шіркін, мына Түсіпхан да өмір сүрдім дейді-ау. Қатын, бала, артында қалар қайратты әрекеті жоқ. Ақындықтарына сын болсын, осы Түсіпханды мәңгілік есте қалдыртың, паф, шіркін, ол да өтті дүниеден дегізетін сөз қалдырғандаршы» депті. Мағауия мен Көкбайдың өлеңдері Абайға ұнамайды. Сонда Топаи Бейсенбай ақын





М. Тынышбаев.

«Т.» қиссасын жазып әкепті. Оқып шыққан Абай: «Бейшараның аты енді өшпейтін болыпты» деп мақұлдаған екен. Шындығында қиссада Түсіпхан аса бай, көпес, он шақты қалада дүкені бар, бұла саудагер. Қызылжардан тоғанакпен қайтқан жолда зертең (туя кемтар адамды айтады) деген дертке ұшырап, бүкіл жер жиһанмен қоштасып, арыздасады. Құнанбай мен Ыбырайға сөлем айтады. Ақыры Арқадағы еліне Ыбырай барып естіртіп, жерлейді. Бейсенбай ақын Түсіпханның кемшілігін білдірмей, астарлап суреттейді. «Аяғым жер бетіне түзу із түсірмей кетті», «әйелім Жамал (сұлу деген сөз), байлықтың қызығын көрмедім, қажыға бармадым, медіресе, мешіт салдырмадым» дегеннің астарында Түсіпханның арманы айтылған. Бұл әңгімені Ө-ке Абайдың өмірі туралы көп дерек берген Жұмақұлбай Базарбаев, Қабыш Кәрімқұлов сынды шешіреші қарттар растаған.

Б. Әбдіғазилұлы.

**ТЫНЫШБАЕВ** Ескендір Мұхаметжанұлы (1909–1995), кинооператор. Қазақстанның халық артисі (1994). КазССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1965). Кинодағы қызметі 1928 ж. басталды. «Ана мен бала» (1955), «Біз Жетісуданбыз» (1959), «Шоқан Уәлиханов» (1957), «Даладағы қайық» (1957), «Торап» (1963) т. б. көркем фильмдерді, көптеген деректі, телевизиялық фильмдерді түсірді. Ө. туралы «Советтік Қазақстан» киножурналын түсіруге қатысты (1946, №4, 6–7).

**ТЫНЫШБАЕВ** Мұхаметжан (1879–1937), тарихшы, қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының белсенді мүшесі. 20 ғасыр басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, Алаш қайраткері, тұңғыш кәсіби-техникалық маман, тарихшы-ғалым. Верный гимназиясын (1900) алтын медальмен, С.-Петербург Жол қатынасы ин-тын (1906) үздік бітірген. 1905 ж. С.-Петербург қ-нда өткен автономияшылар одағының I съезінде «Қазақтан және азаттық қозғалыс» тақырыбында жасаған баяндамасында патша үкіметінің шет аймақтардағы халықтарға жасап отырған озбырлығын батыл әшкерелеген. 1906 жылдан Орта Азия темір жол құрылысында инженерлік қызмет атқара жүріп, 1905–07 жылдардағы бірінші ресейлік революцияның ықпалымен азаттық қозғалысына қатысады. 1907 ж. II Мемлекеттік Думаға Жетісу губерниясынан депутат болып сайланып, патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күрес жүргізеді. 1901–1918 ж. Урсатьевск-Әндіжан станциясында темір жол құрылысының бастығы және бас инженері, Жетісу темір жол құрылысына қарасты Арыс-Әулиеата темір жол құрылысы бөлімінің бастығы және бас инженері болып қызмет етеді. Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Дулатовтармен бірге «Қазақ» газетін шығаруға қатысып, 1914–15 ж. газет бетінде қазақ халқын әлемдік өркениет жаңалықтарымен таныстыратын, танымдық көкжиегін кеңейтетін «Темір жол һәм Еуропа», «Аспанда ұшып жүретін машина һәм Еуропа соғысы», «Соғыс кемелері һәм мина», «Сүңгуір қайық» т. б. мақалалар жариялайды. 1916 ж. Жетісу өңіріндегі ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқаны үшін қуғындалады. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Т.

Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі болып тағайындалып, Жетісу өңіріндегі 1916 жылғы көтерілістің зардабын жоюда, қырғыз және қазақ босқындарына көмек ұйымдастыруда белсенділік танытады. Алаштың 1917 жылғы 21–26 шілдеде Орынбор қаласында өткен бірінші бүкілқазақ съезінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына делегат етіп ұсынылады. Сол жылғы 26–28 қарашада өткен Түркістан өлкелік IV Төтенше мұсылмандар съезінде Түркістан Уақытша Үкіметінің төрағасы және Ішкі істер министрі, Алаштың 5–13 желтоқсан күндері өткен екінші съезінде Алашорда үкіметі – Ұлт Кеңесінің құрамына мүше болып сайланады. БОАК-тің 1919 жылғы 4 сәуірдегі «Алашордаға» жасаған кешірімінен кейін Түркістан өлкесінің Жетісу халкоматында түрлі жауапты қызметтер атқарады. 1920 жылдан Ташкенттегі Қазақ Халық ағарту ин-тында ұстаздық етеді, Орыс геогр. қоғамы Түркістан бөлімінің, Қазақстанды зерттеу қоғамының, «Талап» қоғамының ғылыми жұмыстарына белсене араласады. 1921–26 жылдары Түркістан темір жол бөлімі, Түркістан АКСР Су шаруашылығы басқармасы, Ташкенттегі жер суландыру бөлімі мен Жетісу губерниялық атқару комитетінің Жол бөлімінде түрлі басшылық қызметтер атқарады. 1927 ж. Түркіб темір жол жобасын жасауға қатысып, кейін магистральдің құрылысына белсене араласады. Сталинизмнің Қазақстандағы жергілікті көрінісі – голошекиншілдік кезінде 1930 ж. тұтқындалып, 1932 ж. Воронежге жер аударылады. Айдауда болған 1933–37 ж. Мәскеу–Донбасс темір жол құрылысында инженерлік қызмет атқарады. 1937 жылдың басында айдаудан босатылып, еліне оралған Т. қайтадан тұтқындалып, репрессия құрбаны болады.

Т. ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, Қазақстан тарихы мен қазақ халқының рулық-тайпалық құрамы туралы құнды еңбектер жазды. Ташкент Қазақ педагогика институтында сабақ берді, тарих, археология және этнография салалары бойынша ғылыми жұмыстар жүргізеді. Осында Ө-пен жақын таныс болады. Бұл жылдары Ө-пен бірге Мәскеу өлкетану қоғамының орталық бюросына мүше болып, ғылыми-мәдени жұмыстармен шұғылданады. Т. қазақ тарихына арналған (негізінен орыс тілінде жазған) құнды еңбектер де қалдырды. «Қазақ халқының тарихы», «Ақтабан шұбырынды», «Ежелгі қала Жыланбалықтың орны туралы» т. б. шығармалары бар.

М. Құл-Мұхаммед, К. Нұрпейіс.

**ТЫНЬНОВ** Юрий Николаевич (1894–1943), орыс жазушысы, әдебиет зерттеушісі. 1918–1921 ж. Коминтернде аудармашы, 1921–1930 ж. Ленинград университетінде профессор болды, лекция оқыды. «Тоголь және Достоевский» (1921), «Архаистер және Пушкин» (1926), «Пушкин және Тютчев» (1926), «Өлең сөздің мәселелері» (1924) т. б. еңбектері жарық көрді. Көркем әдебиетте ол тарихи тақырыптарға қалам тартты, бұл саладағы тұңғыш еңбегі – «Кюхля» (1925), бұдан кейін «Уәзір Мұхтардың өлімі» (1927–28), «Пушкин» (1935–1943) романдарын, «Балауыз маңғаздық» (1931), «Жасөспірім Витушишиников» (1933) повестерін М. Горький жоғары бағалады. Т. 1937 ж. наурыз айында «Пушкин» романына автограф жазып, Ө-ке сыйлаған. Онда: «Қазақтың Пушкині

– Абай туралы романның авторы, аса қадірменді Мұхтар Әуезовке» деген жолдар бар. Ө. «Абай» романының жазылуы жайынан» деген мақаласында: «Бұл ретте мен Ю. Тыняновтың «Уәзір Мұхтардың өлімі» деген романы жөнінде сын пікірлерді, әсіресе ондағы Грибоедовтың өмірі мен қызметі халық тарихынан бөлініп алынғаны басты кемшілік боп табылғанын қатты ескердім. Абайдың өмірі мен күресі арқылы сол дәуірдегі халық өмірін айқын суреттеп көрсетуім керектігін терең ұқтым» деген.

*Т. Әкім.*

**«ТҮҢ ОЙЛАРЫ»**, жазушының мақаласы. 1961 ж. 3 наурызда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді. Ө. өзінің мақаласында «Тың жайын ауызға алсақ, тың ойлар көңілеге оралады» дейді. Ол тың өлкесін Ұлы Отан байлығын молайтатын, жаңадан табылып ашылған кең қазынадай, кең молшылық пен басталмаған байлық деп санайды. Сол кездегі Алматы, Жамбыл облыстарының, күрші өсіретін Сыр бойының мол аймағына айналғанын айтады. Оңтүстік Қазақстанда, Мырзашөлде анық ғылымдық мәдениетті өнерге сүйеніп, мол мақта өндіріп жатқан Қазақстан совхоздарын, колхоздарын тың ырысы деп біледі. Сол уақыттағы тың өлкесін әр тұқымды асыл дән, елсіз, нәрсіз болған даланың енді ғана иіген жемісінен алтын дән ағып тұрғандай деп суреттейді. Тың өлкесіне Отанның шартарапынан еңбек сүйгіш, өнерлі, қолдарында өнімді машиналары бар, әр сала шаруада, әр түрлі мамандықтағы ұлқыздарымыздың келгенін айтады. Жан-жақтан келген жастардың бұл еңбегі тарих міндеті деп түсінгеніне қуанады. Ө-тің ойынша, олар тек өздері еңбек етіп жүрген саласын ғана білмей, бүкіл Қазақстанның бар болмыс шындығын, мүмкіншілігін, алдағы жарқын даму, өсу жолдарын да танып, білу қажет деп санайды. Сол сияқты Қазақстан тарихының да арғы-бөргі жайларын, шындықтарын, өзгешеліктерін білу керек дейді. Себебі социалистік шаруасын үдетуші, байытушы жұртшылық атаулының бәрі тарихты жасаушылар деп түсінеді. «Тарихты жасаушы тарихтың ұлы-қызы бұрынғы-соңғы тарихтың әр сыртын, бар сырын біле өсудің өзі де советтік социалистік тәрбиенің ұлы мазмұн, мағнасы» деп, заманның тыныс-тіршілігіне үстемдік еткен коммунистік идеология ықпалымен кеткен.

*А. Болсынбаева.*

**ТЫЧИНА** Павло (Павел) Григорьевич (1891–1967), украин ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері, Украина ҒА-ның академигі (1929), Болгар ҒА-ның корреспондент мүшесі (1947), Соц. Еңбек Ері (1967), КСРО және Украина Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты (1941 және 1962). Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында Т-ның «Күн кларнеттері» (1918), «Партия бастап келеді» (1934), «Бір семья сезімдері» (1938) деген жыр жинақтары мен «Досты жерленгенде» поэма-сында (1943) ақынның үнемі іздену, өсу, өрлеу жолында болғанын, халықтар достығын жырлаудан танбағанын аңғартады.

**«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ МӘСЕЛЕСІ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет 1951 ж. «Әдебиет және искусство» журналының 4-нөмірінде пікір алысу ретінде жарияланды; ықшамдалған нұсқасы сол жылы

«Коммунист» журналының 3-санында «Қазақ әдебиеті тілінің кейбір мәселелері жайында» деген атпен жарық көрді. Кейін Ө-тің 12 томдық шығармалар жинағына (1969, 12-кітап, 59–84-беттер) және 20 томдық шығармалар жинағының 19-кітабына (1985, 247–272-беттер) енгізілді. Мақала қазақ әдеби тілін өркендету жолдарын баяндауға арналған. Қазақ әдеби тілін жасауда Абай еңбегінің орасан зор екеніне тоқталған. Біріншіден, Абай қазақтың халықтық, салттық және ауыз әдебиетіне көрік берген сөз қорын молынан пайдаланып, халықтың әдеби тілін қалай жасаудың үлгісін көрсетті. Екіншіден, Абай өзіне дейін шұбарланған, көпшілікке түсініксіз кітаби тілді мансұқтап, өзінің көркем шығармаларын өз халқының тілімен жазды. Бұл – ұлы ақынның өзгешелік, ірілік, классиктік сипаты еді. Осылай дей отырып, Ө. «Қазақ әдеби тілін Абайдан басталады» дегенге дау айтады, келіспейді. Оның ойынша, әдеби тіл – қалыптасқан халық тілі, сондықтан ол бір дәуірдің бір ғана жазушысымен бірге тұмайды. Демек Абай алдындағы қазақ халқының көп ғасыр бойы келе жатқан өлең-жырларындағы, эпостарындағы тілдерді қайда қоймақпыз? Фалым сондай-ақ әдеби тіл Қазақстанның белгілі бір аймағында (солтүстік-шығыс) пайда болды дегенге де қарсы шығып, дәлелді уәждер келтіреді де, Абайды әдеби тілді бастаушы, оны дамытып, байытушы, оны биік белге көтеруші классик деп бағалаған. Автор қазақ әдеби тілінің Абайдан кейінгі мән кезендерін, жолдарын сөз еткенде, оның шынайы қалыптасып, халықтың нағыз әдеби тіліне айналған кезі – кеңес дәуірі деп тұжырымдайды. Жазушы одан әрі тілді байытып, әдеби тілді толықтыратын сөздіктер жасау мәселесіне ойысады да, бұл саланың жаңадан қолға алына бастағанын ескертеді. Ө. кеңес дәуірінде «екінші апа тілімізге» айналған орыс тілі туралы кеңірек тоқталып, оның мән-маңызын, қазақ тілінің сөздік қорын байытудағы рөлін атап көрсетпек. «Жаңалық үлгіні алғанда, қазақ тілінің бар заңына, күйлілік, көркемдік орамына, кеспесіне қайнасыз қосылғандай, жымы білінбестей етіп араластыру шарт. Болмаса, орысша ойлаған ой, табылған теңеу олақ аударма тәрізді ойқы-шойқы келеді, таразы теріске ауады. Бұндай ізденуден жеміс тұмай, дәрменсіздік қана туады» деп, кірме сөздерді пайдалану мен қолданудың рет-тәртібін, жол-жүйесін айқындап береді, орынды мысалдар келтіреді. Ө. бұдан кейін жазушылардың қазақ әдеби тілін жасаудағы ізденіс жаңалықтарын – сөйлем құрау, синтаксис жөнінде сөз еткен. Шынында әдебиетте құрмалас сөйлемді келісті де орынды қолдану – өнімді ізденудің бір түрі. Алайда тіл мамандарының көбі сөйлем құрудағы ізденістерді, жаңалықтарды, табыстар мен олықлықтарды зерттеу нысанына айналдыра алмай келе жатқанына өкініш білдірген. Оның үстіне орыс тілі мен шетел тілдерінен алынған атау-атаулардың орфографиясы бізде әлі дұрыс жолға қойылмаған, орыс сөздері мен шетел атаулары орысша қалай жазылса, қазақша да солай жазылып жүргенін, бұл «қағида-ның ұлт тілдерінің заңдарын күйретіп, орфографиясында анархия тудыратын аса зиянды көрініс екенін ашына жазған ұлы қаламгер. Тілді «таптық құбылыс» деп таныған Маррдың «жаңа ілімін» де сынға алған, бұл жүйенің тілтануға ғана емес, әдебиеттану ғылымына да зор залал келтіргенін ескерткен. Ұлы суреткер тілтанушы ғалымдар мен

ақын-жазушылардың сөз қолданыстағы жетістіктерін, кемістіктерін де назардан тыс қалдырмаған. Мысалы, Өуезовтің тілінде құрмалас сөйлем жасаудағы жаңалықтармен қатар, кейде сөйлемдері жас оқырманға ауыр келетіні бар. Мұқановтың тілінде құрмалас сөйлем көбінесе түсінікті, қонымды болумен бірге, көркем проза тілінде салақтық көп. Мүсіреповтің тілінде мөлдір түсініктілік, көркемдік, қонымды шеберлік мол, бірақ көп сөйлемдері көркем аударма есепті болып, жасандылық қалпына тарта береді. Мұстафиннің тілінде айызынды қандырып, сүйсіндіріп отыратын шеберліктер, тапқырлықтар, әдемі диалогтар қалыптасқан, алайда адамдар ұзақ сөйлей бастаса, тапқырлық азайып, ой кенеуі жүдеп, белбөуі босап кетеді. Тоқмағамбетов нелер асыл, қызғылықты сөздерді ой жағынан саяз, мардымсыз қолданады. Жароковтың тілінде тасқын, қарқын, әсем айшық, өршіл көріктілік көп болғанмен, тілдік теңеу мен образдар жасауда алогизм жиі ұшырайды. Тағы бір кемшілік – көп жазушыларымыздың сөздігі шағын, тілі кедей. Тәжібаевтың өлеңінде үлкен сезімді сыршылық бар, бірақ сөздік қоры бай емес. Иә, қазақ көркем сөзінің теңдессіз шебері, ғұлама ғалым Ө-тің аузынан мұндай сын-пікірлерді есіту кімге болса да зор мәртебе әрі үлкен сабақ, үйрену, толтысу мектебі болмақ. Сөйтіп зерттеуші жалпы әдеби тілдің теориялық және практикалық қыр-сырын жан-жақты, ғылыми түрде талдап берді.

Ө. Қайдар, Н. Ақбай.

**ТІЛЕНДИЕВ** Нұрғиса Атабайұлы (1925–1998), композитор, дирижер, күйші, асқан домбырашы. Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы (1998). Қазақстанның (1974) және КСРО (1984) халық артисі. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1983). Алматы консерваториясының құрметті профессоры (1995), Алматы қаласының құрметті азаматы (1994). Шығармаларына еркін тегілген әсем әуен, сымбатты ырғақ, нәзік сезім мен лиризм, азаматтық пафос пен динамикалық серпін тән. Ө-тің либреттосы бойынша А. Жұбанов пен Л. Хамиди жазған «Абай» операсына дирижерлік жасаған (1953, 1957).

**ТІЛЕПОВ** Жұмат (1944 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1997). 100-ге жуық ғылыми еңбектің, ондаған публицистикалық мақаланың, «Таң шапағы», «Ерекше күн» атты поэзиялық және прозалық кітаптардың авторы. 1997 ж. Ө-тің 100 жылдық мерейтойы кезінде Семей, Алматы қалаларында өткізілген ғылыми конференцияларда баяндама жасаған. Ұлы жазушының жыраулар мен ақындар шығармашылығы туралы ой-пікірлерін «Қазақ поэзиясының тарихылығы» (1994), «Елім деп еңгерген ерлер жыры» (1995) деген монографияларында, «Ұлы суреткер ұлағаты» (1997) атты ұжымдық жинақта жан-жақты пайымдады.

**ТІЛЕУБЕРДИЕВ** Ыдырыс (1920 ж. т.), мемлекет және қоғам қайраткері. Ө-пен бірнеше рет кездескен, дос, пікірлес болған. «*Оңтүстік саларынан*» деген очеркінде Ө-тің: «Қала халпын, көшелер аралығында екінші секретарь Тілеубердиев Ыдырыспен жүрген едік» деген сөздерінен олардың таныс-біліс екендігі аңғарылады. «Оңтүстік жайынан роман жазар болсам, ең қымбат жас героиларым бірін-бірі ең алғаш сүйгенде, осы Кентауда сүйсін дер едім» деген сөзді жазушы Т-тің қала жайын жеткізе баяндағанынан кейін айтқан. Өзінің

жаңа романын Кентау қаласына келіп жазуды ниет еткен Ө-тің: «Ыдырыс, мен келесі жылы жазда келемін, маған қонақ үйінде емес, қала, ендіріс орындары көрініп тұратын көп қабатты үйлердің біреуінен ыңғайлы бөлме дайындатарсың» деп тапсыруы да – бұлардың арасындағы достық байланыс белгісіндей.

Р. Бердібай.

**ТІЛЕУОВ** Сыпабек (1926–1990), жазушының замандасы. Жоғары білімді, ұзақ жылдар шаруашылық, кеңес, партия орындарында басшылық қызмет істеген. Ө-тің «Оңтүстік Қазақстан» очеркі мен көркем туындыларының кейіпкері. 1959 ж. қыркүйек айында жазушы облысқа келген сапарында Георгиев ауданының «Большевик» колхозына келіп, сол кездегі колхоздың төрағасы Сыпабектің үйінде болып, оның анасы – Көркем кейуанамен сұхбаттасып, болашақ романға қажетті материалдар алған. Т-тің отбасымен фотосуретке түскен, көп уақыт хат жазысып тұрған.

К. Сыздықов.

«**ТІЛ ЖӘНЕ ЖАЗБА**», жазушының мақаласы. «Қазақ ССР тарихының» (А., 1957) 1-томының «Қазақ халқының XV–XVIII ғасырлардағы мәдениеті» (VIII тарау) тарауына жазған мақаласы (230–232-беттер). Мақала авторы қазақ тілінің түп төркіні жайында: «Қазақ тілі Қазақстан жерін ерте заманнан жайлаған және өздерінің тегі жағынан біріне бірі жақын тұратын қаңлы, үйсін, қыпшақ, найман, арғын және басқа тайпалардың тілдері негізінде қалыптасқан» деген. Мақалада қысқа, нақты түрде қазақ тілінің даму, қалыптасу жолы көрсетілген. Ислам дінінен бірге келген араб әліппесінің фонетикалық жағынан қазақ тілінің қажеттілігін толық қанағаттандыра алмағандығы және балалардың үйренуіне қиындығы бар екенін көрсеткен. Мақала мәтінінің арасында араб әліппесі кестемен берілген. Балаларды оқыту діни-догмалық сипатта болып, тек өте аukatты отбасылардың балалары ғана Бұхар, Самарқан т. б. Орта Азия қалаларына барып оқи алған дейді. 15–17 ғасырларда қазақ тілінде негізінде діни, тарихи-аңыз мазмұнындағы кітаптар таралғанын айтқан. Наурызға қатысты кітаптар, орта ғасырлардағы тарихи кітаптар, шөжірелер жайында қызықты деректер бар.

Р. Ықыласов.

«**ТІЛШІ**», газет. Жетісу облыстық төңкеріс комитеті мен облыстық ортақшыл партия комитетінің органы ретінде аптасына бір рет Алматыда шығып тұрған. 1-саны 1922 ж. 18 тамызда жарық көрді, алғашқы редакторы – С. Оспанов, соңғы редакторы О. Беков болды. Газет Жетісу облысында кеңес өкіметі жүзеге асырған шаруашылық, мәдени, оқу-ағарту шаралары мен Компартия саясатын кеңінен насихаттады; дінге, әдет-ғұрыпқа қарсы күрес жүргізді. Әдебиетке де үлкен орын берілді. Газеттің 1927 жылғы 20 шілдедегі санында: «Алматыға Мұхтар Өуезұлы келді» деген хабар басылып, жазушының жолсапар мақсатымен оқырманды таныстырды, ал 1929 жылғы 22 сәуірдегі санында жазушының «Хан Кене» пьесасының Алматыда қойылғаны туралы жазды. Басылым 1924 ж. 24 маусымда жабылды, барлығы 443 нөмірі жарық көрді.

Б. Байғалиев.

# У-Ф

**«УАҚ ҚАРЫЗ СЕРІКТІГІ»**, ұйым. Халықты тарихи-әлеуметтік өзгерістердің зиянды әсерлерінен қорғап, жаңа жағдайға бейімдеу үшін құрылған. Семей қаласында 1918 ж. ұйымдасты. Серіктіктің мақсаты мен жұмысы 1918 ж. «Абай» журналының 10-санында баяндалған. Мақалада Ресейде көп жылдар бойы сыннан өткен ел басқару жүйесі талданып, соның жақсы жақтарын қазақ жерінде қолдану жолдары жазылған. Ө. оның жұмыстарын ұйымдастырумен қатар, ел арасына барып іске асырушылардың бірі болған. Құлатай Ақбердиннің естелігінде 920 жылғы демалысында Мұхтар жайлауда отырған ауылға келіп, Дос болысында тұңғыш рет тұтынушылар кооперативін ұйымдастырды. Мұның кедейлерге көп пайдасы тиді деген («Біздің Мұхтар», А., 1976, 360-бет). Мінәш Әрхамқызы әкесіне Мұханның ауылда қалған кедей ағайындардың басын қосып артель құруды, ол үшін мал, соқа, сайман, шөп машинасын ортаға салуды, Байқошқар, Бақанас өзені бойынан құнарлы жер алып, қала, мектеп, аурухана салып, су диірмен орнатуға қажетті қаржы, маман адамдарды өкімет тарапынан әперуге көмектесуді, әйтпесе байдың малын баққаннан басқа мамандығы жоқ, қолында малы жоқ қазақ аштан қырылады деп ұсыныс айтқанын жазған («Әуезов үйі», ФМО, қолжазба қоры, 671-папка, 144–145-беттер). Осы естеліктерден Ө-тің іс жүзінде атқарған жұмыстарымен қатар, кейін, 1932 ж. қырғынға ұшыратқан жағдайдың себептерін алдын ала көрсеткен.

*Р. Әбдіғұлов.*

**УАХАТОВ** Бекмұрат (1932–1984), әдебиет зерттеуші, фольклоршы. Филология ғылымының докторы (1975). Ө-тің өмірі мен шығармашылық қызметі туралы «Абай жолы» романының көркемдік ерекшелігі жайында («ҚазССР ҒА Хабарлары. Филология және өнертану сериясы», 1960, №1/14). «Мәдениетіміздің маржаны» (3. Әйтимовпен бірге; «Тың өлкесі», 1963, 7 желтоқсан), «Өшпес өнеге» («Қазақ университеті», 1967, 4 шілде), «Қазақ фольклорының қамқоры» («Социалистік Қазақстан», 1977, 25 қараша) т. б. мақалалар жазды. «Эскизден эпопеяға», «Таланттар, туындылар» (1969) зерттеу еңбектерінде Ө. айтқан ой-пікірлерге жиі-жиі жүгініс жасап, ұлы жазушының ірі шығармаларына байланысты көкейтесті мәселелер қозғаған.

**УӘЛИҰЛЫ** (У ә л и е в) Нүргелді (1945 ж. т.), тіл білімі маманы. Филология ғылымының докторы (1999). Ғылыми еңбектерінде Ө-тің шығармаларындағы сөздің этнографиялық, фразеологиялық қызметтерін таныту мәселесін қамтыған: Әуезов халқымыздың байырғы салт, дәстүріне қатысты сөз байлығын көркем тіл кестесіне түсірудің ай-

рықша үлгісін көрсетті деп, жазушының кейбір сөз тіркестерін қолдану ерекшеліктері жөнінде толғапды олар айтқан («Сөз мәдениеті», 1984, 54-бет). Сондай-ақ Ө-тің қаламы әдеби тілге жалпы-халықтық тілдің диалект нысанына тән элементтерін қарама-қарсы қоя отырып, көркемдік тәсілдің жаңа бір үлгісін жасады деп, ұлы жазушының туындыларындағы ерекшеліктерді тануда тың ойлар қосқан («Фразеология және тілдік норма», 1998, 123-бет).

*Р. Әлмұханова.*

**УӘЛИ** (1738/41–1821), хан (1781–1821). Абылайдың жүргізген саясатын қолдап, Ресеймен де, Қытаймен де қарым-қатынасты үзбеді. Бірақ бодандыққа мойынсынбай, дербес хандық саясат жүргізді. Бұған риза болмаған әрі қазақ даласы арқылы Үндістанға шығуға ұмтылған патша үкіметі 1815 ж. Барақтың тұқымы Бөкей сұлтанды Орта жүздің екінші ханы етіп бекітті. Бұдан кейін билік бүтіндей Ресейдің қолына көшіп, Орта жүзде хан сайлау ісі мүлде тоқтатылды. Қазақ хандығының құлап, Ресейдің отарына айналған қазақ елінің бодандыққа түсуінің себептері мен оның зардаптары туралы мәселе Ө-тің басты ғылыми-шығармашылық тақырыбы болды. Уәли ханның тақ мұрагерлігінен шеттетілуінің отаршылық-бодандық саясат тұрғысынан алғандағы патшаның үстем піғылын, 1822 жылғы «Сібір қазақтарын басқару туралы» бірінші нұсқаның қазақ ұлтын басыбайлы етуге арналған заң жобаларын Ө. өзінің негізгі шығармалары мен зерттеу еңбектерінің барлығында барынша кең әрі терең талдады. «Әдебиет тарихы» (1927), «Абайдың өмірі мен ақындығы» (1939), «Абай (Ибраһим Құнанбаев)» (1959), «Абайтану дәрістері» (1994) атты дербес монографияларында бұл мәселеге ерекше тоқталды. У. ханмен қазақ хандығы аяқталды, патшаның жарлығымен қойылған Бөкей бастатқан тәуелді хандар мен аға сұлтандар заңды мемлекеттің – хандықтың иесі емес деп есептейді. Жазушы бұл идеясын «Еңлік Кебек» (1922), «Қилы заман» (1978), «Хан Кен» (1928), «Абай жолы» (1940–1954) атты көркем шығармаларында жазды.

*Т. Жұртбай.*

**УӘЛИХАНОВ** Шоқан (М ұ х а м м е д х а н а ф и я) Шыңғысұлы (1835–1865), ғалым, шығыстанушы, публицист, қоғам қайраткері. У. пен Ө. әр кезең-

де өмір сүрсе де, олардың арасында терең рухани байланыс болған. Бірінші, қырғыздың «Манас» жырын ел аузынан жинап, ондағы аңыз желілерін зерттегенде, Мұхтан У-тың зерттеулеріне сүйенген, өмірінің ақырына дейін «сахара Одиссеясы» атанған шығарманы насихаттаушы болды. Екінші, 1856 ж. У. пен Ф. Достоевскийдің шынайы достығын сипат-



«Ш. Уәлиханов»  
Суретші А. Мартова



Уәсила Мағауияқызы.

таған «Ф. М. Достоевский мен Шоқан Уәлиханов» атты мақаласын жазды. Мақалада Достоевский У-тың болашақта өз халқының жарық жұлдызы болатынын жақсы түсінгенін айтады. Ұлы орыс жазушысының Шоқанға жазған хаттарынан үзінділер келтіріп, оның жас Шоқанға деген сүйіспеншілік сезімін көрсеткен. Осы мақаладан Шоқанның сол кездегі Ресейдің алдыңғы қатарлы ақындары,

ойшыл демократтары А. Майков, Я. Полонский, В. Крестовский, Н. Добролюбов, Н. Чернышевскийлермен таныс болғанын көреміз. Шоқанның терең ақыл-ойы, адамгершілік, отаншылдық қасиеттері Достоевский тұлғасымен қатар көрсетілген. Үшінші, С. Ермолинский жазған фильмнің сценарийін талқылаған кезде Шоқанның тарихи рөлін дұрыс көрсету туралы Мұхаң құнды пікірлер айтты. Бұл тұста Ә. Шоқанды тек Қазақстан шеңберінде ғана қалдырмай, жалпы Ресейлік деңгейде көрсету керектігі жөнінде ұсыныс білдірді. Н. Сац, Чернышевский сияқты орыс зерттеушілеріне У. туралы көптеген мағлұматтар мен пайдалы кеңестер берген. «Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері» деген мақаласында: «Шоқан болса, айқынырақ түрде анықталып келе жатқан ғалым еді. Ол саяхатшы, этнограф, мәдениетті тарихшы болып қалыптанып өсті. Ол өз заманындағы алдыңғы қатарлы Россия интеллигенциясының өкілі болды. Туысы қазақ болғанмен, өз сол дәуірдегі бүкіл Россияның озық ойлы, кең салалы жолы бар қайраткерлерінің бірі болған дәрежеге жетті. Соған орай Шоқанның еңбегі де қазақ тілінде ғана өткен жоқ. Өз заманындағы өз халқының буындарына Шоқан танылмай, білінбей де кетті. Өйткені оның еңбектері орыс тілінде жазылды, мұнысы заңды да еді. Өз уақытында кейінгі қазақ жастарына орыс мәдениетін үлгі, үгіт етіп тартумен қатар, өз еңбектерін орыс тілінде жазып, жариялауы да ол үшін ең қажет, ең дұрыс жол еді» деп, Шоқандағы, Ыбырай мен Абайды қазақ халқының тарихындағы үш мұнараға теңеген. 1959 ж. 15–19-маусымда Алматы қаласында өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде: «Шоқан 1860 жылдардағы орыс әдебиетінің алдыңғы озғын, халықтық-демократиялық ой-өрісіне жеткен еді» деп, жоғары баға берген. Ә. «Қазақ ертегілері» (1957) жинағына жазған алғы сөзінде Шоқанды ертегі жанрын зерттеуші және Г. Потанин т. б. зерттеушілерге кеңес беруші ретінде көрсеткен. Шоқан алдыңғы қатарлы демократиялық озық мәдениетті меңгермесе, Шоқан болмас еді деп, тұғыры биік тұжырым жасады.

*М. Қайырғалиев.*

**УӘСИЛА** Мағауияқызы (1890–1954), Абайдың немересі. Кішкентайынан алғыр, Абай атасының өлеңдерін бір естігеннен жатқа айтқан. Немересінің осы қасиетін, ерекшелігін байқаған ақын оған қолжазбаларының бірін сыйлаған. Атасы берген қолжазбаны У. Ә-ке табыс еткен. У. он саусағынан өнер тамған ісмер болған, өлең шығарған. Ұлы жазушы У-ны Семейден алдырып, Алматыдағы Қазақ опера және балет театрына тігінші етіп орналастырған. Ол «Абай» операсының қойылымдары үшін ұлттық

киім үлгілерін тіккен, сөйтіп өзінің ісмер тігінші екенін таныта білген. 50-жылдары Мұхаң арнап шапан тіккен екен, сол шапан Ә-тің 100 жылдық мерейтойына орай ашылған жаңа экспозициялық көрме залына экспонат ретінде қойылды.

**УБРЯТОВА** Елизавета Ивановна (1907–1990), якут тіл білімі маманы, түрколог. Филология ғылымының докторы (1953), профессор (1956), Якутияның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1956). Шығармалары саха, түркі тілдерін зерттеуге арналған. «Якут тілін зерттеу тарихының очеркі» (1945), «Якут тілінің синтаксисін зерттеу» (1-бөлім, 1950; 2-бөлім, 1975) т. б. ғылыми еңбектері шықты. Ә-ті сырттай білгені болмаса, тікелей таныс болмаған. Бірақ ұлы жазушының шығармалары арқылы рухани байланыс жасап тұрған. 1946 ж. 20 маусымда Ленинградтан жазған хатында қазақ жазушысының академик болып сайлануын құттықтай отырып: «Бүгін бойы Сіздің «Абайыңыз» маған жұмыс істептеді. Бұл шынында ғажап дүние. Түпнұсқасында оқуға әрекеттеніп көрем» десе, екінші хатында Ә-тің жіберген кітабын алғанын айтқан. Ал үшінші хатында Сталиндік сыйлық алуына байланысты жүрек жарды сөздерін айтып, совет жеріндегі ең ірі жазушы екеніне, оны тағы бір «қазақшылықтың» бүлдіріп кетпеуіне тілектестік білдірген («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 316, 363, 379-беттер).

*Ш. Елеуқанов.*

**УИТМЕН** Уолт (1819–1892), американ ақыны. Жырларында азаттық жайлы ойларын, адам мен табиғаттың ұлылығын, еңбек адамдарын, қарапайым америкн азаматының тұрмыс-тіршілігі мен сезім-тынысын бейнеледі. Ә. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» атты мақаласында шығармадағы көпсөзділікті сынап келіп, «көпсөзділік пен ойы ұштасқан» жазушы У-нен үлгі алады, өйткені «ой болмаса, шығарма терең қасиетті» болмай шығатынын, ал «позицияның аз сөзді болуы жақсы нәрсе» екенін ескерткен.

**УКРАИН ӘДЕБИЕТІ.** Украин ауыз әдебиеті тұрмыс-салт жырлары мен эпостық әфсәнарлардың – былиналардың негізінде дамыды. 10 ғасырдағы Киев русі тұсында жазба ескерткіштер, жылнамалар дүниеге келді. Славян халықтарының алғашқы баспагері И. Федоров «Апостол» атты тұңғыш кітапты сол кездегі украиндардың астанасы Львовта 1574 ж. басып шығарды. Г. Смотрицкий (16 ғасыр), Г. Сковорода (1722–97), И. Котляревский (1769–1838) украин әдеби тілінің негізін қалады. Ол туралы Ә.: «Украинаның ұлы философ-ағартушысы Григорий Сковорода (XVIII ғасырда тірлік еткен қайраткер) украин әдебиеті мен орыс әдебиетіне де әсер етеді. Ол Л. Толстой, Лесков шығармаларына да әсерін тигізген» деп жоғары бағалады (20 томдық шығармалар жинағы, 19-том, 436-бет). Украин халқының ұлы ақыны Т. Г. Шевченко (1814–61) өзінің шығармашылығы арқылы туған елінің рухани әлемін, ұлттық сана-сезімін, еркіндікке ұмтылған ұлттық қозғалыс деңгейін жаңа сатыға көтерді. Оның «Кобзарь» (1840), «Гайдамактар» (1841) атты шығармалары украин әдебиетінің классикалық үлгісі болып табылады. Туған халқының азаттығы үшін күрескен Шевченко қазақ даласына жер аударылды. Арал теңізі мен Маңғыстау түбегінде өткізген 10 жылдың ішінде жергілікті ха-

лықтың мұң-мұқтажын терең түсініп, тағдыр талайын жыр етті, көптеген суреттер салды. Ө. 1954 ж. Украинаның Ресейге қосылуына байланысты рәсімде сөйлеген сөзінде: «Өткен шақтың көңілсіз бір дәуірін еске алсақ, тарихтық трагедия басында тұрған, қапалық шеккен бір халық бар еді. Осы халықтың сол мұнды күйі Украина халқының ұлы азаматы Тарас Григорьевич Шевченконың азалы шығымен аралас еді. Ол ұлы жан құла түзде, жат өлкеде көп жылдар азап шекті. Ер қайратты зор жүрегі мойымаса да, азап жазаға бұйырылған Прометейдің қасіретін тартты. Со қу медиен құнарсыз өлке – Қосаралда ол заманда қуаныш былай тұрсын, нашар бәна күн көрістің өзі де мұң еді. Өзі де бұл өлкенің гөтені, өгей ұлы болған ол күннің қазағы да сорлы өмір кешкен. Ол әрі табиғаттың, әрі шөл ғасырлар тарихының өгей ұлы еді. Сол жапа шеккен халықтың ықтиярсыз келгін болған ақын Тарас сезімтал жүрегімен қайғылы халықтың қасіретін ұқты. Ен даланың мұңына оның сан алуан қапа-қасіретін қоса түсінді» деп атап өтті (сонда, 291-бет). Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында украин, қазақ әдеби байланысына ерекше көңіл бөліп, саралай талдады. Сондай-ақ КСРО Жазушылар одағының 1954 ж. өткен екінші құрылтайындағы «СССР халықтары әдебиетіндегі көркем аударма» деген тақырыпта сөйлеген сөзінде де («Дружба народов», 1955, № 2) украин жазушылары шығармаларының қазақ тіліне аударылуы тәжірибесіне тоқталды: «Көркем, әсем жырлар тудырған қадірлі қалам қайраткерлерінің – Павло Тычина, Микола Бажан, Корнейчук, Гончар, Натан Рыбак, Забила сияқты украин және қазақ халықтарына бірдей мөлiм ақын-жазушыларды еске аламыз. Бұлар қазақ тіліне аударылып басылып шыққан шығармалары арқылы қазақ оқушыларына өздерінің ой-жүрегін ашып сырласа жалғасады. Олар қазір қазақ халқына өзінің туған халқының толқындары тарихи мен бүгінгі шат шағын баян етеді» деді. Ө. украин әдебиетіне қандай достық ықыласпен көңіл бөлсе, украин қаламгерлері де сондай ізгі илтипат танытты. Жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы 30-дан астам мақала жарияланды. Сондай-ақ қазақ-украин әдебиетінің байланысы, соның ішінде Ө-тің алатын орны туралы ғылыми диссертациялар қорғалды. Украинаның аса көрнекті жазушыларының бірі И. Ле «Абай» романының 1–2-кітабын украин тіліне аударды. Бір қызықты жай: Ө-тің тарихи шығармасын аудару барысындағы жинақтаған тәжірибесіне сүйене отырып, Ле өзінің көп жылдар бойы ойлалып жүрген «Хмельницкий» трилогиясын жазды. Ал «Абай жолының» 2–3-кітабы 1955 ж. Д. Г. Гринконың тәржымасымен басылып шықты. Сөйтіп «Қазақ халқының энциклопедиясы» (Қ. Сәтбаев) аталған ұлы шығарма Украина халқына дер кезінде жетті. Сондай-ақ «Көксерек» әңгімесі И. Чабаненконың аударуымен 1961 ж. «Молody» баспасынан жарық көрді. Ө. Лениндік сыйлықтың лауреаттары М. Ф. Рильскиймен, О. Гончармен, академиктер Е. Кириллопен, Л. Новиченкомен достық қарым-қатынаста болды. Олар кейін Ө. туралы зерттеу мақалалар мен естеліктер жазды. Америка сапарына бірге барған Гончар құбылыстардың құпия сырын, мән-мағынасын ашуға тырысып, бар мәселеге асықпай-саспай, тыңғы-

лықты ой көзімен болжап қарау Мұханның әдеті болатын деп, қазақ жазушысының азаматтық тұлғасына жоғары баға берді («Әуезов әлемі», 1997, 40-бет).

*Р. Қайышбаева, Т. Жұртбай.*

**УПИТ** Андрей Мартинович (1877–1970), Латвия халық жазушысы (1943), публицист, әдебиет зерттеуші, қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері (1967), Латвия ФА-ның академигі (1946), КСРО (1946) және Латвия (1959) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Романдарында әлеуметтік қайшылықтарды суреттеді. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде У-ті латыш халқының жаңа әдебиетінің негізін салушы, латыш әдебиеттану ғылымын дамытушы ғалым, көрнекті аудармашы ретінде бағалайды.

**УРМАНЧЕ** Бақи Ыдырысулы (1897–1990), кескіндемеші, график, мүсінші. Татарстанның халық суретшісі (1960) және Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1957). Қысқа мерзімде салынған «Мұхтар Әуезов» портретінде (1941) жазушы қолына ұстаған темекісімен терең былғары креслода отыр. Мейірімді, ақылды көзқарасы, тұнжыр бет бейнесі жазушының Абай туралы романының болашағы туралы ойға кеткенімен елес береді. Суретші Ө. отбасының жақын досы ретінде жазушының қызы Ләйләнің портретін, әйелі Валентина Николаевнаға арнап «Раушандар» натюрмортын салды. «Ләйлә Әуезова» портретінде (1943) жазушының қызы сары көйлекпен, қолындағы дала гүлдері шоғымен бейнеленген. Суретші мұнымен қатар «Абай» романын графикалық иллюстрациялармен көркемдеді (1946).

*А. Қуанышбаев.*

**УСАЧЕВ** Петр Дмитриевич (1930–1976), мүсінші. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты. Алғашқы елеулі туындысы «Астық» деп аталады. Талант қыры өз замандастарының портреттерін бейнелеу саласында ерекше ашылды. Оның мүсіндері 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде жоғары баға алды. М. Әуезовтің мұражай-үйіне арнап мүсін-портретін жасады (1963), «Мұхтардың жастық шағы» Қалың қара бұйра шашты, жанары отты, салалы саусақтарымен жағын сүйеп отырған арманшыл жастаң бейнесі өте сәтті сомдалған. Ақ мәрмәрден қашалған аталмыш мүсін жазушының мұражай-үйіндегі көрме залына қойылған.

*А. Қуанышбаев.*

**ҰЗАҚ** Саурықұлы (1876–1916), батыр. 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына қарсы үгіт жүргізіп, атақты Қарқара көтерілісін ұйымдастыруға қатысады. 11 шілде күні Жәмеңке екеуі Нарынқол-Шарын жеріндегі ауылдардан мыңнан астам адамды басқарып, қарулы көтеріліске шығады. Патша үкіметінің жергілікті әкімдері мол әскер шақыртып, 20 шілдеде көтерілісті тас-талқан етіп жаншып, Ұ-ты, оның көптеген серіктерін тұтқындайды да, Қаракөл түрмесінде атып өлтіреді. Ө-тің «Қилы заман» повесінде сендей соғылысып, теңіздей толқыған елге жол көрсетіп бағыт-бағдар берген «кішілеу дөңгелек денелі, бұрыт сақалды ер Ұзақ қажымас мықты қайрат иесі, ер жүрек батыр» еді деп суреттеген (20 томдық шығармалар жинағы, 2-том, 1979, 132-бет).

*Н. Ақбай.*

**ҰЙҒЫР ӘДЕБИЕТІ.** Орталық Азияны (Шығыс Түркістан мен Қазақстан) мекендейтін, түркі тілінің оңтүстік шығыс тобына жататын ұйғыр тілінде қалыптасқан әдебиет. Ұйғыр ауыз әдебиетінің не-

гізгі жанрлары халықтық жырлар (мұқамдар), ғашықтық дастандар, аңыздар, ертегілер, мақал-мәтелдер, күлдіргі әңгімелер, жұмбақ өлеңдер болып табылады. Ө-тің «Абай» романы 1949 ж. ұйғыр тіліне аударылып, «Иеңи һаяат» журналында жарияланды. 1954 ж. «Абай» романының 1–2-кітаптары С. Аюповтың, Н. Мансуровтың, Ә. Мансуровтың, ал 1955 ж. «Абай жолы» роман-эпопеясы И. Әхмәтовтың, К. Хасамитдиновтың, А. Зунуновтың аударуымен ұйғыр тілінде басылып шығып, Шыңжаң өлкесіне таратылды. Бұл аудармалар Ташкент (1957), Алматы (1959, 1960) қалаларында қайта басылды. Ө-тің мақалалары мен шағын әңгімелері жарияланды. Қазақ-ұйғыр әдеби байланыстарының қарқынды дамуына Қазақстандағы ұйғыр қаламгерлері зор рөл атқарды. Қазақстан Жазушылар одағы төралқасының мүшесі ретінде Ө. ұйғыр ақын-жазушыларының шығармаларын талқылауға және оны жариялау ісіне тікелей атсалысты. Одақтың жанынан ұйғыр әдебиеті бөлімі құрылды. 50-жылдары әдебиетке келген Х. Абдуллин, И. Бақтияр, Ж. Босақов, И. Изимов, М. Зулфухаров, И. Бахтиязов сияқты жас әдебиетшілердің қаламдарының үшталуына ықпал жасады. М. Хамраев, М. Әбдірахманов, П. Сәбитова, Қ. Тоқтамов сияқты әдебиет зерттеуші ғалымдар Ө-ті өздерінің ұстазы деп санады. Жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясы (1949, 1954, 1955, 1957, 1959, 1960, 1962), «Қорғансыздың күні», «Сөніп жану», «Кім кінәлі?», «Көксерек» (аударған – Ю. Ильяс), «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері» (аударған – К. Асандинов), «Жетім», «Барымта», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» (аударған – Ш. Шаваев), «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде» (аударған – Ғалымжан Баудинов), «Оқыған азамат» (аударған – М. Розыбаев) әңгімелері, «Килы заман» повесі (аударған – Шаваев) ұйғыр тілінде жарық көрді.

*Т. Жұртбай.*

**ҰЙҒЫР МУЗЫКАЛЫҚ КОМЕДИЯ ТЕАТРЫ,** 1934 ж. Алматы қаласында құрылды. Театрдың ашылуы ұйғыр халқының мәдени-рухани өміріндегі зор оқиға болды. Драма театрының сахнасы – ұйғыр халқының мұқамдары мен нақшалары әуенімен сүйемелденіп қойылған Ж. Асимов пен А. Садиловтың «Анархан» драмасымен ашылды. Өрі актер, әрі композитор, әрі музыкант-әнші ретінде өнер көрсеткен Асимов, Қ. Разамов, А. Акбаров, А. Ахмадиев, М. Мұхамедов, А. Шамиев сияқты өнер қайраткерлері театрдың дамуына ерекше үлес қосты. 1940 ж. қойылған И. Саттаровтың «Ғарип-Сәнәм» драмасы айтарлықтай табысқа жетті. Музыкалық көркемдеуге Ғ. Зайнутдиннов көп еңбек сіңірді. Ұйғырдың тұңғыш операсы «Назугумын» сахнаға қойылуы композитор Қ. Қожамировтың ғана емес, ісі ұйғыр өнерінің салтанатына айналды. Р. Илахунова, Н. Мәметова, Г. Рәзиева, С. Төлегенов, М. Ахмадиев сияқты әншілер ұйғыр музыка мәдениетін жаңа көркемдік сатыға көтерді. Театрда Ө-тің «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясы Ш. Шабаевтың режиссерлігімен сахнада қойылды.

**ҰЙҚАС,** өлең-жырлардағы тармақтардың соңындағы буынның келесі тармақтардағы буындармен үйлесуі. Бұлар өлең сөздің ырғағын күшейтеді; сыртқы түрі ғана емес, ішкі сырымен де тығыз байланысып жатады, орынды қолданылған ұйқас өлеңнің үнділігін, әуезділігін арттырады, өлең жолдарындағы маңызды, салмақты сөздерді мағыналандыра түсуде үлкен қызмет атқарады. Ө. жалпы

поэзия мен Абай туралы зерттеулерінде ұйқас туралы сөз қозғап отырады. «Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы» деп аталатын мақаласында: «Бірақ сонда да Пушкиннің өлеңдерін әрдайым қазақтың орыс поэзиясында жоқ төрт жолды ақсақ ұйқасымен аудару беру де дұрыс болмайды. Ильяс «Чадаевта» шалыс ұйқасты қолданған, Абай да «Амал жоқ қайттымде» сол шалыс ұйқасты қолданған. Бұл Пушкиннің көбіне өзі қолданған ұйқас. Аудармада соның сақталуы мін емес, қажет болып көрінеді» деген ой айтады.

*Т. Тұрғанбаев.*

**ҰЛЖАН** (1810–1887), Құнанбайдың екінші әйелі. Одан Тәңірберді, Абай, Ыскак, Оспан туған. Шыққан тегі – Қаракесектің Шаншары. Бертіс бидің Битанынан Қонтай, Тонтай, Тұрпан тарайды, Ұлжан – Тұрпанның қызы. Қонтай-Тонтайлар – қалжыңымен, мысқыл-өзілімен аты шыққан күлдіргілер. Сондай сөз тапқыштық, кісі мінін айта білгіштік Ұнан да табылған. Ол пейілі кең, мінезі жайлы, ағайын-туыс, көрші-қолаңға аса сыйлы болған. Сол кеңдігінің арқасында күндесі Айғызбен қатар, араласып тұра білген. «Абай жолы» эпопеясында Ұ-ның тек үй-іші, отбасы ғана емес, бүкіл ауыл-аймаққа ана болардай қасиеті тамаша шеберлікпен суреттелген.

*Т. Әкім.*

**«ҰЛТТАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ҮЛГІЛІ ДОСЫ»** («Лу чшйй друг национальных литератур»), жазушының мақаласы. М. Горькийдің қайтыс болуына орай жазылып, «Казахстанская правда» газетінің 1936 жылғы 20 маусым күнгі санында алғаш рет орыс тілінде жарияланды. Одан кейін жазушының «Өр жылдар ойлары» («Мысли разных лет», 1961) кітабында, шығармаларының 5 томдық (М., 1975, 5-том), 20 томдық (1985, 18-том) жинақтарында жарық көрді. Мұнда Горькийдің «Францияның журналист мырзаларына», «В. И. Ленин» мақалаларынан үзінді келтіріле отырып, оның өмірбаяны мен жазушылық қызметіне, қоғамдық-мәдени қайраткерлігіне, реалистік әдебиетті қалыптастырудағы орнына және төңкерістік-пролетариаттық идеяны насихаттаудағы белсенді ықпалына жан-жақты тоқталады. «Ана», «Сұңқар туралы жыр», «Челкаш», «Менің университеттерім», «Оқуrowтар қалашығы» атты шығармаларының қазақ жазушылары С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтің, С. Мұқановтың шығармашылық жолына тікелей әсер еткендігін айтады. Өзі де «Челкаш» әңгімесі мен «Ана» романындағы шындықты бейнелеу тәсілін үлгі тұқандығын, Горькийдің Жазушылар одағын құрудағы еңбегі мен қосқан зор үлесінің нәтижесінде пролетарлық емес қаламгерлерге де кең өріс ашығандығын, оның есімі әлемдік әдебиетте мәңгі сақталатындығын дәлелді пайымдаулар арқылы баяндайды.

*Н. Жуанышбеков.*

**ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНА,** Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Қазақстан Республикасындағы ең ірі және бас кітапхана. Негізі 1910 ж. қаланған. 1911 жылдың 6 наурызынан бастап кітапхана оқырмандарға қызмет көрсете бастады. 1931 жылдың наурызында Қазақстан Орталық атқару комитетінің төралқасы «Қазақ АССР-інің мемлекеттік көпшілік кітапханасын құру туралы» қаулы қабылдады. Ал 1991

жылдың 9 желтоқсанында Қазақстан Министрлер Кабинетінің қаулысымен «Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы» деген мәртебе берілді. Ө. Ұлттық кітапхананың тұрақты оқырманы ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар осы шаңырақтың астында ғылыми қызметкер ретінде үлкен жұмыстар атқарды. Мысалы: 1941 ж. Наркомпростың ұйғаруымен бір томдық «Қазақ ССР тарихы» басып шығару жоспарланды. Бұл басылымның авторларының қатарында Алматыға көшірілген КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1953 жылдан – академик) А. М. Панкратова бастаған Мәскеу мен Ленинградтың бір топ тарихшыларымен бірге Ә. те бар еді. Кітапхана осы ғылыми топтың нәтижелі жұмыс атқаруына жағдай жасау мақсатын көздеп, арнайы жабдықталған бөлме берді. Кітапхана қорында жазушының 1957, 1969, 1985, 1997 ж. жарық көрген толық шығармалар жинағынан бастап, жеке шығармалары, ең алғашқы басылымдары түгелдей бар. 1922 ж. Орынбор қаласында басылған «Еңлік – Кебек» трагедиясы, 1923 ж. Ташкентте жарық көрген «Бәйбіше-тоқал», 1926 ж. Семейде басылып шыққан «Қарагөз» пьесалары, 1928 ж. Қызылордада шыққан «Қилы заман» повесі, 1930 ж. басылған «Қазақстандағы ұлттар» атты кітабы, 1935 ж. басылған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ескілік көлеңкесінде» атты туындылары кітапхана қорындағы библиографиялық құнды басылымдар болып саналады. 1995 ж. кітапхана Ө-тің мерейтойына дайындық жұмыстарын жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған компьютерлік мәліметтердің қорын дайындаудан бастады. Бұл қорда 1972 жылдан бергі баспа беттерінде жарық көрген қазақ және басқа тілдердегі материалдар жинақталған. Бұл мәліметтер қоры жүйелі түрде толықтырылып тұрады, қазіргі кезде қазақ тілінде 1500, ал орыс және басқа тілдерде 1300-дей мәліметтер бар. 1996 жылдың қараша айынан бастап «Әлем таныған Әуезов» атты тұрақты кітап көрмесі оқырмандар игілігіне қызмет көрсетті. Көрмеге 500-ге жуық кітаптар, журналдар, открыткалар, плакаттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының жалпы қауымға белгісіз құнды құжаттары қойылды. Осы кітап көрмесі бойынша қазақ және орыс тілдерінде библиографиялық шолу шығарылды. Көрменің аясында белгілі мұхтаранушы ғалымдармен, жазушының туған-туыстарымен кездесулер, әдеби кештер ұйымдастырылды. Ұ. к. құрастырған «М. Әуезов» атты әдістемелік құрал жазушының шығармаларын насихаттауда республика кітапханашыларына үлкен көмек болды. Кітапханашылар арасында «Мұхтар Әуезов жылының үздік кітапханашысы» атты байқау республика көлемінде ұйымдастырылды, сонымен қатар Ө-тің шәкірті, академик З. Қабадлодың «Менің Әуезовім» атты кітабының беташары өткізілді. Ө-тің Қазақстаннан тыс елдерде өткен мерейтойының бәріне Ұ. к. қатысты. Ресей елінде өткен Қазақстанның мәдени күндері кезінде Бүкілресейлік мемлекеттік шет тілдер әдебиеттері кітапханасында Ө-тің 100 жылдығына арналған әдеби-музыкалық кеш ұйымдастырылып, Ресей мемлекеттік кітапханасында Ө. шығармаларының көрмесі ашылды. 1997 ж. маусым айында Ө-тің 100 жылдығына арналған Қазақстан күндері

Франция елінде өтті. Франция халқы қазақтың қолөнерімен, бейнелеу өнерімен, сонымен қатар Ұ. к. қорынан апарған кітаптармен танысып, тамашалады. Қырғызстанда, Өзбекстанда, Омбы мен Орынбор қалаларында өткен осындай шараларға кітапхана Ө-тің шығармашылығы бойынша кітап көрмесін ұйымдастырды. Әлемдік мәдениеттің даму жолындағы Абай шығармашылығының үлкен маңызын ескере отырып, ЮНЕСКО Ұлттық кітапханада «Абай оқулары» деп аталған әдеби-философиялық семинар өткізуді қолдады. Осы тақырыпта өткен үш семинардың біреуі Ө-тің шығармашылығы туралы жаңа зерттеулерге арналды.

А. Рақымова.

**ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ, ұлттық характер,** жазушының шығармаларындағы ұлтқа тән сипат. Бұл мәселеге Ө. өзінің шығармашылық тәжірибесінде ерекше көңіл бөлген. Жазушы ұлттық характер жасау міндетін өз туындыларында зор шеберлікпен шешті. Оның алғашқы көркем әңгімесі «Қорғансыздың күнінен» бастап, соңғы романы «Өскен өркенге» дейінгі аралықта туған жаратындыларының бәрінде осы мақсат көзделген. Өйткені шығармаға жан бітіретін құдірет онда белгілі бір ұлт адамының қайталанбас, дара келбетінің берілуінде ғой. Характер – дәуір, қоғам кескінін танытатын зор анық тұлға, әрі ұлттық ерекшелігі елестерліктей анықтыққа жеткен адам бейнесі. Ұлттық характерлер белгілі оқиғалар, сюжеттік жайлар, тартыстар тұсында сомдалады. Олар іс-әрекет үстінде, сындар, тосқауылдар үстінде жарқырап ашылатынына «Абай жолы» роман-эпопеясынан көп мысал келтіруге болады. Бұл талап мұнда әсіресе Құнанбай, Абай бейнелері арқылы неғұрлым толық орындалған. «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» деген мақаласында Ө. татар, өзбек, қазақ, қырғыз, орыс жазушыларының романдарына талдау жасай келіп, олардың идеялық-көркемдік деңгейін ұлттық характер сомдау тұрғысынан әңгімелейді. Осында ол «...ұлттық түр проблемасы жан-жақты және әр алуан тарауларға бөлінетін ұшан-теңіз рор мәселе... Мақаламыздағы шолуда жолданатын романдардың жетістіктерін айтумен бірге ұлттық түрді шебер қолданбағандықтан... туатын кемшіліктерге де тоқталмақпаз» дей отырып, кейбір шығармаларда ұлт адамдарының бейнесі наымды бейнеленбегендігін көрсетеді. Э. Казакевич повесінде қазақ адамының бейнесі жасанды, жалған берілгенін сынайды. Бірсыпыра ұлт қаламгерлерінің романдарында орыс адамдары тым бұрынғай, наымсыз суреттеліп жүргенін жазды. «Творчестволық жолда ізденбей, даяр тұрған шала-жансар кейіпкерді қоқита салатын, қалқиата қоятын ұлт жазушыларына өзбек жазушысы Айбектің жетістігі өнеге болуға тиісті» дейді. Ұлттық характер проблемасын Ө. басқа да мақалалары мен баяндамаларында ұдайы қозғап отырған. «Қазіргі заман және оның геройы» деген мақаласында ол ұлттық характер жасау міндетін ең күрделі шығармашылық уәзипа деп санайды.

Р. Бердібай

**«ҰЛЫ АҚЫН-АҒАРТУШЫ – АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет 1957 ж. басылым көрген «Қазақ ССР тарихының» 1-кітабында жарияланған (484–499-беттер). «Қазақ ССР тарихы» авторларының бірі ретінде Ө. қазақ мәдениеті, әдебиеті мен өнері жөнінде жазылған тарауларды арнайы тапсырма бойынша жазуға араласып, осы



салада өзінің ой-танымын берген. Шығарма жазушының 20 томдық шығармалар жинағына енді (1985, 18-том, 39–53-беттер). Мақалада Абайдың өмірбаяны қысқаша тұжырымдалып, отбасы тәрбиесі мен өскен ортасы, медреседе оқуы, алғашқы ақындық талабы, әке ырқымен ел билігіне араласуы қысқаша баяндалған. Абай мұрасының рухани нәр алған қазына көздері аталып, оның орыс-еуропа жағы молынан баяндалып, Абайдың орыс достары туралы деректер берілген. Автор Абай шығармаларына, әсіресе лирикаларының ең ұрымтал тұстарына назар аударып, қазақ әдебиетіне сыншыл реализмді ендіріп, сол тұстың саяси-әлеуметтік жағдайынан туындаған сатиралық сарынның әлеуметтік астарын ашқан. Абай өлеңдерін, поэмаларын, қара сөздерін сол замандағы қазақ қауымының барлық жіктерін, халықтың күй-тұрмыстарын тұтас қамтып суреттейтін рухани энциклопедиясы ретінде танып-бағалаған. Абайдың дүниетанымындағы озық жақтарды жоғары бағалап, ақын көзқарасындағы кемшін жақтарын да көрсеткен. Мақала қазақ тарихына арналып жазылғандықтан, автор Абай туралы ой-танымдарының ең өзекті тұстарын, ақын шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктерін қысқаша баяндаған.

*М. Мырзахметұлы.*

**ҰЛЫҒ-ЗАДА** Сатым (1911–1997), тәжік жазушысы, драматург, әдебиет зерттеуші, аудармашы. Тәжікстанның халық жазушысы (1990). Республика Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1951). «Шодмон» (1939), «Қызыл таяқтылар» (1940), «От құрсауында» (1944), «Рудаки» (1958) пьесалары, «Біздің өміріміздің таңы» (1954), «Соғда аңызы» (1977) повестері, «Жаңғырған жер» (1953), «Восе» (1967), «Фирдауси» (1980) романдары т. б. жарық көрді. Ө-пен КСРО Жазушылар одағының түрлі жиындарында бірге болып, Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясында кездесіп (1954, 1957, 1958), достық, шығармашылық қарым-қатынас орнатқан. Ө. өзінің «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі», «Біздің ортақ міндеттеріміз» («Наши общие задачи») т. б. еңбектерінде Ұ-З-нің «Біздің өміріміздің таңы», «Өзгерген өңір» романдарын колхоз құрылысын шынайы суреттеген көркем туындылар қатарында атаған.

*Л. Шодижұлова.*

**ҰЛЫҚБЕК** Мұхаммед Тарағай (1394–1449), Орта Азия астрономы, математик, мемлекет қайраткері. Сұлтания қаласының маңында туған. Өкесі – Шахрух, Өмір Темірдің немересі. Орта Азия мен Қазақстанның көп өлкесіне әмірлік еткен. Өйгілі астрономия мектебін ұйымдастырды, ғажайып обсерватория салдырды. «Жаңа астрономиялық кестелер» атты 4 бөлімді еңбек жазды (күнпарақ туралы, уақыт өлшеу жөнінде, планета аралық қозғалыс, астрономиялық басқа мағлұматтар). Оның еркін ойы дін иелеріне кереғар келіп, зұлымдықпен мерт болды. Ө. «Әлішер Науаи» атты мақаласында: «Темірдің бір немересі Ұлықбек Самарқанның патшасы болып отырып, астрономия ғылымына көп еңбек етті. Әлі күнге ғылымдық бағасын жоймаған «астрономия таблицасын» жасады» деп, ғалымның еңбегін жоғары бағалаған.

*Ш. Елеуқенов.*

**«ҰЛЫ ОЙШЫЛ-СЫНШЫ»**, жазушының мақаласы. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1947 ж. 6 маусымдағы санында шыққан. Қолжазбасы сақталмаған. Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағы-

ның 18-томына осы нұсқасы берілді. Мақала орыстың ұлы әдебиетші-сыншысы, революцияшыл демократы В. Г. Белинскийдің қайтыс болуына 100 жыл толуына орай жазылған. Алдымен ұлы сыншының өмірінен қысқа мағлұмат беріп, аз жылдық қадірлі еңбек кезеңінде социалдық өнімді өмір кешіп өткен. Тереңдігі мен молдығын теңіздей еңбек деуге болады. Осы еңбегінің үш түрлі ерекшелік сипаты бар еді. Өрбір еңбегін қоғам тартысына арналған акт, үлкен әрекет есебінде түсінген, өзі туралы «Мен бұл әлемде алысушымын» деген деп, сыншының адамдық қасиеттерінің, шығармашылық қырларының негізгі ерекшеліктерін бағалап өтеді. Халықтық, демократтық сипаттарын саралай келіп, заман талабына сай Лениннің, Ждановтың сөздерінен мысал келтіреді. Белинский әдеби қызметіне Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Добролюбовтардың, Батыс ойшылдары Шеллинг, Рихте, Гегельдердің әсерін ерекше айтып өткен. Ө. Белинскийдің Гогольге жазған хаттарына жоғары баға беріп, Грибоедов, Лермонтов, Некрасов, Тургенев, Гончаров, Достоевскийлердің талантын терең таныған, танытқан сыншы болды дейді. Әдебиеттің халықтығы жайындағы ойларды, таластарды шын халықтық тұрғыдан түсіндіріп, теориялық тұжырымдарын жасаудағы еңбегін талдап көрсеткен. Мақаланың соңына қарай Шоқан, Ыбырай, Абайлардың Белинскийге қатысы жайында айтады. Абайдың Белинскиймен үндестігін дәлелдеу үшін өлеңдерінен мысал («Қалың елім, қазағым, қайран жұртым») келтірген. Бұл тұрғыда: «Белинский эстетикасы бойынша, ақындық еңбекті бүкіл қазақ әдебиеті тарихында, өз дәуірінде, өзгеше жаңа салаға бастаған Абай, поэзия тек өмірді танушы емес, оған үкім де айтушы деп білді. Сол үкім айтушы асыл еңбектің арман ететіні құр жылтыраған сырт келісім емес болатын. «Өнер – өнер үшін» деп, жырдың сылдыраған сырт сұлулығын Абай қостаған емес» дейді. Мақала соңында Белинский тек қазақ әдебиетіне ғана емес, бүкіл Совет Одағы ұлттарының әдебиетіне игі ықпал етті дейді.

*Ш. Елеуқенов.*

**«ҰЛЫ ОТАНДА ЗОР ӨНЕР»**, жазушының шағын мақаласы. 1938 ж. «Социалистік Қазақстан» газетінің 5 желтоқсандағы санында шыққан. Мақала 30-жылдардың соңындағы идеологиялық талаптарға сәйкес жазылған. КСРО-дағы ұлттардың кенестік замандағы тұрмыстағы, өнердегі табыстары, достығы туралы жазылған. «Тарихтар мен ғасырларда атар таңға жете алмай, күнреніп өткен халық көп» деп келіп, революцияға дейін халықтардың арасына «ұлт», «ақ», «қара», «өнерлі», «жабайы», «көп», «аз» деген сипаттағы сыналар қағып келсе, қазір Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин көрсеткен жолмен ескіліктің кесірлерінен ел құтылды дейді. Мақалада халықтар достығы жайында көбірек айтылып, интернационализм, папанишшілердің ерлігі, етек алып келе жатқан фашизм жайлы ой-пікірлерін айтқан. Жамбыл ақындығының интернационалдык сипатына тоқталған. Мақаланың соңында «ұлы Отанның бір тілмен сайраған алып халқының өзіне сай өнері де зор» деп, сол кездегі саяси көзқарасқа сай өз пікірін білдіруге мәжбүр болған.

*Р. Өбдіғұлов.*

«ҰЛЫ СУРЕТКЕРДІ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ҚАРАЛЫ ЖИЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ» («В ы ступление на траурном митинге памяти великого художника»), жазушының мақаласы. А. М. Горькийдің қайтыс болуына орай Қазақ педагогика институтының клубында 1936 ж. 19 маусымда өткен қаралы жиында сөйлеген сөзі. 1936 ж. «Литературный Казахстан» журналының 3-санында жарияланған. Қаралы митингіде сөйлеген бір топ ақын жазушылардың сөздері «Қазақ жазушылары Максим Горький туралы» деген ортақ тақырыппен берілген. Жиында Ф. Тоғжанов ашқан. Одан кейін Ө. баяндама жасаған. Журналда жазушы сөзі түгел берілмеген. Бұқара халықтан шыққан жазушының өмірі – ерлікке толы, оның шығармалары шынайы өмірі, тіршілік қуанышын бейнелейді, сондықтан ол «адам деген – ардақты ат» деп бекер айтпаған деген сияқты жолдар, абзацтар баяндама ішінен теріліп алынған. Автор Горькийді Ресейдің жұмысшылар қозғалысының белсенді мүшесі ретінде Ленин өте жоғары бағаласа, бүкіл Еуропа капитализмі «большевизмнің тираны» деп жек көрген еді дейді. Горький шығармашылығының қазақ әдебиетіне әсері жөнінде айта келіп, бүкіл қазақ әдебиеті Горькийдің игі ықпалымен дамды. Бұл жақында жарық көрген Ф. Мүсіреповтің «Ана» әңгімелерінде, С. Мұқановтың «Менің мектептерім» атты өмірбаяндық туындысында көрініс тапты, тіпті менің ертеректе шыққан «Қараш-Қараш оқиғасы» повесім де Горькийдің «Челкашының» әсерімен жазылды деп тебіренді. Горькийдің шешуші дәрежеде С. Сейфуллинге, Б. Майлин әңгімелеріне біраз әсер еткенін айтады. І. Жансүгіровтің «Жолдастар» романының жазылуына Горькийдің қатты ықпалы болды дейді. Баяндаманың соңғы жолдарында: «Біз М. Горькийдің шығармаларын көп әрі терең зерттеуіміз қажет, сондай-ақ біз алдымызға Горькийдің туындыларын қазақ тіліне шөбур аудару міндетін қоюымыз керек» деген шын ықыласын білдірілген.

*Н. Ақбай.*

«ҰЛЫ ҰРАН – ОТАН ҰРАНЫ», жазушының мақаласы. Алғаш рет 1937 ж. 21 наурызда «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланып, кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (1985, 17-том, 74–75-беттер). Мақалада Отанға, туған елге деген сүйіспеншілік сезімі көрініс тапқан. Автор бұрын Ресей патшалығының қол астында болған халықтарды өз атымен атамай, қорлау, мазақтау сөздермен атайтынын, панасыз, өгей елде «Отан» деген ұғымның болмайтынын жаны күйзеле жазады. Қазір әр ұлттың азаттық алып «Өзбекстан», «Қазақстан», «Татарстан», «Қырғызстан» деген аттарға ие болғанына, теңдікке қолдары жеткеніне мақтанады әрі шаттанады. Барлық еңбекші: «Жас Отанымың табысы – менің де табысым, оның тыныштығы – менің де тыныштығым» деп еңбек етеді, бәрінің аузында «Отан» деген ұлы ұран. Кешегі құлдай қор еткен отардан бүгін күндей жылынып қуантқан Отан тауып отырған Қазақстан еңбекшісі қазіргі өз республикасының тағы бір ұлы биікке шыққан күніне жетті деп тұжырымдайды ойын ұлы жазушы. Қаламгердің бұдан 60 жыл бұрын жазған бұл сөздері бүгінгі егемен Қазақстан ту-

ралы, оның болашағы туралы көрегендік жасағаны сияқты әсер береді.

*Н. Фабдуллин.*

«ҮЗІЛМЕС ДОСТЫҚ ӨРЕНІМІЗ», жазушының мақаласы. 1958 ж. қазақ кеңес әдебиеті мен өнері онкүндігінің Мәскеуде ашылуына орай жазылып, «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 12 желтоқсандағы мерекелік санында жарияланған. Кейін 20 томдық шығармалар жинағында жарық көрді (20-том, 374–376-беттер). «Достық адам арасында ғана емес, қауым, халық пен халық, тарих пен тарих достығы боп та келеді» деген сипаттама бере отырып, осы қалпындағы достықтың, «тарихқа, қауымға, нәсілге ырыс-береке бергендей мұралар тудыратындығын» Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты «қазақ халқының саналы тарихының үш сеңгірі» мысалында «ұлы орыс халқының беймезгіл заманда бұратана елдерге борышсыз жасаған достығы» ретінде айқын дәлел етеді. 41 жыл ішінде «ұлы орыс халқының ұдайы үзілместей дос өнері, дос ғылым тәрбиесі, ұлы достық табыс тәжірибесі жәрдемші болып, жетекші аға достық істегенін» қазақ өнері мен әдебиеті онкүндігінің Мәскеу сапарымен тығыз ұштастырып, барлық табыстарда «ұлы орыс тарихы мен бүгінгі советтік өнер мәдениетінің жебеп-демеп келе жатқан, үзілместей айнымас аға достығы танылады» деп атап көрсетеді. «Бұл қатарда бүгінгі шақта біз жеткен биік өрелі опера, балет, филармония, драмалық театр спектакльдері, әлденеше ансамбль, сурет, сәулет өнерлері, музыка, кино табыс көріктері және өзіне бөлек бір төбе бүгінгі қазақ совет әдебиетінің шалқып жеткен бел-биігі – ... сол атаған ұлы мәдениетінің ұлан-ғайыр достығын дәріптеп, дәлелдейді» дей келіп, қазақ мәдениеті қол жеткізген табыстарға тоқталады. Қазақ кеңес әдебиетінің 40 жыл ішіндегі жетістігіне орыс әдебиетінің ерекше орын алатындығын Горький, Маяковский үлгі-өрнектерімен, революциялық сарындағымен және тың ізденістерімен ұштастырып, Пушкин, Тургенев, Толстой, Горький, Маяковский, Фадеев, Шолохов шығармаларын «қадірі кетпес қасиетті қазынамыз» деп біледі. «Сол себепті сол ырыс достыққа мың да бір алғысымыз арналған! Біз – үзілмес достық өреніміз!» деген достық лебізге толы жолдармен аяқтайды.

*Н. Жаңақова.*

«ҮЗІНДІЛЕР», жазушының мақаласы. Алғаш рет «Социалды Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 29 қазандағы санында жарияланды. Кейін Ө-тің 12 томдық (9-том, 1969, 75–78-беттер), 20 томдық (17-том, 1985, 21–25-беттер) шығармалар жинақтарына енгізілді. Мұрағатта сақтаған қолжазбасында жазушы «Ой үзінділері» деп атаған. Автор: «Дәл қазіргі күндеріміз күншауықты, әдемі бір әдебиет көктемі сезіледі. Одақ әдебиетінің биылғы жылы ерекше жыл болды» деп, көрген-сезгендерін ой елегінен өткізеді. Социалистік «жаңа мәдениеттің белгісіндей, заман белгісіндей» болған үш нәрсеге көңіл тоқтатады. Оның бірі – Москва метросы. Қала астындағы «саз бен күм, тас пен кершіті ғана үңгіп жатқан жоқ», ескі тарих тонын аударып тастап, жаңа заман, жаңа өмір құруға бет алған «социалды құрылыстың еңбек майданындағы қорытынды бір тұрмысын» баян етеді. Жазушының жүрегінен сөз еткізген екінші жаңалық А. Толстойдың «Бірінші Петр» романы. Өйткені бұл шығарманың «жұмысшы ортасындағы қадірі өрекше», адамдар оны кезекке тұрып сатып алып жатыр

Демек «пролетариат еңбегі ойсыз еңбек емес. Саналы даналық бар еңбек. Ол бір жерде әзірлер тамырын қолынан құндап, тауып танып, үңгіп келе жатса, екінші жерде тарихты ой-сана, сезім, қиялмен де пролетариатша танымақ. Өрлей, құлдай үңгімек. Ондағы тондарды да аударыстырмақ», сөйтіп буржуазиялық мәдениетті бұлдыр сағымға орап жатқан жаңа сана мен сезімді мақтаншыпен көкке көтереді. Үшінші белгі – жазушылар съезіндегі М. Горькийдің сөйлеген сөзі. Оның баяндамасынан «ескен ұлы сарын жаңағы екі белгімен ұштасады. Мұнда тұсау кесіп, бұғау үзген миллиондардың жүрісі мен әуені» естіледі, «социалды мәдениеттің стилін» ту ғып желбіретіп, «ескілік дүниесін жаңғыртыра соққан» ұлы дүбір, атой бар дейді. Сөйтіп осы үш белгіден көп фибрат алып, айқын бағыт таңуға болатындай. Үшеуінде де жаңа стильдің даналығы бар заманның туғанын қуанышпен паш етеді суреткер. Жазушы одан әрі Қазақстанда проза жанрының кешеуілдеп тұрғанын, «үлкен прозасыз үлкен әдебиет жоқ» екенін, әлгі үш белгіден қуат, бағыт-бағдар алуға меңзейді. Олай болса осы өмір материалына батыл араласып, молынан алу шарт; біздің міндеттің қызықтығы да, қиындығы да бата кіріп, әрі кең, әрі терең қармануда; сапа түбі осыдан шықпаққа керек. Үлкен әдебиет болатын үлкен прозаны осы сарынмен іздесе дейміз деп, проза жанрына, соның ішінде роман жазуға батылырақ баруды ұсынады.

*Н. Фабдуллин.*

**«ҮЙЛЕНУ»**, Ө-тің осы аттас әңгімесі бойынша қойылған телеспектакль (1967). Ұлы жазушының 70 жылдық мерейтойы кезінде телеарнадан көрсетілді. Телеинсценировка авторы *С.Ш. Оразалы*, қоюшы режиссері – Ш. Агишева. Басты рөлде ойнаған Р. Сейтметов. Телеспектакль негізінен Ө-тің «**Үйлену**» әңгімесі желісімен өрбіген.

**«ҮЙЛЕНУ»**, жазушының әңгімесі. 1923 ж. жазылған. Әуелі «Жас жүректер» деген атпен «Сана» журналында жарияланды (1923, №1). Ө. «Қоңыр» деген бүркеншік атпен қол қойған. Шығарманың соңында «аяғы бар» деген белгі тұр. Соған қарағанда, жазушы бұл туындыны әрі қарай жалғастыруды ойлаған сыңайлы. Дегенмен әңгіме екі жастың арасындағы сүйіспеншілікті бағндайтын басыағы бүтін, бір ғана оқиғаға құрылғандықтан, автор оны сол күйінде қалдырған. Әңгіме жазушының «Қараш-Қараш оқиғасы» (1936, 88–93-беттер), «Қараш-Қараш» (1960, 182–189-беттер), 20 томдық (1979, 1-том, 133–141-беттер) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Орысша аудармасы (тәржімалағандар – В. Дудинцев пен Н. Гордеева) 5 томдық шығармалар жинағында (М., 1973, 1-том), «Повесттер мен әңгімелер» кітабында (А., 1984) жарияланды. Қазақша басылымдарында азын-аулақ редакциялық жөндеу мен түзетулерден өткізіп, автор әр кейіпкердің ішкі жан сезімін тереңірек көрсетуге ұмтылған, сөйлемдердің, жекелеген сөздердің барынша бейнелі, бояуы қанық болып шығуына ерекше мән берген. Ө-тің алғашқы кезеңіндегі бірқатар шығармалары сыншыл реализм бағытында жазылып, тұрмыс, мораль тақырыптарына арналды. Солардың қатарына осы «Ү.» әңгімесі жатады. Онда әйел үстінде – тоқалдыққа айттырылып қойған Жәмилә қыздың тағдыры сөз болады. Қалыңдық өзінен жасы үлкен, оның үстінде әйелі бар Қасым болысқа барғысы жоқ. Осы жағдайдың жібін жатқызып, қыздың ықыласын алып қайту мақсатымен, күйеу қасына Оспан

деген нұсқаушы жігітті ертіп, Жәмиланың әкесі Байбосын қажының аулына келеді. Алайда қыз: «Қатын үстіне тимеймін, ырза емеспін, бостандықтың заманы, өзімнің көңілім сүйген кісіге тиемін!» Оның жасы да үлкен» дейді. Қасым қызбен сөйлесіп келуге Оспанды жұмсайды. Әңгіме үстінде жігіт пен қыз бір-бірін ұнатып, өмірлік жолдас болуға сөз байласады. «Енді сөзіміздің байлауы осы болсын, сен – менікі, мен – сенікі!» деп уағдаласады. Күйеуді «қыз көнбеді» деп шығарып салады. Арадан 4–5 күн өткенде, Оспан жолдастарымен келіп, қызды алып қашады. Шығарма құрылысы жағынан новеллаға ұқсас. Келемі шағын, оқиға ойламаған жерден шұғыл өзгеріп, аяқталады. Қалай десек те, әңгіме шебер жазылған. Табиғат көрінісін, адамның кескін-келбетін суреттеу Ө-тің сол кезде-ақ төселіп қалған жазушы екенін аңғартады. Ұлы жазушының алғашқы дәуірдегі әңгімелерінде оқыған жігіттер, орыс классиктерінің дәстүріндегідей, әр қырынан көрінеді. Бұл әңгімедегі көзі ашық, білімді Оспан сенімді, уәдеге берік адам ретінде бейнеленген. Екінші жағынан, автор қалыңмалдың дәурені өткенін де меңзеген сыңайлы. Жалпы алғанда, әңгімедегі негізгі сарын қалыңмал қасіретін сынау, әйелдің бас бостандығын, сезім азаттығын қолдау, шын сүйіспеншілікті дәріптеу. Автор сонымен қатар жаңа заман тынысына үн қосып, қазақ өміріндегі құдалық дәстүрді құптамайтын ыңғай да танытқан.

*Н. Фабдуллин.*

**ҮКІБАЕВ** Аймағамбет (т.-ө. ж. б.), жазушының кейіпкері. «Түнгі сарын» пьесасындағы оқиға өткен ауылдың иесі. Алаш қозғалысының қолдаушысы, атақты көпес Қаражан Үкібаевтың туған ағасы. Ү. та саудагерлікпен айналысқан. Зайсан жәрмеңкесіне барғанда, Бәтші есімді аққұба қызға көзі түседі де, қалыңмалына жүз тайлақ беріп, әйелдікке алады. Сондықтан ел оны Жүзтайлақ атап кетеді. Кербез, тілді, әжет, аса мырза, ерке тоқал атанады. Ойын-сауықты жақсы көреді. Бәтші-Жүзтайлақты, Аймағамбетті Ө. көрген, олардың ауылында мейман болған. Ү. 1928 ж. төркіге алынып, Бішкек қаласына жер аударылған. Сол жақта дүниеден қайтқан. Жазушы Бәтшінің мінез-құлқытарын «Түнгі сарын» пьесасына желі етіп тартып, оның «Жүзтайлақ» деген жанына атын өзгертіп қолданған.

**ҮЛКЕН АҚШОҚЫ**, тау. Бұрынғы Семей облысының Абай ауданында, солтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа созылып жатыр. Ұзындығы 40, ені 10 шақырымдай. Ең биік тұсы – Майлықара 571 м. Кезінде бұл жерлерді Құнбай жайлады. Оған қаншалықты қоныс болғанын Ө. өзінің «Абай жолы» эпопеясында жеткізе суреттеді. Абай да Ақшоқыға қыстау салдырған, өлеңдері мен әндерінің осында туғанын: «Ақшоқыда туған өлең, өлең мен ән, сан-салалы жырлар көшіріліп, жатталып, әуендеп толқып тарап жатты» десе, Құнбай өмірінің соңғы кезіне қоныс болғанын «Құнбай өзінің көрлік оңашалығында осындай бір орынды өзі де көксейтін. Сонымен ел бауырға түсерде жиі көшіп, Қорыққа ерте жетіп, кең жігіттің күшімен аз уақыттың ішінде Нұрғанымға арналған Кішілеу жаңа қыстау, қора-жай салғызып алғанды. Қазір сол қорасының жанында жылы орынға ықтай түсіп, көрі Қажы өзінің өлімдей жым-жырт

тыныштығында болатын» деп суреттейді («Оқапта» тарауы).

*Т. Әкім.*

**«ҮЛКЕН ӨМІР БЕТТЕРІ»**, Ә-тің 70, 80 жылдық мерейтойлары қарсаңында жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған көп сериялы, деректі-публицистикалық хабарлар. 1967 ж. – 17 серия, 1977 ж. – 20 сериялы хабар телераудан көрсетілді. Хабардың алғашқысына – Ф. Сармурзин, И. Алин, М. Ақынжанов, Ә. Марғұлан, З. Кедрина, Б. Кенжебаев, Ы. Дүйсенбаев, С. Бегалин, Ә. Әбішев; ол соңғысына А. Софронов, Д. Гранин, Ә. А. Кешоков, Ш. Айтматов, М. Каноат, Л. Соболев, Кедрина, Мысыр жазушысы әл-Хамси, пәкстандық ақын Ф. А. Фаиз, С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов т.б. қатысып, Ә. туралы ойларын ортаға салды. Көп сериялы телехабар авторы әрі жүргізушісі С. Ш. Оразалы. **ҮМБЕТӘЛИЕВ** Александр (Ш о р а) Бисемәліұлы (1941 ж. т.), артист, әнші. Қазақстанның халық артисі (1984). Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғынында» Бекежан мен Қожак, Ф. Жұбанованың «Еңлік – Кебегінде» Кеңгірбай, С. Мухамеджановтың «Ақан сері – Ақтоқтысы» мен «Жұмбақ қызында» Мылқау мен Абылай хан, Қ. Қожамияровтың «Садыр палуанында» Мазамхан рөлдерін орындады. Ә-тің либреттосы бойынша жазылған А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында Абай, Сырттан бейнелерін сомдап, шеберлігін танытты. Сөйтіп өзіндік үн бояуы, терең психологиялық тебіреніске толы әншілік, орындаушылық ерекшелігімен дараланды.

*З. Қоспақов.*

**ҮМБЕТӘЛИЕВ** Темірқұл (1908–1991), қырғыз ақыны. Қырғызстанның халық ақыны (1968). Ү-тің шығармашылығы туралы Ә. қырғыз жазушыларының съездері мен пленумдарында сөйлеген сөздерінің бірінде де ерекше атап өтеді. Ә. пен Ү-тің арасындағы достық қарым-қатынас 30-жылдардың соңынан басталған. Әуелдегі әдеби байланыс кейіннен отбасының достығына ұласқан. 1952 жылғы шілде айының 10–12 күнгі «Манас» эпосы туралы пікірталасында және 1956 жылғы қыркүйек айының 29 күнгі «Манас» эпосының 1000 жылдығын атап өту туралы өткізілген Қырғыз ҒА мен Жазушылар одағының пленумында Ә. пен Ү. алқа мүшесі ретінде қатысып, сөз сөйледі. Ү., Т. Сыдықбеков, А. Тоқамбаев, Қ. Маликовтың ұсынысымен Ыстық көлдің жағасындағы Шолпанатадағы мемлекеттік саяжайдың шетінен Ә-ке демалыс үйін салатын жер бөліп берілді. Саяжайдың жерін тандап, үй тұрғызу ісіне Ү. көп көмегін көрсетті. Шолпанатаға барар және қайтар жолында Ә. Бішкек қаласындағы Ү-тің үйіне үнемі түстеніп, қонақтап жатып кетіп отырған. 1960 ж. В.с. Ивановпен қыста Шолпанатада демалғанда оларға Ү. жолсерік болған. Ә-тің Ү. пен жұбайы Зура ханумға, Ү-тің Ә. пен әйелі Валентина Николаевнаға арнап жазған хаттары, мерекелік құттықтаулары, бірге түскен суреттері «Әуезов үйінің» қолжазба қоры мен Қырғызстан Республикасы ұлттық мұрағатының қорында сақтаулы.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ҮМБЕТБАЕВ** Әнуарбек Бейсенбайұлы (1914–1973), әнші, Қазақстанның халық артисі (1947), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1949). Қазақтың ұлттық опера жанрының есіп дамуына белсене атсалысты, театр сахнасында қазақ, орыс,

батыс еуропа композиторларының операларында түрлі мазмұндағы образдарды сомдады. Солардың ішінде Ә-тің либреттосы бойынша жазылған А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсы қазақ музыка өнеріндегі тарихи табыс еді. Операдағы Абайдың сүйікті шәкірті, адал жүрек, ақ көңілді ақын Айдардың бейнесін тұңғыш тұлғалаған Әнуарбек болатын. Өзінің кең тынысты, асқақ дауысымен, актерлік бітім-болмысымен Әнуарбек жас ақынның тұлғасын жасап, қазақ опера өнерінің бір белесі болып қалды. Ү. бұдан басқа 40-қа жуық опералық бейнелер жасады.



Умия Омарханқызы

*З. Қоспақов.*

**ҮМИЯ** Омарханқызы (1902–1989), жазушының қарындасы. Омарханның әйбішесі Нұржамалдан туған. Ескіше сауатын ашқан. Апайы Зубәйіле Омарханқызы жастай қайтыс болғаннан кейін, қазақтың дәстүрлі жолы бойынша, 1919 ж. жездесі Қабдеш Әсіржановқа ұзатылады. 30-жылдары араларына салқындық түсіп, бала көтермегендігі сылтау болып, ажырасып кетеді. Әрі жездесі, әрі күйеу баласы, әрі құдасы (Қабдештің апайы Мәкіжан ағасы Разактың бәйбішесі) есепті Қ. Әсіржановқа өкпе артқан Мұхтар біраз уақыт оған салқын қабақ танытып жүрген. Кейіннен өзара түсініскен. Ү. 1947 ж. Мұхтардың қолына мүлдем көшіп келеді. Қазіргі мұражай-үйдің 1-қабатындағы бөлмеде жеке тұрған. Үй мұражайға айналған соң, Ернар Мұхтарұлының қолында болып, 1989 ж. дүниеден қайтты. **«ҮМІТ ҚИЗДЫҒЫ ӨЛІМІ»**, жыр. Ә-тің аяқталмай қалған «Өскен өркен» романындағы Алуа оқиғасына негіз болған. Осы оқиға баяндалатын дастанды Ә. Шымкент облыстық драма театрының артисі Жұмбақов Отызбайдан алады. «23 күні біз Құмкенттен шығып, қырық бес шақырым жүріп, Мырзабай даласын басып, Қызылкөлді жағалап отырып атақты Бабатаға келдік. Осында 21 жылы үлкен трагедия – Үміттің өлімі болған» деген жолдар кездеседі сол сапарындағы жолжазбаларында. Дастанды алмастан бұрын аңызды естиді. Ал дастанның мазмұнын жазушы қара сөзге айналдырып, қағазға түсіреді. Онысы мына сарындас: осы ғасырдың басында Сарысудың аяғын, Бетпақтың құмын жайлаған Жағалбайлыда Бектұрған деген жалшылықпен күнелткен кісі болған екен, оның әйелі – Ұлтуған әйел-бала табады, оның атын Үміт қойысады. Үміт он төрт жасқа келгенде, жұрт аузында сұлу, ақылды, жақсы қыз атана бастайды. Сол шақта Бабатаның саудагер, жасы 55-тер шамасындағы Райымбек дейтін осы үйге келіп қонады. Жен-жосық сұрасқанда, өзінің жайын айтады. Ұлтуған оны Үмітті көре келгенін сезді. Райымбек өз тілегін айтады. Қызымен сөйлеспей-ақ, Бектұрған қалыңмал жайын қозғай бастайды: төрт кезін бір қойға бағалап, 590 кез мата бермек болады, ағайындары Ержан, Қали дегендерді шақырып, құдалықты бекітеді. Райымбек атын Ержанға мінгізеді, осыдан соң Бектұрғанды ертіп күйеу Бабатаға жүреді. Араға төрт қонып, бесінші күні Бабатаға жеткен Бектұрған мұнда үш күн болып, қырық жетінші малын алып еліне қайтады. Осыдан кейін Райымбек Боранбай деген жігітпен күйеушілеп келіп, наразылығына қарамай, Үмітті

еліне алып қайтады. Үмітті қызғанған Райымбек күндіз-түні аңдып, кінәлаудан көз ашырмайды. Өстіп жүріп Үміт ұл табады, атын Естай қояды, сонда да көрі күйеу қызғанын, ұрып-соғуын қоймайды. Осыны көрген Боранбай қызғанышының орынсыз екенін айтқанда, оның өзінен сезіктеніп, тақпен ұрып, басын жарады. Қатты күйінген Боранбай үндемей кете барады да, түнде келіп Райымбекті далада жатқан жерінде кетпенмен ұрып, өлтіріп кетеді. Өтеш, Мұрат дейтін Райымбектің туысқандары Үмітке жала жабады, бір қараңғы түнкке қол-аяғын байлап тастайды. Боранбай келіп «Күйеуңді өлтірген менмін, тергеуші жұртқа өлтірген деп мені көрсет» дегенде Үміт: «Менің көрген күнім құрысын, тірілік маған керек емес, өлтірсе де ырзамын, сен жеңіңе жүре бер» дейді. Сейітбай, Молдабек екі шабарман Үмітті сүйреп, көптің алдына алып келеді. Өбдіраман би молдамен бірігіп, шариғат жолы бойынша барлық «жұрт таспен атып өлтірсін» деген өкім айтады. Кішкене баласы жүгіріп, анасына келгенде, Сейітбай мен Молдабек оны қуып жақындатпай, Үмітті базарды екі айналдырып таспен ұрғызып шығады, басы жарылған ол есінен танып жығылады. Есі кіргенде, күйеуін кімнің өлтіргенін сұрайды, сонда Боранбай: «Өлтірген – мен, айт – ақ» дейді. Оған қамшымен дүре соғып жатқанда, Үміт: «Оны қинамаңдар, кінә менде, бәрін істеген өзіммін» дейді. Ишан: «Әйелді өлтіру керек, шалды шапқан кетпенмен шауып өлтіру керек» деген жаңа өкім шығарады. Сейітбай мен Молдабек «шалдың мұрагерін өлтіреді, мұрагері бізбіз» дегенде, Өбдіраман би кетпенді тапқызып, оны қолдарына беріп: «Көпшіліктен аулақ апарып, өздерің жайла» дегеннен кейін, Үмітті Қарауылтөбеге алып барады. Сол жерде Үміт: «Бұл жерді көрмей, жұрт көзіне көрінбей қаңғып кетейін, босатыңдар» деп тілек айтқанда, оған ұлақ аспаған Сейітбай кетпенмен шауып жібереді. Ал осы оқиғаны шығармасына енгізу-енгізбеу туралы жазушыда екіұдай ой туындайды: енгізбейін десе, тағылыққа барабар қатыгездік – халқы үшін мін, енгізбейін десе, шығарма шырарайына өң берер мұндай оқиғаға тең келер шындықты табу қиын. Ойлана келе, мұны аянышты шындық ретінде мән-мазмұнына астар беріп, заман қайшылығы етіп жеткізбекке бекінеді. Содан келіп дастандағы адамдардың аты-жөндері де негізгі желіден ауытқымай, оқиға құрылымын сақтап, романына жол таптырды. Романда Алуа Мойынқұмға Арқадан ауып келген аса үйлі Арғын ішіндегі жесір әйелдің 18-19 жастағы қызы болып суреттеледі.

Т. Әкім.

**«ҮМІТТІ ҰРПАҚҚА – ИГІ ТІЛЕК»**, жазушының мақаласы. 1957 ж. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің 5-пленумында сөйлеген сөзі. Алғаш рет сол жылы 11 желтоқсанда «Лениншіл жас» газетінде жарияланды. Осы нұсқа Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағына енгізілді (20-том, 1985, 363–369-беттер). «Жазушы, әдебиетші, студент жастардың тәрбиешісі ретінде, өзін жеке сәтте отырғанда басқа келетін кейбір ойларымды шәкірттерімнің алдына тартпақпын» деп бастап, жазушы Қазақстанда жоғары оқу орындарының өркендеп, мыңдаған мамандық білім алып шыққанына сүйсініс білдіреді. «Осыны, мәдени жағынан, рухани жағынан өскен ұрпақты көргенде, алғы ағалары ізбасарлардың әлпешті Отанның, кам-

қоршыл үкіметтің жасаған игілігін, берген мүмкіндігін дұрыс ақтап отырғанын қуана сезінеді» деп ағынан жырлады. Автор одан әрі жастардың моральдық, интеллектуалдық рухани бейнелеріне ойысып, биік интеллектуалды мәдениеттің өмір бойына жиналатынын, оның кіршіксіз сәбілі шактан басталатынын, студенттік шақта «берік негіз алып, қалыптаса» бастайтынын ескертеді. Жоғары оқу орны маман кадрлар даярлаумен қатар, «ол өзінің қабырғасына келген жас жандарды адам етіп қалыптастыруға, мәдениетті, ақыл парасатты, инабатты адам етіп тәрбиелеуде үлкен роль атқарады. Бүгінгі ағаның ертеңгі үміті – шәкірт ұрпақ осыны терең сезіне білуі керек». Ол үшін алдыңғы ағалардың рухани келбетіне өліктеп, солардан үлгі алып, жақсы мен жаманды ажырата білу ләзім дейді автор. «Қазақ студенті орыс тілін шала-шарпы білсе, өзінің мәдениетті адам болып қалыптасуы жолында көп нәрселерден құр қалады, ұтылады. Күн сәулесін аз алған өсімдіктің жетілуі қандай баяу болса, ұлы халықтың ұлы тілін білмеген қазақ жасының да мәдени өсуі сондай баяу болады. Орыс тілі – шет тілі емес, екінші ана тіл» деп, ұлы Абай айтқан пікірдің жалғасын табады. Ал орыс студенттері өзінің Отаны болып отырған Қазақстанды, оның экономикасын, даму тарихын, мәдениет тарихын жете білуі керек, бұл парыз ғана емес, әбден қажетті нәрсе деп, ой тастайды суреткер. «Отан деген ұғым біздер үшін айқын ақиқат. Отан – өзің туған қала, өзің өскен ауыл, өзің оқыған мектеп, қысқасы, өзің өмір азаматы боп қалыптасуға әсер жасаған орта. Ендеше солар жайлы білу – аяу мен судай қажет нәрсе» екенін ешқашан ұмытпауды, ұлы адамдар қалдырған әдеби-мәдени мұраларды жетік, орнықты меңгеруді, солардан үйренуді шегелеп айтқан. Ұлы суреткер осы студенттеріне: «Егер сендер орыс тілі мен орыс мәдениетінен басқа ештеңе білмейтін болсаңдар, өрине, жақсы емес. Егер сендер өздерің жүрген ортада, өздерің тұратын қалада, өз республикада, айталық, біздің Қазақстанда жасалған мәдени байлықтарға қызықпайтын болсаңыздар, ол – кешірімес күнә» болатынын, басқа халықтың да тілін, әдет-ғұрпын, салт-санасын сыйлаудың, құрметтеудің еш артықшылығы жоқ екенін ескертеді. Жазушы сөзін: «Біздің үмітті ұрпағымыз – студент шәкірттер, мен сендерге айтпағымыз моральдық, адамгершілік бейнелерің кісі сүйсінерліктей болсын деген оймен түйер ем» деп аяқтайды.

Н. Фабдуллин.

**ҮНДІ ӘДЕБИЕТИ.** Оңтүстік Азиядағы Үндістан түбегін мекендейтін 60-қа жуық ұлт пен ұлыстың тілінде дамыған, біздің жыл қайырымыздан 2 мың жыл бұрын жазба үлгісі пайда болған әдебиет. Ө. өзінің *«Индия очерктері»* атты ғылыми-зерттеу сипатындағы жолжазба кітабында: «Индияда 60-қа жуық тілдер бар деп саналады. Соның ішінде 15 тіл – ірі тілдер. Ол тілдерде көп халықтар сөйлейді. Сондай тілдер: һинді, урду, бенгали, тамил, марати, гуджарати, ассам, канери, мала-ялум, пенжап тілдері сияқты топтар. Бұл тілдердің ішінде һинді тілінде сөйлейтін халық бөрінен де көп саналады. Сол себепті Индия үкіметі енді 15 жылдан соң Индияның мемлекет тілі етіп һинді тілін кіргіземіз деп жариялаған. Бірақ мынау тамил тілі



М. Әуезовтің Үндістаннан келген қопақтарды қарсы алу сәті. 1958.

сияқты ескі тілдердің арасында 10 миллион, 20 миллион, кейде 30 немесе 40 миллион халық сөйлейтін көне тілдер бар. Ол тілдерде бірнеше жүз жылдардан бері туып өскен көркем әдебиет және өз классикасы бар. Толып тараған, дамыған әдебиет тілі қалыптанып отыр. Енді ағылшын әкімшілігінің заманында барлық пәлен жүз миллион индус халқына тек бір ғана отаршылар тілі – ағылшын тілі боп жүрген болса, бұл күнде жаңағы жергілікті үлкен тілдердің бері де жойыламыз деп ойламайды. Ол тілдерді тұтыған халықтар топтары да, өз тілдерінен не қып оп-оңай айрыла қояр екен. Әдебиеттік, ғылымдық және көркемдік сапа жағынан салысқанда, жаңағы аталған тілдердің көбінің жазушылары өз тілдерін һинді тілінен әлдеқайда «мәдениетті, өнерлі тіл» деп санайды. Осы тілдер таласы бүгінгі Индиядағы аса бір үлкен қайшылықтың тағы бір алуаны тәрізденді» деп жазды (12 томдық шығармалар жинағы, 2-том, 344–472-беттер). Көне Үнді әдебиетінің ғана емес, ісі адамзаттың тарихындағы алғашқы ірі көркем шығарма болып табылатын «Махабхарата» мен «Рамаяна» эпикалық дастандары б. з. д. 7–8-ғасырда сол заманғы үнді халқына ортақ пракрит тілінде жазылды. Ө. Индия сапарында осы дастандардағы оқиғалар өтті-міс делінетін тарихи жерлердің біразын өз көзімен көрді. Көне тарихтың қатпарларына сыр суыртпақтаған жазушы өзінің Жайпур мен Агра арасындағы көрген-білген жайын «Рамаяна» дастанымен салыстырады. Жазушы «Ертегілер», «Айтыс өлеңдері», «Әдебиет тарихы», «Қазақ эпосы мен фольклоры» атты еңбектерінде үндінің көне дастандарының иран, араб, сол арқылы түркі халықтарының ауыз әдебиетіне жасаған ықпалын жан-жақты талдап берді. Үнді сапарында Буддаға қатысты тарихи жерлер мен ескерткіштердің барлығын аралап көріп, ол туралы аңыздарды қойын дәптеріне ықтиятпен түсіріп отырған. Жолға шығар алдында Будда жөніндегі ғылыми-көпшілік әдебиеттермен тиянақты түрде танысып шыққан. «Индия очерктерінің» негізгі тақырыптық желісі де Будда заманындағы мәдени-рухани ескерткіштердің жайын баяндауға құрылған. Будданың отаны деп есептелетін Шиван өлкесіне барғандағы әсерін баяндаған.

Замандас орыс ақыны әрі аудармашысы И. Сельвинский Ө-тің буддалық ізгілікті қасиеттері мен сырт тұлғасына қарап, оны шығыстың бар даналығын бойына жиған қазіргі заманның Буддасы деп

бағалауының астарында жазушының осы ілімге деген ерекше ілтипаты байқалады. Б. з. д. 4–3 ғасырларда дүниауи философиялық сарында дамыған тамил тіліндегі әдебиет алдыңғы қатарға шықты. «Он жыр», «Панчатантра» хикаялар жинағы дүниеге келіп, санскрит жазуымен қағазға түсті. Бұл ұлы шығарма кейін иран, араб, түркі әдебиетіндегі аты аңызға айналған «Қалила мен Димна», «Мың бір түн», «Тотының тоқсан тарауы», «Бақтиярنامه» сияқты халықтық шығармалардың пайда болуына тікелей әсер етті. Ө. жоғарыдағы аталған туындылардың қазақ халқының фольклорына жасаған ықпалы туралы әдебиет тарихына қатысты барлық еңбектерінде кеңінен тоқталып өтті. Абайдың «Масғұт» және «Өзім әңгімесі» дастандарының негізгі тарихи тамыры осы «Панчатантрада» жатқанын баса көрсетті. Тамил тіліндегі көне әдеби ескерткіштерді Ө-тің өзі көзімен көрді. Сол дәуірде Хала (4 ғасыр), Ашвахош (2 ғасыр), Триувальуар (б. з. 4–5 ғасырлар) сияқты аты белгілі ақын-жазушылардың шығармаларында адамның тағдыры нақты сипатта суреттеліп, нақыл өсиеттік негізде жазылды. Сондай-ақ көркем өнердегі драматургияның, театрдың, актерлік шеберліктің заңдылықтарын теориялық тұрғыдан негіздеп берген «Татьяшастра» (1 ғасыр) ғылыми трактатының маңызы ерекше. Сондай көне дәстүрдің бірі – мүшәйра айтысын Ө. Дели қаласында қызықтайды. Ағылшын отаршылдығы тұсында үнді әдебиеті тоқырауға ұшырады. 19 ғасырдың 2-жартысынан бастап ұлттық ағартушылық бағыттағы шығармалар көрініс бере бастады. Әсіресе бенгал тіліндегі әдебиет ерекше қарқынмен өріс алды. Р. Тагордың Нобель сыйлығына ие болуы да соны аңғартады. Ө. бенгал әдебиетінің Индиядағы өзге әдебиеттерден шоқтығы биік тұрғандығын: «Бүгінгі тілдер ішінде ілгері мәдениетті бойына молырақ сіңірген тек бенгал тілі. Ол тілде Рабиндранат Тагордың шығармалары ғана емес, басқа да төртбес жаңа бағыттағы, ірі жазушылар шығармалары туған. Ол тілде роман жанры сияқты Индия әдебиеті тарихына мүлде жат жанр да туды. Өзге тілдерде ондайлық дәрежеде әдебиеттің жаңа жанры өсіп дамыған жоқ. Бұлардың бүгінде де ең өскелең жағы тек поэзия. Оған да жаңа ырғақ, ұйқас пен өзге құрылыс жаңалықтары енген жоқ. Өлі де көбінесе екі жолды мәснауи, бәйіт, ғазел, рубағи өлшеу ырғақтары, бастым болып жүр» деп атап көрсетті. Үнді-совет достық қоғамының Қазақстандағы бөлімшесінің төрағасы ретінде Ө. 1961 ж. Алматыда Тагордың туғанына 100 жыл толуына орай салтанатты кеш ұйымдастырып, сөз сөйледі. Кейін «Тагордың кемеңгерлігі» атты мақаласында: «Үнді халқының рухани мәдениетінің даналыққа толы әрі алуан түрлі, үлкен-ғайыр аясында Рабиндранат Тагордың тамаша тұлғасы ғажайып жарқырап көрінеді. Тагор қазіргі заман талабына тіл қатқан лирик-ақын, Тагор – новеллист әм романтист, Тагор – драматург, публицист. Өзінің өзгеше жазушылық мәдениетінде ол қазіргі Батыстың творчестволық дәстүрлерін де мол баураған» деп баға берді. Бір жанрмен айға созылған Үндістан сапары кезінде Ө. Үнді әдебиетінің әр тілде жазатын көптеген қаламгерлерімен пікірлесіп, оларды мазалап жүрген көкейесті мәселелермен танысты. Соның ішінде хинди тілінің мемлекеттік тіл деп жариялануына байланысты өзге ұлттық әдеби тілдердің тосқауылға ұшырап отырғандығы ерекше назар аударды. Бомбейде болған күндерде біз қала-

ның сыртында, дачалы жерде өз үйінде тұрушы – әрі жазушы, әрі режиссер Ходжа Ахмад Аббастың үйінде қоңақта болды. Бұнда адам көп жиналығты. Бомбейдің урду тілінде жазатын жазушылары, ақындары мен кинорежиссерлер, артистер келді. Одақ еліне мәлім болған суреттердің геройлық рөлдегі еркегін, әйелдерін ойнаған артистер де болды. Бір топ ақындармен әңгімелесе отырып, одақтағы біздің жазушы-ақындарымыздың шығармаларын білетін, білмейтін жайларын сұрасырады. Жалпы одақтық жазба поэзиядан Маяковскийдің атынан басқа ақындарымызды ауызға алысқан жоқ. Бір шақта қайтер екен деп, «Жамбылды білесіздер ме?» деп сұрайды, бастығы Әли Сардар боп урду тілінде жазатын үш ақын өздерінше бірер ауыз сөз қатысып алды да, сол арада әңдетіп тұрып, бәрі қосылып Жамбылдың «Жана заң» туралы шығарған жырын айтып береді. Ө-тің атап өткеніндей, сол кездегі саяси-әлеуметтік қиын жағдайдың шырмауында дамыған үнді әдебиеті өкілдерінің көркем туындыларын өз оқырмандарына дер кезінде таныстыратындай мүмкіндіктері болмады. Алайда екі ел арасындағы рухани байланыс жыл сайын нығая түсті. Үнді халқының мәдениеті мен әдебиеті, тарихы туралы Ө-тің «Индия очерктері» (1958), «Тагордың кемегерлігі» (1961), Б. Момышұлының «Көп тілді әдебиет» (1960), С. Шаймерденовтің «Реалистік жолдағы әдебиет» (1955), «Үнді елінің ұлы гуманисі» (1961), Е. Ысмайыловтың «Мәңгі достық жырысы» (1961), Т. Амандосовтың «Тагор елінде» (1961) т. б. 50-ге тарта мақала жарияланды. Сондай-ақ Қожа Ахмад Аббастың «Үнді перзенті» (1959) романы мен «Тапсырылмаған хат» атты әңгімелер шоғыры (1962), Мүлік Анадд Радждың «Буркіт пен көгершіндер» атты әңгімелері, Тагордың «Күйреу» (1957), «Алтын сағым» (1960), «Гауірманан» (1962) романдары мен әңгімелері, өлеңдері, Прем Чандтың «Тхакур құдығы» (1958), «Жыланның гауһар тасы» (1960), Борен Бошудың «Рекрут» (1960) жинақтары, К. Агровальдін, Валатхолдың, Әли Сапар Жафридің, Х. Чаттопатхияның т. б. ондаған ақындардың өлеңдері әр жылдары жарық көрді. Үндістанға барған сапарында Ө. бұл жинақтардың бәрiмен де танысты және өзiмен бiрге ала барды, кейбiреулерiн Аббасқа, Анаддқа, Валатхолға, Жафриге табыс еттi. Ө-тiң шәкiртi Ө. Әлiмжанов пен А. Шамкеновке Джавахарлал Неру атындағы халықаралық сыйлығы берiлдi. Жазушының «Қараш-Қараш оқиғасы» повесi 1966 ж. бенгал, 1967 ж. хинди тiлiнде шықты. Үндi сапарында назарын ерекше аударып, көнiлiн алаңдатқан мемлекеттiк тiл туралы: «Өкiмет ойлағандай 15 жылдан соң барлық Индияға хинди тiлiн жалғыз тiл ғып кiргiзу оңай емес. Әдебиет тiлi бұрын өркендеп өскен, нәзiктенiп өнерленген өзге Индия тiлдерiнiң өз дәстүрiн тастап, хинди тiлiне ауысуымен тумайды. Және оңтүстiк тiлдерi санскритпен байланысты емес. Олардың тiлiнде де хинди тiлiнен өте жырақ жатқан жайлар көп» деп ескерткен пiкiрi ақыры шындыққа айналды. Мемлекеттiк тiл мен дiн мәселесi бойынша ортақ мәмiлеге келе алмаған Бангладеш пен Пакистан елi өз алдына тәуелсiз республика болып, жеке бөлiнiп кеттi. 1997 ж. Қазақстан Республикасы мен Үндi мемлекетi Ө-тiң туғанына 100 толу мерейтойын бiрге атап өтiп, ұлы жазушы салған мәдени-рухани байланыс одан әрi жалғасын тапты.

*Т. Жұртбай.*

**ҮСЕНХАН** Бердіқожаұлы (т.-ө. ж. б.), жазушының атасы Өуездің ең үлкен ағасы, Бердіқожаның тұңғыш ұлы. Ү-нан – Құлжан, Әлихан. Құлжаннан – Смайылхан, Исахан, Өзімхан. Исаханнан – Өсия, Мұқыш, Мұслима тарайды. Ғылыми айналымға түскен деректердің барлығында да: Ү-ның үрім-бұтақтары жиырмасыншы-отызыншы жылдары қысымға ұшырап, елден кеткен. 1931–32 жылғы Шыңғыстау көтерілісі мен ашаршылықтан аман қалғандары жоқ деген пікір түюге әкеліп тіреді. М. Діқанбаев Ү-нан «қазір ешбір тұқым қалмаған сияқты» деп жазды өзінің «Мен білетін өмірбаян» атты естелігінде («Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», А., 1997, 6-бет). Дегенмен нақты айғақ жоқ. **«ҮШ КҮН»**, жазушының әңгімесі. «Социалды Қазақстан» газетінің 1934 ж. қараша айының 7, 10 күнгі 258–259-сандарында жарияланды. 1935 ж. жарық көрген «Тас түлек» атты жинаққа кірді. Бұдан кейін ішінара жеке сөздерді стильдік тұрғыдан қырнағаны болмаса, елеулі өзгеріске түспеген. Жазушы шығармаларының 12 томдық (1-том, 1967), 20 томдық (1-том, 1979) шығармалар жинағында алғашқы нұсқасы бойынша басылды. Өңгіме арқауы жазушының өзі куә болған тарихи оқиғаға құрылған. 1922–24 ж. Абай ауылының адамдарын ұйымдастырып, Бақанас-Байқошкар өзенінің алқымынан тоған қаздырады. Уақ-қарыз серіктігін құрып, оған Көкітай Ысқақовты төраға етіп сайлайды. Суармалы егін бітік шығып, ауыл адамдары молшылыққа кенеледі. Ол тоған көп жыл бойы шаруашылыққа кәдесіне жарап келді. Жергілікті жұрт оны «Мұхтар каналы» деп атап кеткен. Жазушы үш кедейдің өміріндегі үш кезенді суреттеу арқылы олардың тіршілігіндегі өзгерісті бейнеледі. Бірінші тарауда Сарыауыз, Көлбай, Талпақ атты үш кедейдің байдың көңілін жықпас үшін, өзара төбелесіп жатқаны баяндалады. Екінші тарауда байдың мал-мүлкі тәркіленіп, соны бөлісе алмай жатқан әлгі үшеуінің мінез-құлқы суреттеледі. Үшінші тарауда ауылдың қасындағы өзеннен тоған тартып, суармалы егін егіп, жоталанып алған Көлбай, Сарыауыз, Талпақтардың қуанышты көңіл күйі баяндалады. Мұндағы кейіпкерлер – жазушының қиялынан туған көркем бейнелер. Оның 1930–32 ж. түрмеде отырып, «кеңес өкіметінің жасампаздық істерін жазуға» үде берген, өсіре солшыл сыншылардың байбаламынан құтылу үшін еріксіз қалам тартқан шығармасының бірі – осы «Ү. қ.» әңгімесі. Өзі араласқан, жақсы таныс тақырыпты жазса да, шығарманың бойынан жалаң кеңестік насихаттың әсері байқалады.

*Т. Жұртбай.*

**«ҮШҚОҢЫР ЖАЙЛАУЫНДА»**, жазушының 1948 ж. жазылған очеркі. Очерктің көтерген тақырыбы – мал тұқымын асылдандыру мәселесі. Очерк авторы бағалы бастама туралы жазған. Очерк басындағы әдемі табиғат суреті бірден баурап алады. Көздеген нысанмен егжей-тегжейлі танысып, оның қыр-сырына үңіліп барып жазу ерекшелігі мұнда да бірден аңғарылады. Жазушының жер-су аттарына ерекше назар аударуы оқырманды сол жермен, сол жердің табиғатымен таныстыруға жетелейді. Ғалым мамандар мен қарапайым еңбек адамдарының бірлесе атқарған істерінің нәтижесінде өнімді, өсімі мол асыл тұқымды малдың алынғандығы, ол үшін Қазақстандағы кейбір ма-

ман ғалымдардың Мемлекеттік сыйлық иеленгендігі, жекелеген шопандар мен колхоз басшылары ірі табыстарға жеткендігі сөз бола отырып, Алматы облысының көптеген шаруашылықтарын қамтыған бұл жемісті істің қарқыны әңгімеленеді. Осынау деректер, әдеби көркем тәсілмен көмкеріле отырып очерктің басты тақырыбының, негізгі идеясының төңірегіне топтасқан. Очерктің шоқтығын биіктетіп тұрған да – осы қасиет. Автор шығарманың алғашқы нұсқасын бірнеше рет қайта қарап, көптеген түзетулер енгізген. Шығарма баспа бетін көргенше, ондағы әрбір сөз, сөйлемге мән бере қарап, текстологиялық-стилистикалық түзетулер енгізіп отыру, осы шығармадан ерекше байқалады. Очерк алғаш рет 1948 ж. «Әдебиет және искусство» журналының 7-санында жарық көрді. Кейін ол өзгеріссіз жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 8-кітабына енгізілді.

*Б. Жақып.*

**ФАБЛИО** (ф а б л ь о), өлеңмен жазылған комедиялық не сатиралық шығарма. 12–14 ғасырлардағы француз әдебиетінде дамыды. Негізгі белгілері – оқиғаны баяндауда комизм басты орын алады. Қарапайым шаруадан бастап рыцарларға дейінгі барлық әлеуметтік топтарға арнап жазылған. Көбінесе қала өмірін тәптіштей суреттеп, кейде дәрекі натурализмге барған. Жағымсыз кейіпкер ретінде поппар мен монахтарды суреттеген. Әйелдерді алдаған еректер, шаруалар бейнелері жасалған. Жаман хылықтар ажуаланған. Ә. «Жамбылдың айтыстағы өнері» мақаласында қазақ ақындары айтыста Ф. үлгісін де қолданғанын айтқан.

**ФАДЕЕВ** Александр Александрович (1901–1956), орыс жазушысы. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1946). Мұхаң Ф-тің әділдігі мен адамгершілік қасиетін өте жоғары бағалады. Ә. 1951–53 ж. басына күн туып, Мәскеуге барып паналауға тура келген кезде, Ф. достық көмегін көрсетіп, оны түрмеге қамаудан арашалап қалады. Ф. 1949 ж. 2 ақпанда Парижде өткен бейбітшілік пен өркениетті жақтаушылардың жиналысында сөйлеген сөзінде Ә-тің «Абайы» сияқты тамаша романын дүниеге келуінің өзі үлкен қуаныш деген пікір білдірді («Біздің Мұхтар», А., 1976). Ф-тің тосын қазасына Ә. қатты күйзеліп, аруағының алдында өзінің өмірі үшін борыштар екенін терең сезінді. Оның осындай күйзеліс шырмауындағы көңіл күйін білдіретін «Ауыр қаза» атты тебіреніске толы азнама-мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1956 ж. 18 мамыр күнгі санында жарияланды.

*Т. Жұртбай.*

**ФАЗЫЛОВ** Нәсір (1929 ж. т.), өзбек жазушысы, аудармашы. Өл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде 1998 ж. 28–30 қыркүйекте «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» деген тақырыпта өткен 2-халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысып, баяндама жасады. Халықтар достығына, мемлекеттер арасындағы бейбітшілік пен татулық істеріне зор үлес қосумен қатар, М. Әуезов әлем халықтары әдебиеттерінің өсіп-өркендеуіне де көп еңбек сіңірді, демек Мұхаң қалдырып кеткен әдеби мирас – тек қазақ халқының ғана емес, бәлкім бүкіл адамзаттың, барша түркі әлемінің, соның ішінде өзбек халқының да әдеби және рухани байлығы екенін айтты.

*Н. Ерсарыұлы.*

**ФАИЗОВ** Рифкат (1896–1968), есепші. «Жарыс» футбол командасының бөлді ойыншысы. Ө-пен бірге ойнаған. Есепші мамандығын бітірген. Өмірінің көптеген жылдарын Семей қаласындағы жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарында қызмет етуге арнаған. Қалалық өнеркәсіп комбинатында қызмет атқарған. Кезінде ұлы жазушымен араласып тұрған.

*Ө. Сұлтанов.*

**ФАЙЗИ** (лақап аты; шын фамилиясы – Ф а й з у л л и н) Ахмед Сафаұлы (1903–1958), татар жазушысы. Алғашқы өлеңдері 1918 ж. жарық көрді. Сол жылы «Сұлұлық дүниесінде» деп аталған тұңғыш комедиясын жазды. Татар әдебиетінің классигі Ф. Тоқай туралы драманың (1938) және романын (1952) авторы. Алғашқы татар балеті «Шуралені» (1955) Тоқай шығармаларының сарынымен жазған. Мұса Жәлил туралы опера либреттосының, «Пугачев Қоқанда» деген тарихи драмасының (1951) авторы. Оның драматургиясы – татар әдебиетінде көрнекті орын алады. Ф-дің «Флейталар» (1933), «Дала мен адам» (1936) секілді поэма, балладалары да мәлім. «Тоқай» романы (1959), көптеген өлеңдері қазақ тілінде жарық көрді. Мұхаң Ф-дің шығармаларымен жақсы таныс болған, өзінің «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі», «Социалистік ұлттар әдебиетінің даму ерекшеліктері» атты мақалаларында Ф-дің «Тоқай» романына жоғары баға беріп, жазушының шығармашылық шеберлігін атап көрсеткен.

*Р. Бердібай.*

**ФАЙЗИ** (лақап аты; шын фамилиясы – Ф а й з у л л и н) Мірхайдар Мұстафұлы (1891–1928), татар жазушысы, драматург, татар кеңес әдебиеті іргетасын қалаушылардың бірі. 1909 ж. «Екі Хасан», 1911 ж. «Жастар алдаттырмайды» деген композицияларын жазады. Кейірінек романтикалық сарындағы «Қызғаныш» (1913), «Орал суы бойында» (1917–18) пьесалары туды. Ф-дің даңққа бөленген шығармасы – «Ғалиябану» драмасы (1916). Мұнда Қазан қарсаңындағы татар аулының әлеуметтік мәселелері суреттеледі. Бұл қазақ театрларының репертуарынан да берік орын алған, халыққа аса танымды шығарма. Пьесаның алтын желісіндей «Ғалиябану» қазақ арасында кең тараған ән. Ф. халық турмысын жетік білген, фольклорды жинауға ат салысқан, халық өлеңдерінің жинағын құрастырған. Қазақ қаламгерлері, соның ішінде түрік халықтары әдебиетінің білгірі Мұхаң Ф-дің драмалық туындыларын жоғары бағалаған.

*Р. Бердібай*

**ФАНТАСТИКА**, әдеби жанр. Бұл шығарма жазуды ойға алғанда, оны жан-жақты қарастыру әдеті Ө-те ертеден қалыптанған. Осы әдетті «Өскен өркенді» жазу кезінде де қолданды: барлау жасау үшін алдымен очерктер жазудан бастады, «Дос – Бедел дос» та сол ізденістің бір жолы еді. Романдағы Жандос пен пьесадағы Бедел бір тек, бір мақсаттың және жаратылысы бірдей адамдар еді, ғылым мен өмірге көзқарастарында алшақтық көрінбейді. Жазушы пьесасының өзін «қиял» деді, осының № 1 жоспарында: «Елу жылдан соң», «Жарым ғасыр соңында», «Жарты ғасыр өткен соң», «Екі мың оныншы жылы» деген бөлімдері бар. Прологында Бедел мен тарих көрсетіледі, болашақ болжанады. Бірінші акттың өзі 11 суреттен тұрады. Осының 6 суретінде Гүлжан Ұланбелден космосқа ұшады, 11-суретінде қайтып оралады. Бұл жоспарда Ұланбел зор қала: өнер, ғылым, байлық ордасы, космосқа жол ашатын мекен. Мұнда көп



жаңалықтар ашылған, ғажайып аппараттар жасалған, өнері елдерді таң қалдырған ғалымдар да осында. Солардың өнер-білімінің арқасында Қазақстан 2010 жылдары космостан ауа райын меңгеру арқылы қалаған жеріне жабыр жаудыра алады, күннің жетерлік шуағын жібере алады, соның нәтижесінде 100 миллиард пұтқа дейін астық алуға мүмкіндік туғызады. Гүлжан айды, жерді айналып, 17 күн дегенде жерге қонады. Ал жазушының сол қиялдарының (фантазиясының) біразы жүзеге асқан, әлі де асатын шындық, жазушы қиялының құр қиял еместігін көрсетеді. Бұлар елестету арқылы шындықты табиғи қалыптан өсіріп, өсірелеп көрсету болғанмен, оның өмірден алыстап кетпегеніне көзін жетеді. Ғылымсыз, ойсыз мұның бәрі фантастика болып көрінуі мүмкін, ал шындығында олай емес.

*Т. Әкім.*

**ФАТКУЛЛИН** Фатих Халилулы (1935 ж. т.), әдебиет зерттеуші, аудармашы. Филология ғылымының кандидаты (1972). Негізгі ғылыми еңбектері аударма мәселелеріне арналған. «М. Әуезов шығармаларының жаңа жинағы» атты мақаласында ұлы жазушы туындыларының 12 томдық басылымының шығуы жөнінде өз ойларын ортаға салып, жарық көрген алғашқы 3 томына талдау жасаған.

*Р. Бердібай.*

**ФЕДИН** Константин Александрович (1892–1977), орыс жазушысы. КСРО ҒА-ның академигі (1958), Соц. Еңбек Ері (1967), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1949). Ө-пен көп жыл достық, шығармашылық қатынаста болған. Қазақ жазушысы Лениндік сыйлық алған кезде, бір топ қаламгерлермен бірге жеделхат жолдап, қуанышын білдірген («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 686-бет). Мұхаж қайтыс болғанда, «Серік» атты қазанама-мақаласын жазды («Қазақ әдебиеті», 1961, 7 шілде). «Тұрғыласым еді» деген естелігінде жас кезінде Қазақстанда тұрып, қазақтардың тұрмыс-тіршілігімен таныс екенін айтып, алайда тек Ө. қана өзінің «Абайымен» менің қазақ халқы туралы білігімді толықтырды, мен енді ғана хош иісті самал ескен даланың жұпар ауасын жұтып, қазақ боп кеткен тәріздімін деп ағынан жарылған («Біздің Мұхтар», А., 1976, 13-бет).

**ФИРДАУСИ** Әбілқасым (940–1030), парсы-тәжік ақыны. 976 ж. «Шаһнама» дастанын бастап, 35 жыл бойы жазған, ал 60 мыңдай бәйіттен (қостағаннан) тұрады. Онда иран және тұран халықтарының басынан кешкен 4 мың жылдық тарихи тағдырлары баяндалған. Парсы-тәжік әдебиетінің білгірі Ө. «Орта Азия халықтарының әдебиеті» деген мақаласында Ф-дің шығармашылық жоғары бағалап, «Манас» жырының сөздік-поэтикалық құрылысына парсы әдебиетінің әсері тигенін, «Бұл – Иранның кітаби эпосы мен шағарат әдебиеті әсерінің айғағы. Жыршы мұндай сөздерді не жыр ішінде өлеңмен қолма-қол түсіндіреді: сөйтіп қос сөздер, қос тіркестер пайда болады. Мұндай кітаби әсердің образдары да тигені батырлардың Рүстеммен салыстырылуынан да анық көрінеді» деп, «Шаһнама» дастанының көркемдік қасиеттерін аша түседі.

*Ө. Нұралiev.*

**ФИЗУЛИ** Мұхаммед Сүлейманоглы (1404–1556), әзірбайжан ақыны. Әзірбайжан, парсы, араб тілдерінде жазған шығармалары қолжазба түрінде тараған. Негізінен лирикалық өлеңдер мен қасидалар, дастандар шығарған. «Гашиш пен шарап», «Шағымнама» дастандарында феодалдық қоғамды

сынады. «Қаңғыбас пен тақуа», «Саулық пен сырқат» атты философиялық шығармаларын жазды. Поэзиялық туындысының шырқау шыңы – «Ләйлі Мәжнүн» дастаны (1536–37). Бүкіл дүние жүзі поэзиясының інжу-маржаны саналатын бұл шығарманы ол өзінен бұрынғы ақындардың үлгісімен (мысалы, Низами) қайта жырлады. Мұхаж Ф-дің шығармашылығына зор мән берген. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» деген еңбегінде оны «өзінің «Ләйлі – Мәжнүн» атты атақты поэмасымен үлкен даңқ алған ақын десе, Абай туралы жазған зерттеулерінде («Абай мұрасы жайында», «Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері», «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» Шығыс ақындарының ішінде Ф-дің де жас Абайға қатты ықпал жасағанын айтқан. Өйткені «оған тілдері түсінікті ең жақын ақындар болғандықтан, Науаи, Фзули үлгісі көп әсер етті. Тіпті бұғандық ұлы Советтік Отанымыздың қадірлі, көрі классиктері Науаи, Фзулише жазатыны бар» дейді (М. Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы, 20-том, 1985, 94–95-беттер).

*Н. Оспантегі.*

**ФИЛОСОФИЯ**, Жазушының философия туралы ой-пікірлері. Ө. Ф. туралы арнайы мақала жазған. Ол «Философия жайынан» деген атпен «Абай» журналының 1918 жылғы №3-санында жарияланды. Мақала жазылған кезде Мұхтар семинарияның соңғы курсының студенті болатын. Жас жағынан алғанда Ф. ғылымына қоян-қолтық араласып кете алатын кемел шақта емес, оның әлі оқығанынан оқымағаны, көргенінен көрмегені алда еді. Бірақ ол сонау алдағы шырғаланы мол жолдың басын әлемдегі алпауыт ой ғылымы Ф-дан бастады. Өрине Ф. туралы өлденен айту үшін, оны білу керек. Философия өмірді өлеңмен өрнектейтін поэзия емес, ол нақтылы білім жүйесі. 20 ғасыр басында Ф. білім жүйесі ретінде реттеліп, сұрыпталып оқу орындарында, әсіресе, университеттерде пән болып жүре бастаған. Ф-ның тарихи туралы арнайы оқулықтар болған. Ө-тің бұл мақаладағы ой саптауына қарағанда, ол Ф. тарихының білікті маманынан дәріс алып, сол кездегі Ф. пәні оқулығымен таныс болса керек. Мұхтар семинарияда оқып жүрген кезде «маркстік-лениндік» Ф. әлі өмірге келмеген. К. Маркс пен Ф. Энгельстің шығармалары ол кезде өлем халықтарына таралып жатқан, бірақ олар Ф. оқулықтарына енетіндей деңгейде емес-ті. Сол кездегі оқулықтарда оларды философтар ретінде емес, экономикалық материализм өкілдері делінген. Бұл – шындыққа келетін пікір. Осы тұста еріксіз өзін мойындататын шындық бар, ол – данышпан адамның тума қасиеті, оның балалық шағында да, бозбалалық шағында да, жігіттік шағында да мәлім болатыны. Осы мақала Ө-тің болашақта кім болатынын мейлінше анық көрсетіп тұр («Философия жайынан»). Ол Ф-ны «адамның жанын тәрбиелейтін ғылым» дейді. Мұхтар көтерген философия тағдыры туралы дау әлі де сол күйінде. Өрине, жиырмасыншы жылдардан бастап Россияда маркстік Ф. негіздері құрастырыла бастады, сөйтіп өмірге диалектикалық және тарихи материализм деген Ф. келді. Бұл кезден бастап Ф. табиғаттың, қоғамның және ойлаудың неғұрлым жалпы заңдылықтарын зерттейтін білім саласына айналды. 19 ғасырда бой көрсеткен

позитивтік Ф-лық бағыттарды бір сөзбен буржуазияшыл, реакцияшыл иррационализм деп атадық. Бүгінде тарихтан диалектикалық және тарихи материализм кеткенде, сол Мұхтар көтерген Ф-дағы дау қаз-қалпында өз шешімін күтіп тұр. Позитивтік Ф-лық бағыттардан бүгінде біз бас тартпаймыз. Тіптен иррационализм деп аталатын Ницше Ф-сын да жоққа шығармаймыз. Ф-яны тек бір ұғым арқылы түсінуге есте болмайды, оның типтері бар. Мысалы, қазір сыналып жүрген диалектикалық материализм де Ф-ның бір типі. Ондай Ф. өмірде болды, оны біз қалайша жоққа шығарамыз. Кейінгі кезде біз Иасауиге қатысты суфизм (сопылық) Ф-сы туралы айтып жүрміз. Шынында да сонау 10 ғасырдан басталған суфизм де арнайы зерттеуді, әрі оны мойындауды қажет етеді. Суфизм туралы көп еңбектенген Идрис Шаһ оны «трансценденталдық философия» деп атаған, келісуге болатын пікір. Немесе араб-парсы Ф-ның ерекшелігі туралы айтқанда, біз фалсафа туралы айтамыз. Қазір кейбіреулер Ф-ны қазақшалап «фалсафа деп жазуды ұсынады. Бұл білместіктен туған ниет. «Философия» дегеніміз – Батыс Еуропалық үлгідегі ойлау жүйесі, ол фалсафа болса, ол адамзат ақыл-ойы дамуының жаңа әрі анағұрлым биік деңгейі. Философия мен фалсафаның тегі бір сөз. Екеуі де бастауды Сократ, Платон, Аристотельдерден алған, мәселе – екеуінің ізденістерінде, яғни діни дүниетанымдарында. Батыс Еуропа мәдениеті мен ойлау жүйесі христиандық қағидаға, түсініктерге құрылған. Бұл – осы бағыттағы философияның өрбу ерекшелігі, оның кемшілігі емес. Сондықтан Батыс Еуропада өнденіп, құлпырып, өсіп-өнген Ф-ны өзінің нақты орнында қолдануымыз керек. Әрине қазіргі күні өнерде, ғылымда, білім беру саласында еуропалық дәстүр басымдық рөлде болғандықтан, біз Ф-ны оқып үйрену ісін өркендеттіктің басты белгісі деп түсінеміз. Онымыз – өте дұрыс. Әйтпесе біз аса бәй мәдениеттен ада болмақпыз. Мұхтардың да білу керек деп отырғаны – осы Батыс Еуропа Ф-сы. Еуропалық мәдениетсіз біздің әлемдік өркенімізден тыс қаларымыз хақ. Ал фалсафа дегенге келетін болсақ, жоғарыда айтылғандай, ол да адамзат баласының ойлау мәдениетіндегі жеткен биік бір жемісі. Фалсафаның аса көрнекті өкілдері – Әл-Кинди, ибн-Рушд, ибн-Сина, әл-Фараби т.б. Фалсафа көне грек философиясының, әсіресе Аристотель философиясының араб-парсы, жалпы ислам мәдениетіндегі көрінісі. Яғни фалсафа ислам дүниетанымы ауқымында өрістегені, оның Батыс Еуропалық Ф-дан басты ерекшелігі деп түсіну керек. Фалсафада жаратушы – Алла тағала есімі жоққа шығарылмайды, онда материалист пен идеалист деген қарама-қарсылық жоқ. Фалсафа бір жағынан Аристотель ілімдерін тарату, түсіндіру болса, екінші жағынан, оны ғылым ретінде жетілдіру. Ө. «философия дегеніміз – ой тәрбиесі» дегенді мақаланың негізгі идеясы еткен. Сондықтан ол «философия адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ» деп ойын түйіндеген. Мақаланы жазудағы мақсат – қазақ жұртшылығына ой тәрбиелейтін білім саласы философияны насихаттау. Бүлісті Мұхтар тамаша орындап шыққан, оның айтқан ой-пікірлері бүгінгі күні де әлі өз мағынасын жойған жоқ. Тіпті

қазір де Мұхтар көтерген Ф-лық мәселелерге жаңа заман тұрғысынан қайтадан зер салу қажеттілігі де күн тәртібінде тұрғаны мойындаған жөн.

Ө-тің өмірі мен шығармашылығы кеңестік қоғамдағы коммунистік идеология үстемдік еткен заманда өтті. Қазіргі ұрпақтың түсіне кірмейтін, ол кезде мемлекеттік цензура болды. «Сөз бостандығы» деген мәселе болмаған, не айтылса, не жазылса, бәрі-бәрі мемлекеттік бақылауға алынып отырған. Бұл Мұхтар сияқты кемеңгердің басына түскен нағыз «ноқта» еді. Сондықтан данышпан жазушы осындай әлеуметтік кеңістікте қандай жолға түсуі керек еді, дана адам жөн таппай қоймайды, ол өз жолын өзі тапты, ол Абай жолы болатын. «Абай жолы» деген метафора емес, тек романның аталуы емес, ол Ө-тің – дүниетанымы болатын. Оны Абай жолына екі ауқымды мәдени-философиялық идея бастап еткенді, олар «Бесігінді түзе» және «Қазақ әйелі». Осы екі идеяны Мұхтар негізінен «адамдық негізі – әйел» деген ой кеңістігінде қарастырған. «Адамдық негізі – әйел» деген шағын мақаласында: «Адам баласы қызықты ғұмыр кешірмек боп қуанып, үмітпен өсіп, жылдан-жылға қызуы басылып, суынып, ақыры кейін өледі. Неліктен? Адамда екі түрлі қылықтық жолы бар: бірі тіршілік қамы, бірі адамшылық қамы» дейді. Тіршілік қамы хайуанға да, адамға да ортақ. Ал «адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел». Демек «Қазақ, мешел болып қалам демесең, тағліміңді, бесігінді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе» дейді семинарист Ө. Осы идеяны ол «Қазақ әйелі» деген мақаласында жалғастырған: «Қазақ жұртының бойында әйел халі үлкен аурулы жараның бірі. Бұл мәселе қазақ емес, бар мұсылман дүниесінде шіріп жатқан үлкен дерттің бірі еді». Әйел мәселесін әлеуметтік мәселе ретінде, оны шешудің Мұхтар тиімді жолын ұсынады: «Тегінде революцияны, бұзып-жарып жұрт мінін түзеуді бастағанда, екі түрлі жол бар: эволюция – мысқалдап жету; реформа – істің ағысын байқап отырып, кезі келгенде жаңалықты кіргізіп қалу. Біз соңғы айтқан реформа жолын тұтамыз». Мұхтар әлеуметтік мәселе шешуде тиімді тәсіл ұсынып отыр, жаңалықты енгізу халық бойындағы дәстүрді қопарып не сылып тастау емес, жаңалықты істің ағысына орай енгізу. Ө-тің ұлт болам десең «бесігінді түзе» деген мәдени-философиялық идеясы – 21 ғасырға өтіп, өмір сүріп жатқан қазақ халқына зәру ой. Мәселе бесіктен басталады, одан ол қазақ әйелінің халі арқылы анықталады, содан барып ой кеңістігіне, Абай жолына түспекпіз. Бұл жолға түсуден бұрын ойланатын мәселелер: бесікті түзеу және бүгінгі күнге дейін жаралы дерттің бірі – қазақ әйелінің халі туралы мәселені Ө. осылай қойған.

Ф. Есім

«ФИЛОСОФИЯ ЖАЙЫНАН», жазушының мақаласы. Алғаш рет «Абай» журналының 1918 жылғы 3-санында жарияланды, кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағының 15-кітабында (11–16-беттер), шығармаларының 50 томдық толық жинағының 1-кітабында (1997, 76–81-беттер) жарық көрді. Ө. мақалада дін мен философияның байланысы және айырмашылықтары туралы терең пікірлер білдірген. Біріншіден, автор «философияны дінмен бастас ғылым» дейді. Бұл – шындық. Аса көрнекті ғалым А. Швейцер де «философия мен дін бір емшек емген апалы-сінлілер» деген ұғымды айтқан. Философия материализм, атеизм атанып, діннен

қаншама іргесін аулақ салғысы келгенмен, мүлде алшақтап кете алмады Сондықтан ұлы жазушы «екеуінің іздейтін мақсаты бір түрлі» деген. Дәл айтылған. Бәлкім, Мұханның ұстаздары таза білім мен ақиқат жолындағы адамдар болса керек. Өйткені 20 жастағы жігітке сол кезде модаға айналған әдебиет әсер етсе керек еді. Олай болмапты. Мұхқан бұл өлемдік мәселеде жеңілдікке салынбаған. Себебі философияның да, діннің де басты нысаны – адам, екеуі де адам туралы ақиқат жолға бастайды. Екіншіден, Мұхқан философия мен діннің ерекшеліктерін аша білген. «Діннің мақсұтының аймағы философияның мақсұтының аймағынан кең» дейді ол. Мұнда бір діннің өзін ғана емес, оның жалпылық мәнін айтып отыр. Философия болса, негізінен ақылға сүйенеді, ол – ғылым. Ал дін ақылға нұр беретін жүрек туралы, біліп болмайтын, ақылмен танып болмайтын тылсым дүние туралы айтады. Қаңдай бір болса да, сенімге негізделген, философияның басты ұғымы – таным. Таным адамға сенім ғана емес, күдік те әкеледі. Ө.: «дін жүректі тәрбиелейді, мінәздікке үйретеді және ерік күшін тәрбиелейді» дейді. Ол философияның өмір үшін аса қажеттігін дәлелдей келіп, оны «адамның ақылын тәрбиелейтін ғылым» деген тұжырым жасайды. Бірақ философия тек ғылым ғана емес, одан да биік нәрсе. Сондықтан Мұханның «ол философия бар ғылымның қазысы болып тұрды» дегені – шындық. Философия өлі де ғылымдардың қазысы қызметінен айрылған жоқ. Мақаланың тағы бір құнды тұсы – Ө-тің философиялық ғылымдарды классификацияға бөліп, оның құрамына талдау жасағаны. Ол заманда философияға психология енген, ал логика мен философия тарихы, гнеосология қазір де философия ғылымының салалары деп саналады. Сондықтан Мұхқан: «Екінші бөлікке кіретін дүниедегі барлықты әр жағынан қарастырып, айыратын ең кең, ең ауыр ғылым – метафизика» деген. Шынында өзінің табиғаты жағынан философия – метафизикалық философия. Бұл ғылым Аристотель заманынан бері бар. И. Кант заманынан бері қарай метафизиканы философия ретінде материализмнің бір көрінісі деп қабылдай бастады, өйткені диалектика дүниеге билігін жүргізуге кірісті. Ө. осы түсініктің шыр-мауында қалған, бірақ оның метафизиканы антологиялық мәнде қарастырғаны құптарлық нәрсе. Біз қазіргі кезде метафизиканың баяғыда Аристотель айтқан мәніне қайта оралуымыз. Кезінде орын алған философия дағдарысы туралы ұлы қаламгердің пікірі – назар аударуға тұрарлық: «Қай ғылым болмасын, әр уақытта ескіріп қалып, жаңартуды керек қылып отырады. Философия да сол жолмен барып, Канттан біраз кейін әр түрлі жолдарға түсті. Мұның аяғы көп керіс, талас болып, ақырында осы кейінгі уақыттарда философия қайта айналып, сол Канттың пікіріне сүйенетін болды. Ақыры Канттан бергі философия өзге түсерлік жол тауып кете алған жоқ, әр ғылымның тапқанын қорытан деп, философия өзінің жеке ғылымдығынан айрылып, бірбеткей, бір-ақ ғылымның жетегіне ғана кетіп қала жаздаған уақыты болды». Бұл үзіндіде Ө. Декарт пен Бэконнан басталған жаңа заман философиясының ескіріп, жаңа пайымдаулар орныға бастаған кезде ауызға іліккен данышпан Кантты айтып отыр. Өйткені Кант – немістің классикалық ойлау мәдениетінің жолбасшысы. Сондықтан Мұханның Кантты қайталай беруі – тегін емес. Мақалада Канттан бергі уақыттағы

## ФИНАЛ

философия дағдарысы айтылған. 19 ғасырда философия жеке ғылым ба, жоқ әрбір жаратылыстану ғылымының жетістігіне еріп кететін ғылым ба деген дау күшті болды. Позитивистер «әрбір ғылымның өз философиясы бар» деп, философияны жеке ғылым ретінде мойындаудан бастартты. Мұханның да айтып отырғаны – осы. Бұл дау әлі сол күйінде. Бүгінде тарихтан диалектикалық және тарихи материализм кеткенде, сол ұлы жазушы көтерген философиядағы дау өз шешімін күтіп тұр. Қазіргі күнде өнерде, ғылымда, білім беру саласында еуропалық дәстүр басым болғандықтан, философияны оқып үйрену ісін өркендетің басты белгісі деп түсіну керек. Өйтпейінше, біз аса бай мәдениеттен ада қаламыз. Мұханның да «білу керек» деп отырғаны – осы Батыс Еуропа философиясы. Ө. «философия дегеніміз – ой тәрбиесі» дегенді негізгі идея етіп алған. Сондықтан ол «Философия адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ» дейді. Расында мақаланы жазудағы мақсат – қазақ жұртшылығына ой тәрбиелейтін білімнің саласы философияны насихаттау. Ғалым бұл істі тамаша орындап шыққан. Тіпті кезінде Мұхқан көтерген философиялық мәселелерге жаңа заман тұрғысынан қайтадан зер салу қажеттігін күн тәртібінде тұрғанын мойындаған жөн.

*Ғ. Есім.*

**«ФИЛОСОФИЯЛЫҚ СӨЗДІК»**, ғылыми-анықтамалық басылым. Қазақ тілінде тұңғыш рет шығуы. 1996 ж. «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан жарық көрген. Онда философияның қазіргі даму жайы, дүниеге көзқарас, методологиялық және адамгершілік мәселелері қарастырылған. Кітапта Ө. өз шығармалары арқылы қоғамдық ғылымды, соның ішінде әдебиеттану мен фольклористиканы дамытуға зор үлес қосқан абайтану ғылымының негізін салушы ойшыл-ғалым ретінде бағаланған. Ұлы жазушы «әдебиеттер достығын нығайта түсуге шақырды. Халықтардың рухани жақындауы оларды бауырластырудың маңызды шарты деп білді. Өуезов совет әдебиетін, қазақ әдебиетін насихаттаудан, оның ортақ мәселелерін терең, теориялық пайымдау жолымен шешуге ұмтылудан жалыққан емес» деп, шығармашылық және қоғамдық қызметі ашып көрсетілген. Сөздіктің көлемі 44 баспа табақ, таралымы 2000 дана.

*Ғ. Есім.*

**ФИНАЛ**, шығарманың соңы. Шығарма авторы, не болмаса сол шығарманы зерттеуші бұған ерекше мән береді, өйткені барлық ой түйіні осыған келіп сарқайды; басталған, өрістеген, шиеленісу деңгейіне көтерілген оқиға, сюжет, фабуланың соңғы түйіні осы финалда тоқтайды. Жеке тараулардың, бөлімдердің де финалы болады, бірақ бұлардан кейін оқиғаны дамытып, әрі қарай өрісін таптыруға, жалғастыруға болады. Мысалы, «Абай жолы» эпопеясының алғашқы 2-кітабының финалы – «Биікте» («Татьянаның сахарандағы әні») тарауы. Абай ақындығының қалыптасуы, күрескерлік бағытқа бет алуы осындағы финалмен бітеді. Соңғы 2 кітаптың финалы «Жұтта» тарауымен жетер жеріне жетті. Абайдың бүкіл саналы өмірі, ақындығы, ағартушылығы, қайраткерлігі, ойшылдығы осы тарауға келіп аяқталды. Жазушы шығармасының көркемдік шешімі де осымен тамамдалды және

шығарма мазмұнымен логикалық тиянақтылық тапты, идеялық мазмұнының айқындалуы жағынан ерекше маңызға ие болды.

*Т. Тұрғанбаев.*

**ФЛОБЕР** Гюстав (1821–1880), француз жазушысы. Алғашқы шығармашылығы романтизм бағытында дамыды. Ө. 1923–25 ж. француз әдебиетіне ерекше ықпал қойып, оны «сұлу сезімді әдебиет» деп бағалады. Сол тұста ол Г. Мопассанның, А. Франстың, О. Бальзактың, Стендальдың, Г. Флобердің шығармашылығының әсерімен «Қаралы сұлу», «Заман еркесі» («Сөніп-жану»), «Қазақ қызы» («Кінәмшіл бойжеткен») әңгімелерін жазды. Бұл жазушылардың шығармаларын аудару ниеті де болған. Алдыда сол тұстағы тұрпайы әлеуметшілдердің қысымына ұшырап, Ө-ті: «Француздың буржуазиялық романдарының әсерімен қазақ қыздарын Парижде жүргендей қылмындаып қояды»; «...жазушының көзіне Еуропаның театрға қолтықтасып баратын қызы мен жігіті елестеп кеткен», «Қарагөзде» ығи тоғайдың көрінуі Еуропаға, оның жеріне, тұрмысына еліктегендік» (Жұмабай Орманбайұлы, «Қарагөз», «Құс жолы», 1928.VI) деп жазды. Ө. Флобер мен Тургенев романдарының арасындағы сезім сабақтастығы мен «Бовари ханым» романындағы стильдік ізденістер мен әйел психологиясының нәзік өрні терең бейнеленуіне ерекше назар аударды. Бұл жөнінде Ө. өзінің «Социалды Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 29 қазан күнді санында жарияланған сұхбатында алап айтты.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ФОЛЬКЛОР**, жазушының ой пікірі, ауыз әдебиеті туралы зерттеу еңбектері. Ө-тің фольклор, ауыз әдебиеті туралы еңбектері өз алдына үлкен сала. Халық даналығы жаратқан ауыз әдебиеті жанрларының ғалым назарынан тыс қалғаны жоқ. Оның жазушылық қызметі мен фольклоршылық ізденістері қамшының өріміндей берік тұтастық құрайды. Ол 20-жылдардың 1-жартысында «Сана» журналының бетінде «Қобыланды батыр» туралы зерттеуін жариялайды. Ө-тің 1925 ж. жазылған «Әдебиет тарихы» деген кітабы 1927 ж. жарық көреді. Мұнда ол қазақ фольклорына қатысты ойларын «Сыршылдық салт өлеңдері», «Батырлар әңгімесі», «Ел поэмалары», «Тарихи өлеңдер», «Ертегі», «Айтсы өлеңдер» деген тақырыптарға бөліп талдады. (20 томдық шығармалар жинағы, 16 том, 1985). Ауыз әдебиетіне тағы бір күрделі еңбегі Л. Соболевпен бірлесіп жазылған, алғаш рет орыс тілінде 1939–40 ж. «Литературная газета-да» басылған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты монография. Бұл еңбекте халық поэзиясының шағын түрлері («жар-жар», «беташар», «сыңсу», «жөктау», «қоштасу», «естірту», ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, батырлар жыры («Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын»), ғашықтық жырлары («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан»), тарихи жырлар, айтсы өлеңдері (М. Әуезов шығармалары, 11 том, 1969) сөз болған. 1948 ж. Ө-тің басшылығымен жарыққа шыққан «Қазақ әдебиеті тарихы» ауыз әдебиетін зерттеушіліктегі жаңа белес болды. Бұл кітапқа ғалым-жазушының өз еңбектері де енді. Өкінішке қарай бұл бағалы басылым кезінде қатал сынға ұшырады, Ө-ке қазақ ескілігін суреттеген

халық шығармаларын таптық дүниетаным тұрғысынан тексермеген, байшыл-феодалшыл шығармаларды дәріптеген деген кінә тағылды. Әсіресе Кенесары, Наурызбайға арналған шығармалар әсіресе белсенділердің нақақ ғайбатына душар болды. Қазақ фольклортану ғылымының зор жетістігі «Қазақ әдебиеті тарихы» (А., 1960, 1-том, 1-кітап, редакциясын басқарған Ө.). Аталған еңбекте ауыз әдебиетінің сан жанрлы қымбат қазынасы неғұрлым кең де, терең де зерттелді, кітапқа енген тараулар төмендегіше тәртіппен берілді: «Қазақ халқының ауыз әдебиеті туралы Октябрьге дейінгі ғалым», «Октябрь революциясына дейінгі қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Тұрмыс-салт өлеңдері», «Діни ұғымдарға байланысты салт өлеңдері», «Үй-іші салт өлеңдері жайында», «Мұң-шер өлеңдері», «Өн-өлеңдер», «Өтірік өлең», «Шешенді сөздер», «Жұмбақтар», «Мақал-мәтелдер», «Ертегілер», «Батырлар жыры», «Лирико-эпос», «Тарихи жырлар», «Айтсы өлеңдері», «Жұмысшы жырлары». Ө. 1934 жылдан өмірінің соңғы шағына дейін жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне қазақ фольклорынан дәріс оқыды. Ол өзінің ауыз әдебиеті туралы ізденістерін ұдайы жалғастырып, жетілдіріп отырды. Ө. ауыз әдебиетін жинаушы, жариялаушы, зерттеуші сипатында қатар еңбектенді, ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін орыс тіліне аударып, насихаттаудың бастаушысы болды. Оның ауыз әдебиеті мұрасының мәні туралы қалыптасқан көңеңпіржасы, жүйесі де айрықша зерттеуді керек етеді. Ө. ауыз әдебиетін халықтың ертедегі жері мен алдан күткен арманын, болып өткен істерге берген бағасын танудың құралы деп білген, тарихтанудың маңызды шарттарының бірі деп қараған. Сонымен қатар ол фольклорды көркем сөз өнерінің, тіл байлығының сарқылмас қазынасы деп қараған, өзі халық әдебиетінен қайталанбас ғажайып сулулықтың інжу-маржанын терген; неше алуан сомсурет бейнелер ауыз әдебиетінде халық қиялына бөленіп, іріленіп жасалғанына ден қойған. О сондай-ақ ауыз әдебиетін жазба, кәсіби әдебиетті дамытуда, кесек шығармалар тудырудың таусылмас қоры деп қараған. Оның «Еңлік – Кебек», «Айман Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды» сынды пьесалары эпикалық аңыздаулардың желісіне құрылған. Қазақ драматургиясында өзінің орны бар «Хан Кенені» де жазуда да Ө. тарихи аңыздар сарынын пайдаланған. «Абай жолы» роман-эпопеясында да жазушы ұлы ақынның өміріне және заманына қатысты тарихи аңыздарды кең қамтыған. Ал жазушының барлық шығармаларында да халықтың сан ғасырларда екселген, уақыт сынынан өткен сөз айшықтары, баламалар мен теңемелер кең қолданылған. Ө-тің халық ақындары поэзиясына арналған зерттеулері мен мақалаларында да өткен дәуірден қалған мұраны қасиетпен, ардақ тұтып қараушылық басым. Ғұлама жазушының ауыз әдебиеті туралы ойлары мен талдаулары ғылыми-методологиялық жағынан дәлелді, дәйекті, халықтың сөз өнерін сүйетін қауымға әрдайым басшылыққа алатын, біліктілік пен парасатқа, туған ұлтының дарын қабілетіне, келешегіне зор сенімнен туған. (*Ауыз әдебиеті*).

*Р. Бердібай.*

**ФРАНС** Анатоль (шын аты-жөні: Анатоль Франсуа Тибо; 1844–1924), француз жазушысы. Француз академиясының мүшесі (1986). Нобель сыйлығының лауреаты (1921). Алғашқы кезде ша-

ғын мақала, рецензия, очерк, поэмалар жазып, кейін біржола прозаға ауысты. Шығармаларында әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті әшкереледі. Ө. өзінің эпопеясын орыс тіліне аударып жүрген Н. Ановка шығарманы «Қысқа сөйлемдермен аударма көрмеңіз. Мен жалпы келте сөйлемдерді ұнатпаймын» деп ескерту жасағанда, аудармашы: «Анатоль Франс «ең әдемі сөйлем – қысқа сөйлем» демеппен еді» дегенде, Мұхан: «Сізге Анатоль Франс ұнаса, маған Балзак ұнайды. Сөйлем қомақты, қосалқы болуға керек. Сөйткенде автордың стилі мәнерлі, әсерлі болып шығады» деп, француз жазушысының туындыларымен жете таныс екенін аңғартқан («Біздің Мұхтар», А., 1976, 172-бет). Жазушының жеке кітапханасында Ф-тің көптеген шығармалары бар. Онда Ө-тің белгі қойып, кейбір жазған сөздері сақталған.

Н. Ақбай

**ФРАНЦУЗ ӘДЕБИЕТИ.** Әлемдік көркемсөз өнерінің дамуына белсенді түрде ықпал еткен, дүние жүзі әдебиеті тарихындағы жетекші орындардың бірі алады. М. Өуезов француз әдебиетінің тарихымен бала кезінен таныс болды және саналы шығармашылық ғұмырында оған ерекше мән беріп, үнемі пікір білдіріп, зерттеу еңбектері мен мақалаларында атап өтіп отырды. Жазушы Еуропа әдебиетінің ішінен француз әдебиетін бөлекше қарап, оның озық үлгілерінен үйренді. Сондай-ақ, Ө-тің шығармашылық жолына барынша кең орын берген де және ол туралы арнайы зерттеу еңбектерін жазған да француз әдебиетінің өкілдері болды. Ө. француз әдебиетінің даму кезеңдерінің барлық сатысындағы ерекшеліктері мен оның қазақ әдебиетімен арасындағы байланыстарын ашып көрсетті. «Ертегілер», «Айтсы», «Мәдениет һәм ұлт», «Жамбылдың айтыстағы өнері» деген мақалаларында трубадурлардың, труверлердің айтыстық өнерді, эпостық жанрды дамытудағы орнына шолу жасады және оларды қазақ ақындары мен жыршыларының шығармашылық ерекшелігімен салыстыра отырып, қазақтың «суырыпсалма ақын, ақпа ақын» дейтін ақындары сияқты шапшаң айтқыш ақындар орта ғасырда Шығыс, Батыстың көп елдерінде, орыс халқының ескілігінде де болғанын көреміз деді (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-том, 180-бет). Қазақ эпосы мен француз эпостарының арасындағы байланысты шендестіре пікір қорытады. Ө. француз драматургиясы мен театрының тарихын өзінің «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» атты мақаласында жан жақты зерттеп, оның даму жолын кеңінен баяндап берді (Шығармаларының 50 томдық толық жинағы, 1998, 3-том, 226–228-беттер). 19 ғасыр – әдебиеттің алтын ғасырына айналды. Соның ішінде француз романы – шырқау биікке көтерілді. Жанрлық жағынан да, көркемдік ізденістер тұрғысынан да, шеберлік деңгейі жөнінен де ісі адамзаттың көркем ойының дамуы тарихына өшпес із қалдырды. Романтикалық, реалистік, натуралистік, фантастикалық, хикаялық бағытта пайда болды. Әр ағымның басында В. Гюго, Стендаль, О. де' Балзак, П. Мериме, Г. Флобер, А. Дюма, Ги де' Мопассан, А. Доде, Ж. Верн, А. Франс сияқты ұлы көркемсөз шеберлері тұрды. Бұл жазушылардың шығармалары Ө-тің шеберлік мектебіне айналды. Ленинград университетінде оқып жүрген кезінде бір жылын тикелей француз романдарын оқуға арнады («Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», 1997, 74-бет). Ол 1929 ж. С. Сәдуақас


совқа жолдаған «Өз жайымнан мағлұмат» атты жауап хатында: «Европаның жазушысында Анатоль Франсты жақсы көремін. Бұның алуаны өзгелерден бөлек. Терең білімге, сыншы ақылға бой ұрған данышпан жазушы. «Сымбатты болу үшін, саналы болу керек» деп Еврипид айтқандай, бұл ірі жазушылықтың екінші бір тұрғысы сияқтанды» деп жазды (Шығармаларының 50 томдық толық жинағы, 1998, 3-том, 72-бет). А. Дюманың «Үш ноян», «Генрих Наваррский», «Король қатын Марго», «Монте Кристо граф» романдарының мазмұнымен Абайдың ертекшісі Баймағамбеттің айтуымен бала кезінде танысқан. Әсіресе, «Абай» романын жазуға кірісер алдындағы дайындық кезінде француз әдебиетіне ерекше көңіл бөлді. Стендальдің, Диккенстің, Толстойдың, Шекспирдің, Горькийдің роман жазудағы тәжірибесіне тоқталады (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 17-том, 23-бет). Бұл ізденісті одан әрі жалғастырып, тереңдей зерттейді. Р. Ролланның «Жан-Кристоф» роман шоғырын өте жоғары бағалап, А. Морюаның Байрон туралы шығармасындағы анайы шындықтарды қабылдамағанын, осының ішінде Балзактың жазушылық мақсатына ерекше құрмет көрсететінін білдірді. «Абай жолы» роман-эпопеясының орыс тіліне аударылуы барысында ол жазушы Н. Ановка сөйлем құрау ісінде Балзактың тәжірибесіне сүйену жайында нұсқау берген («Мұхтар Өуезов туралы естеліктер», 1997, 116-бет). Сонымен қатар Флобердің: «атом бөлшектерінің өзінде де поэзия бар» деген пікірін үнемі назарында ұстаған (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 20-том, 250-бет). Осы деректердің өзінен-ақ француз әдебиеті Ө-тің үлгі тұтқан шеберлік мектебі болғандығы анық байқалады. Ол 20 ғасырдағы Ж. П. Сартр, А. Камю, М. Пруст іспетті жаңашыл жазушылардың шығармаларымен де танысты. Алайда олардың ізденістері Ө-тің қаламгерлік мақсат-мұратына сай келмейтін. Л. Арагонның, А. Стильднің романдары мен П. Элюардың поэзиясын қадір тұтты. Олармен достық қарым-қатынаста болды. Ө-тің көркемдік әлемін бүкіл француз еліне танытқан және белсенді түрде насихаттаған адам – атақты жазушы Арагон болды. А. Витездің аудармасы арқылы «Абай жолы» роман-эпопеясы бүкіл француз тілді елдерге танылды. Витез, Стиль, П. Гамарра, Р. Бержарон, А. Гатти, Ж. Спангаро, Э. Триол, А. Фишлер, К. Пужоль, К. Висанти, Ю. Пухов, Ж. Буйон, Ф. Майор сияқты көрнекті қоғам қайраткерлері мен белгілі жазушылар Ө-тің шығармалары туралы баспасөз беттерінде аса жоғары пікірлер білдірді. Соның ішінде Ө. пен Арагонның арасындағы шығармашылық байланыс пен ілтипатты достық ерекше назар аударды. Екеуі түйдей құрдас, 1897 ж. қыркүйек айында дүниеге келген. Арагон екеуі 1954 ж. Мәскеу қаласында КСРО жазушыларының екінші қырылтайында танысады. Отанына қайтып оралысымен өзінің досы, атақты француз режиссері Витезге оның орыс тілін еркін меңгеретінін ескеріп, «Абай» романын француз тіліне аудару туралы ұсыныс жасайды. Витездің бұл аудармасы шет тілінен аударылған шығармалардың ішіндегі ең үздік үлгі ретінде аталып өтті. Арагон «Абай» романы туралы мақала жариялады және кітапқа көлемді алғы сөз жазды (Маданова М., Абай және

оның Франциядағы мұрагерлері, 1995, 23-бет). «Абай» романының 1-кітабы 1958 ж., 2-кітабы 1960 ж. «Галлимар» баспасынан жарық көрді. Витездің аудармашылық тәжірибесі Маданованың «Әуезовтің *Бальзак еліне сапар шегуі*» (1997) атты монографиясында кеңінен талданды. Бұдан басқа француз тіліне жазушының «*Қараш-Қараш оқиғасы*» (аударған Д. Сесеманов, 1961, 1963), «*Қилы заман*» (аударған Ф. Мұқанов, 1997) повестері мен «Абай» және «Абай жолы» романдары қалай жазылды», «Қазіргі роман және оның кейіпкерлері» атты мақалалары аударылып басылды. 1997 ж. Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде Ө-тің туғанын 100 жыл толуына орай салтанатты мәжіліс өтті. Сол жылы «Абай» романы екінші рет қайта басылды.

М. Маданова, Т. Жұртбай.

**ФРОСТ** Роберт (1874–1968), американ ақыны. «Нью Гемпшер» (1923), «Алыстағы жота» (1936), «Дөңбек» (1962) кітаптары мазмұндылығымен, түр байлығымен ерекшеленеді. Ө. онымен Біріккен Ұлттар Ұйымының ғимаратында өткен бір мәжіліс кезінде танысқан. Әңгіме-сұхбаттары бірден жарасқан олар дін, әдебиет, ғылым, мәдениет жөнінде пікір-ой алысады. «Өзі Аристотельдің «кеңпейілдігін» ұстанатындығын айтты. Джон Ридтің портретін үйінде сақтайды екен. Кең пейілдікпен де бір-бірінің алқымына жармасып өлуге болады дейді. Ресейге қарағанда, Америкада діннің басымдығын, Хакслидің ғылымды жаратуы емес, біз билейміз дегендерін әңгімелейді. Сонда оған: «Егер біздің билеуге құдіретіміз жетеді екен, онда осы қазіргі қалпымызды сақтап қалайық та, әрі кетпей. Сонда жақсылық жасаған болар едік» деп жауап қайтарыпты. «Мен өмірді өз қалпында сүйемін, ақыл-ойдың барының өзі қандай тамаша, Аристотельдің «кеңпейілдігі» құдайдан бас тартпайды» деп ой-толғаныстарға барады, әсіресе, Эмерсонның «О, тәңірім, менің азғантай күнәмді кеше гөр, ал мен өзім сенің менің алдымдағы барлық зор күнеларыңды кешемін» деген сөздерін сүйіспеншілікпен есіне алды. Осы жолдардың тұсына Ө. араб әрпінде «керек» деп жазып қойыпты. Ол да Ө. сөздерін барынша беріліп, сүйсіне тыңдайды. Осы жазбалардың арасында оның Ө-ке берген адресі тұр. Қазақ жазушысы бұл жөнінде «*Америка әсерлері*» очеркінде жазған.

Т. Әкім.



**ХАГГАРД** Генри Райдер (1856–1925), ағылшын жазушысы. «Сүлеймен патшаның қазынасы» (1886), «Ол» (1887), «Монтесуманың қызы» (1893), «Дауыл перзенті» (1913) романдары даңқын әлемге

жайды. Ө. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында Ақылбайдың шығармаларын, соның ішінде «Зұлыс» дастанын талдай келіп, әңгімелік желісіне қарағанда, бұл поэмадың ең жақымдасатын романы Хаггардтың «Копи царя Соломона» деген шығармасы. Ол ағылшынның отаршыл санадағы жазушысы болатын. Бірақ Ақылбай сол тақырыпты көп өзгертіп, өзінше жаңғыртып алған болу керек. Мұсылман Ақылбай Хаггардтың отаршылдық санадағы романын материал жағынан ғана пайдаланып, салт-саналық жағынан өзгеше жазғанын көрсетеді деген.

Н. Бауған.

**ХАДИС**, «әңгіме», «өсиет» деген мағынаны білдіреді. Жалпы алғанда, Құранның кейінгі құқықтық құжат, бұл кейде «сунна» деп те аталады. Онда негізінен Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) сөздері мен істері, ислам иланымдары мен қағидалары қамтылады. Елдер мен халықтарды исламға бейімдеуде Х-тің алатын орны ерекше. Саяси оқиғалардың зардаптарын алдын ала ескертіп отыратын Х-тер де бар. Х-тің тазалығын, қағидалары мен терминологиясын сын елегінен өткізетін мұхаддистер (маиандар) ежелгі мұсылман идеологиясын уағыздайды. Х-ті жинақтау орта ғасырдағы мұсылман мәдениетінің ең негізгі білім көздерінің біріне айналды. Бұларда діни, құқықтық, тұрмыстық, ел билеушілік салалар қамтылған исламды жаңадан қабылдаған халықтардың мәдени мұралары да осы діннің қазынасын байытып отырды. Жалпы Х. ислам дамуының бар кезеңін қамтитын құнды ескерткіш. «Адам денесінде бір жапырақ ет бар, егер ол сау болса, барлық денең сау, егер ауру болса, барлық денең ауру, біліп қойыңыз бұл – жүрек» дейді бір Х-те. Жүрек мәселесі Абай шығармаларында айрықша ой өзегіне айналады, ал оның «аят хадис сөздің басы» дейтіні де бар. Ө. өзінің зерттеулерінде осылармен байланыстыра сөз етеді. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде: «Әуелі аят, хадис – сөздің басы, Қосарлы бөйіт сымал келді арасы» деп, Абай «өлең сөздің бағасын дін деректерімен дәлелдейді. Мұсылманшылдық ұғымының ең беделді деген жайларды дәлелдейді. Тәңірінің өзі, пайғамбары, мұсылмандарға ұстаздық етуі әулие ғұламалары – бәрі де өлеңді қадірлейтін топ аталады» дегенді мысалға келтірді жазушы («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)»).

Т. Әкім.

**ХАЙРУЛЛИНА** Ғайни (1914–1967), актриса, режиссер, педагог. Қазақстанның халық артисі (1958). Режиссерлік һәм актерлік өнерінің қалыптасып, дамуына Ө. драматургиясы ерекше ықпал жасады. «Қарагөз», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Түнгі сарын», «Сын сағатта» пьесаларының режиссерлік жұмыстары жоғары кәсіби тұрғыдан жүргізілді. Өзі осы қойылымдарда Қарлыға, Жүзтайлақ, Назым сияқты негізгі кейіпкерлердің бейнелерін жасады. Н. Гогольдің «Ревизоры» (Ө. аудармасы) қойып, классикалық шығарманы меңгеру дәстүрін жалғастырды. 1964 жылдан өмірінің соңына дейін ұстаздық жұмыспен шұғылданды.

Б. Құндақбайұлы.

**ХАЛИДИ** Құрбанғали (1846–1913), тарихшы, этнограф, саяхатшы. 1910–11 ж. Қазан қаласында 2 рет басылып шыққан, көлемі 798 беттік «Тауарих-хамса» («Шығыстағы бес елдің тарихы») деген шағатай тілінде жазылған еңбегінде автор: «Орта Азия мен Шығыс Түркістанда болған оқиғалар желісін бітірген соң, қазақ ахуалы мен хандары туралы

жазуға кірістім» дейді. Осы «қазақ ахуалы» туралы жазылған кітапты Ө. оқып, ондағы қазақтың салт-санасын, нанамы және тарихына байланысты деректерді «Абай жолы» романын жазу үстінде шеберлікпен қолдана білген. Жазушының қолжазба мұрасында «Тауарих хамсадан» оқып, термелеп көшіріп алған «Қазақ баяны», «Ас беру туралы», «Қазақта жыл аттары», «Елеулі күндері» деген 11 бет материал сақталған. Ұлы жазушы «Тауарих хамсадан» теріп алған бұл тарихи деректерді эпопеядағы «Шытырманда», «Өрде» атты тарауларындағы Бөжейге ас беру, Абайдың қайыншылап барған кездегі оқиғаларға этнографиялық суреттеме ретінде шебер пайдаланған.

*М. Әбдішев.*

**«ХАЛЫҚ АРТИСИ»**, жазушының мақаласы. 1946 ж. Қ. Қуанышбаевтың КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайлануына байланысты жазылған. Ө. мақалада Қуанышбаевтың мұндай биік дәрежеге жетудегі өмір жолын сипаттаған. Ол жас кезінен-ақ сөзге шебер, мысқылшыл, әжуаға ұста болған. Әжуалап, мысқылдайтындары: пәлекор, болыстар, жеміт обырлар, паракор тілмаштар, мысық тілеу молдалар, алдампаз алыпсатарлар, күсүм атқамінерлер. Сөйтіп Қуанышбаев Қарқаралының қан базарында, Қоянды жәрменкесінде дүйім жұртты қыран күлкеге батырып, мөз қылады, екеудің таласын, үшеудің керісін, бесеудің жанжалын бір өзі орындап береді. Өшіккен бай-болыстар 1916 ж. Қуанышбаевты оқоп қазу жұмысына айдайды да жібереді... Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қуанышбаев Қызылорда қаласына шақыртылып, театрға қабылданады, басты-басты рөлдерді ойнайды. Кімді ойнаса да, шеберлігінен бір таңған емес. Қалыбек соңғы жылдары қазақ халқының өз тірлігінен алынған кейіпкер тілінде біріне-бірі мүлде ұқсамайтын бір үш адамды ойнап жүр. Ол үшеуінің бірі – «Алдар Көседегі» мес-мескей, жарым адам, жарым доңыз Шораяқ. Екіншісі «Ақан сері – Ақтотыдағы» таза жаны бар, бірақ сұмдық ауыр тағдыры бар, үнсіз мылқау Малай. Үшіншісі – халықтың асыл шешені Абай. Халық күлдіргісінен бастап, мәдениетті өнердің биік шыңына көп шығып отыр деп, туған елінің қасиетті өнерін сақтап, ұлғайтқан, аса дарында перзенті Қ-тың өлмес-өшпес өнерін зор бағалаған ұлы жазушы. Екінші жағынан, сүйікті актерді, жақсы мінезді, қадірлі, үлкенге дос, жасқа аға адамды әсер ұрпаққа, келер қауымға үлгі етіп ұсынады. Мақала 1946 ж. «Социалистік Қазақстан» газетінің 2 сәуірдегі нөмірінде, «Депутат Қуанышбайұлы» деген тақырыппен Қытайдағы қазақтар үшін шығарылатын «Қазақ елі» журналының 12-санында жарияланды, Ө-тің «Уақыт және әдебиет» кітабына (1962, 301–304-беттер), 12 және 20 томдық шығармалар жинағының 11-кітабы (1969, 254–257-беттер) мен 18-кітабына (1985, 287–291-беттер) енгізілді.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Жас қайрат» журналында (1924, №3–4), кейін Ө-тің 20 томдық шығармалар жинағында (15-том, А., 1984) жарияланды. Қолжазбасы сақталмаған. Мақалада автор әдебиеттің халық әдебиеті және жазба әдебиеті болып бөлінетінін, олардың әрқайсысының өзіндік айырым өзгешеліктерін айта келіп, халық әдебиетін жинап, хатқа түсіріп зерттеу қажеттігін сөз етеді. Халық әдебиеті «халық арасында ауыздан ауызға көшіп, бірден-бірге қалып айтылып жүрген: өлең, жыр,

ертек, мақал» сияқты адамның құлқына, тіршілігіне пайдалы, жалпы халыққа пайдалы сөздер деп анықтама береді. Әдебиет тарихын зерттеп жүрген шет жұрттың оқымыстылары мен өз жазушыларымыз «қазақ-қырғыз халқы өз тұрғылас халықтардың арасында халық әдебиетіне бай. Басқалардан бұлардың болашағы гүлді, түбінде іргелі ел болады деп ой жүргізетінін» атап көрсетеді. Бірақ біз әлі күнге дейін оған құр жұбанып, қуанғаннан басқа халық әдебиетін жинап жарыққа шығаруда аса күрделі іс істеп жүргеніміз жоқ. Ал олай болғанда, халық әдебиеті біртіндеп тотығып, жоғалып өшпесе, еңбейді деп, оған бірнеше түрлі себепті мысалға келтіріп дәлел айтады. Айталық, халық көшпелі тұрмыстан қалып, «отырықшы халықтың кәсібіне кіріп, еңбекпен күнелтіп, бос жүретін іссіздікті тастаса, бұрынғы ойын-той, сауық-сайран сирек жоғала бастайды», соған сәйкес бұрынғы ғұрып-ғадет рәсімдері де, халық әдебиеті де ескіріп тотыға бастайды. «Екінші, бөгде, көршілес отырған халықтармен кәсіптері бір, қатынасы мол болған соң, олардың салттары да зор әсер» береді. Сондай-ақ халықтың шаруасы күйзеліп, тұрмысы нашарласа да, халық әдебиеті көмескіленіп, жоғала бастайды деген пікірлер айтады. Сондықтан мақалада қазір сол халық әдебиетінің үлгілерін ертерек қамдастырып, төгіліп-шашылып жоғалмай тұрғанда жинақтап, жүйелеп, хатқа түсіріп алу қажеттігін баса сөз етеді. Бұл істе газет-журналдармен қатар әсіресе қазір оқып жүрген шәкірттердің көп қолқабыс тигізе алатынын автор дұрыс ескертеді.

*К. Сыздықов.*

**«ХАЛЫҚ ЖЫРШЫСЫ»** («Певец народа»), Ө-тің 80 жылдық мерейтойына арналған жинақ. 1977 ж. «Ғылым» баспасынан орыс тілінде шыққан. Құрастырған, алғы сөзін және ескертпелерді жазған Е. Лизунова. Кітаптың бірінші бөлімінде Ө-тің шығармашылығы туралы айтқан көрнекті кеңес жазушыларының пікірлері енгізілген. Бұл «Абай жолы» эпопеясының, оның басқа да туындыларының шетел оқырмандарына қаншалықты жақсы таныс екенінен хабардар етеді. Екінші бөлімде аса көрнекті кеңес жазушылары мен әдебиеттанушылары – З. Кедрина, М. Қаратаев, Ө. Нұрпейісов, Лизуновалардың ғылыми мақалалары топтастырылған. Олар Ө-тің азамат, интернационалист-суреткер, қоғамдық қайраткер ретінде толық шығармашылық портретін жасаған. Жинақтың көлемі 6,7 баспа табак, таралымы 5 мың дана.

*Н. Торғай.*

**«ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ БЕРІК ДЕМOKPATИЯЛЫҚ БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН»** («За прочный демократический мир между народами»), жазушының мақаласы. 1949 ж. «Культура и жизнь» газетінің 10 наурыздағы санында шыққан кеңес жазушыларының тізімінде Ө-тің фамилиясы екінші болып тұр. Мақала атауының астында «Совет жазушылары бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкіл дүниежүзілік конгресін шақыру туралы ұсынысқа бірауыздан қосылды» деген қосымша тақырып бар. Кейінгі кезде әлем халықтары соғыс отын тұтандырушылар дауыстарының қатты естіле бастағанына алаңдатынын айтып, жазушылар барлық мәселелерді бейбіт шешуге үндейді. Барлық адамдар ұлтына, дініне,

саяси көзқарастарына қарамастан, соғысқа қарсы жұмылып күресу керектігін айтады. Үндеу-мақала соңында мәдениет қайраткерлерінің бейбітшілікті қорғау жөніндегі халықаралық комитеті мен Әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясының биылғы апрельде Бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкіл дүниежүзілік конгресін шақыру туралы үндеуіне совет жазушылары бірауыздан қосылады деп, барлық одақтас республикалардан бір-екіден жазушылар қол қойған.

Ж. Ысмағұлов.

**ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ**, жазушының халықтар достығы туралы ой-пікірлері. Бұл тақырып Ө-тің көркем шығармаларында да, ғылыми еңбектерінде де, публицистикалық туындыларында да алтын тізбектей желі тартады. Ол тұған елінің өркеніет жолында алға басуын өзге халықтармен достыққа, дүние жүзі халықтары жасаған рухани байлықты игеруге байланысты деп қарайды. Ө. өзінің алғашқы еңбектерінің бірі – «Ғылым тілі» (1918) деген зерттеуінен бастап, өмірінің ақырғы тұсында жазған «Досымыз, туысымыз біздің» (1961) атты мақаласына дейін халықтар достығын ардақтап, оны дүниедегі ең қымбат байлық деп қарады. Ө. ұлы Абай туралы монографиясында ақынның шығармашылық қанатын самғатқан құдіретті күш өз халқының көркемсөз қазынасымен қатар шығыс, еуропа (орыс) елдерінің рухани құндылықтарын игерді деп біледі. Орыстың демократиялық әдебиетінің Абайға және басқа қазақ ақын жазушыларына тигізген тағылымын Ө. ондаған мақалаларында қайталап айтып, терең ұғындырып отырды. Ол қазақ халқының бақытты келешегі орыс халқымен тағы басқа тағдыр жолдары араласқан халықтармен берік ынтымақ, бірлікке байланысты деп сенді. «Абай жолы» роман-эпопеясының да барлық томдары мен тарауларын дәнекерлеп тұрған ұлы қуаттың бірі де халықтар достығы идеясы болатын. Романның жазылу тарихын баяндаған мақаласында бұл жағдайды Ө. ерекше бөліп атаған болатын. Қазақ, орыс халықтарының араласу тарихындағы ұнамды, ғибратты сәттерді теріп алып, оларды зор сүйіспеншілікпен суреттеуі жазушының бұл идеяға шексіз берілгендігін көрсетеді. Ө. қазақ әдебиеті мен мәдениетін әлем жұртшылығына таныстырудың ұғымды жолы халықтың рухани қазынасын орыс тіліне сапалы түрде аудару деп санады. Осы жолда ол қыруар ұймдастырушылық қызмет атқарды. Ө. қазақ поэзиясының антологиясын орыс тілінде шығару жоспарланғанда бұл іске орыс халқының дарынды қаламгерлерін тартты, өзі солармен шынайы достық қатынаста болды, қазақ халқының достарын көбейтті, Ө-тің достары Л. Соболев, Вс. Иванов, Н. Тихонов, З. Кедрина сынды ондаған ақын, жазушы, әдебиетшіні қазақ мәдениетінің өлемімен жақындатқан да Мұхаң болатын. Ө. түрік халықтарының тереңнен тамыр тартқан туыстарын, замандар бойында сыннан өткен достығын әрқашанда айтып отырған. Оның қырғыз әдебиетінің көрнекті өкілдері, «Манас» жөніндегі зерттеушілері мен ежелгі достықты ардақ тұтқандығының да көрінісі деп қарау керек. Достықты уағыздауда ол жалаң сөзбен емес, әрдайым нақтылы іспен тиянақтап отырған. Оның Низами, Науаи, Физули, Мақтымқұлы, Бердақ, Тоқтағұл,

Тоқай туралы мақалаларында тек осы аталған суреткерлердің шығармаларын білгір таныстырып қана қоймай, өзирбайжан, өзбек, түркімен, татар, қырғыз, қарақалпақ т. б. халықтарға деген бауырмалдықтың лебі еседі. Түрік халықтарының тағдырындағы ауыр кезеңдер ол елдерді бір-бірінен жырақтатып, мәдени байланыстарды әлсіреткенін терең түсінетін Ө. сол үзілген байланыстарды қайта дәнекерлеудің аса қажетті жолы туыс жұрттардың көркем әдебиет байлығын қазақ тіліне аудару деп қарады. Оның түрік халықтары шығармаларын тек түпнұсқадан аудару қажеттігін ұдайы ескертіп отырғаны бауырластық түбірін білгендігін сипаттайды. Ө. достық шеңберін тек түрік халықтарымен және орыс халқымен арадағы мәдени қарым-қатынастармен ғана тұйықтап қойған жоқ. Бұл тарапта ол жаһандық деңгейді қырағы көзімен, зерек ойымен шолып, қонысы, шекарасы алыс, жақын деп қарамай, достық қанатын кең жайды. Оның Шекспирдің мәңгі өлмес шығармаларын, И. Тургеневтің «Дворян ұясын» т. б. әлемдік әдебиет дүрданаларын аударуы осы айтылғанның дәлелі. Ө-тің Руставели, Тагор, Шевченко, Ахмед Файз тәрізді аса көрнекті тұлғалар туралы тебіреністі ойлары тартымды да тағлымды. Ғұлама жазушының достық жөнінде ілгері-кейінді айтқан лебіздерін, аудармаларын, зерттеулері, назариялық (теориялық) ойларын достықтың мәңгілік жыры деп атауға болады. Күллі шығармашылық тәжірибесінде достық идеясын арқау еткен, бұл салада өміршең еңбектер қалдырған Ө-тей суреткер сирек.

Р. Бердібай.

**«ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТУЫСҚАН СЕМЬЯСЫНДА»** (« В великой семье народов »), жазушының мақаласы. 1954 ж. «Пионерская правда» газетінің 21 мамырдағы санында шыққан. Украинаның Ресейге қосылуына 300 жыл толуына орай, КСРО-ның әр республикасынан бірнеше ақын-жазушылар шағын-шағын құттықтау мақалалар жазған. Ө. мақаласы бұл күндері біз халықтарымыздың тату-тәтті, ұлы семьясындағы көш бастаушы орыс халқын зор мерекесімен құттықтап жатырмыз деген сөздермен басталған. Өрі қарай халықтар достығы, халықтар достығының нәтижесінде көтерілген тың жерлер жайында айтылған. **«ХАЛЫҚТЫҚ «БУСТАН»** (« Народный «Бустан» »), жазушының мақаласы. «Культура и жизнь» журналында (1959, №2) шықты. Жазушы қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуын «бустанмен» – гүлдеп тұрған бақпен теңестіреді. Жазушы мәселені публицистикалық сарында бастап алып, өрі қарай Қазақстанның өнері мен әдебиеті жайында қысқакысқа көтеріңкі талдаулар жасайды. Бірден реалистік өнерге ден қойған қазақ театрының орыс драматургтері мен актерлерінен үйрене отырып, тек қана қазақ драматургі емес, Островский мен Горькийдің шығармаларын қойып, енді тіптен қазақ театрының көрермендеріне Шекспир мен Мольердің шедеврлерінен сусындауға мүмкіндік бергенін айтады. Әдебиет пен театр, жазушы мен театр, аудармашы мен театр арасындағы шығармашылық байланыстардың нәтижелі болуына, бір-біріне ықпалына тоқталып, бағалы ойлар айтқан. Драма театрымен қатар музыкалық театр мен халық аспаптары ансамблінің бөлінуіне көңіл аударып, ұлттық опера мен балеттің тұңғыш шығармаларын атаған. Негізінде домбырадан бастау алған қазақ музыкасы күрделі симфониялық шығармалар тудыру нәтижесіне жеткенін сөз етеді.



Қазақ әдебиетінің жайы, даму дәрежесі жөнінде сол кез талабына орай баға берген. Мақала онкүндік қарсаңында, Ресейлік мәдени тақырыптағы журналға жазылғандықтан, қысқа қайырылып, көтеріңкі, публицистикалық сарынмен аяқталған. Бұдан 2–3 ай бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған қазақша нұсқасынан (1958, 12 желтоқсан) онша көп айырмашылық жоқ.

*Р. Бердібай.*

**«ХАЛЫҚТЫҢ ҒАСЫРЛЫҚ ЖЫРЫ»**, жазушының очеркі. Жүз жасаған акын Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы туралы бұл мақала 1945 ж. 24 маусымда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған. Жамбыл өлеңдерінің ерекше сипатын саралай келіп, Ә.: «Қарт ақынның ұзақ өміріндегі барлық даналығы мен мәңгілік қасиеттері – оның туған халқының көлғасырлық тағдырындағы жақсылық пен даналықтың айғағы» деп толғайды. Жамбыл шығармаларының өміршеңдігі оларда халық тіршілігінің тынысы соғып тұратындығында екенін айта келіп, алып акын ертегінің ерлеріндей болып, көрілікті жеңгенде, жас ақын боп жаңғырғанда, сол халық қуатын, халық атын бойында сақтағандықтан жеңіп еді» депті. Жамбыл халықтың басындағы мұң мен шерді де, ізгілікке, адамшылыққа деген сөнбес үміт пен арманды да қатар жырлаған, өмір суреттерін неғұрлым толық бейнелеген. Сондықтан да оның жырлары мәңгі тірлік, өлмеске кеткен ғасырлық халық жыры болды деп тұжырымдайды мақала авторы.

*Р. Бердібай.*

**«ХАЛЫҚТЫҢ ҚАДЫРДАН ҰЛЫ»**, жазушының мақаласы. 1960 ж. 12 қарашада Абай ескерткішінің ашылуына арнап сөйлеген сөзі. Абайға астана төрінен ескерткіш ашу туралы Ә. ақынның 100 жылдық мерейтойына даярлық тұсында мәселе қойғанды. Осы талап 1948 ж. 29 ақпанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР ҒА-ның Президиумына жолдаған хатында тағы қайталады. Бұл ізгі мақсат кешірек орындалып, ұлы ақынға ескерткіш Абай даңғылындағы биік тұғырға орнатылды. Мүсінші Х. Наурызбаев жасаған ескерткішті ашу салтанатында Ә. сөз сөйлеп: «Тегі Абай – біздің нәсілдеріміздің, буындарымыздың асыл аталарының бірі. Ол – біздің енді алға қарай, биікке қарай өрлі басар сапарларымыздың айнымас серігі... Сол себепті бүгін Абайға арналған ескерткішті ашқан сәтте біз және де оның ұлы аруағының алдында бас иеміз» деді тебіреніп. Мақала «М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасында» сипатталып (370-бет), «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» жинағында орысшасымен бірге, «Таңдамалы» кітабында (1997, 461–462-беттер) орысша нұсқасы жарияланды.

*Н. Ақбай.*

**«ХАЛЫҚ ҰЛЫ АҚЫНДЫ ҰМЫТПАЙДЫ»** («Народ чтит память великого поэта»), жазушының мақаласы. «Советский Казахстан» журналының 1954 ж. 10-санында жарияланған. Мақала ұлы Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына арнайы орыс тілінде жазылған. Кейін «Мысли разных лет», «Әр жылдар ойлары» (1959, 1961), «Абай Құнанбаев» (1967), 20 томдық шығармалар жинағының 20-томында «Великий сын народа» деген атпен қайталанып басылды. Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы басқа мақалаларынан бір айырмашылығы – жазушы ұлы ақынның тағдыры туралы сөз қозғай отырып, кешегі және бүгінгі әдеби орта мен уақыт жөніндегі ой-

ларын ортаға салады. Өткен өмірді еске алып, тарихи шолулар жасайды. Ел мен жер, адам, табиғат, таным, талантқа құрмет, оның танылу жолдары қақында көңінен толғанады. «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тәжірибесін де тілге тиек етеді. Абайдың реализмі мен өмірлік философиясы туралы да пікір қозғайды. Бір жылдай Мәскеуде баспаналап келген Ә. отанына оралған соң, жазған алғашқы бұл мақаласында қазақ ұлтшылдары мен пантюркистер туралы сыни пікір де білдіруге мәжбүр болды. Соның ішінде Ә. Бөкейханов қатысқан академик Щербинаның ғылыми экспедициясының 1897 ж. Шыңғыстауға келгенін айта келіп, «әйгілі ұлтшыл жаз бойы тобықты руының жайлауында жатып, Абайдың нас жауы Оразбаймен тамыр болды» деп жазды (20 томдық шығармалар жинағы, 20-том, 1985, 255-бет). Сондай-ақ абайтанудың алдағы міндеттері туралы және оның шығармаларының толық жинағын шығару мәселелерін кешіктірмеу жөнінде ұсыныс айтты. Мақаланың жазылу мәнері мен пікір түйіндеудегі мәтінінен оның қиын-қыстау күндерді басынан өткергені анық байқалады.

*Т. Қудакелдіұлы.*

**«ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ»** («Великий сын народа»), жазушының мақаласы. Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына байланысты орыс тілінде жазылған. Алғаш рет 1954 ж. «Советский Казахстан» журналының 10-нөмірінде жарияланды. Кейін Ә.-тің «Мысли разных лет» (1959, 1961), «Абай Құнанбаев» (1967), 20 томдық (1985, 20-кітап) шығармалар жинақтарында жарық көрді. Ә. ұлы ақынның есімін мәңгі есте қалдыру жөнінде атқарылған және істеліп жатқан зор жұмыс шараларын атай келіп, оған өзінің ризашылық сезімін білдірген. Көптеген колхоз, совхоз, оқу орындары, театрлар Абай есімімен аталады, ал оның өлеңдерін еңбектеген жастан еңкейген кәріге дейін біледі. Абай әндерін республикада білмейтін адам кемде-кем. Ақын шығармалары кең көлемде насихатталып, ол туралы көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылып, жарық көрді. Ал енді Абай Құнанбаевты айрықша бағалауымыздың сыры неде? деп сұрақ қояды да, ұлы жазушы оған өзі жауап береді. Абай поэзиясы, ең алдымен – халықтығымен, шынайылығымен құнды. Оның өлеңдері терең мазмұнды, кең мағыналы болып келеді. Қазақ өмірінің шындығын бүгін қалмай, реалистік тұрғыда көрсетті. Мұндай реалистік, жаңашыл поэзияны Абайға шейін ешкім жасай алған жоқ. Ол өзіне тарих жүктеген міндетті терең сезінді, қиыннан қиыстыратын, шығармашылық ерлік жасайтын дана ақынға қазақ қоғамының барынша ділгір екенін көре білді. Абай поэзияға тереңдік пен шалқар кеңдік жарасатынын айтып қана қоймай, қазақ өлеңін рухани жағынан тоғайтты, моральдық жағынан жаңғыртты, мазмұн жағынан түрлендірді. Сөйтіп ұлы ақын өз халқының тарихын, жалпы адамзат мәдениетін жаңа, соны құндылықтармен байытты. Бұл – Абай поэзиясының халықтық сипаты. Ұлы жазушы мұнан кейін Абай реализмі туралы сөз қозғайды. Рас, қазақ әдебиетінде Махамбет сынды реалистік, ұятты жырлар жазған ақындар аз емес еді. Бірақ Абай реализмі өзгеше қырымен танылады. Ол поэзияның күш-қуатын, мүмкіндіктерін аса жоғары бағалады. Оның ойынша, шын

шамырқанған, толассыз ізденіп, қисынын тапқан ақын қандай құбылыста болса да, суреттей алады. Шын суреткер өз шабытын қыстамайды, зорламайды. Өйткені уақыт рухымен бірге тыныстаған ақын өз дәуірімен үйлесіп, орайласып отырады. Демек, Абайдың реализмі – оның поэзиясының мазмұн мен түрдің бір-біріне сай, ажырамас тұтастық тапқандығында. Зерттеуші айтылған ой-пікірлерін қорыта келіп, қазақ халқының даңқын асырып, мақтанышына айналған ұлы Абай есімі келер ұрпаққа да қымбат болып қала береді деп аяқтайды мақаласын.

*Ж. Ысмағұлов, Н. Ақбай.*

**ХАМИДИ** Латиф Абдулхайұлы (1906–1983), композитор, педагог. Қазақстанның халық артисі (1966), ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1945). Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1978). 1930 ж. «Қызыл қыран», «Қазақ вальсі», «Жазғы таңда», «Алматы вальсі», «Бұлбұл», «Қазақстан», «Отан» т. б. ән, хорларын жазды. Бұл шығармалар қазақ музыка өнеріне әуен, ырғақ, түр жағынан тың лептер әкелді, вальс музыкасын дамытуда ерекше үлес қосты. Х. – балаларға арналған шығармалардың алғашқы авторы. Қазақтың халық әндерін жазып алып, оларды хорға лайықтап түсіруде көп жұмыстар тындырды, сонымен қатар опера жанрын өркендетуде үлкен табысқа жетті. Ө-тің либреттосы бойынша «Абай», «Телеген Токтаров» атты операларын жазды. Ө-пен бірге қоян-қолтық жүріп еңбек етті. Осы жөнінде ол бізге Мұхқан ағалық ақылын айтып, іске жігерлендіріп қоятын еді дейді («Қазақ әдебиеті», 1977, 30 қыркүйек). Х-дің шығармашылығын аса жоғары бағалаған Ө. композиторды ерекше құрметтеген.

*З. Қослақов.*

**ХАМРАЕВ** Мұратбек Кәрімұлы (1936–1983), ұйғыр өлебисті зерттеушісі, аудармашы. Филология ғылымының докторы (1964), профессор (1977), КСРО Педагогика ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі (1978). Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1970). Ғылыми еңбектері түркі халықтарының өлең құрылысына арналған. «Түркі өлең құрылысының негіздері» (1963), «Ұйғыр халқы мәдениетінің өркендеуі» (1967), «Ғасырлар жасайтын сөз» (1969) т. б. зерттеулері жарық көрді. Ө-тің «Сыбанның моласында» (1963, Ф. Моргунмен бірге), «Жетім» (1964), «Кім кінәлі?» (1965, К. Алтайскиймен бірге) әңгімелерін, «Өскен өркен» романынан үзіндіні («Учитель Казахстана», 1962, 27 қыркүйек) орыс тіліне аударды.

**«ЖАН КЕНЕ»**, жазушының пьесасы. Көркемдік қасиеттеріне келгенде, «Х. К.» пьесасының көп сарындылық, полифониялық сипатын ерекше атап айту керек. Халық өмірінің ең бір күрделі, қиын, қанды кезеңіне арналған трагедиялық үлкен шығарма үшін бас-аяғы жиырма екі кейіпкердің ғана алынуы туындының мейлінше ықшамдылығын көрсетеді. Прологы бар, бес пердеден, ұзын саны қырық жеті көріністен тұратын бұл пьеса драмалық жанрдың композицияға, характерге, психологиялық талдауға қоятын ең қатал шарт-талаптарына жауап береді. Мінездер қақтығысы, тағдырлар шарпылуы Шекспирлік биік деңгейде. Босқа жүрген бірде-бір персонаж жоқ. Тіпті, аты-жөні түстелмеген кейіпкерлердің аузымен авторлық идея, халық пікірі білінеді, өтіп жатқан оқиғаға тың көзбен

баға беріледі. Мұны уақыт кесімі, мезгіл үні десе де болғандай, ұлы шығарма – «Кенесары – Наурызбай» дастанын тудырған Нысанбай жырау бір қаһарман ретінде берілген, Кенені хан көтергендегі Шеген бидің сөзі халық даналығының айнымас белгісіндей, Ағбай, Жоламан, Бұқарбай, Ержан батырлар көз алдында қалып қояды. Трагедияда Кенесарының хан сайлануы салтанатын былай қойғанда, негізінен, ұлт-азаттық қозғалысының соңғы кезеңі, оқиғаның оңтүстік өлкеде өрбуі бейнеленеді. Қазақ-қырғыз қатынастары ешбір бүркенесіз, барлық ашы шындығымен айқара ашылады. Қазақ ру басыларын еркіндік, азаттық, тәуелсіздік жалауының астына тоғмай алмаған Кенесары қырғыз манаптарына да бұл ойын өткізе алмайды. Патша өкіметінен жасырын көмек алған әрі қоқандықтармен ауыз жаласқан, Дулат басыларымен жең ұшынан жалғасқан Орман, Жаңқараш, Жантайлармен бейбіт мәмілеге келмеген соң, күшпен тізе бүктірімек болған Кенесары – Наурызбай қосындарының кейбір шектен асқан зорлығы қырғыздың қара қауымын да шапка түртіп, өшпенділік отына май құйған. Қырғыз елшілері Жаманқара, Кәрібоз осы шындықтарды хан Кенеге бетін бар, жүзін бар демей, көзге қамшы соққандай етіп, қасқайып тұрып айтады. Өке, ағаларының дұшпан қолынан мерт болғанын табалай сөйлейді. Өліспей беріспейтін айтат көрсетіп, аспаңға шапшыды. Сондай ерегес сөз үстінде Наурызбай елші Жаманқараны өлтіріп жібереді. Драматург бүйрегі қазақ, қырғыздың ешқайсысына бұрмайды: тарихи қанды оқиғаны, хан Кененің соңғы сәттерін зор трагедиялық қуатпен реалистік тұрғыда көрсетіп береді. Шығармадағы барлық кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқы, түптің түбінде, хан Кенеге бір соқпай кетпейді. Кенесарының мінез қырлары сан алуан әрекет арқылы өз ортасында, дұшпандармен арпалыста, бейбіт күнде, майданда, хан ордасында, соғыс үстінде біртіндеп, сатылап барып, кеңінен ашылады. Ол бірде арғы-бергіні түгел шолып, түттеп ойлайтын дана, бірде кеселді түйінді асқындырмай қолма-қол шауып тастайтын оташы, бірде дұшпанын өзіне қарату үшін мал-жан, дүние-мүлік сауға-олжаны төгіп жіберетін жомарт, айлакер, бірде түпкі мақсатына жету үшін жауласқанның басын алмай тынбайтын қатыгез, жолжора, дәстүр-заңға келгенде, жақын-жуық, алысағайын деп бөлмейтін, қара қылды қақ жаратын әділ. Кенесары қашанда ықшам, шебер, қысқа сөйлейді. Өзінің елі үшін күресіп, елі үшін шәйт өтерін толғайтын, кейінгі ұрпаққа айтатын аманаты іспеттес әйгілі сырлы, мұңлы монологының өзі дөп-дөңгелек. Осындай ұлы трагедиялық шығарма «Х. К.» пьесасы 20-жылдардың аяғында жазылып, көп қиындықпен 1934 ж. сахнаға шыққанмен, қолма-қол тыйым салынды да, 1981 ж. әрең қайта басылды. Бұл сахналық классикалық туындыны режиссер Қ. Жетпісбаев Талдықорған облыстық драма театрында қойды. Орыс тілінде Ақмола облыстық орыс драма театры жасаған спектакль (режиссері Қ. Жетпісбаев) Ө-тің 100 жылдығына арналған Халықаралық театр фестивалінің бірінші бөйгесін жеңіп алды. Пьесаны орыс тіліне аударған – М. Ерғалиев.

*Р. Нұрғали*

**ХАРЛАМОВА** Валентина Борисовна (1911–1999), орыс актрисасы. Қазақстанның (1951), КСРО-ның (1959) халық артисі. Ойнаған кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, мінезіндегі психологиялық иірімдерді

ашуға көп көңіл бөледі. Ө-тің драмалық шығармаларындағы Қарлыға («Қарақыпшақ Қобыланды»), Жүзтайлақ («Түнгі сарын»), Еркежан («Абай») бейнелерін сомдап, көрермендердің сүйіспеншілігіне бөленді. Х. «Түнгі сарын» трагедиясының классикалық үлгідегі аса шебер туынды екенін айта келіп, Жүзтайлақ рөлін ойнаудан зор творчестволық шабыт алғанын, мұндай образдар театр репертуарындағы пьесалардан сирек кездесіп жүргенін жасыра алмаймын деп жазды («Қазақ әдебиеті», 1960, 25 қараша).

*Н. Бауған.*

**ХАСЕНОВ** Әбікен (1897–1958), күйші-домбырашы, шертпе күйдің шебері, актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1945). Арқа өңірінің күйші-композиторларының, солардың ішінде Тәттімбет күйлерін үздік орындаушы және насихаттаушы. Ө. пен Л. Соболевтің «Абайында» Құнанбай, «Еңлік – Кебегінде» Қараменде бидің рөлдерін ойнады. Актерлік дарынымен өзіне жүктелген сан қырлы драмалық тұлғаларды бейнелеп, талғампаз көрермендердің көңілінен шықты. Кезінде драма театрына қызмет іздеп келген Әбікеннің театрға орналасуына Ө-тің үлкен көмегі тиді (М. Майшекін. Мұрагерлер. А., 1977, 79-бет).

*З. Қоспақов.*

**ХАСЕНОВ** Әмеди (1927–1990), тіл білімі маманы. Филология ғылымының кандидаты (1955), профессор (1988). «Ұстаз» атты естелігінде Ө-тен лекция тыңдағанын, ұлы ұстаздың ғылым жолына түсуге өзіне қол ұшын бергенін, қазақ тілінің мол байлығын меңгеріп, оны өнер-білім, ғылым мен ғалам сырын білуге жұмсаңдар деген сөздерін мақтанышпен еске алған («Қазақ әдебиеті», 1967, 24 қараша).

**ХАТ ӨЛЕҢ,** фольклор жанрының жазбаша жағасы. Қазақ поэзиясында ертеден қалыптасқан өлең түрі. Мұнда автордың сыры, мұң-мұқтажы, әр қилы ой-мақсат, арнау-тілектері айтылады. Бұның үлгілері айтыс ақындарынан жиі кездеседі, белгілі бір ақындар да, қыз бен жігіт те хат арқылы айтысқан. Ө. өзінің айтыстар туралы зерттеулерінде және 30-жылдардың ішінде жазған «Молда Мұса» деп аталатын мақаласында Х. ө-нің табиғаты жөнінде ойын айтады. «Айтыс өлеңдері» деген мақаласында ақын Молда Мұса жасы орта шамадан асқанда, Сыр бойының ақын қызы сұлу Манатқа өлеңмен хат жазады, екеуінің кезек хаттары ұзақ айтысқа айналады: «Хат жаздым қалам алып Манат жанға, Жүзіне жұрттың бәрін қаратқанға» деп жазған. Жазушы одан әрі жазба айтыс адамның ой-өрісін кеңітерлік тарихи, мәдени мағлұматтарды да ала келеді деп, хат өлеңнің бағасын да берген (20 томдық шығармалар жинағы, 17-том, 1985, 311–312-беттер).

*Т. Әкім.*

**ХАТТАР,** Жазушының жазысқан хат хабарлары. Өрбір адамның жақын-туыс, дос-жарандармен жазысқан хаттары болады. Кейбір қалам шеберлері шығармаларының басым көпшілігі осындай эпистолярлық жанрдан тұратындары жиі кездеседі. Бұл ретте Ө. хаттарын мағынасына, мазмұнына қарап мынадай салаларға жіктеуге болады: 1) шығармашылыққа байланысты; 2) өнер, ғылым, қоғам, мәдениет қайраткерлеріне; 3) замандастарына; 4) мемлекет басшыларына; 5) туған туыстарына жазған хаттары жатады. Мемлекет қайраткерлері дегенде, олардың көпшілігі басына қиын іс түскен кездерінде жазылды. 1932

жылғы хаты, 1947 ж. «Сталинге хаты», 1950 жылдың басында «Маленковқа», «Сусловқа», «Пономаренкоға», «Шаяхметовке» тағы басқаларға, 1953 ж. «Литературная газетаға» жазғандары баяғы қудалаудың салқыны тағы да сезіле бастағаннан кейін жазылды. Хаттарының ішіндегі ең басты орын алатыны – шығармашылыққа байланысты жазғандары. Мұнда ол негізінен ақылшы аға, ғалым, ұстаз, ел тарихы мен мәдениетінің терең білгірі әрі осы саладағылардың болашағын ойлаушысы, қамқоршысы ретінде көрінеді; осылардың біразы шығармашылық бейнеттің қыр-сырларынан хабардар етсе, енді біреулері жазар дүниесінің жай-жапсарынан немесе ақылшы аға сипатындағы ақыл-кеңестерінен көп нәрсені елестетеді, бұлардың барлығынан оның адамдық, азаматтық болмыс иірімдері танылады. Осы саладағы жазушы мұралары едәуір дерлік, бірақ солардың көпшілігі әлі де сол жазылған мелерінің қолдарында жатыр; бір таңқаларлығы – автор өзі жазған хаттарының көшірмесін алып қалуды едетке айналдырмағандығы (мұндайда данышпан Толстойдың да қайтыс болғаннан кейінгі 1912–19 ж. жұртшылық қолынан 180-дей ғана хаты жиналғандығы еске түседі, ал бұл санның 50-жылдары 7 мыңнан асып кететіні бар). Осы сияқты Ө. хаттары мен жазбаларының түбінде өз орнын табатыны, мұралары қатарын молықтыра түсетіні ешбір күмән тудырмайды. Жайшылықтағы хаттарының өзінен күнделікті өміртіршіліктің анау-мынау әңгімелерінен гөрі шығармашылықтың, өнер, ғылым, мәдениет, ел жағдайының жай-күйі сөз болатындығы көрінеді; осындайда ол нағыз ұстаз ретінде танылады, ұстаздың шапағаты республика көлемінен асып, туысқан республикалардың талай буын өкілдеріне дейін жетіп жатады, олардың ғылымы, шығармашылық жұмыстары болсын, ақыл-кеңес беруден, жетекшілік етуден, қолқабысын тигізуден тартынып қалмайды. Қазақ әдебиетінің тарихын жасауға қатысқан авторларға үнемі бағыт нұсқап, берген кеңестерінің өзі үлкен саладан тұрады. Орыстың, өзге халықтардың өнер, ғылым, әдебиет қайраткерлеріне, «Абай жолын» аударушылардың сұрауларына, «Өскен өркен» романы үшін деректер сұрап және Кунцеводағы ауруханадан замандас іні-шәкірттеріне жазған хаттары көп түсінік сөздерді қажет етеді. Осылардың ішінде Б. Кенжебаев, М. Сильченко, Ы. Дүйсенбаевқа, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, О. Нұрмағамбетова, М. Ғұмарова, М. Базарбаев, І. Омаров, Т. Әлімқұлов, З. Шашкин, Н. Ысмайылов, Ө. Сасбұқаев, Қ. Манасов, Қ. Жаржынбеков, Е. Ысмайылов, Т. Ахановтарға жазғандары бар. Осы хаттарынан ұстаздық қаппы, ағалық бітімі, дем-тынысының қалай соғатыны сезіледі. Мысалы, 1950 ж. Ы. Дүйсенбаевқа жазғанынан: «XV ғасырда Орта Азияда Софа Аллаяр сияқты талай мистик пессимистер шыққан. Абай сол софылық сарындағы ишандарға қарсы өзінің «Ғақлият-тасдиқат» деген 38 сөзінде аса қатты сын айтады» деп, өзі сондай жайларды ескеруін, алған тақырыбын дұрыс алып шығуына кеңес бергені көрінсе, 1958 ж. Оразгүл мен Мәлиқаға: «Мәлік мақаласы туралы менің ойларым: бұл кең, толық жазылған, жақсы, мейлінше жарамды тілмен жазылған бөлім. Тексерулері эпостың көп жақтарын нақтылап талдайды. Сонымен қатар әр

бетте жазып көрсеткен кемшіліктер түгел қатты ескерілуі қажет. Екі мәселені әдейі бөліп айттым» (№388-папка) дегендерімен де әдебиет қамын ойлаған ақылшы ағалығы танылады. Мұндай ой-ұсыныстарын кітап авторларының көпшілігіне хат арқылы да, ауызекі де жазып, айтып отырған. Осындай хаттардағы ескертпелері кейде бірнеше тармақтарға созылады. Ө-тің ұстаздығын аша түскен Кунцеводан жазған хаттары болды. «Мен сәні, Әбжәмілді, Зейнолла, Төкенді, Сафуанды көптен, бастан бөлек санайтуғым. Енді әдебиет болашағын ойламай болмайды, сендерді сол болашағымыз дейім. Өзіме етене жақын дегенде сенен менің жасырақ шағымдағы өзімнен таппаған жақсы сипаттарды көремін. Сенің отың менен қызуырақ, сенде ерте түскен ой бар деп сенемін. Әдебиеттің арлы ойы болса керек дейім. Сондықтан анау бір жылдардан-ақ саған, сендерге мен безразлично қарай алған емеспін» деп Т. Ахтановқа жазған хатындағы салықалы ойларымен мүлде тереңге тартады. Есмағамбетке жазғандарында осы бағыт, осы беталыстары басқаша көрініс береді, мұнда өзінің ішкі жан дүниесін де аша кетеді. Жалпы хаттарында өмір күйінен сөз етпей, әлеуметтік мәселелерді ғана, елдіктің, осыған жеткізер өмірлік жағдайларды ғана толғайды. Көп хаттардан өзінің шығармашылық сырларын, оның алуан жолдарын, шын тұлғалық бітімі көрініс береді. Мұндай жағдайлар басқа жазбаларынан кездеспейді. Ал хаттарының шертер сыры, кейіпкерлерге өнеге болар сипаты мейлінше кең, мейлінше терең, ғибратты.

*Т. Әкім*

**ХАФИЗ** Шамсиддин (1325–1390), парсы ақыны. Құран сүрелерін түгелдей жатқа айтатыны үшін «Хафиз» атанған. Парсы әдебиетінде ол ғазел жанрын дамытып, мәртебесін арттырған. Мұхамет туралы зерттеу еңбектерінде де, «Абай» романында да айтып отырады. Эпопеяда Х. жас Абайға Сағди сияқты мұң-өзігі болып көрінеді. Ақыңға арналған монографиясында Науаи, Физули үлгісі көп әсер етеді. Жас шағында сол ақындар үлгі еткен Фирдауси, Сағди, Хожа Хафиз тәрізді ұлы классиктердің ескі өзбек тіліне аударылып, Абайға сол аударма арқылы табыс болуы көңілге қонымдырақ көрінеді деп жазған («Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904»).

**ХЕМИНГУЭЙ** Эрнест Миллер (1899–1961), америка жазушысы, журналист. 1952 ж. жазылған «Шал мен теңіз» повесі оны даңқ тұғырына көтерді. Сол үшін 1954 ж. Нобель сыйлығы берілді. Мұхамет Х-дің бірсыпыра шығармаларын оқыған. Психологиялық тереңдікте жазылған әлем деңгейіндегі шығармалардың қатарына «Шал мен теңізді» қосады. Әдетте Х. шығармалары диалог түрінде келеді, бұл повесть бастан-аяқ диалогқа құрылған, библиялық баяндауларды еске түсіреді. Ө-тің осы туындыны оқыған кезде туындаған ойларының ішінде мынадай жолдар бар: «Жалғыз адам, өзі шал – қалың топ ақуламен алысады. Барша шақта өзімен-өзі сөйлесіп, дауласып, өзін-өзі қатты ұрсып, естегілер ойлап, өкініш айтып – сонымен қызық бейненің психологиясын береді. Ақулалар бірінен соң бірі балығына жабысқанда ғаламат қайрат, ерлік, жастан бетер күш-қуат табады. Бұнымен кейде құдайға жалынады, екі (католик) дұғасын оқиды. Бір сәт: «кейін түгел оқын, серт етейін,

көмек ет» дейді. Бұнда балама тамаша» (№558-папка, 9-бет). Ө-тің басқа да жазбаларынан Х. есімі кездесіп отырады. Мәселен, «Оңтүстік сапарынан» атты очеркінде атақты шопан Төлеген Бойтановтың қажырлы еңбегін «Шал мен теңіздегі» тартыспен салыстырған (12 томдық шығармалар жинағы, А., 1967, 3-том, 94-бет).

*Т. Әкім*

**ХЕТАГУРОВ** Коста (Константин) Леванович (1859–1906), осетин ақыны, қоғам қайраткері, революцияшыл-демократ, осетин әдебиетінің негізін салушы. «Өлеңдер» (1895), «Осетин лирикасы» (1899) жыр кітаптарында, «Фатима» (1899), «Сот алдында» (1893), «Жылаған жартас» (1894) т. б. поэмаларында өз халқының тағдыр-тауқыметін шеберлікпен суреттеді. Ө-тің пікірінше («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»), Х-тың жолы Ресейдегі ұсақ елдерден шыққан ақын-жазушылардың халін, тағдырын танытады. Ол озық саналы, революцияшыл бағытта болғандықтан, патша үкіметі көп қуғынға ұшыратты. Соған орай оған А. Герцен мен Н. Чернышевскийдің әсері зор болды. «Жетім анасы», «Солдат», «Кубалды», «Сескену» сияқты өлеңдері осетин еңбекшілерінің теңсіздік пен қорлық-жоқшылық халде болғанын көрсетеді. Оның поэзиясында Н. Некрасов дәстүріне жақындық бар.

*Н. Ақбай*

**ХҰСАЙЫН БАЙҚАРА** (1438–1506), Фират әмірі (1469–1506), ақын. Өмір Темірдің аталасы. Мұхамет Науаи мен Х. Б-ның бірге оқығанын, кейін ақын патшаға арнап «Хилалия» деген қасида (жыр) жазғанын, Х. Б. қасиданы ұнатып Өлішерді сарайға тартқанын, оның үезір болғанын айта келіп, Х. Б-ның өмірбаянынан мол деректер келтіреді (20 томдық шығармалар жинағы, 1985, 18-т., 294–295-беттер). Х. Б-ның тұсында Фират, Хорасан шаһарлары гүлдеп, әдебиет өркендей дамыды. Ол түркі тілінің беделін көтерді және өз шығармаларын да ана тілінде жазды. Бұған оның Өлішер Науаимен достығы да ықпал етті. Х-ның 51 230 шумақты «Хамсасы» мен 42 400 шумақ өлеңдері түркі әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосты. Бабыр оның жырыларын өте жоғары бағалады. Медреселерде арнайы дәріс ретінде оқылғандықтан да қазақтың кітаби ақындарына да ықпалы зор болды. Оны Абай да жақсы біліп, жастайынан Х. Б-ның поэзиясын бойына сіңіріп өсті. Бұл туралы Ө.: «Шағатай әдебиеті бүкіл түркі еліне ортақ болған. 14-ғасырда әуелде парсы тілінде, сонынан түркі тілінде жаза бастаған. Науаи, онан кейін Хұсайын Байқара деген кісілер шығады. Осы кезден бастап түркі тілінде кітаптар жазылды. Сондықтан «Қураннан» әрі шыққандағы оқитындары Орта Азия ақындары еді. Абай үйінде бала кезінде де түркі тілін оқыған. Сондықтан Абайдың түркі тілімен оқығаны тек медреседегі үш жыл емес. Абай түркіні де, арабиятты да Ахмет Ризаның медресесінде де оқыды. Түркінің қандай, араб мәдениетіне көңіл бөлудің қандай екенін, араб тарихынан әсер алуын Абайдың шығармаларынан көруге болады» деп («Абайтану» жинағындағы материалдар», 1988, 132-бет) талдап берді. Жазушы-академик бұл пікірін 30-жылдары жазған абайтану саласындағы мақалаларында байыптай баяндайды.

*Т. Жұртбай*

**ХҰСАЙЫНОВ** Шахмет (1906–1972), драматург. Ө-ті жақсы білген, тығыз шығармашылық, достық қарым-қатынаста болған. Ұлы жазушы «Қайта туған халықтың әдебиеті» деген мақаласында Х-ты

революциядан бұрынғы қазақ қауымы білмеген жаңа бағалы, оригиналдык көркемөнер үлгілерін» туғызған қазақ кеңес драматургиясының көрнекті жазушылары қатарына жатқызған. «Марабай мен Мардан» атты мақаласында драматургтің 1930 ж. жазған «Марабай» пьесасына жылы лебіз білдірген («Социалистік Қазақстан», 1940, 4 сәуір).

*Н. Ақбай.*

**ҺАРОН ӘР-РАШИД** (766–809), Аббас әулетінен шыққан араб халифі (786 жылдан). Оның тұсында халифатта ғылым мен қолөнер, ауыл шаруашылығы, сауда-саттық саласы жоғары деңгейде дамыды. Ол ғұламалар мен ақындарға, діни қайраткерлерге ерекше қамқорлық жасады. Сол тұста араб мәдениеті дүниежүзілік руханияттың қайнар көзіне айналды. Арабтың философиялық мектебі қалыптасты. «Мың бір түн» сияқты әлемге әйгілі шығармалар дүниеге келді. Бұл туынды қазақ арасында ауызекі әңгіме, түрлі дастан ретінде кеңінен тарайды. Ө. өзінің абайтану саласындағы барлық зерттеулерінде Абайдың «Масфұт», «Әзім әңгімесі» атты дастандарын талдау барысында оның оқиғасы осы халиф тұсында дүниеге келген «Мың бір түннің» оқиғасынан алғандығын жазған. Жазушы «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» монографиясында: «Ең әуелі геройдың аты – Масфұт. Оның тіршілік еткен шаһары – Бағдат. Заманы – Һарон Рашид халифтың тұсы» деп көрсеткен (20 томдық шығармалар жинағы, 20-том, 187-бет). Сондай-ақ қазақ ауыз әдебиеті мен кітаби ақындар жөніндегі еңбектерінде бұл патшаның елге жайлы болғанын айтқан.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ЦВИРКА** Пятрас (1909–1947), литван жазушысы. Ұлы Отан соғысы басталғанда – 1941 ж. Алматыда тұрды. Әлеуметтік тақырыптарды бейнелейтін «Франк Крук» (1–2-том, 1934), «Жер асыраушы» (1935), «Шебер мен оның балалары» (1936) романдары, «Көдімгі тарих» (1938), «Емен тамыры» (1945), «Туыстық дән» (1947) т. б. әңгімелер жинағы жарық көрді. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты еңбегінде Ц-ны көрнекті әңгімеші, шебер роман жазғыш қаламгер ретінде бағалайды.

**ЦЕРЕТЕЛИ** Акакий Ростомович (1840–1915), грузин ақыны, қоғам қайраткері. Әдеби көзқарасы материалистік эстетика принциптеріне негізделген. «Асыл сәлемдеме» (1860), «Ауру» (1880), «Амиран» (1883), «Сулико» (1895), «Ұлы Бағрат» (1875), «Торнике Эристави» (1884), «Натэла» (1900) поэмалары, «Баши-Ачуктар» (1895–96), «Ескілік» (1894–99) повестері т. б. жарияланды. Ө-тің айтуы бойынша («СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі»), Ц-дің поэзиясы қоғам қайраткерлерінің еңбегі мен өнерін танытады, оның халықтық, патриоттық қасиеттері күшті.

*Н. Ақбай.*

**ЧАВЧАВАДЗЕ** Илья Григорьевич (1837–1907), грузин жазушысы, қоғам қайраткері. Шығармаларында қоғамдағы әлеуметтік қайшылықты, қарапайым бұқарадың ауыр тұрмысын айқын көрсетті. «Жүргіншінің жазбалары» (1861), «Қайыршы хикаясы» (1859–62), «Қарақшы өмірінен» (1860), «Ол адам ба?» т. б. туындыларын жазды. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында Ч-ны Грузияның жаңа прозасын бастаушы, грузин әдебиетінің бағыты мен бағдарын белгілеуші, озық идеяны насихаттаушы болды деп дәріптейді.

**ЧАКОВСКИЙ** Александр Борисович (1913–1994), орыс жазушысы, қоғам қайраткері. Соц. Еңбек Ері (1973). Лениндік (1978), КСРО Мемлекеттік (1950, 1983) сыйлықтарының лауреаты. Романдар, публицистикалық шығармалар, очерктер жазды. 50–80-жылдардағы партия саясатының әдебиеттегі көрнекті идеологы болды. Ө-тің 90 жасқа толу мерекесіне арналған салтанатты кеште сөйлеген сөзінде қазақ жазушысымен қалай танысқанын тебірене айта келіп, ұлы суреткердің шешендік қабілетіне таңданыс білдіреді де: М. Әуезов қалдырған мұра – ұшан-теңіз. Ол «Абай жолы» эпопеясында қазақтардың рухани байлығын жарқырата ашып, оның ой-арманын, талап-тілегін басқа халықтарға таныстырды. М. Әуезовтің арқасында біз бәріміз аздап қазақ бола бастадық деген шын ризашылығын айтқан.

*Р. Бердібай.*

**ЧАРНОМСКИЙ** Эмиль Владиславович (1908–1968), театр суретшісі. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1943). С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов, Т. Ахтанов, К. Симонов, Ж. Мольер сынды драматургтердің көптеген пьесаларын бөзедірді. Солардың ішінде Ө-тің «Алма бағында» (1937), «Шекарада» (1938), «Ақ қайын» (1939), «Сын сағатта» (1941), «Еңлік – Кебек» (1944), «Қарақышпақ Қобыландыда» (1946), «Қарагөз» (1963), «Абай» (Л. Соболевпен бірге, 1940), «Намыс гвардиясы» (Ө. Әбішевпен бірге, 1942), ұлы жазушы аударған К. Треневтің «Любовь Яровая» (1937), Н. Гогольдің «Ревизор», У. Шекспирдің «Асауға тұсау» мен «Отелло» спектакльдері бар.

**ЧЕМОРАН** Леонид Матвеевич (1927 ж. т.), молдаван театр зерттеушісі. Өнертану ғылымының докторы, профессор. Молдова Республикасы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі. Молдаван театр өнерінің дамуына атсалысты. Театр тарихы мен өнері туралы 8 монографиясы жарық көрді. («Ясск ұлттық театры және Бессарабия», «Николае Йорға және театр», «Театр өнеріндегі этикалық-әлеуметтік мәселелер», «Сахна мен фольклор» т. б.). Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының 2-кітабын молдаван тіліне аударған (М. Брухиспен бірге, 1962).

*С. Пынзару.*

**ЧЕПУРОВ** Анатолий Николаевич (1922–1990), орыс ақыны. Патриоттық сарында лирикалық өлеңдер, поэмалар жазды. Ө-тің 80 жасқа толуына байланысты Алматы мен Киев қалаларында өткен салтанатты жиынға қатысып, Ленинград жазушылар ұйымы атынан жүрекжарды сөздерін айтты: 20-жылдары Әуезов осы қалада университет бітірді. Ленинградтық жазушы Леонид Соболев «Абай» романын аударып, қазақ әдебиетінің бұл тамаша шығармасын бүкілодақ оқырмандарына ұсынды. М. Әуезов пен Л. Соболев екеуі Абай туралы пьеса жазды деп, ұлы суреткердің шығармашылық қызметінің Ленинград қаласымен де тығыз байланысты екенін еске салды («Мұхтар Әуезов – совет әдебиетінің классигі», А., 1980, 28–29, 162-беттер).

**ЧЕРКАССКИЙ** Абрам Маркович (1886–1967), суретші-кескіндемеші. Қазақстанның халық суретшісі (1963), профессор. «М. Әуезовтің портреті» орыс реалистік мектебінің озық үлгісі негізінде салынған. 1957 ж. өзінің «Гүлдер» атты суретін жазушының 60 жасқа толған мүшелтойында

оған сыйға тартты. Бояуы ашық қызыл түсті рендегі бұл шығарма өмірдің сан қилы құбылысына күштар көңілді бейнелейді. Бұл сурет қазір жазушының мұражай-үйінде сақтаулы.

*А. Қуанышбаев.*

**ЧЕРНЫШЕВСКАЯ** Нина Михайловна (1896–1975), әдебиет зерттеуші. Ресейдің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1967), Н. Г. Чернышевскийдің немересі. Атасының Саратов қаласында музей-үйін ұйымдастырып, 1941 жылдан бастап соның директоры болды. Шығармалары 1924 жылдан жарияланды. Негізгі еңбектері Чернышевскийдің мұраларын зерттеу мен насихаттауға арналды. Қаламгердің толық шығармаларын шығаруға қатысты (1–16-томдар, 1939–53). Ө-ке хат жазып, қазақ жазушысынан бір суретін және «Абай жолы» эпопеясының бір данасын Чернышевскийдің музей-үйіне қою үшін сұраған. Ө. жауап хатында Абай мен Шоқан туралы мәліметтер жібергенін баяндаған («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», 1997, 458–459, 464–465-беттер).

*Д. Қонаев.*

**ЧЕРНЫШЕВСКИЙ** Николай Гаврилович (1828–1889), орыс революционер, ойшыл, жазушы, публицист, философ, әлеуметтанушы, әдебиет сыншысы. «Современник» журналын шаруалар демократиясының органына айналдырды, онда патшалық құрылысты құлатуға шақырды. 1862 ж. 7 мамырда тұтқындалып, Петропавл қамалына жабылды. Онда отырып «Не істеу керек?» романын жазып (1862), келесі жылы жариялады. 1864 ж. 20 жылға сотталып, Нерчинск руднигінде, Вилуйск кенішінде қуғын-сүргін көрді. Алайда әдеби қызметін тастамады, осында «Пролог» романын жазды. Сөйтіп бар өмірін азаттық жолына, революциялық күреске, басыбайлылықтан құтылуға арнады. Еңбектері Ресейде марксизм идеяларын кеңінен таратуға зор үлес қосты. Ө. «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясында ұлы ақынның демократиялық көзқарасының қалыптасуына орыстың озық ойлы перзенттерінің зор әсер еткенін, оны Абай өз бетімен орыс классиктерін оқудан, Чернышевский сынды «адамдардың еңбектерін зерттеуден» тапқанын жазған. Сөйтіп Абай «сыншыл, ойшыл демократтардан: Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов сияқты талайларды» оқиды. Сондықтан ақын Абай «орыс халқының айдауда жүрген шын адал ұлдары, бұрын патшалықтар жиренумен өткен ой алыптары Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Чернышевскийлермен Сібір, Қазақстан халықтарын таныс етеді» деген ойын айтады (20 томдық шығармалар жинағы, А., 1985, 20-том, 51–55-беттер). Ал «Достоевский мен Шоқан Уәлиханов» деген мақаласында Шоқанның Г. Потанин арқылы Чернышевскийді, оның «Современник» журналын білгенін айтқан (сонда, 280–284-беттер). Демек Абайдың «Күншығысым – күнбатыс, күнбатысым – күншығыс болып кетті» деуі осыдан болса керек. Мұндағы күнбатысы – өзі тілін, өнерін үйренген Ресей. Орыс әдебиетінің жаңағы ұлы қайраткерлері өз шығармалары арқылы түс-тұсындағы зұлымдық, қараңғылық күштермен алысып өткенін көреді. Пушкин, Белинский, Чернышевский, Некрасов, Салтыковтардың сол заманындағы жауыз тәртіпке қарсы алысқан қандай құрал-

дарды қолданғанын көріп, біледі ұлы қазақ ақыны дейді (сонда, А., 1985, 18-том, 9-бет).

*Н. Торғай.*

**ЧЕХОВ** Антон Павлович (1860–1904), орыс жазушысы, дәрігер. Шағын жанрдың үздік шебері. Мұхаң 4-ты шөкірт кезінде-ақ сүйіп оқып, көңілін аударды. 4-ты ұғынып түсіну үшін бүкіл табиғатын, ішкі бітімің, терең лирикалық сазымен соған ұқсас, соған жақын болып жаратылуың керек екенін ақтарды. Осындай ұғынысат Ө-ті орыс жазушысының («Аққасқа») әңгімесін аударуға итермеледі. Ленинград университетінің 2-курсанда оқып жүргенде, 4-тың драмалары бойынша курс жұмысын жазды. Сонда «Шие бағы», «Ваня ағай», «Апалы-сіңілілерге» талдау жүргізіп, импрессионист, символист, натуралист драматургтың басты-басты ерекшеліктерін ашып көрсетті. Сондағы жазған контекптерінің қолжазбалары қазір өзінің мұрағатында сақтаулы. Ал «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында орыс жазушысының драмалық шығармаларына әділ баға берген.

*Т. Тұрғанбаев.*

**«ЧЕХОВ ДРАМАЛАРЫ»** («Драмы Чехова»), жазушының мақаласы. Бұл шығарма жазушы мұражайының қолжазба қорындағы 238-бума (140–146-парақтар) сақталған. Еш жерде жарияланбаған. Аталған бумада Ө-тің еш жерде жарияланбаған әдеби-теориялық сипаттағы, ғылыми деңгейі өте жоғары төрт мақаласы сақталған. 1930 жылы Ташкентте Орта Азия Мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып, Қазақ ағарту институты мен Орман шаруашылығы техникумында сабақ беретін Ө-ті НКВД қызметкерлері тұтқына алып, Алматығы әкеліп абақтыға жапқан. Сол кезде жазушының барлық қолжазбалары конфискациялануға жатқан. Ол қолжазбалар әлі күнге дейін табылған жоқ. 238-бумадағы төрт мақала 1932 жылға дейінгі Ө. қолжазбаларының санаулы ғана сақталған үлгілеріне жатады. Бумада «Драмы Чехова» мақаласымен қатар «Экспозиция и заявка символической драмы» (пьесы Матерлинка, Ибсена, Гауптмана и Л. Андреевой), «Особенности драматургических приемов Пушкина» (по трагедиям «Борис Годунов» и «Пир во время чумы»), «Поэзия чистого искусства 60-х годов» атты мақалалар бар. Ө-тің отызыншы жылдарға дейін жазған мақалаларынан қолжазбасы сақталған «Казаское народное творчество и его поэтическая среда» атты мақаланың мәтіні жазушының зайыбы В. Н. Кузьминының қолымен көшірілген, соңына Ө-тің қолымен Ленинградта тұрған пәтерінің адресі жазылып, датасы қойылған. Ө-тің отызыншы жылдарға дейінгі бес мақаласының бізге жетуі олардың Ленинградта сақталып қалуынан болса керек. Қолжазба сыртында «Доклад на тему «Драмы Чехова» деген жазу бар. Жазу – Ө-тің өз қолтаңбасы. Онда автордың өз қолымен жасалған түзетулер бар. Баяндаманың мәтінімен танысу барысында газет, журналдарда жариялау үшін жазылмағаны анық байқалады. Мерзімдік басшылық материалдарына қойылатын стильдік, публицистикалық талаптарға бұл шығарманың мазмұны толық жауап бере алмайды. Автордың өзі баяндама деп атап көрсеткендей, еңбектің мазмұны мен стилі ғылыми баяндама сипатында. Сонымен қатар оқулық тарауына, антологиялық, энциклопедиялық басылмаларға арналып жазылмағандығын Чеховтың өмірінен, шығармашылық лабораториясына қатысты ешқандай дағалы дерек берілме-

гендігі дәлелдейді. Талданған шығармалардың жазылу, жариялану мерзімдері де көрсетілмеген. Чеховтың драмалық шығармаларының ішінен ең белгілі төрт пьесасы «Шағала», «Ваня ағай», «Апалы-сіңлілер», «Шие бағын» алып, таза көркемдік талдау жасап шыққан. Баяндаманың мазмұнына қарағанда бұл еңбектің Ә-тің студент не аспирант кезінде жасаған курстық, дипломдық жұмысы немесе арнайы баяндама-рефераты болуы ықтимал. Баяндамада Чехов пьесаларының кейіпкерлеріне көркемдік, психологиялық тұрғыда жүйелі талдау жасалынып, 20 ғасырдың 2-жартысындағы ресейлік аксүйектер табының тарихи-әлеуметтік сипатын дәлелді мысалдармен талдап шыққан. Чехов шығармашылығын зерттеуде қалыптасқан демократиялық әдеби сын мен әдебиет зерттеу ғылымының негізгі байламдары мақаланың мазмұнынан да байқалады. Баяндама авторы Чехов драмаларындағы көркем бейнелердің психологиялық ерекшеліктерін, типтік, даралық белгілерін терең сезіп, салмақты зерттеушінің ыждаһаттылығымен өзінің әрбір тұжырымын, ойын шығарма мәтіндерінен алынған ұтымды мысалдармен дәлелдеген. Баяндама автордың көркем образ ерекшелігін терең де нәзік сезінетіндігін, дүниетанымының реалистік сипатының жітілігін, эпикалық қарымының ауқымдылығы мен анықтығын айқын дәлелдейді. Шығарма 50 томдық шығармалар жинағының 17-томына енгізілді.

*Р. Әбдіғұлов.*

**«ЧЕХОВ ТУРАЛЫ»** (« О А. П. Ч е х о в е »), жазушының шағын мақаласы. 1954 ж. «Советская культура» газетінің 15 шілдедегі санында шыққан. Газеттің бұл нөмірі түгелдей А. П. Чеховтың қайтыс болғанына 50 жыл толуына орай жазылған мақалаларға арналған. «Біздің сұхбатымыз» айдарымен он шақты шағын мақалалар берілген. Ә. Чеховтың адамдық, суреткерлік қасиеттеріне өте жоғары баға берген. Адамның бір-біріне деген сүйіспеншілігін, шексіз қамқорлығын шынайы суреттегені соншалық нанымды, Чеховтың кез келген әңгімесін, тіпті бұрын оқыған әңгімесін қолға алсам да, оқып біткенше бас ала алмаймын деген. Жазушы Чеховтың күнделіктері мен хаттарын оқу да өзіне көп ләззат беретінін айтқан.

**ЧЕХОСЛОВАКИЯ САПАРЫ**, жазушының чех елінде болуы. Бұл елге Ә. 1956 ж. 7–19 қарашада барды. Сапары кезіндегі әсерлерін қойын дәптеріне орыс тілінде жазған; мұнда бұған дейінгі Үндіс-

тан, кейін Жапония, Америка сапарларындағыдай кең кесіліс байқалмайды, тек негізгі-негізгі атаулар, есімдер, қалалар, елді мекендер ғана қағазға түсірілген. Алғашқы күні сенат залындағы кездесу, әңгімелесулерге қатысқан. 14 ғасырда тұрғызылған бұл ғимаратта ел билеушілерінің (Габсбург) портреттері тізіліп тұрды, содан кейін көркемөнер галереясын, әдебиет музейін аралайды, 9 қарашада кеме жасау зауытында, 10-да славяндар галереясында, 11-де архиепископ қабылдауында және қала маңында, 12-де әр түрлі қоғамдық ұйымдар қабылдауында, клубтарында, 13-де үлкен театрында, 14-де тау ішінде көл жағасындағы саяжайда, перрослғар зауытында, 15-де Жилин қаласының пластмасса зауытында, театрында болып, одан 208 шақырым жүріп Братислава қаласына барады, осында Үндістанға жол жүргелі тұрған Словактардың атақты өн-бен ансамблі әдейі бөгейліп, өнер көрсетеді. 17-де ұлттық музейді аралайды, осында «Видение Ирджи» атты спектакльді көреді, 18-де IV Карлдың (1422) тұрғызған «Карлштейн» қамалында, 19-да елдің ғылым академиясында болады. «Карлштейн» 4 бөліктен тұрады екен. Қамал деген аты болмаса, өзі нағыз өнер мұражайы сияқты. Неше алуан өнер туындылары жинақталған, қарудың да алуан-алуан түрлері осының залдарынан табылады. Құлшылық ететін, босанатын, жылжымалы тақ, басқа да қызметке лайықталған бөлмелер көп. Әдеттегідей жазушы мұнда да елдің өнер мәдениетін, әдебиетін, ғылымын, қоғамдық-әлеуметтік құрылым ерекшеліктерін ұғынуға ұдайы назар салып жүрген. Мұражай мен галереядағы дүниелердің қай кезде, қай ғасырда және кімдердің жасағандығын, тарихи негіздерін жазып алып отырса, соңғы модернистердің еңбектерін де білуді, оның сырларына қанығуды мақсат еткен. Осы ретте 50–60-тай еңбектердің аттарын атайды. Әдебиет мұражайындағы бәрі кітапханасымен қызыға танысады, әр кез, әр дәуірдің авторларының сирек кездесетін кітаптарының молдығын сұрастырып біледі. Философтардың еңбектеріне жеке бөлме арналған. Славян ұлттық галереясындағы бөлім ретіп те осы сияқты көрінеді. Бұл елдің дәстүрінде ең сирек, ең сыйлы қонаққа ұлттық өрнекпен безендірілген айбалта сыйлайтын әдет бар екен; сабы ұзын, соншама әсем, шеберлікпен жасалған осы бұйым жазушыға бұйырады. Ол қазір жазушының мұражайында құнды экспонаттардың бірі ретінде сақтаулы.

*Т. Әкім.*

**ЧИРВА** Федор Ермолаевич (1918–1985), қазақстандық орыс жазушысы. Шығармаларында замандастар тағдырын, қоғамның тыныс-тіршілігін, еңбекті суреттеді. Ә. туралы «Жазушы ерлігі» («Южный Казахстан», 1962, 28 қыркүйек), «Ұрпаққа үлгі» (сонда, 1967, 27 қыркүйек) атты мақалаларын жазды. Онда қаламгердің шығармашылық жолын, Оңтүстік өңірге сапарын айта отырып, «Ескен өркен» романындағы кейіпкерлердің өмірлік мұрат-мақсаттарына тоқталған.

*С. Аманьева.*

**ЧОКМОРОВ** Сүйменкүл (1939–1995), қырғыз актері, суретші. КСРО халық артисі (1981). Өзбекстан Мемлекеттік сыйлығының (1971), Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының (1972) лауреаты. «Тау жолы», «Ұзату», «Автопортрет», «Апа»,



М. Әуезов мәдениет қайраткерлерінің кеңес делегациясы құрамында. Чехословакия. Прага. 1956.



«Манасшы» т. б. суреттерді, С. Қаралаев, А. Жанқоразова, С. Жұмаділов сынды белгілі өнер қайраткерлерінің портреттерін салды. 1968 жылдан киноға түсті. «Жәмила» (1968), «Мен – Тянь-Шаньмын» (1972), «Қызыл алма» (1975), «Ерте келген тырналар» (1979), «Төтенше комиссар» (1970), «Ыстықкөлдін алқызыл гүлдері», «Ұлан» (1977) т. б. фильмдерде басты рөлдерде ойнады. Өрбір ойнайтын кейіпкерінің мінез табиғатын тереңірек ашуға, оларды толысу, даму үстінде көрсетуге ұмтылды. Кинодағы ең алғашқы рөлі – Ө-тің шығармасы бойынша түсірілген «Қараш-Қараш» фильміндегі Бактығұлдың бейнесі. Ал ұлы жазушының «Көксерек» атты әңгімесінің желісі негізінде жасалған фильмде (1974) Ақанғұлдың өр, өжет, аса күрделі бейнесін шынайы сомдады.

Г. Құрманғалиқызы.

**ЧУКОВСКИЙ** Корней Иванович (шын аты-жөні: Николай Васильевич К о р н е й ч у к о в; 1882–1969), орыс жазушысы, балалар ақыны, әдебиет зерттеуші, аудармашы. Лениндік сыйлықтың лауреаты (1962). А. Чехов, И. Репин, В. Короленко, М. Горький, А. Толстой, А. Куприн, В. Маяковский, У. Уитмен, Н. Некрасов, Т. Шевченко туралы еңбектер жазды. «Крокодил» (1916), «Кірқоймас» (1923), «Бармалей» (1925), «Айболит» (1929) деген шығармалары даңқын шығарды. «Екіден беске дейін» кітабы (сан мәрте басылды) – балалардың психологиясын зерттеудің нәтижесінде туды. Бірқатар шығармалары («Кірқоймас», «Айболит» т. б.) қазақ тілінде шықты. КСРО Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитеттің мүшелері ретінде Ө-пен жиі кездесіп, пікірлесіп тұрған, шығармашылық қарым-қатынаста болған, 1957 ж. 5 сәуірде Ө. Комитеттің мәжілісінде сөз сөйлеп, Ч-дің кеңес әдебиетін және балалар әдебиетін дамытудағы ерен еңбегі жайында тоқталып, «Некрасовтың шеберлігі» атты монографиясы Лениндік сыйлыққа лайық деген «М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 574-бет).

**«ЧУСОВОЙДАҒЫ БУРЛАҚТАР»**, жазушының Д. Мамин-Сибиряктан аударған әңгімесі. 1924 ж. «Сана» журналының 2–3-санында жарияланған. Соңына «Арқалық» деп қол қойған. Ө-тің 50 томдық толық жинағының 3-томына енгізілді. Автор әңгімеде өз басынан кешкен оқиғаны арқау ете отырып, тіршілік үшін табиғаттың дүлей күшімен арпалысқан бурлақтардың қиын да қатерлі өмірін суреттеген. Ө-тің бұл әңгімесін аударуы оны өзіне еріксіз тартып, қызықтырса керек. «Чусовой бір тамаша орын. Оның сұлулығы – өшпейтін, сөнбейтін, жылдың әр уақытына қарай құбылып, өзгеріп отыратын сұлулық. Жазғытұрым Чусовой екі жақтан ентелеп тұрған биік қия жартастарға соғылып, секіріп ойнап, өкіріп-бақырып жататын асау, долы тағы сияқты. Күзді күні ол қайғылы сұр пішінге еніп, таудан жайылымға тасты даладанмен бір қалыпты жайлап ағып, құбылып жататын, қой аузынан шөп алмас салқын сабырлы, мұңлы жуас өзен. Қысты күні мұз көрпесін оранып, қанды ұйқыда қатып жатқан айдын жарық сұлудай» деген көріністер Ө-тің төл шығармаларындағы пейзажды еске түсіреді. Жалпы әңгіме еркін, қазақ оқырмандарына түсінікті тілмен аударылған. Шығарма Мамин-Сибиряқтың «В камнях» атты әңгімелер циклінен алынған.

Б. Майтанов.

**«ШАБДАР «ЕРГЕ» МАЙ НЕ ДЕР»**, жазушының памфлеті. Шығарма қазақ ішіндегі аңыз әңгімеден басталады. Оның қысқаша мазмұны мынадай: бір топ төре бір ру елге өктемдік етем деп келіп, жанжал шығады. Жұрт төрелерді тегіс қырып салады да, өліктерін Суықсай деген сайға тастайды. Кейін, біраз заман өткен соң, ел ішіне келген төрелер өздерін «ақсүйекпіз» дейді, оған ел күмән келтіреді. Сонда бір қария былай деп кесесін айтқан екен: «Жарандар-ау, оған күмәнің бар ма? Қайтіп қана таласасың? Төре сөзінің шындығына Суықсай-ақ куә емес пе тіпті? Сонда жатқан сүйектерді әппақ емес деуге қайсыңның аузың барады? Құдай қані?» Шығарма басын бұл әңгімемен бастаған автордың ойы енді қалай ойысар екен? деген сауал туады. Бұл аңыз – негізгі айтар ойға тірек, уытты тілге тиек ретінде алынып отырғанын кейін аңғарамыз. Публицист сынағалы отырған негізгі нысанымен былайша таныстырады: «Халық атаулыны құл етіп, барды басып алып, әлемге әлек салу біздің жұлдеміз. Өйткені біз ақсүйек аримыз. Өйткені біз – бекзатпыз. Бекзаттығымыздың нысаны бар. Шашымыз – қарашаның айындағы селеудей сап-сары. Көзіміз – жай көк емес, тұздай көк...» Мұның өзінен Ө. ел аузында айтылып жүрген аңыз әңгімесін памфлеттің архитекторикасын құлпырту мақсатында шебер қолданғандығын байқаймыз. Сондай-ақ жауыздықтың типтік портретін жасауда, автор халық ұғымындағы ұсқынсыз теңеулерді гитлершілдерге теліді («Ат басындай ұзын басты»), «Шашы қарашаның айындағы селеудей сап-сары», «тұздай көк көз»). Енді бір тұста, шығарма бастауындағы көрініс көз алдымызға қайта оралады. Публицист өзі сұрақ қоя отырып, өзі жауап беріп, нысанды жер қылады, өлтіре сынаиды. «Қалай келді? Өулекінің әуеслесін әлем көрді. Өлекесін біз көрдік... Не көрді? Бекзадалық нысаны бар, жаңағы шалықтап келген шабдар «ердің» шалдар кебін кигенін көрді. Жиырма, отыз жастағы гангстердің арысыз бетін айғыз-айғыз ажим басып, лас денесін бит тесіп, індегі сасық күзендей бықсып, қоксып, бүріскенін көрді. Селеу шашын құл басыпты... Өлісі қандай? Тұздай көзі мұздай қатып, совет жерінің нәрлі аспанына жалына қарап қалған екен, оны көрді». Сатиранық сарказм деген – осы. Ө-тің бұл шығармасы өзінің көтеріп отырған мәселесіне, саяси салмағына, объектісін сынау деңгейіне, уытты тіліне, көркемдік жанрлардың бірі – памфлет екендігі сөзсіз. Мақала алғаш рет 1942 жылғы «Социалистік Қазақстан» газетінің 1 мамырдағы санында жарияланды. Ал жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 8-кітабында сол нұсқасы өзгеріссіз басылды.

Б. Жақып



**ШАБЕЛЬСКИЙ** Сергей Иванович (1885–1956), композитор, дирижер, пианист. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1954). Негізінен камералық-аспаптық шығармалар жазды. Ө-тің «Хан Кене» (1934), «Түнгі сарын» (Л. Хамидимен бірге, 1935), «Қарақышпақ Қобыланды» (1945, 1946) атты драмалық спектакльдерінің музыкасын жазды. Сондай-ақ оркестрге және фортепианоға арналған «Қобыланды» (Л. Хамидимен бірге, 1951), «Абай» атты (1945) сюиталардың авторы.

*А. Омарова.*  
**«ШАБЫТ ШАЛҚАРЫ»** («З а р я д в о х н о в е н и я»), жазушының мақаласы. Алғаш рет «Литературная газетада» 1958 ж. 23 наурызда жариялаған. Одан кейін еш жерде жарық көрмеген. Қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеуде өткен онкүндігі туралы жазылған. Онда Ө. 1936 ж. және 1958 ж. өткен онкүндіктерді біздің ұлттық-рухани мәдениетіміздің тарихындағы аса маңызды кезеңдер деп айтып өткен. Бірінші онкүндік қазақ ұлтының орасан зор әдебиеті мен өнерінің бастауы болса, екінші онкүндік оның шарықтап көкке көтерілуін көрсетті дейді автор. Жазушы одан өрі 1958 ж. онкүндік қазақ ұлты, оның мәдениеті өзінің алтын ғасырын бастап кешіріп жатқанына даусыз дәлел бола алады деп санайды. Осы онкүндік кезінде мәскеуліктер қазақ халқының балетін, драмасын, кино, опера және симфониялық музыкасын, тамаша өнер топтарын тыңдап, қолөнер мен көп салалы талантты әдебиетшілерді көріп, қызыға қол салды. Спектакльдерді, кітаптарды талдап, пікір алысты. Мұндай талқылаулар жаңа өлеңдердің, роман, повестердің, балеттердің туына ықпал етеді. Біз шын мәнінде үлкен, шалқар шабыттан нәр алып, қанаттанып қайттық. Біз бір-бірімізді тағы да жақсы біле түстік. Біздің құшағымыз бір-бірімізге тағы да айқара ашылды деп ағынан жарылуды ұлы суреткер. Шынында бұл онкүндік кейінгі буын ақын-жазушылар үшін көп пайдасын тигізді. Қазақтардың «ақыл – орындалған армандардан туады» деген қанатты сөзі осыған орай айтылғандай деп тұжырымдайды ойын автор.

*Б. Мамырбаев.*

**ШАБАЕВ** Шаим (1938 ж. т.), жазушы, режиссер, аудармашы. Ө-тің «Айман–Шолпан», Ф. Мүсіреповтің «Қыз Жібек», Ш. Айтматовтың «Ақ кеме» пьесаларын ұйғыр тіліне аударып, сахнаға қойды. Ө-тің «Жетім», «Барымта», «Қаралы сұлу», «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімелері мен «Қилы заман» романын (1997) ұйғыр тіліне тәржімалады.

**ШАҒАТАЙ** (т. ж. б. – 1242), Шыңғысханның Жошыдан кейін туған екінші ұлы. Шешесі – Қоңырат руының биі Тай шешеннің қызы Бөрте бәйбіше. Шыңғысхан өзінің көзі тірісінде балаларына жаулап алған аймақтарды бөліп береді. Оңтүстік Алтай мен Өмударияға дейінгі ұлан-ғайыр аймақ Ш-дың еншісіне тиді. Ө. өзінің «Әдебиет тарихы» (1927), «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» (1959), «Абай дәрістері» (1994) атты зерттеу еңбектері мен дәрістік жазбаларында «көне түркі», «шағатай», «көне өзбек тілі» деген атауды қатар қолданған. Бұдан кеңестік идеологиялық қысым тұсында өзінің «Әдебиет тарихы» кітабында барынша егжей-тегжейлі талдаған, ұлы батырлар туралы эпостық жырларды дүниеге келтірген көне түркі тілі немесе шағатай тілі туралы пайымды пікірлерін ашық дәлелдеуден именген байқалады. Әйткені бұл еңбегінде Ө. Шағатай ұлысы мен «Алтын Орда», «Ақ Орда» дәуірін – мұқым түркі тектес жұрттың басы

қосылған, «береке-бірлікте өмір сүрген елдік дәуірі» деп бағалайды. «Қазақтағы батырлар әңгімесі ескі заманнан басталады. Батырлар әңгімесінің басы – ескі түркі бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады. Қазақ елінің ескілігі – жалғыз қазақтікі емес, жалпы түркі жұртының ескілігі деп санауға керек. Бұрынғы түрік, моңғол дәуірі жүрген заманда «Алтын Орда», «Ақ Орданың» күндері айтылатын жерлер бар... Ноғайлы, қырым, қыпшақ, қырғыздардың бір жалаудың астында бір ел болып жүрген кездерін айтады... Сүйеніші – қол бастаған батыры, ел бастаған ханы мен би болған» деген пікірі кеңес идеологиясына жақтады. Мұны Шағатай ұлысын мадақтау, аңсау, насихаттау деп түсінді. Соған қарамастан Ш. хан ресми мемлекеттік тіл ретінде бекіткен «шағатай тілі» туралы «Абайтану» дәрістерінде барынша кеңінен түсіндіріп берген. Ш-дың тарихтағы орны мен Ш. ұлысының рухани мұрасы туралы Ө. Абай туралы еңбектерінде үнемі тоқталып отырады. *Т. Жұртбай.*

**ШАЙМЕРДЕНОВ** Сафуан (1922–2007), жазушы, драматург. Ө-тің дәрістерін тыңдаған. Ол Ө. туралы естелік, әңгімелер жазды: «Екі көрініс: 1. «Мұханның үйі», 2. «Мұхтарита» («Мәдениет және тұрмыс», 1961, №10), «Баурай бермек» («Көкшетау правдасы», 1967, 27 желтоқсан) т. б. Ө. те Кунцеводан Ахтановқа жазған хатында Өбдіжәміл, Төкен, Зейнолла қатарында Сафуанға да үміт артатындығын айтып жазады. Ш-тің «Болашаққа жол» романын мұқият оқып, кейбір ой-ескертпелерін қағазға түсіріп отырғаны туралы жазбалары архивінде сақтаулы. Мұхаң «Қайта туған халықтың әдебиеті» атты мақаласында «алдыңғы аға буын жазушылармен қатар, соларға илес жедел келе жатқан» реалистік әңгімелердің, очерктер мен романдардың шебер жазушылары қатарында Сафуанды атаған. Бұлардан жас жазушының алғашқы қадам алысына қандайлық ықылас, ниетпен көңіл аударғандығы көрінеді.

*Т. Әкім.*

**ШАҚПАҚ** (Б а л а ш а қ п а қ), жер аты. Шыңғыстаудың сыртындағы Абай ауылының жайлауы. Бұлақ суы мол, көделі, құйқалы қырат. Оңтүстігі Жәнібек жазығына ұласады. «Абай жолы» эпопеясында Шақпақтың жылдың төрт мезгіліндегі көрінісі әдемі суреттелген. 1904 ж. 23 маусым күні Абай осы Шақпақ пен Балашақпақтағы жайлауда отырғанда қайтыс болды. Ш-та Шәкәрімнің тошаласы болған. Ел ішіндегі дау-дамайдан аулақ, тыныш өмір сүру үшін сол бұлақтың басына саятқора салдырған. 1931 ж. қазан айының басында саятқорадан Қарауылға кетіп бара жатқан кезінде, Керегетастың кезеңінде А. Қарасартов пен М. Халитов бастаған ГПУ әскері Шәкәрімді атып өлтірген. Жазушы бұл араны жас кезінде көп аралаған, аңға шыққан. Ең соңғы рет Ш-ты 1943 ж. жазда атпен аралап өткен. Ол туралы «Ақын елінде» атты жолжазбасында баяндаған.

*Т. Жұртбай.*

**ШАЛАБАЕВ** Белгібай (1911–1993), әдебиет зерттеуші, жазушы, аудармашы. Филология ғылымының докторы (1969), профессор (1973). Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1985). Орыс тілінде «Революцияға дейінгі қазақ прозасы мен романының тарихы» (1956), «Қазақ прозасының

тарихы» (1968) т. б. зерттеулері жарық көрді, «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты монографияның (1960–70, 1–3-томдар) авторларының бірі. В. Белинский, В. Короленко, М. Горькийдің шығармаларын қазақ тіліне аударды. «Қазақ эпикасы әдебиеттік сын-да» (1960), «Тіл өнерінің үздік зергері» (1977), «Халық жолы» (1958), «Қарымды қалам қайраткері» (1959), «М. Әуезовтің эпикасындағы халық пен ақынның образы» (1965) т. б. ғылыми мақалаларында ұлы жазушының «Абай жолы» эпикасының шеберлігі туралы келелі пікірлер айтты. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген сөзінде: «Қиссалардың мазмұны, сюжеті, жанрлық ерекшелігі туралы, батырлық дастан мен салт жырларының айырмашылығы туралы әрі батыл, әрі тың, әрі түбірлі, әрі қызық пікір айтқан» Ә-ке шын ризашылығы білдірген («Әдеби мұра және оны зерттеу», А., 1961, 240-бет). Ә. осы конференцияда сөйлеген қорытынды сөзінде «ісләм дінін тарату жолындағы барынша агрессивтік қантөгіс, діншіл озбырлық аңыздарды дәріптейтін шығарма» деп, қиссашыл ақындар мен Шығыс елдерінің дастандары жөнінде сөйлеген Ш-тың пікірлерін теріске шығарған. Бұл, әрине, ұлы жазушының сол кездегі заман ағымына, қызыл саясат бағытына байланысты амалсыздан айтқандары еді.

Н. Ақбай.

**ШАМОВА** Мәлике Бұрханқызы (1903–1981), актриса. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1934). Ә-тің «Түнгі сарынында» Жүзтайлақ, «Сын сағатында» Назым, «Абайында» Зейнеп, ұлы драматург аударған Н. Гогольдің «Ревизорында» Анна Андреевна, Н. Погодиннің «Ақсүйектерінде» Соңя, У. Шекспирдің «Отеллосында» Эмилия бейнелерін сомдап, шеберлігін шыңдады. Ә. «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» деген мақаласында «Ақсүйектер» спектаклінде ойнағанда Мәликең шын шеберлік танытқанын, ірі табысқа жеткенін атап көрсеткен.

**ШАНИН** Әкіш Тұрғынбайұлы (1893–1986), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1958). Көбінесе өр, өткір мінезді рөлдерде ойнады. Ә. Әбішев, М. Ақынжанов, Ф. Мүсірепов сынды көрнекті драматургтердің пьесаларындағы басты кейіпкерлердің бейнелерін жасады. Ә-тің «Абай жолы» эпопеясының негізінде жасалған инсценировка бойынша қойылған спектакльде Дөркембайдың образын сомдап, шынайы талантын танытты. «Маза-сыз көктем» (1956), «Өмір жолы (1959), «Алдар Көсе» (1964) көркем фильмдеріне түскен.

**ШАНИН** Жұмат Тұрғынбайұлы (1892–1938), режиссер, драматург, актер. Қазақстанның халық артисі (1931). Қызмет арасындағы аз толасты пайдаланып, демалыс уақыттарына жырымдап жүріп, Жұмат арагідік шығармашылық іспен айналысады: қазақ топырағында тамыр жаймаған өнер – театр мәселелерін айналыдырып, әдебиетте еріс алмаған жанр – драматургия тамырын ұстауды ойластырады. 1924 ж. Абайдың қайтыс болуының 20 жылдығына арналған әдеби кеште ұлы ақынның композиторлық өнері туралы баяндама жасайды. Семейде шыққан «Таң» журналының 1925 жылғы 1-санына «Торсықбай ку» деген бір бөлімді пьесасын жариялайды. Зайсан елінен әкелген үлкен олжасы «Арқалық батыр» трагедиясын жергілікті өнер-

паздардың күшімен 1924 ж. қаңтар айында қалалық клуб сахнасына шығарады. Семейде 1920 ж. құрылған драмалық «Ес-аймақ» труппасының көркемдік жағын басқарады. Жұмат режиссурасымен Мұхтардың «Еңлік – Кебегі», Сәкеннің «Қызыл сұңқарлары» қойылады. Сахара үшін жаңа өнердің – сахна өнерінің білгірі деген Жұматтың жақсы атағы республикаға аз уақыттың ішінде тез тарап, оның режиссерлік данқы бүкіл Қазақстанға жайылады. Оқу комиссариатының арнаулы қаулысы бойынша, Ш. Қызылордаға шақырылады. Мұнда ол қазақтың тұңғыш ұлт театрының әрі директоры, әрі алғашқы бас режиссері болып жемісті жұмыс істеді. Кейін (1931–33) қырғыз (қазақ) театрын ұйымдастыруға күш салды. Алғашқы қазақ музыкалық театрының негізін қалап, Ә-тің «Айман – Шолпанын» сахнаға шығарды. Орал театрын ұйымдастырды. Ә-пен шығармашылық етене достықта болып, оның басты пьесаларын Семей, Қызылорда, Алматы сахналарына шығарған. 1924 ж. 1 қазан күні Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне М. Әуезов, М. Тұрғынбаев, Ш. Айманов, А. Белослюдовтермен бірге толық мүше болып сайланған. Ә-тің сын еңбектерінде Ш-нің режиссерлік қызметі, «Торсықбай», «Айдарбек», әсіресе «Арқалық батыр» трагедиясы аса жоғары бағаланған. Ә. өзінің «Қазақстан мемлекет театры» атты мақаласында: «Мен «Арқалықты», «Айшаны» ғана ойнағандарын барып көрдім. Бұл екі пьесаның ішінде, әсіресе, «Арқалық» қазақ ойыншыларының күшін өзінше, өз қалпына қарай екшеп, бірнеше ойыншыны ажарландырып көрсететін болыпты» деп, Ш. шығармасын көркемдік күш-қуатына назар аударған. Ал Ш. «Мәтінмен жұмыс істеу туралы» орысша жазған мақаласында («Казхстанская правда», 1935, 16 қаңтар) ұлы жазушының «Түнгі сарын» трагедиясын үздік туындылардың қатарына жатқызған.

Р. Нұрғали.

**«ШАНШАР»**, сатиралық журнал. Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің органы – «Ақ жол» газеті жанынан 1925 ж. Ташкентте шықты. Сол жылы сәуірде бір-ақ нөмірі жарық көрді де, тоқтап қалды. Журнал сараң бай, дүмше молдаларды, қоғамға кесірін тигізетін теріс құбылыстарды әшкерелеуді мақсат етті. Алайда өмірі қысқа болғанмен, «Ш.» қазақ сатирасы тарихында тұңғыш сықақ журналы еді. Ә. күлкі журналының өмірге келуіне шын қуанышын білдіріп жазған «Шаншар» журналы» деген мақаласында оқырман қауымды «бастау, баулу, сын сезімін тәрбиелеу – бүгінгі баспасөздің міндеті; баспасөз сол оқушының жетекшісі, неше тарау жолға қарай беттетіп, басшылық ететін себепшісі» болуы керек деп, оның болашағына зор үміт артты.

Т. Қожакеев.

**«ШАНШАР» ЖУРНАЛЫ**, жазушының мақаласы. Алғаш рет 1925 ж. «Таң» журналының 3-санында жарияланды. Одан кейін 1967 ж. 11 ақпанда «Лениншіл жас» газетінде шықты. Бұдан соң Ә-тің 20 томдық (15-том, 1984, 54–59-беттер), 50 томдық (3-том, 1998, 10–15-беттер) шығармалар жинақтарына енгізілді. Автор қазақтың тұңғыш сатиралық



Ж. Т. Шанин.

басылымы қандай болу керектігіне тоқталып: «Бұл журнал сол неше алуан елдің барлығының да әлеумет алдындағы міні мен кемшілігін білу керек. Әрбір кемшіліктің әлеумет тіршілігін ең залалды, ең жұқпалы жерін тауып, соны көпке паш болған тілде көрсетіп, орнымен ажуалай білу керек. Орынды күлкі, өткір мысқылмен міні барды түзетуге тырысып, сол мінге жақындап жүрген адамдарды бойын жиғызып, жиридетін болу керек» деп, бағыт-бағдарын нұсқайды. Арзан күлкіден еш нәрсе шықпайды, нобаймен келген күлкі қымбат әрі тәтті болмақ, «нағыз күлкі – сөзде емес, күлкі қылған аталды Тонтай, Қонтай, Текебай, Торсықбай есімді қу, күлдіргіштері бар. Тобықтының Қаракесегінен шыққан Шаншар әулеті екенін баяндаған. «Шаншар» ел ішін көбірек сөзу керек. Күлкінің нысанасы боларлық мінді денесі мол болып, сәлекет болып біткен, көңерлі топтардың көбі ел ішінде. Журналға сондай ел ішін айтқан күлкілерді суретімен басса, орынсыз сөз болмас еді деген тілек білдірген. Жазушының «заманға мойынұсына алмай, жаңаға көне алмай, «ескіні қолдан бере алмай» жүргендерді мүйізіне ілмек керек» дегендері өзiнiң көкейкескі маңызын әлі жоғалтқан жоқ. Басылым әрi қарай жалғасын таппай, бiр нөмiрiнен кейiн жабылып қалды.

*Н. Ақбай.*

**ШАҢБАЕВ** Тұрдығұл Қасеңұлы (1959 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1993). Ғылыми еңбектері негізінен әдебиет теориясының мәселелеріне, А. Байтұрсынов пен Ә-тің шығармаларына арналған. «Әдебиеттану» терминдер сөздігін (1996, 1999) құрастырушылардың бірі. Ә-тің өмірі мен шығармашылығы жайында «Абай Құнанбаев», «Мұхтар Әуезов» атты ғылыми мақалаларын жазды (автормен бірге, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. 1–2-том, 1999).

*Т. Қожақеев.*

**ШАҢҒЫТБАЕВ** Қуандық Төлегенұлы (1925–2001), ақын. Алғашқы жыр кітабы «Ар» деген атпен 1945 ж. жарық көрді. «Ар» деген арсыз жинақтың авторы біздің жеңістеріміздің ұйымдастырушысы, дем берушісі И. В. Сталин туралы бір сөз айтпайды. Осындай арсыз жинақты мақтап, алғы сөз жазған Әуезовке не дерсің?» деген солақай сын жазылды кезінде («Заман-Қазақстан», 1998, 4 сәуір). Әлеуметтік өзгерістерді, замандастар өмірін, адамгершілікті жырлаған бірнеше кітаптары жарық көрді. Драматургия саласында жемісті қызмет атқарды. Ә-тің «Абай» романына алғаш мақала жазып (Б. Кенжебаевпен бірге, «Социалистік Қазақстан», 1942, 26 шілде), шығарманы қазақ кеңес әдебиетінің үлкен табысы ретінде бағалады. Ұлы жазушының 60 жасқа толуына байланысты «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйенерге жарар ол» деген мақаласын жариялады («Қазақ әдебиеті», 1957, 28 қыркүйек). Ал «Абай» романы қалай жарыққа шыққан еді?» атты мақаласында, өзі редакторлық еткен туындының жарық көруіне Б. Кенжебаевтың септескенін, қиын заманда жан аямай жәрдемдеске-

нін баяндаған («Егемен Қазақстан», 1992, 21 тамыз). Мұхаң Қ. шығармашылығын үнемі зер салып, қадағалап отырған. «Қайта туған халықтың әдебиеті» мақаласында Ш-ты «қазақ совет поэзиясының көп ізденіп, өнерленіп, өсіп келе жатқан» тобының қатарында атаған.

*Қ. Ергөбеков.*

**ШАР**, өзен. Ертіс өзенінің сол жақ саласы. Ұзындығы 259 шақырым. Қалба жотасының оңтүстік-шығыс беткейінен басталып, Көкпекті, Жарма, Шар, Жаңасемей өңірлері арқылы ағып өтеді. Өзен бұрын, 18–19 ғасырларда Шар-Гурбан деп аталған. Алабында мал жайылымы, шабындық мол. Өзен бойында 19 ғасырда жыл сайын 3 маусым – 1 шілде аралығында «Шар жәрмеңкесі» еткен. Өзен бойындағы Қарамола жерінде 1885 ж. ұлы Абай төбе би сайланған төтенше съездің болғаны мәлім. 1995 ж. мұнда осы оқиғаға байланысты жазуы бар ескерткіш белгі-тас орнатылған. Өзен ағысы, суы мен алабының табиғи көркін Ә-тің «Абай жолы» романында: «Жолаушылар тобы Қарамола тұсына жетіп, Шар өзенінің бойын құлдап келе жатқан. Шардың жіңішке өзені көп бұралып, мөлдір суы үзілмей, баяу ағады. Кей жері жарлауыт болса, көп ағысының бойында әдемі, майда, көкмайса шалғын бар. Өзен түбі таза құмай, қатқыл керіш болғандықтан, су айнадай мөлдір боп сырғиды. Күзгі шөлтің сәл сарғыш, буалдыр бойын жағалап, кейде майда жасыл шалғынды ақырын сілкіте тербетіп, бауырлай сылдырайды» деген көрініс тапқан («Абай жолы», А., 1990, 258–259-беттер).

*Қ. Керейбаев.*

**ШАРИҒАТ**, тұра, дұрыс жол, орындалуы міндеттелген заң, нұсқау. Мұсылмандардың иманы мен адамгершілігін, мұраттары мен діни ұстанымдарын қалыптастыратын, мінез-құлықтарын реттейтін өлшем. Құранда Ш. ұғымын ең алдымен дінге сенушілерді адамгершілік кемеліне жеткізетін жолмен байланыстырады, бір нәрсені міндетті түрде орындауы заңдандырылады. Жалпы алғанда, нұсқау мағынасында көрініс береді. Әрбір мұсылман басшылыққа алуға тиісті. Құқықтарға оның мінез-құлқы мен ниет тазалығы қажет, оның өзі Алла белгілеген өлшемдер негізінде жүзеге асады, ол: адамгершілік, тұрмыстық, әдет-ғұрып, мінез-құлықтар ережелерінің жиынтығы. Бұл ретте Ш. діни заң деген де ұғым береді. Мұсылман идеологиясын да Ш. Алла Мұхаммед пайғамбар арқылы адамдарға таратқан, олардың орындауға міндетті өлшемдер мен нұсқаулардың жиынтығы. Бұл міндеттерді орындау, яғни ғибадат ету (ал-ибадат) тәртібін реттейтін ғрыптық өлшемдерге жатады. Құран мен суннадағы мағынасы анық ереже де, көп мәнді жалпылама бағдарлар қалыптастыратын ереже де осыларға кіреді. Ш. пен құқық Құран мен суннаның даусыз және айқын ережелері (қатийат ат-далала) тұсында ғана бір-біріне сәйкес келеді, шариғат исламның негізгі заңдылықтарына сүйеніп, оны нәрлендіре түсетін заңдар жиынтығы. Ол фикһ және қалам деп екіге бөлінеді. Қалам – сенім туралы үлгі боларлық ілім, дін негіздерін анықтап, дәлелдеп көрсететін қағидалар мен ережелерден тұрады, сол білімді оқып-үйренген әрбір мұсылман рухани мәселелерді шешіп, өзін-өзі жетілдіреді, көп сұрақтарға жауап таба алады. Жалпы қалам білімі Алланы танып-білуден басқа

таухид (Алланың бірлігі), Адалат (Алланың әділдігі), Набуат (пайғамбарлық), Миғад (өліп тірілу және шын өмір) деген төрт бөлікке бөлінеді. Фихх – білім, ғылым, мұсылмандардың тұрмыс-тіршілікке қатысты ережелер ұғымына ие. Тұтас алғанда Құран мен суннадағы ережелер Ш-тың мазмұнын құрайды. Бұл ретте қазақ билері өз халқының әдет-ғұрыптарымен қатар осы Ш. заңдарына да өте жетік болды. Бірақ көп жағдайда ел билеушілері Ш-ты өз мақсаттарына икемдеп пайдаланды, оның әр түрлі оқиғаларға байланысты жүзеге асқандығы «Тартыс», «Ақан – Зайра», «Абай», «Дос – Бедел дос» сияқты драмалары мен «Абай жолы», «Өскен өркен» романдарында жан-жақты көрініс береді. «Абай жолындағы» Қодар, Қамқа, «Өскен өркендегі» Алуа осы Ш. жолымен жазылды.

Т. Әкім.

**ШАРИПОВА** Ғайша Әбділхамитқызы (1901–1969), жазушы, аудармашы. Шығармаларын орыс тілінде жазған. Қазақ, қырғыз, татар тілдерінен орыс тіліне аудармалар жасады. «Отан» (1939), «Бетпақдала» (1946), «Бибижамал» (1946) очерк кітаптары, «Бір өмір туралы хикая» (1947), «Біздің заманның адамы» (1949), «Алқызыл қанаттар» (1964) әңгімелер мен повестер жинақтары, «Гафурдың семьясы» романы (1969) т. б. жарық көрді. Бірқатар қазақ жазушыларының шығармаларын, соның ішінде Ә-тің «Абай» романынан үзінділер (1939), «Асыл нәсілдер» (1947) әңгімесін орыс тіліне аударды. **«ШАТҚАЛАҢ»**, жазушының әңгімесі. Алғаш рет 1935 ж. «Тас түлек» кітабы мен «Қазақстан» әдеби-көркем жинағында жарияланды. Кейін үзінділері «Әдебиет оқу кітабында» (құрастырған А. Көшімбаев, 1941–46 ж.) басылды. Мұнан соң Ә-тің 6 томдық (1957, 6-кітап), 20 томдық (1979, 1-кітап) шығармалар жинақтарында, «Крутизна» деген атпен орысша аудармасы «Повестері мен әңгімелерінде» (1984, тәржімалаған Л. Бать) жарық көрді. Шығарма 1935 жылғы нұсқасынан кейін көп өзгерістерге ұшырамаған, тек бірінші-жарым редакциялық түзетулер ғана жасалған. Автор әңгімені жазардан бұрын 7 бөлімнен тұратын арнайы жоспар жасаған. Әңгімеде кеңшар жауларының шебер ұйымдастырған қастандығы, оның әшкереленуі суреттелген. Самат – шығармадағы ең негізгі тұлға. Ол адамдарды сөзіне емес, ісіне қарай танытын, еңбегіне қарай бағалайтын зерек, дұшпаннан айланып асыра білетін алғыр, адамды бекер жазаламайтын әділ, жауымен таймай алысатын табанды, кеңес дәуірінің тәрбиесінен шыққан жаңа кейіпкер ретінде бейнеленген. Оқиғаның күтпеген жерден оқиыс басталып, шұғыл, тез дамуы, шытырман жағдаяттар (ситуациялар) шығарманың композициясын күшейте түскен. Бұл жазушының сол кезеңде кәсіби шеберлігінің биік дәрежеге көтерілгенін дәлелдесе керек.

Б. Майтанов, Н. Ақбай.

**«ШАТҚАЛАҢ»**, Ә-тің осы аттас әңгімесі бойынша қойылған телеспектакль (1977). Ұлы жазушының 80 жылдық мерейтойы кезінде телеарнадан көрсетілді. Телеспектировка авторы – С.Ш. Оразалы, қоюшы режиссері – Ш. Ағишева. Басты рөлдерде М. Әуезов атындағы Қазақ драма театры актерлері ойнады. Телеспектакль негізінен Ә-тің «Шатқалаң» әңгімесінің желісімен өрбіген.

**ШАХАНОВ** Мұхтар (1942 ж. т.), ақын, дипломат, қоғам қайраткері. Қырғызстанның халық ақыны (1994). Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1972). «Құз басындағы аңшының зары» роман-диалогында (Ш. Айтматовпен бірге, А., 1997) әдебиеттің келелі мәселелері, өнер-өмір өрнектері философиялық пайымдау тұрғысында баяндалған. Онда Ә-тің қайтыс боларынан біраз уақыт бұрын Шымкент қорғасын зауытының Мәдениет сарайында «Абай жолы» эпосысы жайлы екі күнге созылған оқырман конференциясы мәжіліс соңында жазушының «Бала Мұхтарға ата Мұхтардан ескерткіш. Ихласпен» деп қолын қойып, кітабын сыйлағанын, сөйтіп ұлы адамнан бата алғанын зор тебіреніспен жазған (57–58-беттер). «Мені неге Мұхтар қойған?» деген жырын ұлы суреткерге арнаған («Лениншіл жас», 1977, 29 қыркүйек).

Б. Мекішев.

**ШАҒАНӘДІР** (т.-ө. ж. б.), жазушының алтыншы атасы. Ақтабан шұбырындының тұсында қазақ қосынының құрамында жоңғарға қарсы соғысқа қатысқан. Төрелер мен жоқалардың шежіресі бойынша, Ш-ден Сарғалдақ пен Мұхмұн туады. Сарғалдақ – Абылай ханның мәмілегер елшісі, Сарғалдақтан – Қожахмет, Қожахметтен – Уәли Шыңғысұлының әйелі, Шоқан Уәлихановтың шешесі Айғаным туады. Ал Мұхмұннен – Саяқып, Саяқыптың бірінші әйелінен – Сұлтан, екінші әйелінен – Төлеген, Берді, Қылыш туады. Бердіден – Өуез, Өуезден – Омархан, Омарханнан – Мұхтар тарайды. Ш. туралы басқа жазба не ауызекі деректер сақталмаған.

Т. Жұртбай.

**ШАШКИН** Зейін Жүнісбекұлы (1912–1966), жазушы, дәрігер. Ә-тің шығармашылығы жайында зерттеу еңбектері, баяндама, естелік, мақалалары бар. «М. Әуезовтің стиль өзгешелігі туралы бір-екі сөз» («Қазақ әдебиеті», 1956, 8 шілде), «Абай» романының көркемдік ерекшеліктері» (Кітапта: «Қазақтың тұңғыш эпопеясы», А., 1957, 113–128-беттер) т. б. мақалаларын жазды. Бұл еңбектерінде Ә-ті қаламы қарымды суреткер, көркем сөздің шебері ретінде, қазақ тілінің мүмкіндіктерін ұтымды пайдалана отырып, психологиялық романның жаңа түрін туғызған қаламгер ретінде атап өтеді. «Менің М. Әуезовпен кездесулерім» мақаласында «Абай» романын қазақ тілінің нағыз энциклопедиялық ой сөздігі деп атаған (Орталық Мемлекеттік мұрағат, №1725-қор). Осында Ә-пен жазысқан хаттары, бірге түскен фотосуреттері сақтаулы. Ә. «Қайта туған халықтың әдебиеті» деген мақаласында, Мәскеудегі Кунцево ауруханасынан жазған хатында («Қазақ әдебиеті», 1961, 30 маусым) т. б. еңбектерінде Ш-нің роман жазудағы шеберлігіне зор баға берген.

Р. Сариева, Ф. Исхан

**ШАШКИНА** Жәмила Нұрмағамбетқызы (1914 ж. т.), актриса, әнші. Қазақстанның халық артисі (1962). Олойнаған лирикалық, драмалық рөлдерден – Баян (Ф. Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлуында»), Қыз Жібек (Е. Брусиловский мен Мүсіреповтің осы аттас музыкалы драмасында), Кручинина (А. Островскийдің «Жазықсыз жапа шеккендерінде»), Луиза (О. Шиллердің «Зулымдық пен махаббатында»), Бәтес (С. Мұқановтың «Мөлдір махаббаты» бойынша), сондай-ақ Ә-тің «Еңлік Кебегінде» Еңлік, «Қарақыпшақ Қобыландысында» Қарлыға, «Айман – Шолпанында» Айман, «Түнгі

**ШАШУБАЙ** Қошқарбайұлы (1865–1952), ақын, әнші, композитор. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1941). Суырыпсалма ақын ретінде жас кезінен аты шыққан. «Майда қоңыр», «Жетім қыз», «Сырғақты», «Ақ қайың» (2 түрі бар), «Кедейлік» т. б. әндері кең тараған. Ақын ауыз әдебиетінің үлгілерін кенінен насихаттап, жұртшылыққа таратқан. Мұхаң Ш-мен алғаш рет 1921 ж. Қоянды жәрмеңкесінде танысқан. «Әдебиет тарихы» (1927), «Айтыс өлеңдері» (1949), «Жамбылдың айтыстағы өнері» (1946) т. б. мақалаларында Ш-дың ақындық өнерін жоғары бағалады. «1932 жылы Шашубай қасқырмен айтысады. Аңмен, малмен айтысу, тіпті өлі мен тірінің атынан да айтысу бұрынғы айтыстың салтында ежелден бар едет болатын. Ал совет тұсында қасқырмен қарсыласқан Шашубайдың ескі түрлі айтысында жаңа мазмұн бар» деп, бұл айтыстың түр жағынан ерекше екеніне баса назар аударған («Айтыс өлеңдері»). Ұлы жазушы Ш-мен 1936 ж. өнер олимпиадасы кезінде тағы да кездесіп, халық әншілері туралы көптеген мағлұматтар алған. 1943 ж. өткен ақындар айтысында Ә-тің үйіне келіп, ұлы Ернардың дүниеге келуіне байланысты құтты болсын айтып, арнау өлең шығарған. 1945 ж. Абайдың туғанына 100 жыл толуына орай өткізілген ақындар айтысына қатысып, «Іске асты Абай арманың» деп шабыттана жырлаған. Мұхаң Ш-дан Біржан салдың әндерінің шығу тарихын, ән айту мәнерін жазып алып, оны «Абай жолы» эпопеясында пайдаланған.

Т. Жұртбай.

**ШАЯН АУДАНЫ**, елді мекен. Оңтүстік Қазақстан облысының солтүстігінде, Шаян өзенінің бойында орналасқан. Бәйдібек әкімшілік ауданының орталығы. Аудан 1933–1962 ж. Шаян ауданы, 1965–1996 ж. Алғабас ауданы деп аталған. Ә. Шаянда 1959 ж. қыркүйек, 1960 ж. мамыр, 1961 ж. сәуір айларында болған. Ауданның басты шаруашылықтары мен мәдени-тарихи ескерткіш орындарын аралап, оқырман жұртшылықпен кездесулер өткізді. Ол туралы жазушы өзінің қойын дәптерінде, жолжазбаларында, «Оңтүстік сапарынан» (1959), «Шаяндағы шешен Кереке» (1960) очерктерінде, «Өскен өркен» романында көптеген дерек, мағлұматтар келтіреді. Ұлы суреткердің дуалы аузынан шыққан: «Шаянға барып, әншімін деме, Созаққа барып, күйшімін деме» деген қанатты сөзі ел арасына мәтел болып тарап кеткен. «Өскен өркен» романында «Шаян ауданы» – «Ноян ауданы» деп өзгертіліп алынған. 60-жылдары аудан орталығындағы бір орта мектепке Ә-тің есімі берілді.

К. Сыздықов.

**ШАЯН ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ**, драмалық көркемөнерпаздардың ұжымы. Оңтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Алғабас ауданындағы Шаян селосында 1959 ж. ұйымдастырылған. Алғашқы режиссері әрі әуесқой суретшісі – К. Момышев (1959–1970). Сахна шымылдығын бірінші рет Ә-тің «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашқан. Бұл спектакльді 1966 ж. Мәскеудегі Кремль сахнасында көрсетті. «ШАЯНДАҒЫ ШЕШЕН КЕРЕКЕ» жазушының очеркі. Оңтүстік сапарлары нәтижесінде жазылған. Алғаш рет «Қазақ әдебиеті» (1960, 8 шілде) газетінде жарияланды. Кейін Ә-тің 20 томдық шығармаларының жинағында басылды (2-том, 1980, 102–107-беттер). 1960 ж. мамыр айында шопан

Керімбек Мамановтың мал жайылымындағы еңбегімен танысып, үйінде болады: «Үйіне келдік. Керекеңнің кең үйі өте әдемі, жасаулы. Жылтыр жүк-аяқтарға орнаған үлкен-үлкен сәнді жалтыр сандықтар, үстіне үйілген текемет, сырмақ, көрпе-жастық. Биік үйдің сонау уығының қарына барып тірелген. Үй айнала кілем ұсталған. Отыздық ішіне кірген әйелі бөбегін ораған күйде үйден өзі шықпай, қонақты күту жайын меймандос көңіл-қабақпен басқарып отырды. Керекең бір ауыз асыл сөзін шығын еткен жоқ» деп суреткерлік көзбен әр нәрсені аңдап, көз салып отырады. Осы сезіп-түйген, көңіл көкейіне тоқығандарын «Өскен өркен» романында кейіпкерінің ойына көшірген. Оны облысқа жаңада хатшы болып келген басқа ұлт өкілі Нил Карповтың көзімен, соның сезінуімен берген. Осында келгелі ол облыс аудандарымен алғаш рет танысуға шыққан. Сол жүрісте Ноян ауданының шопаны Керімқұлдың отырына кез болады. Малының жайын көріп, әңгімесін тындап риза болған басшы үй ішімен танысуға да келісім береді. Очерктегі Керімбек пен романдағы Керімқұлдың арасында да өсіре бейнелеу немесе өзгертіп беру аңғарылмайды. Очерктегі «шешен Керекең» деп аталуының себебі: ол облыс активінің жиналысында бар болғаны: анау-мынау әңгімеге қызықпай малдың жайын ғана ойлаймын, мың қойдан биылғы жыл 90 килодан салмақ, алты-жеті килодан жүн беремін деген де мінбеден түскен. Шешендігінің бар жүк салмағы – осы бес-он ауыз сөзінде. Осыны облыс басшысы оның сөзін қазақша бөлмейтіндерге аударып бергенде, жаңағы тым-тырыс отырған жұрт гүлдесіп, қол соға жөнелген. Осындай қарапайым еңбек адамын жазушы ешбір ойланусыз романының кейіпкеріне айналдырды. Өңдеп әсірелемесе де, ол романның әсерлі кейіпкерлерінің біріне айналды.

Т. Әкім.

**ШАЯХМЕТОВ** Жұмабай (1902–1966), партия, мемлекет қайраткері. Республиканы басқарып тұрған кезінде Мұхаң Ш-ке өлденеше рет хат жазған. 1953 ж. 2 наурызда, 15 қыркүйекте жазған хаттарында жазушы өзі адал еңбек етіп жүргенін, бірақ еңбегіне, ғылымдағы, педагогикалық қызметтегі ісіне теріс бағыт пен көзқарастың айықпай келе жатқанын айтып, соған түсіністікпен қарауын, ықпал етуін өтінеді. 1947 ж. Сталинге жазған хатында мынадай жолдар бар: «Алматы қаласы интеллигенциясының аталған қаулыға байланысты өткен жиналысында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары өзінің баяндамасында менің кателерімді ашып айтты... Бірақ менің Сізге осы үндеуден бұрын айтқан Бәйшөвтің мақаласы Шаяхметов жолдастың баяндамасында менің қызметім жайында келтірілген пікірлерді мүлде жоққа шығарылған». Бұл ретте жазушы хаттарының барлығында тек өз жағдайын, өзіне идеология тарапынан істеліп жатқан шабуылды ғана емес, әдебиет, мәдениет, кино саласын өркендетудің жолдарын көрсетіп жазған хаттары да бар. Ал Ш. «Қазақ халқының әдебиеті» атты мақаласында ұлттық әдебиеттің жалпы өркендеу жағдайын айта келіп, ұлы жазушының «Абай» романына жоғары баға берген («Правда», 1949, 12 мамыр). Ә-тің қуғын-сүргіннен тыныш, еркін өмір кешкен кезеңі осы Ш-тің ел басқарған мезгілімен тұстас келеді.

М. Қозыбаев.

**ШӘДІ** Жәңгіров (1865–1931), акын. Араб, парсы, шағатай тілдерін білген. Шығыс халықтарының тарихын, философиясын, әдебиетін зерттеген. Шығармаларын нәзира үлгісінде жазған. Ташкент, Қазан, Орынбор қалаларында 18 дастан, қисса-хикаят кітаптарын бастырып шығарған. Шығармаларын қара өлең, жыр, терме, назым үлгісінде шығарған. Ө. «Қазақ ертегілері» жинағына көлемді алғы сөз-мақала жазған (1957). Мақаланың қазақ ертегілерінің алғашқы бөлімінде: «XIX ғасырда, әсіресе совет тұсында қазақ ертегілерін жинау, зерттеу жұмысы бәсеңдеген жоқ. Потанин, Диваев, Мәшһүр Жүсіп, Шәділермен қатар, бұл кезде қазақ ертегілерін белгілі ғалымдар Н. Н. Пантусов, А. Л. Мелков тағы басқалар жинады» деп жазды. Ертегілердің жиналу жолдары жайында: «Қазақ ертегілері бір жағынан сюжеті ғана жазылып алынып, орысша басылып келсе (Потанин, Мелков), екінші жағынан өлең түрінде таралып (Мәулікей, Шәді) келді» деген. Бұл мысалдан шығыс халықтарының эпикалық шығармаларын, А. Пушкин поэмаларын еркін аударып жырлаған Шәдінің осы әдісті қазақ ертегілерін айтуға да қолданғанын көреміз. «Қазақ әдебиетінің тарихынан» атты мақаласында (Е. Лизуновамен бірге жазған) шығармаларын ескі кітаптардан алған сюжеттерге құратын шығыс классикасымен тығыз байланысты кітаби ақындар жөнінде айта келіп, олардың қатарына Ораз Молда, Майлықожа, Мәделі, Ақылбек, Мәулікей, Мақыш Қалтаев, Әріптермен қатар Ш-ні де қосқан.

*Р. Бердібай.*

**ШӘЖЕНОВ** Халел (1908–1943), актер, режиссер. Ө. пен Ө. Тәжібаевтың «Ақ қайыңында» Березовский бейнесін сомдады. Ол режиссурамен шұғылданып, Шымкент қазақ драма театрында Ө-тің «Еңлік – Кебек» (1939), «Айман – Шолпан» (1940) пьесаларын қойды.

**ШӘМШІВ** Болатбек Төленұлы (1941 ж. т.), қырғыз кинорежиссері, сценарист. Қырғызстан Ленин комсомолы (1969) және КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Қырғызстандық халық артисі (1975). Қырғыз халқының ұлттық ерекшелігін терең мазмұнымен экран арқылы көпшілікке жеткізе білген «Манасшы» (1965), «Шопан» (1966) фильмдерінің режиссері. Көркем фильм жанрындағы алғашқы жұмысы Ө-тің «Қараш-Қараш оқиғасы» атты классикалық шығармасын экрандаудан бастау алды. Бұл фильм 1968 ж. Одақтағы ең жақсы 10 фильмнің қатарына қосылды. Бұдан кейін «Ақ кеме» (1976), «Ерте келген тырналар» (1980), «Қасқыр апаны» (1983), «Мергендер» (1985), «Көк-тебеде» (1986) т. б. көркем фильмдер түсірді. Ш-тің шығармашылығы арқылы қырғыз кино өнері әлемдік деңгейге көтерілді.

*Г. Құрманғалиқызы.*

**ШӘМІЛ**, Ш а м и л ь (1799–1871), Дағыстан мен Шешенстанның 3-иамасы (1834–1859). Патша отаршылдығына қарсы қозғалыстың басшысы. 25 жыл бойы Дағыстан мен Шешенстан халықтарының азаттық күресін басқарды. 1848 ж. Ш-дің билігі мұрагерлік болып жарияланды. 40-жылдары патша әскерімен соғыста ірі жеңіске жетсе, 50-жылдары патша әскерінің үздіксіз қудалап, ішкі әлеуметтік жағдайдың шиеленісуі, жергілікті әкімдердің (найбардың) сатқындық жолға түсуі азаттық

қозғалысын әлсіретті. 1859 ж. 25 тамызда Гунби аулында қоршауда қалып, келесі күні қолға түсті. Отбасымен бірге Калуга қаласына жер аударылды. 1870 ж. Меккеге баруға рұқсат берілді, қажылыққа барар жолда шәйіт болды. Ө. ұлы Абайдың Ш-дің тарихынан хабардар болғанынан дерек береді. «Патшалық үкіметімен алысып, қаторгіге айдалып, Сібірден қашқан Кавказ адамдарының да бірнешеуі Абайды тапқаны бар. Бұлардың ішінде Шамильдің баласы, Тәштемірдің баласы деген адамдардың да Абай қолына келіп, ат мініп, пұл алып жүргендері болған» («Абайдың өмірбаяны»). Ал «Абай шығармашылығы» атты орысша жазылған мақаласында ұлы жазушы Абай өз поэзиясының мазмұнымен өз кезіндегі үкіметтік құрылымды жоққа шығарды, сондықтан оның үкіметке қарсылық білдірген орыс классиктеріне ауған көңілінің Шәмил мен Кенесарыға деген ықыласымен терең байланысы бар деген пікір айтқан («Прииртышская правда», 1945, 15 тамыз).

*М. Қозыбаев.*

**ШӘРІПОВ** Әди (1912–1993), жазушы, ғалым, мемлекет қайраткері. ҚазПИ-ді бітірген (1938). Филология ғылымының докторы (1973), Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі (1957). Негізгі ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясына арналған. Ө-тің өмірі мен шығармалары жөнінде «Ғұлама ғалым» («Жетісу», 1977, 23 қыркүйек), «Мұханның екі аманаты» («Қазақ әдебиеті», 1997, 23 желтоқсан), «Ұлы ұстазбен алғашқы әрі соңғы кездесу» («Қазақ әдебиеті», 1991, 22 қараша), «Дарқан дарын» (Кіт.: Шәріпов Ә. Қазіргі дәуір және қазақ әдебиетінің даму проблемалары, А., 1973, 136–150-беттер), «Қазақ совет әдебиетінің классигі» («Қазақстан мұғалімі», 1977, 23 қыркүйек), «Көркем сөз бұлағы» («Социалистік Қазақстан», 1987, 23 қыркүйек), «Замана шапағы» («Қазақ әдебиеті», 1972, 3 қараша), «Тұңғыштық түбіне кім жеткен» («Жұлдыз», 1977, №9) т. б. мақалалары жарық көрді. Ал кемеңгер суреткердің темірдей берік еркі, адам сүйсінерлік еңбекқорлығы, мейірімділігі мен кішіпейілділігі, тамаша дарыны туралы «Қонақридегі кездесу» атты естелігін жариялады («Біздің Мұхтар», А., 1976, 216–219-беттер).

*С. Қорабай.*

**«ШӘҢГЕРЕЙ»**, жазушының мақаласы. Орта, орталау мектептің 7-сыныбына арналған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» деген кітапта жарық көрген (1933). Ө. онда Шәңгерейдің өмірі мен шығармашылығы туралы толымды ойлар айтқан. 5 жасқа келген Шәңгерейдің әке-шешеден бірдей айрылғанын, көп мүлктің иесі болып қалған жас баланың жетімдік көрмегенін айтады. Шәңгерей мұсылманша оқу оқып, білім алады. Орыс оқуынан реалдық училищені де, кадет корпусын да толық бітірмейді. Балалық шағы Нарында өтсе, бертін келе үкімет келісімімен Еділ жағасынан тандаған жерінен қоныс алады, осы жерді орманға, бау-бақшаға айналдырып, сәнді ғимарат тұрғызады, маңайына 30–40 шамасында қазақ отбасын көрші етіп ұстайды. Самар губерниясындағы орыс ақсүйектерінің тізіміне қосылады. Сөйтіп ол орыс дворяндарында да, қазақтың сері байларында да өмір өткізеді. Бір жағынан, ит қосып ашылық құрса, екіншіден, қазақ жолымен құс салады. Осылайша сүт үстіндегі қаймақ болып өткізгендей өмірінің уайымы да болады, оны жазушы: «Жасында сүйіп, ынтық боп алған әйелі 30 шамасында қайтыс боп, соның өлімін

өмір бойында аза қылып күңіреніп, мұң етумен өткен, екінші қатын алмаған, баласы да болмаған» деп түсіндіреді. Осының салқыны шығармаларына тереңдеп ізін қалдырады. Ал ақындығына келсе, ол жолға шындап салынған кісі болып көрінбейді, өлеңдері де айтарлықтай мол емес. Сонда өлеңдерін мынадай топтарға бөлуге болады. 1) «Алалы сақа атысқан» – Нарында өткен балалық шағын жыр қылу; 2) «Сұңқардай шалқытаған тас ұяның» – көңіл лирикасы, өлім күйі; 3) «Ғаламға он сегіз мың патша болсам» – көңіл сыры, ғашықтығының күйі; 4) «Бір ағаға» – туысқан төресіне жазған өз көңілінің сыр-қиылы; 5) «Құдыққа құлан құлаған» – өлім күйі, өмір пәлсафасы. Өр кезде жазған Шәңгерей өлеңдерінің бағыты, міне, осындай. Оның махаббат, сүйіспеншілік туралы көңіл иірімдері «Ғаламға он сегіз мың патша болсам» деген өлеңінде тереңдеп орын алған. Мұнда ол дәл болғанды айтап, мұнар қуа сөйлеген. Өз ойын жазушы: «Шәңгерей қазақ әдебиетінде бұрын болмаған өрістерді табады. Күйлі сөздің күштісін айтқан еске ақынның бірі болады. Қазақ поэзиясы бұның шығармалары арқылы суретті күйлілік тапқандай болады» дегендермен түйіндейді.

*Т. Әкім.*

**ШӘҢГЕРЕЙ** Бөкеев (1847–1920), ақын. Өлеңдерінде өмір, ғылым, өнер, оқу, олардың пайдасы, достық, махаббат, табиғат, саятшылық туралы жырланады. Біраз өлеңдері орыс халқының өнер-білімін насихаттайды, өмірдің опасыз, өткеншілігін айтып, өткен заманның артықшылығын суреттейді. Шығармалары «Шайыр» (1910), «Көкселдір» (1910), «Үш жоқтау» жинақтарында жарияланған, ал 1934 ж. жеке кітап болып шықты. Ө. өзінің «Шәңгерей» деп аталатын мақаласында Ш-ді сыршыл, дарашыл ақын тұрғысында бағаласа, 1959 ж. 15–19 маусымда Алматыда өткен ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген «Қорытынды сөзінде» А. Фет пен Ф. Тютчевке еліктеп, көңіл зауықын жырлаумен шектелгенін мысалға келтіреді.

*Н. Ақбай.*

**ШӘРІПОВА** Зәмзәгүл Нүсіпбайқызы (1931 ж. т.), ақтриса. Қазақстанның халық артисі (1966). Ө. қойылымдарында қайталанбас бейнелер жасап, орындаушылық өнердің биігін көрсінді. Оның санатына Қарагөз («Қарагөз»), Айман («Айман–Шолпан-да»), Қарлығаш («Абайда»), ұлы драматург аударған У. Шекспирдің «Отеллосындағы» Дездемона бейнелері жатады. Ол дубляжға, радио қойылымдарға қатысып, көркем сөз оқумен шұғылданды. 1955 жылдан фильмдерге түскен. Нұржамал («Өжет қызда», 1955), Дина («Біз осында тұрамыз», 1957), Хадиша («Өмір жолында», 1961), Прокурор («Шыңдағы шынарда», 1965), Қарлығаш («Абай» телефильмінде, 1976), Балзия («Заманайда», 1998) рөлдерін ойнады.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ШӘРІПОВА** Фәрида (1936–2010), актриса. КСРО (1980), Қазақстанның (1976) халық артисі, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1966). Ө. пьесаларының негізіндегі қойылымдарда ірі сахналық бейнелер сомдады. Олардың ішінде Еңлік, Шолпан, Қарлыға, Қарагөз, Ажар («Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Қарагөз», «Абай» қойылымдарында) – өзіндік қайталанбас шығармалық ізденістердің нәтижесі. 1955 жылдардан бастап фильмдерге түсті. Жәмила («Хасен мен Жәмилада»), Ғалия («Торпатта», 1963), Жауһаз («Тұлпардың ізінде», 1964),

Бүбжан («Жорғаның жүресінде», 1969), Мүсіліма (осы аттас телефильмде, 1971). Келбес («Қыз Жібекте», 1972), Қалима («Махаббат сыры») атты телефильмде, (1977), Бақтыгүл («Қала қалқанында», 1979) т. б.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ШӘУКЕН** (шын аты-жөні: Оразғали Бақашұлы Әбдуәлиев; 1905–1975), жазушының жерлесі. Ұзын бойлы, келісті келбеті бар, сұлу қара мұртты Шәукеннің бойындағы табиғи бір кемістігі – сақау әрі құлағы естімейтін саньура болған. Бірақ алғыр, зерек, табиғаттың тылсым құпиясын жетік білген. «Кейбір сөзді ашық қайырады. Қолымен, қимылымен үйлестіріп, адамды өзіне тартып алып, айтпақ ойын соншама анық, қызықты етіп жеткізеді» деп ұлы жазушы Ш-ді есіне алады. Өзі аңшы болған. 1943 ж. Абай ауданына барған сапарында Ө-ті аңға алып шығады. Сонда зеректігіне риза болған Мұхтар Ш. туралы: «Ойпырмай, бұл неткен ғажап адам. Айтқанындай кешегі көрген нұдақтарды шашау шығармай бағып, қарап жүріпті. Тура алдымызға айдап әкеліп беріп, атқызды. Мұнда үлкен сыр бар» деп сүйсініс білдірген («Әуезов әлемі», А., 1997, 316-бет). Сол түні кешке Ш-ді шақырып алып, ұзақ әңгімелеседі. Алматыға қонаққа келуін өткенді. 1949 ж. Б. Толғамбаев Ш-ді Алматыға алып келеді. Ө. үйіне 10 күндей қонақ етіп, сый-сияпатпен ауылға қайтарады. Сол жолы Ш. Ө-ті оңаша шақырып алып, ескі күршесінің тігісін жыртып, әбден тер сілген сарғыш суретті жазушыға беріп тұрып: «Мен 31-жылы НКВД-ның үйін күзетіп, отын жаққамын. Сонда пешке жағуға берген қағаздың арасынан көріп, тығып қойдым. Бұл Шәкерім қажының суреті» деп ыммен түсіндіреді. Ш. Құдайбердиевтің фото бейнесі осы Ш-нің зеректігі арқасында сақталып қалды. Жазушы бұл суреттің көшірмесін кейін ақынның ұлы Ахат Құдайбердиевке береді. Ө. елге барған сайын Ш-ді шақырып алып, оның неше түрлі қимыл мен ымға толы әңгімесін ынтыға тыңдап отырады екен.

*Т. Жұртбай.*

**«ШЕБЕРЛІК ТУРАЛЫ ОЙЛАР»**, жинақ. Авторы – Т. Нұртазин. 1968 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Кітапта туған әдебиетіміз бен оның ірі-ірі өкілдерінің өмірі, шығармашылық қызметі туралы әдеби-сын зерттеулері мен мақалалары топтастырылған. Еңбектің сүбелі бөлігі Ө-ке арналған (10–72-беттер). «Ұлылық белестері» деп аталатын бұл тарауда ұлы жазушы өмірінің 20–30-жылдары жазылып, «Қараш-Қараш» кітабына енген (1960) әңгімелері, повестері мен пьесалары қарастырылған. Автор жинаққа енген 17 әңгімені тақырыпқа бөліп, әрқайсысын жеке-жеке талдап, баға берген, дербес ой айтып, өз тұжырымын ұсынған. Оның пікірінше, Ө. қазақ қоғамының реалды жай-



«Қарақыпшақ Қобыланды» спектаклі. Ф. Шәріпова Қарлыға рөлінде.

ын, қалпын тереңдей, жан-жақты таныту мақсатында, ауылдың табиғи күйін, ескілік басып бара жатқан жақтарын қазбалай сипаттайды. Ұсынар шешімі дайын болмаса да, толғақты мәселелер шешімін таппай тынбайтынын аңғартып өтеді. Жазушы бұл орайда «кішкене» адамдарға ерекше назар аударады дейді. Зерттеуші «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін талдай келіп, оның ірі оқиғаларға, күшті тартысқа құрылған, шиеленіснен өткір оқиға барған сайын асқына түсетін қуатты драмалық туынды екенін атап өтеді. Алайда повесте үстемдер бірыңғай зұлымдар болып көрінеді, бұл жазушының «Абай жолында» жеткен кең әлемді реализмге әлі жете қоймағанын сипаттайды дейді. Бірақ аталған туындылар сан қилы сынға ұшырап, өмір сынынан өтеді, сөйтіп прозамыздың көрнекті тұлғалары ретінде жұртқа танылды деп қорытындылайды сыншы. Жинақта одан әрі Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының төрт кітабы жеке-жеке қарастырылып, әрбіріне тиісті идеялық-көркемдік қорытынды жасалған, жазушының қаһармандар бейнесін сомдау шеберлігі мен ерекшеліктеріне баса назар аударылған, үстем таптар өкілдерінің образдары арнайы талданған. Автор тараудың соңында ұлы суреткер туралы естеліктерін қоса берген. Кітаптың көлемі 16,3 баспа табақ, таралымы 7 мың дана.

*Н. Ерсарыұлы.*

**«ШЕВЧЕНКО (1814–1861)»,** жазушының мақаласы. Ө-тің орта, орталық мектептің 6-сыныбына арналған «Әдебиет хрестоматиясында» жарияланды (1937–38). Бұдан кейін ешқайда жарық көрген емес. Мақалада ақынның өмірі мен шығармашылығы бірге қамтылған. «Көп тегкі көргендіктен, Шевченко патшаға қарсы, помещикке және басқа түрлі қанаушыларға өзінің қарсылығын айқын қып, ашық қып айтады, Украинадағы күл крестьянның өмірін, ойын, сезімін, үмітін Шевченко поэзиясы ашық көрсетеді. Өзінің бірталай шығармасын «Қобызшы» (Кобзарь) деген атпен шығару себебі де содан». Сөйткен ақын өлеңдеріне халық өнерін, халықтық жыр, әңгіме-аңыздарды бай пайдаланады. Шевченконың балалық өмірі байдың құлы ретінде өтті, апа-қарындастары да өзі сияқты сол байдың есiгiнде жүрді. Тоғызға келгенде бірде қойшы, бірде полтңн жалшысы, бірде помещиктің малайы болып өмір өткізді. Суретшілікке бейімділігін байқаған бай Петербургқа жіберді, мұнда оқуға түсуіне Брюлов пен ақын Жуковский көмек жасайды. Олар Тарастың қожасына 2500 сом төлеп, оның басын құлдықтан азат етеді. Брюловтың ең сүйікті шәкіртіне айналады, Петербургтың мәдениетті қауымымен араласуына мүмкіндік туады. Таным, көзқарасы, шығармаларындағы сарын оны саяси сенімсіз адамдар қатарына қосты. Ақыры келіп оны Орынбор маңайына жер аудартырды, артынан Каспий жағалауы, Маңғыстау жеріне жібереді. Ақын халық күресін «Түс» деген поэмасында көкейге қонымыз етіп жеткізген: ой, ниет, мақсат, ішкі дүние сезімін түс түрінде әңгімелеген. Николай дәуіріндегі шаруалар жағдайының ауырлығын, полиция тәпкісіндегі қараңғы күнді жеткізе суреттейді, бұл ойларын өзге шығармаларында да дамытып, жетілдіре түседі дей келе жазушы өзінің мақаласындағы ойын: «Шевченконың поэзиясы құлдық дәуірінде революция бағытына беттеген

крестьян атаулының үні есетті болады» деп түйіндейді.

*Т. Тұрғанбаев.*

**ШЕВЧЕНКО Александр Алексеевич** (1927 ж. т.), суретші. Туындыларында ұлан-байтақ республикамыздың өткені мен бүгінгі, халықтар тағдыры, соғыс пен бейбітшілік, Семей атом полигонының қасіреті, жеке адамның Отан алдындағы жауапкершілігі туралы философиялық толғауларға толы кезеңдерін бейнелейді. 1997 ж. тамыз айында Семейде Ө-тің 100 жылдығын тойлаған кезде қазақтың киіз үйінде сурет көрмесінің ашылу рәсімі болды. Ө-ке арналған шығармаларының дүниеге келуіне суретшінің 50-жылдардың аяғында атакты жазушымен кездесіп, танысуы түрткі болған. Бұл оқиға Мұхтар туралы өзіндік қолтаңбасы бар өнер туындыларын дүниеге келтірді. Көрмеде суретшінің – «Мұхтардың туған жері» (1997.), «Бөріліге апаратын жол» (1997), «Мұхтардың махаббаты» (1997), «Бөріліде» (1997), «Студент Мұхтар» (1996), «М. Әуезовтің ата-анасының кесенесі» (1997), «Полковник аралында В. Ивановпен кездесу» (1996), «М. Әуезовтің В. Ивановпен кездесуі» (1996), «Шыңғыстау перзенті» (1997), «Тұтқындалу» (1997) т. б. туындылары ұлы суреткердің күллі өмір тарихынан сыр шертеді. Осылардың ішінде ерекше шығармасының бірі – «Тұтқындалу» картинасы. Онда Ө-тің 30-жылдарда қамауға алынып, түрмеде отырғаны бейнеленген. Соған сәйкес сурет күңгірт бояумен салынған. Алайда темір тордың ішінде отырса да, жазушының келбетінен өзінің ой-танымына сенімі күшті, көзқарасынан қайратты, шешімді адам екені аңғарылады.

*Ө. Сұлтанов.*

**ШЕВЧЕНКО Тарас Григорьевич** (1814–1861), украин ақыны, суретші. Кирилл-Мефодий құпия қоғамына қатысқаны үшін 1847–1857 ж. Қазақстанға жер аударылған. «Кобзарь» өлеңдер жинағы шықты (1840), «Тарас түні», «Катерина» (екеуі де – 1838), «Гайдамактар» (1841), «Соқыр» (1842), «Түс» (1844), «Кавказ», «Дінбұзар» (екеуі де – 1845) поэмалары бар. Көптеген өлеңдері Маңғыстау жерінде жазылды, сонда 350 суретін салды, бұлардың көпшілігінде қазақтардың өмірін бейнеледі. 1935 ж. қазақ тілінде алғашқы шығармалар жинағы шықты. «Тандамалылары» бірнеше рет жарық көрді (1939, 1961, 1968). Ө. ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық қызметі жөнінде «Шевченко (1814–1861)», «Туысымыз, досымыз біздің» атты мақалаларын қазақ, орыс тілдерінде жазды, басқа да еңбектерінде ұлы кобзарьдың ақындық талантын жоғары бағалаған.

**ШЕГІНС**, әдеби тәсіл. Көркем шығармада жиі қолданылады. Шегініс арқылы өткен өмірдің, балалық шақтың қилы-қилы оқиғалары, жағдайлары еске алынады, көрсетіледі. Лирикалық шегіністе баяндалып, суреттеліп отырған жағдайға немесе кейіпкерге қатысты автордың көңіл күйі сезіледі, баяндаушы оқиғаға тікелей араласқан сияқты әсер қалдырады. Автор шегініс жасау арқылы кейіпкердің өткендегі көрген-білгенін, бастан кешкендерін есіне түсіріп, баян етеді. Шегініс Ө-тің әңгіме, повестіне, романдарынан жиі кездеседі. Ал «Дос – Бедел дос» драмасы түгелдей дерлік шегіністен тұрады: қалғып кеткен Бедел түсінде барлық өткен өмірін шолып шығады. Бұл жерде қаламгер жаңа, тың әдіс табуға ұмтылған.

*Т. Тұрғанбаев*



**ШЕЙХЗАДА** Максұт Максұмбекоғлы (1908–1967), өзбек ақыны, драматург, әдебиет сыншысы, аудармашы. Ұлты – әзірбайжан. Өзбекстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1964). «Республика» (1935), «Жаңа жинақ» (1939), «Соғыс пен жыр» (1943), «Жүрек сөзі» (1944), «Уақыт пернелері» (1949), «Жылдар мен жолдар» (1961), «Саялы көше» (1967) атты өлеңдер мен поэмалар жинақтары, 6 томдық «Шығармалары» (Ташкент, 1969–74), «Жалалиддин» пьесасы (1941) т.б. жарық көрді. Мұхаж Ш-ның жырларын, Науаидың ақындық шеберлігі жайында жазған ғылыми-зерттеу еңбектерін жоғары бағалаған, онымен достық, шығармашылық қарым-қатыста болған. «Тірі Науаи» деген мақаласында өзбек қаламгерінің ұлы Науаиға арнаған балладалық ерекше атаған.

*Н. Ақбай.*

**«ШЕКАРАДА»**, жазушының пьесасы. 1937 ж. жазылған. Ө. қайта-қайта шұқшия қараған, көріктеу, ажарлауға ерекше мән берген. Бұл пьесаның араб, латын, қазіргі графикамен жазылған төрт түрлі қолжазба нұсқаларын тексеріп, салыстырып шыққанда, драматургтің ықшамдылыққа, тұтастыққа айрықша ден қойғанын көреміз. Соңғы вариантта мінездік даралығымен ашылмайтын, қосақ арасында жүрген бірқыдыру персонажды автор әдейі алып тастаған, олардың орнына жаңа кейіпкерлер қосылған. Қазіргі өмір шындығын арқау еткен әр түрлі пьесалар жазған Ө-тің тәжірибесі «Ш.» драмасында айқын аңғарылды. Тартыс табиғатын жіті ойластырған қаламгер әдейі шекаралық аудан өмірін бейнелеуді қалап алған, ішкі қайшылыққа сыртқы дұшпан қастығы қосылған кездегі күйлерді сахнаға шығарған. Драмалық конфликт жедел, ширақ басталып, өткір дамиды. Алғашқы сурет ықыласты тез бұрып алады. Ауданның өзгеше жағдайы, бөлекше қалыбы жан сауға, араша тілеген ерлі-зайыптылар – пьеса осындай әрекетті көрініспен басталады. Кібіртік, босбелбеулік қашанда сахналық шығарманың көсегесін көгертен емес. Тартыстың ағымы, әрекеттің тұтастығы, характер кесектігі – драма үшін негізгі өлшемдердің бірі. Бұл талانتар пьесада жақсы ескерілген. Өрбір жаңа көріністе қимыл, әрекет молайып, тартыс жоталана түседі, персонаждар мінезі дараланып, характерлер айқындала бастайды. Қазақстан жағдайындағы айқастардың, әлеуметтік күрестердің жаңғырығы көпке дейін созылғаны мәлім, талай ауыртпалықтар осыратып кеткен шығындар болғандығы жасырын нәрсе емес. Айтылмыш пьесадағы оқиға 1938 ж. өтетіндігін ескеру керек. Драматург реалистік пьеса қаһарманын лайық сөздік кестені дәл тапқан. Мұрат лебізінен қазақтың шешендік өнері, билер дәстүрі жақсы аңғарылу үстіне, заман ырғағы, мезгіл, әуені партия қызметкерінің стилі көрінеді. Дұшпан ортаның сыры қалтарыста, далада, жасырынып, ұрланып сөз байлауы, уәде бекітіп жатқандардың кездесуінде ашылады. Көп адам көзге көрінбейді. Екеу, үшеу ғана бас қосады. Қолынан билік кеткен таптың өкілдері тұяқ серпер шақта жымсық айла, жіңішке кулық жолы түсетінін бек ескерген драматург орайлас ситуацияларды жалаң алмай, психологиялық құбылыстармен жақсы ұштастырған. Айтылмыш пьесада көп адам қатысатын көріністер мен екі кісі, үш кісі ғана болатын көріністер ауысып келіп отырады. Көпшілік сценаларында заман қалыбын, уақыт жағдайын аңғартатын диалогтар мол. Мезгіл, уақыт қандай шығармаға да ықпал етпек. Бұл құбы-

лысты туындының лексикасынан, айшық өрнегінен, стильдік бояуынан, идеялық мұратынан, пафосынан, авторлық концепциядан бір сөзбен, кез келген жерден тауып алу қиынға соқпайды. Пьеса жазылған тұстағы кейбір сарындар «Ш-ның» көркемдік бітіміне салқынын тигізгені аңғарылады. Мұрат бейнесін мүсіндеуге драматург ерекше мән берген. Жағдайға, тартыс ыңғайына орайлас Мұрат әрекеттері өзгеріп отырады. Бұл өзгі кісі жанын сезгіш, психологияны арқағыш адам. Аяздай қарыған ауыртпалық, аш бүйірден қадалғандай қастандық үстіңде Мұрат сабырлы, сарабал мінезден ауытқымаған. Бұйрық беру, билік айту жоба нұсқау емес, қалың көпшіліктің өз келесіне, өз талқысына ден қояды. Өркімнің көзін жеткізу, жүрегің сендіру, көңілін бекіту – максат осы. Зеку, тұқырту, бопсалдау жоқ, ойландыру, жігерлендіру, қанағаттандыру бар. Реалистік драманың үлкен талабы – кейіпкерлер тілінің табиғи арнадан, өмірдегі қалыптан шығуы. Бұл орайдағы Ө. ізденістері халық әдебиетіндегі асыл маржандарды үнемі шығармашылықпен, жаңғырта, өзгерте, құлпытра пайдаланудың үлгісі. Кейіпкерлер шешен, өткір сөйлейді. Олардың лебізінде ырғақ, ұйқас мол. Драматург кейде мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді өзгеріссіз алады: «Қонақ бір күн қонса – ырыс, үш күн қонса – жұт», «Отқа жақынның қолы күйеді, көсеу кімдікі болса, қол соныкі». «Ш.» пьесасындағы екінші ерекшелік автор өзіне ғана тән, соны, жай айшықтарға ден қояды. Формалық жағынан олар мақал-мәтел, афоризмдер поэтикасымен емшектес. Ырғаққа, ұйқасқа, ықшамдылыққа мән беріледі. «Қайғыда – серігің, қайратта – сыңарың», «терең тамыр, үлкен түбір», «ұқтың, ұқтың да ішіне тықтың», «білдір демеп пе ек, бұлдір деп пе ек?», «ел ашуы – сел ашуы», «өзім деген кісіге өзегімді беруші ем», «сен тұлкінің қалай қашатынын білемісің? Басқан ізін, құйрығын бұлаңдата көміп кетіп отырады», осы алуандас өрнектер Ө. олжаларының қатарына жатса керек. Шығарма Ө-тің көптеген пьесаларына ортақ жайтпен, авторлық идеалға, драматург мұратына орайлас ыңғайдағы Сәрсен қарттың сөзімен тамамдалған. «Ш.» пьесасы тұңғыш рет «Әдебиет майданы» журналында жарияланды (1938, № 2), одан кейін «Пьесалар» жинағында (1940), «Әдебиеттік оқу кітабында» (1940, 1941) жарық көрді. Жазушының 6 томдық (1956, 5-кітап), 12 томдық (1969, 9-кітап), 20 томдық (1982, 10-кітап) шығармалар жинағында басылды.

*Р. Нұрғали.*

**ШЕКСПИР** Уильям (1564–1616), ағылшын драматургі. Драмалық туындыларында өмір құбылыстарын шынайы бейнелеп, қоғамдық зұлымдықтарды әшкереледі, адамдар арасындағы күрделі қарым-қатынастарды, ішкі сезім толқындарын суреттеуде сатираны мол пайдаланды. «Антоний мен Клеопатра», «Гамлет», «Ілі Ричард», «Ромео мен Джульетта», «Король Лир», «Макбет» драмалары, «Сонеттер» жинағы (1970, 1978), 2 томдық тандамалы шығармалары (1982) қазақ тіліне аударылды. Ө. «Отелло» және «Асауға тұсау» пьесаларын қазақша тәржімалап, көркем аударманың үлгісін көрсетті. Бұл жөнінде «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» деген мақаласында: «Шекспирден алынатын пьесаның аты әзірше дәлдеп белгіленбегенмен, не «Отелло» немесе «Ромео–Джульет-



М. Əuezov У. Шекспирдің «Отеллосын» аудару үстінде. 1938.

та» екеуінің бірі болатыны анық. Аударушыға қойылатын шарт бойынша, Шекспирдің пьесасы ағылшын тілінен аударылады. Орыс тілінен жасалған аудармалар жай қосымша мағлұмат есебінде ғана пайдаланылады» деген. «Америка өсерлері» атты очеркінде ұлы ағылшын драматургінің шетелдерде қалай құрметтелетінінен сыр шерткен. «Вашингтонды аралау үстінде мұндағы мәдениет ескерткішінің ең зоры дерлік екі жайда болдық. Біреуі – Конгресс кітапханасы, екіншісі – Шекспир кітапханасы. Шекспир заманы мен еңбектеріне арналған кітапханалар ішіндегі дүние жүзіндегі ең бай кітапхана осы десті. Кітапхананың ішінде, тап ортада атақты Шекспир театрының өзін де қаз-қалпында орнатып, музей етіп қойған. Қазіргі салт бойынша, Шекспир кітапханасы баяғы Шекспирдің өз заманынан бастап бүгінге дейін қай жерде Шекспир спектакльдері қойылса, қай тілге аударылып, қай мемлекетте ойналса, соның бәрінен суреттер, документтер, деректер жинап отыруға құмар екен» деп, өркеніетті елдің мәдениетті қаншалықты қастерлейтінінен деректер келтірген.

Қ. Мұхамеджанов.

**«ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТ СЫНЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ»** («Казахская литература в оценке зарубежной критики»), жинақ. Құрастырғандар: Ш. Сәтбаева, А. Мусинов. 1971 ж. «Ғылым» баспасы орыс тілінде шығарған. Кітапта шетел жазушыларының, әдебиет сыншылары мен оқырмандарының қазақ көркем әдебиеті туралы айтқан пікірлері топтастырылған. Басылым филологтар мен оқырман қауымын шетелдік достардың туған әдебиетіміз жөніндегі жылы лебізімен таныстыруды мақсат еткен. Жинақ «Қазақ фольклоры туралы», «Абай Құнанбаев туралы», «Жамбыл Жабаев туралы», «Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин туралы», «Қазақтың басқа жазушылары туралы» деген тараулардан құралған. «Мұхтар Əuezov туралы» деп аталатын ең үлкен тарауында немістің атақты әдебиет зерттеушілері А. Курелла мен Г. Кремпниеннің, Э. Мюллер мен Б. Баумның; румын Т. Майорескудің, чех Ф. Соукуптың, ұлы француз жазушысы Л. Арагон мен А. Стильдің т. б. қазақтың кемеңгер суреткерінің өмірі мен шығармашылығы жайында әр жылдары жарық көрген сын пікірлері берілген. Сондай-ақ басқа тарауларда да Ө-ке жиі-жиі жүгініс жасалып,

қажетті мағлұматтар келтірілген. Кітаптың көлемі 10 баспа табақ, таралымы 1900 дана.

**ШЕШЕНДІК ӨНЕР** (р и т о р и к а), фольклор жанры. Тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеу, дауларды шешу кезінде пайдаланылған. Көркемдікке анық көңіл бөлінетін, терең ойға, тапқырлыққа құрылған халық шығармашылығының ерекше түрі. Тақырыбына, мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деген түрлері бар. Өмірде қолданылуына қарай жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы, ар дауы т. б. деп жіктеледі. Ө. «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» мақаласында халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау жайында айта келіп: «Ескі билердің ру тартыстарының үстінде, билік үстінде өлең, мәтел, тақпақпен ырғасқан сөздері. Мысалы, Ақтайлақ бидің сөзі, Сабалақтың Солтабайға айтқан сөздерін» келтірген. Осы мақалада Төле, Бекболат, Торайғыр, Қазыбек, Ақтайлақтардың сөздері жиналу керек деген. Шешендік сөзді жеке жанр ретінде алғаш рет «Халық әдебиеті туралы» мақаласында қозғаған. Халық ауыз әдебиетінің жанрлық түрлерінің қатарында «үлгілі әңгімелер» деген түрді атаған. Осы мақаладағы қазіргі күнде бұрынғы тақпақ, үлгілі билер сөзі ел арасында атымен жойылып барады деген сөйлемнің мазмұнына қарағанда, «үлгілі сөзді» шешендік сөздің орнына қолданған. 1957 ж. жарық көрген «Қазақ ССР тарихындағы» Ө. жазған «Қазақтың ауыз әдебиеті» деген тарауында: «Ауыз әдебиетінде нақыл сөздер – мақал-мәтелдерге жақын тұратын афоризмдер көп болады. Бұларды нақыл сөздер немесе шешендік сөздер дейміз» деп, қазіргі терминологиялық нұсқаға жақын келген. 1947 ж. ҚазКСР ҒА-ның сессиясында «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселесі» атты баяндамасында «Қазақ әдебиеті тарихының» фольклорға арналған 1-томының 9-бөлімінің 8-тарауында шешендік сөздерге тоқталған. Шешендік сөздердің, билер айтысының, жер дауының, жесір дауының көркем үлгілерін «Еңлік-Кебек» трагедиясында, «Абай жолы» роман-эпопеясында берген.

Ө. Молдаханов.

**ШИЕЛЕНІС**, көркем шығармадағы – әңгіме, повесть, роман, драма, поэмадағы оқиғалардың күрделі шиеленіс биігіне көтерілетін тұсы. Шиеленісті кезең оқиғаның дамып, өзгеріп, өрістеп біртіндеп, ширьғып, шарықтап өсуіне барып тіреледі. Ө. суреткерлігінен осылардың неше алуан түрлерін кездестіруге болады. «Абай жолы» эпопеясында осы шиеленісті ситуацияның талай үлгілері бар. Жалпы шығармаға негізгі желі болып тартылатын шиеленісті кезең – сюжеттің дамуы десек, ондағы детальдар оқиғаның әрі қарай өрістеуіне, ширьғысты шарықтау шегіне, ақыры шешіміне жетуіне алып барады.

Т. Әкім.

**ШИКІБАЕВ** Ахметбек (1895–1937), жазушының досы. Ө-пен бірге Семей мұғалімдер семинариясын бітірген (1919). Екеуі Семей губревкомында бірге қызмет істеген. Жазушы Ш-ты «артистік» өнерге тартып, «Қарагөз» пьесасында Наршаның рөлін ойнатқан. Ш. бұдан басқа аудармашы, судья қызметін атқарған. Ж. Аймауытов пен Ө. үшеуі «Талап» жастар ұйымын құруға ат салысып, жарнадан түскен қаражаттан «Абай» журналын ашуға қаржы бөлген. Кейін Алматыға көшіп барған. 30-жылдары Ө. қуғынға ұшырағанда, қызы Мұғамилаға қамқоршы болып, қолында ұстаған; Мұхан түрмеде жатқанда ас-суын әзірлеп беріп тұрған. Мұғамила Ш-тың інісі

**ШИЛЛЕР** Иоганн Кристоф Фридрих (1759–1805), неміс ақыны, драматург, көркемөнер теоретигі, неміс классикалық әдебиетінің негізін салушылардың бірі. «Қарақшылар» (1781), «Физсонның қастандығы» (1783), «Зұлымдық пен махаббат» (1784), «Дон Карлос» (1787) драмаларын жазды, философиялық лирикаларында өршіл идеялық көзқарастары айқын танылды. «Адамның эстетикалық тәрбиесі туралы хаттарында» (1795) әсемдік мәселелерін қозғады. «Валденштейн» атты тарихи трилогиясында (1798–99) опасыздықты әшкереледі. «Мария Стюарт» (1801), «Орман қызы» (1801), «Вильгельм Тель» (1804), «Дмитрий» (1804) т. б. пьесаларында тарихи адамдардың, ұлт-азаттық күрескерлерінің бейнелерін жасады, бостандық пен гуманизмнің жаршысы болды. Мұхтар Ш. шығармаларындағы өмірді шынайы суреттеу шеберлігіне баса назар аударған. «Романтизм – Шиллер үлгісіндегі романтизм, қайталап айтайын, Шекспир үлгісіндегі де емес, анық «Зұлымдық пен махаббат» стиліндегі, Шиллерше шыққан романтизм «Қозы Көрпеш» пьесасының көркемдік стилі мен ішкі болмыс көнеуін қалыптады» деп, неміс драматургінің шеберлігін жоғары бағалаған («*Реалисттік драма жолында*»). Ақын Абай да неміс қаламгеріне көңіл қойып, «Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға» деген бір ауыз өлеңін аударған.

Б. Майтанов.

**ШКЛОВСКИЙ** Виктор Борисович (1893–1984), орыс жазушысы, ғалым, академик, әдебиет пен кино саласының теоретигі, Ресейдегі футуристтік-түрлік тәсіл ағымын қалыптастырушылардың бірі. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1979). Абайды аударушы. 1914 ж. «ОПОЯЗ»-ды («Поэтикалық тілді зерттеу қоғамы») құрды. Негізгі мақсаты: әдебиетті әбден мезгі еткен академиялық ғылыми тіл мен көркем шығарма тілін тым өсіре бейнелеудің құралы еткен символисттердің ықпалынан сөз өнерін құтқару; оған толық еркіндік беру; сөздің өзіндік қасиеттерін зерттеу, тілдің тазалығын сақтау; көркем өнердің мақсаты – тек көркемдік шындық екенін дәлелдеу болды. «ОПОЯЗ»-дың мүшелерін 20-жылдардың аяғында М. Горький де қолдады. Міне сол тұста Мәскеу мен Петербургта оқып жүрген М. Жұмабаев пен Ә. «ОПОЯЗ»-дың бағытын ұстанған «Алқа» атты әдеби үйірме ашуға ұмтылды. Оның «Табалдырық» деген бағдарламасын Жұмабаев жазып, қазақ жазушыларын талқылауға ұсынды. Алайда олар уақыт жағынан кешігіп қалған еді. Бұл кезде РАПП-тың кесірінен «ОПОЯЗ» қоғамы да өлсіреген болатын. Сондықтан Жұмабаев пен Ә., Ж. Аймауытов қолға алған «Алқа» үйірмесі де аяқсыз қалды. 1928–1932 жылғы «Алаш ісі» кезінде осы «Алқа» үйірмесі – астыртын контрреволюциялық ұйым деп танылып, Аймауытов пен Жұмабаев ату жазасына кесілді. Ә. түрмеге қамалып, үш жыл шартты түрде бас бостандығынан айырылды. Ш-дің өмірі мен шығармашылық тағдыры қазақ әдебиетімен және кино өнерімен тығыз байланыста өтті. Ә. ойшыл сыншының «ОПОЯЗ» қоғамы тұсында жазған сыни кітаптарымен жақсы таныс болды. Ә. тарихи-көркем шығарма жазу барысындағы ізденісінде «ОПОЯЗ» өкілдерінің шығармашылық тәжірибесіне сүйенгенін, Ю. Тыняновтың «Пушкин», «Үезір Мұхтардың өлімі» сияқты романдарын үлгі тұтқанын «Абай»

романының жазылу тарихы туралы» мақаласында ашық мойындады. Ш. қазақ даласын көп аралады. Түркіст туралы публицистикалық-көркем шығармалар жазды. Жамбылмен сұхбаттасты. Қазақтың көшпелі тұрмысы жөнінде деректі фильмдердің редакторы болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ш. Алматы қаласында тұрды. Сол тұста Ә-пен жақын араласып, достық, шығармашылық қарым-қатынас орнатты. «Абай» романының жолма-жол аудармаларымен танысып, пікір алысты. Ә-тің өтініші бойынша Абайдың «Қарасөздерін» орыс тіліне аударды. Ол Ә-тің алғы сөзімен 1945 ж. Мәскеуде басылып шықты. Көркемдік қуаты мен философиялық пафосы, ойының өткірлігі тұрғысынан алғанда Ш-дің бұл тәржімасы ақынның «Қарасөздерінің» ең сәтті аудармаларының бірі болып табылады. Алайда тәржімашы еркін аударма тәсіліне жүгіне отырып, кей жерлерін қысқартып баяндап, кейбір «Сөздерді» мүлдем аудармай кеткен. Сонда да бұл басылым Ә-тің тікелей қадағалауымен, ақыл-кеңесімен жүзеге асқандықтан да Абайдың ойы орыс тіліне барынша қанық жеткен.

С. Қирабаев.

**ШОДИҚҰЛОВ** Хамрақұл (1938 ж. т.), тәжік әдебиет зерттеушісі, публицист. Филология ғылымының кандидаты (1977). Тәжікстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1994). Шығармаларын тәжік, өзбек, орыс тілдерінде жазады. 10-нан аса ғылыми-көпшілік кітаптың, бірнеше монографияның, 250-дей мақаланың авторы. «Лермонтов және тәжік ақындары» (1967), «Батыс-шығыс әдебиет тұтастығы» (1974), Х. Юсуфи, М. Тұрсын-Заде, А. Лахути, Л. Толстой, В. Маяковский, А. Чехов, М. Салтыков-Щедрин туралы т. б. зерттеу еңбектері жарық көрді. «Тәжік әдебиеті мен өнері энциклопедиясы» (Душанбе, 3-том, 1998), «Тәжік совет энциклопедиясы» (1988), «Тәжікстан жазушылары» (1976, 1981, 1986, 1998) т. б. іргелі еңбектерде Ә-ке байланысты бөлімдерді жазды. «Мырза Тұрсынзаде және Мұхтар Әуезов» атты мақаласы жарияланды («Әдебиет ва саныат», 1998, № 6). «Мұхтар Әуезов және тәжік әдебиеті» деген телехабар ұйымдастырды (1987, қыркүйек, 1997, маусым). Қазақ жазушысының 100 жылдық мерейтойына байланысты Тәжікстан Республикасы Ғылым академиясы өткізген ғылыми конференцияда Ә. туралы баяндама жасады.

Ө. Нуралиев.

**ШОДИҚҰЛОВА** Любовь Абдоллақызы (1946 ж. т.), тәжік педагогі, әдебиет зерттеуші, публицист. Филология ғылымының кандидаты (1999). «Мұхтар Әуезов және ХХ ғасырдың 30–90-жылдарындағы тәжік-қазақ әдеби байланыстары» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғаған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті ұйымдастырған «Мұхтар Әуезов және дүниежүзілік әдебиет» атты халықаралық конференцияға қатысып (1998, 28–30 қыркүйек), қазақтың ұлы жазушысының прозалық шығармаларының тәжік тіліне аударылуы туралы тыңғылықты баяндама жасады («ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы», 1998, №23, 45–48-беттер).

Ө. Нуралиев.

**ШОКИН** Шапық Шоқыұлы (1912–2003), энергетик. Техника ғылымының докторы (1953), профессор

(1956), Қазақстан Ғылым академиясының академигі (1954), Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1972), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1962), Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы (1997). 1937–1944 ж. Қазақ КСР Егіншілік халкомында инженер, КСРО Ғылым академиясының Қазақстан бөлімшесінде сектор меңгерушісі, 1944–1988 ж. Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институтының директоры, 1964–67 ж. республика Ғылым академиясының президенті болды. Қазақстанда энергетиканы жан-жақты өркендету жөнінде ғылыми болжамдар жасады. Ө-пен қызмет бабында жиі-жиі кездесіп, достық, сыйластық қатынастарын үзбеген. «Өуезовпен бірге болғанда» атты естелігінде ұлы суреткердің кішіпейіл, байсалды, ұстамды, мейірімді мінездерін тебірене есіне алып, оның мезгілсіз қазасына аса қатты қайырғанын әңгімелеген, сондай-ақ Мұхажар басынан кешкен тіршілік зулматтарын бір елестетіп өткен (Ш. Шокін. «Өмірдің төрт мезгілі», А., 1995).

*М. Қозыбаев.*

**ШОҚАН** Мұхтарұлы Өуезов (1919–1991), жазушының ұлы. Бірінші әйелі Райхан Көкенақызынан туған. Райханнан айырылғаннан кейін, ағасы Разақ Ө-тің қолында қалған. Қалың қара бұйра шашты, торсық шеке, жазушының өзіне тартқан сәби 2 жастан асқанда Бөріліде іш сүзегінен қайтыс болады.

**«ШОҚАН ТУРАЛЫ СЦЕНАРИЙДЕН ӘСЕР»**, жазушының мақаласы. Ө. Шоқан Уәлиханов жайындағы «Оның заманы келеді» атты кинофильмнің талқылауында орыс тілінде сөйлеген. «Лениншіл жас» газетінің 1963 ж. 30 қарашадағы санында шыққан. Ө. 50-жылдарда «Қазақфильмнің» сценарийлік кеңесінің мүшесі болған. Бұл сөздің мәтіні Қазақстан Орталық мемлекеттік мұрағатындағы Мәдениет министрлігінің қорында және жазушы мұражайының қолжазба қорында бар. Газеттің мақала жарияланған бетінің бас жағында М. Өуезов мұражайының ашылуы жайында қысқа хабар берілген. Осы хабарламаның соңында сөздің стенограммасын драматург Қ. Мұхамеджанов тапсырғаны айтылған. Ө. кезінде үлкен талқылауларға, дауларға себеп болған фильмге, сценарист Ермолинскийге кеңесші (консультант) болып тағайындалған. Сөзінің басында Ермолинскийді, сценарист ретінде де, адам ретінде де жақсы білетіндігін ескертеді. Уақыт ерекшеліктеріне байланыстыра қарағанда, Шоқан туралы, Шоқан өмір сүрген уақыттағы тарихи-әлеуметтік жағдай жайында жазу қиын болған. Мемлекеттік мұрағаттағы осы талқылау материалдары (протокол) сақталған папкадағы басқа да кино мамандары мен әдебиетшілердің пікірлері бір жерден шықпаған. Байсалды, терең ойларымен оқшауланатын – Ө. сөзі. Жазушы ең алдымен Шоқан тақырыбына келгенде, Ермолинский екеуінің пікірі бір жерден шыққанына тоқталады. Шоқанды бағалағанда, ұлы ғалымды еуропалық ғылым деңгейімен өлшеу керектігін ескертеді. Сценарист шеберлігі жөнінде тоқталып, Ермолинскийдің бұл тақырыпты ғалым-тарихшы дәрежесінде игергенін айтады. Ө. шындықтың көркем шындыққа айналуы жайында осы сценарийді мысал ете отырып, «Тарихи тақырыпта жазатын романистің, драматургтің, сценаристің тарихи деректерге сүйенумен бірге өз қиялына жүгінуге де әбден қақысы бар» екенін ай-

тқан. Сценарий шеберлігі жөнінде тоқталып, кейбір детальдардың, мысалы Садық (Сыздық) тұлғасы жайында айтқанында 50-жылдардағы Кенесары ұлт-азаттық қозғалысына деген теріс көзқарастардың әсері байқалады.

*Р. Өбдіғұлов.*

**ШОЛПАН**, журнал. Түркістан АССР-і Орталық атқару комитетінің білім, әдебиет, шаруашылық, саяси органы. Бірінші саны 1922 ж. қазанда шықты. «Оқу бөлімі», «Түркістандағы халық ағарту ісі» деген бөлімдерінде оқу-ағарту, бала тәрбиесі, алғашқы кеңес мектебінің мазмұны, сабақ жүргізу әдіс-төмесі, орыс мектептерінің оқыту тәжірибелері таныстырылып, маңызды пікір-ұсыныстар жарияланды. Журнал ұлтшылдық бағыт ұстады деген желеумен 1923 жылдың ортасында жабылды. Нөбәрі 8 нөмірі шықты. Ө. журналдың жұмысына қызу араласып, жан-жақты байланыс, қолғабы жасаған. Онда ұлы суреткердің «Оқыған азамат», «Қыр суреттері» (1922, №2–3), «Қысқы түн», «Түнгі ауыл», «Қыр әңгімелері», «Сөніп-жану» әңгімелері (бәрі де – 1923, №2–7) жарияланды. Сондай-ақ «Қызыл сұңқарлар» туралы, «Қазақтың қалам қайраткерлеріне ашық хат», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» мақалалары жарық көрді (бәрі де – 1922, №2, 3).

*Т. Қожакеев.*

**ШОЛОХОВ** Михаил Александрович (1905–1984), орыс жазушысы, қоғам қайраткері. КСРО Ғылым академиясының академигі (1939). КСРО Мемлекеттік (1941), Лениндік (1960), Нобель (1965) сыйлықтарының иесі. Екі мәрте Соц. Еңбек Ері (1967, 1975). «Тынық Дон» (1928, 1–2-кітап; 1929–32, 3-кітап; 1937–40, 4-кітап) романы бүкіл орыс әдебиетіндегі елеулі құбылыс ретінде жоғары бағаланды. «Көтерілген тын» (1932, 1-кітап; 1960, 2-кітап) романында төңкерістен кейінгі социалистік қоғамды құру кезіндегі деревнядағы таптық-әлеуметтік, психологиялық қайшылықтарды кең ауқымда баяндап берген. «Адам тағдыры» әңгімесі мен бітпей қалған «Олар Отан үшін шайқасты» романында отаншылдық пен ерлік рухты оқиға өзегі еткен. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясы мен шығармашылық тұлғасын жоғары бағалап, 1954 ж. желтоқсан айында өткен КСРО Жазушылар одағының съезінде шынайы талантпен суарылған Ө-тің соңғы кездегі кітаптары бір күндік шалағай шығармалардың көркемдік кескінінің мүсәпірлі-

Қазақстан жазушыларының 3-съезіне қатысушылар:  
 Ғ. Мұстафин, М. Шолохов, Л. Леонов, М. Өуезов, И. Шухов.  
 Алматы 1954.





Т. Шонанов.

гіне, баянсыз өткіншілігіне тағы да көз жеткізді деген пікір білдірді («Біздің Мұхтар», 1976, 16-бет). Ө. «Тынық Дон» романындағы тарихи шындықтың эпикалық тұрғыда көркем бейнелеу тәжірибесіне жете зер салды. Көптеген зерттеу еңбектерінде, соның ішінде «ССРО халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты шығармасында ұлы орыс жазушының «Тынық Дон» эпопеясын өзінің замандас ұлт қаламгерлеріне үлгі етіп ұсынған. Ал «Октябрь өркені» мақаласында «Толстойдың, Тургеневтің, Чеховтың, Горькийдің, Шолоховтың эстетикалық-көркемдік дәстүрлерін қалай баурау жөнін ойламай қоя алмаймыз» деген. Оның «Адам тағдыры» әңгімесіндегі «ең ірі қасиет, менің білуімше, жазушы мен геройдың жүректері бар шындырмен ашылысып, ұшырасуында» деп, суреткердің жауапкершілік сезімін жоғары бағалаған («Заман шарты»). «Шағын шығармамен де шалқар шындық танытуға болады, мен оны жоққа шығармаймын. Мысалға М. Шолоховтың «Адам тағдыры» деген әңгімесін-ақ алайық, Андрей Соколовтың өмір жолы – бір адам ғана емес, күллі халық жолы. Бізге классиктерден өнеге боп ауысқан бұл тамаша дәстүрді құптап отыра, замана шындығын, замандас сырын толғайтын» күрделі роман жазудан бастартпау міндетін жүктейді ұлы қазақ суреткері («Қазіргі роман және оның геройы»).

Н. Жуанышбеков.

**ШОНАНОВ** Телжан (1894–1938), тілтанушы, педагог, әдебиетші, тарихшы, аудармашы, қоғам қайраткері. Ырғыздағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебін (1912), Орынбор қазақ мұғалімдер институтын (1916) бітірген. Оқулықтары мен оқу құралдары сауат ашуға байланысты жазылды. Қазақ тілі мәселесіне арналған 30 шақты мақаласы бар. «Абай кітабын бастыру керек» деген мақаласында ұлы ақынның шығармаларын жинап-теріп, басып шығарудың зор мәні бар екеніне тоқтала келіп, бұл құрметті міндетті «Абай аулымен аралас-қоралас, құданды болып келе жатқан ауылдың» азаматы Мұхтар Әуезовке жүктеген дұрыс деп түйеді ойын («Абайды оқы, таңырқа...», А., 1993, 88–90-беттер).

К. Нурпейіс.

**ШОПАШЕВ** Тілеген (1923–1978), ақын, аудармашы. А. Пушкин, С. Вургундердің бірнеше өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Ө. «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» атты мақаласында ақын сұлу жырларын жастарға үлгі етіп: «Т. Шопашевтан «Сарысудағы жас», «Шіелі», «Нартай ақын», «Сырласу» өлеңдерін көп өлеңнің ішінен сүйсініп оқыдым» деп жазған. **ШОРМАНОВ** Бөлтірік (1894–1969), жазушының танысы, ұлты – қырғыз. Бірінші дүниежүзілік соғыста қара жұмысқа алынып, содан Семей уезіндегі Шыңғыс еліне барады. Турағұлмен танысады. 1925 жылға дейін Семейде тұрып, кейін өз елі Ыстықкөлге кетеді. «Оттық» деген жерді мекендейді. 1929 ж. Ө. іздеп барып, оның үйінде бір ай болады. Мұхтар оның үйінде, Семейде де талай рет болған. Мұхтар дүниеден өткенде, Алматыға келіп, азасына қатысып, бастан-аяқ өз қолымен жөнелткен. Сондағы фотосуреттері Әуезов мұражайында сақталуы.

М. Бейсенбаев.

**ШОРТАНБАЙ** Қанайұлы (1819–1881), ақын. Шығармаларын жазып әрі ауызша шығарған. Отаршылдық сырын терең түсінді, одан келген жаңалықтарға үрке қарады, бұрынғы заман өтті, енді ақырзаман жақындады дейді жырларында. Сонымен бірге ол бай мен болыстың, қожа-молдалардың озбырлықтарын да өлеңдеріне қосты. Жалпы оның тамымында қайшылықтар көп. Мұхаң Ш. туралы ойды алғаш рет «Әдебиет тарихы» (1927) деп аталатын кітабында жазды. «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы» атты кітапта (1933) «Шортанбайдың шығармалары» деп аталатын мақаласы басылды. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген «Қорытынды сөзінде»: «Ал анығында Шортанбайдың бұл көзқарасының бір ғана шыны бар емес пе еді? Ол – діншілдік, кертартпалық сарынағ соғатын. Шортанбайлық көзқарастың түп қазығы, сарқып құяр сағасы қайсы десек, ол: «Заман азды, бұл ақырзаман ғаламаты» дегенге саятын» деп, бұрынғы пікірлерін шегелей түскен. **«ШОРТАНБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ»**, жазушының мақаласы. Орта, орталау мектептің 7-сыныбына арналған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» атты кітапта басылған (1933). Ө. Шортанбайға ғана тән ақындық бітімдер жөнінде әңгімелейді. Ақындық қалпы мен танымдық қайшылықтарына қарамай, ол аса қуатты ақын ретінде танылды. Осы тұрғыдағы ойларын жазушы: «Шортанбай шығармалары тарихи, қоғамдық жағынан алғанда, бұл түрдегі әдебиет шығармалары 19 ғасырдың алғашқы жарымында болған үлгілерден басқаша боп, өзгеріп кетеді. Өз тұсында болған қоғамдық, таптық, шаруашылық өзгерістердің нәтижесі әдебиет бір Шортанбай емес, соның тұстасы болған Мұратты, кейінірек қалыптанған Абайды, тағы басқаларын да бұрынғыдан басқаша, ерекше сарынымен жырлауға бейімдейді. 19 ғасырдың алғашқы жарымы бір жағынан өлкені отарлау, екінші жағынан сол отар шабуылына қарсы әр жолмен, әр алуан топтың ұлт бостандығы үшін алысуымен (Исатай, Кенесары, Бекет қозғалыстары) өтеді» (53-бет) деген сөздермен бастайды да, оның өлеңдерінің өз ортасымен, заманымен байланысын тереңдеп талдайды. «Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау, өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау» дегенмен, Абай оның ақындығын жоққа шығарып, түкке алғысыз етіп отырған жоқ. Соншалық ақындық қуатты нағыз шыңына жеткізбегеніне қынжылыс білдіріп отыр». Оның осындай ақындық қалпы мен танымдық ерекшеліктері туралы ойды айтуға талпынысты Ө. жасады. Сонда өмір тарихына тоқталмай, бірден шығармаларын ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, бағасын беруге әрекеттенді. Шортанбай жырының жалпы аты – «Зар заман». Өзінің өлеңдеріне қойған аттары: «Тар заман», «Бала зар», «Опасыз жалған», «Осынша азды ел неден», «Байды құдай атқаны» сияқты болып келеді. Бұнымен тек Шортанбай емес, сол кездегі әдебиет бағыты, бет алысы да көрінгендей болады. Демек оның осындай ерекшелігі шығармаларының ішкі мазмұны мен сыртқы қалпынан тұтас көрінеді. Көрінгенде, әсіресе, Бұхармен салыстырған уақытта оқшауланып, өзгешеленіп кеткендей болады. Бұхар өз тұсында көпшілік бұқараға ұғымсыз, түсінсіз бол

арнаулы өз тобына, өзінің тұтасына ғана сөйлесе, Шортанбай шамасы жеткенше сол көпшіліктің басыағына түгел ұғымды болуға тырысады. Қазақ әдебиетінде алғаш дін тақырыбын, оны ұғындыруға тырысып, жырларына қосқан – осы Шортанбай. Бұл жөнінде терең ойланп-толғануына қарағанда, діни кітаптардан жан-жақты хабардар екендігін, ұдайы оқып-біліп отырғандығын танытады. Орта Азия мен парсы, араб сопыларын жақсы білгендігі көрінеді. Өйткені Орта Азияда алғаш 12–13 ғасырда шығып, одан бері жалғасып келе жатқан «Тас жауып» сарыны оның шығармаларынан көрініс береді және «Ахмет Йассауидің «Диуани Хикметін» мейлінше үлгі тұтқандығы байқалады дейді. Мұхтар Ш. жырларының шеберлігіне, шыңыраудай терең ойына тоқтала келіп: «Бұнда өлең ұйқасы да орнықты, өлшеулі қалыптарға соғылып отырады. Сөздің сырт келісімін сонша қумайды. Оған ішкі мағына, мазмұн толық жетсін дейді. Сол себепті дыбыс күйлеу, шындықтан ауып, ұйқас үшін астын-үстің әкете беретін аллитерация, ассонанс та бұнда болмайды. Бұл түр мазмұнымен үйлеседі. Барлығы жылып көп Шортанбай шығармалары: ескілік үшін жаңа жолмен, дінсіздік жолмен алысамын деген феодалдар тобының жыршысы айтқан сөз болып шығады» деп, сол тұстағы саяси-әлеуметтік қысымның ыңғайына қарай амалсыздан қорытындылайды.

*Т. Әкім.*

**ШОТЫҚОВ** Серік Бариұлы (1937 ж. т.), актер. Қазақстанның халық артисі (1990). Өнерінің қалыптасып-дамуына Ө-тің пьесаларында ойнаған Мағауия («Абай» трагедиясында), Нарша, Дулат («Қарағөзде»), Жапал, Көбей («Еңлік – Кебекте»), Сапа («Түнгі сарында»), Қараман («Қарақыпшақ Қобыланды»), ұлы драматург аударған У. Шекспирдің «Отеллосындағы» Яго, Н. В. Гогольдің «Ревизорындағы» Добчинский мен Дуанбасы, «Король Лиріндегі» Сайқымазақ бейнелері ерекше ықпал етті.

*Б. Құндақбайұлы.*

**ШӨЖЕ** Қаржаубайұлы (1808–1895), ақын. Айтыс ақыны ретінде танылған. Кемпірбай, Балта, Тезек төре, Қалдыбай, Орынбай, Жапар, Шәмшібай, Текбала т. б. ақындармен айтысқан. Қазақ ақындарының ішінде айтыстағы өткір тапқырлығымен, турашылдығымен ерекшеленеді. Эпикалық жырларды орындаған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең көркем нұсқасы Ш-ден жазып алынған. Халық ауыз әдебиеті үлгілері мен тарихи әңгіме, шежірелерді көп білген. Ш-нің ақындық, кісілік қасиеттерін Ш. Уәлиханов, Абай жоғары бағалаған. Ө-тің ғылыми-зерттеу еңбектері мен мақалаларының ішінде Шөже жайында алғаш 1925 ж. «Қазақ тілі» газетінің 23 сәуірдегі санында шыққан «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» деген мақаласында айтылған. «Әдебиет тарихы» оқулығының «Ақындар айтысы» бөлімінде Ш-ні ең мықты айтыскер ақындардың қатарына қосқан. Айтыс жанры ру мақтаны, бас мінесу, байлық, жуандық салыстыру, білім таласы деген төрт тақырыптық топқа бөліп, бас мінесу, білім таласы түрлерінің мысал ретінде Ш-нің Кемпірбаймен айтысынан мысалдар келтірген. Л. Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты мақаласының «Айтыс өлеңдері» бөлімінде Ш. мен Кемпірбайдың айтысы аталады. 1948 ж. шыққан «Қазақ

әдебиеті тарихының» фольклорға арналған 1-томында Ө-тің «Айтыс өлеңдері» деген тарауы бар. Осында Шөжеге арнайы тоқталған. «Айтыс өнерінің көпке мәлім көрнекті өкілі – Шөже... Шөженің өз тұсындағы әлденеше ақындармен айтысқаны, көбінесе тапқыр, жүйрік Шөженің жеңісімен бітеді» деп, жоғары баға берген. Қарсыластарының бәрі дерлік Ш-нің соқырлығын айтып, мұқатпақ болғанмен, жеңіске жете алмаған. Ш-нің Құнанбай, Алшынбай сияқты би, сұлтандардан тайсалмай, олардың айтысқа салған ақыны Балтаны сөзбен тұқыртқаны айтылған. Ө. осы айтыс оқиғасын «Абай жолы» роман-эпопеясында да суреттеген.

*Р. Бердібай.*

**ШТЕЙН** Яков Соломонович (1900–1956), режиссер. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1955). Шығармашылық жолы 1920 ж. басталды. 40-жылға дейін Ресей театрында, 1943 жылдан Алматыдағы Орыс драма театрында жұмыс істеді. Н. Гоголь, А. Толстой, А. Степанов, И. Попов, В. Вишневский сынды драматургтердің туындыларын сахналады. Қазақ мемлекеттік драма театрында Ө-тің «Қарақыпшақ Қобыланды» спектаклін (1946; К. Бадуровпен бірге), «Абай» романының желісімен жасалған инсценировкасын (1949; Ш. Аймановпен бірге) сахнаға шығарды. «Абай» – искусствомыздың зор табысы» деген мақала жазып, инсценировка туралы ойларын ортаға салды («Әдебиет және искусство», 1952, №4, 99–103-беттер).

*Н. Ақбай.*

**«ШУРА-И ИСЛАМ»** (арабша: «Ислам кеңесі»), саяси-діни ұйым. 19 ғасырдың 2-жартысы мен 20 ғасырдың бас кезінде түркі тектес мұсылман елдерінде ерекше ықпалды жәдиттік бағытты ұстанған. 1916–1922 ж. Түркістан өлкелік мұсылмандар кеңесінің міндетін атқарды. Ұйымның орталығы Ташкент қаласында болды, оған түркі мұсылмандарының арасындағы аса білімді ғұлама Мінеуәр қари жетекшілік етті. Онымен тікелей қарым-қатынаста болған әрі «Ислам кеңесіне» тілектестік білдірген Қәмина молда Мәдһи әл-Майлықенгі өзінің «Тұхфа ва жұмхурият» кітабында (Ташкент, 1917) бұл ұйым жайында мол дерек келтірген. Ұйымның саяси бағыты – мұсылман елдерінің толық тәуелсіздігі, әр түрлі саяси-әкімшілік мекемелерімен келісімге келе отырып, «діни бір, тегі бір тілі бір, ділі бір» Түркістан мемлекетін құру; ал діни-ағарту бағыты – медреселердегі сабақтарды әр ұлттың өз тілінде жүргізу, әліппені әр тілді сөйлеу ерекшелігіне байланысты дыбыстық белгілермен (әріптермен) жазу, ғылымның барлық саласын оқыту, мектептерге еуропалық үлгілерді енгізу, жанаша ғылыми терминдерді қалыптастыру, Құранды ұлт тілдерінде оқыту. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің қайраткерлері Ташкент қаласында бас қосты, жоғары оқу орындары мен мектепке арналған оқу құралдарын жәдиттік көзқарас тұрғысынан жазды. Ө. те 1922–23 ж. Ташкентте бұл туралы көзқарасын баспасөзде жариялаған мақалалары арқылы ашық білдірді. Жазушының «Адамдық негізі – әйел», «Қайсысын қолданамыз?», «Ғылым», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?», «Философия жайынан», «Ғылым тілі», «Қазақ әйелі», «Мәдениет нәм ұлт», «Оқу ісі» т. б. мақалаларында жәдиттік бағыттың ұлттың тәуелсіздігі мен рухани дамуына тигізетін пайдасын барынша дәлелді пірмен дәйектеген. Мұны «Оқыған азамат», «Кінәмшіл бойжеткен», «Сәніп-жану» атты

әңгімелерінде кейіпкерлердің іс-қарекеті, ойы арқылы баяндайды. «Абай жолы» эпопеясында да көркем ой тұрғысынан талданған. Жазушының «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» деген монографиясында жәдиттік ағымға кеңінен тоқталып, оның шығу тарихы мен таралу жолдарын, оған деген Абайдың көзқарасын тиянақты түрде түсіндірді. Жәдиттік бағыт пен «Мұсылман одағы» ұйымдарының мақсат-мүддесі кеңес өкіметі кезінде мүлдем теріс түсіндірілді, олардың атын атауға тыйым салынды.

*Т. Жұртбай.*

**ШУКУРОВ** Мұхамеджан Шәріпұлы (1926 ж. т.), тәжік әдебиет зерттеушісі. Тәжікстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор, Республика Ғылым академиясының академигі. Ғылыми еңбектері тәжік әдебиетін зерттеуге арналған. Бірнеше монография, көптеген ғылыми-көпшілік кітаптар мен оқу құралдарын жазды. Туысқан халықтар әдебиетінің байланысы туралы «Уақыт пен халықтар бірлігі», «Жаңғыру. Қазіргі заманғы тәжік прозасы» т. б. зерттеулері жарық көрді. Республика Ғылым академиясының Ә-тің 100 жылдық мерейтойына арналған ғылыми конференциясында қазақ жазушысының тәжік әдебиетіне жанашырлық танытып, тәжік қаламгерлеріне қолдау көрсеткенін, 1957 ж. тәжік әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігі кезінде, кейінірек КСРО Жазушылар одағының мәжілісінде Д. Икрамидің жаңа кітабына қорытынды баға бергенін, сөйтіп талантты жазушының абыройын асырғанын тебірене әңгімелеп берді.

*Ө. Нұралиев.*

**ШУХОВ** Иван Петрович (1906–1977), қазақстандық орыс жазушысы. Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1977). Мәскеу әдебиет институтын бітірген (1927). Шығармаларына саяси, әлеуметтік, халықтар достығы, ескі мен жаңаның күресі, адамгершілік мәселелері көтерілген. Ә-пен тығыз шығармашылық қатынаста болған. Бұл жайында бір-біріне жазысқан көптеген хаттары бар («Қазақ елі», 1996, 17 қыркүйек). Ұлы жазушының «Буркітші» әңгімесін орыс тіліне аударған.

**ШҮЛЕНБАЕВ** Жорабек Сыздықұлы (1930–1998), актер. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі (1976). Ұзақ жылғы шығармалық жұмысында сан қилы драмалық бейнелерді сомдады. Ә. пьесаларының негізіндегі қойылымдарда Айдар («Абай») трагедиясында), Сырым («Қарағөзде»), Еспембет («Еңлік – Кебекте»), ұлы драматург аударған У. Шекспирдің «Отеллосындағы» Дожь, «Гамлетіндегі» Полонский бейнелері – актердің үлкен ізденісін танытатын жетістіктері.

**ШЫҒАРМА ШАТТЫҒЫ** («Радость творчества»), жазушының мақаласы. «Советский союз» журналында (1959, №1, 13-бет) жарияланды. Бұл жыл Ә-тің «Абай жолы» эпопеясы үшін Лениндік сыйлық алып, қазақ әдебиетінің беделін үлкен биікке көтерген, ұлттық республикалардың әдебиеті мен өнерінің онкүндіктері Мәскеуде өтіп жатқан жыл еді. 1959 ж. декада шараларына байланысты шығатын кітаптардың ішінде ең негізгісі ретінде жазушының бес томдық орыс тіліндегі жатқан жыл еді. 1959 ж. декада шараларына байланысты шығатын кітаптардың ішінде ең негізгісі ретінде жазушының бес томдық орыс тіліндегі таңдамалы шығармалар жинағы шықты. Шағын мақала осындай елеулі оқиғалар кезінде «Советский союз» журналының ұйымдастыруымен жазылды. Жазушы өзінің «Еңлік – Кебек» пьесасының 1917 жылғы әйгілі қойылымын еске ала отырып, онкүндік кезінде осы пьесаны Қазақ акаде-

миялық драма театрының Мәскеуде кіші театр сахнасында қойғаны туралы айтады. КСРО астанасына әкелінген театр қойылымдарының негізінде ұлттық драматургтердің, режиссерлардың, артистердің еңбегі жатқанын атап көрсетеді. Қазақ прозашылары мен ақындарының жылдан-жылға жетіле түскен көркем шығармалар беріп келе жатқанына тоқталып, қазақ жазушылары ұлттық әдебиетті жетілдіре отырып, дүние жүзінде сөз зергерлері жасаған озық нәрсенің бәрін мұқият зерттеп келеді деген. Осы сөзінің бір дәлелі ретінде өзінің «Абай жолы» эпопеясын жазу барысында Анатолий Виноградовтың, Юрий Тыняновтың тарихи романдарынан, Ромен Ролланьның «Бетховеннің өмірі» мен Андре Моруаньң Байрон жайындағы шығармаларынан үйренгенін, үлгі алғанын еске салады. Көшпенді өмірден тез арада мәдениетті, іргелі елге айнағанына Қазақстанның өткен тарихын білетін адамның таңғалмасқа амалы жоқ дейді. Мақала беделді журналдың бір ұлттың ең беделді жазушы-қайраткерінен алған интервью-ақпараттық міндетін жақсы атқарған.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУ ТУРАЛЫ** («Вывысказывания о творческих замыслах»), жазушының мақаласы. «Литературная газетаның» 1955 ж. 1 қаңтардағы санында жарияланған пікірі. Газеттің «Біздің шығармашылық жоспарларымыз» деген айдармен берілген жаңа жылдық сұрақ-жауабында Ә. оңдаған жылдарға созылған көлемді еңбегін – революцияға дейінгі Қазақстанның жарты ғасырлық тарихы туралы баяндау циклін, қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірі арқылы көрсетілген тарихты аяқтағанын, енді қазақ халқы тарихының кеңестік кезеңі туралы романдардың жаңа циклін (төрт кітап) бастайтынын, социалистік революцияның алғашқы жылдардағы оқиғаларына арналған бірінші кітапты осы жылы қолжазба күйінде бітірмек ойы барын айтқан. Бұдан соң, малшылар туралы сценарийді жазба бастағанын, бұл маңызды тақырыпты жүзеге асыруда жазушылардың екінші сөзінде айтылған ой-пікірлерді басшылыққа алатынын баяндаған.

*С. Қорабай.*

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШАБЫТТЫҢ ҚАЙНАРЫ** («Истоки творческой силы»), жазушының шағын мақаласы. «Литературная газетада» 1957 ж. 7 қыркүйекте шыққан. Газеттің бұл санында «Коммунист» журналында қысқартылып берілген Н. С. Хрущевтің «Әдебиет өнерді халық өмірімен байланыстырайық» атты баяндамасына жауап ретінде КСРО-дағы одақтас республикалардың бірнеше жазушыларының мақаласы жарияланған. Мұндай мақалалар әдетте газет редакциясының сұрауымен жазылған. Ә. мұражайының мұрағатында осындай өтінішпен әр түрлі басылымдардан келген көптеген жеделхаттар мен сәлемхаттар бар. Мақаланың негізгі бөлігіндегі жазушы ойлары өте құнды. Онда айтылған автордың сөздерін әр жазушы, әр адам адамгершіліктің, шығармашылыққа адалдықтың үлгісі деп алуға болады.

*Қ. Ерғөбеков.*

**ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТИ, Жазушының Шығыс әдебиетімен байланысы.** Ә-ті Абайды оқудан туындаған ізденістері бертін келе бүкіл Шығыс ақыл-ойының кеңістігіне алып келді, сөйтіп

бұл бағыттағы өзіндік таным, өзіндік көзқарастарын қалыптастырды. «Абай жолы» эпопеясының «Тайғақта» деп аталатын тарауы: «Абайдың жайшылықтағы оқуынан бүгінгі оқуының мақсаты да басқа. Кітаптан алатын білім ңұсқаның бүгін тіршіліктің қолма-қол керегі үшін асығыс қажет болған бір шағы еді. Парсы, түркі кітаптары бұны біресе Шираздың гүлзарына әкетеді, Самарханның мазар ғимараттарына қадалтады. Мерху, Мешхедтің миуалы, бұлбұлды бақтарына, салқын самал хауыздарына үңілтеді. Ұлы ақындар мекен еткен Фират, Ғазна, Бағадаттың сарайларына, медреселеріне, кітапханаларына тартады. Нелер ықылым замандар бойы асқақан қайқы қылыштары қарш ұрысып өткен араб, парсы, түрік, мұңғыл тарихына да көп-көп көңіл тартады» деген жолдармен басталады. Осында айтылғандай, жазушы олардың тарихына да, ғылым-білім, әдебиет, мәдениетіне де, кітапханаларына да үңілді, сөйте жүріп көп нәрсе түйді, көп нәрсе жинақтады. Шығыс десе, тек Орта Азия, араб, парсы, түрік халықтарының әдебиет, мәдениет, ғылымымен шектелетін пайымдаулардай емес. Ө. Қытай, Жапон, Үнді, Египеттің өткендерін біліп, молынан хабардар болуға әрекеттенді. Олардың көне діни заңдары мен философиясын, әдеби ескерткіштерін, солардың ішінде Будда мен Ману өсиеттерін, Ян-Цзи мен Конфуций еңбектерін, Зороастрдың «Авестасын», Үндідегі «Махабхарата», «Рамаяна», «Панчатантра-ларды», «Хушан даналығы» мен «Анушхриван кеңестерін» т. б. оқыды. Абайдың қатты ден қойып оқыған авторларының бірі – Дрепер. Өзінің философия тарихында Шығысқа көп орын береді. Шығыс ақыл-ойын білу Абайды жете тану, ұғыну үшін керек деп қарайтын Ө. осындағы бар дүниелерді жете меңгеруге күш салды. Бұл еңбекті концептілей отырып оқыған жазушы өзі білетін Шығыс пен Дрепер шығысының сәйкестігіне көз салды. Әсіресе бұл жөнінде қазақ ғылымындағы танымдардың мүлде таяздығын Абайдың осы саласына ой айтушылардың сүріне беретіндігінен көрді. Олар Фирдауси, Жәми, Сағди, Низами, Науаи, Бабырларды айтса болды – шығысы сол деп есептейді, онда қаншама дүниелер, ағымдар, сан сала бұлтарыс, күрделілігі барына ой жібермейді, ол жағына кетсе, дініне, мистикалық жұмбақтарына ұрынамыз деп ойлайды, содан келіп, жалғыз-жарым пікір, танымдарының өзін шындығына жақындамай, қиғаш кетеді. Араб, парсы, түріктерді былай қойып, әлгі ойларды туысқан өзбек, әзірбайжан, татарлар оқыса күлкіге айналдырады дейтіні сондықтан. Өзінің білімі мен пайымдауларына сенімді Ө. Абайдың барлық қыры мен сырын, бітім-болмысын үш жақты қарастырады; біріншісі – өз халқының телтума мұралары, екіншісі – Шығыс ақыл-ойынан алған нәрі, үшіншісі – Батыс әдебиетінің үлгі-өрнектері. Басқа салалары сияқты жазушы Абайдың шығысына да қатты мән берді. «Ислам тарихында екі философтың бірі («Әлһи тәрхат», «Суфизм») жолындағылар былай тұрсын, «удан», «ахлак» мәселесін қозғаған ғұлама атаулының бәрінің сөзі содан келеді» деп, ой-танымдарының арғы тегі мен астарын, сыр-себебін таратуды мақсат етеді. Осы жөнінде жиған-терген, білген түйгендерін зерттеулерінде жеткізіп айта алмады да, эпопеясында кейіпкерлерінің сөзі түрінде қадау-

қадау ой тастап кетіп отырды. Кішкене молдамен әңгімесінде ақынға: «Мұсылманшылық қағидасы ғылым қайда болса, кімде болса сонан ал» десе болар еді. Мен ғылымның, яғни пәннің көп ғасырлар бойы адам баласы жиған қазынасына қол арттамын деп сапар шектім. Ғылым демек шексіз, кең дүние емес пе еді. Мұсылман ғұламаларының даналары Хакимнан, Аплатоннан, Аристотельден оқымап па?» дегенді айтқызса, шәкірттерінің алдында: «Әрине, ақиқат әр түрлі, Ислам діні өз хақиқатын бар мұсылман айтатын «иман» ішінде келтіреді «Әманту биллаһи уа малаикаитһи, уа уктубиһи уарусулуһ» дейді. Онысы сайып келгенде, шындықтың бәрі «Кәлем-шәріпте» айтылған да, болған деген мағзұғда» (3-кітап, «Абай аға») деген толғаныстарға барғыздырады. Мұндай ойларды Сармолдамен әңгімесі тұсында да, Семейдің имам, халфе, хазіреттерімен қақтығысы кезінде де айтқызырады. Осылайша жазушы Шығыстан тапқандарын көбіне Абай ақылы жеткізеді, содан Абайдың діні негізінде ақылдың, адамгершіліктің діні деп, оның пайғамбар өсетін мойындағанын, сонымен қатар сыншыл ақылдың талаптарын қолдайтынын, өзін «ақли тарикаттын» жолындағы адам санап, адасушылыққа ұрынатындарды құп көрмейтінін айтады. Қара сөздеріне келгенде: «Ол – қазақ ортасындағы не жалпы мұсылмандық шығыстағы қоғамдық, әлеуметтік құрылыстар жөнінде айтатын терең толғаулы пікірлер» дейді (№193-папка). Жалпы Ө. Шығыс туралы ілім-білімдерін Алматы мен Мәскеу университеттерінің студенттері алдында оқыған дәрістеріне кеңінен пайдаланды. Осыларға дайындаған жазбаларында бұлар анық байқалады.

*Т. Әкім.*

**«ШЫҒЫС КЕШІ», «Абай кеші»,** ойын-сауық кеші. Семей қаласында оқыған қазақ, татар және орыс жастарының қатысуымен өткізілген әдеби-мәдени кештерінің жалпы атауы. Оның тарихы 1911 жылдан басталады. Ө. Семейде оқып жүрген кезде мұндай ойын-сауық шараларына араласып, ұйымдастырушылардың бірі болған. 1914 ж. Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына байланысты кеш өткізілді. Кеште ұлы ақынның өмірбаяны оқылып, бірқатар шығармалары орындалды, ағартушылық қызметі айтылды. Жас Мұхтар Абай туралы алғашқы ресми сөзді осында естіді. Абайдың өлеңдері мен әндерін Әлмағамбет Қапсаламов, Мұқа Әзілханов, Қали Бекбергенов, Қайықбай Айнағұлов сынды белгілі өнерпаздар орындады. Бұдан кейін ойын-сауық кештерін Ө. пен Ж. Аймауытов әнші-күйшілерді шақырып, ұйымдастырып отырған. 1916 ж. 13 ақпанда А. «Біржан – Сара» айтысын сахнаға бейімдеп қояды. Ө. оның басы-қасында болады. Қазақ-татар жастары өткізген «Ш. қ.» дәстүрге айналып, қалада кәсіпқой театр ашылғанына үзілмеген, елімізде театр өнерінің туып-дамуына игі есер еткен.

*Қ. Мәшһүр Жүсіп.*

**«ШЫҒЫСТАН ЖОЛДАНҒАН ХАТ»** («Письмо с Востока»), жазушының мақаласы. *М. И. Ритман-Фетисовпен* бірге жазған. 1947 ж. 1 қарашада «Правда Украины» газетінде шықты. Сталиндік саясатқа қатысты жолдар, олар болғанымен, мақалада Қазақстанның өткен тарихы, әлеуметтік жағдайы жайында біраз деректер берілген. Қазан төңкерісінен кейінгі Қазақстан жайында тілге тиек етілуге тиісті Сталин атына арналған мадақтаумен қатар, кейбір қызықтыста-



тистикалық мәліметтер, өндіріс, мәдениет дамуы жөнінде нақты топшылаулар бар. Авторлар Қазақстан өміріндегі жетістіктерді айта отырып, сол кездегі дәстүрлі стильмен Сталин атын байланыстырудан ауытқымаған. Қазақстандағы мәдени-кұрылыс жетістіктерін Сталиннің «Біздің Шығыстағы міндеттеріміз» атты мақаласымен (1919) байланыстырады. Қаныш Сәтбаев өміріне арнайы тоқталып, даланың көшпелі қазағының академикке дейінгі өсу жолын Қазан революциясы әкелген өзгерістермен өрнектейді. Қазақ әдебиетінің ірі өкілдерін атап, олардың шығармашылықтағы табыстарын социалистік реализм әдебиетінің жеңісі деп қарайды. Қазақ театрының, сурет өнерінің табыстарынан, баспа ісінен хабар береді.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ШЫМКЕНТ ДРАМА ТЕАТРЫ,** Ж. Ш а н и н а т ы н д а ғ ы Ш ы м к е н т о б л ы с т ы қ қ а з а қ д р а м а т е а т р ы, к е с і б і драмалық ұжым. 1934 ж. ұйымдастырылып, сол жылы қыркүйекте Ф. Жасақбаевтың «Заман заңы» пьесасымен ашылды. Театр сахнасында Ж. Шаниннің «Арқалық батыр», С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», С. Мұқановтың «Жеңіс жыры», Ө. Тәжібаевтың «Майра», Қ. Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» пьесалары т. б. қойылды. Ө-тің драмалары театрдың репертуарынан берік орын алған. Ұлы драматургтің «Түнгі сарын», «Ақ қайың» (Тәжібаевпен бірге), «Айман – Шолпан» (И. Кошкпен бірге), «Қарақылшақ Қобыланды», «Сын сағатта», «Намыс гвардиясы» (Ө. Әбішевпен бірге), «Қарағөз», Ө. аударған Н. Гогольдің «Ревизор» спектакльдері көрсетіліп, театр ұжымының мол мүмкіндігін танытты.

**«ШЫНАЙЫ ҰЛТТЫҚ НЕГІЗДЕ»** («*На жив ой национальн почве*»), жазушының мақаласы. «Литература и жизнь» газетінің 1959 ж. 2 қыркүйектегі санында шыққан редакциялық мақала. Ө. пен М. Фетисовтың «Коммунист» журналында жарияланған (1959), «Социалистік ұлттар әдебиеттерінің даму ерекшеліктері» атты көлемді мақаласына арналып жазылған. Газет редакциясы бұл мақаланың кеңес әдебиет теориясына қосылған қомақты үлес деп, жоғары бағалаған. Әсіресе теорияға үлес қосты деуі – үлкен жетістік. Редакция кейінгі кезде тұр мен мазмұнның қатысы жөніндегі айтыстарда көп зерттеушілердің біресе түрге, біресе мазмұнға негізгі орын беріп, сыңаржақ ойларға ауа бергенін айта келіп, Өуезов пен Фетисов мақаласында әдебиеттің осы екі элементінің диалектикалық байланыста болып, социалистік мазмұн мен ұлттық форманың қатар алынып, тең қарауды жақтауын қызу қолдайды. Авторлардың Маркс пен Энгельстің пікірлеріне сүйене отырып айтқан дәлелдеріне қосылып, олардың «орыс әдебиетінің де – ұлттық әдебиеттердің бірі» дегенін құптайды. Мақала сонында оқырмандардың бұл мақаладан қызықты ойлар алатынын ескертеді.

*Н. Торғай.*

**ШЫНАР** Әли Аббас (1960 ж. т.), түрік ғалымы. Ғылым докторы (1996). Бірнеше ғылыми кітаптың авторы, Абайдың 150 және Ө-тің 100 жылдық мерейтойларына қатысып, баяндама жасады. Ұлы жазушының рухына бағышталған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде түркі халқы Өуезовті тану арқылы қазақ халқына, оның әдебиетінің қалыптасып, дамуын танып-білді дей келіп, ұлы суреткердің күллі түркі жұртының мәдени байлығын жалғастырушы екенін сөз етті («М. Өуезов – XX

ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі», 1997, 132-бет). Қазақ әдебиеті мен мәдениеті туралы 4 зерттеу еңбек, бірнеше мақала жазды. Абай, Ө-тің, Ш. Айтматов, М. Шахановтардың бірқатар туындыларын түрік тіліне аударды.

*Ахмет Аляз.*

**«ШЫН ЕРЛІК»** («*Живая легенда*»), жазушының мақаласы. 1959 ж. «Правда» газетінің 8 қарашадағы санында шыққан. Жазушы бұл менің Оңтүстік сапарынан кейінгі ойларым, әсерлерім деп ескертеді. Миллионнан астам көп ұлтты халықты құрап отырған облыстың тарихына, географиясына, шаруашылығына шолу жасалған. Осы өлкеде еңбек етіп жатқан қарапайым мамандық иелері жайында айтады. Отырар, Құмкент, Саудақент, Баба ата, Сайрам қалаларын күйреткен ескі замандардағы шапқыншылықтарды еске алады. Кезінде Қамбар батыр аң аулап «тоқсан үйлі» туысқандарын асыраған дейтін Ақжар, Қаракөл, Ұсықтас көлдерін аттаған. Мақалада қызықты этнографиялық деректер келтірілген. Бір отар қоймен боранда ығып кеткен Төлген Бойтанов деген шопанның боранмен 17 күн жалғыз алысып, малын аман алып қалғанын арнайы еңгіме еткен. Салынып жатқан жаңа қалалар, поселкелер, шахталар, өнеркәсіп орындары Коммунистік партияның сілтеуімен, бақытты кеңес адамдарының қолымен жасалып жатыр деген ұрандай сөздермен мақала аяқталған.

*Р. Ықыласов.*

**«ШЫН ШЕБЕРЛІК»**, монография. Авторы – Ө. Байтанаев. 1969 ж. «Жазушы» баспасынан басылым көрген. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясының көркемдік ерекшеліктерін танытуға арналған. Автор романды талдауды төрт салада жүргізген. Біріншіден, көркем шығарманың тартымды, қызық болуы оның сюжеттік шеберлігінде. Сюжет желісі өткір болса ғана, ол оқырманды өз уысында ұстай алады. «Абай жолының» жұртшылыққа қатты ұнауының бір сыры оның сюжетінің қоюлығына, оқиғалардың молдығына байланысты. Екіншіден, әдеби туындының шымыр болуы, бас-аяғының жинақы шығуы оның композициясына, яғни ішкі құрылысына байланысты. Бұл жағынан алғанда, эпопеяда композицияға қатысты көркемдік құралдар, құрамды бөліктер, атап айтқанда, шығарманың архитектуроникасы аса шебер, мінсіз шыққан. Үшіншіден, эпопеяның тілі бай, орамды. Ол қазақ халқының сөйлеу тілі мен фольклорының, жазба әдебиетінің сөздік қорын мол қамтып, бойына сіңірген. Сол себептен бұл шығарма – сөз байлығы жөнінде қазақ тілінің қымбат қазынасы. Төртіншіден, Ө-тің стилі, яғни жазу мәнері ешкімге ұқсамайды, өзгеше өрнек. Ол оқиғаны талғампаздықпен талдайды, халықтық дәрежеде саралайды, ойына алған идеясын түгелдей көркемдікке орайды, әрбір оқиғаны жетесіне жеткізіп аяқтайды. Ө. стилінің тағы бір үлкен қасиеті – оның оқиғаларының бәрі жаңа оқиға, тың тартыс, бірін-бірі қайталамайды. Сонымен эпикалық шығармаға тән осы төрт сала сюжеттік желі, композициялық шеберлік, тіл мәдениеті, стиль – «Абай жолы» эпопеясында төрт аяғынан тең басып тұр деп қорытады өз ойын зерттеуші. Кітаптың көлемі 12,6 баспа табақ, таралымы 4700 дана.

**«ШЫНШЫЛ, ТӘКӘББАР АҚЫН»**, жазушының мақаласы. Алғаш рет «Социалды Қазақстан» га-

зетінде (1936, 2 шілде), кейін «Жұлдыз» журналында (1964, №5, 36–37-беттер); Ө-тің 12 томдық (11-том, 1969, 100–102-беттер); 20 томдық (17-том, А., 1985, 47–49-беттер) шығармалар жинақтарында жарияланды. Қолжазбасы сақталмаған. 1936 ж. 12 шілдеде Қазақстан Орталық атқару комитеті төралқасының арнайы қаулысымен *С. Сейфуллиннің* әдеби қызметіне 20 жыл толуы аталып өткен еді. Сол мерейтой қарсаңында жазылған бұл мақалада желісі үзілмей келе жатқан үлкен ақындық жолдан өткен көрнекті қаламгер-қайраткердің өсіп-толысқан шығармашылық болмыс-бітіміне, ақындық ерекшелік үлгісіне өте жинақы да жүйелі ой-пікір білдіреді. Автор: «...Ақын еңбегіне, сыншы да, тарихшы да емес, жәй қатардағы оқушы есебінде көз жіберіп қарасаң, өзгеде жоқ екі түрлі ерекше ірі қасиеті айқындана шығады. Мұның біріншісі – жалтақтығы жоқ шыншылдығы, екіншісі – ақындық тәкәббарлығы. Жай мінез машығына айтпаймын, ақындық еңбегінің сипатын айтамын» деп. Сәкеннің белгілі өлең, поэмаларында «барынша шын сезімнің толқыны білініп тұратындығын айрықша атап көрсетеді. Оның бұл өзгеден ерек шыншылдығының түп төркіні ақындық тәкәббарлығынан шығады. Отаршылдықтың «ошарыла басқанынан» туған құлдық мінез мерезі (психологиясы) көбіміздің сүйегімізге дейін сіңіп, «адамның шын адам мүсінін» өзгертіп жіберген заманда «өзгеден кем емеспін, теңімін» деген ақындық тәкәббарлықты берік ұстанған «оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұтас бітімді, жоталы тұлғадан туатын көрнекті, бүтіндігі бар сезімдер» деп санайды. Шығармашылық қызметіне 20 жыл толып отырған Сәкеннің «ылдиы бар, өрі бар – ыстық қанды нағыз ақындық жолын» өте жоғары, әділ де әрлі бағалай келіп, Ө. бүгінгі әдебиеттің әлі де үлкен, әрі шығармалар бере алмай келе жатқанын, ал ондай еңбекті ендігі жерде күш қуаты әбден толысқан, кемеліне жеткен Сәкеннен күтетінін әрі базына сын, әрі тілек түрінде білдіреді.

*К. Сыздықов.*

«ШЫҒЫСТАУ», жазушының әңгімесі. Қолжазбасында тақырыбы да жоқ, тек соңғы беттің сыртында «Шыңғыстау» (жаңа әңгіме) деген сөздер ғана бар. «Қазақ әдебиеті» (1967, 10 желтоқсан) газетіне әңгімені жариялаған *М. Бөжеев*, *Б. Сахариевтар* сол сөздерді тақырып етіп қойған. Осыдан кейін 20 томдықтың 2-томына (1979) енгізілді. Қолжазбаның жобасына қарағанда, әңгіме 1943 ж. жазылған. Ө. «Абай» романының 2-кітабын жазу үстінде ұлы ақынның туып-өскен мекенін тағы да көріп, жаңа деректер жинау үшін елді аралаған. Сонда алған әсерлері осы әңгімені туғызған. Әңгімеде Шыңғыс өңіріндегі алтын кенінің ашылуы туралы сөз болады. Оны ашқан Базар қарттың инженер-геолог ұлы – Медет. Өке мен бала әңгімесінен көп жайлардың сыры аңғарылады. Әкесі: Ескендір Зұлқарнайынды мұсылман дейді, баласы грек тарихының ол сөзді жоққа шығаратынын айтады, қазақты Мұхаммед пайғамбардың сахабасы Ғақашадан тараған дейді, оны монғол-түрік тарихы мансұқ етеді дейді, дүниенің шеті Қаф тауы дейді, онда өзінің экспедицияда болғанын айтады. Химияны ет пісіруден, астрономияны космогония ертегісінен білген, тарихты лақаптан, ата

санаудан ұғынған, есеп ғылымын қой санаумен түсінген әкесімен дауласудың орынсыз екенін білсе де, оның жетегіне еріп кеткенін сезбей де қалады. Бұл өлкені әкесі қадымнан мәлім дейді, қадым адам санасына ескілік көрінгенімен геология үшін сүт пісірім сәттей көрінеді. Әкесі тау аты – Шыңғыс. Бұны атам заманнан атақты Шыңғысхан мекен еткен. Биігінің аты – хан, сонау көктау Орда – Шыңғыстың ордасын тұтқан жері, мінеки аудан тұрған тау аты Қарауыл – қолбасы, батырлары, нояндарының жортуылыға шығатын биігі. Осындай әңгіменен өз қораларына да жетеді, келе қораның тау жақ бауырына қалаған ақ тасты көреді ді, Медет оны балғасымен ұрғылап, уата бастайды, мұны әкесі жақтырмайды, бір түйірін көргенде жүзіне қуаныш үйіріледі, тағы біреуін шағып көріп, алтын деп әкесін таңқалдырады. Сөйтіп Базар қарттың қорасы тұрған жердің тасы құрамында алтын мол болып шығады. Ал Медетті туған жері Шыңғыстың сыртымен ғана емес, қойнымен де қазыналы болып шыққаны қуантады. Оның болашағын ойлап, өзге дүниедегі кен орындарымен салыстырады. «Ұйқысыз алақызған көңіліне алтын кеннің дүние жүзіндегі даңқтылары елестейді. Әлемде әйгілі Франция, Америка қазбаларын, Англия империясының қазынасын байытқан Клондайк, Колорадо, атақты тұт қазынасы Родезия – бәр-бәрінің қатарына Шыңғыс... Шыңғыс аты тізілсе» (2-том, 369-бет) дегендерді қиялдап кетеді. Медет істейтін экспедицияның мамандары бұл жерде алтынның қоры мол екенін анықтайды. Бүкіл ауылдың көрі-жасының аузында – осы сөз. Олар көрінген ақ тасты, тіпті ошақ басындағы тасқа шөйін алып келіп, көрсетіп жатады. Қазақстанның үлкен аймағындағы Алтай, Жезқазған, Балқаш, Қарағанды, Қосшағыл сияқты байлық-молдық мекендер қатарына бұл да қосылса деген ой жас геологты әбден меңдеп алады. Әкесі Базардың айта беретін ертегідей әңгімелері шындыққа айналып шыға келгенін көргендей болады.

*Т. Әкм.*

**ШЫҒЫСХАН** (1155–1227), монғолдың әскери және мемлекет қайраткері. Шын аты Темужин. Әскери талантының арқасында бытыраңқы тайпаларды жеңіп, билігін, беделін арттырып, бағыныштыларды молайта берген. Ө. Шыңғысхан жөнінде зерттеу еңбектерінде, «Абай жолы» эпопеясында сөз қозғайды. Оны: «Бірді – онға, онды – мыңға теңеген асыл туған Шыңғыс» дейді (№29-папка). Бұл сөзді Майқы бимен байланыстырып айтады. Эпопеяда Абай әкесінің жұмсауымен Сүйіндік аулына барады, сонда таудың Шыңғыс, биігінің Хан, Орда аталуы туралы әңгіме болады. Сүйіндік бұл өңірдегі аттың бәрін Тобықтының өзі қойған дегенде: «Әй, білмеймін-ай! Бар атты өзі қойса, Шыңғыс дегені несі екен? Шыңғыс деген Тобықты бар ма?» деп, бұл жерлер Шыңғысханның мекені болғанын, Хан, Орда атауларының сол кезден қалғанын өз білгенінше баяндайды.

*Ж. Қасымбаев.*

«ШЫҢДАҒЫ ШЫНАР», көркемсуретті фильм. 1965 ж. Ө-тің «Өскен өркен» романының желісімен түсірілді. Сценарийін жазған – Қ. Мұхамеджанов. Қоюшы-режиссер – С. Қожықов. Операторы А. Ашрапов. Фильмге әдеби нұсқа болған «Өскен өркен» романы Ө-тің ең соңғы шығармасы еді. Романдағы оқиға 60-жылдардағы заман көрністерінен сыр шертеді. Еңбек адамдары, олардың бір-бірімен ара қатынасы, жаңа адам мінезінің қалып-

тасуы сияқты негізгі бағыттар жазушы суреттеуінен алшақтатылмай, кейбір экрандық шығарма заңдылықтарына сәйкес толықтырулар енгізілген. Фильмнің негізгі оқиға өзегі – бас кейіпкерлер Карпов, Лияс, Сағит, Айсулу араларындағы қарым-қатынасқа, адамгершілік қасиетке, шынайы сезім мен алдамшы өсек-аяң арпалысына құрылып, олардың рухани сезімдері арқылы өрбиді. Сөйтіп Ө. меңзеген ой-түйінді қайта жаңғыртқан.

Г. Құрманғалиқызы.

**ЩЕГОЛИХИН** Иван Павлович (1927–2010), жазушы, аудармашы. Қазақстанның халық жазушысы (1995). Қоғамдық, әлеуметтік, адамгершілік мәселелеріне тоқырау жылдарындағы (80-жылдар) қым-қиғаш оқиғаларға, адамгершілік мәселелеріне, тың игеруге арналған әңгіме, повестер, романдар жазды. С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ф. Мұстафин, М. Ғабдуллин, З. Ақышев, Б. Соқпақбаев, Д. Досжанов, Ө. Шәріповтердің бірқатар шығармаларын орыс тіліне аударды. Ө-тің «*Буркітші*» әңгімесін орыс тіліне тәржімалаған (1958).

**ЩИПАЧЕВ** Степан Петрович (1899–1979), орыс ақыны. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1951). Ө-пен шығармашылық, жолдасына қарым-қатынаста болған, АҚШ-қа бірге сапар шеккен. Осы әсері жайлы «*Нью-Йорк*» өлеңін жазып, ұлы жазушының биік парасатын суреттеген («*Жұлдыз*», 1977, №9). Ө. өзінің «*Америка өсерлері*» атты очеркінде: «Біздің делегация басшысы – Одақ көлеміндегі атақты ақынымыз Степан Петрович Щипачев, сезімді сыршыл ақын. Америка ақындарының ішінде Щипачевтің ең қадірлеп сүйетіні – ұлы ақын Уолт Уитмен болатын. Әдебиет жөніндегі нақтылы сұрақ орыс совет әдебиетінің фактілері туралы болғандықтан, жауапты Леонов пен Щипачев берісті. Қадірлі дос Степан Петрович Щипачев маған бір достық сыр айтты. Ол «*Нью-Йорк*» деген өлең жазып, сонысын маған арнамақ болды. Мұндай үделердің өзінің ыстық шағында дегендей, орындалуы қандай қымбат» деп, ақын досының қадір-қасиетін сипаттап, ризашылық сезімін қоса білдірген.

Н. Ақбай.



**ЫБЫРАЕВ** Бек Әнуәрбекұлы (1942 ж. т.), сәулетші, мәдениеттанушы. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген архитектор (1997). Қазақ халқының этногенезі, діни және мәдени тарихы туралы ғылыми мақалалардың авторы. Көпшілікке танымал, белгілі еңбектерінің ішінде өзіндік көркемдік-конструкциялық шешімі бар Қорқыт Ата мемориалы (Қызылорда облысы, 1980), Абай-Шәкәрім мемориалдық кешені (Семей облысы, 1995) бар. 1995 ж. Ы. Бөрілідегі Омархан және Нұржамал Әуезовтердің кесенесін (С. Әжітаев, Е. Матвеев-

тармен бірге) жасады. Кесене ежелгі мазарларға тән күмбезді-порталды ғимарат түрінде, әк тас-тан салынған. Сондай-ақ сәулетші – Алматыдағы Кеңсай зиратында жерленген Л. Әуезова мен Ернар Әуезовтің құлпытастарының авторы.

К. Ахметжанов.

**ЫБЫРАЕВ** Шәкір (Ш ә к і м ә ш р ә п) (1950 ж. т.), фольклор зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1993), профессор (1998). 1997 ж. Ө-тің 100 жылдық мерейтойы кезінде өткен ғылыми-ұйымдастыру шараларына белсене қатысты. Түркияда мамыр айында болған Әуезов күндерінде «М. Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі», ал Алматыда сол жылдың 25 қыркүйегінде өткізілген «М. Әуезов және ХХ ғасырдағы әлем әдебиеті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда «Мұхтар Әуезов және қазіргі әдебиеттану ғылымының проблемалары» деген тақырыпта баяндамалар жасады («М. Әуезов – ХХ ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті», А., 1997). «Заман – Қазақстан» газетінің 1997 ж. 26 қыркүйектегі санында «Түркі дүниесі және Әуезов» айдарымен берілген сауалнамаға қайтарған жауабында Ө-тің түркі дүниесінен жаңа шығып келе жатқан жас таланттарды қапысыз тануын оның «шын мәнінде көрегендігі» дейді. Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойын өткізуге байланысты «Атқарылар істер ауқымы» («Қазақстан жоғарғы мектебі», 1997, №2), «Әуезов тағылымы» («Жұлдыз», 1997, №8) мақалалары жарық көрді.

С. Қорабай.

**«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЗОР ҚАЙРАТКЕРІ»**, жазушының мақаласы. 1950 ж. сәуірде «Социалистік Қазақстан» газетінде, 1962 ж. «Уақыт және әдебиет» жинағында жарияланды. Ө-тің 12 және 20 томдық топтамасы осы нұсқа алынған. Мақалада ағартушы, педагог, ақын, жазушы, аудармашы *Ы. Алтынсариннің* көпқырлы еңбегі, оның ұлттық мәдениетімізден алатын орны сипатталған. Ө. қазақтың өткен ғасырдағы тарихында үш мұнарадай биік үш тұлғаны – Шоқанды, Ыбырайды, Абайды қатар атап, олардың арасындағы ұқсастықтарды да, өзгешеліктерді де көрсетеді. «Бұлардың бәрі де қазақтың киіз үйінде туып, өз елінің өкілі болып шығуымен қатар тек қазақ халқының ғана тіл, өнер, тарихи мәдениет ерекшеліктерінің көлемінде қалған жок, туысы қазақ болса да, бұлардың өрісі, өсуі басқаша. Олар өздерінен бұрын қазақ баласы бармаған ырыс өлкесіне жетті». Сонымен қатар Ө. еңбек еткен ортасы, дәуірі, қоғамдық-әлеуметтік әрекеті жағынан Ыбырайдың Шоқанға да, Абайға да ұқсайтын қырларын атап өтеді; бірінші кезекте «бұратана» елдер үшін тың үлгідегі мектеп ашушы, оған арнап оқу бағдарламасын түзуші, оқулықтар жасаушы («Қазақ хрестоматиясы» т. б.) ақындық, жазушылық пен оқытушылықты шебер ұштастырушы, оқулықтарында қазақтың халық әдебиеті мен орыстың классикалық әдебиеті байлығын үйлестіріп, туыстырушы ретіндегі жаңашылдығын көрсетеді. Қазақ халқының әлеуметтік талаптарына, мұң-мұқтажына орыс зиялыларының, өкімет адамдарының назарын аударып, алуан мәселелерді көтеруі Алтынсариннің публицистік қарымын да танытады. Ө. Ыбырайдың осындай жан-жақты, дайымшылық қызметі өте қиын жағдайда: бір жағынан шалағай молдалардың ғайбатқа ұшыра-

туы, екінші тараптан орыс миссионерлерінің қырын қабақ көрсетуі қысымы арасында өткенін, мұндай сабыр, төзім, парасат, айнымас мінез халықшыл, елінің келешегіне сенетін жаңдардан ғана шығатынын айтады. Ы. Алтынсарин туралы жүрекжарды сөздерін Ө.: «...біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен аса ыстық, аса бағалы болуы, олар кейде бағаянда бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дәуіріндегі зар мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірлікпен айқасып аққан қос өрмідей, шөл өлкені суарып, дән бітіріп, ағып келе жатқан қос өзендей танылды» деп аяқтайды.

*Р. Бердібай.*

**ЫБЫРАЙЫМОВ** Бекен (1950 ж.т.), ақын, жазушы, әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1998). «Көркемдік көкжиегі» (1981), «Ой мен сөз» (1985), «30-жылдардағы қазақ поэзиясы» (2001) атты еңбектерінде Ө-тің әдеби дәстүр, жанр, үрдіс жайындағы ой-пікірлеріне жүгініс жасаған. Ал «Әуезов және әлем әдебиеті» деген мақаласында ұлы жазушының дүние жүзі әдебиетімен байланысы туралы салықалы тұжырымдар айтқан.

*Н. Ақбай.*

**ЫҒЫЛМАН** Шөреков (1876–1932), ақын, жырау. Негізгі шығармасы – «Исатай – Махамбет» дастаны. Онда 1836–38 ж. Бөкей ордасында болған көтерілісті қалай тұтанып, өрбіп, немен тынғаны суреттелген. Ақын үстем тап өкілдерінің озбырлығын шенеп, халықтық оларға қарсы ерлік жүресін жырлады. Шығарма оқиғаларының деректілігі, құрылыстың тұтастығы, тілінің көркемдігі жағынан тарихи жырлардың ішінде көрнекті орын алады. Ө. «Әдебиет тарихы» атты ғылыми зерттеуінде Ының «Исатай – Махамбет» дастанының тарихи мәні туралы кемел пікірлер айттып, ақынның өзі жөнінде жылы лебіздер білдірген. «Халықтың даусын естіп, бойкүйез мінезін тастап, ұйқысынан оянып, батыр жолына басын фидә қылатын тілеулістігін білдіріп, ақын жыр жырлап, жер күңіретеді» деп, жыраудың азаматтық борышын, ардагер бабаларының ел үшін еткен еңбегін дұрыс ұққанын айғақтаған. Одан әрі ұлы жазушы Ығылманның өзі көрген суретті жырлағанын, Исатайдың ісіне өлеңнен күмбез орнатуға кірісіп, «батырдың басына зират салған іскер сияқты, өз қолынан келетін ескерткіш» жасағанын мадақтаған.

**ЫДЫРЫС** (20 ғасыр; т.-ө. ж. б.), жазушының танысы. Ө-тің «Абай жолы» эпопеясына дерек берген. Айтқандары «Ыдырыс әңгімелері» деп (№28-папка, 46–52-беттер), қойын дәптерлерінен бөлек қағазға түскен. Оның әңгімелері – қала тіршілігіне қатысты. Романдағы қала көрінісі мен мұның әңгімелері тығыз қабысып, байланысып жатыр: Затонның жұмыскерлері, қаланың саудагерлері мен байлары, мешіттің ишан-молдалары, хазірет-халфелері Ы-тың айтқан әңгімелерінде жүр. «Арада оқта-текте ғана кездескен топ үйлер бар. Олар не топшылардың немесе былғары заводының, пима басатын заводтың және сыра заводы мен арақ заводының өнім жайлары аңғартады. Осылай бірінен бірі аулақтау орналасқан кәсіп жайлары Семей қаласының Затон дейтін бір үлкен шеті болады. Бұл мекен-жайдың Затон деп аталу себебі – орналасатын кемелер ерекшелігінен туған ат. Затон жұмысшылары Семейдің қаласы мен Слабод-

каның көпшілік саудагер тұрғындарынан бөлек» деген Ыдырыс әңгімелерінің желісін сезіну қиын емес («Абай жолы» эпопеясы, «Құз-қияда» тарауы).

*Т. Тұрғанбаев.*

**ЫДЫРЫСҰЛЫ** Әбілғали (1930 ж. т.), педагог, танымал журналист. Тарих ғылымының кандидаты, профессор (1992). Ө-тің дәрісін тыңдаған шәкірті, ұстазымен сұхбаттасып, мақалалар жариялаған. Ө. туралы «Азаттыққа аттанысты жастар бастайды» («Түркістан», 1997, 23 шілде), «Қазақтың кім екенін әлі-ақ білесіздер» («Егемен Қазақстан», 1997, 17, 18, 19 қыркүйек), «Мұхтар Әуезов: «Қазағым – дана халық» («Алматы ақшамы», 1997, 13, 15 тамыз), «Мұрағаттар сыр шертеді» («Ұлан», 1997, 2 қыркүйек), «Ол әлі-ақ адамзаттық болады» («Жас алаш», 1997, 31 шілде), «Ұлылықтан үзік сыр» («Жұлдыз», 1997, №9), «Әуезов әулие туралы толғау» («Атамұра», 1997, 11 шілде), «Жалған-ай, Әуезов те дүниеден өтті ме?» («Заман-Қазақстан», 1997, 29 тамыз) т. б. мақалалар жазды. Сонымен қатар «Әуезовке іңкәрлік, немесе ұлылықтан үзік сыр» естелік-новеллалар атты кітабы жарық көрді («Атамұра», 1997).

*Т. Жұртбай.*

**ЫҚТЫМБАЕВ** Нұржұман Байжұманұлы (1941 ж. т.), актер, режиссер. Қазақстанның халық артисі (1990), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980). «Балалық шаққа саяхат», «Ұшы-қиырсыз жол», «Мәншүк туралы жыр», «Қылы кезең», «Атаманның ақыры», «Орман балладасы», «Ыстықкөлдін алқызыл гүлдері», «Бүркіттің соңғы жылы», «Нан дәмі», «Қызыл отау» т. б. кинофильмдерге түсіп, алуан сипатты кейіпкерлердің бейнелерін жасады. Ө-тің әңгімесі негізінде жасалған «Көксе-рек» фильмінде (1974) Смайлбектің рөлінде ойнап, шынайы актерлік дарынын танытты.

**ЫНТЫМАҚ**, жазушының мақаласы. 1960 ж. 23 қыркүйекте «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған. «Халықтар достығы социалистік реализмнің өркендеуінде аса зор рөл атқарады» деп бастайды Ө. мақаланы. Достықтың рөлі ерқашан маңызды екендігін, халықтарымыз Ресеймен тарихи достықтың арқасында осындай бақытты тағдырға жеткенін баян етеді. Дүние жүзінің әдебиеті халықтар достығының әсерімен өзара байып, бірін-бірі кемелденетінін көрсеткен. Әдеби процес-те халықтар достығының орны мен үлесі социалистік реализмнің жүзеге асырушы негізгі принциптерінің бірі деп түсіндіреді. Сол кездегі қазақ әдебиетінің Өзбекстанда болып өткен апталығы осы бір ұлы достықтың тағы да бір жарқын белгісі болғанын айтады. Өзбек әдебиеті қазіргі заман әдебиетінің озық үлгі-өнегесімен молығып, байыған әдебиет деп санайды. Жазушылардың шығармашылық тәжірибе алмасуы екі республиканың жазушыларына да, оқушыларына да сөзсіз пайда беретіндігін, жетістіктермен тереңірек танысудың мүмкіншілігі кеңейе түсетіндігін түсіндіреді. Осы мақаласында Ө. күллі кеңес әдебиетінің игілігіне еңбек етіп жатқан Өзбекстандағы барша бауырлар – өзбек, қарақалпақ және сондағы орыс жазушыларына табыс тілейді.

*А. Болсынбаева*

**ЫРҒЫЗ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ**, көркемөнерпаздардың драмалық ұжымы. Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы Мәдениет үйі жанынан 1951 ж. құрылған. 1964 ж. халық театры атағы берілді. Еңбекшілерге эстетикалық тәрбие беруде көп жұмыс атқарды. Ө. Әбішевтің, Б. Жәкиевтің, О. Бодықов-

тың т. б. пьесаларын көрермендерге ұсынды. Ө-тің «Қарагөз» трагедиясын сахнаға шығарып, мол мүмкіндіктері бар екенін танытты. Республикалық халық театрларының байқауында лауреат атанды (1970, 1973, 1978).

**ЫРЫСЖАН** (т.-ө. ж. б.), айтыскер ақын. Өсетпен айтысы айтыстың классикалық үлгілерінің қатарына жатады. Айтыс 1885 жылдары Қоянды жәрмеңкесінде жұмбақ айтысы үлгісінде өткен. Екі ақын да дәстүрлі тақырыптарға – өз елінің, руының көптігін, ірілігін, жеке байларын мақтауға бармаған. Ы-ның жұмбақтары түгелдей дерлік терең мағыналы түрлі ерекшеліктерін қамтитын, жоғары логикалық, интеллекттік тұрғыдағы дүниелер. Олардың мазмұны Ы-ның өзі өмір сүрген орта, уақыт үшін білім дәрежесінің, дүниетанымының озық болғанын дәлелдейді. Айтыстың қыз бен жігіт айтысы түрінде басталған алғашқы кезектерінде Ы. өзін намысқой, ер мінзеді, ақылды қыз ретінде көрсеткен. Ө-тің «Айтыс өлеңдері» атты еңбегінде айтысты жан-жақты талдап, жоғары баға берген. Ы. жұмбақтарының тақырыптары мен әлеуметтік қырларын аша келіп: «Ырысжанда мін тағарлық емес – асыл туған жан. Өсет пен Ырысжан айтысы – жарыс айтыста өзгеше бір арпа. Бұл кездесіп қалған қыз бен жігіттің жеңіл-желпі шексуі емес, екі елдің сайлап кездестірген ақындарының нағыз ақындық тақырлыққа жарысқан іргелі айтысы» деп, автор жоғары баға берген.

*М. Жармұхамедұлы.*

**ЫСҚАҚ** Құнанбайұлы (1847–1901), Құнанбайдың Ұлжаннан туған үшінші ұлы. Қоңыркөкше екі бөлініп, Қызылмола бөлек шыққанда, соған болыс болған. Ө-тің деректерінде оның сипаты: «Дәл Ахметбек, сақалы, қабағы жалпағырақ. Ақшыл, семізше, шарасы толығырақ» делінген (№29-папка, 144-бет). Оның палуандығы Ойқұдықта Нұрғанымдікінде отырғанда, «мықтысың ғой» деп, құдықта алып бағанда, оған түсіп кеткен өгізшені жалғыз өзінің суырып алғандығынан көрінеді. Болыс сайлауында айтқанына көнбегендерді күшпен көндіретін, тіпті қол да жұмсап жіберетін деседі. Абай бала күнінің естегінін айтқанда, оны жұрт бос бала, жаман бала көріп, Ы. адам болады дейді екен. Бірақ Құнанбай олардай емес, сенімді: «Осы бөк мұрын қарадан күтесің ғой, не күтсең де» деп Абайға артады (сонда, 165-бет). Осыларға қарағанда, Ы-тың да жұрт көңілін аударарлықтай болғандығы байқалады. Жазушы эпопеясында оны осы қалпында жеткізуді ұстанады. Ы-тың Оспан сияқты Абайды жақын тартпағандығын, не болмаса Тәкежандай жауығып кетпегендігін суреткер: «Ақымбет ауылына барған жеті аттың дауы бағана Дәркембайды көрген жерде-ақ Ысқақтың көңілін үнемі ыңғайлас жүргенмен, Абайды сыйласа да, қорықса да, оны өз қасында әрдайым үлкен ұлықтай көретін» деп суреттейді («Абай жолы», «Асуда» тарауы). Абайдың төбе билікті Асылбекке беруін Ы. да Тәкежан секілді: «Бір үлкен бақ өзі оралып келіп еді. Өзіміздің кесірімізден Ырғызбайға бұйырмай, бөтен атаға кетті. Кетірген Абай» деп ойлайды. Оспан мүлкі бөлінер кезде Ы. әйелі Мәнікениң ырқынан, соның дегенінен аса алмайды, бірақ, Мәніке Тәкежанның әйелі Қаражандай емес, күйеуін қызғанбайды, ен байлықтан үлес алып қалса болғаны. Оның бірінші әйелі Тектіден туған Кәкітай Абайдың тәрбиесінде өседі, олардың емес, Абайдың ыңғайымен жүреді. Ы. 1909

ж. Петербургте Абайдың тұңғыш шығармалар жинағын бастырып, орыс пен еуропаның ақын-жазушыларынан, ғалым-ойшылдарынан кімдерді оқығандығы туралы нақтылы мағлұматтар қалдырып, үлкен тарихи іс атқарды. Ы. Ақшоқыдағы Құнанбайдың қорымына жерленген.

*Т. Әкім.*

**ЫСҚАҚОВ** Азат Әрхамұлы (1928 ж. т.), әдебиет зерттеуші, абайтанушы, педагог. Абайдың мұрасын насихаттау жөнінде көп еңбек сіңірді. 1985 ж. ұлы ақынның туғанына 140 жыл толу қарсаңында «Абай мен Мұхтардың әдеби-мемориалдық мұражайы» ұйымдастыруға кірісіп, оны 1987 ж. өз қаржысымен мектеп жанынан ашты. Мұнда кейінірек Ш. Құдайбердиевке арналған бөлім қосылды.

**ЫСҚАҚОВ** Қалихан (1935 ж. т.), жазушы, драматург. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1992). Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. «Менің ағаларым» (1965), «Қоңыр күз еді» (2000) шығармаларында ауыл өмірі, адамгершілік, ерлік пен ездік, ескі мен жаңаның күресі, экология мәселелері көтерілді. «Сарша тамыз» (1968), «Ұшы-қиырсыз жол» (1969), «Қараша қаздар қайтқанда» (1985), «Охрана бастығы» (1976) көркем фильмдердің сценарийін жазды. Студент кезінде Ө-тің лекциясын тыңдап, ұстаздық тағылым алған. «Ені мен тұрқы екі қарыс» атты мақаласында ұлы жазушының ұстаздық ұлағатынан сыр тартқан («Парасат», 1997, №8).

**ЫСҚАҚҰЛЫ** Дандай (1946 ж. т.), әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1995), профессор (1996). Әдебиет пен өнердің түрлі мәселелеріне арналған мақалалармен бірнеше кітаптың авторы. Негізгі зерттеу аясы – қазақ әдеби сынының теориялық мәселелері мен тарихы. Жазушының шығармашылығы хақында «Мұхтар Әуезов және орыс әдебиеті» («Социалистік Қазақстан», 27.8.1987), «Бауырлас әдебиеттер білгірі» («Лениншіл жас», 23.9.1987), «Мұхтар Әуезов тіл туралы» («Қазақ әдебиеті», 4.9.1987), «Абай арқылы танылған өлем» («Сақшы», 25.9.1997), «Ана тіл әдебиетін сүйіндер» («Жас алаш», 27.9.1997), «Ғұлама» («Жетісу», 26.9.1997), «Достықтың жалынды жаршысы» («Алматы ақшамы», 29.9.1997), «Кемел ойдың кеніші» (Кітапта: «Мұхтар Әуезов хақында мақалалар», түрік тілінде, Анкара, 1997) деген мақалалар мен «Мұхтар Әуезов. Талант пен тағдыр» (А., 1997) атты кітап жазды. Кітап Ө-тің сан қырлы шығармашылық болмысын ашуға арналған. Онда ұлы жазушының шебер суреткерлігі, әділ сыншылығы, ғұлама ғалымдығы, ана тіліне жанашырлығы жан-жақты әңгімеленген. Сондай-ақ мұхтартанудың соқпақты белестері нақтылы құжаттар, деректер негізінде баяндалған.

*Н. Ақбай.*

**ЫСМАҒУЛОВ** Жұмағали (1928-2011), жазушы, аудармашы, әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1995), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996). Зерттеу еңбектері қазақ әдебиеті тарихының мәселелеріне арналған. «Абай: ақындық тағылымы» атты монографиясында (1994), жазушының 12 томдық шығармалар жинағы туралы «Дарқан дарын далалық ой қазынасы» деген мақаласында Ө. туралы салқалса пікір білдірді («Қазақ әдебиеті», 1970, 17 шілде). «Мәскеуде бітті-ау Мұханның демі...»

естелік-мақаласын жазды («Жас алаш», 1997, 27 қыркүйек). «Абай жолындағы» эпопеяның басты тұлғасы Абай бейнесі, оның өрісті өмірінің әрбір кезеңі жайлы «Кейіпкердің ұлттық бедері» зерттеу мақаласында («Мұхтар мұрасы», 1997, 44–57-беттер) терең сөз қозғайды. «Абай жолындағы» жалпылық пен жалқылық белгілердің, ұлттық өрістер жалпы адамдық мол айдыға ұласып, олардың ешқайсысы да кейіпкер мінезіне сырттан тағылған моншақ немесе сәндік әшекей секілді көрінбей, оның ішкі табиғатымен табысқан тұтастық танытады деп, ұлы шығарманың ұлттық өрісінен ой қозғаған (44-бет).

*С. Қарабай.*

**ЫСМАЙЫЛОВ** Әубәкір (1913–1999), кескіндемеші, актер, режиссер, қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақстан халық суретшісі (1985), Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1960). Ө-тің 1958 ж. Азия және Африка елдері жазушыларының Ташкент құрылтайына (конференциясына) қатысушылармен кездескен сәтін бейнелеген («Парасат», 1997, №8). «Мұхтар аңға шыққанда» деп аталатын естелігінде (1997, сонда) ұлы жазушының ақкөңіл, аңғал мінезін сипаттаса, «Қолын» көтерген қоян» атты әзіл әңгімесінде қаламгердің табиғат сырын, ақшылық-саяткерлік жетік білетінін суреттеген.

**ЫСМАЙЫЛОВ** Есмағамбет (1911–1966), әдебиет зерттеуші, сыншы, ұстаз. Филология ғылымының докторы (1957), ҚазКСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1958), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961). Қазақ әдебиетінің сыны саласында және қазақ әдебиеті мен фольклорына қатысты көптеген еңбектер жазды: «Қазақ совет әдебиеті», «Әдебиет теориясы мәселелері», «Абайдың ақындығы туралы», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «Советтік Қазақстандағы мәдени революция», «Ақындар» т. б. Ө-пен таныстығы 30-жылдарда басталды. Жазушы туралы естелігінде Мұханды 1932 жылдан бері қарай көріп, біліп, араласа бастағанын, оқу-білім жолында әркімнің де ұстазы бар, бірақ, Мұхандай жақын араласқан ұстазының сирек екенін жазды («Біздің Мұхтар», 1976, 317-бет). 1937 ж. «Менің байқағандарым», «Кілең жастар», 1938 ж. «Көтерілген патриоттық сезім», «Менің пікірім», «Шекарада», 1939 ж. «Мәдениеттің шыңына жол», «Халық қазынасын кірлетуге жол жоқ», «Абай образы» (1941), «Мұхтар Әуезов (авторлармен бірге, 1942), 1957

М. Жанғалин, Е. Ысмайылов, М. Әуезов, Ф. Сармурзин.



ж. «Көрнекті ғалым», «Юбилейдегі сөз» (өлөң), «Ел өмірінің энциклопедиясы», 1960 ж. «Абай және роман туралы», «Халық өмірінің энциклопедиясы», «М. Әуезовтің әдебиет тарихы жөніндегі жаңа кітабы», «Әшпес бейне, өлмес мұра» (1961), «Мәдениеттің биігіне жол» (1962) атты мақалаларында ұлы жазушының шығармаларын әр қырынан қарастырған. Ал «Биіктей бергің келеді» деген естелігінде Мұхтар көтерілген биікке ұмтыласың, өсе бергің, өрлей бергің келеді деп, жан сырын жайып салған («Біздің Мұхтар», 1976, 325-бет). Мұхтар Ы-тың шығармаларына назар аударып, әрдайым ақыл-кеңес беріп отырған. 1959 ж. қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған конференцияда Ы-тың жасаған баяндамасын қорыта келіп, жетістік-кемшіліктерін атап көрсеткен («Әдеби мұра және оны зерттеу», А., 1961, 348, 364-беттер). 1961 ж. жазған хатында: «Мен сені қазақ әдебиеті ғылымының айнаымас, қажымас, жылдар жүрсе арымас жегіндісі – еңбек торысы деймін. Сол үшін сүйемін де бек бағалаймын» деп, есті ұрпақ өкілін қастерлеген.

*Т. Әкім.*

**ЫСМАЙЫЛОВ** Нұртаза (1921–1990), партия, кеңес қызметкері. Ө-тің Оңтүстік Қазақстан өмірінен роман жазбақ ниетпен ел аралағанда, дос-іні тұтқан адамдарының бірі. Ө-тің әдеби-мемориалдық музейінің мұрағатында Ы-қа жазған хаттары мен алған жауаптары сақталған. Сол хаттарының бірінде (21.02.1961) жазушы Ы-тан өзін қызықтырған мағлұматтарды жазып жіберуді сұрайды: «Бытырғы жұттан кейін салынған жаңа базалардың есебі, қай жерде, қалай салынғаны, шопандар тұратын үйлердің ендігі жағдайы, солардың медпункт, ағарту орындары қандай болып жасалғаны сияқты дәл деректер керек. Бытырдан бері шопанның тұрмыс жағдайында қаншалық, қай түрлі жеңілдік, тәуірлік жағдайлар қосылды, сол керек». Бұл сөздерден жазушының романда көрсетпек негізгі аңсары – малшылар тағдыры болғаны байқалады. Суреткердің көбірек зерттеген жері – Шаян ауданына барғанда Ы-пен ел өмірінің жағдайлары туралы әңгімелескен. «Әскен өркен» романындағы қаһармандарының бірінде түп тұлға (прототип) етіп Ы. бейнесін алған. Оның портреті шығармада былай берілген: «Қасымов биік бойлы, кең, қызыл қураң жүзді, ақ-қарасы айқын, шыншыл көздерінде адамға жылы тиерлік сүйкімділігі бар. Бет-жүзі анық қазақ типі болумен бірге, мол қалпында сұлу біткен адам». Ал «Шаяндағы шешен Керекең» очеркінде Ө. елді, жерді Ы-пен бірге жүріп аралағанын, оның шаруашылық жағдайын жақсы білетінін жазған.

*Р. Бердібай.*

**ЫСМАЙЫЛОВ** Төлеушан Мұхаметжанұлы (1932–1972), ақын, аудармашы. «Әудекімге бір шапалақ» (1958), «Сырымды айтам» (1984) өлеңдер мен сатиралар жинақтары, «Есіл», «Дала министрі», «Жылқышы», «Үгітші» поэмалары жарық көрді. Өлеңдерінде философиялық толғаныс, лирикалық саз, сатиралық сарын басым болды. А. Пушкин, М. Лермонтов, Т. Драйзер, В. Маяковскийлердің бірқатар туындыларын қазақ тіліне аударды. Ө-тің 60 жылдық мерейтойына арнап, 2 бөлімді «Юбилейдегі сөз» толғауын жазды (1958). Онда ақын Ө-тің асқан сөз шебері екенін өзіне тән жаңашыл, өр рухпен жырлады.

*Б. Жәкыт.*

**ЫСМАЙЫЛОВА** Гүлфайрус Мансұрқызы (1929 ж. т.), театр және кино суретшісі, кескіндемеші.

Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1965), Қазақстан халық суретшісі (1988). В. В. Великановтың «Қамбар-Назым», Н. Тілендиев, Е. Манав пен И. Степановтың «Достық жолымен» (1958), Е. Брусиловскийдің «Ер Тарғын» (1967), С. Мұхамеджановтың «Жұмбақ қыз» (1972), Е. Рахмадиевтің «Алламыс» (1973) операларын, «Қыз Жібек» фильмін (1969-71) т.б. безендірді. Аса көрнекті әдебиет, өнер қайраткерлерінің портреттерін салды. Ө-тің кемеліне келіп, толысқан шағын бейнелеп (1969, кенеп, майлы бояу, 100x100 см), терең психологиялық шешімға қол жеткізген. Бояулардың астасуы мен композициясы ұлы жазушының байсалды, жайбарақат қалпын, ішкі рух құдыретін дәл танытқан.

*Н. Ақбай.*

**ЫСҚАҚОВ** Бүркіт Ибрагимұлы (1924–1991), ақын, әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының кандидаты (1975). Көптеген жыр жинақтарының авторы. Ғылыми-зерттеу еңбектері әдебиет тарихы мен әдебиеттер байланыстарының мәселелеріне арналды. «Қазақ-татар әдеби байланысы» атты монографиясының (1976) «Бір сапта, бір мақсатта» деген тарауында кеңес дәуіріндегі қазақ-татар әдеби байланыстарына тоқтала келіп, Ө-тің татар ақыны Мұса Жәліл шығармашылығы жайлы 1957 ж. Лениндік сыйлықтар беру жөніндегі комитет мәжілісінде жан тебіренерлік баяндама жасап, осы сыйлықты беру жөнінде ұсыныс енгізгенін әңгіме етеді де, Ө-тің өмірі мен шығармашылығына татар мәдениетінің тигізген әсерін айтады. Бұл ойын жазушының: «Мені тәрбиелеп өсірген үш адам болды. Оның біріншісі қазақ халқының ауыз әдебиеті болса, екіншісі және үшіншісі – орыстың классикалық әдебиеті мен татардың классикалық әдебиеті» деген сөздерімен растайды.

*С. Қорабай.*

**ІЗҒҰТТЫ** (Ш и б а й) Құнанбайұлы (1835–1902), Құнанбайдың асырап алған баласы. Оның өз әкесі – Мұхамеджан (Сақау) Нұранұлы. Баланың келген жолы, ізі құтты болды деп, «Ізғұтты» атанып кетеді. Тоқпабөт төбелесінде де, Мұсақұл қақтығысында да Құнанбай қолын І-ның басқарғаны белгілі. «Айбалталы, найзалы тогтың басы ер Ізғұтты болатын. Бұлар араласты да, Жігітте жағын еріксіз қашырып, бастыра жөнелді. Ізғұтты өз қолындағы айбалтамен Пұшарбайды кезей қуып еді, арадан қорғамақ боп Қарекке кеп қилккенде, Ізғұтты соны құлаштап кеп бастан шартты. Жасқанып қалған Қаракенің дәл басына айбалта тимеді, бірақ мұрнын шауып түсті» («Абай жолы», «Бел-белесте» тарауы). Ө. Құнанбай қолға алған істің ауыр-жеңілін оның жұмсаған адамдарының жүрісі арқылы көрсетеді; бірінші сатысында Абай, одан асса Жорға Жұмабай, ең салмақты, зілділеріне Жақып, І. жүреді. Тобықты көлемінен арғы сөзге Қаратайды салады. Бұл жағынан алғанда І-ның алатын орны ерекше.

*Т. Тұрғанбаев.*

**«ІЗДЕР»**, жазушының әңгімесі. 1932 ж. хатында жана ағым, жаңа қоғам құрылысына бет бұрамын деп айтқандарына жауап ретінде жазылған. Әңгімені жазбастан бұрын Оңтүстік Қазақстан облысын аралағаннан кейін «Жуалы колхозшысы», «Сөз алған – тау сағыз бен көк сағыз» очерктері жарияланған еді. Осылардың ізін ала «Білекке білек», «І» әңгімелері дүниеге келді. Әңгіме «Әдебиет майданы» (1933, №8) журналы мен «Қазақстан кеңес жазушыларынан IX топқа тарту» (1935, 13–67-беттер) және «Тас түлек» (1935, 145–197-

беттер) жинағында басылды, соңынан 6, 12, 20 томдық шығармалар жинақтарына енді. Әңгіменің қолжазбасы сақталмаған, оны жарық көрген нұсқаларымен салыстырғанда, аздаған өзгерістер бар, басылымға аздап жөндеулер енгізілген. Әңгіме колхоз тақырыбына арналған, жаңа құрылыс жолында еңбек етіп жүрген адал, момын, қаралайым жаңдар қатарында бұзық ойлы пысықтардың іс-әрекеттері де суреттеледі; жаңа қоғам, жаңа өзгеріс санасын қатты түлеткен еңбек адамдарының алға ұмтылулары мен өз арнасына енді-енді түсе бастаған колхоз ісін бүлдіріп, ірітуді ойлайтын Жұматай деген пысықтың айналасындағы тоқты көрсетеді. Колхозшы Несіпбай қызыл әскер қатарында отряд басқарған, әйелі осы елдің бұрынғы жуаны Жүсіп дегеннің тоқалы, қазір колхозды басқарып жүрген Құлжатай екеуі сол Жүсіптің жалшысы болған. Енді бір тілек, бір мақсат соңында жүр. Құлжатайдың шешесі әкесі өлгеннен кейін әлдекімге қосылып, бес жастағы інісі Кәрімді алып Ташкент жағына кеткеннен кейін, өгей әкенің жәбірине шыдамаған Кәрім адасар, ағасы Құлжатайды табады. Бұларды осындай күйге түсіріп, тоздырып жіберген – әлгі Жұматай. Бұрын белсенді болса, енді ауыл кеңесінің төрағалығында отыр, ұзын бойлы, әдемі қара мұртты, бешпет-шапаны қала үлгісімен татарша тігілген, белінде белдік, басында сусар берік, жаяу жүргенін ешкім көрген емес. Сондағы екі сөзінің бірі – исполком, прокурор. Былайғы жұртқа олармен сыбайлас адам болып көрінеді және олардың «өзің бәлі берсеңші, Жұматай деді» деген сөзі аузынан түспейді. Айналасы бұрынғы жуан Бердібектің алып кел, барып кел, шауып кел жігіттері Жетпісбай, Шәлтік сияқтылармен қоршалған, оның сойыл соғар оң қолы болып алған, ойлары Құлжатай басқарған Несіпбек, Шөрім, Өшімдердің араларына жлік салып, істерін ақсату. Әңгімеде көрініс тапқан, көтерілген мәселелер – осылар. 30-жылдардағы «Білекке білек», «Күм мен асқар», «Бүркітші», «Қасеннің құбылыстары» әңгімелері мен кейбір пьесаларында уақыт шындығын ашып жеткізу көзделгенімен, заманының жау іздеушілік тенденциясынан асып кете алмаған және бұндай әрекеттерге амалсыздың күнінен барғандығын аңдау қиын емес. Себебі қаламаған тақырылқа еріксіз барғандықтан, бұлар 30-жылдарға дейінгі әңгіме-повестерінің көркемдік деңгейіне, суреткерлік қуаттылығына көтеріле алмаған, «І-ден» де осы жай анық аңғарылады. Сондықтан бұл шығарма да очерк деңгейінен онша алыс емес.

*Т. Әкім.*

**ІЗКӘЙІЛ** (З и к е ш) Абайұлы (1895–1929), ұлы ақынның Әйгерімнен туған ұлы. Қыстауы Ақшоқыдан төменгі қорықта. Домбыраны жақсы тартып, ән салған, скрипкада ойнаған. Арабша білім алған. Әйелі Бибіштен Тоқтамыс (Тоқтай) деген ұлы болған. 1929 ж. Семей қаласында қайтыс болып, сүйегі елге апарылып жерленген. 1917 ж. «Еңлік – Кебек» пьесасын Ә. Ойқұдықта киіз үйде бірінші рет қойғанда, Абыз рөлінде ойнаған. Үш ішекті домбырасы Абай мұражайында сақтаулы. Ахмет Әуезов «Бала Мұхтар» кітабында І. туралы недәуір мәліметтер жазған. Оны скрипкашы болатын, Мұхтармен бірге аңға шығып тұратын еді деп еске алады.

*М. Бейсенбаев.*

«ІСКЕ СӘТ», жазушының мақаласы. 1961 ж. Ө. Әлімжановтың «Күнге бет алған көруен» повесіне «Іске сәт» деген атпен алғы сөз ретінде жазған. Алғы сөзді үш бөлімге бөлуге болады. Бірінші бөлімінде сол кездегі одақтас республикалардың бір топ талантты жазушылары туралы айтылған. Автордың пікірінше, олардың бәрі ұлт қаламгерлері болғанмен, бәрі өз туындыларын орыс тілінде жазады, бұл – заңды да, өйткені қос тілділік қоғам мәдениетінің даму барысындағы тарихи құбылыс, ал бұл үрдіс барған сайын дами бермек. Екінші бөлім жас жазушының шығармашылық ауқымын баяндауға арналған. Үшінші бөлімде аталған повестің мазмұны мен көркемдік жетістіктерін таныта келіп, Ө. жас қаламгердің ірі шығарма жанрындағы алғашқы адымына асқан білгірлікпен баға берген. Мақала алғаш рет «Ленинская смена» газетінде 1961 ж. 9 сәуірде, кейін аталған повестің 1963 жылғы басылымында жарық көрді.

*А. Есдәулетов.*

«ІСТЕРІ СӨЙЛЕЙДІ», жазушының 1933 ж. жазылған очеркі. Онда Жуалы ауданының «Ленин жолы» колхозының партия ұясының хатшысы Науменко есімді әйелдің бейнесі сомдалған. Ө. Оңтүстік аудандарға 1933 ж. жазда және күзде екі рет барған. «Социалды Қазақстан» газетінің 1933 жылғы 12 қарашадағы санында жарық көрген «Мирзоян жолдасқа ауылға барып қайтқан жазушылардың хаты» ерекше назар аударарлықтай. Мақала соңында қол қойған 8 жазушының бірі – Ө. Бұл хатта Мұхаң жекелеген очерктеріндегі қамтылған мәселелердің басын қосып, «Колхоз үшін күрес» деп шартты түрде аталған роман да жазбақшы болғандығын аңғартады. «Социалды Қазақстан» газетінің сол жылғы қараша айындағы нөмірлерінің бірінде жарияланған «Қызыл кітап» атты бас мақалада: «Мына жолдастар 24 октябрде колхоздарға жүріп кетті... Өуезұлы Жуалы ауданы «Красный Восток» колхозына барады» деп хабарлаған. Ө-тің Оңтүстік аудандарына барған осы сапарларының нәтижесінде жазылған очерктердің бірі осы «І. с.». Шығарма тек Науменко есімді хатшы әйелдің ғана емес, оның сүт фермасында жұмыс істейтін жолдасы Ақпайдың да колхоз ісіне берілген бейнесі ашылады. Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің көшпелі қызыл туын жеңіп алған озат колхоздың шаруашылық табыстарын, мәдени-әлеуметтік жағдайын қазақ тілінде, тіпті жергілікті сөйлеу тілінде әңгімелеп отырған украин әйелінің өзі туралы «Науменко кім екен?» деген оқырман көкейіне ұялаған сұрақтың жауабын очерктің түйінінде бір-ақ білеміз. Бұл – шығарманың композициялық архитектуронасық түрлендіре отырып, оқушыны қызықтыру мақсатынан туған автордың өзгеше жазу тәсілі. «Маған іс істеу қиын. Қиындығы – шала сауаттымын. Бұрын осы қаланың халықтарында малайлықта болған. Больницада істегем. Қара жұмыс пен жалшылықта күнім кешкен. Беріде бала бақшасын басқардым. Дәл осы орнымнан бұрын колхоздың оғородында бас қарауыл бол ем. Ендігі әңгіме-ісімде білім керек» деп сөзін төмамдайды. Жазушы мұрағатында очерктің түпнұсқасы сақталмаған. Автор шығармада халықтың сөйлеу тіліндегі жергілікті ерекшеліктерге айрықша ден қойған. 20 томдық шығармалар жинағының 8-кітабына очерктің 1933

жылғы «Социалды Қазақстандағы» нұсқасы бойынша бірлі-екілі сөздер ғана редакцияланып, негізінен сол қалпында енгізілді.

*Б. Жақып.*

«ІРІ ОҚЫМЫСТЫ», жазушының мақаласы. І. Кеңесбаевпен бірге жазған. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1957 ж. 5 желтоқсан күні жарияланған. Мақалада Қ. Жұбановтың көп қырлы оқымысты екені, математикадан, физикадан, химиядан техникумдарда сабақ беріп, философияны, логиканы, психологияны, рефлексологияны тесіле зерттегені атап өтілген. Әсіресе оның тіл білімі саласындағы еңбектері жоғары бағаланған. «Құдайберген стилі жатық, тілі орамды, мейлінше шебер жазатын адам еді. Оның журналистік, публицистік қабілеті, әдебиет, мәдениет қазыналарын терең білетіндігі, ғылымның көптеген салаларына байланысты өріс кең білімі өзінің мамандығы болып кеткен тіл білімімен астасып, жігі білінбей, ұштасып жатады, қазақ күйлерінің тарихы жайындағы тарихи-лингвистикалық очеркінде Құдайберген қаламы теселген шеберліктің аса бір нәзік үлгісін көрсетеді... Құдайберген Жұбанов аса ірі зерттеуші-түркологтардың қатарынан орын алады» дейді авторлар. Мақалада Жұбановтың қазақ күйлерінің тарихы туралы очерктерінің, Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына арналған мерекеде жасаған баяндамасының орны ерекше. Абайдың өлең құрылысындағы тілдік ерекшеліктерді алғаш көрсеткен де Қ. Жұбанов болды. Ол араб, парсы, түрік, неміс, ағылшын, француз тілдерін білгені, өз дәуірінің ірі тіл зерттеушісі оқымыстылары Е. Поливанов, И. Мешанинов, В. Богородицкийлермен пікірлес болғаны, оның жалпы тіл білімі мен қазіргі қазақ тілі, түркология жөніндегі лекциялары қазақ интеллигенциясының қалың көпшілігінің назарын аударғаны айтылған. Сондай-ақ Қ. Жұбановтың орфографияға, терминологияға, қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған еңбектерінің құндылығы, әсіресе «Қазақ тілінің грамматикасы» деген еңбегінің қазақ тілінде оқулық жазатындар үшін тамаша үлгі екені баса көрсетілген.

*Р. Бердібай.*

**ЗЙХЕНБАУМ** Борис Николаевич (1880–1959), орыс әдебиет зерттеушісі. Э. 1918–49 ж. Ленинград университетінде оқытушы болды. «Пушкин және 1825 жылдың қозғалысы» деп аталатын алғашқы зерттеу еңбегі шықты (1907). Осыдан кейінгі еңбектері «Державин поэтикасы», «Карамзин», «Тютчевтің әйеліне жазған хаттары» деп аталды. Л. Якубинский, О. Брак, В. Шкловскийлермен бірге «Орыстың лирикалық әуендері» деген тақырыпта зерттеулер жүргізді. Ө. Ленинград университетінде жүргенде Зйхенбаум, Обнорский, Карский, Гвоздехтердің лекцияларын тыңдады. Сондағы лекцияларының конспектсіне «2. III. 27, 7. 10. 27» деп, күндеріне дейін көрсетілген. Э-ның ертеде шыққан кітаптарының барлығын жазушының оқығанда жазған, сызған белгілері бар, әсіресе Л. Толстой туралы жазғандарын қадағалап, мұқият оқыған. Әдебиет тарихы, теориясы жөніндегі зерттеулеріндегі ой-танымдарына ерекше көңіл аударған.

*Т. Әкім.*

**ЭКСПРОМТ**, әдеби жанр. Импровизацияның бір түрі, көбіне табан астында суырып салып айтылады. Эпиграмма, қағытпа-қалжың түрінде келеді. Қазақ халқында үлкен айтысқа ұласпаған өлең сөзбен қағысу түрінде кездеседі. Ө. экспромт құбылысын айтыс жанрын зерттеуге арналған еңбекте-



рінде қарастырған. Жазушы: «Бұған ақындар әзірліксіз келіп, біріне-бірінің оқыстан тастаған түйіндеріне жауап ретінде, өз өлеңдерін сол орнында ғана туғызады», «әрбір ауызша туған, суырып-салма сөздердің, экспромттардың тағдыры, шындығы солай» деп тұжырымдаған («Айтсың, А., 1-кітап, 1961). Дегенмен Ө. Еуропа дәстүріндегі экспромтқа келетін өлең-қағысудан гөрі қазақ халқында негізгі орын алған толыққанды, шарықтап дамыған импровизация жайын көбірек айтады. «Абай жолы» эпопеясында Майбасарға байланысты Э. өлеңді келтірген.

*Р. Әбдіғұлов.*

**ЭПИЗОД**, суреттеу құралы. Көркем шығарма желісінде мәні бар жеке-жеке оқиғалар, бас-аяғы тиянақталған бөлшектер. Мұндай эпизодтарда кейіпкерлердің белгілі бір уақыт аралығындағы қимылы, ісі, басынан кешкендері шығарманың композициялық құрылысын шырқытырып, шымырландыра түседі. Әрине суреткер олардың сюжеттегі бір-бірімен сәйкес келуін қатты қадағалайды, кейіпкер характері бірнеше эпизодта да ашылады. Бұлардан басқа эпизодтық кейіпкерлер де болады, ол содан қайтып басқа жерлерде кездеспейді. Мысалы, Ө-тің «Өскен өркен» романындағы Алуаны алуға болады. Ол «*Үміт қыздың өлімі*» деген жыр негізінде алынған. Осы оқиға романда жинақталып, кең ауқымда көрініп, қайғылы халмен аяқталады, әрі қарай жалғасын таппастай болып, осымен үзіледі. Жазушы осы романына дерек жинау барысында «Екі оқиға» деп, эпизодтық жағдайды жазып алған, соның біріншісін Айсұлу–Сағит арасындағы оқиғаға пайдаланды. Осылайша көркем шығарманың бірнеше оқиғаларына негізделетін Э-тар Ө-тің басқа шығармаларынан да кездеседі.

*Т. Тұрғанбаев.*

**ЭПИЛОГ**, автордың шығарма соңында жазылған қорытынды сөзі. Негізінен бұл оқиға желісінен бөлек тұрады, соған қарай, автордың идеясын толықтырып, ондағы кейіпкерлер жай-күйінен мағлұмат береді, олардың іс-әрекеттерінің жалғастығын көрсетеді, автордың философиялық, эстетикалық, адамгершілікке қатысты тұжырымдары айтылады. Ө. «Абай жолының» алғашқы екі, соңғы екі кітабын Э-пен аяқтаған. Біріншісінде ақыңдығымен танылған Абайдың, әні өз айналасы ғана емес, бүкіл байтақ далаға тарағанын, далаға жаңа леп, тың жаңалық әкелгенін көрсетеді. Шығарманың осымен аяқталмайтынын: «Абай кең далаға тағы қарап еді. Мұхит емес, күндегі құлазығын дала боп көрінді. Ол – әлсіз, жүдеу Ералы жазығы. Сол жазықта шаң шығады. Будақ-будақ бүлік шаңы... Теніз де, қиял да жоқ. Аз алданыш, қуаныш та сөне берді. Тағы өмір шындығы, тағы тірлік тартысы Абай алдына еселі сыбаға тартты» деген жолдар сезіндірсе, соңғысындағы: «Алтын терек, арсыға құлаш ұрған ардақты азамат, сен өлмейсің! Еліңнің жалғыз жан, ең соңғы ұлы ма, қызы ма, ең кейінгі нәсілі бірде-бір жан болса, сонда да кеудесінде сенің атың бірге кетеді. Сенің тірлігің бірге жасайды, сенің нұрың бірге жарқырайды!» деп, шығарманың біткендігін, оның кейіпкерінің орнын, салмағын, болашақ үшін қандай болып қаларын ұғындырады.

*Т. Әкім.*

**ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ӘДЕБИЕТ**, эпистолаграф и я, әр түрлі хат түрінде жазылған шығарма. Бұған жеке адамдардың бір-біріне жазған, тарихи-мәдени мәні бар, әдеби мұраға айналған хаттары да жатады. Әдеби жанр ретіндегі тарихи ежелгі,

## ЭПОПЕЯ

ескі дәуірден басталады. Қазақ әдебиетінде Ш. Уәлихановтың, Ы. Алтынсариннің туған-туысқандарымен, орыс достарымен хаттары эпистолярлық мұра болып саналады. Бірқатар қазақ ақындары өлеңмен хат жазысқан. Ө. «*Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі*» атты мақаласында айтыс өлеңдерінің ертеректе ауызша әдебиетке, бертін келе жазба әдебиетке кіргенін, «екі кісінің айтысуынан немесе екі кісінің жанынан туатын өңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде», бертін келе орыстарда туғанын, оны орыстар «Бишара адамдар» деген кітапқа жинақтағанын айтып, «мұндай өңгімелерді эпистолярный роман деп атаған. Біздің айтыстардың көбі – осы эпистолярный роман түріндегі өлеңдер» екенін айтқан. Демек ұлы жазушының бұлай деуіне қарағанда, қазақ айтысы ауызша түрдегі Э. ә-тің бір жанры ретінде қалыптасқан. Ал Мұханның қалам қайраткерлерімен, жақын-жұрағаттарымен, сондай-ақ бірнеше жыл бойы Ф. Құтымовамен жазысқан хаттары нағыз Э.ә. жанрына жатқызуға болады.

*Б. Майтанов.*

**ЭПОПЕЯ**, эпостық шығарманың түрі. Белгілі бір тарихи дәуірдің оқиғаларын кең көлемде суреттеп, бірнеше ұрпақ өкілдерінің іс-әрекеттерін көркемдік тұтастықта баяндайтын туынды. Ө. «Абай» романының жазылу жайынан» атты мақаласында тарихи шығарманың қыр-сырына кенінен түсінік берген. «Өлдеқашан бел асып кеткен көштің айдаладағы жұртына кешігіп жеткен жүргінші сөніп қалған от орнынан боямашы жылтыраған бір қызғылт шоқ тауып ап, оны демімен үрлеп, тұтатпақ болды десек, романға материал жинаған менің халім де дәл сол әрекет сияқты еді» деп, материал жинаудың қиындығын айтса, «Абайдың жеке басына, семьясына тән немесе бүкіл халық тағдырына қатысы бар көптеген оқиғалардың негізінде тарихи шындық бар. Сөз жоқ, тарихи романының правосы бойынша, менде ой, жоба, топшылау, елестету, өзімше қорыту дегендер болды, бірақ соның бәрінің негізінде нағыз болған шындық жатыр» деп, тарихи фактілерді көркемдік шындыққа айналдырғанын жазған. «Сөздік жағынан менің романдарымның Абай өмір сүрген тарихи дәуірге сәйкес ерекшеліктері мол. Оның үстіне мен Абайдың өз шығармаларының сөздік қорынан да мейлінше пайдаландым. Бұл ретте Абайдың өз шығармашылығындағы эволюцияға, ақыл-ой жағынан, жалпы мәдени өсуіне сәйкес тіл жөнінен де үлкен эволюциясы бар екенін» ескертіп, эпопеялық туындыға тән тағы бір ерекшелік – тіл дейді. Сондай-ақ тарихи туындыларда кейіпкерлердің өмірлік дерегі, прототиптері, оқиғаларға арқау болған өмір шындығы өзара орайласып, байланысып келуі шарт. Бұл тұрғыдан келгенде, тарихи тұлғаларды жасанды қылықтармен, нанымсыз әрекеттермен сипаттап, суреттеудің қажетсіздігін айтқан. Өйтпейінше эпопеялық шығарма шымыр, ширақ, табиғи болып шықпайды. 30-жылдары жазған «Татьянаның қырдағы әнінен» бастап, Абай туралы бірі-ірі зерттеулері мен драмалық шығармасы т. б. болашақ дәуірлеріне апарар бағыт-бағдар еді. Осындай мол ізденістің, көп еңбектің нәтижесінде «Абай жолы» эпопеясы туды. Бұл туынды эпопеяның барлық талаптарына жауап береді.

*Ш. Ыбыраев.*

**ЭПОС**, әдебиеттің тегі. Ерекшелігі суреттеп отырған өмір құбылыстарын кең көлемде, жан-жақты қамтып бейнелейді. Онда баяндау тәсілі басым болып, оқиға тікелей куәгер болған адамның атынан айтылады. Эпостық шығармалар ауыз әдебиетінен бастау алады. Э-тың аңыз, ертегі, әңгіме, новелла, повесть, роман, поэма (дастан) т. б. жанрлары бар. Э-тің пікірінше халық арасында әлдебір батырдың қоштауы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырды алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп тұңғыш эпостық дастанның тууына негіз қалауы ықтимал. Бір ақынның аузынан екінші ақына көшкенде, дастан толысып, оқиғасы қалыңдап, молығы түсіп отыраған. Эпостық дастанның туып, қалыптасуына ақындармен бірге халық та қатысқан, кей нұсканы қабыл алып, кейбір нұсканы жақтырмаған. Дастанның бар ақын жырлайтын тұрақты, түбегейлі нұсқасы жасалғанша, осылай болған. Ұлы жазушы «Әдебиет тарихы», «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», «Қырғыздың батырлық эпосы – «Манас» т. б. зерттеу еңбектерінде Э. жанрының түрлеріне терең талдау жасаған.

*Р. Бердібай.*

**ЭСТЕТИКА**, Жазушының шығармаларындағы фольклор эстетикасы. Жазушының өткен ғасырдың 20-жылдарында бастаған ғылыми-зерттеу қызметі қазақтың эстетикалық мәдениетін дамытып, қалыптастыруға кең жол ашты. Бұл әуелі «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», «Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мәселелері», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ертегілер», «Айтыс өлеңдері», «Дәстүр мен жаңашылдық туралы», «Қазақтың халық шығармашылығы және оның поэтикалық ортасы», «Қазақ эпитос и дореволюционный фольклор», «Ценные памятники киргизского и казахского фольклора» т.б. мақалалары мен зерттеулерінен көрініс тапты. Бұл еңбектер қазақ халқының сан ғасырлар бойы жасаған баға жетпес рухани асыл қазыналарына негізделген. Әр түрлі жанрға бай қазақ фольклоры эстетикалық іс-әрекеттің ерекше бір түрі ретінде бағзы заманда қазақ халқының эстетикалық сана-сезімінің қалыптасуына игі ықпал етті. Мысалы, ертегі, аңыз әңгімелер мен батырлар жыры эстетикалық мұраттың дамуына, ал тұрмыс-салт жырлары мен ән өлеңдері эстетикалық сезімінің, айтыс өлеңдері халықтың эстетикалық талғамының дамуына түрткі болды. Э. өз зерттеулерінде фольклорды, арнайы эстетикалық мәдениетке жатқызбағанмен, оны әдебиет тұрғысынан зерттей отырып-ақ, фольклордың өзіндік ерекшеліктерін атап көрсетті, сөйтіп оны отандық эстетикалық мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік туғызды.

Эстетикалық қатынас әсіресе адамның көңіл күйі мен эстетикалық сезіміне әсер ететін ән өлеңдері мен ақындар айтысында мольнан байқалады. Онда автордың бейнеленген өмір құбылыстарына, адамның мінез-құлқына, істеген істеріне, табиғат пен қоғам көріністеріне эстетикалық бағасы беріледі. Фольклор шығармаларының бейнелер жүйесінде эстетикалық қатынас әсемдік туралы көзқарас арқылы эстетикалық мұрат тұрғысынан көрінеді. Демек белгілі бір фольклорлық шығармадағы эстетикалық құнды пікірде сұлулық критерийлері, сезім

деңгейінде қабылдау, сондай-ақ жақсылық пен жамандық жайындағы моральдық түсініктер, шындық пен өтірік туралы гносеологиялық түсініктер сипатталады. Мысалы, сөз жарысы саналатын айтыста суырыпсалма ақындар өз ойларын «әсем», «көрікісіз», «қайғылы», «күлкілі», «асқақтық», «пасықтық» сияқты эстетикалық категориялар арқылы баға беріп, тыңдаушының көңіл күйіне әсер етеді. Эмоциялық-эстетикалық жағынан бұдан да күшті әсер ету үшін, орындаушылар табан астында өткір де ұшқыр өлеңдер шығарып, тыңдаушылардың жан дүниесін еріксіз баурап алады. Жарысқа түсуші ақындар тапқырлықпен, бір-біріне шеберлікпен кезек-кезек шабуыл жасап, тыңдаушыларын әр түрлі дәрежеде қызықтырып, еліктіріп, сан қилы салып отырады. Оның үстіне айтыс ақындардың азаматтық бет-бағдарын айқындап, айтысушылардың сыныш мен тәрбиелеушінің дәрежесін атқаратындығын көрсетеді. Халықтың ақындар қазақтың бұрынғы феодалдық қоғамын сыннай отырып, қоршаған ортаға реалды түрде баға беру арқылы, халықтың әлеуметтік белсенділігін, құндылықты бағдарлары мен эстетикалық талғамдарын қалыптастыруға септігін тигізгіп отырады: «... Екі ақын айтысының үстінде, елді билеп жүрген хан, төре, болыс, би, аталы шоңжар, қажы-молдалар – қысқасы әр ортаның ірі атқа минерлері, әмірші әкімдер туралы, бай озбырлары туралы да тура сөздер жалтармастан қатты айтылады. Ол жуандар осындай ақындар айтысының көбінің нәтижесінде қарсы айтқан ақынның айыптау зілі, әшкерелеу сөзі, ашы мазак мысқылы арқылы халық алдында таңбаланып, қарғыс атқа ілініп жүретіні де болды... Олар үшін айтыс белгілі ортадағы бай жуанды орнынан тұрғысыз қып, маскаралауға үлкен таптық құрал болған» дейді Э. «Айтыс өлеңдері» атты еңбегінде.

Фольклорлық ақындарды тыңдау мен орындаудың негізгі шарттары оның келесі жанрлық белгісі – тұрмыстық жағдаяттарына байланысты. Мұның ең алдымен ақындар айтысына және жалпы ән жанрына тікелей қатысы бар. Тұрмыстық жағдаяттар тыңдаушы аудиторияның көлемімен, оның аз-көптігімен және орындау ерекшеліктерімен – жеке, хормен, аспаппен, аралас т.б. өзгешеленеді. Мысалы, жеке және кезектесіп орындалатын айтыс өлеңдері үлкен аудиторияны қажет етсе, үйлену жыры «Жар-жар» да сондай, ал қалыңдықтың қоштасу өлеңі «Сыңсу» шағын ғана топқа арналады. Тақырып, эстетикалық қатынас, тұрмыстық жағдаяттар фольклорлық шығармаларда бейнелі (образды) түрде көрініс тапқанда ғана маңызды болмақ. Фольклорда көркем бейнелер жасаудың тәсілдері мен құралдары (соңғы жанрлық белгісі) өзінің логикалық және ішкі даму заңдылықтары арқылы өнердегі ойлау формаларымен теңеседі. Қиял-ғажайып ертегілері мен батырлар жырын қоспағанда, фольклордағы көркем бейнелер белгілі бір өмір шындығын бейнелейді де, орындаушының дүниеге эмоциялық және интеллектуалдық қатынасын тұтастай көрсететін рухани жағынан бай мазмұнға ие болады. Бұл адамдарға белгілі бір құндылықты – таным түсініктерін, эстетикалық идеялар мен мұраттарды жинақтап құрасетін фольклорлық өнердің бейнелі тілі туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді.

Ұлы грек философы Гераклиттің «бір өзенге екі рет қайта түсу мүмкін емес, себебі ол өзгеріп, үздіксіз жаңарып отырады» деген нақылдан Э. өзгерткірлен

«екі рет бір өзенге түсе алмайсың» деп, міндетті түрде дәстүрде жаңашылдықтың болатынын ескертеді («Дәстүр мен жаңашылдық жайында»). Жазушының пікірінше, дәстүр болмысты көркем бейнеге айналдырудың ғасырлар бойы машықтаған тәсілдерінен және айналамызды қоршаған қоғамдық орта мен табиғатты ой таразына сала отырып бейнелеудің ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан қағидаларынан құралады; соның бір көрінісі – ауыз әдебиет үлгілері, ал жаңашылдық – фольклордың қазақ жазба әдебиетінде қайта жаңғыруы. Ө. фольклорлық материал негізінде «Еңлік-Кебек», «Қобыланды батыр», «Айман-Шолпан» пьесаларын жазу арқылы өзінен кейінгі бір қауым ұрпаққа көркем мұраны тиянақты пайдаланудың тамаша үлгісін көрсетті, сөйтіп туған халқының рухани асыл мұраларының сабақтастығын таныта білді. Қазақ драматургиясының негізін сала отырып, Ө-тің фольклорлық пьесалары сахна өнері арқылы ауыз әдебиетінің үлгілерін шебер пайдаланудың айқын мысалы болып табылады. Жазушы қазақ халқының фольклорын өзгеше түрде, жаңа тұрпатта жаңғырту барысында бейнелеу құралдарын асқан шеберлікпен қолданды, ауыз әдебиетінің тұжырымдарын тереңдете дамытты, мән-мазмұнын ұқыптылықпен байытты, идеялық-эмоциялық әрекеттің адамның жан дүниесіне әсер етуін күшейтті. Ө. лирикалық драмаларда тартысты күшін ұлғайтып, бақытсыз махаббаттың идеясын барынша шиеленістірді, бірін-бірі сүйген жастардың шеккен қайғы-қасіретін шынайы түрде суреттеді.

Алғаш рет фольклор тақырыбына жазған «Еңлік-Кебек» пьесасында жазушы өз тағдырын жүрек қалауы бойынша шешуге ұмтылған екі жастың тағдырын ескі мен жаңаның арасындағы тартыс дәрежесіне дейін көтеріп, трагедиядағы эстетикалық категорияға байланысты дамытқан. Олар қатыгез заманның құрбаны ғана емес, сондай-ақ өздерінің бақыты, бас бостандығы, арманына жету жолында белсенді күрескерлер ретінде де көрінеді. Өз ортасының озбырлары мен жыртқыштарына қарсы монолог түрінде кекті, ызалы сөздерін бiшешендердің айтысы тәрізді кезікседі. Сөйтіп ескі феодалдық салт-сана әмеңгерлік, күллі қайғы-қасіреттің түп тамыры, себепшісі іспетті суреттеледі. Ал «Айман-Шолпан» пьесасы тұрмыстық трагикомедия жағрында жазылып, эстетиканың екі категориясында – комедиялық және трагедиялық сипатта тоғысқан. Бұл ретте шығармадағы трагедиялық хал көртартпа салт-дәстүр арқылы емес, керісінше, бітіспес атыс-шабыс, барымта-сырымта сияқты феодалдық тәртіп арқылы көрініс тапқан.

«Қаракыпшақ Қобыланды» атты драмасында күшті, ер жүрек, халық қорғаны Қобыландының бейнесі арқылы қазақ елінің эстетикалық мұратын айқын танытты. Ол тамаша халық батыры ғана емес, сонымен бірге қаһарманның эстетикалық категориясын жасаушы адам ретінде суреттеліп, қарапайым халықтан шыққан ержүректің ел үшін жасаған теңдессіз қызметінің құндылығын айқындай түседі. Демек автор пьесада қаһармандықты қиындықтан қорықпайтын, ерекше көркем тұлға арқылы бейнелеген. Батырдың рухани және табиғи күшін ерлік пен асқақтықтың шыңы сияқты шеңдестіре отырып, драматург болашақ ұрпаққа өз халқын, өз атын, өз Отанын сүю арқылы зор адамгершілік мақсатқа бастайтын, ұлы мұраттарға апаратын даңғыл жолды нұсқайды. Ө. «Ертегілер» деген зерттеуінде қиялғажайып ертегілеріне жан-жақты талдау жасаған.

Мұндай ертегілер ерте заманда туса да, қазақ халқының тұрмысын, салтын бейнелейді, күнделікті өмір шындығын тікелей, сол қалпында емес, эстетикалық тұрғыда бейнелеп көрсетеді. Өмірдегі тартыстар, болмыс көріністері, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы – бәрі халықтың эстетикалық рухына сәйкес түзіледі. Ертегідегі бас кейіпкер, эстетикалық мұрат – халық идеялы. Жазушының пікірінше, қиял-тудырған бейнелер арқылы халықтың еңбек пен табиғат күштерін шығармашылық жолымен жеңбек болған арманы көрінеді. Мысалы, жерде жүрген жүрісі өңдімеген, талаптілегі таудай адамзат «аспанда ұшар ма едім?», «көк күмбезге мен де құстай биік самғасам» деп қиялдаған. Демек, адам баласының кейінгі дәуірлерде техника жөнінде талқан зор жаңалықтары, ертегінің қиял бейнелері көп нәрсені алдын ала болжап аңғартқандай әсер қалдырады. Сондықтан қиялғажайып ертегілер өзге ертегілерге қарағанда эстетикалық жағынан ерекше, бөлекше болып қалыптасқан. Ұлы жазушының бұл айтқан пікірлері әлі күнге дейін маңызын жоғалтқан жоқ.

Осы зерттеудің «Алдар Көсе» тарауында қаламгер комедиялық категорияның оның сатира, мысқыл тәрізді түрлері арқылы дамыта түседі. Алдар Көсе әңгімелері қоғамдық жай-күйлерді, сорақы мінез-құлықтарды «сынағыш, мазақ еткіш сөздермен айтады. Тапқырыққа, жүйріктікке, шапшаңдыққа құрылған Алдар Көсенің күлкілі әңгімелері ескірмей, көп заманды көктей өтіп, ұмтылмайтын, жойылмайтын шығармаға айналған. «Алдардың әңгімелерінде күлкі, мысқыл қоғам құрылысының, қоғам тартысының құралы болғандықтан – осылай. Және бұл құрал, бұл күлкі – өлмес елдің өшпес құралы. Сондықтан ол үнемі жаңғырып, өсіп, көбейіп отырады. «Алдар аты – күлкі, күлкіге өлім жок» деп, данышпан жазушы дәл тауып айтқан. Фольклорды «өткен заман жайын шертетін өлмес, өшпес, дана шежіресі, адамның тылсым табиғат сырларын ашуға, өзін қоршаған жадау ортадан алыстағыны болжап білуге тыным таппай ұмтылуына» («Қазақ халқының эпосы мен фольклоры») көмектесетін «өмір оқулығы» дей отырып, Ө. ауыз әдебиетінің үлгілері қазақ халқының өмір шындығын, қазақ баласын айнытпай танытатын баға жетпес құрал деп түсінді. «Өйткені жас қазақ мәдениетінің болашақтағы тағдыры берік те сенімді тұғыр саналатын ұлан-байтақ алып тың жер сияқты халық поэзиясымен байланысты болмақ. Сондықтан да оған тек қана көңіл бөлмей, оны алуан түрлі жақтан жинап, жариялап және жүйелі тарихи-әдеби зерттеулер жүргізіп, бағалау қажет» («Қазақ халық шығармашылығы және оның поэтикалық ортасы»).

Л. Ақбаева.

**ЭСХИЛ** (б. з. б. 525–456), ежелгі грек драматургі, трагедия атасы. Трагик ақындардың мүшәйрасына 12 рет қатысып, бәрінде жеңіп шыққан. 80-ге жуық драмасының бізге 7-уі ғана жеткен. Бұған «Жалбарынғандар», «Парсылар», «Бұғаудағы Прометей», «Фивтің жеті жауы», «Орестей (трилогия: «Агамеленон», «Табыт жанындағы құрбандық», «Эвменида»). Оларда афини демократиясының гүлденген кезі бейнеленген. Жалпы шығармалары гуманистік пафосқа толы болып келеді. Ө. «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» атты мақаласында грек театрының шығу тарихын, Дионис

құдайды егжей-тегжейлі сипаттай келе: «Дионис мейрамының құрбан шарлардағы өлеңінде бұрын оқиға хормен, жалғыз өлеңші екі-ақ кісі сияқты болып араласатын болса, Эсхил бұл мейрамды бұрынғыдан көрнекті қылып көрсету үшін жаңағы оқиғаның ішіне тағы ойнаушыны қосқан. Сонымен Эсхил заманындағы драмаға араласатын ойнаушылар үшінші кісі болған. Содан кейінгі замандарда драмаға кірушілердің саны көбейе берген» деп, грек драматургінің ұлттық театр өнерін жаңғыртқанын, оған соны леп әкелгенін, сөйтіп өзінен кейінгілерге зор ықпал жасағанын жазған.

*Н. Ерсарыұлы.*

**ЭТНОГРАФИЯ,** қоғамдық ғылымның тайпалар мен халықтарды зерттейтін саласы. Э. халықтардың, көне этностық топтардың шығу тегін, ру-тайпалық құрамын, қонысын, ерекшеліктері мен ортақ жайларын, тарихи және мәдени қарым-қатынастарын, күнделікті тұрмысын, кәсібін, қоғамдық және отбасылық байланыстарын, заттай және рухани мәдениетін зерттеумен шұғылданады. Э. тарихпен, археологиямен, әдебиетпен, лингвистикамен, демографиямен, географиямен т. б. ғылым салаларымен етене жақын, өзара байланыста. Э-тің «Абай жолы» эпопеясы қазақ өмірінің этнографиялық энциклопедиясы іспеттес. Өйткені онда тікелей Абай өміріне байланысты, қала берді 19 ғасырдың ортасынан 20 ғасырдың басына дейінгі жарты ғасырлық қазақ елінің болмысы түгелдей дерлік суреттеледі. Негізінен қазақтың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірі, заттық және рухани мәдениеті, діни наным-сенімдері мен әрқилы әдет-ғұрыптары, салт-саналары жан-жақты қамтылған. Романның басынан аяғына дейінгі Тобықты жұртшылығының, әлеуметтік топтар өміріндегі мәдени-шаруашылық ерекшеліктер, ашық та анық баяндалып отырады. Бұл әсіресе жылдың төрт мезгіліне байланысты қоныс таңдау, көші-қон кезіндегі көріністерден, қыстау мен жайлаудағы ауылдар кескінінен бірден байқалады. Барлық қазақ қауымындағыдай Шыңғыс өңіріндегі Тобықты елінің де жазғы көш салтанаты көңілді, сәнді келетіні «Абай жолы» романының өн бойынан байқалады. Әсіресе жайлауға көшу төрт түліктің төлдеу науқаны мен жабағы күзмен аяқталғаннан кейін басталады, оған алдын ала дайындық жасалады. Жайлауға алынбайтын басы артық бұйымдарды әр қыстаудағы қоймаларда қалдырады. Қазақтың әдеттік құқы бойынша иесіз қыстаулардағы қоймаларға ешкім де тиіспейді. Егер жазатайым қоймаға қол сұққан сұғанақтар кездессе, олар қатты жазаланады. Көші-қонның керек-жарағын түгел дайындап, сәтті күндердің бірінде ауыл-ауыл болып, жайлауға бет алады. Әр ауыл өз дәулетіне қарай, 5–10 түйге жүк артып, қыз-келіншектер жаңа, тәуір деген киімдерін киіп, сәнді ерттелген жорғаларын тайпалтып, балалар тайқұнандарымен жарысып, көш салтанатына айрықша көрініс береді. Осындай аса салтанатты Бөжей ауылдарының қаралы көшін кездестіргенде, көш көрінісі тұданған Бөжей атын жетектеген бір топ қыз ішіндегі Тоғжанның сәнді киімі, сұлу мүсіні мен астындағы қара жорғасының әсем жүрісі, әсіресе қыз-келіншектер күнінтенен жоқтау үні, Абайдың көңілін алай-түлей етті емес пе? Мұндай қаралы көш небір қатыгез жүректерді жібітіп,

Абайдың сырлы сезіміне сапымен керткендей, бітпес белгі қалдырған-ды. Осынау қаралы көш жас Абайға көп нәрсені аңғартты: «...Жылаған Тоқжан, жылаған Бөжей қыздары, барлық қаралы көш, иесіз, тұл кетіп бара жатқан анау қазалы киім, тұл ат – баршасы осы барлық қауымның қайғысын да Абайға өзгеше терең түсіндірді» дейді автор. Әрине мұндай сән-салтанаты өзгеше қаралы көшті жабдықтау әлді ауылдың ғана қолынан келуі мүмкін. Бірақ мәселе онда емес. Автордың суреттеуінше, Абайдай ақылды, албырт жастық мәнді алай-түлей күйге түсіп, көзіне келген жасқа иелік ете алмай қалуы тек Бөжейдің аталас жақындығын немесе мынау алдамшы, жалған, күйбің тіршілікте әкесі Құнанбай мен Бөжейдің жараса алмай, алысып өткендігін, тіпті Бөжейдің кешегі кемеңгер Кенгірбайдың лайықты ұрпағы екендігін ойлағандықтан ғана емес, дәл осы толқынысты сәтте жасөспірім Абайдың кейін өзін үздіксіз толғандырып өткен «Өмір деген не, өлім деген не?», «Жан деген не, тән деген не?», «Адам өмірге не үшін келеді, не үшін кетеді?» деген «мәңгілік» жұмбаққа ең алғаш ой жібермесіне кім кепіл?! Әуезов қаламының тылсым күші, міне қайда мезгіейді! Байқаған жаңа қазақтың осы әдет-ғұрып көрінісінде қандай астар, қандай ұғым, қаншама әлеуметтік мәні, сахаралық философия жатыр десеңізші! Кеше Бөжей өлгенде ағайын арасындағы алауыздық салдарынан көңіл де айта алмай қалған Құнанбай ауылдары енді Бөжей асына білек сыбана араласады, бұған өзге емес, Абайдың өзі мұрындық болады.

Қазақ сахарасының теріскей-шығыс өңіріндегі ауа райының ерекшеліктеріне байланысты бұл жерлерді мекендейтін халықтың киім киісінде де, киім үлгілерінде де басқа қазақтан азды-көпті өзгешеліктер бар. Әсіресе еркектің бас киімі, оның ішінде тымасқ үлгісінің ерекшеліктері романда даралана суреттеледі. Мәселен, Балқыбек сиязына жиналған Арғын, Найман, Керей, Уақ адамдарының басына киген тымасқ үлгісінен олардың қай елдің адамдары екенін бірден танысың: «Мырзаларынан бастап, қосшыларына шейін кім үлгілері бірін-бірі бөлек рулар байқалады. Бұнда төрт сай, алаша төбелі Тобықты тымасқы, жіңішке, ұзын төбелі Керей тымасқы, сырмаланған алты сай Найман тымасқы, сегіз сай Уақ тымасқы бар. Бірін-бірі бөлек, шапан-кемзал үлгілері, ер-тоқым, басқалары да Абай көзіне бадырайып, айқын байқалады». Осы ұсақ-түйек, елеусіз сияқты көріністен этнографиялық детальдар қазаққа не үшін керек болды екен? Бәрі бір үлгідегі тымасқ кісе, кімнің басынан түсіп қалушы еді? Ұшы-қиырсыз кең сахарادا өмір кешкен көшпенді қазақтың сырт жаулары да, ішіндегі жаулары да аз болмаған. Сол себепті ауызекі тіл-дескенде, елін, руын сұрастыру күелі тексеру рөлін атқарса, кімнің кім екенін көз ұшынан айыру да көшпенді тұрмыс үшін ерекше маңызды еді. Қазақ өмірінде қашаннан бері сілемін үзбей келе жатқан көне кәсіптің бір түрі – аңшылық. Соның ішінде ең қызықты да қиыны – үлкенді-кішілі жыртқыш құстарды қолға үйретіп, баптап, онымен аң аулау жарлылар үшін маңызды кәсіп болса, көңіл сергек ауқаттылар мен өнер қуған сал-серілер қаршығаға көл жағасынан қаз-үйрек ілдіріп, қыран бүркітті түлкіге түсіруді қызықтап, көңіл көтерген. Сондай қызықты жайлардың біразы «Абай жолы» эпопеясынан кездестіреміз. Мәселен, Шәкенің көк қаршығасының екі сарала қазды бірден қағып

түскенін көрген Абай қаршыға баптаудағы Шәке өнері мен оның құсының мейлінше қырандығына риза болады. Шәке екі қазды Абай мен Оспан ағаларының қанжығаларына байлайды. Бұлай ету, яғни олжасын біреуге байлау – қазақта ежелден келе жатқан ғұрып. Өдетте аңшыларға кездейсоқ кездескен адамның өзіне олжа байланады. Мұндайда бұл ғұрыпты орындамасқа жол жоқ. Өйткені би алдына барған күнде де, олжа сұраушының талабы қисынды болып шығады. Сондықтан «байлау», «не байлану» ғұрпын сақтау – аңшылардың арасындағы бұлтартпас заң. Саятшылықтың тағы бір көне түрі алғашқы қар түсісімен қыстаудан аулақтау елсіз үңірге қостап шығып, негізінен бүркітпен түлкі аулау. Мұндай аңшылықты «салбурынға шығу» дейді. Осындай дәстүрлі аңшылыққа ең жақын достары мен інілерін ертіп, бір қыста Абай да үш қос болып шығады. Осы салбурынды суреттеу барысында Ө. қазақ өмірінің нешеме ғажайып көріністерін бейнелейді. Абайдың Сыбан ішінен көп мал беріп алғызған «Қарашолақ» атанған қыран бүркітін баптайтын білгір бүркітші Тұрғынбай еді. Бір күні бұлар осы маңда салбурында жүрген Бөжей баласы Жобай тобымен кездеседі. Олардың ішінде Абайдың ескі достары Жиренше мен Абылғазылар бар екен. Салбурында жүрген әр қостың адамдары кешкілікте бір-біріне қонаққа барып, әр құстың түлегін, бабын, күйін әңгімелейтін қажетті жерінде ақыл қосатын салты болған. Осындай отырыстың бірінде әңгіме үстінде Абайдың Қарашолағы мен Жобайдың атақты Қарашегірін салыстыра сипаттау, Абылғазыдай құсбегінің құстың бүгінгі жемделуінен, оның ертеңгі қимылын айтыпай білу сияқты сыншылық қасиеттеріне таңырқау, Тұрғынбайдың айдаладан ұшып шыққан бөгде құстың қанат қағуынан-ақ оның Қарашегірін екенін қапысыз тануы сияқты, тіпті сәуегейлікпен ұштасып жатқан көрегендіктер арқылы жазушы саятшылық қызығының үлкен бір хикаясын жасайды.

Қазақ өміріндегі толып жатқан әдет-ғұрыптардың ішінде міндетті түрде орындалатыны адамның шаңырақ көтеруіне байланысты салттар – құда түсу, қыз айттыру, ұрын бару, қыз ұзату, келін түсіру тойлары. «Абай жолында» осындай дәстүрлі ғұрыптардың бәрі де шебер суреттеледі. Қазақта қалыңдықтың ұзатылу тойы мен келін түсіру тойына көп көңіл бөлінген. «Абай жолы» романында Үметей қыздың ұзатылу тойы, ойын-сауық жағынан да, драмалық жағынан да аса қызықты суреттелген. Сонымен қатар қазақта өзінің сүйген қызын айттырылып қойған жеріне жібермей, алып қашу салты болған. «Жесір дауы» аталатын ру мен ру, ел мен ел арасындағы ұзын сонар егесте, барымта да, яғни кезек шабысу да көбінесе осыдан туындаған. Романдағы Керімбала-Оралбай, Мәкен-Дәрмен оқиғалары – мұның тамаша дәлелі. Бұлардан өзгешелеу, Абайдың өзі билік айтқан «Жесір дауы» Керей мен Сыбан арасында әбден ушығып, «Салиқа қыз дауы» атанған Салиқаның қалыңмалына 50 түйе алғаннан кейін айттырған күйеуі өліп, оның 60-тан асқан, екі қатыны бар ағасы Салиқаны алмақшы болып, қосымша қалың мал есебінде тағы да 25 түйе берсе керек. Бірақ, еркін өскен байдың қызы Салиқа мұндай қорлыққа көнбейді. Нәтижесінде Сыбан-Керей арасындағы жауласу, барымтаға жылқы алу екі дуан елдің арасын ушықтырып, ақыры Салиқа дауы екі елдің басын қосқан Балқыйбай сиязында қаралатын бо-

лады да, бұған билік айту, екі жақтың ұйғаруы бойынша, ара ағайын Тобықты атынан Абай әділдігіне сенім арттырады. Қазақта: «Ағайынның ағайыншылығы торқалы той, топырақты өлімде» дейтін аталы сөз бар. Эпопеяда мұндай этнографиялық суреттемелердің ең шұрайлы тұсы Бөжей қазасына қатысты келтірілген. Бөжейді жөнелту мен оның артын күту, асын өткізу сияқты салт-дәстүр мен ғұрыптар өте қызықты бейнеленген. Бөжей көз жұмысымен, отыз-қырық шапқыншы ат тұяғы жетер жерге дейін азалы хабарды жеткізуге аттанады. Іле өлік үстіне тігілген үйдің оң жақ белдеуіне қара тігіледі. Бұл аса бір мәнді нәрсе: «Қара дегені – ұзын найзаның бойына тігілген ту. Бөжей жай қара қазақ емес, төреден шыққан болса, сол төрелердің өз тұқымның туларын тігер еді. Ақ тулы, көк тулы, ала тулы деген төрелердің тұқым-тұқымы, жік-жігі осындайда көрінеді. Ал қарадан кісі өлсе, тудың түсі өліктің жасына қарай болады. Ол жөндерге келгенде, Байдалы ескіге жүйрік Сүйіндікпен ғана ақылдасты. Сүйіндік жас кісі өлсе, туы қызыл болатынын, көрі өлсе, ақ болатындығын айттып келді де: «Бөжейдей орта жастағы кісінің туы бір жағы ақ, бір жағы қызыл болуы керек» дейді. Сөйтіп, қара тігіледі екен, оның қат-қабат астары болған. Біріншіден, ол Бөжей қазасы ерекше жөнелтіледі дегенді білдіреді, яғни оған бір жыл өткенде үлкен ас беріледі, оған дейін арты қатты күтіледі. Ал мұның екінші бір белгісі тағы бар: ол марқұмның мініп жүрген аттарынан екі атты босағаға байлап, кекілі құйрығын шорт кесіп қоя беру. Мұны «ат тұлдау» дейді. Осы екі атта марқұмның асына сойылып, ас осы екі аттың етінен дәм татумен тарқайтын болған. Романда Байдалының тұлданған аттардың сонынан қарап тұрып: «Қаракөктің жұл қайрығы қара ғой. Қаралы ат осы болсын. Кешкенде ерімнің қаралы ер-тұрманы осыған ерттелсін, тұлдаған киімдері осы жылқыға жабылсын! – дейтін бағар емес пе? Жоғарыда айтқан қаралы көште жетекте бара жатқан, ер үстіне Бөжейдің қызыл күрең ішігі жабылып, ердің басына шаншылған қамшы сабына теріс қаратып, марқұмның тұмағы кигізілген жетектегі тұл ат осы Қаракөк еді. Сөйтіп Бөжейдің үзенгілес серіктері, әрі ағайындары – Байдалы, Байсал, Сүйіндіктер ақылдаса келіп, Бөжей өліміне байланысты барлық шығынды ел болып көтеріп, Бөжей үйіне салмақ түсірмеуге келіседі. Қазақ дәстүрі бойынша, өлген адамның жасына, оның қоғамдағы орнына қарай жылы жеткенде ас береді. Ас беру үшін өліктің орта жастан асқан, ағайынға сыйлы, ел адамы дәрежесіне жеткен танымал, қадірлі болуы керек. Асқа алыс елдерден көп қонақ шақырылып, шығарылатын шығын мен сіңірілетін еңбекке бір отбасының шамасы келмейді, сондықтан мұндай үлкен асқа бүкіл ел ортақтасады. Мұндайда ел арасының дау-шар, қоғамдық мәні бар көптеген мәселелері де шешіліп жатады. Ол үшін көп елге алдын ала сауын айтылады. Қазбала жайлауында өткен Бөжей асында да осылай болды. Оның ішінде Жетісудың Жалайыр-Найманы, Қарқаралының Қаракесегі, Дағандының Керейі, Ылдыбайдың Уағы сияқты ірі рулар бар. Демек Бөжей осы Жігітек, Көтібак, Бөкенші, Торғай иелік ететін үлкен ас болмақ. Ас уақыты жақындаған кезде Қазбала жайлауына іргелес Ботхан ошағында отырған

Ұлжан ауылы да асқа байланысты қарбаластан хабардар еді. Осы жайды естіген Абай қайткен күнде де Бөжей асын өткізуге ат салысуды ойластырып, әкесінің келісімін алды. Одан соң асқа қатысу жоспарын Зере мен Ұлжанға айтты. Зере бұл маңдағы Ырғызбай ауылдарының (Құнанбайдан басқа) үлкендерін шақырып, бәріне Абай бастамасына көмектесуін тапсырды. Ертеңіне Абай Қаз-баладағы Бөжей ауылына аттанып, Байдалы, Байсал, Сүйіндік сияқты үлкендерге келіп, Бөжей асына ағайын болып ат салыспақ ойын баяндады. Ең алдымен бар жасау-жабдығымен он үлкен ақ үй тіккізбек, онда 300-дей қонақ қабылдайды, бұл үйлердің ертелі-кеш қонақ күтуін, сойысы мен кымызын, ошақ қамын Абай түгелдей өз міндетіне алмақ. Сонымен бірге Абай өзіне алыстан келетін сыйлы қонақтарды – Бөжейдің нағашы жұртын беруді өтінеді. Үлкендер Абай өтінішінің орынды екеніне ризашылық білдіріп, оған сәттілік тілесті. Бөжейдің асын өткізудегі Құнанбай баласының өнегесі бүкіл елдің, асқа келген қонақтардың есінде қаларлық, аңыз етіп, айтып жүрерлік, тіпті жақсы тәлім есебінде үйренерлік үлкен уақиға саналғандық болды. Бұл Абай атын, оның абыройын одан әрі шарықтатып, дүйім елге әйгілей түсті. Біз шет-жағасын қысқаша баяндаған осы Бөжей асын өткізу рәсімі эпопеяның ең боуы қанық тұсы екені даусыз. Оны оқыған кезде халқымыздың бұрынғы тұрмыс-салтынан, жол-жобасынан, әдет-ғұрпынан дәріс алып отырғандай сезінесің.

*Х. Арғынбаев.*

**ЭТНОМӘДЕНИ СӨЗДЕР**, этнографиялық лексика, жазушы шығармаларындағы ұлттық ерекшеліктерге байланысты ұғымдар. Мұндай сөздер Ө-тің көптеген шығармаларында, әсіресе ұлы ақын туралы эпопеясында молынан кездеседі. «Абай жайын зерттеушілерге» атты мақаласында «Абайдың өзі ғана емес, сол Абайдың заманын, ортасын, үй тұрмысын, салт-дәстүрін, машық-мерзімін» тек ақынның жеке басына ғана емес, сондай-ақ «жалпы сол кездің бір кескіні, бір бұйым белгілері» ретінде де қарауды ескерткен. Қоғамға, заманға байланысты құн дауы, жер дауы, жесір дауы, партия, штат таласы, барымта, жүгініс, билік сияқты әңгімелердің жөн-жосығын баян етіп, жазып алу қажет. Абай тұсында болған ас, той, құдалық, ат шабыс, үлкен күрес, айтыс жайында нақты мысалдармен, фактілермен баяндаған жөн. Заман машығын танытатын салбурын ұру, құс салу, салдық құру, сауық жасау, жау түсіру, ат жарату, ит жүгірту тәрізді жайларда көп мән-маңызы бар. Өліктің артын күту, қаралы болу, бата оқу, аза салу, ас беру әдеттерінің сыр-сипатын, құда түсу, кит кию, ұрын бару, қыз ұзату, ілу жасау, жол-жора, ырым-жырымның қандай болатынын рет-ретімен таныстырған мақұл. Абай уақытында көп әйел алу, бәйбіше-тоқал арасындағы қарым-қатыстың жай-жапсарын, кескін-келбетін, қыстау, көктеу, жайлау, күзеу сияқты көшпелі шаруаның тіршілік харакетін ұмытпай, жаңғыртып отыруында артықтығы жоқ. Сонымен қатар қазақтың ауа райын, жыл мезгілін болжауына қатысты отамалы, сәуір, қыркүйек, құралай, тоғам, сүмбіле тәрізді ай-күн мерзімдерін, күзсем, отар, құйек, соғым жағдаяттарын ұсақ белгілерімен жазып алса жарар еді. 19 ғасырдағы үй тіршілігіне байланысты жасау-жи-

наздар, ер, әйел, бала киімдері, ер-тұрман, қару-сайман, жылқының таңбасы, қойдың ені, ою-кестелер қандай еді, қалай қолданылды – осының бәрінен бағалы мәліметтер жинау артықтық етпейді. Ұлы суреткер қазақтың ұлттық мәдениетіне байланысты ұғымдарды, сөздерді, белгі-таңбаларды «Абай жолы» эпопеясында барынша мол пайдаланып, көрікті де келісімді сипаттама берген. Ал «Абай» трагедиясында соғыста киетін «жыға» деп аталатын бас киімді: «Жығасы жығылмай, тобықты тоқтар емес» деп қолдану арқылы тобықтының тоқмойын шомжарларын түйреп етеді.

*Н. Ақбай.*

**ЮДАХИН** Константин Кузьмич (1890–1975), түркітанушы. Филология ғылымының докторы (1949), профессор (1940). Қырғызстан ҒА-ның академигі (1954), Өзбекстан ҒА-ның корреспондент мүшесі (1952), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1967), Қырғызстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1940). Жастық шағы Әулиеатада (қазіргі Тараз қаласы) өтті. Қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының арасында жүріп, олардың тілін үйренді. Ғылыми еңбектері түркі тілдерін зерттеуге арналған. «Өзбек-орыс тілдерінің сөздігі» (1927), «Ұйғыр тілі хрестоматиясы» (1948), «Қырғыз тілінің диалектілерін зерттеудің қорытындылары мен міндеттері» (1965), «Қырғызша-орысша сөздік» (1965) т. б. құнды еңбектері жарық көрді. Халықаралық Орал-Алтай ғылыми қоғамының құрметті мүшесі. Қазақстан ғалымдарымен тығыз байланыс жасап тұрды. Ө-пен 1922–23 ж. Орта Азия университетінде оқып жүрген кездерінде танысқан. Содан бастап өзара қарым-қатынастары жиілеп, кейіннен ғылыми байланысқа ұласады. Үй ішімен араласып, әзіл-қалжыны жарасқан достық көңілдері Ө. көз жұмғанша үзілмейді. Жиі кездесіп, әр түрлі тақырыпта әңгімелесіп, хат жазысып тұрған. Қырғыз мемлекеттік университетінің филология факультетіндегі Ю-нің кітапхана қорында Ө-тің хаттары, суреттері, қолтаңбалары, әр кезде, әр түрлі мерекеге орай берген сыйлықтары сақталған. Соның ішінде Ө. 1935 ж. жарық көрген «Тас түлек» атты әңгімелер жинағына, «Абай» романының 1945 жылғы Мәскеуден шыққан басылымына орысша, ал «Абай» романының 1947 жылғы орыс тіліндегі басылымына қазақша қолтаңба жазып берген. Олар түркология, Орта Азия әдебиеті, «Манас», Шығыс эпосы жайлы ғылыми кеңестерде үнемі кездесіп, пікір алысып отырған. Ю-нің қолжазба қорында Ө-тің айтуы бойынша жазылған Абайдың өмірбаяны туралы ескертпелер бар. Екеуі де бір-бірі туралы өте жоғары пікірде болған. Ю. өзінің «Сөздіктерінде» Абай мен Ө-тің шығармаларынан үзінділер алып, мысалдар келтірген. Ө-ке жазған хаттары ішінара «Өуезов үйінің» қолжазба қорында, мұрағатта сақталған, бірге түскен суреттері бар.

*Т. Құдакелдіұлы.*

**ЯКУБОВ** Әділ (1926–2009), өзбек жазушысы, драматург, аудармашы. Өзбекстанның халық жазушысы (1985). Замандастар тағдыры, тарихи оқиғалар, адамгершілік, сүйіспеншілік – шығармаларының негізгі тақырыптары. Ө-тің 80 жылдық мерейтойына байланысты Семей қаласында өткен салтанатты жинаға қатысып, сөз сөйледі. Халықтар өз дамуының барлық кезеңінде әскери қолбасшылармен қатар, ақын-жыршыларды да қадір тұтқан, өйткені олар адам жанын, халық рухын шынайы жырлады. Қазақтарда сондай ақынның бірі Мұхтар еді. Сондықтан күллі әлем халқы оны құрметтеп,

бағалайды деп, ұлы жазушының Ташкентте тұрып, оқығанын, өзбек халқының әрдайым мақтан тұтатынын айтты («Мұхтар Әуезов – совет әдебиетінің классигі», А., 1980, 49–50-беттер).

**ЯШЕН** Кәміл (шын фамилиясы: Н ұ ғ м а н о в; 1909–1997), өзбек жазушысы, ақын, драматург, қоғам қайраткері. Өзбекстанның халық жазушысы (1969). Соц. Еңбек Ері (1947). Өзбекстан ҒА-ның академигі (1969). Республиканың еңбек сіңірген өнер қайраткері (1939). КСРО (1951), Өзбекстан (1958) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Туындыларында заман тынысын, рухы күшті адамдарды суреттеді. Ө-пен берік достық қарым-қатынаста болған. Қазақ жазушысы 1959 ж. 22 сәуірде Лениндік сыйлық алғанда жеделхат жолдап, шын жүректен шыққан ыстық сәлемін жолдаса («М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», А., 1997, 667-бет), «Таудай тұлға» мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1977, 23 қыркүйек) ұлы суреткердің әлем әдебиетіндегі орны туралы ой толғаған. Ал Ө-тің 90 жасқа толған мерейтойына арналған салтанатты кешке қатысып, сөз сөйледі («М. Әуезов және қазіргі заманғы әдебиет», А., 1989, 22-бет).

Н. Ақбай.

**ЯКОБСОН** Август (1904–1963), эстон халық жазушысы (1947), мемлекет қайраткері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1947, 1948). «Бейшара күнәлілердің тұрағы» (1927), «Жауыр ат» (1933), «Мәңгілік эстондықтар» (1–4 том, 1940) романдарында жұмысшылардың ауыр тұрмысы, әлеуметтік теңсіздіктер, ал «Қан мен отта» әңгімелер жинағында (1942), «Қорғандағы өмір» (1946) және «Жүйесіз майдандағы күрес» пьесаларында буржуазиялық қоғамдағы қарама-қайшылықтар суреттеледі. Ө. «СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі» атты мақаласында Я-ды эстон халқының көрнекті драматургі ретінде танып, шығармаларында үнемі озық сана-сезімнің үстемдік құратынын сүйсіне жазған.

«**ЯПОНИЯ**», жазушының мақаласы. «Абай» журналының 1918 ж. 4–5-сандарында жарияланған. Екінші рет араға жетпіс жылдай уақыт салып, «Мәдениет және тұрмыс» журналында (1987, №1), 50 томдық толық жинағының 1-томында жарық көрді. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзінде Жапония туралы пікір қазақ зиялыларының арасында Мәди ибн Меркіш Маиликентидің 1917 ж. жарық көрген «Тухфа ва жумхурият» кітабы мен С. Торайғыров шығармасында ішінара айтылды. Осы тақырыпқа 1918 ж. Ө. арнайы мақала жазып, алғаш рет қазақ жұртшылығына Жапония елінің саяси-әлеуметтік тарихымен таныстырып, «жаңа



М. Әуезов пен К. Яшен КСРО жазушыларының 3-съезі кезінде. Мәскеу. 1959.

заман додасына түскен қазақ елі алда не істеу керек» деген ойын жанама түрде білдіргісі келеді. Жапонияның ортағасырлық мешеуліктен шығуға бағытталған 1867–1868 жылғы революция аяқталмай қалған еді, осы орайда, оқу-ағарту, ғылым-өнер, ұлттық әдет-ғұрыпта орын алған «мәйдзисин» оқиғасына ой жүгіртеді. Жазушы әлем тарихына назар аударып: «Біз күн батыстың жақсысын сіңіруге дайын тұруымыз керек, бірақ ол уақытта өзіміздің жақсылығымыз да ұмытылма-сын» деген жапон профессорының сөзіне ықылас қояды. Жапония идеологтары еуропалық ғылым-өнерді қабылдағанда, салт-санаға, дүниетанымға, жапон ұлтына зақым келтіретін жат ой-пікірлерді жастардың жүрегіне ұялатпауды қадағалаған. Қыздарды оқытқанда, білім берумен қоса отбасы, үй іші шаруашылығы мен тәрбиесіне ерекше мән берген. Жапон тілінің қытай тілінің жетегінде кетіп, ұлт тілінің қожырағанын айта отырып, Ө. қазақ қауымының алдағы тіл майданына ескерту жасағандай ойға жетелейді. Жазушының бұл ойы оның 1918 ж. жазылған «Ғылым тілі» деген мақаласында: «Қазіргі уақытта Жапонияның баласы өз оқуын оқудан бұрын қытай оқуын оқып, содан кейін басқа жұрттың ғылым тілдерін оқиды... Міне, осындай халге қазіргі бетімізбен жүре берсек, біз де бір күні ұрынатын секілдіміз» деп ескертуінде көп мән-мағына жатыр.

М. Мырзахметұлы.

## ЖАҢА ДЕРЕК

**АНАСТАСЬЕВ** Николай Аркадьевич (1940 ж.т.), орыс жазушысы, сыншы, әдебиет зерттеуші, филология ғылымдарының докторы. Мәскеу мемлекеттік ун-тінің профессоры, «Культура» баспасының бас редакторы. А-тің ғыл.-зерттеу тақырыбы – ХХ ғасырдағы американдық әдебиеті. 20-дан астам монографияның авторы. Олардың арасында «Феномен Набокова», «Творчество Эрнеста Хемингуэя», «Фолкнер», «Владелец Йокналотофы», «Небо в чашечке цветка: Абдижамил Нурпеисов и его книги в мировом литературном пейзаже» деген белгілі еңбектері бар.

2006 ж. Ә-тің туғанына 110 жыл толуына орай «Трагедия триумфатора» деп аталатын өмірбаяндық романы («Молодая гвардия» баспасы), «Жизнь замечательных людей» сериясы бойынша) жарық көрді. Автор романды Ә-тің туған жері Семей аймағын аралаған сапары кезінде жинаған материалдары негізінде және Мұханның 1957 ж. Жапонияға барған жол сапарының күнделігіне сүйене отырып жазған.

*Ғ. Тәшімбаев.*

**«ӘУЕЗОВТАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ»**, ғылыми жинақ, авторы – Р.Әбдіғұлов (2009, «Олжа» баспасы). Кітапқа Ә-тің қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін көрсеткен мақалалары мен Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысты шығармаларын талдаған зерттеулер кірген. Сондай-ақ қазіргі қазақ прозасындағы Ә. дәстүрі, жазушының «Абай» трагедиясын жазудағы шығармашылық лабораториясы, 1920–30 жылдардағы әңгімелерінің текстологиясы, балаларға арналған шығармаларын талдаған мақалалары да енген. Кітаптың көлемі 11 б. т., таралымы 500 дана.

*Е. Қанькейұлы.*

**КИМ** Анатолий (1939 ж.т.), жазушы, аудармашы, драматург, КСРО Жазушылар одағының мүшесі (1978). 1937 ж. Қазақстанға жер аударылған корей отбасында дүниеге келген. М.Горький атындағы Әдебиет ин-тында (1971) дәріс алған. Алғашқы әңгімелері 1973 ж. жарық көрген. Бірнеше повестер («Поселок кентавров» т.б.) мен «Белка» (1985), «Онлирия» (1995), «Остров Ионы» (2005) романдарының, «Плач кукушки» (1984), «Прошло двести лет» (1986) пьесаларының, «Сестра моя Люся» (1985), «Выйти из леса на поляну» (1987), «Месть» (1989) киносценарийлерінің авторы. К. Ә-тің «Абай жолы» эпопеясын орыс тіліне аударған (2010).

*Ғ. Тәшімбаев.*

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ АЛМАТЫ»**, жинақ (2008, «Самара-Принт» баспасы). Жинақ жазушы өмірінің Алматы қаласымен байланысты кезеңі және оның Ә. шығармашылығынан алатын орны туралы мақалалар мен зерттеулерден тұрады. Редакция алқасы: С.Қасқабасов, Ж.Ысмағұлов, Б.Майтанов, Диар Қонаев. Кітапқа Б.Майтанов, А.Қуанышбаев, Б.Құндақбаев, Р.Әбдіғұлов сынды зерттеушілердің мақалалары топтастырылған. Бұл мақалаларда Ә-тің өмірі мен шығармашылығы туралы түрлі фактілермен қатар жазушының өз

еңбектеріне материал жинастырудағы еңбегі мен ізденістері де баяндалады. Кітаптың екінші бөлімінде Ә-тің қазақ фольклоры туралы зерттеу еңбектері берілген. Кітап көлемі 25 б. т., таралымы 1000 дана.

*К. Рахымжан.*

**«М.О. ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»**, жинақ (2009, «Арда» баспасы). Жинақта ұлы жазушының ой көркемдігіндегі өміршең дәстүрі қазіргі қазақ әдебиетімен жан-жақты байланыстырыла отырып, әр қырынан нақты талданады. Кітапта Ә-тің көпшілікке белгілі көркем шығармаларының жазылу тарихы, эпикалық баяндау үрдістеріндегі табиғат пен тұлға мәселесі, әдеби байланыстар, ұлт тәуелсіздігі мен текстологиялық ұстанымдары және қазіргі қазақ прозасындағы дәстүр жалғастығы (фольклорлық мотивтердің қолданылу ерекшеліктері, стиль поэтикасы мен мекеншак, драматургиядағы әдеби ықпалдастық) жаңа қырынан талданған. Ұжымдық жинаққа Б.Майтанов, Диар Қонаев, Т.Әкім, К.Сыздықов, Р.Қайшыбаева, С.Майлыбай, Р.Әбдіғұлов, К.Рахымжан, А.Темірболат, Е.Қанькейұлының мақалалары енгізілген. Кітаптың көлемі 29 б. т., таралымы 500 дана.

*Е. Қанькейұлы.*

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ ҮРДІСТЕР»**, жинақ, авторы – Б.Майтанов (2009, «Жібек жолы» баспасы). Жинақта ғалымның соңғы жылдары жазған зерттеулері мен эсселері топтастырылған. Кітаптың «Ұлттық мұрат және Мұхтар Әуезов поэтикасы» деп аталған бірінші бөлімінде Ә. шығармашылығының этнопсихологиялық негіздері, көркемдік-эстетикалық ізденістері мен эпикалық баяндау үрдістері жан-жақты зерттелген. Сондай-ақ Ф.Мүсірепов, Ф.Мұстафин, С.Мәуленов, Ә.Өзиев, Р.Бердібаев, Р.Нұрғалиев, Р.Тоқтаров, Ж.Молдағалиев, М.Мағауин, т.б. қаламгерлер туралы ғылыми мақалалары мен эсселерінде автор Ә. шығармашылығы туралы да ой толғайды. Кітаптың көлемі 34 б. т., таралымы 300 дана.

*Е. Қанькейұлы.*

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ҚОРЫ» (МӘҚ)**, 2007 ж. құрылған коммерциялық емес қоғамдық ұйым. МӘҚ қоғамдық және жеке ресурстарды ұлы жазушының аса бай көркемдік мұрасын сақтауға, Ә. туралы жаңа материалдар жинауға, шығармаларын халыққа таратуға жұмылдырады. Қор жұмысының бағыттарына Ә. өмірі мен шығармашылығына қатысты көркемдік мұрасын шет тілдерге аударуды жандандыру, жазушының көркемдік әлемін терең ғылыми саралауға ықпал ету т.б. шаралар жатады. Бұл жұмыстардың нәтижесінде қор Ә. шығармашылығын зерттеудің ғылыми-танымдық, теориялық жүйесін қалыптастырып, оқырманның білімі, мәдени деңгейін арттыруға жәрдемдеседі. МӘҚ өз қызметінде ғылыми зерттеу институттарының, ұйымдар мен жеке адамдардың көмектеріне сүйенеді. Қордың құрылтайшылары: Мұрат Әуезов, Диар Қонаев, З.-А. М.Әуезова, Мағжан Әуезов.



**«МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ АТА ТЕГІ»**, ғылыми кітап, авторы – С.Саттаров (2010, «Жібек жолы» баспасы). Мұнда біртұтастықтағы түркілер еліне ислам дінінің, ілімінің келуі, енуі, даму жолдары, оның жергілікті халықтың тағдырындағы алатын орны мен маңызы сөз болады. Осы тұрғыдан келгенде Саттаровтың еңбегі әуезовтану саласына жаңа арна, тың соқпақ салғандай әсер қалдырады. Ө-ті жаңа тұрғыдан тануға бұл еңбектің тигізер септігі аз емес – өйткені бұрынғы ұғымды толықтырып, ауқымдандырып, жетілдіре, мәндендіре түседі. Өзіндік ой, өзіндік ұстаным-пайымдауларын: «Темірқазық», «Дала төсінің даналары», «Ата жолы», «Ұлы көштің ізінде», «Қожалар» атты бөлімдерде егжей-тегжейлі баяндайды. Бұл ретте Дешті Қыпшақ, Түркістан өлкесіне исламның таралуы мен орнығуын елестетіп, қилы-қилы ойларға жетелейді. Мұнда Ясауи атынан жиі айтылатын ой да осы өлкені мекендейтін халықтың, әсіресе көшпелі қауымның ұғымына жақындатылып сәйкестендіріліп отырады. Ислам жолын ала келгендер шексіз, ұлан-ғайыр өлкеде «қожа» атымен белгілі болды. Олар жергілікті халықпен біте қайнасып, араласып, сіңісіп кетті. Қожалар жалғыз қазақ арасында ғана емес, Орта Азияның басқа да халықтарының арасында қоныс тепті. Ал қазақ арасында олардың ерекше сый-құрметке ие екенін халық аузындағы «төреге төрт табак, қожаға қос табак» деген сөздің өзі-ақ аңғарта алады. Шын мәнінде ислам ілімі түркілер жерінде кең қанат жайып, дамып өскенде, оның небір ғұламалары әлемге белгілі болды. Бұл жерде айта кететін басты нәрсе ислам жергілікті халықтың әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, ой-санасына, тіліне қиғаш әрекеттерге бармай, тек Аллаға шәк келтірмеуді, арам мен адалды айырып, обал-сауапқа мән беруді уағыздайды. Арқа мен Шыңғыс атырабында ислам Құнанбай дәуірінде өріс алды. Әуездің әкесі Бердіқожа Тобықты үшін XIX ғасырдың алғашқы жартысында келсе, оның тұрақтап қалуына Құнанбайдың көмегі көп тиді. Қазақ арасына Бақсайыстан бері Әбді, Берді, Әуез, Омархандар терең тамыр жайса, олардың арасынан Мұхтардай кеменгері дүниеге келді.

*Т. Әкім.*

**«М.О. ӘУЕЗОВТИҢ КӨРКЕМДІК-ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ»**, жинақ. 2006 ж. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы қызметкерлерінің дайындауымен жарық көрген. Жазушының әр жанрдағы көркемдік-дүниетанымдық ізденістері, әдеби байланыстар мен көркемдік ұстанымдары – XX ғасыр басындағы рухани ортаның ауқымына сай бүгінгі таным тұрғысында сараланады. 1920–30 жылдардағы Ө. прозасының жанрлық ерекшеліктері, текстологиясы және ұлттық дәстүр мен автордың көркемдік әлемі жаңаша талданады. Мұнда суреткердің осы кезеңдегі әңгіме, повестеріндегі этнографиялық көріністер және Ө-тің балалар әдебиетіне қосқан елеулі үлесі мен ұлт тәуелсіздігіне сіңірген еңбектері зерттелген. Мақала авторлары: Б.Майтанов, Диар Қонаев, Т.Әкім, К.Сыздықов, Р.Қайшыбаева, С.Майлы-

бай, Р.Әбдіғұлов, М.Ахетов, К.Рахымжан, Қ.Раев, А.Темірболат, А.Болсынбаева, Е.Қаныкейұлы. Көлемі 19 б. т., таралымы 500 дана.

*Е. Қаныкейұлы.*

**«М.О. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ»**, Ө-тің әр уақытта қазақ және орыс, әлем халықтары тілдерінде жарияланған өз туындылары мен өңтеу өмірі, шығармашылығы туралы жазылған зерттеу еңбектер мен мақалаларды қамтиды (2005, «Жібек жолы» баспасы). Кітапты құрастыруға Л.Әуезова, М.Бөжеев, Б.Сахариев, Мұрат Әуезов, Т.Әкім, К.Сыздықов сынды белгілі ғалымдармен бірге Г.Жорабаева, К.Қыстаубаева, А.Қуанышбаевтар қатысқан. Библиографиялық көрсеткіш Ө. шығармашылығын зерттеуші ғалымдарға, кітапхана қызметкерлеріне, студенттерге және көпшілік оқырман қауымыға арналған. Көрсеткіштің редакторы өрі жауапты шығарушысы Р. Досымбекова және С.Майлыбай. Кітап көлемі 36 б. т., таралымы 200 дана.

*К. Рахымжан.*

**«М.О. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕР»**, ғылыми жинақ. 2004 жылы «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында жарық көрген. Бұл ұжымдық жинақта ұлы жазушының аса бай, сан-салалы ғылыми, әдеби мұрасы жаңа көзқараспен пайымдалған. Ө-тің оқырманға белгілі шығармаларына қоса бүгінгі күнге дейін жете талдана қоймаған публицистикалық, ғылыми-зерттеу еңбектері қарастырылған. Жазушының этнос тарихына, діни, қоғамдық-әлеуметтік көзқарастарына, оның этнопсихологиялық қырларына бұл кітапта жан-жақты талдау жасалған. Көлемі 7 б. т., таралымы 500 дана.

*Е. Қаныкейұлы.*

**«ТРАГЕДИЯ ТРИУМФАТОРА»**, Ө-тің туғанына 110 жыл толуына орай жарық көрген өмірбаяндық роман (2006, Мәскеу, «Молодая гвардия» баспасы, «Жизнь замечательных людей» сериясы бойынша). Авторы – орыстың белгілі жазушысы, сыншы, әдебиет зерттеуші *Н.А. Анастасьев*. Ө. өз заманында көшпенділер өркениетінің өзгеруінің, оның орнына дала табиғатына жат болып көрінген отырықшылық тұрмысты күштеп таңылғанының куәсі болды. Халықтың басына қыруар қайғы-қасірет әкелген осынау ауыртпалығы мол қилы заманды «Абай жолы» эпопеясында шыншылдықпен аса шебер бейнелей білген Ө-тің бұл шығармасын Анастасьев «халық трагедиясы» деп атаған. «Ө-тің ұлы жазушы деңгейіне көтерілуі осы бір қилы кезеңді асқан шеберлікпен жүргінін өткере білуінде» деп пайымдайды роман авторы. Ол осы кітапты жазар алдында Қазақстанды түгел аралап шығып, көптеген адамдармен сұхбаттасқан. «Мен бұл өмірбаянды өмір бойы жазған сияқтымын» дейді жазушы. Ө-тің тағдырына арнаған қызықты деректер осы романда алғаш рет тілге тиек болады.

*Ф. Төшімбаев.*

## ҚОСЫМШАЛАР

### М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы

#### ШЕЖІРЕ\*

1897 ж.

**Қыркүйектің 15-і.** «Мен 1897 жылы қыркүйектің 15-інде туыппын. Туған жерім Семей уезіне қараған тобықты іші. Шыңғыс болысында. Менің аталарым – қожа, алғашқы шыққан жерлері Қаратау деуші еді. Үлкен әкемнің үйінде сақталған қожалар шежіресінен бала кезде бір көргенімде бәздің қожалардың арғы атасын Бақшайыс дейді. Бұл Арқадағы қожа атаулының барлығы ұран қылатын ең қадірлі атақты қожа болса керек («Өз жайымнан мағлұмат», «Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 382-п).

**Қыркүйектің 28-і.** Күзем. Ауылымыз қыс қыстауы Бөріліге жақын Аяққарағанда отыр. Кешқұрым Сақыш тынышсыздана бастайды. Мұны сезген атам қатты ыңғайсызданады. Ол үйде отыра алмай, өрістен атын алдырады.

Ау, жол болсын! деді кәрі апам. – Үйде болғаныңыз жөн ғой. Сақыш толғақ үстінде жатыр. Атам тым-тырыс үндемейді. Екі беті дуылдап, Абай ауылында, Әйгерімнің үйіне тартып отырады. Сол күні балалардың кенжесі мен дүниеге келіпін. Арада он екі күн өтеді. Омарханның әйелі Нұржамал бір үйге кіріп, тысқа қайта шығып, дамыл таппай жүр. Атам мен кәрі апамның екі қолы жағасында. Жақсы тілеу тілеуде. Үлкен шаңырақтың желбауы керегенің басына байланды. Нұржамал арқанға сүйене кетті. Сол сәтте інгәланған нәресте даусы естілді. Кәрі апам баланы жерден көтеріп, ащы үнімен дауыстап жіберді.

– Үлкен кісі, құдай берді... Ұл... Кіндігін Бәтимаға кестірейік.

Мінез-құлқы жайдары, адал, момын келінім Бәтимаға кестіргенің дұрыс. Мә, немеремнің кіндігін өз пышағыммен кессін, – деп атам қынынан пышағын суырып береді (А х м е т Әуезов. «Жас Мұхтар», 3–7-беттер).

1898 ж.

**Көкек.** Көктем жадырап шықты. Аспан ашық. Күн жылы. Апрель айының жайма-шуақ бір күні, ауыл жазғы жайлау – Шыңғыс тауының сыртына көше бастады. Атам мен кәрі апамда тағат жоқ. Екеуінің айналдырғаны сегіз айлық Мұхтар. Олар көшуден екі-үш күн бұрын бас білгі, жуас атан түйені таңдап алып, жады-қомшасын сайланған-ды. Ауыл үдере көшкенде, әлгі түйеге киізден қорша жасап, кәрі апам кебежеге отырды. Алдында Мұхтар (А х м е т Әуезов, «Жас Мұхтар», 5–17-беттер).

1900 ж.

**Мамыр-маусым.** Ауылымыз Бақанастан отыр. Үш жасқа келдік. Енді біз ауыл көшкенде, атамның алдына мінуден қалдық. Атам өзін жуас, ашамай ерлі атқа мінгізетін болды. Мұнда екі аяғымыз үнемі қоржында болады. Мұхтардың шылбыры атамның, ал менің шылбырым болса Сақыш анамның қолында болады екен. Ерден мықтап ұстап, кейде қалғып, кейде ұйықтап, ереміз де отырамыз көшке. Байқаймын, Мұхтар мен Біләл тізгінге ие болып, астындағы аттарын қалай болса солай еркін бұрып жүр. Өлі есімде. Ауыл Бақанастан Сарыкөлге көшті. Атам мені атқа мінгізді. Сақыш апам тағы да жетегіне алды. ойымда дәнеңе жоқ. Ат үстінде жайбарақат, баяғыдай бірде қалғып, ұйықтап келемін. Бірде атам шауып келіп, шылбырымды Сақыштан алып, ердің басына мықтап байлады да: «Ал, Ахмет, мықталып отыр» деп атымды періп-періп жібергені. Ат шаба жөнелді.

– Өлдім, ойбай! – деген даусым тарғыл-тарғыл болып бір-ақ шықты. Ат көп ұзаған жоқ. Топ жылқыға келіп қосыла берді. Байқаймын, жығылар емеспін. Сол сәтте менің соңымда бір-екеу сықылықтап күліп келеді екен. Бұрыла қарасам, Мұхтар мен Біләл екен. Қатты ұялдым (А х м е т Әуезов. «Жас Мұхтар», 10–15-беттер).

1902 ж.

**Қазан.** «Таң атты. Мұнарланып күн шықты. Көптен ақсаған күн де келіп жетті. Үлкен үйде алғашқы сабақ басталды. Қараша үйдің оң жағы. Күнбатысқа бет беріп, тізерлеп Біләл, Мұхтар үшеуіміз отырмыз. Атам қасымызға келіп, тізерлеп отыра берді де, қолымызға бір-бір ши ұстатты. Әлгі ши басында жұқа шай қағазы ілулі. Қағаз бетінде бір белгілер, нұсқалар бар» (А х м е т Әуезов. «Жас Мұхтар», 18-бет).

**Қазан-көкек.** «Таңның атысы, күннің батысы үлкен үйден шықпаймыз. Түсініксіз әлгі әріптерді жаттаймыз да отырамыз. Кей күндері ми айналып, бас қатады. Зерігіміз. Бірақ тырп етуге шама жоқ. Атамның мінезі қатал. Тырп еткізбейді. Оның үстіне күніге кешқұрым арнайы сыннан өтеміз. Кешке асты ішіп болғаннан соң, атам мен Омархан ағам күні бойы жаттан оқығандарды жатқа айтып береміз. Содан сүрінбей, мүдірмей өтсек – озғанымыз.

\* «М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» (1997 ж.) бойынша әзірленген.

Өлгі үшеуіміздің тілегіміз де, мақсатымыз да сол жолда. Сол күз, қыстан апрель айына дейінгі өміріміз сол күйде өтті. Ескіше 26 әріпті зорға-зорға түгел таныдық» (Ахмет Әуезов. «Жас Мұхтар», 18–19-беттер).

### 1903 ж.

**Мамыр.** «Жаз жайлауы жапсарлас. Абайға сәлем беріп, Турағұлдан туған немересі Ақилияны бауырына салғанын естіген, соған құтты болсын айта барып, Мұхтарға батасын алмаққа ниеттенеді. «Батасыз ұл – жарымас» деген. Оқымысты ата наурыздан бастап мықтап кіріседі. Мұхтар ойын қызығымен қоштасады» (Тұрсын Жұртбаев. «Бесігінде түзе!», «Әуезов үйі» ГМО-ның қолжазба қоры, №603-п., 32-бет). «Оқуды бес-алты жасқа келген соң үлкен әкемнен оқи бастадым» («Өз жайымнан мағлұмат», «Әуезов үйі» ГМО-ның қолжазба қоры, п. 382, 3-бет).

### 1904 ж.

**Маусым.** «Жеті жасқа толдық. Ел – Бауырда. Біздің ауыл болса, Берілі жанында отыр. Өткен күні ғана Әйгерім апамның ауылынан оралған атамның қабағы қатулы, ренжулі. Толғаныс үстінде «уһ» десе, қайғы мен жалын атады лапылдап. Атам ауылға келген бетінде бізді жиып алды, тез-тез тапсырма берді. Байқаймыз, көңілі әлденеге алаң. Тағаты жоқ. Сабақ оқытуға келгенде өте қатал кісінің мұнша жұмсақ бола қалғанына бір жағы іштей сүйсініп, бір жағы әлдебір өзіміз бейхабар нәрсеге алаң болып отырмыз.

– Шырақтарым, күндегі әдеттеріңше оқып, сабақтарыңа жақсы дайындала беріңдер, – деді атам. Көзінен еріксіз жас саулады. Тыя алмады. – Абай әл үстінде жатыр. Соған барайын мен. Атам сонау Қарақұдықтан шыққан қарадан көз алмай тұр. Кемсеңдейді.

– Ау, Дінәсіл, – деді атам тағат таппай. – Атымды алдыршы. Өне бір келе жатқан аттылының жүрісі жайсыз ғой. Шауып келе ме, қалай өзі?! – Абайдан айрылдық, – деп әлгі аттылы кісі аңырап келді ауылға» (Ахмет Әуезов. «Жас Мұхтар», 21-бет).

### 1905 ж.

**Көкек.** «Көктем болды дегенше, көрі апам сегіз-тоғыз жастағы Мұхтардың қыр соңынан қалмайды. Көзден таса етпейді. Өйткені көрі апам Мұхтардың тай, асау үйретуді ол бастан жақсы көретінін біледі. Кіші бесін болатын. Көрі апам басын жастыққа қойып, ұйқыға кеткенде, атама жетіп бардық. Атамнан рұқсат алып, жылқы өрісіне тай үйретуге тартып отырдық» (Ахмет Әуезов. «Жас Мұхтар», 8–12-беттер). **Тамыз.** «Сабаққа жүретін уақытымыз жақын дағанда, үлкен Жүніс атама сәлем беремін деп ауылға келіп қонды. Кешкілік. Үлкен Жүністі

көрсек, өз аузынан басынан кешкен ерліктерін естісек деп қуандық (Ахмет Әуезов. «Жас Мұхтар», 26-бет). Таңертеңгілік. Қасымбек Мұхтарды Семейдегі 5 кластық қалалық училищеге жетектеп алып келеді. Қаске ауық-ауық сөйлеп те қояды.

– Ғылымның қамалы әрқашан берік, оны жеңіл игеріп алу үшін әр кезде талап, қайрат керек. Мұхтаржан, жақсы оқығайсың, – дейді ол. Мұхтарда үн жоқ. Ойланyp келеді ол. Кейде орыс балаларымен бірге оқуға жүрексінеді де. Мұны ойлап, көзіне жас алайын десе, атасының Абайдың нақыл сөзі деп айтқан мына бір ескертпе сөздері ойына түсе кетеді: «Білім-ғылым үйренбекке, талап қылушыларға әуелі білім керек. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға тезірек мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды. Екінші, ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек... Үшінші, әрбір хақиқатқа тырысып, ыжтихатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма!..» Күйдірілген кірпіштен салынған жапақ үй анадайдан көз тартады. Бұл қалалық орыс-қазақ мектебі. Бүгін бұл мектеп қазақ балаларын да жатырқамай, құшақ жайып қарсы алып тұр мейірленіп. Мына келе жатқан Қаскелерді мектеп алдында егде тартқан екі кісі жылы шыраймен қарсы алды.

Қош келіпсіздер, – деді әлгінің біреуі осы мектеп оқушысы Қаскенің сәлемін күтпей-ақ.

– Сәлем, Игнат Иванович, – деді Қаске.

– Кел, келіңіз, қайырлы қадам болсын!

– Мына оқытушыларың, – деді Қаске әлгілерді таныстырып. – Мынау болса – Белослюдов. Өзі суретші, сызу пәнінің мұғалімі. Мына кісі болса – Малахов Игнатий Иванович, Семейдегі бастауыш мектептердің инспекторы» (Ахмет Әуезов. «Жас Мұхтар», 1977, 28–29-беттер).

«Атам ескіше оқып, хат танып, әріпті жаза бастаған соң, Мұхтарға, бәрімізге Абай өлеңін, қара сөзін үйретсе бастаған. Күн екіндіге таянып қалған кез. Таңертеңнен бері әріпті жаттап отырмыз.

– Балаларым, – деді атам көңілді сөйлеп бірден, – осы жаттап отырғандарыңды келесі күні таңертең маған айтып бересіңдер. Ал қазірден бастап Абайдың қара сөзімен танысасыңдар. Мұны да күн аралатып, кешқұрым жатқа айтып беріп отырасыңдар.

Жарайды.

– Ал, Мұхтар, сен жазып ал, – деп, атай сөйлеп кетті. – «Естілген нәрсені ұмыпастыққа төрт түрлі себеп бар. Әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екіншісі – сол нәрсені естігенде ы көргенде ғибрәтләнуге керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек. Үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші – кеселді ойлардан қашық болу керек...». Атай бұл сөздердің сырын, мағынасын қайта-қайта түсіндірді. Кейін Біләлға Абайдың 33-ші, маған болса «Адам ата-ана-

дан туғанда есті болмайды» деп басталатын қара сөзін берді. Аз-кем бой жазып, демалған соң, Абай қара сөзін жаттауға кірістік. Содан былай қарай атамыз мейірленіп, күн ұзақ бес айналдырған ескіше оқу қала бастады. Енді Пушкин, Крылов, Лермонтов деген жаңа есімдерді естіп, «Жалау», «Ой», «Қанжар», «Татьяна сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» деген өлеңдер мен «Емен мен шілік», «Піл мен қанден» деген мысалдарды күн-түн демей жатқа айта бастадық. Қазақ халқының рухани мәдениетінің асыл қазынасының бірі – ауыз әдебиеті екені анық. Атам халық ауыз әдебиетін үйретті. Өсіресе ғашықтық жырлардан үзінділер келтіріп, бізге үлкен шабытпен талай әңгімелеп бергені бар» (А х м е т Ә у е з о в. «Жас Мұхтар», 1977, 35–37-беттер).

«Ералы жайлауы. Ойқудық. Мұхтар, Біләл үшеуіміз атаммен бірге Әйгерім апамның үйіне талай-талай барғанбыз. Сонда алты қанат ақ үйдің қақ төрінде жатқан жазық маңдай, шұнақ құлақ, өңі қара торы, кеуделі, қапсағай келген үлкен мейірімді көзді ақсақал бізді үнемі құшағын жайып қарсы алатын. Ол үшеуіміздің де маңдайымыздан сүйетін. Ол – Абай аға. Біз Әйгерім апамның үйіне баруға үнемі асығынбыз. Әйгерім аса сабырлы кісі еді. Тез қимылдай қоймайтын, тез қозғала қойса екен деп тыпырши күтетінбіз жауғандай» (А х м е т Ә у е з о в. «Жас Мұхтар», 1977, 11-бет).

#### 1906 ж.

«Сол кісінің алдынан (Әуездің) хат танып, түркі оқытын болған соң, 9–10 жасымда әкеммен бір туысқан ағам Қасымбек қасына алып, басында бір жыл Семейдегі Қанаш деген қазіреттің медресесінде мұсылмандық оқытты да, артынан орысшаға берді. Орыс оқуына әуелі өзі дайындады. Содан кейін бір қыс ел ішіндегі ауылнай школдан Әбіш Қасенов деген Семей семинариясын бітіріп шыққан қазақ учителінен оқып, келесі жылы күз Семейдің «5 класный городской училищесіне» түстім. Содан бері мектептегі оқу тәртіппен кетті» («Өз жайымнан мағлұмат», «Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 382-папка, 3-п.).

#### 1907 ж.

«Бір күні Қаске Мұхтар екеуіміздің көзімізше Омархан ағама дегені бар:

– Омархан аға, Мұхтар, міне, он жасқа келді, Семейге ала кетейін. Өзіммен бірге орысша оқып, білім алсын.

– Ау, Қаске, орыс білімін алуға қызығып, ошақ басынан сенің кеткенің де жетеді ғой, – деді Омархан ағам ренішті кейіп білдіріп.

– Менің шын мақсұтым – жалғыз бала Мұхтарды 14-ке келгенше арабша оқытып, келін түсіріп, немере сую. Мына Наймантаймен құда болып, Әйкежанды атастырып қойғанымды өзің де білесің. Мені ренжітпе, Мұхтарды әуре

қылмай-ақ қой. Омархан ағамнан беті қайтқан Қаске үлкен үйге, Әуез ағама келді. Қаске атам жайлап отырып әңгіме шертті. Орыс мәдениетінің озық екенін өзінің түсінігімен айтып берді. Мұхтардың да орысша білім алуына ұлықсат беруін өтінді. Атам Әуез Қаскеңнің бұл ойын теріс деп білген жоқ, қайта қоштай түсті. Атам өзі жақсы көретін алғашқы немересі Мұхтардың орысша оқып, білім алуына ұлықсат берді. Сөйтіп Мұхтар 1907 жылы Семейдің бес кластық қалалық орыс училищесіне түсті» (А х м е т Ә у е з о в. «Жас Мұхтар», 1977, 13–14-беттер).

**Қыркүйек-қазан.** «Осы күні көп жұрттың қол жаулық қылып жүрген «қожалығын» мен он жастың шамасына келгенімде ғана көрдім. Бір жылы күзді күні ауылымызға біздің қожалардың сыбан ішіндегі бір ағайындары – екі қожа келеді. Бірі әкесі, бірі баласы еді. Бұлар келгенде, аулымызға бір суық, жат тәртіп ала келгендей болды. Бізді олардың үстіне ылғи тағзыммен сәлем біргізіп кіргізіп, жалаң аяқ кіргізбей, кемпір шешеміз батасын ала деп, алдарында болымсыз қызмет істеп, солар кеткенше, қара қазақ болып кеткен біз сияқты байбастақ балалары үшін қысылғандай болып жүрді. Бала күнімде өз ауылымызға келіп-кетіп жататын қонақтардың ішінде солардай ауыр көрінген қонақ болмаған сияқты... Біз, екі-үш бала бұлар отырған жерге көп жолағыңыз келмей, сырғаландап жүрсек те, таңертеңгі намазда қолдарына ұзын-ұзын тәсбиқ алып, «зікір» салған уақыттарында ылғи есіктен қарап, қатты қызық көруші едік. Жат та, қызық көруші едік. Жат та, қызық та көрінетін. Солардан соң толық қожаны көрген емеспіз» («Өз жайымнан мағлұмат», «Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 382-папка, 2-п.).

#### 1908 ж.

«Қаске Семейдегі бес кластық қалалық орыс училищесін жақсы бітіріп, Семейдегі учителдік семинарға оқуға кірді. Қаске семинарист. Орысша киім орта бойлы, ат жақты, ақ сұр ашық мінезді Қаскеге жараса қалған. Қаске каникулға ауылға келген сайын Мұхтар екеуімізге көп нәрсені әңгімелеп беретін. Оның қолынан көнетоз кітапша бір түспейтін. Орыс жазушыларынан ең алдыңғы Лев Толстой дегенді бірінші рет Қаскеден естідік. Сол кезде оның қолындағы Әлгі кітап Толстойдың «Севастополь туралы әңгімелері» екен. Қаске Мұхтар екеуімізге сол кітаптан талай-талай үзінділер оқып берген» (А х м е т Ә у е з о в. «Жас Мұхтар», 1977, 12–13-беттер).

#### 1909 ж.

«1909 жылы әкем қайтыс болған соң, мені қалада орыс мектебінде оқыған ағайым Қасымбек түбегейлі өз қамқорлығына алды» (М. Әуезов. Автобиография. Қазақстан

Республикасы Президентінің мұрағаты, 708-к., 39-т., 299-іс, 6-п.).

#### 1911 ж.

«Мен Мұхтарды 1911 жылдан білемін. Сол кезде Мұхтар Семей қалалық училищесінің студенті еді. Оның інісі Ахмет екеуміз екі класстық орыс-қазақ училищесінде оқитынбыз. Мен Ахметпен құрдас едім. Ал бізден Мұхтар үш жас үлкен болатын. Біз Мұхтардың пәтерінде жиі келіп тұратынбыз. Сол бала күннің өзінде-ақ Мұхтар жылы жүзді, кішіпейіл еді. Ретті жерінде бізбен әңгімелесіп, ілтипат көрсететін. Дудыраған қара бұйра шашы бар, қара қозының елтірісінен тігілген папахасы болатын. 15–16 жасының өзінде оның көркем сөз жазуға бейімі бар еді» (Ишмұхамет Әлин. Ол қоғамшыл еді // «Біздің Мұхтар», 1976, 374-бет).

#### 1912 ж.

«Мұхтардың анасы Нұржамал 1912 жылы қайтыс болды. Омарханның шаңырағына ие болып, үй шаруасына басшылық еткен – Самарханның баласы Разақ. Мұхтардың өмірден таршылық көрмей, бұла болып өсуіне Разақ себеп болған. Мен болсам, Мұхтардан екі жыл кейін, 1909 жылы Қаскенің күшімен Жаңа Семейдегі екі кластық орыс-қырғыз училищесіне оқуға түстім, пансионда жаттым. Қаске мен Мұхтар үлкен Семейде бір үйде тұрды. Мен болсам, Жаңа Семейде болдым. Сенбі күні болды дегенше, менің екі көзім Ертістің арғы жағында болады. Қаске мен Мұхтарды асыға күтемін. Өсіресе Қаскенің демалыс сайын базардан маған арнап алып келетін қос қызыл алмасын айтаңызы. Марқұм Қаске екі алманың бірін маған пансионда жегізіп, екіншісін үнемі «үйге барғанда жейсің» деуші еді-ау» (Ахмет Әуезов. «Жас Мұхтар», 1977, 13–14-беттер).

#### 1913 ж.

**Сәуірдің 29-ы.** «1913 жылдың жазғы каникулына апрельдің 29-ы күні шықтық. Ия, ол оқушылардың жазғы демалысы 1 майдан басталатын-ды. Мұхтар екеуміз жылдағы әдетімізше ел жақтан көлік күттік. 30 апрельдің үлкен сәске кезінде қос атты салт жетегіне алып ағамыз Ағзан жетті. Бұрын елге ылғи арбамен қайтатын біз алғашқыда бұған таңырқап қалдық. Біздің бұнымызды айтпай-ақ сезген Ағзан бізбен сәлемдесе беріп:

– Немене ұнжырғаларың түсіп кетіпті ғой. Кластан-класқа көштіңдер ме? – деп сұрады. Мұхтар үндеген жоқ» (Ахмет Әуезов. «Шынарым менің». «Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 601-папка, 2-п.).

**Қыркүйек.** «Қаске Семейдің учительдік семинариясын 1913 жылы бітірді. Ол Семейдегі

учительдік семинарияны бітіргеннен кейін Москваға барып, жоғарғы оқу орнына түсіп, қайтадан дайындалып, аттанғалы тұрғанда, іш сүзек ауруына тап болды, ауру асқынып 1913 жылдың қыркүйек айында дүние салды. Мұхтарды орысша оқытып, көзін ашқан, үлкен адам болуына себепші болған Қаске. Біз аяулы аға Қаске алдында көп-көп борыштармыз» (Ахмет Әуезов. «Жас Мұхтар», 1977, 14–16-беттер).

#### 1914 ж.

**Қаңтардың 26-сы.** «Осы 1914 жылғы 26 қаңтарда өткен Абайдың тұңғыш әдеби кешіне Шәкәрім бастаған Абайдың іні-балалары қатыса алмаған. Мұхтардың жеңгесі Ғалия нашарлап жатады да, қайтыс боп кетеді. Дәл осы күні Мұхтарды да алып қайтуға шапқыншы жөнелтіліп (Ғалия – Ақылбай немересі), Абай мен Әуез ауылдары қайғы жамылып қалған болатын» (Кәмен Оразалин. «Абай ауылына саяхат», 1994, 99-бет).

**Ақпанның 27-сі.** «Балта-Орақты (Балта-Тарақ деп те атайды) зор құрметпен суреттейтін Мұхаңның өзі де осы өңірдің бір баласы боп өсті. 1914 жылы қаңтардың 26-сы күні Семейде өткен Абайдың әдеби кешіне қатысқан Мұхаң келесі күн Мұса әкелген ат шанамен елге қайтады. Қасымбектей жақсы көрген ағасының, Ғалиядай жеңгесінің нашар жатқанын естіп, шыдай алмай жүріп кеткен» (Кәмен Оразалин. «Абай ауылына саяхат», 1994, 112-бет).

**Қыркүйектің 25-і.** «Мұхтар «Приказчиктер клубында» өздерінің тұңғыш қазақша ойын қойғандарын еске алып, әңгіме етеді. Ойынды ұйымдастырушы қазақтан шыққан тұңғыш оқыған білімді әйелдердің бірі Нәзипа Құлжанова болады. Құлжанова 1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толған күні, ақынды еске алуға арналған әдеби кешінде ұлы ақынның өмірі, ақындығы жайында орыс тілінде баяндама жасайды. Оған Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Тайыр Жомартбаев бастаған қазақ жастары қатысады» (Қайым Мұқаметханов. Мұхаң туған жерінде // «Біздің Мұхтар», 1976, 383-бет).

**Қыркүйек.** «Ноғай балалары мен қазақ балаларынан Семей қаласында 24 адамнан «Ярыш» атты футбол командасы құрылды. Мұхтармен бірге оқыған, әрі сол футбол командасына қатысқан, қазір көзі тірі, Өзбек ССР Ғылым академиясының қызметкері, ғалым Қасым Мұхамедов жолдас өткенді еске алып былай деді: «Футболды екі маусымда, оқуға алғаш келгенде және май айларында ойнайтынбыз. Жұмасына екі-үш рет базар, шіркеу алаңдарында бас қосатынбыз. Онда әркім өз үлесін қосатын. Мақсатымыз – біреуді, қарсы жақты ұтып кету емес еді, футбол ойынын үйрену еді. Бұл шынында да қазақ балалары үшін үлкен жаңалық болатын. Футбол ойнау ақсүйектен

гөрі орыс мәдениетіне бізді жақындата түсті. Сабаққа аса зейінді Мұхтар «Ярыш» командасының құрамында ойнап жүргенде, өзінің тағы бір талантын көрсеткен. Біз оның бойынан қолға алған мақсатты іске беріктігін, әр нәрсені білуге, үйренуге құштарлығын байқайтынбыз. Бұл кезде, оқып жүрген кезінде Мұхтар «Өнерді үйрен де жирен» деген қағиданы немесе «Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болу керек» деген мәтелді жадында берік сақтайтын адам боп көрінетін. Бала Мұхтар осындай мақсатшыл, зейінді еді. Оның бойымен бірге ойы өсті. Еңбекпен, спортпен денесі шыныға түсті. Бұрынғыдан да байсалды, өзіндік ой иесі болып келе жатты. Әсіресе әдебиетті сүйіп оқитын, қазақ ауыз әдебиетінің тамаша нұсқаларын сүйетін» (Ахмет Әуезов. «Жас Мұхтар», 1977, 40–41-беттер).

### 1915 ж.

**Ақпанның 13-і.** «Семейдегі Приказчиктер клубында қазақша үлкен ойын-сауық кеші болып, ол кеште «Біржан – Сара айтысы» театр сахнасына бейімделіп, музыкалы пьеса-инсценировка ретінде қойылады. Қазақша тұңғыш театр ойынын ұйымдастырып, қоюшылар сол кездегі алдыңғы қатарлы қазақ интеллигент жастары еді. Олар: семинарияның қазақ тілі мен әдебиет оқытушысы Н. Құлжанов, оның зайыбы Н. Құлжанова, ақын Тайыр Жомартбаев, семинария оқушылары Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаевтар қатынасады» (Тұрсын Жұртбаев. «Бесігінді түзе», «Жұлдыз», 1987, №9, 126-бет. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, №603, 604-п.). «Мұхтар жазғы демалысқа келгенде ителгі, қаршыға ұстайтын болды және оған мол етіп Семейден қосауыз мылтық алып келіп, үйрек-қаз атып, аңшылық жасап, көңіл көтеру жағдайына кірісті. Ауылымыз Тума деген көлдің маңайында отыр еді. Бір күні Мұхтар: «Мәжит, сен менімен еріп жүр, Тума көліне барып, үйрек атып әкелейік» деп мені ертіп алды. Көлдің маңайына келіп өзі шешінді де, маған: «Сен көлдің ана шетіне барып тұр, мына судың арғы бетіне барып түсуі керек, соларды ұстап ала-сың», деуі-ақ мұң екен, мен санымды шапалақтай қуанып, жүгіріп кеттім. Осы кезде өзі бір тұп қамыстың арасына барып, бұғып отырды. Судың арғы бетіне барып жеткенім де сол еді, мылтық тарс ете түсті. Аспанға ұшқан бір топ үйректің екеуі менің алдымдағы қамыс арасына келіп құлады. Жүгіріп барып, біреуін ұстап алдым. Енді екіншісін ұстау үшін тізеден келетін суды жалдап жүгіріп бара жатқанымда су жыланын көріп қалып: «Мұхтар ағатай!» деп айқайлап жібердім. Сөйтіп екінші үйректен айрылып қалдым. Мұхтарға келіп жағдайды айтып едім: «Су жыланы шақпайды, одан қорықпа» деді. Сөйтіп бір сағаттың ішінде жеті үйрек атып алдық та, үйге қайттық... Мұхтар әдетте, бір күні таңертең ерте тұрып, құс атуға, екінші

күні ителгісін үйрек, қазға, не қоянға салуға кететін. Кейбір күндері таңертеңнен кешке дейін кітап оқып, ылғи жазып отыратын» (Мәжит Дикамбаев. «Мұхтардың өмірбаяны», «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, КҚР-1, №375-п.).

### 1916 ж.

**Мамыр.** «1916 жылдың көктемінде әкеміз семинариядан ауылға демалысқа келеді. Әуез ата мен Разақ аға әкемді үйлendirуді ойластырып, қалаған қызын атастыруды өтінеді. Сол уақыттың дәстүрі бойынша, жігіттер ел аралап, қыз таңдайды. Мұны естіген Турағұл Абайұлы: «Мұхтарға қалыңдық айтырып жүр деп естідім. Менің Кәкен деген досым бар. Аң аулай шыққанда, үйіне қонаға барып жүреміз. Соның әдемі, талғамды қызы бар. Көңілі тоқтаса құдалығына өзім ықпал етер едім», – деп сәлем айтыпты. Содан жеті жігіт аң аулаған боп жүріп, қонаға менің нағашыларымның ауылына келеді. Алайда бұл жолы қызды көре алмайды. Оқыған жігіттерден именсе керек. Мұны естіген Турағұл: «Жеті жігіт жүріп қызды көре алмаған қорлық қой. Тағы барсын», дейді. Сонда араға уақыт салып барып, андан адасқан аңшының кебін білдіріп тағы да келеді... Әйтеуір қиын-қиын жолдар өтіп, шешемді көріпті. Содан арада біраз уақыт өткен соң, Турағұл ағаның сәлемін алып құдалар келіпті. Жылдамдатып қалыңдықтың жоралғысын, қалыңмалын қамдастырып, әкеме Райханды айттырыпты» (Мұғамила Әуезова. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 660-п.). **Маусым – тамыз.** «1916 жылы Мұхтар аға Мырзашоқы биігінің түбінде «Шаған» атанған тұңғыш мектепті өзі ашып, сабақ бергені мәлім. Мырзашоқы мен Тоғжан қыстауының арасы қозы өрісіндегі ғана жер. Сол кезде Тоғжан тұры болған. Мұхтардан хат таныған Қанбай мен Шәбен ақсақалдар: «Абай өңдерінен ұйымдас-тырған ойынға ауылдың үлкен-кішісі де қатысатын. Мұхтар Тоғжанның баласы Ақылбайдың үйіне де қонақ болып жүрді» дейді» (Кәмен Оразалин. «Абай ауылына саяхат», 1994, 269-бет).

**Шілде – тамыз.** «Мұхтар Шыңғысқа, Шаған өзенінің бойында отырған елге келіп, демалып жүрген кезінде «Маса» атты мақаласын жазды. Ол еш жерде басылмаған. Адамжан мен Смағұлды шақырып алып, «Бұның атын «Маса» деп қоямын. Уығы мен сатирасы мол» деп Мұханның өзі айтып отыратын» (Тұрсын Жұртбаев. «Бесігінді түзе», «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры №603, 604-п.).

**Тамыз.** «1916 жылдың тамызында мен Семейдегі мұғалімдер семинариясына орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін оқытушы болып келдім, – дейді Василий Иванович Попов. Мұхтар ол уақытта семинарияның бірінші курсында оқитын. Өлі есімде: үлкен класс бөлмесі, үш қатар қойылған парта. Оң жақтан

санағанда ортадағы қатардың алдыңғы қатарында он сегіз жасар шамасындағы бойшан, әрі сұлу қазақ жігіті отырғанды. Сыртынан қарағанда ерекше ұқыпты киінген, өзіне жарасымды қою қара шашы бар, бет-бейнесі сәл сарғыштау келген, қалың ерінді, қыр мұрынды, ойлы қара көзді және биік маңдайлы бұл жігіт Мұхтар Әуезов еді. Ол әрқашан байсалды, әдепті, мінезінің ұстамдылығымен оқытушылары алдында да, жолдастары алдында да қадірлі саналатын, тіпті өз класында ерекше көзге түсетін, бір курстағы оқышылар арасында аса беделді болатын. Орыс тілін өте жақсы игергені үстіне, сол тілдің жай-жапсары жайындағы білімінің кеңдігі бізді таңқалдыратын еді» (Ахмет Әуезов. «Жас Мұхтар», 1977, 30–31-беттер).

#### 1917 ж.

**Наурыздың 30-ы.** «1916 жылдың 26 қарашасынан бастап 1917 жылдың ортасына дейін (шамамен 22-саны) Ташкентте шыққан «Алаш» газетінің 1917 ж. 30 наурыздағы санында Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласы жарық көрген. Бұл мақала 1917 ж. 5 қыркүйекте «Сарыарқа» газетінің 12-санында жарияланған «Адамдық негізі – әйел» атты мақаладан жарты жылдай бұрын жарық көрген еді. Сол кезеңге тән кейбір кемшіліктері болса да, үлкен деректік мәні бар. Мақаланы М. Әуезовтің тұңғыш мақаласы деп жариялауға Ж. Аймауытов ақталмаған кезде мүмкіндік болмаған болар» (Мақала мәтіні толық келтірілген; Керімбаек Сыздықов. «Ел аманаты» // «Лениншіл жас». 1930, 27 шілде).

**Мамыр.** «1917 жылдың жазында, демалысқа келер алдында Мұхтар Дарқан өзенінде жайлауда отырған Өміртай Ақбердиннің аулына соғып, екі күндей сонда жатты. Онымен бірге Семей қалалық училищесінде оқитын Данияр Ысқақов, реальный училищеді оқитын Абайдың немересі Жәбірәйлі Ибрагимов, Жағыпар Ибрагимовтар болды» (Құлатай Ақбердин. «Жазушының жастық шағынан» // «Біздің Мұхтар», 1976, 359-бет).

**Маусымның 7-сі.** «Нысаналы Ойқұдықтың басында қазір шағын ғана тас ескерткіш тұр. Оның бетінде «1917 жылы 7 маусымда қазақ халқының сахна шымылдығы тұңғыш рет киіз үйде, осы Ойқұдықта «Еңлік Кебек» пьесасымен ашылды. Пьесаны қойған автордың өзі – Мұхтар Әуезов» деген сөздер қашап жазылған» (Тұрсын Жұртбаев. «Бесігінде түзе», «Әуезов үйі» ҚМО-ның қолжазба қоры, №603, 604-п.).

**Шілде – тамыз.** «Семинарист М. Әуезов жазғы демалыстарында Абай ауылындағы «Талап» қоғамының жастарымен спектакль қоюды ұйымдастырып, «Пьеса және оны сахнаға шығарудың маңызы» деген тақырыпта лекция оқыған» («Қазақ театрының тари-

хы». 1975, 1-том, 76-бет).

**Қыркүйектің 15-і.** «1917 жылы «Сарыарқа» газетінің 5 қыркүйектегі 12-санында «Адамдық негізі – әйел» деген мақаласы басылды. Бұл мақала туралы М. Әуезовтің өзі: «Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, жалпы газет, журнал мақалаларынан басталды. Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сарыарқа» газетінде «Адамдық негізі – әйел» деген нәрсе еді. Бұл, анығында, жалғыз өзімдікі емес. Тұраш екеуміздікі болатын. Негізгі пікір соныкі еді, мен соның пікірімен жаздым. Мақаланы бергенімізде ешқайсымыздың қолымыз жоқ еді. Басқармадағы Сәбит Дөнентай баласы ма, болмаса Әлімбаев пе, біреуі – мен әкеп берген соң «Семинарист Әуезов» деп аяғына қол қойып жіберіпті» деп жазады» («Өз жайымнан мағлұмат», «Әуезов үйі» ҚМО-ның қолжазба қоры, 382-папка).

«Мұхтар қарағым, екі-үш күннен кейін ауылға жүреміз, ауылға барғаннан кейін, атам, жеңгелерің, қарындас-бауырларың сен қаладан базарлық әкеледі деп күтетін шығар, керекті ақшанды ал» деп еді, Мұхтар «ағатай, базарлықтың бәрін өзіңіз алыңыз. Маған бірнеше кітап алатын ақша берсеңіз» деді де, сұраған ақшасын алды. Ертеніне Рازақ Мұхтарға ақшал, алтындай сары жорғаны ерттеп, өзі трашепкеңесіне торы биесі мен көк бестіні парлап жегіп, Мұхтар «мына салт атқа мінемін, мына екі кітапты трашепкеңіздің артына салып, мықтап байлаңыз» деп, жорға бедеуге мініп алды да, екеуі ауылға қарай жүріп кетті. Жолда келе жатып, іші пысқан Мұхтар трашепкеңенің алдында жарты шақырымдай жерде бездіріп отырды. Разактың кеткеніне бірнеше күн болды. Әуез атам және басқалары Разактың Мұхтарды алып келетін кезі болды дегенді естіп, аңадайда көрініп тұрған Қасқабұлақтың белінде созылып жатқан жолдан шаң шықса, тайымызға тоқым салып, жайдақ міне салып, жарысып шаппақпыз. Бір күні ел орынға отырып, ымырт жабылған кезде ауылдың иттері абалап, шуылдап үрді, сылдыр-сылдыр дыбыс естілді. Ауылдың еркек-әйелдері Мұхтар келе жатыр деп, мез-мейрам болысып жатты. Разак Мұхтар інісін алып келеді дегенді естіген Әуез үлкен үйге келіп, немересін сағынып қалған екен, жанына шақырып алып, бетінен сүйіп еді, ана жақта отырған Кұлжан: «Әуез, мына Мұхтар балаңның өзі барып сәлем бермей ме» деп еді, Әуез атам, «әй, Кұлжан, «алты жастағы бала жолаушы келсе, алпыс жастағы шал келіп сәлем беруі керек» деп тоқтатты» (Мәжит Диканбаев. «Мұхтардың өмірбаяны», «Әуезов үйі» ҚМО-ның қолжазба қоры, КПП-1. №375-п.).

#### 1918 ж.

«Менің үлкен әкем 1918 жылы дүниеден өтті» («Өз жайымнан мағлұмат», «Әуезов үйі» ҚМО-ның қолжазба қоры, 382-п.).

«Мұхтар Амарханұлы үйленгеннен соң, Семейге кетіп, ауылға қызы Мұғалима (Мұғаш) алты айлық кезінде бір-ақ келді» (Валентина Николаевна Әуезова. «Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, №15-п.).

#### 1919 ж.

**Ақпан.** «1919 жылдың ақпан айында Мұхтар сырқаттанып ауылға келіп жатты, бұл кезде ақ бандылардың саябырлап, қашып болып қалған кезі еді. Сонда да қыста қолға ұстайтын 2–3 аттарды ауылдан 4–5 шақырым жерде жардың төбесін жауып, қалың қарағанның ішінде ұстайтын. Ол кезде Мұхтар ауылға келісімен таңертең және кешкі мезгілде далада біраз жүріп келеді де, күні бойы жазу жазып, кітап оқып отыратын болды» (Мәжит Дикамбаев. «Мұхтардың өмірбаяны», «Әуезов үйі», ФМО-ның қолжазба қоры, КПП-1, 375-п.).

**Желтоқсан.** «Ол 1919–20 жылдар Семей губермының қазақ бөлімінің бастығы, одан соң 1921 жылы губерниялық халық билері кеңесінің қазақ бөлімінің бастығы болған. Қысқарта айтқанда «Губхалбикен» дейді екен» (Қайым Мұқаметханов. Мұхтар туған жерінде // «Біздің Мұхтар», 1976, 383-бет).

**Желтоқсан.** «Семейдің бұрқылдаған бораны, ысқырған аязы бет қаратпай тұрған кез. Ақтар мен қызылдардың шайқасы қызу жүріп жатқан. Ертістің мұзы қатса да, екі қаланың қатынасы жоқтың қасы. Осындай жағдайда Жаңа-Семейде тұратын оқыған қазақ жастары күпі, тымақ киіп жасырынып, Семейге кетіп жатты. Сондай жастардың бір тобы соңғы жылдары Абай музейі болып келген үйді паналады. Басшысы – Мұхаң» (Нұрпейіс Ысмағұлов. Естен кетпес үш көрініс // «Біздің Мұхтар», 1976, 390-бет).

**Желтоқсанның 18-і.** «№3 Мәжілісхат, 18/ХІІ – 1919 жыл кешкі сағат 6, Семей облыстық Төңкерістік Комитетінің мәжілісі. Қатысушылар обтөңком мүшелері. Скиба, Большаков, Бобра, ... «Алаш-Орда» ұйымының мүшелері: Ермаков, Әуезов және Дүйсенбаев. Төрағалық жасаушы жолдас Скиба (Семей облыстық Мемлекеттік мұрағаты, 720-к., 1-п., 17-іс). «Сырлы әдебиетке кірсуді пьеса жазудан бастадым. 1919 жылға қараған қысында сүзек болып ауырып, оқуды тастап, қырға шығып тұрып едім. Сонда ең алғашқы пьесам «Ел ағасы» деген 4 перделі драманы жаздым. Шу дегеннен пьесадан, драмадан бастаудың өзі де белден шапқан сияқты орынсыз басталған құр кеуде болатын. Бұл да көп сандырақтың бірі, берекесіз кездер еді. Сол сорлы пьесам қайда екенін осы күнге дейін білмеймін. Өзімде қарасы да қалған жоқ» («Өз жайымнан мағлұмат», «Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 382-п., 5-бет).

«Арасында ауырып, оқуды бірлі-жарымды тоқтатып, доғарып қойып жүріп, семинарияны 1919

жылы шала-шарпы бітірдім. Бұл кездерде ақпан төңкерісі болған. 1919 жылдың аяғында кеңес өзгерісі болды, әлеумет қызметіне араласып кеттік» («Өз жайымнан мағлұмат», «Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 382-п., 5-бет).

#### 1920 ж.

**Наурыздың 13-і.** Семей губерниясының көрнекті қызметкерлері М. Әуезов, Ә. Ермаков, Ж. Аймауытов Қазақ Әскери-революциялық комитетіне (Кирревкомға), Сибревкомға және А. Байтұрсынның жеке өзіне хат жолдап, ұлттық зиялылар өкілдерін бұрынғы саяси қызметі үшін қуғынға ұшыратуды біржола тоқтатуды талап етті. «Қазақ интеллигенциясы, деп атап көрсетілді хатта, – ұлттық тұрғыдан оқшаулана алмайды. Оның себебі – өз бұқарасының мәдени дәрежесін арттыру арқылы ғана оны әлемдік пролетариат семьясына енгізе алады». Өзі де аз санды қазақ оқығандарын қуғындау халықтың болашағына орны толмас зиян келтіретінін қатты ескертті (ҚР ОММ, 14-к., 1-т., 104-іс, 5–7-п.).

#### 1921 ж.

**Тамыздың 25-сі.** РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің төралқасы М. Әуезов пен Н. Нұрмақовты Семейден Орынборға шақырып алу туралы қаулы қабылдады (Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР. ПМ), 139-к., 1-т., 13а-іс, 53-п.).

**Қазанның 22-сі.** РКП(б) Қырғыз (Қазақ) обкомының төралқасы қазақ тілінде «Еңбекші қазақ» газетін шығару туралы шешім қабылдап, оның редакциялық алқасын бекітті. Алқа құрамына М. Әуезов, Телжанов, А. Асылбеков, Е. Алдоңғаров, А. Байділдин кірді (ҚР ПМ., 139-к., 1-т., 139-іс, 96-п.).

#### 1922 ж.

**Ақпанның 14-і.** Қазақ ОАК-нің хатшысы М. Әуезов ҚазОАК-нің Кіші төралқасының (Малый президиум КирЦИКА) мәжілісінде Қазақ АКСР-і Орталық Атқару Комитеті Төралқасының қызметін реттеу жөнінде, Қазақстанның Хорезм Республикасындағы өкілдігі, Адай уезінің азық-түлік жағдайы туралы баяндамалар жасады (ҚР ПМ, 139-к., 1-т., 329-іс, 39–40-п.).

**Ақпанның 15-і.** М. Әуезов РК(б)П Бүкілқазақстандық ІІ конференциясы делегатының тіркеу қағазын өз қолымен толтыра отырып, конференцияға Орал губерниялық партия ұйымынан сайланғанын (М. Әуезов 1922 ж. қаңтарда Оралда арнайы жолсапарда болып, РК(б)П VI губпартконференциясына қатысқан еді), өзінің 1919 жылдың желтоқсанынан партия мүшесі екендігін, Қазан төңкерісіне дейін оқуда болғандығын, «Жас қазақ» ұйымында қызмет атқарғанын, ал төңкерістен соң түрлі кеңестік



жұмыспен айналысқандығын жазды (ҚР ПМ, 139-к., 1-т., 386-іс, 22-п.).

**Наурыздың 7-сі.** М. Әуезов пен С. Сәдуақасов РК(б)П Орталық Комитетінің Қазақстандағы уәкілі В. Г. Юдовскийдің атына жазған «Қазақ жұмысшылары мен кедейлері арасындағы жұмыс туралы» атты баяндама хатында, қазақ кедей табын кеңес құрылысына тарту – оларға нақты көмек көрсетуден басталуға тиіс дей келіп, ұлттық теңсіздікті жою қазақ жұмысшыларының санын арттырып, жағдайын оңалту, ана тілінде іс қағаздарын жүргізу, ұлттық баспасөздің дамуына тиісті көңіл бөлу сияқты 8 түрлі аса өзекті мәселелерді күн тәртібіне қойды (ҚР ПМ, 811-к., 20-т., 568-іс, 181–182-п.).

**Наурыздың 11-і және 20-сы.** РК(б)П Қазақ обкомының төралқасы М. Әуезов пен С. Сәдуақасов ұсынған қазақтар арасындағы жұмыс жоспарын талқылап: 1. Әуезов пен Сәдуақасов жолдастарды ұлт мәселесі жөніндегі тезистерді дайындаумен шұғылданып жүрген комиссияның мүшелігіне енгізу; 2. Комиссияға тапсырылған тезистерді төралқаның келесі мәжілісіне дайындап әкелуді міндеттеген қаулы қабылдады.

**Шілденің 17-сі.** Қазақ АССР-індегі партияны тазалау жөніндегі комиссияның төрағасы А. Жехановтың РК(б)П Орталық Комитетінде жолдаған баяндау хатында: «ҚырғОАК хатшысы жолдас Әуезов, жолд. Байділдин, жолд. Сәдуақасов өте сауатты жастар, алайда нағыз алашордашы Бөкейханов шалдың ықпалында жүр және де өз орындарын таппаған, меніңше дайындықтары аз болған» делінеді (ҚР ПМ, 811-к., 243-іс, 22-п.).

**Қазанның 13-і.** Біріккен Бас саяси басқармасының (ОГПУ) Семей губерниялық бөлімінің бастығы РК(б)П губкомына жергілікті қазақ жауапты қызметкерлері Әуезов, Тоқжігітов, Смағұлов, Ержановтардың Орынбордан жолсапармен келген Қазақ облыстық бақылау комиссиясының мүшесі Мұқаметқали Тәтімовпен мәжіліс өткізгенін, мәжілісте Қазақ республикасын КСРО-дан бөліп алып, тәуелсіз жеке мемлекет құру мәселесінің талқыланғанын хабарлады (ҚР ПМ, 811-к., 3-т., 87-іс, 30-п.).

## 1923 ж.

**Наурыз, көкек, мамыр.** «Текшенің бауырында». (Жазушының «Шолпан» журналында басылған әңгімесі. (№6–7–8. 89–99-беттер).

**Тамыз.** «1923 жылдың тамыз айы. Семей, Зайсан, Қарқаралы, Кереку уездерінен Семей қаласына оқуға түсуге келген өңшең ауыл балалары күн сайын ГУБОУО-ның (губерниялық оқу бөлімінің) алдын босатпаймыз... Бір мезетте сол көшемен Мұхаң өтіп бара жатыр екен, танып қалып, Шаймерден деген бала екеуміз сөлем беріп қалайық деп, соңынан жүгірдік. Мұхаң мені көре салып, жылы шыраймен сөз қатып, хал-жайымды сұрастыра бастады. Мен оқуға келгенімді айтып едім, кәдімгідей кө-

ңілденіп:

Бәрекелді, жақсы болған, тіпті жақсы... Ал документтерің бар ма? – деді. Мен ол кісіге өзімнің елден әкелген қағазымды ... оқу бөліміне жазған арызымды ұсына қойдым. Мұхаң көз жүгіртіп оқып шықты да, сәл ойланyp тұрып, кейін қарай бұрылып: «Жүр, барайық» деді. Мен жалма-жан: «Мына бала әлгі Тас-тамбектің Нұрымханының жетім баласы Шаймерден, мұның қағазы мынау» деп, оны да ұсындым. Мұхаң екеумізді ертіп, губерниялық оқу бөлімінің кеңсесіне әкелді (Файса Сармұрзин. «Өмір сабақтары», 17–18-беттер).

## 1925 ж.

**Жаз.** «1925 жылдың жаз айларында Мұхаң Семейдегі пәтерінде кешке жақын толғанып отырып:

– Ленинградқа оқуға жүрердің алдында екеуміз біздің елге барайық. Шыңғыс тауын жақсылап көресің. Абай ақынның аулымен танысасың. Ол жерде әнші, ойыншы адамдар өте көп, соларды көріп қызықтайсың – деді» (Өлкей Марғұлан. «Жадымда қалған жақсы күндер». «Әуезов үйі» ГМО-ның қолжазба қоры, №671-п., 45-бет).

**Күз.** «1925 жылдың күзі. Үш сабақтан кейінгі 20 минуттық үлкен үзілісте Мұхтар мені шақырып алып, өзінің «Қарагөз» атты пьеса жазғанын айтты (Ғалиақпар Төребаев. «Алғашқы спектакльдер» // «Біздің Мұхтар», 1976, 397-бет). «Қарагөз» жарыққа шыққан соң конкурста бірінші бәйгегі алып, тұңғыш рет Семейдегі драмалық труппаның сахнасына қойылды» («Қазақ театрының тарихы». 1975, 1-том, 109-бет).

## 1926 ж.

**Қаңтар.** «Қазақстанның астанасы Қызылордада Қазақтың тұңғыш ұлттық театрының алғашқы шымылдығы 1926 жылы 13 қаңтар күні «Еңлік – Кебек» трагедиясымен ашылды. Театр небары 320 орындығы бар жергілікті кино үйінде ойналды» («Қазақ театрының тарихы», 1975, 1-том, 97-бет).

**Тамыз.** «1926 жылы елге қаникулға барғанда, көңіліміз қасқыр алып жүрген екі алпауыт тазыға түсті. Тамыз айының орта шенінде біз бұл иттерді арбаға байлап, бір топ бала Шідертіден Павлодарға жөнелдік... Мұхаң тазыларды көркем түрде жеткізу мақсатымен мәлепеп баптап, мойнына әдемі қарғы тағып, сәулетті түрге келтірдік. Семейде Мұхаң мен біздің досымыз Шкібаевтың үйіне тоқтадық. Ол кезде Мұхаң еліне келмеген. Қыс күні екі тазыны қызық еткен Мұхаң олармен қасқыр аулап жүргенде елдің малына тыным бермеген көкжал қасқырға кездесіп, оны ғажайып түрде өз көзімен алдырады» (Өлкей Марғұлан. «Жадымда қалған жақсы күндер». «Әуезов үйі» ГМО-ның қолжазба қоры, п. №671, 50-бет).

«Мұхаң бірінші театр ашылуын қатты қуаныш етті. Ол 1926 жыл еді. Театр туралы мақала жазып, онда театр артистерінің ойынын талдап берді. Ол мақаланың қолжазбасын мен бес жылдай қолымда сақтадым (1927–1932). 1932 жылы Мұхаң театрға әдебиет бөлімінің меңгерушісі боп келгенде, қайтарып бердім» (Серке Қожамқұлов. «Мұхтар Әуезов туралы», «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, №671-п., 9-бет).

«Он үш жасар жеткіншек осы кездесуді өмірбақи зердесіне түйді: бұйра шашты, сымбатты жас жігіт, кере қарыс жазық маңдай, қыран мұрын... 1932 жылдың жазында оны екінші мәрте кездестірдім. Мен ҚазАПП-тың басшысында отырғам, кенет есік айқара ашылып, кескін-келбетінде тек шығысқа ғана тән, ерекшелігі бар адам ішке кірді де, өзін «Әуезовің» деп таныстырды. Менің абыр-жағым сонша, орынымнан атып тұрып: «Мен сізді баяғыдан бері білем» дей жаздаптын. Бірақ осыны айта алмадым, екеуін оңаша қалдырып, сыртқа шығып кеттім. Әуезовті алғаш көргендегі балалық әсерім алдамапты, сөйтсе де аздап қателесіппін: қыран мұрын емес, қыр мұрын ғой... (Зейін Шашиқұн. «Мұхтармен кездесулерім» // «Біздің Мұхтар». 1976, 220-бет).

## 1927 ж.

**Мамырдың 14-і.** БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Секретариаты Қазақ мемлекеттік баспасының 1927 жылдың екінші жарты жылдығына арналған жоспарын қарап, 25 оқулықтың үшеуін – А. Байтұрсыновтың «Тіл құралын», М. Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихын», А. Байтұрсынов пен Т. Шонановтың «3-ші және 4-ші оқу жылдарына арналған хрестоматиясын» жарыққа шығаруға тыйым салды (ҚР ПМ, 141-к., 1-т., 1043-іс, 349-п.).

**Мамырдың 19-ы.** БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің баспасөз бөлімінің алқасы М. Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабы туралы мәселені талқылап, А. Байділдинге кітаптың мазмұнымен егжей-тегжейіне дейін танысып, бір аптаның ішінде өзінің пікірін білдіруді және кітапты баспадан шығаруды мүмкін деп тапса, осы мерзім ішінде маркстік-лениндік сын тұрғысынан алғысөз жазып беруді тапсырды (ҚР ПМ, 141-к., 1-т., 1043-іс, 388-п.).

**Мамыр.** М. Әуезов жұбайы В. Николаевна екеуі Ленинград қаласындағы Декабристер көшесінің 14-үйінің бір бөлмелі, нөмірі бірінші пәтерін жалға алады.

**Тамыздың 9-ы.** Көркем әдебиет туралы айтыс ретінде «Екеу» деген атпен М. Әуезов, Ж. Аймауытов екеуі бірігіп жазған мақаласы «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрді.

**Қарашаның 22-сі.** «Мұхтардың өміріндегі Смағұл Сәдуақасовтың қандай орын алатындығы оған жолданған төмендегі хаттың мазмұнынан анық байқалады...»: Жолдау-

шы Мұхтар Әуезов. 22/ХІ–27 ж. Алушы: Қызылорда қаласы, Ленин, № 26. Б. Майлинге. Сәдуақасов Смағұлға табыс ету үшін... Хаттың сыртындағы жазу: Бейімбет, Смағұл онда жоқ болса, Ташкенге жіберуінді сұраймын» (Тұрсын Жұртбаев. «Талқы», «Әуезов үйі» ҒМО-ның архиві. Қолжазба қорынан, п. №633). «1927 жылдың күзінен бері «Қараш-Қараш оқиғасы» деген бір повесті жазып, «Жаңа мектепке» жібердім. Аяғында, жақында «Қилы заман» деген бір ұзақ әңгіме жазып, Госиздатқа жібердім. Ірі жазғандарым осы» («Өз жайымнан мағлұмат», «Әуезов үйі» ҒМО-ның мұрағаты, №382-п., 6-бет).

## 1928 ж.

**Наурыздың 21-і.** «Әлімхан Ермеков Ленинградтағы Мұхтардың мекен жайына Әлихан Бөкейхановқа арнап хат жолдаған. Ол хатты 1928 жылы 21 наурыз күні ОГПУ-дің тергеушілері қолға түсірген де, іле ОГПУ-дің КСС бойынша тетенше өкілі Петросянға: «Осы хат арқылы Әлімхан Ермековтың Мұхтар Әуезовтің атына жолдаған құжаттары мен оның фотокөшірмелерін жолдап отырмыз» деп түсініктеме берген» (Тұрсын Жұртбаев. «Талқы», «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, №633-п.).

**Маусымның 6-сы.** М. Әуезов өзінің БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің үгіт-насихат бөліміне жазған арызында «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбегінің 1927 жылдың көктемінен бері Ташкенттегі Наркомпростың баспасында қозғалыссыз жатқанын хабарлап, оның жарық көруін тездетуді сұрайды (ҚР ПА, 141-к., 1-т., 2275-іс, 178–179-п.).

**Маусымның 12-сі.** Ликвидком төрағасы Трачевский БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті мен Оқу халкомына жазған қатынас қағазында Ташкенттің Саяси Бас басқармасының (ГПУ) қоймасында М. Әуезовтің «Қазақ әдебиеті тарихы» кітабының 10 мың данасы қозғалыссыз жатқандығын және бұл кітапты таратпау туралы шешімді қайта қарау мүмкіндігін хабарлады өтінеді (ҚР ПМ, 141-к., 1-т., 2275-іс, 177-п.). «Хан Кене», пьеса. (Араб әрпінде хатқа түсіп түптелген қолжазбасының бір нұсқасы. («Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 75-п., 1–35-бет).

«Мұхтардың есімін әдебиеттен сызып тастауды» талап еткізген де «Қарагөз». Бұл – Мұхтарға жасалған алғашқы шабуыл, бірінші атылған оқ. 1928 жылы пролетариат сыншыларының басын біріктірген «Құс жолы» жинағы шықты. Сонда «Қарагөз» атты атышулы мақала басылды. Жинақтың мақсаты таза кедейшіл әдебиет пен «сұлу, бірақ байшыл» әдебиеттің арасын «ажырату», «яғни жік тастау» (Тұрсын Жұртбаев. «Бесігінде түзе, «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 603, 604-п., 440-бет).

**1929 ж.**

**Қаңтардың 29-ы.** «Өз жайымнан мағлұмат». (М. Әуезовтің жастық шағы, оқыған кезі туралы араб әрпінде хатқа түскен автобиография («Әуезов үйі» ҒМО-ның архиві, 382-п., 7-бет).

**Сәуірдің 19-ы.** «Құрметті жолдастар! Біздің пікірімізше, Әуезов пен Байтұрсыновтың шығармаларына маркстік көзқарасқа мүлдем жат баға берілген. Бәрінен бұрын Әуезовке тоқталайық. «Әдебиет энциклопедиясында»: «Ол қазіргі замандағы аса көрнекті жазушы, оның көркем шығармалары таңғажайып дәлдігімен және тарихи шындығымен дараланады» деп жазылған. Біздің ойымызша, бұл сыпайылап айтқанда, Әуезовтің өзін де, оның творчествосын да білмеу, түсінбеу болып табылады. Біріншіден: Колчактың тұсында, «Алашорданың» шығыс бөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі ретінде Әуезов Колчакқа қарсы күреспеді, күрескісі де келмеді, керісінше, сол кездегі бүкіл «Алашорда» үкіметі, оның ішінде Әуезов, Колчакпен одақтаса отырып, большевиктерге, кеңес өкіметіне қарсы күрескені белгілі... Бірақ та кеңес өкіметі орнаған соң, Әуезов сол жаққа шығып, партияға өтті де, КирЦИК-тің хатшысы міндетін атқарды, алайда бұған қарамастан, Әуезов саясатта да, әдебиетте де буржуазияшыл ұлтшыл-қазақ байларының идеологі болып қала берді... «Әдебиет энциклопедиясының» редакция алқасы жіберген қателіктерді түзету мүддесін көздеген біздің бұл пікірімізге «Правданың» бетінен орын беруіңізді өтінеміз». Коммунистік сәлеммен: О. Исаев, Ө. Құрамысов, Ф. Тоғжанов, С. Сапарбеков, О. Жандосов, Х. Жүсіпбеков, А. Байділдин» («Советская степь» газеті. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 633-п.).

«Көксерек». М. Әуезовтің журналда басылған әңгімесі. («Жаңа әдебиет», 1929. №2, 27–42-беттер).

«САКУ-дің оқушылары мен оқытушылары». (Бұл мақаласы «Кедей айнасы» журналында басылды (№45, 57-беттер).

**1930 ж.**

«Бір күні ертеңгісін португялы екі кісі (олар милицияның не басқа бір форма киіп келді ме – білмеймін) келіп, оны алып кетті. Айван еденінен ұшып тұрып, мен әлгі екеудің біреуі Мұханның алдында, екіншісі соңында бау ішінен қақпаға қарай айдап бара жатқанын көрдім. Әуезов артына бұрылып қарамай, алдына байыптай қарап, баяу басып бара жатыр екен» (Шапық Шокин. «Әуезовпен бірге болғанда», «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, № 672, 39-п.).

**Қыркүйектің 17-сі.** «Сөйтіп ұлы құрбандықтың екінші легі түрменің торына... Әуезов Мұхтар – 17.09.30 ж. түсті» («Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 633-п.).

«...1930 жылы күзде М. Әуезов Орта Азия Мемлекеттік университетінің жанынан шығыс

әдебиетін зерттеудегі болашағы өте зор бағыт Абайтану бөлімін ашқаны үшін «ұлтшыл, буржуазияшыл, теріс пиғылдағы жат адам» боп, тергеуге алынды. Ташкенттен Алматыға алдырылды» (Тұрсын Жұртбаев. «Бесігінді түзе». «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 633-п. 576-п.).

«1930 жыл. Ташкент қаласы. Мұхаң осы қаладағы Қазақ орман техникумының Салар өзеніне таяу орналасқан бір үйінде тұрды. Ташкентте оқитын бір топ қазақ, қырғыз жастары «Манас» жыры туралы Мұхаң сөзін естуге өте құмар болатынбыз. Біз рабфак жатақханасының ашық ауласына жиналдық. Жағалай орындықтар, ортада стол. Мұхаң көңілі келіп лекциясын бастады. Біразында қазақ, қырғыз халықтарының тарихына да тоқталып, сонан соң «Манас» жырына көшті. Оның көркемдік сипатын әр тарауынан жатқа үзінділер оқи отырып, талдап берді» (Нүрпейіс Ысмағұлов. «Естен кетпес үш көрініс» // «Біздің Мұхтар», 1976, 391–392-беттер).

«Қырғыз халқының әйгілі жыры «Манасты» шын мәнінде ғылыми тұрғыдан зерттеген Мұхтар Әуезов. Кейбір ауызша мәліметтер мен автордың өз куәлігіне қарағанда, ол «Манас» жырымен 1930 жылдың басынан шұғылданып, кейін, 1935 жылы өзінің «Қырғыз батырлық эпосы «Манас» деп аталатын белгілі еңбегінің алғашқы вариантын жазып аяқтаған» (Ысқақ Дүйсенбаев. «Мұхтар Әуезов». 1974, 97–98-беттер).

**1931 ж.**

«1931 жылы өзіміздің курстағы қазақ студенттерінің атынан сол уақыттағы КазЦИК-тің председателі Елтай Ернзаровтың атына арыз жазып, бізге қазақ әдебиетін программаға кіргізуді, қазақ әдебиетінен сабақ беруге М. Әуезовті сұрадық. Біздің бұл өтінішіміз қабылданып, қазақ әдебиетінен сабақ өткізуге Мұхаң да келді. Мұхаңның әрбір сөзі, ақыл-кеңесі көңілге қонып, қатты ойландыратын. Өзіміздің өмір жолымыз бен алғашқы қадамымызды қалай бастағанымыз көз алдыға елестеп, болашақтың жалынды оттары, өркенді өңір, индустриялы қазақ жері алақанымызда тұрғандай сезінетінбіз» (Елжан Өтеғұлов. «Ескерткіш». «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, №672-п., 1, 3-беттер).

**1932 ж.**

«Мұхаңның «Еңлік – Кебегі» қойылды. Халық дегенің – қарақұрым. Серуендеп жүргендердің, кассадағылардың да әңгімелері спектакльден гөрі авторға көбірек ауысуда. Алдағы қатардағылар: «Автор! Автор!» деп айғайлаған еді, тобылғы торы адамды жетелеп Жұмат ағай шықты. «Мұхтарларыңыз, міне, ағайын». Керермендер дуылдаса ұзақ қол соқты. Мұхаң екі қолын көкірегіне қойған қалпы көрермен қау-

ымға кемеңгер басын төмен иіп, ізет білдірді. Сонан соң Рәбиғаны қолынан сүйіп, Жағданы құшағына қусырды. Халық Мұхтарын, Мұхтар халқын соншама сыйлайтынын көрдім» (Ө б у С ә р с е н б а е в. «Келешектің тұстасы». «Жұлдыз», №7, 1977. 159-бет).

«Мұхатмен 1932 жылы қазақ өнерінің қара шаңырағы – драма театрға әдеби көркемдік бөлімінің меңгерушісі болып келгенде таныстым. Халық ағарту комиссариатының және театр дирекциясының ұйғарымымен Мұхат, Ілекең (Жансүгіров) және маған қазіргі тақырыпқа пьеса жазу тапсырылды. Бұдан соң Ала-таудың төскегі бетіне ақ шаңқан үй тігілді. Бірде Мұхтар қалаға кетті. Сонда Ілияс бір әңгімелердің ретінде:

– Қана, байқайсың ба, мына Мұхтардың жалғыз өзі бір академия ғой. Өмір сұрағының жауабындай адам екен. Ай жарым уақытта асыл ойларының теңізіне шомылғандай әсер алды. Мен өзі көп адамды мойындай қоймаған Ілияс едім деді» (Қ а н а б е к Б а й с е й і т о в. «Ұмытылмас кездесулер». «Жұлдыз», 1977. №9. 174-бет).

«1932 жылдың жаз кезі. Алматыда Қазақ педагогикалық институтында оқып жүрміз. Бір күні Өуезов Алматыға келіпті деген жаңалық хабар дүңк ете қалды... Сол күні «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінің беттерінен М. Өуезовтің қазақ халқына арнаған хатын оқыдық» (М ұ х а т м е д ж а н Қ а р а т а е в кіт.: «Біздің Мұхтар». 1976, 277-бет).

«Бұрын шығармалары арқылы сырттай жақсы таныс Мұхатты 1932 жылдан бері қарай көріп-біліп, араласа бастадым... Ең алғаш ҚазПИ-дің – Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік педагогика институтында оқып жүргенімде Мұхат бізге «Орта Азия халықтарының әдебиеті тарихынан» лекция оқыды (Е с м а ғ а м б е т Ы с м а й ы л о в. «Биіктей бергің келеді», кіт.: «Біздің Мұхтар». 1976, 317-бет).

### 1933 ж.

«Өлібек (Қоңыратбаев), Жолдыбаев Молдағали, Өуезов Мұхтарлармен бірігіп оқулық жазып жүргендерін баяндай бастады.

– Молдекең жалқаулау, Мұхат жан-тәнін салып істейді екен!.. Өуезов менмендеу болу керек, – дедім. Өлібек күліп жіберді. Мен ойымды жалғастыра бердім.

– Ол бізді іштей ұнатпайтын адам ғой... ұнатпаған соң белгілі емес пе... – деймін.

Мен Өуезов пен Еркековтің бұдан бір жыл бұрын жазған ашық хатын оқығанмын, қазірде сол хат есімде. Ол мені жек көретін сияқты, өйткені соңғы жылдарда менің Нәзірге, Ысмағұлға қарсы жазған мақалаларымда Өуезов туралы ауыр-ауыр сөздер айтылған. Арادا қанша уақыт өткені дәл есімде жоқ. Көп ұзамай-ақ Өуезовпен бірінші рет оның өз үйінде кездестім.

– Сені көргісі келеді, демалыс күнін бірге өткізейік деп отыр, деп Өлібек мені ерікке қоймай сүйрей жөнелген.

– Бәрекеде, келіп қалдыңдар ма? – деп қарсы алды Мұхат бізді. Етжеңді жылы қолымен амандасқаны үйреншікті сыр мінез адамның амандасқанымен бірдей.

– Валя, Әбділда деген досымыз осы жігіт болады, деп мені жаңа ғана толықсып келе жатқан ашық жүзді жеңгемізбен таныстырды. Қою бұйра шашы жаңа түсе бастаған Мұхат кең маңдайлы, дөңгелек жүзді, қоңыр кісі екен. Бала сияқты күліп сөйлегенде екі беті әнтек шұқырланып, екі көзі жылылық төгеді. Үні қандай жұмсақ, сол даусына лайық жұмсақ, жағымды сөздерді әдейі таңдап алып айтатын тәрізді (Ө б д і л д а Т ә ж і б а е в. «Жылдар, ойлар». 1976, 60-бет).

**Маусым.** «Ардақты аға, әрі ұстаз болған Мұхатты алғаш рет 1933 жылы маусым айының басында қазақ драма театрының директоры Орынбек Беков жолдасын кабинетінде көрдім. Мұхат театрдың әдеби-репертуар бөлімін басқарады екен. Мен оның татар әдебиетін терең білетіндігіне қайран қалдым» (Л а т и ф Х а м и д и. «Ұмытылмас кездесулер». «Жұлдыз». №9. 1977, 179-бет).

### 1934 ж.

**Тамыз.** «...Мұхтар Омарханұлының өзіне жолықтым. Тамыз, 1934 жыл. Невский проспектісінің орта тұсында комедия театры бар...

– Бала, қазақпысың, мұңғылмысың, – деді әлгі кісі кідіріп. Бекер төңірекемеппін. Бейтанысым Мұхтар Омарханұлы Өуезов болып шықты... Театрдан кейін көшеде бірсыпыра жүрдік. Мұхтар Омарханұлы біраздан бері Ленинградта қайынында демалып жатыр екен. Жаңа ғана көрген комедияны әңгімеледік...» (Т е м і р ғ а л и Н ұ р т а з и н. Кіт.: «Біздің Мұхтар». 1976, 286-бет).

**Шілденің 23-і.** Жазушылар жиналысының күнделігінен. «Қазақстан Кеңес жазушылар съезі жазушыларымыздың творчестволық жұмысын күшейтуге үлкен ұмтылыс туғызды. Жазушылар дәуіріміздің ерлік тақырыптарын жазуда сапалы көркем шығарма беруді қолға алды. Социалды құрылыстың кең салаларында адам айтқанысыз техниканың жаңа түрлерін, ондағы жаңа адамдарды, ондағы социалдық реализм образдарын жеке танысып, оқып, үйреніп, үлгі алу мақсатымен жазушыларға одақтық, өлкелік творчество командировкасы берілді. Жансүгірұлы, Майлыұлы, Мұқанұлы, Жароқұлы, Ансарұлы, Тәжібайұлы, Зәкірұлы жолдастар Одақтың маңдай алды ойындары – Мәскеу, Ленинград, Донбасс, Днепрострой, Урал өндірістерін араламақ. Бұл жерлерді аралауға Мұқанұлы, Жансүгірұлы жолдастар жүріп кетті. Тез күн ішінде Майлыұлы, Жароқұлы, Өуезұлы жолдастар жүреді» («Қазақ әдебиеті», №17, шілденің 23-і, 1934 ж.).

**Маусымның 12–18-і.** «Қазақстан жазушыларының тұңғыш съезі 1934 жылдың 12–18 маусым айында өткені тарихтан белгілі. Менің қолымда съезд бітісімен сол 1934 жылы басылып шыққан «Қазақстан совет жазушыларының тұңғыш съезі» атты кітап бар. Съездің толық есебі – мәліметі болып шыққан бұл жинақта съезде баяндама жасаған белгілі жазушылардың, жарыссөзде сөйлеген әдебиетшілердің, сыншылардың сөздері, құттықтаулар, Қазақстан совет Жазушылар одағының басшылығының құрамы жарияланған. Мұхтар Әуезов драматургия жайындағы баяндамасында сол тұстағы драмалық шығармалардың жетістіктерін сүйсіне түгендеп шықты. Бейімбеттің «Майдан», «Талтаңбай», Илиястың «Кек» атты пьесаларын ерекше бағалады. Кейбір пьесалардағы реализм желісіне жатпайтын жайларды сынап та өтті. Кемеңгер Мұханның жиналғандарға аса бір ілтипатпен ұнаған сөзі – өзінің өткендегі бір қиғаш соқпақтары жайындағы сөзі болды. Қазіргі жас ақын-жазушыларымызға, әдебиетшілерімізге мәлім болсын – сол съезде жазушылар ұйымының басшылығына сайланғандар: Илияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Иван Шухов, Ғабит Мүсірепов, М. Баталов, Ғаббас Тоғжанов; Кандидаттары: Әбділда Тәжібаев, Мұхтар Әуезов, Асқар Токмағамбетов» (Қалижан Бекхожин. «Тұңғыш съезд», Лебіддер. «Қазақ әдебиеті», 1984, қазанның 5-і).

### 1935 ж.

**Қаңтардың 4-і.** «1935 жылы 4 қаңтарда сахнаға шығарылған «Түнгі сарын» спектаклі республика газеттерінде жоғары бағаланып, тұңғыш рет Шымкент театрында 1938 жылы қойылды» («Қазақ театрының тарихы». 1975. 1-том, 275-бет).

**Мамыр – маусым.** «Лениншіл жас» газетінің 1935 жылғы 11 мамырда шыққан 72-санында Тұрғанбайұлы Қасыбек дегеннің «Арқалықты» сахнадан алу керек» дейтін көлемді мақаласы басылды. Соған қарсы 1935 жылғы 11 маусымда шыққан «Қазақ әдебиетінің» 19-санында «Сын қолжаулық емес» деп аталған менің мақалам шықты. Ол «Арқалық» жөнінде пікір көрсетемін деп отырып, Мұхтарға ауыз салады, Мұхтардың саяси жолын қайта безбөндемекші болады. Сондықтан біз де «Арқалық» мәселесін өз алдына қалдыра тұрып, Мұхтар жөніндегі табан астынан шыққан «судьяның» билігіне қатысқымыз келеді» (Өбділда Тәжібаев. «Жылдар, ойлар», 1976, 73-бет). «Есте қаларлық кездесу – 1935 жылдың көктемінде болды. Семей облысының музыкалық драма театрына қызметке кіріскен кезім еді. Мұхаң жазушы Өтебай Тұрманжановты ертіп Семей қаласына келді. Абай туралы жазылатын романға деректер жинауда екен. Сол кездегі Жазушылар одағының жауапты хатшы-

сы Өтебай Тұрманжанов менімен шарт жасаып, екі жұма ішінде Абайдың жиырмадан астам өнін нотаға түсіріп Мұхаңа табыс еттім» (ЛатиФ Хамиди. «Ұмытылмас кездесулер». «Жұлдыз», № 1. 1977, 180-бет).

**Желтоқсанның 7-сі.** «Осы күннен бастап, романы үшін ақынды білетін адамдармен әңгімелесіп, деректер жинай бастайды. Сондағы сұхбаттасқан адамдарының арасында Сыдық Махмұдұлы, Әрхам Ысқақұлы, Тұманбай Наданбайұлы, Бүкен Жиреншеулы, Қатпа Қорамшаұлы сияқты біраз адамдар болды» («Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 29-п., 163–213-п.).

«Мұхтар ағаны бірге туған ағамыз екен деген сенім 1942 жылға дейін өзгермеді. 1935 жылы анам Сақыпжамал қайтыс болып, әкем екеуіміз Алматыдағы Дәуіс ағаның үйіне келдік. Сол кезде де Мұхтар аға Дәуіс ағалармен көрші (қазіргі Құрманғазы көшесі, ұмытпасам, 45-үй). Дәуіс аға мен Мұхтар ағаның қатар жүріп, қатар отырғанын жиі көргендіктен еркін жүріп, еркін сөйлей беретін едім» (Мінәш Әрхамқызы. «Ұлы адамның ұлылығы». «Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 671-п., 137-п.).

### 1936 ж.

**Қаңтардың 30-ы.** «Қырғыз дастаны «Манас» деп аталатын мақаласын даярлап, «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялайды («Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 251-п., 5–9-п.).

**Қаңтар – ақпан.** «1936 жылдың қаңтар, ақпан айларында Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен Сәбит Мұқанов Ленинградта «Европейская гостиницада» жатты... Екеуіне де жиі барып, әңгімелесіп тұрдым. Қазақстан көркемөнер басқармасы Ленинградтағы атақты композитор, академик Борис Владимирович Асафьевпен шарт жасасыпты. Композитор «Ақан мен Зайра» деген опера жазбақ. Мұхаң мен Сәкең Асафьевпен қолма-қол әңгімелесе отырып, операның либреттосын жасап, төмамдауға барыпты. Мұхаң «Ақан серіні» пьеса түрінде жасай бастаған екен. Сәкеңмен, Борис Владимировичпен пікірлесе отырып, сол пьеса күйінде аяқтамақ...» (Темірғали Нұртазин. «Жадымдағылар» // «Мұхтар Әуезов тағылымы», 1987, 57-бет).

**Қазанның 2-сі.** Қазақстан жазушылар ұйымындағы мәжілісте «Пушкин күніне дайындық» мәселесі қаралып, мәжіліс шешімі бойынша М. Әуезов Семейге баратын делегацияға қосылады (ҚР ОММ, 1778 қ., 1-т., 23-с., 6-бума, 123-б.).

**Қазанның 3-і.** «Ревизордың» аудармасы туралы деп аталатын мақаласын жазып, «Социалды Қазақстан» газетінің бетінде жарияланды («Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 251-п., 4-п.).

«Сөйтіп асыға күткен астана, оның атақты адамдарын қарсылау есте қалған бір тарихи кезеңдеді. Бірақ Мұхтар Омарханұлын тек қана институт бітірер шамада 1933 жылы көріп едік. Ал үзбей көрісіп, лебідесетін жағдай Ленин-

радтың аспирантурасында оқып қайтқаннан кейін ғана туды. Ол 1936–1937 жылдар еді. Біз Ғылым академиясының Қазақстандық филиалында әдебиет және фольклор секторын басқарған кезде Мұхтар Омарханұлы Абайдың бірінші толық жинағын баспаға дайындады. Бұл үлкен ғылыми-зерттеу жолымен істелген еңбек еді. Өйткені Абай шығармаларының түпнұсқасын табумен қатар, оның әрбір сөзін, жеке жолдары мен шумақтарын ілкі түпнұсқа қалпына түсіру тек қана Мұхтар Әуезов сияқты әрі ғалым, әрі зерттеушінің қолынан ғана келетін. Абайтану ғылымы сол кезден басталды. Оның жолын салушы да, бастап, ғылыми пәнге айналдырған да Мұхтар Әуезов. Біз сол ұстаздың шәкірті есебінде еңбек істедік...» (Хамза Есенжанов. «Көркем ой алыбы». Кіт.: «Біздің Мұхтар», 1976, 156-бет).  
**Шілденің 5-і.** М. Әуезов пен В. Николаевна Алматыдағы қалалық ЗАГС-те тіркелді (Гүлнәр Омарханова. «Ағаның өшпес ошағы». «Жұлдыз», 1996, №2).

### 1937 ж.

**Наурыздың 6-сы.** М. Әуезовтің «Түнгі сарын» пьесасының республикалық орыс драма театрында орыс тілінде қойылуына арналған мақаласында автор: «Өздері шала білетін өмірдің, тарихтың жұмбақ түйіндерін жанды образдар арқылы бұлжытпай ойнап беру оңай іс емес болатын. Батылдық пен ізденгіштікті барынша мол жұмсайтын жер еді. Мынау коллектив бұл жөнде көп еңбек, ауыр еңбек етіп кеп, ақырында көрнекті іс істеп шықты» деп өзінің ризашылық сезімін білдірген. Өйткені «Социалистік Қазақстан» газетінде осы мәдени оқиғаға «Түнгі сарын» – орыс сахнасында» деген айдармен арнайы бет беріліп, көптеген қызықты пікірлер көтеріліп, осыған орай автор да өз қатынасын білдірген мақаласы болатын-ды («Социалды Қазақстан», 1937, 6 наурыз).

### 1938 ж.

«Ол кезде Қазақстан Жазушылар одағында істейтін сыншы Әмірқұл Жақышев: – Түгелбай, Мұхтар ағайға сәлем айт. «Манас» жөніндегі еңбегін жоғары бағалаймыз. Ол кісінің амандығын, қаламгерлік қадамының игілігі болуына тілектес екенімізді айтып қой. «Манас» жөнінде тағы да кеңірек жазса дейміз. Мұханның ойын біле кел! – деген. Мен сәлемді айтқанда, Мұхан өте қуанды. «Манасқа» аса қызықтанып және оның тағы да зерттеп мақалалар, ғылыми еңбектер жазатынын айтты» (Түгелбай Сыдықбеков. «Ініден ізет», «Жұлдыз», №9, 1977, 167-бет).  
 «1938 жыл. Жаз айы. Әдебиеттегі тұңғыш еңбегім «Еділ толқынына» оқырман қауымынан жылы баға алып, көңілімнің көтеріңкі кезі. Енді жаңа дастан жазбақпын. Бұл тұста жазушылар ұйымының жетекшісі Дихан Әбілев болатын.

«Әбу Сәрсенбаевтың жаңа дастаны «Пушкин» тыңдауға келінді» деген жарнама да қағылған. Жексенбі күні Одаққа жиналдык. Бастай бергенімізде Мұхан кіріп келді. Күтпеген едім, сасып қалдым. Мұхан менің қысылғанымды сезіп, жылы ғана жымыды: «Бәлі, абыржыма, анау дастаныңды тәуір атап жүр ғой. Кәне, тыңдалық». Бірінші бөлімі «Пушкин Қара теңізде» деп аталатын-ды. Бұл бөлімді ықыласпен тыңдап болған Мұхан екінші тараудан бастап-ақ тұнжырай берген еді. Көп ұзамай орнына тұрды. «Әй, қандай наивныйсыңдар? Осындай дастан бола ма екен? Әй, бар ғой, Вересьевты өлеңге айналдырғанбысың? Қой, қойыңдар...» Мұхан сол түтеген қалпы есікті жапты, мен дастанды жаптым» (Әбу Сәрсенбаев. «Келешектің тұстасы», «Жұлдыз», №9, 1977, 162-бет).

**Мамыр.** «1938 жылы мамырда Жамбылдың ақындығына 75 жыл толған мереке өтті. Бұл тойда Мұхтар Әуезов «Жамбыл және халық ақындары» деген тақырыпта баяндама жасады. Мұханның баяндамасы, әсіресе, сырттан келген қонақтар үшін өшпестей әсер қалдырды. Павло Тычина зорға жасаураған көзімен қарайды. Қуаныштан жылап жібергелі отыр. «Ғажал! Ғажал!» дейді басқа сөз таппай. Микола Бажан өзінің ризалығын білдіру үшін үзіліс кезінде Мұханның қолын қайта-қайта қысып жатты. «Сіз тамаша баяндамаңызбен, тамаша ақындығыңызбен бізге поэзияның тың дүниесін аштыңыз» деді» (Әбділда Тәжібаев. «Жылдар, ойлар», 1976, 102–103-беттер).

### 1939 ж.

**Қаңтардың 10-ы.** М. Әуезовтің 4 актілі, 5 суретті «Бекет» драмасын қоюға қазрепертком рұқсат береді (ҚРОММ, 1242-қ., 1-т., 549-іс, 1-бет).

**Қаңтардың 27-сі.** М. Әуезовтің Ә. Тәжібаевпен бірігіп жазған «Ақ қайың» пьесасы қойылды («Қазақ театрының тарихы». 1975, 1-т., 358-бет).

**Маусымның 21–27-сі.** Қазақстан жазушыларының II съезі өтті. Д. Әбілев, Т. Жароков, С. Мұқанов, М. Әуезов баяндама жасады. (Кіт.: «Қазақстан Жазушылар одағына 60 жыл». 1994, 9-бет).

«1939 жылдан Ғылым академиясында Мұханмен қызметтес боп, біз тіпті жақын араласып кеттік. Мұхан мезгіл-мезгіл академияның қолжазба қорына келіп, ұзақ отырып, толып жатқан материалдарды ұқыпты тексеріп жүрді. Оның үстіне біз Абай шығармаларының академиялық жинағын екі том етіп бастырып шығаруға және орысша бір томдығын аударып шығаруға кіріскен едік. Бұл өте жауапты жұмыстың басы-қасында үнемі Мұхан болып, барлығын бақылаудан өткізіп отырды» (Есмағамбет Ысмайылов. «Биіктей бергің келді» // «Біздің Мұхтар», 1976, 318-бет).

«Шекспирдің комедиясын қою кеші болды.  
– Пьесаның орысша аты «Укрощение строптивой», осының қазақша атын қосылып қоюмыз керек, – деді Мұхтар Өуезов.  
– Оған әзірше «Тентекке – келтек» деп отырмын. Бірақ оныма өзім риза емеспін. Өркім өз ұсыныстарын айтып жатыр.  
– Тасқынға – тосқын.  
– Тентекке – сабақ.  
– Асауға – шідер.  
– Асауға тұсау болсын.  
– Рахмет, достар, – деді ол барынша ырзалық пішін көрсетіп. – Жақсы кеңестер алдым. Енді таңдауды өзіме қалдырыңыздар» (Әбділда Тәжібаев. «Жылдар, ойлар». 1976, 110–111-беттер).

#### 1940 ж.

**Маусым.** «1940 жыл. Маусым айының бас кезі. Москвадан телеграмма келді: «Самолетпен ұшамын, күтіп алуыңызды сұраймын. Мұхтарға сәлем. Соболев». Ертеңіне Жәкеңе деген сәлем-сауқаттарымызды алып, ақынның аулына Мұхаң үшеуіміз жүріп кеттік. Шайға отыра бере Мұхаң қалтасынан бір бума қағаз ақшаны алып, қарттың алдына қойды.  
– Жәке, алыңыз. Бұл Алматы баспасының кітабыңызға төлегені.  
– Ал мына түлкіден тымақ тіктіресіз. Мынау мәсіңіз, мынау шапанға, комзолға деген мата, – деп оған қант-шайды қосып мен ұсындым. «Осының бәрін мына мәскеулік балаң әкелді» дедім Леонидті көрсетіп.  
– Өзің не әкелдің? – деді қолын созып. Мен Айманкүлдің сәлемін әкелдім.  
– Ол не деді? Маған тиімін деді ме?  
– Барып кел, шалымды көріп кел, түскен ақша, байлықтары болса, алып кел, сонда тиімін деді.  
Мұхаң біздің диалогымызды жарыса орысша-лап, Соболев жарыса жазып үлгеріпті» (Әбділда Тәжібаев. «Жылдар, ойлар», 1976, 163–164-беттер).

#### 1941 ж.

«... 1940–1941 жылдар бізді Мұхаңмен тығыз байланыстырып жіберді. «Абай» романының алғашқы кітабы баспаханада теріліп жатқан кез... Мұхаң өзім туралы емес, Қуандық Шаңғытбаев туралы өтініш енгіздім. «Мұха, мынау студентіңіздің өлеңіне жолашар тілек білдірмес пен едіңіз. Бізге ұнап отыр...». Мұхаң көнетоз сырға күпілі, аққұба балаға көз астымен бір қарап қойды. «Бәлі, мынаның да осындай өнері бар ма еді. Кәне» ...Бар-жоғы он шақты өлеңнен ғана тұратын балапан жинақтың бірер бетін аударды да, ризалық білдірді. Қуандықтың тырнақалдысы «Ар» жинағындағы Мұхаң беташары осылай туған еді...» (Өбу Сәрсенбаев. «Келешектің тұстасы». «Жұлдыз», 1977, №9, 162-бет).

«Ұлы Отан соғысы алдында Үлкен Шу каналы қазылып жатқан кезде арнайы командировкамен Мұхтар, Ғабиден екеуі Қырғызстанға келді. Мен Мұхтар, Ғабиден ағалары бастап әлгі үлкен құрылысты араладық. Ғабиден сөзге сараң, мырза жігітше аяғын керіле басады. Еңбек үсті қызу әзіл, келіншектердің сылқ-сылқ күлкісі естіледі. Сол сылқ-сылқ күлген келіншектерге Мұхаң ақырын көз қияғын қыдыртады.  
– Шіркін-ай, қызыл көйлекті келіншектің өне бір жігітті асықтыруын қарашы, Түгелбай!  
– Қырағы көзіңізге ризамын, Мұха, деймін.  
– Қу бала. Күлкісі әсем келіншекке сенің көзің түспей тұра ма, сірә? Ғабиден тек салмақты жымиды. Біз хат жазысып, пікір алысып жүрдік. Кезінде ол кісі маған «Абай» романының бірінші кітабын жіберді, беріліп оқыдым. Абай заманын көз алдыма келтірдім. Марқайдым...» (Түгелбай Сыдықбеков. «Екі халыққа етене» // «Кәдімгі Сәбит Мұқанов», 1984, 28-бет).

#### 1942 ж.

**Тамыздың 31-і.** «... 1941 жылы мамыр айында мен Алматыға ауысып келіп, Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы болып тағайындалдым. Келесі 1942 жылы шілде айында «Абай» баспадан шықты. «Абай» баспадан шыққан күні ол жөнінде Қуандық Шаңғытбаев екеуіміздің мақаламыз да жарық көрді» («Социалистік Қазақстан», 26 шілде, 1942 жыл). «Абай романын шығаруға менің де біраз еңбек сіңіргенімді Мұхаң байқап, маған өз кітабының бетіне мынадай сөздер жазып сыйлады: «Бейсенбайға! Кітаптың дүниеге шығуын еңбегің мен достық, інілік көңіліңді айрықша сүйсініп бағалаған жүректен сыйлаймын. Мұхтар» (Бейсенбай Кенжебаев. «Ақылгөй ағамыз». «Өуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, №533-п.).

**Қыркүйектің 28-і.** «Почтовая карточкаға» жазылған хат... «Қадірлі Мұха! Аман-сау боларсыз. Мен де аман-саумын. Осына жүріп қалған жай бар. «Абайды» өзім оқып шыққаннан кейін жолдастарға беріп оқытып жатырмын. Жұрттың бәрі де романды зор табыс деп қуанышпен қарсы алды. Роман жайында «Социалистік Қазақстан» үшін біз ұйымдастырып жіберсек қайтеді деген ойымыз бар... Шамасы жолдастардың пікірін жаздырып өзіңізге жібереміз-ау деймін. Біз жаңа адрес алдық. Ол хаттың сыртында. Басқа жаңалық жоқ. Хат жазып тұрыңыз. Хош. 28. IX. 42 ж. Мәлік («Өуезов үйі») ФМО-ның қолжазба қоры, №256-п., 10-бет).

#### 1943 ж.

**Наурыз.** «Абай» романы туралы сөз». Бұл 1943 жылы роман туралы жиналыста Ғабит Мүсіреповтің сөйлеген сөзі. «Мұхтардың «Абайына» шын мағынасында сын айтуға мен де жүрексінемін. Әлгі айтқан «түсінем екен»

деген ойдан туған өз ұшқындарымды айтпақпын дегенім – дәл шыным. «Абай» романын неше рет қайталап оқысам – сонша, әрдайым жаңа бір ой, жаңа бір көркемдік, бұрын оқығанда байқамай кеткен тереңдік табам... «Абай» – тарихи-қоғамдық тартыстарға құрылған, шын мағынасындағы қазақ халқының бір дәуірдегі шын өмірін, елдігін түгел көрсете алған роман... (Фабит Мүсірепов. «Бес томдық шығармалар жинағы», 1975, 4-том, 158, 176-бет).

**Шілде.** «...Біз Қарауылға келдік. Аудан азаматтары бізге бұлақ бойына үй тігіп қойған екен, сонда түсірді. Бізге ең алғаш ел ақсақалдарынан Әлімбет, Төлеубай деген кісілер дидарласты. Сонда Төлеубай ақсақал тұрып: – Бұрынғының артымыз, бүгінгің қартымыз, – деп Мұхтарды құшақтай алды. Қарауылда Мұхтар білетін бұрынғы адамнан Шәукен деген мылқау бар екен. Оның ыммен айтқан әңгімелерін Мұхтар хаттай таниды. Бір күні Мұхтар екеуміз салт атпен Абай қорасына, Жидебайға бардық. Ол жылдары Абай қорасының түзелмеген жудеу кезі еді. Қарауылдағы аудан орталығына қайтып оралғанда Мұхтар: – Ұлы Абай осы далада отырып, сонау даналық шығармаларын жазды-ау. Мынау қырқаның басына шығып, батар күн, атар таңмен сырласты-ау, – деді (Сапарғали Бегалин. «Ұлы өмірдің кей сәттері». «Жұлдыз», 1977, №9, 152-бет).

**Шілде.** «...1943 жылы жазда Мұхаң елін аралап қайтты да, сол сапары жайлы 17 қазанда «Социалистік Қазақстан» газетінде «Абай аулында» дейтін тұтас бір бетті алған очеркін жариялағанды. Сол сапарында Мұхаң Абайдың 100 жылдық тойында болып, қонақтарды жөнелткеннен кейін елде қалатынын, «Абай» романы үшін мағлұмат жинайтынын ескерткен» (Кәмен Оразалин. «Абай ауылына саяхат», 1994, 157-бет).

#### 1944 ж.

**Қаңтар.** «1944 жылдың қаңтарында Өзбекстан құрылғанына 20 жылдық мерейтойын атап өтті. Соған байланысты Өзбек Академиясы салтанатты сессиясын өткізбек болды. Делегация құрамына ФА Қазақ филиалының вице-төрағасы Әуезов пен мені енгізді» (Шапық Шокин. «Әуезовпен бірге болғанда». «Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, №672, 41-п.).

**Мамырдың 17-сі.** М. Әуезовтің «Орыс класиктері мен «Абай» деген мақаласы «Большевиктік жол» газетінде жарық көрді.

**Шілденің 30-ы.** «Қадірлі Мұха! Амандық ағадан деген сөз бар еді ғой. Мен сізге сан рет хат жазсам да, сізден ләм-мим деген жауап ала алмағанға қайран қаламын. Жаңылмас жак, сүрінбес тұяқ болмас деген емес пе? Егер қате жерім болса ашып айтуыңыз керек еді. Көптен бері үндемей жатқаныңызды үлкен өкпенің әсерінен деп түсінем. Бұл хатты жазып отырғанда, адамдар сізге сәлем жолдап

жатыр. Маған наградқа «Отан соғысы» деп аталатын орденнің бірінші дәрежесін берді. Үйішіне сәлем. Інілік сәлеммен Мәлік» («Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, №526-п., 8-бет).

#### 1945 ж.

**Маусымның 10-ы.** Мұхтар Әуезов Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды (Қазақстан Жазушылар одағына 60 жыл. Алматы, 1994, 11-бет).

**Маусымның 26-сы.** «Ең ақырғы сөзді жазушылар атынан Мұхтар Әуезов айтты. Ол дауысын онша көтермей, қолын серпеп, жан-жағына да қарана бермей, ақынның өзімен оның тірі кезінде тілдесіп тұрғандай сөйледі.

– Жәке, – деді Мұхтар сәл ғана түйліңкіреп. Содан соң көмейі қайта ашылып кетті. – Сені өлім де жеңбейді. Дау жоқ, сенің есімің – ұлы ғасырдың ұмытылмас есімдерінің бірі. Сенің жасың мәңгі жас. Өйткені жас жарық аспанда қалықтайды, сен өз немерелеріңнің атасы және құрдасысың, сол себепті де болашақ ұрпақтармен бірге жасайсың. Мұның өзі уақыттан озған данышпандықтың белгісі» (Әбділда Тәжібаев. «Жылдар, ойлар», 1976, 192–193-беттер).

**Тамыз.** «Мұхтармен екінші рет 1945 жылы Абайдың жүз жылдығында сапарлас болдым. Абайдың жүз жылдығы Алматыда басталып, Абай ауданында аяқталатын болып жобаланды. Ең күрделі той-думаны Абай заманының дәстүрімен сол ауданда ұйымдастырылмас. Сол ұйымдастыру жұмысына алдымен Семейге барып, облыс басшыларымен келісе отырып, Абай ауданында болатын тойға басшылық етуге Мұхтар екеуміз тағайындалдық. Мұхтар Москвадан, Ленинградтан қонақтарды Алматыда қарсы алуға бөгеліп, алдымен Семейге мен бардым» (Сапарғали Бегалин. «Ұлы өмірдің кей сәттері», «Жұлдыз», №9, 1977, 154-бет).

**Тамыздың 25-і.** «Қажеке, – дейді Мұхтар аға, – келгенің дұрыс болған. Ел-жұртты көрдің, бірнеше дүркін келген Семейіңмен қауыштың. Абай атамыздың тойында болдың. Бүгін аз да болса, өнеріңді көрсеттің. Жұрт риза болды... Ертеңінде оразамызды ашымын Мұхаң, Қажекен, Құрманбек, тағы басқа қонақтар машинаға отырып Жидебайға бардық. Абайдың бейітінің басына гүл шоғын қойдық... Біз Семейге жүруге дайындалып жатырмыз. Мұхаң тағы да бір-екі күн Қарауылда қалатын болды...» (Әди Шәріпов. «Алғашқы ұлы той», «Жұлдыз», 1994, №9).

#### 1946 ж.

**Мамырдың 12-сі.** «...Тағы бір жай: бірде мен өз кітапханамды тәртіпке келтіріп жүріп, «Абай» романының 1945 жылы «Советский писатель» баспасы шығарған екі данасын тауып алдым. Соның бірінде мынандай сөздер



жазылыпты. «Аса қадірлі жерлесім, қазақ халқының айнымас досы, қымбатты Всеволод Вячеславовичке. М. Әуезов. 12.V.46 ж.). Ол күндері Вс. Иванов Алматыда болды да, менің үйімде тұрды. Сыңайы М. Әуезов өзінің «Абай» романының бірінші кітабын бұған сол кезде сыйлаған болу керек» (Д м и т р и й С н е г и н. «Есте қалған бір кеште» Кіт.: «Біздің Мұхтар», 1976, 187-бет).

**Қыркүйектің 6-сы.** М. Әуезов 1946 жылы 6 қыркүйек күні ақын Иса Байзақовты жерлеу комиссиясын басқарды. «М. Әуезов Иса Байзақовты жерлеу кезінде қабір басында: «Иса ғасырларда бір-ақ туып кететін ерекше дарын иесі еді» деп сөйледі» (Ма х п у з а Б а й з а қ о в а. «Өнердегі өмір». Естелік-толғау. 1977, 79-бет).

**1946 жылдың күзі.** «Таяуда көкемнен жедел хат алып, сол бойынша Москвада Мұхтар Омарханұлы Әуезовті күтіп алуым керек еді. Әйтсе де мен бәрібір кешігіп қалыппын. Соңадайдағы перрон бойымен аяндай басып Мұхтар аға, оның соңынан шағын арбасына екі-үш қапшық салып, жұқ тасушы келеді екен... Біз «Москва» қонақүйіне келгенде, кезекші сыпайы түрмен қарсы алып: «Жолдас Әуезов, Сіздің бөлмеңіз сағат он екіде босайды. Үш сағаттай күтуіңізге тура келеді» деді. Мұхтар аға болса: «Мұнда Алматыдан келген басқа қонақ бар ма?» деп сұрады.

Иә, үшінші қабатта Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тұрып жатыр.

... – О, қош келдіңіз, Мұха? – деп ғалым жұмсақ та жайдары күлкісімен жазушыны қарсы алды. – Қазақтар айтпақшы, таңғы тамаққа тап келу жақсылыққа бастайды. Сағат он кезінде Кремльде В. М. Молотовтың қабылдауында болуым керек еді. Ол КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы бөлімшесін Қазақ КСР Ғылым академиясы етіп құру туралы Халық комиссарлары Кеңесінің қаулысына қол қояды. Ал, Мұқа, Сіз жолдан шаршап келдіңіз. Емін еркін үйдегідей демалыңыз. Мен Кремльге тарттым, – деді Сәтбаев» (Б е к е н Қ ұ л ж а н о в. «Естеліктер ешқашан ескірмейді». «Ақиқат», 1997, №1).

## 1947 ж.

**Қыркүйектің 19-ы.** Стенограмма. «1947 жыл. 19 қыркүйек күні Қазақстан Жазушылар одағы мүшелері мен көркемөнер қайраткерлерінің мәжілісі. Мәжіліске қатысқандар: Мұқанов, Ахметов, Мүсірепов, Тәжібаев, Бегалин, Әбішев, Сатыбалдин, Ақынжанов, Исмайылов, Саин, Иманжанов, Бадыров, Айманов. Мәжіліс ашардағы Мұқановтың сөзі: «Жолдастар, сіздерді жинап отырған себебіміз, жолдас Әуезовтің «Асыл нәсілдер» деген пьесасын оқып, соны тыңдамақпыз (М. Әуезов бұл кезде жоқ, Бакуде, Низами тойында. Айманов оқып береді. Мүсірепов, Бадыров, Айманов, Мұқанов сөздері. Әжептәуір сыналған. Әуезов

келіп, жөндесін дейді. Пьеса «Октябрьдің» 30 жылдығына арнап қойылмақ екен. (РФ ОММ, 1778-қор, 1-т., 392-іс, 105-п.).

## 1948 ж.

**Қыркүйек.** «Оқу бітіріп, елге қайтар алдында Мұхаңмен үшінші рет кездестік. Біз келгенде Мұхаң жұмыс кабинетінде қызмет үстінде отыр екен. Әдетте жұмыс сағаттарында ешкімді қабылдамайтын жазушы бізді: «Бүгін журуші едік, қош айтуға келдік» деген соң қабылдады. Үстінде Шығыс стилінде тігілген ай мен жұлдыз өрнектері салынған мол халат, белінде сол түстес материалдан істелген белбеуі бар, аяғында жеңіл, жұмсақ ботинка, жапаң бас. Стол үстінде сиясауыт. Абайдың шағын бюсті, жемтігіне шүйіліп кеп түскен қыран бүркіттің мүсіні. Кабинетінің қабырғалары кітап сөрелеріне сіресіп тұр.

– Көптен бәрі сендерге айтайын деп жүрген бір ойларым, пікірлерім бар еді. Артық көрмесендер соны айтайын, – деді.

– Айтыңыз, Мұха.

– Айтсам, былай, – деді Мұха. – Сендер ғой осы күні Абай ауданын басқарып жүрсіңдер. Абай ауданы Абай сынды ұлы адамның құрметіне берілген. Жер жаратын атағы бар аудан. Өздерің айтып жүрсіңдер, Абайдың туған-өскен жерін көреміз деп жыл сайын республиканың, бүкіл СССР-дің түкпір-түкпірінен жеке адамдар, кейде тұтас бір делегациялар келіп жатады. Сонда оларға сендердің көрсеткендерің не? Колхоздың түіе фермасын орналастырған ана Жидебайдағы Абайдың қорасы ма? Бір жағы құлауға айналған төрт құлақты бейіті ме? Тіпті Қарауылда керек десе Абайдың атын елестететін бір белгілерің бар ма? Ана жылы Абайдың 100 жылдық тойына барғанда, аудан басшыларының кабинеттерінің, клуб, библиотекалардың бірдебіреуінен Абайдың суретін де көре алмадық... Менің сендерден сұрайтыным – алдымен Жидебайдағы Абай қорасын жөндеп, мүмкін болса қораны қайтадан салып, онда Абай музейін ашу қажет. Екінші – Абай бейітін көрнекті етіп, қаражат жағдайы келсе атына сай ескерткіш орнатқан жөн. Үшінші – аудан орталығында Абайға ескерткіш орнату мәселесін осы бастан жоғарғы орындардың алдына қою қажет...» (Б ә т к е н С а ғ ы н д ы қ о в. «Мұхаңмен кездескен кездер», «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 671-п., 7–8-п.).

## 1949 ж.

**Сәуірдің 21-і.** «Абай» романы қалай жазылғандығы туралы. «Қазақ халқының ұлы ақыны Абай турасында роман жазсам деген ой менде ерте туған еді. Көптен ойланып, ұзақ еңбек етіп шығарған кітабымының ірісі осы роман деуге болады... Романның бұл кітабын мен осы 1949 жылдың ақырына шейін

бітірмек ниеттемі» Мұхтар Әуезов (РФ НКЦ «Дом Ауэзова», 202-п., 1–2-беттер).

**Сәуірдің 10-ы.** «Абай» романы үшін М. Әуезовке КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді (Қазақстан Жазушылар одағына 60 жыл. 1994. 13-бет).

**Сәуір.** «...1949 жылғы сәуір айы. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясының екі кітабы үшін Мемлекеттік сыйлық алған салтанатты күндер...» (Мұзафар Өлімбаев. «Кемегердің көлеңкесі де ыстық». Кіт.: «Біздің Мұхтар». 1976, 257-бет).

#### 1950 ж.

**Қазанның 3-і.** Хат. «Енді бір жұма шамасында Кисловодскіге Соболев те келмекші. Ол мен бітіріп берген бөлім-кусоктарды аударумен қалды. Қаныш қыркүйектің 20-сында маған телеграмма беріп, Всесоюзная конференция мираға бізден өкіл бол деп еді. Ол 16–18 қазанда болмақ. Ал менің путевкам бірінен. Самолетпен күзді күні ұшудан сенкендім. Өзім жаз бойы және күз бойы әлгіндей үздіксіз еңбектермен әбден шаршаған адаммын, сондықтан маған рұқсат беріңдер деп телеграмма бердім. Ал Мәлікке, Митрофан Семеновичке, Есмағамбет, Қажымға – баршасына сәлем айт. Қош. Мұхтар. Тез авиамен хат күтем» («Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры).

#### 1951 ж.

**Қыркүйек – қазан.** «Едіге сенің есінде бар ма, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің алғашқы бізге оқыған лекциясы. Бүкіл курс бір жақтан бақыт келе жатқандай, сілтідей тынып отырмыз. Қазір «Еңлік – Кебектің», атақты «Абай» романының авторы, профессор, академик келеді бізге. Біз ұлы Әуезовтің дауысын естиміз. Аудиторияға қасқа бас, қалың қабақты кісі басын төмен салып кіріп келе жатты... «Бағы заманда...» деп Мұхаң лекциясын бастап жөнелді. Екеуіміз де түк жазбай аузымызды ашыппыз да қалыппыз. Бәлі, әдебиет деген осы екен ғой. Біз оқуды дұрыс тандағанбыз. Қазақта Әуезовтен биік тұрған кісі бар ма?... Өз оқушыларыма ертең мен Әуезовтен оқыдым деп айтам деген бір құдіретті сезім өзімді биіктетіп алып кетті. ...Мұхаңның лекциясының екінші сағаты сұраққа жауап беруге арналады екен. Сұрақ бергіштер – бізден гөрі сауатты ересек жігіттер. Біздің сүйікті ағаларымыз Құлмағамбет Есбаев, Сапарғали Омарбеков, Нұрлыбек Жүнісов, журфактан Хамза Амандықовтар Мұхаңа жазбаша сұрақ бергіштер еді. Сұрақ көбінде «Абай» романы жөнінен беріледі. Мұхаң ерінбей, шәкірттерінің сұрақтарына жауап береді. Жарты жыл Мұхаң бізге қазақ фольклорынан лекция оқыды... Сол жылы қыста Мұхаңа фольклордан емтихан тапсырдық. Екеуіміз де үздік баға алдық. Біз Мұхаңның лекциясын тыңдаған күні КазПИ-дегі жолдастарымызға көргенімізді, естігені-

мізді ұзақ әңгіме қып айттық. «Құдайдың өзін көрдік» дедің сен шаттанып... Жаны жомарт, көкірегіне күн ұялаған ағамен бетпе-бет отыру бақытының бұйырғанына, тағдырыма ризамын. Келесі жылы Мұхаң бізге «Абайтану» дейтін пәннен дәріс оқыы тиіс еді. Тағдырдың тәлкегімен ол кісі Москва университетіне лекция оқытын болты. Тұтқынға алынатұғын біліп алып, Москваға тартып тұрыпты Мұхаң. Александр Фадеевтің көмегімен пәле-жаладан құтылып, МГУ-де қала беріпті. Біз екі жылдай сүйікті ұстазымызды көре алмай жүрдік...» (Тұманбай Молдағалиев. «Олар мені Тұмаш деуші еді». «Жұлдыз», 1995, №9–10, 39–40-беттер).

#### 1953 ж.

«1953 жылдың көктемінде М. Горький көшесіндегі бір дүкенде Мұхаңмен кездесіп қалдым. Ол өзіне домбыра сатып алмақ екен. «Латиф, келіп қалғаның жақсы болды. Сен музыкант адамсың ғой, мына домбыралардың бірін таңдашы» деді. Дүкендегі домбыралардың ол кезде сапасы ойдағыдай бола қоймайтын. Сол себепті Мұхаңа Құрманғазы атындағы консерватория жанында ашылған қазақтың ұлттық музыка аспаптарын жасайтын шеберханасына заказ жасағаныңыз дұрыс болар дегенді айттым» (Латиф Хамиди. «Ұмытылмас кездесулер», «Жұлдыз», 1977, №9, 180-бет).

«1953 жылдың тамыз айында Алматыда Қазақстан мұғалімдерінің съезі ашылып, соған делегат болып бардым. Сол жылы өкем «өте құпия» деп, Мұхтар ағаға арнап хат жазып, маған «өз қолыңнан тапсыр» деді. Мұхтар ағаға звондап, өкемнің сәлемін айтып ем, кездесер жерді белгілеген. Сол айтқан жеріне барып, хатты қолына табыс етіп, ауызша сәлемін жеткіздім. Мұхтар аға өзімнен не шаруамен келгенімді сұрағанда, «делегат болып съезге келдім» деп мақтана қалдым. Мұхтар аға жүзі нұрланып, күлімдеп, «өзіңнің заңгер болсам дегенің қайда?» деп қалды. Өжемнің «Заңгер болсаң, елдің көз жасына қаласың, дәрігер болсаң, соғысқа әкетеді, осы мұғалімдік мамандығың жөн» деп жібермегенін айтып, бұдан 9–10 жыл бұрын айтқан менің бір ауыз сөзімді ұмытпағанына өте тандандым» (Мінәш Әрхамқызы. «Ұлы адамның ұлылығы», «Әуезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, №671-п., 140–171).

#### 1954 ж.

**Наурыздың 4-і.** 1954 жылы Мәскеуде Мұхтар Әуезов С. Щипачев, П. Антокольский, М. Тұрсын-Заде, С. Михалковтармен бірге Литва әдебиетінің онкүндігінде көркемөнер концертінде болған («Литва литературная», 1983, №5). **Қыркүйектің 3–8-і.** Қазақстан жазушыларының III съезі өтті. Съезді кіріспе сөзбен М. Әуезов ашты. Ф. Мустафин «Қазақ совет әдебиетінің қазіргі жайы мен міндеттері», М. Әуезов

«Қазақ совет драматургиясы» деген тақырыпта баяндама жасады («Қазақстан Жазушылар одағына 60 жыл», 1994, 17-бет).

«Мұхаң «Абайдың» соңғы томын менің тұсымда жазды. «Абайға» келгенде, «Иманшартқа» түскендей-ақ, Мұхаң диктовкасына біраз жаттығып қалған едім. Енді Мұхаңның жұмыс стилі туралы. Әдетте күндізгі сағат оннан он екіден 45 минут өткенше, ал кешкілікте сағат сегізден он бірге дейін үш сағат диктовка жасайтын. Осы жұмыс мерзімін ол төтенше жағдайда, яки бір жаққа сапарға шыққанда болмаса, «Абайдың» соңғы томы біткенше өзгертен жоқ» (Ғазиза Бисенова. «Шырқау биікке шыққан адам». «Әуезов үйі» ҚМО-ның қолжазба қоры. №671-п., 31-бет).

#### 1955 ж.

**Қаңтардың 28-і.** «Күндізгі сапардан соң кешкі сағат 6-да Үндістан–Совет достық қоғамы мәжілісінде болдық. Клуб ішінде Үндістан адамдарынан басқа біздің адамдар да болды. Ғылым делегациясынан – Островитин, елші Меншиков, елшілік қызметкерлері. Қоғам бастығы – Нерудің апасы» («Әуезов үйі» ҚМО-ның қолжазба қоры, 392-п.).

**Қаңтардың 29-ы.** «12.30-да президентте болдық. 40 минут. Жақсы әңгіме болды. Ол тіл туралы айтты. Көп тіл. 560 кнздік бар екен. Соның бар бастықтарын әкімдігінен түсуге үгіттеді. Соған көнді. Зорлық емес, соғыс емес, ақылмен көндірудің артықтығы осы. Қазір 26 штат. Инди тілінде жарым халық сөйлейді. 32 университет бар» («Әуезов үйі» ҚМО-ның қолжазба қоры, 392-п.).

«1955 жыл. Елу жасқа толуыма байланысты ағалар мен туыстарға қазан көтеру төңірегінде ойластық. Ағалардың ішіндегі жол жағынан да, жас жағынан шағын төріміздің төбесін ұсынарымыз – Мұхтар аға. Бірақ та ол кісі келер ме екен? Толғана-толғана келіп, ақыры тәуекел еткенмін. Мұхаң қуана қабылдады. Тіпті өзгелерден бұрынырақ келіп, аяғына дейін асықпай отырды (Әбу Сәрсенбаев. «Келешектің тұстасы», «Жұлдыз», №9, 1977, 162–163-беттер).

#### 1956 ж.

**Сәуірдің 27-сі.** М. Әуезовтің «Өмір мен шығарма» деген мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді. «1956 жылы жазда М. Әуезов пен Ф. Мұстафинге еріп, Талдықорған ауданының Нұрмолда Алдабергенов басқарған колхозына бардым. Алматыдан шыға бере, Мұхаң ұзақ әңгімеге кірісті. Мен дәптерімді аштым да, аузынан шыққан сөздерді жаза бастадым...» (Мұстафар Әлімбаев. «Кемеңгердің көлеңкесі де ыстық». Кіт.: «Біздің Мұхтар», 1976, 258-бет).

«1956 жыл. Кемеңгер аға мені тағы да өзім күтпеген тың қуанышқа бөледі. Бұл көктем Мұхаң Москвадан оралғанды. Келер жаз Мос-

квада өткізілетін әдебиет онкүндігінің дайындық мәселесі әңгімеленді. Сол апталыққа шығарылатын кітаптардың тізімдерін қарастыра отырып: «Әй, мұнда Әбудің «Толқында туғандары» неге жоқ? Әдемі кітап. Москваның Детгизіне ұсыну қажет!» дегені (Әбу Сәрсенбаев. «Келешектің тұстасы», «Жұлдыз». №9, 1977, 163-бет).

#### 1957 ж.

**Наурыздың 25-і.** «Абай» романы – қазақтың тұңғыш эпопеясы» деген тақырыпта шығармашылық конференциясы өтті. Онда М. Қаратаев, А. Нұрқатов, Т. Нұртазин, Қ. Құттыбаев, З. Ахметов, З. Шашкин баяндама жасады (Қазақстан Жазушылар одағына 60 жыл, 1994, 18-бет).

**Тамыздың 11-і.** Жапония сапарынан. «Күндіз жылыс. Кеш тамаша. Поезбен бір жарым сағат жол. Машина, тау іші. Ханокэ қаласына дачаға келдік. Төрт қабат қонақүй. Бар жай жапонша. Жеңіл, оңай, көркем салынған. Қасында Масахора Хатанака. Біз екеуімізді бір нөмірге түсірді. Үй іші жапонша. Жалаң аяқ, үстімізде кимоно, маған кең кимоно табылмады» («Әуезов үйі» ҚМО-ның қолжазба қоры, 533-п.).

**Тамыздың 28-і.** «Түстен кейін Тегераннан Римге қарай ұштық. Тоғыз жарым сағат жол. Бағдатты баспай, Анкараға қарай тартты. Анкараны басып, Стамбулға басып өттік. Кіші Азияның жері көгі мол, орташа биіктігі бар адыр таулар екен. Әуелі шөп, өсімдігі қалың шыққан адырларды көп кездестірдік... Анкара маңында бір тамаша көл бар екен («Әуезов үйі» ҚМО-ның қолжазба қоры, 533-п.).

**Тамыздың 29-ы.** «Күндіз Парижде болған бір сағатты барлығымыз мол пайдаландық. Талай ғажайып сұлулықтар көрдік» («Әуезов үйі» ҚМО-ның қолжазба қоры, 533-п.).

**Тамыздың 30-ы.** «30 күні аман-есен Прагаға келген едік. Сол күні кешке көптен құмар болған ТУ-104 самолетіне мініп Мәскеуге ұштық. Бір сағат ұшқан шамада Варшавадан өтіп барамыз, енді бір сағатта Мәскеуде боламыз деп бортмеханик әйел жариялап еді. Бірақ артынан тағы қайтадан оралды. Мәскеу тұсында ауа райы қолайсыз, нажағай бар екен, сондықтан Прагаға қайта қайтамыз деді. Бір сағатта қайта Прагаға кеп түсіп қалдық. Артынан қырық минуттан соң тез қайта мініңдер, ұшамыз деді. Бірақ және де ұшпады, қайта хабар болып, Мәскеу қабылдамайтын болды да, біз түнде Прагаға барып, «Дружба» деген үлкен қонақүйге қондық. Таңертең сағат 9-да Мәскеуше сағат 11-де қайтадан екінші мәртебе ұшып, енді екі сағатта аман-есен Мәскеу аэропортына кеп қондық. Қайырлы сапар қайырлы боп аяқталды. Көрген мен білген, сезген, баршасы қосылып, өзінше біралуан байытып қайтарған тәрізді» («Әуезов үйі» ҚМО-ның қолжазба қоры, 533-п.).

**Қыркүйектің 20-сы.** «Мұхтар Әуезовті Семей қаласының қалың жұртшылығы 1957 жылы

20 қыркүйек күні зор құрметпен, асқан сүйіспеншілікпен, махаббатты жүрекпен, қуанышты көңілмен құшақ жайып қарсы алды. Қарсы алғандардың ішінде 45 жыл бұрын 15 жасар шәкірт Мұхтарға орыс тілінен сабақ берген ұстазы Игнат Яковлевич Малахов, 1920 жылы Мұхаңмен бірге Семей қаласында тұңғыш көркемөнерпаздар үйірмесін құрысқан белгілі педагог, артист-режиссер Ғалиакпар Төребаев, ертеде Мұхаңмен бірге оқыған замандас достары, жастық шақтарын Семейде бірге өткізген құрбы-құрдастары, Семейдің қазақ педтехникумында Мұхаңнан сабақ алған шәкірттері де болды» (Қайым Мұқаметханов. «Мұхаң туған жерінде» // «Біздің Мұхтар», 1976, 382-бет).

**Қыркүйектің 21-і.** «21 қыркүйек күні Семейдің Абай атындағы облыстық драма театрының үйінде Мұхтар Әуезовтің 60 жасқа толған мерекесіне арналған салтанатты жиыналыс өткізілді» (Қайым Мұқаметханов. «Мұхаң туған жерінде» // «Біздің Мұхтар», 1976, 383–384-беттер).

#### 1958 ж.

**Қаңтар.** «1958 жылдың басында Мәскеуге емделуге жүретін болды. Жүрер алдында Мұхаң өзі басқаратын фольклор бөлімінің барлық қызметкерлерін (Н. С. Смирнова, М. С. Сильченко, М. Ғұмарова, Б. Адамбаев, Т. Сыдықов, Б. Уақатов, О. Нұрмағамбетова т. б.) жинап алып әңгіме өткізді. «Бір-екі күннен кейін Мәскеуге емделуге жүремін. Үлкен қаладағы үлкен дәрігерлерге көрініп, толық тексеріліп шығу қажет сияқты» деді» (Оразгүл Нұрмағамбетова. «Көзден кетсе де, көңілден өшпейді». «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, №671-п., 1–4-беттер).

«Елу сегізінші жылы жазға салым Мұхаңның үйіне бір жұмыстың ретімен арнап барғаным әлі есімде. Жұмыс бөлмесінде ұзақ әңгімелестік. Әрі-беріден соң бағын аралатып, жеміс ағаштарының неше атасы жайлы мол білігін паш етті.

– Сенің үйің жақсы көрінеді. Бақ ектің бе? – деп сұрады. Отыз шақты жеміс ағашын екенімді естігенде, қуанып қалды.

– Міне, міне, жігіт екенсің, – деді де, жалт етіп қайта шұқшиды. – Өнебір жылы менің кітап шкафыма қарап, сондай кітапхана істетпекші бол жұр едің-ау? Оны қайттің? Үлкен бөлменің бір қабырғасына шкаф жасатып алғанымды естігенде, мүлде риза болып кетіп:

– Ағаштың қай түрінен жасаттың? – деді. – Еменнен.

– Міне, міне, жарадың. Талай жігіттің кітапханасын көріп жүрмін, қарағайдан жасатыпты. Бәлі, со да іс болып па. Жазушының кітапханасы мәңгілік дүние болуға тиіс. Бізге кітаптан асыл дүние бар ма? Кітапханасы кедей жазушыға үміт артпау керек» (Ғабдол Сланов. «Тау алыстаған сайын биік». Кіт.: «Біздің Мұхтар», 1976, 152-бет).

#### 1959 ж.

**Сәуірдің 22-сі.** М. Әуезовке «Абай жолы» романы үшін Лениндік сыйлық берілді («Қазақстан Жазушылар одағына 60 жыл», 1994 жыл, 20-бет).

«Мұхаң бізге лекциясын 1959 жылдың көктем айларында оқыды. Мұхаңның алғашқы сабағы болатын күні біздің курстың студенттері әдеттегі қалпынан мүлде сергек. Міне, Мұхаң да есік ашты. Дүр етіп орнымыздан тұрдық. Мұхаң салмақпен басып, төрге тура қараған күйі алғы жаққа өтіп, бетін бізге бұрды. Амандасты да, сабақты бастауға ыңғайланды. Мұхаң аңыра қарап қалыппыз. Бізге отыруға ишарат білдірді. Өзі отырған жоқ.

– Сіздер туыстас ұлттар тіліндегі газет-журналдарды жаздырып аласыздар ма? – деген сұрақтан бастады Мұхаң сөзін. Ешкім үн қата алмады.

– Нағыз филолог болу үшін көп тіл білу керек. Ал туыстас ұлттар тілін сіздер оқытушысыз-ақ өз беттеріңізбен оңай үйреніп кете аласыздар... Бұдан кейін Мұхаң туыстас әдебиеттерге біраз анықтама, алғысөз айтып, сабағын қырғыз әдебиетінен бастап кетті» (Аманжол Жақыпов. «Ұлы ұстаз», «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, №672, 52–53-беттер).

«Конгреске баратын мезгіл де жақындады. Делегация мүшесі болып мен де баратын болдым. Мұхтар Әуезовтің тілек-талабымен Конгреске апаратын 100 кітапты жақсы қағазға өте сапалы етіп бастырып алатын болдық. Ол кітаптар да бітті. Біздің делегация Алтайстика секциясына қатынасты. Мұнда Мұхаң «Қазақ совет әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық» деген тақырыпқа бірінші болып баяндама жасады. Конгресс басталған күні Мұхтар Омарханұлы өз қолымен Ысқақ Дүйсенбаев екеуі осы кітаптарды шетелден келген белгілі түркологтарға табыс етті. Олардың ішінде Франциядан келген Луи Базен, Германиядан А. Фон Габен, Венгриядан – Тренчени, Лойыл Лечети т. б. түркологтар бар еді» (Оразгүл Нұрмағамбетова. «Көзден кетсе де, көңілден өшпейді». «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, №671, 128-бет).

#### 1960 ж.

**Ақпанның 26-сы.** «Бүгін таңертең ерте тұрдық. Сағат 9-да Лос-Анжелеске аттанамыз Н-Йоркте 8 күн тұрдық. Жолда газет оқыдым. «Нью-Йорк таймс» (26/11). Солсбери Харисон жазды. «Писатели невидимки под огнем» («Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, №392-п., 273-бет).

**Маусым.** 1960 жылы Алматыда Абайға ескерткіш ашылды. Абай атындағы алаңға қойылды. Ескерткіштің ашылу салтанатына М. Әуезов, Фауыр Ғұлам т. б. қатысып, сөз сөйледі (Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия 4-том, 1989, 87-бет).

**Тамыздың 28-і.** М. Өезовтің «Дәстүр мен жаңашылдық» атты мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді.

«1960 жылдың күзі болатын. Азия және Африка халықтарымен ынтымақтастық жөніндегі бірінші совет конференциясына қатынасатын Қазақстан делегациясы Сталинабадқа аттанды. Мұхтар Омарханұлы топты басқарды. Ертеңгісін таңертең Мұхтар Омарханұлы құрметті председателі ретінде Азия және Африка халықтарымен ынтымақтау жөніндегі совет конференциясының алғашқы мәжілісін өзі жүргізді (Әнуар Өлімжанов. «Дарын даналығы». «Өезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, 671-п., 57–58-беттер).

**Қыркүйек.** «Ұлы суреткердің қырғыздың Ыстықкөліндегі (Шолпан атадағы) дачасына барып демалған кездері де менің көз алдымда. Ең алғаш Шолпан атаға 1960 жылы барып екі ай (ұмытпасам август-сентябрь) жұмыс істедім. Бұл жолы Мұхаңмен бірге Шолпан атаға балалары Ернар мен Мұрат, қарындасы Үміт, немересі Елдар (қызы Ләйланьң баласы) болды. Өдетте Мұхаң мұндай сапарда ешқашан жалғыз жүрмейтін. Өзі жақсы көретін, шын пейілмен пікірлесетін кісісін ала жүретін. Мұнда да Мұхаң жұмыс тәртібін қатты ұстады. Ертеңгі сағат алтыда тұрып, екі сағат бойы көл жағасында сейілдейді. Дачадан ұзап, өзі оңашаланып, бірнеше шақырым жүріп қайтады. Сағат сегізде қайтып оралып жуынады, қырынады. Осыдан соң бүкіл үй-іші болып сағат тоғыздың кезінде шайға отырады. Оңа көтер-кетпесте жазушы диктофонға кірісіп кетеді. Бағана көл басында серуендеген кезде жазушы басына ұялаған ой телегесі енді тасқын судай ағыла жөнеледі. Бұл жолы «Қарагөз» пьесасын жаңадан редакциялап, жазып шыққан болатын» (Фазиза Бисенова. «Шырқау биікке шыққан адам», «Өезов үйі» ФМО-ның қолжазба қоры, №671, 35–36-беттер).

1961 ж.

**Қаңтардың 20-сы.** М. Өезовтің «Өрлеу егіз қатар болсын» атты мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді.

**Наурыздың 3-і.** М. Өезовтің «Тың ойлары» атты мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді.

«Біз Москвада кездестік. Әдебиет және өнер саласында Лениндік сыйлықтар жөніндегі кезекті бір мәжілісінде қатар отырдық. Сарапқа түскен әрбір роман, повесть, не спектакль, кинофильмдер туралы пікірлерімізді айттық. Сізге комитет мүшелері зор ықылас-ілтисіп көрсеткенде, мен өзімнің ағамды сыйлағандай сезініп, айрықша мерейлендім. Содан кейін Кремль бағына бардық. «Москва» мейманханасын айнала ұзақ жүрдік.

Қоштарса алдында Сіз: Түгелбай, 25 июньде Валентина Николаевнамен бірге сенің үйіңе түсеміз. Ыстықкөл жағасында үш ай дема-

лайық бірге. Айтылмаған жайлар, шешілмеген сырлар айтылсын! 25 июнь күні сіздер келмедіңіздер» (Түгелбай Сыдықбеков. «Ніден ізет». «Жұлдыз», №9, 1977, 172-бет).

«Соңғы рет Мұхаңмен 1961 жылы мамыр айының ақырғы күндерінде, қайтыс болуына бір ай шамасы бұрын ауруханада кездестік. Алдымен денсаулық, хал-жай сұрастық. Ол: «Пәлендей ауруым жоқ... Шынын айтқанда, мен мұнда ауырып емделіп жатқаным жоқ, жұмыс істеп жатырмын» деп, бөлмесінің бір жағында тұрған столға, оның үстінде үйіліп жатқан қағазға қарады» (Бейсенбай Кенжебаев. «Ақылгөй ағамыз» // «Біздің Мұхтар». 1976, 301-бет).

**Мамырдың 26-сы.** М. Өезовтің «Қазіргі роман және оның геройлары» атты мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді. «Бұл 1961 жылдың 4 маусымы болатын. Сол күндерде балаларыммен Ялтаға демалысқа бара жатып, мен де «Москва» мейманханасына түскемін. 748-нөмірінде тұрдым. Таңертең Мұхаңмен ресторанда бірге ауқаттандық. Біз кешке достарымыз Зоя Сергеевна мен Алексей Наумовичтердің үйіне бардық» (Өбділда Тәжібаев. «Жылдар, ойлар», 1976, 124–125-беттер).

«Москва» қонақ үйі. Кешке Алматыға оралмақпыз. Сәске кезінде телефон соғылды. Зейнолла Қабдолов екен. Даусында бір абыржу бар тәрізді. «Әбеке, ертең Мұхаң операция жасамақ. Барып шыға көріңіз. Біздің шәкірттік сәлемімізді тапсырыңыз. Ақ тілеуіміздің өз үстінде екенін жеткізіңіз». Қалың жаңбыр астында сұрастыра-сұрастыра жүріп, Мұхаң жатқан корпусты таптым. Оң қабырғадағы бүктемесі биік кроватта Мұхаң отыр. Малландай су болып кіре бергенімде, Мұхаң қуаныш рең білдіріп, мейірлене жымиды. Мұхаң өңінен сырқат белгісін, қабағынан уайым көлеңкесін аңғартпай, жадыраңқы, көңілді отыр. Бірде емхана дәрігерлерін мақтаса, бірде осында емделіп жатқан шетелдің қайраткерлерін әңгімелейді. «Оларға ешкім келмейді ғой. Ал маған ағыл-тегіл. Өзіме сыйлаған гүлдердің талайын соларға апарып беремін. Өбден мәз болып, көңілдері көтеріліп қалады. Шіркін, көңілге не жетсін!». Енді бір жарты сағатта Сельвинскийдің дачасына тоқтадық. Мұхаңның сәлемін айтқанымда, орнынан қозғалды: «Варта Яковлевна, машина дайында. Мұхтар Омархановичке барып көңілін сұрайық. «Жарқыным-ау, әлгінде ғана дәрігерің басыңды көтерме деді ғой». Ақын лажсыз төсекке сүйенді. «Ендеше сен бар, менің сәлемімді тапсыр». Түтеген жаңбыр ішінде бәйбішесін Кунцегоға қуды» (Әбу Сәрсенбаев. «Келешектің тұстасы». «Жұлдыз», №9, 1977, 165-бет).

**1961 жылғы маусымның 27-і күні** ұлы жазушы, ғұлама ғалым, қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Өезов Мәскеу қаласында 64 жасында қайтыс болды.

## МҰХТАР ӨУЕЗОВ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ ЖАПСЫРМА БЕТТЕРІНДЕГІ СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

### 1-дәптер (160–161-беттер аралығы).

Елбасы Н. Назарбаевтың жазушының 100 жылдық мерейтойы салтанатын ашу сәті. 1997.

Жазушының ескерткішіне гүл шоғын қою. 1997.

Н. Назарбаев, ЮНЕСКО-ның бас директоры Ф. Майор, Ш. Айтматов, Д. Кугультинов, Ө. Кекілбаев, Т. Жұртбаев ұлы жазушының мұражай-үйінде. 1997.

М. Өуезовтің мұражай-үйінде 100 жылдық мерейтойының ашылу салтанаты. 1997.

Шыңғыстау алқабы.

Бақсайыс әулие кесенесі. Байкенже аулы. Қызылорда облысы.

Жазушының қарындасы Зүбәйла.

Қызы Мұғамиланың бойжеткен кезі.

М. Өуезов өз отбасы мен достары ортасында. Оң жақтан: М. Өуезов, Кәмила, қызы Мұғамила, Ахметбек Шикібаев, Қапажан Шикібайкеліні, Иса Байзақов, Жәбірәйіл Турағұлұлы; түрегеп тұрғандар: Ағзам Шикібаев, Ғафура Разыққызы, Тәңірберген.

М. Өуезов (оң жақта) пен ағасы Қасымбек (Қаске) Өуезұлының (сол жақта) Семейдегі бес сыныптық қалалық училищесіде оқып жүрген кезі. 1908.

М. Өуезов қарындасы Гүлнәр және күйеу баласы Ө. Әзиевпен бірге. Алматы. 1952.

Жазушының анасы Нұржамалдың Байсерке аулындағы үйі. 1963.

«Абай әні». Бала Мұхтар мен атасы Өуез. Қ. Телжановтың картинасы. 1962.

Валентина Николаевна Кузьмина (Өуезова) – гимназия оқушысы.

Мұхтар – семинария шәкірті. Семей. 1912.

Мұхтар оқыған семинария ғимараты. Семей.

Отыздағы орда бұзар шақ. Семей. 1921.

Студенттік кез. Ленинград. 1926.

Солдан оңға қарай: Қалиман Турағұлқызы мен оның ағасы Ахмет Өуезов, Құдыри Арымбеков, Сақыпжамал (Сақыш – Өуездің тоқалы), Райхан Абайқызы.

Елудегі ел ағасы. 40-жылдар.

Ләйла Мұхтарқызы Өуезованың студент кезі. 40-жылдар.

Мұрат Мұхтарұлы Өуезов.

Жиені Диар Асқарұлы Қонаев.

Жиені Асқарұлы Елдармен.

Мұхтар зайыбы Валентинамен. 1959.

Ұлы Ернар мен келіні Ольга.

Немересі Лола мен күйеу баласы Нұрлан.

Мұхтар Омарханұлы Өуезовтің ата тегі.

М. Өуезовтің Ыстықкөлдегі мұражайы.

Жазушының ең алғашқы жұмыс үстелі.

Жазушының мұражай-үйі.

Жазушының жұмыс бөлмесі.

Жазушының ас үйі.

М. Өуезов еккен жаңғақ ағашы.

### 2-дәптер (320–321-беттер аралығы).

М. Өуезов Қазақ драма театры труппасымен бірге. 1927.

Жеті арыс. Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Х. Ғаббасов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, М. Өуезов. Екінші қатарда: Ж. Аймауытов, Ө. Марғұлан, А. Байтасов. 1926.

М. Өуезов оқытушылар мен студенттер ортасында. Семей. 20-жылдар.

М. Өуезов актерлер мен режиссерлердің ортасында. Солдан оңға қарай. Бірінші қатарда: И. Бобров, А. Қадырбаев, М. Өуезов, М. Насонов. Екінші қатарда: С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, Қ. Қуанышбаев. Алматы. 1936.

М. Өуезов ҚазПИ-дің студенттері мен оқытушылары ортасында. Алматы. 1933.

М. Өуезов туысқан республикалар жазушыларымен бірге. 50-жылдар.

М. Өуезов, Т. Жароков, С. Мұқанов, Ғ. Орманов майдан қаламгерлері ортасында. 50-жылдар.

М. Өуезов ғылым және мәдениет қайраткерлерімен бірге. 50-жылдар.

М. Өуезов пен Б. Кенжебаев шәкірттері ортасында.

Мұханның қолтанба беру сәті. Жанында: М. Гусейн, А. Венцлова, С. Разимов. 50-жылдар.

М. Өуезовтің ҚазМУ шәкірттеріне дәріс оқу сәті. 1948.

Н. Алдабергенов, Ғ. Мүсірепов, А. Сурков, М. Өуезов. 50-жылдар.

Қаламдастары және Алматы облысының Жамбыл ауданы азаматтарымен бірге.

Қазақ әдебиетінің онкүндігі. С. Михалков, М. Әуезов, А. Сафронов. Мәскеу. 1949.

Кентербери соборының (Англия) қожасы Джонсон қызы және әйелімен М. Әуезовтің үйінде қонақта. Алматы, 1956.

М. Әуезовтің 60 жылдығына арналған телестудиядағы хабардан кейін өнер қайраткерлерімен түскен суреті. Алматы. 1957.

Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясы кезінде. Ташкент. 1958.

М. Әуезовтің 1917 жылы «Еңлік-Көбек» пьесасы қойылған киіз үйдің ішкі көрінісі. Суретші С. Столярлов.

Жазушының 60-қа келген мерейтойы кезінде. Семей. 1957.

Жазушының туындылары және өмірі мен шығармашылығы туралы кітаптар.

Лениндік сыйлықтың иегері куәлігі.

Абайдың 100 жылдық мерейтойында жасаған баяндамасының бір беті. 1945.

М. Әуезовтің Абай мұрасының рухани нәр алған үш саласы туралы пікірінің бір беті. 1945.

М.В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университет профессоры куәлігі.

Абайдың өлеңдер жинағының мазмұн-беті.

Дүние жүзіне мәшһүр болған «Абай».

Елбасының қолтаңбасы.

Жидебайдағы Абай мен Шәкәрім кесенесі.

Абай ескерткіші. Мүсінші Х. Е. Наурызбаев. Алматы.

### **3-дәптер (480–481-беттер аралығы).**

Жазушыға Еңбек Қызыл Ту орденін тапсыру кезі. Мәскеу. 1957.

Солдан оңға қарай: С. Шаймерденов, М. Әуезов, Б. Шалабаев, Ғ. Малдыбаев, А. Тоқамбаев, Е. Ысмайылов, З. Кедрин, З. Шашкин. 1960.

«Қоңыр үні даламның...» Мұханның топ алдындағы шабытты сәті.

М. Әуезов Ангола жазушылармен әңгімелесіп тұр. Ташкент. 1958.

Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясы кезінде. Ташкент. 1958.

Қазақ әдебиеті мен өнері онкүндігінің ашылу салтанаты. Мәскеу. 1959.

КСРО Жазушылар одағындағы кездесу. С. Мұқанов, Е. Буков, М. Әуезов, С. Капутикян, С. Ұлұфзаде, М. Жаңғалин. Мәскеу. 1959.

Шахмат жұмбағын шешу.

М. Әуезовтің үнді әдебиетіне арналған кешті ашу сәті. Оң жақта Б. Момышұлы. Алматы. 1959.

М. Әуезов актерлер арасында. Алматы.

М. Әуезов пен З. Қабдолов ҚазМУ студенттері ортасында. Алматы. 1959.

Оқырманға қолтаңба беру сәті.

М. О. Әуезов Оңтүстік Қазақстан облысының қаламгерлерімен бірге. Шымкент. 1960.

М. О. Әуезовтің портреті. Суретші Г. Брылов.

Ләйланың портреті. Суретші Б. Урманче. 1943.

Валентина Әуезованың портреті. Суретші А. Ғалымбаева. 1969.

М.О. Әуезовтің портреті. Суретші Г. Ысмайылова. 1969.

М.О. Әуезовтің портреті. Суретші Б. Урманче. 1941.

Жазушының портреті. Суретші Қ. Т. Телжанов 1961 ж. сыйға тартқан.

«Айман-Шолпан». Суретші В. Теляковский 1957 ж. сыйға тартқан.

Жазушының 100 жылдық мерейтойына арнап шығарылған алтын және күміс теңге. 1997.

Жазушының шиден тоқылған портреті. Суретші Р. Ахметжанова. 1997.

«Туған жер төсінде». Суретші А. Шевченконың картинасы. 1997.

М.О. Әуезовтің портреті. Суретші Н. Нұрмұхамедов. 1962.

М. Әуезовті мәңгілік сапарға шығарып салу кезі.

М. Әуезов пен В. Әуезованың зираты.

Әлем таныған Әуезов. Фотопортрет.

М. Әуезовтің ескерткіші. Мүсінші Т. Досмағамбетов. Семей.

М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры.

М. Әуезов атындағы көше. Алматы.

М.О. Әуезовтің Қазақ академиялық драма театры алдындағы ескерткіші. Мүсінші Е. Сіргебаев. Алматы.

## МҰХТАР ӨУЕЗОВ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ АЛФАВИТТІК БӨЛІМ СУРЕТТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

- «Абай» спектаклі. Өбіш рөлінде – Р. Сейтметов, Абай рөлінде – Ы. Ноғайбаев. 1962. – 15-б.
- «Абай» романының мұқаба беті. – 20-б.
- «Абай жолы» романының өңір беті. – 23-б.
- Абайдың отбасы. Бірінші қатарда: Бәкізат, Турағұл, Өубәкір; екінші қатарда: Абай, Еркежан, Кәмалия; үшінші қатарда: Мағауия. – 28-б.
- Абайдың Жидебайдағы мұражай-үйі. – 37-б.
- Р. М. Абдуллин Абай рөлінде. – 44-б.
- Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясында. Ташкент. 1958. – 49-б.
- «Отелло» спектаклі. Эмилия рөлінде Х. Бөкеева, Отелло рөлінде Ш.К. Айманов. 1964. – 51-б.
- «Айман-Шолпан» спектаклі. Шолпан – Ш. Жандарбекова, Айман – З. Шәріпова. 1960. – 52-б.
- Ж. Аймауытов. – 53-б.
- Низамидің 800 жылдық мерейтойында М. Өуезов С. Айнимен бірге. 1947. – 54-б.
- Ш, Айтматовтың М, Өуезов мұражайында қолтаңба қалдыру сәті. – 55-б.
- Айтқы ақындарының бір тобы. 1913. – 55-б.
- Ақындар айтысының қазылары: К. Байсейітова, М. Өуезов, Қ. Сәтбаев, Ф. Мүсірепов. Алматы. 1943. – 56-б.
- Ж. Ақбаев. – 59-б.
- Б. Ө. Ақылбаев. – 63-б.
- Абайдың Ақшоқыдағы қыстауы. – 63-б.
- Ақылбай. – 64-б.
- Ақылия (Ақыш) Оразбаева. – 64-б.
- О. Алмасов. – 74-б.
- Алматы мемлекеттік педагогика университетінің (ҚазПИ) бас ғимараты. – 75-б.
- С. А. Аманжолов. – 80-б.
- М. Өуезовтің АҚШ журналистерімен кездесу сәті. Солдан оңға қарай: О. Гончар, М. Өуезов, Л. Леонов, С. Щипачев, С. Кучерская. Нью-Йорк. 1960. – 82-б.
- Депутат М. Өуезовтің жазушы Н. Ановқа жазған хаты. 1957. – 84-б.
- И. Арабаев. – 85-б.
- «Асауға тұсау» спектаклі. Катарина рөлінде Х. Бөкеева, Петручио рөлінде Ш. Айманов. 1942. – 92-б.
- Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиев. – 99-б.
- Ахмет Өуезов. 1920. – 100-б.
- Ахмет Йасауи кесенесі. 100-б.
- Ахмет Риза мешіт-медресесі. – 102-б.
- Әбдірахман (Өбіш). – 104-б.
- Оқырмандармен жүздесу. Әдебиет пен өнер онкүндігі. Мәскеу. 1958. – 118-б.
- Әнияр Молдабаевтың үйі. Семей қаласы. – 137-б.
- Өуезов зираты. – 147-б.
- Мұхтар мен Валентина, ұлдары Ернар. – 153-б.
- Л. М. Өуезова. – 154-б.
- Мұғамила Өуезованың отбасы. Солдан оңға қарай (түреген тұрғандар): ұлы – Бақтияр, немерелері – Зере мен Бәйкен, күйеу баласы – Тәуке; отырғандар: Мұғаш әже, жиені – Аида, қызы – Гүлжанан. – 155-б.
- «Абай» спектаклі. А. Әшімов Айдар рөлінде. 1962. – 160-б.
- «Отелло» спектаклі. Қ. Бадыров Отелло рөлінде; Дездемона – А. Абдулина. 1939. 162-б.
- Мұхаң жұмыс үстінде. Машинкада Д. Байқадамова. 1943. – 166-б.
- М. Өуезов пен Н. Байтеміров Ыстықкөлде. 1960. – 169-б.
- А. Байтұрсынов. – 170-б.
- «Бәйбіше-тоқал» пьесасының мұқаба беті. 1923. – 179-б.
- «Қарақыпшақ Қобыланды». Х. Бөкеева Қарлыға рөлінде. 1946. – 191-б.
- Ө. Н. Бөкейханов. – 192-б.
- «Туған жерім – Бөрілі». Еңлік пен Кебек жасырылған үңгір. – 193-б.
- А. Қ. Бірімжанов. – 204-б.
- Жазушының бюсі. Мүсінші Е. В. Вучетич. 1958. – 207-б.
- Г. Гейненің қайтыс болғанына 100 жыл толуына арналған мәжіліс. Алматы. 1956. – 209-б.
- Х. А. Ғаббасов. – 215-б.
- Ғазел Жағыпарқызы Мағауина. – 217-б.
- Сағынып қауышқан қаламдастар. Солдан оңға қарай: М. Миршекер, М. Өуезов, Н. Тихонов, Ф. Ғүләм. 1954. – 219-б.
- Қазақстан Ғылым академиясының бас ғимараты. – 220-б.
- Домалақ ана кесенесі. Суретші А. Тұрсынұлы. 232-б.
- Ж. Досмұхамедов. – 234-б.
- Х. Досмұхамедов. – 234-б.
- Ф. М. Достоевскийдің мұражайы. – 236-б.
- М. Дулатов. – 240-б.
- Таудағы серуен. В. Өуезова, М. Өуезов, Ы. Т. Дүйсенбаев. – 241-б.
- «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакция мүшелері (сол жақтан): А. Сегізбаев, К. Абдуллин, М. Жолдыбаев, Н. Құлжанова, С. Сейфуллин, Т. Арыстанбеков, С. Мұқанов. Қызылорда. 1925. – 244-б.
- «Еңлік пен Кебек мазары». Суретші Н. Өтепбаев. Тушь, қылқалам. 1993. – 254-б.



- Ө. Ә. Ермеков. – 257-б.  
 Ертіс өзені. – 260-б.  
 С. Есқараев. – 262-б.  
 Жамбыл ағайын-туыс, отбасы ортасында. – 270-б.  
 О. Қ. Жандосов. – 273-б.  
 М. Өуезовтің сүтегі және атом бомбаларына қарсы ІІІ халықаралық конференцияға қатысу кезі. Токио. 1957. – 275-б.  
 «Жарыс» («Ярыш») футбол командасы. Солдан оңға қарай: 1 - қ а т а р : Сайфутдинов Ғабдраиф, Мирсалимов Мидхат, Молдабаев, Хисматуллин Салах; 2 - қ а т а р : Мұхамедшин Жапбар, Ситдықов Әміржан, Құрманов Мұхамадұлла, Миршанов Ғабделнасыр, Ахметшин Сабыржан, Сайфутдинов Ғабделбар; 3 - қ а т а р : Кәрімов Ғабделғазиз, Насибуллин Әмір, Бекметов, Кәрімов Ахмадсәлім, Мұхаммадов Қасымхан, Ғаббасов Ғабделхан, Өуезов Мұхтар, Рысбаев Зиятдин; 4 - қ а т а р : Бикмаев Кәрім, Ямбушев Ғұсман, Нигматуллин Юнус, Сайдашев Мұхаммад, Фаизов Рифхат, Ғұсманов Ғабделбар. Семей. 1914. – 277-б.  
 Зере мен Ұлжанның мазары. Жидебай мекені. – 282-б.  
 «Жоқтау». Е. Сидоркиннің безендірмесі. 1971. – 284-б.  
 М. Жолдыбаев. – 285-б.  
 «Айман–Шолпан» спектаклі. Ө. Жолымбетов Арыстан рөлінде. – 286-б.  
 М. Б. Жұмабаев. – 289-б.  
 Зәбила Әлімқұлқызы Ақылбаева. – 297-б.  
 М. Өуезов, Вс. Иванов, К. Зелинский. – 302-б.  
 Н. Ипмағамбетов. – 304-б.  
 О. Ж. Исаев. – 304-б.  
 Орталық мешіт. Алматы. – 306-б.  
 Ишағы Жағыпарқызы. – 309-б.  
 М. Өуезов пен С. Капутикян. – 310-б.  
 С. Кәдірбаев. – 311-б.  
 М. Карим, З. Шашкин, Н. Хикмет, М. Өуезов. 50-жылдар. – 311-б.  
 Кәмила Мағауияқызы. – 312-б.  
 З. С. Кедрин, Е. Лизунова, М. Өуезов. – 313-б.  
 Қ. Д. Кемеңгеров. – 315-б.  
 М. О. Өуезовтің портреті. Суретші М. Кенбаев. – 315-б.  
 Кенесары ханның портреті. Суретші Ө. Қастеев. – 316-б.  
 М. Өуезов пен Б. Кенжебаев ҚазМУ студенттері ортасында. 1952. 318-б.  
 Кеңірбай мазары. – 319-б.  
 КСРО Жазушылар одағының пленумында. Солдан оңға қарай: Х. Сейітов, Т. Жароков, С. Құдаш, Б. Кербабаев, М. Өуезов. Мәскеу. 1959. – 320-б.  
 Көкбай Жаңатайұлы. – 324-б.  
 Алпысқа келген Мұхана. «Қазақ әдебиеті» газеті. – 338-б.  
 6 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» монографиясы. М. Өуезов редактор болған 1-кітабының мұқабасы. 1960. – 340-б.  
 М. Өуезов Қазақ академиялық драма театрының артистері ортасында. 1958. – 342-б.  
 М. Өуезовтің ҚазМУ шәкірттерінен емтихан қабылдау сәті. 50-жылдар. – 345-б.  
 Қазақстан Жазушылар одағы 1-пленумының делегаттары. Алматы. 1932. 353-б.  
 «Қалқаман–Мамыр» балетін алғаш қоюшылар. Солдан оңға қарай: О. Таңсықбаев (суретші), М. Өуезов, В. Великанов (композитор), Ш. Жиенқұлова (басты рөлде ойнаушы), Кузьмич (дирижер), Л. Жуков (балетмейстер), Қ. Жандарбеков (режиссер). 1938. – 366-б.  
 «Қарагөз» спектаклі. Қарагөз рөлінде З. Шәріпова. – 370-б.  
 «Қарақышпақ Қобыланды» спектаклі. Құртқа Ш. Жандарбекова, Қобыланды – Ө. Молдабеков. – 373-б.  
 Қазақстан жазушыларының кездесуі. Сол жақта М. Қ. Қаратаев. Алматы. 50-жылдар. – 374-б.  
 Қарауылтебе. – 375-б.  
 Ғ. Қарашев. – 376-б.  
 «Қарашығын». Суретші Е. Сидоркиннің безендірмесі. 1971. – 377-б.  
 Е. К. Қасаболатов. – 379-б.  
 Қауаш Әлімқұлқызы. – 381-б.  
 «Айман–Шолпан» спектаклі. С. Қожамқұлов Маман бай рөлінде. – 384-б.  
 С. Қожанов. – 385-б.  
 Д. А. Қонаев. – 387-б.  
 Қорқыт ата ескерткіші. – 389-б.  
 «Ревизор» спектаклі. Қ. Қуанышбаев Дуанбасы рөлінде. 1936. – 391-б.  
 Ш. Құдайбердиев. – 392-б.  
 Б. Құлманов. – 392-б.  
 Н. С. Құлжанова мен Н. Құлжанов. – 393-б.  
 М. Шолохов, Л. М. Леонов, М. Өуезов. Алматы. 1954. – 405-б.  
 Е. В. Лизунова мен М. О. Өуезов. – 407-б.  
 Мағауия Абайұлы. – 412-б.  
 «Қарагөз» спектаклі. С. Майқанова Маржан рөлінде. 1963. – 414-б.  
 Б. Ж. Майлин. – 415-б.  
 М. Малдыбаев. – 415-б.  
 «Манас» эпосына арналған конференцияда. Бішкек. 1952. – 416-б.  
 Маржани. – 419-б.  
 М. Өуезов пен Ө. Х. Марғұлан. Ленинград. 1926. – 419-б.  
 Мәкен Турағұлқызы Мұқаметжанова. – 425-б.  
 Ө. М. Мәмбетов. – 426-б.  
 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. 429-б.

- Мекайыл Абайұлы. – 429-б.
- «Қарақыпшақ Қобыланды» спектаклі. Ә. Ә. Молдабеков Қобыланды рөлінде. 1967. – 433-б.
- Ғ. Орманов, М. Әуезов, Б. Момышұлы, Ә. Әбішев, С. Мұқанов. – 435-б.
- «Абай» спектаклі. Ш. Ә. Мусин Айдар рөлінде. 1962. – 440-б.
- М. Әуезов пен Қ. Мұқаметханов. – 441-б.
- М. Әуезовтің С. Мұқановты 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтау сәті. Алматы. 1950. – 442-б. Мұстафа Шоқай. – 444-б.
- М. Әуезов пен Ғ. Мұстафин Ыстықкөлде. – 444-б.
- Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясы кезінде. Сол жақта Ғ. М. Мүсірепов. Ташкент. 1958. – 453-б.
- Н. Ә. Назарбаев Әуезов мұражайы қызметкерлері мен құрылысшылары ортасында. Алматы. 1997. – 456-б.
- М. Әуезов пен Н. Хикмет. Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясы күндері. Ташкент. 1958. – 457-б.
- А. Б. Никольская. – 463-б.
- «Еңлік-Кебек» спектаклі. Ы. Ноғайбаев Есен рөлінде; Жапал – С. Телғараев. 1958. – 465-б.
- Вс. Иванов, І. Омаров, М. Әуезов. 50-жылдар. – 474-б.
- Е. Омаров. – 475-б.
- Г. Р. Омарханова. – 475-б.
- М. Әуезов пресс-автомат зауыты жұмысшыларының ортасында. Шымкент. 1959. – 478-б.
- Опера және балет театры. Алматы. – 480-б.
- Оспан Құнанбайұлы. – 489-б.
- «Тас түлек» спектаклі. Е. Өмірзақов Мес рөлінде. – 494-б.
- Разақ Омарханұлы Әуезов. – 511-б.
- Жары Райхан мен қызы Мұғамила. 512-б.
- Т. Рысқұлов. – 521-б.
- Жазушының С. Садырбаевқа сыйлаған кітабындағы қолтаңбасы. 1957. – 522-б.
- М. Әуезов пен Ә. Сасбұқаев. Шымкент. 1960. – 526-б.
- М. Әуезов пен С. Сәдуақасов. Семей. 1921. – 529-б.
- М. Әуезов пен Қ. И. Сәтбаев ғалымдар арасында. 1956. – 530-б.
- С. Сейфуллин. – 532-б.
- Семей қаласындағы Абай мұражайы. – 533-б.
- Абай атындағы кітапхана. Семей қаласы. – 534-б.
- Абай атындағы Семей облыстық музыкалы драма театры. – 535-б.
- Б. Қ. Серкебаев. – 536-б.
- «Іңкәрлік». Суретші Е. Сидоркиннің безендірмесі. 1971. – 537-б.
- Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде. К. М. Симоновтың кешті ашу сәті. Мәскеу. 1958. – 539-б.
- М. Әуезов, Вс. Рождественский, Л. С. Соболев. Мәскеу. 1958. – 540-б.
- М. Әуезов пен Т. Сыдықбеков. Бішкек. 1954. 556-б.
- У. Танашев. – 561-б.
- Қазақ театр труппасының алғашқы тобы. 1928. 573-б.
- Ғ. С. Тоғжанов. – 576-б.
- М. Әуезов пен Н. Тихонов. Мәскеу. 1949. – 577-б.
- С. Торайғыров. – 580-б.
- Турағұл Абайұлы Құнанбаев. – 583-б.
- М. Әуезов мұражайында. Солдан оңға қарай: Ж. Молдағалиев, М. Тұрсын-Заде, Ә. Әлімжанов. – 586-б.
- «Түнгі сарын» пьесасының араб әрпімен жазылған қолжазбасы. – 588-б.
- «Түнгі сарын» спектаклінен көрініс. – 589-б.
- М. Тынышбаев. – 593-б.
- «Ш. Уәлиханов». Суретші А. Мартова. – 596-б.
- Уәсила Мағауияқызы. – 597-б.
- Үмия Омарханқызы. – 604-б.
- М. Әуезовтің Үндістаннан келген қонақтарды қарсы алу сәті. 1958. – 606-б.
- М. Әуезов мәдениет қайраткерлерінің кеңес делегациясы құрамында. Чехословакия. Прага. 1956. – 623-б.
- Ж. Т. Шанин. – 626-б.
- «Қарақыпшақ Қобыланды» спектаклі. Ф. Шәріпова Қарлыға рөлінде. – 631-б.
- М. Әуезов У. Шекспирдің «Отеллосын» аудару үстінде. 1938. – 634-б.
- Қазақстан жазушыларының 3-съезіне қатысушылар: Ғ. Мұстафин, М. Шолохов, Л. Леонов, М. Әуезов, И. Шухов. Алматы. 1954. – 636-б.
- Т. Шонанов. – 637-б.
- М. Жанғалин, Е. Ысмайылов, М. Әуезов, Ғ. Сармурзин. – 646-б.
- М. Әуезов пен К. Яшен КСРО жазушыларының 3-съезі кезінде. Мәскеу. 1959. – 655-б.

## М. ӨУЕЗОВТИҢ ӨМИРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ НЕПІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

Қазақ тілінде

- «Абай», энциклопедия. – А., 1995.
- Адамзаттың Манасы.** Қазақтың зерттеуші ғалымдары «Манас» туралы. – А., 1995.
- Ақматалиев Ө. **Егіз елдің әуені.** – А., 1989.
- «Алматы», энциклопедия. – А., 1996.
- Алпысбаев Қ. **Мұхтар Өуезов шығармашылығындағы өнер мен өнерпаз тұлғасы.** – А., 1997.
- Аударманың лексико-стистикалық мәселелері.** – А., 1987.
- Ахметов З. **«Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихы және оның поэтикасы.** – А., 1984; Соныкі. **Даналық парасаты.** М. Өуезовтің қазақ тілін дамытудағы рөлі: (Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – А., 1997; Соныкі. **Мұхтар Өуезовтің роман-эпопеясы.** – А., 1997.
- Ахтанов Т. **Мұхтар Өуезов.** Жинақ. А., 1980; Соныкі. **Көкейкесті.** Жинақ. – А., 1980; Соныкі. **Керуен Жинақ.** – А., 1969.
- Әбішев Д. **Ой толғауы.** Естеліктер. – А., 1981.
- Әбішев Ә. **Бетпе-бет.** – А., 1997.
- Әдебиеттер туыстығы.** – А., 1986.
- Әдібаев Х. **Уақыт және суреткер.** – А., 1967.
- Әкімов Т. **Даналық мәйегі.** – А., 1997. Соныкі. **М. Өуезовтің «Өскен өркен» романының творчестволық табысы.** – А., 1992.
- Өуезов А. **Бала Мұхтар.** – А., 1967; Соныкі. **Жас Мұхтар.** Естеліктер. – А., 1995.
- Өуезов М. Жинақ.** Туғанына 70 жыл. – А., 1967.
- Өуезов Мұхтар Омарханұлы.** – А., 1984.
- Өуезов Мұхтар Омарханұлы (1897–1961).** Туғанына 90 жыл толуына арналған әдістемелік ұсыныстар. – А., 1987.
- Өуезов және архив.** – А., 1997.
- Өуезов М. және қазіргі заманғы әдебиет.** – А., 1989.
- Өуезов М. О. творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш.** – А., 1972, 2005.
- Өуезова Л. М. **М. О. Өуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары.** – А., 1977.
- Өуезова М. **«Жас жүрек жайып саусағын...»** (Өзі және әкесі туралы естелік). – А., 1996; Соныкі. **Тұңғышы едім әкемнің.** – А., 1997.
- Өуезовтің қолжазба мұрасы.** – А., 1977.
- Өуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі.** А., 1997.
- Бадыров Қ. **Өткендер мен өткелдер.** – А., 1974.
- Базарбаев М. **Керікті ойдан – көркем сөз.** – А., 1994.
- Байтанаев Ө. **«Абай жолы» айшықтары.** Шымкент, 1995.
- Байтанаев Б. **Қазақ романының көркемдік құрылымындағы поэтикалық дәстүрлер.** – А., 1994.
- Бекхожин Қ. **Өлең өткелдері** (Әдебиет халқындағы ойлар, толғаныстар мен естеліктер). – А., 1986.
- Бердібаев Р. **Идея және композиция туралы** (Қазақ филологиясының мәселелері). – А., 1964; Соныкі. **Роман және заман.** – А., 1967; Соныкі. **Тарихи роман.** – А., 1997; Соныкі. **Мұхтар шыңы.** – А., 1997.
- Бөжеев М. М. **Өуезов.** Библиографиялық көрсеткіш. – А., 1966.
- Букетов Е. **Тоғызыншы шежіре.** – А., 1973.
- Біздің Мұхтар.** Естелік (Құраст. Б. Сахариев). – А., 1976.
- Ғабдуллин М. **Уақыт сыры** (Мақалалар, зерттеулер). – А., 1981.
- Ғабитова Ф. **Алыптар тағдыры** (Күнделік дәптерден). – А., 1995.
- Дәдебаев Қ. **Қазіргі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М. Өуезов дәстүрі.** Оқу құралы. – А., 1981; Соныкі. **Мұхтар Өуезов.** Жазушының творчестволық лабораториясы мен жазушылық шеберлігі, шығармаларының өмірлік негізі туралы. – А., 1991; Соныкі. **Мұхтар Өуезов.** 2-басылуы. – А., 1997.
- Досжан Д. **Мұхтар жолы.** Роман. – А., 1988. Соныкі. **Алыптың азабы.** – А., 1997.
- Дүйсенбаев Ы. **Мұхтар Өуезов.** – А., 1974; Соныкі. **Мақалалар, естеліктер.** – А., 1974.
- Ергөбеков Қ. **Жақсыдан қалған сөз...** – А., 1992.
- Ерғалиев Х. **Өмір өрнегі.** Эссе, очерк, публицистика. – А., 1986.
- Жақып Б. **Мұхтар Өуезов – публицист.** Оқу құралы. – А., 1997.
- Жақып М. т. б. **Ұлылыққа тағзым.** Жолсапарлар. – А., 1997.
- Жандыбаев Ғ. **Сөз мәйегі.** – А., 1998.
- Жанпейісов Е. М. **Өуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі:** (Тарихи-этимологиялық байқаулар, материалдар). – А., 1976.
- Жолдасбеков М. **Асыл арман.** Әдеби мақалалар. – А., 1990.
- Жолтай Ж. **Өуезовке қайта оралу** (суреткер мұрасындағы сатира және юмор). – А., 1997.
- Жұбаншалиев А. **Өнермен өзектес өмір.** Естеліктер. – А., 1987.
- Жұртбаев Т. **Бейуақ.** – А., 1990; Соныкі. **Талқы.** – А., 1997. Соныкі. **Бесігінді түзе.** Ғұмырнама-толғау. – А., 1997; Соныкі. **Абай алдында.** – А., 1997; Соныкі. **Құнанбай.** А., 2005.
- Жүнісов С. **Мұхтар Өуезовтің абайтану туралы лекциясынан.** Көмекші оқу құралы. – А., 1996.
- Исмайылов Е. **Сын мен шығарма.** – А., 1960; Соныкі. **Жаңа белеске.** – А., 1962.
- Исханов Б. М. **Өуезов Абай тілі туралы.** – А., 1996.
- Кекілбаев Ө. **Заманмен сұхбат: Ой-толғамдар.** – А., 1996.
- Кенжебаев Б. **Жылдар жемісі** (Әдеби мақалалар мен естелік). – А., 1984.

- Күмісбаев Ө. **Мұхтар Әуезов және әдебиет өлемі.** – А., 1997.
- Қабдолов З. **Әуезов.** А., 1997; Соныкі. **Арна** (Зерттеу-сын эссе). – А., 1988; Соныкі. **Көзқарас** (Талдаулар мен толғаныстар). – А., 1996; Соныкі. **Менің Әуезовім.** Роман-эссе. А., 1997.
- Қазақ әдеби байланыстары.** Редакциясын басқарған Е. Лизунова. – А., 1968.
- Қазақ әдебиетіндегі тарихи-революциялық тақырып.** – А., 1988.
- Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері** (Құрастырған Қ. Жармағамбетов). – А., 1957.
- Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер.** – А., 1965.
- Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі.** – А., 1949.
- Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі.** – А., 1958.
- Қазақ совет әдебиетінің кейбір мәселесі.** – А., 1960.
- Қазақ филологиясының мәселелері.** – А., 1964.
- Қазақ фольклористикасы.** – А., 1972.
- Қазақстанның поэзиясы мен прозасы.** – А., 1996.
- Қазақтың тұңғыш эпопеясы.** – А., 1957.
- Қамзабекұлы Д. **«Руханият»,** – А., 1997.
- Қаратаев М. **Мұхтар Әуезов.** А., 1957; Соныкі. **Туған әдебиет туралы ойлар.** – А., 1958; Соныкі. **Шеберлік шыңына.** – А., 1963; Соныкі. **М. Әуезов** (Туғанына 70 жыл). – А., 1967; Соныкі. **Әдебиет және эстетика.** Әдеби-сын зерттеулер. А., 1970; Соныкі. **Ұлы мақтаныш** (Құраст. М. Сатыбалдиев). – А., 1973; Соныкі. **Көргенім мен көңілдегім:** Естеліктер, портреттер, эсселер. – А., 1982.
- Қонаев Д. А. т. б. **Әлемнің Әуезові.** А., 1997.
- Қоңыратбаев Ө. **Шеберлік сырлары.** Әдеби-сын. – А., 1979.
- Қуандықов Қ. **Театрда туған ойлар.** Сын мақалалары. – А., 1972.
- Құндақбаев Б. **Мұхтар Әуезов және театр.** – А., 1997. Соныкі. **Уақыт және театр.** Зерттеулер мен мақалалар. – А., 1981.
- Майтанов Б. **Мұхтар Әуезов – суреткер.** Оқу құралы. – А. 1996; Соныкі. **Қазақ романы және психологиялық талдау.** А., 1996.
- Молдаханов Ө. **Мұхтар Әуезов – фольклортанушы.** – А., 1997.
- Мұхтар Әуезов өлемі** (Құраст. Ж. Аупбаев). – А., 1997.
- М. Әуезов дәрістері** (Құрастырып, түсінігін жазған М. Мырзахметов). – А., 1994.
- М. Әуезов – ХХ ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті.** – А., 1997.
- Мұхтар Әуезов туралы естеліктер** (Құраст. Ж. Аупбаев). – А., 1997.
- Мұхтар Әуезов ұлағаты.** – А., 1997.
- Мұхтар Әуезов тағылымы.** Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер (Құраст. Р. Нұрғалиев). А., 1987.
- Мұхтар мұрасы.** Ғылыми мақалалар мен зерттеулер (Құраст. Ш. Ыбыраев, С. Қорабаев). – А., 1997.
- Мүсірепов Ф. **Суреткер парызы.** – А., 1970.
- Мырзахметов М. **Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары.** – А., 1982.
- Мырзахметұлы М. **Әуезов және Абай.** – А., 1997; Соныкі. **Түркістанда туған ойлар.** – А., 1998.
- Ниязбек Р. **Тамұқ отына жанбаған.** – А., 1997.
- Нұрғалиев Р. **Трагедия табиғаты.** Монография. – А., 1968; Соныкі. **Қазақ драматургиясы.** – А., 1974; Соныкі. **Айдын.** – А., 1985; Соныкі. **М. Әуезов тағылымы.** А., 1987; Соныкі. **Әуезов және алаш.** – А., 1997.
- Нұрқатов А. **Мұхтар Әуезов.** Монографиялық очерк. – А., 1957; Соныкі. **Идея және образ.** А., 1962; Соныкі. **Мұхтар Әуезов творчествосы.** Мақалалар. А., 1965; Соныкі. **Жалғасқан дәстүр.** – А., 1980.
- Нұрпейісов Ө. **Толғау** (раздумье). Әдеби портреттер. – А., 1972.
- Омаров Ө. **Асыл арман** (М. Әуезовтің Оңтүстікте болуы туралы). – А., 1970.
- Омаров Д. **Ұлыар үндестігі.** – А., 1999.
- Омаров І. **Әдебиет жайлы ойлар.** – А., 1961.
- Омарханова Г., Әзиев Ө. **Мұхтар аға.** – А., 1997.
- Оразалин К. **Абай ауылына саяхат.** – А., 1994.
- Ордалиев С. **Қазақ драматургиясының очеркі.** – А., 1964.
- Ортақ арна.** Әдеби-сын мақалалар. – А., 1985.
- Өмірзақов Е. **Ұстаздарым-достарым.** Естеліктер. – А., 1976; Соныкі. **Есімдегілер.** Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. – А., 1997.
- Рахымжанов Т. **Романның көркемдік өлемі.** – А., 1997.
- Сарбалаев Б. **Ақиқат алдында.** Әдеби-сын мақалалар. – А., 1986.
- Сармұрзин Ф. **Өнеге.** – А., 1975.
- Сахариев Б. **Уақыт тынысы.** А., 1965; Соныкі. **Мұхтар Әуезовтің музей-үйі.** – 1966; Соныкі. **Күрескер тұлғасы.** Мақалалар, зерттеулер. – А., 1979.
- Сәрсенбаев Ө. **Ұстаздар мен тұтастар.** Әдебиет туралы ойлар, толғаныстар мен естеліктер. – А., 1986.
- Серғалиев М. **Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі.** Зерттеу. – А., 1998.
- Сильченко М., Смирнова Н. **М. Әуезовтің творчестволық жолы** (Жазушының 60 жасқа толуына). – А., 1957.
- Социалистік реализмнің туы астында.** – А., 1960.
- Сөзстан.** Әдеби-сын мақалалар (Құрастырған З. Серікқалиев). – А., 1984.
- Сөзстан.** 2-кітап (Құраст. Б. Сарбалаев). – А., 1980.
- Стиль сыры.** – А., 1974.
- Сүйіншәлиев Х. **Мұхтар Омарханұлы Әуезов** (70 жасқа толуына). – А., 1968; Соныкі. **Ізденіс іздері.** – А., 1975.
- Сыздық Р. **Сөз құдіреті.** – А., 1997.
- Сыздықов К. **Мұхтар Әуезов әдебиет сыншысы.** – А., 1973; Соныкі. **Мұхтартаңудың беймәлім беттері.** – А., 1997.
- Тайжанов А. **Мұхтар Әуезов үлкен ойшыл-ғалым, ұлағатты ұстаз.** – А., 1987.

- Талжанов С. **Адам туралы толғау**. – А., 1965; **Соныкі. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері**. – А., 1975.
- Тәжібаев Ә. **Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы**. – А., 1971; **Соныкі. Жылдар, ойлар**. Естеліктер мен толғаныстар. – А., 1976.
- Тоғжанұлы Ф. **Әдебиет және сын мәселелері**. – Қызылорда, 1929.
- Тоқпанов А. **Бүгінгі күнге дейін**: Ойлар, мақалалар, пьесалар. – А., 1976.
- Тұрбеков А. **Реалистік роман және типтік характер**. – А., 1970.
- Тіл және әдебиет мәселелері**. – А., 1965.
- Шаймерденов С. **Әдеби толқындар**: Қазақ әдебиеті жайлы ойлар. – А., 1986.
- Орыс тілінде
- Адибаев М. Х. **О поэтике рассказов и повестей М. О. Ауэзова 20-х годов**. – А., 1987.
- Айтматов Ч., Шаханов М. **Плач охотника над пропастью** (Исповедь на исходе века). – А., 1996.
- Алимкулов Т. **О прошлом и настоящем**. – М., 1958.
- Ауэзов М.** (в воспоминаниях современников). – А., 1972.
- Ауэзов М.** (в воспоминаниях современников). – А., 1997.
- Ауэзова Л. М. **Исторические основы эпопеи «Путь Абая»**. – А., 1969.
- Ауэзов М. О.** (Сборник статей к его 60-летию). – А., 1959.
- Брагин А. **У истока реки**. – А., 1964.
- «Большая Советская энциклопедия»**. Т. 2, изд. 3. – М., 1970.
- Вопросы казахской советской литературы**. Т. 1. – А., 1957.
- Десять незабываемых дней**. – А., 1961.
- Джуанышбеков Н. **Мухтар Ауэзов и русская литература**. – А., 1997.
- Жаксылыков А. **Проза М. О. Ауэзова 20-х и 30-х годов**. – А., 1984.
- Жақыпов Б. **Мухтар Ауэзов публицист**. – А., 1994.\*
- Жиреншин А. **Мухтар Ауэзов** (Биобиблиографический очерк). – А., 1958.
- История казахской литературы в трех томах**. Том 3. Казахская советская литература. Под ред. М. К. Каратаева. – А., 1971.
- Каратаев М. **Первая казахская эпопея**. – А., 1956; Его же. **Мастерство перевода**. – М., 1963; Его же. **Мухтар Ауэзов**. Заметки о творчестве. – А., 1967; Его же. **От домбры до книги**. – М., 1969.
- Кедрина З. С. **Мухтар Ауэзов**. Критико-биографический очерк. – М., 1951; Её же. **Из живого источника**. – А., 1960, 1966.
- Кирьянов С. **На братской перекличке**. – Баку, 1969.
- Лизунова Е. **Современный казахский роман**. – А., 1964; Её же. **Мастерство Мухтара Ауэзова**. – А., 1968.
- Лизунова Е., Дюсембаев И. **Мухтар Ауэзов**. – А., 1957.
- Шалабаев Б. **Қазақ романының тууы мен қалыптасуы**. – А., 1990.
- Шәріпов Ә. **Қазіргі дәуір және қазақ әдебиетінің даму проблемалары**. – А., 1973.
- Уақыт және қаламгер**. – А., 1977.
- Уахатов Б. **Таланттар, туындылар**. – А., 1969.
- Ұлы суреткер ұлағаты**. – А., 1997.
- Ыдырысов Ә. **Әуезовке іңкәрлік немесе ұлылықтан үзік сыр**. Естелік-эсселер. – А., 1997.
- Ысқақұлы Д. **Әдебиет өрнектері**. – А., 1996; **Соныкі Мухтар Әуезов. Талант пен тағдыр**. – А., 1997.
- Фәниден өзі кетіп, сөзі қалған**. Жинақ. – А., 1997.
- Мастерство перевода**. Сборник. – А., 1978.
- Межнациональные связи казахской литературы**. – А., 1970.
- Многонациональный советский роман**. Сборник. – М., 1966.
- Музыкальное искусство Казахстана**. – А., 1944.
- Мухтар Ауэзов – классик советской литературы**. – А., 1980.
- Мухтар Ауэзов и современная литература**. – А., 1989.
- Мырзахметулы М. **Восхождение Мухтара Ауэзова к Абая**. – А., 1994.
- Наследство и поиски**. – М., 1961.
- Нурмаханов К. **Литературные заметки**. – А., 1961.
- Нурпеисов А. **Мухтар Ауэзов. Путь Абая**. Т. 1. – М., 1971.
- Нысанбаев А. Н., Тайжанов А. Т. **Этнокультурные традиции в духовном наследии М. О. Ауэзова**. – А., 1997.
- Ордалиев С. **Казахская драматургия и современность**. – А., 1964.
- Очерк истории казахской литературы**. – А., 1958.
- Певец народа**. – А., 1977.
- Петров С. **Советский исторический роман**. – М., 1958.
- Русские о казахской литературе**. – А., 1957.
- Сильченко М. С. **Мухтар Омарханович Ауэзов** (К 70-летию со дня рождения М. О. Ауэзова). – А., 1967.
- Сильченко М. С., Смирнова Н. С. **Творческий путь Ауэзова**. – А., 1957.
- Султанбеков М. Р. **Величие таланта Мухтара Ауэзова**. Монография. – Семипалатинск, 1992.
- Тайжанов А. **Педагогические взгляды Мухтара Ауэзова**. – А., 1990; Его же. **М. О. Ауэзов – мыслитель**. – А., 1991; Его же. **Мировоззрение Мухтара Ауэзова**. – А., 1997.
- Творчество Жумагали Саина** (статья Шарипова А. об Ауэзове). – А., 1968.
- Творческий путь М. О. Ауэзова**. Сборник. – А., 1957.
- Шалабаев Б. **Казахская литература**. – А., 1965.

## ЭНЦИКЛОПЕДИЯ АВТОРЛАРЫ

- АҚАШЕВА С.  
 АҚБАЕВА Л.  
 АҚБАЙ Н.  
 АҚМАТАЛИЕВА А.  
 АЛДАШЕВ Н.  
 АЛЕКСАНЫЯН Е.  
 АЛПЫСБАЕВ Қ.  
 АНАНЬЕВА С.  
 АРҒЫНБАЕВ Х.  
 АРЫҚБАЕВА А.  
 АСАУБАЕВА Г.  
 АТЫРАУОВА А.  
 АУПБАЕВ Ж.  
 АХЕТОВ М.  
 АХМЕТОВ З.  
 АХМЕТОВА Е.  
 АХМЕТЖАНОВ К.  
 ӘБДЕШ М.  
 ӘБДИҒАЗИҰЛЫ Б.  
 ӘБДИҒҰЛОВ Р.  
 ӘБДИЛДИН Ж.  
 ӘБДИРАХМАНОВА Т.  
 ӘБІШҚЫЗЫ С.  
 ӘДІБАЕВ М.  
 ӘЗИЕВ Ә.  
 ӘКІМ Т.  
 ӘЛИ Е.  
 ӘЛМҰХАНОВА Р.  
 ӘЛІБЕК Т.  
 ӘЛІМБАЙ М.  
 ӘЛІПХАНОВ М.  
 ӘРІНОВА Б.  
 ӘУЕЗОВ МҰРАТ  
 БАЙҒАЛИЕВ Б.  
 БАЙМАҒАМБЕТОВА Л.  
 БАЙМҰРАТОВ Б.  
 БАРАТОВА Р.  
 БАТЫРБЕКОВА Р.  
 БАУТАН Н.  
 БӘЙМЕНОВ С.  
 БЕЙСЕНБАЕВ М.  
 БЕЙСЕНБАЕВ Ф.  
 БЕЛЬГЕР Г.  
 БЕРДІБАЙ Р.  
 БИСЕНҒАЛИ З.  
 БИШІМБАЕВ У.  
 БОЛСЫНБАЕВА А.  
 БҰЛДЫБАЕВ А.  
 ҒАБДУЛЛИН Н.  
 ДАЛАБАЕВА А.  
 ДӘДӘБАЕВ Ж.  
 ДӘУРЕНБЕКҰЛЫ Ж.  
 ДОСЫМБЕКОВА Р.  
 ЕЛЕУКЕНОВ Ш.  
 ЕРГӨБЕКОВ Қ.  
 ЕРҒАЛИЕВА Р.  
 ЕРСАРЫҰЛЫ Н.  
 ЕСДӘУЛЕТ Ұ.  
 ЕСДӘУЛЕТОВ А.  
 ЕСПЕНБЕТОВ А.  
 ЕСІМ Ғ.  
 ЖАЙЛЫБАЙ Ғ  
 ЖАҚЫП Б.  
 ЖАНАҚОВА Н.  
 ЖАНБОЛАТОВА Р.  
 ЖАНГЕЛДИН Е.  
 ЖАНҒОЖИН А.  
 ЖАНДАРБЕКОВ З.  
 ЖАНПЕЙІСОВ Е.  
 ЖАРМҰХАМЕДОВ М.  
 ЖАРЫҚБАЕВ Қ.  
 ЖУАНЫШБЕКОВ Н.  
 ЖҰМАБЕКОВА Г.  
 ЖҰМАҒАЗИЕВА Б.  
 ЖҰМАҒҰЛОВ Ч.  
 ЖҰМАСЕЙІТОВА Г.  
 ЖҰРТБАЙ С.  
 ЖҰРТБАЙ Т.  
 ЖҰРЫНОВ М.  
 ЖҰНИСОВА М.  
 ЗӘЙКЕНОВА Р  
 ЗӘКЕНҰЛЫ Т.  
 ИБРАГИМОВ Т.  
 ИБРАГИМОВА М.  
 ИМАНАС С.  
 ИСАХАН Ғ.  
 ИСМАҚОВА А.  
 КӘКІШЕВ Т.  
 КЕНДІРБЕКҰЛЫ А.  
 КЕНЖАЛИН Ж.  
 КЕҢШІЛІКҰЛЫ А.  
 КЕРЕЙБАЕВ А.  
 КӨМЕКОВ Б.  
 КҮМІСБАЕВ Ә.  
 ҚАБДОЛОВ З.  
 ҚАЙДАР Ә.  
 ҚАЙШЫБАЕВА Р.  
 ҚАЙЫРҒАЛИЕВ М.  
 ҚАЙЫРЛИЕВ М.  
 ҚАЛИЖАН У.  
 ҚАНЫКЕЙҰЛЫ Е.  
 ҚАРАҒҰЛОВ Б.  
 ҚАСҚАБАСОВ С.  
 ҚАСЫМБАЕВ Ж.  
 ҚИРАБАЕВ С.  
 ҚОЖАКЕЕВ Т.  
 ҚОЗЫБАЕВ М.  
 ҚОНАЕВ Д.  
 ҚОРАБАЙ С.  
 ҚОСПАҚОВ З.  
 ҚОСЫМОВА Г  
 ҚОШАНОВ А.  
 ҚУАНЫШБАЕВ А.  
 ҚҰДАБАЕВА Г.  
 ҚҰДАКЕЛДІҰЛЫ Т.  
 ҚҰЛАНБАЕВ М.  
 ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.  
 ҚҰНДАҚБАЙҰЛЫ Б.  
 ҚҰРМАНӘЛИЕВА Г.  
 ҚҰРМАНҒАЛИҚЫЗЫ Г  
 ҚҰРМАНОВА К.  
 ҚЫРАУБАЕВА А.  
 МАДАНОВА М.  
 МАЙЛЫБАЕВА С.  
 МАЙТАНОВ Б.  
 МАҚПЫР С.  
 МАМЫРАЕВ Б.  
 МАМЫРАЕВА А.  
 МӘДІБАЕВА Қ.  
 МӘШҰР ЖҰСІП Қ.  
 МЕДЕУОВ Е.  
 МЕКІШЕВ Б.  
 МЕРЕКЕЕВА С.  
 МОЛДАБЕКОВ Ж.  
 МОЛДАХАНОВ Ә.  
 МҰҚАМЕТХАНОВ Қ.  
 МҰСАҚҰЛОВ Ә.  
 МҰСАХАНҚЫЗЫ О.  
 МҰХАМЕДЖАНОВ Ә.  
 МҰХАМЕДОВА М.  
 МҰХАМЕТХАНОВ Н.  
 МЫРЗАХМЕТҰЛЫ М.  
 НАРЫМБЕТОВ Ә.  
 НӘРІБАЕВ К.  
 НӨГЕРБЕК С.  
 НҰРАЛИЕВ Ә.  
 НҰРҒАЛИ Р.  
 НҰРЖЕКЕҰЛЫ Б.  
 НҰРПЕЙІС К.  
 НҰРПЕЙІСОВ К.  
 НҰРПЕЙІСОВА Б.  
 НҰСҚАБАЕВ Ж.  
 НЫСАНБАЕВ Ә.  
 ОМАРОВ Д.  
 ОМАРОВА А.  
 ОМАШҰЛЫ Н.  
 ОСПАНТЕГІ Н.  
 ОСПАНҰЛЫ М.  
 ӨТЕБАЙ Н.  
 ПІРМАНОВ Ә.  
 ПЫНЗАРУ С.  
 РАЙ Қ.  
 РАҚЫМОВА А.  
 РАХЫМЖАН К.  
 РЫСБЕКОВ Т.  
 САҒАТ Е.  
 САПАРҒАЛИЕВ Ғ.  
 САРИЕВА Р.  
 САРЫБАЕВ Ш.  
 САХАРИЕВ Е.  
 СӘКЕНОВ С.  
 СӘЛИЕВ С.  
 СӘТБАЕВА Ш.  
 СЕГІЗБАЙҰЛЫ К.  
 СЕЙДАНОВ Қ.  
 СЕРҒАЛИЕВ М.  
 СЕРІКҚАЛИЕВ З.  
 СКЛЮТАУСКАС Й.  
 СҰЛТАНБАЕВА Г.  
 СҰЛТАНОВ Ә.  
 СЫДИЫҚҰЛЫ Қ.  
 СЫДЫҚОВ Е.  
 СЫЗДЫҚОВ К.  
 СЫЗДЫҚОВА Р.  
 СЫПАТАЙҚЫЗЫ З.  
 ТӘШІМБАЙ Ғ.  
 ТОЙШАНҰЛЫ А.  
 ТҰРҒАНБАЕВ Т.  
 ТҰРСЫНОВ Е.  
 ТІЛЕПОВ Ж.  
 ХАМИДОЛЛАЕВ К.  
 ХАСЕНҰЛЫ И.  
 ШАЛҒЫНБАЕВА Ж.  
 ШОДИҚҰЛОВ Х.  
 ШОДИҚҰЛОВА Л.  
 ШОРТАНБАЕВ Ш.  
 ШЫНАР Ә.  
 ЫБЫРАЕВ Ш.  
 ЫҚЫЛАСОВ Р.  
 ЫСҚАҚҰЛЫ Д.  
 ЫСМАҒҰЛОВ Ж.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	7
Әуезов әлемі (З. Ахметовтің мақаласы) .....	8
Энциклопедияның алфавиттік бөлімі .....	13
Жаңа дерек .....	656
Шежіре (М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы) .....	658
Мұхтар Әуезов энциклопедиясының жапсырма беттеріндегі суреттер тізімі .....	678
Мұхтар Әуезов энциклопедиясының алфавиттік бөлім суреттерінің тізімі .....	680
М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық қызметі туралы негізгі әдебиеттер .....	683
Энциклопедия авторлары .....	686

**МҰХТАР ӨУЕЗОВ**  
**энциклопедия**

Жоба жетекшісі *Р.А. Құл-Мұхаммед*

«Атамұра» баспасының бас редакторы *Ө. Пірманов*

Жауапты редакторы *И. Хасенұлы*

Көркемдеуші редакторы *А. Ысқақов*

Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*

Корректорлары *Ө. Кенжалина, Ү. Бахова*

Компьютерде беттеген *Л. Макарова*

Компьютерде тергендер *К. Жиренщина, Қ. Құлынбаева, Э. Омарова.*

«Атамұра» компьютерлік орталығында терілген.

Түрлі түсті фотосуреттер *А. Устиненко* мен *А. Буровтікі.*

ИБ №002

Теруге 20.01.2010 берілді. Басуға 08.02.2011 қол қойылды. Пішімі 70x100<sup>1/16</sup>.

Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 55,9+3,9 түрлі түсті жапсырма.

Есептік баспа табағы 110,39+4,6 түрлі түсті жапсырма. Таралымы 5 000 дана. Тапсырыс №5133.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.